ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА
ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ МЕН ҚОЛДАНУДЫҢ
2011-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК
БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ШЫҒАРЫЛДЫ

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында шығарылған 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» бойынша «Тілтаным» Бас редакция алқасы:

Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД – *бас редакция алқасының төрағасы, министр*
Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ – *ф.ғ.д., проф., төраға орынбасары*
Өмірзақ АЙТБАЕВ – *академик, ф.ғ.д., проф.*
Телғожа ЖАНҰЗАҚ – *ф.ғ.д., проф.*
Әбдуәли ҚАЙДАР – *академик, ф.ғ.д., проф.*
Мырзаберген МАЛБАҚОВ – *ф.ғ.д., проф.*
Шора САРЫБАЕВ – *академик, ф.ғ.д., проф.*
Рәбиға СЫЗДЫҚ – *академик, ф.ғ.д., проф.*
Нұргелді УӘЛИ – *ф.ғ.д., проф.*
Көбей ХҰСАЙЫН – *ф.ғ.д., проф.*
Рүстембек ШОЙБЕКОВ – *ф.ғ.д., проф.*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІ
ТІЛ КОМИТЕТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ СӨЗДІГІ

Он бес томдық

III том
Б - Б

АЛМАТЫ
2011

УДК 80/81(038)
ББК 81.2 Қаз-4я2
Қ 17

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті
«Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту»
бағдарламасы бойынша шығарылды

Жалпы редакциясын басқарған
Ахмеди Ысқақов, Нұргелді Уәли

Томның редакторы
С. Бизақов

Сөздікті құрастырушылар:
Б.Сүйеркұлова (барымта – бат), **С.Жапақов** (бата – батыңқы, бекет-бесінші), **Т.Жанұзақ** (батыңқылау – бекершілік), **О.Жұбаева** (бет – бойлат), **М.Жолшаева** (бойлаттыр – босқын), **Б.Қапалбеков** (босқында – бөтелек), **Қ.Габитхан** (бөтелке – бұжырлан), **Қ.Есенова** (бұжырлау – бұлқыныс), **Н.Әшімбаева** (бұлқынысу – бұрын-соң).

Арнаулы редакциялық топ:
А.Жаңабекова, О. Жұбаева (жауапты шығарушы), **Қ. Күдеринова** (жауапты шығарушы), **А. Үдербаев, А. Фазылжанова, Р. Шойбеков**

Қ 17 **Қазақ әдеби тілінің сөздігі.** Он бес томдық. 3-том / Құраст. Б.Сүйеркұлова, Т.Жанұзақ, О.Жұбаева және т.б. – Алматы, 2011.
3-том. – Б–Б. – 744 бет.

ISBN 978-601-7293-14-7

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрген бұл сөздік – қазақ тілінің сөз байлығын молынан қамтитын «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» атты он бес томдық түсіндірме сөздіктің үшінші томы.

Аталмыш томда сөздік бірліктер әліпби тәртібімен беріліп, олардың мағыналары ықшам түрде түсіндіріледі, грамматикалық, стильдік мағыналары сараланып, кейбір сөздердің қолданылу аясы мен саласы, этимологиясы көрсетіледі.

Сөздік негізінен көпшілік қауымға – баспасөз, ғылым, білім, мәдениет, оқу-ағарту қызметкерлеріне, ана тілін тереңірек білсем, қазақ тілін үйренсем деген жұртшылыққа арналады.

УДК 80/81(038)
ББК 81.2 Қаз-4я2

ISBN 978-601-7293-14-7 (Т. 3)
ISBN 978-601-7293-11-6

© Тіл білімі институты, 2006
© Тіл білімі институты, 2011

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ

А а	**И и**	**Р р**	**Ш ш**
Ә ә	**Й й**	**С с**	**Щ щ**
Б б	**К к**	**Т т**	**Ъ ъ**
В в	**Қ қ**	**У у**	**Ы ы**
Г г	**Л л**	**Ұ ұ**	**І і**
Ғ ғ	**М м**	**Ү ү**	**Ь ь**
Д д	**Н н**	**Ф ф**	**Э э**
Е е	**Ң ң**	**Х х**	**Ю ю**
Ё ё	**О о**	**Һ һ**	**Я я**
Ж ж	**Ө ө**	**Ц ц**	
З з	**П п**	**Ч ч**	

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУ

а в и а ц. – авиациялық
а л ғ ы с. – алғыс сөз
а н а т. – анатомиялық
а н т р. – антропологиялық
а ң ш. – аңшылық
а р х е о л. – археологиялық
а с т р. – астрономиялық
а у ы л ш а р. – ауылшаруашылық
а у ы с. – ауыспалы мағына
а ф р и к а. – африка тілдері
ә д е б. – әдебиеттану
ә л е у м. – әлеуметтік
ә с к. – әскери
б а ғ. т е р. – бағалы терілер
б а л а т і л і – бала тіліне тән сөзқолданыс
б а т а. – бата
б е й н. – бейнелі сөзқолданыс
б е й п і л. – бейпіл сөз
б и о л. – биологиялық
б и о х и м. – биохимиялық
б о т. – ботаникалық
в е т. – ветеринарлық
г е о г р. – географиялық
г е о л. – геологиялық
г е о м. – геометриялық
г е о ф и з. – геофизикалық
г и д р. – гидрологиялық
д и п л. – дипломатиялық
д і н и. – діни
е г і н. – егіншілік
е л і к. – еліктеуіш сөз
е р к е л е т у. – еркелету
е с к і к і т. – ескі кітаби
е с і м. – есімдік
е т. – етістік
ж а ғ ы м с ы з. – жағымсыз
ж а қ т ы р м а у. – жақтырмау
ж а ң а. – жаңа сөз
ж е р г. – жергілікті сөз
з а ң. – заң
з а т. – зат есім
з е р г. – зергерлік
з о о л. – зоологиялық
и н ф. – информатикалық
к ә с. – кәсіби сөз
к е к е с і н. – кекесін

к е л е м е ж. – келемеж
к е н. – кен ісі
к о н т е к с т. – контекстік мағына
к ө л і к. – көлік қатынасы
к ө н е. – көнерген сөз
к ө т е р. – көтеріңкі стиль
к і т. – кітаби стиль
қ а р а п. – қарапайым сөз
қ а р ғ. – қарғыс сөз
қ а р ж ы. – қаржы термині
қ о ғ.-ә л е у м. – қоғамдық-әлеуметтік
қ о ғ.-с а я с и. – қоғамдық-саяси
қ о л ө н е р. – қолөнер
қ ұ қ ы қ. – құқықтық
қ ұ р. – құрылыс
л и н г в. – лингвистикалық
м а қ т а ш а р. – мақташаруашылық
м а л ш а р. – малшаруашылық
м а т. – математикалық
м е д. – медициналық
м е н с і н б е у. – менсінбеу
м е т а л л. – металлургиялық
м и н. – минералогиялық
м и ф. – мифологиялық
м о д. – модаль сөз
м у з. – музыкалық
м ы с қ ы л. – мысқыл
о д. – одағай
о й ы н. – ойын
ө н е р. – өнертану
ө с. – өсімдік
п е д. – педагогикалық
п о л и г р. – полиграфиялық
п о э т. – поэтикалық
п с и х. – психологиялық
р е н і ш. – реніш
р е с м и. – ресми
с а н. – сан есім
с а я с и. – саяси
с а я т. – саятшылық
с ә у л е т. – сәулет өнері
с и р е к. – сирек қолданылатын сөз
с о в е т. – советизм
с ө й л. – сөйлеу
с п о р т. – спорт
с т а т. – статистикалық
с у ш а р. – сушаруашылық
с ү й с і н у. – сүйсіну
с ы н. – сын есім
т а б у. – табу сөз
т а м а қ. – тамақ өнеркәсібі
т а р. – тарихи
т е а т р. – театртану
т е р м. – термин
т е х. – техникалық
т о қ ы м а. – тоқыма
т ү й е ш а р. – түйешаруашылық
т і л е к. – тілек сөз
ү с т. – үстеу
ш ы л. – шылау
ф и з. – физикалық
ф и з и о л. – физиологиялық
ф и л о л. – филологиялық
ф и л о с. – философиялық
ф о л ь к. – фольклор
х и м. – химиялық
ш а х м. – шахмат термині
э к о л. – экологиялық
э к о н. – экономикалық
э к с п р. – экспрессивті
э м о ц. – эмоциялық
э н е р г. – энергетикалық
э п о с. – эпостық
э т н. – этнографиялық
ағыл. – ағылшын тілі
ар. – араб тілі
голл. – голланд тілі
грек. – грек тілі
жапон. – жапон тілі
исп. – испан тілі
итал. – итальян тілі
қыт. – қытай тілі
лат. – латын тілі
малай. – малай тілі
моңғ. – моңғол тілі
нем. – неміс тілі
порт. – португал тілі
поляк. – поляк тілі
ор. – орыс тілі
тат. – татар тілі
франц. – француз тілі
эфиоп. – эфиоп тілі

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

[ ] тік жақша – ир., ар., лат., грек. т.б. тілдерден енген сөздің этимологиясы.

< > сынық жақша – терминдік мағынадағы сөздің латын, грек т.б. тілдеріндегі ғылыми баламасы.

[_ _ _] үзік сызықты тік жақша – дерексөздің қысқартылып берілуі.

≈ ықшамдалған түрде көрнекі материалдардың берілуі.

// грамматикалық мағынаның өзгеруі; сөз мағынасының басқа реңк алуы.

Б

БАРЫМТА з а т. т а р. *Байырғы қазақ қоғамындағы құн дауы, жесір дауы, жер дауы т.б. байланысты билер кескен құн мөлшерін айыпты жақ өтей алмағанда не одан бұлтарғанда, билердің келісімімен құн даулаушылардың қарсы жақтан өрістегі жылқыларды шауып, айдап алып кетуі.* Байларың мыңды айдаған шалқып жатыр, Бар малын болыстыққа сарқып жатыр. *Б а р ы м т а*, ұрыс-керіс, кісі өлтіріс – Ішінде сорлы қазақ қалқып жатыр (М.Жұмабаев, Шығ.). Кіші жүз болып сөйлесіп, Көп Қыпшақтың еліне Сәлем айтып хат жазды: *Б а р ы м т а* десе, мал қайтсын, Салауат десе, оны айтсын (Қыз Жібек). Ел іші қашан аман даушатақтан, *Б а р ы м т а,* басып алыс болып жатқан. Арада неше түрлі адам өліп, Жауласып ру-ру қанға батқан (І.Жансүгіров, Шығ.). Көргендерге *б а р ы м т а*, көрмегенге *с ы р ы м т а*, Көрнеу қылдық зорлықты (К.Әзірбаев, Шығ.).

Арасында барымта жүрді. *Екі рулы елдің, ауылдың арасында жанжал туып, соңы мал барымталауға, қарымта қайтаруға ұласты.* Ұлыққа арыз беріп дау қылады, Өзінің қашып барып теңіменен. Мұнан кейін жанжалға кіріседі, *А р а с ы н д а б а р ы м т а ж ү р і с е д і* (М.Дулатов, Шығ.).

Барымта алды. *Малын зорлықпен айдап әкетті. Б а р ы м т а а л ғ а н* – мал емес, қуып алған – құл емес (Мақал-мәтел).

Барымтаға түскен мал. *Зорлық-зомбылықпен бір адамнан екіншісінің иелігіне өтіп, қолдан-қолға ауысып жүрген мал.* Ақырында мұндай қадірсіз, мұндай келешекке душар болып, *б а р ы м т а ғ а т ү с к е н м а л д а й* біреуден біреу алып жүргенін көрген халықтан Жамалды аямаған жан қалмады (М.Дулатов, Шығ.). Азамат ердің баласы Аз ұйықтар да, көп жортар Дұшпанға кеткен ары мен *Б а р ы м т а ғ а т ү с к е н м а л ы* бар (Махамбет, Шығ.).

Барымтамен бас қосу. *Есесін қайтару, кек алу мақсатымен іске кіріскен адамның мал барымталау жолын таңдауы.* Алтыбастың мұнысы... ірге күшке һәм заң білгендікке салған болса да, екінші жақтан барымта деуге сиярлық іс болып, *б а р ы м т а м е н б а с қ о с у* болса керек (М.Дулатов, Шығ.).

Білсе – барымта, білмесе – сырымта. *Көрсе, білсе кегімді алғаным, көрмесе, білмесе малын сіңіріп кеткенім деген мағынада (барымтаны желеу етіп малын жасырын айдап кету).* Қозыбақ аулы барымтамен байыды. Сондықтан да ол ауылдың басты еркек-ересек малайлары емес, қатын-қалаш, бала-шағасына шейін «*б і л с е – б а р ы м т а, б і л м е с е – с ы р ы м т а*» дейтін жайларды күле түсіп, көп ауызға алысатын (М.Әуезов, Таңд.).

БАРЫМТАДАЙ с ы н. *Барымта сияқты, барымта тәрізді.* Жаныма кеп *б а р ы м т а д а й* тидің сен, Жүрегімді қамшыменен тілдің сен. Қазақ рухым көтерілді сол жерде, Киіз үйге ұйықтағанда келіп сен (С.Сейфуллин, Тар жол.).

БАРЫМТА-ҚАРЫМТА з а т. *Барымта және барымталап әкеткен мал артық болғанда қарсы жақтың құнды қайтару үшін жасаған әрекеттерінің жалпы атауы.* Соңғы сауалдан басқасының жауабы айқындалды. *Б а р ы м т а-қ а р ы м т а* жалданбаған екен («Лен. жас»).

БАРЫМТАЛА= е т. *Барымтаға қатысып, біреудің малын зорлықпен айдап әкету.* Соттың үкіміне наразы болған Жүніс Әділдің ауылына шабуыл жасап, малын *б а р ы м т а л а д ы* (З.Шашкин, Ұядан ұш.). Бұл елді бір жау шапты малын талап, Қаласын тас-талқан қып жанын талап. Солдаттарын сабылтып қойдай қырып, Алтынын, малын алды *б а р ы м т а л а п* (Н.Ахметбеков, Амангелді). – Мен сенің қасарғаныңнан ауырып қалдым... Есек сықылды ақымақ адам екенсің! Жас күнім болса, мен сенің атыңды *б а р ы м т а л а п* алар едім, не керек... (М.Жұмабаев, Шығ.).

БАРЫМТАЛАН= е т. *Барымтаға ұшырау, талан-таражға түсу.* Кейде *б а р ы м т а л а н а т ы н* жақтың күші барымташылардан әлдеқайда артық болады да, олар шабуылшыларға тойтарыс беріп қана қоймай,

сонымен бірге олардың ат-тұрмандарын тартып алып, ауылдарына жаяу қайтарады (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). Олардың да азаматтары сойылсоққыға жығылып, кісісі өліп, малы-жаны *б а р ы м т а л а н ы п* ашынулы (Д.Әбілев, Арман.).

БАРЫМТАЛАНУ *Барымталан етістігінің қимыл атауы.*

БАРЫМТАЛАС= е т. *Жауласқан екі жақтың құн қайтару үшін бірінің малын бірі айдап әкетісуі.* Тама деген елмен найманның *б а р ы м т а л а с ы п* жатқан кезі еді, жайлауға барысымен Дүрімбайдың барлық жылқысын тама айдап кеткен, талайын сойып тастаған (С.Шарипов, Шығ.). «Қан жуарға мал шауып, *б а р ы м т а л а с ы п* қырқысқан елдің күйзелушілікке түскен қайғылы халі бар», – деп өңмендете төндіріп барып тоқтаған Ақшолақ (К.Оразалин, Көктем.).

БАРЫМТАЛАТ= е т. *Біреудің тиесілі малын зорлықпен айдап әкеттіру.*

БАРЫМТАЛАУ *Барымтала етістігінің қимыл атауы.* Содан, әкем, Үшпақты, мықтыны *б а р ы м т а л а у* – кек алудың жолы деп түсініп, ақырында «Ұры Қожақ» атанып кетті (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Рас, қазір қара сойыл сілтесіп, бірін-бірі *б а р ы м т а л а у* жоқ (С.Мұратбеков, Көкорай).

БАРЫМТАЛЫ с ы н. *Барымтасы бар, барымталасқан.* Бидайық шыңда ғана болад десед, Бүркітпен *б а р ы м т а л ы* ел ала жаздай. Тығанақ, үкі, ақсары, құладындар, сықылды толып жатыр межен-томпай (І.Жансүгіров, Шығ.).

БАРЫМТАЛЫҚ с ы н. *Барымтаға тән, соған қатысты.* Пайда табудың *б а р ы м т а л ы қ* жолы – қазақ шаруашылығының басты саласы болып есептелетін – мал шаруашылығын өркендетуге кері әсер етумен бірге қоғамның жалпы өндіргіш күштерінің өркендеуіне де кедергі келтіреді, – деді Шоқан (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.).

БАРЫМТАСЫЗ с ы н. *Барымтасы жоқ, барымта болмаған.* Қойнауы Қаратаудың қалың жайлау, Жанжалсыз, *б а р ы м т а с ы з,* тұрмайды сау. Қалмайды тайлы-таяқ айғай шықса, Әдеті бүлік іздеп күнде тынбау (И.Байзақов, Ақбөпе).

БАРЫМТАШЫ з а т. *Барымта жасаушы, барымта алуға қатысушы. Б а р ы м т а ш ы л а р* мылтықтарын қанжығаларына байлап, алыстан қазақ деп айтсын деп, бастарына түлкі тымағын киіп жолға шықты (М.Жұмабаев, Шығ.). Ол – Қодар, *б а р ы м т а ш ы,* елдің басы, Жыртылмасын деп жүрген ел жағасы. Ар сүймейтін бір істі қылғаннан соң, Аямаған Олжайдың көрі-жасы (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Бұрынғы билердің орнына атқамінерлер мінді, бұрынғы батырлардың орнына *б а р ы м т а ш ы* ұрылар пайда болды (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.).

БАРЫМТАШЫЛ с ы н. *Барымта алғыш, барымтақұмар, барымталағыш.* Айғай-қиқу, найзамды әпер, жауынгер, *Б а р ы м т а ш ы л* мал қуатын рәсім. Ердің құнын екі ауыз сөз бітіріп, Тез айырған өтірік пен расын... (М.Дулатов, Шығ.). Әкемнің айтуынша, сонда өр Қаратайдан тараған Дәулеттің ішіндегі шаруаға шорқақ, сөзге тілмар *б а р ы м т а ш ы л* Ұзақ екенбіз (О.Бөкеев, Үркер.).

БАРЫМТАШЫЛЫҚ з а т. *Барымташы болушылық, барымта жолын қуушылық.* Байдың қолшоқпары болған, амалсыз айналысып жүрген кәсібі – бөріше тірлік ету, *б а р ы м т а ш ы л ы қ* әбден жүйкесіне жеткен («Қаз. әдеб.»).

БАРЫНДА ү с т. *Бар кезінде, бар уақытта. Б а р ы н д а* батып же, жоғында сатып же (Мақал-мәтел). Сөйлеп қал, қызыл тілім, жақ *б а р ы н д а,* Кеудеде – ақыл, маңдайда – бақ *б а р ы н д а.* Мың сайтан, жүз пәлекет қалмаса да, Бір тәңірі қағып шығар сақтарында (Шал ақын. Өлең.д.).

БАРЫНША ү с т. *Бар мүмкіндігінше, барлық күш-жігерімен, мейлінше.* Ысмайылдың үй іші сыйлас құдасының жақсы көрген оқымысты баласы келген соң, қуанысып, *б а р ы н ш а* құрметпен күте бастады (М.Әуезов, Қараш.). Ол ғажап ержүрек жігіт болатын. Отан алдындағы борышын *б а р ы н ш а* адал, қалтқысыз жүрекпен орындап жүрді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Басымнан өткеріп, Барлығын түйемін. *Б а р ы н ш а* жек көріп, *Б а р ы н ш а* сүйемін (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

БАРЫҢҚЫРА= е т. *Жақындаңқырау, жетіңкіреу, әлі де болса таяу. Б а р ы ң қ ы р а й* бергенде әртін үңгіп, Диірмен тұр үгетін тасты ұн ғып. Ғамалған тұман болып қарауытып, Жүзеді түкпірдегі ауа күңгірт (Д.Әбілев, Алтай.). Біз де сол... талма үмітпен Нұржанды іздеп, «ат тұяғын тай басарға» әлі аузымыз *б а р ы ң қ ы р а м а й д ы,* қимаймыз (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

БАРЫҢҚЫРАУ *Барыңқыра етістігінің қимыл атауы.* Сендер бергі жағынан қайтқансыңдар ғой, ары қарай *б а р ы ң қ ы р а у* керек еді («Лен. жас»).

БАРЫП-БАРЫП ү с т. *Біршама уақыт өткен соң, біраздан кейін.* Демігіп дем ала алмай *б а р ы п-б а р ы п,* Шашалып, бір жөтеліп, бір қақалып: – Ойбай-ау, не сұрайсың, – деді, – бізден (Н.Ахметбеков, Жасауыл.). Әлденеше бунақ болып жалғастырылған бұрғы мәшине өзен табанына шымырлап *б а р ы п-б а р ы п* қайта лықсытылды (С.Бегалин, Жеткіншек).

БАРЫП-КЕЛ= е т. **1.** *Жиі қатынасып, араласып-құраласу, келіп-кету.* Омарға ілесіп Игнатқа *б а р ы п-к е л і п* жүргенде, алдарынан ойқастаған сұлу келіншекке талай рет көзі түсті (Б.Тілегенов, Аққайнар). **2.** *Қатынау.* Егін басында ешқандай қос жоқ. Олар үйлерінен *б а р ы п-к е л і п* тұрады (С.Сарғасқаев, Тәмпіш.).

БАРЫПҚАШ з а т. э т н. *Балалар мен жастардың «қасқыр», «қой», «қойшы» болып ойнайтын ойыны.* Қойшы ойыны көп-ақ. Орамал жасырмақ, тақия теппек, ақсүйек, маймұрын, соқыртеке, *б а р ы п қ а ш* – осының бәрі ұпай ұтыс болады (К.Әзірбаев, Аңыз.).

БАРЫРАҚ с ы н. **1.** *Біршама бар, баршылық.* – Шөкібаланы жібер, сенен гөрі оның қолының әлі *б а р ы р а қ* шығар, – деп Ырысты қақпайлап жіберді (І.Жансүгіров, Шығ.). **2.** *Молырақ, көбірек.* Әйел қасиетінен гөрі сенде ердің ерлік қасиеті *б а р ы р а қ* (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). – Балаларыңыз да болар, әрине, – деді Шоқан. Олардың басы *б а р ы р а қ*: екеуінен бес ұл, үш қыз... (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БАРЫС[1] з а т. з о о л. <лат. felis uncia> **1.** *Қара дақтары бар түсі шұбар, мысық тұқымдастарына жататын жыртқыш аң. Б а р ы с* Тянь-Шань, Тарбағатай, Сауыр мен Алтайдың биік жоталарында таралған, таулардың альпі және субальпі белдеулерінде құзды, жартасты жерлерді мекендейді (Қазақст. қызыл кітабы). Сыр айтып сыпсың қайың қарағайға, Бұлбұлдың әні еседі әлдекайда. Сығалар әккі *б а р ы с* жапырақтан Қой тастың үстіндегі құралайға (Ғ.Қайырбеков, Қосбасар). // **2.** а у ы с. *Ержүрек, батыр, қаһарман; жүйрік, топжарған талант.* Жойқын өзен – тіршілік ағысында Жолдас болғай парасат *б а р ы с* ұлға. Қуанамын Қазақтың бір баласы Озып шыққа өнердің жарысында! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Барыс жылы. к ө н е. *Сиыр жылынан кейін, қоян жылынан бұрын келетін ескіше жыл қайырудағы үшінші жылдың аты.* 1911 жылы, бұл бұрынғыша айтқанда, *б а р ы с ж ы л ы* – Дәмекұлдың әйелі өлді (С.Ерубаев, Шығ.). Бұлар 1842, *б а р ы с ж ы л ы н ы ң* көктемінде кездесті (І.Есенберлин, Қаһар). Жасым бар жетпіс бесте, *ж ы л ы м б а р ы с*, Азуым бай дегенде алты қарыс (Шашубай Қошқарбаев, Шығ.).

БАРЫС[2] з а т. *Істің бағыты, бет алысы, жағдайы.* Ал жұмыстарыңның *б а р ы с ы* жөнінен Хасен ағай мен маған хат жазып тұрасыңдар (А.Машанов, Жер асты.). Тергеудің алғашқы *б а р ы с ы* жөнінде бастығына баяндап шықпақ (Қ.Тоқаев, Тасқын). Жаман емес тіршіліктің *б а р ы с ы*, Жөнге келіп қалды жұрттың әр ісі. Жас енелер сәби сүйе бастады, Жаңа түскен келінімен жарысып! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Барыс септігі. л и н г в. *Кімге? неге? деген сұрауларға жауап беріп, сөйлемде толықтауыш қызметін атқаратын септік жалғауының бір түрі. Б а р ы с с е п т і к т е г і* сөз әрқашан етістік болған мүшемен байланысып, негізінде, қимылдың бағытын, мақсатын білдіреді (Қазіргі қаз. тілі).

БАРЫС[3] з а т. *Жүріс-келіс, араластық.* Көп болыпты, Әлі де көп *б а р ы с т а р.* Қатысты емес оларға дағдарыстар. Шамдандырып алмасаң, Шамырқанып Шабуылға шықпайды жолбарыстар (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

БАРЫС= е т. *Бірге бару, бір-біріне барып-келу.* Бүгін бізді Калькуттада бірінші рет Индия театрына алып *б а р ы с т ы* (М.Әуезов, Индия очерк.). Зауыттың бершіліне өзім алып *б а р ы с а м* (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

Артық барыспау. *Қатты араласып-құраласпау, қарым-қатынаста белгілі бір шекті сақтау.* Достық ерке мінезден *а р т ы қ қ а б а р ы с п а ғ а н* секілді (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

БАРЫС-КЕЛІС з а т. **1.** *Келім-кетім, аралас-құраластық.* Бес жылғы өзіңдікі өнген жеміс, Сонымен өңдет жеріңді болған кеміс. Бірісің жан аямас жан досымның, Етіп тұр, араласып *б а р ы с-к е л і с* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Қазір жағдайдың шиеленіскені соншалық, қақтығыстар болады-ау деген шекаралық аймақтардан жұрт қаша бастаған, екі елдің арасындағы *б а р ы с-к е л і с* тыйылған («Егемен Қазақстан»). **2.** *Бір жерге барып, кері қайтуға кететін уақыт не жолдың өлшемі.* Мирас та Белдемше таудың басына шығатын ірелең жолмен асуға дейін жүгіріп алады. *Б а р ы с-к е л і с і* үш шақырымдай (Ә.Тарази, Үлкен ауыл).

БАРЫСТАЙ ү с т. *Барыс сияқты.* Жас *б а р ы с т а й* оянған Сәрсен енді сілкінді, Көрер ме еді тіленген Дәл сол кезде шіркінді (С. Сейфуллин, Шығ.). Сол кезде Сейткерей *б а р ы с т а й* атылып, білегімнен шап берді (Д.Исабеков, Мазасыз күн.).

БАРЫСУ *Барыс етістігінің қимыл атауы.* Бала туса шілдеханаға, адам өлсе жаназасына *б а р ы с у* жоқ (С.Шарипов, Бекболат).

БАРЫСША ү с т. *Барысқа ұқсап.* Ораз пошташы босағадан *б а р ы с ш а* қарғып кеп, жыраудың домбырасына жабысты (Д.Әбілев, Ақын.). Тайқы осының бәрін өлшеп, пішіп, Үкенің күйі кетіп, басы айналған шағында кеп *б а р ы с ш а* бас салып отыр (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр).

БАРЫСЫНДА ү с т. *Жолында, бағытында.* Тілдің даму *б а р ы с ы н д а* жаңа сөздер пайда болумен қатар... кейбіреулерінің қолданылу аясы тарылып, бұрынғы көп мағынасы азайып, бір

мағынасымен ғана қалады (Қазіргі қаз. тілі). Түйелердің жұмысқа жарамдылығын шаруашылықтың өзінде жұмысқа пайдалану *б а р ы с ы н д а* айыруға болады (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру).

БАРЫШ з а т. с ө й л. ***Баршы*** *(барлаушы, шолушы)*. Жан-жаққа *б а р ы ш* жіберіліп, күзет қойылды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БАРІН з а т. т а р. к ө н е. *Ежелгі тайпа. Б а р і н* тайпасы туралы алғашқы мәліметтер 1241 ж. кездеседі (ҚҰЭ). Хулагу хан Иранға жорық жасаған уақытта *б а р і н д е р* оның әскері құрамында болды және хан сарайында жоғары лауазымды қызметтер атқарды (ҚҰЭ).

БАРЬЕР [франц. barriere] з а т. **1.** *Үй, бөлме сияқты тұрғынжайлардың ішін бөліп тұратын аласа келген қоршау.* ≈ *Б а р ь е р* қою. **2.** с п о р т. *Жүгіру, секіру сияқты спорттық ойын түрлері кезінде қолданылатын кедергі.* ≈ *Б а р ь е р д е н* секіру. **3.** *Кедергі, бөгет, тосқауыл.* ≈ *Б а р ь е р* болу.

Кедендік барьер. *Шет мемлекеттен тауар әкелетін, таситын адамға, жолаушыға шекарада кездесетін қиындықтар.* ≈ *К е д е н д і к б а р ь е р д е н* құтылу.

Психологиялық барьер. *Тәрбиесі, өскен ортасы, ойлау дүниесі, менталитеті әртүрлі адамдардың арасындағы қарым-қатынаста орын алатын қиындықтар.*

Тілдік барьер. *Бір тілді тұтынушының бөтен тілдік ортаға түскендегі тіл білмеуден туындайтын қиындықтары.*

БАРЬЕРШІ з а т. с п о р т. *Кедергіден секіре жүгірумен айналысатын спортшы.* 2000 жылғы Сидней Олимпиадасында Қазақстан *б а р ь е р ш і с і* Ольга Шишигина чемпион атанып, алтын медальді иеленді («Спорт»).

БАС[1] з а т. **1.** а н а т. *Адам не жануарлар денесінің кеудеден жоғарғы не алдыңғы қозғалмалы бөлігі.* Тірі ағзалардың эволюциялық даму жолында *б а с т ы ң* денеден жекеленуі моллюскілерде, әсіресе бунақтыларда кездесе бастайды (ҚҰЭ). *Б а с т а* орталық жүйке жүйесінің жоғары бөлімі, кейбір сезім органдары, асқорыту және тыныс алу жүйесінің алдыңғы бөлімдері орналасқан (ҚСЭ). **2.** *Адамның, жан-жануардың ауыз, көз, құлақ, мұрын, ми т.б. орналасқан дене мүшесі.* ***Б а с ы м н а н*** сипап маған құрма берді, Жаныма жыл құсындай жырлар енді. Кеттім де талақ етіп күллі әлемді Мектепте қайнап-толып тастым, міне (Қожа Ахмет, Даналық кітабы). «Әкең өледі» деп әкесі тірі балаға *б а с* ұстатпайды (С.Мұқанов, Қазақ қауымы). Кәрі қойдың *б а с ы* піскенше, тоқты етінің арсасы шығар (Мақалмәтел). **3.** а у ы с. *Кісінің жеке дара өзі; адам.* Сәмет үйі де *б а с қ а* бай емес, әйелі, кішкене қызы (А.Нұрманов, Аққу.). *Б а с ы* аманның малы түгел (Мақал-мәтел). Сүймегенге сүйкенбе, бағаң кетеді, Мың тіллалық *б а с ы ң д ы* бір пұл етеді (Мақал-мәтел). Жаман дос – көлеңке, *Б а с ы ң д ы* күн шалса, қашып құтыла алмайың, *Б а с ы ң д ы* бұлт шалса, іздеп таба алмайсың (Абай, Тол. жин.). **4.** *Малдың саны, тұяқ.* Малдың *б а с ы н*, жас малдың тісін санау жоқшылыққа ұшыратады (Ж.Кейкин, Қазақы атау.). Өзен, көл аңғарларына орналасқан көптеген мал фермалары және 50–100 мың *б а с* малға есептелген мал кешендері айтарлықтай ластану кезеңдері болып табылады (Табиғат сулары.). Көшпелі мал өсірушілер копчур деп аталатын салық төлеуге міндетті болды, мұның көлемі жүз *б а с* малдан бір *б а с* мал болды (Қаз. тарихы). Мәселен, бір саулығым он жылда қанша *б а с* қой болады деген есеп геометриялық прогрессияға келеді (1+2+2+2+2+...+2) (А.Көбесов, Математика.). **5.** *Әр алуан өсімдіктің жоғарғы жағы, ұшы.* Қарағай *б а с т а р ы н* жау снарядтарының жарықшақтары қырқып әбден тоқалдаған (Ж.Жұмаханов, Әлия). Қарлығаш ұясын қыстаудағы қоралардың, аша ағаштың *б а с ы н а* салады (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). «Адассаң – атыңа сен!» – Мен байталға сендім. Құрай, тобылғы *б а с т а р ы н* шала жүріп шабдар байтал әйтеуір бір жаққа әкетіп барады (Ғ.Мүсірепов, Боранды түнде). Күн тамылжып тұр. Бозторғай шыршыр етіп, шөп арасынан көтеріліп, аспандап жүр. Шөптің *б а с т а р ы* қыбыр етпейді (Ж.Аймауытов, Шығ.). **6.** *Таудың, қырдың, дөңдөңестің ең биік жері, жоғарғы шыңы, төбесі.* Абай төбенің *б а с ы н а* шықты (М.Әуезов, Абай жолы). Үш қонып төртінші күн белден асты, Ол күні алтынды үйге душарласты. Тау *б а с ы н а н* түсірген тәуекелмен, Сол үйге кірмек болып қадам басты (Абай, Шығ. жин.). Абылай көнді қыздың тілегіне, Серт болды батырлардың білегіне. Етектен шың *б а с ы н а* көз жіберіп, Зор күдік кірді әркімнің жүрегіне (С.Сейфуллин, Шығ.). Дөң *б а с ы н д а ғ ы* қойшының айғайымен қатар ауылдағы кәрі-жас иттерді айтақтап түгел жүгірді (М.Әуезов, Көксерек). **7.** *Өзеннің, бұлақтың басталған жері, қайнар көзі.* Шу өзенінің *б а с ы* Алатаудан басталады (Геогр. хрест.). Екі бие – ел асы, үш бие – бұлақ *б а с ы*, бір бие – жоқтың қасы (Халық даналығы). **8.** *Таяқтың, сойылдың т.б. заттың бір жақ шеті, ұшы.* Темірдің бір *б а с ы* – ыстық, бір *б а с ы* – суық (Мақал-мәтел). Хакім жерден топырақ алып барды, Бір уыстан сүйекке шаша салды. Ана *б а с ы* сылқ етіп жерге түсіп, Сүйек *б а с ы* жоғары шығып қалды (Абай, Шығ. жин.). Сорлыға сойылдың жуан

б а с ы тиеді (Мақал-мәтел). **9.** *Балта, пышақ, шот т. б. құрал-сайманның саптан төменгі жүзі бар жағы.* Ұзын сапты айбалтаның *б а с ы* асыл құрыштан істеліпті (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Ақ найзаның *б а с ы н а,* Желекті ту байладым. Қайнаған қалың жауыңды, Бір шыбықпен айдадым (Жамбыл). **10.** *Аяқкиімнің ұшы, алдыңғы жақ бөлігі, тұмсығы.* Етіктердің бөлшектері: *б а с,* қоныш; бас пен қоныштың арасы белтір, табан ұлтан, ұлтан мен бастың ұштасқан жерін жұлық деп атаған (С.Мұқанов, Қазақ қауымы). **11.** а у ы с. *Заттың, бұйымның бөлшектері, кесегі, орамасы.* Ысқылаудан өткен жиектің екі тінін қосып бір домалаққа жинайды. Мұны *б а с* деп атайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Мен бүгін үш *б а с* жіп иірдім (Диал. сөздік). **12.** а у ы с. *Мекен-тұрақты білдіретін сөздермен тіркескенде маңы, жаны, қасы деген мағынаны білдіреді.* Жандос үйіне қос *б а с ы н а н* кеш қайтты (С.Адамбеков, Қожанасыр.). Каналдың *б а с ы н д а* топырақтан үйілген ұзындығы 20 м плотинаның қалдығы сақталыпты («Лен. жас»). Шағала көлдің *б а с ы* иін тірескен ауыл, бықырлаған мал, жердің жүзін, көктің түрін сары, қызыл алтынға бояп, жаздың нұрлы қызыл күні белеңнен асып, шеті қылтиып барады (Ж.Аймауытов, Шығ.). **13.** *Әуелі, алғашқы. Б а с ы н д а* әркім өз үйін салсын деп жарапазан айтқан сіз емес пе едіңіз? (Ш.Құсайынов, Таныс адам.). **14.** *Мезгілдің алғашқы кезі.* Шығыс халықтарында Наурыз жыл *б а с ы* деп есептеледі (Наурыз тойы). Жазылып отырған оқиға Жетісуды Шыңғысхан әскерлері басып алған жылдары, яғни XIII ғасырдың *б а с ы н д а* болуға тиіс («Лен. жас»). Аксиология ілімі ұғымы 19-ғасырдың ақыры мен 20-ғасырдың *б а с ы н д а* пайда болды (ҚҰЭ). **15.** *Белгілі бір іс-амалдың ұйытқысы, себепкері.* Даудың *б а с ы* – Дайрабайдың көк сиыры (Б.Майлин, Шығ.). **16.** а у ы с. *Басшы, жетекші.* – Шырағым, сөзіңе қарасам *б а с с ы ң,* түріңе қарасам жассың, жөніңді айтшы, – деп ол Шоқанға қарады (С.Бегалин, Шоқан асу.). Айбалталы, найзалы топтың *б а с ы* Ызғұтты болатын (М.Әуезов, Шығ.). **17.** а у ы с. *Ақыл, ой, ес.* Таңданатын түгі жоқ, капитан Қалиқанов *б а с ы* бар адам. Қалидың шайқасын ол әлдеқашаннан білетін (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке). **18.** а у ы с. *Тағдыр, өткен өмір мағынасында.* Артынан Арыстанның Жолбарыстар, Патшасы бұйырған соң не тұрыс бар? Аюлар, Қасқырлар да айтып шықты, *Б а с ы н д а* жақсы-жаман не қылмыс бар (А.Байтұрсынұлы, Шығ.). Абдан біреу-ақ екен. Сол абданнан айырылған күнді де көрген мына менің *б а с ы м* (М.Мағауин, Аласапыран). **19.** а у ы с. *Мемлекет, ел билігінің ең жоғарғы органы.* Шыңғыс ұрпақтарын өкімет *б а с ы н а н* тайдыруға әкелгенде, тарихи тәжірибе Шыңғысхан ұрпағына жоғары өкімет билігінің тиесілілігі туралы қалыптасқан қағиданы айналып өту үшін, бірнеше әдіс-амалдар тудырған еді (Қаз. дала. ойшыл.). **20.** *Негізгі, ұйытқы, басты.* Оқу үйрендегі *б а с* мақсат – керек сөзді жаза білу, жазылған сөзді оқи білу (А.Байтұрсынов, Тіл құрал). **21.** *Бірінші тұрған, алғашқы.* Дауыссыз дыбыс соңында, *б а с* буыннан басқа орында яки дауысты дыбыс соңында, қай буында болса да, «у» үтірсіз жазылса да хате болмайды (А.Байтұрсынов, Тіл құрал). **22.** *Белгілі бір процестің басталуы.* Мен олардан сырымды жасырғам жоқ, Сыбаға іздеп айламды асырғам жоқ. Кетіп қалды талайы тарығып ем, Кетіп қалды тойымның *б а с ы н д а* боп (Т.Молдағалиев, Өлеңд.). *// Жетекші, негізгі, ең жоғарғы. Б а с* инженер кетті дейді көруге, Жерді көріп өз бағасын беруге, Мүшелердің өзі болып біреуі, Гүлжан оған жарамас па еді еруге! (Х.Ерғалиев, Біздің ауыл.). Мемлекеттік тілде іс жүргізу мақсатында жаңа технология *б а с* басқармасының көмегімен министрліктің Орталық аппаратына 350 қазақша драйверлі жаңа компьютер сатып алынды («Ана тілі»). «Далалық ереженің» 99-бабы бойынша медресе, мектеп ашып, мешіт салу үшін Дала *б а с* губернаторының рұқсаты болмаққа керек. Оның үстіне жаңа мектептер ашып, мешіттер салу былай тұрсын, әкімшілік орындары Семей мен Көкшетау қалаларындағы мешіттер жанында жұмыс істеп келген мектептердің өзін жауып тастады («Ана тілі»). **23.** д і н и. *Рәкәт, бір отырыс (намаз).* ≈ Екі *б а с* намаз.

Ағашаттың басына мінгізді. *Әр сақка жүгіртіп, өсекке таңды.* Нұртайдың ақ дегенін алғыс, қара дегенін қарғыс санайтын кейбір жарамсақтар Сәмет екеумізді сырттан күстаналап, *а ғ а ш а т т ы ң б а с ы н а м і н г і з і п* жүргенін де біліп жатырмыз (С.Омаров, Қайырлы.). ...Елемес екеуміздің анадағы бір түнде Жәмимен кездесіп сөйлескенімізді біліп қойған біреулер *а ғ а ш а т т ы ң б а с ы н а м і н г і з і п,* әртүрлі өсек таратып жүр (С.Омаров, Қайырлы.).

Адамның басы – Алланың добы. *Діни ұғым бойынша, адам тағдыры Құдайдың қолында, жетегінде, бұйрығында, әмірінде екендігі, өзінде ерік жоқтығы. «А д а м н ы ң б а с ы – А л л а н ы ң д о б ы»* деген ғой, не боларына кімнің көзі жеткен, – деді кемпір күрсініп (Ә.Нұрпейісов, Курляндия). Бақ көшсе ақылыңа қарамайды,

Жақсыны жаман адам табалайды. «*Адам басы – Алланың добы*» деген, Қайда айдаса сол жаққа домалайды (Шал ақын, Өлеңд.). Жерлерге топырақ тартқан сан айналдым, Деген жанмын: «Құнымды Құдай жоқтар!» *Адам басы – Алланың добы* болса, Тағдырдан табандатып тиді шоқпар (М.Дулатов, Шығ.).

Ақ бас. *Шашы ағарған, қартайған.* Берген соң тәңірім өмір, *ақ бас* болдық, Келін мен балаға да жақпас болдық. Көрген соң көзі құрғыр шыдай алмай, Таппаған адам ебін қақбас болдық (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Алдияр бас. *Әмірге құлдық, құп тақсыр деген мағынада айтылатын сөз.* Ей, тақсыр, дәулетіңе *алдияр бас,* Атамыз Шонжар патша мерген екен (Батырлар жыры).

Алтын басы. *Құрметті, сыйлы, қадірлі адам туралы.* Не айтайын, Тұрсын шырақ, мынау Бекеннің *алтын басын* бағалай біл (Ж.Жұмаханов, Үш бәйтерек). Көреді бірін-бірі есен кісі, Сөйлейді қамал бұзып шешен кісі. Әр кезде *алтын басың* жерде қалмас, Біреуді өзің сыйлап десең кісі (Айтыс).

Астау бас шер. *Бір туар нардың ішіндегі ірі, әрі сұлектісі.*

Атаңның басы! қ а р а п. *Ашуланғанда, қатты күйініп кеткенде, қарсы пікір білдіргенде айтылатын дөрекі сөз. Атаңның басы,* – деді Аманжан шырт түкіріп. – Ашыққан қасқыр сені түгіл, тракторының өзін асап қояр (О.Бөкеев, Таңд.).

Ат басын бұрды. *Бағыт алып, жол жүріп келе жатқан жерінен арнайы белгілі бір жерге бұрылып, бағытын өзгертіп, соғып кетті. Аттың басын* соған *бұрып* қиялап, Орыныңнан көп отырған ұялап, Бір қозғалып, жайланады көңілің, Сонда есіктен қара бала сығалап (Ғ.Қайырбеков, Қосбасар).

Ат басындай алтын. а) *Көлемді, үлкен алтын.* Мен әкемнің қазынасынан *ат басындай алтын,* қой басындай ділда алайын (Қаз. ертег.). ә) *Үлкен олжа.* Күн шыға тап кешегі кеткен жақтан, Қарайып топ көрінді келе жатқан. Умаштап Назикасын сүйді Қақаң, Кісідей *ат басындай алтын* тапқан (Қ.Тоғызақов, Өлеңд.).

Ат басын тартпады. *Алған бетінен қайтпады.* Қиядан қиқу төгілсе, *Аттың басын тартпаған,* Қисапсыз қол көрінсе, Қорқып жаудан қайтпаған (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Ат басын тіреді. *Келіп тоқтады.* Үш үйдің ішінде еңсесі көтеріңкі, қомақтылау біріне Аман мен Таймас *ат басын тіреді* (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Әйел басымен. *Әйел болса да, әйел бола тұрып. Әйел басының мен* еркектен артық азаматтық еткенің бәріміздің жүрегімізді жылытты (Ж.Арыстанов, Сұңқар).

Әр нәрсенің басын [бір] шатты. *Бір-біріне байланыссыз, жүйесіз айтты. Әр нәрсенің басын бір шаттым* (С.Бақбергенов, Бозторғай). Ас үйдің алдындағы күн шуақта сөйлесті *әр нәрсенің басын шатып* (А.Байтұрсынұлы, Шығ.).

Әр істің [жұмыстың] басын [бір] шатты. *Тұрақтап бір жерде жұмыс істемеді, бір іске төселмеді, әртүрлі жұмыс істеді. Әр істің басын шатып,* жаман білгенше, бір істі тәуір білген жақсы емес пе (XX ғ. қаз. ақын.). *Әр жұмыстың басын бір шатты* (Ә.Тарази, Қиян).

Әуел бастан [о бастан]. *Әуелден, ежелден, алғашқы кезден.* Кезінде жұрттан шыққан теңім таптым, Мен айтып өз мініңді аңғартайын. Мен емес біліп айтқан сенің сөзің, Мін айтқан *әуел бастан* сенің өзің (Айтыс). Әлі жүр біздің қазақ қоршылықта. Қор болып өрге баспай өнерпазы. Әр істі ойлау керек *әуел бастан,* не пайда өнері жоқ жігіт жастан (М.Көпеев, Тірлікте.). Сырқат адам *о бастан* дұрыс емделмеген жағдайда абсцесс созылмалы түрге айналып бірнеше жыл бойы ауырады (М.Сисекенов, Өкпе ауру.).

Байтал түгіл бас қайғы. *Жеке басының шаруасы, жеке басының қайғысы, мәселесі қиын болды дегенде айтылатын сөз. – «Байтал түгіл бас қайғының»* кебін киіп, құдандалықты екібастан «тұқымы құрысынға» шығарып, күдер үзіп қойған (Е.Мырзахметов, Медет). *Байтал түгіл, бас қайғы* жігіттер күндіз-түні байлаулы бұзаудай өз ұясынан шықпайтын болды (І.Жансүгіров, Шығ.).

Бас адамдар. к ө н е. *Жасы үлкен, көргені көп, тәжірибесі мол, қандай да бір шараны өткізуде жөн сілтеп, жол көрсететін адамдар.* Арғын, Қыпшақ сарбазының ішіндегі *бас адамдар* кеңескенде Әбдіғапар тұрып: «...қала түбінде бір жеті кідіріп, елімізге тарайық...» дейді (М.Дулатов, Шығ.). Қараймын кейін, Орысқа шейін Хан бағыпты қазақты. Баға алмай жөндеп, Басқаға көн деп, Артқан жұртқа азапты. *Бас адамдар* халықты Сатып, сыйлар алыпты (А.Байтұрсынов, Шығ.). Күн жағына келгенде халық бөліне бастады. Анау жағы кісіміз айдатылды, Күн бермейміз десе де, *бас адамдар* оған болмайды («Айқап»).

Бас айналарлықтай. *Өте биік, өте жоғары, өте күшті.* Алуан түрлі костюм киген күлдіргіштер (клоун), биікте шарықтайтын гимнастар, неше алуан акробаттар *бас айналарлықтай* биікте ойын көрсетіп, жарналардан елге қарап, жұртты шақырып тұрады (М.Танекеев, Қажымұқан).

Бас айналды. а) *Жағымсыз, ащы, өткір иістен, ауа жетпеуден тыныстың тарылуы, миға оттегі тасымалдау қызметінің бұзылуынан ағзаның әлсіреуі.* Дәні ащы, иісі *б а с а й н а л д ы р а д ы* (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). Қалайда жүрегі лүпілдеп, *б а с ы а й н а л ы п*, тұншығып, пысынап, көп азап тартып жатып, әбден талған кезде көзі ілінді (Ж.Аймауытов, Шық.). *Б а с ы а й н а л ғ а н д а й* боп, көз алды бұлдырап, мұнартып бара жатқандай болды (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.). ә) *Елітті, еркінен айырылды.* Розаның балғын денесінен ескен жас лебіне балқып, *б а с ы а й н а л д ы* (Т.Ахтанов, Шық.). б) *Мақтанды, масаттанды. Б а с ы а й н а л д ы* қарғаның, Сұмның айтқан сөзіне, Қуанғаннан бөртініп, Бір мастық кірді өзіне (Абай, Шық. жин.).

Бас айналу. *Бастан, мидан ауырған немесе зақым алған малдың өз бағытынан адасып, беталды жүруі, бір орында тұрып айнала беруі.* Ауру-сырқау салдарынан өз бағытын айыра білмейтін малдың жалпы қалін *б а с а й н а л у* деп атайды (Ж.Бабалықұлы, Мал ауру.).

Бас алды. *Өсімдік дән ала бастады.* Жақында ғана тегіс *б а с а л ғ а н* тары тақта болып, масақ тұмсықтары дән ала бастаған (Ж.Арыстанов, Жалын.). Күріштің бойлап өсуін тоқтатып, пісу мерзімін қысқарту үшін оған *б а с а л ғ а н а н* кейін азотты тыңайтқыш беру керек (Ы.Жақаев, Менің бақытым).

Бас алдырғы. *Ынтымақтық, ауызбіршілік.* Бас басыңа би болсаң, Бодан тауға симассың. *Б а с а л д ы р ғ ы ң* бар болса, Жанған отқа күймейсің (Мақал-мәтел).

Бас алқа. т а р. *Кесімді пікір, шешуші сөзді айтатын төрешілер кеңесі.* Жергілікті комитеттер жер туралы күнде болатын ұрыс-талас, жанжалға *б а с а л қ а* етіп жердің зор мәселесі «Учредительное собраниеде» шешілгенше екі жақты татуластыра тұрады (Ә.Бөкейханов, Шық.).

Бас алмады. а) *Ешнәрсеге алаңдамады, басқа нәрсеге назар салмады.* Кітаптан *б а с а л м а й,* үнсіз бір сопыдай сарылып отырып қалған Абай, үй мен тыстан бірдей беймезгіл күз салқынын сезеді (М.Әуезов, Таңд. шық.). Ол [Сервантес] өлер алдында ғана жазып біткен «Персилес пен Сигизмунданың жиһангездігі» деген шығармасы да *б а с а л м а й* оқитын дүние (Д.Қонаев, Өтті дәурен.). ә) *Бас көтермей істеді.* ≈ Жұмыстан *б а с а л м а д ы.*

Бас аман. *Есен-сау, сау-саламат. Б а с ы а м а н*, малы түгелдердің көңілі шаттықта, Жамалдың көңілі һәмән қайғыда болумен біраз уақыт өтіп еді (М.Дулатов, Шық.).

Бас арқан. э т н. *Киіз үйді желден, дауылдан сақтау үшін, кереге басын, туырлықты бастыра орап, қазыққа байлайтын бау, қыл арқан.*

Бас арық. *Он-он бес гектар егіндік жердің басынан жүргізілетін, жан-жаққа су тарататын үлкен су жолы. Б а с а р ы қ қ а* екі-үш құлақ су сияды (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Бас ат. *Еншіге берілген малдың ішіндегі ең мықтысы, асыл тұқымды жылқы.* Көк бурыл тұлпар бар, Былтыр құлын, биыл тай Мінетұғын *б а с а т ы ң* Қарағым, саған сайма-сай (Қыз Жібек).

Бас [дән] ату. *Өсімдіктің дән жаруы.*

Бас ауруы. *Қан тамырларының қызметі бұзылғанда миға қанның дұрыс бармауы салдарынан бастың сырқырап, солқылдап, тырысып ауыруы.* Жынды, делбе, шекеқұрт, меңіреу, айналма, тентек, суми, көкми, тағы басқаларды қазақ емшілері *б а с а у р у л а р* қатарына жатқызады (Ж.Бабалықұлы, Мал ауру.). *Б а с а у р у ы* кейде ішкі секреция бездерінің бұзылуынан болады, ал әйелдерде етеккір кезінде және кексе әйелдердің етеккірі тоқтаған кезде байқалады (Шаңырақ). Жапырағы мен гүлінің қайнатылған түнбасын халықтық медицинада терлеу, зәр айдау үшін пайдаланады. Сондай-ақ онымен түрлі жыныс ауруларын, сүйектегі ісікті, *б а с а у р у ы н,* қышыманы емдеген (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

Бас ауыртты. *Мезі қылды, ығырын шығарды, миды қатырды.* Балалар шулап бақырды, Ынтасы – даусын білдірмек. Қонақтың күйін қашырды, *Б а с т ы а у ы р т т ы* көп дүрмек (Абай, Тол. жин.). «Мына қыз зарлап *б а с ы м ы з д ы а у ы р т т ы,* осыны азат етсеңіз қайтеді?» – дегенде, «Ақ қойдың қаны мен ақ батаның заңын бұзбау – Құдай алдындағы борышымыз», – деп Тұрысбек қажы сөзді доғарып тастаған (Сара [Тастанбекқызы], Тордағы.). Екінші бір, *б а с а у ы р т а р* мәселе жатақханаларға қатысты болатын. Бұл күндері қала ішіндегі отыз шақты жатақханада жөндеу жұмыстары жүргізілуде («Егемен Қазақстан»).

Бас әріп. л и н г в. *Жазба мәтінде сөйлемнің басталғанын, сөздің жалқы есім екенін білдіретін қызметі бар әріптің үлкен түрі.* Сөз сөйлемнің басында *б а с ә р і п п е н* жазылады (Орфогр. сөздік). Әр әріптің баспаша, жазбаша нұсқасы, әр нұсқаның *б а с ә р п і,* кіші әрпі түрі бар (ҚСЭ).

Бас [басын оққа] байлады. *Қауіп-қатерден тайсалмай, өлімге, қиыншылыққа бел буды, басын тікті.* – Мынау не жаудың өзі, не соның жолына *б а с ы н б а й л а ғ а н* кісі, – деп Қасен кейінірек тұрып қап еді (М.Әуезов, Таңд. шық.). Сондықтан қауіп төнген күндерінде, Бір сен үшін өлімге *б а с б а й л а ғ а н* (Ж.Саин,

Өленд.). *Б а с ы м д ы о қ қ а б а й л а ғ а н,* Сені берсем, қыз Құртқа, Бір елдің малын алармын деп, Езу тартып күледі (Қобыланды батыр).

Бас бақты. а) *Сақтанды, қорғанды; көрінбей жасырынды.* Сондағы *б а с б а ғ ы п* келгені осы төмпей ғой! – деді Ақбілек төмпейге шыға беріп (Ж.Аймауытов, Шық.). Шапыран түнде үйге *б а с б а қ қ а н* ұрыша ақырын кіріп, тесіктен тысқа басын шығарды (С.Сейфуллин, Тар жол.). ә) *Ақырындап көрді, паналады.* Босағадан *б а с б а ғ ы п* сығалап еді –Қожекең қолына бір саятшыға су құйғызып, дәрет алып «істірақат» етіп отыр екен (Ж.Аймауытов, Қарт-қожа).

Бас балуан. *Жиын-тойда күреске түсетін балуандардың ең мықтысы, бірінші балуан.* Жасы жиырма бестерге келген, аса ірі денелі, аусарлау мінезді Мырзақмет – қазақ ауылдарының *«б а с б а л у а н ы»* атанған адам («Қаз. әдеб.»).

Бас бармақ. а) *Бес саусақтың біріншісі, үлкені, ең әлдісі.* Жұманның бақал *б а с б а р м а ғ ы* қағаз бетіне темір күректің басына ұқсап, жапжалпақ болып түсті (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Ызалы жыраудың еріндері күбірлеп, оң қолының *б а с б а р м а ғ ы* күнге күйген қоңыр домбыраның қос ішегін сипалақтай берді (А.Сатаев, Дала.). ә) э т н. *Балалардың «Қуырмаш» ойынындағы бес саусақтың біріншісінің аты. ≈ Б а с б а р м а қ,* балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек.

Бас бармақтай. а) *Кішкентай, титімдей.* Адам үй үстінде де, кран кабинасында да *б а с б а р м а қ т а й* болып көрінеді (Адам және химия). Орай да орай оқ атқан, Он екі тұтам жай тартқан. Тазқараның тайлық жүн Өзі жүндеп өзі атқан *Б а с б а р м а қ т а й* бөдене, Басына байлам көре атқан (Ш.Жарылғасұлы). ә) *Ірі, үлкен.* Қыпқызыл бүлдіргені *б а с б а р м а қ т а й,* Рауғашы солқылдаған әлі қатпай. Аз ғана малымыз бар қолда баққан, Сарайдай сөндеп салған қара тақтай (Д.Еркінбеков, Шық.). б) *Ықшам, оңтайлы.*

Бас бау. э т н. ***Басбау*** *(туырлықтың, үзіктің жоғарғы бауы).* Түндігімнің төрт бауы. *Б а с б а у ы м д ы* жар-жар-ау! Алты жеңгем сұраса, Аласың да, жар-жар-ау! (Айтыс).

Бас бәйге. *Әртүрлі сайыстарда топтан озғанға берілетін бірінші жүлде.* Кереші шығып әр топтан, Шығарып атты айдады. *Б а с б ә й г е с і* жүз тайлақ, Солқылдаған өркеші (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). Ол дәйім *б а с б ә й г е н і* жүрді бермей, Жыл асса ұлылығын білдірердей. Алғанда әр кітабын толқып түрдық, Оқыдық бір сөйлемін құр жібермей (З.Шүкіров, Арал толқын.). Әуелі *б а с б ә й г е н і* алды, алтын сағат бауыменен қазақ Мейрам Жанайдарұғлы ұлы ұлық хазіреттерінің мүбәрак қолынан («ДУГ»).

Бас бермеді. *Ырқына жүрмеді, мойынсұнбады. Б а с б е р м е й і н* дегенді Жалғыз жардан құлатты. Мал бермейін дегеннің, Жалғыз тайын бөрі алды (Дулат Бабатайұлы, Өленд.).

Бас билік. *Жеке бас еріктілігі. ≈ Б а с б и л і г і н е н* айырылу.

Бас болды. *Топты басқарды, бір нәрсеге жетекшілік етті, басшылық көрсетті.* Бала болдың, жас болдың, Жалғандыққа ермедің. Төре болдың, *б а с б о л д ы ң* – Көкірегіңді кермедің (Абай, Шық. жин.). Исатай деген ағам бар, Хан ұлымен қас болып, Қара ұлына *б а с б о л ы п,* Шапқандай ханды амал бар (Махамбет, Шық.). Сере, сере, сере қар, Асты кілең, үсті мұз. Күн-түн қатса жібімес, Мен көлікке қосымды артқанмын, Көмбідей ару жаларға Күректей мұзды тоңдырып, Кірмембес ауыр қолға *б а с б о л ы п,* Күңіреніп күн түбіне жортқанмын (Доспамбет). Өзі *б а с б о л ы п,* он адамды оқырман қатарына қосыпты. Уәлиханды да, зайыбы Орынбасарды да жақсы танушы едік («Егемен Қазақстан»).

Бас бостандығы. *Адамның жеке басының еркіндігі, дербестігі, еріктілігі.* Ал тарихи өлеңдерде белгілі бір кезеңде өмір сүрген аты белгілі адамдар, негізінен жоңғарларға және орыс империалистеріне қарсы қазақтардың *б а с б о с т а н д ы ғ ы* үшін күрескен кездегі тұлғалар жырланады (Х.Досмұхамедұлы, Шық.). Бірақ қазақ әйелдерінің *б а с б о с т а н д ы ғ ы н* ту етіп көтерген Міржақып шығармасындағы проблема – сол кезеңдегі ең көкейкесті мәселе еді (М.Дулатов, Шық.).

Бас бостандығынан айыру. з а ң. *Адамды жасаған қылмысы үшін бас еркінен айырып, түрмеге жабу, жазалау.* Ол *б а с б о с т а н д ы ғ ы н а н а й ы р у* мерзімін белгілі құқық қорғаушылар: Буковский, Синявский, Гафттермен бір жерде өткізеді («Егемен Қазақстан»). *Б а с б о с т а н д ы ғ ы н а н а й ы р у д ы ң* ең ұзақ мерзімі 30 жылдан, ал қылмыстардың жиынтығы бойынша 25 жылдан аспауы керек (ҚҰЭ).

Бас бостандығынан айыру орындары. *Сот үкімімен қылмысты адамдардың жазасын өтейтін мемлекеттік мекемелер.* ҚР Қылмыстық кодексінің 69-бабына сәйкес *б а с б о с т а н д ы ғ ы н а н а й ы р у о р ы н д а р ы* түзеу колониялары, тәрбиелеу колониялары және түрмелер болып табылады (ҚҰЭ).

Бас бостандығынан айырылды. з а ң. *Қылмысы үшін заңды түрде жазаланып, қамауға алынды, түрмеге жабылды.* Кейбір азаматтар әйелін зорлық-зомбылыққа ұшыратқан немесе зорлау қылмыстарын жасаған адамдар қанша жылға *б а с б о с т а н д ы ғ ы н а н а й ы р ы л а д ы* деген сұрақтар қойып жатады («Егемен Қазақстан»).

Бас бухгалтер. ***Бас есепші***. Айран-асыр сілейіп тұрып қалған кеңсе қызметкерлері *б а с б у х г а л т е р г е* адырая қарасты (Т.Бердияров, Фарида). – Әлгі сводканың жайын қалай қыламын мен? – деді *б а с б у х г а л т е р* абаймен (С.Бердіқұлов, Егеулі найза).

Бас бұрды. *Тайды, істемеді, тілін алмады.* – Ей, тақсыр, болды, – деді, – нендей жұмыс? Састыра бермей бізді, сөйле дұрыс. Бір жан жоқ бұйрығыңнан *б а с б ұ р а т ы н,* Божырап, болды ғой деп мұның бұрыс! (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Бас білдірді. *Асауды үйретті, көндірді.* Табында үйретіліп *б а с б і л д і р г е с і н* одан әрі мінілмесе, ербасты болмаса, жылқы құнанында балғын өседі де, сол шақтың өзінде айғырлық сесі болады («Қазақстан мектебі»). Ішуге бал қымызын байлап мыңын, колхозшы қарсы алып тұр алақайлап, Асауын *б а с б і л д і р і п* үйретем деп, Оңтайлы жастарым жүр күліп-ойнап (Х.Арғынбаев).

Бас еркі. с ө й л. *Бас бостандығы.* Арызым бар құзырына болыснайдың Қызы едім мен Зұлқия Оспан байдың. Тақсыр-ау, мизамыңа мүмкін болса, Өтініп *б а с е р к і м е* жол сұраймын (XIX ғ. қаз. поэз.).

Бас білді. *Міністе үйретілді.* Осы жақында конзаводтан біраз саяқ сатып алған екен. Осында, қойшылардың ортасына айдап әкеліп, «ал бір-бірден ұстаңдар» деді. Тұрқының көшелігіне қызығып, мен осының жалынан ұстадым. Бірақ, өзі қырсау ма, әлде дұрыс *б а с б і л м е г е н б е,* әйтеуір өңдіжейлі міністе көрмеген жылқы-ау («Қаз. әдеб.»). Мал асауы басына ноқта түссе *б а с б і л е д і.* Ал адам асауы алысқанын жықпай, не өзі жығылып мертікпей тынбайды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Емес пе бір тұрлаусыз жас күн деген, Жас жүрек албырт, асау *б а с б і л м е г е н.* Көр бала, көргені кем, көрсе ұнаған, Қобызды шалға күйін мәстірілген (І.Жансүгіров, Өлеңд.).

Бас білмейтін. а) *Асау, міністе үйретілмеген.* Кейбір жұлдыз әуеде ай секілді, Кей жаман *б а с б і л м е й т і н* тай секілді (Айтыс). ә) *Әлі жөн, бағыт біле қоймаған. Б а с б і л м е й т і н* баласың, бас жібін үзіп аларсың (А.Тоқмағамбетов, Шығ.).

Бас дәрігер. *Белгілі бір медициналық мекеменің негізгі, жетекші дәрігері.* – Орталық ауруханаңың терапевтік корпусы облыстық бюджеттен бөлінген 40,0 миллион теңгеге күрделі жөндеуден өткізілді, – дейді *б а с д ә р і г е р* Рәшит Есмағамбетов қанағат сезімімен («Егемен Қазақстан»).

Бас десең, құлақ дейді. с ө й л. *Сөз ұқпайтын түйсіксіз, орынды жауабы, сөзі жоқ.* Осы шіркінді қайтейін, *б а с д е с е ң, қ ұ л а қ д е п* тұрып алады (А.Тоқмағамбетов, Әке).

Бас директор. *Көп салалы фирманың атқарушы органының лауазымды адамы.* Ал баяндаманың авторлары Британия парламентінің депутаты, Ұлыбритания парламентінің Қазақстан бойынша бүкілпартиялық тобы төрағасының орынбасары Дэвид Раффли, КАО-ның *б а с д и р е к т о р ы* Джеральд Форст, Лондон экономика мектебінің профессоры Кеннет Миног және Букингем университетінің профессоры Денис Киф болып табылады («Егемен Қазақстан»). – Алғаш кварцты құмнан және шыны талшықты полиэфирден, шынықластикалық құбырларды Алға химия зауытының аумағында шығару көзделген болатын, – дейді Ақтөбе металл емес құбырлар зауытының *б а с д и р е к т о р ы* («Егемен Қазақстан»). Зауыттың *б а с д и р е к т о р ы н ы ң* айтуынша, алға қойған жобалар аз емес. Әрине, көзделген межелерге қол жетіп жатса, біреуге жаутаңдайтын жағдайдан да арыларымыз анық («Егемен Қазақстан»).

Бас еркінен айыру. з а ң. *Бас бостандығынан айыру, соттау.* Осы жылдар ішінде *б а с е р к і н е н а й ы р у д ы ң* ұзақ мерзімдеріне кесілген қарақшылар мен ұйымдасқан қылмыстық топтардың қылмыстары туралы бірқатар атышулы қылмыстық істер ашылып, тергелді («Егемен Қазақстан»).

Бас ескек. *Қайықтың алдыңғы ескегі. Б а с е с к е к к е* Мөңкені қойып, өзі бел ескекте отырған Еламан көзінің қиығын жағадан айырмады (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

Бас жағы. а) *Ұшы, аузы.* Олардың *б а с ж а ғ ы н д а* екі еміздік тәрізді өскіні болады, көзі жоқ, денесінің ұшында барлық денесіне жабысатын 16 ілмекті табақша орналасады, табақшаның ортасында екі үлкен ілмегі бар (Қ.Қайымов, Суасты.). Қарғалар тұрған вольерге *б а с ж а ғ ы* кесілген бұтасы бар ағаш әкеп қойғанда олар жұмыртқалап көбейе бастаған (Р.Әлімбаев, Құстар.). ә) *Жоғарысы, төбесі, басының тұсы.* Бір мезгілде *б а с ж а ғ ы н а н* сатыр-сұтыр, сыртсырт сынған ши, тобылғы, қу шөмшектер дыбысы келді де, есін жиғанша бірдеме қасына тырысып келіп қалды (М.Әуезов, Көксерек).

Бас жарды. а) *Өсімдік дән жарды.* Жоңышқа, жусан, тарлауыт, бетеге сияқты жақсы шөптер бұл жақта кенжелеп пісіп, жаздың орта шенінде ғана *б а с ж а р ы п,* хош иісін таратады (Ж.Жұмақанов, Үш бәйтерек). Сүрлемге арнап қамысты жас кезінде, *б а с ж а р ғ а н ғ а* шейін жинап алу қажет (Н.Шоқанов, Ә.Сәдібеков, Сапалы сүрлем.). ә) *Басына жарақат түсірді, зақымдады.* Бүгін түнде Жақсыбайдың Әділі ауылын шауып, Үсеннің *б а с ы н ж а р ы п,* қарындасын тартып әкетіпті. Соған протокол жазғызып отыр. Өзгесі бітті. Сізді қол қоюға шақырдық (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Бас жарылса бөрік ішінде. *Жабулы қазан жабулы қалды, жария болмады.* Жә, өрекпімей-ақ қой, *б а с ж а р ы л с а б ө р і к і ш і н д е* (М.Әуезов, Шық.).

Бас жарып, көз шығарып барады. *Тентектік жасап, дегенге көнбеді, ешкімді тыңдамай өз дегенін істеді.* Ақсақал-ау, мынауың *б а с ж а р ы п, к ө з ш ы ғ а р ы п б а р а д ы,* – деді Жауынбаев (М.Иманжанов).

Бас желкен. *Қайықтағы желкендердің ішіндегі ең үлкені.*

Бас желілілер. з о о л. <лат. cephalochordata> ***Бас хордалылар*** *(желілілер типі бассүйексіздер тармағының жалғыз класы). Б а с ж е л і л і л е р г е* дене тұрқы 1,5–8 см, екі бүйірі қысыңқы, ұсақ теңіз жануарлары жатады, олардың арқа бұлшық еттері 50–80-ге жуық ұсақ бөліктерден (миомерлерден) тұрады (ҚҰЭ). *Б а с ж е л і л і л е р д і ң* ауыз алды қуысында 20-дай ұсақ қармалауыштары бар (ҚҰЭ).

Бас жұмыс. ж е р г. *Адамның жұмыс орнындағы құжаттары жинақталып сақталатын негізгі іс қағазы, жеке құжаттары, іспарақтары.*

Бас жүлде. *Әртүрлі жарыста, сайыстарда озып шыққан жеңімпазға берілетін сыйлықтың ең үлкені, бас бәйге.* Ақыры Кененнің жолы болып *б а с ж ү л д е* мен Жамбылдың ақ батасын алып, Қордайға қайтып келеді («Қаз. әдеб.»). Мамандардың айтуынша, Геннадийдің Олимпия ойындарынан кейін бабы келіспесе де осы салмақтағы Афина Олимпиадасының жеңімпазы ресейлік Г.Гайдарбековтің бокстан кеткеніне байланысты қазір Әлем кубогының *б а с ж ү л д е с і н* жеңіп алуына толық мүмкіндігі бар («Егемен Қазақстан»). Бас жақсының құрамына бәйгелерде *б а с ж ү л д е* алып жүрген сәйгүлік, ер жарағы – берен мылтық, берік сауыт, сондай-ақ, атан түйе не белі берік, қатепті қара нар енген (ҚҰЭ).

Бас жіп. а) *Қара малдың мүйізіне байланатын жіп.* Мұрнынан кіселенген үлкен қызыл қасқа бұқаны Сам жетелеп шықты да, Маркке *б а с ж і б і н* ұстатты (Ж.Молдағалиев, Жүрек.). Күлән өгіздерді *б а с ж і б і н е н* жетелеп, жолға түсірді (Н.Fабдуллин, Өмір.). Әйел байлаулы бұзауларды босатып, *б а с ж і б і н* түрді, көгендегі қойларды ағытты (F.Мұстафин, Дауыл.). ә) ж е р г. *Егін жанымен су жүретін кіші арық.*

Бас есепші. *Есеп-қисап, бухгалтерия істерінің негізгі, үлкен маманы, бас бухгалтер.* Жеке адамдардан тапсырыс көп. Үй, қора салуға өте ыңғайлы, 46 адамға жұмыс тауып бердік. Толық қуатында жұмыс істегеннен кейін жылына 6 миллион данаға дейін кірпіш шығара аламыз, – деді кәсіпорынның *б а с е с е п ш і с і* Амангелді Есләмов («Егемен Қазақстан»).

Бас иді. а) *Разы болды, мойындады, ілтипат білдірді.* Тамаша едің сен неткен, Елімнің еркін ауасы. *Б а с ы м д ы и д і м* құрметпен, Қазақтың байтақ даласы (С.Мәуленов, Жаңа арна). Сен соны іштей ұғына, Көрсетпей маған жасыңды. Тек менің адалдығыма Кеткенсің *и і п б а с ы ң д ы* (М.Шаханов, Fасырлар.). Бұлбұл құс сұлу гүлге *б а с ы н и е д*, Гүл үшін жырлар шертіп, жанып, күйед. Өзгеден айрықша нәрін алар, Мың түсті гүлден таңдап соны сүйер (С.Сейфуллин, Шық.); ә) *Кешірім сұрап кішірейді, алдына тізе бүкті.* Қырда қазақ, ойда ұлық боп, соңына түсіп отыр... Жігітек жаны болатын болса, жалтақтамай жетсін де, алды-мызға келіп *б а с и с і н!* – депті (М.Әуезов, Таңд. шық.). Жабыға тоқым салма жалы бар деп, жаманға *б а с ы ң д ы и м е* малы бар деп (Ақан сері [Қорамсаұлы], Өлеңд.). Алдына кеп *б а с ы н и і п,* Бөденені түлкі сүйіп: «Бір ажалдан қалдым, – деді, Ажыратып алдың», – деді (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.). Үстіне манат ки-сана, Үлкенге *б а с ы ң д ы и-с а н а*, Кішіге жолыңды қи-сана (Н.Төреқұл, Сүйіншіден.).

Бас изеді. а) *Амандасқанын, сәлемін алғанын, танығанын басын шұлғып білдіретін ым-ишарат.* Атаман зәрлі көзін сығырайта түсіп, *б а с ы н и з е д і* де, айдаушыға иек қақты (АТ). Амансыңдар ма, қыздар, – деді Дайыртай көңілдене сәлем-десіп. Сәния ерін ұшын ғана қимылдатып, *б а с ы н и з е д і* (К.Ахметбеков, Жеңіс сарбазы). ә) *Келіскенін, құптағанын, мақұлдағанын басын шұлғып білдіретін ым-ишарат.* Арғынғазы орнынан тұра бере мұрнын бір тартып, *б а с и з е п* құптағандай болды (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). Әбіш ұялып күрмеліп қалды. Бірақ сонда да қызара, қысыла отырып шешесіне ақырын ғана *б а с и з е д і* (М.Әуезов, Таңд. шық.). б) ж а ғ ы м с ы з. *Бас шұлғыды, жарамсақтанды.* Сүйтсе дағы елімді ұстай алмадым мығымдап, Күштілерім сөз айтса, *Б а с и з е й м і н* шыбындап (Абай).

Бас изесті *Келісіп, құптағанын білдіріп, бастарын шұлғысты.* Мәлік мінбеден түсіп, орнына барып отыра бергенде, қасындағы секретарлар «қаттырақ айттың», әйтсе де осылай жауап берілмесе, құны да болмас еді сөзіңнің!» – деп, сыбырлап *б а с и з е с т і* (З.Шашкин, Сенім).

Бас кезі. *Басталуы, алғашқыда.* Августың *б а с к е з і н д е* күннің жалыны әлі басылмаған еді (К.Ахметбеков, Жеңіс.). Сырдария өзенінің бойындағы тоғайларда, шеңгел арасында тіршілік ететін кәдімгі біздің қырғауыл жұмыртқа басуға апрельдің аяғында, май айының *б а с к е з і н д е* ғана кіріседі. Жұмыртқадан балапандарын май айының аяқ кезінде шығарады (Р.Әлімбаев, Құстар.).

Бас кейіпкер. *Көркем шығармадағы негізгі кейіпкер, қаһарман.* Поэманың *б а с к е й і п к е р і* жас адай жігіт өз елінен ғашықтық жөнімен немере ағасын атып өлтіріп, қашып шығады (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). Бұндай субъективтік роман дами келе *б а с к е й і п к е р л е р д і ң* жан күйзелістерін ғана емес, істеген әрекеттерін де қамтуға мүмкіндік алды («Қаз. әдеб.»).

Бас кекесі. ж е р г. *Араздық, бас кегі.* Олардың арасында ешбір *б а с к е к е с і* жоқ (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Бас келісім. *Екі жақ арасындағы негізгі шарт, бас құжат.* Бүгін екі ел арасындағы татулықты сақтау және экономикалық байланысты нығайту жөніндегі *б а с к е л і с і м г е* қол қойылды («Егемен Қазақстан»).

Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ. *Өлім жазасына кесілген адамға да соңғы сөзін (тілегін) айтуға рұқсат берілгені жайында.*

Бас кесті. *Жаппай өлтірді, қырып жойды, басып алды.* Иә, сол жылдарда тоқтаусыз *б а с к е с і п* тұрған сталиндік гильотина ешкімнің ұлтын талғап, жасын таразылаған жоқ (Р.Сыздықова,.. Х.Досмұхамедұлы). Мына отырған Иса-екем Дулығалы *б а с к е с і п*, Дүшпанының қанына Ақ алмасын суарды-ай! (Махамбет, Шығ.).

Бас кетті. *Соттады, айдалды, тұрмеге тұсті.* Тыным жоқ, тыныш жүріп мал бағарлық, Арыз бердік *б а с к е т і п,* айдаларлық. «Енді бізге ғадалат айта көр» – деп, Өзіміз ақырында қайда бардық? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Бас командование. ә с к**.** *Соғыс кезінде бүкіл қарулы күшті басқарып отыратын жоғарғы әскери орын.* Волоколамск алқымындағы бағытта тірелетін Руховское мен Спасс-Руховское түйініне *б а с к о м а н д о в а н и е* аса зор мән беріп, зор көңіл бөледі (Б.Момышұлы, Москва.).

Бас көрсетті. а) *Кіріп шықты, көзге көрінді.* Жұртпен бірге Асқар да *б а с к ө р с е т і п* шықты (С.Мұқанов, Ботагөз). ә) *Қарсылық білдірді.* Оразбай мен оның әр үйде отырған балалары, бауыр, туыстары, қатын-қалаштары *б а с к ө р с е т у* былай тұрсын, іннен-інге тығылды (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Бас көтерді. а) *Орнынан тұрды, үйқыдан оянды.* Төсектен *б а с к ө т е р і с і м е н* Зейнеп төбеге сәл-ақ жетпей тұрған шар айнаның алдына келді (Ө.Қанахин, Шығ.). Сол бұйығыңқы күйім есіктен ене берген едім, әкем *б а с ы н к ө т е р і п* алды да, орнынан көтерілді (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз). ә) *Төмен шұқшиған, төмен қараған бетін бері қаратты, кеудесін тікті.* Офицерлер карта бетінен енді ғана *б а с т а р ы н к ө т е р д і* (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). б) *Бір нәрсеге наразылық білдіріп, қарсылық көрсетті.* Ем таба алмай дертіңе мен ертеден, Сол бір қайғың өзегімді өртеген. Тырп етпейсің *б а с к ө т е р і п* көрпеден, Еңсең неге түсті мұнша, елім-ай? (М.Дулатов, Шығ.). Яки мақсат Отанымызды сақтауға, Ақиқатты жақтауға. Біз де *б а с т ы к ө т е р с е к* Қала бермей таптауда, Рақат өмір жасауға, Бәліш болмай асауға (С.Торайғыров, Таңд. шығ.). Ереуілге шыққандар ол кезде *б а с к ө т е р е* алмайтын («Қаз. әдеб.»). в) *Егін өніп, жер бетіне шықты.* Биыл бидай ерте *б а с к ө т е р д і* (Ауызекі). г) *Аурудан жазыла бастады, тәуірленді.* Санат аурудан жақында ғана *б а с к ө т е р д і* (Ауызекі).

Бас көтерері. а) *Елдің, ауылдың қолынан іс келері, басшылық ете алары, ақылшысы.* Әр ауылдың *б а с к ө т е р е р і* атқа мініп, Шәкен аулына қарай келеді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Ауылдың бар *б а с к ө т е р е р і* осында жиналған (Ш.Дәрмағамбетов, Менің замандас.). ә) *Отбасындағы жақындарына қамқорлық жасай алатын, еңбекке жарайтын ересек жан, азамат.* «Науқаш, міне мен майданға кетіп барам. Енді *б а с к ө т е р е р* сенсің, жұмыс істеп анаңа көмектес», – деді әкем (Самғау). – *Б а с к ө т е р е р* ересегім – сенсің. Анау Оразалы мен Шырынбай болса әлі бұғанасы бекімеген, – деді ауру анасы («Лен. жас»).

Бас көтертпеді. *Мұршасын келтірмеді.* Оқ күні бұрыннан қарқындап, жауды *б а с к ө т е р т т е р* емес (Б.Момышұлы, Шығ.).

Бас көше. *Негізгі, үлкен, орталық көше, даңғыл.* Автокеруен шеруі қаланың *б а с к ө ш е л е р і м е н* өтіп, халықты жол ережесін бұзбауға және оны қатаң сақтауға шақырды («Егемен Қазақстан»).

Бас кілем. *Берілетін жасаудың, сыйлықтың ішіндегі ең бағалысы, құнды, үлкен кілем.* Ұстаған жеті бабалы, Ұстаған өзі жас күннен. Өлшеусіз құны – бағалы, Бар екен жалғыз *б а с к і л е м* (М.Әлімбаев, Таңд. өлең.).

Басқа зар болды. *Жалғыз қалды, балаға зар болды.* [Кәрібай, Сарыға] – Сенен жасыратын іс жоқ, мен осы қатынды алғанда, *б а с қ а з а р б о л ғ а н ы м н а н* алғалы отырған жоқпын, «ерегіскен жерде өліп қалу керек» деп, өзің айтпақшы, бір ерегістен болып отырған іс қой (Б.Майлин, Шығ.).

Бас қайғы. *Өз басының уайымы, мұңы. Б а с қ а й ғ ы с ы* түскенде жұрт шыдап отыра ма, жиналған адамдардың тең жарымы адам шақыруға жөнелді (С.Шарипов, Бекболат). – Қояндарға *б а с қ а й ғ ы,* Қашудан көз ашпайды. Өзің айтшы, қасқырлар Бізден неге қашпайды (Қ.Баянбаев, Қол.).

Басқа келді. *Ойға келді, еске түсті.* Үшбу қиял *к е л с е б а с қ а.* Сен жүдер деп мен үшін. Болар еді

қайнамасқа, Мыс қазандай сорлы ішім (Абай. Шығ. жин.). Оянып, жан-жағыңа сал көзіңді, Түбіңе жетпей қалмас қамсыз жатқан. Өткізіп уақытты өкінерсің, Пәледен, *б а с қ а к е л м е й*, – деймін сақтан (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Басқа-көзге [бас-көзге қарамай] төпеледі. *Жұдырықтың астына алды, сабады.* Не жазығымыз бар саған келмей жатып *б а с қ а, к ө з г е т ө п е л е п* (М.Әуезов, Шығ.).

Басқа кірмеді [кірген емес]. *Миына қонбады, ойына келмеді.* – Хатты жыртып тастады деген сөз менің *б а с ы м а к і р г е н е м е с*, – деді Сағит (М.Әуезов, Шығ.).

Басқа қысым түсті. *Зорлық, зомбылыққа ұшырады. Б а с қ а қ ы с ы м т ү с к е н* соң, Қайрылмастай күн болды, Қатын менен балаға (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Бас қала [орда]. *Бір елдің негізгі, орталық қаласы, астанасы.* Ең бастысы, *б а с қ а л а н ы ң* орталыққа көшірілуі оңтүстіктегі қазағы көп облыстардан қоныстанушылардың солтүстіктегі басқа ұлт өкілдері басым қауыммен араласып, елдің болашақ тәуелсіздігін нығайтуға үлкен септігін тигізеді («Егемен Қазақстан»). Нұрсұлтан Назарбаев өз кітабында қаланың Астана атануына қажетті көптеген шарттың болатынын атап өтіпті. Оның ең бірінші шарты – елдің *б а с қ а л а с ы* шекарадан алыс жерде, елдің орталығынан орын тебуі тиіс («Егемен Қазақстан»). Президенттік институтының қалыптасуы, тегеурінді мемлекеттің тұлғасының айқындалуы, Ата заңының, Ұлттық мемлекеттік рәміздерінің қабылдануы, мемлекеттің *б а с о р д а с ы н ы ң* Астанаға көшуі, көрші елдермен шекара проблемасының шешілуі сияқты мемлекеттік құрылыстың өзекті мәселелерін шешудегі Елбасының, Қазақстан өкіметінің саяси толыққандығы, парасаттылығы өз алдына әңгіме желісі боларлығы сөзсіз («Егемен Қазақстан»).

Бас қалқа. п о э т. *Отбасындағы бас көтерер адам.* Бүлікті жұрт болмаса, Байы жоққа қарамас, Жаттан рақым не болсын, *Б а с қ а л қ а с ы* кеткен соң (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Бас қамы. *Жеке бастың мүддесі.* – Жылқыны енді бетімен жіберейік, *б а с қ а м ы н* ойлайық, – деді Бұқпа (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Басқа [Құдай басқа] салды. – *Басына ауыртпалық түсті, тағдыр төлкеге түсті.* Өкінгеннен не пайда, *Қ ұ д а й ы м б а с қ а с а л ғ а с ы н* (Махамбет, Шығ.).

Басқа тепті. *Бағаламады, өзінен құды. Б а с қ а т е п с е* кетпейтін ырысымсың ғой, – деді Күреңбайға (С.Омаров, Шығ.).

Бас қатты. *Дал болды, не істерін білмей, миы ашыды.* Сұм-сұрқия, сұмдықпен еп берем деп, Сүйер жансып, сүйкімді бет берем деп. Жүз қараға екі жүз алярман бар. *Б а с қ а т а р* басаяғын тексерем деп (Абай, Шығ. жин.).

Басқа түссе баспақшыл. *Адам қандай қиындыққа да көнеді. Б а с қ а т ү с с е б а с п а қ ш ы л,* Уәли бұрын төзе алмас талай қорлыққа да көнді (Т.Ахтанов, Шығ.).

Бас қатырарлық. *Түсінуге қиын, ауыр, күрделі.* Бір фәлсәфәні керекті жеріне кіргізіп, көбінесе өмірге керекті, пайдалы сөздерді тердік, шама келгенше *б а с қ а т ы р а р л ы қ* пән сөздерінен қаштық (Ж.Аймауытов, Шығ.). Аз уақыттың көлемінде облыстың сан-саналы, *б а с қ а т ы р а р л ы қ*, қабырға қайыстырарлық қиын шаруасын дөңгелетіп әкетті («Егемен Қазақстан»).

Бас қатырды. *Басты ауыртты, миды ашытты, ығыр қылды.* Қазіргі заманда қазақ оқымыстылары ұлттық идеямыз қандай болуы керек деп *б а с қ а т ы р у д а* («Егемен Қазақстан»).

Басқа ұрған танадай [балықтай] болды. *Не істерге білмей есеңгіреді, мәңгірді.*

Бас қаһарман. ә д е б. *Әдеби шығармалардың негізгі, басты кейіпкері. Б а с қ а һ а р м а н ы н ы ң* өз тағдырын бүкіл халық өмірінің сансыз көп құбылыстарымен, уақиғаларымен етене ұштастыру, айшықтау, мәнерлеп өру – тек Әуезовке ғана хас (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

Басқа шауып, төске өрледі [өрмеледі]. *Астамдық жасады, көкірек керді. Б а с қ а ш а у ы п, т ө с к е ө р м е л е г е н* Матай бауырыңмен бітім таптың ба түге (М.Әуезов, Шығ.).

Басқа шығу. *Төбеде ойнау, басыну.* Шайзаданың көзінің құйрығына жас іркіліп, көкірегіне қайдағы бір жетімдік ойлар қордалана бастады. Басыну, *б а с қ а ш ы ғ у* деген осы да («Лен. жас»).

Басқа шықты. с ө й л. *Ішімдік бірден басын айналдырды.* Ішкен бір рюмка арағы бірден *б а с қ а ш ы қ т ы* (Ауызекі).

Басқа іс түсті. *Ауыртпалыққа душар болды.* Ағайынның ішінде, Бір жақсысы бар болса, Түртіп оны көре алмас. Ол жақсы қолдан кеткен соң, *Б а с қ а қ и ы н і с т ү с с е,* Ел қыдырып таба алмас (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). Жаманға дәулет бітсе, ауа айналар. Жақсыға дәулет бітсе, бақ байланар. *Б а с ы ң а* жазатайым бір *і с т ү с с е,* Арасы дос пен дұшпан абайланар (Үш ғасыр.).

Бас қиды. *Басын өлімге тікті, жанын пида етті.* Байлау біреу-ақ, не Абайды аман шығарып ап, күле жайнап бәріміз елге қайтамыз. Немесе Базаралы *б а с қ и я д ы* да, осыдан ел бетін көрмей айдауға кетеді (М.Әуезов, Абай жолы).

Бас қойды. а) *Жапа-тармағай лап берді.* Қойлар тегіс маяға жетті де, мол пішенге *б а с*

қ о й д ы. Жағалай жабысып, қатып тұрып қалды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). ә) *Басынды, менсінбеді.* Жалынсаң жау басынар, Басынар да *б а с ы ң а ш ы ғ а р* (Мақал-мәтел). Жылқы суатқа *б а с қ о й д ы.* Қанып шыққандары өрлей жайылып, ілгерілеп барады (Ш.Дәрмағамбетов, Менің замандас.). Шаңырқаған жылқылар шапқылап келіп *б а с қ о й д ы* науаға. Мұздай суға сүйсініп, құлақтарын қайшылай жұтып жатыр (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Әзімбай Әйгерім ұсынған қымызға *б а с қ о й д ы* (М.Әуезов, Шығ.). б) *Жатты.* ≈ Жастыққа *б а с қ о й д ы.*

Бас қойысты. *Үнсіз ішісті, сімірісті.* Шөлдеген екен, қымызға *б а с қ о й ы с т ы.* Бір мелитсиенер далада (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Бас қолбасшы. ә с к. *Мемлекеттің әскер ісін, қарулы күштерін басқаратын ең жоғары лауазым иесі.* Ондағы Жоғары *Б а с қ о л б а с ш ы* Қарулы Күштердің болашақтағы даму бағыттарын нақты белгілеп, XXI ғасырдағы қазақстандық армияның бет-бейнесін айқындап берді («Егемен Қазақстан»). Сол себепті тәуелсіздік жарияланған сәттен бастап мемлекет шешкен аса маңызды міндеттердің ішінде ұлттық қауіпсіздік, қазіргі заманғы және ұрысқа қабілетті армия құру проблемалары тұрды. Бұл мәселе Елбасы – Қарулы Күштердің Жоғары *Б а с қ о л б а с ш ы с ы н ы ң* бірінші кезекте қамқорлығында болды («Егемен Қазақстан»).

Бас қосты. а) *Бір жерге жиналды, топталып мәжіліс құрды.* Осыдан 5 жылдай бұрын Иоханнесбург қаласында дүние жүзінің ең айтулы, өскелең даму жолындағы мемлекеттердің лидерлері *б а с қ о с ы п,* жаңа мәселелерді шешу үшін арнайы құжатқа қол қойып, уағдаласқан еді. Мәртебелі мейман алғашқы 5 жылдықта қандай іс атқарылғанын қысқаша сипаттап өтті («Егемен Қазақстан»). ә) *Бірікті, тату болды.* Һәр іске өз формынша баға беріп, Хиянат – теріс, ғаділдік – шын демеске? Білімсіз топас болсаң мойынға алып, Бола ма ғайрыларға «біл» демеске? Іс істе татулықпен *б а с ы ң қ о с ы п* (М.Дулатов, Шығ.). Ақындардың белгілі, Жалайырда Құлшықтай, Өлең айтып жүргенде, Алашқа даңқың мың шықтыай! Қазақ, қырғыз *б а с қ о с с а,* Дөңгеленіп сөйлеуші ең, Алтыннан құйған ұршықтай (Сүйінбай Аронұлы, Ақиық).

Бас құда. э т н. *Құда тұсуші жақтың ішіндегі сөз тізгінін ұстаушысы; негізгі үлкен құда.* – Нұрлыбек, сен қайыңа аттанғанда *б а с қ ұ д а* болып өзім барамын деуші едің ғой, сәті міне енді түсті, киін, жүр (М.Хасенов, Алғашқы ән.). Егер қонақтарға екі бас табақ тарту қажет болса, *б а с қ ұ д а д а н* басқа да құда отырса, екі шекені де асады (ҚҰЭ).

Бас құрады. *Бірікті, жиналды.* Жоқ деген соң – жоқ. Сені қойып, аға шөнеңмен әлі бас *қ ұ р а й а л м а й* жүрсем («Шұғыла»).

Бас құрасты. *Жиылысты, бірікті. Б а с қ ұ р а с ы п,* мал сұрасып, Бермегенмен кетісер. Адам аулап, Сыпыра саулап, Байды жаулап жетісер (Абай, Шығ. жин.).

Бас құрмалдық. э т н. *Бір адамның, істің жолына басын да, жанын да садаға етушілік.* Біздей нашар жолдасқа, Жолдасына жұмсаған, *Б а с қ ұ р м а л д ы қ* дегейсің, Халық иесі Жолбарысқа! (Қобыланды батыр).

Бас қылды. *Бірінші қылды; басшы етті.* Сырдың құмын өнер тапсам, Бұлақ қылып тастырам. Сырдың бойын жұмақ қылып, Басқа елдерге *б а с қ ы л а м* (Б.Майлин, Шығ.). Көтерген жұртқа *б а с қ ы л ы п,* Қайырымы жұртқа тимеген, Қаны қара залым-ды. Залымдығы мәлім-ді (Жамбыл, Шығ.). «Елшіге өлім жоқ» деген бұрынғыдан қалған сөз бар еді. Елшіні өлтірген Абылайға ант ауып қалмақ халқы жеңіп, Абылайды *б а с қ ы л ы п* жүз кісіні ұстап алып еліне апарыпты («ДУГ»).

Бас мақала. *Газет-журналдардың редакция атынан берілетін негізгі, үлкен мақаласы.* Журналдың («Айқап») кейбір *б а с м а қ а л а л а р ы н д а* қол қойылмаған (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.).

Бас менеджер. э к о н. *Міндеттерді жолға қою, саясатты қалыптастыру үшін жоспарлау және ұйымдастыру, компанияны басқару және оған бақылау жасаумен байланысты мәселелер үшін жауап беретін басқарушы менеджер.* ≈ *Б а с м е н е д ж е р* болу.

Бас мердігер. *Белгілі бір жұмысты аяқтап шығуды міндетіне алып, келісімге отырған ең негізгі мердігер.* Қазіргі күндері құрылыс жұмыстарының *б а с м е р д і г е р і* – «Сыр қуаты» акционерлік қоғамы екі блок бойынша да жұмыстарын аяқтап шығуға жақын қалды («Егемен Қазақстан»).

Бас нүкте. г е о м. *Сызықтың басталатын жері, басы.* Координаталардың *б а с н ү к т е с і н* орнынан қозғамай, сағат тілінің қозғалыс бағытымен осьтерді 45^0 бұрышқа бұрайық (О.Жәутіков, Жоғары математика.).

Бас пайда. *Жеке мүдденің пайдасы, қара бастың қамы.* Ол – қай істе де *б а с п а й д а с ы н* ойлайтын, арам адам (Ауызекі).

Бас паналатты. *Біреуге қол ұшын беріп көмектесті, үйіне қондырып, қамқорлық жасады.* Ағайыннан, ауылдан қайранның жоқтығын, қазақтың береке, ұйымының кеткенін, *б а с п а н а л а т қ а н д а й* ешбір тиянақтың

қалмағанын, қиын-қыстау күн туса, әркім өз басын сауғалап кететінін Қартқожа сонда білді (Ж.Аймауытов, Қартқожа).

Бас прокуратура. *Мемлекеттік заңдардың мүлтіксіз орындалуын қадағалайтын ең жоғарғы орган.* Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 9 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлау құқықтарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы Жарлығымен *бас прокуратураға* заңнаманың сақталуына қадағалауды күшейту, сайлау туралы арыз-шағымдар бойынша шұғыл шаралар қолдану тапсырылған («Егемен Қазақстан»). Бұл мақаланың жазылуына түрткі болған жәйт «Егемен Қазақстан» газетінің 7 және 12 қазандағы нөмірлерінде *бас прокуратураның* жариялаған мәлімдемесі болып отыр («Егемен Қазақстан»).

Бас редактор. *Баспа, газет пен журнал редакцияларында, радио-телеарналарда, көптомды басылымдар (сөздіктер, анықтамалықтар, энциклопедиялар) шығаратын ұжымда әдеби-шығармашылық, өндірістік ұйымдастырушылық жұмыстарды басқаратын лауазымды қызметкер. Бас редактор* шығармашылық-редакциялық жұмысқа тікелей басшылық жасайды, редакторлар кеңесі мен редакция алқасының жұмысына бағыт беріп, жөн сілтеп отырады (ҚҰЭ).

Бас сақинасы. м е д. <франц. migraine> *Бас сүйегінің бір жартысы ауыратын, ұстамалы ауру түрі. Бас сақинасы* тұқым қуалайды, сондай-ақ жасөспірімдердің жыныстық жетілу кезінде байқалады (ҚҰЭ). Халық медицинасында өсімдік қайнатындысының түнбасын қақырық түсіруге, тыныс жолының созылмалы ауруын емдеуге, *бастың сақинасына* қарсы, үйқы бұзылып, нерв жүйесі әлсіреген кезде қолданған (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). *Бас сақинасымен* ауырап алдында науқастың ыстығы көтеріліп, тамаққа тәбеті болмай, үйқысы келе береді (ҚҰЭ).

Бас салды. *Егін дәндене бастады.* Тары жер бетіне көктеп шыққан күннен бастап *бас салғанға* дейін күннің ыстық болуын тілейді (Малшыларға кеңес).

Бас санитарлық дәрігер. *Ең жоғарғы, лауазымды санитарлық дәрігер.* Кеше денсаулық сақтау министрінің орынбасары, Мемлекеттік *бас санитарлық дәрігер*, эпидемиялық бақылау басқармасының бастығы, малдәрігерлік бақылау департаменті директорының орынбасары журналистерге арнап елдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдай туралы баспасөз мәслихатын өткізді («Егемен Қазақстан»).

Бас сардар. т а р. *Негізгі әскери адам, бас қолбасшының оң қолы. Бас сардар* отызға жетер-жетпесінде жоңғардан қаза тауып, міне, бүгін үш арыс қазақ тағы да қара жамылып кеп, қамырыға қоршап тұрған Қожахмет Жасауи ғимаратының астынан мәңгілікке жайлы қоным тауыпты (Ә.Кекілбаев, Үркер).

Бас сауғалады. *Қара басының қамын, амандығын ойлап қана қорғанды, жеке басын қорғады; басын алып қашты.* Қас жауына ішкі сырын сездірмеу үшін тізесін екі қолымен қатты қыса құшақтап, ителгіден *бас сауғалап* бұтаға қорғалаған торғайдай бүрісіп отыр (З.Жәкенов, Күн көтеріл.). Мен отқа күймей отырмын ба? Жан күйерім екенсің, *бас сауғалайын* деп пе едің? – деді Тәкежан (М.Әуезов, Шығ.). Жұман ... *бас сауғалай* бастады да, онысына қойған жоқ, бармағын бастырып қолхат алды (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

Бас сауым. *Биенің ертеңгі, бірінші сауымы.* Апам биенің *бас сауымын* сауды (М.Тиесов, Дала.). Осындай қамның бәрі биенің *бас сауымына* шейін түгел бітті. Қалың топ – бата оқыршы шаңқай түс кезінде сансыз көп салтты боп күнбатыстағы Жәнібекке қарай тартты (М.Әуезов, Абай жолы).

Бас сұғу. *Кіру, ену.* [Ақ білек] Одан да барысымен сусын ішіп, жантая кететін кедейдікі жақсы болар деп ойлады. Және осы күйсіз қалпында тәуір үйге *бас сұғуға* қорланды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Бас сұқты. а) *Үйге кірді, бір жерге барып аялдады.* Зейнеш үйге *бас сұқ қанша,* сөйлесуге самарқау тартып, бойкүйезденген ақын әлгіде абыржып қалғанын жаба тоқиын деді білем, шұғылынан сөз бастады (Ә.Көшімов, Лашын.). ә) *Біреудің ісіне араласты.* Білмеген нәрсеге *бас сұқпаған* жөн (Ауызекі).

Бас сүйек. а н а т. <лат. cranium> *Адамның, омыртқалы жануарлар басының қаңқасы.* Барлық омыртқалыларда *бас сүйек* екі бөліктен тұрады: ми сауыты және бет бөлігі (ҚҰЭ). *Бас сүйектің* өсуі 23–25 жаста аяқталады (ҚҰЭ).

Бас сүйескен. *Әбден үйреніскен, сыр алысқан, бір-біріне етене жақын, туыстай болып кеткен.* «Әуелде *бас сүйескен* жақын едік, бұрынғы сүйегім ескіріп барады. Қайтадан сүйек жаңғыртайық, мына Аманбайға баласын берсін» – депті (М.Әуезов, Шығ.). Осымен құдалықтың алғашқы сөзі піскен соң, аз уақыттың ішінде Мақыш пен Байсалбай *бас сүйескен,* тәтті құда болып, жақындаса бастады (М.Әуезов, Сөніп жану).

Бас табақ. э т н. *Қадірлі, төрде отырған қонаққа тартылатын ең сыйлы, мүшелі табақ.*

Қонақтарға тамақтану кезінде тартылатын еттің олардың қоғамдық дәрежесіне байланысты бөлінісіне қарай – *б а с т а б а қ*, сый табақ, орта табақ, аяқтабақ, сондай-ақ, құдағи табағы, келін, күйеу табақ деген түрлерге бөлінеді (Д.Қатран, Қазақ ас-тағам.). Көзімді қысып қалдым. Үшеуі сасқанынан *б а с т а б а қ*, қорыққанынан қос табақ, бір өзіме бес табақ деп тартты (С.Сейфуллин, Таңд. шығ.). – Бізден туған барымыз да, нарымыз да мына Күмісжан, – деді. Он алтысына дейін ер балаша киіндіріп, асау үйреттіріп, *б а с т а б а қ т а н* қалдырмап едім, одан бұл еркек болған жоқ, құдай бір жаман ұлды маған қиған жоқ (Е.Домбаев, Шығ.).

Бастан асты. *Шамадан тыс көбейді, арт-ты.* Ніл Болатбаев маңдай терін сүртіп, бері қарады – жұмыс дегенің *б а с т а н а с ы п* жатыр. Бір науқанды енді аяқтадық-ау деп тұрғанда, екінші науқан килігеді («Қаз. әдеб.»).

Бастан ерік кетті. *Тәуелді болды, бағы-нышты халге түсті.* Қараңғыға қамалғанда, малдан билік, *б а с т а н е р і к к е т к е н д е* атын естіген еріміз еді (Б.Майлин, Шығ.).

Бастан жыға қисайды. *Дәурені өтті, дәулеті таусылды, мүсәпір күй кешіп, кедей-ленді.* Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда, Ол тұрмас *б а с т а н ж ы ғ а қ и с а й ғ а н д а* (Абай, Тол. жин.).

Бастан кешкен. *Адамның басына түскен жағдай, басынан өткен, болған оқиғалар, өмірі (хикаялар).* Өзім де әлгі у-шудың бел ортасында болып, сондағының бәрін өз көзіммен көріп, *б а с т а н к е ш к е н* адам ретінде баяндап отырмын («Егемен Қазақстан»). Қазыбай да өзінің қонақтарына совхозды құру жолындағы *б а с т а н к е ш к е н д е р і н* ағыта бастады (І.Есенберлин, Көлеңке.). Айтайын біраз кеңес *б а с т а н к е ш к е н,* Жамандық, көрген залал кетпейді естен. «Бір мағына әр жақсыңа» деген сөз бар, Айтқаны кейбір шаһбаз көкей кескен (Шал ақын, Өлең д.).

Бастан кешірді. *Көрді, куә болды.* Несін жасырайық, өтпелі кезеңде адам айтса сенгісіз қиындықтарды *б а с т а н к е ш і р д і к* қой. Ең қиыны, өмір мен өлім белдескен тұстағы ескі аппараттарға «жан бітіреміз» деп жанталасқан сәттер, пендеміз ғой, ұмытылып барады («Егемен Қазақстан»). – Өздері үрейді, қорқынышты *б а с т а н к е ш і р г е н д і к т е н* бе, әлде әуелден-ақ қияпатсыз жандар ма, әйтеуір бет-әлпетіне екінші рет қарағың келетін емес (Ғ.Сланов, Арман). Бала кезімде-ақ кішілі-үлкенді, қызықты-қызықсыз талай оқиғаларды *б а с т а н к е ш і р г е н і м* рас (Б.Нұржекеев, Шығ. жин.).

Бастан құлақ садаға. *Кеткен шығынын садаққа қылып, аман қалғанына Құдайға шүкірлік ететін кезде қолданылатын сөз. – Б а с-т а н қ ұ л а қ с а д а ғ а,* – деп молда астындағы атынан және айрылып жаяу үйіне қайтты (С.Торайғыров, Шығ.). Топалаң тиген қойдың еңсесі түсіп, есеңгіреп тұрады. Мұндайда бақташы дереу қойдың құлағын шорт кесіп алады да, «басқа келген пәледен *б а с т а н қ ұ л а қ с а д а ғ а*» деп қойдың басынан үш айналдыра лақтырып жіберетін болған («Қаз. әдеб.»).

Бастан өтті [өткерді]. *Бастан кешірді, көрді.* Бала мен қыз *б а с т а р ы н а н ө т к е н* қиыншылықтардың бәрін айтқан екен (Қаз. ертег.). Мал қолда, жан ұяда тұрған шақта, Тұрады айтқан сөзің жарасып-ай. Немене айтып-айтпай, тәңір деген, Дүние *б а с т а н ө т і п* барасың-ай (Үш ғасыр.). Біз айтып жүрген жоқпыз жиында, Азапты *б а с т а н ө т к е р г е н* (Х.Ерғалиев, Күн күмбезі). Орталық езгідегі мемлекеттің немесе бодандықты *б а с т а н ө т к е р і п* жатқан саны аз халықтың тарихын аттап өту, кейде соны үстемдік етуші елдің өткеніне қосақтай салу дәстүрі қалыптасқан, тіпті, әлі де осы үрдіс орын алуда («Парасат»).

Бас тартты. а) э т н. *Сойылған қойдың басын қонақтардың ішіндегі сыйлы, қызметі, жасы үлкен ақсақалына бас табақтың сыр-тында беру.* Келсін достар, Жайшы аға, дастарқан, Өзім жүріп үлкендерге *б а с т а р т а м.* Інің едім, маған осы лайық, Бұл дүниеде не бар аяр достардан (К.Көпішев, Әке құшағы). Құдажегжат, сыйлы қонаққа арнайы табақ жайылып, *б а с т а р т а д ы.* Былжыр (жуас) боласың деп балаға миды жегізбейді (С.Мұқанов, Қазақ қауымы). ә) *Белгілі бір істі орындауға көнбеді, қарсылық білдірді, бір ойға, пікірге қосылмады.* Жігітектен айып кесіп, мал әпе-ретін болды. Оның үстіне Оралбайдан Керімбаланы айырып, Қаракесекке жөнелтетін болды. Жігітек оларға пана болудан *б а с т а р т т ы* (М.Әуезов, Абай жолы). Бұхаралық шеберлердің ешқайсысы мұндай ант бере алмай, бәрі де құрылыс жұмысынан *б а с т а р т т ы* (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Міндетінен *б а с т а р т п а с,* айтқызбай-ақ біледі. Сыр бермейді, сырттансып. Кежегесі тартып тұр. Бейне арыстан түлегі (Дулат ақын, Дастан).

Бас терапевт. м е д. *Белгілі бір медицина-лық мекемедегі терапевтердің негізгісі, үлкені, басшысы.* Көп жылдан бері Сочи қаласында Н.А.Шульц пен курорттың *б а с т е р а п е в і* Н.В.Романовскийдің басқаруымен инфаркт, инсульт, гипертониялық криз және басқа да жүрек-қан тамырларының аурулары болмау үшін профилактикалық жұмыстар жүргізілуде (Т.Омаров, Күн. құбылыс.).

Бас терісі келіспеді. а) *Бет-әлпеті, пішіні келіссіз, ұсқынсыз, сиықсыз болды.* Сәтекең үйіндегі молда *б а с т е р і с і к е л і с п е г е н* неме еді («Лен. жас»). Бізде, әсілі, ұлттық рухты көтеретін, айбаттандыратын ескерткіштер аз, барының «*б а с т е р і с і к е л і с п е й*» түр ғой («Жас Алаш»). ә) *Бір нәрсеге реніш білдіріп, қабақ түйді, ренжіді.* Балжан жеңгей бүгін шайға қанбаған-ау деймін, *б а с т е р і с і к е л і с п е й* отыр екен (Ауызекі).

Бас терісі салбырады. *Ұнжырғасы түсті.* – Шай дайын... бірақ наны құрғыр тағы жетпейді, – деп бағанағы тері тарамысы жиырылып, *б а с т е р і с і с а л б ы р а ғ а н* күйде тағы дыбыс берді Жәмила (М.Әуезов, Шығ.).

Басты қорлады. *Адамды қорлады, төмендетті, қадірін білмеді, тоздырды, аздырды.* Біреу малды ұрлайды, Біреу *б а с т ы қ о р л а й д ы* (Абай, Тол. жин.).

Бас тігу. *Нар тәуекел етіп, жанын пида қылды, жанқиярлық көрсету.* – Соғыстан қашқанымыз рас. Бірақ өз билігімізді өзіміз алуға *б а с т і г у г е* де бармыз (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). *Б а с т і г у* адам бойынан батылдық, ерлік, жігерлілік сияқты қасиеттерді талап етеді (ҚҰЭ).

Бас ұрды. *Құлдық ұрып, аяғына жығылды, дегеніне көнді, жалынып жалбарынды.* Айырылып берекеден қарап жүріп, Тұрпыты басқаларға құр *б а с ұ р ы п* (М.Дулатов, Шығ.). *Б а с ұ р ы п,* бөркін алып тұрды байға, Үлкенсіп, ұлықсымақ қалды жайға. Иттейін еркелеген жылмаң қақты, Бай көрсе парақорлар қандай майда? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Бас хатшы. р е с м и. *Секретариатты басқаратын ең негізгі лауазымды немесе сайламалы тұлға.* Кеше Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтында Біріккен Ұлттар Ұйымы *Б а с х а т ш ы с ы н ы ң* орынбасары – төмен дамыған елдер, теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдер және шағын аралдық мемлекеттер бойынша БҰҰ-ның жоғары өкілі А.Чоудухури мырзамен кездесу болды («Егемен Қазақстан»). Осындай өтпелі кезеңнің талабына БҰҰ *Б а с х а т ш ы с ы* Кофи Аннан мырзаның «Үлкен азаттық жағдайында» деген есебі толық жауап берді деуге болады («Егемен Қазақстан»).

Бас шайқады. *Келіспеді, ұнатпады, жақтырмады.* Басыңа тиді байқадың, Бәрінен *б а с т ы ш а й қ а д ы ң,* Тағы бар ма айтарың? Нанғыш болсаң, енді нан! (Абай, Шығ. жин.). Адалдық үшін алысып, Жегішке ақы төлетті: *Б а с ш а й қ а й м ы н* дегеннің Басына салды әлекті (Абай, Шығ. жин.).

Бас штаб. ә с к. *Мемлекеттің Қарулы күштерін басқарушы негізгі орган.* Кәдімгі екпінді құрылыстың дабылын қағушылардың *б а с ш т а б ы н* басқарады десек, артық болмас («Егемен Қазақстан»).

Басы айдауда, малы талауда болды. *Шапқыншылыққа ұшырады.* – Айғыры кісінегеннің *б а с ы а й д а у д а, м а л ы т а л а у д а б о л а д ы,* – депті (Шешендік сөздер).

Басы алтын, [аяғы] к..і күміс. *Ертегі мен жырларда айтылатын асыра мақтау. Б а с ы а л т ы н...* болса да жазадан құтылмайды, – деді ол (Қаз. тілі фраз. сөздік.).

Басы алынды. *Өлім жазасына кесілді, өлтірілді.* Ауыр қылмыс жасағанның *б а с ы а л ы н а д ы* (Қаз. тілі фраз. сөздік.).

Басы аман, бауыры бүтін. *Уайымсыз, қайғысыз, төрт құбылысы сай.* Сен өзіңді өзің аяп, *б а с ы а м а н, б а у ы р ы б ү т і н* кісіше бейжай жүрсің (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Басы аман, малы түгел. *Амандықта, мал, адам шығынсыз, төрт құбыласы түгел.* Бар дүниеден қуылып шыққан, құлазыған жалғыздық жүрегі мен барлық *б а с ы а м а н, м а л ы т ү г е л,* жаны рақаттағы болыс сияқтыларға мың рет лағынет оқып, қарғыс айтты (М.Әуезов, Абай жолы).

Басы артық. а) *Қажеттен тыс, белгілі мөлшерден артық.* Біз өз өнеркәсібіміздің *б а с ы а р т ы қ* өнімін өзге елдерге сатып отырмыз (Ж.Исмағұлов, Адам.). Бірақ *б а с ы а р т ы қ* сөзді ешкім көтере алмайды («Лен. жас»). ә) *Пайдаланылмай, бос тұрған.* Сендер екі-үш роботты істен шығардыңдар. Соның салдарынан бүкіл бұйрық торабы тұрып қалды. Онда жібере қоюға *б а с ы а р т ы қ* кибер менде жоқ (Т.Шаханов, Көгілдір.). б) *Бөтен, алыс, таныс емес.* Деді де Мәжит Динаға, Қойды іштей қош айтып, Қарындас мені қинама, Емеспін кісі *б а с ы а р т ы қ* (Ғ.Қайырбеков, Таулар.).

Басы ауған жақ. *Қайда болса сонда.* Ол: «Қаңғырынды шіркін, *б а с ы а у ғ а н ж а ғ ы н а* кете барған болар» – деп жорамалдайды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Нұрланды жылтылдаған қостың оты қызықтырды ма, әлде жаны қысылған соң ләйліп, *б а с ы а у ғ а н ж а ғ ы н а* қашты ма, бұлтармастан тура отқа қарай тартты (З.Шашкин, Сенім). Мұның отқа түсіп жүргенін ол қыз тым болмаса түсінсе бір сәрі ғой, түсінгені сол, бұл жоқта *б а с ы а у ғ а н ж а қ қ а* тартып отырыпты (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

Басы ауырмады. *Уайымдап, қиналмады, мән бермеді.* Қаржы-қаражатқа ешқашан *б а с ы а у ы р м а й т ы н* (Ауызекі).

Басы ауырып, балтыры сыздады. а) *Ауру-сырқауға ұшырады, науқастанды. Б а с ы*

ауырып, балтырғы сыздамағанның Тәңірімен ісі жоқ (Мақал-мәтел). *Бас ауырып, балтырының сәл сыздасa* Қиыны сол, ауыры сол бізге аса. Дос құшағы – шілдедегі талма түс, Әлдекімге көңілің бір мұздаса (Қ.Мырзалиев, Бұлбұл.). ә) *Алай-бұлай болып ауыра қалса, қалі мүшкіл болса деген мағынада айтылатын сөз. Басы ауырып, балтыры сыздаса*, серігі жоқ, бұтағынан үзілген мәуем еді (М.Әуезов, Шығ.).

Басы ашық. *Даусыз, ап-айқын, ешкімнің таласы жоқ.* Кәсіби мемлекет құру ісі – үздіксіз үрдіс, ол мемлекет қанша жасаса, сонша уақыт жүргізіле бермек. Әлбетте өмірдің өзі оған өзгерістер енгізуді, соның ішінде конституциялық өзгерістер енгізуді талап етуі мүмкін. Бірақ бұл мәселенің *басы ашық*, Қазақстан Республикасының Конституциясы осы уақыт аралығында өзінің өміршеңдігі мен маңыздылығын дәлелдеді, заңдық қуаты әлі сарқылған жоқ («Егемен Қазақстан»). Бірақ осынау әбден *басы ашық* ақиқаттың өзіне бара-бар уақытта машықтанып, масаттана қоймайтынымыз тағы рас (Ә.Кекілбаев, Заманмен сұхбат).

Басы байланды. а) *Қызға құда түсіп, біреуге айттырылды.* Бұл кезде қыздың *басы байланып*, әкесі оны әлдекімге атастырып қойған (С.Мұқанов, Өмір мектебі). ә) *Еріксізге айналды, мәжбүр болды.* Жұмыстың көптігінен *басым байланып* ол үйге бара алмадым (Ауызекі).

Басы бапан, аяғы сапан. *Басталуы жақсы, аяқталуы нәтижесіз, берекесіз.* Жаз болатын. Біреу анда, біреу мында, біреу малда, біреу жалда, біреу далада, біреу қалада – *басы бапан, аяғы сапан* құм елі еді, құм тірлігі өгіз аяң өтіп жатқан (Е.Домбаев, Жаман Жәутік).

Басы бәлеге шатылды. *Бәлеге қалды, қырсық шалды, шатаққа ұрынды.* Байұзақтай батырдың, Қоқандай ләшкер құсбегі, Терекке байлап атылған, *Бәлеге басы шатылған* (Жамбыл, Шығ.).

Басы бос. а) *Бос тұрған.* Ол үшін пішен жинау басталысымен-ақ, күзде жолдың кебу уақытында тасып үлгіру жағын көздеп, бұған *басы бос* көліктің бәрін пайдалану керек (А.Еламанов, Қой шаруаш.). ә) *Үйленбеген, тұрмыс құрмаған, атастырылмаған, құда түспеген, сөйлесіп жүрген адамы жоқ.* Бұл жырларда қазақ қыздарының өз үйіндегі және түскен жеріндегі жағдайының айырмашылығы, яғни *басы бос,* аялы алақандағы бойжеткеннің күйеуге шыққан соң ата-енесінің «қызметшісіне» айналатындығы анық байқалады (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). б) *Өз еркі өзінде, тәуелсіз.* Есіңде бар ма жас күнің, Көкірегің толық, *басың бос.* Қайғысыз, ойсыз мас күнің? Кімді көрсең – бәрі дос (Абай, Шығ. жин.).

Басы босады. *Арылды, қолы босады.* Ордаң ойпат, айырыл елдігіңнен, *Босамасын басың* бір шерлі күннен, Тоз-тоз болып ұрпағың әр қиянда, Билігіңнен айырыл, теңдігіңнен! (М.Мұқанов, Шығ.).

Басы бүтін. *Біржола, тұтас, түгел.* – Алдымен көз нұрың қалпына келсін. Кітап менде бар. *Басы бүтін* сыйлаймын (Д.Әбілев, Ақын.). Бұл кітаптарды шәкірттер «Қазақ» басқармасына *басы бүтін* берген жоқ, өздерінің үнемі тұратын жері болмаған соң басқармаға аманат тапсырған (М.Дулатов, Шығ.).

Басы бірікті. а) *Жиналды, қосылды.* Біраз адамның *басы біріге* қалса, жаппай қосылып ән салу, жаппай билеп кету тәрізді ойын-сауық пен көңіл көтеру олардың үйреншікті дәстүрлеріне айналған («Халық мұғ.»). ә) *Тату болды, бірауыз болды.* Аузыңнан ақ май ағызса да *басың бірікпей,* шіл боғындай бытырап бара жатқаныңды көргесін, – деп иегі кемсеңдеп кетті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Басы дал болды. *Не істерін білмей, басы қатты.* Осылардан *басы дал болған* Шыңғыс, мейманханасының өздері жатқан бөлмесіне келсе, Шоқан төсекте әлі жатыр екен (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). *Басым дал боп* еңірегенде, Көзден аққан ыстық қан, Пана болмай ешбір пенде, Зар илегем, жылағам (Ж.Саин, Таңд. шығ.).

Басы екеу емес. *Жөнсіз іс істеп, басын қатерге тікпейді, өлер жерін біледі.* Өзім малту білмеймін, тұңғиық терең көлге түсетін *басым екеу емес* («Қаз. әдеб.»).

Басы еңкейді. *Үлкен болса да, кішірейді, ниет білдіріп қолын ұсынды, жақсы пейіл танытып басын иді.* Мен малға қызығып тамыр болғаным жоқ, өзі қайта-қайта кісі салып, шақыртып болмаған соң, «біреудің алтын *басы еңкейсе...*» деген мақалдай болмайын дедім. Және әркім басынбасын, қаймығып жүрсін дедім (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Басы есен. *Өзі сау, ауру-сырқаудан аман.* Барлы-барлы, барлы тау, *Басы есеннің* дені сау (Шешендік сөздер).

Басы жас. *Қартайып отырған жоқ (жас жігіт пен қыздарға қатысты айтылады).* – Жаным, сен мұңайма, бақытың жоқ болса да өз *басың жас* қой. Тепсең темір үзетін қайратың бар (І.Жансүгіров, Шығ.).

Басы жерге жетті. *Жасы келді, қартайды, шөкті. Басы жерге жетіп* отырған жоқ қой, өзі барсын, – деп ұрсып тастады (Қаз. тілі фраз. сөздік.).

Басы жетпес орынға аяғын салды. *Әліне қарамады, шама-шарқын білмеді. Б а с ы ж е т п е с о р ы н ғ а а я қ с а л ы п*, Жақсымен не себептен жаман күлер (Ы.Алтынсарин, Шығ.).

Басы кем [болды]. *Өзгелерден кем, ақылойы, санасы төмен саналды.* Көзіңе бір ілмейсің, Мен де, Арыстан, батырмын, Бір ерден *б а с ы м к е м* бе еді? (М.Әуезов, Шығ.).

Басы кеміді. *Қорланды, қор болды, беделі түсті.* Ішкілік салдарынан жап-жақсы жігіттің беделі түсіп, *б а с ы к е м і д і* (Ауызекі).

Басы кетті. *Мерт болды, жазаға ұшырады.* Ғалыммен жақын болсаң, қолың жетер, Залыммен жақын болсаң, *б а с ы ң к е т е р* (Мақалмәтел). Өңкей кедей баласын алам дедің, Үйретпей жауға апарып салам дедің, *Б а с ы м к е т с е,* шынымды жасырмаймын Не бетіңмен сөгесің, арам, мені (Б.Қандеков, Өлеңд.).

Басы қадірлі. *Көпшілік сыйлайтын, құрмет тұтатын.* Халқына *б а с ы қ а д і р л і* Кейбір жерде жігіттің Көрінсе көзге зайыры (Базар жырау, Өлеңд.).

Басы [қазан] қазандай болды. *Әбден басы қатты, шаршады, басына небір ойлар келіп кетті.* Оқыған кітаптан Ораздың көзі талмағанымен, *б а с ы* бір *қ а з а н б о л ы п* кеткенге ұқсайды («Қаз. әдеб.»). Үйдегі балалардың айғай-шуынан Нүрипә әжейдің *б а с ы қ а з а н д а й б о л д ы* (Ауызекі).

Басы қайырылды. *Ыңғайы келді, сәті түсті.* Үндеме, бірдеңенің *б а с ы қ а й ы р ы л а т ы н* түрі бар, – деді Қасен (М.Әуезов, Шығ.).

Басы қаңғырды [сандалды]. *Не істерін білмей дал болды, басы қатты, дағдарды.* Ездің *б а с ы қ а ң ғ ы р с ы н,* ердің көңілі Жаңғырсын деп ойладым айтқан сайын (Абай, Шығ. жин.). Әлгі, бұрынғының мақалы бар емес пе: «Кедейдің қатыны өлсе *б а с ы қ а ң ғ ы р а д ы,* байдың қатыны өлсе төсегі жаңғырады» деген (С.Сейфуллин, Әңгім.). Ойнасшы болса қатын қар, Аңдыған ерде қала ма ар? Көмексіз көзің бір жалғыз өзің, Баға алмай *б а с ы ң с а н д а л а р* (Абай).

Басы қатты. а) *Не істеп, не қоярын білмеді, миы ашыды, сансырады.* – Ойлай, ойлай *б а с ы қ а т т ы*... бөлмесіне келіп, соққыға жығылған адамдай сұлады (М.Иманжанов, Көк белес). Алаштың алдын қара тұман жапқан, Мынау орыс обыр ол еміп жатқан. Заман азған шағында адам азбақ, Көп ерлер жаумен бірге елін шапқан, Кешегі Абылайдан азып туған, Уәли анау, қар қатынмен *б а с ы қ а т қ а н* (М.Жұмабаев, Шығ.). Мазасыз ой тепкісінде *б а с ы м қ а т ы п* жатып, қалғып кеткен екенмін (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). ә) *Қатты қызған кезде тізгінге бой бермей кететін арынды (ат).* Тек қана ескертетінім – *б а с ы қ а т т ы.* Қызған кезде ...қолыңды қарыстырып тастап, ие бола алмай қап жүрме (С.Мұқанов, Есею жыл.).

Басы қосылды. *Бірікті, тату болды.* Заманақыр жастары *Қ о с ы л м а с* ешбір *б а с т а р ы.* Біріне бірі қастыққа Қойнына тыққан тастары (Абай, Шығ. жин.).

Басы қуарды. *Жалғыз қалды, тұқымы өспеді.* Сорлы *б а с ы* сорлап *қ у а р д ы* ғой, жалғыз таянышын да құдай көп көрді (А.Тоқмағамбетов, Шығ.).

Басы құралды. *Жиналды, бірікті.* Айбаты кетсе ауылдың Әдепсіз жұртта ажуаның, Жиналып *б а с ы қ ұ р а л а р* (Базар жырау, Шығ.).

Басымды шатпа. *Басымды қатырма деген мағынада айтылатын сөзқолданыс.* Менің *б а с ы м д ы ш а т п а,* інішек (Ж.Еділбаев, Буырқанған.).

Басымен әлек қылды. *Өз қайғысы өзіне жетті, өзімен өзі әуре болды, шатылды.* Ол иттің орыстың атын ұрлаған шатағы болатын. Сайлауда бұлтақтап тұрмайтын, соққан еді, оның өзін *б а с ы м е н ә л е к қ ы п* қою керек. Бұ қағазды қайырмай тұра тұр (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Басымен жауап берді. *Қандай жаза болса да мойнымен көтерді.* Үкіметтің босқа кеткен қаржысына өз *б а с ы ң ы з б е н ж а у а п б е р е с і з* (І.Есенберлин, Шығ.).

Басымен қайғы. *Өз жайымен өзі әуре.* Артынан қуатын адамның өзі *б а с ы м е н қ а й ғ ы,* түрмеде отыр (Ә.Қалмырзаев, Ар). Өткізіп сырқатпенен көп күнді мен, *Б а с ы м м е н қ а й ғ ы* болып кеттім білем. Ысқырған қас болаттай ыстық сөзді Суырып алушы едім жүрек түбінен (Ғ.Қайырбеков, Алтын.). Молла мен бәйбіше бұларға көз алартпақ түгіл қазір өз *б а с т а р ы м е н қ а й ғ ы* болып жүр (М.Дүзенов, Ант).

Басы мүйіз [к..і киіз]. *Ертегілерде айтылатын жалмауыз кемпір бейнесі: ұсқынсыз, қорқынышты, адам көргісіз. Б а с ы м ұ й і з, к..і к и і з* бір мыстан кемпір келді (Алпамыс). Бір уақытта сол топтың ішінен, *б а с ы м ұ й і з,* түріне адам қарағысыз сұмпайы, қарғатұмсық, қара аяқ бір мыстан шықты (Қаз. ертег.).

Басына ақ [көк] тас қойды. к ө н е. а) *Моласының басына ескерткіш орнатты.* ә) а у ы с. *Атын өшірмеді, шырағын сөндірмеді, өмірін жалғады.* Сол *б а с ы ң а к ө к т а с қ о я д ы* деп ойлайсың ба, жібер, жөніне кетсін (Ауызекі).

Басына ақ тас қойылды. *Моласының басына ескерткіш орнатылды.* Ойқай, сонда күн қараң. *Б а с ы н а а қ т а с қ о й ы л с а,* Сөзбен түрлі безенген. Үстіне топырақ үйілсе, Шөккен нарға мегзеген (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Басына әлек салды. *Әуре-сарсаңға түсірді, көресісін көрсетті.* Бас шайқаймын дегеннің *Басына салды әлекті* (Абай, Тол. жин.).

Басына әңгір таяқ ойнатты. *Екі аяғын бір етікке тықты, әлек-шәлегін шығарды.* [Мирон] *Басыма әңгір таяқ ойнатып* жер ортасы «Көктөбеге» қуып салды, – дейді Сәмет әңгімесінің жалғасында (С.Омаров, Қайырлы.). Бұрнағы күні жеті түнде Дүйсенді ертіп келіп, *басына әңгір таяқ ойнатқан* екен, әйел «балталасаң да көнбеймін» деп отырып алды (С.Омаров, Қайырлы.).

Басына бақыт [бақ, бақ құсы] қонды. *Мақсатына, арманына жетті, дәулеті тасыды.* Жиырма беске келгенде *Бақыт қонды басыңа,* Тақыт берді астыңа (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). Қара қасқа қосарда, Қалмақтың басы белінде; *Бақ құсы қонып басына,* Еспенбет келді еліне (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Басына бас қосылды. *Үйленді, отау құрды, үй болды.* Жас адамдар «басым ауырды» десе, «*басыңа бас қосылады* екен» дейді (Қаз. тыйым. мен ырым.).

Басына ғаріптік түсті. *Қиыншылық, ауыртпалық келді.* Не *ғаріптік* десе де, Енді *тұсті басыма,* Жетім қалды-ау жасында (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Басына дау салды [келтірді]. *Пәле болып жабысты.* Алғаның жаман жолықса, *Басыңа салған дау* болар, Жаныңа пайда тигізбес, Таудан ауыр тас болар (Бес ғасыр.). Екі арыстан қосылса, дәуді өлтірер, Ажал келсе, ауру түгіл сауды өлтірер. Аулыңда шайпау тілді жаман болса, Аман түрған *басыңа дау келтірер* (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Басына жетті. *Құртты, түбіне жетті.* Тасыма, жігіт тасыма! Тасыған *жетер басыңа* (Шешендік сөздер).

Басына зобалаң туды. *Қиын-қыстау күн туып, ауыр қалге тап болды, әуре-сарсаңға ұшырады.* Жетібай бұдан әрі қитыға берсе, *басына зобалаң туарын* сезгендей, мысы құрып, амалсыз көнген қалпы бар (С.Омаров, Қайырлы.).

Басына иман [Құран] оқыды. с ө й л. *Зират басына барып, марқұмның аруағына арнап Құран оқыды. Иман оқыр басыңа* Ағайын-жұртың молда алып. Ізгіліктің пайдасын Көрерсің сонда, жігіттер, Жіберсе құдай оңғарып (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Басын айналдырды. а) *Біреуді алдап-арбап, айтқанына көндірмек болды, дегенін істетуге айласын салды.* Біреудің жап-жас, сап-сау қызының *басын айналдырады* да, әрі оны жұрт көзіне масқара ғып елге тастап кетеді (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). ә) ж а ғ ы м с ы з. *Өзгеше бір күшпен сиқырлап, дуалап қойды деген жағымсыз мағынада айтылатын сөз.* Ол [Мағила] сиқыр ғой, сиқыр. Жеңеше, бетім-ау, Жолдасбайдың *басын айналдырып* алған (Қ.Қуанышбаев, Шаншарлар). Өзі есі дұрыс адам сияқты емес, тіпті біреу *басын айналдырғанға* ұқсайды, Әзімханның баласы, сондайдан да тек емес қой деймін! – деген Жақып (М.Әуезов, Қараш.).

Басына келді. *Біреуге тілеген жамандығы өз басына түсті.* Басыңа келгірдің *басына келіпті* ақыры, құдайын ұмытып кетіп еді өзі (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Басына көтерді. а) *Қатты шулап, даурықты, азан-қазан қылды.* Бұл өлеңді Шәкизат жаттап алып, «Маңмаңгер» әнімен айтатын болған. Шәкизаттан үйреніп Айтуар да өзінің гүжілдеген даусымен үйді *басына көтерді* (Д.Әбілев, Ақын.). Судыр Ахмет есі кеткен кісідей атын көк тер ғып шапқанын оғаштау көрді білем, сасық күзендей шаңқылдап, даланы *басына көтере* күліп алды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Өз жаулығын өзі айырып, бес саусағын бетіне салып, ақсақ қатын ойбаймен үйді *басына көтерді* (Б.Майлин, Шығ.). ә) *Ерекше құрметтеп, қастерледі, сыйлады.* Момақан Қойбақтар Сәкеңді *бастарына көтере* қарсы алды. Оған арналып жеке үй тігілді. Босағасына қара саба орнатылды (Ә.Көшімов, Лашын.). – Бала, дәндеме, байқа! Орта жүз *басына көтерген* Нұржанның ордасында отырсың (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Басына көшірді. *Қатты айғайлап, даурықты, айналаны жаңғырықтырды.* Аузы көпіріп, үйді *басына көшіріп*, үкінің көзін, қораздың желбезегін тіліне тиек етті (О.Сейтенов, Сапар соңы).

Басына күн туды. *Қиыншылыққа тап болды, мойнына ауыртпалық түсті.* Ат *басына күн туса,* ауыздықпен су ішер, Ер *басына күн туса,* етігімен су кешер (Мақал-мәтел). Міне, қазақ халқының *басына* осындай аза *күн туған* заманда айтуға ауыз бармайтын, жазуға қалам жүрмейтін нашар істер пайда болды (М.Дулатов, Шығ.). Кімнің *басына күн туса*, соны табалауға, мұқатуға, одан әрі батпаққа батыруға құмартып тұрады: табаласа, аяғымен таптаса, сонда айызы қанады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Басына қайғы түсті [қонды]. *Басына ауыр іс түсіп, зобалаң туды, бағы тайды. Тұсірме қайғы басыма,* айтып-айтпай немене, Біз ғаріпке шама жоқ, Жазылса тағдыр тасына (Батырлар жыры). Не ғажап кеше толған, бүгін болған, *Басына* ауыр дәулет *қайғы қонған* (С.Торайғыров, Шығ.).

Басына қара салды [жамылды]. а) *Қара жамылып, өлген адамды аза тұтты.* Зейнеп әкесі Шорман өлгеннен кейін қаршадайынан *б а с ы н а қ а р а с а л ы п* жоқтаған (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). б) *Қайғылы қалге түсті, зар қақты.* Қалқамды алып Құдайым, *Б а с ы м а с а л д ы ң қ а р а н ы.* Өзі түгіл көрмедім Ізі жоқ басқан табаны (Абай, Шығ. жин.).

Басына Құдай салды. *Бір іске душар болды, амалсыз күн кешті. Б а с ы м а Құ д а й с а л ғ а н* соң Тоқтата алмадым шын ғашықтық қапасын (Қ.Жармағамбетов, Шығ.).

Басын ала қашты. а) *Безек қағып айтқанына көнбеді, азар да безер болды, жоламады, бас тартты.* Бөрібай *б а с ы н а л а қ а ш ы п* еді, кемпір қоймағасын... екі қалтасын құртқа сықап алды (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). ...Қаратаз да алғашқыда болыс сайлауына түсуге жүрексініп, *б а с ы н а л а қ а ш т ы* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). ә) *Алды-артына қарамай, беталды қашып, қашты (ат туралы).* Түс қайта Иран, Туран араласты, Бір-бірін шаншып шауып жараласты. Айқайдан ащы шыққан аттары үркіп, *Б а с т а р ы н* айдалаға *а л а қ а ш т ы* (Т.Ізтілеуов, Рүстем).

Басын алды. *Өлтірді, мерт етті, опат қылды.* Ерте кеткен Баянды іздеймін деп, Тентек Қодар қоймасын *б а с ы ң д ы а л ы п* (Қозы Көрпеш.).

Басына моншақ көтерді. *Қатты құрметтеп, төбесіне қойды, аса қадірледі.* Өтіңменен жарылма, Өкпеңменен қабынба, Орыспенен соғысып, *Б а с ы ң а м о н ш а қ к ө т е р г е н* Жұртыңа жаулық сағынба (Бұхар жырау).

Басына мүйіз шықпады. *Ешкімнен асып кетпеді, ерекше бір нәрсеге тап болмады.* Сендер өздерің барып, сүйінші алғанда, *б а с т а р ы ң а м ү й і з ш ы қ п а й д ы* (Қаз. ертег.).

Басынан бақ тайды. *Ісінің берекесі кетіп, тұрмысы тозды, бақытсыздыққа ұшырады.* Мақтанба басыңызда бағыңызға, Қартаймақ қиын сауда тағыңызда. Сізге де сорлы болу қиын емес, *Б а с ы ң н а н б а ғ ы ң т а й ғ а н* шағыңызда (XX ғ. қаз. ақын.). *Б а с ы м н а н б а ғ ы м* ауып *т а й ғ а н н а н* соң, Қалды ғой жақсы, жаман болып бірдей (Ақан сері, Шығ.).

Басынан билік кетті. *Өз басының құқы жоқ, дәрменсіз болды. Б а с ы н а н б и л і к к е т к е с і н*, оны тыңдаушылар да азайды (Ауызекі).

Басынан дәулеті ұшты. *Бағы тайды.* Кешегі айтқан көп жаман, Бір жақсыдай бола алмас. *Б а с ы ң н а н ұ ш с а д ә у л е т і ң,* Айналып қайта оралмас (Сонда).

Басынан дәурені ұшты. *Бағы тайып, үлкен қиындыққа душар болды, бұрынғы күніне зар болды.* Ол *д ә у р е н б а с ы м н а н ұ ш қ а н ғ а* ұқсайды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Басынан заманы көшті. *Бағы тайды, бұрынғы дәурені жоқ.*

Басынан кешірді. *Өз өмірінде әртүрлі жағдайларды көрді, оқиғаларды бастан өткізді.* Толғау жақсы болса, оқығандар өз басында болмаған күйлерді толғау күшімен өзінде болған күйдей *б а с ы н а н к е ш і р і п* өтпек (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Басынан жүгенін сыпырды. *Еркіне қоя берді.* НЭП – байдың *б а с ы н а н ж ү г е н і н с ы п ы р ы п* жіберу деген сөз емес, – деді Жұмабек (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Басынан күн, аяғынан ай туды. ф о л ь к. *Болып-толды, шамшырағы жанды.* Түсінде *б а с ы н а н к ү н, а я ғ ы н а н а й т у ы п,* қасында екі қозы қошқар соғысып жатыр екен (Қаз. ертег.).

Басынан құс ұшырмады. *Мәпелеп күтті, аялады, қорғап, сақтады, қамқорлық жасады.* Арыстан туған ағалар, *Қ ұ с ұ ш ы р м а д ы ң б а с ы м н а н.* Қайғы түсті көңіліме, Бір түс көріп тосыннан (Батырлар жыры).

Басынан құсы кетті. *Бағы тайды, сәтсіздікке ұшырады.* Мін тақпас ем шебердің ісіне түк, қалса дағы *б а с ы н а н қ ұ с ы к е т і п* (Р.Ниязбеков, Өлеңд.).

Басына ноқта киді. *Үйленді, балалы-шағалы болып, шаруа күйттеп кетті.* Қатын алу – Құдай бұйрығы, соңыра сен де бір *н о қ т а н ы б а с ы ң а к и е р с і ң* (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Басынан [сөз] асырды. *Біреудің сөзін елемеді, естімеген кейіп білдірді.* Көкбай Абайдың бұл сөзін де *б а с ы н а н а с ы р ы п* естімеген тәрізденді (М.Әуезов, Шығ.).

Басынан сөз асырмады. а) *«Ә» десе «мә» деп қарсыласты, сөзден есесін жібермеді.* Жасым бар жиырмада жасырмаймын, *Б а с ы м н а н* дұшпан *с ө з і н а с ы р м а й м ы н.* Басымнан дұшпан сөзі асып кетсе, Сен түгіл, патшаға да бас ұрмаймын (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). ә) *Артық сөзді көтермеді, болмашыға шатақ шығарып ренжітін болды.* Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, *б а с ы м ы з д а н с ө з д і а с ы р м а ғ а н* елміз (Қазыбек би). Ол кейбір кезде аса намыскер, *б а с ы н а н с ө з а с ы р а* алмайды. Қаладағы көрші-қолаңға да сол мінезі әбден мәлім (М.Әуезов, Шығ.).

Басынан сырық [таяқ, тоқпақ] кетпеді. *Қысым көріп, таяқ жеді, аяқ асты болды.* Мұндай іс білемісің жаман атақ, Бармасаң да береді байлап-матап. Малдан құрық, *б а с ы н а н с ы р ы қ к е т п е й*, Бермесе дау көбейер болып шатақ (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Басына ойнады. *Жәбір көрсетті, зорлық-зомбылық жасады.* [Жуандар] Содан кейін: «Енді не болса да тыныш отырып, тыныш жүріп байқайық. Үндемей момын болып отырсақ, кім *б а с ы м ы з ғ а о й н а й д ы*» деген болып табысқан-ды (М.Әуезов, Таңд.).

Басын арашалады. *Қорғады, ақтады, жанына сауға тіледі.* Өзінің күнәсіз екенін айтып, *б а с ы н а р а ш а л а д ы* (Б.Майлин, Шығ.).

Басын арашалау. *Қорғау, ақтау.* Әзімхан баласының мойнына бұл айып ауатын болса, оның артынан жұрт аузына кіріп қалған күні сөз де күшейіп кетер деп, баласының *б а с ы н а р а ш а л а у ғ а* бел байлады (М.Әуезов, Қараш.).

Басына су құйылды. *Жоқ қылды, бітірді, тұғесті.* Төрт жүз сом! Актісі жасалған, *б а с ы н а с у қ ұ й ы л ғ а н* (М.Рашев, Бетің қисық.).

Басына тас тиді. *Қиыншылық, кедергі, ойлағанындай болмаған жағдай көрді.* Кей адам *б а с ы н а т а с т и г е н ш е* ойланбайды («Лен. жас»).

Басына тепті. а) *Қадіріне жетпеді, бағаламады.* – Қиыншылықта қол ұшын берген жолдасыңның *б а с ы н а т е п т і ң,* енді қайда барып сыярсың, Асан! («Лен. жас»). ә) *Ішімдік бірден басын айналдырды.* Аш қарынға қағып салған арақ бірден *б а с ы н а т е п т і* (Ауызекі).

Басына тиді. *Опық жеді, соққы көрді.* Осы қылығыңның кесірі талай *б а с ы ң а т и с е* де қоймадың ғой деп, Сәкен қатты ренжіді (Ауызекі).

Басына [бұлт] төнді. *Жаманшылық үйіріліп, қайғы-қасірет келді.* Шолпан адам бетіне қарай алмайтын халде. Бұл сорлы әйелдің *б а с ы н а т ө н г е н* қара *б ұ л т* емес пе? (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

Басына түнетті. м и ф. *Бір қиыншылық болғанда, тілегі орындалсын дегенде қайтыс болған әке-шешесінің, туысының не атақты, аруақты болған кісінің зиратына қонып, құрбандық шалды.* Біз ұмытсақ та жарықтықтар жебеп, желеп жүреді ғой, – деп арқасы шымырлап кетіп, тез мола *б а с ы н а т ұ н е т і п,* талай ай мүйізді, аша тұяқтыларын құрбандық қылып, жамбасы мен терісін емдеушінің өзіне ұстатса да, жазыла алмады (С.Торайғыров, Шығ.).

Басына үй тікті. *Отау тігіп, шаңырақ көтерді, үй болды.* Баймағамбет Шерниязға қыз алып беріп, *б а с ы н а ү й т і г і п,* алдына мал салады (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Басына шаққанда. *Әрбіреуіне есептегенде, әрбіріне бөлгенде.* Зергерлік бұйымдар әкелу мәселесінде әр адам *б а с ы н а ш а қ қ а н д а* жеңілдікпен, кедендік төлемдерді төлемей алты түрлі бұйымнан аспайтын мөлшерде импорттауға болады («Егемен Қазақстан»).

Басын ашты. а) *Оқиға, іс-әрекет басталмай тұрып, келісіп алды.* – Осы бастан бір мәселенің *б а с ы н а ш ы п* алайық, – деп бастады ол (Адам және химия). ә) т а р. *Әйелдің басына бостандық берді.* Қатынның *б а с ы н а ш а м ы з,* Сот жұмысына да араласамыз. Ешкім қарсы тұра алмайды, Көрінгенді көпірше басамыз (І.Жансүгіров, Шығ.).

Басына шырмау салды. *Әуреге түсірді, бәлеге душар қылды.* Жалғыз қыз ортамызда ермек қылған, *Б а с ы н а с а л ы п ш ы р м а у* әуреледің (Қаз. ертег.).

Басына іс салды. *Басы бәлеге душар болып, қырсық шалды, қиындыққа, жалаға қалды.* Жүре-жүре бір елсіз шөлге түсті, Алып жүрген суының бәрін ішті. Адам, хайуан бәрі де бірдей шөлдеп, *Б а с ы н а* Құдай *с а л д ы* қиын *і с т і* (Абай, Шығ. жин.).

Басына іс [жағдай] түсті. *Қиыншылыққа кез болды, пәле жабысты.* Азамат ерден қол үзбе, Күндердің күні болғанда, *Б а с ы ң а* қиын *і с т ұ с с е,* Қайырылмай сағаң кетпейді (Базар жырау, Шығ.). Баларақ кезінде мола дегенді бір түрлі қорқынышты нәрсе көріп жүретін Көркемтай, енді *б а с ы н а* мынадай *і с т ұ с к е н* соң, қорықпақ түгіл, тіпті сескенбей, молаға барса алдынан шешесі шыққандай көріп, ентелеп жетіп баратын болды (С.Дөнентаев, Таңд. шығ.). Жақсының *б а с ы н а і с т ұ с с е,* жасымайды, бойлай береді, Жаманның *б а с ы н а і с т ұ с с е,* күндіз-түні ойлай береді (Мақал-мәтел).

Басын базарға салды [басы саудаға түсті]. а) *Сөзге ілікті, дауға қалды.* Көрсетіп сүйегімді далада өлмей, *Б а с ы м д ы* енді неге *б а з а р с а л а м* (С.Бегалин, Таңд.). – Сіздерді патша ағзамның көзі деп сыйлаймын. *Б а с ы с а у д а ғ а т ұ с і п* тұрғанда мыналардың малын аяуын қостамаймын, – деді Оқпанбай бай (Ж.Арыстанов, Жалынды.). ә) *Әуреге салды.* Мені сыртымнан билеп, Жібегімді бір қаңғырған жалғыз атты жолаушыға беремін деп, *б а с ы н б а з а р ғ а с а л ы п* көш-жөнекей көрсетіп жүргені не қылғаны (Қыз Жібек).

Басын байлады. *Белін бекем буды, өлімге өзін тікті.* Жаңғабыл ақыл ойлап ойға көшті. Сөз байлап ауқым етіп, аумин десті. Осыдан бас тартқанды жоқ қылуға, Бәрі де *б а с ы н б а й л а п* антын ішті (Н.Ахметбеков, Шығ.).

Басын бақты. *Өзін-өзі қорғады, өзін ойлады, өзіне қарады.* Жамандар жауда жәрдем бермек түгіл, Тар жерде *б а с ы н б а қ с а* аз болмайды (Шернияз). Осындай жұрттан озған біліміңмен, ағалық айтпақ бопсың нұсқап бармақ. Ағалық айтпақ түгіл былайғыға, Адасып арандамай *б а с ы ң д ы б а қ* (Айтыс).

Басын бәйгеге тікті. *Бақ-талайына тәуекел етті, бағын сынады.* Неліктен әлгі жігіттер болмашы ақшаға бола *б а с т а р ы н б ә й г е г е т і г е д і?* («Лен. жас»).

Басын берді. а) *Неден болса да тайынбады, жанын пида қылды.* Елжіреп еріп кетті адам іші, Ұйқыда секілденіп жатқан түсі. Халық үшін қиындыққа *б а с ы н б е р г е н,* Дүниеге бір-ақ келер мұндай кісі (Ақын жырлары). Ондай адам *б а с б е р е р* намысына, Намыс бермес бес күндік дабысына (А.Тоқмағамбетов, Шығ.). ә) *Өтеуін, төлеуін берді, құнын төледі.* Айтбайға жоғалған малының *б а с ы н б е р д і* (А.Тоқмағамбетов, Шығ.).

Басын біріктірді. *Жинады, қосты.* Ол – этносаяси негізде бұрынғы Алтын Ордаға енген ұлыстар мен халықтардың *б а с ы н б і р і к т і р і п,* бейбіт еңбекке қайта оралу еді (Қаз. дала. ойшыл.).

Басын біріктіру. а) *Қамыр илеп, тындырып қою.* ≈ Нанның *б а с ы н б і р і к т і р у.* ә) *Бір топқа жинап, ұйымдастырып басқару.* Қазтуғанның түпкі мақсаты – сом денелі батырды жасай отырып, сол арқылы халқының мінезін, ділін қалыптастыру және әр жерде бөлек-бөлек, тайпа-тайпа болып өмір сүріп жатқан халқының *б а с ы н б і р і к т і р у* болып табылады (Қаз. дала. ойшыл.).

Басында дәурені тұрғанда. *Дегені болып, дәурені жүріп тұрған кезде. Б а с т а д ә у р е н т ұ р ғ а н д а,* Біздер дағы, байеке, Оза көшіп, кең жайлап, Еркімен еркін жатқан ел едік (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Басында міні болды. *Өзі айыпты, жазықты болды.* Болымсыз туған бозбала *Б а с ы н д а* батпан *м і н і б о п,* Кісі айыбын тергеген (Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Өлең.д.).

Басын еңкейтті. *Үлкен болса да, кішірейді.* Бір байдың қызына көңілім ауып, батыр *б а с ы м д ы е ң к е й т і п,* аяғына жығып ем... (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

Басын жарып, көзін шығарды. *Бір нәрсенің әлек-шәлегін шығарды.* Орысша сөйлеймін деп, орыс тілінің *б а с ы н ж а р ы п, к ө з і н ш ы ғ а р д ы* (М.Иманжанов, Шығ.).

Басын жиды. *Адамдарды біріктірді, жинады, құрап жұрт етті, топтады.* Мұқым қазақ баласы, Тегіс ақыл сұрапты. Тобықтыны ел қылып, *Б а с ы н ж и ы п* құрапты (Абай, Шығ. жин.).

Басын жойды [жұтты, жалмады]. *Өлтірді, жоқ қылды, түбіне жетті, құртты.* Екеуі де қанжарға қолды қойды, Аямасқа бекітіп алды ойды. Ызаменен суырған улы қанжар, Не қылса біреуінің *б а с ы н ж о й д ы* (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). Әділетсіз бір жастың *б а с ы н ж ұ т с ы н.* Қайнап тұрған қанымды ішкенменен, Қаңсыған қатқан ішін не жылытсын (Абай, Тол. жин.). Мүштектің ішінде обаның микробы болады. Әлгі мүштек біреуден біреуге ауысып, талайдың *б а с ы н ж а л м а й д ы* (Е.Оразақов, Дәрігер.). Сөзіңе құлақ салмаймын, Қолымдағы көк алмас, Төре ханға арнаймын. Ол жалғыз да біз екеу, Қу бастың *б а с ы н ж а л м а й м ы н* (Батырлар жыры).

Басын көтере алмады. *Қатты ауырып яки ауыр соққы көріп, орнынан тұра алмады.* Аяқ-қолым жоқ, *б а с ы м д ы к ө т е р е а л м а й,* жер бауырлап қалдым (Қаз. ертег.).

Басын күн шалғанда. *Ісі оңға басып, бақыты жүріп тұрғанда.* Жаман дос – көлеңке *б а с ы ң д ы к ү н ш а л с а,* қашып құтыла алмайсың. Басыңды бұлт алса, іздеп таба алмайсың (Абай, Тол. шығ.).

Басын қайттады. *Басын алып қашты, бас аманын іздеді.* Қазіргідей аласапыран заманда ата баладан безіп, әркім өз *б а с ы н қ а й т т а п* кететін (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Басын қайырды. а) *Істі дендетіп, игеріп тастады, біраз жұмысты тындырды.* Төлен келе салып біраз істің *б а с ы н қ а й ы р д ы* (Ауызекі). ә) *Біраз жайды баяндады.* Бөлеген қария қырғыздар жайлы әр алуан-ақ әңгіменің *б а с ы н қ а й ы р д ы* («Лен. жас»).

Басын қақты. *Басын мойнынан кесті.* Жиырма жасың толғанда Қалмақпен соғыс болғанда, Алғашқы бақты тапқанда Шарыштың *б а с ы н қ а қ қ а н д а,* Қанжығаңа бас байлап, Жау қашты деп айғайлап (Үмбетей жырау [Тілеуұлы], Алдаспан). Сәл қимылдаса болды *б а с ы н қ а ғ ы п* тастаймын, – деді Бименді (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). – Бүкіл бір елді бүлдірмек болған ондай иттің *б а с ы н қ а ғ ы п* алып, қолына берер едім (М.Дүзенов, Ант).

Басын қатырды. *Әр нәрсені айтып, мазалады, басын ауыртты.* Қынай екеуі оңаша отырғанда бір жамағайындарының сусылдақ әйелі келіп *б а с ы н қ а т ы р ғ а н ы* бар (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

Басын қорғады. *Жанын арашалады, бас амандығын сақтады.* Бір жағынан, *б а с ы н қ о р ғ а п* патша хүкіметімен арпалысу, патша хүкіметінің құралы болған орыс-казактарымен жауласу, патшалардың саясатын жүргізген хандармен алысу... (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.).

Басын қорғау. *Арашалау, ара түсу.* Кеше айтқан алдын ала арылу сияқты жаман жай болса, өз *б а с ы н қ о р ғ а у,* арашалау сияқты сүйретінді сөзі Карповқа Есдәулетовтың деректерін сенімсіз дәркүмән етіп көрсеткен (М.Әуезов, Өскен өркен).

Басын қосты. *Біріктірді, топтастырды, жинады.* Отырып енді *қ о с ы п б а с т ы,* Халықтың қуандырып көңілін ашты. Теңгеріп азды көппен, ашты тоққа, Жоқ қылды деген сөзді «алды, қашты» (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Басын қоярға жер таппады. *Әбден қиналып, не істерін білмеді, пана болар жер таппай әуреге түсті.* Кішігірім бармақтай қара шыбындар ызыңдап келіп тобымен жабылғанда, *б а с ы ң д ы қ о я р ғ а ж е р т а п п а й с ы ң* (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Басын құдай кесті. *Мойнын жұлып алды, өлтірді.* Атаңа нәлет, қу тазша! *Б а с ы ң д ы қ у д а й к е с е р м і н,* қаныңды судай шашармын (Қаз. ертег.).

Басын құрады. *Біріктірді, жинады.* Ән салынар, декламация секілді нәрселер болар. Сөйтіп, әрқайсысының *б а с ы н қ ұ р а п* істемесе, бір перделі комедия не болады (М.Дулатов, Шығ.).

Басын құрбан қылды. *Өзге адам үшін өз басын өлімге тікті, жанын пида етті.* [Дәмеш] Қайтейін әже, қолымнан келетін нәрсе болса, *б а с ы м д ы қ ұ р б а н қ ы л с а м* да, сендерді құтқарар едім, бірақ, қайтейін! (Б.Майлин, Шығ. жин.).

Басын құшты. а) *Құшақтап төсіне басты.* Білмеді не болғанын айырылды естен Аймалап Құлагердің *б а с ы н қ ұ ш т ы* (І.Жансүгіров, Шығ.). ә) *Кебін киді.* Ол жаман қылықтың, біреудің көрген азабының *б а с ы н қ ұ ш т ы* (А.Тоқмағамбетов, Шығ.).

Басын қылтитты. *Кеудесін көрсетпей, басын ғана көрсетті.* – Әжем ішсін деп жатыр, – деді Бектай есіктен *б а с ы н қ ы л т и т ы п* (М.Иманжанов, Шығ.).

Басын оңға қаратты. д і н и. *Дүниеден озғалы жатқан адамның иманын үйіру үшін бетін құбылаға бұрды.* Қалыпты бұрынғыдан бізге санат, Сөзімді тентек болсам, жұртқа сынат. Алланың ақ бұйрығы маған жетті, *Б а с ы м д ы* кешіктірмей *о ң ғ а қ а р а т!* (Қозы Көрпеш.).

Басын сыйлады. *Үлкендігін ескерді, жасын құрметтеді. Б а с ы н с ы й л а п,* жақсылық істегеннен басқа, ат қойып, айдар таққандай мен оған не жаздым? («Мәдениет және тұрмыс»).

Басын тауға да, тасқа да соқты [ұрды]. *Ойға да, қырға да жүгіріп әуре-сарсаң болды, дағдарды, қатты күйінді. Б а с ы н т а у ғ а с о қ с ы н б а, т а с қ а с о қ с ы н* ба? Не қыларын білмеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Б а с ы м д ы т а у ғ а д а, т а с қ а д а с о ғ ы п,* дағдарып жүргенімде оған кездестім (С.Омаров, Қайырлы.). Бізді әдейі сорласын, *б а с ы н т а у ғ а, т а с қ а ұ р с ы н,* содан барып қырғын тапсын деген қылық па (М.Әуезов, Шығ.).

Басын төмен салды. *Бетіне қарай алмады, жерге қарап қалды.* Кетерімді білген соң, осы отырған, жар-жар-ай, Әлеуметтер *б а с т а р ы н т ө м е н с а л д ы* жар-жар-ай (М.Сералин, Шығ.).

Басын төрге сүйреді. *Абыройын асырды, жақсы атағын шығарды, даңқын асырды.* Атадан жақсы ұл туса, есіктегі *б а с ы н т ө р г е с ү й р е р,* Атадан жаман ұл туса, төрдегі басын есікке сүйрер (Мақал-мәтел).

Басын тігу. *Өзін өлімге қию, құрбан ету.* Сенен еш уақытта айрылмаймын. *Б а с ы м д ы* ажалға *т і г у г е* бармын, – деді Дерягин Тамараға (Ш.Өтепов, Өшп. жалын).

Басын тікті. *Өзін өлімге қиды, жанын құрбан етті.* Жер үшін, қазақ тілі үшін ар-намысты биік ұстап, керек болса, жанын қиып, өлімге *б а с ы н т і к к е н* қайран бабаларымыз-ай, кейінгі ұрпағын ездік пиғыл көрсетіп, ұсақтап, ұлттық болмысын сақтап қалуда дәрменсіздік, бишаралық көрсетіп жатқандары қалай? Намыстары жоқ болғаны ғой («Қаз. әдеб.»). Сен үшін *т і к т і м б а с ы м д ы.* Көк жүзінде шектесіп, Айқасып жаумен беттесіп, Салармын деді тапсырды (Ақын жырлары). Халық үшін *б а с т і г і п,* Ат құйрығын тарады. Дұшпанынан тайсалмай, Қасқайып қарсы қарады (О.Шипин, Амангелді).

Басын шайқады. а) *Таңғалғанда, бір нәрсенің сырын білмей күмәнданғанда, қайран қалғанда, «жоқ» дегенде басын екі жаққа кезек-кезек шайқап білдіретін ым-ишарат.* Мына қатын Жұмабаймен бір күн де отырмайды, мұнда бір сыр болу керек, – деп атқамінерлер сенімсіздік көрсетіп *б а с т а р ы н ш а й қ а д ы* (Б.Майлин, Шығ.). Қамқа дала жаққа құлағын әрі тосып, бері тосып, *б а с ы н ш а й қ а д ы:* – Түк естісем бұйырмасын (Ж.Жұмаханов, Үш бәйтерек). ә) *Құптамады, бас тартты.* Басыңа тиді байқадың, Бәрінен *б а с т ы ш а й қ а д ы ң* Тағы бар ма айтарың (Абай, Тол. жин.).

Басын шалды. а) *Тиіп-қашып ананы бір, мынаны бір айтты.* Сақыптың кенеулі ойы жоқ, әр жайдың атын айқайлап атап, *б а с ы н ш а л ы п* өтеді (М.Әуезов, Шығ.). ә) *Мал сойды.* Кіші айтта бір малдың *б а с ы н ш а л д ы қ* (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Басын шатты. *Қырсыққа душар етті, әуреге түсті, дауға қалды, кесірін тигізді.* Енді, міне, *б а с ы н* пәлеге *ш а т ы п* отыр (Б.Тілегенов, Уақыт.). *Б а с ы ң д ы ш а т ы п* нең бар еді (Р.Ниязбеков, Қаңтар).

Басын шұлғыды [изеді]. *Құптағанды, «иә» дегенді, келіскенді білдіретін басын жоғарыдан төмен қарай изейтін ым-ишарат.* Бұл айтылғанды қолдағандай басқалары *б а с ы н и з е д і* (Аузыекі).

Басының садағасы. *Басы аман қалғанына риза болғанын білдіргенде айтылатын сөз.* Олай деме, шүкірлік ет, құлыным, *б а с ы ң н ы ң с а д а ғ а с ы* (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Басының сақинасы бар. *Бас ауруы бар.* Е, қаруы бар жігіттер жазылсын, дені сау болса, баламызға жазыл деп айтар едік, *б а с ы н ы ң с а қ и н а с ы б а р* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Басыңа көрінгір! қ а р ғ. *Бар бәле өзіңе болсын! Жамандық өз басыңа келсін деген мағынада айтылатын қарғыс сөз.* Қысқарт енді, *б а с ы ң а к ө р і н г і р*, не көрінді, басыңмен кеткір! (М.Әуезов, Абай жолы). Қара *б а с ы ң а к ө р і н г і р,* неге жыламайсың? (Қ.Қуанышбаев, Шаншарлар). Қара *б а с ы ң а к ө р і н г і р д і ң* дауысының жаманын, құдды Қармақбайдың жетім ботасы құсап боздай ма қалай? (С.Нарымбетов, Тентек).

Басыңа не жетті [күн туды]. *Соншама не болды деген мағынада айтылатын сөзқолданыс.* Заман өтті, жас өтті, Қайрат, өнер бос кетті. Абүйыр жоқ, сана жоқ, Өз *б а с ы н а н е ж е т т і?* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Басың қалғыр! қ а р ғ. *Бір нәрсенің жолында өлгір, қараң қалғыр!* Әнде *б а с ы ң қ а л ғ ы р*, сен сүмелекке де ән керек пе? Көзіңді ағызайын! – деп ұзын шыбық қамшысын [Майбасар] иіре көтеріп келеді (М.Әуезов, Абай жолы).

Басы піспеді. *Қарама-қарсы көзқарастағы адамдар ешбір тіл табыса алмады, бірін-бірі түсінбеді.* Мұны оларға тапсырудың қажеті жоқ, екеуінің ешқашан *б а с ы п і с п е й д і* (Ауызекі).

Басы салбырады. *Еңсесі түсті, жүні жығылды, сұлық түсті. Б а с ы с а л б ы р а п*, үйіне қайтты (Ә.Сәрсенбаев, Шығ.).

Басы [қара басы] сау. *Аман-есен, тыныштықта.* Момындардың *б а с ы с а у*, Жаманды байқай қарасаң, Күндердің күні болғанда, Өз басына өзі жау (Абай, Шығ. жин.).

Басы сотқа айналды. *Қылмыс жасап, басына іс түсті.* Қатты қысым қылған соң, *Б а с ы м с о т қ а а й н а л а р,* Кірлі болып түскен соң, Көрген күнім не болар (Абай, Тол. жин.).

Басы сынды. *Басы қатты ауырды. Б а с ы м с ы н ы п* барады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Басы таудай, аяғы қылдай. *Басы әжептәуір жақсы болып, аяғы сұйылып кетті.* Баба Мата сөзінің *б а с ы т а у д а й* болып келсе де, *а я ғ ы* сиыр құйымшақтанып келіп, *қ ы л д а й* болып кетті (М.Әуезов, Шығ.).

Басы тең. *Артық-кемі жоқ, бір-біріне сай.* Ердің атын шығарар Алған жары ақылды Өзіңмен *б а с ы т е ң* болса (М.Өтемісов, Шығ.).

Басы түйісті. *Бір жерге жиналды, кездесті, жолықты.* Ас айналасында *б а с ы т ү й і с к е н* тобықтының ақсақал, қара сақалдарының бәріне Оразбай төрені тіпті көрмей жатып әдейі көпірте мақтап қояды (М.Әуезов, Шығ.).

Басы шатаққа ілінді. *Шатылды, даудамайға қалды.* Өзі жалғыз болғанмен, Әділдің *б а с ы ш а т а қ қ а і л і н с е,* қаны қызбай тұра ма? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Басы шатасты. *Қателесті, алжасты, былықты.* Байғұстың малы жоғалып, *б а с ы ш а т а с ы п* жүр ғой (А.Тоқмағамбетов, Шығ.).

Дудар бас. *Бүйраланып өскен қалың шашты адам.* Арыстан Кәрімді көргенде, қалың қара шашы қиылмай, бүйраланып өскен, *д у д а р б а с* көрінді (Ж.Тілеков, Жоңғар.).

Есіктегі басы төрге жетті. *Жақсылыққа, игілікке қолы жетіп, теңелді, жетілді.* Қозғамбайдың қызын Жақыптың баласы алса, Қозғамбайдың *е с і к т е г і б а с ы т ө р г е ж е т к е н і* емес пе? (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны).

Жеке басы. *Бір өзі, жалғыз өзі, жеке өзіне қатысты.* Ағуашылардың айласы болуға да ықтимал; *ж е к е б а с ы н ы ң* намысына тигендіктен, тентек қажының тұра сала атқа мінуі де ғажап емес (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Сонымен бірге, А.Белова атап өткеніндей, қоғамдық көліктерде тәртіпті қамтамасыз ететін органдардың нашар бақылауы салдарынан кәмелетке толмаған балалардың көп ретте *ж е к е б а с ы н* куәландыратын құжаттарынсыз немесе тууы туралы куәлігінсіз де елге өткізіле беретіні алаңдаушылық туғызады («Егемен Қазақстан»).

Жұмыр бас пенде. *Тіршілік иесі, жұрт қатарлы пенде, адам.* – Сөйлестім, дәл айтуға менің де батылым жетпеді, оспақтай айтқаныма түсінген-түсінбегенін шамалай алмадым, *б а с ы ж ұ м ы р п е н д е* емес пе, көмекейі бос сияқты... [деді Шыңғыс Шамырайға] (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Жұмыс басы. *Жұмыстың қайнаған ортасы, негізгі жұмыс күші шоғырланған жер.* Ұзақ күн даладағы *ж ұ м ы с б а с ы н д а* болып, кеңсеге әлгі әзірде ғана оралдым (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен).

Жыл басы. *Он екі айдың біріншісі, жылдың алғашқы айы.* Моңғолдармен аралас-құралас отыратын қазақтар кейде табиғи заңдылықты бұзып, «біз ұлыс күнін көпірден бұрын қарсы аламыз» деп олардың «шағанының» (цагаан – ақ, сар – ай, цагаан сар – ақ ай, *ж ы л б а с ы*) алдын бір апта бұрын салып та жіберетін («Түркістан»).

Ит басына іркіт [айран] төгілді. *Аста-төк, ағыл-тегіл молшылық болды.* Кеше *и т б а с ы н а і р к і т т ө г і л і п* жатқанда Сейфолланның бір өзін ауырлаған жоқ еді, енді бұлар үшеу ғой (С.Талжанов, Сейфолла.). Күллі жұмыс машинамен істеледі. Молшылық дегеніңізде есеп жоқ. *И т б а с ы н а і р к і т т ө г і л д і* (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Есіл, Нұрада егін шөлдеп, пішен күйіп кеткенде, қырда *и т б а с ы н а а й р а н т ө г і л д і* (М.Тиесов, Дала.).

Кісі басы. *Әр кісіге, әр адам.* Анар әр тәрелкеге ақ ірімшік салып жатып: – Людвиг Федорович, сіздің жақсы көретін қазақ творогінен басқа бүгін ешнәрсеміз қалмапты. *К і с і б а с ы* бір жұмыртқа, бір қасық сары майдан бас-

қа түк қосарым да жоқ. Кешке қарай бәрі де болады, – деді. Фон Штейн ірімшікті мақтай бастады, басқалары бас көтермей жеуге кірісті (Ғ.Мүсірепов, Жат қолында).

Қақ басынан. *Тура, дәл бастан.* Ұйықтап кетіп, шошынып тез оянды, Жұтқалы көрді келген айдаһарды. Не де болса тәуекел қылды дағы, Қанжармен *қ а қ б а с ы н а н* шауып қалды (Абай, Шығ. жин.). Қазір мынау жас төренің Құнанбайды «Құнанбай» деп баттитып айтқаны, кектесін *қ а қ б а с қ а* бір салғандай, Оразбайға жағып отыр (М.Әуезов, Шығ.).

Қаны басына тепті. *Қатты ашуланды, ыза болды.* Қиястанып жатып алған кесір биесін ұрып-ұрып орнынан тұрғыза алмай, *қ а н ы б а с ы н а т е п к е н* ашулы иесі, ақыры аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығып, боқтанған қалпы биесінің құлағына жармасты (Б.Мұқай, Жәй оғы.).

Қара [қарақан] басы. *Жеке басы; бір өзі.* Екінші түрлі адамдар: өздерінің *қ а р а б а с т а р ы н ы ң* пайдалары үшін көпшіліктің басын сатқан, арын, имандарын сатқан теріс сипатты адамдар (С.Сейфуллин, Таңд. шығ.). Ол кезде *қ а р а б а с ы м* хан емес пе ем? Таңырқап барлық кедей таң емес пе ең? Есіктен саумал беріп «кет» деп ұрсып, Төрге кедей шығару шам емес пе? (Б.Майлин, Шығ.). Еркебұланға өз ошағы бүтін, өз шаңырағы түзу болса болғаны. Ал *қ а р а қ а н б а с ы н а* ауыртпалық түссе, одан құтылу жолында аянып қалары жоқ («Қаз. әдеб.»).

Қара басын күйттеді. *Өз жағдайын ғана ойлады.* Ол *қ а р а б а с ы н к ү й т т е у м е н* болды (Ауызекі).

Қасқа бас. а) *Маңдай түгі тұмсығының, кеңсірігінің үстіне дейін ақтау болып келген түйе.* ә) *Маңдай шашы жоқ, жылтыр бас (ер адам).* – Сендер мекемеде қинайсыңдар, анау қасыма отырған *қ а с қ а б а с т ы ң* төбесі тесік, – дейді (М.Дулатов, Шығ.). Мүсілім орнында отыра алмай қозғалып, тыжырынып, *қ а с қ а б а с ы н* қайта-қайта орамалымен сүрте берді (З.Шашкин, Теміртау).

Құ бас. а) *Бас сүйегінің жалғыз өзі.* Құлағын кесті құнтитып, Мұрнын кесті шұнтитып. Екі көзін ағызып, *Қ у б а с ы н* қойды сымпитып (Батырлар жыры). Бас сүйек немесе *қ у б а с* туралы шығыс әдебиетінде де, Батыс әдебиетінде де аз жазылмаған. Әлем руханияты бұл арқылы адамға тіршіліктің мәнін, махаббат пен ғадауаттың мәңгілік майданы, екі дүниенің жанды сырын сәтін, өлінің – тірі, тірінің – өлі хақындағы мажазиі мен мұғайынын жүргізуді көздейді («Жас Алаш»). ә) *Жалғыз басты, баласы жоқ.* Жерге кірсең де қоймаспын, Сырым! Жаратқан, мұндай итті бергенше, *қ у б а с* қып, сорлы ғып неге қоймадың (М.Әуезов, Шығ.). Ертең қозым келгенде, Серкем қайда дегенде, Мен сияқты *қ у б а с* шал Не деп жауап береді (Алпамыс).

Құдай басқа салмасын [бермесін]. *Құдай мұндайды көрсетпесін, Тәңірі өзі жар болсын, құдай сақтасын деген мағынада айтылатын сөз.* *Қ ұ д а й б а с қ а с а л м а с ы н* сен секілді Желмен жерге жығылып жар сүзбекті. Обалың бір құдайға байғұс сенің. Қақтырып қойған мұнша бос селтекті (Абай, Шығ. жин.). – Автоматтай зіркілдеп бір кетті дейсің... *Қ ұ д а й б а с қ а б е р м е с і н* (Ғ.Сланов, Домбыра.).

Қызба бас. *Желөкпе, албырт.* Бір нәрсені ұнатса, Қайта ойланып қарамас. Мақтанып жүртты шулатса, Құмары сол *қ ы з б а б а с* (Абай, Шығ. жин.).

Мал басы. *Малдың жайылымы, далалық, жайлау.* Қанша газет-журналдар мұнда жатыр, ал адресаттар сонау *м а л б а с ы н д а,* жайлауда тұрады (Ә.Тәжібаев, Гүлден.).

Оттың басы. а) *От жағатын жердің маңы, айналасы.* Сырмақ қып астына, Байының тоқымын. *О т ы н ы ң б а с ы н а,* Төрінің қоқымын (Абай, Шығ. жин.). Жиырма бесте кей ынжық, Қыр басына шыға алмай. *О т б а с ы н д а* омалып, Өткенде болған осылай (Қ.Қуанышбаев, Өлеңд.). ә) *Үй іші, жанұя.* Айдау көріп мал азды, Үйқысы кетіп жан азды, Қатын мен бала домықты, *О т б а с ы н д а* отырған («Қаз. әдеб.»). Әуелгі күннен бастап-ақ менің мойныма *о т б а с ы н ы ң* барлық міндеті жүктелді (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал). – Тарт қолыңды! Берекетін алма *о т ы м н ы ң б а с ы н ы ң,* – деді Аққемпір (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Әкемнің ағайынға айбарлығы, апамның естияр да ақылдылығы ... екі *о т т ы ң б а с ы н ы ң* жарастығын арттырып, көңірсіте түсіретін еді («Қаз. әдеб.»).

Өз басым. с ө й л. *Сөйлеушінің жеке өзі, өзі.* Менің *ө з б а с ы м* үшін батқаны – клуб сияқты абыр-дабыр мол орынның болмауы емес, кітапхананың жоқтығы болды («Қаз. әдеб.»).

Өкімет басы. с ө й л. *Мемлекеттің жоғары билік органы.* Менің ойлап-ойлап тапқаным – Жалау жолдас сен болдың. Сен *ө к і м е т б а с ы н д а ғ ы* ақсақалымыз едің. Сен нағыз қазақтың бел баласы едің. Сен адырайған адай едің. Мұңымды мен жалғыз-ақ саған шағамын (М.Дулатов, Шығ.).

Сау басқа сақина тіледі [сау басын саудаға салды]. *Жоқ жерден жұмыс, жоқ жерден ауру тілеп алды; өзіне-өзі істеді, өзін дауажанжалға іліктірді.* Ескіліктің шырмауына оралып, *с а у б а с ы н с а у д а ғ а с а л ғ а н* жас келіншек халі актриса З.Шәрипованың орындауында тым аянышты («Қаз. әдеб.»). Жиын ішіндегі тілді-ауызды шешендер Алтай ауылының

адамдарымен сөйлесіп, арылып шықты. Олардың жауабы: «Біз жақсылықтың бұл жұмысын білмейміз. Мынау елдің береке-бірлігінің үстінде *сау басымызға сақина тілейік* деген ниетіміз жоқ» (М.Әуезов, Шығ.). Бодан *сау басына сақина тілеп* алып, енді содан құтылатын жол іздеуде (Б.Соқпақбаев, Шығ.).

Сәждеге бас қойды. д і н и. *Шариғат жолын ұстанды, намаз оқыды.* Нұрыш, сен де жас емессің, пайғамбар жасынан асып барасың. Құдайға мінәжат қылып, *сәждеге бас қоятын кезің* жетті ғой, – деді Сыдық Нұрышты жеп қоярдай қарап («Лен. жас»). *Сәждеге* баршалары *бас ын қойып,* Қорыққаннан ғарыш ағланы барып құшты (Мәшһүр Жүсіп, Шығ.).

Соқа бас. *Үйленбеген, салт басты (ер адам, жігіт).* Ал Қарабас *соқа басы* жүріп, соңынан қалың қол ерткен қаһарлы қолбасшыдай. Бүкіл кітаптың арқауын ұстап тұрған да осы («Қаз. әдеб.»). Осылайша айлар жылжып, жылдар зымырап өтіп жатты. *Соқа басым.* Жұрт мені депутат етіп сайлады («Лен. жас»).

Тақ басына әкелді. *Таққа отырғызды, билікке жеткізді.* Темірліктерді *тақ басына әкелін,* патшалығын жаулап берген Алтын Ордадан шыққан түркі тайпалары болатын... Хан болып, халықты билеп бағызылар, Көрсетіп әділшілік мінген таққа. Қан төгіп бағызылар қаһарлы боп, Аямай зұлымшылық еткен халыққа (М.Дулатов, Шығ.).

Ұшар басы. *Ең ұшы, биік жері.* Жетікарақшының шөмішті басы жай оғынан қақ айырылған ескі еменнің *ұшар басына* тірелген («Лен. жас»).

Шақшадай басы шарадай болды. *Не істерін білмей, дал болып абыржыды, миы ашыды, басы қатты.* Ал өзім неге кешіккенін біле алмай, *шақшадай басым шарадай* болды («Лен. жас»).

Шөп басын сындырмады. *Ешнәрсеге қол тигізбеді; ешқандай жұмыс істемеді, еңбек етпеді.* Мұнтаздай етіп жазған «Фаустың» қолжазбасын Гете үлкен конвертке салып, мөр басып тығып тастайды. Осыдан өмірінде екі ай бойы *шөп басын сындырмайды* («Қаз. әдеб.»).

БАС[2] [итал. basso] з а т. м у з. **1.** *Ер адамның ең төменгі жуан даусы.* Тураху – дөң жауырын, дүбір аяқ кісі. Даусы да бір шаманы басатын *бас* (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.). **2.** *Ең жуан даусты әнші.* **3.** *Төмен тембрлі ұрлемелі сазды жез аспап.* Оркестрдің құрамына домбырадан басқа баян, прима, контрабас, *бас* сияқты аспаптар енгізілді («Қазақст. мұғ.»). Қазір қазақтың ұлт аспаптар оркестріне *Бас,* домбыра қосылған (ҚҰЭ).

БАС[1]= е т. *Қозғалып жүру, адымдау.* Көп кідірмей Шәмкеш төңірекке қарады да, күзетшінің даусы естілмеген соң, сызыла *бас ып* үй артындағы жарлауытқа таман аяңдады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, соқыр-мылқау танымас тірі жанды. Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, *Бас қан* жері сықырлап келіп қалды (Абай, Тол. жин.). Аздан соң сауырынан ақырын ұрып қалғанда, торы ат өрге қарай секіре *бас ып,* өрлей береді (М.Әуезов, Әңгіме.).

Абыройын аяққа басты. *Ұятқа қалдырды, масқара етті.* Ата-ананың *абыройын аяққа бас қан* қыздың балалыққа не сәні бар (Б.Майлин, Шығ.).

Адымын санап басты. *Асқан сақтықпен, абайлап, байқап жүрді.* Құлдар ше? Құлдар жуасып, *Адымын санап* жүр *бас ып.* Сөйлесер жөн аз сыр ашып, Көрер ме еді сынасып (Ж.Молдағалиев, Жесір).

Алға [ілгері] басты. *Ілгеріледі, өсті, дамыды.* Ол үнемі бізге «Не істеу керек? Қайтсек біз *ілгері басып,* ел қатарына қосыла аламыз?» деген сұраулар қойып, солардың шешуін, жауабын табуға тырысты [«Айқап»] (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.).

Алшаң басты. а) *Аяқты дандайсып, дәсерсіп басты.* Мен боламын демеңдер, Аяқты *алшаң басқанға.* Екі көзің аларып, Құр қарайсың аспанға (Абай, Тол. жин.). Мырзаның адымды арғымағы *алшаң басып* өзен бойындағы қой тастардан оқтын-оқтын қарғып өтіп, ілгері едәуір озып кеткен (Ғ.Сланов, Асау арна). ә) *Ешкімге тәуелсіз, еркін болды.* Өмір сүре бергің, өмір сүре бергің, *алшаң басып* осы өмірде жүре бергің, жүре бергің келеді! («Лен. жас»).

Аңдап басты. *Абайлады, сақ болды.* Аяғыңды *аңдап бас.* Ей, Жақсылық? Өз басыңда жының бар бір бақсылық. Борышқорлық адамға қиын нәрсе, Әрқайда өсткізеді мал тапшылық (Абай, Тол. жин.).

Ата дәстүрін аяққа басты. *Дәстүрді, салтты сақтамады, аяқасты етті.* Шотыекең жары «жесірімді алып қашып кетті, Елдік намыс жыртылды, *ата дәстүрін аяққа басты*» деп басқа пәлендей лаң көрдік дей алмады (Д.Әбілов, Арман.).

Аяғын әлтек-тәлтек басты. *Аяғын қалай болса, солай басты, тәлтіректеді.* Жолда Таранов ұшыраса кетті. *Аяғын әлтек-тәлтек басады,* удай мас екен («Лен. жас»).

Аяғын баса алмай қалды. *Жүру мүмкін болмады, жүре алмады, тұра алмай қалды.* – Жануар тіпті *аяғын баса алмай* арықтапты ғой. Ана жолы да осы Қара қатын бір семіз биенің тобығы шықты деп сылтауратып...

Бұған ыңыршағы айналған арық жылқы тауып бермесең, қоңы бар атты құтайтпайды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Аяқ баспады. а) *Жүрмеді, жылжымады.* Жан серігі Бурыл ат Ілгері *а я қ б а с п а й д ы.* Омырау қағып ақсайды (Қобыланды батыр). ә) *Жуымады, жоламады, сақтанды.* Болат екеуміздің достығымыз мүлде үзіліп, бір-бірімізге *а я қ б а с п а д ы қ* («Қаз. әдеб.»). Жамандық жақсылыққа қарар салқын, Долығы тез басылып, қайтар қарқын. Ұлыққа қошеметшіл құл сықыл-ды, Қатерге *а я қ б а с п а с* көрмей артын (Абай, Тол. жин.).

Аяқ басты. *Белгілі бір белестен, жас кезеңінен өтті, алға жылжыды.* «Ұлы жол» колхозының атақты шопаны Күнтуар биыл 66 жасқа *а я қ б а с т ы* (С.Омаров, Шығ.).

Аяқ басу. *Белгілі бір, жаңа кезеңге өту.* Бұл шығарма дұрысында әдебиетіміздің үстіртіндіктен тереңдікке *а я қ б а с у ы н ы ң* нышаны еді (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

Басқан ізде белгі жоқ. *Өткен өмір белгісіз, із-түзсіз. Б а с қ а н і з д е б е л г і ж о қ,* Өткен күн де енді жоқ (І.Жансүгіров, Шығ.).

Басқан ізін білдірмеді. *Тұқ білдірмеді; іс-әрекетін айламен жасырды, сездірмеді. Б а с қ а н і з і н б і л д і р м е й* жүретін айлалы, епті Тәңірберген де татар байының тырнағына түсіп қалардай-ақ оның алдында етек-жеңін жинап отыратын еді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Басқан ізіне түрмайды. *Оның қасында тұқ емес, пара-пар келмейді, теңі емес.* – Қаратаздай бола алмайсыңдар. Оның *б а с қ а н і з і н е* де *т ұ р м а й с ы ң д а р,* – деп бұрқылдады [Судыр Ахмет] (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

Аяққа басты. *Арын төкті, қорлады, намысына тиді.* Алтын – әлек. Алған адам Байлығына таспай ма? «Теңелдім», – деп, «кенелдім», – деп, Жұртты *а я қ қ а б а с п а й* ма?! (Б.Майлин, Шығ.).

Басқан ізіне [жеріне] шөп шықпайды. *Ниеті теріс, қу, арам. Б а с қ а н і з і н е ш ө п ш ы қ п а й т ы н ғ а* сеніп тапсырғысы келмеді (Ауызекі).

Басқан ізін аңдыды [санады]. *Не істеп, не қойғанын қалт жібермей бақылады, назардан тыс қалдырмады.* Мына кемпірі құрғыр мұрсат бермейді, *б а с қ а н і з і н а ң д ы п,* әрбір қимылын сынап, «күлекештік-қыздың соры» деп отырады (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш).

Басып озды. а) *Қуып жетіп, алға озып кетті.* Адымы алыс атпенен жарысқанда, *Б а с ы п о з а р* байталды ыржаңдатып (Жамбыл, Шығ.). Бір салт атты поезды *б а с ы п о з ғ ы с ы* келгендей, үлкен жолмен ұшыртып келеді (З.Шүкіров, Жас жесір). ә) *Еңбекте, оқуда т.б. әріптестерінен, қатарластарынан артық болды.* Жоғалған бізден бес жылқы, Төртеуі торы, бірі боз. Білгенің айтып беріңіз, Қатарыңнан *б а с ы п о з*! Біліп тұрып айтпасаң, Шіл боғындай ыдырап, тоз! (Бабалар сөзі).

Басып озу. *Басқалардың алдына шығу, артық болу.* Әбибаның бүгінгі қылмысы тек *б а с ы п о з у д ы* көздеген, оның кешегі мәресі 81 қой болса, бүгін түс болмай-ақ 40-тан асырды (Е.Тұрысов, Келіншектау).

Басып өтті. *Бір нәрсенің үстінен өтті, жүрді.* Ойпаттау жерде асфальт жолын белінен *б а с ы п ө т і п,* әрі қарай ақтарылып жатыр (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

Жаза басты. *Қателесті, жаңылды.* Аз күн болып түсіп қалған Әдхам артына көп сөз қалдырған, қазір өзін көргенде сол сырт естумен *ж а з а б а с п а й* таныды (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Жұмағұл сырына әйелі жақсы қанық. Оның *ж а з а б а с п а й т ы н ы н а* кәміл сенеді, сондықтан да екі айтқызбайды (Ә.Нәбиев, Шолпан).

Жебелей басты. *Ентеледі, екпіндеп, шапшаң жүрді.* Жүгірген бала, *ж е б е л е й б а с қ а н* еркек-әйелдер көрінді (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Қадам басты. а) *Жүрді, аяңдады. Қ а д а м б а с с а ң* кездесіп, Көрінед көзің шалғанда. Құдық пен құдық арасы, Айшылық десем жалған ба? (Жамбыл, Шығ.). ә) *Бір нәрсеге бет бұрды, бір істі бастамақ болды.* Деп салып бір сұмдыққа *б а с т ы қ а д а м,* Тайынбай, жиренбей лас, күнәдан (Ғ.Қайырбеков, Шығ.).

Қаз басты. а) *Апыл-тапыл аяқ басты, жаңа-жаңа жүре бастады.* Баласы енді ғана *қ а з-қ а з б а с ы п,* жүруге талпынып жүр екен (Ауызекі). ә) *Бір істің енді ғана басталуы. Қ а з б а с ы п* қанат қаққаннан бері («Ана туралы аңыз» фильмі) талай фильмдер бәйгесіне қатысып, жүйріктермен үзеңгі тебісіп, жүлдеден жүлдеге ие болып отыр («Қаз. әдеб.»).

Маң-маң басты. *Жайымен, байпаңдап жүрді.* Салпаң құлақ саулықтар, *М а ң-м а ң б а с қ а н* маралдай, Кімде мұндай байлық бар, Еңбектен өскен аянбай (Т.Жароков, Таңд. шығ.).

Өкшесін басты. *Соңынан ерді, тете өсті.* Ұмсындық болса, *ө к ш е м д і б а с ы п* жүр, – дейді Қортық (Қ.Тайшықов, Шығ.).

Тәй-тәй басты. *Апыл-тапыл аяқ басты, енді-енді жүре бастады.* – Маған Жақан кеше ғана *т ә й-т ә й б а с ы п* жүрген сияқтанады да тұрады. Ал, енді қарасаң, соқталдай жігіт болып қалды... – дейді Әукең қарт («Қаз. әдеб.»). Өсе келе баланың аяқ-қолының қимылдары күрделеніп, алғаш отыруды үйренеді, сонан соң қаз тұрады, ең ақырында аяғын *т ә й-т ә й б а с ы п* жүруді үйренеді (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.).

Шалыс басты. а) *Қисаландап әрең жүрді, тәлтіректеді.* Ентігіп есек жүгін ауырлады, Моншақтай мойнынан тер сауылдады. Аяғын

ш а л ы с б а с ы п, әлі құрып, Сондағы атқа айтып жалынғаны (Ө.Тұрманжанов, Қарлығаш). ә) *Қателесті, жаңылды.* Өмірде аяғын *ш а л ы с б а с қ а н д а р* көп қой, солардың бірі болмағай, – деп апам мені құшақтады («Лен. жас»). Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма? Біреуге жай, біреуге тез болмай ма? Асау жүрек аяғын *ш а л ы с б а с қ а н* Жерін тауып артқыға сөз болмай ма? (Абай, Шығ. жин.).

Ілгері басты. а) *Алға басты, жылжыды, ілгеріледі.* Ат қолтығынан келетін қалың қасат қарды бұза шауып, ұзақ сабыла қашып, әбден діңкесі құрыған сарықарын мама биелер *і л г е р і б а с у ғ а* құқылы болмай, аяқтарын жалқаулана, еріне аттайды (Ж.Тұрлыбаев, Тамыз таңы). ә) *Дамыды, жетілді, өркендеді. І л г е р і б а с қ а н* елі бар, бірлігі күшті, қадамы қуатты, жас жұртты жасаушылардың біріміз (І.Жансүгіров, Шығ.).

БАС[2]= е т. **1.** *Жел ұшырып кетпес үшін жеңіл нәрселердің үстін ағаш, темір сияқты салмақты нәрселермен басып қою.* Кеше әкелген сабан әлі кіргізілмепті, үстін *б а с ы п* қойыңдар, жел тұрса ұшырып, шашылады (Ауызекі). **2.** *Бір нәрсенің үстіне күш түсіріп жаншу, таптау, мыжу.* «Бір күні құлап кетіп, балаларды *б а с ы п* қала ма» деп үрейленіп, жаңа үй салуды арман ететін (А.Лекеров, Түз гүлі). **3.** *Бір нәрсені ұстап, жібермеу.* Мына қара қаншық қоянды қашырады да, енді не қыласың деп қарап тұрады. Нысанаң жақын болса атасың да, алыс болса *«б а с»* деп нұсқайсың (С.Бақбергенов, Қарға там.). Асыл бір аяғымен бураның желкесінен *б а с ы п* тұрып жазағашқа байланған айылқұрдың бірін шешіп, алдыңғы екі аяғын мықтап тіздеп тастады (С.Балғабаев, Шөл.). Жем *б а с қ а н* жерінде қойқаңдап біраз отырып, ителгі көтеріліп ұшып аспанға шықты (С.Бегалин, Таңд. шығ.). **4.** *Жапсыру, жапсырып шығару.* Суретіңізді сұрайды. Кітапқа *б а с а т ы н* көрінеді (Ғ.Мұстафин, Шығанақ). **5.** *Жұқті, әртүрлі заттарды көлікке тиеу.* Бірімен бірі уәделесіп қойғандай (ауқаттылар) күн сайын екіүшеуі қалаға сабасын арта, тоқтысын *б а с а* келеді (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). «Қасымда адам бар ма?», – деп, Төңірекке қарады, Арбаға *б а с қ а н* пішендей, Тұлпарға артып барады (Қамбар батыр). **6.** а) *Түгелдей жабу, көбею, молаю, қаптау.* Қу шөптің орнын қазіргі күнде аласа бетеге, жасыл тарлау, шашыраған жас көде, шашақталған жас сасыр *б а с қ а н* (М.Әуезов, Қараш.). Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан Күз болып, дымқыл тұман жерді *б а с қ а н* Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма, Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан? (Абай, Шығ. жин.). Ауа райы күрт бұзылып, аспанды сірескен қара бұлт *б а с ы п* кетті, азынап жел тұрды (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). ә) *Көп болып келу, басып алу.* Қалың олжай құрып кетті деп түрмысың! Селдей *б а с а р м ы н,* – дейді Қыдыш Тәнекеге (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Сыбаға әкелген қадірлес абысын-ажын, бәйбіше-келін Ұлжан ауылын *б а с ы п* жатқан болу керек (М.Әуезов, Абай). **7.** *Киіз басу.* Шетінен сегіз қанатты, ақ жүннен *б а с ы п,* күйген сүйектің күлімен бояған үзік-туырлықты, сүйегі шомбал, қыпшақ иінді киіз үйлер Жанботаның басшылығын да, атағын да алыстан айбарақтай танытқандай (С.Сматаев, Алғашқы.). **8.** ж а ғ ы м с ы з. *Бір нәрсеге салыну, жолына түсу.* Жігері құм болған бай пәлекорлыққа *б а с ы п* сондағы елді Сәкендерге қарсы айдап салды («Қаз. әдеб.»). **9.** *Салмағы артық болу.* Жел сөзді ақылың болса, айтпа тасып, Жұрт көрер таразыны кетсең *б а с ы п,* Бір ауыз сөзге «талақ боласың» деп, Жөніңнен барасың сен неге адасып (Айтыс). **10.** *Күйдіру, қару, белгі немесе таңба салу.* Мырза малына ен салмайды, таңба *б а с а д ы* (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). – Білмеді ғой сый-құрметті, жүрмеді ғой қолқа сірә, – деді де ол бұйрық етті; – *Б а с* – деп, жұлдыз арқасына (С.Мәуленов, Тартыс). **11.** *Азайтыңқырау, бәсеңдету, төмендету.* Шамды сөндірмей сығырайтып, білтесін *б а с ы п* қойды, кеш жатқан жұрт жастыққа басы тиер-тиместе қор ете қалды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). **12.** *Отырған орнынан табу, үстінен түсу.* Жиналыста отырған жерінде *б а с ы п т ы,* өздері қалжау көрінеді, ұзай қоймаған шығар (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). **13.** *Дәнді дақылды қауызынан, сабағынан бөлу, дәнін ажырату; бастыру.* Енді жетісегіз күнде жинап, *б а с ы п,* мемлекетке де өткізіп үлгіруші еді. Әттеген-ай, мына жауын!.. (З.Шашкин, Өмір.). Жас күнімде көрдім егін шашқанды, Каток жегіп атпен егін *б а с қ а н д ы* (Пернедегі терме.). **14.** *Күшпен жеңіп, бағындыру.* Менің бел байлаған тәуекелім – жауды абайсызда оған сездірмей *б а с ы п* алу (Б.Момышұлы, Жауынгер.). Көптеген қалаларда басталған көтерілісті үкімет әскери күшпен *б а с т ы* («Лен. жас»). **15.** а у ы с. *Бір нәрсенің күшін, уытын қайтару, бәсеңдету.* Аскофен күніне екі-үш рет бір таблеткадан ішіледі, бұл дәрі дене қызуын *б а с а д ы* (Е.Оразақов, Дәрігер.). Осы қымыз қазаққа, Мақтаның ба, асың ба? Қымызды *б а с а р* артынан, Ет даяр ма қасында? (Абай, Шығ. жин.). **16.** а у ы с. *Тоқтату, бәсеңдету, өршітпеу.* Өмірде ойға түсіп кемкетігің, Тулағыш мінезің бар, жүрек, сенің. Сонда сенің отыңды *б а с а т ц ғ ы н,* Осы өлең оқитын дұғам менің (Абай, Шығ. жин.). Зылиха бір майлы жамбас әкеп қойды да, екеуін де бүгін ашулы екенсің, ашуларыңды *б а с,* – деп күлімсіреді (Ғ.Мұстафин, Миллионер). **17.** *Мылтықтың шүріппесін немесе басқа да заттардың басқыштарын қолмен, аяқпен қозғалысқа түсіру.* Жирен

орыс беліндегі алтатарын алып, құлағын қайырып, бірдемесін *б а с ы п*, бұрап шыртылдатып, айналдыра бастағанда Ақбілек өзімді атып тастар ма екен деп жүрегі сескенейін деді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Осы кезде Костоев гүріс-гүріс етікізіп, жебей-жебей екі дүркін шүріппені *б а с т ы* (Қоғамдық төртіп.).

Айқайға басты. *Айқайды үдетті, айқай салды, айқайлады.* Барғызамын, – Қоғамбай да *б а с т ы а й қ а й ғ а,* – Барасың! Колхозға айтам, ауданға айтам, мәселеңді қарасын (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Айыбын [күнәсін] бетіне басты. *Кінәсін, кемшілігін көзіне айтты. А й ы б ы н б е т і н е б а с ы п* көрсету – күйе жағып көрсетумен бірдей болғандықтан, даттау деп те айтылады (А.Байтұрсынов, Шығ.). [Нұрғали] *а й ы б ы н б е т і н е б а с ы п* отырған Ділдадан бұрылып, сырт беріп кеткені де болды (Б.Майлин, Шығ.).

Албасты бассын [басқыр!] қ а р ғ. *Қырсық шалсын, ісің оңға баспасын, ауру-сырқауға ұшырағыр.* Итке темір не керек демекші, алпамсадай болған *а л б а с т ы б а с қ ы р-а у,* жүйрік ат сенің қай теңің-ей?! (З.Жәкенов, Таң самалы). – *А л б а с т ы б а с с ы н* сені, маубас неме! Ана шаруаны біреу келіп бітіреді деп жатырсың ба, түр! – деп шайпау әйел жержебіріне жетті («Ана тілі»).

Албасты басты. *Қырсық шалды, ісі оңға баспады.* Өмірі абүйір байланбаған сұқым! Отыр енді *а л б а с т ы б а с ы п!* – деп, байын тағы бір мүжіді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Осы үйде, осы үйге келсе-ақ *а л б а с т ы б а с а д ы* иығынан. Наурыз келе жатыр деген жоқ па? Жалғыз емес... Бір күнде... Төрт құбыласы бір күнде теңгерілмек... (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

Аптабы басылды. *Ыстығы басылды, салқын түсе бастады.*

Аптығын [әптігін] басты. *Сабасына түсірді; қарқынын, жынын, көкірегін басты.* Өзге елді қызым екеуіңіз қолға алыңызшы, дәл Борсақтың *а п т ы ғ ы н* өзім *б а с а й ы н.* Тәнеке, Жантастық жын өзімнен де табылады, – дейді Нұрқан (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Аузын басты. *Шайнады, жеді.* Арандай аузын ашты да, *А у з ы н* қарш-қарш *б а с т ы* да, Өлімтікті жұлқылап, Тұмсығын тыға жабысты (Т.Жароков, Мұз тұтқыны).

Ашуға [ашу-ызаға] басты. *Ызаланды, долырды.* Қолға түскеннен кейін асау қырандар табиғи қорғану дағдысымен шошынып, абыржып, қорынып, қорқып, секем алып, әрбір сәт сайын қауіп-қатерден өзін арашалауға дайын тұрады. *А ш у-ы з а ғ а б а с ы п,* өлердей булығады (Ж.Бабалықұлы, Қыран).

Ашуын басты. *Сабасына түсті, ашуы қайтты.* Осы кезде қарсы алдынан Науан шыға келіп, ана *а ш у ы н б а с а* қойды. Қу түйіншекке бола шалының соншама қорғаншақтана қалғанын ұнатпастан, сәл ашуланғаны да рас еді (А.Байтанаев, Қыран.). Е, бәсе, аузыңа келгенінді айтып оттағанша, манадан бері соны айтсаңшы деп, бай ашуын *б а с а д ы* (Қаз. ертег.).

Әнге басты. *Ән салды, әндетті.* Бәрі де домбырашы, өлең айтқыш. Кететін *ә н г е б а с с а,* судай жылжып (Айтыс).

Балапан [жұмыртқа] басты. *Жұмыртқадан балапан шығарды.* Жыланның жұмыртқасын тауып алып, *Б а л а п а н* ғып ашпақ боп *б а с т ы* тауық. Өз баласы секілді еміреніп, Шайқап жатты сүйсініп ауық-ауық (Ө.Тұрманжанов, Қарлығаш).

Баса көктеді. *Киіп жарды, ентеледі, аяқ астына таптады.* Атты әскерлер жолындағы елді *б а с а к ө к т е п* бет-бетімен өтіп жатыр (Ә.Әбішев, Шығ.). Шәукиген сақалды сары кісі, мына қара бала сияқты *б а с а к ө к т е м е й,* иба сақтағандай (Б.Майлин, Азамат.). Үстіне *б а с а к ө к т е п* кіріп келгеніне қазір жыны қозып жатыр. Бірақ ашу шақыруға әлі жоқ (С.Елубаев, Жарық дүние).

Бас салды. а) *Алай-бұлайға қаратпай шап беріп ұстады.* Сол сәт *б а с с а л ы п* көбелек қуа жөнелгім келеді, ауыл өмірінде үлкен кісінің соңынан жүгіру барып тұрған әбес нәрсе (Ж.Саин, Жол үсті.). Бірі қашса, мыңы *б а с с а л а д ы,* тұмсығын тығып жабыса қалады (А.Тоқмағамбетов, Әке.). Кирелең ете қалған күзенді Ақтабан да *б а с с а л д ы* (Т.Дәуренбеков, Шекісу.). ә) *Кенеттен, бірден иеленді, бағындырды.* Жау таңертең алғаш шабуыл бастағанда барлық самолетін біздің қалаларымызды қапылыста *б а с с а л ы п,* молаға айналдыруға жіберген екен (Ә.Әбішев, Замана.). Өш алуға келгенде айлақор, үндемей *б а с с а л а т ы н* сабырлы аға сұлтан табанда шу шығармай, «тұра-тұр бәлем!» деп ішінен тынған да қойған (І.Есенберлин, Қаһар). б) *Құшақтай алды.* Есік алдында топай ойнап жүрген Кенжетай Қартқожаны көре сала: «Ағатайым, ағатайым!» деп тұра жүгірді... Арбадан түсер-түспестен, кеңкілдеп әжесі де *б а с с а л д ы* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Келші, бауырым, – деп, Сабыр оны *б а с с а л д ы* (Б.Әшімов, Қаражал). Жыламай тыңда, Абылай, Жараға жақсы қасқарар. Ойбайлап жаман *б а с с а л а р,* Көріспей айтты демеңіз, Осы еді біздің келген жай (Үмбетей жырау). в) *Жабысты, қомағайланды.* Үй иесі буы бұрқыраған ас әкелді. Жігіттер етке қасқырша *б а с с а л д ы* (М.Жұмағұлов, Қыран.). Қызыл қасқа бұзау ойнақтап барып, шаншылып-шаншылып тұрған төрт емшектің біреуіне *б а с с а л д ы* (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

Басып алды. а) *Өзіне қаратты, жаулап алды.* Манжурды *б а с ы п а л ғ а н д а*, Қытайға бәле салғанда, көріп ек сонда зұлымды (Жамбыл, Шығ.). Өз дегеніне жіберсең, қаружарақ складын *б а с ы п а л ы п*, бір күнде революцияны жасап бермекші, – деп қарт жұмысшы күлді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

Басып қалу. *Өзіне қаратып алу, иемденіп қалу.* Хан Әбусейіттің Қорасанда жүргенінде Самартқантты *б а с ы п қ а л у д ы ң* бәлендей қиындыққа түспейтінін білетін (І.Есенберлин, Алмас.).

Басып кірді. *Күшпен жаулап алды, жаугершілікпен күштеп енді.* Қызыл Армия бөлімдері мен партизан отряды Луковец пен Зарубенцы селоларына *б а с ы п к і р і п*, одан жаудың жаяу әскерлерін қуып шықты (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Әңгімеде Орта Азияның аса бір қатерлі жауы Тоқтамыс Ясы қаласын да *б а с ы п к і р г е н і* айтылады (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). Соғыс!.. – Германия біздің жерге *б а с ы п к і р і п т і.* Суық хабар үйденүйге лезде тарады (М.Дүзенов, Ақ-әже).

Басып салды. *Атып жіберді, бірден атып тастады.* Дала тағысы көзі қанталап, жаралы денесімен кекті өшпенділік үстінде өзіне қарай ұмтыла бергенде Жәрімбет *б а с ы п с а л д ы* (С.Алдабергенов, Өмірге жол.). Қарауылға алып жау басын, *С а л д ы б а с ы п* ер Мүрид. Қан қылып шыңның жартасын, Құлады құзға құдиып (С.Бегалин, Баллада.).

Басып тастады. *Десін қайтарды.* Шынтағынан ұстап талай *б а с ы п т а с т а ғ а н* көршісі сидиған қара жігіт министр болып шықты (Ә.Тарази, Тасжар.).

Бауыр басты. *Жақын тартты, үйреніп алды.* Қарасай қаласының бұрыннан *б а у ы р б а с қ а н* азаматтары мен азаматшалары қаланың күнделікті хабарларын теріп, өздерінше қорытынды шығарып отыратын (Б.Майлин, Азамат.). Ол балаларына үйреніп, *б а у ы р б а с ы п*, аяқ-қолын жинап, денесі ширап, жылтырап семіріп алды (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Бұл кездегі азғана жылқы бастапқыдағыдай саяқталмай жат жайлауға *б а у ы р б а с ы п* қалған (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

Бауырына басты. а) *Құшағына алды, көкірегіне қысты.* Балаларды жақсы көретін Жөкең құшағына сыйғанша *б а у ы р ы н а б а с т ы* (С.Мұқанов, Саяхат.). Жиналған топ Жәнібекпен қоштаса бастады. Алдымен әжесі құшақтап, *б а у ы р ы н а б а с ы п* сәл тұрды (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). ә) *Асырап алды, бала қылды.* Апам мен дүниеге келген күннің ертесіне дүние салыпты. Бір шаңырақта бір өзім қалған соң, осы бір қайырымды адам *б а у ы р ы н а б а с ы п т ы* («Лен. жас»). «*Б а у ы р ы м а б а с қ а н* балапаным-ай, өз қолымнан асыраған ботақаным-ай, жалғызыңнан айырылып, зар еңіреп қалдың ғой» деп бастап, ағыл-тегіл жылап, Мұратты ұзақ жоқтады (Т.Ахтанов, Таңд. шығ.).

Бетін басты. *Қатты ұялғаннан ешкімге қарай алмай, бетін қолымен жапты.* Бойы бұлғаң, Сөзі жылмаң, Кімді көрсем мен сонан. *Б е т т і б а с т ы м*, Қатты састым, Тұра қаштым жалма-жан (Абай, Тол. жин.).

Бетіне басты. *Өрескел қылықты бетіне салық етті, кінәсін көзіне айтып ұялтты.* Қарт қойшы әуелі жігіт қылығын *б е т і н е б а с т ы.* Есінде сақтасын деп әдейі қатты айтты (Қ.Қамбаров, Алтай.).

Дөп басты. *Дәл тапты, үстінен түсті, турасын айтты.* Қазақ халқы мен украин халқының достығы осыдан талай уақыт бұрын басталып еді деп *д ө п б а с ы п*, дәл айтатын дерек менің қолымда жоқ («Қаз. әдеб.»).

Дөп басу. *Дәл табу, тура түсу.* Қыран сырын дәлме-дәл *д ө п б а с у*, қас-қабағын бұлжытпай тану, талап-тілегін, қуанышы мен реңішін, көңіл-күйін ішкерілей түсіну тіпті соңғы ұрпаққа мұны ғылыммен ұштастыруға мүмкіндік туғызу артықтық етпесе керек (Ж.Бабалықұлы, Қыран).

Ентігін басты. *Демін алды, аптығын басты тыныстады.* Сабыр қатты жүгіріп келгендіктен абынып, аптығып әлі *е н т і г і н б а с а* алмай тұр («Жас Алаш»).

Еңсені басты. *Көңілді көтертпей, қамықтырды.* Соғыс деген бір зілдей сөз. Кетті *б а с ы п е ң с е м і з д і*, Ап-ауыр ғып түсіртті тез, Қолымыздан кесемізді (Қ.Аманжолов, Таңд. шығ.).

Ескі әнге басты. *Баяғы әдетіне салды, соны қайталады.* Тоқбол екеуміз ойда жоқта сап ете түскенге Ақшал әуелгіде бір түрлі қыбылжып қалды. Бірақ сәлемдесе келіп, неге жүргенімізді білген соң, *е с к і ә н г е б а с ы п*, тағы шалқая бастады (Ғ.Орманов, Жүрек).

Ескі әнге басу. *Баяғы әдетіне салу, соны қайталау.* – Олай емес, Каржауов мырза. Азаттық теңдік сөзді бетіне қалқан қылып ұстап, *е с к і ә н г е б а с у* (Х.Есенжанов, Тар кезең).

Жалғанды жалпағынан басты. *Дүниені шайқап өтті, өз ойлағаны орындалып, мақсатына жетті. Ж а л ғ а н д ы ж а л п а ғ ы н а н б а с ы п* өтіп, жасарып қайта туылып, алдым бекіп (Жамбыл, Шығ.).

Желін басты. *Арындаған, дандайсыған мінезді тежеді, жөнге келтірді.* Асауының *б а с ы п ж е л і н*, Шабандарын етіп жүрдек, Жылқайдар жүр өзіміздің, Тигеннен соң қолға тізгін, Қоюшы ма ед, майпаңдатпай (Қ.Аманжолов, Таңд. шығ.).

Жұмыртқа басу з о о л. *Құстардың балапан шығаруы.* Құстардың *ж ұ м ы р т қ а б а с у*

мерзімі – олардың түр өзгешелігіне және жұмыртқаның мөлшеріне байланысты болады (Р.Әлімбаев,.. Құстар.).

Кесте басты. *Матаға ою-өрнектер тікті, кесте салды.* Аулақ үй, терезесін қойған ашып, Іс қылып Мария отырса *кестеге басып*, Алдына терезеден бір хат тастап, Көрінбей кетіп қалды біреу қашып (Шәкәрім, Өлең. поэм.).

Киіз басты. э т н. *Қой жүнінен дайындап, әртүрлі ою-өрнек салынып, ыстық суға пісіріліп, тапталып жасалатын төсеніште білектеді.* Қой қырқып, жүн сабаған және *киіз басқан* кезде жел соқса, жүнді ұшырып әкетеді деп екі тал шиді яки шөмшекті айқастырып, жүнмен байлап қояды (А.Қайбарұлы,.. Қаз. ырым.).

Көрік басты. *Ұста дүкенінде көрікпен жұмыс істеді.* Он бес, он алтыдағы қыз *көрік басып*, бір қолымен отқа көмір қалап, енді бір қолымен темірді қыздырып отыр (С.Шарипов, Шығ.). Даңқы шыққан бала жастан, Болды біздің осында ұста, Дәл қырық жыл *көрік басқан*, Алды станок осы қыста (Қ.Жармағамбетов, Баллада).

Кір басты. *Кірледі, кір-кір болды. Кір басқан* құлаш айдары Аждаһадан кем емес, Аузын ашқан айбары. Алты жүз кірген соғысқа, Алпыс алты айлалы (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Қайғы басты. *Қайғырды, қайғы меңдеді.* Бір кезде уылжыған Жігіт еді – «жаңарыпты» Жас көңілін *қайғы басқан*, Сақал-шашы ағарыпты (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын).

Қамшы басты. *Атқа үсті-үстіне қамшы салды.* Үшеуін тізбектеп байлаған ақ *қамшыны басып* қалғанда өкшелері жерге бір тиіп, бір тимей қыз алып қашқыш батырлар дедектеп алып жөнелді (Д.Исабеков, Тіршілік). Екі ат кезек озып, қарақшыға жақындай берді, енді екеуі де аттарына оңды-солды *қамшы басты* (Н.Баяндин, Құм асты.). Қодекең шауып жүріп қимылдайды, Аямай бедеуіне *қамшы басып* (Қозы Көрпеш.).

Қапалық басты. *Көңілді реніш, кейіс басты, қатты өкпелі болды.* Қараңғы түнде *қапалық* жүректі *басты*, шықпас күн, қолдан келген қайратым – Барымды айтып шыққан үн (Абай, Шығ. жин.).

Қапыда басты [бас салды]. *Аңдаусызда, тұтқиылда ұстады.* Қаннен қаперсіз ұйқыда жатқан балуанды қарулы жандармдар *қапыда басты* (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Аспаннан шүйлігіп келіп, *қапыда бас салған* күйкентайды жылан абайламай қалды (Ф.Мифтахов, Ақ көгершін).

Қара бассын! қ а р ғ ы с. *Жолың болмасын, қырсық шалсын деген мағынада.* Өй, *қара бассын* сені, деп Сұлтан мені мазақтай бастады (Б.Соқпақбаев, Менің атым.).

Қара [әбілет] басты. *Жолы болмады, ісі оңбады.* – Елді ала тайдай бүлдіріп, сені мұнша не *қара басты*, көк төбет! – деп Сәрсенбай Күреңбайға төне берді (С.Омаров, Қайырлы.). Әуелі, Құдай, ағындым, Ата-анамды сағындым, Жауға бенде болғаным, Жау жақындап келгенде *Қара басып* өзімді Жеті пірді жаңылдым, Ұйқы басып көзімді (Батырлар жыры). *Әбілет басқан* елерме. Сөзге жуық келер ме? Түзу сөзге сенер ме? Түзелмесін білген ез (Абай, Шығ. жин.).

Құлыққа басты. *Құлық ойлады, амалын таппақ болды.* Мен тағы бір *құлыққа басты м* (Б.Соқпақбаев, Менің атым.).

Май басты. *Семірді, майланды.* Сүт бездерінің бөліктерін біріктіріп тұрған майлы тканьдер үлкейіп, кішірейген сүт бездерінің орнын қайтадан *май басады* (Ж.Қодаров, Жас ана). Ойлады, ойлағанының бәрін етті, Күніне уыс-уыс дән де септі. *Май басып* бар денесі семірген соң, Тауығы біржолата тумай кетті (Ө.Тұрманжанов, Қарлығаш).

Мауқын басты. *Құмарынан шықты, сағынышын басты.* Ол әке-шешесін көрген қарттармен әңгімелесіп, жер-суды аралап, *мауқын басты* («Лен. жас»). Қырдағы ел ойдағы елмен араласып, Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып. Шаруа қуған жастардың мойны босап, Сыбырласып, сырласып, *мауқын басып* (Абай, Шығ. жин.).

Мөр басты. *Құзіретін растайтын арнайы таңба қою арқылы куәландырды.* Осылайша Дәтін айтып, *басты мөрін*, Орамалын тастады сіңген тері. Бұл хатты сүйсінерлік жерге қойды, Омырау екі емшектің ойпаң жері (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Мысы басты. *Сесі, құдіреті жеңді, үстемдігі білінді.* Сол сұлудың *мысы басып*, діңке құрып отырған жым-жырт қалыпта есікті еркін ашып, саңғырлап сөйлеген әйел дауысы бұзып жіберді (Ж.Жұмаханов, Жазылм. кітап).

Орнын басты. *Мұрагер болды.* Балам *орнымды бассын* дейді, артымнан құран оқысын дейді, Қартайған күнімде асырасын дейді (Абай, Тол. жин.).

От басып алғандай. *Қатты шошынып, шар етіп, ыршып түсті.* – Құрысын ойбай, өшір үніңді! – деді Баян *от басып алғандай* («Қаз. әдеб.»).

Солығын басты. *Жылағанын қойып, өксігін басты.* – Жылама енді, күл, өлдіге санаған перзентіңді аман өсірген өкіметке рақмет айт қайта! – деген соң барып *солығын басты* («Лен. жас»).

Су басты. *Сел қаптап, жер-көкті су алды.* Сөйтіп *су басқан* борпылдақ жыныстардан

қалыптасқан кен орындарда жер асты су ағыны жолына су өткізбейтін материалдан тосқауылдар қойылды (Т.Қалыбеков, Экология.).

Су сепкендей басты. *Бірден тоқтатты.* Отардың көзіне найзадай қадалған Нияздың қаһарлы көзі оның қайнаған қастық отын *с у сепкендей басты* (С.Сейфуллин, Әңгім.).

Табанға басты. *Аяқасты етті.* Даңғаза шудың дабырын *т а б а н ғ а б а с т ы,* шырқай көтерілген әсем әннің жағына тартып жібергендей, ауыр жұдырық жасаулы столға сарт етті (С.Адамбеков, Көсе.).

Тайға таңба басқандай. *Айдан анық, апайқын.* Ата Заңымыздың 3-бабының 1-тармағында: «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» деп *т а й ғ а т а ң б а б а с қ а н д а й* айқын көрсетілді («Егемен Қазақстан»). Кімнің қанша литр сүт сауғанын арнайы қойылған автомат есептегіштер *т а й ғ а т а ң б а б а с қ а н д а й* көрсетіп тұр («Қаз. әдеб.»). Мұраттың әр қимылы да, ісі де сенімді, дәл *т а й ғ а т а ң б а б а с қ а н д а й* айқын (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

Тақым басты. *Тақымымен тебініп, атқа шұу-шұуледі.* Болат атқа *т а қ ы м б а с т ы* (Ауызекі).

Тақымына басты. а) *Мінді, көлік етті.* Шүу, жануар тұлпарым, Қос қанатты сұңқарым, Саған *т а қ ы м б а с қ а л ы,* Тағыны талай ұстадым (Ә.Сәрсенбаев, Өлеңд.). ә) *Тізенің астыңғы жағына қыстырды.* Бірақ жолаушы Кәлен айылын жияр емес, кең күпінің мол шалғайын қымтай, *т а қ ы м ы н а б а с ы п* алды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Ұзын қара шылбырыңды тұзақтап, екінші жақ ұшын түйіп *т а қ ы м ы н а б а с т ы* (Е.Бекенов, Дала.). б) *Тізенің астыңғы жағына қысты.* Ұмтылуменен Көбікті Қараманды ұстады Көбіктінің ерлігі Мұсылманнан асады Жас күшіктей шыңғыртып, Қараманды Көбікті *т а қ ы м ы н а б а с а д ы* (Қобыланды батыр).

Тақымға басқан ат. *Шаруаның не жеке бір адамның жасынан күтіп, жеке иелігіне алып жүрген күш-көлігі.* Қалқаман өзінің кедейлігін еске алып, ең жоқ дегенде *т а қ ы м ы н а б а с қ а н* жақсы *а т ы н ы ң* да болмағанын арман етеді (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). Күшкөлікті ортақтастырамыз деп *т а қ ы м ы н а б а с қ а н* жалғыз *а т ы н* алды (С.Әсіпұлы, Аңшы.).

Таңдайына басты. *Пайдасын көрді, жемісін жеді.* Олар қысы-жазы істеген еңбегінің жемісін *т а ң д а й ы н а б а с т ы* (Ауызекі).

Таңдайын басты [көтерді]. *Бір нәрседен қатты қорыққан адамның, шошынған баланың таңдайын саусақпен басты.* Қанша жатқаны есінде жоқ. Бір мезгілде көзін ашса, өзін Құрбан құшақтап отыр екен. Ағасы оның аузына саусақтарын сұғып жіберіп *т а ң д а й ы н б а с т ы* (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).

Тап басты. *Дәл тапты, байқады.* Егер соны ойлайтын болсаң, – дейді әңгімеші мұның қорқынышын *т а п б а с ы п,* қазірден бастап сыр бермейсің (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Әдетте, бірден шындықты *т а п б а с ы п* айту қиын. Шындық оңайлықпен қолға түспейді («Қаз. әдеб.»). Қала сұлуларының киім киісін, жүріс-тұрысын көп көріп өскен алғыр көз дала қызының да, жарастықты жүректі шым еткізер, сезім билер әсемдікті де ағатсыз *т а п б а с т ы* (С.Бақбергенов, Қоянкөз).

Тарпа бас салды. а) *Ес жиғызбай бірден ұстап алды.* Алаңсыз қалған қашқын от тұтатып берем деген кезде жігіттер оны бірден *т а р п а б а с с а л ы п,* еш қимылға келтірместен ұстайды («Қаз. әдеб.»). Алыпсоқтың алдынан жан дәрменімен бір байғұс саршұнақ зыта жөнеліп еді, тайыншадай иті түскір қойсын ба, *т а р п а б а с с а л д ы д а,* адымын ашқызбай ұстап алды (Ө.Қанахин, Жер бас.). ә) *Дүрсе қоя берді.* Ғылым жолына дауымыз жоқ, бәрі дұрыс, осы мезгілсіз жауған жаңбырға лаж таба алмауларың қалай? – деп қиыстап келіп, өзіме *т а р п а б а с с а л д ы* (С.Талжанов, Адам тур.). Сен неғып мұнша қызара қалдың? – деп ол жас балаға тән турашылдықпен *т а р п а б а с с а л ы п,* сықылықтай күлді («Лен. жас»). б) *Шабуыл жасады.* Бас қосып күш алса, өзіңе *т а р п а б а с с а л а й ы н* деп тұрған жауды қалай босатып жіберуге болады? (І.Есенберлин, Қаһар).

Тот басты. *Тоттанды, дақ түсті; пайдаланылмай бос жатты.* Семсерін Амангелді *т о т б а с п а с ы н!* Ел қорға, ұлы күннің туса шағы (Жамбыл, Шығ.).

Үйқы басты. *Қатты шаршап, әлсіреп, ұйқыға бой алдырды.* Сенің кешегі күнгі еңбегіңе ағайын-анжы ырзалық айтыпты. *Ү й қ ы б а с ы п,* не білдім дейсің екеуің! (М.Әуезов, Шығ.).

Ұя басты. *Ұя салып, балапан басты.* Бүйра-бүйра бір жағында жоталар, Қаршығалар *ұ я б а с қ а н* жарында. Бүйраланған бейне бозша боталар, Керуен боп тартқан Үлкен Нарынға (Ғ.Жұмабаев, Жомарт.).

Шаң басты. а) *Шаң-тозаңның астында қалды.* Жол жиегіне тақау тұстардағы шөптерді *ш а ң б а с ы п,* түсін бұзып тұр. Бұл маңайлар жолдың түсіндей күлгінденіп, сұрғылт тартқан (Б.Тілегенов, Көктем.). ә) *Су сеуіп, шаңын сейілтті, азайтты.* Ұзын қара пешпентті, Ұзын шашты, Жамағатты итеріп бір жол ашты. Мешітіне бастықтың келер жолын Дайын қылып, сыпырып, *ш а ң ы н б а с т ы* (Абай, Шығ. жин.).

Шоқ басқандай шошынды. *Жағасын ұстады, зәре-құты қалмады.* Бірақ кейде... Көргенде айнымпазды, *Шоқ басқандай шошынып* күйер денем (К.Салықов, Нұрлы күн.).

БАСА ү с т. *Айрықша, ерекше, үстемелеп, толтыра.* ≈ Осы жағын *баса* айтты.

БАСА-БАСА ү с т. **1.** *Қайта-қайта, тәптіштеп, бірнеше рет, атап-атап.* Тұрғам жоқ «тіл тигізді» деп айтқалы, Қайта, ол *баса-баса* неге айтпады? Олардың «Иман шартын» ұстамаймын, Жүрсе де «о дүниеде» мені атқалы (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). **2.** *Үстемелеп, толтыра-толтыра.* Қияқ өзі аздап татты да, бұған *баса-баса* құйды (А.Нұрманов, Аққу.).

БАСА-ЖАНША ү с т. *Киіп-жара, ентелей, жолындағыны қаға-соға.* Жұрт дуана көрген балалардай бірін-бірі *баса-жанша* топырлай дуылдап Әзілханға қарай дүркірей жөнелді... (Д.Әбілев, Арман.). Қатқыл жонды қарш-қарш асаған тұяқтардың дүсірін *баса-жанша* ат қызықтаушы жұрттың айқайы шықты (Ә.Кекілбаев, Дала.). Ту тігіп екеуі де түгін шанша, Екенін көрсеткен соң кіжінісіп. Бірбіріне ұмтылысты *баса-жанша* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

БАСА-КӨКТЕ= е т. **1.** *Ешнәрсеге қарамай, киіп-жару.* Осы бір сәт есік шалқая ашылып, *баса-көктеп,* айбынды екпінмен Якупов кіріп келді (З.Шашкин, Сенім). Полицияның қамшысынан ба, әлде жаңағы сөздердің әсері ме, жұрт дуылдасып бірін-бірі *баса-көктей* қаша жөнелді (Т.Сұлтанбеков, Лұхман Хакім). Кезінде жауынгер сақтар өз жеріне *баса-көктеп* кірген парсының көп әскеріне, атақты Кир патшалығына қарсы тұрып, жерін одан қорғап қалған (Н.Баяндин, Атамекен). **2.** *Басыну, көзге ілмеу.* Кейбірі байлық, бақыттылықпен *баса-көктеп,* әлгі айтылған асықтардың жанына өлшеген мақсұты мен жалындап, жарқырап тұрған үмітін өшіріп, талқандағысы келеді (Ш.Құдайбердиев, Шығ). Үсен үйін *баса-көктеп* еркінсіп кеткен Байсалбай сөзге келмей жатып бұлардың тосырқап қалғаны несі деп дал болды (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). Ол Әубәкірдің үстіне батып кіре алмайтын. Енді *баса-көктей* кіріп, етігін шешпестен, ешкім шақырмастан төрдегі дастарқанға барды (F.Мұстафин, Көз көрген).

БАСА-КӨКТЕТ= е т. **1.** *Ешнәрсеге қаратпай киіп-жарғызу.* Оларды *баса-көктетпей,* кезекпен кіргізді (Ауызекі). **2.** *Басындыру, көзге ілдірмеу.* Ешкімді *баса-көктетіп* басындырмайды (Ауызекі).

БАСА-КӨКТЕТУ *Баса-көктет етістігінің қимыл атауы.*

БАСА-КӨКТЕУ *Баса-көкте етістігінің қимыл атауы.*

БАСАЛА з а т. ж е р г. *Тарыдан жасалған қоюлау көже.* ≈ *Басала* жасау.

БАСАЛАЙ з а т. ж е р г. *Тарыдан жасалған быламық.* ≈ *Басалай* ішу.

БАСАЛҚА з а т. **1.** *Ақыл, кеңес, басу сөз.* Әншейінде *басалқа* айтатын ақсақалдар мұндай іс келген уақыттарда үндемей қалатындарыңызға жол болсын? (К.Оразалин, Ақ жазық). «*Басалқа*» айтушылар осы арасын ойлау керек (М.Дулатов, Шығ.). **2.** *Ақыл, кеңес беретін, басу айтатын адам.* «Бас-басыңа би болсаң, манар тауға сыймассың, *басалқаңыз* бар болса, жанған отқа күймессің» деп, мал айтып тілеу қылып, екі тізгін, бір шылбырды бердік саған (Абай, Шығ.). // *Ақылшы, кеңесші.* Қадиша қатты қысылғанда жанын қоярға жер таппай, басу айтар *басалқа* кісі болмаған соң солқылдап көп жылады (О.Бөкеев, Үркер.).

Басалқа сөз. *Тоқтам, төрелік сөз.* Партия жиып, мал сойса, бата оқисың, жейсің бас. *Басалқа сөз* Сенде жоқ, Айтқан сөзің «малың шаш» (Абай, Шығ.).

БАСАЛҚАЛЫ с ы н. с ө й л. ***Басалқылы.*** – Сақалың ағарып, қария болдың. Енді төріңнен көрің жақын. Құдайға құлшылық ет, намаз оқы. *Басалқалы* адамның ісін істе, – деп сөккен Әлекеңді қатарлары бір отырыста («Қаз. әдеб.»).

БАСАЛҚАЛЫҚ з а т. с ө й л. ***Басалқылық.*** Тәйт, сен де бір күй бағып отырады екенсің. Үмітсіз шайтан болсын деген, құдай жеткізсе, әлі-ақ жетеміз, – деп *басалқалықпен* айтады (С.Байжанов, Жастық.). *Басалқалықпен* ділгер көрінбейсің ғой, қайтесің құбыла беріп (М.Иманжанов, Менің махабб.). Күдері ерлізайыпты адамдардың кикілжіңіне не дерін білмей, ыңғайсыз жайда қалды, *басалқалықпен* та айтпады (М.Иманжанов, Көк белес).

БАСАЛҚАШЫ з а т. *Ақыл-кеңес беруші.* Ғалымдарымыздың қай-қайсысы да барлық жанрда *басалқашы* болып, барлық салада тізгін ұстауға құштар («Қаз. әдеб.»). Бұлайша сарыуайым айтып, жалпы сарын салып сөз тыңдаушының еңсесін еңкейте түсуге тырысу *басалқашы* көнелердің ескі әдісі (Ә.Көшімов, Қысталаң.).

БАСАЛҚЫ з а т. **1.** *Ақыл-кеңес, басу.* Жанжалдан қорыққан Әліби «Сендерге не болды, қойсаңдаршы» – деп *басалқы* айтып көріп еді, сопы ие бермей, өрекпи түсті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Алпыстағы дөп бөрі, *Басалқы* сөз сөйледі. Ақпа шешен ақсақал, Сөйлегенде бүй деді (М.Әлімбаев, Өшпес от). Пәрәңға жатпай-тұрмай жетті қуып, Жет-

кеннен сақалын жас кетті жуып. Бас қосып, бір-біріне *б а с а л қ ы* айтып, Белдерін тәуекел деп алды буып (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). **2.** *Жол бастаушы, жөн-жосық көрсетуші.* – Ана Рымбек, Ыбырай, Төлеутайларды қолқалау мақұл. Жол көрген адамдар топқа *б а с а л қ ы* болсын (Т.Тілеуханов, Өзге.).

Басалқы мінез. *Сабырлы, ақыл тоқтатқан байсалды мінез.* Сырбаз Балғабай қырықтың қырқасына ілінген, *б а с а л қ ы м і н е з,* кейбір ретте сөзге де сараң жігіт (Қ.Ұябаев, Қырда.).

БАСАЛҚЫЛЫ с ы н. *Көрген-білгені мол, салиқалы.* Осы әпкем де қызық екен, көрдім ғой ол кісіні, ұстамды, *басалқылы* адам көрінеді (Ш.Құмарова, Қос шынар).

БАСАЛҚЫЛЫҚ з а т. *Ақыл-кеңес берушілік, басалқы айтушылық.* – «Балалар, сабыр түбі – сары алтын», – деп *б а с а л қ ы л ы қ* айтты (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Ф.Шәріпова ойынынан аңғарылған құптарлық нәрсе – салқын *б а с а л қ ы л ы қ,* ұстамдылық (Қ.Уәлиев, Шығ.).

БАСАЛМАНДЫҚ з а т. с ө й л. *Бейбастақтық, берекесіздік.* Ол: «Егер ауылдан өтсе жөні бір басқа, мынау *б а с а л м а н д ы қ.* Мұны тежемесе, жаман нысанға жол ашқандық болады, шөпті түсіріп қал» депті (О.Ахметов, Шығ.).

БАСА-МАСА ү с т. с ө й л. *Басып-жаншу, жолындағыға қарамай асыға басу.* Түндегі қызығын көрмедің, оның дастарқанды аяғымен *б а с а-м а с а* қылжақтап билегенін көрсеңетті («Айқап»).

БАСАР[1] з а т. **1.** *Қатты желден қорғану үшін киіз үйдің үстінен бастыра қазықтарға байланатын ұзын екі арқан.* **2.** *Шөп т. б. жеңіл затты жел ұшырып кетпеу үшін үстінен бастыра қойылатын ұзын сырық ағаш.* Сүмбесі мынау сойылша, *Б а с а р ы* мынау бақанша, Құндағы мынау құс мойын, Оғы мынау бақалшақ (І.Жансүгіров, Шығ.).

БАСАР[2] з а т. *Мылтықтың шүріппесі.*

БАСАР[3] [ар. بصار] з а т. *Көруші, ұғынушы, түсінуші, білуші.* Енді олай болса, айтқандай қылып білдіретұғын құдіреті және *б а с а р,* сәмиғ, яғни көруші, естуші деген (Абай, Тол. жин.).

БАСАРАЗ с ы н. *Араз, өкпелі, реніштi.* ≈ *Б а с а р а з* болу.

БАСАРАЗДЫҚ з а т. *Басараз болушылық, қырғи қабақтық. Б а с а р а з д ы қ т ы ң* отына май құйып, мансапқорлықтың ауруымен ауырған жандарға айтар өкпең өлшеусіз өсе түскендей (Ж.Ауылбаев, Шығ.). Ел ішіндегі әлеуметтік топтардың – билер мен сұлтандардың, батырлар мен байлардың арасындағы ұсақ кикілжің, *б а с а р а з д ы қ* салдарынан бытыраңқы тіршілік жайлап, қазақ жасақтарының жауынгерлік қабілеті кеми берді («Жетісу»).

БАСАР-БАСПАС ү с т. *Аяқты тиертимес етіп ақырындап, ептеп (басу), білдірмей (жүру).* Ақыры аяғын *б а с а р-б а с п а с* болып, шекарадан бері өтті. Шекарадан өте сала кейбір көңілі бостау көриялар, оларды көріп жастар жерге аунап, уыс-уыс топырақ алып иіскеп, жыласып жатыр (С.Шарипов, Бекболат).

БАСАРҚА з а т. *Жылқы түлігінің шоқтық тұсы, сабақты (ұзын) арқа сүйектің үстіңгі қыры.* Башқұрттың сиыр орнына сауып отырғаны ешкі, ат деп мініп жүргені құйрығы шолақ, *б а с а р қ а с ы* жауыр бір көлеңке тулақ (Ә.Бөкейханов, Шығ.). *Б а с а р қ а н ы ң* тағы бір түрі тері қыртысы кетіп, тері ұдайы қызарып тұратын, тоқым басқанда қарауытып, суланып, жұқарған жерінен қаншымақ шығып ер салынбаса беті тобарсып, қаймақшып қалатын, мінілмесе іспей, қабынбай жайдақ күйінде тез жазылатын жауыр (Ж.Бабалықұлы, Мал аурулары).

Басарқасын алдыру. *Жылқы жануарының таласқан кезде, бірін-бірі тістегенде, әсіресе айғыр шайнасқанда қыр арқадан, басарқадан тістеп жаралауы.* Бірін-бірі тістеуден қыр арқаға түскен жара – «арқасын алдыру», «*б а с а р қ а с ы н а л д ы р у*» деп аталады (Ж.Бабалықұлы, Мал аурулары).

Басарқасы ошақтай. *Жауырдың ауыр түрі.* Тері ойылған, іріңдеген, ыдыраған, өлеттенген, ірің жеген шұқыры бар, қанды сарысуы сорғалап жүретін, ісінбей, асқынбай ұзақ жүріп жазылатын жауыр *б а с а р қ а с ы о ш а қ т а й* деп аталады (Ж.Бабалықұлы, Мал аурулары).

БАСАРЛЫҚ з а т. *Салмағы артарлық, жеңерлік, басатындай.* Аристотель хакімге патша келді: – Мына сүйек қазынаның бәрін жеңді. Бұл сүйекті *б а с а р л ы қ* нәрсе бар ма? Ақылмен ойланып тапшы! – деді (Абай, Шығ.).

БАСАС= е т. *Өршелену, жанталаса ұмтылу, ерегісу.* Батыстың бұлты қанталап, *Б а с а с қ а н* жау анталап, Қара бір түнді қалқалап, Қайда келе жатырсың? (Қ.Аманжолов, Шығ.).

БАСАСАУ з а т. **1.** *Басына нүкта киілмеген, мінілмеген, қолға үйретілмеген тарпаң мінезді жылқы.* Тыпаңның сөзі недәуір әсерлі болғаны ғой, Балташ жүген көрген *б а с а с а у* жылқыша басын жұлқып тастап, қабағын түйіп, сөз сұрап, оршып отыра алмады (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Б а с а с а у д ы* көбірек «құлақтаса», басын алып қашатын жасқаншақ болады (Б.Хинаят, Төрт түлік.). **2.** а у ы с. *Өзгенің айтқанына құлақ сала бермейтін, өз дегенімен жүретін бірбеткей, қиқар адам.* Жүгенсіз кеткен *б а с а с а у* Айтқанға қайтып көнеді. Көңіл – батыр, тіл – қорқақ, Айтатын сөзім көп еді (М.Дулатов, Шығ.).

Қазақ байының *б а с а с а у ы* әлі басылмағанын міне Жамантік ақсақал тағы да көрсетіп айтты (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

БАСАСАУЛАН= е т. *Ырқына көнгісі келмей бұлқыну, айтқанды тыңдамау.* Сен онша *б а с а с а у л а н б а й,* айтқанға құлақ сал (Ауызекі).

БАСАСАУЛАНУ *Басасаулан етістігінің қимыл атауы. Б а с а с а у л а н у ы н* қоймапты (Ауызекі).

БАСАСАУЛЫҚ з а т. **1.** *Басасау болушылық.* Азырақ *б а с а с а у л ы ғ ы* бар екен, әрең дегенде жүгендеп алып, шаужайдан ұстап жетектеп жөнелді (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** *Бірбеткейлік, көкіректік.* Жомартқа көрсеткен *б а с а с а у л ы ғ ы н* бізге де көрсетті («Қаз. әдеб.»).

БАСАТ з а т. к ә с. *Теңіздің тыныш, жайлы қойнауы.* Су астында жүргенмен, балық та басқа мақұлықтай ық іздеп, жайылым таңдап, теңіз түбінің толқымайтын тыныш жерлерінде қамысты *б а с а т т а р* мен қопақты көлдерде жүреді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Теңіз қойнауындағы *б а с а т т а р д ы ң* бірінде бой тасалап жүрген көрінеді (Б.Әбдіразақов, Сандалкөк).

БАСАТ-БАСАТ з а т. г е о г р. *Теңіздің құрлық жерге сұғынып бөлініп шыққан кең қойнауы.* Теңіз суы тартылып кеміген кезде, кейбір жерлердің суы *б а с а т-б а с а т* болып қалады (Арал). Қойнау-қойнау. Кешеден бері ғана кішкентай көлдер кілегейленіп, иірім қолтықтар мен *б а с а т-б а с а т т а р д ы ң* көбелегі ұстаса бастады (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

БАСАУЛЫҚ з а т. *Басы ауушылық, басы ауған жаққа кетушілік.* Қазақтың қалған сонсоң асаулығы, Бетімен көшіп-қонған *б а с а у л ы ғ ы.* Көшуін жел билеген, қонуын сай, Зиян боп кең жайылған шашаулығы (С.Сейфуллин, Шығ.).

БАС-АЯҒЫ[1] з а т. **1.** *Бастан аяққа дейін, тұла бойы түгелімен.* Бұның *б а с-а я ғ ы н* шолып, қадала қараған жеңгесі жіңішке саусақтарын ұсынды (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң). Сүлеймен Төреханның *б а с-а я ғ ы н а* суық көз тастады (Ж.Жұмаханов, Махаббат.). Жұмабек сөйлеп тұрып, қыздың *б а с-а я ғ ы н* сұғанақ көзбен тінтіп өтті (Т.Ахтанов, Махаббат.). // *Бүтіндей, түгелімен.* Дүниенің *б а с-а я ғ ы н* үш айналып көрген кісі толып жатыр (Абай, Тол. жин.). Сұм-сұрқия – сұмдықпен еп берем деп, Сүйер жансып, сүйкімді бет берем деп. Жүз қараға екі жүз аларман бар, Бас қатар *б а с-а я ғ ы н* тексерем деп (Абай, Тол. жин.). **2.** а у ы с. *Үлкені мен кішісі, жасы мен кәрісі, бәрі, жалпы көпшілік.* Ол енді *б а с-а я ғ ы н* жиып, бермен қарай бар тобырмен түйіліп келе жатты (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Бас-аяғы жиналды. *Тегіс келді, төрт көзі түгел болды.* Жер астына түсіп болып, сол шахтаның түбіндегі жұмыскерлердің *б а с-а я ғ ы ж и н а л а т ы н* үйшікте жинасып қойған ағаш сәкілерде отырдық (С.Сейфуллин, Шығ.). Жұрттың *б а с-а я ғ ы* тегіс *ж и н а л д ы* (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Елдің *б а с-а я ғ ы* тегіс *ж и н а л ғ а н* соң, жиналыс ашылды (С.Адамбеков, Қожанасыр.).

Бас-аяғы жоқ. *Не басталған жері, не аяқталған жері жоқ, белгісіз.* Этика дегеннен шығады, менің «усүн» дегенімді өз қалауынша «үйсін» деп өзгертіп алып, бүкіл еңбектерімнен *б а с-а я ғ ы ж о қ* үзінді келтіріп, оны үйсінге теліп, ойымды бұрмалап, мені бейне бір үйсін халқын жоққа шығаруға, тарих бетінен сызып тастауға жан-тәнімен кірісіп жүрген адам етіп көрсетуге тырысуын Бексұлтан қай этикаға жатқызады екен? («Жас Алаш»).

Бас-аяғына көз жүгіртті [қарады, шолды]. *Бой-басын түгел қарап шықты.* Мырқал оның *б а с-а я ғ ы н а к ө з ж ү г і р т і п:* – Тақ, тақ, өзің адам болғалы тұр екенсің, ә! – деп еді, Сайран мырс етіп. – Немене мен қазір адам емеспін бе? – деді (Ә.Әбішев, Шығ.). «Өте жақсы жігіт еді, – деді менің *б а с-а я ғ ы м д ы* көзімен *ш о л ы п* өтіп, – бірақ қиқарлау болатын, өз айтқанынан басқаны білмейтін» (М.Мағауин, Ақша қар).

Бас-аяғы түзу. *Он екі мүшесі аман, дені сау, ақыл-есі дұрыс, келісті.* Мағрипаның *б а с-а я ғ ы т ү з у* бала болған соң, маңайындағы жақсы да, жаман да құда болғысы келеді («Айқап»).

БАС-АЯҒЫ[2] ү с т. *Небәрі, бар болғаны.* Мемлекеттілігінің өзінің бес мың жылдық тарихы бар бұл елде ғылыми әдебиетте «Додинастическая эпоха» деп аталатын есте жоқ ескі кезеңді еске алмағанда, Ся, Чжоу әулеттері *б а с-а я ғ ы* екі жарым мың жыл билік құрған делінгенмен, ел бір-бірімен бақталас неше түрлі феодалдық суверендердің өзара қырсығынан көз ашпайтын (С.Абдрахманов, Елдік сыны). *Б а с-а я ғ ы* бір жарым ай қызмет атқардым (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). **2.** *Ұзын саны, баржоғы, түгел, жаппай.* Жалғанды талақ қылыпсың, *Б а с-а я ғ ы н* біліпсің. Есі шыққан кісідей, Құр сандалып жүріпсің (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Бұлар *б а с-а я ғ ы* сегіз адам (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). **3.** а у ы с. *Бүкіл, барлық, жалпы көлемі.* Жарғылық капиталы бес бүтін оннан сегіз млрд теңге, зауыт сүйегінің құны жиырма сегіз млрд теңге болатын алыпты әупірімдеп қолтығынан көтердік, бұл күнде өндірістің *б а с-а я ғ ы н д а* он екі мыңдай адам істейді («Егемен Қазақстан»).

БАС-АЯҚСЫЗ с ы н. *Басталған жері мен жалғасы белгісіз.* Енді не бар айтатын? Айттым,

білем бар мәнін, *Б а с-а я қ с ы з* бір кітап, Жауынгерге арнадым (Қ.Аманжолов, Таңд. шығ.).

БАСАЯҚТЫ: **басаяқты ұлулар**. б и о л. <лат. cerphalopoda> *Моллюскалар типіне жататын омыртқасыз жануарлар класының өкілдері.* Осы кездегі бас-аяқты моллюскалардан оларға жақын тұратындары – каракатицалар мен кальмарлар. Балықтар, шаян тәрізділер мен *б а с а я қ т ы ц л у л а р* жылына 18 млрд тоннадан артық мөлшерде көбейіп отырады (Жалпы биология).

БАСАЯҚТЫЛАР з а т. з о о л. <cephalopoda> *Моллюскалар типіне жататын омыртқасыз жануарлар класы. Б а с а я қ т ы л а р д ы ң* басының бауыр жағында орналасқан мантия қуысына жалғасатын түтікше бар (ҚҰЭ). Түйық қан айналу жүйесі өте күрделі, себебі омыртқасыздардың ішінде тек *б а с а я қ т ы л а р д ы ң* ғана жүрегі бір қарынша және екі жүрекшеге бөлінеді (ішкі бақалшақтарда төртеу болады) (ҚҰЭ).

БАСБАҚ з а т. в е т. *Малдың бас мүшесінде өрбитін құрт ауруының бір түрі.* Бөгелек, сәйгел, сона тәрізді насекомдар қоздыратын бұл ауруларды *б а с б а қ* тобына шоғырландыруға болады деп жазған Торғайда еңбек еткен В. Лавров (ҚРОМА).

БАСБАҚШЫЛ с ы н. с ө й л. ***Баспақшыл***. Шынында жалғыз қаздың шықпас үні, Амал не, бір жүрудің өтті күні, «*Б а с б а қ ш ы л* басқа түссе» деген сөз бар, Амал жоқ, ойлағанмен күні-түні (Пернедегі терме.).

БАСБАҚЫЛ с ы н. *Ақылды, құу, аңғарымпаз.* Жексен *б а с б а қ ы л* құ жігіт екен (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БАС-БАС с ы н. *Ірі-ірі, кесек-кесек. Б а с-б а с* қант, тобымен тауар, кейде мал жетектетіп жіберетін (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БАС-БАСЫ ү с т. *Әрқайсысы, жеке-жеке. Б а с-б а с ы м е н* қайғы қып, Батыр Дотан қалмақты, Айдап кетіп барады, Қойға шапқан қасқырдай (Батырлар жыры). Асбазшы осы ауыл адамдарына ғана тән еркіндік, ашықтықпен келіп әркім жайын *б а с-б а с ы н а* қадағалап сұрай бастады (С.Шаймерденов, Шығ.). Темір жол мен автокөлік жолдары жаңартылуда, мұнай құбырлардың, телефон байланысының желілері салынуда. Осыларды дамыту ісін *б а с-б а с ы н а* жеке қарағанымыз дұрыс па? («Егемен Қазақстан»).

Бас-басына би болған. *Әркім, әрқайсысы билік айтқан, өзін би санаған.* Мінекей, бұзған жоқ па елдің сиқын, *Б а с-б а с ы н а б и б о л ғ а н* өңкей қиқым (Абай, Тол. жин.). Ресейде саяси өмір сұрқай тартқанмен, халқы көп нәрседен ұтыла қоймады. Бұрынғыдай *б а с-б а с ы н а б и б о л ғ а н* заман ұмытыла бастайды. Бұл елде демократия өрісінің тарылып бара жатқаны бұрынан белгілі («Жас Алаш»).

Бас-басына тозды. *Бет-бетімен кетті, бытырады, тарады.* Алдына келген жақсының, қадірін оның біле алмай, Артында қалған жамандар *Б а с-б а с ы н а т о з б а с* па (Бұқар жырау [Қалқаманұлы], Өлеңд.).

БАСБАУ з а т. *Киіз үйдің негізгі, үлкен, жалпақ бауы, басқұр.* Басқұр кигіз есіктің *б а с-б а у ы,* тастама (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БАСБУНАҚ з а т. э т н. *Күн қайыру бойынша шамамен ақпан айының тоғызыншы жаңасынан маусым айының тоғызыншы жұлдызына дейінгі уақыт. Б а с б у н а қ* – «қара қатқақ, аш өзек шақ» (Ж.Кейкин, Қазақы атау.).

БАСБҰЗАР с ы н. **1.** *Тентек, содыр, бұзақы.* Бұлардың сойыл соғар, *б а с б ұ з а р,* сотқарлары күндіз істемесе, түн жамылып істейтін қастық аз емес қой (М.Әуезов, Шығ.). Әкесінің байлығының арқасында Күшіген қиянатшыл, *б а с б ұ з а р* болып өсті (Қ.Бектұрғанов, Қатерлі.). Қаншама *б а с б ұ з а р,* сотқар болсақ та жуасытпай қоймайды (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай). // *Тентектік, содырлық жасаушы, бұзақы, төбелесқор адам.* Түйесін тартып алған мен бе екем, өкіметім алып берді емес пе? Ой, *б а с б ұ з а р,* әумесер күшік! Өзіңде ой дегеннен түк жоқ екен ғой (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Қылмысты кісі өлтірген байдың ісін, Қысқартып деді енді ешкім тергемесін. Алауыз, әпербақан, *б а с б ұ з а р л а р,* Сен ғана Демесінге тең келесің (Д.Еркінбеков, Шығ.). Біз екі елдің арасындағы мемлекеттік шекараға мұқият болуымыз керек, өйткені ертеңгі күні тиісті орындар оқиғаға кінәлілерді іздей бастағанда *б а с б ұ з а р л а р* бізге қарай безуі мүмкін («Егемен Қазақстан»). **2.** *Бүлікші, арандатушы.* Түркістан қазақтары мен Арқа қазақтары қосылса міне, сонда солақай *б а с б ұ з а р л а р* азшылық болып қалады да, басшылықтан кетеді, – деді Ермекбай Теміржанға (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

БАСБҰЗАРЛЫҚ з а т. **1.** *Сотқарлық, тентектік, бұзақылық.* Самат бұл араға келгенде алғаш рет осы әңгіме бойында шындап ашу шақырып: – Қасен жабылмайды, өйткені *б а с б ұ з а р л ы қ қ а* жол берілмейді, жолдас... – деді (М.Әуезов, Шығ.). – Ондай *б а с б ұ з а р л ы қ т ы* тастау керек! – деп екінші секретарь орнынан атып тұрды (М.Иманжанов, Көк белес). Биахмет ашуға да басты. «Бұл нағыз *б а с б ұ з а р л ы қ* қой, мәшинені көрші ауданға айдауын...» (Ж.Жұмаханов, Махаббат.). **2.** п с и х. *Адамның бұзақылықпен айналысушылық, бұзықтық жасаушылық, содырлық сияқты жағымсыз әрекеті.* Көпшіліктің пікірімен, талап-тілегімен санаспау, өздігінше сойқан

әрекеттер жасау – *б а с б ұ з а р л ы қ т ы ң* белгісі (ҚҰЭ). *Б а с б ұ з а р л ы қ* – өз ортасында жанжал шығаруға бейім тұруды көрсететін адам бойындағы өзімшілдік, өктемдік, озбырлыққа ұқсас қылық (ҚҰЭ).

БАСБІЛІГ[1] з а т. *Байсалды, ақылды басшы, жанашыр адам.* Ол он алты-он жетіде. Ересек. Бізге *б а с б і л г і*, аға орнында бола білді («Қаз. әдеб.»). // *Білікті, білгір, дана.* Сөз терген талапкер ақынның *б а с б і л г і* домбырашының әлі де екі-үш күн аялдағанын тілегендей бейілі бар (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). Есейіп қалған тәріздімін. Оқығым келеді-ақ, мектеп жоқ, *б а с б і л г і* жанашыр жоқ (Ж.Орманбаев, Тұзақтал.).

БАСБІЛІГ[2] с ы н. *Міниске үйретілген (өгіз, тайынша, жылқы).* Жануарды жайылуға жібергенде, бас жібін алмапты, содан-ақ мұның *б а с б і л г і* өгіз екені көрініп тұр (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Ат жоқ болса, ана *б а с б і л г і* өгізіңді бере тұршы (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БАСЖАҚСЫ з а т. э т н. **1.** *Қыз беретін жаққа, қалыңдықтың әке-шешесіне, жасау жиып, төсек-орын дайындау үшін төрт түлік малдың әр түрінен іріктеп, не бағалы зат түрінде беретін қалыңмалдың ерекше түрі. Б а с ж а қ с ы н ы ң* негізінен, ауқатты, дәулеті мол ру басылары, ата-әулеттер беретін болған (ҚҰЭ). «Бас жақсы болса, соңысы да жақсы болады» деп, қыз алатын құданың негізгі қалыңмалды қаншалықты төлей алатынын осы *б а с ж а қ с ы н ы ң* түріне, санына қарай мөлшерлеп отырған (ҚҰЭ). **2.** *Сәукеленің әшекейлі бұйымдарының, асыл тастарының жалпы атауы.* Сәукеленің әшекей заттары көп болғандықтан әрі олар қымбатқа түсетіндіктен ертеде күйеу жағы қалыңмалдан тыс сәукеленің құнын төлеген. Ол төлем халықтың тілінде *б а с ж а қ с ы* деп аталған (Р.Шойбеков, Қаз. зергер. сөздігі).

БАС-ЖӨН з а т. *Жөн-жосық.* – Бақа, қалай десең де басқа мектепке ауыстырылғаны жөн. Бұл жерге *б а с-ж ө н* білетін, айтқанды екі етпейтін тіс қаққан мұғалім керек (С.Шаймерденов, Қарғаш).

БАСКЕСЕР з а т. *Қаныпезер, жауыз, кісі өлтіргіш.* Текестегі *б а с к е с е р л е р д і* былай қойғанда, Бұғы руындағылардың өзі де бұзыла бастады (Ш.Уәлиханов, Мақала. хат.). Қыршын өміріне қатер төнсе де, ол қару кезеген *б а с к е с е р л е р д і* мәшинеге қарай адым аттатпады (Ш.Әмірәлиев, Жақсы мінез.).

БАСКЕСЕРЛІК з а т. *Қаныпезерлік, жауыздық.* Қылышынан қан тамып, байтақ Сібірді тітіренткен Колчак телі-тентек, ұры-қары, қанішер қарақшыларды соңына ертken *б а с к е с е р л і г і н і ң* үстіне патша самодержавиесіне, шовинистік идеяларға берілген, дүниеге, қоғамға көзқарасы, концепциясы кәміл бекіген идеяның адамы (Р.Нұрғалиев, Күретамыр).

БАСКЕТБОЛ [ағыл. basket – тор және ball – доп] з а т. с п о р т. *Үш метр биіктікте орналасқан шеңберлі ұяға допты қолмен лақтырып түсіретін командалық спорт ойыны. Б а с к е т б о л* ойынының ережесін 1891 жылы американдық Джеймс Нейсмит жасаған, кейіннен басқа елдерге кең тараған (ҚҰЭ). *Б а с к е т б о л* ауданы 26х14м, арнайы жабдықталған секторларға бөлінген алаңда өтеді. *Б а с к е т б о л* ойын добының шеңбері 75–80 см, салмағы 600–650 г. болады (ҚҰЭ). Әркім өз организмінің мүмкіндігіне қарай волейбол, *б а с к е т б о л* т.б. спорт ойындарымен шұғылдануға әбден болады (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.).

БАСКЕТБОЛШЫ з а т. с п о р т. *Баскетбол ойынымен айналысатын спортшы.* Аудан орталығында өткен *б а с к е т б о л ш ы л а р* бәсекесінде біздің спортшылар екінші орынға ие болды («Спорт»). 1932 ж. Халықаралық *б а с к е т б о л ш ы л а р* одағы (FIBA) құрылды, ол 177 ұлттық федерацияларды біріктірді (ҚҰЭ). У.Ақтаев, Ш.Дүйсенова, В.Мұхамеджанов, О.Апатаева, Ә.Жармұхамедов сияқты қазақстандық *б а с к е т б о л ш ы л а р* баскетбол жанкүйерлеріне жақсы танымал (ҚҰЭ).

БАСКЕУІТ з а т. ж е р г. *Кемедегі ас пісіретін бөлме.* ≈ *Б а с к е у і т т е* істеу.

БАСКИІМ з а т. *Басқа арналып тоқылған, тігілген киім түрлерінің (тымақ, құлақшын, малақай, сәукеле, тақия, бөрік) жалпы атауы.* Ақ тиін – терісі өте бағалы аң... Ол әр түрлі киімдер: әйел ішігі, *б а с к и і м* және басқа нәрселер жасауға пайдаланылады (Х.Қыдырбаев, Дала көркі). Қазақ халқының *б а с к и і м д е р і* бөрік, тымақ, құлақшын, жалбағай, делбегей деп аталады (С.Мұқанов, Қазақ қауымы). Әуелі машинасы батты, су толқығанда анадайда жатқан әкесінің *б а с к и і м і н* әкетті (А.Құрманаева, Өшпес жалын). *Б а с к и і м д і* біреуге сыйлау – бастағы бақты ұшыру (Ж.Кейкин, Қазақы атау.).

БАС-КӨЗ: **бас-көз болды**. *Біреуге көз қырын салып, басшылық етті, қамқоршы болды.* Өзі үйде жоқта тұңғыш құрсақ көтерген тәжірибесіз келіншегіне *б а с-к ө з б о п* отыратын естияр біреудің болмағанына көбірек қынжылатын (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Оның бұдан былай нағашы атасының үйіне *б а с-к ө з б о л у* ойы да жоқ емес (К.Оразалин, Ақ жазық). Абайдың өзі келетін мал-дүниенің бәрін әбден сай ғып жөнелткен соң ғана келмек. Оған шейін мұндағы істерге Базаралы, Жиренше бәрінің де *б а с-к ө з б о л у ы н* сұрады (М.Әуезов, Шығ.).

Бас-көз демей [бас-көзге қарамай]. *Бет алды, бас демей, көз демей, ешнәрсенің байыбы-*

на бармай. Үйдің есігіне шегініп келе жатқан Кәмеш артында тұрған ұзын көсеуге қолы тигенін сезді де, шапшаң көтеріп алып, *б а с-к ө з д е м е й,* алып адамға сілтеп қалды (Ж.Молдағалиев, Шығ.). Ол олжа малдың *б а с-к ө з і н е қ а р а м а й,* бұйдасынан тізіп әкеп, Тәңірбергеннің желісіне байлай салатын (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

БАС-КӨЗДІК з а т. *Бас-көз болушылық, қамқорлық, естиярлық.* – Жанай, сен бүгінше Ошарбайдың тобында болып, *б а с-к ө з д і к* жаса. Сауыншыларды ұйымдастырып, жем – шөп тасытып қой кешке дейін (С.Мұратбеков. Көкорай). Құнанбай қажыға кеткелі бұл ауылдың үй іші билігі қатал, тәкаппар Айғызға ауысса, сыртқы ат үсті «*б а с-к ө з д і г і*» Майбасар болатын (М.Әуезов, Абай жолы).

БАСКІЛЕР з а т. э т н. *Испанияның Наварра автономиялы облысында тұратын халық. Б а с к і л е р* өз ана тілін, салт-дәстүрін, ұлттық мәдениетін сақтап қалды (ҚҰЭ). Елші мырза айтқан *б а с к і л е р д і ң* жөні сәл басқалау. Олар өздерінің егемен елге айналуы үшін күресіп жүрген халық («Егемен Қазақстан»).

БАСҚА с ы н. **1.** *Екінші бір, бөлек, бөтен, өзге.* Әсіресе, Сайрам, Түркістан, Әулиеата, Созақ сияқты қалаларда көптеген мешіттер, медреселер, керуен-сарайлар және *б а с қ а* да мәдени орындар пайда бола бастады (Зиярат орындар). Солайша жауап берді Қалқаманға Бұл сөзі байқалмады *б а с қ а* жанға. Бүрсігүні қамыстан жолықпасаң, Мен саған жоқ деді ғой, байқағанға (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ай аспан денелерінің ішіндегі Жерге ең жақын тұратыны. Сондықтан *б а с қ а* аспан денелеріне қарағанда Айдың беті, оның қозғалысы және физикалық қасиеті жақсырақ зерттеліп жүр (М.Құдайқұлов, Ғылым.). **2.** *Ерекше, айрықша, жөні бөлек.* Музыка жанрындағы ірі шығармалардың жөні *б а с қ а* (І.Омаров, Серпін). Жалмұраттың үкі жүні желкілдеген, сүтті сары інген дегенде жаны *б а с қ а* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Мысалы, баланың әсерленуі, суреттеуі, ойлауы һәм сезінуі ержеткен адамнан әжептәуір *б а с қ а.* Баланың бұл жан көріністерінің әрқайсысының жеке-жеке алғанда басқалығы болған сықылды, бұлардың бәрін тұтас алғанда да басқалық бар (М.Жұмабаев, Шығ.).

Басқаны айтпағанда. *Өзгені былай қойғанда, өзгені есептемегенде.* Алматы авиаторлары көп мәселеде мақтана алмайды. *Б а с қ а н ы а й т п а ғ а н н ы ң* өзінде, қала орталығынан аэропортқа жетудің өзі оңай емес («Лен. жас»).

Басқа өсті. *Бөтен жерде өсті, өзін көшіліктен оқшау ұстады, елден саяқ жүретін тоғышар болды.* Шөл жайлаған дуадақ көл қадірін білмейді. Көл жайлаған қоңыр қаз шөл қадірін білмейді... Тауды жайлап, таста өскен, ағайыннан *б а с қ а ө с к е н,* Ел қадірін білмейді (Тозған қазды.).

БАСҚА-БАСҚА с ы н. *Ерекше, бөлекше, әртүрлі.* Шешен Россияда жүз бес түрлі тілмен сөйлейтін халықтар барын нықтап айтты. Бұл жұрттардың күн көрісі, ойы, дүниеге, шаруаға көзқарасы *б а с қ а-б а с қ а* (Д.Әбілев, Арман.). Бытырап ешкі қарғып тастан-тасқа, Топ-топ болып бөлінді *б а с қ а-б а с қ а,* Ешкіге айналмайын деді дағы, Қойды айдап түсті Мұса жанталаска (Д.Еркінбеков, Шығ.).

БАСҚАДАЙ с ы н. *Өзгеше, өзгедей, бөтендей.* Қайырбектің организмін демеудің жолы қан құю. *Б а с қ а д а й* ем кешеден бері жасалып та жатыр, оның көмегі белгілі ғой (З.Шашкин, Сенім). *Б а с қ а д а й* жеңіл-желпі тірліктің реті байқалмайды. Сонда не жүктеуге тиіспін – деп ойға қалған Жұбайқан бір жағы қалжыңға бұрғысы келді (А.Байтанаев, Қайнар.). Балғадай сан-қолдары, Ұзын бойлы, қапсағай. Осы оның бар болғаны, Белгісі жоқ *б а с қ а д а й* (С.Мәуленов, Құлыншақ).

БАСҚАДАЙЫН с ы н. п о э т. *Өзгеше, басқа, бөлекше; басқадай сын есімінің өлеңдегі буын санына қатысты өзгертіліп қолданылуы.* Түзу-түзу тілінген таспадайын, Қамшы өремін таспадан *б а с қ а д а й ы н.* Қаламасаң қамшымды ары жүргін, Қараша үйдің есігін ашпа, ағайын! (М.Мақатаев, Шығ.).

БАСҚАҚ[1] з а т. в е т. *Дәруменнің жетіспеуінен болатын буаз саулықтың ауруы. Б а с қ а қ п е н* ауырған саулықтың көзі бозарып, жүні түседі, қоздайтын мезгілі жақындағанда көтерем болып қалады (ҚҰЭ). *Б а с қ а қ т а н* сақтандыру үшін қойға витамині мол азық беріп, күн сәулесі түсетін жерде ұстайды (ҚҰЭ). *Б а с қ а қ* болған буаз саулықтың қоздауына бір ай шамасы уақыт қалғанда, жүні жиди бастайды, бұтаға іліксе бауыр, аяқ жүндері түсіп те қалады (Тарту).

БАСҚАҚ[2] з а т. к ө н е. *XIII–XV ғғ. моңғолтатар билігі кезіндегі мансап иесі, өлке басқарушысы. Б а с қ а қ* сөзбе-сөз басушы, сонымен қатар басқару, баспана болу деген жанама мағынаны білдірген (ҚСЭ). *Б а с қ а қ* ежелгі түркі тілдеріндегі басғучы сөзімен мәндес, монғол тіліндегі даруға немесе даруғашы сөздерімен толық мағаналас (ҚСЭ). Бұл XV ғ. Қазақстанда *б а с қ а қ* лауазымындағы әкімдердің болғанын растайды (ҚСЭ).

БАСҚАЛ з а т. ж е р г. *Орын, мінбе, қайыққа мінетін жер.* Ол туралы хабар күтіп, *б а с қ а л д а* көп отырды (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БАСҚАЛА= е т. с ө й л. *Бөлектеу, өзгешелеу.* Оны *б а с қ а л а п* көрсеткісі келді (Ауызекі).

БАСҚАЛАЙ үс т. сөйл. *Басқадай, басқаша. Б а с қ а л а й* шешімнің болуы мүмкін емес еді («Парасат»).

БАСҚАЛАН= е т. *Өз төңірегінен өзгешеленіп бөтенсу, бөлектену.* Еламанға деген бұрынғы бейілдері құрттай да өзгермегенін көрсеткісі кеп, сасқалақтап жүгіріп жүр. Соның өзінде бірде болмаса да бірде *б а с қ а л а н ы п* қалған көңіл байқалып қап отырды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Ақсақал Қоңыраттай асқар алып, Жұмысың кеткендіктен *б а с қ а л а н ы п,* Борышты болып жатса заводыңа, Мынауың барып тұрған масқаралық (Айтыс). Бұдан кейін, басқа күтімдері бұрынғыша қалғанмен, екі қыздың сырт көріністері *б а с қ а л а н д ы* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БАСҚАЛАУ с ы н. *Бөтендеу, ерекше, өзгешелеу.* Сұңғақ, ұзын бойлы, тіп-тік, жіңішке денелі Еркежанның бет бітімі де қазақ әйелінен *б а с қ а л а у* болатын (М.Әуезов, Абай жолы). Кенжекей қайын сіңлісіне таңдана қарап, кейіндеу түр. Көңілге болмаса қайын сіңлісі бұрынғысынан *б а с қ а л а у* (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Бетпақта су сирек кездеседі. Ол судың өзі тапшы және дәмі де *б а с қ а л а у* болады (С.Сейфуллин, Тар жол).

БАСҚАЛДАҚ[1] з а т. ж е р г. *Екі-үш түйе қамыс не топырақ апарып, теңіз жағасынан үкі салу үшін сайланған орын.* Үкі салатын жерде *б а с қ а л д а қ* болмаса, иесі жоқ дегенді білдіреді (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БАСҚАЛДАҚ[2] з а т. ж е р г. *Саты, баспалдақ.* ≈ *Б а с қ а л д а қ* қою.

БАСҚАЛЫҚ з а т. *Басқа болушылық, ұқсамаушылық, өзгелік, бөтендік.* Алдағы өмірдің *б а с қ а л ы ғ ы н* ауылдан шықпай жатып сезе бастады Кенжекей (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Баласының басындағы *б а с қ а л ы қ т ы* Құнанбай да танып, тауып айтты (І.Омаров, Шабыт.). Баланың бұл жан көріністерінің әрқайсысының жеке-жеке алғанда *б а с қ а л ы ғ ы* болған сықылды, бұлардың бәрін тұтас алғанда да *б а с қ а л ы қ* бар (М.Жұмабаев, Шығ.).

БАСҚАР= е т. **1.** *Басшылық ету, билігін жүргізу.* Семейдегі қазақ азаматтары қазақ комитетін ашқандығын, комитеттің дәрежесі бұрынғы жандаралдікінен кем еместігін, енді қазақ жұмысын қазақ *б а с қ а р а т ы н д ы ғ ы н,* бұрынғы крестьянский начальниктің орнына аудандық комитет сайлағалы келгенін сөйледі (Ж.Аймауытов, Шығ.). Баста болған адамдарымыздың бірі Ермағамбет Күзембайұлы «Жарбасқан» серіктігін *б а с қ а р ы п* тұрады (С.Шарипов, Бекболат). Торғай төңірегіндегі бір топ алашордашыларды Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов, тағы басқалар *б а с қ а р д ы* (З.Мұхамеджанов, Торғай.). **2.** *Бір нәрсені ұйымдастыру, жетекшілік ету.* Жұрт дүрліге мұнараға беттеді. Азамат пен Тайманға: – Қабен тыныш болса, біраздан соң мен де барармын. Әзірге мұнара маңын өздерің қолға алып, *б а с қ а р а* беріңдер, – деді (З.Қабдолов, Жалын). [Омар] таңдай келе салық бөлімін *б а с қ а р а т ы н* Жақып дейтін жігітті табады (Б.Майлин, Шығ.). Бақтығұл бай ауылдың үйі мен жүзіндегі... сан сала шаруасын кезегінде *б а с қ а р ы п,* керегінде тынбай жүріп қолма-қол істеп дөңгелек айналдырады (М.Әуезов, Қараш.).

БАСҚАРАҚ с ы н. *Сәл-пәл өзгешерек, бөлегірек, басқалау, бөтенірек.* Ал Абайдың бала қонақтарының ішінде осы екі топ кедей-кепшік балаларынан *б а с қ а р а қ,* өзгерек көрінетін екі жуан қара бала және бар (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Халықтық музыканы кең пайдалана отыра, қытайдың опера жасауы Брусиловскийдің әдісінен *б а с қ а р а қ* екен (С.Мұқанов, Алып. адым.). Үй тұрғызды тас қалап, Бұрынғыдан әсемірек, *б а с қ а р а қ.* Қан майданда жараланған батырдай, Қайта орнынан түрегелді Ашхабад (Т.Молдағалиев, Алатау.).

БАСҚАРҒЫШ с ы н. *Бір нәрсені ұйымдастырғыш, басшылық еткіш, билік жүргізгіш.* Шәкір тойды *б а с қ а р ғ ы ш* адам екен. Ол комиссия мүшелерінен басқа, өзіне сайдың тасындай жүз шақты епті жігіт таңдап алды да, бәріне де оңтайлы жақсы аттар мінгізіп, той қызметін соларға басқартты (С. Мұқанов, Есею жыл.).

Басқарғыш мәшине. *Күрделі немесе өзара байланысты обьектілерді басқаруға арналған есептеуіш мәшине. Б а с қ а р ғ ы ш м ә ш и н е* қажетті логикалық операциялар мен математикалық есептеулерді орындап, процестің өтуі жайындағы мәліметтерді тіркеп отырады (ҚҰЭ).

БАСҚАРМА[1] з а т. **1.** *Мемлекеттік атқару және билік жүргізу органдарының құрамындағы әкімшілік бөлімше. Б а с қ а р м а* шешетін мәселелер шеңбері жағдайымен шектелген. *Б а с қ а р м а н ы ң* өз құзыреті шеңберінде қабылдайтын шешімдері бухгалтерияда шаруашылық операцияларды жүргізу үшін негіз болып табылады (Қаз. тілі термин. Экономика.). Ол оқу бітірісімен Архив *б а с қ а р м а с ы н а* қызметке орналасты («Қазақст. әйелдері»). **2.** *Кәсіпорынның, ұйымның қызметіне алқа түрінде басшылық жасайтын, белгілі бір мерзімге сайланатын орган.* Осы колхоздың *б а с қ а р м а* ағасы Махсұт деген ұзын бойлы, таңқы мұрын қара жігіт (Б.Шалабаев, Өмірде.). **3.** с ө й л. *Осы мекемені басқаратын ұжым басшылары, ұйымның басқарушы мүшелері.*

Кеше Жиенбай *б а с қ а р м а ғ а* арыз әкеліп берді (Б.Майлин, Шығ.). Сәндібек мойнын жұтына созып *б а с қ а р м а ғ а* кимелеп қызу сөйлеп тұр (Т.Ахтанов, Махаббат.). Осыны ерте тапсырмай, Берді жаңа *б а с қ а р м а,* Жер жыртумен қарбалас, Істі бұлай бастар ма? (І.Жансүгіров, Шығ.). Кеңес өкіметі кезінде құрылған ұжымдық шаруашылықтар басқармасының төрағасын халық *б а с қ а р м а* деп атаған (ҚҰЭ).

Басқарма бастығы. *Белгілі бір мекемедегі әкімшілік органның немесе әкімшіліктің басқарушысы.* Қалует кеңшарда агроном және уақытша *б а с қ а р м а б а с т ы ғ ы* болатын (Ғ.Сланов, Шалқар).

БАСҚАРМА[2] з а т. ж е р г. *Бүкпе, шананың басқы бүкпесі. Б а с қ а р м а* шананың имек басына салынады. Мінетін шанада *б а с қ а р м а* жоқ (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БАСҚАРМАДАЙ с ы н. *Басқарма сияқты.* Халыққа *б а с қ а р м а д а й* есеп берген, Жайынан мен сөйлейін мал мен бардың (Айтыс).

БАСҚАРМАЛЫҚ з а т. *Ұжымды, шаруашылықты басқарушылық.* Әртіс болса, *б а с қ а р м а л ы қ қ а* несіне әуреленеді жазған бала! – деп бір кексе әйел аузын сылп еткізеді (С.Шаймерденов, Мезгіл). Сөйтсе, олардың ешқайсысы да біріне бірі *б а с қ а р м а л ы қ т ы* қимаса керек (Ердің даңқы.).

БАСҚАРТ[1]**=** е т. *Басшылық еткізу, жетекшілік етуді тапсырып, міндеттеу.* Шәкір тойды басқарғыш адам екен. Ол комиссия мүшелерінен басқа, өзіне сайдың тасындай жүз шақты епті жігіт таңдап алды да, бәріне де оңтайлы жақсы аттар мінгізіп, той қызметін соларға *б а с қ а р т т ы* (С.Мұқанов, Есею жыл.). Мәлік Шахтың сарайына шақыртып Исфағандағы обсерваториясын *б а с қ а р т а д ы* (А.Көбесов, Математика.). – Қайғырып жатқан жеріңнен тұрғызып, ас-суыңды өзіңе *б а с қ а р т т ы м.* Бұл жұбатқаным емес пе? – дейді шешен (Шешендік сөздер).

БАСҚАРТ[2]**=** е т. *Өзгерту, басқа ету.* – Солар үшін тіліңізді өзгертіп, түріңізді *б а с қ а р т ы п,* кейде көпшілікке ұғымсыз жағдайларға жырақтап барудың қажеті бар ма? – деді күле сөйлеп, осындайда әкесіне бар ойы мен сезімін батыл айтатын әдетіне басты. Бірақ сондайдағы және бір қалыптанып келе жатқан дағдысы бойынша әкесінің ажарын, өңі-түсін аңыстай отырып, күліп айтады. Абай баласының майдалап айтса да, туралап сынап отырған әзілқойлық ажарына жұмсақ қарап, қоса күлді (М.Әуезов, Шығ.).

БАСҚАРТУ *Басқарт етістігінің қимыл атауы.* Батыс Сібірдің соғыс губернаторы – полковник Гутковский, өзі сырттан бақылаушы болуға, жәрмеңке ісінің бәрін Шоқанға *б а с қ а р т у ғ а* бекінген (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БАСҚАРУ *Басқар етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Басшылық ету, билігін жүргізу.* Президент *б а с қ а р у ы м е н* Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық комиссия құрылып, оған еліміздің көрнекті ғалымдары мен саясаткерлерін қатыстырып, тәуелсіз мемлекетіміздің ішкі, сыртқы саясатының жаңа байыптамаларын жасауға кірістік («Егемен Қазақстан»). Бұлардың қызметтері: пәтер ісін, азық-түлік ісін *б а с қ а р у,* босқындардың санын, атын-жөнін жазу, киіндіру, балаларын оқыту, қызмет тауып беру, керек орнында жөн көрсету [_ _ _] (М.Дулатов, Шығ.). Патша әйелқұмар адам болса керек, кең сарайды толтыра әйелдерін жинап ап, елді *б а с қ а р у д ы ң* орнына әйелдермен сауық құрады екен (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Қараша айында Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің қаржы бақылау басқармасының бастығы Е.Е.Жанановтың *б а с қ а р у ы м е н* құрамында 5 адам бар комиссия мемлекет бюджеті тарапынан бөлінген барлық қаржының толықтай мақсатты істерге жұмсалып, игерілгенін айғақтайды («Егемен Қазақстан»). **2.** *Ұйымдастыру, жетекшілік ету.* Көп жылдан бері Сочи қаласында Н.А.Шульц пен курорттың бас терапеві Н.В.Романовскийдің *б а с қ а р у ы м е н* инфаркт, инсульт, гипертониялық криз және басқа да жүрек-қан тамырларының аурулары болмау үшін профилактикалық жұмыстар жүргізілуде (Т.Омаров, Күн. құбылыс.). Ахмет Жұбановтың *б а с қ а р у ы н д а ғ ы* домбыра ансамблі алғашқыда халықтың ән-күйлерін ешбір инструментовкасыз, гармонизациясыз, нотасыз бір дауыста жатқа ойнап жүреді (Ж.Рсалдин, Ахмет Жұбанов). Шыңғыс ұрпағы емес, бірақ билікті қолға алған билеушілер, мысалы, Әмір Темір, Едіге және басқалар жалған Шыңғыс ұрпақтары – хандар арқылы *б а с қ а р у ғ а* мәжбүр болды (Қаз. дала. ойшыл.). Қолында атаулы акциялары бар акционерлер «бір акция – бір дауыс» деген принциппен акционерлік қоғам істерін *б а с қ а р у ғ а* қатысуға құқылы (ҚҰЭ). **3.** *Меңгеру, игеру.* Химиялық немесе металлургиялық заводтардың қызметін, олардағы болатын барлық процестерді *б а с қ а р у* тіпті қиын (О.Жәутіков, Жаратылыстану.). Белгілі бір аймақ территориясының әлеуметтік экономикалық дамуын жетілдіру үшін шетелдік инвестицияны, озық технология мен *б а с қ а р у* тәжірбиесін тарту мақсатымен құрылатын, нақты айқындалған әкімшілік шекарасы және ерекше заңды экономикалық аймақ құру тәжі-

рибесі кездеседі («Қаз. әдеб.»). **4.** э к о н. *Ұйымдасқан жүйеге нысаналы түрде ықпал жасау, оның белгіленген құрылымын сақтау, қызметтің тәртібі мен мақсатын қолдау. Б а с қ а р у* түрлері: заттарды басқару – технологиялық процестерді; адамдарды басқару – өндірісті (өндірістік ұжымдарды) басқаруға саяды (Қаз. тілі термин. Экономика.). Органдар (аппараттың болуы), кадрлар (басқарушылар, мамандар, орындаушылар), басқару техникасы (ақпарат жинау, тарату, өңдеу құралдары) жүйесі – *б а с қ а р у д ы ң* материалдық негізі болып табылады (Қаз. тілі термин. Экономика.). **5.** и н ф. <ағыл. control, management> *Берілген бағдарламаға сәйкес нысананың жұмыс істеуін үзбеуге немесе жетілдіруге бағытталған және нақты ақпарат негізінде таңдап алынған әрекеттер жиынтығы. ≈ Б а с қ а р у* блогі.

Автоматты түрде басқару. *Есептеу техникасын автомат құрылғылар мен экономикалық-математикалық әдістерді енгізе отырып басқару.* Ықтималдық теориясы қазіргі уақыттағы автоматтандыру, *а в т о м а т т ы т ү р д е б а с қ а р у* мәселелеріне өте жиі қолданылатын болды (О.Жәутіков, Жаратылыстану.). Осы замандағы электрондық есептегіш цифрлық мәшинелер алуан түрлі логикалық мәселелерді шеше алады. Сондықтан да, мұндай машиналар қазіргі уақытта *а в т о м а т т ы т ү р д е б а с қ а р у* үшін үлкен заводтарда, аэродромдарда, темір жолдарда пайдаланылатын болды (О.Жәутіков, Жаратылыстану.).

Әлеуметтік басқару. *Қоғамдық қарым-қатынастарды реттеп, оның салалық сипаты мен ерекшеліктерін сақтау, жетілдіру, сол арқылы қоғамның болмысына ықпал ету. Ә л е у м е т т і к б а с қ а р у* негізінен, қоғамның даму заңдылықтарын тиімді түрде қолдана отырып, қалыптасқан жосындардың адам мүддесіне қызмет етуін қаперге алады, осы мақсатқа жету үшін бұқаралақ жұмыстар ұйымдастырады (ҚҰЭ).

Басқару ағыны. и н ф. <ағыл. control flow> *Орындалатын командалар тізбегі.*

Басқару аймағы. и н ф. <ағыл. management domain> *Электрондық поштада хабарларды жеткізу желілерінің белгілі бір жиынтығы. Б а с қ а р у а й м а ғ ы н д а* ең болмағанда хабарларды жеткізудің бір агенті болады немесе іске асырылады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Басқару алгоритмі. э к о н. *Басқару шешімдерін әзірлеудің, жоспарларды тұжырымдаудың, басқару барысында ақпарат алмасудың дәл белгіленген тәртібі. Б а с қ а р у а л г о р и т м і н* мұқият пысықтау – кез келген автоматты басқару жүйесін жобалаудың қажетті кезеңі (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Басқару алгорифмі. и н ф. *Қандай да бір басқару процесін жүзеге асыру үшін орындалатын ережелердің реті көрсетілген жүйе.* Электрондық есептегіш машинаны осы өндіріс процесіне пайдалану үшін оған *б а с қ а р у а л г о р и ф м і н* көрсету керек (О.Жәутіков, Жаратылыстану.). *Б а с қ а р у а л г о р и ф м і* тағайындалғаннан кейін машина жұмыстың ең жақсы жағдайын табады, яғни күш шығатын механизмдердің режимін анықтайды, поездардың, самолеттердің графиктерін құрады (О.Жәутіков, Жаратылыстану.).

Басқару аппараты. *Қоғамның әрбір саласы бойынша нұсқау-тапсырмалар беріп, олардың орындалуын қадағалайтын арнаулы білімді қызметкерлерден құрылған ұйым.* Бұдан басқа айтарлықтай қаржы ағарту саласына, денсаулық сақтау, ғылымға, *б а с қ а р у а п п а р а т ы н* ұстауға, экологияға, зейнетақымен қамтуға жұмсалады (Б.Жүнісов,.. Нарық. экон. негіз.). Кадрлерді іріктеу, *б а с қ а р у а п п а р а т ы* не өндіріс бөлімшелерінің әртүрлі буындарының жұмысын үйлестіру, жұмыс барысын бақылау және реттеу т.б. міндеттерді мекеме, кәсіпорын басшылары жүзеге асырады (ҚҰЭ).

Басқару атқарымдары. *Басқару қызметінің түрі.* Негізгі *б а с қ а р у а т қ а р ы м д а р ы:* жоспарлау (мақсаттары, міндеттері, болжау), ұйымдастыру (белгіленген мақсаттарға қол жеткізу үшін нақты жағдай жасау), уәждеме (еңбек ететін қызметкерлерді ынталандыру мен көтермелеу), бақылау, үйлестіру (кәсіпорынның барлық буындарындағы жұмыста келісушілікке, тізбектілікке қол жеткізу) (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Басқару әдісі. *Еңбек ұжымының жекеленген орындаушылардың объектісінің алдында тұрған мақсаттарға жетуге бағытталған басқару қызметінің тәсілдері. Б а с қ а р у ә д і с т е р і* экономикалық заңдар талаптарын практикада іске асыру құралы болып табылады, оларды зерделеу және пайдалану әрбір басқарушылық шешімді практикалық негіздеу, басқарудың нақты мақсатына қол жеткізу үшін қажет (Қаз. тілі термин. Экономика.). *Б а с қ а р у ә д і с т е р і* жүйесінде әдістердің мынадай топтары қабылданған: экономикалық әдістер (ұйымдастыру-өкім беру әдістері) және әлеуметтік-психологиялық әдістер (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Басқару блогі. и н ф. <ағыл. control block> *Есептеу процесін басқару үшін операциялық жүйе пайдаланылатын интерфейсінде – редакциялау терезесінде команда параметрлерінің қосылғандық белгілері, батырмалары немесе басқарудың басқа түрлері де бар терезе* (Қаз. тілі. термин. Информатика).

Басқаруды автоматтандыру. и н ф. *Басқару саласына есептеу техникасын, автоматика құрылғыларын және экономикалық-математикалық әдістерді енгізу процесі* (Қаз. тілі. термин. Информатика).

Басқарудың автоматтандырылған жүйесі. и н ф. < ағыл. the automated control system> *Кәсіпорын немесе сала көлемінде экономикалық-математикалық әдістерді қолдана отырып, өндірісті басқару процестерін кешенді автоматтандыруға арналған «адам – мәшине» типті жүйе; әртүрлі объектілерді басқаруды автоматтандыруға арналған бағдарламалық және техникалық құралдар кешені. Басқарудың автоматтандырылған жүйесі* басқарылатын объектінің түріне байланысты технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі, кәсіпорынды басқарудың автоматтандырылған жүйесі және т.б. болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Басқарудың автоматтандырылған жүйесі* жабдықтау (қамтамасыз ету) және функционалдық жүйелерден тұрады (ҚҰЭ).

Басқарудың әкімшілік аймағы. и н ф. <ағыл. administration management domain> *Электрондық поштада – телекоммуникациялық операторлардың басқаруында болатын басқару аймағы* (Қаз. тілі. термин. Информатика).

Басқарудың әкімшілік әдістері. э к о н. *Бірлескен қызмет барысында міндетті түрде орындалуға тиіс нормативтік актілер, директивалар мен бұйрықтар, нұсқаулар мен өкімдер, басқа да жарлықтар арқылы адамдардың қатынасына ықпал ету құралдарының жиынтығы* (Қаз. тілі. термин. Экономика).

Басқарудың әлеуметтік-психологиялық әдістері. э к о н. *Ұжымның қалыптасуы мен дамуы процесіне, оның ішіндегі әлеуметтік процестерге оңтайлы психологиялық ахуал жасау жолымен адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеуге ықпал етудің нақты тәсілдері. Басқарудың әлеуметтік-психологиялық әдістерінде* ұжымның әлеуметтік дамуы, оның мүшелерінің шығармашылық белсенділігі мен бастамашылдығын арттыру, ұжымда қолайлы психологиялық ахуал жасау, ұжымдық және жеке моральдық көтермелеудің түрлі нысандарын қолдану, дәстүрлерді сақтап, дамыту, ұжым мүшелерінің еңбек қызметінің уәждемелерін зерделеу және бағыттау т.б. қамтылады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Басқарудың директивалық әдістері. э к о н. *Басқару субъектісінің, басқарушы органның басқару объектісі; субъектіге бағынышты тұлғалар тарапынан мүлтіксіз орындалуға тиіс өкім әзірлеуге негізделетін әдістер. Басқарудың директивалық әдістерін* әкімшілдік, өкімшілдік, әміршілік әдістер деп те атайды (Қаз. тілі термин. Экономика).

Басқарудың дискреттік жүйесі. и н ф. <ағыл. discrete control system> *Ақпарат екі немесе одан да көп элементтер арасында импульстер тізбегімен берілген жүйе. Басқарудың дискреттік жүйесі* қандай да бір сигналмен түрлендіруге ұшыраған жағдайда ғана ол пайдалы ақпарат әкеледі (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Басқарудың дистанциялық жүйесі. т а р. *Ресей өкіметі Батыс Қазақстанда хандық билікті жойғаннан кейін енгізген жергілікті әкімшілік-аумақтық бөліктер құрылымы. Басқарудың дистанциялық жүйесі* арқылы Ресей өкіметі Батыс Қазақстанда өзінің отаршылдық саясатын жүзеге асыруға тырысты (ҚҰЭ). *Басқарудың дистанциялық жүйесі* 1731 ж. енгізіліп, аға сұлтандықтар дистанцияларға (сатыларға) бөлінеді (ҚҰЭ).

Басқарудың классикалық мектебі. э к о н. *Ұйымда ұтымды пайдалану үшін бұрынғы кезеңде қалыптасқан және жалпы қағидаларға теңдестіруге негізделген амал* (Қаз. тілі. термин. Экономика).

Басқарудың командалық әдісі. ә с к. *Зымыранның ұшуын басқаратын белгілердің (команда) оның бортына жердегі қондырғыдан берілетін нысанаға бағыттау әдістерінің бірі. Басқарудың командалық әдісінде* ракетаның ұшуы да, нысананың қозғалысы да қатар бақыланады (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Басқарудың командалық әдісі* арқылы орындаушы механизмдер жұмыс істейді де, ол ракета белгіленген бағытпен ұшады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Басқарудың микропроцессорлық жүйесі. и н ф. <ағыл. microprocessor system> *Автоматтық құрылғылардан тұратын жүйе. Басқарудың микропроцессорлық жүйесінің* ішінде ақпаратты алу, жеткізу, түрлендіру бойынша операциялар жиынтығын бірігіп жүзеге асыратын және басқарудың қабылданған критерийіне сәйкес басқару объектісіне басқарушы әсерлердің беретін бір немесе бірнеше микропроцессор басты рөлді атқарады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Басқарудың экономикалық әдістері. *Қызметкерлердің материалдық мүдделеріне ықпал ету үшін объективтік заңдылықтар мен санаттарды саналы түрде пайдалануға негізделген басқару әдістерінінің тобы. Басқарудың экономикалық әдістері* экономикалық ынталандыру, баға белгілеу, қаржыландыру,

несиелендіру әдістерін қамтиды (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Басқару еңбегі. *Мекеменің, кәсіпорынның басқару жүйесінде қызмет атқаратын лауазымды адамдар еңбегінің жалпылама атауы. Б а с қ а р у е ң б е г і* басқаруды және оған дайындықты қамтиды (ҚҰЭ). *Б а с қ а р у е ң б е г і н* ғылыми тұрғыда ұйымдастыру қызметі басшы, инженер-техникалық қызметкерлердің, мамандардың еңбегін, олардың жұмыс күнін тиімді ұйымдастыру, жұмыс стиліне шұғыл басшылық ету тәсілдерін жақсарту т.б. көрсеткіштер тұрғысынан мұқият зерттеуді талап етеді (ҚҰЭ).

Басқару жабдығы. т е х. *Электрондық есептегіш мәшинеңің негізгі жабдығы.* Электрондық есептегіш мәшинеңің жабдықтары мыналар: 1) сандарға жүргізілетін амалдарды орындауға арналған арифметикалық жабдық, 2) сандарды қабылдауға, сақтауға және оларды беруге тағайындалған «еске тұту» жабдығы, 3) мәшинеңің автоматты қызметін басқаруға арналған *б а с қ а р у ж а б д ы ғ ы* (О.Жәутіков, Жаратылыстану.). *Б а с қ а р у ж а б д ы ғ ы н ы ң* атқаратыны: жасалған программа бойынша барлық есептеулерді автоматты түрде орындау (О.Жәутіков, Жаратылыстану.).

Басқару жолағы. и н ф. <ағыл. control bar> *Windows жүйесінің графикалық интерфейсінде – редакциялау терезесінде команда параметрлерінің қосылғандық белгілері, батырмалары немесе басқарудың басқа түрі бар терезе* (Қаз. тілі. термин. Информатика).

Басқару жүйесі. а) п е д. *Балаға білім беру мен тәрбиелеу ісінде қолданылатын, түрлі әдістәсілдердің жиынтығы. ≈ Б а с қ а р у ж ү й е с і н* енгізу. ә) э к о н. *Қаржыландыру, жоспарлау, өнім шығаруды бақылау, есептеу жүйелері т.б. кіретін фирманың ұйымдық құрылымның элементі. Б а с қ а р у ж ү й е с і н д е г і* басты проблема – фирманың межеленетін стратегиясының қолданылып жүрген жүйелерінің сәйкес келу дәрежесін анықтауда (Қаз. тілі термин. Экономика.). Ең алдымен, жеке сектормен бірлесе отырып істің жайын талдау мен бизнес-стратегиялар жасау жөніндегі *б а с қ а р у ж ү й е с і н е* қол жеткізуіміз керек («Егемен Қазақстан»).

Басқару иерархиясы. и н ф. <ағыл. control hierarchy> *Басқару жүйесі өзара байланысқан деңгейлердің (рангтердің) бағыныштылық реті* (Қаз. тілі. термин. Информатика).

Басқару қадамы. и н ф. <ағыл. control step> *Басқарылатын объектіге бірінен соң бірі келетін екі тізбекті басқару әсерін берудің уақыт аралығы* (Қаз. тілі. термин. Информатика).

Басқару құрылғысы. и н ф. <ағыл. devices of management> а) *Алдыңғы операциялардың нәтижелері мен орындалатын операцияның ерекшелігіне байланысты уақыттың керек сәтіне белгілі бір басқару сигналдарын (басқарушы импульстерді) қалыптастыратын және мәшинеңің барлық блоктарына беретін құрылғы. Б а с қ а р у қ ұ р ы л ғ ы с ы* орындалатын операцияларға пайдаланылатын жад ұяшықтарының адресін қалыптастырады және осы адрестерді компьютердің тиісті блоктарына береді (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Б а с қ а р у қ ұ р ы л ғ ы с ы* орындалуға тиісті әрекеттерге байланысты ЭЕМ-нің барлық құрылғыларына басқару сигналдарын беріп отырады; атқарылатын амалдарға қатысты мәліметтердің жедел жад ұяларындағы адрестерін анықтайды; сыртқы құрылғылардың берілген командаларға сәйкес реттілік пен қызмет етуін қадағалайды; арифметикалық және логикалық операцияларды орындайды (ҚҰЭ). ә) *Берілген бағдарламаға сәйкес құрылғылардың барлық бөліктері автоматтық басқаруға арналған компьютер процессорының құрылым бөлігі. Б а с қ а р у қ ұ р ы л ғ ы с ы* операцияларды автоматтық орындауға арналған сигналдарды өндіреді де, олардың орындалуының берілген тізбегін жасақтайды (ҚҰЭ). б) *Жад; арифметикалық логикалық құрылғы және машинаның басқа бөліктерінің арасында ақпараттың алмасуын басқаруды жасақтайтын қажетті регистрлері, санауыштары мен басқа элементтері бар орталық процессордың бөлігі.* Фоннеймандық архитектуралы жай мәшинелерінда *б а с қ а р у қ ұ р ы л ғ ы с ы* командалар санауышын, адрестік регистрді, операция коды бар және кері қолдайтын регистрді қамтиды (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Б а с қ а р у қ ұ р ы л ғ ы с ы н ы ң* құрамына тактілік импульс беретін генератор, өте шапшаң жұмыс атқара алатын ішкі жедел жад, арифметикалық-логикалық құрылғы, ЭЕМ блоктарын бір-бірімен байланыстыратын интерфейс жүйесі енеді (ҚҰЭ).

Басқару объектісі. <ағыл. control object> *Жұмыс істеуді басқару жүйесінің әрекеттері арқылы жүзеге асыратын техника, процесс немесе адамдар ұжымы.*

Басқару операторы. и н ф. *Магниттік таспалармен және дискілермен жұмыс істейтін оператор.*

Басқару операциясы. и н ф. <ағыл. control operation> *Мәліметтерді енгізу-шығарумен немесе өңдеумен тікелей байланысты емес компьютердің кез келген операциясы.*

Басқару органы [орындары]. з а ң. *Мемлекеттің аумақтық-әкімшілік бөлініс нысандары қызметін реттеп, жүргізіп отыратын ұйым,*

мекеме. Халық Конституцияның мемлекеттік *басқару органдарын*, оның нышандарын, азаматтардың демократиялық құқықтары мен бостандықтарын айқындайтын басты Заң екенін анық түсінді («Егемен Қазақстан»). Сібірдің әкімшілік *басқару органдары* Шоқан жөнінде сенімсіз көзқарастарға келе бастады (М.Ақынжанов, Қаз. ағартушы.). Жер-жерде Уақытша үкіметтің облыстық, уездік һәм жергілікті *басқару орындары* құрыла бастады (Р.Сыздықова).

Басқару панелі. и н ф. <ағыл. control panel> а) *Бұрынғы электрондық машинелерді қолмен басқаратын, индикаторлармен және қосқыштармен жабдықталған пульт.* ә) *Windows жүйесінің графикалық интерфейсінде – жұмыс ортасы ыңғайластырылатын, мыс., экран түсі, қыстырма, қаріптер мөлшері, меңзердің жыпылықтау мерзімі және т.б. анықталатын терезе.*

Басқару психологиясы. п е д. *Психологиялық басқару ісіндегі заңдылықтарды зерттейтін психологияның саласы. Басқару психологиясының* негізгі міндеті – басқару жүйесіндегі жұмыстың тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында басқару қызметінің психологиялық жағдайлары мен ерекшеліктеріне талдау жасау (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Басқару психологиясы* басқару жүйесіндегі жағдай мен өзгерістерге диагностика мен болжам жасайды; алға қойған мақсатты орындау барысында бағыныштылардың мінез өзгешелігін бақылайды, шешімнің орындалуын қадағалайды (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Басқару пункттері. ә с к. *Ұрыс қимылдарын дайындау, жүргізу немесе жауынгерлік кезекшілік кезінде қолбасшы штаб офицерлерімен бірге орналасып, әскерлерді басқаратын арнайы техникалық құралдармен жабдықталған орындар. Басқару пунктінің* жұмысын байланыс және қызмет көрсету бөлімшесі қамтамасыз етеді (Қаз. тілі термин. Әскери.). Жылжымалы *басқару пункттері* командалық-штабтық және штабтық машиналарда немесе жиналмалы инженерлік құрылыстарда орналастырылады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Басқару пішімі. қ о ғ.-с а я с и. *Мемлекеттегі жоғары билік органдарын құрып, ұйымдастырудың құрылымы мен ретін, олардың арасындағы қарым-қатынастар тәртібін сипаттайтын ұғым. Басқару пішімінің* сипаты, ең алдымен, жоғары мемлекеттік билікті ұйымдастыру жүйесіне байланысты болады (ҚҰЭ). *Басқару пішімін* айқындайтын басты нышандардың бірі мемлекет басшысының статусы (яғни, сайланбалылығы мен ауыспалылығы не мұрагерлігі) болып табылады (ҚҰЭ). *Басқару пішіміне* қарай мемлекеттер монархиялық және республикалық болып бөлінеді (ҚҰЭ).

Басқару режімі. и н ф. <ағыл. control mode> *Жалпы жағдайда басқарылатын объектінің іс-әрекетін басқару тәсілі.*

Басқару схемалары. и н ф. *Аппараттық құрылғының жұмысын басқаруға арналған электрондық схемасы.*

Басқару сызығы. и н ф. <ағыл. control line> *Енгізу-шығарудың стандартты интерфейсінің сызығы (шинасы). Басқару сызығы* кез келген сәтте арнаның логикалық байланысын оған жалғастырылған сыртқы құрылғыны басқару құрылғысының тек біреуімен ғана орнатуға, сыртқы құрылғылардың сұрауын басқаруға, уақытты өлшеуге және құрылғының қалыпкүйінің ауысуын шешуге арналған (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Басқару техникасы. э к о н. *Басқару (менеджмент) міндеттерін атқару кезінде қолданылатын техникалық құралдар. Басқару техникасында* ұйымдастыру техникасы, кеңсе техникасы деген ұғымдар да қолданылады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Басқару торы. э к о н. *Басқарудың тиімділігін бақылаудың қос мөлшерлі тәсілі. Басқару тәсіліне* сәйкес сатылас басшылық стилін – жоғарыдан төменге дейін «адамдарға қамқорлық жасай білушілікті», деңгейлес басшылық стиліне – «өндіріске қамқорлық жасай білушілікті» анықтайды (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Басқару үрдісі. с а я с и. *Басқарудың қалыптасқан, дәстурге айналған, орныққан жүйесі.* Бұған дейін мемлекеттер *басқару үрдісінде* саясат алдыңғы орынға қойылып келсе, қазір экономикалық байланыстар бірінші кезекке шығып отыр («Егемен Қазақстан»).

Басқару формасы. с а я с и. *Мемлекеттегі билік түрі.* Сондықтан Республика Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Елдегі жағдай және 2002 жылғы ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы» Қазақстан халқына Жолдауында, «*басқарудың* президенттік *формасының* орныққаны биліктің барлық тармақтарының үйлесімді жұмыс істеуінің кепілі болып отыр», – деді («Егемен Қазақстан»).

Басқару шинасы. и н ф. <ағыл. control bus> *Басқару сигналдары мен бақылау сигналдарын жеткізуге арналған жалпы шинаның бөлігі.*

Басқару элементі. и н ф. <ағыл. control> *Бағдарлама жұмысын басқаруға және ақпаратты енгізу мен шығаруға арналған пайда-*

ланушының графиктік интерфейсінің құралы. Қазіргі кезде алуан түрлі *б а с қ а р у э л е м е н т і н і ң* жиыны пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Меншікті басқару. с а я с и. з а ң. *Жылжитын, жылжымайтын мүліктерді, өндіріс орындарын т.б. маңызды нысандарды мемлекеттің немесе кәсіпорындар мен мекемелердің иелігіне беруді реттеу.* 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды, онда көптеген мәселелер өз шешімін тапты, бұлар – мемлекетті *м е н ш і к т і б а с қ а р у д ы* ұйымдастыру, адам мен адамзаттың хұқықтары мен бостандығы және басқа да көптеген мәселелер («Егемен Қазақстан»). Алматы облысы әкімінің коммуналдық *м е н ш і к т і б а с қ а р у* және жекешелендіру департаменті коммуналдық меншіктегі автокөлік құралдарын сату жөнінде аукцион өткізеді («Егемен Қазақстан»).

Саяси басқару. қ о ғ.-с а я с и. *Саяси билікті іске асыру процесі. С а я с и б а с қ а р у д а* халықтың (әлде бір топтың) мүддесін көздейтін саясат субъектісі мемлекеттік билік арқылы қарым-қатынастарға ықпал етуге тырысады (ҚҰЭ). Саясат қоғамдық өмірдің барлық жақтарының жинақталған көрнісі болып табылатындықтан, *с а я с и б а с қ а р у* оның экономикалық, әлеуметтік, рухани-мәдени даму мәселелерінің шешімін тауып, өзге басқару түрлерінен үстем тұрады (ҚҰЭ).

Өзін-өзі басқару. а) п е д. *Ұжым мүшелерінің өз ұжымдарына басшылық етіп, басқару әрекеті. Ө з і н-ө з і б а с қ а р у* негізінен сыныптан тыс, мектептен тыс жұмыс түрінде кеңінен көрініс береді (Қаз. тілі. термин. Педагогика.). ә) қ о ғ. *Өз-өзіне ие болу, басшылық жасау.* Сөйтіп, жерден, судан айырылған, *ө з і н-ө з і б а с қ а р у* тәртібінен жұрдай болған патша чиновнигінің қарауына көшкен халық бас көтереді (Х.Есенжанов, Тар кезең).

БАСҚАРУШЫ з а т. *Бір іске, мекемеге, шараға басшылық етуші, жетекші.* Мығым денелі жас жігіт қолын созып, жиналыс *б а с қ а р у ш ы д а н* рұқсат алды да, орнынан атып тұрды (Б.Қыдырбекұлы, Шығ.). Губерниялық соттың қылмыс бөлімін *б а с қ а р у ш ы* Жалмағамбет дейтін жігіт тауқұдірет тұмсықтанған, қызыл шырайлы, тісінің бәрін алтынмен қаптаған, күлкішіл, кісіге жағымпаз адам болатын (Б.Майлин, Азамат.). Жау басынар халықты, *Б а с қ а р у ш ы* оңбаса. Малша айдап адамды, Орынсыз күштеп зорласа. Ауға түскен балықтай, Шыға алмасаң бұлқынып, Әділетшің болмаса (Сүйінбай ақын [Аронұлы], Ақиық). Ресей және КСРО территориясында 1923–1929 жылдар аралығында ауылдық жерлердегі уездік әкімшілік бөлініс, сондай-ақ жергілікті болыстың әкімі, *б а с қ а р у ш ы* волосной, волостной, волосной, ауылнай, комитет, жаңа би сайлаған соң, бұрынғы волос, би, ауылнай жоқ болсын деді (Ә.Бөкейханов, Шығ.). Директор аспай-саспай жайынша түсіндіріп: – Сендерге берілетін ақшаның сомасын көрсетіп, іс *б а с қ а р у ш ы ғ а* тапсырғам, – деді (І.Жансүгіров, Әңгім.). Электрондық есептегіш мәшинені адам миымен салыстырғандағы бір себеп: мәшинеңің *б а с қ а р у ш ы* жабдықтары мидың кейбір функцияларын орындайды (О.Жәутіков, Жаратылыстану.).

Басқарушы автомат. и н ф. *Операциялық құрылғының операциялық автомат жұмысын басқаратын бөлігі. Б а с қ а р у ш ы а в т о м а т* орындалатын операцияның алгоритміне сәйкес басқарушы сигналдардың керекті тізбегін құрастырады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Басқарушы ақпарат. и н ф. <ағыл. control information> *Құрылғыда, бағдарламада, жүйеде орындалатын белгілі бір басқару міндеттерін жүзеге асыруға негіз болатын мәліметтер.*

Басқарушы бекет. и н ф. <ағыл. managing station> *Ақпаратты жеткізу, қабылдау және қалпына келтіру сұраныстарының орындалуын бақылайтын мәліметтерді жеткізу желісіндегі бекет.*

Басқарушы бит. и н ф. <ағыл. control bit> *Мәнін басқару режімін өзгертуге пайдаланылатын басқару регистріндегі разряд.*

Басқарушы дестесі. и н ф. <ағыл. control packet> *Есептеу желілерінде – желіні басқаруға қажетті ақпараттан тұратын өріссіз мәліметтер дестесі. Б а с қ а р у ш ы д е с т е* жалғастырумен, ажыратумен және ағынымен басқару дестесі, болжам, қате жағдайларды түзету дестесі болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Басқарушы жад. и н ф. <ағыл. control storage> *Басқарушы бағдарламадан немесе микропрограммадан тұратын жад. Б а с қ а р у ш ы ж а д,* әдетте, тұрақты атқарушы құрылғы түрінде жасалады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Басқарушы матрица әдісі. и н ф. <ағыл. control matrix method> *Басым үзілімдер жүйесі.*

Басқарушы оператор. и н ф. <ағыл. control statement> *Тапсырманы немесе оның бөлімдерін орындауға қажетті басқарушы ақпаратты анықтайтын оператор.*

Басқарушы перне. и н ф. <ағыл. control key> *Басқару пернемен үйлесімді басылғанда балама мағына беретін перне.*

Басқарушы регистр. и н ф. <ағыл. control register> *Мәліметті басқару міндеттерін кеңейтуге немесе өзгертуге пайдаланатын бағдарламалар жүктелетін регистр.*

Басқарушы сигналдар. и н ф. <ағыл. managing signals> *Екі құрылғының, мыс., CD, DNR, RTS арасында ақпарат алмасуды басқаруға пайдаланылатын сигналдар.*

Басқарушы [басқару] сигнал. и н ф. <ағыл. managing signals> *Техниканы пайдалануда қолданылатын басты амал-әрекет, қалыптасқан рет.* Машина орындайтын әрбір амал арнаулы *б а с қ а р у ш ы с и г н а л д ы ң* әсерімен жүзеге асырылады (О.Жәутіков, Жаратылыстану.). Басқару құрылғысы орындалуға тиісті әрекеттерге байланысты ЭЕМ-нің барлық құрылғыларына *б а с қ а р у с и г н а л д а р ы н* беріп отырады (ҚҰЭ).

Басқарушы символ. и н ф. <ағыл. control character, commond character> а) *Командаңы белгілейтін биттер комбинациясы, мыс., мәліметтер блогының <басы> немесе <соңы> Б а с қ а р у ш ы с и м в о л д а р* мәліметтердің тағайындалған нүктеге жеткізілуін басқару үшін көбінесе мәліметтерге енгізіледі және кадрларды синхрондау, жиектеу, хабарларды бөлу, қателерді бақылау және т.б. үшін де қолданылады (Қаз. тілі термин. Информатика.). ә) *Ондық коды 32-ден кіші кодтық кесте символы. Б а с қ а р у ш ы с и м в о л ы* ақпаратты жеткізу үшін компьютер құрылғыларын басқаруға пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Б а с қ а р у ш ы с и м в о л д а р д ы ң* қызметі алуан түрлі және олармен бірге жұмыс істейтін бағдарламалық және аппараттық құралдарға байланысты өзгеруі мүмкін (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Басқарушы электрондық цифрлық мәшине. ә с к. *Әскерлерді қару мен ұрыс техникасын автоматты басқару жүйесінде қолдануға арналған дискретті электрондық есептеу мәшинесі.*

БАСҚАРУШЫЛЫҚ з а т. *Басшылық етушілік, жетекші болушылық.* Қызылжарда *б а с қ а р у ш ы л ы қ* қызметте тұратын Нұрғали Коваленко, Зейнолла Төреғожиннің пікірлес адамдар екенін жоғарыда айттық (С.Мұқанов, Есею жыл.). Маған *б а с қ а р у ш ы л ы қ* өте ұнайды. Өйткені бастықтың аты бастық. Бағынушылар мен жағынушыларды жанымдай жақсы көремін (М.Рашев, Бетің қисық.). Мен қолмен мақта теруден бастап агрономдық, одан *б а с қ а р у ш ы л ы қ* тәжірбиесіне жеттім (Ж.Саин, Жол үсті.).

Басқарушылық есеп. э к о н. *Жоспарлау, бағалау және бақылау, сондай-ақ өз ресурстарының ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін субъект басшысы пайдаланатын қаржы ақпаратын айқындау, өлшеу, жинақтау, талдау, түсіндіру және табыстау процесі. Б а с қ а р у ш ы л ы қ е с е п т і* тіркеу және реттеу тәртібі, шарттары, әдістері есеп саясатында айқындалады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Басқарушылық инфрақұрылым. э к о н. *Басқару процесін қамтамасыз ететін ұйымдар мен мекемелердің, олардың бөлімшелерінің жүйесі. Б а с қ а р у ш ы л ы қ и н ф р а қ ұ р ы л ы м* түрлі институттарды (академияларды), кеңес беру формаларын, бизнес мектептерін, басқару проблемалары жөніндегі орталықтарды, кәсіпкерлер қауымдастықтарын, басқару саласын кадрлармен, ғылыми және практикалық талдамалармен, басқарудың жаңа нысандары мен әдістерін игерумен қамтамасыз ететін басқа да құрылымдарды қамтиды (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Басқарушылық шешім. э к о н. *Басқарушы жүйенің (басқару органдарының) басқару обьектісіне нысаналы түрде ықпал жасауының негізгі элементі, іс-әрекетінің мақсатын тұжырымдау, оны іске асыру бағдарламасы.*

БАСҚАРЫЛ= е т. *Адамды, мекемені, техниканы біреу арқылы, бір нәрсе арқылы басқару, жұмсау.* От пен судан сақтау, адам һәм мал дәрігерлігі, ашаршылықта, жұтта мұқтаждарға жәрдем беру, жол түзету, поштаханалар ашу һәм басқа сондай жұрттың күшімен *б а с қ а р ы л а т ы н* жұмыстар (М.Дулатов, Шығ.). Авиациялық ракета *б а с қ а р ы л а т ы н,* басқарылмайтын болып екіге бөлінеді (Әскери іс). *Б а с қ а р ы л а т ы н* және басқарылмайтын баллистикалық ракеталар қозғалысы да дифференциалдық теңдеулермен сипатталады (О.Жәутіков, Жаратылыстану.). Егер Қазақстанда атқарушы билік күшінде болмағанда, әлгіндей реформа (экономикалық) жүзеге аспай қалатын еді. Біздегі *б а с қ а р ы л а т ы н* демократия моделі солай пайда болған («Жас Алаш»). Федеративтік республикада әр мемлекет – дербес, бірақ ынтымақтастық – бірлескен. Оның әрқайсысы өздігінен *б а с қ а р ы л а д ы* («Қазақ»).

Басқарылатын авиациялық бомба. ә с к. *Тұрақтандырғышы, қызметі, рөлі, кейде қанаты бар басқарылатын бомба. Б а с қ а р ы л а т ы н а в и а ц и я л ы қ б о м б а н ы ң* қозғалыс траекториясын өзгертуге мүмкіндік беретін, басқарыла ұшу және жоғары дәлдікпен нысананы жоятын басқару құралдары бар (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Б а с қ а р ы л а т ы н а в и а ц и я л ы қ б о м б а н ы* басқару радио, лазерлі сәуле бойынша және өздігінен бағытталу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Басқарылатын айналым. и н ф. <ағыл. controlled variable> *Жадты бөлу мен босату жадты*

динамикалық үлестіру операторларының көмегімен жүзеге асырылатын айналымы.

Басқарылатын баға құрылымы. э к о н. *Тауарлар мен қызметтердің бағасын рыноктық факторлар емес, үкімет органдары, жеткізушілердің ресми және бей ресми картельдері, сондай-ақ сауда қауымдастықтары белгілейтін қағида. Б а с қ а р ы л а т ы н б а ғ а қ ұ р ы л ы м ы* баға бәсекелестігін шектеу немесе оны белгілі бір уақыт кезеңінде тұрақтандыру мақсатын көздейді (Қаз. тілі термин. Экономика.). *Б а с қ а р ы л а т ы н б а ғ а қ ұ р ы л ы м ы* тапшылық немесе инфляцияның жоғары деңгейі кезеңінде жүргізіледі (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Басқарылатын бөліну. и н ф. <ағыл. controlled division> *Қатынас құруды басқарудың қайсыбір тетігі арқылы екі немесе одан көп пайдаланушыға қажетті ресурсты беру.*

Басқарылатын зымыран [ракета]. ә с қ. *Автоматты түрде зымыранды нысанаға бағыттауға немесе кеңістікте белгілі бір траектория бойынша қозғалуға мүмкіндік беретін, арнаулы басқару аппаратурасымен жабдықталған зымырандар. Б а с қ а р ы л а т ы н р а к е т а л а р* мақсатына, құрамы, аэродинаминканың сипаттамасы мен басқару жүйесіне байланысты бөлінеді (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Б а с қ а р ы л а т ы н з ы м ы р а н д а р ғ а* әртүрлі класты зымырандар жатады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Басқарылатын реактивті снаряд. ә с қ. *Ұшу барысында нысанаға бағытталғанға дейін арнаулы басқару аппаратурасымен басқарылатын реактивті снаряд. Б а с қ а р ы л а т ы н р е а к т и в т і с н а р я д* корпусынан, жарылыс бөлімінен, реактивті қозғалтқыштан, басқарудың кемшілік аппаратурасынан және басқару органдары мен тұрақтандыру органдарынан тұрады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Басқарылатын сатылас маркетингілік жүйе. э к о н. *Өндіріс пен бөлудің тізбекті кезеңдерінің қызметін бір иегерге ортақ тиесілілік негізінде емес, оның қатысушыларының бірінің ықпалдылығы негізінде үйлестірілетін сатылас маркетингілік жүйе.*

Басқарылатын снаряд. ә с қ. *Алдын ала берілген траектория бойынша арнаулы нысанаға жіберілетін ұшқышсыз аппарат. Б а с қ а р ы л а т ы н с н а р я д* арнаулы аспаптармен, реактивті қозғалтқыштармен жабдықталады (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Б а с қ а р ы л а т ы н с н а р я д т а р* қарсыластың әртүрлі маңызды объектілерін қиратуға, ұшақтың жаңа түрлерін сынаудан өткізуге, атыс жаттығуларында және ғылыми зерттеулерде қолданылады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Басқарылмайтын зымыран. ә с қ. *Өз құрылысында басқару жүйесі болмайтын зымыран. Б а с қ а р ы л м а й т ы н з ы м ы р а н,* әдетте, қатты отынды ракета қозғалтқыштары, тұрақтандырғышы бар корпустан және жарылғыш заттардың заряды бар бас бөліктен тұрады (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Б а с қ а р ы л м а й т ы н з ы м ы р а н д а р д ы ң* ұшу бағыты мен қашықтығы ұшыру қондырғылары арқылы беріледі (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Басқарылмайтын реактивті снаряд. ә с қ. *Траекториясы ауырлық күші мен аэродинамикалық күшке байланысты болатын, баллистикалық қисық деп аталатын сызықпен атылатын баллистикалық снаряд.*

БАСҚАРЫЛУ *Басқарыл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Өндірістің *б а с қ а р ы л у ы.*

Басқарылу нормасы. э к о н. *Қызметін бір басшы (бригадир, шебер, бөлім бастығы т.б.) басқаратын қызметкерлердің немесе құрылымдық бөлімшелердің оңтайлы саны. Б а с қ а р ы л у н о р м а с ы* инженер-техник қызметкерлер мен қызметшілердің еңбегін нормалау кезінде қолданылады (Қаз. тілі термин. Экономика.). *Б а с қ а р ы л у н о р м а с ы* басшыға тікелей бағынатын қызметкерлердің саны (Қаз. тілі термин. Экономика.).

БАСҚАРЫЛУШЫ с ы н. *Басқарылатын, басқарылуға тиісті.* Кибернетика тілін пайдалана отырып және оқу процесінде белгілі бір үлгі жасау үшін мұғалімді басқарушы объекті, ал оқушыны *б а с қ а р ы л у ш ы* объекті деп атауға болады («Қазақст. мұғ.»).

БАСҚАРЫП-ТӨСКЕР= е т. *Өзі де қосыла ұйымдастыру, жетекшілік ету.* Қара кемпір түрегелді. Келіндеріне ақылын айтып, *б а с қ а р ы п-т ө с к е р і п* жүр (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

БАСҚАРЫС= е т. *Бір істі, шараны өткізуге атсалысу, жұмыла кірісу.* Жер ошақ басында мал сойылып, қазан асылып жатыр. Аббас, Шоқпыт, Мұхтар сияқты үлкендер де осы үйде. Кенжетай әзір сыртта жабдық *б а с қ а р ы с ы п* жүр еді (Д.Әбілев, Арман.). Зайда үйіне келген қайнысын ертіп алып құдасының үйіне барып, барлық керек-жарақты да өзі *б а с қ а р ы с т ы* (С.Бегалин, Уақыт.). Тереңсайда болған мәжілісті *б а с қ а р ы с ы п* жүрген бұл белгілі кісіні жас жігіт сол жерде ғана көрген (Х.Есенжанов, Тар кезең).

БАСҚАРЫСУ *Басқарыс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жиналысты *б а с қ а р ы с у.*

БАСҚАША үс т. **1.** *Өзгеше, ерекше, бөлек.* Шағырмақ күндері Алматы мүлде *б а с қ а ш а* (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Әрбірінің сөйлеуі, айтуы *б а с қ а ш а* болса да, Алла тағаланың сұңғатына қарап пікірлемектікті екеуі де

айтты (Абай, Тол. жин.). Ол кезде шаш қойған адам сирек, ілуде біреу болғандықтан, Ғабдулланы жұрт *б а с қ а ш а* есептейтін (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). **2.** *Бұрынғыдан бөлек.* Ол жұттың зардабын жойып, шаруашылықты көтердім деп жоғарыдан мақтау алып жатқанда, сіз оның түбі шикі, істі *б а с қ а ш а* қолға алу керек дейсіз (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Басқаша айтқанда [айтса]. *Басқа сөзбен білдіргенде. Б а с қ а ш а а й т қ а н д а,* ол әрбір қарастырылып отырған куб теңдеудің түбірін тиісті түрде сәйкестендіріп, алынған шеңбер, парабола, гиперболалардың қиылысу нүктесінің координаттары ретінде табады (А.Көбесов, Математика.). Атмосфераның қазіргі газды құрамы едәуір дәрежеде Жер бетіндегі тіршілік дамуының нәтижесінде қалыптасқан, *б а с қ а ш а* сөзбен *а й т с а қ,* олардың тегі биогендік (Т.Қалыбеков, Экология.). Оның үстіне қылық дегеніміз осы қимылдардың шумағы болса, ол қимылдың арасындағы байланысын табу да, *б а с қ а ш а а й т с а қ,* қимылдардың мінезін, сыртқа шығу түрін тағайындау да психологияға кіреді (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.).

Басқаша сөйлесті. с ө й л. *Айтқанды, тапсырғанды, қойылған талапты орындамаған жағдайда мәселе басқаша болады, көресіңді көрсетемін деген қорқыту, қоқан-лоқы жасау мағынасында айтылатын сөз.* – Егер алдағы уақытта да шопандарға бүгінгідей қысым жасайтын болсаңыз, сізбен *б а с қ а ш а с ө й л е с е м і з,* жолдас Қырықбаев, – деп ол Таубайға шүйіле қарады (Қ.Жұмаділов, Саржайлау).

БАСҚАШАЛАУ с ы н. *Өзгешелеу, бөтендеу.* Бірақ бұл мені онша қанағаттандырмайды. Қызға жазатын, қыздан алатын хаттар *б а с қ а ш а л а у* болуға тиіс қой (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Сен оны *б а с қ а ш а л а у* түсіндің бе, білмей қалдым. Сен баяғы Нұрмолда болмағанда өзіме өзім, кәдімгі Балықбайға ұқсауға тиіспін ғой (С.Бақбергенов, Адам.). Татар әйелдері жеңіл киінеді екен, еркін жүреді екен, тілдері *б а с қ а ш а л а у* (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан).

БАСҚАШАЛЫҚ з а т. *Басқаша болушылық, өзгешелік, ерекшелік.* Бұл айырма алдымен шаруашылық-экономикалық факторлардың *б а с қ а ш а л ы ғ ы н а н,* мәдениет сатысының бірі ілгері, бірі төмен жатқандығымен байланысты (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

БАСҚАШАРАҚ с ы н. *Өзгешерек, бөтеніректеу.* Старковқа Григорий Шоқан жайын Драгомировтан *б а с қ а ш а р а қ* баяндады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Жолдастарынан қалуды Ержан да мін көрді. Бірақ мұның бәрі жігіттіктің міндеті сияқты көрінді де, із қалдырмай өте шықты. Ал, енді *б а с қ а ш а р а қ* секілді (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Тарс деген сөздің өзі, ешбір өзгеріссіз, екі рет қайталанса, сол сөз тарс-тұрс түрінде *б а с қ а ш а р а қ* болып қосарланады (Қазіргі қаз. тілі).

БАСҚОСУ з а т. **1.** *Ойын-сауық, тамаша, жиын-той.* Ойын-сауықта, той-томалақта т.б. жастардың *б а с қ о с у ы* әдетте айтысқа, әсіресе қыз (жас келіншек) бен жігіт арасындағы өлеңмен сөз жарыстыруға ұласады (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). *Б а с қ о с у* жақсы нәрсе, жұрттан ондай жақсылықты неге қызғанайық (М.Дулатов, Шығ.). **2.** қ о ғ. *Адамдардың, мемлекет басшыларының белгілі бір саяси, қоғамдық, тәрбиелік т.б. мақсат-мүдделерді көздеп, ірі проблемаларды шешу үшін ұйымдастыратын, өткізетін жиыны (форум, саммит, бейресми саммит).* «30-ншы ноябрьде хурмәтілу Торғай губернаторы қазақтың *б а с қ о с у* мәселесі туралы адвокат Жиһанша Сейдалиндіқабыл етті (М.Дулатов, Шығ.). Сөйтіп, бұл *б а с қ о с у* елімізді меңдеген ескерткіш қою «тұмауынан» айықтырудың алғышарттары жасалғанын аңғартты. Бірақ батпандап кірген кеселді мысқалдап шығара аламыз ба? («Қаз. әдеб.»). Қай кездесуде де қайталайтындары: «Бұл *б а с қ о с у* – біздің мемлекеттер арасындағы позицияны жақындата түсті» деген сарындағы мәлімдеме сымақтар («Түркістан»). Бұл *б а с қ о с у д ы ң* мақсаты – қазақ диаспорасының балаларын Қазақстанда оқытудың механизімдерін жасау («Түркістан»).

БАСҚҰР[1] з а т. **1.** э т н. *Туырлықтың кереге басына тиіп қажалмауы үшін уық пен керегенің түйіскен жерін сыртынан бастыра таңатын, киіз үйдің ішіне сән беріп, безендіріп тұратын өрнекті жалпақ құр.* Қазақтың тоқыған шекпені, *б а с қ ұ р ы,* басқан кигізі, текеметі, бәрі де ел ішінде сынаптай сырғанап жүрген ноғай саудагерінің қолына ілігеді (М.Дулатов, Шығ.). Жарасқан ақ боз үйге *б а с қ ұ р л а р ы ң,* Көп екен ауылында «қасқырларың», Өзің біл не етеріңді, ғашық жарым, Мен сені жаратқанға тапсырғамын (Базар жырау, Шығ.). – Ә, бұл уықты берік ұстау үшін, әрі сәндікке керек. Бұл жіп, міне, керегенің сыртында да бар. Бұл шаңырақты берік ұстау үшін қажетті белбеу, – деп Жайынбек термелеп тоқыған *б а с қ ұ р д ы* көрсетеді (С.Жүнісов, Ақан сері). *Б а с қ ұ р* белбеу, желбау, тағы басқалар да неше түрлі өрнекке толы болатын, мұның бәрі әжемнің ісмерлігінің айғағы еді (Ө.Қанахин, Жер бас.). *Б а с қ ұ р д ы ң* ұзындығы кигіз үйді айналдыра орап шығатындай болады (ҚҰЭ). **2.** с ә у л е т. *Қыштан, кірпіштен соғылған ғимараттың жоғарғы жағындағы көлденең бөлігі.* Ғимараттың оң жақ порталды бөлігінен басқа қабырғалары-

ның биіктігі 13 метр келетін, жоғары жағында 2–2,5 м келетін эпиграфикалық *б а с қ ұ р* берілген. Онда Құран сүрелерінен тұратын сөздер геометриялық өрнектермен үйлесім тапқан (Қожа Ахмет Ясауи кесенесі).

БАСҚҰРБАУ з а т. к ө н е. э т н. *Киіз үйді тіккенде қолданылатын әртүрлі маталардан әшекейленіп жасалатын жіп, жабу, белдеулердің жалпылама атауы.* Апарып жаңа жұртқа тікті отауды, Жайнатып өңшең жібек *б а с қ ұ р б а у д ы* (Батырлар жыры).

БАСҚҰРДАЙ с ы н. *Басқұр сияқты, басқұр тәрізді.* Жота-жотаның үстінде *б а с қ ұ р д а й* шұбатылып қасқа күре жол қалды (Қ.Ысқақов, Бұқтырма.). Кейі өрнекті *б а с қ ұ р д а й*, Кейі өтпейді тасқа ұрмай. Түйыққа да тірейді, Қарыс қадам бастырмай (Т.Нұрмұхамедов, Серпін).

БАСҚҰРТ з а т. в е т. *Малда болатын ауру, жара.* Көк тайдың алқымына шығу шығып, *б а с қ ұ р т* па, маңқа ма, маңдам ба, бұғылама ма? содан бері шыр жұқпай, иненіктей қатып ол кетті (Ж.Аймауытов, Қартқожа).

БАСҚЫ ү с т. **1.** с ө й л. *Алдыңғы, бірінші.* Ұранхай халқы жүн таратылып, су сеуіп жинар кезінде *б а с қ ы* шетінен екі-үш ораулы киізден 10-15 сантиметр шамасында шығып тұратын жіңішке сырғауыл бақан салып орайды да, сыртынан жіппен шырмап буады (Х.Шобай, Қаз. ұранқай қолөнері). Қалыңдықтың қай жерде екенін аңғара алмады, *б а с қ ы* нардың белінде балақана бар-тын, ішінде үлпершектей үлбіреген сұлулар отыр (Д.Досжанов, Жібек.). Түбірдің соңғы дыбысы мен қосымшаның *б а с қ ы* дыбысының және түбірдің соңғы буыны мен қосымшаның басқа буынының ара қатынасы фонетикалық жолмен көрсетіледі («Қазақст. мект.»). **2.** *Бас кездегі, бастапқы, алғашқы, әуелгі.* Бұл жәндіктер палеозойдың ең *б а с қ ы* кезінде кембри дәуірінде болған еді ғой (А.Машанов, Жер. асты.) Қимайтындай екі жасты, Телмірісті көп жұлдыз: «Бұл жолығу болды *б а с қ ы,* Тағы қашан?» деп жұлдыз (Б.Майлин, Шығ.). Рефлекс қозғалысын түсіндіргендер ешбір ақыл иесі жанның бар, жоқтығы еместігі соңғы тәжірибеден анық көрінді: басы кесілген бақаның терісін қытықтап, шіміркендіріп көрсек, *б а с қ ы* шіміркендірген нәрсені кетіруге, болмаса шіміркенген орнын сипауға сол орынға аяғын апарады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Басқы ағыс. *Өзеннің жоғарғы жағы, бастау алатын жері.* Жалпы Қазақстан өзендерінің *б а с қ ы а ғ ы с т а р ы* таулы өңірде, орта ағысы тау етектерінде, төменгі ағысы құрғақ далада, шөлейттеу аймақтарда болады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Басқы ақпарат. и н ф. <headed informated> *Құжаттың атауы, кестенің басы және басқа қызметтік мәліметтері бар құжаттың бастапқы бөлігі. Б а с қ ы а қ п а р а т* тасуыштары басты жазбалар түрінде сақталады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Басқы ат. *Бәйгеде, жарыста мәреге ең бірінші келіп жеткен ат, сәйгүлік.* Өтірік айтса, ақынның жаны шықсын, *Б а с қ ы а т т ы ң* бес жүз жылқы бәйгісі бар (Қозы Көрпеш.).

БАСҚЫЗ= е т. **1.** *Жүргізу, аяқ бастырту.* Мылқау өмірге үн беретін, сақау өмірге тіл беретін, жоқты бар қылатын, барды гүлді, көрікті қылатын, бізді арғысы аяқ *б а с қ ы з ы п*, Тәңірімен тілдестіретін – сол фантазия (М.Жұмабаев, Шығ.). **2.** *Кітап, газет-журналды баспадан шығару.* Енді бүгін тағы да сол Ибрагим Құнанбаевтың өлеңдерін Петербургтан *б а с қ ы з ы п* жатқан мен болыппын (К.Оразалин, Абай.). **3.** а у ы с. *Ілгері бастыру, дамыту.* Мыңдаған мектеп ашқыздың, Адам қып сан қара халықты, Ғылымның өріне *б а с қ ы з д ы ң.* Ісіңді кәрі-жас бәрі ұқты (Ә.Нәлібаев, Болашақ.).

Жұмыртқа басқызды. *Балапан басып шығарды.* Тауықтардың көптеген түрлерінен және асыранды үйректерден адам баласы оларға *ж ұ м ы р т қ а б а с қ ы з б а й* тек жұмыртқалай беретін тұқымдарын шығарды (Р.Әлімбаев,.. Құстар.).

Тақымына басқызды. *Иемдетті, меншігіне берді.* Осы бір күндері Қатираны Жаппардың *т а қ ы м ы н а б а с қ ы з ы п,* оның да көңілін дауалап қоймақ (К.Оразалин, Кең байтақ).

БАСҚЫЗУ *Басқыз етістігінің қимыл атауы.* ≈ Киіз *б а с қ ы з у.*

БАСҚЫЛА= е т. *Қайта-қайта басу, басыңқырау.* Ортасында бір мәшинеңің тұтқасын ұстаған Нияз мәшинені *б а с қ ы л а п,* тізгіндеп тұрады (С.Сейфуллин, Шығ.). Құлашын жазған аршындап, Ауыздығын *б а с қ ы л а п,* Аузынан көбік шашқылап (С.Жанғабылов, Тоқсан.).

БАСҚЫЛАУ *Басқыла етістігінің қимыл атауы.* ≈ Аяғын *б а с қ ы л а у.*

БАСҚЫН[1] з а т. *Жаулап алушы, басып кіруші. Б а с қ ы н д а р* орналасқан Ақсуда пішен биыл болса, келер жылы жоқ (М.Тиесов, Әлібек).

Басқын болды. *Опыр-топыр қаптап, басып кетті.* Айқай салып сен келдің топқа дейді, Бұдан басқа тігулі үй жоқ па дейді. Ақын кірсе кетеді *б а с қ ы н б о л ы п,* Су құйылып, ет тартқанша тоқта дейді (Айтыс).

Басқын тапты. *Табан тіреп, тұрақтады.* Қалмақтың әруағы қашып, бұлармен *б а с қ ы н т а у ы п* ұрыса алмады (Ер Тарғын).

БАСҚЫН²: басқын балық. з о о л. *Негізінен Азов, Қара, Каспий және Жапон теңіздерінде кездесетін, массалары 7 кг-ға дейін, ұзындықтары 40–50 см болатын балықтар. Б а с қ ы н б а л ы қ т а р д ы ң* аталған теңіздерде 7 түрі бар (Қаз. тілі термин. Тамақ.). Кәсіптік маңызы жоғары және негізінен массалары 200–800 грамдық *б а с қ ы н б а л ы қ т а р* ауланады (Қаз. тілі термин. Биология).

БАСҚЫНДАТ= е т. *Борандату, дауылдату.* Сол жылы қыс салғаннан аюдай ақырып, ақ *б а с қ ы н д а т ы п* келді (Ө.Қанахин, Жер. бас.).

БАСҚЫНДАТУ *Басқындат етістігінің қимыл атауы.*

БАСҚЫНДЫҚ з а т. *Басып кірушілік, шапқыншылық.* Ақтабан шұбырынды дәуірінде Орта жүз, Кіші жүздің негізгі рулары *б а с қ ы н д ы қ* пен апатқа ұшырады (Е.Ысмайылов, Ақындар).

БАСҚЫНШЫ з а т. *Бір елдің жеріне қарулы күшпен басып кіруші, талаушы, тонаушы.* Жоңғар *б а с қ ы н ш ы л а р ы н ы ң* темір құрсауына Зайсаннан Таласқа дейінгі Ұлы жүз ауылдары түскен. Содырдың, Қаңлының, Үйсіннің, Дулаттың, Албан-Суанның, Жалайырдың жасақшы жігіттері әрқайсысы өз бетінше жауға қарсы тұрып бақты (Ә.Әлімжанов, Жаушы). Мен сол елді фашист *б а с қ ы н ш ы л а р ы н а н* азаттағалы барамын (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). – Т.Тоқтаров неміс *б а с қ ы н ш ы л а р ы м е н* бірінші рет соғысқа февральдың екінші жаңасында қатысты (Б.Момышұлы, Жауынгер.). Көкшетаулықтар кешегі Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында гитлершіл *б а с қ ы н ш ы л а р ғ а* қарсы ерлікпен күресіп, өздерінің шын батырлар өсіретін ел екенін бүкіл әлемге айғақ еткені анық (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.).

Басқыншы әскер. ә с к. *Басқа мемлекеттің аумағын уақытша басып алушы және онда басқыншылық режімді жүзеге асырушы мемлекеттің әскерлері.*

Басқыншы қоржын. э к о н. *Бағамдық құнының күрт көтерілуі күтіліп отырған бағалы қағаздар пакеті. Б а с қ ы н ш ы қ о р ж ы н* қарама-қарсы ұғымы қорғаныштық қоржын (Қаз. тілі термин. Экономика.).

БАСҚЫНШЫЛЫҚ з а т. *Дербес мемлекеттің егемендігіне, аймақтық тұтастығына және саяси тәуелсіздігіне қарсы басқа бір мемлекеттің не мемлекетаралық әскери одақтастың қарулы күш қолдануы, өзге де өктемдік әрекетін жасауы.* Отаршылдық соғыстар, құл иеленушілік, аумақтық *б а с қ ы н ш ы л ы қ*, әділетсіз сауданың тонаушылық әдістері астарлы әрі ашық қалпында қатталып келеді (Н.Назарбаев, Сынд. он жыл). Бұл жырда да Жоңғар қалмақтарының *б а с қ ы н ш ы л ы ғ ы*, үйсіндердің Хорезмнен аттанып, оларға шабуыл жасауы жырланады (Б.Қыдырбекұлы, Мазда. шырақ). Шапқыншылыққа тап болып, өзін-өзі қорғау бағытында басқыншыларға қарсы қарулы тойтарыс беруші мемлекеттің әрекеті, тіпті шабуылдық сипатта болғанда да *б а с қ ы н ш ы л ы қ* ретінде қаралмайды (ҚҰЭ).

БАСҚЫР= е т. *Мифтік бейне атауларымен т.б. сөздермен тіркесіп, қаргыс мәнінде қолданылатын сөз.* Мына жердің тауы құлап, тас *б а с қ ы р*, қалмай қойды соңынан бір аш қасқыр (Т.Молдағалиев, Қош, көктем).

Қара басқыр! қ а р ғ. *Кейігенде, өкінгеннен не істерін білмей қалғанда айтылатын сөз. Қ а р а б а с қ ы р*, тал түсте қыздан айырылып не болды? Көзімнен таса етпеймін дегенің қайда? (І.Есенберлин, Қатерлі.).

БАСҚЫСЫЗ: **аяқ басқысыз**. *Жүріп болмайтын, аяқ алғысыз.* Есік алды *а я қ б а с қ ы с ы з* лас. Тыстан кірген адам есік алдының тақтайын былғайды (Б.Майлин, Шығ. жин.). Өткен екі онкүндіктің ішінде айдалған жер *а я қ б а с қ ы с ы з* лайсаң болғандықтан, жер тобарсуын күтіп, көң жайылмай қалды (Ы.Жақаев, Өмір.).

БАСҚЫШ¹ з а т. **1.** *Жоғары көтерілу, төмен түсу үшін жасалған баспалдақ, сатысы. Б а с қ ы ш т ы ң* биік сөрелердегі затты алу, т.б. үшін үйде, мекемелерде қолданылатын және жеміс теруге арналған қос аяқты түрлері бар (ҚҰЭ). Өлтірер, жерге тығар, мола қалмас, Сөйтсе де жер талпыйтпай қойып болмас. Дірілдеп сол молаға шықса шалдар, *Б а с қ ы ш* болып аспанға шығара алмас (Абай, Тол. жин.). Үстіне жауын-желден сақтық үшін теңселмелі кабина орнатады. Кабинаның ішіне *б а с қ ы ш п е н* енеді (Д.Досжанов, Жусан гүл.). Архип барып құлыпты салып келді, Әр мұжық бір қолтық шөп алып келді. *Б а с қ ы ш қ а* салом менен шөп толтырып, От қойған соң дүрілдеп жанып берді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **2.** *Көп қабатты үйлерде, ғимараттарда жоғары қабатқа көтерілу үшін салынатын архитектуралық бөлік.* Жүрегім айнығандай болған соң *б а с қ ы ш т а* сәлкем сүйеніп қалып ем, шофер мені қолтығымнан көтеріп, төмен қарай жетелей жөнелді (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). Жайшылықта қырық *б а с қ ы ш т ы* тұлпарша ұшып өтетін жігіт ентігіп келе жатыр (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.). Алмазов шамды ұстап, шөгеннен құйылған *б а с қ ы ш т а р д ы* саңғырлата аттап жоғары көтеріледі (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **3.** а у ы с. *Жүйенің белгілі бір дәрежесі, сатысы, кезеңі, деңгейі.* Әкімшілік сатысының жоғарырақ *б а с қ ы ш ы н-*

д а түрғандарға жанасуды Құдайберген мәртебе көретін (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Оның үстіне бастауыш мектептердің программы бірнеше түрлі, екінші *б а с қ ы ш т а ғ ы* тағы неше алуан боп жасалып, әр мектептің өзі бір бөлек ауыл боп өмір сүретін, түрлі мектепке түрлі ат қойылатын (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қорқу сезімінің бірнеше *б а с қ ы ш ы* бар. Жеңіл қорқу тынышсыздану деп, қатты қорқу үрейі ұшу – деп аталады (М.Жұмабаев, Шығ.). Біздің жұрт әлі күнге шейін мәдениет *б а с қ ы ш ы н ы ң* ең төменіне аяқ баса алмай тұр (М.Дулатов, Шығ.).

БАСҚЫШ[2] з а т. т е х. *Қайсыбір процесті басатын, күшін, уытын қайтарып, бәсеңдететін реагент не препарат.* Флотациялау процесінде белгілі бір минералдардың көбікке шығуын азайтатын флотациялық реагенттер *б а с қ ы ш* ретінде пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Кен.). Қазақ ССР Ғылым академиясының Таукен істері институтының қызметкерлері бульдозермен аршу жұмыстарын атқару кезінде шаң шықпас үшін көбік түзгіш заттарды пайдаланатын шаң *б а с қ ы ш* гидроқондырғы жасап шығарды (Т.Қалыбеков, Экология.).

БАСҚЫШ[3] с ы н. *Баса беретін, үсті-үстіне баса салғыш.* Өздері парақор, қолдарына ұры ұстағыш, өтірікке мөр *б а с қ ы ш,* приговор бергіш би, старшын, елубасылар көбейді (М.Әуезов, Әр жыл.).

БАСҚЫШТАП ү с т. **1.** *Ақырындап, жылыстап.* Салдан ақырындап жиекке мұрыншақтап байланған мұзға *б а с қ ы ш т а п* аралға шықтым (С.Бегалин, Сәтжан). **2.** а у ы с. *Сатылап, бірте-бірте күрделене.* Тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде сақтықпен *б а с қ ы ш т а п* іс істеу керек (М.Жұмабаев, Шығ.). Адамның ақыл-есіне жалпы көз салсақ, көреміз: ақыл-есі бірте-бірте *б а с қ ы ш т а п* өркендейді екен. Былайша: біз сыртқы сезім құралдары арқылы сырттан түрлі әсер алып, бізде түрлі әсерлену болады (М.Жұмабаев, Шығ.). **3.** а у ы с. *Ақырындап, бірте-бірте баспалатып.* Ана жылы үлкеннен бастағанда жолым болып, балам жазылды ғой, соған дағды алсам керек. Ауруханаңың бастығымен таныс емес едім, *б а с қ ы ш т а п* кісі салдым (С.Талжанов, Ұлдай). Сан сұмдыққа ебі бар, пейілі тар, Бұлардың да ішінде не түрлі бар. Азбанқұлды *б а с қ ы ш т а п,* жалбызбалап, Ханға қолын жеткізбек кейбір мұндар (Т.Әбдірахманова, Көгершін.).

БАСҚЫШТЫ с ы н. *Басқышы бар. Б а с қ ы ш т ы* бір қуысқа біз де кіріп, иректеле жоғарылаған, граниттен жасалған баспалдақтармен ентігіп барып «Мұнара» аталатын төбесіне әрең шықтық (С.Мұқанов, Алып. адым.). *Б а с қ ы ш т ы* бөлім – адамдардың түсіп-шығуына арналған тік немесе көлбеу қазбалшар бөлігі (Қаз. тілі термин. Кен.).

БАСМА з а т. *Тропиктік индигофер өсімдігінің кептірілген жапырағынан алынатын шаш бояйтын бояу. Б а с м а* ұнтағының түсі жасыл болады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

БАСМАҚ з а т. с ө й л. ***Башмақ.*** Екі бәтіңкең бар. *Б а с м а ғ ы ң* тағы бар. Сендерге киім шақ келетін емес қой. Міне, бес жылғы мәсі, ұлтартып алып киіп жүрміз ғой! (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БАСМАШЫ з а т. т а р. *Орта Азия мен Ауғанстанда бұрынғы Кеңес өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы көтерілген халық жасақшылары.* Осыны пайдаланған *б а с м а ш ы л а р* да құтырып, елдің мазасын кетірді (Ж.Арыстанов, Естен. кетп.). *Б а с м а ш ы л а р* аттарын ойпаңдау жерге матап қойған (Қ.Исабаев, Соңғы.). Бір күн *б а с м а ш ы л а р* елді басты, Жай жатқан азғана ауыл жаман састы, Күлтөбе ерең-серең болып кетті, Қараңғы біреу куып, біреу қашты (А.Тоқмағамбетов, Көгілдір.). Бұл жасақ Жалалабад, Әндіжан, Өзген *б а с м а ш ы л а р ы н* қайтып бас көтерместей етіп талқандады (Б.Қыдырбекұлы, Мазда. шырақ).

Басмашылар қозғалысы. *Басмашылар құрамындағы халық жасақшыларының қарулы қарсылығы. Б а с м а ш ы л а р қ о з ғ а л ы с ы н ы ң* құрамы тек феодалдық топтар мен дін басыларынан ғана тұрған жоқ, оның иіріміне жеке қожалығы мен дәстүрлі тіршілігінен, дінінен, салт-дәстүрінен айырылып қалудан үрейленген орта шаруалар мен қарапайым диқандар да тартылды (ҚҰЭ). 1929–31 жылдары Қазақстанда күштеп ұжымдастыруға қарсы болып өткен халық көтерілістері *б а с м а ш ы л а р қ о з ғ а л ы с ы м е н* іштей байланысы бар, сабақтас құбылыстар болатын (ҚҰЭ).

БАСМАШЫЛЫҚ з а т. т а р. *Басмашы болушылық, басмашылар қозғалысына қатысушылық.* Қызыл әскерлер *б а с м а ш ы л ы қ қ а* қандай шабуылдаған болса, большевик саясаткерлері мен чекистері дәл сондай қарқынмен Түркістан ұлтшылдарына қарсы жорық бастады (М.Шоқай, Таңд.). *Б а с м а ш ы л ы қ т ы* сол кездегі Түркия, Қытай, Ауғанстан мемлекеттері қолдады (Жалпы тарих).

БАСМИЯ з а т. б о т. <лат. glycyrrhiza echinata> *Бұршақ тұқымдасына, мия туысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Б а с м и я н ы ң* биіктігі 50–100 см, бұтақты не бұтақсыз сабағы, жіңішке қырлы, тықыр, кейде ұсақ селдір түкті болады (ҚҰЭ). *Б а с м и я н ы ң* гүлшоғыры тығыз, шоғырбас, гүлдері ұсақ, көкшіл, қызғылт, ал жемісі-бұршақ, сопақша, 1–2 тұқымды сарғыш жасыл түсті болып келеді (ҚҰЭ).

БАСМЫЛ з а т. т а р. *Солтүстік Алтайды мекендеген көне түркі тайпасы. Б а с м ы л д а р д ы* 638 жылы Жетісудың түркі тайпалары жаулап алады (ҚҰЭ). 744–45 жылдары *б а с м ы л д а р* ұйғыр, қарлұқтармен одақтас, Шығыс түркі қағанатын жеңді (ҚҰЭ).

БАСПА[1] з а т. **1.** *Баспа өнімдерін дайындап шығаратын мекеме.* Шығаратын өнімдеріне байланысты кітап, кітап-журнал, газет және газет-журнал *б а с п а л а р ы* болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Тамақ.). Жарқын руднигі ашылғаннан кейін, Нүрке осы кен қоймасын болжаған Дәуреннің теориялық көзқарасына сүйене отырып, өз атынан еңбек жазып *б а с п а ғ а* берді (І.Есенберлин, Айқас). *Б а с п а д а н* жаңа шығыпты, Бояуы әлі кеппепті. Көтеріп біреу үмітті, Көшеге түнде ап кетті (М.Әлімбаев, Таңд. өлең.). **2.** и н ф. *Мәліметтерді баспа құрылғысына шығару және листинг (қағазға басылған бағдарлама мәтіні) алу. Б а с п а* – ақпаратты басу арқылы қағазға шығарып беретін құрылғы (Қаз. тілі термин. Информатика.). **3.** *Баспа өнімдерін дайындап шығаратын мекемедегі адамдар, редакция алқасы.* Өлеңдер жинағымды *б а с п а* негізінен ұнатып, менімен қолма-қол шартқа отырды (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). *Б а с п а ғ а* Нияздың өлеңдері түскен екен. Кітап болып басылмас бұрын оқып шығып, пікір айтуға оны Ләззатқа берді (Т.Ахтанов, Махаббат.). Қаламақыны былай қойғанда, хабарламаған, рұқсат сұрамаған, авторлық дана кітап жібермеген *б а с п а ғ а* таңым бар («Егемен Қазақстан»).

Баспа беті [жүзі]. *Газет-журнал, басылымдар.* Американың ғалымы Мейнерцхаген әртүрлі әдістерді қолданып және бұрынғы *б а с п а б е т і н д е* жарық көрген мәліметтерге сын көзбен қарап, әртүрлі құстардың ұшу жылдамдығын төмендегіше анықтайтын болған (Р.Әлімбаев.., Құстар.). Дәптеріме қарасам, бірсыпыра ойлар жазылып қалыпты. Егер соларды *б а с п а б е т і н е* сөзбен жеткізе алсам, бұл сапарда олжаға шаш етектен батқаным (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Баспа бетін көрді [жүзіне шықты]. *Басылып шықты, жарық көрді.* Рефератының *б а с п а б е т і н к ө р у і н е* мен де қуаныш білдіремін (С.Шаймерденов, Болашақ.). *Б а с п а ж ү з і н е* сөзім қашан *ш ы ғ а р* екен деп, көзім төрт болып, газет, журнал көрсем, қулық құлындаған биеше, үстіне түсіп кете жаздаймын (Ж.Аймауытов, Шығ.). Кемеңгер А.С.Пушкин өзі де: – «Міне менің *б а с п а ж ү з і н е ш ы қ қ а н ы м а* 16 жыл, сыншылдар осы мерзім ішінде менің өлеңдерімнен 5 грамматикалық қате байқады», – дейді (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

Баспа диспетчері. и н ф. *Windows* **3.***х жүйесінде принтердің жұмыс тәртібін басқаратын бағдарлама.*

Баспа кітап. *Басылып шыққан кітап.* Қолға түскен *б а с п а к і т а п т а р д ы* оқып, іштерінде жатқа алатын сөздері болса, жатқа аламын (С.Сейфуллин, Әңгім.). Қазақ тіліндегі тұңғыш *б а с п а к і т а б ы* шығудан көп бұрын-ақ Пушкин Татьянасының жалынды хаты қырдағы кигіз үйде шырқалды (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

Баспа қалыбы. п о л и г р. *Көп рет ізтаңба алуға арналған мәтіндік және кескіндемелік қалып. Б а с п а қ а л ы б ы* материал бетіне бояулы ізтаңба түсіретін және таңба түсірмейтін аралық бөліктерден тұрады (ҚҰЭ). *Б а с п а қ а л ы б ы* едәуір дәрежеде баспа басылымдарының сапасын анықтайды (ҚҰЭ).

Баспа құрылғысы. *Басып шығара білетін барлық аппараттық құрылғыға қатысты ұғым.*

Баспа құрылғысының драйвері. и н ф. *Есептеу машинасы мен баспа құрылғысының әрекеттестігін басқаратын бағдарлама. Б а с п а қ ұ р ы л ғ ы с ы н ы ң д р а й в е р і* баспаға шығару процесін басқарады, осы баспа құрылғысының қаріптері жайында мәлімет береді, есептеу машинесінен келіп түскен ақпаратты баспа құрылғысы қабылдай алатын (түсінетін) түрге келтіреді (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Баспа мәшинесі. *Баспа қалыбынан мәтіннің, әртүрлі суреттің ізтаңбаларын көп рет қайталатып алуға арналған полиграфиялық мәшине.* Тұңғыш *б а с п а м ә ш и н е с і* 1808 жылы жасалды (ҚҰЭ). Қазақстанның баспаханаларының техникаңың соңғы жетістіктеріне сай өнімділігі жоғары және сапалы *б а с п а м ә ш и н е л е р і м е н* жабдықталған (ҚҰЭ).

Баспа сервері. и н ф. а) *Бірге қолдануға арналған орталық баспа құрылғысына қатынас құруға мүмкіндік беретін есептеу мәшинесі немесе бағдарлама.* ә) *Негізгі қызметі бір немесе бірнеше принтерді басқаруға арналған желідегі компьютер.*

Баспа табақ. *Баспа ісі мен полиграфия өндірісінде қолданылатын мәтін көлеміне қатысты өлшем бірлік.* Баспалардағы көлемдік өлшем авторының *б а с п а т а б а қ,* есепті баспалық табақ түрінде де белгіленеді (ҚҰЭ). Қара сөзбен жазылған 40 мың баспа таңба, өлеңнің 700 жолы, 3000 см кескіндемелік материал авторлық *б а с п а т а б а қ* болып саналады (ҚҰЭ). Нағашы-ау, деймін мен таңданған дауыспен – бірнеше *б а с п а т а б а ғ ы* бар кітап дүкеннің ақшасы болып кетеді ғой онда! (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

Баспаға шығару кезегі. и н ф. *Баспа құрылғысына жіберілген файлдар тізбегі. Б а с п а ға ш ы ға р у к е з е г і н д е* файлдың қайсысы баспа құрылғысын күтіп тұрғаны көрсетіледі (Қаз. тілі термин. Информатика.).

БАСПА[2] з а т. м е д. <лат. angina> *Дауысты қарлықтырып, жұтындырмай ауыртатын тамақ ауруы (ангина). Б а с п а* бадамша бездерінің ісініп, жұтқыншақтың қызаруынан басталады, тамақ құрғап, жұтындырмайды, тамақ бездері ісініп, қол тигізбей ауырады (ҚҰЭ). Кей уақытта *«б а с п а»* сияқты зардаптарға суық суды дамылсыз ішкізу арқылы емдейтін («Қаз. әдеб.»). Лимон жемісі – құрқұлақ, *б а с п а*, атеросклероз ауруларына қарсы қолданылатын дәрі (Т.Таубаев, Жасыл әлем.).

БАСПА[3] з а т. ж е р г. *Төбесі ғана жабылған, жан-жағы ашық жай, орын.* Қонысбай дегенің мына көлеңкелі *б а с п а н ы ң* астында ағаш шауып отырған бурыл сақал (Б.Майлин, Шығ. жин.). Енді бір сәтте Бақтығұл *б а с п а* ғып тұрған тұмсықшаға шашыраған селдір топ шықты (М.Әуезов, Қараш.).

БАСПА[4] з а т. *Үйдің немесе басқа да жиһаздың есігін бекітетін, жауып тұратын тиек, ілмек.* Сұлтанмахмұт есіктің *б а с п а с ы н* жақтау сағанақтан қол жүгіртіп ашты да, ептеп басып, бір жүріп, бір тоқтап отырып Мәлике төсегінің шымылдығына қолы тиді (Д.Әбілев, Арман.). Битабар ауылдағы әдетімен есік *б а с п а с ы* дегенді әлі іліп көрген емес (С.Шаймерденов, Жыл құсы). Жұмағұл керегенің көзінен қолын сұғып жіберді де, ағаш *б а с п а н ы* бұра салып, есікті ашып үйге кірді (З.Ақышев, Ақбел.).

Баспа құрылғы. т е х. *Есептеу техникасында есептеуіш мәшинеден алынған қорытынды мәтіндерді цифр не әріп түрінде қағаз бетіне жазып отыратын құрылғы. Б а с п а қ ұ р ы л ғ ы* ретінде негізінен баяу жылдамдықты электр механикалық құрылғылар қолданылады (ҚСЭ).

Баспа қылып қарады. *Сығалап, жасырынып, бұқпантайлап қарады.* Алдыңғы белдердің кейбірінің жотасынан арғы беттегі қарағайлардың бастары қылтиып көрініп, иек артып, *б а с п а қ ы л ы п қ а р а п* тұрғандай (М.Әуезов, Қилы.). Аяжан бұрыштан *б а с п а ғ ы п қ а р а д ы* да тұрды. Көк есек мұны сезіп қойды (Б.Соқпақбаев, Аяжан). Ізге түсе жөнелген тазы, алдындағы қырқаға шыға бере, иек артпадан *б а с п а ғ ы п қ а р а п* еді, түлкі шынында да ойдағы шоқтала өскен бортық, қарағанның арасында жүр екен (М.Мағауин, Ақша қар).

Баспа тақтай. с ө й л. *Арықтан, судан өту үшін салынған зат, өткел.* Жылға суына көлденең салған *б а с п а т а қ т а й д а н* таяқ таянған бір кемпір өтті (М.Гумеров, Хазірет.).

Баспа шекпен. *Оқалап тігілген сырт киім түрі. Б а с п а ш е к п е н* үстінде, Бәйгі тарлан астында. Тап сол жылы Махамбет Отыз тоғыз жасында (Ы.Шөреков, Дастандар).

БАСПА[5] з а т. э т н. т а м а қ. ***Баспа құрт.*** Жасалған бітіміне қарай күлше, шүйірмек, жарма, *б а с п а,* сықпа құрт, дөңгелек құрт деп те аталады (Д.Қатран, Қазақ. ас-тағам.).

Баспа құрт. т а м а қ. э т н. *Қолдан домалақтаған жұмыр пішінді, тұз сіңген құрт.* Тұзын көп қосып, қолдан домалақтап жасайтын құртты *б а с п а қ ұ р т* деп атайды (Ж.Кейкин, Қазақы атау.). Оң жақ босағада тұрған ескі кебежеден дастарқанға қос уыс ірімшік, он шақты *б а с п а қ ұ р т*, тоңазыған бір тәрелке сары май әкеп салды (З.Ақышев, Ақбел.).

БАСПА-БАС[1] ү с т. *Бір затты екінші бір затқа ешқандай үстемесіз айырбастау.* Осы күннің өзінде ғана Қарабас екі жүз бойдаққа *б а с п а-б а с* екі жүз кедей үйінің бұзауын алыпты (К.Оразалин, Көктем.). Сауда көбінесе *б а с п а-б а с.* Ауыздарынан жырып алып шыққан тамақтарын, азық-түліктерін станция тұрғындары көйлек-көншекке айырбастайды (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

Баспа-бас айырбас. э к о н. <лат. barter> *Өнімдер, жұмыстар, қызмет түрлері тараптар арасында ақшалай төлем жасалмай айырбасталатын сауда мәмілесі.* Салық салу мақсатында *б а с п а-б а с а й ы р б а с* операциялары салық шот-фактураларын міндетті түрде ресімдей отырып, өнімдерді, жұмыстарды және қызметтерді шартта кесілген бағамен өткізу ретінде қарастырылады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Баспа-бас айырбастау мәмілесі. э к о н. *Тауарларды, қызметтерді құны бойынша теңдестірілген, баламалы тікелей айырбастау операциясы. Б а с п а-б а с а й ы р б а с т а у м ә м і л е с і* мемлекеттер, кәсіпорындар арасындағы сыртқы сауда қатынастарында да, ішкі өзара қатынастарда да қолданылады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

БАСПАГЕР з а т. *Баспа орындарында жұмыс істейтін қызметкер, кітап, газет, журнал т.б. шығарушы адам.* XVI–XVII ғасырларда баспаханаларды ірілендіру, шығаратын өнім көлемін ұлғайту және сатуды жүйелі жолға қоюдың қажеттілігіне қарай жекелеген *б а с п а г е р л е р* көптеп шықты (ҚҰЭ). *Б а с п а г е р л е р д і ң* жаңа жылы әдеттегіден ертерек келеді. Егін сарбалақтанып, дән толыса бастаған кезде, баспа редакторлары келесі жылдың қолжазбаларын өндіріске әзірлеп тапсырып жатады («Қаз. әдеб.»).

БАСПАДАЙ с ы н. *Анық, баспадан шыққандай.* Иншалла, сөз жүйесін тапса, таныр,

Халық – сарап тастан ойған *б а с п а д а й*-ақ. Сөзіңді халық қаларын қайдан білдің? Өткен күн, – деген қайда, – ысыраптай-ақ (Айтыс).

БАСПАҚ[1] з а т. м а л ш а р. *Күзден бастап енесін емуден қалған, алты айдан асқан, бір жасқа дейінгі марқа бұзау, торпақ.* Сиырымның қыстық шөбі үшін, Беремін жылда *б а с п а г ы н.* Қасіреттің уын көп іштім, Өзім де шамшыл қасқамын (Ж.Молдағалиев, Жесір.). Ағаштан қылып арбасын, Арбаға жеккен жорғасын, Ақша салған дорбасын, Бұзау, *б а с п а қ,* танасын (Батырлар жыры). Жердің отына үйренгенше алғашқы кезде *б а с п а қ қ а* аздап жем береді. Оты жақсы өріске жайып, 3–4 рет суарады (ҚСЭ).

Баспақ, тана жиылып фәни болған заман. б е й н. п о э т. *Жастар қыршын кетіп қалған сұрапыл соғыс кезеңі, аласапыран жылдар мағынасында.* Түсті мынау тұман-ай, Істің бәрі күмән-ай, *Б а с п а қ, т а н а ж и ы л ы п ф ә н и б о л ғ а н з а м а н-а й* (Үш ғасыр.).

БАСПАҚ[2] з а т. э т н. *Ірі қараның бас терісінен жасалған тұз салатын ыдыс.* Осы жетеді-ау деген шамамен апам *б а с п а қ т а н* бір уыс тұз алады да, қазанға тастап жібереді (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Күші жетіп қайырып, Бес *б а с п а қ* алтын алыпты, Екі-ақ *б а с п а қ* алтынды Жолдасына салыпты. Үш *б а с п а қ* толған алтынды Берместен ұрлап қалыпты (Айтыс).

БАСПАҚ[3] з а т. в е т. *Қой мен ешкінің мұрны бітіп ауыратын ауру түрі.* – Адаспайдың қойы *б а с п а қ* болып жатыр, – деп Әбдіжанның қағылез ақсары өңі күлімдеп, үлкен қой көзі тебіндегі қойға түйіле қадала қалды (С.Бегалин, Уақыт.). Осы «әздің» бас кезінде қой *б а с п а қ* болып қырыла бастады (С.Бегалин, Уақыт.). *Б а с п а қ* болған қойдың екі танауына қара тікен тұздың ерітіндісін немесе «у қорғасын» деп аталатын шөпті қайнатып, суын құйса, кеңсіріктегі құрт әлсіреп, мал пысқырған кезде мұрнынан атып түседі екен (Саржайлау).

БАСПАҚТАЙ с ы н. **1.** *Баспақ тәрізді, баспақ сияқты.* ≈ Алты айлық *б а с п а қ т а й.* **2.** а у ы с. *Үлкен, добалдай.* – Сен білмейсің, Асаным маған сыңарбалақ дамбал, қыңыр өңірлі қисық бешпет, басы *б а с п а қ т а й,* қонышы сыбызғыдай етік, бір желкесіне қондырылған құлақшын сияқтыларды жіберіп тұрады (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш).

Байлаулы баспақтай. а) *Еркінен айырылғандай, қамауда қалғандай.* Ертелі-кеш *б а й л а у л ы б а с п а қ т а й* орда ішінде отыра берудің несі жақсы (А.Хангелдин, Өткен күн.). ә) *Шарасыз қалғандай, еріксіз.* Тағдырына *б а й л а у л ы б а с п а қ т а й* көнді. Бар қарсылығы – көңіл шерін ашы арақпен тарқатудан аспады (Н.Серәлиев, Қаңтар).

БАСПАҚШЫЛ с ы н. *Көнгіш, мойынсұнғыш, көнімпаз.* Басқа түссе *б а с п а қ ш ы л* (Мақал-мәтел).

БАСПАҚЫЛ с ы н. *Алды-артын ойлап, аңысын аңдап жүретін, құлау.* Жекен *б а с п а қ ы л* қу жігіт екен. Қайырбек пен Сарбасовты егестіре, жел бере сөйлеп қояды (Қ.Кемеңгеров, Алтын.).

БАСПАЛА= е т. **1.** *Бір нәрсені қалқалап жасырыну, бұғып ақырындап қарау.* Гүлнәр *б а с п а л а п,* ақырын-ақырын дауыстады. Еш дыбыс жоқ (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Қарға жаяу шығып, *б а с п а л а п* қарап тұрған жігіт қайта жүгіріп аттаныңдар дегендей белгі берді (А.Жұбанов, Замана.). Пулеметші Жұмақан өзгелерден озығырақ, шығар ауызда, басқалары кейінірек соның сыртын ала қой тастарды *б а с п а л а п,* мылтықтарын кезене жатқан-ды (Ә.Көкімов, Қысталаң.). *Б а с п а л а п* жақындаса, шынында да су бетінде бір топ шүрегей жүзіп жүр екен (Т.Алшынбаев, Өткел). **2.** а у ы с. *Бақылау, аңысын аңдау.* Ақыры ойын да басталды. Екі жақ та бірінбірі торып, *б а с п а л а п* жүрді (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). Бақтығұл әуелі *б а с п а л а п* қарап, ауылдың сыртын байқады (М.Әуезов, Қараш.). Балалар, аттаныңдар қас қарайды. Іңірде ұрыөтірік *б а с п а л а й д ы.* Күн бұлт, ай қараңғы, қасқыр қатты, Көкшолақ қаңғып кетсе таспалайды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БАСПАЛАС= е т. *Бірнеше адамның бірлесе жасырынысып, ақырын байқап қарасуы, бақыласып тұруы.* Жапырағы ағаштың, *Б а с п а л а с ы п* қарасып: «Тұрғандарын жарасып!» Дегендей боп ақырын, Ұқсайды сыбырласқанға (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

БАСПАЛАСУ *Баспалас етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жасырына *б а с п а л а с у м е н* болды.

БАСПАЛАТ= е т. **1.** *Артына түсу, ізін қуу.* Бір кісі артынан *б а с п а л а т а* қуып, наганнан оқ жаудырды, оқ қатарынан бес-алты рет атылып кетті (С.Қасиманов, Әңгіме.). Бір жағынан құла айғыр *б а с п а л а т ы п* барады (М.Әуезов, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Үсті-үстіне бастырмалату, төпелеу.* Әйтеуір, қадірін білу керек қой, – деп, бірі қалмай данышпансып, үсті-үстіне *б а с п а л а т ы п* барып қойысты (С.Торайғыров, Таңд. шығ.).

БАСПАЛАТУ *Баспалат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үсті-үстіне *б а с п а л а т у.*

БАСПАЛАУ *Баспала етістігінің қимыл атауы.* Оның мұншама *б а с п а л а у ы* несі? (Ауызекі).

БАСПАЛДАҚ[1] з а т. **1.** *Едені биік үйге кіріп-шығу немесе өрге шығып, түсу үшін және т.б. үшін жасалатын орнықты басқыш, саты. Б а с-*

п а л д а қ т а н түсе бергенде Еркебұланды арт жағындағылардың біреуі бастан ала қамшымен тартып жіберді (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Тұрар тұрған беттен еңіске қиыстап түсер *б а с п а л д а қ* та қардан аршылып қалған (С.Шаймерденов, Мезгіл). Бала қыз басып тұрып *б а с п а л д а қ т ы,* Күледі: «Таянды, апа, қош сағаты». Қолда гүл, шашындағы қызыл бантик, Секілді көбелектің қос қанаты (Ж.Молдағалиев, Жыр.). Тақтың төменгі *б а с п а л д а қ т а р ы н д а* жатқан алтын қарғылы болат шынжырмен байлаулы арыстандар арылдап қоя береді (Ә.Әлімжанов, Отырар.). **2.** с ә у л е т. *Ғимараттарда, құрылыстарда және т.б. орындарда шығып-түсуге арналған бірнеше сатылы, орнықты басқыш түріндегі құрылыс.* Құрастырмалы үйлер үшін *б а с п а л д а қ* темір-бетоннан құйылып әзірленеді. Оның басқыш сатыларынан биіктік аралығы 15–18 см, ені 24–30 см болады, ал бір иініндегі саты саны 18-ден артпайды (ҚСЭ). **3.** *Ағаш, темір және т.б. материалдан жасалып, биікке шығып-түсуге арналған қозғалмалы басқыш.* Жоғарыға апаратын *б а с п а л д а қ* атаулының бәрін әлдекімдер алдақашан түптұқиянымен шауып әкетіпті (Ө.Қанахин, Жер бас.). Қапаш *б а с п а л д а қ п е н* жоғарылап көтерме сөренің үстіне шықты (Ғ.Сланов, Замана.). **4.** т е х. *Автобус, троллейбус сияқты көліктерге мінуге арналған саты түріндегі жабдығы.* Футболдан жаңа шығып, нөпір топты жарып, *б а с п а л д а қ қ а* ілініп жүре беретін студент кез емес, автобусқа міне алмай тұрғам (М.Мағауин, Бір ата.). **5.** а у ы с. п о э т. *Өмір асулары, кезеңдері, сәттері.* Амал не, қарауменен көз ағарттық, Сол ма еді көрегендік, азаматтық?! Біріне мың *б а с п а л д а қ* бұл тірліктің, Мақсатсыз шығам деудің өзі ағаттық (Ғ.Қайырбеков, Алтын.). Өмірдің өзі *б а с п а л д а қ,* Сонымен қатқан қанатың, Кетсең де қанша аспандап, Жеріңе қара қонатын (Ш.Мұхамеджанов, Көңіл ашар). **6.** а у ы с. *Тұғыр, биіктік.* Олай болса, өнерді өркендетуші шеберлеріміздің де үздіксіз ізденіске толы әр кезеңге тең келгендей жоғары *б а с п а л д а ғ ы* болғаны жөн (І.Омаров, Шабыт.). **7.** а у ы с. *Даму кезеңдері.* Мүмкін, өрлеу сатысының *б а с п а л д а ғ ы н а* байланысты тілдердің сөздік қорлары аз я көп болуы ғажап емес (І.Омаров, Серпін).

Жиналмалы баспалдақ. т е х. *Үлкен нысандарға шығып түсуге арналған өрт сөндіру және т.б. техникада пайдаланылатын ықшамдалып-жинақталатын саты.* Өрт сөндіру техникасында *ж и н а л м а л ы б а с п а л д а қ* пайдаланылады (ҚСЭ).

Жылжымалы баспалдақ. т е х. <ағыл. escalator> *Адамдарды тасымалдауға арналған сатыларда үздіксіз қозғалып тұратын еңіс конвейер.* Метрополитен стансаларында, кейбір қоғамдық үйлерде *ж ы л ж ы м а л ы б а с п а л д а қ* салынады (ҚСЭ).

БАСПАЛДАҚ[2] з а т. *Мылтықтың, қарудың тұтқасы.* Мылтықтың басы жаудың оң қолында, саусақтары мылтықтың астындағы *б а с п а л д а қ* тұтқа теміріне кірген бойымен айқасып қатып қалғандай (С.Сейфуллин, Бандыны қуған.).

БАСПАЛДАҚСЫЗ с ы н. *Баспалдағы жоқ, басқышсыз.* «Сандық тас» төрт бұрышты бір биік құз, Тасы бейне сырғанақ жып-жылтыр мұз. Аяқ басар, қол ұстар жерлері жоқ, Басына шыға алмайды *б а с п а л д а қ с ы з* (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

БАСПАЛДАҚТА= е т. **1.** *Сатылап көтерілу, басқыш пайдалану.* Сәуледен асылады алтын саты, Бір кезде Біржан шыққан *б а с п а л д а қ т а п* (Ғ.Қайырбеков, Сарыарқа.). Астында жартылай подвалы бар, үстіне *б а с п а л д а қ т а п* шығатын, едені тақтай, Дәуренбай үйі де осындай кербездің бірі секілді (Ғ.Сыланов, Очерк.). **2.** а у ы с. *Біртіндеу, бірте-бірте білдіру, дамыту, жеткізу.* Андрейдің түндегі сөзінен кейін орыс байының жүзін көргісі келмеді, ол әуелі Курнос Иванды *б а с п а л д а қ т а п* көргісі келді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Әннің аяғындағы қайырмасының өзінде дауысты *б а с п а л д а қ т а п* көтеріп тастап жеткізе түйрей айту керектігін сезген еді (А.Жұбанов, Замана.). Әрбір ойды сөйлегенде кескен бөренедей кез келген жағына құлата салмай, айтпақ ойға, білдірмек көңілге біртіндеп, *б а с п а л д а қ т а п,* сыпайылап айту керектігі өз-өзінен белгілі («Қаз. әдеб.»).

БАСПАЛДАҚТАЙ с ы н. **1.** *Баспалдақ сияқты, баспалдақ тәрізді.* Трактор тұтқасы өз қолына тиген соң, дәл алдарында аспанға салынған *б а с п а л д а қ т а й* шаншыла көтерілген тауға өрмелей жөнелді (О.Бөкеев, Таңд.). **2.** а у ы с. *Тіке жолдай, өткелдей, салынған даңғылдай.* Артта қалған жыл сол бір жақсылықтарға тартылған *б а с п а л д а қ т а й* үміт биігіне адамды жақындата түседі (С.Мәуленов, Үркер.).

БАСПАЛДАҚТАТ= е т. *Бірінің үстіне бірін шығару, жоғарылату.* Оның сөздері теңіздің тасқыны секілді бірін-бірі үстемелеп, бірін-бірі *б а с п а л д а қ т а т ы п,* биікке көтеріп алып кететін (С.Мәуленов, Үркер.).

БАСПАЛДАҚТАТУ *Баспалдақтат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бірін-бірі *б а с п а л д а қ т а т у.*

БАСПАЛДАҚТЫ с ы н. *Баспалдағы бар, көп басқышты, сатылы.* Темір жол станцияла-

рына барып қара жұмыспен кәсіп қылған шақта, әрқайсысы алты бұттан үш қап бидай не ұнды көп *б а с п а л д а қ т ы* сатымен, дем алмастан, элеватордың ең биігіне апара береді (С.Мұқанов, Есею жыл.). Саккара қаласы өзінің *б а с п а л д а қ т ы* пирамидаларымен, Джосер деген фараонның мазарымен дүние жүзіне әйгілі (Ә.Шәріпов, Қапаста.).

Көп баспалдақты әкімшілік. *Бірнеше бағыныштыинстанциялардан тұратын әміршілдік-әкімшілдік басқару жүйесі.* Шынында да бытыраңқы басшылық, *к ө п б а с п а л д а қ т ы ә к і м ш і л і к* оралымсыздыққа, кей реттерде икемсіздікке алып барып соқтырады (С.Мәуленов, Жер нәрі).

БАСПАЛДАҚША үст. *Баспалдаққа ұқсап.*

БАСПАЛДАТ= етс өйл. ***Баспалат.*** Медеу сөзбен *б а с п а л д а т ы п* Жақыптың есін тандырды (Б.Майлин, Азамат.).

БАСПАЛДЫ зат. жер г. ***Басыбалды*** *(ерте пісетін сарғылт түсті, қабығы жұқа, тәтті қауын).* Көлдей қораның ішінде осыдан бір жеті бұрын өндіріп қойған үндінің қара күлəбасы, парсының қара *б а с п а л д ы с ы,* Амудариянның шыртылдағы, Ауғанның сары торламасын – төрт-ақ түр қауын тікті (Қ.Әбдікадыров, Тәтті қауын).

БАСПАЛЫ сын. му з. *Баспасы, пернесі бар.* Сырлы кереуеттің үстінде он жеті жасар қыз Кәкима. Оның қолында он екі *б а с п а л ы* сырнай (А.Жұбанов, Замана.). Әміренің «Тальянка» деп аталатын он сегіз *б а с п а л ы* гармоны бар (М.Тоқжігітов, Ән атасы.).

БАСПАЛЫҚ сын. *Баспаға, баспа өнімдеріне, оны шығару ісіне қатысты.* Осының нәтижесінде форманың бетінде *б а с п а л ы қ* ойыңқы элементтер түзіледі (ҚСЭ). Бірнеше *б а с п а л ы қ* процестерді біріктіретін кәсіпорын полиграфия комбинаты делінеді (ҚСЭ).

Баспалық бастиек. *Мәтінді немесе сызбаны қағазға басып шығару үшін қолданылатын негізгі тетік.*

БАСПАНА зат. **1.** *Жер үй, киіз үй, пәтер т.б. сияқты адам тұратын үй-жай.* Жанпейісте қатын да, *б а с п а н а* да жоқ. Өмірі шыр бітпеген сорлы еді (М.Әуезов, Шығ.). Басымыздағы басқа кепті айтпай-ақ қойдым, мына алақандай *б а с п а н а м ы з д ы ң* шұрқ-шұрқ тесігін қараңызшы, әне (А.Әлсеров, Ар алдында.). Қай елге босқын ағайын келген болса, сол ел «Жәрдем ұйым» ашып, мұқтаждарға киім, тамақ, *б а с п а н а* беріп, тәрбиелеу керек (М.Дулатов, Шығ.). Ақын болдым, жырладым астанам деп, Бос жүгіріп жүрмедім, босқа нан жеп, Солдат болдым, сағындым, келдім қайтып, Тағы біраз сенделдім *б а с п а н а* іздеп (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). **2.** сәу л е т. *Адамдардың тұрақты немесе уақытша тұруына арналған орын, тұрғын үй сияқты басқа да архитектуралық құрылыс, үймерет.* Әр елдің, ұлттың тұрмыс-салт, кәсіби-мәдени, шаруашылық жүргізу ерекшеліктеріне сәйкес, сондай-ақ қоныстанған жердің табиғи жағдайына бейімделуіне байланысты дүние жүзінде неше түрлі қызықты *б а с п а н а* үлгілері қалыптасқан, яғни әр халықтың өз *б а с п а н а с ы* бар (ҚҰЭ). *Б а с п а н а* түрлеріне соңғы үлгі-дегі тұрғын үйлер, пәтерлер, мейрамханалар, жатақханалар т.б. түпкілікті немесе уақытша мекендейтін орындар жатады (ҚҰЭ). Ұжымда істеушілердің мекенділері әзірше көп емес, басым көпшілігінің *б а с п а н а с ы* болмай отыр («Жас Алаш»). **3.** *Табиғи апаттан, жаппай қырып-жоятын соғыс қаруы қаупінен уақытша бас сауғалайтын орын, жер.* Өлімге басын байлаған, Он жеті жасар жас бала, Қырғынға кірді қайнаған, Тар окоп болды *б а с п а н а* (Қ.Шаңғытбаев, Аққу.). Бұрқыратқан екпінді дауыл еді, Сабап құйған жиіркеніш жауын еді. Қорқып-сасып жан-жануар есі шығып, Бәрі-ақ іздеп *б а с п а н а* тауып еді (М.Жұмабаев, Шығ.). **4.** *Уақытша тұруға арналған жеңіл үй, лашық, күрке.* Көп ұзамай біздің құла түздегі *б а с п а н а м ы з д ы* күшіген де іздеп тапқан болатын (С.Бектұрғанов, Қатерлі.). Отардағы жылқышыларға *б а с п а н а* ретінде артып алып жүруге қолайлы киіз қос, төсеніш ретінде ескі туырлықтар мен тайтерілер берілетін (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Әкелі-балалы екеудің *б а с п а н а с ы* – қамыс пен сәмбіталдан өрген күрке (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). **5.** ау ы с. *Қала, ауыл, тұрақ мағынасында.* Қорғай алмай, құр жылап, Қазандай іші қайнады. Дағыстан халқы қашты енді, *Б а с п а н а* тастап шайлады (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Сонда да мақтай бердің *б а с п а н а ң д ы,* Өзіңше қызықтырдың басқаларды. Қалалық станция жарық бермей, Шет көшең әлі неге тас қараңғы (Айтыс). **6.** ау ы с. *Қамқоршы жан, тірек; түсініктікпен қарап, аялайтын адам, орта.* Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға, Алла асыраған бендесі аш бола ма? Ер жеткен соң, сыймайсың кең дүниеге, Тыныштық пен зар боларсың *б а с п а н а ғ а* (Абай, Шығ. жин.). Құшағыңа алдың, сүйдің сен, анам, ренжу жоқ, барлық сөзің: «Жан балам!» Ыстық-суық, желге, күнге тигізбей, Асырап, сақтап, болдың, анам, *б а с п а н а м* (М.Жұмабаев, Шығ.). Бір басымда бақытым бар аздаған, *Б а с п а н а м* бар, өз балам. Бұл өмірде өз орным бар, өз бағам, Мен соларды мият тұтам, мәз болам (М.Мақатаев, Шығ.).

Баспана етті. *Уақытша үй етіп тұрды, бас сауғалады.* Сол кезде бұрғышылар уақытша

б а с п а н а е т к е н қалқима лашықтарда әлі күнге дейін адамдар тұрады (З.Қабдолов, Жалын.).

Баспана тұрғызды. *Үй салды.* Сұлтанмахмұт екеуміз қосылған соң, шымнан соқталап *б а с п а н а т ұ р ғ ы з ы п* алдық («Мәдениет және тұрмыс»).

Өзінің жайлы баспанасын ойлады. к о н т е к с т. *Жеке басының қамын, жағдайының жайлылығын ғана ойлады, өз күйін күйттеді.* Шығарып махаббаттың масқарасын, *Ө з і н і ң о й л а п ж а й л ы б а с п а н а с ы н.* Әркімге көз сүзген бір көрсе қызар Кетіпті тастап жарын, жас баласын (А.Шамкенов, Сырларым.).

БАСПАНАДАЙ с ы н. *Баспана сияқты.* Болар ма хан сарайы *б а с п а н а д а й,* Жатқан жоқ жалтақтардай, жасқанардай (Өлеңд.).

БАСПАНАЛА= е т. *Қауіп-қатерден бой тасалау, сақтану, тығыла тұру, орналасу.* Қараңғыда шұңқырға *б а с п а н а л а п* алып, бізге анда-санда оқ атып жатқан жауға күйрете соққы бере алмайтын болған соң, екі-үш қол гранатаны лақтырып едік (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Қазығұл батырдың қыстауы деген бос тұрған үш тамды тас қоралы қыстауға жетіп, *б а с п а н а л а д ы қ* (Ж.Жұмаханов, Үш бәйтерек). Карттары, жас баласы барларға әзірше бір бөлмеден тауып береміз. Жастар жағы әзірше шатырда *б а с п а н а л а й* тұрады (С.Жүнісов, Жапанда.).

БАСПАНАЛАТ= е т. *Біреуді үйіне қондырып, уақытша тұрғызу; бой тасалаттыру.* ≈ Үш күн *б а с п а н а л а т т ы.*

БАСПАНАЛАТУ *Баспаналат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қорғансызды *б а с п а н а л а т у.*

БАСПАНАЛАУ *Баспанала етістігінің қимыл атауы.* Ендігі ойы – нағашысының үйіне жетіп, бірер апта *б а с п а н а л а у* (Ауызекі).

БАСПАНАЛЫ с ы н. *Тұратын үйі, орнықты жекеменшік үйі бар.*

Баспаналы болу. *Үйлі-жайлы болу, жекеменшік үй, пәтер алу, ие болу.* Тұрғын үй құрылысындағы жаңа саясат іске асырылған жағдайда, 200 мың отбасының жаңа жүйемен *б а с п а н а л ы б о л у ғ а* мүмкіндігі бар («Жас Алаш»). Тұрғын үй құрылысындағы жаңа саясатты түсіндіре келіп, Президент қарапайым адамдардың *б а с п а н а л ы б о л у* мәселесін жеңілдетуге Үкімет көңіл аударатын кез жеткенін айтты («Жас Алаш»).

БАСПАНАСЫЗ с ы н. **1.** *Тұратын үйі жоқ, үйсіз-күйсіз.* **2.** а у ы с. *Тұрлаусыз, тұрақсыз, отырықшы, орнықты емес.* Қазағым, арыстаным, қайратты ерім, Тұрдың ба қару қылмай, құр амалсыз? Өзіңдей адамзаттар не ғып жатыр, Бос жүрсің *б а с п а н а с ы з,* үйген тамсыз (М.Жұмабаев, Шығ.).

Баспанасыз қалды. *Үйінен, тұрып жатқан үй-жайынан айырылды.* Көздері суға телміріп, аштан өлмеу шарасын содан ғана іздеген бейшаралар күймеге мініп келе жатқандардың кесірінен өртке ұрынып, *б а с п а н а с ы з қ а л д ы* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). *Б а с п а н а с ы з қ а л ғ а н* жергілікті халық та осында шоғырланған (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.).

БАСПАНАСЫЗДЫҚ з а т. *Баспанасыз қалушылық, баспанасы болмаушылық.* ≈ Адамның *б а с п а н а с ы з д ы ғ ы.*

БАСПАСӨЗ з а т. **1.** <франц. presse> *Газет, журнал және т.б. әр кезең сайын шығып тұратын бұқаралық мерзімді басылым жиынтығы.* «Айқап» журналы биылғы 14 нөмірінде «Өтініш» деп жазылған бас мақаласында: «...*Б а с п а с ө з* жұрттың тілін сақтауға һәм түзетуге қызмет етеді, ...мынан былай журналымызға әдеби мақалалар кіргізу талабымызда бар... қазір орысша жазылған «Манап» драмасының тәржімасын баса бастаймыз» деген еді (М.Дулатов, Шығ.). Әрбір азаматтың ой-пікірі тегеурінді парламент, еркін *б а с п а с ө з,* көппартиялы жүйе, үкіметтік емес ұйымдар арқылы жұртшылыққа жететіндей жағдай жасалып отыр («Егемен Қазақстан»). **2.** *Баспа өнімдерінің жалпы атауы.* Қай жұрттың *б а с п а с ө з і* күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті, өзі де өнерлі екендігі көрінеді, яки қай жұрт өнерлі болса, оның шәксіз *б а с п а с ө з і* күшті болатындығы айдай анық, бұған еш нәрсе білмейтін надандар, соқырлар болмаса, көзі ашық, көңілі тетіктер көптен иман келтіреді (М.Дулатов, Шығ.). Осы күні жұмысты мықтап, негізді қылып істейтін заман туды. Халық ағарту жұмысы алға қойылды. *Б а с п а с ө з* надандықпен күреске салынды. Жайымыз бұлай болған соң, баспасөзді елге жақындату, түсінікті қылу үшін мәдениет жолындағы ауыр жұмыстың бірі болып шығып тұр (Х.Досмұхамедұлы, Таңд. шығ.). *Б а с п а с ө з д і ң* 10 жылдық мерекесін біз де құттықтап, жылдан жылға ұлғайып, ілгері басуын һәм ұлтшылдық жолында тізелес қызмет етуін тілейміз («Қазақ»). Тіліміздегі кәсіби сөздердің бәрі бірдей термин ретінде қалыптаса бермейді. Олардың ішінде *б а с п а с ө з* арқылы әдеби тілге еніп, ғылыми ұғымдарды дәлме-дәл білдіру талабына сай келгендері ғана термин бола алады (Қ.Айтазин, Кәсіби лексика). **3.** а у ы с. *Қандай да бір жеке мерзімді басылым.* Олардың шығармалары аудандық, облыстық газеттерде, республикалық *б а с п а с ө з д е* жарияланып жатыр (Т.Нұртазин, Ауыл.).

Ағымдағы баспасөз. *Мерзімді баспасөз.* Қазіргі мәдениет жайын киносыз, кітапханасыз, *а ғ ы м д а ғ ы б а с п а с ө з с і з,* тұрақты театрларсыз сөз ету қиын (М.Әуезов, Шығ.).

Баспасөз атташе. д и п л. <франц. presse-attache> *Баспасөз мәселесі жөніндегі елшілік өкілеттілігінің қызметкері.* ≈ *Б а с п а с ө з а т т а ш е н і ң* міндеті.

Баспасөз беті. *Газет, журнал т.б. сияқты жарыққа шығарылған мерзімді баспасөз.* Тек Бауыржан Момышұлымен ақырғы тоқтамға келгеннен кейін ғана Александр Бек кітап қолжазбасын *б а с п а с ө з б е т і н е* ұсынады (Ә.Нұршайықов, Ақиқат.).

Баспасөз бостандығы. з а ң. *Мемлекеттегі конституция кепілдік беретін адам құқықтары мен бостандықтарының бірі ретінде бұқаралық ақпарат құралдарына берілетін еркіндік. Б а с п а с ө з б о с т а н д ы ғ ы* баршаға ортақ әлеуметтік еркіндіктің – пікір айтып, сөз сөйлеу бостандығының құрамдас бөлігі ретінде саналады (ҚҰЭ). Кейбір демократиялық мемлекеттердің арнаулы заңдарында асыра сілтеп, артық кететін өрескелдікке жол бермеу үшін *б а с п а с ө з б о с т а н д ы ғ ы н а* бірқатар шектеулер қойылады (ҚҰЭ).

Баспасөзге шолу. *Билік немесе ресми, бейресми ұйымдар тарапынан бұқаралық сипаттағы мерзімді басылымдарға басшылық етудің тиімді тәсілі ретіндегі публицистикалық жанрдың бірі. Б а с п а с ө з г е ш о л у* директивалық мәні жағынан бас мақаламен теңдес, көбіне редакциялық мақала түрінде беріледі (ҚСЭ).

Баспасөз жанрлары. *Баспасөз материалдарының мазмұнына, сипатына қарай бөлінетін түрлері. Б а с п а с ө з ж а н р л а р ы н* үш топқа – ақпаратты (хабар, есеп, сұхбат, репортаж), талдамалы (мақала, рецензия, шолу, хат) және көркем публицистикалық (суреттеме, очерк, публицистика, эссе, баллада) жанрларға бөлуге болады (ҚҰЭ).

Баспасөз клубы. *Журналистерді қажетті ақпаратпен жедел түрде қамтамасыз етуді ұйымдастыратын бейресми ұйым.* Әлемдегі ең ірі *б а с п а с ө з к л у б ы* Вашингтонда орналасқан – Ұлттық *б а с п а с ө з к л у б ы* (ҚҰЭ). Қазақстанда екі *б а с п а с ө з к л у б ы* – Қазақстан *б а с п а с ө з к л у б ы* және Ұлттық баспасөз клубы жұмыс істейді (ҚҰЭ).

Баспасөз құралдары. қ о ғ.-ә л е у м. *Бұқаралық ақпарат таратушы басылымдар мен баспа өнімдері. Б а с п а с ө з қ ұ р а л д а р ы* мен салымшылар үшін аналитикалық шолу материалдары дайындалатын болды («Түркістан»).

Баспасөз қызметі. а) *Мерзімді баспасөз материалдары бойынша ақпарат жинаушы және өндіруші бөлім.* «Қазақтелекомның» *б а с п а с ө з қ ы з м е т і н і ң* айтуынша, компанияда қазір Тілдерді дамытудың 2001–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, «Тілдер туралы» Заңды, «Мемлекеттік тілдің мемлекеттік ұйымдарда қолданылу аясын кеңейту туралы» үкімет қаулысының талаптарын орындауға бағытталған жұмыстар атқарылып жатыр («Жас Алаш»). ә) *Газет, журналдардағы қызмет, баспасөз ісі.* Октябрь төңкерісі басталғаннан кейін 1923 жылға шейін Нариман *б а с п а с ө з қ ы з м е т і н е* қатынаса алған жоқ (М.Дулатов, Шығ.).

Баспасөз мәслихаты. қ о ғ. *Ресми органдардың, қоғамдық ұйымдардың, саяси партиялардың, жеке қайраткерлердің белгілі бір мәселеге байланысты өздерінің көзқарасын, пікірлерін жария ету үшін ұйымдастырылған аудиториялық жиын.* Бүгін мәжіліс депутаттығынан үміткерлер *б а с п а с ө з м ә с л и х а т ы н* өткізді («Жас Алаш»). Жақында «Тұран Әлем Банкі» АҚ басқарма төрағасы Ержан Тәтішев, атқарушы директоры Жәмила Сәрсембаева және банктің басқа да қызметкерлері *б а с п а с ө з м ә с л и х а т ы н* өткізді («Жас Алаш»).

Баспасөз пәрмеңділігі. с а я с и. *Жалпыхалықтық сипаттағы сайлау, референдум, олимпиада, фестиваль т.б. мәдени, спорт шараларын өткізу қарсаңы барысында ақпараттандыру бойынша баспасөзге артылатын міндет, жүк.* Мерзімінен бұрын өткізілгелі отырған сайлаудың нәтижесі оның қарсаңындағы *б а с п а с ө з п ә р м е н д і л і г і н е* тікелей байланысты болмақ («Жас Алаш»).

Баспасөз тілі. л и н г в. *Көпшілікке арналған мерзімді басылымдардың өзіндік құралдары мен тілдік ерекшеліктері арқылы айқындалатын стильдік қолданысы.* Қазіргі *б а с п а с ө з т і л і н д е* мотивсіз жарыспа тұлғаларын қолдану анағұрлым, әдеби тіл нормасы қалыптасады (С.Бизақов, Әдеби норма.).

Баспасөз хабаршысы. <франц. presse release> *Үлкен [беделді] ұйымдар мен мекемелерде, министрліктерде өткізілетін бұқаралық сипаттағы маңызды мәжіліс, жиналыстар, ондағы іс-шаралардың сипаты, мақсаты т.б. туралы қысқаша мәлімет жазылған, өкілетті мекеме, бөлімшелерге, лауазымды адамдарға алдын ала таратылатын хабарлама (қағаз, құжат).* Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінен ертеңгі мәжілістің *б а с п а с ө з х а б а р ш ы с ы н* шұғыл әкелу тапсырылды («Жас Алаш»).

Баспасөз хатшысы. қ о ғ.-ә л е у м. *Қандай да бір ресми органның немесе мелекеттік қайраткерлердің өзіндік тұғырын түсіндіріп тарататын өкілетті тұлға.* Сайлаукомдағылар «Азаматтықтан» 13 мәслихат депутаты тіркелген десе, осы партияның облыс бөлім-

шесіндегі *б а с п а с ө з х а т ш ы с ы* Жібек Мұсаева «депутаттар санын елуге жеткіздік, оның алтауы облыстық маслихатта» дейді. Қалай десек те облыстық мәслихатта «Ақ жолдың» да, «Асардың» да адамы бар («Айқын»).

Мерзімді баспасөз. *Газет, журнал, жинақ, бюллетень және т.б. сияқты апта, ай немесе жыл сайын шығатын басылымдардың жалпы атауы. М е р з і м д і б а с п а с ө з д і* қалт жібермей қадағалап отыратын анасы жаңа газетті ашып қалғанда, жарқ етіп өз баласының суреті шыға келетін күнді аңсайтын («Егемен Қазақстан»). Ия, семіздіктен құтылудың біздің елде жалпы ұлттық мәселе ретінде көтерілетіндігімен келісемін. Теледидарда, *м е р з і м д і б а с п а с ө з д е,* радиода осы мәселені насихаттап жатады. Былай қарағанда, біздің халық өзінің сыртқы бейнесіне аса маңыз береді. Бірақ, шын мәнінде көп нәрсе бұған қатысты емес («Түркістан»).

Сары баспасөз. ж а ғ ы м с ы з. *Сапасы төмен, нақты принципі, айқын бағдары мен ұстанымы жоқ қарабайыр баспасөздің жиынтық атауы.* Кітапқұмар анасының сөйтіп төбесін көкке жеткізуді армандайтын. Бәрінен сорақысы, тек жыныстық қатынас хикаяларын теріп жазып, жариялайтын *с а р ы б а с п а с ө з д і ң* кең таралып, етек жаюы еді. Оны сөз бостандығы деп түсінушілер де бар («Егемен Қазақстан»).

Тәуелсіз баспасөз. *Мемлекеттің ресми баспасөзден бөлек беймемлекеттік басылым түрлерінің жиынтық атауы.* Ойдан-қырдан бірдемелерді құрастырып, өтірік-шынды араластырып, не болса соны жариялайтын кейбір деңгейі төмен ұсақ-түйек газеттердің өзін *«т ә у е л с і з б а с п а с ө з»* деп атайтынымыз қынжылтады. Олар ойдан шығарылған қызықты оқиғаларын тұздықтап, қашанғы оқырманды алдарқата алады? («Егемен Қазақстан»).

БАСПАСӨЗДІК с ы н. *Баспасөзге қатысты, баспасөзге тән.* Әртүрлі *б а с п а с ө з д і к* шаралар көбейді (Ауызекі).

БАСПАТӨРЕЛЕ= е т. *Бастырмалату, баспалату, баса-көктеу.* Ол ойы болмас! Егер *б а с п а т ө р е л е п,* зорлық ететін болса, оның ар жағындағы өмірдің маған керегі қанша (Мың бір түн). Қасындағы серіктерін сыртта қалдырып, ақын енді *б а с п а т ө р е л е й* Омар үйіне беттегенде оны есік алдындағы үйлыға тұрған қалың топ бөгеп, жібермейді (Қ.Сәрсекеев, Қызыл.).

БАСПАТӨРЕЛІК з а т. *Бұзып-жарушылық, ай-шайға қарамаушылық, еш нәрсемен есептеспеушілік.* ≈ *Б а с п а т ө р е л і к* әрекет.

Баспатөрелік жасау. *Еш нәрсемен есептеспеу, бұзып-жару, ай-шайға қарамау.* Ол әуелі сол жоғары жақпен келісіп алмай *б а с п а т ө р е л і к ж а с а у ғ а* жол бермейтінін айтты (З.Шүкіров, Қиын түйін).

БАСПАХАНА з а т. <грек. typos – қол таңба, graphó – жазамын> *Кітап, газет, журналдар т.б. сияқты баспа өнімдерін басып шығаратын өнеркәсіптік орын. Б а с п а х а н а* және шықты кітап басатұғын, Халыққа hүнер, мағариф шашатұғын (М.Дулатов, Шығ.). Қазақша *б а с п а х а н а* орнатып, газет шығармақшы болдық (С.Сейфуллин, Шығ.). М.Сералин Қазанға барып қазақша әріптер алып келді. Қостанайда *б а с п а х а н а* ұйымдастырылды (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.).

БАСПАХАНАШЫ з а т. т а р. *Баспахана қожасы, иесі.* Суретші қайтыс болғаннан кейін оның жесірі суретті Түмендегі бір *б а с п а х а н а ш ы ғ а* сатқандығы айқын болып отыр («Қаз. әдеб.»).

БАСПАШЫ[1] з а т. *Баспа өнімін шығарушы.* Жиында Қазақ *б а с п а ш ы л а р ы н ы ң* бүгінгі мәселелері қаралды («Жас Алаш»).

БАСПАШЫ[2] з а т. с ө й л. ***Басмашы.*** Ферғанадағы *б а с п а ш ы ғ а* қарсы аттанған дунган полкі селоға кеп, сапта тұр, – деген хабар да жетті (Ж.Арыстанов, Сұңқар.). *Б а с п а ш ы л а р* үдере тартып келеді. Күніне бір-ақ мезгіл, күн ұясына қонар шақта аялдайды (З.Шүкіров, Ізгілік.). *Б а с п а ш ы л а р д а н* жеті адам қолға түсті (Б.Кенжебаев, Асау.).

БАССАУҒА з а т. *Бас амандығы, жанының қалуы.*

Бассауға құқы. *Саяси, діни және басқа себептермен құғын көрген адамның әлдебір мемлекеттен пана тілеп өтіну еркі. Б а с с а у ғ а қ ұ қ ы* тұңғыш рет 1793 жылы Франция конституциясында бекітілді (ҚҰЭ).

Бассауға қылды. *Жанын сақтау үшін қашты, бассауғалады.*

Бассауға сұрады. *Араша сұрады, қорғауын, бас амандығын тілеп, өтініш жасады.* Уа, мына бәледен *б а с с а у ғ а с ұ р а ң д а р,* бассауға (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

БАССАУҒАЛА= е т. **1.** *Қашқалақтап қорғаныш іздеу, басын қорғау.* Ендеше *б а с с а у ғ а л а.* Мұнда қалған біздің неменемізді алар дейсің (С.Мұқанов, Балуан Шолақ). Ғұн жауынгерлерінің басқыншылығынан *б а с с а у ғ а л а ғ а н* Солтүстік Италия тұрғындары Адриат теңізінің ортасына қарай қашып, сондағы аралдарды мекендеп алды (С.Абдрахманов, Елдік сыны). **2.** с а я с и. *Жеке тұлғаның саяси, діни, әлеуметтік, ғылыми т.б. көзқарастары үшін мемлекет тарапынан қуғындалып, өзге*

елден немесе халықаралық ұйымдардан пана сұрауы. Р.Әлиев Австрияда *б а с с а у ғ а л а п т ы* («Жас Алаш»). **3.** с а я с и. *Саяси құғын-сүргіннен жапа шекті, әрекетін шектеді.* Қазақ фольклоршыларының ұстазы М.Әуезовтің өзіне жабысқан жат жаладан *б а с с а у ғ а л а п*, жылдар бойы ауыз әдебиетін зерттеуден алыстағанын айтсақ та жеткілікті («Қаз. әдеб.»).

БАССАУҒАЛАУ *Бассауғала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қашқалақтап қорғаныш іздеу, басын қорғау.* Өз мүддесін қоғамдық және ұжымдық мүддеден жоғары қоятын, жауапкершіліктен жалтаратын адам *б а с с а у ғ а л а у ғ а* бейім келеді (ҚҰЭ). **2.** п с и х. *Адамның қиын, ауыр жағдайын, жеке басын қорғап қалу жолындағы әрекеті. Б а с с а у ғ а л а у* үрейге бой алдыру нәтижесінде туындайды (ҚҰЭ).

БАССЕЙН [франц. bassin] з а т. **1.** ***Хауыз*** *(жасанды су қоймасы).* Су тазарту процесі бірнеше операциядан өткізіледі. Ең алдымен суды үлкен *б а с с е й н д е* біраз уақыт қойып, тұндырады (Ж.Жатқанбаев, Су.). Олар (бегемоттар) күн шарықтаған кезде терең *б а с с е й н г е* күмпілдетіп шомылып алады да, бастарын қылтитып, мені көрдің бе дегендей маңғазданып жатады («Лен. жас»). **2.** г е о л. *Белгілі бір пайдалы қазба өндірілетін жер.* Көмір запасының жақсылығы, запасының көптігі Қиақты *б а с с е й н і н* Қазақстандағы маңызды отын базаларының біріне айналдырмақ (Қ.Сатпаев, Қазақст.). Участоктың механизаторлары бір тәулік ішінде лавадан бір мың үш жүз тоннаға дейін көмір жөнелтуде – бұл *б а с с е й н* бойынша орта есеппен алғандағыдан екі есе көп («Лен. жас»).

Ауа бассейні. *Белгілі бір жердің үстіндегі атмосфералық кеңістік.* Қалалардың *а у а б а с с е й н д е р і н* тазарту мақсатында кәсіпорындарда түтін-тозаң ұстағыштар жасалуда (Р.Сәтбаева, Өңеш рагі). Бұл әдістерді жүзеге асырған кезде жер қойнауынан пайдалы қазбалар өндірілетін аудандарда *а у а б а с с е й н і* таза күйінде сақталып, ондағы экологиялық тепе-теңдік те бұзылмайды (Т.Қалыбеков, Экология.).

БАС-СИРАҚ з а т. *Сойылған малдың басы мен сирағы.* Келсе жағасынан алып қал, *б а с с и р а қ т а н* қалған ақша еді, иттің тұқымы, созып бермей жүргені (Ж.Аймауытов, Шығ.). – Беу жазған-ай, не жау шапты... *Б а с-с и р а қ* үйтіп жатқанда, – деп қолындағы темір қышқашқа сирақ шаншыған әйел қақпадан күйеуіне ренжи шықты (С.Адамбеков, Көсе.). Сол ара әлі де қасқырлардың ойнағы екен, *б а с-с и р а қ т а р ы* сияқты қалдықтарының жатуы және кебіңкі де, жас та қиларының көрінуі куә (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БАССҮЙЕКСІЗДЕР з о о л. з а т. <лат. acrania> *Төменгі сатыдағы желіліler (хордалылар) типінің бір тармағына жататын ұсақ жәндіктер. Б а с с ү й е к с і з д е р* Жерорта теңізінде, Атлант мұхитының Еуропа және Африка жағалауында, Атлант, Тынық мұхиты жерлерінде тіршілік етеді (ҚҰЭ). *Б а с с ү й е к с і з д е р д і ң* дене тұрқы 1,5–8 см-дей болады (ҚҰЭ).

БАССҮЙЕКТІЛЕР з о о л. з а т. с ө й л. ***Омыртқалылар***.

БАССЫЗ с ы н. **1.** *Басы жоқ. Б а с с ы з* адам денесі жиырылып-жазылып, жиырылып-жазылып тыныш алмайды. Екі иықтың арасынан қызыл күрең қан шүмектей атқылайды (З.Шүкіров, Ізгілік.). *Б а с с ы з* берген мал – мазақ, Бақсыз берген тіл – мазақ (Мақал-мәтел). Бұл жайында Сайрамбай атаға, яки басқа шалдарға тіс жарсаңыз, тақсыр, кеудеңіз *б а с с ы з* қалады, – деп молдаға жақындап, үңіле қарады да, орталық қырман жаққа жүріп кетті Айбалта (С.Адамбеков, Атылған қыз.). **2.** *Басшысыз, қамқоры жоқ, бас көтерері жоқ.* Қалың қол *б а с с ы з* қап, боранды түнде қасқыр шапқан жылқыдай ықпасын ба? (М.Әуезов, Таңд. шығ.). *Б а с с ы з* үйдің иті бірдеме... Қай бір басшы, еркек бар осы ауылда, – деп аспан астын үрген ит пен айтаққа толтырды (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Әділет беретұғын биімізсіз, Алдыңа келетұғын қарашың біз. *Б а с с ы з* ел, байсыз қатын, баусыз оймақ, Әділ биі жоқ елден күдеріңді үз (Қозы Көрпеш.). **3.** а у ы с. *Ақылы жоқ, надан, ақымақ.* Хакім деп хакімнің зұлымдығын көрмей астына төрт қабат көрпе тастап төр көрсете берсең, «дүниеде менен әділ, менен ақылды, менен алғыр жан жоқ» деп ұғады әлгі *б а с с ы з ы ң* (Х.Есенжанов, Тар кезең). – Е, шырағым, бақытсыз елді қашан да *б а с с ы з д а р* билейді, ел сорына ол да болыс бола қалған-ды (Ә.Әбішев, Найзағай).

БАССЫЗДЫҚ з а т. *Өз бетімен кеткендік, көргенсіздік, жүгенсіздік.* Қой, мына қылығың теріс деп жөн айтар адам жоқ, *б а с с ы з д ы қ.* Жаман ойлы, бұзық адамдар иесіз қалаға тиіп, неше түрлі талан-тараждар істесе, әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ еді (С.Сейфуллин, Шығ.).

Бассыздық істеді. *Сорақылық жасады, өрескел қылық көрсетті, жүгенсіздік таныттты.* Ауылға келісімен сасқан қасқырша алақтап қол жұмсап, *б а с с ы з д ы қ,* зорлық *і с т е й* бастайды (С.Сейфуллин, Әңгім.).

Бұл не [неткен] бассыздық. э к с п р. *Біреудің ақымақтық ісіне, жүгенсіздігіне немесе санасыз қылығына кеюді, ашулануды білдіретін сөзқолданыс.* Уа, *б ұ л н е б а с с ы з д ы қ,*

тоқтатыңдар! (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Қазына сол күйінде, сақтаулы тұр үйімде. *Б а с с ы з д ы қ* деп *б ұ л н е т к е н,* Босқа, ханым, күйінбе! (Қ.Мырзалиев, Алуан.).

БАСТА ү с т. с ө й л. *Әуелде, алғаш.* Ажының жақсы-ақ қызы едім, жетістірем деп алды. Тілеуін түзден тілесе, *Б а с т а* мені неге алды? (Абай, Тол. жин.).

Әуел [әу] баста. *Алғашқыда, бастапқыда, ең басында.* Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ, Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ. Үлгі алсын деймін жас жігіттер, Думан-сауық ойда жоқ *ә у е л б а с т а-а қ* (Абай, Тол. жин.). *Ә у е л б а с т а* балалар үйіне түскенде қандай фамилияға жазса, сонымен кете берген шығар (С.Омаров, Хантағы).

Әу бастағыдай *Алғашқыдай, бастапқыдай.* Жер атмосферасындағы газдардың қазіргі ара қатынасы *ә у б а с т а ғ ы д а й* емес екені түсінікті (Т.Қалыбеков, Экология.).

БАСТА= е т. **1.** *Соңына ерту, басшылық ету.* 1456 ж. Керей мен әз-Жәнібек қазақ тайпаларын *б а с т а п,* шығыс Дешті-Қыпшақтан батыс Жетісу жеріне қоныс аударуы қазақ хандығының құрылуына мұрындық болған маңызды оқиға еді (Қаз. дала. ойшыл.). **2.** *Бір істің жүзеге асуына мұрындық болу, істі қозғалысқа түсіру, ілгері жылжыту.* Бас болмақ оңай, *б а с т а м а қ* қиын (Мақал-мәтел). *Б а с т а с а* пайдалы іске біреу шығып, Соңынан көмек беріп ере алмайды. Мал беріп жамандықты сатып алып, Берсең де жақсылықты тек алмайды (М.Дулатов, Шығ.). **3.** а у ы с. *Шақыру, жетелеу, жеткізу.* Қазіргі жастарды орталықтандырылған бір үйымға біріктіріп, нашасыз, ұрлық-қарлықсыз, зорлық-зомбылықсыз, саналы, саламатты, зиялы өмірге *б а с т а й т ы н* идеология керек («Жас Алаш»). **4.** *Бір нәрсені ұйымдастырып, ашып беру.* Жұрт маған: «Мына тойды *б а с т а!* – деді, Айтысып ақын шықса баспа, – деді. Бір қыз бар аты Ақсұлу біздің елде, Он жеті осы биыл жаста, – деді (Айтыс). Той *б а с т а п,* әдеп сақтап жүрген жігіт, Қолтықтап өз тобына алып кетті, Разы боп ақсақал шал Есенкелді, Қасына бұл жігіттің таяу келді (Ж.Саин, Таңд. шығ.). **5.** *Бір іске кірісу, қолға алу.* Адамның адамшылығы істі *б а с т а ғ а н ы н а н* білінеді, қалайша бітіргендігінен емес (Абай, Тол. жин.). **6.** *Белгілі бір іс-әрекеттің басталу шегін білдіретін көмекші етістік.* Бұлт жер бауырлап төмендей *б а с т а ғ а н д а,* қолына қанжарын алып, Әшкен де бұлтпен араласа кетті (Қаз. ертег.). Бір мезгілде орман жақтан бір үрейлі дауыс шыққан секілденеді. Ақбілек елегізи *б а с т а д ы* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Көтерілісшілер үстем болып тұрған кезде оны Хиуа ықпалына бұрып әкетуге тырысса, көтерілісшілер жеңе *б а с т а ғ а н д а* қайтадан патша жағына шықты (Ә.Кекілбаев, Ұйқыдағы ару.).

Ән бастады. *Бірінші болып ән айтты.* Қаншайым тағы бір *ә н д і б а с т а п* келе жатып, қоя қойды (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

Бүлік бастады. *Өзімен-өзі шу, төбелес шығарды.* Доскей мына жылқышының *б ү л і к б а с т а ғ а л ы* тұрғанын сезді (Д.Досжанов, Зауал).

Жол бастады. *Бір ұгі шараға себеп болды, оң бағытқа салды, дұрысын көрсетті.* Екіншісі [жағдай туралы] ілгері бастаушы, мәдениетті өркендеу *ж о л ы н б а с т а ғ а н* орыс халқының еңбекші бұқарасы мен ілгері бастаушы-демократияшыл интеллигенттерінің өкілдері еді (Қ.Сәтбаев, Қазақст.).

Керуен бастады. *Керуенбасы болды, керуенді басқарып, алып жүрді. К е р у е н д і* бағанағы шақшалы ұзын қара кісі *б а с т а д ы* (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Көтеріліс бастады. с а я с и. *Жергілікті билеушілер немесе мемлекет басқарушысы мен басқару жүйесіне т.с. қарсы шыққан наразы әлеуметтік топтардың қарулы ереуілін, бүлігін ұйымдастырды.*

Қол бастады. *Әскербасы болды, қарулы жасақтың басшысы болды.* Астындағы шал қасқа ат, Көкке шапшып атылып, Келеді батыр *қ о л б а с т а п,* Айқасқа елді шақырып (С.Мәуленов, Шалқар).

Сөз бастады. *Әңгімеге, сөйлеуге кірісті, сөз алды.* Бұл фәниде ұзақ ғұмыр кешіп, бір-бірінің мінез-әрекетін барлап үйренген қарттар осы сәтте *с ө з д і* неден *б а с т а р ы н* білмей дағдарған сыңайы бар (Ж.Түменбаев, Қарда.).

Тілі шыға бастады. э к с п р. ж а ғ ы м с ы з. *Қарсы сөйлеуді шығарды, есесін жібермей сөз қайтаратын болды.* Дәл осы жақында, екі жұмадай бұрын *т і л і ш ы ғ а б а с т а ғ а н* шайпау мінезді тоқалға Сырбай алғашқы рет қарап, қорқытпақ боп қамшы сілтей беріп еді (М.Әуезов, Шығ.).

БАСТАБЫНДА ү с т. с ө й л. *Басында, бастапқыда.* Қанат *б а с т а б ы н д а...* тал, тастың қалқасында жасырынып еді (Т.Рыскелдиев, Ұлы көш).

БАСТАҚ с ы н. *Бөгде, бөтен, өзге.* Бөтен *б а с т а қ* сөз жоқ екен, – деді Кәрім, – таныстыру өзімізден басталғандықтан да бұған қосарымыз болмайды (К.Оразалин, Абай.).

БАСТАЛ= е т. **1.** *Бір нәрсенің іске қосылуы, шараның қолға алынуы.* Сонымен бірге осы 80-жылдары коммунистік-сталиндік қатал жүйеден тұтастай бас тарту кезеңі *б а с т а л ғ а н ы н* айта кеткен жөн («Егемен Қазақстан»). Қыркүйек айында *б а с т а л ғ а н* Мигрант операциясына барлық полиция қызметкерлерінің 70 пайызы жұмылдырылған («Егемен

Қазақстан»). **2.** *Оқиға, іс-шара немесе салтанатты рәсімдердің немесе т.б. алғашқы сәтінің өтуі.* Міне, кешеден бері ауылға абыр-дабыр келіп, той *б а с т а л д ы* (І.Жансүгіров, Шығ.). Жұрт «осы арадан айтыс *б а с т а л ы п* кетер» деп дәмеленгенмен, мәжіліс айтыссыз тарқады (С.Мұқанов, Есею жыл.). **3.** *Уздіксіз процестің немесе табиғат құбылыстарының алғашқы шегінің, бастапқы кезеңінің өтуі.* Осы киіз үйде біздің тұңғыш сабағымыз *б а с т а л д ы* (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). «Күн құлақтанса – күрегіңді сайла, ай құлақтанса арбаңды сайла» деген екен бұрынғылар. Күн құлақтанып, шаңытып тұр. Ертең аяз болар, онан әрі бір жұмаға созылатын боран *б а с т а л ы п,* көз аштырмас (З.Ақышев, Ақбел.). Күз боп, оқу *б а с т а л а р д а* ғана жұмыстан мойнымыз босап, уһ дейміз (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). **4.** *Қандай да бір көңіл күйдің немесе жағдайдың қалыптасуы.* Бұл жағдайды сезген немістер арасында абыржушылық *б а с т а л д ы* (Р.Ұлтанбаев, Ер есім.). **5.** а у ы с. *Алдында тұру, бастап тұру.* Түбір сөз *с, з* дыбыстарына аяқталып оған *ш* дыбыстарынан *б а с т а л а т ы н* қосымша жалғанғанда, қос шш естілгенімен, түбірі сақталып жазылады (Р.Сыздықова, Қазақ орфографиясы.).

БАСТАЛАС з а т. *Дау-дамай, өршіген жанжал, кек.* Осы екі ел ру басы жуандарының бір-біріне сыз өткізсем деген *б а с т а л а с ы,* баққүндестігінен және солардың екі елді бүлдірген мінезінен барып, ақыры, бір-біріне қатты жауыққан, қатты аңдасып шатасқан ел болатын (М.Әуезов, Шығ.).

БАСТАЛАСТЫҚ з а т. *Басталас болушылық.* ≈ *Б а с т а л а с т ы қ қ а* жол бермеу.

БАСТАЛУ *Бастал етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шараның іске қосылуы, қолға алынуы.* Бұрынғыдай емес, дүбірі алты ай қыс бойы толастамаған биылғы біріншіліктің *б а с т а л у ы н* еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін асыға күтті («Жас Алаш»). Елбасының өз идеясы негізінде бой көтеретін құрылыс келесі жылы *б а с т а л у ғ а* тиіс («Қаз. әдеб.»). **2.** *Процестің немесе табиғат құбылыстарының алғашқы кезеңінің өтуі.* Көктем күндерінің ыбылыңқы-сыбылыңқы *б а с т а л у ы н а н* мезі болған («Қаз. әдеб.»).

БАСТАМА[1] з а т. **1.** *Бір нәрсенің, істің басы, ең алғашқы цйытқысы.* Өкінішке орай, жоғары жақтан қолдау таппауы себепті – жақсы *б а с т а м а* жалғасын таппады («Қазақстан заман»). 1963 жылы Ашхабадта түйе шаруашылығы көрмесі өткізілді. Бұл жақсы *б а с т а м а* еді (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру). **2.** *Әдеби немесе музыкалық шығарманың басы.* Күй *б а с т а м а с ы н д а* жосылта шапқан ат тұяғының тасыр-тұсыры құлаққа келгендей (Ж.Рысалдин, Ахмет Жұбанов). **3.** а у ы с. *Бір нәрсенің бастауы, қайнар көзі, тұп-тамыры, негізі.* Әлди, әлди – *б а с т а м а с ы* бар әннің, Әлди, әлди – арманы ғой адамның, Өмірімнің күй сазы боп шалқыған, Әлдиі ғой менің әзіз анамның (Ғ.Мүсірепов, Раушан).

Бастама топ. *Алғашқы құрылған цйымдастыру тобы.* Осы *б а с т а м а т о п* ішінен партияның Орталық комитеті сайланып, содан соң төменгі партия комитеттері құрылды («Егемен Қазақстан»). Партияны ұйымдастыру жөніндегі *б а с т а м а т о п қ а* Міржақып Дулатовтың 1929 жылғы 30 қарашада ОГПУ тергеушісіне берген мәліметтері бойынша, оның өзінен басқа, Қыдырбаев, Байтұрсынов, Жизанов, Бөкейханов кірген («Егемен Қазақстан»).

БАСТАМА[2]**: бастама мәсі.** *Ескі қонышқа жаңадан бас салып тігілген мәсі.* Ояна келсе, баяғы жаман Қартқожа, баяғы жапырайылған жаман тымағы, *б а с т а м а м ә с і с і,* шажамайы шалжиған, бір жамбасына қисайған жаман кебісі (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БАСТАМАЛЫ: **бастамалы етік**. *Ескі қонышқа жаңадан бас салып тігілген етік.* Бір қазақтың суреті ілулі тұр, басында сеңсең бөркі бар, аяғында *б а с т а м а л ы е т і к,* үстінде шолақ тон (Б.Майлин, Таңд. шығ.).

БАСТАМАШЫ з а т. *Бір істің бастаушысы, цйытқысы.* Бұл жобада мәжіліс депутаттары Ш.Оразалинов пен Қ.Ережепов *б а с т а м а ш ы* болған еді («Егемен Қазақстан»).

БАСТАМАШЫЛ с ы н. *Жаңалыққа құмар, жаңалықты қолдаушы, цйымдастырғыш, бір нәрсені жаңадан қолға алғыш.* Жаңалыққа жаны құмар, жақсы істерге ұмтылғыш, *б а с т а м а ш ы л* жастардың басын қосу керек («Жас Алаш»).

БАСТАМАШЫЛДЫҚ з а т. **1.** *Бастамашыл болушылық.* Жаһанданудың шапшаңдық заңы уақытты ақшадан да құндырақ етіп жіберген шақта *б а с т а м а ш ы л д ы қ т ы ң* атқаратын рөлі зор («Егемен Қазақстан»). Адамдардың ауқымды мәселелерде де, шағын істерде де *б а с т а м а ш ы л д ы қ қ а* құштарлығын оятса, ол адам бойындағы табиғи қабілеттілік көздерінің талайын ашып берер еді («Егемен Қазақстан»). Қазақстан лидерінің *б а с т а м а ш ы л д ы ғ ы м е н* өткен жылы Алматыда болған Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі Кеңес сияқты басқосулар, ең алдымен, бейбіт өмірге, саяси келісім мен тұрақтылыққа қызмет етеді («Егемен Қазақстан»). **2.** п с и х. <франц. initiative> *Іс-әрекеттің жаңа тұріне ішкі тұрткі, қандай да бір іске бастаушылық рөл. Б а с т а м а ш ы л д ы қ*

адамдардың ерікті әрекетінде, еңбекке деген шығармашылық көзқарасында және тәртіптің қалыптасқан амалдарында көрініс береді (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Б а с т а м а ш ы л д ы қ* моральдық мағынада жалпы қабылданған нормаларды қарапайым сақтаудан гөрі өзіне зор жауапкершілік жүктейді (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

БАСТАМАШЫЛЫҚ з а т. **1.** *Іс-әрекеттегі алғашқылық, біріншілік.* Солтүстік Атлантика альянсы кейінгі жылдары бұл істе де *б а с т а м а ш ы л ы қ* танытуда («Егемен Қазақстан»). Оппозициялық күштердің, тіпті түрлі деңгейдегі депутаттардың бір бөлігінің тарапынан өзін-өзі таратуға жергілікті жерлердегі атқарушы биліктің өздері *б а с т а м а ш ы л ы қ* жасады («Егемен Қазақстан»). **2.** *Белсенділік, бір нәрсені бастауға ынталы болушылық.* Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін өзіне қабылдаған тұлғаның Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы *б а с т а м а ш ы л ы қ* жасауға құқығы жоқ (ҚР Конституциясы). Оның кемшілігі жеке белсенділікке, *б а с т а м а ш ы л ы қ қ а* ешқандай мүмкіндіктің болмайтындығында, жеке адамның қауым ішінде көрінбей кететіндігінде («Егемен Қазақстан»).

БАСТАН[1] з а т. к ө н е. ***Бастаңғы.*** Қазақта *б а с т а н* деген бір ырым бар, Мал сойып, жастар ойнап бір жиылар, Қалқаман *б а с т а н* қыл деп қызға келді, Азар болса, бір тоқты шығын шығар (Шәкәрім, Өленд. поэм.). Шешесі бір жаққа кеткенде қыз *б а с т а н* жасайды, жиналған жастар ән салады, домбыра шертеді, әзіл-күлкі айтады (А.Жүнісов, Бабалар.).

БАСТАН[2] ү с т. *Бас кезінен, бастапқы мезгілден, әуелден.* Бұл әрекеті *б а с т а н* оңға баспады (Ауызекі).

Әуел бастан [о бастан]. а) *Ә дегенде, басында, алғашқыда.* Кезінде жүрттан шыққан теңім таптым, Мен айтып өз мініңді аңғартайын. Мен емес біліп айтқан сенің сөзің, Мін айтқан *ә у е л б а с т а н* сенің өзің (Айтыс). Әлі жүр біздің қазақ қоршылықта. Қор болып өрге баспай өнерпазы. Әр істі ойлау керек *ә у е л б а с т а н*, Не пайда өнері жоқ жігіт жастан (М.Көпеев, Тірлікте.). Сырқат адам *о б а с т а н* дұрыс емделмеген жағдайда абсцесс созылмалы түрге айналып бірнеше жыл бойы ауырады (М.Сисекенов, Өкпе ауру.). ә) *Бұрыннан, жаралғаннан, ежелден.* Ақыл мен жан – «мен» өзім, тән «менікі», «мені» мен «менікінің» мағынасы – екі. «Мен» өлмекке тағдыр жоқ *ә у е л б а с т а н,* «Менікі» өлсе өлсін, оған бекі (Абай, Тол. жин.). Қорғаласа қорықты деп қоймаған соң, Шаптырады қалаға бай да аңдатып. Күшті жықпақ, бай жеңбек *ә у е л б а с т а н,* Қолға түсер сілесі әбден қатып (Абай, Тол. жин.).

БАСТАН= е т. **1.** *Өсімдіктің бас байлауы.* Саңырауқұлақтың *б а с т а н ғ а н* сары қалпақтары қалқайып, балақтары жалпылдап үш жүкші «Үш жүздің» отыратын кеңесіне кірді (І. Жансүгіров, Шығ.). **2.** *Бір нәрсенің басы сияқтану.* Бұлбұл қабақ *б а с т а н ғ а н*, Екейім-ай, жұлып алып басыңды кетейін бе?! (Жамбыл, Шығ. тол. жин.). **3.** е с к і к і т. *Бастал етістігінің варианты, нұсқасы.* Әзірет Иса пайғамбардан қырық жыл бұрын Рум жұртында осылай жібек құртын асырап, жібектен бұйымдар қылдыру *б а с т а н ы п т ы* (ТУГ). Қарабай ақыретін жастаныпты, Мекенін тарапына *б а с т а н ы п т ы.* Қозыеке ардақты ақыл алмай, Атадан зор күн тәңірі жас қалыпты (Қозы Көрпеш.).

БАСТАН-АЯҚ ү с т. **1.** *Баскиімінен бастап аяққиімге дейін, үсті-басы.* Сақал-мұртын өсірген, *б а с т а н-а я қ* қазақша киінген Хон-Тик Сүйінбикенің үйінде пәтерде жатады (Ж.Жұмаханов, Соқпақ.). Қыз орынсыз ұялып, қымсынбай, бірақ жөнсіз де сұқтанбай Ержанды да *б а с т а н-а я қ* шолып өтті (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). **2.** *Алғашқы жолдарынан бастап соңына дейін.* «Ер Тарғын» ешбір қара сөз араласпайтын, тек *б а с т а н-а я қ* әнмен айтылатын алғашқы опера еді (Қ.Байсейітов, Құштар.). **3.** а у ы с. *Бәрін түптүгел, бүге-шігесіне дейін, тұқ қалдырмай.* Уәделі күні, тағы да кешке таман мен материалымды Би-ағаңның алдына әкеліп салып едім, ол *б а с т а н-а я қ* оқып шықты (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Сұрайды *б а с т а н-а я қ* қазы талдап, Тұрады үшеуінің сөзін аңдап. Қақ жарған қара қылды данышпанға, Айыру ақиқатын емес салмақ (Ә.Найманбаев, Шығ.). Бермин айтты: «Жүруші ем жаңға айтпай-ақ, Сырласыма болмаса некен-саяқ. Менің көрген ісімді жан көрген жоқ, Жайымды ұқтырайын *б а с т а н-а я қ* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **4.** а у ы с. *Мән-жайды жасырмай, тәптіштеп. Б а с т а н-а я қ* қожаға бәрін айтты, Жарасымды Қозыекең баршаларын! (Қозы Көрпеш.).

БАСТАНДЫР= е т. к ө н е. *Жастарды жиып, бастаңғы жасау.* Үй тікті, отын жиып, *б а с т а н д ы р ы п*, соймаққа талап етті малды қырып (Қамбар батыр).

БАСТАНДЫРУ *Бастандыр етістігінің қимыл атауы.*

БАСТАНУ *Бастан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Өсімдіктің *б а с т а н у ы.*

БАСТАҢШЫЛ с ы н. *Бастаңғы ұйымдастырғыш, бастаңғышыл.* Шешесі қыдырмашыл болса, қызы «*б а с т а н ш ы л*» болады (А.Жүнісов, Өмір ізі).

БАСТАҢҒЫ з а т. э т н. *Үлкендер жол жүріп кеткенде, үйде қалған қыз-келіншектердің бас қосып тамақ әзірлеп, ойын-сауық құруы.* – Тоғжан үйінің үлкендері жүріп кеткен соң, құрбылары жиылып *б а с т а ң ғ ы* істетіп жатыр (М.Әуезов, Абай жолы). – А-ай, мың қыздың істеген *б а с т а ң ғ ы с ы н а* бір сенің бастаңғыңды айырбастамас едім! Қайтейін, сені құдай қасартып қойған соң! – деді (С.Сейфуллин, Әңгім.). Бұл ауылдың еркек жағы бүгін таңертең Мәмбет аулындағы сайысқа кеткенде... қыз-қырқын *б а с т а ң ғ ы* жасап, мәре-сәре болды (Ә.Кекілбаев, Дала.). *Б а с т а ң ғ ы ғ а* жиналған қыздар үйлерінен құртмай, қант-шайларын өздері әкеліп, ортақ дастарқан жайған (ҚҰЭ).

БАСТАҢҒЫЛАС с ы н. *Бір бастаңғыда болған, сырлас.* Назары тәуір көрер сырлас, *б а с т а ң ғ ы л а с* жеңгесі, ойнақы қара сұр келіншек Мәдинаға тоқтайды (С.Бақбергенов, Қайран шешем).

БАСТАПҚЫ с ы н. *Әуелгі, алғашқы, алдыңғы. Б а с т а п қ ы* сөзден беті қайтып қалған үй иесі күбжеңдеп сөйлескісі келген пішін көрсетті де, ешнәрсе сұрай алмады (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Бірінші оқу жылының *б а с т а п қ ы* айларында-ақ Жарқын өзінің ұғымталдығымен, сабырлы тәртібімен көзге түскен (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Аталарын паралап, балаларын алып, *б а с т а п қ ы* айтқандай жолға салып тағлим берсе, сонда түзелер еді (Абай, Тол. жин.).

Бастапқы баға. э к о н. *Бұрынғы, алғашқы, әуелгі баға.* Сауда-саттықтың ағылшын әдісі жағдайында – аукционшы жекешелендірілетін нысанның *б а с т а п қ ы б а ғ а с ы н* және бағаны арттыру қадамын жариялайды («Егемен Қазақстан»). Сауда-саттыққа қатысушылар нөмірлер көтерілгенде *б а с т а п қ ы б а ғ а н ы* ұлғайтады, бірақ ол жарияланған бағамнан кем болмауы керек. Аукционшы сауда-саттыққа қатысушылардың аукциондық нөмірлерін жариялайды, бағаны бекітеді және ұлғайтуды ұсынады. Жекешелендірілетін нысан бойынша жоғары баға ұсынылғанша жүреді («Егемен Қазақстан»).

Бастапқы деңгей. *Алғашқы, бірінші саты, алғашқы кезек. Б а с т а п қ ы д е ң г е й д е* Алматы қаласындағы өндірістерге қажет жұмысшы мамандар, колледжде орта буын, ал үшінші деңгейде салаға қажет жоғары білімді 12 мамандық бойынша кадр даярлайды («Егемен Қазақстан»).

Бастапқы жағдай. ә с к. *Шабуылдау үшін бастапқы ауданда жауынгерлік міндетті шешуге арналған әскерлерге тәуелді жағдай. Б а с т а п қ ы ж а ғ д а й д а* әскерлер командирдің шешіміне сәйкес, жеке құрамды, қаружарақ пен техниканы жаппай қырып-жоятын құралдардан, авиация соққыларын, артиллерия және минаатарлар атыстарынан қорғау шараларын сақтап, қарсыластық шабуылын тойтаруға дайын болып орналасады (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Б а с т а п қ ы ж а ғ д а й д ы* мүмкіндігінше қарсыластық ядролық соққысын болдырмау үшін қарсылас қорғанысының алдыңғы шебіне жақын орналастырған тиімді (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Бастапқы кез. *Алғашында, алғашқы уақыт.* Агронулоцитозға шалдыққан адамның *б а с т а п қ ы к е з д е* тәбеті нашарлап, әлсіздік пайда болады, дене қызуы көтеріледі, жұтынғанда аздап тамағы ауырады (ҚСЭ). *Б а с т а п қ ы к е з д е* Жақып мұның бәрін әшейін ойын шығар деп отырды (Б.Майлин, Шығ.).

Бастапқы кезең. *Алдыңғы кезең, әуелгі шақ.* Әскери саясаттың негізгі мазмұны *б а с т а п қ ы к е з е ң д е г і* әскери құрылыстың бағыттары 1993 жылы қабылданған Әскери доктринада айқындалды («Егемен Қазақстан»). Қазақстан тәуелсіздігі орнаған *б а с т а п қ ы к е з е ң д е р д е* жер қатынастары саласында заң базасы бойынша алғашқы жұмыстарды Жоғарғы Кеңестің екі сайланымның депутаттары бастады («Егемен Қазақстан»).

Бастапқы қалып. *Бұрынғы қалып, алдыңғы тұрпат.* Сондықтан «ескі» кен орындарының, ұңғылардың мұнай беру қабілетін – тиімді әдістерді, технологияның үздік жетістіктерін пайдаланып, *б а с т а п қ ы қ а л п ы н а* келтіру, тіпті ұлғайту, сөйтіп олардың тынысын ашып, ғұмырын ұзарту бүгінгі таңдағы үлкен мәселеге айналып отыр («Егемен Қазақстан»).

Бастапқы құн. э к о н. *Негізгі құрал-жабдықты сату мен сатып алуға жұмсалған шығындардың, қорларды тиісті жеріне жеткізу және құрастыру шығындарының нақты сомасынан құралатын құн.*

Бастапқы позиция. ә с к. *Ұрыстық реттердің жасырын орналасуын және олардың алға тез жылжуын қамтамасыз ететін жаяу әскерлер, танктер мен өздігінен жүретін артиллериялық қондырғылар үшін бастапқы ауданда жасалатын позиция.* Жаяу әскердің *б а с т а п қ ы п о з и ц и я с ы* орлардан, қатынас жолдарынан, атыс құралдарының позициясынан және тасалардан тұрады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Бастапқы файл. и н ф. <ағыл. source file> *Алғашқы бағдарлама жазылып сақталған негізгі мәтіндік файл.* ≈ *Б а с т а п қ ы ф а й л м е н* жұмыс істеу.

БАСТАПҚЫДА үс т. *Әуелде, басында. Б а с т а п қ ы д а* үйренісе алмай жүрді (Ауызекі).

БАСТАПҚЫДАЙ с ы н. *Бастапқы кездегідей, әуелгідей, алғашқыдай.* Маша Митяның сөзін тыңдап болған соң, *б а с т а п қ ы д а й* тағы да жайлап сөйлеп кетті (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Қойлар *б а с т а п қ ы д а й* ырғып қашып, емпеңдеп жүгірмейді, жүрістері сылбыр тартты (Т.Ахтанов, Боран). Үш айдан кейін дерті *б а с т а п қ ы д а й* боп қайтадан біліңді (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). *Б а с т а п қ ы д а й* болғанда тапқан шешенің мейірімі секілді болады. Адамның көңілі шын мейірленсе, білімғылымның өзі де адамға мейірленіп тезірек қолға түседі (Абай, Тол. жин.).

БАСТАС[1] с ы н. *Сырлас, мұндас, пікірлес.* Біреуді қас, дос көріп, Ғауамнан өзін бас көріп, Атағын бояп жоғалтпас. Батыр *б а с т а с* болғанда, байлар да болар қоныстас (Үш ғасыр.). Ақбала қасына Бөбекті ертіп, жақсы көретін *б а с т а с* қайнысын ауыл сыртына ұзатып салды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Сенбі мен Тайжан ертеден дос, *б а с т а с* адамдар, әрі тереңдетсең, жас кезінде екеуі жігітшілікті де бірге құрып, аңды да бірге аулағанын Нұрлан бұрыннан біледі (З.Шашкин, Сенім). Әлде өзіне *б а с т а с* қылғысы келді ме немесе одан бір жылы сөз күтті ме, болмаса әйелге біткен жеңсіккойлық мұны да жеңді ме, әйтеуір қапаста қапаланып жалынарға жан таба алмай отырған Ақбілектің көзі еріксіз қара мұртқа түсті (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БАСТАС[2] с ы н. *Көршілес, қоңсылас.* Біз сіз айтқан адаммен көп жылдар бойы *б а с т а с* отырмыз (Ауызекі).

БАСТАС[3]**=** е т. *Бір істі бастауға көмектесу, бірлесе бастау.* Бұл іске жәрдем беріп, *б а с т а с қ а н ы ң* жақсы болды (Ауызекі).

БАСТАСТЫҚ з а т. *Бастас болушылық.* Бұған қоса олардың *б а с т а с т ы ғ ы* да бар (Ауызекі).

БАСТАСУ *Бастас етістігінің қимыл атауы.* ≈ Маған *б а с т а с у* керек.

БАСТАТ= е т. **1.** *Бір істі біреу арқылы қолға алдыру, бір нәрсеге өзге адамды кірістіру.* Кемелбек бұл жорықтың қағаздарын жөндетіп алып, аулынан жасауыл *б а с т а т қ а н* жиырма жігітті жіберіп, өз аулында қалған (І.Жансүгіров, Шығ.). Қызына қол *б а с т а т қ а н* неткен ел еді! (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). Көшен ақын ата жолына салып өнді ауыл арасының қазағы емес, алыстан келген қонақ дүкенші Шүренің баласына *б а с т а т а т ы н* болды (Ә.Кекілбаев, Дала.). **2.** *Бірінші жүргізу, алға түсіру.* Бұдан басқаны айтпағанның өзінде, халқымыздың ел атын шығарар атақты үлкен тойлардағы бәйгеге берілер ең көделі жүлденің басын қалы кілем жабылған қатепті қара нарға *б а с т а т а т ы н ы* анық та айғақты дәлел бола алады (Қ.Салғарин, Қасапшылар). Тоғыз өздеріңізге мағұлұм тоғыз мал – түйе бастатқан, я ат *б а с т а т қ а н* қойға шейін болады екен. Мойнына қосақ, көтеніне тіркеуді көбінесе ұрлыққа кеседі екен («ДУГ»).

БАСТАТТЫР= е т. *Бір шараны екінші адам арқылы үшінші адамның қолына алдыру, соны іске кірістіру.* Сонымен, Исабектікі қыстауда, жатақта қалды. Ақжаңыл келіскен кісілерін айтылмыш күнінде алып кеп, жұмыс *б а с т а т т ы р д ы* (Д Әбілев, Арман.).

БАСТАТТЫРУ *Бастаттыр етістігінің қимыл атауы.* Бұл істі Серікке *б а с т а т т ы р у* керек шығар (Ауызекі).

БАСТАТУ *Бастат етістігінің қимыл атауы.* Әлі отыр ел. Тұрғызу керек, достарым, *Б а с т а т у* керек махаббаттың дастанын. Қанмен жазсын, жасымен жазсын көзінің, Ақталсын сүйтіп күнәсынан өзінің (Ә.Тәжібаев, Поэм.).

БАСТАУ[1] з а т. **1.** *Бұлақ, өзен суының басталатын жері, көзі, тұма.* Бұлар Жартасты *б а с т а у ы н ы ң* басында бір-біріне қош айтысып, жөн-жөніне кетісті (І.Жансүгіров, Шығ.). Аңсаған шөлде су тапса, Бас қоймай ма *б а с т а у ғ а*? Біреу түртсе, я қақса, Бой тоқталмас жасқауға (Абай, Тол. жин.). Ен тұрған қалың күзектер, бұлақ, *б а с т а у*, қоныстар осы бауырда көп (М.Әуезов, Шығ.). Құдық пен *б а с т а у* суында әртүрлі тұз қоспасы болатындықтан аквариумға құюға келмейді (Қ.Қайымов, Су асты.). **2.** а у ы с. *Бір істің басы, алғашқы сәті, бастау алған жері. Б а с т а у ы н* тым ертеден алып, бүгінге дейін өмір сүріп келе жатқан аң аулау мен мал бағуды кәсіп еткен қазақ халқы мал мен аңның ізі арқылы өте көп, күрделі жұмыстарды атқарған (Ж. Бабалықұлы, Қырандар). Асылы өмірінің сонау *б а с т а у ы н д а*, бойы енді-енді ғана өсіп, бұғанасы енді-енді қатая бастаған шағында-ақ; отқа оранған, оқ боранған майдан күндерін, сонау бір сұрапыл соғысты бастан кешірген; ал, әскерден оралысымен бейбіт күндердегі мылтықсыз майданға – кәдімгі тіршілікте күн сайын кездесіп жататын жақсылық пен жамандық атаулының толас таппас мігірсіз майданына бірден араласып кеткен ол, өмірінің ақырына дейін ізгілік үшін, жақсылықтың қанат жаюы үшін күреске толы мағыналы ғұмыр кешті десек, артық айтқан-

дық болмас еді («Жас Алаш»). Экономикамыз біршама тұрақтана бастады деген қазіргі күннің өзінде Премьер-министрлердің шыдамы бір жарым-екі жылдан аспаса, ол кезде Президенттің иығына қаншалықты ауыр салмақ түскенін оймен бағамдауға болар. Қалай десек те, демократия күмбезіне дейінгі жолдың алғашқы кедір-бұдыр *б а с т а у л а р ы м е н* Қазақстанның да жүріп өткені рас («Жас Алаш»). Өткен, XX ғасырдың алпысыншы жылдарында-ақ ғалым Орхон-Енесей жазба ескерткіштеріне әрісі түркі халықтарының, берісі қазақ халқының эпикалық жырларына *б а с т а у* болған, ықпал еткен мұра ретінде ден қойып, сол ескерткіштердің қазақ тіліндегі аудармасын алғаш рет ғылыми айналымға енгізді («Егемен Қазақстан»).

Бастау алды [алу]. *Басталды, шықты.* Теңіз түбіндегі мұнай кен орындарын зерттеу 1993 жылы «Қазақстан-каспийшельф» халықаралық консорциумын құрғаннан *б а с т а у а л а д ы.* Консорциум 100 мың шаршы шақырым, яғни 26 000 қума шақырымнан астам жерде сейсмикалық зерттеу жүргізді (Мәшһүр етер мұнай мұхиты).

Бастау алу. *Басталу, шығу.* Монғолтекті нәсілдердің әуелгі нышандарының түп-төркіні сол қара құрлықтан *б а с т а у а л у ы* мүмкін дегенді де жорамалдатады («Жас Алаш»).

Бастау көзі. *Басталған жері, шыққан тегі.* «Көшпенділер» қазақ халқын көп нәрсеге үйретті, ұлт тарихының *б а с т а у к ө з і* беріде емес, әріде жатқандығына жөн сілтеді («Егемен Қазақстан»).

БАСТАУ[2] з а т. с ө й л. ***Бастауыш.*** Жағдайымыз мақтарлық емес, шырақ, мектебіміз бұрын *б а с т а у* еді, енді жеті жылдыққа айналдырылды (М.Иманжанов, Алғашқы.).

БАСТАУ[3] *Баста етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Істі бірінші жасау, бір нәрсеге бірінші кірісу.* Бұл АЭС Курчатов қаласында орналасуы тиіс еді. 90 – жылдардың басында Балқаш АЭС-ының құрылысын *б а с т а у ғ а* арналған алаңқай дайын екендігі және оның іргетасы құйылып қойылғаны жөнінде хабар таратылады («Түркістан»). Таяуда осы Қашаған кенішінің маңайында тағы бір даудың басы қылтиды. Ресей БАҚ-тары келтірген мәліметтерге жүгінсек, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының вице-президенті Қайыргелді Қабылдин кеңішті игеру, яғни мұнай өндірісін *б а с т а у* екі жылға шегерілгені жайлы хабарлаған («Жас Алаш»). **2.** *Жетекшілік ету, басшылық жасау.* Ертеңіне Астраханьнан оралған Арман ағайдың *б а с т а у ы м е н* Атыраудың жергілікті жұмысшылары қатарынан екі күн жұмысқа шықпай қойды (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Қызылжардан Саумалкөлдегі орда ауылға бір күнде жеткен Малтабар, Абаның *б а с т а у ы м е н,* Шыңғыстың үйіне келіп түсті (С.Мұқанов, Аққан жұлд.). **3.** *Күрделі етістіктің құрамында келіп, белгілі іс-әрекеттің, процестің енді жүре бастағанын, енді жүзеге аса бастағанын білдіреді.* Біріккен экономикалық кеңістіктің құрылуы, одан қалса, солтүстіктегі көршіміздің ашық ақпараттық майданға көше *б а с т а у ы* ол кісінің ойына еш кіріп шықпай ма, сонда? («Жас Алаш»). Көбіне туберкулез ауруының асқындауы және осыған байланысты туберкулез микробының ауру организмнен көптеп шыға *б а с т а у ы* көктем айларында жиілеу кездеседі (Т.Қалжеков, Туберкулез.). «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге аса *б а с т а у ы* үлкен тарихи маңыздылығы бар құбылыс («Жас Алаш»).

Сөз бастау. *Бірінші болып сөйлеу. С ө з б а с т а у* қиын, «жақсы сөйлесең – мереке, жаман сөйлесең – келеке боласың» деп түсінген («Жас Алаш»). Оның әрбір қимылы мен *с ө з б а с т а у ы* да әдеттегісінен жеделдеу (Ө.Қанахин, Ауыр күн.).

БАСТАУДАЙ с ы н. *Бастау сияқты.* Ұлан, Марқакөл аудандарында танылмаған талант, топқа түспеген жүйрік бар. Тек соның көзін, жас *б а с т а у д а й* ағыза білу керек («Егемен Қазақстан»). Ол өлең жазады екен. Бірақ, өзің түсініп те отырған шығарсың, әлі көзі аршылмаған *б а с т а у д а й* (Ғ.Қабышев, Күлеміз бе.).

БАСТАУЛЫ с ы н. *Бастауы бар, бұлақты.* Тоқсан тарау «Көксала» құлпырып-ақ тұр. Шіркін, біздің алпыс *б а с т а у л ы* «Ақсораң» да осындай жер еді-ау (С.Сұбханбердин, Пьеса.).

БАСТАУСЫЗ с ы н. **1.** *Басталмаған, қолға алынбаған, бастапқы қалпында.* Ыбырай күлді: – Мен жүрмеген соң, басқалар жүрмейді ғой, – Ие, сол сенсіз *б а с т а у с ы з* қалады деген (М.Жұмағұлов, Қыран.). **2.** *Пайдаланылмаған, қолданылмаған.* Екі қарындаштың бірі үстелінің тартпасында әлі күнге *б а с т а у с ы з* жатыр («Қаз. әдеб.»).

БАСТАУХАТ з а т. *Көне қолжазба түріндегі тарихи құжаттар.* Тап осындай әдет б.з. дейінгі II ғасырда хұндар арасында болғаны *б а с т а у х а т қ а* түскен («Егемен Қазақстан»).

БАСТАУШЫ з а т. **1.** *Жетекшілік, басшылық етуші. Б а с т а у ш ы* болса, қостаушы табылар (Ж.Кейкин, Қазақы атау.). Сондай ішмерездердің «Түйық» ауылындағы тап *б а с т а у ш ы с ы* – Нұрәлі. Армияға аттанған аза-

маттың орнына колхоз председателі болып алған ол көп ұзамай-ақ құтырып шыға келді (С.Абдрахманов, Елдік сыны). Үйірдің *б а с т а у ш ы с ы* қандай болса, басқасы да сондай (А. Рақышев, Анатом. сөздігі). **2.** *Бір нәрсенің ұйымдастырушысы, ұйытқысы.* Үкімет бірде заң жобасының *б а с т а у ш ы с ы* ретінде жобаны өзі қайтарып алған болса, келесі ретте ұсынылған заң жобаларының концепциясымен депутаттар келіспеді («Егемен Қазақстан»). Бізде еңбекті істеушіні айтқанда орындаушыны ғана емес, еңбекті жасаушыны, *б а с т а у ш ы н ы*, ұйымдастырушыны тәрбиелеп шығару керек (Ж.Аймауытов, Шығ.). **3.** *Белгілі бір процесті бастап беруші.* Әнді *б а с т а у ш ы* да, керек жерінде көтермелеп айғайлаушы да өзі болды (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Қыздар «қойға», жігіттер «қарақұлаққа» (қасқырға), бір топ жастар мен келіншектер «күзетшілікке» бөлініп, ойын *б а с т а у ш ы* сайланды (ҚСЭ). Тіпті сіз ойланғаннан да жауаптырақ деп *б а с т а у ш ы м ы з* бізге қарайды (Адам және химия).

Жол бастаушы. а) *Жол көрсетуші, бағыт сілтеуші.* Германияның Наббург деген қаласы 1644 жылдан бері қарай жылда ақ дегелектер келіп ұя салатын шаһар ретінде әлемге әйгілі... Мен ол қалада да болдым. *Ж о л б а с т а у ш ы* боп жүрген Мехмед есімді түрік жігіті: «Біздің тілімізде бұл құсты «лелек» дейді, кейде «хаджы баба» деп те атайды», – дегенде, менің есіме оны украиндықтардың «лелек», «лелека» дейтіні түсті (Е.Раушанов, Дегелек). ә) а у ы с. *Бағыт беруші.* Тән жаратқан, жан берген, Тәуекел қылдым «Аллаға», *Ж о л б а с т а у ш ы* өзіңсің (А.Жүнісов, Өмір).

Көш бастаушы. *Озық, алдыңғы қатарлы, көшбасшы.* Иә, бүгінгі таңда, еліміз экономикалық реформалар жағынан тек Орталық Азияда ғана емес, посткеңестік кеңістікте *к ө ш б а с т а у ш ы* ретінде әлемдік қауымдастыққа танылып отыр («Жас Алаш»).

БАСТАУЫШ 1. с ы н. *Кіші, төмен, алғашқы.* Әрбір облыстық, аудандық, *б а с т а у ы ш* ұйымдарымыздың алдында қоғам жарғысының талаптарына қоса, Елбасы көтеріп отырған осы игі мақсатты басшылыққа алу міндеті тұр («Егемен Қазақстан»).

Бастауыш білім. п е д. *Білім беру жүйесінің алғашқы сатысында меңгерілетін дағды мен ұғымдардың, алғашқы білімнің жиынтық атауы. Б а с т а у ы ш б і л і м* беру сатысында оқушы әріп танып, жаза білуге, дұрыс, жатық оқуға, өз ойын ауызша, жазбаша жеткізе білуге, мазмұндауға үйренеді (ҚҰЭ). Тайыр (Шәкіруұлы) Шағатай 1902 жылы 27 наурыз күні Ташкентте туған. *Б а с т а у ы ш б і л і м д і* жергілікті молдалардан алады да, кейінірек Мүнәууәр Қари (1878–1931) ұйымдастырған жәдит мектебінде жалғастырады («Түркістан»). Отыншы *б а с т а у ы ш б і л і м* беру ісінің қазақ тілінде жүргізілуін қолдап, қазақ даласында татар тілінің мемлекеттік тіл ретінде барлық іс қағаздарда қолданылуына қарсы шықты. Бұны ол ұлы Абайдың тілін кемсіту деп түсінді («Түркістан»).

Бастауыш мектеп. п е д. *Мектептің ең төменгі, төрт сыныптан тұратын алғашқы сатысы.* Қазақтың *б а с т а у ы ш м е к т е б і н* қолдарына алуға лайық адамдар әр жайдан хабардар («Қазақ»). Мектебіміз бұрын *б а с т а у ы ш* еді, осы биыл жетіжылдық боп қайта құрылды (М.Иманжанов, Менің махабб.). Бекайдар не болса да Дәмеліге жолығып кетейін деп поселкенің күншығыс жағындағы жаңа салынған *б а с т а у ы ш м е к т е п к е* қарай жүре бергенде, сол жағындағы үйдің бұрышынан мұғалима қыздың өзі шыға келді (І.Есенберлин, Айкен). Анау өзеннің оң жағындағы биік көк шатырлы ақ үй – балалардың мектебі: әуелі *б а с т а у ы ш*, кейінірек орта дәрежелі *м е к т е п* болып отыр (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.).

Бастауыш мектеп жасы. п е д. *Баланың бастауыш мектепте оқу кезеңіне сәйкес жасы. Б а с т а у ы ш м е к т е п ж а с ы н ы ң* хронологиялық шектері әртүрлі елдер мен нақты тарихи жағдайларда әрқилы, оқыта бастаудың белгілі бір елде және белгілі бір уақытта ресми қабылданған мерзімдеріне орай *б а с т а у ы ш м е к т е п ж а с ы* шартты түрде 6–7 жастан 10–11 жасқа дейінгі аралықта белгіленуі мүмкін (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Бастауыш сынып. п е д. *Орта мектептің алғашқы төрт жылдық мектебіндегі сынып.* Бізге *б а с т а у ы ш с ы н ы п т а р д а* сабақ беріп, білім теңізіне беттеткен осынау білімді, мәдениетті, бауырмал жанның үлкен тұрмақ, балалардың өзіне дауыс көтеріп сөйлегенін көрмеппін («Егемен Қазақстан»).

БАСТАУЫШ[2] з а т. л и н г в. *Кім, не? деген сұрақтарға жауап беретін сөйлемнің тұрлаулы мүшесі.* Әуелі *б а с т а у ы ш* болатын – атау тұлғасындағы зат есім (А.Байтұрсынұлы, Тіл тағылымы). Кейбір сөйлемдерде *б а с т а у ы ш т ы ң* түсіріліп қолданылатыны кездеседі. Бұдан *б а с т а у ы ш т ы ң* маңызы баяндауыштан төмен деген ұғым тумауға тиіс (Қазақ грамматикасы). Сөйлемнің *б а с т а у ы ш ы* «мерген» деген сөз екі буынды тармақ болып жеке тұрса, келесі екі жол жеті буынды өлең өлшеміне түсті (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

БАСТАУЫШСЫЗ с ы н. л и н г в. *Бастауышы жоқ.* Бұйрықты сөйлем көбінесе *б а с т а у ы ш с ы з* айтылады да, оның орнына бұйрықтың кімге, неге арналғанын білдіретін қаратпа сөз қолданылады (Қазіргі қаз. тілі).

БАСТАУЫШТЫҚ с ы н. п е д. *Бастауыш білімге, мектепке тән, соған қатысты.* Ол кездегі мектептегі білімім *б а с т а у ы ш т ы қ* дәрежеде ғана екендігін де, саяси сауатым жоққа тән болуын да, оқушы көпшілік жақсы біледі (С.Мұқанов, Есею жыл.).

БАСТИЕК з а т. и н ф. <ағыл. head> *Айналып тұрған магниттік диск бетіне мәлімет жазу, оқу тетігі.* Жазу бастиегі тасуышқа мәліметтерді тек жазатын жинақтауыштың *б а с т и е г і* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

БАСТИОН [франц. bastion] з а т. с ә у л е т. **1.** *Бұрыштық, әдетте, бесбұрыштық қалыптағы қорғаныстық мақсаттағы құрылыс. Б а с т и о н д а р* ертеректегі қамалдардың бұрышты мұнараларына сәйкес келеді (Ауыз-екі). **2.** ә с к. *Бес бұрышты әскери бекініс.*

БАСТОҒАН з а т. с у ш а р. **1.** *Шаруашылық және тұрмыстық қажеттілікті қанағаттандыру үшін су қоймасынан немесе ағынды сулардан алынған су.* **2.** *Суды ашық су қоймаларынан, ағын сулардан немесе жерасты көздерінен алу, оны қажетті деңгейге көтеру, деңгейін реттеу, тасқын суларды қабылдап су жүргізілетін шарттарға жеткізіп пайдалану үшін салынған қажетті гидротехникалық кешенді ғимараттар мен жабдықтар.*

БАСТОҒЫЗ з а т. э т н. *Қазақ халқының дәстүрінде кәдеге берілетін тоғыз түрден тұратын тарту, сыйлық (сый-сияпат).* Алғашқы айтқан билігің екен, әділдігің үшін жолыңа нар бастаған тоғыз байлаттым, бұдан былай сенің сыбағаң *б а с т о ғ ы з* болсын! (Ш.Смаханұлы, Шығ.).

БАСТЫ[1] с ы н. **1.** *Ең негізгі, маңызды, шешуші.* Қамбардың өз үйінде отырып, Бейсен оның түсінбеушіліктерінің *б а с т ы* себептерін айтып жеткізбекші де болды (К.Оразалин, Ақ жазық). Инженерлік-геологиялық тұрғыдан алғанда тау жыныстарының беріктігі, деформациялануы және сүзілу қасиеттерінің ортақтығы бойынша жіктеу *б а с т ы* орын алады (К.Сапарбайұлы, Геология.). Пластикалы саздардың *б а с т ы* қасиеттеріне суды сіңіру қабілеті, суда жылдам жібуі, суға қаныққанда көлемін ұлғайтуы, кепкенде көлемін кемітуі, әртүрлі химиялық элементтерді жұтуы, отқа төзімділігі жатады (К.Сапарбайұлы, Геология.). Жер бетіндегі радио байланысты бұзатын, магнит дауылдарын туғызатын, поляр шұғыласын жасаудың *б а с т ы* себебі – Күн атмосферасындағы флокула деп аталатын иондалған кальций бұлттарынан келіп тұратын зарядталған майда бөлшектер (корпускулалар) ағымынан екендігі анықталады (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.). **2.** *Көрнекті, атақты.* Жиылған елдің ішіндегі *б а с т ы* адамдар Уақтың баласы бірін-бірі өлтіріп арандаспасын деп жаман айыбымен Күшікбайдың атын қойдырыпты (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Осы тілектің туын көтерген *б а с т ы* адам – Жәнібек сұлтан (І.Есенберлин, Айқас). Бірнеше күннен соң тұрған қаласынан бір көш жердегі Тоқайма бойында алты болыс арғынның *б а с т ы* адамдары әлденеше жүз болып басын қосып отыр (С.Шарипов, Бекболат). // *Басшы, билеуші.* Қашан да дана адам ел билейді, *Б а с т ы с ы* дана болса, ел гүлдейді. Сондықтан бердім саған тағымды деп, Кіші ойшылға хан сонда қолын берді (Е.Бердин, Екі ойшыл). Руларды біріктіріп ұстау үшін «ақсүйектен» қазақ халқы хан сайлайтын еді. Ханды ру *б а с т ы л а р ы* – билер сайлайтын еді (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.).

Басты жасақ. ә с к. *Авангардтан бөлінген жорық күзету органы.*

Басты кейіпкер. ә д е б. *Белгілі бір көркем туындының негізгі, бірінші кейіпкері.* Әдетте автор романның *б а с т ы к е й і п к е р і н і ң* іс-әрекетін, мінез-құлқын айырықшалап көрсетеді («Қаз. әдеб.»).

Басты кісілер. *Ел тізгінін ұстаған, көптің тағдырына қатысты мәселелерді шешуге қатысатын негізгі адамдар; беделді, жасы үлкен кісілер, ақсақалдар.* Ташкентте үш ай жатып, Арқаға қайтуға қасына біраз төленгіттері менен үйсін-дулаттың *б а с т ы к і с і л е р і н* ертіп шығады (М.Дулатов, Шығ.).

Басты құжат. и н ф. <ағыл. host dokument> *Word бағдарламасында бірнеше жеке файлдарды біріктіретін мүмкіндік. Б а с т ы қ ұ ж а т* бірнеше бөліктен тұратын күрделі құжаттарды даярлау және олармен жұмыс істеу үшін қызмет етеді (Қаз. тілі термин. Информатика.). Сондай-ақ бірнеше құжатты қарап шығу, қайта ұйымдастыру, пішімдеу, түзету, баспаға шығару үшін де *б а с т ы қ ұ ж а т т ы* пайдалануға болады және олардың тақырыптарын жинастырып, тараулардың орнын ауыстыруға болады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Басты назар. *Негізгі назар, бар мақсат, барлық күші, күш-қуат.* Бұл жердегі *б а с т ы н а з а р* аударарлық тұс – ері мен әйелдің жанжарының айтқан өткір сөздеріне қалай қарайтыны («Зерде»). Бұл саладағы негізгі міндеттер қатарында Н.Назарбаев мыналарды атады: *б а с т ы н а з а р д ы* станционарлық емдеуден амбулаториялық емдеуге аудару, яғни

жатын орындарға иек арта беруден бас тарту, [___] әлеуметтік сипаты бар аурулардың алдын алу («Жас Алаш»).

Басты соққы. ә с к. *Операцияда (ұрыста) қойылған тапсырманы орындауда және қарсыласты жоюда шешуші мәні бар, таңдалған бағыттағы әскер күштері топтастығының соққысы. Б а с т ы с о қ қ ы н ы ң* бағытын таңдаудың және оны жүзеге асыру үшін қажет күш пен құралдарды анықтаудың шешуші мәні болады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Басты шайқас. ә с к. *Соғысушы жақтардың негізгі күштерінің қарулы қақтығысы. Б а с т ы ш а й қ а с* оған соғысушы жақтардың армиясының бүкіл құрамының қатысуымен ерекшеленеді, ол жойылған әскерді қысқа мерзім ішінде қайта құру мүмкіндігі болмайды (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Ең басты. а) *Ең негізгі.* Олардың *е ң б а с т ы л а р ы* – транспорт құралдары, өнеркәсіп және тұрмыс кәсіпорындарының техникалық жабдықтары, желдету, газ-трубина және компрессор қондырғылары, самолет двигательдері мен іштен жанатын двигательдерді сынау станциялары, әртүрлі аэро-газ динамикалық қондырғылар (Т.Қалыбеков, Экология.). *Е ң б а с т ы с ы* – жаңа дамып келе жатқан ағзада ондай жәйт орны толмас өкінішпен ұштасады («Зерде»). Жергілікті қазақ жастарының ашуызасын туғызған *е ң б а с т ы* қырсыздық не еді? Бұл әлгі кейін қитұрқы, ниеті бұзық кейбіреулердің шығарып жүргеніндей, ешқандай да ұлтаралық қақтығыс деген нәрсемен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, тіпті бөлек оқиға болатын-ды («Егемен Қазақстан»). ә) *Ең үлкен.* Бүгінгі адамзаттың *е ң б а с т ы* трагедиясы – өз арасында былайғы ортамен қарым-қатынасындағыдай абайшылдық пен нәзіктікке ұмтылуда табандылық таныта алмай келе жатқандығы («Егемен Қазақстан»). Сондықтан тіл – *е ң б а с т ы* ұлттық қазына. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп түйген қазақ халқы дыбыс толқынының кісіге тигізетін әсерін біледі («Зерде»).

БАСТЫ[2] с ы н. **1.** *Дәні толық, ірі.* Мына бидай *б а с т ы* екен (Ауызекі). **2.** *Баласы көп отбасы.* Атамыз бала-шағалы, өсіп-өнген *б а с т ы* адам (Ауызекі). **3.** а у ы с. *Ақылды, ойлы (адам).* Асан жүріс-тұрысы, істеген ісінен мін таптырмайтын *б а с т ы* адам ғой (Ауызекі). **4.** *Басы бар.* Жеті *б а с т ы* айдаһар Баланы көріп күш қылды. Күш қылды да ысқырды (Батырлар жыры). Алтын *б а с т ы* әйелден бақыр *б а с т ы* еркек артық (Мақал-мәтел).

БАСТЫ-БАСТЫ с ы н. *Негізгі-негізгі, көрнекті-көрнекті.* Бәрін де ол пристав жаттап алды, Бастыларын қағазға хаттап алды. Аттандырып бұл елге солдаттарын, *Б а с т ы-б а с т ы* кісіні саптап алды (Жамбыл, Шығ.). Қазақ мақалдарының тақырып байлығы ұшан-теңіз. Бұлардың *б а с т ы-б а с т ы* тақырыптарын ғана атай аламыз (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Олардың талас мәселелерін түгел алып қарамақшы емеспіз, кейбір *б а с т ы-б а с т ы* маңызды пікірлеріне пікір жасамақпыз (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БАСТЫҒУ *Бастық етістігінің қимыл атауы.* Оған жаңа ортаға үйреніп, жұмысқа *б а с т ы ғ у* қиындық келтірмеді (Ауызекі).

БАСТЫҒЫРЛА= е т. с ө й л. *Үсті-үстіне төпелеп жату; бірін-бірі тыңдамай сөйлеу.* Құдықтың науа, қауғалары бәрі тәртіпті. Қойды бөлісе алмай, *б а с т ы ғ ы р л а п* жатқан қызыл шеке жанжал мұнда жоқ (І.Жансүгіров, Әңгім.).

БАСТЫҒЫРЫЛ= е т. с ө й л. **1.** *Жайсыз үйықтап қалған адамның тұншығып, қырылдап дыбыс шығаруы.* Атасын да үлкендік жеңіп жүр. Тағы да *б а с т ы ғ ы р ы л ы п* жатыр (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). «Атты әкел!» – деп еді, даусы шықпады. Екі қолы ербеңдеп, *б а с т ы ғ ы р ы л ы п* жатқанын көріп, кемпірі оятып жіберді (Ә.Кекілбаев, Дала.). Кенет *б а с т ы ғ ы р ы л ғ а н* адамның даусындай бір үн әр жерден естілгендей болды (М.Сүндетов, Балық аула.). **2.** *Үйме-жүйме боп, бірінің үстіне бірі шығып кету.* Желдің екпінімен сыртынан жеңіл бекітілген есік ашылып кетті де, үйге *б а с т ы ғ ы р ы л ғ а н* қойлар лап беріп еді (К.Оразалин, Ақ жазық).

БАСТЫҚ[1] з а т. **1.** *Белгілі бір мекемені басқаратын немесе меңгеретін лауазымды тұлға. Б а с т ы қ т ы ң* қол астындағыларға бұйрық беруге және оның орындалуын тексеруге құқығы бар (Қаз. тілі термин. Әскери.). Жиылыс тараған соң ақ құбаша хатшы күткен адамдарды *б а с т ы қ қ а* жібере бастады (І.Жансүгіров, Шығ.). Шеттегі отардың малшы әйелі қатты науқастанып қалған екен, соған жәрдем етуді сұрап, отар *б а с т ы ғ ы* қол қойыпты (Ғ.Сланов, Очерк.). Мынау бір үлкен көк үйде Баяғы *б а с т ы қ* тұрады, Есімі жүрсін көңілінде, Біз білген аты – Нұралы (Т.Молдағалиев, Алатау.). **2.** ж а ғ ы м с ы з. *Бастаушы, жетекші, ұйымдастырушы.* Сол полицияның тағы да бір начальнигі Красовский Юшчинскийді өлтірген еврей емес, ұрылардың *б а с т ы ғ ы* Чиберак деген қатын деп, соның ізіне түскен Красовский де сотқа тартылған. Тағы да осы істің анығын іздеуші Қараев дегенді Киевтен жер аударған (М.Дулатов, Шығ.). Тырнадан *б а с т ы қ* қойсаң, төбеңнен қиқу

кетпес (Мақал-мәтел). Басыңнан нұқып жөнге салғысы келетін ноғайлар *б а с т ы қ* екен де, басыңнан сипап та жол көрсетуге сабырлары жететін сырбаз сабаздар нағыз басшы екен («Егемен Қазақстан»).

Әскер бастығы. ә с к. *Арнаулы әскерді, қызметті, әскери оқу орнын, әскери мекемені және т.б. басқаратын адам.* Амангелді мен Кейкі өз қолдарынан үш адамды өлтіреді, Оның бірі – *ә с к е р б а с т ы ғ ы* жоғарғы басқыш мектеп инспекторы Горбатов деген (Амангелдінің ағасы мектеп берген ескі шиті білтелі мылтықтан кесіп, бытыралы бердеңкенің артын орнатып, бір атар бердеңке жасаған екен (М.Дулатов, Шығ.).

Басқарма бастығы. *Белгілі бір мекемедегі әкімшілік органның немесе әкімшіліктің басқарушысы.* Нахманович кейінгі кезде Жамбыл облыстық ауыл шаруашылық *б а с қ а р м а с ы н ы ң б а с т ы ғ ы* етіп жоғарылатылды (К.Баялиев, Жер тынысы).

Жиылыс бастығы. *Белгілі бір жиын, жиналыстың уақытша сайланған төрағасы. Ж и ы л ы с б а с т ы ғ ы* Оспанбай орнынан тұрды: – Сонымен «Жәнібек байды конфескелеп, өзін жер аудару керек» дегендерің қол көтеріңдер (Б.Майлин, Таңд. шығ.).

Колхоз бастығы. с о в е т. *Ұжымдық шаруашылықтың төрағасы, басқармасы.* Сәрсен мен *к о л х о з б а с т ы ғ ы* көр-жерден бәрін жиып ап, жоқтан-бардан құрап, тыңнан міне тоғызын плугты қосалқы жатыр (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

БАСТЫҚ[2]= е т. **1.** *Бір нәрсеге көндігу, төселу, жаттығу.* Ержеткенше, адам боп, *б а с т ы қ қ а н ш а*, Ағалардан көрдік біз достық қанша! Қартайды ғой біз үшін талайлары, Жер бетінде жарар деп жастық қалса (Т.Айбергенов, Бір той.). **2.** *Арыны қайту, жөнге келу.* Сөйлессең орта жүздің оңдысымен, Сарсылған сарсық жұмыс сөзде тынад. Ісі бар, *б а с т ы қ п а ғ а н* боз баланың, «Барымта» деген тұрат (Кете Жүсіп, Өлең д.). Сөйтіп, біраз шапқаннан кейін алаөкпе болған асаудың үсті-басы ақ көбік тер болып, сайтаны *б а с т ы ғ а* бастайды (С.Мұратбеков, Жабайы.).

БАСТЫҚСЫЗ с ы н. *Бастығы жоқ.* Анархияны сөзбе-сөз айтсақ *б а с т ы қ с ы з,* өкіметсіз деген сөз (Саяси экономия).

БАСТЫҚСЫМАҚ з а т. э к с п р. *Бастық болушылықты қомсыну, кекету мәнінде қолданылатын сөз.* «Тағы да тұқыртуға келе жатқан *б а с т ы қ с ы м а қ т а р* шығар» деп ойлады ма, жылқышылар сәлемімізге сұлық жауап берді («Қаз. әдеб.»). Бірме-бірде құрбы-құрдастарын алып соғатын және өзі *б а с т ы қ с ы м а қ* ожар жігіт, сөз жоқ, бұл жолы өлердей намыстанды (Ә.Көшімов, Жас аңшы).

БАСТЫҚСЫН= е т. к е к е с і н. *Бастық болғансу, билікке мастану, кеудесін орынсыз көтеру.* Аузы жабылмаған жаман портфелімді қолтықтап есікке бет алдым. Дәулеттің *б а с т ы қ с ы н ы н*: «Қайда барасың, әй» дегеніне қайрылмадым (М.Сүндетов, Құмдағы.).

БАСТЫҚСЫНУ *Бастықсын етістігінің қимыл атауы.* ≈ Өзінің *б а с т ы қ с ы н у ы н* қарашы (Ауызекі).

БАСТЫҚТЫҚ з а т. *Бастық болушылық, бастық екендік.* Қобалжымай-ақ қой, бастық адам бірнәрсе айтып *б а с т ы қ т ы ғ ы н* көрсетпесе бола ма?– деді (Н.Серәлиев, Ыстық күлше). Хатына қарағанда екеуінің арасындағы сезім Әлжанның *б а с т ы қ т ы ғ ы м е н* байланысты тәрізді (І.Есенберлин, Алтын құс).

БАСТЫҚТЫР= е т. **1.** *Біреуді айтқанына көндіру.* Тым үркек екенсіз, ағай, сірә дұрыстап *б а с т ы қ т ы р а* алмаған-ау шамасы (Ш.Құмарова, Қос шынар). **2.** *Асау атты (жануарды, малды) жуасыту, қолға үйрету.* Балалықты қалдырып тас қып буып, Өтті жылдар, кеттім мен жастық қуып. Құлпырып, құнан болған құлынымды, Қайтейін, үлгірмедім *б а с т ы қ т ы р ы п* (М.Мақатаев, Шығ.). Жаңыл не деп жауап берсін. Сызданып әрең шыдады.– Оқасы жоқ, қамыт, доға қолда ғой. Асау байталды арбаға жегіп *б а с т ы қ т ы р ы п* та аламыз (Т.Ахтанов, Боран).

БАСТЫҚТЫРУ *Бастықтыр етістігінің қимыл атауы.* Мынадай асауды *б а с т ы қ т ы р у* оңай емес (Ауызекі).

БАСТЫР[1]= е т. **1.** *Аяғын жүргізу, адымдату.* Аяғын тез *б а с т ы р д ы* (Ауызекі). **2.** а у ы с. *Жолату, аттату, аяғын тигізу.* Туған жерін, Ұлы Отанын, Өз бақытын қорғамаққа. Жарым менің буған белін, *Б а с т ы р м а с қ а* жерін жатқа (М.Хакімжанова, Таңд.). Әрбір тасы меруерт Қаланған бұл қаланың. Қастасқан жауға демі өрт, *Б а с т ы р м а с* дұшпан қадамын (Т.Жароков, Шығ. жин.). Қыз едім, үшеу едім ағайынды, Шаһар осы Бағдат тағайынды. Есіркеп екі апама рақым қылып, *Б а с т ы р м а й* қуып едің маңайыңды (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Алға [ілгері] бастырды. *Дамытты, ілгерілетті, жетілдірді, тереңдетті.* Қазіргі жағдайда бұл мәселелерді кең көлемде және ғылыми-өндірістік жағдайда жан-жақты зерттеуге, сөйтіп, түйе шаруа-шылығын шын мәнінде *а л ғ а б а с т ы р а* беруге толық мүмкіндік бар (И.Жұмағұлов, Түйе.). Қазақ ССР Ғылым академиясы өнеркәсіпті, әсіресе геологияны, кен зерттеу істерін, металлургия мен энергетиканы

і л г е р і б а с т ы р а беруде мәні зор бірсыпыра жұмыстар атқарды (Қ.Сәтбаев, Қазақст.). Осы мақсаттар үшін біз терроризмге қарсы күресте және қырып-жоятын қаруды таратпау, демократиялық, саяси, нарықтық және экономикалық реформалар [___] жөніндегі өзынтымақтастығымызды *а л ғ а б а с т ы р а* береміз («Егемен Қазақстан»). Бәлкім, адам баласын *і л г е р і б а с т ы р ы п,* ұшпаққа шығармай жүрген осындай күншілдік пен іштарлығымыз шығар... («Зерде»).

Аяқ бастырмады. *Табанын тигізбеді, келтірмеді, жолатпады.* Шорақтың баласы әкесін, Шұғылдың баласы көрдегі атасын алып келсе де көлге *а я ғ ы н б а с т ы р м а й м ы н* (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Қадам бастырмады. *Аяқ аттауға мүмкіндік бермеді.* Жау жүрегін ұшыра, Жаудың құтын қашыра. *Б а с т ы р м а қ а д а м* көлденең (Жамбыл, Шығ.).

Қарға адым жер бастырмады. *Аттатпады, жүргізбеді, тыпыр еткізбеді.* Екі қолы балдақта жалықтырған, *Қ а р ғ а а д ы м ж е р б а с т ы р м а й* зарықтырған. Табанына мың ине қадалғандай, Сыр білдірмей жымиып күліп тұрған (Ж.Өмірбеков, Ана мейірі).

Қия бастырмады. *Ешқайда жібермеді, тырп еткізбеді.* Ақын Николай Россиясының түрмесінен кетіп, шетелдерді аралауды әр кезде арман етті. Бірақ қадамын қадағалаған жандармдар ақынның табанын *қ и я б а с т ы р м а д ы* (Қ.Нұрмаханов, Дос.). Астымдағы торы *қ и я б а с т ы р-ғ а н* жоқ («Ана тілі»). Прокурор санкция бермеймін деп әрі-бері қиқақтап еді, *қ и я б а с т ы р м а д ы ң* ғой (К.Баялиев, Дегелек.).

БАСТЫР[2]**=** е т. **1.** *Бір нәрсемен, бір нәрсе арқылы басу.* Бұзып, таулы өңірді қарауылдап тұратын сол тас қарақшының жалпақ тастарымен *б а с т ы р ы п* тастады. Қашқынның жүзін тас оба жасырды (А.Алтай, Алтай.). Мойын ағашқа жегілген екі өгізбен жүгерінің үстін *б а с т ы р ы п*, одан кейін сүрлемнің бетін доңғалақты трактордың қалақ күрегімен жауып жүр (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.). **2.** *Бір нәрсемен жабу, көлегейлеу.* Көлік үстінде қапырық ыстыққа қат-қабат киініп, астыңғы ернін *б а с т ы р а* ақ орамал тартып алған бір қарт бар (Б.Аманшин, Көкжар.). **3.** *Бір нәрсенің үстінен сызу, сызықпен қосу.* Қысымның мәндерін ординаталары үшін алып осы нүктелерді құрсақ, сонан кейін құрылған нүктелерді *б а с т ы р а* тұтас жатқан қисық сызықты жүргізсек, сонда бұл сызық температура мен қысымның арасындағы функциялық тәуелділікті береді (О.Жәутіков, Жаратылыстану.). **4.** е г і н ш а р. *Орылған, жиналған егіннің дәнін сабағынан ажырату үшін молотилкадан өткізіп алу.* Ақсақалдар астығын өздері *б а с т ы р ы п,* қызылдап болғанда, бір-ақ оралдым (F.Орманов, Жүрек). Бұл күріш орағының басталған кезі. Күн бұзылып кетпей жинап, *б а с т ы р ы п* алу үшін ауыл адамдары жанталасуда еді (М.Дүйсенов, Гүлжан.). **5.** *Бір нәрсеге жапсырып тігу, тағу.* Әр түсті киізді оюластырып, оның жиектерін түрлі жіппен *б а с т ы р ы п*, әртүрлі бұйымдар жасаған (Қаз. тілі жерг. ерекш.). **6.** *Кітап, газет-журналдарды баспадан шығару.* Жазушы Ө.Тұрманжанов құрастырып 1959 жылы *б а с т ы р ғ а н* «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері» атты жинағында арнаулы бөлім бар (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). **7.** а у ы с. *Бір елдің иелігіндегі жерге әскерді күшпен алып кіру.* 771 жылда Ысқақбай, Әбдіжәлікбаб және Әбдірахманбабтар жүз мыңнан аса ислам нөкерлерімен Шаш, Сайрам және көршілес қалаларға *б а с т ы р ы п* кіру кезінде соғыстар да өрши түскен (Зиярат орындар).

Балшық бастырды. *Балшық иледі, лай жасады.* Үйшілер әрқайсысы ержеткен екі-үш баласымен, қатын-қалашымен жабылып, орға су құйып, *б а л ш ы қ б а с т ы р ы п* жатыр (Д.Әбілев, Ақын.). Сол жылы мен де жаздай көкке көрістім – қара құнанға жайдақ мініп *б а л ш ы қ б а с т ы р д ы м*, балшық тасыдым (З.Ақышев, Ақбел.).

Бармақ бастырды. *Өз сөзін растауы үшін, сауаты жоқ адамның қолын қойдыру орнына бармағын бастырды.* Қағаз десе жаны түршігетін Жұман бар зәбірін ұмытып, енді бас сауғалай бастаса да, онысына қойған жоқ, *б а р м а ғ ы н б а с т ы р ы п*, қолхат алды (F.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

Бастыра суармалау. с у ш а р. *Суару телімінің бетін айтарлықтай ұзақ уақытқа суға батыратын суармалау тәсілі; жерүсті суармалауының бір түрі.*

Бөркін бастыра киді. а) *Бас киімді, бөрікті басқа кептеп, басып киді*; ә) *Бір нәрсеге бекем бел буды, тәуекел етті.* Манастың *б ө р к і н* басына, *б а с т ы р а* бір *к и і п т і.* Қара садақ, айбалта. Білекке қынай салыпты (Манас).

Демін бастырды. *Демін алғызды.* Аттарды жаяу жетелеп *д е м і н б а с т ы р ы п,* омыраулары ағытып желпіністі (Ә.Көшімов, Лашын.).

Есірік бастырды. с а я т. *Қаршығаны баулыды.* Қаршығаның баулуы бүркітті баулығандай. Бұны да адам ылғи қолға алып жүріп, өзіне шақыруға үйретіп, одан кейін *«е с і р і к» б а с т ы р ы п*, жабайы құсқа сала бастайды (Ш.Айманов, Қыран.).

Кітап бастырды. п о л и г р. *Кітап басып шығартты.* Төрт-бес мұнан бұрын медресе Галияда оқыған қазақ шәкірттері ұйымдасып, әр жыл қазаққа пайдалы бірер *к і т а п б а с т ы р ы п* тұруға қаулы қылысқан еді («Қазақ»).

Намысын аяққа бастырмады. *Намысын бермеді, аяққа таптатпады.* Қалмақ та бүгін шілдің қиындай пышырап, тағдырдың тәлкегімен тоғыз-тонау күй кешіп жүргені болмаса *н а м ы с ы т ы а я қ қ а б а с т ы р м а ғ а н* ел болатын (К.Сегізбаев, Беласқан).

Тот бастырды. *Тоттандырды, тот басқызды.* Тәуір екен тапаншаң, *Т о т б а с т ы р м а,* бап ұста. Түсі суық неме екен (І.Жансүгіров, Шығ.).

Үй бастырды. *Дауыл, қатты жел тұрғанда киіз үйді аудармас үшін арқанмен бекітті.* Тезегін қымтап, құрт-ірімшігін жинап, қазық қағып *ү й і н б а с т ы р ы п* әйелдер шулап, бір жағынан балалар жылап, ауыл әбігершілікке ұшырады (Х.Әбішев, Аспан сыры). Жел арқанмен дауыл болғанда киіз *ү й д і* шандып *б а с т ы р ы п,* қазыққа бекітіп қояды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БАСТЫРҒЫ з а т. **1.** *Басып тұратын салмақты нәрсе, бастырық.* Ықылық атып жарық дүниеге қайта оралған Тобағабыл тұңғыш тілге келіп: «ауға *б а с т ы р ғ ы* байлаңдар, арқан жалғаңдар, бұл көлдің балығы тереңінде», – депті («Қаз. әдеб.»). Там төбесінде үйілген шөптің шеті қобырай бастаған екен, сатымен өрмелеп шықты да, ағаш *б а с т ы р ғ ы* қойды (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). **2.** *Әшекей бұйымдардың бетіне салынған, құйылған бедерлер.* Кісе белбеудің ұзындығы бір құлашқа жуық, екі-үш елідей бетіне қақталған күміс жалатылған бедерлі құймалар немесе *б а с т ы р ғ ы л а р* болады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БАСТЫРМА[1] з а т. *Төбесі жабық, жанжағын ашық етіп жасаған жай, лапас.* Үйге кіре берісте *б а с т ы р м а,* бастырмада жаңғырық, үстіріктеген тақтайлар (Қ.Ысқақов, Бұқтырма.). *Б а с т ы р м а* асты жаймашуақ ашық күндері малға шөп шашып, жем беруге ыңғайланып жасалғаны көрініп тұр (С.Әлжіков, Дала.). Оңтүстік аудандарда үйректі қумажел соқпайтын, құрғақ *б а с т ы р м а л а р д а* ұстауға болады (Қазақст. етті молайту.). Жыл сайын үйдің алдындағы *б а с т ы р м а ғ а* ұя салып, балапан басып жүретін (А.Хангелдин, Алғыс).

БАСТЫРМА[2] з а т. с ө й л. *Мылтықтың шүріппесі.* Атушы едім арқаның қаз-тырнасын, Мылтық атсам сайлаушы ем *б а с т ы р м а с ы н.* Барсаң, сәлем айта бар Қарашашқа, Өзі өлмей, төсегін бастырмасын (Айтыс).

БАСТЫРМА[3] з а т. қ о л ө н е р. **1.** *Көйлекке, камзолға түйме орнына қадайтын қапсырма, омырау бастырғыш.* Адам жүрегінің, туған айдың, қошқар мүйізінің түрін түсіріп жасаған *б а с т ы р м а л а р* мен ақықтар өте әсем келеді (Қазақст. тарихы). **2.** *Үй бұйымдарының, ердің т.б. бетіне салынатын әшекейлі өрнек, бедер.* Әжем қаңылтыр *б а с т ы р м а л а р ы* үзіле бастаған ескі жалаңаш көк абдыраның ішінен ірімшік-құрт шығарды (Қ.Сәрсекеев, Кілт). Белбеуді қоладан, күмістен, алтыннан оймыштап жасалған әдемі тоғалар, *б а с т ы р м а л а р,* салбыршақтармен ажарлады (Қазақст. тарихы). Ердің ту үстінен келген тетікше тағатын бау. Көпшік пен аткөрпені басып, ердің алды-артын орап тұратын жіңішке бауды «*б а с т ы р м а*», «көпшік», «көрпе *б а с т ы р м а*», «пыстан бау» деп атайды (Н.Нұрғалиұлы,.. Ата салт.). // *Түрлі-түсті матадан қиып кестелеп жапсыру немесе бояулы қағаздан жасалған оюларды желімдеу арқылы ажарлаудың бір түрі, аппликация.* Айман Ержанова *б а с т ы р м а* арқылы бетінде республика молшылығын, дән миллиардтарын бейнелеген... түскиіз жасады («Білім және еңбек»).

Бастырма құр. қ о л ө н е р. *Әшекей салынған құр.* Құрлардың халық арасына көп тараған түрлері: басқұр, құр желбау, құр аяқбау, *б а с т ы р м а қ ұ р* т.б. (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БАСТЫРМА[4] з а т. г е о л. *Жыртылу жігінің көлбеу бағытқа сәйкес келуімен (еңістену бұрышы 45°-тан аз) сипатталатын, аспалы беткейі жатаған беткейді көлбей көмкерген жыртылып-айырылу құрылымы. Б а с т ы р м а* таужыныс бірлестіктерінің өте қарқынды сығымдалуынан қалыптасады (Қаз. тілі термин. Геология).

БАСТЫРМАЛА= е т. *Үсті-үстіне ес жиғызбай төпелеу, тез-тез жұру, киіп-жару.* Бізді *б а с т ы р м а л а п* жатқан ақтар тобы да бұдан кейін бетін аударып шегініс тапқандай (Ж.Саин, Жол үсті.). Бірақ «сыпайылықтың да шегі бар, *б а с т ы р м а л а п,* үстіме келіп қалғандай болса, әрине менің бұрқ ете түсуім анық (Ж.Жұмаханов, Махаббат.). Ахан қысылғандай, онысын өзінше жорыған Омархан енді тіпті *б а с т ы р м а л а п* кетті (З.Шүкіров, Жас жесір).

БАСТЫРМАЛАТ= е т. **1.** *Үсті-үстіне, тоқтамай төпелету.* Тақымынан толық шығарып алғанша *б а с т ы р м а л а т ы п* кеп, Жұмабайдың қалың қара тымағын көзіне қарай баса кигізіп жіберіп, сол сәтте шоқпарға жармасты (М.Әуезов, Шығ.). Тазы түлкіні *б а с т ы р м а л а т ы п,* алдына салып, сүмектетіп

айдай берді (С.Бақбергенов, Қарға там.). Осы сәт артымыздан *б а с т ы р м а л а т ы п* жеткен асау толқын үстімізді мұз аралас бұрқасынмен көміп өтеді (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Әлжанның ұшқыр, жарау, күрең қасқасы ә дегенде қасқырды *б а с т ы р м а л а т ы п*, суырылып шыққанмен, ұзақ, үрдіс шабысқа шыдай алмай, түске таман босаңси берген (С.Жүнісов, Ақан сері). **2.** *Тоқтаусыз тез-тез сөйлеу, үсті-үстіне, үздіксіз айту, екінші адамның сөйлеуіне мұрша бермеу.* Ол *б а с т ы р м а л а т а* сөйлеп, сағат тілін жөндей бастады (С.Шаймерденов, Мезгіл). Оқуға баратын бала іздеп, үй жағалап жүрген Қасболатты бір арықша қара торы әйел қуып жетті. Әлде неге асыққандай ентігіп, үстіүстіне *б а с т ы р м а л а т а* сөйледі (Т.Ахтанов, Боран). Орысшаласқан кісілер қай көп сөйлеп *б а с т ы р м а л а т қ а н ы* жеңіп кетеді деп жоритын (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бердім, бергенім рас, – деп қыз жігерленіп, *б а с т ы р м а л а т ы п* екі рет жауап қайырды (М.Дулатов, Шығ.).

БАСТЫРМАЛАТУ *Бастырмалат етістігінің қимыл атауы.* ...Недәуір жер кетіп қалған салттыны түйе *б а с т ы р м а л а т у ғ а* айналды (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

БАСТЫРМАЛАУ *Бастырмала етістігінің қимыл атауы.* Мынаның *б а с т ы р м а л а у ы н* қарашы (Ауызекі).

БАСТЫРМАЛЫ с ы н. *Бастырмасы бар, бастырма салынған.* Қазалы қаласындағы Ғани байдың күйген қыштан созылған, түнікелі үйінде үлкенді-кішілі жиырма бөлме бар, кіре берістегі дарбазалы қақпаның үстіне *б а с т ы р м а л ы* лоджия берілген (Ө.Жәнібеков, Жолайырықта).

БАСТЫРТ= е т. **1.** *Кітап, газет-журналды, жазылған нәрселерді баспадан шығарту.* Жұмабайұлы, Аймауытұлы, Кемеңгерұлы және басқаларының жазғандарын әдемілеп *б а с т ы р т ы п* жатты (С.Сейфуллин, Шығ.). Махамбеттің сөзінен жойылмай қалған сөз Байекеге айтқан сөзі. Бұл сөз де түрліше айтылады. Біздің қолымызда осы сөздің әркімнен жазып алған төрт-бес нұсқасы болды. *Б а с т ы р т ы п* отырған өлеңіміздің негізіне Мұрат ақыннан естіп едім деп, беріш Ығылман ақын Шөрекұлының жазып бергені алынды (Х.Досмұхамедұлы, Таңд. шығ.). **2.** *Белгілету, қойғызу, жапсырту, таңбасын алу.* Шаңқай түс кезінде аттанып бара жатып, екі ұрыны шақыртты да, Янушев бүйрығы орындалысымен бекіністе келесіндер деп, бір қағазға бармағының таңбасын *б а с т ы р т ы п* алды (Ж.Молдағалиев, Самал). **3.** *Бір нәрсенің үстін салмақпен басу, бекіттіру.* Күнбатыс шеттегі төбесіне шоқитып пішен үйіп, үстіне шаңырақпен *б а с т ы р т ы п* тастаған там біздікі (Н.Сералиев, Қаңтар).

БАСТЫРТУ *Бастырт етістігінің қимыл атауы; жаздыру.* Қолжазбаны тезірек *б а с т ы р т у* керек, баспадағылар күтіп отыр (Ауызекі).

БАСТЫРУ *Бастыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Орылған егіннің дәнін сабағынан ажырату.* Ендігі бір сүргелең – комбайн әкеп дерменені *б а с т ы р у*, оны қаптап Арыстағы қабылдау пунктіне жөнелту (Д.Исабеков, Тіршілік). **2.** *Бір нәрсеге жапсырып тігу, тағу.* Жиекті сырмақ – киізді кесіп оюламай-ақ бір түсті киіздің бетіне әр түсті жиек *б а с т ы р у* арқылы өрнектелген сырмақ (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **3.** *Жазылған шығарманы баспадан шығару.* «Айқаптың» 18-нөмірінде «Манапты» кітап қылып *б а с т ы р у* талабы да барлығын айтып оқушылардан мәслихат сұраған (М.Дулатов, Шығ.). Қазақ тілінде кітап *б а с т ы р у* жұмысы XIX ғасырдың басында қолға алынса да, алғашқы кезде ол аса мардымады (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). Көкітайдың *б а с т ы р у ы*, Абайдың көп өлеңін бүкіл Қазақстан өлкесіне таратуға себеп болғаны рас (М.Әуезов, Әр жыл.).

Ақсарбасқа бастыру. э т н. *Құрбандыққа шалу, ақсарбас шалу.* Күндізгі көккасқаны *а қ с а р б а с қ а б а с т ы р у д ы ң* серт-уәдесі бекіген (М.Әуезов, Абай жолы).

Алға [ілгері] бастыру. *Дамыту, өркендету, жетілдіру.* Біз де мәдениетті елдің жастарындай болайық, жабыла ғылым үйренейік, елді *а л ғ а б а с т ы р у ғ а*, басқалармен теңелдіруге қызмет етейік дейді Сұлтанмахмұт (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). Азаматы қару алып, жауға аттанған елде қыруар шаруаны кемпіршал, қатын-қалашпен *а л ғ а б а с т ы р у* да оңай емес еді (Н.Салғарин, Жанында жүр.). Ауыздарын арандай ашқан тойымсыз алпауыттар кішігірім кәсіпкерлердің бой жазып, жұмысын *і л г е р і б а с т ы р у ғ а* мүмкіндік бере қоймас («Парасат»).

Лай бастыру. *Балшық илеу, лай жасау.* Орлар қазу, *л а й б а с т ы р у*, кірпіш құю, іргесіне қалайтын тас тасу тәрізді алуан ауыр жұмыстар қайдан оп-оңай біте қойсын (Д.Әбілев, Арман.).

БАСТЫРУШЫ з а т. *Кітап, газет-журнал бастыратын, баспа қызметкері.* Артынан білсек, ол өленді аударушы мақалаларда өмірбаяндық деректер, ғылыми, әдеби пікір – тұжырымдар бар. Атап айтқанда, оларда Ахмет творчествосы – ақын, аудармашы, журналист, кітап *б а с т ы р у ш ы*, тілші әдебиетші есебінде

зор бағаға ие болған (А.Байтұрсынов, Шығ.). «Асау тұлпардың» редакторы және *б а с т ы р у ш ы с ы* Сәкенге дос боп жүретін – Мұхтар Саматов екен (С.Мұқанов, Есею жыл.). Ақырында бірнеше адам бас қосып, ресми мекемелердің кісілерін *б а с т ы р у ш ы*, редактор қойып, Троицкіде шығарады (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.).

БАСТЫРЫҚ з а т. **1.** *Арбаға, шанаға шөп, отын тиеген кезде ауып кетпес үшін үстінен бастыра байлайтын ұзын сырық, сырғауыл. Б а с т ы р ы қ т ы ң* нақ басынан ұстап алып, аттың термен көпіршіген сауырына төне тоңқайып, сонаны соғып түсіруге мен де әзірлендім (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Қоралардың төбелеріне үйілген шөпті боран ұшырып кетпесін деп сіліге, бөренелерден *б а с т ы р ы қ* салды (Ж.Тұрлыбаев, Райымбек.). Ағаш *б а с т ы р ы қ* мықты әрі жұмыр, бір басы аша, кебу ағаштан жасалады. Арқан сусымас үшін екінші жағы кертіледі не темір тегершік бекітіледі (ҚҰЭ). Тиеген шөпті басып тұратын ұзын сырықты, кейде арқанды да *б а с т ы р ы қ* деп атайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **2.** *Қақпа, есікті жабу үшін ілгек темірге көлденең өткізілетін ағаш.* Көлденең салынған *б а с т ы р ы қ т ы* сырғытып, ентігіп-демігіп әзер дегенде қақпаны ашты (Ж.Жұмаханов, Солдат.). *Б а с т ы р ы ғ ы н* қақпаның тастап сырып, Сұраусыз атматымен келді кіріп. Сымбатты егде тартқан денелі әйел, Тұр екен кілем тоқып, өрмек құрып (Ш.Әбенов, Кейпін.). **3.** *Сүйекті тазартып, тегістейтін құрал.* Сүйекті түзетіп, тегістейтін құралды *«б а с т ы р ы қ»* немесе «қысқы» деп атайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **4.** а у ы с. *Ұстайтын, сабасына тұсіретін, уысында ұстап, басқаратын адам.* Жер *б а с т ы р ы ғ ы* – тау, ел *б а с т ы р ы ғ ы* – бек (Ж.Кейкин, Қазақы атау.).

БАСТЫРЫҚТА= е т. *Бастырық қою, бастырық салып байлау.* Маяны қанша қатты дауыл болса да қозғалмастай етіп, қада шаншып, салмақты сырықтармен *б а с т ы р ы қ т а п* тастады (Ж.Тілеков, Қайнар). Іш тартып алған бөкен сан қара аттар алдыңғы атпен бір енеден туғандай мойыл қара кекілі ғана ақ шашақты, басқа жерінде жалғыз тал аққылшық жоқ; ерсіз, жалпақ құрмен *б а с т ы р ы қ т а п* алған жалаң жоны да қара; мәсі тәрізді өкшесіз етікті ұзын аяқтары салақтап келеді (Х.Есенжанов, Тар кезең).

БАСТЫРЫҚТАУ *Бастырықта етістігінің қимыл атауы.* Сабанды *б а с т ы р ы қ т а у* керек (Ауызекі).

БАСТЫРЫЛ= е т. **1.** *Басқызылу, тапталу.* Соның бәрі жаз бойы мал тұяғы *б а с т ы р ы л м а й* әдейі тусытып қойылған қысқы жайылым (Ы.Тыникин. Жомарт.). **2.** *Нығыздалу, жаншылу, бекітілу.* Техникалық құралжабдықтар жоқ кезде жер ағаш соқамен, кетпенмен өңделеді, егін шалғымен орылып, ұрғы таспен *б а с т ы р ы л д ы* (С.Қасиманов, Қаз. тағам.). **3.** а у ы с. *Қырқылу, қиылу.* Үстінде ауыл жігіттеріне тән ұқыпсыз тігілген, күтімсіз киілген тозыңқы сұр костюм, мұрты да *б а с т ы р ы л м а ғ а н*, сарғайып өңінен айырыла бастаған, бар болмысында, бар мінезінде байғұстық байқалады, байғұстық аңқып тұр, иі жұмсақтық, жасқаншақ, үркектігі сезіледі (Ә.Тарази, Басынан Қаратау.). **4.** п о л и г р. *Жазылған шығарманың баспадан шығарылуы.* Абай жинағында бөлек аттармен әр жылдарға бөлініп *б а с т ы р ы л ғ а н* аудармалардың саны – қырықтың ішінде (М.Әуезов, Әр жыл.). **5.** м у з. *Күйтабаққа, таспаға жазылу.* Мәселен, Еуропа мәдениетінің көрнекті өкілі Ромэн Роллан зор баға берген 1500-ден аса қазақ әндері мен күйлері *б а с т ы р ы л д ы* (Қ.Сәтбаев, Қазақст.). **6.** е г і н ш а р. *Орылған егін дәнінің сабағынан ажыратылуы.* Астықты бөтен-сатан біреулер тасып кетсе, не бетімді айтам!.. Қашан тасылып, *б а с т ы р ы л ы п* болғанша күндіз-түні осында боламын (Ж.Жұмаханов, Қаракөз.). Шамасы шала *б а с т ы р ы л ғ а н* бидай сабанының маялары болса керек, маңы толы шұқындаған тауық, қаздар көрінеді (А.Әлсеров, Алыста.). **7.** қ о л ө н е р. *Сырмақ, тұскиізге т.б. түрлі ою-өрнектердің жапсырылуы, салынуы.* Сырмаққа, тұскиізге түрлі матадан ойылған ою-өрнек *б а с т ы р ы л а д ы* немесе жиек жіптермен айшықталады (ҚҰЭ). **8.** с ө й л. ***Бастығырылу.*** Абылай көзін ашты, шалқасынан жатқан екен, *б а с т ы р ы л ы п* қалыпты (І.Есенберлин, Жанталас). **9.** а у ы с. *Еңсесі түсу, көңілі бәсеңдеу, ұнжырғасы түсу.* Барып қайттым ауылдың бастығына, Білмеймін, достығы ма, қастығы ма?! «Көзің көріп тұр, бала, көлік жоқ қой» Деген сөзбен үйге ендім *б а с т ы р ы л а* (М.Мақатаев, Шығ.). Шемендей шер боп қатқан шерлі күндер, Сүйекті сал қып дене *б а с т ы р ы л д ы* (А.Тоқмағанбетов, Өленд.).

БАСТЫРЫЛУ *Бастырыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жабылу.* Ағашты отырғызу кезінде тамырларының бүктеліп қалмауын және топырақпен тығыз *б а с т ы р ы л у ы н* қадағалау қажет, – дейді (А.Жанғалиев, Бағбан.). **2.** *Орылған егін дәнінің сабағынан ажыратылуы.* Ылғалданған немесе *б а с т ы р ы л у ы* қиын дақылдарды жинағанда түйгіштеу барабанынан гөрі тиісті барабан оларды жақсы бастырады (Ауыл шаруаш. машина.). Бәрінде

дерлік егін бітік шыққан. Бірақ соның жиналып, *б а с т ы р ы л у* жайы ойдағыдай емес еді (С.Әсіпов, Ауыл.).

БАСТЫРЫЛЫҚ= е т. с ө й л. ***Бастығырыл***. Жалғыз адамға түн баласы жаман-ақ: көзіңе елестемейтін құбыжық жоқ. Күнде *б а с т ы р ы л ы ғ а м* (Ө.Қанахин, Жер бас.). Кәмеш болса *б а с т ы р ы л ы қ қ а н* адамша жігіт демін жасқап еді. Бірақ бәрі кеш екен (Ж.Молдағалиев, Жүрек.). Ұйықтап жатып *б а с т ы р ы л ы қ қ а н д а й,* дәрменсіз бір ділгір халде қалыппыз (Ғ.Мүсірепов, Қазақ солдаты).

БАСТЫРЫМ з а т. е г і н ш а р. *Орылған егіннің дәнін сабағынан ажыратып бастырып қоятын мезгіл.* Дүркін-дүркін жаңбыр ору мен бастыру, тасымал арасында алшақтық туғызды. Орым мен *б а с т ы р ы м* арасындағы бұл сәйкессіздік сыры түсінікті, ал жиналған астықтың дер кезінде тасылмай, қырманда сусу боп үйіліп жатуын қалай деуге болады? (Жаңа қолданыстар).

БАСТЫРЫС= е т. *Орылған, жиналған егіннің дәнін сабағынан ажыратысу.* Күріш жиналып біткенше мектепте сабақ басталған жоқ. Тағы да мен атаммен бірге күріш *б а с т ы р ы с т ы м* (Н.Серәлиев, Қанат).

Киіз бастырысу. ***Киіз басу.*** Ауыл күзем алып *к и і з б а с т ы р ы с ы п* жатыр, Шоқпыт Бәшенін ертіп қыстауына кеткен (Д.Әбілев, Ақын.).

БАСТЫРЫСУ *Бастырыс етістігінің қимыл атауы.* Атаммен шөп *б а с т ы р ы с у ы м* керек (Ауызекі).

БАСУ[1] *Бас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Аттау, адымдау, жүру.* «Апа», «Мама» деген сөзге тіл келген күн, Ауызға тозаң-топырақ, күл келген күн. Сенделіп мас кісідей ырғаң-қиқаң, Аттап аяқ *б а с у ғ а* әл келген күн (М.Жұмабаев, Шығ.). **2.** *Бір нәрсенің үстін жабу.* Қораны қар *б а с п а у* үшін, оның жел жағынан ағаш егу қолайлы болады (М.Ермеков, Қазақст. қой шаруаш.). **3.** *Тарту, жапсыру, қою, таңу.* Адамға шаншу қадалса, оған кендір тұқымынан жасалған ыстық *б а с у ғ а* болады (С.Сұбхандердин, Өсімдік –дәрі.). **4.** *Күштеп жеңу, бағындыру, тойтару.* Перовский Исатайдың қозғалысын тездікпен *б а с у ғ а* шара көздейді. Әуелі кезде Исатайды ұстап алып, әскер сотқа бермекші болады (Ж.Аймауытов, Шығ.). **5.** *Бір нәрсенің күшін, уытын қайтару, бәсеңдету. Б а с у* үшін арнаулы реагенттер қолданылып, басуға қажетті минералдар беттерінің сулануы арттырылады (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Б а с у* нәтижесінде олардың ауа көпіршіктеріне жабысуы тоқталады (Қаз. тілі термин. Педагогика.). Қазақта кәдімгі шайды «тоқ адамның тоқтығын, аш адамның аштығын *б а с у* үшін шығарылған дәм» дейді (С.Сұбхандердин, Дәрі – дауа.). Түрлі ісікті *б а с у ғ а*, қан тоқтатуға және жүйке тамыры ауруын емдеуге, ұйқыны келтіруге осы Түркістан желімбасағы пайдаланылады (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). **6.** *Кітапты, газет-журналды баспадан шығару.* Мұхтар романын талқылауды таң ата бітірдік. Алғысөз жазып, *б а с у ғ а* ұйғардық (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). **7.** а у ы с. *Тоқтату, өршітпеу.* Шатақты *б а с у* үшін Төлен қалтасынан үш сом алып ұсынды (Ж.Жұмаханов, Махаббат.).

Алға басу. *Даму, өркендеу.* Жаманшылық атаулы кейін ысырылып, жақсылық іркіліссіз *а л ғ а б а с у д а* (Ә.Әзиев, Жез тау.).

Басу әрекетіне негізделген инженерлік мина. ә с к. *Үстінен шынжыр табан танк, автомобиль, БТР дөңгелегімен т.б. өткенде немесе адам аяғымен басқанда жарылатын мина. Б а с у ә р е к е т і н е н е г і з д е л г е н и н ж е н е р л і к м и н а л а р д ы ң* жарғыш тетігі әдетте басқыш қалқан, айқастырылған табан ағаш түрінде жасалады және т.б. (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Басу құрылғысы. и н ф. *Құрылғы әліпбиінің баспа символдары ретінде мәліметтерді қағазға басып шығаратын құрылғы. Б а с п а қ ұ р ы л ғ ы с ы н* принтер деп те атайды (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Басу мәшинесі. *Қырман басына орылып үйілген астықтың дәнін айыратын мәшине.* Егіннің ору мәшинесі түгіл, *б а с у м ә ш и н е с і н* де дайындап қойдық (С.Бегалин, Уақыт.).

Дәл [дөп] басу. *Біреудің ойындағысын немесе істің көзін дәл, қатесіз табу, дөп тұсу.* Әйтсе де қай талқының тұсында да оның түйінді жерлерін дәл *б а с у* үшін сансыз ойлар кешіп, тоқсан толғанатын сәттер көп-ақ (Ә.Ибрагимов, Наз). Ендеше, жазушының аз ұлттар өкілдерінің жүрегін сыздатқан дертті өз шығармасында тамыршыдай *д ә л б а с у ы* дегеніміз емес пе? («Қаз. әдеб.»).

Киіз басу. э т н. *Сабалған, майдаланған жүнді шиге жайып, ыстық су құя отырып, аяқпен тепкілеп, білектеп біріктіріп, тұтас киіз етіп шығару.* Ең алдымен күзем жүні *к и і з б а с у ғ а,* алаша тігуге, шекпен тоқуға жұмсалатын (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

Қарқынын басу. *Екпінін қайтару, бағындыру, тежеу.* Нұрмағанбет «батыл бала» атанған... Маңайдағы елдің баласы тай, құнан үйретер болса, алғашқы *қ а р қ ы н б а с у д ы* Нұрмағанбеттен күтетін (С.Мұқанов, Шығ.).

Мауқын [ынтығын] басу. *Сағынышын басу, құмарынан шығу.* Үркер мен таразы шашылды шашуға, Шолпан да қарады *м а у қ ы н*

бір *б а с у ғ а*. Темірқазық арқандап Қосбозатын, Жаратып ойы бар Тойыңа қосуға (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Жанарында сасқалақтау, сасу бар, Жанарында сол сезімге тасу бар, Жанарында қаталаған шөлдеу бар, Жанарында сол *ы н т ы қ т ы б а с у* бар (Е.Ибраһим, Көкше.).

Мылтық басу. *Ату, оқ шығару.* Құланның қасынуына мергеннің *м ы л т ы қ т ы б а с у ы* дәл келді (С.Бегалин, Уақыт.).

Тот басу. *Тоттану, темірдің тоттанып жарамсыздануы.* Темір дымқыл жерде жатса, *т о т б а с у* процесі өте жылдамдай түседі (Ж.Жатқанбаев).

БАСУ²: басу айтты. 1. *Тоқтау айтты, желіктірмеді, ақылға шақырды.* Ері ашу айтса, әйелі *б а с у а й т ы п* отырса, бұрынғыдай жау бола ма (Абай, Тол. жин.). Жел көңіл Жәмпейіс, әлі де «отряд боп бару керек» деп қыздырғанмен ауылдың тоқтаулы адамдары *б а с у а й т т ы* (С.Мұқанов, Есею. жыл.). **2.** э т н. *Жақын адамы қайтыс болып, жылап, жоқтап отырған адамға тоқтау сөз, көңіл айтты.* Қайғылы серіге ешкім *б а с у а й т қ а н* жоқ (С.Жүнісов, Ақан сері). **3.** *Ұзатылып, өзге жұртқа, алыс елге аттанып бара жатқан, сыңсу айтқан қызы мен артында жылап отырған ата-анасына термелеп тоқтау сөз айтты.* Көшен ақын бөтен ауыл, жат босағаға аттанып бара жатқан қалыңдық пен артында жылап қалған ата-анасына термелеп *б а с у а й т а д ы*, сол арада Балпан ауылының адамдары ақын жігіттің қанжығасына екі өркеші баладай буаз ақ інгенді бұйдасынан байлайды (Ә.Кекілбаев, Дала.).

БАСУЛЫ с ы н. **1.** *Басылған, дайындалған (киіз, қағаз).* Батыр қарындасы, Уәлиханның жесірі Айғанымның кең сарай алты ағаш үйінің күлін көкке ұшырып, қоймасындағы *б а с у л ы* киіз, иленген терісіне дейін қалдырмай барын сыпырып әкетті (І.Есенберлин, Қаһар). **2.** *Бәсеңдетілген, төмендетілген, басылған.* Аспалы шамның білтесі *б а с у л ы*, сосын-ақ бет-жүзі қара көлеңкеде әлгі үреймен босағаға жетпей сілейіп тұрып қалды (Б.Аманшин, Көкжар).

Азуы [тісі] басулы. *Ашулы, ызалы.* Олар ашулы, олар *а з у б а с у л ы* (І.Есенберлин, Шығ.). ...Бірақ Айтқұлдың Әужанға *т і с і б а с у л ы* (З.Ақышев, Жесірлер).

Бауырында басулы. *Қамқорлығындағы, тәрбиесіндегі (адам).* *Б а у ы р д а б а с у л ы* жатқан баланы «мінеки», – деді – балаңыз, Өз көзіңізбен қараңыз (Батырлар жыры).

БАСУЛЫҚ з а т. *Тоқтау, тоқтам.* Енді дыбыс жоқ қайтып, Басылды ерлер сәл тыныс алып! Тұрғандай сөйлеп *б а с у л ы қ* айтып, Тірліктей сонау әлсіз бір жарық... (Ғ.Қайырбеков, Шығ.).

БАСУР з а т. с ө й л. ***Басыр*** *(бейхабарлық мең-зең күй).* – Кетсе кетеді, – деп Дәме төсекті бұзып далаға шығара бастады. Мен мәңгі кісіше *б а с у р* болып тұрмын (З.Иманбаев, Солм. гүл).

БАСУШЫ з а т. п о л и г р. *Терілген әріптің таңбасын қағазға басып түсіруші.* Машинаны тоқтатып қойып, қайта-қайта оқып, түзеттіре береміз, газет *б а с у ш ы* ыза болады (Ә.Бектемісов, Майдангер.). Әріп теруші, *б а с у ш ы*, түптеушілер қолдарынан өтіп, сөзге толы кітапқа айналады («Лен. жас»).

БАСҰРМАН з а т. т а р. *Ертеректегі орыс жазбаларындағы негізінен мұсылмандарға қатысты қолданылған жағымсыз мағынадағы атау.* Екі әпкені екі *б а с ұ р м а н* атқа өңгеріп алып кетті (М.Мағауин, Аласапыран).

БАСШЫ з а т. **1.** *Көсем, басқарушы, бастаушы, елбасы.* Жолдасын таппаған ер азады, *б а с ш ы с ы н* таппаған ел азады (М.Әуезов, Абай). **2.** *Мекеменің, оқу орнының жетекшісі, бастық.* Институт бітірген соң Ғали 1929–30 жылдары Іле аудандық оқу бөлімінде *б а с ш ы* қызметте болады (С.Қирабаев, Шығ.). **3.** *Бастаушы, жол көрсетуші, бастап апарушы.* Екі жақ болып бөлініп, екі жағы да өздеріне *б а с ш ы* сайлайды (Ж.Аймауытов, Шығ.). **4.** э к о н. *Бағынышты ұжымға ықпал жасаушы және дара басшылық жағдайында оның қызметі үшін заң алдында, жоғары тұрған орган, мемлекет немесе меншік иесі алдында жауап беретін тұлға.* Кәсіпорынды басқару жүйесінде *б а с ш ы н ы ң* орны мен рөлі басшылықтың түріне байланысты (Қаз. тілі термин. Экономика.). Қазіргі *б а с ш ы л а р ғ а* қойылатын негізгі талаптарды үш топқа бөлуге болады, олар: жеке бастың қасиеті – адалдық, ұйымдастырушылық қабілет, тәртіп, еңбекке көзқарас, жұмыс істеу тәсілі, іскерлік т.б. білім – социология мен психологияны, басқару теориясын, техникалық және экономикалық пәндерді, құқықты білу; тәжірибе – басқаруды ұйымдастыру, жедел басшылық, өндірістік-техникалық және әлеуметтік-психологиялық, экономикалық және басқа міндеттерді шеше білу тәжірибесі (Қаз. тілі термин. Экономика.). Жетекшіден ерекшелігі – *б а с ш ы н ы ң* ресми регламенттенген құқықтары мен міндеттері болады және басқа ұйымдарда топтың (ұжымның) атынан өкілдік жүргізеді (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Басшы болды. *Бастады, басқарды, жетектеді, жол көрсетті.* Бейкүнә зорлықпенен

шыққан жаным Бейіске *б а с ш ы б о л а р* деме залым (Абай, Тол. жин.). Көбінесе ән басы келеді ашы, «Кел, тыңда!» деп өзгеге *б о л а р б а с ш ы* (Абай, Тол. жин.). Халыққа, жастар, *б а с ш ы б о л!* Қараңғыда жетектеп. Терең судан өтер ме, Мың қойды серке бастамай? (М.Дулатов, Шығ.). Адасқан ағайынға *б а с ш ы б о л ы п*, Ішінде жол көрсетер адам аз-ақ (М.Дулатов, Шығ.). Мың жаманға *б а с ш ы б о л ғ а н ш а*, бір жақсыға қосшы бол (Мақал-мәтел).

Басшы қылды. *Айтқанына жүрді, мойынсынды.* Болса да жолым қиын мехнатты, Сол жолда *б а с ш ы қ ы л д ы м* жалғыз хақты Дарияға қайық салған өр балаңды Қолда енді бабаларым әруақты (С.Сейфуллин, Өленд.).

Мемлекет басшысы. ***Елбасы, Президент.*** Қазақстан *м е м л е к е т і н і ң б а с ш ы с ы н а* ұлттық дәстүрге сай құрмет көрсетілді («Егемен Қазақстан»). Жыл басында Ресей Федерациясы президентінің Қазақстанға ресми сапары кезінде *м е м л е к е т б а с ш ы л а р ы* «екі ел арасындағы мемлекеттік шекараны бөлу туралы құжатқа биыл қол қоямыз» деп келіскен («Жас Алаш»).

БАСШЫЛЫҚ з а т. **1.** *Жетекшілік, билік, басшы болушылық.* Бәрі өз көзінше жасалып, өз *б а с ш ы л ы ғ ы м е н* енген дүниенің түймедейі – түйедей, көнесі – жаңадай көрінеді оған (Ғ.Мұстафин, Шығ.). **2.** *Басқарушы топ, басқаратын адам.* Гүілдескен қазақ жігіттерінде бөтуа да, *б а с ш ы л ы қ* та жоқ (А.Жұмаділдин, Сең.). *Б а с ш ы л ы қ* құрамына бөлім командирі, оның орынбасарлары және штаб бастығы кіреді (Қаз. тілі термин. Әскери.). Өзінің қызмет жағдайына байланысты *б а с ш ы л ы қ қ а* бағынышты күштер мен құралдарды басқаруға өкілеттілік берілген (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Басшылық етті [қылды]. *Басқарды, жетекшілік етті.* Өйткені ол дикан кәсібімен айналыса жүріп, егіншілік бригадасына *б а с ш ы л ы қ е т е* жүріп, мына Мат өзені бойының құнарлылығын, Қанды қарағай мен Қара оба адыры төңірегінің шұрайлылығын, Кеңес қырманы тұсындағы егінжайдың жомарттығын алғаш рет көрді (М.Хасенов, Тың тарландары). *Б а с ш ы л ы қ қ ы л ы п* ұқтырса, тура жолға сілтесе, қазақ тартыншақ емес, елгезек халық қой (М.Дулатов, Шығ.).

Басшылық стилі. э к о н. *Қойылған мақсатқа жету барысында басшылардың бағыныштылармен арадағы қатынасында қалыптасқан мінез-құлқы (автократтық, демократиялық стиль)* (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Басшылық циклограммасы. п е д. *Мұғалімдердің міндеттерін және мектеп басшыларының міндеттері мен құқықтарын белгілеу. Б а с ш ы л ы қ ц и к л о г р а м м а с ы* – басқару істерін ұжым мүшелеріне тапсыру арқылы басқаруды нығайту (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Б а с ш ы л ы қ ц и к л о г р а м м а с ы* мектептегі міндеттерді басшылар, мұғалімдер, оқушы ұйымдары мен белсенді оқушылар және мектептегі жұмысшылар арасында бөлуді белгілейді (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

БАСШЫСЫЗ с ы н. *Басшысы жоқ, басқарусыз.* Еламан мен Кәленнің көзін құртса да, бұл ауыл *б а с ш ы с ы з* қалмапты (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Онда елдің *б а с ш ы с ы з* болғаны ма? Жоқ, ең болмаса, ана адвокат Көкеннің пікірін білу керек [дейді мұғалім] (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Аққусыз көл – жетім, *б а с ш ы с ы з* ел – жетім (Мақал-мәтел).

БАСЫБАЙЛЫ с ы н. **1.** *Жеке басының еркіндігі жоқ, біреуге тәуелді. Б а с ы б а й л ы* сатып алған құл, не болмаса құнсыз кетер қан майданда кездескен ұл емес қой Махмұд Сұлтан (І.Есенберлин, Алмас.). Сондықтан да олар сендерді *б а с ы б а й л ы* құлдыққа салмақ (Ә.Әбішев, Шығ.). Шешей қазір шаруа *б а с ы б а й л ы*, Әжем отыр тастап ап насыбайды. Қайран қалам, Апырау неткен берік?! Жалғыз ұлы өлсе де жасымайды (М.Мақатаев, Шығ.). Мен ешкімге *б а с ы б а й л ы* жан емеспін. Өз билігім өзімде (С.Бегалин, Замана.). **2.** *Өзіне ғана тән, меншікті.* Кешегі Исатайдың арқасында ие едім ен дәулетке *б а с ы б а й л ы* (XYIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). Босағадан аттадым дегенше, асылың – жез, жезің – күл болып кете береді екен. *Б а с ы б а й л ы* мал да сенен құндырақ – ең болмаса, күтімі бар (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Ел ұмытпас көтерсек Абылайды, Ол ханы ғой қазақтың *б а с ы б а й л ы*. Бағы жанып, төрлетсе жаңа қазақ, Дана қазақ ұмытпас Ағыбайды (К.Салықов, Жезкиік).

БАСЫБАЙЛЫЛЫҚ з а т. *Бас еркі болмаушылық, кіріптарлық, біреуге тәуелді болушылық. Б а с ы б а й л ы л ы қ т ы* аластаудың басты шарты – адам құқықтарын дәйекті қорғау, оның іс жүзінде орындалуы (ҚҰЭ). Ғылыми әдебиетте *б а с ы б а й л ы л ы қ т ы ң* қауымдық, экономикадан тыс, заттық-тауарлық және тоталитарлық түрлері аталады (ҚҰЭ). Жұпыны қара шекпенді адамдар сонау жиекке қамыс қос тігіп, балық аулай бастады. Мүмкін *б а с ы б а й л ы л ы қ т а н* қашқан шаруалар болуы... (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз.).

БАСЫБАЛДЫ з а т. *Ерте пісетін, дөңгелек келген, қабығы жұқа, сары ала, тәтті қауын.* Пәйкелін жайып, түйнегі торлай бастаған *б а с ы б а л д ы*, әміре, торлама қауындардың мына

кең дүниеге нәр шашқандай бір ғажайып исі аңқиды (Е.Тұрысов, Қыран.).

БАСЫБҰТІН үс т. *Қайтарып бермейтіндей етіп, біржола.* Өй тәйірі, *б а с ы б ұ т і н* беріп тұрған жоқ, ұста мынаны, – деп бүркітті жігіт қолына қондырды да: – бермеймін, бермейтінім Қаракерден айрылғамыз жоқ, – деді Бекбол Жәнібекке (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Самат: «Жұмыс істеп, ақша жинап, ақысын берем» дегендей емеурін танытып еді, жолдасы қатты ренжіді. Бұл – *б а с ы б ұ т і н* сыйладым дегені (Б.Тоғысбаев, Асыл.).

БАСЫ-КӨЗІ з а т. *Бет-аузы. Б а с ы-к ө з і* қан боп, Арқа-басы шаң боп, Және тұрып жылпылдап, Жығылып тұрып, Буыны құрып, Тағы қуып салпылдап. Абүйір қайда, ар қайда, Өз басыңа не пайда? (Абай, Тол. жин.). *Б а с ы-к ө з і* қанға боялып, киімдері дал-дұл болған Кәріпжанды дедектетіп алып келді (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). Ал *б а с ы-к ө з і м д і* шандуға кеткен бинттің мөлшері бір әйелдің жаулығына кеткен матадан кем болмас (Ә.Нұршайықов, Махабб. жыр.). *Б а с ы-к ө з і* ісініп, кірпігі былшықтанып, терезенің алдында қарнын сипап тұрғаны (А.Нұрманов, Аққу.).

Басы-көзі [бар] демей. *Айырып жатпай, еш нәрсеге қарамай, бас салып.* Қара құрттай қаптаған қалың топтың ортасына жарып кіріп, *б а с ы-к ө з і ң б а р д е м е й,* оңды-солды сілтеп, төпей берді (Б.Тілегенов, Көктем.). Кеудесіне екі теуіп, *б а с ы-к ө з і д е м е й* төпештеп жатқан да Қатаға еріп келген жігіт (Ж.Тұрманбаев, Семсер).

Басы-көзіне қарамады. *Айырып жатпады, есептеп жатпады, парқына бармады.* Ол олжа малдың *б а с ы-к ө з і н е қ а р а м а й,* бүйдасынан тізіп әкеп, Құдайменді мен Тәңірбергеннің желісіне байлай салатын (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

БАСЫҚ с ы н. *Жабығыңқы, басыңқы.* Бірақ сендер аспайсыңдар сабадан, *Б а с ы қ* көңіл бұрылып тек жағадан. Қайта-қайта ұмтылумен өтер күн, Ыза-шуға кеуде толып жаңадан (Т. Нұрмұхамедов, Күн.).

БАСЫ-ҚАСЫНДА үс т. *Жанында, маңында, қасында, айналасында.* Қарақастекте «Амангелді» картинасы түсіріліп жатқанда Бейімбет соның *б а с ы-қ а с ы н д а* болатын (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Бойымнан әлқуатым кеткенше, балаларым мен немерелерім бағып жүрген малдың *б а с ы-қ а с ы н д а* жүремін деп уәде етемін (Б.Тоқтаров, Қыран.). Сол күні бәрің *б а с ы-қ а с ы н д а* болғансыңдар (С.Бегалин, Уақыт.). Төл теңгенің дүниеге келуінде *б а с ы-қ а с ы н д а* болған Хайролла ағаның көрген қызықтары да, айтар әңгімесі де көп («Түркістан»).

БАСЫЛ[1]= е т. **1.** *Бір нәрсенің ауыр салмақтан, жауын-шашыннан тағы басқаның әсерінен тығыздалуы;* Қазір байқаса бәрі де жерге шөгіп кеткендей. *Б а с ы л ғ а н.* Тоғай орны тап-тақыр (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). **2.** *Тапталу, білектеп нығыздалу.* Бос *б а с ы л ғ а н* немесе бірсыпыра уақыт кесек киіз күйінде пайдалануда болып, созылған киізді, ыстық су құйып, жаңадан тағы білектейді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **3.** *Баспадан шығу, жарық көру.* 1917 жылға дейін «Алпамыс батыр» бірнеше рет қайта *б а с ы л ғ а н* («Қаз. әдеб.»). Осы хатым жазылған, Жүрегімнің бейнесі, Әріптері *б а с ы л ғ а н* Жан сырының пернесі (З.Қалауова, Таңд. шығ.). Айтыс алғаш рет 1900 жылы жарияланып, содан бері сан рет жеке де, жинақтар мен хрестоматияларда да *б а с ы л ы п* келеді (К.Сейдеханов, Қаһарман.).

БАСЫЛ[2]= е т. **1.** *Тыныштау, жайбарақат күйге түсу, тыну.* Ол монастырь – сопылар тұрар жері, Кешкі қоңырау соғылған көптен бері. Сопылар, қызметкерлер *б а с ы л ғ а н* жоқ, Тас көшесін сыпырып жүргендері (Абай, Тол. жин.). Кешкі ауаны біраз толқытып барып ән мен күй де *б а с ы л д ы* (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). – Атты – атты! – дегенде, сужүрек боп қалған жұрт ішін тартқан дауылдай кенет *б а с ы л а* қалды да, сонша болмады, қайтадан дәуірлей бажылдай, күңіреніп кетті (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қарама-қарсы жүрген екі топ өзара жақындай бере, шылбыр бойы шамада тоқтағанда ың-жың да сап *б а с ы л а д ы* (М.Мағауин, Аласапыран). **2.** *Екпіні қайтып бәсеңдеу.* Желпінген көңіл *б а с ы л ы п,* Желіккен жүйрік тынады-ай (Жамбыл, Шығ.). Сол кезде сақауланып жел де тынды, Лепіріп жым *б а с ы л д ы* тасқын жынды (Т.Жароков, Шығ.). Атаңды сағындым деп асығарсың, сабаққа көңіл бөлсең *б а с ы л а р с ы ң* Атаанаң өнер білсең асырарсың, Надан боп білмей қалсаң ah ұрарсың (Абай, Шығ. жин.). **3.** *Тыйылу, тоқталу.* – Күн өткен бе, әйтеуір, кешеден бері қаны тыйылмайды. Өткен түнде аздап *б а с ы л ы п* еді, ертемен қайта ақты, – деді қасындағы шофер (З.Шашкин, Өмір.). Жауын да саябырлай бастады, біз көйлекті шешіп, сығып, тобарсытып алғанша, жауын да *б а с ы л д ы* (З.Шашкин, Теміртау). Баланың ыңылы баяулап келеді. *Б а с ы л д ы.* Бала ұйықтады (М.Жұмабаев, Шығ.). Соғыс *б а с ы л ғ а л ы* қаншама жыл өтті, әкемізден еш жақсы хабар болмады (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Қысы-жазы гүілдеп соғып тұратын азынаған ашулы желі де *б а с ы л а д ы,* әсіресе хан ауылына қолайлы (І.Есенберлин, Алмас.). **4.** *Таусылу, түгесілу, бітү.* Минутым сол көз

жасын жасырмаған, Азаттықтың берді атын ғасыр маған. Тіккенде де Берлинде Жеңіс туын, Қуанышы сол күннің *б а с ы л м а ғ а н* (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

Басылмайтын символ. и н ф. <ағыл. nonprintable character> *Құжатты принтер арқылы басып шығарғанда қағазға түспейтін басқару символдары. Б а с ы л м а й т ы н с и м в о л д а р ғ а* қатардың соңы, азатжол басы және т.б. белгілер жатады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Ғашық оты басылмады. *Ғашықтығы, сезімі өлмеді, өшпеді.* Қайғымен көкірегім ашылмайды, Ғашық *о т ы* өлгенімше *б а с ы л м а й д ы.* Ойлаңыз шама қылып, зейініңіз бар, Сүйместе ешбір адам ғасылмайды (XX ғ. қаз. ақын.).

Долығы басылды. *Ашуы қайтты.* Жамандық, жақсылыққа қарар салқын, *Д о л ы ғ ы* тез *б а с ы л ы п* қайтар қарқын. Ұлыққа қошеметшіл құл сықылды, Қатерге аяқ баспас көрмей артын (Абай, Тол. жин.).

Ел [кісі, жұрт] аяғы басылды. *Жүріс-тұрыс саябырлады, тоқтады; кеш болды.* Шай ішіп, *е л а я ғ ы б а с ы л ғ а н* кезде, Сәмет ағай сөз арасында менен шыжымдап сыр тартты [дейді Айшуақов] (С.Омаров, Қайырлы.). Кешке қарай, *к і с і а я ғ ы б а с ы л ғ а с ы н* Ебейсін өздері түскен үйдің ірге жағын түргізіп қойды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Еңсесі басылды. *Үнжырғасы түсті, еңсесі түсті.* Мен соны ойлап, соғыс күшін асырып, Тұрма десем үй *е ң с е с і б а с ы л ы п,* Тұр екен ғой өмір бойы сөнбейтін, Өз сәулесін жат көзінен жасырып (Х.Ерғалиев, Таңд. шығ.).

Киіз басылды. *Киіз басу ісі аяқталды.* Бірнеше рет тоғытылып, кірінен, шайырынан тазартылып қырқылған қойдың күзем жүнінен *к и і з б а с ы л д ы* (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Көзіне оттай [бірден] басылды. *Көзіне бірден көрінді.* Қақпадағы тағы бір ерекше ірі жазу *к ө з і ң е о т т а й б а с ы л а д ы* (Ғ.Сланов, Шығ.). – Ой, бұл екеуінің қылжақбастығы таусылмайды, өте бер, – деді кемпір Нұрбекке төргі бөлмені нұсқап. Нұрбек төргі бөлмеге өткеннен кейін Жолымбет есікті қайтадан жауып қойды. Бөлмедегі қонақ күткендей жинақылық *к ө з г е б і р д е н б а с ы л д ы.* Төселген көрпе мен шынтақтауға тасталған жастықтары бар төрге орналасуға батылы жетпегендей ол диванға жайғасты (С.Еркебаев, Ауыл.).

Көңілі басылды. *Жаны жай тапты, тыныштады.* Толықсыған *к ө ң і л і м б а с ы л м а й д ы,* қарағым, Тоғыз биден кек алмай (Үш ғасыр.). Әлгі бір кезде толқындай тулаған *к ө ң і л і* саябыр тауып, *б а с ы л ғ а н,* үнсіз, Дәукең де үнсіз (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Көңілі су сепкендей басылды. *Өрекпіген көңілі бірден тұсті, сабасына келді.* Шоғырлы табын қырдан созылып кеп ауылға құлағанда *к ө ң і л і* тағы да *с у с е п к е н д е й б а с ы л д ы* (С.Санбаев, Аруана). Шалқып-тасқан *к ө ң і л і м* дем арасында *с у с е п к е н д е й б а с ы л а қ а л д ы* («Қаз. әдеб.»).

Қызығы басылмады. *Базары тарқамады, қуанышы ұзаққа созылды.* Халқым тыңдап, мен сөйлеп, *б а с ы л м а ғ а н қ ы з ы ғ ы м.* Қызыл тілді сайратып, Халқым көрген қызығын (Үш ғасыр.).

Мауқы басылды. а) *Сағынышын басты, құмары қанды, құмары тарқады.* Темірбекті Ботакөз маңдайдан, беттен шопылдатып сүйді де, *м а у қ ы б а с ы л ғ а н д а й* түрегелді (С.Мұқанов, Ботагөз). Жаңыл... бұл дүниедегі Қоспанға ең жақын адам. *М а у қ ы б а с ы л м а й* артта қалған жары (Т.Ахтанов, Дала сыры). ә) *Көңілдері орнына түсті.* Болыстардың қолындағы тізбелерді алған соң, жігіттердің *м а у қ ы б а с ы л ы п* тарқасты («Қаз. әдеб.»).

Мөр басылған. *Заңдастырылған, мөр қойылған.* «Мені пленумға шақырған, міне, қағазым», – деп қолындағы *м ө р б а с ы л ғ а н* шақыру қағазын көрсетіпті («Егемен Қазақстан»). Қолында *м ө р б а с ы л ғ а н* бір жапырақ жазулы қағазы бар (Б.Соқпақбаев, Менің атым.).

Солығы басылды. *Жылағанын тоқтатып, өксігенін қойды.* Содан, арада біраз уақыт өтеді. Менің *с о л ы ғ ы м б а с ы л а д ы.* Шешемнің ашуы тарқайды: «Келе қойшы» деп, ол мені қасына шақырады (Б.Соқпақбаев, Менің атым.).

Су сепкендей басылды. *Бірден, тез тынды.* Дауысы жуан шықты. Керіс *с у с е п к е н д е й б а с ы л д ы* (Қ.Исабаев, Жұмбақ үй).

Тасқа басылды. *Баспадан шықты.* Бір жігіт маған, *т а с қ а б а с ы л ғ а н* екі-үш қағазды әкеп берді (С.Көбеев, Орынд. арман). Болыс ағам бізге *т а с қ а б а с ы л ғ а н* кітап әкеліп берді, – деді [Шәуәли] (М.Ақынжанов, Ыбырай.).

Тастай басылды. *Тасқа қашалғандай анық, дәл болды.* Ауызша сөзде ешбір мүдірмейтінін, бірден, ойланбай-ақ айтып тастаған сөзі *т а с т а й б а с ы л ы п,* алдын-ала дайындалғандай ешбір қатеміз, қайталаусыз болатынын талай көрген едім, жедел жазу шеберлігіне осы жолы көзім жетті («Егемен Қазақстан»).

Ыстығы басылды. с ө й л. *Ыстығы қайтты, қалыпты температураға түсті.* Бүгін көңіл-күйіңіз қалай? *Ы с т ы ғ ы ң ы з б а с ы л д ы* ма, – деді дәрігер оған («Қазақст. мект.»).

БАСЫЛМА з а т. и н ф. **1.** *Компьютерде ақпарат өңдеудің нәтижелері басылған қағаз.* Әдетте *б а с ы л м а ғ а* бағдарлама мәтіндері басылады (Қаз. тілі термин. Информатика.). **2.** *Бағдарламаны аударудың нәтижелері жайындағы ақпарат. Б а с ы л м а д а* бастапқы және объектілік код түріндегі программа, диагностикалық хабарлар және т.б. басылады (Қаз. тілі термин. Информатика).

БАСЫЛУ[1] *Басыл етістігінің қимыл атауы; баспадан шығу.* Бірақ сонда-дағы бұл кітаптың *б а с ы л у ы* өзінің жақсылығымен осы күнге дейін Туркияда басылған бұрынғы кітаптардан айырылып тұр. Қатасын түзетуге артықша назар салғандық, жете қарап бастырғандық, қолдан келгенше түп (оригинал) кітаптың суретін сақтауға ыждаһат қылғандық кітаптан көрініп-ақ тұр (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Ұлттық күресіміздің бұл дәуіріндегі оқиғаларды баяндайтын менің бір материалым *б а с ы л у ғ а* дайындалып жатыр (М.Шоқай, Таңд.).

БАСЫЛУ[2] *Басыл етістігінің қимыл атауы; екпіні қайтып, бәсеңдеу.* Мінезі қызық. Елірсе *б а с ы л у ы*, басылса еліруі қиын (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Самолет моторларының гүілі *б а с ы л у ы* орнына, барған сайын үдей гулейді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Сорғалаған нөсер ішін тартып *б а с ы л у ғ а* айналды (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

БАСЫЛЫМ з а т. п о л и г р. **1.** *Баспа орнынан басылып шыққан кітап, журнал және басқа да шығармалар.* Қазақ *б а с ы л ы м д а р ы н ы ң* бірқатарында белгілі этнограф-ғалым, сықақшы Сейіт Кенжеахметұлының көп сериялы мақалалары жарияланды («Жас Алаш»). Айбосынның сондай шұқшималығын бірер мәрте байқаған Кемелбек те бұларға тиісті *б а с ы л ы м д а р д ы ң* түгел жетуіне ыждаһат салады (К.Ахметбеков, Алқакөл). Біз осы *б а с ы л ы м д а* әр жылдары қызмет атқарған журналистердің пікірін ұйымдастырып отырамыз («Қаз. әдеб.»). **2.** *Бір терілімнен өткен кітаптың өңделіп, толықтырылып қайта шығуы.* Бұл *б а с ы л ы м н а н* астық, қалақай, алқа, бақажапырақ тұқымдастары және 40-тан астам (тамырдәрі, лапыз, сенсегүл, уқорғасын, ушырмауық, уқурай, убалдырған, сасыр, ошаған т.б.) халыққа көбірек белгілі өсімдіктер алынып тасталды (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

Мерзімді басылым. *Белгіленген уақытына сәйкес күн, апта, ай, жыл сайын тұрақты түрде шығып тұратын газет-журналдар.* Шетел валюталарының баға белгіленулері туралы ресми мәліметтер арнайы бюллетендерде, баспасөзде және *м е р з і м д і б а с ы л ы м д а р д а* жарияланады (Нарық. экон. орыс.-қаз. түсінд. сөздігі).

Ұлттық басылым. *Әр ұлттың ана тілінде басылып шығатын кітап, газет-журналдар.* Ол кезде біздің *ұ л т т ы қ б а с ы л ы м д а р* шығару құқығымыз жоқ болатын (М.Шоқай, Таңд.).

БАСЫЛЫҢҚЫ с ы н. **1.** *Бәсең, солғын, төмен.* Будандық бірінші ұрпақта рецессивті белгілер жойылып кетпейді, тек *б а с ы л ы ң қ ы* күйде болады (Жалпы биология). **2.** *Екпіні қайтқан, саябыр.* Қара жігіт бұл сапарында басқаша келді. Бағанағыдай емес, *б а с ы л ы ң қ ы*, бауырмал көрінді (Қ.Қазиев, Иманжапырақ). Менің байқағаным – аты тәуірлер балалар арасына алғаш барғанда өзін еркін санайды да, аты ескі дәстүрмен қойылғандар *б а с ы л ы ң қ ы* жүреді (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

БАСЫЛЫҢҚЫРА= е т. **1.** *Қайтыңқырау, азаю.* Дала үйлдеген жел. Керімсалдың кешке қарай аздап ыстығы *б а с ы л ы ң қ ы р а п т ы* (Р.Райымқұлов, Жасыл белес). **2.** *Сіңіңкіреу, тараңқырау.* Ішкен-жегендері *б а с ы л ы ң қ ы р а ғ а н* соң, тысқа шыққан Сәт сүйретпе жасау қамына кірісті (Ә.Көшімов, Қысталаң.). – Бойым қазір жадырайын деді, құсқым келіп еді, *б а с ы л ы ң қ ы р а д ы*, – деді Сақып күйеуіне (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). **3.** *Бәсеңдеңкіреу, азайыңқырау.* Арыстандай алысқан палуандардың әлгідей емес, арыны *б а с ы л ы ң қ ы р а п*, шаршағаны сезілді (М.Тәнекеев, Қажымұқан).

БАСЫЛЫС= е т. *Саябырсу, тоқтасу, сабасына түсісу.* Неге әуре етесің? Қосылыспай, *б а с ы л ы с п а й*, байыңа. Және жаттан, Бай тап, Өмір бойы қор етесің (Абай, Тол. жин.). Бірақ бұлар тілеу қосып тұрғанмен әлі де Дәрмен Мәкен арасы ашылыспай және *б а с ы л ы с п а й* жүрген бүркеулі бір оттай (М.Әуезов, Шығ.).

БАСЫМ с ы н. **1.** *Екінші бір заттан артық, мол, көп.* Халық қамын жеп өткен Асан Қайғының өмірінің *б а с ы м* бөлігі қазақтар мен қырғыздардың жарқын болашағы үшін жер-ұйық жер іздеумен өтті делінеді (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Шыжыған ыстықтан ызыңдаған бүгелектің қинауы *б а с ы м* (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). **2.** *Үстем, күшті, мығым.* Менің табиғатым нені қалайды? Ындыным нені сүйеді? Ішімдегі дауысым мені қайда шақырады? Менің мендігімді сыртқа шығаратын ең *б а с ы м*, күшті ыңғайым, талабым қайсы? Сол дауыстың айтқанына жүруім керек (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жау күші бізден әлденеше есе *б а с ы м*. Бірақ бой тасалап, қарап отыруға болмайды (Қ.Ертаев, Түгіскен.).

Қоспан Қасболаттың сөзін тыңдаған сайын қирап қалған еш нәрсе жоқ, нағыз жұттан гөрі жұтап қалдық деген қауесет *б а с ы м* сияқты (Т.Ахтанов, Дала сыры). Сол түні батальондар өзеннен өтіп үлгергенше, өзінен әлдеқайда *б а с ы м* күшпен кескілесе шайқасып, алтыншы ротаның үштен бірі саптан шықты (Ж.Тілеков, От кешу).

Басым бағыт. *Негізгі күш, қаражат құйылатын, басты назардағы бағдар, арна.* Іргелі зерттеу саласында *б а с ы м б а ғ ы т т а р ғ а* ерекше мән берілсін – биотехнологияның, гендік және клеткалық инженерияның тиімді әдістері әзірленіп, игерілсін (Жаңа қолданыстар). Ұлттық қауіпсіздік мәселесі мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясатының *б а с ы м б а ғ ы т т а р ы н ы ң* біріне айналды («Егемен Қазақстан»).

Басым көпшілік. *Көбі, негізгі бөлігі, көп бөлігі.* Калинин облысындағы 500 көлдің *б а с ы м к ө п ш і л і г і* осы төңіректе болып жүрмегей (Ә.Сәрсенбаев, Батыр.). Шиитердің кейбір радикалды топтары болмаса, *б а с ы м к ө п ш і л і г і* дәл қазір американ әкімшілігін қолдап отыр («Жас Алаш»). Совет Армиясының адам күші мен техникасының *б а с ы м к ө п ш і л і г і* Сталинград түбіне шоғырландырылды (Қ.Көпішев, Қаһарман.).

Басым бағдарлама. и н ф. <ағыл. foreground program> *Жоғары басымдылық телінген негізгі жад бөлімінде орындалатын бағдарлама.*

Басым түрлер. б и о л. <лат. aedificator – құрылысшы> *Биоценоздардың негізін құрайтын өсімдіктер. Б а с ы м т ұ р л е р* өсімдіктер бірлестігінің басты қабатын, құрылысын, өнімділігін, қоршаған ортаның негізгі ерекшеліктерін құрайды (Қаз. тілі термин. Биология).

БАСЫМДА= е т. *Устем болу, күшею.* [Бақтығұл] Бұл өзі жылқының бір үйірін ауылға айдап келсе, ауыл шаң-шұң айғай, Сәлменнің боқтығы *б а с ы м д а п* түр екен (М.Әуезов, Қараш.). Әй! Әй, қайдасың? Бері кел! – деп, барған сайын *б а с ы м д а п* сөйлеп, әлгі көтере алмай тұрған ұяттың ауыр салмағы да жеңілдеп-ақ сала берді (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). Қалың айғай *б а с ы м д а п* шығады (М Әуезов, Абай жолы).

БАСЫМДАУ с ы н. *Салмақтылау, үстемдеу, күштілеу.* ...Бір айқаста түрікпен жігіттің күші *б а с ы м д а у* түсіп, Қалауды ұрып жыға жаздапты (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Бұндай ретте Күміс күйеуінің бетіне күдігі *б а с ы м д а у* сүйіспендікпен жымияды (Д. Әбілев, Ақын.). Әйел заты ма, әлде Өржанның далбаса күйі жүрегін ауыртты ма, аналық мейірі тізгін алған секілді. Мұндайда бір сәтке ақ-қараның ара салмағын таразылаудан гөрі бәйек көңіл *б а с ы м д а у* жататыны бар (Т.Иманбеков, Үлкен үй).

БАСЫМДЫҚ з а т. <лат. dominans> **1.** *Басым болушылық, үстемдік, артықшылық.* Қазақстанмен қарым-қатынас бұл Ресей үшін сөзсіз *б а с ы м д ы қ* болып табылады («Егемен Қазақстан»). Өйткені бұл қауымдастыққа мақсаттары мен *б а с ы м д ы қ т а р ы* әлдеқайда ортақ, салыстырмалы түрде алғанда экономикалық даму модельдері ұқсас елдер бірігіп отыр («Егемен Қазақстан»). Бұл қоғам өмірінің барлық салаларында болып жатқан түбегейлі өзгерістер, оларды жаңа *б а с ы м д ы қ* принциптер мен ережелер тұрғысынан құқықтық реттеу құқығын талап еткен кезең болған еді («Егемен Қазақстан»). Бір тұста поэзиямыз *б а с ы м д ы қ* етсе, енді көш бастаушы проза жанры, қазақ топырағында қысқа повестер мен романдар кеңінен өркен жайды («Қаз. әдеб.»). **2.** *Артықтық, көптік, күштілік.* Қан майданда екі жақ жағаласқанда саптағы қолдың әскерлік өнері, құралының *б а с ы м д ы ғ ы* және оған қолбасшының тапқырлық әдісі тең келсе, жау қамалын бөксеріп жүре берері хақ (Х.Есенжанов, Тар кезең). **3.** с п о р т. *Күші айқын артық болу, даусыз, жарыссыз жеңісін мойындау.* Еркін күресте ереже бойынша егер бір балуан қарсыласынан 10 ұпай артық кетсе, төреші айқын *б а с ы м д ы қ* ретінде бәсекені тоқтатады («Егемен Қазақстан»). Жерлесіміз айқын *б а с ы м д ы қ* танытып, 11:1 есебімен жеңіске жетті («Егемен Қазақстан»). **4.** ф и з и о л. *Адамның және жануарлардың орталық жүйке жүйесіндегі белгілі бір аймағының күшті қозу нәтижесінде басқаларына уақытша басымдық танытып, үстемдік көрсетуі.* Жүйке жүйесінің *б а с ы м д ы қ* қасиетіне күшті қозған аймақтың басқа аймақтардан қозу толқынын өзіне тартатын және басқа рефлекторлық актілерді уақытша тежеп тастайтын қабілеті жатады (ҚҰЭ). **5.** м у з. *Мажор мен минордағы тональды дыбыстардың тониканы күшейту қызметі. Б а с ы м д ы қ* аккордтарының негізін ладтың 5-сатысындағы үш дыбыстылық құрайды. (ҚҰЭ).

БАСЫМДЫЛЫҚ з а т. т е р м. <нем. Priorität> **1.** *Бір заттың немесе құбылыстың басқаларына қарағанда үстемдігі, ерекше мәнділігі.* Бұл бас қосу бүкіл адамзат игілігі үшін күресте бірлік, ынтымақ, достық мүддесінің *б а с ы м д ы л ы ғ ы н* айқын көрсетті («Қаз. әдеб.»). **2.** *Басым болушылық, күштілік.* Одан кейін алматылықтар мұз алаңында *б а с ы м д ы л ы қ* көрсете бастады («Лен. жас»). **3.** б и о л. *Бір мезгіл кезеңінде жүйке орталықтары қызметі-*

нің интегралдық сипатын қамтамасыз ететін және адам мен жануарлардың мінез-құлықтарын мақсатқа сәйкестендіретін уақытша ұстем рефлекторлық жүйе. Б а с ы м д ы л ы қ жүйке жүйесінің қызметінің жалпы негізі; ол басқа жүйке импульстерімен нығаяды және жүріп жатқан басқа рефлекстерді тежейді (Қаз. тілі термин. Биология). **4.** *Өктемдік.* Олар түк көрмегендей сылаңдайтынын білесің бе? – деді ат шоқтықтаған айғырдай айқын *б а с ы м д ы л ы қ п е н* (Ғ.Оралбаев, Рауан).

Басымдылық режімі. и н ф. <ағыл. privileged mode> *Артықшылық берілген командаларды орындауға рұқсат етілген орталық процессордың жұмыс режімі.*

БАСЫМЫРАҚ с ы н. *Күштірек, артығырақ, молырақ.* Қай халықтың тілі неғұрлым бай болса, өзге тілдермен араласуы да соғұрлым *б а с ы м ы р а қ* келеді (С.Мұқанов, Халық мұрасы). Бекболат келіп кеткеннен былай, Ақбілек анасының қайғысын аз-аздап ұмыта бастады. Өйткені өз тілегі, өз өмірі, өз бағы қызықтырақ, *б а с ы м ы р а қ* бола бастап еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Кітап пен шындықтың ызбарынан өз ызбары *б а с ы м ы р а қ* (Ғ.Мұстафин, Жұлдыз).

БАСЫН= е т. *Өзінен біреуді төмен санап, өктемдік жасап, ұстемдік көрсету, басакөктеу.* Жалынсаң, жау *б а с ы н а р*, басынар да басыңа шығар (Мақал-мәтел). Хан сыртынан жұдырық деп, сырттай билеп, *б а с ы н д ы ң*, жетеді енді (С.Жүнісов, Өшп. іздер). Ол рас, кем тазалық кейбір үйдің, *Б а с ы н ы п* тамағына жаудай тидің (Ш.Смаханұлы, Тотияйын). Мен сені қызғанамын Бәз біреулер өктемсіп *б а с ы н ғ а н д а* (Ф.Оңғарсынова, Мазасыз.).

БАСЫНҒЫШ с ы н. *Басқа шыққыш, өктемшіл.* ...Жеңіп келе жатқан жау *б а с ы н ғ ы ш* болады екен (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

БАСЫНДА ү с т. *Әуелгіде, әдепкіде, о баста, бастапқыда. Б а с ы н д а* әке айтпаса ақыл жарлық, Ағайын табылмаса ой саларлық. Қалжыңбассып өткізген қайран дәурен, Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық (Абай, Тол. жин.). *Б а с ы н д а* қойдың құмалағындай аппақ жылтыр мұздар аспаннан секіріп түсе бастады да, кешікпей жер-дүние жүгері қуырғандай бытырлап кетті (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). От шығып ойын сөзден, о *б а с ы н д а*, Жарық болды бір-біреуді абайламақ. Сөз бастап сөгіп едің бұрында да Ойламай: Болар-ау деп, – көңіл қалмақ (Айтыс).

БАСЫНДЫҚ: өз басындық. *Жеке басқа тән.* Балаларды тәрбиелеудің осы алғашқы звеносында-ақ, біз олардың жеке *ө з б а с ы н д ы қ* адамдық қасиетінің жан-жақты үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге тиіспіз («Қазақст. мұғ.»). Ол қоғамға кедергі болатын мінез емес, от басындық, *ө з б а с ы н д ы қ* мінез (Ф.Оразаев, Басты.).

БАСЫНДЫР= е т. *Біреудің әлімжеттік жасап, өктемдік көрсетуіне жол беру, бас көтермей көндігу.* Не жыным бар, – Кішіні тасындырып, Алам ылғи өзімді *б а с ы н д ы р ы п*, Абайсызда жығылып қала берем, Біреулерден, амал не, басым тұрып (Р.Ниязбеков, Өркен). Ақбөпе кімнен кем? Көзім тірі тұрғанда бұлай *б а с ы н д ы р м а й м ы н* (С.Жүнісов, Жапанда.). Жоқ, мен бұған төзе алмаймын, Бай-мырзаны шексіз *б а с ы н д ы р ы п* қоя алмаймын (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

БАСЫНДЫРУ *Басындыр етістігінің қимыл атауы.* «Жоқ, қанша төзімді болғанмен, бұлай *б а с ы н д ы р у ғ а* болмайды, – деп түйген Майсары әңгімені өзі бастады (А.Хангелдин, Өткен күн.) – Жас келінді *б а с ы н д ы р у* жаман ырым, – деді шал (С.Бақбергенов, Таңд. шығ.).

БАСЫНТ= е т. *Біреудің жөн-жосықсыз ұрынып, тиіскеніне көну, қоқан-лоққысына жол беру; шарасыздық таныту.* – Келді ғой, үстімізге киргізіп отырамыз ба *б а с ы н т ы п*, – дейді болыс Қыдышқа (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ер Оғыланның бел баласы Жөнейт батыр жауын осынша неғып *б а с ы н т ы п* жүр (Ә.Кекілбаев, Дала.). Өзінше тартқан зиянын, Байекең іштей санайды. «Құдай-ау, қайда сыямын, *Б а с ы н т ы п* қойсаң малайды (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

БАСЫНТУ *Басынт етістігінің қимыл атауы.* Оларды жөнсіз *б а с ы н т у ы ң* қалай (Ауызекі).

БАСЫНУ *Басын етістігінің қимыл атауы.* Бәрінен ауыры «ағалап» асты-үстіне түсіп, оң жақта ойнап-күлген көз танысы Жәдігерді әлпештеп, отауында қыз ойнақ жасауы мүлде *б а с ы н у* тәрізді (С.Талжанов, Ұлдай.). Біздің ауылдың мұндай *б а с ы н у ы н а* ыза болған Сауымбайлар мал бағып жүрген Қисықты қапыда соққыға жыққызып өлтіріпті (С.Көбеев, Орынд. арман.). Шабан шұбар *б а с ы н у ғ а* айналды. Әбекеңнің «шүу-шүулеуі» жиіледі (Ғ.Мұстафин, Дауыл.)

БАСЫНУШЫ з а т. *Біреуге өктемдік жасаушы, ұстемдік етуші.* Ол өзінің сол өзінің батыл ер жүректігі мен аштық-жалаңаштыққа бой бермей, жетім-жесірге немқұрайды қараушыларға көнбей, *б а с ы н у ш ы н ы* да жеңетін еді (Ж.Арыстанов, Таң жұлдызы).

БАСЫНУШЫЛЫҚ з а т. *Басқа шығушылық, өктемшілдік. Б а с ы н у ш ы л ы ғ ы н* қоймаса, өкінеді (Ауызекі).

БАСЫҢҚЫ с ы н. **1.** *Салмақты, байыпты.* Хафиз *б а с ы ң қ ы,* мінәйі мінезді адам (Б.Кенжебаев, Асау жүрек). **2.** *Бәсең, төмен.* Ардақтың жүзі жайнап сала берді. Ойлы, қам көңіл қыз нағашыларының қолынан кеткелі тым *б а с ы ң қ ы* еді (Ғ.Мұстафин, Шығ.). Бірақ соңғы кезде осылардың қарқыны бәсеңси бастады білем. Атаманның да аптығы *б а с ы ң қ ы* болды (А.Сатаев, Ақын.). Сұлтанмахмұт күннен күнге жүдеп, көңілі *б а с ы ң қ ы* тартып барады (Д.Әбілев, Ақын.). – Сіз Қазақстанның қай жеріненсіз, Ақтөбеденсіз бе? – деді Әлия нағыз ауыл қыздарының нәзік те *б а с ы ң қ ы* үнімен (Ж.Жұмаханов, Әлия). **3.** *Шошақ емес, жалпақтау.* Қыранның құйрығы өте ұзын емес. Басы қаршыға басынан үлкендеу, төбесі *б а с ы ң қ ы,* жалпақ келеді (Ш.Айманов, Қыран.). **4.** *Басым, негізгі.* Негізгі құрылысшылардың *б а с ы ң қ ы* көпшілігі әлекедей жаланған жас жігіттер (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Бірінші сигнал жүйесінің қызметі есте қалдыруда *б а с ы ң қ ы* роль атқаратын болса, онда естің образдық түрі болғаны (Қ.Жарықбаев, Психология). **5.** л и н г в. ***Басыңқы сөйлем.*** Үйірлі мүше *б а с ы ң қ ы д а ғ ы* бір мүшеге анықтауыш болып келсе, ол анықтауыш үйірлі мүше деп аталады (Қазіргі қаз. тілі). Мезгіл бағыныңқы сөйлем *б а с ы ң қ ы д а ғ ы* оқиғаның, я етістіктен болған мүшенің, әсіресе етістіктен болған баяндауыштың мезгілін білдіреді де, дағдылы мезгіл пысықтауыштың сұрауына жауап болып тұрады (Қазіргі қаз. тілі).

Басыңқы сөйлем л и н г в. *Құрамындағы бағыныңқы сөйлемді өзіне бағындырып тұратын сабақтас құрмалас сөйлемнің тиянақты компоненті. Б а с ы ң қ ы с ө й л е м* бағыныңқы сөйлемді жетекке алып, өзіне бағындырып, сабақтас құрмалас сөйлемді тиянақтап тұрады (Б.Қалиев, Тіл білімі сөздігі). *Б а с ы ң қ ы с ө й л е м* қай уақытта да мағына жағынан, тұлға жағынан да тиянақты болады (Қаз. грамм.).

БАСЫҢҚЫЛАУ *Біршама басыңқы, басылыңқы.* ≈ Аптығы *б а с ы ң қ ы л а у.*

БАСЫҢҚЫЛЫҚ з а т. *Артықшылық, басымдық.* Атап айтқанда, қазіргі білім алып жатқан оқушыларды 12 жылдық мектепте жұмыс істеуге бейімдеуге, оқу процесін технологиялық үрдіске көшіруге, көп тілді және көп мәдениетті педагогикалық тұлғаны қалыптастыруға *б а с ы ң қ ы л ы қ* беріліп отыр («Егемен Қазақстан»).

БАСЫҢҚЫРА= е т. **1.** *Бәсеңдетіңкіреу, төмендетіңкіреу.* Сырттан дәлдүрлей кірген Асанәліні «тыс-с...апам» деп *б а с ы ң қ ы р а п,* келіншек ас үйге алып кірді (Ш.Құмарова, Қос шынар). – Ей, жарқыным, қытығымызға тие бергенше, *б а с ы ң қ ы р а с а ң ш ы* мұныңды, – деді (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). Мен жетілік шамды *б а с ы ң қ ы р а п* қойып, қаракөлеңке тартқан үй ішінде шешіндім де, шалқамнан жата кеттім (Ж.Саин, Жол үсті.). **2.** *Молайтыңқырау, күшейтіңкіреу, көбейтіңкіреу.* Байқан салықты *б а с ы ң қ ы р а п* салып жібере ме, деп қылпылдап жүр еді (Б.Майлин, Шығ.). Қария қынжыла сөйлеп, жүрегіне байланған қысадан арылғысы келді ме, жоқ әлде Нұрланды ес көріп, әдейі есіне салғаны ма, әйтеуір ащы сөзге *б а с ы ң қ ы р а й* берді (З.Шашкин, Сенім). – Сүтін *б а с ы ң қ ы р а п* құйсаңыз тағы бір шыны аяқ ішер едім, – деп, Сандыбай шыны аяғын еркін ұсынды (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). **3.** *Баса түсу, аяқпен жанша түсу.* Шофер педальды *б а с ы ң қ ы р а п,* ілгері ентеледі (С.Ақтаев, Қапшағай). **4.** а у ы с. *Мол етіп асау, қылғыту.* Десе де, оптығып отырған кісі қомағайланып, үлпершектен *б а с ы ң қ ы р а п* жіберіп, қараған қуған түйеше қолы қыдырыңқырап қара кесегін іздеп кетті (Ж.Аймауытов, Шығ.). – Түһ, көбірек ішіп қойыппын. Ақаңнан жалыққан басым коньякқа іліккен соң кішкене *б а с ы ң қ ы р а п* жіберсем керек («Қаз. әдеб.»). **5.** *Баскиімді түсіріңкіреп кию.* Тер қатып қалмау үшін, төрт сайлы найман тымағын *б а с ы ң қ ы р а й* киіп отырды ол (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

БАСЫҢҚЫРАҚ с ы н. *Басымырақ, күштірек.* Әрине, пленумда сөйлеген сөздің маңызы да, салмағы да *б а с ы ң қ ы р а қ* (З.Шашкин, Сенім).

БАСЫҢҚЫРАУ *Басыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

БАСЫПАЛДЫ с ы н. с ө й л. ***Басыбалды.*** Алыстан қарағанға тау бетегелері теңкиіп-теңкиіп пісіп жатқан сары ала бағлан, *б а с ы п а л д ы* қауындарға ұқсайды (Ш.Мұртаза, Қара маржан).

БАСЫП-БАСЫП ү с т. *Үсті-үстіне, қайта-қайта, бірнеше рет, үстемелеп.* Дауа бар ма мергенге, Көк күймені көзге алып, Қорамсаққа қол салып, *Б а с ы п-б а с ы п* жіберді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Бір-біріне қару кезенген, кеше ғана бір ауылда ойнаған достар едік деместен қорғасын оқпен *б а с ы п-б а с ы п* салған өздері (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.). Мәшине де газды ышқынта *б а с ы п-б а с ы п* алды да, ілгері кетті (М.Сатыбалдиев, Мөлдір аспан).

БАСЫП-ЖАНШУ *Басып-жаншы етістігінің қимыл атауы.* Хан қазақ еңбекшілерінің бас көтеруін қарумен *б а с ы п-ж а н ш у* үшін патша әкімшілігінен көмек сұрады (Қазақст. тарихы).

БАСЫП-ЖАНШЫ= е т. **1.** *Мыжу, таптау, жаншу.* Бекіністен қашық, қар үстінде

ашық алаңда жатқан әскерді танктер *б а с ы п-ж а н ш ы п жоқ* етпей ме, қармен, жермен араластырып талқандап жібермей ме? (С.Бақбергенов, Қарға там.). Айнашқа тістеніп келе жатқан Шынтас алдындағы үйді *б а с ы п-ж а н ш ы п* өте шыққысы келгендей, керегеге тұмсық тіреп барып, кілт тоқтады (С.Адамбеков, Атылған қыз.). **2.** *Тықсыру, итермелеу, кимелеу*. Әйелдер қораға қасқыр түскен қойдай болып, бірін-бірі *б а с ы п-ж а н ш ы п*, іргеге қарай тығыла берді, тықсырыла берді (З.Ақышев, Ақбел.). Өй, оңшең қырсыздар, тоқтаңдар, түге! Арбаға жаңа жегілген құнандай құлдыраңдасып немене астықты *б а с ы п-ж а н ш ы п* жөнелдіңдер! (К.Сегізбаев, Жыл. күндері). **3.** а у ы с. *Уайым-қайғының еңсені түсіруі*. Ол өз ошағының асында жайбарақат тыныққандай сезді, иығынан *б а с ы п-ж а н ш ы п* келген ауыр зіл ана жыранның жиегінде, сыртта қалғандай болды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Ар-намысын ит кемірген сүйектей қорлады. Аю боп талап, айдаһар боп орап, албасты боп *б а с ы п-ж а н ы ш т ы*, тұншықтырды (Д.Әбілев, Арман.). **4.** а у ы с. *Қырып-жою, бетін қайтару*. Бірақ болыс, ауылнайлар да орынсыз *б а с ы п-ж а н ш ы п* кетем демей, халықты шиелендірмей ақша алып, біреуді құтқарам, біреуді жіберем демей, дұрыстықпен қызметін атқару керек (М.Дулатов, Шығ.).

БАСЫП-ЖАНШЫЛ= е т. *Аяусыз жазалауға ұшырау, жаппай соққының астында қалу, қуғын-сүргін көріп, езіліп-жаншылу*. Үкімет пен КОКП тарапынан аяусыз *б а с ы п-ж а н ш ы л ғ а н*, айдалып, қуғындалған жастардың сол бір бейбіт шеруінің жаңғырығы бүгінге дейін жұрт санасында («Егемен Қазақстан»).

БАСЫП-ЖАНЫШТА= е т. *Қырып-жойып, быт-шыт ету, басып тастау*. Алаңға шыққан қарусыз жастарды арнайы шақырылған әскер аяусыз *б а с ы п-ж а н ы ш т а ғ а н ы* шындық («Ана тілі»).

БАСЫР з а т. **1.** м е д. <грек. trachoma> *Көздің дәнекер қабығының созылмалы, жұқпалы ауруы; көзге ақ түсіп, көрмей қалуы. Б а с ы р д ы* трахома хламидийлері (вирусы) қоздырады (ҚҰЭ). *Б а с ы р* кейде көздің қасаң қабығының жараланауына және қарауытуына жеткізіп, көздің көруін төмендетеді, тіпті науқас адам соқыр болып қалуы да мүмкін (ҚҰЭ). Көзімді бір жел қарып, содан ақ түсіп, басыр боп жарық-сәуле көрсетпей, көзім түйілді де отырды (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Еш нәрседен хабарсыз, бейхабар*. Қалада үйден ұзап шыға алмай, әбден *б а с ы р* боп қалған ғой. Ойнағаны жақсы (М.Сүндетов, Балық аула.). Булығар, жылар ол бейбақ, Көре алмай жарық сәулені. *Б а с ы р* боп өтті сондай-ақ, Айшаның жастық дәурені (Ж.Молдағалиев, Жесір.). Қаншама заман өтті, ғасыр өтті, Халықты қараңғылық *б а с ы р* етті. Сендерді оқып көзін ашсын деп ем, Шекпес боп надандықтай қасіретті (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

Басыр, басыр, басыр-ай [басырды]. ф о л ь к. *Жырда ұйқас үшін алынатын тіркес, дәстүрлі бастау. Б а с ы р, б а с ы р, б а с ы р-а й*, Аққа құлпы жасыл-ай, Басыңды көтер, ей Жібек, Төлеген келді қасыңа-ай (Қыз Жібек). «*Б а с ы р, б а с ы р, б а с ы р д ы*, аққа құлпы жасылды» дейтін сөз кестесі көп қыздың ішінде Жібектің «аққа құлпы» болып өзгеше артық туған жан екенін айту үшін тұр (М.Әуезов, Шығ.). *Б а с ы р, б а с ы р, б а с ы р д ы*, аққа құлпы жасылды Сексен жігіт ал сонда Төлегенді жасырды (Қ.Жүсіпбек, Шығ.).

БАСЫРДАЙ с ы н. *Басыр болғандай, басыр сияқты*. Ауырғандай қараймын бейне *б а с ы р д а й*, Жанары жаңа нұр көрген. Сүлдер де көне ғасырдай, қойнына небір сыр көмген (Ж.Молдағалиев, Қызыл. қайың).

БАСЫРҚУ *Басырқы етістігінің қимыл атауы*. Үш жылдан бергі *б а с ы р қ у* әбден қажытты (Ауызекі).

БАСЫРҚЫ= е т. *Еңсені басу, шаршату, мезі ету*. Ауруханаңың төрт қабырғасы, табыт төсегі, сасық дәрісі *б а с ы р қ ы п* тастаған екен, күні жарқыраған, әуесі саңқыраған, көгерген көк аспанды көргенде, бойы да кеңіп, жадырап, реңі шырайланып, ажарланып, ойы да көтеріліп, шарықтап елге қарай бет қойды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БАСЫРЛЫҚ з а т. **1.** *Суқараңғылық, соқырлық, загиптық*. Көп жылдан бергі *б а с ы р л ы ғ ы* аз болғандай (Ауызекі). **2.** а у ы с. *Көкірегі соқырлық, надандық*. Бір күндік оймен тышқан да өмір сүре алады. Ал адам баласынан ондай *б а с ы р л ы қ т ы ң* беті аулақ (К.Ахметбеков, Ақдала).

БАСЫРТҚЫ з а т. с ө й л. ***Басытқы***.

БАСЫС= е т. **1.** *Екі немесе бірнеше адамның бір мезгілде бірдей жұру; қолдарын көлегейлеуі, жабысу т.б*. Қазан басы сайын екі-үш әйел. Ауық-ауық беттерін шымшысып, ауыздарын *б а с ы с а д ы* (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). **2.** с ө й л. *Киіз үйдің ағаштарын жасасу*. Бала үйші әкесіне көмектесіп, мор салысып, кереге, уық *б а с ы с ы п* қана жүретін (М.Мағауин, Ақша қар).

Аяқ басысы. *Жүріп-тұру, жүріс. А я қ б а с ы с ы* тым-ақ сылбыр тәрізді еді, мұнша деміккені тіпті ерсі көрінді Олжабекке (Ғ.Мұстафин, Шығанақ). Ұзыннан-ұзақ созылған колонна-

ның адымдай *а я қ б а с ы с ы н а н* көше солқылдап, үйлер теңселіп тұрғандай (Б.Момышұлы, Шығ.).

Бауыр басысты. *Жақын туыстай болып кетті, қатты үйренісіп, жақын болып кетті.* Осы уақыт ішінде Елемес қартпен қаншалық *б а у ы р б а с ы с ы п*, достасып кеткенімді кетерде білдім (Қ.Жұмаділов, Қаздар.).

Киіз басысты. *Киіз басуға көмектесті.* Әр үйге күзем алынып болған соң *к и і з б а с ы с қ а н д а р ғ а* берілетін ас-суы «күздік шай» деп аталады (Д.Шоқпарұлы, Ата салт.).

БАСЫСУ *Басыс етістігінің қимыл атауы.*

БАСЫТҚЫ з а т. **1.** *Бір нәрсенің уытын, күшін қайтаратын зат.* Қазақтың халықтық әдісінде бояуға ашудас, мүсәтір, тұз қосып, оған *б а с ы т қ ы* деп аздап май салады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). *Б а с ы т қ ы м а* бал ішіп, Сусынама шай ішіп, Піспекті саба сары қымыз Жанымды сомен сыйладым (Махамбет, Өлеңд.). **2.** *Қымыздан кейін берілетін еттен жасалған тағамдар.* Ақ орда, сары шара, қара саба, Ақ бәйбіше сапырмай ма қымыз саған. Жоқ па әлде *б а с ы т қ ы ғ а* бағлан еті, Қымызға қызғаннан соң соңыра таман (С.Торайғыров, Шығ.). Мен бұл екі балаға бір қуырдақ әзірлеп жіберейін, қымыз *б а с ы т қ ы ғ а*! – деді Жәкей (Д.Әбілев, Ақын.). Қымызды қанып ішіп, *б а с ы т қ ы ғ а* жас ет жеп әбден тойған қонақтар енді гу-гу әңгімеге кірісті (Ж.Мусин, Қаз. тілі. антоним. сөздігі). **3.** *Үлкен астың алдында желінетін салқын жеңіл тағам.* Шай үстінде Гүлай Көпжасарға жылы шырай көрсетіп, шарапқа қайта-қайта *б а с ы т қ ы* ұсынып, тәттіні де тыққыштап отырды (Жаңа қолданыстар).

БАСЫТҚЫЛА= е т. *Уытын, күшін қайтару.* Арақ ішу арқылы адам боп, есеюдің жаңа бір бел-белесіне көтерілетін тәріздіміз. Жұрттан көргеніміз бойынша, *б а с ы т қ ы л а п* нан жеп жатырмыз (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.).

БАСЫТҚЫЛАУ *Басылтқыла етістігінің қимыл атауы.*

БАТ[1] з а т. *Тайландтың ақша бірлігі, баттикаль.* Бір *б а т* жүз сатангіге тең (ҚҰЭ).

БАТ[2] з а т. ж е р г. *Судың қағы, кірі, самаурынның ішіндегі қатып қалған кірі.* Самовардың ішінде *б а т ы* көп екен (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БАТ[3]**=** е т. **1.** *Судың түбіне шөгіп көрінбей кету, сіңу.* Толқын гүрілдеп жарға ұрған сайын Үрмәш: «Апа, біз де жеңешемдей суға *б а т ы п* кетеміз бе?» – деп сұрайды (О.Сәрсенбаев, Сағым). Ербол суға бойын үйретіп сәл кідірді де, жайлап алға жылжыды: өзен табаны шұқанақ-шұқанақ, кейде өкшесі жерге тимей *б а т ы п* та кетеді (Ө.Ахметов, Алтын арқау). Осылай үздіксіз бірнеше рет айналып, ауру балық су түбіне *б а т ы п* кетеді (Т.Телеуғалиев, Балық ауру.). **2.** *Батпаққа, қарға аяқтың, не мәшине дөңгелегінің тереңдей кіріп малтығуы.* Басқан сайын – тобашағымызға дейін *б а т ы п*, кібіртіктей қадам басамыз (Б.Момышұлы, Ол күндер.). Ауылдан шыға бере Әлмырзаның машинасы сондай шұқанақтардың біріне *б а т ы п*, тұрып қалған (Б.Шаханов, Қаратау.). **3.** *Бір нәрсенің денеге кіріп, қатты ауыртуы.* Қыл арқанның шормағынан қапсыра салған тіс, тырнақ ауырта *б а т қ а н ы* болмаса, етке дарымапты (С.Бегалин, Сәтжан). Шап айылдың *б а т қ а н ы н* иесі емес, ат білер (Мақалмәтел). Әкең ем аяйтұғын жаның ашып, Шешсеңші, білегіме арқан *б а т т ы* (Біржан сал). Ел қияға тартқанда, Атқа терлік *б а т қ а н д а*, Төбесінен басамын, Төрт түлігін шашамын! (Манас). **4.** *Бойға тарау, сіңу.* Көңілді отырған адамға тамақ жақсы *б а т а д ы* (Ауызекі). **5.** а у ы с. *Құру, жойылу.* Жуып-шайып жастың селі, Туған елді бір тазартса, Фашистердің өлімтігі, Тастай *б а т ы п*, сеңдей ақса (Қ.Аманжолов, Шығ.). Уайым түбі – тұңғиық, *Б а т а с ың* да кетесің, Тәуекел түбі – желқайық, Мінесің де өтесің (Мақал-мәтел). **6.** *Ай, күн сияқты аспан денелерінің көкжиектен көрінбей кетуі.* Молдекем шарт жүгініп қаһар етіп, Босатар күн *б а т қ а н д а* әрең шаққа (М.Дулатов, Шығ.). Күннің көзі шапақтанып, қызарып, ұясына *б а т ы п* барады (Е.Бекенов, Дала.). *Б а т п а ғ а н* ай батыстан қарап тұрды, шыққан күн шығыстан қарап тұрды (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Түн еді, тау көсіліп қалған жатып, Қондырып бұлтты үстіне шумақтатып. Астында қалың бұлттың ай да адасып, Жұтылып жұлдыздар да кеткен *б а т ы п* (И.Базақов, Құралай.). Күн *б а т а р д а* аспанның батыс бөлігінің бұлттан тазаруы – ауа райының жақсару нышаны (Ж.Кейкин, Қазақы атау.). Сенсіз атты таң, сенсіз *б а т т ы* күн, Мәңгі ұмыттың мені, шаттығым (Т.Молдағалиев, Шығ.). **7.** а у ы с. *Қарық болу, кенелу, жарылқану.* Салынды неше түрлі үй де жақсы, Көңілім күмбірлеген күйге *б а т т ы*, Халықтың алға ұмтылған арманындай, Ал, кәні Есіл – Нұра, билеп ақшы (М.Әшірбеков, Белестер). – Өй, айналайын сол. Бата алған – *б а т а р*, Бата алмаған – қатар (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). **8.** а у ы с. *Жанды қинап, ауыр тию.* Қасымға өзге өліктің бәрінен, әжесінің өлігі *б а т ы п* еді (М.Әуезов, Қараш.). Қасқырға түсті осындай ақыр заман, Өлімнен де табасы *б а т т ы* жаман. Аңдаусызда шоқиып түлкі отырса, Құйрығы салбырапты орға таман (Ш.Құдай-

бердиев, Шығ.). Жаңа ғана барған жайлаудың қызығы артта қалғаны жігіттерге қатты *б а т ы п* келеді (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Өз үйінің азабы аз болғандай, көңілі жарым, жаны шуақ іздегенде, Гүлбаршынның кірбің қабақпен қарсы алғаны қатты *б а т т ы* (Б.Тілегенов, Уақыт). **9.** а у ы с. *Көп жұмыстың, қарбаластың ортасына түсу.* ≈ Жұмысқа басымызбен *б а т т ы қ*. **10.** а у ы с. *Бір нәрседен қаймығу, имену.* Сәлем де Жиенқұлға келсін жатпай, Келуге шошынады неден *б а т п а й*. Әркімнің қолда бары өзіне алтын, Біржанға бір тырнағын тұрмын сатпай (Біржан-Сара айтысы).

Азуы батты. *Зорлық-зомбылық істеді.* Германияның *а з у ы б а т ы п*, ашуланған жалмауыз, ақ патшасы, азғантай елді үйтіп жіберсе не болды (С.Талжанов, Сейфулла.).

Айы батқан [жеткен] айында, күні біткен [жеткен] күнінде. *Ажалы жеткенде. А й ы б а т қ а н а й ы н д а, К ү н і б і т к е н к ү н і н д е*, Дем таусылса жүру жоқ (Қыз Жібек).

Айы-күні батты. *Жарығы сөнді, қызығы бітті.* Ханы өліп, қайғырып жатқан, Айғаным, Қара жамылып, *а й ы-к ү н і б а т қ а н*, Айғаным (Шешендік сөздер).

Ақшам батты. *Кеш болды, ымырт түсті.* Арқаға *а қ ш а м б а т а* қоймаған. Бұғып отырған екі серігімнің қамыс арасынан бойлары байқалмайды (Ә.Көшімов, Лашын.).

Арқаға аяздай батты. *Жанды қатты қинады, жанына батты.* Назым арамыздағы өте аяулы жолдасымыз ғой, оның қазіргі халі *а р қ а м ы з ғ а а я з д а й б а т а д ы* (М.Иманжанов, Менің махабб.). Нашар маман деген сөзді неліктен естиміз? Жоғары оқу орындарында оқып жүрген біздердің *а р қ а м ы з ғ а* бұл *а я з д а й б а т а д ы* («Лен. жас»).

Ас [бойына] батпады. а) *Тамаққа зауқы болмады, тәбеті тартпады, тамақ сіңіре алмады.* Қаламұш үйге кіргесін бойы жылып, денесі жазылса да *а с б а т п а д ы* (Т. Ахтанов, Дала сыры). Оған бүгін кекірік атып, *а с б а т п а й* қойды, дәмге ернін ғана тигізді (С.Мұқанов, Шығ.). ә) *Көңілі қатты алаңдап, ешнәрсеге зауқы соқпады.* Белін шешіп жатпады, түнде кірпік қақпады, Ерлік қысқан кеудеге. Ішкен *а с ы б а т п а д ы* (Үш ғасыр.). б) *Көңілі көншімеді, тағат таппады.* Әсіресе, біреуді қолға алып, қағытып, мысқыл ажуа қып отырмаса, Тәкежанның *б о й ы н а а с б а т п а й т ы н* (М.Әуезов, Абай жолы). Е, үйтпесе араласып та керек емес. Қасымханның қатынының мінезі мәлім ғой... Бодыратып жүріп бірдемені артық қағыстырып алмаса, оның *б о й ы н а а с* та *б а т п а й д ы*, – деді (М.Әуезов, Шығ.).

Байлыққа батты [бөкті]. *Мол дүниеге кенелді.* Айтпасақ та шет елдік француздың сатқанын Ағылшынның сұм Гергерт *Б а й л ы қ қ а* да *б а т қ а н ы н* (Қ.Мұқышев).

Балшыққа батқыр! қ а р ғ. *Қарақ өшсін, бордай тоз деген мағынада.* Бала ма ол! Ол *б а л ш ы қ қ а б а т қ ы р* жеті басты пәле ғой (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Бата алмады. *Батылы бармады, жүрегі дауаламады.* Жазықты сияқтанып жанның бәрі, жанына жақындауға *б а т а а л м а д ы* (І.Жансүгіров, Шығ.).

Батар күнмен батты. *Дүниеден көшті, өлді.* Құдіреті күшті, құдай-ай, *Б а т а р к ү н м е н б а т а й ы н*, Өзінен бұрын атайын (Қыз Жібек). Егер де мені шынымен Боранбай баласына сатса, міне бір тәңірге аян болсын, мына батқан күнмен бірге *б а т а й ы н* (С.Сейфуллин, Әңгім.).

Белшесінен батты. а) *Олжа, байлыққа кенелді, қарық болды.* Етегі Қаратаудың толқын егін, *Б а т т ы* оған *б е л ш е с і н е н* еңбекші елім (Т.Әлімқұлов, Шығ.). ә) *Бір нәрсенің шырмауынан шыға алмай, малтықты.* Сөйтіп тапа-тал түсте жолдан адасып, саз балшыққа *б е л ш е с і н е н б а т қ а н* ауыр күнәсін жуатын болады (С.Омаров, Қайырлы.). Ескілікке *б е л ш е с і н е н б а т ы п* жатқан елдің жаңалыққа бет бұруы оңай емес («Лен. жас»).

Борышқа батты. *Қарызы көбейді, борыштанды.* Бала-шаға ашықты. Үй иесі *б о р ы ш қ а б а т т ы* (Ғ. Сланов, Очерк.).

Жамбасына мұз батқандай. *Өте қолайсыз, жайсыз, тым ыңғайсыз жағдайда қалғандай. Ж а м б а с ы н а м ұ з қ а т қ а н д а й*, астынан су шыққандай дейтін тынымсыз күндер мен түндер үздіксіз қарбалас қам-харекет үстінде өтті (М.Әуезов, Шығ.).

Жанға батты. *Ауыр тиді, жанын қинады, қатты күйзелтті.* Қазір Әбілқайырды бір жағынан бітеу жарадай іште бұғып жатқан сол бір құпия қинаса, екінші жағынан ру басылардың кейінгі кезде бір-біріне ерсілі-қарсылы шұбырысып жасырын мәслихаттасқаны *ж а н ы н а б а т ы п* жүр (Ә.Кекілбаев, Үркер). Осылай Ақан зарлап жылап жатты, Қайтсін ол жыламасқа, *ж а н ғ а б а т т ы*. Күйінді ол күңіреніп Құлагерге, Айрылды ол аттан жақсы, достан тәтті (І.Жансүгіров, Құлагер). *Ж а н ы м а б а т қ а н д ы қ т а н* ашынамын, Мен неге жаяумын деп басыламын?! Малым жоқ Шорман айдап алатұғын, Қорлығын Шормановтың паш қыламын (Жаяу Мұса, Шығ.).

Жүрекке [жүрегіне] ас батпады. *Сабырсызданды, көңілі орнына түспеді, көңілі күпті болды.* Жұрт күңіреніп, жерімен, суымен қоштаса бастады. Қолдан келер іс жоқ. Сал-

қын қанмен елдің толқынына қарап отыруға шыдай алмай, *жүрекке ас батпады* (С.Сейфуллин, Шығ.). Жүзіңнен серпіп орамал, Қараңғы түнді айдын қыл. *Жүрегіме ас батпай*, Ғашықтық дерті қылды зіл. Өзімді айтып білдірдім, Не қылсаң енді өзің біл (И.Байзақов, Шығ.). *Жүрегіме ас батпай,* Не қыларым біле алмай, Қазы менен қартаңа, Келеді көңілім қарамай (Алпамыс).

Жырғалға батты. ж е р г. *Қызыққа батты, молшылыққа кенелді, рақаттанды, жетісіп қалды.* Балаларының бәрі жұмыс істеп, сен *жырғалға баттың* ғой (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Ит тұмсығы [мұрны] батпайтын. *Қалың, сірескен ну.* Бақтығұл, биік таулардың арасында *ит тұмсығы батпайтын* қалың жыныс қарағайды аралап келіп, қызыл тастың тұмсығына ілінді (М.Әуезов, Шығ.). *Ит тұмсығы батпайтын* қалың ағаштың арасына кеп кірді бұлар (М.Гумеров, Хазірет.). Қанқор Шыңғыс шапқыншылары *ит мұрны батпайтын* үлпілдеп өсіп тұрған жасыл жібек бақшасын да өртеп, күл-талқан, жерменжексен еткен (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

Күнәға батты. а) д і н и. *Тыйым салынған іске барды. Алла алдында жазықты болды.* Түһ, менің де *батпаған күнәм* жоқ екен ғой! Маржан атты адам қайда жүрсе де, тек қана әсем болуға тиіс екенін мен неғып түсінбегенмін (К.Баялиев, Дегелек.). ә) *Үлкен қылмыс істеп, күнәлі болды.* Көкеңді сағынбасам, сен мұншалықты болмасаң, мен, бәлкім, бұл *күнәға батпас* та едім (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Кінәлі адамды ақтаймын деп өздерің *күнәға батпаңдар,* – деді ол. Алауыздық жасағандар жазаланады (Ә.Сәрсенбаев, Шығ.).

Күн [кеш] батты. *Күн цясына қонып, қараңғы түсті, ымырт үйірілді, көз байланды. Күн бата* ширыға түскен қатты желден шімірігіп, беті діріл қағады (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). *Кеш бата* кеңестің бар жағын шешкен ағайындар тарай берді. Абай да Әбішті ертіп, өз ауылдарына қайтты (М.Әуезов, Абай жолы).

Күні батты. *Мезгілі өтті, дәурені өтті.* Әділдік *кұні* бүгін *батса* да, ертең қайта шығады (Мақал-мәтел). *Батар күннің* атар таңы бар (Мақал-мәтел).

Қабырғасына батты. *Жанына батты, қабырғасын қайыстырды.* Генералдың реніші бәріміздің де *қабырғамызға батты* (Б.Момышұлы, Шығ.). Тұрағұлға ақылшы ағаның алғашқы айтқан ауыр сөзі *қабырғасына* қатты *батып*, есінен шықпастай болған (С.Бақбергенов, Шығ.). Өз әкелерінен де жастай келіп, тұрмыс азабы шеміршек, балаң *қабырғаларына* ерте *батқан* еді (Ш.Құмарова, Қос шынар).

Қайғысы батты. *Уайым, зары қабырғаны қайыстырды.* Тас түскен жеріне ауыр деген бар ғой, Демеймін менің *қайғым* саған *батар.* Деді де теріс қарап қалды жатып, Жанына жоламады жеңге батып (С.Торайғыров, Шығ.).

Қанға батты. *Қанға бөкті, боялды, мерт болды.* Біреуі – көк, біреуі – жер тағысы Адам үшін *батысып*, қызыл *қанға.* Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл, Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға (Абай, Тол. жин.). Құдай қара бастырғанын қасына келгенде бір-ақ біледі, Құлан дегені *қанға батып* жатқан өз ағасы екен (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті).

Қараң батсын [батқыр]. қ а р ғ ы с. *Жоғал, көзіме көрінбе, құры деген мағынада.* – Қойшы қайда? Уа, *қараң батсын*, қойшы! – деген жуан дауыс шаңқ етіп, адамның жүрегін зу еткізе түсірді (Б.Майлин, Шығ.).

Қарасы батты. *Жоқ болды, жоғалды.* «Әй, қыз! Тұра тұр!» деп жетіп барған Тұрсын, сол кеткеннен *қарасы батты* (Б.Аманшин, Жар мұңы). Ізіне түскен ешкім жоқ па? – Жоғалса *қарасы батсын* (А.Байтанаев, Қайнар.).

Қарызға батты. *Көп қарыз алды, борышты болды, несиені көп алды.* Таймастың елден алған ақшасы көбейіп *қарызға батты* (Ауызекі).

Қолы батты. *Қолы тиді, ұрды.* Ағасының *қолы батып* қалған жеті-сегіз жасар сары бала қозғала қоймап еді, Қалау оны жұлқып қап, жалп еткізді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

Қолы қанға батты. *Кісі өлтіріп, қанын мойнына жүктеді.* Желтоқсан оқиғасы кезінде *қолы қанға батқан* партия қайраткерлерінің көпшілігі әлі күнге билік басында, лауазымды орындарда отырғаны жасырын емес («Жас Алаш»).

Құйрығына қыл батпады. *Жай таба алмады, тыпырши берді.* Оспанның да *құйрығына қыл батпай,* Нұрым ыңыранған сайын бетіне қарай түсіп... анау үйден мынау үйге кезекпе-кезек жүгіре берді (С.Торайғыров, Шығ.).

Қызығына батты. *Тамашалап ләззат алды, рақатына бөленді.* Тайыншаға пәтер алып жатқаным-ай, Өнердің *қызығына батқаным*-ай, Қазақта ата малын мендей сатпас, Тұяғын елу сомнан сатқаным-ай (Балуан Шолақ Баймырзаұлы). – Бәлем, қаланың алыбын бір шайқастырып *қызығына батайын*! (К.Ахметбеков, Ақдала). Қырғыздардың басшысы Қызыр шалған ер Манас. Таң-тамаша *қызыққа батып* қалған кезі екен (Манас).

Мұңға батты. *Уайымға түсті, уайымдады.* Ақ орда ажал еткен атын қырға, Хан отыр қаһа-

рына қатып мұнда. Қарасын ханзаданың желден іздеп, Ел жатыр белуардан *б а т ы п м ұ ң ғ а* (Қ.Бекхожин, Ардагер.). Білдірмей жылдар өтіпті, Бұл күнде шашқа ақ кірген, Серуен тарқап кетіпті, Сені ойлап *м ұ ң ғ а б а т т ы м* мен, Күнәсіз көздің жанары (З.Шүкіров, Сағыныш).

Ойға батты. *Қалың ойға шомды, ойланды.* Қайролда басын шайқай түсіп ауыр есінеді. Азкем *о й ғ а б а т қ а н д а й* болды (Б.Майлин, Шығ.). Отырды *о й ғ а б а т ы п* Найман шалы (Ж.Саин, Күләнда).

Олжаға [шаш етектен] батты. *Байлыққа кенелді, қарық болды.* Қалмақты қызыл ала қан қылып, *ш а ш е т е к т е н о л ж а ғ а б а т ы п* қайтыпты (М.Дулатов, Шығ.). Дәптеріме қарасам, бірсыпыра ойлар жазылып қалыпты. Егер соларды баспа бетіне сөзбен жеткізе алсам, бұл сапарда *о л ж а ғ а ш а ш е т е к т е н б а т қ а н ы м* (Ғ.Мұстафин, Шығ.). Магрицкий қоғамдық мал азығын оңды-солды шашқан. Жеке меншігінде көп мал ұстап, оны мемлекет есебінен бақтырып, оңай *о л ж а ғ а ш а ш е т е к т е н б а т ы п* отырған («Соц.Қаз.»).

Рақатқа батты. *Жан тыныштығына, жан қызығына бөленді, қызық дәурен кешті; рақаттанды.* Жаздың жайлы тымық кештерінде, манаураған далада бейғам ауылдың үсті *р а қ а т қ а б а т ы п* тыныштала қалды (Х.Есенжанов). Үлкен кесіртке ешкінің артқы аяғын құйрығымен тұсап еміп жатыр, тіпті *р а қ а т қ а б а т қ а н ы* сонша, жіпсиген көздерін шарт жұмып алыпты («Лен. жас»).

Салмағы батты. *Ауырлық қылды, зияны тиді.* Жер мен көкке өзге түр киргізген, Бар дүниеге *б а т ы п с а л м а ғ ы.* Жанды-жансыз затқа бас игізген, Жауыз күздің жалғыз зардабы (Б.Күлеев, Шығ.).

Сорға батты. *Сорлады, қайғырды, сары уайымға түсті, қиындыққа ұшырады.* Я ісінде береке, я ортада беделі жоқ шолтаңдаған баланы бастық жасайды да *с о р ғ а б а т а д ы* (Д.Досжанов, Дария).

Сөзі батты. *Сөзі жанға тиді, қатты әсер етті.* Айтқан сөзі қатты деп, Қалмақтың *с ө з і б а т т ы* деп, Әуелгі келген жалғызғап, Найзаны батыр үйіріп (Батырлар жыры).

Суға да батты, отқа да жанды. *Көрмегені жоқ; барлық қиыншылықты басынан өткізді. С у ғ а д а б а т т ы, о т қ а д а ж а н д ы,* бірақ тірі қалды, құрып кетпеді (І.Есенберлин, Шығ.).

Тастай батып, судай сіңді. а) *Бойына жұқты, пайдаланып кетті.* ә) *Жаңа ортаға (елге, отбасына) бейімделіп, сіңісті, үйреніст.* Ертең мен мынау қараңғы елдің ортасына *т а с т а й б а т ы п, с у д а й с і ң і п* кетермін (Ә.Әбішев, Шығ.).

Терге батты. *Әлі құрыды, терледі, қансорпасы шықты.* Сайрайын деп қарады шиқыл қағып, *Т е р г е б а т ы п,* көзінің сорасы ағып. Келтіре алмай, сілесі әбден қатты, Суыр үні ұқсасын құсқа неғып! (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Тұмсығы батпады. *Кіре алмады.* Магазин іші кең, у-шу көпшілік, (Әлжандардың) *т ұ м с ы ғ ы б а т а р* емес. Біреуді біреу баса көктей, кимелей барады сатушыға (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Тұңғиыққа батты. а) *Құрдымға кетті.* Сонда Тұрсынбайдың жағаға жүзіп бара жатқан кемеден ұстамай, *т ұ ң ғ и ы қ қ а б а т ы п* бара жатқан кемеден ұстауы керек пе? (Қ.Исабаев, Шығ.). ә) *Қалың ойға шомды.*

Тырнағы батты. *Қысым көрді, жәбір шекті.* Сен жаралы жолбарыс ең, Мен киіктің лағы ем. Тірі қалдым, өлмей әрең, Қатты *б а т т ы т ы р н а ғ ы ң* (Абай, тол. жин.).

Тізесі батты. *Біреудің езгісінде болды, зорлық-зомбылығын көрді.* Ат арқасына ер батса, аяңшыл болады, Ерге жаттың *т і з е с і б а т с а,* ағайыншыл болады (Мақал-мәтел).

Тісі батпады. *Шамасы келмеді, күші жетпеді.* Начальникке *т і с і б а т п а ғ а н* соң, Тоқабайға төкті зәрін: – Сен ғой, әтбекет болып жүрген! Сиыр әне, ала бер! – деді Таласбайға (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Тісін батырды. *Әлімжеттік көрсетті.* Ашушаң, бет бақтырмайтын, азулы басқарма момын елге *т і с і н б а т ы р ы п,* әбден мезі етіп еді (Ауызекі).

Шығынға [белшесінен] батты. *Зиян шекті, қарызданды.* Бұл нең десе біреуге, Жоқ нәрсені шатады. Құтылам деп ісінен, Бәрін көріп кісіден, *Ш ы ғ ы н ғ а* әбден *б а т а д ы* (Абай, Тол. жин.). *Ш ы ғ ы н ғ а б е л ш е с і н е н* әбден *б а т ы п,* Сүм-сұрқия, қу, білгіш атанбаққа, Құдай құмар қылыпты қалжыратып (Абай, Тол. жин.).

Шымбайына батты. а) *Шамына тиді, ашуын туғызды. – Ш ы м б а й ы н а б а т қ а н* соң, шыңырауда жатқан сырын айтқанын көрмейсің, қолтығына дым бүріккен Бөжей, – деді Құнанбай (М.Әуезов, Абай жолы). Игіліктің *ш ы м б а й ы н а б а т а р* жері де Жұманның есіне осы арада түсе қалды (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Бұл сөз *ш ы м б а й ы н а б а т ы п,* томсырайып қалды (Д.Исабеков, Мазасыз күн.). Мүсірәлінің сөзі *ш ы м б а й ы н а б а т ы п* кеткен Дариға үйге шабына кіріп келді (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). ә) *Жанына батты, қатты қиналды.* Шолпанымнан қалған жалғыз ұрпақ сен едің. Әкеңе амал жоқ, әйтпесе *ш ы м б а й ы н а б а т ы п*-ақ тұр дегенде кемпірдің нұры тайған көзінен жас тамып кетті (Ғ.Мұстафин, Шығ.). Ақбаланың қиналғаны Еламанның *ш ы м б а й ы н а* қаттырақ *б а т ы п,* қуанышты шақтарында да, әйелінің

қабағына қарап күле алмайтын (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

БАТА [ар.] з а т. **1.** э т н. *Маңызды іс бастарда, бастаған іс нәтижелі аяқталғанда және т.б. өзіндік шартымен, рәсімімен орындалатын тілек айтудың ерекше формасы ретіндегі қазақ халқының ұлттық этикеті көрінісінің, салт-дәстүрінің бірі [бата бергенде дәм-тұздың болуы шарт; батаны, әдетте, ел-жұртқа сыйлы, ағайын арасында беделді, жолы үлкен адам береді].* Ел ішінде мазмұны терең, тәлім-тәрбиелік мәні бар, тіл көркемдігі ерекше *б а т а л а р д ы ң* небір әдемі үлгілерін кездестіруге болады (Бата-тілектер). Ас бергенге ас берсін, Өмірі ұзақ жас берсін. Кетпес дәулет, кең пейіл, Қайырымды дос берсін, – деп айтылған байырғы *б а т а* жақсы тілек, адал ниетті аңғартады (Н.Уәлиұлы, Құрастырушыдан // Бата-тілектер). Хақ тағала қабыл еткей Менің бұл *б а т а м н ы ң* бәрісін! Бір жасаған Құдайым, бермесін басқа уайым (Бата-тілектер). Менің берген бұл батам – Ұлыс күнге сақтап жүрген сүр *б а т а м* (Бата-тілектер). Екіншіден, ұлттық болмысымыздың ажырамас атрибуттары тілек, *б а т а* ниетінің формалары ретінде қарастырылады. «Ниет табиғатында ізгі тілек жатыр» деген ғалымның пікірімен келісуге болады («Түркістан»). **2.** д і н и. *Құранның бірінші сүресі – Фатиханың өзгеріске ұшыраған атымен аталатын, өзіндік рәсімі бар Аллаға құлшылық етудің бір түрі [Құран сүрелері, дұға оқылған соң екі қолдың алақанын жайып, тілек сөздерден кейін алақанымен бет сипау қимылдарын орындау түрінде рәсімделеді].* ≈ Намаздың *б а т а с ы.* ≈ Тауарық намаздың *б а т а с ы.* **3.** д і н и. *Өлген адамға бағыштап оқылатын Құран сүрелері, дұғадан кейін айтылатын тілек рәсімі.* Сондай-ақ зират басында оқылатын дұғадан соң да айтылатын *б а т а* бар. Дұға оқушы өлгенге иман, тіріге берекет тілеп, бет сипап бата жасайды (Н.Уәлиұлы, Құрастырушыдан // Бата-тілектер). Ол құбылаға бетін беріп, жүгініп отырып қалып, күбірлеп *б а т а* етті де, бетін сипап түрегелді (Ғ.Сланов, Жанартау). Бұндағы туыстардың кімі өлі, кімі тірісін біліп, өлігі *б а т а,* тіріге сәлем беруге келдім [Төлебай Айсарыға] (С.Мұқанов, Шығ.). **4.** э т н. *Некелесуші жақтар, туыстар арасындағы құдалықты растайтын, тиісті рәсіммен бекітілген бәтуаластық келісім.* Бір айдан соң *б а т а с ы* қырық жетінің малы, екі жүз теңге ақшаға келісіп, Байжан келіп құда түсті (М.Дулатов, Шығ.).

Ақ [оң] бата. *Жолың болсын, ісің сәтті болсын, алдынан жарылқасын деген адал ниетті, жақсы тілек.* Тентегің де туламай, Түрген жырға құлақты. *А қ б а т а с ы н* ұлы Абай. Саған берген сияқты (Қ.Мырзалиев, Көш). Ұлыс күннің аса абзал рәсімі – амандасу. Ол – ауылдың ең жасы үлкен қариясына барып сәлем беруден басталады. Қарттың *а қ б а т а с ы н* алып, келіннің тілеуін тілеу көжесінен дәм татқаннан кейін, көрші-қолаң ерсілі-қарсылы бір-бірінің үйіне барысып, жаңа тілек, құттықтаулар айтысып, сонан соң ауыл-ауылды аралап, аттылы-жаяулы алқа-қотан қыдырысады («Түркістан»). [_ _ _] *о ң б а т а л а р ы н* беріп қала берді (С.Жүнісов, Өшп. іздер).

Ас қайыру батасы. э т н. *Үй иесіне ілтипат көрсету, дәм-тұзды құрметтеу нышаны ретіндегі дастарқан иесіне, сол үйдің шаңырағына жақсы тілек білдіру рәсімі.* Ел арасында аса кең тараған баталардың бірі *а с қ а й ы р у б а т а с ы* (Н.Уәлиұлы, Құрастырушыдан // Бата-тілектер).

Бата алды. э т н. а) *Жасы үлкен кісінің немесе құрметті, елге сыйлы, беделді адамның алғысына бөленді, ізгі тілегін, ырзалығын алды.* Осы келгенде Ыбекеңе алғыс айтып, *б а т а с ы н а л а й ы н* деп келдім (М.Ақынжанов, Шығ.). Бәйгесіне ат салған, Алғыс алған, *Б а т а а л ғ а н.* Балуандығы асқан соң, «Нарқыз» болып аталған (Н.Байғанин, Шығ.). ә) *Бір нәрсенің басталуына, атының қойылуына және т.б. себепші болуы деген мағынада.* Әлгі құз «Жұмбақ тас» деп аталыпты, Солайша қалмақ қыздан *б а т а а л ы п т ы.* Суретті «Жұмбақ тастың» шежіресін, Үлкеннен кейінгілер жат алыпты (С.Сейфуллин, Шығ.).

Бата бергізді. *Ігі тілек айту рәсімін жасатты.* Қазақта күйеуге *б а т а б е р г і з б е й д і* (Бата-тілектер).

Бата берді [сұрады]. а) *Жолға шыққан адамның амандығын немесе бір істің сәттілігін сұрап ігі тілек білдірді.* Бөжей не мәнмен мұндай жақсы *б а т а б е р д і* (М.Әуезов, Шығ.). Қолыңа мылтық алғын соны мініп, Жетерсің айшылыққа күн-түн жүріп. Тілеулес мен мүсәпір ғаріп бек деп, Жөнелтті ер Дотанға *б а т а б е р і п* (Батырлар жыры). Есігінің алдына шығып, ағаштың саясына отырған сайын: «Көп жасаңдар, балаларым!» деп, *б а т а с ы н б е р і п* қояды қарттар (З.Ақышев, Біздің шамш.). ә) *Екі жастың бақытын, некесінің адалдығын сұрап, дұға қылды, тілек білдірді.* Кенебай көңіл тыныш жата берді. Өлең айтып, көкпарды тарта берді. Той қылып, өкіл бала, қыз Кербезге, Дос болып қолын жайып *б а т а б е р д і* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Неткен азап, қорлық жеңіп арыған Қызыңды енді бөгеме, әке, жолынан *Б а т а ң д ы б е р,* Сертін жықпай аттансын Сүйгенінің соңынан (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Бата беру. э т н. *Тілек айту мақсатында өзіндік рәсімі, шарты бойынша орындалатын*

қазақ халқының ежелден келе жатқан салт-дәстүрінің бірі. Б а т а б е р у халқымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрінің өзіндік рәсімі, орындалу шарты болады (Бата-тілектер). Үйлену салтында отқа май құйып, соған алақанын жылытып, жастарға *б а т а б е р у* дәстүрі де әлі бар («Парасат»). *Б а т а б е р у д і ң* де жалпыға ортақ өзіндік рәсімі мен шарты бар. *Б а т а б е р у* кезінде дәм-тұздың болуы шарт (Бата-тілектер).

Бата бұзды. *Құдалықтан, некені бекітуші бәтуаластықтан, уәделескен серттен тайды.* [Хазірет] Басқаға шариғатты суша ағызып, өзі *б а т а б ұ з д ы.* Ахметжанның баласына атастырып қойған қызы Сәлимашты ақшалы көпеске екінші рет сатты (Д.Әбілев, Ақын.). Қатын-қалаштары желіккенмен Әубәкір осыдан қауіптеніп *б а т а б ұ з а* алмады (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). *Б а т а б ұ з ғ а н,* қарғыс алған оңбайды дейді. Қайдан білейін (Ж.Аймауытов, Шығ.) Әке-шешемді ренжітпегім келеді. Олар *б а т а б ұ з ғ ы с ы* келмейді (М.Дулатов, Шығ.).

Батаға кірмеді. *Бәтуаластыққа кірмей, батадан, келісімнен сырт қалды.* Жоқ, мұғалім, біздің сізге ренішіміз жоқ. Жолыңыз болсын, біз *б а т а ғ а к і р м е д і* деп айтпаймыз (М.Әуезов, Шығ.). Мені жарақаттамауыңызды сұрар едім. Мен сіздермен бұлай ажырасамын деген жоқ едім. *Б а т а ғ а д а к і р м е д і м* (М.Әуезов, Шығ.).

Бата жоқ. *Азырқану, місе тұтпау мағынасында айтылады.* Балықта *б а т а ж о қ,* Итте ата жоқ (Мақал-мәтел).

Батамен ер көгереді. э т н. *Алладан медет сұрап, тілек, жақсы сөз айту адамды оң істерге бастайды деген мағынада. Б а т а м е н е р,* жаңбырмен жер *к ө г е р е д і* (Мақал-мәтел).

Бата оқу [қылу]. э т н. а) д і н и. *Қайтыс болған адамға Құран шығару, аят, дұға оқу сияқты мұсылмандық құлшылықпен байланысты ұлттық дәстүр.* Қазақтың діни ғұрпында *б а т а о қ у ғ а* үлкен мән берілген, оны қайтыс болған адам рухы мен «Құдай алдындағы парыз» деп есептеген (ҚҰЭ). ә) *Басталған істің сәтті өтуін, маңызды шараның нәтижелі болуын, сондай-ақ табиғат нысандары мен құбылыстарының адамға қайырымен берілуін Алладан сұрап, тілек тілеу, дұға қылу немесе игі көңіл, тілектестік білдіру.* Киелі ағаш пен тұма бұлаққа келіп, *б а т а о қ у* қашан да сауап («Парасат»). *Б а т а қ ы л у* – сыйластық пен адамгершіліктің, жақын көңілдің белгісі ретінде қалыптасқан ғұрып («Парасат»).

Бата оқыды [жасады, қылды]. э т н. а) д і н и. *Өлген кісіге бағыштап Құран оқып, дұға етіп, артында қалғандарына көңіл айтты.* Қолымда туған адам еді, Мұқан марқұмға *б а т а ғ ы п* қайтайын деп талпындым (С.Мұқанов, Шығ.). Қайтарда *б а т а о қ у ғ а* түстім арнап, Құр жаны, екі сорлы отыр зарлап, Бала үшін бейшаралар жылағанда, Жаңбырдай көздің жасы ағар парлап (XX ғ. қаз. ақын.). ә) *Қыз беруші немесе келін түсіруші жақ құдаларының туыстықтарын бекітудің нышаны ретінде дұға оқылды, игі тілек айтылды, бәтуаластық жасалды.* Сыбаға желініп, шай ішілген соң құдаларға арнайы мал әкелініп *б а т а ж а с а т а д ы.* Мұны кейбіреулер ерте, кейбіреулер жатарда сояды (А.Жүнісов, Бабалар.). б) *Әдетте жол үстінде адамның тілегі қабыл болады деген ниетпен, көрсетілген қонақжайлық, құрметке жауап ретінде жолаушы үй иесіне, көмек берген адамға ризашылық тілек білдірді, дұға жасады.* Жолаушы мен өткінші Еңлікке өзі білген Құранын оқып, *б а т а қ ы л д ы* ғой (М.Әуезов, Абай жолы). в) *Желінген асқа дұға оқып, Аллаға шүкіршілік айтты, игі тілек білдірді.* Домалақ ақ шал, сонсоң, дастарқанның шетін қайырып *б а т а қ ы л д ы* (А.Сүлейменов, Бесін). г) *Анттасты, серттесті, сөз байласты.* Партия жиып, мал сойса, *Б а т а о қ и с ы ң,* жейсің бас. Басалқа сөз сенде жоқ, Айтқан сөзің «малың шаш» (Абай, Тол. жин.). ғ) *Жаңа ай туғанда Алладан өткен айға салауат, келер айда жарылқау тілеп дұға оқу рәсімін орындады.* Жаңа туған айға жүзін беріп тұрып, алақан жайып: «Ай көрдім, аман көрдім, Бұрынғыдай заман көрдім. Ескі ай есіркеп ең, Жаңа ай жарылқа», – деп бет сипап, *б а т а ж а с а п,* тілеу тілейді («Түркістан»).

Бата сөз. ә д е б. *Ұлттық этикеттің мәнді саласына жататын, тілі кестелі, мазмұны келісті қазақ фольклорының дербес, шағын жанры, халық шығармашылығының сөз үлгісі.* Ерте кездің өзіндеақ көрнекті ғалымдар *б а т а с ө з д е р г е* назар аударып, оларды халық шығармашылығының үлгісі, этнографиялық материал ретінде жинап, бастырып отырған (Бата-тілектер). *Б а т а с ө з і н і ң* міндетті түрде адам еркінен тыс күштермен (Құдай, пайғамбар, аруақ т.с.с.) байланысты болып келетіні сондықтан (Әдеб. термин. сөздігі).

Бата сұрады [тіледі]. *Жақсы ниет, оң сапар, адал тілек білдіруін қалады, өтінді.* Орнынан шоңқиып Мыстан кемпір тұрады. Мойнын көпке бұрады. Жалғыз өзім барам деп, Төстікті байлап алам деп, Көптен *б а т а с ұ р а д ы* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Баса жүріп қонысын, Барса ертіп алайық. Ермесе *б а т а с ұ р а й ы қ* Құрылтайға қойын сойып, Шал алдына басын қойып, *Б а т а т і л е п* жүгіністі (Б.Майлин, Шығ.). Үйінен дәл он бес жыл кеткеніне, Өкінбес аз өмірдің өткеніне, Ұстаздан ең бірінші *б а т а т і л е п,* Байырғы қайта оралды мекеніне (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Батасы қабыл болды. к ө н е. *Алладан сұрағаны, дұғасы, үлкендердің тілегені болды, жақсы тілегі жүзеге асты.* Зарланып уақиғаны түгел айтты, Қалдырмай болған істің бәрін теріп, Татитын отыз ұлға бір ұл бер деп Көп халық шулай түсті көтеріліп. *Б а т а с ы* жолды Қосай *қ а б ы л б о л ы п,* Ақырғай алты айдан соң бопты жерік (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Дегенде қолын жайды, «Иллаһи» деп атасы, Ықыласымен берген соң, *Қ а б ы л б о л д ы б а т а с ы* (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Жол батасы. э т н. *Үй иесінің ұзақ жол, қиын сапарға аттанарда құдайы тамақ беріп, жолы үлкен, аузы дуалы ақсақалдан алатын тілегі.* Ел арасына кең тараған баталардың бірі – *ж о л б а т а с ы.* Мұндай бата сөзде «Жолың болсын, жолдасың Қыдыр болсын; Қырық шілтен шылауында жүрсін», «Оралымың тез болып, ораздының жолын берсін; Бар пәлекет тұлпардың бір терімен кетсін» деген сөз орамдары айтылып, жақсы ниеттің жаршысындай болып тұрады (Бата-тілектер). *Ж о л б а т а с ы н* алу рәсімі бүгінгі күнге дейін аға буын арасында сақталып келген. Майданға аттанып бара жатқан халқымыздың батыр ұлы Бауыржанға ақын Жамбыл ата: – Батырдың жолы болсын, Самсаған қолы болсын. Түсі де суық екен, Ісі де долы болсын, – деп, жауынгердің жігерін жани түсетін бата беріпті (Бата-тілектер).

Наурыз батасы. э т н. *Жыл басын, ұлыс мерекесін тойлауда рәсімді түрде ел-жұртқа, үлкен-кішіге берілетін тілек, байырғы баталардың бірі. Н а у р ы з б а т а с ы н ы ң* мазмұны кең болады. Жеке бастан гөрі елдің амандығын, молшылық заманды, бейбіт күнді көксеу сөзге арқау болады (Бата-тілектер). *Н а у р ы з б а т а с ы н д а* «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын; Ел бақытты болсын, төрт түлік ақты болсын, қызылды уағымен көрсетсін» деген сөз орамдары айтылып, үлкен-кішінің бәріне «жас құтты болсын» дейді. «Жасқа жас қосылды, жылға жыл қосылды, бұған жеткен де бар, жетпеген де бар» – деп шүкіршілік айтады. «Айымыз аман, жылымыз түгел болсын» деп бата жасайды (Бата-тілектер).

Рамазан батасы. э т н. д і н и. *Үш күндік ораза айтта құлшылық қабыл болсын деген мағынада айтылатын ерекше рәсімді тілек, байырғы батаның бір түрі.* Бұрынғы баталардың бір түрі – *р а м а з а н б а т а с ы* (Бата-тілектер). *Р а м а з а н б а т а с ы* үш күнгі ораза айтта айтылады. Небір ізгі тілек, жақсы ниет бата сөзге тартылған желі болып, «құрмалдығың қабыл болсын», «айт мереке (мүбәрәк) болсын, әумин!» деп бет сипап, бата береді (Бата-тілектер).

Теріс бата. э т н. *Ел ішіндегі дәстүрді бұзып, ата салтын аттаған адамның шектен шыққан әрекетін құптамаған кезде ел үлкендерінің қолын сыртына жайып оған қарғау, қолдамау мәндегі сөз айтуы.* Сексен жаста Елемес, Ер Төстіктің атасы Ақжелекке қайғырып *Т е р і с* боп тұр *б а т а с ы* (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Базарбайдың *т е р і с б а т а с ы* да, оған, Төлегенге, аз бөгет болмайды (М.Әуезов, Әр жыл.).

Теріс бата қақты. э т н. *Арам ниетті адамға немесе ел мүддесін таптаған, салтты бұзған адамға қарата қарғау сөздер айтты.* Көзімнің жасын көрмедің, Қолымды теріс жаяйын, *Т е р і с б а т а қ а ғ а й ы н,* Пиғылың арам болғасын (Батырлар жыры).

БАТААЯҚ з а т. э т н. **1.** *Жасы үлкен, құрметті, сыйлы, батағой адамнан игі тілек, батасын алу үшін жасалатын кәде, жоралғы.* Айтып жүрген өлеңді мен баяғы, Жылқы ішінде тұрмайды кей саяғы. Өз қолыңнан бермесең мен алмаймын, Сірге жияр ағаңның «*б а т а а я ғ ы*» (Т.Байқошқарұлы // XX ғ. қаз. поэз.). **2.** к ә д е. *Құда түсе келгенде жігіттің әкесі жіберетін сый мал.* Қаршығаны басшы қылып жүріп, екі жүз елу ат сатып алды. Осының бәрін *б а т а а я қ қ а* берсем де құда болармын (Қыз Жібек). Ұлдың атасы *б а т а а я қ* деп бір түйе, бір жылқы жібереді. Оны алып барған адамдарына ат, шапан жауып жібереді (Ә.А.Диваев).

Батааяққа шақыру. *Жасы үлкен, батағой адамнан бата алу жоралғысына арналған дастарқанға шақыру.* 1920–1930 жылдарға дейін қыздың үйіне барып уәделесіп келген соң, қыздың әке-шешесін *б а т а а я қ қ а ш а қ ы р у* дәстүрі болған (Қаз. әдет-ғұрып.).

БАТАГӨЙ з а т. **1.** *Бата беруші, бата бере алатын адам.* Батырлар «елім бар» деп, «үйім бар» деп, «Отаным, от жағатын күйім бар» деп, «Қайырлы қазаным бар, асым бар» деп, «Сол асқа *б а т а г ө й л е р* жиылар» деп, (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). **2.** к ө н е. *Ел ішінде, ел билеушілері алдында да беделді, көреген, көпті көрген, аузы дуалы, тілегі қабыл болатын жасы үлкен адам.* Бабаназар Абылайдың әрі *б а т а г ө й і,* әрі «көріпкел» сәуегей болған екен (С.Мұқанов, Аққан жұлд.). Көнеден мен *б а т а г ө й* едім қалған, Өткенге өкініш жеп етпе арман, Жүдеген жардосыңды жиып алып, Жауыңа келе жатқан, балам, қамдан (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). **3.** а у ы с. *Әрдайым тілектес, жанашыр адам.* Ұнамды кейіпкерлердің бір алуаны: Сарыбай, Айбас, Тайлақ Қозының *б а т а г ө й і,* тілектесі (М.Әуезов, Әр жыл.). Қайран анам қайдасың, *Б а т а г ө й і м,* ырысым. Кештің өмір дариясын, Жаныңдай жалғыз ұл үшін (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). // *Баташы, аузы дуалы. Б а т а г ө й* бабаң тұрып

қол жайды ма Оятқан ойды, қырды зеңбірекке («Егемен Қазақстан»).

БАТАГӨЙЛІК з а т. *Батагөй болушылық; тілектестік.* Бұл, әрине, оқушының әдебиетке деген сүйіспеншілігінен, *б а т а г ө й л і г і н е н* туған пікір (І.Омаров, Серпін).

БАТАҒА з а т. к ә с. *Балық өңдейтін зауыт.* Ағанияз он бес күндей жоғалып кетіп, тек жақында ғана *б а т а ғ а ғ а* келе бастапты (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). ...Он үшінші жылы Еркінқарадағы балық *б а т а ғ а с ы н д а* жүк көтеруші боп жүріп, ұсақ қожайындардың бірін ұрып жығыпты [Құдабаев] (Х.Ерғалиев, Шындық.). Кейін әлгі жігіт өзінің іскерлігі арқасында іргелі Новорычан *б а т а ғ а с ы н ы ң* қожасы болды («Жас Алаш»).

БАТАДАЙ с ы н. *Бата сияқты, игі тілектей.* Ақсақал берер *б а т а д а й,* Айтатын сөздер сізге көп. Қорғасын құйған асықтай, Алшыңнан тұр да жүзге жет (С.Мәуленов, Жаңа арна). Мұсаның аузынан шыққан сөзді *б а т а д а й* күтіп тұрған Жәкен жұлып алғандай (А.Сейдімбеков, Ақиық). Қирату, жасау – егіз бе, Қарғыстар менен *Б а т а д а й.* Аруды – кемпір дегізді-ау, Жігітті шал деп атады-ау (Ж.Молдағалиев, Қыран дала).

БАТАКТАР з а т. *Индонезияның Суматра, Ява аралдарын мекендейтін халық. Б а т а к т а р* – моңғолдық нәсілдің оңтүстік азиялық тобына жатады. *Б а т а к т а р* христиан дінін ұстанады, қалғандары – мұсылман-сүннит. Әр алуан кәсіппен айналысады (ҚҰЭ).

БАТАЛАС= е т. к ө н е. **1.** *Құдай, Құран атымен анттасу, серттесу.* – Байлау осы, соған міне, осы отырғаның не дейсің? Еретінімен *б а т а л а с а м ы н,* – дейді Тәнеке (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Жөн көріп осы сөзге бәрі ұнасты, Ешкімге білдірмеске *б а т а л а с т ы.* Қодарды алдап ұстап әкелуге, Жұмсады Олжайдағы құрбыласты (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Алыстан жемін аңдап алып, бас қосқанда анттасып, *Б а т а л а с ы п,* бірін-бірі қайрайды (М.Әуезов, Абай). **2.** э т н. *Қыз алушы, қыз беруші екі жақтың келісім рәсімін жасап, бәтуаласып, құда болысуы.* Ел болып табысайық, айып тартайық, *Б а т а л а с ы п,* Құдай қосқан құда болайық дегенге ымырасы жоқ дейді (Ғ.Сланов, Асау арна). Құда болып *б а т а л а с қ а л ы* Наймантай жақтың ішінара күңкілдесетін тілегі бар. Ол – Мұхтарды мұсылманша оқыттыру (К.Оразалин, Абай.). Рас, Балға Балқыбекпен *б а т а л а с қ а н,* Деген соң баласы ынжық қайта басқан. Самсыға сатқаныма көнбедің деп, Барғана берді обалға қарамастан (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

БАТАЛАСҚЫЗ= е т. *Екі жақты серттестіру; бәтуаластыру.* ≈ Екеуін *б а т а л а с қ ы з д ы.*

БАТАЛАСҚЫЗУ *Баталасқыз етістігінің қимыл атауы.* ≈ Құран оқып, *б а т а л а с қ ы з у.*

БАТАЛАСТЫР= е т. *Екі жақты бір-бірімен серттестіру, уәделерін алдырту.* Бірақ Қарабастың кедейлерді *б а т а л а с т ы р ғ а н ы* жайлы жанжал іздеп жүрген Жүгенбайдың мінезін жасырмады (К.Оразалин, Көктем.).

БАТАЛАСТЫРУ *Баталастыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Екі елді *б а т а л а с т ы р у.*

БАТАЛАСУ *Баталас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір нәрсеге анттасу, мәмілеге келіп уәделесу, серттесу.* Ызғұтты мен Жақыпты жөнелтісімен, Бөжейлер өздеріне қараған бар ағайынды *б а т а л а с у ғ а* шақырыпты (М.Әуезов, Шығ.). Абай өз ішінен: «*Б а т а л а с у* сияқты-ау! Бір нәрсеге ел қамдап, серттесуге шақырған-ау!» – деп ойлап, жаңағы «дос» деген сөзді есіне алды (М.Әуезов, Шығ.). **2.** *Құдаласу, неке бекітісу. Б а т а л а с ы п,* Айбаршаны Қаралдыға теліпті (Т.Ахтанов, Шығ.).

БАТАЛДЫҚ: баталдық жанр. ө н е р. *Бейнелеу өнерінің соғыс және әскери өмірге арналған түрі.*

БАТАЛЫ с ы н. **1.** *Батасы бар, бата алған.* ≈ *Б а т а л ы* ер. **2.** *Баталасып, айттырылған.* «Менің қызым *б а т а л ы* жеріне бармай отырғаны болмаса, әдепсіздіктен ада ғой» – деп Нағымның жараланып келгенін бірде Қаратайдан көре бастап еді Бәдиша (А.Жүнісов, Өмір).

Ақ баталы жар. э т н. *Бәтуаласып, айттырып қойған немесе алған қосағы, некелескен, баталасқан адамы.* Молдеке, біразырақ сөз айтайын, Көкіректе болса ақылың ойланарсың. Біреудің *а қ б а т а л ы ж а р ы н* алып, Ел кезіп, жұрттан шығып жоғаларсың (Жекей қыз).

Баталы ер [құл] арымас. *Біреудің ризашылығын, ақ тілегін алған адамның жолы болады.* – Әй, балалар, балалар, *Б а т а л ы қ ұ л а р ы м а с,* Батасыз құл жарымас, Берейін бата мен, – деді (Бейбітшілік жасасын).

Баталы мал. э т н. *Қызды алуға сөз байланып қойғаннан кейін қалыңына берілетін мал.* Әбіш бұлардың да құда болғысы келіп отырғанын сезіп, өзі айтқан сегізіне табандап тұрғысы келді де, тағы да не қылайын деп, *б а т а л ы м а л д а н* бір балалы малды арттырайын деді (С.Көбеев, Қалың мал).

БАТАЛЬОН [франц. bataillon] з а т. ә с к. **1.** *Бірнеше ротадан құралған жаяу әскер бөлімі.* Мұрат жұрттың алды орманға кіргенде *б а т а л ь о н ы н* іркіп, кейінде қалған взводты тосты (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Ұрыс қызу жүріп жатқан кезде, мені *б а т а л ь о н* командирі шақырды («Қаз. әдеб.»). Панфилов дивизиясы – жүрегіндей, Дүрсілдеп соққан жаудың үрейіндей, Айрықша айқасты бір *б а т а л ь о н,* Күндіз-түн кірпігін біреуі ілмей (Ғ.Қайырбеков,

Көнсадақ). **2.** *Жаяу әскер, танк, инженерлік, механикаландырылған әскерлердің, байланыс әскерлерінің құрамындағы әскери-тактикалық бөлім немесе әскери құрама мен оперативтік бірлестік құрамындағы жеке бөлім.* Қолдану мақсатына қарай *б а т а л ь о н* аэродромдық, қарауылдық, автомобильдік т.б. болады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Батальонның қорғаныс ауданы. ә с к. *Батальонды күшейтетін құралдармен толықтырылған полк қорғаныс өңірінің бөлімі. Б а т а л ь о н қ о р ғ а н ы с а у д а н ы* айнала қорғанысқа дайындалып, бір-бірімен атыс жүйесімен және кедергілерімен байланысқан роталық тірек пункттерінен тұрады (Қаз. тілі термин. Әскери.). Одан басқа *б а т а л ь о н қ о р ғ а н ы с а у д а н ы н д а* артиллерия, минаатарлар, танктер, зениттік құралдар және ату позициялары жабдықталады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

БАТАЛЬОНДАЙ с ы н. *Батальон мөлшеріндей.* Мұнда бір полк венгерлер, екі *б а т а л ь о н д а й* неміс солдаттары бас құрап, гарнизон құрған (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Құрама жаудың бір гарнизонындағы бір *б а т а л ь о н д а й* әскери бөлімшесін талқандап, Днепрдің оң жақ жағалауына өткені осы еді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

БАТАЛЬОНДЫҚ с ы н. *Батальонға қатысты, соған тән. Б а т а л ь о н д ы қ* партия ұйымдастырушысы Диқанбай Қосанов Мәншүкке қарап, ақырын жымиды (С.Мұқанов, Аспаз).

Батальондық артиллерия. ә с к. *Батальон командиріне тікелей бағынышты штаттық артиллериялық бөлімше. Б а т а л ь о н д ы қ а р т и л л е р и я* салмағы аз, габариті шағын, жылжымалығы және ату жылдамдығы жоғары танкатқыш зеңбіректермен, минометтермен және танкіге қарсы басқарылатын ракеталармен қаруланған (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Б а т а л ь о н д ы қ а р т и л л е р и я* мотоатқыштар бөлімшелерін тікелей сүйемелдеуге арналған (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Батальондық медициналық пункт. ә с к. *Батальондағы аурулар мен жаралыларды жинау, оларға дәрігерлерге дейінгі (фельдшерлік) көмек көрсету және полктік медициналық пунктке немесе медициналық-санитариялық батальонға эвакуация жасауға дайындау орны. Б а т а л ь о н д ы қ м е д и ц и н а л ы қ п у н к т* батальон командирінің бұйрығымен жаралыларды ротадан алып шығу және алып кету жолдарында қорғаныста жайылады (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Б а т а л ь о н д ы қ м е д и ц и н а л ы қ п у н к т і н і ң* маңызды міндеттеріне ұрыс даласында көрсетілген алғашқы көмектің сапасын тексеру, яғни таңғышты жөндеу, зақымданған аяқ-қолға салынған шинаны тексеру жатады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

БАТАН з а т. ө с. <лат. schrenkia> *Шатыршағылділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін не бұта өсімдік. Б а т а н н ы ң* жапырақтары қауырсын тәрізді салаланған. Ұсақ гүлдері ақ түсті, қос жынысты, бір шатырында 10–15 гүлдері болады (ҚҰЭ). Қазақстанда *б а т а н н ы ң* 8 түрі бар. Оның ішінде түктігүл, шоғыр, бұдыр *б а т а н д а р* – сирек кездесетін өсімдіктер (ҚҰЭ.)

БАТАРЕЯ[1] [франц. batterie] з а т. ә с к. **1.** *Артиллериядағы тактикалық-ұйымдық бөлім (артиллерия немесе минаатар батареясы). Б а т а р е я* бірнеше взводтан құралады (Қаз. тілі термин. Әскери.). Мақсатына қарай жағалау *б а т а р е я с ы*, дыбыс барлау батареясы, барлау батареясы, есептеу батареясына бөлінеді (Қаз. тілі термин. Әскери.). **2.** *Артиллерияның бекініс орны.* Подлесный *б а т а р е я н ы ң* атыс ұясына телефон соғып, бригададан бір маңызды бұйрық алғанын хабарлады (Ә.Нұрпейісов, Курляндия). Бір күні таңертең бізді *б а т а р е я н ы ң* қасына сапқа тұрғызып қойып, тексеру жүргізе бастады (М.Қаратаев, Далада.). **3.** *Артиллерия бөлімшесі.* Айтпақшы, әкелген фрицтеріміз жаудың зеңбірек *б а т а р е я с ы н ы ң* адамы болып шықты (М.Ғабдуллин, Ел намысы.). Мені танкке қарсы ататын *б а т а р е я н ы ң* командирі етіп тағайындады (Б.Момышұлы, Жауынгер.). Кешке бесінші *б а т а р е я н ы ң* басына полк командирі келді. Подполковник *б а т а р е я* жауынгерлеріне алғыс жариялады (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Таймасов қызмет ететін *б а т а р е я н ы ң* командирі бетінің шешек дағы бар, шот маңдай, қортық капитан Бауыржанды көре сап сасқалақтап қалды (С.Бақбергенов, Қарға там.).

БАТАРЕЯ[2] з а т. т е х. **1.** *Бірнеше электртехника элементінің немесе аккумулятордың қосындысынан тұратын энергия көзі.* – Үлкен жермен байланысатын мезгіл болды, – деп Петька радио қабылдағышты *б а т а р е я ғ а* қосып байланысты бастады (Ә.Шәріпов, Қапаста). *Б а т а р е я д а н* қуат алған кішкене лампа үй ортасын дөңгелектей жарқыратып, қараңғылықты бұрыш-бұрышқа, жүк тасасына қуып тастаған (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Үлкен заводтарда ауыр суға түрлі *б а т а р е я л а р* қолданылады (Ж.Жатқанбаев, Су.). **2.** *Бір жүйеге келтірілген, жұмыс тиімділігін арттыру үшін қолданылатын аспаптар, құрылыстар, құрылғылар. Б а т а р е я* – жұмыс тиімділігін арттыру мақсатымен бір жүйеге

келтірілген бір типтес приборлар, аппараттар, құрылыстар, құрылғылар (ҚҰЭ). Бүгінге дейін жылу беретін *б а т а р е я л а р д ы* ыстық сумен тексеру жүргізілген жоқ. Жылу изоляциясы да аяқталмаған («Егемен Қазақстан»).

БАТАРЕЯЛЫ с ы н. *Батареясы бар; жылыту аспаптары қондырылған.* – Мұнда балапандар *б а т а р е я л ы* торларда күтіледі, – дейді (Құс өсіруші.).

БАТАС с ы н. ж е р г. *Баттасқан, қалың (шөп).* Салған бидайдың орнына қалың шөп шығып, *б а т а с* болып кетті (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БАТАСЫЗ с ы н. *Батадан құр қалған, бата алмаған.* Жылқының құты айғыры, Ат тумайды атасыз. Көсегесі көгеріп, Көбеймейді *б а т а с ы з* (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Батасыз құл жарымас. *Игі-тілекке, алғыс, ризалыққа бөленбеген Алланың пендесінің ісі алға баспас.* – Ай, балалар, балалар, Баталы құл арымас, *Б а т а с ы з* құл жарымас, Берейін бата мен, – деді (Батырлар жыры).

Батасыз кеткір. қ а р ғ. *Қатты ашынғанда айтылатын, біреудің алғысын алмай, сауапқа қалмай қалғыр, тілеулессіз қалғыр деген мағынадағы қарғыс сөз.* Жас басымыздан малға сатпай-ақ қойса, аштан өліп бара ма екен. *Б а т а с ы з к е т к і р л е р,* баталарың бұзылмақ түгіл тас-талқан болсын... Өмірімше күңдікте жүрерім жоқ (М.Дулатов, Шығ.).

БАТАТ з а т. ө с. **1.** *Түйнегі адамға тағам, малға жем ретінде пайдаланылатын тәтті картоп.* Еуропалықтар Оңтүстік Америкадан тәтті картоп – *б а т а т* тапқан (Шарапат). *Б а т а т* – екпе шырмауықтың бір түрі. Мұны кейде «тәтті картоп» дейді. Сабағы төселмелі болады, оның буындарынан жанама тамырлар шығады да, олар ірі-ірі түйіндерге айналады, жеуге жарайды (Т.Мұсақұлов, Ор.-қаз. сөздік). **2.** б о т. ө с. <лат. ipomola batatas> ***Жералма*** *(шырмауық тұқымдастарына жататын шырмауықгүл туыстас көпжылдық шөптесін өсімдік). Б а т а т* түйнектерінің массасы 10 кг-ға дейін болады. Оның құрамында 24–28 пайыз крахмал және қант бар (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Б а т а т т а н* ұн, жарма, крахмал, спирт, қант алынады және жем есебінде пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

БАТАТА з а т. ө с. с ө й л. ***Батат***. *Б а т а т а* – тәтті картоп, жералма (асқа жарайтын, крахмалға бай, жер түйнекті біржылдық өсімдік) (Н.Оңдасынов, Араб.-қаз. сөздік). Салама хажының өңі жаңа ғана пісірген *б а т а т а* (тәтті картоп) сияқты еді (Түн сыры).

БАТА-ТІЛЕК з а т. *Бата мен тілектің жинақтық атауы.* Үй иесінің ой-арманын дөп басқандай мына тәрізді *б а т а-т і л е к* айтылады: Е, Құдайым оңдасын, Мың саулығың қоздасын, Сегіз түйең боталап, Сегіз келін қомдасын (Бата-тілектер).

БАТБАТ з а т. з о о л. <лат. phrynocephalus mystaceus> *Ешкіемерлер тұқымдасындағы жұмырбасты кесірткелер туысының бір түрі, құмды жерді мекендейтін кесіртке.* Сонау-сонау қазақтың сары даласы... даланың сары құмында *б а т б а т* дейтін бір мақұлық болатын (Ғ.Сланов, Жанартау). Шаршап-шалдығып, әлсіреген кезінде *б а т б а т* сол құмда өсетін сұрықсыз, бірақ ешқашан өңін бермейтін көк жасыл селдір шөп – адыраспанның саясына жетуге асығады (Ө.Қанахин, Жер бас.). *Б а т б а т* Каспий теңізі мен Алакөл арасындағы шөлді аймақтарда тіршілік етеді (ҚҰЭ).

Батбат кесіртке. з о о л. <лат. phrunocephalus mustaceus> ***Батбат***. *Б а т б а т к е с і р т к е* – басы жалпақ, жұмыр. Артқа қарай ширатылған құйрығы түбінен ұшына қарай жіңішке, ұшы қара түкті болады. Ізіне түсіп қуғанда денесінің екі бүйіріне ырғала қозғалып, тез арада «құмға сіңісіп» кететіндіктен, «батбат кесіртке» деп аталған (ҚҰЭ).

БАТ-БАТ с ы н. с ө й л. *Бадырайған, бажыр.* Өрелі таңды көз ілмей, Қорқумен жатып атырды. Бақаның *б а т-б а т* көзіндей, Таңертең зорға ашылды (А.Тоқмағамбетов, Өмір.).

БАТБИТ= е т. с ө й л. ***Баттит***. Дәптердің дәл ортасына қарындашпен «Сын есім» деген екі сөзді *б а т б и т ы п* қойдым да, төбеден ұрғандай боп тұрып қалдым (Ә.Нұршайықов, Махабб.).

БАТБИТУ с ө й л. *Батбит етістігінің қимыл атауы.* ≈ Әріптерді *б а т б и т у.*

БАТ-БҰТТА= е т. с ө й л. *Бидыңдап түсініксіз сөйлеу деген мағынада.* Чары бір жағынан *б а т-б ұ т т а п* сөйлеп жатты (Ш.Шалқаров, Серіккөл).

БАТИАЛЬ [грек. bathys] з а т. г е о л. *Мұхиттар мен теңіздердің 200–3000 метр тереңдікте жатқан алқабы. Б а т и а л ь д а* қысым жоғары, жарық мүлде түспейді, суық температурасы мен тығыздығы маусымға қарай аздап қана өзгереді (Қ.Құрманов, Физ. геогр.). *Б а т и а л ь д а* тереңдікке бейімделген жануарлар ғана тіршілік етеді (Қ.Құрманов, Физ. геогр.).

Батиаль атырап. г е о л. *Материктік бауырайға жапсарлас орналасқан батиальдық мақлұқаттың тіршілік етуіне қолайлы мұхит деңгейі. Б а т и а л ь а т ы р а п* қайраң мен мұхит төсеніші аралығын қамтитын мұхит деңгейі (Қаз. тілі термин. Геология). *Б а т и а л ь*

а т ы р а п шамамен 500–3000 м тереңдіктер аралығы деп есептейді (Қаз. тілі термин. Геология).

Батиаль шөгінділер. г е о л. *Мұхит тереңдіктеріндегі шөгінді тастар. Б а т и а л ь ш ө г і н д і л е р д і ң* түйіршіктері әдетте іріктелмеген, оларда су асты сырғымалары мен суспензиялық ағым белгілері жиі кездеседі (Н.Сейітов, Шығ.).

БАТИҚА [ар. الفاتحة] з а т. д і н и. с ө й л. *Құранның бірінші сүресі, Фатиха. Б а т и қ а* – араб сөзі (Т.Жанұзақов, Шығ.). ≈ *Б а т и қ а н ы* оқыды.

Батиқасын берді. с ө й л. *Бір іске немесе адамға сәттілік тілеп, Алланың қолдауын сұрап дұға қылды, бата жасады.* Жарықбас молда *б а т и қ а с ы н б е р д і* (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

БАТИМЕТРИЯ з а т. г е о г р. <грек. bathys – терең, metreo – өлшеймін> *Теңіз, көл, өзен тереңдіктерін арнайы құралмен өлшеу.*

БАТИМЕТРИЯЛЫҚ с ы н. *Батиметрияға қатысты.* Өлшеу деректерінің негізінде арнайы *б а т и м е т р и я л ы қ* карталар түзіледі (Қаз. тілі термин. Су.).

БАТИН [ар. باطن] з а т. к ө н е. *Жан-дүние, ішкі сарай.* Сіздің *б а т и н ы ң ы з* таза болмағы ол иман болып, бұл заһир ғибадатыңыз иманды болған соң ғана парыз болған, сіздің заһирыңыздағы ғибадат – *б а т и н ы ң ы з д а ғ ы* иманның көлеңкесі, һәм сол иманның нұрланып тұрмағына көрік үшін бұйырылған (Абай, Тол. жин.). Ал Кашафи Қожа Ахметтің Арыстан бабтың шәкірті болғандығы, одан заһир және *б а т и н* ілімдерінің сыры мен мәнін үйренгендігі, оған 16 жыл қызмет еткендігі туралы мәлімет береді («Егемен Қазақстан»).

БАТИПЕЛАГИАЛЬ з а т. г е о л. <грек. bathus – терең, pelagos –теңіз> *200–3000 м тереңдіктер аралығын қамтитын мұхит (теңіз) сулары қабатының жалпылама атауы. Б а т и п е л а г и а л ь* деңгейлерде батиалдық ағзалар мыс., радиолярийлер мен фораминиферлер деп аталатын таужыныс құрушы микроағзалар (су жәндіктері) тіршілік етеді (Қаз. тілі термин. Геология).

БАТИСКАФ з а т. г е о г р. <грек. bathys+терең, skaphos+кеме> *Теңіздер мен мұхиттардың тереңдігін зерттеу үшін қолданылатын аппарат.* Жер шарындағы ең терең Марина ойпатында, француз зерттеушілері *б а т и с к а ф* шынысы арқылы бір ғажайып балықты суретке түсіріп алды (Ғалам ғажап.). Базалық кеме *б а т и с к а ф т ы* зерттелетін жерге әкеп, суға батырады («Лен. жас»). *Б а т и с к а ф т ы ң* суда жүзуі балласты тастау және бензинді сыртқа шығару арқылы реттеледі (ҚҰЭ).

БАТИСФЕРА [грек. bathys – терең, sphaira – шар]. з а т. г е о г р. *Мұхиттар мен теңіздердің тереңдігін, су түбіндегі өсімдіктер мен жәндіктерді, теңіз, мұхит түбінің геологиялық құрылысын, су ағыстарын зерттеу үшін қолданылатын шар тәрізді болат камера. Б а т и с ф е р а н ы* су түбіне шынжырмен түсіру қиындық келтіретіндіктен дербес жүзеге асатын батискаф жасалған (Қ.Құрманов, Физ. геогр.). *Б а т и с ф е р а н ы ң* көмегімен адамдар судың 1360 м тереңдігіне жетті (ҚҰЭ). Жиырмасыншы ғасырдың 50-жылдарынан *б а т и с ф е р а н ы ң* орнына гидростат қолданыла бастады (ҚҰЭ).

БАТҚА з а т. с ө й л. *Кір, лас.* Күннен ары ұшсам да күндеме сен, Олқы боп жүр қымқырған кімнен есең. Сұрқиялар пәш мүлде ізің *б а т қ а,* Бояу жағып өңіңді түрлеме сен (Шұғыла).

БАТҚАЛАҚ з а т. с ө й л. *Батпақты, сазды жер.* Есектің жолы қатқалақ, Кетірер есін *б а т қ а л а қ* (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

БАТҚАНДАЙ с ы н. *Батқан сияқты.* Ай *б а т қ а н д а й* болды да, Әмбе жұрт жатыр қамалып (Дастандар).

БАТҚҰНДЫЗ з а т. *Құндыз терісінің бағалы бір түрі.* Бірі ақ, бір көк болса, бір сайына құрым шоқпыт, оның сыртын айналдыра *б а т қ ұ н д ы з* ұстатып, жағасына қара ешкі терісін салады («Жас Алаш»).

БАТҚЫ з а т. з е р г. **1.** *Нүкте түрінде түсірілген бедер, ою-өрнек.* Орнатып қойма тақта, *б а т қ ы* салған. Арқаның ақ бұлтынан ай күткендей, Қарайды ойлы көзбен кешке таман (И.Байзақов, Таңд. шығ.). **2.** *Нүктелі ою түсіретін құрал. Б а т қ ы м е н* былғарыға, ағаш пен металл бетіне ою түсіреді (Р.Шойбеков, Қаз. зергер. сөздігі). **3.** *Ат тағасындағы ойықтар.* ≈ *Б а т қ ы н ы ң* ізі.

БАТҚЫЗ= е т. *Суңгіткізу, кіргіздіру, ендірту.* ≈ Суға *б а т қ ы з д ы.*

Күн батқызды. а) *Бір күнді өткізді, кешті батырды.* Қуалап бір *к ү н* бір күнді, Жасырып көзден *б а т қ ы з д ы* (А.Иманәлиев, Маймамыр). ә) *Қажыды, үміті сөнді, сәтсіздікке ұшырады.* Менің *к ү н і м* батарда, Сен *б а т қ ы з б а й* қал ұстап (Т.Молдағалиев, Қош, көктем).

Қызыққа батқызды. *Рақаттандырды, ләззат алдырды.* Байсерке күйшіні аулына ертіп келіп, бір жұма жатқызып, елді *қ ы з ы қ қ а б а т қ ы з ы п,* көңілдері қош болыпты (К.Әзірбаев, Аңыз.).

БАТҚЫЗУ *Батқыз етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қызыққа *б а т қ ы з у.*

БАТМӨҢКЕ з а т. *Етіктің қонышы.* Тәуке саптамасының *б а т м ө ң к е с і н* атып түсіріп кеткен соң үйіне қайтыпты (І.Жансүгіров, Шығ.).

БАТНОС [ор. поднос] з а т. с ө й л. ***Қолтабақ.*** Даяшы әйел дәл осы кезде әлденені әзілдеп күліп, *б а т н о с т а ғ ы* кесені Хасенге ұсына берер ме, «құланның қасуына, мергеннің басуы» дегендей, шаңқ еткен оқ әйелдің қолына барып сарт етті (І.Есенберлин, Қатерлі.). Самауыр, фарфор ыдыс, темір шелек, *б а т н о с* және басқа үй мүліктері ауқатты қазақ семьяларының тұрмысына берік енді (І.Есенберлин, Қатерлі.).

БАТОҚЫР з а т. д і н и. э т н. **1.** *Діни наным, қазақы салт бойынша қалыптасқан, қайтыс болған адамға бағыштап Құран, дұға оқу рәсімі.* Ағасының *б а т о қ ы р ы н* өткізген соң, Қартқожа құнажынды сұрауға атқа мінді (Ж.Аймауытов, Қартқожа). **2.** д і н и. э т н. к ә д е. *Қайтыс болған кісінің рухына бағыштап Құран оқу рәсімін атқарған адамға берілетін кәде.* Молда *б а т о қ ы р ғ а,* сүйекшілерге, жетісіне, қырқына, жылына арналған малдың бәрін қорадағы басқа малдан бөлек ұстауға әмір етті (С.Адамбеков, Атылған қыз.).

БАТОҚЫРШЫ з а т. *Бата оқу рәсімін орындаушы.* Қалың топ *б а т о қ ы р ш ы,* шаңқай түс кезінде сансыз көп салт атты боп, күнбатыстағы Жәнібекке қарай тартты (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

БАТОЛИТ [грек. bathos – тереңдік, lithos – тас] з а т. г е о л. *Негізінен гранитоидтардан тұратын қатпарлы құрылымдар өңірінде жиі ұшырасатын ірі интрузиялық дене. Б а т о л и т* массасының жер қойнауында суынып, кристалдануы нәтижесінде қалыптасады (ҚҰЭ). Кейіннен, үстіндегі қатпарланған жыныс қабаттарының бірте-бірте мүжілуі нәтижесінде *Б а т о л и т* ашылады, яғни жер бетінен көрініс береді (ҚҰЭ).

БАТОМЕТР [грек. bathos – терең, metron – өлшем] з а т. г е о г р. *Су немесе ағын тасымалдайтын тасындылардың сынамасын алуға арналған құрал.* Құрылымдық ерекшеліктеріне қарай *б а т о м е т р л е р* шапшаң және ұзақ мерзімді толтырылатын *б а т о м е т р л е р* болып екі түрге бөлінеді (Қаз. тілі термин. Су.).

БАТОМЕТР-ҚАҚПАН з а т. г е о г р. *Суда қозғалатын қатты заттардың өтімін өлшеуге арналған құрал. Б а т о м е т р-қ а қ п а н н ы ң* екі түрі бар – 1) арнадағы ағынның түбіндегі тасындыны жинауға арналған; 2) су қабатында қозғалатын түрлі нысан және өлшемдегі мұз кристалдарының шамасын өлшеуге арналған анжыр *б а т о м е т р-қ а қ п а н* (Қаз. тілі термин. Су.).

БАТОН з а т. *Сопақ пішінде пісірілген нан түрі.*

БАТПАҚ з а т. **1.** *Сазды, үнемі ылғалды болып жататын жер бөлігі.* Жалаңаш балық, бақа қалды шулап, Жатқан зат су түбінде сүттей үйып. Құр аяқ кеуіп қалды арналары, Тартылып талай жылғы *б а т п а қ,* үйық (О.Шораяқов, Шығ.). **2.** г е о г р. <ағыл. swamp> *Ылғал шамадан тыс жиналып, шымтезек түзілу процесі жүріп жатқан жер телімі. Б а т п а қ* – жер бетіндегі өте ылғалды учаске, мұнда шымтезек түзіледі. Ол үш түрлі себептен пайда болады: 1) жер асты суының жақындығы; 2) су қоймаларын өсімдіктердің басуы; 3) ағын судың жеткіліксіздігі (Қ.Құрманов, Физ. геогр.). Әлде ол аттанды ма соғыс жаққа, Немесе аударды ма қоныс басқа. Сібірдің мұзды мұзы менен *б а т п а ғ ы н д а* Қалды ма қайран басы тоғыспасқа? (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). **3.** *Балшық, ылғалды топырақ, саз.* Топай жиып, *б а т п а қ т а н* құдық қазып, Балалықтың жанына ойын азық. Сол кезде де еркімше ен далада Қашан мен ойнап едім бойым жазып? (С.Торайғыров, Алаш ұраны). // *Құрғақ емес, лай, былғаныш.* Жер *б а т п а қ,* бір жағынан малдың қимен араласып, адам аяқ басуға жиренеді (Б.Майлин, Таңд. шығ.).

Батпақ газы. х и м. *Органикалық заттектердің табиғи жағдайда анаэробты микробиологиялық шіруінен пайда болатын газдар қоспасы.* ≈ *Б а т п а қ г а з ы н ы ң* түзілуі.

Батпақ көзі. *Жер бедерінің ойыстарында, қайнар маңайында қалыптасатын батпақ. Б а т п а қ к ө з і* жер бедерінің ойыстарында қайнар көздері маңайында қалыптасады (Қаз. тілі термин. Су.). *Б а т п а қ к ө з і* құрамындағы оттек мөлшері 5 пайыздан төмен болған жағдайда ғана шымтезек түзіледі (Қаз. тілі термин. Су.).

Батпақ көл. *Суы тартылып, түбіндегі лайы шыққан көл. Б а т п а қ* ылай *к ө л д е р д е н* Асқар-асқар белдерден Жалғыз шауып жел шекті (Қобыланды батыр). Берекесі кеткен ел – Суы ашыған *б а т п а қ к ө л* (Абай, Тол. жин.).

Батпаққа аунатты. с т и л ь. *Былықтырды, жаманатқа қалдырды.* Жолдас болсаң нәмәртпен *А у н а т а р* бір күн *б а т п а қ қ а* (Базар жырау, Шығ.).

Батпаққа батты. а) *Күнделікті күйбең тіршіліктің қамынан басқадан қол үзіп қалды.* Ал мен болсам, Тер төгер шақта мына, Күйіп-пісіп тамыздың аптабына... Бірте-бірте, Байқаймын, Бірте-бірте *Б а т ы п* барам тірліктің *б а т п а ғ ы н а!* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). ә) *Қиындыққа тап болды, ауыр жағдайға кезікті, былыққа батты.* Өмірдің қай *б а т п а ғ ы н а* барып *б а т а р ы* белгісіз, әзіргі беті Қаракесек

пен Сүйіндіктің жапсар жайлауы (Ә.Әбішев, Найзағай).

Батпаққа батырды. *Қиыншылық көрсетті, ауыр жағдайға душар етті.* Шен-шекпенге сатылып, *Б а т п а қ қ а* елін *б а т ы р ы п,* Дүшпанына оқ салып, Еліне қарай атылып, Біздің естімін деген жақсылар, Ақыл-ойға тапшылар Заңын білмей алдатты (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Батпақ қалтагүлі. ө с. <лат. caltha palustris> *Сәуір-маусым айларында гүлдейтін, жемісі мамыр-тамызда пісетін, сарғалдақтар тұқымдасына жататын, биіктігі 30–40 см көпжылдық шөптесін өсімдік.* Дәрілік шикізат үшін *б а т п а қ қ а л т а г ү л* өсімдігінің тамырын, жапырағын, гүл шанағын, гүлін, жемісін дайындайды (Халық мед. өсімд.). *Б а т п а қ қ а л т а г ү л і* батпақта, батпақты шалғында, өзендер бойында, көлдер мен тоғандар жағасында өсіп-өнеді (Халық мед. өсімд.).

Батпақ мажыры. ө с. <лат. comarum palustre> *Мамыр-тамыз айлары арасында гүлдейтін, жемісі маусым-қыркүйекте пісетін раушангүлдер тұқымдасына жататын, биіктігі 20–40 см көпжылдық шөптесін өсімдік.* Дәрілік шикізат үшін *б а т п а қ м а ж ы р ы н ы ң* шөбін өсімдіктің гүлдеген кезінде, ал тамыры мен сабақ тамырын күзде дайындайды (Халық мед. өсімд.). *Б а т п а қ м а ж ы р ы* батпақта, батпақты шалғында, көлдер жағасында, өзендер бойында өседі (Халық мед. өсімд.). *Б а т п а қ м а ж ы р ы* құрамында органикалық қышқылдар, С витамині, каротин, илік заттар, катехиндер; сабақ тамырында – илік заттар, флавоноидтар бар (Халық мед. өсімд.).

Батпақ өсімдіктері. б о т. <грек. helos – батпақ, phyton – өсімдік> *Шалшық жерде, сазда өсетін шөптесін өсімдіктер. Б а т п а қ ө с і м д і к т е р і* – өсу бүршіктері топырақтың ішінде орналасатын өсімдіктер, суға қанық топырақты жерлерде өседі, мыс., қамыс құрағы (Қ.Құрманов, Физ. геогр.).

Батпақ садыра [сабыр]. *Жердің миы шығып жатқан кез.* Осы *б а т п а қ с а д ы р а д а* қайда барасың (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). Тігерсің ақ орданды, Ылай, *б а т п а қ с а б ы р ғ а*, Күздігүні болғанда, Тағы амалсыз қонарсың, Мал жайылған дағырға (С.Сейфуллин, Шығ.).

Батпақ солифлюкциясы. г е о л. *Еңіс жазықты батпақтарда байқалатын батпақтардағы тоң бетімен еріген шымтезек массасының ағысы. Б а т п а қ с о л и ф л ю к ц и я с ы* нәтижесінде шымтезек солифлюкция белестері жаралады, олар жазық ойпаңдармен кезектесіп орналасып, өзіндік қырқалы-ойпаңды бедер дамиды (Қаз. тілі термин. Геология). *Б а т п а қ с о л и ф л ю к ц и я с ы* концентрлі қырқалы және ойпаң микробедер пішіндерін қалыптастырады (Қаз. тілі термин. Геология).

Батпақ сулары. г е о л. *Құрамында темір қосындысы мен органикалық заттар біршама жоғары мөлшерде болатын батпақ шөгінділерімен байланысты сулар.* Өсімдік қалдықтарының толық шірімеуіне байланысты *б а т п а қ с у л а р ы н ы ң* реакциясы әдетте қышқыл болады және мұндай сулар бетонды бұзуға бейім келеді (Қаз. тілі термин. Геология).

Батпақ тасбақасы. з о о л. <лат. emys orbicularis> *Тұщы су тасбақалары тұқымдасына жататын, батпақты жерлерде таралған тасбақа түрі. Б а т п а қ т а с б а қ а с ы н ы ң* түсі жасыл көк, біртегіс, сарғыш дақтары, сызықтары болады, ұзындығы 25 см, басында, мойнында, аяғында да ұсақ сары дақтары бар (ҚҰЭ). *Б а т п а қ т а с б а қ а с ы* су, құрлық жәндіктерімен, кейде өсімдіктермен де қоректенеді (ҚҰЭ).

Батпақтар жіктемесі. с у ш а р. *Батпақтарды жалпы сипатына қарай топтарға бөлу.* Су – минералдың қоректену сипатына, жер бедеріне, орналасу және негізгі өсімдік құрамына қарай *б а т п а қ т а р ж і к т е м е с і* бойынша батпақтар негізі үш экологиялық түрге бөлінеді (Қаз. тілі термин. Су.).

Батпақты қорғау. э к о л. *Жер өңірлерін шамадан артық құрғаудан және иелік түрлерінің мекені ретіндегі батпақтарды жойылудан сақтау шараларының жиынтығы.* ≈ *Б а т п а қ т ы қ о р ғ а у* шаралары.

Беткейлік батпақтар. с у ш а р. *Минералды тұздар аз болатын, негізінен, атмосфералық жауын-шашынмен қоректенетін батпақ түрі. Б е т к е й л і к б а т п а қ т а р д а* топырақтағы қоректік заттарды көп қажет ететін олиготрофты өсімдіктер (сфагналық мүктер) өседі (Қаз. тілі термин. Су.).

Көл батпағы. г е о г р. *Пайда болуына қарай аталатын батпақ, ой батпағының бір түрі.* Ой батпағы пайда болуына қарай өзен, *к ө л,* сфагнумды, жасыл мүкті *б а т п а қ т а р* болып бөлінеді (Қ.Құрманов, Физ. геогр.).

Қыр батпағы. г е о г р. *Ойпаң жерге жиналған жаңбыр, қар суының буланбауынан пайда болатын ылғалды жер телімінің түрі. Қ ы р б а т п а ғ ы н ы ң* беті қабыршақтанып жатады. Батпақтың бұл түрі Батыс Сібір, Камчатка, Сахалин, Орта Азияда кездеседі (ҚСЭ).

Май батпақ. *Қою-сұйығы әбден араласқан жабысқақ, иі қанған, қыршық, құм, тасы жоқ, майда, қоймалжың лай.* Аты соғылып кеткенде құлай жаздаған Айгүлдің шолақ резеңке етігіне су толып кетіпті, екі табаны *м а й б а т п а қ қ а*

жабысып қалғандай, аттай алар емес (F.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

Ой батпағы. г е о г р. *Жаңбыр жиі жауатын, жер асты суы жер бетіне жақын жататын жердегі шөп, бұта, ағаш қалдықтарынан пайда болатын ылғалды жер телімінің түрі. О й б а т п а ғ ы н ы ң* құрамында минералдық қосылыстар өте аз, көпшілігі органикалық заттар (ҚСЭ).

Ойпаңдық батпақтар. с у ш а р. *Жер бедерінің бөліктерінде орналасатын беті тегіс немесе көтеріңкі, дөңестеу болып келетін батпақ түрі. О й п а ң д ы қ б а т п а қ т а р д а* минералды қоректі көп қажет ететін өсімдіктер өседі. Синонимі: эвтропты немесе шөптесін батпақтар (Қаз. тілі термин. Су.).

Өз батпағына тұншықты. б е й н. *Былығына батып кетті, өзінің былықтырғанына өзі батты.* «Жаптым жала, жақтым күйе» қағидасы бойынша қаралауды мақсат тұтқан арызқойдың арам ниет-пиғылы іске аспай қалды. Надандық пен ізгіліктің күресінде соңғысының мерейі үстем болды. Надандық *ө з б а т п а ғ ы н а т ұ н ш ы қ т ы* («Түркістан»).

Өтпелі батпақтар. с у ш а р. *Өсімдік жамылғысына және оларды қоректендіретін сулардың минералдылығына қарағанда ойпаңдық және беткейлік батпақтардың екі ортасындағы аралық сипатқа ие батпақ түрі. Ө т п е л і б а т п а қ т а р д ы ң* синонимі мезотрофты немесе орманды батпақтар (Қаз. тілі термин. Су.).

Су айрығындағы батпақ. г е о г р. *Суы өте қышқыл, түсі шайға ұқсас, гумус қышқылына бай, әдетте су айрығы немесе өзеннің бас жағында болатын ылғалды жер телімінің бір түрі. С у а й р ы ғ ы н д а ғ ы б а т п а қ т а* қарағай, балқарағай, бұталар, қоға, қына (сфагнум) өседі (ҚСЭ).

Шалғынды батпақ. г е о г р. <фин. laita> *Ресейдің (ТМД-ның) солтүстік теңіздерінің көтерілген суы астында қалып, ол қайтқанда құрғайтын ойпаң жағалау. Ш а л ғ ы н д ы б а т п а қ* алқаптарында тұзды топыраққа бейімделген өсімдіктер, галофиттер өседі (Қ.Құрманов, Физ. геогр.).

БАТПАҚБАЛДЫР з а т. ө с. <лат. heloscidium koch> *Шатыршағұлдер тұқымдасына жататын ылғалды, батпақты жерде өсетін шөптесін өсімдік.* ≈ *Б а т п а қ б а л д ы р* тамыры.

Буынгүлді батпақбалдыр. ө с. <лат. heloscidium nodiflorum> *Шатыршағұлдер тұқымдасы батпақбалдыр туысына жататын шөптесін өсімдіктің бір түрі.* ≈ *Б у ы н г ү л д і б а т п а қ б а л д ы р д ы ң* таралу аймағы.

БАТПАҚГҮЛ з а т. б о т. <лат. nymphoides> *Шатырша гүлшоғыры сабағының ұшында жетілетін, субеделер тұқымдасына жататын, көпжылдық су өсімдігі. Б а т п а қ г ү л д і ң* гүлдері ашық сары түсті, күлте жапырақшалары масақша пішінді болады (ҚҰЭ). Қалқан жапырақты *б а т п а қ г ү л* мен оның сұрыпталып қолдан өсіріліп шығарылған сорттары бау-бақшаны, қала саябақтарындағы су айдындарын безендіру үшін қолданылады. Су құстары мен балықтар *б а т п а қ г ү л д і* қорек етеді (ҚҰЭ).

Қалқан жапырақты батпақгүл. ө с. <лат. nymphoides peltatum> *Өзен-көл жағалаулары мен ағысында, тынық суларда өсетін, субеделер тұқымдасына жататын, көпжылдық су өсімдігі. Қ а л қ а н ж а п ы р а қ т ы б а т п а қ г ү л* мен батпақгүлдің сұрыпталып қолдан өсіріліп шығарылған сорттары бау-бақшаны, қала саябақтарындағы су айдындарын безендіру үшін қолданылады (ҚҰЭ).

БАТПАҚСЫЗ с ы н. *Батпағы жоқ, құрғақ.* ≈ *Б а т п а қ с ы з* жер.

БАТПАҚТА= е т. **1.** *Батпақтың үстімен, батпақпен жүру, балшыққа батып жүру.* Біреудің даусы шалынды. Өзім түскен үйдің шалы екен. *Б а т п а қ т а п* келіп, қатарыма тұрды (Т.Тобағабылов, Жазира). Жолды жауын-шашынды көктемде трактор, машина *б а т п а қ т а п,* ырситып тастаған (М.Сүндетов, Құмдағы.). **2.** а у ы с. *Былыққа бату, жағымсыз істердің шырмауынан шыға алмау.* Ал азаматтардың Конституциялық құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге тиісті заң органдары кісілерінің талайы қылмыстың қара ұйығына *б а т п а қ т а ғ а н ы* сонша – белшесінен саталсатал, беті-қолдары аймандай («Түркістан»).

БАТПАҚТАЙ с ы н. **1.** *Батпақ сияқты.* Екі иіні қақпақтай, Бұлшық еті табақтай, Екі елі кір кеудесі, Баттасып жатқан *б а т п а қ т а й* (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). **2.** ж е р г. *Жарлдай, былшыған, семіз.* Баласы *б а т п а қ т а й* семіз (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). *Б а т п а қ т а й* боп қалған Идаяттың өзінде түйір жоқ (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

Батпақтай қылып. с ө й л. *Бадырайтып, балш еткізіп.* Мен жолдасымның атын білмейтінмін. *Б а т п а қ т а й ғ ы п,* «Төреқұлов-еке» дегенге аузым бармайтын (І.Жансүгіров, Шығ.).

БАТПАҚТАН= е т. г е о л. *Ылғалды жер теліміне айналу, батпаққа айналу.* Бұлар жағасы базданып, *б а т п а қ т а н ы п* кеткен байырғы өзекше – Қарасуға кеп тіреледі (М.Жұмағұлов, Қыран.). Су мөлшерсіз көп жайылып, ұзақ тұрып қалғандықтан бұл жерлер кейде *б а т п а қ т а н а д ы* (Л.Сабыров, Жасанды.). Кейде төменгі қабаттарына су өтпегендіктен *б а т п а қ т а н ы п* кетеді (Н.Баяндин, Топырақ.). Сорланған, *б а т-*

п а қ т а н ғ а н жерлердің көлемі азаяр емес, оларды ауылшаруашылық айналымына қайтару мүмкін болмай отыр («Түркістан»).

БАТПАҚТАНДЫР= е т. г е о л. *Батпаққа айналдыру, лайландыру.* Грунт суларының белгілі тереңдіктерден жоғары көтерілуі жерді *б а т п а қ т а н д ы р а д ы,* тұздандырады, ғимараттарды су басады (К.Сапарбайұлы, Геология.).

БАТПАҚТАНДЫРУ[1] г е о л. *Батпақтандыр етістігінің қимыл атауы; батпаққа айналдыру.* ≈ Жерді *б а т п а қ т а н д ы р у.*

БАТПАҚТАНДЫРУ[2] з а т. к е н. *Жер астында пайдалы қазылымдардың өздігінен тұтануынан пайда болатын өрттерді сөндіру және оның алдын алу үшін қолданылатын әдіс. Б а т п а қ т а н д ы р у* үшін күні бұрын бұрғыланған ұңғымалар арқылы жер асты қазбаларына сумен қойыртпақталған саз балшық пен құм түсіріледі (Қаз. тілі термин. Кен.). *Б а т п а қ т а н д ы р у* мақсатына қарай: алдын алу және апаттық болып ажыратылады. Алдын алу қуыстар мен жарықшақтарды тығындап толтырып, қазбаларға ауаның кіруін тоқтатады (Қаз. тілі термин. Кен.).

БАТПАҚТАНУ[1] з а т. г е о г р. *Жердің ылғалды телімдері ретіндегі батпақтарды зерттейтін ілім. Б а т п а қ т а н у* – батпақтар, олардың шығуы, дамуы, құрылысы, шаруашылыққа пайдаланылуы жөніндегі ілім (Қ.Құрманов, Физ. геогр.).

БАТПАҚТАНУ[2] г е о л. *Батпақтан етістігінің қимыл атауы.* Екінші рет қайталап сортаңдану және *б а т п а қ т а н у* салдарынан суармалы жерлердің істен шығып қалуы жөнінде тағы да бірнеше мысалдар келтіруге болады (М.Ерлепесов, Суармалы егін.). Топырақтың сорлануы мен *б а т п а қ т а н у ы* ең алдымен ол жерлердің табиғи жағдайына тығыз байланысты (Е.Жамалбеков, Суармалы.). Арынды сулар беткі жабын жыныстардағы жарылыстар арқылы еркін көтеріліп өсімдіктер тамыр жайған топырақ қабатына сіңгенде немесе тікелей жер бетіне шығып жайылған жағдайларда жердің *б а т п а қ т а н у ы* анағұрлым жиі болады (К.Сапарбайұлы, Геология.).

Батпақтану коэффициенті. с у ш а р. *Су жинау алабындағы батпақты ауданның, алаптың жалпы ауданына қатынасы. Б а т п а қ т а н у к о э ф ф и ц и е н т і* бірлік бөлшегі түрінде немесе пайызбен есептелінеді (Қаз. тілі термин. Су.).

БАТПАҚТАТ= е т. *Лай, балшықты жерлермен жүргізу.* Тереңіне кезіксең – Көңіл – айдын... қалқып-жүзіп кетерсің-ау. Таязына кезіксең... *Б а т п а қ т а т ы п,* сүрінумен өтерсің-ау (Т.Нұрмұхамедов, Аспан тау). Тоқтар мен Спанды *б а т п а қ т а т ы п* жаяу айдады (Т.Дәуренбеков, Біз әлі.).

БАТПАҚТАТУ *Батпақтат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жаяу *б а т п а қ т а т у.*

БАТПАҚТАУ *Батпақта етістігінің қимыл атауы.*

БАТПАҚТЫ с ы н. **1.** *Батпағы бар, лайбалшықты. Б а т п а қ т ы* дала сәл дегди бастаған. Бірақ та тек беті ғана (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.). Қорыска айналған *б а т п а қ т ы* судан мал қиының күлімсі исі шығады (С.Жүнісов, Ақан сері). **2.** г е о г р. *Шымтезекті, сазды, ылғалды.* Жекен – сазды, *б а т п а қ т ы* жерлерде өсетін көпжылдық өсімдік («Парасат»). Сырлаған жердің ой-қырын *Б а т п а қ т ы* қалың ағашты, Бұта-көде барлығын, Жасырып көзден қар басты (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

Батпақты байпағымен кешті. *Мақтанды, көкірегін көтерді.* Адам деп айтқанымды ескермейсің, Қолыңмен теңіз суын ескендейсің. Мақтанып менен басқа бар ма деп жан, *Б а т п а қ т ы б а й п а ғ ы ң м е н к е ш к е н д е й с і ң* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Батпақты экожүйелер. э к о л. *Ойпатты, артық су жиналатын, батпақты топырақты, батпақты өсімдіктер өсетін, шымтезек түзілетін жерлер. Б а т п а қ т ы э к о ж ү й е л е р і н і ң* жануарлар дүниесі жұтаң болады (Қаз. тілі термин. Су.).

БАТПАҚТЫҚ з а т. *Балшығы, батпағы көптік.* Жем-шөпті аспалы вагонеткалармен тасымалдағанда, оған жердің *б а т п а қ т ы ғ ы,* қардың қалыңдығы кедергі бола алмайды (С.Тілеубергенов, Мал шаруаш.).

БАТПАҚШӨП з а т. ө с. <лат. limosella> *Сабынкөктер тұқымдасы, батпақшөп туысына жататын өсімдік. Б а т п а қ ш ө п* – температурасы 30°С-ге дейін жоғарыласа да суда жақсы өсе алатын, кез келген табиғи тоқтау суларда тіршілік ететін, ұзындығы 30 сантиметрге жуық өсімдік (Қ.Қайымов, Су асты.).

БАТПАН з а т. к ө н е. *Салмағы 4 пен 16, кейде 12 пұтқа дейінгі ауырлықты білдіретін өлшем атауы. Б а т п а н* – әр елдің өлшемі әртүрлі, Балуан Шолақ көтерген 51 пұттық таразының тасы да бір батпан (Ж.Кейкін, Қазақы атау.). Салмағы жиырма төрт мың болды *б а т п а н,* Сұлулап салып түрлер таңырқатқан. Қуанып қолына алып оны Кіршаш, Секілді әйкелтаяқ аспанға атқан (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Тоғыз жүз *б а т п а н* еді түскен бұғау, Аз емес, аңдағанға ауыр жүк-ау (Т.Ізтілеуов. Рүстем.). // а у ы с. *Ауыр, зілдей.* Қолында *б а т п а н* балғасы, Қоршаған темір жан-жағын. Біріне-бірі жалғасып, Жарқылдап жатқан ақ

жалын (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Сондықтан да Жырғатқан Жол аш жаңа тұрмысқа. Өтіріктен бір *б а т п а н* Шындық қымбат бір мысқал! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Тоғайәлі сол зілдей ауыр қолын иығыма сүйеген күйі, сом денесінің *б а т п а н* салмағымен талдырмаш денемді майыстыра жаншып, орнынан көтерілген (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). // а у ы с. *Қиыншылығы мол, ауырлығы зор.* Ауру маған артса *б а т п а н* салмағын, Жақын тұрса үзілуге арманым, Жиналыңдар, достар, бәрің жаныма, Арайлап бір кетсін менің таңдарым (Ғ.Мүсірепов, Раушан).

Батпан қайғы. б е й н. *Қатты батқан уайым, жан күйзелетін күйініш, қапа.* Белгілі жерге келіп, түсті аттан, Дірілдеп ат жалына қаны қатқан. Кейінгі Қырғызбайды уайымдады, Батырды ауыр *қ а й ғ ы* басты *б а т п а н* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Батпан құйрық, жол үстінде [айдалада] не қылып жатқан құйрық. *Не қылған тегін жатқан, кездесе кеткен дүниe, бұл тегін емес деген мағынада.* – Қой, – «*Б а т п а н қ ұ й р ы қ, ж о л ү с т і н д е н е ғ ы л ы п ж а т қ а н қ ұ й р ы қ*» – дегендей, бұл не қылған майқалаш? Артын күтейік, – десті олар («Қаз. әдеб.»). «Бұл не деген *б а т п а н қ ұ й р ы қ, а й д а л а д а ж а т қ а н қ ұ й р ы қ?*» деген сұрақ ойға келе бермейді («Жас Алаш»).

Батпаннан ауыр. *Өте ауыр, зор салмақты.* Ыза керсе бойыңды. Ойлатпайды ойыңды. Басқызып алсаң, пайда жоқ, *Б а т п а н н а н а у ы р* шойынды (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Зіл батпан. *Өте ауыр, салмағы асқан; аса күрделі, қиын.* Жауапкершіліктің *з і л б а т п а н* салмағы жаншып кететіндей күндердің бірінде бірнеше көшеге қат-қабат жөндеу жүргізіліп, тастардың шашылып жатқанына реніш білдірдім («Егемен Қазақстан»).

Сегіз батпан. э к с п р. *Зілдей, аса ауыр, салмағы үлкен.* Есіркеген атқа қонысымен-ақ, тағы сазара ойға шомды, жанындағы серіктерінде де үн жоқ. Қалай үндесін, бағанағы ауылдағы көрген көріністері екі иіндерінен *с е г і з б а т п а н* ауыр жүктей жерге шанша түсіп, бастарын көтерер емес (І.Есенберлин, Шығ.). Сәукеле алтын шашақ березелі, Күмістен күмбез қаққан керегелі, Өзінің ауырлығы *с е г і з б а т п а н,* Төбесі төрт қапсарма кебежелі (Н.Ахметбеков, Шығ.).

БАТПАНАҚТАЙ с ы н. ж е р г. *Жер қозғалса да қозғалмайтын байсалды, салмақты, үп-үлкен.* Бәрі бала боп кеткендей, ата сақалы аузына шыққан *б а т п а н а қ т а й* кісілер-ақ бір-бірін құшақтап, у-шу боп, дуылдасып кетті (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн).

БАТПАНАҚТАЙ-БАТПАНАҚТАЙ с ы н. с ө й л. *Толық, ірі.* Маржан біраз жыл бала көтермей торықтырып барып, Өтегенді туды, араға бір-ақ жыл салып, Ажарға жүкті болды. Екі баласының да қол-аяғы балғадай, *б а т п а н а қ т а й-б а т п а н а қ т а й* (Ә.Кекілбаев, Дала.).

БАТПАН-БАТПАН с ы н. *Мол, зор.* Жаныңа Ұлы Отанның отау тігіп, Табысқа ие болдың *б а т п а н-б а т п а н* (Ү.Кәрібаев, Өленд.).

БАТПАНДАЙ с ы н. с ө й л. **1.** *Батпан сияқты, өте ауыр, салмақты.* Аяғымдағы *б а т п а н д а й* ауыр балшықты сүртіп тастап, жеңілдегендей болып қара жолдың уатымен ойға қарата жүріп келем (Б.Момышұлы, Ол күндер.). – Дегенде, байғыз тауысқа Мысқылдай күліп қарады. Маңызы бар *б а т п а н д а й,* Бармақтай-ақ қарамы (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Әрі-беріден соң *б а т п а н д а й* тұяғын әрең қозғап сылбыр аяңға ауысады. Әлгі зіл салмақ Қоспанның үстінен қайта басады (Т.Ахтанов, Дала сыры). **2.** *Қолақпандай, үп-үлкен.* Тықыршып тұр-ау, Күтіп тұрған болар иесін. *Б а т п а н д а й* саусақтарын жұмып, жұдырығымен тізесін бір салды (Р.Сейсенбаев, Аңсау). *// Бет-жүзіне қарамай бажырайтып, баттитып.* Қанат Айкүміске «бедеусің» деп *б а т п а н д а й* ғып қойып қалатынды шығарды (Ғ.Сланов, Жанартау).

Батпандай ауыр. *Өте ауыр, салмағы мол; аса күрделі.* Түсті ме ақау жаныңа?! Білмеймін бауырым, Арманым. *Б а т п а н д а й а у ы р* тағы да, Не сылдар екен алда күн?! (М.Мақатаев, Шығ.).

БАТПАНДАП ү с т. *Зор салмақпен, үйіп-төгіп, көп-көптен.* Жер астынан *б а т п а н д а п* атылған алып күшті мысқалдап тұншықтырып жатқан мұнайшылар (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Қар қалың, жер бетін бітеп, жайылымды *б а т п а н д а п* басып қалған (Ғ.Сланов, Замана.). Мысқалдап шықса ескілік, *Б а т п а н д а п* кірсін жаңалық. Дүниеге даңқы естіліп, Жатсын ел қайта жаралып (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

БАТПАНДЫ с ы н. **1.** *Салмақты, ірі.* ≈ *Б а т п а н д ы* жүк. **2.** а у ы с. *Қару-жарағы мол, қалың, ауыр қаруланған.* Біраз күн осылайша *б а т п а н д ы* қол, Күннен-күн саны өсе, топтанды қол, Алуға қалың жауды қарсы тосып, Майданға шеру тартып аттанды қол (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). **3.** к о н т е к с т. *Шынжырға байланған салмағы ауыр бөлшегі бар деген мағынада.* Сол жақта кең аумақты екі терезеге таяу бұрышта қос *б а т п а н д ы* жайдақ сағат сырт-сырт соғады (С.Омаров, Күншуақ).

БАТПАНСУ *Батпансы етістігінің қимыл атауы.* ≈ Өзінен-өзі *б а т п а н с у.*

БАТПАНСЫ= е т. *Өзін-өзі зор санау.* Әлімнен қиялға кен шықты Ерімбет, Таласпас «озамын!» деп ешкім оған. Осы ердей әркім қиял тыңдатпаса, Құр көңіл, не бітірер *б а т п а н с ы ғ а н* (Айтыс). Әсіресе, хан алыс жорықтан оралғанда, басқанынан жер ойылатындай боп *б а т п а н с и* қалады (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.).

БАТПАНСЫН= е т. *Өзін-өзі зор санағансу. Б а т п а н с ы н ғ а н* бай да өлер. Зулап өтер басыңнан, Баяны жоқ дүниелер, Болжалды күн болған соң, Дүниеден кім қалған? (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

БАТПИТ= е т. *Баттиту, бадырайту.* Қорлық, азап жас жігіттің өңіне мөрін *Б а т п и т ы п* басыпты (З.Шашкин, Ұядан.). Екшеп дереу зиян мен пайда, Оралар ойға ақыл мен айла, Көрінед көзге айыбың сонда, *Б а т п и т ы п* таңба басқандай тайға (С.Сәдуақасұлы, Шығ.). **2.** а у ы с. *Бетің-жүзің демей, төте айтып салу.* Үлкен ойшылардың атын *б а т п и т ы п* атауға аузы бармай «бу кісілер, о кісілер» деп ерекше ыстық мейірмен ауызға алады (Ғ.Қанапияұлы, Шығ.).

БАТПИТУ *Батпит етістігінің қимыл атауы.* ≈ Мөрді *б а т п и т у.*

БАТПЫРАҚТА= е т. с ө й л. **1.** *Анда бір, мында бір қозғалақтап, дұрыс, тура жүре алмау.* Мотоцикл Жаманеркекті шаңға көміп жөнеліп берді. Үстіндегі иесі секілденіп *б а т п ы р а қ т а п* барады (Д.Досжанов, Зауал). **2.** *Аузынан сөзі түсіп, ойын дұрыс жеткізе алмағанда және сол сөйлеушінің өзін, ойын ұнатпағанда айтылады.* Не *б а т п ы р а қ т а п отырсың* (Ауызекі).

БАТПЫРАУЫҚ з а т. *Қағаздың төрт бұрышын қалың етіп желімдеп, ұзын жіппен аспанға ұшыратын балалар ойыншығы.* Саид өзі де қатты қағаздан *б а т п ы р а у ы қ* жасап ұшыруды жақсы көретін («Лен. жас»). Асық,.. зырылдауық, *б а т п ы р а у ы қ,* жел-қуық, ұшырма тәріздес ойын-ермек, спорттық заттар да жоғалып барады («Қаз. әдеб.»).

БАТРАК з а т. т а р. с ө й л. ***Батырақ.*** Ол Балабас колхозшының образы емес, *б а т р а к т а н* кулактыққа қарай айдап бара жатқан образ (С.Мұқанов, Өсу жол.). Жұмабек әуелі ауыл байларының, кейін орыс кулактарының *б а т р а ғ ы* ретінде көрінеді (Х.Сүйіншәлиев, Ізденіс.). Теңдікке қолың жетті, *б а т р а к т а р,* Мерейің үйымдассаң онан да артар. Жер де, су да сенікі, өз еңбегің, Байлардың күні туды қалтырақтар (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

БАТРАХОЗАВРЛАР [грек. batrachos – бақа, sauros – кесіртке] з а т. з о о л. *Палеозой заманының девон-пермь кезеңінің жыныстарынан қаңқа қалдықтары табылған, жойылып кеткен қосмекенділер табының тармағы. Б а т р а х о з а в р л а р д ы ң* төменгі сатыдағы түрлері су жыртқыштары болған, ал жоғары сатыдағы түрлері құрлықта тіршілік еткен (Қаз. тілі термин. Биология). *Б а т р а х о з а в р л а р д ы ң* қалдықтары құрлықтағы жыныстардың жасын ажыратуда негізгі көрсеткіш болып саналады (Қаз. тілі термин. Биология).

БАТРАХОЛОГИЯ [грек. batrachos – бақа, logos – ілім]. з а т. з о о л. *Зоология ғылымдарының қосмекенділерді зерттейтін саласының ескі аты.* Кейінгі кезде *б а т р а х о л о г и я* қосмекенділер мен бауырымен жорғалаушыларды зерттейтін герпетология ғылым саласына бекітіледі (ҚСЭ).

БАТРАХОТОКСИН з а т. б и о л. *Белоксыз заттардан құрылған, табиғи күшті токсин болып есептелетін стероидті алколоид. Б а т р а х о т о к с и н* жапырақка өрмелегіштер тобына жататын қысқа басты бақалар түрлерінің уының құрамында кездеседі (Қаз. тілі термин. Биология). *Б а т р а х о т о к с и н* жүйке импульстерінің бұлшық етке берілу жүйесін, әрі жүрек бұлшық етінің өткізгіштік қабілетін бұзады (Қаз. тілі термин. Биология).

БАТСАЙЫ[1] з а т. *Қалың жібек кездеме.* Басында айналасын құндызбен көмкеріп, төбесіне үкі таққан *б а т с а й ы* бөрік, қызыл бөрік (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Өз арманын орындап, кедей үйден шыққан қалыңдығын алдымен *б а т с а й ы* жібекке малынта киіндірді (С.Елубаев, Жарық дүние). Онда теңбіл ақ шыт көйлегі бар балағының аузын қарала *б а т с а й ы м е н* көмкерген қызылсаң дамбалы бар, айдары селтиген, жалаң аяқ жүгіріп жүретін сүйкімді қыз еді (Ж.Аймауытов, Шығ.)

БАТСАЙЫ[2] з а т. ж е р г. *Еті қалың қауын.* Нұрқасым қауындарды араластырып, бір *б а т с а й ы н ы* таңдады (Н.Серәлиев, Намыс).

БАТСАЙЫДАЙ с ы н. *Батсайы сияқты, жібек кездемедей.* Дала қандай көрікті: Ине шаншар бос жер жоқ, сарала *б а т с а й ы д а й* шым кесте егін (Е.Ысмайылов, Ақындар). Берік қайың ердің оқпанына ұқсас бүркіттің ту сырты; қомдалған қанаттарының қапталы қара ала *б а т с а й ы д а й;* тарам-тарам желкелігі күрең шудадай желкілдейді (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.).

БАТТА= е т. ж е р г. *Сылау, жағу, майлау.* Тезекті үйіп, қабырғаны *б а т т а п* қойдым (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БАТТАМ: **бес баттам.** с ы н. *Әбден ластанып, кір басқан.* Аяғында жылтыр қоныш қисық табан етік, басында биязы қара қалпақ, үстінде су жаңа диагонал костюм – бәрі *б е с б а т т а м* балшық (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Жүрсің бәрін кесе аттап, Жөн-жосыққа қара-

май, Кір аяқпен *б е с б а т т а м* төрге шыққан баладай (М.Әлімбаев, Балдәурен.).

БАТТАМА з а т. ж е р г. *Жайып кептірілген тезек. Б а т т а м а* – тезек түрі, сиырдың жас боғына көң мен қой құмалағын араластырып, қағыр (топырақсыз) жерге жайып дайындаған тезек (Б.Базылхан, Моңғол. қаз. тілі).

БАТТАС= е т. **1.** *Бірінің үстіне бірі қабаттасып жабысу.* Үй әйелі нан *б а т т а с қ а н* қолымен самай шашын жинай беріп бір «сылп» деді де, қолын көтерген бойы аузын ашып қатып қалды (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). **2.** *Мидай араласу.* Іргеден кірген сумен *б а т т а с қ а н* лас жер кепкенше құрғамайды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Жатар едің тот басып, Кір-қоқырмен *б а т т а с ы п,* Мақтанба бекер мастанып, Бұзылып кетер дос қалып (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.). **3.** *Бір-бірімен тұтасу, ара жігі бұлдырау.* [Жамалдың] Көзі көрінбей, көз алдындағы нәрселердің бәрі бұлдыр, біріне-бірі *б а т т а с ы п* болды (Б.Майлин, Таңд.). Қауырсын қаламмен жазылған араб таңбалары бірімен-бірі *б а т т а с ы п* кетіпті (Д.Әбілев, Ақын.). **4.** *Бірінің үстіне бірі қалың болып жағылу.* Шекесіне бір тал қауырсын қыстырып, бетіне *б а т т а с қ а н* бояу жаққан сол мекеннің сол байырғы қожасы, бір кездері көк пен жердің иесі болған ұлы үндісті айтып отыр («Жас Алаш»). **5.** а у ы с. *Әбден араласып, тұтасу, былығу.* Тұтқынның азапты айлары мен жылдарында іштегі *б а т т а с ы п* жиналған шері ағытылып кетті (Т.Ахтанов, Дала сыры).

БАТТАСТЫР= е т. **1.** *Қалың етіп жағу.* Жұмабай да жаңа байқады. Бала бестінің төбелін саз балшықпен *б а т т а с т ы р ы п* тұрып сылап қойыпты (М.Әуезов, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Қабаттастыру, былықтыру.* Алыс көкжиекке көз тікпей тырнақ арасынан кір іздеп, күйкі тірлік кешкен ақын шикі өкпедей сөздерді шумақтап, былжыр үйқасты *б а т т а с т ы р ы п* жүреді (І.Омаров, Шабыт.). **3.** а у ы с. *Қаралау, батпитып жамандау.* Көрмейсің бе, Айжанның лебіз үнін басқаша түсініп, Раушанға күйені *б а т т а с т ы р а* жаққанын... (З.Шашкин, Сенім).

БАТТАСТЫРУ *Баттастыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бояуды *б а т т а с т ы р у.*

БАТТАУЫҚ з а т. ө с. **1.** *Малазықтық шөптесін өсімдік.* Балдырғаны білектей, *Б а т т а у ы ғ ы* жүректей, Ондай қоныс маған жоқ, Құдай қылды амал жоқ (Махамбет, Шығ.). *Б а т т а у ы қ т а* малдың өлексесіне ұсаған екі қара көрінеді (М.Жұмабаев, Шығ.). Баттасқан *б а т т а у ы ғ ы,* бидайығы, Қояны, көк түлкісі, қырғауылы. Ас іздеп мал да сонда, жан да сонда, Тоқсанда май, тоқамас – үйден жылы (А.Абдыхадыров, Таңд. өлең.д.). **2.** <лат. imperata> *Астық тұқымдасына жататын, қоңыржай және ыстық аймақтарда кең тараған біржылдық өсімдік. Б а т т а у ы қ т ы ң* биіктігі 10–120 см, жасыл не көкшіл қызғылт түсті, сабағының іш қуыс, жапырағы бұлдыр, жалпақ таспа тәрізді, гүл шашағының ұзындығы 20 см (ҚСЭ). *Б а т т а у ы қ* – сәндік те өсімдік, жылтыр ақ масақтарға гүлшоғыр жасау үшін пайдаланылады (ҚҰЭ).

Тышқанқұйрық баттауық. ө с. <лат. imperata cylindrica> *Астық тұқымдасына, баттауық тұқымдасына жататын біржылдық өсімдік.* Баттауықтың жұмыр баттауық немесе *т ы ш қ а н қ ұ й р ы қ б а т т а у ы қ* деген бір түрі Қазақстанның барлық аудандарында кездеседі (ҚҰЭ).

БАТТАУЫҚТЫ с ы н. *Баттауығы мол.* Болат *б а т т а у ы қ т ы* алқапты жайлап жағалап келеді («Лен. жас»). Ыссыда қызыл мұнар ыстық шөлге, Қыз қонған *б а т т а у ы қ т ы* белден шығып (Ақберен).

БАТТЕРФЛЯЙ [ағыл. butterfly] з а т. с п о р т. *Суда екі қолды бірдей судың бетінде ұстап қимылдатып жүзетін спорттық малту түрі.* Қазақстанда тек брасс пен еркін жүзу кеңінен қолданылып, *б а т т е р ф л я й,* дельфин сияқты әдістер көптеген жарыс программасына енбейтін («Лен. жас»). *Б а т т е р ф л я й* әдісімен жүзгенде аяқтардың есу қимылдары алма-кезек емес, екі аяқ біріне-бірі біріккен қалыпта бірдей уақытта қимыл жасайды (Б.Елқондиев, Жүзу.).

БАТТИ= е т. **1.** *Бадырайып, айқын көріну.* Бүркіт қараса, бұл жолы қызыл қарындашпен *б а т т и ғ а н* «екі» деген бағаны оқыды (І.Есенберлин, Қатерлі.). Жолбарыстың тырнағы сауырына, алқымына *б а т т и ы п* түсіпті (Д.Досжанов, Тұлпар.). Екі қолы артына мықтап байлаулы, үстіндегі ақ жібек мол көйлегінің жағасы дал-дал, әр жерінде *б а т т и я* жабысқан қызыл қан (І.Есенберлин, Қаһар). **2.** *Балпию, жалпақтану.* Тек оның Бибігүл дейтін дудар бас, аяқ-қолы бөренедей, *Б а т т и ғ а н* майлы бет әйелі болғаны мәлім (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

БАТТИТ= е т. **1.** *Бадырайтып айқын көрсету.* Маңдайына *б а т т и т ы п* жазып қойғандай мұны бірден танып қайдағы бір суық қолды, сұғанақ бастықтар өзіне үйір етіп ала қоятын (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). **2.** а у ы с. *Көңілге қарамай тура айту.* Былтыр осы үйде шалдың өз аузынан естігендерімді де бетіне *б а т т и т ы п* тұрып бастым (Ө.Қанахин, Жер бас.).

Баттитып айтты. *Бадырайтып жанына батыра сөйледі.* Қазір мынау жас төренің Құнанбайды «Құнанбай» деп *б а т т и т ы п а й т қ а н ы,* кектесін қақ басқа бір салғандай, Оразбайға жағып отыр (М.Әуезов, Шығ.).

БАТТИТУ *Баттит етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бетіне *б а т т и т у.*

БАТТИЮ *Батти етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көзге *б а т т и ю ы.*

БАТУ[1] з а т. к е н. *Таужыныстың дымқылданған кезде көлемін кішірейтетін, деформацияланатын қасиеті. Б а т у* сары топыраққа және сары топырақты балшықтарға тән (Қаз. тілі термин. Кен.).

БАТУ[2] з а т. ж е р г. *Таудың, төбенің ой жері.* Таудың *б а т у ы н а* шоп жақсы шығады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БАТУ[3] *Бат етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Бір нәрсенің денеге кіріп, ауыртуы.* ≈ Тастың аяққа *б а т у ы.* **2.** а у ы с. *Жанына ауыр тию, қиналту, қынжылту, күйзелту.* Маған бәрінен де шеккені азап, тағдыры сату, алумен өлшенген қазақ қыздарының халі *б а т у ш ы* еді (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай).

БАТУ[4] *Бат етістігінің қимыл атауы; суға немесе сұйық затқа еніп көрінбей кету, түбіне түсу.* Жігіттің суға беті-жүзі *б а т у ы* ғана мұң екен, содан кейін ол жас мүлде басқа бір халге ауысып кеткен өз күйін көреді (М.Әуезов, Индия очерк.).

Күн бату. *Күннің көкжиектен түсіп көрінбей кетуі.* Күнбатыс *б а т у ғ а* айналған *к ү н н і ң* қызғылт сәулесімен нұрланып, қызыл торғынның түсіндей болып тұр. Күнге жақын тұрған ұзыншақ жұқалаң бұлттардың түсі қалың өртке қызған темірдей қып-қызыл. Төбеге жақын тұрған алысырақ бұлттардың бір-бір жағы ғана жұқалаң қызылға боялған асыл нұрдың буын ғана жалатқандай (М.Әуезов, Шығ.). Қашанғы дәстүр бойынша кешкі той жастардікі, күндіз көбінесе қарттар болады, сондықтан *к ү н н і ң б а т у ы н* күте тұрмақ болдық (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

БАТУА з а т. с ө й л. ***Пәтуа***. Қазақтарды босқа желіктірмей, *б а т у а л а р ы н* байқап ойлап айту керек («Айқап»).

БАТУАЛАС= е т. с ө й л. ***Пәтуалас.*** Дәлел де, Қазығұл де Кеңесбек үйімен араласып, дастарқандас, дәмдес болып әбден *б а т у а л а с ы п* кеткен-ді (Ж.Жұмаханов, Махаббат.). – Кетпеніміздің жарығына дейін жамап-жасқап, жең ұшынан селбесіп отырған зергер Оралда өзіміздің қыжылымыз жоқ, – десті олар *б а т у а л а с ы п* қойғандай (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Аз күн өтпейақ Аянбай араға кісі салдырған. – Құдаға айта бар... бата жасап, *б а т у а л а с қ а н* соң тайын тақымынан шығарсын (Т.Есімжанов, Аяулым).

БАТУТ [лат. batoude] з а т. с п о р т. **1.** *Серіппелі тор үстінде ойналатын спорттың бір түрі. Б а т у т* жарысының бағдарламасына бір еркін екі міндетті жаттығу енеді (ҚСЭ). Қазір *б а т у т* спортынан Қазақстанда 4 спорт шебері бар (ҚСЭ). **2.** *Осы аттас спорт түрі өткізілетін серіппелі тор. Б а т у т* резеңке немесе болат серіппемен төрт бұрышты кермеге тартылған тор (ҚҰЭ). *Б а т у т* 1965 жылға дейін тек акробаттар мен гимнастардың, суға секірушілердің жаттығу құралы ретінде қолданылған (ҚСЭ). **3.** *Саябақтарда, демалыс орындарында, алаңқайларда балалардың секіріп ойнауы үшін арнайы жабдықталған серіппелі торы.* Әке, *б а т у т қ а* секіремін (Ауызекі).

БАТУЛЫ с ы н. *Жанына батқан, күйзелткен.* Кетіп бара жатқан Әзімханның жүрегі ақырын езіліп аунақшып жанына шоқ басқандай *б а т у л ы* еді (С.Сейфуллин, Әңгім.). Бұл беймаза сөзі Бектас көңіліне бірде қонса, бірде қонбай жүргені Дәріш жанына қатты *б а т у л ы* (А.Байтанаев, Қайнар.). Мына қалың қосын қыстауына кеп жатып алғаны Бірманға *б а т у л ы* (А.Жұмаділдин, Сең.).

БАТШАҒАР з а т. с ө й л. ***Пәтшағар***. О, несі-ай... ұят та қалмаған *б а т ш а ғ а р л а р.* Тамақ тоқ, көйлек көк, кімнің қайғысын білгендей бұлар... (Н.Сералиев, Қаңтар). Өлсең өл, керегің жоқ енді сенің, Өлгенше жұртты сорып, елді жедің. Жамандап осы құрлы өле-өлгенше *Б а т ш а ғ а р,* мен осынша неңді жедім? (І.Жансүгіров, Шығ.). [Баймағамбет] – Апырай, *б а т ш а ғ а р д ы ң* бәлесін-ай. Күнді емес, ортақ табысты сорып жүр екен ғой (Ғ.Мұстафин, Миллионер).

БАТШАЙЫ з а т. с ө й л. ***Батсайы***. Басында қызыл кәріс шәлі, үстінде қызыл *б а т ш а й ы* қос етек. Жасы көп болса он алтыларда (І.Есенберлин, Қатерлі.). *Б а т ш а й ы* жидым киізше, Батырдан қалған қырық шора, Қадір білмес кіл кеще (Манас).

БАТЫҚ[1] з а т. *Ағаш сапты шойын шоқпар.* Бес қарудың бірі ретінде шоқпардың ертеде босмойын, сақетер, бұздыған, күрзі, *б а т ы қ* басы деген түрлері болған (Сөз сандық).

Батық тисін басыңа. қ а р ғ. *Қатты ашуланғанда, кейігенде жазаңды ал деген мағынада айтылатын қарғау мәніндегі сөз.* ≈ «*Б а т ы қ т и с і н б а с ы ң а*», – деді.

БАТЫҚ[2] с ы н. *Батыңқы, кіріңкі.* Сары еттің түсы – *б а т ы қ,* кейкі тұмсық, көзі – іннің көк буалдыр түбі болса. Айналған екі езуі шықшытынан, Бекінген бет аузының түгі болса (Кете Жүсіп, Өлең.).

Батық мұрын. *Кеңсірігі ішке қарай кіріңкі, батыңқы мұрын.* Бір малайға астау көтертіп,

балта алғызып соңына ертіп, Қайдардың бәйбішесі Тұрымтай дейтін *б а т ы қ м ұ р ы н,* тасбақа беттес қара әйел, аяғын басқан сайын ентігіп, ет сақтайтын сарайына беттеп барады (Б.Майлин, Азамат.). Кеңсірігі шөгіп кеткен *б а т ы қ м ұ р ы н ы* шу-шу етеді (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

БАТЫҚТАУ с ы н. *Ішке қарай кіріңкілеу, батыңқылау.* Оның ортасы *б а т ы қ т а у,* доғалдау иегі көтеріле түсті де, жинақы еріндері тымырая қабысты (Т.Нұртазин, Мұрат). Қаржау осы сөзді айтып болғандай бармағын қозғап-қозғап алды да *б а т ы қ т а у* мұрнының ұшын сипап қойды (С.Хайдаров, Теңіз.).

БАТЫЛ[1] [ар. بطل]с ы н. **1.** *Ержүрек, қайсар, өжет (адам).* ≈ *Б а т ы л* бала. **2.** *Өткір, тура, шыншыл.* Ол заманға *б а т ы л* баға беру жаңа мемлекетіміздің идеология саласындағы негізгі міндеттерінің бірі («Түркістан»). Оның сөзі *б а т ы л,* мінезі еркін. Сонысының өзі жарасымды, тартымды еді (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). // *Жасқаншақтамай, еркін, бет қақпай.* Жасық өспей, *б а т ы л* өскен, Жабырқауды білмейді олар (А.Тоқмағанбетов, Сайра. бұлбұл). [Сырдақ Сәулеге] Сіздің облыстың алдында тұрған шаруашылық проблемаларынан хабарыңыз жоқ. Сөйте тұрып *б а т ы л* ұсыныстар жасайсыз (Т.Ахтанов, Дала сыры). Адам әп-сәтте өзгереді екен. Бұрынғы именшек Жәмила бүгін *б а т ы л,* батыл Айдар – қорқақ (Ғ.Мұстафин, Миллионер). // *Қорықпай, өжеттікпен, ашықтан-ашық.* Сондықтан, бұл жаңа жобалар мен жүйелерді *б а т ы л* қолдап, жүзеге асыратын болсақ, мемлекетіміздің білім-ғылым саласындағы жемісті реформа болып табылар еді («Түркістан»).

Батылы [жетпеді] бармады. *Дәті бармады, именшектеді.* Бірден қыздың қасына жетіп баруға *б а т ы л ы ж е т п е д і.* Шалқасынан жата қалып әуелі қолын созды. Саусағы шашына тиді (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.). Ал бірақ халқымызға, Қазақстанға пайдасы күмәнді Байқоңырмен бақұлдасуға *б а т ы л ы м ы з* да *ж е т п е й д і,* Шын ниет те жоқ («Түркістан»). Мен енді оған тура қарауға *б а т ы л ы м б а р м а й,* оның көзіне көрінбеуге тырысып, үйіме қарай жылысып кеттім (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Уәкілге айтуға тіл күрмеліп, *б а т ы л ы м б а р м а д ы* (Б.Тұрсынбаев, Ауылдан келген.).

БАТЫЛ[2] [ар.إباطل] с ы н. е с к і к і т. **1.** *Дұрыс емес, теріс, жалған.* Бұлай деу *б а т ы л,* бір ғана құдірет пендеде болған қуат, құдірет, ғылым ақылдан басқа болатұғын Алла тағалада болған құдірет ғылми һәм рақмет (Абай, Тол. жин.). Сөлдені оқшырайта киген қалай, Сүзіліп басты төмен мен қандай? Алатын тоқты-торым кеми ме деп, «*Б а т ы л*» деп ақиқатқа тиген қандай (С.Торайғыров, Шығ.). **2.** *Пайдасыз, жарамсыз, бос.* Өнерді білмегендердің ісі *б а т ы л,* Өнерсіз бай болса да, болар пақыр (Кердері Әбубәкір). // *Теріс тік, дұрыс еместік, жалғандық.* Бұлар хақ бірлән *б а т ы л д ы* айырмаққа, себептерін білмекке тырысқандарымен һәммасы адам баласының пайдасы үшін, әрбір нәрсенің себебін таппақпенен ләззаттанады (Абай, Тол. жин.).

БАТЫЛДАН= е т. *Тайсалмау, өжеттену.* Қасқырлар қамалап, бірте-бірте *б а т ы л д а н ы п* таяна берді (С.Сейфуллин, Әңгім.). Әлденеден *б а т ы л д а н ы п* кетіп, қасымдағы Гүлсімді қаусыра құшақтай алдым (С.Бегалин, Уақыт.). Мәдидің қамшысынан қорықты ма, әлде екі жылқы сыйына қызықты ма, әйтеуір найзасымен жерді түйгіштеген батыр қайтадан *б а т ы л д а н ы п* кетті (Ә.Әбішев, Найзағай).

БАТЫЛДАНДЫР= е т. *Қорықпайтындай ету, өжеттендіру.* Киіз үйдің маңдайшасынан жарық көрінеді. Сол жарық Бәукенді *б а т ы л д а н д ы р д ы* (Р.Әбутәліпов, Алтын.). Оның бұл қызулы сөзі жауынгерлерге қанат бітіргендей болды. Жігерлерін жанып, *б а т ы л д а н д ы р а* түсті (Ә.Меңдібаев, От кешу).

БАТЫЛДАНДЫРУ *Батылдандыр етістігінің қимыл атауы.*

БАТЫЛДАНЫҢҚЫРА= е т. *Батылдана түсу, өжеттеніңкіреу.* Екінші жолғы кездесуде қыз кешікпей келді, мен де *б а т ы л д а н ы ң қ ы р а д ы м* (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

БАТЫЛДАУ с ы н. *Өжеттеу, еркіндеу.* Бір кезде *б а т ы л д а у* біреуі түйенің екі өркешінің ортасына мініп алды (Ө.Қанахин, Жер бас.). Айым колхоз бастық Әмірәлінің ерке, шолжаң өскен қызы, басқа қыздарға қарағанда еркін, *б а т ы л д а у* (Н.Сералиев, Қаңтар). – Далада туарылып қалады екен деп қорықпай-ақ қой, – деді Исахмет манағыдан гөрі *б а т ы л д а у* оның сөзін бөліп (М.Сүндетов, Ескексіз.).

БАТЫЛДЫҚ[1] з а т. **1.** *Батыл болушылық, ержүректік, өжеттік.* Әбділ ескерткішіндегі мүсіндердің бір айырмашылығы, мұнда үлкен күштің, жігердің, *б а т ы л д ы ң т ы н* рухы білінеді (Д.Досжанов, Құм жұт.). Исатай мен Махамбеттің батырлық атын шығарып, атағын алты алашқа жайған да солардың ерлігі, ержүрек *б а т ы л д ы ғ ы* деп білеміз («Түркістан»). Шайхының қызығы – ойыншылдығында ғана емес, жыланға *б а т ы л д ы ғ ы н д а* (С.Мұқанов, Есею жыл.). **2.** *Шыншылдық, өткірлік, туралық.* Кәкітай Мағаш ойының *б а т ы л д ы ғ ы н а,* өткірлігіне қызығып қалды. (М.Әуезов, Абай жолы). Бұл хакимдер электрді тауып, аспаннан жайды бұрып алып тұрып, от пен суға қайласын тауып, мың адам қыла алмастай қызметтер істетіп қойып тұрғандығы

хақ пенен *б а т ы л д ы қ т ы* айырмақты үйреткендігі – баршасы нафиғылық болған соң біздің оларға міндеткерлігімізге дауға жоқ (Абай, Тол. жин.).

БАТЫЛДЫҚ[2] [ар.] з а т. е с к і к і т. *Терістік, ақиқатқа қайшылық, бұрыстық.* Бұл хакимдер Ұйқы, тыныштық, әуес-қызықтың бәрін қойып, адам баласына пайдалы іс шығарма ақылығына, яғни электрді тауып аспаннан жайды бұрып алып тұрып, от пен суға қайласып тауып, мың адам қыла алмастай қызметтер істеп қойып тұрғандығы, ...хақ пенен *б а т ы л д ы қ т ы* айырмақты үйреткендігі – баршасы нәфиғлық болған соң, біздің оларға міндеткерлігімізге дағуа жоқ (Абай, Тол. жин.).

БАТЫЛДЫЛЫҚ з а т. с ө й л. ***Батылдық (өжеттік).*** Қызыл отауға қыз-келіншектер де келетін болды. Бәрі де жақсы нәрсені көруге, білуге ынтық, бірақ *б а т ы л д ы л ы қ* жетіспейді (О.Сәрсенбаев, Сағым). Сол күнгі *б а т ы л д ы л ы ғ ы м а* тан қаламын. Тіке сол бақ арасынан еркін шығып, ешкімнен қаймықпай-ақ бой түзеп, автобустың аялдамасына бардық (Қ.Тұрсынқұлов, Есіңде ме.).

БАТЫЛСЫЗ с ы н. *Батыл емес, жасқаншақ, именшек.* Гүлнарға баруға талай оқталып, талай тартындым. «Неге осынша *б а т ы л с ы з б ы н»* деп, оңашада өзіме мықтап кейіп те аламын (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). *// Именшектеп, жасқаншақтап, әрең-әрең оқталып.* Кенет, ол, Ақбала бір мұздай қолдың өз қолынан *б а т ы л с ы з* ұстағанын сезіп, аяз қарығандай денесі дір етті (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Кішірек көздері Әлимаға жаудырай қиыла қарап имене, *б а т ы л с ы з* жыпылықтайды (С.Мұратбеков, Дос іздеп.).

БАТЫЛСЫЗДАН= е т. *Именшектену, жүрексіну, жасқаншақтану.* – Жеңеше, балаларға тамақ дайындасайшы, көп кідірмей жүреді ғой, – дедім *б а т ы л с ы з д а н а* (Д.Исабеков, Бекет). – Тасеке, сізге бір жайсыз хабар жеткізуге *б а т ы л с ы з д а н ы п* тұрғаным, – деп қипақтаған орынбасардың сөзі де, кейпі де дәл бүгінгідей есіңде («Қаз. әдеб.»). – Сіз олай сөйлемеңіз, – деді ол бригадирге *б а т ы л с ы з д а н а* қарап (Д.Исабеков, Қара шаңырақ).

БАТЫЛСЫЗДАУ с ы н. **1.** *Батыл емес, жасқаншақтау.* Өзі *б а т ы л с ы з д а у* сияқты (Ауызекі). *// Именшектеніп, жасқанып, әлсін-әлсін, жүрексініп.* Ауыз үйден ер адамның *б а т ы л с ы з д а у* тамағын кенегені, жөткерінгені естілді (М.Сүндетов, Ескексіз.). – Мүмкін адресіңді қалдырарсың, – деді ол *б а т ы л с ы з д а у* тіл қатып. Қарлығаш сөзге келген жоқ (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). *Б а т ы л с ы з д а у* басып жақындадым. – Сізді көп айтып, осы кездесуді жасауға себепші болған Марат деген жігітіміз осы, – деді Күләйша апай (С.Сарғасқаев, Тәмпіш қара).

БАТЫЛСЫЗДЫҚ з а т. **1.** *Қорқақтық, именшектік.* Ол менің *б а т ы л с ы з д ы ғ ы м д ы,* бостығымды ажуалап тұр екен (Ә.Нұршайықов, Махабб.). **2.** *Жүрексінушілік, батылы жетпеушілік.* Өзіңнен үлкен адам алдында *б а т ы л с ы з д ы қ* деген де бір пәле (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). Алпысқа келгенде қалай Төлеген болар екеміз, – деп *б а т ы л с ы з д ы қ* білдірдім (Қ.Байсейітов, Құштар.).

БАТЫЛСЫН= е т. *Өжетсіну, жүректі болғансу.* Бұрын *б а т ы л с ы н ы п* жүретін Төрекелді, дәл осы жолы Ақмоншаққа тура қарай да алмады (М.Иманжанов, Адам.). Оның [албырттықтың] толқыны шын туласа *б а т ы л с ы н ғ а н* жалғыз-жарым қайық түгіл, алып кемені де қиратады (Д.Әбілев, Арман.).

БАТЫЛСЫНУ *Батылсын етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ел алдында *б а т ы л с ы н у.*

БАТЫЛЫРАҚ с ы н. **1.** *Өжеттілеу, батылдау.* Осы мылтықта бір құдырет күші бар сияқты, жай кездегідей емес, қасына алса өзін *б а т ы л ы р а қ* сезінеді (Т.Дәуренбеков, Біз кездес.). *// Қорықпай, еркінірек, жасқаншақтанбай.* Көз алдымда кіреукелеп, көлегейлеп тұрған шымылдықты *б а т ы л ы р а қ* сырғытып, қолымды созсам – тұңғиықта малтыға тал қармаған қалпымнан арылатын тәріздімін (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). Адасқан қаздай, олардан жырылып қалмай, бірге кетуді көздеп Гүлжан есікті *б а т ы л ы р а қ* қағып еді (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

БАТЫМ с ы н. **1.** *Үшкір, өткір, қатты баттатын.* Қуған, мегдетке жайының ығы кетіп, құйрығы сөлектеп, шұбатылғаны әлдеқашан. Сол құйрық сүйретіле барып Қапал шыңына кірген-ді. Енді шығар аузында, тасқа жаныштап, сығымдап басып қалмақ болып, *б а т ы м* шеңгел лап берді (М.Әуезов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Өткір, өжет, қайсар.* – Мен қызы бар орыс үйінде, өзімдей қызы бар үйде, жалғыз тұрам! – деп, екі туысынан гөрі *б а т ы м,* ерке сөйлейтін Күлбадан күліп қояды (М.Әуезов, Абай жолы). Ел қамы үшін өлуге жанын сайлап, Соғыс десе тұрмайды қойса байлап, Жауға *б а т ы м,* жақынға және әдепті, Кішіні – іні, үлкенді – ағатайлап (Шәкәрім, Өленд.). **3.** а у ы с. *Өш, құмар, тым асық.* Оларды мен көріп ем кешке жақын, Бұл итпен жауласуға болма *б а т ы м.* Бұл тауда аңшы болып жүре алмайсың, Өшіксе, қылғызбайды бізге жатын (Үш ғасыр.).

БАТЫМДЫ[1] с ы н. *Батыл, жасқаншақтанбайтын, өжет.* Шерғазы қырға шығып көрінуге, сахарада не тілегенін істеп ақылды һәм

б а т ы м д ы, жолы үлкен болған соң, Қаратай жүрген соң қорқушы еді («Айқап»).

БАТЫМДЫ[2] с ы н. **1.** *Жанға бататын, ауыртпалығы мол.* «Қалың мал» бар заманда Әйел сорлы күң еді. Кедейліктен *б а т ы м д ы* бас билігі мұң еді (С.Сейфуллин, Өлеңд.). **2.** а у ы с. *Жанға жайлы, сіңімді.* Самал үрлеп желбірете шашымды, Жардың қолы сипағандай басымды. Өзім айтпай, біреу айтса атымды, Шіркін, соның дәмі қандай *б а т ы м д ы* (К.Шілдебаева, Арманым).

БАТЫМДЫҚ з а т. *Батылдық, жүректілік.* Бірақ таныса қоюға Қанатта *б а т ы м д ы қ* жоқ, клубқа барса, би билемейді (Е.Қонарбаев, Түнгі от).

БАТЫМДЫЛЫҚ з а т. *Батымдық, еркіндік, өжеттік.* – Қай жақтікі боласыз? – деді үй иесі, әйелдің *б а т ы м д ы л ы ғ ы н* ұнатпай (Ғ.Мүсірепов, Өмір.).

БАТЫМЫРАҚ с ы н. *Батылдау, батымдылау.* Серғазы бастаған төрт адам *б а т ы м ы р а қ* адымдап, төрге барып, малдас құрды (Б.Тілегенов, Көктем.).

БАТЫН [ар. باطن] ү с т. к ө н е. *Жасырын, құпия.* Тегінде иман бар ма мүрит шыққан, мүһмінің әлін байқап, ашқан *б а т ы н.* Құранда жеті әріп жоқ, қай аятта? Тауып бер сен ғылымда қылсаң хатым (Ақан сері).

Батын көз. ***Көкіреккөз.*** Сонда ана ...адамның көкірек көзі бар. Оны *б а т ы н к ө з* дейді. Ол адамның зеректігіне байланысты («Жас Алаш»).

БАТЫН= е т. *Батылы бару, қорғану.* Сұр қаншық жолбарыстың маңына барудан *б а т ы н б а д ы* ма? Әлде басқадай ой түсті ме (Т.Рыскелдиев, Ұлы көш).

БАТЫҢҚЫ с ы н. *Ішке қарай түсіңкі, кіріңкі, ойыңқы.* Малқар болыс әдетінше бір пысқырып қойды. Түбі тым *б а т ы ң қ ы,* үш жағы көтеріңкі, етектілеу келген мұрны әмән бітіп жүреді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Үсті *б а т ы ң қ ы* таңқы мұрнын бір тартты да қоңырауды сағатты қойнына асығыс сұқты (С.Шаймерденов, Өмір нұры). // *Иіліңкі, ойықтау.* Мен білетін жолдардың ізі ішіне қарай *б а т ы ң қ ы* болушы еді, мынау жол – үстіне қарай шығыңқы (С.Мұқанов, Өмір мектебі).

Батыңқы спиральды сұрыптағыштар. т е х. к е н. *Науа ішіндегі спиральдың төменгі басы қойыртпақ ішіне толығынан батып көрінбей жататын механикалық сұрыптағыштар. Б а т ы ң қ ы с п и р а л ь д ы с ұ р ы п т а ғ ы ш т а р* қолданылғанда олардан шығатын ағызындыдағы заттың үнтағы жоғарылайды (Қаз. тілі термин. Кен.).

БАТЫҢҚЫЛАУ с ы н. *Ішке қарай кіріңкілеу, ойыңқылау, батық.* Маңдайдан төмен түскен *б а т ы ң қ ы л а у* таңқы мұрнының астында ширатылған сарғыш мұрт бар (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке). Шешемнің кескінкейпі бүгінгідей көз алдымда: тарлау маңдайлы, түп жағы *б а т ы ң қ ы л а у,* үш жағы жуандау мұрны (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

БАТЫҢҚЫРА= е т. **1.** *Сұғыныңқырау, кіріңкіреу.* Осы сөздер қамшы болады да, менің қолым табаққа *б а т ы ң қ ы р а п* кетеді (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Қарға *б а т ы ң қ ы р а п* қалған шаңғыны мұрындық жіптен тартып, суырып алды (О.Бөкеев, Біздің жақта.). **2.** а у ы с. *Көңіліне келіңкіреу, қатты тиіңкіреу, өтіңкіреу.* Өзін солаймын деп жүрген Хамитқа жездесінің мына жала пікірі мен ниеті *б а т ы ң қ ы р а п* кеткендей болды да ол тағы бір дөңбекшіп аударылып түсті (Х.Рахимов, Қызғалдақ).

Шымбайына батыңқырады. *Көңіліне келіңкіреді, жанына тиіңкіреді.* Балжан бай жаман неменің бұл айтқанының жаны бар да шығар деп бір мырс етіп күлген де қойған. Бірақ одан арғы сөздері *ш ы м б а й ы н а* тіпті *б а т ы ң қ ы р а д ы* (Ә.Кекілбаев, Дала.).

БАТЫП-ШЫҒЫП ү с т. **1.** *Біресе батып кетіп, біресе қалқып шығып, бір көрініп, бір шөгіп.* Жанымдағы жолдасым, құдай-ау, соның аты кім еді, *б а т ы п-ш ы ғ ы п* қайыққа қарай малтыған (Ә.Сәрсенбаев, Капитан.). Тағы да ораламын Шұбалаңға... Айналып мен ойнайтын су-алаңға, Малтимын, *б а т ы п-ш ы ғ ы п* келе жатам, Жолығып маған жұмбақ бір ғаламға (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Қой, тыныш отыр дейін десем, қармағымның қалтқысы *б а т ы п-ш ы ғ ы п, б а т ы п-ш ы ғ ы п* тұр (М.Сүндетов, Балық аула.). **2.** а у ы с. *Біресе қиялға шомып, ойланып-толғанып, әрі ауытқып, берi ауытқып, сан құбылып.* Осындай ойларға *б а т ы п-ш ы ғ ы п* келе жатқан Есенәлі Тұлпарлы тауынан асып түсіп, Майлыкөл шабындығында шөп шауып жатқан бригадаға соқты (Ж.Тілеков, Шалғай шепте).

БАТЫР[1] [ар.] з а т. **1.** *Ел қамы үшін жаумен шайқаста ерлік көрсеткен қаһарман адам, елін сүйетін ержүрек азамат.* Бай өлкем, армысың. Армысың, қарлы шың! Арайлы шығыстан Атқан бір таңбысың? Айбынды елмісің? Айдынды көлмісің? Ақынның, *б а т ы р д ы ң* ардағы сенбісің? (М.Мақатаев, Шығ.). Әкесінің жасын өте үлкен кәрі қылып, өлдімталдым дегенде зарықтырып, тарықтырып оған жалғыз ұл беріп, ол ұлын жұрт қорғаушы *б а т ы р* қылып, ер құрбандығының көптігін, үлкендігін көрсету мақсатпен істеген ақын

шеберлігі де бар шығар (А.Байтұрсынов, Шығ.). Өр көңілді *б а т ы р* бейнесіндей. Әрі байсал, әрі маңғаз. Тіп-тік бойы қымсынбай, қысылмай кетті. Құнанбай есіктен көз алмай ойланып қап еді. Аздан соң Нұрғанымға қарап: – Шіркін, Базарлы! – деді (М.Әуезов, Шығ.). **2.** т а р. *Дәстүрлі қазақ қоғамында әскери жорықтарда жеке ерліктері үшін құрметті атаққа ие болып, ел басқару ісіне де араласу құқығын иемденген әлеуметтік жік өкілі.* Мемлекеттік билікті қолына ұстаған қоғамдық топ-әскери өнер дамып, қару-жарақ жасаудың, оны қолданудың биік деңгейі қалыптасты. *Б а т ы р л а р* көбіне осы әлеуметтік жіктің арасынан шықты (ҚҰЭ). – Кедейден де талай топ жарған шешен, қол бастаған *б а т ы р,* ел ұстаған билер шыққан, – деді жылпос Жақып (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Үш биден төменірек үш шоғыр боп үш жүздің ру басы билері мен *б а т ы р л а р ы* отырарды (Ә.Кекілбаев, Үркер). **3.** *Ел қорғаудағы асқан батырлығы, әскери жорықтардағы ерекше ерлігі үшін берілетін атақ.* Мен татысам, жігітсің маған татыр, Міне, осындай ішімде қайғым жатыр, Ойнас емес, өмірлік жолдасым деп, Беремісің уәде, Кебек *б а т ы р?* (Шәкәрім, Шығ.). Алшыоразды ертіп қасына, Сүйдінге қарай жөнелді, *Б а т ы р* Қамбар тасынып, Қалмақтың атын түсіріп Атқа жарып кенелді (Қамбар батыр). Құртқа сынды сұлуды Қобыландыдай *б а т ы р ғ а* Берейін деп жатқанын Қырық бес кез Қызыл ер Хабарын мұның есітті (Қобыланды батыр). **4.** *Соғыс, шайқас ұрыстардағы жауынгер, ұрыс шебері.* «Ер Төстікке» серік болатын көреген *б а т ы р,* естігіш *б а т ы р,* таусоғар – бәрі де адамның сол бір ұлы армандарын білдіреді (М.Әуезов, Әр жыл.). Талай *б а т ы р* садақ тартып төбесіне жеткізе алмапты ғой (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Жортар мықтылық, батырлығының үстіне, ауызға ілінген найзагер болды десетін. Бұл сыпаттың бәрін мен бұрыннан естігенімнің үстіне, сол *б а т ы р д ы ң* шал болып қартайған түсін көргенде, ұзақтап алысқа кеткен ескі күннің көмескі түсі елестегендей еді (М.Әуезов). Қапылыста Едіге Қымызбен ханды ұрады, Қарғып үйден шығады, Жалғызды ұста дегенде, Талай жалғыз шұбады. Тойға келген қалың ел Ұстаймыз деп қуады. Үзеңгі, тартпа қиылған Не қайратты *б а т ы р л а р* Міне алмай аттан құлады (Бақтыбай ақын, Жел қобыз). **5.** ж а ғ ы м с ы з. *Көзсіз ерлік, қатыгездік иесі, «барып кел, шауып келге» тұратын адам.* Ел шауып, кісі өлтірсе *б а т ы р* деген, Батырлар фақилердің хақын жеген (М.Дулатов, Шығ.). – *Б а т ы р,* балуанды көріп жүрміз ғой. Сені *б а т ы р* деп жұмсайды да, мені қатын деп жұмсайды: айырмасы осы-ақ, – деді ана (Ғ.Мүсірепов, Ана). **6.** ж а ғ ы м д ы. *Біреуді мадақтау, көтермелеу, дәріптеу, қошеметтеу мәнінде айтылатын сөз.* Өзің батыр болғанмен Бұл еткенің ғапылдық Алдауымен әйелдің Жер – сыбыр болып бір кеттің Шамаңды, *б а т ы р,* шенедім (Базар жырау, Шығ.). Желіккен жауға кез болса, Араздығы сөз болса, «Бәрекелді, *б а т ы р*» деп, «Мықты боп бара жатыр» деп, Мақтап-мақтап қоздырар (Абай, Тол. жин.). Қайырлы болсын, *б а т ы р,* бұл талабың, Күйзеліп, күңіреніп өсті табың (И.Жылқайдаров, Жастар.). **7.** с ө й л. э к с п р. *Біреуді кемсіну, менсінбеу, мысқылдау мағынасында айтылатын сөз.* Шатырда мекен еткен күйеу *б а т ы р,* Қарасам, ішке түсер заманақыр. Қоқанның зекетшісі жатқан үйдей, Көзіме теріс көрінер жасыл шатыр (Қазақ ақынд.). Байқап бас аяғыңды, Әжек *б а т ы р,* Аңғарып білмек болсаң біздің жайды (Айтыс).

Батыр аңқау [аңғал]. *Батырлар аңғырт, қамсыз келеді деген мағынада. Б а т ы р а ң қ а у,* ер көдек (Мақал-мәтел).

Батыр бастас болады. *Батырдың мұддесі, тілегі бір, мақсаты ортақ. Б а т ы р б а с т а с б о л ғ а н д а,* байлар да болар қоныстас (Дулат ақын, Өлеңд.).

Батыр болсаң, бопсаға шыда! *Ер болсаң, сырттай жасалған сеске төз, қандай қиындық болса да шыдап бақ. «Б а т ы р б о л с а ң б о п с а ғ а ш ы д а»* дегендей... Ерліктің,ептің үлкені бопсаға шыдау екеніне көзіміз жетті (М.Әуезов, Әр жыл.).

Батырдан сауға, мергеннен сыралғы. э т н. *Батырдан араша, мергеннен олжа сұра.* Қамқа тонын бас қылып үстіне жауып, Таймас толық тоғыз сый береді. Отырғандар шулап қоя береді: – *«б а т ы р д а н с а у ғ а, м е р г е н н е н с ы р а л ғ ы»*, бізге алған олжаңнан байла, – деп (Ш.Смаханұлы, Айға үш.).

Батырды бәрекелді өлтіреді. *Мақтаншақтық ер адамның тұбіне жетеді.* Кедейді көтерме, *б а т ы р д ы б ә р е к е л д і ө л т і р е д і* (Мақал-мәтел).

Батыр қандас. *Намысы бір, қанды көйлек жолдас, майдандас.* Келіпсің Шормановты тұстасым деп, Бұл Шорман не қылмады нашарды жеп. «Бай бастас, *б а т ы р қ а н д а с*, би құлақтас», Шорманға ақылыңды сен беріп кет (Жаяу Мұса, Өлеңд.).

Батырлар жыры. ә д е б. *Халық тарихындағы елі мен жерін басқыншы жаудан қорғаған батырлардың ерлік істерін жырлаған фольклорлық шығарма.* «Ер Тарғын», «Қамбар», «Алпамыс», «Қобыланды» сықылды *б а т ы р л а р ж ы р л а р ы н д а* қалмақ-монғол басқыншыларының

шабуылы баяндалып, қазақ батырларының ерлігі жырланады (ҚСЭ).

Совет Одағының Батыры. с о в е т. *Ұлы Отан соғысындағы жеке адамның мемлекет алдындағы ерекше ерлігі, асқан батырлық істері үшін берілген жоғары атақ.* Нүркен Әбдіров – 22 жастағы совет қыраны – Қарағанды сияқты атақты ұядан ұшып шығып, майданда көрсеткен ерекше ерліктері үшін *С о в е т О д а ғ ы н ы ң Б а т ы р ы* деген атақ алды (Ғ.Мүсірепов, Өмір.). Төлеген Тоқтаровқа СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша *С о в е т О д а ғ ы н ы ң Б а т ы р ы* атағы берілді (Ә.Нұршайықов, Батыр.).

БАТЫР[2] с ы н. **1.** *Ержүрек, қайтпас қайсар, өжет.* Біздің қазақтың «жүректі кісі дегені», *«б а т ы р* кісі дегені» онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды (Абай, Тол. жин.). Тайсалма, тәуекел қыл, *б а т ы р* балам, Арсыға дұға асырар мен қарт бабаң, Еңіреген ерге серік жолдас болар, Балауса жас жолбарыс – інің Науан (М.Жұмабаев, Шығ.). Ішінде темір тордың шынжырлаулы Жатқанын көрмеймісің қайран халқың? Көп қуып, қорқақ едік, *б а т ы р* қылды, Біздерге енді не бар аянатын? Біз онша сатып алған құл емеспіз әркімді төбемізге шығаратын (М.Дулатов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Батыл, өткір, тайсалмайтын.* Жүрегінен төгілген Елімнің *б а т ы р* жыры бар. Ана деген елім бар, Таусылмас алтын кенім бар (Айманқүл, Ана сыры). **3.** ж а ғ ы м с ы з. *Қаскөй, есер.* Тоқты сойып дөндеген тоқтай алмас, Жылқы ұрлағыш *б а т ы р* боп о да елермей (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Аузы батыр. *Тілі өткір, шындықты тура айтатын, тайсалмайтын.* – Аздардың *а у з ы б а т ы р* еді. Қоймадың ғой ақыры, – деді. Ел не деуші еді сені, Маңғаз емес, масыл дейді, Кербез емес, кесір дейді (Ш.Смаханұлы, Тотияйын).

Батыр ана. қ о ғ.-ә л е у м. *Көп бала туып, өсіріп тәрбиелеген анаға мемлекет тарапынан берілетін жоғары ресми атақ, ардагер ана.* Оңтүстік Қазақстан облысының Қазығұрт ауданында өткен *б а т ы р а н а л а р* мәжілісіне қатысқан жұрт көптеген қуанышқа кенелді (Абзал жандар).

Батыр қала. с о в. *Ұлы Отан соғысында неміс-фашист басқыншыларымен шайқаста халқы ерлік, қаһармандық көрсеткен қалаларға берілген жоғары атақ. Б а т ы р қ а л а л а р д ы* қорғау қаһарман жауынгерлердің батырлығы мен табандылығының үлгісі болды (ҚСЭ).

Батыр ой. *Батыл, өткір пікір.* Тәуекел мен *б а т ы р о й*, Өткір тілді найза етіп.Сайысып-ақ бақты ғой, Неше түрлі айла етіп (М.Дулатов, Шығ.).

Батыр тұлғалы [пішінді]. *Зор денелі, сом тұлғалы, алпамсадай.* Бұдан кейін екеуі көп отырып, ер көңілді, *б а т ы р т ұ л ғ а л ы* жігіттің мінезін, өткен күнін бір кезде Мәдинаға өлердей ғашық болып, ақырында көптен күткен үміттің ақталмай қалғанын айтты (С.Бақбергенов, Қайран шешем). Ол *б а т ы р п і ш і н д і* жігіт болып өсіпті (Ауызекі).

Жүрек жұтқан батыр. *Асқан қайсар, еш қорықпайтын, тайсалмайтын ержүрек.* Ал кейбір *ж ү р е к ж ұ т қ а н б а т ы р л а р ы* күрке, лашықтардың қасында жіңішке найзағай меңзелдес көгілдір құрыш алдаспандарын қамсыз қайрауда (І.Есенберлин, Қаһар).

Көзсіз [қас] батыр. *Еш нәрседен қорықпайтын, қойып кететін ер мінезді, нағыз, шын ер.* Семен Краев, оның ротасы – *к ө з с і з б а т ы р л а р*. Тосқауылға соларды тастап кеттім, жолдас полк командирі (Б.Момышұлы, Майдан). Мынау кәдімгі аждаһамен алысқан *қ а с б а т ы р* бейнелес («Лен. жас»). Мына *қ а с б а т ы р ғ а* лайық тұлғамен ауыр-ауыр тастарды көтеруге жүрексінбегенде, жүрек сөзін айтуға дәті бармай ма екен (Ә.Әлішев, Бәйтерек.).

БАТЫР[3] з а т. ө с. *Шөлді, шөлейтті, сортаң жерде өсетін шөп.* Маңқыстаудың терістік далалығына шығатыны: *б а т ы р*, қостанбас, итсигек, изен («Айқап»).

БАТЫР[4]= е т. **1.** *Суға, өзен, көл, теңіздің түбіне қарай түсіру, бойлату, ендіру.* Ертеректе, – дейді Шайхы, – әлдекімдер қайықпен бармақ болғанда, аралға жақындаған қайықты қоқиқаздар сабалап суға *б а т ы р ы п* жіберген, содан кейін жан жолай алмайтын болған (С.Мұқанов, Есею жыл.). Қайық жалдайтын шал: – Байқа, музыкаға есің шығып, суға кетіп жүрме. «Қара балықты» естен шығарсаң-ақ болды, құйрығымен соғып, суға *б а т ы р а д ы,* – деп, шын ниетін білдіре ақыл қосты (З.Шашкин, Өмір.). Марабай бізді суға *б а т ы р д ы* да, Сабатай өзі өкпеше қалқып шыға келді (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). **2.** *Суға, сұйық затқа салу, малу.* Қалашты *б а т ы р ы п* жейтін шикі қаймақ мынау! (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Жеңілтек Федор: «Мына жүн-жұрқаны менің спиртіме бір *б а т ы р ы п* алмаса, шуашынан арылмас», – деп қарқылдап жөнеле беріпті (Ғ.Сланов, Асау арна). Мың сан қолдың ақырып, бетін серперміз, Жортып жүріп, жалаң қылыш сілтерміз. Жау қанына балдағынан *б а т ы р ы п,* Айдарына өткір жүзін сүртерміз (XX ғ. қаз. ақын.). **3.** *Үшкір, өткір қаруды не затты сұғу, тығу.* Алмамбет келді ақырып, Аруағын шақырып, Қоңырбайды түйреуге, Көк найзасын *б а т ы р ы п* (Манас). Оқта-текте байлаулы төбеттей арс-арс етіп, сегізкөзімнің тұсына азу тісін

б а т ы р а қуып алады (О.Сәрсенбаев, Жақсы. көз.). **4.** *Жерге кіргізу, енгізу.* Жауынгерлердің кейбіреулері алдағы ойранның дүбіріне еліре қарап қояды да, күрегін жерге *б а т ы р а* басып, кесекті құшырлана лақтырады (Б.Момышұлы, Москва.). Қапырық бәрі: Көңілім де менің қапырық, Емендер анау, Жапырақтары шашылып, Қайыңдар әне Бөксесін жерге *б а т ы р ы п*, Ah ұрып бәрі Аңсайды нөсер шақырып (М.Мақатаев, Шығ.). Экскаватор бастады, Аузын жерге *б а т ы р ы п.* Аулаққа сілтеп тастады, Үйдей бір тасты лақтырып (Ғ.Қайырбеков, Құрдас). **5.** *Бір нәрсемен итеріп, денеге дақ, таңба түсіру.* Қарашұнақ жақындап, Қорқытып ойы ақырмақ. Айдауға бетін қайтарып, Сойылды әбден *б а т ы р м а қ* (С.Мұқанов, Шығ.). Сақал-мұртыңды жақсы алдырыпсың, қалай, ұстара жүзін *б а т ы р ғ а н* жоқ па? (К.Тоқаев, Тасқын).

Азапқа батырды. *Азап тарттырды, бейнетке түсірді. Ұ*зақ түнді ұйықтамастан атырған? Не үшін бұлай жанды *а з а п қ а б а т ы р ғ а н?* Себеп іздеп бізге қазір не қажет, Өкініш сол: есін білмей жатыр жан (А.Хангелдин, Қыз жүрегі).

Аузын батырды. *Дәмін татты, аузына алды, ішіп-жеді.* Суды көрсе, *а у з ы н б а т ы р м а й* өтпейтін Зеңгібаба әулеті сол әдеттен шыға алмай, баланың сабалауына қарамастан, суды сіміріп тұра берген (Ә.Жылқышиев, Мешін жылы).

Батыра айтты [сөйледі]. *Қатты айтты, жанына тидіріп, тиетіндей етіп сөйледі. Б а т ы р ы п а й т у д ы ң* орнына асты-үстіне түспекші. Көрдің бе, «сабыр ет, отыр» деуін (Х.Есенжанов, Тар кезең). Өздеріне *б а т ы р а* сын *а й т ы п*, қолма-қол көмектесу, қандай жақсы болар еді (С.Омаров, Хантағы). Физатовтың қалжақбас мінезін білмеймісің, бұл жігіт, міне осылай *б а т ы р а с ө й л е д і* (Р.Әутәліпов, Алтын жеміс.).

Бәлеге [пәлеге, шатаққа] белшесінен батырды. *Кесапат, кесірге шалдықтырды.* Бүгінгінің ертең орайын, кезегін күтіп, одан арғы күні есесін іздеп, өзі тағы соны істеп, елді *б ә л е г е б е л ш е д е н б а т ы р а* бастады (М.Әуезов, Шығ.). Өзі-өз болғалы партияда болыстықтың дәл мұндай қымбатқа түскен, осындай *п ә л е, ш а т а қ қ а б е л ш е с і н е н б а т ы р ғ а н* кезі болған жоқ-ты (М.Әуезов, Қараш.).

Белшесінен [белуардан] батырды. а) *Үлкен олжаға кенелтті.* Биыл екі сиыр бұзаулы болып, аққа *б е л ш е м і з д е н б а т ы р д ы* (Ауызекі). ә) *Қайғы-дертке түсірді, қиын жағдайға душар етті.* Елді судай сапырған, *Б е л ш е с і н е н б а т ы р ғ а н,* Шілдеде мұзды қатырған, Толыны төгіп шайқаған Берілді тізгін лаңға (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Жанына батырды. *Қатты айтып, шымбайына тигізді, жанын қаралады. Ж а н ы н а б а т ы р а* бірдеңе айтып салғысы келіп-ақ еді, қапелімде аузына ондай зәрлі сөз де түсе қоймады (М. Иманжанов, Менің махабб.). Сен неге үндемейсің?– Шәкір әйеліне тепсінді. – Сенің ішіңнен шыққан қыз ғой. Сөйлес. Айт *ж а н ы н а б а т ы р ы п!* Адаспасын (М.Иманжанов, Көк белес).

Күлкіге батырды. *Жұртты, қасындағыларды ду күлдірді, күлкіге қарық қылдырды.* Әріптестері мұның не десе, «бұл жақта ауызсу тапшы деген соң қамданғаным ғой» деп, жұртты *к ү л к і г е б а т ы р ы п т ы* сабазың («Егемен Қазақстан»).

Күн батырды. *Күн батқанша уақыт өткізді.* Сонымен Талтаяқ шал *к ү н д і б а т ы р ы п* алды да, кешке іңір қараңғысында тайып берді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Сен жүрген жол сол қалпы, жатыр әлі, Таңды атырып, сол *к ү н д і б а т ы р а д ы,* Орнында үйің, бірақ та бөтен әже, Бөтен бір немерені шақырады (М.Мақатаев, Шығ.).

Қараңғылыққа батырды. *Тас қараңғы қылды, қараңғы етті.* Жолдас қара айғырына мініп, күншығыстан шыға шапқан сабалақ түн дүниені *қ а р а ң ғ ы л ы қ қ а б а т ы р ы п,* батысқа қарай ұмтылып барып қапты (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Қарасын батырды. *Байып болды, жоғалды, тайып тұрды.* Осыны айтты-дағы, аян берген әулиедей жылтыр қара *қ а р а с ы н б а т ы р д ы* («Лен. жас»). Етік шкаф үстіне Ұшып барып түсті де, Қолғап төрге атылды – *Қ а р а с ы н* тез *б а т ы р д ы* (М.Әлімбаев, Орақ.).

Қарашығын батырды. *Жойып жіберді, жоқ қылды, көзін құртты.* Талайға теңдік бермеген қызыл әскер, *Б а т ы р д ы* залымдардың *қ а р а ш ы ғ ы н* (С.Мұқанов, Өмір мектебі).

Қиялға батырды. *Ойға шомдырды, елітіп әкетті.* – Абайға ден қойғалы бері кейде Ықылас қобызына емекситін болдым. Қобыз сарыны қилы-қилы *қ и я л ғ а б а т ы р а д ы* (И.Жақанов, Бірінші.).

Қол батырды. а) *Күшін көрсетіңкіреді, қаттырақ ұстап қысты.* Сәлкен оны жағадан бір-екі рет жұлқып қалғанда, Сарбас та ашуланып *қ о л ы н б а т ы р а й ы н* деді (Н.Баяндин, Ертіс). ә) *Қорлық көрсетті, жәбірледі.* Басына бұлт шақырған, Бұлттан бомба атылған, Оқтары қан қақырған, Халыққа *қ о л б а т ы р ғ а н* (Т.Жароков, Шығ.).

Қолын емін-еркін батырды. *Өзін еш нәрседен шектемеді, қолы ұзын болды, халахуалы зор мүмкіндік берді.* Ер *қ о л ы н е м і н е р к і н б а т ы р м а й т ы н,* Жоқшылық-

тоқсандағы тоң секілді. Кигенмен күнненкүнге түрленетін, тозбайтын, толымды ақыл тон секілді (Т.Ізтілеуов, Кете. Даңмұрын.).

Қолын қанға батырды. а) *Қан төкті, қанын жуктеді, қылмысты болды.* ә) э т н. *Ант айтып, серт берісті.* Бәрі *қ о л д а р ы н қ а н ғ а б а т ы р д ы.* Қарлыға тартынып түйіліп, кейін жалғыз қалады. Көбікті бастап, өзгенің бәрі қостап ант айтысады (М.Әуезов, Шық.).

Қолын табаққа батырды. *Алдындағы астан алды, тамақ жеді.* Өтірік қиялпазданып, мелдегінен шыға тойып, ықылық атып отырған адамдай, *қ о л ы м д ы т а б а қ қ а б а т ы р а* алмаймын (С.Жүнісов, Өшп. іздер.).

Қызыққа батырды. *Қуанышқа бөледі, тамашаға кенелтті.* Қалтаға түскіш, әрі ішкіш Маскүнемді шақырды. Оны кенет *қ ы з ы қ қ а б а т ы р д ы* (М.Рашев, Біле қойды). Үш күн ұдай той қылып, Тоғыз күн ұдай ойын қылып, Балуан тұрды күресіп, Ат шаптырып той қылып, Алтын қабақ аттырды, *Қ ы з ы қ қ а* сүйтіп *б а т ы р д ы* (Батырлар жыры).

Ойға батырды. *Ойландырып-толғандырды, терең ойға шомдырды.* Көшір тағы да шаршаған үнмен: – Қайдам, әйтеуір, – деді. Мұхиттың сөздері Айназарды саяси *о й л а р ғ а б а т ы р д ы.* Әрбір сөздерді, әр пікірлерді тексереді (С.Сейфуллин, Шық.). Ашық сөзді, ақжарқын, тілге майда, Қулық, ерлік түп-түгел ақыл-айла, Көз қырымен төңкеріп бір қараса, Еріксіз *б а т ы р а д ы* сені *о й ғ а* (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға).

Судай сіңгізіп, тастай батырды. *Жымжылас қылдырып, өзінікіндей етіп жіберді.* Сырттан келген талай артық малды Игнатқа өткізіп, *с у д а й с і ң г і з і п, т а с т а й б а т ы р ы п,* із-түзсіз жоғалтқан жоқ па (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Су түбіне [тереңге, терең түбіне] батырды. *Құртты, жоқ қылды, келмеске жіберді.* Біз, жастар жұрттың таңын атырамыз, Дұшпанды *с у т ұ б і н е б а т ы р а м ы з.* Еңбекші жастар туын тіккен жерге Кедейдің бар баласын шақырамыз (Қаз. әндері). Рас, мен қателестім, бірақ *с у т ұ б і н е б а т ы р м а й* мына көп жасағыр бәйбішем алып қалды (Д.Еркінбеков, Шық.). «Алайын, – деп, – бір жолы Атам тілін өлерде», Құтқармақ түгіл ұлы оны *Б а т ы р ы п т ы т е р е ң г е* (М.Әлімбаев, Орақ.). Батырсынған жандарды *Б а т ы р ы п т е р е ң т ұ б і н е* Кімдерді мазақ етпеді (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.).

Таңды атырып, кешті батырды. *Уақытты бір іспен, әрекетпен ғана өткізді.* Сондай өзгешелігі бір ауданға мол жетерлік қазынасы бола тұра, атақты онкүндікке кірісер күндерде бұл аудан және де «мақта-мақта» деумен *т а ң д ы а т ы р ы п, к е ш т і б а т ы р а д ы* (М.Әуезов, Алғы шепте).

Тәтті мұңға батырды. *Мұңайды, сағыныш пен мұң аралас, бір жағымды күйге енді.* Сонау сағымданған тау сілеміндей алыста қалған, қайта оралмас жастық шағы бір сәт көңілін *т ә т т і м ұ ң ғ а б а т ы р ы п,* шымырлатып өтті (Н.Серәлиев, Ыстық.).

Тұңғиыққа батырды. а) *Құрдымға кетірді, қарасын өшірді, жойды.* Жауды жеңіп жапырып, *Т ұ ң ғ и ы қ қ а б а т ы р ы п.* Әлемнің айқын алдында, Жеңімпаз алып СССР Мақтанатын күн туды (Қ.Әбдікадыров, Таңд.). ә) *Терең ойға шомдырды, ой түбіне жеткізбеді.* Жүгірсем де жете алмадым, ah ұрдым, Мені тағы *т ұ ң ғ и ы қ қ а б а т ы р д ы ң.* Көк сағымдай көз ұшында бұлдырап, Бір белгісіз қияндарға шақырдың (Ш.Мұхамеджанов, Ана құшағы). Ойды ой қозғайды. Ол бірде *т ұ ң ғ и ы ғ ы н а б а т ы р с а,* енді бірде шарықтап көкке самғатады («Егемен Қазақстан»).

Тырнағын батырды. *Аяусыз қысымшылық істеді, азапқа салды, қиянат жасады.* Жақынан келген жау *т ы р н а ғ ы н* қатты *б а т ы р а д ы,* – деді Айғаныс (М.Ақынжанов, Ыбырай).

Тізесін батырды. а) *Күш көрсетті, зорлық-зомбылық жасады, өктемдік жүргізді.* Болыстары өмірін еліне қаттырақ жүргізіп, *т і з е с і н* елге қаттырақ *б а т ы р ы п,* көпшілікті өзіне қарсы қылып алған екен (С.Сейфуллин, Тар жол.). Ал, Мырзабай датқа көзіне шел бітіп, мансап буына булығып, бұқараға *т і з е б а т ы р ғ а н д а* үлкен мансабына қарамай, ат үстінен жұлып алып, қамшымен қызыл ала қойдай қылып сабаған да Ерубай болыпты («Түркістан»). ә) *Еркіне жібермеді, шектен шығармады, тосқауыл болды.* Айтқанына көнбей, тепсініп отырып алатын теріс азу тентектеріне *т і з е ң д і б а т ы р ы п,* тізгіндеп ұстамасаң, тапыраңдап, төбеңе шығып алады (Б.Аманшин, Көкжар).

Үрейге батырды. *Қорқытты, шошытты, үрейлендірді.* Оқ дей ме, бомбы дей ме, танкі дей ме? Адамды *б а т ы р а д ы* неге *ү р е й г е?* Теңіздей терең білім, сен емес пе? Күш берген танкі деген бір дүлейге (Қ.Сатыбалдин, Әлия).

Шығынға батырды. *Зиян шектірді, қарыздың астында қалдырды.* Партия шығыны Бәйтенді де Жарасбай сияқты белуардан борышқа, *ш ы ғ ы н ғ а б а т ы р ы п* бара жатқан (М.Әуезов, Қараш.).

Шымбайына батырды. *Жанына тиді, намысына тигізіп қатты айтты.* Әсіре қызыл айқайшыл сатира емес. Шым-шымдап айтып, *ш ы м б а й ы н а б а т ы р а* баяндап отырып, бақырта сынайтын сатира («Лен. жас»). Бәукеннің ендігі келешек өрісін ол (Бектұрған)

қинала, *ш ы м б а й ы н а б а т ы р а* ұзақ ойланды (Р.Әутәліпов, Алтын жеміс.). Безектеген сөзі көп, Мылжыңдарды іске олақ, Жалқауларды кеу тамақ, Кеңсешілді көткеншек, *Ш ы м б а й ы н а б а т ы р а,* Қаламыммен шаншармын! (Ғ.Орманов, Абысын.).

Ішкен асын батырмады. *Көңілін көншітпеді, сарыуайымға түсірді, қайғыртты.* Үйқыдан жан болмайды шатылмайтын, Қайғы көрсе, *і ш к е н а с б а т ы р м а й т ы н.* Жұбай айтты: «Хауіп жер жатпа Арқалық, Жылғадағы жылымда қосылмайтын» (Батырлар жыры).

БАТЫРА-БАТЫРА ү с т. *Ныған-ныған, қадап-қадап, қатты-қатты.* Бұлшық еттерімді езгілеп, арқамды шапалақтап болды дағы, сүлгімен *б а т ы р а-б а т ы р а* екі рет ысқылап шықты (Ол күндер.). Қабағын шыта біраз үнтүн жоқ үңіле қарап тұрды да, [Панфилов картаға] қара қаламмен бір-екі жерге *б а т ы р а б а т ы р а* белгі соқты (Б.Момышұлы, Жауынгер.).

БАТЫРАҚ[1] з а т. т а р. **1.** *Ресейде 1917 жылға дейін болған жеке шаруашылық иелеріне, әдетте помещиктерге жалданатын ауылшаруашылық жұмысшысы.* «Солшыл» аталатындар: «крестьянның кедейі мен *б а т ы р а ғ ы н* ғана Совет үкіметінің бауырына тартып, орташа мен кулактарын құрту керек» десті (С.Мұқанов, Есею жыл.). **2.** *Кеңестік заманда Қазан төңкерісіне дейін бай-құлақтардың езгісіндегі қаналушы тап өкілі ретінде танылған әлеуметтік жіктің құрамындағы жалдамалы жұмысшылардан тұратын топ.* Ауыл мен деревняларда тап тартысы күшейді: кедей, *б а т ы р а қ т а р* Совет өкіметінің төңірегіне жиналып, бай мен кулактарға қарсы күрес жүргізді (Қ.Әміров, Өшп. жұлдыз.). Қағаздатып бұзауын, «ноғайына» қояды... деп жалшы, *б а т ы р а қ т ы ң* таптық жоғын жоқтап та кетеді (М.Әуезов, Шығ.). Оқуың жоқ болған соң, құр «мен *б а т ы р а қ п ы н,* жұмысшымын, коммунистпін, директормын» деп қаратоқпаққа қанша салып, омыраулағанмен болмайды екен (І.Жансүгіров, Шығ.). Ауыл Совет мүшелігіне *б а т ы р а қ,* кедей, орташалар ғана сайланды (Ш.Өтепов, Өшп. жалын). **3.** *Ауылдағы жалдамалы жұмысшы.* Жалдағы *б а т ы р а қ т а р ы н* шетке қойды да, өздері әйелдерге қарай балпаңдады (Ж.Арыстанов, Жалынды.). Жарлы-жалшы *б а т ы р а қ* Майданға кірді жарқырап. Еркек-әйел демеді, Оқу-білім үйренді (И.Байзақов, Шығ.). Жанжалы құрсын, болмасын, Ылайым оны ант атсын. *Б а т ы р а қ* қартың, жолдасың Жақсы өмірден дәм татсын (М.Мақатаев, Шығ.).

Батырақ болу. *Біреудің қоластына жалданып жұмысқа тұру, жалдамалы жұмыспен күнелту.* Ашаршылықтан қала жағалау, *б а т ы р а қ б о л у,* жұмысқа жалдану, кәсіп іздеу, өнер үйрену – барлығы да түйыққа қамалған елдің жалғыз көздеген ниеті болады (М.Әуезов, Шығ.).

БАТЫРАҚ[2] з а т. к ө н е. *Белгі үшін ұшына жібек шаршы байлаған таяқ.*

БАТЫРАҚҚОМ з а т. с о в е т. *ХХ ғасырдың 20–30 жылдардағы Кеңес үкіметі тұсындағы кедейлерден құралған қоғамдық ұйым, батырақтар комитеті.* Сауат ашу Танабайға өте-мөте керек еді, қанша дегенмен *б а т ы р а қ к о м н ы ң* мүшесі ғой (Ш.Аймауытов, Қош бол.).

БАТЫРАҚТЫҚ з а т. *Жалданушылық, жалдамалы жұмыс істеушілік.* Халықты *б а т ы р а қ т ы қ қ а* жалдау патшалы Ресейде ертеде кеңінен орын алды (Қазақст. тарихы).

Батырақтық істеді. *Біреудің қоластына жұмыс істеуге жалданды, ауылшаруашылық жұмысқа жалданып күнелтті.* Содан қайта *б а т ы р а қ т ы қ і с т е д і м.* Сол кезде «Шорайислам» деген шықты. Ол не? Молдалар «Ақтаяқ келеді, Ақтаяқ келеді» – десіп жүрмеді ме? Сұрастырсам, бұл кәдімгі 23-жылы болыпты (М.Әуезов, Шығ.).

БАТЫР-БАҒЛАН з а т. *Ел қамын ойлайтын, ер-азамат пен әлеуметтік мәртебесі жоғары ауқатты топтың жастары.* Сол түні біздің ерлер *б а т ы р-б а ғ л а н* Құтқарды село халқын залым жаудан (З.Қалауова, Таңд.).

БАТЫР-БАЛУАН з а т. *Әрі батыр, әрі балуан. – Б а т ы р-б а л у а н д ы* көріп жүрміз ғой. Сені батыр деп жұмсайды да, мені қатын деп жұмсайды, айырмасы осы-ақ, солай емес пе, батыр? – дейді әйел (Ғ.Мүсірепов, Өмір.).

БАТЫРБАСЫ з а т. к ө н е. ә с к. *Түркі халықтарында ертеде қолданылған таңдаулы батырлардан іріктелген әскери топтың басшысы, әскербасылық атақ. Б а т ы р б а с ы –* мықты батырлардан іріктелген арнаулы әскери жасақ басшысы (ҚҰЭ). XVIII ғасырда Жоңғар шапқыншылығына қарсы жорықтарда даңқы шыққан Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, XIX ғасырда Қоқан хандығына қарсы көтерілісті бастаған Ақмолда Байзақұлы т.б. *б а т ы р б а с ы* атанған (ҚСЭ).

БАТЫР-БҰТЫР е л і к. *Мылтықтың атылған дауысына ұқсас сатыр-сұтыр, сарт-сұрт еткен дыбысты бейнелейтін сөз.* Дәл осы секундте далада, базға жап-жақын жерде көп мылтық түн тыныштығын қақ жарып *б а т ы р-б ұ т ы р* етті (М.Әуезов, Шығ.). Басты кеп *б а т ы р-б ұ т ы р* аңшыл ағаң, Аспаннан аппақ жалын тамшылаған (Ғ.Қайырбеков, Сарыарқа.).

БАТЫРҒЫ[1] з а т. *Ірі қараның жіліншік сүйегін жарып, бір ұшын сүйір әрі қайқылау етіп еген,*

ұзындығын бір сүйем етіп жасаған өрімші, теріші пайдаланатын құрал. ≈ *Б а т ы р ғ ы м е н өрді.*

БАТЫРҒЫ[2] з а т. *Қармақты су түбіне батыруға арналған құйма қорғасын. Б а т ы р ғ ы н ы* қорғасыннан жасайды, ол қармақты қашыққа тастап, белгілі жерде ұстап тұруға көмектеседі (Саятшылық).

БАТЫРҒЫШ з а т. т е х. *Қозғалтқыштарды жүргізгенде іске қосатын карбюратордағы тетік.* Бұл двигательдерді жүргізгенде тракторист карбюратордың *б а т ы р ғ ы ш ы н* басады (Тракторист.).

БАТЫРДАЙ с ы н. *Батыр сияқты.* Толқындар тауды сүзеді, Майданға түскен *б а т ы р д а й.* Қарғиды шудың өзені Сенімен бірге жарысып (С.Мәуленов, Торғай.). Ол сүйсінуге де, аяуға да тұрарлық, неге де болса, баладай сенгіш, *б а т ы р д а й* төзгіш (Б.Аманшин, Көкжар).

Қас батырдай. *Қас батыр сияқты.* Асынып қару-жарақ *қ а с б а т ы р д а й* Үстінде көк сауыты көкті тіреп (Е.Бердин, Қанды асу).

Жауын жеңген батырдай. *Мойнынан бір ауыр жүк түскендей, көп жұмысты еңсеріп тастағандай.* Алыстым деп ашынбай, *Ж а у ы н ж е ң г е н б а т ы р д а й,* Отырдым оқшау дем алып (Ө.Тұрманжанов, Бозша торғай).

БАТЫРЕКЕ з а т. э к с п р. **1.** *Ертеректегі қазақ қоғамындағы әлеуметтік жік өкілі ретіндегі батырға қарата құрметтеу нышанымен айтылатын қаратпа атауыш.* Дүние үшін болғандарға айтар дейді: «Сендер дүниеде қажеке, молдеке, сопеке, мырзеке, *б а т ы р е к е* аталмақ үшін өнер қылып едіңдер, ол дүниең мұнда жоқ» (Абай, Тол. жин.). **2.** *Ержүрек, қаһарман адамға қарата айтылатын құрметтеу нышанындағы сөз. Б а т ы р е к е с і,* ондай бекініс бізге әлі кездескен жоқ қой? – деді Жәуке (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Бағарыңыз көбейсін, *б а т ы р е к е,* Замандас, не дос болса қатарымсың (С.Керімбеков, Еңбек – ата.). **3.** к е к е с і н. *Өзін зор санаған, біреуді жақтырмай, мінегенде қолданылатын қаратпа сөз.* – Өзің басқара берсеңші, билік біткенді қолыңа алыпсың ғой [деді Жақып Авдейге]. – Жарайды, – деді Авдей, – басқармасаң басқарма, бірақ, *б а т ы р е к е,* шытынамай отыр (Ж.Жұмаханов, Жазылм. кітап). Сенімен таласқан кім бар, *б а т ы р е к е*-ау. Сонша тұлданатын не болды? (С.Жүнісов, Ақан сері). *Б а т ы р е к е ң* білмей, таңдамайды кісіні. Үндеме, *Б а т ы р е к е ң н і ң* жаман інісі талайды тотитады әлі (С.Шаймерденов, Інім.).

БАТЫРЛА[1] **=** е т. *Батыр-батыр ету, сатырлау.* Қарағай найза *б а т ы р л а п,* Мылтықтың оғы шатырлап. Әрекет пен зеңбірек, Тұс-тұсынан атылды (Қамбар батыр). Бір түрлі жауын жауды сатырлаған, Жүктей тас домаланып *б а т ы р л а ғ а н.* Бір минутта он-он бес жай түсіп тұр, Қорқытты жан иесін шатырлаған (Дастандар). Ұлы Отанның шегінде жаудың алғашқы пулеметі *б а т ы р л а п,* алғашқы зеңбірегі доп атқан шақта, Вячеслав Михайлович үні келгенде, Қарағанды лаварлары да ел ашуымен жаңғырыққан еді (М.Әуезов, Шығ.).

БАТЫРЛА[2] = е т. *Батыр, батырекелеп қолпаштау.* Бірін-бірі «айда *б а т ы р л а п*»! «Қыздырып алады да, артын ойлатпай, азғыратұғын сөздері бар» (Абай, Тол.жин.).

БАТЫРЛАН= е т. *Батылдану, қайраттану, жігерлену.* Сөз желісін Ольға құрып берді. Топ алдында сөз сөйлеп әдеттенген адам емес қой, әйткенмен Ақыштың алдында өзінің белсенділігін көрсетемін деген сертке мінгендіктен, *б а т ы р л а н а* көтеріле сөйледі (Б.Майлин, Шығ.). Бастапқы кезде жүрегіміз лүпілдеп, біраз үрейленгендей болып едік, енді бірден-бірге етіміз үйреніп, *б а т ы р л а н ы п* алдық (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

БАТЫРЛАНДЫР= е т. *Қайраттандыру, жігерлендіру.* Курстас жолдастарының қайрап айтқан сөзі Гүлжанды *б а т ы р л а н д ы р ы п* жіберді (М.Дүйсенова, Гүлжан).

БАТЫРЛАНДЫРУ *Батырландыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Біреуді *б а т ы р л а н д ы р у.*

БАТЫРЛАНУ *Батырлан етістігінің қимыл атауы.* – Ойпырмай, мынаның атасы келіп асты-үстіне түсіп еркелеткен соң бәрімізге *б а т ы р л а н у ы н* қарашы, – деді Әлжанның мамасы (С.Бақбергенов, Кентау).

БАТЫРЛАТ= е т. **1.** *Тарсылдату, сатырлату (мылтық туралы).* Атаманның солдаттары иттерге *б а т ы р л а т ы п* мылтық атып қоя берді. Иттер шошып тұра қашты (С.Сейфуллин, Тар жол.). Биікке байлап қойып жамбы тасты, Мергендер *б а т ы р л а т ы п* мылтық атты (Ғ.Малдыбаев, Қырым қызы). **2.** *Сатыр-күтір еткізу, күл-талқан ету.* Қиратып қабырғасын *б а т ы р л а т ы п,* Ойрандап ордасына ат ойнатып – Сындырып жаудың белін талқан еттік, Көк сүңгі жан жеріне шым бойлатып (Халық ақындары). **3.** *Қатыр-құтыр шайнату, қашыр-құшыр еткізу.* Алыс жолда ауыр жүк арқалап белі талған түйе байғұс... жырық ерні бүлкілдеп, алдындағы шалғынды шөккен қалпында бытырлата үзіп, аузын толтыра *б а т ы р л а т ы п* шайнай бастады (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

БАТЫРЛАТУ *Батырлат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Оқты *б а т ы р л а т у.*

БАТЫРЛАУ[1] с ы н. *Өжеттеу, жігерлілеу, батылдау.* Баймырзаның әкесі *б а т ы р л а у*

болыпты-мыс дейді (С.Мұқанов, Шығ.). Сарбас ылғи бастап жүретін. Ол досынан көрі сәл *б а т ы р л а у,* өжеттеу еді. Ол әйелді бұрын алды (М. Жұмағұлов, Қыран.).

БАТЫРЛАУ[2] *Батырла етістігінің қимыл атауы.*

БАТЫРЛЫҚ з а т. **1.** *Батыр болушылық, батыр атанушылық. Б а т ы р л ы қ т ы ң* сәні жоқ – Түн ұйқысын төрт бөліп, Елерген тұлпар ерттеліп, Толғаулы найза қолға алып, Тұйғын құстай толғанып, Сары садақ асынып, Егескен жауды қашырып, Ұлын қорып жауынан, Ерулеген егер дауынан Тұтамдап оқ жонбаса (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Бірақ ескілік сөздер батырдың *б а т ы р л ы ғ ы н,* бидің шешендігін, ханның хандығын, салтанатын жетілдіріп ескек, асқақ сөзге лайық келуші еді. Халықтың мінезін суреттеп, мінін айтып, терең пәлсапа сөздерді желдіртіп, ескектетіп айту бұл заманда артық, ұнаспайды (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Б а т ы р л ы ғ ы ң,* билігің, Қожеке, Бақа, Қалдандай (Базар жырау, Шығ.). **2.** *Ержүректік, батылдық, өжеттік.* Денесі тең сандалдың терегіндей, Кең біткен иығының екі арасы. Шалқақ төс, бура санды, бұлшық етті, Бар еді *б а т ы р л ы қ т ы ң* әр саласы (Ә.Найманбаев, Шығ.). Ұғымға сөз дәл келу үшін сөздің мағынасын дұрыс айыра білу керек. Тіл дәлдігін бұзатын көбінесе амәндес сөздер. Амәндес сөздер деп мағынасы жақын сөздер айтылады. Мәселен: *б а т ы р л ы қ,* ерлік, батылдық, өткірлік, өжеттік деген сияқты сөздер. Мұның бірі жүректілікті көрсеткенмен әрқайсысының өз алдына өңі бар. Өңін танымай яки аңғармай бірін бірінің орнына айтса лұғат дәлдігіне кемшілік келтіреді (А.Байтұрсынов, Шығ.). «Асау той, тентек жиын», қызыл жон қырғын, *б а т ы р л ы қ,* ерлік жайларын шалдар ғана ертегі ретінде айтып отырушы еді (Ғ.Мүсірепов, Белдерде). *Б а т ы р л ы қ т ы ң* бір міні – тасырлық деуші еді (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Батырлық ертегілер. ә д е б. *Басты тақырыбы – қаһармандықпен сүйгеніне үйлену, небір алып құбыжық, жалмауыздармен күресу және ру, тайпа, бүкіл ел үшін кек алу туралы баяндалатын ертегі жанрының бір түрі.* Қазақтың *б а т ы р л ы қ е р т е г і л е р і н д е* ерекше суреттелетін батырдың айнымас серігі және көмекшісі – ат. Кендебайдың аты Керқұла, Ер Төстіктің Шалқұйрығы т.б. – тамаша тұлпарлар (Әдебиеттану терм. сөзд.). *Б а т ы р л ы қ е р т е г і л е р д і ң* негізгі тақырыбы – үйлену жағдайында ерекше ерлік көрсету, халық мүддесіне қайшы келетін қара күшпен, әділетсіздікпен күресу, өз руының мақсатын көздеу (ҚСЭ). Алтайдың «Алып Манаш» *б а т ы р л ы қ е р т е г і с і* Тарбағатай сілемдерінен асып түсіп, оғыз, қоңырат, қыпшақ, татар-башқұрт және қазақтың «Алпамыс» деп аталар кең құлашты халық эпосына айналды (Ә.Кекілбайұлы, Үш белес).

Батырлық жырлар. ә д е б. *Халық өмірінің бір дәуіріндегі тарихи оқиғаларды қамти отырып сол тарихи кезеңдегі батырлардың сыртқы жауға қарсы ерлік күресі көркемдік тұрғыдан суреттелетін эпостық жырлар, батырлар жыры. Б а т ы р л ы қ ж ы р л а р* қаһармандық эпос деп те аталады (ҚҰЭ). Қазақтың *б а т ы р л ы қ ж ы р ы н д а,* әсіресе, «Қобыланды батырда» кіріспе тарау қартайған ата-ананың қайғылы тағдырын суреттеуге арналған (М.Әуезов, Шығ.).

Батырлық эпос. ә д е б. ***Батырлық жырлар.*** Ғашықтық жырлардың *б а т ы р л ы қ э п о с т а н* басты-басты үш ерекшелігі бар (М.Әуезов, Шығ.).

Көзсіз батырлық. *Ештемеден тайсалмайтын, еш нәрсені қауіпті деп ойламайтын ержүректік қасиет.* ≈ *К ө з с і з б а т ы р л ы қ* жасады.

Ой батырлығы. *Білім тереңдігі, ой ұшқырлығы, білім-ғылыммен шыңдалған сенімділік.* Әлеуметтік мекеншақ өзгерген. Жаужүрек Кенесары, Наурызбай екеуіне *о й б а т ы р л ы ғ ы* жетіспегеніне қамығады. Білім тапшылығын сезеді («Егемен Қазақстан»).

БАТЫРМА з а т. қ о л ө н е р. *Ағаш, темір, былғары бетіне салатын ою-өрнек; бедер.* Қазақ искусствосында әртүрлі ою-қию, металл өңдеу, былғары бетіне *б а т ы р м а* түсіру жұмыстарын еркектер істеді (ҚазССР тарихы). Аламыш салу, *б а т ы р м а* түсіру, қалыптау, темір соғу, нақыш қондыру тәсілдері одан әрі дамыған (ҚазССР тарихы).

БАТЫРМАЛЫ: **батырмалы қондырғы.** м а л ш а р. *Қой тоғытатын қондырғы.* Бұл – механикаланған *б а т ы р м а л ы қ о н д ы р ғ ы* (С.Тілеубергенов, Мал шаруаш.).

БАТЫРСУ *Батырсы етістігінің қимыл атауы.* Өзінен күшті, еркек балалар кеткен соң Қожаның мына жолдасының *б а т ы р с у ы н* көрдің бе? (Б.Соқпақбаев, Менің атым.).

БАТЫРСЫ= е т. **1.** э к с п р. к е к е с і н. *Өзін батыр сезіну, көңілін сенімділік билеу.* Бұл сөздер бұл уақытқа шейін ақылы орнына түспей үркектеп, біресе шошынып қорқып, үркіп кетіп, біресе тасқындап ерекше *б а т ы р с ы п* кетіп, бойын билей алмай тұрған топтың жүрегін орнықтырып, қанын салқындатқандай болды (М.Әуезов, Шығ.). **2.** *Батыр болғансу, күштімсіну, күш көрсету.* Осы қатарда, мінез жайын айта келіп, өтірік *б а т ы р с ы ғ а н* бояма

мінезді сынау, адамдықты үгіттеу он төртінші сөзде көрінеді [Абайдың қара сөзі] (М.Әуезов, Әр жыл.). Сізбенен айтысуға көңілім жоқ, *Б а т ы р с ы п,* я байсынып салма жаза. Үлкен мен кіші кісі айтыспайтын, Мырзеке, қайтер еді қойсаң таза (И.Байзақов, Шығ.). Абай Базарлыны тоқтатып қойып, Майбасар, Жақып, Төкежан үшеуін оңаша шығарып алды да, қатты ашу айтты: – Еркекпен ерекше алысудан жеңілесің де, қатын-балаға *б а т ы р с и с ы ң* (М.Әуезов, Шығ.).

БАТЫРСЫМАҚ с ы н. э к с п р. к е к е с і н. *Батыр болып көрінген, жалған батыр.* Сегіз мыңдай қол екен, Сегіз жүздей қол қалды, *Б а т ы р с ы м а қ* манаптар, Қорғаймыз деп орманды (Жамбыл, Шығ.). *Б а т ы р с ы м а қ* біреуі Бара сала ұстады. Біріне-бірі ым қағып, Байла деп қолын нұсқады (Ү.Кәрібаев, Таңд.).

БАТЫРСЫН= е т. *Өзін ер санап өжетсіну, батыр болғансу.* Мініп ап көкала атпен жетіп бардым, Қалмақты *б а т ы р с ы н ғ а н* зекіп қалдым. Қап, бәлем, жатқызармын жерге бүктеп, Дедім де қылышпенен салып қалдым (Батырлар жыры). Жігітті шешенсінген дауда сына, Мақтаған қырандарды ауда сына. Әркімақ тамақ тоқта үйде батыр, *Б а т ы р с ы н ғ а н* жігітті жауда сына (Қабан жырау, Алтын қазық). Бақ-бақ еткен текені, Қар жауғанда көрерміз, *Б а т ы р с ы н ғ а н* жігітті Жау келгенде көрерміз (Мақал-мәтел). Оларды таныды жұрт бөксесінен, – Бір шаруа тепті тұңғыш өкшесімен. Кешегі *б а т ы р с ы н ғ а н* баскесерлер, Быт-шыт боп, етті бүгін сүмең-сүмең (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

БАТЫРСЫНУ *Батырсын етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Б а т ы р с ы н у д ы ң* керегі жоқ.

БАТЫРТ= е т. *Бір нәрсеге матырту, малдыру, енгіздіру, кіргіздіру.* ≈ Қолын *б а т ы р т т ы.*

БАТЫРТУ *Батырт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қамшы *б а т ы р т у.*

БАТЫРУ[1] з а т. қ о л ө н е р. *Жиһаздарға, үй бұйымдарына, қол өнері арқылы жасалған заттарға салынған бедер, батырғы.* Білезіктің көздерін ұстап тұратын ернеулі ұялар *б а т ы р у,* сызу, бедерлеу, бұрыштау әдістерімен өрнектеледі (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). *Б а т ы р у* – мүйізге, ағашқа, былғарыға, көнге басып бедер салу (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БАТЫРУ[2] *Батыр етістігінің қимыл атауы; малу, енгізу.* Есаул жер бауырлай, шалқалай қалған денесін суға мол *б а т ы р у ғ а* тырысып, жағада дөңгеленеді (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). Әбден қыздырып алғаннан кейін тұқымды 20 градус температурадағы суға жылдам *б а т ы р у* арқылы суытады (Ж.Жиенбаев, Астық дақыл.).

Батпаққа батыру. б е й н. *Біреуді кекетіп, кемшілігін бетіне басып табалау, жығылғанға жұдырық көрсету.* Кімнің басына күн туса, соны табалауға, мұқатуға, одан әрі *б а т п а қ қ а б а т ы р у ғ а* құмартып тұрады, сонда айызы қанады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БАТЫРУШЫ з а т. к о н т е к с т. *Суға батырған адам.* Толқынға мылқау келмеді шама, Түбіне құрдым барады тартып; *Б а т ы р у ш ы ғ а* жаудырды нала, су жұтып жылқы, ықылық атып (Т.Әлімқұлов, Боз жорға).

БАТЫРША ү с т. *Батырға ұқсап.* Соңғы оқты сақта, өзіңе... Батыл топ енді айқасқа, *Б а т ы р ш а* өлмек айқаста (Ә.Сәрсенбаев, Баспалдақ). Саржанды екі-үш жігіт барып зорға ұстап әкелді. Әбден танаулап алған ол атша пысқырып, екі қолын сілікпелеп, мына топқа бейне бір Қобыланды *б а т ы р ш а* қырындап көрінді (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

БАТЫРШЫЛЫҚ з а т. *Батырлыққа барушылық, батылдық, төуекел жасаушылық.* Ұлтымыздың керегі үшін зор үміт айтып осындай бір журнал шығаруға *б а т ы р ш ы л ы қ* қылғаныңыз үшін алғыс айтамыз («Айқап»).

БАТЫРЫЛ= е т. *Малыну, сүгілу.* Түтіктің төменгі жағы су құйылған ыдысқа *б а т ы р ы л ы п* қойылады («Халық мұғ.»). Сұйыққа немесе газға *б а т ы р ы л ғ а н* денеге екі күш әсер ететіні белгілі. Ол – дененің салмақ күші ($P_,$) мен кері итеруші күш (P_9) (К.Айманов, Физика.). Сұйық ішіне *б а т ы р ы л а т ы н,* резенке пленкамен жабылған цилиндр – мембраналық датчик, ал қысым өзгерісін көрсететін манометр – манометрлік датчик болады (К.Айманов, Физика.).

БАТЫРЫЛУ *Батырыл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Суға *б а т ы р ы л у.*

БАТЫРЫМ з а т. э к с п р. **1.** *Ержүрек, батыл адамға немесе халық қамын ойлайтын ераза матқа қарата айтылатын құрметтеу нышандағы сөз.* Қанды жорық ұрыста, Жарып шыққан, батырым. Шеру тартып, ту ұстап, Жауды жыққан, *б а т ы р ы м* (Н.Шакенов, Жүз ән). **2.** к е л е м е ж. *Бір нәрсеге әлі келмеген адамға қарата ұялту мақсатында айтылатын сөз.* Ауырсынып келесің бе? Қазан құрыш құйсаң да, *б а т ы р ы м,* екі чемоданға әлің жетпегені, – деді Дәмеш (З.Шашкин, Теміртау).

БАТЫРЫМСУ *Батырымсы етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Б а т ы р ы м с у ы н* өзінің.

БАТЫРЫМСЫ= е т. м ы с қ ы л. *Өзінше батыр болғансу, батыр сияқтану.* Әп-сәтте Сарэнжап та келіп жетті. Қаптаған жауға жалғыз тиісіп, жарақатсыз шыққан жарақты *б а т ы р ы м с ы п* келді, тым асқақ. Қазақының

қазанаты – жарау атты билетіп, тіпті жөнін айтқысы келмейді (Ж.Тілеков, Жоңғар.).

БАТЫРЫҢҚЫРА= е т. *Батыра тұсу.* Аппендицит ұстамасынан екі-үш күн кейін оң жақ бүйірді қолмен *б а т ы р ы ң қ ы р а п* сипағанда, қатайған ісікті әбден байқауға болады (А.Даиров, Хирург.).

БАТЫРЫП-БАТЫРЫП ү с т. *Батыл-батыл, қатты-қатты айтып, шымбайына тиіп.* Болмашы заттан бірін-бірі ренжітіп алам ба деп қорқатын Естай анда-санда *б а т ы р ы п-б а т ы р ы п* сөз айтуға қалыптаса бастады (Т.Әбдіков, Ақиқат).

БАТЫРЫС= е т. **1.** *Бір нәрсені батыруға көмектесу.* ≈ *Б а т ы р ы с ы п* жібер. **2.** *Бірін-бірі батыра тұсу.* Балалар өзен жағасына келген соң суға күмп-күмп сүңгіп кетті. Бірін-бірі суға *б а т ы р ы с ы п* әрі-бері жүзіп ұзақ шомылды (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Тіс батырысты. *Күш қолданысты, қатты-рақ күш қолданды.* Қызық жарыс сияқты ғана көрген. Жетіп алып, *т і с б а т ы р ы с п а й* қар бетінде аударыспақ ойнамақ болған (М.Мағауин, Ақша қар).

БАТЫРЫСУ *Батырыс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Суға *б а т ы р ы с у.*

БАТЫС з а т. **1.** г е о г р. <нем. West> *Дүниенің төрт құбыласының шығысқа қарама-қарсы жағы, күн бататын көкжиек. Б а т ы с* солтүстікке қарап тұрған бақылаушының сол жағында аспан экваторының математикалық көкжиекпен қиылысу нүктесі ретінде анықталады (ҚҰЭ). *Б а т ы с т а н* шықпай кетпектей қара бұлт желді ішіне тартып, үйлдей бастады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Оңтүстік пен солтүстік, *Б а т ы с,* шығыс қиырдан, Ұланбайтақ кені мол, Шымкенттен шықты қорғасын (Ү.Кәрібаев, Таңд.). *// Бүкіл батыстағылар, батыс жақтағылар деген мағынада.* Қазығы қорғасыннан алып үйін, Жабылып қозғай алмас *б а т ы с,* шығыс (Айтыс). **2.** *Жер шарының Батыс бөлігінде орналасқан ел, мемлекет, жер.* Әдетте *б а т ы с* елдерінің қалалары біріне-бірі ұқсас келеді (Қ.Исабаев, Жұмбақ үй). Тарыдай шашылған жер-көкке Тірі жүр, тірі жүр жендеттер. *Б а т ы с* Германия – бақытсыз Германия, Шынымен бостандық бермек пе Кешегі жендетке?! Қара свастикаға мәңгілік қарғыс жер-көкте! (М.Мақатаев, Шығ.). **3.** а у ы с. *Батыс Еуропа мағынасында. Б а т ы с т а* да бар ғой, нағашы, ондай сөз, мысалы, бұрынғы Рим елінің аталары Рамул мен Ремді қасқырдың қаншығы емізіп асырапты демей ме? (С.Мұқанов, Менің мект.). **4.** а у ы с. *Америка Құрама Штаттары, Канада және Батыс Еуропаның экономикасы дамыған мемлекеттерінің жиынтық атауы.* Бірден баса айтпағымыз, *б а т ы с т ы ң* баспасөзі, саясаткерлері Кремльдің бизнес «қаймақтарын қалқып алуына» қанша шүйілгенімен, Путинге ешқандай ықпал ете алмайды және оның сыртқы саяси ұстанымын өзгертпейді («Жас Алаш»). *Б а т ы с т ы ң* кейбір теріс ұстанымдарынан пайда болған сұмпайылықтар мен азғындаушылықтар қазірдің өзінде Шығыстың руханияттық зор күшіне тап болуға келе жатыр («Егемен Қазақстан»).

Батыс бет [өңір]. *Күн бататын жақта орналасқан жер, аймақ.* Ат ұстайтын *б а т ы с б е т т е г і* сарайға соқсам ба деп бір оқталды, оймен отырып мезгілді ұтқызып алыпты, отбасы алаңдап қалмасын деп қарашаңыраққа беттеді («Егемен Қазақстан»). Есілдің бойы бірде көкшіл ойпат, бірде батпақ болып, ғимаратты қай жерде саламыз деп көп кеңесті. *Б а т ы с б е т т е г і* Атбасар бағыты ауасы тар, қала шаңының астында жатады, терістіктегі Көкшетау жолы көз жеткісіз көгалға сіңіп, көлшік, суат, өзеншеге көміліп сарайдың реңін ашпайды («Егемен Қазақстан»). Адамдары аду, жауынгер келеді. Бұларға *б а т ы с ө ң і р д е г і* қаңлы, ұдұн, шалық, парфия және басқа ұқсас елдер болып, жалпы отыздай ел бағынды («Жалын»).

Батыс жақ. *Күн бататын жақ, шығысқа қарама-қарсы тарап.* Қарағысыз ел мен жұрт Төрелік түскен шағыңа. Ие болмай айрылдың Атаңның алтын тағына. Қара толқын жау толды Шығыс, *б а т ы с ж а ғ ы ң а* (Дулат Бабатайұлы, Замана.). *Б а т ы с ж а қ т ы* жауын құрсап, күн көзін толық жасырған (М.Әуезов, Абай жолы). Көсіле біткен Көкшенің биік жонының *б а т ы с ж а қ* тұмсығында Ақылбай қыстауы аталып аз үйлі ауыл отыратын (С.Мұқанов, Балуан Шолақ).

Батыс мәдениеті. *Америка Құрама Штаттары, Канада және Батыс Еуропаның экономикасы дамыған елдерінің мәдениеті.* Дастан авторының сол тұстағы шығыс пен *б а т ы с м ә д е н и е т і н і ң* жетістігіне қанықтығы шығарманың тұлғасынан да анық танылады (Р.Бердібаев, Гүлстан.).

Батысты бетке ұстады [алды]. *Күн бататын жаққа қарай бағытталды, бағдарын батысқа бұрды.* Балқаштың *б а т ы с ы н б е т к е ұ с т а п,* Алатауды аңсаған арғынның азғана бөлшегі көшіп шыққан соң, бір күні күн шыға күзетші, кежуілшілер тобы атшанылап бір жалғыз атты біреуді оңтүстік шығысқа қарай қуа жөнеледі (М.Шорманов, Павлодар). Қыран өзенінің Қаратеректегі иінінен өткен соң мәшине қиғаш *б а т ы с т ы б е т к е а л ы п,*

қарлы кең жазықпен зымырап берді (Ә.Ақбаев, Қара боран).

Батыс халықтары. *Америка Құрама Штаттары, Канада және Батыс Еуропа мемлекеттері, елдері. Б а т ы с х а л ы қ т а р ы* өзара араздасып, жауласып, арбасып жатқанда, Қытай өз жайымен шегесін шықылдатып, еңбегін істей берді, күн санап көбейе берді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Батыс үлгісінде. *Америка Құрама Штаттары, Канада және Батыс Еуропа мемлекеттеріндегі нұсқада, солардағы нұсқа бойынша.* Енді ТМД-да *б а т ы с ү л г і с і н д е г і* демократияның әлі орнамайтынын дәлелдеу қиын емес («Жас Алаш»).

БАТЫС²= е т. *Қарық болысу; бөгісу; кенелісу.*

Қызыққа батысты. *Бір нәрсеге қарық болысты, кенелісу.* Төлеген сол қаздарға қарап, бір сөз деді. «Таласып емшек еміскен, Бір төсекке жатысқан, Көп *қ ы з ы қ қ а б а т ы с қ а н,* Тай-құлындай тебіскен» («Қыз Жібек»).

Қызыл қанға батысты. *Қырқысты, кескілесті, қан жоса болды.* Жарқ-жұрқ етіп екеуі айқасады, Жеке батыр шыққандай қан майданға. Біреуі – көк, біреуі – жер тағысы, Адам үшін *б а т ы с ы п қ ы з ы л қ а н ғ а.* Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл, Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға (Абай, Тол. жин.). Екеуі бірдей шегініп, Қорамсамен атысты, Жайына қарап жүрген жоқ, *Қ ы з ы л қ а н ғ а б а т ы с т ы* (Батырлар жыры). Отыз жылдай алысқан, Қырық жылдай шабысқан, Ақберенмен атысқан, *Қ ы з ы л қ а н ғ а б а т ы с қ а н,* Найзамен қағысқан (Сүйінбай ақын [Аронұлы], Ақиық).

Қыран күлкіге батысты. *Бәрі қосыла қарқылдап, мәз бола күлісті.* Ұшқыр, сөз жүйріктері бірінің аузынан шыққанды бірі қақпақылдап кейде *қ ы р а н к ү л к і г е б а т ы с ы п* та қалады («Лен. жас»).

БАТЫСЕУРОПАЛЫҚ с ы н. *Батыс Еуропаға тән, соған қатысты.* ≈ *Б а т ы с е у р о п а л ы қ* тәжірибе.

БАТЫСЕУРОПАЛЫҚТАР з а т. *Батыс Еуропада орналасқан мемлекеттер халқы.* Яғни бір кездері *б а т ы с е у р о п а л ы қ т а р д ы ң* бәрі латын тілінде жазғаны сияқты, қазақ ғалымдары да көбі орыс тілін терең білмесе де, еңбектерін тек орысша жазып, іс жүзінде орыс тіліне, ғылымына, халқына қызмет етіп отыр («Жас Алаш»).

БАТЫСТЫҚ с ы н. **1.** *Күн бататын көкжиектік, батыс жақтық.* Біздің бір ғана Якутияның өзіндегі алмаздың запасы жер шарының *б а т ы с т ы қ* жарымындағы запасқа тең келеді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **2.** *Америка Құрама Штаттары, Канада, Батыс Еуропаның экономикасы дамыған елдеріне тән, соларға қатысты.* Біздегі кейбір қазақтілді басылымдарда *б а т ы с т ы қ* ұғым, батыстық философиядан бойды аулақ салуға үндейтін авторлар бар («Түркістан»). Ол *б а т ы с т ы қ* кейбір оқымыстылардың «Азия мәдениетіне гуманизм жат» деген қағидасын Шығыстың ертедегі атақты дана адамдарының уәзипалы пікірлерімен жоққа шығарды (М.Кеңпейілов, Дала.). Тәуелсіздік алғанға дейінгі тарихи зерттеулер мен жекелеген оқу құралдары негізінен *б а т ы с т ы қ* және орыстық түсінік негізінде жазылды («Егемен Қазақстан»).

БАТЫСТЫР= е т. *Қазанда асылып жатқан асты (етті т.б.) сорпаға батырып, бетіне шығармау.* Ақсақ бала мен Бұзаубақтың келіншегі қайыңнан істеген үлкен қалақ қасықпен еттің көбігін алып, *б а т ы с т ы р ы п,* сорпасын сапырыстырып қояды (С.Сейфуллин, Шығ.).

БАТЫСТЫРУ *Батыстыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Етті *б а т ы с т ы р у.*

БАТЫСУ *Батыс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қызыққа *б а т ы с у.*

БАТЫСШЫЛ с ы н. *Батыс Еуропаның дамыған елдері мен Америка, Канада сияқты мемлекеттердің мәдениетіне, дүниетанымы мен өмір сүру болмысына еліктегіш, соны қолдайтын, жақтағыш.*

БАТЫСШЫЛДАР з а т. *Батыстық мәдениетті, дүниетанымды т. б. қолдаушылар, батыс елдерінің идеологиясын, саясатын жақтаушылар.* Олар, әрине, *б а т ы с ш ы л д а р.* Мен соларға қарсылар жағына шығып алдым да, айтысты мәселелер төңірегінде сайыстым кеп! (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БАТЫСШЫЛА= е т. *Батыстағылар сияқты, батысша әрекет жасау.* Мұның, тегінде, шет елдік сөз ғой, соны фольклор деп *б а т ы с ш ы л а п* жатқанша, «Халық әдебиеті» деп қазақша неге айта бермейсіздер (Ж.Жұмаханов, Соқпақ.).

БАТЫСШЫЛДЫҚ з а т. с а я с и. *Батыс елдерінің идеологиялық саясатын жақтаушылық. Б а т ы с ш ы л д ы қ* саясатта кең өріс алды («Жас Алаш»).

БАУ¹ з а т. **1.** *Киімнің немесе тағы басқа тұрмыстық заттардың әртүрлі материалдан жасалған баулығы, жіп.* Көне заманда шалдар (ерлер) киетін етек-жеңі кең көйлекті жейде деп те атаған. Жейденің жағасына жүннен немесе шудадан *б а у* тағады (С.Мұқанов, Қазақ қауымы). Күдеріден *б а у* тағып, Аққіреуке киер ме екеміз! Жағасы алтын, жеңі жез, Шығыршығы торғай көз, Сауыт киер ме екеміз! (Ақтамберді жырау [Сарыұлы] // Алдаспан). Бір жіпке ұзынды-қысқалы бірнеше

жіпті салбыратып тағып, соңғыларға бірнеше домалақ доп (салмақты) байлап, содан кейін доптың бірін тексеріп қарасақ, біраздан соң *б а у ы н ы ң* ұзындығы бірдей доптардың шайқалғанын көреміз (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жақымнан қалпағының жиегін қызылмен көмкертіп, сумкасының *б а у ы н* түрлі түсті шүберекпен қаптатып тастапты (К.Оразалин, Көктем.). **2.** э т н. *Киіз үйдің сүйегін бір-бірімен ұстастыру, сыртқы киіздерін бастырып тұру мақсатында қолданылатын басты жабдықтарының біріне жататын басқұр жібінің жиынтық атауы.* Дарияның астында – алпыс ақ отау, Ақ отаулар алтын уық, жібек бау. Отау сайын судай сұлу толқын шаш, Толқын тербеп: «Әлди, әлди» – дейді *б а у* (М.Жұмабаев, Шығ.). Босағасын борлатқан, Керегесін торлатқан, Тегеріші манаттан, Жібектен ызып *б а у* таққан Үйге де кірер ме екенсің? (Дулат Бабатайұлы, Замана.). **3.** *Қармақтың сапқа байлаған ұзын ызба жібі.* Қармақтың *б а у ы* неғұрлым жіңішке болса, балықтың қабуы да соғұрлым жақсы болады (К.Күленов, Қазақст. балық.). Асанды шақырып: – Сен шегіртке тере бер, – деді де, өзі манағы қылды есіп қармаққа *б а у* істеп байлап, талдан кесіп сап істеді (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.). Едіге қармақтың ұзын *б а у ы н* жазып, ыңғайлап алды да, кетпектей батырма тас пен жемді бірге ұстап, тура иірімнің ортасына лақтырды (М.Мағауин, Көк кептер). **4.** *Металдан жасалған берік арқан немесе шынжыр.* Сүйретілген бөрене әрлі-берлі аунағанда үгіршіктің *б а у ы* шиыршық атып қолайсыз жағдай тудырмас үшін үгіршікке міндетті түрде айналсоқ бекітіледі («Білім және еңбек»). Жебе құрып қойыпты Жүретұғын жолынан. Мойнында салған *б а у ы* бар, Шығыршығы қоладан. Отқа күйген ажары, Қалың шыққан шешектей (Кердері Әбубәкір, Қазағым). **5.** с ө й л. т е х. *Ток өтпеу үшін оқшаулағышпен қапталған электрондық сым.* Әңгімеге Гүлжан ұйып, мән беріп, Телефонның *б а у ы н* босқа болды өріп; Ұйықтамаған көздерін де сүртеді, Кірпіктерін тұрғандай-ақ сол көріп (Х.Ерғалиев, Ауыл қызы). Телеграмма қабылдағыштың *б а у ы н* Үрімшіге жалғап алып, тыңдап отыр. Бірақ оған керек хабар әлі басталған жоқ (Ж.Тілеков, Жоңғар.). **6.** а у ы с. *Өте жіңішке талшық.* Мұндайда шаштың ұшынан түбіне дейін, жіпке тізілген моншақтай құрт түйіндерін көруге болады. Кейде әлгі құрт түйіндерінің *б а у л а р ы* бірбіріне шырмалады, оларды ажырату қиынға соғады (О.Бердібаев, Таз – тақиядан.). **7.** а у ы с. *Бұғау, құрсау.* Талқан қылып тап жауын, Бырт-бырт үзіп құл *б а у ы н,* Жыртып діннің шырмауын, Морт сындырып құрсауын (Қ.Аманжолов, Шығ.).

Алқым бау. *Көйлектің, бешенттің т.б. киімдердің алқа бауы.* Зейнеш тұқырайған күйі омырауындағы ілгегін, *а л қ ы м б а у ы н* ұстап, бар ынтасын соған аударған адам секілденіп, отырды да қойды (Б.Майлин, Шығ.).

Бас бау. ***Басбау*** *(киіз үй бауының ең үлкен жалпақ бауы, басқұр).* Түндігімнің төрт бауы – *Б а с б а у ы м д ы,* жар-жар-ау! Алты жеңгем сұраса, Аласың да, жар-жар-ау (Айтыс). Басқұр – киіз есіктің *б а с б а у ы,* тастама (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Бау арық. к ә с. *Егіс даласындағы ең кішкене арық. Б а у а р ы қ* арқылы егінге су тарайды (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Бау ашты. с а я т. *Үйретілген қыран құс бауынан босатылып, алғаш рет аңға түсіп, аң алды.* Сапарға саяхат қып шықпайынша, Отырып үйде жігіт аршыла ма? «Қырып сал – қыран тұқым» болғанымен *Б а у а ш п а с* баулық көрмей қаршыға да (Омар Шораяқ // XX ғ. қаз. ақын.).

Бау ашу. с а я т. *Үйретілген қыран құстың бауынан босатылып алғаш рет аңға түсіп, аң алуы.* Ең соңында алғыр құс тірі жемтігіне баусыз да баратын болады. Бұны *б а у ы н а ш у* дейді (С.Мұқанов, Қазақ қауымы).

Бауы ашылды. с а я т. *Қыран құс аң ұстауға әбден машықталды, дағдыланды. Б а у ы а ш ы л ғ а н н а н* кейін әлі келетіндеріне алғыр құстар бара береді. Алдырмайтын да құстар бар, мысалы, дуадақ. Тез ұшып кете алмайтын ол үстіне төніп қалған алғыр құстың бетіне саңғып жібереді. Және дәлдегендей көбінесе көзіне тигізеді. Ащы нәжістен мас болып қалған алғыр енді қайтып дуадаққа жоламайды (С.Мұқанов, Қазақ қауымы).

Бауы берік болсын. а) э т н. *Жаңа туылған жас сәби өмірлі болсын, құтты болсын деген мағынасындағы тілек.* Шілдеханаға көршілес, қанаттас қоныстанушылар, жанашыр жақын туыстар түгел келіп *б а у ы б е р і к б о л с ы н* айтып, шілдехана шашуын шашты. Шілдеханаға тілеу мал сойылады (Х.Нұркеұлы, Ұлттық мирас.). – Қыз туды, *б а у ы б е р і к б о л с ы н*: құдайым денсаулық берсін! Өзі ұл бала сияқты тығыршықтай, мығым екен («Қаз. әдеб».). ә) *Мызғымайтын берік, табанды, бекем болсын.* Қанша сенің *б а у ы ң б е р і к б о л а т ы н ы н* кім біледі? – деді Бейсембі Есендікке (М.Әуезов, Қараш.). Құнанбайларды ұра беріп, бұқтыра берсе, әсіресе жеңе берсе, бұның болыстығының *б а у ы б е р і к б о п* тұра беретіні анық (М.Әуезов, Шығ.).

Бау жіп. э т н. *Арқан-жіп, бау-басқұр.* Киіз үйге ерекше ықылас қойып, ақырғы *б а у ж і б і н е* дейін қарап шығып, өз пікірлерін ортаға салды («Лен. жас»).

Бауын ұстады. *Шын тегін, шыққан жерін анықтады, білді.* Атанған «тоқсан екі баулы қыпшақ», *Б о л м а й д ы* біреуінің *б а у ы н ұ с т а п*, Печенег, половец пен хазарлардың Кейбіреуі жібереді әрі нұсқап (Қ.Тоғұзақов, Сібір Омар).

Қоныш бау. *Етіктің, шұлықтың қонышын жоғары тартып кигенде ұстайтын бау.* Қазақ қолөнерінде жүннен, киізден, жіптен өндірілетін басты-басты бұйымдарға мыналар жатады: *қ о н ы ш б а у* т.б. (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Сағат бау. *Сағатқа тағылатын металдан, былғарыдан т.б. жасалған таспа.* Қызыл шұғадан тіккен қамзолының қалтасына бір қолын тығып, енді бір қолымен мойнынан төс қалтасына шейін салбырап түскен алтын *с а ғ а т б а у ы н* сипап, өзі көпке қарап, әлгі сөздерді айтып отыра қалды («Қаз. әдеб.»). Халық зергерлері көбінесе түйреуіш, мық, ілгек, *с а ғ а т б а у,* үзбе, түйме, түйменің сабағы, бұрама, дөңбет, кемер белдік, кісе сияқты адамның өз бойын әсемдейтін заттарды жасады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Тартпа бау. *Бір нәрсені керіп, іліп қою үшін әртүрлі материалдан жасалатын, әдетте жалпақ болып келетін жіп.* Белеңнен асқан жолдарың, Бесіктің *т а р т п а б а у ы н д а й.* Тербеліп кеттім құндағым Тап осы біздің ауылдай! (М.Құттықов, Қайырлы). *Т а р т п а б а у л а р* құр тәрізді биязы жіптен таңылады. Немесе екі-үш қабат матаны сырып, бауларын ызып әзірлейді (Д.Шоқпарұлы, Ата салт.).

Тонның ішкі бауындай. *Өте жақын, өз адамындай.* Сағила Мадиярға бір түрлі жылы ұшырап, келген жерден-ақ *т о н н ы ң і ш к і б а у ы н д а й* жақын тартып барады (С.Омаров, Күншуақ). Мен өзім Исатайдың ақыны едім, *Б а у ы н д а й т о н н ы ң і ш к і* жақыны едім. Малданып Исатайдан маңғаз болдым, Әйтпесе адал жіпсіз пақыр едім (Шернияз ақын // XIX ғ. қаз. поэз.). Қыз күнінде біраз торсаңдап, шәлкес мінез көрсетіп еді, енді міне, *т о н н ы ң і ш к і б а у ы н д а й* (С.Сматаев, Ақжелең).

Түндіктің бауы. э т н. *Шаңырақ үстінен жабылатын, киіз үй жамылғысы кесегінің ұштарын бекітетін жіптер. Т ұ н д і г і м н і ң* төрт *б а у ы* Мақта, шеше, жар-жар-ау! Қызық кетіп барады, Жатқа шеше, жар-жар-ау! (Айтыс).

Үзеңгі бау. э т н. *Үзеңгі мен ерді байланыстыратын қайыс.* Әбдіжан *ү з е ң г і б а у ы н* қысқарта тағып, ерлене атына мінді (Көктем лебі). Мұндай әдіс тоқымның *ү з е ң г і б а у* тиетін тұсының тез тозбауын қамтамасыз етеді (Х.Арғынбаев, Қаз. ер-тұрман.).

Үзеңгі бауы алты қабат. *Тым тәкаппар, өркөкірек, менменшіл.* Сақина десе Сақина, қашан болсын керіліп, созылып, *ү з е ң г і б а у ы а л т ы қ а б а т* боп отырғаны (Ш.Құмарова, Қос шынар).

Шаңырақ бау. с ө й л. ***Желбау*.** Сұлтанмахмұт *ш а ң ы р а қ б а у д ы* бақанға қоса қысып тартып, бақанды жерге тіремей-ақ, уық ұзындығына дәлдестіре биік көтеріп тұр (Д.Әбілев, Арман.).

БАУ[2] з а т. *Жеміс ағаштары, гүл және басқа өсімдіктер отырғызылған жер, бақ, бақша. Б а у д а* алуан-алуан жеміс ағаштары өседі: алма, өрік, мейіз, жүзім, жиде, тұт, бадалы деген сияқты (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қалаға су беріп тұрған барлық бұлақтарға жау өлексе тастады, жүзім *б а у л а р ы н* күйдіріп жіберді (М.Жұмабаев, Шығ.). *Б а у,* бағымыз қандай еді, не өріктен, не алмадан, не алмұрттан түк қалдырмай тонады, – деді Әділов (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

БАУ[3] з а т. е г і н ш а р. *Егіннің, шөптің бір байламы, бір будасы, десте.* Еңбектің жүрген ізіндей, Егіннің десте *б а у л а р ы.* Ерлердің жарқын жүзіндей Қырманның қызыл таулары (С.Мәуленов, Таңд.). Комбайнның кең көмейіне күріш *б а у л а р ы* тобымен тоғытыла бастады (С. Мұқанов, Шығ.). Соғылып біткен соңғы *б а у д ы ң* бидайын қаптарға толтырысып жатқандардың қимылы ширақ (Т.Қажыбаев, Айналайын атыңнан). Бір бригадаға егінді орғызды, екіншісіне *б а у д ы* тасытқызып, қырманға салғызып, қалғандарына оны өлшетіп қапқа салғызды (Б.Шалабаев, Өмірде.).

Бау байлау. е г і н ш а р. *Орылған егінді, ши не шілікті бау етіп буу, баулау.* Қайран біздің шешелер! Арды ойлаған, Шілік шауып, ши орып, *б а у б а й л а ғ а н.* Жігіттерден айрылып, қалмай қарап, Қырман басып, егін сап арба айдаған (М.Мақатаев, Шығ.). Қайран біздің жеңгейлер! Өскен ерен, Егін орып, *б а у б а й л а п*, дестелеген. Алақандай ақ шытқа мұның шағып, Хат жазатын кешкісін кестеменен (М.Мақатаев, Шығ.).

Бау тары. а) *Бауда тұрған, әлі бастырылмаған көксағал тары.* ә) *Әлі бастырылмаған, тарыдан жасалған тағам.* Ерте салған егін пісіп, егіншілер *б а у т а р ы* іше бастаған кез. Бай ауылдың малдары әлі тауда, салқын жерде (І.Жансүгіров, Шығ.).

БАУАР з а т. к ө н е. **1.** *Алым-салық, төлем.* Патша заманында кулактар қазақтардан көп *б а у а р* алып тұрған (Қазақст. тарихы).

2. *Жаудан түскен олжа, телім.* Өліп қалған немеңді сонша мақтап, көк жорға айымдағы қылған *б а у а р* (Батырлар жыры). Бөліске *б а у а р* түссін деп хан Абылай бүйырды (Қазыбек жазбалары). Абылай хан жеңістен соң *б а у а р* берерде барлық әскерді бір жерге жинауды әскери әрекет-айланы жақсы білгендіктен де жөн деп таппаған («Егемен Қазақстан»).

БАУАШАР з а т. *Ең алғашқы, тырнақалды іс, жолашар.* ≈ *Б а у а ш а р ы* осы болды.

БАУ-БАҚ з а т. с ө й л. ***Бау-бақша***. Байытып барған өңірін, Бөлейді балғын *б а у-б а қ қ а*. Жайлаудың жасаң өмірін Таратып тамыр сабаққа (Ғ.Орманов, Таңд.). Асыл байлық Алтай, Алатаудағы, Оңтүстіктің бақшасы мен *б а у-б а ғ ы*. Миллиард пұт астық берген өлкемнің Сыйғандай боп кеудеме бар аумағы (А.Хангелдин, Қыз жүрегі). Миуа төккен тамылжып *б а у-б а қ т а р ы*, Тамаша үйден тұратын тау жақтағы (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

БАУ-БАҚША з а т. *Жеміс ағаштары, жидек, гүл өсірілетін бау мен көкөніс егілетін бақша.* Талай байдың талапты көп ақшасын, Талқан қылып қоймасын, я қақпасын. Соқтықса, сорлы қылмай тоқтамайды. Өртейді үй, егінін, *б а у-б а қ ш а с ы н* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Әдетте өздері мен малдарын қоса жайғастыра жүретін қазақ аулы, жұмысшыларының үйлерінде *б а у-б а қ ш а* аз болатыны белгілі десек те, Кентаудағы қазақ жұмысшыларының үй-жайлары көңіл ашар, қалың көкке бөленген (М.Әуезов, Алғы шеп.). Қуандария өзені тиіп тұр, ол – жайқалған *б а у-б а қ ш а н ы ң* құтберекесі, балығы да дастарқанның нәпақасы («Жас Алаш»).

БАУ-БАҚШАЛЫ с ы н. *Бау-бақшасы мол, миуалы.* Марғұланда *б а у-б а қ ш а л ы* бір жайда жап-жақсы тұрып жатырмыз (М.Әуезов, Абай жолы). Қақыратып қатарын, Жер қыртысын сөккен күн. Түрлі дәнді егісті, *Б а у-б а қ ш а л ы* жемісті, Еңбектің ері еткен күн (Ү.Кәрібаев, Таңд.). Тербетілген толқындай Алтын астық айналам. Қырда қыруар қалың мал, *Б а у-б а қ ш а л ы* сай-салам (Ә. Ахметов, Өлеңд.).

БАУ-БАСҚҰР з а т. э т н. *Киіз үйдің сүйектерін ұстастырып, жамылғысындағы киіздерін бекітуге, ішкі көрінісін әшекейлеуге арналған арқан-жібі, құр сияқты әбзелдері, жіп-шуы.* Жиырма шақты уықты шаңыраққа шаншып та отырдың емес пе? Ал, мына үйдің *б а у-б а с қ ұ р ы* жоқ екен деп қайтейік («Лен. жас»). Шилерді түрлі-түсті боялған жүндермен әшекейлейтін, *б а у-б а с қ ұ р л а р д ы ң* өрнегін келістіре нақыштайтын шебер қыз-келіншектер екі ауылдың бірінде кездесетін («Егемен Қазақстан»). Арнайы орта оқу орындарында киіз үйдің сүйегін, *б а у-б а с қ ұ р л а р ы н,* киіз жабындыларын, қанат шиелерін дайындайтын бөлімдер ашып, оларда нағыз мамандар даярласа болмас па («Егемен Қазақстан»).

БАУ-БАУЫМЕН үс т. *Бауланып байланған қалпымен, баулаған күйімен.* Қарт *б а у-б а у ы м е н* қамыстарды біраз төмен лақтырып алды да: – Неғып тұрсың – деп жекіп қалды (Ә. Тарази, Құйрықты.).

БАУ-БОСТАН з а т. с ө й л. *Бау-бақша.* Жайылған жапандағы малын шапты, *Б а у-б о с т а н*, бұзып бөгет, арық жапты. Осындай еліне ылаң түскенінен, Бегі де іште жатқан хабар тапты (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Иісті *б а у-б о с т а н н ы ң* еді гүлі. Сол күнгі үкаманың ұстазы еді, Жұлдызды жұрт біткенге жүзі жылы (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

БАУДАЙ с ы н. *Егіннің, шөптің байланған бумасындай.* Бастығы әліпті таяқ деп білмесе де, абажадай столының үстіндегі сырлы сауыттшада түрлі түсті қалам-қарындаштардың сап түзеп, буған *б а у д а й* лық толып тұрғанын өзіне кәдімгідей сән көретін (Ө.Қанахин, Дәмелі).

Баудай қиып түсті. *Жайратты, қырды.* Иә, соны айтам-ау, қақаған боран ерте туған қозыларды *б а у д а й қ и ы п т ү с е р* ме екен деп қорқып едім. Әйтеуір бәрі отарға ілесті, – дейді Ақзия (М.Сатыбалдиев, Шопан.).

Баудай отады [турады, орды, қиды, қырды]. *Қырып салды, жойды.* Немигада адамды *б а у д а й о т а п*, бауыздап, сабындай езді сүйегін (С.Мұқанов, Шығ.). Офицер айдаһардай ысқырады, Шыдатпай *б а у д а й о р ы п* тықсырады. Патшаға қарсы жанды қырамыз деп, Басынып момын елді күш қылады (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Біздің жауынгерлердің бір оғы боскә кетпей *б а у д а й қ ы р ы п* жатыр (Қ.Исабаев, Соңғы тәулік).

Баудай түсті. *Жаппай қырылды; шетінен сұлады, бірінің үстіне бірі жығылды.* Әлия таң алдына дейін жаудың талайын-ақ *б а у д а й т ұ с і р д і* (Ж.Жұмаханов, Әлия). Төлеген автоматына екінші каборканы орнатып жатып, – оғым таусылып қалмас па екен? – деп оқты ызалана төгіп жіберді. Немістер *б а у д а й т ұ с і п* жатыр (М.Ғабдуллин, Ел намысы).

Баудай түсірді. *Қырып салды, жайратып, шетінен сұлатты.* Ашынған ызалы қол жеткенін *б а у д а й т ұ с і р і п,* ұтылап қуып, қашқан қазақтардың тобын сирете берді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Теміржол топырағынан 150 метрдей жүгері алаңына құрылған қос пулемет жау солдатын *б а у д а й т ұ с і р і п,* турап бір берді (Ә.Сәрсенбаев).

Баудай тізді. *Жаппай тұтқындады, бәрін түгел ұстады.* Албанның барлық бас көтерген, қарсылық ойлаған басшысын бір-ақ жерден үйіп-төгіп жинап алып, *б а у д а й т і з і п,* жәрмеңкеге әкеп қамап тастады (М.Әуезов, Қилы заман).

БАУ-ЖІП з а т. *Арқан-жіп, бау-басқұр.* Киіз үйге ерекше ықылас қойып, арқырғы *б а у-ж і б і н е* дейін қарап шығып, өз пікірлерін ортаға салды («Лен. жас»).

БАУКЕСЕР: сөздің баукесері. *Сөздің түйіні, тоқетері, қорытындысы.* Сол күні жігіттердің Орловпен жете танысып, ендігі іске жоба сызғандағы *с ө з д і ң б а у к е с е р і* мынау болды: жігіттер бұдан былай бірауыз болып, Орловтың айтқанын қылады (І.Жансүгіров, Шығ.).

БАУКЕСПЕ з а т. *Барып тұрған әккі, кәнігі ұры.* Мен жасымда ұры болғанмын. Ұры болғанда анау-мынау емес, деген *б а у к е с п е н і ң* өзі едім, – деді (С.Жүнісов, Жапандағы.). Ол *б а у к е с п е*, көзге көрінбес, қолға түспес ұрылардың батылдығын, тапқырлығын, жер-көкке сыйғызбай дәріптеп отыр екен (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Жалаңаштың тоны бол, Жақсының хаты бол, Даланың даңғыл жолы бол! Жаздың жауыны бол, Жалғыздың бауыры бол, Даңғаза даукестерге, Қарақшы *б а у к е с п е г е* Аспанның дауылы бол! (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

БАУКЕСПЕДЕЙ с ы н. *Баукеспе сияқты.* ≈ Бейне бір *б а у к е с п е д е й.*

БАУКЕСПЕЛІК з а т. *Баукеспе болушылық.* Жарайсың, Коля! Кіміңіз еді? – Кімім болсын. Көп тентектің бірі ғой. *Б а у к е с п е л і к* «өнері» бар-ды (Б.Әбдіразақов, Серпіліс). Осы өңірде қасқыр қатты-ақ. Қарақұлақтанып қалған бөлтірігіне қаншық қасқыр мен көкжал арланның *б а у к е с п е л і к* үйретететін кезі осы (З.Ақышев, Ақбел.).

БАУҚАЙШЫ з а т. *Жеміс-жидек бұтақтарын кесуге арналған қатты тісті қайшы.* ≈ *Б а у қ а й ш ы м е н* қырқу.

БАУЛА[1]= е т. **1.** *Буып-түйіп, жіп, баумен байлау.* Бір есек сатып алып құтыларда, Отынды *б а у л а п* тұрып артқын, – деді. Мал жиып, азаптанып қор болғанша, Базарға отын теңдеп сатқын, – деді (Айтыс). **2.** *Егінді, шөпті дестелеу, бума етіп байлау.* Жоңқабай айтады ақыл Сүйеубекке: Ор, *б а у л а,* айда, тасы, талда, епте. Жем байла, жауырын жаз, жаныңды ашыт, Қоңырдың қолтық, қоңын толтыр етке (І.Жансүгіров, Шығ.). Орынтай егінді желе жүріп орғанда, мен оның жыпырлатып жіберген дестелерін *б а у л а п* үлгіре алмаушы едім (Ғ.Орманов, Жүрек). **3.** а у ы с. *Тұтқындау, еркінен айыру.* Мұныменен, Шеризат елін *б а у л а п*, Мұқатып әбден жауын жаулап. Тамаша сол арада қызық көрді, Алтын арба, трашпенке қоңыраулап (Ә.Найманбаев, Шығ.).

БАУЛА[2]= е т. к ө н е. *Мақтау, мадақтау, әсірелеу.* Салмағы саған қатар келе алмайды, Қай қазақ, мақтанса да өзін *б а у л а п.* Руың Жетіруда Жағалбайлы, Ары үшін жауға шапқан Манатаулап (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

БАУЛА[3]= е т. ***Баулы[3].*** Арамдығын қарашы, қайдағы сотқарлы елден тауып әкеліп, енді соны тәрбиелеп, *б а у л а п*, түбінде оны қазақ қызметкерлеріне қарсы шоқпар қылмақшы Медеуді Алексеев, – дейді Азамат (Б.Майлин, Азамат Азаматыч). Социалды армияға Жастық жасын таңдаусың, Еңбекте *б а у л а п*, өсіресің, Кадрлерді қамдайсың (С.Ерубаев, Шығ.). Мына екі іниңді *б а у л а*, – деді Шорекең (С.Адамбеков, Қожанасыр).

БАУЛАН= е т. *Егіннің, шөптің дестелениуі, бума етіліп байлануы.* Егін жаппай орылды, Бау *б а у л а н ы п* қойылды. – Енді баудай бөлеміз, Айдар өзі әр кісі (І.Жансүгіров, Шығ.). *Б а у л а н ғ а н* қоғажайды екі басын қайырып белдеуге қыстыра салды (С.Мұқанов, Шығ.).

БАУЛАНУ *Баулан етістігінің қимыл атауы; егін шөптің дестелениуі.* ≈ Егіннің *б а у л а н у ы.*

БАУЛАТ= е т. *Орылған егінді бау-бау етіп байлату.* Кеше жігіттер шалғымен шапқан бір гектарға жуық егінді бригадир жұртты жинап апарып бір күн ішінде *б а у л а т ы п* бітірді (Ш.Байбатшаев, Бел-белесте).

БАУЛАТТЫР= е т. *Орылған егінді бау-бау етіп байлаттыру.* Бүгін таңертеңнен түске дейін орылған егінді көмекке келген оқушыларға *б а у л а т т ы р м а қ п ы з,* – деді бригадир уәкілге қарап (Ш.Байбатшаев, Белбелесте).

БАУЛАУ *Баула етістігінің қимыл атауы; егінді байлау.* Қаз-қатар тұра қалған жұрт егінді *б а у л а у ғ а* қол қойды (С.Мұқанов, Шығ.). Ол кезде тары оратын машина жоқ. Сондықтан да оны қолмен жұлып, *б а у л а у* керек (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

БАУЛАУЛЫ с ы н. *Бауланған, бау болып байланған.* Бұл кезде Көктембай ақ есектің басынан ұстап, Жөкең арбадағы *б а у л а у л ы* шөпті қораның төбесіне лақтырып жатқан (Т.Нұрмағамбетов, Қош бол.).

БАУЛАУШЫ з а т. с ө й л. ***Баулушы.*** Дәмелілерді *б а у л а у ш ы* әйел, бұрымын шодырайтып, желкесіне орай тастаған (Ө.Қанахин, Дәмелі).

БАУЛУ *Баулы етістігінің қимыл атауы.* **1.** с а я т. *Қыран құсты аң алуға дағдыландыру, машықтандыру.* Түз қырандарын ұстап *б а у л у ғ а* Сәтжан аса құмар болатын (С.Бегалин, Төлбасы.). **2.** а у ы с. *Тәрбиелеу, тарту, баурау.*

Табиғатында талантты туған Баймағамбеттің ой-санасын өсіріп, әдебиетке *б а у л у д а* Сейіткерейдің еңбегі көп (С.Мұқанов, Өсу жол.). Олар мұсылман қауымын дін іліміне *б а у л у м е н* қатар халықтың қамқоршысы, жетім-жесірдің жоқшысы, жарлы-жақыбайлар мен кембағалдардың сүйеніші, ауру-сырқаулардың емшісі болды («Зерде»).

Еңбекке баулу. а) *Еңбекке тарту, өндірістік қатынастағы әрекетке қатыстыру.* Жастарды *е ң б е к к е б а у л у,* жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік бағдарламалар да жүйелі іске аса бастады («Егемен Қазақстан»). ә) п е д. *Оқушыларды еңбек және өндіріс технологиясымен, құралдарымен, еңбек процесімен таныстыру. Е ң б е к к е б а у л у* – оқушыларды еңбек және техникасымен, материалдарымен және экономика негіздерімен таныстыру (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

БАУЛАТЫНДЫ с ы н. с ө й л. *Тәрбиеленген, үйретілген, баулынған. Б а у л а т ы н д ы* батыр болады, үйретінді шешен болады, жүрежүре көсем болады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БАУЛУШЫ з а т. *Тәрбиелеуші, тәлімтәрбие беруші.* Қорғамбекті бастап большевиктердің отрядына *б а у л у ш ы* Рагулин дейтін жігіт еді, О да осы Омардың есігінде батырақ боп, бала күнінен Қорғамбекпен бірге өсіп еді (Б.Майлин, Шығ.). Сол *б а у л у ш ы,* ақылшы әке қазір өлі ме, тірі ме? (Б.Соқпақбаев, Алыс. ауыл.).

БАУЛЫ[1] с ы н. **1.** *Бау тағылған, бауы бар.* Күдері *б а у л ы* көк шыбық, Сыпырма қылыш қынаппен (Базар жырау, Шығ.). Бергі таудың басында сол дәрі бар, Қырандай ап қайтармыз жібек *б а у л ы!* (Абай, Тол. жин.). Күрең аттың орта беліне мініп, қодырайып тұрған Кенебай жасауылға Омар шауып келіп *б а у л ы* қайың құрықпен бір салып өтті (І.Жансүгіров, Шығ.). Үзік *б а у л ы,* елтірі тымақ, қандай ызғырық болса да, төтеп беретін секілденді (Б.Майлин, Шығ.). **2.** а у ы с. к ө н е. *Рулы, тайпалы.* Әзімбай бірнеше күн етті тойды, Әкеліп төрт түліктен көш мал сойды. Он екі *б а у л ы* халқын тегіс жиып, Алдына дастарқанмен тағам қойды (Қамбар батыр). Он екі ата Байұлы, Жеті *б а у л ы* жеті ру – Бермеске жауға ойланды. Адырнасын атқа алып, Беліне садақ байланды (Ы.Шөреков, Шығ.). Тоқсан *б а у л ы* ноғайлыдан Бір жан оған ермеді. Бадана көзді берік сауыт, Үстіне баса киеді (Батырлар жыры).

БАУЛЫ[2] с ы н. *Бау-бақшасы мол, мәуелі.* Алмалы, *б а у л ы,* қалалы Өскен жер – ыстық, жан анам, Жауынгер ақын мен балаң Сәлемін саған арнады ел! (Т.Жароков, Шығ.). Алдымда қалың *б а у л ы* орман, Алдымда өмір өткелең! Қол созған сонау арманнан Ақсамаймын деп келем! (Қ.Бұғыбаева, Тұңғыш кіт.).

БАУЛЫ= е т. **1.** *Тәрбиелеу, тарту, баурау.* Мәпелеп *б а у л ы п* бар елдің Тәрбиесін беріп тұр! (Жамбыл, Шығ.). Тәрбие-тұлғаны қалыптастыратын, оны қоғамдық өмірге бейімдейтін, мәдениетке *б а у л и т ы н* мақсатты бағыт. Дәлірек айтқанда аталмыш процесс адамды әлеуметтендіреді («Жұлдыз»). Ер жағы қара басынан басқаға қарамай жүргенде, балаларын *б а у л ы п,* асырап, үйлік ұйымының басын құраған – әйел (М.Әуезов, Шығ.). Ерлігі елдікке, отансүйгіштікке *б а у л и т ы н* баһадұр бабаларымыздың батырлығы дәріптелуі, есімі қайта жаңғыруы, ескерткіш орнатылуы, аруағына ас берілуі де дұрыс емес дейміз бе («Жас Алаш»). **2.** *Қандай да бір кәсіпке, өнерге т.б. машықтандыру, үйрету, дағдыландыру.* Сүйімбай құр бата беруші ғана емес, жас ақынды *б а у л ы п,* үйретуші ұстаз (Е.Ысмайылов, Ақындар). Мәмбет өзін ұсталық ісіне *б а у л ы п* жүрген Михайлов қасына келгенде ұстазы алдындағы шәкірт сияқты болады (І.Жансүгіров, Шығ.). **3.** *Қандай да бір дағдыға, біліктілікке немесе әрекетке икемдеу, бейімдеу, үйрету, жаттықтыру.* Әсіресе, романдар оқушыға тіл де үйретеді. Өз тілінде кенелуі ой тартып, көрікті, шешен, шебер сөйлеуге *б а у л и д ы* (М.Әуезов, Шығ.). Химия үйірмесінде приборлар мен коллекциялы таблицалар жасауға да *б а у л ы п* отырдық («Қазақст. мұғ.). Барлық музыкалық мектептер, жоғары оқу орындары жастарды ән шырқаудың классикалық, еуропалық мәнеріне *б а у л ы д ы* («Жас Алаш»). **4.** с а я т. *Тұз қырандарын қолға ұстап, бабына келтіру, аң ұстауға машықтандыру, үйрету.* Жанарын-ай! Жанары тамаша екен, Жарқ етіп бір тағы да қараса екен. Қыран *б а у л ы п* өсірген бала бүркіт, Қандай ғана қазақтың баласы екен, Тағы да бір жалт етіп қараса екен! (М.Мақатаев, Шығ.). Тек әуелі қыранды қолға үйретіп, түлкіге, қоянға тіпті бөлкім, қасқырға түсетін етіп *б а у л ы п* алу керек («Лен. жас».). Ителгіні де лашын сияқты қолға үйретіп *б а у л ы п,* аңшылар жабайы дала аңдарына салады (Б.Муханов,.. Қазақст. өсімдік.).

Еңбекке баулыды. а) *Еңбек етуге үйретті, еңбектенуге машықтандырды.* Өзі де ұстаз әкеміз біздің бәрімізді кішкене күнімізден білім мен *е ң б е к к е* барынша *б а у л ы д ы* («Егемен Қазақстан»). ә) п е д. *Оқушылардың еңбек процесімен, өндіріс құралдарымен таныстырды, оларға машықтандырды.* Ал ойындар баланы қимылға, әрекетке, дене шынықтыруға төселдіреді, сол арқылы өмір күресіне, *е ң б е к к е б а у л и д ы* («Қазақст. мект.»).

БАУЛЫҚ[1] з а т. **1.** *Киім-кешектің, мүлік-жабдықтың бау тағатын жері, тұтқасы.* Ой, Клава, – деп қалың тонның етегін көтере қос чемоданның *б а у л ы ғ ы н а* жармасып, сұлық түсіп отыра кетті (К.Тоқаев, Тасқын). **2.** э т н. *Киіз үйдің сүйектерін ұстастыру үшін бау тағылатын жері, уықты керегеге бекітетін бауды өткізу үшін жасалған тесігі.* Басқұр – керегенің басы мен уықтың *б а у л ы ғ ы м е н* оралып тұрады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Баулығы бекімеді. *Буыны қатпады, пісіп жетілмеді. Б а у л ы ғ ы б е к і м е г е н* бала ғой, өзіміздің бақыр да осыған дәуалнай болар деймін! – десіп, бозбалалар Қартқожаны қаңқу қылып келеді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Баулық құрылым. г е о л. *Өзгерген тау-жыныстар құрамында қайта кристалдану нәтижесінде қалыптасқан толық кристалды минерал түйірлерінің құрылымдық түрі. Б а у л ы қ қ ұ р ы л ы м* кристал бластық құрылымының түрі; онда минералдар пішен баулары сияқты агрегаттар құрайды (Қаз. тілі термин. Геология).

БАУЛЫҚ[2] з а т. *Орылған егінді, шөпті баулап байлайтын шиден немесе талдан жасалған байлам, будам.* Ақшал мен баласы бау байлауды да, *б а у л ы қ* жасауды да білмейді екен, егін шетіне әлгіде әкеп қойған бір арқа жалбызымның қасында қарады да тұрды (Ғ.Орманов, Жүрек). Несі бар оның. Қамысты жерге тіктеп көмесіз де, басын жиып әкеп, *б а у л ы қ п е н* байлай саласыз (Т.Тобағабылов, Тағдыр). Мырзабек атына міниі *б а у л ы қ* орып әкелуге кетті де, балалар атыз-атызға бөлініп түсті (Т.Дәуренбеков, Біз әлі.).

БАУЛЫН= е т. **1.** *Тәрбиелену, үйретілу.* Мұнан талай жыл бұрын Москвадан *б а у л ы н ғ а н* Түлектері елімнің (Жамбыл, Шығ.). **2.** *Қандай да бір кәсіпке, біліктілік, дағдыға үйретілу, машықтану.* Осыдан жазу ісіне *б а у л ы н ғ а н* Ғабиден 1926 жылы газет бетінде «Малта», «Малай» атанған қысқаша әңгімелерін жариялауға айналды (С. Мұқанов, Өсу жол.).

БАУЛЫНУ *Баулын етістігінің қимыл атауы; үйрену, машықтану.* Түсінде ақындыққа *б а у л ы н у,* өлең шығарып жүру жазба ақындардың өмірінде де болған (Е. Ысмайылов, Ақындар).

БАУЛЫС= е т. *Тәрбиелесу, үйретісу.* Қамалап жалғыз жетімді, Құрбандық қып шалмас па? Бір жыртқышты *б а у л ы с ы п,* Жас лашынға салмас па? (С.Сейфуллин, Шығ.).

БАУЛЫСУ *Баулыс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бірге *б а у л ы с у.*

БАУЛЫТ= е т. *Тәрбиелету, машықтату.* ≈ Бала кезден *б а у л ы т қ а н.*

БАУЛЫТУ *Баулыт етістігінің қимыл атауы; тәрбиелету, машықтандыру, дағды алдыру.* Үкіметтің мектептегі жас шәкірттерді оқытып, *б а у л ы т у* үшін жыл сайын аз қаржы шығармайтыны баршаға мәлім («Қазақст. мұғ.»).

БАУПЫЛДА= е т. *Еліктің дауыс шығаруы, әупілдеу.* Орман арасынан *б а у п ы л д а п* елік бақырады. Сеңгір көкте баяу қалықтап жүрген бүркіт пыштақтайды (Ж.Тұрлыбаев, Тамыз таңы).

БАУПЫЛДАУ *Баупылда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Еліктің *б а у п ы л д а у ы.*

БАУРА= е т. **1.** *Бауырына тарту, өзіне жақын тарту.* Екеуі де мекіреніп еміліп *б а у р а д ы.* Арнаулы үйге қойдық (С.Бегалин, Ана.). Балалы арқар *б а у р а й д ы,* Баласыз арқар маңырайды (Мақал-мәтел). **2.** *Өзіне бағындырып икемдеу, қаратып алу.* Біреуге сый беріп, біреуге серт, уәде беріп, кейбіреулерді салқын ызғар, сәлем хатпен тартып, әйтеуір бір ай шамасында талай руды қайырып, *б а у р а п* апты (М.Әуезов, Таңд.). Күні бойы жаңа таныс құрбыммен, Қыр басында гүл терумен жүрдім мен. – Сенем, көктем ұялапты көзіңе, Қыз жүрегін *б а у р а д ы ң* ба өзіңе? (М.Шаханов, Ғасырлар.). Тіпті тура қарай алмай көзіңе, Жолыққанда көңіліңнен шықпадым. Сені *б а у р а п* кете алмадым өзіме, Содан болар, сен де мені ұқпадың (М.Шаханов, Ғасырлар.). Қайным екен деген жоқ, күн асқан соң-ақ Қартқожаны *б а у р а й* бастады (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.). **3.** *Баулу, тәрбиелеу.* Дегенмен де адам заманының саятшысы, неге *б а у р а с а,* соны ілдіреді (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Тұрғынәліні шопандық кәсіпке *б а у р а п*, қойлы ауылға тартқан Жазекеңнің өзі (Н.Айдаров, Жазылбек.). **4.** *Бір істі еміне-еркін меңгеру, игеру, толық үйіріп әкету.* Көңілкүйінің жырларында да осындай түр, сарын жағынан ерекше жаңарып, Европа мастерлерінің жоғарғы сатыдағы жыр мәдениетін нық *б а у р а п*, меңгеріп алғандық көрінеді (М.Әуезов, Шығ.). Енді жаңа техниканы *б а у р а у* мәселесі тұр. Қазақстан жұмысшы армиясы жасалды (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). **5.** *Иемдену, қолына үйрету.* Қадиша мен Иса Қасымды алғашқы қолына кіргізіп алысымен малды өз малындай, өз мүлкіндей *б а у р а й* бастады (М.Әуезов, Қараш.). **6.** а у ы с. *Мыжғылау, илектеу.* Шөрегейдің Ербосыны деген жазықсыз сақауды солдаттар киіздей *б а у р а п* тепкілеп, тіл-ауызын қойдырды (І.Жансүгіров, Шығ.). **7.** а у ы с. *Еліту, толғанту, көңілін масаттандыру.* Белгілі жиіліктегі акустикалық дыбыс толқындары жанымызды *б а у р а п*, рақат сезіміне бөлесе, ендігі бір жиіліктегі тербелістер бойды түршіктіріп мазаны алады («Зерде»).

Баурап алды. а) *Өзіне бірден үйір қылды, еркіне көндіріп әкетті.* Сол уақыттарда Нұрсұлтан Әбішұлының халықпен араласқанына, өзінің биік парасаты мен кемел ақылы арқылы адамдарды *б а у р а п а л а р* айырықша қасиетіне керемет разы болған едім («Егемен Қазақстан»). Әсіресе, шебер тоқымашы Мария апай бөлекше көрінеді, ол бірден өзімсіне сөйлеп, *б а у р а п а л д ы* (М.Сүндетов, Құмда.). ә) *Елітіп әкетті, еліттіре тартты, масаттандырды (ұн, әуенге қатысты). Б а у р а п а л д ы* сәби үн жүрегімді, Іңғалаған құдіретті жыр тілімен (Н.Бәдіғұлов, Бәйтерек). Өнерлі үнпаз құстары Ән базарын дулдатып, *Б а у р а п а л а р* тыстағы Жанды еріксіз тыңдатып (А.Шамкенов, Сырларым.).

БАУРАҒЫШ с ы н. *Бауырына тартқыш, үйіріп әкеткіш, меңгергіш, игергіш.* Сәлім көпшіл ғой. Бұрын білмеген, көрмеген кісіні аймалап *баурағыш* («Лен. жас»).

БАУРАҒЫШТЫҚ с ы н. *Баурап алушылық, меңгерушілік, өзіне тартушылық, үйіріп әкетушілік.* Босаңсытпай, созбақтамай, ақын осы ойды бипаздап жеткізеді. Ертегінің эмоциялық әсері, *б а у р а ғ ы ш т ы қ* күші мығым («Қаз. әдеб.»).

БАУРАЙ з а т. *Таудың, жота мен қыраттардың төменгі етегі, бөктері, бауыр жағы.* Таудың бергі *б а у р а й ы н* түгел алған орманның солтүстігінде, жаңағы шатқалдардың қойнауында бетін қар басқан Бурабай көлі бозарады (М.Иманжанов, Алғашқы.). Саумал бұлақ – балдай дәрім, Салқын самал – *б а у р а й л а р ы ң.* Саялаған, беу, туған жер, Сағындырған Саржайлауым (М. Мақатаев, Шығ.). Балқан таудың *б а у р а й ы н а* ұзап барып, Қос көңілден жүруші ек сыр ақтарып (Ш.Әлдибекұлы, Тағы бір тан атты). Бұзылып күннің ірең, Бәрі де жұрттың тараса. *Б а у р а й д а* елдің біреуі Бұрылып кейін қараса (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

БАУРАЙЛА= е т. **1.** *Баураймен жүру, бөктерлеу.* Аңшылар тауды *б а у р а й л а п* келе жатқалы да бір шай қайнатым болды. Көзге ешбір аң көрінбейді. Алда келе жатқан Данияр арттағыларға қолын көтеріп белгі беріп, бесатарын бетке ала гүрс-гүрс атып жібергенде мүйізі сала құлаш марал омақаса құлады (Т.Жанұзақов, Азаматтар). **2.** *Қақпайлау, қақпалау, шаужайлау.* Қаукеннің осы дауын ақша беріп сатып алғаннан бетер емденіп, дәл бір, етті қызылсырап көрген иттен бетер *б а у р а й л а п,* айналасындағылардан қызғанып келе жатқан сияқты (А.Хангелдин, Фани.).

БАУРАЙЛАТ= е т. *Таудың етегімен бөктерлетіп жүргізу.* ≈ *Б а у р а й л а т ы п* жетті.

БАУРАЙЛАУ *Баурайла етістігінің қимыл атауы.*

БАУРАРЛЫҚ с ы н. *Баурайтындай, тәрбиелерлік, елітіп алар лық.* Олар рудник тарихынан шәкірт көңілін *б а у р а р л ы қ* естелік әңгімелер шертіп, оқушы жастардың өз өлкесіне, өз жеріне деген сүйіспеншілігін арттырады (М.Хасенов, Тәрбие).

БАУРАТ= е т. *Өзіне икемдеп жуықтату, жақындату.* Түсін бұзып, майда тілмен бастады, «Мәмет – менің жан досым», – деп жастағы. Өткен жолын өріп айтып өліктің, Болашаққа *б а у р а т ы п* та тастады (Қ.Жармағамбетов, Соңғы түн).

БАУРАТУ *Баурат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Өзіне *б а у р а т у.*

БАУРАУ *Баура етістігінің қимыл атауы; игеру, меңгеру.* Енді жаңа техниканы *б а у р а у* мәселесі тұр. Қазақстан жұмысшы армиясы жасалды (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Осы дата, яғни 1961 жылдың 12 апрелі, адамның космосты *б а у р а у* дәуіріндегі бірінші күн болып саналады (Х.Әбішев, Аспан сыры).

БАУСАП з а т. *Қармақ жібін байлаған таяқ.* Жағадан балық аулағанда ілмекті суға тастағаннан кейін *б а у с а п т ы* шаншып қояды (К.Күленов, Қазақст. балық.).

БАУСЫЗ с ы н. *Бау тағылмаған, бауы жоқ.* Мә... міне уық! – дейді өзі *б а у с ы з* уықты маңдайшаға сұғып жатып (Д.Әбілев, Арман.).

БАУША ү с т. *Бауға ұқсап, бау сияқты.* – Ух, шіркін, сондай семсерім боп мен де соғысқа барсам, фашистерді тура *б а у ш а* қияр едім, – деп тістенетін Есікбай (С.Мұратбеков, Көкорай).

БАУШАРБАҚ з а т. **1.** *Бір үйге тән қоракопсы, шаруашылық бақ.* Мұнан соң барды аяңдап тоғай жаққа, Жеміс пен ағаш еккен *б а у ш а р б а қ қ а.* Түндегі жылы желдің лебізімен Сөйлесті жасыл гүл мен жапыраққа (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Ауыл-аймақ.* Майданнан оралғанды бала-шаға, *б а у ш а р б а ғ ы м ы з б е н* жапырлай қарсы алатын әдетіміз (Д.Сапаров, Өткен күн.). **3.** *Жеміс бағын және оның төңірегін қоршаған қорған, дуал.* Өзі бір кезде қанша бейнетпен тұрғызылған осы үйді мақтан етуші еді. Өз үйі, өз *б а у ш а р б а ғ ы.* Енді байқаса бүкіл жас өмірі осы шарбақ ішінде тұйықталып қалғандай (З.Шүкіров, Ізгілік.).

БАУШӨП з а т. *Бауланған шөп.* Аласа кірпіш оттықта шөп жеп тұрған екі-үш ат, көкшіл *б а у ш ө п т і* күтір-күтір шайнай түсіп, пысқырып қойысады (М.Әуезов, Абай жолы).

БАУ-ШУ з а т. *Киіз үйдің сүйегін ұстастырып, жамылғысының киіз кесектерін бекітуге арналған арқан-жібі, бау-басқұры.* Киіз үйді, оның *б а у-ш у ы н,* барша жиһаз-мүлкін бүге-шігесіне дейін қалдырмай асқақтата, мадақтай отырып, халық поэзиясы жертөле

мен тамдарға жиреніште сипаттама береді (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Борлатып басқан ақ киізі мен *б а у-ш у ы н а* дейін сол жақта әзірлетіп, алты көк арбамен осы араға бір-ақ түсіріпті (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Қазақтың халық искусствосында әшекейлі тоқыма үлкен орын алды. Оның өзі басқұр, *б а у-ш у л а р* түрінде киіз үй керектеріне пайдаланылды (Қазақст. тарихы). Үйдің *б а у-ш у ы н,* шым шилері мен үзік, туырлықтарын жасайтын ісмер әжелер мен қыз-келіншектер де некен-саяқ («Егемен Қазақстан»).

БАУШЫ[1] з а т. *Егінді, шөпті бумалап бау жасаушы.* Байлады екі *б а у ш ы* бұрап-бұрап, Баулаған шөп ішінде бірге кеттім. Көре алмай көл жағасын жылап-жылап (Қ.Жапсарбаев, Өлеңд.).

БАУШЫ[2] з а т. с ө й л. ***Бағбан.***

БАУЫЗДА= е т. **1.** *Алқымның астынан пышақпен орып, кесу.* Көнеден келе жатқан дәстүр бойынша өте сирек кездесетін, не жақсылықтың, не жамандықтың нышаны ретінде туылады десетін түйе төлі – туылған бойда біреуін *б а у ы з д а п* тастайды және ол жайлы ешкімге айтпайды да. «Егіз бота не баққа туады, не даққа туады» – деген содан келе жатса керек (А.Артықбаев). Ғұмар ханның әскері таң алдында ұйықтап жатқан күзетшілерді шетінен *б а у ы з д а п*, Түркістан қорғанының қақпасын ашып, соғыссыз шаһарды алған (М.Дулатов, Шығ.). Өзіме-өзім сүйсінуім әлей болды! Бағанадан қорқытқанның ызасы үшін бір қолыммен өкпеден қойып-қойып жіберіп, семсеріме ұмтылдым. Оны жан дәрмен суырып алып, қайнаған ашумен *б а у ы з д а п* жібергелі тамағына алып барғанымда, қараңғы түнде жарқ еткен семсерімді көріп: –Ой, сен Жортармысың? (М.Әуезов, Шығ.). **2.** э т н. *Ет і адал болу үшін малды немесе құсты сойғанда алқымының немесе мойнының астынан пышақпен орып, қанын ағызып алу.* Үйректі *б а у ы з д а п,* қаршығаға тілін, миын, қанатының етінен азырақ тояттатып жегізеді (Ш.Айманов, Қыран.). Жігіттер байталды алып ұрып *б а у ы з д а д ы.* Лезде терісі де сыпырылды (С.Мұқанов, Шығ.). Малды *б а у ы з д а ғ а н ы* өзін бауыздағаны емес пе колхозшының. Әке, көріп отырсың ғой «Игілікті», тіпті, өкімет тауысқан жоқ соның малын (М.Әуезов, Шығ.). Сатан арғынсынып қойға бата қылды. Қойшылар алып ұрып *б а у ы з д а п* союға кірісті (І.Жансүгіров, Шығ.). **3.** *Жыртқыштың тістерімен жемтігін орып құлатып өлтіруі.* Түйеге салды қасқыр ауыздығын, Білмейді қай жерінен *б а у ы з д а р ы н.* Қан шапшып сандарынан судай ақты, Тістері өткір екен жауыздардың (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **4.** а у ы с. *Өлтіру, жою, жоқ қылу.* Сіз үшін орға итердім қасымды да, *Б а у ы з д а п* келдім, міне, досымды да. Бір сізге, үкіметке қызмет қылған Ұмытар ма екенсіз бір осымды да? (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Байқасақ, жезде, *Б а у ы з д а р* кезде, Үн шығу бар емес пе! (А.Байтұрсынов, Шығ.). **5.** а у ы с. *Басу, жеңу, бағындыру.* Нәпсіні құрбан қылып *б а у ы з д а с а ң,* Құдайға жетеді екен сонда ғарыз. Бір Құдайдан басқаны ойламаңдар, Ой түбіне жетем деп бойламаңдар. Жалғыз қылда тұрғандай сол намазда Жан-жағыңа көз салып, ойнамаңдар... («Егемен Қазақстан»).

Бауыздарман болды. к ө н е. *Бауыздайтындай болды, өлтірмекші болды.* Өзімді ұстап ап кеудеме мініп отырып, өлтірем деп *б а у ы з д а р м а н б о л д ы...* – деп әңгімесін содан әрі шұбата жөнелді (М.Әуезов, Шығ.).

Лақша бауыздады. *Бауыздар алдындағы лақтай бақыртты.* Топтан тасалана отырып, Дәркембайды қатты боқтап жіберіп кеудеден жұдырықпен нұқып қалды. Жап аузыңды! – деп, сыбыр аралас [тыйым салып], – енді үніңді шығарсаң, сақалыңнан алып тұрып *л а қ ш а б а у ы з д а й м ы н!* – деді (М.Әуезов, Шығ.).

Мақтамен бауыздады. *Қалжыңды, уәжді сөзбен мысын құрта жер-жебіріне жетті, әбден ұялтты. М а қ т а м е н б а у ы з д а д ы ң* күйеу бала, – деп күрсінді Бейсен, – дұрыс, дұрыс. Баймағамбет ақылды, біз ақымақ. Сен ақылды, біз ақылсыз (Ғ.Мұстафин, Шығ.). Әйелім шу көтеріп, байбаламға салса, мұндай жасымаған да болар едім. Ақылдылыққа салынып, мені *м а қ т а м е н б а у ы з д а п,* діңкемді құртқаны ғой (М.Иманжанов, Адам тур.).

БАУЫЗДАЛ= е т. **1.** *Азық үшін малдың алқымының астынан пышақпен орылып, қанының ағызылуы.* Ол бұдан бұрын тор қасқа ат жаңа *б а у ы з д а л ы п* терісі сыдырылып жатқанда бір келіп сығалап көріп кеткен еді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Бағлан мен семіз құлын *б а у ы з д а л ы п*, Үстінде шал шыптаның қорылдады (Ғ.Малдыбаев, Қырым қызы). Қойдан ұстап әкелген қоңыр марқа, қазір *б а у ы з д а л а р ы н* сезбей, үйге кіре томпайып жата қалушы еді ғой (С.Мұқанов, Алып. адым.). **2.** а у ы с. *Қырылу, жойылу.* Ертіс, Есіл, Жайық, Жем, Сағызға бар, Бәрбір пана болмас ауызға алар. Бәрібір моңғол шапсын, жоңғар шапсын, Әйтеуір, қазақ алдымен *б а у ы з д а л а р* (М.Мақатаев, Шығ.). **3.** *Жарақат алу, пышақталу.* Алып келіп ақ патсаны, *Б а у ы з д а л ғ а н* шығып жаны. Жарып көрші, – деді, – кәні, Дедім мен – «астапыралда!» (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

БАУЫЗДАЛУ *Бауыздал етістігінің қимыл атауы.* ≈ Пышақпен *б а у ы з д а л у.*

БАУЫЗДАМ з а т. *Мойын, тамақтың жіңішке тұсы, бауыздау тұс.* Бес құрықты салдырлатып қарғып-қарғып қойды. *Б а у ы з д а м н а н* бір бұрап, өзіме таман тартып қалғанымда ұршықтай айналып алдыма күрс ете түсті (І.Жансүгіров, Шығ.).

БАУЫЗДАС= е т. **1.** *Мал сойысу.* ≈ *Б а у ы з д а с ы п* жіберді. **2.** а у ы с. *Өлтірісу, қырып-жойысу.* Чжан Цзолин жас кезінде емес ірі, Қашқын боп елден шыққан онның бірі. Еңбекші момындарды *б а у ы з д а с қ а н,* Талайы жолдасының әлі тірі (С.Сейфуллин, Шығ.).

БАУЫЗДАСУ *Бауыздас етістігінің қимыл атауы.* ≈ Екеулеп *б а у ы з д а с у.*

БАУЫЗДАТ= е т. *Сойғызу, пышаққа шалдыру.* Майасар сары ала өгізді жығып салып *б а у ы з д а т қ а л ы* жатқан жерінде ұсталыпты (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр.). *Б а у ы з д а т ы п* бағланды, құлын сойып, Ішсе қымыз, келуші еді сөздің шарты (М.Дулатов, Шығ.).

БАУЫЗДАТУ *Бауыздат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Өгізді *б а у ы з д а т у.*

БАУЫЗДАТҚЫЗ= е т. *Сойылатын малды алқымының астынан пышақпен орғызу.* Өзінің қолың батпаса қасқа өгізшені Мыңжасарға *б а у ы з д а т қ ы з,* – деп жекіді інісіне Жекен (?).

БАУЫЗДАТҚЫЗУ *Бауыздатқыз етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қойды *б а у ы з д а т қ ы з у.*

БАУЫЗДАУ[1] з а т. *Бауыздам, алқым тұсы.* Сатан жалма-жан түсе қалып, қойдың *б а у ы з д а у ы н д а ғ ы* ұйыған қанды шөппен сыпырып сүртіп тастап, атқа мінді (І.Жансүгіров, Шығ.).

БАУЫЗДАУ[2] *Бауызда етістігінің қимыл атауы; малды тамақтан ала пышақпен ору, сою.* Ағыбай пышақты алып, ботаның жанына барды. Бірақ ботаның мөлдіреген көзіне көзі түсіп кетіп еді, ал кәні *б а у ы з д а у ғ а* қолы барсайшы (І.Есенберлин, Қаһар). Теміржан әуелден де мал сойған жерге жоламайтын, *б а у ы з д а у ы н а* төзе алмайтын (Т.Жармағамбетов, Нәзік.). Үлкен қоянның жұтында көтерем қара атан өлуге айналыпты. Оны *б а у ы з д а у ғ а* батылы бармай Жанкелді басында жүресінен отырып кешу алысыпты (С.Талжанов, Қайып қарт.).

Бауыздау жау. *Нағыз жау, қас дұшпан.* – Қайт дейсің, айналайын, – деді Мұқағали. – *Б а у ы з д а у ж а у ы м* көріне мінді деп, өлейін бе қымыз ішпей. Сен қашан келіп ең? (А.Сүлейменов, Бесін).

Бауыздау жері. *Мойынның, тамақтың нәзік, жіңішке тұсы. Б а у ы з д а у ж е р і ң е* болайын, Піскен алма сағақтай! Екі көзіңе болайын, Қорықтан жанған шырақтай (Ер Тарғын).

Бауыздау қан. *Бауыздағанда аққан қан.* Кішкентай, ескі қаңылтыр легенге тосып алған *б а у ы з д а у қ а н д ы* жып-жылы қылып босағаға қоя салғанда, ала мойнақ сұр ит ашқарақтанып, асығып легенге бас қойды (С.Сейфуллин, Әңгім.). Доскей шал үлкен серкенің *б а у ы з д а у қ а н ы н* әбден ағызып болды да басын, төрт аяғын тізеліктен кесіп тастады (Д.Досжанов, Зауал).

Бауыздау құда. э т н. *Қыз айттыруға ең алғашқы құда болып барған адам;* [*Құдалыққа арнап, бата оқылып, бауыздалған малдың қанына қол ұшын тигізіп жасайтын рәсімге қатысқан құда*]. Мұстапаға *б а у ы з д а у қ ұ д а с ы н а н* осы құдасы жақынырақ, жылырақ болған соң, меселін қайтармас деп сұрап еді. Бақай шығысымен адуын әйелі Қадиша сөктіай келіп (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). – Ие, Кенже біздің Құдай қосқан, *б а у ы з д а у қ ұ д а м ы з* (С.Бақбергенов, Қайран шешем). Бұл үйде бұрын болмаған Шоқанды, «*б а у ы з д а у қ ұ д а м ы з* барда, басқаны қайтеміз» деп, Данияр қажының үйіне түсірді. Ол, әрине, құшақ жая қарсы алды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БАУЫЗДАУЛЫ с ы н. **1.** *Сойылған күйінде, бауыздалған қалпында.* Таңертең далаға шықсам, есік алды қып-қызыл қан, кешегі ақ мекиеннің қанаты қайрылып, аппақ жүні үйпалақтанып, *б а у ы з д а у л ы* жатыр екен (С.Бақбергенов, Қарға там.). **2.** а у ы с. *Қырылған қалпында.* Мұндайда ақ тұмсық құмырсқаның үймелеген жерінен құдық қазып, екі-үш кезден кейін мұздай мөлдір суға жететін, ошаған бүршігінің қалай қарай жантаюынан терістік пен күнгейді айыратын қазақ жігіттері *б а у ы з д а у л ы* жатыр (І. Есенберлин, Қаһар).

БАУЫЗДАУЛЫҚ з а т. *Бауыздайтын жері, бауыздау тұсы.* Қайрала берген соң жай оғындай жалын шашар *б а у ы з д а у л ы қ* жерді аңдыған екен (Қ.Оразалин, Көктем). Су ішінде қиғылық ұрып салдыр-күлдір бұлқынғанда *б а у ы з д а у л ы қ т а н* іліккен қыл тұзақ қылғындырып, қалың етті қылыштай тіле беріпті (Ә.Нұрпейісов, Сең).

БАУЫЗДАУШЫ з а т. *Малды соятын кісі, қасапшы. Б а у ы з д а у ш ы л а р* мен тері сыпырушылардың еңбегі дұрыс жолға қойылғанда ғана пункттің жұмысы жақсы нәтиже береді (Қой өсіруші.). Мұнда еңбек өнімділігі 2,5 есе артып, қозыны *б а у ы з д а у ш ы,* оның терісін сыпырушы адамдардың саны екі есе азайды (С.Тілеубергенов, Мал шаруаш.).

БАУЫҚ= е т. *Суға салынған тарының көптен кейін быртиып ісінуі.* Білді де бәрінен де басын тартты, Тарыдай бола жаздап, нақ *б а у ы қ қ а н* (Лұқпан Хакім, Шығ.).

БАУЫЛ з а т. к ө н е. ***Зәр***. «*Б а у ы л*» дегеніңіз немене? «*Б а у ы л*» деп сідікті айтады, тәнге нәжіс тигізу мәкіру дегеннің мәнісі сол (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БАУЫР[1] з а т. <лат. hepar> **1.** а н а т. *Омыртқасыз жануарларда асқорыту және қоректі сіңіру процестеріне де қатысатын, адам мен жан-жануарлардың ең үлкен асқорыту безі, ағза мүшесі.* Омыртқасыздардың *б а у ы р ы н* кейде бауыр-үйқы безі деп те атайды, себебі ол омыртқалы жануарлар мен адамның үйқы безі бөлетін затқа ұқсас секрет шығарады (ҚҰЭ). *Б а у ы р* жасушаларында майды қорытуға қатысатын өт түзіліп, өт өзегі арқылы ащішекке құйылады (Қаз. тілі термин. Биология). *Б а у ы р д а ғ ы* зат алмасу әртүрлі ферменттердің қатысуымен жүреді (ҚҰЭ). **2.** м е д. *Адамның ағзасындағы асқорыту, қан түзу, зат алмасу және т.б. өмірлік маңызды физиологиялық, биохимиялық процестерге қатысатын ішкі мүшесі.* Адам жазыла бастағанда *б а у ы р* мен көкбауырдың іскені қайтады, кейде сол қалпында қалады (А.Дайыров, Хирург.). *Б а у ы р* – адам денесіндегі ең үлкен без. Ол құрсақтың оң жақ үстіңгі бөлігінде жатады (Адам анатом.). *Б а у ы р* адам өмірінде зор роль атқарады. Оның клеткалары үлпілдек, өте нәзік келеді (Е.Оразақов, Дәрігер.). **3.** *Жан-жануардың дене тұрқының бауыр орналасқан ішкі жағы, қолтық тұсы.* Мұның сырты қарақоңырлау да, *б а у ы р ы* мен шап тұсы қызғылт-жирендеу. Бүйірі шабдарлау еді (М.Әуезов, Шығ.). Жарқ еткен *б а у ы р ы* аппақ екен, әр жерде бір сарғыш тартқан қабыршығын теңбілдетіп бір көрсетіп қалды да, лезде ғайып болды (С.Сматаев, Ақжелең). Бірақ Шоқан көзін тартқан үскене емес, сол жақ босағада тұғырда отырған сары *б а у ы р,* балақ жүні үкінің жүніндей үлпілдек, басында күмістеген томағасы бар, қоңыр бүркіт еді (С.Бақбергенов, Қоянкөз.). Жүйткіп жосылған бөкендердің *б а у ы р л а р ы н д а* ши аяқ лақтары да қалыспайды (М.Әуезов, Таңд.). **4.** *Адамның құшағы.* Алтынайдың қайратына таң қалғандай рет бар: ағасының *б а у ы р ы н д а* көп тұрған да жоқ, ағыл-тегіл жылаған да жоқ, тез серпіліп ауылының амандығын сұрағыштап кетті (Ғ.Сланов, Асау арна). **5.** а у ы с. *Таулы, жоталы, дөңді жерлердің сырт жағына қарама-қарсы ой жағы, баурайы, етегі.* Балабай аулы Сарыадырдың Темірқазық жағына, *б а у ы р ғ а,* көкөзекке қонды. Балабай аулының сенімді бір кісісіндей болдым (С.Сейфуллин, Тар жол.). Ұлан *б а у ы р д а* бес қаруы беліндегі қара нөпір қалың әскер қаптай шоғырласты (Ә.Кекілбаев, Үркер). Қырқа бар Алатаудың *б а у ы р ы н д а,* Сонда жатыр жолдасың, бауырың да. Апыр-ай, келем бе деп тағы мұнда, Жөнелер қаның тасып тамырыңда (М.Мақатаев, Шығ.). **6.** а у ы с. *Көлдің, өзеннің шұрайлы жағалауы, жағасы.* Тұранның теңіз көлдері бар, Шалқыған шексіз Теңіз, Арал. Бір шетте қасиетті Ыстықкөлдің *Б а у ы р ы н д а* дүние көрген түрік көкжал (М.Жұмабаев, Шығ.). **7.** т а м а қ. *Малдың тамаққа пайдаланылатын ішкі мүшесі.* Өт қабында тасы бар адамдар жұмыртқа, *б а у ы р,* ми, колбаса, семіз балық, қой еті, консерві жемеуге тиіс (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). *Б а у ы р д ы ң* құрамында 70–73% су, 2–4% май, 17–18% белок, оның ішінде ауыстырылмайтын түрлері бар (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Б а у ы р д ы* алдымен өтінен ажыратады, содан соң жуып, кесіп, 2–3 сағат суын ағынды суда ұстайды. *Б а у ы р д а н* көптеген тағам түрлерін дайындайды (Қаз. тілі термин. Тамақ.). Қой сойылғанда бастабаққа қойдың басы, жамбасы, асықты жілігі, сүбесі, белдемесі, бір білем құйрық пен *б а у ы р* салынады (С.Мұқанов, Қазақ қауымы). **8.** а у ы с. *Жүзік, білезік, қамшы сияқты заттардың ішкі жағы, бауырдағы.* Еркектерге арналатын қамшының сабына темірден *б а у ы р* салып, қайыс таспамен немесе жезбен орап тастайтын (Х.Арғынбаев, Қаз. ер-тұрман.). **9.** а у ы с. *Мәшине, трактор, комбайн, танк сияқты техникалық құралдардың астыңғы, жерге тиер жағы.* Алып машина жалтыраған болат *б а у ы р ы м е н* балқып жүзіп келе жатқандай (З.Иманбаев, Кең аймақ). Алқапты дереу *б а у ы р ы н а,* Жиыра тартып жылжыды алып. Даланың жалпақ сауырында Барады бүйра толқындар қалқып (Ә.Сәрсенбаев, Миллиард). КВ танкі бар екпінімен артына *б а у ы р ы н а н* кесек бұрқыратып, ілгері қарай зымырап барады (Б.Момышұлы, Москва.).

Ат бауырына алды. а) *Атпен қуып бастырмалатты.* Жұрт өздерінің не үшін шақырылғанын енді ғана сезіп, шет жақтағылар біртіндеп кете бастап еді, қоршап тұрған солдаттар *а т б а у ы р ы н а а л ы п,* топқа қайта қуып тықты (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). ә) *Жаяуды аттың үстінде жүріп қуды.* Анада көк жайлауда жер қорып, бір қойшыны *а т б а у ы р ы н а а л а* жүріп сабағалы Еңсебай молданы тым дүниеқор, нашар адам ба деп қалдым (Қ.Шөкенов, Біздің Ілияс).

Аяқ-қолын бауырына алды. э т н. *Аманесен босанды, бала туған соң сауықты, тыңайып кетті.* Немере сүю үміті жүрегін уылжыта отыра Сырбайдың қорқатыны – аман-сау *а я қ-қ о л ы н б а у ы р ы н а а л с а* (С. Мұқанов, Шығ.). Құрбанның жұбайы Бибішынар боса-

нып, аман-есен *а я қ қ о л ы н б а у ы р ы н а а л д ы* (Ж.Рсалдин, Ахмет Жұбанов).

Басында үйі, бауырында қазаны бар [жоқ]. *Ауқаты, дүние-мүлкі, меншікті жайы-күйі, үй-күйі бар [жоқ].* Бұрынғы замандағы *б а с ы н д а ү й і, б а у ы р ы н д а қ а з а н ы ж о қ* жағдайдан біржола құтылды («Халық мұғ.»). Ол итке осы елден қыз табылмап па екен, *б а с ы н д а ү й і, б а у ы р ы н д а қ а з а н ы ж о қ* қу бас, байдың қызын алып несі бар (А.Лекеров, Түз гүлі). – Қара қарадай қаратып кетті-ау, қағынды, Уатып кетті-ау, уатып кетті-ау тауымды! – Қарадай неге түңіле қалдың, байғұс-ау, *Б а с ы н д а ү й і ң, б а у ы р ы н д а қ а з а н*, нағылды? (М.Мақатаев, Шығ.).

Бауыр ацинусы. а н а т. <лат. acinus hepatis, лат. acinus – жидек, hepar – бауыр> *Бауырдың құрылымдық және қызметтік бірлігі. Б а у ы р а ц и н у с ы* құрамына қақпалық көктамыр (вена) мен бауыр қызылтамыры, қатар орналасқан екі көрші бауыр бөлекшелерінің бөліктері енеді (Қаз. тілі термин. Биология). Бауырдың гистологиялық препараттарында *б а у ы р а ц и н у с ы н ы ң* пішіні ромбы тәрізді болып келеді (Қаз. тілі термин. Биология).

Бауыр басты. а) *Жақын тартты, туысындай көрді, жүрегі елжіреді.* Кейін байыған, кірме ауылдас Әубәкір ру басы Махамбетшенің Сиқымбаймен қырқысып алған жерін, *б а у ы р б а с қ а н* елін меңгеріп барады (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Балалар оған тез *б а у ы р б а с ы п* кетеді, өзі де жақсы оқытады (Қ.Әміров, Ұландар). ә) *Үйренді, көңілі байланды.* Өзі бала күннен ерекше *б а у ы р б а с қ а н* аумаққа тақала түскеннен-ақ оның жүрегі асықтыра алып ұшатын еді (Ә.Көшімов, Лашын.). б) *Үйір болды, дағдыланды.* Бұл әйел байдың соңғы алған тоқалы еді. Бұл тоқал шаруаға *б а у ы р б а с у д а н* гөрі мырзалықты, серілікті, ойын-күлкіні көбірек істейтін (І.Жансүгіров, Шығ.).

Бауырға алды. а) *Қамқорлығына алды, мейірімділік таныттты.* ≈ Босқындарды *б а у ы р ғ а а л ғ а н* ел. ә) *Мал төлін емізді.* Білмейтін күйік қандай, ыза қандай, Әп-сәтте әсем күні ұзағандай. Әйтеуір әңкі-тоңкі тулай берді, Саудырмай, *б а у ы р ы н а* бұзау *а л м а й* (Е.Дүйсенбаев, Ақ пейіл).

Бауырға алу. *Өзіне үйір етіп тартып, баулу.* Азаматтық қоғам мен демократиялық мемлекетте ұлттық саясаттың түпкілікті мақсаты – өзге ұлттарды өз еркімен ассимиляцияға түсіру, яғни басқа халықтарды *б а у ы р ғ а а л у* («Жас Алаш»).

Бауырға ел тарттырмады. *Елге жақын болмады, көпшілікті ұнатпады, жатжұрттанды.* Алдайды деп жауыңа, *Е л т а р т т ы р м а й б а у ы р ы ң а* Көрінгенді азғырар (Абай, Тол. жин.).

Бауырға [бауырына] тартты. *Өзіне жақын тартты, туыс көрді. Б а у ы р ы н а т а р т қ а н*, Сырыңды айтқан, Сырласың сырт айналар (?). – Темір, – деді ол ақырын дауыспен – *б а у ы р т а р т ы п* жүргенің осы жігіт пе? (Ж.Жұмаханов, Жинақ).

Бауыр ет. а) с ө й л. ***Көкет*** *(көкірек қуысындағы бауыр орналасқан аймақтағы).* Төменгі қабырғалы деп аталатын мұндай тәсіл мыналардан тұрады, ауа өкпеге еніп, ол өкпені және төменгі қабырғаларды *б а у ы р е т к е* қарай қысады және оларды қозғайды (Хормен жұмыс.). Су бермей, нәр татырмай неше сөтке, Шөлдеп өкпе жабысып *б а у ы р е т к е*. Екі көзден еріксіз жасың заулап, Тас ұлтанмен соққанда екі бетке (С.Мұқанов, Алып. адым.). ә) а у ы с. *Тым аяулы, өте жақын, қымбатты адам.* Бала – ананың *б а у ы р е т і* ғой, отқа да, суға да сүйреп салады екен (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). Неге, неге көңілсізсіз? – деп мен одан сұрадым, – Бұл қорлыққа қалай төзем, қалай төзем, шырағым, *Б а у ы р е т і м*, жалғыз ұлым болып шықты болымсыз... – Деді дағы көпке дейін жылап тұрды ол үнсіз. (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Бауыр [бауырын] жазды. а) *Еркіндеп шапты, жүрісін үдетті.* Енді көк биенің *б а у ы р ы н ж а з ы п* көсілте зымыратты (С.Сейфуллин, Әңгім.). ә) *Емін-еркін сөйледі, шабыттана қимылдады.* Өлеңнің кенін қазайын, *Б а у ы р ы м д ы ж а з а й ы н* Жүйрік емен болдырған (Жамбыл, Шығ.). Талай жерге барғанмын, Жау көргенде көсіліп, *Б а у ы р ы м д ы ж а з ғ а н м ы н* (Батырлар жыры). б) *Азат болды, еркіндікке жетті.* Бір кезде құлшылықта жүрген кедей, Бұл күнде азат болды, *б а у р ы н ж а з ы п* (Халық ақындары). в) *Есейді, өсті.* Кеше ғана балапандай *б а у ы р ы н ж а з ы п,* қанатын қомдап қатарға қосылған осы бір жас түлек, бүгінгі күні баршамыздың мақтанышымыз болып отыр (Сауыншы шамшырақ.).

Бауыр киіз. э т н. *Түйеге жүк артқанда, түйе бауырына жіп батпас үшін бауыр тұсынан төс арқанға кигізіп қоятын жең сияқты тігілген киіз.* Түйеге жүк артқан соң оның бауырында жіп, арқан батпас үшін бауыр жіпке (арқанға) кигізілетін *б а у ы р к и і з* болады (Қасиманов).

Бауыр көтерді. *Тұра бастады, төрт аяғын тең басып тұратын, жүретін болды, өсті.* Арланның қолға үйрене бастағандағы қылығы есіме түсті. *Б а у ы р ы н* жаңа *к ө т е р г е н і н д е* көгендегі қозының құйрығын ақырын тістеп қоятын (А.Етекбаев, Алтын.).

Бауыр циррозы. м е д. <лат. hepar – бауыр, грек. kirros – сары, лимон түстес сары> *Байланыстырушы тіндерінің өсіп кетуінен туатын, бауырдың негізгі қызметінің бұзылуы, ауру түрі, шемен. Б а у ы р ц и р р о з ы* – бауырдың шеменденуі, жасушаларының бүрісуі, бауырдың бір жерінде клеткалардың орнына дәнекер тканьдардың өсуі (М.Исамбаев,.. Мед. анықтама).

Бауыры балқыды. *Елжіреді, мейірленді.* Сонда ананың қуанғаннан, Кеуіп, тамған көзінен жас, Бала күліп қуанғаннан, *Б а у ы р ы б а л қ ы п* иіген жартас (Т.Жароков, Шығ.).

Бауыры бүтін [басы есен]. *Бірге туғандары аман-сау, өзінің басы аман, сау-саламат. Б а у ы р ы б ү т і н, б а с ы е с е н,* Сағынар сауық-күлкіні-ай. Қызықтырған түлкідей, Дүние өтер бір күні-ай (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). *Б а у ы р ы б ү т і н,* сау бар ма, Өлімнен үлкен жау бар ма? (Шешендік сөздер).

Бауыры бітті. ж е р г. *Жүрегі елжіреді, езілді, жаны ашыды.* Әй, қойшы, осыларды, бізге не *б а у ы р ы б і т і п* бара жатыр дейсің (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Бауыры елжіреді [езілді]. *Ет жүрегі елжіреп, жақсы көрді.* Ағасының жалынды сөздері інісінің де туыстық сезімін оятты. *Б а у ы р ы н е л ж і р е т і п,* баруға ынтықтырады (Мың бір түн).

Бауыры жазылды. *Әбден төселіп алған соң еркін шапты, шабысы үдеді.* Осы сәттен бастап құла аттың *б а у ы р ы ж а з ы л ы п* жұлдыздай ағып, суырылып алға шыға берді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

Бауыры қатты. *Қатал, қатыгез, мейірімсіз.* Артына белгі қалдырмай, *Б а у ы р ы қ а т т ы* тас өлім, Жыламайын десе де, Шыдарлық па осы өлім (Абай, Тол. жин.).

Бауыры құт. *Ен байлыққа толы, ырыс, береке.* Қиын аудан, жері шалғай, ауа райы қаһарлы, бірақ *б а у ы р ы қ ұ т,* өзіне тән ерекшелігі бар аудан дегендері де есіне келді («Қаз. әдеб.»).

Бауыры құтсыз. а) *Жұртқа жақсылығы жоқ, берекесі мен ынтымағы жоқ.* ә) *Бала тұрмайтын.* Ізіне қара ермеген *б а у ы р ы қ ұ т с ы з* қақпастан оны таппайсың (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Бауырымен жер сызды. *Жер бауырлады, бауырымен жорғалады.* Шамасы он шақырымдай *б а у ы р ы м ы з б е н ж е р с ы з ы п* жылжыдық білем (С.Жүнісов, Өшп. іздер).

Бауырымен жорғалаушылар. з о о л. <лат. reptilia> *Кесірткелер, жыландар, тасбақалар мен қолтырауын отрядтарынан тұратын, омыртқалы жануарлар тобына жататын жәндіктер.* Бунанта институты жанында барлық *б а у ы р ы м е н ж о р ғ а л а у ш ы л а р* өкілін жинақтаған табиғаттың тірі қоймасы ұйымдастырылған (Қ.Қайымов, Қызықты зоол.). Бұл әрада өте көп моллюскалар түрлері, аммонит, белемнит және *б а у ы р ы м е н ж о р ғ а л а у ш ы л а р* дамыды (Н.Баяндин, Ғасыр.). *Б а у ы р м е н ж о р ғ а л а у ш ы л а р д ы ң* Қазақстанда 2 отряды (тасбақалар, қабыршақтылар), 2 отряд тармағы (кесірткелер, жыландар), 13 тұқымдасы (тұщы су тасбақасы, құрлық тасбақасы, геккондар, ешкілер, келес, ұршықсап, сцинктер, кесірткелер, соқыр жыландар, су жыландар, құм айдаһары, сұр жыландар, қалқан тұмсықтылар) 24 туысы, 151 түрі бар (ҚҰЭ).

Бауырына басты. а) *Жақсы көріп, мейірленгендіктің нышанын білдіретін, аймалап төсіне қысу, құшу, құшақтау қимыл-ишараты.* Жәмила баланы *б а у ы р ы н а б а с ы п,* аузына емшек салды да, көрпемен қымтап, оның үнін шығармауға тырысты (Аялы жандар). Исаның бұл сөзіне риза боп, Ыбырай: «Өркенің өссін, талабың мен өнерің ілгерілей берсін» деп, құшақтап *б а у ы р ы н а б а с т ы* (С. Мұқанов, Есею жыл.). Әрқайсысын *б а у ы р ы н а* бір-бір *б а с ы п,* Сүйеді ұл-қыздарының көздерінен (Діни дастан// Бабалар сөзі). ә) *Асырап алды, бала қылып алды, тәрбиеледі.* Сыйбаланы *б а у ы р ы н а б а с қ а н н а н* кейін, баладан қалдым деп жүрген бәйбішенің бойы иіп, емшегінен сүт шығады, сол сүтпен бойына перзент бітіп, ұл туады (С.Мұқанов, Менің мект.). Әкесінен есі кірмей қалған күнде *б а у ы р ы н а б а с ы п* балбыратып өсірген анасы Қалампыр есіне түсті (С.Бегалин, Ана.). б) *Меншіктенді, иемденді.* Күләш «кешегі есепке алынбайтын тоқал бұл күнде дүниенің бәрін *б а у ы р ы н а б а с ы п* әкетіп барады», – деді апам (М.Әуезов, Қараш.). Кеше емес, бүгін келдім ауылыңа, Аулыңның көз саламын тәуіріне. Ет көрмей ала жаздай жүргендей-ақ Жеп жатыр өзі *б а с ы п б а у ы р ы н а* (Айтыс). в) *Алқымдады, құып жетті.* Жылқы ұршықша иірілді. Шұбар безіп, иірілген жылқыны үш айналды. Төртінші айналуға келгенде, Сатан астындағы аты сыпылдап, қашқан шұбарды *б а у ы р ы н а б а с т ы* (І.Жансүгіров, Шығ.). г) *Қанатының астына алды (құс туралы).* Күн суыса, балапандарын *б а у ы р ы н а б а с а* қалады, ыстық күндері болса тұмсығына су толтырып, кішкентайларының төбесінен құйып, салқын «душқа» түсіреді («Жас Алаш»).

Бауырына кірді [тығылды]. а) *Іш жағынан келді, қойнына енді.* Қажымұқан Мартыновтың *б а у ы р ы н а к і р і п,* сіресіп қалған екен, Сатанның жанында отырған бір сақалды

орыс: «Дави! Дави его! Дави!» деп өңменделп отыра алмады (І.Жансүгіров, Шығ.). Еңбектеп келген Бақыт мамалап *б а у ы р ы н а к і р д і* (Б.Майлин, Шығ.). ә) *Қорғалады, паналады.* Биік бел көріп, панам бол деп *б а у ы р ы ң ы з г а к і р г е н д е* – жеткізген жеріңіз осы болса сізге де рақмет (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Арманым да, үмітім де, Сенде екенін ұғындым. Жәбір көрген сәбидейін *б а у ы р ы ң а т ы ғ ы л д ы м.* Ұғындым мен Басқаларға жоқ екенін құнымның, Ая, ардақтым, ая мені! Алдыңа кеп жығылдым (М.Мақатаев, Шығ.). б) *Өзіне баурап алды, тартып, елітіп әкетті.* Ол жылы сөзбен Еламанның *б а у ы р ы н а к і р і п* бара жатты (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Бауырына қысты. *Жақсы көргенді, мейірленгенді білдіретін, өзіне тарту, төсіне басу, құшақтау қимыл-ишараты.* Әбдірахманды тағы да құшақтап, бір қолымен *б а у ы р ы н а қ ы с ы п,* ұзақ ұстап отырды (М.Әуезов, Абай жолы). Сен білген екенсің, Алыстан көріпсің, ақ Түйғыным, – деп қызын маңдайынан сүйіп, *б а у ы р ы н а қ ы с т ы* (Ғ.Мұстафин, Миллионер). Көкірегінің көзі ашық жас батырды Кенесары өзі келіп құшақтап *б а у ы р ы н а қ ы с т ы* да: – Байтабаным, шын мерген екенсің! – деді (І.Есенберлин, Қаһар).

Бауырынан жараған. э т н. *Әбден қатыпсеміп ысылған, тері алынып жараған (ат).* Шашын дынданменен тараған, Бектер мінген бедеудей, *Б а у ы р ы н а н ж а р а ғ а н* (Батырлар жыры).

Бауырына салды. а) *Асырап алды.* Бәйбіше мені кішкене күнімнен *б а у ы р ы н а с а л а д ы* да, кімнен туғанымды жұрттан естігенше, содан туған боп жүре берем (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Айқыз *б а у ы р ы н а с а л ы п* алған жетім қыз Әсия да бертінде қайтыс болыпты (Қ.Исабаев, Адал жан.). ә) *Жаңа туған төлді еміздіру үшін енесінің бауырына жақындатты.* Менің тоқал құнажының түнде бұзаулаған екен. Бұзауын *б а у ы р ы н а с а л с а м* алмайды (Сауыншы шамшырақ.).

Бауырында болды [өсті]. *Біреудің асырауында болды, тәрбиесін алды.* Жапарбектің туған шешесі ерте өліп, үлкен атасы мен әжесінің *б а у ы р ы н д а б о л д ы* (С.Бегалин, Мектеп.).

Бауырын елжіретті. *Ет-жүрегін елжіретті, көңілін, жүйкесін босатты.* Ағасының жалынды сөздері інісінің де туыстық сезімін оятты. *Б а у ы р ы н е л ж і р е т і п,* баруға ынтықтырды (Мың бір түн).

Бауырын жаздырмады. а) *Атты бар пәрменімен шаптырмады, еркіне жібермеді, тізгінін тежеп ұстады.* Мына аттарды көсілтер ме еді... аттың *б а у ы р ы н ж а з д ы р м а й* қор қылуларын қарашы (С.Мұқанов, Бақташы). ә) *Бір іске еркін, батыл кіріске алмады деген мағынада.*

Бауырын кескіледі. б е й н. *Жанына қатты батты, ауыр тиді.* Осы бір боздау үнді естігенде, Ән болып көкейімде есті жел де. Ойыма ойран салып осы бір үн, *Б а у ы р ы м д ы* ұстарамен *к е с к і л е у д е* (М.Мақатаев, Шығ.).

Бауырын төседі. а) *Аунап-қунады, еміннеркін жатты.* Көкпеңбек жердің жүзі шалғын болып, Адамзат рақаттанып *б а у р ы н т ө с е р* (Ы.Алтынсарин, Таңд.). Алматы паркінің көк шөбіне *б а у ы р л а р ы н т ө с е п* қойып, таң атқаннан күн батқанша олар кітаптан бас алмайды (Ж.Жұмаханов, Жайсаң жан.). ә) *Кеудесін кеудесіне тақады, қойды.* Айналайын атыңнан алтыным-ай, Ақ жүзіңді көргенде балқыдым-ай, Сіз дария болғанда, мен қоңыр қаз, *Б а у ы р ы м т ө с е п,* бетіңде қалқыдым-ай (Халық әндері).

Бауырың езілсін [тілінгір], бауырына құрт түссін. қ а р ғ. *Жаның қиналып, жапа шеккір!* Оны бауырым дегеннің *б а у ы р ы е з і л с і н* (М.Әуезов, Шығ.).

Бауыры суыды. *Денесі суып, күдер үзді.* Кәмшат ауру. Әл үстінде. Бізді танымады. *Б а у ы р ы с у ы п,* аямас қас көргендей барлық жанды... Не айтайын? – деп тоқтап қалды (М.Әуезов, Абай жолы).

Бауыры суық қара жер. п о э т. *Рақымсыз, қатыгез ажал.* Әбішті жерлерде жұрт: «Аманат», «аманат» десіпті. Бұл сөзде қимаған жүрек те бар. *Б а у ы р ы с у ы қ қ а р а ж е р д е н* әлдебір рақым тілеген дәрменсіз өтініш те бар сияқты естілді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). *Қ а р а ж е р б а у ы р ы с у ы қ* айырған соң, Өлімге кеткен емес ешкім көнбей. Бар еді не бастасым, не жолдасым, Белгілі жол асатын құба дөңдей (Қаз. ақын. шығ.).

Бауыры тартылған [тартыңқы]. *Іші, бүйірі әдеттегіден жіңішкеріп тартыңқы келген, солған, жараған.* Ошақтай бар жауыры *Т а р т ы л ы п қ а л ғ а н б а у ы р ы* Жал-құйрықтан дымы жоқ, Шұбар дөнен жолықты (Алпамыс). Саны күшектей, қысқа бақай, құйма тұяқ, *б а у ы р ы т а р т ы ң қ ы,* төсі сала құлаш жануардың, сірә, белі де күдіс болса керек, бірақ былғары көпшікті, қалың қос айылды әскери ер оны көрсетпей тұр (Ғ.Сланов, Домбыра.).

Бауыры тартылды. *Ат әбден жарап, күйіне келді.* Семізден жарап, *б а у ы р ы т а р т ы л ғ а н н а н* кейін, маңайынан өткен кісі оның сұлулығына тоқтап қарамай кете алмады («Қаз. әдеб.»).

Ер-тоқымын бауырына алып тулады. *Тас-талқан боп ашуланды, быт-шыт болды.*

Бұл сөз уәзірлердің құлағына жетіп, олар *ертоқымдарын бауырларына алып тұлап* жатса керек («Қаз. әдеб.»). Бұл үшін *еріңді бауырыңа алып* туламай-ақ қой (Б.Соқпақбаев, Алыс. ауыл.).

Ері бауырына түсті. *Ері ауып кетті.* Торы ала аяқ (ат) негізінде жуас болатын, әйтсе де *ер бауырына тусе* бергенде қарғи жөнелді (Ғ.Сланов, Әңгім.).

Ет бауыры. а) *Ең жақын туысы, жақын ағайыны, ет жақын жандары.* Екеуің де *ет бауыр*, емшектесімсің, бір қызды қалай қақ жар дейсің маған? (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). Қарымбай сөзіне құдайдай сенген аңғал жігіт өзінің ең жақын деген *ет бауыр* жолдасын ертіп ап түнгі жорыққа аттанды (А.Байтанаев, Қайнар.). ә) *Ықтасын, таудың етек жағы.* Анау таудың *ет бауырындағы* жеке қора әкесімен туысқан Сатай қажынікі (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жер бауырлады. а) *Еңбектеді, жорғалады.* Жаңа түскен ұлпа қар ен далада жылanша ирелеңдеп, *жер бауырлай* тіміскілеп кезіп жүр (С.Жүнісов, Жапанда.). «Қылмысты», «күдікті» деген тұтқындарды тыр жалаңаш шешіндіріп, келтек мылтықтың дүмімен ұрып, осы тордың астынан *жер бауырлата* еңбектетіп алай бір, былай бір өткізді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). ә) а у ы с. *Қайғырды, мұңайды.* Сен есіме түскенде беу қарағым, Тұра алмаймын орнымнан *жер бауырлап* (Халық өлең.).

Жер бауырына алмады. *Жамбасы жерге тимеді, жерленбеді.* Еріксіз жан ел баласын. *Бауырына алмай* жер жылады. Аза тұтып, айналасын Азынады, жел жылады (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын).

Қазаны бауырына төгілгір. қ а р ғ. *Оңбағыр, қарғыс атқыр.* Құлназаровтың отарларға тықтырып қойған жүз шамалы қойы бар деп, *қазаны бауырына төгілгір,* біреулер домалақ қағаз жүргізіпті үстінен («Лен. жас»).

Құйрық пен бауыр жеді. э т н. с ө й л. ***Құйрық-бауыр жеді.*** Әлəуләй, əлəуләй, əлəуләй! Ылғи ет жеп жүреді елде болысың-ай, Ылғи ғана *құйрық* пен *бауыр жер* едім, Егер ғана мен де болсам ауылнай, ауылнай (М.Жұмабаев, Шығ.).

БАУЫР[2] з а т. **1.** *Бірге туған қандас, ағайындас, туысқан адамдар.* Білмесеңдер, бұл қырғын тауып жатқан біздің қазақ-қырғыз деген бірге туған *бауырымыз* («Абай»). Бұл өткен қырық-елу жылды көзінен кешірген қазақ *бауырларымыз* аз фəһім жіберсе, бұл сөзді аңғарар (М.Дулатов, Шығ.). Сәлем бермей туысқа, *бауырға* да, Адырға да бара алмай, ауылға да, Аяқ басар жер қалмай сансыратып, Қатты батты өткен қыс қабырғама (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** *Бір әкеден туған ағайынды адамдар.* Інісінің қай қылығын да қыңқ етпей көтеретін, маңдайыма *бауыр* қып сені жазған Құдайға мен ризамын деп, шексіз кеңдік танытқан Шәкеңдей басқа ағаны мен әлі көрген де емеспін, естіген де емеспін («Жас Алаш»). **3.** *Әйел адамның кіші інісі.* Мамам қайда? – деген сұрауына әйелі: – Балқаштағы *бауыры* келген еді, сол ертіп кетті, – деп жауап берген (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). *Бауырыңыз* келіп, көзайым болып жатырсыз ба? (Ә.Нұршайықов, Махабб.). **4.** *Жамағайын, жақын адам, туысқан.* Ағайын, *бауыр,* туысқан, Азғана топпен біз қалдық. Арамыз азып суысқан, Абыройыңды сенің қызғандық (Ғ.Қайырбеков, Дала). Бас жағы Бозжорғаның толған ауыл, Аспаннан жаңбыр жауды, соғып дауыл. Ол кезде менен артық әлгі түйе, Жанашыр іздеп келер қайда *бауыр* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Бауыр тұтты [көрді]. *Жақын тартты, қимас туысындай көрді.* Ол арманды *бауыр тұтып,* барынша апа көңілімен сүйсе де, биік бойлы қалпын сөлекет, жағымсыз көретін (М.Әуезов, Шығ.). Ойға жыр, көңілге күй, жанға тыныс, Айналаң алма-өрік, алда қымыз. Ташкент шәрін өзіне *бауыр тұтқан* Жігітім, жақсы ә, біздің Алматымыз?! (М.Мақатаев, Шығ.). Сәкен... барлық ұлттың еңбекшілерін *бауыр көрді,* барлық ұлттың буржуйларын жау көрді (С.Мұқанов, Өсу жол.).

Бауырынан сиген. *Ер-азамат. Бауырынан сигen* Албан баласының бар арманы сол (М.Әуезов, Шығ.).

Бауырына тартты. а) *Өзіне жақындатты, құшақтады.* Мен құшақтай алып, *бауырыма тартып* едім, Сәулеш іркілген жоқ, жыпжылы болып жабыса кетті (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). Күлді ұстазы, ақ сары адам, Жирен мұртын қырау шалған. *Бауырына тартып* өз ұлындай, Абыржыма, – деді – балам! (Ә.Сәрсенбаев, Таңд.). ә) *Іш тартты, өзіне жақындатып өзімсінді. Бауырына тартқан,* Сырыңды айтқан, Сырласың сырт айналар (Абай, Тол. жин.). Екінші бір ұнамды пиғылың кісіні *бауырыңа тартып,* сөйлейді екенсің, – деді Гончаровқа (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.).

Бауырын жарып шыққан. *Туған бала, ішінен шыққан перзент.* Қиқар шал көңілі қатты қалғасын, бұл түгіл, өзінің *бауырын жарып шыққан* жалғыз қызының да жүзін көрмей сырт айналып кетті (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Бір бауыр қылды. *Бірге туған адамдай жақындатты, бастарын қосып, ауызбіршілікке үйретті.* Құдай бар, ұждан дұрыс, қиямет шын, Еш діннің мақсұты жоқ мұнан асар. Дін адамды

бір бауыр қылмақ еді, Оны бөліп, дұспандық қару жасар (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Бірге туған бауыр. а) *Бір әкеден туған ағайынды адам.* Ұлтуған азар кетті, жылай-жылай, Қаңғырып, өттік пе деп елге сыймай. *Бауыры бірге туған* шыдата ма, Егілді Бектас боздап о да қоймай (И.Байзақов, Ақбөпе). ә) *Мұндас, сырлас, жақын, айырылмас дос, айнымас серік.* Ақ маңдайлы тұлпарым, бірге туған құлыным. Керекке біткен жауырын, *бірге туған бауырым* (Қобыланды батыр).

Қу бауыр. с ө й л. э к с п р. *Бұйрегі бұрып, бәрінен артық көріп тұрған туыс, жақын адамы.* Рақымы түсті басына, көзден аққан жасына. *Қу бауырды* қия алмай, Қайрылып келді қасына («Қыз Жібек»).

Құдандалы бауыр. *Қыз алысып, қыз беріскен, құдандал адамдар сияқты сыйлас, тату.* Біздің ұлтымызда тәжіктердегідей бір ауыл екінші ауылға өш емес, қайта *құдандалы бауыр* («Жас Алаш»).

Таптас бауыр. к і т. с о в. *Хал-ахуалы, мүдде-мұқтажы ортақ, өзінің әлеуметтік жігінің өкілі.* Өзінің *таптас бауырына* етінен ет кесіп беретін, адал жанды адам арманда кетті (Х.Мұстафин, Қыр жігіті).

Тете бауыр. *Араларында бала жоқ, бірінен кейін бірі туған бір әкенің ағайынды балалары.* Жатқызып тегіс үй ішін, Қысып сүйді сіңілісін. Сырлас *тете бауырдан* Айрылу жеңіл ме? (М.Жұмабаев, Шығ.).

Туған бауыр. *Бір әкеден туған ағайынды адам.* Уәйістің *туған бауыры* Қасым мен сүйікті қолбасшысы Байрам Шах қаза табады («Парасат»).

БАУЫРАЯҚ з а т. э т н. *Бала еңбектей бастағанда жасалатын бас қосу, дастарқан жаю ырымы.* Бала еңбектей бастағанда *бауыраяқ* деп аталатын тағы да ауыл-үй әйелдерінің бас қосу мәжілісі өтеді (Д.Қатран, Қаз. дәст. ас-тағамы).

БАУЫРАЯҚТЫЛАР з а т. з о о л. *Өзен, суларда өмір сүріп, тіршілік ететін ұсақ жәндіктер тобы.* Амур өзенінің су алқабында тіршілік ететін *бауыраяқтылардың* бір ғана түрі амур меланиясы (Melania amurensis) аквариумда да жақсы тіршілік ете алады (Қ.Қайымов, Су асты.).

БАУЫРДАЙ[1] с ы н. *Бауыр сияқты.* Аңыз жерді аударып көк соқа *бауырдай* кесіп барады. Көп ұзамай-ақ көк сиыр бұралақтап соқаны жүргізбеді (І.Жансүгіров, Әңгім.). Даланың бір жағы от, бір жағы мұз, Қарыған алдын жалын, арқасын сыз. *Бауырдай* бөліп-бөліп отқа салған, Қазақтың жай емес ед болуы үш жүз (Жамбыл, Шығ.). *Бауырдай* бұйра тіліп, қара жерді, Тамырын құрыш сталь кесе білді. Еңбектің шын өнімді жемісі егін, Гүлденед көркейтетін еңбекші елді (И.Байзақов, Шығ.).

Бауырдай қатты. *Қатты ұйқыға батты.* Мәруа атасының үйіне келген түні жолсоқты боп шаршағасын, *бауырдай қатып* ұйқыға шомып еді (Р.Әутәліпов, Той тарқар.). *Бауырдай қатып* қалған екем, таң да атты, мен де көзімді ашып алдым. Жүрегім күндегідей жұлқынбай, баппен соғады, барлық денем жеңіл, көңілім сергек, көкірегімді бір нұрлы сезім жылытқандай (А.Көшімов, Екі бүркіт).

Бауырдай тілді. *Жұмсақ бауыр сияқты етіп тілмеледі, тілгіледі.* МТС-тен келген трактор-лар дүрілдеп егіс даласын *бауырдай тіліп* жатыр (С.Бегалин, Таңд. әңгім.). Төңірекке төне қараған жауынгерлердің көздерінен ұшқан ұшқын бронды *бауырдай тілетін* терминттік оқтан да өткір (С.Мұқанов, Ол күндер). Қайрақтай сары табан жолдан шығып кеткен аттар екпінімен омыраулап, тізеден келетін май сазды *бауырдай тіліп,* өзеннің арғы бетіне ұмтыла берді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Бауырдай ұйыған. *Қоймалжың тартқан.* Мәшине кетісімен *бауырдай ұйыған* бетон суықтан тобарсиын деді (А.Жақсыбаев, Менің дос.).

БАУЫРДАЙ[2] с ы н. *Бірге туған бауыры секілді, туыс адамындай.* Аз күндер бірге болсақ та, туған *бауырдай* болып едің, мына қорлыққа шыдап отырасың ба? (Ж.Саин, Жол үсті.). *Бауырдай* інім – ағалы, Достықпен тұтасқан қадамы. Бәрі шат, бәрі еркін адамы, Отанның мақтаны – бұл ырыс (С.Машақов, Жыл.). Тіл тиегі шешіліп, Қиыннан қиысып келтірдік. Бұрынғы жат ел дос болып, Бір *бауырдай* бекіндік (Ақын жырлары).

БАУЫРДАҚ з а т. *Ершікке, ер-тұрман әбзелдеріне, қамшы т.б. тағылатын айыл, жалпақ қайыс.* Ершіктің *бауырдағы* ескірген екен. Арбаға жеккен ат ершігіне жаңа *бауырдақ* керек (Дала қырандары).

Жез бауырдақ. *Жезбен безелген өрме қамшының алақаны.* Бір қамшым бар қолымда, *жез бауырдақ,* жар-жар-ау! Ілікпедім өсекке, Сөзді ауырлап, жар-жар-ау! (Айтыс).

БАУЫРДАҚТЫ с ы н. *Бауырдағы бар, бауырдақ салынған.* Жылқының сұлу болар күректісі, Сұлудың қасқаяды күрек тісі. Қамшыны *бауырдақты* екі бүктеп, Жігіттің үйге кірер жүректісі (Айтыс).

БАУЫРЖІП[1] з а т. *Түйені шөгеріп жүк артқанда төсінен ала ұзынынан тастайтын арқанша; түйенің төс арқаны.* Түйеге жүкті артып болған соң, әлгі *бауыржіп* немесе төс

арқанмен соңғы рет айқастыра мықтап тартып байластырады (Ә.Жақыпов, Түйе.).

БАУЫРЖІП[2] з а т. б о т. *Аквариумда өсетін жіңішке, нәзік өсімдік.* Өсімдік көп отырғызылған, су температурасы 24–27^{0}С аквариумда кішкене *б а у ы р ж і п* жақсы өседі (Қ.Қайымов, Су асты.).

БАУЫРКӨППЕ з а т. к ө н е. *Ыдысқа, зеренге бетімен бет болып салынатын дән өлшемі.* Ыдысына *б а у ы р к ө п п е* күріш салды (Ауызекі).

БАУЫР-ҚАРЫНДАС з а т. *Ағайын-туыс, жақын-жұрағат, көпшілік.* Обаға ұшырап жатқан қалың *б а у ы р-қ а р ы н д а с қ а* қам ойлап, [пәруәне болудан] басқа бірде-бір шет жайлар, мұң да жоқ тәрізді (М.Әуезов, Шығ.).

БАУЫРҚҰРТ[1] з а т. <лат. fasciolosis> *Ұзындығы 1–2 см, көлденеңі 1 см, түрі жапырақша келген, қой, ешкі, сиырларда болатын құрт ауруы, дерт.* Фасциолез (қойдың бауырқұрты) *б а у ы р қ ұ р т ы м е н* әсіресе көктемде, күзде, қыста ауырады (Ш.Халықов, Қойды. ауру. сақтау.). *Б а у ы р қ ұ р т п е н* қой, ешкі, сиыр, түйе, жылқы, шошқа ауырады (Т.Тілеуғалиев, Эксперт). *Б а у ы р қ ұ р т т ы ң* ұзындығы – 3–5 см, жапырақ тәрізді құрт (Қаз. тілі термин. Биология).

БАУЫРҚҰРТ[2] з а т. б о т. *Жетісу аймағында өсетін ағаштардың бір түрі.* Шырғанақ, сөңке, терек, сөгет, емен, Үйеңкі, шырғай, балғын тораңғылар, Сарыағаш, қойқарақат, жиде, шетен, Тобылғы, түйеқұйрық, *б а у ы р қ ұ р т т а р;* Қараған, бозқараған, шеңгел, шілік Сықылды ағаштардың талайы бар (І.Жансүгіров, Шығ.).

БАУЫРҚҰРТТАЙ с ы н. *Бауырқұрт сияқты, бауырқұрт тәрізді.* ≈ *Б а у ы р қ ұ р т т а й* жеді.

БАУЫРЛА ү с т. **1.** *Етпетінен жерге жатып, шынтақтап, тізерлеп жылжу.* Тар қуыста *б а у ы р л а й* жылжумен біз Ботпай аталатын қуысқа да жеттік-ау! (С.Мұқанов, Шығ.). Құйындай үйтқып үйіріліп, *Б а у ы р л а й* жылжып, жиырылып, Ысқырып улы жыландай, Іргелі Отан еліме, Қордалы кенді жеріме, Жау ұмтылды жалаңдай (Н.Баймұратов, Ер Төлеген). **2.** *Етпетінен, бауырын ішіне алып жату.* Біз төселген көк шөптің үстіне *б а у ы р л а п* жаттық (Қ.Әбдікадыров, Әңгім.). **3.** *Құстың жерге жақындап, төмендеп ұшуы.* Лашын жерге жақындап барып *б а у ы р л а й* ұшқанда, аққан жұлдыздан кем зымырамайды (С.Мұқанов, Шығ.). **4.** *Атты бауырды ала қамшылау, осып жіберу.* Рүстем қолды даттап ызаланды, *Б а у ы р л а п* көк бурылды осып қалды. Жете алса жон асырмай килігуге Көш өткен өткелге әкеп қолды салды (І.Жансүгіров, Шығ.). Сәлім атын *б а у ы р л а п* қамшы басты, Ұмтыла кеп жауына араласты (Қ.Жұмалиев, Қырдағы.). Ол атын *б а у ы р л а п-б а у ы р л а п* жіберіп, жол үстінде жайбарақат кетіп бара жатқан үш жолаушының сол жағындағы бұжыр бет жігітке қамшысын үйіріп төніп келді (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). Сөйтіп, қашып бара жатқан штабқа қарсы аттарын *б а у ы р л а п* үш адам шауып келеді (С.Шарипов, Шығ.). **5.** *Тауды, қырды, дөңді бөктерлей жүру, етектей өту.* Оң жақтағы орман шетінен тағы бір қара жол дөңді *б а у ы р л а й* барып биікке қарай жосылып жатыр (Б.Момышұлы, Ол күндер.). Жағалап жан *б а у ы р л а й* Бестөбені, Ызғындай қызылжасыл көш келеді (Н.Ахметбеков, Өлеңд.). Батыр жоқ Қожекедей айқайлаған, Бай қайда байғұстарды малша айдаған. Ауылдың құтты қоныс, әсем тауы, *Б а у ы р л а п* тракторлар, жер жайнаған (І.Жансүгіров, Шығ.). **6.** *Қарға, суға, батпаққа т.б. белінен жоғары бату.* Ұзаған сайын аты *б а у ы р л а п* жаяу борасынға сүңгіп шығады (Т.Ахтанов, Боран). Күн батып, қас қарайған сайын жолды көлденеңдей *б а у ы р л а п* жылжыған қар қоюланып барады (Қ.Исабаев, Жұмбақ үй). **7.** а у ы с. *Алқымдау, жуықтау.* Өзі отызды *б а у ы р л а п* қалды, бірақ әлі ерге шыққан жоқ (І.Есенберлин, Алтын құс).

Бауырлап алды. *Тебініп, қамшымен атты бауырынан осып-осып жіберді.* Қаракерді бірекі *б а у ы р л а п а л ы п*, жолдасым тағы да сөзге кірісті (Б.Момышұлы, Шығ.).

Жер бауырлады. а) *Сүйретіліп, ілгері еңбектеп, бауырымен жылжыды. Ж е р б а у ы р л а п* жүргізген, Аяғы жоқ, қолы жоқ, Бауыры шұбар жыланды (Базар жырау, Шығ.). Ансар бұғып, бірде еңбектеп, *Б а у ы р л а й д ы* бірде *ж е р д і.* Жараланған жауынгердің Талайына жәрдем берді (С.Бегалин, Өлеңд.). ә) *Қатты қайғырды, ешкіммен сөйлеспей етпеттеп жатып алды. Өз* үйінде *ж е р б а у ы р л а п* жылап, Айғыз жатыр екен (М.Әуезов, Абай жолы). Жылдағысын жылда... құла құлын қайда? Тағы да құрттыңдар! – деп наразылығын дүңк еткізіп білдірді де, теріс қарап *ж е р б а у ы р л а п* жата кетті. Екі иығы бүлкілдеп кеткен-ді (Ғ.Сланов, Асау арна). б) *Жер бетімен жылжыды.* Қары кетер-кетпес, алабажақ боп жатқан жер бусанып, тамыры жіби бастаған кезді, ашық күнгі *ж е р б а у ы р л а п* жіңішкелеп көтерілген от түтініндей әр төбенің басынан сыздықтап ұшқан буды Нұрланның көзі шалды (З.Шашкин, Сенім).

БАУЫРЛАР з а т. к ө т е р і ң к і. *Бір іске жұмылдыру мақсатында, үндеуде рухани жақын арқа сүйеушісі ретінде көпшілікке қарата айтылатын атауыш.* Бостандыққа беттейікші, *б а у ы р л а р*! («Егемен Қазақстан»).

БАУЫРЛАС с ы н. **1.** *Бірге туғандай, туыстай болып кеткен.* Өткен жылы қыпшақ жұртынан келген *б а у ы р л а с т а р ы* сыйға тартқан түйе жүн шекпенін қымтыңқырап, құрысқан денесін жаза жатты (Д.Сапаров, Өткен.). Құлақ сал, Балмағамбет *б а у ы р л а с ы м,* Бұл күнде мұндай күйге түсті басым. Қара жер алдында алса арманым жоқ, Өзіңнің ұзақ болсын өмір жасың (Ш.Иманбаева, Өлең д.). **2.** *Арманы, ой-тілегі бір, тілектес, мүдделес, достас.* Ортақ шекара байланыстыратын *б а у ы р л а с* елмен тұрақты, әрі мығым қарым-қатынаста болуға біздің ел әрдайым мүдделі («Жас Алаш»). *Б а у ы р л а с т а р ы м* менің! Қаруластарым менің! Қай жерлерде жүрсіңдер, майдандастар? Тағдырларың не болды, қайран достар?! (М.Мақатаев, Шығ.). Қанымыз бірге *б а у ы р л а с,* Украина қойыныңды аш. Хуторларың ауылдас, Құшағымыз айрылмас (С.Мәуленов, Таңд.). Тәуелсіздігін тұңғыш мойындаған *б а у ы р л а с* елден енген қонақтар Алматы қаласының әкімнің орынбасарының қабылдауында болды («Алматы ақшамы»). **3.** а у ы с. *Мөлшерлес, шамалас, жуықтас.* Қарқынынды суытпа, Айналым аз! – деді Имаш. – Сапасын да ұмытпа! – Сапа мен саны *б а у ы р л а с* (Ж.Молдағалиев, Шығ.).

БАУЫРЛАС= е т. **1.** *Туыстасу, жақын болу, достасу.* Сонда Шернияз: Кеше Исатай өзіңмен *б а у ы р л а с т ы.* Өлтірдің Кіші жүзде асыл тасты, – деп өзіне қарсы айтқан (Айтыс). Денеме *б а у ы р л а с қ а н* тарай берді, Шолыды қиял сонда талай жерді. Кішкентай сол түтікке өмір сыйып, Білмеймін сол араға қалай келді (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Құдай қалаған дос болып, туыстай жақындасып, *б а у ы р л а с ы п* кеттік. Бір-бірімізден жамандық көрген жеріміз жоқ (Б.Тілегенов, Аққайнар). **2.** а у ы с. *Бір-бірімен ұласу, жалғасу.* Шөл дала, құлазыған шоқы, Бірімен-бірі жатыр *б а у ы р л а с ы п* (А.Тоқмағамбетов, Таңд.).

БАУЫРЛАСТЫҚ з а т. **1.** *Бауырлас болушылық, туыстастық, туысқандық, жақындық, достық.* Құрып, суалып қалсын мұндай *б а у ы р л а с т ы қ.* Қатынеке, толғамың аз, өз кінәңды мойындағың келмейді. (Ә.Көшімов, Лашын.). Бірге туған *б а у ы р л а с т ы ғ ы м д ы* сыйламасаң да алдыңа ақ сақалымды салып, үлкендік ете келіп отырмын (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **2.** *Достастық, ниеттестік, мүдделестік, алыс еместік, бірге туғандай болушылық.* Елдік, теңдік, *б а у ы р л а с т ы қ,* құлсыз, қожасыз құдіретті еңбек, бақыт ырыздығын тепе-тең бөліп тұтыну... (Х.Ерғалиев, Шындық.). Біздің поэзиядағы *б а у ы р л а с т ы қ* сезім де әдебиетіміздің тақырыптық шеңберінің кеңейе түскенінің куәсі (М.Әлімбаев, Қалам.). Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 12 жылдық тойына *б а у ы р л а с т ы қ* сәлем жолдаған көрші Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей сияқты елдерден жалынды хаттар мен құттықтаулар көптеп келді («Егемен Қазақстан»). Мұсылман елдерінің кейбірінде сопылық *б а у ы р л а с т ы қ т а р д ы ң* жұмысына ықпал жасап отыратын үкіметтік ұйымдар бар («Егемен Қазақстан»). Көптеген *б а у ы р л а с т ы қ т ы ң* өздері жасаған және соларды негізге алатын діни философиялық доктриналары мен әдебиеттері бар («Парасат»).

БАУЫРЛАСТЫР= е т. *Жақындастыру, достастыру, біріктіру.* Спорт елді *б а у ы р л а с т ы р а д ы* (Ауызекі).

БАУЫРЛАСТЫРУ *Бауырластыр етістігінің қимыл атауы. Қ*азақ театрында өзбек пьесалары, өзбек сахнасында қазақ шығармалары қойылуы – халықтарымызды бір-біріне *б а у ы р л а с т ы р у д ы ң* тамаша тәсілі болмақ (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

БАУЫРЛАУ *Бауырла етістігінің қимыл атауы.* ≈ Атты *б а у ы р л а у.*

БАУЫРЛАТА ү с т. **1.** *Төмендете, жермен бауырлай.* Ол атының басын кері бұрып, *б а у ы р л а т а* қамшы ұрды (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Шыңға шығу үшін құздардың қашап, *б а у ы р л а т а* салған жол алты рет туннельден өтеді, әрі әдейі жасалған жолайырықтар болмаса, қарсы келген машина қатарына өте алмайды (Қ.Тұрсынқұлов, Олар.). Қараменді асығатын емес. Үшіншісін көтеріле берген құсқа *б а у ы р л а т а* жіберді (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). **2.** а у ы с. *Жорғалата, зырлата.* – Мен де сол қолдың саусақтарына билік беріп, *б а у ы р л а т а* байқап едім-ай, жоқ, әлгідей нәзік дыбыс қайда! Лағып бара жатқан бір құладын, – деді Дайрабай (Ғ.Сланов, Домбыра.).

БАУЫРЛЫ[1] с ы н. *Бауыры, бауырдағы бар.* Қос білезік. Мұндай білезік жалпақ *б а у ы р л ы* тұтас келеді де, үстіңгі беті қатарласқан қос жұмыр болады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Қорғасын *б а у ы р л ы* тобылғы қамшысымен дәл басынан тартып-тартып жіберді. Мә, саған! Мә, саған! Тіл тигізетін сабазсың ғой (І.Есенберлин, Қаһар).

БАУЫРЛЫ[2] с ы н. *Бауыры көп, туыстары бар.* Бұлардай *б а у ы р л ы* адамдарды көрмедім (Ауызекі).

БАУЫРЛЫҚ с ы н. *Жақындық, туысқандық, туғандық, бауырластық.* Мынау ауадан, жерден, шөптердің ашқылтым жұпарынан, қызған құмның күңірсіген алабынан, көлбеңдеген көбелегінен, кесірткесінің шиырынан туысқандық, *б а у ы р л ы қ* иісті, бабаңның, ата-анаңның, өз қаныңның иісін сезесің (Ә.Сараев, Бозқырау). Долговтың жүзіне Абай шын сеніскен аға-інідей *б а у ы р л ы қ* жүзбен күле қарады (М.Әуезов, Ақын аға.). Ербол мен Шәке оңай ұғынды, тек Әйгерім ғана Абайды құптамады, осындай бауырға тартпаған, панасына алмаған *б а у ы р л ы қ т ы ң* тәтті тілі көңілге қанша медеу? – деп жүзін есікке қарай бұрды (М.Әуезов, Шығ.). Көбінесе қалаға келіп, бұзылған жігіттерде *б а у ы р л ы қ,* жолдастық деген мейірім болмайды: арақ үшін, ақша үшін қасындағы жолдасын сатады (І.Жансүгіров, Шығ.).

БАУЫРМАЛ с ы н. **1.** *Туысқаншыл, ағайыншыл.* Бала жағы сопайып, көзі шүңірейіп, *б а у ы р м а л* әкеге ақтық арызын айтып жатқандай болды (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл.). Дүниелікке көңілі тоқ, Ағайынға *б а у ы р м а л,* Тәкаппар, жалған онда жоқ, Айнымас жүрек, күлкің – бал (Абай, Тол. жин.). **2.** *Жақын тартқыш, мейірімді, жанашыр.* – Баяғы жасырақ кезіңде басқа балалардан көрі сен қарашыл, *б а у ы р м а л* едің. Соған қарап, өсе келе кісіге қайырымың мол бола ма деуші едім, – деді ол (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Халық үшін қызмет жасап жүрмін деген әр адам әуелі доска, туысқа, жерлеске, таланттыға *б а у ы р м а л,* кешірімді болуға міндетті («Егемен Қазақстан»). **3.** *Кісіні сыртқа теппейтін, ынтымақшыл.* Күн өткен сайын Смайылова *б а у ы р м а л* коллективке де үйренді, ісі де ілгерілей берді («Лен. жас»). **4.** а у ы с. *Жайдары, жылы, жағымды, ашық, жарқын.* Бірақ қапелімде аузыңа түсе қоймайтын *б а у ы р м а л* сөздер тауып, амандасқанына қарағанда, бұрынғы ақ жарқын мінезі қалпында сияқты (Ғ.Мүсірепов, Белдерде). [Әлімнің] Кішілеу аузының лебізі және үлкен дөңгелек көкшілдеу көзінің достық жылы нұры Әжібай шалға қазіргі сәтте бір түрлі сенімді шыншыл, *б а у ы р м а л* үн болып аңғарылды (М.Әуезов, Өскен өркен). Көктемнің *б а у ы р м а л,* жарқын күні жерге нұрын үшкіріп, ызғарын аластап, жүзіне шырай бергенде, жігіттердің де бойы жадырады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БАУЫРМАЛДЫ с ы н. с ө й л. ***Бауырмал***. Қазақтың *б а у ы р м а л д ы* баласының Аймалап ақ төсінен анасының, Сүйгенін ант үстінде көрсең еді Топырағын Украина даласының (М.Әлімбаев, Менің Қазақст.).

БАУЫРМАЛДЫҚ з а т. **1.** *Бауырмал болушылық, ағайыншылдық, туысқаншылдық.* Дара педагогика әлеуметті, мемлекетті, жалпы халықтың бірлігін, *б а у ы р м а л д ы қ т ы* негіз қылудың орнына жеке адамның өзімшілдігін, менмендігін негіз қылып отыр (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қазақтың *б а у ы р м а л д ы қ* салтынша, кейде бір еңбек адамын сағалап туысқандары бос отырады (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). **2.** а у ы с. *Кішіпейілділік, жанашырлық, ілтипаттық; бәрін бірдей жақын, туыс көрушілік.* Бәрімізде де көкірек, намыс бар, білім мен талант та бар сияқты, алайда, соның бәрінен бұрын бауырмалдықты бірінші орынға қойып келеміз. Өйткені, біздің *б а у ы р м а л д ы қ* – халқымыздың бірлігі («Егемен Қазақстан»). Қазақтың аққөздігін көп орайда *б а у ы р м а л д ы қ т ы ң* жеңіп кетерін Крейгель біледі (А.Сүлейменов, Бесін). Қазақ халқының *б а у ы р м а л д ы ғ ы* мен қонақжайлығы, дарқан мінезі мен кеңдігі ұлттық ерекшелігі ретінде әлдеқашан мойындалған («Егемен Қазақстан»).

БАУЫРМАЛДЫЛЫҚ з а т. с ө й л. ***Бауырмалдық***. Ой, көк өрім жастар-ай! Көкірегіңді жылы жүректі, *б а у ы р м а л д ы л ы қ т ы* кім берді саған? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Егер біреу менен «өз халқыңның айрықша жақсы қасиеттерін аташы» – дейтін болса, мен онда ойланбастан-ақ сөзді *б а у ы р м а л д ы л ы қ т а н* бастар едім («Қаз. әдеб.»). «Ағайынды өкпеге қиса да, өлімге қимайтын» дүниеде қазақ халқының мейірімділігі мен *б а у ы р м а л д ы ғ ы н а,* туған жерге деген сағынышына жететін сезім өзге жұртта сирек («Егемен Қазақстан»).

БАУЫРМАЛСУ *Бауырмалсы етістігінің қимыл атауы.* ≈ Өтірік *б а у ы р м а л с у ы ң д ы қой!*

БАУЫРМАЛСЫ= е т. *Ағайын болғансу, туысқансу, жанашыр болғансу.* – О, хажы, сенің жалған *б а у ы р м а л с ы ғ а н ы ң н ы ң* өзі маған өтіп барады, – деді Досбол (М.Ақынжанов, Ыбырай.).

БАУЫРМАЛШЫЛ с ы н. *Өте бауырмал, туысшыл, бауырлас, достас.* Бір мақсат, бір тілекте болғандықтан да адамдар *б а у ы р м а л ш ы л* ғой. Штурман, Совет Одағының Батыры Ирина Серова т. б. достарыммен үзбей хат жазысып тұрамын дейді Хиуаз («Лен. жас»).

БАУЫРМАЛШЫЛДЫҚ з а т. *Бауырмал болушылық, туысқаншылдық, жұртты бауырына тартып, жақын көрушілік.* Бұл ағаның сөйлеген сөзінен, адамға деген *б а у ы р м а л ш ы л д ы ғ ы н а н,* қарапайымдығынан, жүріс-тұрысынан одан кемеңгер адамның белгісі байқалатын («Халық мұғ.»).

БАУЫРМАЛШЫЛЫҚ з а т. с ө й л. ***Бауырмалдық***. Қапашты бастық ыстық *б а у ы р м а л ш ы л ы қ п е н* арқасынан қағып қойды («Лен. жас»).

БАУЫРМАШЫЛ с ы н. с ө й л. ***Бауырмашыл.*** Өзара жәрдем беру, мейірімді де рақымды, *б а у ы р м а ш ы л* болу оның ұлттық тәлімдерінде баса айтылады («Егемен Қазақстан»).

БАУЫРМҮК з а т. б и о л. <лат. hepatica> *Тянь-Шань ормандарында өсетін мүк, содан жасалған, бауырды емдейтін дәрі.* Онымен бір кездерде адамның бауырын емдеген, сондықтан мұны *б а у ы р м ү к* [печеночник] деп атап кеткен (Б.Муханов,.. Қазақст. өсімдік.).

БАУЫРСАҚ[1] з а т. э т н. т а м а қ. *Ашытылған не ашытылмаған қамырдан кішіректеу етіп, түрлі формада кесіп, майға пісірген ұлттық тағам. Б а у ы р с а қ* та аз еді, шешеңнің күртмайымен ішесің ғой (Ж.Аймауытов Шығ.). Қанша әдеп сақтағанмен таң атқалы бері жаңа ғана Құлжабектің үйінен ішкен бір шара қойдың қатығынан басқа нәр сызбаған Байшуақ құрт-ірімшік сияқты өңештен жуырмаңда өтіп болмайтын тағамдарға уақытын рәсуа қылмай, *б а у ы р с а қ т ы ң* шашау шыққандарының біразын жібек дастарқанның өз жақ шетінен үркітіп-ақ тастаған (К.Сегізбаев, Беласқан). Көздері жаутаңдап, ауыздары бұлтаңдап дастарқанның әр жеріндегі қадау-қадау *б а у ы р с а қ қ а,* құрт пен ірімшікке қырғидай тиеді (З.Ақышев, Ақбел.). Даланың жесе тойғысыз барша дәмі – қазы мен жая, жент пен *б а у ы р с а қ,* дәмді құрт, тәтті ірімшік түгелдей ордаға қарай керуен-керуенімен тартылуда (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

Ақ бауырсақ. а) т а м а қ. *Ең жоғары сапалы ақ ұннан май құйып улеп, қойдың құйрық майына қуыратын бауырсақ. А қ б а у ы р с а қ* бұрынырақта көбінесе арнаулы, сыйлы қонақтарға, дәрежелі адамдарға арналып пісірілген (Қаз. тілі термин. Тамақ.). – Ой, тәйірі, қайта-қайта тезекті айтады ғой... Өзің секілді күндіз-түні *а қ б а у ы р с а қ,* қазы-қарта жейтін адам болмаса, түлкі құрсақ боп жүрген менен де дәметесің? (К.Сегізбаев, Беласқан). ә) п о э т. *Адал, ақниетпен істелген, бата оқылған бауырсақ.* Бірінші рет бұл жерге аяқ басуым, Көріп тұрмын Күшікбайдың асуын. Алдан шығып ақ жаулықты аналар, *А қ б а у ы р с а қ* – шашып жатыр – шашуын (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

Аспаннан [көктен] бауырсақ жауу. *Ойламаған жерден, кенеттен жақсылық болу, олжаға тап болу.* Осы маңдағы селоларға бытшыт болып тарап кеткен басқа коммунарлар да *а с п а н н а н б а у ы р с а қ ж а у у ы н* күтіп отырған жоқ, әркім қолынан келгенімен айналысты (Октябрь өрендері).

Ашыған бауырсақ. т а м а қ. *Арнайы ашытқы, жұмыртқа қосып иленген қамырдан пісірілген бауырсақ. А ш ы ғ а н б а у ы р с а қ т ы* жұмсақ басып, үлкендеу кесіп, майда жүздіріп қуырады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Бармақ бауырсақ. т а м а қ. *4–5 см шамасында ұзынша және бір жағына қарай бүгіс етіп пісірілген бауырсақ. Б а р м а қ б а у ы р с а қ* мерекеге байланысты шақырылған қонаққа, жас балаларға арналады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Бауырсақ мұрын. *Домалақ, келте мұрын. Б а у ы р с а қ м ұ р ы н,* бүйрек бет, Қаймақ қабақ, қара қыз, Қамзолының төсіне Қадап алып «ай», «жұлдыз» (М.Жұмабаев, Шығ.). Күйеуінің екінші жолдасы – үрген қарынша қопаңдаған, сопақ бет, бадырақ көз, *б а у ы р с а қ м ұ р ы н,* сүлік қара Мамырбай (С.Омаров, Қайырлы жаз). Мақсатсыз жүгіруімізге ертеңмен төртінші күн, – деді *б а у ы р с а қ м ұ р ы н* (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.).

Бұрама бауырсақ. т а м а қ. *Қамырды жұмырлай улеп, біріктіріп, бұра қуырылған дәстүрлі бауырсақ. Б ұ р а м а б а у ы р с а қ т ы ң* сыртынан бал жағып, құмшекер сеуіп, жүзім, алма салған табақтармен қатар қояды (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Жалпақ бауырсақ. т а м а қ. *Ұзынша етіп жайылып, 2–3 см көлемде жалпақ кесіліп, қуырылған бауырсақ. Ж а л п а қ б а у ы р с а қ т ы ң* қоспасы, қуырылу әдісі ши бауырсақ сияқты (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Ж а л п а қ б а у ы р с а қ* асығыс кезде, жол сапарында қуырылады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Жол бауырсақ. т а м а қ. *Иленген нанды алақандап жұқартып алып, ұзыншақтап үзіп майға қуырған бауырсақ. Ж о л б а у ы р с а қ т ы ң* қамыры тұзды суға иленеді (Қаз. тілі термин. Тамақ.). Қазақтың ұлттық бауырсағы үш, төрт бұрышты, сопақ, домалақ пішінді пісіріліп, пішімі мен сапасына қарай: ши бауырсақ, түш бауырсақ, бармақ бауырсақ, жалпақ бауырсақ, *ж о л б а у ы р с а қ,* бұрама бауырсақ т.б. деп аталады (ҚҰЭ).

Түш бауырсақ. т а м а қ. *Ұнға сүт, май, қант, жұмыртқа қосып улеп, ұсақ кесіп қуырған бауырсақ.* Қуырып болған соң *т ү ш б а у ы р с а қ т ы ң* ішіне сары май жаққан қалыпқа салып, бал құйып, көкнәр сеуіп, мейіз салып қатырады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Т ү ш б а у ы р с а қ т ы* қонақтардың ішіндегі ең қадірлісі бастап бұзатын салт болған (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Ши бауырсақ. т а м а қ. *Сүтке, сорпаға жұмыртқа қосып, иленген қамырды ашытпай жіңішке есіп, ұсақ кесіп, майға жүздіріп пісірген бауырсақ. Ш и б а у ы р с а қ т ы ң* түрі жас-

тықша кәмпитке ұқсас, үгілмелі кәудірек келеді (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

БАУЫРСАҚ[2] с ы н. *Бауырмал, туысқаншыл.* Өз шешең – *б а у ы р с а қ,* өгей шешең – сарымсақ (М.Әлімбаев, 666 мақал).

БАУЫРСАҚТАЙ с ы н. **1.** *Бауырсақ тәрізді, бауырсақ сияқты.* Ол аумаған Жұбай: бойы әлі күнге келіден екі-ақ елі биік, беті де шешесінің бетіндей дөп-дөңгелек және күйіп піскен *б а у ы р с а қ т а й,* қып-қызыл (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Жұмулы көздерінің қос томпағы екі түйір *б а у ы р с а қ т а й* күреңітіп, түйілген қалың қабақтың астында қалыпты (С.Сматаев, Ақжелең). **2.** а у ы с. *Толық, семіз, ірі.* Бір үйде бәйбішелер *б а у ы р с а қ т а й,* Ауызы еттен, майдан дамыл таппай; Сүртініп сорпа терін жеңіменен, Ұзын күн істеп отыр қарнын қаптай (І.Жансүгіров, Өлеңд.).

Бауырсақтай жайылды [бытырады]. *Шашырады, тарады.* Дастарқанға төгілген *б а у ы р с а қ т а й ж а й ы л ы п,* жапан түзде біресе солтүстікке, біресе оңтүстікке бытырап көшіп жүрген қазақты ел етіп біріктіру үшін қаншама тәсіл, қаншама күш қолданылады (І.Есенберлин, Көшпенділер). Іңір оттауы қанбаған жануарлар шашуға шашқан *б а у ы р с а қ т а й б ы т ы р а п,* жерге жабысып жатыр екен (Б.Шалабаев, Өмірде.).

Бауырсақтай шашты. а) *Бұйым көрмеді; шыбын құрлы көрмеді; салмағын тұқ сезінбеді.* Кенет оның арқасына үшінші адам секіре жабысып еді, ол үшеуін де шыбын құрлы көрмей, *б а у ы р с а қ т а й ш а ш ы п,* лақтырып жіберді (Т.Жармағамбетов, Ақ жауын). ә) *Көбейтті, бытырлатты.* Сол күндердің бірінде отары төл дегенді *б а у ы р с а қ т а й ш а ш ы п т ы,* теріп көр енді (Саржайлау).

БАУЫРСЫЗ с ы н. *Бауыры жоқ, жанашыр емес, туыссыз. Б а у ы р с ы з,* жанашырсыз жалғыз қалған адамға ұқсаймын (М.Қаназов, Сонар).

БАУЫРСЫН= е т. *Бауыр санау, туысындай жақын көру.* Исан-Бұғы Жәнібек пен Керейдің алдынан *б а у ы р с ы н ы п* ат шаптырды (І.Есенберлин, Алмас.).

БАУЫРСЫНУ *Бауырсыну етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Б а у ы р с ы н у ы н* қара (Ауызекі).

БАУЫРСЫРА= е т. *Бауырын сағыну, туысқансырау.* Наталья алғашқы кезде інісіне *б а у ы р с ы р а п* көріскенмен, артынан Дәметкенді ренжітіп алармын дейді де, оншалық құрақ ұша қоймайды (С.Мұқанов, Шығ.). Алыста жүргенде *б а у ы р с ы р а п* кісінесетін туыстар, енді мұнда кеп, ауыл-үй қонғанда тістесе бастады (С.Мұқанов, Өмір мектебі).

БАУЫРСЫРАУ *Бауырсыра етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Б а у ы р с ы р а у ы* жаман.

БАУЫРША[1] ү с т. *Бауырға ұқсап, бауыр сияқты.*

Бауырша тілді. *Оңай жыртты, қиналмай тілді.* Асыл тісті көк соқалар жер қыртысын *б а у ы р ш а* тіліп, таспадай сыдырды (С.Бегалин, Таңд.).

БАУЫРША[2] ү с т. *Туған не жақын туысша, соған ұқсап.* Көрмейсің бе, ана Жұматты қарашы, нағыз *б а у ы р ш а,* жаны қалмай қара терге түсіп, біздің шаруамызды істеп жүргенін, – деді Сембей туыстарына қарап (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

БАУЫРШӨП *з а т. б о т.* <лат. hepatica> *Сарғалдақтар тұқымына жататын, жапырағы қалың, күлгін-жасыл не ақ гүлі бар, ерте гүл шашатын, мәңгі көгеріп тұратын өсімдік.* ≈ *Б а у ы р ш ө б і* көп.

БАУЫРШЫ з а т. к ө н е. *Ханның ас-су, дастарқан жайын басқарушы. Б а у ы р ш ы* – хан сарайындағы бас аспаз (ҚҰЭ). *Б а у ы р ш ы* ханның асханасында тағам әзірлеуге немесе оның хан дастарқанына әкелуге басшылық еткен (ҚҰЭ).

БАУЫРЫМ з а т. **1.** *Жасы кіші ер адамды өзімсініп, жақын тұту нышанымен айтылатын атауыш.* Нияз, *б а у ы р ы м,* мына өлеңің нашар екен, – деп ауыр үкімді айта салатын (Т.Ахтанов, Боран). Тым жеңіл айтып отырсың, *б а у ы р ы м,* – деді сабырлы сөйлеп. – Мәселе тек жұмыс істеп, жан бағуда ғана тұр ма екен? (Қ. Жұмаділов, Қаздар.). Жоқ, жоқ, *б а у ы р ы м,* – деп интендант ылғалды көзі жаутаңдап мүләйімси күлген болды (Ә. Сәрсенбаев, Офицер.). Ұран салып, шабуылда болмадым, Сұрамай-ақ қой, *б а у ы р ы м,* ол жағын. «Алға!» деген ағам даусы, ұйқымнан Шошытқанда, шын шайқасты болжадым (Н.Оразов, Қырандар.). **2.** *Ер адамның өзі шамалас немесе жасы кіші бейтаныс ер адамға айтылатын қаратпа атауыш. Б а у ы р ы м,* жол сілтеп жіберші (Ауызекі). *Б а у ы р ы м,* бір тал шылымың жоқ па? (Ауызекі). **3.** *Ағайын-туған, жақын-туысына, ел-жұртына қарата айтылатын атауыш.* Абай «сорлы *б а у ы р ы м,* жазықсыз *б а у ы р ы м*» деп, зар шегер болса да, мынадай іші дүшпандықтан қатып қалған көн көңілді жандардың алдында оны істесе, адасқаны (М.Әуезов, Шығ.). О, туғаным алыстағы, *б а у ы р ы м,* Жарым қалам жайлаудағы ауылым. Айтыңдаршы, естеріңде бармын ба, Әлде ұмыт боп белгісізде қалдым ба? (Ә.Тәжібаев, Жартас). **4.** э т н. *Қайтыс болған адамға айтылатын атауыш мағынадағы жоқтау сөз.* Жұрт кісі өлгенде: «*Б а у ы р ы м, б а у ы р ы м*» – деп жылайды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ас берген үйге бірден *б а у ы р ы м-а й,*

б а у ы р ы м-а й деп шапқан бойымызбен келіп түстік («Айқап»). *Б а у ы р ы м, б а у ы р ы м*! Ойбай, аулым! Елім, жұртым, – дауысымды естідің бе? (С.Сейфуллин, Өлең д.).

БАУЫРЫМДА= е т. **1.** *Туған-туысын, ағайынын, жанкүйер жақынын азап-қорлық көргенде, қиналғанда жәрдемге шақыру.* Атынан төңкеріліп түсті Кешіл, Ой түсті, тез қаш деген қой да ашуды. Кешілді құшақтаған, *б а у ы р ы м д а ғ а н*, Біреуі қайырып жүр малды ұрлаған (Д.Еркінбеков, Шығ.). Жас бала, кемпір-шалды бордай басып, Аттарын ентелете борбайласып. Айдалған мал-мүлік пен жас әйелдер, *Б а у ы р ы м д а п* шуласады ойбайласып (С.Сейфуллин, Өлең д.). **3.** э т н. *Қайтыс болған адамын жоқтау, азалап жылау.* Ол өлкеге Бөжейді жоқтап, ертеңді-кеш, күндіз-түні *«б а у ы р ы м д а п»* аңыраған, андыздап, ат қойып, ағылып кеп, төгіліп түсіп, жыласып жатқан әйел-еркек, жас-кәрінің ұшы-қиыры жоқ (М.Әуезов, Шығ.).

Бауырымдап шапты. *Ауылдық жердегі салт бойынша қаза болған адамның үйіне қарай ат қойып, айқайлап, жылап келді.* Біреу сиыр, саулық ап, Біреу шапан, біреу ат, Ағайыны *б а у ы р ы м д а п*, Түс-түсынан *ш а п п а й* ма? (І.Жансүгіров, Шығ.).

Ой бауырымдау. а) *Бауырым екенсің гой, білмей қалыппын деген мағынада айтылатын сөз.* Енді мен «Бульбаши» мұның фамилиясы деп ұғып, *о й б а у ы р ы м д а п* бас салдым (З.Шашкин, Теміртау). ә) э т н. *Қайтыс болған адамды жоқтап, дауыс шығарып жылауы.* Мұны көрген ел аттарынан түсе-ақ: *о й б а у ы р ы м д а п* өкірісті (А.Машанов, Жер асты).

БАУЫРЫМДАС= е т. *Кісі қазасында бауырым-бауырым деп шуласу, жылысу.* Бәрі шулап жүгірді *«б а у ы р ы м д а с ы п»*, Кезек-кезек көрісті құшақтасып. Қойдай маңырап, қозыдай шулап бәрі, Амандасып отырды мауқын басып (Батырлар жыры). Шуласып, *«б а у ы р ы м д а с ы п»* жаралы жұмысшыны қоршап алды (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

БАУЫРЫМДАСУ *Бауырымдас етістігінің қимыл атауы.* ≈ Елдің *б а у ы р ы м д а с у ы.*

БАУЫРЫМДАТ= е т. а у ы с. *Жапатармағай ағылту, жөнелту, құю, ағызу.* Тау мен тас жоқтағандай Керғұла атты, Бар бұлақ көлге суын *б а у ы р ы м д а т т ы* (І.Жансүгіров, Өлең д.).

БАУЫРЫМДАУ *Бауырымда етістігінің қимыл атауы; жоқтау.* Туыстығы бар еді, Белекбай, Омар, Жүніс те. Осылар да қола екен, Балаушы едік күміске, *«Б а у ы р ы м д а у ғ а»* жарамай, Топырақты өлім бұл іске (Ә.Найманбаев, Шығ.).

БАУЫРЫМДАУШЫ: ой, бауырымдаушы. з а т. *Өлген адамды жоқтаушы, қазалы ауылға бауырымдап ат қоюшы.* Қайтадан ұшу көтерілді. Сырттан да *«О й, б а у ы р ы м д а у ш ы л а р»* келе бастады (С.Адамбеков, Атылған қыз.).

БАУЫРЫНТЫҚ з а т. *Қозы-лақтың ішек-қарнына жел тиіп, суық қадалмас үшін тағылатын, жылылап киізден жасалған байламша.* Жас төлдің ішек-қарнына жел, суық қадалмас үшін ішмайын қалыңдығы 1,5 қарыс екі сүйемдей киіз, матадан дайындалған, ұшында бауы бар (байлайтыны) жайдақ қозы-лаққа *б а у ы р ы н т ы қ* байладық (Диал. эксп. матер.).

БАХАЛАС= е т. к ө н е. *Тайталасу, бәсекелесу, таласу, айтысу.* «Анау артық, мен кейін қалам ба?» деп Өзді-өзі хәсәтлікпен құр таласқан. Молдалар файдалы іске уағыздамай, Керексіз ұсақ сөзбен *б а х а л а с қ а н* (М.Дулатов, Шығ.).

БАХАС з а т. с ө й л. ***Бақас***. *Б а х а с қ а* бола үйренбе, азырақ *б а х а с* көңіліңді пысықтандырмақ үшін залалды емес, көбірек *б а х а с* адамды түземек түгіл, бұзады (Абай, Тол. жин.). *Б а х а с* – өзі де ғылымның бір жолы, бірақ оған хірслану жарамайды (Абай, Тол. жин.). Абай, жаңа бір *б а х а с*, ұзақ бахас боларын аңғарса да, Кішкене молдамен сөзді ұзартқысы келмеді (М.Әуезов, Шығ). *Б а х а с* таластар бұндайда бәріне де ортақ қызық шақ болғандықтан, олар а-демон, а-тамара туралы неше саққа ой-қиял өргізді (М.Әуезов, Шығ.).

БАХАСШЫЛ с ы н. к ө н е. ***Бақасшыл***. Оның себебі әрбір *б а х а с ш ы л* адам хақты шығармақ үшін ғана бахас қылмайды, жеңбек үшін бахас қылады (Абай, Тол. жин.).

БАХАИ [ар. بهائي] з а т. *Діни ағым өкілдері.* Кеңестік кезеңде қағажу көріп, қалтарыста жүрген баптистер, адвентистер, *б а х а и л а р*, христиан – евангелистер, иегова куәлері тағы басқа діни ағымдар мен конфессиялар саңырауқұлақтай қаптап шыға келді («Егемен Қазақстан»).

БАХРЫ [ир. بهار] з а т. е с к і к і т. *Көктем, жазғытұрым.* Көңілім қисса жазсам ашылады, Латафат *б а х р ы* гүл шашылады, Қиссасын Сейфүлмәлік талап етіп, Жазуға көңіл хоштап асығады (Сейфулмәлік).

БАХТАХ з а т. з о о л. <лат. salmo> *Албырт тұқымдасына жататын балық; бақтақ, форель. Б а х т а х* суы салқын, тұнық, мөлдір көлдерде тіршілік етеді (Қаз. тілі термин. Биология). *Б а х т а х т ы ң* салмағы 8–10 кг-ға жетеді (Қаз. тілі термин. Биология). *Б а х т а х* – кәсіптік маңызы бар, қолдан көбейтілетін балық (ҚҰЭ).

БАХТИЯР [ар. بختيار] з а т. *Иранның оңтүстік батысын мекендейтін түркі тектес халық. Б а х т и я р л а р д ы ң* саны – 750 мың адам (ҚҰЭ). *Б а х т и я р л а р д ы ң* халық болып бірігуі 12–13 ғасырларда аяқтала бастады, 18–ғасырда Иранның қол астына кірді (ҚҰЭ).

БАХШЫ з а т. с ө й л. *Жыршы, жырау. Б а х ш ы,* хафиз, шаир, ыршы аталған ақын топтары көне замандардан бері қарай көбінше халық мұңының жыршысы, жаршылары болып келген (М.Әуезов).

БАХЫМ: бахым қылды. ж е р г. *Үлгі етті.* Біз осы шалдардың айтқанын *б а х ы м* қыламыз (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БАХЫС [ар. بحث] з а т. к ө н е. *Талас, тайталас, тәжіке.* Сыйлап жазған сөз емес бір адамға, *Б а х ы с* қылып жазбаймын мұны адамға. Обал, сауап екенін айыра алмай, Назым жазып беремін сұрағанға (Діни дастандар // Бабалар сөзі).

БАҢ о д. **1.** *Таңырқап, таңданған кезде айтылатын сөз.* Мәмет [Жақыпқа] *Б а һ!* Зілқараның сөзі де сол (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес). **2.** *Қатты шыққан тарс-тарс дыбысты бейнелейтін сөз.* Сонда тынық ауа шуылдап қоя берді. *Б а һ, б а һ!* Атқан оқтай зулады, – деп жаңа ғана алқам-салқам болып тұрған Ерметай еңсесін ол да көтеріп алды (Ә.Көшімов, Карт аңшы).

БАҢА з а т. к ө н е. ***Бағa.*** Қатта шаһарларда Орұнбурх Ірбіт Қызылжар Макарда Мәскеу уа ғайры уалаяттарда қайсы *б а һ а* билан мал сатылғанын білмек һәм лазым дұр («ТУГ»).

БАҢАДҰР [ир. بهادر] з а т. к ө н е. е с к і к і т. ***Батыр***. *Б а һ а д ұ р* деп білгеніңіз–Жиынды бұзған тентек-ті. Кезеніп атар оқ емес, «Қару» деп білме келтекті (Бес ғасыр.). «Баланың түсі сары, қара көзі – Рас болса бұрынғының айтқан сөзі: Қайтпайтын қара тастан қасқыр жүрек, Болады *б а һ а д ұ р д і ң* нағыз өзі» (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Біртан хан өлгеннен соң ұлы Есуки *б а һ а д ұ р д і* хан көтерді (Әбілғазы, Шежіре.). Ерлігі елдікке, отансүйгіштікке баулитын *б а һ а д ұ р* бабаларымыздың батырлығы дәріптелуі, есімі қайта жаңғыруы, ескерткіш орнатылуы, аруағына ас берілуі де дұрыс емес дейміз бе? («Жас Алаш»). Барзуға бара алмады ешкім батып, Баста күш көрсеткен соң таңырқатып. Шыдамай шынжыр қатар шын *б а һ а д ұ р,* Пірамріз шыға келді ат ойнатып (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

БАҢАДҰРЛІК с ы н. к ө н е. *Баһадұрге тән, баһадұрге қатысты.* – Орқажан, *б а һ а д ұ р л і к* іс қылдыңыз, Әнтарды пенде қылып ұстап алып (Хикаялық дастандар // Бабалар сөзі).

БАҢАР [ир. بهار] з а т. е с к і к і т. **1.** *Көктем кезі жазғытұрым уақыт.* Көктемнің *б а һ а р* айында-ақ Құбыладан қызыл жел болса (Базар жырау, Шығ.). Қанатпен құсты ұшырған, Құдіретіне қарашы. Жаңбырын жүктеп *б а һ а р д ы ң,* Суға толған сабасы (Үш ғасыр.). Екі саулық, бір қозы *Б а һ а р* айда қырқарым, Шыққан бері сұңқарым, Күлмес жіберді бергелі Гүлсары деген тұлпарын (Ғашықнаме). **2.** а у ы с. *Қымбатты, қадірлі.* Мысырдың жетіп келді шаһарына, Елінің хабар қылды б *а һ а р ы н а.* Көп әскер ел шетіне орнады деп, Мұсылман шыдамады қаһарына (Батырлар жыры). **3.** а у ы с. *Жанар, нұр.* Көш сәулетін қараса, Асфаһанның жұпары, Стамболдың гауһары, Тамаша қылған адамның Тояды көзінің *б а һ а р ы* (Қыз Жібек). Келмесін тақсыр, қаһарың, Ашылған гүлдей *б а һ а р ы ң* Патша сізді шақырды, Бергелі Мұзылұс шаһарын (Сонда).

БАҢАРЛЫ с ы н. е с к і к і т. **1.** *Жайлы, шуақты, нұрлы.* Қазақстан байтақ ел Қаһарлы қыстан құтылып, *Б а һ а р л ы* күнге кенелді (Пернедегі терме.). **2.** а у ы с. *Өнегелі, үлгілі.* Еңбек қылсаң – ерге қыл, Бал төкпе шіркей, шыбынға! Мағұрұр болмай жастыққа, *Б а һ а р л ы* сөзден пайда қыл (XX ғ. қаз. ақын.).

БАҢЗА [ир. بهزاد] з а т. к ө н е. *Үлгі, өнеге, тәлім.* Ол молданың өзі әдеп көрген, ғұламалардан, ишандардан, бұрынғы өткен жақсылардан *б а һ з а* алған һәм ұстазынан рұқсат алған («ДУГ»).

БАҢРА [ир. بهره] з а т. е с к і к і т. т а р. *Пайда, олжа, нәтиже.* Балаларды жасында ата-аналары қиянатшылдыққа салындырып алады, соңынан молдаға берген болады, – ешбір *б а һ р а* болмайды (Абай, Тол. жин.). Білгенге маржан, Білмеске арзан, Надандар *б а һ р а* ала алмас; Қиналма бекер, тіл мен жақ, Көңілсіз құлақ ойға олақ (Абай, Тол. жин.).

БАҢШАТ з а т. е с к і к і т. *Жұмақ, гүлденген бау-бақшалы жер.* Біздің бір *б а һ ш а т* мысал бақшамыз бар, Ішінде бұлбұл құстар сайрап тұрар (Хикаялық дастандар // Бабалар сөзі).

БАЦИЛДЕР [лат. bacillum] з а т. б и о л. *Даму кезеңінің кейбір жағдайларында денесінен бір ғана спора шығаратын, таяқша тәрізді бактериялар.* ≈ *Б а ц и л д е р д і ң* бөлінуі (Ауызекі).

БАЦИЛЛА [лат. bacillum] з а т. *Спора түзетін, пішіні таяқша тәріздес ұсақ микроб.* Мұндай спора түзетін таяқшалар – *б а ц и л л а* туысына жатады (Н.Шоқанов, Топырақ.). Ал туберкулез қоздырғышының тарау дәрежесі денесінен *б а ц и л л а* бөліп шығаратын малдың санына байланысты (Малды туберк. сақта.). Топалаңның қоздырушысының бастауы – ауырған жануарлар. Олар *б а ц и л л а л а р д ы* нәжіс, несеп, сілекей арқылы бөліп шығарады (Т.Сайдулдин, Ветеринар. індет.)

БАЦИТРАЦИН з а т. б и о л. *Бактериялар тұзетін, антибиотик. Б а ц и т р а ц и н* әсер ету спекторы бойынша пенициллинге жақындайды (Қаз. тілі термин. Биология). *Б а ц и т р а ц и н* грам әдісімен оңға боялатын бактерияларға бактериостатикалық және бактерицидтік әсер етеді (Қаз. тілі термин. Биология).

БАШАЙ з а т. с ө й л. ***Башпай***. Қаншама рет үсті-басын қан қылдық, Қаншама естен тандырдық, *Б а ш а й л а р ы н* қырықтық, Сосын тұзға малдырдық (М.Шаханов, Ғасырлар.). Шіріктің әсерінен қолтық, *б а ш а й л а р ы н ы ң* арасы секілді орындарға қолаңса, шуаш пайда болады. Шіріктің салдарынан терің жидіп түлейді, қызылшақа болады, түрлі жара түседі (Досмұхамедұлы). Райханның оң жақ аяғының *б а ш а й л а р ы* боп-боз үсіп кетіпті, қанша уқаласаң да жан кірер емес (С.Жүнісов, Жапанда.).

Башайдан тарту. *Етектен тарту, балақтан алу, кедергі жасау*. Бала ғой деп жүруші едім, бақсам, сен де *б а ш а й д а н т а р т у ғ а* жарап қапсың ғой, – деді Кәлен Еламанға (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Башайды шағып қарау. *Ақтарып-төңкеріп тұгел қарау, әбден тексеру*. – Мен қайдан білем? – Білесің. Жасырма! – Айналайын, сенбесең ішімді жарып, *б а ш а й ы м д ы ш а ғ ы п* қара! (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

БАШАЙЛА= е т. *Тәптіштеу, бажайлау, егжей-тегжейіне жету, айту*. Құрымсының *б а ш а й л а п* айтқан сөздеріне Шыңғыс «көрерміз, ақылдасармыз» деген ғана жауап айтты (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Не бұл? – деп сұрады Тоқмолда. Николай Трофимович *б а ш а й л а п* айтып, түсіндіре бастады (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). Жер бөлімінің бастығы мәжіліс соңынан Төкенді шақырып алып, жаңа нұсқаудың мән-жайын *б а ш а й л а п* берді (М.Дүзенов, Әке).

БАШАЙЛАТ= е т. *Башайына дейін батыру*. Жұманбек қалың түскен қарды атымен *б а ш а й л а т а* желіп келіп, ауылға жақындағанда тоқтай қалды (Б.Соқпақбаев, Алыс. ауыл.).

БАШАЙЛАТУ *Башайлат етістігінің қимыл атауы*.

БАШАЙЛАУ *Башайла етістігінің қимыл атауы*. ≈ *Б а ш а й л а у ы* жаман.

БАШАЙЛЫ с ы н. *Башайы бар*. Жылқының тұяғындағы рудиментті башайлары осы күнгі дара тұяқты (бір башайлы) жылқылардың арғы тегі көп *б а ш а й л ы* жануар болғандығына айқын дәлел (Жалпы биология).

БАШАҚ[1] з а т. ж е р г. *Қауынның, қарбыздың ұрығы, дәні*. Қарбыздың *б а ш а ғ ы н* ішінен шығарып, таза етін жеу керек (Қаз. тілі диалек. сөздігі). // *Ұсақ, жетілмеген, кішкентай, әлсіз*. Мынауың бір *б а ш а қ* нәрсе ғой (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). Кілең *б а ш а қ* қозы бағамын (Қаз. тілі диалек. сөздігі).

БАШАЛШЫҚ з а т. с ө й л. *Ұсақ саудагер, бақалшы*. Түкке ыңғайы келмейді, солдат ноғай, қашқын ноғай, *«б а ш а л ш і қ»* ноғай деп (Абай, Тол. жин.).

БАШАТ з а т. е с к і. к і т. *Бұлақ-бастаулы, сулы, нулы жер*.

БАШҚҰРТ з а т. *Башқортостан Республикасының байырғы халқы, түркі халықтарының бірі*. Россияның қоластындағы Аюке хан да, өзге қалмақ тайшылар да, *б а ш қ ұ р т* ру басылары да осылай еткенін ақ патша өз мәртебесіне бағышталған бұндай ықыласты әрдайым аяқ асты қалдырмағанын және қалдырмайтынын, ант берген адамдарға ұлы мәртебелі ағзамның беріп жіберген сәлем-сауқаты таратылатынын естеріне салды (Ә.Кекілбаев, Үркер). Мәмет мырза елші болып келсең де, задың *б а ш қ ұ р т*, түбің бір, Қайнылықтан қашпассың. Құрмет қылайын қайнымдай (Т.Ахтанов, Шырағың.). Бұлармен қатар *б а ш қ ұ р т*, татар, алтайлықтар тәрізді түркі тілдес халықтарда осы аттас, мазмұндас жырлар ұшырайды (К.Сейдеханов, Қаһарман.). Ол таза *б а ш қ ұ р т* емес, бәлкім, татарға шатыс бірдеңесі бар ма (Н.Әбуталиев, Қайран.).

Башқұрт тілі. *Қыпшақ-бұлғар тобына жататын түркі тілі*.

БАШЛЫҚ з а т. к ө н е. *Үстіге жамылатын, жауын-шашынға киетін киімнің жағасына қоса тігілген сулық, күләпара*. Қанат бір жаман үйдің тасасында тұрып алып, шұқынып жатқан бір халатты, *б а ш л ы ғ ы н* басына жапқан біреуді көрді (Ғ.Сланов, Жанартау). Олардың орта ғасырлардағы негізгі бірлестігі 13 адамнан тұратын халка (қазақша алқа, үйірме, мектеп), дәстүрлі киімі – бүркеме *б а ш л ы ғ ы* бар көгілдір жүн шекпен, символы – пальма ағашы болған («Егемен Қазақстан»). Үстінде жасыл төстікті ұзын ақ жібек қамзол, мойнында жасыл *б а ш л ы қ*, иығында ойыншық мылтық, сол жағында қылыш, төсінде кішкене дүрбі (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

БАШМАҚ з а т. *Үй ішінде киетін өкшесіз жеңіл, жұмсақ аяқкиім*. Басында жіңішке жиек ақ пике панамы, аяғында еркек өкшелеу ақ брезент *б а ш м а қ*, үстінде ақ кенеп пәлте, бойына киімі құйып қойғандай, ақ құба, қара көз әйел палубаның шарбағына сүйеніп, пристаньдағы жыбырлаған жұртқа көз салып тұр еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). [Жұмамешітте] түйе терісінен тігілген тағы сол Мұхаммедтің *б а ш м а ғ ы* да бар (М. Әуезов, Индия очерк.).

Әбдірасыл төсектің қасындағы орындыққа асулы тұрған халатын киіп, аяғына іші түкті, жұмсақ *б а ш м а ғ ы н* ілді (Қ.Жұмаділов, Саржайлау).

БАШПАЙ з а т. *Аяқтың бақайы, башайлары.* Дәрігерлер өлетін *б а ш п а й ы м е н* қоса қайшымен қыршылдатып кескенде, қыңқ етпеген жігіт аяғын енді ғана ауырсынды (Қ.Ысқақов, Түйық). Жеті рет кессе де, жыланның кесірткелік әлі бар. Бәлем, *б а ш п а й л а р ы ң д ы* тістеп алсын. Ана екеуі жыланды өлтірген де жоқ, бет-бетіне қаша жөнелген (М.Қабанбаев, Жиһанкез.). Қара өлең шөп аяқты көтергенде, *б а ш п а й л а р д ы ң* арасына оралып, тілген жері тызылдап ашиды (А.Жақсыбаев, Бозарал).

БАШПАЙЛА= е т. *Тәптіштеп, егжей-тегжейіне жету, анықтау.* Менің өмірімді *б а ш п а й л а п* сұрап, менің миымды ашытпаңдар, – деді Дәуғара (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке).

БАШПАҚ з а т. с ө й л. ***Башмақ***. Мақсұт бұрынғы киімін сонда қалдырып, жаңадан аяғына *б а ш п а қ,* денесіне көйлек, дамбал, үстіне шапан сияқты ұзын киім кигізді (Б.Шалабаев, Өмірде.). Шал сосын әлдебір ұмыт шаруасы есіне түскендей *б а ш п а ғ ы н* тасқа салып-салып қалды да кие бастады (Қ.Ысқақов, Бұқтырма.). Басында үшкірлеу дөңгелек тақия, аяғында жұп-жұқа құрым *б а ш п а қ* (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

БАЩА-КЕЩЕЛЕП үс т. с ө й л. *Ежіктеп; егжей-тегжейлеп, тәптіштеп.* Әйтсе де зерделі кісі ме дедім. Онымен көп сөйлестік. Мәнжайды *б а щ а-к е щ е л е п* қалдырмай сұрады (М.Жұмағұлов, Қыран.).

БАЮ= е т. *Байы етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Дүние-мүлкі молаю, көбею, дәулеті арту.* Жұрт «жұтқан жұтамас» деп малдың сүмесімен күн көріп, майдан үшін еңбек етіп жүрсе, оның бар пиғылы – *б а ю* (С.Жүнісов, Өшп. із.). Кәсібі сауда еді еткен жастан, Бай болды, Құдай беріп, жұрттан асқан. Бар болса қанағаты сол уақытта, Өлердей емес еді жай тұрса аштан. Үстіне байығанның *б а ю* міндет, Теңіздің ар жағынан сауда ашқан, Кемесі тауарымен апат болып, Кез келді мезгіліне бағы қашқан (А.Байтұрсынұлы, Шығ.). «Отбасыға» қызмет еткен адам мемлекетке қызмет ете ала ма? Осыған дейін ақша үшін, *б а ю* үшін талай былықтарға барған адамды енді қайта былыққа бармайды деп айта аласыз ба? В.Путин де осыны ескергендей... («Жас Алаш»). Алайда бүгін көріп отырғанымыздай экономика мыңдардың емес, ат төбеліндей аз топтың *б а ю ы н а* қызмет етсе – онда даму барысында бір кінәраттың болғаны («Түркістан»). **2.** а у ы с. *Бұрынғы қалпынан мазмұны тереңдеу, өресі биіктеу.* Кітапты сен оның ақыл-ойының *б а ю ы н а,* сана-сезімінің, көзқарасының тереңдеуіне арнап жазасың (І.Есенберлин, Маңғыстау.). Тілдің толығуы, *б а ю ы* халық тұрмысының өсу-өркендеуімен байланысып жатады (І.Омаров, Серпін). Әуелден әдебиет дүниесін аса жақсы көруі – Мұқанның жалпы эстетикалық талғамының *б а ю ы н а* үлкен әсер етті (А.Жұбанов, Мұқан Төлебаев).

БАЯ[1] з а т. с ө й л. ***Пая***. Тоғайдағы тікенді шіліктердің, шилердің, аңыз *б а я л а р ы н ы ң* арасымен қояндай орғып, бөгеліссіз замғаймыз (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

БАЯ[2] с ы н. *Ашуланшақ, бақырауық, беймаза.* Енді Нұрабектің үйін айналдырайық, – деді Сарыбала. Ол – кәдімгі «жарық Нұрабек», «сақау Нұрабек» атанған бишара, *б а я* шал (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

БАЯ[3] с ы н. ж е р г. *Жаңадан өсіп келе жатқан, жас өскен, аласа, бәкене.* Кәдірдің үлкен баласы Сонбайдың үйінің сыртында екі жүз қадамдай жерде көлемі ауыл қотанындай біркелкі *б а я* қарағанның жиегінде дөңгеленіп төрт-бес кісі отыр еді (С.Сейфуллин, Әңгім.).

Бая қуды. *Бұта-бұтаны, отты жерді қуалай, өрістете мал жайды.* Қой жайғыш *б а я қ у ы п*, тақыс шалдың Ұстады қойын, тонын шеңгелдегі (І.Жансүгіров, Поэм.).

БАЯБАН [ир. بیابان] с ы н. *Құлазыған шөлді, жапан.* Ол астында арқыраған машина, қолында бесатар мылтық тұрғанда ештеңеден тайынбастан, *б а я б а н* далада сайран салып, жортып жүре беремін деп есептейтін (С.Балғабаев, Шөл). Екі адам қосшылыққа қосты жана, Болған соң кең *б а я б а н* ұзақ дала. – Сау болсам, кешікпей-ақ келермін, – деп, Жөнелді хатты қолға ала сала (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). // *Шөл дала, тұз, сахара.* Кіршашпен арқар, құлан, аулап аңды, Көңіл ашып, кезіп көл мен *б а я б а н д ы.* Құлдық деп құрметіне қылған осы, Қайтпаққа көп күннен соң жауап алды (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Қадірлі болса *б а я б а н* Дария, шалқар көлмен тең. Қайырсыз болса жаман бай, Ел қонбаған шөлмен тең (Ақтамберді жырау [Сарыұлы] // Алдаспан).

БАЯҒЫ үс т. **1.** *Бұрынғы кездегі, өткендегі, ертедегі, атам заманғы, ежелгі, бағзы.* Ал, солардың үстінде кей жерін шәукермен ораған кілем, көрпе-жастық әртүрлі терме алаша, шашақтары салбыраған бес-алты жерде бояулы әдемі боғжама, тамақшалары сондай жарқыраған *б а я ғ ы* шолпыдай (М.Әуезов, Шығ.). Аман қапты батыр арман, Отқа оранған Отырардан Қашып шыққан сол *б а я ғ ы* баладан Бұл күндері санатты ұрпақ тараған (М.Шаханов,

Ғасырлар.). Жазы жібек, ал күзі алтындана, Жатыр ма әлі жазира салқын дала? Қос бұрым қолаң шашы білектей боп, Айна жеңгей *б а я ғ ы* қалпында ма?.. (М.Мақатаев, Шығ.). *Б а я ғ ы* он алтыншы жылғыдай атаман жүндей түтсін дейсің бе? (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). Таулар да тұр, *б а я ғ ы* бұлақ та бар, Өзің жоқсың бірақ та сыр ақтарар. Іздемей-ақ қояйын сол орынды, Аттанам ғой ақыры, жылап қалар... (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** с ө й л. *Әлгі, кәдімгі, өзіміз білетін.* Бізге мәлім *б а я ғ ы* Тұрардың баласы Сейтек, менің әңгімеме осылай кірді (С.Ерубаев, Менің құрдас.). Мыканино деревнясына баратын жолмен он жеті жауынгер жүріп келеді. Олардың алдында *б а я ғ ы* өзіміз білетін лейтенант Петр Угрюмов (Б.Момышұлы, Москва.). Күндерде бір күн базарда *б а я ғ ы* ақыл сатушыны тауып, ордасына алып келіп, бас уәзір етеді (Қаз. ертег.). Осы қолындағы азмұзына мақтанып, осы да болады деп, *б а я ғ ы* қазақтың талапсыздығына тартып жатып алады (Абай, Тол. жин.). Ояна келсе *б а я ғ ы* жаман Қартқожа, *б а я ғ ы* жапырайған жаман тымағы, бастама мәсісі, бір жамбасына қисайған жаман кебісі, лаңке шапаны, мойындағы кішкене қалтаға салған тері сасыған «Ісім ағзам» дұғасы (Ж.Аймауытов, Қартқожа). **3.** *Әдепкі, сіңісті, кәдімгі, әдеттегі, қалыптағы, әйтеуір.* «Ер Нарым? Көзі неге бұлдырайды? Масқара! Жасын төгіп төзіп. *Б а я ғ ы* бір орыннан жылжымайды (Х.Ерғалиев, Құрманғазы). Бір көкірек әйтеуір, Басылмай жүрген *б а я ғ ы* (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). Бүгін демалыс! Асығыс жоқ, – деп жатырмыз *б а я ғ ы* (С.Төлешев, Түрлі. бас.).

Баяғы заман. *Ерте кез, өткен заман, ерте заман, ескі кез, бұрынғы заман. Б а я ғ ы з а м а н д а* тау етегіндегі жазықта сабан төбелі, ескі болғанда, өте ескі үй тұрады (М.Тиесов, Алтын шынар). *Б а я ғ ы з а м а н* емес, басқа тартса аяққа, аяққа тартса басқа жетпей жататын (С.Мұқанов, Аспаз).

Баяғы қалпында. *Бұрынғы күйінде, өзгеріссіз.* Таңмын өзім, ой Алда-ай, Өсіп қапты апырай, Әй, қыз деген көпір-ай! Мен *б а я ғ ы қ а л п ы м д а* (М. Жұмабаев, Шығ.).

БАЯҒЫДА ү с т. **1.** *Ертеде, ерте кезде, бұрынғы уақытта. Б а я ғ ы д а* біреу біреуді пәлен жасымда жарықтық атым арып келе жатқанда, пәлен жерге жеткізіп салып еді деп, соны өлгенше айта жүруші еді (Абай, Тол. жин.). *Б а я ғ ы д а*, бабамыздың бабасының бабасы Жүрген кезде сүйенбей таяғына Көңіліне пәктіктен өсірген гүл, Жомарт әрі мейірбан жесір кемпір Ұстап апты ауласына келіп қонған бүркітті (М.Шаханов, Ғасырлар.). Шеткерірек, көшенің аяғында, Тірлік етіп жүрген ем *б а я ғ ы д а*. Қалжырап кеп жұмыстан қалғып кеткем, Содан бері дәрмен жоқ оянуға (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** *Әлдеқашан, атам заманда, көп уақыт бұрын.* Мұндай сарсаң етерін білер болсам, *Б а я ғ ы д а*-ақ қырмас па едім мұндар құлды (Қозы Көрпеш.). Шыдамай өлеңімнің таяғына, Жеңіліп ең Байбурыл *б а я ғ ы д а.* Оспан, Мақыш сенің де есіңде ме? Жем түсіп, аңсағаның аяғына (Жамбыл, Шығ.). Сондықтан Хән және Жин патшалықтарындағы Қанжүй адамдары кейін де Балқаш көлінің төңірегін мекендеген болса, онда *б а я ғ ы д а* басқа ұлттармен сіңісіп кетті («Парасат»). *Б а я ғ ы д а* Жаппасбай атына аталған екен деп, ол ауылдан қашудың жөні жоқ (Б.Майлин, Шығ.). **3.** ф о л ь к. *Ертегі, аңыз, әпсаналарды баяндарда бастап айтылатын, ертеде, ерте заманда деген мағынаны білдіретін сөз. Б а я ғ ы* өткен заманда бір кемпір мен шал болыпты (Ертегілер).

БАЯҒЫДАҒЫ ү с т. *Ерте кездегі, ежелгі.* Ал Өмірбай *б а я ғ ы д а ғ ы* нәп-нәзік, ақ селеудей үлпілдеген жаудыр көз сұлу тәтесі мен кексе тартқан мынау келісті ақ бәйбішенің екеуінің қайсысы Жамбы екенін біле алмай ақырып қалды да, бас салды (Ш. Құмарова, Қос шынар).

БАЯҒЫДАҒЫДАЙ с ы н. с ө й л. ***Баяғыдай.*** Шаршаңқырап келіп едік. Мұнысы жақсы болды. Ертеңіне *б а я ғ ы д а ғ ы д а й* көгала кілем төсеп, ашық ауада жаттығу жасадық («Лен. жас»).

БАЯҒЫДАЙ ү с т. **1.** *Бұрынғыша, өткен уақыттағыдай, өткендегіше.* Мастықпен қылған болсаң, кештім саған. Кәрі ит те «шырағым» деп арсаңдаған. Жел тынып, күн айығып *б а я ғ ы д а й* Хикметімен тоқтатты бір жасаған (Абай, Тол. жин.). Біз емес *б а я ғ ы д а й* малға сатқан, Жібермей сүйгеніне зар жылатқан, Болыңдар тату-тәтті балаларым, Қалада оқып жүріп өзің тапқан (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Құмына да қазақтың құт дарыған, Құмы да оның құлдықтан құтқарылған Аңқаң кеуіп қалмайды *б а я ғ ы д а й*, Жүзгендердің түбінен сүт табылған (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** *Әдеттегідей, үйреншікті қалыптағыдай.* Шымырдың ажар-көркі *б а я ғ ы д а й.* Рас, есейген (Е.Қалиев, Рудный.). Өкпем де жоқ емес-ау саған менің, Ойланшы, Сен осындай адам ба едің? *Б а я ғ ы д а й* тізеңе отырғызып, *Б а я ғ ы д а й* болсаңшы панам менің! (М.Мақатаев, Шығ.). *Б а я ғ ы д а й* Айша қыз жұрттың көз алдында шаруасын істеп жүр. Шаруасы баяғы – көрік басу (С.Шарипов, Шығ.).

БАЯҒЫДАН ү с т. *Ерте кезден, бұрыннан, ежелден, атам заманнан.* Алла мықты жаратқан сегіз батыр *б а я ғ ы д а н* соғысып әлі жа-

тыр. Кезек-кезек жығысып, жатып-тұрып Кім жығары белгісіз түбінде ақыр (Абай, Тол. жин.). Ең алдымен казак-орыстар бұл шығарға оңай келіп, *б а я ғ ы д а н* ұлықтың атарманы болып қоқақтап қалған әдетпен қазақ елін жауша бөріктіріп, үркіте қимыл қылатын болды (М.Әуезов, Қилы заман). Құтты болсын, келінжан, аяғынан, Осы еді ғой күткенім *б а я ғ ы д а н*. Мал-мүлкіңе ие бол, арнап жиған, Өсекшілдің сақ болғын саяғынан (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

БАЯҒЫСЫНДАЙ с ы н. *Әдеттегісіндей, бұрынғысындай.* Жау хабарына құлағы қанып, қамданып келе жатқан Құсайын *б а я ғ ы с ы н д а й* қос ауызды оқтап Сатанға беріп, өзі алты-атарын қолына ұстады (І.Жансүгіров, Шығ.).

БАЯҒЫСЫНША ү с т. *Бұрынғы қалпынша, әдеттегісінше.* Бірақ археологтар үшін бұл аудан *б а я ғ ы с ы н ш а* зерттелмеген күйінде қала берді («Лен. жас»). Зинахмет пәтері *б а я ғ ы с ы н ш а* жарқырап тұр. Жұпыны тұрмысы да бойдақ адамға лайық (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

БАЯҒЫША ү с т. *Баягы қалпынша, бұрынғыша, әдеттегісінше.* Тоғжанның шолпысы, қара мақпал камзолы да *б а я ғ ы ш а* (М.Әуезов, Шығ.). Жездем тіпті өзгермеген, *б а я ғ ы ш а* көрікті, Колхозшылар съезіне делегат боп келіпті (М.Шаханов, Қасырлар.). Айтады сөзін жаттап жұрт үнемі, Сол кезде тарап қара түн түнегі. Киялға *б а я ғ ы ш а* ерік беріп, Қырандай қанат қомдап сілкінеді (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

БАЯЗДА= е т. с ө й л. ***Байыздa***. Бірден *б а я з д а й* алмай, есік жақта шашылып жатқан құрал-жабдықтарын жинастырып шаң басқан ағаш жәшікке салды (А. Лекеров, Түз гүлі). Қасқыр одан әрі қашқанмен қуғынға шапты береріне көзі жетіп, *б а я з д а п* көлденең тартты (С.Елубаев, Ойсыл қара).

БАЯКЕДЕЙ з а т. ж е р г. *Бәрі бірдей тақыр кедей.* Осылардың *б а я к е д е й* болуы, ұры, қарақшы, жомарт, момын, жаман, зәлім, ғалым, шешен, дәрігер, қорғаншақ, батыр, батыл болулары – қысқасы сізге байланысты (Бозінген).

БАЯЛДАТ= е т. с ө й л. ***Баяулат***. Даша Рахметке бір қарап күлді де, ортаға түсіп үйіріліп ала жөнелді. Музыка бабымен қол да соғылып жатыр. Даша бір *б а я л д а т ы п,* бір бәсеңдетіп билеп жүр (С.Ерубаев, Менің құрдас.).

БАЯЛДЫ з а т. б и о л. **1.** *Алқа тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік. Б а я л д ы н ы ң* жабайы түрі Оңтүстік Шығыс Азияда (Үндістан, Бирма т.б.) кездеседі (ҚҰЭ). *Б а я л д ы* Қазақстанның оңтүстік облыстарында өсіріледі (ҚҰЭ). **2.** *Осы өсімдіктің жемісі.* Сөлінен арылған *б а я л д ы н ы* екі жағынан үнға аунатып, өсімдік майына қуырады («Қазақст. әйелдері»). Тураған қызанақ пен ақжелкен, аскөк пен балдыркөкті ұзынша етіп тураған тәтті бұрыш, қуырылған пиязды, *б а я л д ы н ы* қосып, бәрін еттартқыштан өткізіп, сырлы ыдысқа салып араластырады («Қазақст. әйелдері»). Жуып, кептірілген банкаларға даяр түздықтан құйып бетіне дайындалған *б а я л д ы л а р д ы* салады («Қазақст. әйелдері»).

БАЯЛЫШ з а т. б и о л. <лат. salsola arbuscula> *Алабұталар тұқымдасы, сораң туысына жататын шөлді, шөлейт жерге өсетін, биіктігі 40–100 см-дей сұр я боз түсті тікенекті өсімдік, бұта.* Ашыққан ат үзіп жатыр күріс-күріс, Ол үзгені тырбық-тырбық *б а я л ы ш*. Айнала – өлім, жыбырлаған жел де жоқ, Естіледі жалғыз ғана дем алыс (М.Жұмабаев, Шығ.). Жаужапырақ, жалбызды, Көкемарал, сағызды Көкпекті мен *б а я л ы ш* Арық малға таяныш (К. Әзірбаев, Таңд. шығ.). Қалың *б а я л ы ш* самал желмен толқиды (Б.Момышұлы, Біздің генерал). *Б а я л ы ш т ы ң* биіктігі – 40–160 см, сабағы ұзынынан жарықшақтанған ақшыл сұр қабақты, тарбиған жиі бұтақты тықыр немесе қысқа қылтанақты жапырақтары кезектесіп орналасқан, гүлшоғы масақ тәріздес (Қаз. тілі термин. Биология).

БАЯЛЫШТЫ с ы н. *Баялыш көп өскен, баялышы қалың. Б а я л ы ш т ы* ақ шағыл, Құмнан басқа көрмеген. Түйеден жүйрік көлік бар Десе өмірде сенбеген (Айманқүл, Ана сыры). Іші – үйдей, ықтасынды, Құмақ еді *б а я л ы ш т ы*. Ұмыт болып кетті лезде, Әлгі халі аянышты (Пернедегі терме.). Ат шапқан *б а я л ы ш т ы* құмайт белім, Желпіген қоңыр майда самал желің («Егемен Қазақстан»).

БАЯН[1] [ир. بيان] з а т. *Тұрақ, тұрлау, тиянақ, опа. Б а я н ы* жоқ ерден без, Байлауы жоқ сөзден без (Мақал-мәтел). Ақыл ие азамат, Дүния менен ахирет – Тәуір десең қай жағы. Ахирет артық секілді Болғаннан соң *б а я н ы*. (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Өмірдің, Алла, беріпсің, Күнде өртерлік шыжығын. *Б а я н ы* жоқ, байлаусыз, Тілекте жоқ бұзығым (Абай, Тол. жин.). Мұндай кездейсоқ сыншылардың әдетте ұзақ *б а я н ы* болмайды, бүгін шықса, ертең жоқ болады (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

Баян таппады. *Тұрақ таппады, опа көрмеді.* «Солар қожа болмай, бұл көркің мен еркің *б а я н т а п п а й д ы,* жер-ана», – деп іштей толғанып бір кеткен шағы еді (Д.Әбілев, Арман.). Өмірде кейде ізгі үміт *Т а п п а ғ а н б а я н.* Мезгілсіз соққан ызғырық Мәуелі саяң (Ө.Жайлауов, Жарқын жаз).

Баяны болды. *Нәтижелі, жемісті болды,* Ерлікпен жетті мұратқа Еңбектің *б о л ы п б а я н ы* (Алпамыс).

Баяны жоқ. *Тұрлауы жоқ, тұрақсыз, байлаусыз.* Бақ-дәулет *б а я н ы ж о қ* бұл секілді, Қоюға болмас байлап босағаға (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Дүние, қанша сені мақтасам да, Түбінде *б а я н ы ң ж о қ* сырғанаған (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

БАЯН[2] з а т. *Болып өткен оқиғаның мазмұны, жайы, жөні.* Білмеймін-ақ сырқырайды буыным, Бұл сырқаттың кім біледі *б а я н ы н* (М.Рашев, Өлеңд.). Ағарып мұрт пен сақал, шаш білгізді, Алпысқа жастың жақын таянғанын. Өмірде осы жаста көпті көрдім, Айтпақ шын бастан кешкен *б а я н д а р ы н* (Ақын жырлары). Адам ата мен Хауа анадан басталатыны және ежелгі діни аңыздардың *б а я н ы н д а* жырланатындай осы екеуінің Жұмақтан қуылуының басты себебі – «маңына баруға, жұлып алуға, ауызға салуға» қатаң тыйым салынған «Ақыл алмасының» дәмін татуына байланысты екендігі екінің біріне мәлім («Парасат»). Қараңыз келістіріп келбетіме, Дауа жоқ, сұрап алған бейнетіңе. Әзаға, анық жасым *б а я н* болсын, Шығып ем он алтыдан он жетіге (Біржан мен Сара).

Баян айтушы. *Белгілі бір оқиғаны баяндаушы, баян етуші.* Белгіленген уақыт туған кезде *б а я н а й т у ш ы ғ а* жиналғандар құлақ түруге міндетті («Парасат»).

Баян болды. а) *Белгілі болды, анық, мәлім болды, айқындалды.* Дәл осы бөлімде Қазақстанның оңтүстігіндегі Қаратау бауырындағы Кентау қаласы, оның өнеркәсібі кең түрде *б а я н б о л ғ а н* (Ә.Шәріпов, Алыс жағалау.). ә) *Баяндалды, сөз болды.* Біреуі Нәркес еді өзіміздің – Басынан *б а я н б о л ғ а н* сөзіміздің (Ж.Өмірбеков, Батыр).

Баян етті [қылды]. *Көрген-білгенді айтып жеткізді, баяндады, хабарлады.* Кімде-кім жетер сонда мұратына, Пайда жоқ жүрексінген қорқынышта. Аз сөзде көп мағына деген мысал, Халімді *б а я н е т і п* жаздым нұсқа (М.Дулатов, Шығ.). Мекеге кірер алдында қай орында ихрам байлағанын, ғарафаға қалай шыққанын, бәйтол-ланың ішінде, қағбада неше ракағат намаз оқығанын, бәрін де *б а я н е т т і* (М.Әуезов, Абай жолы). Әрқашан жәрдем тілеймін Имам Ағзам пірімнен. Көзімменен көргенім – *Б а я н е т т і м* тіліммен (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

БАЯН[3] з а т. м у з. *Саусақпен басып ойнайтын қатар-қатар тілдері бар, орыс халқының сазды аспабы, үлкен гармон.* Бір үшеу көшені басына көтеріп келеді. Ортада балташы Пахрейдің баласы *б а я н* тартып, тракторист Төкен қосылады (Ғ.Мұстафин, Миллионер). Шеткілеу бір майсалы алаңдарда *б а я н ғ а* қосылып ән шырқағандар қаланың деревнялық құлқын танытады (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). Зуфардың жолдастары Бұрқын *б а я н* ойнайды деп ойлап көрген жоқ-ты (С.Бегалин, Жеткіншек).

БАЯНДА[1]**=** е т. *Тұрақтау, орнығу, байыздау.* Дүниеде еш нәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан *б а я н д а п* қалады дейсің (Абай, Тол. жин.). Бірақ жасаған окоптың біреуінде де орыс солдаттары *б а я н д а п* тұра алмады. Бүгін бітірген окопты ертеңіне неміс тер тартып алады (І.Жансүгіров, Шығ.). Көптен де өткен дүния, Аздан да өткен дүния, Өтеріне келгенде *Б а я н д а п* бізде тұра ма?! (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

БАЯНДА[2]**=** е т. **1.** *Болған істі, оқиғаны хабарлау.* Қазақтың ескі, хәтта бір тұқымнан өрбіген жұрт екендігіне осыларды көрсетіп, оның үстіне өз пікірін де *б а я н д а й д ы* (М.Дулатов, Шығ.). Жалынды жастық... жұмыс күнін атқарып келген соң, кешкілікте үнемі өлең жазып, стол басында отыратынын, еңбекте үлгі, өнерде озат азамат дәрежесіне жеткенін көркем тілмен *б а я н д а п* шығыпты (М.Мағауин, Ақша қар). Дәруіш Али Сұлтан Уәйістің музыка теориясы жөнінде асқан білімпаз адам екендігін дәлелдейтін мынадай бір қызықты уақиғаны *б а я н д а й д ы* («Парасат»). **2.** *Мәлімдеу, түсіндіру, жеткізу.* Және де кәсіп, еңбек иесі адамды бұзып, аздыратын салтты отыз үшінші сөзде *б а я н д а й д ы* Абай (М.Әуезов, Әр жыл.). Дала жатыр қызыл қанға боялып. Егер бүкпей *б а я н д а с а м* шындықты Рухы – өр, Тәні – бекем Бұл бір қайсар халық екен, Тірліктен де артық қойған бірлікті (М.Шаханов, Ғасырлар.). Ерболаттың бұл жолы Бермекпіз жайын *б а я н д а п,* Демесем – «үйге кіргені», Орнықпайды аялдап (С.Мұқанов, Замандас.). **3.** п е д. *Оқу материалдарының мазмұнын белгілі жүйемен түсіндіру.* Ал мұғалім сабақ баяндау кезінде оқу материалын кластағылардың түсінгеніне, түсінбегеніне көзі жетпей *б а я н д а п* отыр делік (М.Мұқанов, Пед. очерк.). Егер мұғалім сабаққа алдын ала дайындалып келіп, материалды ұғымды *б а я н д а с а,* мысалдары дұрыс алынып, сендіретін болса, класс оны ұйымшылдықпен тыңдайды («Халық мұғ.»). **4.** ә с к. *Ақпар беру, болған оқиғаны, орындалған істі тез, қысқаша айтып шығу.* Жолдас генерал, полк енді төтеп бере алар емес, – деп *б а я н д а й д ы* Карпов (Б.Момышұлы, Москва.). Комиссардың түрі солғын. Мен оған барлық жағдайды *б а я н д а д ы м* (Б.Момышұлы, Ол күндер.).

БАЯНДАЛ= е т. *Хабарлану, мағлұмат берілу, сипатталу.* 80-ші жылдардың соңына таман менің қолыма, сәті түсіп, диқанның

шынайы өмірі мен ісі туралы *б а я н д а л ғ а н* қолжазба келді («Егемен Қазақстан»). Бұл шығармаларда біреуді сендірсе, біреуді сендірмеуі мүмкін тек әйтеуір рекордшы Шығанақ *б а я н д а л м а ғ а н м е н,* өзін әдейі келіп, көзімен көрген, әңгімелескен Нұртас Оңдасынов айтқандай: «ақылға кең, айналасына қамқор дала философы Шығанақ» мүлдем көрінбей қалды («Егемен Қазақстан»). Сол мақалалардың бәрінде де Қасымның азаматтық үлкен өмірі *б а я н д а л а д ы* (С.Мәуленов, Үркер.). Қазақстанда геологиялық ғылымға белгілі жанартау жыныстарының негізгі түрлерінің бәрі, оның ішінде тереңдік және сырттық түрлерінің бәрі бар екендігі анықталып, *б а я н д а л д ы* (Қ.Сәтбаев, Қазақст.). Осы кітапта төменгі класс оқушыларының тіл кемістігін түзеу мәселесі өте жақсы *б а я н д а л ғ а н* (Қ.Жарықбаев, Психология).

БАЯНДАЛУ *Баяндал етістігінің қимыл атауы.* Осы жай басқа пәндерді оқытқанда да өзіне лайық бағасын алып, дұрыс *б а я н д а л у ы* керек («Қазақст. мект.»).

БАЯНДАМА з а т. р е с м и. **1.** *Белгілі бір мәселе бойынша жиналыста айтылатын кең ақпарат, хабарлама.* Оның артынан әркімдер қарсы сөйледі. Ақбаланың *б а я н д а м а с ы н* мінеді, сынады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Алты айдың ішінде атқарылған жұмыстар қос *б а я н д а м а д а* тәптіштеп айтылғандықтан, Президент ол мәселелерге көп тоқталып жатпады («Жас Алаш»). **2.** *Мекеме басшысына, жауапты басшыға айтылатын ауызша немесе жазбаша түсініктеме.* – Кеңінен әңгімелесуге бір реті келмей-ақ қойды. Сенің жазған *б а я н д а м а* хатыңды оқыдым (З.Шашкин, Сенім). Өздерінің барлық мән-жайларын айтып әм заводтың өз халін айтып Орынборға келген жұмыскерлер толық қылып жазып *б а я н д а м а* берді (С.Сейфуллин, Шығ.).

Баяндама жасады [қылды]. *Белгілі бір мәселе бойынша жиналыста сөйледі, кең ақпарат берді, хабарлады.* Халықаралық жағдай жайында Жанат, агрономиядан Жомарт жалпы жиналыста *б а я н д а м а ж а с а с ы н* (Ғ.Мұстафин, Миллионер). Елінің болысын, старшындарын жинап, келген жұмысымыз туралы түсіндіріп, *б а я н д а м а қ ы л ы п,* нұсқауларымыз бойынша санағын ала бастадық (С.Сейфуллин, Тар жол.).

БАЯНДАМАША з а т. *Қысқаша баяндама.* Концертінің алдында күйшінің өмірі мен творчествосы жайлы *б а я н д а м а ш а,* фойэде Құрманғазының шәкірттерінің бұтақтауын көрсеткен көрме болды (А.Жұбанов, Құрманғазы).

БАЯНДАМАШЫ з а т. *Баяндама жасаушы, баяндама оқитын адам.* Бұл жөндегі *б а я н д а м а ш ы* Алмасбек Жайлыбеков қазіргі шақта түстік обкомның үгіт-насихат бөлімінің хатшысы болатын (М.Әуезов, Өскен өркен). – *Б а я н д а м а ш ы д а н* сұрақ сұрауға болады. Бар ма? Бар болса, жазып берсін (І.Жансүгіров, Шығ.). *Б а я н д а м а ш ы л а р ы м ы з,* сөз сөйлеушілеріміз әлденеден ұялыс тапқандай шегіншектеп, жазып алған қағаздарын шиыршықтай бүктеп, ертерек жасыруға ұмтылатындай («Жас Алаш»).

БАЯНДАНДЫР= е т. *Тұрақтандыру, тиянақтандыру, орнату.* Әскерді ұстай алмасақ, жас өкіметті де *б а я н д а н д ы р а* алмаймыз (Б.Қыдырбекұлы, Мазда.).

БАЯНДАНДЫРУ *Баяндандыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Істерін *б а я н д а н д ы р у.*

БАЯНДАС= е т. *Әңгіме етісу, сөз етісу.* Ақ шалыпты самайды, Пенсне көзде байсалды, *Б а я н д а с т ы қ* талайды, Осы өлеңге ой салды (Қ.Жармағамбетов, Соңғы түн).

БАЯНДАСУ *Баяндас етістігінің қимыл атауы.*

БАЯНДАТ= е т. *Хабарлату, мәлімдеу, айтқызу, жаздыру.* Сарқыттың әкесін азамат соғысы кезінде партизандар қолында өлген деп *б а я н д а т т ы* (Ж.Тілеков, Қайнар).

БАЯНДАТУ *Баяндат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қысқаша *б а я н д а т у.*

БАЯНДАУ *Баянда етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Болған істі, оқиғаны хабарлау, айтып беру, сипаттау.* Неге бассыз дейсіз-ау, *Б а я н д а у ғ а* басынан Уақыт бермес билікті (Қ.Аманжолов, Шығ.). Біздіңше, Құрманғазы күйлері бір адамның өмір образын *б а я н д а у д ы ң* тар қауызына сыймайды (А.Жұбанов, Құрманғазы). «Сөйтіп, өзінің талай ғасырлық тарихи-мәдени мұрасын өзі жатсынып, жеріген ұрпақтар өсіп жетілді...» – деп қиянаттың ұлтқа тигізген кесапатын ашына *б а я н д а у ы* мақұлдарлық азаматтық пәтуа («Жас Алаш»). **2.** ә д е б. *Оқиғаны автордың өз сөзімен беру.* Бейнелеудің өзі болсын, *б а я н д а у ы* болсын, лұғаттың өте жайнақы, ойнақы келгенін жақтырады (А.Байтұрсынов, Шығ.). Көркем шығармаларды оқығанда көп орын алатын *б а я н д а у* екендігін, яғни оқиғаны автордың өз сөзімен айтып берушілік екендігін көреміз (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.). Әңгімеде *б а я н д а у м е н* берілген кейбір жәйт пьесада диалогқа айналған (Р.Нұрғалиев, Күретамыр). **3.** п е д. *Оқу материалының мазмұнын белгілі бір жүйемен түсіндіру.* Кезекті тақырыпты *б а я н д а у* ісі оқушылардың бұрынғы алған білімімен байланыстырылып онан әрі тереңдетіле береді («Халық. мұғ.»).

БАЯНДАУШЫ з а т. **1.** *Әңгімені, оқиғаны айтушы, хабарлаушы. Б а я н д а у ш ы* Бекболат, Бөркін киді жымқырып; Үңіле түсті қағазға, Ілгері қарай ұмтылып (Б.Майлин, Шығ.). **2.** с ө й л. ***Баяндамашы***. Сұраулар біткен соң *б а я н д а у ш ы н ы ң* сөзі бойынша айтыс сөздер басталды. Біреу баяндаманы «қанағаттанарлық» деп тапты (І.Жансүгіров, Шығ.).

БАЯНДАУШЫЛЫҚ з а т. *Әңгімелеп берушілік, сипаттаушылық.* М. Базарбаевтың дәстүрлі қазақ өлеңі құрылысының интонациялық және *б а я н д а у ш ы л ы қ* шегі қалайша кеңігені туралы пікірлері көңіл аударарлық («Қаз. әдеб.»). Екі спектакльде де театр коллективі Шығысқа тән сыршылдық әуенді, байсалды *б а я н д а у ш ы л ы қ* тәсілін тапқан (?).

БАЯНДАУЫШ з а т. л и н г в. *Бастауыштың ісін, қимылын, заттың сындық және басқа сапаларын білдіріп, сөйлемдегі ойды тиянақты етіп тұратын тұлғаулы мүше.* Бастауыштың ісін, қимылын кім, не екенін қанша, қандай екенін білдіріп, сөйлемдегі ойды тиянақты етіп тұратын мүшені *б а я н д а у ы ш* дейміз (Қазіргі қаз. тілі).

БАЯНДҰР з а т. *Қазіргі Монголия жерінде ерте орта ғасырда болған түркі тілдес тайпа.* Кейін *б а я н д ұ р* тайпасының басым тобы батысқа қарай ауа көшіп, қазіргі Қазақстан жеріне келіп орналасқан (ҚҰЭ). *Б а я н д ұ р* тайпасы түркімендердің арасында жеке ру ретінде сақталынып қалған (ҚҰЭ).

БАЯНДЫ[1] с ы н. **1.** *Орнықты, тұрақты, тұрлаулы, тиянақты, тыңғылықты.* Жеңіс ізі сайрап жатыр өмір атты белесте, Сен қалғысаң, Ерлік пенен Махаббат бар емес пе Бекер, бекер, мен жоқ жерде ерлік қашан оянды? Мен жоқ жерде Махаббат та болған емес *б а я н д ы*! (М.Шаханов, Ғасырлар.). Оқушыларға *б а я н д ы* білім беру үшін және оларды жұмыс бастылықтан құтқару сабақтың сапасына байланысты («Халық мұғ.»). Сөзінің соңында Н.Назарбаев сессияға қатысушыларды алдағы жаңа жылмен құттықтап, олардың отбасылары мен жақындарына *б а я н д ы* бақыт тіледі («Қаз. әдеб.»). Қазір екеуміздің арамыздағы үзіліп кеткен байланыс қайта жалғанып, *б а я н д ы* достық тағы да берік орын тепті (С.Мәуленов, Шыңда.). Бұл дүниеде *б а я н д ы* не бар? (Ө.Қанахин, Жер бас.). **2.** *Нәтижелі, жемісті, игілікті.* Түбінде *б а я н д ы* еңбек егін салған, Жасынан оқу оқып, білім алған. Би болған, болыс болған өнер емес, Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған (Абай, Тол. жин.). Әрине, ұлттық-мемлекетшілдік бағытты ұстанғанға не жетсін?! Кезінде Англияны Англия еткен У.Черчил: «Саясаттағы ең *б а я н д ы* бағыт – ұлттық-мемлекетшілдік бағыт. Қалғанының бәрі – уақытша, өткінші», – деген жоқ па еді... («Жас Алаш»).

Баянды болсын. т і л е к. *Ұзағынан, тұрлаулы, игілікті болсын.* Білалдың сәлемі сонда ғана есіне түссе керек, үлкендерге келді. «Бағың *б а я н д ы б о л с ы н*» десті бәрі (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

Баянды болыңдар. т і л е к. *Игілікті, ұзақ өмірлі болыңдар.* Қадамдарыңыз құтты болсын! Елге береке, тыныштық орнап, кедейдің көз жасын иіп, өмірлі, *б а я н д ы б о л ы ң д а р*! (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Баянды етті. *Тұрақтатты, тиянақтандырды, нәтижелі етті.* Тіл ойлау жұмысының нәтижелерін, адамның ойлау жұмысының табыстарын сөздер арқылы, сөздердің сөйлемдерге құрасуы арқылы тіркеп, *б а я н д ы е т е д і* (Қазіргі қаз. тілі). Шенеуніктердің жақаурата айтатын жұбату сөздерінен мезі болған халық қалаулылары енді осы бастамаларын *б а я н д ы е т і п,* мәселенің түп себебін анықтағанша тоқтамас деп үміттенеміз («Парасат»).

БАЯНДЫ[2] с ы н. с ө й л. *Баяны бар. Б а я н д ы* болғаннан кейін оны тартып үйренді (Ауызекі).

БАЯНДЫЛЫҚ з а т. **1.** *Тиянақтылық, тұрлаулылық, орнықтылық, тұрақтылық; ұзақтығы.* Әңгіме үйлену тойы, оған жұмсалатын қаржыда емес. Оның *б а я н д ы л ы ғ ы* мен сәттілігінде («Лен. жас»). Махаббаттың күші де тек *б а я н д ы л ы ғ ы* мен ұзақтығында (С.Бақбергенов, Өз. жігіт). Қыздар күнәсіздігін, ерлі-зайыптылар *б а я н д ы л ы ғ ы н* жасырды (Ә.Тәжібаев, Өмір.). **2.** *Нәтижелілік, жемістілік, игілік.* Бастама *б а я н д ы л ы ғ ы м е н* бағалы (Қ.Салғарин, Ақмаржан).

БАЯНСЫЗ[1] с ы н. *Тұрақсыз, тұрлаусыз, опасыз, тиянақсыз, қысқа.* Гүлді көрсе мұңлы әнмен бұлбұл сайрап, Айтып тұр ма *б а я н с ы з* өмір жайын! Таң бозарса, аспанда құйқылжытып Әнді неге салады бозторғайың?! (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). *Б а я н с ы з* пәни өмірде Көргеніңнен жігіттер, Көрмегенің көп екен! (Ы.Шөреков, Шығ.). Кісі орнын таппай, не болса сол бір *б а я н с ы з,* бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болады (Абай, Тол. жин.). «Соқпақсыз шөркез дүние» хақындағы небір толғаныс-толғамдар – Тәкеннің ғана қолтаңбасына тән өрісті өрнектер. Бұл дүниенің қызығы мен қызықсызын, баяндысы мен *б а я н с ы з ы н* Ақан тағдыры арқылы, Ақан көзқарасы арқылы береді («Жас Алаш»).

БАЯНСЫЗ[2] с ы н. с ө й л. *Баяны жоқ. Б а я н с ы з* ән салмады (Ауызекі).

БАЯНСЫЗДЫҚ з а т. *Тұрақсыздық, тұрлаусыздық, тиянақсыздық, қысқалық.* Хамза бұл фәни жалғанның *б а я н с ы з д ы ғ ы н,*

алдамшы дүниенің жалт етіп әлі-ақ өте шығатындығын күрсіне толғайды (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Көбіне-көп мәжілісті жыл аяғы тақалғанда асығыс өткізеді. Асығыс шаруаның *б а я н с ы з д ы ғ ы* белгілі ғой («Қаз. әдеб.»).

БАЯНШЫ з а т. *Баян тартушы, гармоншы.* Сапар – сурет түсіру өнерін жақсы меңгерген фотограф, он саусағынан күй сорғалаған *б а я н ш ы* (С.Байжанов, Жастық шақ). Қыздар вальсі. *Б а я н ш ы* жігіт танауы деліп, өз-өзінен мәз болып құлаштай сермеп отыр («Лен. жас»). Он саусағы *б а я н ш ы н ы ң* Су төгілмес жорғадай. Біресе ән шырқап көкке, Бірде төмен сорғалай (С.Машақов, Жылдар).

БАЯПЫЛ з а т. ж е р г. *Арыққа салынған кішкене көпір.* Біз киттәй арықтан *б а я п ы л* салып өтеміз (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БАЯПЫР с ы н. *Мазасыз, беймаза.* Жібектей сызылған Лакшми ана абысыны сияқты *б а я п ы р* емес, қашан болсын жайдары, жарқын (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Байбалам салып, *б а я п ы р* мінез көрсеткенмен, түбінде айқаса кетер күш қайсы (С.Омаров, Қызыларай).

БАЯР з а т. к ө н е. *Қожа, бастық. Б а я р ы м* Мәну-шаһар, мен бір малай, қыламын қызметін қосса қалай (Шал ақын [Құлекеұлы], Шығ.).

БАЯТ з а т. *Монғолияның Убсунур аймағын мекендейтін халық. Б а я т т а р д ы ң* жалпы саны – 45 мың адам (ҚҰЭ). Ежелгі *б а я т т а р д ы ң* ұрпағы 19 ғасырда осы атпен Қазақ халқының құрамындағы қызылқұрт руына (кіші жүз) бірікті деген болжам бар (ҚҰЭ).

БАЯУ ү с т. **1.** *Жай, ақырын.* Бірен-саран үн қатқандары б *а я у* ғана сөйлейді (С.Сейфуллин, Әңгім.). Жүрегі – айна, көңілі – ояу, Сөз тыңдамас ол *б а я у*. Өз өнері тұр таяу, Ұқпасын ба сөзді тез (Абай, Тол, жин.). Әйгерім бар даусымен шырқамай *б а я у* сызылтқанда, бұл ән бұрынғысынан да гөрі көп сырды шешкендей болады (М.Әуезов, Шығ.). **2.** *Сылбыр, керенау, марғау.* Жолдың үстінде өте *б а я у* қозғалған жалғыз адам көрініп еді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Тосын көзге бірінен-бірін ажырату қиын, қимылы *б а я у* қара қатындар (Т.Ахтанов, Дала сыры). Толық денелі болса да әлі жас әйел, Игіліктің күтіп тұрғанын көрсе де асықпай *б а я у* басып келеді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Бірақ біз басқа ұлттарды саяси азаматтыққа сіңіре алдық деп ойлаймыз. Тек тілдік, лингвистикалық ассимиляцияға сіңіру *б а я у* жүргізілуде («Жас Алаш»). **3.** а у ы с. *Жайбарақат, тыныш.* Ноғайлының ауыр жұрт, *Б а я у* жатқан қайран жұрт. Аш күзендей бүгіліп, Аш бөрідей жүгіріп, Шетіңнен қиқу, асыр сап, Ащы сөрең салар-ды (Сыпыра жырау, Өлеңд.). Орман арасынан бау-пылдап елік бақырады. Сеңгір көкте *б а я у* қалықтап жүрген бүркіт пыштақтайды (Ж.Тұрлыбаев, Тамыз таңы).

Баяу балқитын қорытпалар. к е н. *Темірдің балқу температурасынан (1539°С) жоғары температурада балқитын қорытпалар. Б а я у б а л қ и т ы н қ о р ы т п а л а р* негізі титан, тантал, ванадий, хром, цирконий, ниобий, молибден, вольфрам сияқты баяу балқитын металдар немесе олардың металл емес элементтермен қосылысынан құралады (ҚҰЭ). Қазақстанда *б а я у б а л қ и т ы н қ о р ы т п а л а р д ы* зерттеумен металлургия және кен байыту институты айналысады (ҚҰЭ).

Баяу тартты. *Самарқауланды, саябырланды, жалқауланды*. «Қасекең келе жатыр» деген хабардың өзі *б а я у т а р т қ а н* ауыл тіршілігін дүр сілкінтіп тастаушы еді (Т.Ахтанов, Дала сыры).

БАЯУҚЫРА= е т. с ө й л. *Ақырындап, жайымен қозғалыңқырау.* Толқынның тыныққандай көкірегі, Балқаштың *б а я у қ ы р а п* жатыр көлі (Ғ.Орманов, Сәт сапары).

БАЯУЛА= е т. **1.** *Ақырындау, жайырақ қимылдау*. Күздің таңы *б а я у л а п* атып келеді екен (М.Әуезов, Әңгім.). *Б а я у л а ғ а н* өкпек желдің ғана лебі білінеді. Шыбын ызылдап, торғай шырылдап жүр (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Б а я у л а д ы* жалғыз-ақ, Мінеки деп тұрақтап. Ләззаттанып сөзіне, Қолына кітап, Құранды ап (М.Жұмабаев, Шығ.). **2.** *Саябырлау, бәсеңдеу, солғындау, азаю.* Іңірде *б а я у л а ғ а н* дауыл бәсең, Боздатқан бұлбұл күйін бабында әсем. Асықтар алқымдасқан, мауқымдасқан, Сырласқан: «Жарым да сен, жаным да сен!» (І.Жансүгіров, Өлеңд.). Шарпысқалы үш күн болды. Ендігі адымы *б а я у л а д ы* ғой жаудың, – деді Скиба (М.Әуезов, Шығ.). Жаңбыр тоқтап басылды, жел *б а я у л а п*, Тау-тауларға мінгесті бұлт баяулап (И.Байзақов, Құралай.).

БАЯУЛАН= е т. *Ақырындау, жай қимылдау.* Айғаным бұл жылдарда бұрынғыдай емес, жүріс-тұрысы ауырлап, *б а я у л а н ы п* шөге бастаған тәрізді (С.Бегалин, Бала Шоқан).

БАЯУЛАНУ *Баяулан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қарқынының *б а я у л а н у ы.*

БАЯУЛАҢҚЫРА= е т. *Жайлаңқырау, ақырындату, саябырлаңқырау.* Басқа балалар таңсық көргендей, алғашқы кезде *б а я у л а ң қ ы р а п* оқыса да, қамшы тарсылы шыққан соң бәрі де дауыстарын үдете бастады (Б.Майлин, Шығ.).

БАЯУЛАҢҚЫРАУ *Баяулаңқыра етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ән соңының *б а я у л а ң қ ы р а у ы.*

БАЯУЛАТ= е т. **1.** *Ақырындату, жайырақ қимылдату.* Автобус жүрісін *б а я у л а т ы п* тоқтай бергенде, Коля терезеден басын қылтитып жан-жағына қарады (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Жыраның ұзына бойына көлденең тартылған қабырғалар су ағынының жылдамдығын *б а я у л а т а д ы*, жыраға өзінің түбін тереңдетуге, биігірек жерді шайып шұқанақтар жасауға мүмкіндік бермейді (К.Сапарбайұлы, Геология.). Егер адам асығыс болса, ат үстінде бір үзенгісін босатып, машинада болса жүрісін *б а я у л а т ы п,* Құран оқуы керек. Бұл адамгершіліктің, тірі адамның әруақтарға құрметі («Парасат»). **2.** *Бәсеңдету, саябырлату, дауысын ақырындату.* Ән салдым есіп майда жаяулатып, Ырғалтып, шырқап, толғап, *б а я у л а т ы п.* Толқындай мың құбылған әнімді естіп, Тыңдарсың кірпік қақпай ояу жатып (С.Сейфуллин, Өленд.). Ақын домбыраны *б а я у л а т ы п*, бәсеңдетіп кеп, дастанын үзді (М.Әуезов, Абай жолы).

БАЯУЛАТУ *Баяулат етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бәсеңдету, саябырлату, тоқтату.* – Адасқан ба, жеңеше, Ай аулақта? Жақсы әніңді аттандыр, жаяулатпа. Түн сергісін, үніңмен мен сергиін, Басып-басып жіберші, *б а я у л а т п а* (М.Мақатаев, Шығ.). Көздің қауытуын *б а я у л а т у* үшін дәрігердің үйғаруымен йод препаратын және витаминдер қабылдау дұрыс (М.Исамбаев,.. Мед. анықтама). **2.** *Ақырындату, жай қимылдату.* Ал, Нәжип, мынаған бір кесел болды, құм сеп, қалай да жүрісті *б а я у л а т у* керек, – деген Мұхтардың сөзі шұғыл айтылды (С.Бегалин, Жеткіншек).

БАЯУЛАТЫҢҚЫРА= е т. *Жайлатыңқырау, шабандатыңқырау, ақырындатыңқырау.* Жеңіл автомәшине екпінді жүрісін кенет *б а я у л а т ы ң қ ы р а п*, жол шетіне кілт тоқтай қалды (З.Шашкин, Таң самалы).

БАЯУЛАТЫҢҚЫРАУ *Баяулатыңқыра етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жүрісін *б а я у л а т ы ң қ ы р а у ы.*

БАЯУЛАУ с ы н. **1.** *Ақырынырақ, жайырақ, бәсең.* Өзімді жазықты жандай сезініп, ауыз үйге ақырын *б а я у л а у* ғана кірдім де, бөгеліп қалдым (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Аманқұлдың өлеңінің соңғы шумағы алдыңғыларынан бәсеңірек шықты, үні *б а я у л а у* естілді (Х.Есенжанов, Ақ қайың). Әннің ырғағында сәл ғана айырма бар. Орысшасы *б а я у л а у* айтылады (Т.Әлімқұлов, Абай). **2.** *Кешеуілдеу, кейіндеу, кейінірек.* Ми қабығында қозу мен тежелудің бір жерге жинақталып, шоғырлануы да үнемі болып отырады. Бірақ ол *б а я у л а у* пайда болып, едәуір нерв күшін қажет етеді (Қ.Жарықбаев, Психология).

БАЯУЛАУ *Баяула етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жүрісінің *б а я у л а у ы.*

БАЯУЛЫ с ы н. *Мұңды, жабыңқы, жабырқаңқы.* Ақанға кеше бәле таяндырған, Қалайша туа қалды аяу бұған? О, Тәңір! Сақта бізді осындай дос, Көлгір көз, күңгірт жаны *б а я у л ы д а н*! (Қ.Бекхожин, Үш кезең). Қансырап халық қаяулы, Қамыққан көңілі *б а я у л ы*, Қан қақалған бар ауыл (Т.Жароков, Шығ.).

БАЯУЛЫҚ з а т. *Жайбарақаттық, сылбырлық, шабандық.* Коллективтің бір жиналысында жолдастары шығып, Шәріпханды қатты сынға алды. *Б а я у л ы ғ ы н* сынады (С.Шаймерденов, Мінез). Самай шашты қырау шалды. Бұрынғы алабұртқан асау көңіл тоқтасқан секілді. Жүріс-тұрысқа *б а я у л ы қ*, ұйқыға әдемі сергектік кірді («Қаз. әдеб.»). Вагон жүк поезына тіркелгенсін әншейіндегі *б а я у л ы ғ ы н* тастады (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

БАЯУСУ *Баяусы етістігінің қимыл атауы.* ≈ Екпіні *б а я у с у.*

БАЯУСЫ= е т. **1.** *Жайбарақатсу, бәсеңсу, сылбырсу, шабандау.* Бәрі сондай жігіттер, Мәуріті өтсе басылар, Әр нәрсенің кезінен. Осы кезде *б а я у с ы п*, Бұрынғы дәуір болмай жүр Базарыңның өзінен (Үш ғасыр.). Оның үстіне, қара күзде құмайттағы жылтыраған судың арнасы тартылып, қарқыны *б а я у с ы п* қалған екен (О.Сәрсенбаев, Сағым). **2.** *Маңғазсу, сабырлы болғансу.* Қоныстас көк ұлына халқың, Қожа, Келуші ед жүйрік аттай даңқың, Қожа. *Б а я у с ы п* көзге ілмей отырсыз ба, Сөзің жылы, мінезің салқын, Қожа (Айтыс).

БАЯУСЫН= е т. *Жайбарақаттану, бәсеңсу, сылбырсу.* Жай кезде жүрсе де ақын *б а я у с ы н ы п*, Келгенде шын шабыты бұрқанады (Қ.Жұмалиев, Қырда.).

БАЯУСЫНУ *Баяусын етістігінің қимыл атауы.* ≈ Әдеттегіше *б а я у с ы н у.*

БАЯУСЫРА= е т. *Бәсеңдеу, ақырындау.* Поезд жүрісі бағанағыдай емес, сәл *б а я у с ы р а д ы* (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

БАЯУСЫТ= е т. *Бәсеңсіту, тежеу, саябырсыту.* ≈ Жүрісін *б а я у с ы т т ы.*

БАЯУСЫТУ *Баяусыт етістігінің қимыл атауы; жайлату, бәсеңдету.* Әпек жүрісті жылдамдату орнына шаршағандықтың белгісі ме, әлде жайлап жүріп күш алудың белгісі ме, әйтеуір *б а я у с ы т у ы н* көбейтті («Қаз. әдеб.»).

БАЯУЫРАҚ с ы н. *Ақырынырақ, жайырақ.* Бір жерің ауырып қалған жоқ па, Ерке? – деді Зейнеп *б а я у ы р а қ*, іш тартқан, жанашыр үнмен. Күлайша басын ақырын көтере беріп, салқын ғана: – Жоқ, – дей салды (К.Баялиев, Жер тынысы). Өсімдіктердің көбінде эндоспермдері бұрынырақ жетіледі де, бұл кезде ұрық

б а я у ы р а қ дамитын болады (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

БАЯ-ШАЯ: бая-шая болды [шықты]. *Күйіп-пісіп, шыж-быж болды.* – Е, мана өзің неге ұрыстың? – Сен маған қарама – мен *б а я-ш а я б о л ғ а н* адаммын. Бар, біреуден ат сұрап әкел! («Қаз. әдеб.»). Ал соғыс жылдарында, уақыт тарлығынан *б а я-ш а я б о л д ы* ма екен, біз көрген кей басқармалардың мінезі қиын-ақ еді-ау (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

Бая-шая шықты. *Есі шықты, быжылдады.* Жүсіп шал... болмашыға *б а я-ш а я с ы ш ы ғ ы п* бақырауық атандай ауылды азан-қазан қылғанына енді ғана қысылғандай (Қ.Ысқақов, Түйық).

Бая-шая күн кешті. *Шыж-быж, ашушаң, у-шу болып өмір сүрді.* Жап-жас Бейсен үй толы жанның арасына кеп, ауыр бейнеттің үстіне *б а я-ш а я к ү н к е ш т і* (С.Мұқанов, Өмір мектебі).

БӘБІСЕК з а т. з о о л. **1.** *Төбесінде айдары бар, сарала түсті құс, сасық көкек.* Қосылып көкек пенен сар *б ә б і с е к*, Ән салып, өзеуреді тартып ішек. Келе қарға соқтықты *б ә б і с е к к е* Достым, сен отырсың ба жаңа тісеп (Пернедегі терме.). Біздің тауда *б ә б і с е к* деген айдар бас, жіңішке мойын құс болушы еді, Кітапбайың аумаған сол бәбісекке ұқсайды екен («Қаз. әдеб.»). «Е-е, сен де жүрмісің, *б ә б і с е г і м?* Әр қидың түбіне бір барып, *бәбісек* көкеше «пыс» деп қойып, Олжайды түртіп оятып жүрсің бе, *б ә б і с е г і м?*» дейді (М.Әуезов, Шығ.). **2.** <лат. upupa epops> *Көгілдір құстар отрядына жататын құс. Б ә б і с е к* Қазақстанда шөлді далалы өңірде, өзен, көлге жақын жерлерді мекендейді (Қаз. тілі термин. Биология). *Б ә б і с е к* – жылқұсы, ақпанның аяғы, наурыздың басында ұшып келіп, тас арасына, үй шатырына ұялайды (ҚҰЭ).

БӘДӘУИ з а т. с ө й л. ***Бәдеуи.*** *Б ә д ә у и л е р д і ң* ауыз әдебиеті өте бай (ҚҰЭ). Жақсы-жаман дүниеде сөз болыпты, Басты әр жаққа бастайтын көз болыпты, Бір *б ә д ә у и* астында түйесі бар, Құдай айдап үстіне кез болыпты (Мәшһүр-Жүсіп, Шығ.). Сахарада үдере көшкен *б ә д ә у и л е р,* олардың ыңылдап айтатын зарлы әні – бәрі еліктіріп әкетеді (Д.Досжанов, Тұлпар.).

БӘДБАҚЫТ [ир. **إبد بخت**] с ы н. **1.** *Бақытсыз, ырыссыз.* Одан басқа бек көп сенің нашар жерің. Уа, мутаз, уалиум деген нада күнде *Б ә д б а қ ы т* бар ма сонда қашар жерің (XIX ғ. қаз. поэз.). **2.** а у ы с. *Қарабет, оңбаған, арсыз.* Менен туған арам қан, *б ә д б а қ ы т* нәсілдерім мынау екеуі (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

БӘДДАРЛЫҚ [ир. **بيدار**] з а т. е с к і к і т. *Шыдамдылық, табандылық, беріктік.* Басқа біреу болса жалбарынып, жандалбас қылар еді. Бұл тайталасып өліспей беріспейтін *б ә д д а р л ы ғ ы н* танытады (Ә.Омарбаев, Кәрлен.). Мен таң қалдым. Неткен *б ә д д а р л ы қ*, неткен жүрек? (Ә.Омарбаев, Кәрлен.).

БӘДДҰҒА [ир. ар. **إبدعا**] з а т. д і н и. *Теріс дұға, теріс бата, қарғыс.* [Молда] Бәріңе *б ә д д ұ ғ а м д ы* бердім, мәңгі тамұқта қалыңдар (Қ.Кемеңгеров, Алтын.). – Ол имамдардың, хазіреттердің бар мұсылман қауымы атынан айтқан *б ә д д ұ ғ а с ы н а,* теріс батасына ұшырамай тоқтамас! – десті (М.Әуезов, Абай жолы). *Б ә д д ұ ғ а* сиқыр соғып адасқандай, Келе менің жаныма жай қарасқандай. Құдайым қыңыр жолға салды мені, Өмір мен өлім қарсы таласқандай (Н.Ахметбеков, Амангелді). Ананың батасы алты молланың *б ә д д ұ ғ а с ы н а н* киелірек (Мақалнама).

Бәддұға қылды. *Теріс бата берді, қарғады.* Қош, ана, мен келгенше болғын аман, *Б ә д д ұ ғ а қ ы л а* көрме, десең балам (Діни дастандар // Бабалар сөзі).

Бәддұғаға ұшырады. *Жаман ат, қарғыс алды.* – Ой, ой, өңкей *б ә д д ұ ғ а ғ а ц ш ы р а ғ а н* найсап (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

БӘДЕЛ: [ир. **بدل**] **бәдел қажы.** д і н и. *Басқа адам есебінен Меккеге барып келген адам.*

Бәдел қажылық. д і н и. *Басқа біреудің қажылық шығынын түгел өз мойнына алған адамның атынан баруы.* Қазір де өз әкесінің немесе жақын туыстарының орнына *б ә д е л қ а ж ы л ы қ қ а* барып келген қазақ азаматтарын кездестіруге болады (Қазақстандағы ислам діні).

БӘДЕЛДІК з а т. д і н и. ***Бәдел қажылық.*** Ақын Ғұмар Қараш өзінің «Бәдел хаж» атты еңбегінде өзекті мәселелердің біріне айналған бәдел қажылықты жанжақты талдап, *б ә д е л д і к т і* кәсіпке айналдыруды сынайды (Қазақстандағы ислам діні).

БӘДЕН[1] з а т. ө с. <лат. anisum> *Шатырша гүлділер тұқымдастарына жататын біржылдық, эфирлі-майлы хош иісті шөптесін өсімдік. Б ә д е н* парфюмерияда қолданылады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). Медицинада *б ә д е н* жемістерінен жасалған препараттар қолданылады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Б ә д е н н і ң* тамыр түбіндегі жапырақтары қысқа сағақты, ал сабақ ұшындағы жапырақтары сағақсыз болады (ҚҰЭ).

БӘДЕН[2] з а т. ж е р г. *Көрік, шырай, өң, бет-ажар.* Өзі де дөңгеленіп біткен, әлі *б ә д е н і* бұзылмаған, аздаған кербездігі бар сымбатты әйел (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Бас *б ә д е н і* жарасқан, Әйелдің аты бір деңіз. Сол секілді жары бар, Үр құшқанмен түр деңіз (Бес ғасыр.). Базарда келген ақ ерек, Ер *б ә д е н і* без бүйрек. Әкелсеңші Қамбарды Жағасынан сен сүйреп (Шашубай, Ақ қайың).

БӘДЕН-БЕДЕР з а т. *Түр-тұлға, мән-мағына.* Назар саларлық бір нәрсе, ел ішінде ежелден есте келе жатқан «көз – қорқақ, қол – батыр» деген мәтелдің екінші бір вариантын әдейі алады. Ол – көз – қорқақ, көңіл – батыр».

Бар байырғы сөзден гөрі, *б ә д е н-б е д е р і* оқшаулау мақал да әдебиетте «тірлік етсін» дегендік (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

БӘДЕНДЕС с ы н. *Өңдес, реңдес.* Сен де қайдағы жоқ бірдеңені айта бересің. Түрі-түсі ұқсас адамның бәрі бірдей қазақ бола береді ғой деймісің? Орыстардың арасында да қазақ *б ә д е н д е с т е р і* көп болады (С.Омаров, Хантағы).

БӘДЕНДІ с ы н. *Көрікті, реңді, ажарлы.* Әжептәуір *б ә д е н д і,* жасы отыз шамасында пысықша келген жалшы әйел, басына іс түскен соң, лезде жүнжи бастаған (F.Мұстафин, Дауыл.). Мына кексе әйел толықша келген, көзінің нұры онша кете қоймаған, жүзі *б ә д е н д і* адам көрінеді (А.Байтанаев, Жаңбыр.). Кербез киінген, *б ә д е н д і,* сұлу әйел мінбеге көтерілгенде, Нартай селт етіп еңсеріле бұрылған (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Ұлбосын былайынша жас өңін бермеген, жүріс-тұрысы пысық, өз шаруасына мығым, бір көрмеге *б ә д е н д і* әйел (С.Омаров, Қайырлы жаз).

БӘДЕНСІЗ с ы н. *Әрсіз, өңсіз, көріксіз, кескінсіз.* Өзі онша *б ә д е н с і з* де емес, егілген жас жүрегі осыны ұқпаса, бұдан әрі нені ұғар (А.Байтанаев, Қайнар.). Тек көзінің сәл қысықтығы демесең, тосын көрген кісіге онша *б ә д е н с і з* де емес (С.Омаров, Күншуақ).

БӘДЕУИ [ар. **بدوي**] з а т. *Шөлді, құмды жерлерді жайлаған көшпелі арабтардың бір тайпасы.* Кірекеш едім мен өзім *б ә д е у и* араб, Жоқ жоғалтып, ақылым алты тарап. Түзде жүрдің, көзіңе түсті ме екен, Түйеші едім бір жүрген түйе қарап?! (Мәшһүр-Жүсіп, Шығ.). Жайылған *б ә д е у и* де аттанастан барымта, батырлықпен мал табысқан (М.Дулатов, Шығ.).

БӘДИЯ [ар. **بادية**] з а т. е с к і. к і т. *Шөл дала. Б ә д и я д а* күн кешкен бәдәуи боп жаралдық, Әсте, тірі пендеге ойламаймыз жамандық (Ж.Қыдыров, Сәуір.). Қайран менің *б ә д и я м* жер жетпейді өзіңе, Мың Бағдатты берсе де, ілмес едім көзіме. Махаббат та осында, бостандық та осында, Ей жолаушы, тап мұңдә бізге келіп қосыл да (Ж.Қыдыров, Сәуір.).

БӘДҚҰНДЫЗ з а т. *Жүні күмісше жылтыраған, терісі қымбат, бағалы қара құндыз. Б ә д қ ұ н д ы з,* қара түлкі, түрлі жарақ, ілдіріп айқұш-ұйқыш сәнге қойған (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Мынау Махмедтің торқалы тоны. *Б ә д қ ұ н д ы з* бөркі (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай).

БӘДПАРАСАТТЫЛЫҚ [ир.**بد**] з а т. *Жаман, арам ойлылық.* Сондай қыла-қыла *б ә д п а р а с а т т ы л ы ғ ы* әшкере болды (Әбілғазы, Шежіре.).

БӘДПИҒЫЛ [ир. **بد**] с ы н. *Пейілі жаман, арам пиғыл, бұзық. Б ә д п и ғ ы л* неткен жансың залым, – дейді, Жас балаға жетті ме әлің, – дейді (Бабалар сөзі).

БӘДІЗ з а т. к ө н е. *Тастан шауып, қашалып жасалған мүсін, өрнек жазу.* Орхон жазбаларында тас мүсіндерді *б ә д і з* деп атаған (ҚҰЭ). Негізінде түркі жазбаларының ауқымындағы *б ә д і з* сөзі өлген ерлерді бейнелейтін тас мүсіндер және олардың жанына тізбектеле қойылатын кішірек тас бағаналарға (балбалдарға) қатысты айтылған (ҚҰЭ).

БӘДІЗДЕ= е т. *Қашау, жазу, өрнектеу.* Сосын сол жұмыр тастарға айқыш-ұйқыш айналдыра тиісті мәтінді *б ә д і з д е г е н* («Жас Алаш»).

БӘДІЗДЕЛ= е т. *Қашалу, өрнектелу, қашап жазылу.* Бұл салада мән-маңызы өте зор істің ұйытқысы болып, ежелгі түркі *б ә д і з д е л г е н* бітігіндегі Күлтегін ескерткішінің ғылыми көшірмесін Астана төріне орнатуға қазіргі ҚР Премьер-Министрдің қажырлы еңбегін айрықша атау парыз («Түркістан»). Ұшқан құстың қанаты талатын маң даланы шиырлай жортқан көшпелілер атының басын Мәңгі Тас Кітаптарға әдейі бұрып, оған *б ә д і з д е л г е н* өсиет пен ғибраттан, үлгі мен өнегеден, сыр мен жұмбақтан жандүниесі түлеп, намысы мен жігерін қайрап, отаншылдық сезімі рухтанып, тұла бойын шабыт оты кернеп, шаттанып, қанаттанып қайтатын болған («Жас Алаш»). **2.** а у ы с. *Бейнелену, жазылу.* Әнекиіңіз, тағы да сол «ерке болмыстың тәуелсіздігі», бірақ, басқашалау ыңғайда *б ә д і з д е л і п* тұрыпты («Жас Алаш»).

БӘДІЗДЕЛУ *Бәдіздел етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бітіктің *б ә д і з д е л у і.*

БӘДІЗДЕУ *Бәдізде етістігінің қимыл атауы.* Ал, енді, Енесай ескерткіштеріне руниканы тұтынғандар Таластікіндей табиғи өңдеген дөңбек тастарға емес, тау жынысты жартастардан сапалық төзімділігі мен ажарына қарай сұлу көрінетін граниттен өлшеп-пішіп, кесіп, тақтайлап шауып, бетінің кедірбұдырын жазып, тегістеп, мәтінді *б ә д і з д е у г е* дайындаудың технологиялық кәсіби шеберлігін меңгере бастаған («Жас Алаш»). Осыған орай, төлтума ұлттық ақпараттың, яки әріп таңбаларының кескінін пішіп, түрлі материалға *б ә д і з д е у* арқылы қоғамдық ойды білдірудің өзекті арнасы ежелден басталатыны даусыз («Жас Алаш»).

БӘДІЗШІ з а т. к ө н е. *Тастан қашап, қырнап, оймыштап түрлі бұйымдарды безен-*

діруші, өрнектеуші шебер. Руника беттеме жазуларына қарағанда бұл кездерде *б ә д і з ш і* деп аталатын тас қашаушы арнаулы шеберлер, баркетуші деп аталған құрылыс шеберлері болды (ҚазССР тарихы). *Б ә д і з ш і* – тас шабушы шебер (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). VI–XII ғасырларда *б ә д і з ш і*, сымбатшы деп аталған тас қалаушы арнаулы шеберлер болған (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Құрылыс жұмыстары тастан қашалатын ескерткіш-мүсіндер, күмбезді мазарлар мен сағана тамдар, балбалтас, құлыптас, бесіктас, қойтас, маматас т.б. *б ә д і з ш і л е р* қолымен жасалған (ҚҰЭ).

БӘДІК[1] з а т. к ө н е. **1.** *Малға, адамға жұғатын індет, айналма ауру. Б ә д і к* деген адамға, малға қасақы ауру, індеттің «тәңір иесінің» аты болуға тиіс (С.Сейфуллин, Шығ.). Жұқпалы ауруларға қарсы істелген жұмыстарының нәтижесінде *б ә д і к*, тілме аурулары азайды (Жаңарған өлке). **2.** ф о л ь к. *Ауру адамды, малды емдеу мақсатында он бір буынды қара өлең үлгісімен айтылған тұрмыссалт жырларының бір түрі*. Ауруды емдемек болып, аруағын шақырып зікір салғанда бақсылар өз сарындарына басқан *«б ә д і к»* жыры да сондай мақсаттан туған (М.Әуезов, Шығ.). *Б ә д і к* пенен той басқа, Ешкі менен қой басқа, Шайтан менен жын басқа, Бәйбіше мен күң басқа (Батырлар жыры). Айт дегеннен айтамын-ау, *б ә д і к т і*. Қара мақпал тоным бар бүрме әдіпті. От оттамай, су ішпей жата берсе, *Б ә д і к* емей немене бір кәдікті. Көш, көш, көш! (Айтыс). **3.** а у ы с. *Мылжың, мәнсіз, көп сөйлейтін адам*. Бәйбіше безді қасымнан *«б ә д і к с і ң»* – деді. Өзі таңдаған жалғызын жаны сүймеді (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). Сорың құрғыр, маңдайының соры арылмаған әлгі пенде, *б ә д і к* Серғазы, беті шімірікпестен құшақ жайып қарсы алғанын қарасаңшы (Б.Тілегенов, Көктем.). Қарсымын! Күңкіліне Этли мырза, Күңкілі оның – құр *б ә д і к*, сөзі қотыр (Бейбітшілік.). // *Мылжың, мәнсіз, бос*. Кейде оның былжыраған аузынан *б ә д і к* сөз ыршып кеткенде ғана қабағын шытынып, алара көз тастайды (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Қайсыбір май бөкселердің жұмсақ креслода мажыра боп манаурап отырып қиялына қашқан талай *б ә д і к* ойлары оп-оңай жүзеге асып жатады (Ә.Кекілбаев, Шығ.).

Бәдік айтты. *Бәдік жырын айтты*.

Бәдік айтыс. ф о л ь к. *Сиқырлау, арбау нанымынан пайда болған айтыс*. Сол өлең сөзді дерт, індетке қарсы қойып, ескі діндік ырым атқарады. Осындай жолмен, сол ескілікті дін нанымынан туған айтыс – *б ә д і к а й т ы с ы* болады (М.Әуезов, Әр жыл.).

Бәдік болған танадай. *Есеңгіреген, дел-сал болғандай*. Қызының «қалың малы» үшін алған бір пұт бидайын ағаш белсенді Әупейіс: «Салығыңды өтейсің» деп тартып әкеткенде Үкен *б ә д і к б о л ғ а н т а н а д а й* сілейіп қала берді (А.Хангелдин, Табыс.).

БӘДІКТЕЙ с ы н. *Бәдік ауру сияқты, бәдік тәрізді*. Екеуі де мәңгілікпен сырласқан, ұғысқан жардай, басы жұмыр пендені бірде аяп, бірде табалап, *б ә д і к т е й* айналдырады (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл). Қой аузынан шөп алмайтын бейбіт елді ишандардың, қожамолдалардың *б ә д і к т е й* айналдырған шағы шаяндай шақты (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

БӘДІКТІК з а т. *Бейбастақтық, әдепсіздік, есуастық, мылжыңдық*. Қапсағайдың қаһарынан қаймығып және бейпіл ауыз *б ә д і к т і г і н* бастықтарға айтып қоя ма деп сескенген Қоқым кешірім сұрап өзер құтылған (З.Жәкенов, Таң самалы). Тек аяп қана отырғам жоқ, жан сарайының күйзелісіне, улы қасіретіне куәгер боп отырмын, сондықтан дәл осы жерде *б ә д і к т і к* жасауға менің дәтім бармайды («Лен. жас»).

БӘЗ[1] е с і м. *Әлдебір, қайсыбір, сол. Б ә з* болыстар қарызға батып жүрсін, Бал деп ұрттап заһарды татып жүрсін (Бес ғасыр.).

Бәз баяғы. *Бұрынғы, бастапқы, өзгеріссіз, өз қалпында. Б ә з б а я ғ ы* аңғалдықпен, *б ә з б а я ғ ы* пәктікпен Әлдекімнен ойы суып, әлденеден бақ күткен (М.Шаханов, Ғасырлар.). Қу сүйектей қуарған жүзі бір сәтте күреңіте қалды да, артынша *б ә з б а я ғ ы* жүдеу қалпына қайта ауысты сырқат Жолдыбай (С.Омаров, Қайырлы.). Бізді қынжылтатын – үш-төрт күннен соң, мұның бәрі бітеді де, ...еліміздегі тілдік ахуал *б ә з б а я ғ ы* қалпына қайта түседі («Жас Алаш»). Осы қуанышты айтайыншы, семьясы алдында қалай қабылдар екен деген ой келді. Келсем, Дөңкең малын жайғап, қора шетіндегі күнгейде *б ә з б а я ғ ы* маңқиған қалпы тұр екен (Е.Тұрысов, Келіншектау).

Бәз баяғыша. *Қалпынша, ешбір өзгеріссіз, бұрынғыша*. Байқоңырдың қызыл-жасыл бәйшешегі мен ойдым-ойдым қарағаны да, мүлгіген айлы ашық түні мен сылдырап аққан Білеутісі де, көлбақаның құрылы мен сайраған құстардың үніне дейін – бәрі де *б ә з б а я ғ ы ш а* (М.Қаратаев, Дала.).

Бәз біреу. *Әлдекім, кейбіреу, белгісіз біреу. Б ә з б і р е у л е р* тіршілікте жүр бекер, Кейінгіге бір ісі жоқ үлгі етер. Өмір сүру оңай емес, сонда да Сол өз еркімен кім етер (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). Осы және басқа да бір-

қатар себептерге байланысты британиялықтар *б ә з б і р е у л е р* айтып жүргендей, Қазақстан «түрлі-түсті» революциялар шегінде тұр деп санамайды («Егемен Қазақстан»).

Бәз қалпы. *Баяғы, сол қаз қалпында.* Бізге арналған еншіңді *Б ә з қ а л п ы н д а* сақтаған, Анам бар деп сен сынды, Мен де ішімнен мақтанам (Ғ.Орманов, Таңд. шығ.).

Бәз қалпынша. *Сол күйінде, сол қалпынша.* Жирен *б ә з қ а л п ы н ш а* баяу шауып келеді (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

БӘЗ[2] з а т. с ө й л. ***Бөз.*** Россиядан Қазақстанға әкелініп сатылған нәрселер: дөрекі мауыт, шыт, *б ә з,* китайка (ҚазССР тарихы).

БӘЗ-БӘЙЕК: бәз-бәйек болды. *Жаны қалмай қызмет етті, құрдай жорғалады.* Шайды да кемпір құяды, Етті де кемпір пісіріп. *Б ә з-б ә й е к б о л ы п* тұрады Біткенше тамақ ішіліп (Т.Молдағалиев, Алатау.).

БӘЗ-БӘРІ е с і м. с ө й л. *Барлығы, барша-сы.* Бәрі, бәрі, *б ә з-б ә р і*, Қыстары мен жаздары Тұр музейде томсарып, Тұр қолына том алып (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

БӘЗБІР е с і м. *Кейбір, әлдебір.* Сонымен бірге, әкімдер ауысқан сайын сағызша созылып, қордалана түсіп түгесілмейтін *б ә з б і р* проблемалар да жеткілікті («Егемен Қазақстан»).

БӘЗБІРДЕ ү с т. *Кейде, кей кезде, кей уақытта.* Сол шешесі зердесіне құйған мейірім, әділет іздеу, жақсылық жасау – *б ә з б і р д е* тіршілік қарбаласы мен құштарлық әсерінен ұмтыла бастаған ба дерсің («Егемен Қазақстан»).

БӘЙ: **бәй тікті**. *Тұзу, тік ұстады, жоғары көтерді.* Әсем «алтын» шырмауық, сәнді сары жібек шырмауық қайсымызды таңдар екен деп бар өсімдіктер бастарын *б ә й т і г і н,* салтанаттана, сұлулана түсті (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

БӘЙБАТША з а т. с ө й л. ***Байбатша***. Бар еді шалдау орыс бақша баққан, Ол көрді ана екеуін ұрсып жатқан. Нең бар деп, антұрған құл, *б ә й б а т ш а д а*, Малайды келістіріп қойды жақтан (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). *Б ә й б а т ш а с ы* жүгірді тұра сала, «Тоқта – деді мырзаға атшы бала, – Аттан да, түлкіден де айырылмақ, Мен ұстайын, сен түлкіні ыстан қара» (Сонда).

БӘЙБІШЕ з а т. **1.** э т н. *Байырғы қазақ қоғамында көп әйел алған ер адамның жұбайылық мәртебесі жоғары бірінші әйелі.* Тап орта тұста басына қара желек жамылған Бөжейдің *б ә й б і ш е с і* аңырап отыр. Көзінен шын жас, зар жасы бірсін-бірсін ағып жатыр (М.Әуезов, Абай жолы). Баласының кеткенін *Б ә й б і ш е* сонда есітті. Ақ жұлынғы мойынында, Шамшырағы қолында (Қыз Жібек). Мінгені қыз Мақпалдың сұр-ды дейді, Ауызын *б ә й б і ш е н і ң* бұрды дейді (Базар жырау, Шығ.). Бәдік пенен той басқа, Ешкі менен қой басқа, Шайтан менен жын басқа, *Б ә й б і ш е* мен күң басқа (Қобыланды батыр // Батырлар жыры). Балаларының көші бұрын жөнеліп, озып кетсе, қонғанша Қара *б ә й б і ш е н і ң* аузында да, астында да дамыл болмайтын (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** *Жасы үлкен егде тартқан, жұрт сыйлайтын қадірлі, беделді әйел.* Сол минуттаақ ауылдың адамдары жиналып, Қалампыр *б ә й б і ш е* сабадан қымыз құя бастап, Сәрсенбай да Жамалға: – Тұр, қарағым, молдекеңе мал әкел! – деп әмір етті (М.Дулатов, Шығ.). Қош айтып *б ә й б і ш е г е* жүріп кеттім, Басы осы бізге жұққан қайғы-дерттің. Сап көңілім судай тұнық былғанды енді Не қылса, үкімі күшті құдыреттің (М.Сералин, Қаз. әдеб. хрест.). **3.** *Әйелі, жары.* Прасковья Петровна – *б ә й б і ш е с і*, Оның да түгел еді әр немесі. Сонда келіп карта ойнап, сауық салып, Қызық күндер өткізген көршілесі (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Келсек, Монтьевтің өзінен де семіз, шикі сары ашық мінез, жайдары *б ә й б і ш е с і* қораның көлеңкесіне киіз жасап қойған екен (Б.Момышұлы, Ол күндер.). **4.** *Жасы үлкен әйел адамды сыйлау, құрметтеу мәнінде айтылатын атауыш. Б ә й б і ш е,* қош болыңыз! – деп әжеме арнаған сөзін де әйтеуір міндет санап, иегінен оздырмай, жүрдім-бардым айтып бөгелместен шығып кетті (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). Ертең, ерте елең-алаңда тұрып, әлгі қонақ үй иесі кемпірге: «*Б ә й б і ш е,* не нәрсеге мұқтаж, ділгірсіз?» – деп сұрапты (С.Сейфуллин, Шығ.).

Бәйбіше келі. *Науат, қант, құрт тұюге арнайы жасалған шағын келі.*

БӘЙБІШЕДЕЙ с ы н. *Бәйбіше сияқты, бәйбіше тәрізді.* Ниетті біз ойлаған бай да сезді, Паңданып *б ә й б і ш е д е й* айтты сөзді: Қырыңа сорлы кедей екпе мақта, Бақыт жоқ, бола алмайды еңбек езгі (Үш ғасыр.). Сонда да ол маған көпті көрген, үбірлі-шүбірлі болған салиқалы *б ә й б і ш е д е й* көрінді (С.Омаров, Өмір.).

БӘЙБІШЕЛІК з а т. **1.** *Бәйбішеге тән қасиет, іс.* Қаражан күйеудің ертіп келген әншісі сүлік қара мұрт, құба жігіт байлықты мақтап, *б ә й б і ш е л і к т і* даттап өлең айтып отыр (Д.Әбілев, Ақын.). **2.** *Бәйбіше орны, мәртебесі.* Демек, сол кезде қытай патшалықтары Батыс өңірдің ару қыздарын *б ә й б і ш е л і к к е* алып, олардың өлең-билерін (өз ордасында ұстап) тамашалауға құмар болғандығы Батыс өңірдегі қаңлы қатарлы елдердің

ойын-сауық өнерінің құдіреті болса керек («Парасат»).

БӘЙБІШЕСЫМАҚ з а т. э к с п р. *Өзін бәйбіше сияқты көрсеткісі келетін, еліктегіш әйел.* Бірақ Калитиндер үйіне Марфа Тимофеевна келген соң, Агафья онымен сыйыса алмады. Шыдамсыз, өзімшіл кемпірге бұрынғы *б ә й б і ш е с ы м а қ т ы ң* салық салмақтылығы ұнамады (М.Әуезов, Шығ.).

БӘЙБІШЕ-ТОҚАЛ з а т. *Көп әйел алған адамның бұрынғы-кейінгі әйелдері.* Көп иті байдың бекінді, Жабыла сүйек, қан аңсап, *Б ә й б і ш е - т о қ а л* секілді Бажылдақ, бақас, жарамсақ (Ж.Молдағалиев, Шығ.). Қос әйелі бар деп жазады, көдімгі феодал, *б ә й б і ш е - т о қ а л* деп кекесін дауыспен күлді. Мынау өскелең заманда бұған не деуге болады, ә! (Ж.Жұмаханов, Үш бәйтерек). Неше қабат *б ә й б і ш е - т о қ а л* боп жатқанмен, Құнанбай бұлардың араларындағы араздық болса, лезде жойып отырады (М.Әуезов, Шығ.).

БӘЙГЕ[1] з а т. **1.** э т н. *Қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан ат жарыстыратын дәстүрлі ұлттық спорт ойындарының бір түрі, ат шабысы.* Қатардан қазақ сорды қалдырмасқа *Б ә й г е д е* ұлы дүбір жарысқаның (М.Дулатов, Шығ.). *Б ә й г е* – халық арасына ертеден кең тараған, ең қызықты сайыстың түрі. *Б ә й г е г е* қосылатын жүйрік аттар күні бұрын дайындалады. Күннің ыстық мезгілінде бір айдай жаттығу ұйымдастырып, аттың терін шығарып отырады. Ол үшін аттың денесін жабулап, жазық жерде шаптырып, өрге қарай желдіреді («Парасат»). Ия, бұл *б ә й г е* аз емес, Ақан серінің Құлагері де бір жарыста бәйгесіне мың сом алған жоқ шығар! Мұнысы былай тұрсын (С.Сейфуллин, Шығ.). **2.** *Еңбекте, өнерде, спортта жеңімпаздарды іріктейтін жарыс, сайыс.* Бірақ аңшылық бәсекесі – өзі *б ә й г е* (М.Әуезов, Абай). Мәдениет *б ә й г е с і н д е* алда келе жатқан жұрттың қатесі кейінгіге сабақ. Алдыңғы келе жатқан жұрттың жығылған жары, сүрінген томары кейінгінің бетін еріксіз бұрғызады (М.Әуезов, Шығ.).

Аламан бәйге. э т н. *Қазақтың ертеден келе жатқан ұлттық ойынының түрі, ат жүз шақырым қашықтыққа дейін шабатын бәйге.* Құнан бәйге, дөнен бәйге, *а л а м а н б ә й г е*...көкпар, қыз қуу сияқты ұлт ойындары өзінше бір төбе («Қаз. әдеб.»). Бүкілодақтық жарыстың ең жас қатысушысы 14 жасар Тұрсынқұл Әбдікадыров енгізіліп отыр. Жұртшылық оның *а л а м а н б ә й г е д е* атқа шапқанын көретін болады («Қаз. әдеб.»).

Бәйге ат. *Бәйгеге қосатын, жаратқан жүйрік ат. Б ә й г е а т т ы ң* мүсінін сынауда Абай үлкен білімділік, байқағыштық танытады (М.Әуезов, Әр жыл.). «Жел қақпасын, күн соқпасын» делінгендіктен *б ә й г е а т* жазды-гүні сәскеден кіші бесінге дейін қорада не киіз үйде ұсталады. *Б ә й г е а т т а р ы н а* 8–10 жастағы салмағы аз ұл мен қыз балалар мінеді. Моңғол балалары 3–4 жасынан ат үстінде өскендіктен шабандоздыққа икемді келеді («Парасат»). Қазір де «Құлатөбел», қасқатай, «Көкжорға» деген *б ә й г е а т т а р ы н* баптап отырмын («Егемен Қазақстан»).

Бәйге атындай. *Бәйгеге қосатын, жаратқан жүйрік аттай.* Пәленше ауылнайлыққа ылайық деп Ынтымақ не қылса да, қылайық деп. Бір сорды *б ә й г е а т ы н д а й* алып келер Ғаммәміз сертте мәхкәм тұрайық деп (М.Дулатов, Шығ.).

Бәйге атындай аңқылдады. *Ағыла, тоқтамай сөйледі, мұдірмеді, ақкөңілденді.* Адам деген даңқым бар, Адам қылмас халқым бар. Өтірік пен өсекке *Б ә й г е а т ы н д а й а ң қ ы л д а р* (Абай, Тол. жин.). Білімділер сөз айтса, *Б ә й г е а т ы н д а й а ң қ ы л д а п* Өзгелер басын изейді, Әрине деп мақұлдап (Абай, Тол. жин.).

Бәйге бала. *Бәйге атына мініп шабатын бала.* Мінгізіп *б ә й г е б а л а* жайтаңдатып, Аулына ас бергеннің тақау келді (І.Жансүгіров, Өлеңд.).

Бәйгеге қосты [салды]. *Атты жарысқа жіберді.* Олжан торы атын жыл бойы баптап күткен еді. Осы тойда *б ә й г е г е қ о с т ы* («Лен. жас»). Үмбетәлі өз совхозының озаттары тапқан табыстарды Қазақстан өнерпаздардың слетіне әкеп *б ә й г е г е с а л м а қ қ а* уәде берді (М.Әуезов, Шығ.). *Б ә й г е г е* ат *қ о с с а ң*, атыңды тартыспайтұғын ағайын атың келсе, бәйгесіне өкпелейтұғыны қалай (Абай, Тол. жин.).

Бәйге жарияланды. п у б л. *Белгілі бір іс-шара, бастамаға ерекше жобаларды, сондайақ көркем әдеби, публицистикалық туындылардың жоғары деңгейлісін іріктеу және марапаттау үшін жалпы көпшілікті құлақтандырып, басылым беттеріне байқау жарияланды.* Астанаға қоныс аударып, жаңа қаланың негізгі нобай-нұсқасын кім жасайды деп *б ә й г е ж а р и я л а н ғ а н* 98-ші жылдың қақаған қысында күншығыс елінен келген сәулетші Кисе Курокавасанның сөзі құлағында қалыпты («Егемен Қазақстан»).

Бәйгенің алдын бермеді. а) *Қуса жетіп, қашса құтылатын жүйрік болды, жарыста озып шықты.* Ас пен тойда *б ә й г е н і ң а л д ы н б е р м е й* жүрген бір торы атты апақ-сапақта мінеді де тартып береді (Қаз. ертег.). ә) *Үнемі жүлдегер болды, алдына жан салмады.* Шоңбайдың қатар жатқан көп елге *б ә й г е н і ң а л д ы н б е р м е й* қойғанына екі-үш жыл

(Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Қасен, Мақтанғанда *бәйгенің алдын бермейсің* (Д.Еркінбеков, Шығ.).

Бәйге төбе. *Ат жарысында бәйге қосатын дөңес жер, төбе.* Тек әрбір өмір, әрбір талаптың өзінің жететін бір *бәйге төбесі*, қарақшысы болады ғой (М.Әуезов, Абай жолы).

Жаяу бәйге. *Жаяу адамдардың жарысы.* Енді *жаяу бәйгеден* озып келгенге беремін дейді (Қаз. ертег.).

Жорға бәйге. *Жорға аттардың жарысы.* Көкпары, теңге алмақтар болып жатыр, Талайлар аттан құлап талып жатыр. Тоқ бәйге, *жорға бәйге,* құнан бәйге Біреу озып, біреулер қалып жатыр (Н.Ахметбеков).

Құнан бәйге. *Үш жасар жылқы жарысы.* Медетбай қыз ұзатқан отау жауып, *Құнан бәйге* алады оза шауып. Етпекке бір үлкен той жеті болды, Қымызын жиғанына бие сауып (XX ғ. қаз. ақын.). *Құнан бәйге*, дөнен бәйге, аламан бәйге...көкпар, қыз қуу сияқты ұлт ойындары өзінше бір төбе («Қаз. әдеб.»).

БӘЙГЕ[2] з а т. э т н. *Жарыста озып шыққандарға берілетін жүлде, сыйлық.* Аздан соң үйреніп ап орыс әйелінің алдына шықты. *Бәйге* алды. Биыл біреуі тағы солай бастап, қазірде ол да *бәйгеге* ілініп отыр (М.Әуезов, Шығ.). Мінгенім астымдағы шым қаракер, Маңдайдан ашуланса шығады тер. Серттесіп топ ішінде сөйлесейік, Жеңілсең, тоғыз қылып *бәйгемді* бер (Ә.Диваев). Қырман басында алған *бәйгесін* байлағаны – бәрі, бәрі есіне түсті (К.Қазыбаев, Ызғар). Аш үйқыңды, ал қазақты матбуғат, Шетке қақпа, біздің жұрт болсын шат. Талапкерлер майданында жарысып, *Бәйгесіне* алып шықсын мағлұмат (М. Дулатов, Шығ.). «Осындай қарақшыға» жеткен аттар ғана ең бірінші *бәйгені* ала алады деп айқын көрсету керек (С.Сейфуллин, Шығ.). Мүмкін, бұл поэмалар *бәйгеге* арналып жазылғандықтан, сондай кемшіліктер кеткен шығар (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

Бас бәйге. *Бірінші сыйлық, негізгі жүлде.* Көзіңді салдың тұрғыға, Бейнетін қиын көрмедің, Бірге оқыған құрбыға *Бас бәйгені* бермедің (Абай, Тол. жин.). Осыдан жиырма жыл бұрын Ақаң Қазақстан Автономиясы тойындағы күресте *бас бәйге* алған (А.Машанов, Жер асты.). *Бас бәйге* жеңген американдық «Chevron Texaco», испандық «Repsol», «Cepsa» түріктің «Tupras» концерн «ENI» мен француздық «Total» мұнай компаниялары («Түркістан»).

Басын бәйгеге тікті. *Неге болса да шыдауға тәуекел қылды, бел буды.* Ол бір кездерде Джек Лондонның «Мексикан» деген әңгімесіндегі революция үшін *басын бәйгеге тіккен* Риверaның қайсарлығына қабағат еліктеген бала еді (Ф.Дінисламов, Ұшқын). Барлық солдат қарады, Жорық дауыл күткендей. Уақытты іштен санады, *Бәйгеге басын тіккендей* (Ж.Саин, Таңд.).

Бәйге алды. *Сыйлыққа, жүлдеге ие болды.* Сол кісінің айтуына қарағанда Саттар профессор Медведевтің жетекшілігімен «Орыс неоромантизмі және қазақтың ұлттық әдебиеті» – аталатын диплом жұмысын өте жақсы қорғап, *бәйге алыпты* («Түркістан»). Халықты тура жолға салған Бозбай, Уағыздап шариғаттан кеңес қозғай. Әлеумет жарықтыққа сүттей ұйып. *Бәйге алмас* мұнан артық ешкім озбай (М.Дулатов, Шығ.). Мәстек озып *бәйге алды*, Тайынша бұл боп, тай қалды, Бағасыз қыран жай қалды, Достықтың қылы үзілді (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Бәйге мүше. *Тиісті үлес, сыбаға.* Қазақ жері тартылды, қазынаны күшті жалдап іздемегенге *бәйге мүше* жоқ («Қазақ»).

Бәйге тікті. а) *Озғанға берер жүлде тағайындады, сыйлық белгіледі.* Саудагердің жүгімен Еділдетіп отырып Баку қаласына келдік. Біз келген кезде Баку байларының *бәйге тігіп*, балуан күрестері болады дегенді естіп, циркке билет алдық (І.Жансүгіров, Шығ.). ә) *Бәстесті, бәс қойды, бәс тікті. Бәйге тігіп* жарысқан, Көркейтуге ұлы істі, Жаңартуға тұрмысты, Талқандаған ескіні – Социалдық серт көрем (Ж.Сыздықов, Түйіскен.). Ал Қарсақ, Борсақ жарысы болады. Жеңеше, балуанның қайсысы, *бәйгеңді тік* (М.Әуезов, Шығ.).

БӘЙГЕАЛАҢ з а т. с п о р т. *Ат спорты жарысын өткізетін арнайы жабдықталған алаң. Бәйгеалаңның* айналым жолының ұзындығы 1600–3000 м, ені 20–40 м, жол табаны гудрок, саз, құмды араластырылып жасалады (ҚҰЭ). Қазақстанда Астана қаласындағы «Құлагер», Алматы *бәйгеалаңдарында* республикалық, халықаралық жарыстар, мерекелік салтанаттар өткізіледі (ҚҰЭ).

БӘЙГЕДЕЙ с ы н. *Бәйге сияқты, бәйге тәрізді.* Алатауды жүлгелей Қуа соққан желдейін, Көк жайлауда *бәйгедей* Келді дала дабыры (І.Жансүгіров, Өлеңд.).

БӘЙГЕЛІ с ы н. *Бәйге тігілген, бәйгесі бар. Бәйгелі* жерде бақ болған, Сіздей жүйрік тұлпарға. Қайғырмаңыз, ханзадам, Келмей тұр аузым айтарға, Батырың өтті Бөгембай (Үш ғасыр.). Қайтсем де *бәйгелі* жерге баруым керек. Иван, көрсет маған дулығаны (Ж.Аймауытов. Шығ.).

Бәйгелі жер. *Бәс тігілген жарыс, жүлделі кез, мезгіл.* Құрысын той өткен соң алдағаның!

Шекеннен бір озу ед бар арманым. Есімнен өлеөлгенше кете қалмас, *б ә й г е л і ж е р д е* мені жер қылғаның (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БӘЙГЕЛІК з а т. *Бәйгеден озып келушілік, жүйріктік.* Жел жетпес құйын-қаңбақ сәйгүлігің; Жүйрігім, маған аян, *б ә й г е л і г і ң*! Серт майдан биылғы егіс өте-мөте, Есіңе ал оның жұртқа әйгілігін! (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

БӘЙГІ з а т. с ө й л. ***Бәйге.*** Пайданы көрсең бас ұрып, Мақтанды іздеп, қайғы алма. Мініңді ұрлап, жасырып, Майданға түспей, *бәйгі* алма (Абай, Тол. жин.). *Б ә й г і д е н* келген буданды Жасында жемдеп бағады (Базар жырау, Шығ.). Келіп отыр Жазылбек, Қос жұлдызы жарқырап, Жылда алады *б ә й г і н і*. Еңбек Ері атанған Ділдаш отыр әйгілі (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Мұнымен қатар, елдің болымсыз ойынынан, болымсыз күлдіргі әңгімелерінен, ертегі жырларынан шыққан кішкене театрларды алсақ, олар заман озған сайын буын-буын болып тұрған ірі жазушылардың тартуына ілініп, *б ә й г і г е* қосылған аттай ілгерілеп, алды ашыла берген, ел тіршілігінің дәл өз топырағынан туған кішкене театрлар кейінгі заманның ірі жазушыларына бет-бағыт белгілеп бергендей болды (М.Әуезов, Шығ.). Сөреге жетейін деп қалған *б ә й г і* атының тізгін-шылбырын қағып алып, жетектей жөнелу, тарту. Тұрғаны сезе қойған ат қағарға, Қамшыны көксағымға басты бала (С.Керімбеков, Еңбек-ата).

БӘЙГІЛІ с ы н. с ө й л. ***Бәйгелі.*** Қайтсем де *б ә й г і л і* жерге баруым керек (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БӘЙЕК[1] з а т. *Шөбі қалың өскен шабындық.* Ысмағұлдың сиыры *б ә й е к т і ң* қақ ортасымен жүріп, қалпетімен жапырып кетеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жұлқарбайлар жеті атасынан шауып келе жатқан *б ә й е г і н* не ғып оп-оңай бере қояды? – дегеннен әрі аса алмады (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны). Қайырбек пен Имаш та бар, – «Жер бөлінсін! Баяғыдан бері бір *б ә й е к* шөпке ие болып көргеміз жоқ» (Б.Майлин, Шығ.).

БӘЙЕК[2]**: бәйек болды [қақты]**. а) *Жаны қалмай құрдай жорғалады, құрақ ұшты; астыүстіне түсіп, ілтипат көрсетті.* Әділ қатты науқастанды. Тұрған болысы үйішімен *б ә й е к б о л ы п* күтсе де, жат жерде жалғыз жүріп ауырған қандай қиын? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). *Б ә й е к б о п* ғазиз анаға, Тоқберген жүрді елпектеп. Ап шығып сүйеп далаға, Ап кіріп жүрді жетектеп (М.Мақатаев, Шығ.). Ақбала бойы ауырлап, отырып-тұру қиындап қалғанына қарамай, қонақ келгелі [Тәңірберген] *б ә й е к б о п* ұшып-қонып жүр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). ә) *Жағымпазданды, жарамсақтанды.* Әбекең *б ә й е к б о л ы п* Байбол сөйлеген сайын «солай, солай» деп қояды (Б.Майлин, Шығ.). Төре көрсе, жалаң бас шұлғып билеп, *Б ә й е к б о п*, Әулиедей ізін сүймек. Елге келсе, өтірік мақтанатын, Қорқайын ба, ұлыққа айттым сүйдеп (С.Торайғыров, Шығ.).

Бәйек етті. *Құрдай жорғалатты, айтқанын істетті, зыр қақтырды.* Шешеден жастай қалып, осындай көңілшек әкенің бауырында беті қағылмай өскен Сапар өз қалағанының бәріне оны *б ә й е к е т е т і н і н е* әбден көзі жетіп, еркелікке салынып алған (М.Иманжанов, Көк белес).

БӘЙЕКТЕ= е т. *Асты-үстіне түсу, бәйек болу, жаны қалмау.* Аясында балалары ұшып-қонып *б ә й е к т е й д і*, Балажан бұл аналары өсіруге өбектейді (З.Қалауова, Таңд.).

БӘЙЕКТЕГІШ с ы н. *Құрдай жорғалап қошемет көрсеткіш, жарамсақтанғыш, бәйек болғыш.* Қыздар жігіттің неғұрлым көңіл аулағыш, өбектегіш, *б ә й е к т е г і ш* келгенін ұнататынын білмейтіні ме? (Б.Аманшин, Жар мұңы).

БӘЙЕКТЕН= е т. *Ар жағынан бір, бер жағынан бір шығып жүру.* Бұны сезінген сайын қызыл құлын шыж-көбелек боп, *б ә й е к т е н і п*, бауырынан іріді (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

БӘЙЕКТЕУ *Бәйекте етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Б ә й е к т е у і* несі?

БӘЙЕКТІК з а т. *Бәйек болушылық, жіксжапарлық, кішіпейілдік.* Баубектің әжесінің аналық ақ тілегі, немересін жамандық атаулыдан арашалап ұстағысы келетін *б ә й е к т і г і*, содан туған спорт жөніндегі кейбір түсінігі қызықты түрде, күлдіргі тілмен берілген («Халық мұғ.»).

БӘЙЕ-ШӘЙЕ с ы н. с ө й л. ***Бая-шая***. Біз қызғыштың ұясына тимейтінбіз, оның тек *б ә й е-ш ә й е* боп, төбемізден тырылдай айналып ұшқанын ғана қызық көретінбіз (Н.Ғабдуллин, Өмір.).

БӘЙПЕК: **бәйпек қақты**. *Бәйек болды, жалпаңдады.* Құсайынның да алдынан *б ә й п е к қ а ғ ы п*, уын ішіне сақтап, сыртын жылмаңдатып ескі сары сүйексініп, Құсайынды қонақ қылып сыйлап қайырған (І.Жансүгіров, Шығ.).

БӘЙПЕКТЕ= е т. *Бәйпең қағу, жорғалау.* Сіз бе еді? – ақын аға Майкөт деген, Бір сөзі бір сөзінен қайта өтпеген. Саңқылдап сарайыңнан өлең шықса, Именіп, өзге ақындар *б ә й п е к т е г е н* (Жамбыл, Шығ.).

БӘЙПЕКТЕУ *Бәйпекте етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Б ә й п е к т е у і* қалай?

БӘЙПЕҢ: **бәйпең қақты**. *Бәйпектеді, бәйек қақты.* Қорқақтап қорғалап, *Б ә й п е ң қ а ғ ы п* жорғалап. Батырлар атқа міністі. Мылтықтарын асынып, Беліне байлап қылышты (Ү.Кәрібаев, Таңд.).

БӘЙТЕРЕК з а т. **1.** <лат. populus italica> *Биіктігі 40 метрдей, қалың қабықты, бұтақтары тармақталмай тік өсетін, жапырақтары жалпақтау келген тал тұқымдасының терек туысына жататын ағаш; мырзатерек.* Заулап біткен *б ә й т е р е к* Панасы кетіп бұл күнде Үй ағашқа жарамас, Қисық біткен тал озды (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Тоқсанда – торға түсіп торығарсың, *Б ә й т е р е к* құлап түскен қырқылмай-ақ. Келбетің келіспейді, кейпің нашар, Құр кеуде кебенексің, шешінбей-ақ (О.Шораяқов, Шығ.). Бір бұлақ суы тұнық ағып жатыр, Қасында бір *б ә й т е р е к*, сыпа тас тұр. Жіберіп атын отқа шөп жесін деп, Отырды ол сыпаға Имам батыр (Діни дастандар // Бабалар сөзі). **2.** а у ы с. *Мықтылық, зор болушылық, саясы молдық.* Алла жар, көзім көріп мақтаймын, *Б ә й т е р е к* саясы үлкен – жалғыз өзің (Бес ғасыр.). Көркем сөз бақшасының *б ә й т е р е г і* Қалдырдың асыл сөзді ұрпаққа арнап (М.Жансаева, Ана жүрегі.). Қас *б ә й т е р е к* жығылып, Жығылғаны естіліп, Алыстағы дұшпанның Қуанып көңілі тынған күн (Махамбет). Жалған ба сөзі, рас па, Түбінде байқап сынарсыз. Саяңа қонған біз шымшық, Сіз *б ә й т е р е к* – шынарсыз (У.Кәрібаев, Таңд.). **3.** а у ы с. *Тірек, таяныш, сүйеніш, қорған, пана.* Моласына барып түнейтін күндерім де болатын. Қайтіп қайғырмайын-ау, ол менің *б ә й т е р е г і м* еді ғой (Ғ.Сланов, Домбыра.). Ажал болып жолыққан бір жүгермектің жаңылыс қадамы әдебиеттанудың алып *б ә й т е р е г і н* құлатып кетті («Түркістан»).

БӘЙТЕРЕКТЕЙ с ы н. **1.** *Бәйтерек сияқты.* Рулы ел Қарамұрат аз ғана Игіліктің жемі болып келген. Кәзір Қарамұраттың ішіндегі кішкентай ғана бір ячейка *б ә й т е р е к т е й* Игілікті түбірімен солқылдатып тұр. Ертең құлатады (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Бұл дүнияның жүзіне Қанша асыл келсе де, Баршасын өлім алып тұр *Б ә й т е р е к т е й* бұтарлап (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Болдық бүгін жазушы кітабы жоқ, Құмарпаздай қолы бар ұтары жоқ. Көздеуі бар мергендей атары жоқ, *Б ә й т е р е к т е й* сидиған бұтағы жоқ. Бәрінен де сұмдығы іштен жылап (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). **2.** а у ы с. *Биік, зор.*

БӘЙТЕРЕКШЕ ү с т. *Бәйтерекке ұқсап, бәйтерек сияқты.*

БӘЙТОЛЛА [ар. بيت الله] з а т. д і н и. *Меккедегі Қағба мешітінің діни аты.* Жығылғанды түрғызсаң, Жылағанды уатсаң, Қисайғанды түзетсең, Тәңірінің үйі *б ә й т о л л а*, Сұлтан ием, қарсы алдыңда жасапты (Шалкиіз ақын // Алдаспан). Кемесай, қажы Макен, ар жақта Әйіп, Бет алып, *б ә й т о л л а ғ а* өрістеген. Бір түгіл *Б ә й т о л л а ғ а* үштен барып, Жер бар ма бұлар барып көріспеген (Ы.Шөреков, Шығ.).

БӘЙТӨБЕТ з а т. **1.** *Сырттан, төбет ит.* Сонымен қатар бұл үш бөрі өте сақ, қайсар, қажырлы, әлді аңдар. Жүйрік ілкімді аттары, алыса кететін *б ә й т ө б е т і* бар ауылдарға бұл үшеуі сирек жанасады (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). **2.** а у ы с. *Ересектеу балалардың я адамдардың ерсі қылықтарын жаратпағанда айтылатын зілсіз әрі кекесінді сөз.* Әрі-беріден соң алты алаштың ол – бірі, мен бірі, – деді ол Қартайлақтың *б ә й т ө б е т* деп отырғаны Қаратай екенін біліп (А.Жүнісов, Өмір ізі).

БӘЙШЕШЕК[1] з а т. ө с. <лат. crocus> **1.** *Қар кетісімен шығатын, қызғалдақ құртқашаштар тұқымдасына жататын, тамыр түйнекті көктем гүлі. Б ә й ш е ш е к*, балауса, гүл балдырғандай, Қаратып шырайына талдырғандай (І.Жансүгіров, Өленд.). Пияздың, жауқазынның, *б ә й ш е ш е к т і ң*, баданалардың бүршік қабыршақтары – төменгі жапырақ категориясы, – дейді (Т.Мұсақұлов, Өсімдік. анат.). **2.** *Дала гүлдерінің жалпы аты.* Ең әуелі жас шалғыны, *б ә й ш е ш е г і* толықсып өсіп тұрған соны қонысты алады (М.Әуезов, Әр жыл.). Жазды күн шілде болғанда, Көкорай, шалғын *б ә й ш е ш е к* Ұзарып, өсіп толғанда (Абай, Тол. жин.). Жер жүзін көк шөп басып түрленгендей, Қызарып *б ә й ш е ш е к т е р* гүлденгендей, Киініп қыз-келіншек жарқылдайды Бір түрлі жаңа тұрмыс түрге енгендей (С.Торайғыров, Тол. жин.).

БӘЙШЕШЕК[2] з а т. ж е р г. ***Айдар.*** Тауықтың басындағы *б ә й ш е ш е г і* жұлыныпты (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БӘЙШЕШЕКТЕЙ с ы н. **1.** *Бәйшешек сияқты.* Алыста ауыр азап шеккен бауырым, Қураған *б ә й ш е ш е к т е й* кепкен бауырым. Қамаған қалың жаудың ортасында, Көл қылып көздің жасын төккен бауырым (М.Жұмабаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Құлпырған, қызылды-жасылды.* Тірелген дүние жасауға *Б ә й ш е ш е к т е й* түрленіп, Орданың іші жайнаған (Базар жырау, Шығ.). Сүзілген құйрық, жалы өңшең жайдақ, Балалар *б ә й ш е ш е к т е й* шыттар байлап, Бәйгеде бәсекемен бақ сынасқан Қалың ат келді айнала кетті қайнап (І.Жансүгіров, Өленд.). Жас тәнім ажарланып күннен күнге, *б ә й ш е ш е к т е й* құлпырар түрден түрге. Талпынам асыққандай жігіттік-

ке Ұқсайтын жүзім гүлге, шаш сүмбілге (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

БӘЙШЕШЕКТІ с ы н. *Көкорай шалғыны, бәйшешегі мол.* Мұржасынан қара түтін будақтап, алтын соқпақтан алыстап кеткісі келмеген ол кеме көкорай шалғын *б ә й ш е ш е к т і* белеңнің ар жағында түрған алып заводқа ұқсайды (Ә.Нұршайықов, Батыр.).

БӘЙШӨҢГЕЛ з а т. с а я т. **1.** *Он екі түлеген кексе бүркіт.* **2.** а у ы с. *Адуынды, тегеурінді батыр.* Абыз: ...Табанды би майталман шығар ма? Еліне қайырым қылар ма? Текпілі батыр *б ә й ш ө ң г е л* шықты ма, бетінен жау ықты ма? (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

БӘЙШІКЕШ с ы н. э к с п р. с ө й л. ***Байшікеш***. Совет үкіметіне салық ретінен наразы болып жүрген кейбір *б ә й ш і к е ш* мұжықтармен астыртын сөздес болып, байланыс жасап жүргендері де сезіледі (С.Сейфуллин, Әңгім.). Ауылдас жамағайын Күләндамен, Құда боп, Есметке осы уәде берген. Сондағы он шақты үйдің *б ә й ш і к е ш і*, Бір сумаң кемпірі бар Жәніш деген (Ж.Саин, Таңд.).

БӘЙШІК з а т. ж е р г. *Қыста отыратын, ағаштан, кірпіштен салынған жылы үй.*

БӘЙІТ [ир. بيت] з а т. **1.** д і н и. *Ораза кезінде айтылатын жарапазан сарынындағы жыр, өлең.* Аса сәнді биік күмбезді бір-екі бөлменің арасындағы маңдайшаға тағы да көз тартар көрікті тастармен оюланып жазылған *б ә й і т к е* көзім түсті (М.Әуезов, Индия очерк.). Науқасың меңдеу тартты дегеннен соң, Жыладым *б ә й і т* айтып үш күн ұдай. Дауысымды танымайсың, атым Әсет. Мен келдім әдейі іздеп көңілің сұрай (Айтыс). **2.** ә д е б. *Бір мақаммен, сарынмен айтылатын қос тармақты, егіз үйқасқа құрылған өлең шумағы.* Ұнаса сөзім, ағалар, Аз ғана *б ә й і т* шығардым. Көкіректегі шер үшін (Ғ.Қараш, Шығ.). Гәнжауи Низами, Әлішер Науаи өлеңдері *б ә й і т* түрінде жазылған (ҚҰЭ). Бұ кітап нәсір екен, назым емес, Нұсқа қылған кітабым жазым емес. Көрген соң *б ә й і т* қылып шығарсам деп, Бір азырақ көңіліме салдым кеңес (Хикаялық дастандар // Бабалар сөзі).

БӘЙІТСЫМАЛ с ы н. с ө й л. *Бәйітсымақ, өлеңсымақ.* Әуелі аят, хадис-сөздің басы, Қосарлы *б ә й і т с ы м а л* келді арасы. Қисынымен қызықты болмаса сөз, Неге айтсын пайғамбар мен оны Алласы (Абай, Тол. жин.).

БӘЙІТШІ з а т. *Бәйіт айтатын адам, зікірші.* Бұрынғы *б ә й і т ш і н і* білемісің? Мен айтсам, оның кім деп күлемісің. Сабырбай, Жанақ, Шөже, Кеншімбай деп, Түк білмей онан өзге жүремісің (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). *Б ә й і т ш і н і* «зікірші» дейді. Әндеткен бәйіттерін ол салқын қанмен емес, қызына, еліре айтады (С.Мұқанов, Алып. адым.). Ондай ғып еш *б ә й і т ш і* жаза алмаған, Нақысын шын келтіріп қаза алмаған. Кітабын Фзулидің іздеп тауып, Кез болды былтырғы жыл азар маған (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

БӘЙІТШІЛІК з а т. *Бәйіт айтушылық, ақындық, жыршылдық.* Гомерге *б ә й і т ш і л і к т і г і* себепті, Софоклге трагедиясы себепті, яғни біреудің сипатына түспектік, Зевксиске суретшілігі себепті таңырқаймын деп, соған ұқсаған, неше онан басқа өнерлері әшкере болған жандарды айтты (Абай, Тол. жин.).

БӘКЕЛТЕК с ы н. *Бәкенелеу, аласа.* Изенбай қарағым, бабаң жаудан қайтпаған, бар ұстас, – деп қарсы топтан *б ә к е л т е к* сары қопаң етті (С.Сматаев, Армысың.).

БӘКЕН з а т. ж е р г. к ә с. ***Бакен*** *(балық аулайтын жерге қойылған белгі, көрсеткіш). Б ә к е н* тұрған жерді өздері ғана пайдаланып балық аулайтын (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БӘКЕНЕ с ы н. *Тапал, аласа, төлпелтек.* Ульянов әлдеқандай ойда отыр Аясында *б ә к е н е* өскен шыршаның (М.Мақатаев, Шығ.). Үйлері біздің Тұйықтың үйлеріне ұқсайды. Жайпақ төбелі, *б ә к е н е* там үйлер (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Айлар бойы мұхитта жүзіп, қара жерге аяғы жаңа тиген теңізшідей Бақтияр машинасын гаражға қойып, темір қақпаның кісі кіретін, *б ә к е н е* есігінен талтаңдай шығып келеді (М.Сүндетов, Қызыл ай).

БӘКЕНЕЛІК з а т. *Аласалық, қысқалық.* Осы *б ә к е н е л і г і м н е н*-а қ бәлеге қалдым-ау. Әкеме тартып, бойым тапал болған (Н.Сералиев, Ыстық күлше). *Б ә к е н е л і г і ң* апама тартқаннан, мына мен сияқты көкеме ұқсап тумаймысың (М.Сүндетов, Құмдағы.).

БӘКЕНШІ з а т. с ө й л. ***Бакенші*** *(кемені қауіптен сақтау үшін түнде жарық беріп тұратын белгілерді қадағалап отыратын адам). ≈ Б ә к е н ш і* жұмысы.

БӘКИЗАЛЫ с ы н. с ө й л. ***Пәкизалы***. Ішібауры қопарыла, солқ-солқ өксіп, екі жағын таянып ап, есіл ананың *б ә к и з а л ы* рухын аса ырза етті (О.Бөкеев, Қайдасың.).

БӘКИЛА з а т. ж е р г. к ә с. *Балықшылар сүзекті тартқанда киетін қонышы ұзын аяққиім.* Олар *б ә к и л а* киіп, суға түсті (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БӘКӨЙ з а т. ж е р г. а у ы л ш а р. *Ат тырмамен жинаған шөп және шалғымен шапқан шөп үйіндісі. Б ә к ө й д і* күдеге тастаймыз (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БӘКІ[1] з а т. **1.** *Ашпалы-жаппалы шағын қалта пышақ.* Садырбай қалтасынан *б ә к і с і н* шығарып, бастың балбырап піскен күрең құйқасын тілгілеуге кірісті (Қ.Исабаев, Айқыз). Байеділ біраз уақытқа дейін сөз бастай алмай

қалам ұштайтын *б ә к і с і н* әурелеп, төмен қарап тұнжырап отырды (Т.Ахтанов, Дала сыры). Ол *б ә к і м е н* шұқылай бастап еді, әйнектің біреуісі сыңғыр етіп босап, оның қолына келді (Б.Соқпақпаев, Бастан кеш.). Төлеубай қайрақ сұрап алып, ашықтан-ашық *б ә к і с і н* қайрауға кірісті (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). **2.** ж е р г. ***Ұстара***. Дүйсеннің *б ә к і с і н* алып келсең шашыңды алып берейін (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БӘКІ[2] з а т. ж е р г. *Түйенің терісінен жасалатын кебіс.*

БӘКІДЕЙ с ы н. *Бәкі сияқты.* Бөлменің бұрышында, тұмсығын жастыққа көме, денесі *б ә к і д е й* бүктетіліп, кішкене арық денелі, ақ сақалды біреу ұйықтап жатыр (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Шәріп еті сыдырылған қабырғаны *б ә к і д е й* бүктеп, бұға сөйлейді (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

БӘКІЗЕ [ир. پاکیزه] с ы н. *Таза, пәк.* Оның үстіне тамақ әзірлеушіміз де анау-мынау адам емес, бір *б ә к і з е* [Ольганы айтады] (Ж.Жұмаханов, Жазылм. кітап).

БӘКІЗЕЛІК з а т. **1.** *Тазалық.* Осы өзенге келгенде күйеулер тобы ат тұяғына ілінген май топырақты шопылдатып тынық суға түсіре, су *б ә к і з е л і г і н* сәл ұйтқыта, ауылға қарай озып кетті (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). **2.** а у ы с. *Пәктік.* Сенің қалтаңдағы алтынның бәрі осындайдан жиналған болса, кәне, сендердің кереметтіктерің, *б ә к і з е л і к т е р і ң* қайсы (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

БӘКІЛШІК з а т. ж е р г. к ә с. *Бәкиланы киіп суға түсуші (цзын аудың астыңғы арқанын басып тұрушы). Б ә к і л ш і к* астыңғы арқанды баспаса, балықтар екі арқанның арасынан шығып кетеді (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БӘКІН-ШҰКІН з а т. с ө й л. ***Кәкір-шүкір, ұсақ-түйек***. Жұмысты жақсы істейсің. Жеке басыңның *б ә к і н-ш ұ к і н і н* менің алдыма көлденең тарта берме (О.Бөкеев, Қамшыгер). Таңертең ерте оянған Абдолла түске дейін *б ә к і н-ш ұ к і н м е н* айналып, кешке таман шешесіне барып қайтпақ боп орталыққа кетті (С.Ғаббасов, Ана жүрегі).

БӘКІНШІК з а т. с ө й л. *Кеме жолындағы қауіпті жерге қойылған су бетіндегі қалқыма бакенді бақылайтын күзетші.* Көкірек пристань жұмысшыларының бәрімен таныс. Өзі де осында, *б ә к і н ш і к* (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

БӘКІР з а т. к ө н е. *Қыздық абыр, қыздық.* Қайда сұлу көрінсе зауық қылып, Неше қыздың *б ә к і р і н* аштым, – дейді (Бабалар сөзі). – Бұл күнгеше *б ә к і р і ң* қалай аман, Мәнісін аян қылшы деп сұрады (Жүсіп-Зылиха).

БӘКІРЛЕН= е т. к ө н е. *Қыздығын бұзу.* Некелеп Зылиханы Жүсіп алды, той қылып, барша жұртқа хабар салды. Екі ғашық төсекке жатып қалып, Жүсіп сонда Зылиханы *б ә к і р л е н д і* (Жүсіп-Зылиха).

БӘКІШЕ ү с т. *Бәкіге ұқсап.* Қайыра бұқты шыдамай, Өлім боп бар күткені. Балшықта басы сынадай, *Б ә к і ш е* белін бүктеді (Д.Әбілев, Майданбек).

БӘЛ з а т. *Баға, құн.* Бәлденейін десе *б ә л* жоқ. Назданайын десе, наз жоқ. Өкінейін десе, өкініш жоқ (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

БӘЛІГІ з а т. к ө н е. *Істердің, нәрселердің дәлелі.* Күнәдан ғасы пенде таза болса, Арттырар *б ә л г і* оның қайғы қамын (МәшһүрЖүсіп).

БӘЛДЕК: бәлдек ағаш. *Тері илейтін талқы арасындағы келсаптай жуан ағаш.* Атан түйедей екі адамның біреуі әлуетті қолымен түгі сыдырылған дәу теріні бүктеп әкеп талқы тісіне салғанда, екіншісі оны талқы арасындағы келсаптай жуан *б ә л д е к а ғ а ш ы м е н* саз балшықтай мыжғылайды (Ж.Тұрлыбаев, Тамыз таңы).

БӘЛДЕН= е т. *Өзінің бағасын асырып бәлсіну, бұлдану.* Көбік ауыз Қалима көпіреді, Ақсақ кемпір табалап секіреді. Осы керек бәлемге, осы керек, Көптен бері *б ә л д е н і п* отыр еді (Б.Майлин, Шығ.). Тәй-тәй басып жүріп кетпей әлденіп, Талай үміт күшік күйде қалды өліп. Сыйлық күттік мақтау күткен сұлудай, Ол да біраз келмей жүрді *б ә л д е н і п* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Сізге үлкен орын ұсынып отырмыз. Несіне *б ә л д е н е* қалдыңыз? – деді маған комдив (Б.Момышұлы, Майдан). Мен оған «қанатыңа қорғалат» деп жалбарынбадым. Дүниенің төрт бұрышын өзі ұстап отырғандай *б ә л д е н е д і* (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

Бәлдене берме. *Көкірегін көтеріп, өзінің бағасын арттыра берме, бәлсінбе деген мағынада.* – Адыра қал! Балықшы, балықшы дегенге *б ә л д е н е б е р м е.* Сен балықшы болсаң, мен басқарманың қатынымын, – деді Дәмелі (Т.Ахтанов).

БӘЛДЕНУ *Бәлден етістігінің қимыл атауы.* Көрдің ғой, шырағым, жақсы екенін, – деді Тәслима, – ендігі *б ә л д е н у і ң* ұят болады, мына жұртты сыйламағаның (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

БӘЛДЕНУШІЛІК з а т. *Өз бағасын, құнын арттырушылық, бәлсінушілік, бұлданушылық.* Осы ой көкірекке ұялап алған соң, оған бір паңдық, *б ә л д е н у ш і л і к* пайда болды (С.Баязитов, Күтп. кездесу).

БӘЛДІР-БАТПАҚ с ы н. с ө й л. ***Балдыр-батпақ***. Енді, Шірекең айтқан дәптерлерді қолқалап, жабыса бастады. Орал: «біздікі – баяғының *б ә л д і р-б а т п а ғ ы* ғой», – деп қашқақтады (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БӘЛЕ[1] [ар. بلاء] з а т. **1.** *Кесірлі іс, пәле-жала, шатақ.* Дұрыс бастар басшы жоқ Әділетке шөлдетті. Татуға өсек жүргізіп, *Б ә л е н і ң* отын өргізіп, Қайран заман, аман бол, Ер шөгіп, есер ер жетті (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Бұл Базаралы тартыс бастаған жоқ. Құшағын толтырып, *б ә л е* әкеліп тастады. Серігін боп келген жоқ, сергелдең әкелді (М.Әуезов, Абай жолы). Үндемеген үйдей *б ә л е д е н* құтылады (Мақал-мәтел). Есесін жоқтаса да *б ә л е* іздеген бола ма (М.Әуезов, Абай жолы). **2.** *Қырсық, кесел, кесапат.* Елді еліртіп азғырған, Әуесқой қып аздырған, Жазықсызды жазғырған, Аузы епті өсекке, Тұлпар ат беріп есекке, Ен жатқан елді бүлдірер Сөзінен *б ә л е* үдете (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Бәрін айтып не керек, Көп әйтеуір *б ә л е с і.* Көрдім оны мен де жек, Рас болса дәл осы (Ғ.Қайырбеков, Таулар). Ай, тақсыр хан, өлгенше, Бұл *б ә л е н і* көргенше, Айтқанымды ұнатсаң, Мен айтайын ақылды (Батырлар жыры). **3.** *Арам ой, арамдық.* Күн көрсетпей не қылдық? Ішкеннен, жегеннен кенде болдың ба? Ішінде арамдығың бар ғой, *б ә л е ң* бар ғой. Енді бір хат жазатынды шығарып алыпты. Кімге жаза беретінін Құдай білсін?! (Ж.Аймауытов, Шығ.). **4.** а у ы с. м и ф. *Құбыжық, қорқынышты нәрсе.* «Бұл жерде ұры бар, сұмдық жер, *б ә л е* жатқан жер» деген сөздің қандайы болса да көңілге дарымайды (М.Әуезов, Шығ.). Ойбай, түлкі, мен бір *б ә л е н і* көріп келдім (Қаз. ертег.). Аяулы ұл, қыздың үні зуылдаған, Сүйгенін іздеп жүрген су ұрлаған. Астында аяғының қалып жатыр, Сан *б ә л е* арпалысқан, шуылдаған (А.Тоқмағамбетов, Дария.). // *Кесірлі, қырсықты.* Күтумен біз жоғалттық күнді қанша, Біреуің оралмадың тым болмаса, Келсе де қара қағаз, *б ә л е* қағаз, Ол кезде мән бермедік бұған да онша (Т.Молдағалиев, Алатау.).

Басын бәлеге батырды. *Пәле-жалаға ұрындырды.* Сыртыңнан өсекті судай сапыратын, *Б а с ы ң д ы б ә л е г е б а т ы р а т ы н.* Түймедейді түйедей ететін, Ағыңды күйедей ететін (Қ.Бекхожин, Дала комисс.).

Бәле баққан. *Дау, шатақ, арамдық қуған.* Жау болып, бірін-бірі күнде шапқан, Жасықарты бәрі де *б ә л е б а қ қ а н.* Соқырға жантәнімен басын ұрып, Көздісін көмір қылып отқа жаққан (С.Торайғыров, Шығ.).

Бәле болды. *Қырсық болды.* Күштісі нашарларын шауып алып, Бұрынғыдай болмаған *б ә л е б о л ғ а н* (М.Дулатов, Шығ.). Айтайын бір ақылды енді сізге, Бұл бала *б ә л е б о л д ы* енді бізге, Күнікейді бір жаққа қашыралық, Таппаған боп қаралық өзіміз де (Батырлар жыры). Қарағым, бұл *б ә л е б о л а д ы,* сіңбейтін мал. Осыны тастап кетелік, – Әбіш қайқалақтап болмады (І.Жансүгіров, Шығ.).

Бәлеге қалды. *Басына іс түсіп, шатаққа ұшырады, дауға қалды.* Баян бейбақ *б ә л е г е* енді *қ а л д ы,* Бір түскен жеңешеме бұйымым деп, Оянып боз торғайын сұрай барды (Қозы Көрпеш.). Қалмақ келер қалаға, Мен *қ а л д ы м* ғой *б ә л е г е.* Тілімді алсаң перзентім, Кетпегейсің далаға (Батырлар жыры). – Өңкей жас былай шығар, бүлік салар, *Б ә л е г е* Шолпан бала сонда *қ а л а р,* Он бесі былай шығып төбелесіп, Біреуі ақырында жеңіп алар (Айман-Шолпан).

Бәлеге шатылды [ұшырады]. *Шатаққа іліксті, басына іс түсті.* Қырғыздан бір жүйрік әкелген сапарында басы *б ә л е г е ш а т ы л д ы* да айдалып кетті (Ғ.Сланов, Асау арна). – Қой, бармалық. Бір *б ә л е г е ұ ш ы р а р м ы з,* онан да осы арада күтелік! – деді Нұрәділ (І.Жансүгіров, Шығ.).

Бәледен қалас болды. *Қатерлі істен аулақ жүрді, бәледен бойын аулақ салды.*

Бәледен машайық қашып құтылыпты. *Жалалы сөзден я істен есті адам аулақ, тыныш жүреді. – Б ә л е д е н м а ш а й ы қ қ а ш қ а н,* – деді мәшинені қуа сөйлеп бір егде тартқан қазақ кісі (М.Қаратаев, Далада.).

Бәле жапты [жапсырды, жақты]. *Орынсыз қаралады, жала жапты, кінәлады.* Қанапия. Мынау иттердің жегенінен гөрі, *б ә л е ж а п с ы р ғ а н ы* өтіп барады. Көрермін, бәлем, Сазамбайдың жарылқағанын (Ж.Аймауытов, Шығ.). Есіңе түссе, жылайсың, Енді бұған қашанғы шыдайсың? Жаз арызды, *б ә л е н і ж а п,* Арылмайтын күйені жақ (С.Сейітов, Шығ.). Бәлесі маған қалар, біреу *б ә л е ж а қ с а,* мені кім ажыратып алар дейсің (Қаз. ертег.).

Бәле келтірді. *Кесірлі іске душар етті.* Көп өтірік, жаман сөз басқа *б ә л е к е л т і р е р* (Ғабдолла Мұшбақ, Шайыр).

Бәле қуды. *Жамандық, арамдық ойлады, пәле іздеді.* Жиын құрған, *б ә л е қ у ғ а н* (М.Әуезов, Абай жолы).

Бәле қылды. *Шатақ шығарды.* Ол кіші қатынға сен күшік таптың деп, күшік беріп, *б ә л е қ ы л ы п т ы* (Ы. Алтынсарин, Таңд.).

Бәленің отын өргізді. *Бәлені қаптатты, бәле-жаланы көбейтті.* Татуға өсек жүргізіп, *Б ә л е н і ң о т ы н ө р г і з і п* (Дулат Бабатайұлы, Шығ.).

Бәле салды. *Жала жапты.* Нахақтан бірінебірі *б ә л е с а л ы п,* Білмесе ұрлық, білсе егер

барымта алып (М.Дулатов, Шығ.). Бұрын да әлденені күбірлеп сөйлеп есікті зорға ашатын кемпір енді өзіне [Хакімге] *б ә л е с а л а* сөйледі (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Бәлесі жұқты [тиді]. *Кесірі тиді.* Қатынға тиме, қарасы жұғады, балаға тиме, *б ә л е с і ж ұ ғ а д ы* (Мақал-мәтел). Буының қатпаған жас қанат бала екенсің, *б ә л е с і т и е р,* көріспесең қайтеді (Ш.Хұсайынов, Шығ.).

Келетін бәледе жоқ. *Ешқандай зиян, қорқыныш жоқ.* Сен бе сен, тас жүрек сұмсың, өзіңмен кетіп жүрсің. Құдайдың да тамағы тоқ екен, Қасқырға *к е л е т і н б ә л е д е ж о қ* екен (С.Сейітов, Большевик).

БӘЛЕ[2] с ы н. с ө й л. ж а ғ ы м с ы з. *Еті тірі пысық, қу, бәлекет.* Апыр-ай, батшағардың *б ә л е с і н-а й.* Күнді емес, ортақ табысты сорып жүр екен ғой, – деді Баймағамбет (Ғ.Мұстафин, Миллионер). – Қарай гөр дәмесін, – деп ересек бала күзетші қартқа қарады. – Қадалған жерінен қан алатын бір *б ә л е*, – деді қарт (М.Иманжанов, Адам.).

БӘЛЕ[3] о д. с ө й л. ***Пәлі***. Тыста еркек, үйде ұрғашы өлеңге мәз, Гармон сыбызғыдай сылдыр етіп – Ой, *б ә л е*-ай, Ырысжанның жауабы-ай? – деп, Ел қостап көтеріліп ду-ду етіп (Әсет, Шығ.). – О, *б ә л е-а й,* рас-ақ сөз екен, – деп кеукеулеушілер арасында отырғандарды бір барлап өтіп қарт тағы сөйлеп кетті. – Сол бабалар аңсаған жерұйықта қазір біз жасап отырғанымыз жоқ па (Қ.Қыдырханов, Шаңқай түс).

БӘЛЕ-БАТЫР з а т. ж е р г. ***Бәле-жала***. Диқаншылық көп болса, *б ә л е-б а т ы р* жоқ болса (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БӘЛЕДЕЙ с ы н. **1.** *Бәле сияқты, құбыжықтай.* Енді ол арбаға жегілген үш қаракер ат емес, қара түсті *б ә л е д е й* құтырынып, тұтас қозғалып, ұмар-жұмар кетіп барады (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Қара түннен бұлдырап, Көзіне бір зат шалынды. Қас *б ә л е д е й* түнжырап, Қара шапан жамылды (Ж.Саин, Шығ.). Біресе осылай қарай келе жатқан *б ә л е д е й* жақын шарылдайды да, біресе шымыр-шымыр етіп әрі ойысады (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). **2.** а у ы с. с ө й л. *Сондай мықты, айтарлықтай.* Әшейінде үндемейді, сөйлеп кетсе *б ә л е д е й* (Ауызекі).

БӘЛЕ-ЖАЛА з а т. *Қырсық, кесапат.* – Балаңыздың бақыты ашылып тұр, Гүл бітеді жолына, шашылып нұр. *Б ә л е-ж а л а* басына жоламайды, Ақ періште жар болып, жасырып тұр (М.Мақатаев, Шығ.). Өзге жұрт өнер, білім, кәсіптің жаңа түрін тапқанда, біз даудың, *б ә л е-ж а л а н ы ң* жаңа түрін таптық (М.Дулатов, Шығ.). Егер *б ә л е-ж а л а д а н* аман болса, Ермектің зауытқа жетіп үлгеретін уақыты да болып қалды (А.Хангелдин, Өткен күн.). Сенің сөзіңді жалаға шығарғаны былай тұрсын, үстіне *б ә л е-ж а л а н ы* үйіп-төгуі керек еді (З.Шүкіров, Қиын түйін).

БӘЛЕК [ор. валёк] з а т. т е х. *Постромканың ұшын іліп қоятын, екі жағы кертілген жуантық ағаш.* Динамометрдің екі ырғағы бар, бұл ырғақтардың біреуі постромканың ұшы ілінетін *б ә л е к к е*, екіншісі тартатын жүкке [плугқа, шөп мәшинесіне және басқа сайманға] бекітіледі (А.Сыздықов, Жылқы өсіру.).

БӘЛЕКЕЙ с ы н. *Кішкентай, аласа, қысқа.* – Осы *б ә л е к е й* жәшіктің ішінде қазақтың бір қора малы жатыр... Қайда тықсам екен?!.. – деп Меңлікан аласұрып жүргенде, Шайқы кірді (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Күн көзін көрмеген тал бойлай алушы ма еді, жуандай алушы ма еді, ергежейлі, *б ә л е к е й* күйінде қала бермек (А.Хангелдин, Біздің оттар.). Әшекей қыз Айжан-ай, *Б ә л е к е й* қыз Балжан-ай, Шашбаулы қыз Сәлима-ай, Еркелеген Таисай-ай, Толықсыған Маруся-ай, Тыңдаушы еді-ау Сәулем-ай, Қайда кетті Раиса-ай? (Қаз. әндері).

БӘЛЕКЕТ з а т. **1.** *Пәле-жала, адамға қас күш, жын-шайтан.* Абыз: – Адалдан бер, ақтан бер! *Б ә л е к е т і н* жатқа бер (М.Әуезов, Шығ.). Раушан: Тіпә, *б ә л е к е т,* өзіңмен кет!»– деді (Б.Майлин, Шығ.). Бас ауырса, бақсыларды Алып келіп бақтырарсың, Жазықсыз жануарды сойып, Өкпеменен қақтырарсың. Жын, *б ә л е к е т* қашады деп, Тұмар алып тақтырарсың (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.). Күніне аспаннан 70 мың *б ә л е к е т* түседі екен, сол жамандықтарды намаздың соңындағы жақсы-тілек дұғалар, нәпіл садақалар кері қайтарады екен («Жас Алаш»). Түгін тартсаң, майы шыққан Өр Алтай тектілігін анау жылғы ашаршылық нәубетінде мықтап көрсетіпті деседі. Өткел таппай үйіліккен үркін елді құтты бауырына басып, барымен бөлісіп, балымен жұғысып, *б ә л е к е т т е н* сақтап қапты (Ә.Асқаров, Мұнар тау.). **2.** *Қырсық, шатақ, кесір адам.* Онандағы біріне-бірің билет, Билегенің түзу айт, адалға жет. Мұны ұқпасаң, оңалма, онан да әрмен, Қулар түгіл ит жесін, түу *б ә л е к е т!* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **3.** *Қу, кесір, пәле әкелетін нәрсе.* Апам күліп: – Ә, *б ә л е к е т!* Атың қасқыр-ау, неше айтқанмен! – дейтін (М.Елшібеков, Алтын.). – Түу, *б ә л е к е т!* – десті жұрт. Сол *б ә л е к е т,* бел асты, «Күң» соңынан күл шашты (І.Жансүгіров, Өленд.).

Бәлекетке батты. *Қырсыққа шалынды, жамандыққа ұрынды.* Бекер жүрген *б а т а д ы б ә л е к е т к е*, Адам болсаң жолама әдетке. «Құры қарап жүргеннен артық» дейді, Пайдасыз бекер қылған әрекет те (А.Байтұрсынұлы, Шығ.).

Бәлекетті бастады. *Жаман істі бастады, жамандық жасады. Б ә л е к е т т і б а с т а г а н,* Басыңа бәле тастаған. Екі бетте тамтық жоқ. Кісі демей Қасқарау, Сені жолға тастаған (Жамбыл, Шығ.).

Бәлекет басқыр. қ а р ғ. *Қара басқыр, марту басқыр*. Ой, *б ә л е к е т б а с қ ы р,* сені адам деп жүрсем, ақымақ екенсің ғой (Ауызекі).

Бәлекет кетсін. *Кесір-кесапаты өзімен кетсін, жоламасын деген мағынада айтылатын сөз.* Ол күнді наурыз – жаңа жылдың басы деп Әділдің үйі қазан толтырып ас асса да, *«б ә л е к е т к е т с і н»* деп, далаға апарып от жағып, кетік, ескі ыдыстарды отқа өртейтін ешкім болмады (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Әжем бір шыны ыдыс сына қалса, *«б ә л е к е т* осымен *к е т с і н*!» деп басымыздан үш айналдырып барып лақтырып жіберетін (А.Тоқмағамбетов, Шығ.).

БӘЛЕКЕТТІК з а т. *Пәлелік, құлық, пысықтық.* Міне, енді сол екі милиционер ендігі «Бас бересінге» келген шығар, – деп ойлап, із кескіш *б ә л е к е т т і г і м д і* айтқанша асығып, жосылтып келемін (Ә.Омарбаев, Кәрлен.).

БӘЛЕ-ҚАЗА з а т. *Өлім-жітім, кенеттен келген ажал.* – Алла тағала өзі жаратқан пенделерін өзі алады. *Б ә л е-қ а з а ғ а* көну, сабыр ету керек... – деді ишан Құраннан кейін көңіл айтып (Ж.Арыстанов, Жалын.).

БӘЛЕҚОР с ы н. *Жалақор, бәле құғыш.* – Жоқ, ойбай, атай көрме. *Б ә л е қ о р* зәнталақпен жағаласып өле алмай жүрген жайым жоқ (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Біреулер Жәлелді «Парашыл, есебін тауып екі асайтыны бар, кісілігі жоқ, қатты, қытымыр, қызғаншақ *б ә л е қ о р,* жалақор, арызшыл» деп те атайды (А.Тоқмағамбетов, Фельетон.). Аққемпір *б ә л е қ о р,* мекер қатынның сөзін құлағына ілмеді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

БӘЛЕҚОРЛЫҚ з а т. *Бәлеқор болушылық, жалақорлық, бәле құғыштық.* Жиренше шешен Жәнібек ханмен айтысқанда халық Жиреншенің ақылды сөздерін мақұлдап, ханның *б ә л е қ о р л ы ғ ы н* мазақ етеді (Қазақст. тарихы).

БӘЛЕҚҰМАР с ы н. *Бәлешіл, жалақор.* Сөзқұмар, *б ә л е қ ұ м а р* Баймұрындар аз ба (М.Әуезов, Шығ.).

БӘЛЕҚҰМАРЛЫҚ з а т. *Бәлеқұғыштық, жалақорлық.*

БӘЛЕЛІ с ы н. *Пәле-жаласы, шатағы көп, дау-жанжалы мол. Б ә л е л і* жерді баспа, Басыңа түссе саспа (Мақал-мәтел). Құдай-ау, мұның ойына кіріп-шықпайтын неше түрлі *б ә л е л і* сұрақтар береді (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Ол *б ә л е л і* жерге жоламайды (Ә.Тарази, Асу.).

БӘЛЕЛІК з а т. *Пасықтық, қастық, қырсықтық.* Үйде ескі ағашты, керегені керткендей әлде бір *б ә л е л і к,* туындап жатқан жаман жаңғырық бар (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Әлдіден құғын көріп, әлсіз амалсыздан айлалы болса, онысы *б ә л е л і к к е* жата ма екен (Н.Қазыбеков, Тұсаукесер).

БӘЛЕМ о д. *Біреуге кіжінгенде, өштескенде, зіл көрсеткенде айтылатын сөз.* Қарыздармыз біз Отанға, барымызды берерміз, Қарыздармыз біз Отанға, қарыздар боп өлерміз. Есеп берер күн де болар ұрпақтардың алдында, Мықтымсыған мырзаларды, *б ә л е м*, сонда көрерміз (М.Мақатаев, Шығ.). Қаптаған ағаш кездесті, Бір құрайын тезімді, Сыртыңнан іздеп жүрушіем, Келтірді құдай кезіңді. Барың болса қарышта, Барар жерің сезілді. Қатағанды байқамай, түстің бе, *б ә л е м*, қолыма! Сояйын мес қып теріңді (Сүйінбай ақын [Аронұлы], Ақиық).

Тұра тұр, бәлем. с ө й л. э к с п р. *Осыдан қара да тұр, әлі көресіні көресің деген мағынада.* – *Б ә л е м т ұ р а т ұ р,* осының бәрін де әкеме айтам! – деді Тәкежан Абайға (М.Әуезов, Шығ.). – *Т ұ р а т ұ р, б ә л е м,* байыңа айтып, жоныңды тілдірермін! – деп ойлады Шәрипа ішінен (Б.Майлин, Шығ.). Жарлыны жалдаған байлар айран, қымызын аямаған кісімсіп: *«Б ә л е м, т ұ р а т ұ р!* Пішен мен егін уақыты келсін! Ащы теріңді алармын!» – деп ішінен жымыңдап жүр!.. (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

БӘЛЕН е с і м. **1.** *Белгісіздікті білдіретін, тұспалдап айтылатын, бірнеше деген мағынаны білдіретін сөз. Б ә л е н* жылдық тарихы бар Ресейдің өзі қалыптасып үлгерген жоқ, ал Қазақстан мен Украина және Беларуссияның экономикасын салыстырудың қажеті жоқ («Түркістан»). Күніне *б ә л е н* кубометр жер қазу керек (І.Есенберлин, Айқас). Бұрын бастауыш мектептерде оқылатын сан жүйесінің есептері бұқараның тұрмысында кездеспейтін Балаларға жат «Қызыл шұға», «Көк шұға», *«Б ә л е н* жүз шелектік бассейін» сықылды нәрселер болатын еді (М.Дулатов, Шығ.). **2.** *Бәлембай деген, аты белгісіз, бір жер дегенді білдіретін сөз.* «Жер ортасы Көктөбеде» жаяу қалдық. *Б ә л е н* жерде бақыт бар; барсаң бақыт түгіл пақыр да жоқ, – деген екен (Ж.Жұмаханов, Қаракөз).

Бәлен деуге болмайды. с ө й л. *Олай-бұлай деуге болмайды, ашып айту қиын.* Рүстемнің Кенжетаймен таласуының бір мәнісі бар шығар, ұят екен, *б ә л е н е к е н д е п* айтуға *б о л м а й д ы* (С.Шарипов, Шығ.).

Бәлен еді, түген еді. с ө й л. *Анау еді, мынау еді деп сылтауратуы.* Мына жолға барып кел десем, үйінде үш бірдей аты тұрып, атым жоқ, шаншуым бар еді, *б ә л е н е д і, т ү г е н е д і* деп паңданып бармай қалғаны (М.Дулатов, Шығ.).

БӘЛЕНБАЙ е с і м. э к с п р. *Бірталай, біршама көп деген болжал сөз.* Бойын бір топас сезім, енжарлық билеп алды, бір минуттың ішінде ол *б ә л е н б а й* жыл қартайып шыға келді (А.Нұрманов, Аққу.).

БӘЛЕН-БӘШТҮГЕН е с і м. с ө й л. *Бәлен-түген, бәлен-пәштуан, анау-мынау.* Балалы әйел екен, *б ә л е н-б ә ш т ү г е н* дейтін беталды сөздер болған жоқ (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

БӘЛЕНГІ з а т. з о о л. *Қарақұрт сияқты улы жәндік.* Сондай-ақ ертедегі адамдар малды немесе адамды жылан, бүйі, қарақұрт, *б ә л е н г і* шаққанда әртүрлі ырым жасап, арбау өлеңдерін шығарған (М.Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.).

БӘЛЕНДЕЙ ү с т. *Айтарлықтай, оншама, соншалықты.* Дәл бұл сағатта *б ә л е н д е й* ойға жорығам жоқ. Тек уақыты солай болған шығар дедім де қойдым (І.Есенберлин, Ғашықтар). «ЮКОС» компаниясы Қазақстан экономикасына *б ә л е н д е й* инвестиция сала қоймаған («Жас Алаш»). Бір қарағанда, мұндағы атаулар, киіз үй бөлшектерінің қалай жасалатындығы ауылда өскен қазақ баласы үшін *б ә л е н д е й* таңсық көрінбеуі де мүмкін («Егемен Қазақстан»).

БӘЛЕН-ТҮГЕН е с і м. *Анау-мынау, бәлен-пәштуан.* Несін айтасың, Қайсар мықты жігіт еді ғой. Жебір, *б ә л е н-т ү г е н* деп елі жаратпайтын еді (М.Дулатов, Шығ.). Бірақ комиссия мүшелерінің тыңдағаны ғана болмаса, *б ә л е н-т ү г е н* деп ештеңе деген жоқ (Е.Оразақов, Дәрігер.). Оны Жамановқа айтпақшы еді, бірінші секретарь демалысқа кетіпті. Басқасы бейтаныс. Оларға *«б ә л е н-т ү г е н»* деуді Есімбек ерсі көрді (Е.Оразақов, Дәрігер.).

БӘЛЕН-ТҮЛЕН з а т. с ө й л. ***Пәлен-түлен.*** *Б ә л е н-т ү л е н* дейтін несі бар, басталған істі аяқтау керек (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БӘЛЕНШЕ е с і м. с ө й л. ***Пәленше***. Кім біледі, *б ә л е н ш е*, түгеншелердің оқуға бара жатқанын, оқып адам болғанын көріп естімесеңіздер, оқуға өздігінен ұмтылу қайсыңыздың ойыңызға келер еді? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Сөйтіп ел ат жаратып баптасады, Жинап қымыз-сусынын тоқтасады. Атақты балуандарын ортаға алып, *Б ә л е н ш е* бәлендей деп мақтасады (Батырлар жыры). Қараноғай анау елден түгенді атыпты, *б ә л е н ш е н і* айдап әкетіпті дескен алып қашпа сөзден Аутек сескенгені соншалық, түнде үйге жатпай, сырғақтап жүрді (Б.Әшімов, Қара жал).

БӘЛИҒАТ з а т. с ө й л. ***Балиғат***. Көп шүкір қазір алла панасына, Мен жеттім *б ә л и ғ а т т ы ң* шамасына. Менен несін сұрайсың, ғазиз ана, Ата билік бере ме баласына? (Ә.Найманбаев, Шығ.). Қалың мал, көп әйел алу, *б ә л и ғ а т қ а* жетпеген қыздарға үйлену, әмеңгерлік сияқты ескінің тағылық қалдықтарын ашына әшкерелеп отырды (Аялы жандар).

БӘЛКЕДЕЙ с ы н. с ө й л. *Шоқпардай, кеспелтектей.* Бәкен *б ә л к е д е й* жұдырығын мұның танауына тақап: – Сізге төреші бол демеген шығармыз! – деген (Ж.Молдағалиев, Торғай.).

БӘЛКІ м о д. *Бәлкім, мүмкін.* Ол ұсақ іс *б ә л к и* зор шарапатқа, я зор кесапатқа кілт болатын ұсақ істің бірі шығар (А.Байтұрсынов, Шығ.). – *Б ә л к и,* биылғы Сатыбалдының арызы шығып қалған болар ма? – десті (М.Дулатов, Шығ.). Бұлардың ісі-іс емес, *Б ә л к и* бұларсыз тағат-тағат та емес (Абай, Тол. жин.).

БӘЛКІМ м о д. **1.** *Мүмкін, ықтимал, бәлки.* Арада жүздеген жыл, *б ә л к і м,* одан да көп уақыт өткеннен соң қақыраның негізінде кейіннен қазаққа тән тұрақты мекенжайдың жетілдірілген түрлерінің дамуына тікелей ықпал еткен қоржынүй пайда болғаны ықтимал (Ө.Жәнібеков, Жолайырықта). Бұға тұрайық, *б ә л к і м* ескермес. Екеуі де төмен бұқты (Б.Майлин, Шығ.). Арман барда жігер гүлі солмайды Ал махаббат жүрек отын талғайды. *Б ә л к і м,* мәңгі жолы сәтсіз болуы, Бірақ оны мүсіркеуге болмайды (М.Шаханов, Ғасырлар.). **2.** *Аздап, ептеп, сәл.* Сәкеннің қолы қалам я басқа бір аспапты ұстағанда, *б ә л к і м* қалтыраңқырайтын, оны «Колчак абақтысының азабынан қалған сарқыншақ» дейтін (С.Мұқанов, Есею жыл.). Түйіліп кеткен көкке *б ә л к і м* қыран, Әлемді солқылдатып салған ұран. Күндағы көкте тұрған иді басын, Тыңдады жолдан тоқтап жорткан құлан (Д.Еркінбеков, Шығ.).

БӘЛЛӘҺИ о д. с ө й л. ***Беллаһи***. Түрі қандай қорқынышты еді? *Б ә л л ә һ и,* жәй емес (Ғ.Мүсірепов, Таңд.).

БӘЛСУ *Бәлсі етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Б ә л с у і н* қара.

БӘЛСІ= е т. с ө й л. ***Бәлсін***. Бұралып тұрып, Буыны құрып, Қисайта тартып мұрынын; Әсемсіп, сәнсіп, Білгенсіп, *б ә л с і п,* Әр нәрсенің орынын (Абай, Тол. жин.). *Б ә л с і п* тұр ғой шетінен (М.Әуезов, Абай жолы).

БӘЛСІН= е т. *Әлдеқандай болып кісімсу, бұлдану, бәлдену.* Істеп жатқан сен білмегенде, жаңа келген мен білемін бе, айтсаңшы *б ә л с і н б е й.* Мен болған соң айтамын. Сендер білгіш болмай да айта бересіңдер (Ғ.Мұстафин, Шығанақ). – Ағай, әңгіме айтыңызшы – деп өтінеміз, – Сағатбай *б ә л с і н б е й д і,* айта бастайды (Б.Соқпақбаев, Балалық шақ.). Сөйте тұра, сонда, неге *б ә л с і н і п,* шікірейе қалғанын білмеймін (Н.Сералиев, Намыс).

БӘЛСІНТ= е т. *Әлдеқандай ету, бәлдендірту.* Руын мақтай-мақтай шығандатты,

Б ә л с і н т т і, бұлғақтатты, бұлаңдатты. Сабазың саябырсып қалды бір кез, Бөсудің жөнін таппай мұнан қатты (С.Сейітов, Жаңғырық).

БӘЛСІНТУ *Бәлсінт етістігінің қимыл атауы.*

БӘЛСІНУ *Бәлсін етістігінің қимыл атауы.* Ән дүниесін шалқытарда Майрада *б ә л с і н у* деген болмайды (Д.Әбілев, Арман.). – Күнде өзіммен бірге жүрген мынаның бүгін *б ә л с і н у і н!* – деді Сарыбас ызаланып (А.Сарбөпин, Ала қарға). Қаллекей – сараң сөйлеп, көп тыңдайтын адам. Ал көпшілік «мынаны айт» деп өтінсе, *б ә л с і н у д і* де білмейді (С.Шаймерденов, Мінез).

БӘЛТУ-ШӘЛТУ е с і м. с ө й л. *Анау-мынау, бәлен-түген.* Иттің оғы адамды сеспей қатырады дейді ғой. Атты казактардың оғынан да пәле-ау. Қой, *б ә л т у-ш ә л т у* не керек, жамбасымды бітіріп тастайын! (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).

БӘЛШЕБЕК ор. т а р. с о в е т. с ө й л. ***Большевик.*** Журналдың материалдары Түркістан халықтарының тұрмыс-тіршілігі туралы ашы шындықты баяндап, отаршылдарға, *б ә л ш е б е к т е р г е* қарсы ұлт-азаттық күрес бағытында түркістандықтарға рух бере отырып, түрік бірлігі мұраттарын насихаттады («Түркістан»).

БӘЛІ о д. **1.** *Мадақтау, қошеметтеу мағынасын білдіретін сөз.* «Семіз бе сіздің елдің малы»? – дейді, «Тым аса семірген жоқ әлі» – дейді. «Жолығып, жолда аралап байқап едік, Жылқыңыз семіз екен, *б ә л і*» – дейді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Дауысы желді күнгі жарық қамыстың ызылындай шығады. Оған Белгібай қымызшы қошемет көрсетіп: – О, *б ә л і* – дейді (І.Жансүгіров, Шығ.). **2.** *Разы болу, қоштау мағынасында айтылатын сөз.* – Уа, *б ә л і!* Дұрыс сөз! Дұрыс, – десіп, жұрт шу ете түсті (Ғ.Орманов, Жүрек). – О, *б ә л і,* рақмет! Оларды өз көзіңмен көрдің бе? – Әрине, өзім көрдім. Ыстықкөлдің солтүстік жағалауында да суреттер көп («Қаз. әдеб.»). *Б ә л і,* жақсы келдің. Тамаша енді қызады. Айналайын, осы келініме жетпейді бәрі (К.Баялиев, Дегелек.). **3.** *Таңырқау, таңдануды білдіретін сөз. Б ә л і!* Миуалы десең миуалы! Қырқыншы жылдардағы балшық қақыралы, жертөлелі қамыс қыстау емес (А.Ханғелдин, Өткен күн.). – Әй, мына қыздарға не болған, *б ә л і?* – деп бергі бөлмедегі манадан әңгімелерін үзіп тыңдай қалған жігіттердің бірі дауыс қатты да, өзі қарқылдап күліп жіберді («Лен. жас»). **4.** *Қап-ай, әттеген-ай деген мағынадағы сөз. – Б ә л і,* ана жағының бәрі кетіп қалды! – деп шулап, кейбіреуі өте берген қозыны желкесінен ағашпен басып ұстап, кей балалар қашқан қозыны қуып жүріп құрықтап, көген арасындағылар абыр-сабыр қозы-лақтарды көгендеп те жатыр (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **5.** *Оның не, мұның дұрыс па деген кумәнді білдіретін сөз. – Б ә л і,* сөзіңе береке берсін, профессорым. Тым жоғары сілтеп кеттің. Мен сонда асқан білім иесі бола тұрып, қой бағады екем ғой (А.Байтанаев, Асан).

БӘЛІШ з а т. т а м а қ. *Ашытып жайылған қамыр ішіне пияз, бұрыш, ет салып, жиектерін бүріп, майға булап пісірілетін тағам.* Қаланың қоймалжың сорпасын, түшпарасын, *б ә л і ш і н,* самсасын, анау-мынау түрлі тәтті тамағын аңсай береді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Айжан қолын қайта-қайта сабындап жуып, қарны ашып қалса керек, столда буы шығып тұрған *б ә л і ш к е* шақыру тілемей-ақ өзі ұмтылды (З.Шашкин, Сенім). – Бүгін сенің басыңның ауырарын білгендей, пештің ішіне жылқы етінен тәтті *б ә л і ш* сала қойып едім, – деді Қамқа (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

БӘНДАНА з а т. *Қарасораның дәні.* Желке жүні үдірейіп, желіге түсу үшін қолға түскен күннен бастап дән-дәнекермен бірге *б ә н д а н а* деген қорек береді («Жас Алаш»). *Б ә н д а н а* жеп үйренген бөдене иесін қырық кісінің арасынан жазбай таниды, аз-ақ күнде төбелестен қайтпайтын қайсар құсқа айналады («Жас Алаш»).

БӘНДЕ з а т. с ө й л. ***Пенде.*** Нәпсіге тоқтау қылған *б ә н д е с і н е,* Тозақтың оты кеулеп жанған емес. Қаупі жоқ ахиреттің ғазабынан, Жиылып дүние үшін қылар кеңес (Қабан жырау // Алтын қазық). Һәр істі деп білеміз Құдай қылған, Жап-жақсы адамдарды бұлай қылған. Ләкин һәр кімге Алла берді ықтияр *Б ә н д е* өзі тапса керек фиғылынан (М.Дулатов, Шығ.). *Б ә н д е с і н* Құдай қарғаса, Қабыл болмас тобасы. Басыма менің түсіп түр Ғашықтықтың саудасы (Қыз Жібек).

БӘНИ [ар. **بني**] з а т. е с к і к і т. *Нәсіл, ұрпақ, әулет.* Он екі шақасы бар бір орында, Байқасаң бір күн алар ол талаптан. Мәнісі бұл жұмбақтың о шал мәзкүр, Басқа емес, *б ә н и* Нысан халайықтан (О.Шораяқов, Шайыр). Мұхаммедке тікіленді сұрап жөнін, Іркілместен саулатты бұ да жөнін. *Б ә н и* һәшім, Құрайыш-қыбыласы, және өзінің танытты кім екенін (Мәшһүр-Жүсіп). *Б ә н и* Ысрайыл Жүсіпке рұқсат демес, Сағат таса қылуды раура көрмес. Қой перзентім, барма деп айтып еді, Жалынып болды Жүсіп маза бермес (Жүсіп-Зылиха). Біздің қазақтың ықыласы атасын ғираптаншықты дегенді, яки *б ә н и* Исраилдан шықты дегенді ұнатқандай (Абай, Тол. жин.).

БӘНКЕ з а т. с ө й л. ***Бәнкі.*** Ендігі қызық төңкерілген *б ә н к е н і ң* түбінде болады. Майда тамшылар төңкерілген *б ә н к е д е н* астыңғы шынының үстіне жаңбыр тәрізді тамып тұрады (А.Мырзабаев, Хим. қызығы).

БӘНКІ [ор. банка] з а т. **1.** *Шыныдан, пластмассадан, қаңылтырдан жасалған цилиндр тәрізді ыдыс.* **2.** м е д. ***Оңқа.***

БӘНТ [ир. بند] з а т. к ө н е. *Байлам, бума, тай, буда, тең.* Неше *б ә н т*, намазхандар көп пұл берер, Шапшаң жүр, шаһарыңда тұрма, – дедім (Бабалар сөзі).

БӘҢГІ [ир. بنگی] с ы н. к ө н е. **1.** *Нашақор.* Я нашасын, я көкнәрін, я қорқорын тартып алған нағыз *б ә ң г і н і ң* жұмысын істейді (А.Тоқмағамбетов, Ақмоншақ). **2.** *Есалаң, жынды, есуас.* Бес, алты мисыз *б ә ң г і* күлсе мәз боп, Қиналмай, қызыл тілім, кел тілді ал, қой! (Абай, Тол. жин.). *Б ә ң г і н і ң* сандырағы бір құла аттың,... – деп бай-батшалар үйіне қайтысты (Қ.Әбдікадыров, Әңгім.).

БӘҢГІР= е т. *Есалаңдану, есерлену, жындану, мәңгіру.* Ауру иттің пысқырығынан ол құрт шөпке түседі, ол шөпті жеген қой от оттап, су ішуден қалады, шыр көбелек айналып *б ә ң г і р е д і* де, ақыры содан өліп тынады, – дейді (Ғ.Сланов, Домбыра.).

БӘҢГІРУ *Бәңгір етістігінің қимыл атауы.*

БӘҢШІ [ир. بنگی] з а т. к ө н е. *Нашақұмар, апиыншы.* Ерте заманда Жанкент деген қалада Ысқақ деген *б ә ң ш і* мен Сүгір деген етік жамаушы болыпты (Қаз. ертег.).

БӘП-БӘРЕКЕЛДЕ с ы н. с ө й л. *Тәптәуір, жап-жақсы, әп-әдемі.* Бүгін таңда драматургияның музыкалық театр үшін, эстрада үшін жазылатын түрлерінің жағдайы да *б ә п-б ә р е к е л д е* боп тұрған жоқ (І.Омаров, Серпін).

БӘПЕКТЕ= е т. ж е р г. *Бәйек болу, астыүстіне түсу.* Бастық екен деп *б ә п е к т е п*, жігі-жапар болуды білмей-ақ қойдың ғой (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БӘПЕЛЕ= е т. с ө й л. ***Мәпеле***. Қатира бастаған бір-екі әйел бір үйде: балаларды шомылдырып, таза киімге орап, бесікке салып, *б ә п е л е п* жатыр (Б.Майлин, Шығ.). Сіздерге әкесі мен анасы *б ә п е л е п* өсірген балаларының болашағын, тағдырын тапсырып отыр (Б.Момышұлы, Шығ.).

БӘПІК з а т. ж е р г. *Желік, аптық.* Келіннің бұл қылығы өзгелердің де жүрегін жібітті білем, әлі де *б ә п і г і* басылмай өзеурегендерге топ ішінен жауап сөз айтылып жатыр (К.Баялиев, Дегелек.).

БӘР е с і м. с ө й л. ***Барлық, тегіс***. Кекете сөйлеп: Қарауыл! Қарауыл! Танымай жүр екен көкесін. Байбақтың да нән ауыл! Осылай келер ме еді *б ә р* ауыл (Б.Аманшин, Жар мұңы).

БӘРӘК: [ар. بارك الله] **бәрәк Алла.** д і н и. ***Бәрекелді*** (*Алланың жақсылығы, нұры түссін, Алла қолдасын деген мағынаны білдіретін бата-тілек).* Тоты құстай таранып Жан-жағына қаранып, Қыз Назым сонда сөйлейді: *Б ә р ә к А л л а,* арыстан, Ер өледі намыстан (Қамбар батыр). – Уә, *б ә р ә к А л л а,* рақмет, – деді хазірет, араб үнімен көмейін толтыра сөйлеп (Д.Әбілев, Ақын.).

БӘРӘКӘТ з а т. с ө й л. ***Берекет***. Қатын, бала асыраршық жемін алса Және қыс мал жейтұғын шөбін шапса, Онан соң басқа ретпен файда тапса. Хәрәкәттән *б ә р ә к ә т* көрінген ғой (М.Дулатов, Шығ.).

БӘР-БАРШАСЫ е с і м. *Барлығы, күллі, тегіс, тұтас. Б ә р-б а р ш а с ы н* құран мен хадісте айтылған түрде ғана түсінбей ме мұсылман? (М.Әуезов, Абай жолы). Алысы мен жақыны – *б ә р-б а р ш а с ы* жаңа түсер келіннің, қыз сүйетін күйеудің жүрек қылын шертіп-шертіп жібереді де, қазанның асылуын тездетуге кірісіп кеп кетеді (С.Төлешев, Түрлі. бас.).

БӘРБАТ с ы н. к ө н е. *Зарлы, мұңды, қайғылы.* Күзетімде тұрды көзе, *Б ә р б а т* сыңсып егілді, Көріп менің күйгенімді Тамтығындай біліктің (Шығыс жұлдыздары).

БӘР-БӘРІ е с і м. с ө й л. *Баршасы, барлығы, түгелімен.* Әрине, *б ә р-б ә р і н* жалғастырып, септестіріп жүрген сол Алшынбайлар (М.Әуезов, Шығ.). Батя, ойлашы өзің солардың *б ә р-б ә р і* батыр болып кеткен бе? (О.Бөкеев, Қамшыгер). Әйтеуір сол қызға орыс-қазағы *б ә р-б ә р і* қызығатын (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).

БӘРБІ з а т. *Қатты затты, темір заттарды тесетін бұрандалы қолбұрғы, бұрғылау аспабын айналдыруға арналған тетік. Б ә р б і* электрлік, пневматикалық және қол *б ә р б і* болып бөлінеді (ҚСЭ). Дрель – *б ә р б і* – қол бұрғы – бөлшекті яки бүйымды бұрғылап тесу үшін қолданылатын аспап. *Б ә р б і* – тамаша инженерлік шешім, ұшқыр ойдың табысы («Зерде»).

Қол бәрбі. *Бұрғылау аспабын қолмен айналдыратын бәрбінің түрі.*

Пневматикалық бәрбі. т е х. *5–6 атм. қысымға дейін сығылған ауамен жұмыс істейтін бәрбінің түрі. П н е в м а т и к а л ы қ б ә р б і н і ң* айналу жылдамдығы 185–1800 айн./мин. (ҚҰЭ).

Электрлік бәрбі. т е х. *Бәрбінің бұрғылау аспабын электр арқылы айналдыратын түрі. Э л е к т р б ә р б і* электр қозғатқышынан, тісті берілістен және бұрғы бекіткіштен тұрады (ҚҰЭ).

БӘРДЕК з а т. ж е р г. *Жүгерінің үгітіп алғаннан кейінгі қалған ағашы. Б ә р д е к т і* бір жағына жиып қойыңдар (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БӘРЕКЕЛДЕ [ар. بارك الله] о д. с ө й л. ***Бәрекелді***. – *Б ә р е к е л д е,* маған бір үлкен керек жері осы еді! – деп Бекболат қуанып кетті (С.Шарипов, Шығ.). Керімберді Мітісбектің жол көргендігіне сүйсініп: «*Б ә р е к е л д е, б ә р е к е л д е*», – деп көтермеледі («Қаз. әдеб.»). Нұр

жаусын, *б ә р е к е л д е,* бар шырағым, Ақ жолтай аман-есен босаға аттап (Айтыс).

БӘРЕКЕЛДІ о д. **1.** *Біреуді мадақтау, мақтау, көңілін көтеру, рух беріп көтермелеп, қолпаштап сөйлегенде айтылатын сөз.* Түгел адам баласы я талапсыз болсын, әйтеуір «*б ә р е к е л д і н і*» керек қылмайтұғыны болмайды (Абай, Тол. жин.). Жарайсың, *б ә р е к е л д і,* замандасым, Құмандай күзетерміз, оттың қасын (Айтыс). **2.** *Бір нәрсені құптау, мақұлдау, сүйсіну, разылық білдіру ретінде айтылатын сөз.* Тыңдатып халыққа жария лебізімді Дегізген «*б ә р е к е л д і!*» шаршы ішінде (Базар жырау, Шығ.). *Б ә р е к е л д і,* сол дұрыс байлау болар. – Ал жеңілдік жасаушылар нақтылы орындарда отырған дәл жауапты адамдар ғой, – деді Көлбаев (М.Әуезов, Өскен өрк.). Әп, *б ә р е к е л д і,* сүйтіңдер, шырақтарым (М.Иманжанов, Менің махабб.). **3.** *Мәссаған, ал ендеше тәрізді таңдануды, таңырқауды білдіретін сөз. Б ә р е к е л д і,* өзіңді момын ғой деп жүрсем, ыстығың түріңде екен ғой. – Мінеки – жарайды енді, «қол болмай, жол болмайды» деген, – деді Әбділда Төлешке (М.Әуезов, Қараш.). *Б ә р е к е л д і,* мақтанбас нәрсеге мақтанады екенсің. Жарайды, бір балық ұстап, сен-ақ мұратқа жете қойшы (А.Байтанаев, Асан).

БӘРЕКЕЛДІЛЕ= е т. *Құптап-қоштау, мақұлдау.* Ой, *б ә р е к е л д і л е п!* – Сүйсініп қалысты. – Міне, Алексейдің айтқанын бұл да айтты, – деді Мардан (І.Жансүгіров, Шығ.).

БӘРПІ[1] з а т. б и о л. <лат. aconitum> *Тамырының емдік қасиеті бар, таулы жерде өсетін, сарғалдақтар тұқымдасына жататын көпжылдық шөп.* Жапырақ теңге, бұйра қисық иық, Балдырған, уқорғасын, атқұлақты Елік жүр сонысында соны қиып. Жүлкеуір, *б ә р п і,* шырыш, шыжыр, Сауыны бие емшектің кеп түр иіп (І.Жансүгіров, Шығ.). *Б ә р п і* – улы, дәрілік өсімдік. Жүрек ауруына шипалы аллапинин дәрісі алынады (Қаз. тілі термин. Биология).

Ақезу бәрпі. б о т. <лат. aconitum leucostomum> *Сарғалдақтар тұқымдасына жататын бәрпінің жиі кездесетін түрі. А қ е з у б ә р п і* таулы аймақтардың орманды алқаптары мен шалғындарда, өзен-сай жағасында өседі. Биіктігі – 70–200 см, тамыры – жіпшеленген шоғыр, сабағы – қабырғалы, түкті, жапырақтары – ірі, ұзындығы – 10–20 см, көлденеңі – 20–40 см, саусақтала тілінген, гүлшоғы бұталанған, көп гүлді (Қаз. тілі термин. Биология).

БӘРПІ[2] з а т. з о о л. *Биік таулы жерде мекендейтін.* Лашын, түйғын, тұнжыр, тынар, мықи, Ителгі, *б ә р п і,* қырғи, құр, тұрымтай, Бидайық шыңда ғана болад десед, Бүркітпен барымталы ел ала жаздай (І.Жансүгіров, Шығ.).

БӘРҺАМ: [ир. برهم] **бәрһам болды**. *Тұзелді, жөнге келді.* Ұры-қары, телі-тентек *б о л д ы б ә р һ а м* (С.Сейфуллин, Шығ.).

БӘРШЕКТЕ= е т. с ө й л. *Сойылған мал етін бөлшектеу, боршалау.* Кеше сойылған сиырдың жарты етін *б ә р ш е к т е п,* түнде тұздап тастаған едік, бүгін тұз әбден сіңіп қалыпты (Ауызекі).

БӘРШЕКТЕЛ= е т. с ө й л. *Сойылған мал етінің бөлшектелуі, боршалануы.* Қолы қол, бұты бұт етіліп *б ә р ш е к т е л г е н* киік еті өз терісіне оралып үлкен ши түбіне тасталды (Ә.Көшімов, Екі бүркіт).

БӘРІ е с і м. *Барлығы, баршасы, тегіс, түгел. Б ә р і н і ң* құяр жері Балхаш көлі Өзендер үлкен-үлкен басын қосқан. Көз жетпес көк мұздары ызғар есті, Күн мен ай, шолпан жұлдыз сәуле түсті (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Әйелдің *б ә р і* үнсіз жылап, ah ұрып, күрсініп отыр (М.Әуезов, Шығ.). Туысқаның, достарың – *б ә р і* екіұшты, Сол себепті досыңнан дұшпан күшті Сүйсе жалған, сүймесе аянбаған, Бұл не деген заманға ісім түсті (Абай, Тол. жин.). Жігерлі, қолға алған ісін тындырмайынша тыным таппайтын Елбасының жүзеге асырған қай шаруасын да ауызға алсақ, оның *б ә р і* халықтың игілігіне жасалғанын жақсы білеміз («Егемен Қазақстан»). Тыңдадың дала күйін жаның ұйып, Алдың сен көкірегіңе *б ә р і н* құйып. Болдың сен өз халқыңдай қарапайым, Тұлғасы әрі аласа, әрі биік (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

Бәрін айт та, бірін айт. с ө й л. *Сөздің қысқасын, тоқ етер түйінін айт. Б ә р і н а й т т а, б і р і н а й т,* ауылға жетудің лажы қалай болады!? (М.Иманжанов, Алғашқы.).

Бәрі бірдей. *Барлығы, баршасы, тұтас.* Ақ сұңқар құстан ақ кетпес, Он екі құйрық, қырық шалғы, *Б ә р і б і р д е й* тең болса (Базар жырау, Шығ.). Сегіздің көрген түсін құрбылары Жорытты жақсылыққа *б ә р і б і р д е й* (Базар жырау, Шығ.).

Жұрттың [елдің] бәрі. *Барлық адам, көпшілік.* Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман, Шошимын кейінгі жас балалардан. Терін сатпай, телміріп көзін сатып, Теп-тегіс *ж ұ р т т ы ң б ә р і,* болды аларман (Абай, Тол. жин.).

БӘРІ-БӘРІ е с і м. *Барлығы дерлік, түгелімен.* Адам сезімінің ішкі қайшылығы, өте нәзік психологиялық өрнек, ah ұра күрсіну, шексіз ынтығу, сағыну, жеру, қайта аңсау, жаның қылбұрауға түскендей ышқыну – *б ә р і-б ә р і* шағын әңгіменің өн бойына шебер өрілген («Қаз. әдеб.»). Жұпыны бөлмені шамның әлсіз жарығы болмашы ғана сәулеге бөлеген: бұрышта тұрған ағаш кебеже, іргедегі ағаш төсек, есік жақтағы тандыр – *б ә р і-б ә р і*

абажадай болып көрінеді (О.Бөкеев, Ән салады.).

БӘРІБІР үс т. **1.** *Қалай болса да, не болса да, қайтсе де.* Сен жеті қабат жер астындағы зыңданда жатсаң да, білетін сырың жер астында жатпайды, *бәрібір* сыртқа шығады (І.Есенберлин, Алмас.). Күні кеше ғана өзіміздің «қазақ» деген халықтық төл атауымызды қайтарып алғанға дейін, қазақ даласына келген орыстың саяхатшысы да, оқымыстысы да, қатардағы чиновнигі де қазақтың өздерін әсте «қырғыз» деп атамайтынын көріп-біле тұрып, *бәрібір* өз түсініктерімен түгелдей «қырғыз» деп жазған жоқ па! («Жас Алаш»). **2.** *Мейлі.* Оңға қара, солға қара – *бәрібір*, Бұл финалдың, жын фанидың бәрі кір! Мүлде жаңа жан-жағың, Жақсылығын таңдағын, Жамандығын алмағын!!! (М.Мақатаев, Шығ.).

БӘРІСІ есім. жер г. *Бәрі, барлығы.* Мейлі мен үшін *бәрісі* бір ғой. Бірақ дұрысын айт! (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БӘС[1] зат. **1.** *Бір нәрсе орындалады немесе айтқаным болады деп сөз беріскенде болатын қол берісу немесе тігілетін төлемақы.* Тұрмайтын көн *бәсіне* бір керімді, Қолыңа түсіріп ең қайдан қамдап Болыстың берген атын көргеннен соң, Күлісті Кете-Шөмен бәрі аңдап (Базар жырау, Шығ.). Хан үш тұлпарының бірдей өліп кеткеніне ренжіп, отырған көпшілікке уәзірімен екеуінің арасында болған *бәстерін* баяндап беріпті (Қаз. ертег.). Мен, жетсе дауысым қарлыққанша айғайлар едім. – Онда айғайлай берсең де болады. Көз жетсін де әуелі. *Бәсің* бар ма? (Ғ.Мұстафин, Шығанақ). **2.** *Талас, бәсеке, тартыс, жарыс.* Екі завод үдере істеп, *Бәсті* өршітіп, Екпінді үстеп, 100-ге қарай Артық 100-ден шығарады күніне (С.Сейфуллин, Шығ.). Жүзі ыстық ерте кезден таныс жандай, Далада шөгіп жатқан арыстандай. Қалмайды қапталыңнан қатарласып, Сенімен *бәскене* түсіп жарысқандай (С.Мәуленов, Таңд.). Жорған қатты болса, *бәскене* сал, Ісің адал болса, көпке сал (Мақал-мәтел).

Бәс қылды [тікті]. *Бәстесті, бір нәрсе жайлы таласты.* Қой екеніне *бәс құылдамысың?* (М.Әуезов, Шығ.). Ту, қайдан тигізе аласың? – деді Коля. – Неден *бәс құылдасың,* тигізсем? – деді партизан (С.Сейфуллин, Тар жол.). Қысқаның берекесі ұзынменен, Жасарыпсың қызарған дүзіңменен, *Бәс тігіп* өзіңмен-ақ айтысайын, Некелес қыламысың қызыңменен (Айтыс). Жұртым – жер, руым – көл, далада өстім, Қорлық көріп байлардан, нала кештім. *Бәс тігемін,* бәйеке, бәйгемді бер, Бәйгемді бер, озады ала бестім (М.Мақатаев, Шығ.).

БӘС[2] зат. *Баға, құн, нарық.* Бұ күнде ишан менен молдадай-ақ Ұрылар киіп кетті хаққа ғасы. Қоймады, онан алып қатын киді, Құрыды сонымменен кеміп *бәсі* (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Жиып алса, сыяды жан қалтаға, Оның алтын ділдаға *бәсі* баға. Алтынменен нақыстап көз орнатып, Әкелді ағаш атты падишаға (Ә.Найманбаев, Шығ.). 1925 жылы Ташкентте басылған, *бәсі* 50 тиын, 68 бет (М.Дулатов, Шығ.). Жезайырдың оғы өтпеген. Сатуға *бәсін* сұрасаң, Сан ділдәға бітпеген, Енді үстіме киілмес, Батыр жауға шүйілмес (Ер Тарғын). Іреусіз таза күміс жұмсақ болады; тез қажалып, тез таусылады. Таусылса салмағы мен *бәсі* кемиді (А.Байтұрсынов, Оқу құралы).

Бәс қайтты. *Бағасы кеміді, күші таусылды, әлі құрыды.* Қартайса *бәсі қайтады,* Қоспақтың жүгін тарта алмас, Асып туған нар жетім (Қашаған ақын [Күржімжанұлы] // Ақберен).

Бір бәс. *Бірдей, тепе-тең, шамалас.* Ондай жан ойлаушы едік малда болар, Тең басқан төрт аяғын жорға болар, Кедей, бай, қажы, төре – бәрі *бір бәс,* Теңіздей әлем қонған орда болар (С.Торайғыров, Шығ.). Ол күндер – өткен күнмен бәрі *бір бәс,* Келер, кетер, артына түк қалдырмас. Соның бірі арнаулы таусыншақ күн, Арғысын бір-ақ Алла біледі рас (Абай, Шығ. жин.). Сорлы едім бір айтқан соң мойын бұрмас Өліммен уағда бұзған – бәрі *бір бәс.* Мәжнүнге сәлемімді айт, көре қалсаң, Құрбы едім бір жыл туған түйдей құрдас (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

БӘС[3] [ир.] сын. ***Пәс.*** Сен сияқты бұл жерде, Асылық сөз демейін, Қайратым сенен *бәс* болса, Желкеңнен шығар көмейің (Қамбар батыр). Штабтағылардың көңілі *бәс* екен (Б.Момышұлы, Москва.).

БӘСЕ од. *Мақұлдау, қоштауды солай болу керек еді дегенді білдіретін одағай сөз.* Е, *бәсе*! Солай айт! Ақша қарға аунап шыққан қайсар тағыдай ширығып қапсыңдар ғой бүгін тегі! (М.Әуезов, Абай жолы). *Бәсе,* даланың көркі енді кірді ғой! – деп шаттанысты, жүздеген, мыңдаған қарттар (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Ноғайбай бір сөзінен бір сөзі асып: – *Бәсе*! – деді, көп халық жымыңдасып. Сөздері Ноғайбайдың жүйе болып, Сиқымбай тұрып қалды сұры қашып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Бәсе десеңші [десе]. *Мақұлдап қоштауды, айтса айтқандай деген мағынаны білдіретін сөз.* – Орталарындағы небәрі екі әйел сыйлай салу бірінің қолыңнан келмесе, енді не демекпін? – *Бәсе десеңші,* осы еркектер мәдениетті қашан үйренер екен! – деп, ақ пиялайлы

әйел бір жасап қалды (М.Иманжанов, Алғашқы.).

БӘСЕЙ= е т. ж е р г. *Азаю, кему, төмендеу.* Содан кейін Кенжебекпен бұрынғыдай жақындасуды қойды. Іштей өшігуі күшейе бастамаса, *б ә с е й г е н* жоқ (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).

БӘСЕКЕ з а т. **1.** *Өзара еңбек, өнер, спорт жарысы, сайыс, бәйге.* Қазақтың қандай еді мағишаты, Бір күнде көшіп қонған рақаты. Қайғы жоқ, хасірет жоқ қыз-бозбала Түзеген *б ә с е к е м е н* салтанаты (М.Дулатов, Шығ.). Бүгін Ресей астанасы – Мәскеуде осымен 11 рет дүние жүзінің былғары қолғап шеберлері сарапқа салатын Әлем кубогы өз жалауын көтереді. Бұл байрақты *б ә с е к е д е* еліміздің ең мықты деген боксшылары өнер көрсетеді («Егемен Қазақстан»). Оның себебі мынау: қара шекпеңдер тозғындап, жерлерін жыртады; бірінен-бірі көмекті сирек көрсетеді, жерден өнген нәрселерін, астықтарын сатқанда бірбірімен *б ә с е к е г е* кіріседі (А.Байтұрсынұлы, Оқу құралы). Бригада қатты қимылдады. Қызумен істелген жұмыста жан қинала ма, ойын, күлкі, жарыс, *б ә с е к е м е н* керекті кірпіштің құйылып болғанын Бейсетай айтпаса өзгелері білмей де қалып еді (І.Жансүгіров, Шығ.). **2.** *Көре алмаушылық, қызғаныштан туатын бақастық, бақталастық. Б ә с е к е м е н е н* бұл кезде Мал жиған пасық байлар көп Пейілі төмен жалшыдан (Базар жырау, Шығ.). Аз қазақ көп қалмаққа салды тойды, Көк аспан қара түтін шаңға толды. Алдаспан ажалменен *б ә с е к е* боп, Қанішер қайқы қара қанға тойды (М.Жұмабаев, Шығ.). Оразбай, Жиреншелер де Абаймен қас, *б ә с е к е* болғандықтан Абай сөзін әсте аузына алыспайды (М.Әуезов, Шығ.). **3.** э к о н. <лат. concurrere> *Тауар өндірушілер не оны өткізушілер арасындағы көбірек пайда табу жолындағы сайыс. Б ә с е к е* – өндіріс құрал-жабдығы жеке меншікке негізделген қоғамда товар өндірушілердің товар өндіруде және өткізуде неғұрлым қолайлы жағдай туғызу жолындағы өзара күресі, капиталистердің немесе капиталистік бірлестіктердің барынша көп пайда алу жолындағы күресі (ҚСЭ). Шындығында жоғары *б ә с е к е* жағдайында бір тауарлардың қымбаттауы басқа тауарлардың арзандауына әкеліп соқтырады (Б.Жүнісов, Нарық. экон. негіз.). Сондықтан Ұлттық банк алдағы уақытта Қазақстанның БСҰ-ға кіруін ескере отырып, банк секторының *б ә с е к е г е* қабілеттілігін жақсарту бойынша жұмыс жүргізуде («Егемен Қазақстан»). **4.** *Мемлекеттер арасындағы және халықаралық дәрежедегі заңмен жарыс, реттелетін жарыс.* Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «*Б ә с е к е г е*» қабілетті Қазақстанға, бәсекеге қабілетті экономикаға, бәсекеге қабілетті «ұлтқа» қажетті деп белгілеген мақсаттарына жетудің бірден бір тура төте жолы – толыққанды орта тапты қалыптастыру («Жас Алаш»). **5.** и н ф. <ағыл. contention> *Ортақ ресурсты пайдаланудағы жүйелердің немесе бағдарламалардың өзара таласушылығы.*

Бәсеке режімі. и н ф. <ағыл. contention mode> *Бір арнаға жалғастырылған екі немесе одан да артық сыртқы құрылғылардың орталық процессорға бір мезгілде мәлімет беруге тырысу кезіндегі қалып-күйі.*

Діни бәсеке. *Діни ағымдар арасындағы бақталастық.* Осы «Неге?» деген сауалдың жауабын нақ тапсақ, біртіндеп бәрі де өз орнына келмек. Сондықтан біз қазіргідей *д і н и б ә с е к е* қызған кезде қатты ойлануымыз керек! («Қаз. әдеб.»).

Өнер бәсекесі. *Өнер түрлері бойынша өткізілетін жарыс, сайыс.* Сыйлықтар, бейнекамера, теледидар, бейнемагнитофон, тағысын тағы тек осындай бағалы дүниелер. Ал, бәрінен де ең қымбаты – олар *ө н е р б ә с е к е с і н д е* бақтарын сынап көргенін ұмытпайды ғой («Егемен Қазақстан»).

Спорттық бәсеке. *Спорттық ойындар бойынша өткізілетін жарыс, бәйге.* Спорт мерекесінің өткізілу деңгейі күткендегіден де асып түсті. Бұл сайыс *с п о р т т ы қ б ә с е к е* деңгейінде ғана қалған жоқ («Егемен Қазақстан»).

БӘСЕКЕЛЕС[1] с ы н. **1.** *Бақталас, бақас, күндес, егес.* – Немене, бастықтың әйелі *б ә с е к е л е с і ң* бе? Тапқан екенсің қолжаулықты, – деп Қасымның әйелі шап ете қалды (С.Алдабергенов, Алға). Түрік пен Қырым байы *б ә с е к е л е с,* Бәстесу ел өмірі үшін емес (Ғ.Малдыбаев, Қырым қызы). Ежелден *б ә с е к е л е с* жаулары Қазан мен Қырым хандықтары да бел алып кеткендей (І.Есенберлин, Алмас.). **2.** э к о н. *Өзара бәсекеге, жарысқа, сайысқа түсуші.* Осы зерттеу шеңберінде жасаған көптеген болжамдар болашақта расталды және ұлттық инновациялық жүйе құруда *б ә с е к е л е с* өндірістің кластер табиғатын ескеру тамаша нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді («Егемен Қазақстан»).

Бәсекелес бағдарламалық бұйым. и н ф. <ағыл. competitive software product> *Басқа бағдарламалармен қатар немесе олардың орнына пайдаланылуға үміткер бағдарламалық бұйым.*

БӘСЕКЕЛЕС[2]**=** е т. **1.** *Айтысу, тайталасу, ерегісу.* Біз өзіміздің мәдениеті жоғары

елдермен *бәсекелескелі* отырғанымыз жоқ (М.Дулатов, Шығ.). Махмет Жарқынмен *бәсекелесе* кетуге әзір еді. Енді сәті жеткен сияқты (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). **2.** спорт. *Жарысқа, сайысқа түсу.* Ол иесінің талабын мүлтіксіз орындап, дүние жүзінің бірнеше дүркін чемпионы болған сәйгүліктермен *бәсекелескенді* (Т.Әлішеров, Өнерпаз.). **3.** *Өзара өнер, білім жарыстыру.* Жарықтың сыну және шағылысу заңдарын, линзалар қасиеттерін зерттеуде Кеплер, Снелли, Декарт, Гримальди т.б. жемісті еңбек етті, Ньютон мен Гюйгенс өзара *бәсекелесіп*, жарықтың екі теориясын –корпускулдық және толқындық теориясын ұсынды (А.Көбесов, Математика.). **4.** эк о н. *Көбірек пайда табу, кіріс кіргізу, өркендеу жолындағы жарыс.* Қазақстанда да отандық өндірістің дамуын жүзеге асыру үшін шетелдік азық технологияны өндіріске енгізіп, еңбекті ұйымдастыру дәрежесін жоғарылатып, отандық тауар өнімдерінің сапасын шетелдік тауарлармен *бәсекелесе* алатындай дәрежеге жеткізу жұмыстары қолға алынған (ҚҰЭ).

БӘСЕКЕЛЕСКІШ *сын. Бәсекелесуге құмар, бәсекешіл.* ≈ *Бәсекелескіш* адам.

БӘСЕКЕЛЕСТІК з а т. **1.** *Бәсекелес болушылық, өзара жарысушылық.* Мейірбекке қатарлас орналасқан жас келіншек Алтынбала Қамзаева да одан қалысар емес. Екеуінің арасындағы *бәсекелестік* қазір шегіне жеткен («Лен. жас»). **2.** *Бақталастық, бақастық.* Кей кезде ботадай тату болса, кей кезде *бәсекелестіктің*, дәріп құмарлықтың сайтаны араларын ажыратушы еді (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл). **3.** эк о н. <лат. concurrentia> *Тауар өндірушілер арасында өз мүдделерін қанағаттандыру үшін болатын экономикалық бақталастық.* Президент өз жолдауында 2005 жылы экономиканы дамытудың негізгі бағыттарын нақтылап берді. Олар – экономиканы одан әрі ырықтандыру; *бәсекелестікті* дамыту мен бюрократиясыздандыру; экономиканың ашықтығын күшейту («Жас Алаш»). Қазақстандық қаржылық нарыққа халықаралық беделге ие болған шетелдік кәсіби қаржы делдалдарын ымырашылдықпен жіберу – нарық *бәсекелестігіне* қажетті деңгейді ұстап тұруға, клиенттерге отандық қаржы институттары көрсете алмайтын қызмет көрсетулерді ұсынуға, Қаржы жүйесінің жергілікті Қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға көмектеседі («Егемен Қазақстан»). **4.** биол. *Туыстық жағынан жақын бір немесе әр түрге жататын ағзалардың тірі қалу мүмкіндігі үшін бір-бірімен күресуі.* Түр ішіндегі *бәсекелестіктің* негізгі нәтижесі таралымдық түрдің қалыптасуымен аяқталады (ҚҰЭ). Өсімдіктер арасында *бәсекелестік* негізінен жарық үшін жүреді (ҚҰЭ).

БӘСЕКЕЛЕСТІР= е т. *Бәсекеге түсірту, жарыстыру.*

БӘСЕКЕЛЕСТІРУ *Бәсекелестір етістігінің қимыл атауы.*

БӘСЕКЕЛЕСУ *Бәсекелес етістігінің қимыл атауы.* Құдайлардың арасында *бәсекелесу,* бақ таластыру бар дегенге осы аят дәлел бола алады (М.Тоқжігітов, Құран тур.).

Бәсекелесуге жарамды өнім. эк о н. *Рынокта бар ұқсас өніммен салыстырғанда тұтынылу қасиеті анағұрлым жоғары және осы себепті жоғары сұранымға ие өнім.*

Бәсекелесу қабілетінің көрсеткіші. эк о н. *Тауар-дың бәсекелесу қабілетінің деңгейін мөлшерлік тұрғыдан бағалау өлшемдерінің жиынтығы. Бәсекелесу қабілетінің* бірліктік, топтық және антегралдық *көрсеткіштері* қолданылады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

БӘСЕКЕЛЕСУШІ з а т. *Бәсекеге түсуші, таласушы, өзара жарысушы.* Мектепті «үш» пен «төртке» ғана бітірген Сәлкеннің өзімен *бәсекелесушілерге* шамасы келмеді (Н.Баяндин, Ертіс.).

БӘСЕКЕЛІ с ы н. **1.** *Бақталастығы, күндестігі бар, бәсекелес.* Бұрынғы *бәсекелі* байлар мына жолы тіпті қызулы ерегіске түсіпті (І.Жансүгіров, Шығ.). Уа, қараңдар! Бұралқы иттей әрең жүрген көшедегі,Өз жылқышым өзімменен болып шықты *бәсекелі* (М.Шаханов, Ғасырлар.). **2.** *Бәс тігіскен, бәске түскен, ерегіскен, егескен.* Екі завод Қызу думан. Екпін күймен Көркем шумақ Конвейерлер сумақ-сумақ *Бәсекелі* жарыста (С.Сейфуллин, Шығ.).

БӘСЕКЕЛІК з а т. *Бәсекеге түсушілік, бақталастық.* Біздің жас проза... жақсы мағынасындағы *бәсекелік* сезімді тұтата алатын дәрежеге жетті (Ғ.Мүсірепов, Суреткер). Бірақ осының игілікті орны мен жарастығын ойлаудан гөрі солардың төңірегінде *бәсекелік,* асырып түсіру, атаққа шығу деген секілді жалған жомарттық, орынсыз ысырап етек алып келеді («Лен. жас»).

Бәсекелік парақ. эк о н. *Шетке шығарылатын және шеттен әкелінетін тауарды өткізу кезінде оның техникалық-экономикалық көрсеткіштері, сапасы, бағасы және коммерциялық шарттары туралы ақпаратты қорытындылайтын құжат. Бәсекелік парақтың*

деректері тауарлар экспорты мен импорты, әсіресе келісімшарттағы бағаны келісу кезінде сыртқы сауда бағасын негіздеу және есептеу үшін қажет (Қаз. тілі термин. Экономика.).

БӘСЕКЕСІЗ с ы н. *Талассыз, егессіз. Б ә с е к е с і з* баға бола ма, сосын бәрі де жорамалдарын тезірек толтыруға асықты (Ө.Қанахин, Жер бас.).

БӘСЕКЕШІ с ы н. **1.** *Бәсекеге, жарысқа, сайысқа түсуші. Б ә с е к е ш і* жігіттердің өнер сайысы түс ауа бітті (Ә.Кекілбаев, Дала.). **2.** *Тала-сушы, бақталасушы.* Жоғары баж алымы арқылы отарларда шетелдік *б ә с е к е ш і л е р г е* шек қойылады (Саяси экономия).

БӘСЕКЕШІЛ с ы н. *Бәсекеге құмар, бақталасшыл.* «Ақтарлан» қойып еді бәйге бермей, Үнемі тұрған емес жеке келмей. Күндеген күнде қызған *б ә с е к е ш і л,* Намыстан жүруші еді азақ өлмей (И.Байзақов, Ақбөпе).

БӘСЕҢ с ы н. **1.** *Жай, ақырын, баяу.* Іңірде баяулаған дауыл *б ә с е ң,* Боздатқан бұлбұл күйін бабында әсем. Асықтар алқымдасқан, мауқын басқан (І.Жансүгіров, Өлеңд.). **2.** *Көмескі, солғын, басыңқы.* Мәлік Нұрланның қасына келіп, қол беріп, *б ә с е ң* де қоңыр үнмен амандық білісті (З.Шашкин, Сенім). Ақтас, Ақтас, кә-кә, – деді бала бұрынша *б ә с е ң* дауыстап (Н.Қазыбеков, Тұсаукесер). Бұқа мойын семіз бәйбішемен сүйісіп жатқанда, екінші жағынан біреу келіп, *б ә с е ң* дауыспен құлағына сыбырлады (Б.Майлин, Шығ.). **3.** а у ы с. *Кішіпейіл, инабатты.* Жігіттің несі жігіт босқа жүрген, Қызметпен файда беріп халыққа жақпай? *Б ә с е ң* бол, әсем болсаң деген жөнмен, Ынүнерін мұхтаждарға жүрсе сатпай (М.Дулатов, Шығ.). *Б ә с е ң* бол, әсем болсаң, деген сөз бар Жігітке абырой жоқ мақтанменен (Пернедегі терме.). **4.** а у ы с. *Басылыңқы, төмен.* Нұрыш келді. Бұрынғыдай жайдары емес, *б ә с е ң.* Кірпіш басқандардың жұмысын көрді. Жар басындағы төмпешікте отыр (Б.Майлин, Шығ.).

Бәсең ине. қ о л ө н е р. *Орташа жуандықтағы ине.* Қазақтың қолмен тігу ісіндегі қолданылып келген инелері негізінен алғанда бірнеше түрлі: жуалдыз (тебен ине), жуан ине, жуантық ине, *б ә с е ң и н е,* жіңішке ине (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Бәсең сайлау құқы. з а ң. *Азаматтың сайланбалы мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлану құқы.* Көптеген мемлекеттерде *б ә с е ң с а й л а у қ ұ қ ы н* иелену (белсенді сайлау құқымен салыстырғанда) тым жоғарылатылған сайлау шектеулерімен, жас ересектігі, тұрғылықтық, сауаттылық, қызметтік цензделімен байланыстырылған (ҚҰЭ). Жас мөлшерін жоғарлататын цензбен *б ә с е ң с а й л а у қ ұ қ ы н* шектеу амалы да көп қолданылады (ҚҰЭ).

Бәсең тартты. *Бәсеңдеді, саябырлады, солғындады, баяулады.* Мұраттар барлауға шыққанда әбден қас қарайды. Соғыстың гүрілі *б ә с е ң т а р т ы п* алыстап барады (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Тұла бойын қалтыратып өткен бір суық леп отырған соң *б ә с е ң т а р т т ы* (Х.Есенжанов, Тар кезең).

БӘСЕҢДЕ= е т. **1.** *Баяулау, саябырлау, басылу.* Бұрқылдаған боран *б ә с е ң д е д і...* Бұлт тарады. Ел әлдеқашан жатып қалған, суық бұлттардың арасынан қылтиып-қылтиып нәзік жұлдыздар көріне бастады (І.Жансүгіров, Шығ.). – Тасберген, ал менікі өтірік-ақ болсын, өздерің айтыңдаршы, – деп сөз қарқыны бұрынғысынан *б ә с е ң д е п,* күмілжи түсіп, сөзді таза доғарды (Б.Майлин, Шығ.). Кәделі ойындардың бірсыпырасы атқарылып, думан сәл *б ә с е ң д е й* бергенде осындағы жеңгелерінің айтуымен Бағила мен Қанипа қосылып ән шырқады (С.Омаров, Дала қызы). **2.** *Азаю, кему, төмендеу.* Бесіннен төмен түскен кез. Аптап ыстық *б ә с е ң д е г е н,* көлеңке басын ұзартып самал есе бастаған (Б.Майлин, Шығ.). Желдің бағыты да, күші де бірқалыпты. Бүгін айдан асып барады, *б ә с е ң д е й т і н,* өзгеретін түрі жоқ (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Мұнда жүннің өсуі *б ә с е ң д е п,* сапасы нашарлаумен қатар, ол жидіп түсіп, ысырап болады (С.Омаров, Мал терісі). **3.** *Көмескілену, солғындау.* Көптің үні *б ә с е ң д е п* қалды (Ауызекі).

БӘСЕҢДЕН= е т. *Саябырсу, баяулану, көмескілену, солғындану.* Әдемі атқан таңға әсерленіп, Желпімей жел де баяу *б ә с е ң д е н і п.* Көк толқын жұпар иісті гүлге оранып, Қаласы түрды Алматы әсемденіп (Т.Жароков, Таңд.).

БӘСЕҢДЕНУ *Бәсеңден етістігінің қимыл атауы.*

БӘСЕҢДЕҢКІРЕ= е т. *Баяулаңқырау, басылыңқырау, саябырлаңқырау.* Қалаға кіре жел *б ә с е ң д е ң к і р е г е н* сияқтанды (С.Мұқанов, Алып. адым.). Артынан байлар да *б ә с е ң д е ң к і р е д і* (С.Мұқанов, Өмір мектебі).

БӘСЕҢДЕТ= е т. *Баяулату, ақырындату, төмендету, саябырсыту.* Күн көк нұрын *б ә с е ң д е т к е н* кезде, қос маңы қыбырлаған сиырға толды (Б.Майлин, Шығ.). Ақын домбыраны баяулатып, *б ә с е ң д е т і п* кеп, дастанын үзді (М.Әуезов, Абай жолы). Музыка бабымен қол да соғылып жатыр. Даша бір баяулатып, бір *б ә с е ң д е т і п* билеп жүр (С.Ерубаев, Шығ.). Жұмсақ креслоға отырып, аяғын созды, шалқалай жайғасты. Ой теңізіне малтып, әуен төгілдіріп тұрған қабылдағыштың тетігін бұрап, үнін *б ә с е ң д е т і п,* аяғының ұшымен басып кері шықты («Егемен Қазақстан»).

БӘСЕҢДЕТКІШ[1] з а т. ф и з. *Газ, бу немесе сұйықтық қысымдарын тұрақты қалыпта ұстауға және төмендетуге арналған аспап.* Жұмыс денесінің тегіне қарай *б ә с е ң д е т к і ш* оттекті, сутекті, ацетиленді болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Кен.).

БӘСЕҢДЕТКІШ[2] с ы н. *Бәсеңдетуші, жеңілдеткіш, басатын, азайтатын.* Ресми медицинада мия тамыры қақырық түсіргіш, тыныс жолы ауруын *б ә с е ң д е т к і ш* дәрі ретінде қолданылады (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

БӘСЕҢДЕТУ *Бәсеңдет етістігінің қимыл атауы; басу, ақырындату.* Осы жылы «Женева рухы» туып, Халықаралық шиеленісті *б ә с е ң д е т у г е* қолайлы саяси жағдай жасала бастады (М.Әуезов, Шығ.). – Мұндай жерде жүрісті *б ә с е ң д е т у* керек емес пе? – деді Оңшылбаев (І.Жансүгіров, Шығ.). Мәншүк *б ә с е ң д е т у і н* күтейін деп жау жаққа көз қырын салса, біздің жақтың атуы әлсіреді ме, әлде жаралы жау жолбарыстай әдейі шапты ма – бүйраттан бері беттеді (С.Мұқанов, Аспаз). Сөйтсе де табысқа мастануға, екпінді *б ә с е ң д е т у г е* болмайды (Ж.Арыстанов, Естен кетпес.).

БӘСЕҢДЕТІЛ= е т. *Баяулатылу, төмендетілу, басылу.* Қарқын *б ә с е ң д е т і л м е с і н.* Жиналған астықты бір грамм болса да мемлекет қоймасына жөнелтіңіз (Е.Оразақов, Дәрігер.).

БӘСЕҢДЕТІҢКІРЕ= е т. *Басыңқырау, азайтыңқырау, төмендетіңкіреу.* – Соның өзі аз боп тұр ма? – деді Жанболат жылауын *б ә с е ң д е т і ң к і р е п,* өксу орнына жиілете ықылық атып (С.Мұқанов, Есею жыл.). – Ие, бұлар неміс солдаттары, – деді Иван Гаман даусын *б ә с е ң д е т і ң к і р е п* (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

БӘСЕҢДЕУ[1] с ы н. *Баяулау, жайлау, екпіні, қарқыны төмендеу, солғындау, осалдау.* Күшік семіріп жонданғандай да болды. Бірақ үлкейісі даладағыдай емес, *б ә с е ң д е у* (М.Әуезов, Көксерек). Әлгіде қатты құйған жаңбыр, қазір *б ә с е ң д е у,* бірақ өрт сөнер емес (С.Мұқанов, Шығ.). Біріне бәлкім оқ тиген болар, *б ә с е ң д е у* ұшып барады (М.Шаханов, Қырандар).

БӘСЕҢДЕУ[2] *Бәсеңде етістігінің қимыл атауы.* Жүрек бұлшықеттерінің созылмалылығының жойылуы мен жиырылу ырғағының *б ә с е ң д е у і н е н* болған (М.Исамбаев,.. Мед. анықтама).

БӘСЕҢДІК з а т. *Ақырындық, баяулық, саябырлық, сылбырлық.* Қимылдағы *б ә с е ң д і к,* кейбір маңызды мәселелердің басы ғана көрініп, іспен қабыстыра, қамти алынбаған (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Кейде дауыстың *б ә с е ң д і г і,* болмаса қаттылығы, яғни сөзді, қалай айтылуы айтқан сөзіңнің өзінен де әсерлі болады (С.Байжанов, Сыр.).

БӘСЕҢСУ *Бәсеңсі етістігінің қимыл атауы.* Нағыз белсенді жанр болғандықтан, мұндай *б ә с е ң с у* поэзияда әсіресе айқын сезіледі (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

БӘСЕҢСІ= е т. **1.** *Бәсеңдеу, саябырсу, толастау.* Бастапқы кезде даусы тым саңқылдап шықты да, аздан кейін қарқыны басылған семіз аттай боп, *б ә с е ң с и* берді (Б.Майлин, Шығ.). Боран *б ә с е ң с и і н* деген еді, алда келе жатқан Жүсіп тіпті дауылды да, қарды да елең қылар емес (М.Қаратаев, Далада.). **2.** *Азая түсу, басылу, кему.* Алайда XX ғасырдағы елді индустрияландыру барысында *б ә с е ң с и* түскен жүзшілдік, рушылдық синдромы социалистік жүйе жағдайында біржола жойылып кете алмады («Жас Алаш»). Әңгіме *б ә с е ң с і п,* жұрт түскі тамағына үйді-үйіне тарай бастағанда, ауылдың батыс жағындағы белестен бір пар жеккен шаналы қылт етіп шыға келді (Б.Майлин, Азамат.). Басын көтеріп қараса, арықтағы су сылдыры *б ә с е ң с і п* қалған (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). **3.** *Солғындай түсу, төмендеу.* Көзін қаншама қадап қараса да күндіз *б ә с е ң с і п* қалған от жалыны оған көрінбеді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). **4.** а у ы с. *Қарқыны қайту, басылу.* Балуандары жығып бәйгі алған жақ көтеріліңкіреп, жігіттері жығылып бәйгі ала алмай қалған жақ сәл *б ә с е ң с і п* қалды (С.Сейфуллин, Шығ.). Шаңшұң аяқ астынан шығып екеуі де тіке кетті, жанжал от басы айналасында *б ә с е ң с и* қоймай, жел үрлеген жалындай насырға шапты (Ж.Жұмаханов, Қаракөз.). Көрінер бәрі сұлу боп, Сүйкімді жігіт, әсем күй... Қызуы бар да жылу жоқ, Суына берді *б ә с е ң с и* (Н.Шакенов, Айгүл).

БӘСЕҢСІТ= е т. *Бәсеңдету, кеміту, төмендету.* Осы кемшілік шығарманың жүрек тебірентерлік әсерін белгілі дәрежеде *б ә с е ң с і т е* түсетін сияқты (М.Қаратаев, Туған әдеб.). О не дегеніңіз? – деді Сергей Ефимович даусын *б ә с е ң с і т і п.* Қазір астықтың әбден піскен кезі («Лен. жас»).

БӘСЕҢСІТУ *Бәсеңсіт етістігінің қимыл атауы, басу, азайту.* Хлордың зиянды әсерін *б ә с е ң с і т у* үшін калий тыңайтқыштарымен бір мезетте азот тыңайтқыштарын енгізген жөн (Б.Шағыров, Картоп.).

БӘСЕҢШІЛ с ы н. *Енжар, селқос.*

БӘСЕҢШІЛДІК з а т. *Енжарлық, селқостық, босбелбеулік.* Үшінші топ – бұрынғы коммунистік номенклатураның жоғарғы қабатының *б ә с е ң ш і л д і к* бағыттағы өкілдері («Егемен Қазақстан»).

БӘСЕҢІРЕК с ы н. *Ақырынырақ, босырақ, солғындау.* Аманқұлдың өлеңінің соңғы шумағы алдыңғыларынан *б ә с е ң і р е к* шықты, үні баяулау естілді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Жетіқарақшы шөмішінің сабының ортасындағы қос жұлдыз екені елдің бәріне мәлім, жарқырағаны «жігіт», *б ә с е ң і р е г і* «қыз» (Х.Әбішұлы, Халық астрон.).

БӘСЕЮ *Бәсей етістігінің қимыл атауы.*

БӘСКІЛ с ы н. **1.** *Төмен, жатаған.* Қарашолақ күндегідей емес, *б ә с к і л* ұшқан сияқты (М.Әуезов, Абай жолы). **2.** *Бәсең, нашар.* Шеберден шебердің айырмасы бар, таланттан таланттың озғыны мен *б ә с к і л і* бар (М.Әуезов, Индия очерк.).

БӘСТАЛАС с ы н. с ө й л. ***Бақталас.*** Бастығы Сәт болып, осы партия мен араздықтың *б ә с т а л а с,* тайталастың аяғын әлі де болса қалмай-талмай қуатын болды (М.Әуезов, Қараш.).

БӘСТЕ з а т. к ө н е. *Қоныс.* – Шаһар сыртындағы ескі *б ә с т е* зиратында, – деді Төбей (М.Мағауин, Аласапыран).

БӘСТЕС с ы н. **1.** *Бақталас, бәсекелес.* Ішпей, жемей тойғызып түріменен, Көрінгенді *б ә с т е с* қып өзіменен. Шығып кете жаздайды денеңнен жан, Көзінің қойса қарап қырыменен (Ақан сері, Шығ.). **2.** *Қабаттас, қатарлас.* Шойынмен *б ә с т е с* сатылмас Тұтқасы күміс жез құмған (Базар жырау, Шығ.).

БӘСТЕС= е т. **1.** *Бір нәрсе орындалады деп, немесе менің айтқаным болады деп сөз берісу, сөздеріне сенімді екенін білдіріп қол алысу, немесе бәс тігісу.* Апаммен екеуміз мана *б ә с т е с і п* едік, ол балаға апам ақшаның бәрін берді (Ы.Алтынсарин, Таңд.). Бір-біріне тап беріп, Суырады қылышты. Бірін-бірі құртам деп *Б ә с т е с і п* қол алысты (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** *Жарысу, бәсекелесу.* Балық жеуде балықшылармен *б ә с т е с е* алмайды екем (С.Мұқанов, Саяхаттар).

БӘСТЕСКІШ с ы н. *Бәс тіккіш.* Ауылдың балалары *б ә с т е с к і ш* келеді (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

БӘСТЕСТІР= е т. *Бәсекелестіру, жарыстыру.*

БӘСТЕСТІРУ *Бәсекелестір етістігінің қимыл атауы.*

БӘСТЕСУ *Бәстес етістігінің қимыл атауы.* Черноносов *б ә с т е с у д і ң* мәнісін ұққандай басын изеді (К.Тоқаев, Түнде.). Жігітте мін болмаған соң, құрбысына берген сөзін жұтсын ба. Әрі *б ә с т е с у д е н* ұтылу ұят қой («Лен. жас»).

БӘСІҢКІ с ы н. ж е р г. *Жұмсақ, әлсіз.* Жұт егіз болмайды дегендей биылғы қыс жұпжұмсақ, қар аз, жер-шөп суық та 1985 жыл басталғалы *б ә с і ң к і,* тоқтыларымыз дін аман («Жаңа өмір»).

БӘСІРЕ з а т. **1.** э т н. *Қазақ шаңырағында дүниеге ұл бала келгенде, меншіктеп, арнап ен салынған құлын немесе бота.* Бес жасынан *б ә с і р е* Мінген аты Шалқұйрық, Шалып-шалып алады. Көшкен жұртта отырған Кемпірге жетіп барады. Ат үстінде Ер Төстік Кемпірден жауап алады: – Жұртта отырған енеміз, Иіліп сәлем береміз. Елсізде жүрген шешеміз, Сізге сәлем десеміз. Айдалада анамыз, Біз де сіздің балаңыз. Жапанда жүрген апамыз, Біз де сіздің ботаңыз. Алдыңдағы әперші Кеней менен сақамыз (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Жирен-жорға – құлын күнінен қолда өскен, баласының *б ә с і р е с і* екен (Қ.Жұмаділов, Тағдыр). Ата-ана баласына арнап көбінесе жас төлге ен салып, *б ә с і р е* деп атайды (ҚҰЭ). **2.** а у ы с. *Меншік, иелік.* Сосын ол лоджияда құрулы телескопқа үңіледі, кең аспанның оңтүстік жартысы бұның *б ә с і р е с і,* таныс жұлдыздары бар, битанысы және бар – аспанды шарлап кетеді, содан түн ортасында төсекке басын бір-ақ қояды. Бұл семьяда сөйлесу, сырласу салтқа айналмаған (Ә.Тарази, Бұлтқа сал.). Мынау *б ә с і р е* тайың деп, Әкелді әкем бір күні Жүрген бала ойын деп, Ержеттім деп шілтиді (Ж.Қыдыров, Сәуір лебі).

Бәсіреге тиді. *Еншіге, меншікке тиді, иемденді.* Сонда қара, көк бие өз *б ә с і р е м е т и е д і* деп ойлайсың ба? Біркімбай байсалды жауап қайырып жатыр (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

Бәсіре етті. *Арнады, құрбандыққа шалды.* Бостандыққа басын ер *б ә с і р е е т т і,* Көрмеуі үшін халқы азап-қасіретті. Осыншама қан сіңген Отанымның Әр пұшпағы мен үшін қасиетті (Т.Нұрмұхамедов, Жомарт жер.).

БӘСІРЕЛІ с ы н. *Меншікті, еншісіне тиген, арнаулы.* Қорағаты кемеріндегі жадағай жазыққа иін тіресіп, жапатармағай жалғыз жататын қалың ауылдың дүркірей көтеріліп, құм ішіндегі *б ә с і р е л і* қоныстарына қарай бөліне көшкеніне де едәуір боп қалған (Саржайлау). Вингис паркіндегі эстрада ән мерекесін өткізуге арналады. Мұның сахнасына мерекенің *б ә с і р е л і* күндерінде 30 мың адам көтерілмек (С.Хайдаров, Азамат.).

БӘТ: бәт құндыз. к ө н е. ***Бәдқұндыз***. а) *Жоғары сапалы, қымбат бағалы құндыз терісі.* Ордабайдың қыз-келіншектері *б ә т қ ұ н д ы з* бөріктерінің үкісі желкілдеп, жорға мен жүйрік мініп, алдыңғы көшке сыдыртып өте шыққан (Ж.Аймауытов, Шығ.). Түрлі асыл алған жинап қырдан, одан, Жолбарыс, аю терісі бітеу сойған. *Б ә т қ ұ н д ы з,* қара түлкі, түрлі жарақ ілдіріп айқыш-ұйқыш сәнге қойған (С.Сейфуллин, Өлеңд.). *Б ә т қ ұ н д ы з* дүрия

бөрік қалада тұр. Ауылдан мен аттанып кеткенімде, Артымнан қалқатайым, қара да тұр (Еңлік-Кебек). ә) *Қымбат бағалы құндыз терісінен жасалған бөрік.* Құлақта күміс сырға, омырауда алқа, *Б ә т қ ы н д ы з* қарқаралы киген қалқа. Алмадай жаңа піскен уылжиды, Жапқаның ер-тоқымға жасыл торқа (И.Байзақов, Шығ.).

БӘТЕГӨЙ с ы н. с ө й л. **1.** ***Батағой.*** Ақылды, *б ә т е г ө й* Зере жоғарғы сословиенің өкіліне ұқсамайды (І.Омаров, Шабыт.). **2.** с ө й л. ж а ғ ы м с ы з. *Сандырақшыл.* Буржуазиялық шірік моральдің Д.Ж.Морено деген бір *б ә т е г ө й і* алжасып отырып, адамды «әлеуметтік атом» деп танытпты (Ж.Ысмағұлов, Адам.).

БӘТЕҢКЕ [ор. ботинки] з а т. *Қысқа қонышты, бауы бар күздік, қыстық аяқкиім.* Бүркітбай кеткесін Асқар Балтабектің үйіне беттеп еді, жолда қолтығына конькилі *б ә т е ң к е с і н* қыстырып, көлге қарай кетіп бара жатқан Алексей ұшырады (С.Мұқанов, Ботагөз). Сатылған ағайдың *б ә т е ң к е с і* шойқиып, өкшесі басылған, салы суға кетіп, мұңайып жүр (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Таңертеңнен кешке дейін, күні бойы, күн ұзаққа. Ертеңді қара кеш қолында торы дорба, жаман *б ә т е ң к е с і н і ң* тобығы қисайып, дүкен кезіп, тамақ тасиды («Қаз. әдеб.»). Басымызда папаха түбектей боп, Қыз алдында тұрмадық шіреп сөйлеп. Би билеп түлкі тұмсық *б ә т е ң к е м е н,* Тәнімізге ілмедік жібек көйлек (М.Мақатаев, Шығ.).

БӘТЕҢКЕШЕҢ с ы н. *Бәтеңке киген.* Болжаулы жер, Қарсы алдында сағаттың Жыл тоссам да Жылжымауды жараттым. Қыстың күні. *Б ә т е ң к е ш е ң* студент, Жүрек ыстық, Бойға аяз тараттым (К.Салықов, Жезкиік).

БӘТЕР з а т. ж е р г. ***Бәтір.*** Бидайдан ұн болады, *б ә т е р* пісіреді, – деп кішкене қыз Үрімжан күле қарайды, Бауырсақ, шелпек болады, – деп айта алмайды, оған май керек қой (М.Әуезов, Шығ.). Жазда *б ә т е р д і* табаға пысырамыз (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БӘТЕС з а т. т о қ ы м а. <франц. batiste> *Мақта не зығыр жібінен тоқылған, түсі жылтыр жұқа мата.* Құралай көзді қарағым, Қолыңа қарай *б ә т е с т і* ал. Ақ бәтеске өрнек сал (М.Жұмабаев, Шығ.). Шәмшидің күйеуі келгенге жұрт масайрап, Күнікейдің құрбы-құрдастары атлас, торғын, жібек, *б ә т е с,* мақпал, барқыт киіп, күміс баулы, сандық шомбал шолпылары күнге шағылысып, құйымшағын созып, қызылды-жасылды, оқалы, зерлі тақиялардың шоқпардай үкілері үлпілдеп, күлтелі қос етектері күлкілдеп, он кез бәтісті аяғымен теуіп, бұлғаңдап, сәнденіп жүргенін көргенде, Шекердің іші қазандай қайнайды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бөбек қошақанды жерге түсірді де, бүрмелі ақ *б ә т е с* көйлегінің қос етегін көтеріңкіреп ап, үйге қарай дүрілдеп жүгіре жөнелді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Сеңсең терісі, қолдан ұқсатылған тері-терсек, көн секілді қарапайым материалдар жаратылса, салтанаттық киім-кешекке барқыт, масаты, шұға, жібек, қырмызы, *б ә т е с,* мақпал кездемелері, кәмшат, сусар, бұлғын, құндыз терілері, бұлан немесе бұғы күдерісі, жылқы шегеріні пайдаланылған (Ө.Жәнібеков, Қазақ киім.).

БӘТЕСТЕЙ с ы н. *Бәтес тәрізді, бәтес сияқты.* Қалдырмайсың қалтаңнан, Зіл қорғасын шойынды. Ақ *б ә т е с т е й* сыртың бар ішің кесте оюлы (С.Дөнентаев, Шығ.). Үлбіреген бұғағын күн шалған ақ *б ә т е с т е й* кескіні бар Маржанға еркек табылар-ау (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.).

БӘТКӘРДЕ [ир. بدگرده] с ы н. ж е р г. *Айыпты, кінәлы.* Сырттан шабынысып, әбден *б ә т к ә р д е* қылып тарғыл тоқалдан осылай өшін алады (С.Талжанов, Ұлдай.).

БӘТПЕРЕК з а т. с ө й л. ***Батпырауық.*** Ауыл балаларының асық ойнағандағы тәуір сақасы да, аспанға ұшатын *б ә т п е р е г і* де, қайың талынан иіп істеген садағы да, көзі шалып қалса, осынікі (Ә.Әлішев, Батыр.).

БӘТУА з а т. с ө й л. ***Пәтуа.*** Билер сонда мынадай *б ә т у а ғ а* келіпті: бұдан былай бақастықты, күншілдікті, партияшылдықты тастайық, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарайық депті (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Қазақстандық демократия ел басқару әдісін де, мәдени-ұлттық қарым-қатынастарда да, даулы мәселелерді шешуде де, уәждер мен бітім, уағдалар мен *б ә т у а л а р д а* да ұлттық үрдістерімен синтезделгенде ғана өміршең, көңілге қонымды, ойға сіңімді болмақ («Жас Алаш»). Бәйметей Салқыда үлкен ақыл қылды, Жиылып Ботақара кеңес құрды, Танытамын бейсенбі күн біліп алып, Екі елдің *б ә т у ә с і н* күтіп тұрды (Батырлар жыры).

Бәтуа кетті. с ө й л. ***Пәтуа кетті.*** Сөзден *к е т і п б ә т у а,* Базынаң жүрмей татуға, Аңдысып құда сүйекпен, Көтеріп тастап иекпен, Қадір, қасиет, сый кетті (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Жорғалап тозған бөдене – Бас қоспайсың үмеге, *Б ә т у а к е т т і* аузыңнан, Сөзіңе адам сене ме? (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Бәтуасы бәкене. *Уәде, келісімі болымсыз, болмашы.* Жаңағы *б ә т у а с ы б ә к е н е* әңгіменің үстінде, үндей қоймаса да, бар қыжылын сарқып алыпты (А.Сүлейменов, Бесін).

БӘТУАЖА [ар. فتوى] з а т. ***Пәтуа (келісім, уәде).*** Болыс, ауылнайды қолдарынан қояды.

Әлгі *б ә т у а ж а л а р ы* орындалатынына көздері жетеді (С.Шарипов, Бекболат).

БӘТУАЛАС с ы н. с ө й л. ***Пәтуалас***. Сырғабай мен Мәлік қиын-қыстауда *б ә т у а л а с,* пікірлес болатын (Ауызекі.).

БӘТУАЛАС= е т. с ө й л. ***Пәтуалас***. Тобықтының соқталы жуандарының бірі – Оразбай Аққұлов өзге озбырлармен *б ә т у а л а с ы п,* топ құрды (Т.Әлімқұлов, Абай). Жанжақтағы қатар шалдар бәрі осылай *б ә т у а л а с қ а н* тәрізді (М.Жұмағұлов, Қыран.). Бұған арнайы бір мал сойылып, ас алдындағы шағын бір той өткізіледі. Той өткізушілер бірауызды болуға, ел намысын қорғауға шақырып, *б ә т у а л а с а д ы* («Парасат»).

БӘТУАЛАСТЫҚ з а т. э к о н. *Бірнеше жақтың өзара алған міндетін белгілейтін шарт; келісім. Б ә т у а л а с т ы қ* – рынокты бөлісу және баға туралы бірнеше фирмалардың арасындағы келіссөздің нәтижесінде жасалынған, рыноктағы жағдайды нақты монополияға жақын жағдайға айналдыратын келісім (Қаз. тілі термин. Экономика.).

БӘТУАЛАСУ *Бәтуалас етістігінің қимыл атауы*. Жария етіп, жұрт алдында үйлендік десулері өткен түнде ғана, ал бас қосып, *б ә т у а л а с у л а р ы,* құшақ жарастырулары ертеден (Ж.Жұмаханов, Махаббат.).

БӘТУАЛЫ с ы н. с ө й л. ***Пәтуалы***. Адамдармен жұмысымыз сонда *б ә т у а л ы* болады (С.Байжанов, Сыр). Мына жүрістеріне қараған, осылардың арасында әлі *б ә т у а л ы* ештеме бітпегенге ұқсайды (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Нұқаңның *б ә т у а л ы* болды сөзі, Айтқаны екі болмай тұрған кезі. Ашулы Аламаның жігіттері «Қойдық» деп бата алды жылап өзі (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Қирашбек әуелгіде сөзін кібіртіктеп бастаса да келе-келе дау-шардың арасында жүрген *б ә т у а л ы* кісіше шешенсіп, бүйірі қызып кетті (Т.Нұрмағанбетов, Қарлығаш.).

БӘТУАСЫЗ с ы н. с ө й л. **1.** ***Пәтуасыз*** *(тұрақсыз, табансыз)*. Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас, Адамға бірлік керек болса жолдас, Бірінің айтқанына бірі көнбей, Істеген *б ә т у а с ы з* ісің оңбас (М.Дулатов, Шығ.). – Жеңгейден ұят болса да айтайын, сөзіңіздің берекесі жоқ, *б ә т у а с ы з* адам екенсіз ағасы,.. – деді бейтаныс кісі Пәштуанға («Қаз. әдеб.»). Ананың *б ә т у а с ы з* көп сөзінен ештеме тұта алмай қалған Бейсен шешесінен: – Мына заржағыңыз кім еді тағы? – деп сұрады (О.Сәрсенбаев, Сағым).

БӘТШАҒАР о д. с ө й л. ***Пәтшағар***. – Уә, *б ә т ш а ғ а р!* Өлеңді енді ұйықтап жатып айтатынды шығардың ба? Қырыңнан жат! – деп Сұлтанмахмұтты таяқтың үшімен қатты түртіп оятты (Д.Әбілев, Ақын.). Әй бар болса бар шығар, жаңадан күшіктенген қаншықтың көзіндей, шіли сүрленіп кеткен екен *б ә т ш а ғ а р д ы ң* көзі (А.Сүлейменов, Бесін). Пәлі, жаси қалғанын, Сөйлейсің сен де, *б ә т ш а ғ а р,* Қолынан келсе жауларың, Жүрегіңе де дақ салар (М.Мақатаев, Шығ.).

БӘТІҢКЕ з а т. с ө й л. ***Бәтеңке.*** Мінез дегеніміз қағазға сурет салып беретін *б ә т і ң к е* емес, искеп айтып беретін духи емес, сойып көрсететін тоқым-торым емес, мініп байқайтын тай-құнан емес (Ғ.Қабышев, Күлеміз бе.). Етекжеңі сымпиған, Тар шалбары тылтиған *Б ә т і ң к е с і* келідей, Галстугі желідей (Ш.Смаханұлы, Тотияйын). Сонда да болсы, лажсыздықтық салдарынан, әлгі *б ә т і ң к е н і* киіп көріп жатырмын (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

БӘТІР[1] [ар. فطيرة] з а т. т а м а қ. *Ашымаған қамырдан жайылып табаға пісірген жұқа нан.* Шешем мен әкелген ұннан екі *б ә т і р* пісірді («Қаз. әдеб.»). Әпкем жолда қарның ашып қалар деп жұқа *б ә т і р* нан қатырып, шай ішкізді (Ө.Тұрманжанов, Адам. дос). Сары май, құрт, *б ә т і р* нан исі Айқыздың мұрнын жарып жібере жаздады (Қ.Исабаев, Айқыз).

Бәтір жасады. *Келісті, уәделесті, сөз байласты.* – Ағайыны *б ә т і р ж а с а д ы* деп, сөз байласты деп, қаржы жинап берді деп, қашпаған қашардың уызына қаратқандай, қашанғы зарықтырамыз Махмұтжанды (Д.Әбілев, Ақын арманы).

БӘТІР[2] о д. *Кейігенде, кішірейте айтуда, таңдану мен жалыныштыны кейіпте айтылатын одағай сөз. Б ә т і р,* қалжыңды қойшы, жаныма бататын қалжыңды айтпа маған, шын жолдас болсаң (М.Дулатов, Шығ.). Күндемепті *б ә т і р і ң,* талғамапты, Өмір үшін адамдар қанға батты. Кеткендердің артында айғыз-айғыз, біреуден із, біреуден таңба қапты (М.Мақатаев, Шығ.). Немере етін жеп, сүйегін көзіне лақтырады, – дегендердің өзегін өрт жаласын, *б ә т і р* (О.Бөкеев, Қамшыгер).

БӘШБІРТ: **бәшбірті бітті**. с ө й л. *Халі мүшкіл болды.* Байқаймын: алғашқы жүген-құйрық тиген асаудай мөңкіп-мөңкіп әбден *б ә ш б і р т і б і т к е н* сияқты палуаншының (Б.Шалабаев, Өмірде.).

БӘШКЕ: **бәшке құрақ**. с ө й л. *Майда, қысқа өскен құрақ шөп.* Қамыс сиреп, шет жағы *б ә ш к е қ ұ р а қ* пен өлең араласа өскен шалғынға айналған шақта байқаса, жел шынында да бәсеңдеген (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БӘУЕДЕН [ар. بهاء الدين] з а т. к ө н е. *Әулие, пір.* Жүнінен жұлса бақырған, Ешкі атасын

шақырған. *Бәуеден* баққан жануар, Шөкетайым, қайдасың? (С.Қасиманов, Сиқырлы.).

БӘҺРА [ир. بهره] з а т. е с к і к і т. *Әсер, ләззат.* Өткірдің жүзі, Кестенің бізі, Өрнегін сендей сала алмас; Білгенге маржан, Білмеске арзан, Надандар *б ә һ р а* ала алмас; Қиналма бекер тіл мен жақ, Көңілсіз құлақ, ойға олақ (Абай, Тол. жин.). Тамаша әр мүшесі алуан-алуан, Сипаты жоқ осы күнде онан қалған. Жаһанда мұндай сұлу тумағандай, Көрген жан суреттен *б ә һ р а* алған (Ғашықнаме.). Адам аз мұны біліп ән саларлық, Тыңдаушы да аз, ол әннен *б ә һ р а* аларлық (Абай, Тол. жин.).

Бәһра болмайды. *Нәтиже, қорытынды болмайды, пайда жоқ.* Ата-аналары балаларын моллаға берген болады, я балалар өздері барған болады; ешбір *б ә һ р а б о л м а й д ы* (Абай, Тол. жин.).

БӘШПАЙ з а т. с ө й л. ***Башпай.*** Сөз болып па, түк емес, жеңіл, оңай. Сендей дәуге сол бақай да бұйым боп па? – деп Түнқатар *б ә ш п а й ы н* үрлеп отырған құрдасына күле қарады (М.Хасенов, Тұлпар.).

БӘШІРЕ [ар. بشرة] з а т. к ө н е. *Береке, шырық. Б ә ш і р е с і* кету (Сөз сандық).

БЕ ш ы л. **1.** *Сұраулық ба шылауының фонетикалық варианты.* Балалар үй қыдырып сүт ішеді ғой, олардың малы үй қыдырып шөп жемес дейсің *б е?* (С.Шарипов, Шығ.). Асыр сап таңның құрында, Ерке жел болып естің *б е?* Өзіме ғана сыбырла, Айтпайын басқа ешкімге (С.Мәуленов, Торғай.). **2.** *Жекелік, бөлшектеу мағынаны білдіретін көмекші сөз.* Бедерсіз, бұлтсыз, бұйра көк, Көлеңкем *б е,* үйім *б е.* Шырайы шымқай шам шапақ, Шатырым ба, шиім *б е* (І.Жансүгіров, Шығ.). Қайранбайым қалың солдат ішінде, Апырмау, бұл өңім *б е,* әлде түсім *б е?* Шабамын деп балтаны алып жүгірдім, Қан тартылып кетсе керек түсімде (Б.Майлин, Шығ.). **3.** *Күшейтпелі мағынадағы көмекші сөз.* Сүйегімді жасыттың, Кетейін *б е* өлтіріп (Жамбыл, Шығ.). Алысып жүріп өлдің *б е!* – деді кәрі құзғын күңк етіп (М. Етекбаев, Балдырған). **4.** *Шартты мағыналы көмекші сөз.* Бай құданың бейлі жоқ, Көзге ілсін *б е* кедейді, Ұрсып күші жете ме, Қартайған шал не дейді? Керегі байға қалың мал, Қызының қамын жемейді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Япырай, кессем *б е* екен мен тілімді, Үйрендім қайдан өнер, көп білімді (М.Көпеев [Мәшһүр-Жүсіп], Шығ.). **5.** *Риторикалық сұрау мағынасын білдіретін көмекші сөз.* Шыныңмен өлгенің *б е* Құлагерім, Салбырар сапты аяқтай төменгі ернің (Ақан сері, Шығ.). Жолдас деймін, ей, жолдас, санитарка, Жеттің *б е,* кел, жарамды жедел байла (Ә.Сәрсенбаев, Таңд. шығ.).

БЕБЕУ з а т. *Ойбай, айғай, зар қаққан ұн.* Сөйтіп босанудың қалай болатынын күні бұрын білген әйелдер өздерін тәртіпті ұстап, толғақ *б е б е у і н* шақырмай-ақ, сабырмен аманесен босанады (К.Өтегенова, Аборт. зияны). *Б е б е у д е н* әсте жаңылмай Аяңдап атан келеді. Әдет пе осы, япыр-ай, Бір мезгіл тынса не етеді (Қ.Көпішев, Кезеңдер).

Бебеу қақты. а) *Безілдеді, зарлады, зар иледі. Б е б е у қ а ғ ы п*, басты бұлбұл тербеткендей, Тербетіп ырыс, аспанға ерлеткендей (М.Жұмабаев, Шығ.). Сыймай қалған бір әйел *б е б е у қ а ғ ы п*, Әрі-бері жүгірді қайтем деп мен (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). ә) *Күй құлаққа әсерлі, сазды естіліп, құйқылжыды. Б е б е у қ а қ қ а н* қоңыр майда бояу домбырадан ба, Қалай да болса Абай бұл күнге шейін, өмірінде дәл осы Барлас, Байкөкше баян еткен дастан, жырларға барабар еш нәрсе есітпеген сияқты (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Күй *б е б е у қ а ғ ы п, ғ*ажап сарындар жеткізеді (С.Бақбергенов, Күй). Үстіңгі үйде домбыраның әсем сазы *б е б е у қ а ғ ы п* кетті (С.Төлешев, Түрлі. бас.). б) *Құс сайрады, жәндік ұн шығарды, дызақтады.* Беймаза бытпылдықтың жағы тынбай, Даурығып кең далада *б е б е у қ а қ қ а н* (Ж.Саин, Шығ.). Ыстыққа арқасын қыздырып, шөп арасынан өрмелеп бидайықтың басына шыққан бота тірсек сарала шегіртке *б е б е у қ а ғ ы п* шырылдап тұр (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). в) *Мәшине, мотор, аппарат тәрізді заттар қатты дыбыс шығарды, зыр қақты. Қоңырау б е б е у қ а ғ ы п,* шырылдап, Тоқаш сөзін естіртпеуге тырысты (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). Бірақ мотор *б е б е у қ а ғ ы п* Тұрды: «бердің» астына алып, Маңдайына жігіттердің Тер моншағы түсті ағып (Ә.Сәрсенбаев, Отан.).

БЕБЕУЛЕ= е т. **1.** *Ауруы жанға батып шыдай алмай ойбайлау, зар қағу, бебеу қағу. Б е б е у л е п* ұзақ толғаттым, Қиналып, қайтем, туа алмай. Жаныммен әлек боп жаттым, Жүрегім күліп қуанбай (М.Мақатаев, Шығ.). Қолының ауырғанына шыдамай, *б е б е у л е п* зарлағанда оның өте мұңлы шыққан әнін Ілияс сол жерде домбыраға салып алды (Қ.Шөкенов, Гудок). **2.** а у ы с. *Дыбыстың бірсарынды, бірқалыпты, үзіліссіз, екпінді шығуы, құйқылжуы.* Осындай даңқыл күйлер алма кезек, Домбыра *б е б е у л е д і* тілін безеп (І.Жансүгіров, Өленд.). Осыдан көп ұзамай-ақ жау бекінісінің сырт жағынан біздің қол пулемет пен автоматтың үсті-үстіне *б е б е у л е г е н* құдіретті жаңғырығы естілді (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.). Ол «бұл-

бұл» Дина кемпірдің бармағына қонып алып, домбыра шегін өрлеп, *б е б е у л е й* жөнелді (Е.Қонарбаев, Түнгі от).

БЕБЕУЛЕТ= е т. **1.** *Ойбайлату, безілдету.* Сонымен балуанның бәйгесі өтті, Оташы мертіккенді *б е б е у л е т т і.* Бұл да бір ел қыдырған есер екен, Сорлыны атқа өбектеп алып кетті (І.Жансүгіров, Шығ.). Елдерінен шыққалы еттерінен екі елі жырақ кетпеген қыл арқан кесіп, қанталап қалған білектері түйенің изең жүрісінен қайтадан қажалып, *б е б е у л е т е* түсті (Ә.Кекілбаев, Дала.). **2.** а у ы с. *Құйқылжыту, екпіндету.* Орал сылқым домбыраны қамықтырып, «қайтейін, қайтейін» дегізіп, *б е б е у л е т і п* отыр (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БЕБЕУЛЕТУ *Бебеулет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Домбыраны *б е б е у л е т у.*

БЕБЕУЛЕУ *Бебеуле етістігінің қимыл атауы.*

БЕГАЙЫМ з а т. к ө н е. *Текті әулеттен шыққан әйел есімдеріне қосарланып айтылатын лауазым, бек, сұлтандардың жұбайы, бәйбішесі және оларға қарата айтылған ізет атауы. Б е г а й ы м* атауы әйелдің әлеуметтік жайы мен шыққан тегін және оның қоғамда алатын орнын көрсеткен (ҚҰЭ).

БЕГЕМОТ [көне. евр. behemoth] з а т. з о о л. [грек. hippopotamus amphibius]. ***Сусиыр***. *Б е г е м о т т а р,* пілдер, киіктер Европа мен Азияның солтүстігінен оңтүстігіне қарай ығысып қашты (А.Машанов, Жер асты.). Алматыда папам мені зоопаркке апарушы еді. Сонда пілді, *б е г е м о т т ы* көргенмін (З.Асабаев, Ар соты). Аузы апандай, Азуы бақандай, Өзі шөккен тау – *Б е г е м о т* мынау (Т.Әбдірахманова, Білесің бе?).

БЕГЕНЕ з а т. *Бөтен, басқа, бейтаныс.* Сөзімді бастан-аяқ тыңдап тұрып, *Б е г е н е* жан мейірі түсті рақым қылып, Қылышын қынабына қайта салды. Басылып ашуынан жерге отырып (Ш.Жаңғірұлы, Өлеңд.).

БЕГЛЕН з а т. с ө й л. ***Бекзада***. Қара тоқтыны жемеген Қаблан басым-ау... у... у. Бес ешкіні жемеген *Б е г л е н* басым-ау... у... у (С.Қасиманов, Сиқырлы.).

БЕГОНИЯ [лат. begonia] з а т. ө с. *Сәндік, әсемдік ретінде өсірілетін оңтүстіктегі қызыл ала жапырақты өсімдік.* Гүліндей азалия бұраң қақтың, Көркіндей камалия сылаңдаттың. Көктемгі *б е г о н и я* жұпарындай Кун Миньнің қолтығында алқа тақтың (Ж.Сыздықов, Белестер). Бұрышты колленхимамен танысу үшін біз алдымен *б е г о н и я* жапырағы сабағын немесе әдейілеп өсірілген асқабақ өсімдігінің жас сабағын пайдаланамыз (Т.Мұсақұлов, Өсімдік. анатом.). Мысалы, үйеңкі, үпілмәлік (кенедән, майкене), *б е г о н и я* жапырақтары жапырақ жиегіне дейін саусақ тәрізді салаланып таралады (Биология).

БЕГІЛІК з а т. с ө й л. ***Бектік***. *Б е г і л і к* пен байлықтан сөз қозғасам, Көткеншектеп қашарсың, байғұс бала (Жамбыл, Тол. жин.). Ақтайлармен аталас Қойбағар руының бір тұстарда даңқы шыққан әлді-малды бір бөлегі – Көсеубай балалары әлі де дәулетті, бірақ *б е г і л і к* жағынан көп төмендеген (Ә.Көшімов, Екі бүркіт).

БЕГІМ з а т. к ө н е. *Текті әулеттен шыққан әйел есімдеріне қосарланып айтылатын лауазым.* Екінші бір назар аударарлық нәрсе – Ұлықбек Гураганның қызы Рабиа Сұлтан *б е г і м н і ң* қабырындағы жазу (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). 1895 жылы құлауға айналған Рабиа Сұлтан *б е г і м н і ң* кіші мавзолейі бұзылып, қыштары таратылып әкетілді (Сонда).

БЕГІРЕК с ы н. **1.** *Өте, тым, аса. Б е г і р е к* есепсіз қинауы да бар, *б е г і р е к* есепсіз жетістіруі де бар деп бәріне сендік – дейді (Абай, Тол. жин.). Оның ұзын бойы он құлаштан он төрт құлашқа шейін, кеудесі ұзын бойына қарағанда *б е г і р е к* жуан (М.Дулатов, Шығ.). Мазандараның ұзындығы теңізді жағалай, мың шақырым, соның ішінде Ангарим деген *б е г і р е к* жақсы (С.Шарипов, Бекболат). **2.** *Мықтырақ, мығымырақ.* Сіз сияқты абыройлы азамат керек Ресей тағының қызметіне *б е г і р е к* (Т.Ахтанов, Шырағың.). Қиналмай бос ақшаны алғаннан соң, Көңілі *б е г і р е к* те хош болады (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

БЕДЕ з а т. ө с. <лат. trifolium> *Бұршақ тұқымдасына жататын көпжылдық, кейде біржылдық жоңышқа тектес шөптесін өсімдіктер. Б е д е* республиканың барлық жерінде, шалғындарда, ойпаң жерлерде, өзен, жол бойларында, тау бөктерінде өседі (ҚҰЭ). Бөрте лақ оттық бойындағы бар *б е д е н і* таптай барып, қозылардың алдына тұра қалды (М.Әуезов, Шығ.). Шөп және *б е д е* дақылдарының қосылған әсері нәтижесінде топырақтың құнарлылығы және басқа қасиеттері өте шұғыл өзгереді (Мақта шауаш.). Қазақстанда бұршақ тұқымдас мал азықтық шөптерден тарағандары жоңышқа мен *б е д е* (Н.Шоқанов, Сапалы сүрлем.).

Беде бізтұмсық қоңызы. з о о л. *Беде, жоңышқа сияқты шөптесін өсімдіктерді зақымдайтын зиянды ұсақ қоңыз.*

Беде кеселі. *Бедені өте көп, көктей жеу салдарынан уланып ауыратын ауруы.*

Беде қыша. *Беде арасында өсетін арам шөп* (суренк).

Беде үккіш. з а т. *Тұқымдық беде не жоңышқаны астық комбайнымен бастырып алған соң, дәнді бөліп алатын мәшине.*

БЕДЕБАС з а т. бот. <грек. trigonella arcuata> *Бұршақ тұқымдас жемшөптік өсімдік, кейде тасбеде деп те аталады.* Тамаша жемшөптік өсімдіктер – жабайы Тянь-Шань жоңышқасы, кекіребас, *б е д е б а с*, түлкі құйрық, көде осы төңіректе жайқалып өседі (Қазақст. аң байлығы.).

БЕДЕГЕ з а т. к ә с. *Үлкен балықтардың жұлыны.*

БЕДЕК з а т. *Мал саудасында, әсіресе жылқы саудасында алушы мен сатушы арасында «сала» айтып бағаға келтіретін салашы, делдал.* Біреулер тарыдайын тайтұяққа балайтын тақыс саудагері, біреуі баукеспе ұрыны, енді біреулері бетінің арын сатқан *б е д е к т і*, лапке толы алуан түрлі айшықты жиһазды сөз етеді (Ш.Қызырұлы).

БЕДЕКШІ з а т. с ө й л. ***Делдал***. Сейіт *б е д е к ш і н і* маңына жуытпайды. Ол базарға келген сайын қасапшы, қуашы, *б е д е к ш і л е р д і* қан қақсатып кетеді (Іле айдыны). Мұндайда *б е д е к ш і*, делдал дейтіндер болады (Қ.Жұмаділов, Шығ.). Бүгінгі базар бағасы билеген кезеңге сай қолданыстарды алайықшы. *Б е д е к ш і*, жайма базар, көтерме базар, көтек базар, қара базар, майда-шүйде дүкені, айырбас дүкені, есеп-қисап деген сөздерді күнделікті әңгімелеуде сіңісті етіп пайдаланып жүрміз бе? («Жас Алаш»).

БЕДЕҚОҢЫР: бедеқоңыр көбелегі. з о о л. <лат. chloridea dipsacea> *Қоңыр көбелектер тұқымдасына жататын ауылшаруашылық дақылдарының зиянкесі. Б е д е қ о ң ы р к ө б е л е г і* Қазақстанның далалы және орманды-далалы белдемдерінде кездеседі (ҚҰЭ). *Б е д е қ о ң ы р к ө б е л е г і н і ң* қанатының жайғандағы ұзындығы 30–35 сантиметрдей (ҚҰЭ).

БЕДЕЛ[1] з а т. **1.** қ о ғ. <лат. auctoritas – өкімет, биік, ықпал> *Белгілі бір адамның, әлеуметтік институттың нақты қадір қасиетіне, сіңірген еңбегіне орай жалпы жұрт таныған абырой-атағы.* Бар деді алтын, күміс медаліңіз, Білінген басқа әкімге *б е д е л і ң і з*. Ылайықат сүйегіңе сәндік қылып, Меккеде қабыл болған жеделіңіз (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Әліш мұны әліде болса *б е д е л і н і ң* барлығынан көрсе, Әукең «Әліш молданың шарапаты» деп ұғынды (Б.Майлин, Шығ.). Абай *б е д е л і* жетіп, қолынан келген жерлерінде, осы Даниярдай жалқы-жетім жастарды интернатқа әкеп қосуға тырысқан (М.Әуезов, Шығ.). Дұшпаны өз алдына келгеннен соң, Бетімді тырнап алмай аясын ба? Әркімнің өзі шыққан тауы биік, Әсеттің *б е д е л і н е* қарасын ба (Айтыс).

Бедел сақтады. *Абырой-атағына кір келтірмеді.* Дәріптер, демек, айыптар, Мадақтар, *с а қ т а р б е д е л д і.* Махаббаттың еркі бар Болма оған кедергі (Қ.Аманжолов, Шығ.).

Бедел салды. *Қадірін, абыройын бетке ұстады. Б е д е л і ң д і с а л* да белден бас дегенің ғой... (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Қасен кішкене записқаға қайдағысын айтып, қатты қысылған кісі боп *б е д е л с а л а* жазды (М.Әуезов, Шығ.).

Бедел тапты. *Абырой тапты, сыйлы болды.* Атаң абырой-*б е д е л т а у ы п*, халықтың көзіне көрінсем деп едім (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

Беделі артты [өсті]. *Абыройы артты, абыройлы болды.* Ақырында [Мұхаметжанның] байға *б е д е л і а р т ы п* 1909–1910 жылдары оның сенімді адамы болды (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). Көміршілер арасында қайлашы үлкен атақ. Жоспардан асыра орындаса ақшасы да, *б е д е л і* де *а р т а* береді (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

Беделі жүрді. *Атағының арқасында сөзі өтімді болды.*

Беделіне сыймады. ж е р г. *Беделіне сатылмады.* Олар менің *б е д е л і м е с ы й м а й д ы,* өз бағасы қандай болса, сонымен алады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Беделін көтерді. *Абыройын арттырды, құрметке бөледі, даңқын шығарды.* Италияның Паганиниі, орыстың Шаляпині, біздің Күләшіміз – бәрі де он саусағының өнерімен, өңештен шыққан үнімен өз халқын әлемге танытқан, халқының *б е д е л і н к ө т е р г е н* адамдар (А.Жұбанов, Құрманғазы).

Беделін көтеру. *Абыройын арттыру, қадірін асыру.* Беделді қолдан жасауға болмайды... Мен сіз айтқандай, мұғалімнің беделін түсірдім демеймін, қайта *б е д е л і н к ө т е р у д і ң* амалын қарастырдым деп білемін, – деді Жақыпбек (М.Иманжанов). Мектеп директоры бұл ұсыныста класс коллективінің *б е д е л і н к ө т е р у* үшін әдейі жасаған екен (М.Мұқанов, Пед. очерк).

Беделін төкті. *Қадірін кетірді, абыройын түсірді.* Бөтен біреулерді мәшинеге отырғызып неге ақша аласыз? Менің *б е д е л і м д і т ө к т і ң,* жұмыстан шығардым, – деді де, шофердің аузын аштырмай, қолына бұйрық ұстата берді (С.Адамбеков, Көсе.). Сен-ақ менің алдыма түсіп, аяғымнан шалып, *б е д е л і м д і т ө г і п* біттің (С.Адамбеков, Көсе.).

Беделін түсірді. *Беделін төкті, абыройын, қадірін кетірді.* Білгендей шапшаң қуып жегерімді, Япыр-ау, осы қайдан көтерілді? Әкең мен шешең шешпес жұмбақ айтып, Жол бойы *т ұ с і р е й і н б е д е л і ң д і* (Айтыс). Әдейі *б е д е-*

л і н т ұ с і р і п, халық алдында жексұрын ғып көрсету. Кім осыны істеп жүрген? (З.Шашкин, Доктор.). Оразалиевтің *б е д е л і н т ұ с і р г і с і* келген Бақжанов түймедейді түйедей етті (Е.Оразақов, Дәрігер.).

БЕДЕЛ² з а т. *Көлем, мөлшер.* Ол бұрынғы қайраттың қашқанын соңғы үш-төрт жылдың *б е д е л і н д е* анық-ақ, сезіп жүр (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Сергелдеңмен өткен осы екі-үш күннің *б е д е л і н д е* Біркімбайдың ойламаған ойы, екшемеген ақылы жоқ (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). Хабар тиген соң тынымынан айрылды. Валерий бастығының соңынан қалмай жүріп жұмыс істеген сегіз-тоғыз айына демалыс төктіріп, сол екі-үш жетінің *б е д е л і н д е* жолға шықты (Қ.Бектұрғанов, Ізгілік.).

БЕДЕЛДЕ= е т. *Бедел салысу, бедел жарыстыру.* Нақыл бар бұрынғыдан келе жатқан: «Ер сұрар – ел намысын» *б е д е л д е с с е* (Айтыс).

БЕДЕЛДІ с ы н. *Беделі бар, қадір-құрметке бөленген, абыройлы, қадірлі.* Италия диктаторы Муссолинидің Париждегі *б е д е л д і* апталық «Лез Аннал» («Les Annales») журналының 1 көкек санында жарияланған мақаласы өте-мөте көңіл аударарлық (М.Шоқай, Таңд.). Таймастың орнына аққұба таразы жігіт Қыдрияс Моллақов сөйледі: – Бұл топалаңды бір тоқтатса, Бөкенбай тоқтата алады. Немере інісі Құдайназар мырза, күйеуі Есет батыр үшеуі бұл өлкедегі ең дәулетті, ең *б е д е л д і* адамдар (Ә.Кекілбаев, Үркер). Қанша қателесті десе де Исатайдан *б е д е л д і* ешкім жоқ (Қ.Жұмалиев, Эпос.).

БЕДЕЛДІЛІК з а т. *Беделді болушылық, қадірлілік, абыройлылық.* Біз көбінесе балалардың: «біздің папамыздың қолынан бәрі келеді» – дегенді мақтанышпен айтатынын естиміз. Зор *б е д е л д і л і к т і ң* белгісі осы емес пе? (Семья тәрбиесі).

БЕДЕЛДІРЕК с ы н. *Қадірлірек, абыройлырақ.* Қаланың орыстарының *б е д е л д і р е к* екеу-үшеуі мен Көшектер күн бұрыннан сөйлесіп келіп қояды екен (С.Шарипов, Шығ.).

БЕДЕЛСЫМАҚ с ы н. э к с п р. *Беделге ие болғансушылық, өтірік, бедел, абырой.* Шеттен келген біреу маған үйретіп, салмақ сала ма деген оңай, ойсыз үшқары, сыртқары мінезге мінді. Жеңіл, жалған *б е д е л с ы м а қ қ а* жеңгізді (М.Әуезов, Өскен өркен). Жиналыс сайын сөз сөйлемей қалмайтын. Сол арқылы өзіне *б е д е л с ы м а қ* қамдайтын (Ш.Смаханұлы, Көріп жүр.).

БЕДЕЛСІЗ с ы н. *Беделі жоқ, абырой-құрметтен жұрдай, қадірсіз.* Сонда да бұ баланы айламен ұстау керек шығар, елде де *б е д е л с і з* бола қояр ма екен? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ел ішінде *б е д е л с і з* де емес-ті (С.Көбеев, Орынд. арман). Бір де бірі тыңғылықты іштеме істей алған жоқ. Керенский ақша шығарды. Ақшасы үкіметінен әрі құнсыз, *б е д е л с і з* болды (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

БЕДЕЛСІЗДІК з а т. *Беделсіз болушылық, абыройсыздық, қадірі жоқтық.* Оқушы жанына жақын бармай тек сабақ берумен шектелу, менінше, бедел емес – *б е д е л с і з д і к* («Лен. жас»).

БЕДЕЛІК з а т. *Беде бітік өсетін шабындық.* Онда да жай емес, екінші рет шабылған *б е д е л і к т і ң* шөбін қыстаудағы қораға жеткізіп ал деп келіп отыр («Қаз. әдеб.»).

БЕДЕН з а т. с ө й л. *Көрік, келбет, кескін.* Алған соң жетпіс елдің күшін. *Б е д е н н е н* бейнеу кетер жыртылмай-ақ (Бес ғасыр.). Ол шофердің жанында отырған және бір фашистің *б е д е н і н* байқады да, көздеп атып жіберді (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). Жылқыларым құландай, Сұлу біткен *б е д е н і* Қорғасыннан құйғандай. Кең бір кілем жайғандай (Н.Байғанин, Шығ.).

БЕДЕНДІ с ы н. *Көрікті, келбетті, әдемі, ажарлы.* Ер екенсің *б е д е н д і,* Бес қаруды байлапсың Қаусырмалап денеңді. Бір нәрсені ойланасың Үстіңе киіп кебенді (Едіге).

БЕДЕР з а т. **1.** *Бір нәрсенің бетіндегі кедір-бұдыр із, таңба.* Кейбір жартастардың бетінде шілтер сияқты күрделі *б е д е р л е р* өрнектелді (С.Орынбаева, Геогр. ғажайып.). Жүресің дауыл өтінде Алаңсыз қыс пен жазың жоқ. *Б е д е р і* жердің бетінде Жазылып қалған әжім боп (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). **2.** қ о л ө н е р. *Бір заттың бетіндегі әшекейлі өрнек, бұдыр, бұр.* Бастырманың бетіне әдетте сызықша, өсімдік әліптес *б е д е р л е р* түсіріледі (ҚазССР тарихы). Әсіресе мен Жанбосынның аяғындағы өкшесі мен табанында түйме тәрізді сәнді *б е д е р і* бар қонышты қара ботинкаға қатты қызығам (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Кешубай өз жеріне қайта келді. Неше күндей ақ патша қонақ қылып, Сыйлыққа алтын сағат *б е д е р* берді (Ә.Найманбаев, Шығ.). Дүниені түгел жауып жатқан әлгі бір жасыл кілем бетіне енді қарасаң, әдемі ақ *б е д е р л е р* пайда болады (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). **3.** <франц. relief> г е о г р. *Құрлық бетінің, мұхит пен теңіз түбінің тегіс емес жерлері.* Жердің сыртқы түрі, *б е д е р і* оның ішкі құрылысына байланысты ғой (А.Машанов, Жер асты.). Қызыл қағаздың бетіндегі жазулар туған жердің *б е д е р і,* өзені мен тауы, өзегі мен даласы сияқты боп елестеді оның көзіне (С.Бақбергенов, Алтынемел.). Жер *б е д е р і* қалай өзгерген, – деді Қабай (А.Машанов, Жер асты.). **4.** а у ы с. *Кескін, тұлға, сурет.* Тіршілік *б е д е р л е р і* бір өңдес, тек мінез бен әрекет басқа-басқа (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Ол туған жердің осы аяулы *б е д е р і н е* іңкәрлана қарады

(Д.Досжанов, Зауал). Бедердің әрбір пішіні барлық *б е д е р* пішіндері (таулар, аңғарлар, алқаптар, орлар, шұңқырлар, өркештер және т.б.) өзара қиыстырылып, ылдилар түзілетін беттерден пайда болады (Қаз. тілі термин. Әскери.). **5.** *Бір нәрсенің түрі, кейпі.* Көсемнің алдында сол тұрған кеннің Өлеңім қайдан қамтыр бар *б е д е р і н!*.. Ат басынан шағындау көрінгенмен, Сол кенде таудай салмақ бар дер едің! (Д.Әбілев, Алтай). Бір мың екі жүз жылға таяу храм қазір тозған, қабырғалары мен колонналары әбден мұжылып, ою-өрнектерінің *б е д е р і* кеткен (Т.Ахтанов, Үндістан.). **6.** а у ы с. *Абырой, қадір, даңқ.* Аптықпай сөйле, Шашубай, Сынып қалар *б е д е р і н* (Жамбыл, Тол. жин.). *// Реңк, белгі, нышан.* «Сараның күтты болсын ақ ордасы» деген қыздар хоры, сырттай той, мереке пішінде болғанымен, қайғыдан құр емес. Бірақ қайғы айқайлап тұрған жоқ, *б е д е р і* ғана білінеді (А.Жұбанов, Мұқан Төлебаев).

Бедер белгілері. г е о л. *Құм немесе құмайт шөгінділер бетінде желдің немесе су ағындары мен толқындардың әсерінен пайда болатын белгілер жиынтығы. Б е д е р б е л г і н і ң* сырт көрінісі бір-біріне бойлас созылған және ирелеңдей сағаланған білікшілер немесе тарамдала және құстаңдайлана астасқан ойысшылар мен дөңесшелер жүйесіне ұқсайды (Қаз. тілі термин. Геология). *Б е д е р б е л г і л е р і н і ң* таптары шөгінді таужыныс қабаттары бетінен ұшырасып қалуы ықтимал, оларды зерттеу көне түзілім алабының жекелеген сипаттарын анықтауға мүмкіндік береді (Қаз. тілі термин. Геология).

Бедер генерациясы. г е о л. *Бір уақытта, бедердің белгілі бір даму сатысында пайда болып, бір буын жасайтын, жаратылуы әртүрлі бедер пішіндерінің кешені.* Көне *б е д е р г е н е р а ц и я с ы* әдетте, қатты бүлінген, бөлектенген жұрнақ пішіндерден тұрады (Қаз. тілі термин. Геология).

Бедердің жасы. г е о л. *Құрлық беті, теңіз түбі бедерінің жаралған кезінен қазіргі пішінге келгенге дейінгі уақыты. Б е д е р д і ң ж а с ы* абсолют жас (аккумуляциялық пішіндерді құрайтын тау жыныстардың жасы бойынша жыл өлшемімен анықталады) және салыстырмалы жас (органикалық қалдықтар бойынша немесе пішіндер арақатынасы арқылы анықталады) болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Геология). *Б е д е р д і ң ж а с ы* бірнеше әдістермен анықталады (Қаз. тілі термин. Геология).

Бедердің жіктемесі. г е о л. *Бедер пішіндерін бірқатар белгілері бойынша жүйелеу. Б е д е р д і ң ж і к т е м е с і н і ң* бөлінуі: 1) геотектоникалық-тектоникалық режімге байланысты, ең жаңа тектоникалық қозғалыстардың қарқындылығы мен бағыттылығы бойынша; 2) генетикалық – морфогенез процестері мен агенттері бойынша; 3) морфо-генетикалық – бедер типтері бойынша; 4) жасы бойынша (Қаз. тілі термин. Геология).

Бедердің морфологиялық кешені. г е о л. *Генетикалық байланыстағы бедер пішіндердің кеңістіктегі заңдылықты бірлестігі. Б е д е р д і ң м о р ф о л о г и я л ы қ к е ш е н і* сыртқы пішіннің өзгешелігі бойынша типтер мен бедер пішіндері бөлінуі мүмкін (Қаз. тілі термин. Геология). Эволюция процесінде *б е д е р д і ң м о р ф о л о г и я л ы қ к е ш е н і* біртіндеп сыртқы пішінін өзгертеді (каньондар кемелденген аңғарларға айналады және т.б.) және Эдельштейн бойынша (1947) геоморфологиялық генетикалық қатарлар пайда болады (Қаз. тілі термин. Геология).

Бедердің оң пішіндері. г е о л. *Жер бетінің көтеріңкі бөлікшелері.* Генезисі, өлшемдері мен кейіптері әр түрлі болуы мүмкін: үстірт, төбе, шоқы, төмпешік және т.б. *б е д е р д і ң о ң п і ш і н д е р і* – салыстырмалы ұғым, мысалы, мұхит үстірті оның түбіндегі оң пішін болса, континеттермен салыстырғанда теріс пішін болады (Қаз. тілі термин. Геология).

Бедердің теріс пішіндері. г е о л. *Жер бетінің абсолют немесе салыстырмалы биіктіктерге байланыссыз төмендеген бөлікшелері. Б е д е р д і ң т е р і с п і ш і н д е р і н і ң* генезисі, өлшемдері мен кейіптері әр түрлі болады: қазаншұңқыр, аңғар, шұңқыр және т.б. (Қаз. тілі термин. Геология).

Бедер типі. г е о л. *Сыртқы кейпі біркелкі, генезисі мен жасы бірдей бедер пішіндерінің кешені. Б е д е р т и п і* ең жаңа тектоникалық қозғалыстар мен экзогендік процестердің белгілі бір бағыттылығы жағдайында пайда болады (Қаз. тілі термин. Геология). Құрама бөліктердің біреуінің аз ғана өзгеруінен жаңа *б е д е р т и п і* қалыптасады (Қаз. тілі термин. Геология).

Бедері кеткен. *Өңі кеткен, ескірген, тозған.* Қарабала Есекеңді Наркомпростың алдында кездестірді: *б е д е р і к е т к е н,* сырты дәл өзінің беті тәрізді қыртыс-қыртыс буаз портфелін қолтығына қысып, қорбаңдап, ол әлдеқайда асығып барады екен (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

Бедері қашқан. *Қисыны кеткен, сұреңсіз.* Көп күнгі күмәнның тұманы сұмдықпен сейілсе, алдан тарау-тарау жолдар тосып алады-дағы *Б е д е р і қ а ш қ а н* болмысқа тың таңбалар түседі-дағы (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

Бедерін берді. *Қарасын көрсетті, біліне бастады.* Айнала төңірек бірте-бірте бозарып, көз жетер жердегі қара-құралар *б е д е р і н б е р і п* келеді (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн.).

Бетіне бедер түсті. а) *Таңба салды, дақ түсті.* Қасырлар бойына жұрт ізі, мал тұяғынан

басқа *б е т і н е б е д е р т у с п е г е н* құм жиегіндегі тақтайдай жазық дала бензин татып, керосин иіскегелі бес-алты жылдан асқан жоқ (С.Адамбеков, Атылған қыз.). ә) *Әжімденді, қартайды.* Міне, Мұхтар Әуезов бұл жағынан келсеңіз *б е т і н е б е д е р т у с к е н* көне бейненің өзін құлпырта суреттеп көз алдыңа қаз қалпында алып кеп тартқандай емес пе? (С.Талжанов, Ұлдай.).

Сөз бедері. *Сөз асылы, сөз кестесі.* Жасыл шөп жайқалып, гүл құйылып тұр, Керіліп кең далада жатқан елім. Көзіммен көргенімді қолмен жазып, Қағазға салдым кесте *с ө з б е д е р і н* (Ақын жырлары). Алтын менен күмістің нақысындай, Міні жоқ бізден шығар *с ө з б е д е р і*. Шатыр тік, көк майсаға бір тайды сой, Кешікпей шықсын үйден болса өнері (Айтыс).

БЕДЕР-БЕЙНЕ з а т. *Өзіндік ерекшелік, көркемдік, өзіндік айшық.* Шындығында, күні бүгінге дейін Абай мен Сұлтанмахмұт поэзиясы, Әуезов пен Мүсірепов прозасы орыс тілінде өзінің бар *б е д е р-б е й н е л е р і м е н* көріне алмай отыр («Қаз. әдеб.»).

БЕДЕРБЕЛГІ з а т. и н ф. <ағыл. character> **1.** *Бедербелгілік жинақтың элементі.* **2.** *Құрылғы әліпбиінің элементі.*

БЕДЕРБЕЛГІЛІК с ы н. и н ф. *Бедербелгіге тән, бедербелгіге қатысты.*

Бедербелгілік барабан. *Бетіне бедербелгілер келтірілген баспа механизмінің барабаны.*

Бедербелгілік жинақ [таңбалар жинағы]. и н ф. *Элементар таңбалар (бедербелгілер): әріптер, цифрлар және басқа таңбалардың берілген жүйеде баспаға беруге немесе ақпаратты дисплей экранында бейнелеуге пайдаланылатын толық жиынтығы.*

Бедербелгілік [мәтіндік] жол. и н ф. <ағыл. warranty (text) line> *Берілген әліпбидің кез келген таңбаларынан тұратын жол.*

Бедербелгілік тізбекше. и н ф. <ағыл. character chain, string> *Бедербелгі тізбегінен тұратын мәліметтер мөлшері.*

БЕДЕРЛЕ= е т. *Бедер салу, өрнектеу, әшекейлеу.* Аспан көкпеңбек... Тек әредік-әредік жібек торғындай қақтап *б е д е р л е г е н* жұқа күмістей ақ шарбы бұлттар бар (С.Сейфуллин, Тар жол.). Латыш суретшісі Альберг Вадистің мыс бетіне *б е д е р л е п* салған «Бұл күндердің даңқы өшпейді» атты кең полотносынан біз осындай жайларды аңғарғандай болдық («Қаз. әдеб.»). Жел қайраған қар беті, Орай-орай көп өрнек. Сонша қилы суретті Қалай салған *б е д е р л е п* (Ғ.Орманов, Таңд.).

БЕДЕРЛЕН= е т. **1.** *Өрнектелу, әшекейлену, безендірілу.* Жаңа үйлер қолға алынды жеделденіп, Салынды сансыз айшық *б е д е р л е н і п* (С.Дайырбеков, Арман). Боробудур храмының жан-жағының бәрі ақ, көк, қызыл тастан қашалып, *б е д е р л е н і п* салынған («Лен. жас»). Онда алтын түсті нақышпен *б е д е р л е н г е н* кілемдер жайылып, жас жігіттер киімдерін шешіп, арнаулы орындарға отырысты (Мың бір түн). **2.** *Өзен, көл, теңіз бетінің ұсақ толқын басуы.* Көлдің жалтыр жайқының айнадай тұнық суының беті кейде қалтырап *б е д е р л е н і п*, толқып, ақ моншақ тізіп, ойнатып шашқандай болады (С.Сейфуллин, Тар жол.). Дәл сол көк жүзінде күле жүзген күн секілденіп төменде *б е д е р л е н і п* жатқан көк теңіздің бетінде қалқып жүрген кемелер жарқ-жұрқ етіп, күн нұрымен шағылысқан сәулесі көзді ұялтады (Ә.Әбішев, Замана.). Жайық майда *б е д е р л е н і п* баяу ғана ағып жатыр («Қаз. әдеб.»).

БЕДЕРЛЕНДІР= е т. *Әшекейлендіру, безендіру, өрнек салдыру.*

БЕДЕРЛЕНДІРУ *Бедерлендір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Өрнектелу, әшекейлену, тұрлену.* **2.** г е о л. *Қатты (тұп) тау жыныстардың аршылуы нәтижесінде олардың беткі жазықтығына тән болмыс-бітімінің барынша айшықтала отырып, дөңестене дербестелуі.* Палеонтологғалымның түпнұсқаларға айналған организм қалдықтарын қоршаған ортадан дербестеп алу процесі де *б е д е р л е н д і р у* терминімен өрнектеліп жүр (Қаз. тілі термин. Геология).

БЕДЕРЛЕС с ы н. *Тұстес, тұрлес.* Сұқсыр үйректің бетеге жүні *б е д е р л е с* шарпыдай жұқа сүйқылтым бұлт тұңғиық терең аспанды ала жауып тұр (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны).

БЕДЕРЛЕУ *Бедерле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сәндеу, әшекейлеу.* Осыдан он бес күн бұрын бір табақ қағаздың бетін *б е д е р л е у г е* кірісті (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). **2.** а у ы с. *Бейнелеу, суреттеу.* Үшінші, өмір құбылыстарын дәл *б е д е р л е у г е* ауытқығанымен, соның тегін тектеуге болатындай негізгі формасын көңілге ұялату (А.Сейдімбеков, Күңгір. күмбез.).

Бедерлеу әдісі. *Металл өңдеу әдісі.* Алтын, күмісті ерітіп, қалыпқа құйып *б е д е р л е у ә д і с і м е н* алтын қасық, күміс ожау, сағат қаптары сияқты заттар да істеледі (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Бедерлеу өнері. қ о л ө н е р. *Зергерлік немесе скульптуралық, архитектуралық тұрғыдан нақыштау, бұдырлау, бунақтау тәсілдері арқылы түрлі заттардың бетіне өрнек түсірудің бір түрі.* Бертініректе тасқа қашап өрнек салу, фасад аркатурасы, *б е д е р л е у ө н е р і* дамыды (ҚСЭ). Халық шеберлері *б е д е р л е у ө н е р і н д е* нақыштау, бұдырлау, бунтақтау сияқты түрліше тәсілдер қолданған (ҚҰЭ).

БЕДЕРЛЕУШІ з а т. к ә с. *Металл бетіне түрлі бедер салу ісінде пайдаланылатын құрал.*

БЕДЕРЛІ с ы н. **1.** *Бедері бар, нақышты, өрнекті, оюлы.* Жұмыр немесе жалпақ күмістің бетіне *б е д е р л і* ернеулі ұя жасалып ақ, көк, қызыл, жасыл түсті асыл тас көздер орнатады (Х.Шобай, Қаз. ұранқай. қолөнері). Енді мына жәрмеңке комитетінің қазақ иісі сасыған үйін де уақытша кабинет-сымаққа айналдырылған кең бөлмеге келіп, қалтасынан тіс шұқуышын алып, жапырақ *б е д е р л і* қызғылт шытпен тысталған имек аяқ кішкене диванға отыра беріп еді, есік қағылды (Б.Аманшин, Көкжар). Мағрипа үстінде үй ішіне киетін *б е д е р л і* атлас халат соншалық мүсінді (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). **2.** а у ы с. *Ерекше, көркем.* Осы спектакльде айтпай кетуге болмайтын бір *б е д е р л і* бейне бар. Ол – контролер Балапан («Қаз. әдеб.»). Әдебиет адамгершілік негізге құрылған, *б е д е р л і* бейнелер жасап, тосын тақырыпты биік суреткерлік деңгейде орындап шыққан (М.Мағауин, Мен).

Бедерлі жазу. п е д. *Заңғыптарға оқуға арнап, жазу үшін жасалған шрифт.* Қазіргі кезде *б е д е р л і ж а з у ғ а* математикалық, химиялық белгілерді ендіру, *б е д е р л і ж а з у д ы ң* көлемін кішірейту т.б. жұмыстар жүргізілуде (ҚСЭ). Ағашқа ойылған *б е д е р л і ж а з у* ертеден белгілі (ҚҰЭ).

БЕДЕРСІЗ с ы н. **1.** *Бедері жоқ, бедер салынбаған.* Алтындап төгуге көбінесе бедерлі, *б е д е р с і з* басып төгу әдісін қолданады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Құйылғандай *б е д е р с і з* қола тастан Ескерткіштей шеттерінен От көздер, Пырақ сөздер, Құрыш құлақ Сыр пұшпағын тартады Бірін-бірі жымысқылап (С.Мәуленов, Шалқар) **2.** а у ы с. *Ажарсыз, көріксіз.* Бұл кім өзі көзінде күлкі ойнаған? Үні де әсем, сырнайдай сұңқылдаған. Киілмеген етіктің қонышындай Бет терісі *б е д е р с і з* жылтылдаған (Ә.Тәжібаев, Кеше.). **3.** а у ы с. *Өзіндік бет-бейнесі жоқ, тұрақсыз, құрғақ. Б е д е р с і з* сөзде бедел жоқ (М.Әлімбаев, Өшпес от). Сөзінің алды бар, арты тар, жұмысы жоқ, тұрмысы тоқ, жүрісі кесек, өрісі – өсек, суық, сұйық жүретін әлдекімдердің *б е д е р с і з,* берекесіз бейнесі елестеп кетті (Қ.Ыдырысов, Ел жатса да.). **4.** а у ы с. *Белгісіз, беймәлім, тұсініксіз.* Енді ол мынау *б е д е р с і з* біркелкі күндердің қайсысын меже тұтарын да білмейді (Ә.Кекілбаев, Дала.). Ол оқиғаны Тұқымбай өз көзімен көрген емес ешқашан. Бірақ солғын, *б е д е р с і з,* белгісіз бояуына дейін біледі (С.Бердіқұлов, Егеулі найза).

БЕДЕРСІЗДЕН= е т. *Бояуы кету, көріксіздену.* Үйлер мен вагондардың *б е д е р с і з д е н г е н і* сонша, әуелгі түсі қандай екенін айыру мүмкін емес («Лен. жас»).

БЕДЕРСІЗДЕНДІР= е т. *Бедерін кетіру; көріксіздендіру.*

БЕДЕРСІЗДЕНДІРУ *Бедерсіздендір етістігінің қимыл атауы.*

БЕДЕРСІЗДЕНУ *Бедерсізден етістігінің қимыл атауы.*

БЕДЕРШІ з а т. қ о л ө н е р. *Ағашқа, темірге ою-өрнек, бедер салатын шебер. Б е д е р ш і* – бедер түсіруші шебер (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БЕДЕУ[1] з а т. *Жүйрік, бәйге аты, жараған жылқы.* Сыбызғы, сырнай шарқылдап, Мінгендері дәл *б е д е у* Келеді бектер дабылдап (Батырлар жыры). Күнікей *б е д е у* мініп қылаң ұрса, төбесі көкке жетпес пе еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Шапса да қанша жүйрік, *б е д е у* озар, Болмайды кім үмітті қосқан жерде. Билер көп төр алдында тасырайған, Жол табар көсем қайда қысқан жерде (Ақан сері, Шығ.). // *Жүйрік. Б е д е у* аттың бестісі-ай, Адамның болмас естісі-ай, Қайда да кетіп барасың? Қарағымның ешкісі (Алпамыс).

Бедеу бие. *Құлындамайтын қысыр бие.* Біздің үйдің жатаған *б е д е у* қара көк *б и е с і н е* мінген, оң жақтағы қожбан қара жылқышы Сейфолла екенін мен бірден танырдым (Ә.Көшімов, Жас аңшы).

БЕДЕУ[2] с ы н. **1.** *Бала көтермеген (әйел).* Бала түгіл сымбыл жоқ, *Б е д е у г е* бала бермек ең. Бедеу қатын қалды ма Сен етегін көрмеген? (Дулат Бабатайұлы, Замана.). «Қартайды Жақып, – құ бас – деп Халықтың сөзі мен болдым, – Қатыны *б е д е у* тумас» – деп (Манас). **2.** *Қысыр, бойдақ (мал).* Күрең бие *б е д е у* еді. Өмірі құлындаған емес (З.Ақышев, Достар.). Бақсы ойнап күңірентсе де қобыз үнін, Қойқаптан қозғағанда Қорқыт жынын. Боз інген боталамай қалды *б е д е у,* Шашты ашпай құмалақшы қырық бірін (І.Жансүгіров, Өленд.). Қалтай ауыл шеті көрінген бетте астындағы қаншырдай қатқан жирен *б е д е у і н* ойнақтатып, топтан оза берген (К.Сегізбаев, Беласқан).

Бедеу болды. *Бала көтеретін қабілеті жоқ, құрсақ көтермеді, бала тумады.* Микробтар әйелдің аналық безін қабындырады. Әйел *б е д е у б о л ы п,* перзент көтермеуі мүмкін (Е.Оразақов, Дәрігерлік.).

Бедеу ықылас. *Алдамшы құр пейіл, жалаң көңіл, жалаң шырай берушілік.* Алдаберген [Сапарға]: *б е д е у ы қ ы л а с* көңілді тойғызбайды екен (Т.Ахтанов, Дала сыры).

БЕДЕУДЕЙ[1] с ы н. *Бедеу жүйрік сияқты.* Бектер мінген *б е д е у д е й,* Безектей басқан аяғын, Сен тұрғанда бармадым (Батырлар жыры). Бұйырды: «Шаһнаманы» сөз қылуға,

Ойласып Мирзоянмен ойға сарап. *Б е д е у д е й* басын шұлғып, «болады» деп, Күйіме күнненкүнге түстім жарап (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Бәйгеге қосқан *б е д е у д е й*, Сөзге мен де самғадым, Ерінбей сөйле қызыл тіл, Ешкімге түспес салмағың (Майлықожа).

БЕДЕУДЕЙ[2] с ы н. *Бойдақ, қысырмалдай.* Әуес болдық *б е д е у д е й* берместікпен. Табиғаттан ежелгі біз айрылдық, Жомарттықты жұқтырған тал бесіктен (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

БЕДЕУЛІК з а т. <лат. sterilitas> **1.** *Кәмілетке толған әйел не еркек ағзасының ұрпақ бермеуі, ұрықтанбаушылық, ұрық болмаушылық, ұрпақсыздық.* Халықтық медицинада көкек наргүлдің шөбін шай ретінде қайнатып, *б е д е у л і к к е*, сары ауруға, бронхитқа, жатыннан немесе басқа да қан кеткен жағдайда, терлеткіш ретінде және сырқырама ауруларына қарсы ішеді (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). *Б е д е у л і к* алғашқы аборттан кейін-ақ басталуы мүмкін, – дейді (К.Өтегенова, Аборт.). Оспанның Гүлжанның бетіне салық қылары – оның *б е д е у л і г і* (А.Хангелдин, Қараторғай). Тоқалының *б е д е у л і г і н* байдың бетіне басқандай болғанын ол жаңа сезді (З.Ақышев, Ақбел.).

БЕДЖА з а т. *Судан мен Эфиопияның шекаралас ауданын мекендейтін халық. Б е д ж а л а р д ы ң* бай ауыз әдебиеті қалыптасқан (ҚҰЭ). Сондай-ақ *б е д ж а* арасында араб тілі де кең тараған (ҚҰЭ).

БЕДЛЕНД [ағыл. badlands] з а т. г е о л. *Қопсық немесе нашар кәріштенген таужыныстардан тұратын терең және күрт тілімденген тау бөктері немесе жекелеген қыраттар. Б е д л е н д* шөлейт аумақтар мен біршама қопсық таужыныстарға тән (Қаз. тілі термин. Геология).

БЕДІРЕ [ор. ведро] з а т. с ө й л. ***Шелек.*** Қаратай бойын тоқтатыңқырап алып, жаман жарық *б е д і р е г е* бидай қуырғандай қылады («Қаз. әдеб.»).

БЕДІРЕЙ= е т. э к с п р. **1.** *Безеру, сазару, тесірею.* Неге *б е д і р е й д і ң?* Белсендігіңе нұқсан келтіретін сөз айттым ба мен? (Б.Майлин, Шығ.). Неге *б е д і р е й е* қалдың-ей. Көжепөжең бар емес пе? (Т.Иманбеков, Үш ай.). Даурығып онша дауыс та көтерген жоқ, тек көзі *б е д і р е й і п*, екі жағына кезек аунақшып, кипалақтай берді (Алғы шептегілер). Әлгі сөзді естігеннен Ақбілек жасын тиып, көзі мөлдіреп, қиялға түскендей, алдына тұрған жез шәугімге қарап *б е д і р е й е* қалды (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** *Мелшию, міз бақпау, меңіреу күйде болу.* Бетінде қаны жоқ *б е д і р е й і п* жатқан сұп-сұр сазды дала... (С.Мәуленов, Жер нәрі). Осылайша, адамға қоятын сұрағы көп, бірақ қайтаратын жауабы жоқ, *б е д і р е й г е н* бедеу күндер бірінің соңынан бірі шұбырып өтіп жатты (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Талай-талай жолаушының басын жұтып, ақсиған сүйекке айналдырған Бетпақдала *б е д і р е й і п* жатыр (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл).

БЕДІРЕЙТ= е т. *Көзін тесірейту, жүзін сазарту.* Жұлқынып жерді теуіп, ұлықсып ісіп, кепуіп, Мұртын едірейтіп, бетін *б е д і р е й т і п* (Ө.Тұрманжанов, Жауқазын).

БЕДІРЕЙТУ *Бедірейт етістігінің қимыл атауы.*

БЕДІРЕЙІС= е т. *Сазарысып, безірейісіп қалу.* Енді екі зәрлі жылан арбасып қалғандай, көздерін қадасып алып, *б е д і р е й і с і п* қатып қалды (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Пристав пен мүгедек матрос түнеугі бір өлік үстіндегі ызғарлы қарастарын қайталап, бір-біріне *б е д і р е й і с е* қалды (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

БЕДІРЕЙІСУ *Бедірейіс етістігінің қимыл атауы.*

БЕДІРЕК с ы н. к ө н е. *Құны жоқ, құнсыз.* Асықпай тұр, *б е д і р е к,* қаның тасса, Шіміре қыл да іше бер, қарның ашса. Қойға келген жерімде ондай етіп, Менің теңім сен бе едің, шұнақ тазша (Қозы Көрпеш.). Немене, былшылдап отырсың, Бес байталға алған, *б е д і р е к,* Бір нәрсені көрерсің, Шығып кет үйден тезірек (Қамбар батыр). Әке сенің артыңнан Бес байталдың *б е д і р е к* құл Аңлып жүрген дұшман-ды (Алпамыс).

БЕДІРЕҢДЕ= е т. э к с п р. *Одыраңдау, едіреңдеу, ежіреңдеу.* Таңқы танау, екі беті быттиып *б е д і р е ң д е п* тұратын қызыл қоңыр жігіт урядниктің Кәленнен іштей ығысып қалғанын сезе қойды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Анау әрбір өтірік айтқан кісінің көк беттігіне бағып, көпке дейін *б е д і р е ң д е п* болмады (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

БЕДІРЕҢДЕУ *Бедіреңде етістігінің қимыл атауы.*

БЕДІРЕЮ *Бедірей етістігінің қимыл атауы.*

БЕЖЕ з а т. ө с. <лат. chaienomeles> *Түрлі түсті гүлденгіш тұқымдасына жататын, оңтүстік аймақтарда өсетін ағаш (айва) және соның жемісі. Б е ж е...* буын ауруына, балтыр еттің тыртысуына ем болады Бұны кей жерде беке, беге деп те атайды (Х.Тілемісов,.. Ауыл шаруаш. сөзд.).

БЕЖІН: **бежін ер**. к ө н е. *Алды-арты шошақ, сырты иленген терімен я былғарымен қапталған, Пекин қаласында жасалған ер.* Тұлпар атты жаратып, Құйрық, жалын таратып, *Б е ж і н е р д і* ерлетіп, Жорыққа жортып,

терлетіп, Сырты қырлы, жүзі алмас, Салған дағы жоғалмас Сапы асынар ма екенсің? (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Ер Сонда төре *б е ж і н е р* әкеліп ерттетіп беріпті, көзімдей көріп жүр деп бір кісе қоса беріпті (XIX ғ. қаз. поэз.).

БЕЖІРЕЙ= е т. с ө й л. ***Бедірей***. Көзі ашыққан қасқырдың көзіндей *б е ж і р е й і п* кетіпті (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр). Сонталып кете жаздаппыз ғой! – деп Әбдіжаппар Жақыптың күмілжіген жүзіне *б е ж і р е й е* қадалды (Қ.Ысқақов, Қараорман). *Б е ж і р е й і п* отырмай, Бетіңді бұрып панала (Базар жырау, Шығ.).

БЕЗ з а т. <лат. glandula> **1.** а н а т. *Адамның, жануардың ағзасында болатын, оның зат алмасуын реттейтін мүше*. Тері қабаттарында тер шығарғыш және май өндіргіш екі түрлі *б е з* болады (Е.Оразақов, Дәрігерлік.). Сексенде көңіліңді кеудең қылмай, Жүрерсің өкпелесіп екі *б е з б е н* (Базар жырау, Шығ.). Бір түрлі тақ ас қорыту *б е з д е р і н і ң* сөл бөлуін азайтады (С.Жұмабаев, Ұзақ өмір.). **2.** с а я т. *Бүркіт табанындағы, тұяқ көбесінің астындағы емшек сияқты іріліцсақты түйін, түйнек.* Әсіресе саусақтың тұяқ көбесінің астындағы емшектері ірі келеді. Осы емшектердің құсбелгілер *«б е з»* деп атайды (Қырандар). **3.** а у ы с. *Ағаштың шор жері, беріші.* Қайыңның қатты *б е з і* едім, Өлеңнің аққан көзі едім (Базар жырау, Шығ.). Қабаққа біткен қайыңның Беріші еді, *б е з і* еді. Өтіндей-ақ аюдың Әкемнен қалған көз еді (І.Жансүгіров, Шығ.). Қолындағы қайыңның *б е з і н е н* жонып жасаған имек сапты ожау тым сәнді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). **4.** а у ы с. *Іске пайдасыз, қажетсіз, жарамсыз нәрсе*. Бекбикелер ел денесіндегі бұралқы *б е з* ғой. Бәрін қоссаң халықтың бір процентіне толмайды, – деді (Ғ.Сланов, Домбыра.).

Арам без. *Керексіз, пайдасыз, жарамсыз нәрсе.* Сұлу қыз бен я батыр, Болмаған соң Тәңрі алғыр, Шығып кетер я қалғыр, Оған ақыл – *а р а м б е з* (Абай, Тол. жин.).

Без ожау. э т н. *Ағаштың берішті жерінен, безінен жасалған ожау.* Күмістеген *б е з о ж а у м е н* қою сары қымыздың қышқылтым иісін бұрқыратa, сары бәйбішенің өзі сапырды (С.Бегалин, Бала Шоқан).

Без түйіні. м е д. *Емшек, бауыр, бүйрек, аналық, құық түбі және т.б. бездерде өсетін және солардың тіндерінен тұратын қатерсіз түйін* (М.Исамбаев,.. Мед. анықтама).

Без шошыды. *Без қабынып, ісінді.* Тамағымнан *б е з ш о ш ы п,* жақ етім шодырайып ісіп шыға келді (Б.Қыдырбекұлы, Ешкім.).

Бүйрекүсті безі. <лат. glandulae suprarenales> б и о л. *Екі бүйректің үстінде орналасқан, ағзада ақуыздың көмірсуға айналуын және минералдық тұздардың алмасуын реттейтін жұп орган. Б ү й р е к ү с т і б е з і* 50-дей гормон (мысалы, адренамин, альдостеарон, кортикостерон, кортизон т.б.) бөліп шығарады (ҚҰЭ). *Б ү й р е к ү с т і б е з і н і ң* сыртқы қабаты зақымданса, адам адрисон ауруына шалдығады (ҚҰЭ).

Қалқанша без. а н а т. <лат. glandula thyroidea> *Кеңірдектің қалқанша шеміршегі мен 5–7 кеңірдек сақиналары аралығында орналасқан, ағзаның өсуін, дамуын, ондағы зат алмасуды реттейтін, құрамында йоды бар гормон түзіп, оны өзіне жинайтын орган. Қ а л қ а н ш а б е з і* адамда, сүтқоректілерде біреу, ал қосмекенділерде, бауырымен жорғалаушыларда, құстарда жұп болады (ҚҰЭ).

Ұйқы безі. а н а т. <лат. pancreas> *Ағзада көмірсу, май, ақуыз алмасуына, яғни ас қорытуға қатысатын мүше. Ұ й қ ы б е з і* дегеніміз қарынның арт жағында бірінші бел омыртқаның деңгейінде жататын ұзынша дене болады (Адам анатом.). Омыртқасыздарда *ұ й қ ы б е з і* тек молюскілерде ғана болады (ҚҰЭ). *Ұ й қ ы б е з і* тәулігіне 1,5–2 л сөл бөледі (ҚҰЭ).

БЕЗ[1]= е т. **1.** *Қашу, зыту.* Қара құс: Қорқытқаның осы ма? Дегенім ғой «шошыма». Жүрмесін жетпей досына, Оғыңды сақтап, сонан *б е з*! (М.Дулатов, Шығ.). Бұлғақтап асау кердей жүргенменен, Алдыңда құрулы тұр бір қайың, тез. Қызыл гүл иранбағы көшер бір күн, Жаманнан, шамаң келсе, бір күнде *б е з*! (Ә.Найманбаев, Шығ.). – Қайда *б е з і п* барасың? – Собраниеге, правлениенің отчеты... – Отчетің де құрысын, сен де құры! Кет! – деді Күлжан Шойынқұлаққа (І.Жансүгіров, Шығ.). **2.** *Зымырау, жүйткy.* Аттар бұрқыратып *б е з і п* келеді (Б.Тұрсынбаев, Ауылдан.). Өзің бейне халқың қашан жасқанды, Талай жауды табанына басқанды. Қуатты қол күшіңді өрге көтеріп, Нұрлы өзеннен *б е з е д і* кең аспанды (Ә.Сәрсенбаев, Миллиард.). **3.** *Күдер үзу, түңілу, қол үзу.* Ағайынның азары болса да, *б е з е р і* болмайды (Мақал-мәтел). Мен Зейнепті алсам, әкем менен *б е з е* ме? Зейнепті мен оқыта алмаймын ба, хат танытпаймын ба, көзін ашпаймын ба? (М.Дулатов, Шығ.). Көргенім анық алайда, Тезекке бола толқыннан, Ат-тонымды ап *б е з б е д і м.* Бұл безуден саулығым (М.Жұмабаев, Шығ.). **4.** *Ат-тонын ала қашу, жоламау, бас тарту, мойындамау.* Сыздық мынау қайғы қуып шөл *б е з г е н,* Кім біледі, көмер оны құм кезген. Бүйткенше ол, неге жүріп кетпейді Кене, Науан салып кеткен қанды ізбен? (М.Жұмабаев, Шығ.). Қыз қол қоймай *б е з і п* шықты (Т.Нұртазин,

Мұрат). Есітіп Афрасияп осы сөзді, Қарата Кәрсүйізге тігіп көзді, Үстіне олай болса барайық, – деп, Уәдеден өткендегі енді *б е з д і* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Ардан безді. *Ар-ожданнан, ұяттан, айырылды.* Өлігін көрден алып көрді көзбен, Тұяқтың таңбасы тұр етін езген. «Өзі ұрып өлтірген» деп жазылды акт, Кім көрген мұндай сұмды *а р д а н б е з г е н*?! (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Безе қашты. *Алды-артына қарамай зытты, зымырады, тұра қашты.* Ағылшындардың қалпағын қоқырайтып, алшаңдап жүргенін көргенде, *б е з е қ а ш у ш ы* едім (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). Бақырып шөкті түйе, әлі кетіп, Қан саулап денесінен жаны кетіп. Түйеден қарғып түсіп *б е з е қ а ш т ы м,* Бір қасқыр арт жағымнан келді жетіп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Безер болды. *Мезі болды, тұңілді, ығыр болды.* Үш кісі қауым деуші еді. Мынаның бәрі менен *б е з е р б о л д ы.* Ойлап қарасам, тамам адам баласы бір бауыр, бір дене сияқты, әр адам сол дененің бір мүшесі, бір мүше аурулы, зиянды болса, тамам денені тынышсыздандырады (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Бұл әңгімені естіп жатқан Мұрат ентіге сөйлеп: Теріге түспеймін, – деп, *б е з е р б о л ы п* айтты (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).

Безіп кетті. а) *Қашып жоғалды.* Өтірік айтқан сіздің деді бекер, Дию жоқ, құлан болып *б е з і п к е т е р* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). ә) *Күдер үзді, ығыр болды.* Соның қылығынан мезі болып, жұрт *б е з і п к е т т і* (А.Тоқмағамбетов, Ақмоншақ).

Дүниеден безді. *Өмірден күдер үзді, дүние құмады.* Бітеу жара болды, жалғыз өртенді, жалғыз жылады, дүниеден *б е з д і,* сопы болды (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жаннан безген. *Қатығез, қаныпезер.* Жарға біткен жантақты *Ж а н н а н б е з г е н* жан жейді. Қабырғадан саз кешіп, Жүк сүйреген нар жейді (Шал ақын [Құлекеұлы]. Өлеңд.). Жанталастың аты аталғанда Қарсыбай: – *Ж а н н а н б е з г е н* жауыздан жазықсыз көз шықпаса не қылсын, – деп ауыр күрсінді (Ж.Тілеков, Жоңғар.).

Жаннан безді. *Өзін-өзі құрбандыққа шалды, өмірден күдер үзді.* Зар қақтырған талайды, Жанкешпенің өзі еді. Тегін олжа мал үшін *Ж а н ы н а н* бұлар *б е з е д і* (Ү.Кәрібаев, Таңд.). Екі етегін өрт шалды *Б е з д і* өзі де *ж а н ы н а н,* Бір оқ тиюге аз қалды... Бір оқ өтті санынан (Сәлем саған).

Көңілі безді. *Ниеті бұзылды, тұңілді.* Мұны ойлап, байлық жақтан *к ө ң і л і м б е з д і,* Онан бақыт таппасын жүрек сезді (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Құдайдан безген. *Қарғыс атқан, антұрған.* Ә, жұлының үзілгір, *қ ұ д а й д а н б е з г е н* қарабет, ұялмай-қызармай келіп тұрғанын қарашы! (Ә.Көшімов, Лашын.).

Ұяттан безген. *Ар-ожданнан, ұяттан айырылған, ұятсыз. – Ұ я т т а н б е з г е н* қарабет. Өлтіреді, ойбай? Неге қарап тұрсыңдар, жұртым-ау?! (Ә.Тарази, Асу.).

БЕЗ[2]: ***без ете қалды.*** *Безілдеді, дыз ете түсті.* Ой, құрысын. Ол шатақ шығарады, – деп, Тұрбек пен Садық қабатынан *б е з е т е қ а л д ы* (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).

БЕЗАЯҚ з а т. э т н. *Ағаштың беріш болып қатып қалған, мықты жерінен жасалған ыдыс. Б е з а я қ* – ағаштың безінен істеген, қымыз ішетін аяқ (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері)

БЕЗБЕ: безбе жүйрік. *Үстатпайтын қашаған үркіп алып қашатын жүйрік.* Жанады отынды да отқа ысырсаң, Жанбайды өздігінен босқа тұрсаң, Қашаған жеткізбейтін *б е з б е ж ү й р і к,* Жалықпай өміріңше өлең қусақ (Айтыс).

БЕЗ-БЕЗ: без-без етті. *Безектеді, безілдеді.* Сатырлаған бұршақтан *б е з - б е з е т і п,* Рамазан екеуміз басымызды пешпентіміздің қылтиған етегімен бүркемек боламыз (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Алып кет бұларды. Елге тыным бермеді! – деп қонақ үйдің кезекшісі *б е з - б е з е т е д і* («Лен. жас»). Мен кемсеңдеп жылай берем. Жеңгем құлағымнан тарта бергенде қолды-аяққа тұрмай *б е з - б е з е т е м* (Ө.Қанахин, Жер бас.).

БЕЗБЕН з а т. **1.** *Заттың салмағын өлшейтін қол таразы, аспап.* Ақырын жеп бітіріп майлы басын, *Б е з б е н н і ң* теңестірді екі басын. Безбеннің бірдейлігін көзбен көріп, Тышқан кетті ағызып көздің жасын (С.Торайғыров, Таңд. шығ.). Бұл сөзді шығардыңыз көңіліңізден, Көріп жүмбақ қыласың көзіңізден. Қырық кесек тамағы – қырық қадағы, Өлшеп, алып беруге қажет *б е з б е н* (Айтыс). *Б е з б е н н і ң* қымбат металдарды өлшейтін күйентелі, ыдысқа салынған сусымалы заттарды өлшейтін серіппелі, салмағы 25 кг-ға дейінгі тұтас заттарды өлшейтін иінді және т.б. түрлері бар (Қаз. тілі термин. Информатика.). **2.** а у ы с. *Мөлшер, өлшем.* Бәрі өлшеніп өсек-өрт *б е з б е н і м е н,* Тұқ қалмады баяғы кездерінен. Бір-біріне сіресіп тіл қатпайды, Болады олар тек қана өзді-өзімен (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). **3.** *Салмақ.* Кімнің *б е з б е н і* басым: Жаншаның жағы салмақты ма, болмаса ана Бақытжан бас бұрған белгісіз сонар жол бір қараға соқтыра ма?! Сен мұны әкеңнің лебізінен аңғаруың тиіс (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Безбенге салды. *Таразылады, тексерді.* Шоқ басып алғандай болды, шошып кетті. Баламды *б е з б е н г е с а л,* – деп айттың деп қазақтың ыршып кетуінде сөз бар ма? (М.Жұмабаев, Шығ.).

Қонағының жауыздығы мен ізгілігін *безбенге салды*. Жауыздықты ізгіліктің жеңіп шыққанына қуанды ма, әйтеуір, Жайлекеңнің қонағына мейірімі түсті (Қ.Жұмалиев).

Безбенге түсті. *Таразыға салынды, тексерілді.* Оның қайшылығы өз басында жатыр. Өзінше, ол батпандай *безбенге түссе,* қадақтай салмағы жоқ (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.).

Безбеннен жеді [ұтты]. *Кем өлшеді, таразыдан қымқырды.* Алдабергеннің кешегі жылға дейін ел арасының жүн-жұрқасы мен терітерсегін жиып, осы жұртты *безбеннен жеп* келгені аян еді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Ауылдағы қатын-қалашты қақпай-соқпайлап *безбеннен ұтып* жүріп көз қиығын Сүйеудің үйінен айырмады (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

БЕЗБЕНДЕ= е т. **1.** *Безбенге салып өлшеу, таразылау. Безбендеп* жыл табысын жар саламын, Өмірді көркейту ғой аңсағаным. Тағатсыз күтіп Кремль куранттарын, Жыл сайын жаңа жылды қарсы аламын (М.Рашев, Қанатты.). **2.** а у ы с. *Салыстыру, теңестіру.* Нұрлан осы секретарьды Якуповпен салыстырып, *безбендеп* тұр, қайсысының салмағы басым – біреуі шапшаң да жеңілтек, шешімі тез (З.Шашкин, Сенім). Баймұратовтың бұл кемшіліктерден арылуға қабілеті жетеді, – деп Елизавета Сергеевна оқушысын жақсы, жаман жақтарын *безбендеп* отырып мінездеді (М.Иманжанов, Менің махабб.).

БЕЗБЕНДЕЙ с ы н. *Безбен сияқты, безбен тәрізді.* Шот та менен безгендей, Теңселеді *безбендей.* Түні бойы тас қуып, Отырамын көзді ілмей (Қ.Ыдырысов, Жолық.).

БЕЗБЕНДЕЛ= е т. *Таразыға тартылу, өлшену.* Бағасы күтімімен өлшенеді. Алатын өнім – шығарған шығымымен *безбенделеді* (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

БЕЗБЕНДЕЛУ *Безбендел етістігінің қимыл атауы.*

БЕЗБЕНДЕУ *Безбенде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Безбенмен өлшеу.* Базардағы сатушылардың көкөністерін сатқанда *безбендеуінің* мәні бар ғой. Өйткені сатқан заттарының ауыржеңілдігін анықтайды («Алматы ақшамы»). **2.** а у ы с. *Салмақтау, салыстыру, мөлшерлеу.* М.Шахановтың «Ғасырларды *безбендеу*» атты поэзиясының саяси мәні аса зор («Жас Алаш»).

БЕЗБҮЙРЕК с ы н. **1.** *Ешкімге жібімейін, қанықпезер, қатыгез, мейірімсіз.* Бітімі жоқ *безбүйрек* Еспембетті салғаны ма (М.Әуезов, Шығ.). Тоқта! – деді Мұхтар. Мен қайтайын. Ол *безбүйректен* түңілгем, өзімді жауып қоюдан тайынбайды. Мәжит, сен бірге оқыған құрбысы едің ғой, сөйлесіп көр (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Ертеңінде жатты құм Кешегі бір шаттығын Тез ұмытқан *безбүйрек*, Бауырында батты күн (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). **2.** *Мықты, төзімді, шыдамды.* Адай жылқысының тағы бір қасиеті тершең емес, *безбүйрек,* қағылез келеді (Тарту).

БЕЗБҮЙРЕКТІК с ы н. *Безбүйрек болушылық, қатыгездік, мейірімсіздік.* Қанында поэзия жоқ қулар топ құрды батыл *Безбүйректікті* жек көре алмауда сатқындық жатыр... (М.Шаханов, Ғасырлар.). Әлемдегі асу бермес ең ұлы іс, Күнделікті жеңіс пен жеңіліс Елге деген махаббаттың безбенімен өлшенер Безбен сынса *безбүйректік* белсенер (М.Шаханов, Ғасырлар.).

БЕЗГЕК з а т. м е д. <итал. malaria> *Денені қалшылдатып, бір суытып, бір қыздырып, дірілдетіп басталатын жұқпалы ауру.* Емшектегі кішкене бала – жалғыз еркек баласы Серік те *безгек* (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Көп ойлайтын ойшыл адам көп ұзамай *безгек* ауруына тап болды (Б.Тұрсынбаев, Ауылда.). Науқастың дене қызуы көтерілген кезде саусақтан алынған қанды лабораторияда тексеріп, *безгек* қыздырғышын тапқанда ғана ауру анықталады (ҚҰЭ).

Безгек болған адамдай. *Безгек ауруына тап болғандай, қалшылдап.* Бейне бір *безгек болған адамдай* бүкіл денем дірілдеп, сипалап жүрмін (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

Безгек келді. *Безгек ауруына тап болғандай.* Ой келіп, ой артынан тізбектеліп, Алдынан өтіп жатыр үзбектеліп, Денесі бір суынып, бір ысынып, Қалтырады қалғандай *безгек келіп* (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға).

Безгек масасы. з о о л. <лат. anopheles> *Масалар отрядының қосқанаттылар тұқымдасына жататын туысы.* Жер шарында *безгек масасының* 360-тай түрі, ал Қазақстанда 6 түрі мекендейді (ҚҰЭ). *Безгек масасы* бір жазда 2–6 рет ұрпақ бере алады (ҚҰЭ).

Безгек ұрғандай. *Безгекпен ауырғандай.* Ызғарлы суық желден өне бойым *безгек ұрғандай* селкілдеп, жүрегім аузыма тығылды (М.Иманбаев, Сұлу).

БЕЗГЕКСІЗ с ы н. *Безгектен сау, безгек ауруымен ауырмаған.* Залдан: – Әбден өлетін болдық. Колхозда *безгексіз* семья қалмады, – деді біреу (Е.Оразақов, Дәрігер.).

БЕЗГЕКТЕЙ с ы н. *Безгек сияқты, безгек тәрізді.* Енді манағы денесін *безгектей* құрыстатқан суық діріл жоғалып, тұла бойына жылы толқын тарап келеді (Т.Ахтанов, Дала сыры). Олар бағып отыр, аңдысқан көздерінің кірпіктері қағылмайды, қатқан кек бойларын *безгектей* дірілдетеді (Б.Шалабаев, Өмірде.). Оқ жыландай бұраңдап, *безгектей*

қалтыраған, қобыздың шегіндей тырсылдаған ауыр ойлар ол түні ханымның басын ара шаққандай қылды (Ж.Аймауытов, Шық.).

БЕЗГЕКТІК с ы н. *Безгек ауруына, оны емдеуге арналған.* Емханаларда арнаулы *б е з г е к т і к* кабинеттер істейтін және республикалық *б е з г е к т і к* станция болатын-ды (Е.Оразақов, Дәрігер.).

БЕЗГЕЛДЕК з а т. з о о л. <лат. otis tetrax> *Тырна тектестер отрядының дуадақтар тұқымдасына жататын дала құсы.* Әсіресе қызық құстар: *б е з г е л д е к* пен ұзын сирақ бадырақ көз тарғақтар (М.Әуезов, Шық.). *Б е з г е л д е к* Қазақстанның даладағы шөлейтті аудандарын мекендейтін жыл құсы (Қаз. тілі термин. Биология). Қалшақтың келе жатыр қаны қайнап, Барады Балық қарын желдей айдап. *Б е з г е л д е к,* тоқ дуадақ ұша алмастан, Ат қағып өліп жатыр соры қайнап (Е.Қанбеков, Тұлпар түяғы).

Мәссаған, безгелдек. с ө й л. э к с п р. *Бір нәрсеге қатты таңданғанда, таңырқап айтылатын сөз. М ә с с а ғ а н б е з г е л д е к!* – деді қоңыз мұрт. – Азаматтың қол астына барғанбысың? – Иә, жер асты жөндеу бригадасына бардым (З.Қабдолов, Жалын). *М ә с с а ғ а н б е з г е л д е к,* іздегенің осы болса. Ал айырып кер мына шытырман жолдарды? (С.Шаймерденов, Қарғаш).

БЕЗГЕЛДЕКТЕЙ с ы н. *Безгелдек сияқты.* Іші күйген мұз жалар дегендейін, Қызғыш пен *б е з г е л д е к т е й* бебеу қаққан. Күнбағардай құбылып, шыр-айналып, Екі сөзді шерменде арын сатқан (К.Әзірбаев, Таңд. шық.).

БЕЗГЕЛДЕКШЕ ү с т. *Безгелдекке ұқсап.* Берекең аз болған соң белді шештің, Бездің бе біздің елден *б е з г е л д е к ш е* (Айтыс).

БЕЗГІШ с ы н. *Күдер үзгіш, тұңілгіш.* Қарғысын дозақ, алғысын – жұмақ қылып, Көзінен көз айырса *б е з г і ш* көрдім (С.Торайғыров, Мағынасыз.).

БЕЗДЕЙ с ы н. *Без сияқты.* Көрден тамаққа шыққан *б е з д е й* тармақтанып, бүкіл Жетісу өлкесіне жайылған (З.Шашкин, Тоқаш Бокин).

Қайыңның безіндей. *Мығым, берік.* Біреулері иір-иір тарамыс, шақпақ еттері *қ а й ы ң н ы ң б е з і н д е й* мықты жігіттер (М.Әуезов, Қараш.). Айғырдың тоқпақ жалындай, Бөкеннің серке санындай, *Қ а й ы ң н ы ң* қырған *б е з і н д е й,* Шортанның жұмыр беліндей (С.Сейфуллин, Өленд.).

БЕЗДЕН= е т. **1.** *Без пайда болу, безі үлгаю.* Оның айтуынша туберкулезбен ауырған мүше *б е з д е н і п,* кішкентай бұдырлар пайда болады (М.Сисекенов, Өкпе ауру.). Шеткі бірінің арқалығын ұстап байқап еді, қой ақырын мекіренді, сосын қолын бауырына салып көрді. Желіні *б е з д е н і п* қалыпты («Қаз. әдеб.»). **2.** *Беріш болып қатып қалу, түйнектелу.* Өткенді естімесе, көз көрмейді, Сипаты жылға жылдың кез келмейді. Шырағы қара жердің қалың шөппен, Тас балқып тамырланып *б е з д е н б е й д і* (Ә.Найманбаев, Шық.). Сөйткенше өзі де тас қалам мүйізденген, құмдағы сексеуілдей *б е з д е н і п* сіресіп қалған қашанғы қатты жұдырығымен қайқайта соққанда, орақшы ашып тұрған есікке сүңгіп кетті (М.Жұмағұлов, Қыран.).

БЕЗДЕНДІР= е т. *Безін ұлғайтып жіберу, бездендіру.*

БЕЗДЕНДІРУ *Бездендіру етістігінің қимыл атауы.*

БЕЗДЕНУ *Безден етістігінің қимыл атауы.*

БЕЗДЕУІТ: **бездеуіт түк**. б и о л. *Кейбір өсімдіктің жапырағында, жеміс қабығында болатын, эфир майын түзетін жасушалар.* Эпидермистің бетінде *б е з д е у і т т ү к т е р* де кездесетін өсімдіктер болады (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Әрбір *б е з д е у і т т ү к т і ң* ұшы қызыл түсті және онда мөлтілдеген шық тәрізді жабысқақ сұйық заты болады да, оған қонған насекомдар жабысып қалады (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

БЕЗДІ с ы н. *Безі бар, безі көп.* Ас қорыту органдарының жүйесіне: ауыз қуысы, жұтқыншақ, өңеш, жемсау, *б е з д і* қарын, ұлтабар, он екі елі ішек, үйқы безі, ащы ішек, соқыр ішек, тік ішек кіреді (Құс өсіруші.). Мысалы, шықшылдықты алалық. Оның дөңгелене біткен жапырағының бетінде және жиегінде көптеген *б е з д і* түктері болады (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

Безді қарын. а н а т. <лат. ventriculus glandularis> *Құс қарнының ас қорыту сөлін бөлетін, пішіні ұзынша келген алдыңғы бөлігі. Б е з д і қ а р ы н* бауыр бөлшектерінің аралығында орналасады (Қаз. тілі термин. Биология).

Безді ұлпа. б и о л. <лат. textus glandularis> *Зат алмасу процесінде өзінен арнайы бөлінді (шайыр, шірне, бальзам, эфир майын т.б.) бөлетін жасушалардан құралған ұлпа.* Кейбір мүшелерде *б е з д і ұ л п а н ы* жасауға нейроикреторлы клеткалар да қатысады (Қаз. тілі термин. Биология).

БЕЗДІР= е т. **1.** *Бостыру, қашыру, аластау, аулақтау.* Байыңның жауыздығы елді өзінен *б е з д і р д і.* Байында ел жоқ. Ел менікі, елге мен сүйкімдімін, керек десе, белетке де ақша алмаймын (Ж.Аймауытов, Шық.). Көңілдерін бұздырды, Құстай көкке ұшырды, Атаанадан *б е з д і р д і,* Ақылынан тандырды. Көзін төмен сүздірді, Жүрекке от жандырды. Елден күдер үздірді. Ғашық отын сездірді (К.Әзірбаев, Таңд. шық.). Ордасына ойран сап, Дірілдетіп,

б е з д і р і п, Қыр соңынан қалмастан Дүспанды қуған біз едік (Б.Момышұлы, Москва.). **2.** *Мезі қылу, ығыр ету, тойдыру.* Неге келді? Не айтпақшы? Мен не демекшімін? Менің елдегі тұздығы ащы, шоқпардай сөзім көлдегі бала қазды үркіткен дауылпаздың даңғырындай-ақ біреуін *б е з д і р е р!* (Х.Есенжанов, Тар кезең). **3.** *Жүгірту, зымырату; безілдету.* Өзен мұзында он шақты шана ерсілі-қарсылы жорғаларын *б е з д і р і п* жүр. Қамшыны бұлаңдатып, қарды бұрқыратып қосылып кеп кеттік (І.Жансүгіров, Шығ.).

БЕЗДІРТ= е т. **1.** *Бостырту, қашырту.* Жер көксеген аттар кейін қарай қашпай, алға *б е з д і р т і п,* қыз төңірегіне бұрыла береді (Қаз. ертег.). **2.** *Ығыр еткізу.* Ыпыны жоқ, елдің де Жазғы күндей қайда жай? Ынтыққаны жалғыз ет, *Б е з д і р т к е н д е й* құрт пен май (Б.Майлин, Шығ.).

БЕЗДІРТУ *Бездірт етістігінің қимыл атауы.*

БЕЗДІРУ *Бездір етістігінің қимыл атауы; аулақтату, қашыру, алыстату.* Феодалдық ақындар жаңалықтың қай түрін болса да сықақ етіп суреттеді, жұртшылықты олардан *б е з д і р у г е* тырысты (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.). Жазушы әрбір шығармасында халықтың алдына пайдалы адамдар мен залалды адамдарды тартып, жақсыға еліктіруге, жаманнан *б е з д і р у г е* тырысады (С.Мұқанов, Өсу жол.). Сезгеніңді сездіріп, Жете алмадың ортаққа, Тірі жаннан *б е з д і р і п,* Апарасың қай жаққа? (Абай, Тол. жин.).

БЕЗДІРІЛ= е т. *Аластатылу.* Ол Шахрухқа қастандық жасады деп айыпталып елден *б е з д і р і л е д і* («Лен. жас»).

БЕЗЕ[1]= е т. **1.** *Өрнектеу, нақыштау, әшекейлеп сәндеу.* Ойынға Ғалымжан екеуміз бардық. Ішін жөндеген, жағалай кестелі түскиіз ұстап, кілем төсеген, *б е з е г е н* оңаша отау үй (С.Сейфуллин, Тар жол.). Неше түрлі асыл тұмаршалармен *б е з е г е н* мәнерлі жалпақ сары ұштың төменгі жағында маңдайына келтіріп төгілген сары сүлгі шашақ (Б.Майлин, Шығ.). Алтынмен ішін *б е з е г е н* Сырты күміс ақ отау. Келістіріп түзеген Арттыруға сайланды (Қобыланды батыр). **2.** *Нақышына келтіру, мәнерлеу.* Сыбдырласып сұлу, сындар тал қайың, Күлімдейтін күнге төсеп маңдайын. Бұтағында тоты құстар түрленіп, Сайрайтұғын бұлбұл *б е з е п* таңдайын (Пернедегі терме.). Үшінші тағы маған кезек бердің Көрсетіп жағдайыңды тежеп бердің. Сөз тыңда, Рахмет, енді менен, Бұрап ап домбырамды *б е з е п* бердім (Е.Қандеков, Өленд.). **3.** *Көркемдеу, көркейту.* Ақылын көркі *б е з е г е н,* Көркін мінез *б е з е г е н.* Бұдан артық ер сүйер Қай адамзат баласын (М.Әуезов, Шығ.). Көз жұмса бір адам ардагер Уақыттың құп алып әмірін. Балалар! Табыңмен сонда кел, *Б е з е ң д е р* гүлдермен қабырын (Т.Молдағалиев, Шығ.).

Тілін безеді. а) *Тілдің майын тамызып сөйледі.* Мал үшін *т і л і н б е з е п,* жанын жалдап, Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап, Жат елде қайыршылық қылып жүріп, өз елін бай деп мақтар құдай қарғап (Абай, Тол. жин.). Талай жерді таңдантып, Қызыл *т і л д і б е з е д і м* (Базар жырау, Шығ.). ә) ж а ғ ы м с ы з. *Тілі мен жағына сүйенді, аузымен орақ орды.* Жол бермей оның мүлде кезегіне, Отырдың *т і л д і ң* ұшын *б е з е д і ң* де (Ә.Сәрсенбаев, Жазылм. хат.). Бір көрініс күнде де Күйіп-пісер оты бар. *Б е з е й д і т і л* мінбеде Баяғы сол тотылар (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). б) *Тілінен майын тамызып безектеп, қызмет көрсетті, жағымпазданды.* Бір кезде саған жанын жалдап, *т і л і н б е з е г е н* Аппақтөренің баласы Айғырбай қайда? (С.Сұбханбердин, Шағын пьеса.). в) *Шырылдады, шыр-шыр етті, сарнады (құс туралы).* Жапанда сайран салған бозша торғай, Шырылдайды *т і л і н б е з е п* жерге қонбай Кердеңдеп шөлдің ерке дуадағы, Қарайды қашқын қыздан көзін алмай (С.Омаров, Сәукен).

Тіл мен жағын безеді. *Зарлады, тіл мен жағына сүйенді.* Соқырдың жарық күні жоқ, Байдың берер түгі жоқ, Жүрсем де *т і л м е н ж а қ б е з е п* (Пернедегі терме.). Қызығып қыз басымды идім соған, Осы жер *т і л м е н ж а қ т ы б е з е г е н д е й* (Д.Еркінбеков, Шығ.).

БЕЗЕ[2]= е т. **1.** *Қару-жарақты, құрал-сайманды егеу, қайрау, өткірлеу.* Әзіл айтқан құрбыға Түнеріп жауап қатпайды. Күнде қайрап қылышын, Сүңгісін *б е з е п* саптайды (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Атының батыр тұрған басын тежеп, Найза өткір, жанып алған тасқа *б е з е п.* Ат үстінен өзіне шапшығанда, Аузынан ақ найзаны сұқты кезеп (С.Әлімбетов, Өленд.). Қылышын қайрап, Сүңгісін *б е з е п* саптайды (Дастандар). **2.** ж е р г. *Диірменнің тасын қашау.* Қашаумен диірменнің тасын *б е з е,* уақытың болса (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БЕЗЕ[3]= е т. **1.** *Кезеу, сілтеу, көздеу.* Наганын қолына алып, Омар *б е з е д і* (С.Бегалин, Таңд.). Жақындап барған шақта, кесекөлденеңдеп тұра ғап мылтығын *б е з е п* жібергісі келмеген қарауылдарды әжем кимелей жөнелді (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Болат сұңқар аспанда ойнап *Б е з е п* қанат қағады. Тегеуріні дүниені солқылдатып барады (Қ.Аманжолов, Шығ.). **2.** *Бармақпен я басқа саусақпен нұсқау, көрсету.* Шіркін, несін айтасың, во-о!– деп ол

бас бармағын *б е з е д і* де, үлкен қолының сыртымен аузын сүртіп, кейін шегіне берді (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн).

БЕЗЕГЕ з а т. *Үлкен балықтарда болатын жұлын жүйесі.*

БЕЗЕГЕН[1] з а т. з о о л. *Өзен-көлдерде, жайылым суларда кездесетін үйректің бір түрі.* Көлдер мен өзендерде, көктемдегі жайылымсуларда кездесетін жалпақ тұмсықтылардың ішінде ең көбі үйректер. Оларда – ақбауыр, ақүйрек, барылдауық, бағлан (бақылан), балықшы, *б е з е г е н,* бізқұйрық, дарылдақ, көкала үйрек, сұқсыр, сұрүйрек, сарғалдақ, сүңгуір үйрек, шүрегей деп бірнеше түрге бөледі (С.Қасиманов, Алтай.).

БЕЗЕГЕН[2] с ы н. *Қашаған, қорқақ. Б е з е г е н* қоян безіп отырып, ақ селеулі адырға келіпті (С.Қасиманов, Сиқырлы.).

БЕЗЕК[1] з а т. *Бедер, өрнек, нақыш.* Қырық құлаш мұнарасы аспанды ашқан, Бір күмбез ең басында *б е з е к* басқан. Порымы қазақ үйше жасатылған, Ақ торғын түндігі бар аспандасқан (Ә.Найманбаев, Шығ.). Ерекше көңіл қоярлық жұмыстар – оюлы *б е з е к* түсіру, қырлау, сүйектеу техникасымен жасалған жұмыстар және сыр қаптау жұмыстары (Қазақст. тарихы). Рас, көктің күмбезі бірден-бірге бозаң тартып, күміс *б е з е к т е р* де көмескіленіп барады, селдіреп барады (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.).

БЕЗЕК[2] з а т. ж е р г. *Ағаштың безі, беріш.* Қай орманды аралап, Қай бұтақты саялап, Қай *б е з е к т і ң* түбінен, Алған екен кім қиып? (Ж.Сыздықов, Белестер).

БЕЗЕК: **безек қақты [болды].** а) *Зыр жүгірді, дедек қақты, тыным таппады.* Енді менің де жүрегіме қуаныш пайда боп, үй ішінде *б е з е к қ а қ т ы м:* жалма-жан электр плитаға шай қайнатып, стол үстіне тамақ жасап, қалбақтап күле бердім (З.Шашкин, Доктор.). Олар барын сала *б е з е к қ а ғ ы п,* мектепке қарай зымырап келеді (М.Иманжанов, Көк белес). Мал жанды Жылқыбай одан әрмен *б е з е к қ а қ т ы:* – Ойбай-ау, қамыт салынып көрмеген асау бие. Тұлыққа жүруші ме еді? (Б.Соқпақбаев, Балалық.). ә) *Біреудің асты-үстіне түсіп, ұшып-қонды.* Қожекеңнің бірдемені бұлдіретінін сезіп, әйелі *б е з е к қ а ғ а д ы* (Қаз. ертег.). б) *Зар иледі, зар қақты, шырылдады.* Сүйегі сынса, баланың сынған жері қатты ауырып, ол жерін қимылдата алмай, ұстатпай, бала *б е з е к қ а ғ а д ы,* – дейді (О.Сәрсенбаев, Көмек). Арқалап келе жатыр кезек-кезек, Су сұрап жаралы жан *қ а қ т ы б е з е к* (Ғ.Малдыбаев, Қырым қызы). Айналды ата-анасы баладан кеп, Ғарыптар зарланып жүр уайым жеп. Табипқа жібергелі жатыр еді, Баласы *б е з е к б о л д ы* жіберме деп (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

БЕЗЕК-БЕЗЕК: безек-безек етті. *Шыршыр етті, дызақтады, безек қақты.* Керсенге екі қолды салып кезек, Толғады құстай мойнын жұтқан көжек. Шошынып жегенінен жылқышылар, *Е т і с т і* бұл кім? деп *б е з е к-б е з е к* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Халфе сәлдесін жұлқылап, *б е з е к-б е з е к е т т і* (З.Шашкин, Ұядан ұш.).

БЕЗЕКТЕ= е т. **1.** *Зыр жүгіру, безек қағу, дедек қағу, тыныштық көрмеу.* Жамантайдың баласы Көжек деген, Әркімге өсек тасып *б е з е к т е г е н.* Досын келіп, досына жамандайды, Шіркінде ес болсайшы «сезед» деген (Абай, Тол. жин.). Көрместен мың бейнетке бір рахат, Еңбек еш, маңдай тер бос сорлап жүрсің. *Б е з е к т е п* елден-елге қашып жүрсің, Білместен не етеріңді сасып жүрсің (Айтыс). Жыртық тон, жұлма шалбар, жалаң аяқ, Қанған жоқ, бала болып бір күн ойны, *Б е з е к т е п* титтейінен болып малшы Бейнеттен босамаған әсте мойны (Д.Еркінбеков, Шығ.). **2.** *Безілдеу, зарлау, сарнау.* Мен ақтығымды айтып құр *б е з е к т е й* бердім (С.Сейфуллин, Шығ.). Бір отағасы: «апырмай, шымылдық құрмадың ба?» – деп, *б е з е к т е п* барып, анау жерден шымылдық әкеліп құрды (С.Торайғыров, Шығ.). Түсінікті уақыттың тез өтпегі, Тез өтті деп көрі-жас *б е з е к т е д і* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **3.** *Қолды-аяқта тұрмай шыр-шыр ету, жылау.* Сол үшін мұңая ма, күрсіне ме, Денесі осы жайға түршіге ме. Бесікте *б е з е к т е г е н* немерені, Білмейді жұбатуды қырсық ене (Т.Молдағалиев, Қамила). Өлең шерді қозғайды, Қиялы кетер жетектеп, Сиреген соң әлдиі Жылайды бала *б е з е к т е п* (Б.Майлин, Шығ.). // *Құстың сайрауы, шырылдауы.* Көріктен шыққан темірдей шашырап, көк белеске күн көтерілгенде, Күлпаштың төбесінде бозша торғай *б е з е к т е п* тұр еді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). **4.** *Соғыс қаруларының (зеңбірек, пулемет т. б.) үздіксіз тыным таппай атылуы.* Зеңбіректің атыс жаңғырығы өше бергенде оның жанындағы пулемет те *б е з е к т е й д і* (Б.Момышұлы, Жауынгер.). **5.** б е й н. *Телефонның, қоңыраудың үздіксіз шырылдауы.* Бірімен бірі үнсіз арбасып тұра берді, телефон *б е з е к т е п* шыр-шыр етіп, ықтиярға қоймады, ақыры екеуі де қолдарын бірдей созды (З.Шашкин, Өмір.). **6.** *Ән-күйдің сазды, мәнерлі орындалуы, тоқтаусыз жылдам айтылуы, безек қағуы. Б е з е к т е п* бір өткір күй құлдырады, Күйшінің көзінде қыз бұлдырады. Тамызда таңдай кеуіп талды күйші, Бір бұлақ мөлдіреген сылдырады (І.Жансүгіров, Өлеңд.). Қамқор-лық *б е з е к т е г е н* сұлу сөзде болса, онда бұлбұлдар біздің алдымызда талай рет диферамб айтып сайраған (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

БЕЗЕКТЕС= е т. э к с п р. *Зыр жүгірісу, тыныш таппау, безек қағысу.* Ол күні кете алмапсың ежектесіп, Сөйлепсің сабыр сақтап кезектесіп. Ұнапты экономка, служанка, Столға тағам төккен *б е з е к т е с і п* (Қ.Жармағамбетов, Дәурен).

БЕЗЕКТЕСУ *Безектес етістігінің қимыл атауы.*

БЕЗЕКТЕТ= е т. э к с п р. **1.** *Зыр жүгірту, тыным таптырмау.* Бермегенің ғой, әнеугі болыс келген күні тал түсте болыспен жатып алып, байыңды үй айнала жүгіртіп, *б е з е к т е т і п* қойғаның (Ж.Аймауытов, Шығ.). Үстіүстіне бауырлап *б е з е к т е т т і,* Аты шулы кертөбел күрең атын (Қ.Жұмалиев, Қырда.). Жас тоқымға іліккен жарау аттарын *б е з е к т е т і п* келе жатқанда, түнгі тұнық суға үймелене түсіп тұрған шым-шытыр жұлдыздар шатынап жарылып жоқ болады (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). **2.** *Безек қақтыру, мазасыздандыру.* Айшаның көрер көзге жер астында қалып бара жатқаны жанның бәрін *б е з е к т е т т і* (С.Ерубаев, Шығ.).

БЕЗЕКТЕТУ *Безектет етістігінің қимыл атауы.*

БЕЗЕКТЕУ *Безекте етістігінің қимыл атауы.* **1.** э к с п р. *Безілдеу, жылану, зар қағу.* Барды жоқ деп *б е з е к т е у* салт болып кеткен (М.Иманжанов, Менің махабб.). **2.** *Зырлау, зымырау, жүйткy.* Ой шіркіннің *б е з е к т е у і н* а й! – деп шофер жігіт ауданнан шығып бізге қарсы келе жатқан машинаға сүйсініп қалды (М.Сүндетов, Балық аула.).

БЕЗЕКТІ с ы н. *Мәнерлі, әшекейлі, өрнектелген, өрнегі бар.* Әйел киімі көбінесе *б е з е к т і* матадан немесе жібектен, кейде мақпалдан тігілді (ҚазССР тарихы). Көлге де көкке қараймын, Уа, ғажап, неткен сұлулық, Бір түнде күміс *б е з е к т і* Мөп-мөлдір тұнық екі аспан (Ә.Сәрсенбаев, Баспалдақтар).

БЕЗЕЛ= е т. **1.** қ о л ө н е р. *Өрнектелу, көркемделу, әшекейлену.* VII–VIII ғасырларда әдетті ас жайғыштар қыштан жасалып, ойма өрнектер түсіріліп, тау ешкінің суреттері салынып, әбден *б е з е л і п* отырған (ҚазССР тарихы). Көк пүліш қамзолдың төсі неше түрлі асыл ілгек алқым баулармен *б е з е л г е н* (Б.Майлин, Шығ.). **2.** а у ы с. *Жайқалу, гүл жайнау.* Мінер жағы, ол да сағымға қалықтаған, толқыған теңіздей үйсін қонысы. Көгілдір бұйрат шыттың өрнегіндей көгалмен *б е з е л г е н* мал өрісі (І.Жансүгіров, Шығ.).

БЕЗЕЛУ *Безел етістігінің қимыл атауы.*

БЕЗЕН[1]= е т. **1.** *Сәндену, әдемілену, жасану, әшекейлену.* Шынардай түзу дене, тең иықтан Төгілген төмен құлап сүмбіл шашы. *Б е з е н г е н* өнебойы інжу-маржан Бриллиант, алтын, жақұт, гауһар тасы (Ә.Найманбаев, Шығ.). Қыздардың көйлектері де түрлі әшекейлермен әрленіп, *б е з е н е т і н* (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). **2.** *Кезену, сайлану, жабдықтану.* Сонау арғы атам заман кезеңнен Ер-азамат қаружарақ *б е з е н г е н.* Қорғап елдің тыныштығын, өмірін, Жау шапқанда, соған мылтық кезенген (Т.Нұрмұхамедов, Аспан тау).

БЕЗЕН[2]= е т. *Тіл-жағына сүйену.* ≈ Тілін *б е з і н д і.*

БЕЗЕНДІ с ы н. *Сәнді, әшекейлі, өрнекті.* Зергерлер білезік, сырға, түйме, ер-тұрман *б е з е н д і* бұйымдарын жасады (Қазақст. тарихы).

БЕЗЕНДІР= е т. *Әшекейлеу, сәндеу, өрнектеу.* Түстіктің көктемі бір сәтте дулап шыққан гүлдерімен, неше иісті сан алуан шөптерімен Айсұлудың кішкене бақшалы қорасын да жадыратып, *б е з е н д і р і п* келеді (М.Әуезов, Өскен өркен). Ішін осы заманғы сәнді жиһаздармен бастан-аяқ *б е з е н д і р і п* тастаған жарық кең бөлме («Ақ бидай»). Вавилонды мыңдаған құлдар жауершілікке қолға түскен көп әскерлер ұзақ уақыт орнатып *б е з е н д і р г е н* (Н.Баяндин, Ғасыр.).

БЕЗЕНДІРТ= е т. *Әшекейлендіру, сәндендіру, өрнектеу.*

БЕЗЕНДІРТУ *Бездендірт етістігінің қимыл атауы.*

БЕЗЕНДІРУ *Безендір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Әшекейлеу, сәндеу, көркемдеу.* Ал гүл өсіруші әуесқойлар үйді *б е з е н д і р у* үшін құмыраның әдемі түрлерін тауып алады (С.Тұрдиев, Үй өсімдік.). Тұрған бөлмені сыпырып, *б е з е н д і р у,* тағам әзірлеу, отын жару, азық-түлік сатып әкелуі керек («Халық мұғ.»). Өнершіл халық өзінің барлық шеберлігін сәулетті сарайлар, көркем ескерткіштер салуға, оны тамаша өрнекті оюлар, жазулар, түрлі суреттермен *б е з е н д і р у г е* арнаған (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.). **2.** *Құлпырту, түрлендіру. Б е з е н д і р і п* жер жүзін тәңірім шебер, Мейірбандық, дүниеге нұрын төгер. Анамыздай жер иіп емізгенде, Бейне әкеңдей үстіңе аспан төнер (Абай, Тол. жин.). Үйіне бөтен жалғыз жанды қоймай, оңаша *б е з е н д і р і п* тұрды жайын (Абай, Тол. жин.).

БЕЗЕНДІРІЛ= е т. *Өрнектелу, сәнделу, көркемделу.* Дивизия тұрған деревня тулармен, ұрандармен, орыс, қазақ тілдерінде құттықтау сөздер жазылған жалаулармен *б е з е н д і р і л г е н* (Аялы жандар). Директор әсем *б е з е н д і р і л г е н* жарнаманы көрсетіп, чемпионатқа қатысатындарды атай бастады (М.Танекеев, Қажымұқан). Ақпарат министрлігінің тікелей көмегімен Қауымдастықтың жанынан «Алтын бесік» атты көркем *б е з е н д і р і л г е н* журнал жарық көре бастады («Қаз. әдеб.»).

БЕЗЕНДІРІЛУ *Безендіріл етістігінің қимыл атауы.* Көрме жоспар бойынша жабдықталып, *б е з е н д і р і л у і* керек (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру). Сонымен қатар жиһаздардың ою-өрнектері де талғамға қарай жаңа мәнер, жақсы әшекейлермен *б е з е н д і р і л у* және жиһазмүліктердің жаңа түрлерін шығару талабы да арта түсті (С.Қасиманов, Қаз. қол өнері). Бұйымдар бір-бірінен сапасы, қасиеттері сыртқы *б е з е н д і р і л у і* (сауда белгілері, сауда маркелері т.б.) сонымен бірге ілесе жүретін қызметтердің жиынтығы (ассортименті) бойынша ерекшеленеді (Б.Жүнісов, Нарық. экон. негіз.).

БЕЗЕНТ[1]= е т. **1.** *Жасанту.* Жел сипап шымылдығын таудың, *Б е з е н т т і* бейне қосып сұлу гүлді (И.Байзақов, Құралай.). **2.** *Көркемдеу.* Қиялында ол өзінің кіршіксіз махаббаты туралы әдемі әннің, оңды өлеңнің сұлу сөздерімен *б е з е н т і п* айтуды арман ететін-ді (М.Қаратаев, Далада.).

БЕЗЕНТ[2]= е т. **1.** *Тіл-жағына сүйелту, сарнату.* Тастама, тере сөйле кенедей, *Б е з е н т і п* домбыра мен тіл, көмейді. Мұжықсу, Көкадайдағы оқу үйі Неліктен дұрыс жұмыс істемейді (Айтыс). **2.** а у ы с. *Безілдету, бебеулету.* Винтовкасын кезеніп, Сарбаз шықса соғысқа, Домбырасын *б е з е н т і п* Жамбыл барад соғысқа (Жамбыл, Шығ.). Ал, Жамбылың сөйлесін, Домбырасын қолына ап, *Б е з е н т е* қақсын пернесін, Аршындап құлаш сермесін (Жамбыл, Шығ.).

БЕЗЕНТУ[1] *Безент*[1] *етістігінің қимыл атауы.*

БЕЗЕНТУ[2] *Безент*[2] *етістігінің қимыл атауы.*

БЕЗЕНУ[1] *Безен*[1] *етістігінен жасалған қимыл атауы.* Бір кедей жылдық тамақ етер еді Өңдеген бояуына бет пен қасын. *Б е з е н у г е,* ойынға мал шашумен Өткізіп бара жатыр өмір жасын (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

БЕЗЕНУ[2] *Безен*[2] *етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Б е з е н у і н* қарашы.

БЕЗЕНІЛ= е т. *Сәнделу, көркемделу, безелу.* Құйылған бағандары мрамордан, Сұлу үй *б е з е н і л г е н* сексен сырдан (Т.Жароков, Таңд.).

БЕЗЕҢ з а т. к ө н е. *Қанқұйлы, қанішер, безбүйрек.* Бұлардың қарсы алдында өзен де бар, Биік жар неше жаман кезең де бар. Бетіне қадалғанда қатты тиіп, Бұйрықсыз өлтіретін *б е з е ң* де бар («Айқап»).

БЕЗЕҢДЕ= е т. э к с п р. *Шабаландау, шыжбаландау.* Жайбарақат кезде қақпа астынан жүгіре шығып жүргіншіге *б е з е ң д е п* қалатын иттер де бір жаққа босып кеткен (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

БЕЗЕҢДЕТ= е т. *Шабаландату, шыжбаландату.*

БЕЗЕҢДЕТУ *Безеңдет етістігінің қимыл атауы.*

БЕЗЕҢДЕУ *Безеңде етістігінің қимыл атауы.*

БЕЗЕП-БЕЗЕП ү с т. **1.** *Домбыраны бебеу қақтырып, безілдетіп.* Он алты пернелі домбырасын *б е з е п-б е з е п,* шалқыма, сазды халық әндерін әуелете шырқайды (Қ.Мүсірепов, Гүлжазира). Қос ішекті саусағының ұшымен шеки қағып *б е з е п-б е з е п* алады (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). **2.** *Қолды кезеп-кезеп, нұсқап-нұсқап (қою).* – Қойдым Беке, ойыным ғой! – Ә-ә, солай ма, – деді ол да жұдырығын тұмсығыма әкеліп *б е з е п-б е з е п* қойды да, сабасына түсті. Біраз жерге үндемей бардық (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

БЕЗЕР[1] з а т. ж е р г. ***Безер жылқы.***

Безер жылқы. *Теуіп, тістеп, маңына адамды не малды жақын келтірмейтін жылқы.*

БЕЗЕР[2] с ы н. *Қиқар, бір бет, айтқанға көнбейтін қыңыр.* – Енді өзіңде де бар ғой, қыс ішінде, сондай ұзақ жерге Абдрахман сияқты *б е з е р г е* есі бар адам түйесінің майын берер ме? – деді Қоржынбай (С.Сейфуллин, Шығ.). Бірақ, бірінен-бірі өткен *б е з е р,* кесір, ішін жарып алмасаң шындығын айтар түрі жоқ (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). *Б е з е р д і ң* белі ауырмас (М.Әлімбаев, 666 мақал).

Азар да безер болды. *Аза бойы қаза болды, ат тонын ала қашты.* Мен дайынмын ғой. Тек цехты қатынастыра біл, онсыз не өнеді... – Жоқ, жоқ!– деп, *а з а р д а б е з е р б о л д ы м* (З.Шашкин, Өмір.).

Ақ безер де көк безер болды. *Ант-су ішті, таусыла, қарғана қорғанды.* Алғашқыда «ішпеймін мына пәлеңді, аулақ, аулақ!» деп *а қ б е з е р д е к ө к б е з е р* болып едім, оған көнеді деген қайда (С.Жүнісов, Өшп. іздер).

Безер болды. *Ығырын алды, жайсыздық етті.* Тентек болма балаға, *Б е з е р б о л м а* келінге, Қадірің кетер еліңе, Қарауыл қой сөзіңе (Дулат Бабатайұлы, Шығ.).

Тіл безерге сүйенген. *Тілазар, бос сөзге үйір.* Киеңкі биедей қылдырық та шылдырық. *Т і л б е з е р г е с ү й е н г е н* бүгінгі келіндер менің ықтиярыма көнер ме, – деді (Ғ.Сланов, Домбыра.).

БЕЗЕР[3]= е т. **1.** *Бедірею, міз бақпай мелшию, сазару.* Тіл қатпай, дыбысын шығармай *б е з е р і п* жатқан Шалабайдың Аман қасына барды (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Деуі-ақ сонда мұң екен, Көк қарулар кезенген, Көкшіл беттер *б е з е р г е н,* Аяу білмес сұм екен (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). **2.** а у ы с. *Құлазу, мелшию, сұрқай тарту.* Суық күні мен *б е з е р і п* жатқан даласы қандай мейірімсіз болса, мұндағы өмір де соған ұқсас жат көрінді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Бұл араның

б е з е р г е н Қызыл шақа көбі құм. Құнары жоқ ежелден Керек десе шөбінің (С.Мәуленов, Жолдас). *Б е з е р і п* қара тастай боп, Бетінен жердің қашқан нұр. Саулаған қанды жастай боп, Қызыл ала аспан түр (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

БЕЗЕРЛЕ= е т. *Затты өрнектеу, әшекейлеу, мәнерлеп, ою салу.* Байға кілем *б е з е р л е г е н,* Ісіне сан зергерді теңгермеген, Көргендердің аузынан суы аққан, Әйелдің атын елде шебер деген (Ө.Күмісбаев, Ақ шолпан).

БЕЗЕРЛЕН= е т. **1.** *Бедірею, безеру.* Күлөңға «Онымен неге жүресің» дегенде: «Сабақтас, жолдас болғасын...» дейтін. «Сарбаламен неге жүресің?» дегенде де үндей алмай қап еді; *б е з е р л е н і п* еді, ұялмап еді (Ж.Аймауытов, Шық.). **2.** *Түсін суыту, қатулану.* Туған-туысқан қайрат беріп, қасында қалар қабақ, көрсетпеді. Бәрі *б е з е р л е н і п* сыртқа тепті (С.Бегалин, Уақыт.). Мен сенің көңіліңе қарап, ағайыма да бір ауыз жылы сөз айта алмадым. Осы жағдайды мен анықтайын, сен аса *б е з е р л е н б е* (С.Бегалин, Уақыт.).

БЕЗЕРЛЕНУ *Безерлен етістігінің қимыл атауы.*

БЕЗЕРЛЕУ *Безерле етістігінің қимыл атауы.*

БЕЗЕРЛІК з а т. *Безер болушылық, бірбеттік, қиқарлық, қыңырлық.* Еліңнен *б е з е р л і к п е н* үркіп жүрсің, Әр жерге күшің бөгеп іркіп жүрсің. Шұрқ тесік, қомыт-шомыт киіміннің Тозаңын осында кеп сілкіп жүрсің (Айтыс). Адам тағдырымен қалай ойнағаныңды қара басыңның қамы үшін қан кешуден шімірікпеген *б е з е р л і г і ң д і* бетіңе басады (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Халыққа *б е з е р л і г і* жоқ, қой аузынан шөп алмайтын атам ел сөзінен сасып қалды (А.Әуезов, Бала Мұхтар).

Тас безерлік. *Нағыз барып тұрған қиқарлық, қырсықтық.* Иванның сөзі Ахметтің миына қона кетті. Өр кеуде, *т а с б е з е р л і к п е н* әлі де өзі жатып, көпке істетіп, көп үстінде қалғығысы келеді (Ғ.Мұстафин, Шығанақ).

БЕЗЕРТЕКЕ з а т. з о о л. <лат. сарга acgagrus> *Жұптұяқтылар отрядының қуыс мүйізділер тұқымдасына жататын жабайы ешкі. Б е з е р т е к е* таудың қия жартасты жерлерінде мекендейді, табындап үйір-үйір болып жүреді (Қаз тілі термин. Биология).

БЕЗЕРУ *Безер етістігінен жасалған қимыл атауы.* **1.** *Сазару, бедірею.* Безбүйректің *б е з е р у і н!* – деп Құрымбай тағы да зіркілдей жөнелді (М.Хасенов, Тұлпар). **2.** а у ы с. *Түйін боп қату.* Тақалғанда осынау кезеңіме, Төзбеймін бе, білмеймін, төземін бе?! Түрткілеген бір түйсік *б е з е р у д е* (М.Мақатаев, Шық.).

БЕЗЕРІЛ= е т. *Ағытылу, тоқтамай сөйлеу.* Қызыл тіл сөз сөйлесем *б е з е р і л г е н,* Заманы жылдан-жылға шегерілген. Әр жерде алқа көрсем, тұра алмаймын, Осындай қызыл тілге шеберімнен (Бес ғасыр.).

БЕЗЕРІЛУ *Безеріл етістігінің қимыл атауы.*

БЕЗЕС= е т. **1.** *Тіл мен жағына сүйенісу, айтысу, сөз жарыстыру.* Елге лаң, ерге қайғы салған тоң мойын надандар тағы да сол тұманның астында сойыл сілтесіп, тіл *б е з е с і п,* майдандасып жатыр-ау (С.Жүнісов, Ақан сері). **2.** *Қаруды сілтесу, кезесу, үйірісу.* Ойламаған жерден жетіп қатарласа қимылдаған құла атқа таңдана қарасты. Енді өздерінің аттарын тежегенді қойып қамшы үйіріп *б е з е с і п* алды (С.Бегалин, Замана.).

БЕЗЕСУ *Безес етістігінің қимыл атауы.*

БЕЗЕТ[1]= е т. *Жайнату, жасандыру.* Ішіне кірсек, есіктен төрге шейін жайнатып жайып тастаған кілем. Жарқыраған алтын-күмістен құйған шам. Үй ішін *б е з е т і п* қойыпты (Мың бір түн).

БЕЗЕТ[2]= е т. *Ағытылып тоқтамай сөйлеу.* Екі жылдан бері ішіне сақтап келген осы арманы бүгін ерік алдына қоймай, ақыл-есін алып, енді тілін *б е з е т і п* сайратар шекке жеткен сияқты (С.Омаров, Өмір асуы).

БЕЗЕТУ[1] *Безет[1] етістігінің қимыл атауы.*

БЕЗЕТУ[2] *Безет[2] етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тілін *б е з е т у.*

БЕЗЕУ[1] з а т. м е д. <лат. acne> *Қан айналымының бұзылуынан адамның терісіне, бетіне шығатын бөртпе.* Домалақтау мұрнының ұшы қалың *б е з е у д е н* күп-күрең боп тұр (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Ол дәріні бетке іріңді *б е з е у* шыққанда, кейбір асқынып кеткен жараларға, өте жұғымтал бөртпелерге жағып, емдейді (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.).

Безеу бет. *Бетін безеу басқан кісі.* Орта жаста, орта бойлы, көлденеңі шығыңқы, *б е з е у б е т,* қара кісі көнетоз қағаздарды будыратып жайып тастады (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

БЕЗЕУ[2] з а т. қ о л ө н е р. *Әдемі түске ендірген өрнек, әшекей, нақыш жүргізу өнері.* Алтыннан бір *б е з е у г е* жабдық салып, Ертемен залға біреу келді алып. – Көнеки, мынау атқа міниңіз, – деп, Шылауын ұстауменен түрды ырғалып (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Үзеңгіге шабылған күміс бетіне *б е з е у* әдістерімен түрлі өрнектер жасалып, оған алтын жалату тәсілі де қолданылатын (Х.Арғынбаев, Қаз. ер-тұрман.).

БЕЗЕУ[3] *Безе етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Домбыраны нақышына келтіру, орындау, қағу.* Бүгін ол домбыраны ерекше жақсы тартты. Саусақтардың *б е з е у і* жетпей, сарын шымырлығы бұзылып, кем соғып, шолақ қайрылып жатқан олқылықтарды ешкім сезбеген сияқты (Ә.Сараев, Қараша.). **2.** *Қолды кезеу, нұсқау.*

Жиналыста басқа жігіт сынаса да дауым жоқ, ал мұның мінбеге шығып алып, саусақ *б е з е у і* жүрегіне қатқан шерді жібітудің я кек алудың амалы емес пе? (К.Сегізбаев, Ашылм. сыр).

БЕЗЕУБАС з а т. қ о л ө н е р. *Күміске өрнек жүргізетін, ұшында әртүрлі өрнектің бедері бар, қашау тәріздес темір құрал.* Мұндай бедерлі өрнектер темір *б е з е у б а с т а р м е н* батыра түсіру әдісі арқылы істеледі (Х.Арғынбаев, Қаз. ер-тұрман.).

БЕЗЕУБІЗ з а т. қ о л ө н е р. *Күмістен жасалған бұйым бетіне өрнек салатын зергерлік құрал.* Күмістен жасалған бұйымның бетін *б е з е у б і з б е н* безеп, оймыштап өрнектеген соң, мұқият тазалап, бағдар түспейтін тұсын отқа төзімді саз балшықпен сылайды («Парасат»).

БЕЗЕУЛЕ= е т. *Өрнектеу, әшекейлеу, сәндеу.* Кейде ондай бос жер қалып бара жатса, мұсатыр мен күмісті ерітіп алып жалатады да, бетін *б е з е у л е п* қояды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БЕЗЕУЛЕН= е т. *Бетті безеу басу.* Сөйтіп, бетім *б е з е у л е н і п*, көңіл мұздап, әбден дұрысталдым да, оның үстінен арызды ал бораттым (Ғ.Қабышев, Шығ.).

БЕЗЕУЛЕНУ *Безеулен етістігінің қимыл атауы.*

БЕЗЕУЛЕУ *Безеуле етістігінің қимыл атауы.*

БЕЗЕУЛІ[1] с ы н. *Бетінде безеуі бар, безеу түскен.* Eh, Төлжан ше? Кәдімгі өзіміздің Төлжан Ырысаевты айтамын. Менің көз алдыма *б е з е у л і* томпақ бет, салпы ерін, орта бойлы қара жігіт елестей қалды (С.Шаймерденов, Қарғаш).

БЕЗЕУЛІ[2] с ы н. қ о л ө н е р. *Безеу салынған, әшекейлі, өрнекті, әдемі.* Көрікті таң, *б е з е у л і* сән, Ең сұлу шақ: Ертеңді алға әкелді (Ж.Саин, Самал).

БЕЗЕУШІ з а т. қолөнер. *Зергерлік бұйымдарды безеу өнерімен шұғылданушы.* Осыған орай халық шеберлері өз ішінен алтын, күміс ұстаушы, қолашы, аяқ киім пішуші, темірші, *б е з е у ш і*, қашаушы, қырнаушы болып жіктеледі («Мұра»).

БЕЗЕУШІ з а т. қ о л ө н е р. *Күмістелген бұйым бетіне безеу жүргізетін құрал, біз.* Тұтас күмістелген темір бұйымның бетінде өрнексіз қалатын ашық жерлер болмайды, ондай жерлерге арнаулы *б е з е у і ш*, безеубас деген құрал арқылы ою ойылып, күміс сіңіріледі де, оның бетіне қарала жасалады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БЕЗМАҢҚА з а т. в е т. *Танауға маңқа түсетін мал ауруы.* Халық маңқаның өкпеге түсетін ауру түрін «Көкірек маңқа», танауға түсетін жеңілдеу түрін «*б е з м а ң қ а*», танаумаңқа деп атайтын (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

БЕЗӨКПЕ з а т. ***Безбүйрек.*** Жоспар орындалды. Кемшілігі, олқылығы бар шығар, айт, көрсет, бірақ Тереховты *б е з ө к п е* деуге кімнің аузы барады («Лен. жас»).

БЕЗУ *Без етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қашу, қол ұзу, құтылу.* Лажын тап, надандықтан *б е з у д і ң!* Бәрекелді, әне сонда адамдық (С.Дөнентаев, Шығ.). **2.** *Мойындамау, қашу.* Милләттен *б е з у*, Әйтпесе төзу, Шын болса сол сөзіңіз (А.Байтұрсынов, Шығ.). «Кешегі құлым, кедейім, Құдайдан, діннен *б е з у і н.* Суырып таста көмейін, Тіліңдер екі езуін!» (М.Мақатаев, Шығ.).

БЕЗУШІЛІК з а т. *Күдер ұзушілік, тұңілушілік.* Сонда да үйдің іші салқын түсте! Дыбыс жоқ, демді алсын тынып күшке. Тірі жан жоқ жұмақтан *б е з у ш і л і к,* Ойлап көрші, адамға қиын іс пе? (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға).

БЕЗІК= е т. *Бедірею, безеру, міз бақпау.* Әйелдер жағы бұрынғыдан бетер *б е з і г і п,* ауыздарын бұртитты. Құрыш ышқына қозғалып, орнынан тұрды (Б.Майлин, Шығ.).

БЕЗІЛ з а т. *Зарлап жылаған, без-без еткен дауыс.* Екі күн ұдайы нәр ембеген бота шырлы мен уыз сүттен қағылған бала *б е з і л і* оның да жүрегіне түскен еді (С.Елубаев, Ойсыл қара).

БЕЗІЛДЕ= е т. **1.** *Безек қағу, зарлау, безектеу, шырқырау.* Осы кезде қыз баланың *б е з і л д е п* жылаған даусы шықты. – Апай, апай! Айнаштың қолын орақ кесіп кетті, – деп айқайлады біреуі (С.Алдабергенов, Асу). Адамның дана Басында кені. Аңғалға санап Басынба мені. Кетеді бағаң *Безілдей* берсең. Жетеді маған Өзіңдей көрсең! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Жер – жетім ыңыранып көз ілмеген, Жел – жесір бебеу қағып *б е з і л д е г е н.* Көшкен ел сурет боп қатып қалған, Түтіні тіршіліктің сезілмеген (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). // *Сарнау, қақсау. Б е з і л д е м е,* тарт, тіліңді! – Сырымбай шоқпарын көтере ұмтылып еді, ат жалы үстінен қылыш жалт етіп өтті (М.Қуанышбаев, Кек). Әндетіп ел жайлауын кезіп өттім, Төрінен төрелердің безіп өттім. Сыңсыса қалқаларым торға түскен, Араша айтып жырды *б е з і л д е п п і н* (Қ.Бекхожин, Мамырстан). **2.** *Дедек қағу, зыр жүгіру.* Олар *б е з і л д е й* қашты (Ауызекі). **3.** а у ы с. *Үздіксіз бебеу қағу, құйқылжу, төгілу.* Теректен істелген ақ домбыра сабаған сайын *б е з і л д е п*, әлдеқайдағы күндерді еске түсіріп отыр (Б.Майлин, Шығ.). Бұрын жалғыз сайраған домбыра, жеке сыңсыған сыбызғы, қинала *б е з і л д е г е н* қыл қобыз бүгін басын біріктірді (С.Мәуленов, Жер нәрі). Ақсақ киікше жан ұшырап, зымырап қашатындай. Домбыра поезд жүрісіне саз қосқандай *б е з і л д е й д і* (Н.Сералиев, Қаңтар). Тартқанда талай күйді *б е з і л д е г е н*, Беріліп тоқсан түрлі сезімге мен, Өн бойым өзеуреген өзен болып, Кезім көп ұзақ таңға көз ілмеген (Т.Айбергенов, Мен саған.). **4.** *Үздіксіз сылдырлау, шылдырлау.* Кеңсенің

табалдырығынан аттағаны сол еді, *б е з і л д е г е н* телефон даусын естіді (Д.Досжанов, Зауал).

БЕЗІЛДЕК с ы н. *Безілдей беpгіш, безілдеуік, зарлауық.* Көмір кенін басқаратын ағылшынның орынбасары – жылт-жылт етіп бір жерге тұрмайтын *б е з і л д е к* сары (Ж.Саин, Жол үсті.).

БЕЗІЛДЕС= е т. *Безек қағысу, зыр жүгірісу.* Көп зорлық ол тартқызған кетпей естен, Қатын-қалаш ауылда *б е з і л д е с к е н,* Қарсы алды Сәкен өзі жеке күтіп, Дау – дамай жігіттерді жорық кешкен (С.Сейітқазин, Біздің Сәкен).

БЕЗІЛДЕСУ *Безілдес етістігінің қимыл атауы.*

БЕЗІЛДЕТ= е т. **1.** *Үздіксіз бебеу қақтыру, құйқылжыту.* Жүрт тыңдап отыр, Айтқан соқыр, Дірілдет қолды, дірілдет! Нұрдың күйін, Сен тартпағанда, Кім тартсын. *Б е з і л д е т,* шіркін, *Б е з і л д е т,* шіркін, *б е з і л д е т* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Домбырасын *б е з і л д е т е* ойнақшытып, зор қайырманы басып ап... тақпақтай соғып, желдірте жөнелді (М.Әуезов, Шығ.). Флейта мен кларнет «Гүлдарай» әнін шырқатып, *б е з і л д е т і п,* ойнақшытып алып кетеді (А.Жұбанов, Мұқан Төлебаев). Әнебір ешкі бас, қалқан құлақ, сорайған неме қайта-қайта, әлгі өлеңнің қайырмасын жіңішке ашы дауыспен *б е з і л д е т е* жөнелді (О.Сәрсенбаев, Сағым). **2.** *Жылдам, тез жүргізу, жүйткіту, желдірту.* Қойшы астындағы боз ингенін *б е з і л д е т і п* Айкүнім мен Құдайберліге ұшады (М.Тиесов, Дала). «ЗИС» осы жарым түнде тақтадай жолмен «Қайыңды» совхозына қарай *б е з і л д е т і п* келеді (С.Жүнісов, Жапанда.). Жүкеңнің үйінен сылқиып шыққан Жолдыбаев боз бестіні *б е з і л д е т і п,* «Тескенсуға» бірақ тартты («Лен. жас»).

БЕЗІЛДЕТУ *Безілдет етістігінің қимыл атауы.*

БЕЗІЛДЕТІҢКІРЕ= е т. *Бебеу қақтыра тусу, жүйткіту.* Дереу домбыраны құлақ күйге келтіріп, он саусағы перне бойлап біраз *б е з і л д е т і ң к і р е п* алды да, тамағын жұмсақ кенеп: «Қос қаракөзді» шырқады (Ә. Жәкенов, Таң самалы).

БЕЗІЛДЕТІҢКІРЕУ *Безілдетіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

БЕЗІЛДЕУ *Безілде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Үздіксіз бебеу қағу, құйқылжу.* Қара домбыра қолдан-қолға көшіп *б е з і л д е у м е н* болады (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). **2.** *Безек қағу, шырқырау, жылау.* Сәбидің *б е з і л д е у і* шегіне жетеді. Әр-берден соң сілесі қатып, өз даусына шашалып, көгеріп, сазарып қалады (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

БЕЗІЛДЕУІК с ы н. *Безілдегіш, шырылдауық, зарлауық.* Күйгелек күйкентайды, жалбаңдаған жапалақты, *б е з і л д е у і к* қара торғайды алыстан танып, «Әй, бүлдірген сенсің-ау осы» деп күліп те алатын (З.Шашкин, Өмір.).

БЕЗІН= е т. **1.** *Қашқақтау, жерінү.* Сен бізден *б е з і н с е ң* де, біз сенен *б е з і н б е й м і з* (Ғ.Мүсірепов, Таңд.). Мен сақпын. Күзеттемін, Көз ілмеймін. Өзіңнен, Отанымнан *б е з і н б е й м і н.* Өзіңсіз, Отанымсыз өмірді мен, Сірә да, өмірім деп сезінбеймін. Кешір, Ана, Табынбан саған ғана, (М.Мақатаев, Шығ.). Сен дегенде қашан сезім көз ілді? Сабыр, төзім – бәрі менен *б е з і н д і.* Сөзге сіңсең, Жырын жаттап әлемнің, Жүрегіммен сүзіп алам мен сені! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **2.** *Түңілу, торығу, күдер үзу.* Басқа ақындарымыздың пайдаланып жүрген өлең түрлерінен және теңеулерден *б е з і н і п,* ескінің айналасында қалып қойған Асқар да жоқ (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Айнала түңілсе де, *б е з і н с е* де, Ұлына ана жалғыз мұздамаған (К.Дәрібаев, Серт). Бұл пейілін Төрехан, бірақ фәниден *б е з і н і п* өлімге асығу деп жорымайды (А.Сүлейменов, Бесін). **3.** а у ы с. *Шошыну, қорқу, үрейлену.* Ешкім жоқ қорқып *б е з і н г е н,* Сол болды байға батқаны. «Өз жерін» алып өзінен, Өзіне бұлдап сатқаны (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). Намысты намазындай жоғары ұстап, Ол қашан көз жасынан *б е з і н б е г е н* (Х.Ерғалиев, Құрманғазы).

БЕЗІНДІР= е т. *Қашқақтату, түңілту, жеріндіру.* Білім алу үшін арып-ашып қиналасың, төзім мен қажыр керек дейді, одан *б е з і н д і р м е й,* қайта қарап, жұмылдыра түсу мақсат... (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Оны алғаш көп нәрсе қызықтырса, енді соңғы күндері жалықтырып та, тіпті *б е з і н д і р і п* те барады (Р.Райымқұлов, Жасыл белес).

БЕЗІНДІРУ *Безіндір етістігінің қимыл атауы.* Күлдіру жазушыға көбінесе жылату үшін, өкіндіру үшін, *б е з і н д і р у* үшін керек болады (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Жаман мінез, жаман іс-әрекеттен оқушыларын *б е з і н д і р у д і ң* де өзінше мәні болатындығы сөзсіз (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.).

БЕЗІНУ *Безін етістігінің қимыл атауы.*

БЕЗІРЕ= е т. ж е р г. *Безу, жоламау.* Жүрт одан *б е з і р е п* сұр жылан дейтін еді (Б.Майлин, Шығ.). Өз басым мектепте жүргенде есеп сабағы десе *б е з і р е п* тұратынмын (Қ.Сәрсекеев, Кілт).

БЕЗІРЕЙ= е т. э к с п р. *Бедірею, міз бақпау.* Өй, *б е з і р е й г е н* безбүйрек! Бетіңді тіліп жіберейін бе осы?! (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Жасыратыны не, сол кештен кейін Санат тым жұтаң тартып қалған-ды. Кіп-кішкентай бола тұра *б е з і р е й і п* алып сездірмеуге тырысып жүрді (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

БЕЗІРЕЙТ= е т. *Бедірейту.*

БЕЗІРЕЙТУ *Безірейт етістігінің қимыл атауы.*

БЕЗІРЕК з а т. *Қаңғыбас, ел кезгіш адам.* Жеті жылдай қаңғырдың, Бармаған қалмай

жер, – дейді, Сол *б е з і р е к т і ң* бәрі де Сенің үшін зар қылып (Бабалар сөзі).

БЕЗІРЕН= е т. *Ширығу, қатаю, қақаю.* Туған аулы оған бір түрлі суық, жат көрініп, әбден *б е з і р е н і п* алды (М.Қаратаев, Далада.). Ағалар, мен ішпеген едім. Қиянат қой бұларыңыз, – деп жалыныш білдіре *б е з і р е н е д і (*А.Хангелдин, Табыс. тағдыр).

БЕЗІРЕНУ *Безірен етістігінің қимыл атауы.*

БЕЗІРЕҢДЕ= е т. *Бедіреңдеу, безектеу.* Егерде қарсылассаң *б е з і р е ң д е п,* Жалғаннан жан боларсың күдер үзген (Ғ.Малдыбаев, Қырым қызы).

БЕЗІРЕҢДЕУ *Безіреңде етістігінің қимыл атауы.*

БЕЗІРЕЮ *Безірей етістігінің қимыл атауы.*

БЕЗІС= е т. *Алды-артына қарамай тұра қашысу, зымырасу.* Топырлаған аяқтар астынан сүйретіле шыққан қорқақтар жан сауғалап, сөре жаққа *б е з і с і п* барады (Х.Әдібаев, Таңбалы.).

БЕЗІСУ *Безіс етістігінің қимыл атауы.*

БЕЙ... [ир. **بي**] *Күрделі атаулар құрамындағы «қатыссыз, жоқ, жойылған» деген сияқты болымсыз мағынаны білдіретін қосымша.*

БЕЙАЙЫП с ы н. *Кемістігі, кемшілігі жоқ.* Бар болса айып көрмедім, Сөзімнен шыққан мінімді. *Б е й а й ы п* Алла бір өзі Бенделер момын білуді (Майлықожа).

БЕЙАҚЫЛ [ир. **بي عقل**] с ы н. *Ақылсыз, ақылы аз.* Туралық қылса, бір әділ *Б е й а қ ы л д ы ң* әдеті сол, «Тапты» ғой деп оған сенбес (Айтыс). Былбыр дейсің *б е й а қ ы л,* Шата менен шаянды. Жиған малың зекетсіз Жылан менен шаян-ды (Бес ғасыр.).

БЕЙАПАР с ы н. ж е р г. *Мазасыз, тыныштсыз, бейбастақ.* Әйелің *б е й а п а р* болса, жұрттың тыныштығынан не пайда (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БЕЙАУЫЗ с ы н. *Аузына не келсе соны айтатын, бетпақ.*

БЕЙӘДЕП [ир. ар. **بيأدب**] с ы н. *Әдепсіз, көргенсіз, тәртіпсіз.* Ата-ана сыйлап көрмеген, *Б е й ә д е п* өскен жасыңнан, Сен бір жүрген сауысқан, Кесірің үлкен басыңнан (Жамбыл, Шығ.). Көріп, сезіп отырмыз, бұл кісі билей алмайтын *б е й ә д е п,* жүгенсіз құлар сияқты емес: жаңылыс қолынан түсіріп алған болар (Ө.Тұрманжанов, Адам). Жаңа жарын ертіп әкелген *б е й ә д е п* мына мен жайлы түк те ойламай отырмын дейің тіпті балалық! (Д.Исабеков, Таңд. шығ.).

БЕЙБАҚ [ир. **بي بخت**] с ы н. **1.** *Байғұс, бишара, мүсәпір, сорлы.* «Тақсыр, мұнда келіпсіз, Еткен күнәм ауыр деп, Тышқан маған бауыр деп, Антпен уәде беріпсіз. Қуанып соған қылдық той, Өзіңізге мәлім ғой *Б е й б а қ* біздің халіміз (М.Жұмабаев, Шығ.). Толып жатыр жалғанда Жетім-жесір, кей *б е й б а қ.* Біреулердің шешесін Ерте алған лөхіт. Кейбір балалар айрылған Анасынан бейуақ (М.Дулатов, Шығ.). Барғаны кенже қыздың қатын үсті, Істеді сорлы *б е й б а қ* не қылмысты? Көзінің аққан жасы кімге батар Өкімет көрмей ме екен мұндай істі? (Ә.Найманбаев, Шығ.). **2.** ж а ғ ы м с ы з. *Оңбаған, соққан, жынды.* Сол-ақ екен: – «Не дейді мына беті кесілгір?! Сен *б е й б а қ* көрінеді ғой жалғыз ұлымызбен бізді шағыстырып жүрген» (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

БЕЙБАҚТЫҚ з а т. *Бейбақ болушылық, бишаралық, мүсәпірлік, сорлылық.* Көңілге топырақ шашып тұрғанын білер ме. Есті болса, көрінер не беті бар. *Б е й б а қ т ы қ* қой (М.Қаназов, Сонар).

БЕЙБАҚЫТ [ир. **بي بخت**] с ы н. *Бақытсыз, сорлы.* Мекен болдың бір уақыт Көшіп жүрген қазаққа. Айрылып сенен *б е й б а қ ы т* Сорлылар қалды мазаққа (С.Сейфуллин, Шығ.).

БЕЙБАС с ы н. *Содыр-сойқан, тентек, әдепсіз.* Шәкең шал көсе құрбысының *б е й б а с,* артық ауыз айтып қалған сөзін де, кетпенші баланың қатты қысылғанын да сезді (Д.Досжанов, Тұлпар.). Бәлкім сіздің балаңыз шығармын, кім біледі? Олай дейтінім мені тыр жалаңаш *б е й б а с* қалпымда шидің түбінен тауып алыпты (О.Әубәкіров, Сиқыр). Әкем болса, онша ешкімге имей бас, Тілге көнбес болар ма едім бір *б е й б а с.* Мақтанына айналсам да қыздардың Қақпанына бір түсірмей күн қоймас (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). // *Сотқар, оңбаған, жүгенсіз.* Үйсін менен найманға белгілі ғой, Алдыңда сан түйіннің шешілгені. Өзіңдей әділ қазы жүрген елде Қалайша *б е й б а с т а р д ы ң* есіргені (Бақтыбай ақын, Жел қобыз).

БЕЙБАСТАҚ с ы н. **1.** *Бас білмейтін, жүген-құрық көрмеген, бастықпаған. Б е й б а с т а қ* құлын – бөрінің жемі (М.Әлімбаев, 666 мақал). **2.** *Тәртіпсіз, әдепсіз, жүгенсіз, көргенсіз.* Сол класта тәрбиеге көнбейтін, шу асау, *б е й б а с т а қ* Төрехан деген бар (Ж.Жұмаханов, Махаббат.). Күнжан *б е й б а с т а қ* өскен, бетімен кеткен, ұрыншақ әйел (С.Талжанов, Ұлдай.). – Ондай *б е й б а с т а ғ ы ң ы з д ы* басқа жерде істеңіз, – деді Ғайни ашуланып (С.Сейфуллин, Шығ.). **3.** *Жөн білмейтін, ұрда-жық ақылсыз сотқар.* Қазақ-қырғыз сияқты дінді, құдайды білмейтін *б е й б а с т а қ* жұрттар қала шауып, ел тонап дамыл бермеген соң, соларды дінге, мәдениетке, отырықшылыққа үйретуге, өздерін жуасытуға, «әулие» деп табынып жүрген Қожа Ахмет Ясауиіне өшпес белгі орнаттырған (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ақтиын

өте қатал, өте *бейбастақ* адам (Ж.Саин, Жол үсті.).

БЕЙБАСТАҚТАУ с ы н. *Тәртіпсіздеу, әдепсіздеу, жүгенсіздеу.* Машина қалғанмен, шоферының қалар түрі жоқ. Ол боқтампаздау, *бейбастақтау* біреу екен (С.Мұқанов, Есею жыл.).

БЕЙБАСТАҚТЫҚ з а т. *Сотқарлық, жүгенсіздік, тәртіпсіздік, әдепсіздік, бассыздық, бетімен кетушілік.* Ендеше, кім көрінгеннің *бейбастақтығына* жол бере алмаймыз (Ж.Арыстанов, Сұңқар). Бүгін таңда ең өткір тұрған жұмыссыздық, жоқ-жітілік, *бейбастақтың* сынды мәселелерді ұрпақтар сабақтастығын дұрыс үйлестірмейінше ойлағандай шешу мүмкін емес (Ә.Кекілбаев, Үш белес).

БЕЙБАСТЫҚ з а т. *Сотқарлық, тентектік, тәртіпсіздік, әдепсіздік, бассыздық.* Құнанбай өз алдындағы мына *бейбастыққа* қатты ашуланып, Оспанды сол қолымен өзіне қарай жұлып сүйреп алды да, жақтан тартып-тартып қалды (М.Әуезов, Абай жолы). – Ей, Сапақ, сен тиіспей жайыңа тұр! Сенің *бейбастығыңды* мұнда ешкім көтере алмайды (С.Сейфуллин, Шығ.). Сен де қалдың әкеңнен, мен де қалдым, *Бейбастық* шолжаң жастық жөнге қалды. Бейнетқор әкелердің кетпендері, Кеберсіп егістікте, шөлде қалды (М.Мақатаев, Шығ.).

БЕЙБАУЫРМАЛ с ы н. *Бауырмал емес, туысшылдығы жоқ, кісімен араласудан қашақтап жүретін, тасбауыр, тас жүрек (адам).*

БЕЙБАУЫРМАЛДЫҚ з а т. *Тасбауырлық.*

БЕЙБАЯН с ы н. *Баяны жоқ, қаңғыма, тұрақсыз.* Тарыға түскен ұзақша, Дән теріп жеп семірер, Семірген *бейбаян* – Аш құс басын кемірер (Майлықожа).

БЕЙБЕРЕКЕТ [ир. ар. بي بركة] с ы н. **1.** *Берекесіз, қалай болса солай.* Бұйра толқынды, ғажап сәнді қалың қара шашы *бейберекет* үйпалақтанған, қызыл көйлек жаға түбінен жыртылған (А.Сатаев, Ақын ізі). Су шаруашылығы бөлімінде судың, су құрылыстарын салатын қаржының жұмсалуы *бейберекет* (Б.Қыдырбекұлы, Шайтан.). // *Жүйесіз, парықсыз.* Әттеген-ай, тас қараңғы болып, қарынға арақты сылқита құйып ап *бейберекет* тіршілік кеше беріпті (Д.Досжанов, Тұлпар.). Шолпан қарындастың бұл қызметтің жөн-жобасынан хабары аз. Кітаптар ешқандай жүйесіз, *бейберекет* жиналды (С.Байжанов, Сыр.). **2.** *Дүниені шашқыш, ысырапшыл.* Ағашты *бейберекет* бүлдірушілерге, оның тамырына аямай балта шабушыларға қатал тиым салынатын уақыт жеткен сияқты (С.Мәуленов, Жер нәрі). – Осы үйге қанша әкелсең де ақша жетпейді. Әкелген ақшаны ұқыпты ұстамай *бейберекет* жұмсайсың, – деп Жекен әйеліне зекіре сөйледі («Мәдениет және тұрмыс»).

БЕЙБЕРЕКЕТСІЗ с ы н. *Қалай болса солай, жүйесіз.* Деревняның оң жақ қапталынан *бейберекетсіз* барқырап, дарылдаған түсініксіз дауыстар естіледі (Ә.Әлішев, Батыр.).

БЕЙБЕРЕКЕТСІЗДІК з а т. *Бейберекетсіз болушылық, басынушылық, қалай болса солай қараушылық, жүйесіздік.* Капитализмнің *бейберекетсіздігі* асқынып отырған жағдайда еңбек пен капитал арасындағы күрес сөзсіз шиеленісе түседі (Қысқ. саяси экон.).

БЕЙБЕРЕКЕТТІК з а т. *Берекесіздік, тәртіпсіздік, немқұрайдылық.* Біздің пионерлер алғашқы коммунистік сенбіліктерге, өнеркәсіпте *бейберекеттік* пен жауапсыздықты жоюға белсене қатысты («Қазақст. мұғ.»). Кәдімгі масаң кісілердің *бейберекеттігі* де уәжге келмейтін. Ешкімге жеңістік бермейтін («Лен. жас»).

БЕЙБІТ [ир. بهبود] с ы н. **1.** *Айғай-шусыз, тыныш, жайбарақат.* Талай ұшқан ақиық, Төменде қалды мазақ боп, *Бейбіт те* ұшқыр байғұстар, Дауылда не етсін азап боп? (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Соғыста *бейбіт* әңгіме тыңдауға құмар әр солдат (Қ.Аманжолов, Шығ.). **2.** *Дос, тату.* Екеуміз аңшы емеспіз бе. Сол аңшылығымызды істеп, *бейбіт* бола қояйық (М.Әуезов, Әңгім.). **3.** *Соғыссыз, ұрыссыз.* ≈ *Бейбіт* заман. ≈ *Бейбіт өмір.*

БЕЙБІТСҮЙГІШ с ы н. *Бейбітшілікті жақтайтын, соғысқа қарсы, тыныштықты қалайтын.* Ең сұмдығы алпауыт державалар өз отанын, туған халқының салт-дәстүр, діл мен дінін ұлттық сана мен дүниетанымын қорғап, қарсылық танытушыларды террорлық ұғымдарға теліп *бейбітсүйгіш* ұйымдарды да тынымсыз қудалайды («Түркістан»).

БЕЙБІТСІ= е т. *Бейқамсу, еркінсу, босау.* Майсабар малшы, қосшы *бейбітсіп* кетпесін деп, осы ауылдың жылқышы, қойшы, түйеші, биеші, қозышыларына дейін сабап жүретін (М.Әуезов, Абай жолы).

БЕЙБІТТІК з а т. *Тыныштық, бейбітшілік, жайбарақаттық. Бейбіттік* өте қажет қоғам үшін, Болмаққа қоғам жұмыс жоғары үшін (Ақын жырлары). *Бейбіттік,* байлық, бақыт – ұранымыз, Өмірге достық еңбек құралымыз (С.Бегалин, Шығ.).

БЕЙБІТШІЛ с ы н. *Тыныштықты, бейбітшілікті жақтағыш.* Бейкүнә елдің *бейбіт-*

ш і л ныға бермек қоғамы. Сая таппай басыңа, Сағындың дүшпан моланы (Ақын жырлары). Біз, әр елдің жастары, *Б е й б і т ш і л* өмірді аңсаймыз. Бұл қаһарлы жылдары Бақытқа күреспен аттаймыз (Қаз. әндері).

БЕЙБІТШІЛДІК з а т. *Бейбітшіл болушылық.* Батыс Сібір генерал-губернаторы князь Горчаков та, Омбы облысының бастығы граф Талызин де сендермен *б е й б і т ш і л д і к* бітім жасар түрі жоқ (І.Есенберлин, Қаһар).

БЕЙБІТШІЛІК з а т. *Мемлекеттер, елдер мен халықтар арасындағы соғыссыз, бейбіт қарым-қатынас, татулық, тыныштық.* Жаугершілік басылып, *б е й б і т ш і л і к* заман орнағаннан бері де қазақ көршілес ноғайдан, башқұрттан қыз алып, құда болуы, аса көп болмаса да, бірсыпыра бар (М.Дулатов, Шығ.). Қан құйылы фашистерді күл-талқан қып, Орнатып *б е й б і т ш і л і к* гүлденеміз (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Олар *б е й б і т ш і л і к т і ң,* халықтар достығы мен туысқандығының сөздерін жеткізеді (М.Қаратаев, Туған әдеб.). // *Тыныштық, татулық.* Әкел, қолыңды! *Б е й б і т ш і л і к* және достық (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

Бейбітшілік корпусы. т а р. *Халықтар арасындағы өзара түсінушілік пен бейбітшілікті нығайту үшін 1961 жылы құрылған бейресми ұйым.*

БЕЙҒАМ с ы н. с ө й л. ***Бейқам.*** *Қамсыз, алаңсыз, жайбарақат.* Жаз туса *б е й ғ а м* едің қыс жетпестей, Қызық күн бастан, сірә, һеш өтпестей (М.Дулатов, Шығ.). *Б е й ғ а м* ел ұйқысынан оянбаған, Қыз іздеп, қызық іздеп той аңдыған. Мен қалай бақытты боп кете аламын, Сен талай айырылыпсын аяулыдан (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). Қапыда қауіп-қатер істер болса, Жүрмелік *б е й ғ а м* болып жаза басып». Екеуі осы сөзді қатар айтып, Сүйісті екі ғашық құшақтасып (Ә.Найманбаев, Шығ.).

БЕЙДАЛА з а т. *Құла тұз, ен дала, айдала.* Қодардың атасы жел, анасы жел Кез болған *б е й д а л а д а* өзі ғайып (Батырлар жыры).

БЕЙДАУА [ир. ар. بي دواء] с ы н. **1.** *Дауасыз, жазылмайтын, емі жоқ.* Сол кеткеннен қайтып тұрмыс құрмаған жас ана бұл екі жасқа шыққанда әспі деген *б е й д а у а* кеселге ұшырап, екі-үш күн жанталасып жатып, дүниеден қайтады (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Сені қойып қайтқан күні күйді ауа. Солқылдады жаназада күй – дана. Дауа жоқ қой қай кезде де ажалға, Гастритің болып шықты *б е й д а у а!* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **2.** *Екіұдай, талас.* «Кенесарының басын қырғыздар алған...» деген сияқты халықтардың арасына іріткі салатын, халықтардың арасын ажырататын *б е й д а у а* пікір-тұжырымдарға мейлінше сақ болғанымыз абзал («Жас Алаш»).

БЕЙДӘРМЕН [ир. بي درمان] с ы н. *Дәрменсіз, әлсіз, құатсыз.* Қақанның басы кеңгіріп, *Б е й д ә р м е н* болды көңілі (Бабалар сөзі).

БЕЙДӘУЛЕТ с ы н. *Мал-мүлкі жоқ, кедей-кепшік.* Тауда тарлан ақырап, Дауысын сезген қайырар, Тас мұрынға ұялап, Таза сұңқар шақырар, *Б е й д ә у л е т т і ң* торына, Қарақұс түсіп жапырар (Майлықожа).

БЕЙЖАЙ [ир. بي جاى] с ы н. **1.** *Жайбарақат, қаперсіз.* Ішкі өзегім қаңырап қалғандай болып *б е й ж а й,* дел-сал күйде, кездескен жанның бәрін, соның ішінде Аягөздің не бір кербез қыздарын көрмеді (Ж.Арыстанов, Үш бәйтерек). Елесі түнде ғана құшақ жайып, Қарсы ала «Бірақ сәтте көзден ғайып, Іздеп жүріп оянсам» көңіл *б е й ж а й,* Күңгірт түске өкпелеп таңғажайып (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** *Қамсыз, алаңсыз.* Ештеңемен ісі *жоқ б е й ж а й* қалпы, шылымды құныға сорып-сорып жіберіп, есінеп қойды (С.Мұратбеков, Көкорай). Қарны тойған адамның *б е й ж а й* келетіні белгілі (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). **3.** *Мең-зең, дел-сал.* Елжас таңертең денесі ауырлап, басы зеңгіп, *б е й ж а й* оянды (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң). Жұмағұл үшін бұл жаңалық еді. Қуаныш та, реніш те емес, *б е й ж а й* бір күйге түсті (М.Мағауин, Ақша қар). Екі иығы талып, көзіне ұйқы тығылғандай, *б е й ж а й* қалыпта (Т.Нұрмағамбетов, Ата қоныс).

Бейжай болды. а) *Жайбарақат болды.* Бірақ, сол ойын сездірмеу үшін *б е й ж а й б о л у ғ а* тырысты (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). ә) *Беймаза болды, мазасызданды.* Тана түнде *б е й ж а й б о п* ұйықтай алмады (Ғ.Әутәліпов, Алтын жеміс.). Сол ойдың басқа келуі-ақ мүң екен, ана көңілі *б е й ж а й б о л д ы* (М.Иманжанов, Адам тур.).

Бейжай күйге түсті. *Көңілі жабырқап алаң болды, беймаза күйге түсті.* Шау тартқан денесімен бірге ойы да *б е й ж а й к ү й г е т ү с і п,* астан кейін маужырап демалудың орнына әлденеге сіркесі су көтермейді (Т.Ахтанов, Боран).

Бейжай тартты. *Дел-сал, мең-зең болды.* Оның бойы *б е й ж а й т а р т ы п* тыныштық аңсаған күйде еді (Б.Соқпақбаев, Өзім тур.).

БЕЙЖАЙЛАУ с ы н. *Мазасыздау, күйсіздеу, жайсыздау.* Көңілі әлі де *б е й ж а й л а у.* Жалпақ таспадай ағараңдап әрі-бері кетіп жатқан құба жолға кезікті бір кезде (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

БЕЙЖАЙЛЫҚ з а т. **1.** *Бейжай болушылық, жайбарақаттық, бейғамдық.* Байқаймын басымнан бір бақ ұшқандай, Өткен күн жеткізбейтін алыс қандай. Айғайлап соғып өткен дауылдан соң, Дүние *б е й ж а й л ы қ қ а* ауысқандай (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). Адалдық пен жомарттық анаға тән, Аңқаулық пен *б е й ж а й л ы қ* балаға тән (Ө.Күмісбаев, Шолпан). **2.** *Алаңдаушылық, мазасыздық.* Жайлыбек пен

Сәндігүл оған не дерін білмей тұр. Екеуінің де жүзінде ұят жеңген *б е й ж а й л ы қ* бар (Р.Райымқұлов, Қыз – айна). **3.** п с и х. *Адам көңіл-күйінің өтпелі қалпы. Б е й ж а й л ы қ* аурудан немесе жалғыздықтан жабыққанда, бір сарынды жұмыстан қажығанда туындайды (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Б е й ж а й л ы қ* ерік-жігері босаң, күйреуік адамдарда жиі кездеседі (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

БЕЙЖОСЫҚ с ы н. *Әдепсіз, көргенсіз, арсыз, жөнсіз.* Сәруар оған наған кезенгенде тәтесінің сақалына жармасқандай *б е й ж о с ы қ*, беймүмкін әрекет деп таныды (А.Сүлейменов, Бесін).

БЕЙЗА з а т. з о о л. <лат. огух beisa> *Африкада тіршілік ететін орикстер туысына жататын, мүйізінің ұзындығы 1 метрдей бөкендердің бір түрі.* Жергілікті тұрғындар *б е й з а н ы* еті мен терісі үшін көп аулайды (Т.Мұсақұлов, Ор.-қаз. сөздік).

БЕЙКҮНӘ [ир. بي گناه] с ы н. *Жазықсыз, айыпсыз, күнәсіз.* Сол «*б е й к ү н ә*» ұмытылып бара жатқан ақындардың біреуі – менің бір-екі сөзбен таныстырайын деп отырғаным Базар жырау (М.Жұмабаев, Шығ.). *Б е й к ү н ә н і* тонаған. Бейбіт елді талаған – Қарақшыға қанішер Еш рақым болар ма? (Жамбыл, Шығ.). Ал аулақта, егісте, шабындықта, Көздің жасын көрсетпей қалың жұртқа, Көңілі сүйген ағаға қош айта алмай, Қалып қойды *б е й к ү н ә* қалыңдық та (М.Мақатаев, Шығ.).

БЕЙКҮНӘЛІК з а т. *Күнәдан пәктік, жазықсыздық, айыпсыздық.* Көз ашып, жарық дүние көрген бесік. *Б е й к ү н ә л і к* пен сәби шақтың, періште кездің сүт иісі шыққан бесігі (С.Бақбергенов, Қарға там.). Дездемонаның *б е й к ү н ә л ы ғ ы н* анық білетін жалғыз Эмилия ғана («Қаз. әдеб.»).

БЕЙКҮНӘМСУ *Бейкүнәмсі етістігінің қимыл атауы.*

БЕЙКҮНӘМСІ= е т. *Айыбы жоқсыну, күнәсіз болғансу, мүләйімсу.* [Мауытбаевтың] Манадан бері *б е й к ү н ә м с і п,* момақансып айтып тұрғанының бәрі – советтік құрылысқа қарсы сөздер! – десті әркімдер (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.)

БЕЙҚАДІР [ир. ар. بي قدر] с ы н. *Қадірсіз, беделсіз. Б е й қ а д і р* халқы қылмай аяқ асты, Бола ма есті жігіт елден шығар. Кеңеске, асыл сөзге кем екенсің, Деп едім өнеріне сенген шығар (Айтыс).

Бейқадір етті [қылды]. *Қадірсіз етті, беделден жұрдай етті.* Жолбарыстың піл менен күшін алды, Тырнағымен мұқалтып тісін алды. Бетеге мен жусаннан *б е й қ а д і р қ ы п*, Терек пенен шынарды үсік алды (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

БЕЙҚАЙРАТ [ир. ар. بي غيرت] с ы н. *Қайратсыз, дәрменсіз, жігерсіз.* Қожеке, ішің семіз, сыртың арық, Қона кет біздің елге бір күн барып. «*Б е й қ а й р а т қ а* пейіш жоқ» –деген сөз бар, Жүрмесең іс бітер ме бұзып-жарып? (Айтыс).

БЕЙҚАМ [ир. بيغم] с ы н. *Қамсыз, алаңсыз, жайбарақат, қаннен-қаперсіз.* Бұ неткен жүрт ұйқышыл Болсын кедей, болсын бай, Жатыр *б е й қ а м*, жым-жырт, жай (А.Байтұрсынов, Шығ.). Жыланның уы басында, *Б е й қ а м н ы ң* жауы қасында (Мақал-мәтел). Өзгеге тиме, соны шап. Жайбары жатқан ел еді, *Б е й қ а м* жатқан кезінде Мұхтардың қолы келеді. Қойға шапқан қасқырдай Тоздырып елді бөледі (Бақтыбай ақын, Жел қобыз).

Бейқам етті. *Қамсыз қылды.* Үй ішін жеңілейту, теңдер бұғызу, жатақшының жазғы күнін *б е й қ а м е т у*, баршасы да бұл ауылды не қылса да бес-алты күн бөгемекке керек (М.Әуезов, Шығ.).

БЕЙҚАМДАУ с ы н. *Тыныштау, алаңсыздау, жайбарақаттау.* Уборщица момындау, *б е й қ а м д а у* адам болатын (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Қайсар өзеннен қайта өтіп барады. Әлі де *б е й қ а м д а у*, асығыстау, ақ көңіл қалпы (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

БЕЙҚАМДЫҚ з а т. *Бейқам болушылық, мінез-құлықтағы олқылық, қамсыздық, қауіпсіздік, жайбарақаттық.* Бейсауат сөз тексерусіз қалмасын. Бүгін ең хауіпті жау – *б е й қ а м д ы қ* (Ғ.Мұстафин, Шығанақ). Мың Париж, жүз Мәскеудің керегі жоқ, Басымда тұрар болса осы қалып. Даламның кеңшілігін, *б е й қ а м д ы ғ ы н* Жаным іздеп, жүрегім сүйеді анық (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Жүрдек дәуір иығыма ауыр жүгін артады, Дарқандығым, *Б е й қ а м д ы ғ ы м*, Осалдығым бар тағы (М.Шаханов, Ғасырлар.).

БЕЙҚАМСЫ= е т. *Жайбарақат, бейқам болғансу.* Я, орыс әрпі емес деді. Мен тесіле қарадым. Сақал көзін тайғызып жіберіп, тағы да *б е й қ а м с и д ы* – дейді Зейін (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.).

БЕЙҚАМСЫЗ с ы н. *Алаңсыз, қаннен-қаперсіз.* Білмейді ол жүруіңді *б е й қ а м с ы з*, Мүгедек пе осы адам, байқаңыз. Өйткені оның жаны емес мүгедек, Күшті адам деп біз осыны айтамыз (Қ.Көпішев, Әке құшағы).

БЕЙҚАМСЫЗДЫҚ з а т. *Бейқамсыз болушылық, салдыр-салақтық, жайбарақаттық, қаннен-қаперсіздік, еш нәрсеге алаң болмаушылық.* Оның себебі сол маңдағы әскерлеріміздің табансыздығынан емес, тек сұрқия сақсыздықтың, *б е й қ а м с ы з д ы қ т ы ң* салдарынан болды (Б.Момышұлы, Майдан).

БЕЙҚАРАР [ир. ар. بي قرار] с ы н. *Тұрақсыз, табансыз.* Көн кітаптың көне хикаясы

тамамдалды. Күмбез Сарайдың ішін *б е й қ а р а р* тыныштық жайлады (Д.Досжанов, Жібек.). Олардай жүйрік жоқ енді, Бағынан бұлбұл ұшырған. Опасыз дүние *б е й қ а р а р*. Балқы Базар, дүр Оңғар, «Алқа» деп атты қойғанда, Қаншама пырақ болса да Қарасын көрмей қаңғалар (Омар Шораяқ, Шығ.).

БЕЙҚИСАП [ир. ар. **بي حساب**] с ы н. *Қисапсыз, сансыз, мол, көп. Б е й қ и с а п* ол жайлауда жердің шөбі, Көрінбес кірсе ішінен малдың төлі (С.Торайғыров, Шығ.). Алыс екен *б е й қ и с а п*, Жақын емес шамалы. Қарауытып көзіне, Көрінбестен тұрады (Бабалар сөзі).

БЕЙҚУАТ [ир. ар. **بي قوات**] с ы н. *Қуатсыз, қайратсыз, жігерсіз.* Көперсіз бара жатқан *б е й қ у а т* жай, Оразды селт еткізді оқыс айқай, Жалт қарап, тани сала күрт бұрылды, Қыз даусы құдыретті неткен пай-пай (Ғ.Игенсартов, Тың дала). Мойындағысы келмеп еді, сезіммен тіресуге *б е й қ у а т* боп шықты (Б.Қойшыбаев, Ай нұры).

БЕЙҚҰЛЫҚ [ир. ар. **بي خلق**] з а т. *Құлқы жоқ, құлықсыз, бейілсіз.* Тізгінін шариғаттың ұста қолға, *Б е й қ ұ л ы қ* жаман ниет түспе жолға (Бабалар сөзі).

БЕЙҚҰТ [ир. **بي قوت**] с ы н. *Қаннен-қаперсіз, бейбіт; тыныш.* Кісідей *б е й қ ұ т* жүрген ескерусіз, Қарғаны мұнда келсін, тез хабарла (Н.Ахметбеков, Жасауыл.). Биік шоқы басында ат жалынан ұстап, кеткен елдің жолына көз тігіп тұрған, қапсағай денелі, шоқша сақалды жарақты адам мынау алдамшы *б е й қ ұ т* төңіректі тағы да сыналай шолып шықты (К.Ахметбеков, Сый орамал). Нұрила өң мен түстің ортасындағыдай жүдеп-жадап, *б е й қ ұ т* тіршілік құшағында ілби берді («Мәдениет және тұрмыс»).

БЕЙМАҒЛҰМ [ир. ар. **بي معلوم**] с ы н. *Белгісіз, беймәлім.* Қобылан өзінің Москваға жіберген қағазының сырынан шешесінің *б е й м а ғ л ұ м* екенін сезіп отыр (Қ.Шабаев, Сұңқар). Сонау Н. селосында немістер бар ма, жоқ па, о жағы бізге *б е й м а ғ л ұ м* (Т.Бердияров, Солдат.). Кеудеге қорғасын – мұң қонды басым, *Б е й м а ғ л ұ м* кім жияры мол мұрасын? (М.Сатыбалдиев, Шула. толқын).

БЕЙМАҒЫНА [ир. ар. **بي معنى**] з а т. *Мағынасыз, мәнсіз.* Үлкеннен табылса сөз, тоқтау керек, Білгендей сөздің құнын болса азамат! Құр «кезек өткізбеймін» дегенменен, *Б е й м а ғ ы н а* болса сөзі, айтқанда ұят (Айтыс).

БЕЙМАЗА [ир. **بي مزه**] с ы н. **1.** *Мазасыз, тыныншсыз.* Олай десем, кешір, – деді Сәлім келіншегін маңдайынан сүйіп, – Мен өзім ауруға *б е й м а з а* адаммын (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Қайда кеттің? *Б е й м а з а* шешең құлағымды сарсытты ғой – деді (Ә.Сәрсенбаев, Сағым). **2.** *Дамылсыз, тынымсыз, тұрақсыз. Б е й м а з а* мынау заманға, Берік қып қойдың тоскауыл. Ұраның сенің әмәнда: Адамға адам – дос бауыр (М.Мақатаев, Шығ.). **3.** п с и х. *Мазасыз, тыныммсыз, мінез бітістерінің түріне жататын астепикалық сезім. Б е й м а з а* адамдарда эмоциялық күш түсу, ұстамсыздық, ызаланғыштық, тұрақсыздық, жанжалға үйірлік, ашушаңдық сияқты бірқатар ортақ белгілер болады (Қаз. тілі термин. Педагогика.). **4.** а у ы с. *Жайсыз, жағымсыз.* Науқасы тым-ақ *б е й м а з а*. Сырты ажарлы, іші жау, Тәрізі жаман тамақсау (І.Жансүгіров, Шығ.). Сол кезде оның құлағына және бір *б е й м а з а* сөздер шалынды (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). Шырт ұйқыда жатқан Дәрмен *б е й м а з а* дауыстан шошып оянды (І.Жансүгіров, Шығ.).

Беймаза болды. *Әбігерленді, тынышсыздады.* Сен де есіңнен шығарма, *б е й м а з а б о п* өмір сүру шаршатады, сен шаршаған екенсің (С.Еркебаев, Алғашқы.). Әдеттегі салмақты кісі ауырғанда тым *б е й м а з а б о л ы п* кетті (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

Беймаза қылды. *Мазасын алды, тынышын кетірді.* Асқар басының да арманы көп, соның бірі, бүгін тағы да жүрегін тербеп, *б е й м а з а қ ы л д ы* (З.Шашкин, Теміртау). Жүрек қысқан ғой, тиышын алып, *б е й м а з а қ ы л д ы* (З.Шашкин, Тоқаш Бокин).

БЕЙМАЗАЛА= е т. *Мазасын кетіру, тынышын алу, дамыл бермеу.* Жолдасым Жайнауыз олардың асқан етіне, мен айтқан әңгімесіне ырзалығымызды білдіріп, орынсыз бірнеше сағат уақыттарын алып, *б е й м а з а л а ғ а н ы м ы з ғ а*, тәртіпті адамдардың салтымен кешірім сұрадық (І.Жансүгіров, Әңгім.). Мен сендерді тақақтап, кісіні *б е й м а з а л а й т ы н* кісі емеспін – деді Жаманшал маңғазданып (Қ.Әбдіқадыров, Әңгім.). Осынша жыл оқып жүргенде кейбіреулердей ақша сұрап, әкесін *б е й м а з а л а ғ а н* да емес (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр).

БЕЙМАЗАЛАН= е т. *Мазасыздану, тынымсыздану.* Қар кеткен соң сидиып жалаңаш қалған тау бөктеріндегі Малай орманы да суылдап әлде неге *б е й м а з а л а н ы п*, бүкіл қалаға көңілсіздік туғызды (З.Шашкин, Сенім). Кейде кісінің бойы дел-сал боп, басы ауырып, мұрны бітіп, *б е й м а з а л а н а* қалады («Лен. жас»).

БЕЙМАЗАЛАНУ е т. *Беймазалан етістігінің қимыл атауы.*

БЕЙМАЗАЛАУ[1] с ы н. *Мазасыздау, тынышсыздау.* Бірақ бүгін, әлгі бір ауырып жатқан бала *б е й м а з а л а у* болып, тіпті қасынан шығармай, жаңа қазір ғана қайтып келемін – деді (С.Сейфуллин, Әңгім.). Әлде қайдан пай-

да болған, қазір сатушы болып орналасқан әйелі бар. Екеуі де әдепсіздеу, екеуі де *б е й м а з а л а у* (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

БЕЙМАЗАЛАУ[2] *Беймазала етістігінің қимыл атауы.* Біреуді *б е й м а з а л а м а у* керек (Ауызекі).

БЕЙМАЗАЛЫ с ы н. *Мазасыз, жайсыз, тынышсыз.* Құтылып *б е й м а з а л ы* қыс, дауылдан Жайлауға көшті малшы қыстауынан Жәутіктер көкке тойған жалқындай бол, Жалтақтап жем іздемес түсте ауылдан (Т.Шопашев, Жас қанат).

БЕЙМАЗАЛЫҚ з а т. **1.** *Беймаза болушылық, мазасыздық, тынымсыздық.* [Даудың] Оның арты тағы *б е й м а з а л ы қ*, тағы дерт (М.Әуезов, Абай жолы). Құқыл тартқан оның жүзінде *б е й м а з а л ы қ* белгісі бар (А.Сатаев, Дала.). **2.** п с и х. *Адамның сезім, уайым, үрейге тез бой алдыру түріндегі мазасыз мінез сипаты. Б е й м а з а л ы қ* күйге түскен адамның жүйке қызметінде тежелу процесінен гөрі қозу шапшаңдығы басымырақ келеді (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Б е й м а з а л ы қ* – психикалық процестердің бірі (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

БЕЙМАЛАЛ [ир. ар. بي ملال] с ы н. *Бейқам, алаңсыз.* Қаз-қатар тізілген қайықтар өзен ортасында *б е й м а л а л* жайылып жатқан гиппопотамдарға жақындай келіп, жан-жақтан қаумалайды. («Лен. жас»). Мен білсем, сіз ауылда болыңыз, ісіңізді *б е й м а л а л* жалғай берініз, – дейді Құнанбай (А.Әуезов, Бала Мұхтар).

БЕЙМАР: [ир. بيمار] **беймар болды**. *Ауырды, сырқырады.* Бұрын ұрды Жанәбіл, Бұл күрзінің зарпынан, *Б е й м а р б о л д ы* екі қол (Бабалар сөзі).

БЕЙМАРАЛ с ы н. ж е р г. *Еркін, жайбарақат, бейқам.* Лейтенант Петухов отыз жасқа *б е й м а р а л* келген орта бойлы, мығым денелі, ақсары жігіт (Т.Бердияров, Солдат). Сондықтан болар, алмазды көруге сонша құмартып жүрген ешкім жоқ. Якут ағайындар тіптен *б е й м а р а л* (Қ.Тұрсынқұлов, Олар.). Олар қолдарына балта, күрек, көсеу алып үйдің үстіне шықса, мұржаның үстінде қаннен-қаперсіз, *б е й м а р а л* біреу отыр (Ә.Бектасов, Мәди).

БЕЙМАРАЛДЫҚ з а т. ж е р г. *Беймарал болушылық, еркіндік, бейқамдық.* Немістердің *б е й м а р а л д ы ғ ы* сонша, тіпті күзетші де қоймады, – деп гүрілдеді Андреев (Б.Момышұлы, Москва.).

БЕЙМӘЛІМ [ир. ар. بي معلوم] с ы н. *Мәлім емес, белгісіз.* Белгісіз адамдар *б е й м ә л і м* жаққа әкетіп бара жатқан ағаларының соңынан қалмай шырылдап жүгірген жеті жасар Алтыншашты қарауыл басы офицер иемденіп, Омбыдағы бір сәудегерге сатқан-ды (І.Есенберлин, Қаһар). Қайың боп мен де бағайын, Орманнан орным табайын. *Б е й м ә л і м* мына өмірге, Қайың көзімен қарайын (М.Мақатаев, Шығ.). Сырымды айтып жақынға шақырмаймын қайғыны, Тек *б е й м ә л і м* ақынға құлайтыны қай күні (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).

БЕЙМЕЗГІЛ с ы н. *Мезгілсіз, мезгілінен бұрын.* Сұлуды адам жаны қимайды екен, *Б е й м е з г і л* еске түсіп қинайды екен (К.Салықов, Жезкиік). Түнделетіп *б е й м е з г і л* жүрген біреумірдің көзіне шалынып, сезікті боп қалмады ма? (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Бет ажарына *б е й м е з г і л* түскен кәрілік іздері өткен күндердегі ауыр азабының белгісі болар (С.Омаров, Тастағы жазу).

БЕЙМЕТАЛ з а т. т е х. **1.** *Өнеркәсіптің металлургиялық, химиялық және басқа салаларына арналған шикізаттар.* Пайдалы қазбалар: *б е й м е т а л д ы* жанғыш (көмір, торф және т.б.). пайдалы қазбалар және құрылыстық тау жыныстары болып бөлінеді (Т.Қалыбеков, Экология.). **2.** *Металдарға тән қасиеттері жоқ қарапайым заттар. Б е й м е т а л д а р ғ а* бекзат газдар, сутек, галогендер, оттек, халькогендер, азот, фосфор, күшән, көміртек, кремний және бор жатқызылады (Қаз. тілі термин. Кен.).

БЕЙНАМАЗ [ир. ар. بي نماز] с ы н. **1.** *Намаз оқымайтын, намазы жоқ.* Тәңірім үйі мешітті, Құдайды білмес *б е й н а м а з* Құдайынан кешіпті (Алдаспан). Дін Ислам Мұхаммедке бас ұрып тұр, *Б е й н а м а з д а р* дидарын жасырып тұр (Бабалар сөзі). **2.** а у ы с. *Мұсылман емес.* Онша діндар болмаса да ел көзіне *б е й н а м а з* болып көрінбеу үшін Әубәкір молда дәретсіз отырмайтын әдетімен сырттан дәретін алып келді де, көрпе салған орнына отырды (С.Бегалин, Шоқан асу.).

БЕЙНАРЫҚ з а т. з о о л. <лат. mergus merganser> *Қаз тәрізділер отряды, үйректер тұқымдасына жататын құс. Б е й н а р ы қ* суда жақсы жүзіп, сүңгиді. Жеңіл де тез ұшады. Аталығының басы, жоны, қанатының ұшы жылтыр, денесінің басқа бөлігі ақ түсті, қызыл тұмсықты, аналығының басы жирен, алқымы ақ болып келеді (ҚҰЭ). Бейнарық – жыл құсы. Қазақстанға ақпанның орта шенінде ұшып келіп, балығы мол өзендер мен көлдер маңында ұялап, 8–15 сарғыш түсті жұмыртқа салады, оны аналығы 32 күн басады (ҚҰЭ).

БЕЙНАУА [ир. بي نوا] с ы н. *Қайырсыз, пайдасыз. Б е й н а у а* болды малы күннен күнге, пайда жоқ сауда қылса қайда барып (Қаз.қисса.)

БЕЙНЕ[1] з а т. **1.** *Кескін-келбет, тұр-тұрпат, тұлға.* Азулы *б е й н е* ақ Барақ! Содырлы, сойқан төлеңгіт Елге қарай анталап, Ашылғанды таппады, Ел етегін қымқырды (Дулат

Бабатайұлы, Замана.). Адамсыз қатарыңнан оза туған. Перзентің ақ жібектен таза туған. Шалқыған айдын көлдің ортасында, Тап *б е й н е* бөтен емес қаз бен құдан (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Шешесі Биқасап Күрдебайдың бәйбішесі. Бес биенің сабасындай тұлға, *б е й н е с і н д е* өзгеше адам (Б.Майлин, Шығ.). **2.** *Мүсін, кескін, сурет, пішін, көрік.* Беттеме жазулары бар үй салу, тас *б е й н е л е р* жасау дегендер руника текстерінде жиі кездеседі (ҚазССР тарихы). Осы көлдердің маңайы – жыбырлаған тас төбешіктер, *б е й н е*, мүсіні адамға, хайуанға ұқсаған небір ғажап жұмбақ тастар кеш бата, қараңғылық түсе, бейтаныс адамның үрейін алады (З.Шашкин, Сенім.). Тастағы жазулар мен *б е й н е л е р г е* көңіл бөліп, зерттеудің мәні неде? («Қаз. әдеб.»). **3.** п с и х. *Дүниедегі заттардың, жануарлар мен адамның түрлі тітіркендіргіштерге жауап қайтарып әсерленуінен қалған із, таңба, өзгеріс.* Нағыз *б е й н е* заттың миға әсер етуінен ғана болатын біржақты процесс емес, субъект пен объектінің өзара байланысының жемісі (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Б е й н е* психологияда адамның өзін, басқа адамдарды, қоршаған ортаны т.б. кеңістік болмысымен және уақыттың кезектестігімен біртұтас субъективті қабылдауы (ҚҰЭ). **4.** ә д е б. *Өмірді сөз өнері арқылы бейнелеп берудің құралы мен пішімі ретіндегі эстетикалық категория, көркем шығарма яки ауыз әдебиетіндегі кейіпкер, образ, тұлға.* Қаракөз сәтті шыққан. Он алты жасар Баян көрермендерге Қаракөз *б е й н е с і н* жеткізе білді («Лен. жас»). **5.** а у ы с. *Көрініс, кейіп, бедер.* Күлпаш осы ауыл *б е й н е с і н е* байыпты қарап тұрып, планшеткадан дәптерін ала сала жазуға отырды (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Ауылүйдің, жақындардың, әсіресе Бәтестің *б е й н е л е р і н* көз алдыма келтіріп жатқанда қалай қалғығанымды білмей қаппын (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Туған жер сұлу *б е й н е ң* кетпес естен, Мен сенің құшағыңда ерке өскем. Сағынам жырым бүгін барып жетсін, Батыстың самалымен шалқып ескен (С.Мәуленов, Таңд.).

Бейнелерді тану. м а т. ***Бейнетану.*** *Б е й н е л е р д і т а н у* проблемасы автоматтарды классификациялық есептерді шешуге пайдалану мүмкіндігі зерттеуден шыққан (ҚСЭ). *Б е й н е л е р д і т а н у д ы ң* техникалық тәсілдері медицина және техникалық диагностикада, түрлі дыбыстардың үнін ажыратуда қолжазбаларды оқуда т.б. жұмыста пайдаланылады (ҚСЭ).

Бейнелерді шифрдан шығару. т е х. *Бейнелерді, олардың бейнеленулері (фотографиялық, теледидарлық, жылылық, радиолокациялық, голографиялық және т.б.) арқылы табу, тану және бағалау. Б е й н е л е р д і ш и ф р д а н ш ы ғ а р у* барлаушылық хабарламалар немесе алынған мәліметтерді фотосхемаға, ірі масштабты топографиялық картаға немесе схемаға түсіру жұмыстарымен аяқталады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Бейнені айырып тану. и н ф. <ағыл. artificial perceptions> *Компьютерлік бағдарламаның белгілерді айырып-тану, топтастыру немесе ұқсастыру тәсілдерінің жиынтығы. Б е й н е н і а й ы р ы п т а н у* – процесінде алынатын немесе алдын ала берілген жиынтық бойынша кейбір берілген топтан нысандарды топтастыру немесе ұқсастырудың әртүрлі тәсілдерінің жиынтығы (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Бейнені қалпына келтіру. и н ф. <ағыл. screen refresh, image reconsfruction> *Қалпына келуге тиісті бейненің жадтағы түрі негізінде қалыптастыруды орындауға қажетті оқиғалар тізбегі. Б е й н е н і қ а л п ы н а к е л т і р у* аппараттық немесе бағдарламалық құралдармен орындалатын бейнені дисплей экранында қалпына келтіру; интерполяция әдісі арқылы бейненің цифрлы кодын аналогты түрге түрлендіру (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жиынтық бейне. ә д е б. *Ақиқат дүниедегі көп қайталанатын типтік белгілерді бойына жинақтаған көркем шығармада суреттелетін нақты өмір құбылысы немесе кейіпкердің түрі.* Қарасай, біріншіден, әлеуметтік *ж и ы н т ы қ б е й н е.* Автор абстракциялы мінез иесінен көрі, осы жағына көп көңіл аударған («Қаз. әдеб.»).

Көркем бейне. ә д е б. *Көркемөнерде, соның ішінде әдеби шығармада жинақталған түрде суреттелетін өмір құбылысының нақтылы көрініс-қалпы, кейіпкердің көркем ой елегінен өткізіліп, қорытындылап жасалған тұлғабейнесі. К ө р к е м б е й н е д е* екі түрлі ерекшелік – жинақтау, жалпылық сипаттарды топшылап-түйіндеу және даралау, жекелік қасиет-белгілерді нақтылы түрде көрсету – осы екеуі іштей астасып, қабысып жатады (Әдеб. терм. сөздігі). *К ө р к е м б е й н е д е* екі – әдебиетте, өнер салаларында өмір шындығын, қоғамдық құбылыстарды, табиғатты, адам тағдырын бейнелеп көрсету тәсілі (Әдеб. терм. сөздігі).

Нұр бейне. п о э т. *Пәк сезімімен жақсы көрген адамының кескін-келбеті туралы жарқын жұз, сәулелі келбет мағынасында айтылады.* Айтпа, Сәулем, бәрін, бәрін түсінем, *Н ұ р б е й н е ң д і* көкірегіме түсірем. Бір көрініп жоқ боласың сен ылғи Өтіп жатқан күндерімнің ішінен (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).

БЕЙНЕ[2] ш ы л. **1.** *Секілді, сияқты, тәрізді.* Интернатта оқып жүр, Талай қазақ баласы.

Жаңа өспірім, көк өрім, *Б е й н е* қолдың саласы (Абай, Тол. жин.). Жақсымен өткен мәжіліс Бір сағаты *б е й н е* жыл. Жаманның сенбе сөзіне, Тайдырып кетер жіңішке қыл (М.Дулатов, Шығ.). Қайғылы Ай, тұрсың көкте түсің қашып, Қайғылы жер жүзіне нұрын шашып. Жылжисың ақырын ғана қорыққан жандай, Жүргендей жол таба алмай *б е й н е* адасып (М.Жұмабаев, Шығ.). **2.** *Нағыз, дәл, кәдімгі.* Уай, мына біреуін қара. *Б е й н е* Асылбек болыстың көк ала айғырындай күйлі неме екен! – дейді шолақ Шалғымбай (І.Жансүгіров, Шығ.). Құм деген *б е й н е* жылан екен, қолыңнан босаса-ақ сырғып жүре береді (С.Мұқанов, Алып. адым.). Әне, *б е й н е* аспандағы ай Мұзға түскен алтын таға. Еске алдырад жүрген талай Түнгі жолды қан майданда (Т.Жароков, Шығ.).

Бейне бір. а) *Сияқты, секілді, тәрізді.* Тау барлаған *б е й н е б і р* оқымысты, Ол шолып тұр маңайын, өкім, сұсты (Қ.Бекхожин, Қайран жас.). Кімге, неге иіп тұр, бұл бейбақ? Қараймын, *б е й н е б і р* жас босанған ана тәрізді-ау (С.Бақбергенов, Қарға там.). Жауған қар қайыстырды уақ талды, Ілініп бақ басына шуақ қалды. Ызғар да қардан тыққан қарымайды, *Б е й н е б і р* аймалайтын сияқтанды (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). ә) *Нағыз, дәл, кәдімгі.* Күндіз атасы Сәлмен қарт пен Сақан қожа, оларға кешке Қалтай кеп қосылады, *Б е й н е б і р* темірден жаралғандай, шаршауды білмейді («Лен. жас»). Нұрлан *б е й н е б і р* өз үйіне келгендей Валя альбомын тауып алды (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Барған сайын сұр тайым, Үдей берді, заулады. Көз ілеспес *б е й н е б і р* Киік дерсің таудағы (Х.Талғаров, Торы тайым).

БЕЙНЕ[3] т е р м. *Кескін, бейне сигналдарды теледидарда, электрондық есептеуіш мәшине мен басқа да құрылғылардың экрандарында көрсетуге қатысты аспап, құрылғы, құбылыс, материал т.б. білдіретін күрделі атаулар құрамындағы сөз.*

БЕЙНЕАДАПТЕР з а т. и н ф. <ағыл. video adapter> *Монитордағы бейнені басқару үшін бас тақшаға орнатылған немесе кеңейтуге арналған қосқыштарға жалғанатын схемалық тақша. Б е й н е а д а п т е р* монитордың графикалық және түрлітүстілік мүмкіндіктерін анықтайтын VGA (vidio graphiss adapter) немесе ECA (enhanced graphics adapter) бейнестандарттардың біріне жатады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Бейнеадаптер тақшасы. и н ф. <ағыл. video adapter card> *Компьютерге бейнекамераларды, бейнемагнитофонды немесе басқа бейнеқұрылғыларды жалғауға арналған тақша.*

БЕЙНЕАҚПАРАТ з а т. и н ф. *Түрлі-түсті кескіндер түрінде берілетін ақпарат (фотосуреттер, суреттер және т.б.).* ≈ *Б е й н е а қ п а р а т* берді.

БЕЙНЕБАҚЫЛАУ з а т. т е х. *Бейне немесе дыбыс жазу құралдары арқылы қандай да бір нысанды байқау, аңду.* ≈ *Б е й н е б а қ ы л а у* аппараты.

БЕЙНЕБУФЕР з а т. и н ф. <ағыл. videobuffer> *Дисплей экранында көрсетілген ақпаратты сақтауға арналған жедел жад бөлігі.* ≈ *Б е й н е б у ф е р д і* экранға шығару.

БЕЙНЕГРАФИКАЛЫҚ: бейнеграфикалық матрица. и н ф. <ағыл. video graphics array (VGA)> *Мониторлық көптеген мәтіндік және графикалық режімдерінің жұмысын қамтамасыз ететін дербес компьютерлердің бейнестандарты және соған сәйкес бейнеадаптер. Б е й н е г р а ф и к а л ы қ м а т р и ц а* экрандағы кескіндерді 256 түрге дейінгі түстермен көрсетіп, айқын бейнелеудің ең жоғарғы деңгейін 640x480 пиксельге (нүктеге) дейін жеткізе алады (Қаз. тілі термин. Информатика.). Қазіргі кезде *б е й н е г р а ф и к а л ы қ м а т р и ц а* ескірді, келешекте олардың орнына SVGA және XGA стандарттары келуі тиіс (Қаз. тілі термин. Информатика.).

БЕЙНЕДЕЙ с ы н. *Кескініндей, тұлғасындай, көрінісіндей.* Бар болмысына, жайнаған жарастығына қарағанда, өнерлі, өскелең балғын қауым тірлігі көшесіндегі балғын өскен жас емен *б е й н е с і н д е й* (М.Әуезов, Алғы шепте.). Соңынан білдім сол өңірдің күзетінде тұрған қос батыр *б е й н е с і н д е й* егіз бәйтеректі (Ө.Қанахин, Жер бас.). Қақпасындай жеңістің Шлюздер кеңінен ашылды. *Б е й н е с і н д е й* ұлы істің СЭС-терден шұғыла шашылды (Ә.Ахметов, Өлеңд.).

БЕЙНЕДИСК з а т. и н ф. <ағыл. video disk> *Бетіне лазер сәулесі арқылы мәлімет жазылатын металдан немесе пластмассадан жасалған диск. Б е й н е д и с к к е* жазылған мәлімет өзгертілмейді (Қаз. тілі термин. Информатика.). Қазіргі кезде *б е й н е д и с к і л е р* тобына жататын CD ROM дискілері кең қолданылады. Оған жазылатын мәлімет көлемі өте үлкен (650 Мб шамасында) болады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

БЕЙНЕЖАЗБА з а т. т е х. *Көріністік және дыбыстық материалды бейнеүлдірге жазып алу.* ≈ *Б е й н е ж а з б а* үлгілері.

БЕЙНЕЖАД з а т. и н ф. <ағыл. video RAM> *Экранға шығарылатын ақпаратты сақтаушы дисплейдің реттеуші-басқарушы аппаратының (құрылғысының) жады. Б е й н е ж а д* дисплей экранына шығарылатын ақпаратты

сақтауға арналған дисплей контроллердің жады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

БЕЙНЕКАМЕРА з а т. т е х. *Теледидарлық бейнежазуға арналған шағын әрі тасымалдауға ыңғайлы электрондық аспап. Б е й н е к а м е р а д а* бейне және дыбыс сигналдарды жазу үшін екі 12, 7 немесе 8 млн-лік магниттік таспа қолданылады (ҚҰЭ).

БЕЙНЕКАРТА з а т. т е х. <ағыл. video card> *Бейнекамера, бейнемагнитафон немесе кез келген басқа композитті сигнал көзінен алынатын бейнемәліметтерді дисплей экранына шығаруға мүмкіндік беретін, компьютерлік графикасымен және бейнемәліметтермен жұмыс істеуге арналған құрылғы.* ≈ *Б е й н е к а р т а* құрылысы.

БЕЙНЕКАССЕТА з а т. ***Бейнетаспа*** *(теледидар және т.б. электрондық техниканың экранында қайта бейнелеу үшін адам, зат т.б. кеңістіктегі заттардың бейнесі, дыбысы түсірілген таспа).* Мысалы, шекарадан әрлі-берлі өтетін жүргіншілер көбіне өзімен бірге валюта, фотоаппарат, бейнекамера, портативті компьютер, ұялы телефон, зергерлік бұйымдар, *б е й н е к а с с е т а л а р*, дәрідәрмек, жолда керек тамақ түрлерін алып өтеді («Егемен Қазақстан»).

БЕЙНЕ-КЕЛБЕТ з а т. *Тұлға-тұрпат, кескін-кейіп.* Сығырайған ойнақы көздері, жалпағынан май басып кеткен *б е й н е-к е л б е т т е р і* сырт бақылаушы Бегеннің көз алдынан осылайша алма-кезек бірінен соң бірі тізіліп өтті (А.Сатаев, Дала.).

БЕЙНЕКЛИП з а т. ө н е р. *Сахнада айтылған әннің, оны орындаушының және де ән өлеңі сюжетінің бейнекөрінісі.* Осы конкурста жеңген әншіге бүкіл әлемге жол ашылады деген сөз. Яғни оның компакт-дискісі, *б е й н е к л и п і* қиындықсыз шығады («Егемен Қазақстан»). Отан-оттан ыстық деген ғой. «Отан-ана» әніне түсірілген *б е й н е к л и п т е н* осындай ой түюге болады («Егемен Қазақстан»). Менің қазақша, орысша бірнеше әндеріме *б е й н е к л и п* түсірілген («Жас Алаш»).

БЕЙНЕҚҰРЫЛҒЫ з а т. т е х. <ағыл. videounit> *Дисплей, теледидар, сәулелік қаламсап сияқты бөліктерден тұратын мәліметтерді бейнелеуге арналған құрылғы. Б е й н е қ ұ р ы л ғ ы* (видеоустройство) – мәліметтерді бейнелеу құрылғысы – дисплей, теледидар, сәулелік қаламсап (Қаз. тілі термин. Информатика.).

БЕЙНЕЛЕ= е т. **1.** ә д е б. *Өмірдегі тіршілік көрінісін көркем бейне арқылы беру, көрсету, суреттеу.* Мағжанның «Шын айт» деген өлеңі де *б е й н е л е у д е н* ұлғайып, бернелеуге айналған сөздің түрі (А.Байтұрсынов, Шығ.). Мынау ғажап суретті өлеңменен *б е й н е л е п*, өлеңменен өріп болар ма? Әй, бар ғой, оның үшін тек Пушкин болып тууың керек (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Поэма дәуір шындығына лайық типтік оқиғаларды тереңдей *б е й н е л е п*, сол негізде қазақ аулындағы әлеуметтік өзгерістерді суреттейді (С.Қирабаев, Октябрь.). **2.** *Мегзеу, бағдарлау, тұспалдау.* Білем, кімді *б е й н е л е п* айтып отырғаныңды! – деді Құрымбай Ақмаралға (З.Шашкин, Теміртау). **3.** *Таңбалау, белгілеу.* Бұдан кейінгі жерде векторларды латын альфавитінің үлкен әріптерімен, ал олардың компоненттерін кіші әріптерімен *б е й н е л е й м і з* (Ж.Күлекеев, Сызықтық.). Өнімдерді шығару барысында жұмсалатын қорлар көлемі есептің шартында берілген шектеулі көлемнен аспауы керек екендігін ескере отырып, сол шарттарды математикалық өрнектер түрінде *б е й н е л е й м і з* (Ж.Күлекеев, Сызықтық.). **4.** *Әсірелеу, ерекшелеу. Б е й н е л е п* айтқанда да, естіген кісі сенерлік етіп айтқан жақсы (А.Хангелдин, Алғыс).

БЕЙНЕЛЕМЕ з а т. ә д е б. *Суреттеме, көріктеуіш тәсіл.* Әдетте, әрі образ, *б е й н е л е м е* құралдар іздеуші аудармашының қолын қақпау керек болар (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Тыңнан туған әрбір мақал тіліміздің *б е й н е л е м е* құралдарын байытады, әдеби тілдің жетіле түсуіне себепші болады (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

БЕЙНЕЛЕН= е т. *Ақиқат дүние нысандарының сөз өнері немесе басқа да көркем тәсілдер арқылы суреттелуі, көрсетілуі.* «Жыр ағымы» эпостарда *б е й н е л е н е т і н* жаугершілік өмірді суреттеуге өлеңнің ең қолайлы түріне ұқсайды (Қ.Жұмалиев, Қаз. эпосы). Қазақ даласының өмірі, революциядан бұрынғы қазақ аулының тұрмысы мен әдет-ғұрыптарының суреттері Абайдың шығармаларында жан-жақты және терең *б е й н е л е н д і* (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Панфиловшылардың ерлігі тарихта да, әдебиетте де өзіне лайықты орын алып, жан-жақты *б е й н е л е н е д і* («Лен. жас»).

БЕЙНЕЛЕНУ *Бейнелен етістігінің қимыл атауы:* **1.** *Көріну, көрініс табу.* Қанекеңнің бүкіл өмірі, ғылыми әрі практикалық еңбегі, бір сөзбен айтқанда бүтін адамдық, азаматтық тұлғасы музейде жан-жақты *б е й н е л е н у і* тиіс («Соц. Қаз.»). **2.** ф и л о с. *Танымды объективтік болмыстың туындысы ретінде түсіндіретін материалистік философиялық негізгі ұғым. Б е й н е л е н у* тек бейненленетін затқа байланысты ғана туады. Олай болса, таным дегеніміз белгілі бір заттың образы, көшірмесі, бейнесі т.б. ал объективтік болмыс болса – сол заттың өзі (ҚСЭ). *Б е й н е л е н у д і* түсіндіруде Маркске дейінгі

материализмнің бәріне ортақ нәрсе – адам танымы сол адамның айналасындағы дүниемен белсенді араласып, тіршілік етудегі іс-әрекетінен туатынын түсінбеу (ҚҰЭ). **3.** п с и х. *Дүниедегі заттардың, соның ішінде жәндіктер мен адамның түрлі тітіркендіргіштерге жауап қайтарып әсерленуі, өзгеруі. Б е й н е л е н у д і ң* қарапайым түрі өлі табиғатта да кездеседі, мысалы, судың не айнаның бетіндегі заттардың бейнесі (ҚСЭ). Сондықтан психология ми қызметін бірнеше дәрежеге бөліп, бір дәрежеге бөліп, бір дәрежедегі процестерді өзге процестермен шатастырмауға ерекше мән береді де, *б е й н е л е н у д і* әр жақтан зерттейді (ҚСЭ).

БЕЙНЕЛЕС с ы н. *Пішіндес, кейіптес, ұқсас, тәріздес.* Алмадай пісіп қалған бақшадағы, Ашылған гүл *б е й н е л е с* қыз тұлғасы, Албырап екі беттің қаны тамып, Қиылып маңдайында қиғаш қасы (Ә.Найманбаев, Шығ.). Адамды өзіне ұқсас бір айуанмен, мәселен, адам *б е й н е л е с* маймылмен салыстырып көрейік (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жүрек *б е й н е л е с* қызыл еріні анда-санда жұқара түсіп күледі (Қ.Исабаев, Соңғы.).

БЕЙНЕЛЕУ 1. *Бейнеле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көрсету, таңбалау, таңбаға түсіру.* Осы топқа жататын экономикалық есептерді математикалық өрнектер түрінде *б е й н е л е у* үшін дара өнімді шығаруға қажет әр қордың шығыны мен қорлардың жалпы шектеулі көлемі берілуі тиіс (Ж.Күлекеев, Сызықтық.). **2.** ө н е р. *Ақиқаттағы қоршаған болмыстағы әртүрлі нысандарды көркемөнер арқылы суреттеу.* Қазақтың ою-өрнегінде оның тұрмыс-тіршілігі мен табиғат суреттері *б е й н е л е н г е н* («Ана тілі»). **3.** п с и х. *Сыртқы дүниені мида суреттеу, көрсету.* Жануарлар миының алдыңғы жағы өскен сайын олардың сыртқы ортамен байланысының дәрежесі, яғни *б е й н е л е у* мүмкіншілігі де арта түседі (Қ.Жарықбаев, Психология). **4.** ә д е б. *Сөз өнері арқылы ақиқат дүние нысандарын көркем суреттеу.* Адамдық сезімдерді терең де жанжақты *б е й н е л е у* Ұлы Отан соғысы дәуіріндегі лириканың өрісін кеңейте түсті (С.Қирабаев, Октябрь.). Танабай Бақасов өмірі арқылы автор адам тағдырының күрделі мен күрмеулі сәттерін *б е й н е л е у м е н* бірге сол кезеңдегі партияның көзбояушылық әрекеттерге бой ұрып отырғанын әдеби тілмен әшкерелеген («Қаз. әдеб»). **5.** т е х. <ағыл. display, image, map, mapping> *Электронды есептеуіш мәшинелерде, компьютерлік техникада мәліметтердің көзбен көруге ұсынылуы. Б е й н е л е у* (отображение) – 1) мәліметтердің көзбен көруге ұсынылуы; 2) екі құрылым арасындағы сәйкестікті тағайындау; 3) кейбір берілген жиынның әрбір элементіне берілген басқа жиынның белгілі бір элементі қойылған ереже (Қаз. тілі термин. Информатика.). **5.** *Кейіптеу, бір бейнені салу, соны көрсету.* Роза келесі күні қызметтен бос екен, бір сағат суретшінің алдында боп, *б е й н е л е у г е* ризалық білдірді (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Бейнелеу өнері. ө н е р. <ағыл. figurative art> *Кескіндеме, мүсін, графика, сән сияқты өнерлердің бірнеше түрін қамтитын ұғым, дүниені көзбен көріп, түйсіну негізінде бейнелейтін классикалық өнердің бір саласы. Б е й н е л е у ө н е р і н і ң* ерекшелігі – суретшінің өз көзімен көріп, түсінген шындығын сол сәтімен айқын көрсетуінде (ҚСЭ). Адамның *б е й н е л е у ө н е р і* тас дәуірінде басталып, жаңа тас дәуірлерінде мүлде етек алып, жер шарына тараған (Н. Баяндин, Ғасыр.). *Б е й н е л е у ө н е р і* – мектеп оқушыларына жалпы және эстетикалық тәрбие беру жүйесіндегі маңызды буын, оқушыларға көркемдік білім берудің бір түрі және амал-құралы (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

БЕЙНЕЛЕУШІ с ы н. *Суреттеуші, сипаттаушы.* Қазақ халқының еңбекші бұқарасы Абайды өз мүддесінің жақтаушысы, өз армандарын *б е й н е л е у ш і* деп жақсы көрді («Халық мұғ.»). Қазақ тілі – *б е й н е л е у ш і*, мәнерлеуші құралдары өте-мөте мол, мейілінше өткір, мейілінше көркем тіл («Қаз. әдеб.»).

БЕЙНЕЛЕУІШ: **бейнелеуіш сөздер**. л и н г в. *Қандай бір көріністің я құбылыстың бейнесін білдіретін сөздер.* Еліктеу, көру қабілеті арқылы пайда болған *б е й н е л е у і ш с ө з д е р:* жалт, жарқ, лып, маймақ, талтақ, көлбең, ербең-ербең, олар көмекші етістікпен тіркесіп күрделі мүшенің құрамына кірді (Ғ.Қалиев, Тіл. термин. сөздік.).

БЕЙНЕЛІ с ы н. **1.** *Бейнелес, бейнесі бірдей, ұқсас.* Жайын бұқа *б е й н е л і,* Всеволод келді де «Аттанайық» – деді (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Кешегі тұтқын солдатқа көп қарап, таңырқағанның бірі осы ақ бота. Адам *б е й н е л і* екен. Кәдімгі адам сияқты (С.Бақбергенов, Қарға там.). Барқыт аспандағы шалқасынан туған орақ *б е й н е л і* ай маған сол биіктің нақ басына орнатылған алтын айдар сияқты көрінді (Ж.Жұмаханов, Екі жол). **2.** *Келбетті, көрікті.* Майдандас досым, тірлікте Ұмытам қалай мен сені. Сақталар жүзің жүректе Атқан таңдай *б е й н е л і* (С.Мәуленов, Таңд.). **3.** *Кескінді, тұлғалы.* Ол қоңыр мұрты қалың, сақалы иек астына ғана біткен шоқша, жалпы тұлғасы батыр *б е й н е л і* адам (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **4.** ә д е б. *Мәнерлі, айшықты, көркем.* Адам сөзді тура мағынасымен де айтады, салыстыру, теңеу, әсірелеу сияқты *б е й-*

нелі мағынасымен де айтады (С.Мұқанов, Өсу жол.). Абай өлең-жырлардың *бейнелі* келуіне, тіл шеберлігіне қонымдылығына аса көңіл аударды (М.Ақынжанов, Қаз. ағартушы.). *Бейнелі* сөзбен айтсақ, аудармашылар халықтар көңілін қосатын жақсы «жеңгетайлар» (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). **5.** *Тәрізді, секілді, сияқты, іспеттес.* Жыр секілді Янги йер Қалды ұялап жадымда; Гүл *бейнелі* сәбилер Күлімдейді алдымда (Ғ.Орманов, Таңд.). Арқаның жерінде сиырдың жауы – «шанышқақ» дейтін инелік *бейнелі* шыбын (С.Мұқанов, Таңд.). Бір кезде қарсы бетте тұрған ескі сағаттың жоғарғы жағынан құс *бейнелі* бір нәрсе көрінді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

Бейнелі ес. п с и х. *Заттар мен құбылыстардың қасиеттерінің нақты бейнесін ойда қалдыруда, қайта жаңғыртуда көрініп отыруы.* Суретшілер мен сәулетшілердің, музыканттар мен актерлердің *бейнелі есі* көбінесе нақты болып келеді (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Бейнелі ойлау. п с и х. *Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының мида жалпы, жанама түрде түрлі ұғымдар арқылы бейнелениуі. Бейнелі ойлау* сезім мүшелері арқылы алынған мәліметтерді өңдейді (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

БЕЙНЕЛІК с ы н. ә д е б. *Айшықты, көркем, мәнерлі.* Қай ұлттың ақыны болмасын өзінің тілдік қорына сүйеніп, *бейнелік* сөзді содан алады (Ф.Оразаев, Басты тұлға). // с ө й л. ***Бейнелілік.*** Поэманың жаңашылдығы – образдылығында, суретшілігінде, ойлылығында, тіл *бейнелігінде* («Білім және еңбек»).

БЕЙНЕЛІЛІК з а т. *Бейнелі болушылық, айшықтылық, мәнерлілік.* Суреттеуге *бейнелілік* пен әсерлілік беретін көркем анықтауыш та, мақал-мәтел де бар (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Онда ақынға тән жинақылық, суреткерлік, *бейнелілік*, өткірлік, дәлдік айқын аңғарылады («Қаз. әдеб.»). Абай мұраттарын мирас тұтқан қазақ ақындары орыс өлеңдерін аудара жүріп, одан ой ауқымдылығын, *бейнелілікті*, сөз биязылығын, қарапайымдылықты үйрене отырды (С.Мәуленов, Үркер.).

Сөз бейнелілігі. ә д е б. *Көркем шығармадағы ойды жеткізетін сөздің айшықтылығы, көркемділігі мен мәнерлілігі. Сөз бейнелілігін* көтеруді, сөз жасауды біздің атақты ақын-жазушыларымыз қадірі қайтпас ұстаз – халықтан үйренгендігі жайында бірер сөз айту керек (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

БЕЙНЕМАГНИТОФОН з а т. т е х. *Белгілі бір нысанды дыбысымен қоса электрлік сигнал түрінде магниттік таспаға жазуға және оны қайта көруге арналған телефон, құрылғы. Бейнемагнитофон* бейне мен дыбысты оқитын, жазатын және дыбыс өшіретін электрондық тетіктермен жабдықталады (ҚҰЭ). *Бейнемагнитофонда* магниттік таспа мен тетіктердің бір-біріне қатысты жылжу жылдамдығы 30 м/с-ке, жиілік тербілісі 6 МГцке дейін жетеді (ҚҰЭ).

БЕЙНЕМАТЕРИАЛ з а т. *Белгілі бір оқиғаға, жағдайға байланысты таспаға түсірілген, жинақталған материал.* Тіптен қылмыскерлердің өздері *бейнематериалдарын* эфирден көрсетудің жолын тауып жүргені қалай? Бұл арандату емес пе? («Егемен Қазақстан»).

БЕЙНЕМӘСЛИХАТ з а т. *Бір-бірінен алыс арақашықтықтағы қатысушылардың бейнесін телеэкранда көрсету арқылы өткізілетін мәжіліс, пікір алысу, жиын.* Кеше елордадағы «Астана тауэр» бизнес орталығында Қазақстан Үкіметінің мүшелері АҚШ-тың Гарвард университетінің жетекші экономист профессорларымен Астана-Алматы-Бостон ғарыштық байланысы арқылы *бейнемәслихат* өткізді («Егемен Қазақстан»). *Бейнемәслихаттың* басты мақсаты аталған жобаның жүзеге асырылу барысында атқарылған жұмыс қорытындыларын талқылау және пікір алмасу болып табылады («Егемен Қазақстан»).

БЕЙНЕМӘТІН з а т. и н ф. <ағыл. videotext> *Мәтіндер мен бейнелерді беруді қамтамасыз ететін мәліметтер қорына байланыс желілері арқылы қол жеткізу жүйесі.* Мәліметтерді қабылдаушы *бейнемәтін* ретінде дербес компьютерді немесе арнайы пернетақтасы бар тұрмыстық теледидарды қолдануға болады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

БЕЙНЕӨНІМ з а т. *Бейнелеу аппараттарына арналған өндіріс заттары.* ≈ *Бейнеөнімдер* саудасы.

БЕЙНЕРОЛИК з а т. ө н е р. ***Бейнешығыршық.*** Би-Би-Си телеарнасының жүргізушісі *бейнероликтегі* қасиетті көріністерден кейін осы репортажды адамдардың қалай қабылдауы мүмкін деген сұрақ қойып, әңгіме төркінін күн тәртібіндегі мәселелерге қарай бұрды («Егемен Қазақстан»). Алты айдан бері басқа партиялардың сайлау алды тұғырнамасын жылы жауып қойып, «Асардың *бейнероликтерін* айналдырып жатыр», – дейді үміткер Ерғалиева («Жас Алаш»).

БЕЙНЕСІЗ с ы н. **1.** *Көріксіз, кескінсіз.* ≈ *Бейнесіз* адам. **2.** а у ы с. *Кескіні бұлдыр, ұстатпайтын.* Бұл сөзге сәулем не деп айтар екен, Дүние бір *бейнесіз* сайқал екен. Күн түскен күзгі шөптің мысалындай, Махаббат базарынан қайтар екен (XX ғ. қаз. ақын).

БЕЙНЕТ з а т. **1.** *Азап, мехнат, машақат.* Жаннан кешіп ар үшін Көп *б е й н е т т і* көрдіңіз (Базар жырау, Шығ.). Мен-дағы тіршілікке қадам бастым, Рахат, *б е й н е т*, әр іске араластым. Өмір бойы қуанбақ жынды ісі ғой, Кейде асып, кейде қашып, кейде састым (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Яки біз өзінің тиісті, жолды жазасын тартып жатқан, яки тартайып деп тұрған бір жазалы адамды көрсек те, аяймыз. Қасірет, *б е й н е т* көрген адам неғұрлым бізге жақын болса, сонша терең аяймыз (М.Жұмабаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Еңбек, тынымсыз әрекет, қиындық.* Сәйфіл Мәлік – Жамалдай *Б е й н е т і ң е* көнсем-ай! Қозы Көрпеш – Баяндай Бір молада өлсем-ай! Сағындырған еркем-ай! (Ә.Найманбаев, Шығ.). *Б е й н е т і м* қайтты, рахаттаныңдар! – деп, күні-түні ат үстінен түспей, ішінен нелер жақсыларын жігіттерге мінгізіп жүр (С.Шарипов, Бекболат). Кейін айтам «азапсыз рахат бар ма?» «*Б е й н е т* түбі – зейнет», ол ағаштың менің өмірімде ерекше есте қаларлық реті бар (Б.Шалабаев, Өмірде.).

Бейнетке түспеді. *Азаптанбады, қиналмады, мехнаттанбады.* Келмесең егер сен бізге, Сау болмас па ем, әлбетте? Болмасам ашына мен сізге, *Т ү с п е с* ем мұндай *б е й н е т к е* (Абай, Тол. жин.).

Бейнет көрді [тартты, шекті]. *Азап шекті, қиянат көрді, қиналып, қиыншылық көрді.* Мешітбай, бес-алты мың қой айдадын, Тамаққа келген қонақ тоя алмады. Ішіп-жеп рақатын көрмеген соң, Бейшара, *б е й н е т к ө р і п* неге айдадың? (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Күл, ойна *б е й н е т к ө р е р* күнің ерте. Шағыңда қайта келмес армансыз бұл (Б.Күлеев, Таңд. шығ.). Сөйтіп көп *б е й н е т ш е г і п*, піскен соң ол тарыны орып жинап алады (Қаз. ертег.). Өзіңіз жолда *б е й н е т т а р т п а й*, ауданға есен-аман жеттіңіз бе? (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

Бейнеті желге кетті. *Еңбегі еш, зая болды, істеген еңбегі далаға кетті.* Еңбегің еш, тұзың сор, *Б е й н е т і ң ж е л г е к е т е р* ме? (Дулат Бабатайұлы, Шығ.).

БЕЙНЕТАНУ з а т. м а т. *Нақты белгілер мен қасиеттер жиынтығы арқылы сипатталатын нысан, құбылыс, процесс белгісі т.б. зерттейтін кибернетиканың бір саласы. Б е й н е т а н у д ы ң* негізгі мақсаты – кластарға жіктеуге не бір-бірімен теңдестіруге жататын қандай да бір нысанды сипаттайтын класты оқыту тізбегінен анықтау (ҚҰЭ). *Б е й н е т а н у* әдістері медициналық диагностикада, қолжазбаларды оқуда, криминалистикада, геологиялық болжауда, экономика мәселесінде т.б. кеңінен қолданылады (ҚҰЭ).

БЕЙНЕТАСПА з а т. т е х. *Теледидарлар және т.б. бейнелеу аппараттарының экранында заттардың, ақиқат үзігінің көрінісі мен дыбыстарды қайта көрсетуге және оларды жазып сақтауға арналған магнитті таспа.* Кешелі бері кімнің кімді азғырғаны, кімнің кімге жекігені, ұрысқаны, боқтағаны, қорқытқаны, кейігені, «жұмыстан шығарам» деп доқ қылғаны бізде түгел *б е й н е т а с п а* мен үнтаспаға жазулы («Жас Алаш»).

БЕЙНЕТЕЛЕФОН з а т. *Екі жақты дыбыстық және көру байланысына арналған құрылғы. Б е й н е т е л е ф о н* жиіліктің жіңішке жолағында жұмыс істейді, бұл әдеттегі телефон сымдары арқылы бейнелеу белгілерін беруді қамтамасыз етеді (Қаз. тілі термин. Әскери.).

БЕЙНЕТКЕР з а т. *Өз нанын қара жұмыспен табатын адам; еңбеккер, еңбекшіл.* Бар жағдай белгілі ғой тарихтағы, Еңбеккер, *б е й н е т к е р д і ң* арық шағы, Қазіргі Қазақстан өркені өсіп, Ер, әйел, ұл-қыздары шарықтады (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Бейнеткер тап. с о в е т. п о э т. *Әлеуметтік ахуалы төмен, саяси биліктен шеттетілген қара жұмысшы, жалшы сияқты т.б. қоғамдық топтардың қабаты.* Күн-түні қорлық көріп, арып-талып, Шырқайды *б е й н е т к е р т а п* бойын жазып, Қақ жарып, қара түнде тау мен тасты, Сен едің жөн сілтеген темір қазық (Халық ақындары).

БЕЙНЕТКЕРЛІК з а т. *Азапты еңбек етушілік, машақат көрушілік.* Біздің айнала қорғаныс құруымыздың өзінде *б е й н е т к е р л і к* емес, зор қажыр-қайрат жатқанын көруге болады (Р.Хайруллин, Офицер.).

БЕЙНЕТКЕШ с ы н. с ө й л. ***Бейнетқор.*** Кісі адасарлықтай ну тоғай болатын. *Б е й н е т к е ш* қолдар жер аршып, егін салды да, «Қараөзектің» бойы екі-үш жылда өзгеріп сала берді (О.Сәрсенбаев, Сағым). Еңбегі зәулім, өзі қораш көрінген осынау бір *б е й н е т к е ш* жандар енді есік алдын жарқыратып, табан астына тас өре бастаған (Х.Ерғалиев, Шындық.). Жердің мәнін, судың дәмін, дән-дақылдың тілін білетін қара сирақ *б е й н е т к е ш*, қайратты диқанды көреді (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

БЕЙНЕТҚОР с ы н. *Еңбек сүйгіш, еңбекшіл. Б е й н е т қ о р л а р д ы ң* мойны босайтын күн туды (С.Сейфуллин, Тар жол.). *Б е й н е т қ о р д ы ң* бәрі өтетін ащы тәжірибе, өмір сабағы болып, өміріне жол азық болды (М.Әуезов, Шығ.). Клуб та керек ауылға, Жарық та керек әр үйге. *Б е й н е т қ о р* мына қауымға, Сауық та керек, әрине (М.Мақатаев, Шығ.).

БЕЙНЕТҚОРЛЫҚ з а т. *Еңбек сүйгіштік, бейнеткерлік, еңбеккорлық. Б е й н е т қ о р л ы қ* қауымның жарқ еткен ақыл-арманын ақтады (Д.Әбілев, Арман). Бұл темекі дегеніңіз күндіз

де, түнде де қолды босатпай күтім жасауды *б е й н е т қ о р л ы қ т ы* қажет ететін дақыл (Самғау).

БЕЙНЕТСІЗ с ы н. *Қиыншылықсыз, мехнатсыз, азапсыз.* Шалқаңнан жатып, Алланы сатып, Аламын деп қорлама! Еңбексіз ит жер, *Б е й н е т с і з* бит жер, Берсеңдер, бер молдаға! Өзіңді, бірақ алдама!Ақшаға жұмақ жалдама! (А.Байтұрсынов, Шығ.). Қазақтың «*бейнетсіз* зейнет жоқ» деген мақалын еске алып, жарқын болашағын да тез көруге асығасың! (С.Мұқанов, Есею жыл.). Достарым, *б е й н е т с і з* еңбекте зейнет бола ма? (Б.Соқпақбаев, Менің атым.).

БЕЙНЕТСІЗДІК з а т. *Еңбек етіп қиналмаушылық; жолы болғыштық, бақтылық, мехнатсыздық.* ...Койкадан ауып түскен екенмін. *Б е й н е т с і з д і г і м е* қарай, койкалардан шашылған көрпе-жастыққа тап болсам керек (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

БЕЙНЕТТЕН= е т. **1.** *Еңбек ету, әрекеттену.* Араз бол кедей болсаң ұрлықпенен, Кет те бар кетсе басың шындықпенен, Қорек тап *б е й н е т т е н* де, тәңіріңді ізде, Телмірме бір адамға мұңдықпенен (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.). «*Б е й н е т т е н е м,* жасаймын ұрпақ үшін» – Деп қанағат қылуға жетпес күшім. Өзім көрге кеткен соң пайдасы не, Ұжмақ қып жіберсе де жиһан ішін (XX ғ. қаз. ақын.). Сайдалы ақсақал дейтін кісі бір жағында *б е й н е т т е н і п* жатқандарды, бір жағында бұлдырлап тұрған тамдарды көріп отырып, күрсініп алып, төмендегі сөздерді айтты (С.Шарипов, Бекболат). **2.** *Азаптану, жанын қинау.* Қыз байғұс *б е й н е т т е н і п* қанша қарағанымен, бәйтерек емес, бір жарым метрден аз-ақ асатын тапал бойға қанша бөгеледі. Жұмыр мойнын бұрды да: – Көрініп тұр – деді (Ә.Нұршайықов, Махаббат.). Мысалы ғылымдықтық бір ғауһар тас, Берсе де дүние малын алып болмас. Жалғыз-ақ өткір зейін саясында, Табатын *б е й н е т т е н і п* іздеген жас (XX ғ. қаз. ақын.).

БЕЙНЕТТЕНДІР= е т. *Машақаттандыру, мехнат шектіру.*

БЕЙНЕТТЕНДІРУ *Бейнеттендір етістігінің қимыл атауы.*

БЕЙНЕТТЕНУ *Бейнеттен етістігінің қимыл атауы.*

БЕЙНЕТТІ с ы н. *Азабы мол, машақаты көп, мехнатты.* Сәрсен байғұс кешікпей Тынымсыз көп жұмыстан, Тұралады титықтап, *Б е й н е т т і* ауыр тұрмыстан (С.Сейфуллин, Шығ.). Ай жүріп Мамаржаға барып жетті, Жол қиын, жүре алмайтын бір *б е й н е т т і.* Ғар екен көк жартастың бетіндегі, Жүгініп соған қарап зарлық етті (Ә.Найманбаев, Шығ.). Төлеген сонда сөйледі, Сөйлегенде бүй деді: «Қыз Жібектің дертінен, Көрейін деп барамын, *Б е й н е т т і* жолдың жапасын» (Қыз Жібек).

БЕЙНЕТШІ з а т. с ө й л. *Еңбекқор, бейнеткер.* Қапсағай мол сіңір денесі, салалы ұзын саусақтары заманында берік, көнбіс *б е й н е т ш і н і ң* көшкен жұртын аңдатады (Ә.Сәрсенбаев, Сағым).

БЕЙНЕТШІЛ с ы н. *Мехнатшыл, бейнеткер.* Мұның бәрін еңбекшіл жан, *б е й н е т ш і л* жан жақсы біледі (Ә.Жәмішев, Армысың.). Қайта, қайтадан үйірін тауып, *б е й н е т ш і л* қауымына қосылғалы бері кәдімгі орнықты адам санатына кіретіндей үмітте еді (О.Сәрсенбаев, Бақыт.).

БЕЙНЕТШІЛІК з а т. *Бейнеткерлік, еңбекқорлық.*

БЕЙНЕУ з а т. *Бір нәрсенің сиқы, әрі, көркі.* Ақынсың атың шыққан алты алашқа, Әркімнің әр алуан көңілі басқа. Бергіден *б е й н е у і ң д і* бере сөйле, Бармақша жаза басып, қаталаспа (Айтыс).

Бейнеуі кетті. *Қиюы кетті, сиқы жоғалды, кейпі қашты. Б е й н е у і к е т к е н* қараша үйлер бәрі бір жағына қарай, бірыңғай еңсеріліп, бір дауыл соқса құлауға әзірленіп тұрғандай (F.Мүсірепов, Оянған өлке). Алпыста – от басынан таяр табың Сор ашып суы кеткен шұңқылдай-ақ. Алған соң жеңіп жетпіс – ердің күшін, Беденнен *б е й н е у к е т е р* жыртылмайақ (О.Шораяқов, Өлеңд.).

БЕЙНЕУСІЗ с ы н. *Кейіпсіз, кескінсіз, сиықсыз.* Әміржанның бетінен көзіңді айырмайсың. *Б е й н е у с і з* өскен сақал, көнтиген ерін, қоңқиған мұрын, қарасынан ағы ден аларғандау көз (Б.Майлин, Шығ.). Айдабол сайының жол өтер кезеңінде *б е й н е у с і з* үйілген тезектей қиқайып, құммен көміліп бара жатқан тәрізденіп қараша үй отыр (Б.Майлин, Шығ.).

БЕЙНЕҮЛДІР з а т. т е х. ж а ң а. *Бейнемагнитофонның бейне және дыбыс жазуға арналған жіңішке таспасы.* ≈ *Б е й н е ү л д і р* түрлері.

БЕЙНЕШЫҒЫРШЫҚ з а т. ж а ң а. *Қысқа, ұзақтығы бір минутқа дейінгі фильм.* ≈ *Б е й н е ш ы ғ ы р ш ы қ* түсіру.

БЕЙНЕШІЛ с ы н. *Көркем, келісті, бейнені шебер беретін.* Бағдаттағы Әбіл-Хасен бии Әбіл-Қасым – *б е й н е ш і л* салған сурет (Мың бір түн).

БЕЙНЕШІЛДІК з а т. *Бейнешіл болушылық, көркемділік, нақыштылық.* Өлең тек қана образбен, *б е й н е ш і л д і к п е н* сөйлеуге ынтық қашаннан. Осы *б е й н е ш і л д і к* көрінбеген жерден эстетика тұнығын іздеп жату артық («Қаз. әдеб.»). Өлең-жырдың сыршылдығын, *б е й н е ш і л д і г і н* аса іздемей, үгітшілдігін, ұраншылдығын бірінші мақсат етіп келді («Лен. жас»).

БЕЙНЕШІЛІК з а т. *Адам бейнесін айнытпай қағазға түсіретін суретшілік.*

БЕЙНЕІЗДЕГІШ з а т. т е х. *Бейнекамераларда болатын таспаға немесе жадқа жағылған бейнені шағын экранда қайта көруге арналған құрылғы.* Бейнекамерада жазылған бейнені қайта көруге мүмкіндік беретін электронды *б е й н е і з д е г і ш* те болады (ҚҰЭ).

БЕЙНИТ з а т. к е н. *Аустениттің аралық деп аталатын айналуы нәтижесінде түзілетін болат құрылымы. Б е й н и т* көміртекпен асқын қаныққан феррит пен темір карбиді бөлшектерінің қоспасынан тұрады (Қаз. тілі термин. Кен.).

БЕЙОНИМ з а т. л и н г в. <лат. de (бей) – жоғалу, жойылу, грек. onyma – атау есім> *Ешқандай қосымшасыз жалқы есімнен жалпы есімге айналған атау.*

БЕЙОНИМДЕН= е т. л и н г в. *Тілдегі жалқы есімдердің ешқандай қосымшасыз жалпы есімге айналуы. Б е й о н и м д е н г е н* лексиканы түрлі семантикалық топтары жіктеп тек зерттеліп отырған фактілерге шолу жасап қана қоймай, сонымен қатар лексикалық жүйенің мәнді белгілерін объективті түрде тануға мүмкіндік береді («Тілтаным»).

БЕЙОНИМДЕНУ з а т. л и н г в. *Тілдегі жалқы есімдердің ешқандай қосымшасыз жалпы есімге айналу процесі.* Жалқы есімнің жалпы есімге ауысу үрдісіне мағынаның өзгеруі басты құбылыс болып табылады. Мұндай өзгерістер онимнің семантикалық құрылымында толық өзгерістердің болуын *б е й о н и м д е н у* талап етеді («Тілтаным»).

БЕЙОПА [ир. ар. بي وفاء] с ы н. *Опасыз, тұрлаусыз, тұрақсыз.* Бисмилла деп қозғайын, Шешендер білер сөз жайын. Дүние тірлік *б е й о п а*, Адамзат қалмас тозбайын (Бабалар сөзі). Бұл *б е й о п а* жалғанда Бір еңбегің жансайшы (XIX ғ. қаз. поэз.). *Б е й о п а* жаның шыққыр бырқылдақ деп, Екі үйрек ұшып кетті малал болып. Бақадай тіл алмаған болма бекер, Қайткенде бұл теңізге күшің жетер (Майлықожа, Нақыл).

БЕЙОПАЛЫҚ з а т. *Бейопа болушылық, опасыздық, тұрақсыздық, тұрлаусыздық.* Жақсылық жамандыққа қылмақ болды, Осынша етсе де олар *б е й о п а л ы қ* (Т.Ізтілеуов, Назым). Білгенде әуелінде бұл жұмысын, Қылатын *б е й о п а л ы қ* мұндай ісін, Кетті деп бейнет шегіп күймес едім, Жаныма жапа қылып мұның үшін (Бабалар сөзі).

БЕЙПАЙДА [ир. ар. بي فائده] с ы н. *Пайдасыз, қажетсіз, керексіз.* Қасында төрт жүз балуан құлдарың бар, Мешітте Зейнелғабиден жылап тұрар. Йазид алдап, *б е й п а й д а* ғаріп боп жүр, Бар-дағы, ол залымнан оны құтқар (Бабалар сөзі). Осы бір мешеу қорқыныштың салдарынан Қаратөбе өңіріндегі көптеген шұрайлы жер талай жыл *б е й п а й д а* бос жатты (Ы.Жақаев, Менің бақытым).

БЕЙПАРАСАТ [ир. بي فراست] с ы н. *Парасатсыз, ақыл-санасыз.* Жел сөзбен жеңіл тартқан жігіттер көп, Мас болған кеңесіне *б е й п а р а с а т.* Бағзы бір тай-құнандар озған топтан, Жолды алған жүйріктікпен, болмайын мат («Айтыс»).

БЕЙПАРТИЯЛЫҚ з а т. с а я с и. *Ешбір саяси партияда мүше болмаушылық, партияда жоқтық. Б е й п а р т и я л ы қ т ы ң* кеңес дәуірінде де болғаны кімге болса да белгілі жайт («Айқын»).

БЕЙПАРУА [ир. بي پروای] с ы н. к ө н е. *Әбігер, әуре.* Бес жылдан бермен қарай қыс қарсыз өтіп, жұртты *б е й п а р у а* қылып кенеттен көп қар жауды («Айқап»).

БЕЙПАРЫҚ [ир. ар. بي فرق] с ы н. *Парықсыз, берекесіз.* Байқамай барған сөзді, аңғырт басып, *Б е й п а р ы қ*, келте бәһәм парасаттан. «Шаршама есі жоққа» деген сөзім, Көрсетші, қай реттен саған айтқан (Айтыс). Орынды сөзге әркез құлақ аспас, Ақылсыз нағыз жарымес *б е й п а р ы қ* (Кете Жүсіп, Өлеңд.).

БЕЙПЕРЗЕНТ [ир. بی فرزند] с ы н. к ө н е. *Перзентсіз, ұрпақсыз.* Бұ дүниеден *б е й п е р з е н т* өтетұғын ұқсаймын деп, пәни дүниені тастап, тәрік дүние болып өтемін деп, екі қолын төбесіне қойып жылап тұрып айтқан сөзі (Діни дастандар // Бабалар сөзі).

БЕЙПІЛ с ы н. **1.** *Былапыт, дөрекі.* Келемеж қылып атасын, Алмай ақыл батасын, Мойнына алмай қатасын, Шаруа десе жиреңдеп, Өсек десе сүйреңдеп, Қымыз аңдып қыдырып, *Б е й п і л* сөзге сыдырып, Жаландасып ұл кетті (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Тілім шыға, мені де ол солай баулып, кім көрінгенді боқтатып *б е й п і л* сөйлетіп үйретті (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Қызық екен, Күздің сондай кей түрі. Халық айтқан сөздің болмас *б е й п і л і.* Қырық жаста он сегізі оралған Осы екен ғой «қатын күзі» дейтіні (К.Салықов, Жезкиік). **2.** *Қаперсіз, бейқам, қалай болса солай.* Қабағың қарс жабылып, Қарс ұрып қайғырып, Күле алмассың, қазағым, *Б е й п і л* тыныш күлкіңді (Дулат Бабатайұлы, Замана.). «Хан» деген жерге тамған қанға құмар, Дірілдеп өлім күткен жанға құмар. Жазықсыз *б е й п і л* жатқан елді шауып, Типыл ғып, жер күңіренткен даңға құмар (С.Сейфуллин, Шығ.). Енді байқаса көңілді, дархан өмір сүрдім дегені даңғаза, *б е й п і л* өткен

күндер сияқты (Т.Ахтанов, Дала сыры). **3.** *Шексіз, мол, тегін, көп.* Көп алтынды саудагер бір саудагердің сұлу қатынын алып, *б е й п і л* дүниемен құтырта күткен екен (Мың бір түн). Баймақан *б е й п і л* дүниенің бәрі маған сөлекет – деді Жанатқа (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес).

Бейпіл ауыз. *Тілінде тиек жоқ, аузына келгенін айтатын, былапыт сөйлейтін адам.* Бозшыбай өзі *б е й п і л а у ы з*, екі сөзінің бірі – боқтау (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Бүгінгі елтең-селтең, қалтаң-құлтаң, Шойқы етік, шолақ шашпау, қиқаң-сиқаң, Жария жалаң балтыр, жалаңаш төс, Мінезсіз, *б е й п і л* ауыз, бұртаң-бұртаң (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

БЕЙПІЛДЕН= е т. *Бейпіл сөйлеу.* Қиқаңдап көрсін, жерге тығып жіберейін! *Б е й п і л д е н б е*, бұл саған емес (Ж.Молдағалиев, Торғай.).

БЕЙПІЛДЕНУ *Бейпілден етістігінің қимыл атауы.*

БЕЙПІЛДЕУ с ы н. *Бейпіл ауыздау.* Бірде рогаткамен шымшық атамын деп көрші үйдің терезесін қиратып алдым. Көршіміз *б е й п і л д е у* еді, жер-жебіріме жеткізе ұрысты («Лен. жас»).

БЕЙПІЛДІК з а т. **1.** *Бейпіл ауыздық, қалай болса солай сөйлеушілік.* Кенжеғұл ағасының тым *б е й п і л д і г і н е н* шошынайын деді (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Қуаты өлеңшілік жүрегінде, Бар еді Әжібайдың сүйегінде. Үйренген аузы бірақ *б е й п і л д і к к е*, «Тентек» деп сөйленеді жұрт көбінде (С.Торайғыров, Шығ.). **2.** *Қаннен-қаперсіздік, бейқамдық, алаңсыздық.* Өзің неге суғармайсың, мен Дойырбаймен ойнауға барам, ол бүгін кетіп қалады, – деп бұрынғы қарсы келетін ұшқалақ *б е й п і л д і г і н е* салды (С.Бегалин, Сәтжан).

БЕЙРАТ: [ир. بي راحت] **бейрат болды**. ж е р г. *Бей-берекет, берекесіз болды.* Оның ісі әбден *б е й р а т б о л д ы* (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). Біреуі басын сүйеп сонда қалды, Біреуі ойбай салып үйге салды. Сары хан өлді деп барғаннан соң Жас босанған бейшара *б е й р а т б о л д ы* (Қозы Көрпеш.).

БЕЙРЕСМИ [ир. ар. بي رسمي] с ы н. **1.** *Мемлекеттік, лауазымдық ресми ережелерге, заңдарға сай емес, олардан тыс, тәуелсіз, еркін.* Осының бәріне, ең соңғы пікір келіп түскен күннен есептегенде, он күн жетеді. Авторефератқа берілген *б е й р е с м и* пікірлер қадағалау және аттестаттау комитетіне жолданады («Егемен Қазақстан»). *Б е й р е с м и* мәслихат осылай қызу аяқталды (Дала дауылпаз.). Әр елдің алдағы уақытта бағыт-бағдарын айқындауға көп мүмкіндік беретін бұл *б е й р е с м и* саммитке Әзірбайжан президентті Г.Алиев денсаулығына байланысты келе алмады («Жас Алаш»). **2.** *Беймемлекеттік, ресми түрде рұқсат етілмеген.* Осындай мақсаты бір жандардың, *б е й р е с м и* ұйымдары жасырын болса да біртіндеп құрыла бастады («Егемен Қазақстан»).

Бейресми қатынас [қарым-қатынас]. *Адамдар арасындағы лауазымдық немесе қоғамдық ресми институтқа қатыссыз, еркін, жақын қатынас, араластық.* Сауалнаманың нәтижесі бойынша бірінші орында әдеттегідей пәнді білу, әдістемені меңгере білу мен оқыту, оқушыларды сабақ барысында басқара білу тұрады екен. Екінші орында, атап өтуге тұрарлық нәрсе – *б е й р е с м и қ а р ы м - қ а т ы н а с т а р*, тәрбиеленушілермен қарым-қатынасты дұрыс жолға қоя білу тұр («Егемен Қазақстан»).

Бейресми мәлімет. к і т. *Ресми бұқаралық ақпарат құралдарында көрсетілмеген, ресми түрде мақұлданып бекімеген ақпарат.* Ал, қалыптасқан жағдайды пайдалану Назарбаев, Путин, Әлиевтің саясаткерлігіне байланысты. *Б е й р е с м и м ә л і м е т т е р г е* сүйенсек, мемлекет басшылары орныққан жағдайды пайдалана отырып, Каспий бөлісі мәселесін шешу саясатын бастап кеткен көрінеді («Жас Алаш»).

Бейресми топ. қ о ғ.-ә л е у м. *Заңдық тұрғыдан мәртебесі жоқ, мүдделер, достық пен симпатиялар негізінде не прагматикалық пайдалылығы негізінде ықтиярлы түрде біріккен нақты әлеуметтік қауымдастық. Б е й р е с м и т о п т а р* оқшауланған қауымдастықтар түрінде болуы немесе ресми таптардың ішінде қалыптасуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

БЕЙРЕСМИЛІК з а т. *Ресми еместік, рұқсат етілмегендік.*

БЕЙРУДА: бейруда пайдалы қазбалар. к е н. *Көне заманнан бері қолданыла бастаған халық шаруашылығының көптеген салаларында табиғи немесе өңделген күйінде пайдаланылатын әртүрлі минералдар мен тау жыныстары Б е й р у д а п а й д а л ы қ а з б а л а р* генетикалық тұрғыдан магмалық, пегматит, гидротермал, үгілу қыртысындағы шөгінді және метаморфтық топтарға бөлінеді (ҚСЭ). Өнеркәсіпте пайдалануына қарай *б е й р у д а п а й д а л ы қ а з б а л а р* әдетте металлургиялық, химиялық, индустриялық шикізаттар, техникалық асыл және әшекей тастар, құрылыс материалдары т.б. деп бірнеше топқа ажыратады (ҚСЭ).

Бейруда пайдалы қазылымдар. к е н. ***Бейруда пайдалы қазбалар.*** *Б е й р у д а п а й д а л ы қ а з ы л ы м д а р* – химиялық шикізат, оттөзімділер, құрылыс материалдары, техникалық және асыл тастар, қажақтар ретінде пайдаланылатын таужыныстар мен минералдар (Қаз. тілі термин. Кен.). *Б е й р у д а п а й д а л ы қ а з ы л ы м д а р д ы ң* негізгі түрлері: кен –

химиялық шикізат, кен – техникалық шикізат, тас табиғи құрылыс материалдары, пьезооптикалық шикізат (Қаз. тілі термин. Кен.).

БЕЙРУДАЛЫ с ы н. *Пайдалы кенге жатпайтын (шағыл тас, қиыршық тас, цементке қажетті шикізаттар).* Мұндай, көмір, табиғи газ, жанғыш сланец секілді жанар қазбалардың, сондай-ақ рудалы және *б е й р у д а л ы* минералдық қазбалардың қорын айыра білу керек (Т.Қалыбеков, Экология.).

БЕЙРУДАЛЫҚ: бейрудалық шикізаттар. к е н. ***Бейруда пайдалы қазылымдар.*** Қазір *б е й р у д а л ы қ ш и к і з а т т а р* пайдаланылмайтын бірде-бір өнеркәсіп саласы жоқ деуге болады (ҚСЭ). *Б е й р у д а л ы қ ш и к і з а т т а н* жасалатын бұйымдар саны ондаған мың: мысалы, тек асбестің бір өзінен ғана екі мыңдай бұйым даярланады (ҚСЭ).

БЕЙСАЛДЫҚ з а т. *Дел-сал болғандық, сүлесоқтық, бейжайлық.* Бірақ жақында «Қайраттың» соңғы ойынын көруге қоңылтақ киіммен барып, ертеңіне бойының *б е й с а л д ы ғ ы н* байқады (Т.Әлімқұлов, Сейтек.).

БЕЙСАНАЛЫҚ з а т. ф и л о с. *Адам санасында анықталмайтын психикалық тылсым процестердің жиынтығы, мәдениеттануда сана құбылыстарынан сапалы өзгешеліктері бар құрылымдары. Б е й с а н а л ы қ* – мәселесін мәдениетте қарастыру шығарма табиғатын зерттеуден басталады. Ортағасырларда бейсаналық адам мен Құдайдың тылсымдық бірлігі арқылы түсіндіріледі (Мәдени филос. энцикл. сөздік). Ұжымдық *б е й с а н а л ы қ* Б.Юнг бойынша, адамзат тарихының терең қойнауларынан бастау алады; миф, эпос, діни нанымдарда сақталып, түс көруде жаңғыртылады (Мәдени филос. энцик. сөздік).

Бейсаналық әрекет. п с и х. *Адам психикасында санадан тыс жүзеге асатын әрекет. Б е й с а н а л ы қ ә р е к е т т е р д і* адамдардың өздері байқамайды, білмейді, қалай және қашан болғаны жөнінде есеп бере алмайды (ҚҰЭ). Адамның өзі жақсы меңгеріп, үйреншікті қызметі болып алған қарапайым психикалық операциялар *б е й с а н а л ы қ ә р е к е т т е р* аясына ауысып кетеді (ҚҰЭ).

БЕЙСАР с ы н. ж е р г. *Оғаш, орынсыз.* Әрлі-берлі өткінші жолаушы болса кездесіп қалады. Басқа *б е й с а р* жүріс, бөгде қимыл артық көзге түсе бермейтін оңаша аймақ сияқты (А.Байтанаев, Қайнар.).

БЕЙСАУАТ с ы н. **1.** *Бейтаныс, бөгде, бөтен.* Үлкен арабы иттер ауылды айнала жортып, *б е й с а у а т* адамды маңайға жолатар емес (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). Жаманқараның тұсындағы қалың тоғайға мал түсірмей, *б е й с а у а т* адам жібермей қорықшы қоюға мәжбүр болды колхоз бастығы Қамырбай марқұм (С.Адамбеков, Атылған қыз.). Бармаған сауық, биіне, *Б е й с а у а т* жерде жүрмеген, Бокстан басқа дүние Түсіне де әлі кірмеген (С.Жиенбаев, Алтын қалам). **2.** *Қамсыз, қауіпсіз, қаперсіз.* Байқа, Хасен, – деді сыбырлап, – әлгі оқ екеуіміздің бірімізге арналған оқ. *Б е й с а у а т* жүрме (І.Есенберлин, Қатерлі.). Сырттай қарағанда айналадағы қозғалысқа қатысы жоқ, *б е й с а у а т* ауыл сияқты («Лен. жас»). Кенесары ертеңіне желкесінен шығып, *б е й с а у а т* жатқан бекіністерінің талайын дәл осылай шапқан (І.Есенберлин, Қаһар). **3.** *Орынсыз, ретсіз, сөлекет.* Әлгі Гүлсімнің нағашы жеңгесінің *б е й с а у а т* сөзін естімегенін де жарады (С.Бегалин, Уақыт.). Әй, соқыр, сөзге тосу ақыл бердім, Айрылып таза малдан тақыр болдың. Өлеңге *б е й с а у а т* сөз қосамын деп, Қалтырап топ ішінде пақыр болдың (Айтыс). Бұл не қылған *б е й с а у а т* жүрген балалар? – деп ойлады ол (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). *Б е й с а у а т* мылтық жұмсап жүрмеңіз, онда қапылыста мерт боламыз (Қ.Сатыбалдин, Шағын пьеса). **4.** *Сауатсыз, сауаты жоқ.* Демек, Шыңғыс өмір сүрген XIII ғасырдағы *б е й с а у а т* (жазба мәдениеті жоқ) мұңғұл қоғамы қадими дәуірлерде Оңтүстік Сібір аймақтарын мекендеген халықтардың наным-сенімдерінен аса алмаған еді (М.Бұлұтай, Зұлымдық.).

БЕЙСАУАТТЫҚ з а т. *Бейтаныстық, бөгделік, бөтендік.* ≈ *Б е й с а у а т т ы қ* танытты.

БЕЙСАЯСАТ [ир. ар. بي سياست] з а т. с ы н. *Саясаттан тыс, саясатқа қатыссыз.* Олар соңғы кезде *б е й с а я с а т* қалғандай («Ақ жол»).

БЕЙСАЯСАТТЫҚ з а т. <грек. а – бей, жоқ, қатыссыз; politika – саясат> *Жеке адам мен әлеуметтік топтардың елдегі саяси оқиғаларға енжарлығы, жағымсыз қатынасы.* Біз онда «Ақ жол» газетінің жастарды *б е й с а я с а т т ы қ қ а* шақырған бір мақаласын сыналық (Ж.Арыстанов, Естен кетпе.). Адамдардың *б е й с а я с а т т ы ғ ы н ы ң* бір көрінісі – өкілетті органдарды сайлауға, референдумдарға және т.б. саяси шараларға қатысудан бас тартуы (ҚҰЭ). *Б е й с а я с а т т ы қ т ы ң* белең алуына көбінесе ел өміріндегі әлеуметтік – экономикалық қиыншылықтар мен саяси алауыздықтардың тікелей әсері тиеді (ҚҰЭ).

БЕЙСБОЛ [ағыл. baseball] з а т. с п о р т. *Таяқшамен (битамен) допты соғып ойнайтын спорттық ойын. Б е й с б о л д ы ң* отаны – Англия. Халықаралық федерациясы (IBF) 1921 ж. құрылған. Оған 71 мемлекет мүше (ҚҰЭ). *Б е й с б о л* дүниежүзілік чемпионат 1938 жылдан өткізіліп келеді, 1992 жылдан Олимпия ойындарына енгізілді (ҚҰЭ).

БЕЙСБОЛШЫ з а т. *Бейсболмен айналысатын спортшы, ойыншы.* ≈ *Б е й с б о л ш ы н ы ң* ойыны.

БЕЙСЕНБІ [ир. پنج شنبه] з а т. *Аптаның төртінші күні. Б е й с е н б і* күні кешке школға әкем келді, қарындасым да онымен бірге келді (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.). Оның үстіне *б е й с е н б і* сайын тоң майы болса, жұқа нан пісіріп, тоң май болмаса, майға ыстық нанды жаныштырып, молдекемді қонақ қыламыз (Б.Майлин, Шығ.).

БЕЙСЕНБІЛІК з а т. **1.** *Бейсенбі күні өтетін іс-шара.* Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жанынан ұйымдастырылған әдеби *б е й с е н б і л і к т е р д і ң* жұмыс істей бастағанына биыл тоғыз жыл («Қаз. әдеб.»). **2.** ж е р г. *Бейсенбі күні аруақтарға бағыштап берілетін ас.* ≈ *Б е й с е н б і л і к к е* шақырды.

БЕЙСЕУБЕТ с ы н. с ө й л. ***Бейсауат.*** Түнде қала тастай қараңғы. *Б е й с е у б е т* жүруге болмайды (Ә.Бектемісов, Майдангер). Әбіш пен Айжанның *б е й с е у б е т* бірдеме деуі-ақ мұң екен, мұның ісінен бүкіл аудан, қала берді облыс хабарланғалы отыр (Ж.Молдағалиев, Жүрек.). *Б е й с е у б е т* адам едәуір жер ілгерілеп, бізге қарай жақындап келеді (М.Иманжанов, Адам тур.).

БЕЙСЕУЕТ с ы н. с ө й л. ***Бейсауат.*** Шертеді, ұзақ шертеді. *Б е й с е у е т* кешкі қонаққа. Өзекті сөзі өртеді, Өкпелі дүние шолаққа (Ж.Молдағалиев, Жесір.).

БЕЙСЕУІТ с ы н. с ө й л. ***Бейсауат.*** Көшеде ешбір *б е й с е у і т* жүріс те, қимыл да көзге түспеді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Бұл «ерке жігіттің» *б е й с е у і т* жүрісіне Қибат көңіл аударған жоқ (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Осы сәт көңілі *б е й с е у і т* қобалжып, аяғы ауырлап, тұла бойы бейжай тартқандай болды (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

БЕЙСУАТ с ы н. с ө й л. ***Бейсауат.*** Күнтуар *б е й с у а т* жатқан нәрселерді жинастырып, шаруаны ретке салды (С.Омаров, Тастағы жазу). *Б е й с у а т* жүрген кісі болып, қасынан бар да өт! Ол сені тоқтатар, бірақ тыңдама (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Бірақ *б е й с у а т* жүрген ешкім көрінбейді, – дейді (Ө.Қанахин, Дәмелі). Анда-санда не о жерде, не бұ жерде *б е й с у а т* оқ атылып, лезде басыла қояды (Ж.Тәшенов, Жауынгер.).

БЕЙСҮРІКТІ с ы н. *Нақты мерзімі жоқ, өмір бақи.* Шектінің қызын беріп қайырмақшы, Күрең ат айыбына бұйырмақшы. Есімді *б е й с ү р і к т і* тұтқын етіп, Гашықты бір-бірінен айырмақшы (Нұрхан Ахметбеков).

БЕЙТАҒАТ [ир. ар. بي طاعت] с ы н. *Тағатсыз, шыдамсыз.* Осы түнде уездік қалада істелмек жойқын да қатерлі әрекеттердің ақыры не боларына *б е й т а ғ а т* еді (Ж.Тілеков, Жоңғар.).

БЕЙТАМЫР з а т. б о т. <лат. wolffia arrhyza> *Африкада өсетін шар тәрізді кішкене өсімдік. Б е й т а м ы р* – су температурасы 10^0С-ден төмен болмаса, бөліну арқылы тез көбейетін Африка өсімдігі (Қ.Қайымов, Су асты.).

БЕЙТАНЫС с ы н. **1.** *Таныс емес, бөгде, бөтен.* «Осы сылқым кавалеристердің *б е й т а н ы с* адамға тапа туған кіші жиеніндей «сен» дейтіні не деген әсіренділік» (Б.Момышұлы, Москва.). Дүкенде кісі көп екен. Сондықтан әкесі Құралайдың қасында *б е й т а н ы с* жас жігіт тұрғанын аңғарған жоқ (М. Қаратаев, Далада.). Көзін кең ашып, *б е й т а н ы с* жігітке салқын қарады. Қабен өзінің ерсілеу қылық көрсеткенін енді ғана сезіп, жүзін тайғызып әкетті (З.Қабдолов, Жалын). **2.** *Белгісіз, жат.* Қанша тілдесе де түк те айтылмағандай *б е й т а н ы с* жұмбақ көңіл, бітеу жүрек тәрізденіп кетті (Ғ.Сланов, Шалқар). Бұрын көрмеген біраз жерлерді аралап, *б е й т а н ы с* елдерді көрген Шоқан өз аулына бірнеше жаңа ойлармен оралды (С.Бегалин, Бала Шоқан). Сәлем бердік, *Б е й т а н ы с* жолаушылар! Жолаушылап шаршаған боларсыңдар. Анау қырдың астында менің аулым, Соғарсыңдар, дем алып, қонарсыңдар. (М.Мақатаев, Шығ.).

БЕЙТАНЫСТАУ с ы н. *Онша таныс емес.* Ол Надямен бұрын *б е й т а н ы с т а у* еді (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.).

БЕЙТАНЫСТЫҚ з а т. *Бейтаныс болушылық, таныс еместік, бөтендік, бөгделік, жаттық.* Өзіне аяқ астынан қамқор жан боп кездескен мына жігіт бара-бара *б е й т а н ы с т ы қ т а н* кетіп, енді бауыр еті боп бара жатыр (А.Байтанаев, Қайнар.). Бірақ осындай *б е й т а н ы с т ы ғ ы н ы ң* өзі оларды онан сайын баурап, қызықтыра түскендей («Лен. жас»).

БЕЙТАП: [ир. تاب بي] **бейтап болды**. ж е р г. *Сырқаттанды, науқастанды.* Арыстан *б е й т а п б о л ы п* есін танды, Саяда бір азырақ дамыл алды. Ахуалын пікірлеп жатыр еді, Бір маймұн арыстанға назар салды (Бабалар сөзі). Армансыз болсын өмірім, Алаңсыз болсын көңілім. *Б е й т а п б о п* жүріп тапқан бәсірелі (Ж.Қыдыров, Нұр жаусын.). Сол өзі үш-төрт күннен бері үйінде, кейде тіпті ыстығы көтеріліп кетіп, *б е й т а п б о п* жатар еді (Р.Райымқұлов, Жасыл белес).

БЕЙТАПТАН= е т. ж е р г. *Сырқаттану, ауыру.* Сол Шәлдубек күндердің күнінде *б е й т а п т а н ы п* қалды. Ыңқыл-сыңқыл күшейіп, кәдімгідей төсек тартты (Т.Бердияров, Солдат.).

БЕЙТАПТАНУ *Бейтаптан етістігінің қимыл атауы.*

БЕЙТАРАП [ир. ар.بي طرف] с ы н. <лат. neutralis> **1.** *Ешкімге қосылмайтын, қалыс.* Әуезеде (әңгіме) уақиғаны сөйлеу – айтыстартыста ақын өзі сөйлемей, өзгелерді сөйлетіп,

айтыстырып-тартыстырып жіберіп, өзі *б е й т а р а п* болып, тек қызығына қарап отырып қалған сияқты болады (А.Байтұрсынов, Шығ.). – Көп ішінде көрінбеген соң, сені *б е й т а р а п* шығар десем, анау Аппақтар сөзін сен де қостайды екенсің ғой? (Ғ.Сланов, Асау арна). Ойға айналдым жауатын қара бұлттай, Кейде өзімді өзім де қалам ұқпай. Ананы да, мынаны жатсынбайтын, Күн кешемін *б е й т а р а п* аралықтай (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). **2.** *Енжар, селқос.* Баланың қоғамнан *б е й т а р а п* болмай, белгілі бір мақсатқа өз жолдастарымен бірге ұмтылуына жағдай жасау керек (С.Көбеев, Орынд. арман). Сарыбала бәріне *б е й т а р а п* жиын тараған соң жалғыз қайтты. Ақын сөзі есінде (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Сол Марғау міне, қашанғы әдетінше бет алды манаурап, босқа отыр. Маңындағының бәрі енжар, *б е й т а р а п* (З.Қабдолов, Жалын).

Бейтарап аймақ. ә с к. *Халықаралық келісім бойынша соғыс қимылын жүргізуге тыйым салынған екі мемлекеттің шекарасындағы жер аймағы.* Жаудың атыс ұяларынан оқшауырақ бүйірде, *б е й т а р а п а й м а қ т ы ң* арғы тұсында бір көл бар еді (Ж.Жұмаханов, Әлия).

Бейтарап қалды. *Қалыс болды, тыс қалды.* Ел екі ұдай, *б е й т а р а п қ а л ғ а н* жан жоқ. Ауылға, үкімет тарапынан нұсқаулар, уәкілдер үсті-үстіне жіберіліп жатыр (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Бұған Арманов құптай бас изеді де, Мусин еңкейе тыңдап, шалқая *б е й т а р а п қ а л д ы* (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.).

Бейтарап қарады. *Немқұрайды қарады, көңіл бөлмеді.* Ылғи назарын тіктемей *б е й т а р а п қ а р а й т ы н* қоңырқай көзі ештеңе аңғартпайды («Лен. жас»). Құрыштай бойындағы бір қасиет – ол ешнәрсеге *б е й т а р а п қ а р а й* алмайды (С.Байжанов).

Бейтарап сөздер. л и н г в. *Белгілі бір сөз табына жатпайтын, тілдің барлық стиліне қолданыла беретін сөздер. Б е й т а р а п с ө з д е р* белгілі бір стильге телулі сөздерге, экспрессиялық реңкі бар сөздерге, қарама-қарсы түрған құбылыс ретінде танылады (ҚҰЭ).

БЕЙТАРАПТАН= е т. **1.** *Бөлектену, жіктелу, оқшаулану.* Кейін кітапқа, ғылымға тән сипаттарын сақтай отырып, олардың көпшілігі бірте-бірте *б е й т а р а п т а н а д ы* («Соц. Қаз.»). **2.** *Бейтарап, басқа күйге көшу.* Олар одан әрі буланып *б е й т а р а п т а н а д ы.* Ашыған соң бұдан этил спирті алынады (Н.Нұрахметов, Синтетика.).

БЕЙТАРАПТАНДЫР= е т. *Бейтарап ету, бейтарап қалдыру, залалсыздандыру.* Ал асқазанға барған тамақ қарынның қышқылымен араласады да, оның әсерін *б е й т а р а п т а н д ы р а д ы* (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру). Порошоктың мұндай құрамы тістің көгеруі мен ондағы астың қалдығын кетіріп, органикалық қышқылдарды *б е й т а р а п т а н д ы р ы п* тіске ақ түс береді (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.).

БЕЙТАРАПТАНДЫРУ *Бейтараптандыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** х и м. *Залалсыздандыру.* Тернер градусы 100 миллилитр сүтті *б е й т а р а п т а н д ы р у ғ а* кететін децинормалды сілті ерітіндісінің миллилитр мөлшерімен алғандағы санын көрсетеді (С.Сейітов, Сүт өнд.). **2.** с а я с и. *Қандай да болсын бір таптың және қоғамдық топтың басқа таптар мен топтардың шешуші соқтығуларына қатыспауына бағытталған саясат.* Қазан төңкерісі дәуірінде буржуазия мен пролетариаттың арасында солқылдақтық жасаған орташаларды *б е й т а р а п т а н д ы р у* саясатын жүзеге асырды (Саяси сөздік). Мемлекеттік ақша жүйесін өзгерту, жүргізіліп жатқан экономикалық реформадан, *б е й т а р а п т а н д ы р у*, жекешелендіру шараларынан тыс жағдайда өте қауіпті болуы және гиперинфляцияның күшеюіне әкеліп соқтыруы мүмкін (Б.Жүнісов,.. Нарық. экон.).

БЕЙТАРАПТАНУ *Бейтараптан етістігінің қимыл атауы.*

БЕЙТАРАПТЫҚ з а т. **1.** *Бейтарап болушылық, ешкімге қосылмаушылық, қалыс болушылық.* Осыны баққан құлар алысқан көздерден ұшқын түсіп, өрт шықпасын деген оймен әңгіменің бетін *б е й т а р а п т ы қ қ а* бұрып, тосын старшыннан оны-мұны сұрасып жатты («Лен. жас»). **2.** *Енжарлық, селқостық.* Ал мен бейқамдық, *б е й т а р а п т ы қ т ы* пасықтық деп бағалаймын (С.Еркебаев, Алғашқы.). Мен иығымды қысып, *б е й т а р а п т ы қ* пейіл білдірдім. Екеуміз де ештеңе дегеніміз жоқ (Ә.Омарбаев, Кәрлен.). **3.** э к о н. <нем. Neutralität <лат. neuter> *Қаржы есептерінің сапалық сипаттамасы. Б е й т а р а п т ы қ* қаржы есептемелерінде ақпарат алдын ала кесіп-пішушілікке құрылмай – дұрыс шешім қабылдауға әсерін тигізбеуі тиіс деген мағынаны білдіреді (Қаз. тілі термин. Экономика.). **4.** ә с к. *Мемлекеттердің әскери блоктар мен олардың арасындағы соғыстарға қатыспау саясаты. Б е й т а р а п т ы қ* жағдайын, әдетте, мемлекеттер бейбіт уақытта немесе қандай да бір мемлекеттер арасында соғыс басталған уақытта анықтайды (Қаз. тілі термин. Әскери.). Соғысушы жақтарға *б е й т а р а п т ы қ* ұстанған мемлекет жері арқылы әскер өткізуге, қаружарақ және т.б. әскери мақсаттағы іс-әрекеттер жасауға тыйым салынады (ҚҰЭ).

БЕЙТАРАПТЫЛЫҚ з а т. *Қалыс қалушылық.* Дегенмен Польша мемлекеттік қызмет министрлігінің басты міндеті мемаппараттың саяси *б е й т а р а п т ы л ы ғ ы н* қамтамасыз ету және мемлекет пен халықтың мүддесін қорғау болып табылады («Егемен Қазақстан»). Буржуазиялық идеологияға, антикоммунизмге қарсы күресте *б е й т а р а п т ы л ы қ* жоқ және болуы да мүмкін емес («Соц. Қаз.»).

БЕЙТАУПЫҚ [ир. ар. **بي توفيق**] с ы н. *Шарапатсыз, дінсіз. Б е й т а у п ы қ т ы ң* көбісі Қолымда менің қырылған. Атымды сұрап нетесің, Келгенін қылғын қолыңнан (Бабалар сөзі).

БЕЙТӘРТІП [ир. ар. **بي ترتيب**] с ы н. **1.** *Әдепсіз, тәртіпсіз, тәлім-тәрбиесіз.* Жеріңнің жайын айтайын, Күн төбеге келгенде, Ыстыққа миың қайнаған. Сонша неге мақтадың. *Б е й т ә р т і п* өскен еліңді (Айтыс). *Б е й т ә р т і п* болар осындай, Қыздары Дәшті алланың (Дастандар). **2.***Қалай болса солай, ретсіз.* Кенет көрші клетканың теріскей жағынан ашық алқаптан көк түтін көрінбегенде, мен *б е й т ә р т і п* бұлттарға кіжіне берер ме едім, кім білсін (Ш.Мұртазаев, Табыл. теңіз).

БЕЙУАДА [ир. ар. **بي وعده**] з а т. е с к і к і т. *Уәдесіз, тұрақсыз.* Қос жұртым жауыз дұға қылар маған, Болған соң пиғылым көпке ұнамаған. Қалыпқа *б е й у а д а* халық үйренген соң, Тағы да опа қылман жаным саған (Үш ғасыр.).

БЕЙУАЗ с ы н. *Жазықсыз, күнәсіз, айыпсыз.* Қалыбек «Малқамбайда» би ролін ойнады. Жуан тартқан, қапсағай, ол *б е й у а з д а р д ы* көздеген мақсұтының құрбаны ету үшін тор құрып отыратын бидің қиянатын құбылысын, сөзінің дыбысын тапжылмай ойнап берді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Мұнша бейнет мойнымда, Тәңірі, саған не жаздым? Арылмаған сорыма Мен сықылды *б е й у а з д ы ң*? (І.Жансүгіров, Шығ.). Битке тәні, байға жаны құл болған, Өмірі өксіп, үміті өшіп тұл болған. *Б е й у а з д а р д ы ң* көңіліне күн беріп, Біздің еңбек жауыздарға түн болған (И.Байзақов, Шығ.).

БЕЙУАЙЫМДЫҚ с ы н. *Уайымсыздық, қайғысыздық, бейқамдық.* Демек, мидың астыңғы күмбезіндегі тіршілік орталықтары өз «бостандығын» ала бастайды. Міне, қош көңілділік, жайбарақаттық, *б е й у а й ы м д ы қ*, мылжыңдық осылай басталады («Лен. жас).

БЕЙУАҚ [ир. **وقت بي**] с ы н. **1.** *Мезгілсіз, уақытсыз.* Біреулердің шешсін Ерте алған ләхіт. Кейбір балалар айрылған Анасынан *б е й у а қ* (М.Дулатов, Шығ.). Есінде ме *б е й у а қ* қос басында Отырушы ек қиялдап от қасында... О, шіркін, еркін еңбек, еркін еңбек! Еңбек деген жақсы ғой достасуға (М.Мақатаев, Шығ.). Оның *б е й у а қ т а* жүруінде бір сұмдық сыр бар (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). **2.** *Кешкі уақыт, апақ-сапақ кез. Б е й у а қ* еді. Кеш қараңғылығы қоюланып келеді (М.Әуезов, Шығ.). Киіз үйдің іргесін түрген, шаңырағы ашық, *б е й у а қ* болса да әлі жабылмаған (З.Шашкин, Өмір.). Мен сені жүзіп те өтем, Кешіп те өтем. Қуаныш! Келер болсаң кешікпе тек! *Б е й у а қ т а* бірақ біреу есік қақса, Бимаза хабар ма деп шошып кетем! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

БЕЙУАҚТАЙ с ы н. *Кешкі мезгілдей, апақ-сапақ уақыттай.* Түсте толқын тулап ед Ойнақтаған тайлақтай. Кешке толқын тынып түр Қоңыр іңір *б е й у а қ т а й* (М.Жұмабаев, Шығ.). Дүние-төңірек төңкеріліп бара жатқандай, басы айналып құлап кетердей, аққұба жүзі *б е й у а қ т а й* қарауытып, тілсіз, үнсіз сілейіп отырып қалған еді Сұлтанмахмұт (Д.Әбілев, Арман.). Күн көзі өмірде түспеген соң ұдайы *б е й у а қ т а й* күңгірттікке малынған (Ғ.Сланов, Дөң асқан).

БЕЙУАҚЫТ [ир. **وقت بي**] з а т. *Мезгілсіз шақ, бейуақ кез. Б е й у а қ ы т т а* қақпаны тарсылдатып, Эполетін, медалін жылтылдатып. Осындайлар тыныштық бермеді ғой Етегінен қылышын қылтылдатып (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Досым, мені сол сәтте таста жалғыз, Жүрегіңе ренжіп, жасама мұз. Ойым опат сондай бір *б е й у а қ ы т т а* Бұлқан-талқан көңілде басталар күз (М.Мақатаев, Шығ.). *Б е й у а қ ы т* болғандықтан ба, әлде жолдың жақындығынан ба, әйтеуір, шығарып салушылар тіптен аз еді (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БЕЙХАБАР [ир. ар. **بي خبر**] с ы н. *Хабарсыз, мәліметсіз, хабары жоқ.* Аңқау елге арамза, Молда боп жүрген сұмдар көп *Б е й х а б а р* шама-шарқынан (Базар жырау, Шығ.). *Б е й х а б а р* жатпа, жас ұлан, Шығып түр қазір һәрбір түр. һүнерден алып үлесті, Халыққа шашсақ болар нұр (М.Дулатов, Шығ.). *Б е й х а б а р* жатыр ата-анам, Көре алмай көзім қала ма! Барғаның сәлем дегейсің Қаралы болған анама. Он тоғызда жасыма, Қасірет түсті басыма (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

БЕЙХАБАРЛЫҚ з а т. *Бейхабар болушылық, еш нәрседен хабары жоқтық, хабарсыздық.* Ол *б е й х а б а р л ы қ қ а* шыдай алмады (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Екіншіден, қой бағудан *б е й х а б а р л ы ғ ы н* біле тұра оларды бірден аға шопандыққа күмп еткізген совхоз басшылары да айыпты («Лен. жас»). Мұндай *б е й х а б а р л ы қ т а н* № 1 қазақ орта мектебі де құр емес («Лен. жас»).

БЕЙХАД [ир. ар. **بي حد**] с ы н. к ө н е. *Шексіз, сансыз.* Мәдинадан Мұқамбет, Ләшкері *б е й х а д* қабағат, Араб деген жамағат (Бабалар сөзі).

БЕЙХАЛ [ир. **بي حال**] с ы н. *Халі нашар, күйсіз, халсіз, жайсыз.* Ауру емес не сау емес – *б е й-*

х а л с ы н Шың етеді түбі екі құлақтың (М.Әлімбаев, Балдәурен). Дариға бұл арада болды *б е й х а л*, Әй, балам, бұл сөзіме құлағың сал. Бастасын оң жолына Жаппар Құдай, Әуелгі ұлық атаң хақ Пайғамбар (Бабалар сөзі). Жатырмысың *б е й х а л д е*, Дабылың шыққан жаһанға (Дастандар).

БЕЙХОШ [ир. بیهوش] с ы н. *Бей-жай, көңілінің хошы жоқ.* «Қап» пен «бе», бір әріп пе? Біз білмейміз, Таптыңыз қандай нұсқа, қай мазһаптан? Болмаса, бипарасат сөзіңіз бе, Пиуа ішіп, *б е й х о ш* болып тұрғандықтан (Айтыс).

БЕЙШАРА [ир. بي چاره] с ы н. *Байғұс, мүсәпір, сорлы.* Жұлдызы *б е й ш а р а н ы ң* туды оңынан, Күйзелмес, кесіп алса да ет қоңынан (Базар жырау, Шығ.). Боран Жамал үшін ғана болғандай таңертең ашылып, Жамал *б е й ш а р а* да жолдан жарты шақырым ғана жатыр еді (М.Дулатов, Шығ.). Себеп не сонша түсі қашқанына? Кім білед, тәңірі бағын ашпады ма? «Сүйем!»– деп әлдебіреу сүйіп жүріп, Жалт беріп *б е й ш а р а н ы* тастады ма?! (М.Жұмабаев, Шығ.).

Бейшара болды. *Сорлады, мүсәпір болды.* Ақынның кәрі көзі жыпықтап, *б е й ш а р а б о л д ы* да қалды (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

БЕЙШАРАЛАН= е т. *Мүсәпірлену, нашарлану, сорлау.* Байғұстың даусы да бір түрлі *б е й ш а р а л а н ы п* шықты, қайрат, қарсылықтан жұрдай еді (Б.Соқпақбаев, Менің атым.).

БЕЙШАРАЛАНДЫР= е т. *Бейшара күйге түсіру, мүсәпірлендіру.* Е, неге тістемейсің? – дейді. Бетін *б е й ш а р а л а н д ы р ы п,* Байсейіт: – Қайтейін тістегенде, бұл тамақ бола ма, – дейді (С. Сейфуллин, Тар жол.).

БЕЙШАРАЛАНДЫРУ *Бейшараландыр етістігінің қимыл атауы.*

БЕЙШАРАЛАНУ *Бейшаралан етістігінің қимыл атауы.*

БЕЙШАРАЛАУ с ы н. *Нашарлау, кедейлеу.* Айналасы жүзге жетпейтін аспиранты бар бұл институт, шаруашылық жағынан *б е й ш а р а л а у* мекеме еді (С.Мұқанов, Өсу жол.).

БЕЙШАРАЛЫҚ з а т. *Бейшара болушылық, сорлылық, мүсәпірлік, нашарлық.* Екі-үш теңгем жетпей қап, ана байға Іштегі бұзауды ал деп, таптым айла. Кедейдің *б е й ш а р а л ы қ* халін аңдып, Қылмай ма малы барлар сонша пайда?! (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Бұл не қорлық, не масқара! Осыншама *б е й ш а р а л ы қ* әйел байғұстың пешенесіне жазылған ба?! (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Бұл, әрине, менің *б е й ш а р а л ы ғ ы м.* Бірақ мен азғын емеспін (Ө.Қанахин, Ауыр күн.).

БЕЙШЕҢ с ы н. ж е р г. ***Бейпіл***. Сафин бір жағынан таңданып та отыр. Осыдан үш, бес, он жыл бұрын білетін Үкібайы, қырып келсе, қай мықтыңды да сілейтіп салатын аузы *б е й ш е ң,* адуын болар еді (А.Сүлейменов, Бесін).

БЕЙЫНТЫМАҚ с ы н. с ө й л. ***Ынтымақсыз***. Сонда да сұлу жауап жаздым нәтпіс, Араның айтпай сөзін *б е й ы н т ы м а қ.* Ауруды, өзің айтып, алдың тілеп, «Жігіт – құл жүрісінен» дегендей-ақ (Айтыс).

БЕЙІЛ з а т. с ө й л. ***Пейіл***. Толстой кәпір емес, кәпір өзің, Дін емес, бәрі алдау айтқан сөзің. Көңілің соқыр, надансың, *б е й і л і ң* қара, Нұр, жарығын қалайша көрсін көзің (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ретін тауып тоқысаң, *Б е й і л і ң д і* салып отырсаң, Иірген жібің қолыңда Балық алар ау болмақ (Қабан жырау, Алтын қазық). Бейбітшілік жағдаймен келген мырзаларға құрметті *б е й і л* көрсетеміз (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Бейіл бермеді [қылмады]. *Жылы шырай танытпады, иман жүз, ықыласты көңіл көрсетпеді.* Ауыр мәшине дөңгелегі басқанда туған жер болып ол неге мейір бермеді, *б е й і л б е р м е д і*, жұмсақтық етпеді (М.Әуезов, Өскен өркен). Падиша алтын тәжді елге шықса, Басқаға өзіңізден *б е й і л қ ы л м а с* (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Бейіл салды [бейілі ауды). *Көңілі, ықыласы түсті, ден қойды.* Абай өзі ас ошағы мен қонақ үйлерінің арасына соншалықты *б е й і л с а л ы п*, сарп ұрып жүргендіктен, бұл астың қаншалықты ұлан-ғайыр уақиға болғанын байқамапты (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Жалғыз ғана бір жанға ынта, *б е й і л і а у ғ а н* да құлаған (М.Әуезов, Абай жолы).

Бейілі бұзылды. *Ниеті өзгерді, жаманшылық ойлады.*

Бейілі кең. *Қолы ашық, жомарт, мырза.* Алдына келсең кең болар, Олар неге тарылсын, *Б е й і л і к е ң* болған соң (Дулат Бабатайұлы, Өлеңд.).

Бейілі кеңіді [енді]. *Жаны жадырады, көңілденді, тарынбады, көңілі түсті.* Жұрттың *б е й і л і к е ң і п*, өнері, мәдениеті өрлей түскеніне қуанышты (Т.Нұртазин, Адам.). Қара тастан басқаның бәрі жадырап Бір сараңнан басқаның *б е й і л і е н е р* (XVIII–XIX ғғ. қаз.ақын.).

Бейілі қашты [кетті, тарылды]. *Ниеті бұзылды, қолы тарылды, іштарлық етті, сараңдық жасады.* Ол үйге аттап кірген сәттен бастап сары мысықтың өрісі тарылып, *б е й і л і қ а ш т ы* (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). Бермеймін деп бекінбе, Аузыңды ұстап өкінбе, Мерекелі бек деуші еді, *Б е й і л і қ а ш қ а н* секілді (Ақын жырлары). Дәукен бидің қалыпты *б е й і л і к е т і п*, *Б е й і л і к е т і п* тұрғанда келдім жетіп (Шөже ақын [Қаржау-

байұлы], Өлеңд.). Бердім деп тоғыз қара отырғаның, *Бейілді тарылтқан* ғой дүние боқ (Шөже ақын [Қаржаубайұлы], Өлеңд.).

Бейілі тар. *Көзі тоймайтын сараң, ниеті бұзылған, жаман ойлы адам.* Ырғыздан шығып қондық Бәйтібайға, жас жігіт жаңа болған ауылнайға. Ант ұрған *бейілі тар*, сараң екен, Шекерсіз қамап салды қара шайға (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). Қодар сырттан биледі біткен малды, Мұндай адам көрмессің *бейілі тарды* (Қозы Көрпеш.).

БЕЙІЛДЕН= е т. с ө й л. ***Пейілден.*** Дәл осы астың дастарқаны жиналарда Найманнан келген кәрі нағашы Абайды шақыртып алып, *бейілденіп* бата беріп, үлкен алғыс айтты (М.Әуезов, Абай жолы). Оразның көзі томпақтау біткен әдемі қара торы жүзіне Аяжан *бейілдене* іш тартып қарайды (Б.Соқпақбаев, Аяжан). Ал Ақай шайды *бейілденіп* ішпеді. Оның негізгі себебі шаршап отырғандығы болатын (Ә.Нұршайықов, Батыр.).

БЕЙІЛДЕНДІР= е т. с ө й л. ***Пейілдендір***. Бұл өлең бернемен, еңіретпек, малға *бейілдендіріп* үгіттеп тұр (С.Ерубаев, Шығ.).

БЕЙІЛДЕНДІРУ *Бейілдендір етістігінің қимыл атауы.*

БЕЙІЛДЕНУ *Бейілден етістігінің қимыл атауы.*

БЕЙІЛДІ с ы н. ***Пейілді***. Дегенмен, дастарқаны жаюлы *бейілді* үйде Дәрмен өзін жайлы сезінеді (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). Тіпті оразада ауыз ашуға арнап жүрген мейіз де *бейілді* кемпірдің берекелі дастарқанына жетіпті (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

БЕЙІМ[1] з а т. *Ыңғай, еп, икем.* Әдебиетті жақсы көрмейтін адам ілу-қағыл. Менің *бейімім* техника, бірақ романдарды да оқып тұрам (З.Шашкин, Өмір.). Өмірге *бейімі* жоқ ашық ауыздың бірі болармын деген ойға келдім (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

БЕЙІМ[2] с ы н. **1.** *Ыңғайы бар, икемді, ебі бар.* Адам жаратылысында не нәрсеге *бейім*, не нәрсеге ыңғайы болса, соның соңына түскені дұрыс (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). **2.** *Ұқсас, сай.* Көл жатыр күміс шолпы, теңгедейін, Өңірі жасыл орман, көлге *бейім.* Күміс қанат құсыңды қондыр, үшқыш, Көкшенің бауырында дөңгелейін (М.Мақатаев, Шығ.). Бахтияр башқұртқа *бейім* қара торылау келген Молланұрға тесіле қарады (М.Гумеров, Хазірет.). Ұлытау, даңқың асқақ Күнге *бейім*, Биікте күйік басып үлгерейін. Үмсынған ұлар құсым бауырында жүр, Әдейі іздеп барып, бір көрейін (К.Салықов, Жезкиік).

Бейім тұрды [болды]. *Ыңғайланды, дайын болды, сай тұрды.* Оның көмекейі даланың бозторғайындай жырлап кетуге *бейім тұратын* (Х.Сүйіншәлиев, Ізденіс). Денсаулығы нашар, шынықпаған бала баспаға өте *бейім болады* (Б.Хабижанов, Бала.).

БЕЙІМДЕ= е т. *Ыңғайлау, икемдеу, сәйкестеу.* Түзелер заман кейінде Бұл сөзімді *бейімде.* Кейінгі қалған ұрпақтар, Заманға жақсы тұрақтар! (Қабан жырау, Алтын қазық). Тоғайдан ағаш кесіп, оны шана табанына *бейімдеп* шауып, өзі жатқан Қаржау шалдың пешінің артына кептіруге сүйеп қойған (Д.Әбілев, Арман.). Олар оны еркелеткен тәрізденіп, өз тілдеріне *бейімдеп,* «Доса», «Досажан» деп атайды (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).

Бейімдей оқыту. п е д. *Оқушыны білім мекемесіндегі жағдайға, талапқа, мақсатқа сәйкес икемдеу процесі. Бейімдей оқытудың* негізгі мақсаты – мектеп бітірушіні қоғамға кіріктіріп азамат дайындау (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

БЕЙІМДЕГЕНСУ *Бейімдегенсі етістігінің қимыл атауы.*

БЕЙІМДЕГЕНСІ= е т. *Икемдегенсу, ыңғайлағансу.* Осы әдістің біреуі байшылдардың ішінен Қошке, Жүсіпбек сықылдылардың «бұқарашыл» тон киіп, пролетариатқа *бейімдегенсіп* алдауы еді (С.Мұқанов, Өсу жол.).

БЕЙІМДЕЛ= е т. **1.** *Ыңғайлану, икемделу.* Ендігі кезекті Дәрмен айтуға *бейімделді* (М.Әуезов, Абай жолы). Бәрі де танкке қарсы шабуыл жасауға *бейімделген* он жеті жаңа өспірім жас жігіттер (Б.Момышұлы, Жауынгер.). Ұтылар жағына, жеңілер жағына өзі *бейімделе* береді. Қатарға сонысымен қосылады, сонысымен азамат аталады (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). **2.** т е р м. <лат. adaptatio> *Қоршаған орта жағдайына икемделу.* Мысалы, қараңғы бөлмеде көз қараңғыға үйренеді, біраздан кейін шамды жағып қалсақ көзіміз жарыққа үйрене алмайды, сөйтіп көз оған *бейімделгенше* біраз уақыт өтеді (М.Мұқанов, Бақылау.). Олардың көпшілігі жергілікті ауа райына, жер жағдайына *бейімделіп* мүлде өсіп-өніп, көбейіп кеткен (Н.Баяндин, Ғасыр.). Осында тіршілік ететін құстардың көпшілігінің тіршілігі орманға, бұталарға, тау шалғындарына тікелей байланысты да және құстар сол жерге *бейімделіп* кеткен (Р.Әлімбаев,.. Құстар.).

БЕЙІМДЕЛГІШ с ы н. т е р м. *Ыңғайға көнгіш, икемделгіш.* Жасуша төмен температураға да *бейімделгіш* келеді (Қ.Нұрматжанов, Гистология). Дегенмен көптеген балықтар су ішіндегі жағдайға біркелкі *бейімделгіш* келеді (Т.Мұсақұлов, Аквариум.). Ағза әдеттен-

ген, үйренген жайын сақтауға *б е й і м д е л г і ш* келеді («Жас Алаш»).

БЕЙІМДЕЛГІШТІК з а т. т е р м. *Ынғайға көнгіштік, қоршаған ортаға үйренгіштік, икемделгіш қасиет.* Тірі дүниенің ішінде ең көп тараған микробтар. Бұл – олардың сыртқы ортаға тез арада *б е й і м д е л г і ш т і г і н е н* (Н.Шоқанов, Микроорганизм.). Белгілі бір тіршілік жағдайларына *б е й і м д е л г і ш т і к* өсімдіктерде де көп кездеседі (ҚСЭ).

БЕЙІМДЕЛУ 1. *Бейімдел етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Икемделу, үйрену, көндігу.* Осы ортаға *б е й і м д е л у* мақсаты Мария жүрегіне орныған алды да, алаңдап әурелене бастады (Ж.Тілеков, Қайнар). **2.** б и о л. <лат. adaptatio> *Ағзаның сыртқы ортаның әртүрлі жағдайына икемделу қабілеттілігі. Б е й і м д е л у* қалыпты дамуды, еңбекке қабілеттілікті және қоршаған ортаның әртүрлі жағдайындағы ағзаның ұзақ тіршілік етуін қамтамасыз етеді (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Б е й і м д е л у* тіршіліктің тарихи дамуының негізгі үш факторының – өзгергіштік, тұқым қуалаушылық және табиғи сұрыптау нәтижесінде қалыптасып дамиды (ҚҰЭ). *Ағзаның* суыққа *б е й і м д е л у* қабілеті пайда болуы жер шары климатының суықтыққа қарай өзгеруімен байланысты (Ж.Әбиев, Биология). **3.** ә л е у м. *Жеке адамның не әлеуметтік жіктің қоғамдағы жаңа рухани, экономикалық және мәдени құндылықтар мен нормаларға икемделуі. Б е й і м д е л у* адамның не қоғам мүшелері көпшілігінің мақсат-мүддесі қоғамдағы қарым-қатынастың жаңа принциптерімен толық үйлесімділік тапқанда жүзеге асады (ҚҰЭ). Соның қырсығынан, міне, бүгін не шаруа, не жұмысшы бола алмаған әрі-сәрі қауым нарыққа *б е й і м д е л у д і ң* парқына жетісе алмай, азап тартуда (Ә.Кекілбаев, Үш белес).

БЕЙІМДЕЛУШІЛІК з а т. т е р м. *Ынғайланушылық, икемделушілік.* Қоректік заттары өсіп келе жатқан ұрықтың талабына сай болуынан және гүл құрылыстарындағы түрлі *б е й і м д е л у ш і л і к т е р д е н* болуы керек (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Сондықтан бұл факторларға *б е й і м д е л у ш і л і к т е* аймақты-географиялық сипатта болады (Жалпы биология).

БЕЙІМДЕЛІН= е т. *Ынғайлану, икемделіну, сәйкестелiну.* Сол себепті, осы құралда топтастырылған мәтіндер мазмұны мен құрылымы жағынан оқуға жеңіл, түсінуге оңай болатындай, оқушылардың қазақ тілін білу деңгейіне *б е й і м д е л і н і п*, жеңілдетіліп, қысқартылып, дәлме-дәл, сөзбе-сөз алынбай, өзгертіліп берілген («Жас Алаш»).

БЕЙІМДЕН= е т. *Ынғайлану, сәйкестену.* ≈ *Б е й і м д е н і п* кетті.

БЕЙІМДЕНУ *Бейімден етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Б е й і м д е н у* қиын.

БЕЙІМДЕС с ы н. *Ынғайлас, сәйкес.* ≈ *Б е й і м д е с* болып шықты.

БЕЙІМДЕСТІК з а т. *Тілектестік, жақын көрушілік.* – Жамбыл қамауда отырғанда Власов оған *б е й і м д е с т і к* білдіреді, болашақ қазақ большевигі де сонда келіп кетті (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

БЕЙІМДЕТ= е т. *Икемдету, сәйкестіру, жақындату.* Дәл осы совхозды соған *б е й і м д е т к е н* екен ғалым. Ал жастардың оқып, білім алуына оның тигізген пайдасы ұшан-теңіз (С.Хайдаров, Азамат.).

БЕЙІМДЕТУ *Бейімдет етістігінің қимыл атауы.*

БЕЙІМДЕУ[1] с ы н. *Ұқсастау, жуықтау, жақындау,* Бөріктен басқа киімі орысшаға *б е й і м д е у.* Бұл – Мырзатай деген жігіт (Б.Майлин, Шығ.). Ақша қымбат сен үшін намыстан да, Жетіп жүрсің жанжалмен табыстарға. Ғылымнан да байқаймын *б е й і м д е у с і ң,* Банкеттерде өтетін соғыстарға (Ә.Тәжібаев, Өлеңд.). Сатымбеттің бетінен қайтпайтынын, әрі кедейлерге *б е й і м д е у* жүргенін білетін Ақшолақ енді-енді ғана тілі орамға келгендей (К.Оразалин, Көктем.).

БЕЙІМДЕУ[2] *Бейімде етістігінің қимыл атауы; икемдеу, ынғайлау, үйрету.* Кемпірдің бұдан кейінгі сөздерінің бәрі ымырашылдық, бітімге *б е й і м д е у* секілденіп шығып, «осыларды үркітіп алған жоқпын ба» – деп Қайша да қысылып қалды (Б.Майлин, Азамат.). Оның суретке *б е й і м д е у і н е* ағасы Николай Чехов әсер етіп, жақсы-жақсы суреттер сала бастауына осы үйдің өзгеше достарының бірі Левитан жетекшілік жасаған (Ә.Нұршайықов, Алтын.).

БЕЙІМДЕУШІ з а т. *Икемдеуші, үйретуші.* ≈ *Б е й і м д е у ш і* адам.

Бейімдеуші білім. п е д. *Өзгеріп отырған талаптарға мамандықтарының сапасы сай болу үшін және жұмыс істеуші адамның мамандық шеберлігін және басқа қабілеттілігін арттыру мақсатында мезгіл-мезгіл өткізілетін оқу процесі.* ≈ *Б е й і м д е у ш і б і л і м* жүйесі.

БЕЙІМДІ с ы н. **1.** *Ынғайлы, икемді, оңтайлы.* Өсімдіктер әлемінде әртүрлі ортада өмір сүруге *б е й і м д і л е р і* – төмен сатылылар (Т.Таубаев, Жасыл әлем.). **2.** *Қабілетті, іскер.* Мақал-мәтел поэтикасын зерттеуге *б е й і м д і* адам осы бір асыл сөздерді есті, оқи жүре, ел ішінен тере жүре, аудара жүре шумақ жүйелерін жадында тұтады (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Абзалы, мектептердегі сурет сабағын қолынан

өнер келетін, *б е й і м д і* мұғалімдерге тапсырған жемісті болар еді («Қазақст. мұғ.»).

БЕЙІМДІК з а т. с ө й л. ***Бейімділік.*** Оның бұл *б е й і м д і г і н* байқаған шахта басшылары техника қауіпсіздігін үйрететін курсқа жібереді (Ж.Өмірбеков, Замандас.). Олар мамандықты, белгілі бір іске *б е й і м д і к т і,* мектеп қабырғасында жүріп үйренеді (К.Смайылов, Мамандық.).

БЕЙІМДІЛЕУ с ы н. *Икемдірек, ыңғайлырақ, бейімдірек.*

БЕЙІМДІЛІК з а т. **1.** *Бейімді болушылық, икемділік, оңтайлылық, ыңғайлылық.* Әрбір адамның әр нәрсеге өз икемі, қабілеті, соған *б е й і м д і л і г і* болады дегені рас қой деймін (С.Бақбергенов, Алтын.). Ойын тәртібі деп командаңың алаңға шығар негізгі алты ойыншысының жеке шеберлігіне, олардың *б е й і м д і л і г і н е* қарай ойын кезіндегі атқаратын міндеттерді бөліп орналастыруды айтады («Спорт»). Бұлардың жаңа жерге, жаңа жағдайға *б е й і м д і л і г і* түрліше болды (Д.Керімбаев, Жылқы өсіру). **2.** *Қабілеттілік, іскерлік,ептілік.* Шоқанның ғылыми жұмысқа *б е й і м д і л і г і н* корпус бастықтары да көрген (М.Ақынжанов, Қаз. ағартушы.). Баймағамбеттің өлең шығаруға *б е й і м д і л і г і* он жасынан байқалған сияқты (С.Мұқанов, Өсу жол.). Күләштың искусствоға *б е й і м д і л і г і н* ең алғаш халық артисі Серке Қожамқұлов байқайды (С.Мұқанов, Саяхат.).

БЕЙІМДІРЕК с ы н. с ө й л. ***Бейімірек***. Жолаушы шертер сырын кейінірек, Болсам да өзім соған *б е й і м д і р е к.* Бөгелдім бөлмейін деп бұл сапарын, Келеді оны өзге пейіл билеп (Қ.Бекхожин, Дала комисс.). Өз басым «Алыстан жеткен сарынды» аңыз әңгіме деуден гөрі тарихи әңгіме деуге *б е й і м д і р е к п і н* («Қаз. әдеб.»).

БЕЙІМСІЗ с ы н. **1.** *Бейімді емес, икемсіз, епсіз.* Күйі төмендеп, панасыз қысқы далада тебінге *б е й і м с і з д е р і н* алдын ала байқап, күтімге қойғызады (Ж.Орманбаев, Қос басшы). [Болат] Сонда менің іске *б е й і м с і з,* шалағайлығымның себебі белгілі болмақ. Менің әкем Алматыда жауапты қызметте істеп келеді (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). **2.** *Келіссіз, жөнсіз, ретсіз. Б е й і м с і з* байлық сүймес, бекер ерді, Езіліп қол кіріндей кете берді. Қалтасы тек жүргеннің тесік деген, Жоқшылық жанамалап жете берді (Ө.Тұрманжанов, Бозша.).

БЕЙІМСІЗДІК з а т. *Бейімсіз болушылық, икемсіздік, епсіздік.* Әйтсе де іс үстінде қайсыбір мамандардың таңдаған кәсібі саласында икемсіздігі, *б е й і м с і з д і г і* байқалып жүр («Лен. жас»).

БЕЙІМІРЕК с ы н. *Епті рек, икемдірек, ыңғайлырақ.* Бертін келе Меруерттің көркем сөз оқуға *б е й і м і р е к* екені байқалып, ол осы жолға түсті («Қаз. әдеб.»). Жә, болсын жатақ-қа үйі *б е й і м і р е к,* Сенен шын мұндағылар бейілдірек! Шашты ағай жұбатады жеңгемізді: – Налыма, берер кең үй кейінірек! (Ә.Сәрсенбаев, Жазылм. кітап).

БЕЙІН з а т. с ө й л. ***Бейне***. Зеңгер тау – *б е й і н* күмбез қиырдағы, Тегістік, әділдіктің биік тағы, Көздеген еңбек табы жету үшін, Әлемге тегіс жайлы бағыт-бағы (С.Сейфуллин, Шығ.).

БЕЙІНСІЗ с ы н. с ө й л. ***Бейнесіз***. Бұл сөзге сәулем не деп айтар екен, Дүниеде бір *б е й і н с і з* сайқал екен. Күн түскен күзгі шөптің мысалындай Махаббат базары сүйтіп тарқар екен (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

БЕЙІС з а т. с ө й л. ***Пейіш***. Жаным-ау, Әйгерімнің үні, осы қызыл көмейінің үні ме, жоқ *б е й і с* үні ме? (М.Әуезов, Абай жолы). Ешбір дін өйтіп дұспан бол демейді, Қанеки, бұл сөзіме кім таласар? *Б е й і с*, дозақ молда айтқан сияқты емес, Ақылды адам оны анық сондай демес (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ораза, намаз болмаса, *б е й і с т і* қайдан көресің, Ұл мен қызың болмаса, кейісті қайдан көресің (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

Бейістің үні. *Жұмақтың даусы, дыбысы.* Ішек бойлап, он саусағым жорғаласа, *Б е й і с т і ң ү н і* шығар қоңыр салқын (М.Дулатов, Шығ.).

БЕЙІТ [ар. **بيت**] з а т. *Өлген адамды жерлейтін қабір, мола.* Ертеде Оқыс, Яқсарт – Жейхун, Сейхун, Түріктер бұл екеуін дария дейтін. Киелі сол екі су жағасына, Болмаса, барсаңшы іздеп бабаң *б е й і т і н!* (М.Жұмабаев, Шығ.). Обаның төбесіндегі Омаға – Жамантай *б е й і т і* еді (Б.Майлин, Шығ.). Қодар мен Қамқа екеуі ақырын аяңдап *б е й і т* басына келді (М.Әуезов, Шығ.).

БЕЙІШ [ир. **بهشت**] з а т. с ө й л. ***Пейіш***. Сарыарқа мүлде *б е й і ш* боп, Елі еркін, кейіс жоқ, Мыңнан бірді таңдатты. Төрт түлікке толтырды, Толағай тұлдыр қыратты (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Әділ әдейі ойламаса да, «жаз жайлаудан жайнаған жасыл шөп, жарқыраған айнадай бұлақ, *б е й і ш т і ң* әуесіндей жан беретін ауа қалды-ау!» дегендей шеміршегінің асты қызып кеткенін сезбей қалды (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Болғысы жоқ ешкімнің бұйдалы адам, – Бастықтар бар сол үшін қудалаған. Біреулер бар қаладан *б е й і ш* іздеп, Қашып келген ауылдан – «Қу даладан» (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

БЕК[1] з а т. т а р. **1.** *Ерте кездегі Орта Азия түркі халықтарында ел билеуші ұлық, қоғам-*

дық-әлеуметтік, материалдық мәртебесі жоғары тап өкілі. Би мен *б е к т і ң* сәні жоқ – Елін қорғай алмаса, Тура жолға салмаса, Ыстығына күймесе, Суығына тоңбаса (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Қарахан *б е к т е р і н е* айтты: біздің бұ ұланымыз бір жасқа жетті, енді бұған не ат қоярсыз деп... (Әбілғазы, Шежіре). Олардың басында дархандар, тайпа басында *б е к т е р* тұрды (Қазақст. тарихы). **2.** *Ежелгі түркілер мемлекетінде қолбасылық дәрежесін білдіретін әскери шен, атақ.* Кейін 15 ғасырдан бастап *б е к* атауын «би» сөзі ығыстырып шығарды (ҚҰЭ).

БЕК[2] з а т. б о т. *Таулы жерде өсетін айыр жапырақты, тамыры жеуге жарамды өсімдік.* Жағаға қонсаң іргеде *б е г і* бар тамақ болатын (Қ.Жанәбілұлы, Әңгім.). *Б е к т і* кептіріп майға қуырып жейді немесе сүтке қайнатып ішсе жөтелді басады («Жаңа өмір»). Генералды тапқанша *б е к* қазып, сарана қайнатып ет жесем де осынау тіл бермес бекіністі тауда кемді күнді өткізбеймін бе? (А.Қалиұлы, Шығ.).

БЕК[3] с ы н. *Бекем, мықты, берік.* Ағайының көп болса, Бірлігі оның *б е к* болса, Жамандық жер кез келсе, Бір-біріне сеп болса, Бүтін тұрған бұзылмай, Отыз екі тіспен тең (Шал ақын [Құлекеұлы], Өлеңд.). Басына жүген киген соң, Ер тоқымын салған соң, Төс айылын бос тартты, Артқы айылын *б е к* тартты (Батырлар жыры). Ассалаумағалайкүм, көп жігіттер, Сайланған бәрің бірдей *б е к* жігіттер, Сайланып шыға қапсыз тобыңызбен Сөйлей тұр сөзің болса, ей, жігіттер (Қыз Жібек).

БЕК[4] ү с т. *Өте, тым, аса, тіпті. Б е к* қатты қуаныпты Шам қаласы, Қуанған өте қатты хан, қарасы, Мұнымен жұрт иланып қала берді, Жұрт ойлады екен деп өз баласы (Ә.Найманбаев, Шығ.). Өзі *б е к* рақымды кісі көрінеді: «Шаруа қалай, ел арасы тыныш па?» – деп һәммасін сұрады (М.Дулатов, Шығ.). Бірақ ондай *б е к* жүйрік, тым тәтті тіл Неше мыңнан біреуге бітеді, біл. Анда-санда біреуді азар берген, Бұрынғы өткен есепсіз бұлдыр көп жыл (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Бек жақсы. *Өте жақсы. Б е к ж а қ с ы,* бірақ әуелі бетімнен сүйші (М.Әуезов, Шығ.).

Бек тұтты. *Қатты қадірледі, берік құрмет тұтты.* Досыңды дос деп *б е к т ұ т ы п,* Жауыңды да шабысқам (М.Әуезов, Шығ.).

БЕКАС з а т. з о о л. *Сазды жерде мекендейтін ұзын тұмсықты құс.* Бөдене, *б е к а с,* балшықшыларға № 7–8 бытыра, үйрекке № 4–5, қаздуадаққа № 2–3 бытыра пайдаланылады (Ш.Айманов, Қыран.).

Бекас балық. з о о л. <лат. zencisus lenmani> *Ұзындығы 14–15 см, қамыс түстес, арқа қанаты ара тісті балық. Б е к а с б а л ы қ* Жер-орта теңізінде, Атлант мұхитында ауланады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

БЕКАУЫЛ з а т. к ө н е. ә с к. ***Бақауыл***. *Б е к а у ы л* оларға да тартып тамақ, Тойдырды түрлі мива тамақ (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). **2.** *Патшаның қасындағы нөкер, қызметкерлері.* Тұр еді кей-қысырау шың басында, бірнеше *б е к а у ы л ы* бар қасында (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

БЕКБИКЕ з а т. т а р. *Ақсүйек пен бектердің әйелі мәніндегі атау сөз.*

Белгілі бекбике. *Жаны қиналып, ауыр жұмыс істемейтін ақсаусақ.* Ілияс өз ішінен Саняны «белгілі *б е к б и к е н і ң* өзі екен, бұл мұнда не бітіріп келген» деп ойласа, Саня, әрі маман, әрі сымбат, келбеті және бар екен (Қ.Мұхаметжанов, Өзіме де.). Ал, Мүсірәлі болса, бұрынғы *б е л г і л і б е к б и к е,* бүгінде озық, шопан (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БЕКЕМ с ы н. **1.** *Берік, нық, мығым.* Өзі князь, әрі бай, шешен деген, Досы да көп, уағдаға *б е к е м* деген. Сөз ішінде байқатпай отырмайды, Қатынсыз, әзір салтаң екендігін (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Іргесін *б е к е м* қондырған. Берекелі ел болдық. Жауының жүзін солдырған, Келелі шалқар кен болдық (Б.Майлин, Шығ.). Дін жолын *б е к е м* ұстауды үлгі етемін деп, Құнанбай аға сұлтан боп тұрған күнінде Қарқаралы қаласында мешіт салдырған (М.Әуезов, Әр жыл.). **2.** *Мықты, қатты.* Ана өзін *б е к е м* ұстауға бекініп алған екен, жылапсықтамады (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). Әкесінің елден де, өзінен де бекініп, *б е к е м* ой түйгенін түсінді (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

Белді бекем буды [байлады]. *Тәуекелге бел байлады, нар тәуекел етті.* Білгенімді жазушы ем *Б е к е м б у ы п б е л і м д і.* Мінін айтып қазушы ем, Түзетпек боп елімді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Келін кеше кетем депті, *Б е л д і б у д ы м б е к е м* депті, Байсымағы бірдеме айтса, Оны келін көтермепті (Б.Майлин, Шығ.).

БЕКЕМДЕ= е т. **1.** *Мықтау, нықтау, мығымдау.* Керегеңді кеуделет, Тарта байла таңғышын. Белбеуіңді *б е к е м д е.* Белеңді жердің желі жын (І.Жансүгіров, Шығ.). Аудандық комитет партия ұйымдарындағы мұндай босаң буындарды *б е к е м д е п* отыруды үнемі назарда ұстап, шаралар белгілеп келеді («Соц. Қаз.»). **2.** *Нығайту, күшейту, арақатысты нығайту.* Ресейлік мейман ЕурАзЭҚ пен БӘӘ-ті *б е к е м д е у г е* қатысып келе жатқандықтан, аталған екі құрылымды біріздендірудің маңызды екенін

айтты («Егемен Қазақстан»). Ол екі бағыттың екеуі де реформаға ынтаны күшейтпейді, тәуелсіздікті *б е к е м д е й* түспейді, демократияны нығайтпайды («Егемен Қазақстан»).

БЕКЕМДЕЛ= е т. *Күшею, нығаю, мығымдалу, нықталу, тәуекел ету.* Ажар Нұртай туғалы, бұрынғыдан да *б е к е м д е л е* түсті (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). Оқ даусы тыныш кешке, көтерді елді, Біреу жылап, біреулер *б е к е м д е л д і.* Екі жігіт көтеріп, қан сорғалап, Ұрыстан жараланып әкем келді (К.Тастайбеков, Өленд.). Одақтық бағыныстағы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар ел аумағында тиісті халық депутаттары Кеңестерімен алдын ала келіскеннен кейін республика Президентінің келісімімен ғана құрыла алатындығы туралы ереже заң жүзінде *б е к е м д е л д і* («Егемен Қазақстан»).

БЕКЕМДЕЛУ *Бекемдел етістігінің қимыл атауы.*

БЕКЕМДЕН= е т. *Мығымдану, беріктену.* Сезінген сайын сол бір майда демнен денесіне күш тарағандай болып, рульдегі қолы *б е к е м д е н е* берді (Ж.Жұмаханов, Екі жол).

БЕКЕМДЕНУ *Бекемден етістігінің қимыл атауы.*

БЕКЕМДЕУ[1] с ы н. *Мықтылау, қаттырақ, нығырақ.* Етегіңді шалбарыңа сал да, беліңді *б е к е м д е у* буын (С.Алдабергенов, Асу).

БЕКЕМДЕУ[2] *Бекемде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Арақатынасты жақсарту, күшейту, нығайту.* 2005 жылғы 18 қаңтарда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі арасында қазақстандық «Қазсат» байланыс және тарату спутнигін құру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылған болатын. Осы құжаттар екі елдің ғарыш қызметіне байланысты өзара ынтымақтастығын *б е к е м д е у г е* негіз қалады («Егемен Қазақстан»). **2.** *Нықтау, күшіне енгізу.* Біздің еліміз үшін жерді жекеменшікке жатқызу мүмкіндігін конституциялық тұрғыдан *б е к е м д е у д і ң* маңызы ерекше болды («Егемен Қазақстан»). Қазіргі уақытта біздің алдымызда демократияны атқарымдық тұрғыдан *б е к е м д е у* міндеті тұр («Жас Алаш»). **3.** *Дәлелдеу, дәйектеу.* «Мынаны қарай гөр – деді ішінен. – Тоғышарлардың да өмірге деген өз көзқарасы, дәлел, тұжырымы бар екен. Онысын теориялық жақтан *б е к е м д е п*, өздерінше, заңға айналдырғысы келді» (Қ.Жұмаділов, Саржайлау).

БЕКЕМДІК з а т. *Бекем болушылық, мықтылық, беріктік, қаттылық, нықтық.* Бірақ сөзінде үлкен сенім, берік *б е к е м д і к* бар («Лен. жас»). Қарт палуанның өңінен байсалдылық, тастай түйілген *б е к е м д і к* байқалады (М.Тәнекеев, Қажымұқан). Қазақ әйелінің қандайы да күйеуінің ыңғайынан бұра тартып кете алмайтынын білетін оған, мынау *б е к е м д і к* – үлкен батылдық, ғаламат бір қайсарлық сияқтанды (М.Сүндетов, Ескексіз.).

БЕКЕР ү с т. *Босқа, текке, әншейін.* Елің үшін еңбек қыл, Отыра берме *б е к е р г е*, Көнбеге таяп қалғанда, Жүйрікке керек көтерме (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Біреуді біреуге үлгі етпек *б е к е р*, Қарамас жаман адам ұят, арға (Базар жырау, Шығ.). Бозторғай! Қарап жүрме сен де текке. Жүресің *б е к е р* шарлап ұшып көкте (А.Байтұрсынов, Шығ.). *// Жалған, өтірік.* Латынды қолдаушылар қазақ әріптері жазуға да қиын деседі. Бұл *б е к е р* (М.Дулатов, Шығ.). Қу дауысты Құттыбай Қазақ туын көтерді, Даналықпен айырды Келер менен кетерді. Өтірік деші, қанеки, Мен айтпаймын *б е к е р д і* (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Бекер босқа [бекер бос]. *Тектен-текке, жайдан-жайға.* Қатерді енді өзіңіз түйесіз де, Шабылып *б е к е р б о с қ а* күйесіз бе? Осынша ел шабысып кете барса, Тимей ме талай таяқ күнәсізге? (І.Жансүгіров, Өленд.). Төлеген сонда сөйлейді: *«Б е к е р б о с қ а,* шешеке-ау, Көзіңнің жасын бұлама!» (Қыз Жібек). Ешкі айтты сонда: қасқыр дос! Өз тамағың көздеген. Қамқорсыма *б е к е р б о с* Жалған бекер сөзбенен (Ө.Тұрманжанов, Қарлығаш).

Құр бекер. *Бостан-бос, тектен-тек.* «Қап, асығыстық істеген екенсің», – дегісі келіп, оңтайлана берді де, өтіп кеткен іске *қ ұ р б е к е р* өкіндіріп, опық жегізгенде қайтем деп іркіліп қалды (С.Омаров, Дала қызы).

БЕКЕРГЕ ү с т. *Босқа, текке, әншейін.* Сен *б е к е р г е* күлесің! – деді жиналып келгендер «конторға» кеткен соң бригадир маған: – Ерденнің мінезін білмеуші ме едің? (З.Шашкин, Өмір.). – Неге, пайдасы болмаса *б е к е р г е* біреудің аманатын ала ма? – деді Тәжи (І.Жансүгіров, Шығ.). «Тыныштық, Ауке, тыныштық, Төздік қой, жетер, қатерге. Алыстық, жеңдік, ұрыстық, Кетпеді күрес *б е к е р г е* (М.Мақатаев, Шығ.).

БЕКЕРДЕЙ с ы н. *Бекер секілді, текке, жайдан-жай сияқты.* Сен болмасаң, дүние Мені жаншып кетердей, Мен болмасам кім не, Саған өмір *б е к е р д е й* (Ғ.Қайырбеков, Алтын.).

БЕКЕРДЕН-БЕКЕР ү с т. *Бостан-босқа, жайдан-жай.* Көп әндерде ылғи бір алып ұшпа сезім, «күйдім, жандым», *б е к е р д е н-б е к е р* тамсану, бостан-босқа күйзелу бар («Қаз. әдеб.»). Мәдекең жиналыста теріс бақпайды. Кісіні ол *б е к е р д е н-б е к е р* қаралайтын адам емес! (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).

БЕКЕРЛІК з а т. *Бекер болушылық, бұрыстық, теріс тік, бекершілік. «Б е к е р л і к* екен менің бұл ісім» деп, Қолын алып жұртына қайта көшті (Абай, Тол. жин.). Телефон мен хатқа жауап қайырды. «Жалғыздық құртады» деп уайымдағанының *б е к е р л і г і н е* енді көзі жетті («Қаз. әдеб.»).

БЕКЕРШІЛІК з а т. **1.** *Қателік, теріс тік, бос әурешілдік.* Оқуды мойныма бұғалық түскендей көріп едім. Оның бәрі *б е к е р ш і л і к* екен (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). **2.** *Орынсыздық, оғаштық.* Кеше мектеп директоры келіп, мектеп үйін жөндеуге қол ұшын беруімізді өтінген еді. Бұл жерде бізді кінәлауын *б е к е р ш і л і к* («Лен. жас»). Үн-түнсіз, тіпті қоштаспастан кеткенім *б е к е р ш і л і к* болды ма? (М.Дүйсенов, Гүлжан.). **3.** *Әурешілік.* ≈ Бұның *б е к е р ш і л і к.*

БЕКЕТ з а т. <лат. station> **1.** *Қатынас көліктер, жолаушылар мен жүргіншілер аялдайтын, жол бойына орнатылған орын.* Жабай осы арадан екі шақырымдай жердегі *б е к е т к е* жаяу тартты (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Сұлтанмахмұттың почтамен жүретін болғанын естіп біліпті де, Жарқынбай Кереку–Баян қара жолы *б е к е т т е р і н е* адамдар аттандырыпты (Д.Әбілев, Ақын.). Торғайға қарай жүретін үлкен қара жолмен Ырғыздан шығып келе жатырмыз, жетпіс шақырымдай жер кеткенде алдымызда мұнарланып *б е к е т* көрінді (С.Шарипов, Бекболат). **2.** *Кішігірім теміржол стансасы.* Жүрдек поездай жүйткіген өмір бір күні: «Ал, пендем, сенің соңғы *б е к е т і ң* осы», – деп түсіріп кете барды... (Е.Әлімжанов, Оралу). **3.** ж е р г. *Бөгет, суды тоқтатқан жер.* Әр жерден *б е к е т* жасап, қардың суын тоқтатамыз да, жазда мал суғарамыз (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). Бүгін *б е к е т т і* су бұзып кетіпті (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). **4.** и н ф. *Мәліметтерді өңдеуде үлестірілген жүйесінің кірістік, аралық немесе шығыстық бөлімі. Б е к е т т е* өңделетін ақпарат (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Бекет нөлі. г е о г р. *Берілген нүктедегі өзен, көл, теңіз деңгейі биіктігінің өлшенуі басталатын шартты деңгей.* ≈ *Б е к е т н ө л і* бойынша.

БЕКЕТТЕЙ с ы н. *Бекет сияқты, бекет тәрізді.* Аупарткомның бәрі де тоғыз жолдың торабы түйіскен *б е к е т т е й* болады (С.Бердіқұлов, Егеулі найза).

БЕКЕТТІ с ы н. *Бекеті бар.* ≈ *Б е к е т т і* ауыл.

БЕКЕТТІК с ы н. *Бекетке тән.* ≈ Бес *б е к е т т і к* жер.

БЕКЕТШІ з а т. *Жол бойындағы жолаушылар мен жүргіншілер аялдайтын орындардың қызметшісі, бекет ұстаушы.* Таудағы асуларда ғана аз үйлік жол қараушылар, *б е к е т ш і л е р* болады, жалпы жұрт болмайды (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Мұның себептері неде? Ең алдымен тергеуші және жедел қызметкер немесе учаскелік инспектор, *б е к е т ш і* болсын – ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсібилігі мен тәжірибесінің жоқтығында («Егемен Қазақстан»). Назымның әңгімені *б е к е т ш і д е н* сабақтап келе жатқанын Қажымұрат түсіне қойды (Қ.Ысқақов, Тұйық.).

БЕКЕУІЛ з а т. *Тірек, себеп.* Бір елден екінші елге ауысу мәселесін зерттегенде сыртқы ұқсастық ешнәрсеге *б е к е у і л* емес, тұрақты тиянақ бола алмайды (С.Талжанов, Ұлдай.).

БЕКЗАДА [*бек* және парсы زاده – заде (ұрпақ)] з а т. **1.** т а р. ә л е у м. *Орта Азияның кейбір елдерінде және түркі тілдері мен түркі әлеуметтік ұйымдарының ықпалына түскен мұсылман Шығысында арнайы термин мағынасында ірі тайпа, ру басының немесе феодалдық әміршінің баласы.* Шығыстағы әлеуметтік-саяси және әкімшілік иерархияның басында бек отырған кезде термин болып енді. Бұл тұрғыда *б е к з а д а* термині билік жүргізбеген, өз әкесінен өкімет басқаруды мирас етпеген ханның баласын білдіретін ұғылан немесе сұлтан терминдерімен мәндес (ҚСЭ). Түнгі тәртіпті сақтаушы *б е к з а д а н ы* жандарына қосып, бұл істі сол басында терген бітіріп қайтуға, онда шешілмейтіндей болса, бәрін қазыға алып келуге жұмсады (С.Айни). Тойыма келген патша, уәзірлер, *б е к з а д а л а р д ы* құр қайтаруға болмайды, қызметші қыздардың қолында бір-бір қалта алтын болмақ (Мың бір түн). Қыстың күні еді. Үйде сол күні қасқыр қуып, аттары болдырып қалған бір-екі *б е к з а д а л а р* да бар болатын (І.Есенберлин, Қahар). **2.** а у ы с. *Шыққан тегі, жаратылысы артық саналушылар, ақсүйек тұқымы.* Қиянатшыл сұмдардың, Сонда-ақ сыры білінген, Ханзада мен *б е к з а д а,* Ханға жақын бай зада (И.Байзақов, Шығ.). Оңтүстік уәлаяттың әкімі де бұрынғы *б е к з а д а л а р д ы ң* бірі екен (М.Әуезов, Индия очерк.). *Б е к з а д а* ұғымы дәстүрлі қазақ дүниетанымында ақсүйектік, текті лік мәнінде де қолданыла береді (ҚҰЭ). **3.** а у ы с. *Текті, таңдаулы; ауқатты адам.* Өзі де, аты да *б е к з а д а* емес, кәдімгі көптің бірі, ауылдағы, тек мал басындағы шаруаның баласы (Б.Момышұлы, Жауынгер.).

БЕКЗАДАЛЫҚ з а т. *Бекзадаға тән, бекзадаға қатысты.* Мәселен, ақсүйектің абырой түсінігі оның *б е к з а д а л ы ғ ы н а* сәйкес келуі керек (Ә.Бәженов, Дүниеге көз.). Қасымхан аз сөйлеп, сан сөздің тоғысқан түйінін ұстауға тырысатын, болмысында *б е к з а д а л ы қ*

асыл қасиеті бар образ деңгейіне көтерілген («Лен. жас»).

БЕКЗАТ з а т. **1.** т а р. *Бек әулетінің тұқымы, бекзада.* Текті, *б е к з а т* делінетіндер Тұрсынның басынан әлі де аса қарайды. Шаш қойып, бірсыдырғы тәуір киінгені болмаса, мұнда жөнді дүние-мүлік жоқ (Ә.Көшімов, Лашын.). – Алтын сарайдың ішінде отырған *б е к з а т* сияқты сөйлейсің. Бар, бар енді тезірек, – деді Күнікей (І.Жақанов, Махаббат.). Дөң басында тұрған торы аттылы белгілі Күрленнің тап өзі екен. Ойланғаным жоқ, аттың басын *б е к з а т т ы ң* өзіне тура бұрдым (Х.Есенжанов, Тар кезең.). // *Текті, қасиетті, асыл.* Қырмызы асыл *б е к з а т* бір мінезім... Бар еді бір сыйлайтын бір мінезім (Біржан). Ақ киіз қыз отауы қызыл-жасыл, Отаудың іші-тысы бәрі де асыл. Ішінде қыз-келіншек басын қосқан, Отырған ортасында *б е к з а т* нәсіл (Үш ғасыр.). Әкем маған: «Сауда қылып мал тап!» – дейді. Жарым маған: «Мал деген не, тек жат!» – дейді. Елім маған: «Елге еңбек қыл» дегенде, Жарым маған: «Жатқан адам *б е к з а т!*» – дейді (М.Жұмабаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Текті, тұлғасы биік адам.* Жеткізбек болды Науфал аманатты, Осындай көрдің бе шын *б е к з а т т ы*. Шақырып Зайіт деген бір жолдасын Тапсырды қызға бер деп осы хатты (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Бекзат газдар. х и м. *Менделеевтің химиялық элементтер кестесі жүйесінің сегізінші тобына кіретін газдар бірлестігінің жалпылама атауы. Б е к з а т г а з д а р* тобына кіретіндер: гелий, неон, аргон, криптон, конон және радон. Стандартты күйінде түссіз, иіссіз бір атомды газдар (Қаз. тілі термин. Геология). *Б е к з а т г а з д а р* аздаған мөлшерде аздаған ауада, кейбір таужыныстарда, еріген күйде суда болады. Сондай-ақ алып планеталар атмосфералардың бар екендігі байқалады (Қаз. тілі термин. Геология).

БЕКЗАТТЫҚ з а т. **1.** *Ақсүйектік, ауқатты, текті әлеуметтік топқа тән тектілік қасиет.* Ол өзін өте тәкаппар кейіпте ұстады және бүкіл түр-тұлғасынан *б е к з а т т ы қ* сезілетін («Білім және еңбек»). «Бәсе, бұлардың тұқымдарында бір *б е к з а т т ы қ* бар» деп ойлады Жәнібек разы болып (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). **2.** п с и х. *Адам бойындағы туған тегі, алған тәрбиесі мен көрген өнегесі негізінде сіңісті болған қасиет. Б е к з а т т ы қ* қасиетке ие адам көпшіліктен озық ақыл-парасатымен, мінезіндегі ірілік, кеңдігімен, жүріс-тұрысындағы өзгеше мәнерімен ерекшеленеді (ҚҰЭ). Қазақ халқының ұрпақ тәрбиелену ісінде *б е к з а т т ы қ қ а* баулу басым бағдардың бірі болған (ҚҰЭ). **3.** а у ы с. *Ықыластық, жақсы, таза көңілділік.* Әуелі әйел затына деген *б е к з а т т ы ғ ы м д ы* білсеңші («Қаз. әдеб.»).

БЕКЗАТЫМ з а т. *Ардақтым, асылым деген мағынада аялау мәнін білдіретін, жаны жақын адамына айтылатын атауыш сөз.* Сабыр қылсаң жайыңды Білер ме екен *б е к з а т ы м*? Көңіл аулап, сөз айтар Арадағы тіл хатым (Абай, Тол. жин.).

БЕККЕРЕЛЬ з а т. ф и з. *Радиоактивті заттағы нуклид немесе изотоп белсенділігінің халықаралық жүйесіндегі өлшем бірлігі. Б е к к е р е л ь* бір секунд ішінде ыдыраудың бір актісі өтетін нуклид активтілігіне тең (ҚҰЭ).

БЕККАСТЫ ү с т. с ө й л. *Әбден, тіпті. Б е к қ а с т ы* қаны қашып шөлдеп еді (А.Байтұрсынов, Ақ жол).

БЕК-СҰЛТАН з а т. т а р. *Ертеректегі қазақ қоғамындағы ақсүйектер, бектер мен сұлтандар сияқты ауқатты, текті әлеуметтік топ өкілдері.* Жаз көгалға көтерер шаңырағымыз да *б е к-с ұ л т а н* үйіне беріспейді (Х.Ерғалиев, Шындық.). Әскер басқа елді басып алуға керек, ал жауыңның ақылды адамдары, *б е к-с ұ л т а н д а р ы* сол елді билеуіңе құрал (І.Есенберлин, Алмас.).

БЕКСІН= е т. э к с п р. ж а ғ ы м с ы з. **1.** *Ақсүйек болғансу, өзін билік өкілі, бек сияқты сезіну.* Белін бекем буысам, *Б е к с і н г е н* қоңыр қаңқордан, Бердендер кегін қуысам (Манас).

БЕКТЕ= е т. *Ықтап орнығу, тұрақтау.* Бектікті біреу *б е к т е п* тұра алмай жүр, О дағы ұры-қарды тыя алмай жүр. Қарсылық күнде қылған телі-тентек, Жаза тартып ешбірі сұралмай жүр (Абай, Шығ. жин.).

БЕКТІК[1] з а т. **1.** *Өнегелі, текті адамға тән қасиет, бекзаттық, биік тұлғалық.* Бұл сөзім көп сөзімен дұрыс келді, Білдірдім білмей жүрген жұмысты енді. Байлығың, *б е к т і г і ң м е н* үзілмеген, Қанайдың, аманбысың, Ырысбегі (Айтыс). Екі жастың қуаныштары қойындарына сыймайды. Зікірияда *б е к т і к* жоқ, Айшада кемтік жоқ (С.Шарипов, Бекболат).

БЕКТІК[2] с ы н. *Бекке тән, бекке қатысты.* Жеке меншіктен туған *б е к т і к* ортаның психологиясы, дүниелік амалы осындай болмақ. Мұндай адамдарға өзінен басқа жол, өзінен басқа дүние жоқ (М.Әуезов, Әр жыл.).

БЕКУ *Бекі етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Тоқтамға келу, шешім қабылдау, ұйғару.* Маған аяушылықпен қарап отырған он жастар шамасындағы қыз бала осы ойға *б е к у г е* итермелей берді (З.Қыстаубаев, Ақ түн.). **2.** а у ы с. *Ресми шешіммен құпталу, мақұлдану.* Тәуелсіздіктің алғашқы кезінде ұлтаралық қатынас едәуір толқыды. Оған Қазақ ұлттық мемлекет-

тігінің Ата Заңында *б е к у і,* мемлекеттік тіл мәселесі, орыс тілінің статусы, екі елдің азаматтылығы, кадр саясаты т.б. себепші болды («Егемен Қазақстан»).

Тәуекелге беку. *Бір іске жалтақтамай батыл кірісуді ұйғару, белін бекем байлау.* Енді ойласақ: не қалды, Ата жұрттан кету бар. Жолға тігіп не жанды, *Т ә у е к е л г е б е к у* бар (Жамбыл, Шығ.).

БЕКУЛІ с ы н. *Бекітулі, жабулы, таңулы.* ≈ Есік *б е к у л і* тұр. **2.** а у ы с. *Байланысты; тәуелді.* Біреуде секілді, Байлаулы, *б е к у л і,* Өмірім түйіні (Б.Ізтөлин, Шығ.). Жезқазған – шежірем секілді, Жырына өмірім *б е к у л і* (Ә.Райымбеков, Құрыш білек.).

БЕКШЕ ү с т. *Бекке ұқсап, бек тәрізденіп.* Ызғарыңды ызғырықтай бізге өткіздің, Балқыда ұры Досан, бай Көшекше. Отырып еріккенде сөз жазыпсың, Еске алып ел намысын патша, *б е к ш е* (Айтыс).

БЕКШІЛ с ы н. *Бектікті жақтайтын, бектерді ұнататын.* Ал, аламандықты алға ұстап жүрген мен емес, өзің сияқты қаратаяқтылар: ханшыл, *б е к ш і л,* төрешіл задалар (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

БЕКШІРЕЙ= е т. э к с п р. *Жақтырмай бақырайып қарау.* Жігіт *б е к ш і р е й і п* қараған да қойған (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

БЕКІ з а т. в е т. *Жылқы ауруының бір түрі.* Шілденің ыстығында тоғайлы жердің жылқыларының шоқтық, қол, арқа, сауыр тәрізді дененің етті бөлігінен қан тамшылауын қазақтар жылқының «*б е к і с і*» немесе «*б е к і* қантастау» деп атайды (Жылқы. ауру.). *Б е к і н і ң* парафиляриоз атты шелі мен бұлшық етінде тоғышар тіршілік ететін құрт жаздың ыстығында қозатын, түнде толастап, күндіз ауыртатын кішкене жұмыр құрттары қоздыратын ауру екендігі дәлелденген (Жылқы. ауру.). *Б е к і* ауруы көбінесе жылқыда байқалатын жіңішке жұмыр құрттан болатын тері ауруы (С.Омаров, Мал терісі.).

БЕКІ= е т. **1.** *Ашық емес, жабық болу, жабылу.* Біраз күнді араға салып келгенімізде, кіре берістегі зіл қара қақпа енді қайтып ашылмастай боп *б е к і п* қапты («Қаз. әдеб.»). Ол кешікті, үйіне мен қарадым, Жасыл қақпа кенет бүгін *б е к і п т і* (Қ.Бекхожин, Достық.). **2.** *Ұстатылу, орнығу.* Күріш тұқымын жай қатарлап сеуіп, сіңірудің артықшылығы мынада: күріш жерге жақсы *б е к і п,* шашып сепкен егінге қарағанда едәуір аз жапырылады (М.Ерлепесов, Суармалы егін.). Тамыр арқылы өсімдік топыраққа *б е к и д і,* қоректеніп көбейеді (Т.Таубаев, Жасыл әлем.). Түскелі тұрған бос тақтай шегемен *б е к і п* қалды тоқтай (М.Хакімжанова, Намыс). **3.** а у ы с. *Бір тоқтамға келу, ұйғару.* Өз кесесіндегі көк шай әлдеқашан суып қалды. Жөнейт соның бәрін көзінің астынан аңдыса отырды. Баласына бұл жолы да ештеңе демеске *б е к і д і* (Ә.Кекілбаев, Дала.). Мен де осыны ауылға апарғаныңызбен дұрыстап оқымай ма деп ойлаймын. Өйткені бар дені қалада оқуға ауып *б е к і п* алыпты (С.Бегалин, Сәтжан). **4.** *Орналасу, ыңғайлану.* Көпірдің жау жақ түбінде *б е к і п* рота жатыр, сонда еді Баубек (Д.Әбілев, Жүрек.). **5.** а у ы с. *Бекемделіп нығая түсу, күшею, қатая қуаттану.* Сол достықтың *б е к і г е н,* Діңгегісің, туысың (М.Әлімбаев, Құрбыма). Кімде-кім болаттай *б е к і п* келе жатқан ұлт достығының арасына іріткі салып бұзам десе, ол – біздің тап жауымыз (І.Есенберлин, Қатерлі.). Кім Абайға түбегейлі жау болар-ау десе, сонымен бұның сыры да ұштасып, достығы да *б е к и* түсіп, тілеуі де ұзаққа қосыла беретін (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Бірін-бірі қуалап, ай соңынан ай озды, бірін-бірі жетелеп жыл соңынан жыл озды, не керек, Шолпанның «бала болмасын» деген ойы бекігеннен *б е к і д і* (М.Жұмабаев, Шығ.). **6.** а у ы с. *Күш жиып әлдену, қайраттану.* Жалғанды жалпағынан басып өтіп, Жасарып қайта туып алдым *б е к і п* (Жамбыл, Шығ.). **7.** а у ы с. *Сабыр сақтап, өзіне берік болу, көңілін босатпау.* Ет-бауырым елжіреп көзімнен жас шықты. Көзімнің жасын көріп, әкем *б е к і г е н* түр көрсетті (Н.Сералиев, Қанат). Шырағым, *б е к і* енді, Қаншама бос болсаң да (Қ.Аманжолов, Шығ.). **8.** а у ы с. *Шыңдалып, сомдалу, жақсару, жетілу.* Бұл екі шығармашылыққа біз әншi Ермек Серкебаевтың орындау шеберлігін қоссақ, романс тұтастығы *б е к и* түседі (І.Омаров, Серпін). Ақынның жалпы білімі мен эстетикалық мәдениеті өскен сайын ақындық таланты да есейіп *б е к и* берді (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Колхоз адамы өскен сайын шаруасының қанаты да *б е к и* бермек (Ғ.Сланов, Шалқар). **9.** а у ы с. *Жоғарғы лауазымды орындардың ресми шешімімен құпталу, мақұлдану.* Тоқтаңыз, мүмкін Айдос Байсаловтың жобасы *б е к і п,* көл емес, тіпті, теңіз жасалатын болар (Ә.Әбішев, Пьеса.). Бригадирлікте қалдырамыз деді ме? – Құда қаласа, осы орынға *б е к и т і н* шығармын. Сен оны қайтіп есіттің? (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). Ел олардың орнына, болғысы келмеуіне қарамай, «ел тоқырар кісі» деп, Тобықты руынан Өскембайдың Құнанбайын ұсынып, жуық арада жоғарғы жақтан *б е к і п* келген (С.Мұқанов, Аққан жұлд.). **10.** а у ы с. *Тұрақтау, сіңу, орын табу.* Қыр жігіттері ешқайда кетпейтін, қусаң да көшпейтін маман

боп *б е к і п* қалды біржола (М.Сәрсекеев, Туған жер.). **11.** а у ы с. *Бел байлау, мойындау, іштей дайын болу.* Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі, «Мені» мен «менікінің» мағанасы – екі. «Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан, «Менікі» өлсе өлсін, оған *б е к і* (Абай, Тол. жин.). Айныған жоқ ол қайта, Осы ойға берік *б е к і д і.* Намыстың отын лаулата, Үрлей түскен секілді (Ж.Молдағалиев, Поэм.). Жау үйге кіре бергенде-ақ «суырдай іннен шықпай өлгенше, тобына шауып алысып өлейін» деген тоқтамға *б е к і п,* кішірек сүйір қанжарымды қолыма нық ұстап, есікке тақау келіп әзер шыдап тұр едім (Н.Габдуллин, Қызық дәурен).

Аямасқа бекіді. *Көңіліне қарамауға, аяушылық көрсетпеуге бел буды.* Тәңірі қосқан жар едің сен, Жар ете алмай кетіп ең. Ол кезімде бала едім мен, *А я м а с қ а б е к і п* ең (Абай, Тол. жин.).

Буыны [бұғанасы] бекіді. а) *Ержетті, есейді, ақыл тоқтатты.* Әрине, *б у ы н ы б е к і г е н* азаматсың. Жан-жағыңды, жүрер жолыңды өзің білесің. Ел танығаныңа, жер танығаныңа ешкім қарсы емес (Ә.Сәрсенбаев, Сағым). ә) *Жетілді, өсті.* Жас төлдер балау шөптерді жеп тез жетіліп, Арқалықты асқанша *б ұ ы н ы б е к і п,* есейіп қалатын (К.Оразалин, Ақ жазық). б) *Тәжірибе жинақтады, қалыптасты.* Бұл кезде *б ұ ғ а н а с ы* жаңадан *б е к і г е н* жас әдебиет өрнекті жолға түсіп, келелі әдебиетке айналуға қам жасап қорлану керек болды (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

Бұғанасы бекімеген. а) *Буыны қатпаған, ержетіп есеймеген, жас.* Сөйтіп әке кәсібі «мұра» ретінде балаға көшіп, қабырғасы қатпаған, *б ұ ғ а н а с ы б е к і м е г е н,* әлі сәби Дүйсенбек аштан өлмеу үшін жалға жүріп, жан бағуға мәжбүр болды (Д.Еркінбеков, Шығ.). ә) *Тәжірибесі аз, жаңа қалыптасқан.* Олар жаңа ғана туған, бірақ *б ұ ғ а н а с ы* әлі *б е к і м е г е н* өзбек совет әдебиетінің әрі дамуына барлық қастығын істеп бақты (Қ.Нұрмақанов, Дос.).

Жол бекіді. *Қар басып, сел жуу салдарынан т.б. себептен жол қатынасы үзілді.* Қиындап күннен-күнге бара жатыр. Семіз де арықтаған босап белі. Жеткізу азық шөпті о да қиын. Қар қалың, *ж о л б е к і г е н* қиын жері (Д.Еркінбеков, Шығ.).

Көңіл бекіді. *Ой орнықты, алаңдамады.* Айтқан жерінде екі тең нәрсе жатыр. Жігіттердің *к ө ң і л і б е к і д і.* Аттарын аулақтап, буылған нәрсенің қасында отырып, қызды күтті (І.Жансүгіров, Шығ.).

Қар бекіді. *Қар қатайды.* Қаңтарда *қ а р б е к і д і* қаба жауып, Түсіріп көңіліне үлкен қауып, Арғымақ ат аяғын суыра алмас, Қапыда басып кетсе жолдан ауып (С.Әлімбетов, Өлең.). *Қ а р б е к і п,* суық түскелі Сәтжандар сан рет шаңғы жорығын жасады (С.Бегалин, Уақыт.).

Құлақ [тарс] бекіді. *Тас керең боп, тұк естімеді.* Күн-түні дамыл алмай тыныштық жоқ, Дүрсілдеп оқтар жатты тарс-тұрс. Көз тұнып, *қ ұ л а қ б е к і п* шыңылдайды, Кей кезде тұншыққандай бітіп дыбыс (Ақын жырлары.). *Құлағы тарс бекіген* саңырау бірі, Өлі емес, дені сап-сау, өзі тірі. Дауысын дүңгірлеген естімейді, Құдайдың соқтықса да көк пен жері (М.Көпеев [Мәшһүр-Жүсіп], Шығ.).

Сенім бекіді. *Наным артты, сенді, әбден иланды.* Жабысты қолына қол, ерінге ерін, Соза бір содан кейін алып демін. Жөнелген майдан жаққа Тәуекелде *б е к і д і* Ажар мендік деген *с е н і м* (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға).

Сөз [уәде] бекіді. *Бір шешімге келді, келісті, уәдеге келді.* Осы уәдені бітіріп екеуі төсектеріне барып жатты. Жұмыс бітті, *с ө з б е к і д і,* енді уайымдары жоқ, екеуі де қорылдап қоя берді (С.Шарипов, Бекболат). Таныс боп фельдшер жүрген келіп-кетіп, Ішкі ойы Аппақайды көңіл етіп. Жүрегі Аппақаймен құп жарасқан, Бірақ сөз байланбаған, *у ә д е б е к і п* (С.Торайғыров, Шығ.).

Сүйегі бекіді. *Толысып жетілді, ержетті, есейді.* Сенен алып нұр сәуле, Қуатым толып, күш өсіп, *Б е к і д і* менің *с ү й е г і м.* Бәрін бірдей құнарттың Алпыс екі жүйенің (Жамбыл, Шығ.).

Тас бекіді. *Мықтап бекемделді, бекілді, жабылды.* Баяным дегесін ерні құрғыр қайта ашылып кетпесін. Сол екі атты айтқан күйі *т а с б е к і п,* жабылып қалсын (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

Іштей бекіді. *Бел буды, бір нәрсені мойындап, соған дайын болады.* Жанар бір іске белін буып, *І ш т е й б е к і п* алған сияқты, бет-өңі салмақты, батыл (Т.Ахтанов, Дала сыры).

БЕКІЛ= е т. **1.** *Бекіну, беріктену.* Аталы Қазақстан ел боп туып, ірге қалап *б е к і л г е н і* (Жамбыл, Шығ.). **2.** *Лауазымды орындардың ресми шешімімен құпталу, тағайындалу.* Қоңыр-Көкше деген елдің өткен сайлауда болысы болып *б е к і л г е н* Сәмен өз елінің қасқыры болды (М.Әуезов, Шығ.). **3.** а у ы с. *Жазылу, байлану, тұрақтау.* Ойланған сайын жанарым, Нұрлана түскен секілді, Естіген жаңа хабарым, Кеудеме жыр боп *б е к і л д і* (М.Хакімжанова, Жыр асуы). **4.** а у ы с. *Ұласу, шектелу.* Ар жағы айқасады Марқакөлге, *Б е к і л г е н* сонымен жердің шегі (И.Байзақов, Құралай.).

Қол аяғы бекілді. б е й н. *Біреуге немесе бір нәрсеге байлаулы болып қалды, еркінен айырылды.* Жар табылмас сен секілді, Мен де

сендей сорлы зар, *Қ о л-а я ғ ы м* берік *б е к і л д і*, Енді ненің орны бар? (Абай, Тол. жин.).

БЕКІЛУ *Бекіл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Сайлауға *б е к і л у*.

БЕКІМ[1] з а т. *Құпталған шешім, тоқтам, байлам.* «Тек айла табу керек, қайткенде де осы түнді жамылып, Арманды құтқаруым керек» деп түйді ол ішіндегі ызаны берік *б е к і м г е* сайып (Н.Оразов, Достар.). Кешке қарай өз *б е к і м і н* бүкпе-қақпасыз жайып салды алдарына (Б.Тоқтаров, Қыран.).

Бекім жасады. *Шешті, үкім шығарды; бел байлады.* Қой аузынан шөп алмас момын елдің малынан құрық, басынан сырық кетірмеген Қышқаш сияқты қанды балақ, баукеспе ұрыларды жергілікті өкімет адамдары ұстап, құртуға *б е к і м ж а с а д ы* (Х.Әбішев, Аспан сыры).

Бекімге келді. *Шешім шығарды, бел буды.* Дәл сол түні қайтсем де Ақбаянды бір көруім керек деген *б е к і м г е к е л д і м* (І.Есенберлин, Алтын құс).

БЕКІМ[2] с ы н. с ө й л. ***Бекем***. Бір ауданда биікпін, Бір ауданда аласамын. Қарағанды, Жезқазған облыстары жұртшылығымыздың өскелең өмірінен, табыс-дәулетінен берік те, *б е к і м* орын алады (Т.Сыдықов, Толған. тағдыр.). // *Өзіне сенімді, батыл әрекетке баратын адам.* Бір ауданда *б е к і м м і н*, Бір ауданда жетіммін (О.Әубәкіров, Жасыр.).

Бекім бол. *Бекем бол, берік, жауапты бол.* Малға *б е к і м б о л ы ң д а р*, Деп тапсырдым қауымға (ҚҰЭ). Қолдан ұстап бермеске *Б е к і м б о п* тұр үлкендер Жайымыз қандай болар деп, Толықсып тұр көңіл сел (Қаз. әдеб. хрестом.)

Белбеуін бекім буынды. с ө й л. ***Белін бекем буды.*** Нұрланның тәжірибесі жоқ, бірақ талабы бар, өмір табалдырығын жаңа ғана аттап, *б е л б е у і н б е к і м б у ы н ғ а н* сенімі бар жас шақ екенін аңғарды (З.Шашкин, Сенім).

БЕКІМДІ с ы н. *Бір тоқтамға келген, сенімі зор.* Забойға жеткенде Ләззаттың жан дүниесі мына қара көлеңке қуысқа бұрыннан үйренген жандай *б е к і м д і* болатын (Қ.Исабаев, Өрде.).

БЕКІМДІК з а т. с ө й л. *Бекемдік, орнықтылық, сенімділік.* Манадан бері ыңғайсызданып отырған Досбек бойына да неліктен екені белгісіз, бір *б е к і м д і к* пайда болған еді (Қ.Исабаев, Сұңқар.).

БЕКІН= е т. **1.** *Орналасу, орнығу.* Бақтығұл... шиті мылтықты барлық оқ-сайманымен мойнына асып алып, кешке шейін ел көзіне көрінбес үшін белгілі қора тасқа *б е к і н і п* отырған (М.Әуезов, Қараш.). Ақыры құтылуға мүмкіндіктері болмаған соң бір жерге *б е к і н і п* жаумен айқасуды ұйғарды (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). **2.** *Жабысу, жайылу, ену.* Ол үшін грунтқа *б е к і н і п* өсетін шырматор, келтесабақ және т.б. өсімдіктердің түрлерін еккен өте қолайлы (Қ.Қайымов, Су асты.). **3.** а у ы с. *Бір іске бел шешу, тәуекел ету.* Ұлт дегенде көпіріп, Жарайсың, қаным, қайнадың, Ұлтымнан мен садаға, *Б е к і н д і м,* басты байладым (М.Жұмабаев, Шығ.). Старшын, биді жиғыздым. «Береке қыл» деп, *«б е к і н»* деп, «Ат жарамды, үй жақсы Болсын, бәрің күтін» деп (Абай, Тол. жин.). **4.** а у ы с. *Іштей мойындау, өзіне берік болу, көңілін босатпау.* Ақбала жалынып-жалбарынғаннан да ештеңе шықпасын байқап, басына түскен іске *б е к і н і п*, қатайып алды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **5.** а у ы с. *Бекітілу, тұйықталу.* Адасқан күшік секілді Ұлып жұртқа қайтқан ой. Өкінді, жолың *б е к і н д і*, Әуре болма оны қой (Абай. Тол. жин.).

БЕКІНДІР= е т. **1.** *Орналастыру, орнықтыру.* Ашық далада бетпе-бетке төтеп бере алмасын біліп, Айдарлы хан бар әскерін, қару ұстауға жараған еркек кіндікті Аяз қалаға, қамалға *б е к і н д і р е д і* (Т.Ахтанов, Дала сыры). **2.** а у ы с. *Бір іске бел байлату, тәуекел еткізу.* Бойды *б е к і н д і р г е н* осындай үлкен сезім мені ертеңіне алдыңғы шепте қорғаныста жатқан ротаға бастап апарды (Ә.Бектемісов, Майдангер.).

БЕКІНДІРУ *Бекіндір етістігінің қимыл атауы; іштей мойындату, көңілін босатпау, орнықтыру.* Жылы сөздің мейірім саусағы жүрек сезімінің ең нәзік пернесін дәл басса керек. Мені *б е к і н д і р у г е* келген жолдасым енді өз кеудеме маңдайын сүйеп құлады (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

БЕКІНУ *Бекін етістігінің қимыл атауы; орналасу, орнығу.* Әр жағы ұзақ әңгіме, сол жерде бес танкист өзеннен танкімен өтіп, арғы қабаққа *б е к і н у г е* уәде бердік (F.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Бір-екі күн осы үңгірде *б е к і н у д і* дұрыс көрісті, өйткені осы беттерімен алысқа ұзаудың ретін таба алмады (Б.Шалабаев, Өмірде.). Сол күнгі соғысымыз жаудың бірінші қатардағы бекіністерін тартып алу, оған мықтап *б е к і н у м е н* аяқталған еді (М.Әбдуллин, Сұрапыл.).

БЕКІНУЛІ с ы н. *Үйғарымға келген, шешімге келген.* Ағайындар қалай қарсы алары өзіне бимәлім. Араларына бара көрем деп *б е к і н у л і* (А.Байтанаев, Қайнар.).

БЕКІНІС з а т. <нем. Fort> **1.** *Шабуылдан қорғану үшін сыртын айналдыра биік дуалмен қоршаған қорған, қамал.* Россия империясының шығыс жақ шетіне орыс армиясының *б е к і н і с і* ретінде «Верный» деген атпен бұдан жүз жыл-

дар бұрын орнаған бұл қаланың түрі европалық қалалардың ешқайсысына ұқсамайды (С.Мұқанов, Есею жыл.). Арқаның ол да бір азаматы – Шоқанның туған жері, ескі әскери *бекіністе* бір бүйірде қала берді (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Сауран қаласы Отырар, Сығанақпен қатар салынған қазақ елінің көне *бекінісі* еді (І.Есенберлин, Жанталас). **2.** ә с к. *Алдын ала дайындалған қорғаныс шебі; қорғану үшін жасалған арнайы әскери құрылыс.* Соғыс жобасы бойынша, Волоколамск аймағына мықты *бекініс* дайындау мақсатымен осы жерде жаумен неғұрлым көбірек соғысып, уақытты ұту керек еді (Б.Момышұлы, Москва.). Түн ортасына таман полк аса сақтықпен алға жылжып, таң атқанға дейін *бекіністер* салып үлгірді орман шетінен (Ә.Әлішев, Батыр.). **3.** т е р м. *Тұрақты әскері, қару-жарағы бар, қажетті азық-түлік т.б. нәрселермен қамтамасыз етілген, әскери-стратегиялық тұрғыдан маңызды, жау қоршауында қалған жағдайда қарсыласуға мүмкіндігі мол әскери тұрақ.* Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Европа территориясында әртүрлі дәрежесіндегі 150-ден астам *бекіністер* болады (ҚҰЭ). Қару-жарақтар мен әскердің *бекіністерге* топталуы қарсыластарға артиллериядан бастырмалата соққы беру арқылы бас көтертпей тастауына мүмкіндік беретін (ҚҰЭ).

Бекініс қамал. *Қорған.* Көміліп қалған қалалар, сәулетті сарайлар, *бекініс қамалдар* қаншама десеңізші! (Н.Баяндин, Гасыр.).

Құрлықтық бекініс. ә с к. *Топырақ үйіндісі, тас, ағаш т.б. қазіргі заманғы материалдармен қоршалған елді мекен түріндегі әскери-стратегиялық тұрғыдан маңызды қорғаныс әрі қарсыласу мүмкіндігі мол тұрақ. Құрлықтық бекіністің* сыртқы қоршауы құлататын жағдайда, ең соңғы кедергі есебіндегі тірек-қорғаны – цитаделі (гректерде – акрополь, римдіктерде – капитолий) салынған (ҚҰЭ).

Теңіз бекінісі. ә с к. *Әскери флот күштерінің шұғыл әрекет тірегі қызмет ететін әскери-стратегиялық тұрғыдан маңызды қорғаныс әрі қарсыласу мүмкіндігі мол тұрақ. Теңіз бекіністер* құрамында теңізге рейдтерге шығуға оңтайлы бірнеше аралдар, сондайақ қорғанысқа, кемелер мен қайықтарды жөндеуге, жабдықтауға қажетті құралдар болады (ҚҰЭ).

БЕКІНІС= е т. **1.** *Бірігіп бекіну, орналасу, орнығысу.* Осында *бекінісken* бір топ сарбаз, Көрінді түн бөктерлей келе жатқан (С.Мәуленов, Магниттау.). Өткенге үш ай зырлап өкініспі, Күні ертең көрсетпек боп өкім істі, Ұрыдай бұғып барып бір тоғайға, Қарауыл қойып, мықтап *бекіністі* (Р.Райбаев, Жаңа толғау.).

Уәдеге бекініспі. *Өзара шешімге келді, ұйғарысты, бел байласты.* Сол кеште Күлшебайды сілейте соғып, артынан татуласқанын да, бір уәдеге *бекінісkenін* де бұлар білген жоқ (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

БЕКІНІСТЕУ с ы н. *Көзден қалқалау, ықтасындау.* Қалың талдардың арасындағы бір *бекіністе у* үлкен, зор апан құдық сияқты кең шұқыр, шұқырда да байлаулы аттар (С.Сейфуллин, Шығ.).

БЕКІНІСТІ с ы н. ә с к. *Бекінісі бар.* ≈ *Бекіністі* қала.

Бекініспі аудан. ә с к. а) *Әртүрлі инженерлік бөгеттермен жабдықталған және арнайы әскерлер немесе жалпы әскер бөлімдерінің көмегімен ұзақ уақыт бойы мықтап қорғануға арналған далалық бекініспі құрылыстар жүйесі орналасқан жер.* Екінші дүниежүзілік соғыс алдында көптеген елдер қорғанысты нығайту мақсатында өз мемлекеттері шекаралары бойынша бірнеше шептен *бекініспі аудан* құрды (Қаз. тілі термин. Әскери.). ә) *Қорғану үшін құрылғы штаттағы әскери құрылым.* Ұлы Отан соғысы жылдарында Кеңес армиясында *бекініспі аудандар* бірнеше пулеметтік-артиллериялық батальондардан, оларға қызмет ететін және жабдықталушы бөлімшелерден тұрады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

БЕКІНІСТІК с ы н. *Бекініске тән, бекініске қатысты.* ≈ *Бекіністік* қорған.

Бекіністік құрылыстар. ә с к. *Қаланы, елді мекенді немесе белгілі бір аумақты қорғауға арналып тұрғызылған әскери-стратегиялық құрылыстар.* Теңіз жағалауында *бекіністік құрылыстар* жүргізу, қорғану туралы алғашқы жазба деректер Филон Византийский (б.з.б. 3 ғасыр) және т.б. еңбектерінде кездеседі (ҚҰЭ).

Бекіністік шеп. ә с к. *Қамалды қорғаныстар жүйесі.* 18 ғасырдың 30–40 жылдарында Қазақстанның батыс және солтүстік шекараларына алғашқы *бекіністік шептер* салына бастады (ҚҰЭ). Омбыны Семей және Өскеменмен жалғастыратын ұзындығы 930 км Ертіс *бекіністік шебінің* қабырғасы тұрғызылды (ҚҰЭ).

БЕКІНІСУ *Бекініс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Уәдеге *бекінісу.*

БЕКІП-БЕРКІ= е т. *Қатаю, сабырлы болу.* Төңірек талай өмір көзін жұмған, Қорғасын ғазиз бастар өзін жұлған, Бірақ та босамайсың, жыламайсың, Кетеді *бекіп-беркіп* төзім жылдам (І.Мәмбетов, Тарланбоз).

БЕКІРЕ з а т. **1.** *Еті мен уылдырығы өте бағалы, шеміршекті ірі балық.* – Балықтың ішінде, жарықтық *бекіре* ғой жуасы. Қойға

мінетін көбең тұғыр сияқты қолға тұра беретінін айт (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). *Бекіре* ойнар ақ теңіз Өңгеге терең болса да, Сіз өтейін дегенде Белгілі өткел болған ер! (Ер Тарғын). Қазанғап ағай бастаған төрт жігіт ұзындығы екі құлаштай бір үлкен *бекірені* зорға көтеріп әкеп, от басына сұлата салды (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). **2.** з о о л. <лат. asipenser guldenstadti> *Сүйекті балықтардың шеміршекті-сүйекті балықтар табы тармағына, бекіре тәрізділер отрядына жататын ірі балық.* Қазақстанда оның Каспий теңізінде, Еділ, Жайық өзендерінде тіршілік ететін екі түр тармағы бар: кәдімгі *бекіре* (А.д. dueldenstaedti) және парсы *бекіресі* (А.д. persicus) (ҚҰЭ). *Бекіренің* аталығы 7–8, аналығы 9–10 жылда жыныстық жағынан жетіледі (ҚҰЭ).

Бекіре тәрізділер. з о о л. <лат. acipenseriformes> *Сүйекті балықтардың шеміршекті-сүйекті балықтар табы тармағына жататын отряды. Бекіре тәрізділер* – мезозой эрасының пора кезеңінде пайда болған балықтардың ежелгі тобы. Олардың екі тұқымдасы (бекірелер, ескектұмсықтылар), 4 туысы, 25 түрі (оның ішінде Сырдария тасбекіресі, Арал бекіресі Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген) бар (ҚҰЭ). *Бекіре тәрізділер* Солтүстік Американың Миссисипи, Миссури өзендерінде, Еуропаның Азов, Қара, Каспий, Балтық теңіздерінің бөлігінде, ал Қазақстанда Каспий, Арал, Балқаш алаптарында, Ертіс өзенінде таралған (ҚҰЭ).

Бекіре тұқымдас. <лат. acipenseridae> *Бекіре тұқымына жататын балықтың түрлері.* Арал теңізінен бұрын *бекіре тұқымдас* және басқа құнды балықтар ауланатын еді (Н.Баяндин, Атамекен).

БЕКІРЕДЕЙ с ы н. *Бекіре сияқты, бекіре тәрізді.* Сейтен ауға түскен *бекіредей* жанталаса тулай берді (І.Есенберлин, Қаһар).

БЕКІС= е т. *Тіл табысу, татуласу.* Япырай, шекісіп отырып, *бекістіңіздер* білем. Қатар өскен замандас кісілердің осындайы артық (А.Хангелдин, Өткен күн.). Бесінші қарсы ұрыс басталды. Талай шекісіп, *бекісіп* қалған жігіттер сақадай сай түр еді (С.Сейітов, Сөз сұра.). Айқасып қалғаннан соң қар мен құшақ, Кек кетті көтеріліп тозаңға ұсап. Дегендей: «Ер шекіспей *бекіспейді*». Сырларын сөйлеттірді достық қысап (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Сөз [серт] бекісті. *Өзара мәмілеге келісті, сөз байласты, уәде берісті.* Ал, Айбалта бас болып, бүкіл Бекбай баласы қол қойып, жоғарыға арыз жазатын болып сөз *бекістік* (С.Адамбеков, Атылған қыз.). «Өлім біреу... Оңай өлмеу бірақ та», Заңы осы серт байласып *бекіскен* (Қ.Көпішев, Әке құшағы).

БЕКІСУ *Бекіс етістігінің қимыл атауы.* Шекісуіміздің көп боларын көріп отырмын, Крейгель мырза. Ал *бекісу* жағына көзім жете бермейді (А.Сүлейменов, Бесін).

БЕКІТ= е т. **1.** *Мықтап, қатты етіп ұстату, тарту.* Бекітті сауыттарын түймелесіп, Құйысқан, айылдарын алды тартып. Абылай, ер Қабанбай, би Боранбай, Шақырды аруақты ердің бәрін сарқып (Ә.Найманбаев, Шығ.). Бес қаруын берік байлап, Аққұс аттың беліне *Бекітіп* тартты тұрманды (Базар жырау, Шығ.). **2.** *Бітеу, бөгеп тастау.* Сол әскер суды өрлеп талай жүрді, Судың басы бір құзар шатқа кірді. Шаттың аузын *бекіткен* алтын қорған, Қақпасы бекітулі көзі көрді (Абай, Тол. жин.). Ашық қора бүтін, сәл кетілген жерлеріне кесек, тас қалап *бекітіп* тастапты (Д.Досжанов, Зауал). **3.** *Жабу, қымтап тастау.* Жасымнан құдым өзім сөз өнерін, Кім білсін кімнің мұнда тез өлерін. Келмейді көргілері өзімді де, Біреулер *бекітіп* ап терезелерін (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). **4.** *Мықтап байлап тастау, жауып қою.* Ауылының желкесіндегі қиын тасқа боз биені төрт аяғын тас қылып *бекітіп* тастап, өзі үйіне келді (М.Әуезов, Қараш.) Аттарды осы жерге *бекітіп* қоямыз, бұдан былай жаяу кетеміз (С.Бегалин, Уақыт.). **5.** а у ы с. *Міндеттеу, жүктеу, жауапкершілігіне тапсыру.* Өткен жылдардағы тәжірибеге қарағанда, бір дақылды бір оқушыға емес, екіүш оқушыға *бекітіп* берген дұрыс екен (З.Ақышев, Біздің. шамш.). Сөйте-сөйте Мұсатай екеуі ашық әңгімеге көшті, жаңағы жігіт дәрігер екен. Орыс тілін білетін болғандықтан әдейі өзіне *бекітіпті* (Ө.Қанахин, Жер бас.). Жаңадан жұмысқа келген қыздарды әрбір жұмысшы әйелге *бекітіп* берді (С.Хайдаров, Теңіз.). **6.** а у ы с. *Тағайындау, билікке отырғызу, ресми түрде мақұлдау.* Бірақ Екінші Екатерина патша өзінің 1778 жылы 24 майда берген Указында оны тек Орта жүздің ханы етіп *бекіткені* (І.Есенберлин, Қаһар). **7.** а у ы с. *Ұстану, дағдыға айналдыру, тұрақтандыру.* Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс, жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс. Бастапқы үшін *бекіткеней,* соңғы төртті, Қылғанменен татымды бермес жеміс (Абай, Тол. жин.). **8.** а у ы с. *Нығайту, күшейту, қуаттандыру.* Бұл тәуелсіздіктің іргетасын *бекіте* түсетін, әрбір азаматтың жеке бостандығын қорғай алатын жаңа заманның әлеуметтік болмысына сәйкес келетін философияның қалыптасуына итермелейді («Жас Алаш»).

Бойын бекітті. *Денесін нық ұстады.* Бұла да *б о й ы н б е к і т і п,* Намыспен мүше шегелеп, Ақтабан тұлпар секіртіп, Абыройлы сапар шегер еді (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Сөз бекітті. *Келісті, уәделесті.* Солай деп *с ө з б е к і т і п* уағдаласты, Құрбан ғып бір-бірі үшін қымбат жасты. Құс ұшпаса, жан жүрмес жер табам деп, Ер Сәмен аралады тау мен тасты (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Тас бекітті. *Мықтап жапты, ашылмастай қамап тастады.* Ана тістері тіл қақпасын *т а с б е к і т і п* тастапты, қарысып қалған жақтары тісті тіске айқастыра түседі (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

БЕКІТКІШ[1] з а т. х и м. <франц. fixage> *Фотопленкаға түсірілген кескінді тұрақтандыруға арналған химиялық ерітінді.* Фотопленканы *б е к і т к і ш* ерітіндіде өңдеп бітпейінше, оған ешқандай да жарық түсіруге болмайды («Пионер»).

БЕКІТКІШ[2] з а т. и н ф. <ағыл. clamper> *Мәні операндтың адресі болатын атау. Б е к і т к і ш т і* пайдалану – бағдарламаларды компьютердің жадында орналасқан және бағдарламамен пайдаланылатын мәліметтердің өлшемімен тәуелсіздігін қамтамасыз етеді (Қаз. тілі термин. Информатика.).

БЕКІТПЕ[1] з а т. **1.** қ ұ р. *Фимараттардың аражабындары мен жабындарының көпқабатты құрылымдарындағы жұқа және біршама берік қабат. Б е к і т п е* – жүктемелерді (мыс., төбедегі немесе едендегі тұрған жүктердің, құрал-жабдықтардың, адамдардың) салмақ әсерін қабылдап, оны әрі қарай жылу немесе дыбыс оқшаулайтын төменгі қабатқа жылжытуға арналады (Қаз. тілі термин. Кен.). *Б е к і т п е* біркелкі құрылған (цементті-құмды, асфальт-бетонды және т.б.) және құрастырылған жұқа гипецементтен немесе керамзит-бетоннан жасалған панель түрлеріне бөлінеді (Қаз. тілі термин. Кен.). **2.** к е н. *Кеніштегі, шахтадағы кен қазбаларының төбесі мен қабырғалары опырылып құлап түспеу үшін, сондай-ақ, тау қысымын реттеу мақсатында қазба ішінде тұрғызылатын немесе тұтас орнатылған тау-кен техникасы құрылысы.* Тұрақты *б е к і т п е* кеніш, шахта аймағындағы кенді түгел алып біткенше сақталады және олар өте берік, жоғары сапалы материалдардан жасалады (Қаз. тілі термин. Кен.). Пайдалану ережелеріне, түсетін қысымның сипатына байланысты *б е к і т п е* қайыспайтын, аздап иілетін, топсалы және құрастырмалы, түртұрпатына қарай – тік бұрышты, трапеция тәрізді, күмбез, сақина тәрізді болады (Қаз. тілі термин. Кен.).

БЕКІТПЕ[2] з а т. ә с к. *Артиллериялық зеңбіректің ұңғы арнасын бекітуге және атуға арналған механизм.* Ашылу тәсіліне байланысты *б е к і т п е* көлденең (оңға немесе солға) және тік (жоғары немесе төмен) болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Б е к і т п е* гильзамен оқталатын зеңбіректе сыналы, оқталатын зеңбіректе поршенді болып келеді (Қаз. тілі термин. Әскери.).

БЕКІТТІР= е т. *Тіркету, тағайындату.* Тәжиді нотариустың алдына алып келіп, ақ векселді қайта жаңалатып, Тәжиге қол қойдырып *б е к і т т і р д і* (І.Жансүгіров, Шығ.). Жас агроном басқарып алып кете алмай жүрген сияқты-ау. Салғаннан бас агроном етіп бекер *б е к і т т і р д і* ме, қалай... (З.Шашкин, Сенім).

БЕКІТУ[1] *Бекіт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұстату.* Сасқалақтаған Әділ орнына отыра қалып, белбеуге жармасты. Бірақ ол айылбасты қалай *б е к і т у д і* білмеді (Ә.Нұршайықов, Батыр.). **2.** *Қатайту, беріктендіру.* Бұл кен шығарған жерлерді қымбат материалдарды пайдаланбай-ақ *б е к і т у г е* мүмкіндік береді (Қ.Сәтбаев, Қазақст.). **3.** *Ресми түрде тіркеу, тағайындау.* Бекболатқа мал қайырып алып берем деп келген жоқ, осы жұмысты сылтау қылып, Дүрімбайды қорқытып, келесі сайлауға *б е к і т у* үшін келіп отыр (С.Шарипов, Бекболат).

Көңілге бекіту. *Жадына сақтау, дағдыға айналдыру.* Сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайталап ойланып, *к ө ң і л г е б е к і т у* керек (Абай, Тол. жин.).

БЕКІТУ[2] е т. з а ң. <лат. ratus – бекітілген, facere – істеу> *Елдің жоғары мемлекеттік өкімет органының уәкілетті тұлғасы жасасқан халықаралық шартты осы органның ресми растауы, тіркеуі.* 2005 жылғы 26 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы қазақстандық «Қазсат» байланыс және тарату спутнигін құру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді *б е к і т у* туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды («Егемен Қазақстан»). *Б е к і т у* екі алуан актіде: халықаралық-құқықтық (грамотаны бекіту) және мемлекетішілік нормативтік (заң, жарлық т.б.) актіде көрініс табады (М.Ізімұлы, Заңи терм. сөздігі). Көптеген елдерде *б е к і т у* жасамас бұрын мемлекет басшысы парламенттің келісімін алуға тиіс (М.Ізімұлы, Заңи терм. сөздігі).

Бекіту грамотасы. з а ң. *Халықаралық шарттың мемлекеттің өкілетті органының бекітуін*

растайтын құжат. ≈ *Б е к і т у г р а м о т а с ы* бойынша.

БЕКІТУЛІ с ы н. *Ашық емес, жабық, кілттеулі.* Ауыл дегеніміз – есігі *б е к і т у л і,* түндігі жабулы шоқиған киіз үйлер (Б.Майлин, Шығ.). Сол кезде іштегі қару асынған адамдар шығып, *б е к і т у л і* қақпаны ашып жіберді де, дайын тұрған әскерлер лап қойып еніп кетеді (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Құлдықтан жоқ құтылған, Еркіндігі ұмытылған, Берік байлап тұтылған, *Б е к і т у л і ш а р т а р а п* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

БЕКІТУСІЗ с ы н. *Ашық-шашық, бекітілмеген.* Жалғыз-ақ сорлы қасқырдың басына қыс күні бар бәле орнаған, мұның бір ғана үміті – *б е к і т у с і з* қора, күзетсіз жылқы (М.Дулатов, Шығ.).

БЕКІТІЛ= е т. **1.** *Ұстатылу, қатайтылу.* Тұтқын бұлқынып көріп еді... орындықтың сирақтары еденге тас қылып *б е к і т і л г е н* екен (Қ.Исабаев, Соңғы.). **2.** *Жабылу, бекітпе салыну.* Ол есік-терезесі мықтап *б е к і т і л г е н* оңаша бөлмеде жатқан жоқ па еді? (К.Тоқаев, Тасқын). **3.** *Орнатылу, байлану.* Сүйретілген бөрене әрлі-берлі аунағанда үгіршіктің бауы шиыршық атып қолайсыз жағдай тудырмас үшін үгіршікке міндетті түрде айналсоқ *б е к і т і л е д і* («Білім және еңбек»). **4.** *Тіркелу, міндеттелу.* Он шақты сауыншы әйел белдемшелерін байланып алып, өздеріне *б е к і т і л г е н* сиырларына кезек-кезек электр сауғышын әкеліп қойып жатыр (Ғ.Сланов, Очерк.).

БЕКІТІЛУ *Бекіті етістігінің қимыл атауы; бөгет орнатылу, бітелу.* Қауіпті участоктарда бөгеттер жасалып, өзендердің жағалауы *б е к і т і л у д е,* танаптардың суы ағызылып жіберуде («Лен. жас»).

БЕКІТІМ з а т. *Тоқтам, байлам, шешім.* – Сөздерінің *б е к і т і м і* болсын, мына Құранды сүй! – деп ишан қасында беті ашық жатқан Құранды ұсынды (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

БЕКІТІС= е т. **1.** *Бірігіп ұстатысу, байласу.* ≈ Малды *б е к і т і с у.*

Уәде бекітісті. *Бірігіп келісті, мәмілеге келді.* – Басқаға бермесем де сендерге беремін, – деп, шаруалармен қол алысып, уәдесін *б е к і т і с і п* коштасты (Қ.Исабаев, Соңғы.).

БЕКІТІСУ *Бекітіс етістігінің қимыл атауы; байласу.* ≈ Малды *б е к і т і с у.*

БЕЛ[1] з а т. **1.** а н а т. <лат. lumbus> *Адам денесінің арқадан төмен, мықыннан жоғары жіңішке тұсы.* «Желіңіз бен *б е л і ң і з д і к і* бір сабақтас науқас қой. Бойдан кете қоя ма?» депті (Ж.Аймауытов, Шығ.). Дене әлсіздігіне, *б е л* ауырғанда, аяқ-тізе дәрменсіздігіне: әлбұршақ, жаңғақ дәні, алақаттың әрқайсысын тең мөлшерде алып, ұнтақтап бір ретте 12 грамнан күніне 2 рет ішеді (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Құяң ауруына қарсы... табаға қыздырылған арпа, тары кебектерін кенеп, мата дорбаға салып *б е л г е* басқан өте пайдалы (Е.Оразақов, Дәрігер.). Басына түйме бөрік, *б е л д е* кемер, Жарқылдап қарулары оттай жанар. Қыр мұрын, қынама бел әсем жігіт, Көргеннің көзі тойып, мейірі қанар (Н.Ахметбеков, Амангелді). **2.** *Жылқы малының ер салатын арқа тұсы.* Тарман атты Көбікті Еріндіктеп алады, *б е л і н е* терлік алады (Қобыланды батыр). Аттың *б е л і* күшті келеді (Ауызекі). **3.** г е о г р. *Жонда, қырда, жалда, адырда болатын жадағай кең асу. Б е л д і ң* биік тауларындағы кезеңге қарағанда салыстырмалы биіктігі аласа болады (ҚҰЭ). Созылып ұйықтап *б е л* жатыр, Төсін керіп көл жатыр, Тыныш тәтті түс көріп. Суға – айнаға қаранып, Салқынша леппен таранып, Қамыс та түр тербеліп (М.Жұмабаев, Шығ.). Қос күрең, қос алқа *б е л* тартады алға, Жарады жануарлар бар қадырға (Ғ.Қайырбеков, Дала.). **4.** а у ы с. *Арқа тұтар таяныш, тірек, сүйеніш.* Миллиондаған халықтың Сүйеніші едің, *б е л і* едің (Жамбыл, Шығ.). Далаға малы шықпады, Қорада жылы ұстады. Төрт үй деген ел екен, Бір-біріне *б е л* екен (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.). – Сүйенер қысылғанда *б е л і ң* қайда? (М.Дулатұлы, Шығ.). // *Белді, жетекші, ең басты, негізгі.* Шахан Мусин академиялық театрдың *б е л* артисі. Оны көбіне көп басты рольдерден көреміз («Қаз. әдеб.»).

Ала бел. *Беларқасы тұсындағы жүні ақ түске араласып кететін мал сипаты.* Талпақ мүйіз жуантақ *а л а б е л* өгізі жылтылдап, тұяғы сыртылдап, аяңдай берді (С.Мұқанов, Шығ.). Бұдан кейін Есдәулеттің «Ақбаяны», оған тетелес Аққірпіктің *а л а б е л* «Ақтанауы» келді... Бұлардың соңынан біреу леп те, түйдектеп те басқа құнандар да келіп жатыр (Д.Әбілев, Арман).

Арту-арту бел. *Қиын асу, қиын кезең. А р т у а р т у б е л* келсе, Атан тартар бүгіліп. Алыстан қара көрінсе, Арғымақ шабар тігіліп (Үш ғасыр.).

Асқар бел. п о э т. *Биік жота, үлкен қырат, асу.* Өзі үміт ететін, алыстан *а с қ а р б е л* санайтын Абайдай асыл аға, бұл асығыс жүріс кезінде Мәкеннің көзіне түспеді (М.Әуезов, Шығ.). Асау өзен, *а с қ а р б е л,* Көктен де қарап көрейік, Барады қалып туған жер, Семейім менің Семейім (С.Мұқанов, Өлеңд.). Бізден сәлем дейсің, Азулы деген көлдерге, Асқар, *а с қ а р б е л д е р г е* (Қобыланды батыр).

Асу-асу бел. *Бірінен соң бірі тізбектеліп, ұласып жатқан қырқа, жалдар. А с у-а с у б е л* едің, Асудан соққан жел едің. Жолдасымды бергендей, Қай батырдан кем едің? (Ер Тарғын). *А с у-а с у б е л д е р* де, еңсесі биік дөңдер де, аса соққан құмы бар құба жондар да қалып барады (Ә.Әбішев, Замана.). *А с у д а-а с у б е л* деді, Аса бір соққан жел деді, Сексен жігіт ішінде, Базарбайдың баласы Төлеген мырза кім деді? («Қыз Жібек»).

Аш бел. *Белдің талдырмаш, нәзік тұсы.* Әйел орнынан түрегелді, тек қап-қара қою шашы ғана *а ш б е л і н е* түседі (С.Сейфуллин, Шығ.). Бір айтпадың екі айттың, Екі айтпадың үш айттың, Үш айтпадың төрт айттың, *А ш б е л і м н е н* кесе айттың (Қамбар батыр). Ана қыз қимылынан көз ала алмай қалды; қапқара қос бұрымы *а ш б е л і н е* түсіп, сабырлы ширатыла жай басып барады («Қаз. әдеб.»).

Бел алды. а) *Күшейді, бой алды, дағдыға айналды.* Таластың түбі терең жатыр. Содан қорқам... Егер мұндайлар *б е л а л ы п* кетсе, сонда біздің не бітіріп жүргеніміз (А.Тоқмағамбетов, Шығ.). Бірден мойындауға батыл емес, тек ыға беруге *б е л а л ғ а н* сияқты (А.Байтанаев, Қайнар.). ә) *Қуат алды, қолдау көрді.* Жоламанның жаңағы сөзінен *б е л а л ғ а н* Бұғыбай бұл сапарға ашық кетті (С.Омаров, Күншуақ). б) *Қуаттанды, күшейе түсті, ығайды, күш алды.* Кенжехан оқу бітіріп келген жылы аудан *б е л а л ы п,* беделі асып түр екен (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Мұны түсіне қойған жол серігі желсоқты боп ашығып келе жатқан жігіттеріне жетіп, етті судан тосып алып, бір *б е л а л ы п* қалған екен (К.Әзірбаев, Аңыз.). Ракета заулап, *б е л а л ы п,* Жеті рет оралып, Кідіріп аял етпеді. Серіктері мен сарбаздар алдымен батырлардың оқ шығуын күтетін дағдасымен еріксіз аял етуде (С.Әбілқасымұлы, Оспан батыр).

Бел артынан. *Қыр астынан, дөңнен.* Молайтып минут сайын қасірет жырын, Жанында өксіп-өксіп жылады жел. Бозарып *б е л а р т ы н а н* таң атқанда, Соққыдан сенделгендей тұрады ер (М.Жұмабаев, Шығ.)

Бел аспады. *Ұзаққа бармады, мал болмады.* Оның суын ішкен мал, Тышқақ тиіп, *а с п а с б е л.* Көл деп оны кім жайлар, Суы құрысын, ол – бір шөл (Абай, Таңд. шығ.).

Бел [белден] асты. а) *Қырдан әрі өтті.* Түлкіні алып жүрді сайды өрлетіп, Бөдене бір *б е л а с т ы* бұрын кетіп, Түлкі жортып кезеңге таянғанда, Жалаң қаққан бір тазы келді жетіп. (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Орал тауынан *б е л а с ы п* келіп жатқан көшпе мұжықтың жүзден тоғызы Самар губерниясында тұр, қазақ жері де сол секілді (М.Дулатов, Шығ.). Майсордың бұлағына бір түнеп, малды шалғынға шеміршектетіп алып, қалың қаулы, жауылшалы, жоңышқалы, бетегелі бұйрат пен *б е л д е н б е л а с ы п* отырып, Шалшан адырының түбінен Шідертіге қылт ете түсесің (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.). ә) *Белгілі бір кезеңнен өтті, кезекті дәуірден өтті, ілгері ұмтылды.* Мен қайтармын болмақ үшін елмен ел, Ел *б е л а с с а, а с п а қ* үшін бірге *б е л* (М.Жұмабаев, Шығ.). Бір айы мен бір айын, Жазы, күзі, қысы бар. Қарлы боран, қара жел, Бұлдыр қағып *а с а р б е л* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ойдағы арман жердегі *б е л* сияқты бірінен *а с с а ң,* алдыңнан бірі шығады (Ғ.Мұстафин, Шығанақ). б) *Бір міндетті орындады.* Асыл тұқымды түлікті аман төлдетіп, бір *б е л а с қ а н д а й* Сәрсенбай аса көңілді (С.Бегалин).

Бел атасы. а) *Арғы, тұп атасы.* ≈ *Б е л а т а с ы* батыр еді. ә) *Тұп төркіні, нағыз көзі.* Қырғи қабақ соғыстың *б е л а т а с ы* Аденауэрдан мирасқа қалған осы одақ (Франция мен Батыс Германия арасындағы одақ) жаңа канцлер Эрхардтың тұсында нығая түсті («Лен. жас»).

Бел ауру. *Адамның кеудесінен төмен, мықынынан жоғары дене бөлігінің суық тиюден, ауыр жүк көтеруден және т.б. болатын сырқаты.* Ел арасында *б е л а у р у ы н* сылау да табылған ақыл. Сылауды әуелі жайлап сипалаудан бастап уқалайды (Е.Оразақов, Дәрігерлік.).

Бел байлады. *Бір істі орындауға шындап кірісті, ойын жүзеге асыруға батыл бекіді.* Соны ойлап қызыл жеміс мен таңдадым, Берсеңіз жемек болып *б е л б а й л а д ы м.* Топа-торсақ бұл сөзді айтқаным жоқ, Басында-ақ ойлап тегін абайладым (Абай, Тол. жин.). Менің *б е л б а й л а ғ а н* тәуекелім – жауды абайсызда оған сездірмей басып қалу (Б.Момышұлы, Жауынгер.). Махмет не де болса кешке дейін жаумен шайқасуға *б е л б а й л а ғ а н* (Ә.Нұршайықов, Махмет Қайырбаев).

Бел байласты. *Бір істі батыл жүзеге асыруға келісті, шешім жасасты.* Олар бір-бірімен айнымас ашына болуға *б е л б а й л а с ы п,* «Келіп тұрыңызды» қайта-қайта жаудырмалатып, жылы қоштасты (Т.Бердияров, Фарида).

Бел байлау қылды. *Арқау етті, жүрек жалғады.* Күнде сиырға барарда сол майдан ерітіп: «Жүректерің үзіліп кетер», – деп екеуіне екі қасық май ұрттатып жүрді. Күн ұзын соны нәр қылады. Әкесі үйдегі көтеремдерге қораның жамылғышын, көр-жерді қағыстырып әперіп, бір мезгіл *б е л б а й л а у қ ы л с ы н* деп, сиырларға қар астынан қара құмақ аршиды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Бел бала. а) *Өзінен туған бала.* Қызмет қылып жағынып, патшаның оң көзіндей қадірлі болған соң Мұсаны ел төбесіне көтерген. Сексенге келген Садуақас Мұсаның *бел баласы* (С.Шарипов, Бекболат). Жұмса әке, *бел балаңмын* – ұлыңмын. Ел бақытын, ер азабын Көрген сенің ұлыңмын (Б.Момышұлы, Шығ.). ә) *Жұрт қамын жеген халықтың баласы, азаматы.* Менің ойлап-ойлап тапқаным – Жалау жолдас сен болдың. Сен өкімет басындағы ақсақалымыз едің. Сен нағыз қазақтың *бел баласы* едің. Сен адырайған адай едің Мұңымды мен жалғыз-ақ саған шағамын (М.Дулатов, Шығ.).

Бел бермеді [берген жоқ]. а) *Күш бермеді, жеңгізбеді.* Қаратаз Кәленмен жүзбе-жүз кездесуден тайқып, сырттай аңдысып, бөрі айбатпен *белін бермей* кеткісі келді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). ә) *Сыр алдырмады, сыр білдірмеді.* Учитель келгендегі қалпынан өзгерген жоқ. «Болғанға берік бол» деген сөзі есіне түсіп, дүшпанына *бел бермеді* (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Оңашада оязға, Мақтаймын елімді. Өз еліме айтамын, «*Бергенім жоқ,* деп, – *белімді*» (Абай, Тол. жин.).

Бел бермес биік. б е й н. *Асусыз асқар сияқты биік, тұлғасы алып деген мағынада.* Қазақ жазба әдебиетінің, әдеби тілінің негізін салушы қазақтың ұлы ақыны Абай – *бел бермес биіктердің* бірі (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

Бел болды. а) *Сүйеу болды, тірек болды.* Бұлай ету Сәкенге күш, *бел болды,* алдына қойған мәселені [_ _ _] шешуге мүмкіндік жасады (М.Қаратаев, Туған әдеб.). ә) *Медеу тұтатын, мақтаныш ететін нәрсе болды.* Мына көрмеге қатынасқан малдарының жүлде алғаны үлкен *бел болған* (С.Бегалин, Уақыт.). б) *Арқа тұтар тұлға, таяныш болды, көсем болды.* ...Тұқымынан үйсіннің *бел болмақшы* ер екен (Жеті қаған.).

Бел босатты. а) *Дем алдыртты, тынықтырды, тыныстатты.* Таңдап мінген тарландарға *бел босататын* жанама жүйріктер жетектеп отырады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). ә) *Жайғасты, жайланды, жайбарақаттанды.* Бір деревняның шеткі үйіне кіріп, *белдерін* жаңа *босата* бергенде он шақты неміс солдаты іздерінше сау етіп үйге келіп кіргені (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). б) *Беларқасын жүктен ажыратты, бос қойды (мал туралы).* Балалар көп күтетін болды. Олар жүкті түсіріп, көк есектің *белін босатты* (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.).

Бел буды. а) *Ниет етті, ойға алды, оқталды.* Ол ақ адал еңбек етіп, маңдай терімен дүние жинауға *белін буады* (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). *Бел будым,* түстім әр жолға Тілегім қайтсем табам деп, Қарамадым оңсолға, Тілегім үшін шабам деп (М.Жұмабаев, Шығ.). Қасыма ертетін жолдасқа ат таба алмай, жалғыз өзім ғана Бетбақты басып өтіп, Түркістанға жүруге *бел будым* (С.Сейфуллин, Тар жол.). ә) *Серт берді, шешім жасады.* Айтыстың басында қасарып отырған Сұлубике кейін Зейнептен жеңіліп еңбек істемекке жұрт алдында *бел буды* (М.Әуезов, Әр жыл.). б) *Нық шешімге, тоқтамға келді.* Қандай сұрқиялыққа болсын тез *бел буып,* тез байламға келетін Ұлдай ауру әйелдің Ақмарал екеніне көзі еркін жеткен соң, бұл жолы да өзінің сұрқиялығына басады (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

Бел бүгілді. *Жасы келді, қартайды, қаусады.* «Ол күндердің келмеске кеткені рас» Дегендей, аппақ болған сақал мен шаш. Буын босап, қалтылдап, *бел бүгіліп,* Жерге аз-ақ тимей отыр селкілдеп бас (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Белге медет. *Арқа тірек, үлкен сүйемел.* Нақылды: «Белгі – *белге медет,* Шарайна қалды, белдік алтын кісе. Тайдан – ат, аттан мұрат, тірі болса, Тайыңды – таза асыңа, ұстар мүше» (Омар Шораяқ).

Белге [белден] соққан жыландай. *Әлсіреп, киреленделп, орнынан қозғала алмай.* Зылиқа Әшім ісіне басын шайқап, *Белге соққан жыландай* жел өтінде тұрып қалды (К.Оразалин). Көп адам қалған сүйреліп. Жүруіне дәрмен жоқ, Құтыла алмай тырбып, *Белден соққан жыландай* (Бабалар сөзі // Діни дастан).

Белге шықты. *Орта жасқа келді, ақыл тоқтатты.* Өмірдің өрін тауысып, білімсізбен алысып, *шықтың,* міне, *белге* енді (Абай, Тол. жин.).

Белге ілді. *Кеудеден төмен тұсына байлады, қыстырды.* Қобыланды еске түскенде Қыздың шері қозғалып, Ақмоншақ атқа мінеді, *Белінге* семсер *іледі,* Денеге сауыт киеді (Қобыланды батыр).

Белден басты. *Баса-көктеді, күшке салды.* Бекет, ерік өзіңде, Ер болсаң жалғыз арманым Қапыда *бастың белімнен,* Келмедің сайлы кезімде (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Белдің асты. *Жота, қыр, жонның жалпақ, кең асуының төменгі жағы.* Қылшық жүнді қыраны, Осынау *белдің астында* Аққозы кетіп барады (Батырлар жыры).

Белден батты. *Қарық боп қалды, кенелді.* Тарттырып «қашты, – деп, – жау» керней-сырнай, Қамдалып қайталық деп біз де тұрмай.

Арттырып қос, құралды қайта көшті, Олжаға *белден батып* ырғай-жырғай (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Қонаққа, – деді, – активті шақырайық, Қымыз бен майға *белден батырайық* (Ғ.Малдыбаев, Қырым қызы).

Белді буды. *Бекем болды, мықты болды.* Әйелге ешбір опа жоқ, Бүгін – жалын, ертең – шоқ. *Белді бу,* бетті жу (Абай, Тол. жин.).

Белдің сырқырамасы. м е д. *Белдің сыздап, созылып ауыратын ауруы. Белдің сырқырамасына* араққа тұндырып, ісік, шиқан, күйікке қарсы езіндісін жағады (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

Бел жазды. а) *Тынықты, әлденді.* Көмекке не туыс кеп, Қалды қарттар *бел жазып.* «Егін, егін – ырыс!» деп, Жаңғырықты кең жазық (І.Мәмбетов, Өсиет). Бауды байлай-байлай, мен әбден сіңірім созылып қалжыраған кезде, егін арасынан *бел жаза* ол (Орынтай) да түрегеліп, соңында бықып қалған дестелеріне сүйсіне қарайтын (Ғ.Орманов, Жүрек). ә) *Қайраттанды, қайта жасарды, бір жасап қалды.* Сондықтан да ел басына түскен ауыртпалықты жақсы түсінген қарттардың *белдері жазылып* кетті (М.Байбатшаев, Бел-белес.).

Бел жіп. а) к ә с. к ө н е. *Шыңырау құдықтан қауғамен су шығарғанда негізгі салмақ, күш түсетін түйеге байлайтын жіп. Бел жіпке* қауғаның шығар арқанын байлайды (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). ә) ж е р г. *Ершік арқылы арбаның екі тертесіне байланатын жіп, тартпа. Бел жібі* аттың ершігіне ілініп қалып, арбаның алдыңғы белдегі екі дөңгелегі мен бел жіптің бір жақ ұшы байланған тертесін айғыр тепкілей сүйретіп, бізді айнала шауып жүрді (С.Сейфуллин, Тар жол.).

Бел кетті. а) *Күш, қуат тайды, қартайды.* Жердің сәні болмайды. Ел кеткен соң жар-жар-ау, Жүк көтермес қара нар, *Бел кеткен* соң, жар-жар-ау (Айтыс). ә) *Еркектік қабілетін жоғалтты.* Рентген сәулесінің әсерінен еркектің *белі кетеді* деген сөзді үлкен дәрігердің өз аузынан естіген Әшімнің көзі бадырайған, сасқан адамның кейпі (З.Шашкин, Доктор.).

Бел көрді. *Арқа сүйер, тұлға санады, тірек тұтты, медеу көрді.* Биік *бел көріп,* панам бол деп бауырыңызға кіргенде – жеткізген жеріңіз осы болса, сізге де рақмет (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). ә) *Дұрыс санап, тәуекел деп кірісті.* Жау айналасын жібермей, Түгел шауып жатыр деп, Сол қимылын *бел көрді* (Манас). Балалардың ең болмағанда біреуін медреседе оқытуға болады. Бәрі бірдей қараңғы болып қалмасын депті. Соны шешем өзіне *бел көріп* қалай да Семейге жетуге ойланған білем (С.Бегалин, Сәтжан).

Бел көрсетті. *Күш жұмсады, қолданды.* Торғай комиссары қазақ пен орыс арасындағы болған жанжалдарды басуға және «большевик» болған мұжықтар қазаққа *бел көрсетіп,* қолдан келген істерді шұғыл істеп жатқан көрінеді (С.Сейфуллин, Тар жол.).

Бел күшке кірісу. *Киіп-жарып дегенін істету, кеудеге салу.* Ауданның желіктіруімен біз елді үгіттеп, түсіндіріп отырып істеудің орнына, *бел күшке кірістік* қой (Б.Майлин, Шығ.).

Бел қайысты. а) *Ауыр тиді, қиналды.* Екі трактор шы мен қосымша бір шөп оратын мәшине, екі маялағыш берілді. Әйтпесе, *бел қайысады,* қыруар шаруашылықты қамту мүмкін де емес қой («Лен. жас»). ә) *Жаны ашыды, аяды.* Шынын айту керек, колхоз өміріне аса көндікпеген ауыл адамдары ортаның малына ешкімнің *белі қайыспайды* (С.Жүнісов, Жапанда.).

Бел құда. э т н. а) *Тумай жатып ұл-қызын атастырған құдалар.* Біздің Торғай үйезінің атақты байы Бірәлі Бектас баласы да Смайыл қажыдан қалысатын емес, Бірәлінің Смайылдан кемшілігі – қажы еместігі, артықшылығы – «*бел құдасы*» бар (М.Дулатов, Шығ.). ә) *Байырғы қазақ дәстүрінде тумай жатып ұл-қызын атастыру салты.* Ілияс енді топ фельетондарын әйел теңдігін елемеушілікке арнады. Қалың мал, *бел құда,* бесік құда, әменгершілік сияқты феодалдық салт-санаға қарсы шабуыл жасады («Қаз. әдеб.»).

Бел құда болысты. *Тумай жатып ұл-қызын атастырды, баталасты.* Әйелдері жүкті екенін білген соң, Қарабай мен Сарыбай іштегі балаға *бел құда болысты* (М.Әуезов, Әр жыл.).

Бел қызығын көрді. *Бұл жерде айғырдың биеге шабуы туралы айтылып тұр.* Бұл ат қолда тұрмас деп, Тұрандағы жылқыдан, Он екі байтал алдырып *бел қызығын көрсін* деп, Жақсы тұқым берсін деп, Үйірге оны салады (Батырлар жыры).

Бел қылды. *Тірек етті, арқа тұтты.* Тоқал демексің, мүйіздемексің ғой бірігіп ап... Көрермін.. келсін ертең... деді. Ескерткені Құнанбай. Сұлу тоқал байына ыстық, *бел қылғаны* сонысы (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Сүйінбайдың Тезек алдында батыл сөз айтуына себеп – оның сүйенері, *бел қылары* Сұраншы батыр (Е.Ысмайылов, Ақындар). Осы елді ел қылған, Дәулетін шалқар көл қылған, Ер еді *бел қылған.* Телі менен тентекті Тыю салып ел қылған. «Абысыным, Ақырғай, Көздің жасын көл қылған» (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Бел немере. *Өзінің туған баласының баласы.* Ия, казак-орыс генералдарының қолында қамауда отырған Бақытжан – Қаратай ханның *б е л н е м е р е с і* (Х.Есенжанов, Тар кезең).

Бел омыртқа. а) а н а т. <лат. vertebrae lumbalis> *Адамның омыртқа жотасындағы кеуде омыртқа мен сегізкөз аралығындағы омыртқа сүйегі. Б е л о м ы р т қ а с ы* – бір-бірімен тығыз байланысқан 5 омыртқа. Олардың денесі мен білікше өсіндісі үлкен, жалпақ (Ә.Күзенбаева, Адам анатом.). Шал абайсызда жығыла жаздап барып түзелді. *Б е л о м ы р т қ а с ы* үзіліп кетті ме екен деп еді (З.Ақышев, Ақбел.). Әйелі күйеуге шыққан жылы үйдің төбесінен құлап, *б е л о м ы р т қ а с ы н* жарақаттап алыпты (І.Есенберлин, Ғашықтар). ә) *Малдың омыртқа жотасындағы, бел тұсындағы омыртқалары.* Мысалы, жылқының *б е л о м ы р т қ а с ы* ауырғанда киреңдеп, жүре алмай, шойырылып қалады (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). б) ***Белдеме***. Майлы қос жамбас, *б е л о м ы р т қ а,* сүбе қабырға, ортан, тоқпақ, асықты жіліктерді тақыр тері дастарқан үстіне жайып салды (Ә.Көшімов, Лашын.).

Бел омыртқасы үзілді. *Күл-талқаны шықты, қирады.* Жауға солай соққы берілді. Фашистердің *б е л о м ы р т қ а с ы ү з і л д і,* қазір менің Отанымда еңбек дүбірі ғана естіледі («Лен. жас»).

Бел орта. *Қақ орта, дәл орта; жуан орта, мол іші.* Шығарманың бояу-өрнектеріне айтылар дау аз емес, кітап *б е л о р т а д а н* ауған кезде, мүлде сүйыла бастады (Р.Нұрғалиев, Күре тамыр).

Бел ортасында [ортасы]. а) *Кісі жасының белгілі шамасының, белгілі бір мүшел жастың орта тұсы.* Мұстафа әкесі Мәулен – тоқсанның *б е л о р т а с ы н а* шыққан қуатты шал («Лен. жас»). Үй иесі отыздың *б е л о р т а с ы н а* келген қыр мұрынды, ат жақты, қою қара қасты, қара торы сымбатты келген жігітті колхоз шеберханасының қарапайым ғана жұмысшысы деп ойламайсың (С.Сарғасқаев, Сұлутөр.). ә) *Нағыз қайнаған шақта, қызған жерінде.* Ол бұдан жиырма жыл бұрын орыстың ұлы өзені бойындағы Волгоград түбінде от-жалынның ішінде, өмір мен өлім шайқасының *б е л о р т а с ы н д а* жүрген, ажал аузында талай болған адам (К.Тоқаев, Шығ.). Соның *б е л о р т а с ы н д а* ойын-сауықтың гүлі, жақсы істердің ұйымдастырушысы ретінде Үрмәш жүреді (Ә.Әлішев, Батыр.). б) *Қақ ортасында, тура орта шенінде.* Менен бірі төрт, екіншісі сегіз жас кіші Нақысбек пен Маржанкүл жаңағы көштің *б е л о р т а с ы н д а ғ ы* сары атанның үстінде, көздері жаудырап өтіп кетті (Ә.Кекілбаев, Шығ.). Сүреңсіз жағдайда жаланаш жапан түздің *б е л о р т а с ы н д а* күй тарта күлім қаққан шөл еркесі – көк айдын төрінен бетіңе келіп соғатын самал қандай көрікті, қандай рақат дүние десеңізші (Ә.Кекілбаев, Шығ.). Көлденеңнен қарағанда, сол ұзақтан-ұзақ созылған боз бұйраттардың *б е л о р т а с ы н д а* шұғыл әрекетке кірісті (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.).

Бел суытты. *Отырып демалды, демін басты.* Әйтеуір еңбек еткеннің жөні осы екен деп құр босқа далақтап, не бір кезек *б е л с у ы т ы п* та көрген жоқ («Лен. жас»).

Бел ұстасты. а) *Күреспек болды, белдесті.* Көгал үстіне шығып тұрған екі жігіт жалмажан *б е л ұ с т а с а* кетті («Лен. жас»). ә) *Айтысты, тартысты.* Бір кісімен *б е л ұ с т а с қ а н* емес. Оның өз ойынша басымды «ешкімге көрсетпедім» деп ойлайды. Сөйлеген сөзін биязылап, қасын кере, қабағын жыбырлата сөйледі (І.Жансүгіров, Шығ.).

Бел тартқызды. э т н. *Босануы қиын әйелге бел тарту әдісін қолданды.* Әйел босана қоймаса қарулы әйелдерге немесе қайын інілерінің біріне оның *б е л і н т а р т қ ы з а д ы* (Х.Арғынбаев).

Бел тарту. э т н. *Байырғы кезде қарулы әйелдерге немесе қайын інілерінің біріне толғақ үстіндегі әйелдің белінен қаусыра құшақтап, төмен қарай сылай тартқызатын баланың тууын жеңілдетіп, тездететін халық медицинасындағы тәсіл.* Қапал уезінде дәрігерлік қызмет атқарған И.С.Колбасенко қазақ тәжірибесіндегі *б е л т а р т у* әдісі баланы жылдам туғызуға шын мәнісінде көмегін тигізетініне өз көзімен куә болғандығын айта келіп, оны ғасырлар бойы дұрыс нәтиже беріп келген халық тәжірибесі деп бағалайды (Х.Арғынбаев). *Б е л т а р т у* деген ем бары тағы есіне түсті (М.Мағауин, Аласапыран).

Бел тартушы. э т н. *Әйелдің босануын тездетіп жеңілдету үшін бел тарту әдісін қолданушы (халық акушері).* Ол үшін *б е л т а р т у ш ы* адам әйелдің арқа жағынан отырып, сегіз көзден тізесімен сүйемелдей, белінен қаусыра құшақтап, арам шеміршектен төмен қарай сылай тартып, баланың тууын тездетеді (Х.Арғынбаев).

Бел шешті. а) *Жайбарақаттанды, жайланды, дем алды.* Көптен бері дәл осылай *б е л ш е ш і п,* арқын-жарқын отыра да алмаған екенбіз-ау (З.Қыстаубаев, Бәйтерек.). Ыстық тамақтан кейін жылы үйде денеміз балбырап, тез ұйықтап кеттік. Көптен бері *б е л ш е ш к е н і м і з* де осы еді (А.Лекеров, Қырда.). Екі

табында жалғыз қалған Өтеміс күндіз-түні аттан түскен жоқ. *Б е л ш е ш е т і н* жағдай бар ма (С.Қалиев, Еңбек.). ә) *Тәуекел етті, бір тоқтамға келді.* Керек десеңіздер бүкіл колхоз боп үлкен жиын шақырамыз. Онда малды не ұстайтын, не ұстамайтын боп, екі жағының біріне *б е л ш е ш і п* шығамыз... (С.Бақбергенов, Адам.). б) *Мықтап қолға алды, шындап бар ынтасымен кірісті.* «Қап, әттеген-ай, есіл мал», – деп мүсіркегеннен басқа *б е л ш е ш і п* кіріскен ешкім жоқ (С.Жүнісов, Жапанда.). Оныншы бітіріп, малға, колхоздың басқа да жұмыстарына *б е л ш е ш е* кірісіп жатқандар тіпті жеткілікті емес пе? (Б.Тоқтаров, Қырандар.). в) *Ашылды, ақтарылды, сеніп іштегісін жасырмады.* Раушан ойын бірте-бірте Уәли билеп барады. Балалық шақтан жаңа ғана асқан қызбен ешкім бұлай *б е л ш е ш і п* сырласып көрген жоқ еді (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн). Ағынды сулар, аймақ көл Табылса төңбек келтірер Дүшпанға *б е л і ң д і ш е ш і п* инанба Инантып тұрып өлтірер (Шалкиіз ақын // Алдаспан).

Бел шешпеді. а) *Мұршасы болмады, қауырт қимыл үстінде болды, дамыл таппады, тыныштық көрмеді.* Тоқсан жаста Ер Қосай *Б е л ш е ш п е й* жортып ел үшін Алты малта ас қылып Арпа суын ішкен ер (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Әр отардың жанында бүгін кешке үйлер тұрып, онда от жанып, түтін түтегені қой шетінде он бес күннен бері *б е л ш е ш п е г е н* шопандарға анық бір аязды күннің ортасында көктем лебі ескендей жылы тиді (М.Әуезов, Өскен өркен). Бірнеше тәулік бойы *б е л ш е ш п е й* ұзақ жүрген солдаттардың күн көтеріліп, арқаларын қыздырып, маужырата бастады (Ә.Шәріпов, Партизан.). ә) *Дамыл таппады, тыныштық көрмеді.* Еңбектегі ерен табыс жауға түсірер жасылды жеделдете түсері аян. Соның үшін де ол *б е л ш е ш п е й,* тер төге еңбек етті (Қ.Салғарин, Жаныңда жүр.).

Бел шойырылмасы. м е д. ***Құяң***. Буын сары суы, *б е л ш о й ы р ы л м а с ы,* экзема сырқаты барлар сағаты түсіп, құлан таза сауығып жүр («Қаз. әдеб.»).

Бел шыдатпады. *Белі удай ашып ауырды.* Қолды сәл босатсаң денеңді дірілдетіп, қалтқалт еткізеді. Еңкейе беруге *б е л ш ы д а т п а й д ы* (А.Жақсыбаев, Менің дос.).

Белі ауырмайды. *Жаны ашымайды, аямайды.* Бидайды мал жеп жатыр, оған ешкімнің *б е л і а у ы р м а й д ы* («Жас Алаш»).

Белі бүгілді. а) *Қартайды, қаусады, кәрілікке жетті.* Қартайсаң қарт бабаңды сыйлай бер, Күндердің күні болғанда, Кімдерде кімнің дейсің *б е л і б ү г і л м е с* (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). ә) *Қайғырды, қамықты.* Қара салды бетіне. Нұрының мінін ол түйіп, Сонда түсті есіне. Қармақтай *б е л і б ү г і л д і* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Сайрай бер тілім, Сарғайған соң бұл дерттен. *Б ү г і л д і б е л і м,* Жар тайған соң әр серттен (Абай, Шығ. жин.).

Белі бүкірейді. *Белі шор болып істі, бүктетілді.* «Құдай тағала шын тілесе береді екен ғой» деп қуанғаннан пердесін қайырып тастап қарасам, *б е л і б ү к і р е й г е н,* көзі қызарған, аузы опырайған, бет терісі қатпар-қатпар қасы түксиген, сақалы құдай бір шал тұр!.. (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Белі имейген. *Белі майысып, бүгілген, қартайып, қажыған.* Сол кезде біреу шықты есік ашып, Өлген кісі сықылды қаны қашып. *Б е л і и м е й г е н,* көзінің оты сөнген, Бір тұрып, бір жығылып азар басып (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Белі кеткендік. *Жылқы малында болатын бел ауруының бір түрі.* Белдеменің көк еті кетсе секеңдей қозғалады. Оны айыру үшін ат құлағына су құйғанда сілкіне алмаса *б е л і к е т к е н д і г і н і ң* белгісі («Қазақст. мект.»).

Белі көтерілді. а) *Жайбарақаттанып босап қалды, тыңайып алды, әлденді.* Кештен бері отта тынығып, *б е л і к ө т е р і л і п* қалған аттар түнгі жүріске өте көңілді сияқтанды (М.Әуезов, Қараш.). ә) *Күшейді, өзіне деген сенімі артты, батылдана түсті.* Кедей-кепшіктің Қапан ауылнай болғалы бері *б е л і к ө т е р і л е й і н* деді (Б.Майлин, Шығ.).

Белі қиылды. *Белі жіңішкерді, қылдырықтай болды.* Белін тарта тіккен екен, қыздың мықыны құлын мүшесіндей дөңгеленіп, *б е л і қ и ы л ы п т ұ р* (С.Бақбергенов, Қоянкөз.).

Белін баса сөйледі. *Бұзып-жарып, төпеді.* Мен онымен әр уақытта оның ана тілінің үн жағынан, сөзді дұрыс айту жағынан *б е л і н б а с а с ө й л е й т і н м і н* (Б.Момышұлы, Москва.).

Беліне жарақ байлады. *Қаруланды, қаруын тұгел сайланды, соғысқа, жорыққа қамданды.* Халықтың қамын ойланып, *Б е л і н е ж а р а қ б а й л а н ы п.* Орта жүзден қоңыраттан Мұсабек деген ер шықты (Мәделі Жүсіпқожаұлы).

Белінен жатты. *Белі ауырып қалды, белі шойырылып қалды.* Астықты мол берейік деп, жан алып, жан беріп дегендей жұмыс істеп жатыр ек. Үш күн болды, мына *б е л і* құрғырымнан *ж а т ы п* ем, қазір ғана түрегелдім (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

Белінен сызды. *Жойды, өшірді, артта қалдырып ұмытты.* Құрыш күш бүгін ескіні *б е л і н е н с ы з ы п* тастады. Күркілі алыс естілді, Колхозшы көктем басталды (Ж.Молдағалиев, Жесір.).

Белін буды [қынай буынды, қынады]. *Киімнің кеудеден төмен, мықыннан жоғары*

тұсын белбеумен немесе басқа да нәрсемен тартты, белін қапсырды. Кім екен деп келіп ем түйе қуған, Қатын ғой күлдәрімен *б е л і н б у ғ а н* (Абай, Тол. жин.). Бардың сен жауған оққа да, Бардың сен жанған отқа да, Палуандай *б е л д і б у ы п* ап, Түстің сен жиын-топқа да (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Үлдемен басын ораған, Семсермен шашын тараған, Қиғаштап қасын қараған, *Қ ы н а й* да *б е л і н б у ы н ғ а н,* Ол не болар ерден соң? (XVII–XIX ғғ. қаз. ақын.). *Қ ы н а й б е л і н б у ы н д ы,* Бір Аллаға сыйынды (Қаз. ертег.). Ақ жібек көйлектің етек жағы делдиіп, *б е л і н қ ы н а п,* мүсініне аса бір ерекше сән бергендей (З.Шашкин, Теміртау).

Белін шарта буынды. *Белін қапсыра, тартып байлады.* Қоралы қой Аққөз бойына келіп құлады да, кеудесіне сырма күртке киіп, *б е л і н ш а р т а б у ы н ғ а н,* үлкен көк атты, зор денелі жігіт келіп, аттан түсті (С.Байжанов, Шопан.).

Белінің күші, бетінің қызылы бар. *Бойда қуат, бетте әр бар, өтімі бар шақ деген мағынада.* – Шырағым, Ақбала, сен де қор болмас жағыңды ойла. *Б е л і ң н і ң к ү ш і, б е т і ң н і ң қ ы з ы л ы бар* кезде қатарыңды тауып ал, – деп, Ақбаланың қолын қысып-қысып қойды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Белі сынды. *Тауы шағылды, сағы сынды.* – Дулат, сен менің қару-сайманымды ал да, теңіздегі елге қайт! Үміт үзіліп, тілеу кесіліп, *б е л і м с ы н ғ а н* күйімді айт! (М.Әуезов, Қараш.). Байлауда, қара түнек тар қапаста Жете алмай арманыма *с ы н д ы-а у б е л і м* (Қ.Жұмалиев, Қырда.).

Бұраң бел. а) б е й н. *Әйел адамның нәзік, талдырмаш, қыпша белі. Б ұ р а ң б е л,* бойы сұлу, кішкене аяқ, Болады осындай қыз некенсаяқ. Піскен алма секілді тәтті қызды Боламын да тұрамын көргендей-ақ (Абай, Тол. жин.). Саусақтары да сүп-сүйір болып, жұқа жүзіне, *б ұ р а ң б е л і н е,* жұқалаң, келте шұбар шыт көйлек жараса қалған (Ж.Жұмаханов, Қаракөз.). Керней-сырнайдың сиқырлы сазына *б ұ р а ң б е л* сұлулардың билері желік береді, кемиек шалдардың сілекейлері шұбырып, отты жастың жанары тұманданады («Қаз. әдеб.»). ә) п о э т. *Бой тұрқы әдемі, сұлу мүсінді, келісті әйел мағынасында.* Қол бұлғап бір *б ұ р а ң б е л,* Ұсынды арнап қызыл гүл (С.Бегалин, Таңд. шығ.). б) *Өсімдіктің жіңішке, нәзік, ұзын, тік сабағы мағынасында.* Жаратпаса желге не? Ерегесті жынды жел, – Қамысты алды құшақ-қа, Сына жаздап *б ұ р а ң б е л* (М.Жұмабаев, Шығ.). Алма бағын аялап, Есті ақырын жұпар жел. Билеп кетті көлеңдеп, Бұтақтары *б ұ р а ң б е л* (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

Жүздің белін сындырды. б е й н. *Жүз жасады, жүз жасқа келді деген мағынада.* Дүниеден о дүниеге көшіп Дақаң, Болып түр *с ы н д ы р ғ а н д а й ж ү з д і ң б е л і н* (Айтыс).

Көк бел. *Бетін көк шалған, шөбі көгеріп шыға бастаған жалпақ кең асу.* Далаға жауып өткен бе Көктемде майда ала қар. Өрмелеп түгел *к ө к б е л г е* Барады шулап балалар (Т.Молдағалиев, Құралай).

Қайқы бел. а) *Беларқасы қайқылау жылқы. Қ а й қ ы б е л* қара айғырға жыл он екі ай бөктіріп бидай беріп, шылқытып көкпар шапқанынан басқа ермегі жоқ (А.Сүлейменов, Бесін).

Қиындықты [қиын кезеңдерді] белден басты. *Қиындыққа мойынсұнбады, ауыртпалықты жеңе білді.* Қашаннан *қ и ы н д ы қ т ы б е л д е н б а с ы п,* Келесің Абай аулы ұйымдасып, Табысқа тағы ағайын шақырамын, Атойлап жиыныңды жырмен ашып (Пернедегі терме.). Осы жолдың үстінен жүрген сайын өткен күндердің *қ и ы н к е з е ң д е р і н б е л і н е н б а с ы п* өткендей боламыз, – деп Тәйекең сөз реті келіп қалғанда (Қ.Көпішев, Тәйімбет Көмекбаев).

Құба бел. *Біркелкі, орташа, ұзын-ырға дөңес, қырқа, жал.* Күйшінің күй тартқанда мұрагері, Даланың қалған ұйып *қ ұ б а б е л і.* Жұлдыздай со бір кезде жүйткіп өткен, Қазақтың өлеңінің Құлагері (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

Құмырсқа [қыпша] бел. *Қылдырықтай, жіңішке бел. Қ ұ м ы р с қ а б е л,* оймақ ауыз, бота көзінен сен де көзіңді айырып ала алмайсың (С.Шарипов, Шығ.). Кең иық, һәм кеуделі, *Қ ұ м ы р с қ а б е л,* Сипатты, салтанатты көргенде ел (Б.Момышұлы, Шығ.). Қыз бар ед Пәрәнде Зарира атты, *Қ ы п ш а б е л,* құралай көз һүр сипаты. Оны да кішілікке беріп Пәрән, Байласты бір-біріне махаббатты (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Ұзын бойлы, *қ ы п ш а б е л* жас жігіт Құдайберді мен кең жауырын Қамысбай ойға түсе бере, көштің алдын көлденеңдеп, жарысып барады (М.Әуезов, Абай жолы).

Құмырсқа бел шытыра. э т н. з е р г. *Екі шеті жалпақ, ортасы жіп-жіңішке бастырма, киімге қадайтын шеттік.* Оның асты-үстінен алтындай жылтыраған оқа жүргізген де, оның үстіне араларын бір сүйемдей етіп, жылтыраған қиғаш, бөртпе, *қ ұ м ы р с қ а б е л ш ы т ы р а л а р д ы* меруертпен араластыра қадаған (С.Жүнісов, Ақан сері).

Қынай [қындай] бел. *Әйелдің жіңішке, талдырмаш, нәзік белі.* Алыстан бұлаңдап құба төбел, *қ ы н а й б е л* сұлу ажар танытатын бүйрат-бүйрат қалың қырқа құмның іші сырын білген жанға шынар биіктен қоныс тепкен құс-

тың ұясындай бір түрлі жылы, ыстық көрінеді («Қаз. әдеб.»). Бойы бар сымдай, *Белі* бар *қынд а й,* Мүшесінің міні жоқ (Ш.Құдайбердиев, Таңд.).

Қынама бел. *Бел жағын қынап тігілген киім.* Ашық омырау, *қ ы н а м а б е л* қара мауыт бешпет, шашақты тақия – ауыл арасының қазағы емесін танытады («Лен. жас»). Үстеріне кигендері әскери *қ ы н а м а б е л* киім емес, лагерьдің солбақтаған брезент қамзолы екенін анық айырды (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.).

Мұз бел. *Беларқасы мықты (жылқы).* Бөрі құлақ, *м ұ з б е л* нағыз қазақы қарабайыр жылқылары шетінен жүйрік келеді. Олар «Бір қамшы» тызетпе емес, өрісі кең, ұзаққа сілтегенге мығым соғады («Қазақст. мект.»).

Нәзік бел. *Әйелдің жіңішке, талдырмаш белі.* Тақтайдай жауырыны бар, иығы тік, Екі алма кеудесінде қисаймайды, Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес, *Н ә з і к б е л* тал шыбықтай бұрандайды (Абай, Тол. жин.).

Ортан бел. *Тура ортасы, дәл ортасы.* Жұмсақ ақ бордан иленген ұзындығы 20–21 см жұмыр таяқшаның әуелі *о р т а н б е л і н,* одан кейін екі жақ басын біздің ұшымен сызып өрнектеп, өрнегінің мінсіздігін тексерді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Кезегі күтіп тұр еді, асықпады. Шараға қайтара құйғызды. Бұл жолы дәмдеп, баптап, *о р т а н б е л і н е* дейін ішті (М.Мағауин, Өмір жыры).

Өмірдің [елудің,.. жүздің] беліне шықты. *Бірталай жас жасады, адам жасының бір кезеңіне кірді деген мағынада. Ө м і р д і ң* бірталай биік *б е л і н е ш ы қ қ а н* Абайдың өткен шақтары елес-елес тізіліп өте бергендей (М.Әуезов, Шығ.). *Е л у д і ң ш ы ғ ы п б е л і н е,* Егдерек тартқан кезім бұл. Елеген соны еліме, Еркелеп айтар сөзім бұл (Ғ.Орманов, Таңд.).

Сары бел. п о э т. *Кең, ұзақ-сонар созылған жалпақ асу.* Елде жақсы болмаса, Өртеніп кеткен қаумен тең; Жақсы ағаң бар болса, Алдыңда *с а р ы б е л м е н* тең (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). Жайлаудан бері де талай асулар, тар кезеңдер мен самал желді *с а р ы б е л д е р* жатыр (Ә.Әбішев, Найзағай). Садақтың оғы сан рет жүрегін жыртқан қоңыр жел, Аузын айға сан білеп Ерлер жортқан *с а р ы б е л* (С.Бегалин, Таңд. өлең.).

Тәуекелге бел байлады [буды]. *Бір істі орындауға қорықпай шындап, сыбанып кірісті.* «Қазақтың» мақсаты, бағыты осы болғаннан кейін теңізде сапар шеккен кемешідей дария жүзін тұман басса да, кемеңді толқын соғып мың ұрса да, *т ә у е к е л г е б е л б а й л а п,* жарым жолдан қайтпай, я су түбіне кетуге, я көздеген кемерге жетуге серт айтып шыққан еді (М.Дулатов, Шығ.). Жарысар жігіт бар болса, Алуға бәйге жүлделі. *Т ә у е к е л г е б е л б а й л а п,* Шығыңдар қане, ілгері (Ә.Тәжібаев, Аралдар). Ақыры *т ә у е к е л г е б е л б у ы п* ақынның үйіне бардым. Маған, үй қызметшісі болар, өңі жүдеу, жабырқау жас әйел есік ашты (Т.Ахтанов, Махаббат.).

Тәуекелге бел байланды. *Бір іске қорықпай, батылдықпен кірісу ұйғарылды, мақсатын орындау шешімі жасалды.* Еңбектеп екі батыр шықты айналып, Бөгеліп ақылдасып тұрды ойланып. Күзетші жүрген жақты шолмақ еді, Бекініп *т ә у е к е л г е б е л б а й л а н ы п* (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Тәуекелге бел будырды. *Бір істі орындауға батыл ниеттенді, ойын жүзеге асыруға шындап кірістірді.* Қазір орнынан тұрмаса бұл сәттің қайта айналып келмесін де біледі; сол *т ә у е к е л г е б е л б у д ы р ғ а н д а й* болды... (М.Сүндетов, Ескексіз.).

БЕЛ[2] з а т. м а т. *Логарифмдік салыстырмалы шаманың (аттас екі физикалық шама мәндерінің ондық логарифмдерінің қатынасы) бірліктердің халықаралық жүйесіндегі (СИ) өлшем бірлігі. Б е л д і ң* бірлігі физика мен техниканың көптеген саласында (акустика, радиотехника т.б.) қолданылады (ҚҰЭ).

БЕЛАҒАШ з а т. **1.** *Арбаның алғы-артқы доңғалағының арасын қосып тұратын жуантық білік.* Он төрт шанадан қырық екі *б е л а ғ а ш,* жиырма сегіз табан, жиырма сегіз ағлоп бар (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Арбаның арысы емес, *б е л а ғ а ш ы,* Ауылымның жиналыпты кәрі-жасы. Сайрайын сайра десең, бұлбұл болып, әйелдер маған таман қараңдаршы (Қара өлең). Үйіліп-төгіліп мінген соң, балон тұрсын *б е л а ғ а ш* та омырылар (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). **2.** ж е р г. *Үй үстіне салынатын мәтке, арқалық.* Әзірше бәрінің назарын бөлген бір-ақ нәрсе. Ол – үйдің қақ ортасында *б е л а ғ а ш қ а* салбыратып байланған ала арқан («Лен. жас»). *Б е л а ғ а ш т а* кендір жіппен салбыратып байлап қойған екі темір шелек тұр, сөйтсе бұл «ракета» екен (Б.Соқпақбаев, Аяжан). **3.** с ө й л. *Ұзын, білеу ағаш.* Аула ішінде жататын ұзын бір *б е л а ғ а ш* бар еді (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.). **4.** *Ертұрманның бір бөлшегі, ердің екі басының арасына салынатын ағаш.* Ал ердің үстін жауып тұратын бөлшегін «орта» не «*б е л а ғ а ш*» дейді (Х.Арғынбаев, Қаз. ер-тұрман.). *Б е л а ғ а ш* – ердің екі қасының аралығында дәл келіп, еңкіштелген жұқа ағаш (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БЕЛАРҚАН з а т. э т н. ***Белбау.*** *Б е л а р қ а н* тартқандай ұтылып тартып, табандатып тұрып байлады (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай).

БЕЛАРЫҚ з а т. *Үлкен арық. Б е л а р ы қ п е н* егінге су жіберуге барамын (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БЕЛАСАР з а т. *Қырдың, жалдың жадағайлау кең асуынан өтетін жер.* Моласы жас шоқының қорымында, *Б е л а с а р* жүргіншінің жолы мұнда. Көк тасқа басындағы айшықталған, Жетпістей сөз жасалған жолы онға (Б.Майлин, Шығ.).

БЕЛБАЙЛЫ з а т. ж е р г. *Ұн мен сөкті қосып суға пісіретін тамақ.* Әжібай, *б е л б а й л ы ң д ы* ішіп, жұмысқа бар (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БЕЛБАҚАН з а т. э т н. *Бақанды тіреп қоятын киіз үй уықтарына көлденең бекітілген ағаш.* Уықтарға көлденең ағаш тіреп, оны бақанмен тірейді. Оны *б е л б а қ а н* дейді (Г.Райымханова, Ата кәсіп.).

БЕЛБАСЫ з а т. э т н. д і н и. *Аруаққа берілетін ас, құдайы тамақ.* Осылайша бір жылға дейін өлгеннің рухын құрметтеп, мәйітке күмбез жасап, бұғып кішкене ас беріп, ат шаптыру бар. Мұны *б е л б а с ы* деп атаған (Қ. Халиди, Тауарих.).

БЕЛБАУ з а т. э т н. **1.** *Киіз үйдің бау-шуының бірі, туырлығын керегеге бастыра тартатын ұзын арқан.* Киізді қайдан аласыз? Шаңқай боз киіз, оюлы ши, әшекейлі *б е л б а у л а р* керек, сәні бар ма, онсыз киіз үйдің? (З.Шашкин, Сенім). Аппақ киізден дөп-дөңгелек қып жасаған үй! Айнала *Б е л б а у м е н,* басқұрмен оралған (И.Салахов, Көкшетау.). **2.** с ө й л. ***Белбеу***. Күрке жанына келіп тоқтағанда атайдың *б е л б а у ы н а н* бір-ақ қолыммен ұстап отырғанмын (Ә.Қалдыбаев, Шаншар.).

БЕЛБАУДАЙ с ы н. *Белбау сияқты, белбау тәрізді.* Белімді қысып, тынысымды тарылтып тұрған темір құрсау, май жаққан қайыс *б е л б а у д а й* босап кеңи бастағандай болды (Б.Тұрсынбаев, Ауылда.).

БЕЛ-БЕДЕЛ з а т. *Абырой, сый-құрмет.* Ескі болыстар мөрмен бүкіл елді байлатып, ерді айдатып, *б е л - б е д е л д і* көбінесе осы мөр күшімен жинайтын (Д.Әбілов, Арман.).

БЕЛ-БЕДЕРЛІ с ы н. *Адырлы, қыратты, кең, жалпақ асулы.* Менмен меңіреу дала төскейі кіл бір өңкей ылди, еңіс-алқынды асу-адыр, *б е л - б е д е р л і,* бұрылыс бұралаңы көп жол ұшы қайда тірелері маған беймәлім (С.Досымов, Жаңғырық.).

БЕЛ-БЕЛЕҢ з а т. *Кең, жалпақ асулы қырқа, жондар мен аласа қырлар.* Шақырып қозы жайған *б е л - б е л е ң н і ң,* Бетімнен сүйіп жатыр жел де менің (Ә.Фатихов, Менің. босағам.).

БЕЛ-БЕЛЕС з а т. **1.** *Қырқа-қырқа болған кең асулы адырлар, жондар.* Қоңыр бүйраттың сілемдері арғы жақтағы жазық алқапқа жалғасып жатыр. Сол бір тегіс алқаптың шетінде қат-қабат *б е л - б е л е с т е р* көрінеді (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). Көлеңкелер *б е л - б е л е с т і* сай-саланы қуып, күн нұрынан жасқанып бұға берген (Ә.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке).Құс біткеннің бәрі де қамысқа тығылған. Ал көлдің ар жағы алысқа тартқан санаусыз да атаусыз *б е л - б е л е с т е р* (С.Шаймерденов, Мінез). **2.** а у ы с. *Өмірдің өткелдері, қат-қабат кезең, маңызды шақтар.* Бірде тау, бірде бау дегендейін өмір өткелдері, қиындығына қызығы тете еңбектің *б е л - б е л е с т е р і* көшкен бұлттай ығысып, ой елегінен өтіп жатыр (А.Жолдасбеков, Әке.). Енді алдымызда жаңа *б е л - б е л е с т е р,* өскен талаптар тұр (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Аттап өтіп мезгілдің *б е л - б е л е с і н,* Жадыраттың тіршілікке өң беріп (Х.Балшабеков, Жылқышы.).

БЕЛБЕУ з а т. **1.** э т н. *Киім сыртынан белінен байлау үшін ыңғайлап жасалған ұзынша шұберек, ілмегі бар таспа тәрізді бұйым.* Былғарыдан жасалған *б е л б е у л е р г е* алтын, күміс жабылған, оған әртүрлі салпыншақтар орнатқан, кейде күмістің өзінен өрмелеп, тоқып, шынжырлап та белбеу дайындаған (Р.Шойбеков, Қаз. зергер. сөздігі). *Б е л б е у д і ң* үшімен терін сүртіп, күрсінді. Кеше суат басында ойлай-ойлай басын даң қылған шаруа кемшілігі түгелімен қайтадан көз алдына келді (М.Дулатов, Шығ.). Біреуі жылтыр қара сатин камзол киген, белінде қызыл мата *б е л б е у,* балуан денелі шойқара, күрек тістері сояудай ақсиып тұрған, қоян жырық екен (Ғ.Мүсірепов, Кездеспей кет.). Бір қыз бен бір жігіт *б е л б е у д і* шиыршықтап есіп алып, жұртты аралап жүр (Б.Майлин, Шығ.). **2.** *Былғарыдан, қайыстан жасалған белдік.* Үстінде қыпша бел қара шинель, белінде жез топсалы жалпақ қайыс *б е л б е у,* басында едірейген қара кепка (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). Көлен етігін киіп, күпі сыртынан қайыс *б е л б е у і н* тез буынып алды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Әртүрлі ойын болып, ақырында «Бұғыбай», «Мыршалай-мырыш» деген ойындар тамам болған соң, бір жігіт бір белбеуді есіп алып: «Енді, әлеумет, өлең айтасыңдар, айтпасаңдар, айтпағандарыңа мінекей», – деп, қолындағы есілген тоқпақтай *б е л б е у і н* көрсетіп қорқытып аралап жүре бастады (М.Дулатов, Шығ.).

Алтын белбеу. э т н. с ө й л. ***Зер белбеу.*** *А л т ы н б е л б е у* – алтын шытыралармен әшекейленген, алтынмен апталған белбеу (Р.Шойбеков, Қаз. зергер сөздігі).

Белбеу басы. *Белбеудің басына бекітілетін қапсырма, ілгек, тағa сияқты бөлшегі.*

Қазақ *б е л б е у і н і ң б а с т а р ы* үш түрлі болып келеді. Біріншісінің басы қапсырмалы, екіншісінің басы ілгек іспетті болып келеді («Абай»).

Белбеуі шешіледі. *Бұл жерде егілді, ынтыға елжіреді деген мағынада.* Шыққанда мен үйімнен бесін еді, Астында шайтан торы есінеді, Есіме беу, қарағым, сен түскен кезде, *б е л б е у і м* бес ораған *ш е ш і л е д і* (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Берен белбеу. э т н. *Қымбат бағалы, асыл матадан жасалған белбеу.* Көк мауытты *б е р е н б е л б е у л е р і* аттарының тірсегіне шұбатылды (К.Әзірбаев, Аңыз.).

Дембет белбеу. э т н. с ө й л. ***Деңмент белбеу.*** *Д е м б е т б е л б е у* – күмістелген, күміс жапқан белдік (Ж.Кейкін, Қазақы атау.).

Деңмент белбеу. э т н. *Күміс белбеу, күміс жапқан белбеу.* В.В.Радлов *д е ң м е н т* сөзін «күміс тоғасы, қапсырмасы және басқа да әшекейлері бар, барқыттан тігілген *б е л б е у*» деп көрсетеді (Р.Шойбеков, Қаз. зергер. сөздігі).

Деңмент белбеу қалып. э т н. з е р г. *Деңмент белбеудің шытырасын, салпыншақ жасауға арналған қалып. Д е ң м е н т б е л б е у қ а л ы п*, негізінде, ер адам белбеуіне әшекей соғатын қалып түрі (Р.Шойбеков, Қаз. зергер. сөздігі).

Зер белбеу. э т н. *Алтын шытыралармен әшекейленген, зерленген белбеу.* Қазақ тілінде белбеу атаулары көп: бұғы белбеу, *з е р б е л б е у*, кавказ белбеу т.б. (Р.Шойбеков, Қаз. зергер. сөздігі).

Кавказ белбеу. э т н. *Қара ала ою жүргізілген күміс белбеу.* Үстінде белін күміспен қапталған жіңішке *к а в к а з б е л б е у і м е н* қынаған, тік жағалы шытырман түймелі ақ жібек көйлек... (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Кемер белбеу. э т н. *Асыл тасты, алтын не күміспен әшекейленген жалпақ, сәнді белбеу. К е м е р б е л б е у* бел сәні, Кемелді жігіт – ел сәні (Мақал-мәтел). *К е м е р б е л б е у* – бетіне алтын мен күмістен өрнекті жапсыра бекітілген, ішік, тон, шапан сыртынан буынатын жалпақ сәнді былғары белбеу (Ж.Кейкін, Қазақы атау.).

Көк белбеу. *Бұл жерде көк шалғын, майса деген мағынада.* Орайды Есіл – *к ө к б е л б е у* Оқа-зер шеккен желеңді, – Обал да болар көп көрмеу, Қызылжар қала дегенді (Ғ.Қайырбеков, Алтын.).

Күдері белбеу. *Жұмсақтап иленген бұлан не бұғы терісінен жасалған белдік. К ү д е р і б е л б е у* белімде, Азалы болдым елімде, Бопекем жарлық берген соң Жүре бердім жөніме... (С.Сейфуллин, Шығ.). Таңданып жиылған жан қарап тұрды, Қыз да болсам Біржанға балап тұрды. Камшат бөрік, *к ү д е р і б е л б е у і* бар, Көк торғын шапанды адам қарсы жүрді (Айтыс).

Күміс кемер белбеу. э т н. *Күміс белдік, күмістен соғылған не өңкей күміс шытыралармен әшекейленген белбеу. К ү м і с к е м е р б е л б е у* және Шабданбектің өз үйінде күмістелген адалбақанға бітеу құндыз ілулі тұр (С.Сейфуллин, Сол жылдар.).

Кісе [кіселі] белбеу. э т н. а) *Байырғы кезде адамның тектілігін, дәрежесін көрсететін, былғары қалтасы бар, күміспен, асыл тастармен әшекейленген белбеу.* Үй толы дүйім жұрт Ахмет алып шығып бара жатқан қос қабат былғарыдан қайырылған, екі оқшантайы бар, бір қынды *к і с е л і б е л б е у і* мен қара барқытпен қапталған құс қалтаға қарап қалды («Жұлдыз»). *К і с е б е л б е у* – адамның әлеуметтік дәрежесін танытатын сәндік белдік (Ж.Кейкін, Қазақы атау.). ә) к ө н е. *Қалталары бар, қару ілінетін белбеу. К і с е б е л б е у* – қару-жарақ ілінетін белдіктің ең көне түрі (Ж.Кейкін, Қазақы атау.).

Қамар белбеу. э т н. ж е р г. *Зерлі, әшекейлі белбеу.* Сүйіндік ұсталары істейтін *қ а м а р б е л б е у*, қайыс белбеу, қайыс ер-тоқымның да көкесі осында көрінеді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Қаусырмалы белбеу. э т н. *Екі ұшын айқастырып ұстатқан топсалы белдік.*

Шоқ белбеу. э т н. к ө н е. *Текті тұқымынан шыққан яки қызмет-дәрежесі үлкен, лауазымы жоғары, атақты адамдар тағатын асыл тасты белбеу.* Қодыеке, мазамды алмай, жайыңа жүр, Алтын айдар, *ш о қ б е л б е у* жарым бар-ды (Қозы Көрпеш.). Тарихи тұрғыдан қарастырылғанда бұрынғы уақытта алтын айдар дейтін әшекей (батырлық белгі) де, *ш о қ б е л б е у* де тұрмыста болған (Р.Шойбеков, Қаз. зергер. сөздігі).

БЕЛ-БЕТКЕЙ з а т. *Белдер мен беткейлер.* Сұлық жатқан *б е л - б е т к е й л е р д і ң* астынан қылтылдап қосаяқтар көрініп, алуан ұсақ жәндіктер өрмелеп шыға бастады (Ә.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке).

БЕЛБЕУДЕЙ с ы н. *Белбеу сияқты; белбеу тәрізді.* Жел ысқырып, жібек *б е л б е у д е й* беліме оралып, жолымды бөгесе де дырылдата айырып, жүгіріп келем, бар ынтам – қуып жетіп, ұстау! (З.Шашкин, Өмір.). Сабындыкөлде айналатын асфальт жол таусылып, тау сыртын *б е л б е у д е й* орап, егіске тура тартатын тастақ жолға түсісімен, емін-еркін, тізгінін қоя берген аттай, зырлата берді (З.Шашкин, Сенім).

Белбеудей буды. б е й н. *Айналдыра салған таспадай созылды.* «Победа» сумаңдап, тау жотасын *б е л б е у д е й б у ғ а н* асфальт жолмен сыр-сыр етіп, сырғанап келеді (З.Шашкин, Доктор.).

БЕЛБЕУЛЕ= е т. **1.** *Белін белбеумен буу, орау, байлау.* Үстіндегі ақ тонын шешіп, оны айналдырып жіберіп, қайтадан киді. Шалмасын да қайта орап, сүппа бөркіне *б е л б е у л е п* беркітті де, ұзын ұшын сол қолына орап алды (Х. Есенжанов, Тар кезең). **2.** а у ы с. *Созылып өту, асу.* Жол, жол! Төсінде даланың Қиянға көсілген, тауларды *б е л б е у л е п* (Е.Ысмайылов, Есіл).

БЕЛБЕУЛЕН= е т. **1.** *Белін буыну, бел тұсынан буылу, байлану.* Міне, көйлегі *б е л б е у л е н г е н,* иығына пиджагін жамыла салған жігіт сылқымсып, бір жүріп, бір тоқтап келеді (А.Сатаев, Дала.). **2.** а у ы с. *Жол болып тартылу, созылу.* Тоғысқан кеп үш үлкен жол, Кең жазира құлаш ұрған, *б е л б е у л е н г е н* биік оба, Тас мұнара сонау тұрған (С.Бегалин, Өленд.). Шынында, тоғай жиегіндегідей *б е л б е у л е н і п* жатқан кісі бойы терең траншея жоқ, асығыс жасалған зілмөнкелер мен ячейкалар тайыз (Ж.Тәшенов, Алғашқы.). **3.** а у ы с. *Айналдыра оралу, әсем байлану.* Кемпірқосақ *б е л б е у л е н і п* байланды (Қ.Сәрсекеев, Кілт.). Салтанатты есіктің бұрыш-бұрышынан әшекейлі буын салынып, жоғарылаған сайын жіңішкере беретін *б е л б е у л е н г е н* сымбатты тіреулер шығарылған (ҚазССР тарихы).

БЕЛБЕУЛЕНУ *Белбеулен етістігінің қимыл атауы.* ≈ Асықпай *б е л б е у л е н у.*

БЕЛБЕУЛЕТ=е т. **1.** *Беліне белбеу байлату.* ≈ Белін *б е л б е у л е т т і.* **2.** а у ы с. *Босанатын әйелдің белін тартқызу. Б е л б е у л е т і п* ананы Бала келді дүниеге. Қуанды ана масайрап, Қолына алып баланы (Айтыс). **3.** б е й н. *Асулардан өткізу, жол тарттыру.* Алтын, күміс, таскөмір, Түрксиб жолына жеткіздің, *б е л б е у л е т і п* белдерді (Халық ақындары).

БЕЛБЕУЛЕТУ *Белбеулет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Белін *б е л б е у л е т у.*

БЕЛБЕУЛЕУ *Белбеуле етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шапанын *б е л б е у л е у.*

БЕЛБЕУЛІ с ы н. **1.** *Белбеуі бар, белбеу тағынған, байланған.* Бөз *б е л б е у л і,* кең етік, Кешілдің жаны Қоңырбай, Аждаһадай жүрісі, Соңында алпыс інісі (Манас). Одан бергі бір заманда *б е л б е у л і* жібек көйлектің өзі сәнге жүрді (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). **2.** *Белбеуі, бауы бар, баулы.* Қолында *б е л б е у л і* жуан портфель (С.Шаймерденов, Өмір нұры). **3.** а у ы с. *Белінде көлденең жолағы бар.* Қызыл *б е л б е у л і* көк «Газ-69» мәшина Қайраттың үйінің алдына тоқтай қалды (А.Сатаев, Аққу.). Нұржан балдаққа жаттығып жүр еді. Ауруханының алдында бір қызыл *б е л б е у л і* мәшинге келіп тұра қалды (Қ.Әжікеев, Саят).

БЕЛБЕУЛІК с ы н. *Белбеу боларлық, белбеу шығарлық.* Үлкен магазинге кіргенде әжей тағы да *б е л б е у л і к* деп бір көмескі жолағы бар матадан бірнеше кез өлшетіп алды («Лен. жас»). // *Белбеу тағатын тұсы, бел тұсы.* Радист достым, *б е л б е у л і к т е н* құлай түсіп, екі бүктеліп алған (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

БЕЛБЕУСОҚ з а т. о й ы н. *Тізенің астынан орамал жүгіртіп ойнайтын қазақтың ұлттық ойыны.* Атап айтқанда, орамал тастамақ, *б е л б е у с о қ,* ләббай тақсыр, тағы басқа ойындар өткізілген (Ә.Көшімов, Қысталаң). Екі ауылдың қыз-бозбаласы *б е л б е у с о қ т ы,* көршікөрші, хан көшіп ойнады («Лен. жас»). «Хан қалай?», *«Б е л б е у с о қ»,* «Тақия жүгіртпек», «Сақина тықпақ», «Мыршым», «Ондай қылма, мұндай қыл», «Ләпи молда», «Қалдырма қақи», «Балтам тап...» сияқты сүйісетін, белбеумен ұрысатын, жұдырық жұмсайтын, емшек ұстайтын, қол қысатын, тағы талай қол жұмысы аралас ойындарды адақтаған кезде, жігіттер түрегелісіп, «құр-құр» қалмақ ойыны сияқты жақтан ұратын, күш сынасатын ойындарды да істеді (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.).

БЕЛБЕУСОҚТЫ з а т. с ө й л. ***Белбеусоқ.*** *Б е л б е у с о қ т ы* – тізенің астынан орамал жүгіртіп ойнайтын ойын (Р.Шойбеков, Қаз. зергер. сөздігі).

БЕЛБЕУСІЗ с ы н. *Белбеуі жоқ.* Беліме жіп буындым *б е л б е у с і з д е н,* Жігіттер, қатын алма көргенсізден, Қатынды алар болсаң көргенсізден, Ғазиз басың қор болар тергеусізден (Алдаспан).

БЕЛБЕУТАСТАМАҚ з а т. с ө й л. ***Белбеутастау***. Біз етек-етек, *б е л б е у т а с т а м а қ,* ақ сүйек, алтыбақан, соқыр теке, қол үзбек сияқты ойын ойнайтынбыз (Ауыз әдебиеті).

БЕЛБЕУТАСТАУ з а т. о й ы н. *Бозбала жастардың белбеуді жасырып ойнайтын ойыны. Б е л б е у т а с т а у* ойынына жиналғандар дөңгелене шеңбер бойына отырады. Жүргізуші шеңбер сыртындағы белбеуді қолына ұстап жүгіре басып айналып жүреді де, өзінің көңіліне жақын ойыншысының артына білдірмей тастауға тырысады (Е.Сағындықов, Қаз. ұлт. ойын.).

БЕЛБЕУШЕ ү с т. *Белбеу тәрізденіп, белбеуге ұқсап.* Одан кейін кооператив дүкенінен сом шен темір алдырып, соны белуарынан *б е л б е у ш е* орап-орап лақтырып тастады (М.Тәнекеев, Қажымұқан).

БЕЛБУАР з а т. **1.** с ө й л. ***Белуар*** *(адамның бел тұсы)*. Тояш, Бекей, Нұрым Шұңқырсайдың *б е л б у а р д а н* келетін көк қасқа бидайығын қатып кетеді деп жұрттан бұрын шауып тастады (Х.Есенжанов, Тар кезең). Қазнаның есігінің алдынан шұңқыр қазып, *б е л б у а р д а н* бататын шырыш желім толтырып қоялық (Қаз. ертег.). **2.** а у ы с. *Бір нәрсенің, заттың бел ортасы, орта тұсы*. Оқталып орман бойын түйген Алтай Көк тұман *б е л б у а р д а н* киген Алтай. Ойнатып қойнауында аң тағысын, Ежелден сол әдетін сүйген Алтай (И.Байзақов, Шығ.). Сөйтіп, осы маңдағы Совет әскерлері немістердің ішіне *б е л б у а р ы н а* дейін сұғынып кіріп тұрған-ды (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн).

БЕЛБУАРЛА= е т. с ө й л. ***Белуарла***. Сөйтіп, Балтық теңізіне *б е л б у а р л а п* сұғынып кірген Курляндия түбегін Гильферд бунақ-бунақ көк болаттармен буды (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн).

БЕЛБҮРМЕ з а т. қ о л ө н е р. *Киімнің беліндегі бұрме тігіс*. Бүрме, қос етек көйлектің желбірін, *б е л б ү р м е с і н*, бүрмелі жағаны, жең ұшының желбірін тігу және алыс тепшіп матаны жиырып тігу «бүрме» деп аталады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Өңір жағаның алдыңғы жақ түбінен *б е л б ү р м е с і н е* дейін, ені екі жақ қолтық тігісіне жетеді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БЕЛГИ [лат. belgae] з а т. *Солтүстік Галлияны-Сена мен Рейн өзендерінің аралығын, ішінара Британ аралының батыс жағалауын мекендеген тайпа*. Б.з.б. 58–51 жж. Галлиялық *Б е л г и л е р д і* Ю.Цезарь бағындырды. Б.з.б. 16 ж. Олар Белгика провинциясын қоныстанды (ҚҰЭ). Белгиканы франктер алғаннан кейін, басқыншылар *Б е л г и л е р д і* жартылай құртып жіберіп, ал қалғандары олармен сіңісіп кетті (ҚҰЭ).

БЕЛГІ з а т. **1.** *Жеке-дара өзгешелік, ерекшелік*. Сыртынан қарап тұрғанда, жұрттың жаман қорасынан айырып алатын *б е л г і с і* жоқ (С.Шарипов, Бекболат). Астанаға келген сайын қаланың сәулетінен шығыс елінің, түркі әлемінің өзіне ғана тән *б е л г і л е р* іздеймін де таба алмай қиналамын... («Астана ақшамы»). **2.** *Есте қаларлық бұйым, көз*. Бірақ оны ешкім де білмейді. Тазыдан қалған жалғыз *б е л г і* – ауыл еркектерінің басындағы түлкі тымақтар да көп ұзамай тозып бітті (М.Мағауин, Ақша қар). Ұлттық киім, дәстүрлері сақталғанға мақтанғандары да болды. Сол сапарда өзіме бір *б е л г і* болсын деп бір тақия, бір шапан ала қайттым (Ғ.Сланов, Домбыра.). **3.** *Қандай да бір әлеуметтік топқа қатынастылығын білдіретін шартты таңба, ен*. Біздің *б е л г і м і з* – мына қызыл, – деп Мәмбет омырауындағы қызыл лентаны көрсетті (І.Жансүгіров, Шығ.). **4.** *Біреудің құрметіне немесе тарихи мәні бар оқиғаға арнап орнатылған ескерткіш*. Қоршай салған сұрғылт тас, Ортасында діңгегі. Тарих әсте ұмытпас, Қалған бұл да бір *б е л г і* (Ғ.Қайырбеков, Қосбасар). **5.** *Белгілі бір құбылыстың нышаны, сыңайы*. Туысқандық *б е л г і с і* – Тұрағымыз бір жатқан. Жырымыздың желісі Бұлағымыз бірге аққан (Ғ.Орманов, Таңд.). Қыс *б е л г і с і* жақында түскен күпсек қардан және кей күндерде болатын сәл шытқыл аяздан ғана білінеді (М.Әуезов, Шығ.). Өзін ғана ойлаған Жамандықтың *б е л г і с і*, Өзгені де ойлаған Амандықтың белгісі (Мақал-мәтел). Жақсы адамның *б е л г і с і* – Жауда басы қалса да, Сенімен бірге жан берер (Ақын жырлары.). Куә боп көп тарихтан *б е л г і* қалған, Кеудең зор, басың биік мұнар шалған (Пернедегі терме.). **6.** к ө л і к. *Жол қауіпсіздігін сақтау үшін қойылатын ескерту, сақтандыру шартты таңбалары*. Басқа мәшинелер айналып өтетіндей *б е л г і* қояйық, ал, енді тараңдар (С.Жүнісов, Жапанда.). Жол ашылған жерлерге *б е л г і* қойылды (С.Сейітов, Сөз сұра.). **7.** м а т. *Белгілі бір шаманы, мәнді белгілеу үшін қойылған шартты таңба*. Латыншылдар физика, алгебра сықылды ілім кітаптарында ұшырайтын *б е л г і л е р* латынша жазылады, соның үшін де латынды алу керек дейді (М.Дулатов, Шығ.). **8.** и н ф. <лат. slarch word> *Мәліметтерді іздестіру кезінде берілетін мән*. ≈ *Б е л г і* бойынша табу. **9.** ф и л о с. *Ақпаратты қабылдау, сақтау, өңдеу және беру үшін қолданылатын, сезіммен қабылданатын, басқа бір зат, құбылыс, қатынастың өкілі түрінде көрінетін нәрсе*. Контекске байланысты әртүрлі түсіндірілетін және көпмағыналы таңбаға қарағанда *б е л г і н і ң* кесімі анықталған бір мағына бар (Мәдени-философиялық энцикл. сөздігі). Тілдік (нақты бір белгілер жүйесіне енетін) және тілдік емес *б е л г і л е р д і* ажыратады. Тілдік белгілер бір-біріне тәуелсіз емес және белгілі бір құрастыру, түсіну және қолдану ережелеріне сай тұтастықты қалыптастырады (Мәдени-философиялық энцикл. сөздігі). **10.** а у ы с. *Қандай да бір ақпаратты, хабарды жеткізу үшін жасалған қимыл, ишарат*. Төлеген олардың үнсіз *б е л г і с і* бойынша әуелі басын көтерді, сонсоң аяғын басып тұрды да, соңдарына еріп жүре берді (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). Қанат іштен орамал әкеліп, оның терін сүртуге ыңғайланып еді. Жайдары «шыдай тұр» дегендей *б е л г і* жасады (Р.Нұрғалиев, Екіншi.). **11.** с ө й л. ***Төсбелгі***. Төсіне қадап келіпті Университет *б е л г і с і н*. Биолог

жас жігітті Енді бала дермісің? (М.Әлімбаев, Құрбыма). **12.** а у ы с. *Бір нәрсенің дәлелі, кепілі ретіндегі зат.* Талпынған талаппенен мен де бір ер, Көп жүрдім, кездей келді көрмеген жер. Ең болмаса халқыма көрсетейін, Сый қылып, *б е л г і* болар бір нәрсе бер (Абай, Тол. жин.). Бойжеткен қыз сүйген жігітіне ұнатқандығының *б е л г і с і* ретінде жүзігін, білезігін сыйлайтын (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері.).

Артына белгі қалдырмады [тастамады]. *Ұрпақсыз, тұяқсыз өту, артына із қалдырмады. А р т ы н а б е л г і қ а л д ы р м а й,* Бауыры қатты тас өлім, Жыламайын десе де, Шыдарлық па осы өлім? (Абай, Тол. жин.). *А р т ы н а б е л г і т а с т а м а й,* Жалқұйрығын келте алды. Ағайынды тойғызбай, Аз күн қоймай, ерте алды (Абай, Тол. жин.).

Белгі берді [етті]. *Аңғартты, білдірді, сездірді, ымдады.* Қазір біраздан кейін қар тиеуге менің шанамның кезегі келеді. Бақылап тұр да мен *б е л г і б е р г е н* кезде бәрінің назарын өзіңе аудар (А.Сатаев, Ақын ізі). Жаңгір Мүшеғали мен екі жасауылға *б е л г і б е р д і.* Тағы да қос қамшы жоғары шошаң етті (Б.Аманшин, Жар мұңы). Науқас Абайды самайынан, маңдайынан қоса иіскеп, сүйгендей *б е л г і е т т і* (М.Әуезов, Абай). Сана апай жайнап ән салып отыр. «Ал, кәне, әнге еріңдер, қалмаңдар» дегендей, бізге бұрылып, екі қолымен бірдей *б е л г і е т т і* (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

Белгі бермеді. *Ыңғай көрсетпеді, сыр білдірмеді.* Құнанбай естімеген сияқты, ешбір *б е л г і б е р м е д і* (М.Әуезов, Абай жолы).

Белгі беру құралдары. т е х. *Қарапайым көзбен көретін, дыбысталатын және радиотехникалық байланыс құралдары. Б е л г і б е р у қ ұ р а л д а р ы* бөлімшелердің ұрыс қимылдарының барлық түрінде жарғыда белгіленген шартты белгілердің көмегімен қысқа командалар мен хабарламаларды жеткізу, нысанын көрсету мен хабарлау үшін, сондай-ақ өз әскерлерін өзара тану үшін қолданылады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Белгі қағаз. с ө й л. ***Куәлік***. Осы *б е л г і қ а ғ а з д ы* ауаткомнан былтыр алып едім, енді өзгертіп қайта алуым керек (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Белгі қойды. *Таңба салды, белгіледі.* Мұхит пен Қалует аудан картасын ортаға алып, қарындашпен әр жеріне бір *б е л г і қ о й ы п,* күбір-күбір әңгіме үстінде отыр екен (Ғ.Сланов, Шалқар). Кейбір жерлеріне *б е л г і қ о й д ы* да, Есімбектің шағымынан оларға жауап іздегендей болды (Е.Оразақов, Дәрігер.).

Белгі орнатты. *Ескерткіш қойды.* Жинады бір төбеге астағы елді, Қайғылы кәрі-құртаң, жас та келді. Доғалдың дөңесінен зәулім биік, *О р н а т т ы* батырға арнап тастан *б е л г і* (Н.Ахметбеков, Амангелді). Құдайберлі батырдың қабыры үстіне ақ отаудан да биік *б е л г і о р н а т а д ы* (М.Тиесов, Дала.).

Белгі салды. а) *Шартты таңба қойды.* Бірнеше парақты біржолата аударып жіберіп, ол *б е л г і с а л ғ а н* жеріне бөгелді – көзі тағы да қыр билерінің приговорына түсті (Х.Есенжанов, Тар кезең). Енді шауып Көрұғлы Кербиеге барады. «Тырнақ алды олжам» деп Маңдайынан тақ етіп, Анықтап *б е л г і с а л а д ы* (Көрұғлы). ә) *Дақ, таңба түсірді.* Ауыр ойды көтеріп ауырған жан, Қайғы, қасірет жүзіне *б е л г і с а л ғ а н.* Дәні толық, басы үлкен егіндей-ақ Сенің де басың имек жерге таман (Абай, Тол. жин.).

Белгі соқты. *Таңба салды, қойды.* Сырдақ алдында жатқан Сәуленің ұсынысына үңіліп, әр жеріне *б е л г і с о ғ ы п* ойланып қалып отыр (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Белгі соқтырды. *Мөр бастырды, таңба салғызды.* Билеттерімізге *б е л г і с о қ т ы р ы п,* екеуміз вокзалдың екінші жағындағы ұзын столға келдік (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

Белгі тастады. *Емеурін білдірді, сездірді.* Карт күлімдеп, «Жүріңдер» деген *б е л г і т а с т а п* орнынан тұрды (К.Оразалин, Ақ жазық).

Өткен күннің белгісі жоқ. *Өмір зырлап, білінбей, білдірмей өтіп кетеді деген мағынада. Ө т к е н к ү н н і ң б е л г і с і ж о қ,* күн асса, Күн емес-ау әлде неше жыл асса, Кепкен тері кеңіп, жадырап, бой жазып, Күні күлкі, қуанышы ұласса (Б.Майлин, Шығ.). Емес пе едім, япырым-ау, кеше бала Білетұғын жастықпен есті шала. *Б е л г і с і ж о қ* екен ғой *ө т к е н к ү н н і ң,* Қатар түзеп қыз болдық, міне, қара! (М.Дулатов. Шығ.).

БЕЛГІДЕЙ с ы н. *Белгі сияқты, белгі тәрізді.* Күзге салым атанның жапырақ өркеші тікейіп, екі өркеші батырларға соққан *б е л г і д е й* боп зорайып шыға келді (Ө.Қанахин, Жер бас.). Аспан кеткен көрінбей, Алыс асқар жоқ енді. Қабақтағы *б е л г і д е й* Таныс тастар жоқ енді (С.Мәуленов, Құлыншақ.). Құшақтап аттың жалын тұрды еңіреп, Далада қатып қалған бір *б е л г і д е й.* (Қ.Аманжолов, Нұрлы дүние).

БЕЛГІЛЕ= е т. **1.** *Таңба салу, белгі қою.* Әйелдердің *б е л г і л е г е н і н* тауып қоя бердік. Олардың кімі кім болғанын уақ балалар бізге жеткізіп тұрып еді (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.). Қараңғы бұрышта оған қарсы қарап, алдына картасын жайып салып, ұзын қызыл қарындашымен бір нәрсені *б е л г і л е п* отырған Иван Кузьмич Приймак көрінді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Мына бір дөңгелек зират Орынбор – Сібір шекарасын *б е л г і л е г е н* Жазы деген кісінікі (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). **2.** и н ф.

<ағыл. designation> *Электр есептеуіш машинелер мен компьютердегі мәліметтер, бағдарламалар, құрылғыларды атау, таңбалау.* ≈ *Б е л г і л е у* жүргізді. **3.** а у ы с. *Тағайындау, лайық деп табу.* Отряд штабының бастығы етіп майор Шарайды, отряд комиссары етіп капитан Ефремовты *б е л г і л е д і к* (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Орынға басқа адам *б е л г і л е п* қойыпты (М.Иманжанов, Менің махабб.). Кенесарының қонысқа сұраған Ырғыз, Торғай, Ұлытау, Сарысу, Есіл, Нұраның орнына генерал Лодыжинский: «Сізге, қоңсы-қоныстарыңызбен жаз жайлау, қыс қыстауға мен Қара Қоға бойын *б е л г і л е й м і н*» деп жауап берген (І.Есенберлин, Қаһар). **4.** а у ы с. *Алдын ала айқындау, ұйғару, әзірлеу, жоспарлау.* Ақылы бар адам күн бұрын жерін *б е л г і л е п,* сонсоң көшер болар (З.Шашкин, Сенім). Әмірхан іздей-іздей келіп еді, «Өткел бер кәр бетпақ маған», – деді. Нәр алып сол құдықтан жер *б е л г і л е п*, Маң қасқа Мамакерге тағы мінді (И.Байзақов, Құралай.). – Осы айтқанымыздың бәрі біздің *б е л г і л е п* отырған шарамыз, – деді Қасен (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Баспана, су, тәрбие ... бүгінгі ең ауыр міндеттер еді. Соны орындаудың бюро дұрыс шараларын *б е л г і л е д і* (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

БЕЛГІЛЕМЕ з а т. *Белгілі бір іс-әрекетке арнайы жасалған шарт, қағида, ереже.* Ауылдас болған соң айтқан ғой, ұйымда ондай *б е л г і л е м е* жоқ (Ш.Қамзаұлы, Шығ.). Астықты артық өндірсек, малды жоспардан арттырсақ сыйлық беретін *б е л г і л е м е* шығыпты (Т.Ырысқелдиев, Шығ.).

БЕЛГІЛЕН= е т. **1.** *Таңбалану, көрсетілу.* Бұл картада бұрынғы Кеңес Одағының сейсмикалық тұрғыдан қауіпті аудандары бөліп көрсетілумен қатар осы аймақтарда өтуі ықтимал жер сілкінулердің күші қанша балға жететіндігі де *б е л г і л е н е д і* (К.Сапарбайұлы, Геология.). Бұл құқықты шектеуге заңда тікелей *б е л г і л е н г е н* реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі (ҚР Конституциясы). **2.** а у ы с. *Жоспарлану, келісілу.* Аманкөл, Тәуіп болыстарына күнара қатынап, ондағы сарбаздармен хабарласып тұруға екі адам *б е л г і л е н д і* (С.Шарипов, Бекболат). «Рухнама» сериясымен жоспарланған 30 томдық мұраның 17 томын, Мәшһүр Жүсіптің *б е л г і л е н г е н* 10 томдық жинағының 3 томын, жеке «Павлодар энциклопедиясын» шығардық («Жас Алаш»). Ертеңнен бастап бригадалар бұрынғы жоспар бойынша *б е л г і л е н г е н* жерді жыртуға кіріссін (З.Шашкин, Сенім). **3.** а у ы с. *Тағайындалу, ұйғарылу.* Жүнейітханға кім-кімнің баратыны *б е л г і л е н д і* де, ұлы ханға арнайы хат жіберді (Қ.Исабаев, Соңғы ерлік). Үй салу жұмысына *б е л г і л е н г е н* үйшілер, қалаушылар өздерінің азығымен, күтушілерімен жұмыс басында қалды да, төре аулы жайлауға көтерілді (С.Бегалин, Шоқан асу.).

БЕЛГІЛЕНУ *Белгілен етістігінің қимыл атауы.* **1.** а у ы с. *Жоспарлану, келісілу.* Балық аулау жоспары ішкі сулардағы балық қорына, колхоздардағы еңбек ресурстарына және колхоздың аулау техникасымен жабдықтауына байланысты біркелкі тұрақты *б е л г і л е н у і* қажет (С.Қаженбаев, Балық кәсіп.). **2.** а у ы с. *Тағайындалу, ұйғарылу.* Чума ауруының қаупі бар жерлерде әрбір жеке тұратын бөлімде халыққа күнделікті қамқорлық істей білетін тұрғылықты адамдардан адамгершілігі күшті бір кісі *б е л г і л е н у і* керек (М.Тілеуғабылов, Чума ауруы.).

БЕЛГІЛЕУ[1] з а т. **1.** и н ф. <лат. designation> *Электронды есептеуіш мәшинелеріндегі бағдарламалар, алгоритмдік операциялар мен мәлімет, құрылғы атауы. Б е л г і л е у* – мәліметтер, бағдарламалар, құрылғылар атауы; таңбалау (Қаз. тілі термин. Информатика.). **2.** ә с к. *Жергілікті жердегі нысанның, бағдардың, репердің, снаряд жарылуының орнын анықтау тәсілі. Б е л г і л е у* бастапқы болып қабылданатын бір бағыттан бұрыштарды өлшеу немесе белгіленген нүктеге дейінгі бұрыш пен қашықтықты өлшеу арқылы жүргізіледі (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Б е л г і л е у* топырақты бақылау пункттерінен, дыбыстық және радиолокациялық барлау постарынан және т.б. жасалады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Белгілеу сызығы. и н ф. <ағыл. rule line> *Компьютердің дисплей экранындағы терезелерде көлденең немесе тік бағытта орналасып, көрініп тұратын басқару сызықтары.*

БЕЛГІЛЕУ[2] *Белгіле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Таңбалау, белгі қою.* Азықтарды құнарлылығын *б е л г і л е у* үшін күнделікті тәжірибеде арнайы азық таблицалары қолданылып отырады (А.Еламанов, Қой шаруаш.). **2.** *Көрсету, айқындау.* Ауыл шаруашылық дақылдарын суарудың дұрыс тәртібін *б е л г і л е у* үшін қажетті суармалау және суару нормаларының үстіне суару мерзімінің үлкен маңызы бар (М.Ерлепесов, Суармалы егін.). **3.** а у ы с. *Жоспарлау, нақтылау.* Взвод деревняны оң қапталға ала шығысқа қарай жүрді; жүрер жолды дәл *б е л г і л е у* мүмкін емес (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Экспедицияның алдына қуаңшылыққа қарсы күресу жөнінде шаралар *б е л г і л е у* міндеті қойылды (М.Ахметов,.. Егін қорға.). Біздің бәріміз де биік межені *б е л г і л е у і м і з* керек (Т.Қаупынбаев, Жазира).

БЕЛГІЛЕУЛІ с ы н. *Белгі қойылған, таңбаланулы, жазулы.* Тәрбиешілер мен класс жетекшілерінің жұмыс жоспарларының бір

данасы столының тартпасында, өтілген, өтілмегені *б е л г і л е у л і* тұрғаны (С.Еркебаев, Алғашқы.).

БЕЛГІЛІ с ы н. **1.** *Аты әйгілі, атақты, танымал, көрнекті (қайраткер).* Сибан яки Шибан деген баласының тұқымынан бір *б е л г і л і* Шайбақ деген хан шығыпты (Абай, Тол. жин.). *Б е л г і л і* халық ішінде жақсылармен Бір жүріп тізгін түйіп қылдым сапар (Кердері Әбубәкір, Қазағым). «Айқап» журналының шығарушысы да, редакторы да *б е л г і л і* ақын, жазушы Мұхаметжан Сералин болды (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). Осы күнгі халық аузында таралып айтылып жүрген, *б е л г і л і* халық ақыны Нұрхан Ахметбековтың бірқатар поэмалары Иса жазған лирикалы поэмалардың үлгісін сақтайды (Е.Ысмайылов, Ақындар). **2.** *Ел ішінде беделді, атақ-даңқы асқан (адам).* Кісі көп емес, Құнанбай мен Майбасар, Жұмабайдан басқа осы өңірдегі Тобықтының *б е л г і л і* үлкендері (М.Әуезов, Шығ.). Келген кісілердің ішінде бұл өңірдің *б е л г і л і* ірі байлары – Мыңбай, Жүзбай, Жылқыбай бар (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **3.** э к с п р. ж а ғ ы м с ы з. *Аты шулы, ел ішінде аты шыққан.* Осы көрікпен, бұл жүнмен, Әншілігің *б е л г і л і.* Ұялмай, қалқам, бір сайра, Біз де алалық үлгіні (Абай, Тол. жин.). Оның есебіне *б е л г і л і* аты шулы екі қасқырдан Қарадырдың іші-тысындағы ел түгел көресіні көрді (М.Әуезов, Көксерек). **4.** *Мәлім, аян, анық.* Онан соң жылап қалған баласын ойлап, мазасы кете бастады. «Үйде еркем де жоқ еді. Жұбатса болар еді-ау. Әй, бірақ... жағдайлары *б е л г і л і* ғой» (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Расында да бұл қанды оқиға Шыңғыс ұрпақтарына *б е л г і л і* сара жолға айналған (І.Есенберлин, Алмас.). Құмардың жайы *б е л г і л і* ғой. Астыңа ат, қолыңа қамшы ұстатады да, барып тұр дейді (Т.Ахтанов, Дала сыры). **5.** *Нақты, айқын, жүйелі.* Оның ойынша: «Карта ауру ғана емес, айтатын *б е л г і л і* ойы, пікірі жоқ, басы қуыс, миы қаңси бастаған адамдардың ермегі, күн өткізері» (С.Бақбергенов, Адам.). *// Әрине, түсінікті, әлбетте.* Гүлсім ерінін тістеп, бір-екі қадам кейін шегінді: әңгіме кім туралы боп тұрғанын сезді. *Б е л г і л і,* Гүлсімді келемеждейді (З.Шашкин, Өмір.).

Айтпаса да белгілі. *Сөзсіз-ақ түсінікті, өзінен-өзі айқын.* Шешесі киімнің бәрін сол үшін әперіп жүр екен ғой. Оның Теректі дегені Рүстемге *а й т п а с а д а б е л г і л і* (М.Гумеров, Хазірет.).

Белгілі болды. *Анықталды, айқындалды.* Қуатты атом реакторлары нейтриноның қайнар бұлағы екені теория жүзінде *б е л г і л і б о л д ы* («Зерде»).

Белгілі бір. а) *Жобалы, шамалы.* Тәңірберген қасына ерген қарашыларын онша бойына тартпай, үйде де, түзде де *б е л г і л і б і р* мөлшерде ұстап отыратын (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). ә) *Қандай да бір, қайбір.* Қасқырдың тамақ іздеп жортуы да *б е л г і л і б і р* жағдайға байланысты болады (Х.Қыдырбаев, Дала көркі).

Бесенеден белгілі. а) *Ежелден анық, бұрыннан мәлім.* Алыстан оның өзін, атын танидым. *Б е с е н е д е н б е л г і л і* шұбар ат (С.Мұқанов, Шығ.). Мүсілім де қамсыз жүрген жоқ, інісінің басқан әр қадамы Мүсекеңе *б е с е н е д е н б е л г і л і,* інісінің епteген тентектігін, білместігін де ертең керек болатындай саусағымен санап қояды (З.Шашкин, Шығ.). ә) *Өзінен-өзі түсінікті, көзге айқын.* Үй маңы мал қиы, сарыала тепсең, ескі жұрт екені *б е с е н е д е н б е л г і л і* (Б.Соқпақбаев, Менің атым.).

БЕЛГІЛІКТІ с ы н. с ө й л. ***Белгілі.*** Біздің шекарадағы *б е л г і л і к т і* тұрғын елді пункттер мен түрлі жол айрықтары, әрбір құдық орман-тау түсірілген (Б.Тоқтаров, Тауда.). Шоқанға келу үшін күзетке қойылған адамнан ұлықсат сұрайды, *б е л г і л і к т і* адам болса, оның өзі-ақ жібере береді де (С.Мұқанов, Аққан жұлд.).

БЕЛГІЛІРЕК с ы н. *Танымалдау, атақтылау.* Жәрмеңке басындағы барлық болыстан Ақжелкеге жете танысып, беделі артқан *б е л г і л і р е к* болыс осы болатын (М.Әуезов, Қилы заман).

БЕЛГІСІЗ с ы н. **1.** *Қанша екені беймәлім.* Құда болғаннан кейін *б е л г і с і з* біраз заман өтіп, Жамал он бес жасқа келді (М.Дулатов. Шығ.). Ұзақ байқаусыз ұйықтап кеткен. Қанша уақыт өткені, қай уақыт болғаны *б е л г і с і з.* Үйқысы қанып, көзін күліп ашты (С.Мұратбеков, Дос ізде.). **2.** *Ұмытылған күйде, беймәлім, ескерусіз.* Басынан даңқ пен қатердің бұлтын талай ғасырлар бойы өткізген Сығанақ қазір қираған, елеусіз, *б е л г і с і з* қалпында жатыр (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). **3.** *Мәлімсіз, анық емес, негайбыл, түсініксіз.* Алла мықты жаратқан сегіз батыр, Баяғыдан соғысып әлі жатыр. Кезек-кезек жығысып, жатып-тұрып, Кім жығары *б е л г і с і з* түбінде ақыр (Абай, Тол. жин). Оның басында тұрғызылған кесене іргетасы аршылып зерттелді, өткен ғасырдың 60-шы жылдарына дейін жеткен бұл құрылыс алғашында күйген кірпіштен тұрғызылып, кейін *б е л г і с і з* себептермен қираған соң ағаштан қайта салғандығы анықталды («Парасат»). **4.** *Себепсіз.* Дем алыс ісініп, саусағы суынып, *б е л г і с і з* қысылып, пішіні құбылып (Абай, Тол. жин.).

Белгісіз алгебралық теңдеулер. м а т. *Математикалық теңдеу түрі.* Аналитикалық геометрия жазықтықтағы сызықтар мен кеңістіктегі беттер мен бір белгісіз, екі белгісіз және үш *б е л г і с і з а л г е б р а л ы қ т е ң д е у л е р д і ң* арасындағы байланыстылықты зерттейтін ғылым (О.Жәутіков, Жаратылыстану.).

Белгісіз шамалар. м а т. *Мәні анықталмаған математикалық бірлік.* Астрономиялық есептерді іс жүзіне асыруға құрал есебінде 1614 жылы ағылшын ғалымы Непер логарифмдарды ойлап шығарып, ал 1624 жылы Бриг логарифмдар таблицаларын құрды. Қазіргі дәуірдегідей *б е л г і с і з ш а м а л а р д ы* және сандарды әріптер арқылы таңбалау (белгілеу) қалыптаса бастады (О.Жәутіков, Жаратылыстану.).

БЕЛГІСІЗДЕУ с ы н. *Онша белгілі емес, анық-қанығы шұбәлілеу, екіұштылау.* Анада: «Аққұлаштың көп дүниеге бойы жетпей жүр, бұл мүлік менің төрт шешемде жоқ еді», – деп Қанайға *б е л г і с і з д е у* бір жұмбақ тастады (К.Оразалин, Көктем.). Бір топтың ішінде Амангелді де бар еді, ол кезде әлі ешкімге *б е л г і с і з д е у* жиырма алты жастағы жігіт болатын (М.Жұмағұлов, Қыран.). Қарбыз жемісінің сыртына *б е л г і с і з д е у* қара дақ пайда болады (А.Алманиязов, Қазақст. қауын.).

БЕЛГІСІЗДІК з а т. *Белгісіз болушылық, беймәлімділік, екіұштылық.* Бірақ ақылдың айтқанын жүрек тыңдағысы келмейді. Көңілге беймағлұм *б е л г і с і з д і к п е н* бірге реніш кіреді (Т.Ахтанов, Боран). Ертеңгі күні алдынан қандай сыбаға дайындап тұр? Бәрі де белгісіз, бірақ осы *б е л г і с і з д і к т і ң* өзі оны қорқытпайды (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Бауырын жазып терлей білсе қызып кім, Өтер оңай көзінен де жүзіктің. Тосын жайлар, *б е л г і с і з д і к* көлбеген, Тылсым сыры сонда ертеңгі қызықтың (С.Жұмабеков, Гүлзар.).

БЕЛГІШЕ з а т. *Еңбегі үшін берілетін немесе белгілі бір ұйымға қатыстылығын көрсететін белгілі бір кескіні бар омырауға тағатын зат.* – Кет біздің үйден. Шеш киіміңді. *Б е л г і ш е л е р і м д і* де бер деп өткенімді даулап, бет бақтырмадым (Ә.Бөриев, Алматы.). Қалталарын сипалап, тапқаны – өз қаласының *б е л г і ш е с і* (Ә.Бөриев, Алматы.).

БЕЛДЕ з а т. ж е р г. *Асық ойынында асықты ататын сызық.* Асықты *б е л д е д е* тұрып ат (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БЕЛДЕ-БЕЛДЕ с ы н. *Кезең-кезеңімен, кезек-кезегімен.* Барады *б е л д е - б е л д е* дәурен өтіп, Ат мінген қара жорға қызды еңіретіп (Батырлар жыры).

БЕЛДЕГЕР з а т. ж е р г. *Бастық, басқарушы.* Келген Есеннің Ілиясы. Ол орта бойлы, қою қара мұрт қойып жүретін сардардың *б е л д е г е р і* («Қаз. әдеб.»). Сейтқасым Аманкелді батырдың немере інісі, соңғы кезде сарбаздардың *б е л д е г е р і* болып жүрген (Қ.Сәрсекеев, Қараша қаз.). Солардың бірі жезайырына қоса наганы бар екі мылтықпен жүретін *б е л д е г е р* Ескендір суға жүзгіш әрі сүңгігіш кісі екен (С.Әсіпұлы, Аңшы бала.)

БЕЛДЕЙ с ы н. *Бел сияқты, бел тәрізді.* Ел сүйінер іс етсе, майдан ері, еңбек ері барлығы да бір-ақ күннің ішінде ел бағланы атанып, баға жетпес *б е л д е й* қадірмен болады (Р.Ыдырысов, Отты жыл.). Кеңдігі көрінеді аспан, жердей, Төбесі көкке тиген асқар *б е л д е й* (Ақын жырлары).

БЕЛДЕМ з а т. с ө й л. **1.** ***Белдеме***. Үстіне кигені тізеден сәл төмен түсетін ашық жағалы көйлек те, аяғында биік өкше туфли. Шашын *б е л д е м н е н* жоғары тізілтіп өріп қойыпты (А.Байтанаев, Қайнар.). **2.** г е о л. *Көл, су, тоғандар бассейнінің көлбеу бағытталған ортасы, ернеуі.* Көл тектес, жағалау сызығының жырымдылығы едәуір және шығанақтары көп бөгендерде тоқырау *б е л д е м д е р г е* тән өзіндік ішкі құбылыстардың үлесі өсіп, эфтрофтану құбылысы күшейеді (Табиғат сулары.). Жағалау бойы су қорғау *б е л д е м і н д е* беткейлер ауыл шаруашылығының айналымынан шығарылуы және шабындықтандырылуы керек (Табиғат сулары.).

БЕЛДЕМДІ: белдемді су. г е о л. *Шоғырлану шарттары, қоректену сапасы және болмыс-бітімі көлбеу немесе көлденең бағытта нақтылы заңдылыққа сәйкес өзгеретін жерасты суы. Б е л д е м д і с у д а ғ ы* бұл өзгерістердің түп-тамыры көбінесе белдемді түрде көрініс беретін жербедер және ландшафт өзгерістерімен орайласады (Қаз. тілі термин. Геология).

БЕЛДЕМЕ[1] з а т. **1.** *Бел тұсы, белуар.* Мол денесі *б е л д е м е д е н* оқ тигендей бүрісіп-құрыса берді (М.Әуезов, Шығ.). Бұл тазылар ұртына тісі біздей шаншылып жүрген түлкілерді *б е л д е м е д е н* тістеп, сілкілеп өлтіреді (С.Мұқанов, Шығ.). Ит тышқанды қағып алды да, *б е л д е м е с і н е н* қапсырған қалпымен қылғып қойды (С.Мұқанов, Шығ.). Әрқилы оюлы тақта тастар мен кірпіштердің сынықтарынан анықталғандай, мазарлардың қасбет-маңдайшаларының *б е л д е м е* тұстары геометриялық және өсімдіктерге ұқсас оюлармен өрнектелген және оюлы тақта тастармен өрілген екен («Парасат»). **2.** *Үйді, бау-бақшаны айналдыра қоршаған қоршау.* Жеңіс тұсынан өтіп бара жатып *б е л д е м е* ағаштарының ескіріп, босап тұрғанын байқады (Ө.Ахметов, Алда күн.). Ауыл жағын бір кезде белгісіз біреулердің үлкен *б е л-*

д е м е етіп үйіп тастаған топырақ дуалы қоршаса, қалған тұсын биік-биік төбелер қоршап тұр (Қ.Тұрсынқұлов, Есіңде ме.). Ал енді, қыстауға қонғысы келсе, сол жұрттағы көңге күрекпен жасырын *б е л д е м е* белгі жасаған (Қаз. әдет-ғұрып.).

БЕЛДЕМЕ[2] з а т. қ о л ө н е р. *Селдір тоқымаға тігілген кесте, әшекейлі өрнек.*

БЕЛДЕМЕ[3] з а т. **1.** *Малдың етін мүшелегендегі сабақсыз жеті омыртқадан кейінгі бес омыртқа, бел омыртқа.* Қалаған асықты жілігіңізге қосарым жамбас, *б е л д е м е г е* қосарым тіл болсын, – деді де, Шарапат тілді қолына ұстаған күйі құбыла қалды (Ә.Әбішев, Найзағай). Магазиндерде жылқының артқы мүшелерін қосымша *б е л д е м е г е,* жамбас басына, сан етіне, жаяға бөледі (А.Иманғалиев, Адай жылқысы). Қойдың жамбасы қырық тиын, *б е л д е м е с і* отыз тиын (З.Ақышев, Ақбел.). Нұрбек омыртқа, *Б е л д е м е л е р д і ң* қыртыс майларын түгелімен сыдырып соғып алды (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). **2.** *Қой ұшасының белдемесінен дайындалатын тағам. Б е л д е м е н і* дайындау үшін қой ұшасының белдемесі жамбастан алғашқы қабырғаға дейін омыртқаны қуалай бөліп алынады. Сыртқы шандыры тілініп алынып тасталады да, тұздалып, бұрышталады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

БЕЛДЕМПАЯ з а т. к ө н е. **1.** *Ақсүйек ойынындағы лақтырылған сүйек түскен жер мен көмбенің дәл ортасына қойылатын белгі.* Ақсүйек жетіп түсетін мәре мен көмбе аралығында, тең ортада бір белгі болады. Мұны *б е л д е м п а я* деп атайды («Лен. жас»). **2.** *Қыр, белес.* Сөйткенше қыздар шықты қолтықтасып, Көк көйлек көлбең қағып, былқыл басып, Желбегей желге қарай серуендеп, Барады *б е л д е м п а я* қырдан асып (Н.Ахметбеков, Шығ.).

БЕЛДЕМШЕ[1] з а т. **1.** <франц. jupe> *Той-думанда көйлек үстінен киетін әйел киімінің сәнді түрі.* Оның қызылы басыла бергенде, Жындықара кетіп қап, *б е л д е м ш е* байлап, басын ақ орамалмен тартып, буаз матүшке болды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Алдымнан ақ *б е л д е м ш е* киген, білектерін сыбанған екі әйел екі жағымнан шыға келді (Қ.Тайшықов, Октябрь үшқ.). **2.** *Тазалық үшін алға ұстайтын алжапқыш.* Он шақты сауыншы әйел *б е л д е м ш е с і н* байланып алып, өздеріне бекітілген сиырларына кезек-кезек электр сауғышын әкеліп қойып жатыр (Ғ.Сланов, Очерк.). Іс істеген кезде алға байлап алатын ақ шалғыны кейде «*б е л д е м ш е*» деп те атайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Орақ үндеген жоқ. Алдына тері *б е л д е м ш е с і н* байлап, бұрыштағы темір үйіндісін ақтара бастады (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.).

БЕЛДЕМШЕ[2] з а т. *Ортан бел, белуар.* Кемпір бүкеңдеп барып қақпаның *б е л д е м ш е* ілгегін сақырлата бастады (Т.Иманбеков, Тұт ағашы.). Жылы болсын дегендей заводыңды, Қойыпсың *б е л д е м ш е д е н* күлге көміп. Осыны көре тұра жақ жазбайсың, Кеткендей бой үйреніп, етің өліп (Айтыс).

БЕЛДЕМШЕЛЕ= е т. *Еңкейіп бір қырындау.* Бүгіліп бір бүйірлеп *б е л д е м ш е л е п,* Жасырып сол жақ бетін елден ерек. Оң жақта ою ойып ол отырды. Бұл өзі өз көзіммен көрген сурет (Ө.Нұрғалиев, Кәмелет).

БЕЛДЕМШЕЛІ с ы н. *Белдемшесі бар, белдемше таққан.* Әбдіш столды тақылдатып ұрып еді, *б е л д е м ш е л і* үрпек бас сары қыз жетіп келді (Б. Майлин, Шығ.). Күннің кешкі жарығы таралып бара жатса да, іргеде тапжылмай етік тігіп отырған *б е л д е м ш е л і* құнжиған кісі ағаш шегелерін ұлтанға бойлатып, шұқшиып отыр (Қ.Сәрсекеев, Кілт).

БЕЛДЕН= е т. **1.** *Беліне асыну, байлап алу.* Садақшылар бейнебір кірпінің терісінен сауыт кигендей *б е л д е н г е н* қорамсағынан самсаған оғы иін тіреседі (Х.Есенжанов, Тар кезең). **2.** *Дөңкиіп дөңестену.* Тәкебайдың екі көзі ұшқындап, қоңқақ мұрны *б е л д е н е* түскендей, кең танауы қусырылып-жайылып, өзі қомпаңдап отыр (Ә.Тарази, Үлкен ауыл). **3.** а у ы с. *Күш алу, қайраттана түсу.* – Енді «бес жүзіңіз» тым обал ғой, біраз шиырыңызшы! – деді Сапарбек. Қонақтардың бостау екенін аңғарған аңшы қайта *б е л д е н д і* («Қаз. әдеб.»). Ұланбайтақ елменен, Арқам қозды *б е л д е н і п* (С.Керімбеков, Еңбек – ата.).

БЕЛДЕС= е т. **1.** *Бел ұстасып күресу.* Қойшекең бойы шырға болса да, аса қарулы, жиын-тойларда күреске түсіп, *б е л д е с к е н д і* жығып жүретін (С.Шаймерденов, Мезгіл). Жігіт Сәлменмен жерге бірге түсіп, аяғынан тік тұрмақ ойы бар еді. Әлі де болса *б е л д е с п е к* болып, бір қолымен Сәлменнің белінe жармаса берді (Б.Тілегенов, Аққайнар). Бұл екі арада ұмар-жұмар болып *б е л д е с к е н* екеу кішкене төбешіктің арғы жақ бетіне келіп құлаған еді (А.Сейдімбеков, Ақиық). **2.** а у ы с. *Соғысқа шығу, ұрысқа бет қою, айқасу, алысу.* Осы мезгіл ішінде талай рет жаумен бетпе-бет *б е л д е с к е н.* Екі күннің бірінде соғыс, қан төгіс. Айнала жау, артың да, алдың да тосқауыл (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Әйтсе де *б е л д е с і п* келгенде қаптаған сойыл, сыңсыған найза қоя ма, түн ортасы аумай Ақмола бекінісінің әскері жеңілді (І.Есенберлин, Қаһар). Сұрапыл соғыста от кешіп, қан тасқы-

нында жүзген өліммен бетпе-бет кездесіп *б е л д е с к е н* ақын өмірдің қадірін, күннің жарығын, қара нанның қасиетін жақсы біледі деп тұр ол (С.Мәуленов, Үркер.). **3.** а у ы с. *Қақтығысу, тіресу.* Сөзбен *б е л д е с к е н* адамның қату қабағына қарсы түксигеннен гөрі, жүзіңнің жұмсақ шырайлы болғаны әлдеқайда тиімді (Х.Есенжанов, Тар кезең). – Ыбрайдың аузын ашырмаған Етекеңмен кім *б е л д е с е р* деседі ел, – деп Шыңғыс өзінің аз сөзде асыл мағына жатқанын аңғарғыш ойын көрсетті (С.Бегалин, Бала Шоқан).

Белдесіп күресу. с п о р т. *Қоян-қолтық белден ұстасып күресетін күрес әдістерінің бір түрі.* Иықтасып күресуден гөрі қоян-қолтық *б е л д е с і п к ү р е с у д і* артық қалайтын болу керек (Х.Нұркеұлы, Ұлттық мирас.)

БЕЛДЕСТІР= е т. **1.** *Белінен ұстастыру, күрестіру.* Бірақ әй-шайға қаратпай екеумізді қайта *б е л д е с т і р д і* («Қаз. әдеб.»). **2.** а у ы с. *Қарсы тұрғызу, арпалыстыру.* Махаббаттан жүрек жарған, Ол дәурен есімде әлі құмарды алған. Өмірдің менің саяр бағы – Қиынмен *б е л д е с т і р г е н* туарда арман (Ә.Шалабаева, Тау бұлағы).

БЕЛДЕСУ *Белдес етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бел ұстасу, күресу.* Ұшып тұрған Есікбай тағы да тап берген. Аян оны *б е л д е с у г е* жібермей, екі қолынан ұстай алды да, жата беріс тастап ыңқ еткізді (С.Мұратбеков, Көкорай). Белдеріне шарқат буынып, үстеріне *б е л д е с у г е* лайық ықшам киім киген екі жігіт ортаға келді (Ә.Кекілбаев, Дала.). **2.** *Айқасу, алысу, қарсы тұру.* Жасақтың жиылатын ортасы Мұсақұл, дәл сол Бөжей аулының үсті. Құнанбайға қарсы *б е л д е с у г е* шыдап, қол жиғызып отырған Байдалы, Байсал болды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). // *Күрес.* Жарыстың бірінші күні 54, 63, 76 және 97 кг салмақ дәрежелері бойынша *б е л д е с у л е р* өтті («Егемен Қазақстан»).

БЕЛДЕУ з а т. **1.** э т н. *Киіз үй туырлығын керегеге тығыз жатуы үшін сыртынан айналдыра буатын қыл арқан.* Шідерлігі жуандау, бота тірсек, Бейне жел, тынышты, екпінді мініп жүрсек. Екі көзін төңкеріп, қабырғалап, *Б е л д е у д е* тыныш тұрса байлап көрсек (Абай, Тол. жин.). Сол кезде Күшікпай ауырып жатыр дегенді естіп, талайдан өшін ала алмай жүрген Уақтың бір батыры жауының [жанын ауыртпақ болып], *б е л д е у д е* байлаулы тұрған қызыл бесті деген атын тал түсте тартып алып кетіпті (М.Әуезов, Шығ.). Құрым үйінің *б е л д е у і н д е* бір ғана құлын, оның қасында оқырана түсіп кер шолақ бие тұр (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). **2.** а у ы с. *Таудың орта шені, бел тұсы. Б е л д е у д е г і* қара балшық ысқаяқтанып, жылтылдап алған, бір салғанда асықтайы әзер сынады (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Тау *б е л д е у і н е* сыңси өскен жасыл қарағай қара барқын тартып, әлдеқандай бір сыр шерткендей болады (С.Бегалин, Уақыт.). Қыста қар қалың түскенде барыс таудың орманды *б е л д е у і н е* дейін төмендейді (Х.Қыдырбаев, Дала көркі). **3.** *Бір нәрсенің бел тұсына айнала түскен жолақ.* Ақ киізді қызыл *б е л д е у м е н* айналдырыпты (Т.Жармағанбетов, Сентябрь.). Серік оның қолынан балтаны ала сап, қаңылтыр *б е л д е у л е р д і* қиып, жәшікті ашты (М.Жұмағұлов, Қыран.). **4.** г е о г р. *Белгілі бір параллельдер аралығындағы жер бөлігі.* Осы екі арадағы жерді ол бес *б е л д е у г е* бөледі. Оның екеуі ғана адамдар тұруға қолайлы, қалғандары қолайсыз дейді (Н.Баяндин, Геогр. атау.). Ал тропикалық *б е л д е у д е* мүлдем басқаша. Экваторға күн сәулелері жыл бойы тіке түседі («Соц. Қаз.»). Планетаның экваторлық *б е л д е у і н д е* бұлттардың салыстырмалы қозғалыс жылдамдығы секундына 500 метр, ал осындай экваторлық қозғалыс Юпитерде бар-жоғы 150 м/с («Зерде»).

Альпі белдеуі. г е о г р. *Таулардағы орман мен субальпі белдеуінен жоғары орналасқан, жоғары жағы мәңгі қар мен мұздаққа ұласатын биіктік белдеу. А л ь п і б е л д е у і н і ң* өсімдіктері басым, ауа райы қатаң, ылғалдылығы жоғары, желі күшті (Қ.Құрманов, Физ. геогр.).

Белдеу арқан. *Киіз үйдің туырлығын сыртымен айналдырып байлайтын арқанның түрі.* Киіз үйдің туылдырығын белінен айналдыра орап байлайды (Х.Шобай, Қаз. ұранқай. қолөнері).

Жылулық белдеулер. г е о г р. *Жер шарының күн сәулесінен жылыну мөлшеріне қарай ажыратылатын бөліктері.* Күн сәулесінен жылыну мөлшеріне қарай жер шары бес *ж ы л у л ы қ б е л д е у г е* бөлінеді: ыстық, екі қоңыржай және екі суық белдеу (Қ.Құрманов, Физ. геогр.).

Климаттық белдеу. г е о г р. *Өзіндік климаты бар белдеу.* Экваторлық, екі тропиктік, екі қоңыржай, арктикалық және антарктикалық, екі субэкваторлық, екі субтропиктік, субарктикалық және субантарктикалық *к л и м а т т ы қ б е л д е у л е р* бар (Қ.Құрманов, Физ. геогр.).

Қоңыржай белдеу. г е о г р. *Жердің 40 және 65^0 солтүстік ендігі мен 42 және 58^0 оңтүстік ендігі аралығында орналасқан табиғат белдеулері.* Солтүстік жартышарда *қ о ң ы р ж а й б е л д е у д і ң* тең жартысын құрлық, оңтүстік жартышарда – 98 пайызын су алып жатыр (Қ.Құрманов, Физ. геогр.).

Субальпі белдеуі. г е о г р. *Қоңыржай және субтропиктік ендіктердегі тауда орман белдеуі мен альпі белдеуі аралығында орналасқан*

биіктік белдеу. Субальпі белдеуінде орман сиреп, әртүрлі бұталар, биік шөптер өседі (Қ.Құрманов, Физ. геогр.).

Субтропиктік белдеу. г е о г р. *Солтүстік және оңтүстік жартышарларда шамамен 30 және 40⁰ солтүстік ендік пен оңтүстік ендік арасында орналасқан табиғат белдеулері. Субтропиктік белдеуге* Кавказдың Қара теңіз жағалауының ылғалды аймақтары, Колхида ойпаты, Қырымның оңтүстік жағасының жартылай құрғақ жерлері, Ленкорань ойпаты жатады (Қ.Құрманов, Физ. геогр.).

Субэкваторлық белдеу. г е о г р. *Солтүстік және оңтүстік жартышарларда экваторлық және тропиктік белдеулер аралығына орналасқан табиғат белдеуі. Субэкваторлық белдеуде* жыл бойы (22–25⁰С) жоғары температура сақталады, құрлық және ылғалды маусымдар кезектесіп келіп отырады. Саванналар, жапырағы түсетін және мәңгі жасыл ормандар басым (Қ.Құрманов, Физ. геогр.).

Тропиктік белдеулер. г е о г р. *Солтүстік және оңтүстік жартышарларда 20-30⁰ солтүстік ендік пен оңтүстік ендік аралығында орналасқан табиғат белдеулері. Тропиктік белдеулерде* қыстағы температура әдетте 10⁰С болады (Қ.Құрманов, Физ. геогр.).

Физикалық географиялық белдеу. г е о г р. *Географиялық қабықтанудың ең ірі бөліктері. Физикалық географиялық белдеу* жылу мен ылғал режиміне, ауа массаларының циркуляциясы мен мұхит ағыстарының ерекшеліктеріне, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің құрамына қарай экваторлық, солтүстік және оңтүстік субэкваторлық, тропиктік, субтропиктік, қоңыржай, субартикалық және арктикалық (оңтүстік жартышарда – субантарктикалық және антарктикалық) белдеулерге бөлінеді (Қ.Құрманов, Физ. геогр.).

БЕЛДЕУ-БЕЛДЕУ с ы н. *Ұзыннан-ұзақ дөңкиген, жал-жал, қатпар-қатпар, белес-белес.* Сөйтіп геолог ғалымдар Алтай кендерінің *белдеу-белдеу* болып жатқандығын анықтап отыр (Ә.Нұршайықов, Алтын.). Өйткені *белдеу-белдеу,* қатпар-қатпар болып жатқан топырақ үйінділері бұрынғы үйлерді, дуалдарды көз алдыңа елестетеді (Д.Досжанов, Құм жұтқан.).

БЕЛДЕУДЕЙ с ы н. *Белдеу сияқты, белдеу тәрізді.* Қос *белдеудей* орап ап, Байтақ жердің өр-төсін. Жалғады қос рельс Елімнің кең өлкесін (М.Әшірбеков, Белестер). Шыққан жол Москваға Минскіден, Жерлерден өтіп белес, еңіс кілең. Алатау бөктеріне келе алады, Тартылған *белдеудей* боп жер үстінен (С.Сейітов, Жаңғырық).

БЕЛДЕУҚҰРТ з а т. в е т. *Жазда шелдене тойынбай, тоқжарау күйде қалған жылқыға тән ауру. Белдеуқұртқа* шалдыққан жылқы екі артқы аяғы сүйретіліп, белі бұраңдап қалады (Эксп. матер.).

БЕЛДЕУЛЕ= е т. **1.** *Туырлық үстінен арқанмен бастыра байлау, киіз үйді айналдыра тану.* Аңғар аузына қонған ауыл үйлерінің бәрін мықтап *белдеулеп* тастаған екен, жел қалай бұлқынса да мыңқ етер емес («Лен. жас»). Бір үйдің белдеуінен екінші үйдің белдеуіне арқан керіп бүкіл ауылды арқанмен *белдеулеп* тастады (Қ.Қайсенов, Сол бір жыл.). Басқұр мен туырлықтың астынан керегелердің бастарын *белдеулейді* (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **2.** *Шыр айналдыра белуарына дейін үңгу, кеулеу.* Астыңғы жағын мал *белдеулеп* жеп, шоқиған шөптің ығында үш кісі сөйлесіп тұр (Б.Майлин, Шығ.). Үй-үйдің айналасын қар күртігі *белдеулей* орап басып қалған (М.Хасенов, Алғашқы ән). Бұлар Өскемен мен Ертіс аңғарын оңтүстік жақтан *белдеулей* қалқалаған үлкен қыраттың үстіне шыға келген еді (З.Ыбыраев, Өскемен.). **3.** *Белдеуге дейін көтерілу.* Екі машина бірінің ізімен бірі жүріп кетсе болғаны, атом ракетасы атылғандай бұрқыраған шаң аспанды *белдеулеп* әкетеді (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). **4.** а у ы с. *Таң сыз беріп, сібірлей бастау.* Екі күн, екі түн тынбай жосыған жорық әр жылда бір келіп, ұрық шашар өзеніне бұрылғанда таң жаңа ғана *белдеулеп* келе жатыр еді (Ғ.Мүсірепов, Өмір.).

БЕЛДЕУЛЕН= е т. **1.** *Бір нәрсенің орта бел тұсына белгі түсуі, жолақтану, сызықтану.* Ержан сызды жерге етпетінен жатып, алдыңғы жаққа көз жіберді. Сирек бұталардың ар жағынан *белдеуленген* қара жолақты көрді (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Қалың шашы қасына дейін төгіліп келіп, келте маңдай төрт-бес жерден жиырылып, екі қастың да ортасы *белдеуленіп* шыға берді (Ә.Ибрагимов, Нағыз.). **2.** *Айналаның, төңіректің қоршалуы.* Бір ғажап жер екен ғой Медеу деген, айнала орман-таумен *белдеуленген.* Жел түрса терек-қайың сыбдыр қағып, Киіктей жапырағы елеңдеген (Ш.Мұхамеджанов, Шағала көңлім.). **3.** а у ыс. *Таң сыз беріп, сібірлей бастауы.* Сол екі арада айнала жарық тартып, шығыс жақ *белдеуленіп* бозара бастады (А.Нұрманов, Құлан.).

БЕЛДЕУЛЕТ= е т. *Орта тұсынан алу.* Шананы ыққа тартып, күрекпен қарды аршып жіберді де ол бастықтарды *белдеулете* шөпке тықты (С.Ақтаев, Дала.). Черноносов үйдің ішінде әрі-бері жүрді. Столға келіп, графиндегі арақты стаканға *белдеулете* құйып, бір-ақ қағып салды (К.Тоқаев, Түнде.).

БЕЛДЕУЛІ с ы н. **1.** *Белдеуі бар.* Өзек ішін қуалай түскен ақ *б е л д е у л і* қоңырқай үйлер бір-бірінен іргесін қашықтатпай жақын-жақын жайғасыпты («Қаз. әдеб.»). Қызыл шатырлы ақ шағаладай аппақ үйлер, одан соң қоңыр *б е л д е у л і*, көз тұнар егіндік, одан әрі көк жота (С.Бақбергенов, Адам.). **2.** *Беліне жолақ салынған.* Артына аппақ із қалдырып теңізді тіліп өткен қызыл *б е л д е у л і* қайықтарды көзімен ұзатып салып, Кәкен әңгімесін бастады (З.Иманбаев, Солма. гүл.). **3.** а у ы с. *Белді, маңызды.* Өмірдің *б е л д е у л і* оқиғасын түбірлеп көрсету жағын ақсатыңқырап алған (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

БЕЛДЕУЛІК з а т. *Заттың орта тұсы.* Осы топты жарып шыққан біреуі тік шаншылып барды да, сонау шырқау биіктен сорғалай құйылып, алтын сарайдың *б е л д е у л і г і н е* келгенде бірақ тоқтайды (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

Белдеулік уақыт. *Уақытты есептеудің халықаралық жүйесі. Б е л д е у л і к у а қ ы т* тұңғыш рет АҚШ-та 1883 ж. ал КСРО-да (оның ішінде Қазақстанда) 1919 жылы 1 шілдеде енгізілген (ҚҰЭ). Жер беті 24 сағаттық белдеуге бөлінген, олардың әрқайсысы бойлықтың 15^0-ына сай келеді. Көршілес белдеулердің *б е л д е у л і к у а қ ы т т ы ң* айырмашылығы 1 сағат (Қ.Құрманов, Физ. геогр.).

Биіктік белдеулігі. г е о г р. *Теңіз деңгейінен есептегендегі биіктіктің артуына қарай тауларда табиғат жағдайларының өзгеруі. Б и і к т і к б е л д е у л і г і* жоғарылаған сайын геоморфологиялық, гидрогеологиялық, топырақ түзілу процестері, өсімдіктер мен хайуанаттар әлемі де өзгеріске ұшырайды (Қ.Құрманов, Физ. геогр.).

Тік белдеулік. г е о г р. <лат. vertikalis> *Таулы аудандарда ауа райының, топырақтың, өсімдіктер мен жануарлардың биіктікке қарай біртіндеп алмасуы. Т і к б е л д е у л і к* биіктеген сайын температура төмендейді, жауын-шашын мөлшері өзгереді және т.б. (Қ.Құрманов, Физ. геогр.).

БЕЛДЕУСІЗ с ы н. *Белдеуі жоқ, белгі сызығы жоқ.* Шебер бірыңғай *б е л д е у с і з* тоқыма болса онда әрбір келесі айналымдағы ілімдерді тұзақ ілмектердің сыртқы жағынан ілмелейді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БЕЛДЕУШЕ з а т. *Айнала тұскен шағындау жолақ.* Үйытқи соққан қар шана жолын әр жерден жып-жылдам белдеулеп жатыр. Біраз жүрген соң, айналаның бәрінде *б е л д е у ш е л е р* көбейді (Б.Тәжібаев, Қараторғай).

БЕЛДІ с ы н. **1.** *Күшті, әлді, мықты (ат).* Ақтангерді берсем, сен де сөзге қаласың, мен де сөзге қалам... Басқа бір *б е л д і* атым бар, соны мінерсің (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Хакім... подхорунжидің астындағы атқа көз қиығын салып еді, ат оған *б е л д і* жылқы сияқты көрінді (Х.Есенжанов, Тар кезең). *Б е л д і* жылқы елер емес, екі адамды заулатып-ақ келеді (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). **2.** а у ы с. *Әулетті, ауқатты.* Оның үстіне *б е л д і* рудың азулы шонжарлары, жарлы-жақыбайлы момын ауылды умаштап отырды (Ж.Тілеков, Жоңғар.). **3.** а у ы с. *Атақты, әйгілі.* Жамбыл «Сұраншы батыр» поэмасында жырға қосқан Сұраншы Хакімбеков тарихта белгілі адам, қазақтың елін қорғаған *б е л д і* батырының бірі (Р.Мылтықбаев, Түбі бірге.). **4.** а у ы с. *Бетке ұстар, беделді.* Ал, қазір біздің үйге жүр... Сен келеді деп үйге ауданның *б е л д і* азаматтарының бәрін жинап отырмын (Т.Ахтанов, Дала сыры). Бір күні Ермаққа барғанында, сол ауылдың *б е л д і* кісісі Момынтайға жолықты (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Бұл, сөз айтуынша, Алматыдағы жеңіл өнеркәсіп министрлігінің *б е л д і* бір қызметкері екен (Ұ.Доспанбетов, Қардағы гүл). **5.** а у ы с. *Басты, үлкен.* Белгілі де *б е л д і* ғалымдар В.В.Барнольд, А.О.Маковельский, А.Н.Бернштам, Ә.Марғұланның пікірі бойынша, аталмыш киелі кітапты жасауға сақ, скиф, ғұн, қаңлы тайпалары қатысқаны рас болса, сөз жоқ, жоғарыда аталған баба билер бұл игі шарадан тыс қалды дей алмасақ керек («Парасат»).

Белді ата. *Текті, ел-жұртқа белгілі әулет.* Таңсық – *б е л д і а т а,* бай ауылдар (Б.Майлин, Шығ.).

БЕЛДІК[1] з а т. **1.** *Қайыстан, былғарыдан жасалған белбеу.* Міне, үстінде атты әскердің мәуіті шолақ бешпенті бар, *б е л д і г і н* қыса буған, құлақшынын шекесіне қисайта киген Лысенко (Б.Момышұлы, Москва.). Үстіндегі сырма шапанының екі етегін қайырып, *б е л д і г і н е* қыстырып алған (Б.Тілегенов, Аққайнар). Ол былғары *б е л д і к п е н* байластырып көтерген екі чемодан мен буманы жерге қойып, ақ тістерін көрсете күліп, әйелдің қатарына келіп отырды (Ж.Жұмаханов, Жинақ). **2.** *Тартпа, төсайыл.* Дүкенші Шүрен ойбайын салып, қасына барса, *б е л д і к* тартпасы шап етіне бес елі кіріп кеткен, әлдекім мана тартпасын ішібауырын арқа омыртқасына жабыстырып жіберетіндей қып, тым қатты тартыпты (Ә.Кекілбаев, Дала.). Бас жағында жерде жатқан *б е л д і г і н е н* өткір, ұзын қара пышақты суырып алып, сол қолының бармағымен сүйкеп жүзін көрді (М.Әуезов, Қараш.). Айыр түйеге *б е л д і к,* қоспаққа жазы, нарға ашамай салынады (Ө.Жолымбетов, Айгөлек). **3.** *Арбаның екі доңғалақ арасын қосып тұратын белағаш.* Бел

жібі аттың ершігіне ілініп қалып, арбаның алдыңғы *б е л д і г і* екі дөңгелегі мен бел жіптің бір жақ ұшы байланған тертесін айғыр тепкілей сүйретіп, бізді айнала шауып жүрді (С.Сейфуллин, Тар жол.). Арбаның *б е л д і г і н,* айыр, күрек соғады (З.Шашкин, Ұядан ұшқ.). Жөндеп жатыр Әлиман, Сынық ердің желдігін. Сатай өңдеп шабады, Ағаш арба *б е л д і г і н* (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

БЕЛДІК[2] з а т. **1.** г е о г р. *Биік жер деңгейі, белдеу.* Жоңғар Алатауында аю таудың жоғары және орта *б е л д і г і н д е* жүреді (Х.Қыдырбаев, Дала көркі). Алабұғатұлғалар отряд тармағы – оттегі мол тропиктік және қоңыржай *б е л д і к т е г і* суларда тіршілік ететін балықтар (Қ.Қайымов, Су асты.). **2.** *Бел ортасы, белі.* Нұрпейіс жүгіріп барып, жыланды қақ *б е л д і г і н е н* шанышқымен бір салды (Қ.Жармағамбетов, Сентябрь.).

Белдік тіреуіш. э т н. *Киіз үйдің уығын тіреітін аша ағаш.* Жел қатты соққан жағдайда уық тіреуге *б е л д і к т і р е у і ш т е р* пайдаланылады (Г.Райымханова, Ата кәсіп). Ашасыз тіреуішті де бұтақсыз сынды, түзу ағаштан жасайды. Жел қатты соққан жағдайда *б е л д і к т і р е у і ш т е р д і* пайдаланады, олардың басы ашалы, қысқа сол үйдің уығының қарынынан 1 м. жоғарырақ сәйкесетіндей орта шарқы болады (Х.Нұркеұлы, Ұлттық мирас.).

БЕЛДІКГҮЛДІЛЕР: белдікгүлділер тұқымдасы. ө с. <лат. loranthaceae> *Қосүйлі көпжылдық өсімдік. Б е л д і к г ү л д і л е р т ұ қ ы м д а с ы н ы ң* 1 туысы Арцеутобиум (arctuthobium) және оның 1 түрі Арша арцеутобиумы (A. Oxycebri) Қазақстанда Батыс Тянь-Шаньда өседі (ҚҰЭ).

БЕЛДІКСІЗ с ы н. *Белдігі жоқ.* Есіктен кіре бере оңға қарай созылған сөреге ылғи *б е л д і к с і з* киетін шалбарлар ілінген («Лен. жас»). Керемет дерсің...әр қыш әр жасап, бедер беріп, құйылып өсіп кетіп барады. Ешқандай тіреусіз, темір *б е л д і к с і з* қалай тұрғызған (Д.Досжанов, Тұлпар.).

БЕЛДІКТЕ= е т. **1.** *Белдігін салу, белдікпен байлау, бекіту.* Өлсем басым сүйейтін, Жолдас-жора ертемін. Қара қасқа тұлпарын, Айылменен *б е л д і к т е п...* (Қамбар батыр). **2.** *Заттың ортан белінен мықтап буу, құрсау.* Бұл аздай-ақ, оның қол-аяғын қоса кісендеп, қаңылтырмен қаптап, темірмен *б е л д і к т е г е н,* қақ ортасында жыланның көзіндей жалғыз тесігі бар есігінің сыртына жеке қарауыл қойды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

БЕЛДІКТІ: с ы н. *Белдігі бар, белдік салынған.* ≈ *Б е л д і к т і* жігіт.

Белдікті беріліс. т е х. *Біліктерге бекітілген шнивтер мен жетек белдік арқылы айналмалы қозғалысты келесі жүйеге беру үшін қолданылатын құрылғы. Б е л д і к т і б е р і л і с т і ң* жазық белдікті беріліс, жұмыр белдікті беріліс, сондай-ақ тісті белдікті беріліс түрлері сараланады (Қаз. тілі термин. Кен.).

БЕЛДІКШЕ[1] з а т. *Кішкентай белдік.* Ашу қысқан әкесі *б е л д і к ш е с і н* жұлып алған бойы ентелеп келді де, кілт тоқтап қалды («Қаз. әдеб.»).

БЕЛДІКШЕ[2] ү с т. *Белдік сияқты, белдікке ұқсас.* Жұп-жұмыр аппақ санын жалаңаштап, жоғары қарай *б е л д і к ш е* тартылған бірдемесін ағытып, бір шұлығын шешті (І.Есенберлин, Ғашықтар).

БЕЛДІҚҰРТ з а т. з о о л. <лат. ligula> *Жалпақ құрттар типінің таспа құрттар отрядының туысы. Б е л д і қ ұ р т* – құстардың және балықтардың паразиті (Қаз. тілі термин. Биология).

БЕЛДІЛІК з а т. *Азулылық, мықтылық, күштілік.* Бірақ, бұл ағайын ішінде *б е л д і л і г і н,* бір тұқымнан өрбіген шаңырағының көптігін арқаға тану ғып, көпшіліктің көзінше именбейтін адамның түрін көрсетті (Б.Майлин, Шығ.)

БЕЛДІРЕК с ы н. **1.** *Белсендірек, қызу.* Он беске келгеніңді білемісің. *Б е л д і р е к* жұмыс істесейші (Б.Әбдіразақов, Сандалкөк).

БЕЛЕГІР з а т. *Бел, белестеу жер.* Алдымдағы кішкене *б е л е г і р д е н* аса бергенімде, анадай жерде қиқулап бір-бірін шақырып, қалбалақтап ұшып жүрген қарғаларға көзім түсті (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Қойшы жігіт тері шалбарының қайыс бауын шеше берген сәтте иек артпадағы *б е л е г і р д е н* қарауытып шыға келген жалғыз салт аттыны көрді де, амалсыз ойлаған ниетін орындауды кейінге қалдырды (К.Сегізбаев, Беласқан).

БЕЛЕМНИТ з а т. з о о л. <лат. belemnitida> *Тас көмір кезеңінен бастап палеогенге дейін теңізде тіршілік еткен, бесаяқты моллюскілер класына жататын, өліп біткен омыртқасыз жануарлар отряды. Б е л е м н и т т е р* мезозой және кайнозой эралары шөгінділерінің геологиялық жасын анықтайтын негізгі белгінің бірі болып табылады (ҚҰЭ). Қазбадан табылған *Б е л л е м н и т т е р д і ң* қармақша иілген 5 жұп аяқтары, суда жүзуге бейімделген үлкен көзі, сіңір жақтары, қорғаныш қызметін атқаратын ерекше секреция бездері, жұмсақ денесінің ішінде 3 бөліктен тұратын (фрагмонан, проостракум және ростр) бақалшағы болған (ҚҰЭ).

БЕЛЕҢ з а т. **1.** *Бір-бірімен жалғас, көлбей созыла жатқан, биіктеу, дөңес жер.* Бұлттан шыққан күн шұғыласына жадырап бұлар бір *б е л е ң г е* шыға келіп еді, сол *б е л е ң н і ң* арғы

жағында оңтүстікке қарай көлденең түсіп, керуеннің кер жолы жатыр екен (Ә.Әбішев, Найзағай). Дөң жайлаудың кер *б е л е ң і н* өрмелеп келе жатқанда Бақтығұлдың бойына тың қайрат жиналды (М.Әуезов, Қараш.). Мынау алдымыздағы *б е л е ң н і ң* асты Ащының сайы. Сол сайдың арғы бетінде арпа егісі (Шопан серігі). **2.** а у ы с. *Белгілі бір кезең, межелі асу.* Екеуі балалықтың мәз тіршілігінен бастап, алпыстың *б е л е ң і н е н* асқанға дейінгі ыстық-суықты ұзақ өмірлерін бірге өткізіп, бірге жасасқан (А.Сейдімбеков, Ақиық). Бұл да қалған бір кезең, Қазақ өткен тарихта, Бұл да елеулі бір *б е л е ң* (І.Жансүгіров, Поэм.). Жол сілтеп дүниенің кемеңгері, Көрінді келешектің *б е л е ң д е р і.* Жайнады жүздер сарай күмбезіндей, Серпіліп Коминтерн өрендері (Қ.Бекхожин, Қайран жас.).

Белең алды. а) *Дендеді, өрши түсті.* Жәнібек есін жиып алды. Тұла бойына ыстық қан тарап, тіршілік рухы қайта *б е л е ң а л ғ а н* (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Алағызған көңілін әр нәрсені, өткен-кеткенін ойлап баспақ болады. Бәрібір *б е л е ң а л ғ а н* қорқынышқа тосқауыл болар күш жоқ екен-ау (О.Бөкеев, Үркер.). ә) *Секем алды, шошынды.* Ілгері кетіп бара жатқан торы ат бір нәрседен *б е л е ң а л ғ а н д а й* жалт берді (Б.Майлин, Шығ.). Бірақ әлденеден мықтап *б е л е ң а л ы п* қалған жылқыдай шошынып сілтеген Хакім тоқтамады, ол қалайда алдындағы атқа, шапқыш шекпенді жылқышыға жетуге жанталасты (Х.Есенжанов, Тар кезең).

Белең берді. *Белгі берді, нышан байқатты.* Бұрын самайда ғана *б е л е ң б е р г е н* ақ қырау жоғары өрлеп кетіпті. Бурыл тартқан қою шаш ақ селеудей жылтырап үйыса қалған (Р.Райымқұлов, Бұрылыс). Бізде қыс әлдеқашан *б е л е ң б е р д і* (А.Нысаналин, Армысың, БАМ!).

БЕЛЕС з а т. **1.** *Ұзынша, дөңестеу боп жатқан белең, бел, жон, жота.* Жол жыландай бүктеліп біресе жазылып, талай *б е л е с т е р д е н* асты. Алдағы биіктің асуы бәрінен қиын (Ғ.Мұстафин, Миллионер). Түн қараңғысы басқан шығыстағы *б е л е с т е р* бой көтеріп, қарауыта бастаған (М.Иманжанов, Менің махабб.). Алдағы бір *б е л е с к е* көтерілгенде, әріректегі саяң тұстан, бірі бозамықтау, бірі – қоңырлау екі киіз үй көрінді (С.Мұқанов, Есею жыл.). Айнала құм *б е л е с т е р* (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). **2.** а у ы с. *Өсу, дамумен байланысты кезең.* Қазақ музыкасын биік *б е л е с к е* шығаруда ерекше еңбек еткен мәдениет орнының біреуі – Қазақстанның Жамбыл атындағы мемлекеттік филармониясы (С.Мұқанов, Есею жыл.). Бүгінгі барымыз, биіктеріміз бен *б е л е с т е р і м і з* – егемендік тұғырын мықтауға бағытталған өткен жылдардағы мақсатты іс-қимылдардың нәтижесі («Түркістан»). «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге аса бастауы үлкен тарихи маңыздылығы бар құбылыс. Ол қазіргі тарихи *б е л е с т е* Елбасымыздың бастамасы жүзеге асуда («Жас Алаш»). Менің көз алдыма тұтас бір дүние, өткен өмір *б е л е с т е р і* жүріп жатты (Р.Тоқтаров, Терістік.).

БЕЛЕС-БЕЛ з а т. *Адырлы асу.* Бетегелі барқыттай *Б е л е с-б е л д е н* айырылдым. Балдан қалған сарқыттай Күміс көлден айырылдым (М.Жұмабаев, Шығ.).

БЕЛЕС-БЕЛЕС с ы н. **1.** *Жон-жон, жота-жота.* Жолдың бұл тұстары ылғи *б е л е с-б е л е с* болатын. Осы қазіргідей боп жұрт Шыңғысқа, жайлауға қарай көшкенде елсіз боп қалатын жер. Алыстан жолды бағып отыратын тұрғылары бар. Тақ иекартпада, өкпе тұстан жүргіншіге жауды қоян-қолтық, құшақтастыра түсіретін ұры сай, жасырын жыралары да бар (М.Әуезов, Шығ.). Қыс бойы сұрапылдың ойнағы болған *б е л е с-б е л е с* елсіз «Итжон» ақ көрпесін серпіп тастап, көк торғынға оранып жатыр (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Жерінің ерекшелігі тек қана қыр емес, *б е л е с-б е л е с* қызыл шағыл құм болады екен (С.Көбеев, Орынд. арман). **2.** *Қырқалы, асулы.* Сол уақыттар болғанда, *б е л е с-б е л е с* бел көрді, Бел астында ел көрді (Батырлар жыры). Көбікті түсті артына, *б е л е с-б е л е с* бел еді, Өзінің туған халқына Белгілі туған ер еді (Батырлар жыры).

БЕЛЕСКЕК з а т. *Бірнеше ескекті қайықтың негізгі күш түсетін, ортан беліндегі ескек.* Бас ескекке Мөңкені қойып, өзі *б е л е с к е к т е* отырған Еламан көзінің қиығын жағадан айырмады (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

БЕЛЕСТЕЙ с ы н. *Белес сияқты, белес тәрізді.* Алда төбе *б е л е с т е й* болып талай ғасырлар жатыр (С.Шаймерденов, Болашақ.). Бір өзің бір *б е л е с т е й,* Ешкіммен іргелеспей, Қалдың сен ел есінде, Еділ бойлап, Еліңді ойлап, Барасың келешек кемесінде (С.Мәуленов, Шалқар).

БЕЛЕСТЕН= е т. *Жон-жон, жота-жота боп жату.* Сонау жақта *б е л е с т е н і п* қарлы төбешіктер де созылып жатыр (К.Тоқаев, Тасқын). Құм жота қырқасы көп *б е л е с т е н г е н,* Басқа күш бұрын шақ кеп теңеспеген. Бетпақтан бетің қайтып шөлдегенде, Көзіңе су сағым боп елестеген (Қ.Айнабекұлы, Өленд.). Дала шудасы жал-жал боп қатпарлана, толқындана, *б е л е с т е н е* құлпырып кетті (Р.Райымқұлов Жасыл белес).

БЕЛЕСТІ с ы н. **1.** *Белесі көп, қырқалы.* Жаз күндері қараша ауылдар қаптап отырған ойпатты, *б е л е с т і* кең атырапқа бұл күндерде өндіріс ошақтары қаптаған (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Жерінің бедері әрқилы, батыс бөлігі *б е л е с т і* жазық, солтүстігі шағын бұйратты жазық дала (М.Ахметов, Егін қорға.). **2.** а у ы с. *Асу, кезеңі көп.* Үлкен жігер, нәзік сезім, *б е л е с т і* заманы суреттеп жататын тұтас тақырып жалпы Ғазиза шығармаларына тән дүние (С.Мыңжасарова, Замандас.).

БЕЛЕТЕН з а т. ж е р г. *Талдан тоқылған қора. Б е л е т е н д е* жатқан қойды үйге айдап кел! (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). Ол тынысын тарылтқан *б е л е т е н н і ң* қуысын кеңіте түсейін дегендей, екі қолын жерге тіреп, қорданы қос жауырынымен шірене көтерді (Қ.Салғарин, Сол бір күн.).

БЕЛЖЕМДІ с ы н. *Толық, жуан.* Есік пен төрдей ақбоз мінген *б е л ж е м д і* шой қара аса сөйлейді (К.Сегізбаев, Беласқан).

БЕЛЖЕМДІРЕК с ы н. *Жуандау, толықтау.* Алғаны ойлағанынан да *б е л ж е м д і р е к* екен. Ақ қағаздан жасалған үлкен конверттің ішінен көп бетті қалың дәптер шықсын (К.Сегізбаев, Бір қала.).

БЕЛКЕТПЕН з а т. *Арық қазу, жер шабу, топырақ қопсыту үшін қолданылатын, басы имек, сабы ұзындау құрал.* Бәрі де *б е л к е т п е н м е н* егіп егін, Тойынды ас пен суды ішіп тегін. Үйреніп жылдан-жылға диқандықты, Енді олар жер жөнінде болды жегін (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

БЕЛКӨТЕРГІШ з а т. ж е р г. *Арбаға ат жеккенде жетекті (тертені) көтеріп тұратын қайыс, бел жіп, тартпа.*

БЕЛКӨТЕРМЕ з а т. с ө й л. ***Белкөтергіш***. *Б е л к ө т е р м е* – екі жетек ағаш төмен салбырап түсіп кетпес үшін ершік арқылы өткізіліп, екі жетекке байланатын қайыс, жіп (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

Белкөтерме болды. *Жеңілдік, медеу болды.* Соңғы үміті Арал болатын, Арал түбінде қызылдарды талқандаса, өздеріне азырақ *б е л к ө т е р м е б о л а р ы н* білді (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

БЕЛКҮЛІІ ү с т. с ө й л. *Біржола, мүлде.* Өзі *б е л к ү л л і* сенен ауған жоқ – батыр десең батыр, ақылды десең ақылды (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Мен жалғыз қалдым. Туған әкемнің анасы сүйікті әжем де сенің сойылыңды соғып, менен *б е л к ү л л і* безіп кетті (С.Омаров, Өмір асу.). Әбілқасым менен *б е л к ү л л і* безіп кетпесе бір айдан бері бір белгісін бермей ме? (С.Омаров, Қиыр жол.).

БЕЛКҮРЕК з а т. ж е р г. *Сабы ұзындау күрек. Б е л к ү р е к т і* қайрап алып, арық қазуға кірістік (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БЕЛЛӘҺИ [ар. باالله] о д. ***Биллаһи***. Жорықтан оралған мұғалима соны ғана аузынан тастамай жүрді. Қаншама қасиеттер танытты, *б е л л ә һ и,* он балаға татыр еді («Қазақст. мұғ.»). Ер азамат қан жұтқанда түздерде, Май жұтты деп ойламассың бізді елде. Қырық қырнап қырқыншы жыл қырманын, *Б е л л ә һ и г е* қалдырмадық бір дәнін (М.Әлімбаев, Жүрек лүпілі).

БЕЛЛЕТРИСТ з а т. ә д е б. *Прозалық шығарма жазумен айналысушы.* Тауда үш күн тынығып, таң сәріде Венаға қайта оралған белгілі *б е л л е т р и с т* Р. жолай вокзалдан сатып алған газеттің шыққан күніне көзі түскенде бүгін өзінің туған күні екені есіне сап ете қалды («Лен. жас»).

БЕЛЛЕТРИСТИКА [франц. belles-lettres] з а т. ә д е б. *Баяндау түрінде жазылған көркем шығарма.* Осының өзі-ақ, қазақ тілінің жетілген *б е л л е т р и с т и к а* тілі ғана емес, толыққанды саяси және ғылыми публицистиканың тілі екендігіне көзімізді анық жеткізе алады (Ә.Кекілбайұлы, Үш белес). Мұнда ресми документтер ізін тек *б е л л е т р и с т и к а* шарттарына бейімдеп жаңарту ғана бар («Қаз. әдеб.»). Біз осы күнге дейін бірыңғай көркем шығармаларды *(б е л л е т р и с т и к а н ы)* аударып келдік («Қаз. әдеб.»).

БЕЛОК ор. з а т. б и о л. ***Ақуыз*** *(Өсімдіктер жасушалары мен жануарлар ағзасының ең негізгі бөлігін құрайтын күрделі органикалық азотты қоспа). Б е л о к* – өсімдік және мал организмі клеткасының құрамды бөлігі, онда азот бар (Р.Әбуғалиев, Қой өсіруші.). Ал *б е л о к* протоплазманың маңызды бөлігі, яғни өсімдіктер мен жануарлар клеткасы тіршілігінің негізі болып табылады (Қ.Иманғазиев, Минерал.).

Белок синтезі. б и о л. <лат. translatio> *Тірі ағза жасушасындағы цитоплазма нуклеин қышқылдарынан ақуыздың синтезделу процесі. Б е л о к с и н т е з і* жүретін цитоплазмадағы рибосомаларға гендерден мәлімет әкелетін болғандықтан, оны ақпараттық Р Н Қ (А Р Н Қ) деп те атайды (ҚҰЭ). *Б е л о к с и н т е з і* негізінен төрт кезеңнен тұрады (ҚҰЭ).

БЕЛОКСЫЗ с ы н. б и о л. *Ақуызы жоқ.* Белок – дене клеткалары мен ткандерінің құрамына кіреді, *б е л о к с ы з* тіршілік жоқ (Е.Оразақов, Дәрігер.). Осы мақсатпен Лонг, Сотон, Модель бірқатар *б е л о к с ы з* құранды қоректер ұсынды (Малды туберк. сақта.).

БЕЛОКТЫ с ы н. б и о л. *Ақуызы бар.* Мысалы, бұршақ тұқымдас өсімдіктер [беде, жоңышқа] мал үшін өте құнды *б е л о к т ы* азық (Н.Рақышев, Күйіс малы.). *Б е л о к т ы* сүт өте бағалы, басқаша айтқанда, ақуыздар – белоктар организмді амин қышқылдарымен толық қанағаттандыра алады (З.Сейітов, Сүт. өңдеу.).

БЕЛОКТІК с ы н. б и о л. *Ақуызға жататын, ақуызға қатысты.* Қарынға түскен астағы *б е л о к т і к* заттар ішекке қорытылмай өтеді (М.Исамбаев,.. Мед. анықтама). Буын қалтасының туберкулезі сары су болып жиналып, сары суға қан құрамындағы *б е л о к т і к* заттар да қосылады (Е.Оразақов, Туберкулез.).

БЕЛОРАҚ з а т. ж е р г. ***Шалғы***. Қазақ шөпті *б е л о р а қ п е н* шабады (М.Дулатов, Шығ.). – Жазды күні мен *б е л о р а қ п е н* шөп шапқанда менің шапқанымды тырмамен жиып үлгере алмағаныңды білемісің, – деді Маржанкүл (Б.Майлин, Шығ.). Бір ырғақпен сілтеген *б е л о р а қ* көк құрақты сыр етіп қиып, ілкі жоғары көтерілгенде жүзі сәулемен жалт етіп, кейін қайтады («Қаз. әдеб.»).

БЕЛСАЗ з а т. т а р. *Көне дәуірлерден сақталған ғұрыптық құрылыстар.*

БЕЛСЕКЕҢ з а т. с ө й л. э к с п р. ***Белсендісымақ.*** Қай жерде де *«б е л с е к е ң н і ң»* ағасы бар, Бишара, «сын» жамылған тағысы бар. «Сынына» бұлардың да құлақ қойдым. Өзінше сұрқылтайдың бағасы бар (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

БЕЛСЕН= е т. **1.** *Етек-жеңін жинап, білек сыбану.* Шапандарын *б е л с е н г е н,* Асау мінип теңселген. Жылқышылар кеп түрса. Таңертеңнен салпылдап (Абай). Бір кезде теңіз өрлеп жүрген жігіт, *Б е л с е н і п* етек-жеңін түрген жігіт (Ғ.Малдыбаев, Қырым қызы.). Дүрия бешпент *б е л с е н і п* Бұл дүниені кең салып Алтынды қамшы қолға алып, Абжыландай толғанып (Қыз Жібек). **2.** *Бар ынтасымен құлшына, аянбай кірісу.* – Бастықтардың келе жатқанын қиырдан танып, *б е л с е н е* қалуын қарашы, әйтпесе, күнде осы уақытта қымызға қанып ап, қоста ұйықтап жатушы еді (Ж.Тілеков, Шалғай шепте). Қайрат та қайтар емес. «Ашылған бет ашылды» дегендей, бұл да дауға белін шешіп, *б е л с е н е* кірісті (А.Сатаев, Аққу.). Қобыландыланып, *б е л с е н і п,* Ойқастайсың жалаңдай. Көк найзаң бар қолыңда, Үшкір темір қаламдай (С.Сейфуллин, Шығ.).

Белсенген білек. *Күшті, алымды.* Сол уақытта қарасаң, Қыз Назымдай сұлуға: *б е л с е н г е н б і л е к* көрінер, Сырдың құба талындай (Қамбар батыр).

БЕЛСЕНДІ с ы н. *Қажырлы, ынталы, жігерлі.* Жамбыл өнеріндегі негізгі бір идеялық сарын – [_ _ _] адамдардың *б е л с е н д і* іс-әрекеті (Е.Ысмайылов, Ақындар). Оразбақ өзінің осы шабысында адал да *б е л с е н д і* еңбегімен бейбітшілік өмірді қорғамақ (С.Мұқанов, Шығ.). **2.** *Үздіксіз, тынымсыз.* Философиялық қағида, салдардың өзі әсер етілген заттың *б е л с е н д і* қатынасының нәтижесі (А.Қасымжанов, Диалект.). Сыр жасауда микроорганизмдер белгілі бір заңдылықпен араласып отырып, *б е л с е н д і* қызмет атқарады (Н.Шоқанов, Микроорганизм.). Ақыл-ой әрекеті *б е л с е н д і* жүріп отырады (К.Жарықбаев, Психология.). // т а р. *Алдыңғы қатардағы тәжірибелі, озат адам.* Сағидолла ағайдың бір қасиеті өзі бастаған ісін тындырмай қоймайды және ауыл *б е л с е н д і л е р і н і ң* бәрінен осыны талап етеді (М.Сатыбалдиев, Жартас.). Ауылдың *б е л с е н д і л е р і н,* комсомолдарын жинап алып колхоздың өндіріс жоспарын істеп жатқанбыз (Б.Майлин, Шығ.). Осыдан отыз жыл бұрын мына тұрған әкең ауылдың *б е л с е н д і с і* болатын (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). // ж а ғ ы м с ы з. *Орынсыз белсенділік жасаушы, асыра сілтеуші.* Ғасырлар бойы халықтың рухани өмірінің өзегіндей болған домбыра мен қобызға кейбір «жаңа-шыл» *б е л с е н д і л е р* үрке қарады (Ж.Рсалдин, Ахмет Жұбанов). Тұрман басын шайқап: – Сен өзің қып-қызыл *б е л с е н д і* боп қайтыпсың ғой (О.Сәрсенбаев, Сағым). Біздің ауылда борсықша құйрық сорып, молдалық құруға көшкен кешегі *б е л с е н д і л е р* бар («Қаз. әдеб.»).

Белсенді қорғаныс. ә с к. *Қарсы жақтың күштерін әлсіретуші әрекеттер арқылы ұйымдастырылған қорғаныс түрі. Б е л с е н д і қ о р ғ а н ы с* қорғалатын аймақты ұстап тұру ғана емес, қарсыластың ірі күштерін әлсірету мақсатында ұйымдастырылатын қорғаныс (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Белсенді мұздық. с у ш а р. *Қоректену алабынан үздіксіз мұз түсіп тұратын қозғалыстағы мұздық. Б е л с е н д і м ұ з д ы қ* мұздықтың қозғалыссыз бөлігіне («өлі» мұздық) қарсы мағынада қолданылады (Қаз. тілі термин. Су.).

Белсенді сайлау құқы. қ о ғ.-ә л е у м. *Жынысына, кәсібіне, әл-ауқатына, біліміне т.б. қарамастан кәмелетке толған азаматтардың сайланбалы мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға қатысу құқы.* Әйтесе де *б е л с е н д і с а й л а у қ ұ қ ы н а* қатысты кейбір шектеулер түрі, мысалы, жас ерекшелігі уемзі (Грецияда – 20 жас, Малайзияда, Боливияда т.б. елдерде – 21 жас). Сауаттылық уемзі (Тайланд, Кувейт т.б. елдерде) және тұрғылықтылық уемзі (Эстония, Ботевана т.б. елдерде) ұшырасады (ҚҰЭ). ҚР Конституциясына сәйкес сот әрекетке қабілетсіз деп танылған, күшіне енген сот үкімі бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген адамдардан басқа 18 жастан асқан ер азаматтарының барлығы *б е л с е н д і с а й л а у қ ұ қ ы н а* ие болады (ҚҰЭ).

Белсенді ізденіс. п с и х. *Адамдардың қарым-қатынасын тиімді жағдайға қарай орайластыратын мінез бітістерінің дара түрі.* Жануарлар бойындағы *б е л с е н д і і з д е н і с к е* олардың белсенді қорғаныс рефлекстерінің барлық түрі жатады, мысалы, өзгелерге қауіп төндіру, түрлі қауіпті жағдайлардан қорғану, жер жағдайын бақылау және т.б. (Қаз. тілі термин. Педагогика.). Адамдардағы *б е л с е н д і і з д е н і с* алдағы күнді жоспарлау, әлденені қиялдау кезінде анық байқалады (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Шолақ белсенді. *Асыра сілтеуші, шаш ал десе, бас алушылар.* Ежелгі мінезім жоқ жерден білгішсіп, шошаңдап қалған *ш о л а қ б е л с е н д і л е р д і* жаным жақтырмайтын-ды (К.Асанов, Сағыныш). – Тамағы жыртылғанша даурыққан *ш о л а қ б е л с е н д і л е р* де көбейіп кетіп еді (Н.Ғабдуллин, Өмір күйі). Ешкінің құйрығынша шолтаңдаған *ш о л а қ б е л с е н д і л е р* шаш ал десе, бас алған жоқ па (С.Жүнісов, Жапанда.).

БЕЛСЕНДІЛЕУ с ы н. *Пысықтау, ынталылау, жігерлілеу.* Мен Рамазаннан гөрі *б е л с е н д і л е у м і н.* Тықылдап сабақты да үлгерем (Б.Соқпақбаев, Балалық шақ.).

БЕЛСЕНДІЛІК з а т. **1.** *Қажырлылық, жігерлілік, еңбекқорлық.* Оқушыларының мынадай *б е л с е н д і л і г і н е* Жәйтабар да ыразы сияқты (Н.Қазыбеков, Шалғайда.). Анар жүрегі кейде жылы соққанымен сүйер жан тарапынан оншама *б е л с е н д і л і к т і* байқамай басылады (А.Байтанаев, Қансонар). Ол дәл бүгін *б е л с е н д і л і г і н* басымырақ көрсеткісі келгендей (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). **2.** *Ынталылық, жұмыла кірісушілік.* Осының бәрін ұйымдастыруда *б е л с е н д і л і к,* ұқыптылық көрсетіп жүргендердің бірі Сәдуақас еді (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Істелуге тиіс істі олар қайтсе де орындайды. Көбіне *б е л с е н д і л і к* көрсететіндер – Қалипа, Тұрар, Айсұлу (М.Сқақбаев, Қырық қыз). Бізге бұған дейін еліміздің саяси өмірінде ешқандай *б е л с е н д і л і к* танытпаған, өздерін әлі таба алмаған адамдар келіп мүше болып жатыр (ТУГ). **3.** п с и х. *Салдардың өзі әсер еткен заттың белсенді қатынасының нәтижесі ретіндегі психологиялық, философиялық қағида. Б е л с е н д і л і к* қажырлықты, ынталылықты, жігерлілікті, тынымсыздықты білдіреді (Қаз. тілі термин. Педагогика.). Орынсыз *б е л с е н д і л і к* және шығармашылық белсенділік түрлері болады (Қаз. тілі термин. Педагогика.). **4.** п е д. *Ойын, сабақ, еңбек күнделікті іс-әрекетте кездесетін міндеттерді шығармашылықпен орындай білу қабілеті.* Тек *б е л с е н д і л і к* танытқан адамдар ғана мақсатқа жету барысында батылдық көрсетіп, қиыншылықты жеңіп шыға алады (Қаз. тілі термин. Педагогика.). Күнделікті іс-әрекеттің ішінде шығармашылық ойындар баланың *б е л с е н д і л і г і н* арттыруға ерекше мүмкіндік тудырады (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Ағаш [құрғақ] белсенділік. *Әкімшілік қызметі, мансабы жоқ, қолынан ешнәрсе келмейтін, құр пысықтық.* Ақтас өлімі, Қоспан қайғысы сол тұс-тағы кейбір адамдардың *«а ғ а ш б е л с е н д і л і г і»,* колхоз құрылысына қас элементтердің іс-әрекеттері поэмада нанымды қиюласқан («Қаз. әдеб.»). Әуелде Құрман ойын түсінбей, *қ ұ р ғ а қ б е л с е н д і л і к,* атаққұмарлық деп ойлапты (Жарық жұлдыздар).

Шығармашылық белсенділік. *Ой еңбегін дамытудағы жігерлілік.* Еңбекші әйелдердің *ш ы ғ а р м а ш ы л ы қ б е л с е н д і л і г і н* және өздігінен қызмет іскерлігін арттыру керек (Аялы жандар).

БЕЛСЕНДІР= *Ынталандыру, жігерлендіру.* Бейімбет кейіпкерлерін қайнап жатқан өмір ағымынан арашаламай күреске *б е л с е н д і р е* кірістіріп отырады (І.Омаров, Серпін). Ақтық күшін жұмсап, тіршілік тартысының майданына *б е л с е н д і р д і* (Б.Майлин, Шығ.).

БЕЛСЕНДІРЕК с ы н. *Белсенділеу.* Нарманбетов өзін басқа колхоз басшыларынан *б е л с е н д і р е к* көрсетпек пе, клубқа бәрінен бұрын кіріп, екі орынбасарын екі жағына ала, ең алдыңғы орындыққа отырды (Ж.Тілеков, Шалғай шепте).

БЕЛСЕНДІСЫМАҚ с ы н. э к с п р. *Орынсыз белсенділік, шолақ белсенді.* Кітап оқуға қол тие ме, – деді ол. Осы бір *б е л с е н д і с ы м а қ* қайдан пайда болды дегендей маған тіксіне қарап (С.Мәуленов, Шыңда.).

БЕЛСЕНДІСІ= э к с п р. *Белсенді болғансу.* Кейбіреулер *б е л с е н д і с і п* біреуді жамандап, біреудің асты-үстін қазбалап тыштандайды кеп (Ө.Қанахин, Мұрагер).

БЕЛСЕНДІСІН э к с п р. *Өзін белсенді санау, белсенді болғансу.* Сақ бол, жолдас Аспанов. Шошаңдап жиналыс сайын сөйлеп, *б е л с е н д і с і н і п* жүрме (С.Адамбеков, Қожанасыр.).

БЕЛСЕНУ *Белсен етістігінің қимыл атауы.* ≈ Аянбай *б е л с е н у.*

БЕЛСЕНІС= е т. *Құлшынысу, белсенділік танытысу.* Заманымда өзімнің Жасанысқан жау көрдім: *Б е л с е н і с к е н* дау көрдім, Үрікпедім де саспадым (С.Сейфуллин, Шығ.). Заманымда не көрдім? Еңсеріскен ер көрдім, *Б е л с е н і с к е н* бел көрдім, Қарсыласқан жау көрдім (Ақберен).

БЕЛСОҒАР з а т. б е й н. *Қыран құстың тұяғы мағынасында.* Көптен күткен бомбадай, Қыран түсер құйылып. Шойын басты балғадай, *Б е л с о ғ а р ы* түйіліп (Қ.Әбдіқадыров, Таңд. өлеңд.).

БЕЛСІЗ с ы н. *Әлсіз, күшсіз.* Әй, құрдас, тұра қал, көш қонарға іліксін, сонан соң тартар табылар. Күнгей қазағы Доскейде маза жоқ. Атым *б е л с і* з. Қажып келем (Д.Досжанов, Зауал).

БЕЛСІЗДІК з а т. м е д. <лат. impotentia> *Жыныс қабілеті жоқтық, қуатсыздық. Б е л с і з д і к* – еркектің әйелмен жыныс қатынасына қабілетінің төмендеуі немесе мүлде болмауы (Мед. анықтама). *Б е л с і з д і к* орталық нерв жүйесі қызметінің бұзылуынан, ой еңбегімен ұзақ уақыт шұғылданып шаршағаннан, ұзаққа созылған аурудың әсерінен пайда болады (ҚСЭ).

БЕЛТАМЫР з а т. **1.** *Малдың беліндегі жуан тамыр.* Қара сақал бір шал құнанның *б е л т а м ы р ы н* алып жатқанда үстіне келіп, үрейленіп, үріккені қайда (С.Жүнісов, Ақан сері). **2.** ж е р г. э т н. *Соғымға арналған малды сойып, мүшелеген адамға берілетін сыбаға.* Соғымға арналған малды жығып, сойып, мүшелеп, бұзып берген қасапшы кісіге берілетін сыбағаны қолүздік, *б е л т а м ы р* деп атаған («Дала дидары»). Мал сойсаң *б е л т а м ы р* аласың. Оңтүстік облыстарда мұның орнына «аян омыртқа» сөзі қолданылады (Каз. тілі. диалек. сөздігі).

БЕЛТЕМІР з а т. **1.** *Көлік доңғалағына көлденең бекітілетін темір.* Дөңгелекті домкратпен *б е л т е м і р д і ң* арасына жаныштай қойып тағы бір шама күтті (Қ.Ысқақов, Бұқтырма.). *Б е л т е м і р* қып-қызыл болып қызып қалған екен, оны оттан алып, орнына кіндік темірді салды да, Нарымбайдың *б е л т е м і р і н* соқты (С.Шәріпов, Шығ.). Недәуір үлкен төс темірдің үстіне көлденең салған, қып-қызыл қып отқа қыздырған *б е л т е м і р,* сірә, ләкшенке арбанікі болса керек (С.Шарипов, Бекболат). **2.** с п о р т. <франц. tourner> *Спортқа арналған құрал-жабдық.* Ертеден қара кешке дейін *б е л т е м і р г е* асылып жататын балалар әр қала, әр ауылда көп («Соц. Қаз.»). Біз де соны айтайық деп жатырмыз. Бәрі чемпион болмас, бірақ *б е л т е м і р г е* тартылып жатқандардың ішінде бірер чемпион шығу үшін қайткен дұрыс? («Соц. Қаз.»).

БЕЛТІ: **белті қой**. м а л ш а р. *Екі жастан асқан, піштірілген еркек қой.* Екі жастан асқан қоздайтын қойды саулық, ал піштірілген еркегін құнан қой, дөнен қой, *б е л т і қ о й,* бестен асқанын ақ ауыз қой немесе еркек қой, бойдақ қой дей береді (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

БЕЛТІР з а т. **1.** *Балтыр мен тобық аралығы, жіңішке жіліншік.* Аяғына кигені *б е л т і р і н е н* қайыспен шандыған көн шоқай (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). **2.** *Етік бөлшегі.* Етіктің бөлшектері: бас, қоныш бас пен қоныштың арасы – *б е л т і р*, табанын – ұлтан, ұлтан мен бастың ұштасқан жерін – шұлық деп атаған (С.Мұқанов).

БЕЛТІРЛІК з а т. **1.** а н а т. *Тобық пен балтыр арасындағы жіңішке жіліншік тұс. Б е л т і р л і г і* қиылып түрған, өкшелі де үсітті аяқтың қып-қызыл саусақтары жымдасып тұрғандай еді (Ғ.Мүсірепов, Белдерде). Аяқтары қандай әдемі еді! Өкшелі де үсітті, *б е л т і р л і г і* қиылып тұр (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан). **2.** *Жіліншікті орап байлайтын бау, тартқыш.* Торғын, құманыңда жылы су бар ма? – Аяғымды жуып алайын, – деді, солдат *б е л т і р л і г і н* шешіп (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

БЕЛУАР з а т. **1.** *Адамның бел тұсы, белдеме.* Бір мезгілде *б е л у а р ы н д а* жалаңаш алтыатары жарқ-жұрқ етіп үлкен үй жақтан шығып келе жатқан Бақтығұл көрінді (М.Әуезов, Қараш.). Сәлімгерейді көк шөптің үстіне шалқасынан салыпты. Жалаңаш дене *б е л у а р ы н а* дейін ашық (М.Гумеров, Хазірет.). Жас құлындай ойнақтаған бозбалалар *б е л у а р ы н а н* келетін шалғында бірін-бірі айнала қуысып ойнап жүр (Ә.Бектемісов, Майдангер.). **2.** а у ы с. *Бір заттың орта тұсы, тең ортасы.* Алыстан көрінеді кербез Алтай, Ақша бұлт, *Б е л у а р ы* ақ шудадай. Төгілген шымылдықтай етегіне, Көкке өрлеп қатарласқан сан қарағай (И.Байзақов, Өлеңд.).

БЕЛУАРДАН үс т. **1.** *Орта белге дейін, орта белінен.* Алты жауынгер *б е л у а р д а н* келетін қар үстінде еңбектеп барады («Қазақст. мұғ.»). Арқалық бір жақсылық жеткен шығар, Басыңнан талай бейнет өткен шығар. Түсіңде *б е л у а р д а н* отқа күйсең, Өртеніп бәле-жалаң кеткен шығар (Батырлар жыры). Солдаттар *б е л у а р д а н* шешініп, жағасында дөңкиген қой тастары бар өзенде жуынып жатыр екен (Б.Момышұлы, Біздің генерал). Серәлі көйлегін шешіп, *б е л у а р д а н* жуынып алмақ болды (Т.Ахтанов, Дала сыры). **2.** *Бір заттың орта тұсына дейін.* Бес-алты атты *б е л у а р д а н* шөп тиеген екі шаналыны ертіп, ен даланы кезіп жүр (Т.Ахтанов, Дала сыры). Құдық *б е л у а р д а н* шүпілдеген су. Басы төмен түскен өгіз табан аузында тұншығады (С.Мұқанов, Шығ.).

Белуардан батты. а) *Белінен, белшесінен келді.* Шәйкен мынадай суықта мұздай суға

б е л у а р ы н а н б а т ы п тұрғаны көперіне кірер емес (М.Сәрсекеев, Жетіжылдық.). Атып жатыр Атагелді, Топырақты терең ордан. Бұрқыратып жота белді *Б а т қ а н* өзі *б е л у а р д а н* (Қ.Бекхожин, Достық.). Өзен жағасында жатаған ағаш үй көрінеді. Жерге *б е л у а р ы н а н б а т қ а н*, шатырлап жапқан темірсіз тақтай төбесі дал-дұл (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). ә) *Мөлшерден тыс, шамадан көп.* Партия шығыны Бәйтенді де Жараспай сияқты *б е л у а р д а н* борышқа, шығынға *б а т ы р ы п* бара жатқан (М.Әуезов, Қараш.).

Белуардан келді. *Беліне дейін жетті.* Ор тереңдеп, тапалдың *б е л у а р ы н а н к е л і п* қалды. Енді ордың ішінде тұрып екі адамға қазуға тар болып қалған (М.Жұмабаев, Шығ.)

Белуардан қан кешті. *Қан майданның, қырғын соғыстың ішінде болды.* Егіз қозыдай екі дос бес жыл *б е л у а р д а н қ а н к е ш і п*, талай ажалдың апан аузына түсіп кете жаздады (Д.Досжанов, Тұлпар.).

Белуарынан аса. *Белінен аса, белінен жоғары.* Үстінде қара тон, басында қоян құлақшын, аяғында үлкен пима. *Б е л у а р ы н а н а с а* қар басып қапты (М.Жұмабаев, Шығ.).

БЕЛУАРЛА= е т. *Белуардан келу, белдемелеу. Б е л у а р л а п* оралған мақта бұтағына ілген сан түсті ойыншықтар, ленталар, мамықтай ақ қауыздар қиыр терістіктегі қысты елестететін сияқты (Т.Нұртазин, Адам.). Аспанды *б е л у а р л а п* нар түйедей шөгіп жатқан Қаратау қазақ тарихын арқалаған қарт музей секілді (С.Мәуленов, Жер нәрі). Омбы қарды *б е л у а р л а п*, бір шақырымдай жүрген шығармыз, биік төбеге тап болдық (Н.Әбуталиев, Жаңарған.).

БЕЛУДЖ з а т. *Негізінен Иран, Пәкістан, Ауғанстан т.б. елдерде тұратын халық (өздерінің атауы – балуч, балы).* XI–XIII ғасырларда Пәкістанның Белуджстан аймағына қоныстанған. *Б е л у д ж д е р д і ң* қазір 3 млн-ға жуығы осында (ҚҰЭ). *Б е л у д ж д е р* маррлбуты, рахмани, ринды, магам, ранс т.б. ірі тайпаларға және руларға бөлінеді (ҚҰЭ). *Б е л у д ж д е р д і ң* Тәжікстан, Түрікменстанда тұратындары қаракөл қойы терісін өңдеумен, мақта өсіру, жібек мата шығарумен айналысады (ҚҰЭ).

БЕЛШЕ з а т. *Үзеңгілік, белуар.* Батпақтар сорып *б е л ш е н і*, Қан басты етік шұлығын. Туған жер аңсап өлшеді, Адымын әрбір ұлының (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

БЕЛШЕДЕН ү с т. **1.** *Белуардан, белден, бел ортадан.* Дұшпанның һарам қанына *б е л ш е д е н* жүзсең де, ол мүсәпір болған жауыңның жаутаңдаған көзінен ытқып шыққан бір тамшы ыстық жасты өз көзіңмен көргеніңдей болмайды (Ә.Кекілбаев, Дала.). **2.** а у ы с. *Шексіз мол, мөлшерсіз.* Амалыңды, айлаңды асырсаң, *б е л ш е ң н е н* бай боласың осы жолы. Дәл осы сәт – сенің терең, саяз екеніңді өлшейтін «өткел» деп біреу құлағына сыбырлап тұрғандай болды (С.Адамбеков, Атылған қыз.). Жамбыл кезді жетпіс жыл, Өзгермеді тұлғасы. Қайда барсам *б е л ш е д е н* Надандықтың ордасы (Жамбыл). Соқа да тарттым жегіліп, Жасамай міндет ешкімге. Жөнелдім терім төгіліп, *Б е л ш е д е н* бейнет кештім де (Ә.Тәжібаев, Өлеңд.).

Белшеден басты. *Бел ортасында жүрді, малтықты.* Жігіт ағасы болып Қалден Церенге түтқынға түскен Абылайды да жырау ұмытқан жоқ. Бетінің тамыры бір бүлк етпей, адам қанын *б е л ш е д е н б а с ы п* жүрген бүгінгі Абылай да жыраудың көз алдында (І.Есенберлин, Жанталас).

Белшеден батты. *Ортан белінен, белуардан келіп малтықты.* Сұраншы батыр сүңгісін, Сілтеп жауға шын күшін. Мұртына мұз қатса да, *б е л ш е д е н* қарға *б а т с а* да, Ойран салып дүшпанға, Қырандай ұшқан сонарда (Т.Жароков, Шығ.). Мынаған назар аудара кетер едім: егерде ұлтаралық негіздегі жанжалдар басылмайынша, *б е л ш е м і з д е н б а т қ а н* дағдарыстан елді ешқандай жоспар, ешқандай бағдарлама алып шыға алмайды (Д.Қонаев, Өтті дәурен.).

Белшеден кешті. *Молшылыққа батты, кенелді.* Не деген ұшан-теңіз зор байлық. Мұншама дарқан байлықты *б е л ш е д е н к е ш і п* жүріп, адамның неге аш болатынына мен қазір түсінбеймін (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

Белшеден кірді. а) *Малтықты, батты.* – Ертеңгі мұздай суға *б е л ш е с і н е н к і р і п*, ауырып қала көрмесін, – деді кемпір Әлібекті өзгеше мүсіркеп (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Қараңғыда ештеңені де көрмеймін. Сөйтсем, әлгі арада көлшік су бар екен. Былш етіп *б е л ш е м н е н к і р д і м* де кеттім (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). ә) *Қамалды, шырмалды.* Ой түйығына *б е л ш е м н е н к і р і п* отырғанымда Рахимов жетіп келді. Орнымнан қалай ұшып тұрғанымды да білмеймін (Б.Момышұлы, Москва.).

Белшеден қан кешті. *Майданның, соғыстың нағыз ортасында, ішінде болды.* Майданда ер-азамат *б е л ш е с і н е н қ а н к е ш і п* жүр, – деп қамшымен батысты нұсқайды. Мына арпаның әр дәні жауға атылған оқ екенін білесіңдер ме? (Д.Досжанов, Тұлпар.). Сонау бір соғыс жылдары майданда бес жыл бойы *б е л ш е с і н е н қ а н к е ш і п* келіп, осы бір қарапайым қаракеттің басын ұстаған (Д.Досжанов, Зауал). Апрельдің он алтысынан майдың екісіне дейін-

гі *б е л ш е д е н қ а н к е ш к е н* осы шайқаста жиырма жастағы лейтенант Мәденов Кенжебай да ежелгі жауына қарсы аянбай қару сілтеді (Ғ.Сланов, Замана.).

Шығынға [борышқа] белшеден батты. *Мол шығынға ұшырады, қарызданды.* Не қыл деймін мен саған соншама *ш ы ғ ы н ғ а б е л ш е м н е н б а т ы п* отырып (С.Шаймерденов, Жыл құсы). – Жаныңда тыныс көздеп жатқын, – деді, – Осындай оңай дүние тапқын, – деді. – Әркімнің малын алып қарызға жеп, *Б о р ы ш қ а б е л ш е ң н е н* кеп *б а т қ ы н,* – деді (Айтыс). *Б е л ш е д е н б а т т ы м б о р ы ш қ а*, Ұмытам қайтіп бұл сыйды (Қ.Аманжолов, Шығ.).

БЕЛШЕЛЕ= е т. *Белшесінен кешу, бату, белдемелеу.* Жүрттың көбі бекерге даурығып, пайда келтірудің орнына зиянға *б е л ш е л е й д і* (Т.Нұртазин, Адам.). Ысылған, төселген мұндай адамдар талай қиындықтарды *б е л ш е л е п* өтті ғой (Ердің даңқы еңбекте).

БЕЛШЕСІНЕН ү с т. ***Белшеден***. Көң-қоқырға *б е л ш е с і н е н б а т қ а н* қожалақ тамдардай емес, бұл ара көңілді, айнала жібектей құлпырған жасыл дала, мөп-мөлдір таза ауа (Б.Соқпақбаев, Балалық шақ.).

Белшесінен басты. *Білгенін істеп, дәурен сүрді.* Ал дүниені *б е л ш е с і н е н б а с ы п,* өмір құбылыстарына көбіне-көп жеңілірек қарап жүретін Сәлімге бәрі де бір сияқты (Т.Жанкелдин, Сын сағатында.).

Белшесінен батты. а) *Шырмалып шыға алмады, әбден батты.* Сәлім «не қорытынды шығарады. Шынымен су түбіне кеткенім бе» деп ойлап, ауыр қиялдың азабына *б е л ш е с і н е н б а т ы п* қала берді (А.Оразалин, Қайырлы.). Балтабайдың әлі күнге пітір бермегенін, сөйтіп күнәға *б е л ш е с і н е н б а т ы п* отырғанын бетіне басты (Х.Мұстафин, Қыр жігіті). ә) *Кенелді, қарық болды.* Етегі Қаратаудың толқын егін, *Б а т т ы* оған *б е л ш е с і н е н* еңбекші елім (Т.Әлімқұлов, Сапар). Дуылдап кетті Торғай өлкесі кең, Аспанда алыс күннің өркешінен, Қол жетіп, еркін қазына түсіргендей, *Б а т қ а н д а й* бақытқа жұрт *б е л ш е с і н е н* (Ғ.Қайырбеков, Большевик.).

Шығынға [борышқа] белшесінен батты. *Шығынға [борышқа] белшеден батты.* Әрі-бері айналса, аты арықтап, *Ш ы ғ ы н ғ а б е л ш е с і н е н* әбден *б а т ы п*. Сұм-сұрқия, қу, білгіш атанбаққа, Құдай құмар қылыпты қалжыратып (Абай, Тол. жин.).

БЕЛЬ ор. з а т. б и о л. *Өсімдіктің жапырағы мен гүлдеріндегі өрмекшінің өрнегіне ұқсаған ақ ұнтақты ауру. Б е л ь* ауруына, әсіресе салқын тиген өсімдіктер оңай шалдығады (С.Тұрдиев,.. Үй өсімдік.).

БЕЛЬТИНГ [ағыл. belting] з а т. т е х. *Әртүрлі таспалар жасауға арналған берік техникалық мақта-мата материалы. Б е л ь т и н г* – конвейнер таспалары немесе жетекші белдіктер жасалатын берік техникалық мақта-мата материалы (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

БЕМИТ з а т. м и н. *Химиялық формуласы А 100Н гидроксидтер тобына жататын минерал.* Рентгенометрлік зерттеу әдісімен минералды алғаш ашқан неміс ғалымы И.Бештің құрметіне *б е м и т* осылай аталған (ҚҰЭ). *Б е м и т* экзогендік жағдайда, бокситтер ішіндегі жарықтарда немесе пегматиттерде, сілтілі тау жыныстары арасындағы қуыстарда түзіледі (ҚҰЭ).

БЕМОЛЬ [франц. bemol < ит. bemolle] з а т. м у з. *Белгілі бір дыбыстың үнін жарты тон төмендететін таңба.* Ариядағы музыка әуені қайғы-мұңды, ойшыл характерге көшеді, тіпті бастапқы ре *б е м о л ь* мажордағы тональдық өзгеріп, энгармониялық минорға ауысады (Ж.Рсалдин, Ахмет Жұбанов).

БЕН ш ы л. *Сөйлемнің бірыңғай мүшелерін байланыстыратын ыңғайлас жалғаулық шылау.* Жас қыз *б е н* жас бәйтерек – бәрі бірдей, Жапырағы тұра ма жылда өзгермей? Менен гөрі сөзіңді жақсы ұғушы Кетер деме ер жігіт бір кез келмей (Абай, Тол. жин.). Қоғалы көлінің тұсына барсам, көлдің беті қаз *б е н* үйректен көрінбейді (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Бұрынғы заманда ел арасындағы той-тамаша ат шабысы, ас беру сияқты жиындар осы ағайын екі ел – қырғыз *б е н* қазақтың бірігіп, бас қосуымен өткізіледі екен (К.Әзірбаев, Шығ.).

БЕНЕН ш ы л. с ө й л. ***Бен***. Бұлттанса, құрыстанса мұз *б е н е н* құз, Мас етіп, маужыратқан ішкен қымыз. Тасқындап, көңлі өрбіп, күйі буып, Дейтұғын: «Кәне балам, әпер қобыз!» (І.Жансүгіров, Поэм.).

БЕНДЕ [ир. **بنده**] з а т. с ө й л. **1.** ***Пенде***. *Б е н д е* көрген бар қызықтың Бәрін ішкен сұм жүрек. Айныған соң, сен жолықтың, Айтып-айтпай не керек! (Абай, Тол. жин.). Абай әкесінің жауабын ғана білмек еді. Ойландыратын жауап естіді. Құнанбай аздан соң ғана барып, әлгіден жуасыңқырай түсіп: – Адам *б е н д е* ғой! *Б е н д е н і ң* жоқ-жіті толған ба? – деді (М.Әуезов, Шығ.). Дәулеті әр *б е н д е н і ң* бөлек-бөлек, Көтеке, ашуды қой, ақыл керек. Қымыздың қызуына желік қылған, Шайтан сөз топ ішінде неге керек? (Айман-Шолпан). **2.** *Мүсәпір, кіріптар, көріп.* Мен кеттім ғаріп басым болып *б е н д е,* Зарымды қабыл көрсе қадір Алла (Айман-Шолпан). Орнына келгеннен соң уәде болды, Ғшират, махаббатқа көңіл толды. Көрген соң зипа бойың, ғазиз жүзің, Зұлқиыңа азат көңілім

б е н д е болды (Қазақ ақын. шығ.). Алланың өзі бермесе, *Б е н д е н і ң* бар ма шарасы (Алпамыс). Әуелі құдай ағындым, Ата-анамды сағындым, Жауға *б е н д е* болғаным, Жау жақындап келгенде Қара басып өзімді, Жеті пірді жаңылдым, Ұйқы басып көзімді (Қобыланды батыр).

БЕНДЕДЕЙ с ы н. с ө й л. ***Пендедей***. Деді де, қолын батыр байлаттырды, *Б е н д е д е й* осыларға айдаттырды. Осындай күншілдікпен күйге салып, Бармақты жаман жолдас шайнаттырды (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

БЕНДЕЛІК з а т. с ө й л. ***Пенделік.*** *Б е н д е л і к т і ң* кәмәлаты әулиелікпен болатұғын болса, күллі адам тәркі дүние болып, hу деп тарихатқа кірсе, дүние ойран болса керек (Абай, Тол. жин.). Жасап та, өліп сенде береке жоқ, Әуелде қабілетсіз жаралған соң. Әйтеуір амалсыздан аяған боп, Төгеміз *б е н д е л і к п е н* көздің жасын (А.Хангелдин, Қыз жүрегі).

БЕНДЕСІ= е т. э к с п р. ***Пендесу***. Өз ойында, Тұл бойында Бір міні жоқ *б е н д е с і п*, Түзде мырзаң, Үйде сырдаң, Сөзі қылжаң еркесіп (Абай, Тол. жин.).

БЕНДЕШІЛІК з а т. с ө й л. ***Пендешілік***. Келбеті қырыққа жетпеген офицер, сірә, жан тәттілігі жеңіп тұрса керек, *б е н д е ш і л і г і н* мойнына алып: «Егер бір өтірігім шықса, табанда атып тастаңыздар», – дейді (С.Шарипов, Бекболат). Осы жолы болыс болмаймын деген ойында бар ма еді? Ей, *б е н д е ш і л і к-а й*! (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.).

БЕНЕФИС [франц. benefice] з а т. *Қатысушы актерлердің біреуінің құрметіне қойылатын спектакль.* ≈ *Б е н е ф и с к е* барды.

БЕНЕФИЦИАР [франц. benefice] з а т. э к о н. *Өз мүлкін сенімгерлік негізде басқа адамның басқаруымен табыстау кезінде осы мүліктен немесе осы меншікті үшінші бір адамдардың пайдалануынан табыс алатын жеке немесе заңды тұлға.* Аккредитив немесе сақтандыру куәлігі т.б. бойынша ақша алушыны да *б е н е ф и ц и а р* деп атайды (Қаз. тілі термин. Экономика.).

БЕНЗАЛЬДЕГИД з а т. х и м. $C_6 H_5$ *CHO қайнау температурасы 179⁰С болатын қарапайым хош иісті альдегид. Б е н з а л ь д е г и д* хош иісті заттар мен бояу өндірісінде – шикізат, тамақ өнеркәсібінде, парфюмерияда қолданылады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

БЕНЗИЛ з а т. х и м. *Сары түсті кристалды зат. Б е н з и л* инсектицид және репеллент ретінде қолданылады (Б.Бірімжанов, Химия терм. сөздігі).

Бензил спирті. х и м. *Хош иісті, түссіз сұйық зат. Б е н з и л с п и р т і,* көбіне, парфюмерияда және лактардың еріткіші ретінде тұтынылады (Б.Бірімжанов, Химия терм. сөздігі).

БЕНЗИН [франц. benzine] з а т. *Мұнайды өңдеуден алынатын түссіз, сұйық жанармай, қозғалтқыштар отыны.* – Өзі машинаның тұтқасын жаңадан ұстаған болуы керек, *б е н з и н* насосының жұмыс істемей тұрғанын да сезбейді, – деп, Балташ мырс етті («Лен. жас»). Смоланы арнаулы ыдысқа құйып, ауа қатыстырмай 300 градустан асыра қыздырып *б е н з и н,* керосин тәрізді сұйық отын және машиналарда қолданылатын соляр майы өндіріледі (Химия өнімдерін.).

БЕНЗОЙ: бензой қышқылы. х и м. *Қайнау температурасы 122,4⁰С түссіз кристалл, карбон қышқылы. Б е н з о й қ ы ш қ ы л ы* бояулар, дәрілік және хош иісті заттар жасауда, медицинада – микробтарға қарсы және тамақ өнімдерін консервілеуде (натрий бензоаты) қолданылады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

БЕНЗИНҚҰЙМА з а т. т е х. *Автокөліктер қозғалтқыштарын іске қосушы бензин және т.б. жанармайлар құятын құрылғы. Б е н з и н қ ұ й м а* автомобильдерге бензин немесе басқа сұйықтық құятын сорғы қондырғысы (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

БЕНЗОЛ [ар. benzoa – хош иісті шырын; лат. ol (eum) – май] з а т. х и м. *Тас көмір мен мұнайдан өндірілетін түссіз, өзіндік иісі бар ерітінді зат.* Мұнайдан шығарылатын газдардан *б е н з о л* алып, онан кейін оның этиленмен реакцияласуы нәтижесінде стирол алынады (Хим. өнімдерін.). Қазір мұнайдан синтетикалық жолмен сұйық көмірсутектерін (*б е н з о л,* толуол, парафиндер) алу жүзеге асырылды («Халық мұғ.»).

БЕНЗОНАЛ з а т. м е д. *Болымсыз иісі бар, кристалды ақ ұнтақ. Б е н з о н а л,* көбінесе, қояншық ауруының салдарынан сіңір тартылып қалғанда қолданылады (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.).

БЕНЗПИРЕН з а т. х и м. *Темекі құрамындағы химиялық зат.* Темекі күлінен бірнеше түрлі углевод қоспалары табылып, оларды жәндіктердің тыныс жолы кілегей қабықтарына сіңіргенде одан рак ісігі пайда болған. Бұған әсер ететін *б е н з п и р е н* деген химиялық зат (М.Сисекенов, Өкпе ауру.). Кейінгі уақыттарда темекіні тартқан кезде пайда болатын қара майдың ішінде ракқа ұшыратын зат – *б е н з п и р е н* деп аталатын заттың бар екені анықталды (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.).

БЕННЕТТИТ [лат. bennettitales] з а т. б о т. *Мезозой эрасында тіршілік еткен ағаш тәрізді ашықтұқымды өсімдік. Б е н н е т т и т т е р* қазіргі саговниктерге ұқсас, олардың биіктігі 2 м-дей, сабақтары бұтақсыз болған, ал қауырсын тәрізді тілімденген жапырақтары

ағаштың басында орналасқан (ҚҰЭ). *Б е н н е т т и т т е р д і ң* саговниктерден айырмашылығы – гүлдері жапырақ қолтығында орналасқан, көпшілігінде қос жынысты (ҚҰЭ).

БЕНТ з а т. с ө й л. ***Винт.*** Келді ауылға трактор, Шөккен нардай шоқтығы. Майлы жарғақ шопыры *Б е н т т е р і н* бұрап тұр (І.Жансүгіров, Поэм.). Қиырда ертең Шуылдатар, Машиналар Қатар-қатар Барлық *б е н т і* майлана (С.Сейфуллин, Шығ.).

БЕНТАЛЬ [грек. benthos] з а т. с у ш а р. *Грунтта немесе оның қабатында тіршілік ететін ағзалар болатын суқоймалардың (көл, бөген) түбі. Б е н т а л ь* пелагиальға қарсы мағынада қолданылады (Қаз. тілі термин. Су.). *Б е н т а л ь* – су түбінде тіршілік етуге бейімделген жәндіктердің мекені, яғни суқоймалар түптері (Қаз. тілі термин. Биология).

БЕНТОНИТ з а т. х и м. *Вулкандық жыныстардың химиялық өзгеруінен пайда болатын, жасыл не сары түсті шөгінді саз.* Кесек руда дайындауда қолданылатын жоғары сапалы *б е н т о н и т* кейін өзімізде өндірілетін болады («Лен. жас»). *Б е н т о н и т* бойына суды көп сіңіріп, көлемін ұлғайтады және иленгіштігі өте жоғары (ҚҰЭ).

БЕНТОНИТТІ с ы н. х и м. *Бентониті бар (топырақ).* Қазақстанның *б е н т о н и т т і* саздарынан әзірленген мұнай кренкингінің жоғары сапасы және тұрақты катализаторлары Гурьевтің мұнай айыру заводтарында өнеркәсіптік сыннан ойдағыдай өтіп жатыр (Қ.Сәтбаев, Қазақст.)

БЕНТОС [грек. bentos] з а т. **1.** з о о л. *Балық жеміне жұмсалатын судағы ұсақ жәндік.* Жер суының тұщылығына байланысты, азықтық *б е н т о с т ы ң* тұщы суда өсетін түрлері көп (К.Күленов, Қазақст. балық.). Түр жағынан алғанда *б е н т о с қ а* кедей, бірақ оның кейбір түрлері балыққа өте жақсы азық қоры болып отыр (К.Күленов, Қазақст. балық.). **2.** с у ш а р. *Теңіз және құрлық су қоймаларының (негізінен жағалауға жақын маңда) түбінде тіршілік ететін жәндіктер мен өсімдіктердің жиынтығы. Б е н т о с қ а* қоңыр және қызыл молюскалар, шаян тәрізділер, теңіз жұлдыздары және т.б. жатады (Қаз. тілі термин. Су.). *Б е н т о с* фитобентос (өсімдік) және зообентос (жануарлар) болып бөлінеді (ҚҰЭ).

БЕНЧ [ағыл. bench] з а т. г е о л. *Жағалаудың түпкілікті таужыныстарының жағасызығының ауытқуларына байланысты толқындар әрекетімен тегістелген бөлігі. Б е н ч* кейде қалыңдығы шамасы қожық шөгінділермен жабылады. Теңіз деңгейі тұрақты болған жағдайда *Б е н ч* кеңейіп, тепе-теңдік пішінжағалаулық су асты беткей түзеуі (Қаз. тілі термин. Геология).

БЕНУАР [франц. baignoire] з а т. *Театрдағы партердің екі жағын ала сахнамен деңгейлес немесе сәл төмендеу орналасқан бірнеше адамдық орын.* ≈ *Б е н у а р ғ а* таман.

БЕҢЗЕ= е т. *Көзі тұсу, қарау.* Суға айналған сиыр тозаң басқан тұмсығын суға тығып сораптап Ертістің жылы суына қанды. Көздері дөңгелек тұңғиық қара суға *б е ң з е д і* (М.Жұмабаев, Шығ.)

БЕҢЗІ: беңзі салды з а т. и р. *Жар, хабар. Жар салды, іздеу салды.* Шаһзада жаһан кезіп *б е ң з і с а л д ы*, Бір жұма Фағфур Чинва қонақ болды (Ғашықтық дастандар).

БЕП-БЕКЕР ү с т. *Тектен-тек, босқа.* Ертерек ханға бар, ата, Малыңды санап ал, ата. Қайғырмаңыз *б е п-б е к е р,* Ажал келіп өлерміз (Батырлар жыры).

БЕП-БЕЛГІЛІ с ы н. *Ап-айқын, айдан анық.* – Қай ЫІдырыс, Тасжаның кім? – деп, Садуақас Нұркешті тесіп барады. Іші біліп отыр. Тасжан да, оның баласы да өзіне *б е п-б е л г і л і* (С.Шарипов, Бекболат). Қазақ даласында 56 жыл бала оқытқан ұстаздық ойы, ту сонау арғы заман жайларына араласып кеткені *б е п-б е л г і л і* (Х.Ерғалиев, Шындық.). Әскердің түрлі-түрлі ұлттың адамдары екендігі түстерінен *б е п-б е л г і л і* (А.Тоқмағанбетов, Әке.).

БЕР[1]= е т. **1.** *Біреуге белгілі бір затты қолмен ұстату, әперу.* Барса тамда бір гүл түр солқылдаған, Басында үш жеміс бар былқылдаған. Бірі – ақ, бірі – қызыл, бірі – сары, Таңдап ал, мен *б е р е й і н* бірін саған (Абай). Теңін тапса, тегін *б е р* (Мақал-мәтел). Кебеже қарын кекірді, Қарнын сипап лепірді. «Ортан қолдай бес бұзау, Жыл шығарып *б е р е с і ң*?» (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.). **2.** *Белгілі бір затты біреуге жеткізу, табыс ету, тапсыру.* Ақ кірпік шығып бара жатыр еді, Әбунүсіп: – Мөрді *б е р і п* кет! – деп қайыра шақырып алды (Д.Әбілев, Арман.). Дорбаны *б е р і п* жоғалды, Аң-таң қылып байғұсты. Есін жиып алған соң, Дорбаға кедей жабысты (Абай, Тол. жин.). Патшаның мөрі сол болса керек. Үлгісі мінеки деп, Ормекеңе алып келіп *б е р д і* (С. Шарипов, Бекболат). **3.** *Тамақтандыру, қоректендіру, азықтандыру.* «Ие, балам! Аштық па, ауырдың ба? Бек жүдепсің!» Әй, ата! Сұрай қалдың не себептен? Аш болсам жейтін тамақ *б е р м е к п і с і ң* (XX ғ. қаз. ақын.). Ұсынса жауды сап қылған, Шалдықтыма шалқасқан, Екі мезгіл жем *б е р г е н* Бір жаныңа теңгерген (Аманкелді). Арқаның семіз, май шөбін, Мәпелеп

б е р і п қойыма. Төсіме тақтым гүл шоғын, Қызғалдақ шаштым жолыма (А.Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл). **4.** *Алған міндеттемені орындау, өнім өткізу.* Қостанай облысы еңбекшілерінің мемлекетке 260 миллион пұт астық *б е р г е н д і г і* туралы хабар бүкіл елімізге жайылды (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). Бес жарым кило жүн *б е р е т і н* қойдың санын да биыл молырақ айтуға болады (С. Бегалин, Ана.). Өткен жылы жүз мың пұт астық *берді* Отанға (Ү.Кәрібаев, Шығ.). **5.** *Белгілі бір оқу орнына, арнаулы жерге орналастыру, түсіру.* Қызынды анау Хасен молданың оқуына *б е р м е й,* қайдағы жоқты тауып орыс оқуына түсірдің, оны кім болсын деп жүрсің осы (Ғ.Сланов, Асау арна). Оның бар ынта-тілегі үлкен қалаға барып, мол білім *б е р е т і н* мектепке түсіп оқу, білімді кісі болып шығу болды (Б. Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). Баламды медресеге біл деп *б е р д і м*, Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім. Өзім де басқа шауып, төске өрледім, Қазаққа қара сөзге дес бермедім (Абай, Тол. жин.). **6.** *Өнім өндіру, шығару.* Мүкжидектің ұсақ жеміс *б е р е т і н* түрлері де болады. Оның жемістерінің дәмі де нағыз мүкжидектің дәміндей (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). Бал *б е р е т і н* құмырсқалар Австралияда және Орталық Америкада кездеседі (Қ. Қайымов, Қызықты зоол.). Біріміз жердің үстінде, Біріміз шахта астында, Білім мен білек күш бірге, *Б е р м е с і н* алдық тастың да (Қ.Аманжолов, Шығ.). **7.** *Риза қылу, жарылқау, тілегін орындау.* Дос алады, *б е р м е с е ң,* бұлт берем деп, Жауыңа қосылуға сырт берем деп. Бұзылған соң мен оңай табылмаспын, Не қылып оңайлықпен ырық берем деп (Абай, Тол. жин.). Зар етсе бендесі, *Б е р м е й* ме Алласы. Тән саулық қалқама, Қабыл боп көз жасы (Абай, Тол. жин.). **8.** м а т. *Бүтін санды бөлу, бөлшектеу.* Жетіден *б е р с е,* оның оң жағындағы тоғыздың көбейтіндісінен келген ойдағы саннан асып кететінін аңғару керек («Халық мұғ.»). **9.** а у ы с. *Белгілі бір заттың бейнесін сипаттап көрсету, суреттеу.* – Балықшы күркіреп жатқан көк теңіздің өзі сияқты. Ал адамның бейнесін сіздерге қай мамандықтың адамы *б е р е* алады? – деп сұрады менен Андре Вея (С.Мәуленов, Жер нәрі). Жаңа өмірді жек көрген ызалы байдың сөзін Бейімбет мынадай бір ауыз өлеңмен *б е р е д і* (І.Омаров, Серпін). Бастауыш пен баяндауыш, бізсіз, сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерінсіз, сендер күрделі ойды *б е р е* аласыңдар ма? (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). **10.** а у ы с. *Ұру, соғу.* Байтуғанның баласы қатынын былш еткізіп тұмсыққа *б е р і п* кеп қалды (С.Сейфуллин, Тар жол.). Маңдайдан офицерді өтті *б е р і п,* Фучикті сан жұдырық кетті көміп. Жаралы жанды жаншып, ажуалап, Аямай аяққа сап тепті келіп (С.Мәуленов, Жолдас). **11.** а у ы с. *Пайда ету, бітіру.* Басына һәм өзіне өзгешелік *б е р м е к* – адам ұлын бір бұзатын іс. Маңдай тері тура көзге ақпасын деп, қаға беруге қас берді (Абай, Тол. жин.).

Ажар берді. *Өңдендірді, гүлдендірді.* Кейбір дәстүрлер, балалардың тұрмысына *а ж а р б е р і п,* гүлдендіріп отырады (Қ. Жарықбаев, Психология). Кейде өлеңің жұлдыз боп аспанда ақты, Оған да *а ж а р б е р і п* жарқыратты. Сондықтан да советтік азаматтың Бәрінен бұрын саған «Күн тіл қатты» (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға**).**

Ажарын бермеді. *Өңі таймады, өзгермеді.* Ерекше қазір келбеті, Ақ жүзі нарттай жанады. *А ж а р ы н* әлі *б е р м е п т і,* Жалынға толы жанары (Ж. Молдағалиев, Жесір.).

Ақыл берді. *Ақыл айтты, жөн сілтеді.* Қазаққа *а қ ы л б е р е м,* түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек (Абай, Тол. жин.). Көп көрдім құрғақ жерде жатқанымды, Өлгенше тастамадым мақтанымды. Қасымда *а қ ы л б е р е р* жолдасым жоқ, Кім көрді суда он бес күн аққанымды (Е.Қандеков, Өлеңд.).

Ақысын бермеді. *Кісінің ақысын, еңбегін жеді.* – Малайыңызға *а қ ы б е р м е г е н* екенсіз, сол сізге мың сом алтын «решение» салғызыпты, – деді Жайкеңе (Б.Майлин, Шығ.).

Ант берді. *Уәде берді, ант етті, серт етті.* Бір тұрақтаған пиғылынан қайтпайтын әкем әлгі жерде қазақша Құран сүйіп, *а н т б е р е д і* (Б.Аманшин, Көкжар). *А н т б е р і п* туын ұстаған, Адаспас жолға ғасырды. Көрсетіп күнде нұсқаған Дауылды күнде саспаған (Қ.Аманжолов, Шығ.).

Араша бермеді. *Арашаға көнбеді.* Оразбайдың құтырған жігіттері Айшаны сабап *а р а ш а б е р м е й,* Сейітті ортаға алып, тобымен жабылып, дедектетіп алып кетісті (М. Әуезов, Таңд.).

Артын берсін. э т н. *Қайтыс болған адамның арты қайырлы болсын деген бата, тілек.* Өлді ме Сарыбай хан жұртым көрсін, Жыламан патша-құдай иман берсін. Ғаламнан Сарыбай өткен болса, Еншалла тәуба, Тәңірім *а р т ы н б е р с і н*! (Қозы Көрпеш.).

Арыз берді. *Шағым қылды, арыз етті.* Елдегі жақсы адамдардың бәрінің үстінен бекер өтірік шапты, талады деген әртүрлі уголовный іс көрсетіп *а р ы з б е р е д і* (Абай, Тол. жин.). Түрікменнің бас каналы басталды, Бармақ болдым, баруға *а р ы з б е р і п* ем (А.Тоқмағанбетов, Таңд.).

Ас берді. э т н. *Қадірлі адамның қайтыс болғанына бір жыл толған соң я болмаса*

бірнеше жыл өткен соң ең үлкен жолын жасап, той өткізді. Жақында ауылдың белді азаматының бірі осыдан отыз жыл бұрын өлген әкесіне *ас берг е н д е,* тай терісіне таласып, молдалар дау көтерді («Лен. жас».). Ханым: «Ат шаптырып *а с б е р с е ң,* ерік өзіңде, Билігін батыр Тайлақ саған бердім» (Қозы Көрпеш.). Үйіне иненіктің кіріп барсам, *А с б е р і п* әкесіне, шіркін-ай, жатыр екен (С.Талжанов, Сейфулла.).

Ас беру. э т н. *Ел-жұртқа қадірлі адамның қайтыс болғанына бір жыл толған соң я болмаса бірнеше жыл өткен соң, ең үлкен жолын жасап, сауын айтып, мол жиынға тамақ беріп, ат бәйгесі, палуан күрес, жамбы ату, айтыс т.б. қызық көрсетіп, үлан асыр той өткізу. А с б е р у* дәулетті адамдардың, ұйымшыл елдің ғана қолынан келген. Абылай ханның асы, Құнанбайдың әкесі Өскенбайдың асы, қанжығалы Шауыпкел батырдың асы, керей Сағынайдың асы, дулат Сыпатай батырдың асы бүкіл елге мәлім болып, аңызға айналған (ҚҰЭ). Қыз ұзату, келін түсіру, бала сүндеттеу, *а с б е р у* сияқты жиындардың көбі ауыл жайлауда отырғанда болады (С.Мұқанов, Менің мект.).

Атақ берді. *Айрықша сіңірген еңбегіне қарай дәрежесін, даңқын көтерді, жоғарылатты.* Үкімет республиканың көптеген оқытушыларына Қазақ ССР-на еңбек сіңірген мұғалім деген *атақ берді* («Халық мұғ.»).

Атой берді. *Атой салды.* Айдындана *а т о й б е р і п* тұрғандай көрінетін (Ә. Әбішев, Замана.). Еті қызған тор қасқа мен қара жорғаның ақ көбігі шығып, ауыздықпен алысып, иесі бұрған жаққа *а т о й б е р і п* аласұруда (Б. Шалабаев, Өмірде.).

Аян берді. м и ф. *Біреуге түсі арқылы Алла тағала бір нәрсе жайында хабар білдірді, белгі берді.* Сол Масғұт Халифаға уәзір бопты, Тарқатыпты алдынан көп пен топты. Бағанағы қыдыр шал бір уақытта, Түсінде *а я н б е р і п* жолығыпты (Абай, Тол. жин.). Ұйықтап жатқан кезінде, Аса таяқ қолында. Ақ шалмалы қарт адам Түсінде *а я н б е р і п т і* (Батырлар жыры).

Әл берді. *Күш, қуат берді.* Досым менің сағынған, Кеткен сонда *ә л б е р і п* (А.Лекеров, Достар.).

Баға берді. *Бағалады.* Әркім әр нәрсеге өз базарының нарқымен *б а ғ а б е р м е к* (С. Сейфуллин, Шығ.). Сареке, салдым бір сөз сыныңызға, Сіздің сын таразы ғой сырымызға, Қолыма домбыра алып талап қылдым, *Б е р е с і з* қандай *б а ғ а* ұлыңызға (Ж.Жабаев, Өленд.). Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек, Әрнәрсеге өзіндей *б а ғ а б е р м е к.* Таразы да, қазы да өз бойында, Наданның сүйенгені көп пен дүрмек.

Бас берді. *Жанын қиды, жанын пида етті.* Махаббат, қызық кім көрер, Оның да дәмін татпаса? Біржола *б а с ты* кім *б е р е р,* Жаныңа қайғы батпаса (Абай, Тол. жин.).

Басқа сөзге жол бермеді. *Бұдан бөтен сөзді естігісі келмеді, осыған тоқтады. Б а с қ а с ө з г е ж о л б е р м е й,* Атымтайға сенгендей, Алақан соғып жаңғырды (Қ.Тоғызақов, Таңд.).

Бата берді. э т н. *Игі тілек тілеп, ризашылық білдірді.* Халық сонда ырым ғып, Ер болар екі ұл деседі. *Б а т а с ы н б е р д і* Балық қарт, Қайтпасын деп меселі (Екі дастан.). Сол күннің жолы бойынша *б а т а с ы н б е р і п* Өскембайды би қояды (М.Әуезов, Әр жыл.). Бұл шал бөтен шал емес, қыдыр еді, Ебін тауып даруға кезі келді. Сөзіне, ақылына, қылығына, Разы болғаннан соң, *б а т а б е р д і* (Абай, Тол. жин.).

Бәйге бермеді. *Алдына жан салмады, қатарының алды болды.* Көзіңді салдың тұрғыға, Бейнетін қиын көрмедің. Бірге оқыған құрбыға Бас *б ә й г е н і б е р м е д і ң* (Абай, Тол. жин.).

Бел бермеді. *Бас имеді, жеңілмеді, есесін жібермеді.* Қаратаз Көленмен жүзбе-жүз кездесуден тайқып, сырттай аңдысып, бөрі айбатпен *б е л і н б е р м е й* кеткісі келді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Оңашада оязға, Мақтамаймын елімді. Өз еліме айтамын: «*Б е р г е н і м* жоқ – деп *б е л і м д і*» (Абай, Тол. жин.).

Бергенінен [берерінен] жазбасын! т і л е к. *Құдайдың рақымы түссін, көрсетер қызығы мол болсын деген мағынадағы тілек. Б е р г е н н е н ж а з б а с ы н,* айналайын! (Ауызекі).

Бергеніңе тоймады. *Алғанына риза болмады, қанағат етпеді.* Жаман болса тамырың, *Б е р г е н і ң е т о й м а й д ы,* Сұрағанын қоймайды (Шешендік сөз).

Бере көр. *Тілек етіп жалбарыну мәніндегі сөзқолданыс.* – О, жасаған ием, *б е р е к ө р* тілекті деп, маған қарап жылжып, қасыма бір табан жақындай түсті (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Қарасай, дем *б е р е к ө р,* менің бабам, Сөйлейін будақтатып оң мен солдан (Ж. Жабаев, Толық жинағы).

Берсе қолынан, бермесе жолынан. *Өздігінен көнсе көнсін, көнбесе мәжбүрлеймін деген мағынадағы сөзқолданыс.* Біледі аса жақсы жауыздықты, Қоңсыға қасындағы сондай мықты. *Б е р с е қ о л ы, б е р м е с е ж о л ы н а н* да, Зорлықпен көрсетеді озбырлықты (Б.Өтетілеуов).

Бет берді. *Шырай, рай білдірді. Б е т б е р г е н д е* шырайың сондай жақсы, Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың? Ұқпайсың өз сөзің-

нен басқа сөзді, Аузымен орақ орған өңкей қыртың (Абай, Тол. жин.). Танытпас қулық қалпын да, Көңілін бермес, *б е т б е р е р*. Сыналар кезең алдында, Шелтие қарар, шет тебер (С.Ләмбеков, Қарқаралы.).

Бой бермеді. а) *Күш бермеді, ырыққа көнбеді*. Мен ғой, дарбазаңызды ашыңыз, мына малы түскір *б о й б е р м е й* барады жұлқынып, – деп сырттағы адам ештеңеден бихабар күйі дарбазаға келіп төніп тұр (А.Байтанаев, Қайнар.). ә) *Босатпады, құтқармады*. Әуелі кәрілік келіп түрімді алды, Тісімді аузымдағы бұрын алды. Ойға-қырға қашсам да *б о й б е р м е д і*, Қасыма жолдас болып жүріп алды (Ақын жырлары). б) *Айтқанға көнбей, қасарысты*. – Бір үйір жылқыдан бір жапырақ ет аузымызға тимейтін не сорымыз бар, – деп ана жігітке *б о й б е р м е й* жатыр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Мұны көріп Жүсіпке түсті қайғы, Көп көрген *б о й б е р м е й т і н* осындайда. Бұлтты күні Кавказға жан шықпайтын, Егер шықса үйірге қосылмайтын (Дастандар). Надандарға *б о й б е р м е*, Шын сөзбенен өлсеңіз. Ая т, хадис емес қой, Күпір болдың демес қой, Қанша қарсы келсеңіз (Абай, Тол. жин.).

Бұйда бермеді. *Көнбеді, билетін-төстетпеді*. Аз ойлағанда Бөжей өз ішінен: «шариғат та жөнге, шынға қарайтын шығар, ақай жоқ, ноқай жоқ, көрінгенге *б ұ й д а б е р е б е р м е с*» дегендей (М.Әуезов, Абай жолы).

Бұйрық берді. *Әмір етті, бұйырды*. Тайжан ақсақалға *б ұ й р ы қ б е р е с і ң* де, отарын қайда көшіруді айтпайсың (З.Шашкин, Сенім). Министрдің өзі келді, Шақыр деген *б ұ й р ы қ б е р д і* (Ә.Сәрсенбаев, Өлең д.).

Білім берді. *Оқытты, үйретті, ғылым негіздерін үйретті*. Тәжірибелі мұғалімдер сабақ құрылысын түрлендіре отырып, оқушыларға тиянақты *б і л і м б е р е д і* («Халық мұғ.»).

Білім беру. *Оқыту, үйрету*. Жастарға орта *б і л і м б е р у д і ң* екінші жолы жастарды өндіріске үйретіп, еңбекке дағдыландыруымыз керек («Халық мұғ.»).

Дамыл бермеді. *Тыныштық бермеді, мазасын алды*. Бір керемет ерлік жасаған адам сияқты, *д а м ы л б е р м е й д і* (Р.Әутәліпов, Алтын жеміс.).

Дауыс берді. *Сайлауға келіп өз таңдауын жасады, сайлады*. Халқымыздың аманатын ақтайтын, ой-арманын орындайтын адал ұлдары мен қыздарына *д а у ы с б е р д і* (С.Мәуленов, Жұлдыз.). *Д а у ы с б е р е м* қалаулы, Достарыма отандас. Жүрегімде аяулы Жыр қалайша тұтанбас (С.Сейітов, Бетпе-бет).

Дәм берді. *Дәм татқызды, қонақ етті*. Сенің өзің бала едің, Көптен үйге келмеген; Түстен, бір *д ә м б е р е й і н*, Жеңгең де бір көрмеген (Т. Жароков, Таңд.). Жеңеше анада өзіңіз қолыңыздан *д ә м б е р г е н* Шақан балаң да келді (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

Дем берді. а) *Демеді, рухтандырды*. Ал Мұрат бар күшіңді сал, қимылда, – деп балалар да оған *д е м б е р г е н д е й* құшырлана дауыстады (А.Сарбөпин, Аспалы бесік). ә) *Қолдады, қуаттады, қоштады*. Оразбайларға астыртын *д е м б е р і п* отыратын өздерінің де арам саясаты бар-ды (М.Әуезов, Әр жыл.).

Дес бермеді [берер емес]. а) *Бой бермеді, көнбеді*. Күреңбай айнала қоршап тұрған ауыл адамдарының ара-кідік ащы қаңқуына *д е с б е р е р е м е с* (С.Омаров, Қайырлы.). Ортадағы кілем үстіндегі танауы делдиген қара домалақ, төртпақ палуан жігіт сыбайласына *д е с б е р е р е м е с* («Лен. жас»). ә) *Алдына жан салмады, есесін жібермеді*. Өзім де басқа шауып, төске өрледім, Қазаққа қара сөзге *д е с б е р м е д і м* (Абай, Тол. жин.).

Дүрсе қоя берді. *Тап берді, шап берді*. Түре айтыста балта сабы жерден «ұрып таста» дегендей *д ұ р с е қ о я б е р е т і н* тапқыр тарлан Жамбыл елден ерек шығатын (М.Әуезов, Әр жыл.). Бригадир Шақанов Жөкейхан ақсақалдың қабағы қатулы. Бірден Шәукенге *д ұ р с е қ о я б е р д і* («Лен. жас»).

Дыбыс берді. *Үн қатты, белгі берді, жауап берді*. Төкеннің есікті бір-екі қаққанына ешкім *д ы б ы с б е р м е д і* (С. Бегалин, Ана.). Төлебай *д ы б ы с б е р і п* орысты тоқтатты, ол атын бұрып келді (С. Мұқанов, Менің мект.). Қақпаның ар жағынан біреу келді, Күзетшісі сол екен, *д ы б ы с б е р д і* – Қақпаны сағаң ашар рұқсат жоқ, Бұл – Құдайға бастайтын қақпа, – деді (Абай, Тол. жин.).

Елес берді. *Көзіне елестеді*. Өмір көші бұлдырап, *Е л е с б е р д і* көзіне (Ж. Саин, Шығ.).

Енші берді. э т н. *Жаңадан үй болған үлкен үйден бөлек кеткен балаға мал-дүниеден тиісті үлес бөліп берді. Е н ш і б е р і п* үй тіксе, Әлі келмей жатқан жоқ. Екей ұлы бұл өңірдің Келіп дәмін татқан жоқ (Жамбыл). Балта: «Күл басында туған күңнің баласына неге *е н ш і б е р е т*», – депті (С.Мұқанов, Менің мект.). Турасын ойлағанда балаңа қатын әперме, *е н ш і б е р м е*, барыңды салсаң да, балаңа орыстың ғылымын үйрет.

Ерік берді. *Бас бостандығын әперді, азат етті*. Орыс айтты: «Өзіңе *е р і к б е р е м*» деп, «Кімді сүйіп сайласаң, бек көрем» деп. Бұзылмаса, оған ел түзелген жоқ, Ұлық жүр: «Бұл ісіңді кек көрем» – деп (Абай, Тол. жин.).

Ерік бермеді. *Ырыққа көнбеді, бағынбады*. Ой кіргелі тимеді ерік өзіме, Сандалмамен күн кешкен, түспе ізіме. Өзі ермей, *е р і к б е р м е й,*

жұрт қор етті, Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме (Абай, Шығ.).

Есе бермеді. *Есесін жібермеді, намысын қорғады.* Әкем де болса амал жоқ, Айтарым жоқ қайтадан *Б е р м е е с е ң д і,* азат бол. Аянып қалма мен үшін, Тілегіңді мен тілеймін, Қобылан! – дейді Қарлыға (М.Әуезов, Таңд.). Ер Еспембет кешегі Ерекше ер деседі. Тіл біткеннің шешені Топта *б е р м е с е с е н і* (Дастандар).

Жазасын берді. *Сазайын тартқызды, жазалады, азапқа салды.* Күлді де құмырсқалар мына сөзге: «Қылығың инелікжан, – деді, – өзге. *Ж а з а с ы н* жаз ән салсаң, қыс *б е р е д і.* Еріншек еңбек етпей болсаң кезбе» (Ө.Тұрманжанов, Қарлығаш).

Жалт берді. а) *Жалма-жан зытты, тайып тұрды.* Үркек ат осқырып *ж а л т б е р г е н д е,* ол ерден түсіп қала жаздады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Әлгі жігіт менің бетіме тесіле қарамайды да, қайта менің көзім түссе-ақ *ж а л т б е р і п* теріс айналып кетеді (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал.). ә) *Бетін, жүзін тез тайдырып әкетті, қарай алмады.* Ол жігіт басқалардай емес, менің бетіме тесіле де қарамайды, көзім көзіне түссе, *ж а л т б е р і п* теріс айналып кетеді, – дейді Ақмарал (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). б) *Жалтарып кетті, тайсақтады.* – Тиынға тиын қайда да бар ғой, – деп бастай берді де, Резанов *ж а л т б е р і п,* – мен романтикадан аузым күйген адаммын, – дейді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

Жан берді. а) *Жан тапсырды, дүниеден қайтты.* Көрдім талай соғыстарда, Ердің қалай *ж а н б е р г е н і н.* Көрдім талай сұлулардың Жылай суда және өлгенін (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын). Шын батырға жолықсаң, Сенің үшін *ж а н б е р е р* (Мақалнама). ә) *Ант-су ішті, қарғанып-сіленді.* Көшебеге: «Тарышыны әкем баласы деп *ж а н б е р е м і с і ң?*» – дейді. «Берем», – дейді Көшебе (С.Мұқанов, Менің мект.). Ант ішкен, күнде *б е р г е н ж а н ы* құрсын, Арын сатып, тіленген малы құрсын. Қысқа күнде жерге қойма қойып, Қу тілмен қулық сауған заңы құрсын (Абай, Тол. жин.). б) *Гүлдендірді, құлпыртты.* Құс қонбаған жапанға, Сен едің барып *ж а н б е р г е н.* Сені өсірген Отанға Дүние жүзі мән берген (М.Хакімжанова, Жыр асуы). Меңіреу, мылқау далаға, Мүлгіген сай-салаға. Қала салып, *ж а н б е р г е н* Жол жүргізіп қан берген (Қ.Аманжолов, Шығ.).

Жан бергенше. *Көз жұмғанша, өле-өлгенше.* «Кім екен?» – деймін, «Кім екен?» – деймін, сол бір жас, *Б е р г е н ш е ж а н ы н* жарына сүйген айнымас (Партия тур. өлең.).

Жар есігін бермеді. *Өмірлік жолдас болмады, қосылмады.* Жаным ғашық асылым ең, *Ж а р е с і г і н б е р м е д і ң,* Сорға біткен ғашығымсың, Неге тым кеш сермедің? (Абай, Тол. жин.).

Жарлық берді. *Бұйырды, әмір етті. Ж а р л ы қ т ы* кешіктірмей тез *б е р і ң і з,* Жаманды жақсыменен тең көріңіз. Ала қой қорыққаннан өзі азаяр, Қойшылыққа қасқырды жіберіңіз (Абай, Тол. жин.).

Жауап берді. а) *Жауап қайтарды.* Шұбар төремен жанасуына Абай сөздері себеп болатынын енді анықтап аңғарды. Жаңағы сұраққа ол «білем» деп *ж а у а п б е р д і* (М.Әуезов, Таңд.). Осының бәріне тиісті *Ж а у а б ы н б е р і п,* мен тиянақтаймын. Бәкең екеумізсіз сөйлем басы мен аяғы жоқ дене тәрізді. (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). ә) *Тұжырымын, шешімін айтты.* Әй, Жарқын, қайта бар Баянға! *Ж а у а б ы н* өзі келіп *б е р с і н.* Тимесін намысыма, көшсін жөніне! – деді Қодар (Ғ.Мүсірепов, Таңд.). Ыбырайдың қазақ халқын оқуға шақырған ұранына ең алғаш *ж а у а п б е р е т і н* Бөлтірік пен Әбілқасым деген екі жігіт (С. Мұқанов, Өсу жол.). б) *Жауапкер болды, міндетіне алды.* Еліңде баукеспе ұры бар. Ол саған арқа сүйейді, қыл-мысты істетіп отырған сенсің! Ендеше *ж а у а п б е р е т і н* сен (М.Әуезов, Абай). *Ж а у а п б е р,* қанға жерік баскесерлер! Қаптаған қара құрттай бейшаралар! (М.Рашев, Біле қойдым.).

Жауап бере алмады. *Не дерін білмеді.* Сонда *ж а у а п б е р е а л м а н* мен бейшара, сіздерге еркін тиер байқап қара. Екі күймек бір жанға әділет пе, Қаны қара бір жанмын, жаны қара (Абай, Тол. жин.).

Жәрдем берді. *Көмектесті, қолғабыс етті.* Біз жұртшылық қылып, оқушы талапкерлерімізге *ж ә р д е м б е р м е с е к,* оқығандарымыз көбейе алмайды (Б. Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.).

Жел берді. а) *Дем берді, желіктірді.* Бой тартып арамдықтан бар ма қашқан, Сен кімнен қорқасың деп *ж е л б е р е д і,* Кісі жоқ қой дейтұғын, елді басқан (М.Көпеев [Мәшһүр-Жүсіп], Хал-ахуал). Ералинге де *ж е л б е р і п* жүрген осы екен ғой? Әзекеңмен ақылдасып алайын да, әліне қарамайтын әлектің тәубесін есіне түсіртіп (Д.Әбілов, Ақын.). ә) *Қуат-қайрат бітірді, әл берді.* «Бала» деген бір сөз жүрекке демеу, денеге *ж е л б е р і п,* шаршағанды елетпей құстай ұшып, құйындай төпеп келемін (Ж.Жұмаханов, Жазылм. кітап). Аламанға *ж е л б е р д і к,* Аса жұртты меңгердік (М.Өтемісов, Өленд.).

Жеміс бермеді. *Нәтиже шықпады.* Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс, Жақсы болсаң,

жақсы тұт бәрін тегіс. Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті Қылғанменен татымды *б е р м е с е ж е м і с* (Абай, Тол. жин.).

Жеті күлше берді. э т н. д і н и. *Жеті күлше нан пісіріп, құдайы ғып таратты.* Сол жинақтағы «Жеті күлше» атты әңгімеде біреу тесіктен түскен ай сәулесінің не екенін білмей есі кетіп, шошып оянып, *ж е т і к ү л ш е* құдайы *б е р і п*, әуреге түседі (Т.Қожакеев, Қаз. әдеб.).

Жетісін берді. э т н. *Қайтыс болған кісіге жеті күн өткен соң, құдайы садақа берді.* Тек Дәркембайдың *ж е т і с і н б е р і п* болған соң Абай мен Дәрмен бұл ауылдың қайтатын шақ-қа жеткенде, жаңағы түйінді Абай ақыл қоса отырып, Жаңылмен бірге шешті (М.Әуезов, Абай жолы).

Жол берді. а) *Өткізіп жіберді, жолдан былай тұрды.* Қатарласа берген Ашкиннің оң жақ беті мен иығын көргеннен кейін ғана Шапиевтің кеудесіне ұстаған екі қолы ақырын төмен сырғып, оған *ж о л б е р і п,* өзі кейін кетті (Ә.Нұршайықов, Тың астығы.). ә) *Бағыт-бағдар берді, жөн сілтеді.* Білім бердің, бақыт бердің, *ж о л б е р д і ң* Бір кездегі күн атанған анаға (М.Хакімжанова, Таңд. өлең.д.). б) *Тоқ-қауыл болмады.* Кейбір шаруашылық басшы-лары егін науқаны кезінде ысырапқа *ж о л б е р-д і* («Соц. Қаз.»).

Жол бермеді. а) *Тыйым салды, рұқсат етпеді.* Панфилов: «Менің әскери жоспар-жобама әркімнің кесір келтіруіне *ж о л б е р е* алмаймын, дейтін», – дейді (Б.Момышұлы, Жауынгер.). Батыстың өркениетті елдеріне қараңыз, олар өз мемлекетінің жерасты байлы-ғын әлдекімдердің бауырына басып алып, одан түсетін қыруар пайданы алдын-ала жекешелен-діріп алуына еш уақытта *ж о л б е р м е й д і* («Жас Алаш»). ә) *Дес бермеді, жеңілмеді.* Адамға *ж о л б е р м е г е н* қайран тілім, Күн өтпей, желпіп ұшқан қызыл гүлім (Ақын жыр-лары). Аттыға *ж о л б е р м е й т і н* шылбыр қашаған Нұртай дәл осы сапар қалжаурап қалған екен. Тіс жарып үндемей, қара терге малшынып отыр (С.Омаров, Қайырлы.).

Жолын берсін. т і л е к. *Біреудің сәтті жолы, жақсылығы, бақ-дәулеті жұғысты болсын, өзінің де басына келсін деген ізгі тілек.* Әй, той берген ауылдың қыздары, Әбеннің *ж о л ы н б е р с і н!* – деген дауыс шықты сырттан (С.Сейфуллин, Шығ.).

Жүрегін берді. *Ынтық болды, ғашық бол-ды.* Күн бетінді көріп сәулем, Мен де саған ғашық ем. *Ж ү р е г і м д і б е р і п* сәулем, Сөй-лесуге асық ем (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын).

Жылын берді. э т н. *Қайтыс болғанына жыл толған соң ас берді.* Досанның қаза болғанына талай жыл өтсе де, Мұсақұл мен Қарынбай ағайынсып, оның *ж ы л ы н б е р м е к* боп, мал жетелеп кепті («Қаз. әдеб.»).

Заң берді. *Тәртіп орнатты, заң шығарды.* Адасқан елге таң беріп, Кернеді білім, кернеді. Залымды тияр *з а ң б е р і п,* Ерледі кеңес, ерледі (И.Байзақов, Шығ.).

Зекет берді. д і н и. *Малдың басына қарай садақа берді.* Болмағанның бәрі сал, Ерлі-зайып араң да Малдан *з е к е т б е р м е г е н* Қайыры жоқ сараң-ды (Шортанбай Қанайұлы).

Зып берді. *Лезде, лып беріп жоқ болды.* Бізді көре сап екі әйел *з ы п б е р і п* үйге еніп кет-ті де, біреуі әлден соң қайта шықты («Қаз. әдеб.»). Қолымызға қару тиген соң өзіміз білеміз ғой. Бір күні *з ы п б е р і п* арғы бетке өтіп кетеміз (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Кезек бермеді. *Сөйлей берді, тоқтамады, ешкімге мүмкіндік бермеді.* Әзиз ешкімге де *к е з е к б е р м е й д і.* Бәрін өзі жайғап, өзі шешіп отыр (Ә.Тарази, Үлкен ауыл). Шапырашты Наурыз-бай, Соларға *к е з е к б е р м е г е н* Ұлы жүздің ішінде, Ұраным менің – Қарасай (Ж.Жабаев, Тол. жин.).

Кезін берді. *Ретін, сәтін келтірді.* Осылар елдің тынышын алды бүгін, Бірдің нанын тіленіп, бірдің сүтін. Құдайым *к е з і н б е р с е,* күтіп жүріп, Ұялмай бәрін аштан өлтіретін (Абай, Тол. жин.).

Келісім берді. *Уәдесін берді, келіскенін білдірді.* Оның үстіне Ақтілеу: «Болашақ жең-гең» деді. Менің үйленуге *к е л і с і м б е р г е-н і м д і* сұрамай-ақ білген-ау (Ә.Әлішев, Ат тұяғы.).

Кеңес берді. *Ақыл қосты, ой салды.* Қасы-ңызға екі солдат алып, осы маңдағы үйлерді аралап шығыңыз, – деп капитан *к е ң е с б е р д і* (Т.Бигелдинов, Аспан.).

Кеңес беру. *Ақыл қосу, ой салу.* Ата-ана балаларына оқып шыққандарын жазып отыруға немесе оқу күнделігін жасауға *к е ң е с б е р у і н е* де болады (Семья тәрбиесі).

Концерт берді. *Музыкалық шығармалар орындады, концерт қойды.* Біздер Москвада бо-лып өткен қазақ онкүндігінің тұсында Бибігүл Төлегенованың Бүкілодақтық халық шару-ашылығы жетістіктері көрмесінде *б е р г е н к о н ц е р т і н е* қатыстық (І.Омаров, Серпін). Роза Бағ-ланова Москва мен Ленинградтан бастап, Со-вет Одағының ондаған қалаларында *к о н ц е р т б е р і п* қайтты (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.).

Көңіл берді. *Ынта салды, ден қойды.* Сізге ғылым кім берер, Жанбай жатып сөнсеңіз. Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға *к ө ң і л б е р-с е ң і з* (Абай, Тол. жин.). Бай ұлы небір көк ал-мас, Тұрғанда тосып өмірін. Аузынан қойдың

шөп алмас, Жарлыға *б е р д і к ө ң і л і н* (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

Көңіл бермеді. *Көңіл білдірмеді, сенбеді.* Біреуді көркі бар деп жақсы көрме, Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме. Әйел жақсы болмайды көркіменен, Мінезіне көз жетпей, *к ө ң і л б е р м е* (Абай, Тол. жин.).

Көрік берді. *Шырай берді, ажарын ашты.* Колхоз жыртқан қара жерге, Балғын бидай өнеді. Мақпалдайын асқар белге, Жалқын *к ө р і к б е р е д і* (Ж.Саин, Таңд. шығ.).

Көрімдік берді. э т н. *Жас нәрестені, жаңа тускен келінді, жаңа үйді т.б. бірінші рет көргені үшін дос-жараннын дәстур бойынша беретін кәдесі.* Ағамызға сәлем де, Келінін алып келемін. *К ө р і м д і г і н б е р с і н* де, Келінін келіп көрсін де (Қобыланды батыр).

Күмп берді. *Сүңгіп көрінбей кетті, батып кетті.* Жол бойымен келе жатқан машина көпірге келгенде, бағытын өзгертіп, Нарын дариясының суына *к ү м п б е р д і* («Лен. жас»). Сен кездескенде, жүрек өртер көз-қарасыңнан бас сауғалап, суға *к ү м п б е р е т і н* адамдай тұқырайып алып қасыңнан зыр жүгіріп өтетінмін («Лен. жас»).

Күш берді. *Қолдау көрсетті.* Қалың ну, көмірі мол Қарағанды, Одақтан үшінші боп орын алды. *К ү ш б е р і п,* көмір беріп әр заводқа, Достасып әр алыптың қолын алды (Қаз. сов. әндері.).

Қайрат берді. *Күш, қуат берді, қайраттандырды.* Айдайды деген хабар естіген соң, Қажымас өзіме мен *қ а й р а т б е р д і м* (Балуан Шолақ).

Қалың берді. э т н. *Қыз айттырып, қалың малын төледі.* Қыз іздесең, *қ а л ы ң б е р,* Мұным ақыл болмай ма? Көріп алсаң көріктіні, Таңдап алсаң тектіні Сонда да көңіл толмай ма? (Абай, Тол. жин.).

Қанат берді. *Демеу болды, күш берді.* Алматыда шаттық хабар тарады, *Қ а н а т б е р д і* әр адамның жанына (Ж.Саин, Таңд. шығ.).

Қол берді. а) *Ер адамдардың амандасқанда және де әйел-ер адамдардың танысайық дегенінде қолдарын берісіп, алақандарын беттестіріп білдіретін ым-ишараты.* Мен сізбен бұрын-соңды *қ о л б е р і п,* жүз көріскен жан емеспін (Х.Ерғалиев, Шындық.). ә) *Серт етіп, уәде қылганда қол алысып уәделесті.* Үстінде ұзын жолдың бізді таптың, *Қ о л д ы б е р д і* Гизатолла айрылмасқа (С.Бегалин, Таңд.).

Қол берім жер. *Таяу, жақын, қол созым жер.* Машина «Жыланшық» бауырына түскенде, *Қ о л б е р і м ж е р д е н* от көрінді («Қаз. әдеб.»).

Қол ұшын берді. *Жәрдемін тигізді, көмектесті.* Оның қысылғанда *қ о л ұ ш ы н б е р е т і н* адам екендігіне көзім жетіп, қуанып қайттым (К.Әбуғалиева, Халық мұғ.).

Қонақасын берді. э т н. а) *Қонақ етіп, ас берді.* Бірақ уездік советтегі кейбір кісілер оларға жаны ашып, *Қ о н а қ а с ы б е р г е н с і п* кеңселеріне киргізіп жүрді, аз-аздап қойынға кіріп, кейбір командирлерімен ішінара танысып, араласа бастады (М.Жұмағұлов, Қыран.). *Қ о н а қ а с ы б е р м е с е,* Ат шапанға ілік боп, параны көздеп би кетті (Д.Бабатайұлы). ә) д і н и. *Қайтыс болған адамның жетісін, қырқын, жылын берерден бір күн бұрын алыстан келгендерге кешкі ас берді.*

Қонақасын беру. э т н. д і н и. *Қайтыс болған адамның жетісін, қырқын берерден бір күн бұрын алыстан келгендерге арнайы мал сойып, кешкі ас беру рәсімі.* ≈ *Қ о н а қ а с ы н б е р у* – ежелгі салт-дәстүрдің бірі.

Қоя берді. *Еркіне жіберді, босатты.* – Мен әлі кішкентаймын, сүліктеймін, Шайнауға тісіңе де ілікпеймін. *Қ о я б е р* өсейін мен пайдаң болар, Мен саған ақыр меншік мүліктеймін (Ө.Тұрманжанов, Қарлығаш). Нілді заводына жұмысқа бара жатқан біреу кеп қонып, әкем «сонда барып орысша оқы» деп мені ілестіріп *қ о я б е р д і* (С.Мұқанов, Есею жыл.).

Қуат берді. *Демеу көрсетті.* Уа, әлемнің данасы, Мавзолейде жатырсың, Ұйықтап алтын табытта. Тірісің, бізбен біргесің, *Б е р е с і ң қ у а т* шабытқа (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.).

Құбылаға бас берді. д і н и. *Құдайға жалбарыну үшін құбылаға бетін қаратты. Қ ұ б ы л а ғ а б а с б е р і п,* Екі көзге жас беріп, Байбөрі Хаққа налынды, «Алмадың Құдай жанымды» (Алпамыс). Аяқтарын көсіліп, Бір етегін жамылып, Көзінен жас ағылып, *Қ ұ б ы л а ғ а б а с б е р і п* Жарыса түсіп бұл жатты (Алпамыс).

Құдай берді. д і н и. а) *Күні туды, жарылқанды. Қ ұ д а й д ы ң б е р г е н і* емес пе? Кіммен түссем онымен түсейін, әйтеуір суретім болса онан артық не керек маған (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Міндім де жасыл қоңыз сона құдым, Басынан Мұнар төбе сағым будым. Дәулеттің *Қ ұ д а й б е р г е н* арқасында Қанменен көйлегімнің кірін жудым (Қаз. ертег.). ә) *Жолы, дегені, ойлағаны болды.* Аз уақытта Ербол қайта кеп, Абайды қолынан алып, сыбырлап: «*Қ ұ д а й б е р д і!* Асылбек бүгін үйде жоқ екен! Қазір соның отауына кіреміз!» – деді (М.Әуезов, Абай жолы).

Құдайы берді. д і н и**.** *Қайыр-садақа таратты.* Құдайдан болғай деп емі, *Қ ұ д а й ы н ы* мол *б е р д і м.* Көрген жерде-ақ мен сені, Осы екен ғой – сол дедім (Абай, Тол. жин.).

Қыз берді. э т н. *Жол-жоралғысымен қызды құтты орнына қондырды, ұзатты.* Мұрат

байдың Fазиза атты қызына ғашық болған Сәлімді кедейсініп, *қ ы з ы н б е р м е й д і* (М.Әуезов, Әр жыл.).

Қырқын берді. *Қайтыс болған кісіге арнап қырық күннен кейін ас берді.* Шешемнің *қ ы р қ ы н б е р і п* жатқанда, Көкемнің жанына байлаған жаман құласы жамандатып өлді (F.Мүсірепов, Шық.).

Лап берді. а) *Бет қойды, тап берді.* Иін тіресіп сығылысып тұрған қалың аттының қатары қозғалып, жылжыған сеңдей, *л а п б е р е т і н д е й* ілгері қарай ұмтыла бастаған-ды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Қоңырау соғылды. Нақ осы қоңырау даусын күтіп аңдып отырғандай, балалар *л а п б е р і п,* өре түрегеліп, түйдектүйдегімен сыртқа қарай атылды («Қаз. әдеб.»). ә) *От лап етті, лаулады.* Оқ үстіне оқ жауып, Нұркен самолеті *л а п б е р г е н* от құшағында қалды (Ол күндер.). Темірдей балқып жанған қидың үстіне құлай бергендеақ баялыш *л а п б е р е д і* (F.Мүсірепов, Оянған өлке).

Маза берген жоқ [бермеді]. *Мазалады, тыным бермеді, дамыл көрсетпеді.* Түні бойы немістер бізге *м а з а б е р г е н* жоқ. Қой күзеткен қойшыдай, біз де дүшпанның түнгі шабуылын тойтара отырумен болдық (Майдан). Байдың малын баққандай, Құлаққа *м а з а б е р м е д і ң,* Дауылпаз дауыл қаққандай (Ж.Жабаев, Тол. жин.).

Мазаққа берді. *Қорлыққа көнді.* Ықтиярсыз мұңды сезім, Кетті ырыпп жолыңа. *М а з а ғ ы ң а б е р д і м* өзім, Өз басымды қолыңа (Абай, Тол. жин.).

Майын берді. э т н. *Күш көлігін пайдалануға берді.* – Тайлақты енесіне қосып өріске айдап жіберді де, «сүтін іш, қоңын қисайтпа!» – деп, балықшыларға бір-бір қарасының *м а й ы н б е р д і* (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Өз малыңды өргізіп, Жеріңде мал бақпадың. Тайдың *м а й ы н б е р м е й т і н,* Байды несіне жақтадың (Жамбыл).

Малға шылбыр берді. *Малға сүйенді.* Бай қартайса, *м а л ы н а б е р е р ш ы л б ы р,* Мал өмірді жаңғыртпас Құдай ұрғыр (Абай, Тол. жин.).

Мән берді. *Көңіл бөлді, назар аударды.* Жас мерген қонышындағы кездігін алып шалып жіберді де, өзі аң құмарлық билеген сезім ықпалына уланып, аңға, қанға ешбір *м ә н б е р г е н* жоқ (С.Бегалин, Таңд.). Эпостың дастандарды тыңнан шығарушылардың дәл бүгінге дейін өз ортамызда болған фактісіне жете *м ә н б е р м е й* келеміз (Е.Ысмайылов, Сын.).

Мойны жар бермеді. *Жалқауланды, ештеме істегісі келмеді.* Біз өзімізбен өзіміз боп, ең мықтағанда өкпемізді айтып, нақты іске *м о й ы н ы м ы з ж а р б е р м е й* келе жатырмыз («Қаз. әдеб.»).

Мүмкіндік берді. а) *Мүмкіндік жасады, жағдай туғызды.* Парламенттік тәртіп мәселенің бәрін көпшіліктің шешуіне *м ү м к і н д і к б е р е д і* (К.Маркс, Таңд. шық.). ә) *Мүмкіндігі болды, жағдайы келді.* Жұмысыңыз бен денсаулығыңыз *м ү м к і н д і к б е р с е,* сіздің бізге көмектесуіңізді сұраймыз (В.И. Ленин, Шық.).

Намысын берген жоқ [бермеді]. *Есесін жібермеді, жеңілмеді.* Жамбыл, Жамбыл болғалы, Жамбыл атқа қонғалы, Жеңіліп *н а м ы с б е р г е н ж о қ* (Ж.Жабаев, Тол. жин.).

Нәр берді. *Нәрлендірді, жетілдірді.* Ұрпақтарды оқытып, Үйретер қарт мұғалім. *Н ә р б е р і п* алтын ғылыммен, Қандырады құмарын (М.Хакімжанова, Жыр асуы.).

Оң батасын берді. э т н. *Бет сипап, жақсы ниет, игі тілегін айтты.* – Мың жаса, Сақи, мың жаса! – деп, Аман қарт *о ң б а т а с ы н б е р і п* келеді («Лен. жас»).

Өнеге берді. *Үлгі болды, өнеге көрсетті. Ө н е г е б е р с е* ұстазың, Толтырып күй құлаққа (Ақын жырлары).

Өң берді. *Әдемілендірді, түрлендірді.* Жетісу өлкесіне *ө ң б е р е д і,* Орныққан аймағына әлеуметі, Осылар пайдаланып меңгереді (Ақын жырлары). Жазға жақсы киінер қыз-келіншек, Жер жүзіне *ө ң б е р е р* гүл-бәйшешек (Абай, Тол. жин.).

Өңін бермеді. а) *Түсі өзгермеді, бояуы кетпеді.* Штапель табиғи жүннен тоқылған матадан кем түспейді, тез жуылады, *ө ң і н б е р м е й д і* («Халық мұғ.»). ә) *Ажары таймады, қартаймады.* Үлбосын жас *ө ң і н б е р м е г е н,* жүріс-тұрысы пысық, өз шаруасына мығым, бір көрмеге бәденді (С.Омаров, Қайырлы.). б) *Түсін жылытпады, жылы шырай білдірмеді.* Судыр Ахмет қатын-баланың қай жерінен мін табам деп, шытынап *ө ң і н б е р м е й* келеді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Пайда берді. *Пайдалы болды, зиян келтірмеді.* Оның үшін сен өзіңнің иманмақтығыңнан пайдаланамын десең, *п а й д а б е р е д і,* кәміл иман болады (Абай, Тол. жин.).

Пайда бермеді. *Жөнді нәтиже шықпады, жәрдемі тимеді.* Үш қуаттың ішінде сила притягательная однородного мен подвижной элемент болмаса, көп білуге көп оқу оңды *п а й д а б е р м е й д і* (Абай, Шық.). Басыңа *п а й д а б е р м е с* бұл өнерің, Жақсылық қосылмайды ешбір санға. Ысырап құмға құйған су секілді, Айтқан сөз қабыл болмас кей наданға (Ақан сері, Шық.).

Пірге қол берді. м и ф. а) *Пірге сыйынды, жалбарынды.* Әулиеге дем берген, Айтар сөзге

ем берген. Жеті өлікке жан берген, Жеті *пірге қол берген* (С.Сейфуллин, Шығ.). ә) *Жолын құды, пір тұтты.* Кейбіреуі – законшік, Оңдырмассып, берсе арыз. Кейбірі *пірге қол берген*, Іші залым, сырты абыз (Абай, Тол. жин.).

Пірге қол беру. м и ф. *Пір тұту, жолын құу.* Жүніс – әрі қожа, әрі *пірге қол беруге* таяу болса да, өз билігімен жүретін бір беткей кісі (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Рай бермеді. *Ыңғай, шырай білдірмеді.* – Қазанға ас салайын.., – деп Ақбала жасқана тіл қатып еді. Сүйеу *рай бермей,* ызалы кескінде қолын сілкіп қалды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Досқа *рай бермей,* ашулы жүзін сырт салып, суық томсарып отырған қалпынан қозғалмады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Рең берді. *Әдеміледі, жайнатты.* Ертеңгі күннің қиғаш сәулесі өзеннің арғы бетіндегі бозды адырды қызғылт сарғыш шұғыласына малып, балғын жұмсақ *рең беріп тұр* (Т.Ахтанов, Махабб.). Батар күнге шымылдық – көк бұлт кең, Толқынды қызыл торғын өртпенен тең. Өткен дәурен секілді нұры жайнап, Арттағы мұнараға *береді рең* (Абай, Тол. жин.).

Рұқсат [ұлықсат] берді. *Ризалық етті, келісім білдірді.* Ашуланба, ей патшам, айтайын дат: Алтын қақпа *бермеді* сізге *рұқсат.* Сый сұрадың бергені – бір қу сүйек, Мұны көріп, алыңыз сіз де ғибрат (Абай, Тол. жин.). Кір, кемпір, Жұмекең *рұқсат берген* соң несіне тоқталасың (Б.Майлин, Шығ.). «Жағдайыма қарармын» деп өзі келер-келмесін екі ұшты ғып айтқан генерал-губернатор Шоқанды айта қалғандай қарсы алуға *ұлықсат беріпті* (С.Мұқанов, Аққан жұлд.). Сөйле деп *берді ұлықсат,* құрбыларым, Тартынбай мен сөйлейін болса барым (Ақан сері, Шығ.).

Сабақ берді. а) *Сабақ өткізді, сабақ жүргізді.* Біздің мектепте Бектұрсынова қарындас та бірінші рет *сабақ берген* отыр (М.Иманжанов, Алғашқы.). Оның *берген сабағында* түсініксіз еш нәрсе болмайтын (С.Көбеев, Орынд. арман). ә) *Тәжірибе берді, үйретті.* Тарихтың сабағы оны дер едім, *Сабақ берген* – менің ұлы, ер елім! Рейхстагтың төбесінде тұрдық біз, Желбіретіп қызыл тудың желегін (Партия тур. өлеңд.).

Сазайын [сазасын] берді. а) *Ұрып-соқты, сорлатты.* «Сорлының тіл-аузы жоқ, қаншама *сазайын беріп* жатсақ та, кек сақтамайды», – деп, әйелі мен енесі келген-кеткен туыстарына айтып отырады (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал). ә) *Жаза тарттырды, жазалады, көресіні көрсетті, азаптады.* Бақшаға кірді шыбын шықпақ тойып, *Сазайын берді* дәуіт көріп қойып. Жемек боп балапанға өрмелеген, Жыланның жайын тапты көзін ойып (Т.Әбдірахманова, Білесің бе?). Кез келсе қайғы қат-қабат, Қаңғыртпай қоймас адамды. Қасиетсіз туған о да жат, Күңкілдеп *берер сазаңды* (Абай). Саған ғашық болғаным, Қалмақтың *берер* деп едім Жалғыз-ақ өзің *сазасын* (Қамбар батыр).

Сауғаға берді. э т н. *Түскен олжадан сый берді.* Патшадан алған шұбарды, Берсеңші маған сауғаға. *Сауғаға* батыр *береді,* Патшаның мінген тұлпарын Астына мініп алады (Батырлар жыры).

Сәлем берді. *Сәлемдесті, амандық сұрады.* Жырларымды алдымда, Атамашы адақтай. *Сәлем берген* шағында Иілмеші садақтай (С.Сейітов, Бетпе-бет). Абайдан басқаның бәрі оған даурыға *сәлем беріп,* дәл төрден орын босатысты (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Бір күні лапкесінде отыр еді, Торғын тон, алтын кемер бір шал келді. Не қылса бір құрметті адам ғой деп, Әзім тұрып, иіліп *сәлем берді* (Абай, Тол. жин.).

Сәлемдеме берді. *Көңіл ықыласы, белгісі ретінде сыйлық тарту етті.* Онда оған *берейін,* – деп, – *сәлемдеме.* Кей-қысырау қазынаға кірді келе. Арттырып алтын, гауһар үш жүз нарға Өзі де Рүстемнен шығып ере (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Сән берді. *Ажарландырды, көркейтті. Әдемілік сыйлады.* Шолпылары көк жапырақ, Ағашына *берген сән.* Дәл басында құстар ұшып, Мәз болады шырқайды ән (Ж.Саин, Таңд. шығ.).

Сәуле берді. *Жылтырады.* Мысалы, астындағы ат о дағы ұшты, Ескендір де атының жалын құшты. Жалтырап *сәуле берген* бір нәрсеге, Патшаның ат үстінде көзі түсті (Абай, Тол. жин.).

Серт берді. *Уағдаласты, уәде етті, айнымасқа сөз байласты.* Айым, күнім, ата-енем! Жат дұшпаным алдында Айтылмаған *серт берем!* – дейді Құртқа (М.Әуезов, Таңд.). Жаным сүйді жар қылдым мен, Балқып жаным ерітет. Жас денемді қан қылдың сен, Қайда қалды *берген серт*? (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын). Қара қарға сықылды шуласар жұрт, Ет берсем, сен мендік бол деп берем деп. Ел жиып, мал сойыңыз ет берем деп, Кім көп берсе, мен соған *серт берем* деп (Абай, Тол. жин.).

Соққы берді. *Бетін қайтарды, тойтарды, бас көтерместей етті.* Босқындар орман ішінде босып жүргенімен, өз беттерімен ұйымдасып босқыншыларға тылдан *соққы беретін* күш бола алмайды (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Тиген бізге жау болса, Сол батырдың туымен, *Соққы берер* елім бар (Ақын жырлары).

Соққы беру. *Ұрып-соғу, жазалау*. Кейде жуан содырлар ортасы Абайдың өз басына да жала жауып, қастық арнап, *соққы беруді* талап етеді (М.Әуезов, Абай жолы).

Сөз берді. а) *Уәде берді*. – Ертең кешке қайткенде де еститін боламыз, – деп джаз бастаушы да *сөзін берді* (Қ.Исабаев, Соңғы.). Боз орнына *сөз беріп*, Құда, тамыр, дос кетті (Абай, Тол. жин.). ә) э т н. *Келісті, айтқанына көнді, сөз байласты*. Ақыры қыз Мәлікке *сөзі берді*. Сырттан оқитын болып, университетті тастап, Баянауылға қайтып, той жасады (З.Шашкин, Сенім).

Сөзге қонақ бермеді. *Сөзге құлақ қоймады, тыңдамады. Сөзге қонақ бермейтін* әкенің алдын орай алмай, Қошқарбай ұзақ сілейіп тұрып қалды (F.Мүсірепов, Оянған өлке).

Сұрақ берді. *Сұрақ қойды, сұрады*. Басшымыз с *ұрақты* қайта *бергенде*, сірә, бізді ол түсінбей қалса керек деп ойладық та қойдық (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.). Орынғали екі-үш *сұрақ беріп* те көріп еді, қыз оған да тоқталған жоқ (М.Дүйсенов, Мейман.).

Сұрау берді. *Жауаптасты, тексерді*. Жансыздарды еті ауырмайтын қылып, жан иесі хайуандарды ақыл, адам баласы асырайтын қылып, һәм олардан махшарда *сұрау бермейтұғын* қылып жаратқан (Абай, Тол. жин.).

Сүйек бермес. *Қомағай, обыр, сарақ*. Оларшa – жердің белі, таудың құзы, Ата ұлы арыстандай кер ауызды. Біздіңше хат білмейтін бір қатты шал Жуан ит *сүйек бермес* жалмауызы (І.Жансүгіров, Шығ.).

Сыбағасын берді. *Сазайын берді, жазасын тарттырды*. Кеше неміс бізге үш рет шабуыл жасады, онысына біздің жігіттер тиісті *сыбағасын беріп* тойтарды («Қаз. әдеб.»). – Сабыр ет, Қалқажан, – деді Мүкіш. – Мен білетін Махмұт болса, Есдәулеттің *сыбағасын береді*. Қара да түр (Д.Әбілев, Ақын.).

Сыр бермеді. *Сыр алдырмады, ішкі сырын білдірмеді, сездірмеді*. Рай қанша *сыр бермейін* десе де, таң алдындағы сары аяз шыдатпай, жас жігіт Еламанның ығында дір-дір етіп тұр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Сыяз бар десе, жүрегім Орнықпайды суылдап. Сыртқыларға *сыр бермей*. Құр күлемін жымыңдап (Абай, Тол. жин.).

Сыр бермеу. *Сыр алдырмау, ішкі сырын білдірмеу, сездірмеу*. Мирас Зураға, Зура Мирасқа *сыр бермеуге* тырысқан (Ә.Тарази, Үлкен ауыл).

Сырт берді. а) *Теріс айналды, қарамады*. Қарасаң Көкбұлақтан күміс қарға, Өрнегі шербеністің билетіндей. Осқырып теріс айналған түптің суы, *Сырт беріп* қос аяқтап тебетіндей (І.Жансүгіров, Шығ.). Қамза тоқтап Нұрышпен амандасқанда, Жамал Нұрышқа *сыртын беріп*, үйге қараумен тұрды (Б.Майлин, Шығ.). ә) *Араз болды, өкпеледі, ренжіді*. Жүрегіңді жеп, ал да енді *сыртыңды беріп*, күжірей келіп!.. Жоқ жарықтығым, қалқақты қой да, жүр, қазір. Мен саған адал жүрегіммен келіп едім. Сен маған артыңды беріп отырсың-ау (Ә.Нұрпейісов, Шығ.). Дос алады бермесең, бұлт берем деп, Жауыңа қосылуға *сырт берем* деп, Бұзылған соң мен оңай табылмаспын, Не қылып оңайлықпен ырық берем деп (Абай, Тол. жин.).

Тағлим берді. к і т. *Үлгі көрсетті*. Аталарын паралап, балаларын алып, бастапқы айтқандай жолға салып *тағлим берсе*, сонда түзелер еді (Абай, Тол. жин.).

Таң қылаң берді. *Таң сыз берді, бозғылт тартты. Таң қылаң беріп*, ақ жиектенгенде жол бойымен 3–4 адам егіске қарай бойлап бара жатты («Лен. жас»). *Таң қылаң беріп* атып келеді. Бұл скважина да қалыпқа келді. Хадим жерге түсті де, бұрғы түбін паналап тізе бүкті («Лен. жас»).

Таң саз [сыз] берді. *Таң ата бастады, таң бозарды*. Бөлме іші күңгірт. Дала бозамық тартқан. Сірә, *таң саз бере* бастаған-ау («Лен. жас»). *Таң сыз беріп* келе жатқанда бұлар Жыңғылдыға жетті («Қаз. әдеб.»).

Тап берді. *Шап берді, жабысты, жармасты, тұра ұмтылды. Тап бердім*, жалт бергенше кеңірдекке, Бауыздап кескіледім жығып салып (Н.Баймұратов, Қанды жорық). Біз де әркімді байқаймыз, *Тап бергеннен* тайқаймыз. Сіздей асыл кез болса, Қайтіп басты шайқаймыз (Абай, Тол. жин.). – Лап десе, *тап беріп* өскен жел бастар мені тыңдаушы еді. Алды-артын ойлау деген болып па бізде (Д.Әбілев, Арман жолы). Жан дәрмен аяғын босатып алып, тұра бергенше болмады, ақтың төрт солдаты оған ұрымтал жерден *тап берді* («Қаз. әдеб.»).

Тап-тап берді. а) *Қайта-қайта ұмтылды*. Балықшылар тәуекелге бел байлап ау құрғысы келеді. Жастар жағы алып ұшып тұр. Теңізге *тап-тап береді* («Лен. жас»). ә) *Жабысты, жармасты*. Сыз қабырғалар шып-шып терлеп, түтін сағынған мұржа жемтігіне *тап-тап берген* аш қасқырдай гүж-гүж етіп, гулей жөнеледі («Лен. жас»).

Тасаттық берді. д і н и. м и ф. *Көктен жаңбыр тілеп, құрбандық шалып, садақа берді. Тасаттық беріп* сол халық, Жалынды шулап «жаңбырлап!» Құдайға арыз жолданып, Қазан-ошақ қаңғырлап (Ж.Молдағалиев, Жесір.).

Тәлім берді. *Үлгі-өнеге көрсетті.* Балаңа «боқта, қу, сұм бол дейсің». Осы ма *б е р г е н т ә л і м і ң?* Осы баладан қайыр күтесің бе? (Абай, Тол. жин.). Тәрбием бар *т ә л і м б е р г е н,* Білімім бар оқыған (Қ.Қуанышбаев, Өлеңд.).

Телеграмма берді. *Телеграмма салды, хабар жіберді.* Шығарыңызда неге *т е л е г р а м м а б е р м е д і ң і з?* Алдыңыздан күтіп алатын едік қой, – деді Есен (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Соғайын десе телефон, *Б е р е й і н* десе *т е л е г р а м м.* Көңілді күдік жеген соң. Намыс келді ол бұған (Ғ.Қайырбеков, Таулар.).

Теңдік берді. *Бостандық алды, азат болды.* Сұлтанмахмұт февраль революциясы езілген еңбекші халыққа бостандық, *т е ң д і к б е р е д і,* деп түсінді (Қаз. дем. жазушы.).

Теңдік бермеді. *Есесін жібермеді, жеңіп кетті.* Қазақ жолына жүгенсе, Жүніс *т е ң д і к б е р м е й д і,* Заң жолы ұзақ, жеткенше көзіне көк шыбын үймелетеді (Ғ.Мүсірепов, Шық.).

Тие берсін. д і н и. *Қабыл қылсын.* Судыр Ахмет секілділер Еламанды алдақашан жерлеп қойды, ас артынан Құран оқып, қол жайып *т и е б е р с і н* айтып жүр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Төтеп берді. *Қарсы тұрып, күресе білді.* [___] Ол қандай ауыртпалық, қандай қиыншылық болмасын жеңе білді, қажымай-талмай *т ө т е п б е р д і* («Қаз. әдеб.»). От көкке шапшып жан-жаққа қарай жылмаңдайды. Бірақ алапатқа адам *Т ө т е п б е р д і* («Қаз. әдеб.»).

Тыным бермеді. *Тынышын алды, мазалады.* «Бай сейілді» де Абай ел билеушілердің халыққа *т ы н ы м б е р м е й т і н* бұзақылық әлек-әрекетін таңбалайды (М.Әуезов, Әр жыл.). Шу дегенде құлағың тосаңсиды, Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей, Таң қаламын алдыңғы айтқанды ұқпай, Және айта бер дейді жұрт *т ы н ы м б е р м е й* (Абай, Тол. жин.).

Тыныштық берді. *Көңілін орнықтырды, мазасын алмады.* Бұл үш түрлі істің жоқтығы, адамның көңіліне *т ы н ы ш т ы қ б е р е д і* (Абай, Тол. жин.).

Тыныштық бермеді. *Тыным көрсетпеді, мазалады.* Адалдық, ақыл жасынан, Қозғапты, *т ы н ы ш т ы қ б е р м е п т і* (Абай, Тол. жин.).

Тізгін берді. *Ерік берді, ырық берді.* Жар басына қонбаңыз, Дауыл соқса үй кетер. Жатқа *т і з г і н б е р м е ң і з,* Жаламенен бас кетер (Бұқар жырау). Кедей баласы екен. Мінезі тұйық екен. *Т і з г і н б е р м е с* бойлауық екен (Б.Майлин, Шық.).

Тізгін берілді. *Ерік берілді, ырық берілді.* Елді судай сапырған, Белшесінен батырған, Шілдеде мұзды қатырған, талыны төгіп шайқаған *Б е р і л д і т і з г і н* ылаңға (Д. Бабатайұлы).

Тізгінін берді. *Еркін, тағдырын қолына ұстатты, көнді, бағынды.* Кімде-кім бостандыққа болса жерік «Бұл халық үшін» деп іздесе ерік, Көп қойды қасқыр бақпай, иесі бақса, *Т і з г і н і н б е р м е й т ұ ғ ы н* кім бар сеніп (С.Торайғыров, Шық.). Болыс інісіне Түбектегі қалың Торжымбайдың *т і з г і н і н б е р м е й,* бір ұрт кетіп жүрген жайы бар еді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Тіл берді. *Хал-жағдайын айтып хабарласты, тілдесті.* Телеграмм соғып *т і л б е р і п,* Көз тікті бала жолына. Сан рет оқып намазын, Тәспығын алып қолына (Ө.Тұрманжанов, Қарлығаш). Жіберді мені сізге бер деп хабар, Сіздерге жай қалмады көнбек қағар. Не екенін ашуының көріп тұрсақ, тезірек *т і л б е р м е с* ең, ауылың шабар (І.Жансүгіров, Шық.).

Құдай тілекті берді. *Жарылқады, ойындағысын орындады.* Өз заңымша ұқсаттым, *Б е р г е н Құ д а й т і л е к т і.* Оспанды алған бұл өлім. Тәубе қылсақ керек-ті (Абай, Тол. жин.).

Тілеуің бергір. т і л е к. *Жолың болғыр, Құдайың жарылқағыр деп жеңіл-желпі іш тартып айтылатын қаратпа атауыш.* Әй, *т і л е у і ң б е р г і р л е р,* шай ішіп болдыңдар ма? Болсаңдар, барыңдар ана үйге (А.Нұрманов, Аққу.).

Тілекті берді. *Тілегін орындады, айтқанына көнді.* Айт осыны аруға, Аймалашы жүрегін, Ғашық болған жас жанға, *Б е р м е с* пе екен *т і л е г і н*! (Қ.Аманжолов, Өлеңд.).

Уақыт берді. *Мүмкіндік туғызды, жағдай жасады. Б е р г е н д е й* әдейі *у а қ ы т* ой ойлауға, Келеді поезымен баяу ғана. Вагондас, жанымдағы жақын көрші Жаңағы қария мен аяулы ана (Ж.Молдағалиев, Жыр.).

Уәде берді. *Уәделесті, сөз байласты.* Бүркіт әйеліне: – Ал саған *б е р е р у ә д е м,* – деді ол қайтадан, – тағы да ойланайын, жан-жағыма үңіле қарайын, мен бірдемені түсінбей жүрсем, түсінуге тырысайын (І.Есенберлин, Қатерлі.). Екеуі екі айрылмақ қамын жеген, Бір шетке кетпек болып жұрт көрмеген. Мал тапқаны бір іздеп таппақ болып, Серт қылып, бір-біріне *у ә д е б е р г е н* (Абай, Тол. жин.).

Үлгі берді. *Тәлім-тәрбие көрсетті, өнеге болды.* Ел басындағылар өздерін үздікпіз, біреуге *ү л г і б е р і п,* ақыл айтармыз деп сайланды (Абай, Тол. жин.). Көкірегі сезімді, тілі орамды, Жаздым *ү л г і* жастарға *б е р м е к* үшін (Абай, Тол. жин.).

Хабар берді. *Болған іс, оқиға жайында екінші бір жерге мәлім етті, хабарлады.* ҚазТАГтың ұдай жалғасы – Телетайпта «тук, тук» ...Жаныға түспек жанға сын, *Х а б а р д ы б е р д і м* төкпектеп (Х.Ерғалиев, Күн күмбез.). Ай, жұлдызға жылы жел *х а б а р б е р і п*, Жаңжануар қуанар тойға елеріп. Азалы ақ көрпесін

сілке тастап, Жер күлімдер, өзіне шырай беріп (Абай, Тол. жин.).

Шап берді. *Тарпа бас салып, тұра ұмтылды, жармасты, жібермеді.* Ашулы жігіт Запорожскийдің мес қарынын тіземен езгілеп алды да, кеңірдектен *ш а п б е р і п* терезе тұсына отырды (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). Сол сағатта сап етіп, Алдына қонды инелік. *Ш а п б е р і п* ұлан ұстады, Машықтанған үйреніп (Ө.Тұрманжанов, Қарлығаш).

Шырай берді. а) *Өң берді, тұрленді, құлпырды.* Ай, жұлдызға жылы жел хабар беріп, Жаңжануарлар қуанар тойға елеріп. Азалы ақ көрпесін сілке тастап, Жер күлімдер өзіне *ш ы р а й б е р і п* (Абай, Тол. жин.). ә) *Ыңғай көрсетті, айтқанын істеуге ыңғай байқатты.* Оның сөзін қостап енді ғана тіл қатып, *ш ы р а й б е р і п*, бұл да: – Рас, құрбылар, – деді Абай (М.Әуезов, Абай жолы). Көлен Доска *ш ы р а й б е р м е й*, ашулы жүзін сырт салып, суық тапсырып отырған қалпынан қозғалмады (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Ыңғай берді. *Бір істі құптарлық көңіл байқатты, ниетін білдірді.* Үй иесі *ы ң ғ а й б е р м е г е с і н* жас қонақтың мазасы кетіп, қипақтап ыңғайсызданып отырды (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Ыңғай бермеді. *Құптамады, қош көрмеді.* Сағираның *ы ң ғ а й б е р м е й* жүргенін баласынан естіп, оны сескендіріп, ықтырып барып көндіруді көздесе керек (С.Алдабергенов, Алға).

Ырық берді. *Айтқанына көнді, ыңғай берді.* Дос алады бермесең, бұлт берем деп, Жауыңа қосылуға сырт берем деп. Бұзылған соң мен оңай табылмаспын, Не қылып оңайлықпен *ы р ы қ б е р е м* деп (Абай, Тол. жин.).

Ырық бермеді. *Ырқына жібермеді, еркіне көнбеді, айтқанына жүрмеді.* Атқамінерлер пәлесі Абайдың саналы еңбекпен отыруына *ы р ы қ б е р м е д і* (М.Әуезов, Әр жыл.). Құр айғай салғаныңа кім шошиды, Жеңермін тұралатып *ы р ы қ б е р м е й* (Сара [Тастанбекқызы], Ақын жырлары).

БЕР[2]: **бер жақ**. а) *Арғы бетке қарама-қарсы жақ, тұс.* Еламан осы жолы қариялар айтатын Қап тауының ар жақ, *б е р ж а ғ ы н* түгел көріп қайтты (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Попов Баян аулының ар жағынан түсіп, қазір Қарқаралының *б е р ж а ғ ы н а* шықты (Ғ.Мүсірепов Оянған өлке). ә) *Белгілі мерзімнен кейінгі кезең.* 1954 жылдың *б е р ж а ғ ы н д а* жиырмадан астам тың совхоздары орнап, жарты миллион гектардай жерді игерді (С.Мұқанов, Есею жыл.). Қазақта Еуропа театрының түрін жасау, ең алғаш орысша оқыған қазақ жастарынан шықты, онда да жиырмасыншы ғасырдың оныншы жылдарының *б е р ж а ғ ы н д а* (С.Мұқанов, Есею жыл.). б) *Сырт жағы, сыртқы тұрпаты.* Қайдам, *б е р ж а ғ ы ң* шығар. Жалпы жағдай дегенің жаны бар. Қыздың жағдайының қиын болатынына көзім жетті (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

Бер жағымен. *Шын көңілден емес, сырттай.* Ғашықтық дегеннің не екенін білмей, жігіттермен *б е р ж а ғ ы м е н* қалжыңдасып жайдары жүрген Күләнда Ержанға жолықты (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

БЕРБЕР з а т. *Мароккода, Алжирде, Тунисте, Ливияда, Нигерде, Мавританияда тұратын солтүстік Африканың негізгі тұрғындары.* Арабтар Мағрибты жаулап алғаннан кейін *б е р б е р л е р* арабтандырылып, ислам дінін қабылдаған (ҚҰЭ). *Б е р б е р л е р д і ң* ежелгі ата-бабалары жайлы мәліметтер Мысырда сына жазуларында кездеседі (ҚҰЭ). *Б е р б е р л е р* ұлттық бірегейлігін жоғалтпаған. *Б е р б е р л е р* – негізінен көшпелі және жартылай көшпелі халық (ҚҰЭ).

БЕРБЕРИН [франц. berbérine] з а т. б и о л. *Бөріқарақат, сарғалдақ, айұрық, андыз және т.б. тұқымдастар жапырақтарында кездесетін алколоид. Б е р б е р и н* ағзаға әртүрлі әсер етеді: артериядағы қан қысымын төмендетеді, жүректің соғуын бәсеңдетеді, өттің бөлінуін күшейтеді; медицинада қолданылады (Қаз. тілі термин. Биология).

БЕРБЕТ з а т. ж е р г. ***Меруерт***. Қазанында қарызың: Алтын-күміс, ақ жамбы інжумаржан *б е р б е т* жоқ (Жеті қаған.).

БЕРГЕК з а т. к ө н е. **1.** *Әйелдердің әшекейлі баскиімі.* Жас келіншек сәукелені той өткенше киіп отырып, тойдан соң сәукелені іліп қойып, оның орнына *б е р г е к* киетін (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Сәукелесінің төбесі күміспен әшекейленген болатын да, ақ жібек желек *б е р г е к* тоты құстың екі-үш қауырсынын тігінен бекітіп қойған (Ә.Нұрмаханова, Шығыс шынары). **2.** *Сән үшін жамылатын әшекейлі жамылғыш.* Қызыл арай, ақ күміс, алтын *б е р г е к*, Қызықты ертегіге көтерілмек. Ақсақалдың, әкенің, білімдінің Сөзінен сырдан тартып, тез жиренбек (Қ.Әзірбаев, Шығ.).

БЕРГЕКТЕЙ с ы н. *Бергек сияқты, бергек тәрізді.* Бір бесік бізді тербетпей, Өссек те аулақ әр жақта, Қымбатсың алтын *б е р г е к т е й,* Туғансың маған әр уақта (Қ.Шаңғытбаев, Армысың.).

БЕРГІ с ы н. **1.** *Арғы жаққа қарама-қарсы жақтағы, бер жақтағы, осы жақтағы.* Ол өзі –

бұлт емес, Қаптың тауы, Бір бөлек үлкен таудың *б е р г і* бауры. *Б е р г і* таудың басында сол дәрі бар, Қырандай ап қайтарамыз жібек баулы (Абай, Тол. жин.). – Жаяу әскердің үлкен бір тобы өзеннен өтіп жатыр. Алды *б е р г і* қабаққа ілікті дейді, – деп, Сорокин маған баяндады (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). *Б е р г і* бетке келсем, атам қалың қабағының астынан көзі жайнап, күліп тұр екен (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). *Б е р г і* жағада Кенжетай мен Қаржау шал әлі қарап тұр (Д.Әбілов, Арман.). **2.** *Бертінгі, берменгі, белгілі бір мерзімнен кейінгі. Б е р г і* мәдениеттің өскен дәуіріндегі әдебиетке шолу жасасақ та, эпостық ұзақ романдар мен драмалардың да өлеңмен жазылғанын білеміз (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.). Әзімбек көп жылдан *б е р г і* сыралғы жолдасының райына қарап алды да, ойын сөз емесіне көзі әбден жетіпті (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Кітаптың барлық астарын түсініп, автордың стильдік ерекшелігін зерттеп білу – аудармашының парызы. Бұл атам заманнан *б е р г і* белгілі ақиқат (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Сол алдыңғы есеп алғаннан *б е р г і* өмірді қалай өткіздің екен (Абай, Тол. жин.).

БЕРГІЗ= е т. **1.** *Әперту, әпергізу, табыс еткізу.* Сардарды ескінің асыл көзіндей қадірлеп құрмет тұтады. Келмей жатып, бұған қала ортасынан үй *б е р г і з д і* (З.Қабдолов, Жалын). Бейсен, мына кісілерді ана сауыншыға апарып бір бұзаулы сиыр *б е р г і з* (С.Бегалин, Бала Шоқан). **2.** а у ы с. *Қосу, күйеуге шығару.* Зүһраны Таһирға *б е р г і з б е с к е,* бір айла іздемеске бұрды мойын (Ғашықтық дастандар).

БЕРГІЗДІР= е т. **1.** *Тапсырту, табыстату.* Хасен кішкентай Зәуресін жақында ашылған балалар бақшасына *б е р г і з д і р і п,* Ханшайымды «Әйел теңдігі» журналына әдеби қызметшісі етіп орналастырды (І.Есенберлин, Қатерлі. **2.** а у ы с. *Қостыру, күйеуге шығару.* Ақырында Мұхамед-мазит-Тархан інісінің қызы Айпатша-Бегімді Сұлтан-Махмұд ханға *б е р г і з д і р д і* (І.Есенберлин, Алмас.).

БЕРГІЗУ *Бергіз етістігінің қимыл атауы; тапсыру, табыстау.* Құдайберген парторгке қарай бұрылып: Алеке, сол күні балаларға совхоздың бір-екі машинасын *б е р г і з у і ң д і* сұраймын... (Ә.Нұршайықов, Алтын.). Бекболаттың қалада ағайындары жоқ екенін іштері біліп әдейі айтып отыр-дағы, оның көңілін сендіріп, билік айтуды өздеріне *б е р г і з у* үшін арызшыны бұрыннан үйретіп қойған (С.Шарипов, Бекболат).

БЕРГІСІЗ с ы н. *Артық, жоғары.* Тайпа Тілештің руына алыстан қосылса да, жақын ағайынға *б е р г і с і з* үйірсек еді (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). – Сен ханыңа сенсең, менің ханға *б е р г і с і з* Исатайым бар! Құдай тек соның жанына жамандық бермесін, – дейді Жүніс (Б.Аманшин, Жар мұңы). Қоспан қойшы болып Мінайдардың қасына көшіп келгелі туыстығы болмаса да, бірге туғанға *б е р г і с і з* (Т.Ахтанов, Дала сыры).

БЕРГІШ[1] з а т. т е х. < ағыл. generator> *Дыбыс, жарық, қысым және т.б. физикалық шаманы техникалық құралдармен өңделетін сигналдарға түрлендіретін құрылғы. Б е р г і ш* фотоэлементтік жарықтық немесе ультракүлгін сәулеленуі электрлік энергияға, ал пьезоэлемент механикалық күш салуды электрлік энергияға өзгертеді (Қаз. тілі термин. Информатика.). Уақыт *б е р г і ш т е р* ретінде уақыттың белгілердің арнаулы программамен есептеп және шығарып отыратын арнайы санауыштар қолданылады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

БЕРГІШ[2] с ы н. *Береген, қолы ашық, таратқыш.* Мырзаларды қадірлейін десең, осы күнде анық мырза елде жоқ, мал *б е р г і ш* мырза иттен көп (Абай, Тол. жин.). Шабданбек Омардың баласына қалыңмал алмай қыз *б е р г і ш* болса, өзінен туған қызды неге бермейді (С.Сейфуллин, Шығ.).

Белгі бергіш. *Ымдағыш.* Үлжан күндестікті көп сыртқа шығарып білдірмесе де Айғыз сол жағынан *б е л г і б е р г і ш* болса керек (М.Әуезов, Әр жыл.).

Лап бергіш. *Қызба, желөкпе. Л а п б е р г і ш,* көт айналғыш, қайта ойланғыш, Тиянақты оты сөнген бойларының (Абай).

БЕРГІШТЕ= е т. *Үсті-үстіне беру, жиі беру, үстемелеп бере беру.* Допты дедектетіп әкеп біріне-бірі *б е р г і ш т е п,* ақыры қатты ұрып және торға түсірді (М.Рашев, Бетің қисық.). Әңгіменің реті келмегесін Байғазы қымызды әкел деп, соны төпелеп *б е р г і ш т е п,* жұрттың көңілін бөлмек болды (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). Ол бұрынғыдай жалақысын үйге әкелмейді. Сол келіншекке *б е р г і ш т е й-д і* (Ә.Нәбиев, Ауыр апта.).

БЕРГІШТЕУ *Бергіште етістігінің қимыл атауы.* Жауапты секретарымыз маған гранканы оқи қою, хабарды қарап шығу және басқа да тапсырмаларды *б е р г і ш т е у м е н* болды (Ө.Қанахин, Жер бас.).

БЕРГІШТІК з а т. *Бергіш болушылық, көп берушілік, берегендік.* Сауым аралығы екі сағат болып келеді. Ол үшін биенің сауылу ұзақтығы мен *б е р г і ш т і к* қабілетіне көңіл бөлінеді (А.Иманғалиев, Адай жылқы.).

БЕРДЕН[1] з а т. с ө й л. ***Берденке***. *Б е р д е н н е н* атылған әрбір оқ құр кетпеуге тиіс (Ж.Мусин, Таң нұры).

БЕРДЕН²: берден шұбар. *Қызыл шұбар жылқы.* Мінгенім көш алдында *берден шұбар*, Ер жігіт жақсы болса өнер қуар, Көтібар батыр болса келсін жылдам, Бердағы жау жарағын мұнда жібер (Айман-Шолпан).

БЕРДЕҢКЕ з а т. к ө н е. *XIX ғасырдағы бір оқпен оқталатын шағын калибрлі мылтық. Бердеңкесін* ұстап отырып, белгілі жауын есіне алып: «Бәлем, осыныңды ұмытпа!» дегендей Бақтығұлдың өңі құп-қу болып, көзіне қан толып кетті (М.Әуезов, Қараш.). Жамалға қарады да қиық күліп, Ол кетті *берденкесін* иыққа іліп. Жамал бей-жай, көтереді әзер басып, Үйып жатып төсекте, үйып тұрып (М.Мақатаев, Өлеңд.). Мұса қос ауыз *берденкесін* алып, оңгелері сойыл алды, бәрі аттанып жаман Айманақ деген тауға қарай жөнелді (С.Сейфуллин, Шығ.).

БЕРДЕҢКЕДЕЙ с ы н. *Бердеңке сияқты, бердеңке тәрізді.* Сап етіп *бердеңкедей* кеп ұрынды, Бере бер, балам, бері шылбырыңды. Жанасып Құлагерге қалғанында, Сақ етіп айбалтасы Құланы ұрды (І.Жансүгіров, Шығ.).

БЕРЕГЕН с ы н. **1.** *Қолы ашық, жомарт, мырза.* Оның үстіне асы дәмді, қолы әрі береке, әрі *береген* қасиеті тағы бар (М.Иманжанов, Менің махабб.). Өрік өсекші қатындарды бауырына тартып, *береген* кісі болды (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.). **2.** *Өнімі, берері мол.* Көрсетеді күшін дарқан, *береген* – Омырауына орден таққан өлкеміз! Жер серігі көкте қағып қанатын, Жол аштық біз болашаққа баратын (Қ.Мүсірепов, Алау). Жомарт күзі *береген* күз. Алтын күз деп жылдың осы тамаша мерзіміне қастерлеп тағылмаған ат бар ма?! (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). Еселдің бұл өрнек жасау ойлары, Көрінде де тың секілді *береген* (Д.Әбілов, Өлеңд.).

Алаған қолым береген. *Мырзалық етіп біреуге бере де білем, ала да білем.* Береген перде бұзар, «*Алаған қолым – береген*»... деген осындай сөздері есепсіз толып жатыр (Абай, Тол. жин.).

БЕРЕГЕНДІК з а т. *Береген болушылық, мырзалық, жомарттық.* Баяғыдан шыдап келген көнтерлі алып, енді бұрынғы момындық, молқолдық, *берегендігінен* бір-ақ күнде пышақ кескендей тиылды (М.Әуезов, Қилы заман). Аузына арақ тисе, шешіле сөйлеп, *берегендігі* де молайып кететін адамды (К.Оразалин, Ақ жазық).

БЕРЕГЕНСІ= е т. э к с п р. *Қолы ашық болғансу, шұлғенсу.* Беруді ішінен жек көріп отырса да, Нұрымның әуенімен төңкерілгіш байлар *берегенсіп* гүілдескен (Д.Әбілев, Ақын.).

БЕРЕГІРЕК ү с т. с ө й л. ***Берірек.*** Бер десең қолым, қарағым, *Берегірек* кел деді (Батырлар жыры). *Берегірек* келген соң кәрі апам үй жұмысы, баладан бір жола қалды (М.Әуезов, Бала Мұхтар). *Берегірек* келгенсін, керек десе, балықтан шаршап қайтқан күйеуін күтіп алмай, теріс қарап жылап жататын болды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

БЕРЕГІРЕКТЕ ү с т. с ө й л. ***Беріректе.*** Ыбырайдың «Бір қызық ит жүгіртіп аң ауласа» деген өлеңін *берегіректе* Қали Байжановтан үйренген әнші Қуан Лекеров бұл өлеңді «Шама» әнімен айтатын (А.Жұбанов, Замана.). Иә, шофер азамат, кейбір жайларды сен түгілі мына Ахаңдар да *берегіректе* біліп жүр (Саржайлау).

БЕРЕЗЕ [ир.] з а т. *Әшекей бұйымдарға қолданылатын жартылай асыл тас, перуза.*

БЕРЕЗЕЛІ с ы н. *Березе қондырған, березесі бар.* Қолында толған өңшең алтын жүзік, Зумруд, *березелі* бар білезік. Үсінде камзол ішік тысы қамқа, Меруерт омырауы қойған тізіп (А.Байтұрсынов, Шығ.). Сәукеле алтын шашақ *березелі*, Күмістен күмбез таққан керегелі, Өзінің ауырлығы сегіз батпан, Төбесі төрт қапсырма кебежелі (Н.Ахметбеков).

БЕРЕЗЕП с ы н. с ө й л. ***Зәрезап***. Қан шыққан жерден қарада бой, қарда із қалмай, *березеп* боп безеді екен (О.Бөкеев, Қайдасың.).

БЕРЕЗИТ з а т. к е н. *Кварц, серицит, карбонит (анкерит не кальзит) пириттен тұратын метасоматит. Березиттің* қалыптасуы негізінен уланитоидтердің кіші интрузияларымен және сығылмаларымен байланысты. Жатыс пішіні жарылымдар мен жарықшалардың орналасуына байланысты (Қаз. тілі термин. Геология). *Березит* денелеріне белдемдік құрылыс тән: шет жағы альбит – пирит-хлорит-кальцит-сериуит-кварц-рутилден, ортасына қарай минкрал саны азайып, өзегі мономинералды кварцтан тұрады (Қаз. тілі термин. Геология). *Березиттер* кейбір металл түрлерін (Au, Cu, Ag, Mo, Zn, Pb, As т.б.). кіріктіруі мүмкін, сондықтан олар белгілі бір дәрежеде осы металл кендерін іздеу сілтемелері ролін атқарады (Қаз. тілі термин. Геология).

БЕРЕЗИТТЕНУ з а т. к е н. *Кейбір қышқыл таужыныстарының гидротермалық ерітінділер әсерінен өзгеруі, яғни металл алмасу процесінің бір түрі. Березиттену* процесі кейбір металл кендерінің (Au, Cu, Ag, Mo, Zn, Pb, As т.б.). қалыптасуына жағдай жасайды (Қаз. тілі термин. Геология).

БЕРЕЗИТТІ с ы н. г е о л. *Березиті бар.* Березит пен *березиттегі* жыныстар – сирек кездесетін металл кендерін іздеп табудың белгісі (А.Бекботаев, Ұлт. энц.).

БЕРЕК[1] з а т. к ө н е. *Мәуелі ағаштар мен түрлі бұталардың үрімі, бұтағы.* Тобылғының *б е р е г і* иіл болып, Беріш бітсе, айбар болар терегі (Шалкиіз). Тобылғының *б е р е г і* Айбар болар тірегі (Алдаспан).

БЕРЕК[2] с ы н. *Қынарлы, нәрлі.* [Жарқын] Жылқыны ауыл арасына ғана иіріп түр. Жері *б е р е к,* елі сақ (І.Жансүгіров, Шығ.). *// Қынарлы, нәрлі жер.* Бостаны бар-ды теректің Болаты бар-ды *б е р е к т і ң* Тұсындағы болған нартың қорлама, Тұсындағы болған нартың қорласаң Табылмас-ты керекте (Шалкиіз ақын [Тіленшіұлы] // Алдаспан).

БЕРЕКЕ [ар. بركة] з а т. **1.** *Ырыс, молшылық, құт. Б е р е к е* кәсібінде болмаған соң, Түзеліп еш шаруасы оралмайды. Біреуі біреуінен артық болса, Бір-бірін ілтифатпен тең алмайды (М.Дулатов, Шығ.). Бейілі кеткен жігіттен, Еш *б е р е к е* болмайды. Дәулеті қашқан жігітке, *б е р е к е* келіп қонбайды (Қаз. ақын. шығ.). Астық – ол бүкіл елдің *б е р е к е с і,* Астық – ол бейбіт күннің мерекесі (О.Шипин, Өмір өрнегі). **2.** *Ауызбірлік, ынтымақ. Б е р е к е г е* жи дейсің, Тамам қазақ баласын. Кек, ашудан тый дейсің, Айыртып ақ пен қарасын (Шәкәрім, Шығ.). Екеуміз екі жаққа тартсақ не *б е р е к е* қалады. Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың, Оның да алған жоқ па Құдай құлқын? Бірлік жоқ, *б е р е к е* жоқ, шын пейіл жоқ, Сапырылды байлығың, баққан жылқың (Абай, Тол. жин.). Бірлік керек, бірлік! (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес). Еңбек түбі – мереке, Көптің түбі – *б е р е к е* (Мақал-мәтел). Қазақтың бетіне қарап, содан оқыған болса, ол талабыңды қыла бер, көкіректі дым тазалаймын деме, оны кім көріп жатыр, ішінде қатпар көп болмаса құт, *б е р е к е г е* жағымды болмайды – дейді (Абай, Тол. жин.). *// Ауызбірлігі бар жер, ынтымақты жер.* Біреудің ағайыны торқалы той, топырақты өлімде, адалдық, *б е р е к е д е* алысуға табылмай, барымта алалық, ұрлалық десе табыла қоятыны қалай? (Абай, Тол. жин.).

Береке дарыды. *Құт қонды, береке кірді.* Бусанған қара бұйра далаға барған сайын *б е р е к е д а р ы п,* өзгеше бір жарастықты ажар тауып келеді («Лен. жас»).

Береке қонбады. *Құты қашты, дәулеті баянды болмады, ырысы тайды.* Бейілі кеткен жігітте, Еш береке болмайды. Дәулеті қашқан жігітке *Б е р е к е* келіп *қ о н б а й д ы* (Ш.Қаржаубайұлы).

Береке қонды. *Дәулеті артты, ырысы молайды, құты кірді. Б е р е к е қ о н ғ а н* ел екен, Дос көрсе жанын қиятын. Құшағы ыстық кең екен, Ресей түгел сиятын (А.Тоқмағамбетов, Өмір.).

Береке қылды. *Ынтымақты етті, ауызбірлік қылды.* Старшын, биді жиғыздым, «*Б е р е к е қ ы л*» деп, «бекін» деп. Ат жарамды, үй жақсы Болсын «бәрің» күтін деп (Абай, Тол. жин.).

Берекесі кетті. а) *Шырқы бұзылды, құты қашты.* Дәмеш келді, Ораз үйінің *б е р е к е с і к е т і п,* Ажардың қашты құты (З.Шашкин, Теміртау). Осы күймен күндер өте берді. Әйелсіз үйдің құты қашып, *Б е р е к е с і к е т т і* (С.Омаров, Қасиетті.). ә) *Асып-састы, абыржыды, абдырады. Б е р е к е с і к е т і п* өңі қашқан, терлеп-тепшіген директор, тіптен, маған «сөз беріңіз» деп сұраған да жоқ, кезекті сөйлеуші сөзін аяқтай бергенде, абажадай болып түрегелді (З.Шашкин, Сенім). Көпшілік думанды жерде өзін қоярға жер таппай, *б е р е к е с і к е т і п* қалатыны тағы бар (О.Сәрсенбаев, Даңқ). б) *Ауызбірлігі бұзылды, ынтымағы жойылды. Б е р е к е с і к е т к е н* ел – Суы ашыған батпақ көл. Құс қаңқылдап жағалап, Сулай алмас жазғы төл (Абай, Тол. жин.). Біздің үйде қыстың басынан кірген ұрыс шешем Бүлісті уәделі жеріне бермей қалғаннан кейін тіпті де үдеп, үйдің *б е р е к е с і к е т т і* (С.Мұқанов, Шығ.).

Берекесі қалмады [қалған жоқ]. *Құты қашты, ынтымақ болмады.* Семьяда әйел болмағаннан кейін өмір – өмір емес екен. Не үй ішінде, не ішкен-жеген тамағымызда *б е р е к е қ а л м а д ы* (І.Есенберлин, Қаһар). Жұрт сын инесін аямай қадап, шабақтап кеткен соң Жабағыда *б е р е к е қ а л ғ а н ж о қ-т ы* (Ғ.Сланов, Шалқар).

Берекесі қашты. *Құты қашты, ынтымағы кетті.* Ағам ойын-сауықтың аяғына қарамай қайтқан күні үйдің де *б е р е к е с і қ а ш а д ы.* Ол енді қыздарда кеткен өшін жеңгеміздің алып бағады (Ө.Қанахин, Жер бас.). Кейде шалқып шаруам, Кейде *қ а ш ы п б е р е к е м* (М.Мақатаев, Аққулар.).

Берекесін алды. *Ынтымағын бұзды, құтын кетірді.* Қазақ жұртын аурулар жайлап, әлін кетірсе де, әрекет аралап, *б е р е к е с і н а л с а* да, жұрт болмай жоғалады деген ұшқыр философтардың пайғамбарлық дағуалары асығыс қой дейміз (М.Дулатов, Шығ.). Ол келгеннен қыздарға қырғидай тиді. Тәрізді, оғаш қылық көрсетіп, тыныш отырған жұрттың *б е р е к е с і н а л д ы* (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Қаймағы бұзылмаған қалың елді, Азғырмақ *б е р е к е с і н а л ы п* енді (Ғ.Қайырбеков, Дала.).

Берекесін берсін. т і л е к. *Бардың игілігін берсін.* Бары, бардан қалғанды азырқағанда – «қой, шырағым, бейіліңді тарылтпа, *б е р е к е с і н б е р с і н* осы бардың!» деген түрде айтылады (Қаз. тілінің фразеол. сөздігі).

Берекесін кетірді [ұшырды]. *Мазасын алды, есін шығарды, құтын қашырды.* Ел ішінің *берекесін кетірген* бейбастық пен анархияға бұғау-тыйым салатын, жақсылыққа жетелей білетін тас түйін жұдырықтай тегеурінді бір қол болғанын халық та жек көрмейді, тілейтіндері де сол («Парасат»). Маскүнемдік талай отбасының *берекесін кетіріп*, шырқын бұзуда. Ажырасу жалғасуда, жезөкшелік көрініс беруде, қылмыс азаяр емес («Түркістан»). Іні-бауыр тізгінді қолдан алып, Тұғырдан түстім бүгін мен қартайып. *Берекесін кетіріп* кедей елдің, Әкімге сорлыны жеу болмайды айып (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Арыбері өткендер қағып-соғып, басып кете жаздап, *берекесін ұшырды* (Б.Соқпақбаев, Жекпежек). – Жұрттан пәре алатын, мас болып келсе, үй-ішінің *берекесін ұшыратын* болыпты (Б.Соқпақбаев, Қайдасың.).

Берекесін қашырды. *Құтын қашырды, дегбірін кетірді.* Единица кеткенде, Не болады, өңкей нөл? *Берекең дің қашырма*, Ел тыныш болса, жақсы сол (Абай, Тол. жин.). Үйге тұрмас, Меңлібай, Қаңғырып қайдан келдің-ай? Түс көрдің бе, құмайдай, Түтінді қайдан көрдің-ай? *Берекесін қашырдың* Ұсқының құрғыр, елдің-ай (Бақтыбай ақын).

Берекесі ұшты. *Мазасы кетті, ынтымағы болмады.* Жылқыбай аталарының бертін келе ұрпақтары ұлғайып, бұтақтары жайыла түскен сайын араларына алауыздық кернейді де *берекелері ұшады* (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

Береке таппады. *Нәтиже шығармады, ұқсатпады, мәнді, пайдалы нәрсе болмады.* Оңаша қалған екі әйел ыммен де, қолдың басымен де сөйлесіп *береке таба алмады* (А.Хангелдин, Қараторғай).

Береке тапты. *Байыз тапты, рақат көрді.* Біздер, бел шешіп, *Береке тауып*, төсекке жатып бір күн ұйықтай алмадық (Б.Тұрсынбаев, Ауылдан келген.).

Береке шықпады. *Нәтиже болмады.* – Ақыр малға келген берекесіз екенсің, енді оны жаныңмен сүйе біл, өйтпесең, ісіңнен *береке шықпайды*, – деді әкесі баласына алдынала ескертпе жасап (Б.Тоқтаров, Қыран.). – Бәубектің аулы тауға көшіп кеткені жақсы болған екен, Бәубек араласса, ешқандай *береке шықпайтыны* белгілі ғой, – дейді Ілияс (Қ.Шөкенов, Біздің Ілияс).

Сөзінің берекесі жоқ. *Сөзінің байламы жоқ, бәтуасыз.* – Жеңгейден ұят болса да айтайын, *сөзіңіздің берекесі жоқ*, бәтуасыз адам екенсіз ағасы, – деді Пәштуанға бейтаныс адам («Қаз. әдеб.»).

БЕРЕКЕ-БІРЛІК з а т. *Ауызбіршілік, бірлік.* Шынайы достық, өзара көмек, мол ынтымақ, *береке-бірлік* бар жерде шаруашылық та шалқиды, мәдениет те өркен жаяды («Қазақст. әйелдері»). Сендер түгіл құмырсқа Ісін қойып дұрысқа, Илеуін сап жабылып, Жемін тасып сабылып, Бір орыннан табылып, біріне-бірі бағынып, *Береке-бірлік* шақырды (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

БЕРЕКЕ-ҚҰТ з а т. *Бақ-дәулет.* Көне шахта тың жатқан бүтін кендей Берді жомарт *береке-құтын* нендей: Жер асты мен жер үсті сол көктемде Кемеңгерім келер деп күтіңгендей (Х.Ерғалиев, Күй дастан). Сол қамалдың басында әудем жерде, Жон асуын теңеген Есекбелге, Есекбелден, асырып жауды қуып, *Береке-құт*, бейбіт күн қонған елге (А.Тоқмағанбетов, Шағала.).

Береке-құты қалмады. *Асып-састы, абыржыды.* Кішкене виолончель тәрізді аспап, сөйтті де, абыржып, *береке-құты қалмаған* Нұрғожаға ұстата берді (Ж.Бектұров, Жол.).

Береке-құтын қашырды. *Құтын қашырды, дегбірін кетірді.* Жарайсың, жайсаң Дәурен! Жолыңды тауып, мыналардың б *ереке-құтын қашырыпсың* (Қ.Толыбаев, Қайдасың.).

БЕРЕКЕЛЕН= е т. *Берекесі кіру, берекелі болу.* Көпіртіп сөйлеген сөзі болмаса, ісі әзір *берекеленбей* келе жатқан Берден көріне көлбең кете алмады, үндей алмай қалды (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Қасында кілең жайсаңдар, жағалай қымыз құйдырып, дастарқанға құрт, майды үйеме төктіріп, бар сәніне кіріп *береке леніп* болыс айбынды отыр екен (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.).

БЕРЕКЕЛЕНДІР= е т. *Берекесін кіргізу, берекелі ету.* Өмірімізді гүлше жайнатып, бірімізді екі етіп *береке лендіріп* отыратын да, тасымызды өрге домалатып, болмысты болғызып отыратын да жүректің нұры (Ж.Исмағұлов, Адам.).

БЕРЕКЕЛЕНУ *Берекелен етістігінің қимыл атауы.* Малдың сапасы дұрысталып, өнімі *берекелену* үшін тұқымы асылдансын, жем-шөбі жақсыланған (І.Жансүгіров, Әңгім.).

БЕРЕКЕЛЕС= е т. *Ынтымақтасу, бірлесу, бірігу, тату өмір сүру.* Биылғы сайлауда Әбіш жағы жеңіп шыққаннан кейін, екі жақ: «Енді партияны қояйық, *берекелесейік*, заман бізге жаман болып барады, тоқтасайық!..– деп табысқан (М.Әуезов, Қараш.). Кей байлар: елдегі Құттылар, Сүттілер *берекелесе* алмаған соң кеселді құлар көбейіп кетіп, көп қорқытып, кім болса соған іздеген нәрсесі жоқ, еріксіз жеміт болып жүр (Абай, Тол. жин.).

Тамақ табу, балалау да қоғамдық қызметтер. Бірақ бұларды *б е р е к е л е с к е н* тату-тәтті өмір сүргізетін қызмет деп айтуға болмайды (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.).

БЕРЕКЕЛЕСУ *Берекелес етістігінің қимыл атауы; ынтымақтасу.* Ыбырай: «Бас қосып, *б е р е к е л е с у г е* бармысыңдар», – дейді (М.Ақынжанов, Ыбырай.).

БЕРЕКЕЛІ с ы н. **1.** *Берекесі мол, игілікті.* Қайтады кейін еліне, Туып-өскен жеріне, Темірхандай әкенің *б е р е к е л і* төріне (Батырлар жыры). – Бақыт қайда барасың? – Бал-бұл жанған көрікті, Ұл мен қызы серікті *Б е р е к е л і* үйге барамын (Қабан жырау, Алтын қазық). Дұрыс, Нарын баяғыдан бері малға, адам тіршілігіне құт, *б е р е к е л і* жер, оны жақсы білеміз (Е.Ысмайылов, Сын.). Шалқыған біздің жақтың көлдері бар, Ағашты, биік таулы жерлері бар. Өзен, су, көлдер жайлап тау қыстайтын, Меймандос *б е р е к е л і* елдері бар (С.Сейфуллин, Өлең.). **2.** *Ауызбірлігі бар, ынтымақты.* Бір кезде ел маңдайы Күшік еді, Дәулеті құстай өрлеп ұшып еді. *Б е р е к е л і,* бірлікшіл, бір туысқан, Алдына бір тайпа елдің түсіп еді (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). *Б е р е к е л і* болса ел, – Жағасы жайлау ол бір көл. Жапырағы жайқалып, Бұлғақтайды соқса жел (Абай, Тол. жин.). Бейбіт отырған ауылға қару әкелгісі келмеген-ді. Енді байқаса бұл жақта да *б е р е к е л і* тыныштық қалмапты (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **3.** а у ы с. *Тыңғылықты, тындырымды, ұқыпты.* Мұғалім істеген ісі өнімді, *б е р е к е л і* болуын тілесе, әуелі өз қызметін шын көңілмен жақсы көрсін (Ж.Аймауытов, Шығ.). Мұқан солардың жастарынан қазіргі «*б е р е к е л і с і*» саналатындықтан, Шыңғыс қолқанат қып, ондамұнда жұмсап жүрген (С.Мұқанов, Аққан жұлд.). Қызығуы тұрақты қасиетке айналған адам ғана іс-әрекеттен жақсы нәтиже шығара алады, ісі әр уақытта да *б е р е к е л і* болады (Қ.Жарықбаев, Психология). **4.** а у ы с. *Пайдалы, тиімді.* Жұманның *б е р е к е л і* сөзі жоқ (М.Әуезов, Абай жолы). Махмұт елдегі жастарды оятпақ, көзін ашпақ болып, шәрлі жерден көргенін істеп, «Шоң серіктігі» деп ат қойып, ағарту ұйымын ашады. Бірақ ол ұйымнан да *б е р е к е л і* іс шықпайды (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.). Көзін тауып істеген диқаншылық *берекелі* өнім беріпті, ел тоғайыпты (Ө.Тұрманжанов, Адам.). **5.** а у ы с. *Мол, ағылтегіл.* Шыңғыс шопандарының *б е р е к е л і* қолдарынан шыққан қанар-қанар күзем жүнін тиеген тау-тау машиналар Семейге қарай зулайды (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.). Үйітілген малдың еті пысық әрі шұрайлы, жағымды болатыны жоғарыда айтылады. Уақыт көбірек кеткенмен қонақтар айта жүрерліктей аса *б е р е к е л і* тағам болып шығады («Парасат»). **6.** а у ы с. *Жайлы, мамыражай.* Қариялар *б е р е к е л і* жаз болатынын күздің сыңайынан-ақ байқағанбыз деп қауқылдасты (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). Бейбіт өмір, *б е р е к е л і* тірлікке көшкен көшпенді жұрт маңғыстатып малын бағып, асыр салып ақын қуып, бақытты ғұмыр кешсе керек (О.Бөкеев, Мұзтау).

Берекелі болғай [болсын]. т і л е к. *Жайлы, қайырлы, құтты болсын деген мағынада.* Мүбәрак Рамазан баршаңызға құтты, күллі Ислам әлеміне қайырлы да, *б е р е к е л і б о л ғ а й*! («Егемен Қазақстан»).

БЕРЕКЕЛІК з а т. *Молшылық, құттылық.* Осындай *б е р е к е л і к* берсең ақыл, Істейміз, өзің баста, бұл жұмысты (Араб.-қаз. түс. сөздігі).

БЕРЕКЕЛІЛІК с ы н. *Өнімділік, молдық.* Егіс көлемін ұлғайтып қана қоймай, ауыл шаруашылығын интенсивтендіріп, гектар *б е р е к е л і л і г і н* арттыру бүгінгі күннің ең маңызды мәселесі (Араб.-қаз. түс. сөздігі).

БЕРЕКЕЛІРЕК с ы н. *Берекесі молдау, тиімділеу.* Колхоз байлығы Степаниданың базардан тапқан пайдасынан гөрі молырақ, *б е р е к е л і р е к,* баяндырақ еді (Орақ үсті).

БЕРЕКЕСІЗ с ы н. **1.** *Берекесі кеткен, берекесі жоқ.* Келе жатыр әуелден ұрыфтай болып, Мұнысы ұнамаған хұлықтай болып, Дау-жанжал арасынан арылмайды, *Б е р е к е с і з* бұзылған жұрттай болып (М.Дулатов, Шығ.). Көңілдері орнығып, қорқынышсыз күннің өткенін де білмей жатқанда, елдегілер бұрынғы қалпынша дауласып қағаз үстінен қағаз айдап, бір *б е р е к е с і з* аяғы үзілмейтін дауға кіріскен еді (М.Дулатов, Шығ.). **2.** *Бейберекет, қалай болса солай.* Өткен жылдар аз жасымның өн бойына, қансонарда *б е р е к е с і з* шұбырған жан-жануардың ізіндей шым-шытырық шимайларын қалдырыпты (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Орта бойлы, шикіл сары жас жігіт жоқтан өзгеден қысылғанда қипалақтап *б е р е к е с і з* көп сөйлеп кететін (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). **3.** *Мәнсіз, мағынасыз, бос.* Бұдан бес-алты жыл бұрын осы қыздар – осы секілді саяси мәселені талқылаудың орнына, үй көлеңкесіне үймелеп, кесте тігіп, *б е р е к е с і з* өмірмен күн өткізген болар еді-ау (Б.Майлин, Шығ.). **4.** *Тыңғылықты ісі жоқ, пәтуасыз, тұрлаусыз, шалағай.* Ұятқа қалдырып кеткен Ыбырайға Әзімхан: «*Б е р е к е с і з,* табансыз...» – деп іштей кейіді (Д.Әбілев, Арман.). Мырсай мүлде *б е р е к е с і з* боп шықты, ол құрғырың. Колхоздың экономикасы, пайдашығыны, жұмысы жөнінен түк саңылауы жоқ (М.Гумеров, Хазірет.). Берген соң тері-терсек ит те алады, Пұлындай *б е р е к е с і з* арбашының (Ақын жырлары).

БЕРЕКЕСІЗДЕН= е т. **1.** *Берекесі кету, қожырау.* Шілдеханаға іңірде жиналған жұрт, жаңа ішкен-жегендері буындарына түскендей *б е р е к е с і з д е н і п* дауыстары да, әлдері де божыған белгі көрсетті (С.Мұқанов, Аққан жұлд.). Машиналар қозғалудан қалады, станоктарды тот басады. Бірақ бәрінен бұрын қоғамның басты өндіргіш күші – жұмысшы күші *б е р е к е с і з д е н е д і* (Қысқ. саяси экон.). Нөсердей күркіреп келген шабуыл *б е р е к е с і з д е н і п* бытырай да бастады (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). **2.** *Дегбірсіздену, құты қашу.* Манадан бері өліп-өшіп тұрғанының ұяттау болғанын сезінсе де, Игілік қасынан кеткен соң, Сандыбай тіпті *б е р е к е с і з д е н і п* кетті (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Қызында Шоқанның, Шоқанда қызының көңілі барын Ақпан аңғарған. Шоқан көріне бастаса болды, қызы жылан арбаған бозторғайдай *б е р е к е с і з д е н е д і* де қалады (С.Мұқанов, Аққан жұлд.). Бұдан кейін Анар өзі *б е р е к е с і з д е н д і,* әлгіде ойлап келгенін әкесіне тез айтып жеткізуге асықты (А.Байтанаев, Қансонар).

БЕРЕКЕСІЗДЕНДІР= е т. *Берекесін кетіру, қожырату.* Менің өз басым киностудияның жоспарында республика өнеркәсібінің даму тақырыбын немесе тың игеру тақырыбын ұсақтап, *б е р е к е с і з д е н д і р і п* жіберетінін құптамаймын (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Бұрын меринос асыраған бай орыс кеңес үкіметінен кейін ол өзі қойды бытыратып, *б е р е к е с і з д е н д і р і п* шашып-төккен көрінеді (І.Жансүгіров, Әңгім.).

БЕРЕКЕСІЗДЕНУ *Берекесізден етістігінің қимыл атауы, қожырау.* Жас әйелмен бір үстелдің басында отыру Азаматқа оңай жүк емес, қысылып-қымтырылып *б е р е к е с і з д е н у* – мұның қашанғы әдеті (Б.Майлин, Азамат).

БЕРЕКЕСІЗДЕУ с ы н. **1.** *Қалай болса солай, жүйесіздеу.* Машинаның алдыңғы әйнегіндегі қос щетка бір тоқтап, бір сырғып *б е р е к е с і з д е у* былғаңдайды (Т.Ахтанов, Боран). Арадағы үнсіздік жанына батқан Нұржан қипақтаңқырап барып *б е р е к е с і з д е у* сөйледі (З.Жәкенов, Таң самалы). Дүние-мүлкі шашылып жатқан *б е р е к е с і з д е у* ауызғы бөлме. Қара қатын ошақ алдында шай ішіп отыр (Т.Ахтанов, Дала сыры). **2.** *Тиянақсыздау, шалағайлау.* Мүмкін кіші редакторлық, не корректорлыққа деп қайта жазарсың? Мынау бір *б е р е к е с і з д е у* жұмыс... Жігіт басын шайқайды (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.). Жұмыс *б е р е к е с і з д е у* сылбыр жүріп жатқаны көрініп тұр (С.Алдабергенов, Алға).

БЕРЕКЕСІЗДІК з а т. *Берекесіз болушылық, берекесі кеткендік, берекесі жоқтық.* Көбіне үйде боп жүрген әкем, үй ішіне орнаған *б е р е к е с і з д і к т і* көргісі келмегендіктен жөнді жоламайды (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Мәукім, сіздің жәйді біз білеміз. Қыбыжықтаған көрсе қызар *б е р е к е с і з д і г і ң* ғой (С.Бегалин, Уақыт.). Өз араларындағы *б е р е к е с і з д і к,* дау-жанжал уақытын алды (Д.Досжанов, Құм жұтқан.).

БЕРЕКЕТ [ар. بركة] з а т. *Береке-құт, берекебірлік.* Қылып жүрген өнері: Харакет – әрекет. Өзі оңбаған антұрған Кімге ойлайды *б е р е к е т*? (Абай, Тол. жин.). Жарапазаншы болса, біздің Төлепбергендей болсын. Ел жата, түн ортасы ауа, бай үйіне *б е р е к е т* деп қоя беруші еді ғой, жазған (І.Жансүгіров, Әңгім.) Жастықта не болмайды дейсің, шырағым, – дейді Қази жымиып, «өткенге – салауат, қалғанға *б е р е к е т*» дегендей, тілекті арттан емес, алдан тілейміз де! (С.Мұқанов, Есею-жыл.).

Берекеті кетті [қашты]. *Құты қашты, асып-састы.* Келіп еді көп қалмақ, Бір ноғайлыны алам деп, Ала алмады ноғайлыны, *Б е р е к е т і к е т е д і* (Батырлар жыры). Онсыз да, осы күні Ожар Оспан бір жаққа, Рамберді бір жаққа тартып, өз ішінде де ауыз бірліктің *б е р е к е т і к е т і п* тұрған түрі мынау! (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Қатты шайқас болды. Біздің жақтың дәуірлеп, жаудың *б е р е к е т і к е т е* бастаған кез. Шыдатпадық сонда да (С.Шаймерденов, Мезгіл).

Берекетін алды. *Құтын қашырды, шырқын бұзды.* Үйіне бара ілмиген иненіктей қара қатынына пышақ ала жүгіріп, отбасының *б е р е к е т і н а л а д ы* (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). Тарт қолыңды! *Б е р е к е т і н а л м а* отымның басының! Дос тіл қатайын деп еді Аққемпір ақырып, тиып тастады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Теңіз жағасының маса, сонасы талап, *б е р е к е т і н а л ы п* бара жатты (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

БЕРЕКЕТСІЗ с ы н. *Берекесіз, тиянақсыз.* Заманымыз азғанда, жігіттің күні озғанда. *Б е р е к е т с і з* балаға Оттық басы топ етіп, Қырға шығар ішінде Біреуін де жоқ етіп, Мен алмаймын көбіңді, Маңызы жоқ шөбіңді (А.Байтұрсынов, Ақ жол). Құнарлы жер *б е р е к е т с і з* пайдаланылып, құнарынан айрылған жер шөлге айналады («Соц. Қаз.»). Қасен: «Оңбаған *б е р е к е т с і з д е р,* мал қайда? Ақымақтықпен ауырғанды таяқпен емдесе тез жазылады», – деп ұрады (Д.Еркінбеков, Шық.).

БЕРЕКЕТСІЗДІК з а т. *Берекетсіз болушылық, берекесіздік, ысырапшылық.* Комсомолдар жұмысқа немқұрайды қараушылыққа, шаруадағы *б е р е к е т с і з д і к к е,* бойкүйездікке аяусыз күрес ашуға да міндетті («Лен. жас»).

БЕРЕКЕТТІ с ы н. с ө й л. ***Берекелі.*** Құлпырып кеткелі тұрған *б е р е к е т т і* жерді

Арабияның шөлейт сахарасына ұқсатып, тым сүмірейтіп жіберген екен (С.Омаров, Дала қызы). Ата-бабамызша айтқанда «бақасы қойдай шулаған, балығы тайдай тулаған *б е р е к е т т і к ө л*» (С.Омаров, Ақ Жайық.).

БЕРЕН[1] [ир.] з а т. **1.** *Қымбат, асыл мата.* Алтын мен күміс, *б е р е н* мен жібек, бояу арқылы үн қосып, әнші әйелге қосылып ән салып тұрғандай (Ғ.Мүсірепов, Қазақ солдаты). Аузың бал, тілің шекер, қойның жұмақ, Кигенің жібек, *б е р е н*, құндыз, жанат (Сегіз сері Мұхамедқанапия Баһрамұлы Шақшақов // XIX ғ. қаз. поэз.). Мінген аты дөнен-ді, Көкке қойған көбеңді, Байдың қызы жамылар, Масаты менен *б е р е н д і* (Батырлар жыры). Итбай ұзататын қызға жасау керек еді деген соң, саудагер Итбайдың алдына батсайы, шайы, *б е р е н* сықылды товарларды жайып салды (С.Көбеев, Қалың мал). **2.** *Осы матадан тігілген киім.* Шошынып тізгін жимады, Буырқанды, бұрсанды. Мұздай темір құрсанды. Жау жағадан алған соң, *Б е р е н г е* батыр сыймады (Ер Тарғын). Жеңсіз *б е р е н* кисем деп, Сары садақ іліп беліме. Айғайлап жауға тисем деп, Бәрін айт та, бірін айт – Туған елге кетсем деп (Үш ғасыр.). Жауға келсең *б е р е н* ки, Егеулеген болат өте алмас, Есендікте малыңды бер де, батыр жи (Алдаспан).

Берен белбеу. *Қымбат, бағалы, асыл матадан жасалған белбеу.* Көк мәуіті *б е р е н б е л б е у л е р і* аттарының тірсегіне шұбатылады (К.Әзірбаев, Аңыз.).

БЕРЕН[2] з а т. **1.** *Ұңғысы ұзын шиті мылтық.* Он екі дүркін *б е р е н н і ң* Атқанын әлем тыңдасын. Мен де атам жауға өлеңнің, Он екі тонна бомбасын! (Т.Жароков, Шығ.). Антейміз біздер, Жеріміз біздің – халық-ты. Халықсыз біздің Антейлігіміз қауіпті. Жұртына тастап кетпесе болды көшкенде, *Б е р е н д е р і* үшін қорғасын құйған қалыпты (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** *Пышақ сияқты қару; қанжар.* Айдаһардың тіліндей, Салса кеткен білінбей, Қынабынан суырып Қолына алды *б е р е н д і* (Алпамыс). Арамзаның құйрығы бір-ақ тұтам деген бар. Біз жыланнан қорықпаймыз, Кесетін оны *б е р е н* бар (Жамбыл). **3.** ә с к. *Нейлон, шыныпластикалық кеудеше немесе құрыш өмілдірік, әскери қызметшілердің жекелеген нысандарының қорғанысжарағы. Б е р е н* тұңғыш рет Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шабуылдаушы инженерлік – сазгер бригадаларында, сондайақ ағылшын және американ әскери-әуе күштерінде қолданыла бастады (Қаз. тілі термин. Әскери.). Бүгінде өлкесінің өзі өлең, Батырдай ерлігі ерен, сөзі *б е р е н.* Танисың тағы да бір кереметін. Қарасаң егіншінің көзіменен (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). **4.** а у ы с. *Батыр, ер.* Әділ туған хандары Қара *б е р е н* батырға, Беремін деп бермейді Өтірік сөзден өлмейді (Батырлар жыры). Жасың кіші жас ұлсың, Кезегімді бер дейді, Сансызбай атты жас *б е р е н* (Батырлар жыры). Айтулының өзі еді, Төрехан жалғыз *б е р е н і м.* Соның нәсіл көз еді, Төрехан бала хан болса (Батырлар жыры). Алпамыс *б е р е н* тұрады, Сұңқардай мойнын бұрады (Алпамыс) // *Өжет, өткір.*

Ақ берен. а) э к с п р. *Асыл, берік болаттан соғылған ұзын ұңғылы, пистонмен атылатын мылтық.* Ажал түртіп жүрмесін аңдамастан Оқтаулы *а қ б е р е н г е* қарсы шауып (Айтыс). ә) *Өжет, өткір мағынасында.* Шежірең мен шешенің, ақылың мен ақының, *а қ б е р е н* алмасың емес пе бұл Мәшһүр Жүсібің? (Д.Әбілев, Арман.).

Берен мылтық. *Бұрынғы уақыттағы біртелі мылтықтардан кейін шыққан, пистонмен атылатын мылтықтың түрі. Б е р е н м ы л т ы қ* аттырып, Мыстан керней тарттырып, Соғыспақ боп патшамен, Қапалдан тосып, бір шықты (Жамбыл). Қасыма қырық желмая мінген, қолдарында мылтық бар қырық мерген жігіт ертіп беріңіздер. Өзіме де бір желмая, *б е р е н м ы л т ы қ* керек (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).

БЕРЕНГҮЛ з а т. ө с. <лат. lindernia> *Сабынкөктер тұқымдасы линдерния туысына жататын өсімдік.*

БЕРЕНГІ с ы н. к ө н е. ***Берен***. Асып туған ерлерім, *Б е р е н г і* сауыт кигені. Беліне садақ ілгені, Жасанған жауға тигені. Ерлікпен дәурен сүргені (Е.Ысмайылов, Ақындар).

БЕРЕНГІЛІ с ы н. *Беренгісі бар.* Атқа ерді салады, *Б е р е н г і л і* бек сауыт. Шығыршықты көк сауыт, Беркіне киіп алады (Батырлар жыры).

БЕРЕНДЕЙ с ы н. *Берен сияқты, берен тәрізді.* Лажсыз жылжып етекке, Таудың қары төмендей. Күп берді жерді Тентекке, Шалғынға жасыл *б е р е н д е й* (С.Мұқанов, Алдабергенов.). Жер бетін *б е р е н д е й* құлпырта, жан біткенді жадырата, жарқын жүзді жайдармен май келді (С.Сейітов, Жылдар.). Мен жиырмаға жасым жеткен соң, Талай да жерде сөйледім, *Б е р е н д е й* безеп тілімді (Ақберен).

БЕРЕНДІК с ы н. *Беріктік, мықтылық, батылдық.* Бүгінгі Тайсойған түлектерінің жан дүниесі байып, дамып, ілгерілеуде. Бұлардың бүгінгі құлашында өрендік пен *б е р е н д і к* тел өскен (Ғ.Сланов, Замана). «Гауһартас» қазақ әнінің сөзі де, әні де асқан әсем. Бірақ Мәликенің іш дүниесінің сұлулығы, санасының *б е р е н д і г і,* сезім тереңдігі жоқ (Д.Әбілев, Арман.).

БЕРЕНКЕЖІМ з а т. к ө н е. *Ат сауытының бір түрі. Б е р е н к е ж і м* аттың мойнын, кеудесін, сауырын, бүйірін жауып тұратын

бірнеше бөліктерден құралады. *Беренкежім* сауыт бөліктері бір-біріне баумен, ілгекпен жалғануы (ҚҰЭ). Хандар мен атақты батырлардың атына арналған *беренкежімнің* астына қалың матадан жабу салынып, етегі шашақпен әшекейленеді (ҚҰЭ).

БЕРЕРМЕН з а т. *Қарыздар, берешек адам. Берерменге* бесеу көп, аларманға алтау аз (Мақал-мәтел). Келгенде аларманға араны кең, келгенде *берерменге* қолы сыған. Дәнігіп жүр, Кем емес баяғының болысынан («Ара»). Аларман – арыстан, *берермен* – тышқан (Мақал-мәтел).

БЕРЕРМЕНДЕ ү с т. *Беретін кезде, беруге келгенде.* Ұрлық пенен қулыққа, Байлағанда кестің бау. *Берерменде* бесеусің, Аларманда және алтау (Абай, Шығ.).

БЕРЕСІ з а т. **1.** *Берешек, қарыз.* Жалғыз-ақ өтетінінен бір күн бұрын қолына қағаз-қарындаш алып, есеп-қисабын жазды. Қағазының есеп-қисабын көрсеткенімде, жұрттың айтуынша, *бересісіне* қарап аласысы да бар екен (М.Әуезов, Шығ.). Қазақтың қыз болсам да баласымын, Малымын мен, *бересімін,* аласымын, Туғызған, бақытсыз ғып мені мұнша, Алдымен, дүние, саған наразымын (І.Жансүгіров, Шығ.). Оның ай сайын жасайтын «есебі» бойынша, біз оған үнемі *бересі* болып шығамыз (Ж.Сайн, Жол үсті.). **2.** э к о н. *Есептелген және мерзімінде төленбеген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасы. Бересі* салық органдарының өкілі бойынша даусыз тәртіппен өндіріп алынады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Алты аласы, бес бересі жоқ. *Араласқұраласы, қатысы жоқ.* Қазақтың қайсысының бар санасы? Қылт етерде дап-дайын бір жаласы. Пысықтықтың белгісі – арыз беру, *Жоқ* тұрса *бесбересі, алты аласы* (Абай, Тол. жин.). Шоқан тек адамгершілік көзбен қарағаны болмаса, Нарғыз бен оның арасында «*алты аласы, бес бересі*» болған *жоқ* (С.Мұқанов, Аққан жұлд.). Айсұлу Бейсеновны асқан оқымысты деп кім айтты? – деді Әбілқас өзінің сөзін ұмытып қалып, – медицинаға оның *алты аласы, бес бересі жоқ,* жай акушерлік білімі бар әйел ғой (І.Есенберлин, Ғашықтар).

БЕРЕСІЛІ с ы н. *Берешек, қарыздар.* – Осындай әзілдің не керегі бар? – Әзіл емес, күйеу жігіт біздің үйге *бересілі* қалың малын да өткізіп қойғанға ұқсайды (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). *Бересілі* борышын өтеу есебінен жұлып алып, ірі фабрикант капиталын арттыра түседі (Қысқ. саяси экон.). Өмірдің босағасын аттаған соң, Адамға өмір сірә, *бересілі* («Қаз. әдеб.»).

БЕРЕСІЛІ-АЛАСЫЛЫ с ы н. *Алыс-берісі бар.* – Шынында да, *бересілі-аласылы* есеп жағына көпшілік көңіл жүгіртіпті. Енді байқастаса, басты шарттың бірі сол екен (Т.Тілеуханов, Біздің әке.).

БЕРЕТ [франц. beret] з а т. *Дөңгелетіп тігілген жеңіл баскиім.* Терезе алдынан қызыл *беретті* домалақ шашағы желп-желп етіп өте шығатын да, іле жайраңдай күліп Шынар кіріп келетін (Бәйшешек). Демалушылар мұздай суға шомылып, күнге қыздырынып жатыр. Жағада қызыл, көк *берет* киген шомылушылар жүр (З.Иманбаев, Солма. гүл).

БЕРЕТТІ с ы н. *Берет киген, береті бар.* Станок қасында май сіңген көк комбинезонды жұмысшылар да, қоңыр *беретті* техниктер мен инженерлер де бар еді (Жастар эстрадасы).

БЕРЕШЕК з а т. **1.** *Қарыз, бересі.* Жылқы әзірге менікі. Менің ешкімге *берешегім* жоқ (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). **2.** *Қарыздар, берешек.* – Қыстайғың бар. Сенен бір үлкен қой алашақпын. – Сонымен Уәли «береген мол қолдан» алашақ емеспін, қайта бір қой *берешекпін,* – деді әкесі ауыр күрсініп (М.Мырзақұлов, Ақық). Біреуде алашағы бар қырғыз *берешек* адамға жолығып, одан есеп айырысуын талап етеді (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). **3.** а у ы с. *Азаматтық парыз, борыш.* Есепсіз еліме әлі *берешегім,* Күн сайын құлпырулы келешегім (А.Нұртазин, Орман.). Уақыт ұшып барады от қанатты, Жақындатып жырақта болашақты. Кәрі ойлайды бүгінге *берешекті,* Жас ойлайды ертеңнен алашақты (Ә.Тәжібаев, Өлеңд.). Әбділвахаб *берешегі* көп, жас жапырағын енді ғана жая бастаған жас талап жазушы екен (О.Сәрсенбаев, Сағым). **4.** қ а р ж ы. *Белгіленген мерзімде төленуге немесе өндіріп алуға тиіс міндеттемелердің құндық бағалануы.* Дебиторлық және кредиторлық *берешек* түрлеріне бөлінеді (Қаз. тілі термин. Экономика.). Банкроттқа ұшыраған өндіріс орнының *берешегі* 2,5 миллион долларға жетіп, жалақы төлемек түгілі басымен қайғы болып кеткен («Егемен Қазақстан»).

БЕРЖЕБАЙ [ор. Биржевой] з а т. к ө н е. **1.** *Ат-арбамен (ат-шанамен) жүк тасып, кісі тасып күн көруші адам.* Сүлеймен *берженбай* да сары ала шолақты босандырып, сынық шанасын шиқылдатып, есік алдына келіп, атын доғарды (І.Жансүгіров, Шығ.). Сондықтан көшеде кетіп бара жатқан *бержебайлардың* бірін тоқтатты да, ары қарай арбамен тартты (Қ.Жұмаділов, Тағдыр). Кепе тақиялы, маңқиған мосқал *бержебай* арбасындағы кісі екенімен де, есек екенімен де ісі жоқ, «әйтеуір ақша бересің ғой» деген немесе алдындағы

ағаштың аласа бұтағынан еңкейіп өтіп, атының арт жағын алыстан шөп етіп, айдай береді (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.). **2.** *Кісі таситын көлік.* Ол уақыттан ұту үшін *б е р ж е б а й* жалдап мінді де, жамбылдың ішіндегі үлкен түрменің алдына келгенде түсіп қалды (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Бөлкім, бір кезде «*Б е р ж а б а й*» аталған жайдақ арбаға отырып көргендеріңіз де бар шығар (Ә.Нұршайықов, Алтын.).

БЕРЖЕБАЙЛЫҚ з а т. *Бержебай болып кәсіп етушілік.* Жарлылық, *б е р ж а б а й л ы қ* ешкімнің есінде жоқ, Ертіс пен Есіл болып есіп, екі езуін құлағына жібере күліп әңгімеге түсті (І.Жансүгіров, Шығ.).

БЕРЖЕБАЙШЫ з а т. *Бержебай болушы.* Қарамайды арбасы шиқылдап жүре алмай келген кіреші керуендерге сатты; қырдың кедейлеріне сатты; кебекті атқа жем керек қылған *б е р ж е б а й ш ы* жемшіктерге сатты; ұнды жұттан қырылып жатқан қырдағы ағайындарына сатты («Абай»). *Б е р ж е б а й ш ы* қос терезелі тоқал үйдің алдында ойысып тұра қалды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Мақсұт пәтерде жатқан милицияның киімін киіп, *б е р ж е б а й ш ы л а р д ы ң* тәуір аттарын мініп, қаладан қашып шығады (Б.Шалабаев, Өмірде.). Каллякидің *б е р ж е б а й ш ы* болуы оның Омбы ішіндегі жұмыскер қазақтармен танысуына жол ашады (Қ.Қуанышбаев, Шаншарлар).

БЕРЖІМЕК з а т. в е т. *Малдың бауырына, өкпесіне жылауық түсіп ауыратын кесел. Б е р ж і м е к* ауруы кезінде малдың бауыры мүлде өзгеріп онда сансыз ұсақ (кейде ірі) жылауықтар мөлдіреп тұрады. *Б е р ж і м е к* тек бауырда емес, өкпеде де кездеседі (ҚРОМА.).

БЕРИ-БЕРИ [сингал. beriberi] з а т. м е д. *Тағам құрамында В витаминінің жеткіліксіздігінен болатын ауру.* В витамині жеткіліксіз болса, адам тез шаршайды, тамаққа көңілі соқпайды, күйгелектік пайда болады, асқынса б *е р и-б е р и* деген ауруға айналады (Т.Дарқанбаев, Витаминдер). Рахит, құрқұлақ, *б е р и-б е р и* аурулары организмге қажетті заттардың жетіспеуінен болатын аурулар деп санайды (Т.Айтбаев, Қан. қасиеті).

БЕРИКС з а т. з о о л. *Теңіздің терең жерлерінде тіршілік ететін балық түрі. Б е р и к с т і ң* екі түрі бар: қызыл берикс, массасы 1,4–2,5 кг-ға дейін және мұртты берикс, массасы 1,2–2кг-ға дейін (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Б е р и к с т і ң* еті ақ, жұмсақ, хош иісті, нәрлі, дәмді, түрлі балық тағамдарын әзірлеуге болады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

БЕРИЛЛ [грек. beryllos] з а т. м и н. х и м. *Аса қымбат бағалы меруерт тастың бір түрі.* Бериллийдің таза кристалдары асыл тас ретінде қолданылады, ол түсіне, мөлдірлігіне және бөгде қоспаларға қарай нағыз *б е р и л л*, жасыл тас (аквамарин), сары берилл (гелиодор), зумрет тас деп бөлінеді (Қ.Нұрымбетов, Метал. хим.). *Б е р и л л* ішіне хром тотығы араласса, жасыл түсті болады, ол түрін зүмрет тас (изумруд) деп, тағы бір түрін аквамарин деп атайды (Б.Бірімжанов, Хим. термин.). Бериллий жаратылыста *б е р и л л* түрінде кездеседі (Б.Бірімжанов, Хим. термин.).

БЕРИЛЛИЙ [лат. beryllium] з а т. х и м. *Менделеевтің периодты жүйесінің II тобындағы жеңіл, ашық сұр түсті металл.* Ал топырақта немесе суда кадмий, никель, молибден, мырыш, марганец, ванадий, *б е р и л л и й*, теллур сияқты металдардың жиналуы барлық тіршілік иелері үшін қатерлі болуы ықтимал (Т.Қалыбеков, Экология.). Реакция жүретін термоядролық реактордың ішкі қабаты – қабырғасы мыс пен *б е р и л л и й д е н* жасалған пластинамен қапталады («Егемен Қазақстан»). Өскемендегі *б е р и л л и й* өндіретін фабрикада алапат өрт шығып, әуеге бұрын-соңды болып көрмеген улы бұлт көтерілген, әлгі бұлт 300 шақырымға тарап, Қытай шекарасына дейін жеткен (С.Абдрахманов, Елдік сыны).

БЕРИЛЛИЙЛЕУ = е т. х и м. *Болатты не басқа қорытпаларды негізінен ыстыққа берік қорытпаларды, бериллиймен беттік диффузиялық қанықтыру. Б е р и л л и й л е у* нәтижесінде болаттың қаттылығы, 800-1100°С негізінде ыстыққа төзімділігі және коррозиялық беріктігі артады (Қаз. тілі термин. Кен.). *Б е р и л л и й л е у* ұнтақ тәрізді қоспаларда не газды орталарда жүргізіледі (Қаз. тілі термин. Кен.).

БЕРИЛЛИЙЛІ с ы н. *Бериллийден тұратын, құрамында бериллий бар. Б е р и л л и й л і* керамика аса сирек кездесетін қасиеттерге ие – жоғары жылу өткізгіштік, оқшаулағышы жеңіл әрі берік, диэлектрикалық шығындардың аздығы, механикалық беріктік, қаттылық, жоғары температурада балқығыштық және жоғары ваккумдық нығыздық («Егемен Қазақстан»).

Бериллийлі қорытпалар. х и м. *Бериллий негізіндегі қорытпалар. Б е р и л л и й л і қ о р ы т п а л а р* негізгі артықшылықтары – меншікті берікті және 600–800°С температураға дейінгі меншікті қатқылдығы, жылу сыйымдылығы жоғары. Негізгі кемшіліктері бөлме температурасы мен криогендік температураларда икемделгіштігі төмен, улы (Қаз. тілі термин. Кен.). *Б е р и л л и й л і қ о р ы т п а л а р д а н*

жасалған бұйымдар металлургия әдістерімен, кейде құю әдісімен дайындалады (Қаз. тілі термин. Кен.).

БЕРКЛИЙ з а т. х и м. *Актинойдтар тобына жататын, жасанды жолмен алынған радиактивті химиялық элемент. Б е р к л и й* элементіне Калифорниядағы Берклий қаласының құрметіне *«б е р к л и й»* деген ат берілген (А.Мырзабаев, Хим. қызығы).

БЕРКІ= е т. к ө н е. *Беку, берік болу.* Қыз іздеп шықты Біржан жолдас ертіп, Өзіне-өзі сенген әбден *б е р к і п.* «Дәл менен озған жүйрік болмайды» деп, Тасыған әбден өсіп, көңілі серпіп (Айтыс). Төңірек талай өмір көзін жұмған, Қорғасын ғазиз бастың өзін жұлған. Бірақ та босамайсың, жыламайсың. Кетеді бекіп, *б е р к і п* төзім жылдам (І.Мәмбетов, Жас қанат). Болатқа бөлеп қойып туған жерді, Алып боп, Ақылды боп алдық *б е р к і п* (Қ.Аманжолов, Нұрлы дүние).

БЕРКІЛ= е т. **1.** *Байлану, бекілу.* Ертең бе, я бүгін бе босанасың, Байлау жіп бұл пәниге *б е р к і л м е г е н.* Басында жастық дәурен, бақыт барда, Талайлар бәйшешектей желкілдеген (Пернедегі терме.). **2.** *Тағайындалу, бекітілу.* Бұл заводта бұрынғы Парамонов парторг. *Б е р к і л і п,* қайта орынды Алған, істі жүр көріп (Т.Жароков, Қырда туған).

БЕРКІН= е т. *Бекіну, берік болу, қайраттану.* Қайнайды қаның, Ашиды жаның Мінездерін көргенде: «Жігерлен, сілкін, Қайраттан, *б е р к і н!»* – деп насихат бергенде; Ұятсыз, арсыз салтынан Қалғып кетер артынан (Абай, Тол. жин.). Атқа ерді салады, Береңгілі бек сауыт. Шығыршықты көк сауыт *б е р к і н е* киіп алады (Батырлар жыры). Біздің ерлер жетілген, Болаттайын *б е р к і н г е н,* Елімнің осы іңкәрі (Жамбыл). Нәпсің тоқтат *б е р к і н е.* Сүйегіңе мін болар, Жетпей кетсең сертіңе (Батырлар жыры).

БЕРКІНУ *Беркін етістігінің қимыл атауы. Б е р к і н у* – сіңісіп тұтасып кету (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БЕРКІНІС з а т. к ө н е. ***Бекініс.*** *Б е р к і н і с* майдан төрін немістер қаптап кеткен екен (Қ.Жұмалиев, Қырда.).

БЕРКІТ[1] с ы н. *Берік, мықты.* Секемшіл сезім сыбырлап қойған жаманаттан жалтара алмай, неге болсын *б е р к і т* болуды сабақ еткендей (О.Бөкеев, Үркер.).

БЕРКІТ[2]**=** е т. к ө н е. *Берік, қатты қылу, мықтау.* Атадан қалған ақ сауыт, *Б е р к і т і п* соққан ер Дәуіт (Батырлар жыры). Дұғамның қуатын жіберме өңгеге. Әбіштің сыйқатын *б е р к і т с е ң,* кеудеге (Абай. Тол. жин.). Жақсы атты, орысша киінген адам өзіне қарай бет алғаннан кейін кішкене кісі шалбарын *б е р к і т е* салып, тұра қалды (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Атап тұрып, соны мына екі ояздың алдынан құптатып, *б е р к і т і п* өткізу (М.Әуезов, Абай жолы).

БЕРКІТУ *Беркіт етістігінің қимыл атауы.* Съездегі басты мәселе буржуазияны жаныштап, пролетариат диктатурасын *б е р к і т у* болған (КПСС тарихы).

БЕРЛЕ= е т. с ө й л. *Бер-бер деу, сұрау, өтіну.* Артта қалды дегеннің несі жақсы, Салмақтап санаң болса, соны түсін. Көтеріп, өмір *б е р л е п* елдің рухын, Шықпады өз ортаңда бір дыбысың (Айтыс). Ғазиздей орден алған батыры бар, Болады әрқалай-ақ мақтансақ та. Ілияс көмір *б е р л е п* жырламап па ед, Үндемей сен үйіңде жатқан шақта (Айтыс).

БЕРЛІ ү с т. с ө й л. ***Бері.*** Бағана кештен *б е р л і* Манас арқылы хабарланған қалың Жігітек, Көтібақ бұл ауылдың көші жөнелер кезде, лек-лек болып кеп, қаумалап, қошеметтеп алып кетті (М.Әуезов, Абай жолы).

БЕРМА [нем. Berme] з а т. **1.** г е о г р. *Топырақ үйіндісінің үстінде немесе өте терең қазылған жердің жақтауына жасалатын көлденең алаңша. Б е р м а* топырақтан жасалған бөгеттер мен бөгетшелерден крандар мен көліктер жүріп өтуіне арналады (Қаз. тілі термин. Су.). **2.** к е н. *Карьердің жұмыстық емес беткейінің күтпеген қиябеттері арасындағы горизонталь алаңша.* Көлікке арналған *б е р м а,* сақтандырғыш берма және қауіпсіздік берма түрлері болады (Қаз. тілі термин. Кен.). *Б е р м а* үйіндінің үстіңгі бөліктерінен кесектердің құлап түспеуін қамтамасыз ету, олардың пайдаланылу жағдайын жақсарту, тасымалдау жабдықтарын орналастыру, жұмыс горизанттарын бір-бірімен қосу және т.б. мақсаттар үшін жасалады (Қаз. тілі термин. Кен.).

БЕРМЕН ү с т. **1.** *Бері қарай, бері таман.* Қарағым *б е р м е н* кел, Бізге де көңлің бөл! Қалқамның нұсқасын, Көр, көзім, бір кенел (Абай, Тол. жин.). Шәріп өлім халінде жатқан ақ шашты ананы көріп, аяп кетті. Ананы қағып кеткен машинаның шоферіне бұрылып: – Кел *б е р м е н,* – дейді (М.Иманжанов, Адам.). Ол шекпенін, фуфайкасын шешіп, енді орныға бергенде, сырттан дүрсілдетіп кеп тоқтаған салт атты әкесі: – Ау, Тоқтар, *б е р м е н* шық! – деп дауыстады (Н.Габдуллин, Қызық дәурен). **2.** *Беріректе, жуырда, жақында.* Арылту рудникті мына селден, Бітпейді кем дегенде жылдан *б е р м е н.* Шахтаны, фабриканы, кең сарайын Әзірлеу аспайды жүз жұмыскерден (Д.Әбілев, Алтай асу.).

Әрмен көз, бермен маңдай. *Көзі ішіне кіріңкі, шұңірек көз.* Қара емес, қардай аппақ

шыққан шашы, Сап-сары, салпы ерін, жік-жік басы. *Әрмен көз, бермен маңдай,* бірақ оның, Көзінің жанған шамдай шұғыласы (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Бермен бет, әрмен жүрек. *Қу, екі жүзді, арам.* – *Бермен бет, әрмен жүрек* адам болу керек, әкет әрі, – деп, суретті қызының алдына лақтырып тастады (М.Дүйсенов, Қалыңдық).

БЕРМЕНІ үс т. *Берісі, бері дегенде.* Бұл арық әрмені он, *бермені* жеті-сегіз километр жерге барады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БЕРНЕ[1] з а т. *Бет-әлпет.* Арғынның бұл *бернеме* қай қызы тең (Біржан-Сара).

БЕРНЕ[2] з а т. с ө й л. **1.** *Перне.* Домбыралардағы *бернелердің* саны 13-ке дейін барады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). **2.** а у ы с. *Астарлы сөз.* Ертеде біреу мен біреу кез келіп сөйлесе қалса, жай сөз қалып өлеңмен, жұмбақпен, *бернемен* сөйлескен («Қаз. әдеб.»). Бұл өлең «көмір коммунизмін» *бернемен,* суретпен малға бейімдендіріп, үгіттеп отыр (С.Ерубаев, Шығ.).

БЕРНЕЛЕУ = е т. с ө й л. *Бейнелеу, суреттеу.* Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің түрпатына, бернесіне ұқсату, *бернелеу* – суреттеп ойлау, көңіл ісі – түю, талғау (А.Байтұрсынов, Шығ.).

БЕРТІН үс т. **1.** *Бергі, соңғы. Бертін* уақыттарда үлгілі жерлерді аралап, қартайған әкесін қимай, өзі жалғыз болған соң, қайтерін білмей, қарайлап жүрген жайы бар еді (С.Торайғыров, Шығ.). **2.** *Кейін, соңынан. Бертін* інілері іздеп барып, елге алып келіп, бұл кезде ағайын-туғандарының арасында болатын (Қ.Қайсенов, Сол бір.).

Бертін келе. *Беріде, кейінірек, соңғы кезде.* Фараб қаласы *бертін келе* Отырар аталды (Д.Досжанов, Құм жұтқан.).

БЕРТІНГІ с ы н. *Бергі, соңғы, кейінгі.* Темір жол жүрісі тәртіптелген *бертінгі* уақытта, Қызылжардан поезбен шыққан адам Алматыға бес-алты күнде барып жүрді (С.Мұқанов, Есею жыл.). Әкемнің айтуынша, *бертінгі* ата-аналарымыздың еттері түгел аққанмен, Сүбітей атамыздың еті ақпай, салған тақтайының бір бұрышында сары тап болып әлі жатыр (С.Мұқанов, Есею жыл.). Сырықтай биік мұнараның тұсынан өттік. *Бертінгі* кезде бір байдың баласы анасының құрметіне ескерткіш ретінде салған екен (А.Шамкенов, Шапақ).

БЕРТІНДЕ үс т. *Соңғы уақытта, кейінгі кезде. Бертінде* реті кеп, Дәметкен Жалтыршаға барып қайтса, жер ошақ та, киіз үйінің іргесін көмген шымның сақинасы да со қалпында жатыр екен (С.Мұқанов, Аспаз). Мен кейін, *бертінде* молда болдым ғой, Құрышқожа абзи. Медресені жігіт кезімде тәмәмдағам (М.Гумеров, Хазірет). Әкем жас күнінен аңшылықты кәсіп қып, *бертінде* ғана қойған екен (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

БЕРТІНДЕГІ үс т. *Жуықтағы, жақындағы, кейінгі.* Булығып жасқа Жұпар еңкілдеді, Қан сиді, ыза буып селкілдеді. Қайрылмас қаршығадай ұзай тартты, Мақсаты таяу қалған *бертіндегі* (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Тарихи уақиға, тарихи батыр өмірі неғұрлым анық, ізі суымаған *бертіндегі* дәуірде өтетін болса, оны жырлау оңай (Е.Ысмайылов, Ақындар).

БЕРТІНІРЕК үс т. *Соңғы уақытта, кейінірек.* Шыңғыс бабамды қойып, *бертінірек тегі* Мөңке ханның тұсында да бір кісінің тағдыры ешкімнің ойына ойран салмас еді (І.Есенберлин, Алмас.). Мұның өзі әртініректе Гоголь мен Щедрин, *бертініректе* Чехов суреттеген орыс чиновниктеріне де тән еді (Т.Әлімқұлов, Абай.). Жұрттың *бертінірек* келе орнығып қалған азшылығымен барған шақта қалың Жағалбайлы тоғыз жерде колхоз боп отыр екен (С.Мұқанов, Есею жыл.).

БЕРУ *Бер етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Өнім өндіру, шығару.* Қазақстанның Отанымызға миллиард пұт астық *беруі* үшін ойдағыдай күресу – біздің әрқайсымыздың абыройлы міндетіміз еді (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). **2.** *Теледидардан көрсету, радиодан айту.* Со бір жылдары жерден жеті қоян тапқандай жас композитордың әндерін радиодан күнде *беруші* еді (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Сәлем беру. *Сәлемдесу, амандасу.* Есімі елге танымал, сыйлы адамдарға, үлкенге *сәлем беру* – ежелгі дәстүріміздің бірі. Жолаушылап келе жатқандар әдейі бұрылып келіп, сол шаңырақ иесіне сәлем береді («Парасат»).

Төтеп беру. *Қарсы тұру, төзімділік көрсету.* Алғашқы қауымда өмір сүрген адамдар табиғаттың тылсым күштеріне, кездейсоқ апатқа *төтеп беру* үшін тотем мен табуды қатар ұстанған («Парасат»).

БЕРУШІ з а т. *Беретін адам, ұсынушы.* Абай енді төлеуге ұрының мүлкі жетпегенде, «ағайыны емес, ұрыға ат майын *беруші,* сүйеуші бай-жуан төлейтін болсын!» – деді (М.Әуезов, Әр жыл.). Тілеушінің бір беті қара, *берушінің* екі беті қара (Мақал-мәтел).

Арыз беруші. қ ұ қ ы қ. *Шағым айтушы, шағымданушы жақ.* Назначение қылғанда тергеуі, сұрауы барлығына қарамаса, өтірік

а р ы з б е р у ш і л е р азаяр еді, бәлки жоғалар еді (Абай, Тол. жин.).

Берушіге бесеу көп. *Әдетте адамның біреуге бергені өзіне көп көрінеді деген мағынада.* «*Б е р у ш і г е б е с е у к ө п*» деген мақал болса да, 5 тиын ауыр болмаса керек (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

БЕРШЕК [ор. вершок] з а т. *4,4 см мөлшері немесе 1/16 аршынға тең ұзындық өлшемі.* Бір кез 16 *б е р ш е к к е* тең (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БЕРШІН з а т. ж е р г. *Ұрғашы үйрек. Б е р ш і н н і ң* еркегін кежек дейді (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БЕРШІМЕК з а т. ж е р г. ***Беріш.*** Қиында қыршаңқының жанын жалдап, Ертеден сүйрегені екі солдат. Астрахань түрмесіне асығады, *б е р ш і м е к* қабырғасы екі сорлы ат (Х.Ерғалиев, Құрманғазы). Табанның шор боп қатқан *б е р ш і м е г і,* Ол күнде ойын ғана еншім еді (М.Құттықов, Ар-намыс.). Көл жатыр көк *б е р ш і м е к* бездей болып, Жел соқса желпілдейді бөздей болып (Ж.Молдағалиев, Кісен ашқан).

БЕРІ[1] ш ы л. *Белгілі бір мерзімнен, мезгілден кейін, соң.* Сонан *б е р і* рақымсыз көп жыл өтті. Орақ келер, орылар мезгіл жетті, Жылы менен суықтың бәрін көріп, Қайран көңіл қайыспай қайрат етті (Абай, Тол. жин.). Әңгімеден кейін Мөңке кідірмеді. Ертеден *б е р і* үлкендердің әңгімесіне араласпай, пеш түбінде қос тізесін құшақтап үнсіз ғана отырған қызға барды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Содан *б е р і* ол кәмелетке жеткен адаммын деп ойлайтын (С.Бегалин, Мектеп.).

Атам заманнан бері. *Ертеден, баяғыдан, бұрыннан.* Кооперативтік жоспарды жүзеге асыру ісі *а т а м з а м а н н а н б е р і* келе жатқан шаруа мәселесін шын мәнісінде шешуге жеткізеді (Саяси экономия). Мұнда, Мұғаджар тауларынан Арал теңізіне дейін созылып жатқан жалпақ далада мал *а т а м з а м а н н а н б е р і* өз аяғымен жайылып бағылуда («Лен. жас»).

Көптен бері. *Бірсыпырадан, талайдан.* Ол монастырь, сопылар тұрар жері, Кешкі қоңырау соғылған *к ө п т е н б е р і* (Абай, Тол. жин.). Үйдің ортасына сексеуілді жағып қойып, *к ө п т е н б е р і* шешініп, аяқ-қолын созып, таң атқанша алаңсыз ұйықтады (Н.Баяндин, Құм асты.). Тыста *т а л а й д а н б е р і* байқалмаған шуақты күн бар (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).

Манадан [бағанадан] бері. *Біраз уақыт ішінде, бағанадан.* Жігіттің жаны *м а н а д а н б е р і,* Отырған екен ойлы сыр түйіп: – Қор еткен жоқсың, Жаннажан, мені, Шығардың, – деді шыңдарға биік! (Д.Әбілев, Жүрек.). *Б а ғ а н а д а н б е р і* үнсіз тыңдап отырған кәрі ана осы сәтте: – Ия, қайдам, менің де жалғызымнан хат келмегелі көп болды (Ә.Жәмішев, Дала.).

БЕРІ[2] үс т. **1.** *Әрі сөзіне қарама-қарсы, бермен, жақын, жуық, таяу.* Бұл үйде Сара бар ма, шықсын *б е р і,* Іздеген келіп тұрмын Біржан сері. Жолықпай сөзі өкімге жүрген шығар, Аулында Тұрысбектің өлер жері (Ақын жырлары). – *Б е р і* жүріңіз, Мәмбет аға, – деген дауыс естілді. Төрге қарай адымдай озған Мәмбет үлкен бөлменің ортасында тұрған столды айналып өтіп, екінші бөлменің есігіне беттеді (Х. Есенжанов, Тар кезең). Жеңешесі жер ошаққа ас пісіріп жатыр. Қойын арғы қыраттан *б е р і* қайырып Қоспан ағасы келеді (Т. Ахтанов, Дала сыры). **2.** *Әрі қарай емес, сөйлеушіге қарай.* Сіз – қырғауыл жез қанат, Аш бетіңді *б е р і* қарат (Абай, Тол. жин.).

Ары сөйлесіп, бері сөйлесіп. *Кеңесе-кеңесе, сөйлесе-сөйлесе келіп.* Қағазды жайып тастап, Сазарып отырып алысты, Не бәлені үйе. *А р ы с ө й л е с і п, б е р і с ө й л е с і п,* Болды, береке, жүйе (І.Жансүгіров, Шығ.).

Әрі ақылдасып, бері ақылдасып. *Ақылдаса-ақылдаса келіп, әбден кеңесіп. Ә р і а қ ы л д а с ы п, б е р і а қ ы л д а с ы п,* ақыры Атбасарға бармақ болдық (С.Шарипов, Шығ.).

Әрі ойланып, бері ойланып [ары ойлап, бері ойлап] *Әбден ойланып-толғанып, ойлана-ойлана, толғана-толғана. Ә р і о й л а-н ы п, б е р і о й л а н ы п* алыс жерге жетер көлік сіздің ғана кер жорға тұлпарыңыз ғой деп қорыттым (С.Бегалин, Ана. *Ә р і о й л а н ы п, б е р і о й л а н ы п* келгенде Ғаниға журналистік қолайлы көрінген. Қолынан келетін де, атын тез жаятын да кәсіп осы сияқтанды (М.Иманжанов, Көк белес).

Әрі тіледі, бері тіледі. *Көп тіледі, жалбарынды. Ә р і т і л е, б е р і т і л е,* Тіле осындай бірлікті (Қ.Мырзалиев, Домбыра).

Бері келе. *Соңғы кезде, кейін келе.* Мұхтардың бақытына, байлығына басы айналған бәйбіше *б е р і к е л е* өзінің бұрынғы кең пейілдігінен айырылып ашулы, өктемдікке көшеді (А.Жұбанов, Замана.). *Б е р і к е л е* менің шопан достарым көбейіп кетті (С.Мәуленов, Жер нәрі). Құрбан ұста бір кезде қанжар да соқты. *Б е р і к е л е* қылышты да жасады (А.Тоқмағамбетов, Әке.).

Бері қарады. *Көңіл бөлді, ынта қойды, назар салды.* – Ойбай, Шәке, кейіменіз, көрмейсіз бе түрін, қызып қалған ғой... Ғани, кәне, *б е р і қ а р а ш ы,* – деп Нұра оны екі иығынан ұстап, өзіне бұрды (М.Иманжанов, Көк белес). Үйірі қысырақтың мақпал қара, Шашыңды күндіз

жу да, түнде тара. Алыстан ат аямай келгенімде, Ей, Мақпал, мойның бұрып *б е р і қ а р а* (Қаз. әндері). *Б е р і қ а р а.* Менде не зат барын тапсаң, саған... Тұра тұр...тұра тұр...беретін не нәрсем бар еді? Жарайды, анау «Шурәлі» деген кітабымды берейін (М.Гумеров, Хазірет.).

Беті бері қарады. а) *Аурудан айыға бастады.* Шүкір, *б е р і қ а р а д ы м.* Бірақ көтерем сияқтымын (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). – Жабайдың *б е т і б е р і қ а р а ғ а н ш а* осы арада қала тұрасыңдар ма, – дейді Көпей Талтаяққа қарап (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). ә) *Дұрысталды, жөнге келді, түзелді.* Адам айдаса да, Құдай айдаса да жалғыз отырған кезіңе кеппін. Бопты, бұл да *б е т і б е р і қ а р а ғ а н* бір іс шығар (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

БЕРЕГІРЕК үс т. *Бері таман.* ≈ *Б е р е г і р е к* отырды.

БЕРІПІРЕК с ы н. *Мықтырақ, төзімдірек.* – Несі бар, үйреніп кетер. Қазына белін бұрынғыдан да *б е р і г і р е к* буып, ширап алған (Бал дәурен).

БЕРІГІРЕКТЕ үс т. *Бергі жағында, сәл берілеу.* ≈ *Б е р е г і р е к т е* орналасқан.

БЕРІДЕ үс т. *Жақында, жуықта, таяуда.* ≈ *Б е р і д е* болған.

БЕРІК[1] с ы н. **1.** *Мықты, бекем, мығым.* Қорғаны шойын, қола, сондай *б е р і к* Қойыпты айналдыра су жіберіп. Нәрсе жоқ мал-мүліктен маңайында, Ішіне тасып алған жинап-теріп (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Тығылмай әм сүрінбей жүрдек көсем, Иек қағып, еліріп жүрсе әсем. Шапса жүйрік, мінсе *б е р і к*, жуан, жуас, Разы емен осындай ат мінбесем (Абай, Тол, жин.). Оның үстіне осы жерде Ресей компаниясы үшін жұмыс істеп жүрген бірнеше қазақ жігіттерінің трагедиялық өлімі (орасан зор, *б е р і к* қойманың төбесі құлаулы), отбасыларының аңырап қалуы халқымыздың жүрегіндегі ауыр жара («Түркістан»). **2.** а у ы с. *Шыдамды, ұстамды, сабырлы.* Қанды жас ағып түспей дөңгеленіп, Кекті-ыза от боп жанған көзге келіп. Тапжылмай тас мүсіндей қатып қалды, Шіркін-ай, ана жаны неткен *б е р і к* (А.Тоқмағамбетов, Өмір.). Сұлтанмахмұт *б е р і к* отыр, Жалпылдап иілуді білер емес. Жақыпбектің алғашқы сөз саптауынан көңіліне ренішті сырлар түйген іш әлемі әлі қатыгез еді (Д.Әбілев, Ақын.). Қандай *б е р і к* жан! Адам болсаң осындай бол, ең болмаса қабақ шытып ренжігенін байқатпайды ғой (І.Есенберлин, Ғашықтар). **3.** а у ы с. *Тұрақты, сенімді, табанды.* Сұлуға берген екен күйеуі ерік, Жомарттық ерлігіне болып серік: «Сертіңді бар да орында» депті жары, Адамдық: қылған сертке болмақ *б е р і к* (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Бименді уәдесіне *б е р і к* кісі ғой. Інісін бұл жайында сендірді (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Осы сәтте Абай ойында қайтпас *б е р і к* байлау туды (М.Әуезов, Абай). **4.** а у ы с. *Жабық, бекітулі.* Қалтарыс айырықтың қақпасы *б е р і к.* Ауысқан су одан шыға алмай тас қабырғаға көпіре соғып, толқып кеп қайтадан үйіріледі (Ғ.Сланов, Шалқар). Бақшамыздың кілті *б е р і к,* Саған келмес сырттан дұшпан. Солдыра алмас аяз соғып, қауіптенбе қатал қыстан (Қ.Аманжолов, Шығ.). Жоқ екен ешбір қамал, іштен *б е р і к*, Боп шықты жүрек барлық күштен берік (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). **5.** а у ы с. *Кұмәнсіз, кәміл.* Қаз тұрып, қадам басқан алғашқы жылдардағы саяси, әлеуметтік-экономикалық реформалардың тар қыспағынан Ел Президентінің салқын ақыл, сарабдал саясаты төңірегіне жұдырық болып жұмылған халқымыздың ертеңге деген *б е р і к* сенімі, төзімі мен ерік-жігері алып шықты («Түркістан»). **6.** а у ы с. *Мықтап, әбден, нық.* Аңыз болса да санамызға ақиқаттай сіңісіп, көңілімізге *б е р і к* орнығып қалған осы бір аңыз-тәмсілге, яки пенделікке басталған қауымға баруын заңгерлер қауымы қалыптасқан ереже, тәртіпті бұзудың алғашқы оқиғасы деп қарастырады («Парасат»).

Аузы берік. д і н и. *Отыз күн бойы күндіз тамақ ішпей ораза ұстаған.* Күн батып, азан айтылып, *а у з ы б е р і к т е р* тұз жалап, дастарқанға жағалай отырып, жапырлап жатқан мезгіл – Сатанның күткені (І.Жансүгіров, Шығ.). Еңкейген шал, еңбектеген балаға дейін *а у з ы б е р і к* (Қ.Тайшықов, Окт. үшқыны).

Аузына берік. *Сыр шашпайтын, артық сөйлемейтін адам.* Сембі керек десе, көршілермен де әңгіме қылмайды. *А у з ы н а б е р і к:* – Бала үкіметтікі, іс халықтікі, – дейді де отырады (З.Шашкин, Сенім). Ретсіз сөздің керегі не? *А у з ы ң а б е р і к* бол, абайлап сөйле дегенім қайда? Әр сөздің айтылатын өз орны болады (Ә.Нұрмаханова, Шығыс шынары).

Бауы берік болсын. т і л е к. *Жаңа туған балаға айтылатын өмірі ұзақ, ғұмырлы болсын деген мағынадағы тілек. Б е р і к б о л с ы н б а у ы* мына баланың, Еркесі боп өссін біздің даланың, Сәкен деген бөбек аты жақсы екен! Алсын өсіп ұлы Сәкен қаламын (Қ.Көпішев, Әке). Әйтеуір құрдастары: «Құсайынды бір жыл көрмесең болды, баласына *б а у ы б е р і к б о л с ы н*» айта бер деп қалжыңдап жүреді (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

Берік байланысқан су. к е н. *Таужыныстар түйірлерінің сыртына жабысып, өте жұқа (бір, не бірнеше су молекуласындай) қабық құрып тұратын су. Б е р і к б а й л а н ы с қ а н с у* жеке түйірлерге өте зор күшпен тартылып

тұрады, қату температурасы минус 78°С-қа дейін, ал орташа тығыздығы 2 г/см³-ге жуық (Қаз. тілі термин. Геология). *Берік байланыс қан судың* мөлшері оларды 105°–110° температураға дейін қыздырып құрғату арқылы анықталады. Ол құрғақ таужыныстар түйірлерінің жай суды немесе ауадағы ылғалды сіңіруінен пайда болады (Қаз. тілі термин. Геология).

Берік бол. т і л е к. *Қиыншылыққа тап болған немесе жақын адамы қайтыс болған адамға жасыма, қайратты бол, сабыр сақта деген мағынада айтылатын сөз.*

Берік қарас. *Табанды, тұрақты көзқарас.* Көбірек байқап сыналған нәрселер мыналар: орнықты, *берік қарас* белгілі мүддесі бар, табанды адамдарда болады, қыдырма қарас жеңіл мінезді, жеңіл ойлы адамдардікі (Ж.Аймауытов, Шық. жин.).

Берік сүттіген. ө с. <лат. euphorbia sclerocyathium> *Биіктігі 25–50 см, сабағының төменгі бөлігі сүректенген, сүттіген туысына жататын бұта. Берік сүттіген* мал жемейтін улы өсімдік (Ж.Қожантаева.). *Берік сүттіген* үстірттің солтүстік батысында, Маңғыстау түбегіндегі Қауынды ойысы мен Сеңгір қауымында өседі (ҚҰЭ). *Берік сүттіген* шоғырының 2 орам жапырағы бірігіп, сырты жалаңаш, ішін қалың түк басқан қоңырау тәрізді дене түзеді (ҚҰЭ).

Дәті берік. *Шыдамды, ұстамды.* Серекең сәл ілгерілеп барды да, тракторын тоқтатып жерге түсті. Әлі мына тұрғандардың біреуіне тіл қатқан жоқ, қандай *дәті берік* адам еді («Лен. жас»).

Тақымы берік. *Атқа нық, мығым отыратын (адам).* Абыралы найзакер, атқа да *тақымы берік* болатын (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Тілді берік ұстау. *Жапқан ауызын ашпау, үндемеу.* Егер ол: «Сенің не жұмысың бар, аулақ жүр!»– десе ше? Ия, ең жақсысы – үндемеу, *тілді берік ұстау*... (З.Шашкин, Өмір.).

Іші берік. *Өз есебі өзінде.* Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек? Жұрты сүйген нәрсені ол да сүймек. *Ішің берік* боп нәпсіге тыюлысып, – Паңсымай, жайдақсымай, ірі жүрмек (Абай, Тол. жин.).

БЕРІК[2] з а т. ө с. <лат. sphaerophusa salsula> *Бұршақ тұқымдасы айбатмия туысына жататын, көпжылдық өсімдіктің сортаң жерде өсетін түрі.*

БЕРІКБАС з а т. з о о л. *Басын жоғары көтеріп ұстайтын кесіртке.* Құмды, шөлді жерлерде далалық зор агамалар, әсем жұмырбас кесірткелер, *берікбас,* құлақты кесірткелер өріп жүреді (Б.Муханов,.. Қазақст. өсімдік.).

БЕРІКТЕУ с ы н. *Берігірек, мықтырақ, төзімдірек, ұстамдырақ.* Ардақ сырға әкесінен де *беріктеу* екен. Жас ботадай монтиған жүзін бұзбастан орнынан тұрды (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Идеяға *беріктеу* болғаннан соң, мен дереу Политрук болып алғамын (Қ.Аманжолов, Шық.).

БЕРІКТІК з а т. **1.** *Берік болушылық, мықтылық, төзімділік.* Торшолақ *беріктікте н* қойшыға ат болды ма, қойшыға ат болғандықтан берік болды ма, ол арасы мәлім емес; әйтеуір Торшолақ берік; мың салсаң, аяғын бір баспайтын бір мың төкім (Ж.Аймауытов, Шық.). Ал әр жерінен *беріктік* үшін қағылған мықты шегелер сүйек бетіндегі өрнектермен үйлесіп жалпы өрнектердің бір элементі сияқтанып тұрады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері.). **2.** ф и з. *Материалдардың белгілі бір жағдайлар мен шектерде қандай да бір жүктемелер, әркелкі температуралық, магниттік, электрлік және т.б. өрістер, әркелкі кебу не ісіну және осы сияқты әрекет-әсерлерді қирамай қабылдау қасиеті.* Әртүрлі жағдайлар үшін *беріктік* критерийлері: пропорциялық шегі, аққыштық шегі, беріктік шегі, сырғымалық шегі және т.б. (Қаз. тілі термин. Кен.). **3.** ә с к. *Әскери күштердің ұрысқа қабілеттілігінің көрсеткіші, тыл мен әскердің шұғыл қалыпқа келе алу қасиеті. Беріктік* – әскерлердің (күштердің), қару-жарақ пен әскери техникалық, тыл нысандары мен басқару жүйелерінің ұрысқа қабілеттілігін сақтау немесе шұғыл қалпына келтірілу қасиеті (Қаз. тілі термин. Әскери.). **4.** а у ы с. *Мызғымастық, тұрақтылық.* Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің *беріктігі* бұзылады (Абай, Тол. жин.). Шығанақ Олжабекке: – Тау бұзылады, берік көңіл бұзылмайды. *Беріктігіңе* сенсем де, жұмсақтығыңды жоқтаушы ем. О да табылды (Ғ.Мұстафин, Шығанақ). Сол *беріктігіңіз,* сол бірбеткейлігіңіз кезінде сарбаздық жолға түсіріп, сахара өміріндегі дүрбелеңді бір жыл ерте бастатып жіберіп еді (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.) Ақын адал жардың еріне – алғашқы таңдаған махаббатына *беріктігін* боранна н, дүлей жауыннан жеңілмеген ақ қайың образы арқылы тамаша суреттеген-ді (Ә.Тәжібаев, Өмір.). **5.** а у ы с. *Сенімділік, батылдық.* Айсұлу үнінің *беріктігін* көріп, Айназар есін жиғандай ойға келді (С.Сейфуллин, Шық.).

Беріктік шегі. к е н. *Үлгінің қирау аймағында қима ауданының жергілікті өзгерісінсіз қирайтын уақытша кедергісі. Берік-тік шегі* азғана илемдік деформация кезінде қирайтын

материалдардың (морт материалдардың) негізгі сипаттамасы болып табылады (Қаз. тілі термин. Кен.).

Динамикалық беріктік. т е х. *Материалдардың динамикалық жүктемелерді қирамай қабылдау қасиеті.* ≈ *Д и н а м и к а л ы қ б е р і к т і г і н* анықтау.

Конструкциялық беріктік. т е х. *Конструкциялық элементтер – пісірме жалғауларды, иінді біліктердің, бұрандамалардың, турбина қалақтарының және т.б. беріктігі.* Беттік ақаулар, ішкі кернеулер және т.б. себептерге байланысты *к о н с т р у к ц и я л ы қ б е р і к т і к* техникалық беріктіктен төмен (Қаз. тілі термин. Кен.).

Теориялық беріктік. т е х. *Атомаралық ілінісу күштері арқылы есептелетін беріктік. Т е о р и я л ы қ б е р і к т і к* шамамен бойлық серпімділік модулінің $^{1}/_{4}$-іне тең (Қаз. тілі термин. Кен.).

Техникалық беріктік. т е х. *Нақты бір материалдарда қол жеткен беріктік. Т е х н и к а л ы қ б е р і к т і к* кейбір болаттар үшін теориялық беріктіктің шамамен $^{1}/_{10}$-і, ал қуатты денелердің көпшілігі үшін жүзден бір, тіпті мыңнан бір үлестерін құрайды (Қаз. тілі термин. Кен.).

БЕРІКТІЛІК з а т. с ө й л. ***Беріктік***. Қосындылар әрі жеңілдігі, әрі механикалық *б е р і к т і л і г і* арқасында авиацияда, автомобиль өндірісінде және өнеркәсіптің басқа салаларында қолданылады (М.Бакенов, Қазақст. ресурс.). Тарамыстың дұрыс шоғырлы құрылысының физиологиялық зор маңызы бар. Өйткені, ондай құрылыс *б е р і к т і л і к* береді (Қ.Нұғматжанов, Гистология.). Сондықтан студенттердің дүние танымы мен идеялық *б е р і к т і л і г і н і ң* қалыптасуы үшін қоғамдық пайдалы еңбектің зор маңызы бар («Қазақст. мект.»).

БЕРІЛ= е т. **1.** *Табыс етілу, ұсынылу.* Мәселен, жер менен көк отқа оранған жаугершілік замандарда жеңілген, бағынышты жақтың асыл бұйымдармен қоса кепілге *б е р і л г е н* адамды «аманат» деп атағаны тарихи деректерден мәлім («Парасат»). Жантастың, Тәнекенің басына пұл кесіледі, кім де кім соларды ұстап берсе, әрқайсысы үшін бес мың сом сый *б е р і л е д і,* – дейді ояз (М.Әуезов, Шығ.). **2.** *Атақ, дәреже берілу.* Былтыр Михаил Александрович Шолоховтың есімін бүкіл әлем халқы аса зор қуанышпен атады. Шолоховқа дүние жүзілік Нобель атындағы сыйлық *б е р і л д і* (С.Мәуленов, Жер нәрі). **3.** а у ы с. *Байқалу, белгі беру.* Мал әлі жайылымда, жаз қызуы бойда, бүрсеңдер кездің белгілері әлі *б е р і л г е н* жоқ-ты (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). **4.** а у ы с. *Табылу, қолға түсу.* Шәкіріктен ғибадаттың бәрі туады. Енді иһһар ғадаләт, шапағаттан босанбаңдар. Бұлар өз ижтиһадің бірлән, ниет халис бәрлән іздесең ғана, *б е р і л е т і н* нәрселер (Бабалар сөзі). **5.** а у ы с. *Тәуелді болу, бас ию, бағыну, ырқына көну.* Бір жағынан қызық, думан, той, екіншіден, Жиенқұл сияқтыға *б е р і л і п* жатқан сұлу Сараның трагедиясы музыкада жақсы берілген (А.Жұбанов, Мұқан Төлебаев). Ұлы еңбекке бой сұнып, Бар табиғат *б е р і л д і.* Тай мінбеген бауырым. Самолетке мініп тұр (Қ.Аманжолов, Шығ.). Соға берсін бораны ұлып, Мейлі мұхит теріс ақсын. Жеңілмейді адамшылық, *Б е р і л м е й д і* жауға жақсы үн! (А.Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл). **6.** а у ы с. *Белгілі бір заттың бейнесінің сипаттап көрсетілуі, суреттелуі.* Онда көптеген деректер келтіріледі: атап айтқанда, саяхат бағытының дәл жазылуы, жолай кездескен адамдарға *б е р і л г е н* сипаттамалар, олардың салт-дәстүрлері мен діндері, шағын және ірі қалалар жөніндегі мәліметтер ешкімді бей-жай қалдырмайды («Парасат»). **7.** а у ы с. *Үю, бойын билету, маужырау, сөзге, іске еріп, өз жолынан таю.* Сол толқынға жан жүрекпен *б е р і л е м,* Сол толқынмен бір жарқылдап көрінем. Сол толқынмен бірге шаршап қиналам, Сол толқынмен бірге тасып төгілем (Қ.Мүсірепов, Раушан). – Бүркіт, ондай-ондай жауын-шашын әлі талай кездесер, – деді күйеуінің басынан сипап, сен біріне де *б е р і л м е,* қара да тұр, әлі бәрін де жеңіп шығамыз (І.Есенберлин, Қатерлі.). **8.** а у ы с. *Ықылас, ынта қою, зер салу.* Қаламды шын *б е р і л і п,* алдым берік, Әлде қандай бір күшке көңіл сеніп. Бұрын жалғыз оқу еді іздегенім, Енді оған өлең жазу болсын серік (С.Торайғыров, Шығ.). Сәкен сарылып көп отырмай, аз отырғанда жазуға қатты *б е р і л і п,* шу түгіл сыбысты да ұнатпайтын (С.Мұқанов, Есею жыл.). *Б е р і л і п* кітап оқып отырғандары соншалық, бастары түйісіп кеткен (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). **9.** а у ы с. *Мүдделі іске жан-тәнімен қалтқысыз сену.* Махаббат – жүрек халқынан туған от алған, Махаббат – арың *б е р і л г е н* шексіз Отанға (К.Сыдықов, Теңіз лебі). Сол толқынға жан-жүрекпен *Б е р і л е м,* Сол толқынмен бір жарқылдап көрінем (Қ.Мүсірепов, Раушан). **10.** а у ы с. *Елігу, қызыққа бату.* Дастарқан басындағылардың жүздері балбырап, қызара бөртіп, сауық қызығына *б е р і л і п,* көңілді отыр (Б.Аманшин, Жар мұңы).

Ас берілді. *Қадірлі, атақты адамның қайтыс болғанына бір жыл толған соң я бірнеше жыл өткен соң ең үлкен жолы жасалып, той өткізілді.* Желтоқсан оқиғасы ғасырлар бойы шеттеліп, езіліп келген халықтың рухының оянған

сәті болғанымен, оның қасіретін тіпті де ұмытуға болмайды. Бұл күнді қаралы күн деп атап, аруақтарға Құран оқып, *а с б е р і л с е,* де артық болмас («Түркістан»).

БЕРІЛГІШ с ы н. *Бойұрғыш, әуестенгіш.* Біреулер – манаурап шуаққа жылынғыш, Біреулер – сұранып боранға ұрынғыш. Біреулер – *б е р і л г і ш* тыншытпас ойларға, Біреулер – бақытты мысықша тойғанға (Ә.Тәжібаев, Жартас). Тез *б е р і л г і ш,* тез айнығыш, тез әсерленгіш Бектай келерінде енді ісі қайтып оңға баспастай таусылып келсе, кетерінде көп нәрсе ұққандай болды (М.Иманжанов, Алғашқы.). Меңсұлудың бір мінезі – сезімге *б е р і л г і ш* болатын (Е.Мырзахметов, Өмір.).

БЕРІЛГІШТІК з а т. *Ықылас, ынта қойғыштық.* Асқаров әйтеуір, ақындық деген бір атқа табына қарап, мол *б е р і л г і ш т і к п е н* ұнатқанды (С.Шаймерденов, Болашақ.).

БЕРІЛУ *Беріл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұстатылу, ұсынылу, әперілу.* Сұлтанғазы шай әперген әйелінің қолын аңдып отыр. Алдымен Бимендіге, содан кейін Әскербекке, одан соң өзіне *б е р і л у г е* тиіс (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). **2.** *Тиесілі болу, ауысу, көшу.* Кезек Майраға *б е р і л у і* керек, – деп Қалибек тағы да сөзге кірісті (Қ.Жармағанбетов, Әншi.). **3.** а у ы с. *Бас ию, бағыну.* Жауға *б е р і л у* деген ең ауыр қылмыс қой! Біз ауыр жаралы болғандықтан, тұтқынға амалсыздан түстік (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

БЕРІЛУШІ з а т. *Бой ұрушы, әуестенуші.* Әлгі білгірдің өзі осының бәрін түгелдеп айтып шықты. Футболға осыншалық *б е р і л у ш і л е р д і ң* болатынын Анатолий біледі (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл).

БЕРІЛТ= е т. *Бергізілу.*

БЕРІЛТУ *Берілт етістігінің қимыл атауы; нұсқау, көрсету.* Соларды білсе, балаға түзу бағыт *б е р і л т у,* азаттық уақытындағы қызметіне жоба көрсету қиын болмайды, шәкірттер кейде жәндіктерді, өсімдіктерді жинап, қатарлап, тізіп ермек етеді, қораның, үйдің, ауылдың ауданын өлшеп жоспар жасайды (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.).

БЕРІЛІС: беріліс желі. т е х. *Электр қуатын тасымалдайтын жүйе.* Инженерлік жүйе бойынша ЛЭП–35 электр *б е р і л і с ж е л і л е р і н* жасап шығу жұмыстары басталды («Егемен Қазақстан»).

БЕРІМ з а т. *Ауызбастырық, пара.* Айтқанын тыңдамай, уысынан шығып бара жатқан кедейлерге әмірі өтпесін білгесін ендігі жерге *б е р і м м е н* ғана аузын алып, жарамсақтанып ұстамақшы-ау? (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Аузыңа түкірмей-ақ ауысар ем, Жол қылып өз шамаңша *б е р і м* берсең (Алдаспан).

БЕРІМСЕК з а т. *Қарыз алған, өтеуге тиісті зат, берешек.* Колхоз астық салығы, тұқым қоры, тағы басқа осындай *б е р і м с е к т е р д е н* құтылғаннан кейін Демекұлдың үй іші орташа есеппен 30,4 центнер астық алады (С.Ерубаев, Шығ.). Өйткені біреу партиялықпен, біреу жекжаттықпен, біреу алымсағы, біреу *б е р і м с е г і* үшін, біреу ұрланған малы тимегені үшін, біреу қатыны кеткені үшін, ең болмаса тілі тигені үшін біреуді қорғағаннан басқа, әркім өз есебін ойлап, бүйрегі бұрғаннан басқа, дәл жанашырлық қылып, әділ қағушы, әділ тексеруші жоқ болды (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.). Қыс болса, түсіп қалды, қарашаның қары жауды. Алымсағы, *б е р і м с е г і,* соғымы, қаласы, даласы дегендей орда шарқы үйдің жабдығы аз ба? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БЕРІН= е т. к ө н е. *Берілу, жеңілу, бағыну.* «Көрсеттім» деймін, ымдаймын, Кәдік қылар жерімді. Қазақты жеген қайратты «ер» Ұрынды да, *б е р і н д і* (Абай, Тол. жин.).

БЕРІРЕК ү с т. *Берменірек, жақынырақ.* Адасып алаңдама жол таба алмай. *Б е р і р е к* түзу жолға шық қамалмай. Не ғылым жоқ немесе еңбек те жоқ, Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай (Абай, Тол. жин.). – Бұзық ойда жүргендер болып жүрмесін, *б е р і р е к* жүріңізші, – деп Зура Балқияны өзіне қарай тартып бұра жөнелді (Ә.Әбішев, Замана.). – Сонау тұрған қайсысың, әй? Мәшраппысың? *Б е р і р е к* келші, – деді (Б.Майлин, Шығ.).

Берірек келген соң (келгенде). *Бертін келе, кейінгі кезде.* Болатбек *б е р і р е к к е л г е н с о ң* бала-шағалы болып, оларды тастап қаша алмай бір байда орнығып, көп жыл жұмыс қылды (С.Шарипов, Шығ.). *Б е р і р е к к е л г е н д е* адам баласы жанды басқаша ұғына бастаған: жан мен тән егіз, жан тәннің көлеңкесі, елесі, сүлдері, ауа тәрізді көзге көрінбейтін бірдемесі деген нанымға келген (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.).

БЕРІРЕКТЕ ү с т. *Таяурақта, жақынырақта. Б е р і р е к т е* жаңа құрылыс. Қабырғасы қылтиып келе жатқан үлкен үйдің бұрышы. Бір шетте үйшік. Бұл құрылыс кеңсесі (Т.Ахтанов, Дала сыры). *Б е р і р е к т е* қарт қызыл гүлдер шашырап сирек біткенмен, сонау қыратқа таман қоюланып, шымқай қызыл боп кетеді (Т.Ахтанов, Махабб. мұңы). Әріректе қос жігіт – орыс пен қазақ әлдеқайда сүйсіне көз тастап тұр. *Б е р і р е к т е* қыз бен жігіт («Қаз. әдеб.»).

БЕРІС= е т. *Алыс-беріс жасасу, құда болысу.* Ұл туар да, қыз туар заман болса,

Уағыдамен қалыңсыз *б е р і с е л і к* (Батырлар жыры).

Қол берісті. *Қол алысып амандасты.* – Сәлеметсіз бе, қарындасым? – деді Асқар *қ о л б е р і с і п* амандасқалы Ботагөзге қарай аттап, танысудың басын осыдан бастауға ойлап (С.Мұқанов, Ботагөз).

Қыз алысып, қыз берісті. э т н. *Құдандалы болды.* Аталас ағайын-туғандар ертеректе *қ ы з а л ы с ы п, қ ы з б е р і с к е н* ілік-шатыстар да көбейді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Серт берісті. *Серттесті, уағдаласты.* Аздан кейін Нұрым: – Хакім іниіздің үйленемін деп *с е р т б е р і с к е н* қызы алдағы обозда келе жатыр. Ол біздің локтыр қызымыз, – деді (Х.Есенжанов, Тар кезең).

БЕРІСПЕ= е т. **1.** *Берілмеу, жеңілмеу, ұтылмау.* Ажар да бір жігітке *б е р і с п е й д і,* Мәжіліс сәні онсыз келіспейді. Жастықтың мәуелеген бақшасында, Бұл қызды олар «піскен жеміс» дейді (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Есікке жақындай бергенде артына қайрылып Қоспанға тағы да тіл қатты: – Біз бұларға әлі де *б е р і с п е й м і з,* талай айқасамыз (Т.Ахтанов, Дала сыры). **2.** *Парапар келу, кем түспеу.* Көшелер мен алаңдар да кеңіді, әшекейленді, ескі қаланы төңіректей нелер тамаша ормандар, кей шетте үлкен қалаларға *б е р і с п е й т і н* бөлшектер өсті (С.Мұқанов, Есею жыл.). – Жаз көгалға көтерер шаңырағымыз да бексұлтан үйіне *б е р і с п е й д і,* – дейді Дәулетқали (Х.Ерғалиев, Шындық.).

БЕРІСПЕУ *Беріспе етістігінің қимыл атауы; берілмеу, жеңілмеу.* Жұрт: «Әзірге беті жаман емес», – деді, «жау да енді жұта қоям демес», – деді. Хабарын қан майданның ести келе, Үміті *б е р і с п е у д і ң* елестеді (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Хан не десе де *б е р і с п е у г е* бекініп алған Аралбай онан сайын шиыршық атып қатулана сөйлейді (С.Омаров, Хантағы). Күн сайын шуылдап қорғанға өрмелеген моңғолдармен өліспей *б е р і с п е у г е* болса, соны қару етіп, табан тіресіп қорғанып бақты (Д.Досжанов, Құм жұтқан.).

БЕРІШ[1] з а т. **1.** м е д. <грек. kirros> *Тері астында қатып қалған ісік, өлі ет, шор; цирроз.* Беттің бір жерінде ісік, бір жерін *б е р і ш,* бір жерін іріңді безеу қаптап, адамның өңін алады (М.Исамбаев,.. Мед. анықтама). Сіздің межеңізге қарағанда менің өкпемдегі дерт *б е р і ш* сияқты жай бірдеңе (Ә. Әбішев, Замана.). **2.** *Қайың, терек сияқты ағаштардың шорланған жері; без.* Бұл қайыңның шорланған *б е р і ш і* еді, безі еді (І.Жансүгіров, Шығ.). **3.** *Түйе шөккенде таяныш болатын төстабанындағы, жерсоғарындағы сүйел.* Сүйелді *б е р і ш т е р.* Түйенің жатқанда тірек болатын сүйелді жеті *б е р і ш і* бар. Ол төс сүйегінің, тізелерінің және тірсек буындарының үстінде болады (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру). **4.** а у ы с. *Ұмытылмас қайғы-қасірет.* Қара жерді жасартып, қара тасты жібіткен жаратылыстың күші қандай болса да, оның *б е р і ш* қатқан жүрегін жібіте де алмайды, жасарта да алмайды (С.Дөнентаев, Шығ.). *Б е р і ш* боп шері байланған, Үйқы беріп, қайғы алған (Дулат Бабатайұлы // XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). Туған жерді еске алған сайын өстіп қатты қиналатыны бар еді. Бұл мінез көкірегіне *б е р і ш* боп қатқалы қашан (Д.Досжанов, Тұлпар.).

Беріш қабы. а н а т. *Өліеттенген түйінді сыртынан орап алған қабық.*

БЕРІШ[3] з а т. з о о л. ***Берішбалық.*** *Каспийде, Қара теңізде кездесетін көксерке тұқымдас балық.* ≈ *Б е р і ш* мекен ететін көл.

БЕРІШБАЛЫҚ з а т. з о о л. *Көксерке тұқымдасына жататын балықтың түрі. Б е р і ш б а л ы қ* Азов, Каспий және Қара теңізде тіршілік ететін, ұзындығы – 25–45 см, массасы 1,4 кг дейін болатын балық (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Б е р і ш б а л ы қ* кәсіптік маңызы шамалы (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

БЕРІШКЕНЕ з а т. з о о л. *Өрмекші тәрізділер класы кенелер отрядының бұзғынша кенелер тұқымдасы. Б е р і ш к е н е н і ң* ұзындығы – 0,1–0,6 мм, денесі құрт тәрізді, 1500-ге жуық түрі бар (Қаз. тілі термин. Биология). *Б е р і ш к е н е* өсімдік жасушаларының ішіндегісін сора отырып, бұзғыншаның (галла) пайда болуына әкеліп соғады. Көпшілігі ауылшаруашылық өсімдіктерінің зиянкестері (Қаз. тілі термин. Биология).

БЕРІШТЕЙ с ы н. *Беріш сияқты, беріш тәрізді.* Аманжан көшені бойлап, демалыс парк бағына қарай төмен еңістеді. Бірақ оның көңілінде *б е р і ш т е й* бекіп бір түйін кетті (Ә.Көпбаев, Мақтаныш). Қанат жалаң аяқ. Ала жаздай *б е р і ш т е й* қатып, көнтақа болған табаны қырауды елеген жоқ (Н.Серәлиев, Ыстық күлше). Қазтаевтың мынау сөзі көкірегінде *б е р і ш т е й* бекіп қалған сол бір бітеу жараның бетін тырнап өткендей болды (М.Хасенов, Нартәуекел).

БЕРІШТЕН= е т. *Берішке айналу, шор болып біту.* Қазақтың алтын саусақ, күміс көмей күйшілері бозінген күйін боздатып тартқанда, емшегі тас боп *б е р і ш т е н і п,* жаны қиналып тұрған боз інген балқып еріп, емшегінен көл дария сүт ағытылып кеткен екен деседі (Ө.Тұрманжанов, Адам. дос). Миуалы ағаштың жаңа піскен жемісі *б е р і ш т е н і п,* балғын жапырағы мезгілсіз сарғайғаны

ма? (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Күн қаншa суық болса да *б е р і ш т е н і п* қатқан жоқ-тын (О.Бөкеев, Қамшыгер).

БЕРІШТЕНУ *Беріштен етістігінің қимыл атауы.* Токсоплазмоз ауруының арты бауырдың құрысып семуіне немесе қайтып *б е р і ш т е н у і н е* душар қылып адамды қазаға ұшыратады (З.Сырғабаева, Токсоплазм.).

БЕРІШТІ с ы н. *Беріш болған.* ≈ *Б е р і ш т і* бауыр.

Берішті клавулина. б и о л. <лат. clavulina cartilaginea> *Клавариялар тұқымдасына жататын саңырауқұлақ. Б е р і ш т і к л а в у л и н а* жемісінің биіктігі 4–5 см. Жоғары жағы кеңейген саусақ салалы цилиндр тәрізді, майда қыртыстары бар бұтақтардан, ал төменгі бөліміндегі аяқшасының ұзындығы 0,5–4 см, ені 2–4 см (ҚҰЭ). Жеуге жарамайды. *Б е р і ш т і к л а в у л и н а* өте сирек кездесетін саңырауқұлақ болғандықтан қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген (ҚҰЭ). *Б е р і ш т і к л а в у л и н а* діңгекшесі қысқа, жоғары жағы кеңейген майда қыртысты, құрғақ, сынғыш (Қаз. тілі термин. Биология).

БЕС с а н. **1.** *Төрттен кейінгі есептік сан, 5 цифрының атауы.* Ау, бөрілер, бөрілер Бөрімін деп жүрерлер, Һәр бірінің баласы Алтау болар, *б е с* болар, Ішінде абаданы бір болар, Абананынан айрылса, олардың һәр біреуі һәрбір итке жем болар (Шалкиіз // Алдаспан). Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым ойлап қой *Б е с* асыл іс көнсеңіз (Абай, Тол. жин.). *Б е с* минут әлі жол жүреміз біз, Вагонда күй өзіміз, жыр өзіміз. Кіргендей кеудемізге бір қытықшы, Күлеміз, күледі жан-жүрегіміз (Ж.Молдағалиев, Жыр.). **2.** п е д. *Оқу орындарында қабылданылған ең жоғары баға, балл.* Сабағынан бір күні келді үйіне Балабек, Үш сабақтан *«б е с»* алды. Біздегі бір бала, – деп (С.Сейітов, Жаңғырық). Егер біреу құласа, Қалғандай босап бір орын, Ал, біреу *«б е с»* ап қуанса, Шыққандай алып «пірі» оның (Ш.Мұхамеджанов, Қошалақ**).** Ол институтқа емтихан берді. Алғашқы екі емтиханның екеуі де *б е с* (З.Ақышев, Ақбел.).

Алты аласы, бес бересі жоқ. *Өте-кеткені жоқ, еш қатысы, ешбір араласы жоқ.* Қазақтың қайсысының бар санасы? Қылт етерде дап-дайын бір жаласы. Пысықтықтың белгісі – арыз беру, *Ж о қ* түрса *б е с б е р е с і, а л т ы а л а с ы* (Абай). Бұл үшін Құлмырза ең алдымен Жәлелге қарыздар екенін енді білді. Бірақ, құр жүз таныстығы болмаса онымен *б е с б е р е с і, а л т ы а л а с ы с ы ж о қ* еді, ол неге араша түсті? (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

Бес-ақ минут. с ө й л. *Аз уақыт, әне-міне дегенше, тез.* Интернеттен сәл хабары бар адам ғылымға қатысты адамдардың тізімін *б е с-а қ м и н у т т а* тауып алады («Жас Алаш»).

Бес батпан [батпандай]. а) *Әбден баттасқан, салтақ-салтақ кір.* Жәмиланың әкесі соның бірі, Әрі пысық жан емес еті тірі. Шайы камзол, құндыз бөрік кигенменен, *Б е с б а т п а н* десең болар еттің кірі (С.Торайғыров, Шығ.) Макаровтың бет-аузы шаң басқан жирен түк, жағасы *б е с б а т п а н* кір, мелшиіп қабағын шыта қарап түнеріп тұр (Б.Момышұлы, Жауынгер.). ә) *Өте ауыр, зілдей.* Соғыс кезінде жас ұрпаққа түскен ауыртпашылықтың зіл салмағын Ә.Кекілбаевтың «Бір шөкім бұлтынан» көреміз. Аққаймақтың жүрегіне қадалған жүк *б е с б а т п а н* («Қаз. әдеб.»). Бірақ, қысқа болғанмен маған *б е с б а т п а н д а й* тиетін ауыр сөздер (С.Баязитов, Айдарлы.).

Бес биенің сабасындай. *Толық денелі, етжеңді (әйел).* Жылдар жылжып өте берді, жеңеше, көзің де, көңілің де тоятын *б е с б и е н і ң с а б а с ы н д а й* бәйбішеге айналдың («Лен. жас»). Бұл асына тартпаған, *б е с б и е н і ң с а б а с ы н д а й* семізше адам (Б.Соқпақбаев, Өзім тур.).

Бес баулы з а т. *Бес рудан тұратын.* Алашты тарықтырды Нұралы хан, Хан болды аз ғана жыл Есім сұлтан, Хиуадан Нұралыны хан көтерді, *Б е с б а у л ы* есенұлы, он сейілхан (А.Өтембетұлы // Ақберен).

Бес елі [елідей]. э т н. а) *Бес саусақтың еніндей болатын қалыңдық өлшемі.* Мана бүгін кешке қазысы *б е с е л і* семіз жайынға тойдырамын деп күпиіп отыр еді (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). ә) э к с п р. ж а ғ ы м с ы з. *Мүлдем мардымсыз, аз деп азырқану мағынасында қолданылады.* Сондағы жасаған жақсылығымның қиюазы мынау *б е с е л і* шүберек болған ба? (Ә.Кекілбаев, Үркер). б) э к с п р. *Баттасқан.* Беттерінде *б е с е л і д е й* шаң тұрып, түтігіп кетіпті. Қып-қызыл болған көздер кіртиісіп қалыпты (С.Ғаббасов, Ана.).

Бес елі кір. э к с п р. *Әбден ластанған, қарала қожалақ, күс-күс.* Құтым қашады деп аяқ-табақты жумай, *к і р і н б е с е л і* қылып қоятын адам біздің қазақтың бір қатарынан әлі қалған жоқ. Бұл дұрыс емес (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Үй сыйқы шырайсыз-ақ, едені *б е с е л і к і р,* терезелерінің көзі сынық (Т.Бокин, Шығ.).

Бес жақсы. э т н. *Байырғы кездегі тоғыз беру салтының құрамына кіретін бес тәуір зат [егер бес жақсы құл мен күң бастаған тоғыз болса, оның бес жақсысы 1) құл мен күң 2) боталы түйе 3) қазанат, 4) қалы кілем 5) құндыз ішік болады; ал бас жақсы боталы түйе болса, оның бес жақсысы 1) боталы түйе*

2) құлынды бие 3) қалы кілем 4) астарлы шапан, 5) түзу мылтық (алмас қылыш) болады. Әдетте бес жақсының құрамын санамалап айтпай-ақ бас жақсыға қарап біледі. Толымды тоғыздың бас жақсысы құны мың жылқыға бағаланатын гауһармен әшекейлеген сәукеле тәрізді аса бағалы зат та болады]. ***Бес жақсы*** – тоғыз беру салтына қатысты айтылатын тұрақты сөз тіркесі. Үш Тоғыздың ішінде бес жақсы болуы шарт. Сол бес жақсыға жанды тоғыздан қара нар, емшегі тұтам бие (не қазанат), жансызда қалы кілем, алмас қылыш (не түзу мылтық), тәуір киім (қымбат ішік, жібек шапан т.б.) жатады («Жалын»). ***Бес жақсы*** – тоғыз түйе, төрт құлынды бие, төрт құнан, төрт байтал, жеті тай не бір ту бие. ***Бес жақсы*** нар, кілем, ат, қылыш, киімдердің ең тәуірлері арқылы төленетін құн түрі (Ә.Жақыпов, Түйе өсіруші. сөздігі).

Бес кітап. д і н и. *Тора, Тәурат-Інжілдің бір бөлігі болып табылатын көне өсиеттің алғашқы бес кітабының аты.* ***Бес кітапты*** еврейлер «Тора», мұсылмандар «Тәурат» деп атайды (Н.Нұртазина).

Бес қанат үй. *Бес бөлек керегеден тұратын киіз үй.* Қазанның алыбы ***бес қанат үйдің*** шаңырағындай айналасында арабша сөздер жазылған һәм «Әмір Темірдің жарлығы бойынша бұл қазанды құйған шебер Абдулғазиз Таруддин ұлы Термез» – деген жазуы бар (М.Дулатов, Шығ.). Осы сегіз үй ішіндегі ең бүтіні және үлкендеуі ортада тұрған жалпақтау, ***бес қанат үй*** (М.Әуезов, Абай).

Бес қаралық. *Бес малға тұратын, бағалы.* Ондай жан шыға салып сыртқа барып, Құлағын Дәмелінің ұстап алып. Сықпыртып соғып жатыр «жақсы сөзді» – деп сөйлеп, «бұл хабары ***бес қаралық***» (Ғ.Қайырбеков, Дала).

Бес қияға асты. *Ұзап кетті, алыстады.* Айқасты бөкен ***асып бес қияға***, Таянды шапақ шашып күн ұяға. Әмірхан ақбөкенге сонда жетіп, Қош айтты кербез киік дүнияға (И.Байзақов, Шығ.).

Бес қолдың саласындай. с ө й л. *Бес саусақтай.* Медетбек өзінің өндірісте өткізген көпжылдық өмірінде, бүкіл заводтың ішкі-сыртқы тіршілігін ***бес қолдың саласындай*** қанық білгенін былай қойғанда, мол өнімді етуге талай ат салысып келді (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал).

Бес құлаш. а) *Иық деңгейінде созылған екі қол ұшының аралығындай бес ұзындықты білдіретін өлшем.* ≈ ***Бес құлаш*** мата. ә) б е й н. *Шұбатылған ұзын, аса ұзын.* Енді жылан жазылған арқандай ***бес құлаш*** денесін созып жіберді де арандай аузын ашып, киікті жұтпақ болып ыңғайлана берді (І.Есенберлин, Алмас.).

Бес парыз. д і н и. *Мұсылмандықтың бес іргетасы – кәлиманы айту, бес уақыт намаз оқу, ораза тұту, зекет беру, қажылық гибадатын орындау.* «***Бес парыз***» дегеніміз иман, бес уақыт намаз, ораза, діни салықтар, қажыға бару – міне осылар (А.Құрманғалиев, Ислам діні.).

Бес саусақтай білді. *Әбден қанық, өте жетік меңгерді, таныды.* Мен Бетпақтың құдығын ***бес саусағымдай білетінмін*** (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.). Оның неше түрлі құйтырқысын қорылғайын ***бес саусағындай біледі*** (С.Жүнісов, Өшп. іздер). Ш.Айтматов өз халқының өмірін де, тағдырын да ***бес саусақтай білігіп*** өскендігі өз алдына, халық жауының баласы есебінде бала кезінде жұпыны тіршілік кешіп өсуінің өзі оның нәзік те терең сезімді жазушы болып қалыптасуына әсер еткенін аңғару аса қиын емес («Қаз. әдеб.»).

Бес саусақ. *Адам қолындағы саусақтар.* Сырлы әнін күміс сымға салдырайық, Қос сымды ***бес саусаққа*** шалдырайық. Сызылып әңгімені күймен сөйлеп Жан мейірін сұлу күйге қандырайық (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

Бес саусақтай. *Ынтымақшыл, бірлікшіл.* Қосылайық, толайық, ***Бес саусақтай*** болайық. Ынтымақ ерге ылайық Жаңа өмір өстіп құрайық (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.).

Бес тал. *Сирек, селдір мағынасында.* ***Бес тал*** шашын үрпите төбесіне түйгендіктен, Маржан жеңгеміздің ұзын мойны ашық жағадан онан сайын қылтиып, шұқырайған ойпат омыраудан бұғана сүйектері ырсиып шығып тұратын (М.Иманжанов, Көк белес). Бір сәт мұрнымның астындағы сәнге қойған ***бес тал*** мұртты қиқалап жүріп оны да құртты (О.Әубәкіров, Жасыр.).

Бес тиын. с ө й л. *Тұқ емес, құны төмен.* Оның сөзі маған ***бес тиын*** (Ауызекі).

Бес тиынға тұрмайды. *Тұкке алғысыз, бағасыз, құнсыз.* Ақынмын деп ұялмай жүрсің өзің, ***Бес тиынға тұрмайды*** айтқан сөзің (Жамбыл).

Бес тиын құрлы көрмейді. *Мүлде бағаламайды, сыйламайды.* Жәй тіршілікте бұлар Бегайдарды ***бес тиын құрлы көрмейді*** (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Бес уақыт намаз. д і н и. *Мұсылмандықтың бес парызының бірі, бес уақыт оқылатын намаз – таң намазы (памдат), бесін намазы, екінті намазы, ақшам намазы, құптан намазы.* Оның ***бес уақыт намазы*** ауыл балаларының қол сағаты сияқты (Қ.Сәрсекеев, Кілт.). ***Бес намаз,*** он екі иман жанға пайда, Қалайын біраз сөйлеп, осындайда (Айтыс).

Маңдайының соры бес елі. *Бақытсыз, бағы жанбаған.* – Тайқы *маңдайды бес елі сордан* арылтатын күнің бола ма, жоқ па, Құдай?! – деп зарлап қоя берді (Т.Рақымжанов, Тартысқандар). *Бес елі* екен *маңдайының соры* да, Мұндай байлық түспес қайтып қолыңа (Шығыс жұлдыздары). Пьесадағы Асан – *маңдайының соры бес елі* пақыр (Р.Нұрғалиев, Күре тамыр).

БЕСАҚА з а т. ж е р г. *Бес тармақты аша, айыр.* Сен *бесақаны* қайда қойдың? *Бесақаны* алып берші, шөп жинайын (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). – Біз ертелеп қызылды үйіп алайық, – деді Сұлтанбекке қырманшы Майқан қолындағы *бесақамен* сабанды қағып жатып (Н.Қазыбеков, Тұсаукесер).

БЕС-АЛТАУ с а н. *Бес-алты санының жинақтау түрі, болжалды сан.* Жантая жатқан жігіт не болмаса *бес-алтаудан* бас қосып әңгімелесіп отырған шал, кемпір... Құр поселке деген аты, әйтпесе нағыз кешке таманғы қазақ ауылы (І.Есенберлин, Қатерлі.). Сызға бауырларын төсеп қарақұйрықтың *бес-алтауы* жатыр екен. Бізді сезіп қойып құмға қарай қашты (Н.Баяндин, Құм асты.). Марияның кеудесіндегі медаліне бір қарап қойды да: – Мынадан біздің балада нешеуі бар? – деді Жолдасбай. – Ордені бар, медалі бар, *бес-алтау,* – деді Мария (Ж. Жұмаханов, Жазылм. кітап).

БЕС-АЛТЫ с а н. *Мөлшері бес-алтыға жетер-жетпес, болжалды сан.* Кең жазықты қашан қиып өткенше, Әтіке артына бұрылып Баркөрнеуге *бес-алты* рет қарады (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.). Самат қызға сүйсіне қарап тұрып, бойын тез жинап алды. Жапыра қимылдап, *бес-алты* аспапты кезегін ауыстыра отырып, істі жөнкілте бастады (Т.Нұртазин, Адам.). Дәуқара диірмені ауылдан *бес-алты* километр. Нұрпрезент талай рет барып жүрген жер (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Осыдан *бес-алты* жыл бұрын жаңаша өмір бастау үшін Жамбыл ауданындағы бір ауылдан үй-жайымен қоса он гектар жер алып, шаруа қожалығымен айналысуға кірістім («Парасат»).

БЕСАППАЗЫ з а т. ж е р г. *Ағаш шелек. Бесаппазы* сөзі басында осы ыдыстың бағасынан, құнынан алынған (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БЕСАСПАП с ы н. **1.** *Қолынан келмейтіні жоқ, шебер, өнерлі, жан-жақты.* «Хатшылығыма қоса атшылық өнерім де бар» деп мана аттанарда қалжыңдап қойған Тілеуберген – шынында да өнерді меңгерген *бесаспап* жігіт (С.Омаров, Дала қызы). Газет *бесаспап* кадрлар даярлаудағы, техникалық оқуды ұйымдастырудағы қол жеткізген табыстарымызды да назардан тыс қалдырған жоқ (Д.Қонаев, Өтті дәурен.). Кішкентайынан көзі көріп, қолы ұстаған соң, кісі қай жұмысқа да *бесаспап* келеді (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). **2.** *Бірнеше жұмысты қатарынан атқаратын, әмбебап.* Қырғызстан астанасының машина жасаушылары бүгін Біріккен Араб Республикасына металл кесетін және жонғыш *бесаспап* станоктардың үлкен бір тобын жөнелтті («Соц. Қаз.»). Машинаның қалбағайы да *бесаспап* – бұл қалбағаймен тік егінді де, жатып қалған егінді де бірдей жоғары сапада оруға болады («Лен. жас»).

Бесаспабы сайлаулы. *Бар қаруы дайын, жау-жарағы әзір. Бесаспабы сайлаулы,* тұлпары байлаулы, дайын тұрар (Қаз. ертег.).

БЕСАТАР з а т. *Ұңғысы иір ойықты, бес оқты мылтық.* Сап түзеп, әскер шығар қатар-қатар, Асынған бәрінде бар бір *бесатар* Түріндей жолбарыстың қаһарлы айбат, Қалың қол атты-жаяу келе жатыр (Жамбыл). Дәулет беліне қанжар байлап, иығына *бесатар* орама мылтық іліп, атқа мінгенде еркек жағы қанжығасына жабысып құтты болсын айтып қауқылдасты (Ә.Кекілбаев, Дала.). Ол бірақ боз арғымаққа жете алмасын біліп, иығынан *бесатарын* алды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

БЕСБАРМАҚ з а т. қ а р а п. *Етке қамыр салып жасалатын қазақтың ұлттық ыстық тағамын өзге ұлт өкілдерінің атауы.* Социализм күшейген сайын ауқатты тұрмыс аяқ басып, бізде ет көбейген болса, өзім өлгенше *бесбармақты* жемей отыра алмаспын, – деді Жайынауыз (І.Жансүгіров, Әңгім.). Бекболат қонақтарымды қазақша күтем деп *бесбармақ* істетіп жатыр, онысын әдейі кешіктіріп отыр (С.Шарипов, Бекболат). Мен сіздерге әдемі бір *бесбармақ* жасап берейін (С.Мұқанов, Шығ.).

БЕСБАРМАҚ з а т. ө с. с ө й л. ***Бессаусақ.***

БЕСБАРМАҚТЫ: бесбармақты ергежейлі қосаяқ. з о о л. <лат. cardiocranius paradoxus> *Кеміргіштер отрядының қосаяқтар тұқымдасына жататын кішкентай аң. Бесбармақты ергежейлі қосаяқ* Қазақстанда Солтүстік Балқаш өңірінде кездеседі. Көбінесе, ұсақ қиыршық тасты шөлдерді мекендейді (ҚҰЭ). Артқы аяғы бес бармақты, құлағы түтік тәрізді, құйрығы денесінен 2 еседей ұзын. Табанында сүйелді мүйізді қабат бар. *Бесбармақты ергежейлі қосаяқ* ін қазып тіршілік етеді (ҚҰЭ).

БЕСБЕЛДЕМ з а т. *Тұзу, тегіс, кәделік ағаш.* Ағаш бұтақсыз сомдай, *бесбелдем* болса, тезші рақаттанып басады, бұтақты қисық ағашты тезге салса, шытырлай жарылып ұзыннан сынатын,

тезші сол иінінен асырып лақтыратын (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

БЕС-БЕСТЕН с а н. *Бес санының топтық түрі.* Аналар *б е с-б е с т е н* тобылғыны алып, әжептәуір күш жұмсап сындырған (І.Есенберлин, Алмас.). Бір ғажабы, екеуінің алған бағалары да бірдей: бұл да алғашқы екі сабақтан *б е с-б е с т е н,* үшінші сабақтан төрт, төртіншіден үш алып қайтты (З.Ақышев, Ақбел.).

БЕСБИКЕ з а т. э к с п р. ж а ғ ы м с ы з. *Аты шулы, атақты, танымал.* Ол өзі атағы осы аймаққа әйгілі, белгілі *б е с б и к е,* қыңыр ауыз боқтампаз (Ә.Сәрсенбаев, Сағым).

БЕСБҰРЫШ з а т. г е о м. <грек. pente – бес; hedra – бет, жақ> *Бес жазықтықпен шектелген геометриялық дене.* ≈ *Б е с б ұ р ы ш* сызу.

Бесбұрыш таңбасы. э к о н. *Жоғары сапалы тауарларға таңба ретінде қойылатын бес бұрышты белгі.* Кәсіпорында шығарылатын ас үйге арналған жиһаздардың 85 пайызына құрметті *б е с б ұ р ы ш т а ң б а с ы* соғылады («Соц. Қаз.»).

БЕСБІЛЕЗІК з а т. з е р г. *Күміс шынжырмен байланысатын бес жүзігі бар білезік.* ...Басын сәл иіп құптау білдірді де, *б е с б і л е з і г і н і ң* күміс жүзіктерін бір-бірлеп түзеп қойып, бетіне сүйек ұстатқан жеңіл домбырасын шертіп-шертіп қалды (С.Сматаев, Ақжелең).

БЕСЕДКА ор. з а т. с ө й л. *Аулада, бақ, саябақ ішінде демалу үшін жасалған, жанжағы ашық, төбесі жабық шағын орынжай.* Осында бір тықыр таянған соң келдің. Әйтпесе мені сыйлап, сәлем беруге *б е с е д к а ғ а* келмегенің бесенеден белгілі (Х.Есенжанов, Тар кезең). Әкімбайдың балалары үшін жасатқан дөңгелек *б е с е д к а* – күркені де көкжасыл жүзім бұтақтары, ешбір күн түсірмей, тығыз көмкеріп тұр (Ө. Қанахин, Мұрагер). Зуфар үйіне таяна бере: – Бері жүріңдер, мына гүл күркеге кіріңдер, – деп өзінің шырмауық гүлмен бөленіп тұрған кішкене *б е с е д к а с ы н а* кіргізді (С.Бегалин, Жеткіншек).

БЕСЕНЕДЕН: **бесенеден белгілі**. *Айдан анық, әуелден мәлім, айқын.* Есігін шағып кірмесең Әпеннің үйіне қондырмайтыны *б е с е н е д е н б е л г і л і* (О.Бөкеев, Үркер.). Түйғын *б е с е н е д е н б е л г і л і* жайдың өзіне көп толғанады (С.Бердіқұлов, Пердесіз.). *Б е с е н е д е н б е л г і л і* нәрселерді біріне-бірін ұқсатып, қауыштырып отырғаны да сондықтан (Ә.Кекілбаев, Шығ. жин.).

БЕСЕНЕЛІ с ы н. ***Бақытты.*** Аманкелді сүйіскен жастардың берекелі, *б е с е н е л і* өмір сүруіне көп жәрдемін тигізген адал жан ретінде көрінеді (Т.Сыдықов, Толған. тағдыр.).

БЕСЕУ с а н. *Бес санының жинақтау түрі.* «Бейсекештің бес ұлы бірі жалын, бірі от. Бұл *б е с е у і* тұрғанда Бейсекештен бақытты Бұл өлкеде ешкім жоқ» (Қ.Аманжолов, Шығ.). Сөйткенше болған жоқ, жаңағы *б е с е у* қара түтіннің астынан қызыл киімді біреуді көтеріп алып шықты (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Қызылкөл мен Торғай өзенінің екі ортасын мекен қылып қостарымызды, күркелерімізді тігіп алып, бір қоста төртеуден, *б е с е у д е н* бөлініп жаттық (С.Шарипов, Бекболат).

Берерменде бесеу, аларманда алтау. *Бергеннен гөрі алғанды ұнататын, қанағатсыз деген мағынада.* Ұрлық пен қулыққа, Байлағанда кестің бау *Б е р е р м е н д е б е с е у с і ң, А л а р м а н д а* және *а л т а у* (К.Әзірбаев, Таңд.).

БЕСЖАҚТЫ с ы н. с а я с и. *Келісуші, шартқа отырушы мүдделі жақтарының саны бесеу болатын.* Президент Н.Назарбаев соңғы келісімнің Каспий теңізіне байланысты барлық кешенді проблемаларды шешетінін және құқықтық мәртебесін анықтау жөніндегі *б е с ж а қ т ы* келісімге әкелетінін айтқан-ды («Жас Алаш»). Нығайту бағытындағы *б е с ж а қ т ы* Шанхай уағдасы дүниеге келді («Заман Қазақстан»).

БЕСЖАПЫРАҚТЫ: **бесжапырақты беде**. ө с. <лат. trifolium lupinaster leguminosae juss> *Биіктігі 15-50 см болатын көпжылдық өсімдік. Б е с ж а п ы р а қ б е д е* Қазақстанның орманды, далалы жерінде, ағаш арасында өседі (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдіктер).

БЕСЖЫЛДЫҚ з а т. с о в е т. *Халық шаруашылығының бес жыл ішіндегі жоспары.* Екінші *б е с ж ы л д ы қ т ы ң* аяғында Қазақстан суармалы жердің көлемі жөнінен Өзбекстаннан соң екінші орынға шықты (М.Ерлепесов, Суармалы егін.). Мемлекеттік балық аулау базасының балықшылары үстіміздегі *б е с ж ы л д ы қ т а* жоспардан тыс бірнеше мың центнер балық беретіні сөзсіз (М.Таиыров, Балқаш.). Нақтылы мысал ретінде, қазір біздің республикада Маңғыстау мұнайын игеріп, халық игілігіне пайдалану *б е с ж ы л д ы қ т ы ң* аса маңызды құрылыстарының бірі болып отыр (Қ.Әбілдаев, Коммунист.).

БЕСКЕМ з а т. к ө н е. *Белгі, нышан (соғыста белгі ретінде тағып алатын сиырдың құйрығы немесе жібек). Б е с к е м н і ң* батырақ дейтін түрі де болады (Сөз сандық).

БЕСКӨЗ з а т. ж е р г. *Матаның түрі.* Көйлек тігем деп бес метр *б е с к ө з* алып едім, тігілмей әлі жатыр (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БЕСКҮНДІК с ы н. с ө й л. *Аз күндік, уақытша.* Залымның арбауына уанбаймыз, Сатылып қалың малға жүре алмаймыз. Біздерге

мәңгі жолдас өнер-білім, *Б е с к ү н д і к* малдүниеге қуанбаймыз (Ш.Иманбаева, Өлең д.). // *Өткінші жалған дүние, мәнсіз, мағынасыз өмір.* Тәуекел *б е с к ү н д і к к е* қызықпады, Әділдік оның жалғыз қызыққаны (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

Бескүндік дүние. а) д і н и. *Жалған, жер бетіндегі өткінші, о дүниеге дейінгі адамның өмірі.* ≈ *Бескүндік дүниеде сыйласайық.* ә) *Қу тіршілік, күйбең тірлік. Б е с к ү н д і к д ү н и е* шіркіннің он күндік арпалысы бар (Ғ.Мұстафин, Көз көрген.).

БЕСҚАДАҚ з а т. *Сыйымдылығы бес литрлік ыдыс.* Мә, сепаратордан аққан сүттің астына мына *б е с қ а д а қ т ы* қой (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БЕСҚАРУ з а т. *Байырғы кезде батырдың жекпе-жекте: тартыспақта (садақ), атыспақта (мылтық), шанышпақта (найза), шабыспақта (қылыш), салыспақта (шоқпар) қолданылатын жау-жарақтары. Б е с қ а р у* соғыста кесу, шабу, түйреу, соғу, ату арқылы жауына жарақат салатын, өзіндік қолдану әдісі бар қылыш, айбалта, найза, шоқпар, жақ (садақ) сияқты қарулар жатады (ҚҰЭ). *Б е с қ а р у* қасиетті, киелі саналып, оларды қастерлеу нәтижесінде көптеген әскери салт-дәстүрлер қалыптасты (ҚҰЭ). Беліндегі *б е с қ а р у,* Тал бойына жарасқан. Екі талай жерлерде, Ерлігі асқан алаштан, Батыр Сайын болмас па? (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Бес қаруын асты. *Жекпе-жекке қажетті – атыспақ, тартыспақ, шанышпақ, шабыспақ, салыспақ қару-жарағын түгел өзімен алды.* Ел оққа тұрғаннан соң төсін ашып, Туыстың көңілі кетті судай тасып. Алып ту, айтып ұран, шықты бастап, Бойына *б е с қ а р у ы н* түгел *а с ы п* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Бес қаруын асынды. *Жау-жарағын түгел сайланды, сақадай сай болды.* Жауды көрсе сайлаған, Беліне садақ байланған, *Б е с қ а р у ы н а с ы н ы п,* Белсенген нағыз ер де жоқ (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Ер қаруы – бес қару. *Нағыз батырдың жау-жарағы жекпе-жекке, тартыспақта, атыспақта, шанышпақта, шабыспақта, салыспақта қажетті қарулардан сайланады деген мағынада. Е р қ а р у ы – б е с қ а р у,* Бесеуін тамам ілгізді Бес қаруын іледі, Берен сауыт киеді (Батырлар жыры).

БЕСҚАСҚА з а т. э т н. *Бес таспалы қамшы.*

БЕСҚАСТЫ: бесқасты жүзік. з е р г. *Екіүш-төрт саусақты бірден сұғатын, үстіңгі жалпақ бетіне бес жерден асыл тас қондырған жүзік.* ≈ Қолында *б е с қ а с т ы ж ү з і к.*

БЕСҚОНАҚ[1] з а т. э т н. **1.** *Байырғы қазақ күнтізбесінде қолданылып келген, жыл айларынан тыс алынатын бес күн.* Байырғы қазақ күнтізбесінде *Б е с қ о н а қ* үнемі жыл аяғында қосылып отырған (ҚҰЭ). Қазақ есепшілері бір жылды алты ай жаз, алты ай қысқа бөлген. Әрбір айда отыз күн болған. Жыл аяғында он екі айдың есебіне кірмей қалған бес күнді *б е с қ о н а қ* деп атаған («Ана тілі»). **2.** *Амал, көктемнің аяқ шенінде өтетін бес-жеті күндік жаңбырлы салқын кез. Б е с қ о н а қ т ы ң* бес күні өткен соң, дүние жынынан айырылған бақсыдай жым-жырт бола қалды (Ә.Кекілбаев, Шығ. жин.). Мен туғанда *б е с қ о н а қ т ы ң* сырғақ қары борапты. Құрым киіз арасына әжем мені орапты (Қ.Шаңғытбаев, Армысың.). Қарлы жел ерте-кеш борап, Қасарып тұрған жоқ па екен, Жайсыздау еді *б е с қ о н а қ, Б е с қ о н а қ* қалай өтті екен (С.Жиенбаев, Таңд. өлең д.).

БЕСҚОНАҚ[2] з а т. м е д. *Шешек ауруының жеңіл түрі. Б е с қ о н а қ* қана болып шыққан ғой дәрігердің көмегімен (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БЕСҚҰЛАҚ з а т. з е р г. *Ортасына асыл тас орнатып, бес күміс теңгеден жасаған бастырма, тана сияқты әшекей зат.*

БЕСМҮЙІЗДІ: бесмүйізді қаттыбас. ө с. <лат. sclerotiaria pentaceros> *Шатыргүлділер тұқымдасына жататын, көпжылдық шөптесін өсімдік.* Жемісі призма тәрізді, ұзындығы 5 мм, көп қырлы, ұшы қалың, қысқа, біз тәрізді бүртікті, сәл сыртқа қарай иіліңкіреген 5 мүйізге ұқсас өсінділермен бітеді. Оны осы белгісіне байланысты *б е с м ү й і з д і қ а т т ы б а с* деп атайды (ҚҰЭ). *Б е с м ү й і з д і қ а т т ы б а с* өте сирек кездесетін өсімдік болғандықтан, қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген (ҚҰЭ).

БЕСМІЛЛА о д. с ө й л. ***Бісміллә***. Кемелдің ауылында сана тапсаң, «Бок один» деп бетінен сүйіп қара. *Б е с м і л л а* әмір зибал, кәләм, қапаш, Інім де, һәм дінім де аллаға хас (Ақан сері, Шығ.). *«Б е с м і л л а ғ а»* тілі келгеннен бері түннен ертеңге арақ қалдырмайтыны әуелі құдайға, қалса өзіне аян (Е.Домбаев, Ол осындай.).

БЕС-ОН с а н. *Бес пен онның арасындағы сан мөлшері, болжалды шама.* Арада *б е с-о н* минут өткен соң Көшім екеуміз құшақтасып айрылыстық (М.Мағауин, Бір ата.). *Б е с-о н* қойды ауыл айналасында айнала жайып, ел көшінде күн көріп жүре бердік (С.Бегалин, Уақыт.). Жолаушылар, қоян әбден демін алсын деп тағы да *б е с-о н* минут үн-түнсіз тұрды (І.Есенберлин, Қатерлі.).

БЕССАЙЫС з а т. с п о р т. *Ат жарысы, мылтық ату, жүзу, жүгіруге қатысты спорттың бес түрінен тұратын жарыс.* Есіл-дертім футболда жүрген осы кезде, маған *б е с с а й ы с т а н* Қазақстан құрама командасының аға жаттықтырушысы Борис Сариевпен кездесіп, әңгімелесу тапсырылды (С.Балғабаев, Жұлдыз.). Қазіргі *б е с с а й ы с т а н,* су добынан, волейболдан, классикалық күрестен, бокстан, жүзуден, нысана көздеуден, гимнастикадан құрама командаларымыз тамаша табысқа жетті (Спорт жұлдыздары.). *Б е с с а й ы с* ертедегі Грецияда өткен Олимпия ойындарының бағдарламасына еніп, пентатлон деп аталған (ҚҰЭ).

БЕССАЙЫСШЫ з а т. с п о р т. *Бессайыс спортшысы.* Бірнеше жылдан бері Аманкелді атындағы жүлде үшін *б е с с а й ы с ш ы л а р д ы ң* халықаралық жарысы Алматыда өткізіліп жүр (Спорт жұлдыздары.). Болгариядан, Польшадан, тіпті, сонау Жапониядан да өкілдер келген. Еліміздегі ең мықты деген *б е с с а й ы с ш ы л а р* да жиналған (С.Балғабаев, Жұлдыз.). Ерге мықтап отыра білу, мергендік, тез жүзе, сайыса білу, қиын жолдармен жүгіруде жақсы көрсеткішке жету – міне, *б е с с а й ы с ш ы л а р д ы ң* негізгі міндеті осы («Лен. жас»).

БЕССАЛАЛЫ: бессалалы сасық шөп. ө с. *Жапырақтары кезектесіп жарыса орналасқан, төменгі жапырақтары жұмыртқа тәрізді, бес салалы, ортадағылары үш салалы, биіктігі 1,5 метрге жететін, көпжылдық шөп тектес өсімдік. Б е с с а л а л ы с а с ы қ ш ө п т і ң* гүлдері қос еріпді, жоғарыдағы жапырақтарының қуысында шоғырланып тұрады (Қазақст. дәрілік. өсімд.). *Б е с с а л а л ы с а с ы қ ш ө п т і ң* көкшіл және түркістандық сасық шөп деген басқа да түрлері бар (Қазақст. дәрілік. өсімд.). *Б е с с а л а л ы с а с ы қ ш ө п* тау етектерінде, орманның аралықтарында, тастақты беткейлерінде, арықтың маңайында, жайылымдарда өседі (Қазақст. дәрілік. өсімд.)

БЕССАУСАҚ[1] з а т. ж е р г. ***Бесбармақ (асылған ет).*** Бұл *б е с с а у с а қ* өте дәмді болған екен (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БЕССАУСАҚ[2] з а т. ө с. <лат. cynodon dactylon> *Астық тұқымдасы қарашағыр туысына жататын өсімдік, салалы қарашағыр.* ≈ *Б е с с а у с а қ т ы ң* гүлдеу кезеңі.

БЕСТАҚА з а т. ж е р г. *Еркектердің өкшесі аласа етігі.* Жаяуы түрсын, *б е с т а қ а* ат үстінде де өздік нәрсе (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БЕСТАС[1] з а т. о й ы н. *Ұсақ бес таспен қақпақылдап, балалар ойнайтын ұлттық ойын түрі.* Табиғи денелерді қолданып ойнайтын ойындар: *б е с т а с,* лек жалау, сиқырлы таяқ, бақай пісті, жылмақ т.б. («Қазақст. мект.»). *Б е с т а с* ойыны бірлік, екілік, үштік, төрттік, жалақ, алақан, төрт бұрыш, арттан тастау, үнемдес, сарт-сұрт, қаршу нәби деп аталатын кезеңдерден тұрады (ҚҰЭ). *Б е с т а с* ойынынан республикалық жарыстар өткізу қолға алынған (ҚҰЭ).

БЕСТАС[2] з а т. ж е р г. *Өлген адамның моласының үстіне қойылатын тастар.* Әкеме там сала алмай – *б е с т а с* орнаттым (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БЕСТАСПА з а т. э т н. *Бес таспадан өрілетін өрім; қамшының бір түрі. Б е с т а с п а* – бес таспадан өрген айыл; өрімнің түрінің аталуы (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БЕСТАСПАЛЫ с ы н. *Бестаспадан өрілген.* Саф алтыннан құйылған аттың жүгендері, өмілдірік, құйысқандары, *б е с т а с п а л ы* алтын сапты қамшы, терісімен қатып қалған он шақты сайгүлік аттарды көресіз (Ә.Жиреншин, Қаз. әдеб.).

БЕСТАУБАЙ [ор. вестовой] з а т. *Әртүрлі тапсырмаларды орындау үшін бекітілген қатардағы әскери адам.* Бұрын біздер *б е с т а у б а й д а н* да қатты қорқатынбыз (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БЕСТЕМДЕ= е т. *Шашты немесе т.б. беске бөліп өрімдеу, бұрымдау.* Төсек үстіндегі әйел қызының шашын *б е с т е м д е п* өре бастап, келіншекке әлгіндей емес, жылырақ шыраймен тағы бір қарады (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны).

БЕСТЕМДЕУ *Бестемде етістігінің қимыл атауы.*

БЕСТЕМШЕ[1] з а т. қ о л ө н е р. *Бес бөліп; тарамдап өру түрі.* Жіп өруде бірінші қолмен есіліп, ширатылып алынған соң, бірнеше жіптері кәдімгі *б е с т е м ш е* тәртібімен қайыс тәрізді өріледі (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БЕСТЕМШЕ[2] з а т. о й ы н. ***Бестас***. Бала кезінде ақсүйек, *б е с т е м ш е,* соқыртеке, сырнай, жұмбақ ағаш, көжек жарыс, қозы жарыс, тағы талай ойындарды өте қызыға ойнайтын Ілияс (К. Шөкенов, Біздің Ілияс).

БЕСТЕМШЕЛЕ= е т. *Шашты, таспаны бестемше етіп тарамдау.* Жәмидің *б е с т е м ш е л е п* өрген тоқпақтай қос бұрымы қозғалған сайын бейне қос қара жыландай иреленделдейді (С.Омаров, Қайырлы.). Меңсұлу келіп тұр. Бота көзі жаудырап, *б е с т е м ш е л е п* өрген көмірдей қара бұрымы қыпша беліне түсіп, қызыл күрең пүліш бешпенті мен бүрмелі етек ақ жібек көйлегі тал бойына жараса қалыпты (С.Омаров, Жүйрік.). Жарасқан ат басына ноқта, жүген, Таспамен *б е с т е м ш е л е п* қолдан өрген (Пернедегі терме.).

БЕСТЕМШЕЛЕУ *Бестемшеле етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шашын *б е с т е м ш е л е у.*

БЕСТЕП-ОНДАП ү с т. *Бес-бестен, онооннан.* Көшке, Әлти, Сәпті, Құрымбай, Үшсары сияқты ірі байлар жалшыны *б е с т е п-о н д а п* ұстайды екен (С.Мұқанов, Есею жыл.).

БЕСТЕР з а т. з о о л. *Еділге қортпа мен сүйрік балықтарын өзара қолдан ұрықтандыру арқылы алынған будан балық.* Қортпа мен сүйріктің орысша аттарының (белуга және стерлядь) алғашқы буындарын алып, *б е с т е р* деп атаған (ҚҰЭ). *Б е с т е р* – қортпа тәрізді жыртқыш. Дене тұрқы 50–80 см (180 см-ге дейін), салмағы 3–5 кг (кейде 30 кг-ға жетеді). Өте тез өседі (ҚҰЭ).

БЕСТІ з а т. *Бес жасар жылқы.* Үш жыл болды келгелі, ақбөрте *б е с т і* шығады. Өрен ер мен тұлпарды Кім жасырып тығады? (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). Күн ұзын аттан да түспей, өзге жүргіншілерден оқ бойы алда отырған, кейкейде өзіне таныс Көкүйірім мен Буратиген, Тақырбұлақ сияқты қоныс-құдықтардың тұстұсына келгенде бала оқшау шығып, астындағы жарау құла *б е с т і с і н* ағызып-ағызып та алады. Арттағылар – Байтас пен жорға Жұмабай: – Мына баланың ауылға асығуын-ай! (М.Әуезов, Шығ.). Байлауы жоқ шешеннен, Үндемеген есті артық, Бәйге алмаған жүйріктен, Белі жуан *б е с т і* артық (Мақал-мәтел).

Бесті айғыр. *Бес жасар ақталмаған жылқы малы.* Әйтеуір *б е с т і а й ғ ы р д а н* шақар оқытады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Бесті бие. э т н. *Бес жасында құлындаған ұрғашы жылқы малы. Б е с т і б и е* айғырдан төрт жасында шығып, бес жасында құлындаған бие (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал. атау.).

Бесті бұқа. *Бес жасар еркек ірі қара. Б е с т і б ұ қ а* аталығы әбден жетілген, бес жасқа келген бұқа (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал. атау.).

Бесті қымыз. э т н. *Бес күн сақталып бабына келген қымыз.* Берместің үйінде *б е с т і қ ы м ы з* тұрады (Мақал-мәтел). Әдетте қазақтар қымызды бірнеше түрге бөледі: саумал қымыз, дөнен қымыз, *б е с т і қ ы м ы з.* Қымыздың осы түртүрін ашыту керек (Д.Керімбаев, Жылқы өсіру.).

БЕСТІ-АЛТЫЛЫ с а н. с ө й л. ***Бес-алты.*** Ендеше, Құдай бұйырса, осы бір *б е с т і-а л т ы л ы* күн ішінде қамданыңдар да, сапар шегіңдер (М.Әуезов, Шығ.).

БЕСТІДЕЙ с ы н. *Бесті сияқты, бесті тәрізді.* Ертеде өтіп кеткен Ыбырайым, Шүу десе көк *б е с т і д е й* зымырайын. Есқожаға тығылған жаман екен, Бір сапарға еліңде жоқ па байың (Айтыс). Оның баурын еркін жазып алған *б е с т і д е й*, кібіртік, шоқырағы білінер емес (С.Сматаев, Армысың.).

БЕСТІК з а т. с ө й л. *Оқушының білім сапасына қойылатын ең жоғары баға.* Жақсы оқиық балалар көңіл салып, Үйімізге қайтайық *б е с т і к* алып. Үйге кірсек бес алып бес жұлдыздай, Үйдің іші кетпей ме болып жарық (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.). Күнделікте бағалар, Күнделікте кіл *«б е с т і к»*. Көрсін ата-аналар, Қуантамыз күнде өстіп! (М.Әлімбаев, Орақ – олақ). Одан кейін дипломның қосымшасын алып қарап едім, тізіліп тұрған *б е с т і к* бағаларға көзім түсті (Ә.Нұршайықов, Ақиқат.).

Бестік шам. *Онша жарық емес, бесінші нөмірлі шам.* Әйнексіз *б е с т і к ш а м н ы ң* сарғыш сәулесі үйдің төбесіне алдымен шаншылған жіңішке қара жалынды біртенің түтінін ойнатты (Х.Есенжанов, Тар кезең). Сығырайып жанған *б е с т і к ш а м н ы ң* сәулесі қара көлеңкеленіп, келген кісілердің бетін ашық көрсетпеді (Б.Майлин, Шығ.). Әміржан орнынан ұшып түрегеп, ірге жақтан *б е с т і к ш а м д ы* тауып алды (А.Байтанаев, Қайнар.).

БЕСТІЛІ с ы н. *Бесті аттылы, бесті ат мінген.* Ала *б е с т і л і* өзекке түсісімен-ақ ауылдағы жүрттың тойға аттарын ұстап дайындап, тыста жүргендері де, және желі басында бие сауып жүрген биешілері де оған қарауда еді (С.Сейфуллин, Шығ.). Үріккен тайлақша шапқылап, жер сабалап бара жатқан ала *б е с т і л і г е* қарады (С.Сейфуллин, Шығ.).

БЕСТІ-ОНДЫ с а н. *Бестеген-ондаған, бес пен онның арасындағы сан шамасында.* Бақтығұл малының бары да, ажарлысы да екі аты болатын. Одан басқасы екі сиыр мен *б е с т і-о н д ы* ешкілақ (М.Әуезов, Қараш.).

БЕСІК з а т. **1.** э т н. *Қазақ халқының мәдени мұраларының бірі, ұлт өнерінің төл туындысы, баланың кеудесі мен аяғын қаттырақ байлап жатқызатын, дәретін жайдырмау үшін арнайы орнатылған түбегі мен шұмегі бар нәреста бөлеуге арналған ағаш төсек. Б е с і к* сәбиді желдің өтінен, жердің сызынан, салқынның қаһарынан, аптаптың жалынынан қорғаушы киелі ұя (Ж.Кейкін, Қазақы атау). Тербеліп жер *б е с і к т е* қарындасым, Үйқысын қалағанша қандырғасын. Жапырақтай жайып уыз алақанын, Ұшардай талпынатын балапаным (Ә.Тәжібаев, Жастық.). Дінге байланысты ырымдар қазіргі кезде де халық арасында біршама сақталған. Жас баланың *б е с і г і н е*, тақиясына, қыздың сәукелесіне, әншінің домбырасына, жас келін түсіргенде шымылдығына үкі таққан («Парасат»). Жас нәрестенің *б е с і г і н е* бүркіттің тырнағын, қасқыр құлағының ұшын, жыланның ақ сүйектенген басын тағу

шамандық дін бойынша бәле-жала жоламайды, жын-шайтан қорғайды деп түсіндірілген («Парасат»). **2.** а у ы с. *Өскен орта, мекен, ата қоныс.* Кең жайлау – жалғыз *б е с і к* жас балаға, Алла асыраған бендесі аш бола ма? (Абай, Тол. жин.). **3.** а у ы с. *Бір нәрсенің ордасы, қайнар көзі.* Күй төгіп, кернейлетіп ағады Ертіс, Лебімен балқытады даланы Ертіс. Ертісім еркіндіктің *б е с і г і* бұл, Ер жігіт, ерте тұр да Ертіске түс (Қ.Аманжолов, Шығ.). Екен ғой Медеу, Медет жер көркемі, Бауырынан төмен тоқсан сел кетеді. *Б е с і г і* қуаныштың, рақаттың, Еңбектен тыныс алған ер мекені, (Ғ.Қайырбеков, Қосбасар). Қазір қарасам, қазақ даласы бақыт *б е с і г і* сияқты (К.Баялиев, Жер тынысы). **4.** а у ы с. *Бір нәрсенің тұңғыш шыққан жері.* Орта Азия мен Таяу Шығыс елдері би *б е с і г і* саналады («Жас Алаш»).

Ақ бесік. э к с п р. п о э т. а) *Бесікті қадірлеу, қастерлеу, қасиет тұту мағынасында айтылатын сөз.* Аталары келеді – асыл халық, Бал бөбекке бақытты ғасырды алып. *А қ б е с і к к е* салуға немересін, Ақ әжелер келеді шашуды алып! (Қ.Мүсірепов, Раушан). ә) *Туған жер, кіндік қаны тамған жер.* Басына туды жақсы бір кезек күн, Ақынның *а қ б е с і г і* – «Жолды өзектің». Ал енді тербеліңдер ақ қайыңдар, Арманға сан жыл айтқан сен де жеттің (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Алтын бесік отан. п о э т. *Туып – өскен ұя, ел, атамекен.* Шаттыққа, қуанышқа тоя ма адам, Бұлар ер жанын аямаған. Айналдым *а л т ы н б е с і к о т а н ы м н а н,* Осындай ұл-қыз туып, аялаған (О.Малқаров).

Аспалы бесік *Төбеге жіп, арқанмен іліп қойған тербелмелі бесік.* Бесіктің жер бесік, *а с п а л ы б е с і к* деген екі түрі кездеседі (ҚҰЭ).

Бесігі төрге шықпаған. *Ел билемеген, қара тобыр, төменгі әлеуметтік топтағы.* Әй, кел мына жерге, *б е с і г і н т ө р г е ш ы қ п а ғ а н* елдің баласы емессің ғой, – деп күліп өз қасына отырғызды (Б.Құсбегин, Зұқа батыр).

Бесік жапқыш. э т н. *Бөленген сәбиді масашыбыннан, желден, күн көзінен, суықтан қорғау үшін бесік үстіне жабылатын, кестелеп тігілген сәнді мата.* ≈ *Б е с і к ж а п қ ы ш ы* жабу.

Бесік жыры. а) э т н. *Жас нәрестені жұбатып, алдарқататын сазды ән.* Ең алғаш естіп, *б е с і к ж ы р* әнін, Көтердім қолды уілдеп қана (А.Лекеров, Өмір оты). Сәбидің дүниеге келуі мен алғашқы жылдары халық поэзиясында шілдехана, *б е с і к ж ы р ы* атты арнайы жырлар түрімен аталып өтеді (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). ә) ә д е б. *Өлең өрнегі жетісегіз буынды тармақтарға негізделетін қазақ балалар фольклорының жанрлық түрі. Б е с і к ж ы р ы* ерте кездерден бесік тербетіп отырғанда әнге қосып баланы уатып, қалғытып ұйықтауға лайық біркелкі ырғақпен, жайдары жағымды үнмен айтылатын болған (Әдеб. термин. сөздігі). *Б е с і к ж ы р ы н ы ң* өлеңнің сөздері де мейлінше қарапайым, айтуға жеңіл болып келеді. Кейбір сөздердің қайталанып отыруы өлеңнің үйлесімділігін арттыра түседі (Әдеб. термин. сөздігі).

Бесікке салар. э т н. *Нәрестені алғаш бесікке бөлеу рәсімі. Б е с і к к е с а л а р ғ а* шақырылған ауыл үйдің әйелдері шашуын, жөнжоралғысын ала келеді (ҚҰЭ).

Бесікке салар той. э т н. *Жаңадан туған нәрестені бесікке бөлеу рәсіміне байланысты жасалатын той.* Бесікке салар, *б е с і к к е с а л а р т о й* – баланы бесікке бөлеу, бесікке жатқызу тойы (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Бесік құда. к ө н е. э т н. *Ертеде ата-аналардың бесіктегі сәбилерді атастыру арқылы болған құдандалығы.* Ілияс енді қалың мал, бел құда, *б е с і к қ ұ д а,* әмеңгерлік сияқты салт-санаға қарсы шабуыл жасады («Қаз. әдеб.»). Біз осы елдің бай десе байы, беделді десе беделді бір ақсақал аулымен *б е с і к қ ұ д а м ы з* (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

Бесік табы кетпеген. *Әлі балғын, жапжас, аузынан ана сүті кетпеген. Б е с і к т а б ы к е т п е г е н,* Қабырғасы қатпаған, Екі бірдей қос жетім, Жүре алмадық алысқа (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Бесіктегі балаға дейін біледі. *Бүкіл жұртқа мәлім, баяғыдан дағдыға айналды деген мағынада.* Доллардың өзін компьютер арқылы айнытпай салуға болатынын *б е с і к т е г і б а л а ғ а д е й і н б і л е д і* («Жас Алаш»).

Бесіктен белі шықпаған. *Қаршадай, кіпкішкентай, жас.* Бүйте берсең *б е с і к т е н* әлі *б е л і ш ы қ п а ғ а н* жалғыз баланың бетіне салық етерсің (М.Ермеков, Қазақст. қой шаруаш.). Жұрттың сөзін естімей жүрсің бе? Бүйте берсең, *б е с і к т е н* әлі *б е л і ш ы қ п а ғ а н,* жалғыз балаң Кеңесбектің бетіне салық етерсің (М.Ермеков,.. Тарту).

Бесіктен танылды. *Кішкентайынан-ақ белгілі болды, бала кезінен көзге түсті.* Топтан таңдап алғаны, Ақбөртедей тай болады. Танылар тұлпар желіден, Ер *т а н ы л а р б е с і к т е н* (Дулат Бабатайұлы).

Бесік тұмарлау. *Тіл-көз тимесін деген ырыммен бесікке тұмар тағу.* Бесікке әртүрлі ойыншық, қаршығаның қоңырауларымен бірге тұмар да тағылады. Мұны «*Б е с і к т ұ м а р л а у*» дейді («Ақ желкен»).

Бойына бесікте жатып сіңірді. *Бала кезінен үйренді, кішкентайынан дағдыланды.* Тәрбиенің, басшы адамға керекті ақыл-парасаттың бәрін *б о й ы н а б е с і к т е ж а т ы п*

с і ң і р м е г е н кісі қай уақытта да осылай болмақ (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

Бүркіт бесігі. э т н. с а я т. *Қолға үйретілген қыран құстарды орналастыратын шыбықтан тоқылған бесік.* Талдырып басқан жұқа киізден не арасына жүн, мақта салып сырған матадан жөргек тігіп, сонымен қыран құсты орап, *б ү р к і т б е с і г і н е* таңып қояды (ҚҮЭ).

Туған ел – торғын бесік. п о э т. *Отан, өз елі, кіндік кесіп, туып-өскен жері өзіне жайлы деген мағынада. Т у ғ а н е л і м,* қалдың-ау *т о р ғ ы н б е с і к,* Үйден кетіп ашам-ау бөтен есік, жар-жар (Бозінген).

БЕСІКАРБА з а т. *Сәбилерді қыдыртуға арналған қоларба.* Май шуақты мерекенің бір сәтінде біз осында *б е с і к а р б а м е н* келіп тұрған жас ананы сөзге тарттық («Қаз. пионері»).

БЕСІКБАУ з а т. э т н. *Ұштары бесіктің екі жанындағы сабау ағаштарға таңылатын, біреуі бөленген сәбидің көкірек тұсынан, екіншісі тізеліктің үстінен түсетін, биязы жүннен тоқылған құр немесе екі-үш қабат матаны сырып, баулары ызылып жасалған тартпа бау. Б е с і к б а у д ы ң* екінші ұштары арқалыққа байланады (Ж.Кейкін, Қазақы атау.).

БЕСІКЖАМБЫ з а т. э т н. *Бесікке құсас құйылған кесек күміс. «Б е с і к ж а м б ы»,* «атбас жамбы», «қойбас жамбы», «тайтұяқ жамбы», «қойтұяқ жамбы», «асық жамбы» деп атайды (С.Қасиманов).

БЕСІККЕРТПЕ з а т. э т н. *Бесіктегі бала шошынып ұйықтай алмаған кезде я болмаса жаңа бесікке баланы бөлемей тұрып арқалығын қыздырған темірмен бірнеше жерден күйдіріп, қаритын ырым.* Мұны кей жерде «*б е с і к к е р т п е*» деп те атайды (С.Оспанов, Бесік.).

Бесіккертпе құда. *Бесік құда.* Жамалдың колхозда тұратын ата-анасы Жамалды Тіспай байдың кіші ұлы Кенжеғұлға жөргектегі кезінде *б е с і к к е р т п е қ ұ д а* түскен-ді (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). *Б е с і к к е р т п е қ ұ д а с ы* жазатайым оқ қапса френч киген ақ төренің жетім қалмасын біліп те отыр. Ақ төре, көп болса, жалқы қалар, жетім қалмайды ғой (А.Сүлейменов, Бесін).

БЕСІККЕРТТІ: бесіккертті күйеу. э т н. *Бесікте жатқанда атастырылған күйеу.* Қайнағаның үйіне келген жігіт сол үйдегі бикештің *б е с і к к е р т т і к ү й е у і* екен, бағана іңір қараңғысында шұнақ қыздың өзі келіп, айтып кетті (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

БЕСІККАРУ з а т. э т н. *Бесіктегі бала шошынып ұйықтай алмаған кезде я болмаса жаңа бесікке баланы бөлемей тұрып арқалығын қыздырған темірмен бірнеше жерден күйдіру, қару.* Егер бесік жаңа болса, бөлемей тұрып бесікті қариды. «*Б е с і к қ а р у*» деп жаңа жасалған бесікті «жын-шайтаннан» тазарту тұрғысынан істелетін көне ырымды айтады («Ақ желкен»).

БЕСІК-МЕСІГІМЕН ү с т. э к с п р. ж а ғ ы м с ы з. *Төсек жабдығымен, төсек-орнымен деген мағынада.* – Қап бәлем, Төстік, саған қылмасам, әкем Шойынқұлақтың құнын алмасам! – деп, шіреніп-шіреніп қояды. Төстік оның қолаяғын байлап, *б е с і к-м е с і г і м е н* суға тастап жібереді (Қаз. ертег.).

БЕСІКПЕШ з а т. ж е р г. *Қазан орнатпайтын, бесікке ұқсап келген темір пештің бір түрі. Б е с і к п е ш* Алматы облысының аудандарында да айтылады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БЕСІКСАЛАР з а т. э т н. к ә д е. *Бесікке салу рәсімін орындаған адамға берілетін сый.*

БЕСІКСІЗ с ы н. **1.** *Бесігі жоқ, құндақсыз. Б е с і к с і з-а қ* ұйықтауға болмай ма екен? Менің аяғымның маймақ болғаны да осы бесікке дұрыс бөлемегеннен дейді ғой, папам (А.Сарбөпин, Аспалы бесік). **2.** а у ы с. *Баласыз, сәбисіз. Б е с і к с і з* үйде береке жоқ (Мақал-мәтел).

БЕСІКТЕЙ с ы н. **1.** *Бесік сияқты, бесік тәрізді.* Поезд сартылдап жүріп келеді, вагон *б е с і к т е й* тербетіледі, алып ұшқан көңілді аялы алақанға салып, әлдеқайда қалықтатып әкеткендей (З.Шүкіров, Жас жесір). **2.** а у ы с. *Ұшқан ұядай.* Менің жастық өмірімдей, Гүл-гүл жайнап өстің қалам. Сүйем сені *б е с і г і м д е й*, Өскен сайын есіме алам (Ә.Ахметов, Өленд.).

Ақ бесіктей. э к с п р. п о э т. *Киелі, қасиетті бесіктей.* Сол бір сырдың сиқыры жаймен ғана, *А қ б е с і к т е й* тербетіп тұр ма түнді (М.Айтхожина, Қарагөзайым).

Балтыры бесіктей. э к с п р. *Балтыры жуан, толық, семіз.* Омырауы есіктей, Ақ *б а л т ы р ы б е с і к т е й.* Егінші боп өзгеге, Нұсқа болар ма екенсің? (С.Сейфуллин, Өленд.). Кеудесі бір құшақ, *б а л т ы р ы б е с і к т е й,* жасы отызға жаңа ілінген жалпақ бет ала көз, қара Марқабай – шын алып қайратты (М.Әуезов, Абай). Үстінде тілдей ғана ит көйлегі бар, *б а л т ы р ы б е с і к т е й* семіз ұлды, үстінде майкасы бар Бүркіт, кескініне құмарлана қараған түрмен қолына көтеріп тұр (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

БЕСІКТОЙ з а т. э т н. *Бесікке салар той, нәрестені алғаш бесікке бөлеуге байланысты жасалатын ғұрыптық салтанат. Б е с і к т о й* негізінен, тұңғыш балаға жасалынады (ҚҮЭ).

БЕСІКТІ с ы н. а у ы с. **1.** *Бесігі бар.* Жас нәрестелі болған соң *б е с і к т і* болғаны дұрыс (Ауызекі). **2.** *Балалы, сәбілі, құндақты. – Б е-*

с і к т і болған адамсың. Шікіреңдеуіңді қойып, анау құттыханаңның берекесін келтір, – деді әкесі (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

Бесікті мотоцикл. *Жан-жағы қоршаулы, отыруға ыңғайлы қорабы бар көлік.* Есік алдында *б е с і к т і* көк *м о т о ц и к л* тұр екен. Сәкіде Еркебұланның жанында Кірпішбай отыр (Ә.Тарази, Құйрықты.).

БЕСІКШЕ[1] з а т. *Шағын бесік.* Нариманды мотоциклдің *б е с і к ш е с і н е* салып, алдын алжапқышпен қымтап, құндақтап қойды (Ш.Мұртазаев, Қара маржан).

БЕСІКШЕ[2] ү с т. *Бесікке ұқсап, бесік сияқты.* Ақ қарда шақырлаған аяқ тықыры, жеке жүріп әрқайсысының ыңырсыған хасірет мұңы тұтасқан бір күйге айналып, қара белестерді *б е с і к ш е* тербетіп тұрған сияқты (Ғ.Мұстафин, Шығанақ). Ұзын автобус отырғандарды *б е с і к ш е* шайқап келе жатыр еді. Көңілді Жарқын терезеден әлсін-әлсін қарап, орныға алмай қопақтап отырды (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен).

БЕСІН [ир. پشین] з а т. *Түс ауып, күн ұясына отырғанға дейінгі мезгіл, уақыт.* Сәске түстен *б е с і н г е* шейін Смағұл екеуміз аласұрып, жуан сырғауылды арамен кескіледік (С.Сейфуллин, Тар жол.) Жоқ, сен ұшып келген шығарсың, отыз шақырым жерден түсте шығып, атпен *б е с і н д е* келе алмайды (Х.Есенжанов, Көп жыл.). *Б е с і н г е* дейін біздің әскердің санынан асып кетуі мүмкін, – деді әмірлердің бірі (Ә.Кекілбаев, Шығ.).

Бесін ауды [еңкейді]. *Уақыт бесін мезгілінен өтті. Б е с і н а у а* бәрімізді тысқа шығарып, жаяу конвоймен айдап жүрді (С.Сейфуллин, Шығ.).

Бесін намаз. д і н и. *Күні бойы оқылатын парыз намаздың екіншісі, күн төбеден ауғаннан кейінгісі.* Ақсақалдар әңгімесі біткен кезде, *б е с і н н а м а з ы* да болып қалған екен (І.Есенберлин, Жанталас).

Кіші бесін. *Күннің маңдайдан ауған кезі.* Осы шағын ауылдың ортасында алты қанат еңселі киіз үй – Балатай үйі. *К і ш і б е с і н* әлетінде әлгі үлкен үйге қарап жалғыз жаяу беттеп келе жатыр (С.Талжанов, Ұлдай.). Ойландырар күз деген – *к і ш і б е с і н,* Күн төбеңнен ауғанын түсінесің. Ескі жұртты көргенде жайлаудағы, Құлын да жоқ желіде байлаудағы, Шыдап баққын, бір сәтке мүсірерсің! Жазыңды еске жабығып түсірерсің (М.Мақатаев, Шығ.).

Құлама бесін. *Бесіннің аяққы кезі. Қ ұ л а м а б е с і н* кезінде олар да келіп қалар (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Ұлы бесін. а) *Күннің қақ маңдайға келген кезі.* Бүгін бай ауылы үдере көшіп еді. Жаз жайлауы «Басқұдыққа» *ұ л ы б е с і н д е* салығып жетті (З.Шүкіров, Ізгілік.). ә) *Бесін намазын оқитын уақыт, түс маңдайдан енді ауған кез.* Дәл осы сай және бір оқиғаға куә. Онда қазіргідей кеш батып бара жатқан уақыт емес, күн ауған *ұ л ы б е с і н* кезі еді (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Аттарын шалдырады отқа қойып, Тамақтанып алды олар әбден тойып. Түс қайтып, *ұ л ы б е с і н* болған шақта, Жау жеңіпті елді тым қырып, жойып (Батырлар жыры).

БЕСІНДІ с ы н. с ө й л. ***Бесін.*** Еділдің айтқанындай, *к і ш і б е с і н д і* кезінде көшкен ауылдың жұртына қырық жігітімен Әлім, Шекті, Тілеуқабақтағы Берсеннің Көтібары жетіп келеді (Б.Кенжебаев, Асау.).

БЕСІНДІК з а т. *Бесін мезгілі, сол уақыт аралығы.* Тау-тасты нұрға көміп, мақтанған сұлу ай, таңның ажарымен жолда ауырған жолаушыдай *б е с і н д і к т е* шалқалап, өңі қашып ескіріп, естен шығып барады (І.Жансүгіров, Әңгім.). Машина үлкен жолға түсіп жүріп кетті. Күн еңкейіп *б е с і н д і к к е* барған кезде бұлар теңіз жағалауына жетті (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн.). Түс қайтты, *б е с і н д і к к е* еңкейді күн, Алда тұр – ірі қимыл, тағы ауыр түн! (Қ.Жұмалиев, Қырда.).

БЕСІНШІ с а н. *Бес санының реттік түрі.* Мақпалжан, папам бізді қалаға әкелгеннен кейін Зейнепті орыс мектебінің *б е с і н ш і* класына түсірді (Ө.Қанахин, Мұрагер). Птолемей математика тарихында ең бірінші болып жоғарыда келтірілген Евклидтің параллель түзулер жайлы *б е с і н ш і* постулатын дәлелдеуге тырысады (А.Көбесов, Математика.). *Б е с і н ш і д е н,* «ру-тайпалар таңба атауларының графикалық тұлғасы негізінде түркі руникалық жазуы пайда болды» деген тұжырымдарға қалай қарауға болады?» деген сұрақ («Парасат»).

Мұсылмандықтың бесінші парызы. д і н и. *Қажылық ғибадат, Меккеге қажылыққа бару. М ұ с ы л м а н д ы қ т ы ң б е с і н ш і п а р ы з ы н* өтеген қажылар саны қазір Аллаһ тағалаға мың да бір шүкір, әлденеше мыңға жетті. Олардың бірқатары Алланың ризалығы үшін, қоғамымыздың сауығып, өркендеуіне шамашарқынша атсалысуда («Түркістан»).

БЕТ з а т. **1.** *Бастың алдыңғы жағы, жүз, дидар.* Ескендір қолына айтты: «Бұл неткен су? Бәрің ішіп, бұл суға *б е т і ң д і* жу! Бір бай елден осы су шыққан шығар, Өрлеп барып үстіне тігелік ту» (Абай, Тол. жин.). Ажар-сипат бермесе Ағармайды *б е т* жуған (Базар жырау, Шығ.). Аялап *б е т т е н* сипап, жел еседі, Ұларым жақын қонып, кеңеседі. Сондайда бүкіл дүние менікі боп, Ұлытау иығыма теңеседі (К.Салықов, Жезкиік).

2. *Бет сүйек пен жақ сүйектің арасындағы ет, беттің ұшы.* Адам көрсем, Көңілі қаяу, шетілген, Өзіңдей мен де Ет кесіп берем етімнен. Аттандырып Оқуға мені қалғанда айтқаның сол ғой, Бір сипап жылы *б е т і м н е н* (К.Салықов, Жезкиік). Айнымас менің сүйгенім, Сөнбес жаныш-күйгенім. *Б е т і ң н е н* сонда сүйгізсең, Көз жасымды игенің. Осындай сүйім көрмесең, Қатын алма өмірде, Өзің және көнбесең, Жай отыр да (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Қысыр қиял тоқумен, Қыдырып босқа жүрумен, Сыңқылдап сұлу күлумен, Құлаққа сырға тағумен, *Б е т і н е* опа жағумен, Шашты бұрап түюмен, Киімді кербез киюмен, Әйелдің ісі бітер ме?! (Ж.Аймауытов, Шығ.). Сиырдың таңдайындай қыртыстанған *б е т і н е н* бір тамшы қан шауып өте шыққандай болды (О.Бөкеев, Қайдасың.). **3.** а н а т. <лат. faciei> *Мұрын, ауыз, иек, көзшара, көзшарааспы, ұрт, жақ аймақтарынан тұратын адамның басының бір бөлігі. Б е т т і ң* тақ сүйектері төменгі жақ, желбезек және тіл асты сүйегінен тұрады (Ә.Күзенбаева, Адам анатом.). **4.** *Адамның өзіндік түрі, түскелбеті, өң, тұр, шырай.* Шу дегенде көрінер сұлу артық, Көбі көпшіл келеді ондай қаншық. *Б е т і м* барда бетіме кім шыдар деп, Кімі паңдау келеді, кімі тантық (Абай, Тол. жин.). Ажарлы, алапатты оның *б е т і*, Мансапшыл, ұлық сыйлау бар ниеті. Қойыртпақ қойыны толған пәле-жала, Төменнен сый көрмесе, қисық тіпті (І.Жансүгіров, Шығ.). Мархабат үлгілі сөз көп сөйледі, Достықтың шын ажарын *б е т к е* берді. Дос күтпеген жаман дос әр жерде бар, Жаман дос болса бекер кетпек еді (Айтыс). **5.** *Бір нәрсенің үстіңгі жағы, жоғарғы қабаты.* Ол абайлап қана теңгенің *б е т і н* пышақ жүзімен қырнауға кірісті (Ә.Әлімжанов, Отырар.). Дөнен иттей кергіп төрде отырған бастық төре табақ етті буын бұрқыратып, енді ғана алдына ала берген екен, мені көрген соң әйелі *б е т і н* жауып, қайтадан алып кетті (О.Бөкей, Таңд.). Темір қысау *б е т і н* күміспен әшекейлейтін (Х.Арғынбаев, Каз. ер-тұрман.). Күн *б е т і н д е г і* дақтардың саны көбейген жылдары Жерде полярлық шұғыла да жиі және күшті байқалады (Х.Әбішұлы, Халық астрон.). **6.** *Өзен, көл, дария т.б. жоғарғы жағы.* Пароход су үстінде желдірмедей, *Б е т і н д е* дарияның су жыландай, Машина, түрлі мылтық зеңбіректей, Қашады айбатына жау тұра алмай (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Күзі келіп, өмірдің жазы қайтып, Қазы қайтып, аттанар назын айтып. Айдын көлдің *б е т і н д е* сызат қалар, Жазылмайтын келгенше қазы қайтып (М.Мақатаев, Шығ.). Өзеннің *б е т і* қарабарқынданып, анда-санда бір нәрсе шолп ете қалады, тегі шабақ аулаған балық болар (О.Бөкей, Бәрі де.). **7.** *Таулы, қыр-қыратты жердің құлама жағы, беткейі.* Қарағай қалың отыр қарсы *б е т е*. Қарашы Қалиман мен Бейсенбекке. Теңселіп, тебісіп тұр алтыбақан Байлап ап отыр жібін әлпеншекке (І.Жансүгіров, Шығ.). Қалың қар еріп, жоталар *б е т і* қоңырайып қалған бұл кез, әрине, Дулаттай әккі болған аңшының аң қуатын кезі емес (Ғ.Сланов, Очерк.). **8.** *Жақ, тұс.* Жоғарыда ескерткен хатты да арғы *б е т т е н* жібергім келіп, ала кеттім (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Арғы *б е т к е* өтпедім, Ақ білекке жетпедім. Астымдағы құлаша ат, Бекер қинап өтпедім (Батырлар жыры). Алтайдың арғы *б е т і н д е* найзағай ойнап, жаңбыр жауып жатса керек, таптаза әуе оқта-текте сіріңке жаққандай жарқ етіп қалады (О.Бөкей, Таңд.). Ілкіде тек шолақ сәулесі ғана оқта-текте жалп етіп жоғалып, таудың арғы жағында арбасын сүйретіп жүрген найзағай бергі *б е т к е* ауысып, оттығын тұтатып, көзге түртсе көргісіз қара жерден шам жағып әлдене іздегендей болды (О.Бөкей, Таңд.). Жігіт Орынбор қаласының күнбатыс *б е т і н д е г і* ұзын көпірдің шет жағын қырпулай басып келе жатыр (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). **9.** *Кітап-дәптер, газет парағының әрбір жазылатын жағы.* Кітап, кітап! Сенің сырың көп тегі, Сен – адамзат өмірінің мектебі. Бұл қарияның сонау жалғыз ұлының Қалды артында аша алмаған *б е т т е р і* (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). Ол күніне елу *б е т к е* дейін жазып отырып, бір айға жуық мерзім ішінде ол аса күрделі физика мен математика тарауларын тамамдайды (А.Көбесов, Сөнбе. жұлдыз). Сырым тереңде, Сөйлеп көрем де, Жетіп жарытса Жырым кереңге! Көңіл тоңының Көбі кетті еріп, Тірлік томының Тозған *б е т т е р і*. Өтіп барады Өмір, қарағым! Оқып қарағын Ойлы парағын! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **10.** и н ф. <лат. page> *Компьютердегі виртуаль адресі бар белгілі бір ұзындықтағы блок. Б е т* негізгі және қосалқы жадтардың арасында мәліметтер бірлігі ретінде беріледі (Қаз. тілі термин. Информатика.). Қазіргі кезде *б е т т і* қаттау әдетте компьютер көмегімен орындалады, себебі арнаулы редакциялық-баспалық жүйелерде және мәтіндік процессорларда барлық қажетті құралдар бар, олардың көмегімен *б е т т і* қаттауды жоғары деңгейде жасауға болады (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Б е т т і* мәтінмен және суреттермен толтырғанда, құжатқа *б е т т і* «автоматты» (жайлы) ажырату енгізіледі де келесі *б е т* басталады (Қаз. тілі термин. Информатика.). **11.** г е о м. *Арнаулы тәсілмен анықталатын нүктелер жиыны. Б е т т і ң* топологиялық құрылысы екі өлшемді көп бейне ретінде: түйық *б е т*, ашық *б е т*, бағдарланған *б е т*, бағдарланбаған *б е т* т.б. болып, бірнеше түрге ажыратылады (ҚҰЭ). *Б е т* – негізгі геометриялық ұғымдардың бірі (ҚҰЭ).

12. а у ы с. *-ған/-ген тұлғалы есімшемен тіркесіп, амал-әрекетінің алғашқы шағын білдіреді.* Рәзия бүгін қызмет бабымен қалалық оқу бөліміндегі құрбыларына телефон соққан еді, солардан Абаттың емханаға түскенін естіп, міне, осында келіп, оның көңіл хошын біліп отырған *б е т і* осы (Б.Тәжібаев, Қараторғай). Қарағандыда қызмет істейтін балама барып, содан қайтып келе жатқан *б е т і м* (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). **13.** а у ы с. *Белгілі бір бағыт, бағдар, беталыс.* Бәрекелде, Өркен жайсын талабың Сәуегейі сен боп жүрме қаланың. Бұл *б е т і ң м е н* цыгандарды жұмыссыз Қалдырарсың, қарағым, – дедім күліп (М.Шаханов, Ғасырлар.). **14.** а у ы с. *Жай, жайжапсар.* Келген соң жұмысының *б е т і н* айтады (Қаз. ертег.). **15.** а у ы с. *Қаһар, айбат, сұс.* Орман, дала, таулардан Сыдырып, жарып асады. *Б е т і н е н* қорқып жолында Тұра алмай әркім қашады (С.Сейфуллин, Өленд.). Керемет көшпегей деп хауіп етемін Түтігіп қарағалы дұшпан *б е т і.* Бұқарада хазрет Баһауддин Бар дейді сол шарифтің кереметі (Кердері Әбубәкір, Қазағым). **16.** а у ы с. *Түрі, ыңғайы.* Өкініштi... Мына құрғыр сырқаттың *б е т і* күшті. Жүрегім көтеріліс жасап жатыр. Бұзбақ болып кеудемде бекініпті. Өкінішті (М.Мақатаев, Шығ.). Шай ішкен соң соқыр кемпірдікіне кіріп шықты, әлгі Ақзейнеп сырқатының *б е т і* жаман, – деді (Ж.Молдағалиев, Торғай.). // *Адам, кісі деген мағынада.* Ұялмайтын *б е т к е* Талмайтын жақ береді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

[Адам жұрт, ел, кісі] бетіне қарай алмады. *Қатты ұялды, қысылды.* Кірерге жер таба алмай, *к і с і б е т і н е қ а р а й а л м а й*, бір түрлі қысымға түсесің (Абай, Тол. жин.). Шолпан *а д а м б е т і н е қ а р а й а л м а й т ы н* халде. Бұл сорлы әйелдің басына төнген қара бұлт емес пе? (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Әсіресе күйеуінен қара қағаз алған қаралы әйелдердің *б е т і н е қ а р а й а л м а й м ы з*, байларын біз өлтіргендей-ақ амандасайын десең, теріс айналып, ернін шығарар еді (О.Бөкей, Таңд.).

Ақша бет. п о э т. *Аққұба, жас сұлу қыздың немесе әйелдің дидары.* Айтады әділдердің жетілгенін, Залымның қор болғанын қай ретпен, Сағынысып жолыққан жарды да айтар, Ай жарықта сүйіскен *а қ ш а б е т т е н* (С.Торайғыров, Таңд.). Толқын шашын от шалып, *А қ ш а б е т т е н* нұр кетті. Жас шағының жазынан Айрылатын күн жетті (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Алмадай албыраған *а қ ш а б е т і*, ұстауға қол қоймайтын аппақ еті (Қ.Тоғызақов, Өленд.).

Алған беттен [бетінен] қайтпады [қайтар емес]. *Өз дегенін істеді, айтқанға құлақ аспады.* Құп болып барлық айтқаның, Естің сен қызыл желдей боп. *А л ғ а н* бір *б е т т е н қ а й т п а д ы ң,* Тасыған мұзды селдей боп (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Павлов деген тергеуші, Алады жауап емініп. Әли тілін тартпады, Түссе де қолға жеңіліп. *Қ а й т а р е м е с б е т і н е н,* Тұрса да ажал көрініп. Әли келді жауапқа Екі көзі қызарып. Екі жағы суалған, Сақал, шашы ұзарып (К.Әзірбаев, Таңд.). *А л ғ а н б е т т е н* сүрінбей *қ а й т п а й д ы* адам, Ешкім мені болмады қақпайлаған. Жуас қызды тағдырым қасыма ертті, Жуан әйел боларын айтпай маған (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).

Алғашқы бетте. *Бастапқыда, әуелгі кезде.* Аудан есікті кең ашты. Бірақ *а л ғ а ш қ ы б е т т е-ақ* Жомарт аудан басшыларының кейбіреуінің көңіліне ылғал салды (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). – Біздің класс қашанғы жаман бола бермек. *А л ғ а ш қ ы б е т т е,* тым болмаса, оның көзіне тәртіпті класс болып көрінуіміз керек. Әйтпеген күнде, бізге абырой жоқ, білдің бе? – дейді жолдастарына Бектай (М.Иманжанов, Алғашқы ай.).

Аш бетті. *Жүдеу. А ш б е т т і*, арықтау келген сұлуша қара жігіт Самат аяқты жылдам басып ыңғайлы аттай лып-лып етеді (М.Әуезов, Таңд.).

Бар ашуы бетіне шықты. *Жүзінен ашуланғаны білінді, ызғарланды.* Бұл соғыс айлакердің жолын ашты, Жалынды жалмай жұтып шоғын ашты. Мұқаштың *б а р а ш у ы б е т і н е ш ы қ т ы* (Б.Тәжібаев, Қараторғай).

Баспасөз беті. *Газет, журнал т.б. сияқты жарыққа шығарылған мерзімді басылым өнімі.* Тек Бауыржан Момышұлымен ақырғы тоқтамға келгеннен кейін ғана Александр Бек кітап қолжазбасын *б а с п а с ө з б е т і н е* ұсынады (Ә.Нұршайықов, Ақиқат). Сөйтіп, Пәһлевидің Қонаевпен кездесуі, оның алыста жүрген бауырларына сәлемі *б а с п а с ө з б е т т е р і н д е* жарияланып, ақсақалдарды шах сарайына шақыру хаты келіп түседі («Егемен Қазақстан»).

Басы қара, беті жара болды. *Қайғылы, зарлы болды.* Бар дейді Елеместе отыз бала, Мен тудым Төкстайдан жалғыз дара. Атамның алтын жүзін не деп көрем *Б о л ы п* тұр *б а с ы м қ а р а, б е т і м ж а р а* (К.Әзірбаев, Таңд.).

Бет ажары. *Әдетте адамның келісті, көркті түрі, кескіні, кейпі деген мағынада.* Қыз Жібектің ақтығы Наурыздың ақша қарындай, Ақ беттің қызылы Ақ тауықтың қанындай. Екі *б е т т і ң а ж а р ы* жазғы түскен сағымдай (Қыз Жібек).

Бет алды. а) *Бағыт ұстады, нысанаға алды, беттеді.* Алдап алған малыңның Есебіне жете алмай, Қалтырарсың, Ешенім, Қыл көпірден өте алмай. Жөніңе кел, Ешенім, Тозаққа қарай *б е т*

а л м а й (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Бұрын теңіздерде жүргенде жұлдызға қарап *б е т а л ы п* отырған (А.Байтұрсынұлы, Оқу құралы). Деген соң қуғыншылар қайтты налып, Өкініп: «қапқап!» десіп, қайран қалып. *Б е т а л ы п* кейін қарай жүре берді, Қойғанын қайдан білсін қапқа салып (О.Шораяқов, Шайыр). *Б е т а л ы п* сол ауылға жүре қалсам, Басады көңілденіп қара жорға. ә) *Ниеттенді, мақсат етті.* Ақ нөсер аңырап кеп дүркін-дүркін, Ашылар, Кәрі қайың көктер бір күн. Махаббат мені, сірә, дауалар ма, *Б е т а л ы п* бұрылмасқа кеткен шіркін (М.Мақатаев, Шығ.). Қас қарая әбден сүлдерім құрып, күдерімді үзе қайтуға *б е т а л д ы м* (О.Бөкей, Таңд.).

Бет ауған жаққа. *Белгісіз жаққа, беталды.* Қазір түрғанда Наурызда, дариға, билік болса бағына ма, әлде сорына ма, кездейсоқ тап болған мына жас сұлуды мейірлене құшқан күйі жерден тік көтеріп алып, *б е т і а у ғ а н ж а ғ ы н а* жүре берер еді (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Миршаб адамдарының қалғандары қолдарындағы құралды тастап, *б е т і а у ғ а н ж а қ қ а* тұра-тұра қашты (С.Айни, Құлдар).

Бет аударды. *Беталысын өзгертті, бетте.* Қайта ақтың үріккен әскеріне жаңа үміт туғызып, алды Атбасарға қашып барған ақтың әскері де қайтадан Обағанға қарай *б е т і н а у д а р ы п,* ағылып жатыр (С.Шарипов, Бекболат).

Бет аудармады. *Тұп-тура шықты, айнымады, жаңылмады.* Өткен қыста дамылсыз шабуылдаған үлкен үш бөрі түтеп тұрған ақ боранды түндердің өзінде мезгеген жерлерінен *б е т а у д а р м а й* шығып жүрді (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.).

Бет ашысты. *Жүз шайысты, қарсы келді, ренжісті.* Әке мен бала алғаш рет шындасып *б е т а ш ы с а т ы н* белге келген еді (М.Әуезов, Шығ.). Абай енді әкесімен де, әкесінің жолын қуған туыстарымен де *б е т а ш ы с а д ы* (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Алайда *б е т а ш ы с ы п* көрмеген Мұратқа батып ештеме дей алмады (Т.Нұртазин, Мұрат).

Бет әлпеті. а) *Бет-пішін, түр-түс, кескін-келбет.* Тау талындай, ендеше, тау талындай, Ашымаған сабаның саумалындай, Тұла денең біреудің аманаты, *Б е т ә л п е т і ң* жұмылса жау малындай (К.Әзірбаев, Таңд.). –Мұнда Майраның сырт пішіні *б е т ә л п е т і,* киінуімен қатар ән орындаудағы кейбір түйіндері жайлы да терең баға беріліп кеткен (А.Жұбанов, Замана.). Розаның бұлдыраған *б е т ә л п е т і н е* қадала қарағанда, ар жағынан Ермектің шегір көзі жылт ете қалды (Т.Ахтанов, Дала сыры). *Б е т ә л п е т і* мен көзқарасы, жүріс-тұрысы мен қимыл-қозғалысы Нұрқанның өте бір асығыс, шапшаң адам екенін аңғартқандай (Н.Баяндин, Ертіс.). ә) *Беталыс, бағыт-бағдар.* Мұнысы өте орынды да, өйткені белгілі бір термин сөздер арқылы сол дәуірдің бағыт-бағдарын, *б е т ә л п е т і н* байқауға болады («Қаз. әдеб.»). Тойбазардың *б е т ә л п е т і н* байқаған Досай көп түрған жоқ, күн батпай Нұрлан қасына жетіп алғысы келіп төмен қарай дедектей жөнелді (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

Бет әлпі. с ө й л. ***Бет әлпеті***. Қою қара шашты, дөңгелек жүзді, ат жақты, сәл қабағын түйе көзінің астымен қарай сөйлейді, *б е т ә л п і н д е* ойдың, ақылдың барлығы сезіледі (А.Жұбанов, Мұқан Төлебаев).

Бет бағдары. *Беталысы, бағыты.* – Жалқысың, жалғызымсың. Менің бір ойым осы. Енді сенің *б е т б а ғ д а р ы ң д ы* білмекпін. Құдайшылығыңды айт, – деді (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Жау әскері өткен жерлердегі өзінің қара құлақ тыңшылары арқылы ол Лебедев пен Ахметтің б *е т б а ғ д а р ы н* күні бұрын біліп отырды (І.Есенберлин, Қаһар).

Бет бақтырмады [бақтырар емес]. а) *Бой бермеді, мұршасын келтірмеді.* Бес жүз қызыл әскер бірнеше күн ат үстінен түспей жүріп сол беттерімен окоп-окопқа жайғасты да, анталаған жауға оқты қардай боратып, түске дейін *б е т б а қ т ы р м а д ы* (Қ.Исабаев, Айқыз). Мұстапа ақтар келісімен зауыт баласын алып қайтты. Бала қайтқысы келмей қынжылды. Қатты әке *б е т б а қ т ы р м а д ы* (F.Мұстафин, Көз көрген). ә) *Маңайлатпады, беттетпеді, жолатпады, шыдатпады.* Көзін алақанымен көлегейлеп, шөгуге ыңғай іздеген түйедей еңкейіп бара жатқан, бірақ шарпуы әлі де *б е т б а қ т ы р м а й* түрған нарт қызыл шар табақ күнге қарайды (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Жақынырақ келіп, тіл тартқым, сөйлескім, адал екенімді дәлелдеп ақталғым келеді. Бірақ ол *б е т б а қ т ы р а р е м е с* («Қаз. әдеб.»). б) *Көнбеді, айтқанға құлақ аспады.* Көпей бәйбіше осы тақырды тастап, бір түгі бар жерге көшейік дегенде, Жұман *б е т б а қ т ы р м а ғ а н* (F.Мүсірепов, Шығ.). в) *Сөйлетпеді, аузын аштырмады.* Өткендегі жақсылардың: «Теңін тапса, тегін бер», – дегені қайда, қу өңештің құлы болмасаңдар! – деп, қыз шаршы топта қарсы жақсы сөзбен, дәлелмен сыпыра жеңіп, *б е т б а қ т ы р м а д ы* (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

Бет бар ма. *Кісінің бетіне қарай алатын, бір нәрсе істей алатын жай жоқ, абыройдан, ар-ұяттан жұрдай деген мағынада қолданылатын сөз.* Тақсыр-ау, мұнан қиын кен бар ма еді? Ойында мен байғұстың ен бар ма еді? Кісінің түгіл итіңді жамандайтын, Тақсыр-ау, мен ғарыпта *б е т б а р м а* еді (Айтыс).

Бет берді. а) *Беттеді, ниеттенді, бел байлады.* Енді біразда Дәмежан мен Жәбікен бұл аурудан титықтап, өлімге *бет берген* кісілердің түс-реңі қандай болатыны туралы айтысты (М.Әуезов, Таңд. шығ.). ә) *Біреуді қоштады, ниеттес болды.* Сұм-сұрқия сұмдықпен еп берем деп, Сүйер жансып, сүйкімді *бет берем* деп, Жүз қараға екі жүз аларман бар, Бас қатар басаяғын тексерем деп (Абай, Тол. жин.). *Бет бергенде,* шырайың сондай жақсы, Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың? Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді, Аузымен орақ орған өңкей қыртың (Абай, Тол. жин.).

Бет бояу. *Өтірік айту, алдау.* Ойламаған жерден алаш офицері Қаражан Айбасов революцияға қатынасқан, қызылдың адамы болып шыға келеді. Оның алаш офицері болғаны, жай *бет боялу* болып табылады (І.Есенберлин, Қатерлі.).

Бет бұрды. а) *Ыңғай көрсетті, қарады.* – Мен одан да ауырды көтеріп тұрмын. Сенше еңкілдеп жылауға көзде жас қалған жоқ, – деп, Әлібек жаңа ғана *бетін бұрды* қызына (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Тәкаппар қыз, *Бұршы* бері *бетіңді,* Бір сен жайлы ой ойлаймын не түрлі. Төмен қарай құлап түскен қос бұрым, Бізді қоспас қара жолдар секілді (Р.Ниязбеков, Келер күн.). ә) *Бағытын өзгертті, беттеді. Бет бұрып* тізгін тартқан жоқ, Жаудың мың қол санынан, Өле-өлгенше ел болды Еспенбеттің арманы (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). Батыстағы Ақжелек ауылына *бет бұрды.* Қырымнан қыз қарауға, Мәнікерді соқтырды. Алты батпан алтыны Атқа артқан балқыды Ақжелектің ауылына, Азанымен кеп тұрды, Басылмай аттың қарқыны (К.Әзірбаев, Таңд.). Онымен Оқас тағы бірге кетті, Шабдан да Алатауға *бұрды бетті.* Ойран ел, өлген атпен жұмысы жоқ, Ояз да лауланған атын жекті (І.Жансүгіров, Шығ.). б) *Теріс қарады, сырт айналды, жалтарды.* Сен *бетіңді* әрі *бұрсаң,* Шықты көзім, болды көр. Жанды аларсың, разы болсаң, Біздің орын – қара жер (Абай, Тол. жин.). Бейсен тағы да теріс айналып, терезе жаққа *бет бұрып* отырды. Ол даладағы тынымсыз тіршілікке жалықпай, қарайтын тәрізді (И.Жақанов, Қайта орал.). в) *Ұнатпады, жақтырмады.* Сезе қалып жұрттың *бетті бұрғанын,* Ол сөйледі болашақтың бір қамын. Білген де жоқ орамалдың ұшымен Маңдайына жел сабалап тұрғанын (Х.Ерғалиев, Біздің ауыл). г) *Тайсалды, қашты.* Құдай мықты жаратқан үлкен жартас, Былш-былш еткен *бет бұрып* судан қайтпас. Бұлт та суық, дауыл, жаймен сырлас, Өзгені «жан екен» деп сырын айтпас (Абай, Тол. жин.). «Қиынқыстау айқаста Ажалдан қорқып *бет бұрман*», – Деп кіріп Мәлік шайқаста Сан азғынды жоқ қылған (Біздің Мәлік). «Білем деп соңғы бір кезде Станоктан шет жүрдің Білсең де одан қол үзбе», Деген сөзден *бет бұрдың* (Ж.Молдағалиев, Поэм.). ғ) *Мойынсұнды, торықты, тұңілді.* Омбылап жүре-жүре әлі кетті, «Уһ!.. ажал, тұншықтыр» деп *бұрды бетті.* Құ кедей қыста қатқан жазда кеуіп, Өмірде серік қылған қу бейнетті (С.Сейфуллин, Өлең.). д) *Райынан қайтты, айныды, өзгерді.* Осыны айтып барсам, Есенейдің *беті бұрылар ма*? (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан). е) *Ниеттенді, мақсат етті.* Нанғыштық, құлай сенгіш, тәтті үмітпен, Бұл күнде, айтшы, неге *бет бұрғаның?* Жиіркеніп, көргің келмей өзіңді өзің, Қамығып неге осынша құрады әлің? (С.Торайғыров, Таңд.). Шешсін деп келіспесе қазы-қалан, Қолайлап халық *бұрыпты* тегіс *бетті* (Базар жырау, Шығ.).

Бет бұрдырмады. *Жалтартпады, бетіне басты.* Абай жексұрын қылық иелерін *бет бұрдырмай* ұстап тұрып, «Осы сенсің» деп тұрып айтады (Ә.Тәжібаев, Өмір.).

Бет бұру. а) *Көңіл бөлу, ниет қою.* Жастардың ғылым, білімге ден қойып, спорт саласында да *бет бұруы* елеулі жетістіктерге қол жеткізді («Егемен Қазақстан»). ә) *Жалтару, теріс қарау, сырт айналу.* Жеңуші жақ өзінің қарсы ақынына, *бет бұруға,* жалтаруға ерік бермей, өмірлік логикалық бір шындықтар табады (М.Әуезов, Әр жыл.).

Бет бүркеншік етті. *Бүркеніш ету, сылтауратy.* Анархия туын көтеріп, әділет үшін күресті *бет бүркеншік еткен* екеуінің де көңілі қара, қолы қанды.

Бет біткеннің сұлуы. *Өте әдемі, ажарлы, көрікті.* Саспа, бажа! Мынау деген нағашым бар тау жақта: *бет біткеннің сұлуы* (Қ.Байсейітов,.. Беу, қыздар.).

Бет жоқ. *Ешкімге қарай алмаймын, арқяттан жұрдай болдым деген мағынадағы сөзқолданыс.* Ұзатылып келе жатқан қыз Жолабайға: – Менің бақытым күйді. Жарық дүниеге көрінер *бетім жоқ,* – депті (М.Әуезов, Қараш.). Оны үйіне шейін шығарып салуға Боранованың *бетіжоқ* (Ә.Әбішев, Замана.).

Бет жырту. э т н. *Қазаға қайғыру салты, ежелгі ғұн заманынан қазірге дейін сақталған, түркі халықтарының көпшілігіне ортақ ғұрып. Бет жыртудың* мәні адамды қадірлеуден, өлімге қимаудан, күйзелуден шыққан (ҚҰЭ). *Бет жырту* ғұрпы Түркі қағанаты кезінен қалған тас мүсіндерде, үй қабырғаларына салынған суреттерде жиі кездеседі (ҚҰЭ).

Бет жыртысты. *Өкпелесті, араздасты,*

ренжісті, ұрсысты. Қыз бір жағынан *б е т ж ы р т ы с а р* жаман әңгімені әріге жібермей аяғын жеңілдетіп кетсе, екіншіден, Ермек деген қызыл көз пәлені көлденең тартып, әбден шамына тиіп кетті (Т.Ахтанов, Дала сыры). Ау, бетке ұстар жайсаңдарым, бір қыз үшін қайтесіңдер *б е т ж ы р т ы с ы п* (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

Бет жыртысу. *Реніш, өкпе, қарсыласу.* Бірін-бірі қинасу, Бірін-бірі тоздыру, – *Б е т ж ы р т ы с у,* күнде ашу, Өсек, ғайбат сөз қылу. Бәтуәсіз, дуасыз, Берекесіз кеткен күн, Қай жүйрікпен қуасыз. – Құғанменен жеткен кім? (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Бет каталогы. и н ф. <ағыл. page directory> *Элементтері беттер кестесінің дискрипторы болып табылатын мәліметтер құрылымы.* Бірінші деңгей беттерінің кестелерінің физикалық адресі, яғни *б е т т е р к а т а л о г ы* екінші деңгейдегі беттер кестесінің базистік адресі қызметін атқарады (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Б е т к а т а л о г ы* – 386 және одан да жоғары процессорларда – бірінші деңгейдегі беттер кестесі (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Бетке айтты. *Ойын тура, өзіне айтты, жасырмады, бүкпеді.* Ақын солай халықтың еркін билеп Алған соң, еш қаймығып қақпас күйбек. Жауыздығын *б е т к е а й т ы п* ел көзінше, Жауыздарды өлтірер сөзбен түйреп (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Есенжол, көп-ақ сенің ақ шайтаның, Тайсалмай тапсам сөзді, *б е т к е а й т а м ы н*! (О.Шораяқов, Шайыр). Табысыңа шын қуанып, сырға қоссам сыр алуан, Бекер басқан қадамыңды *б е т к е а й т п а й* да тұра алман (Т.Айбергенов, Мен саған.). Әуел бастан иілгіш-құлағыш мінезі жоқ, тура *б е т к е а й т а т ы н,* «қырсау Қалмұрат» атанған запастағы старшина бөгеліп қалды (О.Сәрсенбаев, Бақыт.).

Бетке алды. *Белгілі бір жаққа қарай бағыттады, бір нысананы бағытқа алды.* Құдай жолды оңғарса деп, біздің аң аулап шыққан бетіміз. Бірер жерден қоян кездесіп еді, адам тіпті көздеп үлгіретін емес. Әйтеуір *б е т к е а л ы п* тұспалдап, атқан оғымыз лағып тимей кетті (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). Шалдыртпай елмен барып атайын деп, Қақпатасты *б е т к е а л ы п* келеді екен (Дастандар). Ақан болса, ертелетіп тұрып, шағыр қасқа биесін ерттеген де, дәл іргеде шошайып көрінген Ұзақ тауын *б е т к е а л ы п,* аттанып кеткен-ді (О.Бөкей, Таңд.). Біздің үйді сол күні *б е т к е а л,* қауым, Нысанаға ап қуаныш тоқталмауын (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Бетке басты. *Айыбын алдына көлденең тартты, кемшілігін көзіне айтты, ұялтты, табалады.* Бұлар Жамалдың күйеуінің жамандығын *б е т і н е б а с п а қ* болып, өлеңдерін де сол мағынада шығарған еді (М.Дулатов. Шығ.). Шоқан қылмысын ешкім *б е т і н е б а с қ а н* жоқ, жалғыз шешесі ғана болмаса, басқалардан жан адам жылы ұшыраған жоқ (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). *Б е т к е б а с ы п* түрғам жоқ міндеріңді, Жұбатқаннан не пайда құр көңілді, Білемісің, балам-ау, құстар түгіл Бір-біріңнің қай жерде жүргеніңді (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Бетке бөлу. и н ф. *Құжатты қайта нөмірлейтін, бет нөміріне сілтемелерде тиісті автоматты өзгертулерді жүзеге асыратын пішімдеу сатысы.* Көптеген мәтіндік процессорлар *б е т т е р г е б ө л у д і* мәтіндік блокты кірістіруге, аластауға, орнын ауыстыруға жауап ретінде автоматты түрде орындайды (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Бетке дақ [таңба] салды. а) *Жараланды, жарақат тұсті.* Иесі болып өмірдің, Намысты қорғап ап қалдық. Белгісіндей со күннің *Б е т к е* де, міне, *д а қ с а л д ы қ* (М. Мақатаев, Шығ.). ә) *Масқараланды, намысын аяққа бастырды.* Екеуін де бай-жуанға жығып берген, *б е т і н е д а қ с а л ғ а н* кедейлерге өкпелі бұлар, түңіле сөйлейді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Бетке қан жүгірді. *Реңі кірді, ажарланды, шырайланды.* Жолдастарға қараймын, Бәрінің де кір, күйе басқан аш *б е т т е р і н е қ а н ж ү г і р г е н д е й* (С.Сейфуллин. Шығ.).

Бет келген. *Қарсы келген, наразылық білдірген.* Қалың еңбекші бұқара халықтың басында ысқырып қамшы ойнады. *Б е т к е л г е н* адамды ұстап әкеп, түрмеге қамады (С.Сейфуллин, Тар жол.).

Бетке салық қылды [етті]. *Бетіне басты, табалады, айыбын алдына көлденең тартты.* Ешкім кетіп қойымнан бөлінді, құл, Малы жоқтың етегі өрімді, құл, Оның несін *б е т і м е қ ы л д ы ң с а л ы қ,* Азар болса бір жылғы төлімді, құл (Шал ақын [Құлекеұлы], Өлеңд.). Әнеукүні Құнекең мына сыбан ішіне топқа барса, сонда Солтабай төре осыны *б е т і н е с а л ы қ қ ы п т ы...* [деді Жиренше] (М.Әуезов, Таңд.). – Бұндай қателік әрқайсымыздан табылады. Тек оны *б е т к е с а л ы қ е т п е й і к,* сабақ етейік, – деді секретарь (Ғ.Мұстафин, Шығ.). Күйеуім менің надандығымды, оқымағандығымды *б е т і м е с а л ы қ е т е д і.* «Бәрі соның салдары» деп, шыр-пыр болады, – дейді Ақмарал (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал).

Бетіне салық қылу. *Бетіне басу, табалау, айыбын алдына көлденең тарту.* «Аюға намаз үйреткен – таяқ» дейтін халық мақалы әдебиет сынына жүрмейді. Біз кез келген нәрсенің

атын атап, түсін түстеп *бетке салық қылуға* бейім тұрамыз («Қаз. әдеб.»).

Бет кестесі. и н ф. *Виртуаль жадтың қадағалауышы пайдаланатын кесте.* Әрбір процестің осындай ерекше *бет кестесі* болады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Бетке соқты. *Кемшілігін көзіне айтты, беті не басты, табалады.* Өзгені сынаудан оңай нәрсе жоқ. Мықты болсаң, өзің неге жазбайсың? – деп Жұмабек талай оның *бетіне десоққан* (Т.Ахтанов, Махаббат.). – Сағиттан келген хаттарды алатынмын да, жыртып-жыртып лақтыратұғым, – деп тұрып *бетке соққандай* жарып-сойып айтып бергенді (М.Әуезов, Өскен өркен). ...Тек бір қоя салған ат еді-ау! – деп, қазақтың қарттары датты *бетіне соғып* жүреді (Ш.Смаханұлы, Шығ.).

Бетке түкір. *Бір ісі не сөзі дұрыс болмаса, масқаралауы, ұялтуы әбден орынды болады деп серттесуді білдіретін сөз.* Бойыма күш біткенге еттім шүкір, Қажысам, абақтыда *бетке түкір.* Темірін екі итеріп тартқанымда, Кірпіші жерге түсті күтір-күтір (Ақын жырлары). «Мынауың өтірік» деп *бетке түкір,* Жоқ болса бұл сөзімнің орны, қазақ (М.Дулатов, Шығ.).

Бетке түкірді. *Табалады, масқаралады.* Дәл қазір жай мазақтау түгіл, *бетіне түкіріп* берсе де мейлі, Сандыбайға малын алу ғана керек еді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

Бетке ұстады. а) *Белгілі бір жаққа бағыт ұстады, нысанаға алды.* Қатал күндер дауысы дауыл болып, Ғасырларды оятып, өтті соғып. Альпі тауын *бетке ұстап*, саңқ-саңқ етіп, Шықты ұшып қарт бүркіт – ер Суворов (Қ. Аманжолов, Шығ.). Ескерткіштерді *бетке ұстай* [көздей] бұрылған станокты екі пулеметтің арасына әкеп Мәншүк пулеметін құрды (Ол күндер.). Азғана абайлап алды да, қызыл барлаушылар да аттарына мініп, шоқ ағашты *бетіне ұстай* шауып жөнелді (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). ә) *Желеу етті, сылтауратты.* Сөйтіп олар жүгеріні *бетке ұстап*, оны мақтаумен, маңызын түсіндіргендігін айтумен құтылып кетпек болады (Ә.Нұршайықов, Жомарт өлке). Сен сықылды молдалар, *Бетіне ұстап* Құранды. Өтірік айтып елді алдап, Таратқан қисық ұранды (Жамбыл).– Ол жуырда айтпайды. б) *Паналады, жасырынды.* Біреудің сыртын *бетке ұстап* жүріп, маған арнап оқ атқанын қойсын! Енді осыдан қоймайтын болса, *ағаш оғын* аямасын, тегіс атсын (М.Әуезов, Абай жолы). Сені *бетке ұстап* жүріп-ақ сабырмен табады пайдасын (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). в) *Сүйеніш етті, тірек етті.* Қарашаңырақ, қара қазақ сардала, Бұл қазақтың бар тілегі сол ғана, Сенем сені *бетіне ұстап* өтер деп, Мынау біздің етек-жеңі мол дала (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Соқыр көргенінен танбас деп, соқыр басшылар мені қауқитып *бетке ұстап* жүргенде, ақырын жүріп, мығым басқан талайлар менен озып кетіпті (Т.Ахтанов, Шығ.).

Бетке ұстатты. *Үлгі етті, бағытқа алды.* Поэзия асқарын *Бетке ұстаттың* үміт қып. Өз қойныңда бастадым Жырларымды жігіттік (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

Бетке шықты. *Көзге түсті, көрінді.* Не қайла, бұғып жүрген *бетке шығып,* Таныcып бірін-бірі шоғырласты (Ж.Өмірбеков, Батыр.). Бұл соғыс айлакердің жолын ашты, Жалынды жалмай жұтып шоғын ашты. Мұқаштың бар ашуы *бетіне шықты* (Б.Тәжібаев, Қараторғай).

Бетке шіркеу болды [келді, түсті]. *Ұятқа қалдырды, масқара болды. Бетіме шіркеу болып* тұр Сіздер көшіп қасымнан. Көп көлденең мен көрдім, Ағарған сақал, шашыңнан (К.Әзірбаев, Таңд.). *Бетіне шіркеу болды* сұмпай күйеу, Шернияз, көріңде өкір, өлсең етті (М.Әуезов, Шығ.). Тәңірберген жайында бірдеңе айтайын десе, Тәңірберген мен Ақбаланың арасы *бетіне шіркеу боп*, тілі күрмеліп қала беретін-ді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Сенің *бетіңе шіркеу келетін* сырды ашсам, өз бетім қап-қара болсын! [деп Шолпанға Танакөз қараған-ды] (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Соңын ойлап, *бетіме шіркеу тұсіп* жүргенде, 1960 жылы ұлым Әділбек осы келінді алып келді («Лен. жас»).

Бетке шіркеу келтірді [салды]. *Абыройсыз етті, табаға қалдырды.* Бергі атасы хан Абылай құлдық кезімнің куәсі болып, *бетіме шіркеу келтіреді* деп, ажалдан аман алып шығып, ерлік жолға қайраған Ораз құлды өз қолымен бауыздаған (І.Есенберлин, Шығ.). Тексіз немелердің көргенсіздігі менің *бетіме шіркеу салды* («Қаз. әдеб.»).

Бетке шіркеу қылды. *Бетіне басты, табалады.* Дариядан қорқып өтпесе, Абаңды Құдай ұрмай ма! «Қайдағы батыр боп жүр», – деп, *Бетіме шіркеу қылмай ма!* (Манас).

Бет көргісіз болды. *Көрмейтіндей болды, ренжісті, араздасты.* Жетпейтін кемтаршылық дүние ауға шабақ түспей қалса да, екеуі бір-біріне сенің несібең жоқ деп ренжісіп *бет көргісіз болып* қалады (Қаз. ертег.)

Бет қайтарды [қайырды]. *Көңіліне қарамады, қарсы келді.* Ал ашты көңіл сарай, жан қақпасын, Енді ешкім *бет қайтарып* қол қақпасын. Астына алтын толқын мұхитына Құйыл сен көктен, жерден, қара тасқын! (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). *Қайырма* менің

б е т і м д і, Қолдаушым болып күйімді ұқ. Жалғыздық деген – жетімдік, Жалғыздық деген – қиындық (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Бет қаратпады. а) *Тура қаратпады, шыдатпады. Б е т қ а р а т п а й* өртеп лебі, Оқ орағын орай сермеп, Соғып жерге жау жүрегін (Қ.Аманжолов, Шығ.). Жер үстін сәл мұнарта кіреукелеген жұқалаң бу торғыны шымылдығын сәскеде ғана түреді. Бірақ, күн көзі отты, *б е т қ а р а т п а й* биіктей береді (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). Отпен *б е т т і қ а р а т п а й*, Оқпен ұрып маңдайдан. Күнбатысқа күндіз-түн, Күркіреп тұрды қан майдан (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). *Б е т қ а р а т п а й*, тура маңдайдан сабалаған боранды қақ жарып, қасарыса ілгері жылжыған Аспан шал қойнынан кіріп, тұла бойын қуалаған суық қаншама сумаңдап мазақ еткенмен, ырық бермеді (О.Бөкей, Таңд.). ә) *Бас алдырмады, бұрылтпады, тоқтатпады.* Тақсырай! Қашпаушы едік жаудан ығып, Жеңіп ек жау әскерін жерге тығып. Шыдатпай, *б е т қ а р а т п а й* қайта қуды, Ғажайып алдымыздан бір өрт шығып (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ақ жауын сіркіреп тұрған, азық-түлікті уақтылы жеткізіп бере алмай қалған, соған қарамастан біз *б е т қ а р а т п а й* жұмыс істеп жатқанбыз (Б.Момышұлы, Біздің генерал). Бандыны сол бетімен *б е т қ а р а т п а й*, Бөктерлей Тасбасқанды қуып кетті (С.Бегалин, Шығ.). б) *Аузын аштырмады, сөйлетпеді.* Абылай тоқал алам десе, бәйбішесі шапылдап *б е т қ а р а т п а й д ы* (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Кирсановтан басқаны *б е т і н е қ а р а т п а й т ы н* Қарсақ Совдептің орынбасары бола тұра, Кемел сияқты жай мүшесінен мынандай өктем сөзді күткен жоқ еді (Ә.Әбішев, Замана.). Құмырай тұтыға тіл қатып еді, әйелі бастырмалатып, *б е т қ а р а т п а й* қойды (О.Бөкей, Таңд.).

Бет қарау. *Тура қарау, төтеп беру.* Әуес көріп жүгірген жас балалар, Беті-қолы домбығып, үсік шалды. Шидем мен тон қабаттап киген малшы *Б е т қ а р а у ғ а* шыдамай, теріс айналды (Абай, Тол. жин.).

Бет қойды. а) *Бағыт ұстады, беттеді.* Бір уақыт анық көріп оттың шетін, Қамарға бұлар *қ о й д ы* енді *б е т і н.* Қашқанмен қарсы алдында жар мен су тұр, Болды енді сорлылардың ісі шетін (С.Торайғыров, Таңд.). Балықшылар есін жинағанша болмай, үш-төрт аттылы қиқу салып, қалың жылқыны дүрілдетіп қуып, балықшылар аулына *б е т қ о й ы п* келе жатты (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Табиғаттың биылғы төтенше пейіліне риза көңілмен үсті жіпсіңкіреп жатқан мұзға қарай *б е т қ о й д ы м* (О.Бөкей, Таңд.). ә) *Ниет етті, ыңғай білдірді, бейімделді.* Еңлік. Асыға ма алып ұшқан үмітім... Бар тілекпен бір сапарға *б е т қ о й д ы м* ...Жазғырармысың бұлдыр күн?...Жазығым бар ма?... (М.Әуезов, Таңд.). Дембелше бала жігіт орта бойлы Өзіне бір қаратты бүкіл тойды. Киімін шешінді де шекпен киіп, Балуанмен ұстасуға *б е т т і қ о й д ы* (Ж.Саин, Күлөнда). Бағанағы манаурап отырған жұрт енді сол орын-орнында жайласып, ұйқыға б е т қ о й ғ а н (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). б) *Араласты, жымдасты.* Сол үркініш үстінде біріне-бірі малша тығылып сүйкенісіп барып, аяғында жалпақ қанат жайып, тұтасқан қарсылыққа *б е т қ о й ы п* кетуге болады (М.Әуезов, Қилы заман).

Бет параметрі. и н ф. <ағыл. page setup> *Басылымға дайындалатын қағаз бетінің пішімін анықтайтын параметрлер жиынтығы. Б е т п а р а м е т р і н е* қағаздың көлемі, оның шетінде қалдырылатын бос өрістері, бетке мәтіннің тікелей немесе көлденең басылуы басылып шығарылатын беттер саны немесе нөмірлері т.б. жатады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Бет сипады. а) э т н. *Игі тілек айтып бата берудің соңында орындалатын рәсім – қос алақанымен бетінен жүргізу қимыл-ишаратын жасады.* – А, Құдай, ұлымды сақта! – деп *б е т і н с и п а д ы* да, торы биесін шаужайлап ауылға беттеді (О.Бөкей, Таңд.). Ол кісі құнжыңдап қойнына тығып, бата жасап, *б е т і н с и п а д ы* (О.Бөкей, Таңд.). ә) д і н и. *Дұға оқу, Құран сүрелерін бағыштау сияқты рәсімнің соңында оны бекіту мақсатымен орындалатын жайылған қос алақанымен бетінен жүргізу қимыл-ишаратын жасады.* Өлгендердің атына әжемнен үйренген бір-екі ауыз дұғамды айтып, *б е т с и п а п* көппен ілесе орнымнан тұрдым (Ә.Сараев, Қараша). *Б е т і н с и п а п,* әкесінің аруағына иман айтқан болды (О.Бөкей, Таңд.). б) э т н. *Дастарқандағы дәм-тұзға, дастарқан иесіне арналып оқылатын дұға, айтылатын игі тілек соңынан орындалатын бекіту рәсімі – қос алақанымен бетінен жүргізу қимыл-ишаратын жасады.* Шай ішкен кесесін асығыс төңкеріп, *б е т і н с и п а ғ а н* Аспан шал төсегіне қарғып шығып, темекісін тұтатқан (О.Бөкей, Таңд.).

Бет сипасты. *Қыз алысып, құда болысуға келісті, байласты.* Жамал соны Әділге айтып, Әділ Есенәліге қызымызды көндірдік, ұзағынан сүйіндірсін деп, екеуі *б е т с и п а с ы п* қойған еді (Ж.Тілеков, Шалғай шепте).

Бет сипау. э т н. *Тілек айтудың, дұға, Құран сүрелерін оқудың ерекше формасы, қазақ халқының ұлттық этикет, салт-дәстүрінің бірі ретіндегі бата берудің соңында орындалатын рәсім – қос алақанымен бетінен жүргізу қимыл-*

ишараты. Батадан соң *б е т с и п а у* керек, бұл – батаны бекітетін рәсім («Ана тілі»).

Бет соңы. и н ф. <ағыл. page break> *Құжат бетінің соңын белгілейтін нұктелік немесе үзік-үзік түзу сызықтар* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Бет сүйегі. а н а т. <os zygomaticum, лат. Os – сүйек, zygomaticum – бет> *Бассүйектің бет бөлімі құрамына кіретін жалпақ сүйек. Б е т с ү й е г і н і ң* самай өсіндісі маңдай және самай сүйектерінің бет өсінділерімен байланысып, көз шарасын (аңғалақты) самай шұңқырынан бөліп тұрады (Қаз. тілі термин. Биология). *Б е т с ү й е г і н і ң* бет және көз шарасы бөліктері болады (Қаз. тілі термин. Биология).

Бет таппады. *Оңбады, дұрыс болмады.* Жалтара шапсаң жау қашпас, Жауды аяған *б е т т а п п а с,* Уа жігіттер, жандарың, Жаудан аяй көрмеңіз, Ғазырейіл тура келмей жан алмас (Алдаспан).

Бетте таңба қалды. *Масқарасы шықты, өмір бойы бетке шіркеу болады.* Әйгілеген елге күшін, Сол ғаламат еңбегі үшін, Қиқарлығын кешіруге болмай ма?! Кешірмесек *б е т т е т а ң б а қ а л м а й м а*?! (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Беттен алды. а) *Қарсы келді, қарсыласты.* – Ойбай, көргенсіз шіркін, мен дегенде, жының бар ма? Бірдеме айтсам, *б е т т е н а л а* түсесің, – деді(Б.Майлин, Шығ.). Сонда әлгі бұзылған қыпшақ екі сөзінің бірінде молдекеңнің *б е т і н е н а л ы п* отырды (М.Дулатов. Шығ.). Қайран жастық-ай! Бала тілді алмаса *б е т т е н а л ы п,* Келін тілді алмаса кердең қағып. Кемпірің де соларға қосылып ап, Отырарсың амалсыз жалғыз қалып (К.Әзірбаев, Таңд.). Бір отырған жерінде Ерте күнді кеш қылған, *Б е т і н е н а л ы п* ерінің, Еңбегін әбден еш қылған, Осылардың ішінде Бар болса сондай жеңгелер, Мінезін түзеп жөнделер, Оларға да бір сәлем! (Базар жырау, Шығ.). ә) *Ұрысты, ренжіді.* Апама жездем сай осынау жұбайлардың белдеубелдеу құмның арасына түтін түтеткеніне он бес жылдан асып бара жатса да, шәй десіп бірінің *б е т і н е н* бірі *а л ғ а н* кезі болған емес (О.Бөкей, Таңд.). Шыңғысқа атастырғанына Зейнеп балалығы ма, еркелігі ме, Айғаным аулына келгенше мән бермей, біреу-міреу батылдық қып тұспалдаса, *б е т і н е н а л ы п* боқтап тастайтын (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Беттен алып, жағаға жармасты. *Қарсы келді, ренжісті, ұрсысты, қарсыласты. Б е т т е н а л ы п, ж а ғ а ғ а ж а р м а с ы п,* ашық айқасқа түспегенімізбен, барлық ашу-ызамызды қораға түскен малдан, бақшаға кірген ешкі мен тауықтан алатын едік (О.Бөкей, Таңд.).

Беттен таймады. *Өзгермеді, айнымады. Т а й м а б е т т е н,* бір ай, Айта салған бұл бір сөз, Әңгімеміз ілгері (Қ.Аманжолов, Шығ.).

Бет теориясы. г е о м. *Дифференциалдық геометрияның беттің қасиетін зерттейтін саласы.* Классикалық *б е т т е р т е о р и я с ы н д а* беттің қозғалыс кезінде өзгермейтін қасиеттері қарастырылады (ҚҰЭ). *Б е т т е р т е о р и я с ы н д а* регулярлы беттер де, ұшы не қыры бар беттер де зерттеледі (ҚҰЭ).

Бет түзеді. а) *Бағыт ұстады, беттеді.* Төркінімнен келген бөртпе шәлімді белге байлап, Ақанның етігін алып, қол шана сүйреп, сол ауылға *б е т т ү з е д і м* (О.Бөкей, Таңд.). Қарағым, сені жайым жоқ кем көретін, сені айналып, сұңқылдап ұшты дағы, Сапар жолға мезгілсіз түсті дағы, *Б е т і н т ү з е п,* батысқа бағыт алып, Қарсы айтқан мекенін күсті бәрі (М.Мақатаев, Таңд.). Бұл сөзді қасекең де қабыл етті, Екеуі осылай деп жүріп кетті. «Көңілі қара шекпен біте тұрсын, Мен жемей қайда қашып кетер?» депті. Алдынан жортқан түлкі кез келеді, Осылай келе жатып *т ү з е п б е т т і* (О.Шораяқов, Шайыр). Момын жұрттың арқа сүйер, Азаматы біз едік. Тұлпарлардан, тұғырлардан, Қалған бір-бір із едік. Біз де кеттік, Басқа жаққа *б е т і м і з д і т ү з е д і к (*М.Мақатаев, Шығ.). ә) *Ниеттенді, мақсат етті.* Енді олар елсіз дала, таулармен жүруге *б е т т ү з е д і* (С.Сейфуллин, Әңгім. повест.). Екі ғашық сұхбаттасып, айтысып серт, Жүрмекке тұрды мырза, *т ү з е п б е т т і* (Базар жырау, Шығ.). б) *Алмасты, бет алды, өзгерді.* Әлгінде бетті сабалаған қар ұшқындары бәсеңсіп, айығуға *б е т т ү з е г е н д е й.* Таң жарығы ұлғайып, үй іші қаракөлеңке жарыққа *б е т т ү з е д і* (О.Бөкей, Таңд.).

Бет тырнады. а) э т н. *Байырғыдан қалған дәстүр бойынша жақыны (ері, әкесі) өлген әйел адамның қатты қайғыдан қапаланып, бетін тырнап жаралауы.* Ойбайлап шашын жұлып, *б е т і н т ы р н а п,* Өртеніп өз-өзінен жанып-күйген (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). ә) *Ашуланды, ренжіді, қатты батырып, тиғізіп айтты.* Жатқанда Рүстемдер күн-түн тынбай, Төсектен Апрасияп жатты түрмай. Шыдамай шапқылаумен Шайда келіп, Сөйледі сөгіс, шалыс, *б е т т і т ы р н а п* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Бірақ тұлан тұтып, шарқая қатындарша *б е т і н т ы р н а п* шаптықпай, сол міз бақпаған қалпында тісінің арасынан темір пешке шырт еткізіп түкірді (О.Бөкей, Таңд.).

Бет тырнасу. *Ренжісу, таласып-тартысу, жұз шайысу.* Бұл соғыстан, тіпті жай *б е т т ы р н а с у д а н* ешкім ұтпайтыны айдан анық («Егемен Қазақстан»).

Бетті [беттен] басты. *а) Қатты ұялуды, қысылуды білдіретін қолын бетіне қою қимыл-ишараты.* Әйел біткен таңырқап Қозғалысты орнынан. Күлетін де ханым да *Бетін басып*, ұялып, Сасқанынан шыр етті (Ж.Аймауытов. Шығ.). Кемпір мен шал жылады құшақтасып, Балалар тағы шулап, *бетін басып* (XX ғ. қаз. ақын.). ә) *Безді, қашты, жоламады.* Ана жолғы төбелестен кейін Мюлгаузенді көргісі келмей *бетінен басты* (Ә.Нұрпейісов, Шығ.). Жолаушы *бетінен басып,* артына қарай алмады. Әрі намыстанып, әрі ұялып, сілейген қалпы кейінгі орындағылардың әңгімесін амалсыздан тыңдай берді (С.Жүнісов, Жапанда.). Бойы бұлғаң, Сөзі жылмаң Кімді көрсем, мен сонан, *Бетті бастым.* Қатты састым, Тұра қаштым жалма-жан (Абай, Тол. жин.).

Бетті елге, арқаны жерге тапсырды. *Аманат етті.* Өз бастарыңның есендігін бір Аллаға, *бетіңді елге, арқаңды жерге тапсырдым.* Екеуіңнен бар тілерім, қайда жүрсеңдер де, кешегі Айшуақтың тұяғы екендіктеріңді әрі сол әкелеріңнің кіндігін ұзарту өз парыздарың екендігін естен шығармаңдар (К.Сегізбаев. Беласқан).

Бетті ентаңбалау режімі. и н ф. <ағыл. Page hayout> *Құжат қағазға басылғанда қандай болса, экранда дәл солай кескінделетін режім. Бетті ентаңбалау режімінде* мәтінді түзетуге, пішімдеуге болады (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Бетті ен таңбалау режімінде* тақырыптар, нұсқамалар, бағаналар мен объектілер парақ бетінде өз орындарында кескінделеді (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Бетті жуды. а) *Қатты терлегеннен не жылағаннан бетін тер, көз жасы жуып кетті.* Маңдайымнан ағыл-тегіл аққан тер *бетімді жуып*, иегімнен тамшылап, өңіріме сорғалайды (О.Бөкей, Таңд.). Әр жерде әрқайсысын бір жел қуып, көз жасы көлдей болып, *бетін жуып.* Қыс алты ай, жаз алты ай деп айтушы еді, Тұтас қыс болып кетті жазы суып (С.Торайғыров. Таңд.). ә) *Күдер үзді, тұңілді.* Айнығыш ер тартса салқын, Бал сұрасаң, береді у. Қазымырлап сөздің артын Қасиеттен *бетті жу* (Абай, Тол. жин.). Әйелде ешбір опа жоқ, Бүгін – жалын, ертең – шоқ. Белді бу, *Бетті жу* (Абай, Тол. жин.).

Бетті қаралады [күйеледі]. *Кінә тақты, жала жапты, айыпты санады.* Дүния ақыретік кемдік тауып, *Бетіңді* ап-ажарлы *қаралайсың.* (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Олар айтқан өтірік Ақиқаттан өтімді. Қарсы алдында отырып, *Күйелейді бетіңді* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Бетті қаттау. и н ф. <ағыл. page makeup> *Мәтіндік немесе графикалық материалды басылатын бетте белгілі бір ережелерге сәйкес орналастыру.* Қазіргі кезде *бетті қаттау* әдетте компьютер көмегімен орындалады (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Бетті қаттауда* суреттерді масштабтау, жоларалық интервалдарды өзгерту, шегіністер, туралау және т.б. құралдар пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Бетті қызартты. *Бетіне басты, ұялтты.* Келешек досы, Келісіп жояр. Ұялтып көпшілік, *Қызартса бетті* (Ү.Кәрібаев, Шығ.).

Беттің ажырауы. и н ф. *Бір бет аяқталып, келесі бет басталатын аралық.* Дағдылы режімде *беттің* автоматты түрде *ажырауы* құжат бетінде көлденең үзік-үзік сызықпен кескінделеді (Қаз. тілі термин. Информатика.). Қолмен енгізілген ажыратулар *«беттің ажырауы»* белгісі бар үзік-үзік сызықтар түрінде кескінделеді (Қаз. тілі термин. Информатика).

Беттің арын белбеуге түйді. а)*Тәуекелге бел байлады.* Мұратқа ғашық болған жете алмайды, *Белбеуге тұйып алмай беттің арын* (Базар жырау, Шығ.). ә) *Ұялмады, шіміркпеді. Беттерінің арын белбеулеріне тұйған* құлқын құлдары өткен жылы құрылыстың аңқау ақпейіл басшыларын алдап-арбап жүріп, республика бойынша мемлекеттің бақандай 10,7 миллион сом қаржысын қымқырып кетті («Соц. Қаз.»).

Беттің арын бес төкті. *Әбден масқарасы шықты, қиналды.* Біреуден қой, біреуден серкеш, тағы бір жерлерден той-торпақ жинап алудың өзі де *– беттің арын бес төгіп* алатын қалың бейнет (М.Әуезов, Таңд.).

Беттің арын қашырды. *Ұялмады, иманбеді.* Сұғанақ келін атанба, *Бетіңнің арын қашырып,* Аштан келген кісідей Шайнама тамақ асығып (Базар жырау, Шығ.).

Беттің қызылы. *Беттің шырайы, көркі.* Көйлектің иесі келер сұрап басбақ, *Бетіңнің қызылына* кетпес тастап. Өзіңе сол уақытта қиын болар, Жаратып бір тай өгіз жарын қоспақ (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Беті ауған жақ. *Беталды, көрінген жақ. Беті ауған жаққа* жүре берсе, тағы бір сорға кездесуі сөзсіз (Ә.Әбішев.). Миршад адамдарының қалғандары қолдарындағы құралды тастап, *беті ауған жаққа* тұра-тұра қашты (С.Айни).

Беті ауған жоқ. *Бағытынан таймады, айнымады, алған бетінен қайтпады.* Қазанғап күләпарасын жаңа киді басына. Алысты көре алмаса да, қас қарайғанша *беті ауған жоқ,*

адасам деп қобалжыған жоқ! (Ғ.Мұстафин. Дауыл.).

Беті аулақ. *Құдай көрсетпесін, маңайлатпасын деген мағынадағы сөзқолданыс.* Өзім *а у л а қ б е т і н е н,* Бір орында оңаша. Дүние деген не деген – Қыла жатсам тамаша (Абай, Шығ. жин.).

Беті ашылды. а) *Өмір көрді, жақсы-жаманды басынан кешірді. Б е т і а ш ы л ғ а н* әйел емес пе, менен мүлде ұялмайтын-ды. Мені баласынып, ойына келгенін істеп бағатын (Т.Бердияров, Солдат.). Қақ-соқ көрмеген, он екіде бір гүлі ашылмаған. Қарлығаш [Әбдірахманға]. *Б е т і а ш ы л м а ғ а н* қайным ең, әлде бет ажарыңды алайын ба? (М.Әуезов, Қараш.). ә) *Ардан безді, ұялмады.* Жоламай құрбыларым сырласуға, Інілер ажуалап құрдасымдай, Әлі де қылтың-сылтың жүр басылмай, Базарда *б е т і а ш ы л ғ а н* ұрғашыдай (М. Мақатаев, Шығ.). б) *Қысылып-қымтырылмайтын болды, батылданды.* Жаттанды өлеңдерге өзі шығарған бірер жолды, кейде бір ауыз өлеңді аз-аздап қоса жүріп барып *б е т і а ш ы л д ы* (М.Әуезов, Шығ.).

Беті бері қарады. а) *Аурудан айыға бастады, сауықты.* – Жабайдың *б е т і б е р і қ а р а ғ а н ш а* осы арада қала тұрасыңдар да, – деді Көпей Талтаяққа қарап (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). ә) *Райдан қайтты, ашуы тарады, айтқанға көнді. Б е т і б е р і қ а р а п,* қол оң жайылғаннан бері қарай жыл сайын бестеп, ондап «жас иіс» жаңа талап рисалар да тауып тұрды (С.Торайғыров, Шығ.). б) *Жақындады, таяды.* Ауылға келген сәтім мен қаладан, Кез еді жаздың *б е т і б е р қ а р а ғ а н,* Не жетсін каникулдың қызығына, Бала күн бала беттен сорғалаған (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Беті беттеді. *Жақындады, ыңғай таныттты.* Шықпайтын тайып түссе тұңғиығың, Күздерің барып қайттық өткеліне. «Жылаған көздің жасын көрді ме?» – деп, ойлап ем: « *Б е т і м* бір *б е т т е д і* ме» (О.Шораяқов, Шайыр).

Беті бұлк [былш, шылп] етпеді [етер емес]. *Шімірікпеді, ұялмады, безеріп, бедірейіп тұрды.* Қаба сақалды қараның *б е т і б ұ л к е т п е д і* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Терісі сүйегіне жабысып қалған атаманның қансыз, арсыз *б е т і б ұ л к е т е р е м е с* (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). Тарт, Әзімбай, арсыз тіліңді! Әкеңнің аузы бармас арамдыққа *б е т і ң б ы л ш е т п е й* сен барайын деп пе ең?! (М.Әуезов, Шығ.). Ертеңгіні ойлай алмайтын, болашақтың бетін білмейтін парықсыз надандардың халқы қырылып жатса да, *б е т і ш ы л п е т п е й д і* (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Кемелбайдың қатынының бір сөзін он сөз қылып әкелуге *б е т і ш ы л п е т п е й д і* (Б.Майлин, Шығ.).

Беті ду етті [дуылдады]. *Ұялғаннан қаны бетіне шықты, қызарды.* Таныс кісіні көргенде келіншектің екі *б е т і д у е т е қ а л д ы* да, жалт беріп ішке кіріп кетті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Екі *б е т і м д у е т т і.* Дәл төрдегі жас жігіт манағы шұбар халатты. Мені ол да таныған сияқты (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). Тайман бала да болса, өз бойындағы бір ерсілікті осы арада сезініп, *б е т і д у ы л д а п,* қызараңдай берді (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.).

Беті жапырылды. *Беті қайтты, жеңілді.* Жаудың *б е т і ж а п ы р ы л д ы.* Енді оны өзінің апанында атып өлтіретін күн жақындады(С.Мұқанов, Есею жыл.).

Беті жарық. *Беделі үстем.* Малдының *б е т і ж а р ы қ,* малсыздың беті шарық (Абай, Тол. жин.).

Беті желге тимеді. *Қиыншылық көрмеді, қиналмады.* Көбік байдың үйінде *Б е т і ж е л г е т и м е г е н* Аju бикесі сұлу; Соған кетті Боз Манаj Судың бетін көбелеп Қартайғанша боз жорға ат Өзі мінген жебелеп (Сайын батыр).

Беті кесілгір. қ а р ғ. *Ар-ұяттан айырылып, қара бет болғыр, ұяттан жұрдай болғыр деген мағынадағы сөзқолданыс.* Сол-ақ екен! – «Не дейді мына *б е т і к е с і л г і р*?! Сен бейбақ көрінеді ғой жалғыз ұлымызбен бізді шағыстырып жүрген» (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

Беті күрең тартты. *Сұрланды, қызарды.* Біреу қисынсыз жала жапса, ісің ақ болса да, *б е т і ң* бір *к ү р е ң т а р т п а қ ш ы* ғой (Б.Майлин, Шығ.).

Беті қайтты. а) *Тауы шағылды, көңілі қалды.* – Не қылады сонда? – деді, әлі ешкімнен *б е т і қ а й т ы п* көрмеген Шыңғыс.– Айта көрме, төрежан! Зыт, талдың арасына! – деді Ұлпан (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). ә) *Басылды, бәсеңдеді, қарқыны қайтты.* Шілденің шіліңгір ыстығының *б е т і қ а й т ы п,* қоңыр салқын түн қаймақши бастаған (О.Бөкей, Таңд.). б) *Айнығы, өзгерді.* Ұмытылмай отыр неліктен, Анау бір қыран шыңдағы? *Қ а й т қ а н* ба *б е т і* неліктен, Қартайып болат тырнағы? (Д.Әбілев, Жүрек.). Бастапқы сөзден *б е т і қ а й т ы п* қалған үй иесі күбіжеңдеп сөйлескісі келген пішін көрсетті де, ешнәрсе сұрай алмады (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). Жұдырықтай түйілген адам белін бүкпеді, *б е т і қ а й т п а д ы* (О.Бөкей, Таңд.). Басқарманың суық жүзін көргенде батыл кірген Нағиманың да *б е т і қ а й т ы п* қалғандай (Т.Ахтанов, Махаббат.). в) *Соққы жеді, тойтарыс көрді.* Майдандағы жағдай оңала бастапты, ентелеп келген жаудың *б е т і қ а й т ы п,* тұмсығы тасқа тиіпті, біздің айбынды әскеріміз немістің әлегіне басып, әкесін танытыпты деген сықылды жылы хабар

дүркін-дүркін естіледі (О.Бөкей, Таңд.). Москва түбінен соққы жеп, *беті қайтқан* жау әскерлері күшін қайта жинақтап, жаңа шабуылға әзірленіп жатыр деседі (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал). *Беті қайтпай* қырып-жойып келе жатыр тоғыз танкі (С.Керімбеков, Еңбек ата.). Ешкімнен *беті қайтпай* келіп, Түркістанға өзінің бір баласын, Шымкентке Ғабдолрахман деген сартты һәм Ташкентке Мырза Ахмет деген сартты хәкім қойып, Самарқантқа қарай жүреді (М.Дулатов, Шығ.).

Беті қаралы. *Қасіретті, қайғылы.* Мен, сендердің бұрынғы жайраңдап жүретін әжелерің емеспін, жүрегі жаралы, *беті қаралы,* қайғы бұлтын үстіне төндірген сорлы болған жанмын! – деді Зылиқа (Б.Майлин, Шығ.).

Беті қатты. *Екпінді, қарқынды, қаһарлы, ызалы.* Онсыз да осы қазір патшаға жігіт бермейміз деп ереуілдеп, бой көрсетіп жатқан ауыл көп еді, бірақ соның бәрінен мыналардың *беті қатты* екенін Тәңірберген бірден білді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Қазіргі текетірестің *беті қатты* («Жас Алаш»).

Бетім бар. *Тұрім бар, жағдай осылай деген мағынада.* Жөнімді өмір бойына сұраумен келесің, айтудан жалыққан *бетім бар* (Қ.Оразалин, Ақ жазық).

Бетімен кеткендік. *Тәрбиесіздік, тәртіпсіздік.* Бұл – әбден *бетімен кеткендік.* Жұмыс кезінде ән салу деген не сұмдық (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

Бетімен кетті [жүрді, жайылды]. а) *Басы ауған жаққа кетті, беталды жүрді, лағып кетті.* Сарыбалаға: – Іздемеген жерім жоқ. Есікті құлыптағансың да *бетіңмен кеткенсің* Ендігәрі өйтпе, шырағым (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Павлов, Әлжан бұлардан Болды ауыр жаралы. Отызға тарта кісі өлді, Оларды жерлеп салады. Қырғи тиген торғайдай, Бас сауғалап солдаттар *Бетімен кетіп* барады (К.Әзірбаев, Таңд.). ә) *Қайырусыз жіберді, тыйым салмады, қадағаламады.* Қыл құйрық қалмай жылқыдан *Бетімен кеткен,* ығынған (Базар жырау, Шығ.). б) *Қарсылық көрмеді, еркеледі.* Кең пейілді, жұмсақ мінезді ана барында *бетімен жайылып* қалған маған Мәкештің тәртібіне көндігу қиынға соғып жүр (Ә.Көшімов, Карт аңшы.). // *Қалай болса солай, ретсіз.* Шадырдың сақал, шашы *бетімен кеткен.* Көз былшықтанған. Киімдері жұлым-жұлым (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

Бетімен қоя берді [жіберді]. а) *Қадағаламады, ерік беріп қойды, жөнге салмады.* Нәпсіңді шұғылдандыр, жатпа босқа, Ашуды қой, серік бол ақыл досқа. Егер де *бетіменен қоя берсең,* Сенің де ол еркіңді алып, қылар шошқа (С.Торайғыров, Шығ.). Ыдыраушылықты *бетімен жіберіп,* республикалар арасындағы қарым-қатынаста қойыртпаққа жол беріп, бола-шақ бірлесудің тағдырын тәрк етпеу үшін, мен мүдделі мемлекеттердің қатысуымен өтетін келесі кездесу Қазақстанда өткізуді ұсындым («Егемен Қазақстан»). ә) *Қысқартпады, тежемеді* ретке салмады *(сақал туралы).* Әлібек қырма сақалын *бетімен жіберіп,* күйек сақалды болыпты (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Бетін айдай қылды. *Масқаралады, кінәсін бетіне басып, ұялтты.* Егер жазғандарыңның көзін құртпасаң, қазір мектепке барамын. Бірін қалдырмай айтамын. *Бетіңді айдай қылам ы н* [деді Сағила Батырбайға] (М.Иманжанов, Көк белес). Бәрі де жаңағы айтқандай: «Оразбайдың *бетін айдай қылам ы з,* айыпты етеміз, сол айып-қиыбымен Абайдың аяғына әкеп жығамыз» – дескен еді (М.Әуезов, Таңд.). Есті қалса, бетің бар, жүзің бар демей өсекшінің жержебіріне жетіп, көптің алдында *бетін айдай қылады* (С.Жүнісов, Өшп. іздер).

Бетін ары қылсын. т і л е к. *Аулақ етсін, болмасын деген мағынадағы сөзқолданыс.* «Тәңірім ондай жамандықтың *бетін ары қылсын,*» – деп күбірледі, – ары қыла гөр (О.Бөкей, Сайтан.) «Құдай сақтасын, – деп күрсіндім, – *бетін ары қылсын*» (О.Бөкей, Бәрі де.).

Бетін ашты. а) э т н. *Жаңа түскен келінді той үстінде «Беташар» айтып, қайын жұртымен таныстырып, бетіне жапқан орамалын алып, жүзін көрсетті. Бет ашайын,* гүл ерке Ахуалыңды айт, келін! Бұйрықпен келдің бұл жерге, Үйдегі қамнан қайт, келін! Тұнық судай таза боп, Жақсы жолды тап, келін! (Ә.Найманбаев, Шығ.). Келіннің *бетін ашатын,* Кемпірлер шашу шашатын, Қашаннан жоба, жолыңыз (Базар жырау, Шығ.). Жігіттер жырлап отырып, ән салысты. Катя мен Мәмбетті, Тоня мен Нәбиді сүйістіріп, орысша «горкий-горкий» десті. Қазақша *бетін ашты* (І.Жансүгіров, Шығ.). ә) *Белгілі болды, айқындалды.* Бәрін ақтарып айттым. Баяғыда-ақ өстуім керек еді. Батылым жетпеген. Оңай ғана *бет ашып* алғаным қандай көрім болды, – деп күрсініп қойды ол (Ә.Әлімжанов. Махамбет.). Сол ойды көріспекпін *бетін ашып,* Әдепті сүю жеңіп, көпті асып. Өзімсініп өзгеден қозғаламын, Алабұртқан жастықпен көңілім тасып (С.Торайғыров, Таңд.). б) *Істі жаңадан бастады, бастаушысы болды, қалыптастырды.* Бұл дәуірдің *бетін* біздер *ашқанбыз.* Болашаққа солай қадам басқанбыз. ...Біздер – өлі жан баспаған асқармыз, Біздер – әлі жазылмаған дастанбыз (М.Мақатаев, Шығ.). в) *Жариялады, жайып салды.* Сұм Әбіш біліп алып жұртқа шашты,

Өсекті үйірілтіп *бетін ашты*. Ағайын, көршілес ел араз болып, Аз күнде берекенің құты қашты (И.Байзақов, Шығ.).

Бетін бері қаратты. *Айтқанына көндірді, иландырды, өз пікірін тыңдатты.* Инженерге айтып едім, Алғашында көнбей қойды. Әйтеуір әрі айтып, бері айтып үгіттеп, *бетін бері қаратты м-ау* («Лен. жас»).

Бетін білдірді. *Ойын айтты, ниетін, ыңғайын таныттты, жөнін көрсетті.* Жанат ар жағын өз ойымен жорып келіп, *бетін білдірді* (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Бетін даладай қан қылды. э к с п р. *Қарсы келді, қарсыласты, беттен алды.* Қып-қызыл ала қан, жараланған. *Бетін даладай қан қылған* келінге бұл кемпір енді қалай барады (С.Мұқанов, Таңд.).

Бетіндегі шіркеуі. *Күнәсі, айыбы.* Әттең, мына бір *бетіндегі* тұрған *шіркеуі* болмаса, Жаппасбай сияқтылардың адымын аштырмас еді (Т.Ахтанов, Шығ.).

Бетінде қан-сөл жоқ. *Сұп-сұр, жүдеу.* Қарындасымның сүйіктей сұлу *бетінде қан-сөл жоқ*, аппақ шүберектей еді (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке). Келсе – қыздың *бетінде қан-сөл жоқ*, құп-қу болып кеткен (Қаз. ертег.).

Бетінде ұялатын қаны болды. *Ұяты бар, намысты.* Жалқаулар, жұмысқа шық арың болса, Қоғамнан аямаңдар барың болса. Ер-әйел, бірің қалмай жұмылыңдар, *Бетіңде ұялатын қаның болса* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Бетіне адам қарағысыз етті. *Абыройын төгіп, масқаралады.* Жоқ, мен мұны еркінсіте алмаймын. *Бетіне адам қарағысыз етіп*, абиырын төгем (І.Жансүгіров, Шығ.).

Бетіне былш еткізді. *Көңіліне қарамай айтып салды, көзіне айтты.* Тергесең, Қодар сұмдығын аңыз қып, көпке жайып жеткен елді терге. Ел тұрсын, кешегі жиында *бетімізге былш еткізіп*, жарып айтқан жоқ па? (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Бетіне ешбір жанды үндетпеді. *Қамқор болды, ара тұрды, ешкімге ренжіттірмеді.* Айрықша ием мені құрметтейді, *Бетіме ешбір жанды үндетпейді* (Базар жырау, Шығ.).

Бетіне жан [ешкім] келмеді. а) *Ешкім қарсы шықпады, қарсыласпады, айтқанын істеді.* Алтыдан шықтың жетіге, *Жан келмеді бетіңе* (Базар жырау, Шығ.). Сейділ де сол жақсының бірі болды, Құт орнап маңайында тұрған шалқып. Бұл елде бір *жан бетіне келмей*, көзір оның қайығы желге өрлеп тұр еді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). *Бетіне ешкім келмеген* Ел ішінде ерке едің (Базар жырау, Шығ.). **2.** *Қаһарлы, айбынды, адуынды болды.* Бұл келгендер – елдің Байғазы Құрымбай деген байлары; *бетіне жан келмей тін* билер. Айтқаны келіп, атқаны тимеген жер жоқ (С.Көбеев, Қалың мал). *Бетіне жан келмейтін* мықты батыр болған екен (Қазақ ертег.).

Бетіне жан [адам, ешкім] қаратпады [келтірмеді]. *Қаһарын төкті, айбарланды, өзіне ешкімді қарсы келтірмеді.* Осы бір кездердің сайыса кездесуінде, бұрын *бетіне жан қаратпайтын* Садақ сескене ойланып қалғандай (Д.Әбілев, Ақын.). Өзінше желдей есіпті, *Бетіне жан қаратпай*, Көңілі әбден өсіпті (Қобыланды батыр). Күресте қалың қолды адақтаған, Майданда *бетіне жан қаратпаған*, Сондықтан «Адақ» деген есім алып, Ер еді атына кір жолатпаған (С.Сейфуллин, Шығ.). *Бетіңе адам келтіріп*, Алдыңа жан салмайсың. Елі төмен болғанда, Ілтифатқа алмайсың (С.Дөнентаев, Шығ.).

Бетіне жібермеді. *Еркіне жібермеді, қадағалады.* Желіні *бетімен жібермей*, реттеп жолға салып, бір-біріне шатастырмай даралап есіпті (Қ.Әб.).

Бетіне [қарсы, тік] келді. *Қарсы келді, айтқанына көнбеді, қарсыласты. Бетіне қарсы келген* кісіні қағып тастап тұр ғой бұлар. Жә, тұра тұрыңдар, күніміз туса біз де көрерміз (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Күдері мұндай сезімдерге өз басы онша құлай берілмесе де, біреудің бәйек болғанын, *бетіне келмегенін* ұнататын еді (М.Иманжанов, Көк белес). *Бетіңе қарсы келгеннің* Тыйып тұрсың күлкісін. Түнде ұрлайсың жылқысын, Қамқоры болсаң қазақтың, Жатқан бір қазына мүлкісің (Ү.Кәрібаев, Шығ.). Енеміз есті кісі, бірақ көк айыл келіннің қолында тұрып, сотқарлығын түсінсе де, *бетіне қарсы келе* алмайды (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал). – Болсам да сіздей болмаспын! – деп, өмірінде алғаш рет ана *бетіне тік келді* (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

Бетіне келу. *Қарсылasу, айтқанын орындамау.* Үміттің алғаш рет туған шешесінің *бетіне келуі* еді бұл. Сондықтан да болар, қырықтан жаңа асқан Шарипаның ұрты суалып, қас арасындағы әжім тереңдей түскен (Ө.Қанахин, Мұрагер). Байекең айтса билікті Жалшы бір сөз қатты ма? Бай *бетіне келуге* Бұрын жалшы батты ма? (С.Сейфуллин, Шығ.).

Бетіне [қара] күйе [кір] жақты. а) *Ұятқа қалдырды, масқаралады.* Өздеріңе белгілі, Қотыраштың қызын Жүністің алып қашқаны – бүкіл Сиқымбайдың *бетіне күйе жаққаны* ғой (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Сен сүйре, сүйреме, әйтеуір, әйел сайлауға барса, мен барам. Барамын да, жылпос Жақыптың *бетіне қара күйе жағам* (Ғ.Мұстафин. Дауыл.). ә) *Жала жапты, айыптады. Бетіне* данышпанның

күйе жағып, не түрлі сұмдық шықты бала құдап (ХХғ. бас. қазақ ақын.).

Бетіне кіреуке болды. *Ұятқа қалдырды.* Билік беріп біреуге Аз нәрсеге алданба. *Бетіңе болар кіреуке* Жалбақтап жоққа жалданба (Б.Күлеев).

Бетіне қан жүгіртті. *Еліктірді, жан бітірді, қуантты.* Екінші тайм жанкүйерлердің *бетіне қан жүгіртті* («Жас Алаш»).

Бетіне [жан] қарамады. а) *Аямады, бетің бар, жүзің бар демеді, айбынды, адуынды болды.* Турашыл, *жан бетіне қарамайтын*, онан келер зиянды санамайтын. Қазақтың ескі, жуан тұқымынан, Шонжендіні еске алып баламайтын (С.Торайғыров. Таңд.). ә) *Қарсы келмеді, айтқанын орындады.* Бекер босқа шықпайтын, Белгілі жұртқа үніңіз. *Бетіңізге қарамай*, Ерке өсірген еліңіз. Үйірде – ат, үйде – адам, Қалмады ұл мен қызыңыз (К.Әзірбаев Таңд.). б) *Тартынбады, аямады.* Айрылады жарылып Киік пен атқан құланы. Ат *бетіне қарамай*, Ақ бөкендей жосытып Айғайын салып қуады (Қамбар батыр).

Бетінен алдырды [алғызды]. а) *Айтақтады, араға түсті.* Кет әрі, енді менен қамшы жерсің, Үргізген анау байың тыйым берсін. *Бетімнен алдырушы* сен ғой, Маман, Тұра тұр, бұл бәйгіден атым келсін (М.Әуезов, Шығ.). ә) *Басындырды, дәрменсіздік таныттты.* Шемен. Тоқтат өшір үндерін Хан *бетінен алғызып* қояр бізді кім дедің (М.Әуезов, Таңд.).

Беттен арын төкті. *Ұялтты, цятқа қалдырды. Төкпе беттен арымды*, Патшазада шырағым, Қашырма беттен қанымды (Мұңлық-Зарлық).

Бетінен аулақ. тілек. *Құдай көрсетпесін, маңайлатпасын деген мағынадағы сөзқолданыс.* Өзім *аулақ бетінен*, Бір орында оңаша. Дүние деген не деген – Қыла жатсам тамаша (Абай, Шығ.).

Бетінен боздағы шықты. *Өңі қашты.* Дүкен ақсақалдың *бетінен боздағы шығып* келеді (С.Талжанов, Сейфулланың Сәкені). Түсі сүзектен тұрғандай, *бетінен боздағы шығып*, жақ жүні үрпиген (С.Сейфуллин, Шығ.).

Бетінен жарылқасын. тілек. *Жолы оң болсын, мақсаты орындалсын, ісі оңға бассын.* Е, көке! Сіздің ақындығыңыз ауыздық тістеп алып, бір қыңырлыққа басқан екен. *Бетіңізден жарылқасын*, хан-төренің кілеміне түсіп, адыра қалған дәуреннің шашбауын көтермек болыпсыз (М.Әуезов, Шығ.). Қызына ата-анасы амандасты, Күнсұлу қайғыланып зар жылапты. *Бетіңнен жарылқасын* бір Алла деп, Беріпті, ата-анасы рұқсатты (Батырлар жыры). Мәкен қолын сілтеп, тыржиып: «Оқу түзеткен бала көргем жоқ... Тек *бетінен жарылқасын*»... дейтін (М.Әуезов, Қараш.).

Бетінен иманы тамған. *Әділетті, инабатты, жүзі жылы, көңілі таза (адам).* Тіпті кісіге қиянат жасайтын түрі жоқ қой өзінің. *Бетінен иманы тамып* тұрған жігіт, – деп ойлайды ішінен (Т.Ахтанов, Шығ.).

Бетінен қайтпады. *Алған бағытынан таймады; айтқанында тұрды, айнымады. Бетінен* Биқа *қайтпады*, Барарын кімге айтпады. Сәрсебайға берген сөз – Жүрегінде сақтады (К.Әзірбаев, Таңд.). Хохловтың *бетінен қайтпайтынына* көзі жетті ме, әлден соң Егор қылышын қынына сүңгітіп жіберді (Қ.Исабаев, Айқыз). Құдіретті күшті тағдырың *Қайтпады* қатал *бетінен*, Жаңағы жұрттың барлығын Жазаға тартты шетінен (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Бұл *бетіңнен қайтпасаң*, қазір жұртты жиямын (А.Хангелдин, Өткен күн.). Бұл да – Жүнісов Хәкімдей оқымаса да, бұл да *бетінен қайтпайтын* ер қабілетті жан (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Бетінен қақты. *Ұрысты, қарсы келді, зекіді, тоқтатты.* Рай осы үйдегі кісілердің жаңағы жерде Қарақатынды *беттен қағып*, тыйып тастағанына таңқалып отыр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Егер осылайша *бетінен қақпай*, осы қалпында жібере берсеңіз, балаңыз ертеңгі күні отбасының қазан бұзар тентегі болады да шығады (М.Иманжанов, Көк белес).

Бетінен қаны қашты. *Өңі бұзылды, құқыл тартты, сұрланды.* Батырдан Құртқа қорыққан соң, Төмен қарап жер шұқып, Өксіп жылап қамықты. Енді Құртқа сасады, *Бетінен қаны қашады*, Оң етегін басады (Қобыланды батыр). Алтын-күміс арттырып, Асыл кілем жаптырып, Түйеден алды бураны. *Қаны қашып бетінен* Іреңкі жаман қуарды (Алпамыс). Тұла бойы түршігіп *Бетінен қаны қашады* (Базар жырау, Шығ.).

Бетінен қанын қашырды. *Ренжітті, кейітті, ашуландырды.* Төкпе беттен арымды, Патшазада шырағым, *Қашырма беттен қанымды* (Мұңлық-Зарлық).

Бетінен [екі беттің] қаны тамды. *Шырайланды, ажары кірді, өңі кірді.* Алғашқы күні қымызды *бетінен қаны тамған* шолпылы қыз құйып беріп еді. Өзі Жамантайға күлімдеп қарай берген (Қ.Исабаев, Айқыз). Алмадай пісіп тұрған бақшадағы Ашылған гүл бейнелес қыз тұлғасы Албырап *екі беттің қаны тамып*, Құйылып төңкерілген көзқарасы (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Бетінен қапты. эксп р. *Қарсы шығып, қатты сөйледі.* Тіпті басынып ап, ананы,

мынаны істе деп, мазамды ала берген соң әуелі «жасы үлкен» деп сыйлағаныммен, артынан бірер рет *бетінен қауып* та тастадым (С.Мұқанов, Шығ.).

Бетінен оты шықты. *Қатты қысылып, қызарып кетті.* Курнос Иванның *бетінен оты шықты.* Бұл қазақты күшпен ала алмасын біліп, аудың арқалығын қоя берді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Құрымбай істеген істерінің бұрыстығын жаңа сезген секілді болды, ұялып, *бетінен оты шықты* (Б.Майлин, Шығ.). Ал Жұмагүл болса, *бетінен оты шыға,* бүкіл семьясы, ата-бабасы атынан ұялды (О.Бөкей, Таңд.).

Бетіне нұр жүгірді. *Қуанды, риза болды, ажарланды.* Подполковниктің ықыласын көріп, біздің жігіттердің *бетіне нұр жүгіре* бастады (Т.Ахтанов, Шығ.).

Бетінен шықты. *Асты, сыймады.* Жинаған қағазы көп, тіпті жәшіктің *бетінен шығып* тұр (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Бетіне оттай басылды. *Жылы ұшырады, жақын көрініп кетті.* Өз-өзіме самокритика жасамадым ба? – деп Қасен есік алдына шыға берді. Көз алдына Үлкен Алматы биігі тағы сап етті. Әлденеден *бетіне оттай басылған* сияқтанды (М.Әуезов, Шығ.).

Бетіне салық болды. *Ұят болды, табалауға негіз болды.* Сүйекең айтты сонда: «Ей, көп халық! Мынау іс *бола берер бетке салық*! Кейінгіге жұқтырмай кеселдері, Екеуінің көзін де жоғалталық» (Ш.Құдайбердіұлы, Шығ.). Қодар сұмның қылығы сырт елдің алдында менің *бетіме салық болса,* осы елге, өз келеңе келгенде, осы отырған бәрімізге салық (М.Әуезов, Таңд.).

Бетіне тура қарамады. *Жасқанды, қаймықты, жүзін тайдырды.* Ауылда әлі рубасы ақсақал басқарады. Жалшы әлі қанаушының *бетіне тура қарай алмайды* (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Бетін [екі бетін] жаспен [көз жасы] жуды. *Ағыл-тегіл жылады, әбден жылады.* Туған жер, әке-шеше бар дүниеден Неге соны көреді көңілім жуық? Ойламасқа қыламын күнде тәубе, Және ойлаймын *көз жасым бетім жуып.* Баланың ол кездегі көбі жетім, *Жасымен жуушы* еді *екі бетін.* Қыздары қызыл-жасыл киінетін, Той күні бір шоқ гүлдей көрінетін (Т.Молдағалиев, Өлеңд.).

Бетін жел қақпау, маңдайын күн шалмау. *Ешбір қиындық, бейнет көрмеу.* Айбар бұл ерке сұлудың *бетін жел қақпауын, маңдайын күн шалмауын* тілейтін (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Бетін жұмсартты. *Ашуын қайтарды, райынан қайтарды.* Бір ай бұрын Ақбала оған кісі жұмсап: «Әжемнің *бетін жұмсартып* берсін», – деп кісі салды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Бетін жыртты. а) *Ойбайлады, жылады, зарлады, өз бетін өзі тырнады.* Мұз тауында Айбас құл үйге барса, сонда Жаңыл шығады *бетін жыртып* (Қозы Көрпеш.). Түйеге мінген жас әйел, *Бетін жыртып* аңқылдап. Жас өспірім сұлу қыз Жүрегі ұшып қалшылдап (Жамбыл). ә) *Сөзге келді, ұрсысты, жүз шайысты.* Ахметтің аман-есен келуіне өзінен де бетер тілектес болып отырған жас адамның көңілін қиып, *бетін* қалай *жыртады?* (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі). Рас, о да сен үшін арандады. Ел азаматының бірін тұтқын қып, бірін атып жатса, құр отбасында *бет жыртқаннан* не шығады? (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай). б) *Әшкереледі, анықтады, ашты, айқындады.* Әншілердің бірқатары өздерінің шығармаларында бұқарашылдық, халықтық идеяларды қорғап, үстем таптың зұлымдық озбырлығын *бетін жыртта* әшкереледі («Қаз. әдеб.»).

Бетін көрмеді. *Енді қайтып жоламады, кездеспеді, жолықтырмады.* Мен балаң жарық Күннен сәуле қуған, Алуға Күнді барып белді буған. Жұлдыз болып *көрмейімін* елдің *бетін* Болмасам туған айдай балқып туған (С.Торайғыров, Шығ.). Төркіннің *бетін* содан қайтып *көрмей* кеткен екен (О.Бөкей, Таңд.).

Бетін көрсетті. *Таныtты, айқындады, білдірді.* Таңдаулы әңгіме, повестері берілген бұл жинақ прозаик Сәкеннің *бетін* толық *көрсете алды* («Қаз. әдеб.»).

Бетін кірбің шалды. *Жүзінде көңілсіздік білінді.* Тәңірберген қанша епті болғанмен, Еламанның алдында айла-амалын тауысып, мысы құрып, қанды қызыл *бетін кірбің шалып,* көңілсіздене бастады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Бетін қайырды [қайтарды]. а) *Қарқынын басты, меселін қайтарды, тыйым салды, басып тастады.* Ат сұраған ағайынның да *бетін қайырмай,* дос-досына ат шаптырып, күні-түні дамыл көрмей, әйтеуір жұртты өзіндік қылып жатыр (С.Торайғыров, Шығ.). Қарт шыдай алмай: «Өлмесе, жерлеуге апармайды ғой!» – деп жігіттің *бетін қайырып* тастады (Қаз. ертег.). *Қайырар бетін* қай жеңгей, Қандай да болса жақын ғой. Булығып тұрып үндемей, Беретін барын, іш те, той (Қ.Аманжолов, Шығ.). ә) *Тойтарыс берді, соққы берді.* Жалғыз ғана айтарым: Соғыстың *бетін қайтарып,* Босатып туған Отанды, Жеңіспен үйге қайталық (Қ.Аманжолов, Шығ.).

Жүз атаканы тойтарып. Жаудың *бетін қайтарып* Қаншама қиын болса да, Жеңіспен шыққан біз едік (Б.Момышұлы, Москва.). Бозінгеннің қарсы алдынан соққан қарсы боран да, борандай бораған бомба да оның *бетін қайтара* алған жоқ (Ә.Әбішев, Майдан).

Бетін қайтару. *Ауруды асқындырмау, тоқтату.* Осылайша, жергілікті билік Кох індетінің *бетін қайтаруға* әрекеттенуде («Жас Алаш»).

Бетін қайт қылған жоқ. *Көңілін қалдырмады, меселін қайтармады.* Жаудан талай айырдым Жесір менен жетімді. Қадамым жеткен жерімде *Қайт қылған жоқ бетімді* (Ү.Кәрібаев, Шығ.).

Бетін [бетінен] қаққан жоқ [қақпады]. а) *Тыйым салмады, қарсы болмады.* Ешкім де көліктен *бетіміздің қаққан жоқ.* Біз, әрине, көліктің көбін малы бар байлардан жинадық (С.Мұқанов, Есею жыл.). ә) *Еркін өсірді, еркелетті.* Қамар да қоя берді *бетін қақпай*, Жүрсе де сонысынан жұртқа жақпай. Әркімдер құдалықты ойланса да, Қамар қыз қайдан көнсін теңін таппай (С.Торайғыров, Шығ.). Егер осылайша *бетінен қақпай,* осы қалпында жібере берсеңіз, балаңыз ертеңгі күні отбасының қазан бұзар тентегі болады да шығады (М.Иманжанов, Көк белес). Мен әкемнің жалғыз баласымын. *Бетімнен қақпай* еркелетіп өсірді (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Бетін тырнатты. *Айтақтады, масқара еткізді.* Сыйлағаның *бетімді тырнатып,* аяғымнан шалдыру болса, құрт жесін ондай құрметіңді (Ә.Әбішев, Шығ.).

Бетін шымшыды. *Өрескел қылыққа ұялғандықтың не қатты өкінгендіктің белгісі ретінде байырғы қазақ әйелдерінің бетін шымшып көрсетуі.* Көптен не шықпайды, өзара күбірлесіп кейбіреулері *бетін шымшып,* өзімен өзі болып отырғандары да бар (Б.Майлин, Шығ.). Кемпір Ғабиденнің бетіне таңдана қарап, ернін шылп еткізіп, *бетін шымшып* «бар еді» – дейді де, салқын құмға көмілген торсықтан мұздай шұбатты табан аяқ қып құйып береді (С.Мұқанов, Өсу жол.).

Беттің кірі бес батпан [елі]. *Тым лас, өте былғаныш.* Шай қамзол, құндыз бөрік киген-менен, *Бес батпан* десең болар *беттің кірі* (С.Торайғыров, Шығ.).

Бетінің қаны қашты. *Боп-боз болып сұрланды, өңі қашты; жүдеді, қорықты.* Жасынан мерекені көрген талай, *Бетінің қаны қашқан* нақ сары қыз (Айтыс).

Бетің бар, жүзің бар демеді. *Көңілге қарамай, турасын айтты, тайсалмады, қаймықпады.* Жүніс мінезі шәлкес, *бетің бар, жүзің бар демей* ойындағысын тура және көзге айтатын жан еді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Оспан – көңіліне жақпаған нәрсені *бетің бар, жүзің бар демей* жарып салатын, тік мінез адам (С.Жүнісов, Жапанда.). Маған десе, алдында әкесі тұрсын, *бетің бар, жүзің бар демей,* дүрс еткізіп турасын айтатын (О.Бөкей, Таңд.).

Беті түзелді. *Дұрысталды, оңалды, ісі оңға басты.* Жарайды, *бетің түзелген* екен (Б.Майлин, Шығ.). Кемелге келу әлі алыс, Құлаудан кетті алайда. *Түзеліп беті* барады іс, Мақсатқа жетпек қалайда (Ж.Молдағалиев, Шығ.).

Беті тілінгір. қ а р ғ. *Ең жақын адамынан айырылып, қасірет тарт деген мағынадағы сөзқолданыс.* Сал кісенді! Табанын тіліп, күң қылыңдар! *Бетің тілінгір,* қайтып шыдап тұр мына бетің! (М.Әуезов, Шығ.). *Бетің тілінгір,* құ қаншық, өлсең етті бүйткенше (Ш. Құмарова, Қос шынар).

Беті шие болды. *Ерін жоқтап, бетін жыртып, қан етті.* Күлторат шабарына киe болды, *Беттері* қатынымның *шие болды.* Үлкен күшік секілді қу бас Мамай Иесіз тұрған ауылға ие болды (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Беті шиқандай. *Екі бетінің ұшы қызыл, бетінің қаны тамған.* Қала адамдарының *беттері шиқандай,* әсем киінген, арбалары да жақсы, аттары да семіз-ақ (С.Шәріпов, Шығ.). Сауыншылар да келіп жатыр: *беті шиқандай* екі еркек, қасында бір-бірден бала жігіт (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Беті шыдамады. *Дәті жетпеді, ар-ұяты бармады, ұялды.* Молда бақшасын алысыменақ: «Ойбай! Қашарға *бетіміз шыдамас*» деп, бәрі қашып жеткен (С.Торайғыров, Шығ.). Ал мынаны қайтем... – деп Ақбала қолындағы емізулі жас баласын көрсетті де *беті шыдамай,* бір қырындап бұрыла берді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Беті шімірікпеді [шімірікken жоқ]. *Міз бақпады, ұялмады, қысылмады.* – Ажалды алла жіберді қаусаған шалға! – деп жалтарды *беті шімірікпестен* тентек Темір тағы да жер тепкілеп («Қаз. әдеб.»). Не бетін айтады. Ерінің *беті шімірікпестен,* момақансып отырған аярлыға Сағипаны жирендіріп жіберді (М.Иманжанов, Көк белес). Бірақ жас жігіттің *беті шімірікken жоқ,* қайта шегір көзін Есейден айырмай күле түсті (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн).

Бүйрек [бүйрекше] бет. *Бетінің жоғары жағы бұлтиып шығып тұратын бет.* Қайраты

қайтпаған, қызыл шырайлы, *бұйрек бет* сары шал өз үстемдігіне ризалықпен сәл күлімсіреген сияқты, сәл кекесін аңғартып, тымырайып тысқа шығып кетті (Б.Нұржекеев, Бір өкініш.). *Бұйрекше бетінің* ұшы қызыл шырайланып тұрған Орынбасар шешей үшкілдеу мұрнын сипап қойды («Қаз. әдеб.»).

Бір бетпен. *Бір қалыпты, сол қалпы.* Табысын Құби гүрлеткен, «Құбидан ал, үлгі алсаң!» – Әңгіме жұрт күнде еткен. Неғыламыз, жігіттер, Айта беріп *бір бетпен* (Айтыс).

Екі беті суалды. *Жүдеді, арықтады, құр сүлдері қалды. Екі бетім суалып,* көзім шүңірейіп, мойным ырғайдай болып, адам танымастай жүдедім.

Ел бетіне қararлық беті бар ма? *Ұялу, қымсыну мәнін білдіретін сөзқолданыс.* Көндірер көп талқысы мен байғұсты, Мен көрем саған сеніп қиын істі. *Қararлық ел бетіне бет ім бар ма,* Болмай ма соңғы қайғы мұнан күшті? (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Жаудың беті. *Дұшпанның қаһары, екпіні. Жаудың бетін* қажып тұрмыз бұра алмай, Бұрмақ түгіл, шыдап қарсы тұра алмай. Күннің көзін қара бұлт жасырып, Күлімсіреп нұрын шашып шыға алмай (М.Дулатов, Шығ.).

Жауқазын бет. п о э т. *Қызыл шырайлы, реңді келбет.* Әскербек көзін жыпылықтатып, *жауқазын бетін* қарға тосты (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.).

Жел бетке шықты. *Жолы болды, сапары оңды болды.* Кеңшілікте туған жоқ, *Шыққын* деген *жел бетке.* Тарлықта қанша тайпалса, Қадірі болмас, әлбетте (Абай, Тол. жин.).

Жер беті. а) *Жердің үсті.* Аспанға ұшпай тұрып, жұмыр *жердің бетімен* дұрыс жүруді үйренгендерді көргенде налимын-ау (О.Бөкей, Таңд.). *Жердің беті* қисапсыз кең екен ғой, Бір кездеспей, Кеңейткен сен екен ғой. Күтпес жерде кездестің топ ішінде, Кең дүниең Бір уыс жер екен ғой (К.Салықов, Жезкиік). Сіркіремей, шүмектен күн жалтылдаған, Көк жерге құлағандай шартылдаған. Кей уақыт *жердің беті* аппақ болды Жұмыртқадай бұршақпен сартылдаған (С.Торайғыров, Алаш ұраны). ә) *Дүние жүзі, бүкіл әлем, бар ғалам.* Шыдамның да шегі бар, *жер бетінде* зәредей болса да, әділет, шындық дегендер қалса, тексеріп, көздерімен көрсін, ақ-қарамды ажыратып берсін, бірақ қорлауы мен қорқытуды қойғызсын (О.Бөкей, Таңд.). *Жер беті* неге ғана сан сұмдыққа, сан уайым-қайғыға, жылап-сықтаулар мен жетпей жүрген жетімдердің зарына толды (О.Бөкей, Таңд.). Көктем, шуақ ұялап келбетінде Көрінеді ол тұрғандай жел өтінде. Жалғыз әкпем қалдырған жалғыз қызды Менен басқа кім іздер *жер бетінде* (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). Сыйлайтын ер, Сыйыспайтын ездер бар. Сүйектен де өтетұғын сөздер бар. Үйге сыймай... Үй деген де сөз бе екен! *Жер бетіне* сыймайтұғын кездер бар! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Қай [не] бетіммен көреді [көрінеді, қарайды, барады]. *Қалай, қайтіп көреді, бетіне қалай қарайды деп ұялу, қымсыну мәніндегі сөз.* Айна алдында Толқыншаш та тұр әлі, жеңгей күрсінеді – Ойбай-ау! *Қай бетіммен көрем* құданы?! (Ә.Сәрсенбаев, Миллиард.). Жетсін деп он күн бұрын хабар айтты Бикешке *көрінесің не бетіңмен* (Базар жырау, Шығ.). Пенделікті тас қаңтарып, шегеріп, Біріміздің қамымызды екіншіміз жеп едік. Шаттығымның тостағаны енді мәңгі кертілді, Қалай көрем өз мінімді, *Қалай көрем бетімді?* (М.Шаханов, Ғасырлар.). Тіпті, *не бетіммен* қайтып *барамын,* тіпті, барғанның күннің өзінде де қанды көйлек деп үйге кіргізе ме (О.Бөкей, Таңд.).

Қансыз бет. *Бозарған, сұп-сұр болып, көгерген түр.* Келіншектің *қансыз беті* кенет әлденеге ашулы ажармен қатайып алды да, Еламан енді тіл қатам дегенше жүре берді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

Қаны қашқан бет. *Бозарған, көгерген түр, сұп-сұр болған келбет.* Кітап оқып отырған Салиқа Ләззаттың *қаны қашқан бетіне* таңырқай қарап, басын шайқады (Т.Ахтанов, Шығ.).

Құдай бетін көруге жазбасын. т і л е к. *Беті әрмен, жоғалсын, кетсін, көрінбесін деген мағынада.* Ол бетпақтың [Раушанның] *Құдай бетін көруге жазбасын* (Б.Майлин, Шығ.).

Қызыл бет. *Жас, көрікті, шырайлы адам.* Маңайымнан әрмен кет, Жанды қуыршақ, арам ет. Білдірместен астыртын Алдап едің көз құртын, Құр бояма *қызыл бет* (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Науқастың [аурудың] беті қайтты. *Жазыла бастады, сауықты.*– Әйтеуір сізді шақырып, біздің келгенімізге қарай, бабаның көрі аруақтары жар болып, садағаң кетейіндер, басындағы дуасы алынып, ең күшті *науқасының беті қайтты* ғой (С.Торайғыров, Шығ.). Құяңды емдеу мәселесі оның түрлеріне байланысты. Мысалы, ауру қатты басталған кезде, *аурудың беті қайтқанша* қозғалмай, тыныш жатуға тиіс (М.Қайраңбаев, Ескерм. ауру).

Не бетімді айтамын? *Қалай айтып жеткіземін, не деп айтамын деген мағынадағы сөз.* Бойды талдырған ауыр жүктен арылған ана толықсып мызғып кетіп еді, үйқысырағаны ма, күбірмен әрең дегенде, «Құдайым-ай, Қойшы-

ға... Оған *не бетімді айтамын»* дегендей болды (О.Бөкей, Таңд. шығ.). Қашан көрсең аяғыңа оралғы боп, кежегеңнен кейін тартады да жүреді. Ел-жұртқа *не бетіміздi айтамыз!* – деп, Медетбек жұмысы нашар участок басшыларына ызаланады (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал). Қорқауды, өсекшілді қатарға алма, Кеселін тигізеді сапарға алда. *Не бетіміздi айтамыз* Болашаққа, Жат қылықты қалдырмай апарғанда? (М.Мақатаев, Шығ.).

Салған беттен. *Бірден, тез арада, сол бойы.* *Салған беттен* жаттықтырушыдан жолы болған (оның жаңа жаттықтырушысы Анжело Данди әлемнің жеті чемпионын тәрбиелеп шығарған кісі еді) Кассиус Клей аз уақыттың ішінде бокстасу техникасын жеріне жеткізе шыңдап үлгереді (С.Абдрахманов, Елдік сыны).

Салған беттен қайтпады. *Бағытынан айнымады, бағытын өзгертпеді.* Не де болса *салған беттен қайтпаспыз,* айтқан серттен таймаспыз, біз бекініп келіп отырмыз, – деді Далабай (А.Лекеров, Түз гүлі).

Тәңір [Құдай] бетін ары қылсын. т і л е к. *Құдай сақтасын, ондайдан аулақ етсін деген мағынада.* «*Тәңірім* ондай жамандықтың *бетін ары қылсын*», – деп күбірледі, – ары қыла гөр (О.Бөкей, Таңд.). «*Құдай* сақтасын, – деп күрсіндім, – *бетін ары қылсын*» (О.Бөкей, Таңд.).

Шынның бетін бояды. *Шындықты жасырып, бұркеді, өңін айналдырды.* Расы жоқ сөзінің, Ырысы жоқ өзінің, Өңкей жалған мақтанмен, *Шынның бетін бояйды* (Абай, Тол. жин.).

Ұяттан беті күйді. *Ұятқа қалды, масқара болды*. Кенжебай еңбегі жанбау дегеннің не екенін жақсы біледі. Ана жылы екі рет *ұяттан бетінің күйгені* бар («Лен. жас»).

БЕТА-БӨЛШЕК з а т. ф и з. *Бета ыдырау кезінде атом ядросынан бөлініп шығатын электрондар мен позитрондар. Бета – бөлшек тер* электрондар болса, $в^-$ түрінде, ал позитрондар болса, $в^+$ түрінде белгіленеді (ҚҰЭ).

БЕТ-АЖАР з а т. *Адамның бет-пішіні, жүзі.* Қазіргі *бет-ажарына* қобалжу да жоқ. Өз ойын өзі қинап, алаң еткен кісі емес (М.Әуезов, Таңд.). Жақындаған сайын Базарбайдың *бет-ажарына* қараймыз (Б.Майлин, Шұға.). Оның жүрісі батыл, *бет-ажарында* толқу, жасқану жоқ, ұлы жігер мен кектің белгісі бар (Ж.Саин, Жол үстінде).

БЕТА-КОЭФФИЦИЕНТ з а т. қ а р ж ы. *Жеке құнды қағаздар бағасының динамикасына, нарықтағы бағалы қағаздардың жалпы жағдайына тигізетін әсерін сипаттайтын көрсеткіш.* ≈ *Бета-коэффициентін* анықтау.

БЕТАЛДЫ[1] з а т **1.** *Алдыңғы жағы, адамның, заттың тура алдындағы кеңістік.* Арыстан шапты торға атқан оқтай, Қомсынып, *беталдында* а нәрсе жоқтай. Өте алмай торды бұзып, шырматылып, Сол жерде қолға түсті ұрмай-соқпай (А.Байтұрсынов, Шығ.). *Беталдына* қараса, Есекке жұмыр артып ап, Он қойын түрікпен тартып ап, Жылап жүрген қойшыны, Шораның көзі көреді (Бабалар сөзі // Шора батыр). Тап қазір *беталдында* лықсып ағып жатқан дария баяғы Доскей шал айтқан ертегідегі от өзенге мүлдем ұқсап кеткені (Д.Досжанов, Табалдырығың.). Заставаның *бет алдындағы* тақыр алаңда әкем мен тәтем сол қарағайларды күні бойы арамен кертіп турайды. Сосын, шойын балтамен жаңқалап жарып, текшелеп жинаумен болады (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). **2.** а у ы с. *Райы, мінезі, кескін-кейпі.* Бірақ көп ұзамай өне бойы уда-дуда еңгезердей үндемес кісінің *беталдының* жұмсақтығын іштері сезсе керек, шай ішуге келгенде Еңсептен басқалары бірі тізесіне мініп, бірі мойнына асылып тапалайды да жатады (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.).

Беталдыңнан жарылқасын. т і л е к. *Сәтті сапарын берсін, жолың болсын.* – Бұл айтып отырғаның да жаңа тірліктің бір белгісі шығар. *Беталдыңнан жарылқасын,* зауытыңа бара бер, балам, – дейді әкесі («Қаз. әдеб.»).

БЕТАЛДЫ[2] ү с т. **1.** *Босқа, бекерге, текке.* Бет алыпсың, халайық, бұрылмасқа, Қалауыңды қақым жоқ ұғынбасқа. Бір шартым бар «батырға» қоятұғын, Жамыраспа, *беталды* шуылдаспа (М.Мақатаев, Шығ.). Болжаса да боларын астық қанша, Әкеледі сүмбіле қастық қанша. Нағыз диқан *беталды* даурықпайды, Бидай болып мол егін бастыққанша (К.Салықов, Жезкиік). **2.** *Жөнсіз, орынсыз.* Жолдастар, *беталды* солақайлықтың, орынсыз қызарудың жөні жоқ (Б.Майлин, Шығ.). Даланың құлпырып тұрған әсем түрін мал тұяғына *беталды* қаптатып, жаныштата беруге болмайды (Н.Ғабдуллин, Өмір күйі). Жүріс-тұрысы оғаштары, атап айтсақ, жаталақшу, жонын күжірейту, бүрісу, *беталды* лағу, айналу, бошалау, саяқсу, кигежектеу, шегіну, аунау қылықтары малдың сау еместігін байқатады (Б.Хинаят, Төрт түлік.). Сондай да қалжың бола ма екен. Үлкен адам жөн сұрап отырғанда *беталды* қалжақтай берудің не орны деп, енді төрде жымия күліп отырған Ақанға бұрылды (С.Жүнісов, Ақан сері). **3.** *Кез келген жақ, белгісіз жақ.* Жүрген көп «жығылам» деп үйде бұғып, жел болмай, боран болмай *беталды* ығып.

Қысқасы, оңдырмаған жасқаншақтық, – Жасқанба, қылыш шапса, найза сұғып (С.Торайғыров, Таңд.). // *Кім көрінген, бөтен, белгісіз біреу. Б е т а л д ы* жанға бой салма, Қорлық жүрмес сақтыққа. Елу бесте біз дағы Сенісер адам таптық па? (Абай). Көріп тұрсың өзің дағы, *Б е т а л д ы* жан келе ме?.. Әділ үкім берсең тағы, Біз ризамыз «төреңе!» (Ж.Сыздықов, Асу).

БЕТАЛДЫНА ү с т. с ө й л. ***Беталды***. Жаман-жұман адамдай, *Б е т а л д ы н а* саспағын (Дастандар). Қайран жастық-ай! Жақсы көріп алғанды, бергің келмес. *Б е т а л д ы н а* ерігіп жүргің келмес. Жасың жүзге жетсе де жаның тәтті, Қара жердің қойнына енгің келмес (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Тұс-тұстан айқай шыққанда, Жау шегініп жөңкіліп, *Б е т а л д ы н а* ол кетті, Бар құралды ата алмай, Дірілдеп буын, әл кетті (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

БЕТАЛЫС з а т **1.** *Бет алған жақ; біреудің немесе бір нәрсенің райы, ниеті, ыңғайы.* Шынын айтқанда, көптің *б е т а л ы с ы н а н* қорқады (Б.Майлин, Шығ.). Бұл жақтағы *б е т а л ы с* жақсы, жолдас Большакова, сізге алдын ала-ақ рақмет айтып қояйын, сіздің арқар меринос атанып отырған жаңа қой тұқымының сүтінің маңызынан жасаған ғылыми анықтамаңыз осы малдың ең бір маңызды жетістігі болып отыр (С.Бегалин, Уақыт.). **2.** *Ұстаған жолы, нысанасы.* Жас қыздың *б е т а л ы с ы* дұрыс. Ол өмірдің өзі нұсқаған арнамен келе жатыр («Лен. жас»). **3.** *Істелетін істің басы, бастамасы.* Бүркіт сәл ғана езу тартты. «Келешек бағыттың *б е т а л ы с ы* дәл бүгінгідей бола берсе, ол бақытқа жетуіміз екі талай-ақ шығар» (І.Есенберлин, Қатерлі.).

БЕТАСПЕКТРОМЕТР з а т. ф и з. *Конверсиялық электрондар мен позитрондардың энергетикалық үлестірілуін (спектрін) өлшеуге арналған құрал.* Алғашқы магниттік *б е т а с п е к т р о м е т р д і* 1912 ж. поляк физигі Я.Даныш құрастырды (ҚҰЭ). Мұндай *б е т а с п е к т р о м е т р д і ң* ажыратқыштық шамасы жоғары әрі қолдану аясы кең болып келеді (ҚҰЭ).

БЕТАТРОН [грек. beta – грек әліпбиінің екінші әрпі, грек. elektron – тұрақты элементар бөлшек] з а т. ф и з. *Циклді электрон үдеткіш. Б е т а т р о н д а* электронды үдете қозғалту айнымалы магнит өрісінің әсерінен индукцияланған құйынды электр өрісі арқылы жүзеге асырылады (ҚҰЭ).

БЕТ-АУЗЫ з а т. **1.** *Бет құрылысы, бет пішіні.* Бекболат бұрынғыдай емес, сақал, мұрты да көбейіп, *б е т-а у з ы* да ажымданып, бойы да аласарып, қораш боп қалғандай көрінді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Сол үйден тоғыз-он жасар бала шыға келіп *б е т-а у з ы н* қисайта қарап біраз тұрды да, ақырын келіп торы аттың шылбырына жармаса кетті (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). **2.** а у ы с. *Кескін, келбет.* Әкесі Жақып жасында өліп қалғандықтан, Мардан ол әкесінің *б е т-а у з ы н ы ң* қандай екенін де білмейді (І.Жансүгіров, Шығ.). **3.** а у ы с. *Түрі, ыңғайы, райы.* Бірақ бесіндіге еңкейген күннің *б е т-а у з ы* жаман: өзі тоңып тұрған дөңгелек табақтай өңі сары өңез, жылусыз ғана жарық шашады, шақырайған алып шам сияқты (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). **4.** а у ы с. *Сыртқы жағы, сырт пішіні.* Ескі мәдениеттің есіл қымбат жұрнағы *б е т-а у з ы* айғыздалып, сыр-сырлауы көшіп, бұрыштары жеміріліп, құбыла жағы толықсып, жантайып, мұнараларының қабырғасы шатынап, құлауға таянған екен (Ж.Аймауытов, Шығ.). Медеужанға ұқсаған *б е т-а у з ы* қожалақ, кішкене самаурынның сол жағында, қызыл жиек шыны-аяқты төрт саусағымен шошайтып ұстап, Алтынай тершіп, ащы шайын ышқына ұрттап отыр (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Бет-аузы бүлк етпеді. *Ұялмады, ыңғайсызданбады.* Анаң хал үстінде дегенде, Сәбит сен амалсыздан зорға келдің, келісімен бұл қай балалығың деген ел-жұртқа *б е т-а у з ы ң б ү л к е т п е с т е н* «Қателік менен болған екен», – дедің («Лен. жас»). – Тіпті ұрлық болса болар, алдымен ұрлық иесін тап. Алдыма алып кел еңіретіп, – дейді Шөкең *б е т-а у з ы б ү л к е т п е с т е н* («Лен. жас»).

Бет-аузы бір уыс болған. *Бет-әлпеті кішірейіп, жүдеп, шөкімдей болып қалған.* Кейкі мұрны қызарып, өңіндегі опа-далап тозаңданып, *б е т-а у з ы б і р у ы с б о п*, көгеріп кеткен, ерні икемге әрең келеді (М.Мағауин, Бір ата.).

Бет-аузы даладай қан. *Қып-қызыл ала қан, жараланған.* Кейде тіпті қатты жығылғандықтан, танауыма шейін топырақ кіріп кететін еді. *Б е т-а у з ы м*, екі бастан, *д а л а д а й қ а н* (Ө.Қанахин, Жер бас.).

Бет-аузы дала-дала. *Үсті-басы, денесі тілім-тілім болып, далау-далауы шыққан.* Қырық-елу метрдей домалап, одан қайта аунап, келгенде Құсайынның үсті-басы, *б е т-а у з ы д а л а-д а л а* еді (К.Ахметбеков, Жеңіс.).

Бет-аузы [-ның] дал-далы [дала-даласы] шыққан. *Әбден соққы жеген, қажыған. Б е т а у з ы н ы ң д а л-д а л ы ш ы қ қ а н ы н а н а қ* өлгелі жүргенің көрініп тұр, бәлеңе қала жаздаппын, қатын-баламның бағына мені Құдайым сақтаған екен дағы (Қ.Қамбаров, Ертіс те). *Б е т-а у з ы д а л а-д а л а с ы* шыққан (К.Тоқаев, Түнде.).

Бет-аузы жылтыраған. э к с п р. ж а ғ ы м с ы з. *Сырт пішімі көзге бірден түсетін келісті.* Біз семья дегенге ат үсті қарап көкпар тартып

келдік, *б е т-а у з ы ж ы л т ы р а ғ а н* қыз көрінсе қиқу сап, жаппай ұмтыламыз (З.Шашкин, Темірқазық).

Бет-аузы көнектей [дорбадай] боп істі. *Беті әбден істі, бет әлпеті үлкейіп кетті.* Үлкені басын көтерді, *б е т-а у з ы* соққыдан *к ө н е к т е й б о п і с і п* кетіпті, бірақ үндеген жоқ (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Келіп қараса *б е т-а у з ы к ө н е к т е й б о п і с і п* кеткен бір әйел (Т.Ахтанов, Боран). Оның *б е т-а у з ы д о р б а д а й б о п і с і п* кеткен (Ш.Айтматов, Ерте келген.).

Бет-аузы көнектей ісік. *Беті әбден іскен, бет-әлпеті үлкейіп кеткен.* Ботагөздің *б е т-а у з ы к ө н е к т е й і с і к* және сағалдаған қанның жолақ-жолақ ізі (С.Мұқанов, Ботагөз).

Бет-аузы қатпарланған. *Бетін әжім басқан, бетіне әжім түскен.* Масатыдай құлпырған жердің жүзі, Аяқ бассаң – табанға өтер сызы. Кемпір болған *б е т-а у з ы қ а т п а р л а н ы п*, Бұраңдаған кешегі сұлу қызы (М.Жұмабаев, Шығ.).

Бет-аузы қисаймады. *Ұялмады, қызармады.* Ұртазы: – Сен бәйбіше болып отыра бер, төрт балаң бар, енді саған не керек, мен өзім сүйген жас Зиямен қызық өмір сүрейін, – деп ол бірде, тіпті *б е т-а у з ы қ и с а й м а й* тура кетті (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

Бет-аузына қылтанақ бітіп көрмеген. *Көсе, сақал-мұртсыз адам. Б е т-а у з ы н а қ ы л т а н а қ б і т і п к ө р м е г е н* көсе осы үйге жеткенше сақал-мұрт шығып қалмады ма екен дегендей иегін, шықшытын, самайын сипай берді (З.Ақышев, Ақбел.).

Бет-аузынан оқылды. *Кескін-келбетінен анық байқалды.* Күңгірт түспен ойға батып Орындыққа отырған. Жүрек қаны сыртқа атып, *Б е т-а у з ы н а н о қ ы л ғ а н.* Бек мұңайып айтты көз «Үмітсізбін» деген сөз (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Бет-аузын қан [қан жоса] қылды. *Ұрып-соқты, қанға бояды.* Қалың қазақ жиылып, *Б е т-а у з ы ң д ы қ а н қ ы л ы п,* Бермей ме сөйтіп сыйыңды (Үш ғасыр.). Ол мұны *б е т-а у з ы н қ а н-ж о с а қ ы л ы п,* қалың адамның ортасына алдырып, бірі ары итеріп, бірі бері жұлқып, додасын шығарды (Ә.Ақбаев, Қара.).

Бет-аузы құбылды. *Кескін-келбеті, түрі қайта-қайта өзгерді.* Бозбаланың *б е т-а у з ы қ ұ б ы л ы п,* қолы дірілдеп, ерні дымданып дертіп кетті (М.Жұмабаев, Шығ.).

Бет-аузын [жүз] құбылтты. *Кескін-келбетін, түрін қайта-қайта өзгертті. Б е т-а у з ы н* сөз сөйлерде *ж ү з қ ұ б ы л т ы п,* Қас кермек, мойын бұрмақ, қоразданбақ. Осындай сидаң жігіт елде мол-ақ. Бәрі де шаруаға келеді олақ (Абай, Тол. жин.). Бойын билеп, кез келгенде *б е т-а у з ы н* тиісінше *қ ұ б ы л т ы п,* аяқ-қолы, бүтін кеудесінде түрліше ұстай білу – көргенді, сыпайы жігіт атану (М.Дулатов, Шығ.).

Бет-аузын тыжырды [тыржың еткізді]. *Жақтырмаудың, ұнатпаудың нышанын танытатын мұрнын тыжыру ишаратын жасады.* Ұзын бойлының мұнысын Темірбай *б е т-а у з ы н т ы ж ы р ы п,* ұнатпай қалды (М.Жұмабаев, Шығ.). Кәкима Қадишаның Сәулені мадақтағанын жақтырмай, *б е т-а у з ы н т ы р ж ы ң е т к і з і п*: «Ә, қойшы, еркектер майданға кетпесе... бастық болу қайда оған», – деді (Ә.Әбішев, Шығ.).

Бет-аузын түзеді. *Сыланып-сипанды, сәндеңді.* Қолдан жасап, сырты менен *б е т-а у з ы н т ұ з е п,* бай-бай күлкінің әнін сәндеп, әдемішілік үшін күлетін бояма күлкі (Абай, Тол. жин.).

Бет-аузы су көрмеген. *Жуынбаған, лас, кір.* Үсті-басы кір, сақалы өскен кәрі солдат-тар, қақтыққан, *б е т-а у з ы с у к ө р м е г е н* балалар, қыдырма сатушылар (С.Сейфуллин, Тар жол.).

Бет-аузы шиқандай. э к с п р. ж а ғ ы м с ы з. *Нарттай қызыл, екі бетінің қаны тамған.* Үрген қарындай доп-домалақ, *б е т-а у з ы ш и қ а н д а й* күреңіте тершіген, сығыр көзін ұры итше жылтылдатып, кеспелтек жандарал аяғын зорға басады (С.Талжанов, Ұлдай.).

Бет-аузы шылп етпеді. *Ұялмады, ыңғайсызданбады.* Қалпеге салса, Тоқаш былай тұрсын, Совет үкіметі құлапты деуге *б е т-а у з ы ш ы л п е т п е с і н* білеміз (Ж.Арыстанов, Сұңқар). – Кейбір қылықтарын айтсам, *б е т-а у з ы ш ы л п е т п е й,* оны сұрап не қыласың, – деп, былжырайды («Қаз. әдеб.»).

Бет-аузы шімірікпеді. *Ұялмады, қызармады, ыңғайсыздық танытпады.* «Ұрғаны үшін ол жаза тартады, ал газетті жыртқаның үшін сен де жаза аласың. Екеуіңе үш жылдан алты жыл», – деді ол *б е т-а у з ы ш і м і р і к п е с т е н* (З.Шашкин).

БЕТАШАР[1] з а т. **1.** э т н. *Жырау не ақын шаңыраққа жаңа түскен келінге ата-енесін, үй-ішін, қайын жұртын таныстырып, олардың беделін, қадыр-қасиетін термелеп айтып, әрқайсысына сәлем жасататын, аттары аталған адамдар мал-мүлік, ақшалай заттай сыйлық беретін қазақ халқының ұлттық салт рәсімі.* Дәстүрлі *б е т а ш а р* әдетте тойға жиналған халық тарқар кезде өткізілген (ҚҰЭ). Жастары бар, қарты бар. *Б е т а ш а р* деген салты бар, Сол кәдесін істейтін, Келіп тұр, келін, жөніңіз (Базар жырау, Шығ.). Дәстүр бойынша, жаңа түскен келінді *б е т а ш а р* жоралғысы жасалмастан бұрын қыз-келіншектерден басқа ешкім

көрмеген (ҚҰЭ). **2.** а у ы с. *Кіріспе, бастама.* Ал «Жоқтау» кітабының *б е т а ш а р ы* ретінде Шәңгерей Бөкеевтің «Сыршы» атты өлеңінің маңызы айрықша деп білеміз (А.Байтұрсынов, Шығ.). Келіп менің бата алып көп жасағым, Өз қолынан Сәбеңнің, ет асадым. Жұлдыз атқан шараптай оты бар деп, Иса жазды жырымның *б е т а ш а р ы н* (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Бір сөзге бұл әншейін *б е т а ш а р ы м* Демеңдер айтатұғын осы барым. Бұлақтай тарауланған көп әңгіме Бір көлге білеміз ғой қосыларын (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.). **3.** а у ы с. *Алғашқы қадам, бастама.* Бұл концерт орыс өнерпаздары көрсетер өнердің алғашқы бастамасы, *б е т а ш а р ы* ғана («Қаз. әдеб.»).

БЕТАШАР[2] з а т. ф о л ь к. *Дәстүр бойынша жаңа тұскен келіншектің бетін ашқанда айтылатын мазмұны қайын жұртпен таныстыру, сәлем салдыру, үлкендерден көрімдік сұрау, келінге насихат айту желілерінен тұратын өлең.* Басталды *б е т а ш а р!* Айтылды *б е т а ш а р!* Мәнлі келін алдында Сыпайылық жарасар... (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Келіншек түссе – жаңа *б е т а ш а р,* қыз ұзатылса – жаңаша қоштасу жырын шығарып беремін (Ә.Нұршайықов. Махабб. жыр.). Орамалдың теңге түйілген ұшын домбыраның мойнына не таяқтың ұшына байлап, жырау *б е т а ш а р* жырын бастайды (ҚҰЭ).

БЕТА-ЫДЫРАУ з а т. ф и з. *Атом ядросының ішінде нейтронның протонға және протонның нейтронға өздігінен айналу процесі. Б е т а-ы д ы р а у* процесі ауыр, сондай-ақ жеңіл ядроларда да байқалады (ҚҰЭ). *Б е т а-ы д ы р а у* теориясын 1934 ж. италиялық физик Э.Ферми жасады (ҚҰЭ).

БЕТБАҚ[1] с ы н. с ө й л. ***Бетпақ*1.** Қарашы *б е т б а қ?* Тумағандығыңды қыласың ғой (М.Дулатов, Шығ.). Көрінбе, – дедім, – енді қайтып маған Сен *б е т б а қ* тура жолдан шын адасқан (Базар жырау, Шығ.). – Ей, *б е т б а қ,* түстің, – деді, – біздің қолға, Қарама құтылам деп оң мен солға. Көр қылмас сиқыр дәуің енді маған (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Алдына жан салғанды ар көретін тайқы маңдай кей қазақтың *б е т б а ғ ы* мінезінен құр еместігін сонда байқағам (А.Сүлейменов, Бесін).

БЕТБАҚ[2] з а т. с ө й л. ***Бетпақ*2.** Самарқант пен Ходжентке қарай шұбырған Ұлы жүз бен Орта жүздің кей рулары Сырдария жағасынан алты шақырым жердегі, *б е т б а қ* далаға қарай кеткен үлкен арықтың екі айырылған жеріндегі Алакөлге келіп құлады (І.Есенберлин, Жанталас). Аққулары найқалған; Айдын шалқар көлді өтті. Жалғыз қасық суы жоқ, Қара ағашты нуы жоқ, Ұшқан қаз бен қуы жоқ, *Б е т б а қ* дала шөлді өтті (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

БЕТБАҚТЫҚ з а т. с ө й л. ***Бетпақтық.*** Манағы қыбыжықтап отыратын күйі жоқ, қазір Жамалханның жүзінен тас боп бедірейген *б е т б а қ т ы қ т ы* көрді (Б.Нұржекеев. Күтумен өт.). Мойындамаса *б е т б а қ т ы ғ ы* емес, керісінше, сахараның шалқар даласын сахна етіп, сол сахнадағы өмірдің өзіндей асыл өнер – саятшы, құсбегілігін қимағандығы, әрине (Саятшылық). Екеуінің жөні екі басқа Төлеутай өзінің күйін сезеді, тек *б е т б а қ т ы ғ ы* басым (Т.Тілеуханов, Өзге.).

БЕТ-БЕДЕЛ з а т. *Ықпал, абырой.* – Орыс ұлығына да, «алаштың» басшыларына да ежелгі ел жақсысының *б е т-б е д е л і* өтер болар, – деді (Д.Әбілев, Арман.). Алматыға сіз барсаңыз, мен бармаймын, Әкенің *б е т-б е д е л і н,* атақ-абыройын жамылып оқуға түскенше, оқымай кеткен де артық (Дала дауылпаздары).

БЕТ-БЕДЕР з а т. **1.** *Бейне, көрініс, кескін-келбет.* Кірпігімді қақпай, көзім алды қарауытқанша туған өлкемнің *б е т-б е д е р і н е* еміреніп, аса бір сағынышпен қарай берем, қарай берем (Ө.Қанахин, Жер бас.). **2.** г е о г р. *Жердің сыртқы қабатының кескіні.* Кейбір аспаптармен геологиялық білімі жоқ адам да жердің *б е т б е д е р і н* түсіріп карта жасай алады (К.Смайылов, Мамандық). **3.** а у ы с. *Бедел, абырой.* Мені білесің ғой... Мен ешкімнің *б е т б е д е р і н е* қарамаймын (О.Сәрсенбаев, Жиде.).

БЕТ-БЕЙНЕ з а т. **1.** *Бет-пішін, бет-әлпет, кескін, тұр-нұсқа.* Дәу Қараның *б е т-б е й н е с і н д е г і* құбылуларды адам аңғара алар емес (О.Сәрсенбаев. Жалғыз күрке). Ол Марияшты көрген мезетте мұнан он екі жыл бұрынғы Мырзаштың *б е т-б е й н е с і* көз алдына келе қойғандай болды (С.Алдабергенов, Қанат.). Әкесі Ұлы Отан соғысына аттанғанда, Жайлау әкенің *б е т-б е й н е с і н,* кескін-келбетін ажырата алмайтын жаста қалды (М.Неталиев, Үлкен жол.). **2.** а у ы с. *Бағыт, бағдар, мақсат.* Кейбір тарихшылардың Отырар мемлекетін мекендеген халықтың атын әртүрлі атауынан едәуір дәрежеде мәдениетті болған бұл дәуір өз *б е т-б е й н е с і н* әлі айқын таныта алмай келеді (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). Мені кітаптағы «Жастар жарымжандығы» деген тарау өте-мөте қызықтырады. Тақырыбының өзі Америка мектебі мен Америка ағарту ісінің *б е т-б е й н е с і н* танытып тұр («Халық мұғ.»). Тіл алғыш ұл, тіл алғыш қыз болу дегеніміз өз *б е т-б е й н е ң н е н* айырылу деген сөз емес (М.Әлімбаев, Тәрбие.).

БЕТ-БЕТКЕ ү с т. *Жан-жаққа, алды-алдына.* Қойшыны көріп қойған адамдар абыр-

дабыр келіп, олай-бұлай жүгірісті. *Бет-бетке* жүгіріп, қойны-қонышына тас толтырысты (І.Жансүгіров, Шығ.).

БЕТ-БЕТІМЕН үс т. **1.** *Әркім өз бетінше, жан-жаққа, беті ауған жаққа.* Ермек қып олармен Жұпар ойнап, Жүргенде, жақындаса басқа адам, Қашады *бет-бетімен* тырақайлап (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Бәтеске не жазарым басында сайрап тұрғанмен, жазуға кіріспек болғанда, бар сөзім *бет-бетімен* бытырап қашады да, бір де біреуі маңайына жолатпай қояды (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Айдың да кеткісі жоқ көк бетінен, Табандап жатып апты етпетінен. Күн түнде таңнан хабар айтып еді, Жұлдыздар үркіп кетті *бет-бетімен* (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** *Шашырап, бірікпей, келіспей.* Дөң асқан мал табылмай, Ашылған етек жабылмай, Біріне бірі сеніспей, *Бет-бетімен* ел кетті (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Жұрт қағаздарын алған қуыстарына қайта салып, тағы да *бет-бетімен* қимылдады (С.Сейфуллин, Тар жол.). Жаратып бір-бір атты мініп алып, Тақымға бір-бір шоқпар іліп алып, Ат қойды *бет-бетімен* көп бұқара, Азығын белбеуіне түйіп алып (К.Әзірбаев, Таңд.). **3.** *Бақылаусыз, қадағалаусыз, тексерусіз.* Осы біреу мұғалім деген немесі де балаларды әбден *бет-бетімен* қоя берді (М.Дулатов, Шығ.). **4.** *Мақсатсыз, бекерге, бос.* Көре алмай ел жұртының ақтық жүзін, Әр жерге сүйегіңді көміп жүрсің. Сандалып елден безіп нағып жүрсің, Тентіреп *бет-бетіңмен* лағып жүрсің (Айтыс).

БЕТ-БЕТІНЕ үс т. *Әрқайсысы әр жаққа, өз бетінше.* «Алла» деп Рақышқа алды мініп, Келгендер кете жаздап жерге кіріп. Қайталап *бет-бетіне* қаша берді, Шыдамай шілдедегі мұзша еріп (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Тапсырма алған адамдары *бет-бетіне* тарай бастады (Х.Ерғалиев, Шындық.). Бала-шаға би болған шаңыраққа, Әке көзі жоғалмай тұрған шақта. «*Бет-бетіне* түйе айдап» бәтшағарлар, Бірбірінің үстінен барған сотқа (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

БЕТБҰРЫС з а т. *Жаңа бағыт, соны өзгеріс, жаңаша беталыс.* Соңғы кездерде новеллалар романы, музыкалық повестер секілді проза саласында жаңа *бетбұрыстар* жасалған (С.Мәуленов, Үркер.). «Абай» операсы – профессионалдық қазақ музыкасындағы жаңа *бетбұрыс* (Ж.Рсалдин, Ахмет Жұбанов). Міне, осындай зор шайқасқа, екінші дүниежүзілік соғыс барысында түбірлі *бетбұрыс* жасаған Сталинград шайқасындағы қазақстандықтар тарихта өшпес даңққа бөленді (Қ.Досқалиев, Қаһарман).

БЕТДҮЗДІК з а т. с ө й л. ***Бетжүздік.*** Ақырында тынармын, бітер демім, Жарқыраған жұлдызым сөнер менің. Тон ішінде мұздаған қайран тәнім, *Бетдүздігің* бес метр болар кебін (М.Мақатаев, Шығ.).

БЕТЕГЕ[1] з а т. ө с. **1.** *Малға жұғымды ақ селеу, ырбық, аласа шөп. Бетегесі* бырдай боп, Майсасыры дырдай боп, Тарлаулары балдайын, Балауы жая-жалдайын, Ойы түрлі кілемдей, Солқылдап қыры кілеңдей Салқын самал дала үшін (Дулат Бабатайұлы, Замана.). *Бетеге* мен боз шөп бар. Бес түлік мал көп тоқтар. Жайқалған көк шалғынға Жайылған мал ойнақтар (К.Әзірбаев, Таңд.). Көкорай аяқ бастым бейне кілем, Сары басты жоңышқалар қызыл күрең, *Бетеге* тарлау, жусан, ақбас селеу, Бәрі де қуанышты – анық білем (Б.Майлин, Шығ.). **2.** ө с. <лат. festuca> *Астық тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдіктер туысы. Бетеге* далалық, шалғындық жерлерде, тау бөктерлерінде өседі (ҚҰЭ). *Бетегенің* гүлшоғыры селдір, кейде тығыз сыпыртқы гүлді (ҚҰЭ).

Бетеге ауруы. м е д. <грек. echinos – кірпікшешен, kokko – дән> *Эхинококк тудыратын адам мен сүтқоректілерде болатын ішекқұрт ауруы.*

Бетегеден биік, жусаннан аласа. *Момын, жуас, момақан.* Атам... осы... осы... «Сіз» деп, «біз» деп, *бетегеден биік, жусаннан аласа* боп майысып қалады (М.Әуезов, Таңд.). Сырттай қарағанда, бәріміз бірдейміз, *бетегеден биік, жусаннан аласамыз* (О.Бөкей, Таңд.). Кезім жоқ босқа бусанған, Төбеме тұрсын тиіп көк: *Аласа* болдым *жусаннан, Бетегеден биік* боп (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Енді біреулер *бетегеден биік, жусаннан аласа* болып жүріп-ақ түйені түгімен, көшті жүгімен жұтып жібереді (Б.Қыдырбекұлы. Ұры.).

Бойы бетегеден аспаған. *Жас, кішкене бала. Бойлары бетегеден аспайтын* күндерінде солардың әрқайсысының қолдарынан ұстап, жетектеп өмірге кіргізген сол ана. Өмірде ауызға алырлық барлық әр зат сол аналардан (М.Жұмабаев, Шығ.).

Кәдімгі бетеге. ө с. <лат. festuca sulcata> *Биіктігі 30–60 см, сабағы тегіс, кейде бұдырлау болатын, астық бетеге тұқымдасына жататын көп жылдық өсімдіктер. Кәдімгі бетегенің* жапырақтары жіңішке, жіпше тәрізді. Гүлшоғыры – қысыңқы не жайма шашақ (ҚҰЭ).

Су бетеге. ө с. <лат. festuca pratensis> *Биіктігі 30–100 см, астық бетеге тұқымдасына жататын, көпжылдық сирек түпті өсімдік. Су бетегесі* гүлденгенге дейін оның құрамында протеин (17%), белок (15%), май

(23%), клетчатка (8%) көп болады (ҚҰЭ). *С у б е т е г е* – суыққа, қуаншылыққа төзімді, құнарлы малазықтық шөп (ҚҰЭ).

БЕТЕГЕ[2] з а т. м е д. *Қан сарысуының іш қуысына сарқылып жиналуы. Б е т е г е* – іш шемені (М.Исамбаев,.. Мед. анықтама).

БЕТЕГЕБОЗ з а т. ө с. <лат. stipa lessingiana> *Астық тұқымдасы қау туысына жататын көпжылдық өсімдік. Б е т е г е б о з* Қазақстанның далалық, таулы аймақтарының тасты және майда топырақты жерлерінде тараған (ҚҰЭ). *Б е т е г е б о з* – жақсы мал азығы (ҚҰЭ).

БЕТЕГЕДЕЙ с ы н. *Бетеге сияқты, бетеге тәрізді.* Егеуді ала бергенде, *Б е т е г е д е й* биіктеп, Аласарып жусаннан, Ептейлендің, Шалқұйрық (Қаз. ертег.).

БЕТЕГЕЛІ с ы н. *Бетегесі қалың, мол.* Қараңғыға шығып алып оттап жүрді, *Б е т е г е л і* мырғайға әбден кірді. Тегінде бөдененің айтқаны рас, — Тарлауға жайылған соң шын семірді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Көк майса *б е т е г е л і* жерің қайда? Күмістей толқындаған көлің қайда? Ың-жың боп жер қайысқан төрт түлікпен Жоңкіліп, көшіп-қонған елің қайда? (М.Дулатов. Шығ.). Досай ауылы үлкен қоңыр таудың *б е т е г е л і* төскейінде. Елдің егін-тегінді жиып алып күзем ала бастаған уағы (І.Жансүгіров, Шығ.). Атпай, шаппай ер Манас Алдырды таудан ұларды. Атыспай-ақ жауды алды, Ұрыспай-ақ жерді алды, Үркітпей-ақ елді алды. *Б е т е г е л і* белді алды, Дария-шалқар көлді алды. Тұлпар мініп, ту ұстап, Оза шауып жолды алды. Төрт түліктей малды алды. Қалың малсыз қызды алды. Көші асып жерді алды (К.Әзірбаев, Таңд.).

БЕТЕГЕСІЗ с ы н. *Бетеге өспейтін, бетегесі жоқ.* Ен дала екі ауданның арасы ашық, Құм жота *б е т е г е с і з* жатқан басып (Ақындар жыры).

БЕТЕР ү с т. *Әрмен, әрі.* Жау көп болса басыңда, Бірі қалмас қасыңда; Жетектесең табандар, Далаға шығып өзіңді, Жаудан *б е т е р* жамандар (Абай, Тол. жин.). Ер баласының кішісі болғансын, әке алдымен қара табан болып шапқылағанға қуанып еді, ер жетіп, үйге қыздар ертіп келгенде одан *б е т е р* іші жылыды (Ж. Молдағалиев, Сарыарқа.). Жүрт бұрынғысынан *б е т е р* тұнжырай түсті (І.Есенберлин, Қаһар). // *Ауыр, жаман, қиын.* Бөпем де бөпем, бөпем-ау, Не жазды сенің көкең-ау?! Халықтың кейде алғысы, Қарғыстан *б е т е р* екен-ау! (М.Мақатаев, Шығ.). Жұмағұл соңғы сөзді тым шіміркене айтып, Ерғалиға бірер қарап қойды, Жұмағұлдың осы қарауы Ерғалиға мылтықтан *б е т е р* қадалды (Б.Майлин, Шығ.).

БЕТЕСЕП з а т. э к о н. *Қаржы операцияларын орындаушы субъектінің басқа заңды тұлға мен жеке тұлғаға беретін нөмірі, коды. Б е т е с е п т е* олармен өзара есеп айырысу көрсетіледі (Қаз. тілі термин. Экономика.). *Б е т е с е п* – бағалы қағаздарды жүргізу мен есептеу және бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді ресімдеу кезінде тапсырыскерді сәйкестендіру тәртібі (Қаз. тілі термин. Экология).

БЕТЖАРҒАҚ з а т. *Түйе бетінің сүйексіз бөлігі.* Құмыр асқынып, өкпеге шапқаны белгілі болса, қазақтар түйенің басын тұмшалап, күшала түтінімен ыстайды немесе *б е т ж а р г а ғ ы н* тесіп, мүсәтір ұнтағын үрлейді (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БЕТЖАПҚЫШ з а т. *Заттың, нәрсенің бет жағын жауып қоюға арналған, матадан жасалған жабынды.* Бесіктің *б е т ж а п қ ы ш ы* ашық, жаңа ғана емізген адам секілді (Б.Майлин. Шығ.).

БЕТ-ЖҮЗ з а т. **1.** *Бет-бейнесі, түр-тұрпаты, кескін-келбеті.* Бұрынғыдай *б е т-ж ү з і ң д і* сипай соғып еркелемейді, тым-тырыс, аса бір қылықты көзбен сені көтеріп алып жүріп кеткендей (Ж.Саин, Жол үсті.). Ызбаркүл көзі күлімдеп, *б е т-ж ү з і* жымыңдап барады (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ). Бір терезенің ар жағынан бала көтерген әйелдің *б е т-ж ү з і* көрініп қалды (Т.Ахтанов, Шырағың.). Шофер Қабенге жалт қарады, *Б е т-ж ү з і* балбырап, ішкі шабыттың сыртқа шыққан әсем, әсерлі белгісін танытады (З.Қабдолов, Жалын). **2.** а у ы с. *Сиқы, түрі.* «Қарабай» қамқорлығымен шыққан журналдың *б е т-ж ү з і* қандай болмақ. Журналдың жұлынын үзіп жүрмесе жарар еді, ол «батырларың», – деді ол (Д.Әбілев, Арман.).

Бет-жүзге қарамады. *Көңілге қарамай батыл, ашық айтты.* Енді ерегестірсе, Шекердің *б е т-ж ү з г е қ а р а м а й* кететінін сезді де, Кәкима жым қоя қойып, көшірді бұрқырата жөнелді (Ә.Әбішев, Замана.). Рияшыл жалған жыршыларды да, обыр Кәдірбайды да *б е т-ж ү з і н е қ а р а м а й* түйредім (Жамбыл). Әлия менің *б е т-ж ү з і м е қ а р а м а й,* шындықты айтып тұр (Ж.Жұмаханов, Әлия). Жәми – Зікірия құдалығын Көкшағыр қызына емес, дәулетіне қызығып болған құдалық деп танитын. Жәкеңе бір ретте, *б е т-ж ү з г е қ а р а м а й* тура айтатын Көкшағыр осыны айтып салған (Д.Әбілев, Арман.).

Бет-жүзі [бар] демеді. *Ойын бүкпей, тура айтты.* Өздерін *б е т-ж ү з і д е м е й,* масқара түрде әшкерелеп отырған сыншы, жыршыдан қолдан келген жаманшылық, пәле, қазаны аямайды (М.Әуезов, Әр жыл.). *Б е т і-ж ү з і ң б а р д е м е й,* айтқан профессордың тіке сөзі Оразалиевке ашық күнде төбесінен жай түскендей болды (Е.Оразақов, Дәрігер.). Жақыпбек әдетте

бір беткей, мінезі тікшіл, ойлағанын *б е т-ж ұ з і н б а р д е м е й*, тіке айтып тастайтын қызу қанды жігіт еді (М.Иманжанов, Менің махабб.).

БЕТЖҮЗДІК з а т. **1.** з е р г. *Темір бетіне қақталған жұқа күміс.* ≈ *Б е т ж ү з д і к* жасау. **2.** к ө н е *Сыйлық, тарту (көбіне алғаш рет ресми көрінгені үшін беріледі). Б е т ж ү з д і к к е* не әкепті? (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). **3.** а у ы с. *Жаңа, ерекше, біркиер зат, нәрсе.* «Оқуға қайтқанша ештеңем құрымас» – деген оймен, *б е т ж ү з д і к* шинелін Жарбол шешіп қойды да, балақты түріп алып, қой жаюға біржола кірісті (Р.Орманов, Жүрек). **4.** а у ы с. *Бетке ұстар, үлгі етер адам, бапталған ат, біркиер киім.* Тілімізде біркиер киімді *б е т ж ү з д і к* киім десе, баптап, сирек мінетін атты да *б е т ж ү з д і к* ат дейді (Ә.Кекілбаев, Үркер). Міне, ондай ер бізде де бар дейтін *б е т ж ү з д і г і* болмас па? Сенің фермаңда неге озат жоқ? (Саржайлау).

Бетжүздік қылды. *Ерекше нәрсесін көрсетті, таң қалдырды.* Алыстан аяулым, сен оралғанда, Жүрегім қуанышқа оранғанда. Сыйым жоқ сағаң тартар сірә менің Ұстайтын *б е т ж ү з д і к қ ы п* соларды алға (Ғ.Орманов, Ой қанаты).

БЕТКЕЙ з а т. **1.** *Таудың құлама жағы, төскейге қарсы бір беті.* Бұлтартпай басты белінен *Б е т к е й д е н* қашқан қоянды (Базар жырау, Шығ.). Аспанға анау тау *б е т к е й і н д е г і* қар жамылған самырсын, шыршаның барлығы ақ жын-сайтандай елестейді (О.Бөкей, Таңд. шығ.). Лезде-ақ арғы *б е т к е й д е* жан ұшырып жүгірген Нұрдәулеттің қарасы көрінеді (Б.Соқпақбаев, Аяжан). Есіңде ме айлы түн, тау аңғары? Ай батты. Жастар ойнын тамамдады. *Б е т к е й д е* қарағайға жасырынған, Сендерді іздеушілер таба алмады (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** г е о г р. *Жер бетіндегі және су астындағы табиғи объектілерде сыртқы және ішкі процестер нәтижесінде қалыптасатын еңіс бет. Б е т к е й д і ң* құрылысы тау жыныстарының құрылымына, абсолюттік және салыстырмалы биіктігіне, беткейді түзеуші гравитациялық қозғалыстардың қарқындылығына тәуелді (ҚҰЭ). *Б е т к е й д і ң* негізгі көрсеткіші – оның құламалығы (қиялығы) (ҚҰЭ). **3.** к е н. *Карьердің шектелу бүйірі, яғни қиябеттер мен кертпештер алаңы.* Жоғарғы және төменгі ернеу аралығы *б е т к е й д і ң* қиябеті деп аталады (Қаз. тілі термин. Кен.). Карьер *б е т к е й і н і ң* орнықтылығы мен оның қиябет бұрышына әсер ететін негізгі факторлар: таужыныстардың физикалық-механикалық қасиеттері, карьердің пішіні мен көлемі, кен орнының гидрогеологиясы, карьердің жұмыс істеу ұзақтығы және тағы басқалар (Қаз. тілі термин. Кен.).

Беткей ағындысы. г е о г р. *Құламалы жерлерде табиғи сулардан пайда болатын ағындылар. Б е т к е й а ғ ы н д ы с ы* – нөсер жаңбырдан немесе күрт еріген қар суынан еңісті беткейлерде пайда болатын су ағындары (Қаз. тілі термин. Су.).

Беткейдің шайылуы. с у ш а р. *Топырақтан жасалған имарат беткейлерінің су тасуы салдарынан бұзылуы. Б е т к е й д і ң ш а й ы л у ы* әсерінен каналдың арнасы кеңейіп, су тайызданады (Қаз. тілі термин. Су.). *Б е т к е й д і ң ш а й ы л у ы н* болдырмау үшін имарат беткейлері мен табаны бекітіліп, су жылдамдығы бұрынғы қалпына келтіріледі (Қаз. тілі термин. Су.).

Беткейді террасалау. г е о г р. *Беткей бедерін эрозиядан қорғап, ауылшаруашылығы дақылдары мен орман ағаштары үшін тиімді пайдалану мақсатында қолдан ыңғайлы жер бедерлерін жасау. Б е т к е й д і т е р р а с а л а у* тәжірибесі әлемнің таулы аймақтарында жиі кездеседі (Қаз. тілі термин. Су.).

Беткейді шалғындандыру. с у ш а р. *Тоған, су қоймаларының, гидротехникалық имараттардың жақтаулары беткейлеріне шөп егу арқылы шым қыртысын бекіту әдісі. Б е т к е й д і ш а л ғ ы н д а н д ы р у* жел, су эрозиясына қарсы қолданылады (Қаз. тілі термин. Су.).

Беткейді шегендеу. с у ш а р. *Тоғанның жақтауы мен табанын бекіту. Б е т к е й д і ш е г е н д е у* судың жеміруінен, толқын әсерінен жақтаулар мен канал, тоған, бөгет беткейлерін құлап, бұзылудан сақтау жұмыстары (Қаз. тілі термин. Су.).

Беткей қорғау орманы. г е о г р. *Тік беткейлерде сумен шайылудан және эрозияның басқа түрлерінен қорғайтын табиғи немесе егілген орман өсімдіктері* (Қаз. тілі термин. Су.).

Беткей мұрын. *Шығыңқы емес, тегіс мұрын.* Назы қандай, түр қандай *б е т к е й м ұ р ы н*, қыр маңдай. Еріндері жыбырлап өтірік айтып тұрғандай (О.Әубәкіров, Сүзеген.).

Беткей экспозициясы. г е о г р. *Күн сәулесінің беткейге түсуі немесе беткейдің тұрақты ауа ағысына қарай бағытталуы. Б е т к е й э к с п о з и ц и я с ы* – тау, жота, ойыс, сайжыра, өзен аңғарлары, жер бедерінің дүние тараптарына қарай орналасуы (ҚҰЭ). *Б е т к е й э к с п о з и ц и я с ы* жергілікті жердің микроклиматына, топырағы мен өсімдік дүниесінің қалыптасуына әсерін тигізеді (ҚҰЭ).

Беткей эрозиясы. г е о г р. *Еңісті, құламалы жер бедерінің бұзылуы. Б е т к е й э р о з и я с ы* – тұрақты ағын су арналарынан тыс, әртүрлі еңістікті беткейлерде қатты нөсер жаңбыр немесе шұғыл еріген мол қар суымен шайылып, жер бедерінің бұзылуы (Қаз. тілі термин. Су.).

БЕТКЕЙДЕЙ с ы н. *Беткей сияқты, беткей тәрізді.* Жаңбыр жауған *б е т к е й д е й* беті жолақ, Отқа күйген құйрықтай шашы шолақ. Күнге құрап, жел қағып кепкен қабық Бұл сұмпайда жақсылық қайдан болад (Мың бір түн).

БЕТКЕЙЛЕ= е т. *Бөктерлеу, көлбейлеу.* Ақ адырды оның тез табуына төбені *б е т к е й л е й,* шоқтала өскен сексеуіл себеп болды (С.Мұқанов, Шығ.). Өсімдік клеткалары қалыңдап та өседі. Мұндай жолмен өсу мерзімі сол қабықшаның *б е т к е й л е п* өсуі тоқталысымен басталады (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

БЕТКЕЙЛІ с ы н. *Бөктерлі, беткейі бар.* Бұл аудан жері таулы, *б е т к е й л і* (Б.Тоқтаров, Қыран.).

БЕТКЕЙЛІК с ы н. *Беткейге қатысты, беткейге тән.* Бұл жұмыртқаларда құрылыс ерекшелігіне қарай дискондальды және *б е т к е й л і к* майдалану да болады (Жалпы биология).

Беткейлік ағынды. с у ш а р. *Беткей шегінде қалыптасатын, арнасыз, жер бетіндегі және топырақ ағындысы. Б е т к е й л і к а ғ ы н д ы* алаптың барлық беткейінде тұтас жүреді (Қаз. тілі термин. Су.). *Б е т к е й л і к а ғ ы н д ы н ы ң* арналық ағындыдан гидравликалық айырмашылықтары бар және негізгі шығындары (сүзілуге, булануға) су жинау алабының бетінде тегіс үлестіріледі (Қаз. тілі термин. Су.).

Беткейлік мөлшер. к е н. *Геологиялық шекаралары анық емес және кенденуі әркелкі кенорындарын барлау, қорларын анықтау кезінде пайдалы құрам-бөлік мөлшерінің төменгі деңгейі. Б е т к е й л і к м ө л ш е р* бойынша кенорнын пайдаланудың оңтайлы нұсқасын (шекті экономикалық тиімділігін) қамтамасыз ететін өнеркәсіптік кенді контурлар жүргізіледі (Қаз. тілі термин. Кен.).

Беткейлік топырақтың шайылуы. с у ш а р. *Беткейлік топырақ эрозиясының бір түрі. Б е т к е й л і к т о п ы р а қ т ы ң ш а й ы л у ы* – еріген қар суы мен жаңбыр суларының әсерінен беткейлік топырақ бөлшектерінің біркелкі шайылуы (Қаз. тілі термин. Экология).

БЕТ-КЕЛБЕТ з а т. *Бет-әлпет, кескін-кейіп, өң.* Подполковник құлағына тықыр тиісімен орнынан атып тұрып, күндегі әдетінше, төр алдындағы стол басына барып отырды да: – Кіріңіз, – деді Хитровке *б е т-к е л б е т і н* суыта (Ә. Шәріпов, Партизан.).

БЕТКЕЛДІ ү с т. с ө й л. ж е р г. ***Беталды*** *(кім көрінген, бөтен, белгісіз). Б е т к е л д і* біреуге біздің бейіт ішінде отырғанымызды айтпа. Қарсы жақтың біреуі естіп қойса, жиналып келіп, біздің шаруамызды бітіріп кетеді (Ж.Жұмаханов, Мен жұмысшы.).

БЕТКЕТҮСЕР с ы н. с ө й л. ***Беткеүстар***. – Бұл ауылдың *б е т к е т ү с е р* еркегі құрып, жаулық киген қатынға қарап қалғаны ма? – деді Қақпан (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

БЕТКЕҰСТАР с ы н. *Таңдаулы, беделді, білікті (адам).* Бірақ орданың кілең игі жақсы, *б е т к е ц с т а р* ақсүйектері жиылған мынау хан сарайында үлкендер алдында әдеп сақтап шеткерірек отыруға мәжбүр болды (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

БЕТКЕШЫҒАР с ы н. *Іріктелген, сұрыпталған, екшелген.* Уа, тақсыр, хан, – деді ол әдеттегісіндей тұтыға сөйлеп, – бүгін үш жүздің *б е т к е ш ы ғ а р* жақсылары жиналып қойған екен, осы кеңесте менің Абылай сұлтанға қоятын бір сұрағым бар (І.Есенберлин, Жанталас). Төртеуі де Қареке, Барғана руларының *б е т к е ш ы ғ а р л а р ы.* Әгәр паналайтыны рас болса, ұрысын оңайлықпен ұстап бермейтін қайсарлар (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Оның көп қылығын жеңгей тез кеміре беретін әрі астың жылы-жұмсағын сорпаның *б е т к е ш ы ғ а р* дәмдісін де соған ұсынатын (М.Сәрсекеев, Жетіжылдық).

БЕТКІ с ы н. *Жоғарғы, үстіңгі, сыртқы.* Қызыл қанат судың *б е т к і* қабатында жүріп, су бетіндегі насекомдарды аулайды (С.Байгужиев, Аквариум). Тәжірибе жүргізілген жер топырағының *б е т к і* қабаты мен шөбі де зерттелінеді (Ө.Қарамендин, Бұзау. ауруы). Салынған шөптің *б е т к і* қабатына препаратты төменгі қабаттарынан гөрі 15 проценттей көбірек бүркеді (Н.Шоқанов,.. Сапалы сүрлем.).

Беткі қабаттың ойсырауы. к е н. *Кен қазу нәтижесінде жер бедерінде пайда болатын ойыстар. Б е т к і қ а б а т т ы ң о й с ы р а у ы* – пайдалы қазбаларды алу кезінде жер бетінің төмен түсіп, тұтас жатқан тау жыныстарының бұзылуынан пайда болатын ойыстар (Қаз. тілі термин. Экология).

БЕТҚАҒАЗ з а т. т а р. *Ортағасырлық шығыс елдерінде құжаттың бірінші бетіне оның ерекше мәнді екенін білдіру үшін қойылған белгі.* Кейде парсының, әдхат, бәддұға, бәднама» деген сөздері мағынасында әйелдің талақ ету куәлігін де *б е т қ а ғ а з* (бәдқағаз) деп атаған (ҚҰЭ).

БЕТҚАҚПАЙ з а т. *Баланың еркі мен қалауын тәртіпке салушылық, бетімен жібермеушілік. Б е т қ а қ п а й* көрмей өскен бала жігіт барған жерінде айтқанын істемеген, сұрағанын бермегендерін төбелесіп қайта берді (Б.Аманшин, Көкжар).

БЕТҚАҚПАЙЛАУ с ы н. с ө й л. *Тәрбиелі, тәртіпті именшектеу.* Есіктен орын тисе, төрге ұмтылып көрмеген *б е т қ а қ п а й л а у* жан едім (К.Сегізбаев, Беласқан).

БЕТҚАҚТЫ с ы н. *Жалтақ, жалтаң, жасқаншақ.* Неге ұрасың баланы? Ұра берсе *б е т қ а қ т ы,* жалтақ болып өседі бала (М.Дүйсенов, Мейман.).

БЕТМОНШАҚ з а т. э т н. *Сәукелені, кимешекті әшекейлеу үшін екі шеке тұсынан бірнеше*

қатар қып тағылатын моншақ. Сәукеле адыра қалғыр қолына алды, Белбеуге *б е т м о н ш а ғ ы н* түйіп алды (Қыз Жібек). Сәлемдемеге Баянның домбырасын, *б е т м о н ш а ғ ы н,* алтын сандығын, ақ жамшысын алады (М.Әуезов, Әр жыл.). Баян сұлудың *б е т м о н ш а ғ ы* түсіп қалған жер – Моншақты аталған М.Көпеев [Мәшһүр-Жүсіп, Сарыарқа.). *Б е т м о н ш а қ* белге дейін, тіпті одан да төмен түсіп тұрған (З.Сәнекұлы, Қаз. тұрм.-салт біл.).

Бетмоншағы үзілді [түсті, салбырады]. *Ұялды, қысылды, батылы бармады.* Отызға келгенше, мұның *б е т м о н ш а ғ ы ү з і л е д і* де тұрады (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Батырлар *б е т м о н ш а ғ ы ү з і л і п,* төмен қарайды (Ж.Қизатов, Өмір.). Әй, Құдай-ай, сенің орныңа еркек болмаған екем!– деді келіншек, – қазынаның берем дегенін сұрауға да *б е т м о н ш а ғ ы т ұ с е д і* (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Қарсы жақ кісі таппай болды жүдеу, көк темір болды тасып алмас егеу. *С а л б ы р а п б е т м о н ш а ғ ы* балуандардың, Теп-тегіс төмен қарап болды күйеу (І.Жансүгіров, Поэм.).

Бетмоншағы үзілмеген. *Жас, бейкүнә, пәк, таза.* Қазақта жас келіннің бетмоншағының үзіліп түсуі үлкен ұят саналған. Сондықтан «ұялды» деудің орнына «бет моншағы үзілді» деп айту, «жас» деудің орнына *«б е т м о н ш а ғ ы ү з і л м е г е н»* деу сол салтқа орай айтылған (З.Сәнекұлы, Қаз. тұрм.-салт біл.). Қаншама ержетті дегенмен, *б е т м о н ш а ғ ы н ү з і л м е г е н* жассың ғой, сондықтан ойыңа алған ісіңе батылдығың жете бермейді[деді маған Қатира] (С.Мұқанов. Мөлдір махабб.).

БЕТОН [франц. beton] з а т. ***Құйматас***. Көпірге діңгек тіреп, *б е т о н* құйып, Білер ек күнді қалай өткеруді (М.Әлімбаев, Менің Қазақст.). *Б е т о н* көпірден өтпесек, «Сайтан көпір» атты кісіні көтере алмайды (О.Бөкей, Таңд.) Көмекейге *б е т о н* бөгет қойдырып, Қайран елдің бір демалды ой-қыры. Қаншама жыл аштау ұстап ақылды, Қарын жағын жіберіппіз тойдырып! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

БЕТОНДА= е т. *Құйматас құю.* Заводтың басты бір объекті – ТЭЦ. Дәкең осы ТЭЦ-тің негізін *б е т о н д а д ы* (Ш.Мұртазаев, Құрылысшы). Құдықты Володя өзі *б е т о н д а п* еді. Енді соның қалдығын өзі тазалап жатыр («Қаз. әдеб.»).

БЕТОНДАЛ= е т. *Құйматас құйылу. Б е т о н д а л ғ а н* резервуарларға шлак не қиыршық тас толтырады да, оның үстіне өсімдік отырғызады (Жалпы биология). Опалубка түгелдей *б е т о н д а л ы п,* труба екі жарым метр биіктеді («Лен. жас»). Блоктардың астындағы *б е т о н д а л ғ а н* штрек бойларымен арлы-берлі өтіп жүрген вагонеткалардың да тарсылы естіледі (Б.Тоқтаров, Қыран.).

БЕТОНДАЛУ *Бетондал етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көпірдің *б е т о н д а л у ы.*

БЕТОНДАУ *Бетонда етістігінің қимыл атауы.* Жер суаруға пайдаланылып келе жатқан каналдардың араларын *б е т о н д а у* жұмысы да қымбатқа түсуде («Қаз. әдеб.»). Кейбіреулерге *б е т о н д а у* жұмысы оңай көрінер. – Несі қиын. Күректі ал да, опалубканы толтыра бер. Сол да өнер боп па?– деп ойлайды («Лен. жас»).

БЕТОНДЫ с ы н. *Құйматастан құйылған.* Еділдің сол жағасында су ағызатын *б е т о н д ы* бөгет (Ә.Кәкімжанов, Коммунизм).

БЕТОНИТ з а т. х и м. *Темір руда концентратын байланыстыратын зат. Б е т о н и т* – пішіні төрт бұрышты тұтас шегеннің бетонды тас түріндегі элементі (Қаз. тілі термин. Кен.). Соңғы кезде анықталып отырған *б е т о н и т* сазына күкірт қышқылын қосу арқылы мұнай өнімдері мен өсімдік майларын тазартатын катализатор жасалды («Қаз. әдеб.»). «Түйіршіктелген темір руда концентратын өндіру ісінде ең жақсы материал» – деп *б е т о н и т* танылып жүр («Лен. жас»).

Бетонит шеген. к е н. *Тазарту жұмыстары жүргізілмеген борпылдақ, орнықсыз тау-жыныстық кен қазбаларын шегендеуге арналған тұтас шеген. Б е т о н и т ш е г е н* жекелеген бетониттерден құралған сақина немесе арқа тәріздес болып келеді (Қаз. тілі термин. Кен.). *Б е т о н и т ш е г е н д і* бекемдеу үшін оның арасына қалыңдығы 0,03 м дейін аралық тақтай салынады (Қаз. тілі термин. Кен.).

БЕТОНШЫ з а т. *Құйматас құюшы маман.* Қазақстан магниткасының «резинпромстрой» басқармасында *б е т о н ш ы* болып істеп жүрген Ғазиз Кәрімов – Дәкудің шәкірті (Ш.Мұртазаев, Құрылыс.). Кеше ғана металл балқытқандар мұнда келіп, екінші мамандықты – тас қалаушы, *б е т о н ш ы,* монтажшы мамандықтарын меңгерді (С.Тәжіғұлов, Асау Ертіс).

БЕТОРАМАЛ з а т. *Адамның өзімен бірге алып жүретін бетті, қолды сүртуге арналған жеке орамалы.* Қалтасына *б е т о р а м а л ы н* салды (Ауызекі).

БЕТПАҚ[1] з а т. *Елсіз, сусыз дала, құла дүз.* Өмірдің алтын діңгегін Бойлата бұлтқа орнаттық. Күрекке салып тауларды, *Б е т п а қ т ы* баса жол тарттық (Қ.Аманжолов, Шығ.). *Б е т п а қ т а* келе жатты ақсақ киік, Сандалып қаңғырақтап басын иіп. Пана іздеп шыбын жанға сүйретіліп, Мергеннің кеудесіне оғы тиіп (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Жер-анадан табады

мәртебе елің, Ертеңі бар әр тақыр, әр төбенің, *Б е т п а ғ ы н д а* бақ, сыңсып, өзен ойнап, Жасыл бүйра жабады бар төбелін (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

Бетпақ дала. *Сусыз мидай дала, шөл дала.* Жолдарың жүрер *б е т п а қ д а л а* шөл, тау, жас меңіреу жерлермен (С.Сейфуллин, Өлеңд.). *Д а л а с ы н а н б е т п а қ т ы ң* Алты күнде өтеді. Адыр-адыр белдерден Жарты күнде өтеді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Бетпақ шөл. *Елсіз, сусыз мекен, шөлді аймақ.* Жапан түз, отсыз, сусыз *б е т п а қ ш ө л д е*, Жын-шайтан мекен еткен тағы жерде. Жас бала. Жолдасым жоқ, жапа-жалғыз Мен келе жаттым, батып қанды терге (М.Жұмабаев. Шығ.). Құм астында демі біткен *б е т п а қ ш ө л*, Сұлу келіншек – жезтырнақ қой қанішер. Тырнағымды көрсе біліп қалад деп, Жеңнен қолын шығармаған мәні сол (М.Жұмабаев, Шығ.). *Б е т п а қ ш ө л г е* жан кіріп, Өлі бойға қан жүріп, Құздың мұзы бұзылып, Ағылды дария ойда енді (Жамбыл, Тол. жин.). Түнерді елсіз тау Айнала *б е т п а қ* сусыз *ш ө л* (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

БЕТПАҚ[2] [ир. **بد بخت**] с ы н. **1.** *Бақытсыз, сорлы.* – Енді үйге кірші, шашыңды жұлып қолыңа берейін, бетің тілінгір *б е т п а қ*. Мұны бай да алмайды, – деп бақырды ойбай-тәте (М.Мағауин, Бір ата.). **2.** *Айтқанға көнбейтін қиқар, қисық, бірбеткей, долы.* «Япырай, Перизат-ай, сен осындай *б е т п а қ* па едің. *Б е т п а қ* болмасаң, айтқанға неге ғана көнбейсің (Ә.Әбішев, Жас түлек.). Сол күшпен талай *б е т п а қ* тойтарылды, Сыбағам кеткен жұртта қайтарылды. Тас болып ұйықтаушы едім Түкті сезбей, Тастасам айтып-айтып айтарымды! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **3.** *Қарабет, ұятсыз, жүзіқара, арсыз.*– Мынау неткен *б е т п а қ* еді, жүзі жанбайды ғой, – деп абысын-ажын жағасын ұстады (І.Жансүгіров, Шығ.). Ол бір *б е т п а қ т ы ң* Құдай бетін көруге жазбасын (Б.Майлин. Шығ.). Құлқының құрып сенің отырса да, Малшыға кеп мінілген бір байталың. Қайқы төс, қисық мұрын, қалың қабақ, Дидарың құрсын *б е т п а қ*, мен қайтамын (О.Шораяқов, Шайыр).

БЕТПАҚДАЛИТ з а т. х и м. *Молибдаттар тобының минералы, күрделі құрамды мышьяк-молибден қышқылының темір және кальций тұзы. Б е т п а қ д а л и т* алғаш рет 1954 ж. Бетпақдала өңіріндегі Қараоба вольфрамит кенорнынан табылған (ҚҰЭ). *Б е т п а қ д а л и т т е н* молибден мен мышьяк алуға болады (ҚҰЭ).

БЕТПАҚТАЙ[1] с ы н. *Бетпақ сияқты, сортаң, құнарсыз жердей.* Тау-тас та, құмайт шөл де, тақыр жер де, *Б е т п а қ т а й* жібіместен жатқан көн де (К.Әзірбаев, Өлеңд.).

БЕТПАҚТАЙ[2] с ы н. *Бетпақ сияқты, бетпақ тәрізді.* Бұйырды оған тұл *б е т п а қ т а й* сыбаға: «Келінжан-ау» демейді оны бір ана. «Жеңешем» деп, қасіретін азайтып, Жұбатпайды ешбір қайны наз айтып (М.Әлімбаев, Жүрек лүпілі).

БЕТПАҚТАН= е т. **1.** *Қиқарлану, көгеріп-сазарып долдану.* – Кет,кет! Мен саған енді келін болмаймын! Кетші, кет, ойбай! – деп *б е т п а қ т а н ы п* жылай берді (Ә.Тарази, Асу.). – Сонда менің неменемді айта қоймақсың? – деп Дәмеш онан сайын *б е т п а қ т а н а* түсті (Ә.Әбішев, Ғаламат). **2.** ж а ғ ы м с ы з. *Айтқанынан қайтпау, сіресіп өз дегенін қоймау.* Көңілдің небір қоңыр шағын іздейтін, ұры сезік те Мәлікті оңаша тастамай, тағы да *б е т п а қ т а н ы п*, түрткілей бастады (З.Шашкин, Сенім).

БЕТПАҚТАНУ *Бетпақтан етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Б е т п а қ т а н у ы н* қарашы.

БЕТПАҚТЫ с ы н. *Шөлді, сусыз. Б е т п а қ т ы* сайға су түссе, Атың арып келгенде, Өткел бермес кешерге (Үш ғасыр.).

БЕТПАҚТЫҚ з а т. **1.** *Долылық, қиқарлық, қасарысушылық.* Бірден қатты кеткен Құрбан қипақтап, сәл ұялыңқырап кірді. Бірақ енді-гісін *б е т п а қ т ы қ қ а* салып, алғашқы қаһарына қайта мінді (Р.Райымқұлов, Түйелі адам.). Қорғансыз әйел кейде дауласқан күштіні *б е т п а қ т ы қ п е н* жеңбеске амалы жоқ (З.Шүкіров, Қиын түйін). **2.** *Ұятсыздық, арсыздық.* Ағабек мұндай *б е т п а қ т ы қ т ы* күтпесе керек. Таңтамаша болып Қатшагүлдің аузына қарап қалшиды да қалды (Ө.Сәрсенбаев, Сағым).

БЕТПЕ-БЕТ ү с т. **1.** *Жүзбе-жүз, қарама-қарсы.* Келемеж қылып біреуді, Сыртынан күліп жыртыңдап; *Б е т п е-б е т* келсе сөз таппай, Самайы терлеп мыңқылдап, Жат жұрт түгіл әуелі Қадірі кетті қазаққа (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Сөз қатып менен бұрын дәм татпасын, Үш күн, үш түн уағда тұрсын сертте (Ә.Найманбаев, Шығ.). Тұтан сонда өмірдің өзімен, ащы шындықпен *б е т п е-б е т* кездеседі (Ш.Мұртаза. Мылтықсыз.). Біреулері *б е т п е-б е т* шайқаста, енді біреулері қаша ұрыс салып барады (Ә.Әбішев. Найзағай). Қасқырмен ол, әлі бір де бір рет *б е т п е-б е т* келіп көрмеген болар. Ал оқуы түскірмен күн сайын бетпе-бет келеді (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). **2.** *Бетімен бет, шұпілдеме.* – Қайсал, балықты қайда саламыз? – дегенде барып артыма бұрылдым. Қарасам, аулаған балығымыз шелекпен *б е т п е-б е т* боп тұр екен (Ө. Қанахин, Жер бас.). // *Оңаша жүзбе-жүз кездесу.* Сол күнде үш күн

шыдар қылған сертке, Отырсын үш күн шыдап *б е т п е-б е т к е* (Ә. Найманов, Шығ.).

Бетпе-бет ұрыс. ә с к. *Шабуылға шыққан қарсыластың әскеріне қарсы бағытта жүргізілетін ұрыс қимылдарының бір түрі. Б е т п е-б е т ұ р ы с* шеру, маневр кезінде қарсыластың шабуылын тойтару, сондай-ақ қорғаныста резервті, екінші эшелонды қарсы шабуылға шығару барысында тууы мүмкін (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Б е т п е-б е т ұ р ы с т а* табысқа батыл да еркін қимылдап, билікті қолға алған, оны ұрыс қимылдары барысында ұстап қалған жақ қана жете алады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

БЕТПЕРДЕ з а т. ө н е р. <франц. masgues> **1.** *Театрландырылған ойындар мен күлдіргі рөлдерде, карнавалда, сауық кештерінде өзін танытпау үшін киетін жасанды бет жамылғысы. Б е т п е р д е л е р* бағзы замандарда әдет-ғұрыптық салтанаттарға байланысты пайда болған (ҚҰЭ). *Б е т п е р д е л е р* кейінірек театрлар мен халықтық ойындарда кеңінен қолданыла бастады (ҚҰЭ). **2.** *Күнге күюден, желқақты болудан және шаң-тозаңнан қорғау үшін бетке жауып жүретін тор перде.* Ойын-сауық немесе дене күтімі үшін киетін *б е т п е р д е л е р* гипстен, қағаз қатырғыдан, матадан, жібек жіптерден жасалады (ҚҰЭ). **3.** *Кейбір шығыс халықтарының әдет-ғұрыптары бойынша әйелдер бүркеніп жүретін паранжы.* ≈ *Б е т п е р д е* киген әйел. **4.** с п о р т. *Спорт ойындарында бетке киетін қорғаныс-қалқан.* Спорт ойындарына арналған *б е т п е р д е* жеңіл металдардан істеледі (ҚҰЭ). **5.** а у ы с. *Бет-бейне, түр-кейіп.* Түндегі толық айдың қазір көкжиекке қызара батып, айналаның бәрі күңгірттене бастауынан ба, әлде расында солай ма, барлық адамның да *б е т п е р д е л е р і* қарасұр, түстері суық (С.Мұқанов, Өмір өзегі.).

Бетпердесін ашты. *Әшкереледі, құпиясын ашты.* Соның өзінде ақын өз дәуірінің қайсыбір жексұрын көріністерінің *б е т п е р д е с і н* батыл *а ш ы п*, аяусыз әшкерелегенде, ара-тұра болсын, сатиралық кекесінге дейін көтеріле алады (Ы.Дүйсенбаев).

Бетпердесін ашу. а) *Бағытын көрсету, мақсатын айқындау.* Қазақтың көптеген «жәрмеңкелік артистерінің» *б е т п е р д е с і н а ш у ғ а* осы Қоянды да себеп болғанға ұқсайды (С.Мұқанов, Есею жыл.). ә) *Әшкерелеу, құпиясын ашу.* Сондықтан капитан мұны осы рөлінде-ақ ұстап, *б е т п е р д е с і н* сосын *а ш у ғ а* шешім қабылдады («Қаз. әдеб.»).

Бетпердесін жыртты [жұлды]. *Әшкереледі, масқаралады, айыбын бетіне басты.* – Осы науқанның тұсында талай Шермектердің *б е т п е р д е с і н ж ы р т ы п,* жұртшылықтың алдына сүйреп салармыз! – деді Арыстан жайраңдаған пішінмен (Б.Майлин, Шығ.). Бейімбет өткен заманды көксеуші жат мінездердің *б е т п е р д е с і н ж ұ л ы п* тастап, оның күйрек жанын, ескіні көксегіш көкірегін, тұңғиықтай түнерген арам ойларын халық алдына жайып салды (Қ.Жармағамбетов).

Бетпердесі жыртылмаған. *Беті ашылмаған, ұяң.* Айғаным Зейнепті әлі *б е т п е р д е с і ж ы р т ы л м а ғ а н* жас қалыңдыққа санады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). «Күйеу болам» деп ойлайтын әлдекім қасына отырудан қымсынуы ма, әлде *б е т п е р д е с і ж ы р т ы л м а ғ а н* ұялшақ қыз ба денесі дірілдеңкіреген сияқты (С.Мұқанов, Есею жыл.).

БЕТПЕРДЕЛЕ = е т. *Жауып-жасыру, білдірмеу.* Мейлі жұрт не десе де, бекер елеп, Жан сырын бүгеміз *б е т п е р д е л е п*! Өмірге өзен шығар еңбек, білім Бәрінен махаббаттың сыры бөлек (Қ.Бекхожин, Ақан Ақтаев).

БЕТ-ПЕРНЕ з а т. *Бет-пішін, бет-әлпет.* Режев көзін айырмай, Сағатовтың *б е т-п е р н е с і н е н* шын пікірін білгісі келеді (З.Шашкин, Ұядан ұш.). Шалдың ашуы келгенін *б е т-п е р н е с і н е н* байқаған Рахмет: – Қалжыңдаймын да, Сыреке! – деді (С.Мұқанов, Шығ.).

БЕТ-ПІШІН з а т. **1.** *Бет-әлпет, түр, келбет.* Кербездің екі түрлі қылығы болады: бірі, *б е т-п і ш і н і н,* сақал-мұртын, жүрісін, қасқабағын қолдан түзеп әуре болмақ (Абай, Тол. жин.). Әрдайым ызғарлы көзі енді күлімдеп, маңдайы да, мұрны да, салпы ерні де – барлық *б е т-п і ш і н і* арсаландап қалған ақ көңіл жап-жас мейірімді жігіттің кейпін береді (Б.Момышұлы, Біздің генерал). Ана мен қыздың киімдерінде, оның жіті көздері әркімнің *б е т-п і ш і н і н е н-а қ* көңілінде жатқан ойының, арғы астарын аңғарып қалатын (С.Мәуленов, Үркер.). *Б е т-п і ш і н і* қиылған, нұрлы көзді, сылаңдаған ұялшақтау Құралай үстелдің қасына келді (М.Қаратаев, Далада.). **2.** а н т р. *Адамның бет құрылымының алдыңғы жағынан қарағандағы типін білдіретін антропологиялық ұғым. Б е т-п і ш і н* бет бөлігіндегі кейбір сүйектердің (бет, үстіңгі және астыңғы жақ) тік және көлденең жазықтықтар бойынша алға қарай шығыңқылық ерекшеліктерін анықтайтын өлшемдер арқылы беріледі (ҚҰЭ). Ертедегі адамдардың бас сүйектерінің *б е т-п і ш і н і н і ң* өлшемдеріне қарап, олардың толық бет-бейнесін қалпына келтіруге болады (ҚҰЭ).

БЕТСІЗ с ы н. *Арсыз, ұятсыз, әдепсіз.* Торғын: – Немене сонша, Жанайдың астүстіне түсіп өле-өше қалғаның. Ол сенің байың емес. Ұялмайсың ба, мына жұрттан, *б е т с і з* (С.Мұратбеков, Көкорай). Тіфу, *б е т с і* з-ай!

Жармаспа енді! – дедім божыны мен де ұстап, – егер, Текебай, жармастың бар ғой, әлім келсе, сені мен қан қыламын! (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). – Шіркін! Бұл не деген *б е т с і з* еді, жас басынан тақылдап, – деді Ермак (Б.Майлин, Шығ.). Екеуінің де сөзі бұған ұнамайды, тікенше қадалады. Не деген *б е т с і з* адамдар өздері! (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

БЕТСІЗДІК з а т. *Ұятсыздық, арсыздық, әдепсіздік.* Шәріпжамал: Мен өзім жас күнімнен көрдім қызық, Періште қылғанынды тұрар сызып. Айтасың *б е т с і з д і к п е н* өтірікті, Сен неден Қызылбөрік, болдың бұзық? (Айтыс). Айға атылып мерт кеткен, Күнге атылып күрт кеткен, Алаңғасар аңдай-ақ *Б е т с і з д і к* ед бұл не еткен! Айғайлама лапырып! (Т.Жароков, Шығ.). Сәйсімет дәл мына секілді *б е т с і з д і к т і* күтпеген-ді. Қанша құтырынғанымен көңілі қалтқысыз сенетін (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай).

БЕТТЕ[1]= е т. **1.** *Белгілі бағытқа қарай жүру, бет алу.* – Әй, әлгі ант ұрған қатын жіберді-ау сені! Жаңа ғана үндемей отырып едің ғой алдымда, – деп Бейсекең баласын көтеріп алып есікке қарай *б е т т е д і* (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Кейде жыланша ирелеңдеген жалғыз аяқ сүрлеумен бүлк-бүлк желіп келе жатқан жолаушы көрінер ме деп, көз талдыра ұзақ қарайсың, кейде жалғыз аяқ ирелеңдеген соқпаққа түсіп жапырақтары әлі сарғаймай, сары жасылданып тұрған орманға *б е т т е г і н* келеді (О.Бөкей, Таңд.). Қорқып едік бұл жаққа *б е т т е г е н д е,* Кететіндей азайып от денеңде. Ішіп-жеуге үйренген қазақпыз ғой, Елегізіп тұрамын ет дегенде (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Махамбетше жақ ашпастан булығып, түнерген күйі ауылға *б е т т е д і.* Жұрт ағыла соңынан ерді. Су басында бірі шошайып, бірі сұлап, екеу ғана қалды (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). **2.** *Жақындау, жуу, маңайлау.* Алтын түрлі халық болып Әрбір жұртқа үлесті. Сейілхан ұлын сұрасаң, Сегіз арыс түрікпен, *Б е т т е г е н* жауы үріккен, Дұшпанын көрсе іріккен (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Дуалы Жабағыны тек демейді, Тәспенге басқа байлар *б е т т е м е й д і* (Базар жырау, Шығ.). Жақсы әйел айтқан сөзді кектей қоймас, Осал жігіт әйелге *б е т т е й* қоймас. Жауыз қатын қабаған ит сияқты, Ер жігіттің түбіне жетпей қоймас (Шал ақын, Өлеңд.). Өзіме өмір берген, Жаббар Құдай! *Б е т т е м е с т е й* қылайын бұдан былай. Мені кім деп отырсың, сорлы бейбақ! Сен түгіл беттеген жоқ Шөже, Орынбай (Айтыс). **3.** а у ы с. *Ден қою, мақсат ету.* Иә, – деді әлден уақытта барып Бүркіт, – қазақ ауылы жаңа өмірге шын *б е т т е г е н* екен (І.Есенберлин, Қатерлі өткел). **4.** а у ы с. *Қарсы келу, қарсы тұру.* Сыяздан соң елімді Қысып алып кетпеймін. Әуелде көті бос кәпір Мықтыға не қып *б е т т е й м і н*? (Абай, Тол. жин.). Қаншама қыстан өтпедік, Қаншама рет көктедік?! Еркесі болдық біз елдің, Есерсоқ болып кетпедік. Қиянды қалап шептегі Қиындықтарға *б е т т е д і к.* Ер сыналар майданда, Еншімізге дөп келіп, Қаншама қыршын кетті өліп (М.Мақатаев, Шығ.). Үйінде кім болса да кет демейді, Ешбір жан қайратына *б е т т е м е й д і* (Айтыс).

БЕТТЕ[2]= е т. **1.** б а с п а. *Газет, журнал, кітап басу үшін терілген жолдарды, тақырыптарды, суреттерді т.б. белгілі бір пішімге келтіріп, бет құрау.* Жақтар жастар, қатпар жастар тіл қатпай, тарих өзі жинап қойған кітаптай. Тарих өзі *б е т т е п* қойған парағын, Әрқайсысын аударып бір қарадым (С.Сейітов, Сенем.). **2.** *Бетін ашу, парақтау.* Ақын жырын бірге оқып, бір *б е т т е г е н* (Қ.Мырзалиев, Шығ.).

БЕТТЕ[3]**: келген бетте.** *Бірден, келген бойда.* Тез көпіршікке келіп түскен сәуле *к е л г е н б е т т е* бір шағылысады, көпіршік болып көмкерілген пленкаға еніп, ары қарай ауаға шығарда тағы шағылысады (А.Қалығұлов, Жарық.).

Салған бетте. *Сол бойда, бірден.* Адам сезіміндегі ұстатпас құпияның бірі сағыныш сыры екен. Сіз осыны бір мәртебе ойлап қарасаңыз *с а л ғ а н б е т т е* ой ұшығын ұстай алмаған болар едіңіз («Спорт»).

БЕТТЕЙ[1] с ы н. **1.** *Бет сияқты, бет тәрізді.* Арлы *б е т т е й* қызарып, нарттай жанған, Әзіл соңы алапат өртке айналған Жан-нұсқасын өзім пішкен мына мұңлы оқиға Кетті менің келте ойымды күйретіп, Қалай ғұмыр сүрмеу керек екендігін үйретіп, Кімге күлу Кімге күлмеу керек екендігін үйретіп (М.Шаханов, Ғасырлар.).

БЕТТЕЙ[2] с ы н. *Бет мөлшеріндей, бет шамасындай.* Санағаным жоқ, шамасы бес жүз *б е т т е й* болар (С.Мәуленов, Жер нәрі).

БЕТТЕМЕ= е т. *Тәбеті соқпау, тамаққа жуымау.* Сары бала ащы қатыққа *б е т т е м е й,* тәтті қаймақты бұза алмай, қипақтап тұрды (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Балықты асып жеген балалардың бәрі күпті болып, екі күн өзге тамаққа *б е т т е м е н т і* (М.Тиесов, Дала.).

БЕТТЕС[1] с ы н. *Беті ұқсас, тәріздес.* Қашқардың қызыл шекпенін киген сары қазақ, шошқаның шұжығы *б е т т е с* семізше сәудагердің дүкенінің алдына келеді (І.Жансүгіров, Әңгім.).

БЕТТЕС[2] = е т. **1.** *Тегіс келген екі заттың бірімен-бірі тура келіп қиюласуы.* Осы кезде тамыр доғасына *б е т т е с е* жатқан эндодерма жасушалары да бөлініп, олардың тамыр қалтасы

пайда болады (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Ай орбитасының жазықтығы эклектика жазықтығымен дәл *б е т т е с п е й д і,* бұл екеуінің арасында кішкене бұрыш бар (Х.Әбішұлы, Халық астрон.). Венерина өсімдігінде қаусырмалы әрбір қалақшасының бетінде орналасқан түктер бар. Жәндіктер сол түкке жанасып кетсе болғаны, қалақшалары *б е т т е с і п* жабыла қалады (Т.Таубаев, Жасыл әлем.). **2.** а у ы с. *Кездесу, жолығысу.* Батырлар *б е т т е с к е н* маңайда шөп арасында ұясы болу керек, қырдың бармақтай қоңыр торғайы екеуінің біресе о жағына біресе бұ жағына шығып шыр-шыр етеді (Ә.Кекілбаев, Дала.). Тұрсын жауапты қызметте жүре, бір жағынан, жазушылық жұмыспен де айналысты. Өз басынан өткен жайларды қағаз бетіне түсіріп, «Өліммен *б е т т е с к е н д е*» деген кітап жазды (Қ.Жарықбаев, Психология). Оның жүзі таныс секілді, бұдан бұрын да бірнеше мәрте *б е т т е с к е н* еді (Д.Досжанов, Жібек.). **3.** а у ы с. *Жақындасу, маңайласу, жуысу.* Би-болыс батып елге қарамады, *Б е т т е с і п* сөйлесуге жарамады. Самсаған сарбаздарды көргеннен соң. Бойына ішкен асы тарамады (К.Әзірбаев, Таңд.). **4.** а у ы с. *Қарсы келу, қарсыласу.* Кейбіреуге таяғым Тиіп те кетті бартылдап. Пысықтың көбі бұғып жүр *Б е т т е с е* алмай шаңқылдап (Абай, Тол. жин.). Бес қаруын асынған, *Б е т т е с к е н* жауын қашырған (Базар жырау, Шығ.). Тағдырменен жекпе-жек көп *б е т т е с і п,* Қара түнде қайғы деген өрт келіп (С.Мәуленов. Таңд.). Көксерек пен кәрі шолақ екеуі қайта *б е т т е с і п* келгенде біріне-бірі ұмтылмай, құр ғана жанасып қор-қор етіп, ырсылдап тұрды (М.Әуезов, Қараш.).

БЕТТЕСТІР= е т. **1.** *Тегіс келген екі затты бірімен-бірін тура келтіріп қиюластыру.* Бұл тігісті екі кенеренің шеттерін бірдей етіп *б е т т е с т і р е,* қос жапсардың қырын баса орай тігеді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Киіз *б е т т е с т і р е* салған екі қабат жүннен құралады, яғни бұл киіздің екі беті бар деген сөз (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Ішіне топырақ салып, *б е т т е с т і р г е н* екі қазанның астына от жағып, бұдан тамған тамшымен таңдай жібіткен күн аз болған жоқ (Ғ.Сланов, Замана.). **2.** з а ң. *Тергеу әрекеті барысында бұрынғы көрсетімдеріндегі қайшылықтардың себебін анықтау үшін екі адамды көзбе-көз жауаптастыру.* Қазір селодан бері шығады. Ржищев түрмесінде жатқан тұтқындармен *б е т т е с т і р і п* жауап алмақ деседі (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). **3.** а у ы с. *Бетпе-бет жолығыстырып, көзбе-көз жауаптастыру.* Не айтып ақыреттік құда болдың, Тегінде қияметке бармайсың ба? Құдаңмен Тәңірі алдында *б е т т е с т і р с е,* Сол жерде қара жүзді болмайсың ба? (Қозы Көрпеш.). Баласы мен әкесін *б е т т е с т і р і п,* арасына әстәста айтып дәнекер болармын (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БЕТТЕСТІРУ *Беттестір етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Тегіс келген екі затты біріменбірін тура келтіріп қиюластыру. Б е т т е с т і р у* – екі затты қарама-қарсы салып құрау, мөлшерлеу (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Пленканың көмегімен екінші толқынды бірінші толқыннан жарты толқын ұзындығына немесе толық толқын ұзындығына тең аралыққа артқа «сырғытып, жылжытып» *б е т т е с т і р у г е* болады (А.Қалығұлов, Жарық сәуле). **2.** з а ң. *Тергеу әрекеті барысында бұрынғы көрсетімдеріндегі қайшылықтардың себебін анықтау үшін екі адамды көзбе-көз жауаптастыру.* Екі сағаттық әңгіме үстінде, жүзбе-жүз *б е т т е с т і р у д е* Ыдырысовтың қаншалықты жалтарып бұлтарғанына қарамастан, Роза болған оқиғаны бұлжытпай мойнына қойып береді («Лен. жас»).

Беттестіру имараттары. с у. ш а р. *Бөгет денесін іргетасымен, жағамен және жалғанатын құймаластыр имараттармен жымдастыру кезінде бөгет денесі мен табанының су сүзілмейтіндей болып қабысқан, статикалық тұрақтылығы қамтамасыз етілген гидротехникалық имараттар. Б е т т е с т і р у и м а р а т т а р ы н* орнату үшін сол жердегі грунттың сипаты мен іргетас айналасындағы грунт жағдайы есепке алынады (Қаз. тілі термин. Су.).

БЕТТЕСТІРІЛ= е т. *Тегіс келген екі заттың бірімен-бірі тура қиюластырылуы.* Төрт қанат шиді екі қатар жарыстыра көктейді немесе шидің шет бауырларын байластырып қояды да, үстіне екі қабат жүннен *б е т т е с т і р і л е* киіз төселеді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БЕТТЕСТІРІЛУ *Беттестіріл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Фигуралардың *б е т т е с т і р і л у і.*

БЕТТЕСУ *Беттес етістігінің қимыл атауы:* **1.** а у ы с. *Кездесу, жолығысу.* Ахметше бүгінгі бірінші *б е т т е с у* нәтижесі көңілдегідей шықты деп есептеді (Х.Есенжанов, Көп жыл.). **2.** а у ы с. *Қарсы келу, қарсыласу.* Ебейсін енді мырзамен *б е т т е с у д е н* де тайынбайтынын байқады. Ертеден бері бұлаң құйрықпен келе жатқан семіз сары атты тебініп қалды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Әке күнделігі: «Октябрь, 1942 жыл. Соғыс Еділ бойында. Жолдастарымның көпшілігі жаумен *б е т т е с у д е*» (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

БЕТТЕТ= е т. **1.** *Белгілі бағытқа қарай жүргізу, бет алдыру.* Сиырды қыстауға *б е т т е т і п,* Оңғарбай мен Нұрыш соның соңында келеді (Б.Майлин, Шығ.). Жылқыны бұрып-ақ алды. Бұрылған жылқыны Асылбек болыстың

аулына *б е т т е т е* кейін қуды (І.Жансүгіров, Шығ.). **2.** *Жақындату, маңайлату.* Алтынсары жылқысын жинап Ақшоқы тауына *б е т т е т к е н* кезде, «бұлттан жауған» сары маса атын да, өзін де булықтырып жүргізбеді (С.Мұқанов, Аспаз). Менің жанымда қалған жауынгерлер жауға қарсы аянбай оқ атып, жау танкісін өзімізге қарай *б е т т е т п е д і* (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). *Б е т т е т п е й* жанды кезінде, Қастасқан жауын күйзелтіп, Жандырған өрттей шарпыған (Базар жырау, Шығ.).

БЕТТЕТТІР= е т. *Жақындату, жуыту, маңайлату.* Сәл тыныстың арасында мылтықтарын қайта оқтауға мүмкіндік алған жау жағы қырқа төбелердің басында отырып алып *б е т т е т т і р м е д і* (І. Есенберлин, Қаһар).

БЕТТЕТУ *Беттет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тауға қарай *б е т т е т у.*

БЕТТЕУ: **бүйрек беттеу**. *Бетінің жоғары тұсы шығыңқылау.* Бозбаланың өжет үнін, қырындау тұрғандықтан тым көмескі көрінсе де, *б ұ й р е к б е т т е у* сопақ жүзі мен үш жағы сәл имектеу үлкен мұрнын шырамытқан (З.Жәкенов. Таң самалы). Ол өзін Аня деп таныстырды. *Б ұ й р е к б е т т е у* толық қыз екен (З.Қыстаубаев, Ақ түн).

Сопақ беттеу. *Бет-пішіні сопақша келген.* Кітап жиналған биік столдың алдындағы орындықта отырған жазық маңдайлы, *с о п а қ б е т т е у,* шашын шалқасынан қайырған мұртты жігітті Омар бұрыннан білетін (А.Жұмаділдин, Сең.).

БЕТТЕУ[1] *Бетте етістігінің қимыл атауы; белгілі бағытқа қарай жүру, бет алу.* Бүгін түн серт еткен Күландамен нысанаға *Б е т т е у г е* қас қарая міндеттімін (Ж.Саин, Күләнда). Күні бұрын құрылған жоспар бойынша войсковой старшина Лебедев басқарған бес жүз солдат мамырдың бесі күні Ор қаласынан шығып, Камышовка бекінісіне *б е т т е у г е* тиісті (І.Есенберлин, Қаһар). Әбілхайырдың соңғы сөзін анықтап алғым кеп, мен оған саяси адамның қай бағытқа болса да адал *б е т т е у і н* айттым (С.Мұқанов, Есею жыл.).

БЕТТЕУ[2] *Бетте*[1] *етістігінің қимыл атауы; ағашты, тасты т.б. тегістеу, жону. Б е т т е у* – ағашты, тасты бір бетін тегістеп шабу, жонылған затқа өң беру (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БЕТТЕУ[3] б а с п. *Бетте*[2] *етістігінің қимыл атауы.* ≈ Кітапты *б е т т е у.*

БЕТТОПЫРАҚ з а т. э т н. *Қабір топырағы.* Күнірентпе іниңнің қабірін. Әлі *б е т т о п ы р а ғ ы* да жасырылған жоқ (М.Ақынжанов, Ыбырай Алтынсарин).

БЕТТЫРНАС з а т. э к с п р. ж а ғ ы м с ы з. *Айтыс-керіс, талас-тартыс.* Газет, журнал беттерінде қым-қиғаш айтыстар болып жатқан күндерде Бейімбет бір жазушы туралы жаман сөз айтқан емес. *Б е т т ы р н а с қ а,* кеудемсоқ сынға ренжіп қарайтын еді (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

БЕТТІ с ы н. **1.** *Беті, бет-пішімі бар.* Сәукеле сақал, үлкен көз, Жазық маңдай, кең *б е т т і,* Қырмызы қызыл келбетті (Дастандар). Аттарын төртеуі де тұмарлаған, Мен айтқан сөзге шыдап тұра алмаған. Ішінде шұбар *б е т т і* бір шоң желке, Тіл қатты – Ұр! – деп мені, ұрандаған (К.Әзірбаев, Таңд.). **2.** а у ы с. *Өжет, өткір, қайсар.* Жанында қанжары бар қайран төре, Сұлтан жоқ заманында ондай *б е т т і* Сұрағы, топырағы жеңіл болсын, Фәниден бақи жайға жүріп кетті (Ә.Найманбаев, Шығ.). Батылы жетпегені ме? Жұрт: «Алғыр да *б е т т і* жігіт!» дейді ғой, Айжан түсінбейді (З.Шашкин, Сенім). Жайратпай тынбас жау көрсе, Наурызбайдай жалынды. Қамалды өтер қақ жарып, Бекеттей *б е т т і,* шалымды (Біздің Мәлік).

Алма бетті. п о э т. *Ашаң, бетінің ұштары қызыл, қызыл шырайлы (қыздың бет-ажары туралы). А л м а б е т т і* қарындасым бой жеткелі менің де Мазам кетті. Бір көңілсіз шырмау түсіп сенімге (М.Шаханов, Ғасырлар.). Түбіне батып суыңның Дұшпан кескен қыз басы. *А л м а б е т т і* сұлудың Қан боп тамған көз жасы (Т.Жароков, Шығ.).

Бәйшешек бетті. *Дөңгелек (жүзді), балпиған, балғын өңді. Б ә й ш е ш е к б е т т і* бала едім. Сол күнімді ойласам, Көз алдымда тұрады, Кешегі өткен күндей-ақ (Үш ғасыр.).

БЕТТІК[1] с ы н. *Бет көлеміндегі, нақты беттен тұратын.* Мүмкін анасын қатты сағынған баланың он *б е т т і к* хат жазса да, бар айтары осы бір ғана сағындым ғой деген қуанышты күрсініс күші болар (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). 1963 жылдың басында көлемі 589 *б е т т і к* «Қазақстан Коммунистік партиясының тарихынан очерк» басылды (С.Мұқанов, Есею жыл.).

БЕТТІК[2] с ы н. т е р м. *Бетке тән, бетке қатысты. Б е т т і к* блок – виртуальдық жады бар жүйелерде беті болуы мүмкін нақты жад блогы (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Б е т т і к* сіңірумен тазалау – қатты дененің беткі қабатының ерітіндіден немесе ауа ортасынан әртүрлі заттектерді сіңіруі (Қаз. тілі термин. Экология).

Беттік ағыс. с у ш а р. *Судың табиғаттағы айналым процесінде жер бетімен ағу нысанында орын ауыстыруы.* Кориолис күшінің әсерінен *б е т т і к а ғ ы с* солтүстік жартышарда жел бағытынан оңға, оңтүстік жартышарда солға ауытқиды (Қаз. тілі термин. Су.).

Беттік активтік заттар. ф и з. *Сұйық пен газдың немесе екі сұйықтықтың бөліну бетінде адсорбталып, оның беттік керілісін төмендететін заттар. Беттік активтік заттардың* молекуласы көбіне зарядты және зарядсыз бөліктен тұрады (ҚҰЭ). *Беттік активтік заттар* тоқыма өнеркәсібінде (суландырғыш), ауылшаруашылығында (зиянкестерге қарсы), жуушы заттар, көбіктендіргіш ретінде, эмульсия, көбік және суспензияларды тұрақтандырғыш ретінде, мұнай алуда, полимерлік материалдарды өндіруде, тамақ, медицина, парфюмерлік және т.б. өндірістерде қолданылды (ҚҰЭ). *Беттік активтік заттар* – екі дененің (фазалардың, орталардың) жанасу беттеріне шоғырланып, оның бос энергиясын (беттік керілісін) төмендете алатын заттар (Қаз. тілі термин. Кен.).

Беттік алмасу. и н ф. <ағыл. page communication> *Виртуалды жад беттерінің автоматты ауысуы. Беттік алмасу* – виртуалды жадтың сол мезетте бағдарламаға қажетті бөлігі орналасқан беттерге жедел қатынас құруды жасақтау үшін болатын сыртқы жад пен жедел жад арасында виртуалдық жад беттерінің автоматты алмасу (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Беттік жад. и н ф. *Сегменттелген жадтың жеке түрі. Беттік жад* жедел және сыртқы жадтар арасында айырбастау жүргізу кезінде, сондай-ақ жадты қорғау мен бөліп-тарату кезінде негізгі бірлігі болып табылатын сегменттері (беттері) бойынша сипатталады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Беттік жүйе. и н ф. <ағыл. page system> *Виртуалды жадты бет бойынша ұйымдастыратын жүйе* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Беттік керіліс. ф и з. *Екі фазаның (дененің) бөліну бетінің термодинамикалық сипаттамасы. Беттік керіліс* температураның жоғарылауынан, сондай-ақ беттік белсенді заттардың әсерінен азаяды (ҚҰЭ). Қатты дененің *беттік кері лісін* әдетте молекулааралық өзара әсерлерді негізге ала отырып, жанама жолмен есептейді (Қаз. тілі термин. Су.). *Беттік керіліс* сұйықтықтың химиялық табиғатына және температурасына байланысты (Қаз. тілі термин. Кен.).

Беттік құбылыстар. ф и з. *Шекаралық қабатта артық еркін энергияның болуынан олардың құрылымы мен құрам ерекшеліктерінен туындайтын құбылыстар.* Қатты денелерде *беттік құбылыстар,* ең алдымен, олардың сыртқы бетінде байқалады (ҚҰЭ). Қатты денені кез келген пішінде бұзу да *беттік құбылыстарға* жатады (ҚҰЭ).

Беттік шайылу. с у ш а р. *Ұсақ атыздар мен жырашалар арқылы тұтас су үлдірі түрінде аққан жаңбыр мен қар суларының ұсақ минерал бөлшектерді жер бетімен ағыза тасымалдауы. Беттік шайылу* сызықтық жуып-шаюға (эрозия) қарсы мағынада қолданылады (Қаз. тілі термин. Су.).

БЕТТІК[3]: **жарқын беттік.** *Мейірімділік, ашықтық, жомарттық.* Күйеуінің көп күні Ат үстінде өтеді, Халыққа *жарқын беттігі* Сол күндерде жетеді (С.Мұқанов, Замандас.).

Қасқыр беттік. *Қаталдық, қатыгездік.* Еламан, саған келіп отырмын, – деп, бұл арада да өзінің кісіден жүзі қайтпайтын *қасқыр беттігіне* бағып, ойындағы сөзін ірікпей, тура бастады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

БЕТТІЛІК з а т. *Өжеттілік, өткірлік, қайсарлық.* Жаяу Мұса тапқырлығына, *беттілігіне,* шыншыл өлеңіне қуанды. Бірақ «тұмар өртегені» – жауының қолына өзін атар мылтық оқтап бергендей іс-ау – деп түйді (Д.Әбілев, Ақын.). – Мына Әбдекең ағайдың ақылымен әдеп сақтап жүрдім, – деді.– Комсомолдық *беттілік* қайда, – деді совхоздың аға зоотехнигі кекесінді үнмен (С.Бегалин, Уақыт.).

БЕТУЛИН з а т. б о т. *Қайыңның сыртындағы ақ түсті қабыршақ зат.* Қайың тозының сыртында ақ түсті *бетулин* дейтін зат болады. Осы өсімдік денесін күнге қатты қызып кетуден сақтайды (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

БЕТШЕ з а т. **1.** *Күнтізбе кітапшасының парағы, шағын бет.* Секретарь алдындағы календарь парақтарын ақтарып, өткен күннің бір *бетшесін* үзіп алды (Адам және химия). **2.** *Үндеу, шақыру сияқты ақпарат жазылған, көпшілікке таратуға арналған шағын қағаз, парақ.* Көрсеткіш, диаграмма, құрмет тақта, *Беттшелер,* жар газеттер бұдан басқа. Қамтиды сын газеті барлық жайды, Шығатұғын «Бүркіттің жорығы» атты (Айтыс).

БЕТІ-ҚОЛЫ з а т. *Беті мен қолы.* Ескі жез шәйнекпен *бетіқолын* жуып, есік жақтауына ілінген орамалға сүртінді де, қораның төрінде тұрған кебеженің қақпағын ашты (Қ.Исабаев, Айқыз). Жуынып *бетіқолын* қайта жүрді, Нағызсып, наз көрсетіп неше түрлі, Теңселіп «теңім анық екен-ау» деп, Ішіне шатырының келіп кірді (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Тамаша қыз-келіншектер көлдің суына *бетіқолымызды* жуып, етбетімізбен жата қалып, мұздан суық кәусардан шөлімізді қандыра іштік (О.Бөкей, Таңд.).

БЕТІМ о д. с ө й л. э к с п р. *Таңданғанда, ұнатпағанда, ұялғанда әйелдер беттерін қолдарымен басу, шымшу қимыл ишаратын жасау арқылы айтатын сөз.* – Сүйдірген сені

маған салпақ бетің, Кәрі саулық етіндей төстік етің. Қарағым, сыртың сұлу жапалақтай Анауыңа келгенде, ойбай, *б е т і м* (С.Торайғыров, Таңд.). Ақбала сыртқа шығып, сері жігітті аттан түсірді. Ал екеуінің қалай көріскендерін көрсең!.. Масқара-ай! *Б е т і м-а й!* – дейді қара қатын (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). – Ренжіме, қоянның баласы ғой. – *Б е т і м-а й,* жұрттан ұят қой. Оның не, еркек басыңмен? – деді Жұбаныш (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Масқара-ай, не дейді, *б е т і м!* – деп, бәйбіше бетін шымшып-шымшып алды (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны).

БЕТІМЕН үс т. **1.** *Босқа, бекер, қалай болса солай, алды-алдына.* Бар күш іске қанат қомдап, Майданға әзір бетін оңдап. Білмегендей күшін сомдап, Жатқан зат жоқ *б е т і м е н* (С.Сейфуллин, Шығ.). **2.** *Ретсіз, тәртіпсіз, бейберекет. Б е т і м е н* жайылып жүрген бір ел бар, алыс-жақын, кедей-бай демей, барымталаса береді деп біржола сенісіп қойған сияқты (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

Бетімен жіберді. *Тыю салмады, еркіне қоя берді.* Қаншама, аузынан жалыны шығып, туф деген түкірігі жерге түспей тұрған өндіріс басқармаларын обком *б е т і м е н ж і б е р е* бермес, ауыздықтар (З.Шашкин, Сенім).

Бетімен кеткен. *Жүгенсіз, тыюсыз, тәрбиесіз.* Хан қатты ашуланып: – Ондай *б е т і м е н к е т к е н д е р д і* тез ұстаңдар да, алдыма әкеліңдер! (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Еш тәрбиеге көнбей *б е т і м е н к е т к е н* адамға ұрпақ тағдырын тапсырып, болашақ алдында айыпты болып қалуымыз даусыз («Лен. жас»).

Бетімен кетті. а) *Бет-бетімен, өз жайына тарады, бытырады.* Март ішінде қар кетті, Кеңшілік келді, тар кетті. Қара жерге жайылып, *Б е т і м е н е н* мал *к е т т і* (Пернедегі терме.). ә) *Бағынбады, ыдырады, ауызбірліктен айырылды.* Қалған азғана елге берік болмаса, *б е т і м е н к е т е д і* (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). б) *Тәрбиеге көнбеді, өз дегенін істеді.* Жанастың ойында мұндай мәселеде бала ойына келгенін істеп, *б е т і м е н к е т* е бермек емес (М.Дүйсенов, Қалыңдық).

Бетімен кету. *Өз дегенімен жүру, жеке басының қамын ойлау, ортақ тәртіпке бағынбау.* Мектеп оқушылары тарады деп *б е т і м е н к е т у* – ауыл мұғалімдеріне тиісті іс емес (Б.Майлин, Шығ.).

Не бетімен. *Қай бетіммен, қалай, қайтіп деген мағынадағы қатты қысылу, қиналуды білдіретін сөзқолданыс.* Қалықтап қайта шабыт оралмаса, Халқыма қараймын мен *н е б е т і м м е н* (Ә. Тәжібаев, Шығ.). Мен: – Жолдастар тұтқынға алынған болса, *н е б е т і м м е н* қашамын, – деп мылтығымды алдым (С.Сейфуллин, Тар жол.).

Өз бетімен. а) *Жеке, дара, өз жөнімен, өз жайымен.* Өзіңе мәлім, тентектер *Ө з б е т і м е н* не табар? Қағаз берер, қарманар, Аяғында сандалар (Абай, Тол. жин.). Мәмбет бұрынғы Сүлеймен есігіндегіден әлдеқайда жиылып, ысылып, қайда барса, *ө з б е т і м е н* жүре алатын пайдашы жігіттің бірі болып кетіпті (І.Жансүгіров, Таңд.). ә) *Ешкімнің көмегінсіз, өздігінен.* Әлімқұл әпігін әлі баса алмай отыр, жұрттың көзінше осынша ешкімге жалынуды, жалпақтауды білмей, *ө з б е т і м е н* оттап, *ө з б е т і м е н* жусайтын жүген-құрыққа ырық бермейтін тоңмойынды мықтап тұрып мұқатып алмақ сыңайлы (О.Бөкей, Таңд.). Сестраның көмегінсіз *ө з б е т і м м е н* қабырғаға сүйеніп тұруға жаттыға бастадым (Ә.Нұршайықов, Алтын.). *б) Ешкімнің рұқсатынсыз, ақылдаспай.* Мен ешкімге *ө з б е т і м м е н* тигем жоқ, Ешкімнің де кебін әлі кигем жоқ. Ал басыма қауіп төнсе не істеймін, Сауытым жоқ, Құйрығым жоқ, Инем жоқ! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Қылмыстық іс жүргізу кодексі бойынша тек тергеуші ғана қылмыс жасау жөнінде айып тағу құқығын иеленген, тек тергеуші ғана алдын ала тергеу сатысында процессуалдық мәжбүрлеу шараларын *ө з б е т і м е н* қолдануға, тергеуге дейінгі тексеру материалдары бойынша қылмыстық-іс жүргізу шешімдерін қабылдауға құқылы («Егемен Қазақстан»).

Өз бетімен кетті. *Өз жолымен жүрді, өзі ойлағандай әрекет етті, өз жөнімен кетті.* Сен мені не етесің? Мені тастап, Өнер бастап, Жайыңа Және алдап, Арбап, *Ө з б е т і ң м е н к е т е с і ң* (Абай, Тол. жин.). Баянауыл совхозында қой өліп жатады. Неден? Қойшылар мал дәрігерінің кеңесін құлаққа да ілмейді, *ө з б е т і м е н* баяғы қазақ аулының кезіндегі тәсілмен жаяды (З.Шашкин, Сенім). – Мәмбет қайда? Ол неге келмеді бізге? Әлде *ө з б е т і м е н* басқа жақта жүр ме! – деп айқай салды Нұрым Орақовқа қарап (Х.Есенжанов, Тар кезең).

Сол бетімен. *Сол қалпымен, сол күйі.* Үйге *с о л б е т і м м е н* кіруін кірдім-ау, бірақ қалай кері шығып кеткенімді білмей қалдым («Лен. жас»). – Пәтуәсіздердің таныстығы, – дедім мен. Қыз иығын қиқаң еткізе құшақтады. *С о л б е т і м е н* тізесіне отырып қалды («Лен. жас»). *С о л б е т і м е н* шұбырып, Торғайдай тозып Сыр түсті. Туған жерді көксетер Халықта сөнбес сыр күшті (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

БЕТІМЕН-БЕТ үс т. *Шүпілдеген, толы.* Жолдасыма: «Ендеше бір қолыңа қалбырды ұста да, бір қолыңмен шелекті көтеріс! –

десем, балық *б е т і м е н- б е т* болған шелекті ол түгіл, менің өзім де әзер-әзер орнынан қозғаймын (Ө.Канахин, Жер бас.).

БЕТІНШЕ ү с т. *Қалай болса солай, өз бетімен. Б е т і н ш е* ақса мынау жалған, Жоқ Тәңірдің тірегі не? (Қ.Бекхожин, Дала комисс.). – Жеп қойды егісімді, шығындатты, Сол үшін бір жаз бойы жегем атты. *Б е т і н ш е* өріп жүрген малдарының Осындай көп қырсығы маған батты (Қ.Бекхожин, Мариям.).

Өз бетінше. а) *Өз дегені, білгені бойынша, өз еркі өзінде.* Соғыс жылдарында жетім қалған балалар институт бітіріп, *ө з б е т і н ш е* өмір сүруге кірісті (С.Мәуленов, Жер нәрі). ә) *Бет алған жағына, өздігінен*. Бала: – Ат-көліктеріңіз аман ба? Атам ауылға жүріп қымыз ішсін, – деді де, *ө з б е т і н ш е* кете барды (Ә.Көшімов, Лашын.).

БЕУ о д. **1.** *Па, шіркін сияқты мағынадағы қайран қалу, тамсану, масаттану сезімдерін білдіретін сөз.* Саумал бұлақ – балдай дәрім, Салқын самал – баурайларың. Саялаған, *б е у,* туған жер, Сағындырған Саржайлауым (М.Мақатаев, Шығ.). «Миуасы шешек атқан өсіп өркен, *Б е у,* шіркін, қайран Қырым қандай көркем. Далиған даласына көктем туа, Соған тез құс боп ұшып кетер ем мен» (Р.Игенсартов, Тың дала). Қиялыңды қиялға жалғайсыңдар, Бір тәтті күйлеріңмен баурайсыңдар. Құштармын бар жаныммен, арманыммен, Келер күндер, *б е у,* шіркін, қандайсыңдар?! (Т.Қызықбаев, Алтай.). **2.** *Күтпеген жерден, тосыннан болған жайға таңқалуды білдіретін о, жасаған, апырай деген мағынадағы сөз. Б е у,* кімді көріп тұрмын, ей? Жәнібек, бұл сенбісің шынымен! (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті) – *Б е у,* адам-ай, мынау біздің түсімізге де кірмейтін киім ғой. Дәу де болса, бұның әрқайсысы бір-бір қара шығар (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **3.** *Біреудің назарын аудару мақсатында, қаратпа ретіндегі ау, әй деген мағынадағы сөз. – Б е у,* Қаңбағым, сәлем қайда? Қара басып танымай қалдың ба, әлде? – деп ыржиды ол (З.Жәкенов, Таң самалы). Өзің еске түскенде, *Б е у,* замандас, жар-жар-ау! Жатамын да жылаймын, Жер бауырлап, жар-жар-ау! (Айтыс). **4.** *Қап, тұу сияқты өкініш сезімін білдіретін сөз.– Б е у,* обалдағы-ай, екеуі де өрімдей екен ғой, – дейді бір келіншек, – Айман-Шолпанның теңі осы екеуі еді, не пайда қаңғыбастар бір-бірінің малына қызығып, бүлдіріп отырған жоқ па, – дейді екінші біреуі («Қаз. әдеб.»).

Беу, дүние [дүние-ай]. *Таңырқау, өкіну сияқты т.б. сезімдерді білдіретін сөзқолданыс. Б е у, д ү н и е-а й,* аққулар оралғанда, Айдын көлдің иесі жол алғанда. Жетісіп бір Жетім көл қалушы еді-ау, Тынушы еді-ау теңселген қара орман да (М.Мақатаев, Шығ.). Түн. Жайлау. Жел құрақты ойнатады, Самарқау сол тыныштық сайда тағы. Белден асқан белгісіз *б е у д ү н и е*, Қайда кетті жеңгейдің әйбат әні?! (М.Мақатаев, Шығ.).

БЕУ-БЕУ. о д. *Қатты өкінгенде, шарасыздықта айтылатын әттеген-ай деген мағынадағы сөз.* – Балам қайда? Әлгі неге келіп бір көріп шықпайды? – деді де, көрпенің бұрышын құшақтағандай болып, ерні *б е у-б е у* дегендей қимылдап, сұлық болып тағы талып кетті (М.Жұмабаев, Шығ.).

БЕУ-БЕУЛЕ = е т. *Бебеу қағу, бебеулеу.* Егер эфирдің бір бөлшектері безектеп *б е у-б е у л е п* тербеле жөнелсе, онда онымен қатар орналасқан бөлшектер де оның «күйінішін көтерісіп», тербелісті «іліп алып» ілгері тартады (А.Қалығұлов, Жарық.). Ажалдың жегі құрты ішінен жеп, Дөңбекшіп аласұрды қағып безек. Құспады, құр лоқсыды, *б е у-б е у л е д і,* Ербеңдеп екі қолы кезек-кезек (Д.Еркінбеков, Шығ.).

БЕФСТРОГАНОВ [франц. boeut – сиыр еті және Строганов орыс фамилиясы] з а т. т а м а қ. *Ұсақтап туралған немесе жаңқаланған жұмсақ ет пен тұздық құйылып дайындалған тағам. Б е ф с т р о г а н о в* қоғамдық тамақтану мекемелері жүйесінің барлық санаттарына (мейрамханалардан асханаларға дейін) қабылданған (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Б е ф с т р о г а н о в* тағамы барон және граф Строгановтардың екі жүз жылдан астам уақыт жинақтаған үлкен кітапханасын Томск университетіне сыйлаған, ғылыми жұртшылыққа әйгілі А.П.Строгановтың (1795–1891) құрметіне аталған (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

БЕХҰДА с ы н. к ө н е. *Бейшара, байғұс.* Е, *б е х ұ д а*, ақымақ, Шақтамайсың халіңді. Айтқаныма көнбесең, Жей бергін енді қамыңды (Бабалар сөзі // Діни дастан).

БЕҺЕ з а т. *Сары түсті, кеш пісетін, алма тәрізді тәтті жеміс*. Кердеңдеген қара құл қолына бір *б е h е* жемісін ұстап, дүкен алдынан өте берді (Мың бір түн). Жұрттың құлпырған түсіне көрік беретін; қаны тамған анар, уылжыған шапталы, сары алтындай *б е h е,* түрлі түсті алмалар өскен еді (Мың бір түн).

БЕШ с а н. с ө й л. э к с п р. ***Бес***. – Ой, сен малайдың да тілің шығайын деді ме? Қазір тұрған жеріңде жоқ қылайын ба?! Сенің құның *б е ш* тиын! Білдің бе! (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

БЕШАМЕЛЬ [франц. bechamel] з а т. т а м а қ. *Ұннан, жұмыртқадан және сүттен әзірленетін қою тұздық. Б е ш а м е л ь* – француз және еуропалық асүйлердің негізгі тұздықтарының бірі (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Б е ш а м е л ь*

тұздығы дайындалуының қарапайымдылығымен және қолданылуының әмбебаптылығымен ерекшеленеді: кез келген ет, балық және көкөніс тағамдарына жарай береді (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

БЕШЕНЕ з а т. с ө й л. ***Пешене.*** Алғы күн ашсын жастық *б е ш е н е с і н,* Көгертсін көп алғысы көсегесін. Қос шыбық, балғын жастар болған тату, Айқасып құлынтайдай өсе берсін (І.Жансүгіров, Шығ.). Қатар құрбыларына бетін беріп, әркімнің *б е ш е н е с і н е* қарай бақытын үлестірген өмір Бейбітке келгенде, ылғи теріс айналып тұрып алады (М.Дүзенов, Әке.).

Бешенеден белгілі. *Айқын, айдан анық.* Олардың басқаға өнеге көрсетуге тиіс екендігі *б е ш е н е д е н б е л г і л і* ғой (Б.Момышұлы, Біздің генерал). Адам іші шиша емес пе! Болса да *б е ш е н е д е н б е л г і л і* «тоғай аралап үйші болу» дәл сонда оның өңі түгіл, түнде түсіне де кірген жоқ-ты («Лен. жас»).

БЕШПЕНТ з а т. э т н. *Тік жаға етіп, жүн салмай, ұзындығын тізерлікке жақын етіп астарлап тіккен жеңіл сырт киім.* Күн ауып еңкейген кезде Қасқырбай мен Аян киініп тысқа шықты. Екеуінің де үстерінде әдемі қара *б е ш п е н т,* өтек қыры сынбаған ақ шалбар (С.Сейфуллин, Шығ.). Салмасам Айнамкөзге ән болмайды, Кимесем екі *б е ш п е н т* сән болмайды (Қаз. әндері).

Жүн бешпент. э т н. *Астарына жүн салып тігілген сырт киім түрі.* Әлекеңнің түйе *ж ү н б е ш п е н т* киген кең жаурыны мен сары аттың бүлкілдеген сауыры да қоңырқай түзде көз ұшына барғанша көрінді де тұрды (Р.Орманов, Жүрек).

Қынамалы бешпент. э т н. *Бел тұсы қапсырыла тігілген астарлы сырт киім.* Тар шалбар, *б е ш п е н т* шықты *қ ы н а м а л ы,* Жігітке шапан киген ұнамады (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Тар шалбар, *қ ы н а м а л ы б е ш п е н т* киіп, «Алхамды» шала білген молда болды (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Мауыт бешпент. э т н. *Шұғадан тігілген астарлы сырт киім. М а у ы т б е ш п е н т* маужырап қынай белде, Шыр бітіріп түрғандай шырайлы ерге. ...Жарқабақта өсетін жалғыз шыбық, Жапырақсыз, құрақсыз ылай көлде. Сәл қабағын шытынып, лебіз қатты: – Сабыр, ана, сабыр ет, жылай берме (М.Мақатаев, Шығ.).

БЕШПЕНТТЕЙ с ы н. *Бешпент тәрізді, бешпент сияқты.* Жоспарлап сөз тауарын сездіремін, Сенімен егеспеймін ерегісіп. Жақсының жауабына салсаң құлақ, *Б е ш п е н т т е й* үлгіменен қойған пішіп (Айтыс).

БЕШПЕНТТІ с ы н. *Бешпенті бар.* ≈ Көк *б е ш п е н т т і* жігіт.

БЕШПЕНТШЕ з а т. *Шағындау бешпент түрінде тігілген сырт киім.* Генерал-губернатор кеңсесінің қызметкері болғандықтан шығар, сыпайы киініпті. Китель формалы тік жаға *б е ш п е н т ш е с і* мен шалбары биязы асыл матадан (Ж.Тілеков, Жоңғар.).

БЕШПЕНТШЕҢ ү с т. *Үстінде бешпенті бар, бешпент киген.* Әшір мен Айназар екеуі де *б е ш п е н т ш е ң,* асықпай алшаңдап басып, сөйлесіп, ақырын күлісіп көлденең жатқан Алатауды беттеріне ұстап келеді (С.Сейфуллин, Шығ.). Урядник үйінде түрегеп жүр екен. *Б е ш п е н т ш е ң,* жалаңбас, үсті-басы саусылдаған шен (Бұл да).

БЕШПЕТ з а т. с ө й л. ***Бешпент.*** Мұхит ән салып, қыздардың орамалына кестенің, *б е ш п е т,* шапандарына зердің оюын ойып беріп, басқа дүниеге тіпті бұрылмай бара жатқаны әкені недәуір ойландырады (А.Жұбанов, Замана.) Жаңбырға сулап жаз киер жаңа *б е ш п е т і н,* – Кешіктім біраз кештетіп жеттім, кеш жеттім, – Деп маған бір сөз айту керек қой жан әпкем, Біздің үйге бір кіру керек қой кештетіп (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).

БЕШПЕТШЕҢ ү с т. с ө й л. ***Бешпентшең.*** Ербол *б е ш п е т ш е ң* күйде, жаңағы әйел отырған жерге жүресінен отырып, еңкейе берді (М.Әуезов, Шығ.).

БИ[1] з а т. **1.** т а р. *Қазақ қоғамындағы бұрынсоңды қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-сананы өте жетік білетін, сөзге шешен, өзі заңгер, өзі істің ақ-қарасын айқындап үкімін шығаратын сот.* Ат сұлу, айғыр мықты жалыменен, Батыр мықты, бай күшті малыменен. Жеті жұртты билеген *б и* болсаң да, Әркімді алсын құдай табыменен (Шал ақын. Өлеңд.). Түбінде баянды еңбек егін салған, Жасынан оқу оқып, білім алған. *Б и* болған, болыс болған өнер емес, Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған (Абай, Тол. жин.). *Б и* болған бес Шектіге атаң Шонты, Шонтыны еш адамнан демейді олқы. Кешегі Қаратайды хан қойғанда, Өлтіріп Жантөренің шыққан даңқы (Кердері Әбубәкір, Қазағым). **2.** т а р. *Дауды дәстүрлі (тарихат) жолмен шешетін, құқықтық істі Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолымен я болмаса, Жеті жарғы бойынша жүргізетін адам.* Қазақтың Есім ханы болған кезде, Жау жорық жапан түзге толған кезде. Болыпты Монтай атты бір әділ *б и* Руы ойбас қыпшақ Орта жүзде (И.Байзақов, Шығ.). *Б и* болмас білгені елге жарамаса, Пақырды, міскінменен жараласа (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Әділдік сипаты еді бір Алланың, *Б и л е р і м,* әділ болып тұра алмадың. Он тиын жанқалтаңа пара кірсе, Фақырға еш шафағат қыла алмадың

(Кердері Әбубәкір, Қазағым). Халық *б и і* бүгін Дариядан жауап алмақшы (К.Кемеңгеров, Алтын.). **3.** т а р. *Шешен, ділмар, батағой.* Көшпелілер мәдениетінің ерекше қыры – шешендік өнерді меңгермейінше, тек әдет жосындарын жетік біліп, әділет принципін ұстану арқылы ғана *б и* атану, ел сенімін иелену мүмкін болмаған (ҚҰЭ). Әлеуметтер, құлақ сал, Мына бір шолақ дүниеден – *Б и* өлмейді дер едім (Базар жырау, Шығ.). Кешегі аста Әлмерек *б и д і ң* сөккені, Түкенің мүдде есінен бір сәт кетпеді. Теріс айналып, шөкті де қалды шал байғұс, Талақ етті де бүгіні менен өткенді (М.Мақатаев, Шығ.). **4.** т а р. *Бітістіруші, дипломат, елші.* Ел бірлігіне, ұлт тұтастығына нұқсан келтірер ағайын араздығын басып, руаралық дау-жанжалдарды бітістірумен шектелмей, қазақ ұлысының көрші мемлекеттермен қарым-қатынас жасап, әртүрлі байланыс орнату ісінде де *б и* ханға көмекші әрі кеңесші қызмет атқарғаны белгілі (ҚҰЭ). Абылай хан 1743 ж. жоңғар басқыншыларының қолына түскен кезде Қаз дауысты Қазыбек *б и* Ресей үкіметі жолдаған секунд-майор Миллер экспедициясының құрамында елшілікке барған (ҚҰЭ). **5.** т а р. *Патшалық Ресейдің қазақ даласында отаршылдық пиғылмен жүргізген құқықтық-әкімшілік реформалары салдарынан билік жүйесінің өзгеруіне байланысты сайламалы жолмен тағайындалған билік иесі.* Мынау азған заманда Сөзінің кетіп байлауы, Келелі *б и д е* кезек жоқ, Қоритын болыс сайлауы (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Күләймені әкесі малға сатқан, Құдай деп, құда болып бата айтқан. Әрі малды көбейту мал үстіне Әрі *б и* боламын деп қарғыс атқан (С.Торайғыров, Шығ.). Ұлық келіп, ығырып, тізім алғалы жатыр. Елдің болыс, *б и і н* қариясын жиып алыпты (М.Әуезов, Қилы заман). Былғаған *б и,* болыстар елдің жүзін, Басынбасын! – деді Әлімжан қадап көзін, Жалтақтап жалынатын дөнеңе жоқ, Сақ отыр, сайланып түр! Осы сөзім (К.Әзірбаев, Таңд.). Алдағы сайлауда Шыңғыс Есенейді орнынан түсіріп, басқа біреуді *б и* қоюға әзірленіп жүр (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан). **6.** а у ы с. *Ие, қожа.* Қажыған елге *б и* болып қалған азын-аулақ азаматтардың әспенсіп, ойына келгенін істеп баққанын несіне жасырайын, көзімізбен көрдік қой (О.Бөкей, Таңд.). Барлығы бір «Соқырдан» он-он бес үй. Олардың Айтқұл еді, бәріне *б и* (И.Байзақов, Құралай.). Бала-шаға *б и* болған шаңыраққа, Әке көзі жоғалмай тұрған шақта. «Бет-бетіне түйе айдап» бәтшағарлар, Бір-бірінің үстінен барған сотқа. Жан безеріп, жүрегің қан жылайды, Адам аяу дегенің қалған жоқ па? Көз көрмеген бұл сүрең қайдан шықты Баяғының салатын бәрін отқа? (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). // *Үстем, басым.* Елінің еркегінен қатыны *б и,* Кіргені қараңғылық кепеден үй. Болған соң еркегінен дәрежелі, Әйелі ізет тұрып қылмайды сый (Айтыс).

Бай бастас, батыр қандас, би құлақтас. *Өзара пікірлес, теңдес деген мағынада.* Келіпсің Шормановты тұстасым деп, Бұл Шорман не қылмады нашарды жеп. *Б а й б а с т а с, б а т ы р қ а н д а с, б и қ ұ л а қ т а с,* Шорманға ақылыңды сен беріп кет (Жаяу Мұса Байжанұлы)

Бас-басына би болды. *Әрқайсысы өзінше билік айтты, кісімсіді. Б а с-б а с ы н а б и б о л ғ а н* өңкей қиқым, Мінекей, бұзған жоқ па елдің сиқын! Өздеріңді түзелер дей алмаймын, Өз қолыңнан кеткен соң енді өз еркің (Абай, Тол. жин.).

Белді би. *Басты би.* Азған заманның *б е л д і б и і* бойлауық жылқы секілді бой бермейтін қисық болады екен (М.Әуезов).

Би кесімі. т а р. *Бидің үкімі, бидің шешімі.* Қашаннан *б и к е с і м і* бір кесулі, Көнсең де, көнбесең де үйлесімді. Білгеніңнен жаңылтып бидің десі, Білдіретін кезі ғой білмесіңді (М.Мақатаев, Шығ.).

Билер дәуірі. т а р. *Билер билік айтқан заман.* Бұл «*б и л е р д ә у і р і н і ң* әдебиеті» кірген бірінші кітапқа әдеби нұсқаларын әдейі молырақ, толығырақ кіргіздім (С.Сейфуллин, Шығ.).

Би кеңесі. т а р. *Дәстүрлі қазақ қоғамында өкілетті негізде қызмет атқарған ең жоғарғы кеңесші орган.* Достық, қастық қолынан Екеуі де келе алмас Біреу айдап зорлаған. Балаң әдеп біле алмас Сабақ алмай молдадан. *Б и к е ң е с і* келіспес Үлгі көрмей ордадан (Кердері Әбубәкір, Қазағым). *Б и л е р к е ң е с і н е* хан, сұлтандар, үш жүздің елге сыйлы, «қара қылды қақ жаратын» әділдігімен даңқы шыққан билері, батырлары қатысқан (ҚҰЭ). Ел ішіне биліктілігімен, қара қылды қақ жарған әділдігімен, тура жолдан таймайтын адалдығымен даңқы тараған Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, айыр тілді Әйтеке би т.б. саңлақтар хан жанындағы *б и л е р к е ң е с і н і ң* құрамына енді (ҚҰЭ). Төскейге орда орнатып, Төрткілдеп ошақ қаздырып Төбел бие сойғызып, Төменде *б и д і ң к е ң е с і н* Бізде құрар ма екеміз?! Құлаты тауға қол салып. Сондықтан оғын мол салып, Бетпақтың ен бір шөлінен Төтелеп жүріп жол салып Қолды бір бастар ма екеміз!? (Ақтамберді жырау [Сарыұлы] // Алдаспан).

Билер соты. т а р. *Дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан билік институты, ежелгі құқықтық реттеу пішімдерінің бір түрі. Б и л е р с о т ы н ы ң* шешіміне разылық білдірген талап-

кер мен жауапкердің арасында дау-дамай бітіп, келісім орнағандығының белгісі ретінде ала жіп кесу рәсімі жасалған (ҚҰЭ). *Билер сотының* қарайтын іс емес бұл, округтік приказ шешеді, шешіп те болды, Үмбетейлерге от көрсеттіңдер (Ж.Молдағалиев, Самал). *Билер сотының* басты қызметтік міндеті – жаза тағайындау не залалдың материалдық өтемін қайтару емес, әділеттіліктің салтанат құруына көмектесу (ҚҰЭ).

Би шора. *Бидің баласы.* Мені сен өз балаңнан кем көрмедің, Дүшпанның өсегіне жол бермедің. Келсе де бай баласы, *би шорасы*, Бермедің. Бірің маған тең көрмедің (Н.Ахметбеков).

Қабырғалы би. *Ел дауын, мемлекетаралық дауды шешетін хан қасындағы би.* Қабырғадан қар жауса, атан мен нарға күш, ел шетіне даумен қоса жау келсе, *Қабырғалы биге* күш (Шешендік сөз). Ел бастаған *қабырғалы билерім*, қол бастаған батырларым, асқар белдерім (М.Әуезов, Шығ.).

Өзі би [өзі хан]. *Өз билігі өзінде, толық ерікті, не істесе де еркі.* Сөйтіп қатын-баласының арасында бетінен қағатын, алдына шығатын бір жан жоқ, *өзі би, өзі хан* боп, саңқылдап сөйлеп отыр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). *Өзің бисің*, әрине, Өз басыңның еркіне. Ішің лайық болсын тек Сырты өзгерген көркіңе (С.Сейфуллин, Өленд. мен поэм.). Кімнен кемсің? Не ішіп, не кием демейсің, *өзің би, өзің хан* (Қ.Мұхамеджанов, Өзіме де.).

Сүбе би. *Басты би, белді би.* Хан сөзі бітісімен, Қыпшақтың *сүбе биінің* бірі, топ жарған шешен Құба би: – Қара бетпін, ағайын, – деді. Ашу үстінде аяулы ұлыңды өлтіріп, елге қарар емес, жерге қарар жайым бар. Кессең бас, алсаң жан, мінекей, құнын беруге дайынмын (І.Есенберлин, Шығ.).

Төбе би. *Қызметі жағынан жоғары, бас би.* Абайды танып алған соң, амалсыз келіп шербешнай съезге оны *төбе би* қып жандарал өзі ұсынады (М. Әуезов, Әр жыл.). *Төбе билердің*, даңқты батырлардың шақыруымен көшіп келген әр ауыл, әр жігіт, әрбір жүздік көзге түсуге тырысады (Ә.Әлімжанов, Жаушы).

Төс табанды би. *Ықпалы, тегеурінді күшті, табанды би.* Ырғасқанда шыдаса, *төс табанды би* сонда болады ғой. Өзінің толайым нұсқасы бітімшіл, дәнекершіл болғандай (М.Әуезов, Шығ.)

Тура би. *Қара қылды қақ жарған әділ би.* Адамды елдің белгісі – Бүтін болар жағасы. *Тура бидің* белгісі – Жоқ болар жеген парасы (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Сот төрелігін жүзеге асыратын болғандықтан, би халықтың әдет-ғұрпын, салт-рәсімін, жол-жосығын жатқа білуге, дауласқанға әділдікпен жөн сілтеп, адасқанға даналықпен жол көрсетуге, әсіресе, «*тура биде* туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген құқықтық-гуманистік принциптен айнымауға тиіс еді (ҚҰЭ).

Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би. *Билер сөзі, шешендік сөз Майқыдан басталады деген мағынада [Майқы – Шыңғысты хан көтерген он екі бидің бірі. Қазақтың билік, шешендік сөз дәстүрінің ережелері мен принциптерінің негізін қалаған қайраткер]. Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – «Майқы би»* деген мақал болған (Абай, Тол. жин.). «Асан ата, кәдімгі ел құлағы, ел көзі Асан қайғы келе жатыр» деген хабар дүңк ете қалды. Сөйткенше болған жоқ, *«түгел сөздің түбі бар, түп атасы – Майқы бидің»* алтыншы ұрпағы, ел кезген Асан ата ауыл сыртынан кеп, салпаң құлақ Ақсирақ жүрдегінің үстінен түсті (І.Есенберлин, Шығ.).

БИ[2] з а т. ө н е р. *Музыкалық ырғаққа сай дене қимылымен бейнелеп көрсетілетін өнер түрі.* – Қордайда дастарқаннан дәм-тұз татып Қызыққа қызыл әскер жатыр батып. Аттарына жоңышқа, сұлы төгіп, *Би* билеп, күліп-ойнап гармонь тартып (К.Әзірбаев. Таңд.). Көңілді *би* сазы құбыла бұралып, ойнақы қайрылып, көпке дейін естіліп тұрды (Н.Габдуллин. Алғашқы.). Басымызда папаха түбектей боп, Қыз алдында тұрмадық шіреп сөйлеп. *Би* билеп түлкі тұмсық бәтеңкемен, Тәнімізге ілмедік жібек көйлек (М.Мақатаев, Шығ.). *Би* билеп, үйірші. Көз тақап, түйілші. Берейін, құдағи, Ең ғажап сүйінші (К.Салықов, Жезкиік).

Би алаңы. *Би билеуге арналған жер, алаң.* Қойныңды, Космос, аш, кәні, Қабылда Жердің адамын! Билейтін жердің жастары Жасаймын *бидің алаңын (*М. Мақатаев, Шығ.).

Би музыкасы. *Биге арналған саз, музыка. Би музыкасының* тарихы алғашқы қауымдық кезеңдерден басталады (ҚҰЭ). Тарихи даму барысында *би музыкасы* басқа музыкалық жанрларға ықпал етумен қатар өзі де олардың жетістіктерінің әсерімен жетіліп отырды (ҚҰЭ).

БИ[3] з а т. с п о р т. *Дойбы ойынында шаршы бойымен төрге шығып, бірінші қатардан орын алған дойбы тасы.* Садыққа: – Иә, иә, мен оңай беріспеймін. Сендер оқысаңдар, мен тоқыдым, – деді де, Орекең қос үйдегі тасын *биге* бір-ақ шығарды, – енді ұтылдың бала, – деді (М.Сәрсекеев, Жетіжылдық.).

Екі жеп, биге шықты. *Орайы келді, сәті түсті, бір оқпен екі қоян атып алды.* Әрине, ел

оқпанын Мақажан алдын-ала біліп, оның үстіне қалың малын да көп беріп ойсыраған жоқ, істің сәті келе кетті *«е к і ж е п, б и г е ш ы қ т ы»* (С.Талжанов, Сейфулла.). Мектепті берік, әдемі етіп салып алсақ, келесі жылдан бастап отырықшы болсақ, тура *е к і ж е п, б и г е ш ы ғ а м ы з!* (С.Омаров, Қайырлы жаз).

БИ[4] з а т. *Араб әліпбиіндегі «б» әрпінің аты.* Әлиф дек ай йүзіңе ғибрат еттім, *Б и* – Бала'и дәртіңа нисбәт еттім (Абай, Шығ.).

БИ[5] [лат. bis – екі, қос] с ы н. *Заттың не оның белгісінің екеу екенін білдіретін біріккен сөздің алғашқы сыңары. Б и* металл әдетте екі металл дайындамаларын прокаттау не престеу арқылы әзірленеді (ҚҰЭ). *Б и* металл дайындалатын бұйымдардың беріктігі мен ыстыққа төзімділігін арттыру және олардың салмағын кеміту, сөйтіп қымбат әрі қат металдарды үнемдеу немесе арнайы қасиеті бар жаңа материал алу үшін қолданылады (ҚҰЭ).

БИ[6] *Сөздің басында қолданылатын, дербестігі жоқ, «емес» немесе сыз/-сіз тұлғаларымен мәндес сөз бөлшегі, -бей қосымшасының бір нұсқасы.*

БИАБАН [ир. بیابان] з а т. к ө н е. *Шөл дала, сахара.* Қымқаптан мақпал көп еді. Ашып-арып сусады, *Б и а б а н* дала шөл еді (Бабалар сөзі // Хикаялық дастандар). Ескіше айтты: – Иә, дәруіш, тыңда сөзім, Осы жолмен жүрерсің сенің өзің. Бір *б и а б а н* кез болар, алыс емес, Жолмен жүрсең көреді екі көзің (Бабалар сөзі // Хикаялық дастандар). Жөнелді киік қайта *б и а б а н ғ а* Толтырып екі көзін қызыл қанға. Баласын киік іздеп бара тұрсын, Мұны айтып кейінгі ел қалған таңға. Кіріптар болды сәруар сауап үшін, Сеніп ол *б и а б а н* хайуанатқа (Бабалар сөзі // Хикаялық дастандар).

БИАКС [лат. bi – екі, лат. axis] з а т. и н ф. *Қайта магниттеусіз ақпаратты шығарып, оқуға мүмкіндік беретін екі ортогональ ойығы бар магниттік элемент* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

БИАПАР с ы н. *Бейпіл ауыз, бейәдеп.* Бақыт қайдан келесің? – Еріне тілін тигізген, Тозаққа өзін күйгізген, *Б и а п а р* жаннан келемін (Қабан жырау, Алтын қазық).

БИАСЫЛ [ир. بي اصيل] з а т. к ө н е. *Жасық, қорқақ, бос адам.* Жауда қалса жолдасы, *Б и а с ы л* мойнын бұра алмас (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Көп *б и а с ы л* бас қосса, Асыл заттың пұлы жоқ. Дүнияны қалай шын дерсің, Атамыз – Адам пайғамбар, Сонан бергі адамның Өлмей жүрген бірі жоқ. Заманым қалды өсекке, Шамаласам ары жоқ (Кердері Әбубәкір, Қазағым). *Б и а с ы л д а н* асыл артық, Нәсілсізден нәсі артық. Дос көңілін жаралап, Іс қылмайды асыл артық (Н.Наушабаев // XIX ғ. қаз. поэз.).

БИАТЛОН [лат. bi-екі, грек. athlon – сайысу, күресу] з а т. с п о р т. ***Қоссайыс*** *(белгілі бір қашықтық сайын шаңғы үстінде мылтықпен нысанаға оқ ата отырып, шаңғымен жарысатын қысқы спорт түрі).* Алматыда республика мектеп оқушыларының қысқы спартакиадасының программасы бойынша *б и а т л о н* қос сайысының бастапқы байқау жарысы аяқталды («Спорт»). Бәрінен де қысқы *б и а т л о н қос* сайысы қызықты өтті. Бұны – жарыстың ең қиын түрі деуге болады («Лен. жас»). Халықаралық *б и а т л о н* федерациясы 1948 ж. құрылған (ҚҰЭ).

БИАТЛОНШЫ з а т. с п о р т. ***Қоссайысшы*** **(***биатлонға қатысушы адам).* Ленинградта өтетін шаңғышылар, конькишілер, *б и а т л о н ш ы л а р,* мәнершілер, трамплиннен шаңғымен секірушілер, шаңғышылар жарыстарында республика намысын 65 спортшы қорғайды («Спорт»). Биылғы жылғы ойында қазақстандық *б и а т л о н ш ы л а р* жалпы командалық бірінші орынға ие болды («Лен. жас»).

БИБАҚ з а т. с ө й л. ***Бейбақ.*** Не көрмеген *б и б а қ п ы н,* Ер де болсаң алармын. Жер жазығы төмен-ді, Сені қорқақ демен-ді (Ер Тарғын). Кінәзі мені алтырты алтұн таққа сыйла деб жарлық қылды мен *б и б а қ қ а.* Мұнда кел деб қашына олтырғызыб қане, балам, сөйлей бер сөзні ұзатма (Қысah Tahир). Тәрбие көрмеген *б и б а қ* қой. Баяғыда кісіні патша қою үшін емшек сүтімен тәрбиелейді екен (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

БИБАҚЫТ с ы н. с ө й л. ***Бейбақыт.*** Бар ғұмырым бола берсін көктесін. Адамдардың *б и б а қ ы т* боп өтпесін, Тұңғыш рет түсіндім мен Сөкпе, сен («Мәдениет және тұрмыс»).

БИБАРАҚАТ ү с т. с ө й л. ***Жайбарақат.*** Құныс *б и б а р а қ а т* жортып-ақ жүр екен жол үстінде... – Хакім сөзін тауыспай орнынан тұрып кетті (Х. Есенжанов, Көп жыл.).

БИБАС с ы н. с ө й л. ***Бейбас***. Қараша би Асылайға келген екен, Арқа жұрт Алатаудан төмен екен. Ұлы жүз өзі *б и б а с,* сұғанақ жұрт, Баламды жібермеймін деген екен (Айтыс).

БИБАТПА з а т. **1.** *Ескі діни сенім бойынша, әйелдердің пірі.* Бір кемпір басты: «Тәңірім, қи атпаға», Біреулері сыйынды *Б и б а т п а ғ а.* Маған жер-көк сілкініп, сатыр-күтір Жатқандай боп сезілді қирап дала (С.Мұқанов, Шығ.). // а у ы с. *Асыл, ерекше, парасатты. Б и б а т п а* мінезді асыл енем ақырет-азарды осы ағайынжегжаттан көрді ғой (Ә.Әлішев. Ат тұяғы.).

БИ-БАТЫР з а т. *Әрі батыр, әрі би.* Абылай айта қалса істің жайын, *Б и-б а т ы р* дей ме Абылайын. Қалың топ тым-тырыс боп тұрған

шақта Дегендей «Ерік иеде, біздер дайын!» (М.Жұмабаев, Шығ.).

БИБАУЫРМАЛ с ы н. с ө й л. ***Бейбауырмал.*** «Интернационалды» білім кеңесінің теріс аударуын Сәкен орынды айтқан болса, ешкім білім кеңесінің *«б и б а у ы р м а л ы»* дұрыс деп айтқан жоқ. Сондағы газеттерді оқыңыз, әм Мұқаметжан Сералыұлының сөздерін оқыңыз (С.Сейфуллин, Шығ.).

БИБЕКЕР ү с т. к ө н е. *Текке, босқа, бекерге.* Сынаудың жоқ бұрысы-ай Сынаудың осы дұрысы-ай. Жалдай қойсаң егерде, Берекет елден шын кетер. Халқыңнан бақыт күн кетер, Жалдаймын деме *б и б е к е р* (Батырлар жыры).

БИБЛИОГРАФ з а т. *Библиография құрастырушы.* Кейбір институттың өндірістен қол үзбей оқитын бөлімі де бар. Ол – көпшілік ғылыми және техникалық кітапханалар үшін жоғары білімді кітапханашылар *б и б л и о г р а ф т а р* даярлайтын бөлім (*«Лен. жас»*).

БИБЛИОГРАФИЯ [грек. biblion – кітап және grapho – жазу] з а т. *Баспа өнімдері жөнінде ақпараттық мағлұмат беріп, оларды жүйелі насихаттайтын ғылыми-практикалық қызметтің бір саласы.* Баспа өнімдерін іріктеп, оларды жүйелі түрде саралау, ғылыми сипаттама беру және қысқаша мазмұнын ашу арқылы *б и б л и о г р а ф и я* ғылым мен мәдениет дамуының деңгейін айқындауға көмектеседі, ғылыми-зерттеу жұмыстарына бағыт сілтейді, белгілі бір ғылыми қағидаларды, саяси, философиялық және эстетикалық көзқарастарды, техникалық жетістіктерді таратуға мүмкіндік туғызады (ҚҰЭ). Мәдениеттің аса маңызды салаларының бірі – *б и б л и о г р а ф и я* (*«Қаз. әдеб.»*). Шынында *б и б л и о г р а ф и я* дегеніміз – әлдеқандай тізім емес, көздің майын тауысып, көмескі тартқан ескі қағаздарға үңілумен жасалған ғылым (*«Қаз. әдеб.»*).

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ с ы н. *Библиография мәселелеріне тән, соған қатысты.* Павлодар облысындағы кітапханаларда *б и б л и о г р а ф и я л ы қ* шолулар, оқырмандар конференциялары жиі өткізіледі, кітап көрмелері тұрақты жұмыс істейді (*«Халық мұғ.»*).

Библиографиялық көрсеткіш. б а с п а. *Белгілі бір ғылым саласына, мәселеге қатысты басылымдар жөніндегі ақпарат жинақталған баспа өнім.* Кітап палатасының көптен толғанып жүрген бір үлкен ойы бар. Ол –революциядан бұрын басылып шыққан әдебиеттердің толық *б и б л и о г р а ф и я л ы қ к ө р с е т к і ш і н* жасау (*«Мәдениет және тұрмыс»*).

Библиографиялық іздеу. и н ф. <лат. bibliofraphical (documentary) retrieval> *Берілген нышандарға ие құжаттарды табу және беру процесі. Б и б л и о г р а ф и я л ы қ і з д е у* процесін құжаттық ақпараттық-іздестіру жүйесі арқылы автоматтандыруға болады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

БИБЛИЯ [грек. biblia] з а т. д і н и. *Інжіл; христиан дінінің кітабы. Б и б л и я д а ғ ы* аңыздарды, ертедегі мифтарды, әңгімелерді пайдалана отырып, тағы да ана даңқын ардақтамақпын (*«Лен. жас»*). Табытты көрге әлі түсірмепті, пастор мақамдап *Б и б л и я* оқып тұр, оның қасында жаңбырдан қалқалап қол шатыр көтерген мүрдеші көрінеді (*«Лен. жас»*).

БИ-БОЛЫС з а т. т а р. *Патшалық Ресейдің қазақ даласында отаршылдық пиғылмен жүргізген құқықтық-әкімшілік реформалары салдарынан билік жүйесінің өзгеруіне байланысты сайламалы жолмен тағайындалған билік иелері, ел билеуші топ.* Жалшылар, құл, күң де жоқ, Молдаларда сәлде жоқ. *Б и-б о л ы с т ы ң* мөрі жоқ (І.Жансүгіров, Шығ.). Кешегі күні кешке біздің Аютай сайына иықтары жарқылдаған орыстарды ертіп қанша қалың қолмен *б и-б о л ы с* бөліп, менің барлық малымды сойыс қылып тастады (М.Жұмабаев, Шығ.). Бұрын әншілер кертартпалық әрекеттерді дәріптеп, бай-манап-тарды, *б и-б о л ы с т а р д ы* мадақтап өлеңге қосты (К.Әзірбаев, Шығ.).

БИБІ з а т. к ө н е. **1.** *Бірнеше әйелдің ішіндегі мәртебесі жоғары әйел; қожа-молдалардың бәйбішесі, ақсүйек әйелдерге деген құрметті білдіретін атау.* Гүлханым: Түсіндік жаңа ғана жайыңызға, Қайтесіз босқа ертіп маңыңызға. Ертіп барсаң, бұл ісің қалай іс деп, Үйде *б и б і ң* кетірер жайыңызды (Айтыс). *Б и б і м і з* тегін қызды күндемейді, Алдың деп мұны қайдан үндемейді. Батыр бір оқ, бай бір жұт – бәрі кетер, Дүниенің байлығы – тілде дейді (Айтыс). Қожа Ахмет Ясауидің қасында өрнектелген ағаш қоршау бар, ол – Ясауидің *б и б і с і* жерленген орын дейді (О.Дастанов, Әулиелі жер.). **2.** с ө й л. ***Медбике.*** Әкесі мен шешесі ажырасып кеткен, қыз сегіз жылдықты бітірісімен *б и б і л е р* әзірлейтін оқуға түсуге мәжбүр болған (Ә.Тарази, Басынан Қаратау.).

Бибі Батима. д і н и. *Ескі діни сенім бойынша, әйелдердің пірі.* Қалдым жалғыз тоғайда, Көз жасым қабыл болмаса, *Б и б і Б а т и м а*, Қадиша Жақсылық назар салмаса. Алпыста анам Аналық, *Б и б і Б а т и м а ғ а* тапсырдым. Шырағым сені, Қарлығаш, Қарашаш ханымға тапсырдым (Қобыланды батыр).

БИГНОНИЯ [лат. bignoniaceae] з а т. б о т. *Көпжылдық шөптесін, бұта, лиана өсімдіктер тұқымдасы. Б и г н о н и я н ы ң* дүние жүзіне тараған 800 түрінің Қазақстанда 2 туысы, 4

түрі өседі (Қаз. тілі термин. Биология). *Б и г н о н и я н ы ң* жапырақтары қарама-қарсы немесе кезектесіп орналасқан (Қаз. тілі термин. Биология).

БИҒАЙЫМ е с і м. *Ешқандай, ешбір.* Айтам-ау, өзі қазақ қызы емес пе? Тілінің қазақтан *б и ғ а й ы м* бөтендігі жоқ қой. Бәрібір екен ғой (Ғ.Сланов, Дөң асқан).

БИҒАМ ү с т. с ө й л. ***Бейқам.*** Майдан жырын жырлаймыз, Жырымыз таңғы сигнал. Біздер *б и ғ а м* түрмаймыз, Әлі бар жау, әлі бар (Б.Майлин, Шығ.). Ah! Не шара!? Таң алдында күндізгі бітімнің құр алдап, *б и ғ а м* қылу екендігі көріне бастады (С.Торайғыров, Мағынасыз.). Құдай-ау, бізге медет берермісің, Көрсеңші *б и ғ а м* болған қапылымды (М.Әуезов, Шығ.).

БИҒАТ: биғат етті. *Мойынсұнды, бағынды.* Патшалық тәж кигізіп шаһзадаға, Барша халық тегіс *б и ғ а т е т т і* енді (Бабалар сөзі // Діни дастан).

Биғат қылды. *Мойынсұнды, бағынды.* Шаһзада әскеріне шақыртты жар, Ұрыстан қол көтеріп тоқтатыңыздар. *Б и ғ а т қ ы п* Ислам дінге кіріп жатыр, Ұрыстан аман қалған көп зәңгілер (Бабалар сөзі // Діни дастан).

БИҒЫЛАЖДЫҚ з а т. к ө н е. *Шарасыздық, лажсыздық.* Жалғыздық, *б и ғ ы л а ж д ы қ* еске түсіп, Жүрек болмай ериді мұны көріп (Қаз. ақын. шығ.).

БИД [ағыл. bid] з а т. э к о н. *Ақшаны, құнды қағазды, банкаралық депозитті т.б. сатып алу үшін тұтынушының келіскен бағасы. Б и д* деп сатып алушы валютаны, құнды қағазды, банкаралық депозитті т.б. сатып алуға келісімін беруді айтады (Орыс.-қаз. экон. сөздігі). *Б и д* – сатып алушының бағасы. Бұл баға бойынша ол валютаны, бағалы қағаздарды, сатып алуға, банкаралық депозитті алуға келіседі (Қаз. тілі термин. Экономика.).

БИДА з а т. с ө й л. ***Бұйда***. Іңгенді қуып жетіп, *б и д а с ы н а н* ұстамасаң мені елең етер түйе емес, тізесімен қағып, тоқтамай барады (С.Бақбергенов, Қарға там.). Құрбылар, қидасынгер, қидасынгер, Көшкенде темір тайлақ *б и д а с ы н* жер (К.Әзірбаев, Тойбастар). Мал сатқанда аттың жүгенін, түйенің *б и д а с ы н,* бүркіт пен сұңқардың томағасын, ал иттің қарғысын алып қалады (Ш.Уәлиханов, Мақалалар).

БИДА[2] з а т. *Ұзын, шұбатылған орамал.* Енді ол *б и д а* орамалымен күн сүйіп, жел үріп, қатпарланған күсті маңдайынан сорғалаған терін сыпыра сүртті (І.Есенберлин, Алмас.).

БИДАЙ з а т. <лат. triticum> **1.** *Астық тұқымдас өсімдіктер туысына жататын шөптесін өсімдіктер туысы. Б и д а й* менен тарыдан Септік талай мөлдекті, Мөлдек сеппей қайтеміз, Кедейшілік дендетті (Бақтыбай ақын, Жел қобыз). Тоқпақпен, *б и д а й* піссе, соғам, – дейді, Соғуға бұл тоқпағым, қоғам, – дейді. Түрленіп түлкі сонда күлімсіреп: «Соққанды көрсетсейші бұған! – дейді (О.Шораяқов, Шайыр). Егісте тары, *б и д а й,* арпа, сұлы, күріш, қызылша, темекі өседі (С.Бегалин, Ана қайраты). **2.** *Өнім беретін дақылдардың тұқымы, дәні.* Жұмақтан шығып дүнияға Атамыз келген әуелден Рұқсатсыз Алладан Жалғыз *б и д а й* жеген соң. Сұңқардың жайын халық білмес Мен пәлен, мен дегенмен (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Кейде шешем қалтама бір уыс, жарым уыс қуырған *б и д а й* салып береді (Б.Соқпақбаев, Балалық.). – Қайқы бел қара айғырға жыл он екі ай бөктіріп *б и д а й* беріп, шылқытып көкпар шапқаннан басқа ермегі жоқ (А.Сүлейменов, Бесін).

Арпа ішінде жалғыз [бір] бидай. *Жалғыз, бөлек, көп ішінде ерекше, дара.* Алайда *а р п а і ш і н д е ж а л ғ ы з б и д а й,* Хорлан қыз – қыз ішінде жалғыз Құдай (К.Әлімбаев, Көңіл күні).

Бидай жармасы. т а м а қ. *Бүтін және жарылған бидайдан алынатын, ұнтақталған азықтық өнім.* Басқа жармалармен салыстырғанда, *б и д а й ж а р м а с ы н д а* клетчатка мөлшері аз болады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Б и д а й ж а р м а с ы* сапалы бидай дәндерінен алынады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Бидай көже. т а м а қ. *Ақталған бидайдан жасалған сұйық тағам.* Піскен *б и д а й к ө ж е г е* айран, сүт қосып ішуге болады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). Піскен *б и д а й к ө ж е н і* әрі қарай ашытып та ішеді (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Бидай наны. т а м а қ. *Бидай ұнына су, ашытқы, тұз, кейде қант, май, сірне, сүт, дәмдеуіштер қосып илеп, ашытып пісірілген тамақ өнімі.* 100 грамм *б и д а й н а н ы н ы ң* энергетикалық қуаттылығы – 1,4 МДж (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Бидай өң. *Аққұба, ашаң жүз.* Оның бұйраланған көмірдей қара шашы, *б и д а й ө ң і,* қыр мұрны, күлімсіреп қарайтын кішілеу, бірақ отты жанары, ойшыл да бірбеткей мінезі... бүгінгідей көз алдында (О.Бөкей, Таңд.).

Бидай өңді. *Аққұба, ашаң жүзді.* Бір күнде сызаттанып жүрекке түскен жарадай көзі сығырайған *б и д а й ө ң д і* моңғол жарлық қағаз орнына Шыңғыстың жүзігін белбеуінің бұрышына түйіп алып, Қарақорық қақпасынан шауып шығып, оңға бұрылып, Ертіс пен Обьты басып, дарияға бет алып құйындатқан (М.Жұмабаев, Шығ.). Көптен күткен жеңешемдей,

ауыз үйдегі алтын сырғалы, ақ құба, *б и д а й ө ң д і* кербез жеңгей: «Балалар жоғары шығыңдар!» – деп, майысып, төргі үйге қарай сілтейді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Бидай ұны. т а м а қ. *Диірменге тартылған бидайдың ақ ұлпа ұнтағы, азықтық өнім, наубайхана, макарон және кондитер өндірістерінің негізгі шикізаты. Б и д а й ұ н ы н ы ң* құрамында 69-71% көмірсулар, 11% шамасында белоктар, азғана мөлшерде витаминдер мен минералды тұздар болады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Жаздық бидай. е г і н ш а р. *Тұқымы көктемде себіліп, жазда не күзде пісетін бидай.* ≈ *Ж а з д ы қ б и д а й* егісі.

Күздік бидай. е г і н ш а р. *Тұқымы күзде себіліп, қар астында қыстап, ерте жазда пісетін бидай.* ≈ *К ү з д і к б и д а й* егу.

БИДАЙ[2] з а т. с ө й л. ***Бидайы.*** Үстінде ақ тері тон, белін көкіректің тұсынан шырт буып алған, тонның тысы жоқ, *б и д а й* шүберегі алба-жұлба (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

БИДАЙДАЙ с ы н. **1.** *Бидай тәрізді, бидай сияқты.* Әр руы өз алдына бір тайпа ел болып күнін көрген, жерге төгілген *б и д а й д а й* шашыраған қалың қазақ, бір тудың астына жинала ма, жиналмай ма, бұған үш батырдың үшеуі де күдікті еді (І.Есенберлин, Қаһар). Аяғымның астына бір қап *б и д а й д а й* былш ете қалған. Нартайдың кеудесіне қарғып мініп, тыпырлауға шамасын келтірмей армансыз қойғыладым-ай, тепкіледім-ай (О.Бөкей, Таңд.). **2.** а у ы с. *Бидайдың үлкендігіндей.* Оң бетінің құйылысында қолдан орнатқан емес, табиғат тарту еткен *б и д а й д а й* меңі бар, қасы иіле біткен, қалың (Ж.Жұмаханов, Махаббат.).

Бидайдай қуырды. *Әбден ұрысты, тызақтатты, жанын шығарды.* Әңгіме арнасын жауып, тұс-тұстан сұрақтар жаудырып, қанағаттанарлықтай жауап алып, енді қыза берген кезде бастығымыз Шахтинский келді, *б и д а й д а й қ у ы р ы п* ұрысты (О.Бөкей, Таңд.).

Майлаған бидайдай. *Майға қуырғандай, жып-жылтыр.* Жас шамасына қарағанда, сол елудің есігінде жүрген адам, өңі *м а й л а ғ а н б и д а й д а й* күреңіте жылтырап тоқтық байқады (О. Әубәкіров, Ұзын сөз.). Комдивтің *м а й л а ғ а н б и д а й д а й* жып-жылтыр қызыл күрең өңі бұзылып, беті оқыс жыбырлап кетті (С.Бақбергенов, Қарға тамған.).Оның қабағы қалың, беті *м а й л а ғ а н б и д а й д а й* жып-жылтыр екен. Жасы әлі отыздан аспаған (С.Бақбергенов. Кентау).

БИДАЙЛЫ с ы н. *Бидайы мол, бидайы көп.* – Хохолдардың *б и д а й л ы* болатыны жалғыз жерінің жақсылығынан ғана емес, онда басқа да мән бар, – деп қойды Бәйес үлкен бір сыр аңғартқандай (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Күй сазына елжіреп, *Б и д а й л ы* қалың бел түрды (Ж.Саин, Шығ.). Тулап жатқан өзенде де бір күн бар, ақ *б и д а й л ы* далаңда да бір күн бар (С.Мәуленов, Сен екеуміз). Арқа деп айдар таққан Асан қайғы, Өлкемен жасыл шөпті, ақ *б и д а й л ы* (Ғ.Малдыбаев, Желдірме).

БИДАЙЛЫҚ з а т. қ о л ө н е р. *Қазақ қолөнерінде жүннен, киізден, жіптен өндіріледі бұйым.* Оның басты-бастыларына *б и д а й л ы қ* және басқалары жатады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БИДАЙЫ з а т. *Жастық, ішік сияқты заттардың тысының астарына салатын бір қабат шүберек.* Айжан ләмбік аталатын матадан *б и д а й ы н а* түйенің жүнін салдырып сырыған желет тіктіріп, әкесінің үстіне жапты (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БИДАЙЫҚ[1] з а т. б о т. <лат. elytrigia> *Астық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.* Жонның қар суымен шығып, желкілдеп тұнып тұрған *б и д а й ы қ*, шалғын жеймін деп жанталасып күліктен алдымен Ноқаң ауылы көшеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Сүйемін сені, Ақ Жайық, Жағаңда жанмын жаралған. Егін, ну, жасыл *б и д а й ы қ*, Далам да сенен нәр алған (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). Толқынның құлағына даланың самал желі тербеткен сұр бетеге, ақ *б и д а й ы қ* пен көк қияқ, сары сүттігеннің сылдыр-сылдыры келеді (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

БИДАЙЫҚ[2] з а т. з о о л. <лат. falco pelegrinoides> *Сұңқарлар тұқымдасына жататын жыртқыш құс.* Торда отырып тарықпай, Талпынады лашын. *Б и д а й ы қ т ы* үміт қып, Созады көкке құлашын (М.Дулатов, Шығ.). Сұңқардан сұлу құс болмас, Жүні қатпай ұша алмас, *Б и д а й ы қ т а н* сұлу құс болмас (Үш ғасыр.). *Б и д а й ы қ* қонды қасыма, Қанатын қағып асыла. Аспанға биік қарады, Алыстан көзі шалады (Манас).

БИДАЙЫҚ[3] з а т. *Көктемдегі қар және жаңбыр суы сарқылып жиналатын ойпаң келген жер. Б и д а й ы қ* Қазақстанның орталық және солтүстік облыстарында көп кездеседі (ҚҰЭ). *Б и д а й ы қ* жаз айлары қуаң болғанда, құрғап қалады да бидайық шөп өседі. Осыдан мұндай ойпаң жерлерді *б и д а й ы қ* деп атайды (ҚҰЭ).

БИДАЙЫҚТАЙ[1] с ы н. *Бидайық*[2] *сияқты, сұңқар құстай.* Кебек қырық қана жігітпен бар Матайды *б и д а й ы қ т а й* бүрген кеп (М.Әуезов, Таңд.). Желкеңді *б и д а й ы қ т а й* қидым міне, Дегенде жаңа жеттім өліп-талып (Дастандар). Тұлпардай жерді шарпып шаңды

шашып Бүркіттей жем бер деген қыран алды. Бұлтқа ұялаған *б и д а й ы қ т а й,* Көк қыран аспан қырын самғағаны (К.Әзірбаев, Шығ.).

БИДАЙЫҚТАЙ[2] с ы н. *Бидайық сияқты, шөп тәрізді.* ≈ *Б и д а й ы қ т а й* көрінді.

Бидайықтай қуырды. *Жан алқымға алды, қысты, әбден ұрысты, қыспаққа алды.* Аталғанның ішінде Кәрім тілмаш, Кенебай жасауыл, Жұмағазы деген мал докторлары болып, елді *б и д а й ы қ т а й қ у ы р д ы* (І.Жансүгіров, Шығ.). Крицкий учительді қашырып жібердіңдер деп, маңындағы старшын, болыстарды *б и д а й ы қ т а й қ у ы р ы п* жатқан-ды (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жандар). Сол тәртіппен, Меңсұлу балаларымды *б и д а й ы қ т а й қ у ы р ы п* жатқанында бірде көзімді басамын, бірде аузымды басамын, бірде құлағымды басамын (Е.Мырзахметов, Өмір сыйы).

БИДАЙЫҚТЫ с ы н. *Бидайығы мол, бидайығы көп өскен.* Көп жылдан қонар көлі де, ұшар көгі де Електің Ақ Жайыққа құяр сағасынан бастап, Нарын құмы мен Үшөзеннің малға жайлы, *б и д а й ы қ т ы,* бозды шалқар жағасы болатын (І.Есенберлин, Қаһар). Тау жыралары мен бұлақ жағалары *б и д а й ы қ т ы* шабындықтарға бай (А.Балтабаев, Жасыл орман.). *Б и д а й ы қ т ы* ақ татыр Ақты, бозды қой жатыр Тікен шауып қалаға Қоблекем келе бұл жатыр (Қобыланды батыр).

БИДАЙЫҚША ү с т. *Бидайық шөп сияқтанып, бидайыққа ұқсап.* Көз алдымда жап-жасыл сағымдар жүзді. *Б и д а й ы қ ш а* жапырылған сол сағымдармен қоса құлап, қоса тұрып, бір қимылдар жасап жүрген секілдімін (Т.Әбдіков, Күз.).

БИДАЙЫЛА= е т. *Бидайы салу, бидайымен қаптау.* Төсек салатын жерлерінің төр жағында жинаулы, бір-екі жамаулы ескі көрпелер, қоңыр қызыл шүберекпен *б и д а й ы л а ғ а н,* жүні үгілген кішірек екі жастық (С.Сейфуллин, Шығ.).

БИДАЙЫЛАН= е т. с ө й л. *Бидайы шүберекпен қапталу.* Шапан көбінесе күн тартылып *б и д а й ы л а н ы п* тысталған (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БИДАЙЫЛАУ *Бидайыла етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жастықты *б и д а й ы л а у.*

БИДАРҚА: **бидарқа болды**. *Босқа қаңғып әуре-сарсаңға түсті.* Сіздей-сіздей әр жерден Неше жігіт келмеген... Көбісі келмей шеніме *Б и д а р қ а б о л ы п* жөнеген (Қыз Жібек).

БИДАРЫҚ с ы н. *Бос, жай.* Еткен ісі ем болар Ерді дәулет иектесе. *Б и д а р ы қ* сөзді айтпайтын Сопы, ғалым, молдалар Бұл сөзімді шет десе (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

БИДЕЙ с ы н. *Би сияқты, би тәрізді.* ≈ *Б и д е й* шешен.

Құлдай істеп, бидей ішті. *Жұмысты аянбай істеп, зейнетін көрді, ерінбей еңбек етіп, тіленбей ас іште.* Колхозда белсене еңбек атқару керек қой. *«Құлдай істеп, бидей іш»* демей ме аталарымыз (С.Мұқанов, Шығ.). Атшабар қотыр тоқтысына шейін шетінетпей бағып-қағып өсіріп отыр. *Құлдай істеп, бидей ішеді* (Д.Әбілев, Ақын.).

БИДОН [франц. bidon] з а т. *Металл не пластмассадан жасалған, цилиндр пішінді, қақпағы бар, сұйықтық сақтауға арналған тұтқалы ыдыс.* – Кеше бір *б и д о н* сүтті көтеріп келгенде, мықты екенсің, – деп өзің айттың ғой («Лен. жас»). Розаның үстінде қолпылдаған кең ескі куртка, басына ақ орамал тартқан, қолында сырлы кішкене *б и д о н* (Т.Ахтанов, Махаббат.). Тасып жатыр тәтті сүт, ырыс, құт, Тізген *б и д о н* кілегей (З.Қалауова, Таңд.).

БИЕ з а т. *Құлындайтын жылқының бес жасқа толған аналығы.* Саулықты қысыр қалдырып, Қошқардың түспей күйегі. Айғырдан бөліп *б и е н і,* Бурадан бөліп түйені, Қайта Арқаға көшкені (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Маңдай терін қолымен бір сыпырып тастап, шалғысын тіреп қойып, жан-жағына қарап тұрғанда, астында семіз *б и е с і* бар еңгезердей болып, сапсиып, шөп иесі Құныке бай келді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Көшкенде көлік болмас түйе алдында, Еруде сауын болмас *б и е* алдында, Ақырған аждаһадай аю келін Біз түгіл, құдайынан ұялды ма (Шал ақын, Өлеңд.).

Айғырдан шыққан бие. *Шағылысқан, тоқтаған бие. А й ғ ы р д а н ш ы қ қ а н б и е н і* ауыр жұмысқа салып, қинауға болмайды (С.Керімбаев).

Ақтандыр бие. *Сүтсіз бие. А қ т а н д ы р б и е* – сауғанда емшегінен бір тамшы да сүт шықпайтын бие (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Арамза бие. *Мерзімінен бұрын құлындаған жылқының ұрғашысы. А р а м з а б и е* – мерзімінен бұрын шағылысып кетіп, қыс ішінде құлындайтын бие (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Асау бие. *Сауылып үйретілмеген ұрғашы жылқы. А с а у б и е* – құлынды биенің сауылып үйретілмегені (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Ашаң бие. *Қоңсыз, арық, ұрғашы жылқы. А ш а ң б и е* – дұрыс қоңданып, ет алмаған бие (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Бас мама бие. *Үйірдегі кексе бие, өрбіген, ұрпағы үйірде көп бие* (Қаз. тілі. фраз. сөздігі).

Бедеу бие. *Құлындамайтын қысыр бие.* Біздің үйдің жатаған *б е д е у* қара көк *б и е с і н е* мінген, оң жақтағы қожбан қара жылқышы Сейфолла екенін мен бірден таныдым (Ә.Кекілбаев).

Бес биенің сабасындай. *Етек-жеңі кең, зор денелі (толық, етжеңді).* Шешесі Биқасап –

Күрдебайдың бәйбішесі. *Бес биенің сабасындай* тұлға бейнесінде өзгеше адам (Б.Майлин, Шығ.). *Бес биенің сабасындай* сары қатын өне бойы іркілдеп, мезгілді уақытында есігінің алдына шығады да, Арынды күтеді (З.Ақышев, Ақбел.). Міне, төсегінің аяқ жағында қымыз құюға әзірленіп *бес биенің сабасындай* боп ақ манардай Айтуар бәйбіше де омырауын желпітіп отыр (А.Байтұрсынұлы,.. Оқу құралы). Жеңешем көзін де, көңілін де тоятын *бес биенің сабасындай* бәйбішеге айналды («Лен. жас»).

Бие ағытты. *Желідегі биені босатты.* Күндерде бір күн Еспембет елінің келді басына, *Бие ағытып* жатқанда, Биешінің қасына Ақбөрте құлын ойнап түр Ақ құлаға асыла (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Мал сауған қатындар, *бие ағытқан* қыз-келіншек, асыр салған балалармен ауыл іші базардай қайнап жатыр (Б.Майлин, Шығ.).

Бие байлады. *Қымыз ашыту үшін желіге құлын байлап, бие сауды.* Жылқыны қыста барар отарға айдап, Ауылда жазда жүрді *бие байлап*. Қалмақты Шарысы бастап елді шапты, Қазақты алмақ болып түгел жаулап (Тарихи жырлар). Көкорай шалғындарға *бие байлап*, Байлықтың көрінуші еді ғаламаты (М.Дулатов, Шығ.). Баланы таза өсіріп, Құдайым сөйтіп оңдаған. Мыңынан жылқы айдаған, Жүзден *бие байлаған*. Атаны бала құрметтеп, Ағаны іні сыйлаған (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Бие байлатты. *Қымыз ашыту үшін желіге құлын байлатты, бие сауғызды.* Жақсыбайдың жалғыз баласы Әділ Милы құдығына бүгін қонып, *биесін байлатып* бола сала үй тігілгенге қарамай-ақ далаға сырмақ салғызып, бір табақ піскен ет пен бір тегене қымызды ортаға алып, құрбы-құрдасымен мәз-мәйрам болып отыр (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Шамырқанған тал түсте Көк орайлы шалғынға Ызғытып *бие байлатып*, Орданың ішіп жайнатып, Саумал ішер күн қайда (Базар жырау, Шығ.). Жаз боса Ертістің қалаға өтер аузындағы көкорай шалғынға тай шаптырым желі толы *биені байлатып*, таңертеңнен кешке дейін саудыртады (З.Ақышев, Ақбел.).

Биеге іш тастаттырмады. *Құлынын түсіртпеді, төлді мерзімінен бұрын тудырмады, баптап күтті.* Қосайдың елу-алпыс жылқысы бар. *Биеге іш тастаттырмай*, жауырдың арқасын сауысқанға шұқытпай, жабағының қоңын қасқырға тарттырмай, ұрыға құрық салдырмай мынау қыстан жылқыны аман алып шығу Дарқанның мойнында (І.Жансүгіров, Әңгім.).

Бие құлын тастады. *Бие құлынды мерзімінен бұрын өлі туды.* Тебінде жүрген үркердей аз жылқы шашасы қиылып, аузы жарып оттай алмай жүдеп, біраз *биелер* шетінен *құлын тастаған* (С.Жүнісов, Ақан сері).

Бие қысырады. *Бие қысыр қалды, төлдемеді.* Олардың жылқысы қыстай қар теуіп, *биенің* көбі *қысырап*, береке болушы ма еді? (І.Жансүгіров, Шығ.).

Биені бүгімен [түгімен], түйені түгімен [жүгімен] жұтты [жеді]. *Ашкөзденді, қанағат етпеді, жебір, парақор болды.* Ыдысысың паранның Қотара құйса толмайтын. Ашылған әбден араның – *Түйені жұтсаң түгімен, Биені жұтсаң бүгімен,* Қақалмай-ақ толғайтын (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Біздің елде болды бай, Қарақожа дейтұғын. *Биені түгімен* қақалмай, *Түйені жүгімен жейтұғын* (С.Мұқанов, Замандас.). Ел ішінен арылмайтын дауғшарды бітіргендер жеңген жағынан *биені түгімен, түйені жүгімен жұтты* да отырды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Биені жебей сауды. *Биені жеделдете, жиілете сауды.* Биелерді екі-үш рет *жебей сауса,* «тай жүзген» бір-екі-ақ күнде лық толып жатыр (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Биені идірді. *Бие желініне жиналған сүтті сауу үшін құлын салып, еміренттті.* Құлын салып, *биені идіріп* алу керек (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Биенің бір сауымы [сауыны]. *Бие саууға жұмсалған уақыт, мерзім шамасында.* Түнде пешке қойып кептіріп алған етік, аяғың *биенің бір сауымында* ағаштай қақиып, таяқпен қақсаң сақ-сүк етеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Мен сорлы соны енді байқап отырмын ғой. Мен осы күні ала кеулімнен тұрамын. Содан су әкелемін. Содан от жағамын. Содан тамақ пісірем. Содан әлгі тентек жылайды. Соны жұбатам деп *биенің бір сауынын* әуре болам (С.Шаймерденов, Өмір нұры).

Биенің екі иіні. *Биені екі саууға кететін уақыт, 40 минут. Биенің екі иіні* болды, мана кетіп еді суға, әлі келген жоқ (Қ.Кемеңгерұлы, Алтын сақина).

Биенің екі сауымындай. *Биені екі саууға кететін уақыттай мерзім. Биенің екі сауымындай* жылап, әбден сілесі құрып, мауқы басылған соң, апасын оңаша шығарып алып кетіп сөйледі (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Биені тиектеді. ж е р г. *Биені тұсады. Биені тиектеп* жібер (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Бие саумал, сүт-қымыз. *Әлі ашымаған, саумал күйіндегі, сүт татып тұрған қымыз.* Сапырып қойған ішеді Бес жүз жылқыны қолына алып, бес жігітті құда етіп. Шал ауылға жөнелді,

Кешке құда түседі. *Б и е с а у м а л, с ұ т-қ ы м ы з* Сапырып қойған ішеді (Қыз Жібек).

Бие сауымдай. *Бие сауға кететін уақытта́й.* Тарланкөк тым асау екен, *б и е с а у ы м д а й* мезгіл шаптым (І.Есенберлин, Алмас.).

Бие тоқтады. *Бие айғырдан шығып, күйлеуі басылды.* Бірер *б и е т о қ т а п* та кеткен, бірер бие тоқтағалы жүр, қара-құра көбейіп қыр асады, бел асады (Б.Әбдіразақов, Сандалкөк). Кей уақытта *б и е* айғырға, сиыр бұқаға *т о қ т а м а й* ала жаздай қашақ болып, ақыр аяғында қысыр қалады (Х.Арғынбаев, Қаз этногр.).

Бие ұстаудан қолы үзілді. *Бие байламайтын болды, биені күте алмады.* Шұбатқа құмартқан Ақпан қымыз іздемейтін болды және іздеудің қажеті де жоқ еді, *б и е ц с т а у д а н* Күнтайдың *қ о л ы ц з і л г е н н е н* кейін орданың қымызы дәмсізденіп, әрі сұйық, әрі ақырған ащы болып кеткен (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Бие ішті болды. *Бие төлді болды, жиі төлдеді.* Өткен қыс шаруаға жеңіл болғандықтан мал күйлі, *б и е і ш т і б о л ы п*, Көктал қыстаған Құрман деген атаның ауылы жылдағыдан жайлауға ерте шығып еді (М.Дулатов, Шығ.).

Боз бие. *Ақшыл, қылаң түсті бие.* Аппақ дала, сол даланың жон-жотасына от орнындай із тастап, *б о з б и е* боздақтатып келеді (О.Бөкеев, Қайдасың.). *Б о з б и е н і ң* ақырғы кенжесі еді, Кедей үйдің жалғызы теңдес еді. Алақаннан аз ғана жем жесе егер, Енесін де бұрылып ембес еді (М.Мақатаев, Шығ.).

Боз биенің сүтіне шомылдырды. *Ерекше құрметтеп, қатты сыйлады, күтті. Б о з б и е н і ң с ү т і н е ш о м ы л д ы р ы п*, алдымызға астау-астау жал-жая қояр еді (О.Бөкеев, Ән салады.).

Босаң [босалаң] бие. *Тұқымы жаман, мініс бермеймін, өте тез арықтайтын бие (*Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Бошалауық [жершіл] бие. *Қысқы мекенінен жайлауына барып құлындайтын немесе туып-өскен жеріне кетіп құлындайтын бие* (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Буаз бие. *Құрсағында төлі бар, туатын бие.* Ақыл қарнында тұратындай-ақ, қарны *б у а з б и е н і ң* қарнындай салбырап жатса, би боладымыс! (М.Жұмабаев, Шығ.). Оның күштілігі сонша, желіндеп тұрған *б у а з б и е г е* берсең, құлын тастайды (К.Қазыбаев, Ызғар).

Бір биеден ала да, құла да туады. *Бір әкешешеден әртүрлі бала туады, біркелкі, бірдей нәрсе (адамдар) жоқ деген мағынада. Б і р б и е д е н а л а д а т у а д ы, қ ұ л а д а т у а д ы* деген рас қой, Сәлімнің кіші баласы тым пысық, үлкені сорайып, нағашыларына тартқан білем, өте бос (Қаз. тілі. фраз. сөздігі).

Жабы бие. *Нашар, қарабайыр бие. Ж а б ы б и е* құлындайды жыл сайын, Жүйріктерден кейде тұяқ қалмайды! (Қ.Мырзалиев, Өленд.).

Жарау бие. *Әбден жаратылған, ширыққан, бабындағы бие.* Оның астындағы *ж а р а у* көк *б и е с і*, басындағы кішкене қоңыр елтірі тымағы, үстіндегі ескі, арзан қолды ләңке шапаны, аяғындағы қонышы ескі, басы жаңалау бақа тамақ етігі, бұтындағы жамаулы ескі қара қоңыр шалбары, қолындағы жіңішке тобылғы сапты бұзау тіс қамшысы, сүйреткен кепкен қызыл қайың сойылы, желқом сияқты жыртылған киіз тоқымы, кішкентай ері, жыртылып, жырымдалған киіз көпшігі, ұзын қайыс қанжығалары, жіңішке темір үзеңгісі, өрген жүгені, қара қыл шылбыры жұпыны көрінгенімен, бәрі бір-біріне үйлесімді еді (С.Сейфуллин, Шығ.).

Жасық бие. *Тұқымы жаман, сүті өнімсіз, ұнемі бойына ет алмайтын, суыққа төзімсіз бие* (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Жирен бие. *Қызғылт сары түсті бие.* Анау қара ат, торы ат, құла бие, *ж и р е н б и е*, әне бір құла биелерге Шекер де, Күнікей де мінер еді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жорға бие. *Ырғатыла, теңселе, тайпала басатын жүрісті бие.* Осы тұста семіз *ж о р ғ а б и е н і* теңселтіп Қалует келіп қалды (Ғ.Сланов, Шалқар).

Жүрдек бие. *Тез жүретін, ұшқыр бие.* Мінгенде қамшы салдырмай, ауыздығымен алысып, алып-ұшып отыратын биені «*ж ү р д е к б и е*» дейді (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Исіншек бие. *Сауар алдында құлынына жанасып, исініп, сүтін ағызып жіберетін бие* (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Кер бие. *Құла мен күрең аралығындағы түсі бар бие.* Не пайда қарауытып, қаулағаны, Күркіреп, құр даңғаза жаумағаны. *К е р б и е* оқыранса, жануар-ай, Жеңгемнің шайын қимай, саумағаны (К.Салықов, Жезкиік).

Көбең бие. *Қыстан арық шығып немесе көбірек мініліп, титығына жеткесін жайылысқа жіберілген, бойына ет бітіп, қоңданып, тойына бастаған бие* (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Көк бурыл бие. *Ақ пен көк, аздап қара араласқан түсі бар бие.* Үркия *к ө к б у р ы л б и е н і ң* тізгінін қысыңқырай ұстап тебініп қалып жүріп кеткен (З.Ақышев, Жесірлер).

Күпшек санды бие. *Жуан, жұмыр саны бар бие.* «*К ү п ш е к с а н д ы б и е*» атауы биенің не жылқының артқы сандарының күпшек тәрізді жуан, жұмыр екендігіне қарай теңеу үшін қолданылады (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Күрең бие. *Қызыл қоңыр, қошқылтым түсті бие.* Шашпадан күрт-күрт шөп жеген *күрең бие* мен қасқа тайдың тықыры естіледі (Қ.Ысқақов, Түйық).

Кіші құлық бие. *Тайында айғырдан шығып, құнажынында құлындаған бие* (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Қағылжың бие. *Көбірек мініліп, тойынбай жүрген бие* (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Қазысы қарыс бие. *Семіз, әбден қоңданған бие.* Қомы астаудай түйелер, *Қазысы қарыс биелер,* Қолайлы қоныс жерінде Семіздіктен шайлаған (Базар жырау, Шығ.).

Қарагер бие. *Қарасы басым кер түсті бие.* Мама жалпақ, *қарагер бие* жай басып, қарны шеңбірек атып, ыңқылдай тартты желіге (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Қара кемік бие. *Енесі сауылып, құлын күнінен бастап жүдеубас болып өскен бие* (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Қасаба [қасабалы] бие. *Құлындап жүрген жеті-сегіз жастағы бие. Қасаба биелер* мен саяқ жылқының лезде-ақ қарындары қампиып шыға келгенін бала көріп тұр (Ө.Қанахин, Өз ақылымен). Қазақ жылқыны жасына қарай: сақа ат, сақа айғыр, бесті айғыр, дөнен айғыр, құлан айғыр, сәурік, бесті ат, құр ат, сетер, құлық бие, бесті бие, *қасабалы бие,* бедеу, дөнежін бие, құнажын, жабағы тай, құлын деп бөледі (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Қасқа бие. *Маңдайында ұзынша келген ақ түсті жолағы бар бие***.** Бәубек тай, жабағы, құнажын, дөнежіндердің семізін қарастырып жүргенде, Қазанқап көк *қасқа биеге* нұсқады (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Ақан болса, ертелетіп тұрып, шағыр *қасқа биесін* ерттеген де, дәл іргеде шошайып көрінген Ұзақ тауын бетке алып, аттанып кеткен-ді (О.Бөкей, Таңд.).

Қолтума бие. *Үйірге қосылмай, жасынан бір адамның (шаруаның) қолында бағылып өскен бие* (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Құлық бие. *Бірінші рет құлындаған бие.* Алты аяқты ала атын *Құлық бие* құлыны табанынан тас батса, Алты күнге жарамас (Қаз. ертег.). *Құлық бие* құлыншыл (Мақал). Кеш байланған қарақұлақ құлындардың, *құлық биелердің* қытығы әлі басыла қойған жоқ. Асау, тарпаң (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Құла бие. *Сары мен жиреннің арасындағы түсті бие.* Тоқтышағым, тоғыз тап, Саулық қойым, сегіз тап, Сегізін де семіз тап. *Құла бием,* құлын тап, Құлын таппа, құнан тап, Құнан тапсаң, егіз тап (М.Жұмабаев, Шығ.). Анау қара ат, торы ат, *құла бие,* жирен бие, әне бір *құла биелерге* Шекер де, Күнікей де мінер ед! (Ж.Аймауытов, Шығ.). Мыстан *құла биесін* Болатпенен тағалап, Мыстан кемпір жиналды, Он саусағын салалап. Ер Төстікке жөнелді Қаратауды сағалап, Ер Қосайдан бата алып Жолға кемпір жүреді, Сорақы *құла биесін* Сұқсырдай қып мінеді. Алпыс екі амалдың Бәрін түгел біледі (К.Әзірбаев, Таңд.).

Құнды бие. *Тұқымы суыққа төзімді, мініске берік, құлыны жақсы туатын, сүті мол бие* (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Құртық бие. *Құлынды биелердің ішіндегі ең кішісі, сүт өнімділігі жоқ, құлыны әлсіз туатын, тұқымы нашар бие* (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Құт бие. *Үнемі ұрғашы құлын құлындап, құлыны өлмей өскен сүтті бие* (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Құтымсыз [құнсыз] бие. *Сүті аз, суыққа төзімсіз, құлыны нашар болып туатын бие* (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Қысыр бие. *Буаз емес, құрсағында төлі жоқ бие.* Бетті де Отты, Өтті де Кетті Бір асау. Бастағы Бақыт – Қас қағым Уақыт – Рас-ау! Сойып соғымға *Қысыр биені,* Ауыл Тоғында Тойды сүйеді. Тыныш жатады Теңіз тасымай. Қарттар атады Қошқыл насыбай (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Мама бие. *Сүті мол, қоңды бие.* Тағы да тілек тілеймін. Айғыр берсең байсалды, Үйірі толған байталды. Өңкей *мама биемен* Сауған сайын иіген (С.Сейфуллин, Шығ.). Қалың ағаштың теріскей жақ іргесіне желілеп байлаған жиырмадан астам *мама бие* кешке дейін бұлақтай иеді (З.Ақышев, Ақбел.). Қарындары жер сызған *мама биелер* желіні айнала жайылады («Қаз. әдеб.»).

Мәнерсіз бие. *Сүті аз бие* (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Мес бие. *Жуан қарынды, денесі үлкен, күшті, сүтті көп беретін бие* (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Нәкүс [құтамсыз] бие. *Шыққан тегі нашар, беретін өнімі аз, қанша қамшыласаң да аяғын бір баспайтын, қара етті, шабан бие* (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Саба бие. *Қарыны үлкен, көп құлындаған бие. Саба бие,* сақа айғыр, Қысырақ алған жас айғыр. Тоқпақ жалды торы айғыр Жейміз деп жүр төрт бөрі (С.Қасиманов, Сиқырлы.).

Сақа бие. *Бес-алты рет құлындаған бие.* Олардың жанында құйрығы мен арқасын андасанда салмақпен сипап тұрған *сақа биелер* (М.Жұмабаев, Шығ.).

Сақа құлық бие. *Бес-алты жасқа дейін жүріп, кейіннен айғырдан шығып, алғаш құлындаған бие* (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Сауын [сауындық] бие. *Сүт беретін, сауылатын бие.* «Жасанда жатқан *с а у ы н б и е л е р д і* кешкі апақ-сапақта қуып кеткелі жүрген суыт жүрісті, суық түсті біреу болмасын» дегенді ойлап, сақсынған қойшы жолаушыға қарай қырындай тоқтай берген (К.Сегізбаев, Беласқан). Қазақ жылқыларының ішінде аяңшыл – жорғасы, желісті, жүйрігі, баяу жүретін шабандары да бар. Оларды күнделікті тұрмыстық қажеттеріне қарай салт мініс көлігі, жұмыс көлігі, *с а у ы н б и е с і* деп бөледі (Ж.Жанәбілов, Қаз. мал. атау.). Биыл дімка астығы меңдеп бара жатқан соң, совхоздан *с а у ы н д ы қ б и е* берген (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

Тасырқаған бие. *Табаны жұқарып, тозған бие* (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Тебеген бие. *Маңына жан жолатпайтын, жиі тебетін бие***.** Кетеген болса, түйең – жау, *Т е б е г е н* болса, *б и е ң* – жау, Ұрысқақ болса, балаң – жау, Керіскек болса, келінің – жау (Алдаспан). *Т е б е г е н* деп *б и е д е н* безбе – қос қанатың емес пе, Жатаған деп түйеден безбе – салтанатың емес пе (Саятшылық).

Тел бие. *Құлыны өліп, басқа биенің құлынына телінген бие* (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Тобышақ бие. *Қазанат пен қарабайырдың шағылысуынан пайда болған бие* (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Тоқ бие. *Семіз бие немесе қоңданып, оты қанып, тойынған бие* (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Торы бие. *Тобылғы түстес, қоңырқай, дене түгінің кей жері қара қошқыл түсті бие.* «Моқмоқ» деп *т о р ы б и е н і* шақырып еді, иесінің үніне әбден үйренген жануар аяңдап тура қасына келді, тіпті тізесін сәл бүгіп аласарғандай болды (О.Бөкей, Таңд.). *Т о р ы б и е* қайбір ұшқыр жануар, құйрығын бұлғап көткеншектеп алып, орнынан қозғалғанша екпіндей қуған өзінің қос сирағы жан-дәрменімен жетіп-ақ қалған (О.Бөкей. Таңд.).

Тосырқаған бие. *Өз үйірін не басқа үйірді бөтенсінген, жатсынған бие (*Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Төбел бие. *Маңдайында дөңгелек ақ дағы бар бие*. Шаруа қатты қуанып, жоғары елге жорға бие, төменгі елге *т ө б е л б и е* сойып, шақырып той қылады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Өзенге бие байлатып, Төскейге орда орнатып, Жоны астаудай торы *т ө б е л б и е н і* әудемдеак жәукемдеп тастапты (Р.Әутәліпов, Той тарқар).

Ту бие. *Құлын тастап кеткен не құлыны өліп қалған немесе мүлдем құлындамаған бие*. Құнанбайдың үлкен үйі саба, бір *т у б и е,* бір тай сойыс апарды. Және азаға салғаным деп Зере мен Ұлжан түйе апаратын болды (М.Әуезов, Абай жолы). Бұрынғы жылдары жаз мінілмей семірген ат, айғыр мен қысыр қалған *т у б и е* болмаса, құлындайтын биелер қолда тұратын (З.Ақышев, Жесірлер). Есеней тапсырған *т у б и е* кешқұрым сойылды. Кешқұрым ыстық тарап, сағым қашқанда терістікте сонау жер түбінен Қаратаудың шоқылары бұлдырайды (Ә.Кекілбаев, Дала.).

Ту биедей. *Құлын тастап кеткен не құлыны өліп қалған немесе мүлдем құлындамаған, әрі мініс көрмеген бие сияқты.* Бәйбіше енді түрленді *Т у б и е д е й* бұлықсып (Алпамыс). Патшадан шыққан қу сорлы, *т у б и е д е й* былқылдап. Алдында жеті Хамендер, Ортасында бұлардың (Дастандар).

Тұмса бие. *Тұңғыш құлындайтын немесе тұңғыш құлындаған 3–4 жастағы бие.* Тұмса сөзі өзге де бірінші рет туатын ұрғашы малға, мысалы тұмса сиыр, тұмса саулық, *т ұ м с а б и е,* тұмса құлақ т.б. айтыла береді (Ә.Жақыпов, Түйе өсіруші. сөздігі).

Үлкен құлық бие. *Міністен ерғашты болып, күш-көлікке басылып, үйірге қосылмай жүріп, кейіннен айғырдан шығып құлындаған ірі бие (*Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Шабдар бие. *Жал-құйрығы сарғыш келген, құла жирен түсті бие.* Бір көзіне доғала түскен күзеулі *ш а б д а р б и е н і* үй сыртына аяғынан арқандап қойыпты (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

Шарланған бие. *Құлыны өліп, не құлынын қасқыр жеп, басқа биенің құлынына телінбей, мүлде су алып кетіп, семірген бие* (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Шатыс бие. *Жай тұқымнан шыққан биенің жақсы айғырға шағылысуынан туып-өскен, асылданған бие* (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Шыңылтыр бие. *Өмірі ет алып, тойынбайтын не бойына шыр бітпейтін бие* (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

БИЕБАЙЛАР з а т. э т н. *Сауылатын биелерді көктемде алғаш байларда жасалатын кәде. Б и е б а й л а р* – көктем шығып, ақтың молаяр кезеңі басталғанын қуанышпен қарсы алудың, ақ тілеу, адал ниет білдірудің салтанаты (ҚҰЭ).

БИЕБАУ з а т. **1.** *Көкорай шалғынды, шөбі шүйгін құтты қоныс.* Әй, қатын, ерің тұрып қылдың сауда, Ақыры бұл сауданың болар ғауға. Керекпей бұ көйлегің тозып қалар Жеткенше келесі жыл *б и е б а у ғ а* (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Апырау, сіздің ауыл Майқұдыққа қонбаушы еді ғой? Ол бір алақандай

б и е б а у ы жоқ жер ғой (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Әр тұстан малдың қу тезегі, ескі жұрттың орны, *б и е б а у д ы ң* қазығы ұшырасады (Қ.Жұмәділов, Соңғы көш). Қопа мен Қаршығалы сияқты қоныстарды Бөкеншіге Жігітектен алып бергеннен бері, қазір, міне, күн сайын көші-қон да, жайылыс өріс, *б и е б а у* да даулы болып, тату ағайын тоңырайысып барады (М.Әуезов, Абай жолы). **2.** э т н. ***Биебайлар.*** Май айының аяғында жайлауға келіп қонысымен *б и е б а у ы* (бие байлау) басталады (Х.Арғынбаев, Этнограф.).

БИЕБАУДАЙ с ы н. *Биебау сияқты, биебау тәрізді.* Абай *б и е б а у ы н д а й* жерде өрлеп жайылып жүрген аттарды көрді (М.Әуезов, Шығ.).

БИЕДЕЙ с ы н. *Бие сияқты, бие тәрізді. Б и е д е й* оқыранып құлындаған Ананың ауру жаны дуылдаған. Өмірден уыз жастың уыз ойы, Ананың анау сөзін ұғынбаған (І.Жансүгіров, Шығ.). *Б и е д е й* иіп тұрған сүтін сауған Құнарлы қарт, бурыл бас Алатаудан Жеті су саулай ағып жарысады, Жартасты жарып, қарғып құзқамаудан (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Құлыны өлген *б и е д е й* Енді кісіней қалдым мен (Ғашықтық дастандар).

БИЕЕМШЕК[1] з а т. б о т. *Биенің емшегіне, сәбізге ұқсас тәтті өсімдік. Б и е е м ш е к* – түсі сары болғанымен, аумаған сәбіз, сопақ, мұны да қазып аласың. Дәмі де ұқсас. Түйетабанмен көрші өседі (А.Жүнісов, Бабалар.). Көшпелілер түйетабанмен маңайлас өсетін сәбізге ұқсас сары түсті дәмді *б и е е м ш е к т і* де қазып жейтін (Д.Қатран, Қазақ. ас-тағам.). Жол бойындағы бір құм етегінен *б и е е м ш е к к е* кездестік. Дәмі қант татиды (Ө.Қанахин, Жер бас.).

БИ-ЕКЕ з а т. *Би сөзінің құрметпен айтылатын түрі.* Келмембет деп естуші-ек Іиіннің осы көргені *Б и-е к е* сізде бар екен Бұрынғының өрнегі (Қамбар батыр).

БИЕКӨНЕК з а т. *Көннен істелген шелек* (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БИЕҚАРЫН з а т. б и о л. *Теңіз алабұғысының ең үлкен түрі.* Тасарал балықшыларының айтуына қарағанда, алабұғаның 20–25 кг шығатындары болады. Осындай балықты *б и е қ а р ы н* деп атайды (Қ.Айтқазин, Кәсіби лексика.). *Б и е қ а р ы н н ы ң* бірі қолға түссе бірасымдық (Қ.Айтқазин, Кәсіби лексика.).

БИЕЛЕТ= е т. *Сыйлықты бие түрінде әкелу, биені тарту ету.* Кім ордаға барар болса, «сыбағаң» деп, оның иесіне, ең кеміне бір семіз тайды жетектей барады, жұмысы барлар я жағынғысы келгендер «сыбағаны» ту *б и е л е т і п*, одан асса, қысырақ үйіріндетіп жетеді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БИЕЛІ с ы н. *Биесі бар, бие ұстаған.* Көк орайға қонады, Саумал ішкен *б и е л і.* Жібектен қылған киімді Тапқан кісі киеді (Қамбар батыр). Шинелін жастық ете қисайған өзінің кәдімгі ала *б и е л і* жасақшысы босаға түбінде қор ете түсті (Х.Есенжанов, Тар кезең).

БИЕСАУЫМ з а т. *Бие саууға жұмсалатын уақыт, мерзім. Б и е с а у ы м ы* өтпей, қалатын жауынгерлер таңдалып алынып, көштің алды қозғала бастады. Он жылдан астам уақыт үрейлі атүсті өмірге дағдыланған жұрт, үн-түнсіз шұбырып кете барды (І.Есенберлин, Қаһар).

Биесауым уақыт. *Бие саууға кететін уақыт мөлшері.* Жуыну – жүз минут, тарану – табандай бір сағат. Жағасын жарты сағат шұқылап, айна алдында *б и е с а у ы м у а қ ы т* тұрып алады (І.Жансүгіров, Әңгім.). Ер бөлшектері әбден нобайланып шабылып, тек өңдеу жұмысы қалған уақытта бір қазан тұзды суға *б и е с а у ы м у а қ ы т* қайнатады да, көлеңкеде кептірді (Х.Арғынбаев, Қаз. ер-тұрман.). *Б и е с а у ы м у а қ ы т* ішінде Манжу қолынан жүз қаралы шерік қалды (С.Сматаев, Елім-ай).

Биесауым жер. *Қашық үйден бие байланып сауылатын жердің аралығындай емес, жақын жер.* Әріп жүдеп келе жатқан Бүркіттің көңілін тапқысы келіп, атын бір тебініп қалды да: «*Б и е с а у ы м ж е р д е* Тәкежан аулы бар», – деді (І.Есенберлин, Қатерлі.). *Б и е с а у ы м д а й ж е р* шапқанда ғана бұл үшеуі қалжырауға айналған бөкенге бірдей таянған (І.Есенберлин, Алмас.).

БИЕШЕ ү с т. *Бие сияқты, биеге ұқсап.* Құлынды *б и е ш е* үйге қайттық. Шай қайнап тұр екен (Ж.Молдағалиев. Айналайын.).

БИЕШІ з а т. *Биені бағып, күтетін адам.* Күндерде бір күн Еспембет Желінің келді басына, Бие ағытып жатқанда, *Б и е ш і н і ң* қасына: Ақбөрте құлын ойнап тұр Ақ құлаға асыла (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Исабек байдың түйешісі едім, Мұсабек байдың *б и е ш і с і* едім. Қалберген қажының есігіндегі Қара қазаншысы, күйешісі едім (І.Жансүгіров, Шығ.). Ол *б и е ш і л е р д і ң:* «жуас тай мін» дегеніне көнбестен, бүгін ғана үйретілген қысырдың асау тайы – ақ тайды таңдаған (М.Әуезов, Таңд.). Тізе қабы салбырағаң, саууды боз інгендей талтайған *б и е ш і* сүтті жаңа құйып, қара сабаны ыңқылдата пісіп тұр (Ж.Аймауытов, Қартқожа).

БИЖАЙ ү с т. с ө й л. ***Бейжай***. Басылды да ойран-бүлік, Дүние *б и ж а й* тұрды тынып. Жүзін тосып нұр шапаққа Ана алдымда тұрды күліп (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын). Жаңа жыр – жаңа бөбегім, Қош алсам *б и ж а й* кеше ме? Лөззаты кандай өлеңнің! Шықтым мен шалқып көшеге (Ж.Молдағалиев, Киырма

бес). Қырық пар отты көз күлімдеп, Қырық пар оқтай қадалса. Тарлан жүрек бүлінбей, Жақсы ғой *б и ж а й* қала алса (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

БИЖАРАТ с ы н. к ө н е. ***Жарамсыз***. Шаһзада қолыменен қылды ишарат, Сөйлеуге сөз болмады тіл *б и ж а р а т* (Қисса дастан).

БИЗАРУРАТ [ир. ар. بي ضرورة] з а т. к ө н е. *Себепсіз, бостан-босқа. Б и з а р у р а т* қоймаңыз сүннетімді, Қаза қылма ораза, намазыңды (Бабалар сөзі//Діни дастан).

БИЗАР[1] з а т. *Зар, құмар, құштар*. Аруаналар Ата бураны төңіректейді. Буыршындар аруанаға жақындауға *б и з а р* (С.Елубаев, Ойсыл қара).

БИЗАР[2]: [ир. بيزار] **бизар етті**. *Азапқа салды, әуреледі, мазаны алды*. Күн бойы осы бала мені *б и з а р е т т і* (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БИЗЕК з а т. *Мата түрі*. 5 үй ішінде 20 мың сомның жасауы бар-ау дедім, көз тұндырған нақыш, *б и з е к*, әртүрлі ішік мәуіті шапан ілулі тұр («Айқап»).

БИЗНЕС [ағыл. business] з а т. э к о н. *Пайда табуға арналған әрекеттің, экономикалық қызметтің түрі; жеке кәсіпкердің не фирманың іскерлік қызметі. Б и з н е с* – кәсіпорындардың немесе ұйымдардың, жеке тұлғалардың өндемеген (шикі) түрде өнім шығару, тауарлар өндіру немесе сатып алу және сату немесе табыс табу (пайда алу немесе басқадай олжа табу) мақсатымен басқа тауарларға немесе ақшаға айырбас ретінде қызмет көрсету жөніндегі харекеті (Қаз. тілі термин. Экономика.). *Б и з н е с* адамның табиғи қасиеттеріне, біліміне негізделе отырып, қандай да болмасын істен кіріс киргізуге, өзінің материалдық, рухани қажеттілігін қанағаттандыруға, сонымен қатар қоғамға пайда келтіруге де мүмкіндік береді (ҚҰЭ). Соңғы жылдары дамыған елдерде шаруашылық қызметіне әлеуметтік баға беру *б и з н е с т і ң* әлеуметтік құндылықтарға, өз мүддесімен, ең алдымен, экономика, адам еңбегі табиғи қорлар саласында үйлестіруге деген қатынасын айқындап берді (Орыс.-қаз. экон. сөздігі). *Б и з н е с* қоғам мүшелерінің сұранысы мен ұсынысын есепке ала отырып, экономикалық жүйенің барлық саласын дамыту арқылы *б и з н е с т е н* түскен табыстан салық және басқа да алымдар төлеу және оларды қоғам дамуына, халық игілігіне жарату, әлеуметтік көмек көрсету нәтижесінде қалыптасады (ҚҰЭ).

БИЗНЕС-ЖОСПАР [лат. busines – ic, planum – жоспар] з а т. э к о н. *Кәсіпорынның алдына қойған экономикалық мақсаты мен оны жүзеге асыру жолдары, міндеттері мен әдістәсілдері баяндалған құжат. Б и з н е с-ж о с п а р* жасау үшін нарықтық орта жан-жақты зерттеледі (ҚҰЭ). *Б и з н е с-ж о с п а р* пайда алу мақсатымен мәмілені жүзеге асырудың бағдарлама-жоспары (Қаз. тілі термин. Экономика.). *Б и з н е с-ж о с п а р* кәсіпорынның белгілі бір кезеңге, көбінесе үш, бес немесе он жылға арналған жоспары (Орыс.-қаз. экон. сөздігі). *Б и з н е с-ж о с п а р* көбінесе банктен кредит алу және оның қайтарылуын қамтамасыз ету үшін жасалады (ҚҰЭ).

БИЗНЕСМЕН [ағыл. businessman] з а т. э к о н. *Пайда, табыс әкелетін экономикалық қызметпен айналысатын адам*. Бірақ *б и з н е с м е н д е р д і*, әсіресе шағын бизнес иелерін ақтауға бармын («Егемен Қазақстан»). *Б и з н е с м е н* – «ақша жасаушы», айналымдағы табыс әкелетін капиталды иеленуші, яғни белсенді экономикалық, коммерциялық қызметпен айналысушы адам (Қаз. тілі термин. Экономика.).

БИЗОН [лат. Bison bison] з а т. б и о л. *Жұптұяқтылар отряды қуыс мүйізділер тұқымдасының зубр туысына жататын жабайы сиыр. Б и з о н* – өте ірі жануар (ҚСЭ). *Б и з о н* үйір-үйір болып жүреді. Ертеде терісі бағалы, кәсіптік маңызы бар аң болған (Қаз. тілі термин. Биология). *Б и з о н* ертеде терісі бағалы кәсіптік аңның бірі болған (ҚҰЭ).

БИКАРБОНАТ з а т. х и м. *Көмірқышқыл тұздары. Б и к а р б о н а т т а р д ы ң* көпшілігі – суда еритін түссіз кристалды заттар (ҚСЭ). Аммоний *б и к а р б о н а т ы н ы ң* ауада тез бұзылатындығы оны мал шаруашылығында қолдануды қиындата түседі (Н.Рақышев, Күйіс малы).

БИКЕ з а т. с ө й л. *Әйел адамды, көбіне тұрмысқа әлі шықпаған жасы үлкен қызды атайтын ізет атауы*. Аққозы *б и к е н і ң* шабарманы қара торы жігіт, жанындағы көкбестіге міне сала, ән шырқатып қырқадан төмен түсіп келе жатқан бір топ қыз-бозбалаға қарсы шапты (І.Есенберлин, Алмас.). Кейбір мінездеріне қарап әйелімді «Түрпі *б и к е*» я «кірпі *б и к е*» дегім келіп-ақ тұрады. Амал қанша олайша айтудан қорқам, – дейді Шапағат (Ғ.Сланов, Домбыра.).

БИКЕШ[1] з а т. э к с п р. *Бойжеткен қызға, жас әйелдерге сыпайыгершілік, сыпайылық білдіріп айтылатын сөз. Б и к е ш т і ң* сенің үшін қалмады ары, Сен болдың кеткенінше ынтызары (Базар жырау, Шығ.). Мыстанның өзі де алжыған Мекерлік жасап бір көрмекші. *Б и к е ш т і* алдайды Дон Жуан, Бастығын алдайды көмекші! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Ол амалсыз қызға қарады. Жас *б и к е ш т і ң* жүзі алабұртып, алып ұшып отыр екен (Ә.Әлімжанов, Отырар.).

БИКЕШ[2] з а т. а с т р. <лат. virgo> *Күн мен түннің теңелу нүктесі орналасқан шоқжұлдыз. Б и к е ш* шоқжұлдызында күзгі күн мен түннің теңелу нүктесі орналасқан (ҚСЭ). *Б и к е ш* шоқжұлдызы Қазақстанның солтүстік аймақтарында қыс және көктем айларында көрінеді (ҚҰЭ).

БИКЕШТЕЙ с ы н. *Бикеш сияқты, бикеш тәрізді.* Көкшеде көп жұмбақ бар ойланатын, Қияға қақтыратын ой қанатын. Билеген *б и к е ш т е р д е й* қайыңдар бар, Ел оның «Биші орман» деп қойған атын (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Бәрінен бәрін сағымын айтсаңшы, сағымын! Торғын орамалмен самалға жайып бұрала билеген *б и к е ш т е й* баурайды да тұрады (С.Ақтаев, Дала.).

БИКҮНӘ [ир.] с ы н. с ө й л. ***Бейкүнә.*** *Б и к ү н ә,* балғын, ғажайып ұл мен қыздардың Көктемнің көркем балалық махаббаты бар (Ә.Тәжібаев, Шығ.). Болғалы тұрған жанталас қырғын үстінде *б и к ү н ә* жазым болып кетер деп аяды ма, кім білсін – Әзмұратов Жанғожадан көзін алмай қарады (Х.Есенжанов, Тар кезең). Жұтпайды я шарапты, я арақты, Қыздарға қылымсыған қарамапты. *Б и к ү н ә* пейілі үшін осыншалық. Тұрыпты мархоматтар қосымша алып (Ә.Тәжібаев, Аралдар).

БИҚАСАП[1] [ир. ар. بي قصب] з а т. *Енсіз жібектен тоқылған жолақ мата, кездеме.* Сұр *б и қ а с а п* көйлегінің етегі бір көш жерде; қара сахтиян мәсісінің бір басы ғана болар-болмас қылтияды (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Ол қазір музей екен. Төбесінде жақын арада Магараджаның *б и қ а с а п* мата секілді ала жолақ жалауы желбіреп тұр (Қ.Сатыбалдин. Қараторғай). Ала *б и қ а с а п* шапанының делегейленген етегін Сәкен тақымына қысты (С.Талжанов. Сейфулла.). Алдымен менің жасыл тау, қызыл таң күлген, Өспірім күнім төуелсіз тентек шағымда. Қаратал жақта бетпе-бет келіп қалдым мен, *Б и қ а с а п* киген бетінде мең бар сағымға (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

БИҚАТ [ир. ар. بي حد] с ы н. *Қатты, ауыр.* Хазірет атам, анамыз, Мұнда көрдім мехнат, Машақат көрдім мен *б и қ а т* (Батырлар жыры).

БИҚИСАП [ир. ар. بي حساب] с ы н. *Көп, мол, есепсіз. Б и қ и с а п* ол жайлауда жердің шөбі: Көрінбес кірсе ішінен малдың төлі. Айдын көл айналасы, ат шаршарлық, Көркейтіп жазғы жауын жердің өңін (С.Торайғыров, Шығ.). Маған берген нәрсеңіз *б и қ и с а п* көп, Артық қимат нәрселер бердіңіз бек. Бүйте берсең малың тез ада болар, Жаным ашып айтып ем алыңыз деп (Бабалар сөзі // Хикаялық дастандар). Бұл сөзді атасы естіп қабыл алды, Той жасап *б и қ и с а п* көп сойды малды. Сүннеті Пайғамбардың осылай деп, Шақырып шаһзаданы қасына алды (Бабалар сөзі//Хикаялық дастандар).

БИ-ҚОЖА [ир. خواجه] з а т. *Иелік етуші, билік жүргізуші, өзі би, өзі қожа.*

БИҚУЛЫҚ [ир. ар.] з а т. *Айласыз, құлықсыз.* Самырат сабырлы жан инабатты, Болады инабатпен дін қуатты. *Б и қ у л ы қ* харамдықты қолданған жан Тапқан жоқ дүнияда еш мұратты (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

БИЛАЖ [ир. ар. بي علاج] ү с т. к і т а б. *Лажсыз, еріксіз, амалсыз.* Кім айтса, соны қостар сыртта ғы адам, Бихабар жүргеннен соң хикаяттан. «Бөрі – ашар, түлкі – көмер» деген нақыл *Б и л а ж* перде ашылды бұл ұяттан (Айтыс).

БИЛАТЕРИЗМ [лат. Bi – екі, lateralis – бүйірлік екі тарапқа қатысты] з а т. э к о н. *Екі мемлекет арасында жасалынған келісімдерге негізделген халықаралық сауда цйымы.* Қазіргі уақытта *б и л а т е р и з м* дамушы елдермен қарым-қатынастардан басқа сауда және валюта-қаржы қатынастары саласында шектеушілік рөл атқарады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

БИЛБОРД [ағыл. billboard, bill – жарнамалау, board – тақта] з а т. п о л и г р. *Қала көшелеріндегі жарнама тақталары.* Сөйте тұра мемлекеттік тілдің басымдылығын журналист қала көшелеріндегі әртүрлі хабарландыру, *б и л б о р д,* жарнамалардың кез келген түрінің мемлекеттік тілде ілінгендігінен-ақ байқаған («Түркістан»).

БИЛ-БРОКЕР з а т. э к о н. *Қор биржаларындағы вексельдерді есептеу және қайта есептеу жөніндегі мәмілелерде делдал болатын вексель маклері. Б и л-б р о к е р* – дәстүрлі бағалы қағаздарды сатып алу-сату бизнесімен айналысатын коммерсант (Эконом. түсіндірме сөздік).

БИЛЕ[1]**=** е т. **1.** *Биді орындау.* Әлде *б и л е п* кете ме екен басқалар? Сезіп қайтсын сорлы досың шамасын. Хан мен бай, би мен батыр бар ма екен, Сауық-сайран, ас пен тойы жарасым... (М.Дулатов, Шығ.). Қордайда дастарқаннан дәм-тұз татып, Қызыққа қызыл әскер жатыр батып. Аттарына жоңышқа, сұлы төгіп, Би *б и л е п,* күліп-ойнап гармонь тартып (К.Әзірбаев. Таңд.). Басымызда папаха түбектей боп, Қыз алдында тұрмадық шіреп сөйлеп. Би *б и л е п* түлкі тұмсық бәтеңкемен, Тәнімізге ілмедік жібек көйлек (М.Мақатаев, Шығ.). Бекер, досым, бүлінбе, *Б и л е,* жырла, күлімде! Жарың қабақ шытынса, Шатақ шығар түбінде! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Би *б и л е п,* үйірші. Көз тақап, түйілші. Берейін,

құдағи, Ең ғажап сүйінші (К.Салықов, Жезкиік). **2.** *Тербелу, ырғалу, жайқалу.* Арал жатыр адам қолы тимеген, Өз құстары өз әуенін күйлеген. «Тәңірінің өзі өсірген гүлдері Көлдің көкшіл самалына *б и л е г е н* (Т.Есімжанов, Асу.). Ойнаса толқын үйіріп, Балапан құрақ иіліп, *Б и л е й д і* желпіп шашағын, Тербейді тағы жас ағын (Ә. Сәрсенбаев, Үйрек.). Сыбырласты гүл шоғы, Қыз қылығын мазақтай. *Б и л е й-б и л е й* шаршады, Жығылуға аз-ақ қап (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). Алма бағын аялап, Есті ақырын жұпар жел. *Б и л е п* кетті көлеңдеп, Бұтақтары бұраң бел (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). **3.** а у ы с. *Бәйек болып, құрдай жорғалау, жағымпаздану.* Төре көрсе, жалаңбас шұлғып *б и л е п,* Бәйек боп, өтірік мақтанатын, Қорқайын ба, ұлыққа айттым сүйдеп (С.Торайғыров, Шығ.). Мысқыл күлкің салды маған қаншама ой Шіркін, сендей бес қолбасшым болса ғой, Қалың қолым ұқсап дүлей тасқынға Бөлеп дарқан күйге мені Бүкіл әлем *б и л е р* еді, Аяғымның астында (М.Шаханов, Fасырлар.).

БИЛЕ²= е т. **1.** *Билік жүргізу, басқару.* Аманат уәзір алған сіздің бақты, Он жылға мөрін басып мінген тақты. Әкең тағын, анаңның қанын жоқта, *Б и л е г е н* әкең қырық жыл Бағдатты (Ә.Найманбаев, Шығ.). Әрбір болыстарын һәм кандидат болған адамдарын бекітеді обылысты *б и л е п* түрған губернатор хазіретілері. Әрбір ауылнай старшиналарын һәм оларға кандидат болған адамдарын бекітеді оязный начальник («ДУГ»). Дін мұсылман баласын Кереметпен *б и л е г е н.* Сahар тұрып жаулаған Хақтан медет сұраған (Бес ғасыр.). Осылай ала көңіл болып жүрген заманда Исатай ханға келеді. Елдің мұңын, көрген жәбірін сөйлейді. Елге зияны тиген Қарауыл секілді келімсектерді қу дейді, орыстың зәкөнін қойып, жұртты ата-бабаның жолы бойынша, қазақтың ескі әдет заңымен *б и л е* дейді (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Қазақшылық пайдадан қаламыз ба? Түспей жатыр білгіштер, өздері оңға. Тегінде делегат-тар елден барған. Бәрі де ел *б и л е г е н* қасқырлардан. Елге барып комитет сайлай қалса, Деген ойды көбіне есіне алған (С.Торайғыров, Таңд.). **2.** *Бағындыру, билеп-төстеу.* Ислам жауларын мұсылман халықтарының ынтымағы, бірлігі шошытатынын білеміз. Сондықтан да олар оған осындай түрлі «измдерді» жабумен бірге мұсылмандар арасына іріткі салып тарыдай шашыратуды көздейді, бұл бөліп ал да *б и л е й* бер әрекетінен айнымайды («Егемен Қазақстан»). Еділ-Жайықтың арасын мекендеген қазақты торына кіргендей *б и л е п,* жуасытуын оңай көрді. Арқадағы көп қазаққа саясатын жүргізуге жуасыған қазақты құрал қылғысы келді (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Өңшең жақсы киінген төрелер кие-жара келіп, үйді *б и л е п* кеткен соң, Бекболат қымтырылып, әрқайсысының бетіне бір қарап, босаға жақта тұрды да, орындықтың шетіне таман ептеп отыра қалды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бір диктатор бар миллиондаған халықты *б и л е п,* мыңдаған шақырым жерге әмірін жүргізіп отырса да, місе тұтпайды (С.Шаймерденов, Мезгіл). **3.** а у ы с. *Меңгеру, ие болу.* Мен болсам егер ағын жемек едім, Ақылды болдым елден бөлек дедім. Мен ақылды *б и л е м е н* не қылсам да, Ақыл мені *б и л е с е* керек едім (Абай, Тол. жин.). Елеуреген екі топ Майданға тіккен көздерін, Жүз қайтара қайталап Бір айтып кеткен сөздерін. Қандары шапшып қайнады, Өздері де білмейді Не *б и л е п* тұр өздерін (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Сезімді тек ақыл ғана *б и л е й д і,* сезім дүниесінің дегеніне көнбес үшін тұтымды мінез, берік жүрек керек (І.Есенберлин, Fашықтар). **4.** а у ы с. *Ырқына көндіру, дегенін істету, үстемдік ету.* Ақылға салып, қосу жарамайды десе де, жастық, шіркін, *б и л е п* алып кетті: ауылдан шыға бергенде байдың үйінің есігіне көзі түсіп, есікте Мешіт сұлуды көзі шалып қалып еді, Мойындағы алқасы жарқ-жарқ етіп, Ақбозатқа мініп кетіп бара жатқан Бұқарбайға қарап жымиып күліп қалтың көзін сүртіп-сүртіп алып, айқайды салып жіберді, Ақбозат жатқан атылған оқтай, қырда ойнаған қояндай кежәуміттің ырс-ырс етіп дем алғаны естілді (М.Жұмабаев, Шығ.). Өзінің жүрегін, өкпесін адам сонша *б и л е й* алмайды және бұл мүшелердің қозғалысы өте сезімпаз: адамның қылығы биттей өзгергенін қылп еткізбей көрсетіп тұрады (Ж.Аймауытов, Шығ.). **5.** а у ы с. *Басыну, басқа шығу.* Атаны *б и л е п* ұл кетті, Қожаны *б и л е п* құл кетті. Баласы келсе он беске, Ата-анадан күн кетті, Білмеді бала құрметті. Ағайын-туған қарындас Бір-бірінен бұл кетті (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Қыз ананы *б и л е д і,* Анаға билік тимеді. Атасы қосқан адалын Өз дегені болмаса, Халалым деп сүймеді (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Жаман үйді қонағы *б и л е й д і* (Мақал-мәтел). Әжібай қазір, міне он сегізде, Әкесін *б и л е п* алған осы кезде. Әке-шеше, қатынды жан деместен, Қырындап қызды ауылды болған кезбе (С.Торайғыров, Шығ.).

Ауру [науқас, сырқат] биледі. *Сырқаты күшейді, асқынды, дендеді.* Сау күнімде Құдайым еске салмай *А у р у б и л е п,* бойымнан әлім кетті-ау. Бауырсаққа илеген кескен нандай (Бес ғасыр.). Болмаса *н а у қ а с б и л е п* алып, баланы қолды-аяққа тұрғызбай шың-

ғыртқанда, оның науқас екенін білу, көбінесе пайдасыз білу болып шығады ғой (М.Жұмабаев, Шығ.).

Ашу биледі. *Ашуланды, ашуға берілді.* – Жә, *а ш у б и л е д і* сізді, тастаңыз, – деп Алма да келіп, Жақыптың мойнына асылды (Ғ.Мұстафин, Шығ.). *А ш у б и л е п*, ойы сөнген, Қабақ жауып, қанталап көз. Қас қырандай аңға төнген Тіл оралмай айтуға сөз (С.Бегалин, Өленд.).

Бойды қажу биледі. *Шаршады, қажыды. Қ а ж у б и л е п б о й ы м д ы*, Жыбырлайды ерінім. Жазбақ түгіл ойымды Жай айтуға ерініп (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Бойды қуаныш [шаттық] биледі. *Қуанды, қуанышқа кенелді, шаттанды. Б о й д ы б и л е п қ у а н ы ш* Саған алғаш барып ем. Дүниеге тым алыс Жас кезімді салып ем (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Көз алдымда көрікті көңілді өмір, Бүгіннен жатыр тарап ертеңге нұр. Урнаға салдым мен де бюллетеньді, *Б о й ы м д ы ш а т т ы қ* сезім *б и л е п* небір (М.Әлімбаев, Құрбыма).

Буынын билей алмады. *Денесін ұстай алмады, дәрменсіз болды.* Жеңгей атқа мініп, артық үйренбеген кісі ғой: бір қолымен ердің қасынан ұстап, аяғын үзеңгінің сағасына салып орнатқан омақаша қопиып, *б у ы н ы н б и л е й а л м а й*, қолп-қолп еткені Ақбілекке айт пен тойдан да қызық болды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Денені [бойды] биледі. а) *Денесін ұстай алмады, бойын жаза алмады.* Ол өз *д е н е с і н* өзі *б и л е й* алмай сенделектей басып сыртқа шықты (С.Ғаббасов, Ана.). Кішкене ми сырқаттанса, адам *д е н е с і н б и л е й* алмай, бір олай, бір бұлай құлай береді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жаралы *б о й ы н б и л е й* алмай, ат жалын құша бергесін, екі жігіт оны аттан түсірді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). ә) *Бүкіл денеге жайылды, бойына жайылды.* Ауа райы секілді адамның *б о й ы н* да қалтыраңқы суық сезім *б и л е п*, өз-өзіңнен қажисың, қан түкіргендей көгеріп, сазарасың, еш нәрсеге зауқың жоқ, дүниенің рақаты – маздап жанған от екеніне иланасың, әрі мың мәрте табынасың іштей (О.Бөкеев, Ән салады.). Шомылатын бір күлім көз, Ойнағандай суда шабақ, *Б о й д ы б и л е п* от діріл тез, Тұра алмаушы ем тура қарап (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). *Д е н е с і н б и л е п* кеткен қызуын баса алмаған Әбілқайыр енді көңілі бір саябырлап, қалың қолына көтерілуге бұйырды (І.Есенберлин, Қаһар). Осындай шеңгелдеп ұстаған да жып-жылы, тұла *б о й ы ң д ы* қорқыныштың дірілі емес, қуанышты сезім *б и л е р* сүйкімді шақты кім көрген (О.Бөкей, Таңд.). б) *Бойды жеңді, ырық бермеді.* Әдемі ән, сұлу күй *б о й д ы б и л е п*, денені балқытып, адамға терең ой салмай ма (М.Жұмабаев, Шығ.). Ол сыздың аты қызғаныш еді. Күн өткен сайын меңдеп, тұла *б о й ы н б и л е п,* ақылын жеңіп бара жатқан ауруға айналды (Д.Досжанов, Зауал). Жыл құсымен қиқулап, Бұлағымен бұрқылдап, Көктем сұлу келеді, Балбыратып денені, *Б о й д ы б и л е п,* сиқырлап (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Тек шырқалса осы бір ән Жайнап шыға келеді. Жалықпайды қосылудан, *Б и л е й* алмай *д е н е н і* (А.Шамкенов, Жайлау.).

Дүниені билеу. *Бүкіл әлемді бағындыру, дүние жүзіне үстемдік ету.* Соның ішіндегі ең бастысы – өзін [Кир] тумысынан «қасиетті адаммын, нағашымның түсіндегі аян берген әмірші – менмін, *д ү н и е н і б и л е у і м* керек» деген астамшыл пиғылы; екінші себеп – барлық соғыстарда жеңіске жетіп келе жатқан ақжолтайлығы еді (С.Абдрахманов, Елдік сыны).

Ел [жұрт, халық] биледі. *Елді басқарды, басшылық етті, билік жүргізді.* Аталып Тәуке хан боп *е л б и л е д і*, Айырмай жарлы, бай деп тең биледі. Артық қайрат, тапқыр ой болғандықтан, Ешкім де айта алған жоқ кеш биледі (Тарихи жырлар). Қошқар болар қозының, Тұмсық үсті дөң келер. *Е л б и л е й т і н* жігіттің етек-жеңі кең келер (Мақал-мәтел). *Е л б и л е г е н* ақсақалдар да елдің тілегін тілеп, елдің жоқшысы болды. Ақсақал болу, би болудың өзі елдің сайлауынан болғандықтан, бұлар елден бөлініп кете алмайтын болды (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Ез, еріншек, қорғалақ, шабан болсаң, Не мақтаншақ, дарақы, надан болсаң, Есідертің партия, *е л б и л е м е к*, Залалкес хайуаннан жаман болсаң (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Білімі көптер *ж ұ р т б и л е м е й*, малы көптер *ж ұ р т б и л е й т і н* заманға қарсы туған, Абай жұрт алдына білімін салғанда, басқалар малын салған, жұрттың беті малға ауып, ел билігі Абай қолына еркін тимеген (А.Байтұрсынов, Шығ.). Кең жері күннен-күнге құрып жатыр, Сұр жылан бар қан-сөлін сорып жатыр. Астана, *ж ұ р т б и л е г е н* адамдарды Тәңірі күннен-күнге ұрып жатыр (М.Жұмабаев, Шығ.). Хұррият инсаният, хаққа ниет Тұрмайды осы үш сөзді мәхкәм ұстай бай, мырза, *х а л ы қ б и л е г е н* ұлығымыз Файдасыз жемісі жоқ қу ағаштай (М.Дулатов, Шығ.). Аталасым *х а л ы қ б и л е г е н* ханда деп, Аналасым *ж ұ р т б и л е г е н* дан-ды деп (Шайыр //Жанұзақ).

Ерікті биледі. а) *Елжіретті, бойды баурап алды. Е р і к т і б и л е п* алсын айтылған жыр, Сырты – гүл, жарасымды, ішінде сыр. Жаның-ның лөззат алар жарығындай, Мәңгілік өшпейтұғын төгілсін нұр (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Ақын солай халықтың *е р к і н б и л е п* Алған соң, еш қаймығып қақпас күйбек. Жауыздығын бетке айтып ел көзінше, Жауыздарды өлтірер сөзбен түйреп (С.Торайғыров, Алаш ұраны). ә) *Дегеніне көндірді, айтқанын істеді, ырқына көндірді.* Осыған не айтар екен сүйген сәулем? Мендей о да сүйер деп көңілім сенген. *Е р к і ң д і* басқа біреу *б и л е п* кетсе, Болам да қарттың бірі көңілі сөнген (С.Торайғыров, Таңд.). Айтқанмен де ұсынысы өтпеуіне көзі жетпеген Баймырза, *е р к і н б и л е п* алған әйелінен сырын жасыра алмады (С.Мұқанов, Балуан Шолақ). Айтты ұлы адам дүниеге: – Өмір өшпес бастай білсе. Жібермеңдер, *е р к і н б и л е,* Жұмыр жерді өз бетінше (Қ. Аманжолов, Шығ.).

Көңілсіздік биледі. *Көңілсіздік орнады, жабырқаушылық пайда болды.* Кіл қыз-жігіттердің күлкісі сыңғырлаған көңілді ортада әйтеуір бір *к ө ң і л с і з д і к б и л е п*, аудитория терезесінен жауған жаңбырға, ақ ұлпа қарға жабырқай қарап отыратынмын («Жас Алаш»).

Көрінгеннің қобызына биледі. *Кім болса, соның жетегінде кетті, ырқында жүрді.* Өзі ештеңе білмеген соң, «бір жерден жазалы болып қалам ба?» – деп, жоғарғы орыннан келген қызметкердің *к ө р і н г е н н і ң қ о б ы з ы н а б и л е й т і н і* сол (С.Дөнентаев, Шығ.).

Қатыгездік биледі. *Ашу, ызаға ерік берді, ашуланды.* Қас пен досты айыра алмай, соңғы кезде бойын мейлінше *б и л е п* кеткен *қ а т ы г е з д і к* қаныпезерлігі де осыдан шыққан-ды (І.Есенберлин, Қаһар).

Қаһар биледі. *Ашуланды, ашуға мінді.* Мәншүкке де жеткен хабар, Махаббатқа Мамет құрбан, болды өлтірген батыр Таяр, *Қ а һ а р б и л е п* қаны да ұрған (С.Бегалин, Баллада).

Қуат биледі. *Шабыттанды, қуаттанды.* Айқай сап домбыраны қағып-қағып, сонан соң көзді жұмып кеткен ағып. Сол кезінде көрінер кеткендігі Еріксіз бір *қ у а т т ы ң б и л е п* алып (С.Торайғыров, Таңд.).

Мақтаныш биледі. *Мақтанды, шаттанды.* Баласы үшін мұғалімдер алдында беттерінің оты жанатын ата-анасының көкірегін енді *м а қ т а н ы ш* сезімі *б и л е п*, бұрынғыдай емес, іш тарта мейірлерін төгеді (М.Сқақбаев, Ұят туралы аңыз).

Мұң биледі. *Мұңайды, мұңға батты.* Жүректі *м ұ ң б и л е г е н.* Ашылмай тығылған сол кебімнен соншама уақыт өткенде бері қайтарам дегенің қалай? Бұғалықтап үйренген долылығыңа бағып отырмысың, мырза. әлде зарықтырып барып, жеңіп алам деген кеудемсоқ ожарлығың ба? – деп асып түсті (С.Сматаев, Елім-ай).

Мылтық биледі. *Қарудың күшімен басқарды. М ы л т ы қ б и л е п* тұрғанда әділет жоқ, Алдамай-ақ аулақ өл, жарықтығым. Қару, әскер тастаудың жөні келмес, Неге десең, біріне-бірі сенбес (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Ой биледі. *Терең ойға батты, көп ойланды. О й б и л е п,* жап-жас Қорқыт елден безді, Түгел ол ойын-күлкі, қойды сөзді. Елікпей, үйірілмей еш нәрсеге, Алтайдың алаптарын жалғыз кезді (М.Жұмабаев, Шығ.). Берді де, бүгіп басын ойға кетті, Асқардай *о й б и л е г е н* мәңгі қалқып. Біраздан көтеріліп жан-жағына Қарады жержиһанның бәрін тар ғып (М.Жұмабаев, Шығ.). Алуан *о й л а р б и л е д і*, Қопарды жанын, қопсытты (Ж.Молдағалиев, Шығ.).

Отының басын билей алмады. *Шаңырағына ие бола алмады, отбасында сөзін өткізе алмады, қадірсіз болды.* Сондықтан сор жайлады кең далаңды, Заманнан көрдің озбыр сен таланды. *О т ы н ы ң б а с ы н - д а ғ ы б и л е й* алмай, Мал алдың айырбастап өз балаңды (Т.Әбдірахманова, Көгершін.).

Өзін-өзі [өзін, басын] биледі. а) *Өзін қолға алды, ұстады, бойын тежеді.* Сағыныштың сағымы ойнап көзімде, Бірде сенен алыс жүрген кезімде, Көкірегімде толқын атып күй менің, *Ө з і м д і - ө з і м* әрең-әрең *б и л е д і м* (М.Шаханов, Ғасырлар.). Ол *ө з і н б и л е й а л м а й*, Гуляны жылдам қатты құшақтай алады (С.Сейфуллин, Шығ.). ә) *Өзін-өзі басқарды, сырттан басшы шақыртқан жоқ, ешкімге жалтақтамады. Ө з і м і з д і - ө з і м і з Б и л е й т ұ г ы н* кез жетті, Көлгірсуді көзіміз Сүймейтұғын кез жетті! (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Өзін-өзі [бір басын] билей алмады. *Еркінен айырылды, шарасыз болды.* Біреу жүр *ө з і н - ө з і б и л е й а л м а й,* Біреу жүр келген бақты игере алмай. Он саусақ қарап тұрсаң бірдей емес, Біреу жүр жалғыз басы күн көре алмай (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Шабыт, ашу, шаттық, мұң, ұят қалып, Жүрген жәй бар осылай күй ақтарып. *Б и л е й а л м а й* жүрмін мен *б і р б а с ы м д ы,* Роботы біреудің сияқтанып (М.Мақатаев, Шығ.).

Өзін-өзі билеу. *Өзін-өзі басқару, ешкімге жалтақтамау.* Пролетариат диктатурасы жарияланған елде ұлттардың *ө з і н - ө з і б и л е у* мәселесі туралы сөз болуы мүмкін емес (М.Шоқай, Таңд.). Автономияны ауызға алмақ түгіл, стражниктің алдында қалтырап тұратын елдер бүгін ту көтеріп, ұран шақырып, *ө з і н - ө з і б и л е у д і ң* қамына кірісіп жатыр (М.Дулатов, Шығ.).

Сағыныш биледі. *Сағынды, аңсады.* – Мынау қолтаңбаның өзі *с а ғ ы н ы ш б и л е г е н*

әке жүрегіне шипа, дәруші екенін сен сезермісің, – деді Толыбай (М.Сүндетов, Қызыл ай).

Сайтан биледі. *Теріс ой, теріс іске бойын алдырды, қателесті, жолдан тайды.* Десем де бәрі кетті тілімді алмай, Ағайын айтқаныма құлақ салмай. *С а й т а н б и л е п* кеткен соң амалым не, Қайтейін жапанда өзім жалғыз қалмай? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Тұрмыс биледі. *Күнделікті тірліктің жетегінде кетті. Б и л е й д і* екен шын рас *т ұ р м ы с* бәрін, Достарым да көбейді, туыстарым. Бар ақшама дүкеннен арақ алып, Нан, сүт алдық өткізіп ыдыстарын (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). Дариға-ай, *т ұ р м ы с б и л е п* ерік бермей, Айырды біраз күнге жайды күйден. Кеткендей көз алдымнан жаңа ғана, Кош айтып берген қолың шығып үйден (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Тыныштық биледі. *Тыныштық орнады, тыншыды.* Қазір менің денем жау басып қалған қала тәрізді. Жарық та, қозғалыс та жоқ, бір үрейлі *т ы н ы ш т ы қ б и л е п* алған (Қ.Жұмаділов, Атамекен)

Үрей [қорқыныш] биледі. *Қорықты, үрейленді, тынышсызданды.* Қорқу, үрейлену, өне бойын *ү р е й б и л е д і.* Қазір барып өзінің жынды емес екенін, өзін мұндай жерде ұстауға болмайтынын айтқысы келді (Т.Әбдіков. Ақиқат). Мақсұттың ойы бөлініп кетті. Әлгі бір бойын *б и л е г е н қ о р қ ы н ы ш* та су сепкендей басылып қалды (М.Сүндетов. Балық аула.). Мен мұңаямын, жапан түзде жалғыз қалған жолаушыға меңзес көңілімді *қ о р қ ы н ы ш б и л е й д і*, серік, сүйеніш таба алмастай жабырқаймын (Ж.Саин, Жол үсті.). Айғай-шу әбден басылған соң Нұрғайша жерден басын көтеріп, үсті-басының шаңын қақты. Оны енді *ү р е й б и л е д і* (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

БИЛЕГІШ[1] с ы н. *Биге әуес, биқұмар.* Жан емес Ақан, сірә, жабырқағыш, Жүрегін езген әлгі, зәбір-запыс. Сауықшыл жас еді ғой, жаны сері, Әзілшіл, *б и л е г і ш* те, ән шырқағыш (Қ.Бекхожин, Үш кезең).

БИЛЕГІШ[2] с ы н. *Басқарғыш, меңгергіш.* Нерв жүйелері мен оның орталық *б и л е г і ш* органы – ми болмаса, барлық органдарымыздың да жұмысы тоқтап, өмір тіршілігі болмас еді (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.).

БИЛЕН[1]**=** е т. *Бидің орындалуы.* Тағы да ән шырқалды, тағы да би *б и л е н д і* (Ә.Тарази, Үлкен ауыл). Бір-екі би *б и л е н і п,* жастар додаға түскен арғымақтардай бусанып қалған екен (Е.Әлімқұлов, Перизат.). Ән шалқып, құйқылжыған күн төгіліп, толассыз би *б и л е н і п*, тойхана іші көбік шаша буырқанған теңіздей толқып жатты (А.Рамазанов, Ақсақал.).

БИЛЕН[2]**=** е т. *Басқарылу, билік жүргізілу.* Қаджарлар заманында қай губернияда қандай тәртіппен ел *б и л е н і п* жатқанын патша білмесе, Риза шаһ ол тәртіптің бәрін жоқ қылып, күллі Иран қол астындағы күшті бір қолға жинап алды (С.Шарипов, Бекболат).

БИЛЕНУ *Билен етістігінің қимыл атауы, билік жүргізілу.* Төрт-бес кісі сотталып, Сол бойымен топталып, Түрмеге қарай кеткені. Колдан-қолға сүйрелу, Иесі сырттан *б и л е н у* (Ақын жырлары). Біз тілемегенмен бізден гөрі көздері ашық жұрттар қарап тұрмайды. Олар заманның ыңғайына, тұрмысының ағынына көлденең келмейтін законмен *б и л е н у і н* сұрайды (М.Дулатов, Шығ.).

БИЛЕП-ТӨСТЕ= е т. **1.** *Бар билікті өз қолына алу, үстемдігін жүргізу, бағындыру.* Берді де: «болсын», – деді, – мөрін құтты! Ақылмен *б и л е п-т ө с т е п* екі-үш жұртты. Хабарын Апрасияптың біле қойсаң, ұстап ал ебін тауып, – десін: «ұтты» (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Ұлы моғолдар *б и л е п-т ө с т е г е н* дәуірде мұнда парсы әуенінің көне үнді мәдениетімен ұштастырылғаны, сөйтіп творчестволың еш уақытта қайталанбайтын жаңа түрі жасалғаны белгілі (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Шаһарлардың қай-қайсысын да Мұхамбет пайғамбардың үмбетіндегі арабтар *б и л е п-т ө с т е п* отырғандықтан, Хорезм хандығынан қашып шыққан әкелі-баланың тезірек көзін жою айласына көшеді (О.Бөкеев, Мұзтау.). **2.** *Басқару, билік ету.* Ұзақ жылдар заводты *б и л е п-т ө с т е п* қалған Мүслім оңайлықпен көне қоя ма, Берегенді тобықтан қағып, бетін қайтаруға әрекет жасады (З.Шашкин, Теміртау). Шешесі сауатсыз болса да, елді кімдердің *б и л е п-т ө с т е й т і н і н е* көзі анық жеткен анасы қызының сол аупартком, не ауаткомның маңынан іздегенін мақұл көрді (Ө.Қанахин, Жер бас.). **3.** а у ы с. *Ырқына көндіріп, өз дегенін істету.* Сөзінен осы үйдің жандарын өзімсініп, *б и л е п-т ө с т е п* қалған кісінің базынасы секілді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Нияз лезде тізгінді қолына алып, қонақтарды ғана емес, үй иелерін де *б и л е п-т ө с т е п*, думанды қыздырып жібереді (Т.Ахтанов, Боран). Нағиманың дегені оған қашан да жөн. Кішкентай Гүлнәшқа дейін оны *б и л е п-т ө с т е п*, айтқанын істеткізіп отырады (Ш.Құмарова, Қос шынар).

БИЛЕП-ТӨСТЕГІШ с ы н. *Үкімін жүргізгіш, бағындырғыш, ырқына көндіргіш.* Джон Грэй Қазақ ССР халық артисі Шахан Мусиннің орындауында бөгде елді *б и л е п-т ө с т е г і ш,* менмен, сонымен бірге айлакер Янкидің құдды өзі боп шыққан («Лен. жас»).

БИЛЕП-ТӨСТЕУ *Билеп-төсте етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Үстемдігін жүргізу, бағындыру.* Ұзақ жылға созылған патшалық Ресейдің отарлаушы саясаты, 70 жылдық кеңестік *б и л е п-т ө с т е у д е* орыстар үнемі басты ұлт есептеліп келді, олардың ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болғаны жалған емес («Егемен Қазақстан»). 1977 жылғы Конституцияда КОКП-ның жеке-дара *б и л е п-т ө с т е у і* мен басқаруында қоғамдық ұйымдарға бірлесуге құқығы болғанымен, ол біржақты еді («Егемен Қазақстан»). Рим империясы мұнша көп елді *б и л е п-т ө с т е у* үшін империя дүниежүзілік бір ғана діннің болуын талап етті (О.Жәутіков, Математика.). **2.** *Ырқына көндіріп, дегенін істету.* Жат біреудің өзін емін-еркін *б и л е п-т ө с т е у і н е* оп-оңай көне кетіпті (З.Шүкіров, Ізгілік.).

БИЛЕП-ТӨСТЕУШІ з а т. **1.** қ о ғ. *Билеуші, басқарушы.* Батыс түріктері мемлекетінің «қаған» лауазымы жоғары билеуші, *б и л е п-т ө с т е у ш і*, әскербасы болды («Жетісу»). – Ойбай-ау, біз келмейік дейміз бе? Бәрі сол корольдығыңызға, *б и л е п-т ө с т е у ш і л е р і ң і з г е* байланысты ғой! (Ө.Қанахин, Жер бас.). Халықтың осы бір дәстүрін Англияның *б и л е п-т ө с т е у ш і л е р і* талай заманнан бері оңай жемге айналдырып келеді (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.). **2.** *Ырқына көндіріп, дегенін істетуші.* Осы ауылды *б и л е п-т ө с т е у ш і* сен емес, ана суайт күйеу шығар, сірә, Жітіге саяқ деп бұл суайтқа әлгі жарапазаншы Қалекеш келіп қосылған (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

БИЛЕП-ТӨСТЕУШІЛІК з а т. *Ырқына көндірушілік, басқарушылық, билеушілік.* Озық ғылыми және шығармашылық интеллигенцияның өкілдері Жоғарғы Кеңес депутаттарына бұрынғыдан әлдеқайда көп сайланды, өздерінің сайлау қарсаңындағы науқанында Коммунистік партияның *б и л е п-т ө с т е у ш і л і г і н*, әкімшіл-әміршіл жүйенің кемшіліктерін сынауға құра отырып, ал кейде даңғаза ұрандарды көлденең тартып сайланған депутаттар да аз болған жоқ («Егемен Қазақстан»).

БИЛЕС[1]= е т. *Бірге билеу, қосыла билеу.* Аққу құстың тағы да, Көлдегі ойын сәніндей. Сыңқылдап, күліп, *б и л е с і п,* Қосылып айтқан әніндей (С.Сейфуллин, Шығ.). Еңкейіп иыққа иық тіреседі, Бұрыштап аяқтарын *б и л е с е д і.* Ұмтылып шаламын деп жігіт тартса, Дәу қара кейін қарай сіреседі (Ж. Саин, Күләнда).

БИЛЕС[2]= е т. *Басқарысу, билік етісу.* Кеше билеп тұрған жарқында, Ақылдас еді Сарекем, *Б и л е с п е с* деп тартынба (Қозы Көрпеш.).

БИЛЕТ[1] [франц. billit] з а т. **1.** *Пойызға, автобусқа не ұшаққа отыру үшін берілетін құжат.* – Мен сізге төрт *б и л е т т і ң* ақшасын санап тұрып жібергенмін, – деген жуан дауысты ағай тағы да осы автобуста келе жатқан тәрізденді (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Біз мінген вагон плацкартсыз, сондықтан *б и л е т і* барлардың кім көрінгені ерікті-еріксіз міне береді (С.Мұқанов, Есею жыл.). Бұрын *б и л е т* табылмай қалғанда елдің администраторға кіріп, жәй-жосығын айтып, керегін алып шығып жатқанын талай көрген (Ш.Құмарова, Қос шынар). **2.** *Кино, спектакль т.б. көру үшін берілетін құжат.* Біз жоғарғы қабаттағы көпшілік бөліміне өте бергенде, төменгі залда отырған контролер әйел бізге қолын созды. Біз *б и л е т і м і з д і* ұсындық (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). «ЧП» деген екі сериялы ғаламат кино шығыпты деп естіп, әрең *б и л е т* алғам (М.Мағауин, Бір ата.). **3.** *Белгілі бір ұйымға қатыстықты білдіретін құжат.* Партия *б и л е т і* мен инженерлік дипломды қалтама салып, Ертіс мыс балқыту заводына келдім (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.). Осында күздігүні тері жинаушы Секербай келіп еді, оқ-дәрісі мол екен, аңшылық *б и л е т і ң* жоқ деп сатпай-ақ қойғаны, антұрған (М.Мағауин, Ақша қар). – Комсомол *б и л е т* керек болса, ала қойыңдар, – деп Ережеп бүкіл бюродағыларды өзіне қарсы қойып алды (Ә.Нәбиев, Шолпан). – Партиялық *б и л е т т і* сен берген жоқсың, сондықтан да сен ала алмайсың, – деді Аспан түтігіп (О.Бөкей, Сайтан.). **4.** *Емтихан тапсырушыға қойылған сұрақтар жазылған қағаз.* Сен *б и л е т т е г і* сұрақтарды айтудың орнына мүлдем лағып кетіпсің (С.Жүнісов, Өшп. із.).

Әскери билет. ә с к. *Тұрғылықты жердегі әскери комиссариат тарапынан әскери қызметтен запасқа босап шыққан немесе кезекті шақырудан запасқа өткен әскери міндеттілерге берілетін құжат.* Қалтамда қатар жатыр документім; *Ә с к е р и б и л е т*, паспорт, партбилетім... Мұхиттың аржағынан естіп шуды, *Ә с к е р и б и л е т і м н і ң* ашам бетін (М.Әлімбаев, Құрбыма).

Кредиттік билет. э к о н. *Эмиссиялық банктер шығаратын және несиелік ақша орнына жұмсалатын құнбелгілер. К р е д и т т і к б и л е т т е р* ұғымы банк билеттері ұғымымен мәндес (Қазіргі эконом. анықтама.).

Лотерея билеті. *Ақшалай-заттай ұтыс ойынына қатысуға арналған билет.* Ол көбінесе газеттердегі лотерея тираждары кестесіне үңіліп, өзінің *л о т е р е я б и л е т т е р і н* тексерумен болған (Қ.Сауыркенов, Құмдағы.).

Мүшелік билет. *Белгілі бір ұйымға қатысты екендігін білдіретін ресми қағаз; құжат.* Мынау книжка Асқардың партияға *м ү ш е л і к б и л е т і* (С.Мұқанов, Ботакөз).

Шақыру билеті. *Той, салтанаттарға ресми түрде шақыруға арналған қағаз. Ш а қ ы р у б и л е т і* тасқа басылып таратылуы керек болды (Ж.Тілеков, Хинган асуы.).

БИЛЕТ[2]= е т. **1.** *Биді орындату.* Ол күні құлан атып келіп, кешке уәзірлерімен әңгімелесіп, кәнизәк-қыздарын *б и л е т і п*, сауық салып, ертең және аңға шығып, бір ұрғашы арыстанды өлтіріп, екі баласын тірі ұстап алып келді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Бір тойым болатыны сөзсіз менің Дәл қай күні екенін айта алмаймын. Бірақ...бірақ... Ешкімді де *б и л е т п е* й қайтармаймын (Т.Айбергенов, Құмда. мұнара.). **2.** *Бұралаңдату, ырғалту, теңселту, тербелу.* Жылға суын *б и л е т с е*, Жайма-шуақ әр күндер Орман, тоғай желдетсе, Әнге басар әлгілер (І.Жансүгіров, Шығ.). Ырысжан қысқа аяқтың қадамын қыбырлай көбейтіп, қоңылтақ кебістің табанынан шаң суырып сыза жөнелгенде, Әйкен әлдебір ауыр міндеттен құтылғандай талдырмаш денесін *б и л е т і п*, сыртқы дарбазаға қарай жүгірді (С.Сматаев, Алғашқы асу).

БИЛЕТ[3]= е т. **1.** *Басқарту, билік еткізу.* Дене менен жан – анау, көңіл – мынау, Қайсысына *б и л е т т і ң* байғұсым-ау? Ең түбінде – өзің кім, сенікі кім, Досың қайсы, өзіңе қайсысы жау? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ақыл – қанат, ғылым – дос, иман – серік, Жын-пері адамзатқа қылдың еркін. *Б и л е т т і ң* арзан қылып дүние-мүлкін. Ұшқан құс, жүгірген аң жел мен судың Жараттың бір жүзікте қылып кілтін! (М.Көпейұлы, Шығ.). Бір бөлек көш алдында қалың әскер, Ясукей ортаға алған батыр ханын. Татардан қолға түскен Темір ерге *Б и л е т к е н* әскерінің түгел бәрін (Ә.Найманбаев, Шығ.). **2.** *Бағындырту, билетіп-төстету.* Шыңғыс хан Жошы атты үлкен ұлын *Б и л е т т і* хандық құрып қазақ елін Жошыұлы Бату байтақ Сахараға тігіпті Алтын орда хандық туын (Тарихи жырлар). Ол Дешті Қыпшақ жерін бәйбішелерінен туған бір-екі ұлына *б и л е т і п*, өзі Мауереннахрдың әшекейлі алтын сарайлы бір шаһарына Ордасын аудармақ (І.Есенберлин, Алмас.). Ей, Алла, разымын салғаныңа, Жеткізбей арман-дамын алғаныңа. *Б и л е т і п* Шам, Бағдат, жетпіс әлем, Көндірдім талай елді пәрманыма (Ә.Найманбаев, Шығ.). **3.** а у ы с. *Ырқына көндіру, дегенін істету.* Ақтығымды біледі сол көкірек, Сол законге *б и л е т к е н* біздің жүрек. Алла берген қауіпті осы сырым Көрге бірге өзіммен барса керек (Абай, Тол. жин.). Ол адам домбыраны үйретеді, Бір айдай үйренгенше күн өтеді. Өлең мен шығырға жетік болып, Дауысын бармағына *б и л е т е д і* (Қисса-и тахир-Зуһра // Ғашық-наме). Асыл жүрек бермейді, шайтанға ерік Нәпсіге өз бойыңды *б и л е т п е с е ң*, Ақылың мол, сабырың болып берік (Ә.Найманбаев, Шығ.). Неге ертерек *б и л е т т і* екен бойын суық сезімге, Мен есімді балалықтан жаңа жиған кезімде?! (М.Шаханов, Ғасырлар.). **4.** а у ы с. *Меңгерту, ие ету.* Бірақ Садық секілді белсенділер астығымызды өзімізге *б и л е т п е д і*, бай-құлақтар арбалап тасып, қобы-қолатқа жасырып жатты, бір тілім нанға зарыққан заман туды (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

БИЛЕТСІЗ ү с т. *Билеті жоқ, билет алмай.* – Демьяныч! Ана қара! *Б и л е т с і з* өтіп барады! – деді де, иығынан мылтығын жұлып алып, Қайыққа қарай ұмтылды (Б.Аманшин, Жар мұңы). – Айнұр деймін, осы кешкі киноға кейбір балалар *б и л е т с і з* кіреді екен (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). Дүниеде еңбексіз жан дерексіз, Поездағы жолаушыдай *б и л е т с і з* (С.Сейітов, Жаңғырық.).

БИЛЕТУ *Билет*[2] *етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Басқарту, билік еткізу.* Земство деген – әр губерния, әр облыста жұртқа керек жұмысты өзіне *б и л е т у*, жұрттың өзіне істету (А.Байтұрсынұлы, Жаңа низам). – Колхоз тізгінін сыналмаған сенімсіз ойға *б и л е т у* одан да қиын. Іш тек осыған ғана ашиды, – дейді Жақып (Ғ.Мұстафин, Миллионер). **2.** а у ы с. *Ие болдыру.* Топ бастар серкеміз деп Әмірханды бет қойды *б и л е т у г е* мал мен жанды. Сыйса тек аз «соқырдың маңдайына» Туғызған мұндай сирек арыстанды (И.Байзақов, Ақбөпе).

БИЛЕУ[1] *Биле*[1] *етістігінің қимыл атауы, биді орындау.* Хан оларға ылғи тәтті тамақ пісіруші еді һәм оларға тілеген уақытта ойнауға, *б и л е у г е* рұқсат беріп қойып еді (М.Жұмабаев, Шығ.). Қанжармен *б и л е у* – кекті оқиғаның салдары деседі чечендер (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Ұршықтай үйіріліп, лыпып *б и л е у д е н* гөрі көбік қардың үстінде тұрған аюдай қорбаңы көп болса да, Бауыржан өзін шақырған әйелдерден бас тартпайды (Ә.Нұршайықов, Ақиқат.).

БИЛЕУ[2] *Биле*[2] *етістігінің қимыл атауы:* **1.** *Билік жүргізу, басқару.* Қазақ Россияға қараған соң, жоғарыда көрсетілгенше хүкімет қазақты *б и л е у* һәм соты турасындағы істерін түзетуге тырмысты, өйткенде де бірте-бірте сақтау мен түзетуге қазақтарға жаңа жолдың пайдалы екендігін көрсетіп, ыспатпен иланы-

дырып түзетуге тырысты (А.Байтұрсынұлы, Жаңа низам). Әуелі Кәф Нұндан ғалам етті, Жаратып топырақтан адам етті, Дүнияның түзігі үшін шаһ жаратып, *Б и л е у г е* пәрмен болды мемлекетті (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Бір-екі тасы болған надандардың Түкке тұрмас қыртылын тыңдап, мүлгіп. Бұлай болса хакімдік *б и л е у* болмас, Азат басты беру ғой қолдан құл ғып (XX ғ. қаз. ақын.). Декабр сиезінде автономия ресми жариялан ғанша уақытша қазақ-қырғыз істерін *б и л е у г е* Алаш орда сайланды («Қазақ»). **2.** *Бағындыру, билеп-төстеу.* Патша хүкіметінің әсерінен хан елден бөлектене бастады. Бұрынғы ата жолды тастап, елді Жәңгірдің «өзі» *б и л е у г е* ойланды. Қасына күзетші қылып орыстан әскер алды (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Ол әділдікті дәулетті адамдардың өзі құсаған оқыған балалары орнатады, ендігі жерде патша бүкім империясы жеке *б и л е у і н* қойып, бұқараға конституциялық жолмен еркіндік беруі керек деп ойлаған (Б.Аманшин, Көкжар). **3.** а у ы с. *Ие болу, меңгеру.* Мұны ұқпайды біреудің миы бірақ, Жыр жазады жоқ-барды жиі құрап. Жарты әлемді билеуден гөрі кейде Жеке басты *б и л е у і н* қиынырақ! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Ынсап пенен ынтаның Емі – өзіңді сәл *б и л е у.* Сенің де бір іңкәрің – Өз балаңды әлдилеу (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). **4.** а у ы с. *Ырқына көндіру, дегенін істету. Б и л е у і ң* – алдау, алдауың – қиянат, қиянатың – зорлық. Міне, осы ғой жүз жылдан бергі дала салты (Х.Есенжанов, Тар кезең).

Ел билеу. *Мемлекет басқару, халыққа басшы болу. Е л б и л е у г е* өнер керек мың түмен, Сонда ғана ашылады түн-тұман (Ж.Баласағұни). Жәңгір ноғай мүфтиінің қызын алды. Діннің әсері күшейді. Осы күнгі Орда тұрған Жасқұс деген жерге Жәңгір мешіт салдырды. Елге шариғат жайыла бастады. Ханның айналасына ноғайдың молдалары, хожалар көп жиылды. Бұлар *е л б и л е у* ісіне араласты (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Комитетке председатель, ағза болу бұрынғыдай болыс, би болып *е л б и л е у* момынға тізе көрсету екен деп адасты (М.Дулатұлы, Шығ.). Сондықтан Бұқар да үкімет мүшесі болған жоқ. Олар *е л б и л е у д і* өз тұстарындағы үрдіс бойынша жүргізді («Егемен Қазақстан»). *Е л б и л е у* жағы, көбінеки бұқарашыл (А.Байтұрсынұлы,.. Оқу құралы).

Өзін-өзі билеу. а) *Өз басына ие болу, өз дегенімен жүру.* Қасболат дөңбекшіп аунай түсті. Өзіне ызаланады. Тіпті *ө з і н-ө з і б и л е у д е н* қалған ба (Т.Ахтанов, Боран). ә) *Билік иесін өз ішінен тағайындау, ел басқаратын адамды сырттан алмау, ешкімге жалтақтамау.* Елдер бүгін ту көтеріп, ұран шақырып, *ө з і н-ө з і б и л е у д і ң* қамына кірісіп жатыр (М.Дулатұлы. Шығ.).

БИЛЕУШІ[1] з а т. **1.** *Мемлекеттегі ең жоғары лауазым иесінің құзыретін білдіретін жинақтаушы ұғым, әміршi.* Бойынан алпыс екі айла табылатын *б и л е у ш і* ғана өзінің де, елінің де басын аман алып жүре алып, айласыз, әупірім, алаңғасар қайырмалаған халық құрт-құмырсқаның кебін киіп, бет-бетіне безіп, бордай тозып кететін алмағайып заманның да туғаны шығар (Ә.Кекілбаев, Үркер). Ташкент *б и л е у ш і с і* Сұлтан-Махмұд хан көп әскермен келіп, Отырар уәлитін басып алды (І.Есенберлин, Алмас.). Хиуаның билеушісі парсының жаңадан болған әміршісі – өзін Тахмаспа шахтың құлымын деп атаған әтек Нәдірдің шабуылынан үрейлі болатын (Ә.Әлімжанов, Жаушы). Қырғыз *б и л е у ш і л е р і н і ң* Ресей мемлекетінің билігін мойындауға ыңғай беруі, әрине, қазақ ханының ерегесін туғызады (Ж.Қасиманов, Кенесары.). **2.** *Басқарушы, билік етуші.* Халықтар тарихы көбіне көрнекті, тіпті онша үздік емес, *б и л е у ш і л е р д і ң,* төрешіл және білікті басшылардың қызметімен толыға түседі (Н.Назарбаев, Тарих толқынында). Қаланы *б и л е у ш і л е р* мен дәулет иелерінің көпшілігі — қазақ даласын сүліктей сорған саудагерлер мен көпестер болатын (К.Оразалин, Абай аулы.). Қала халқы *б и л е у ш і л е р г е* қарсы көтеріліске шықты (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). Ежелден келе жатқан дәстүр бойынша егер, қала *б и л е у ш і л е р і* – ақсақал, саудагер, қожа-молдалар ұйғарса, қаланы көңілдеріне ұнаған адамға тапсыратын (І.Есенберлин, Алмас.). **3.** а у ы с. *Ие, иелік етуші.* Шалық, қоянның жын соғуы – бәрінде де не бар, *б и л е у ш і* рух бар деп жориды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Тілсіз жаулардың иесі, *б и л е у ш і с і* бар екен, солардың тілін, сырын біліп, сөре түсіріп, жалынып-жалпаятын адамдар табылмас па? (Ж.Аймауытов. Шығ.). Қазақтар түсінігі бойынша найзағай – бұлттардың *б и л е у ш і с і,* бір періште жаңбыр жауғызуға қарсы тұрған қаскөй шайтанға қарсы оқ атуынан болады-мыс (Қаз. әдет-ғұрып.).

Ел билеуші. *Ел басқарушы, билік жүргізуші.* Баққұмар әкесі оны *е л б и л е у ш і,* озбыр болыс болар деп күткен еді (М.Қаратаев, Туғ. әдеб.).

Құл билеуші. с ө й л. ***Құл иеленуші.*** Неге десеңіз, ертеде грек, рум, күн шығыс халықтары көбінесе екі тапқа бөлінген, *қ ұ л б и л е у ш і л е р,* құлдар (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БИЛЕУШІ[2] з а т. *Би билеуші, билеп жүрген адам.* Жанға жайлы музыка әуені. Екеу-екеу

би *б и л е у ш і л е р* (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

БИЛЕУШІЛІК с ы н. *Әмір етушілік, үстемдік құрушылық.* Уставта: сұлтандардың қазақ үстінен қарайтын помещиктік немесе *б и л е у ш і л і к* правосы жоқ, заңдық жағынан олардың правосы басқа казақтармен теңгеріледі (ҚазССР тарихы).

БИЛИВЕРДИН з а т. б и о л. *Өттің жасыл пигменті, билирубиннің тотығуының нәтижесінде түзілетін зат.* Бауырда холеглобиннің құрамынан темір мен глобин молекуласы бөлініп, *б и л и в е р д и н* түзіледі (Қаз. тілі термин. Биология).

БИЛИНГВИЗМ [лат. bi – екі, lingia – тіл] з а т. ***Қостілділік.*** *Б и л и н г в и з м* – психологиялық, әлеуметтік, тілдік құбылыс (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Б и л и н г в и з м* қоғамдық сатылардың бәріне тән (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

БИЛЛАҺИ [ар. بالله] з а т. *Алланың бір аты.* Сіз «Әмәнту *б и л л а һ и* кәмаһуә би әсмайһи уасифатиһи» дедіңіз. Ол есім Аллалар һәмма ол Алла тағаланың фиғыл ғәзимләрінің аттары, олардың мағынасын біл (Абай, Тол. жин.). Абай далам, көңілің жабықпасын, Мұхтар болып даңқыңды анықтасын. Жаңа заман бұлбұлы Бибігүлің, Биігінде, *б и л л а һ и,* шарықтасын, Сайрауынан бұлбұлың жалықпасын! (М. Мақатаев, Шығ.).

БИЛЛИОН [франц. billion] с а н. *Мың миллиард, 10/12 түріндегі сан.* Кейбір елдерде (Англия, Германия) *б и л л и о н* деп 10^{12} санын атайды (ҚҰЭ).

БИЛЛЬ [лат. bulla – мөр басылған құжат] з а т. з а ң. *Ел Парламентінің қарауына ұсынылған заң жоба* (Орыс.-қаз. экон. сөздігі).

БИЛЬЯРД [франц. billard<bill – шар] з а т. с п о р т. *Арнайы үстел үстінде, шарларды арнаулы таяқшалармен атып, торлы ұяларға түсіретін ойын, тасқаяқ.* Айнагүл *б и л ь я р д т ы ң* шаригіндей зыр қағып, біресе Фрунзенің ана көшесіне, біресе мына көшесіне кіріп, бірақ сырқат жанның үйін еш таба алмай қойды (И.Жақанов, Қайта орал.). Колхоз клубында Айнагүл *б и л ь я р д т а,* ондаған газет, журнал алып тұратын, мыңдаған кітабы бар кітапханасы да, аптасына үш рет кино көрсететін киноқондырғысы да бар (Б.Тоқтаров, Қыран.). *Б и л ь я р д т ы ң* астанасы Үндістан мен Қытай саналады (ҚҰЭ).

БИЛІК[1] з а т. **1.** *Басқарушылық, басшылық, әкімшілік.* Қазағым, бұл ғадетті тасталық та, Халықты тура жолға басталық та. Волост, *б и л і к,* ауылнайлық, выборныйлық, Қимайтұғын соншама падишаһлық па? (М.Дулатов, Шығ.). **2.** қ о ғ.-с а я с и. *Үкімет, мемлекетті басқару органы.* Көшеде ереуілге шыққан зейнеткерлер мен студенттер еліміздегі алпауыттар мен олигархтарға талап қоймай, *б и л і к к е,* жергілікті әкімшілікке ашу-ызасын наразылығын білдіріп жатпай ма? («Егемен Қазақстан»). *Б и л і к* сайлаудың легитимді және адал өтуіне мүдделі («Айқын»). Әкімшілік ғимаратының алдына зейнеткерлер жиналып, өз талаптарын қойса, бұған әншейін тобыр деп қарауға болмайды. Бұлар – өздерінің заңды талаптарын *б и л і к к е* білдіруші қала азаматтары. Олар ешқандай деструктивтік күш емес («Егемен Қазақстан»). **3.** а у ы с. *Мансап. Б и л і к к е* қарай қол созба, Жақсы оның бәрі деп. Сөзіне қарай кісінің, Деме елдің қоры деп (Қабан жырау, Алтын қазық). Ал мансап – *б и л і к* жөніне келсек, сол ажырықты дәл қазір менен ешкім алмай отыр емес пе (Қ.Жұмаділов. Тағдыр). Дәулет айтқандай, меңдік қана емес, *б и л і к т е н* дәме еткен шайпау қатындардың бірі болса, Қойшыбай үлкен ерлік жасаған (С.Бақбергенов, Кентау).

Атқарушы билік. қ о ғ. *Демократиялық мемлекеттегі мемлекетік биліктің бір тармағы.* Парламент, сот, үкімет, *а т қ а р у ш ы б и л і к т і ң* барлық деңгейдегі органдарының қызметіне конституциялық бақылау орнатылады (Н.Назарбаев, Ғасырлар тоғ.). Біріншіден, өткен сайлауда *а т қ а р у ш ы б и л і к т і ң* көмегімен өткен депутаттар көп. Сондықтан олардың әрбір заң жобасының талқылауына әсері бола қоймайды («Жас Алаш»).

Билігін асыра пайдалану. қ о ғ. *Лауазымды адамның өз құқылары мен құзыретінің шегінен шығып кететін, азаматтардың, ұйымдардың, қоғамның не мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеліп соғатын іс-әрекеттерді қасақана жасауы. Б и л і г і н а с ы р а п а й д а л а н у* мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстарға жатады (ҚҰЭ). *Б и л і г і н а с ы р а п а й д а л а н у* адамның денсаулығы мен өміріне зиян келтіру, мүлікті бүлдіру не жойып жіберу т.б. ауыр салдарларға соқтырады (ҚҰЭ). *Б и л і г і н а с ы р а п а й д а л а н у* ҚР қылмыстық заңы бойынша мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы қылмысқа жатады (Қаз. тілі термин. Заңтану.).

Билік басына жетті [келді]. *Мансапқа ие болды, басқарды.* Көңіліне желік енеді, Шыдамай Есет келеді *Ж е т к е н ш е б и л і к б а с ы н а.* Бір уақытта тамаша... Бұрылып Есет қараса, Баймырза келед қасына (М.Дулатов, Шығ.). Мыңатар *б и л і к б а с ы н а к е л е* сарайға тарту жөнелтті. Тағы дәтнама жазып, кесек

алтын, кесек күміс, екі алтын аса таяқ, жеті ат, он түйе сыйлады («Жалын»). Диктатор С.Хусейнге тағылар тағы бір айып ол *билік басына келгеннен* кейін соған жетуге көмектескен барлық жолдастарының бәрін қырып жіберуі болып табылады («Егемен Қазақстан»).

Билік басына келу. *Мансапқа ие болу.* Сталиндік тоталитарлық жүйеден азат жаңа күштердің *билік басына* көптеп *келуі* елдегі демократияландыру процесін қарқынды дамытуға ықпал ете бастады («Егемен Қазақстан»).

Билік бөлу. қ о ғ. *Демократиялық-құқықтық елде мемлекеттік билікті бір-бірінен тәуелсіз, дербес тармақтарға жіктеу.* Әрине, *биліктi бөлудің* конституциялық принципі мен олардың тепе-теңдігін іске асыру мемлекеттік билік органдарының арасындағы еңсерілмейтін тартыстарды азайтып немесе болдырмау үшін олардан жоғары жауапкершілікті талап етеді («Егемен Қазақстан»). Қазақстанда *биліктi* тармақтарға *бөлу* принципі елдің конституциялық құрылысы негіздерінің бірі ретінде жүзеге асырылады (ҚҰЭ). *Биліктi* тармақтарға *бөлу* құқықтық-саяси ұстынның басты мақсаты – билікті бір адамның, не бір мемлекеттік органның қолына ғана шоғырландыруға жол бермеу (ҚҰЭ).

Билік бөлісу. қ о ғ. *Демократиялық-құқықтық елде мемлекеттік билікті тәуелсіз, дербес тармақтарға жіктесу.* Аумақтық демократиялану кезеңі деп атаған тұста, аумақтық бөліктерге бөлінген әкімгершілік жүйенің әр деңгейдегі органдары арасында *билік бөлісудің* басты мәселеге айналуы тегіннен-тегін емес (Н.Назарбаев, Ғасырлар тоғ.).

Билік жүйесі. қ о ғ. *Мемлекеттік биліктің тәртібі.* Бір жағынан қанды қырғын ала келген жоңғар экспансиясы, екінші жағынан мысықтабандап жылжи бастаған Ресей империясы қазақ қауымын тұтастандыруды, халықты, оның жерін сақтап қалу міндетін шеше алатын, бір орталыққа бағындырылған *билік жүйесін* қалыптастыруды талап етті («Астана ақшамы»).

Билік иесі. *Басқарушы, ел билеуші.* Құнанбай өз басы бір шешеден жалғыз, бәйбішенің жалғызы. Қара шаңырақ иесі. Қалың дәулет пен әмір, *билік иесі* (М.Әуезов, Абай).

Билікке таласты. *Сайлауға түсті, басқармақ болды.* Бұл мәжілістер бір мәрте болмай, бірнеше күндер ақылға салынып, ақырында Сәрсенбай *билікке таласпақшы* болды (М.Дулатов. Шығ.).

Билік құрды. *Басқарды, биледі, үстемдік етті, бағындырды.* Болыс боп Сұлтан залым алды бекіп, Нашарға *билік құрды* дүрілдетіп. Малын да, ақшасын да күшпен зорлап, Алатын қалың елді зар еңіретіп (К.Әзірбаев, Таңд.). Бейбарыстан кейін *билік құрған* Қалауын сұлтанның сүйегі де беріш тайпасынан екені бүгінде талас тудырмайды (С.Абдрахманов, Елдік сыны). Уа, Досеке, он бір жасыңнан, атқа міндің, *билік құрдың,* көп жасадың, көпті көрдің. Мына бізге бір ұлағатты сөз айт (А.Ысқақов. Тапқырлық). Аңқылдаған не таптым аққөңілден, Несіне ердім сайтанға жат көрінген?! Өмір деген біреу бар *билік құрған,* Билігінен мен соның қақ бөлінгем (М.Мақатаев, Шығ.).

Билік орнады. *Басқарушылар келді, бағындырды.* Жаңа *билік орнай* қалған жағдайда, шиттер өз билігін кеңейтіп алуды мақсат етіп отыр (Жас Алаш).

Билік орны. қ о ғ. *Басқарушылар, үстемдік етушілер.* Бүгінде *билік орындары* қоғамдағы әртүрлі этникалық топтарды өзара кіріктірудің ұтымды жоспарын жасай алмай отыр («Жас Алаш»).

Билік плюрализмі. қ о ғ. *Әртүрлі көзқарастағы, позициядағы топтардың билікті алуы.* Кейбір Европа елдеріндегі әлеуметтік құрылымның күрделіленіп кетуі, белгілі *билік плюрализмінің* қалыптасуы әлеуметтік тартыстарды шешудің жаңа әдістерін іздеуге мәжбүр етті (Н.Назарбаев, Ғасырлар тоғ.).

Билік тармақтары. қ о ғ. *Демократиялық-құқықтық мемлекеттегі мемлекеттік биліктің заң шығару, атқару және сот қызметіне бөлінген тармақтары.* Бірақ қиындықтарға қарамай, бүгін *биліктің* барлық *тармақтары* жұмыс істеуде, еліміз Конституция мен заңдар негізінде өмір сүріп отыр (Егемен Қазақстан). Олардың арасында тежеу мен тепе-теңдік жүйесінің болуы, яғни дербес *билік тармақтарының* өзара үйлесімділігін сақтау, олардың заңға бағынуын қамтамасыз ету принципі демократиялық, азаматтық қоғам орнатып, құқықтық мемлекет құруға берік негіз қалайды (ҚҰЭ).

Биліктен айырылды. *Мансаптан айырылды, басқармайтын болды.* Өйткені бір кезде қолындағы *биліктен айырылып* қалғысы келмей, патшалық езгіге қарсы алдымен бас көтерген әлеуметтік топ енді жымысқы отаршылдықтың жылпостығына ылығып, оның құрған шырмауығына өзі шырматыла түсті («Егемен Қазақстан»).

Билік [қолға] тиді. а) *Билікке ие болды, үстемдік етті.* Күмістің тойы тарқамай жатып Керімбет дүние салды... Ағыл-тегіл жылау болды, жоқтау болды... Сонан соң *билік* биолдарға *тиді.* Дәуір көтерілді. Осы өңірге

аты әйгілі бір хазірет, бір хари мәйітті ортаға салып қойып екеу ара бір Құранды біріне-бірі біресе беріп, біресе алып Керімбеттің он үш жасынан бергі кінәларын санап адақтап шықты (Е.Домбаев, Шығ.). Осыншама ақылды кімнен, балам, үйрендің? – Ішіндегі шалдардан анау қараша үйлердің. Бірін төре, бірін би етсем деген ойым бар, Бабам қолдап бір кезде маған *б и л і к т и г е н* күн (М.Мақатаев, Шығ.). Көп сыр ұқтық көкіректі шер тілгенде Ақыл қосты «Атом» зарын білген де. Империя құрамында тұтылсақ, Тез құтылдық қолға *б и л і к т и г е н д е* (К.Салықов, Жезкиік). ә) ж а ғ ы м с ы з. *Мансапқа ие болды.* Хатшы болып сайланған соң, бұрын еті тірі қыз, Бар *б и л і к т і қ о л ғ а а п* алды, сол боп алды піріміз (М.Шаханов, Ғасырлар.). *Қ о л ы н а т и с е б и л і к* едіреңдеп, Болады өкімдікпен өрім өрмек. Өзінің жетпесе де өресі оған, Тұрады: «Мен бармын ғой, өндірем!» – деп (Е.Әукебаев, Таң шапағы). Кейде Құдай тұтасың мырықтарды. Кім оңоңай бастыққа кіріп барды?! Малайыңның *қ о л ы н а б и л і к т и с е*, Талайыңды қояды кіріптар ғып! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Билік үстемдігі. з а ң. *Белгілі бір аумақта қоғамды басқаратын және оған пайдалы қызмет жасайтын, соның барысында мемлекеттік саясаттың атқарылуы мен орындалуын қамтамасыз ететін ырықтандыру аппараты болатын, жалпыға бірдей міндетті заңдар мен басқалай да актілерді қабылдап отыратын егеменді көпшілік билігінің саяси ұстанымы* (Қаз. тілі термин. Заңтану.).

Жергілікті билік. қ о ғ. *Белгілі бір жердегі, аймақтағы билік.* Осылайша, *ж е р г і л і к т і б и л і к* Кох індетінің бетін қайтаруға әрекеттенуде («Жас Алаш»).

Мемлекеттік билік. қ о ғ. *Экономикалық, саяси, құқықтық, әскери, рухани және отбасылық билік түрлерінің арасында қоғамдық дамудың ұйытқысы, әрі саяси күрестің негізгі нысаны.* Қазақ ұлттық мемлекетінің шаңырақ көтеруі Ата Заңының, Ұлттық мемлекеттік рәміздердің қабылдануы, *м е м л е к е т т і к б и л і к* органдарының орнығуы, көрші елдермен шегара проблемасының шешілуі сияқты мемлекеттік құрылыстың өзекті мәселелерін шешудегі Елбасының, Қазақстан өкіметінің саяси толыққандығы, парасаттылығы өз алдына әңгіме желісі боларлығы сөзсіз («Егемен Қазақстан»).

Сот билігі. з а ң. *Биліктің сот қызметіне қатысты тармағы. С о т б и л і г і н і ң* барлық буындары ішінде билер соты ғана сайланды, ал *с о т б и л і г і н і ң* басқа органдарын патша әкімдері тағайындап отырды («Халық мұғ.»).

Шексіз билік. қ о ғ. *Шектеусіз, барлық билік. Ш е к с і з б и л і к* бір қолға, атап айтқанда, КОКП Орталық Комитетіне, ат төбеліндей аз ғана топтың қолына жинақталған, кадр және өмірге қажетті барлық мәселелерді, тіпті басқа бір мемлекеттің жеріне әскер кіргізуге дейін солар шеше салатын бір заман-тын («Егемен Қазақстан»). *Ш е к с і з б и л і к* иесі монархтарға шекелей қарайтын (Ә.Кекілбаев, Шығ.).

БИЛІК[2] з а т. **1.** т а р. *Билердің даугерлерге айтқан кесімі, төрелігі, үкімі. Б и л і г і н* бұрмай тура айтқан Төбедей билер төрде жоқ (Базар жырау, Шығ.). Бұл *б и л і к т е н* кейін Дүйсебек, Сәрсенбайлар Байжанның барымтаға алған жылқыларын сұрап биге түсіп еді, билер мұны қарсы дау деп атқаз қылды (М.Дулатов. Шығ.). Табуға ақыл қиын, *б и л і к* оңай, Дағуаны тұтпау қиын, бұйрық оңай. Құдайдан, һәм әкімдерден ұялмасаң, Алатын пара, пайда, сыйлық оңай (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Халық шариғат жолынан қисық жатса, шариғатпен айтамын деген *б и л і к* құр бос қалмай ма? (Ә.Бөкейханов, Шығ.). **2.** *Жарлық, бұйрық, әмір. Б и л і г і ң* берекелі болса көркем, Басыңа тұра алмайды бақыт қонбай. Сұлудың әдептісі, жасығы бар, Өсекші, бай жануға машығы бар (Ә.Найманбаев, Шығ.). Би жолдасы көрініп биге айтты, Би сынының шындығын анық тапты. Мал *б и л і к,* жан *б и л і г і* содан берік, күнненкүн Сабалақтың қадірі артты (Тарихи жырлар). **3.** з а ң. *Қылмысты іс жөніндегі шығарылған сот үкімі, шешімі.* Мекапардың сөзінен мені танып, *Б и л і к* айтар сотың да сот-ақ екен. Кісіден зорлық көріп кетсе де ақыл, Сот алдына бармауым менің мақұл (С.Торайғыров. Таңд.). Халық соты Істі ақтара тексеріп, айналдыра қарап *б и л і г і н* шығарды (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ). Батырхайыр көнбей Сенатқа арыз берген. Сенат палатаның *б и л і г і н* бұзып, істі сол палатаның қарауына қайтарған (М.Дулатов. Шығ.). **4.** а у ы с. *Ерік, ықтияр.* Фазылыңмен сақла мені сабр беріп, *Б и л і к* жоқ бұл фитнада аслан менде («Қазақ»). Ұлы ханды жәбірлеуге соншама, Кім берді оған *б и л і к т і?* Кеткен екен тіпті көзі қарайып (М.Шаханов, Ғасырлар). Осы заман шағында Батыр да бар, би де бар. Көрдемшенің *б и л і г і* Төрде жоқ та үйде бар (Кердері Әбубәкір, Қазағым). **5.** а у ы с. *Тағдыр, кесім.* Шығайда бір жақсы адам іске аспаса, *Б и л і г і* мырзалардың қалды құлға (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Қайран аңқау дара тұлға Аңғармапсың қанатыңа Жасырынған түлкіні Өрлігіңе осы болсын сыйлығым, Саған қидым бұл сатқынның *б и л і г і н* (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Адал билік. *Әділ билік, дұрыс төрелік. А д а л б и л і к* айтатын адам рабайда бір қатыннан туады деген рас (А.Тоқмағамбетов, Жыр.).

Баста билік қалмады. *Еркінен айырылды, өзгенің дегенімен жүрді.* Малда ерік, *б а с т а б и л і к қ а л м а д ы.* Бұғып жүрген болыстардың, ауылнайлардың аруағы көтеріліп, елге бата қимылдап, ақыра бастады (І.Жансүгіров, Шығ.).

Басынан билігі кетті. а) *Еркінен айырылды, бодан болды.* Біріндей бозбаланың Мақпал едім, *Б а с ы м н а н б и л і к к е т і п,* болмады еркім (Базар жырау, Шығ.). Ер басына жау келсе, Ерлігі кетер басынан. Би басына дау келсе, *Б и л і г і к е т е р б а с ы н а н* (С.Сейфуллин, Шығ.). ә) *Қартайды, дәурені өтті.* Келін менен балаға Қонақ болған уақытта, *Б а с ы н а н б и л і к к е т к е н* соң Кемпір менен шал жетім (Ақберен).

Билігі асқан. *Ерекше үстемдігі бар, басымдығы мықты.* Жайылхан ұлы Майқы би *Б и л і г і а с қ а н* ер екен, Қадірлі жұртқа жан екен. Қазақ ханының ішінде Дабысы шыққан бар екен (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Батыр емес, қария, қатындар бар бұл елде, Беруге әзір барлығын *б и л і г і а с қ а н* біреуге. Батырлар жоқ бұл елде, қатындар бар бұл елде, Әркім қара басының амандығын тілеуде (М.Мақатаев, Шығ.).

Билігі жүрді. *Дегені, айтқаны болды.* Әліби – заты жуас кісі. Үй ішіне *б и л і г і ж ү р е б е р м е й д і* (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Билігін бұрмады. *Әділ болды, әділ төрелік етті, ешкімге іші бұра тартпады. Б и л і г і н б ұ р м а й* тура айтқан Төбедей билер төрде жоқ (Базар жырау, Шығ.).

Билігінен айырылды. *Еркінен айырылды, бодан болды.* Ордаң опат, айырыл елдігіңнен, Босамасын басың бір шерлі күннен, Тоз-тоз болып ұрпағың әр қиянда, *Б и л і г і ң н е н а й ы р ы л,* тендігіңнен! (М.Мақатаев, Шығ.).

Билік айтты. а) *Бұйырды, әмір етті.* Таусылмас би Шонтының әңгімесі Талайдың *б и л і к а й т қ а н* алдын орап (Кердері Әбубәкір, Қазағым). *А й т а* ма қатын *б и л і к* өр болмаса, Қатынның сәні бар ма ер болмаса? Керегіңнің бәрі түгел өкпелеме, Харамда көңіліңде жел болмаса. Егерде екі қатын бірі өліп, Төсектен ықластан кем болмаса (Кердері Әбубәкір, Қазағым). ә) *Үстемдік етті, төрелік айтты.* Көмекейі кімнің көп болса, *Б и л і к а й т т ы* қауымға. Елек, Жайық – кең қоныс Үй басына бөлінген Жарамады шабынға. Жылдан-жылға қалып тұр Мол дүние шығынға (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Байқамай басым қатты Хақ бұйрығын, Таңдаман мен сіздерді ең жүйрігің. Тартпаймын біреуіңді тәуір көріп, Екеуің бұл жұмыстың *а й т б и л і г і н*!» (Ә.Найманбаев, Шығ.). Аң аулайды, шеркеш руының даушарына *б и л і к а й т а д ы,* өзіне мұра боп қалған қол астындағы ауылдардан алым-салық жинайды (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Сөзімді жеткізуге, тақсыр Мекең Бір атты назырқанбай, алар ма екен? Мекапардың сөзінен мені танып, *Б и л і к а й т а р* сотың да сот-ақ екен (С.Торайғыров. Алаш ұраны).

Билік алды. а) *Басқарды, билік айтты, үстемдік етті.* Жетпіс келсең сексен тұр арағырақ, Барсаң, тұсау салады тарағырақ. Үш жүзге басшы болып өтсең-дағы *Б и л і к т і а л а д ы* екен қатын, бала-ақ (Шал ақын). ә) *Билікке ие болды, мансапқа ие болды.* Парасатты әкімдерден бұйрық алдың, Ұрыдан пайда етем деп сыйлық алдың. Әуелі білгендерден ақыл алмай Таласып не етейін деп *б и л і к а л д ы ң* (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Билік берді. *Біреуге бағыныштылды болды, билетті, бағынды.* Малдыға изең қағып, көңілін бағып, Басымдағы елді алдың құр «алдалап». Тоқтам қыл, *б и л і к т і б е р,* мүшелерім! Осыны «ождан» сүймей жатыр зарлап (І.Жансүгіров, Шығ.). *Б и л і к б е р і п* біреуге, Аз нәрсеге алданба. Бетіңе болар кіреуке, Жалбақтап жолда жалданба (Б.Күлеев, Таңд.).

Билік жүргізді. *Әмірін өткізді, үстемдік етті, басқарды.* Өзінен сегіз жас үлкендігі бар Айдаш бұған бірінші рет *б и л і к ж ү р г і з д і* (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң).

Билік жүргізу. *Әмірін өткізу, үстемдік ету, басқару.* Өзіңді-өзің бағындыруға, өзіңе өзің *б и л і к ж ү р г і з у г е* кішкентайыңнан үйрен (М.Әлімбаев, Тәрбие).

Билікке таласты. *Төрелікке разы болмады, қарсылық білдірді. Б и л і к к е* қатын барып *т а л а с а д ы,* Себебі би болудың тастан болды (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Билік қылды [етті]. *Басқарды, үстемдік етті, бұйырды.* Пысығы екі жақтың *б и л і к қ ы л д ы,* Құрақпай бәрін алдап қулық қылды. Қолдағы біраз малды аямастан, Болыс пенен билерге сыйлық, қылды (К.Әзірбаев. Шығ.). Жайсандарға жарлы емес қой біздің қыр, Жақсылардың жанарынан сүздім нұр. Әділдік деп ойлайсың ба, Алайда Көк аспанға *б и л і к е т с е* құзғын бір? (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Ашуын үнсіз ғана тек білдіріп, Ызбарын көзбен қарап, кетті тұрып. Әлде бір несиесі бар адамдай Қараш та едірейді, *е т т і б и л і к* (Қ.Бекхожин, Үш кезең).

Билік Олимпі. б е й н е. *Билік басы, үкімет.* Саясаттанушылар әртүрлі тон пішіп, сан-саққа жүгірткен пікірлер АҚШ-тың *б и л і к О л и м п і н д е г і* біраз былық-шылықты күні бұрын ашып та қойған («Егемен Қазақстан»).

Билік шығарды. *Үкім, төрелік айтты.* Ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендіктен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды, толық *б и л і к ш ы ғ а р ы п*, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек еді, ондай кісі аз яки тіпті жоқ (Абай, Тол. жин.).

Қисық билік. *Дұрыс емес, қате билік, теріс төрелік.* Шариғатта *қ и с ы қ б и л і к* айтқан бидің орны дозақта деген (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

Қолда билік жоқтық. *Еркінен айырылған, шарасыз.* Бір жас жігіт алға шықты: Сіздіңше, ең ауыр жаза өлу ме? Ауыр жаза – тірі қалып, өзінің Тауысып бар төзімін, Қателігін өз көзімен көруде, Және оны түзетуге *Қ о л д а б и л і к ж о қ т ы ғ ы н а* көнуде (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Қолында билігі бар. *Басқарушы, қызметі бар, мансапқа ие. Б и л і к б а р* деп *қ о л ы м д а* дарылдама! Дарын емес, Сендегі қарын ғана! Қайсы қоғам, Қай елде, Қай кезде де, Өзгермейтін саф алтын – дарын ғана! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Теріс билік бермеді. *Қара қылды қақ жарған әділ болды, турашыл болды.* Адамзаттың баласы Ата-анасы бір деймін. Әділетімді аударсам Елдің жүзін көрмеймін. Жеткенінше ақылым *Т е р і с б и л і к б е р м е й м і н* . Ат басындай алтынға, Нәпсі бөліп ермеймін (К.Әзірбаев Таңд.).

БИЛІКАҚЫ з а т. т а р. *Дәстүрлі қазақ қоғамында қылмыстық және азаматтық істерге қатысты төрелік айтып, шешім шығарғаны үшін билерге, қазыларға төленген ақы, сот алымы.* Істі қараған билер де билік айтқаны үшін *б и л і к а қ ы* алып отырған (ҚСЭ). Істі қарағаны үшін билер мен сұлтандар ерекше ақы *б и л і к а қ ы* алып отырған (Б.Беркімбаев, Халық мұғалімі). Құнға келген малдың тең жарымын *б и л і к а қ ы с ы* бар, басқасы бар Қуанай хазірет пен Ақшолақ бөліп алды (Б.Аманшин, Көкжар). Әдетте *б и л і к а қ ы* кінәлі жақтың ағайын-туыстарының қатысуымен, жариялы түрде өткізілген (ҚҰЭ).

БИЛІККҰМАРЛЫҚ з а т. *Билікте болуды, билік етуді жақсы көрушілік.* Бұқара мен билік, ауқаттылар мен жоқ-жітіктер арасындағы атшаптырым алшақтық, экономикалық енжарлық және саяси самарқаулық, сыбайлас жемқорлық, олигархиялық байлыққұмарлық пен *б и л і к қ ұ м а р л ы қ* та содан (монополизмнен) өрбитіні сөзсіз («Егемен Қазақстан»). Қысқасы, *б и л і к қ ұ м а р л ы қ* өз дегенін істеп, соңғы сәтке дейін биліктен айырылғысы келмегендіктен опық жеді («Қазақст. әйелдері»).

БИЛІКСІЗ с ы н. **1.** *Рұқсатсыз, келісімсіз.* Болыстың өзі де Хамидолладан *б и л і к с і з* аяғын аттап баспайды деседі. Облыспен келіспей, *б и л і к с і з* кіріп кеткеніңіз қалай? (Х.Есенжанов. Ақ Жайық). **2.** *Өз басында ықтияры жоқ, еріксіз.* «Ха-ха-ха! *Б и л і к с і з* тек ұрғашы ма? – Дейді жел, – түсініп көр бұл ғасырға! Қаңбақтай жел аударған, домалаған Халқының қандай ерік тұр басында?» (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

БИЛІКШІ з а т. **1.** *Ұйымдастырушы, билік айтушы.* Үй ішіне қатысты ірілі-ұсақты мәселенің қандайына болса да *б и л і к ш і* – шешем. Бәріміз соны тыңдап, соның ақылымен іс етеміз (Б.Соқпақбаев, Балалық шақ.). **2.** қ о ғ.-с а я с и. *Билік жүргізуші, басқарушы.* Бөден басқарудың ең жақсы түрі абсолютизм деп тапты. *Б и л і к ш і* заңды өзгертуге де құқылы, бірақ өзі ешқандай заңға бағынбайды («Ана тілі»).

БИЛІКШІЛ с ы н. *Биліккұмар, билік айтқыш.* Ол (Аристотель) күллі қоғам мүддесін көздеп отырған билікшіні монарх, *б и л і к ш і л* топты аристократия, көпшілік билігін полития деп атады («Егемен Қазақстан»).

БИЛІКШІЛІК з а т. қ о ғ.-с а я с и. *Биліккұмарлық, билік айтқыштық.* Ол үшін бізде де қоғамның жоғарғы қабатында элитаның *б и л і к ш і л і к* және басқару қызметінің көп алдындағы мөлдірлігі мен легитимділігін күшейтіп, билік пен бизнестің аражігін ажыратып, әлеуметтік сенімділікті нығайту ауадай қажет болып отырғанын жасыра алмаймыз («Егемен Қазақстан»).

БИМАҒЛҰМ с ы н. с ө й л. ***Беймәлім.*** Біліп ешкім айта алмас, *Б и м а ғ л ұ м* жасымда, тас жүректі такаббар, тап бергенде асыға (М.Әлімбаев, Жүрек.). Әрине, оның тағдыры немен біткені бізге *б и м а ғ л ұ м* болып жүрді (Ж.Молдағалиев. Торғай.). Күмілжіп, күйің келмей тұр ма, жаным? Қояйын бір сапырып жыр қазанын. Біле ме жұрт, білмей ме, *б и м а ғ л ұ м,* Тарғыл тасты таулардың бір қазағын (М.Мақатаев, Шығ.).

БИМАҚ з а т. к ө н е. *Мағынасыз, мәнсіз, пәтуасыз, бос.* Дос болма майда тілді күлгенменен, *Б и м а ғ ы н а* сырты жылтырап жүргенменен, Әркім де өз дегенін істеп жатыр, Итке айып сала ма үргенменен (Шал ақын, Өлеңд.).

БИМАЗА с ы н. с ө й л. ***Беймаза***. Арамзадан би түрса, *Б и м а з а* тапқан секілді. Жайлаудағы қойларға Аш бөрі шапқан секілді. Парасыз келсе басқарып, Паралы кісі кез келсе, Иманын сатқан секілді (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Жаныңда жалын, бойыңда мол намыс, іске деген ынта бар екен. Мен өзім де сондайды жақсы көретін, *б и м а з а* адаммын (М.Иманжанов, Менің махабб.). Күйеуге берген қыз ба, бермеген бе, Жел өсек қыз соңынан ермеген бе,

Кеткен соң көңілім қатты сұрап тұрмын, Айып етпе, *б и м а з а* етіп тергегенге (Қаз ақын. шығ.). Бұл өзі ебелектей ұшып-қонған, ызақор, заржақ, өте *б и м а з а* қыз (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.).

БИМАЗАЛЫҚ з а т. с ө й л. ***Беймазалық.*** Адамзаттың нағыз тыныштық деп атар күйінде де *б и м а з а л ы қ* сабырсыз әрекет болғаны ғой (М.Қаназов. Сонар).

БИМАЛАЛЫ с ы н. к ө н е. *Иманды, иманжүзді, инабатты.* Бақыт қайда барасың? – Сыйлай білген молланы, Діннің жолы қорғаны, *Б и м а л а л ы* үйге барамын (Қабан жырау, Алтын қазық).

БИМӘЛІМ [ир. ар.] с ы н. с ө й л. ***Беймәлім***. Келсе де көк найзадай қадалғысы, Сыр бермей суық көзі, қатал түсі. Сызы мол, салмағы ауыр алапаттың *Б и м ә л і м* қала берді амал-ісі (М.Әлімбаев, Өшпес от). Ілияс ағайдың моласының басында белгісі бар ма, жоқ па, ол маған *б и м ә л і м* (С.Омаров, Дала қызы). Инженердің ұйықтап отырғаны, ояу отырғаны *б и м ә л і м*. Қабен бұл кісіні Мұнайлыға келген бетте білген (З.Қабдолов, Жалын). Кім біледі, гүлдің сыры маған онда *б и м ә л і м*, Бірін үзіп алдым-дағы Дариғаға сыйладым (М.Шаханов, Ғасырлар.).

БИМЕЗГІЛ з а т. с ө й л. ***Беймезгіл***. Бірақ соңғы екеуінің *б и м е з г і л д е* себепсіз келуінен күдіктеніп, абдырай бастады (Ж.Тілеков, Шалғай шепте).

БИМЕТАЛЛ [лат. Bis – екі рет, metallum – металл] з а т. к е н. *Екі түрлі металл немесе қорытпа қабаттарынан (мысалы, титан т.б.) дайындалған материал.* Әдетте *б и м е т а л л* екі металл дайындамаларын илеу не жаншу арқылы әзірленеді (Қаз. тілі термин. Кен.). *Б и м е т а л л* дайындалатын бұйымдардың беріктігі мен ыстыққа төзімділігін арттыру және олардың салмағын кеміту, сөйтіп, қымбат әрі қат металдарды үнемдеу немесе арнайы қасиеті бар жаңа материал (мысалы, жылу реттегіштерде) алу үшін қолданылады (Қаз. тілі термин. Кен.).

БИМЕТАЛЛИЗМ з а т. э к о н. *Екі металл (алтын мен күміс) заңды төлем құралы болып саналатын ақша жүйесі. Б и м е т а л л и з м д е* күміс пен алтын тең құқықпен айналысқа жіберіледі (Қаз. тілі термин. Экономика.). *Б и м е т а л л и з м* – қос металды валюта (Қаз. тілі термин. Экономика.).

БИМОРАЛЬДЫҚ с ы н. с ө й л. ***Бейморальдық.*** Мораль мәселесіне келгенде, төзімділік жасау қоғамды аздыратын құбылыс. Өйткені *б и м о р а л ь д ы қ* жас ұрпақты жат жолға бастайды («Лен. жас»). Еңбек тәртібін бұзуда *б и м о р а л ь д ы қ* жоқ. Сондықтан бұл мәселелер өз алдына бөлек талқылауды қажет еткен емес («Халық мұғ.»).

БИН [ар. بن] с ы н. к і т. *Ұлы, мәртебелі.* Госмон, Ғабдурахман *б и н* Ғауфуа Сағид бин Әбудқас үшеуі де үлкен байлар еді (Абай, Тол. жин.).

БИНА [ар. بناء] з а т. к і т. *Тірек, негіз.* Сіздердің ісіңіз де бір жақсылықты *б и н а* қылып, арқа сүйерлік шеберлікпенен болсын (Абай, Тол. жин.). Бек ғажап *б и н а* қылды байғұстан. Салсын деп Сейфулмәлік онда сайран (Ғашықтық дастандар).

БИНАӘН [ар. بناء] с ы н. е с к і к і т. *Негізделген, негізге алған.* Құдай тағала ешбір нәрсені себепсіз жаратпаған, мұны ізерлеп, тәфаккару фи әла иллаһи деген хадиске *б и н а ә н* бұл сұңғати құдадан ізерлеп құмар болып ғибратланушыларға тыю жоқ (Абай, Тол. жин.). ...Сегіз сипаттың ішінде жазылмаса да, Алла тағаланың Рахман, Рахим, Ғафур, Уадуд, Хафиз, Сәттар, Разақ, Нафиғ, Уәкил, Латиф деген есімдеріне *б и н а ә н* бір ұлығы сипатынан есептеуге жарайды (Абай, Тол. жин.).

БИНАЗИР [ир. ар. بي نظير] с ы н. к ө н е. *Ерекше, асқан (сұлулық).* Әлемде мендей сұлу көрдің бе? – деп, Зауық қылып һешбірімен жүрдің бе? – деп. Өзінің сұлулығын арыз қылды, *Б и н а з и р* мендей сұлу білдің бе? – деп (Бабалар сөзі//Хикаялық дастан).

БИНАМА [ир. بي نامه] з а т. *Тұқ білмейтін, ештеңеден хабарсыз, бейхабар.* Меркіттің әкесі, Керейдің Жәкесінен теріс билік еститін болам, әуелі дауымнан да *б и н а м а* болуға бармын (Б.Құсбегин, Зұқа батыр).

БИНАМАЗ з а т. с ө й л. *Бейнамаз, намаз оқымайтын.* Бақыт қайдан келесің? – Ораза, намаз оқымас, Алланың атын тоқымас, *Б и н а м а з д а н* келемін (Қабан жырау, Алтын қазық).

БИНАРЛЫ с ы н. ***Бинарлық.*** *Б и н а р л ы* химиялық қару – біршама зиянсыз екі химикаттың қосылуы арқылы мейлінше улы химиялық зат жасалатын қару (Қаз. тілі термин. Әскери.). Барлық пайдаланылатын файлдар, арнайы программалар арқылы дайындалған графика, дыбыстар мен файлдар (мәліметтер базасы немесе электрондық кесте) желі арқылы жеткізілуге тиісті болса, онда олар *б и н а р л ы* болып табылады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

БИНАРЛЫҚ [лат. binarius] с ы н. *Қос, жұп. Б и н а р л ы қ* модель – әрбір қатынастағы атрибуты жұп болатын мәліметтердің мәлімдемелік жиыны (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Бинарлық оператор. [лат. binary operator] и н ф. *Логикалық немесе арифметикалық өр-*

некте екі атауды байланыстыратын операция символы (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Бинарлық номенклатура. б и о л. *Халықаралық ғылыми жіктелімде өсімдіктердің, жануарлар мен микроағзалардың туыстары мен түрлерін екі латын сөзімен атау. Б и н а р л ы қ н о м е н к л а т у р а* терминін 1620 ж. ғылымға алғаш швейцариялық ғалым К.Баугин енгізген (ҚҰЭ). *Б и н а р л ы қ н о м е н к л а т у р а н ы* 1735 ж. швед табиғат зерттеушісі К.Линней ғылыми жүйелеудің негізіне алған (ҚҰЭ).

БИНАУРАЛЬДЫҚ: **бинауральдық есту**. [лат. Bini – қос, екі, auzis – құлақ] п с и х. *Адамдардың не жануарлардың құлағы арқылы дыбыс шығаратын дененің бағытын анықтау қабілеті. Б и н а у р а л ь д ы қ е с т у* қабілеті бар адам немесе жануар оң немесе сол құлағымен дыбысты салыстыру арқылы дыбыстың бағытын анықтайды (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

БИНОКЛЬ [франц. binocle, лат. bini – екі, oculus – көз] з а т. ***Дүрбі.*** Бауыржан қолына *б и н о к л ь д і* алып қарап еді, жаумен екінші ротаның қатты атысып жатқанын және жаудың артиллериясы үздіксіз атып тұрғанын көрді (М.Ғабдуллин, Майдандас дос.). *Б и н о к л ь д і* анда-санда көзіне тақап, Махмет те жол жаққа қарап қояды. Тұманы сейіліп бара жатқан сол бір орман соншама таныс сияқты боп көрінеді (Ә.Нұршайықов, Махмет Қайырбаев).

БИНОКУЛЯРЛЫҚ: **бинокулярлық көру.** [лат. bini – екі, қос және oculus – көз] б и о л. *Қашықтықтағы нысандарды бақылау арқылы көру* (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

БИНОМ [лат. bi – екі, nomen – аты] з а т. м а т. *Биналдық мүшелер деп аталатын алгебралық екі өрнектің қосындысы немесе айырмасы, екі мүше. Б и н о м н ы ң* дәрежесі туралы, яғни $(x+y)^n$ түріндегі өрнекті Ньютон биномы мақаласынан қараңыз (ҚҰЭ). Омар Хайямға Ньютон *б и н о м ы н ы ң* формуласы белгілі болған, әрине, ол бұл формуланы сөз жүзінде баяндаған (О.Жәутіков, Математика.). Нұрлан көңіліне келер деп ойлады. – Енді, міне, Ньютон *б и н о м ы н* жаттауға ғана шамамыз келіп жүр (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). *Б и н о м* – алгебралық екі өрнектің қосындысы немесе айырмасы (ҚҰЭ).

БИНОМДЫҚ с ы н. м а т. *Биномға тән, биномға қатысты. Б и н о м д ы қ* үлестірілу тәуелсіз сынаулар тізбегіне байланысты болып келген негізгі ытималдықтар үлестірілулерінің бірі (ҚҰЭ).

БИНТ [нем. binde] з а т. м е д. ***Тілкемдәке.*** Шағын аптечкада йод, жара таңатын *б и н т,* термометр, кішкене іскек, қойдың тұяғын кесетін қайшылар болуға тиіс (А.Елеманов, Қой шаруаш.). Кузнецов жиналып жатқан Сергейдің аяғына қалың оралған *б и н т т і* алып жіберіп қараса, оң аяғының тізесінен төменгі жері қап-қара болып кетіпті (Ә.Шәріпов, Партизан.).

БИНТТЕ= е т. *Бинтпен орап байлау, таңу.* Осы бір сезім жылуы – Болатты *б и н т т е п* кеткендей, Қол табының қызуы – Шірене сыртқа тепкендей (С.Сейтенов, Бойжеткен.).

БИНТТЕУ *Бинтте етістігінің қимыл атауы.* Жараны тез *б и н т т е у* керек (Ауызекі).

БИО [грек. bios] *Тіршілік құбылыстарына байланысты күрделі сөздердегі «биологиялық» деген ұғымды білдіретін алғашқы сыңары.* ≈ *Б и о* физика тарауы.

БИОАЙНАЛЫМ з а т. э к о л. **1.** *Ағзалардың даму кезеңдері немесе фазаларының заңды ауысымдары.* **2.** *Теңіз, құрлық, ішкі су қоймасы сияқты үқсас биохорлардың жиынтығы, биосфераның ірі бөлімшесі* (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОАКУСТИКА [грек. bios – өмір, грек. akustikos – есту] з а т. б и о л. *Жануарлардың дыбыс шығару арқылы қарым-қатынас жасауын зерттейтін биология саласы. Б и о а к у с т и к а н ы ң* жануарлар тіршілігін зерттеуде маңызы зор (ҚҰЭ). *Б и о а к у с т и к а* – табиғаттағы жануарлардың дыбыс арқылы бірбірімен қарым-қатынас жасауын, олардың кеңістікте бағдарлануын, табиғи жаңғырық арқылы есту мүшесі мен дыбыстық жүйелер көмегімен байланысын зерттейтін зоология ғылымының бір саласы (ҚСЭ).

БИОӘДІС з а т. б и о л. *Зиянкес және ауру қоздырғыш ағзаларға қарсы басқа ағзалардың көмегімен күресу әдісі. Б и о ә д і с т і ң* бірнеше түрлері қолданылады: генетикалық, микробиологиялық, агротехникалық (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОӘРТҮРЛІЛІК з а т. *Биологиялық әралуандылық. Б и о ә р т ү р л і л і к* жөніндегі конвенцияның биоқауіпсіздік жөніндегі Картахена хаттамасы қол қоюға алынды («Егемен Қазақстан»).

БИОБЕЛДЕМ з а т. б и о л. *Биогеографиялық облыстың бірнеше биомдарды біріктіруші, ауа райы ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқан биоценоз кешенінде түзілген экожүйенің бір бөлігі. Б и о б е л д е м* өзінің қалыптасқан зат айналымына ие (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОГАЗ з а т. х и м. *Қатты және сұйық күйдегі органикалық қалдықтардың метандық ашуы кезінде түзілетін жанғыш газ. Б и о г а з*

ағаш өңдеу, тамақ өнеркәсіптерінің қалдықтары ашығанда, ақаба суларда түзіледі (ҚҰЭ). *Биогаз* құрамында метан 55–65%, көмірқышқыл газы 35–45% шамасында болады (Қаз. тілі термин. Биология). *Биогаз* отын есебінде пайдаланылатын ауыл шаруашылығы, коммуналдық және орман шаруашылықтарының, тамақ өнеркәсібі қалдықтарының метанды ашуынан пайда болатын газ (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

БИОГЕН [грек bios – өмір, грек. genos – пайда болу] з а т. б и о л. **1.** *Тірі ағзалар құрамында тұрақты болатын және белгілі бір биологиялық қызмет атқаратын, олардың тіршілік етуіне өте қажетті химиялық элементтер.* Маңызды *биоген* – О организм массасының 70%-ын құрайды (ҚҰЭ). **2.** *Тірі ағзалардың тіршілік қабілеті жойылғаннан кейін толық ыдырап, минералға айналмаған, бірақ топырақты құнарландыратын қасиеті бар заттар. Биоген* – организм қалдықтарының ыдырауынан пайда болған, әлі толық минералданбаған заттектер (Қаз. тілі термин. Экология). **3.** *Тірі ағза қалдықтарынан пайда болатын биологиялық активті заттар (биолиндер, фитонцидтер т.б.). Биогендер* – организмдердің тіршілік әрекетінде синтезделетін заттектер (Қаз. тілі термин. Экология). **4.** *Жануарлар мен өсімдіктердің тінінде белгілі бір жағдайда пайда болып, олардың өсуін, дамуын тездететін заттар, биостимуляторлар.* Мал шаруашылығында *биогендер* малдардың созылмалы ауруларын емдеу үшін, сондай-ақ малдың өнімділігі мен өсімділігін арттыру үшін қолданылады (ҚҰЭ).

БИОГЕНДІК [грек. bios – өмір, genos – пайда болу] с ы н. б и о л. *Биогенге тән, биогенге қатысты. Биогендік* мазасыз күй малдың ауыр күйі, олардың дарақтарының табиғаттан тыс кең көлемде жинақталуы нәтижесінде пайда болады (Қаз. тілі термин. Экология).

Биогендік заттар. с у. *Су объектілерінде фитопланктондардың жылдам өсіп-өнуіне зиянкес су ағзаларының өсуіне, су көзінің эвтрофиялық дамуына себепші болып, судың өздігінен тазару процесіне кері ықпалы болатын заттар.* Су көздерінің *биогендік заттармен* ластануы суармалы егістер дамыған аудандарда байқалуда (Қаз. тілі термин. Су.).

Биогендік элементтер. х и м. *Белгілі бір биологиялық функциялар атқаратын және тұрақты түрде ағза құрамына кіретін химиялық элементтер.* Организмге өте аз мөлшерде қажетті *биогендік элементтер* «микроэлементтер» деп аталады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Биогендік элементтер* организмдердің барлық түрлерінің клеткаларында болады (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОГЕНЕЗ [bios – өмір, грек. genesis – пайда болуы] з а т. б и о л. *Органикалық қосылыстардың өлі материядан пайда болатынын теріске шығаратын теория. Биогенез* теориясын жақтаушылардың бірқатары өсімдіктің тозаңы, споралары, тіпті ұсақ организмдер де Жер бетіне ғарыштан келген деп есептейді (ҚҰЭ). *Биогенез* теориясы 19 ғасырдың орта кезінде қалыптасқан «тіршілік өздігінен пайда болады» деген теорияға қарсы қойылды (ҚҰЭ). *Биогенез* – тірі организмдерден органикалық қосылыстардың түзілуі, тірі тек тіріден пайда болады деген пікір (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОГЕНЕТИКАЛЫҚ с ы н. б и о л. *Тірі ағзалар дамуы, онтогенезі негізінен өзінің ата тегінің негізгі даму жолдарын қайталайтын.* ≈ *Биогенетикалық* ерекшелік.

Биогенетикалық заң. б и о л. *Тірі ағзалардың жеке дамуы кезінде сол тур эволюциясының аса маңызды кезеңдерін қысқаша және жылдам қайталап өту заңдылығы. Биогенетикалық заң* бойынша кез келген организмнің жекелей дамуы (онтогенез), сол организм түрінің тарихи дамуының (филогенез) қысқа уақыт ішінде әрі ықшам түрде қайталау заңдылығы (Қаз. тілі термин. Биология). *Биогенетикалық заңдылы* неміс ғалымдары Ф.Мюллер (1954) мен Э.Геккель (1866) ашқан (Қаз. тілі термин. Биология). *Биогенетикалық заң* қағидалары организмдердің өзара туыстық жақындығын анықтауға және эволюциялық процестердің даму бағыттарын дұрыс түсіндіруге негіз болады (Қаз. тілі термин. Биология).

БИОГЕОГРАФИЯ [грек. bios – өмір, грек. Geographia – жаратылыстану] з а т. б и о л. *Жер шарындағы тірі ағзалар мен олардың топтарының таралу және орналасу заңдылықтарын зерттейтін биология ғылымының саласы. Биогеография* ғылымының негізі 18-ғасырда қаланды (ҚҰЭ). *Биогеография* – Жер шарының әр бөліктерінде өсімдіктер жамылғысы мен жануарлар әлемінің таралу заңдылықтарын зерттейтін ғылым саласы (Қаз. тілі термин. Экология). *Биогеография* зоогеография және өсімдіктер географиясы болып бөлінеді (ҚҰЭ).

БИОГЕОГРАФИЯЛЫҚ с ы н. б и о л. *Биогеографияға тән, биогеографияға қатысты. Биогеографиялық* атырап – биосфераның құрлықтағы, гидросферадағы және литосфераның елді мекен шегіндегі үлкен бөлімшесі (Қаз. тілі термин. Экология). *Биогеографиялық* фация – тіршілік жағдайында бір биотоп

шегінде болмашы ерекшеліктерімен сипатталатын үлескілер (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОГЕОЛОГИЯ [грек. bios – өмір, грек. ge – жер, грек. logos – ілім] з а т. б и о л. *Ағзалардың жер қыртысының түзілуі мен дамуына әсерін зерттейтін ғылыми бағыт.* ≈ *Б и о г е о л о г и я н ы ң* зерттелуі.

БИОГЕОФИЗИКА з а т. ф и з. *Тіршілікке байланысты физикалық процестерді зерттейтін ғылыми пән.*

БИОГЕОХИМИЯ з а т. б и о л. *Биосферада ағзалардың қатысуымен жүретін геохимиялық процестерді зерттейтін ғылым саласы. Б и о г е о х и м и я* – геохимияның бір саласы (Қазақ тілі термин. Биология).

БИОГЕОХИМИЯЛЫҚ с ы н. *Биогеохимияға қатысты, биогеохимияға тән. Б и о г е о х и м и я л ы қ* процестердің қарқыны организмдердің шапшаң көбеюіне байланысты (ҚҰЭ).

Биогеохимиялық айналым. э к о л. *Биосферадағы заттар мен энергия ауысуының белгілі бір тәртіппен қайталанып тұруы.* Табиғаттағы геосфераның барлық түрлерінде химиялық элементтер мен олардың қосылыстары үздіксіз *б и о г е о х и м и я л ы қ а й н а л ы м г а* түскен (ҚҰЭ). *Б и о г е о х и м и я л ы қ а й н а л ы м* тіршілікпен тығыз байланысты, негізінен көміртек, су, азот, фосфор, күкірт және биогендік катиондар сияқты химиялық заттектердің алмасу циклдерінен тұратын биологиялық (биоталық) айналымның бөлігі (Қаз. тілі термин. Экология).

Биогеохимиялық белдем. э к о л. *Топырақ түзілу процестерінің, ауа райы факторларының, химиялық элементтердің биогендік жылжу процестерінің бірлігімен сипатталатын Жердің үлкен аумағы. Б и о г е о х и м и я л ы қ б е л д е м* жалпы заттек алмасу сипаты мен Күн энергиясының түсу процесінің бірлігі (Қаз. тілі термин. Экология). *Б и о г е о х и м и я л ы қ б е л д е м* биологиялық белсенді қосылыстардың синтезделуі мен организмдердің морфологиялық өзгергіштігінің нақты ұқсастығын ескертеді (Қаз. тілі термин. Экология).

Биогеохимиялық цикл. э к о л. *Бейорганикалық табиғаттан өсімдіктер мен жануарлар организмдері арқылы қайтадан бейорганикалыққа оралатын химиялық элементтердің айналымы. Б и о г е о х и м и я л ы қ ц и к л* Күн энергиясы және химиялық реакциялар энергиялары арқылы жүзеге асады (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОГЕОЦЕНОЗ [bios – тіршілік, ge – жер, koinos – жалпы] з а т. грек. *Жер бетінің өзара ұқсас белгілі бір бөлігіндегі табиғи құбылыстардың (атмосфера, тау жыныстары, өсімдік, жануар, микроағзалар, топырақ, гидрологиялық жағдай) қосындысы. Б и о г е о ц е н о з* үздіксіз қозғалыс пен дамудан тұрады (Қаз. тілі термин. Биология). *Б и о г е о ц е н о з д а ғ ы* зат айналымы тіршіліктің пайда болу процесінде қалыптасып, тірі табиғат эволюциясының нәтижесінде күрделене түседі (Қаз. тілі термин. Биология). *Б и о г е о ц е н о з* терминін 1940 ж. орыс ғалымы В.Н.Сукачев ұсынған (ҚҰЭ). *Б и о г е о ц е н о з* өзіне тиісті энергетикалық жағдайымен, заттек және ақпарат алмасу жылдамдығымен сипатталады (Қаз. тілі термин. Экология).

Биогеоценоз эволюциясы. э к о л. *Экожүйедегі түрлер мен олардың арақатынастарының үздіксіз бір мезгілде өзгеру және бір түрдің түсіп қалып, бұрын болмаған басқа түрлердің пайда болу құбылыстары.* Ғасырлар бойғы *б и о г е о ц е н о з э в о л ю ц и я с ы* нәтижесінде қазіргі биосфера қалыптасты (Қаз. тілі термин. Экология). *Б и о г е о ц е н о з э в о л ю ц и я с ы* барысында биогеоценоздар планетаның экожүйесіндегі және оның аумақтық бөліктеріндегі өзгерістерге бейімделеді (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОГЕОЦЕНОЗДЫ с ы н. э к о л. *Биогеоценозы бар, биогеоценоз қатысқан. Б и о г е о ц е н о з д ы* кешен – көптеген биогеоценоздың көлденең немесе тік тіркесі (Қаз. тілі термин. Экология). *Б и о г е о ц е н о з д ы* кешен әрекеттестікте «төменнен» екінші деңгейдегі бағыныштылықтың экологиялық жүйесінің бірлігін құрайды (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОГЕОЦЕНОЗДЫҚ с ы н. э к о л. *Биогеоценозға тән, биогеоценозға қатысты. Б и о г е о ц е н о з д ы қ* қабат – биоценоздың көлденең оқшауланған, тігінен әрі қарай бөлінбейтін құрылымдық бөлігі (Қаз. тілі термин. Экология). *Б и о г е о ц е н о з д ы қ* қабықша – Жер бетіндегі биогеоценоздардың қосындысы (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОГЕОЦЕНОЛОГИЯ з а т. б и о л. *Тірі және өлі табиғаттың өзара қарым-қатынасы мен байланысын және олардың биосферадағы ғаламдық болмысын зерттейтін ғылым. Б и о г е о ц е н о л о г и я н ы ң* табиғат қорғау проблемаларын шешу, сондай-ақ орман, су және ауылшаруашылығы үшін маңызы зор (ҚҰЭ). *Б и о г е о ц е н о л о г и я н ы ң* негізін салушы – орыс ғалымы В.Н.Сукачев (ҚҰЭ). *Б и о г е о ц е н о л о г и я* – биогеоценоздардың түзілу, тіршілік ету және даму заңдылықтарын зерт тейтін ғылыми пән (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОГЕОЦЕНОЛОГИЯЛЫҚ с ы н. б и о л. *Биогеоценологияға тән, соған қатысты. Б и о г е о ц е н о л о г и я л ы қ* зерттеу мәселелерімен

ботаниктер, зоологтар, физиологтар, микробиологтар, биохимиктер, экологтар, топырақ және ауа райын зерттеушілер т.б. шұғылданады (ҚҰЭ).

БИОГИДРОСФЕРА [грек. Bios – өмір, грек. Hydor – су, грек. sphaira – шар] з а т. *Гидросфера шегіндегі биосфераның бір түрі* (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОГРАФИЯ з а т. *Өмір тарихы, өмірбаян.* Тарихты адам тағдыры арқылы беру, тарихи оқиғаларды нақтылы кейіпкердің *б и о г р а ф и я с ы н а н* өткізу біздің қол жеткен табыстарымызды айқындай түседі (І.Омаров. Серпін). Бейсеннің *б и о г р а ф и я с ы н* өз аузынан айтқызуы арқылы сол өңірдің отызыншы жылдардағы ахуалы мен тың игерілген кезеңі салыстырылған («Қаз. әдеб.»).

БИОДЕГРАДАЦИЯ [грек. bios – өмір, франц. deyradation – төмендеу, құлдырау] з а т. б и о л. *Биологиялық агенттердің әсерінен заттектер мен нысандардың өзіндік құрылымы мен қасиетін өзгертуі. Б и о д е г р а д а ц и я* деп әдетте заттектер мен нысандардың пайдалы қасиеттерін жоғалтуын айтады (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОЖОЙҒЫ з а т. *Бүкіл тірі ағзаны жоюға қабілетті агент, физикалық әсер* (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОЗ [грек. bios] *Тіршілікке, тіршілік процесіне байланысты айтылатын күрделі сөздердің сыңары. ≈ Анабиоз, парабиоз.*

БИОИНДИКАТОР [грек. bios – өмір, лат. indicator – көрсеткіш] з а т. б и о л. *Ағзалардың бір жерде тұрақты мекендеуі, олардың сандары, құрылымы мен дамуы, табиғи процестер мен тіршілік ортасы жағдайларының көрсеткіші.* Қоршаған ортаның жағдайлары мен кейбір процестердің маңызын бағалау мақсатында *б и о и н д и к а т о р* қолдану организмдердің белгілі бір факторларға біржақты бейімделушілік қасиетіне негізделген (ҚҰЭ). Барыштық зерттеулерде ғарыш факторларының организмге тигізетін әсерін анықтау үшін жануарлар, өсімдіктер және микроорганизмдер *б и о и н д и к а т о р* есебінде пайдаланылады (ҚҰЭ).

БИОКЕШЕН [грек. bios – өмір, лат. complexus – байланыс] з а т. б и о л. *Көптеген биогеноценоздың көлденең немесе тік тіркесуі. Б и о к е ш е н г е* мысал ретінде Батыс Сібір орманды даласындағы орманды, шалғынды және сулы ойпатты жерлердің қатарласа кездесуін жатқызуға болады (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОКЛИМАТ [грек. bios – өмір, грек. klima – еңіс, көлбеу] з а т. э к о л. **1.** *Ағзалар мен олардың қауымдастығы түзетін микроклимат.* Аса қуатты *б и о к л и м а т* түзуші ағаш өсімдіктері, орман болып саналады (Қаз. тілі термин. Экология). Жануарлардың ұялары мен індерінде және баспаналарында ерекше *б и о к л и м а т* пайда болады (Қаз. тілі термин. Экология). **2.** *Адамдарға, жалпы тірі ағзаларға әсер ететін ауа райы ерекшеліктері. ≈ Б и о к л и м а т* әсері.

БИОКЛИМАТОЛОГИЯ з а т. э к о л. *Ауа райының биологиялық нысандарға ықпалы туралы ілім. Б и о к л и м а т о л о г и я* – климатология (атмосфера физикасы), биология және медицина арасындағы аралық ғылым (Қаз. тілі термин. Экология). Адам экологиясы үшін адам денсаулығы мен ауылшаруашылығының *б и о к л и м а т о л о г и я* салалары ерекше маңызды (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОКОМБИНАТ [грек. bios – өмір, лат. combinare – қосу] з а т. б и о л. *Жануарлардың ауруларын емдеуге, анықтауға, алдын алуға арналған биологиялық препараттар дайындалатын өндіріс орны. ≈ Б и о к о м б и н а т қ а* әкелді.

БИОКӨКЖИЕК [грек. bios – өмір, грек. horizon – шектелген] з а т. э к о л. *Биогеоценоздағы, яғни тіршілік экожүйесіндегі әртүрлі қабаттардың іс-әрекеттеріне қарай бөлінуі (*Қаз. тілі термин. Экология).

БИОКӨРСЕТКІШ з а т. э к о л. *Ортаның өзгерістері туралы, ластануы мен оның мөлшері туралы мәлімет бере алатын бір түрлік дарақ топтары немесе қауымдастығы.* Биокөрсеткіштік изосызық – ортаның ластануын жалпы қосындыларын немесе химиялық бір элементпен ластануын көрсететін *б и о к ө р с е т к і ш* (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОҚУАТ з а т. ф и з. *Тірі ағзаларға тән әртүрлі энергия түрлері.* Адам баласының айналасындағы аурадан шапағат болып тарайтын қуатта биосфера мен геосфера арасындағы *б и о қ у а т* айырбасына әсер етеді («Ана тілі»). Ал енді табиғатымыздағы *б и о қ у а т* (биоэнергия) айырбастауға биосфера да, геосфера да қатысады («Ана тілі»).

БИОЛОГ з а т. б и о л. *Биология ғылымының маманы.* Төсіне қадап келіпті Университет белгісін. *Б и о л о г* жас жігітті Енді бала дермісің? (М.Әлімбаев, Құрбыма). Экспедиция он екі адамнан құралды, оның ішінде үш дәрігер, *б и о л о г,* ботаник және этнограф бар («Лен. жас»). Бибінұр мектеп қабырғасында жүргенде химик те, *б и о л о г* та, физик те, тіпті әнші де болғысы келді («Лен. жас»).

БИОЛОГИЗМ з а т. п с и х. *Адамның мінез-құлқын түсіндіріп сипаттауда биологиялық принциптерді негізге алатын бағыт. ≈ Б и о л о г и з м* сипаты.

БИОЛОГИЯ [грек. bios – өмір, грек. logos – ілім] з а т. б и о л. *Органикалық қасиеттердің пайда болуы мен даму заңдылықтарын зерттейтін тірі табиғат туралы ғылым жиынтығы. Б и о л о г и я* ғылымының негізгі пікірін түсіну үшін жәндіктердің бақылағыштық қасиетінің дамуына сыртқы ортаның тигізетін әсеріне тоқталайық (М.Мұқанов, Бақылау.). Диссертацияның құндылығы теориялық жағынан *б и о л о г и я д а ғ ы* қалыптасқан көп қағидаларды қайта қарауды керек ететінінде (С.Шаймерденов, Болашақ.). Бибі барлық пәндерден өте жақсы баға алып, университеттің *б и о л о г и я* факультетіне түсті («Лен. жас»).

БИОЛОГИЯЛЫҚ с ы н. *Биологияға қатысты, биологияға тән.* Осы уақытқа дейін Оңтүстік аудандарда, әсіресе, Созақ, Қызылқұм аймақтарында осы қара сексеуілдің *б и о л о г и я л ы қ* қасиеттері, егу агротехникасы, себу нормасы кең түрде, тәжірибе жүзінде зерттелмей келеді (С.Әбдірайымов, Шөл жайылым.). Капустаның *б и о л о г и я л ы қ* күшті әсерін өзінде сақтау үшін оны консервілеу мен сақтау әдісінің де үлкен маңызы бар (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.).

Биологиялық айналым. б и о л. *Тіршілікте үздіксіз жүріп жататын биологиялық құбылыстардың кеңістікте белгілі бір тәртіппен қайталануы. Б и о л о г и я л ы қ а й н а л ы м* нәтижесінде табиғаттағы тіршіліктің дамуына қажетті элементтер топырақтан, ауадан және судан тірі организмдерге таралады және қайтадан топыраққа, ауаға, суға оралады (ҚҰЭ). *Б и о л о г и я л ы қ а й н а л ы м* деп тірі организмдерге топырақтан және ауадан химиялық әрекеттердің түсуін, ондағы органикалық тіршілік нәтижесінде олардың күрделі заттарға айналып немесе түгелдей жойылған организмдер арқылы қайтадан топыраққа, ауаға, суға қайтарылуын айтады (Қаз. тілі термин. Экология).

Биологиялық активті нүктелер. б и о л. *Спектрлік әлеуеті, зат алмасуы, қызуы жоғары, электрлік кедергісі төмен, өте сезімтал жасушалардан тұратын денедегі ерекше нүктелер. Б и о л о г и я л ы қ а к т и в т і н ү к т е л е р д е н* оттек жедел сіңіріліп, көмірқышқыл газы тездетіп шығарылады (ҚҰЭ). *Б и о л о г и я л ы қ а к т и в т і н ү к т е л е р* қатарына фитогормондар, стероидты гормондар т.б. жатады (Қаз. тілі термин. Экология).

Биологиялық әралуандылық. б и о л. *Түрлердің белгілі бір аумақта, экожүйеде немесе тіпті ғаламшар бетіндегі әртүрлілігі.* 1992 жылы Рио-де-Жанейро қаласында «Қоршаған орта және даму» конференциясында *б и о л о г и я л ы қ ә р а л у а н д ы л ы қ* туралы әлемдік Конвенция қабылданды (Қаз. тілі термин. Экология).

Биологиялық барлау. ә с к. *Қарсыластың биологиялық қаруды қолдануын анықтауға, оны қолдану құралдары мен тәсілдерін, уыт туғызушыларының түрлерін, ауқымдарын (зақымдану ошағының шегарасы немесе қоздырғыштың жайылуы), зақымданған аудандардағы қауіптің сақталу ұзақтығын анықтауға арналған арнайы күштер мен құралдардың әрекеті* (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Биологиялық бейімделу. б и о л. *Ағза түрлерінің өзін қоршаған экожүйедегі әртүрлі биоталық және абиоталық факторлар әсеріне бейімделуі. Б и о л о г и я л ы қ б е й і м д е л у г е* өсімдіктердің қуаңшылыққа байланысты морфологиясының өзгеруі, шөлдегі көптеген жануарлардың тек түнде ғана белсенді тіршілік етуі және т.б. жатады (Қаз. тілі термин. Экология).

Биологиялық жағдай. ә с к. *Қарсыластың биологиялық қаруды қолдануы салдарынан пайда болатын жағдайлардың жиынтығы. Б и о л о г и я л ы қ ж а ғ д а й д ы ң* сипаты мыналарға байланысты: қарсыластың биологиялық қаруды қолдану уақыты, тәсілі, құралы, қолданылған рецептураның түрі мен концентрациясы, зақым келтіретін концентрациялы биологиялық аэрозоль жайылуының бағыты мен тереңдігі [___] (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Биологиялық жарғақша. б и о л. *Жасушаның не оның құрама бөліктерінің қабықшасы. Б и о л о г и я л ы қ ж а р ғ а қ ш а л а р д ы ң* сыртқы беті – оң зарядты, ал ішкі беті – теріс зарядты (Қаз. тілі термин. Биология). Физикалық жарғақшаға қарағанда, *б и о л о г и я л ы қ ж а р ғ а қ ш а н ы ң* бір жақты өткізгіштік қасиеті бар (Қаз. тілі термин. Биология). *Б и о л о г и я л ы қ ж а р ғ а қ ш а л а р* ферменттер мен әртүрлі заттардың өзара әрекеттесуін, сол процестердің тиісті мерзімдеріне байланысты реттеп тұрады (Қаз. тілі термин. Биология).

Биологиялық кедергі. б и о л. *Ағзалардың жылыстауына кедергі болатын әртүрлі жағдайлар. Б и о л о г и я л ы қ к е д е р г і г е* бәсекелестік, жыртқыштық, паразиттердің дамуына ешқандай кедергілердің жоқтығы т.б. жатады (Қаз. тілі термин. Экология).

Биологиялық кибернетика. и н ф. *Биологиялық жүйелер мен зерттеу мен модельдеу мәселелерін қарастыратын кибернетика тарауы.* ≈ *Б и о л о г и я л ы қ к и б е р н е т и к а* зерттеулері.

Биологиялық қару. ә с к. *Адамдарды, жануарларды ауыр дертке шалдықтыру арқылы қатардан шығаруға негізделген жаппай зақым-*

дағыш қару. Биологиялық қару – соғыс құралдары ішіндегі адамзат пен қоршаған ортаға ең зиянды қарулардың бірі (ҚҰЭ). *Биологиялық қару* – әсері адамдарда, жануарларда, өсімдіктерде жаппай әртүрлі аурулар тудыратын микроорганизмдердің ауру тудырғыш қасиетіне негізделген жаппай жою қаруы (Қаз. тілі термин. Әскери.). Бірінші дүниежүзілік соғыста Германия жылқыға маңқа (сап) жұқтыратын *биологиялық қару* қолдануға тырысты (ҚҰЭ).

Биологиялық қорғаныш. б и о л. *Ағзалардың кейбір түрлік дарақтарының өзін-өзі қорғау үшін жеуге жарамсыз, улы болып көрінетіндей әр алуан алдамшы реңдерге (түстерге) боялуы.* ≈ *Биологиялық қорғаныш* қабаты.

Биологиялық ластану. б и о л. *Табиғи ортада адамға жағымсыз ағзалардың пайда болып, көбеюі. Биологиялық ластану* адам мен мал ауруларына апарып соғады (Қаз. тілі термин. Экология). *Биологиялық ластану* ортаға (суға, ауаға, топыраққа, тамаққа) зиянсыздандырылмаған қалдықтардың араласуынан пайда болады (Қаз. тілі термин. Экология).

Биологиялық мелиорация. с у. *Дұрыс пайдаланбаудан бұлінген жердің құнарлылығын үдемелі түрде арттыруға, ауылшаруашылығы дақылдарының өнімділігін молайтуға бағытталған агротехникалық және мелиорациялық шаралар. Биологиялық мелиорация* органикалық және минерал тыңайтқыштарды пайдалану, жер өңдеу, көпжылдық бұршақ тұқымдас дақылдар егу, ағаштар мен бұталар өсіру және т.б. шаралар қамтылады (Қаз. тілі термин. Су.).

Биологиялық мүжілу. б и о л. *Тау жыныстары мен минералдардың өсімдіктер, жануарлар мен микроағзалардың тіршілік әрекеттері әсерінен үгіліп, мүжіліп, майда ұнтақтарға айналуы* (Қаз. тілі термин. Экология).

Биологиялық оқ-дәрілер. ә с к. *Ұрыстың биологиялық құралдары арқылы аэрозольмен ауаның жер үсті қабатын зақымдауға арналған құрылым, қару-жарақ. Биологиялық оқ-дәрілердің* нысанаға жеткізілуі ракеталар, авиациялық ұшу аппараттары, автоматты аэростаттар, су үсті және су асты кемелері, артиллерия арқылы жүзеге асырылуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Биологиялық отын. б и о л. *Жану үстінде энергия беруге қабілетті (ағаш сүрегі, шымтезек, балдырлар және т.б.) кез келген биомасса. Биологиялық отын* ашу кезінде көшетхана мен жылыжайларды және басқа объектілерді жылытуға қабілетті органикалық қалдықтар (Қаз. тілі термин. Экология).

Биологиялық өнім қоры. б и о л. *Аудан немесе көлем бірлігіне есептелетін органикалық заттектердің қауымдастықта жинақталған саны. Биологиялық өнім қоры* жалпы қор, адамға пайдалы қор, өлі қор болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Экология).

Биологиялық препарат. б и о л. *Адамдар, жануарлар мен өсімдіктердің түрлі ауруларын анықтауда, оларды емдеу және алдын алу мақсатында қолданылатын ерекше биологиялық қосылыстар. Биологиялық препарат* тірі организмдердің тіршілік жағдайын жақсартып, олардан алынатын өнімді молайтуда маңызы зор (ҚҰЭ). *Биологиялық препараттың* құндылығы – олар химиялық препараттармен салыстырғанда, қоршаған ортаға ешбір зиянын тигізбейді (ҚҰЭ).

Биологиялық психиатрия. п с и х. *Мінез-құлықтың бұзылуының негізінен биологиялық, физикалық және нейрологиялық аспектілеріне және фармакологиялық емдеуге мән беретін психиатриялық бағыт* (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Биологиялық ресурстар. б и о л. *Тірі табиғат нысандарында жинақталған адамға қажетті материалдық және рухани байлықты алудың көздері мен алғышарттары.* Жалпы *биологиялық ресурстар* биосфераның орта түзуші барлық тірі құрауыштары өндірушілерден, тұтынушылардан және ыдырауыштардан түзіліп, олар сан, мөлшер жағынан жыл сайын өніп, өсіп қайталанып отырады (Қаз. тілі термин. Экология). *Биологиялық ресурстар* өсімдіктер ресурстары және жануарлар әлемінің ресурстары болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Экология).

Биологиялық сағат. б и о л. *Адамдар мен жануарлардың уақыт өлшемін бағдарлау қасиеті. Биологиялық сағат* клеткалардағы физикалық, химиялық және физиологиялық процестердің белгілі бір уақытта қайталанып отыруына негізделген (ҚҰЭ). *Биологиялық сағат* – организмнің уақыт аралықтарына және осы уақыт аралықтармен байланысты құбылыстарға бейімделу қабілетін қалыптастыратын физиологиялық механизмдер (Қаз. тілі термин. Экология).

Биологиялық тазарту. б и о л. *Суда және топырақта зиянды әрекет ететін бөгде заттарды тірі ағзалардың көмегімен жою.* ≈ *Биологиялық тазарту* жұмыстары.

Биологиялық ырғақ. а) б и о л. *Биологиялық процестер мен құбылыстардың қарқыны мен сипатындағы қайталанып отыратын өзгерістер реттілігі. Биологиялық ырғақ* барлық тірі организмдерге тән (ҚҰЭ). *Биоло-*

г и я л ы қ ы р ғ а қ тұқым қуалайды және табиғи сұрыпталу мен организмдердің бейімделгіштігінің маңызды факторы болып табылады (ҚҰЭ). ә) п с и х. *Адамның психикалық белсенділігінің күшеюі мен бәсеңдеуінің кезектесуі.* Адамның психикалық белсенділігінің *б и о л о г и я л ы қ ы р ғ а ғ ы* екі түрлі болады (ҚҰЭ). Сондықтан психологиялық тексеру мен психокоррекцияда міндетті түрде адамның психологиялық белсенділігінің *б и о л о г и я л ы қ ы р ғ а ғ ы* құрылымы ескерілуі тиіс (ҚҰЭ).

БИОЛОКАЦИЯ [грек. bios – өмір, лат. locatio – орналастыру] з а т. б и о л. *Жануарлардың өзінен таралатын физикалық толқындардың көмегімен кеңістіктегі өзінің не өзіне қатысты қандай да бір объектінің орнын анықтау қабілеті. Б и о л о к а ц и я* құбылысы көптеген жануарларға кеңістікті бағдарлауға және қорегін табуға көмектеседі (ҚҰЭ). *Б и о л о к а ц и я* сигналдардың жануар денесінің сыртқы бетімен немесе сезім мүшелерімен қабылдануы арқылы іске асады (ҚҰЭ).

БИОМ [ағыл. biome] з а т. г е о г р. *Белгілі бір ландшафтылық-географиялық аймақта мекендейтін өсімдіктер мен жануарлар түрлері мен олардың тіршілік ету ортасының жиынтығы. Б и о м н ы ң* құрамына кіретін биоценоздар заттектер мен энергия ағынымен өзара тығыз байланысады (Қаз. тілі термин. Экология). Жер бетіндегі *б и о м д а р д ы* анықтап айыру үшін ортаның физикалық-географиялық жағдайларынан басқа өсімдіктердің тіршіліктік түрін де пайдаланады (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОМАССА [грек. bios – өмір+масса] з а т. *Әртүрлі ағзалардың (популяция, бірлестіктер) тіршілік ететін мекенінің бірлік бетіне не көлеміне келетін жалпы массасы.* Қорек тізбегін құратын барлық түрлері жасыл өсімдік түзетін *б и о м а с с а л а р* есебінен тіршілік етеді (Жалпы биология). *Б и о м а с с а* – нақты ауданға (суқойманың беті немесе түбі) немесе көлемге (су қабаты, түзілімдер қимасы) тән тірі организмдердің өзіндік үлес салмағын көрсететін мөлшер (Қаз. тілі термин. Экология). Өсімдіктер *б и о м а с с а с ы* олармен қоректенуші жануарлар *б и о м а с с а с ы н а н* едәуір артық болады (Қаз. тілі термин. Биология).

БИОМЕТРИЯ [грек. bios – өмір, грек. metron – өлшеу] з а т. б и о л. *Ағзаны зерттеу үшін математикалық және статистикалық әдістерді қолдану әдісі* (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

БИОМЕХАНИКА [грек. bios – өмір, грек. mechaike – машина жасау] з а т. б и о л. *Тірі ағзаның және оның мүшелерінің механикалық қасиеттерін зерттейтін биофизика саласы.* Әдетте *б и о м е х а н и к а* терминін адамның және жануарлардың қозғалыс-қимыл әрекеттері туралы ғылымға да қолданады (ҚҰЭ).

БИОМӨЛШЕР з а т. *Ультракүлгіндік сәулеленудің ең аз уақыты. Б и о м ө л ш е р д і ң* ұзақтығы ультракүлгіндік сәулеленудің қарқынына байланысты және тәжірибе жолымен анықталады (Қаз. тілі термин. Экология). *Б и о м ө л ш е р* 24 сағаттан соң тіркеледі (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОНИКА з а т. *Техникалық құрылғылар мен жүйелерге (жасанды интеллект жүйелеріне) тірі табиғаттың принциптерін, қасиеттерін, міндеттері мен құрылымдарын қолдану тұрғысындағы қолданбалы ғылым. Б и о н и к а н ы ң* техникаға енген үлкен жетістігінің бірі – гиротон (ҚҰЭ). *Б и о н и к а н ы ң* кеңістікті бақылауға және көруге болмайтын жағдайда, заттарды іздеп, табуға арналған өте күрделі техникалық аспаптарды құрастыруда т.б. техника мен медицина мәселелері үшін маңызы зор (ҚҰЭ).

БИОПА [ир. ар. بي وفاء] с ы н. к і т. *Опасыз, жалған.* Көңілім болды көп қапа, Тарттырды құдай көп жапа. Қарап тұрсам жұлмалап, Болғаның ба *б и о п а!* (Батырлар жыры). *Б и о п а* дүниеде ерге шықпай, Келіп пе ед, жарықтығым, үйде отырғың (Айтыс). Теңгеру қағаз салды падишаға, Қызығы раушансыз болып шығын Бір күні дуэльменен бұйырыпты, *Б и о п а* қайырсыздық тапты ығын (Ә.Найманбаев, Шығ.).

БИООРТА з а т. б и о л. *Ағзалар қауымдастығымен түзілетін және өзгерілетін орта.* Әдетте *б и о о р т а* аса көп емес түрлер санымен анықталады (Қаз. тілі термин. Экология).

БИООЗГЕРІС з а т. б и о л. *Малшаруашылығында органикалық өсімдік массаларын жануарлар массаларына аударушылық* (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОПОЛИМЕР [грек. bios – өмір, грек. polymeres – көптүрлі] з а т. б и о л. *Жасушалары қайталанып келетін бірдей немесе әртүрлі көптеген мономерлерден тұзілген, тіршілік үшін маңызы зор жоғары жасушалы табиғи қосылыстар (ақуыздар, нуклеин қышқылдары, полисахаридтер).* Тірі организмдерде молекулалары химиялық құрамы жағынан әртүрлі мономерлерден түзілген *б и о п о л и м е р л е р* көптеп кездеседі (Қаз. тілі термин. Биология).

БИОПСИЯ [грек. bios – өмір, грек. opsis – қарау] з а т. м е д. *Аурудың сипатын анықтау үшін науқас адамның зақымданған тінін кесіп алып, морфологиялық әдіспен тексеру. Б и о п с и я* әдісі 19 ғасырдың ортасынан медицинаға ене бастады (ҚҰЭ). *Б и о п с и я н ы* науқасқа опера-

ция жасап жатқан кезде кездейсоқ байқалған сырқаттарды анықтау үшін де қолданады (ҚҰЭ).

БИОСАЯСАТ [грек. bios – өмір, грек. politike – мемлекетті басқару ісі] з а т. с а я с. *Адамның саяси іс-әрекеттеріне баға беру үшін биология ғылымының жетістіктерін пайдаланатын саясаттану ғылымының саласы. Б и о с а я с а т* теориясы бойынша жалпы биологиялық заңдылықтарға сүйенгенде ғана адамдардың саяси іс-әрекеттерін терең де толық зерттеу мүмкін болмақ (ҚҰЭ). *Б и о с а я с а т* әлеуметтік және саяси белсенділіктің барлық түрі жеке адамның генетикалық ерекшеліктеріне байланысты айқындалады деп санайды (ҚҰЭ).

БИОСИНТЕЗ [грек. bios – өмір, грек. synthesis – қосылу] з а т. б и о л. *Тірі ағзаларда ферменттердің қатысуымен жай заттардан күрделі органикалық қосылыстардың синтезделу процесі.* Жасыл өсімдіктерде фотосинтез күн сәулесі энергиясының арқасында жүрсе, бактерияларда *б и о с и н т е з* процесіне кейбір биоорганикалық қосылыстардың (мысалы, аммиак, сутек) тотығуының нәтижесінде түзілген энергия жұмсалады (Қаз. тілі термин. Биология). *Б и о с и н т е з* барысында клеткаларда белоктар, нуклеин қышқылдары, полисахаридтер және т.б. түзіледі (Қаз. тілі термин. Биология). *Б и о с и н т е з* жай, қарапайым қосылыстардан түзілетін органикалық заттектер, олардың киральды (аса) тазалығымен сипатталады (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОСТАТИСТИКА [грек. bios – өмір, нем. statistik – жағдайы] з а т. б и о л. *Тірі ағзаларды статистикалық әдістерді зерттеуде қолданушылық* (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

БИОСТРАТИГРАФИЯ [грек. bios – өмір, лат. Stratum – жаю, грек. grapho – жазамын] з а т. г е о л. *Жердің шөгінді қабаттарының геологиялық жасын анықтау үшін олардағы жануарлар мен өсімдіктердің қазба қалдықтарының таралуын зерттейтін стратиграфия саласы. Б и о с т р а т и г р а ф и я д а* теңіздік және құрлықтық шөгінділерді бір-бірінен айыру үшін қазба өсімдіктердің тозаңдары мен споралары зерттеледі (ҚҰЭ).

БИОСТРАТИГРАФИЯЛЫҚ с ы н. г е о л. *Биостратиграфияға тән, биостратиграфияға қатысты. Б и о с т р а т и г р а ф и я л ы қ* зерттеуде әртүрлі шөгінділер салыстырылып, жер қабаттарының жасы туралы аймақтық шкала жасалады (ҚҰЭ).

БИОСҮЗГІ з а т. б и о л. *Ағынды суларды биологиялық әдіспен тазалау үшін салынған имарат. Б и о с ү з г і* суды белсенді микробиологиялық қабат жабылған сүзгі арқылы өткізу немесе қолдан жасалған тазалағыш – организмдер егілген кеңістік арқылы өткізумен жүзеге асады (Қаз. тілі термин. Су.).

БИОСФЕРА [грек. Bios – өмір, грек. sphaira – шар] з а т. б и о л. *Жер ғаламшарының тіршілік тараған қабаты. Б и о с ф е р а* – Жер планетасының тірі организмдер жайлайтын бөлігі, ең үлкен экожүйе (Қаз. тілі термин. Экология). *Б и о с ф е р а н ы ң* құрамы, құрылымы мен қуаты барлық тірі организмдердің тіршілігінің жиынтығымен сипатталады (ҚҰЭ). *Б и о с ф е р а* ілімінің негізін В.И.Вернадский салған (Т.Тазабекұлы, Топырақ. сөздігі).

Биосфера қабаты. б и о л. *Биосфераның көлденең оқшауланған бөлігі. Б и о с ф е р а қ а б а т ы* орта жағдайларымен қатал ерекшеленеді (Қаз. тілі термин. Экология). Шындығында *б и о с ф е р а қ а б а т ы* аздау: жер бетінен 6–7 км биіктікте, жер астынан – 6 км тереңдікке, ал мұхитта 11 км тереңдікке тараған (Қаз. тілі термин. Экология).

Биосфераның ластануы. б и о л. *Адам іс-әрекетінің нәтижесінде биосферада зиянды заттар мөлшерінің көбеюі, жаңа химиялық қосылыстардың пайда болуы, температураның көтерілуінен ауа райының өзгеруі. Б и о с ф е р а н ы ң л а с т а н у ы н ы ң* негізгі себептері: өнеркәсіптің (энергетика, транспорт т.б.) тез қарқынмен дамуы, ауылшаруашылығы мен күнделікті тұрмыста химиялық жетістіктерді кеңінен пайдалану, халық санының өсуі және урбанизациялану (қалалардың өсуі) (ҚҰЭ). *Б и о с ф е р а н ы ң л а с т а н у ы н ы ң* тағы бір қауіпті де қатерлі көзі – қоршаған ортада радиоактивті қалдықтардың жинақталуы және АЭС апаттары (ҚҰЭ).

Биосфераның тұрақтылығы. б и о л. *Биосфераның әртүрлі сыртқы және ішкі әрекеттерге, оның ішінде адам әрекеттеріне өзгермей, қарсы тұру қабілет-қасиеттері* (Қаз. тілі термин. Экология).

Биосфера шекарасы. б и о л. *Тіршіліктің өсіп-өніп, көбеюіне мүмкіндік бар қабат.* Әдетте *б и о с ф е р а ш е к а р а с ы н* Жер бетіндегі 20–25 км деңгейден 11 км мұхит тереңдігі аралығында анықтайды (Қаз. тілі термин. Экология).

Биосфера эволюциясы. б и о л. *Жер бетіндегі тірі ағзалардың пайда болуынан бастап, қазіргі биосфера қабатының толық қалыптасу аралығындағы ұзақ уақытты қамтитын биологиялық процесс. Б и о с ф е р а э в о л ю ц и я с ы* – тірі организмдердің тіршілік әрекетінің нәтижесі (ҚҰЭ). *Б и о с ф е р а э в о л ю ц и я с ы* ешқашан кері жүрмейді (ҚҰЭ).

Биосфера экологиясы. б и о л. *Биосферадағы экожүйені, оның тұрақтылығын, ондағы жүріп жатқан процестер мен адам факторы-*

ның маңызын зерттейтін кешенді ғылым. Биосфера экологиясында халықаралық кешенді бағдарламалар үлкен маңыз атқаруда (Қаз. тілі термин. Экология).

Биосфера энергетикасы. б и о л. *Биосфера мен ғарыштық кеңістік арасындағы жылулық, энергетикалық теңдестік, экожүйелердегі энергетикалық процестер, тірі заттектегі антиэнтропиялық процестер (энергия ағындарын реттеуге бағытталған) және жекелеген тірі ағзалардың энергетикасы* (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОСФЕРАЛЫҚ с ы н. б и о л. *Биосфераға тән, биосфераға қатысты.* Биосфера туралы ілім *биосфералық,* планеталық құбылыстардың ғарыштық сәулемен және Жер қабаттарындағы радиоактивті процестермен өзара байланысын [___] зерттейді (ҚҰЭ).

Биосфералық қорық. б и о л. *Жер шарындағы ерекше табиғат байлықтары бар ауқымды аймақтарды қорғау мақсатында ұйымдастырылатын қорықтар. Биосфералық қорықтардың* негізгі міндеті – сол аймақтағы табиғи экожүйені және сондағы организмдердің көптүрлілігін сақтап қалу, зерттеу жұмыстарын жүргізу, табиғатта болып жатқан өзгерістерге бақылау жасау (Қаз. тілі термин. Биология). *Биосфералық қорықтар* құру ЮНЕСКО-ның «Адам және биосфера» бағдарламасына сәйкес 1973 жылдан бастап жүргізіліп келеді (Қаз. тілі термин. Биология). Қазіргі кезде дүние жүзінің 82 мемлекетінде 320-дан астам *биосфералық қорықтар* ұйымдастырылған (1998) (Қаз. тілі термин. Биология).

БИОСФЕРОЛОГИЯ з а т. б и о л. *Биосфера туралы ғылым. Биосфер ология* биосфера функциясының механизмдері мен құрылымын, эволюциясын, пайда болуын зерттейді (Қаз. тілі термин. Экология). *Биосферология* негіздеріне В.И.Вернадский еңбектері жатады (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОСЫНАМА з а т. б и о л. ж а ң а. <лат. biopsia, грек. bios – өмір және opsis – түр> *Тірі жануарлар ағзалары мен микроскоптық зерттеуге алынған мүшелер мен ұлпалардың ұсақ кесіндісі.* ≈ *Биосынама* алу.

БИОТА [грек. biote] з а т. *Белгілі бір аумақта тіршілік ететін әртүрлі өсімдіктер мен жануарлардың тарихи қалыптасқан топтары. Биотаның* биоценоздан айырмашылығы – *биотаның* құрамына бірбіріне ешқандай байланысы жоқ түрлері де кіреді (ҚҰЭ). *Биота* – қандай да бір нақты аумақты мекендейтін тірі организмдердің (өсімдіктердің, жануарлар мен микроорганизмдердің) тарихи қалыптасқан жиынтығы (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОТАЗАРТУ з а т. б и о л. *Су мен топырақты сүзілуге немесе осы қоспаларды ыдыратуға және олардың бастапқы қасиетін қалпына келтіруге ықпал етуші тірі ағзалардың көмегімен бөгде және зиянды агенттерден тазарту* (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОТАЛЫҚ с ы н. *Биотаға қатысты, биотаға тән. Биоталық* қарым-қатынас – биоценоздағы организмдердің бір-бірімен әртүрлі ара қатыстары (Қаз. тілі термин. Экология). *Биоталық* қауымдастық – кеңістіктің қайсыбір табиғи көлемінің шенінде бірге тіршілік ететін автотрофтық және гетеротрофтық организмдердің (кейде олардың біреуінің ғана) жүйесі (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОТЕХНОЛОГИЯ [грек. bios – өмір, грек. techne – өнер, грек. logos – ілім] з а т. б и о л. *Биологиялық нысандар мен биологиялық процестердің негізінде адамзатқа қажетті өнімдер алудың тиімді технологиясын жасауға бағытталған ғылым мен өндіріс саласы.* Микроорганизмдерді қолдана отырып, нан пісіру, айран, қымыз, шұбат, сыр дайындау ежелден бері белгілі болғанымен, *биотехнология* XX ғасырдың 70-жылдарында ғана дами бастады (Қаз. тілі термин. Биология). *Биотехнология* әдістері қоршаған ортаның экологиялық жағдайын жақсарту үшін (ағынды суларды биологиялық жолмен тазарту), өсімдіктерге зиянкес жәндіктер мен ауруларға қарсы күресу үшін, белоктар, амин қышқылдарын (лизин, треонин, триптофан), витаминдер, ферменттер, антиобиотиктер, гормондар, биопестицидтер және т.б. био- және медпрепараттар алу үшін қолданылады (Қаз. тілі термин. Биология). *Биотехнология* әдістерін пайдалану – өсімдіктер мен жануарлар селекциясының мерзімін қысқартып, тиімділігін арттырады (Қаз. тілі термин. Биология).

БИОТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ с ы н. б и о л. *Биотехнологияға тән, биотехнологияға қатысты. Биотехнологиялық* әдістерді пайдалана отырып, ауылшаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен сапасы жоғары сорттарын, асыл тұқымды малдардың түрлерін, пайдалы микроорганизмдердің штамдарын тез және тиімді жасап шығаруға болады (Қаз. тілі термин. Биология). *Биотехнологиялық* жолмен биологиялық белсенділігі жоғары заттар, витаминдер, дәрілік, дәмдік, хош иісті өнімдер немесе сол өнімдердің құрамына енетін алуан түрлі қосылыстар алуға болады (Қаз. тілі термин. Биология). *Биотехнологиялық* жолмен табиғатта сирек кездесетін немесе жойылып бара жатқан құнды түрлерді сақтап, жылдам көбейту мәселелері шешіледі (Қаз. тілі термин. Биология).

БИОТЕЛЕМЕТРИЯ [грек. bios – өмір, грек. tele – алыс, грек. metron –өлшеу] з а т. б и о л. *Тұрлі биологиялық құбылыстар мен процестер көрсеткіштерін қашықтықтан өлшеу тәсілі. Б и о т е л е м е т р и я* тәсілін қолдану зерттеуді үлкен қашықтықтан жүргізуге мүмкіндік береді (ҚҰЭ). *Б и о т е л е м е т р и я н ы ң* дамуы ең алдымен гендік және клеткалық инженерияға тікелей байланысты (ҚҰЭ).

БИОТЕХНИЯ [грек. bios – өмір, грек. techne – өнер] з а т. б и о л. *Жабайы аңдардың санын көбейтіп, оларды қорғаудың жолын іздестіру, аңдардан алынатын өнімнің сапасын жақсарту мақсатында зерттеулер мен істәжірибелік шараларды жүзеге асыратын аң шаруашылығының саласы* (Қаз. тілі термин. Биология).

БИОТЕХНИЯЛЫҚ с ы н. б и о л. *Биотехнияға қатысты, биотехнияға тән. Б и о т е х н и я л ы қ* жұмыстар қорықтарда, аңшылық қорық шаруашылықтарында, табиғи саябақтарда жүргізіледі (ҚҰЭ). *Б и о т е х н и я л ы қ* шаралар агроценозда қалыптасқан табиғи жүйелерге күрт өзгеріс әкелмейді (ҚҰЭ).

БИОТИН [грек. bios] з а т. б и о л. *Су мен спиртте жақсы еритін түссіз кристалды зат. Б и о т и н* ерітінділері ыстық температураға төзімді келеді (Қаз. тілі термин. Биология). *Б и о т и н* барлық жануарлар мен өсімдіктер ұлпаларында кездеседі (бауыр, бүйрек, ет, сүт, томат, соя, бұршақ), жұмыртқаның сары уызында көп (жұмыртқаның 250 кг сары уызында 11,1 ммг *б и о т и н* болады) (Қаз. тілі термин. Биология). *Б и о т и н* жетіспеушілігінің салдарынан тері қабыршақтана бастайды, қабынады, шаш түседі (Қаз. тілі термин. Биология).

БИОТОП [грек. bios – өмір, грек. Topos – мекен] з а т. б и о л. *Биоценоздың рельефі, ауа райы жағдайы шамамен біркелкі болып келетін құрлықтағы немесе судағы алатын орны. Б и о т о п* – бір биоценоз орналасқан, абиоталық факторлар бойынша салыстырмалы біртекті тіршілік кеңістігі (Қаз. тілі термин. Экология). *Б и о т о п* өзінің табиғи және тарихи қалыптасқан географиялық орны мен фауна, флора және абиотикалық факторлар жиынтығымен ерекшеленеді (ҚҰЭ). *Б и о т о п* пен биоценоз бірігіп, ірі бірлестік – биогеценоз құрайды (ҚҰЭ).

БИОТӨСЕМ з а т. э к о л. *Тірі ағзалардың негізгі массалары шоғырланған және бүкіл экологиялық құрауыштардың бір-бірімен белсенді қатынаста болатын биосфера қабаты. Б и о т ө с е м* – тірі заттектердің қабаты (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОФИЗИКА [грек. bios – өмір, грек. physike – табиғат] з а т. б и о л. *Тірі ағзаларда жүретін физикалық және физикалық-химиялық процестерді, сондай-ақ биологиялық жүйелердің ультрақұрылымын зерттейтін ғылым.* Физика, химия, математика ғылымдарының идеясы, теориялық негіздері мен биологиялық әдістердің ұштасуы *б и о ф и з и к а н ы ң* дамуына зор мүмкіндік туғызды (ҚҰЭ). *Б и о ф и з и к а* молекулалық биология, биохимия ғылымдарымен тығыз байланысты (ҚҰЭ).

БИОХИМИК з а т. х и м. *Биохимия ғылымының маманы. Б и о х и м и к т е р д і ң,* физиологтардың қажырлы еңбектерімен көптеген жұмыстарын бір-біріне ұштастырып жинақтаудың арқасында ғана тірі клетканың ішіне үңіліп, оның аса нәзік структурасын, атқаратын қызметін анықтауға мүмкіндік туады (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

БИОХИМИЯ [грек. bios – өмір, chimia – заттектер туралы ғылым] з а т. х и м. *Жанды заттар мен өсімдіктер ағзасындағы тұрақты химиялық зат алмасу процестерін зерттейтін ғылым саласы. Б и о х и м и я* – өмірдің мәнін танудың ең сенімді әдісі және өмірдің қалай пайда болғанын ұғынудың әдісі (А.Қасымжанов, Диалект. заңдары). *Б и о х и м и я* саласындағы зерттеулерді негізінен молекулалық биология және биохимия ғылыми-зерттеу институты үйлестіріп отырады (ҚҰЭ).

БИОХИМИЯЛЫҚ с ы н. х и м. *Биохимия ғылымына тән, соған қатысты.* Тіршіліктің негізі – зат алмасу процесімен байланысты организмнің қызметі, құрылысы, *б и о х и м и я л ы қ* процестері бір-бірімен ұштасып жатады (Қ.Нұғматжанов, Гистология.). Ауру мал денесіндегі *б и о х и м и я л ы қ* өзгерістерге, айталық, туберкулез қоздырғышының әрбір типі тудыратын *б и о х и м и я л ы қ* өзгерістерге назар аудара бастады (Малды туберк. сақта). Азық асқазан жолымен жылжығанда механикалық, *б и о х и м и я л ы қ,* микробиологиялық ұқсатудан өтеді (Құс өсіруші.).

Биохимиялық көрсеткіш. э к о л. *Ластану көрсеткіші. Б и о х и м и я л ы қ к ө р с е т к і ш* көрсетуі биохимиялық процестердің ағзада немесе ағзадан тыс өзгерістері негізінде анықталады (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОХОР [грек. bios – өмір, грек. choro – кеңістік] з а т. б и о л. *Ұқсас биотоптар жиынтығы, тіршілік аймағы. Б и о х о р л а р* биоциклдерге бөлінеді (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОЦЕНОЗ [грек. bios – тіршілік, koinos – жалпы] з а т. б и о л. *Құрлықтың немесе судың белгілі бір бөлігін мекендейтін, сондай-ақ өзара және тіршілік ортасының табиғат жағ-*

дайына бейімделген жануарлар, өсімдіктер, саңырауқұлақтар, микроағзалар жиынтығы. Б и о ц е н о з терминін неміс гидробиологы К.Мебиус ұсынған (ҚҰЭ). *Б и о ц е н о з* барлық организмдердің белгілі бір жер көлеміндегі биологиялық жиынтығы мен биологиялық өнімділігі және олардың құрылымы арқылы сипатталады (ҚҰЭ). *Б и о ц е н о з* – биосфераның біртекті телімінде, өзара және ортаның абиоталық факторларымен белгілі бір қатынаста болуымен сипатталатын, бірлесіп тіршілік ететін өсімдіктердің, жануарлардың және микроорганизмдердің жиынтығы (Қаз. тілі термин. Су.).

БИОЦЕНОЛОГИЯ з а т. б и о л. *Биоценоз туралы ғылым, оның құрамы, құрылымы, ішкі және сыртқы байланыстары, дамуы мен өнімділігі, пайдалану және қорғау мәселелері* (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОЭКОЛОГИЯ з а т. б и о л. *Тірі ағзалар және олардың мекенжайларымен қарым-қатынастары туралы ғылым. Б и о э к о л о г и я* терминін 1865 жылы неміс ғалымы Э.Геккел енгізді (Қаз. тілі термин. Экология).

БИОЭНЕРГЕТИКА [грек. bios – өмір, грек. lnergeia – әрекеті] з а т. б и о л. *Тірі ағзалардағы энергияның бір түрден екінші түрге айналу заңдылықтарының молекулалық негіздері мен механизмдерін зерттейтін ғылым. Б и о э н е р г е т и к а* биологиялық тіршілік құбылыстарын энергетикалық тұрғыдан талдайды (ҚҰЭ). *Б и о э н е р г е т и к а* зерттеулері негізінен термодинамика заңдылықтарына сүйенгенімен, *б и о э н е р г е т и к а* және органикалық заттардың энергетикасы арасында айырмашылық бар (ҚҰЭ).

БИОЭТИКА [грек. bios – өмір, лат. ethica – дәстүр] з а т. б и о л. *Биологиядағы этикалық мәселелерді қарастыратын ғылым. Б и о э т и к а* эволюциялық этика, экологиялық этика, әлеуметтік биология сияқты ағымдармен қатар дамыды (ҚҰЭ).

БИОЭТИКАЛЫҚ с ы н. *Биоэтикаға қатысты, биоэтикаға тән. Б и о э т и к а л ы қ* зерттеулерде моральдық қасиеттер бүкіл тіршілікті қамтитын эволюция арқылы сарапталады (ҚҰЭ). *Б и о э т и к а л ы қ* мәселелер қазіргі ғаламдық парадигмалармен тығыз байланысты (ҚҰЭ).

БИӨЛШЕУ с ы н. *Мөлшерсіз, шектен тыс.* Елшіні жақсы жайға баға берді, *Б и ө л ш е у* жата берді көп ішіп-жеп (Бабалар сөзі // Хикаялық дастандар).

БИПАЗ с ы н. **1.** *Икемді, ыңғайлы, оңтайлы.* Жаңа жеңгемнің ісмер *б и п а з* қолы жыртық-жәутік ескі бұйымдарды да қағып-сілкіп, жамап-жасқап жаңғыртып, тәртіптен кәдеге жарата бастады (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Жеңгемнің *б и п а з* қолы тамақты да дәмді етіп істеуші еді. Ол қуырған арпа-бидай ешуақытта жалындамайды, бадырайып әдемі куырылады (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Қажымұраттың көңілін қимай бұл да тоқал тамның үстіне төсеніш сүйреп келіп еді, биязы алақан, *б и п а з* күтімге үйреніп қалған кірпияз неме биік астауын іздей бастады (Қ.Ысқақов. Түйық). **2.** *Биязы, сыпайы.* Айшаның өзі де – әйелдің сүйкімдісі. Мінезі қандай биязы, *б и п а з* болса, тілі де соңдай жұмсақ, майда (З.Шашкин, Теміртау). – Оның бәрі рас қой, қажы, – деді Жәмпейіс, – сонда өзің сипаттап отырғандай тәрбиелі, *б и п а з* қызды қайдан табамыз бұл Сәбитке? (С.Мұқанов, Есею жыл.). Білгенің жақсы, – деді қарт әже *б и п а з* үнмен, – бұның бәрін менің Зинатайым да біледі (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).

БИПАЗДА= е т. *Баптау, мәнеріне келтіру, әдемілеу.* Біздің үйде үлкендігі кітап бетіндей бір қалың айна бар. Шешем сол айнаны *б и п а з д а п* тұрып сүртті... (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Кити Сәнжанның бас жағындағы аласа столға тамақ құйып, *б и п а з д а п* қана шашын сипады (Ә.Тарази, Асу.). Қыз десе, қызық десе сайтаны бар, Қиылып, қиын қолқа айтары бар. Көңілін қалқатайдың қалдырса егер, *Б и п а з д а п,* жұбататын байпаңы бар (М.Әлімбаев, Өшпес от).

БИПАЗДАН= е т. *Әдемілену, баптану, жайбарақаттану.* Ертеден қара кешке дейін іс тіге ме?! Қыз-қатынмен сөйлесіп бос жүре ме?! Жоннан-жонға шығандап түз кете ме?! *Б и п а з д а н ы п* жұмысы бір бітпейді (Ж.Аймауытов. Шығ.). – Немесе, күн ұзын *б и п а з д а н ы п* болмағаның? – деп шайын ұрттай бастады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ол қармағына ілінген балықты кете алмастай етіп жіпке тізіп, көңілі жай тауып, *б и п а з д а н ғ а н* балықшы тәрізді (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

БИПАЗДАТ= е т. *Созу, асықпау, алдаусырату.* Осылайша, бөлкім, шамалы басқаша, өз тілінде *б и п а з д а т ы п,* миназдатып келді де, сөзінің соңында: – Исаның қатыны сүйекті итке тастамай құрдым суға тастайтын бопты ғой! – деп екіұшты сыр жарды («Қазақ әдеб.»).

БИПАЗДАУ[1] с ы н. *Шаруаға ыңғайлылау, икемділеу,* Жақсы тұқым шаруаның еңбекшіл *б и п а з д а у* қолы өндеген жерде ғана қаулап өсіп, қабағат өнім бермек (Ә.Нұршайықов, Жомарт өлке).

БИПАЗДАУ[2] *Бипазда етістігінің қимыл атауы; бүркеу, жасыру.* Адамды бағаға сайып, безбенмен өлшеуге бола ма! Өз осалдығыңды *б и п а з д а у* ғой бұл (С.Сарғасқаев. Тәмпіш қара).

БИПАЗДЫҚ з а т. *Жайбасарлық, жайбарақаттық.* – Сафуранық жаққан отына жылынып отыра берсейші, ұйқы күйттейтін уақыт емес, – деп ол орынсыз *б и п а з д ы қ т ы* бойына мін көретін сырдаң салтпен, жорта тойтарып тастады (Р.Әутәліпов, Той тарқар).

БИПАЛАҚТА= е т. *Тездету, жылдамдату.* Кербезім, *б и п а л а қ т а п* үйден шығып, Алдымнан киіз салып әзір қылсаң (Т.Ысқақов. «Қазақ әдеб.»).

БИПАҢ с ы н. *Жай, бәсең.* Енді қанша жын шақырса да, дауыстары жалыныштары, *б и п а ң* дәрменсіздіктен аспады (С.Елубаев).

БИПАҢДА= е т. с ө й л. **1.** *Теңселу, жай қозғалу.* Күн көзі Суықтөбенің жиегінен асып, төмен құлағанда көк жорға *б и п а ң д а п* жолға түсті (І.Жансүгіров, Әңгім.). Қара борбай балалар-ақ көп. Иін ағашпен екі шелек су алып *б и п а ң д а п* басып бір әйел кетіп барады (Д.Досжанов, Тұлпар ізі.). **2.** а у ы с. *Жағымпаздану, жағыну, көлгірсу.* Кімде-кім қорыққанын алдаумен, түлкіше қылып айла бұлаңдаған. Халықты жексұрын қып болыснайлар. Үйезге жағымсынып *б и п а ң д а ғ а н* (М.Көпеев [Мәшһүр-Жүсіп], Хал-ахуал).

БИПАҢДАТ= е т. *Көлгірсіту, маймөңкелету.* – Күн тым болмаса, арқан бойы көтерілсін де. Оған дейін шаруамды жайғай қояйын, – деп *б и п а ң д а т а* бастайды (Е.Қонарбаев, Түнгі от). Қақ-соқпен ісі жоқ Әбікеннің асырмай, жасырмай *б и п а ң д а т п а й* баян еткен жабайы жәйттері Сәкеннің көкейіне түгелдей жуық қонды (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл).

БИПАҢДАТУ *Бипаңда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Әңгіменің соңын *б и п а ң д а т у ы* ұнамады.

БИПАРАСАТ [ир. بي فراست] с ы н. *Парасаты жоқ, парасатсыз.* Сауалы бір-ақ сөзге келер мақсұс, Білем бе сұрағанын қайсысын мен? Әлқисса сөз ақырын еттім тамам, Дүр Омар *б и п а р а с а т* ақылы төмен (Айтыс).

БИПАТРИД [лат. bi – қос, екі, грек. patris – отан] з а т. қ о ғ. *Қос не көп азаматтыққа ие адамдар. Б и п а т р и д т е р д і ң* пайда болу себептері – мемлекеттердің азаматтық туралы заңдарының қақтығысқа түсуі (Қаз. тілі термин. Заңтану.).

БИПЕРЗЕНТ [ир. بي فرزند] з а т. *Перзентсіз, баласыз, ұрпақсыз.* Жаттым барып көк моланың жанында, *Б и п е р з е н т т і ң* береке жоқ малында, Бір жағында тесігі бар қабырдың, Сыртқа шықты сәске түстің шағында (Көрұғлы).

БИПЛЕКСЕР [лат. bipbexer] з а т. и н ф. *Мәліметтерді жеткізудің жоғары жылдамдықты арнасы* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

БИПЫЛ з а т. с ө й л. ***Бейпіл.*** Еркін сөйлеп қалған *б и п ы л* ауызды қойыңыз бұл (Ү.Уайдин, Ендігісі.).

БИПЫЛДАТ= е т. *«Бипыл» деп қайталай беру; сырнайлату, сырнайды нақышына келтіріп тарту;* «Ақ тентектің» сұлу қайырмасын *б и п ы л д а т а* жорғалатқанда, жастар жағы ақ көйлек, сары көйлек киген қыздар самалға тербеліп, судыраған ақ қайың, көк терекше ырғалғандай болды (С.Жүнісов. Ақан сері).

БИПЫЛ-ТИПЫЛ е л і к. *Теңселіп, ырғалып-жырғалған жүрісті бейнелейтін сөзқолданыс.* Беу, шіркін! *Б и п ы л-т и п ы л,* майқаңқайқаң Оздым деп оғаш мінез көрсетпейді («Қазақ әдеб.»).

БИПЫҢДА= е т. *Бипың-бипың ету. Б и п ы ң д а п* биші башпайлар, Тигізбей жерге өкшені. Шешіліп кетіп «Шашбаулар...» Тербелді алма төстегі (Д.Әбілев, Жүрек.).

БИПЫҢДАТ= е т. *Бипың-бипың еткізу.* Жігіттер *б и п ы ң д а т ы п,* екі ішекті астыүстінен қосарлай басып, дәмді ызыңдарды сары қымыздай сапырып жатыр (Т.Әлімқұлов, Сейтек.).

БИПЫҢДАТУ *Бипыңдат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Нақышына келтіре *б и п ы ң д а т у ы.*

БИПЫҢДАУ *Бипыңда етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Б и п ы ң д а у ы* қызық.

БИРЖА [нем. borse] з а т. э к о н. **1.** *Сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы негізінде тауар-ақша және тауар-айырбас операцияларын еркін қалыптастырып, реттеп отыратын негізгі рыноктық құрылым.* Жер аристократтары, фермерлер, фабриканттар, көпестер, банкирлер, *б и р ж а* рыцарлары, армияға азық-түлік жеткізушілер өлшеусіз байып алған (К.Маркс, Капитал). *Б и р ж а л а р* 15–16 ғасырларда пайда бола бастады (ҚҰЭ). Көпшілік қауым *б и р ж а* операцияларына делдалдар арқылы қатысады (ҚҰЭ). **2.** *Мемлекеттің бақылауымен тұрақты жұмыс істейтін рынок нысанындағы мемлекеттік немесе акционерлік мекеме. Б и р ж а л а р д а* өсті баға Мың береді бір сыбаға! Ұмтыл, Мырза, Африкала, Африкаға (Ә.Тәжібаев, Аралдар). Париж *б и р ж а с ы н д а* «алтын дүрбелеңі» одан сайын күшейіп, мұнда кеше жалдаптардың алтынды сатып ала бастағаны тағы да байқалды («Соц. Қаз.»).

Биржа айналымы. э к о н. *Белгілі бір кезеңде биржада жасалған мәмілелер көлемі. Б и р ж а а й н а л ы м ы* тауарлар мен құнды қағаздар бағасының сомасымен айқындалады (ҚҰЭ). Сатылған тауарлар мен құнды қағаздардың мөлшері *б и р ж а а й н а л ы м ы н ы ң* көрсеткіші болып табылады (ҚҰЭ).

Биржа аппараты. э к о н. *Биржаларда бағалы қағаздарды сатудың соңғы бағамын және бағалы қағаздармен байланысты мәміленің көлемін ұдайы беріп тұратын телеграфтық байланыс жүйесі* (ҚҰЭ).

Биржа аукционы. э к о н. *Биржада тауарлар сатудың түрі. Б и р ж а а у к ц и о н ы н д а* сатушы белгілеген баға бастапқы баға болып табылады, ал тауар неғұрлым жоғары баға ұсынған сатып алушыға беріледі (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Биржа бағасы. э к о н. *Биржа мекемелері жасаған келісімдерді ескере отырып, белгілеген құнды қағаздар (акциялар мен облигациялар) мен тауарлар бағасы. Б и р ж а б а ғ а с ы* биржада болып жатқан өзгерістердің бір көрсеткіші бола отырып, құнды қағаздар мен биржа тауарларына деген сұраныс пен ұсыныстардың арақатынасын белгілейді (ҚҰЭ). *Б и р ж а б а ғ а с ы* өте құбылмалы, тіпті бір күн ішінде сан рет өзгеріп отырады (ҚҰЭ).

Биржа бажы. э к о н. *Биржа комитеті биржа мүшелерінен және клиенттерінен биржа мәмілесін жасасқаны үшін алатын төлемақы* (ҚҰЭ).

Биржа дағдарысы. э к о н. *Экономикалық дағдарыстың немесе ерекше бір саяси жағдайлардың салдарынан құнды қағаздар (акция, облигация) биржасында орын алатын дағдарыс. Б и р ж а д а ғ д а р ы с ы н д а* құнды қағаздардың курсы шұғыл төмендейді және оларды шығару азаяды (ҚҰЭ). *Б и р ж а д а ғ д а р ы с ы* кезінде нақты ақшаға мұқтаж болатындықтан, құнды қағаздарды биржада көптеп сата бастайды, мұның өзі оларды мүлде құнсыздандырып жібереді (ҚҰЭ).

Биржа делдалдары. э к о н. *Қор, валюта биржаларында делдалдық қызмет атқаратын адамдар немесе фирмалар. Б и р ж а д е л д а л д а р ы* белгілі бір салаға маманданады және олар жасасатын келісім, акция курсы т.б. жөніндегі деректерге қанық болады (ҚҰЭ). *Б и р ж а д е л д а л д а р ы* өзінің делдалдық қызметі мен берген кеңесі үшін ақы алады (ҚҰЭ).

Биржа дүрлікпесі. э к о н. *Биржа дағдарысының өте шиеленіскен кезеңі. Б и р ж а д ү р л і к п е с і* бағалы қағаздар (ең алдымен, акциялар) курстарының күрт, апаттық сипатта құлдырауымен сипатталады (Қаз. тілі термин. Экономика.). *Б и р ж а д ү р л і к п е с і* басталғанда, бағалы қағаздардың ұсынымы күшейіп, оған деген сұраныс күрт құлдырайды (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Биржа мүшесі. э к о н. *Биржа капиталында үлеспұлы бар заңды тұлға немесе жеке адам. Б и р ж а м ү ш е с і н і ң* биржада мәміле жасасу, оның басшы органдарын сайлау және сайлану, биржа саудасының ережелерін әзірлеуге қатысу құқығы бар (Қаз. тілі термин. Экономика.). *Б и р ж а м ү ш е с і* жыл сайын жарналар, биржалық алымдар төлеуге, биржа саудасының ережелерін және биржаның басшы органдарының қаулыларын орындауға міндетті (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Биржа саудасы. э к о н. *Биржа делдалдығы арқылы тауарлармен және бағалы қағаздармен сауда жасау. Б и р ж а с а у д а с ы н д а* тауарларды клиенттің тапсыруымен және соның есебінен брокерлер (биржа маклерлері) сатады немесе сатып алады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Валюта биржасы. э к о н. *Валюталық операцияларды шоғырландыратын, валюта нарықтарын қалыптастырып, оның өзара байланысы мен динамикасын қамтамасыз ететін халықаралық валюталық-қаржылық қарым-қатынастардың құрамдас бөлігі.* Биржалық сауда конъюктурасы мен қор және *в а л ю т а б и р ж а л а р ы н ы ң* жағдайы әлемдік экономикаға, тауарлық және валюта пиасасының (рыногының) дүниежүзілік ахуалына және әлемдік баға деңгейіне тікелей қатысты (ҚҰЭ). Дүниежүзілік *в а л ю т а б и р ж а с ы* Лондонда, Нью-Йоркте, Токиода, Цюрихте орналасқан (ҚҰЭ).

Еңбек биржасы. э к о н. *Жұмыс күшін жалдау кезінде кәсіпкерлер мен қызметкерлер арасында делдалдық жасайтын мемлекеттік мекеме.* Мемлекет *е ң б е к б и р ж а л а р ы* арқылы еңбек пиасасына ықпал етеді (ҚҰЭ). *Е ң б е к б и р ж а с ы н ы ң* негізгі қызметі – жұмыссыздарды жұмыспен қамту, жұмыс орнын ауыстыруға көмектесу, жұмысшы күшінің нарықтық конъюктурасын зерттеп, олар туралы ақпарат беру, жұмыссыздарды есепке алып, оларға жәрдемақы төлеу және т.б (ҚҰЭ).

Қор биржасы. э к о н. *Жергілікті үкімет органдары мен мемлекеттік емес компаниялар шығаратын құнды қағаздар жөнінде мәмілелер жүргізетін биржа түрі. Қ о р б и р ж а с ы н д а* жасалатын мәмілелер кассалық (сатып алынған құнды қағаздар ақысы екі-үш күн ішінде төленеді) және мерзімдік (акциялардың ақшасы бір ай ішінде төленеді) болып бөлінеді (ҚҰЭ). *Қ о р б и р ж а с ы н д а* құнды қағаздардың нарқы сұраныс әсеріне, дивиденд көлеміне және процент мөлшеріне қарай өзгеріп тұрады (ҚҰЭ).

Тауар биржасы. э к о н. *Сапасы жағынан қалыптасқан стандартқа толықтай сай келетін белгілі бір тауарларды сатып алу мен сату үшін ұйымдасқан пиасаны (рынокты) қамта-*

масыз етуші саудагерлер ассоциациясы. Т а у а р б и р ж а с ы н д а негізінен біртекті өнімдер – астық, мақта, металл т.б. саудаланады (ҚҰЭ). Бұл тауарлардың әлемдік бағасы дүние жүзінің жетекші *т а у а р б и р ж а л а р ы н д а* қалыптасқан баға арқылы анықталады (ҚҰЭ). *Т а у а р б и р ж а с ы* өндірілген көпшілік тауарларын үстеме бағамен сатып алу, сату рынок түрлерінде жүргізіледі (Орыс.-қаз. экон. сөздігі).

БИРЖАЛЫҚ с ы н. э к о н. *Биржаға тән, биржаға қатысты. Б и р ж а л ы қ* алым – биржа комитетінің құнды қағаздарды сатып алушыдан биржа келісімін жасауына берілген құқық үшін жинайтын ақшалай алымы (ҚҰЭ). *Б и р ж а л ы қ* алым әдетте сату бағасының 2% көлемінде алынады (ҚҰЭ).

Биржалық мәміле. з а ң. *Биржалық сауда кезінде қатысушылар тауарға қатысты жасасатын және онда тіркелетін шарт (келісім). Б и р ж а л ы қ м ә м і л е* биржалық ережелерде көрсетілген тәртіптер бойынша жүзеге асырылады (Қаз. тілі термин. Заңтану.). *Б и р ж а л ы қ м ә м і л е* биржаның атынан жасалмайды (Қаз. тілі термин. Заңтану.).

БИРЖАШЫ з а т. э к о н. *Биржа иесі.* Таянып қалған бүліністің бірінші белгісі – ақша апаты. Ірі-ірі фирмалар күйрейді. *Б и р ж а ш ы л а р,* банкирлер, саудагерлер қатты үрейленеді (Қысқ. саяси экон.).

БИРЮЗА [перс. pirosa] з а т. х и м. *Фосфаттар тобына жататын минерал, көгілдір немесе көкшіл жасыл түсті асыл тас. Б и р ю з а н ы ң* кристалдары тығыз масса, қабыршық, талшық түрінде кездеседі (ҚҰЭ). *Б и р ю з а* асыл тас ретінде қолданылады (ҚҰЭ).

БИСАҒАТ [ир. ар. ساعة بي] з а т. *Мезгілсіз, сәтсіз.* Төлеген сонда тым болмаса бетімді жауып кетсеңші деп Бекежанға бір сөз деді: «Пұл жібердім қалаға, *б и с а ғ а т* күн Құдайай, Мен шығыппын далаға!» (Қыз жібек).

БИСАЯСАТ с ы н. с ө й л. ***Бейсаясат***. Жасыратыны жоқ, біздің прозамызда тоғышарлар талғамына лайықталған, идеясыз, *б и с а я с а т* әңгімелер мен повестер де көрініп қалды («Қаз. әдеб.»). Осы әнеукүнгі біздің өкіліміз қатысқан бір жиында да *б и с а я с а т* бағыт ұстапты (К.Баялиев, Нөсер).

БИСАЯСАТТЫҚ з а т. с ө й л. ***Бейсаясаттық***. *Б и с а я с а т т ы қ* – саясатқа немкетті қараушылық (Саяси сөздік).

БИСАЯСАТШЫЛДЫҚ з а т. с ө й л. ***Бейсаясатшылдық***. Поэзияда орынсыз дөрекілік, *б и с а я с а т ш ы л д ы қ,* беймезгілдік, бұлдыр тұмандық, ермекшілдік пен еріккендік, еңбексіздік секілділер болмасқа керек («Қаз. әдеб.»).

БИСКВИТ [франц. biscuit] з а т. т а м а қ. *Қант пен жұмыртқа қосып иленген ұннан дайындалатын кондитерлік тағам.* Жұмыртқаның тұтастай, не тек ақ уызы, не сары уызы ғана пайдалануына, пайдаланған ұн (бидай, сұлы, күріш, жүгері ұны) болуына қарай *б и с к в и т т е р д і ң* көптеген түрлері болады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Б и с к в и т т і ң* ерекшелігі – жұмыртқа салмағы (не көлемі) жағынан ұннан анағұрлым көп қосылады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Биксвит қамыры. т а м а қ. *Ұн, жұмыртқа мен қант қосып иленетін қамыр. Б и с к в и т қ а м ы р ы* үшін сары уызынан ажыратылған жұмыртқаның ағы арнайы бұлғауыштармен бірнеше минут бойы алғашқы көлемінен 2,5–3 есе ұлғайып, көпіршігенше шайқалады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Б и с к в и т қ а м ы р ы н* картоп және бидай ұнының қоспасынан әзірлеуге болады, бірақ картоп ұны бисквитті құрғатады («Шаңырақ» энц.).

БИСКВИТТІ с ы н. т а м а қ. *Бисквиттен жасалған, бисквит қамырынан дайындалған.* ≈ *Б и с к в и т т і* өнім.

Бисквитті орама. т а м а қ. *Піскен бисквиттің үстіне повидло, крем не тосап жағып, оралып жасалатын кондитерлік өнім. Б и с к в и т т і о р а м а* әбден салқындағанда, қағазға орап қойылады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). Салқын *б и с к в и т т і о р а м а н ы ң* қағазы алынып, кесіледі (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Бисквитті таяқша. т а м а қ. *Бисквит қамырын конус тәрізді қалтаға салып, металл түтікшемен табаға таяқша түрінде салып* пісірілетін *кондитерлік өнім. Б и с к в и т т т і т а я қ ш а л а р д ы ң* ұзындығы 6-8 см, қалыңдығы 1,2–2 см болуы тиіс (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Б и с к в и т т т і т а я қ ш а н ы ң* бетіне қант ұлпасы себіледі (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

БИСМЕЛДА о д. д і н. с ө й л. ***Бісміллә.*** Көздері ұйқыға кетер-кетпесте Айшаның *б и с м е л д а с ы* амандықпен көрісейік, қош қарағым болатын (Ж.Жұмаханов, Солдат.).

БИСМИЛЛА [ар. بسم الله] о д. д і н и. ***Бісміллә.*** *Бір Алланың атымен, Аллаға сыйынып деген мәндегі сөзқолданыс. Б и с м и л л а,* әуелі аққа сана айтпақ, Оның үшін салауат Рәсуліміз аққа дос болған. Жұмлөдан бұрын жаратып Халыққа нұры пәш болған (Кердері Әбубәкір, Қазағым). – *Б и с м и л л а! Б и с м и л л а,* – деп бар даусыммен нығырлап үш рет айттым (Б.Соқпақбаев, Өзім тур.). «Ағузы» менен *«б и с м и л л а»* – Әрбір сөздің бастауы (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Бисмилла деп. *Бір Аллаға сыйынып, Алланы еске алып. Б и с м и л л д а д е п* сөйлесем, Тілге

жәрдем бере көр, Тіл жаратқан жәләлім. Жанға жәрдем бере көр, Жан жаратқан жәләлім (Үш ғасыр.). Әуелі *« б и с м и л л а» д е п* сөз басталық, Алланың хақ жолынан адаспалық (Кердері Әбубәкір, Қазағым). *Б и с м и л л а д е п* арланның ішін жарғанда, әйелі қолын салып жіберіп, жүрегін суырып алып, шикідей жеп жібереді (К.Әзірбаев, Аңыз).

Бисмилла иррахман ирраһим. *Шапағатты, рақымды Алланың атымен. – Б и с м и л л а и р р а х м а н и р р а һ и м!* Кәніки, алыңыздар, – деді отырғандар (М.Қаратаев). – *Б и с м и л л а и р р а х м а н и р р а һ и м,* – деді молда (Ү.Уайдин).

БИССЕКТРИСА [франц. bissectrice] з а т. г е о м. ***Жарма*** *(бұрыштың төбесі арқылы өтіп, оны қақ бөлетін түзу сызық). Б и с с е к т р и с а н ы ң* әрбір нүктесі бұрыш қабырғаларында жатады (ҚҮЭ). Үшбұрыштың бір бұрышының төбесінен оған қарсы жатқан қабырғаға дейінгі жүргізілген түзу сызық кесіндісі үшбұрыштың *б и с с е к т р и с а с ы* деп аталады (ҚҮЭ).

БИСЫМАҚ[1] з а т. э к с п р. *Би болғансымақ, биге ұқсаған.* Аңдығаны әңгіме, дау-жанжалдың ұйытқысы ауылдың атқамінер, *б и с ы м а қ т а р ы* да жалақтап тұр (А.Тоқмағамбетов, Әке.). Жездесі жеріген ауылнайлықты тастап, бұл күндері дау-шарға араласып, *б и с ы м а қ* болып жүр (А.Хангелдин, Ғани.).

БИСЫМАҚ[2] з а т. э к с п р. *Шағын би.* Тырна биі деп атанған кішкене *б и с ы м а қ т ы* Өміртай тырнасына ерінбей, жалықпай айлар бойы үйретті (Ө.Тұрманжанов, Адам. дос).

БИСІН= е т. *Би болғансу, өзін биге санау.* Кептердің сұңқар зарына исінеді, Лашынның ерлігіне сүйсінеді. Кептерге тілегенше ерік беріп, Ең әділ дүниеде *б и с і н е д і* (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

БИТ[1] з а т. **1.** *Жан-жануарлардың қанын соратын жәндік. Б и т,* бүрге, қандалалар қанды сорып, Қасынып түнде үйқы жоқ жанды қорып. Білмейміз елдегілер неғылып жүр, Қазіргі осы боп тұр біздің жорық (М.Дулатов, Шығ.). Қырық жамаулы сырты көн, Қашан қараң өшеді, *Б и т* быжынаған жыртық тон!... (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Қызып тұрған үлкен қаңылтыр пештің үстіне жейделерін шешіп әкелген жігіттер бірінен соң бірі *б и т т е р і н* қағады (І.Жансүгіров, Шығ.). **2.** з о о л. <лат. anoplura> *Адам мен сүтқоректілердің қанын сорып тіршілік ететін ұсақ жәндіктер отряды.* Жаз маусымында мал терісін зақымдайтын көкбас сона, шіркей, таскене, *б и т,* алақұрт (блохи копытных), шыбын, құмыты, үндемес (москит), есекқұрт (мокрица), сона (слепень), инелік (стрекоза) қатарлы шыбынтектес зиянкес сорғыштардан сақтандыру шараларын қазақтар дұрыс жолға қоя білген (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). *Б и т т і ң* жануарлардың түгіне немесе адамның киіміне, шашына жабысқан жұмыртқасынан (сіркесінен) дернәсіл шығып, ол 3 рет түлеп, ересек *б и т к е* айналады (ҚҮЭ). Аквариум балықтарына ең қауіпті зиянкес жәндік – тұқыбит немесе балық *б и т і* (Қ.Қайымов, Су асты.). **3.** з о о л. *Өсімдік жапырақтарының шырынын соратын зиянды жәндік.* Бұршақ егісінде болатын қауіпті, зиянды жәндіктер: бұршақ жапырақ шырмауығы, бұршақ *б и т і,* түйнек, біз тұмсық қоңызы және бұршақтың дән құрты (Қ.Боранғазиев, Жемшөп.). Өрмекші көбелек құртын, май қоңызын, жүзім *б и т і н* жойып жібереді. Бір өрмекші күніне 300-ге дейін қанатты *б и т т е р д і* қыра алады (Ж.Әбиев, Биология.). «Венская белая 1350» тез піседі, капуста *б и т і м е н* болмашы ғана зақымдалады. Жеміс сабағы балғын, жұмсақ әрі дәмді (Овощ өсіруші.). **4.** а у ы с. *Жатыпішер, арамтамақ.* Шыбын-шіркей, құрт-қоңыз *Б и т,* бүргелер жиылып, Трумэн тақсыр аузынан Сөз тыңдапты бұйығып (Қ.Аманжолов, Шығ.). Мекеменің о жер, бұ жерінде жүрген *б и т т е р* – бюрократтар, жаман мінезді, жат пейілділер (І.Жансүгіров, Әңгім.).

Балағының биті бар. ***Талағының биті бар.*** *Б а л а ғ ы н ы ң б и т і б а р* жұртты былай қойғанда, шал-шаукандар да уақытпен жағаласып, тіршіліктің пұшпағына қоса оралып жүр (Қ.Ысқақов, Қара орман).

Балақтағы бит басқа шықты [өрмеледі]. *Болмашы жұрт басынды, дандайсыды, қорлады, еркінсіді.* Мұнысы Кеке ағаңа болды бір дерт, Ішінен бір қылмаққа қылды серт. Қайғысы Мұныменен екеу болды, *Б а л а қ т а ғ ы б и т б а с қ а ш ы қ қ а н ы* деп (Тарихи жырлар). – Менің балам тірі болғанда, соның тіршілігінен аужал алып телміріп отырушы еді. *Б а л а қ т а ғ ы б и т т і ң б а с қ а ш ы қ қ а н ы н* көрмеймісің, – дейді кемпір (М.Әуезов, Шығ.). – Иә, хат, ие, *б а л а қ т а ғ ы б и т б а с қ а ө р м е л е п* мына бір уақтың қара сирақ қанышпезерлері тапа-тал түсте көліме қолын салып басынғандық істеп, мезгілсіз атқа мінгізді (С.Бегалин, Бала Шоқан).

Бит арылды. *Жағдайы түзелді, дұрысталды, оңалды.* Сонда ғана үстімнен *б и т а р ы л ы п,* Сонда ғана іс қылмай байға жалынып, Сонда ғана көн қолым жазылар ма, һәм табаным қанаған мынау жарылып (С.Торайғыров, Таңд. шығ.).

Бит астындағы сыр. *Құпия, бейтаныс, жасырын.* Талап *б и т а с т ы н д а ғ ы* жасырын *с ы р л а р* жарыққа шыққан (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Бит басты. *Биттеді, бит қаптады.* Бұлар әбден азып-тозған, адам түрінен айрылған, тіпті *бит басып* кеткен (З.Ақышев, Ақбел.). Алыпқа түрлі адам келеді. Алыпқа өмірі қала көрмеген, үсті-бастарын *бит басқандар* да келеді (С.Ерубаев, Шығ.). Ханның берген еншісінде қисап жоқ дегені үстін *бит басқаны* (Бозінген).

Бит буды. *Бит қаптап, қышытты, дуылдатты.* Өкпемнен барады өтіп күзгі суық, Бір жағынан қышытып, *бит тер буып*. Бит жеген ескі күпі жабағысы Жөргекке оралғанда іштен туып (С.Торайғыров, Таңд.).

Бит жабылды. *Биті жұқты, бит қаптады, биттеді.* Байлардың үйлері, *биті жабылып* кетеді деп, жиіркенісетін (Б.Тұрсынбаев, Ауылдан келген.).

Бит жеді. *Биттеді, бит басты.* Өкпемнен барады өтіп күзгі суық, Бір жағынан қышытып, биттер буып. *Бит жеген* ескі күпі жабағысы, Жөргекке оралғанда іштен туып (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Бит жорғалады. *Әбден биттеді, бит басты.* Тырнақтары күректей, кірлері ағып, *Бит жорғалап* үстінде шұбырылған (Аманкелді).

Битке өкпелеп, тонды отқа салды [өртеді]. *Болмашыға ренжіп, үлкен несібеден айырылды.* Жоқ, бұлай емес шығар, білу керек, Білу үшін өмірді сүру керек. *Битке өкпелеп,* құр *тонды отқа салмай,* Дүниеде тұра алғанша тұру керек (С.Торайғыров, Алаш ұраны). – Не айтып жүрсің өзің, Тәке! *Битке өкпелеп, тонымды отқа салмаймын,* мен бірге өлемін, баста Жантас! – деді Жүніс (М.Әуезов, Таңд шығ.). Өмірден түңілу деген *битке өкпелеп тоныңды отқа өртегенмен* бірдей, сенің оныңмен өмірдің ештеңесі кетпейді, тұзы кешіп, гүлі солмайды, о дүниеге бару қашан болса да кеш емес қой, тіршілігің барда отты да, суды да кешіп көр (Д.Досжанов, Қара шаңырақ).

Битке пышақ суырғандай. *Түймедейді түйедей ететін, болмашы нәрсеге бола бүлінетін.* Мұның қайраткері – көбінесе сасық пікір, пасық ой, адалдықты білмейтін, арамдықтан жиренбейтін нашар құлықты, адамгершілігі жоқ, сана-саңлауы кем, босқа лаққыш, жоққа нанғыш, *битке пышақ суырғандай,* көздей істі көлдей қылып, босқа пысықсып, босқа жанып, қайратын, күшін, өнерін жоққа сарп қылып, арам тер болып, босқа бусанып, босқа біленіп, босқа сабылатын адам (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Бит қарағандай. *Асықпай, аспай-саспай, мұқият, ұзақ.* Ол етік пен бөртпе шәліні *бит қарағандай* ұзақ ұстап, мұқият тексерді (О.Бөкей, Бәрі де.).

Бит қарады. *Битінен тазалады.* Ақбілек біраз есін жиған соң, Сараның кірін жуғызып, жыртылған көйлегін тепшіп, үзілген түймелерін қадап берді; білтеленіп биттеп кеткен басын жуып, тартып, оңашада тізесіне жатқызып, *битін қарап* отыратын болды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Аядай бөлмеде отыз шақты адам біріне-бірі сүйене жатыр екен. Біреулері киінгелі жатыр екен, енді біреулері *битін қарап* отыр (Ә.Әбішев, Замана.). Таулық анадай жерде арбаның астында шекпенін төсеніп, қызыл ала тептік көйлегінің *бітін қарап* отыр екен (Б.Аманшин, Көкжар.).

Бит қарасты. *Биттерін тазаласты.* Олар да күннің көзіне, шамның жарығына үймелеп үйір-үйір болып, *бит қарасады* (І.Жансүгіров. Шығ.).

Бит талады. *Бит шақты, мазаны алды.* Кіс даяр көтеріп, тербетуге, Тілектес жанның бәрі ер жетуге. Мен жылаймын бесікте *бит тер талап*, Шешемді байға ұрысқызып, жерлетуге (С.Торайғыров, Таңд.). Текемет, көрпе, жастық түгел тозып, *Бит талап*, бор жағымнан бірге жеді (Айтыс).

Бит терісінен биялай жасайтын. *Жоқтан құрап бар ететін үнемшіл де шебер.* Батпа әрі көрікті, әрі *бит терісінен биялай жасайтын* шебер болады (С.Бегалин, Замана.).

Биттің қабығындай. *Өте жұқа.* Мейманхана үш қабатты, қабырғасы *биттің қабығындай* ескілеу үй екен, тек сыртына қарап тон пішуіміз асығыстау боп шықты («Лен. жас»).

Бит шаққандай болмады. *Болмашы, түкке тұрғысыз болды.* Мұрныма жеткізбек түгілі қайда жеткізсең де Айналайын, Галия, сен бір тоты, Сені айтпасам келмейді көңіл қошы. Сен есіме түскенде, Галияжан, *Бит шаққандай болмайды* өгіз соты (Ақын жырлары).

Бит шаққандай [шаққан ғұрлы] білінбеді [көрінбеді]. *Тұк сезілмеді, еш әсері болмады, әсер етпеді.* Ол азап батар солай бір өзіне, *Бит шаққандай білінбес* жұрт көзіне (С.Торайғыров, Шығ.). – Біздің бұл жақта шаршап-шалдығып, қан түкіріп жүргеніміз саған *бит шаққан ғұрлы көрінбейді-ау,* ә! – деп қырман басындағы бригадир Айдарға қамшысын үйіріп-үйіріп алды (Қ.Нұрғалиев, Екінші көкт.).

Бит шаққандай көрмеді. *Елемеді, ойына кіріп шықпады, мән бермеді.* Нәсілсіз туған Қараман, Қолындағы қамшымен Тас төбеге салады. Батыр туған Ер Қосай *Бит шаққандай көрмеді* (Батырлар жыры).

Келтірер Шөкең салай хотын, *К ө р м е д і м б и т ш а қ қ а н д а й* болыс, сотын (Қаз. ақын.).

Бит шаққан құрлы. *Болмашы, түкке тұрғысыз; ешқандай, ешбір.* Залым кісі кірмейді тіпті санға, Сынайтұғын бір сыншы табылғанда Білімдігің *б и т ш а қ қ а н қ ұ р л ы* Тәмам күнән жиылып жабылғанда (Ш.Құдайбердиев, Өлең.). Мұрныңа жеткізбек түгілі қайда жеткізсең де, *б и т ш а қ қ а н қ ұ р л ы* ойыма ала ма екем. Өйтіп, оспақтамай-ақ қой (Ж.Аймауытов, Шығ.). Көз барында түйенің қарасын көрейін деп, аяғын тыпырлатып, шолтаң еткізіп Торшолақты борбайға салып қалады. Торшолақ қырсаудың қырсауы: *б и т ш а қ қ а н қ ұ р л ы* хабарына келмейді. Торшолақтың көрген қоқайы осы-ау! (Ж.Аймауытов, Шығ.). Барғанмен көре алмайсыз: ұйықтап қалды, – деп еді. Ол сөз «Бозінгеннің» құлағына *б и т ш а қ қ а н қ ұ р л ы* кірген жоқ, қол-аяғы жерге тимей шошалада сүт пісіріп жатқан қара кемпірге барып, көзін ашып-жұмып, естіген хабарын айтты (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Битін салды. *Жан-тәнімен, құныға кірісті.* «А, Құдай, той тезінен болса екен, *б и т і м д і с а л а р* едім» деп пышақтарын жалақтатып, тыпыршып жүрген ақсақалдар шыдасын ба? (С.Торайғыров, Шығ.). Мына деген бастықтар елге келсе болды ет пен қымызға *б и т і н с а л ы п*, жабайыланып кетеді. Ең әрі болғанда қазақты жамандайды (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Азубайдың суретіне азуымды басабаса, бір *б и т і м д і с а л ы п* бағып едім (Ғ.Сармұрзин, Әнеге).

Битін сығып, қанын жалады. *Жарымады, жаланбады, жоқшылықпен күнін өткізді.* – Еркек емессіңдер. *Б и т і н с ы ғ ы п, қ а н ы н ж а л а ғ а н н а н* басқа сендерден не күтуге болады, – деп Сұлтан ашуланды (С.Жүнісов, Жапанда.). Екі сөзінің бірінде – «көрер ем, ана күнін көре алмай, *б и т і н с ы ғ ы п, қ а н ы н ж а л а п* отырған үйінде отырсаң» (С.Жүнісов, Ақан сері).

Битін сығып, отқа қарады. *Жаланбады, жалманбады.* Осында жиналғанның ішінде *б и т і н с ы ғ ы п, о т қ а қ а р а п* отырған ешқайсысы жоқ (О.Сәрсенбаев, Бақыт.).

Битінің мойнын үзді. *Битін сықты.* Сүйдірген сені маған қола жүзік, Қолыңа саудырлатып қойған тізіп. Кісі алдында қасынып, теріс қарап, *Б и т і н і ң* бықырлатып *м о й н ы н ү з і п* (С.Торайғыров, Таңд.).

Бит ішіне қан құйды. *Құлықтың сан тәсілін білді, құлыққа басты, алдады.* Сұмдықпен *б и т і ш і н е қ а н қ ұ я с ы ң*, Білмейсің неден зар боп жыларыңды? Майысқан сегіз қырлы жүйрік-ақсың, Қай жерден болжамайсың тынарыңды (Айтыс).

Білмейтіні бит астында. *Білмейтіні жоқ, бәрін біледі.* Он екі, он үш жасар бала бола тұрсам да, менің *б і л м е й т і н і м б и т а с т ы н д а* (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Зуратайды бала емес, пәле дейді. Құлағы қалқиып, әлден өсек тасиды, *б і л м е й т і н і б и т а с т ы н д а* оның (Р. Тоқтаров, Ертіс.).

Қызыл бит. *Өсімдік жапырақтарының шырынын соратын зиянды жәндік түрі.* Алма күйесі, долана көбелегі, буылтық жібек көбелектер, жасыл құрт, *қ ы з ы л б и т,* алмұрт қандаласы, өрмекші және қызыл жеміс кенешігі бар (А.Жанғалиев, Бағбан.).

Мойны ырғайдай, биті торғайдай. *Әбден азып-тозған, жүдеген. М о й н ы ы р ғ а й д а й, б и т і т о р ғ а й д а й,* көзі шүңірейіп азып қалды-ау, сабазым (Ә.Тарази, Бұлтқа сал.). Кедейліктен әбден сіңірі шыққан, *м о й н ы ы р ғ а й д а й, б и т і т о р ғ а й д а й,* өмірінде жарып ас ішіп, жарып киім кимеген, жарлылықтан міні жоқ бір жас жетім бала келіпті (Қырық өтірік).

Мойны ырғайдай, биті торғайдай болды. *Әбден арып-ашып, азып-тозды, жүдеп-жадады.* Үсеннің халінен де жаман азып-тозған, *б и т і т о р ғ а й д а й, м о й н ы ы р ғ а й д а й б о л ғ а н* Асанға кездеседі (Қаз. ертег.). Бір көрсем, қалқа, жүзіңді, Армансыз мен болам-ай. *М о й н ы м б о л ғ а н ы р ғ а й д а й, Б и т і м б о л ғ а н т о р ғ а й д а й* (Батырлар жыры).

Нас басқанды бит басқан. *Салақ, былғаныш, өзін-өзі күтіп жүрмейтін (адамға қатысты). Н а с б а с қ а н д ы б и т б а с қ а н,* міне, сұлу жұрт асқан (С.Торайғыров, Шығ.).

Өне бойынан бит жүрді. *Әбден биттеді, бит басты.* Жігіттердің *ө н е б о й ы н а н б и т ж ү р е д і*. Қанша қырса да таусылмайды. Қызған пешке үймелеген жігіттер битті ұстамалап жатыр (І.Жансүгіров, Шығ.).

Самайынан бит аққан. *Лас, салақ, әбден биттеген.* Аға болған халыққа Бек те кетіп барады; Сақал-мұрты ағарған Шал да кетіп барады; *С а м а й ы н а н б и т а қ қ а н* Таз да кетіп барады (Қамбар батыр).

Сауырынан бит домалаған. *Ауқатты, бай; семіз.* Зарды көп естіп, көп ішіп, көп талмаған соң да *с а у ы р ы н а н б и т д о м а л а п* жүрген Бабатаның ту өңірі Әбекеңнің құсасын қайтсін, тұншыққанын қайтсін, ыңырсығанын қайтсін (А.Сүлейменов, Бесін).

Талағының [талағында] биті бар. *Епті тірі, пысық, епті.* Жиын-тойда өлең айтып, жарқыратып «жол алып» шығуды *т а л а ғ ы н д а б и т і б а р*, аузының ебі бар жігіттің бәрі-ақ өнер көретін (С.Сейфуллин, Шығ. жин.). Алаштың *т а л а ғ ы н ы ң б и т і*, көкірегінің көзі *б а р*

азаматтарының қатарынан озбаққа ұмтылғаны жақсы (Ә.Кекілбаев, Үркер). Мәті бидің Әбілхайыр ханға айтқаны деп «Үркерде» мына сөздерді келтіреді. «Алаштың *талағының биті*, көкірегінің көзі *бар* азаматтарының қатарынан озбаққа ұмтылғаны жақсы» («Егемен Қазақстан»).

Үрерге иті, сығарға биті жоқ. *Тақыр кедей, ішерге асы, киерге киімі жоқ, дымы жоқ. – Үрерге иті, сығарға биті жоқ* адамға қыз бере ме екен. Сонда менің Құдайым ана Қалиман кемпір болмақ па? (З.Ақышев, Ақбел.). – Менің түрім мынау, – деді Таңатар үсті-басын көрсетіп, жасын сүртіп, – *«үрерге ит жоқ, сығарға бит жоқ»* дейтін кісің менмін (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БИТ[2] з а т. и н ф. *Компьютер жадының көлемі мен ақпарат санын өлшеуге арналған ең кішкене бірлік.* Компьютер жадында цифрлардың биттік жолдың әрқайсысы бір *бит*ің орнын алады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

БИТА= е т. *Гөйіту, қатты жүріске, салу, басу.* Қар қалыңдаса, құмға бір ілініп алдым, енді осыдан осылай *бита* берем. Тек бұ құмның да шанда бір құтырып келетін қасы болады (М.Әуезов, Асыл нәсілд.).

БИТАНЫС с ы н. с ө й л. ***Бейтаныс.*** *Битанысс* ұрпақтар мен от қанатты, уытты жырларының арқасында жүзі жарқын болып, күле амандасты (С.Мәуленов, Үркер.). Аудандық жер бөлімінің уақытша бастығы, көкке тойған көбендей, біресе үркіп, біресе осқыра қарады *битанысс* бухгалтерге (Ж.Тілеков, Хинган асуы.). Сосын ол лоджияда құрулы телескопқа үңіледі, кең аспанның оңтүстік жартысы бұның бәсіресі, таныс жұлдыздары бар, *битанысы* және бар – аспанды шарлап кетеді, содан түн ортасында төсекке басын бір-ақ қояды. Бұл семьяда сөйлесу, сырласу салтқа айналмаған (Ә.Тарази, Бұлтқа сал.).

БИТАНЫСТАУ с ы н. с ө й л. *Бейтаныстау, онша таныс емес, белгісіз.* Жаңа шаһар, Көне кенттің Қайғысы жүр ойымда. *Битанысстау* элементтің Біразы бар бойымда (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

БИТАРАП ү с т. с ө й л. ***Бейтарап.*** Неміс дипломаттары Болгарияны өзіне тартқанымен түрмай, Гректі де *битарап* қалдырып отыр («Қазақ»). Тайман оған құлақ түргендей болғанмен мүлде *битарап* «ғажап әнші... неге консерваторияға...» деген сөздерді үздік-үздік естиді (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). «Өз бетін аямаған кісі бетін шиедей қылар». Бұ да сонда бір көлденең кісінің қылығын айтып отырған *битарап* кеңес сияқты (М.Әлімбаев, Тәрбие.).

БИТАРАПТЫҚ з а т. с ө й л. ***Бейтараптық.*** Надя тек қыздарға ғана тән берік өрлік пен *битараптық* бағып, жай сыпайы ғана амандасып өтетін (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.).

БИТАП [ир. بي تاب] с ы н. к ө н е. *Бейжай, көңілсіз.* Пірменен уағда қып кетті дейді, Неше дария-сулардан өтті дейді. Зияда *битап* болып екі арада, Неше түрлі захмат шекті дейді (Бабалар сөзі//Хикаялық дастан.).

БИТБАЗАР з а т. *Ұсақ-түйек сатылатын базар.* Қалған шайды Мұқананың ағасы Шәкір абзи *битбазарына* шығарып сатып, шыққан ақшасын жігіттер арасында қылдай бөлетін болды (І.Жансүгіров. Шығ.). Есектұяқ аяқтарына қарағанда төркінім Черниялкадағы ауғандардың *битбазары* деп тұрғандай (А.Сүлейменов, Бесін).

БИТ-БҮРГЕ з а т. *Бит, бүрге т.б. зиянды жәндіктер.* Кір-қоқыс, *бит-бүрге* дегендеріңіз Николай патшадай әмір жүргізеді екен. Түрлі аурудың көп болуы да осыдан (С.Омаров, Қызыл.).

БИТТЕ= е т. **1.** *Бит тұсу, бит қаптау.* Ақбілек біраз есін жиған соң, Сараның кірін жуғызып, жыртылған көйлегін тепшіп, үзілген түймелерін қадап берді; білтеленіп *биттеп* кеткен басын жуып, тартып, оңашада тізесіне жатқызып, битін қарап отыратын болды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Елден шыққандағы жігіттердің киімі әбден азып-тозып, кірлеп, *биттеп,* сасып кеткен (І.Жансүгіров, Шығ.). Шаш *биттейтіндей* күн туса, Шашты сонда аларсың. Ауырсаң түтін емдесе, Аузыңа шылым саларсың (С.Сейфуллин, Өлеңд.). **2.** *Азыптозу, жүдеп-жадау.* Құрттаған, *биттегенің* құртын алып, Шірігін жумап па едім дәрі жағып. Ішуге, кір жууға су тасыдым, Иығыма мойынағаш, шелек салып (С.Торайғыров, Таңд. шығ.). Әй, біздің қазақтың көрген күні құрысын! Бықсып, сасып, *биттеп,* құрттап жатқаны... (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БИТТЕЙ с ы н. **1.** *Бит сияқты кішкентай ғана, кішірек.* Өйткені «бит» дегенмен, *«биттей»* дегенмен, ол дағы осал жау емес, жаудың бір атасының ұлы (І.Жансүгіров, Әңгім.). Атымен жұтып кетті *биттей* қуық, Барады үш күн, үш түн қуық жүріп. Ең түбі дарияның бір сахара, Сахараға қоя берді оны апарып (Батырлар жыры). Сығалап *биттей* тесікті, Дүрсілдетті есікті, жұдырығы ауырды, келмеді ешкім, кешікті (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Сәл, азғана, болар-болмас.* Қаныш па? Ой, қарағым-ай, әкесі марқұм қандай мырза еді? Аумаған, аңқылдаған әкесі. Шешесі қандай момын адам. Өсекпен, аяңмен *биттей* жұмысы бола ма? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бай-бай-бай,

бүгінгі күн неткен суық. Келді екен мені мұнда не сор қуып? Тиыш жатпай, куәлікте нем бар еді, Сөйтеді, кетсең *б и т т е й* байға жуып (С.Дөнентаев, Шығ.). Өзінің жүрегін, өкпесін адам сонша билей алмайды және бұл мүшелердің қозғалысы өте сезімпаз: адамның қылығы *б и т т е й* өзгергенін қылп еткізбей көрсетіп тұрады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Әмир-лашкерді Риза шаһ өзі бекітіп *б и т т е й* кінәсі біліне қалса, өзі түсіреді (С.Шарипов, Бекболат). **3.** а у ы с. *Ешқандай, еш, ешбір, мүлде.* Дүниеден үмітім жоқ менің деймін, Өмірге өткен *б и т т е й* өкінбеймін (Абай, Шығ.). Зәуде біреуіннің ісің шығып, пара алғаның білінді бар ғой – *б и т т е й* аяйды деп ойламаңдар (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Б и т т е й* сескенбе! Асығыста ескермейді. Осыдан қолайлы уақыт жоқ (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жапан даладағы апанды түтеп тұрған боранда беті *б и т т е й* аумастан тапты (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

Құлағына биттей кірмеді. *Елемеді, елең қылмады, мән бермеді.* Қазақтың былшылы менің *қ ұ л а ғ ы м а б и т т е й к і р м е й д і* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БИТТЕП-ҚҰРТТА= е т. *Үсті-басы кірледі, жүдеп-жадады, азып-тозды.* Анау екі жас бала бұралқы күшіктей, сенделіп, кірлеп, *б и т т е п-қ ұ р т т а п*, жүдеу басқа айналып бара жатқанын көргенде Ақбілекті тіпті керексіді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұл дәрігерден басқалары адам талғамайды, *б и т т е п-қ ұ р т т а п* жүрген адамдар да, тұла бойынан ірің ағып тұрған аурулар да кірлеп, биттеп, сасып кетіскен (І.Жансүгіров, Шығ.). – Апырай, жарықтық-ай, мынадай құйқалы жердің *б и т т е п-қ ұ р т т а п* кеткені-ай, – десті ақсақалдар (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

БИТТЕП-ҚҰРТТАУ *Биттеп-құртта етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Б и т т е п-қ ұ р т т а у ы* жаман.

БИТТЕТ= е т. *Бит түсіру.* Баланы мүлде *б и т т е т і п* жіберіпті (Ауызекі).

Көзін биттетті. *Аздырып-тоздырды, жадатып-жүдетті.* – Тойынайын деген екенсің. *К ө з і ң д і б и т т е т і п*, тентіретіп жіберейін сен қу жетімді, – деді Қарасай Динаға (С.Жүнісов, Жапанда.).

БИТТЕТУ *Биттет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шашын *б и т т е т у.*

БИТТЕТІП-ҚҰРТТАТ=е т. *Әбден биттету, аздырып-тоздыру.* ≈ *Б и т т е т і п-қ ұ р т т а т ы п* жіберіпті (Ауызекі).

БИТТЕТІП-ҚҰРТТАТУ *Биттетіп құрттат етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Б и т т е т і п-қ ұ р т т а т у ы ң* жаман (Ауызекі).

БИТТЕУ *Битте етістігінің қимыл атауы.* Осынша *б и т т е у і ң е* не себеп болды? (Ауызекі).

БИТТІ с ы н. *Биті бар, бит түскен.* Жыртық шалбар, кір көйлек, *б и т т і* көрпе, Сонда да байлық ойлар қолын серпе. Кетік шөміш, нан-көжесін ортаға алып, Ас ішер бір табақтан үрпе-шүрпе (Үш ғасыр.).

Битті қызыл көз. *Кірпігінің түбі қызарып, түйіршіктелген, сіркеленген.* Сүтіме ортақ болатын біреу деп, нұсқынын байқаған қолын қалқан қып, *б и т т і қ ы з ы л к ө з д і* қадап еді, бәлен құнды кісі көрінбеді білем, «Е, бір қаңғырған неме ғой!» деп, отына тезек тастады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БИТТІК с ы н. и н ф. *Битке тән, битке қатысты.* ≈ *Б и т т і к* жол.

Биттік бейнелеу. и н ф. <ағыл. bitmapping> *Екілік разрядтың көмегімен екі объектінің өзара тәуелділігін көрсету тәсілі. Б и т т і к б е й н е л е у д е* биттік жолдар мен матрицалар кеңінен пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Биттік жиым. и н ф. <ағыл. bit map> *Әрбір элементіне жадтың бір немесе бірнеше разряды сәйкес келетін мәліметтерді ұсыну. Б и т т і к ж и ы м н ы ң* адресі элемент нөмірімен анықталады, ал мәні мәліметтердің элементінің қалып-күйін (мыс., жад блогының қалып-күйін, кескін нүктесінің түсін) сипаттайды (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Биттік жол. и н ф.<ағыл. bit strihg> а) *Биттер тізбекшесі.* ә) *Екілік нөлдер мен бірлердің тізбегі.* Компьютер жадында цифрлардың *б и т т і к ж о л д ы ң* әрқайсысы бір биттің орнын алады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Биттік карта. и н ф. *Арнайы түрде берілген және компьютер жадында немесе сыртқы құрылғыда сақталатын графикалық құрылғыдағы кескін бейне* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Биттік конфигурация. и н ф. <ағыл. bit cohtiguration> *Мәліметтерді жеке биттердің жиынтығы ретінде ұсыну* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Биттік матрица. и н ф. <bit matrix> а) *Әрбір элементі 0 және 1 мәнін қабылдайтын матрица.* ә) *Әрбір элементі 0 немесе 1-ге тең болатын екі өлшемді жиым. Б и т т і к м а т р и ц а* екі атрибут байланысын компьютер жадында бейнелейтін тәсілдердің бірі (Қаз. тілі термин. Информатика.).

БИТУМ [лат. bitumen] з а т. х и м. *Көбіне күкірт, оттек т.б. элементтермен араласқан көмірсутектің жалпы аты.* Металл құбырларды труба таттанудан сақтау үшін көбінесе

б и т у м м е н қаптайды (Н.Нұрахметов, Дархан химия). Осындай мақсатта, сондай-ақ алуан түрлі байланыстырғыш заттар: сульфитті-спиртті барда *б и т у м,* мұнай, жақпа мазут және олардың эмульсиялары да пайдаланылады (Т.Қалыбеков, Экология.). Рубероид – жабындық әрі изоляциялық рулон материал. Ол оңай жасалатын мұнай *б и т у м ы* сіңірілген әрі бір не екі жақ бетіне баяу балқитын мұнай *б и т у м ы* жағылған жабындық картоннан дайындалады (ҚСЭ).

БИТУМДА= е т. х и м. *Жер астындағы жарықшақтарды, қуыстарды ыстық битуммен толтырып, тығыздап, су өтпейтін ету.* Сүзілу-сіңу процестерін болдырмау үшін су жүргізілетін имараттардың табаны мен жақтауларын *б и т у м д а й д ы* (Қаз. тілі термин. Су.).

БИТУМДАУ *Битумда етістігінің қимыл атауы. Б и т у м д а у* әдісін гидротехникада, жол құрылыстарында, шахтада, ірі құрылыстардың іргесін қалағанда қолданады (Қаз. тілі термин. Су.).

БИТУМДЫ с ы н. х и м. *Битум араласқан.* ≈ *Битумды қоспалар*

БИТУМДЫҚ с ы н. х и м. ***Битумды***. Табиғатта кездесетін битумдардан, жасанды битумдардан, асфальттардан жасалатын пластмассалар *б и т у м д ы қ* пластмассалар деп аталады (Хим. өнімдері). *Б и т у м д ы қ* пластмассалар судың, қышқылдың әсерінен тез бұзылмайды, тотықпайды (Хим. өнімдері).

БИТШЕ ү с т. *Битке ұқсап, бит сияқтанып.* Ағаңды абыройсыз сөзбен жасқап, Жабыстың жаман жайдан шаққан *б и т ш е* (Айтыс).

БИТІМАНДАЙ с ы н. с ө й л. *Кіп-кішкентай, биттей, болмашы, титтей. Б и т і м а н д а й* нәрсені үлкейтіп көрсету жақсы емес (Айқап).

БИТІМДЕЙ с ы н. с ө й л. *Кішкентай, титтей.* Адамның денесі өзің жүрген жердің бір *б и т і м д е й* құмына ұқсас емес пе? (Абай, тол. жин.). Сәруар кетерінде тағы кіріп, сырқат баланың өкпесін тыңдап, тамыр соғысы мен жүрек қағысын байқап, *б и т і м д е й* болса да, көңілі сергіп қуанып қалды (С.Ғаббасов, Ана.). // *Бала кез.* Сәмсая өзі айтады басқа тегін: «Хан да емес, ханзада емес менің тегім, Жасымнан әкем өліп жетім болған, Шер болған *б и т і м д е й д е н* көкірегім (Ә.Найманбаев, Шығ.).

БИТІП ү с т. с ө й л. *Бұлай етіп етістігінің қысқарған түрі.* Тентекті тентек тыңдамай тік келіп қалатыны бар ғой. Ал сен болсаң *б и т і п* тілін тауып дегендей, Жамантаймен шағыстырып жіберсең (С.Шаймерденов, Қарғаш).

БИФИДОБАКТЕРИЯ [лат. bitidus] з а т. б и о л. *Жиі бұтақталатын, спора түзбейтін анаэроб микробтар. Б и ф и д о б а к т е р и я л а р* көмірсуларын ыдыратқанда, сүт, сірке қышқылдарын түзіп, ортаны қышқылдандырады (Қаз. тілі термин. Биология). *Б и ф и д о б а к т е р и я л а р* қоректік ортада В, С, тиамин, рибофлавин, пиридоксин, цианкобаламин витаминдерін түзеді, ішек-қарындағы шіріткіш және ауру қоздырғыш микробтарға қарсы күресетін қасиеті бар (Қаз. тілі термин. Биология).

БИФШТЕКС [ағыл. beetsteacs] з а т. *Біртұтас, жұқа етіліп кесілген сиыр етінен майға қыздырылып пісірілген тағам.* Шығысында сұр дала сұлап жатқан – Қазынаң ол, мола емес құлап жатқан; Бүлкілдеткен ұртыңды *б и ф ш т е к с* Шопан ата көз жасын бұлап жатқан (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). – Таптың, ақылдым. Ресторан директорының қалтасы толған ақша, коньяк. *Б и ф ш т е к с,* сұлу әйел, одан артық не керек, – деп күлімсірейді (З.Шашкин, Өмір.). *Б и ф ш т е к с* үшін сойылғаннан кейін жарты айдай ілініп сорғыған сиыр еті пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

БИХАБАР с ы н. с ө й л. ***Бейхабар.*** *Б и х а б а р* алдағы істен ғафил болып, Қақпанның білмеуші еді құрылғанын. Жиырмасыншы ғасырға қарсы тұрған Шықпаса шаһбазлар бірлі-жарым, Талапты һүндер іздеп жастар шығып, Көңілдің шығармаса хәстәләрін (М.Дулатов, Шығ.). Жүруші ем *б и х а б а р,* не ғажап, суық сөз. Сүйдің бе, басқа жар, Бір асыл болып кез (Ғ.Малдыбаев, Қырым қызы). *Б и х а б а р* мағрифаттан саңырау қазақ Мәз болып жүргеніне сақтап жанын. Мәз болып жүргеніне сақтап жанын. Көзінен қан ағызып қойған жоқ па, Қазақ ұғлы ұраны алаш барын? (М.Дулатов. Шығ.). Түземни деген мектеп мұғалімі таза надан, дүниеден *б и х а б а р л а р* («Айқап»).

БИХАБАРЛЫҚ з а т. с ө й л. ***Бейхабарлық.*** Шаруаның қалаға барғаны Ақметшеге аса қажет еместігі де, оның Құныстан *б и х а б а р л ы ғ ы* да осындай бір-ақ ауыз сөзбен бітті (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Политрук өзінің білмейтінінің бәрін соғыс өнерінен *б и х а б а р л ы ғ ы н а н* көріп қамығатын-ды (Ж.Тілеков, От кешу).

БИХАЛ [ир. ар. حال بی] с ы н. *Шарасыз.* Баланы бермейтінін естіген соң Падиша *б и х а л* барып зар жылайды (Дастандар).

БИХАМДИЛЛА [ар. بحمد الله] ү с т. *Аллаға мадақ айта отырып, Алланың мадағымен.* Бастайын бір Алланың атыменен, Түзеткей өз құдірет затыменен, *Б и х а м д и л л а,* біздерді қылды инсан, Жайылар біздей құлдар хатыменен (Бабалар сөзі // Діни дастандар).

БИХАРЛЫҚ з а т. *Үндістанның Бихар штатында тұратын халықтар тобы. Б и х а р л ы қ т а р* бір-біріне туыс үндіарийлық, үндіеуропалық тілдер шоғырына жататын тілдерде сөйлейді (ҚҰЭ). Солтүстік *б и х а р л ы қ т а р д ы ң* киімдерінде мұсылмандық үлгі байқалады (ҚҰЭ).

БИХЕВИОРИЗМ [лат. behaviour] з а т. п с и х. *Адам мен жануарлардың мінез-құлқы, болмысы сыртқы ортаның әсеріне ағзаның берген реакциясының нәтижесінде түзіледі деп түсіндіретін психологиядағы бағыт. Б и х е в и о р и з м* XIX–XX ғасырлардың арасында жануарлардың психикасын эксперименттік зерттеудің тікелей әсер етуінен пайда болды (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Б и х е в и о р и з м н і ң* негізін американдық психолог Дж. Уотсон қалады (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

БИХИСАП [ир. ар. بي حساب] с ы н. с ө й л. ***Бикісап***. Мұны есітіп падиша той қылады, Сүйіншіге *б и х и с а п* сый қылады (Дастандар). Ертеден ел аузында аңыз болған ана Баянауыл, сонау Көкшетауды былай қойғанда, бір көргеннің көңілінде мөлдіреп қалып қоятын әсем көлдер, бастау-бұлақтар *б и х и с а п* (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). Маңайында ел болмағанға бұл көлде неше түрлі қаз, аққу, ғайыр құстар *б и х и с а п* көп еді (М.Дулатов, Шығ.). Сол себепті осы қаладағы барлық дін ұстаздарының қазіргі күндегі халық алдындағы мәсулияті, *б и х и с а п* зор деп білемін. Бұл ұждан, ахлақ, адамгершілік алдындағы қарыздарыңыз деп санаймын (М.Әуезов, Шығ.).

Бихисап етті. *Көп қылды, үйіп-төкті, мол етті*. Болғайды жайлы жәннат, иман кәміл *б и х и с а п е т к е н* Алла рахметін (М. Дулатов, Шығ.).

БИҺТАР [ир. بهتر] ү с т. к ө н е. *Бетер, артық.* Иузи – рәушан, көзі – гауһар, Лағилдек бет үші әхмәр, Тамағи қардан әм *б и һ т а р* Қашың құдрәт қоли шигә (Абай, Тол. жин.).

БИХҰШ [ир. بيهوش] ү с т. *Көңіл қошы болмай.* Оттары шығып көзінен, *Б и х ұ ш* болып өзінен, Дәрмені кетіп Әлидің, Ләшкерге қарап бұрылды (Бабалар сөзі//Діни дастан).

БИҺҰШ [ир. بيهوش] з а т. с ө й л. ***Бихұш.*** Шаһзада *б и һ ұ ш* болды мына сөзден, Тентіреп бір шыбындап жаннан безген (Ғашықтық дастан.).

БИШАРА с ы н. с ө й л. ***Бейшара.*** Бүйтіп тамақ, үйқы, жалқаулық үшеуін қатар мінген жұрттың ақсақалының олжасы, аяусыз ат, жағасыз шапан деп, *б и ш а р а д а н* айыпқа алған арық тай, алты кез ләңке, жастарының олжасы – түн жамылып жетелеген біреудің тоқтысы, аты я сиыры, болыс, би ауылнайларының олжасы – момыннан ауыстырып алған онон бес тиын, бәрінің айтқаны өтірік (Ә.Бөкейханов, Шығ.). Көлөптан туған Қасиды, Ақты білмес ғасиды. Деместен бұрын *б и ш а р а* Шайтанға еріп тасиды (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Қала ақыны: Сендей ме ел болатын елдің түрі, Айтасың өтіп кетсең бұрынғыны. «Ел едім, ел боламын» дей алатын, *Б и ш а р а а у*, не жайың бар осы күні? (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Бұл жауыздар *б и ш а р а*, жуас, жәрдемсіз халықты талап, қатын-қыздарын да зорлап, айтқандарына көнбегендерді өлтіріп, көрген жақсылықтарын қайтару орнына оларды құл қылып алған (М.Дулатов, Шығ.).

БИШАРАЛАУ с ы н. с ө й л. ***Бейшаралау.*** Дәулет біткенмен ақыл бітпеген осы *б и ш а р а л а у*, кейде есерлеу қайнағаның алдында да күйеу сызылып тұрады (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

БИШАРАЛЫҚ з а т. с ө й л. ***Бейшаралық.*** Тәңірі болмас, тағдыр болмас, хан болмас *б и ш а р а л ы қ*, үздік шыққан әл болмас (Б.Күлеев, Таңд. шығ.). «Олардың малы жоқ, малдың иесі – Қасым» деп қойып, олардың еріншектігіне өзі құрық беріп, Қасымның *б и ш а р а л ы г ы н* анық арамдықпен қақпай ғылып та қояды (М.Әуезов, Жетім). Осы бір жалғыз сөз жетімдікті, *б и ш а р а л ы қ т ы* жойып санамда «Ана» деген ұғымды оятты (Қ.Салғарин, Жаныңда жүр.). Жер үшін, қазақ тілі үшін арнамысты биік ұстап, керек болса, жанын қиып, өлімге басын тіккен қайран бабаларымыз-ай, кейінгі ұрпағың ездік пиғыл көрсетіп, ұсақтап, ұлттық болмысын сақтап қалуда дәрменсіздік, *б и ш а р а л ы қ* көрсетіп жатқандары қалай? Намыстары жоқ болғаны ғой («Қаз. әдеб.»).

БИШАРАРАҚ с ы н. с ө й л. ***Бейшаралау***. «Білмеймін» деп, сірә бір мойнынан алмас, Хәлін білмес кейбірі *б и ш а р а р а р а қ*. Уақыф – хайыр, сыйлық лазим – керек, қажет канун – заң хүкім – шешім (М.Дулатов, Шығ.).

БИШЕ[1] з а т. *Бидің баласы.* Біздікі әншейін қара жарыс қой, *б и ш е*-аға! Әйтпесе сіздің айтқаныңыздан қайда кетеді дейсіз (М.Әуезов, Таңдамалы).

БИШЕ[2] ү с т. *Биге ұқсап, би секілденіп*. Ескі *б и ш е* отырман бос мақалдап, Ескі ақынша мал үшін түрман зарлап. Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел, Сендерге де келейін енді аяңдап (Абай, Тол. жин.). Шақырып дос болатын жау да өш тегі, Қайыра даттамайтын зәуде еш мені. Пернені төбе *б и ш е* сөйлететін Болайын күйшінің де даулескері (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

БИШЕҢ с ы н. *Биге құмар, биді ұнататын.* Иванның шақар дауысынан *б и ш е ң* арулардай майысқан ақ қайыңдар селк ете қалды («Спорт»).

БИШОФИТ з а т. х и м. *Галогендер тобына жататын минерал. Б и ш о ф и т* су сіңіргіш қасиетіне байланысты әдетте қатты түрде кездеспейді (ҚҰЭ). *Б и ш о ф и т* магний алынатын құнды шикізат, сондай-ақ ол магнийлі цемент өндіруде, отқа төзімді бұйымдар жасауда, медицинада қолданылады (ҚҰЭ).

БИШІ з а т. *Би өнерімен шұғылданушы, биді шебер билеуші.* Жолы бос жиһан кезсе тамашалап, Алдында стол, *б и ш і* қыз, қызыл арақ. Портвейн, карта ойыны күн-күн сайын, Іш пысқан соң, отыра алмай текке қарап (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Қайдасың, баста гармоншы, Жігіттер, алға шығыңдар! Барлығы *б и ш і,* бәрі әнші, Қайтеді, сірә, бұл қыздар! (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). Төңірегі тегіс тыныстығын Көшім әскердің бар билігін немере інісі Махметқұлаға, қалған жұрттың бар билігін құдасы Қараша бекке тапсырып, таңды таңға қосып, бар өмірік гәремде – күнін шарап ішіп ойнсауық құрып, үнді мен ауғаннан, бұқар мен хорезмнен келген әнші, *б и ш і* қыздар ортасында, түнін ыстық лепке, жас дегенге балқып, дәл сол сәтте көңілі қалған әйелдің қасында өткізуге айналды: Көшім өзінің әр ісінде аз уақыт болса да алдын көрген құдыретті пірі – Абдолла ханға тырысатын (М.Мағауин, Аласапыран). Ойды, көбіне, *б и ш і л е р* пантомимикалық, мимикалық қимылдар арқылы білдіретін классикалық билерді меңгеруге жете қойған жоқ едік (Қ.Байсейітов, Құштар.). // *Жиі қозғалатын, тербелетін, майысатын.* Бипыңдап *б и ш і* башпайлар, Тигізбей жерге өкшені, Шешіліп кетіп «шашпаулар» Тербелді алма төстегі (Д.Әбілев, Жүрек.). Ішінде қалың орман адаспаймыз, Не себеп адасқанға қараспаймыз. Саяда *б и ш і* қайың білек артса, Қалайша көңіл жығып, аластаймыз (К.Салықов, Жезкиік). Шалғайындасың *б и ш і* көктемнің, Таңдайындасың бұлбұлдың (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Балет бишісі. *Балетте өнер көрсететін адам. Б а л е т б и ш і с і н і ң* тілі – денесі. Сахнада сәт сайын алмасып жататын сәтте, кабриоль, жете, сисон уверт, антуриан, сюрь ле ку де пье дегендей, көлденең адам атын айтуға да қиналатын сан түрлі күрделі қозғалыстардың баршасы – артистің қарапайым құралдары (С.Абдрахманов, Елдік сыны). *Б а л е т б и ш і л е р і н і ң* негізгі әрі тұрақты тобы. ...Еліміздің ...атағын бірнеше рет алған спортшысы Татьяна Немецова солистка болмас бұрын төрт ай кордабалетте болды («Лен. жас»).

Биші торғай. з о о л. *Торғай тәрізділер отрядына жататын шағын денелі сайрағыш құс. Б и ш і т о р ғ а й* Сібірден осында сібір пайыз торғайы, биші торғай, сыбызғы торғай ұшып келеді, тіпті сібір сұр қарғасы да қорықта қыстайды (Алматы қор.).

Биші шақшақай. з о о л. *Торғай тәрізділер отрядына жататын, дене тұрқы 20 см, оның жартысына жуығы құйрығының үлесіне түсетін сайрағыш құс.* Бұлардың көпшілігі шөлге бейімделіп осы жерде өніп-өсетін құстар. Мысалы, жек дуадақ, бұлдырық, қарабауыр, ақбауыр, сексеуіл жорға торғайы, *б и ш і ш а қ ш а қ а й* (Р.Әлімбаев,.. Құстар.). Ал *б и ш і ш а қ ш а қ а й* кеміргіштердің ескі індеріне немесе өздері әдейі қазып алып ұя салады (Р.Әлімбаев,.. Құстар.).

Буыны жоқ биші. *Мың бұралған, асқан биші. Б у ы н ы ж о қ б и ш і л е р,* Бал бармақты күйшілер, Бұлбұл үнді әншілер, Балта ұстаған үйшілер (Қ.Мырзалиев, Күміс қоңырау). Ақылды дана кемеңгер де, тауларды төң-керіп асау өзендерді бұғалықтап, табиғатты табындыратын алып та, күміс көмей, жезтаңдай әнші де, *б у ы н ы ж о қ* сұлу мүсінді *б и ш і* де – бәрі сол адам деген жаратылыстан шығады екен (С.Байжанов, Құрыш.).

БИШІГЕШ с ы н. с ө й л. ***Бишікеш***. Жас күйеудің қайыны сол ауылдың *б и ш і г е ш і* Хұсайын қажының Оспаны деген кісі екен (С.Мұқанов, Шығ.). Сұрланды, *б и ш і г е ш т і ң* сағы сынды, Батырға тіл қата алмай тағы тынды! Қорбаңдап тысқа шығып, атқа отырып, Сызданып ашуына тағы мінді (Қ.Жармағамбетов, Соңғы түн).

БИШІГЕШТЕУ с ы н. э к с п р. *Әкімсымақтау, бисымақтау.* «Шақа» руының *б и ш і г е ш т е у*, байсымақтау Төлеп дейтіні Шыңғысқа жамандап, «сыбағаң» деп, бірде Күнтимеске семіз тай, бірде Құсмұрынға семіз құнажын жетектеп баратын (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БИШІДЕЙ с ы н. *Биші сияқты, биші тәрізді.* Темір жол топырағынан түсіп, табаным жерге тиісімен-ақ өн бойым бірден жеңілденіп, сахнаға шыққан *б и ш і д е й* лыпып келемін (Ә.Нұршайықов, Махаббат.). Ақ мақтаны шабақтап, *Б и ш і л е р д е й* үйірілген (Д.Әбілев, Таңд. шығ.).

БИШІК з а т. *Көлікті айдау, мал қайыру үшін таспадан, қайыстан өріліп жасалған қамшыдан ұзындау келген сабы бар құрал.* Шал Антон *б и ш і к* бұлғап, божы қақты, Зыр желді көрмедегі ат, шеткі ат шапты, Өткенін қанша уақыт пайым етпей, Владимир тым терең ой ойлапты (Шәкәрім, Өленд. поэм.). Қарт көсем *б и ш і к т і* қолға алды. Жарысқа әзірленіп, Мадиас пен Ұлықбек те соны қылды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ат басын ұстаған жігіт жолаушыларды қарсы алуға шыққан топты көріп, бұрынғысынан да екіленіп алып, тер басқан үш

қоңыр атты *б и ш і г і м е н* ығыстырып, шаптырып келеді (М. Әуезов, Қараш.). Ақ көбік болып терлеген қос қаракер құтырына жұлқып тартқан әлігі басылып, бағанағыдай емес, Оспанның *б и ш і г і н е н* де қорықпай сал бөксе аяңға басқан (О.Бөкей, Өз отың.).

Бишік жеу. *Денесіне әбден бишік тию, бишікпен соғылу, бишіктің астында қалу.* Тың күшінде делбені де қозғалтпайтын аттар *б и ш і к ж е у г е* айналды. Біраздан соң көнтерленіп ұрса да жүрмеді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Бишік иірді. *Бишікті әрлі-берлі сермеді.* Түйесін тұсап, қойдың шетінде ұзын *б и ш і к и і р і п* жүрген Сәлмен шопан бұларға қарсы жүрді (М. Әуезов, Өскен өркен).

Төбелерінде бишік ысқырды. *Бишікті қайта-қайта сермеді.* Қиқаңдасып барып, *т ө б е л е р і н д е б и ш і к ы с қ ы р ы п,* бір жақ езулері жыртылардай болған соң әзер бұрылды (С.Мұратбеков, Дос іздеп.).

БИШІКЕШ с ы н. э к с п р. *Әкімсымақ, бисымақ.* Біздің атақты қарт қойшымыз әлгі *б и ш і к е ш* жас әйелі бар, Нұрсейт ақсақал сізге сәлем айт деп еді, білетін боларсыз (М.Иманжанов, Менің махабб.). Келген адамның арызын тыңдап, ақ-қарасын айырудың орнына *б и ш і к е ш т е р* алдына келген етке пышақтарын суырғандай, жандарына қолдарын салысып мөрлерін суырысып жатты (І.Жансүгіров, Шығ.). Күйеудің қайны, сол ауылдың *б и ш і к е ш і* Хұсайын хажының Оспаны деген кісі екен (С.Мұқанов, Өмір мектебі).

БИШІКТЕЙ с ы н. *Бишік сияқты, бишік тәрізді.* Менің бойыма біткен сөздер *б и ш і к т е й* шықпыртады, тікенектей қадалады, ұрып-соғудан басқа ешнәрсе жұртты тербете алмайды (С.Талжанов, Адам тур.). Алты атмосфералық ауа қысымы білектей шлангты *б и ш і к т е й* үйіріп әкеп тулата келіп бетіңнен бір-ақ осып өтті (М.Сәрсекеев, Жетіжылдық.). Мазасыз ойлар жанымды *б и ш і к т е й* осып еріксіз ұмтылдырады алға (З.Шашкин, Өмір.).

БИШІКШЕ ү с т. *Бишік тәрізді, бишікке ұқсап.* Қара түнектің ішінен нажағай оты жарқ етіп, *б и ш і к ш е* иіріледі (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

БИШІЛ с ы н. **1.** *Билегенді ұнататын, биге әуес.* Барлық тарих солай бимен оқылды, *б и ш і л* ерке қасыма кеп отырды. «Оттың» биі біткенменен, не керек, Сөндіре алмай отырмын мен отымды (С.Мәуленов, Шалқар). **2.** а у ы с. *Жорға, жүйрік.* Алабаманың жазықтарында алааяқ *б и ш і л* ат мінсең, Өз жүрегіңмен арғымақша ағып, қазақ даласына шапқын сен (М.Сатыбалдиев, Шула. толқын).

БИШІЛДІК с ы н. *Би өнеріне жетік, би билейтін.* Жое Клементорре өзінің ұлттық тілімен қатар, испан, ағылшын, француз, неміс тілдерінде таза сөйлейді. Сахнадағы *б и ш і л д і к* өнері одан да ғажап (Ғалам ғажап.).

БИШІЛІК з а т. *Би билеушілік.* Құрманбек он бес жасынан спектакльдерде ойнайтын ролі – әншілік пен *б и ш і л і к* (С.Мұқанов, Саяхат). Армян музыка өнерінің тамаша жетістіктерін айтып тауысу қиын. Әсіресе әншілдік, *б и ш і л і к* қасиеттері еріксіз мойындатады (І.Омаров, Шабыт.). Жоғарыда айттық, армянның әншілік өнерінен *б и ш і л і г і* кем түспейді (І.Омаров, Серпін). Өнердегі мақсат – өлеңшілікті, әншілікті, *б и ш і л і к т і* шыңдау (Ш.Әбдіраманов, Шопан.).

БИЫЛ ү с т. *Осы жыл, үстіміздегі жыл. Б и ы л* берген қарызын Жарын күтіп алмаса, Пақырға көзін салмаса. Мұны айтпаған харам бай Сезім жалған болғаны-ай, Өлгенде отқа жанбаса (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Түрік патшалығына төрт патшалық жабылған соғыс 1912-ші жыл 25-нші сентябрьде Қаратау патшалығы бастап, 17-ші майда *б и ы л* Лондонда бітім болып қойылған еді (Ә.Бөкейханов, Шығ.). Өткен қыс аңшылықта кездесіп қалып Есенейге екі түлкі, үш бірдей қара қылшық күзен байлап еді, сонысын арқаланып кимелеп сөйлейді. *Б и ы л,* міне, жер қарадан қасына еріп Есенейдің қасқыр алатын арабы иттерін баптап жүр (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан). Қазақ театрының іргетасын қалаушылардың бірі, *б и ы л* туғанына 110 жыл толған Қ.Қуанышбаевтың Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында қазақ сахнасындағы қырық жылға жуық қызмет еткендегі ойнаған кейіпкерлерінің текстері, өзінің жазған еңбектерінің қолжазбалары, өмірбаян-дық құжаттары, туған-туыс-қандары мен әріптестерінің, замандастарының хаттары, фотосуреттері және мерейтоймен, мерекелермен құттықтаған құттықтаулары бар («Қаз. әдеб.»).

БИЫЛҒЫ с ы н. *Осы жылғы, үстіміздегі жылғы.* Осы, үстіміздегі жылғы. «Бәлки, *б и ы л ғ ы* Сатыбалдының арызы шығып қалған болар ма?» – десті (М.Дулатов, Шығ.). *Б и ы л ғ ы* қыс қатаң болды. Боқырау болды, боқ қатты. Қарашаның қары қаңтарға қосты (Ж.Аймауытов, Шығ.). Еменнен көрдің өз тағдырыңды, Төктің моншақ жаңбырыңды. Жаз көркін ашу үшін Шалғынға бөлеп, Жан өртін басу үшін Жаңбыр да керек. *Б и ы л ғ ы* жаз жаңбыр боп өтті (С. Мәуленов, Алыс кетіп.). Күз секілді *б и ы л ғ ы*

көктем маған, Күреңітіп тұрады... Неткен жаман?! Кеше ғана Керемет кешкен ғұмыр Бүгін маған секілді өткен заман (М.Мақатаев, Шығ.). *Б и ы л ғ ы* қыстың аяғы ұзарып, созалаңдап кеткені елдің де есіне баяғысын түсіріп, жылан жылының жылбысқыланған әр күнін жамандыққа жорысып отыр (О. Бөкеев, Қайдасың.).

Биылғы жыл. *Осы жыл, үстіміздегі жыл.* Император патша хазіретінің биік мәртебелі күйеуі менен сүйікті қызы сейіл қылмақ үшін осы *б и ы л ғ ы ж ы л* дәлуде Мәскеу қаласына барыпты («ТУГ»). Теуіп түскен, белін сындырып жіберіпті, мінеки, – деп, жайрап жатқан қызыл тағының бүктетіліп түскен белін нұсқады да, – Әй, сорлының бар кезі-ақ-ау дейім. *Б и ы л ғ ы ж ы л* осылай түскенін алғаш көргенім осы, – деді (М.Әуезов, Бүркітші). *Б и ы л ғ ы ж ы л д ы ң* қыркүйек айында 2001–2005 жылдар аралығында СПИД-ке қарсы әрекет жасау бағдарламасы бекітілді («Егемен Қазақстан»).

Биылғы жылғы. *Осы жылғы, үстіміздегі жылдағы.* Соған байланысты Президентіміз Н.Ә.Назарбаев *б и ы л ғ ы ж ы л ғ ы* Құрбан айт кезінде Есіл өзені жағасындағы көрнекті жерден 3 мың орындық мешіт кешенін салуға шешім қабылдады («Егемен Қазақстан»).

Күн бүгінгі, жыл биылғы емес. *Өмір, заман тұрақсыз, айнымалы, өзгергіш, ауыспалы.* Мен өз қамдарыңызға бола келіп отырмын. Жазылмасаңыздар амал жоқ, қайта береміз. Бірақ *к ү н б ү г і н г і, ж ы л б и ы л ғ ы е м е с*, заман аумалы, төкпелі (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БИЫЛҒЫДАЙ с ы н. *Осы жылғыдай.* Не деген ғажап еді биылғы Май! Қуаныш болса болсын *б и ы л ғ ы д а й!* Табиғат аямасын сыйын ұдай, Жасасын Болашақ Май *б и ы л ғ ы д а й!* (М.Мақатаев, Шығ.). *Б и ы л ғ ы д а й*-қары қалың, жаңбыры көп жылы бұл араның шалғынына ат бойламайды (З.Ақышев, Достар.). «Сағындым ауылды, – деп еді соңғы хатында, – каникулды *б и ы л ғ ы д а й* асыға күтпеспін. Тек ұшарға қанат жоқ (З.Шүкіров, Жас жесір). *Б и ы л ғ ы д а й* қуаң жазда да отарына өрісті таңдай білгендіктен, саулықтары күйлі, жаялары төңкерілген, арқалары жап-жалпақ бір өңкей сабау құйрық саулықтар («Қаз. әдеб.»).

БИЫЛДАР үс т. с ө й л. *Соңғы жылдарда, осы жылдары, үстіміздегі жылы. Б и ы л д а р* діңкесі құрып, жайдақтанып қалған Ертістің суы арнасын толтырып кейін лықсыды (К.Сегізбаев, Жыл. күндері).

БИЫЛДЫҚҚА үс т. *Осы жылға, осы жылдың ішінде.* – Қарқаралыда халық театры бар, *б и ы л д ы қ қ а* орталықтан барып соны бір көрдік, сосын Алла акбар! – деді сөзге кіріспей мақұлдап отырған Темекең де қозғалып (Ғ.Қайырбеков, Қарқаралы.). Әзірге жау бетін тойтарған Табын руы *б и ы л д ы қ қ а* осы Елек бойының жоғарғы жағын қыстап шықсын делінді (І.Есенберлин, Қаһар). Әзер болса *б и ы л д ы қ қ а* киім жаңартпаспыз, бір құнажын сиырға қол жетпес пе екен (С.Шәріпов, Шығ.).

БИЫЛША үс т. *Осы жыл біткенше, осы жылдың ішінде.* Ақ Жайық пен Бейлікті Мекен қылып алыңыз. *Б и ы л ш а* «ауғын», «босқын» деп, Келген жұртқа намыңыз (Бабалар сөзі// Хикаялық дастандар). Мен шешеме айтайын, «Әкеме айт» деп жар-жар-ау! Мені десе *б и ы л ш а* қоя тұрсын жар-жар-ау! (Айтыс) Әрі толғанып, бері толғанып Балжанға ақыл салдым. «Мен *б и ы л ш а* жатақханаға шығайын, сен бөлек үй алып оңаша тұра бер», – деп, ақыл бердім (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы.).

БИІГІМСІ= е т. э к с п р. *Биік болғансу, өзін зор санау, мығымсу.* Бәрі-бәрі Хорезм қылышының астында құрақ ұшып, әрең күн көріп жүрсе де, бөлек-бөлек *б и і г і м с і п*, тыраштанып мығымси береді (О.Сәрсенбаев, Сағым).

БИІГІРЕК с ы н. *Биіктеу.* Сексен мың еді әдісі, Әдінің үлкен задысы. Зәңгіден де *б и і г і р е к* Бой тұлғасы, қадысы (Бабалар сөзі // Діни дастан). *Б и і г і р е к* ұлық ғайыплар, мысалы кісі өлтіру шапқыншылық, тонап алу, өрт жіберіп күйдіру («ДУГ»). Өнерсіз-білімсіз елге ертегіші бірдемені оқи алған да, өзге жұрттан *б и і г і р е к* тұратын еді (Ғ.Мүсірепов, Белдерде.). Жыраның ұзына бойына көлденең тартылған қабырғалар су ағынының жылдамдығын баяулатады, жыраға өзінің түбін тереңдетуге, *б и і г і р е к* жерді шайып шұқанақтар жасауға мүмкіндік бермейді (К.Сапарбайұлы, Геология.). *//Биіктеу жер, орын.* Олардан *б и і г і р е к т е* штурмовиктерді көктен қорғап, көп кішкентай дауылпаздардай истребительдер шүйіліп жүйткіп жүр (Б.Момышұлы, Москва.). Садырбай Төлен ұрпағын үйінің сыртындағы бетке жинап, онсыз да ірі тұлғалы өзі *б и і г і р е к к е* барып отырды (Қ.Исабаев, Айқыз).

БИІГІРЕКТЕ= е т. *Жоғарылау, көтерілу.* ≈ Бұрынғысынан да *б и і г і р е к т е й* түсіпті.

БИІГІРЕКТЕТ= е т. *Жоғарылату, көтеру.* Науқас адамның төсегін жиі қағып, жастығын *б и і г і р е к т е т і п* салған жөн («Қазақст. әйелдері»).

БИІГІРЕКТЕТІҢКІРЕ= е т. *Бұрынғыдан да жоғарылатыңқырау, көтеріңкіреу.* Ол үйінің төбесін ашып, *б и і г і р е к т е т і ң к і р е п* жаңадан жапты («Қаз. әдеб.»).

БИІГІРЕКТЕУ с ы н. *Бұрынғысынан да биігірек, әлдеқайда биік.* Мәшһүр қатты қорланды. Қос ауыздың аузын Майсорға кезеп, қарауылын *б и і г і р е к т е у* алып, басып жіберді (Д.Әбілев, Арман.).

БИІК с ы н. **1.** *Төмен емес, жоғары.* Сарыарқа сайран жерлерім, Көк орай шалғын көлдерім, Бәрін жауға алдырып, Асқар тау – *б и і к* белдерім. Қысылып қазақ тұрғанда, Данышпандар, қайда едің? (М.Дулатов, Шығ.). Көзге қораш бойым бар, Теңізден терең ойым бар, Шынардан *б и і к* санам бар, Атан өгіз ағызған Ақылдан алпыс салам бар (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Оларға пәс болар әлі Бізге *б и і к* көрінетін төбелер. Біз сүрінген кезеңдерден, Біз жүзуге жасқанған өзендерден, Солар жүзіп өтеді деп сене бер (М.Шаханов, Ғасырлар.). Төрт бұрышы дүниенің көрінеді, Қолға алып қарасаң *б и і к* жерден (Базар жырау, Шығ.). // *Жоғары жер, жоғары жақ.* Абай далам, көңілің жабықпасын, Мұхтар болып даңқыңды анықтасын. Жаңа заман бұлбұлы Бибігүлің, *Б и і г і н д е,* биләһи, шарықтасын, Сайрауынан бұлбұлың жалықпасын! (М.Мақатаев, Шығ.). Дегенмен, құс өрлеп, аспандап шықпаған соң, қанатын кере жайып қалықтап жүрмеген соң, өте *б и і к т е н* екі иығын қомдап жіберіп, құйылып-шүйіліп, қанат-құйрығынан ысқырған дыбыс шықпаған соң, межелі жеріне жеткенде аңға жарқ-жұрқ етіп түспеген соң, көп отырып қалған қыранның ұшу-қону мәнер-ырғағы, әрекет қозғалысы, арпалыс қимылы, сәнсалтанаты, көңіл-күйі бұзылады (Б.Бабалықұлы, Қырандар). Жыртқыштардың қорегін ұстауы, аулауы, тарпа бас салуы әртүрлі. Қыранқара, жамансары, қарақұстар, ұстайтын аңдарын әуелі өте *б и і к к е* көтеріліп, жайлап қалықтап жүріп барлайды (Р.Әлімбаев,.. Құстар.). Кейбіреу оспадарсыз өр көкірек, *Б и і к к е* шығамын деп бос секіред. Баз адам қара жүрек, қара ниет, Қайдағы шаргейдікті көңілі сүйед. Басының бадырайған мінін білмей, Біреудің кемшілдігін қайдан білед (К.Әзірбаев, Таңд.). **2.** *Асқар, зәулім.* Үлбіреген гүл, күңіренген орман, сылдыраған су, былдырлаған бұлақ, шетсіз-түпсіз қара көк теңіз, түрлі шөптер мен толқынданған дала, бұлтпен таласқан *б и і к* тау, күннің ойыншыл алтын сәулелері, ерке сұлу ай, жұлдызды түн, міне осылар сықылды жаратылыстың сұлу заттары, көріністері яки искусствоның тылсымдай жанды билеп алып кететін ән, сиқырлы сөз, сұлу картина сықылды әсерлері адам жанында бір ләззат, бір сұлулық толқынын оятып туғызбай қоймайды (М.Жұмабаев, Шығ.). Мұнара және салған жарастырып, Төбесін *б и і к* таумен таластырып. Шығарды әрбір түрлі үлгілерді Наданға ғылымменен жол аштырып (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Адамның *б и і к* таулардың басына шыға алмайтын себебі жалғыз қардан, жырадан, қиядан, тек жарлардан өте алмайтындықтан емес, жоғары шыққан сайын ауа азаятынын білеміз (А.Байтұрсынұлы,.. Оқу құралы). // *Таудың басы. Б и і к к е* біткен сеңгірім, Жібектен өрген кендірім. Атаң жылап көр болды-ау, Тауысып көздің мөлдірін (Ә.Найманбаев, Шығ.). Бір тоқтап дем аламыз әр асуға, Жолдасым осы арадан қара шыңға! Төменде гүл жауқазын, *б и і к т е* қар, Біз тұрмыз қыс пен жаздың арасында (Ғ.Қайырбеков, Қосбасар). // *Асылы, бары, нәрі, маңызы.* Поэзия ол – ақыл-ойдың *б и і г і,* Жан-жүректің қуанышы, күйігі. Поэзия ол – көркемдік те кеңістік, Шолақ көйлек емес оның киімі (Ж.Молдағалиев, Кісен ашқан). Сұлтанмахмұт оны өте құрмет тұтатын еді. Екі ғасырдың бұл екі *б и і г і* бұл үйде, бұл кездесуде бөтен ештеме сөйлеспеді (Д.Әбілев, Арман.). // *Табыс, жоғары деңгей, асу, белес.* Жетпіс жылда осы шыққан *б и і г і ң!* Жігіт кезде салбырайды иығың. Капитанның қалтасына түседі, Қалдырса үйде милиция киімін! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Ғабит бұл өнердің бүгінгі *б и і г і н д е* тұр. Оның жұмыс столы қоқсып, бықсып жатқанымен, шығармаларында олақ, салақ айтылған бос сөз емге табылмас (Ғ.Мұстафин, Ой әуен.). **3.** *Тапал, аласа емес, көтеріңкі.* Қоршаулы айналасы *б и і к* қорған, Берік қып салған темір терезесіне. Қалайша мұны көріп көңіл сенбес Аттанып жау келсе де бермесіне? (А.Байтұрсынов, Шығ.). *Б и і к* пен аласа, ұзын мен қысқа, көрікті мен көріксіз, шебер мен олақ, ғалым мен надан қатар келгенде, араларындағы айырмасын анық көреміз (А.Байтұрсынов, Шығ). Су аспас *б и і к* жардан тасқандағы, Жігіттің жары Құдай сасқандағы. Бағаңа жан жетпейтін асыл еркем, Дәрежең жұлдызбен тең аспандағы (Ақан сері, Шығ.). Жаңа қора – кең сарай, қашасы мен түбіне тай шаптырым. Керегесі желі бойы *б и і к.* Кірпіш көк керіп тастай (І.Жансүгіров, Шығ.). **4.** *Зор, ұзын. Б и і к* бойлы, ашық қараторы жүзді, төгіле күлтеленген жұмсақ қара шашты Мұрат Қасымов бет ажарға да сұлу дерлік (М.Әуезов, Өскен өркен). *Б и і к* бойлы Қажымұқан бастарын жоғары көтергенмен, қасқырлардың құйрығы жерге шұбалады (С.Мұқанов, Есею жыл.). Көп көрген ақсақалым – Алатауым, Аспанмен ғасыр бойы бітпей дауың, Көк тіреп *б и і к* бойың шоқтықтанып, Лебімен бұлтты тартып алған дәуім (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Паналап *б и і к* қамысты. Дабылын қағып, сұң-

қар сап, Болмаған күні мыңын ап, Көлдегі құсты тауысты (Қамбар батыр). Елшінің аяғындағы *б и і к* қонышты, көксауыр саптама етік те жарасымды (М. Мағауин, Аласапыран). **5.** м у з. *Жіңішке (дауыс).* Ойын-тойда талай *б и і к* дауысты әйелдердің әнін ести жүре дәл осындай үнді Шоқан кездестірген жоқ (С.Мұқанов, Өмір өзегі.). Жас жүректің тереңінен ақырын шымырлап шығып, бірте-бірте шырқап көтерілетін *б и і к* ән (Т.Ахтанов, Махаббат.). Өңге өнер-білімнен осынша мақұрым боп туған Әмірете табиғаттың тамаша *б и і к*, тамаша таза, тамаша өрнекті дауысты өлшеусіз бере салуы – адам қайран қаларлық көрініс (С.Мұқанов, Есею жыл.). **6.** а у ы с. *Үлкен, еңгезердей.* Попов Әлім байдың астына өзінің желіскор *б и і к* қара арғымағын берген (А.Машанов, Жер асты.). Есік алдына қаңтара салған кең кеуделі, қияқтай құлағы шекесіне шаншылған *б и і к* торы ат, үйренген әдеті бойынша, желге қарсы аяңдап барады (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Іші қорқ-қорқ етіп желген *б и і к* мәстектермен ояздың әскерлері де ат үстінде қоқаңдап айғайлап жүр (С.Жүнісов, Ақан сері). **7.** а у ы с. *Қалың.* Қара нарға желқом салып астына жұмсақ киіз, көрпе төсеп, басына *б и і к* жастық қойып, Бикенді алып жүрдік (Б.Тоғысбаев, Асыл адам). Әкесі Көкшағыр кескіндес қоңқақ мұрын, сарғыш жүз, көкшіл Майқы, *б и і к* жастықта басын шалқасынан салып жатқан екен (Д.Әбілев, Арман.). Ұзын етекті қоңыр көйлек, қолдан тоқыған жасыл жүн кеудеше, қызыл көзел мәсі, *б и і к* галош киеді екен (С.Омаров, Өмір.). **8.** а у ы с. *Атағы зор, мәртебелі, дәрежелі.* 1892 жылдан бастап *б и і к* пәрмен бойынша бұл школдағы бұрын қазақ баласы пайдаланып жүрген 45 қазыналық орынның жартысына орыс баласын алатын болған (М.Дулатов, Шығ.). **9.** а у ы с. *Жетілген, дамыған.* Сүгір мен Қадиша кездесуі – бұл бейнелердің өршу, даму жолдарының ең *б и і к* әрекеттері (А.Тоқпанов, Кешеден.). **10.** а у ы с. *Деңгейі, шамасы жоғары.* Көп нәрсені сезіппін, Сезіппін де, түйіппін. Біреулерден жеркеніп, біреулерді сүйіппін. Біреулерден аласа, біреулерден *б и і к п і н.* Ақыры кеп, Ат басын саған бұрдым, сүйіктім (М.Мақатаев, Шығ.). Біріңізді *б и і к*, біріңізді аласа көріп алалап жатқан біз жоқ (Ә.Кекілбаев, Дала.). Өмірдің бірталай *б и і к* беліне шыққан Абайдың өткен шақтары елес-елес тізіліп өте бергендей (М.Әуезов, Шығ.). **11.** а у ы с. *Қадірлі, қастерлі.* Түгі де жоқ таң қалар, Екеуіңнен асқақ емес, *б и і к* емес енді олар! Сендер өшпей жаныңдаршы, Сендер бақыт табыңдаршы, Онсыз өмір мәнді ме? (М.Шаханов, Ғасырлар.). Сөзге тоқтау, сөз салмағын сезе білу өнері бір кезде біздің қазақ арасында аса *б и і к*, аса қадірлі болған-ау (Ж.Саин, Жол үсті.). // *Өре, деңгей, дәреже.* Кең табиғат бұған шебер, бұған бай, Тау болған соң тұрмас және мұнармай, Кейде тіпті биік болу қайғы екен, *Б и і г і ң е* тұрса ешкім шыға алмай (М.Шаханов, Ғасырлар.). Тілсіз мұңға көміліп от талабым, Өзімді-өзім аяусыз ноқталадым. Осы шыққан *б и і к т е* қалу үшін Қоштасудан басқа амал жоқ, қарағым (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Адамгершілігі биік. *Адамгершілік қасиеті жоғары.* Ерім майданда қаза болған кезде, туысқан халықтардың *б и і к а д а м г е р ш і л і г і*, бауырмал мейірімі бізге сүйеу, демеу болды (Ж.Бектепов, Қызылшашы.).

Ар-намысты биік ұстады. *Намысты жоғары қойды, намысты болды.* Жер үшін, қазақ тілі үшін *а р - н а м ы с т ы б и і к ұ с т а п,* керек болса, жанын қиып, өлімге басын тіккен қайран бабаларымыз-ай, кейінгі ұрпағың ездік пиғыл көрсетіп, ұсақтап, ұлттық болмысын сақтап қалуда дәрменсіздік, бишаралық көрсетіп жатқандары қалай? («Қаз. әдеб.»).

Бетегеден биік, жусаннан аласа. *Аса сыпайы, кішіпейіл, ілтипатты.* Тірісінде *б е т е г е д е н б и і к, ж у с а н н а н а л а с а* жан ед, өлгенде дабыралатып қайтеміз (Ә.Тарази, Бұлтқа сал.).

Биік бағалады. *Жоғары қойды, жоғары бағалады, қадірледі.* Ресми төрешілер дәйектемесі қолда: бір профессор, бір доцент, – екеуі де мұны мұнай өнімін арттыру тәсілдерін терең байыптаған тың зерттеу деп, тым *б и і к б а ғ а л а ғ а н* (З.Қабдолов, Жалын).

Биік дәреже. *Жоғары деңгей.* Мұндай тойларды бастайтын, бел ортасында ұйымдастырып жүретін, оны *б и і к д ә р е ж е г е* көтеретін Ғаббас Шөкімұлы, Мұрат Тоқтаров, Ақылбек Манабаев, Ерғазы Рахымов секілді сөз жүйріктері еді (О.Боқаев, Өнерлі.).

Биік дәрежелі. *Жоғары деңгейлі.* Шын мәніндегі маман, *б и і к д ә р е ж е л і,* терең ойлы сын керек (Т.Ахтанов, Үндістан.). Колхоз шаруасын көтеруге орталықта отырған *б и і к д ә р е ж е л і* қызметкерлер жіберілді (Ғ.Қайырбеков, Қарқаралы.). Кейде «ұлы князьдар» аталатын *б и і к д ә р е ж е л і* адамдарға полковниктердің, кәтте генералдардың адъютант болғанын көргені бар (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Биік етті. *Көтерді, жоғарылатты, биіктетті.* Бұлақ болсаң, таудан шық, Мәртебеңді *б и і к е т* (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Биік қойды. *Артық санады, жоғары қойды.* Әркім сені ерлігіңмен танысын, Кімге сенсең, создың соған қол ұшын. Сен достықты

б и і к қ о й д ы ң бәрінен, Бақытыңды құрбан еттің сол үшін (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Биік лауазымды қызмет. *Жоғары дәреже, мансап, мәртебелі қызмет.* Екінші жағынан, елдегі ең *б и і к л а у а з ы м д ы қ ы з м е т* иесі баламалы негізде сайлансын, Елбасы болатын адам өзінің бәсекелестерінен артықшылығын ашық таласта дәлелдесін әрі адамдардың өз таңдауын еркін жасауына мүмкіндік берілсін («Егемен Қазақстан»).

Биік мансап. *Мәртебелі, жоғары атақ, дәреже. Б и і к м а н с а п* – биік жартас; ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран д а шығады (Абай, Тол. жин.).

Биік маңдай. *Кең маңдай. Б и і к м а ң д а й ы н* қыртыстандыра жиырып, қою қасын түйіп алған күйі мені төмен тастап жіберді (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

Биік маңдайлы. *Кең маңдайлы.* Бірі бойшаң, ноғайға ұқсаңқырайтын ақ сары, сұлуша денесі сұңғақ та омыраулы, *б и і к м а ң д а й л ы,* кіші қой көзді, сонысымен өрлеу, еркелеу, еркіндеу сезіледі, шамасы нәсіл араласынан туған-ау дегендей, екіншісі орта бойлы, қоңыр жүзді, қара бұрымы төгілген, жұмсақ нұрлы, қара көзді таза қазақ қызы (Ғ.Қайырбеков, Ақ желкен).

Биік мәртебе. *Жоғары деңгей, дәреже.* Мен осынау шырайлы шымыр жігіттің бітімінен, ересен қайрат жігері мен рухани *б и і к м ә р т е б е с і н е н* сұрапыл соғыстың от-жалынынан жаралған мың сан жастың жиынтық тұлғасын көрдім (С.Омаров, Дала қызы). Сағди жайында оқушыға азды-көпті пікір таратудың өзі әдебиет адамына *б и і к м ә р т е б е* десек асыра айтқандық емес (Р.Бердібаев, Гүлстан.).

Биік моральдық құндылық. п е д. *Жоғары адамгершілік идея.* Мектеп бағдарламаларына «имандылық сабақтарын» кіргізіп, үлкенді сыйлау, өзгеге қиянат жасамау, жанындағыларға тек жақсылық істеу секілді халқымыз ежелден ардақтап келе жатқан *б и і к м о р а л ь д ы қ қ ұ н д ы л ы қ т а р д ы* балғындардың бойына ерте бастан егіп, құлағына құя беру керек («Егемен Қазақстан»).

Биік мұрат. э к с п р. *Асыл мақсат, мұрат.* Қалам қайраткері өз оқырмандарын *б и і к м ұ р а т қ а,* жарқын болашаққа, сұлулық пен сұрықсыздықтың не екенін түсіндіреді («Қазақст. әйелдері»). Творчествосын қара басының емес, қайғысы мен қуанышы ортақ болған өз буынының – бүкіл ұрпақтың ғұмырнамасына айналдыруды *б и і к м ұ р а т* санайтын лириктердің барлығы дерлік қалам тербеген мәңгілік тақырыптар оған да тән (Ж.Әбдірашев, Парасат.).

Биік өкше [өкшелі]. *Тақасы қалың, тақалы (аяққиім).* Кейбір етіктер жармақоныш, кейбірінікі қаздиған *б и і к ө к ш е,* кейбір мол пішілген тымақтардың төбесі өрескел жалпақ келген (М.Әуезов, Шығ.). Басында үкілі құндыз бөрік, үстінде қыналған оқалы мол жеңді барқыт шапан мен жарғақ шалбар, аяғында күміс зерлі *б и і к ө к ш е* етік (І.Есенберлин, Қаһар). Шоңқайманың *б и і к ө к ш е л е р і* кекжие-кекжие кейін қарай шалқайып кеткен екен (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан). Опайке етігінің *б и і к ө к ш е* сірілігіне қапталған жалтырауық күміс шегелер бір әсемдік өрнектер жасап тұр (К.Оразалин, Көктем.). Бұтында кең балағын оюлап тастаған шалбар, аяғында *б и і к ө к ш е л і* қызыл сафьян, қисық табан етік (І.Есенберлин, Қатерлі.). Нұргүл *б и і к ө к ш е л і* туфли киеді (Б.Бұлқышев, Адамзат.).

Биік парасат. *Үлкен адамгершілік.* Оның арсыз, инабатсыз тұл өмірден адал өлімді мың мәртебе артық көріп, арына дақ түсірмеген *б и і к п а р а с а т ы* жан тәсілім етер алдында ата жауымен жағаласты (З.Жәкенов, Таң самалы).

Биік санады. *Жоғары қойды, бағалады.* Бүгін кедей, байлығына қарамай, Ақша, пұлын ардан *б и і к с а н а м а й.* Бір сәлемге атын түсіп беретін Қайран біздің бабалардың заманы-ай! (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Биік талап. *Қатаң талап, үлкен талап.* Қазір шығармаға жақсы талғам, *б и і к т а л а п т а р ы н* танытып, мүмкіндігінше әділ, батыл айтсақ дегенді мұраттаған бір топ жа сыншылар өсіп келеді (Б.Сарбалаев, Қызыл алма). «Қыпшақтардың» бұрынғы кітаптарымнан даусыз бір артықшылығы бар: әдемі безендірілгені. Дизайны, макеттелуі ең *б и і к т а л а п т а р ғ а* жауап береді деп ойлаймын («Астана ақшамы»).

Биік талғам. *Жоғары талғам.* Айтпауға болмайтын тағы бір сыр – Леонов шығармаларының диапазоны кең, философиясы күрделі, толғамы терең, *т а л ғ а м ы б и і к* (З.Қабдолов, Сыр). *Б и і к т а л ғ а м,* егер ол талант дәнінен оны шықса бірдің емес, көпшіліктің бақыты мен мерейі (Т.Қаупынбаев, Ашыл. арал.).

Биік тау климаты. э к о л. *Атмосфералық қысымның, ауа температурасы ылғалдылығының төмен мәндерімен, ауаның тазалығымен, Күн радиациясының көтеріңкі жеделдігімен (әсіресе ультракүлгін) және пәрменді сәулеленуімен сипатталатын ауа райы* (Қаз. тілі термин. Су.).

Биік тау шөлі. э к о л. *Құрғақ салқын климатты биік таулы қыраттарда түзілетін*

салқын шөлдің түрлері (Қаз. тілі термин. Экология).

Биік тұрғы. а) *Тау қырқасының ең биік жері.* Қабырға жолмен керлеп отырып, Жәнібек Жақаштың қаратасының желкесіне шықты, бұл өңірдегі ең *биік тұрғылардың* бірі – осы (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті). ә) *Белгілі бір нәрсенің межесі.* Суреттен көзін аудармай қадалған Еркебұлан суретшілік, ақындық өнерінің бір *биік тұрғысынан* қарап отырып еді (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.).

Биік шен. *Атақ, лауазым.* Шыңғыстың Құдайдан жатса-тұрса тілері – Шоқанның *биік шендерінің* біріне тұяғы ілігуі, содан бастап жоғарылауы еді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Дамудың шырқау биігіне көтерілді. *Дамыды, жетілді, кемеліне келді.* Қазақ өнері бұл күнде *дамудың шырқау биігіне көтерілді* (Қаз. әдеб.»).

Даңқы биік. *Атақты, танымал, даңқты (адам).* Қанша үңілсем көрінбейді жол шегі, Сенен шырқау таулар да көп еңселі. *Даңқы* сенен *биік тер* бар. Солардың Барлығынан артық сүйем мен сені (М.Шаханов, Ғасырлар.). Жиырма жыл – бәрі соның кешегідей, Ап-анық төрт амалдың есебіндей. ...Қасында қайран Сәбең келе жатам Даланың *даңқы биік* көсеміндей?! (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Еңсесі биік. а) *Үлкен, еңселі.* Айналайын Ақ Жайық, Ат салмай өтер күн қайда. *Еңсесі биік* боз орда Еңкеймей кірер күн қайда, Қара бұлан терісін, Етік қылар күн қайда? (Доспамбет жырау). *Еңсесі биік* отаудың оң жақтағы тұскиіз, шымылдығына шаңырақтан түскен күн сәулесінде көктемдік, жаңа ашық рең бар (М.Әуезов, Абай). Ат байламас ақырға Ат байлаған кім еді? Құс қондырмас тұғырға Құс қондырған кім еді? *Еңсесі биік* ақ орда Еңкейіп кірген кім еді? Бас жағымда қара бал, Қарап ішкен кім еді? (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Күпшек санды күреңді, Тәбияға жаратқан Қырық сан қара қалмақты, Жарлығына қаратқан... *Еңсесі биік* боз орда, Салтанатқа орнатқан. Болаттан шеге соқтырып, Шаңырағын торлатқан («Қаз. әдеб.»). ә) *Абыройлы. Еңсең биік* – ол кезде студент атын министр, профессормен дәрежелес көреміз (М.Мағауин, Қиянда.). Тойды бастап берген Жамбыл астына қос жастық қойған ба, не жаңа ғана төге-төге салған асыл сөздері мен жастарға арналған нақылдардың өзі-ақ көрер көзге көтеріп жіберген бе, басқа ақындардан анағұрлым *еңсесі биік* (Ж.Арыстанов, Жер ұйығы.).

Зау биік. *Өте жоғары.* Көз ұшында, *зау биікте* бұлдырап, баяу қалқып қырандар жүрді (Ш.Мұртазаев, Табыл. теңіз.). Сол бір тұста сұлу Сырдың ұлан-асыр өңірінде қуатты толқын пайда болып, барған сайын *зау биікке* құлаш ұрып бара жатты (Ә.Ибрагимов, Нағыз.).

Идеясы биік. ә д е б. *Адамзатқа ортақ өзекті мәселелерге арналған.* Жаңа заман мәселесін кең түрде келелі кеңес қылсаң, шығарманың *идеясы биік,* көркемдігі тамаша болып, сапалы шығуына жауапкер екенімізді ұғамыз (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

Көңілі [көктен] биік. *Ешкімді менсінбейтін, тәкаппар, көкірек. Көңілі биік,* сылқым маңғаз, Секек емес, ұраншақ. Сұмдық баққан, бояу жаққан, Емес жанды қуыршақ (С.Сейфуллин, Шығ. жин.). *Көңілі* тәкаппардың *көктен биік,* Болғанда ойы тайыз сөзі суық, Кішіпейіл келеді білімді адам, Дәні толық тарыдай басын иіп (К.Әзірбаев, Шығ.).

Қабағы биік. *Қабағы қалың, қатал. Қабағы биік,* жүзі сұр, Өңкиген бейне қара тас (Манас).

Мәртебесі биік. *Лауазымды, жоғары дәрежелі.* Ай, бұлбұл, не табасың қақсағанмен, Гүлді аңдып күні-түні аңсағанмен. Салқын тау, қарағай мен қайың менде, *Мәртебең биік* емес тас та менен (К.Әзірбаев, Таңд.). Көтеріп көңіліңді көтермелеп, Әр неге соқтықтырып қағындырар. Кей жанның *мәртебесін биік* етіп, Астына тақ, басына тәж салындырар (Қабан жырау, Алтын қазық).

Ой-өрісі биік. *Саналы, ақылды.* Жақила мол білімді, *ой-өрісі биік,* дүниені парықтау, тану, талдау мүмкіндігі мол (Т.Нұртазин, Ауыл.).

Өзін биік көрді [ұстады]. *Өзін бәрінен жоғары санады, ешкімді менсінбеді.* Басқаларды кемге тұтпа, мырзалар, *Өзіңді* өзің әлдеқандай *биік көріп.* Екі жүзді бола көрме, асылым, Сырттан сөгіп, мәдих етіп бет көріп (М.Дулатов, Шығ.). *Өзіңді биік ұстап* менмен болып, Лайық па емтихан ғып тергемеске? Тал түсте қойға қасқыр шауып жатса, Дұрыс па көре тұрып үндемеске? (М.Дулатов, Шығ.).

Өресі биік. *Ақыл-ойы, шалымы өте жоғары, деңгейі жоғары.* Қанабек – өзінен кейінгі өнерпаз ұрпаққа жасының үлкендігімен ғана емес, өнерге деген ыстық махаббатымен, актерлік *биік өресімен,* режиссерлік терең кеңесімен аға (Ә.Жәмішев, Дала.). *Өресі биік* жандар көп. Ардақты жанға ие болуға мұның әлі өресі жетпейді (З.Шашкин).

Парасат биігі. *Адамгершілік тұрғы.* Жастарға айтарым – аға сыйлаған, ата ардақтаған жақсы, ол дәстүрлерді дамыта беру жөн, бірақ жақсы үлкендердің іс-әрекеттеріне де *парасат биігінен,* сын көзімен қарап үйрену жөн («Егемен Қазақстан»).

Рухы биік. *Намысты, намысы жоғары.* Мемлекет байлығы, табиғат және қаржы қорлары ел халқының әр мүшесіне қызмет етер болса, отаншылдық *р у х* та *б и і к* («Қаз. әдеб.».). Түркі халықтарының ынтымағы берік, *р у х ы б и і к* тұрса, азуын арандай ашқан империялардың озбырлығына, айбатына оңай жығылып кетпес едік («Қаз. әдеб.».).

Таудай биік табыс. *Зор жетістік, мол табыс.* Шырқаған көкке жетті шаттық үндер. Салынып көркемөнер кең сарайы, Сөйледі театрда шешен тілдер. Халқымыз *т а у д а й б и і к т а б ы с ы м е н* Жарқырап күн артынан туды күндер (К. Әзірбаев. Шығ.).

Шаңырағы биік, іргесі берік болсын! т і л е к. *Үлгілі, мәртебелі болсын.* Семья – шағын мемлекет, жас семьяның *ш а ң ы р а ғ ы б и і к, і р г е с і б е р і к б о л с ы н!* (С. Байжанов, Сұңқар.).

Шоқтығы биік. а) *Басқалардан білім дәрежесі артық, мәртебесі жоғары.* Қазақтың арғы-бергі ұлы адамдарының ішінде Абайдың *ш о қ т ы ғ ы б и і к* (Е. Ысмайылов, Сын.). Араламаған жері, үйренбеген әні жоқ, Дүйсекең – ол көрген өнерлілердің ішіндегі ең *ш о қ т ы ғ ы б и і к,* ерен жүйрігі (Б. Нұржекеев, Күтумен өт.). ә) *Орны бөлек, дара, ерекше.* Ол образын жасаған «Қыз Жібектегі» Шеге, «Жалбырдағы» Елемес, менің ойымша, оның басқа ойындарынан *ш о қ т ы ғ ы* ерекше *б и і к* (Қ.Байсейітов,.. Құштар.).

Шыққан тауы биік болды. *Зор табысқа жетті, жолы болды.* Сондықтан осындайда әр ел өз дегеніне жетіп, өз билігін өзі алып қалмаса, ертең әркім буынын бекітіп, күшін жинап алған соң өзі *ш ы қ қ а н т а у ы б и і к б о л ғ а н ы н* артық көреді. Қолдан теңдік бермейді (М.Дулатов, Шығ.).

Шыққан тауы биік болсын. т і л е к. *Үлкен табыстарға жетсін, жолы болсын.* Ұлт енді ұлттық мүддеге жүгінді, ұлттық рухқа, ұлттық намысқа сүйенді. Ал ол болса – әр азамат өзінің қара басының мақсатын тәуелсіздік мүддеге бағындыруы, тәуелсіздік үшін қабырғасы қайысып, қара нардай тартқан жүктен майысып, ағынан жарылуы, Отанының *ш ы қ қ а н т а у ы б и і к б о л с ы н* деп, мәртебесі басқалардан озсын деп, жеңісіне сүйініп, сүрінгеніне күйініп, қуануы мен қамығуы («Егемен Қазақстан»).

Шырқау биік. *Өте жоғары биіктік.* Сонау *ш ы р қ а у б и і к т е* құстар ұшып барады (А.Сатаев, Дала.). Қанаттың рақатына дір-дір қағып, даланың бозторғайы *ш ы р қ а у б и і к т е* сайрап тұрады (С.Бақбергенов, Шығ.).

БИІКПАЗ с ы н. *Жоғары дәрежелі, биік мәртебелі.* Талай-талай *б и і к п а з* асылдарды Теңескенде келтірмей иығынан. Ескерткіш тұр Қаншама ғасырларды Ұзатып сап, күлімдеп миығынан (М.Шаханов, Ғасырлар.).

БИІКСІН= е т. *Биік сияқтану.* Төбелер томсармаған түйықтанып, Тұрады *б и і к с і н е* иықтанып. Тым құрыса мұнда бір тау орнатпаған, табиғат талмау тұста иық талып (С.Сейітов, Жаңғырық.).

БИІКТЕ= е т. **1.** *Биікке өрлеу, жоғарылау.* Құлаштап, сермеген әлпеншекке Абай мен Тоғжан кезек-кезек *б и і к т е й* түсіп, теңселіп тұрып ән шырқасты (М.Әуезов, Шығ.). Сол сәтінде-ақ жігіттер дүбірлете даңғыра қағысып, шақылдата шаңдауыл ұрған, дабырлай айқайласқан. Көл бетінен жапырлай көтерілген құстар өзенді бойлай, бірі төмен, бірі жоғары, кейбіреулері, тіпті, оқыс *б и і к т е п,* жігіттердің басынан аса, әйтеуір көк күймедегілерге оңтайлы шамадан алыста, бытырай ұшып кетіп жатты (М.Мағауин, Аласапыран). Пирамидалардың табаны, негізі байтақ, шаршы. *Б и і к т е г е н* сайын қушықтала береді, жіңішкере береді (Ш.Мұртазаев, Қара маржан). Аспанға қанша метр *б и і к т е с е м,* Жерге де сонша метр сүңгі алам (Т.Айбергенов, Мен саған.). **2.** *Асқақтау. Б и і к т е й* берсін, *б и і к т е й* берсін өкінбен, Мұнартып тұрған шыңдарым менен асқарым (М.Мақатаев, Шығ.). Әр қырқасына көтерілген сайын жақпар тас жалаңаш құзданып *б и і к т е й* бастайды (Қ.Қазиев, Иманжапырақ). Оян жерлер тіпті төмендеп, қыраң жерлер тіпті *б и і к т е п* кеткендей (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). **3.** *Көтеріңкілеу, көтерілу.* Қаланың бұрынғы қақпасына таянғанымызда үйінділердің сол қол жағы жайпау болады да, оң қол жағы барабара *б и і к т е п,* түйетайлыланып кетеді (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). Күннен-күнге қомақтана түскен жал-жал топырақ төмпектер *б и і к т е г е н* сайын терге малшынған қара күрең иықтар бірте-бірте аласарып, бір күндері жер астына біржола еніп, жоқ болды (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.). Қырқалар біртіндеп тас шоқылы жон-жоталарға ұласып, *б и і к т е й* береді (С.Байжанов, Сыр.). Абай оң жақта қысқы ас тұратын екі кілетті және төбесін шатырша *б и і к т е п* жапқан шошаланы қарап шықты (М.Әуезов, Абай). **4.** *Ұзару, үлкею, өсу. Б и і к т е п* Алатаудың Талғарындай, Тереңдеп Атыраудың аңғарындай, Аңқылдап жомарт көңіл келе жатыр Қазақтың даласының аумағындай (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Сол дауылда «менмін» дейтін бұл дүниенің шынары, Терек байғұс тым *б и і к т е п* кеткені үшін сынады (М.Шаханов, Ғасырлар.). Төрт бұрышты келген аласа қызыл үй қазір төрт жағынан бірдей кеңейтіліп *б и і к т е п* кеткен (Д.Әбілев, Замана.). **5.** *Қа-*

лыңдату, қомпайту. Беліне шом салып, екі өркешінің арасын жоталап *б и і к т е п т і* де, соның үстінен бастыра бір ашамайды орнатып, мықтап шандып, таңып тастапты (М.Әуезов, Шығ.). **6.** а у ы с. *Алға басу, өсу, даму, өрлеу, жетілу.* Көп жүрсең биіктердің арасында, Өзің де *б и і к т е й с і ң,* нанасың ба? Зәулімді анығырақ көргің келіп, Аспанға бойың созып бағасың да (М.Әлімбаев, Өшпес от). Сондықтан да *б и і к т е п* барады елім, Барады ұлы Отаным – балалы елім. Жер бетінде ырысты бір мен болсам, Бақытсызға өзімді балар едім (Ж.Молдағалиев, Шығ.). Ғылымның деңгейі, дәрежесі *б и і к т е п* келеді (Қ.Найманбаев, Серт). Күні кеше балғын ек, балаң едік, жапан түзге жаңа екпін ала келдік. Жас қаланың іргесін қалап едік, Өзіміз де *б и і к т е п* сала бердік (М.Әлімбаев, Көңіл күйі). **7.** а у ы с. *Еңсесі көтерілу, жадырау.* Сен неткен туған өңір сүйікті едің, Баурыңнан өрген бала киік едім. Аралап көріп бүгін өскеніңді, Мен дағы өркештендім, *б и і к т е д і м* (Т.Әбдірахманов, Кілт).

Бойы биіктеді. *Бойы өсті, ұзарды.* Қараймын қалың орманға, Сыңсиды олар гулесіп. Қараймын қарлы тауларға, *Б и і к т е п б о й ы м* бірге өсіп (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Түк өзгермегенсің, – дейді Жанна көз айырмай қарап отырып, – тек *б о й ы ң б и і к т е п,* толыса түскенсің (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

Елдің туы биіктеді. *Елі абыройлы болды, жеңіске жетті.* Мың жаса, мейірімді жарқын ұлым, Басыңнан бір кетпесін алтын күнің. Сенімен *е л д і ң т у ы б и і к т е й д і,* Бақытын көрді көзбен халқың бүгін (К.Әзірбаев, Таңд.).

Иығы биіктеді. *Иығы көтерілді.* Бірақ онда үй иесі қонағының алдында алшы түскен асықтай *и ы ғ ы б и і к т е п* аруақтанып отыра алмай, дәл бір ұят жасағандай, тексіздік, жарымағандық көрсеткендей, өзінен өзі ыңғайсызданып қысыла береді (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

Көңілі биіктеді. *Көңілі көтерілді, көңілденді. К ө ң і л д е р* көк аспандай *б и і к т е п* кеп, Сан рет «Көкайнаға» салғызатын (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Шоқтығы биіктеді. *Мәртебесі көтерілді, мерейі үстем болды. Б и і к т е д і* өзімнің де *ш о қ т ы ғ ы м,* Көбейгендей ойлы күнім, от күнім. Қазағымның бір тойы емес, мың тойын, Тойласам да жалығатын жоқ түрім (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).

Шығар тауы биіктеді. *Үлкен мақсаттар қойды.* Тұрмыстың талқысына иікпеген, Кеудеме мезгіл сырын түйіп келем. Қажыған қайратыма қанат бітіп, Қайтадан *ш ы ғ а р т а у ы м б и і к т е ғ е н* (Ө.Жайлауов, Шолпан).

БИІКТЕГІШ с ы н. *Алға басқыш, өрлегіш.* [Бекен] Толғақ әйелдің әр нәрсеге жеруін біледі, солардың ішінде, бүркітке жерігеннен – барлағыш, *б и і к т е г і ш,* болдырмайтын қырағы туады (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БИІКТЕЛ= е т. *Көтерілу, көтеріңкілеу.* Үстіңгі жағы кесек қармен *б и і к т е л г е н* кішкене шарбақтың ішінде ортасынан белдеулей жеген азғана шөп қалт-құлт етіп тұр (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

БИІКТЕН= е т. *Ұзару, өсу.* Күшіктің бойы *б и і к т е н е* береді. Әлі тұрқы шығып ұзарған жоқ, – дейді Құрмаш (М.Әуезов, Көксерек). Бетпақ дала алыстан қараған адамға жанжағынан он бес сажындай *б и і к т е н е* көтеріліп, бір тұтасқан қызыл күрең жар секілденіп көрінеді (І.Есенберлин, Қаһар). Алдан алыстан станция водокачкамның мұнарасы таңертеңгі сағыммен. Мұнартып, *б и і к т е н е* көзге шалынады (Ә.Нұршайықов, Жер туралы.).

БИІКТЕТ= е т. **1.** *Көтеріңкіреу, көтеру.* Қашқар хал-қадарынша туыстары көмілген қабырды *б и і к т е т і п* там соғады екен, үстін жыл сайын балшықпен сылап, өңдеп тұрады екен (С.Мұқанов, Алып. адым.). Отыра қалып көзін ашып, бер жағын қос алақандай ғып шұңқырлап, жиегін *б и і к т е т і п,* жинала бастаған судың тұнғанын күтті (Қ.Қараманұлы, Қызғыш құс). Әр жері сетіней бастаған шом қораны *б и і к т е т і п,* оңдап қойды (О.Сәрсенбаев, Бақыт.). **2.** *Ұзарту, ұлкейту.* Серіктері қасында *Б и і к т е т к е н* бір бойын. Ат үстінен Шашубай, Көрсетеді түрлі ойын (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). **3.** *Қалыңдату, қомпайту.* Бесікте жатқанда бала аузын ашып жататын болса жастығын *б и і к т е т і п,* басын көтеріңкіреп, иегін төсіне тигізіп жатқызу керек (М.Дулатов, Шығ.). Түйенің беліне шом салып, екі өркешінің арасын жоталап *б и і к т е т т і* де, соның үстіне бастыра бір ашамайды орнатып, мықтап шандып, таңып тастапты (М.Әуезов, Абай). Үстелге отырғанда шынтағыңа дейін үстелдің үстіне салып отыр. Астыңдағы орындығың аласа болса үстіне көпшік я бөтен нәрсе салып керегінше *б и і к т е т* (М.Дулатов, Шығ.). Сұлтанмахмұт жастығын кроватының басына сүйеп, *б и і к т е т і п* алып, Пушкиннің «Боран» деген әңгімесін тыңдап жатыр (Д.Әбілев, Ақын.). **4.** а у ы с. *Абыройлы ету, мерейін үстем қылу.* Өзге жұрттың ішінен оны Өмірәлі атандырып, *б и і к т е т і п* тұрған басындағы азғантай бақ-дәрежесін мен тартып алғандай болдым (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Селеуін сүйіп жатқан жел өбектеп, Ойлаймын бұл даланы керемет деп. Тілеймін бұл даланы *б и і к т е т* деп, Тілеймін бұл даланы

терең ет деп! (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Аласартты тағдырым, *б и і к т е т т і,* Бәрі өткінші. Қуаныш, күйік те өтті. Екіталай кезеңде еңсем бұққан, Күйсандыққа саусағым тиіп кетті (М.Мақатаев, Шығ.). Қалай оған ішім жылып қараймын, Бір жол жырын жатқа білмес Абайдың. Шапақ шашқан заманы анау, *Б и і к т е т і п* туған елдің айбынын Қызыл тулар нық тұрғанда белесте, Ұлы Абайды бағаламау – Өз халқының рухани байлығын Бағаламау емес пе? (М.Шаханов, Ғасырлар.). **5.** а у ы с. *Жетілдіру, дамыту*. Ертеңіме өзімді сүйікті етем, Мен елместің шапанын киіп кетем. Тірлігімде үңіліп тереңіме, Мен қазақтың өлеңін *б и і к т е т е м* (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).

Мерейін биіктетті. *Мерейін үстем етті, абыройын асқақтатты*. Менің жаным – лирикаңның жинағы Туларыңның *б и і к т е т к е н м е р е й і н* (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Мұратын биіктетті. *Жоғары мақсат қойды.* Осы ауылда *б и і к т е т к е н м ұ р а т ы н,* Жұлдыздарға толған кезде құба түн Жүрегіне жыр толатын ғажайып, Бар осында менен мықты бір ақын (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Шоқтығын биіктетті. *Мәртебесін көтерді.* Абайды алға ұстап, «Осындай адамымыз бар» дегенді адамзат алдында жарқын жүзбен айта алдық, Абайдың шын мәнінде титан тұрпаттас тұлға екенін алғаш рет дәлелдеп шықтық, осы арқылы халқымыздың *ш о қ т ы ғ ы н б и і к т е т е* түстік (С.Абдрахманов, Елдік сыны). Құрдастардың яки ісінде, яки сөзінде бір томпақтық кездеспесін деңіз, егер кездесті ме, оның біреуі *ш о қ т ы ғ ы н б и і к т е т і п*, біреуі ұтылып шығады («Лен. жас»).

БИІКТЕТТІР= е т. *Биік етіздіру*. Исабек жастығын *б и і к т е т т і р і п*, арқасын соған сүйеп, кеудесін көтеріп отырды. Мына екеуінің әңгімесін тыңдауға ынтықты (Д.Әбілев, Арман.).

БИІКТЕТТІРУ *Биіктеттір етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жастығын *б и і к т е т т і р у.*

БИІКТЕТУ *Биіктет етістігінің қимыл атауы, көтеру, көтеріңкілеу*. Шойын жолдың осы бір кірпияздығы, әсіресе нөсерлі күндерде қолбайлау болатын, сондықтан рельсшілер түгелдей дерлік топырақ, қиыршық тас тасып, жол *б и і к т е т у* жұмысына көмекке аттанған (Ө.Бөкеев, Өз отың.).

БИІКТЕТІЛ= е т. *Жоғары көтерілу, көтеріңкілеу*. Шатырдың да қызметін атқаратындықтан, итарқасының ылғалы жиналмайтындай көтеріңкі болу үшін төрт қабырғаның аздап *б и і к т е т і л г е н* кесе-көлденең еніне әрбір бөлменің өн бойына жететіндей етіп қақ ортасынан қары қоятын болған (Ө.Жәнібеков, Жолайырықта). Осы қақпаның маңдайшасы тағы үш кездей *б и і к т е т і л г е н* де күмбезденіп қосылған (Д.Досжанов, Жібек.). Дәліздің дәл ортасында тұрған кесек ошақ бұзылып, *б и і к т е т і л і п* қайта оңдалды (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

БИІКТЕТІЛУ *Биіктетіл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қамалдың *б и і к т е т і л у і.*

БИІКТЕТІҢКІРЕ= е т. *Сәл биіктету, жоғарылату.* ≈ Әлі де *б и і к т е т і ң к і р е у* керек.

БИІКТЕТІҢКІРЕТ= е т. *Биіктете тұсу, жоғарылату, ыңқырау*. Ноғай қоңырлата әнге басып, әлде бір мұңлы сағыныш лебін естірте, *б и і к т е т і ң к і р е т і п* апарып, бауырлата қалқытып тоқтатты (Ғ.Қайырбеков, Қарқаралы.).

БИІКТЕУ[1] с ы н. *Биігірек, сәл биік*. Кіре беріс жер аласа, құр тақтай, одан арғы жер төрдегі үлкен әйнектерге шейін, киіз, алаша, көрпе, бөстек төсеулі *б и і к т е у* сәкі (Ж.Аймауытов, Шығ.). Әсіресе *б и і к т е у* келген түзу біткен мұрны мұның дөңгелек бетінің жарастығын, келісімін толықтырып тұрған тәрізді (М.Әуезов, Қараш.). Әлгі маңнан *б и і к т е у* төмпек тауып, атты соған жақын тартып, мысықша жабысып, жатып зорға міндім (Б. Соқпақбаев, Қайдасың.). Кейде, құс ұстаған бір *б и і к т е у* иықтан қарауылдап аңдып отырады да, басқалары төменді бөктерлей түлкі қағып, қашқан түлкіні жан-жақтан дабылдай қуып, жоғарыда қарауылдап отырған қыранға қарай ығыстырады (Х.Елебекова, Үні кетпес.).

БИІКТЕУ[2] *Биікте етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жоғары көтерілу*. Биікте жүргендерге көріну үшін өзінің де сөзсіз *б и і к т е у і* керек екенін жаңа ғана ұққандай болған Бархан самолетті басқарып келе жатқан әкесіне: – Әке, мені қыстағыма апарып тастаңыз, – деді (О.Бөкей, Құм мінезі). Жалғасқан зәулім көкке аспанымыз, Білмейміз *б и і к т е у д е н* басқаны біз (Т.Айбергенов, Мен саған.). Биікте *б и і к т е у і ң* сом сыбағаң, бұлғаңды тұтас дүние көрсін жерде! (М.Әлімбаев, Жүрек.). Жер қыртысының жеке бөліктерінің *б и і к т е у і* мен аласаруы эндогендік процестерге байланысты, бұл процестер экзогендік геологиялық процестердің жаңғыруына да себепші болады (К.Сапарбайұлы, Геология.). **2.** *Ұзару, өсу*. Бауырлас іргеңдегі көршілерге Өшпейтін жалыныңнан енесі бөл де, Денесінің толуы, бойының *б и і к т е у і,* қайратының молаюы – биылғы жыл ерекше болды (М.Әуезов, Қараш.). **3.** а у ы с. *Даму, жетілу, өркендеу, көркею*. Қазақстан астанасы – Алматыда қазақ мәдениетінің гүлдене өсіп *б и і к т е у і н* көрген мен Москваға зор қуанышпен қайттым (С.Мұқанов, Есею жыл.).

БИІКТІК з а т. **1.** *Заттың тігінен алғанда жоғарылығы, зәулімдігі, ұзындығы.* Жағаласақ, камерада Абылайдың көз тасы жатыр. Ұзындығы кісі бойындай. *Б и і к т і г і* орындықтай. Мінсіз төрт қырлы көк ала мәруар мұздай жылтыр, айнадай тегіс, шимайша ойып келтірген олпы-солпысыз, үшкір сұлу жазулары жалап қойғандай мүлтіксіз (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ғадтың керігі деп еді аттың тегі, Таусылмас айта берсек оның кебі. Ұзындығы екі жүз кез болғанда, Жүз елу кез тағы бар *б и і к т і г і* (Бабалар сөзі // Діни дастандар). Сұңқардың екі мұртың жебесіндей, Ақылың оман дария кемесіндей. Сұрасаң *б и і к т і г і ң* мен айтайын Күн шалған Алатаудың төбесіндей (Орынбай Байқожаұлы // XIX ғ. қаз. поэз.). Ондағы ағаштардың *б и і к т і г і* 100–150 аршынға жетеді (А.Байтұрсынұлы.., Оқу құралы). Жиырма бес – *б и і к т і к* пен тереңдік, Биіктік пен тереңдікте – көк пен жер! (Т.Айбергенов, Мен саған.). **2.** *Жоғары жақ.* Металлургвентиляция ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері мынадай жайтты анықтаған: жарылыстан соң бір минуттан кейін газ-тозаңды бұлт 180–200 метр *б и і к т і к к е* көтеріліп, карьерден жел айдап әкетеді, ал карьерден 1–1,5 км қашықтықтағы ауада шаңтозаңның жиналуы бір сағат бойы 6–10мг/м^3 болады (Т.Қалыбеков, Экология.). Әне-міне дегенше бұлар көтерілген шаңырақ астында, жете-қабыл *б и і к т і к т е* ерте көктемде бас жарған бәйшешек гүліндей қопарылып ашыла бастады (Ә. Тарази, Нұрлы дүние). **3.** г е о м. *Фигуралардың төбесінен түсірілген перпендикуляр кесінді, яки осы кесіндінің ұзындығы.* Демократ, мәселен, табаны цилиндр немесе призмада жатқан, ал *б и і к т і г і* сондай конустың немесе пирамиданың көлемі сол цилиндрдің немесе призма көлемінің үштен біріне тең екенін тұңғыш дәлелдеген (А.Көбесов, Математика.). Ыдыс түбінің ішкі радиусын x десек, ал оның ішкі *б и і к т і г і н* z десек, онда оның сыйымдылығы болады (О.Жәутіков, Жоғары математика.). **4.** г е о г р. *Жер бедеріндегі жеке элементтердің тік бағытта орналасу шамасы.* Сондықтан сыртқы үйінділердің *б и і к т і г і н* таңдауда бұл параметрлердің қазба жұмыстарының тиімділігі мен табиғи ортаны бүлінуіне тигізетін алуан түрлі әсерін де ескеру қажет (Т.Қалыбеков, Экология.). Пьезометрлік деңгейдің бірдей *б и і к т і к т е р і н і ң* нүктесін қосатын сызықтарды гидроизопьезалар немесе пьезогипстер деп атайды (К.Сапарбайұлы. Геология.). Теңіз сілкінуі кезінде цунами деп аталатын *б и і к т і г і* 15–20 м-ге жететін қуатты толқындар пайда болады (К.Сапарбайұлы, Геология.). **5.** а с т р о н. *Аспан шырағының горизонтальды координаттар жүйесіндегі координатының бірі. Б и і к т і к* математикалық горизонт пен шырақ арасындағы биіктік дөңгелегі доғасымен (аспан күмбезі үлкен дөңгелегінің зенит және надир нүктелері арқылы өтетін) өлшенеді (ҚҰЭ). Ал 266 километр *б и і к т і к т е г і* ауаның тығыздығы жер бетіндегі ауаның тығыздығынан 10 миллиард есе кем, одан әрі 100 километр биіктегенде ауаның тығыздығы тағы да 10–12 есе азаятындығы белгілі болды (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. туралы). Ионосферадан бергі қабат стратосфера жерден 50 километр *б и і к т і к т е* (Қ.Исабаев, Көгілдір қазына). **6.** м у з. *Дыбыстың сапасы, дыбыс көзінен шыққан тербеліс жиілігін есту мүшесінің қабылдау формасы.* Жиілік өскен сайын дыбыс *б и і к т і г і* де ұлғаяды (ҚҰЭ). Лад – әртүрлі *б и і к т і к т е г і* дыбыстардың бірігіп, бірі екіншісіне, басқаша айтқанда, жеке бір дыбысқа (тоникаға) тартылулары (Хормен жұмыс). Камертон – *д ы б ы с б и і к т і г і* өзгермейтін, асыл темірден жасалған құрал (Қ.Қуатбаев, Қысқ. муз. сөздігі). **7.** п с и х. *Жеке тұлғаның ақыл-парасатының кемелдігін, мінез байлығын білдіретін ұғым.* Ол әуелден *б и і к т і к к е* жаралған, Тұрса болды тобы бүтін, бәрі аман. Биіктерге биік болу түк емес, Аласаға биік болу көрі арман (Ғ.Қайырбеков, Большевик.). Ақын – жан ғой, жалыннан от өрген, Асқақ арман, *б и і к т і к т і* сүйетін. Шаңырақты сондықтан сол көтерген, Сондықтан да биік әдебиетің (Ә.Абайділданов, Алыс.). **8.** а у ы с. *Аспан, көк, әуе. Б и і к т і к* болса қаларым Төменді маған ұсынба. Құстар да балапандарын Баулиды алыс ұшуға (А.Бақтыгереева, Өрімтал). Қарағайлар таумен *б и і к т і к к е* таласқандай, өзін тіп-тік, тәкаппар ұстайды, жап-жасыл жапырақтары да көкке қарап өседі (З.Шүкіров, Жас жесір). Барлық құстың қиялы мен өлеңі, *Б и і к т і к* қой о бастан. Менің-дағы биік ұшқым келеді, Сен қуә бол, ақ аспан! (М.Шаханов, Ғасырлар.). **9.** а у ы с. *Зор болушылық, асқақтық. Б и і к т і к,* саған құмарта, Талайлар жүр ғой қол артып. Оларға менің мін арта, Кінәм жоқ әсте қояр түк (С.Оразаев, Дала.).

Биіктік ауруы. м е д. *Биік тауға шыққанда не ұшақпен жоғары көтерілген кезде ауада оттегінің үлестік қысымының күрт төмендеп кетуінен болатын сырқат. Б и і к т і к а у р у ы* – екі мың метрден астам биіктіктегі ландшафты-климаттық аумақтардың ерекшеліктеріне байланысты ауру (Қаз. тілі термин. Экология). *Б и і к т і к а у р у ы н а* ультракүлгін радиациясының жоғарылығы, температураның төмендігі, ауа қысымының төмендігі, атмосферадағы оттектің азаюы себеп болады (Қаз. тілі термин. Экология).

Биіктік белгісі. к е н. *Алғашқы қабылданған жазық беттен вертикаль бойынша белгілі*

бір нүктеге дейінгі аралықты білдіретін шама. Б и і к т і к б е л г і с і н і ң шамасы: вертикаль бойынша аралық теңіз деңгейінен алынса – абсолютті, ал ол аралық шартты горизонттан (жазықтықтан) алынған болса – салыстырмалы немесе шартты деп аталады (Қаз. тілі термин. Кен.).

Биіктік белдеулігі. э к о л. *Таудағы кейбір табиғи көрсеткіштері (немесе олардың қосындылары) бойынша біртекті болатын биіктік белдеуі. Б и і к т і к б е л д е у л і к* – вертикаль белдеуліктің өлшем бірлігі (Қаз. тілі термин. Экология).

Биіктік компенсаторы. к е н. *Өздігінен жылжуын қамтамасыз ету үшін жеке вагоншаларды биікке көтеруге арналған тетік. Б и і к т і к к о м п е н с а т о р ы* жиі қолданылады (Қаз. тілі термин. Кен.). *Б и і к т і к к о м п е н с а т о р ы* рельс жолының еңіс бөлімшесіне орнатылады (Қаз. тілі термин. Кен.).

Биіктік өлшеуіш. ә с к. *Ұшудың биіктігін көрсететін пилотажды-навигациялық аспап. Б и і к т і к ө л ш е у і ш т і ң* жұмысы ұшу биіктігінің өзгеруімен байланысты заңды түрде өзгеріп отыратын атмосфераның қысымын өлшеу қағидасына негізділген (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Биіктік тұтқасы. ә с к. *Ұшу аппаратының бойлай ұшу бағытын басқаруға, яғни жоғарылы-төменді маневр жасауға арналған көлденең тұтқа. Б и і к т і к т ұ т қ а с ы* жылжымайтын артқы тіреуіштің көлденең бөлігіне – стабилизаторға бекітіледі (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Б и і к т і к т ұ т қ а с ы* дыбыстан жылдам реактивтік ұшақтардың көпшілігінде жоқ, бұларды оның қызметін басқаратын стабилизатор атқарады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Биіктіктегі ядролық жарылыс. ә с к. *Тропосфера шекарасынан жоғарыда жасалған жарылыс. Б и і к т і к т е г і я д р о л ы қ ж а р ы л ы с т ы ң* ең төменгі шартты түрде 10 километрден астам (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Б и і к т і к т е г і я д р о л ы қ ж а р ы л ы с* әуедегі нысаналарды жоюға қолданылады, ал жерді нысаналарға, техникаға, фортификациялық құрылыстарға айтарлықтай зақым келтірмейді (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Биіктікті өлшейтін радио. ә с к. *Қашықтықты өлшеудің радиотехникалық әдісімен ұшақтар мен басқа да ұшу аппараттарының ұшу биіктігін негұрлым толық анықтауға арналған радиолокациялық аппарат. Б и і к т і к т і ө л ш е й т і н р а д и о* өткізгіш, қабылдағыш, антенна, биіктік көрсеткіштен тұрады (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Б и і к т і к т і ө л ш е й т і н р а д и о л а р д ы ң* қарқынды және модульденген жиілікті деп аталатын негізгі екі түрі бар (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Рух биіктігі. э к с п р. *Намысы биіктік, намысшылдық.* Тіл тазалығы мен *р у х б и і к т і г і н* сақтау мәселесін Әбіш Кекілбайұлы тәуелсіздік тақырыбымен қоса өрбітеді («Егемен Қазақстан»).

БИІКТІКТІ с ы н. с ө й л. ***Биік.*** Заанен ешкісінің шыққан жері Швейцариядағы Заанен аймағы. Ол мыңнан үш мың метрге дейінгі *б и і к т і к т і* таулы аудандарда бағылады (Ш.Жанәбілев, Қаз. мал. атау.).

БИІКТІЛІК з а т. с ө й л. ***Биіктік.*** Қазаққа тән бір мінез *б и і к т і л і к,* Аспан тіреп жүретін иықтылық. Тұлғалы деп айтар ем – қай қасиет, қойған барша адамға сүйікті ғып! (Ә.Сәуірбаев, Сыр.).

БИІКШЕ с ы н. *Биіктеу, биігірек.* Заводтың өзі, машина құрған жері әлгі *б и і к ш е* шоқының үстінде (С.Сейфуллин, Шығ.). Үйлер тау етегіндегі көлге іргесін батыра және *б и і к ш е* тауды өрлей салынған (М.Әуезов, Индия очерк.).

БИІКШЕЛЕУ с ы н. *Биіктеу, биігірек.* – Тұр, бар! Есік аш, – деді келіншекке, – қатын келіп қалған ғой, – деп ақ келіншектің *б и і к ш е л е у* мұрнын саусағымен еркелете қысты (Д.Әбілев, Арман.). *Б и і к ш е л е у* ауыл жаққа қараған мектептің баспалдағына асыр салып ойнап жүрген балалар сырттан қарағанда келісіп, жарасып тұрады (А.Сегізбаев, Дала жұлдыз.). Олар сарбаздардың дәл қарсысына, *б и і к ш е л е у* төбеге, жұртқа көрнекі жерге отыра қалысты (М.Жұмағұлов. Қыран.).

БИІКШІЛ с ы н. *Биікке құмар, жоғарыға құмар. Б и і к ш і л* со бір сұңқардай, Биіктей берсе арманың! Аспаныңды бұлт алмай, Ақ нұрға толмақ жан-жағың (Д.Әбілев, Миллиард.). *Б и і к ш і л г е* бәрі аян, жерден қарап тұр әзірге. Қанатымды енді жаям, Деп тұр мынау құрақ ірге (Ж.Өмірбеков, Мың терезе).

БИІМСУ *Биімсі етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Б и і м с у і н* қарашы.

БИІМСІ= е т. э к с п р. *Би болғансу, биге ұқсау.* «Кешегі кеткен малымнан Сілекей қайтса болды» – деп, Көрінді күндес *б и і м с і п.* Шал күйеуін шалмалап, «Шәугімді әпер, ей!» – дейдіау, Оқыранып, үйірсіп (І.Жансүгіров, Шығ.).

БИІЛТИФАТ [ир. ар. التفات بي] с ы н. *Ескерусіз, ілтипатсыз, назардан тыс.* Жамалжан, парасатлу етер фәһім, Бұл сөзім *б и і л т и ф а т* қалмас босқа. Рақматына мың сан разы болар едік, «Гали-Жамал лайық» – деп Алла қосса (М.Дулатов, Шығ.).

БИЯЗ з а т. с ө й л. ***Пияз.*** Таң атысымен, екі көзіне *б и я з д ы ң* суын жағып қызартып, жас ағызып, еңіреумен ханға келді (Қаз. ертег.).

БИЯЗДА= е т. *Баптау, бипаздау, биязылану. Б и я з д а п* жорғалардай жүрісіңді, Бекерге шығармақсың шын ісімді. Жаланы жабыстырып жаққанменен Сен менің тарылтпайсың тынысымды (Айтыс). – Ыңыранып, сыздап, *б и я з д а п*, талғап отырар жайым жоқ. Түбінде ел қарғысына өздерің қаларсыңдар. Кеттім!– деді Сүлеймен (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

БИЯЗДАН= е т. *Баптану, бипаздану, биязылану.* Қасен бұл жерде *б и я з д а н а* алмаспын дегендей боп танау қақты (М.Әуезов, Шығ.). Пірқожа *б и я з д а н ы п*, газетті қолына ыңғайлап алам дегенше, Сүңгібай Ғани байға сұрақ бере сөйледі (А.Хангелдин, Ғани.).

БИЯЗДАНУ *Биязда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қыздың *б и я з д а н у ы.*

БИЯЗДАУ *Биязда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ұзақ *б и я з д а у.*

БИЯЗЫ с ы н. **1.** *Нәзік, жіңішке.* Ақ тайлақтың жүнінен тоқып, жағасына қара барқыт салған *б и я з ы* ақ шапан иығында (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). – Онда мұның қазіргі жүнінің аса *б и я з ы* құндылығы азғындайды, – деді ол (С.Бегалин, Уақыт.). Тартпа баулар құр тәрізді *б и я з ы* жіптен таңылады. Немесе екі-үш қабат матаны сырып, бауларын ызып әзірлейді (Д.Шоқпарұлы, Ата салт.). **2.** *Жұмсақ, үлбіреген.* Серәлі амандасқанда аңғарды – Гауһардың *б и я з ы* қолы бұрынғыдай емес, қатты, шымыр, қолын босатар кезде саусақтары дір ете қалғандай болды (Т.Ахтанов, Дала сыры). Жүннен тоқылатын *б и я з ы* матаға тіпті таптырмайтын талшығы аса *б и я з ы*, төзімді, созымды деген айрықша мақтау айтылған (С.Бегалин, Уақыт.). **3.** а у ы с. *Жағымды, сүйкімді.* Көңілің жай боп тынығар, Бозталда жақсы іні бар. Бозталда жақсы келін бар, *Б и я з ы* нәзік үні бар (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). **4.** а у ы с. *Сыпайы, әдепті.* Найза сілтесіп, қылыш сермесер жауынгершілік емес, сөз біліп таңдай тақылдатар даугершілік те емес, отырыс-тұрысынан олпылық сезілмейтін, сөзінде ағаттық айтылмайтын, кісіліктен гөрі кішілігі басым *б и я з ы* «Шіркін, мына қазақтар осындай жұрт екен ғой» дегіздірмей үлгілі серіктер таңдарсың (К.Сегізбаев, Беласқан). Он алтыға енді шыққан бала қыздың мінезі баяғы алғашқы әйелін есіне түсірді. Тарпаң-тұрпаңсыз, *б и я з ы*. Биліктің әзәзіл дәміне әлі құныға қоймаған уыз жас (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.). Сыңғырлаған күлкі, *б и я з ы* амандықпен бұратыла басып, тобылғыдай майысқан бойжеткендер (С.Жүнісов, Шығ.). **5.** а у ы с. *Сабырлы, ұстамды.* Жаңағы жұтқан уыз қымыздың дауасы ма, әлде айтайын деген жырының қақ-соқсыздығынан ба... үні *б и я з ы* шықты (І.Есенберлин, Алмас.). Бұл өзі – сыпайы, *б и я з ы* жігіт деп жүрсек... жақында бір шофермен төбелесіп, оның аузымұрнын қан жалатқан (З.Шашкин, Сенім).

Биязы жүн. *Жұмсақ үлпілдек жүн.* Өзі қысжанды, қарды жылқыша тебетін, *ж ү н і б и я з ы*, ет мол, егізшіл, сергек қой өсіріп берсең бола ма? – деп Әбдіжан танауын жиыра көзін ежірейте күлді (С.Бегалин, Уақыт.). *Б и я з ы ж ү н н е н* істелген киім қанша иленсе де, алғашқы қалпына қайта келеді (М.Ермеков, Қазақст. қой шаруаш.). Мұның бұлай аталуы мынадай ерекшелігінен: қылшықсыз, біркелкі жұмсақ әрі тығыз, әрі бұралаңқы жіңішке, *б и я з ы*, ұзын ақ *ж ү н і* әрі мықты, әрі серпінді келеді. Қойдың бұл тұқымын бағалы санайды (Ш.Жанәбілев, Қаз. мал. атау.).

Биязы жүнді қой. *Майда, жұмсақ, әрі созылғыш, әрі мықты жүні бар қой түрі.* Қазақтың *б и я з ы ж ү н д і қ о й ы н* өсіріп отыр. Тіпті қыстай тебіндеп шығатын көрінеді (Т.Ахтанов,Таңд.). Жазда, жұртқа белгілі, күн ыстық болады. Жай қазақы қойдай емес, *б и я з ы ж ү н д і қ о й л а р* шыбыншыл, ыстыққа төзімсіз келеді (Қ.Салғарин, Жаныңда жүр.). Өзінің шартымен оттау үшін *б и я з ы ж ү н д і қ о й л а р д ы* еркімен, айдамай қаптата жаю керек (М.Ермеков, Қазақст. қой шаруаш.). *Б и я з ы ж ү н д і қ о й* тұқымдары аралас болса, оларды қырыққанда жүнді сорттауына да көп еңбек жұмсалады (С.Омаров, Қой. бағу.).

Биязы мінез. *Жайдары, жұмсақ мінез.* Сенің *б и я з ы м і н е з і ң*, үлкенге ізетшіл, кішіге қамқор қылығың ата-ана, аға-жеңге көңілін де сондай мерейлендіріп, жанын масайратады (С.Байжанов, Сұңқар). Оқасыз, меруертсіз кимешегі *б и я з ы м і н е з і н е* үйлеседі (Д.Әбілев, Өленд.). Сөз қайырмайды, беттен алуды білмейтін *б и я з ы м і н е з* Дуся қазақтарға ұнайды (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).

Биязы мінезді. *Жайдары, жұмсақ мінезі бар (адамға қатысты).* Бір-ақ *б и я з ы м і н е з д і* апасы әрдайым сіңлісі ығыша жығыла жүретін еді. Қазір Күнзия есіне оған еткен талай кесірліктері, кейбір ерсі қылықтары түседі (З.Шүкіров, Ізгілік.).

БИЯЗЫЛА= е т. **1.** *Үлбірету, үлпілдету.* Машиналар тоқиды өрмек, *Б и я з ы л а п* нәзік өрнек (С.Сейфуллин, Өленд.). Жүнді *б и я з ы л а п* сұрыптау жұмысы бірбеткей ғана жүргізілді (М.Ермеков, Қазақст. қой шаруаш.). **2.** а у ы с. *Сыпайылық жасау, әдептілік сақтау.* Баршағүлде қымсынған түр жоқ әуелі *б и я з ы л а п* бастаса да, енді қаймықпай сөйлеп кетті (Ғ.Сланов, Шалқар). Мен орыс қызына тіл қатып, *б и я з ы л а й* келіп, жөн-жосығын

сұраймын (М.Әлімбаев, Тәрбие.). Бәйбіше бұдан кейін біраз үнсіз отырды да, *б и я з ы л а п* кетті (Қ.Қамбаров, Алтай.).

БИЯЗЫЛАН= е т. **1.** *Жұмсару, нәзіктену.* Әне бір күндері қойларды көлшікке тоғытып алғаннан бері жүні де *б и я з ы л а н а* түсіп, жақсы өсіп келеді (Б. Тоқтаров, Қыран.). **2.** а у ы с. *Сыпайылық жасау, әдептілік сақтау.* Қыздың төңкеріліп отырған көзін, анда-санда *б и я з ы л а н ы п* сөйлеген сөзін, тағы басқа салтанаттарын көргенде, Жақыптың жаны кіріп, көңілі көншіп кетті (Ж. Тілепбергенов, Шығ.). Ол өзінің сұлу еместігін, мінезінің де басқалар сияқты *б и я з ы л а н ы п,* майысып тұратын қылықты емес, қара дүрсіндеу екендігін айтып сырласқысы келген еді (Ш.Бейсенова, Тойға кел.).

БИЯЗЫЛАНУ *Биязылан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жүннің *б и я з ы л а н у ы.*

БИЯЗЫЛАУ[1] с ы н. **1.** *Жұмсақтау, нәзіктеу.* Жақсы маталар мен басқа да бұйымдарды дайындау үшін өнеркәсібімізге жақсы жүн, алдымен биязы және *б и я з ы л а у* жүн керек болды (Р.Әбуғалиев,.. Қой өсіруші). *Б и я з ы л а у* болатын қозы жүнінен әдемі шекпен тігіп, түскиіз басқызатын (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Бұл аймақта *б и я з ы л а у* жүнді қой тұқымын алу үшін етті-жүнді бағыттағы биязы мен *б и я з ы л а у* жүнді будандар пайдаланылады (И.Жұмағұлов, Қой шаруаш.). Осы кезде биязы және *б и я з ы л а у* жүнді қойлардың терісінен неше қилы мех жасалатын болды (М.Ермеков,.. Тарту). **2.** а у ы с. *Сыпайылау, әдептілеу.* Бұлардың үшіншісі – аққұба, *б и я з ы л а у* кісі – оқу комиссары екен (Д.Әбілев, Арман.).

БИЯЗЫЛАУ[2] *Биязыла етістігінің қимыл атауы.* Жүнді *б и я з ы л а у* мақсатымен сұрыптау жұмысы бірбеткей ғана жүргізілді (М.Ермеков, Қазақст. қой шаруаш.).

БИЯЗЫЛЫҚ з а т. **1.** *Биязы болушылық, майдалық, жұмсақтық.* Қой жүнімен байланысты қалыптасып біткен жүн *б и я з ы л ы ғ ы* әлі сараланған жоқ. Тіпті бір қойдың өзінің жүні бірнеше дәрежеде (С. Бегалин, Уақыт.). Жіңішке жіптен шебер ширатылған жібек шашақты, кестелі орамал өзінің жаңалығымен де, *б и я з ы л ы ғ ы м е н* де көз тартады (А.Жангелдин, Табысқан тағдыр). Қырқылған қой жүнінің сапасы жақсарып, *б и я з ы л ы ғ ы* жоғарылаған (М.Қарсыбеков, Микроэлемент.). **2.** п с и х. *Адамның сыртқы ортамен байланыс жасайтын қарым-қатынастарының ішіндегі сыпайыгершілік, әдептілік жиыны. Б и я з ы л ы қ* – мінез бітісінің бір түрі (Қаз. тілі термин. Педагогика.). Ақан көп қарағанда, ол қымсынып, қысылыңқырап, *б и я з ы л ы ғ ы н* сақтауды ғана ойлайды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Қарақаттай мөлдір қара көзі күлімсіреп тұрады. Сыпайы тұлғасына сай, қимылынан самарқау *б и я з ы л ы қ* еседі (Т.Ахтанов, Боран). Оның бойына біткен балалық тәтті мінез, *б и я з ы л ы қ,* иба оған сондай келісетін еді (М.Иманжанов, Адам.). Туған елі Атырау, Туа мықты, батыр-ау Екпіні зор Құрманғазы секілді. Досжараны табынар *Б и я з ы л ы қ* тағы бар, Салиқалық жастық шақта бекінді (К.Салықов, Жезкиік).

БИЯЛА з а т. с ө й л. ***Пияла.*** Иманды ер Құдайынан ұялады, Ұялып иесінен сый алады. Ренжітпе бенде болсаң бейшараны, Кәріп көңілі бір сынғақ *б и я л а-д ы* (Ы. Алтынсарин, Шығ.). Күн шалмас *б и я л а н ы ң* сауытындай Аймаққа шырай берер нұрың шалқып. Сағынсам тілің сусын, сөзің керек, Тұрады иісіңнен жұпар аңқып (Ә.Найманбаев, Шығ.).

БИЯЛАДАЙ с ы н. *Бияла тәрізді, бияла сияқты.* Жақұттан монша салсам үйге жалғас, Және салсам көшеге мәрмәр тас. Үй мен монша арасы сондай жерде, *Б и я л а д а й* жалтыр болса, аяқ тұрмас (Ә.Найманбаев, Шығ.).

БИЯЛАЙ з а т. **1.** *Матадан не былғарыдан тігілген, жүннен тоқылған қолғап.* Бір күні кешкісін Сайран уақыт қысқартайын деп *б и я л а й* тоқып отыр еді (А.Жағанова, Еркежан). Саусақты жылы былғары *б и я л а й д а н* Мейрамның дізгін ұстаған қолы мұздап қалыпты (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Енкидзе бай көпесше киінген, Қолында кіршіксіз ақ *б и я л а й* (Т.Әлімқұлов, Бозжорға). Керегенің басынан іші киіз, сырты сірі үлкен *б и я л а й* алып киді де, далаға шығып кетті (Қ.Жұмәділов, Көкейкесті). **2.** *Садақ тартқанда қолға батпауы үшін арнайы тігілген қолғап.* Тутанхамон бейітінің үлкен-үлкен үш бөлмесінде адамның о дүниедегі өмірі үшін не керектің бәрі бар. Алтын тақ, алтын төсек, алтындатқан күймелер, алтын-күмісі аралас қорамсақтар, садақтар, жебелер, тіпті садақ тартқанда қолға батпауы ойластырылған *б и я л а й ғ а* дейін бар, алтын табақ, піл сүйегінен оймышталған орынтақтар, тамақ салынған жәшіктер, ішіндегі шарабының табына дейін сақталған ыдыстар, о дүниеде егіп, қорек ететін өсімдік дәндері... (С.Абдрахманов, Елдік сыны). **3.** к ә с. *Құсбегілер қыран құсты қолына қондырарда киетін теріден тігілген қолғап.* Қол бала құс секілді *Б и я л а й ғ а* қарайсың. Не тұлғама тұтқа боп, Не керекке жарайсың. Ішің – аяз ақ қырау, Сыртың – сұлу сарайсың (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Қос көлге құсым салып қиялаймын, Қолымда көк орамал, *б и я л а й ы м.* Ішімді қайғы оты күйдіреді, Несіне айтар сөзден ұялайын (С.Жүнісов, Ақан сері). Аңға шығарғанда бүркітшінің

жанында аяқ бау, балақ бау, тұғыр, балдақ, томаға, саптаяқ, *б и я л а й*, жеңсе бұрау (түлкі бұрайтын айыр бас шыбық), жем қалта, шыжым, пышақ, ине, тарамыс, бөлеу (бүркіт бесігі) сияқты дәнекер жабдықтары болады («Жетісу» энцикл.).

БИЯЛАЙДАЙ с ы н. *Биялай тәрізді, биялай сияқты.* Бұл баяғы Бестібай білетін дөрекі, байдың айтқанын істемеген жалшы малшыларын қамшының астына алатын, қиянатшыл тентек сары емес, заманы *б и я л а й д а й* жұмсақ еткен, жөнделіп қалған шал (І.Есенберлин, Маңғыстау.).

БЛАНК [франц. blanc] з а т. ә с к. *Белгілі бір үлгі бойынша мәтіні жартылай басылып, қалған бөлегі кейін толтырылатын іс қағазы.* Дайын *б л а н к к е* сиямен жазылған әскери бөлімнің адресі – Тасболаттың былтырғы далалық почтасы (Ж.Тілеков, От кешу).

Бланк картасы. ә с к. *Бір немесе бірнеше көмескі реңді бояуларға басылған топографиялық немесе арнайы карта. Б л а н к к а р т а с ы* қосымша графикалық жүктемені (тактикалық, оперативтік, аэронавигациялық жағдайлардың) түсіру, ұрыстық графикалық құжаттарды даярлау кезінде топографиялық негіз түрінде қолдануға арналған (Қаз. тілі термин. Әскери.).

БЛАНКА з а т. ***Бланк.*** Алаш ордасының һәм орда комитеттерінің мөр, штемпл, *б л а н к а л а р ы н* жасату туралы сөз болғанда, Алаш ордасының мемлекеттік гербі (таңбасы) қандай болуы мәселесі қозғалды, бірақ шешілмей қалды («Қазақ»). Бұл жердің *б л а н к а с ы* қызық: ондағы қай қала, қай көше, кімге деген сөздердің бәрі алдымен латыш тілінде жазылады (Ә.Нұршайықов, Батыр.). *Б л а н к а л а р* мен жазба кітапшалардың миллиондаған тираждары шырша, қарағай ағашынан жасалған қағазға бастырылып шығарылады (М.Ахметов, Егін қорға.). Ана бөлмеге барып *б л а н к а* толтырасыздар да, бұрыштама соғылған соң, қыздарға апарып тапсырасыздар (Д.Досжанов, Тұлпар.).

БЛАНКАЛЫ с ы н. ***Бланкілі.*** – Ал, мына қағазды, – деп, ол стол жанына отыра кетті де, портфелінен *б л а н к а л ы* қызыл сызық қағазды суырып алды (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

БЛАНК-ВАУЧЕР з а т. э к о н. *Орындалған, аяқталған коммерциялық операциялар деректері бар бланк. Б л а н к-в а у ч е р* әдетте жеткізушінің шотына тіркеледі (Қаз. тілі термин. Экономика.).

БЛАНКІЛІ с ы н. *Бланкіге жазылған, бланкісі бар.* ≈ *Б л а н к і л і* қағаз.

БЛАНКІЛІК с ы н. э к о н. *Бланк түріндегі, бланк үлгісіндегі. Б л а н к і л і к* индоссаментте индоссант (табыстама жазба жазушы) вексель табысталатын адамды көрсетпей-ақ қолын қояды (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Бланкілік несие. э к о н. *Бағалы қағаздармен немесе материалдық құндылықтармен қамтамасыз етілмеген несие. Б л а н к і л і к н е с и е н і* банкпен ұзақ іскерлік қатынаста болған және төлем қабілеті жоғары клиенттер пайдаланады (Қаз. тілі термин. Экономика.). *Б л а н к і л і к н е с и е* нақты құндылықтар беру арқылы материалдық қамтамасыздандыруды көздемейді, керісінше, ол қарыздарға несиені белгіленген мерзімде немесе белгілі бір жағдай туған сәтте өтеуді белгілеп береді (Орыс.-қаз. экон. сөздігі).

БЛАСТОДЕРМА [blastoderma, грек. blastos – өскін және derma – тері] з а т. б и о л. *Көп жасушалы ұрық-бластуланың бірыңғай жасушалардан (бластомерлер) құралған қабығы. Б л а с т о д е р м а д а н* ұрық жапырақшалары (эктодерма, мезодерма, энтодерма) дамиды (Қаз. тілі термин. Биология).

БЛАСТОМЕР з а т. б и о л. <blastoperus, грек. blastos және meros – бөлік> *Бір жасушалы ұрық-зиготаның бөлшектенуі нәтижесінде түзілетін жасуша* (Қаз. тілі термин. Биология).

БЛАСТОПОРА з а т. б и о л. *Жануарлар ұрығы қуысының (бластоцель, гастроцель) қоршаған сыртқы ортамен қатысатын тесігі. Б л а с т о п о р а л а р* ұрықтың біріншілік аузы немесе гастропора деп те аталады (Қаз. тілі термин. Биология). *Б л а с т о п о р а л а р д ы* жоғарғы, төменгі және екі бүйірдегі ұрық ернеулері шектейді (Қаз. тілі термин. Биология).

БЛАСТОЦИСТА [blastocystis, грек. blastos және koilos – қуыс] з а т. б и о л. *Адам мен сүтқоректі жануарлар ұрығының бөлшектену нәтижесінде пайда болатын көпіршік тәрізді ұрықтың даму кезеңі. Б л а с т о ц и с т а н ы ң* сыртқы қабығын – трофобласт, ал ішкі ұрық түйінін – эмбриобласт деп атайды (Қаз. тілі термин. Биология).

БЛИНДАЖ [франц. blindir] з а т. ә с к. *Оқтан, бомбадан, снарядтан қорғану үшін жасалған жабық үлгідегі әскери құрылыс, бекініс.* Қатарынан жарыстыра салынған *б л и н д а ж д ы ң* бір жағына жүп сандардан, екінші жағынан тақ сандардан номерлер қойылған (Ж. Жұмаханов, Солдат.). Окоп, *б л и н д а ж д а р* қазылып, төбесін жабуға екі кісі ағаш кесіп жатты (Қ.Әбдікадыров, Мақташы.). Старшина қалыңдау майланған су жаңа мылтықты батальон командирінің *б л и н д а ж ы н а* әкеп қойды (С.Сейітов, Майдан). Үлкен *б л и н д а ж д ы ң* екі жағындағы жер сәкіде үш-үштен айқыш-ұйқыш алты солдат ұйықтап жатыр (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.).

БЛОК [ағыл. block] з а т. т е х. **1.** *Шеңберінде арқан асуға арналған ойық белдеуі бар доңғалақ механизм.* Шахта аузына орнатылған биік металл мұнараның шың басындағы *б л о к т а р д а н* өткен болат арқанның бір ұшығы тік шахтаның ішіне кеткен (А.Машанов, Жер асты.). Төрттөрттен бір *б л о к қ а* жұптасқан колонналар тұтас карнизге жалғасып одан жоғары күмбез орнаған (Т.Ахтанов, Үндістан.). Ол комбинат мамандары күшімен тез анализ жасап, жобаланған жүйенің Тишин руднигінің барлық қабат, *б л о к т а р ы н а* бірдей қолдануға келмейтінін дәлелдеді (Қ.Сақабаев, Кенші.). **2.** *Атқаратын қызметі мен жасалу технологиясы бәріне ортақ болып келетін детальдар жиынтығы.* Енді «Қазақойл» ҰМҚ теңіз мұнай-газ кешенін дамыту бағдарламасын тезірек қабылдау қажет деп біледі. Өйткені ол бағдарламада теңіз *б л о г ы*, оған қатысушылардың барлығының орындары мен рөлі құқы мен міндеттері айқындалуға тиіс («Егемен Қазақстан»). Қарағандының мемлекеттік аймақтық екінші электр станциясында сынау жұмысынан кейін соңғы сегізінші энергетика *б л о г ы* өнеркәсіптік ток берді («Соц. Қаз.»). Бердіқожа бүгінгі бірінші *б л о к т ы ң* іске қосылар шешуші қадамында оның өнерлі қолы шеберліктің үлкен тәжірибесінің үлгісін көрсетті («Қаз. әдеб.»).

БЛОК[2] з а т. **1.** с ә у л е т. *Үйдің іргетасы мен қабырғасын қалауға арналып, дұрыс геометриялық пішінге келтірілген жасанды тас.* Ясауи ғимаратының құрылымындағы тағы бір ерекшелік: қазандықты қоршаған *б л о к* залдар мен бөлмелер күмбезді мызғытпай ұстап тұратын тіреу (контрфорс) іспетті. Қазандық қабырғаларының дәл төбесінен ұштары төмен төнген қатпар-қатпар сталактиттер биіктігі 39 метрлік ақ күмбезге... асқақтық, көрік беріп тұр (Т.Бәсенов, А.Ясауи мавзолейі). Архитектуралық құрылыс шынылары сом *б л о к*, үй қабырғасына жапсырма плита, декоративті панно, оюланған өрнекті шыны ретінде қолданылады (Н.Нұрахметов, Синтетика.). **2.** к е н. *Шахта алаңының белгілі бір шегіндегі қазу жұмыстары жүргізілетін бөлік. Б л о к т а ғ ы* жарылатын кен массасының көлемі шамамен тиегіш жабдықтың орташа айлық өнімділігіне сәйкес келуі керек (Қаз. тілі термин. Кен.). *Б л о к* – кенорнын ашық әдіспен қазу кезінде қазып алуға жарылыспен бір мезгілде даярланатын (жарылыстық блок) немесе бір экскаватордың жұмысына ғана арналған (экскаваторлық блок) кертпештің бөлігі (Қаз. тілі термин. Кен.).

БЛОК[3] [франц. bloc] з а т. **1.** қ о ғ. *Саясиәлеуметтік топтардың өзара келісімі, одағы.* Атлантика *б л о г ы н ы ң* штаб-пәтерінде кейбір *б л о к т ы ң* қарулы күштерін қайта орналастыру мен оны күшейтудің жоспарлары жасалуда («Соц. Қаз.»). Сол кезеңде ТМД-ның геосаяси кеңістігінің нақты жіктелу, бір-біріне қарама-қарсы тұратын бірнеше аймақтық *б л о к т а р д ы ң* пайда болу қаупі туды («Егемен Қазақсан»). **2.** қ о ғ.- с а я с и. *Топталған жиын, цйым.* Партия әр кездегі сияқты сайлауға көптеген ұйымдарымен біртұтас мызғымас *б л о к* болып келгелі отыр («Лен. жас»).

БЛОК[4] з а т. и н ф. *Құжаттардың таңдап алынған біртұтас бөлігі.* Әдетте ішкі жүйелерде магниттік таспаға жазуды, мәліметтерді *б л о к т а р ғ а* бөлуді бас компьютер орындайды (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Блок маркері. и н ф. <лат. block mark> а) *Ұзындығы айнымалы блоктарды өңдеу кезінде мәліметтер блогының соңын көрсететін шартты белгі.* ә) *Таспалық енгаңба мен файлдың мәліметтер блогының шектеушісі болып саналатын магниттік таспадағы қызметтік блок* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Блок операторы. и н ф. <лат. block ststement> *Операторлық жақшалармен шектелген, бағдарламаның бір операторы ретінде түсіндірілетін операторлар тізбегі. Б л о к о п е р а т о р ы н д а* жарияланымдық оператор да, бұйрықтық оператор да бар болуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Информатика.).

БЛОКАДА [ағыл. blockade] з а т. **1.** *Әдейі цйымдастырылған талаптарды мойындатуға, сыртпен байланысын тоқтатуға күштеп жүргізілетін шаралар жүйесі.* Большевиктер түркістандықтарға ашықтан-ашық аштық *б л о к а д а с ы н* жасады (М.Шоқай, Таңд.). *Б л о к а д а н ы ң* мақсаты – қоршауға алынған мемлекетті белгілі бір талаптарды орындауға мәжбүр ету (К.Аманжолов,.. Әскери термин.). Американ империализмінің *б л о к а д а с ы* және үздіксіз агрессияшыл әрекеттері туғызған орасан зор қиыншылықтарға қарамастан, жас Куба мемлекеті мәдениетті дамытуда, тұрмыс дәрежесін арттыруда үлкен табысқа жетті («Соц. Қаз.»). **2.** ә с к. *Жау күшін басу цшін, сырттан алынатын көмекке әскери шек қою, тыйым салу әрекеті.* Қала он алты айдан бері *б л о к а д а д а* тұр. Бұл уақытта ленинградтықтар талай сындарды басынан кешірді («Соц. Қаз.»). **3.** м е д. *Ауырған адам денесін емдеу тәсілі.* Өкше «мүйізінің» емі – шор сүйектің айналасына новокаиннен *б л о к а д а* жасау (М. Исамбаев,.. Мед. анықтама). Бағана Қабен ауырған жерін айтып, сол тұсқа дүркін-дүркін ине сұққылатып, *б л о к а д а* жасататын (З.Қабдолов, Жалын). А.В.Виш-

невскийдің әдісі бойынша новокаин ерітінділерімен емшек астынан *б л о к а д а* жасау да нәтижелі (Ж.Қодаров, Ана.).

БЛОКИРЛЕУ з а т. ***Бұғаттау.*** *Б л о к и р л е у* – аппараттың, мәшинеңің не электр сұлбасының жұмыс тетігін белгілі бір күйде бекітуді қамтамасыз ететін тәсілдер мен жабдықтар жиынтығы (ҚҰЭ). *Б л о к и р л е у* көлік жабдықтарының, энергия жүйелерінің, электр стансылары мен қосалқы стансылардың, өнеркәсіптік кәсіпорындардың, сондайақ өндіріс пен тұрмыста пайдаланылатын әртүрлі құрылғылардың, аспаптардың, аппараттардың жұмыс істеу қауіпсіздігін және сенімділігін арттырады (ҚҰЭ).

БЛОКНОТ [франц. bloc notes] з а т. **1.** *Ықшам, шағын қойын дәптер.* Сонан соң *б л о к н о т ы н* Жарасовтың алдына тақай отырып жолдағы қораларды шетінен атап қағазға түсіре берді (М.Әуезов, Таңд.). Гимнастерка киінген Баяғы жортқыш күйімен. Қолында қалам, *б л о к н о т,* Жалығу жоқ, дамыл жоқ (Д.Әбілев, Ой толқын.). Самат *б л о к н о т т ы ң* бір парағын дор етқізіп жыртып тастайды да, қалтасынан сіріңке алып өртеп жібереді (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Бір сапарының өзінде алған әсерлерінен конспек түрінде бес *б л о к н о т* толтырыпты (М.Әлімбаев, Тәрбие.). **2.** и н ф. *Шағын мәтіндік файлдармен жұмыс істеуге арналған стандартты мәтін редакторы* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

БЛОК-СХЕМА [лат. flowchart] з а т. и н ф. **1.** *Операциялар, мәліметтер, ағындар немесе техникалық құралдар секілді элементтерді белгілейтін арнайы символдар көмегімен талдау жасау немесе шешімін табу үшін мәселелерді графика түрінде ұсыну. Б л о к-с х е м а н ы ң* элементтері қарапайым схемадан бастап, негізгі қызметтік блоктарға дейінгі өте алуан түрлі құрылғылар бола алады (Қаз. тілі термин. Информатика.). **2.** *Бағдарлама немесе процестің шартты графикалық кескіні. Б л о к-с х е м а* шартты түрде геометриялық фигуралармен беріледі және тиісті жазбалармен жабдықталады (Қаз. тілі термин. Информатика.). **3.** *Электрондық жүйенің (мыс., есептеуіш жүйенің) элементтерінің арасындағы байланыс графика түрінде ұсынылатын схема. Б л о к-с х е м а* көмегімен компьютердің сипаттамасын кез келген деңгейде – схемалық құрауыштан бастап, есептеуіш машинаға дейін тұтасымен беруге болады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

БЛОКТЫ с ы н. *Блок қатысқан, блогы бар. Б л о к т ы* құрылымдық тіл – блоктар деп аталатын операторлар тізбегі анықталған жоба немесе программалау тілі (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Б л о к т ы* бетон шеген блоктарының жіктері байланбай-ақ тұрғызылады (Қаз. тілі термин. Кен.).

БЛОКТЫҚ с ы н. *Блокқа қатысты, блокқа тән.* Бұл салада біздер электр станцияларын *б л о к т ы қ* схема бойынша комплексті түрде автоматтандыруға айрықша көңіл бөлуіміз керек (Қ.Сәтбаев, Қазақст.). *Б л о к т ы қ* бағдарланған құрылғы – ақпарат алмасу блок бойынша орындалатын сыртқы сақтауыш құрылғы (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Блоктық алмасу. и н ф. <лат. Block exchange> *Компьютердің негізгі жад пен сыртқы сақтауыш құрылғылар арасында мәлімет алмасу тәсілі. Б л о к т ы қ а л м а с у* кезінде мәліметтердің орын ауыстыруы физикалық жазбалардың блоктарымен жүзеге асырылады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Блоктық ашу әдісі. к е н. *Шахта алабын ұзына бойымен бірнеше блокқа бөліп, оларды блок оқпандарымен (ауа беретін және желдеткіш) ашу әдісі. Б л о к т ы қ а ш у ә д і с і* арқылы шахта алабының ортасында орналасқан оқпанға көмір жеткізіледі (Қаз. тілі термин. Кен.). *Б л о к т ы қ а ш у ә д і с і* шахта алабының ұзына бойы 6–8-ден 20 км-ге дейін жетеді және ол шахтада метан көп жиналған жағдайда қолданылады (Қаз. тілі термин. Кен.).

Блоктық жарылыс. к е н. *Кертпеш массивтің бір бөлігін бір мезгілде жару. Б л о к т ы қ ж а р ы л ы с* көпқатарлы болып орналасқан жағдайда экскаватордың 5–15 күндік жұмысына мөлшерлеп, кен массасының қорын жасау мақсатында жүргізіледі (Қаз. тілі термин. Кен.).

Блоктық құрылғы. и н ф. <лат. block device> *Мәліметтер блогымен жұмыс істейтін құрылғы.* Мысалы, дискетке 256 *б л о к т ы қ қ ұ р ы л ғ ы м е н* әрекеттесе алады, тіпті берілетін ақпарат бір немесе екі байтқа сиятын болса да, ол 256 байттағы блокқа беріледі (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Блоктық принцип. и н ф. <лат. block concert> *Әзірленетін схеманың барлық түйіндерінің орындалуы белгілі бір стандартты қызметті орындайтын және аяқталған конструктивтік атқаруы бар элементтер жинағымен жасақталатын констукциялау принципі* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

БЛОКТЫҚ-МУЛЬТИПЛЕКСТІК с ы н. и н ф. *Бірнеше сыртқы құрылғыдан мәліметтерді ауыспалы түрде жеткізетін немесе бір құрылғысы бар бірнеше алмасу процедурасына арналған. Б л о к т ы қ-м у л ь т и п л е к с т і к* арнада мультиплекстеу байт бойынша емес, блок бойынша жүзеге асырылады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Блоктық-мультиплекстік режім. и н ф. <лат. block multiplex mode> *Шапшаң әрекетті арнаның жұмыс режімі. Б л о к т ы қ-м у л ь т и п л е к с т і к р е ж і м д е* құрылғыны және мәліметтер іздестіруді басқару мультиплекстік режімде, ал жеткізу дара өрістік режімде жүзеге асырылады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

БЛЮМ [ағыл. bloom] з а т. т е х. *Металлургиялық өндірістің шала өнімі. Б л ю м* – сом металдан немесе үздіксіз құйылып жасалған дайындамадан жаншу станогында прокаттау арқылы алынған квадрат қималы (қабырғасы 140 мм-ден жоғары) болат дайындама (ҚҰЭ).

БЛЮМИНГ [ағыл. blooming] з а т. т е х. *Массасы 1–12 т аумақты болат құймаларды жаншу (сығымдау) арқылы блюмге айналдыруға арналған өнімділігі жоғары прокат станы. Б л ю м и н г* кей жағдайда слябтарды, сондай-ақ қос таврлы арқалық, швеллер және басқа пішінді мәнерлі бұйымдарды прокаттау үшін де пайдаланылады (ҚҰЭ). Қазақстанда 1966 ж. Қарағанды металлургия комбинатында *б л ю м и н г* цехы салынды, оның жылдық прокаттау өнімділігі 5,4 млн т (ҚҰЭ).

БОБСЛЕЙ [ағыл. bobsleigh] з а т. с п о р т. *Шанамен сырғанау спортының бір түрі. Б о б с л е й* 19-ғасырдың аяғында Швейцарияда пайда болған (ҚҰЭ). *Б о б с л е й* жарысы биік жал сияқты етіп екі қапталына және табанына мұз қатырылған, шұғыл бұрылыстары бар, арнайы жолдарда өткізіледі (ҚҰЭ).

БОБЫЛЫҚ з а т. *Хабар, іздеу,* Жарайды, Ақанға *б о б ы л ы қ* жариялатып, қашқын ретінде ұстатып, ит жеккенге, ертегінің барса келмесіне батамызды беріп аттандырдық (С.Жүнісов, Ақан сері).

БОБЫРА= е т. *Үйпа-түйпасы шығу, ұрпию, қобырау.* Әкесі жылаған баласын, көржерін құшақтап қоныс ауыстыруға кірісті. Алған түйдегі жазылып, *б о б ы р а п* қалған, бірін алса бірі түсіп сор болды (А.Тоқмағамбетов, Әке.). – О несі екен маған барып, – деп шашы *б о б ы р а п*, ұрпиіп тұра қалды Қадиша (А.Тоқмағамбетов, Әке.). Жүгіріп төргі бөлмеге шыққа, жалбыр-жұлбыр шашы *б о б ы р а п* маңдайына түсіп, екі қолын қалтасына салып, тәлтіректеп бөлме ортасында әкесі тұр (К.Жүнісова, Құстар.).

БОБЫРАУ *Бобыра етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шашының *б о б ы р а у ы.*

БОҒАТ з а т. *Үй төбесі (шатыры) мен қабырғасының қосылған жері.* Көк қарғаны Нұрперзент басқа балалармен бірге бұзылған мешіттің *б о ғ а т ы н а н* талай ұстаған (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Есіктің алдында шылбырын *б о ғ а т қ а* іле салған ақбоз айғыр мен жуас торы атты алыстан айналып өтіп, үйге Сара кірді (Ш.Мұртазаев, Интернат.).

БОҒАУЫЗ з а т. *Былапыт, бейпіл сөз, әдепсіз, боқтық сөз.* Олар үшкелді әкесі салдырып бергендей, қазынаны өздері арқалап жүргендей, тұмсықтары көтеріңкі, тартқандары шылым, сөздері будан, айтқандары – *б о ғ а у ы з* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Былайша момын мінезді болғанмен, Шоқанның байқауынша Григорий көп нәрсені аңғаратын сұңғыла және қаршадай қалпында *б о ғ а у ы з д ы* көп айтатын зәршап екен (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Боғауыз соқты. *Бейпіл сөйлесті, боқтады, ұрысты.* Жасы кіші екен демейді, көрінген әйелмен, еркекпен құрдасындай ойнайды, *б о ғ а у ы з с о ғ а д ы*, мықынын ұстайды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БОҒАУЫЗШЫЛ с ы н. *Боғауыз айтқыш, былапыт сөзге әуес.* Кутский ағасының бір кездегі маскүнем, әйел құмар, *б о ғ а у ы з ш ы л* күйін есіне алып еді (А. Нұрманов, Құлан.).

БОҒЖАМА з а т. к ө н е. *Ою-өрнектер шашақтар салып, (мақтадан, жүннен) термелеп тоқылған дорба.* Өз қолымен боялған әр түсті жүннен, мақтадан тоқылған *б о ғ ж а м а л а р* болды (М.Әуезов, Өскен өркен). – Сандық үстінде көрпе-жастық, әртүрлі терме алаша, шашақтары салбыраған бес-алты жерде бояулы әдемі *б о ғ ж а м а* тұр, – деп, кемпір Нұрбибінің жасауын мақтайды (М.Әуезов, Өскен өркен). Сатуда бұрынғы шебер әйелдердің қолымен тігілген ою-кестелер, әр түсті жүннен, мақтадан тоқылған *б о ғ ж а м а л а р* (М.Әуезов, Өскен өркен).

БОҒЖАМАДАЙ с ы н. *Боғжама сияқты, боғжама тәрізді.* Заты әйел демесең, Бұл шәһәрдің бегі еді. Жерде жатқан екеуін *Б о ғ ж а м а д а й* қолтықтап Қарлыға алып жөнелді (Қобыланды батыр).

БОҒМАЛА з а т. б о т. *Улы саңырауқұлақ әсерінен болатын, антиномицет бактериялары тудыратын малдың (адамда сирек) созылмалы жұқпалы ауруы. Б о ғ м а л а* ірі қарада жиі, қой мен ешкіде, жылқыда, шошқада сирек кездеседі (ҚҰЭ). Бүгінгі зерттеуші ветеринарлар *б о ғ м а л а н ы* актиномикоз дейді (Т.Сайдоллаұлы).

БОҒЫНДЫ з а т. ж е р г. *Ішек-қарын.* Қазіргі қазақ тілінің кейбір говорында *б о ғ ы н д ы* деп ішек-қарынды айтады (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БОД [лат. baud] з а т. и н ф. *Байланыс арналарындағы ақпарат жеткізу жылдамдығының өлшем бірлігі. Б о д* бір секундта жөнелті-

летін сигналдық элементтер мөлшерімен анықталады (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Б о д* модемдер арасындағы мәліметтерді жеткізу жылдамдығының шамасын білдіретін бит/сек бірлігінің эквиваленті ретінде жиі пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Б о д* байланыс линиясы арқылы 1 секундта берілетін элементар сигналдардың санына тең (ҚҰЭ).

БОДА-БОДА: бода-бода болды. *Ағалжағал болды, салтақтанды, бобырады.* Қыз еңсесін оқыс көтеріп алды. *Б о д а-б о д а б о л ғ а н* бетіне саусақтарының ізі түсіп қалыпты (Ә.Сараев. Бозқырау). Дәрігерді ертіп кіріп келгенде де, Бәтестің *б о д а-б о д а б о л ы п* ауыз үйде жылап отырғанын көрдім (Ә.Омарбаев, Кәрлен.).

Бода-бодасы шықты. *Үйпа-түйпасы шықты, дода-дода болды, қобырады.* Ертай қос қолымен жер тірей жылжып барып, баланы шешіп алса, *б о д а-б о д а с ы ш ы ғ ы п* терлеген (Қ.Кереева, Құндыз.).

БОДАЛА= е т. ж а ғ ы м с ы з. *Былықтыру, бытпырату.* Бұл сенің сасыған капустадан *б о д а л а й т ы н* борщың емес (М.Сәрсекеев, Туған жер.).

БОДАЛАҚТАТ= е т. ж а ғ ы м с ы з. *Былықтыру, бықсыту, аузына келгенді айту.* Аузына келгенді айту, бәдіктену күлдіремін деп бірдемелерді *б о д а л а қ т а т ы п*, ақыры, дәрігерді бозартып алғаным-ай (Ү.Уайдин. Ендігісі.).

БОДАЛАН= е т. **1.** *Үйпа-түйпасы шығу, бобырау.* Қолында *б о д а л а н ғ а н* май-май шүберек. Басы-көзі де өрт сөндіргендей күйелешкүйелеш (Н.Қазыбеков, Шалғайда.). **2.** а у ы с. *Басы қатып, есі кету.* Бопан Нәубетжанға: – Қол бөгейтін өнімсіз жұмыспен *б о д а л а н ы п* жүріп, жүрттың артында қалмасаң жарайды ғой, – деп уайым айтты ол (З.Иманбаев, Дала.).

БОДАМ[1] з а т. ж е р г. *Дәліз, сенек, кіре берістегі бөлме, үй.* 1912 жылы алты ай жаздай *б о д а м* үйде отырып, [_ _ _] дамыл таппай еңбек етті («Айқап»). Ақ серкеге қыл арқанды мойынға іліп жіберіп, үш жігіт тар дәліз – *б о д а м ы н ы ң* ішімен сүйрей тартып, аяқты басқан сайын қолқаны қауып, тұншықтырып бара жатқан күлімсі иіске тура тартты (Х.Әдібаев, Таңбалы.). Сол кісі атқосшысы екеуі жатқан үйдің бір кішкене *б о д а м* бөлмесі бос, соған орналасыңыздар (Ж.Жұмаханов, Москва.).

БОДАМ[2] с ы н. с ө й л. ***Бодан.*** Әбілхайыр хан патшаға *б о д а м* болғанда, қазақтан солдат алмайтын болып, ит терісіне жазып, мөрін басқан (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Асаудан азу мұқап, ноқта киіп, Боз-тақты – *б о д а м* болып, тозғаны екпін. Десек те сол заманды күні кеше, Талай жыл, талай өмір, өтті-ау көп күн (І.Жансүгіров, Шығ.).

Бодам қылды. с ө й л. *Бағындырды, тәуелді етті.* Шапқан елдің бәрін де *б о д а м қ ы л ы п*, Өкімдікпен қолына тартып апты (Абай, Тол. жин.).

БОДАН с ы н. *Тәуелді, бағынышты, еркінен айырылған.* Ауан, ауан, ауан су, Ауандап үлкен балық жүзген су. Қара же қабан қанды су, Ақтоған *б о д а н* жанды су (Ер Тарғын). Оның ойынша «үстем ұлт өкілдері болып табылатын орыс мұжықтарын *б о д а н* ұлт «сарттардың» қол астына күндікші етіп қою...» дер еді (М.Шоқай, Таңд.). Тұтанған жалын кеудемде Жөн тапты енді сөнбеуге, Жеңді ақиқат *б о д а н* күндер жасырған. Күйзелген күйім оңалды, «Тайқазан» қайта оралды, Дәру таптым күйінішке ашынған (К.Салықов, Жезкиік).

БОДАНАДАЙ с ы н. с ө й л. ***Баданадай.*** Бұп-бұлтық өкшеңменен тебінесің, Ұмтыласың, шалқалап шегінесің. *Б о д а н а д а й* көздерің бақырайып, Ей, өмірдің қонағы, не білесің? (М.Мақатаев, Шығ.).

БОДАНДЫҚ з а т. *Бодан болушылық, еркінен айырылғандық, тәуелділік.* Олар тірі қалғандарын *б о д а н д ы қ қ а* қабылдады (М.Мағауин, Көк мұнар). Ата-бабам! Күн туды сен қоштарлық, Барыс мінген Әз бейнеңе көз салдық. Ондырмаса отаршылдық, *б о д а н д ы қ*, Жетті бүгін аңсап күткен бостандық (К.Салықов, Жезкиік). Адамзат қоғамының дамуы барысында *б о д а н д ы қ* қарым-қатынастың сан алуан түрі пайда болды (ҚҰЭ).

БОДАХАН з а т. к і т. *Император, билеуші.* 1912 жылы тақтан тайдырылғаннан бері Тянцзин қаласында тұрып келген бұрынғы императоры (*б о д а х а н ы*) Пу Иы отырғызылды (М.Шоқай, Таңд.).

БОДАУ з а т. *Құн, төлеу.* Кедейлік кесіріңмен жаман аздым, Құдайға пайдасы жоқ айтқан наздың. Тайлақтың *б о д а у ы н а* тұк таба алмай, Еріксіз, көп ойланып, қисса жаздым (Айтыс). Құрбан болған бауырларымыздың *б о д а у ы* тек Түркістан тәуелсіздігімен ғана өтілетін болды (М.Шоқай, Таңд.). Ал шырын мырзаларының тобына басқа ру есебінен еріксіз иеленіп, зорлықпен ғана ұстап отырған жайылым, шабындық жерлерді кесілген, келісімге де *б о д а у* төлеуге мәжбүр болған біраз шонжар, оның ішінде пайғамбардың ақ сәлделі екі ұрпағы – Ақ Мұхамед пен Еш-Мұхамед те қосылғанда шынымен кейіді (М.Мағауин, Аласапыран).

БОДАУСЫЗ ү с т. **1.** *Төлеусіз, ақысыз.* Бақдәулетті армандағанмен қайтарып алар дәрмен қайсы. Әйтеуір *б о д а у с ы з* кеткен ол да бір арам тер ғой дейді де қояды (Қ.Ысқақов, Бұқтұрма.). **2.** а у ы с. *Сұраусыз, ескерусіз, елеу-*

сіз. Ең аянышты өлім – есіл ердің елеусіз, *б о д а у с ы з* жападан-жалғыз өлуі де (О.Бөкеев, Қайдасың.). Қантқыз осы сөзге шап ете түсті. Әлгіден бергі *б о д а у с ы з* кеткен қалжыңның есесі енді қайтатындай көрінген (Т.Иманбеков, Тұт ағашы.).

БОДИЯ з а т. с ө й л. ***Бадия***. Смена сайын төрт жігіт тұрып бұрайтын *б о д и я* қалған. Олардың ісін қаршадай бала жігіт екі атпен атқарады (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

БОДИЯШЫ з а т. с ө й л. ***Бадияшы***. А-й-да-а, – деген талмау дауыс естіледі. Дауыс естілгенде *б о д и я ш ы л а р* жеделдете бұрайды (Сонда).

БОДУН з а т. т а р. *Ежелгі және орта ғасырларда түркілер арасында қандас туыстықты, саяси тұтастықты білдірген атау. Б о д у н* сөзі алғаш рет ежелгі түркі сына жазбаларында ұшырасады (ҚҰЭ). Кейін мағынасы өзгеріп, *б о д у н* жалпы халық, бұқара (қара бодун) деген мәнге ие болды (ҚҰЭ).

БОДЫРА= е т. *Ұйпа-тұйпасы шығу, қобырау*. Жауынгерлік уақыт жоқ, өмір минутпен өлшеулі, жаяу қалғаным болмас, – деп ол шашы *б о д ы р а ғ а н* басын ұстап аз отырды (А.Лекеров, Түз гүлі). Дауысын шығарып жылаған бойы арбада созылып жатқан Балта-байды құшақтай жығылды, шалысы басынан желкесіне қарай кейін түріп, шаштары *б о д ы р а п* кетті (Х.Мұстафин, Қыр жігіті).

БОДЫРАТ= е т. *Ұйпа-тұйпасын шығару, қобырату*. Ата-ананың, туған-туысқандардың жіберген ақшасын *б о д ы р а т а* жұмсап, мақтан ететіндерді студенттер әр кезде жек көреді (Т.Жанкелдин, Сын сағатында).

БОЖ: **бож қара**. *Божбан қара, шой қара.* Бастық шақырды деген соң, үсті-басты тәртіпке келтіріп дегендей келсем, орнында шойындай боп ферманың меңгерушісі *б о ж қ а р а* Әмірхан отыр (Шопан серігі). Николай кешігіп қалды. Осында бір бұйра бас *б о ж қ а р а* бар еді, ол жеткенше Тамараны лып еткізіп алды да кетті («Қаз. әдеб.»).

БОЖАЙЛА= е т. с ө й л. ***Бажайла.*** Басаяғын *б о ж а й л а п* алып: «Оқуға түсіретін балаңыз бар ма еді» – дегені («Қазақст. әйелдері»).

БОЖАҚ [ор. вожак] з а т. с ө й л. *Жетекші, жолкөрсетуші*. Асқар «Көкшетауға барып уездный начальникке жолығам дегенді сылтау ғып, Амантайды табам» деген біреуді *б о ж а қ қ а* ап, пар атпен жүріп кетті (С.Мұқанов, Ботагөз).

БОЖАЛАҚ: **ала божалақ**. с ө й л. ***Ала-бажақ***. Әгі көшкен *а л а б о ж а л а қ* үй қабырғасы (Т.Бердияров, Фарида).

БОЖБАН с ы н. *Ірі, үлкен, қалың, ебедейсіз.* Самсаған бидай сабағы, Бұқаның *б о ж б а н* сабағы, Бәрі деменің ырысым, Бәрі де маған баланы (Қ.Ұябаев, Тағдыр.). Толық денелі *б о ж б а н* жігіт тым байсалды сияқты (Қ.Ұябаев, Қырда.).

Божбан қара. *Қожыр қара, шой қара.*– Жақсы келді ғой, өзіне қораны тазалатып алайықшы, – деп гүж ете түсті, Қарашаш деген *б о ж б а н қ а р а* қыз (С.Мұратбеков, Көкорай). Байдың бет-аузы быттиып, қысы-жазы бірдей быршып терлеп жүретін бір *б о ж б а н қ а р а* еді (Ф.Дінисламов, Көл жағасы.).

БОЖБАНДАЙ с ы н. *Ірі, үлкен, қалың, ебедейсіз.* Жүрекеңді, әсіресе, *б о ж б а н д а й* бетіне, дөңкиген денесіне қарап, алғашқыда бір дөкір шығар деп отырасыз (Б.Қыдырбекұлы, Шайтан).

БОЖБИ= е т. *Қоржию, дөңкию*. Аласа бойлы *б о ж б и ғ а н* қара шұбар жігіт іркілдеп балшықтай былшиған денесін тәкаппарлана әзер қозғап сөйлеп тұр (Б.Тұрсынбаев, Ауылдан келген.). Ергенбаев *б о ж б и ғ а н* сары, көзі алаңдаған, нәсілі өз бетінше іс істей алмайтын жалтақ-тын (М.Рахимқұлов, Тас түлек.).

БОЖБЫРА= е т. *Сылбыр тарту, босаңсу.* Баяғыдағы Жамбы екеуінің ә дегеннен-ақ шырқай шығатын кең, еркін ашық дауысы бүл күнде тарғыл тартып, *б о ж б ы р а й* қалыпты (Ш.Құмарова, Қос шынар).

БОЖЫ [ор. вожжи] з а т. *Арбаға, шанаға жегілген көлікті жүргізіп отыратын делбе.* Шал Антон бишік бұлғап, *б о ж ы* қақты, Сар желді күймедегі ат шапты. Өткенін қанша уақыт пайым етпей Владимир тым терең ой ойлапты (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Жол ылдиға қарай құлар болса, аттарының *б о ж ы с ы н* тежей тартып өрге қарай қос күреңді жеке-шота айдай жөнелді (І.Есенберлин, Қатерлі.). Бір кезде құшақтары гүлге толып, арбаға келіп жайғасты. Содан соң ғана қарт көк қасқа аттың *б о ж ы с ы н* қақты (Ә.Нұршайықов, Батыр.).

БОЖЫ= е т. **1.** *Қымыз, айран сияқты тағамдардың қатты ашып бүлініп кетуі.* ≈ Қымыз *б о ж ы п* кетіпті. **2.** а у ы с. *Қожырау, пышырау, берекесі кету.* Күні бойы жұмыста болып, шілдеханаға іңірде жиналған олар, жаңа ішкен-жегендері буындарына түскендей берекесізденіп, дауыстары да, әндері де *б о ж ы ғ а н* белгі көрсетті (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Ол Әманда іштегі *б о ж ы ғ а н* ойдың бәрбәрін ақтара салса, тыныш өмір сүре алмайтынын, соңынан шам алып түсетінін білетін (О.Бөкеев, Қайдасың.). Қаратайдың тағдыры барған сайын азайып, *б о ж ы ғ а н* миы барған

сайын сыпырылғандай, атының тізгінін әзер бұра бастады (А.Жүнісов, Өмір ізі).

БОЖЫЛА= е т. *Божы тағу, божымен айдау, жүргізу.* Кейде шанасын сықырлатып, жеккен түйесін *б о ж ы л а п*, «шүу-шүу» деп, келе жатқан қырдың қоңырқай пішінді қалашылары кездеседі (М.Әуезов, Қараш.). Сары атаншаны *б о ж ы л а п* жегіп, барақтарға су тасыған керенау бір шал жүр (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

БОЖЫЛДА= е т. **1.** *Быжылдау, ашу.* Бетқолын шаяды да, шампанша *б о ж ы л д а п* дайын тұрған қымыздан бір тостағанды өңешіне тастап алады (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). **2.** *Бажылдау, бұрқылдап қайнау.* Біраздан соң ол самаурын *б о ж ы л д а п*, зірк-зірк етіп қайта кірді (Ш.Құмарова, Қос шынар). Есік алдындағы *б о ж ы л д а ғ а н* самауырлар да булығынан буы бұрқырап, қақпағын көтере сарқ-сұрқ қайнап, екі иінінен дем алады (С.Жүнісов, Өшп. іздер).

БОЖЫЛДАТ= е т. **1.** *Быж-быж еткізіп, бұрқылдатып қайнату.* Дарқан жігіттер келгенше шайнектің астына от жағып, шайды *б о ж ы л д а т ы п* қайнатып қояды (І.Жансүгіров, Әңгім.). Үйде тобылғы тамырының көмірі бар екен. Ол самаурынды *б о ж ы л д а т т ы-а й* кеп (М.Тиесов, Дала.). **2.** *Бажылдату, дарылдату.* Келіні кір жуатын машинаны *б о ж ы л д а т ы п*, бұрап жатыр (А.Жағанова, Еркежан).

БОЖЫЛДАУ *Божылда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қымыздың *б о ж ы л д а у ы.*

БОЖЫРА= е т. *Қожырау, жүнжу, берекесі кету.* Жылады қуанғаннан иран тегіс, Болды, – деп өрісіміз енді кеңіс. Болат боп болған іске *б о ж ы р а м а*, Болады реніштің арты – кеніш (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Бас ие болмаған соң жұмыс *б о ж ы р а п* кеткен екен. Мектептердің күні төмен, финанс былыққан, дәрігер, аурухана дегендеріңіз орталықта ғана бар, саудада тәртіп жоқ (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Аздықтан жиен, таяқ жеп, Көрмедім күннің жарығын. Бойдағы қайрат *б о ж ы р а п*, Қартайып, жиен, қажыдым (Екі дастан). Бұлардан кеңес сұраған мен де ақымақ. Мақұлбектің мәселесі құсап *б о ж ы р а й т ы н* болды тағы (Д.Досжанов, Зауал).

БОЖЫРАҚ с ы н. *Пысық емес, бос, былжыр.* – Шәлкеңе Құдай бере салған ғой! Өзі *б о ж ы р а қ* бірдеңе емес пе?– Басына осындай ой келгеніне Күлшебай мастанып, өзіне-өзі тамсанып қойған (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

БОЖЫРАП-ҚОЖЫРА= е т. *Берекесіздену, шашырау, бытырау.* Көкірегінде сайрап тұрған не бір айдарлы сөз, шынайы ойлар қағазға түскенде *б о ж ы р а п-қ о ж ы р а п*, әрқайсысы әр жаққа тартып тұратынын кім білген? (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

БОЖЫРАС= е т. *Қожырасу, жүнжу, берекелері кету.* Қалған соң бас көтермей бірі жатып, Біреуі алмаған соң ас-су татып. Бәрі де «бұл қалай?» деп *б о ж ы р а с т ы,* Қалғандай қара лайға белден батып (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Отырмын өлем ғой деп қайтып барсам, Иінімді болар еді жазып алсам. Деген соң үлкен-кіші ойға қалып, Болысты *б о ж ы р а с ы п* әуресарсаң (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

БОЖЫРАТ= е т. *Қожырату, жүнжіту, берекесін кетіру.* Ойласып «тәжірибеңнен ауыс» деуге, Мен сізге көптен жүрмін кездесе алмай. Бір хабар көңілімді *б о ж ы р а т ы п,* Жүр менің жүрегіме үйлесе алмай (Айтыс). Дауысы ертеден көмескі, күңгірт шығатын тісі түскен ауыз үнін де, сөзін де *б о ж ы р а т а* түскен (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). – Сірә, түрі бүгіндер түн қата жүрердей байқалды, – деп Тойғұлы бар көрген-білгенін *б о ж ы р а т а* айтып жеткізген болды (С.Бегалин, Замана.).

БОЖЫРАУШЫЛЫҚ з а т. *Сылбырлыққа салынушылық, қожыраушылық.* Кезінде пішенге адам күші жетіспейді деген желеумен жіберілген *б о ж ы р а у ш ы л ы қ* зардабы енді алқымынан алғалы тұр («Лен. жас»).

БОЖЫСЫЗ с ы н. *Божы тағылмаған, божысы жоқ.* Мінезі ақымақтардың сол сықылды, Жүре ме *б о ж ы с ы з* ат жеккенменен. Өзінің қалпындай боп жараспайды, Жібекті шуда жіппен тіккенменен (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

БОЖЫТ= е т. *Қожырату, пышырату; ашыту.* Қаратайдың басы бірсыпырадан бері әңкі-тәңкі еді, мына бір соқыр тұман оның ашыған миын тағы да *б о ж ы т а* түсті (А.Жүнісов, Өмір ізі).

БОЖЫТУ *Божыт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Айранды *б о ж ы т у.*

БОЖЫШЫ з а т. *Божы ұстаушы, делбеші. Б о ж ы ш ы,* даланың аязбен алысып үйренген ширақ жігіті қалаға кіре берістен-ақ ақтарды тәртіпке шақырып алған (Д. Әбілев, Арман.). Бәшенді Көкшағыр ісін қуаланған Ақбас Керекере *б о ж ы ш ы* бала етіп әкетіпті (Д.Әбілев, Ақын.).

БОЗ[1] з а т. б о т. <лат. stipa> *Астық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.* Жылқы *б о з д ы*, қой қара отты, сиыр өлеңді, түйе көкпекті жайлайды (Ә.Бөкейханов, Шығ.). Мәселен, жылқы ащы шөпті аз жеп, *б о з д ы* көп жейді, түйе ащыны көп жеп, *б о з д ы* аз жейді (А.Байтұрсынұлы, Көп нәуб.). Жер түрлентіп жараттың Желкілдеген *б о з ы м е н*, Қой түрлентіп жараттың Бауырынан емген қозымен (Шал ақын, Өленд.). Торғай облы-

сында май айында *б о з,* шағыр, еркек шөп, майқара, қоңыр бас, қазоты шығатын жерлер бар («Айқап»).

БОЗ[2] с ы н. **1.** *Ақшыл, қылаң түсті.* Уәделері бойынша мұғалімі һәмән Сәрсенбайдың үйінде тұратын болып, Сәрсенбаймен бірге еріп келіп, бір үлкен *б о з* үйге кірді (М.Дулатов, Шығ.). Желіден әрі – дала. Аяқты күйдіретін құм. Тоқымдай бұлты жоқ *б о з* аспан (М.Жұмабаев, Шығ.). Еділден үшқан екі қаз, Жайықтан үшқан жаңғыз қаз. Бірі Шаңқай, бірі *б о з.* Сандығың толған сары боз... (С.Сейфуллин, Шығ.). Үміт кейде *б о з* төбеде жоғалған бір жез ине, Жігіт отыр сол төбенің маңындағы *б о з* үйде (М.Шаханов, Ғасырлар.). **2.** *Шымқай ақшыл емес, ақшыл көк түсті (малға байланысты*). Ителгі туып сұңқардан, Жабы туып тұлпардан, Топтан торай бермейтін, Түн асқан сайын өрлейтін Төрт аяқтан ақсады Томаға көзді *б о з* тарлан (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Осы жатар-тұрар деп, Тоғыз қара бір алды *Б о з* жүйрік ат бас қылып. Оны алып болған соң, Жеті жылқы, бір түйе, Алпыс теңге ақша алды, Оны бізге қас қылып (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Құдая, құдіретіңмен сақтағайсың, Хақ деген пендең болса тастамайсың, Су құйса төгілмейтін *б о з* жорғаның Аяғын аңдаусызда қақпағайсың (Шал ақын, Өлеңд.). Әділ Серікбай мен Мылтықбайды қасына ертіп, әжесінің *б о з* жорғасын ерттеп, оған әлгі керей жігітті мінгізіп алып жөнелді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). *// Шымқай ақшыл емес, ақшыл көк түсті жылқы, мал.* Алыптығы болмаса көрер көзге, Ешкіммен емес еді күш сынасқан. Тұлпары тарлан *б о з д ы* мінбек болды. Үстіне бадана тон кимек болды, Асынып қару-жарақ саймандарын, Шоталы, иір садақ ілмек болды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **3.** *Құрғақ, сор (жер). Б о з* далам, күрең далам, жасыл далам, Кісі емес саған келіп бас ұрмаған. Құныға құшырым бір қанбай қойды-ау, Қалай ғана құшармын ғашық-далам? (М.Мақатаев, Шығ.). Жұқа шапан жамылған *б о з* даланы, Әлдилейді тырнаның созған әні. Қалбалақтап қаңбақтар қарбаласта, Бағытына басы ауған қозғалады (М.Мақатаев, Шығ.). *// Құрғақ, сор жер.* – Бос қалған жүз шақырым өлке мүлде, Босқан жұрт *б о з ғ а* шығып мал іздеп жүр. Ауыл жоқ шұбалаңның өртеңінде (Ғ.Қайырбеков, Большевик.). **4.** а у ы с. *Жасөспірім, бозбала.* Абзал атам, анам менің өз халқым! Аяқталды баяғы жас *б о з* қалпым. Көрген күнім – бастан кешкен өз күнің, Өткен түнім – өз басыңнан озған түн (Х.Ерғалиев, Күн күмбез). Олардың көріп отырған қай сұлу қыз елдегі өзі бірге өсіп, біте қайнасқан *б о з* тұмсық баланы менсіне қояды? (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). Жеңбесіне қоя ма қырсық сені, Босаң біткен *б о з* кемік жілік болсаң (Айтыс). Аман жеттің бе, әй, *б о з* сабалақ! («Қаз. әдеб.»).

Ақ боз. *Ақ пен боз аралас түс, қылаң.* Жарасқан *а қ б о з* үйге басқұрларың, Көп екен ауылыңда «қасқырларың» (Базар жырау, Шығ.). Бұл шабыс қандай шабыс, мән бермедім, Талай бір ойға түстім, қырға өрледім, *А қ б о з* ат айнымайды бір бағыттан, Бетке алып жүйткі берді күн белдеуін (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). *А қ б о з* үйлерге қарауға көз шағылады (С.Шәріпов, Шығ.).

Боз ала. *Құқыл тартқан, ақшыл.* Шашы ағара бастаған Кененге: «Басың немене тұз түйген келсаптың басындай *б о з а л а* боп кеткен», – дейді Жамбыл мысқылдай қалжыңдап (М. Әуезов, Әр жыл.).

Боз [ала] таң. *Таң ағарып келе жатқан мезгіл, таңсәрі...* Оятып дүниені дел-сал қылып, Ереймен, кеттім мен сенен, Боз далалы *б о з т а ң ғ а*, бозторғай болып шаншылып. Толқының болып теңселем, Тауың боп көкті қаусырып (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Тамыздың таңы да атты тамсандырып, Сай-сайдан бошалаған *б о з а л а т а ң,* Таудағы тіршілікке ән салдырып, Еміндіріп, еріксіз қарсы алдырып, Бұлбұлға дүниеге жар салдырып, Тамыздың таңы да атты тамсандырып (М.Мақатаев, Шығ.). Табиғатында денелі жаралған жан ұзақ күнге тыным таппай, *б о з а л а т а ң н а н* тұрып, төсекке ел соңынан барып жататын (М.Дүзенов, Ант).

Боз емшек қылды. *Биенің желінінде тұқ қалдырмай, қайта-қайта сауып алды.* Күздігүні күн қысқарғанда, биені таң жусауында қосақтап, *б о з е м ш е к қ ы л ы п,* сәскеге жеткізбей, күн шыға ауылға алып келді (Х.Әбішев).

Боз жаңбыр. с ө й л. ***Ақ жауын***. Үзбей бір қалыппен сылбырап жауып тұрған *б о з ж а ң б ы р* үстін сулады (Ә.Нұрпейісов).

Боз жорға. э к с п р. *Ішімдік, арақ.* Сынбай қайтсын? «Масленкенің» шелпегін жеймін деп бір жолдастың үйінде отырып қалып, «*б о з ж о р ғ а н ы*» айдаңқырап жібергенмін (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Боз күйік борбас. *Қолынан ештеңе келмейтін, олақ.* Оған: «Бес аспап десем, *б о з к ү й і к б о р б а с* па едің! Көз алдындағы жуликті көрмей, ай қарап жүрсің бе?» – деп Жүсіпов зекіп, мысқылдап сөйлейтін сияқты көрінді (К.Тоқаев).

Боз орда. *Ханның ордасы, ханның үйі.* Келінді құда жатыр бермеймін деп, Мен кеттім қорлығыңа көнбеймін деп. Ол айтты: «қызым шығып *б о з о р д а д а н,* Астына алты уықтың енбейді» деп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Сырты құрым қараша үй Ықыласты болса адамы, Таза

болса тағамы, *Б о з о р д а д а н* үш артық (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Боз топырақ. г е о г р. *Шығыс Кавказ, Памир мен Тянь-Шань таулары етегіндегі шөлдала белдеуінің басты топырақ түрі.* Іле Алатауының солтүстік беткейіндегі *б о з т о п ы р а қ* өсімдік биіктік белдеулерін бастайды (Т.Тазабекұлы,.. Топырақтану.).

Боз шұбар. *Шұбар аралас боз түс.* Көптеген түстердің бәрінен ерекше және сирек кездесетін түс – шұбар, *б о з ш ұ б а р,* көк шұбар, қара шұбар (Х. Арғынбаев, Қаз. этногр.).

Боз іңген. *Ақшыл, қылаң түсті іңген. Боз түсті іңген.* Жаз міниң, күз жайлаған *б о з і ң г е н і м,* Жануар, жауыр қылмай көп жүргенім, Кеудең – ана, бөксең – қыз зайыбым-ай Сен кеткен соң не болады, қайран күнім! (Шал ақын, Өлеңд.). Жадында тұтсын ұрпақ, жасырмай айт: Ақтабан шұбырынды өткелдерін, Аруды арам жандар өпкендерін, *Б о з і ң г е н* ботасы өлген бой жаза алмай, «Елім-ай» Аруана шөккен жерін (М.Мақатаев, Шығ.).

Боз іңгендей аңырады. *Күйзелді, сергелдеңге түсті.* Даланың дал-дұл болып омырауы, Ел босып *б о з і ң г е н д е й а ң ы р а д ы.* Ақтабан шұбырынды Алқакөлде Шайқалды қазақ ата шаңырағы... (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

Қылаң боз. *Боғылт, боғылтым. Қ ы л а ң б о з* жылқыны өзге түсті жылқыдан артық көру Қазақстаннан басқа елдерде де бар мінез (С.Сейфуллин, Шығ.).

Таң бозы. *Таң қылаң беріп атып келе жатқан кез.* Кеше кешке байлаған уәде бойынша Аужан жылқышыға тапсырып атты ерте алдырып, *т а ң б о з ы н а н* аттанды (С.Бегалин, Бала Шоқан). Ертесі *т а ң б о з ы н а н* тұрып Нұрлықожа мен Жекей Матандікіне келді (Б.Нұржекеев, Бір. махаб.).

Таспа боз. ө с. Айрықша бір-бірімен таласа өскен сары солма, изен, *т а с п а б о з*, балғын, бәрі де баурына көлеңке сақтап, хош иісі аңқып, кілкілдеп тұр екен (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Шаңқан боз. *Ашық, шымқай боз.* Қойда бағлан қозы еді, Жылқыда *ш а ң қ а н б о з* еді. Жау айбынар ер болса, Жайсаңым соның өзі еді (Сонда). «Дауылдан кейінгі» ұялас қос ақ қасқаны соңынан ертіп, *ш а ң қ а н б о з б е н* саят құрып жүрген жас Аман оқушы көңілін бірден баурап алады («Қаз. әдеб.»).

БОЗА з а т. т а м а қ. *Дәнді дақылдан ашытып жасалған сусын, ішімдік. Б о з а* тары, бидай жармаларынан да ашытылады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). Қайын жұртынан қалжырап қайтқан Тұтан бір-екі кесе *б о з а н ы* көтере алмай, қисайып жатып қалғып кеткен екен (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Бүйректегі жатқан тасты қуғандай, Буындарды балқытады, бу қандай! Ол жерде де шаймен басам шөлімді, Дозамды ішіп, *Б о з а м д ы* ішіп уланбай! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

БОЗАДАЙ с ы н. *Боза тәрізді, боза сияқты.* Жол қазып таудың астынан Дүрліге ағып шыққан су. Қой бастауды қуалап, Кез келген жерге шыққан су. Ашыған әбден *б о з а д а й,* Ақ көбік бетін басқан су (Қ.Маликов, Алтын шынар).

БОЗАЙ з а т. **1.** *Боз, боғылт.* Ал жылқы түлігі үшін бетегелі, қауданды *б о з а й* керек (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Қызғалдақ-қыздар қауызын ашқан көктемде. Қырындай қарап, қыздарға жанап өткенде. Талайда-талай бозарып алма беттер де, Талайда-талай қызарған *б о з а й* беттер де (М. Мақатаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Бозбала, жас.* Қырықтың үстінде енді-енді шыққан шырайлы адам. Әдемі азамат – қарағайдай тіп-тік. Тоқтататын Төлебидің жасына да, бозбалалық *б о з а й* мінезі қалмаған (Қ.Мырза Әли, Иірім).

БОЗАКЕШ з а т. *Боза дайындаушы.* Ол кейін аты шулы *б о з а к е ш* атанды (Т.Иманбеков, Үш ай.).

БОЗАҚОР с ы н. *Бозаны көп ішетін, бозаны ұнататын, бозақұмар.* Есерсоқ өңшең мастары, *Б о з а қ о р* ойсыз жастары Алжыды деп Дулатты, Келеке етіп күлерсің (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Бірін-бірі көптескен, *Б о з а қ о р м е н*ептескен, Жақыннан басқа қасы жоқ. Меркеден бергі туғаның Салған қыстақ, қаланы (Айтыс).

БОЗАҚОРЛЫҚ з а т. *Бозақор болушылық, бозаны көп ішушілік, бозаға салынушылық.* Хабидің аяусыз күрес ашқан майдан алаңының бірі – маскүнемдік пен *б о з а қ о р л ы қ* (Б.Тоғысбаев, От пен күл).

БОЗАҚҰМАР з а т. *Бозаға құмартушы, боза ішкіш. Б о з а қ ұ м а р* Қырықбай дейтін бар еді (Т.Иманбеков, Үш ай.).

БОЗАҚЫР з а т. с ө й л. ***Бозакеш.*** Омаңбай қазір де аяқ астында далалаған кезде баяғы *б о з а қ ы р д ы ң* құжырасында о дүниеге барып-келіп жатқандай жаман бір жағдайда болатын (Д.Досжанов, Жібек.).

БОЗАЛАҢ с ы н. *Қылаң, ақшыл, боғылт.* Ай жарығынан үй ішіне *б о з а л а ң* сәуле түсіп тұр (Қ.Жұмәділов, Соңғы көш). Шығыс жақтан *б о з а л а ң* беріп ірең, Баяу ғана түріліп қара кілем (М.Мақатаев, Шығ.). Көктемнің тоңы түгел ажырамаған көгершінінен қараңқараңы басым жазыққа *б о з а л а ң* таңның шапағы жайылып келе жатты (С.Бердіқұлов, Егеулі найза).

Бозалаң тартты. а) *Бозғылданды, ағарды.* Қардың сәулесі ме, әлде таң *б о з а л а ң т а р т ы п* қалған ба, терезеден болар-болмас бозамық сәуле көрінеді (Ш.Құмарова, Қос шынар). Сонау, әрмеңіректе меңірейіп *б о з а л а ң т а р т қ а н* жал-жал екі қырат төбе тұр (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Кеген жақ *б о з а л а ң т а р т ы п*, қайнатқан іркіттей бозалаң түстене бастапты (Б.Қыдырбекұлы, Мазда.). ә) *Қуқылданды, бозарды.* Қос мырза: – Әй, бәрекелді, жөн сөз, – десіп мәз болысты. Ақ сұр өңі азырақ *б о з а л а ң т а р т қ а н* Сәкен қомдана түсті (Ә.Көшімов, Лашын.).

БОЗАЛАҢДА үс т. *Таң сәріде, ертемен.* Олар әрі қозғалғанда, Жараларын шала таңып, «Ағайлар!» деп *б о з а л а ң д а,* Тоқтатты бір бала танып (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес).

БОЗАЛАҢДА= е т. *Бозару, ағару.* Гурин далаға шыға келгенде, *б о з а л а ң д а п* таң да атып келеді екен (Ғ. Мүсірепов, Белдерде).

БОЗАЛЫ с ы н. *Бозасы бар, бозасы көп.* Қыздыратын боза бар, Молда, иман, қожа бар, *Б о з а л ы* жерде соларға Қозғалтарлық аруақты (Жамбыл, Шығ.).

БОЗАМЫҚ с ы н. *Бозғылт, ақшылтым.* Жалпақ боразданы жағалап келе жатқан жол қайқайып *б о з а м ы қ* далаға қарай айнала берді (С.Мұқанов, Шығ.). Бұл тағдыр мейірімсіз қалай қатаң, Ол үшін сөнді алтын арайлы таң. *Б о з а м ы қ* борпылдаған борайды шаң, Кең ашып обыр аузын қарайды апан (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Шыт перделі жалаң қабат терезеден түскен *б о з а м ы қ* жарық мүлде өшті (М.Мағауин, Ақша қар).

Бозамық тартты. *Бозғылт тартты, қылаң берді.* Үйтқып алды-артын ораған қараңғылық бірде *б о з а м ы қ т а р т ы п,* қайта түнеріп тереңіне тарта береді (Т.Ахтанов, Боран). Үй іші әлі қара көлеңке, терезеден *б о з а м ы қ т а р т ы п,* таң сәулесі түсіп келеді (З.Иманбаев, Солма. гүл.). *Б о з а м ы қ т а р т ы п* көк жиек Келеді тұман арылып. Арайлы таңда бет сүйеп, Отырды жігіт сарылып (Н.Шакенов, Айгүл).

БОЗАМЫҚТАН= е т. **1.** *Ақшыл тарту, бозару.* Тәңірберген інісіне көлденеңнен көз тастады. Інісінің қызарған танауы мен сұрғылт жүдеу бетінде *б о з а м ы қ т а н ы п* үрпиіп кеткен түктерге қарап тұрды да, көзін тайдырып әкетті (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Күн көзін көрсетпей жіберген қараңғылық *б о з а м ы қ т а н а* бастады (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Тек, шық түсіп, басын бұрым шалған егін, шөп *б о з а м ы қ т а н ы п* жатыр еді (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн.). **2.** *Таң қылаңдану, құлан иектену.* Шығыс жақ *б о з а м ы қ т а н ы п* ағарып келеді. Іле-шала қызыл арай шұғыла басталды. Енді кешігуге болмайды (Ә.Әлішев, Батыр.). Таң *б о з а м ы қ т а н а* мұзға шыққан балықшылар қимылы ширақ. Оның үстіне қыс күндеріндегідей емес, ойық ою біршама жеңіл («Лен. жас».). Жан-жақ *б о з а м ы қ т а н ы п* қалғанын көріп, тұрып кетсем қайтеді деп те ойлайды қыз («Қаз. әдеб.»).

БОЗАМЫҚТАНУ *Бозамықтан етістігінің қимыл атауы.* Бір кезде боран ыдыраңқырады ма, не таң біліне бастады ма, түні бойы көмірдей қап-қара боп тұрған түннің реңкі *б о з а м ы қ т а н у ғ а* айналды (С. Мұқанов, Менің мект.).

БОЗАМЫҚТАУ с ы н. *Бозғылттау, ақшылдау, қылаңдау.* Біз Алматыға беттеген шақта қара көк түспен мұнартқан биік таудың ар жағынан, әуелі таң сияқты *б о з а м ы қ т а у* сәуле көрінді (С. Мұқанов, Есею жыл.). Андасанда ай сығалап, сылаң етіп бұлттан шыққанда *б о з а м ы қ т а у* сәуле төгіп, мүлгіп жатқан таудың тұлғасын анығырақ көрсетеді (Ш.Мұртазаев, 41-ші жыл.). Кравченко өзінің *б о з а м ы қ т а у* сопақ қауын бетіне зер салды, көздерінің астындағы қатпар-қатпар, айналасындағы айғыз-айғыз әжімдерді көріп, басын шайқады (Ө.Қанахин, Ауыр күн.).

БОЗАНШЫ з а т. м у з. *Қазақ халқының ежелгі саз аспабы. Б о з а н ш ы н ы ң* шанағы шөміш тәрізді, мойны ұзынша, жіңішке, пернесі жоқ, 4 қыл ішекті, ұзындығы 1 м 20 см, ысқымен ойналады (ҚҰЭ). *Б о з а н ш ы* түркі тектес халықтардың көбінде өз атауымен сақталған (ҚҰЭ).

БОЗАҢ[1] з а т. б о т. *Құрғақ, шөлейт жерде өсетін шөп.* Аспандағы бозторғай, *Б о з а ң д а* болар ұясы; *Б о з а ң н ы ң* түбін су алса, Қайғыда болар анасы (М.Өтемісов, Өлеңд.). Кешегі біз өткен ұшы-қиыры жоқ *б о з а ң* шөпті, жері күн ыстығынан жарылып кеткен дала, нағыз бір қайғыдан әжімделген қарт әжеңнің түріндей (І.Есенберлин, Алтын құс). Қадиша талпынып тағы қозғалды. Бір түп *б о з а ң ғ а* түйіле үңілді (А.Тоқмағамбетов, Әке.). *Б о з а ң ы* шыққан бөктерге Боз жусан қаптап кеткен бе? Бұрынғы күнім жоқ менде Қырғидай тиген кептерге (М.Мақатаев, Шығ.).

БОЗАҢ[2] с ы н. **1.** *Ақшыл, қылаң, бозғыл.* Тағы да бір көл суалып, құмның көзі бозарды, *Б о з а ң* аспан тілін тістеп, бозаң ойлар сөз алды (М.Шаханов, Ғасырлар.). Түтіндетіп жолдың ыстық тозаңын, Бар жүйрікті дер ме басып озамын! Күн еңкейе сол машина егіннің Әрең шалды жиектегі *б о з а ң ы н* (А.Хангелдин, Қыз жүрегі). Қаратау қойнауына қарай *б о з а ң,* қылаң түсті үйір-үйір жылқы ала-құла боп өріп барады (І.Есенберлин, Қаһар). **2.** *Сор-*

таң, қуаң (жер). Боз жусан дала, *б о з а ң* қыр, Тірлікте жоқ-ау мазаң бір, Алыстап кетсем өзіңнен Сағыныш атты жазам жыр (А.Бақтыгереева. Ақ қанат). Көп болды, *б о з а ң* белдерім, Өзіңнен ұзап кеткелі, Арамыз қазір жер менен Жұлдыздай сонау көктегі (С.Жиенбаев, Таңд.). Армысың, Атырауым, *б о з а ң* далам! Қаспий менен Жайықтан көз алмаған, Ұмыттың ба сонау бір кездеріңді, Құлан жортса, құмыңды кезе алмаған, Жылан жайлап, аптапқа төзе алмаған? (М.Мақатаев, Шығ.). **3.** а у ы с. *Көмескі, күңгірт*. Тағы да бір көл суалып, құмның көзі бозарды, Бозаң аспан тілін тістеп, *б о з а ң* ойлар сөз алды (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Бозаң тартты. а) *Ақшыл тартты, бозғылданды*. Сырымның суық сорған ақсары жүзі *б о з а ң т а р т ы п*, менің бетіме қарады да: – Бүгін аз жұмыс істеген жоқпыз, мамам керемет-тей риза болар-ақ, – деді (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Бастарынан жаз көшіп, *Б о з а ң т а р т а р* дала бар, Енді өмірден баз кешіп, Егілмесе аналар (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). ә) *Өңі қуқыл тартты, бозарды*. Оның сыр бермес *б о з а ң т а р т қ а н* сопақ беті сұр қалпында қалды (Х.Есенжанов, Тар кезең).

БОЗАҢ[3] с ы н. *Жас, жеткіншек*. Әлжуаз, *б о з а ң* бозбалалардан құлазып кетсе көңілім, таба алмай қалам бір емін (Ф.Оңғарсынова, Мазасыз.). *Б о з а ң* бала бозторғайдай жаныңмын, Қайран елім, қарасам да, сағындым (С.Баймолдин, Қызыл іңір).

БОЗАҢДА ү с т. *Таңсәріде, таңертең, алағеуімде*. Қара торғай *б о з а ң д а* әнге басты (І.Есенберлин, Шығ.).

БОЗАҢДАУ с ы н. **1.** *Қылаңдау, бозғылтау*. Дастарқан жайылыпты, ірімшік, табаға құр қуырған бір тәлеңке бидай, сүт құйған *б о з а ң д а у* шай (З.Ақышев, Жесірлер). Түйенің еті тауықтың етіндей *б о з а ң д а у* және тап сондай жұп-жұмсақ болады екен (Ө.Қанахин, Жер бас.). Бұл жердің неге Боз деп аталатынын Сәрсен сонау бала күнінен білетін. Өйткені табан астынан алған уыс топырақтың *б о з а ң д а у* түсі бұл атауға сәйкес келетін-ді («Соц. Қаз.»). **2.** *Ақшылдау, құқылдау*. Қоңырқай жүзі әдеттегісінен *б о з а ң д а у* көрінді («Қаз. әдеб.»).

Бозаңдау тартты. *Ақшылданды, бозарды*. Оның құлақ, алқымындағы жұмыс кезінде жабысқан батпақ кеберсіп *б о з а ң д а у т а р т қ а н ы м е н*, әлі тұрған (Қ.Нұрғалиев, Екінші.).

БОЗАҢДЫ с ы н. *Бозаң өскен, бозаңы бар*. *Б о з а ң д ы* төбенің басына төселген тақыр кілемнің үстінде ақ жастыққа шынтақтай жатып, әкелі-баланың оңаша әңгімелескеніне бие сауымнан артық мезгіл өтті (І.Есенберлин, Жанталас).

БОЗАҢДЫҚ з а т. *Бозаң болушылық, ақшылдық, қылаңдық*. Шынында да... Тегі қалың жауған қардың өз *б о з а ң д ы ғ ы* болғаны да. Алғадай төбесін қар бүркеп, ағараңдай бастаған құлақшынын бірер сілкіледі де, басына киді (Ә.Сәрсенбаев, Батыр.).

БОЗАҢЫТ= е т. *Ақшыл тарту, бозғылтану*. Толық, қанды өңі кіршіксіз жылтырап, сәл *б о з а ң ы т қ а н* (С.Шәймерденов, Болашақ.). Көмескі *б о з а ң ы т қ а н* шағын қос терезе бірте-бірте сөніп бара жатқан жанар секілді (Н.Серәлиев, Қаңтар.). *Б о з а ң ы т ы п* шаңытқан кеш жым-жырт тыныштығымен-ақ құлақты керең қылатын (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

БОЗАР= е т. **1.** *Бозғылтану, ақшылдану, бозамықтану*. – Жоқ, жоқ, әне, таң *б о з а р а* бастады. Өзім де қызығын көргелі өліп отырмын, әйда, жүр! – деп Зылиқаны жетелей жөнелді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Көк жиегі *б о з а р ы п*, бұлдыр сәуле қараңғылықтың шымылдығын серпіп ашқан секілденді (Б.Майлин, Шығ.). Өзгелері бұралып, Біріне бірі оралып, Жапырақтан күмбез жасап тұр Бас, аяғы құралып, Араласпай бұларға, Сары жапырақ тұр *б о з а р ы п* . Азапқа тұрмыс салғандай, Есі-дерті налғандай (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Көкте көлбей жүзген күміс ай. *Б о з а р а* білінген таң (І.Есенберлин, Қатерлі.). **2.** а у ы с. *Өңі қашу, түсі бұзылу*. Мұрат ауруханадан шөлмектей болып *б о з а р ы п*, жүдеп шықты (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). Шикіл сары бір жігіт, Қарсы сөйлеп *б о з а р ы п*, тұрды өзінше дүрлігіп (А.Шамкенов, Сырларым.). Жас солдаттың жүзінде де қан-сөл жоқ. Оңып біткен матадай *б о з а р а* қалған (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). Ат терлете Көктеп өтіп шатқалды Біраздан соң қуғыншылар кеп қалды. Қыз бейшара тұманданып көз алды. Бір қызарды, Бір сұрланды, *Б о з а р д ы* (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Бозарып күтті. *Ұзақ күтті, көп күтті*. Қыз қиылып сырғасын беріп кетті, Қызыл шапақ қырларға көрік төкті. Таң атуын *б о з а р ы п к ү т е-к ү т е*, Шолпан жұлдыз көктегі сөніп кетті (М.Мақатаев, Шығ.).

Бір қызарып, бір бозарды. *Өңі бұзылды, сұрланды. Б і р қ ы з а р ы п, б і р б о з а р ы п* дем ішінде, Құбылып қиял оты өр үстінде. Қарап ол тұрып кетті, бір күрсінді, Наз, ыза қатар тулап кеудесінде (Қ.Бекхожин, Ақан Ақтаев). Бекболаттан көзін айырмай, *б і р қ ы з а р ы п, б і р б о з а р ы п* аузына сөз түспей, есі шыққан кісідей бері қарай келе жатты (С.Шарипов, Бекболат).

Көзі бозарды. а) *Көз нұры тайды, өлімсіреді*. Мәлік ауруына шалдыққан малдың *к ө з і б о з а-*

р ы п, қабағы салыңқы тартады да, жас парлайды (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Не айтпақ болып едің, сәулешім, – деп күбірледі Үсенғали. Қазіргі халі жағадағы қайраңда сусыз, демі бітіп бара жатқан балықтай, *к ө з і б о з а р ы п,* нұры қашып кетіпті (Н.Оразов, Достар.). ә) *Күтекүте шаршады, көзі талды.* Галя бұрынғыдай *к ө з і б о з а р ы п* қарап отырмайтын болды, істесе іс табылады екен. Басқарма қанша жалтарса да, детсад аштырмай қоймаймын деп ойлады (Т. Ахтанов, Дала сыры).

Өңі бозарды. *Сұрланып кетті, түрі өзгерді.* Қайран түз әні! Көшті, Ұзады. Тыңдап р-рокты, Далам ызалы! Ыстап сарайды, Түтін тарайды. *Ө ң і м б о з а р ы п,* Қаным қарайды! Әжем ұршықты Жасын ыршытты. Жансыз жандардан Жаным түршікті! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Таң бозарды. *Таң құланшектеніп ағарды, қылаң берді. Т а ң* жаңа ғана сарғайып, *б о з а р ы п* атып келе жатқан мезгіл (С.Сейфуллин, Шығ.). Бұрынғы заман болса, бай сені *т а ң б о з а р ы п* атысымен оятып, малға қуар еді. Үйқы қанбау дегеннің не екенін сонда анық білер едің! – дейді Атымбаев (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Астана *т а ң ы б о з а р д ы,* Үйқыда көбі адамның (Ә.Тәжібаев, Өлеңд.).

БОЗАРАҢ: **бозараң тартты**. *Сәл жарықтанды, жарық түсті, бозарды.* Үйдің іші *б о з а р а ң т а р т а* бастады. Ақық ояу, құлағына біреуді көмекке шақырғандай үн шалынды (Н.Габдуллин, Сар. жапырақ).

БОЗАРАҢДА= е т. *Ақшылтым тарту, бозғылттану.* Далбаңдап шауып келе жатқанда таң алдындағы қара аттының найзасының ұшында *б о з а р а ң д а ғ а н* не нәрсе? – деп таңданды (Ә.Кекілбаев, Дала.). Сүгірәлі атының тізгінін тежей ұстап, көз ұшынан *б о з а р а ң д а п* еңселі көрінген үйге қарай бет түзегенде Арна есіне түсті (А.Байтанаев, Қайнар.). Жарық айдың сұрғылт сәулесі *б о з а р а ң д а ғ а н* шет арасына төгіліп тұр (Т.Сағымбаев, Кездесу.).

БОЗАРТ= е т. *Бозғылттандыру, ақшылдандыру.* Түнерген ымырт қараңғысын ай сәулесі жеңіп *б о з а р т а* бастады(Б.Майлин, Шығ.). *Б о з а р т ы п* дала, дөңдерді Келеді баяу таң атып (І.Мәмбетов, Дос.).

Бір қызартып, бір бозартты. *Тебіренті, толқытты.* Ұзақ қарттың берген домбырасы бар жиналған жұрттың мына қолқасы да Құрманғазыны *б і р қ ы з а р т ы п, б і р б о з а р т т ы (*А.Сатаев, Дала.).

БОЗАРУ *Бозар етістігінің қимыл атауы; бозғылттану, ақшылдану.* Жарықтық, Жаздың таңы-ай белден асқан! Бауырын жерге басқан, шөлдеп аспан. Қия алмай жаз төсегін – жар төсегін, Қиылып, *б о з а р у д а* жер мен аспан... (М. Мақатаев, Шығ.).

Көзінің бозаруы. *Көз нұрының кетуі, өлімсіреуі.* Бүркіттің бұрын шақпақ тастай жылтылдайтын отты *к ө з д е р і н і ң б о з а р у ы,* желке жүнінің үрпиюі – жағдайының болмағандығы (Ә.Көшімов, Екі бүркіт).

БОЗАРША з а т. б о т. <лат. tpuja> *Бұта түрінде өсетін, мәңгі жасыл, қылқан жапырақты ағаш. Б о з а р ш а* суыққа, көлеңкеге, ылғалға төзімді, топырақ талғамайды (ҚСЭ).

БОЗАРЫҢҚЫ с ы н. *Бозғылт, бозғылтым. Б о з а р ы ң қ ы* саусағымен Мұрат терезені нұсқады: – Қарашы, далада күн жып-жылы. Жарқырап тұр (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). – Меңдеш, жаным, еш шошыма да, сөзімді бөлме. Тыныш отырып тыңдашы, – деп бастады ол әуелі. Осы мезетте оның жүзі аяз сора-сора үсуге айналған беттей *б о з а р ы ң қ ы* екен (Б.Аманшин, Жар мұңы).

Бозарыңқы тартты. *Бозарды, ағарды.* Жер-дүние азырақ *б о з а р ы ң қ ы т а р т а* бастаған, көктегі құлпырып ойнаған жұлдыздардың да жанған сәулелері манағыдан көрі солғындаңқыраған (С.Сейфуллин, Шығ.).

БОЗАРЫҢҚЫРА= е т. *Өңі қашыңқырау, құқылдану.*– Жақсы, аман жүріп, сау орал, – деп Гүлсім жастар тәртібімен түрегеліп қолын берді. Бірақ, Гүлсімнің үні әлденеден дірілдеп, өңі *б о з а р ы ң қ ы р а п* шықты (С.Бегалин, Уақыт.). Жүзі гүл-гүл жайнап шыққан әйелін, барлығып, беті *б о з а р ы ң қ ы р а п* шыққан жігітті көргенде, моншашы бас бармағын шайнап жіберіпті (Мың бір түн). Сартай бұрын бетінен ақ қызыл боп нұры тамған үлкен қой көзді, ат жақты, сары жігіт еді, қазір *б о з а р ы ң қ ы р а ғ а н* (А. Нұрманов, Аққу.).

БОЗАУЫЗ с ы н. ж а ғ ы м с ы з. *Боқмұрын, жас.* Мұратбек... Кешегі *б о з а у ы з* жаман бала... Оның қолынан не келетін еді тәйірі (З.Шүкіров, Қиын түйін).

БОЗАХАНА з а т. *Боза сатылатын жер, дүкен.* Маңдайшаларында ескі орысша, арабша жазуы бар *б о з а х а н а,* шайханалар, түрлі дүкендер. Базар шуы. Сарт-сұрт алақандар ұрылып, сауда қызу жүріп жатыр (Қ.Мұхамеджанов, Өзіме де.).

БОЗАША үс т. *Боза сияқты, бозаға ұқсап* Тебінгілес тең жауды Тегіндікпен алмақ па? Айла-әдісі тең жауы, Бір салыспай қалмақ па? *Б о з а ш а* бойын түзесе, Буыршын шөгер шаңдаққа (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

БОЗАШЫ з а т. *Боза сатушы, боза дайындаушы.* Айқайдың шығуы-ақ мұң екен, Маймақ деген жерден келген *б о з а ш ы* қырғыз

Мамадайырдың қара балталы суырыла шығып, алға түсіп-ақ кеткені (С.Бақбергенов, Мен сізді.). Ілгеріде Әулие ата маңындағы бір *б о з а ш ы* әйелдің еріне бай-болыстар жиналыпты (Ә.Жылқышиев, Мешін.).

БОЗБАЛА з а т. *Он үш пен көмелет жасы аралығындағы жас жігіт, жасөспірім, жеткіншек.* Батыры көксер бас аман; Бәйбіше – тантық, бай – сараң; *Б о з б а л а с ы* – бошалаң; Қырсыға туды қыз балаң; Нары – жалқау, кер табан; Құсы – күйшіл, ат – шабан (Дулат Бабатайұлы, Замана.). – Ал, *б о з б а л а л а р*! Сендер де айтыңдар! Қыз екеш қыз да айтып келеді, – деп кеу-кеулеген соң Мұсатай, Әйтікен сияқты *б о з б а л а л а р* да керіліп, ырғалаңдай, көзін ашып-жұмып, айғайды салып, бүгінгі кешті ойын-сауық қылып жіберді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жаз шықса, құрт-құмырсқа жыбырласып, Тірілер өлген дене қимылдасып. Қарулы, өзі жылпың *б о з б а л а л а р* Ел көшсе, жүк артысар қом қомдасып (Ә.Найманбаев, Шығ.). // *Жігіт-желең, үйленбеген жас.* Балалық шағында да ол сандық тас үстінде ойнап, қой жайып жүріп өткізген *б о з б а л а* шағында да, осының үстіне келіп отырып ойға бататын еді (К.Сегізбаев, Ашыл. сыр.).

БОЗБАЛАДАЙ с ы н. *Бозбала сияқты, бозбала тәрізді.* – Менің анау қыз үшін түн қатқан *б о з б а л а д а й* шапқылауыма тура келеді, – дейді Қайырбаев (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). Аттарын алшағырақ байлап, ағаш арасының көлеңкесіне енгенде барып жас *б о з б а л а д а й* ыңғайсызданған Ақан өкпелі үн қатты (С.Жүнісов, Ақан сері).

БОЗБАЛАЛЫ с ы н. *Жас жігіттері, бозбалалары бар.* Көші бар қыз-келінді, *б о з б а л а л ы* Шолады жазғы жасыл көз даланы. Ал көңіл алғаш рет тайға мініп, Қалың көш қапталында қозғалады (Х.Ерғалиев, Күй дастан).

БОЗБАЛАЛЫҚ с ы н. *Бозбалаға тән, бозбалаға қатысты.* Сен сүйгенде шырақ жанды жүрекке, Қанат бітті *б о з б а л а л ы қ* тілекке. Бір сүймесең, жетпес едім ешқашан Құшақтасып, құрсау салған білекке (К.Салықов, Жезкиік). Жалғыз отырған қызға жігіт құштарлығы *б о з б а л а л ы қ* әуені болса болар, бейбастақтық болмас (С.Жүнісов, Ақан сері). Гуляның әркімге қызыққыш та топастау екенін аңғармаған сияқты. Әлде алғашқы *б о з б а л а л ы қ* сәттің буы болар (А.Нұрманов, Аққу.). Қазақтың күш сынасуы, *б о з б а л а л ы қ* өнерін асыруы, кәрі-жас арасындағы ойын-сауықтың бірнеше түрлерінің не қызық тамашасы да ат үстінде әйгіленетін (Тарту). // *Жігітшілік, жастық.* Ән салдым жас күнімнен сал болған соң, Бойымда *б о з б а л а л ы қ* бар болған соң. Қарақас айналақтап шыға алмайды, Қонақ көп, үйдің іші тар болған соң (Ә.Найманбаев, Шығ.). Бір дәурен кемді күнде *б о з б а л а л ы қ*, Қартаймастай көрмелік, ойланалық. Жастықта көкірек зор, уайым жоқ, Дейміз бе еш нәрседен қорғаналық (Абай, Тол. жин.).

БОЗБАЛАСЫМАҚ с ы н. э к с п р. *Өзін-өзі бозбалаға балайтын, бозбала болғансыған.* Бірін-бірі кимелеп, тікесінен тік, қылқиысқан *б о з б а л а с ы м а қ* жастар да тіпті иін тіресіп, есікті сындырып барады (С.Торайғыров, Мағынасыз.). Үштен-төрттен бірігіп қатар түзеп, барын киіп, барын мініп ауылдарды аралап, үй-үйдің араларында жүрген *б о з б а л а с ы м а қ т а р* (С.Сейфуллин, Шығ.).

БОЗБАЛАША ү с т. *Бозбалаға ұқсап, бозбала сияқтанып.* Қарымсақ үйінің жанына бір топ жігіт жиналып, олардың ішінде санақшы Хасен мен *б о з б а л а ш а* киінген Ханшайым да бар (І.Есенберлин, Қатерлі.). Оның үстіне, танысқан *б о з б а л а ш а* көрші үйде қылтыңдап жүруді қолайсыз көрдім (Д.Исабеков, Мазасыз күн.). Наурыз Нәркесті күнара үйге әкеліп, сақа *б о з б а л а ш а* басын айналдырып жүр. Бірге отырып сабақ қарайды (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

БОЗБАЛАШЫЛЫҚ з а т. *Бозбалаға тән қылық, мінез, сипат.* – Е, шиқан қатты қимылдатпады, – дейсің, *б о з б а л а ш ы л ы қ* қылып түнде жүргенде шиқаның неге ауырмайды (С.Сейфуллин, Шығ.). – Амандық екеуміз екі атты жаратып мініп, күндіз-түні жүрдік те отырдық. Амандық партия жию мен *б о з б а л а ш ы л ы ғ ы н* қатар жүргізді, – дейді Тасболат (Б.Майлин, Шығ.). *Б о з б а л а ш ы л ы қ т ы ң* мектебін өтеген Кенжетай, Асқардың бұл сезімін бетіндегі қан құбылысынан байқап қалды (С.Мұқанов, Ботагөз).

БОЗБАС с ы н. *Тәжірибесіз, жас, балаң.* Нұрғазының елтіп отырған да ештеңесі жоқ, толқыны сұйығанмен әзілкештігін, *б о з б а с* ойнақылығын әлі тыя қоймаған сағымның аулында (А.Сүлейменов, Бесін). Жігіттің *б о з б а с* күнінде сұлу қызы құрғыр кісіні отқа да, суға да түсірмей ме (С.Сейфуллин, Шығ.). // *Тәжірибесіз, жас балалар.* Аузы көпірген *б о з б а с т а р* басы айналған әйелдерді жеңінен жұлқылайды (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

БОЗБАС: бозбас отқұйрық. з о о л. <лат. phoenicurus caeruleocephalus> *Торғай тәрізділер отрядының сайрауық тұқымдасына жататын сайрағыш құс. Б о з б а с о т қ ұ й р ы қ* Қазақстанның Тянь-Шань мен Жетісу (Жоңғар) Алатауының қылқан жапырақты орманларында мекендейді (ҚҰЭ). *Б о з б а с о т қ ұ й р ы қ* – жыл құсы (ҚҰЭ).

Бозбас пайыз. з о о л. <лат. carduelis caniceps> *Торғай тәрізділер отрядының құнақ тұқымдасына жататын сайрағыш құс. Б о з б а с п а й ы з д ы ң* өткір ұзын тұмсығының төңірегінде қызыл жолағы, қанаттарында ашық сары дағы болады (ҚҰЭ). *Б о з б а с п а й ы з* ұяларын 2–20 м биіктікке, ағаштар мен бұталардың басына салады (ҚҰЭ).

БОЗБАСТАН= е т. *Бозбалалық ету. Б о з б а с т а н ғ а н* бойдақ жігіт боқтан көп (М.Жұмағұлов, Қыран.).

БОЗБАСТЫҚ з а т. *Тәжірибесіздік, жас, балаң болушылық, бозбалашылық. Б о з б а с т ы қ,* бойдақтылық қуғаннан соң, Исатай тұсаулауға ойлап еді. Алаштан таңдап жүріп қыз айттыр деп, Исакем жік-жапар боп қоймап еді (Айтыс). Оралдың: «Көзіңнен айналайын жалтаңдаған» – деп *б о з б а с т ы қ п е н* өлеусірегенін іші ұнатпаған Біркімбай Бекке бұрылып: – қиссадан шертсе қайтеді, – деді (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Ол осы бір өзінің алғашқы *б о з б а с т ы қ* қадамынан ұялғандай, гүл әкелуінің ерекше себебін айтып, тез-тез сөйлеп кетті (С.Сматаев, Армысың.).

БОЗБЕЛБЕУ з а т. *Жас, буыны қатпаған, жасөспірім.* Бота тірсек, *б о з б е л б е у,* қатпа бала, Ойыңа келгеніңді шатпа, бала. Ойнақтап ортамызда жүргің бар-ау, Оп-оңай жаға салып аққа қара. Ойыңа келгенінді шатпа, бала! (М.Мақатаев, Шығ.).

БОЗБҰЙЫРҒЫН з а т. б о т. *Алабұта тұқымдасына жататын біржылдық не көпжылдық өсімдік.* Өсімдік дегеннен Бетпақдалада қарға тұяқ, сұр жусан мен *б о з б ұ й ы р ғ ы н,* тырбиған қу баялыш қана (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.).

БОЗГҮЛЖАПЫРАҚ з а т. б о т. *Сүйсіндер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Б о з г ү л ж а п ы р а қ* Алтайда, Тарбағатайда, Жетісу (Жоңғар), Іле Алатауларында, Талас Алатауында сирек орманды және ашық жерлерде, тау шалғындарында өседі (ҚҰЭ). *Б о з г ү л ж а п ы р а қ т ы ң* жемісі – көптұқымды қауашақ (ҚҰЭ).

БОЗҒАЛДАҚ з а т. б о т. *Көктемде қар кетісімен шығатын боз түсті гүл, жауқазын.* Мешеу көктем, сазартып көзді алдадың, Жеттің ақыр, сең көшіп, қозғалды ағын. Қырда күртік ашылып, тердік бүгін – Қар астының алғашқы *б о з ғ а л д а ғ ы н* (Ә.Сәрсенбаев, Миллиард.). Жастық шетіндегі *б о з ғ а л д а қ* гүлге көзім түсіп кетті (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.).

БОЗҒАНАҚ з а т. б о т. *Құрғақта өсетін дәнді шөп.* Жауынды жылдар Нарынның биік шоқылары көк қияққа бөленіп, *б о з ғ а н а қ* піскен кезде бартылдауықтары асау мінсең үркітіп, жуас мінсең аяғыңа шырмалып, бұйраланып жатпаушы ма еді, шіркін? (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Әуемен тілдескен бәйтерекке де, жер бетінде тырбиып жатқан *б о з ғ а н а қ қ а* да тамақ, сусын, ауа, жарық керек (А.Байтұрсынұлы, Өсімдік қорек.)

БОЗҒЫ з а т. б и о л. <лат. eumetopias jubatus> *Құлақты түлендер тұқымдасы, бозғы туыстарына жататын түленнің ең ірі түрі. Б о з ғ ы* тұқымдасқа жататын түлендердің ұрғашылары еркегінен бір метр қысқа болады (Қаз. тілі термин. Биология). *Б о з ғ ы д а* құлақ қалқасының нұсқасы ғана бар (Қаз. тілі термин. Биология).

БОЗҒЫЛ[1] з а т. б о т. *Құрғақта өсетін шөп, боз, бозаң.* Көкқия тауының шөбі шүйгін болады. *Б о з ғ ы л ғ а* семірген қойдың сүбесіне пышақ жетпейді (І.Жансүгіров, Шығ.).

БОЗҒЫЛ[2] с ы н. **1.** *Ақшыл, бозамық, бозғылт.* Алда боз жусан, *б о з ғ ы л* топырақтан басқа түк жоқ елсізден поезд жүріп келеді (І.Жансүгіров, Әңгім.). Баурайлардан *б о з ғ ы л* мұнар бу ұшып, Жапырақты жасыл нұрмен жуысып, Бүкіл өңір күтіп жатыр көктемді, Тау да бүгін жол беріп тұр ығысып (С.Жиенбаев, Алтын қалам). **2.** а у ы с. *Қаны қашқан, сұпсұр.* – Масқаралық қой, – деп *б о з ғ ы л* беті ду етіп, саусақтарының ұшы дірілдеп, өңіріндегі түймелерін тартқылай бастады (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Бітік көздеу, жылмағай сопақ бет, *б о з ғ ы л* жігіт жымиған сияқтанып келе жатыр еді (С.Сейфуллин, Әңгім.).

Бозғыл тартты. а) *Бозғылданды, ағарды.* Күншығыс жақ көкжиек әуелі *б о з ғ ы л т а р т ы п* тұрды да, бірте-бірте сарғыш қызыл түске еніп құлпырды (Н.Ғабдуллин, Өмір күйі). Мынау сүттей аппақ ай нұрынан жердің беті *б о з ғ ы л т а р т қ а н* (Ә.Кекілбаев, Дала.). ә) *Өңі қашты, бозарды.* Әлгіде *б о з ғ ы л т а р т қ а н* Айтан бір мезет қып-қызыл болып кетті (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Үлгі қайтқан сайын қанның жансызданып, үсіген сияқтанып, *б о з ғ ы л т а р т ы п* бара жатқанын байқаған (Н.Ғабдуллин, Өмір.).

БОЗҒЫЛДАН= е т. *Ақшыл тарту, бозару.* Көкжиектен көтерілген сайын қызыл күрең бояуы сұйыла берген ай *б о з ғ ы л д а н а* келіп, аспанның иығына шыққан шақта аппақ сүттей боп жарқырап алды!.. (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Станциядан әріректе отырған үштөрт киіз үйдің түндігі *б о з ғ ы л д а н д ы* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Әлі *б о з ғ ы л д а н ы п* тұрған селдір түтіннің ішінде орнынан тұра алмай, тек кеудесін көтере түскен, Кәрімғалидың ірі денесі Нұрымның көзіне анық шалынды (Х.Есенжанов, Тар кезең).

БОЗҒЫЛДАУ с ы н. *Ақшылдау, боздау.* Мезгілбектің сұйықтау, *б о з ғ ы л д а у* мұрты бар (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Кантон төңірегіндегі қытайлардың түсі өзге тұстағы қытайдан *б о з ғ ы л д а у* келеді (С.Мұқанов, Алып адым.). Құндызбай сәкі астынан үлкен кострюлді бері тартып, стол үстіне қояды да, *б о з ғ ы л д а у* бір сұйық нәрсені сапыра бастайды. Бірден қымыз исі шығады (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). Дөң маңдайының көз үстіндегі жарқабағында жарты ай тәрізденіп иіле жатқан жіңішке *б о з ғ ы л д а у* қастары да көз алдымда (М.Иманжанов, Адам.).

Бозғылдау тартты. *Бозғылдана түсті, сұрланыңқырады. Б о з ғ ы л д а у т а р т ы п* от ерін, Жалын-көз бір сәт тұнжырап. Құрбысы менен екеуі Беттерін басып, тұр жылап (Сонда).

БОЗҒЫЛТ с ы н. *Бозамық, ақшыл.* Үкең шақырайған күн жоқ болса да, тымағын қалағайлап, жып-жылы көк *б о з ғ ы л т* аспанды мойыны талғанша адалап шықты (А.Сүлейменов, Бесін).Сырмаққа арналған киіздің астыңғы [теріскей] бетіне шымқай ақ, қара болмағанымен, *б о з ғ ы л т,* қоңырқай таза жүн де жарай береді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Шери көптің сөзіне құлақ қойған жоқ, құлақ қойғанмен ұқпас та еді, жүрістерінен аспанға қою *б о з ғ ы л т* шаң көтерілген жастардың соңынан үңіліп қараумен болды (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

Бозғылт тартты. *Ақшылданды, бозарды.* Қалың түскен ақша қардың беті *б о з ғ ы л т т а р т ы п,* сылқылдап астан еріп жатыр (С.Бақбергенов, Алтынемел.). Тау өзенін бойлай орман үстімен көтерілген таңғы тұман *б о з ғ ы л т т а р т т ы* (Қ.Қамбаров, Алтай.).

БОЗҒЫЛТТАН= е т. *Ала көлеңкелену, бозару.* Дала *б о з ғ ы л т т а н ы* п, жаңбырға шыланған қар жауып тұр (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.). Өсімдіктің сыртын түгелдей ақшыл түктер басқандықтан, оның түсі айқын жасыл болмай, *б о з ғ ы л т т а н ы п* тұрады («Қазақст. мектебі»). Ақшоқының ар жағы жұлқалаң ғана ақ сәулеге оранған. Жым-жырт ұйып жатқан жайлы түн алакөбең тартып, бірте-бірте *б о з ғ ы л т т а н а* бастады («Лен. жас»).

БОЗҒЫЛТТАУ с ы н. *Бозғылтым, бозғылт.* Дөңгелек ай мұз бетіне *б о з ғ ы л т т а у* сәуле жолағын тартыпты (Ә. Сәрсенбаев, Капитан.). Тозған тағадай жіңішке имек ай *б о з ғ ы л т т а у* болымсыз сәулесімен жер үстін нұрландыра алмағанына қонақтай бастаған (З.Жөкенов, Таң самалы).

БОЗҒЫЛТЫМ с ы н. *Бозғылттау, бозғылт.* Алыстан көріне бастаған түс анық көкпеңбек емес, өңі көше бастаған *б о з ғ ы л т ы м* (М.Мағауин, Ақша қар). *Б о з ғ ы л т ы м* рең әбден айқындалғанға дейін қойлардың арасына тығылған Еңлік кейде қалғып кетіп отырады (К.Оразалин, Ақ жазық). Өңі сарғыш *б о з ғ ы л т ы м* үш стақан шай болды (М.Мағауин, Көк мұнар).

Бозғылтым тартты. *Бозғылт тартты, бозара түсті.* Алыстағы фонарь сәулелерінің жарығы *б о з ғ ы л т ы м т а р т ы п,* ұшқындаған қиыршық бар (К.Оразалин, Ақ жазық).

БОЗДА з а т. *Бір қалыпты, үзбей шыққан дыбыс.* «У-ү-ү-ү-h» деп барып басылған ырғалаң *б о з д а с ы* сайын даланы жаңғырықтырып, өз алдына бір гөй-гөй тартып, бірінебірі ұласып, қызғыштай қытқылдап, қырғидай шықырлап бара жатқан арбалардың шиқылы (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БОЗДА= е т. **1.** *Түйенің зарлы ұн шығаруы.* Маужырап кеш болғанда жұлдыз, айы, Мұнартып көкшіл тартқан қыр мен сайы, Қой маңырап, түйе *б о з д а п,* сиыр мөңіреп, Жылқы кісінеп, ойнақтап құлын-тайы (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Кел, жаңа жыл! Қарсы алам күн нұрымен, Қарлы аяздан қаймықпай тың жүріп ем. *Б о з д а п* тұрған боз іңген қарай қалар, Қарсы аламын құлын-тай шұрқырымен (К.Салықов, Жезкиік). Жортады қара бура көл айналып, Ту Бір арман, бір сағыныш және қозғап, Кетеді жүрек байғұс жана жаздап, сыртта екеу-үшеу бота *б о з д а п* (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Жүректің шыңырауында қоздайтұғын, Шыбыны бар кеудені қозғайтұғын. Қауым айтқан сол әнді естігенде, Боталы інген борықта *б о з д а й т ұ ғ ы н* (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Еңіреп жылау, зарлау.* Әсіресе ана ақсақалдың балаша *б о з д а п* жылағаны жаныма батып, жүрегім езіліп кетті (С.Бегалин, Мектеп.). Аңырап, *б о з д а п* амалсыз анаң қалды, Елің шулап, ағайын, балаң қалды. Жекжатың мен ел-жұртың күңіреніп, Отыратын орныңнан таба алмады (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Жастық деп, Сағынбашы! Бастық деп, Жағынбашы! Жырым деп, Сүйылмашы, Пірім деп, Сыйынбашы! Қалам деп, Қозғамашы. Балам деп, *Б о з д а м а ш ы!* Бор болып Үгілмеші. Қор болып, Бүгілмеші! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). О, дүние, олай болса, сен де сатқын, Мұңымды енді *б о з д а п* кімге шақтым? Тірейтін аттың басын тұғырым жоқ, Ал босқа азын-ауық желге шаптым (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). **3.** а у ы с. *Бір қалыпта үзбей дыбыс беру.* Аздан соң темір жол жақтан күшті гудоктың даусы таңды жарып *б о з д а п* қоя берді (І.Жансүгіров, Шығ.). Завод гудогіне де дамыл жоқ. Дағдысынан ащылау да жағымсыз бір дыбыспен әлсінәлі *б о з д а п* тұр (С.Шаймерденов, Мінез).

Тебіренбейтін теңіз қанға айналды, Көрді ғажап аспан асты ойранды. Зіркіл қағып зеңбірек пен пулемет, Бомбовоздар *б о з д а п* шырқ айналды (М.Хакімжанова, Мәншүк). Жан-жақтан ажал оғы *б о з д а ғ а н д а* шаңытып зордан қараң-құраң көрінетін (С.Бердіқұлов, Егеулі найза).

Ботадай [боташа, іңгендей, боз іңгендей, бота болып] боздады. *Еңіреп, зарлап жылады, егілді.* – Әй, Қайсар, қайда барасың? Алтыбақанға апарайын, – деген сөзіне де қарамастан, сол *б о т а д а й б о з д а ғ а н* күйім үй қайдасың деп тартып отырдым (Ө.Қанахин, Жер бас.). Аурудан әдет жаман, бір күні маған беретін конфетіңіз таусылғанда, *б о т а д а й б о з д а п* жылауым мүмкін ғой (С.Еркебаев, Жол.). Есіктің алдына біраз жұрт жиналып қалған. Іштен жылаған дауыстар естіледі. Міне, енді енесінен айырылған *б о т а ш а б о з д а п* келе жатырмын (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Көздің алды – көк аспан, Көк аспанға ұласқан, Ақша бұлттай зымырап, Етек-жеңін жиып ап, Күй көшеді шалғайға, Шақыра ма, арбай ма, Еңірей ме, жылай ма, Шағым айтып құдайға, *Б о з і ң г е н д е й б о з д а й м а,* Қоңыр қойдай қоздай ма (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Сексенге кеп, одан да озған әрі, Бүкірейіп жотасы, тозған әлі. Жалғызынан айрылған Мақпал әжем, Есіңде ме *і ң г е н д е й б о з д а ғ а н ы*? (М.Мақатаев, Шығ.). Қазақылық қалды ма өз бойында?! Жату керек сұлудай сөз қойында. Түсінбейсің Апырм-ай енді қайттім?! *Б о т а б о л ы п* боз үйде *б о з д а й ы н* ба?! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

БОЗДАҒЫШ с ы н. *Боздай беретін, зарлауық, заржақ.* Тәуір құлын айғырын басқа елдің жылқысынан шығарғысы кеп тұратын, *б о з д а ғ ы ш* кәр мүйіздермен әңгімесі де қысқа екен (Х.Әдібаев, Таңбалы.).

БОЗДАЙ с ы н. *Боз сияқты, боз тәрізді.* Бір жаста, екі жаста бесіктемін, Бес жаста Тәңірі берген несіптемін, Алты жаста қайың-ның тозындаймын, Жеті жаста ойпаң жер *б о з ы н д а й м ы н* (Шал ақын, Өлеңд.).

БОЗДАҚ[1] з а т. *Түйе түлеген соң жаңадан шығатын жұмсақ ұлпа жүн, ботаның жақ жүні.* Әлгі жабағының астынан «*б о з д а қ*» деп аталатын үлпілдек жүн өседі де, жабағы өзінен-өзі көтеріледі (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Бойдақ түйелер *б о з д а ғ ы н* ұштанып, өркештері шаншыла өсіп сақсұрдай сұлу топ болып ол бір бетке өреді (С.Бегалин, Таңд.). Шұғылдың бурасы ыстықта сортаңға түсіп, ащы суды сораптап жұтып, сораң жеп *б о з д а ғ ы* шығып қалған (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

[Жағының, жағынан] боздағы шықты. *Тоңды, жүдеді, арып-азды.* Балалардың *ж а қ т а р ы н а н б о з д а ғ ы ш ы қ қ а н,* шаштары ұзарған (М.Әуезов, Абай). Қойшы өгізінен секіріп түсіп, қасыма келді. Түсі сүзектен тұрғандай. *Б о з д а ғ ы ш ы ғ ы п* жақ жүні үрпиген (С.Сейфуллин, Тар жол.). Күздің салқын күнінде аяғында етігі жоқ, үстіндегі шапаны далбаланған жыртық киімді Мысық *ж а ғ ы н а н б о з д а ғ ы ш ы ғ ы п* тоңып жүр екен (С.Бегалин, Бала Шоқан).

БОЗДАҚ[2] з а т. *Ер азамат, жас жігіт.* Сөйтіп жүргенде соғыс деген пәле дүңк ете түсті де, үш бірдей *б о з д а ғ ы м* жел айдаған қаңбақтай, су аударған дөңбектей соғысқа кете барды (Ә.Нұршайықов, Жомарт.). Айырылып талай бейбақ жұбайынан, Ағартып алды шашын мұңаюдан. Болса да азғана шақ Әсияны Ақандай *б о з д а ғ ы н а н* кім айырған? (Қ.Бекхожин, Үш кезең). *Б о з д а қ т а р ы м* жоғалып, Боз кебінге оранып, Маңдайымнан сор ағып, Келіп тұрмын, әулие (М.Мақатаев, Шығ.). Мен өлімнен қорықпаймын Асарымды асадым, Жасарымды жасадым. Тек мына бір жайсаң бұла *б о з д а қ т ы ң,* Боз тағдыры жүрегімді қозғап тұр (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Боздағын бордай етті. *Азаматын жойды, қырды.* Көзім тірі тұрғанда, Кемітпеймін басымды. *Б о з д а ғ ы н б о р д а й е т п е с е м,* Жасайын жерге жасымды (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

БОЗДАҚ[3] з а т. з о о л. *Үлпілдек жүнді итбалық.* Тюленьдердің күшіктері әдемі сарғылттау келген боз реңді, үлпілдек қою жүнді болады. Оны *б о з д а қ* [беляк] деп атайды (Б.Муханов,.. Қазақст. өсімдік.).

БОЗДАҚТА= е т. ж е р г. *Түйенің жүнін жүндегеннен кейін соның орнына жаңадан майда жүннің шығуы.* Ол бәрібір енді *б о з д а қ т а п* жатқан жоқ (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БОЗДАҚТАЙ с ы н. *Боздақ тәрізді, боздақ сияқты. Б о з д а қ т а й* майда торғай оты өскен кер жазықтарда шығыс әуені «Шаһнама» шырқалмайды (Б.Әбдірзақов, Сандалкөк).

БОЗДАҚТАТ= е т. *Шапқылау, тез жүру.* Жедел жәрдем «аздап тәуірленіп қалдым, түк етпес» деп азар да безер болған қойшыны машиналарына салып, аудан қайдасың деп, *б о з д а қ т а т а* жөнелген (О.Бөкеев, Қайдасың.). Екі жігіт жанасып келіп тізе түйістірді де, атарын кілт бұрып ажырасып кетті, біраз жер *б о з д а қ т а т ы п* барысты (Д.Досжанов, Жібек.).

БОЗДАН[1]= е т. *Бозару, ақшылдану.* Сайсалада су ақты, Егістік жер *б о з д а н д ы* (А.Шөкенов, Гудок).

БОЗДАН[2]= е т. *Боздау, зарлы ән шығару. Б о з д а н д ы* жетімектей дала ышқынып,

Жыланды бесіктегі бала ышқынып (Д.Әбілев, Өлеңд.).

БОЗДАС= е т. *Түйе, боталардың зарлы ұн шығарысуы.* Алыс түкпір... Қазақтың бұл аймағы, Тәлтіректеп, боталары *б о з д а с ы п*, Тайраңдады кедейлердің тайлағы (Қ.Көптиев, Ақмарал.).

БОЗДАТ= е т. *Аңырату, шулату, басына көтеру.* ...Көш келеді *б о з д а т ы п* боз даланы, Көз ұшында боз сағым қозғалады. Әлдекімнің естілсе созған әні, Әлдекімдер аңырап жоқтау айтса, Әр кеудеде бір шемен қозданады, Әр қазақтың естіліп боздағаны (М.Мақатаев, Шығ.). Тасмағамбет пірәдар қысқалау үш-төрт құранды *б о з д а т ы п* алғаннан кейін кірпішті бір жерге үйіп, бейіт маңайын тазалап, садақа салатын почта жәшігін орнына қойысты (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Күйден ол бозінгеннің белінде отырған жас жігіттің жарын іздеп Қаратауға қарай бет қойып, қара жолды шаңдата *б о з д а т ы п* бара жатқанын көргендей болды (Ә.Нұршайықов, Батыр.).

БОЗДАТУ *Боздат етістігінің қимыл атауы.* Қанағатыма қамшы ұрсам ба екен сілкін деп, Ажал антұрған кеп қап жүрмей ме зіркілдеп. Боза ішіп алып жыр *б о з д а т у д ы ң* орнына, Босағада жатып жөтеледі шал күркілдеп (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).

БОЗДАУ[1] с ы н. *Бозғылт, бозғылтым.* Сыртқы түсі ақшыл, ал тұқым ішіндегі ядросының түсі *б о з д а у* келеді (Д.Әбілев, Помидор.).

БОЗДАУ[2] *Бозда етістігінің қимыл атауы; түйенің зарлы ұн шығаруы.* Жазған жануардың бар өнері тау басында тірі мүсіндей сілейіп тұрып, ұзақ-ұзақ *б о з д а у* ғана (К.Сегізбаев, Ашыл. сыр). Аруана жаудың қолына түссе, ботасын шайнап өлтіріп, Қаралы мойнын қайтадан артқа бұрмастай халге келтіріп, Жеріне тартып отырады екен моншақтап жасы *б о з д а у м е н*, Омырауын шерге толтырып (Т.Айбергенов, Мен саған.). // *Зарлы, боздаған.* Осы бір *б о з д а у* үнді естігенде, Ән болып көкейімде есті жел де. Ойыма ойран салып осы бір үн, Баурымды ұстарамен кескілеуде (М.Мақатаев, Шығ.).

БОЗДАУЫҚ с ы н. *Зарлы ұн шығарғыш, боздағыш.* Шіркін, әлгі *б о з д а у ы қ* түйенің бойы ұзын (Т. Исмаилов, Есіл). Мичурин өткен соң жол бойына отырғызылған ағаштың ішінен еліктің баласы шыға келіп, ар жағындағы *б о з д а у ы қ қ а* қарай жүре берді. Екі құлағы төбесінде, көздері баданадай (Ғ.Мүсірепов, Жол-жөнекей).

БОЗДЫ с ы н. *Боз өсетін, бозы бар.* Қалың *б о з д ы,* кер миық сары жазықта жайыла қонып отырған елдердің кейбір ауылдарын сағым көтеріп, бейне толқын үстінде жүздіріп жүргендей бұлдыратады (С.Бегалин, Бала Шоқан). Жаз ортасы ауып барады. Сұрғылт тартып, қураған жусан, әріректе сол баяғы *б о з д ы* бұйрат (Т.Ахтанов, Дала сыры). Ақбөкен үйір-үйірімен бірыңғай бидайық және *б о з д ы,* көбіне бетегелі, жусанды, сораңды жерлерге жайылады (Х.Қыдырбаев, Дала көркі).

БОЗДЫ-БЕТЕГЕЛІ с ы н. *Боз бен бетеге өсетін (жер).* Саршұнақ Өскемен төңірегіндегі *б о з д ы-б е т е г е л і* далада, кіші-гірім төбелерде және егістікте тіршілік етеді (Х.Қыдырбаев, Зиянкес. кеміргіш.). Шөптің түріне қарай *б о з д ы-б е т е г е л і* жайылымды сиыр малын бағуға пайдаланды (Жаңарған өлке).

БОЗДЫҚ з а т. **1.** *Түстің ақшылдығы.* Аттың *б о з д ы ғ ы* сондай: үстінде мінген кісісі болмай, жолмен жалғыз өзі жортып келе жатса, қардан жасаған қуыршақ атқа жан біткен екен деп, көрген адам таң қалар еді (С.Мұқанов, Ботагөз). **2.** *Боздың қалың, біркелкі болып өскен жері.* Оңтүстік-Шығыс Қазақстан жағдайларында кейбір колхоздар қойларын етекте қалдырып, *б о з д ы қ* отын пайдаланады (М.Ермеков, Қазақст. қой шаруаш.).

БОЗЖУСАН з а т. б о т. <лат. artemisia glauca> *Жусан тектес көпжылдық өсімдік. Б о з ж у с а н н ы ң* басындағы шық суы маржандай жылтырады (Б.Майлин, Шығ.). Космостан оралғандай даламды (аңсап, Даланың аяулы ұлы маған ұқсап Даламды ана санап, ана танып, Ол тұрды *б о з ж у с а н н а н* аласарып! (Қ.Мүсірепов, Раушан). Бозаңы шыққан бөктерге *Б о з ж у с а н* қаптап кеткен бе? Бұрынғы күнім жоқ менде Қырғидай тиген кептерге (М. Мақатаев, Шығ.).

БОЗИЗЕН з а т. б о т. <лат. echinopsilon sedoides> *Алабұта тұқымдас біржылдық шөптесін өсімдік. Б о з и з е н* – түйе, қой, ешкіге жем-шөп (ҚСЭ). *Б о з и з е н н і ң* сабақтары тік, бұтақты, төменгі бұтақтары сиректеу, жас бұтақшаларының сырты түкті болады (ҚҰЭ).

БОЗКӨДЕ з а т. б о т. <лат. stipa stenophylla> *Далалы жерде өсетін түрі боз, көпжылдық өсімдік.* Қасиеті танылмай Тұрса да әзір өзгеге, Жабағының жалындай Жалбырайды *б о з к ө д е* (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

БОЗКІЛЕМ з а т. б о т. *Жасаңшөптер тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.* СССР-де 54, Қазақстанда *б о з к і л е м н і ң* тоғыз түрі өседі (ҚСЭ). *Б о з к і л е м* – әсемдік үшін өсірілетін және балшырынды өсімдік (ҚҰЭ).

БОЗҚАРАҒАЙ з а т. б о т. *Шыршаның бозғылт түрі, қызқарағай.* Аққайыңдар, самалыңды сағындым, *Б о з қ а р а ғ а й* нәрлі еткен. Көрші қызы, жанарыңды сағындым, Бұл өмірді сәнді еткен. Айдын шалқар, Жүзі гауһар Саумалкөлді сағындым (К.Салықов, Жезкиік).

БОЗҚАРАҒАН з а т. <лат. caragana> *Бұршақтұқымдас өсімдіктерге жататын ағаштар мен бұталардың түрі. Б о з қ а р а ғ а н...* көрдің бе *б о з қ а р а ғ а н*? Сирень иісі аңқиды боз даладан. *Б о з қ а р а ғ а н* – тікенек, тікенге өскен Сирень гүлін ешкім де қозғамаған (М.Мақатаев, Шығ.). Қара судың жағасы *б о з қ а р а ғ а н*, *Б о з қ а р а ғ а н* бұтағын козғама, адам, *Б о з қ а р а ғ а н* ішінде бойжеткенге, Бозбалалар бозарып көз қадаған (М.Мақатаев, Шығ.). Жетісу аймағында өсетін ағаштардың бір түрі. Шырғанақ, сөңке, терек, сөгет, емен. Үйеңкі, ырғай, балғын, тораңғылар, Сарыағаш, қойқарақат, жиде, шетен, Тобылғы, түйеқұйрық, бауыркүрттар: Қараған, *б о з қ а р а ғ а н*, шеңгел, шілік сықылды ағаштардың талайы бар (І.Жансүгіров, Шығ.).

БОЗҚАСҚА з а т. э т н. *Садақа, құдайы.* Ей, рақымы мол Алла тағала! Оң сапарыңды бере гөр! Аман сақтай гөр! Я, пайғамбарлар, я шариялар... я әулиелер! Жолдарыңа *б о з қ а с қ а*, ақ сарбас айттым. Қолдай гөр, медет бере гөр!... (Ж.Аймауытов, Шығ.). Өткен іске өкінбе, Атыңа мін, бекін де. Ығысып барып ел отыр, Балықты Балқаш шетінде. Байлардан барып кегіңді ал, Қолың жетті енді өкімге. Жолыңа, жаным, *б о з қ а с қ а,* Алдыма түс те, ел баста. Жеңімпаз туын жеңістің Шайқалдырмай нық ұста (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). – Уа, аруақ! Иә, Құдай! *Б о з қ а с қ а, б о з қ а с қ а*! – деді Байғұл (Б.Майлин, Шығ.). «Алда-ай!», «Ақсарбас!» Ой, Алда-ай, «*б о з қ а с қ а!*» деп қазақ өгіздей өкіріп жылай бастаған заман болды (С.Сейфуллин, Тар жол.).

Бозқасқа шалды. э т н. *Құдайдың жолына қасқасы бар боз түсті жылқы арнады.* Ай тұяқты *б о з қ а с қ а ш а л ы п*, азан шақырып, Айбарша деп ат қойыпты (Т.Ахтанов, Махаббат.). – Әкесі де болып жатыр, Жеті нан құдайы беріп. *Б о з қ а с қ а с ы н ш а л ы п* жатыр, Қиғылықты салып жатыр (С.Кенжахметов, Қуырдақ).

БОЗҚОНАҚ з а т. б о т. *Шабындық немесе мал жайылымдық өсімдік.* Жүрген жерім жазық дала болар-ау, жусан мен *б о з қ о н а қ т а н* басқа ештеңе аяққа оралмайды (С.Бақбергенов, Қарға там.). Жақсы көлдің *б о з қ о н а қ*, өлең, Қоғасы көлдің қозғалады әрең. Лап, етіп жанып, лып етіп сөніп, Лықсиды жүрек-бозбала денем! (К.Мырзабеков, Іңкәр.).

БОЗҚЫДЫҚ: бозқыдық шығарды. *Жат қылық көрсетті, жоқтан өзгені сылтауратты.* – Кел, мырзалар! Замана ыңғайы шалғырт, шенқұмарлықты көксеп, қартая *б о з қ ы д ы қ ш ы ғ а р а* бермей, өткенге қанағат қылып, кешу алып, келешекте түзеліп, жанда олжа көріп, «тек жүрсең, тоқ жүреміз» (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БОЗҚЫРАУ з а т. **1.** *Қара күзде ағаштың бұтақтарында, шөптің бетінде болатын қырбық.* Белдеуге атын байлады Кебек сері, *Б о з қ ы р а у* бұрқыраған аттың тері. Осы күнгі Боқтыбай қыстап жүрген Қара жартас–Кебектің келген жері (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Түсі суық сұр бұлт тар аспанда бір-бірімен жарысып бара жатыр. Жердің бетін аппақ кебіндей болып *б о з қ ы р а у* жапқан (М.Жұмабаев, Шығ.). Боз даланың буалдыр тозаңындай, Бұлдырайды боз бұлттан бозарып ай. Бозша қыстың бүркеген *б о з қ ы р а у ы*, Боз бұтақтар боз саусақ созады жай (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Бір күні ұйықтап қалсақ, жерге *б о з қ ы р а у* түсіпті (М.Тілеков, Дала.). **2.** а у ы с. *Ағара бастаған, ақ шаш. Б о з қ ы р а у* өшер емес самайымда, Ойлаймын самайыма қараймын да; Калинин майданының қары ма екен? Жолы ұзақ жорықтардың шаңы ма екен (М.Әлімбаев, Өшпес от).

БОЗҚЫРАУЛЫ с ы н. *Бозқырау түскен, бозқырауы бар.* Сол бір *б о з қ ы р а у л ы* күзде Сәдуақас өз қыстауына ерте қонды (М.Тілеков, Әділбек Майкотов).

БОЗОН з а т. ф и з. *Спині нөл не бүтін сандар болатын бөлшек немесе квазибөлшек. Б о з о н* Бозе-Эйнштейн статистикасына бағынады (ҚҰЭ). Сондай-ақ аралық векторлық *б о з о н д а р* мен глюондар (спині 1-ге тең) да *б о з о н* болып есептеледі (ҚҰЭ).

БОЗОТ з а т. б о т. *Астық тұқымдас көпжылдық шөптерден (бетеге, бидайық, тарлау, бозселеу т.б.) тұратын табиғи жайылым. Б о з о т т ы ң* вегетациялық өсіп-жетілуі барысында әрбір түлік үшін белгілі бір мерзімді жұғымды кезеңі болады (ҚҰЭ). *Б о з о т* жайылымының өнімі мен құнарлылығы мол кезеңі – мамыр-маусым айлары (ҚҰЭ).

БОЗӨКПЕ[1] з а т. **1.** *Буыны қатпаған, жас.* – Е, сендер ғой тайыншаға да мінуге жарамайтын *б о з ө к п е* балалар едіңдер ғой, – деді Жапекең («Лен. жас»). – Шынында да бұл азамат біздің Күләнжанмен шамалас *б о з ө к п е* емес пе еді? – деді Рахмет (Н.Оразов, Достар.). **2.** а у ы с. *Жуас, ынжық, жасық, былжыр.* «Бәсе, нағашыңа тартқан *б о з ө к п е* боларсың, – деуші едім, дауыс көтеруге жарар түрің жоқ қой. Күмістің де енді маңайынан жүрмессің», – деді ішінен аға сұлтан (І.Есенберлин. Қаһар). Ана *б о з ө к п е* ұлыңды сен Қызылдарға хабаршыға жібермек едің, болмай қалды, иә?! (З.Жәкенов, Таң самалы). **3.** а у ы с. *Бос, мәнсіз. Б о з ө к п е*, нәрсіз сөздерді, жарымжан тіркестерді тықпалаудан туатын тіл жұтаңдығы – ой жұтаңдығы (Р.Нұрғалиев, Күретамыр).

БОЗӨКПЕ[2] з а т. в е т. **1.** *Қойда болатын ауру түрі.* Өлген малдың өкпесі ала-құла болып кететін қойдағы «*б о з ө к п е*» ауруын аталекмикалық пневмонияның баламасы деуге болады (Ж. Бабалықұлы,.. Мал ауру.). **2.** *Құсқа жем ретінде беруге арнап үрленген мал өкпесі. Б о з ө к п е* – малдың үрленген тұтас өкпесі. Құс қайырғанда берілетін жем түрі (Ж.Сатылғанов).

Бозөкпе болды. *Өкпесі күйіп демікті, ентікті.* – Өзі өскен жерде *б о з ө к п е б о п* кешке дейін доп қуатын балаларды аяп, күнде ертемен «Шіркін, ауылға тездеп жетсем» – деп оянатын («Лен. жас»).

БОЗСОРАҢ з а т. ө с. <лат. climacoptera> *Алабұта тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік. Б о з с о р а ң* Қазақстанның шөл және шөлейт аймақтарындағы сор, сортаң, тақыр жерлер мен тұзды көлдер жағалауларында кездеседі (ҚҰЭ). *Б о з с о р а ң* – күздік, қыстық жайылымдардағы бағалы жемшөптік өсімдік (ҚҰЭ).

БОЗСУЫР з а т. з о о л. <лат. Marmota bobac> *Кеміргіштер отряды тиін тектестер тұқымдасына жататын сұтқоректі. Б о з с у ы р д ы ң* арқа жүнінің реңі құм тәріздес сарғылттау, қыр арқасы қара немесе қара бурыл қылшықты (Сонда). *Б о з с у ы р* шөптесін өсімдіктері аласа далалы аймақтарды мекендейді (Қаз. тілі термин. Биология). *Б о з с у ы р д ы ң* терісі бағалы, кәсіптік жолмен ауланатын кеміргіш (Қаз. тілі термин. Биология).

БОЗТАЛ з а т. б и о л. *Бұтақтары өте жіңішке, майысқақ жас тал.* Ыбырайым жарқабақтан әуелі өзі төмен түсіп, сосын маған қолын созады. Мұнды *б о з т а л.* Орыстар плакучая ива дейді... (Ә.Сәрсенбаев, Батыр.). Жыра-жырадағы *б о з т а л,* шілік, тобығы, жабайы жеміс ағаштарынан ит тұмсығы өтпейді (Б.Шаханов, Қаратау.). Орманның негізгі ағаштары: әр түрлі терек, *б о з т а л,* жиде, торанғы, шеңгел (Н.Баяндин, Өзен алқаб.).

БОЗТАЛДАЙ с ы н. *Бозтал сияқты, бозтал тәрізді.* Көтерер адам көңілін, Құрбылар қанша жез таңдай. Қасиетімен жерінің Барлығы бойшаң *б о з т а л д а й* (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

БОЗТОРҒАЙ з а т. **1.** *Түсі қоңыр ала, қанаты ұзын, бауыры ақшыл, дене тұрқы 20 см-дей құс.* Домбырам басы балқурай, Басына қонар *б о з т о р ғ а й.* Арпа ішінде бір бидай, Теріп жейді көп торғай (Қаз. әндері). Күйшіден күйші қоймады. Тәтті әуезге тоймады, Өнері өрге өрледі. *Б о з т о р ғ а й д ы,* бұлбұл құсты, Боз жорғаны, боз інгенді – Бәрін күйге түсірді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Әлде алдында жүрмей ме сылаң қағып, Даланың еркелері үкі тағып? Табиғат өксімей ме әдемі үнмен, *Б о з т о р ғ а й м е н* қосылса әнге салып? (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Әуеде шырлар *б о з т о р ғ а й,* Қалқам қалды-ау зар жылай. Ей, Гауһар қыз, Алма мойын қоңыр қаз! (Ә.Найманбаев, Шығ.). **2.** з о о л. <лат. alaudidae> *Торғайлар отрядына жататын сайрағыш құс.* Қазақстанда *б о з т о р ғ а й д ы ң* 6 туысқа жататын 13 түрі бар (ҚҰЭ). *Б о з т о р ғ а й* өсімдік дәнімен және жәндіктермен қоректенеді (ҚҰЭ).

Қой үстіне бозторғай ұя салған [жұмыртқалаған] заман. *Тыныштық орнаған, берекелі заман.* Ит басына іркіт төгіліп, *қ о й ү с т і н е б о з т о р ғ а й ұ я с а л ғ а н* осы *з а м а н д а* жаман болған адам қайбір адам дейсің (С.Досымов, Жаңғырық).

БОЗТОРҒАЙДАЙ с ы н. *Бозторғай сияқты, бозторғай тәрізді.* Көкшолақпен тепеңдеп, Жақсы өмірге жетем деп, «Ри, қойым» ырылап, *Б о з т о р ғ а й д а й* шырылдап, Қой жайғам мен де жасымда, Бақытты қазір шопандар, Қамқоршың ұлы Отан бар (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

БОЗТІКЕН з а т. б о т. <лат. acan thophyllum> *Қалампыр тұқымдасына жататын көпжылдық бұта не шөптесін өсімдік. Б о з т і к е н* көпжылдық шала бұта және шөптесін өсімдік түрінде кездеседі (ҚСЭ). *Б о з т і к е н* тамақ, тоқыма, тері өңдеу, кондитер, парфюмерия өндірісінде қолданылады (ҚҰЭ).

БОЗҮЙ з а т. 1. *Қонақ күтуге арналып тігілген киіз үй.* Ақ үйдің оң жағынан қонақтар үшін тігілген алтықанат *б о з ү й* тым-тырыс (Ғ.Мұстафин, Өмір.). 2. с ө й л. ***Киіз үй.*** Тау сағасына жете бергенде, алдымызда сарқыраған шағын өзеннің бойында бір *б о з ү й* және бор ақ шатыр көрінеді (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). Аңсарым ауып *б о з ү й г е* Келе алмап едім шешімге, Аршалы сайдың төсінде, Жайлаудың айлы кешінде (М.Мақатаев, Аққулар.).

БОЗША с ы н. *Бозғыл, бозғылтым.* Болады жаның жерге құлағандай, Сиқыр жел өзі шашың сылағандай. Адасқан енесінен *б о з ш а* бота Сен үшін қыр басында жылағандай (Х.Ерғалиев, Құрманғазы). Бақыт, көңіл хошы, сұлулық – күллісі тек қана тау ішінде, оның орманы мен бұлбұлында, бұлағы мен *б о з ш а* тастарында сияқты (Д.Әбілев, Ақын.). Бір мерген *б о з ш а* құсты атып алды, Қоймады, өлтіріп-ақ жалғыз жанды (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.). Боз даланың буалдыр тозаңындай, Бұлдырайды боз бұлттан бозарып ай. *Б о з ш а* қыстың бүркеген боз қырауы, Боз бұтақтар боз саусақ созады жай (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

Бозша тайлақ. *Бозғыл түсті, екі жасқа толмаған түйе төлі.* Қара інген от басында

шөгіп жатыр, Жүгірген *б о з ш а т а й л а қ* жар жағалап (Қозы Көрпеш.).

Бозша торғай. з о о л. *Түсі бозғылт, торғай тұқымдас жыршы құс.* Ұшады *б о з ш а т о р ғ а й* көдені ықтап, Басасың аяғыңды нықтапнықтап. Кәрі әжем естімейді нана берсін, Берейін өлеңіммен шын ұшықтап (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Үсті құрғап, жемге тойып, әлденіп алған *б о з ш а т о р ғ а й* үй ішінде еркін ұшып жүр екен (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Көгінде шырылдайтын *б о з ш а т о р ғ а й*, Сескеніп қырғи құстан жерге қонбай (Ө.Тұрманжанов, Өлеңд.).

БОЗШАҒАЛА з а т. з о о л. <лат. larus fuscus> *Шағала тұқымдас құс. Б о з ш а ғ а л а н ы ң* қанатының үсті қара қоңыр, басқа жерлері ақ түсті келеді (ҚСЭ).

БОЗШАҒЫЛ з а т. б о т. *Құрғақ аймақта өсетін астық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Б о з ш а ғ ы л* – неоген кезеңінде тропикалық саванналарда дамып, осы заманға келіп жеткен реликт өсімдік (ҚҰЭ). *Б о з ш а ғ ы л д ы* халық арасында тарла, қызылот деп те атайды (ҚҰЭ).

БОЗШЫЛ с ы н. *Бозғылт, ақшыл.* Ләззат ойлы, Таянады оң жағын. Күбірлейді *б о з ш ы л* тартқан еріні Есіл жігіт, ес жия алмай қалғанын, Көтере алса жарар сол бір дәріні (Н.Әлімқұлов, Алатау.).

БОЗШЫМШЫҚ з а т. з о о л. <лат. pyrrhula pyrrhula> *Құнақтар тұқымдасына жататын құс. Б о з ш ы м ш ы қ* бір жазда екі рет балапандайды (ҚҰЭ). *Б о з ш ы м ш ы қ* әртүрлі ұсақ жәндіктерді, ағаш тұқымын, бүршігін, жас жапырағын жейді (ҚҰЭ).

БОЗЫҚ= е т. *Бозару, сұрлану.* Жарқырап жатқан асылын Қатындар келіп көреді. Көрген қатын қызықты, Қызыққанның себебі Алтыннан түсі *б о з ы қ т ы* (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

БОЗЫМ[1] з а т. ж е р г. *Айыр өркешті түйе. Б о з ы м* күшті болады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БОЗЫМ[2] с ы н. ж е р г. *Боздақ, ардақты.* Мақсұт үйге кіріп келгендей көз алдына мандайы жарқырап, дөң қабақ, ер келбетті *б о з ы м* жігіт тұра қалды (Ш.Мұртазаев, Интернат.). Күйеуі де аузынан сөзі түскен *б о з ы м* (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). Әй, Нұрперзент! Сенің ағаң *б о з ы м* еді ғой (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Әлжуаз балалар – аяншақ аналардың әлпештеген *б о з ы м д а р ы* (М.Әлімбаев, Тәрбие.).

БОЗЫМЫҚ с ы н. с ө й л. ***Бозамық.*** Жер бетін жұқалтаң *б о з ы м ы қ* тұман басқан елең-алаңда оларды атуға алып келе жатты («Лен. жас»). *Б о з ы м ы қ* перде сыртынан жаңа қаңылтырдай мезгіл-мезгіл даңғыр ете қап, кенет қайтадан үзілген әлсіз мотор даусы естіледі (Ә.Сәрсенбаев, Капитан.). Жұлдыздар жамыраған, жер бетін жұқалтаң *б о з ы м ы қ* тұман жапқан алаң-елеңде оларды атуға алып келе жатты («Лен жас»).

БОЗЫМЫҚТАН= е т. с ө й л. ***Бозамықтан.*** Екі көзі терезеден *б о з ы м ы қ т а н ы п* келе жатқан болымсыз жарықты денесімен бүркеген Төкеннің әрбір қимылында (М.Дүзенов, Әке.).

БОЙ[1] з а т. **1.** *Адам мен жан-жануарлардың тік тұрғандағы дене тұрқы.* Түйе *б о й ы н а* сеніп, жылдан құр қалған (Мақал-мәтел). Айсұлу қалаша киінбеген. Өзіме тете ағам бар; менен 2–3 жас үлкен болғанмен, менің *б о й ы м* онан аласа емес (Б.Майлин. Шығ.). Ауызданбай үш күндей жатып алып, Анамның құрсағынан безіп кеппін. Болса да *б о й ы м* қысқа, денем мықыр, Жалғанның қиынына төзіп кеппін (Бақтыбай ақын, Жел қобыз). Ал қарағай сұлу сындардай Сымнан тартқан сымбалдай, Көгерген бүрі қуармай, Шөлде өссе де суармай, *Б о й ы* сұлу болғанмен, Көлеңкесі талша жоқ (Дулат Бабатайұлы, Замана.). *Б о й* болғанмен, Ақымақтың Түк болмайды ойында. Оты бар да шақпақтың Жылуы жоқ бойында! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **2.** *Тұла бой, дене.* Ағарсын шашым, мейлі, ағармасын, Алаң боп ауырмағай оған басым. Жастықтың оты сөнер, оты сөнер, Қызуы *б о й д а* бірақ жоғалмасын (М.Мақатаев, Шығ.). Жарлы болдың, бай болдың, Барыңды *б о й ғ а* жиынып. Өткір жүрек, қызыл жүз, Қаламдай қасың қиылып (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Әдемі қызғылт күрең галстук салған көкшіл көйлегі таза, қара көк костюмы иық омырауымен мұның ұқыпты *б о й ы н а* жарастықпен қонған (М.Әуезов, Өскен өркен). Кемпір-шалдың Едіге Жарқырап атқан таңы екен. Қараңғы үйдің шамы екен. Сүйсе сусын қандырған Едігенің *б о й ы н д а* Бір-екі белгі бар екен (Бақтыбай ақын, Жел қобыз). **3.** *Өзі, қара басы.* Тәңірі қосқан жолдасы Жаман болса жігіттің Жатқа *б о й ы* сыналған (Базар жырау, Шығ.). Халқымда бар қасиеттің барлығы Өз *б о й ы м н а н* табылмаса – біткенім, Онда менен бұл күресте үлкен жеңіс күтпегін (М.Шаханов, Ғасырлар.). Болмағанның белгісі: Бұлғақтап едің асаудай, *Б о й ы ң а* жанды теңгермей (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). Жігітке қисық қылық мінменен тең, Жараспас жас *б о й ы н а* сынменен тең. Надан бар көңілі қара, қолы сараң, Қараңғы жүрегі оның түнменен тең (Ә.Найманбаев, Шығ.). **4.** *Өзен, жол, сай, көше, тағы басқалардың жағасы, жағалауы, жиегі.* Шу *б о й ы н а*

ығыр ғып, Төрт түлік демін алдырып; Қошқардың шешпей күйегін Қойды қасқыр қалдырып (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Қара Қобданың *б о й ы н д а* бір ауылда үлкен той болып жатыр екен. Сол тойды Тәйтәй Қаракесектің бір жыршысы бастайды (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Қызылды қыстап жаз болса, Саланың *б о й ы н* жайлаған (Базар жырау, Шығ.). Өзен *б о й ы н а* ұзыннан салынған ауылды жағалап келеміз (Б.Майлин, Шығ.). **5.** *Үлкенді-кішілі қоныстың, тұрақ-жайлардың алқабы, өңірі.* Кез еді күні өткен үлкен соғыс, Маман бай Торғай *б о й ы н* қылған қоныс. Жайлауы ел шектінің Еділ, Жайық, Қараған Орынборға жүз отыз болыс... (Айман-Шолпан.) Бір жолы сіздің жақтан дәм бұйырып, Мен дағы Сыр *б о й ы н а* барып едім (Айтыс). Көкшетаудың *б о й ы н д а* алтын көп екенін білеміз, – деді Таубай (С.Мұқанов, Аспаз). 1855 жылы ол генерал Госфортпен бірге Орталық Қазақстан, Тарбағатай және Жетісу *б о й л а р ы н* аралаған (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). **6.** *Сырт киімнің алғы және артқы өңірі.* Бұл тігіс киімдердің *б о й* жапсарын, етегін, жең ұштарын бүгетін жағдайда қолданылады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Комбинезонның артқы *б о й ы,* тұтас бойы пішілген, алды белден төмендеу қиылған (Тракторист.). **7.** *Мезгіл мәнді есім сөздермен тіркесіп, белгілі бір мерзім, мөлшер бітkенше деген мағынаны білдіреді.* Қан сорған ғасыр *б о й ы* жауыздарды, Жазалап абақтыға тыққан жылы. Арасын қас пен достың білген жылы, Теңдік ап, ер-әйелдер жүрген жылы (К.Әзірбаев, Таңд.). Осы күні кеш *б о й ы,* түн *б о й ы* Тәкежан үйі мен Ысқақ үйінде кезек кеңес болды (М.Әуезов, Абай жолы). Нарманның айдары бар, шайнары жоқ, Қыс *б о й ы* қызыл турам ет жемейді (Базар жырау, Шығ.). Соңғы бес күн, бес түн *б о й ы* мен осындай қатал да болса, әділ үкімді естуге өзімді-өзім дайындап едім (Б.Момышұлы, Москва.). Жол *б о й ы* көңілсіздеу болған Лида кенет қайта көңілденіп, өзгеден ерек көп күліп, ұшқалақтау болып кетті (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). **8.** *Көлем, мөлшер мәнді есім сөздермен тіркесіп, белгілі бір затпен салыстырылатын өлшеу атауын, мөлшер-шаманы білдіреді.* Кісі *б о й ы* қол ұсыным бақан қадаулы, ол ат байлайтын ағаш (Ғ.Сланов, Домбыра.). Оның жалпақ жауырыны қақпақтай, жұдырығы тоқпақтай, сыртынан қарағанда құйған пештей болып оқ *б о й ы* алдымызда отырады, астындағы сар қасқа аты оқтай ойнап келеді (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Ол күннің тұсау *б о й ы* көтеріліп қалғанын көрді де, шап етіп қатынымен ұрыса кетті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). **9.** *-ған/-ген формалы есімше тұлғаларымен тіркесіп, амал-әрекеттің алғашқы шағын я белгілі бір өзгермейтін қалпын білдіреді.* – Әй, жігіттер, қойыңдар енді, ақымақтар түге! – деп, ағызып келген *б о й ы* бердеңкеден аспанға атып-атып жіберді (М.Жұмағұлов, Қыран.). Машинаның үстіне шығып алған Мақсұт пен Раушан кабинаға сүйенген *б о й ы* тік тұр (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). От емес, өрт екен бір қалың шұбақ Қалмайтын қарығанда, жаның шыдап, Екпінмен келген *б о й ы* қойып кеттім, Қойсын ба тұрған дене жану сұрап? (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Аза бойы қаза болды [тұрды, тік тұрды]. *Жаны тұршікті, шошынды; жек көрді.* Естиді адам кей-кейде бір сұмдықты, *А з а б о й ы қ а з а б о л а р* шындықты. Сол күні өзім түс көріп ем тым жаман, Үстімдегі үйді дауыл жығыпты (Ғ.Қайырбеков, Қосбасар). Маржанның мен десе *а з а б о й ы қ а з а т ұ р а д ы.* Тәрізі қорықса керек менен (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Бұрын балаларымыз оқуға бар дегенде, *а з а б о й ы т і к т ұ р ы п,* көзінен жасын төгіп, жаны шошушы еді (С.Торайғыров, Таңд. шығ.).

Арқан бойы. э т н. *Бір шумақ арқанның ұзындығындай қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* Бір молда шәугім ұстап, тысқа шықты, Бүкшеңдеп арба айнала қақырынып. Қисайған, Құс секілді жалғыз қара Ауылдан *а р қ а н б о й ы* тұрды дара (С.Торайғыров, Шығ.). Жұмысшылар ет жеп болған кезде жартыланып туған ай *а р қ а н б о й ы* көтерілген еді (С.Сейфуллин, Шығ.).

Аспанмен бой таласқан. *Зәулім, биік.* Сонау көгілдір *а с п а н м е н б о й т а л а с қ а н* – пионерлер сарайы («Соц. Қаз.»).

Ат бойы. э т н. *Ат бойының ұзындығындай қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* Мынадан сұрашы, – деп өздерінен *а т б о й ы* кейін тұрған Тәңірбергенді иегімен ымдады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Бойды алды. а) *Еркін биледі, денені балқытты.* Сонан соң барып жас адам, жатты да біраз ойланып ұйқыға шалды қайтадан, ұрланып ұйқы *б о й д ы а л ы п* (Ж.Молдағалиев, Поэм.). Июнь айы. Балаусаланып піскен көк шөп иісі мұрынға еніп, *б о й д ы а л а д ы* (Х.Рахимов, Қарлығаш.). Күнайым гүл-гүл жайнап нұрланыпты, Ғашықтық мас қып әбден *б о й д ы а л ы п т ы.* Үйқыда патша ханым жатқан шақта, Мергеннің қызы жылап ояныпты (Батырлар жыры). ә) *Толқытты, тебіренттті.* Құлақтан кіріп, *б о й д ы а л а р* Жақсы ән мен тәтті күй. Көңілге түрлі ой салар Әнді сүйсең, менше сүй (Абай. Тол. жин.). Бұлбұл жыры, бұлбұл үні, Бұлбұл үні *б о й д ы а л ы п,* Бал тамылжып тәтті күйі, тәтті күйі ойды алып (Ж.Сыздықов, Белестер).

Бой алдырды. а) *Титықтады, шаршады.* Өткен түн қасқырмен айқаста қатты қимылдап, *б о й а л д ы р ғ а н* түрі бар (Т.Ахтанов, Дала сыры). Сараң басып сар тайым Сабылды *б о й а л д ы р ы п* (Ғ.Орманов, Сәт сапары). ә) *Өмірдің ыңғайына, ырқына берілді, содан аса алмады.* Көп адам дүниеде *б о й а л д ы р ғ а н, Б о й а л д ы р ы п,* аяғын көп шалдырған. Өлді деуге бола ма, ойландаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған (Абай, Тол. жин.).

Бой алдырмады. *Берілмеді, жеңілмеді.* Олар бірнеше күнгі жаяу жүріске *б о й а л д ы р м а ғ а н* сияқты (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Торғай өлкесінде тұрушы қазақ емсектерінің айтуынша, түйе мәлік індетіне онша *б о й а л д ы р м а й д ы* (Х. Арғынбаев, Мал ауру.).

Бой бақты. *Өзін-өзі тежеді, алды-артын байқады, тартынды, аңысын аңдыды. Б о й б а ғ ы п* мен анадай алыс тұрдым, Бұлардың не қылғанын көзбен көрдім (Мәшһүр Жүсіп, Шығ.). Жақсылықтан жамандық асып кетті, *Б о й б а ғ ы п* тұру артық келсе шаман. *Б о й б а қ п а й,* бетіңменен аға берсең, Ақырында пұлсыз болып кетер бағаң (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). Оспан Абайдың ажарына көз қиығын тастап, әлгідей ұрыс үнін естумен ілес, енді сескене түсіп *б о й б а қ т ы* (М.Әуезов, Таңд.). *Б о й ы н б а ғ ы п,* үнсіз тұрған Шырынкүл осы арада сөзге араласты (С.Омаров. Өмір.).

Бойын мұң басты. *Еңсесі түсті, мұңайды.* Кенедейден көзімді ашқан жауым, Еске түсіп, *б о й ы м д ы б а с қ а н ғ а* мұң, Деген ой «жастығымды ала жатсам», – Жоқтұғын менің мүлде басқа арманым (М.Мақатаев, Шығ.).

Бой берді. *Жеңілді, еркіне көнді, ырық берді, жетегінде кетті.* Құдай кесел қылмаса қайратыма, Не қылып бір Қодарға *б о й б е р е р м і н* (Қозы Көрпеш.). Ойларға өзге *б о й б е р г е н* Не мені алған шырматып, Өзгені онша қол көрмей, Жүректі сорға сыздатып (Б.Күлеев).

Бой бермеді. *Айтқанға көнбеді, ырық бермеді, дес бермеді.* Жалтақтаймыз, Жасырамыз несіне! Жамандықты кейін алдың есіңе. Төсегіңді төрт қабаттап жатып ап, Тойған қарын *б о й б е р м е й д і* иесіне! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Бала күнгі базар тарқап той көрмей, Көкірегіңді кернесе де ой нендей. Елің барда еркін өсіп ержетіп, Жетімдікке жетілдің сен *б о й б е р м е й* (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Ер жігіт тірі шақта нені көрмес, Ер болса қасіретке *б о й ы н б е р м е с.* «Ел кегі жауға кетпес» деген бар ғой, Дегенге кек қайтпайды көңіл сенбес (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Құштарлығым *б е р м е г е с і н* тіпті *б о й,* Бәрі бұдан терең болмай шықты ғой (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Бой бойлады. *Өз ойлағанымен болды, өз бетімен жүрді.* Қарабай қартайғанша *б о й б о й л а д ы,* Жер жүзіне сыймаған мал айдады (Қозы Көрпеш.).

Бойға ас [тамақ] батпады. а) *Ішкен-жегені бойына тарамады, сіңбеді.* Қарынның тойғанына көңіл тоймас, *Б а т п а й д ы* жан ауырса, жалаң *б о й ғ а а с* (Т.Әлімқұлов, Сапар). Күн ұзаққа темірмен айналысып, кешке үйіне келіп еді, үш бөлмелі пәтерге өзін-өзі сыйғыза алмады, *т а м а қ т а б о й ғ а б а т п а д ы,* ұйқы да келмеді, Қарлығашты ойлап алаңдай берді (Ж.Жұмаханов, Мен жұмысшы.). ә) *Көңілі көншімеді, мазасы кетті, тыншымады.* Е, Қасымқанның қатынының мінезі мәлім ғой, бұлдыратып жүріп бірдемені артық қағыстырып алмаса, оның *б о й ы н а а с* т а *б а т п а й д ы,* – деп, Жамила қала барды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). – Басына бәле бұлты оралып жүрмесе, *б о й ы н а а с б а т п а й т ы н* Базаралы құтыртып отыр ма? – деген сұрақ койды Тәкежан Абайға (М.Әуезов, Шығ.).

Бойға біткен. *Қанға сіңген, үйреншікті.* Үлкеннен үйрену, еліктеу – баланың *б о й ғ а б і т к е н* қасиетінің бірі («Қазақст. мұғ.»).

Бойға жайылды. *Денеге тарады.* Алыстан сермеп, Жүректен тербеп, Шымырлап *б о й ғ а ж а й ы л ғ а н* (Абай, Шығ. жин.).

Бойға жетті. *Көмелетке толды, есейді.* Бүркеніп, жалғыз отырсың *Б о й ғ а ж е т к е н* жас бала. Ұнатсаң айтқан сөзімді, Күлмеңдеп көзің бері қара! (Ш.Смаханұлы).

Бойға жігерін жиды. *Күшін жинады, әлденді.* Алдыңғы тобын жіберді, Көздерінен өткізіп, *Ж и д ы б о й ғ а ж і г е р д і,* Шеңберіне жеткізіп. Екінші топ келеді, Сағындырған күткізіп. Тал жамылып тасада, Батырлар жатыр тістеніп, Бойларында қан қызып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Бойға жұқпады. *Пайдасы болмады, сіңбеді.* Жаман сол – жақсы сөзді ұға алмаса, Ғалым болмас ұстаздан дұға алмаса. Молла есімін алған жан толып жатыр, Не керек ғылым *б о й ғ а ж ұ ғ а а л м а с а* (Шал ақын, Өлеңд.).

Бойға өлшеді. *Шама-шарқына қарады, әлін білді.* Ақылсыз өзін мақтап былжырайды, *Б о й ы ң а ө л ш е п* сөйлесең, нең құрайды (Абай, Шығ. жин**.).**

Бойға тарады. *Еркін алды, бойын биледі.* Елестетіп Айдар көркін, Кетті Әнуар терең ойға. Тәтті сырлар билеп еркін, Сағынышы *т а р а п б о й ғ а* (С. Бегалин, Таңд. өлеңд.).

Бойға үйір қылмады. *Жолатпады, жақындатпады.* Қой баға алмайтын жаманың Нұрділда мен Тоқмамбет, Аузыңды бірлеп бүтін бол, Енді өзіңе күшті бол, Сендерге сырттан көз салар, *Ү й і р қ ы л м а б о й ы ң а* Әр торайдың

сағалын... (Базар жырау, Шығ.). Тілегімді бермесең, Амалым не, жерлесең! *Үйір қылма бойыңа,* Шыны жақсы көрмесең (Абай, Тол. жин.).

Бойға шапты. *Денеге жайылды.* Сезбей ме жақын жүрек, төнсе хауіп, Қасірет білінбей ме *бойға шауып?* Зар қағып, аласұрған атаанасы, Таң атты, жалғыз ұлын алды тауып (Қ.Тоғұзақов, Сібір Омар).

Бойдағы күш қайысты. *Күші тасыды, шабыттанды.* Барады *бойымдағы күш қайысып,* Ажалмен алдым бүгін түс шайысып. Мен сені кетеді деп ойламаппын, Жөнелген жылы жаққа құстай ұшып (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).

Бойдан асты. *Күш жетпеді, қолдан келмеді.* Табиғаттың дүлей күші кейде *бойдан асып* та кетеді (Көктем лебі).

Бойды биледі. а) *Ерікті алды, балқытты. Бойды билеп* тәтті сезім, Тілегенім табылып. Жарқырады жас көңілім, Жаным нұрға малынып (Ш.Смаханұлы, Тотияйын). Мен айттым, жау шапса да жетпейміз деп, Барады ұйқы қыстап *бойды билеп.* Жылқыны сендер айдап жөнеле бер, Қысылсаң ертең түсте жетем іздеп (Батырлыр жыры.). *Бойым* кенет бір қауіп *билеп* кетті (І.Есенберлин, Алмас.). *Бойды билеп* қуаныш Саған алғаш барып ем. Дүниеге тым алыс Жас кезімді салып ем (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). ә) *Өзіне-өзі келді, буынын бекітті.* Ауытқып батыр тұлпардың Ағынына шыдамай Зорлықпен *бойын билейді* (Базар жырау, Шығ.). Бекбол *бойын* тез *билеп* алып, талайдан сағынып, құштар болған жан жүйесін көргендей, бар ынтасымен: «Сәтбек! Қайран Сәтбек-ай, тірі ме едің, бар ма едің?» – деді қуанған тәрізді (М.Әуезов, Шығ.).

Бойды жеңді. а) *Ерікті биледі, елітті, балқытты.* Жас жүректің толқынын дөп, Жаза алыпсың толтырып. *Бойды жеңіп* бұл асыл леп, Тұрды титық көп құрып (Абай, Шығ. жин.). ә) *Нәпсісін тыйды.* Сен ақылмен көңіліңді тыйып *жеңдің бойыңды* (Абай, Тол. жин.).

Бойды кернеді. *Ішке сыймады, шыдатпады.* Жасынан талант қайнап, *бойды кернеп,* Тұтанып от жалындай шықтың өрлеп. Жаныңда тілдің тілі, өмір гүлі, Бостандық бақытына тудың шөлдеп (И. Байзақов, Таңд. шығ.). *Бойды кернеп* барады аңғал күшім, Қайткенде де қалап тұр жанжалды ішім. Жылқышы қарт мырс етті миығынан: «Қарай гөр зәнталақты, малжандысын!» (М. Мақатаев, Шығ.). Оның ыза мен намыс *бойын кернеп,* жаны ашынып барып ерлік істепті (Б.Момышұлы, Москва.).

Бойды ұрлады. *Бой тасалады.* Ол жүрген жоқ бақ іздеп, Қашпайды бақтан *бойды ұрлап* (Абай, Шығ. жин.). Дүние бір көз алдында, *Бойын ұрлап,* тәжім қылып: Ақырын-ақырын жылжып қана, Ғайып болды сылқ-сылқ күліп (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын).

Бойды шымырлатты. *Еліктірді, елітті.* Лебізі құлаққа жағып кетті, жүректі тербетті, тамырды желпіндірді, *бойды шымырлатты* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Бой жазбады. а) *Тыным таппады, демалмады, тыныштық көрмеді.* ...Еңбегімізді елейік деп, күн-түн *бой жазбай,* сол тамақ, кәсіп соңындамыз! – деп күрсіне түсіп, Дәмежан ойлы жүзбен өз жайын аяқтады (М.Әуезов, Таңд.). Жадында тұтсын ұрпақ, жасырмай айт: Ақтабан шұбырынды өткелдерін, Аруды арам жандар өпкендерін, Боз інген ботасы өлген *бой жаза алмай,* «Елім-ай» Аруана шөккен жерін (М.Мақатаев, Шығ.). ә) *Еркін, жайдары бола алмады.* Мен астанадан келдім. Беделім де, қызметім де одан жоғары. Сонда да оның алдында кібіртіктеп, *бойымды жаза алмай* қалдым (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Бой жазды. а) *Денесінің құрысқанын тарқатты.* Біраздан кейін Қаншайым орнынан тұрды. Қос қолын желкесіне салып, құрысқан *бойын жазды* (Ө.Қанахин, Мұрагер). Палуандар айқас алдында, әдетте шымылдық тасасында, киім шешетін бөлмеде *бой жазады* (М.Танекеев, Қажымұқан). ә) *Дем алды, денесін сергітті.* Сызға ұйықтап, мұзды жастанған, *Бойын бір жазды* шіркін ер. Ақшуақ болып аспаннан, Құйылды жерге күлкілер (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Тепеген нөсер толастап біраз, ес кірсе, *Бой жазайын,* қасыма келші, кеш кірсе. Соноу бір қырдан құлаған бері отардан Қозының даусы-ау, қозының даусы естілсе! (М.Мақатаев, Шығ.). б) *Кеңшілік алды, еркіндікке қолы жетті.* Осыдан былай мен *бой жазып* өзіме-өзім келдім (Б.Майлин, Шығ.). Адамзат *бойын жаза* алмай, Жолды тастап жонға асса, Өлгенге ләхат қаза алмай, Жаяудан атты оза алмай, Құрт-қашарат қырылып, Жерден рахат түріліп, Жабусыз малдар жайына Жүре алмайды бұрылып (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Темір емес, мен дағы адаммын ғой, Аңнан емес, адамнан жаралдым ғой! Шәміл-ау! Тұңғиыққа қамалдым ғой! Қайтермін?! Қайда барып *жазармын бой?!* (М.Мақатаев, Шығ.). в) *Алысқа ұзады, бойын жасырды.* Қасқыр енді *бой жазып* қаша алмады (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Бой жазу. *Дем алу, сергу.* Саршатамыз күзге көңіл ашылып, Толқып тұрмын, Жүрекке жыр тасылып. Қызыл жапырақ тағы да бір

жарқ етті, Қоштасарда *б о й ж а з у ғ а* асығып (К.Салықов, Жезкиік).

Бой жасады. *Өлер алдында бір сәт сергіді, аурудан айыққандай сезінді.* Жағаға бір қоңыр қаз келеді жүзіп, «Жас мерген, көр» дегендей көзін сүзіп. Ақ торғын омырауын аққа басып, *Б о й ж а с а п* талпынды мойнын созып (Б.Адамбаев, Ақбөбек). Сол күні анам соңғы рет *б о й ж а с а д ы* (С.Жүнісов, Жапанда.).

Бой жетті. а) *Ұзарып өсті, биіктеді.* Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен, Меннен, кердең, қайғысыз ер көңілмен. Жазғытұрым жасырып жердің бетін, Жасыл шөппен, *б о й ж е т к е н* егінмен тең (Абай, Тол. жин.). ә) *Кәмелетке толды, есейді (қызға қатысты).* Сенің қызың *б о й ж е т т і*, Менің балам ер жетті, Екі жасты қосалық, ұнасқан жасқа біз де бір Рақымшылық жасалық Кешегі күнде жарлы едің, Төгілме тасып соншалық! (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Сұлу қыз тәрбиеде өскен кезі, *Б о й ж е т і п,* күйеу алар келді кезі. Ақ жүзі он бестегі толған айдай, Алтындай жарқырайды екі көзі (XX ғ. қаз. ақын.). Нағыз ғашық қарттығына көнер ме?! Қорлан өзі кейінірек қылтамақтан өлерде Әжімді жүзі қуарып, түнеріп, Күйеуін сыртқа шығарып жіберіп, Ақпалап, қозып делебесі де *Б о й ж е т і п* қалған немересіне Естайдың әнін салдырып, Жанарын шоқтай жандырып, «Бақыттымын, бақыттымын», – депті де Көз жұмыпты мәңгілік (М.Шаханов, Ғасырлар.). Ата-анаңның қара да қабағына, Күнделікті көңіл қой сабағыңа. *Б о й ж е т к е н* соң боз көйлек жаңаланып, Бір теңдесің кез болар талабыңа (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

Бой жылытты. *Тебірентті, толқытты.* Дүние ойдан шығады, Өзімді-өзім ұмытып, Көңілім әнді ұғады Жүрегім *б о й д ы ж ы л ы т ы п* (Абай, Тол. жин.).

Бой жылыту. *Денесін жылыту, ыстық ас ішу.* Халық суықта тоңып, *б о й ж ы л ы т у* үшін тамақты өте ерте ішеді (Е.Оразақов).

Бой көрсетті. а) *Қарасын көрсетті, көзге түсті.* Асықпаңдар, қас қарайсын, *Б о й к ө р с е т п е й* кеткен жөн (М. Әуезов, Таңд, шығ.). Ұлым, сенен сұранам, Тірлігіңде *б о й к ө р с е т п е* жырадан. Ұлым, мені таба қылма мынаған (М.Шаханов, Ғасырлар.). Қызыққандықтан да ол бұрыннан оған біресе ақшасымен, біресе астындағы «Волгасымен» *б о й к ө р с е т е* жүретін (Ж.Жұмаханов, Мен жұмысшы.). ә) *Қыр көрсетті, сес қылды. К ө р с е т к е н,* Сапақ мырза, бұл қай *б о й ы ң,* Жарыла шыға шауып, жиып топ-топ?! (Ғ.Қайырбеков, Дала.). б) *Өз ой-пікірін сездірді, кім екенін байқатты, қарсы келді.* Танакөз өткір тілін Жақыпқа салып-салып алғанда, оны қорғауға бірі батқан жоқ, *б о й к ө р с е т к і с і* келмеді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). – Мұғалім баланың қамын өзінен бетер ойлап отырған бір жан екен, араласып нем бар, *б о й к ө р с е т п е й,* үн шығармай қайтып кеттім, – деді Болатбек (Майдан). Ешкім мін тақпады *к ө р с е т і п б о й.* Ескінің құритын әдеті ғой (А.Шамкенов, Сырларым.).

Бой көрсету. *Қыр көрсету, сес қылу.* Осы *б о й к ө р с е т у* маневріне шыққан казақ-орыс жүздіктерінің жолын тосып, бергі жағынан Белан, арғы жағынан Әйтиев қозғалған (Х.Есенжанов, Тар кезең).

Бой көтерді. а) *Биіктеді, бойлады.* Жар жиегіндегі қаланың биік үйлерінен *б о й к ө т е р г е н* күннің қиғаш сәулесі судың бетімен арғы жағаға сырғып бара жатқандай (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң). ә) *Тұрғызылды, салынды.* Шымкент облысының жауынгерлік даңқ орындарына жасалған жорықтар кезеңінде 52 ескерткіш және обелиск *б о й к ө т е р д і* (Т.Бейісқұлов, Әкелер.). б) *Көрінді, көзге түсті.* Жо-жоқ, дедің. Қатулы еді бұл кезің Көкірегіңнен *б о й к ө т е р д і* бір сезім, Біздің дағы шаттығыңның құларын, Төсегіңде ұзақ жатып жыладың (М.Шаханов, Ғасырлар.). в) *Сейіл құрды, көңіл сергітті.* Үш жігіт атқа мініп, *б о й к ө т е р і п* келуге шықтық. Аттарымыз да сейдін, көңіл де сейдін (С.Сейфуллин, Тар жол.). г) *Еңсесін көтерді, басын көтерді, көңілденді.* Жау талаған ойыңды, *К ө т е р м е й с і ң б о й ы ң д ы.* Тұрмыстың ұзын құрығы Бұрды ма түсіп мойынды? (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Мұнан кейін кемпір тағы да: «Киіміңді ки, *б о й ы ң д ы к ө т е р,* су жиегіне барайық», – деді (Қаз. ертег.).

Бой көтеру. *Сейіл құру, көңіл көтеру.* – Жас адамға қиын ғой, көшеге шығып, *б о й к ө т е р у д і* де білмейді екенсіз, – дейді жеңгей Азаматты аяған пішінмен (Б.Майлин, Азамат.).

Бойы көтерілді. *Еңсесі көтерілді, көңілденді.* – Мына кетіп бара жатқан қалың көш екен, малы да ойсаң көрінеді, сірә болыстікі осы ауылда шығар, – деп, Бекболаттардың *б о й л а р ы к ө т е р і л і п* қалды (С.Шарипов, Шығ.).

Бой қақиды. *Денесі құрысып қалды.* Бетім түрі қараңғы, тіс сақиып, Көзімнен жарық сөнген, тұр ақиып, Жылылыққа таралып шіри бастап, Суық болса, сіресіп, *б о й қ а қ и ы п* (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Бой құрсаулады. *Денесі құрысты, денесі ауыр басты.* Ашық хаттай аштым саған кеудемді, Қара көздер, кім сүймеген сендерді. Жалғыз ауыз жауабыңды аядың, Ой тұсаулап, *б о й қ ұ р с а у л а п* сенделді (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

Бой сақтады [сақтанды, күтті]. *Өзін аулақ ұстады, сақтанды, тартынды.* Екеуі осындай боп тапты қаза, Тұрандар тартып қасірет, тұтты аза. Бармады онан кейін адам беттеп, *«Бой сақтап* тұрайық, – деп, – мұнан таза» (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Жөнелді төреге еріп бәрі аттана, Біз де ердік, қаламыз ба *бой сақтана.* Көк мойын ат баспады үш аяқтап, Көбімен жүргеннен соң көбік шаша (Батырлар жыры). Ей, жігіт, олай болса, *бойыңды жұт*, Қолдасып осы арада менімен біт (Айтыс).

Бой салды. а) *Көтеріліді, биіктеді.* Дөңгелек шаршыны аралап үш адам келеді. *Бой салып* қалған жүгерінің ортасынан тек бастары ғана көрінеді (М.Неталиев, Үлкен жол.). Өсе берді, өсе берді *бой салып*, өсе берді әр адамға ой салып (Е.Ибрahим, Көкше.). ә) *Жанын салды, шын берілді.* Балам маған кейіме, Әкем айтпай кетті деп. Сырын білмей *бой салма* Атасы оның бек-ті деп (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Бақтығұл шаруа жөнін бұрын бүйтіп *бой салып* істеп көрмесе де, қазір мүлде өзгерді (М.Әуезов, Қараш.). б) *Ден қойды, зейін салды.* Ақылы билеп ой салып, Қайғысызға қайсарып, Асыл сөзге *бой салып,* Көңіл көзін ашқанға (І.Жансүгіров, Шығ.). Беталды жанға *бой салма,* Қорлық жүрмес сақтыққа. Елу бесте біздағы Сенісер адам таптық па? (Абай, Тол. жин.).

Бой салдырмады. *Сенбеді, ынты-шынтымен сене қуламады.* Келісімді тәтті ой әм шеберлік Қуантпас ойын қозғап пәлен дерлік. Өз кеудесін өзі аңдып, *бой салдырмай,* Тоқым-дағы бусанбас неткен ерлік (Абай, Тол. жин.).

Бой сергітті. а) *Денесін жеңілдетті, тынықты.* Бұлар салқын суға бір-бір сүңгіп шығып, бет-қолдарын жуып, *бой сергітіп* алды да, жүріп кетті (Н.Fабдуллин, Қызық дәурен). ә) *Еңсесін көтерді, көңілденді.* Мұндай күндерде адам үйге сыя ма? Көңіл көтеріп, *бой сергіткің* келеді («Лен. жас»).

Бой сергіту. п е д. *Оқушылардың денсаулығын нығайтып, көңіл күйін көтеруге бағытталған дене жаттығуларын кешенді түрде орындау.* Үйқыдан тұрғаннан кейінгі *бой сергіту* әртүрлі органдардың функциялық белсенділігін арттырады, орталық жүйке жүйесін қарекеттік күйге келтіреді (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Бой сергіту* – балалар мен жасөспірімдерде гиподинамияның (қозғалыстың аздығы) жағымсыз әсерін азайтудың жетекші амалдарының бірі (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Бой сермеді. *Биіктеді, құлаш ұрды.* Өрт өршеленіп, қошқыл қара түтін биікке *бой сермеп* барады (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн).

Бой сынатты. *Сынға түсті.* Топтан озған тұлпардай, Егесті жерде *бой ымды,* Емеспін, сірә, *сынатқан* (Базар жырау, Шығ.).

Бой тартты. а) *Именді, тартынды.* Өлеңді көп сөйледім сенен де артық, Құрбыдан Тәңірім жар боп кеттім артып. Білген соң дүние жолдас болмастығын тоқтаттым Құдайды ойлап *бой дытартып* (Ақан сері, Шығ.). Іс қылдың қатарында судай шалқып, Қатесінен қатарыңа келген пенде Кетеді үгіт айтсаң нұрдай балқып. Алшайып ат үстіне мінгеннен соң, Кісіден көргенің жоқ *бой ыңтартып* (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Сырлассақ, сұхбаттассақ, аулақ артық, ашалы боламыз ғой сөйлеп шалқып. Анаңды да бір жерге жібер, балам, Сырымды үйрете алман *бой ымтартып* (Абай, Тол. жин.). ә) *Аулақ болды, жоламады.* Зәңгілер ғой біреуді талап жатқан, Бізге намыс болмай ма *бой дытартқан.* Кешікпеңіз, қамданып атыңа мін, Құдайға жөн болады бұған шапқан (Үш ғасыр.). Мұндай елден *бой ыңтарт*, Мен қажыдым, сен қажы. Айтып-айтып өтті қарт, Көнбеді жұрт – не лажы? (Абай, Тол. жин.).

Бой таса. *Көзден таса, жасырын.* Бұл уақытта үйдің ішінде шүйіркелесіп отырған. Әңгімелері қас қарайғанша қашқынның *бой таса* қысыла тұруы (Қ.Исабаев, Соңғы.).

Бой таса етті [қылды]. *Жасырынды, тасаланды, тығылды.* Жылқылар мұның екі аяқты иесі екенін сезгені мақұл, сонда ғана *бой таса етеді* (Д.Досжанов, Жібек.). Ізгі адам бұл ауылда қай жерде бар, Тұрар ем аңшы өткенше *бой таса қып* (С.Көбеев, Шығ.).

Бой тасалады [жасырды, ұрлады]. *Көзге түспеуге тырысты, жасырынды, тасаланды.* Асылым алыс жерден іздеп келген, Құбылып, *бой жасырып* біздің елден (Қозы Көрпеш.). – Бір жеті болса да, көзден кетіп *бой тасалай* тұрсайшы, – деді Лена Деевке (М.Қаратаев, Далада.). Мұндай шешім колхоз өндірісіне қатысудан *бой тасалап*, өздеріне пайдалы жұмыстармен ғана шұғылданатын адамдарға қатысты (Ә.Стамқұлов. Үй іргесі.). Дұшпан ұстап алар деп, Өкіммен құрық салар деп, *Жасырып бойын* жүр еді (Алпамыс). Ойнақтап толқын, жел гулеп, Майысар діңгек сықырлап. Ол жүрген жоқ бақ іздеп, Қашпайды бақтан *бой дыұрлап* (Абай, Тол. жин.).

Бой тасалау. *Жасырыну, тығылу, тасалану.* – Fани кеткенше *бой тасалауға* да болар еді, бірақ Садақбайдан қайда тығылуға болады? – деді Жайдарбек (Ж.Арыстанов, Жалынды.).

Бой таса іздеді. *Жасырынбақ болды, көзге түскісі келмеді.* Ондай азамат айтқанын орын-

дамай, құтылар *б о й т а с а і з д е м е й д і*, уәдесін парыз-қарызсыз орындап тынады («Қаз. әдеб.»).

Бой тастады. *Ұмтылды, жақындады.* Сүйегі асыл мазалар, Сөлделерін қиғаштап, Назымға қарай *б о й т а с т а п*, жан-жағын қарап байқастап, Аяңдайды жайтастап (Қамбар батыр.). Оршын, Қоқан, Марғұлан, Арғымағы айқастап, Алас ұра *б о й т а с т а п*, Әнді жаннан айыр сақал (Манас).

Бой тастау. *Ұзарып өсу, биіктеу*. Мұнда мүмкіншілік көп екен: жазы ұзақ, қысы қысқа, жылы күні жеткілікті, көшелерді бойлай аққан арық, жері қара топырақты екен. Өсімдіктің еркін *б о й т а с т а у ы н а* осыдан артық жағдай бола ма? – деді Алексей Николаевич (С.Мұқанов, Саяхат.).

Бой тежеді [ірікті]. а) *Өзін-өзі тежеді, тартынды.* Ал, Үмбет, аламысың келді кезек, Домбырам жұлқынады сені көздеп, Қиынға қия шапқан жүйрік едің, Адырға алғызбайтын *б о й ы н т е ж е п* (Айтыс). Азырақ талайың бар замандастар, Қалмаңдар пайдалы істен *б о й д ы т е ж е п* («Айқап»). Жарыстан *б о й ы н і р к і п*, қалыс қала, Отырған бір адам жоқ алыста да (Жастар эстрадасы). Тарқатайын мұңымды, Не қылайын сөзге *б о й т е ж е п* Қуарып қалған қу үйде Мен де бір, билер, қу тезек (Бес ғасыр.). ә) *Сабырға келді, сабасына түсті.* Баранов аңғардан асқаннан кейін есті жиып, *б о й д ы т е ж е м е к* болды (Ә.Әбішев, Замана.).

Бой теңесті. а) *Ұзарды, биіктеді.* Қарашы маған, сендей сорлы емеспін, Тау, жартасқа ұзарып, *б о й т е ң е с т і м.* Сенің қорыққан дауысың – маған өлкек, Маңыма сәуле өткізбей, күнде егестім (Абай, Тол. жин.). ә) *Тең болды, қатарға қосылды.* Әр пенденің басында әртүрлі іс бар, Табылған барша жұрттан үшбу кеңес. Егерде жүрегіңде талап болса, Қорғанбай көкке ұмтыл, *б о й д ы т е ң е с* (Ә.Найманбаев, Шығ.). Мұңды тау аспанменен *б о й т е ң е с к е н,* Тұрғандай бейне мүлгіп басын иіп. Ақырған аждаһадай тасқынды өзен, Сарқырап төмен аққан шатқа құйып (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Бой тоқтатты. *Өзін-өзі ұстады, тежеді.* Сөйтсе де сөйлесіп тұрған кісі болған соң *б о й т о қ т а т ы п*, қайта «Тәуке» деген даңқы жер жарған талаушыны жақсылап көруге үңілісті (І.Жансүгіров, Шығ.). Ентелеп көгал сайға жетіп келді, Арқанды жерде жатқан көзі көрді. Күмән жоқ бір сұмдықтың болғанына, Амал не, *б о й т о қ т а т ы п* шыдай берді (С.Омаров, Сәукен). Бірақ *б о й т о қ т а т ы п* өзіне-өзі күш берді де, қабындап келе жатқан уайымға жеңдірмеді (Ол күндер.).

Бой түзеді. а) *Сымбаттанып өсіп қалды.* Тебінгілес тең жауды Тегіндікпен алмақ па? Айла-әдісі тең жауы, Бір салыспай қалмақ па? Бозаша *б о й ы н т ұ з е с е,* Буыршын шөгер шаңдаққа (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Тәйтәй басты. Сәби тұсау кестірді, Киім киді, *Б о й т ұ з е д і,* Ес кірді. Кеше ғана сияқты еді туғаны... Кешегі алған үй де, міне, ескірді (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Қызым сұлу *б о й т ұ з е д і,* ой түзеді жайдары, Ой түзеді көз жауын ап қызғалдақтай майдағы, Алды болды құрбысының бірге өскен (М.Шаханов, Ғасырлар.). ә) *Үсті-басын жөндеді, сән түзеді.* Жақсы әйел *б о й ы н т ұ з е п* сылақтайды, Өз байынан басқаны ұнатпайды, Үйіне мейман түссе, хош келдің деп, Еш адамнан рұқсат сұратпайды (Шал ақын, Өлеңд.). Он жасымда сүт емген қозыдаймын, Он бесте жарға ойнаған лақтаймын, *Б о й т ұ з е п* жиырмада сылақтаймын, Отызда ағып жатқан бұлақтаймын (Шал ақын, Өлеңд.). Балалар мектепке кітап, дорбаларын мойындарына асып, іліп алар тәуір киімдерін киіп, әрқайсысы өз әлінше *б о й т ұ з е п* келіпті (С.Омаров, Қайырлы.). б) *Тізілді, қатарласты.* Тротуар мен жолдың аралығында ұзын-ұзын сидиған ақ балтыр теректер *б о й т ұ з е п* тұр (М.Дүйсенов, Қалыңдық). Бөктерінде *б о й т ұ з е г е н* байыту фабрикасының үлкен үйі тұр (Адам және химия). Екінші жағында салынып біткен жаңа кварталдар *б о й т ұ з е й д і* (Ә.Шәріпов, Алыс.).

Бой ұйытты. *Елітті, баурады, рақатқа батырды.* Көлеңкелі қоңыр кеште ұзақ сүйіс, оттай ыстық демалыс... үнді өшіріп, *б о й д ы ұ й ы т қ а н* құйындай құтырған жастық... Жалындаған ыстық құшақ...(М.Әуезов, Қараш.).

Бой ұрды. а) *Бір нәрсенің соңына түсті, көңілі ауды, берілді.* Қайғы-қасірет пе, сағыныш па, белгісіз арманға *б о й ұ р ғ а н* елігу ме, әйтеуір Раушанның көңілі қаяу (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Бұл – оның газет жұмысына мықтап *б о й ұ р ғ а н*, қаламы ұштала түскен тұс (От ортасы.). Өзі көп дәстүрлерін қабылдаған орыс классиктері: Пушкин, Лермонтов не Байрон сияқты Еуропа классиктерінің анық үлкен поэма жазудағы өрнектеріне Абай *б о й ұ р ғ а н* жоқ (М.Әуезов, Шығ.). ә) *Бет бұрды, ыңғайланды, бейімделді.* Бұлаңдатып құйрығын, балаларға *б о й ұ р ы п*, Сіміріп бар сыйлығын семірді ол тойынып (С.Мәуленов, Құлыншақ).

Бой үйретті. *Үйренді, дағдыланды.* Бұл шақта Нұрбол да Махамбетке *б о й ү й р е т к е н* (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

Бойы ауырлады. *Денесі көтертпеді, салмақ тартты.* Төрекелдінің ашуы жатқанмен де

басылмады. Екі қары ұйып, *б о й ы а у ы р л а п*, бұрынғыша көзі жасауырауын қоймады (М.Иманжанов, Адам.).

Бойы байсал [дел-сал] тартты. *Салғыртанды, керенау тартты.* Өлең айтқым келмейді ерінгенге, *Б о й ы м б а й с а л т а р т а д ы* керілгенге (Қаз. әндері). Жолдастың моторға екі құлағы шыңылдап, *б о й ы д е л с а л т а р т ы п* қалған екен («Лен. жас»).

Бойы балбырады. *Жадырады, маужырады, рақаттанды.* Қызыл арақтан *б о й ы б а л б ы р а п,* жантайып жатқан Мұхамметжан да тұрып отырды (Ж.Қосыбаев, Әнші Мұхит). Бозаға *б о й ы б а л б ы р а п,* бей-жай боп, самарқау отыр (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн).

Бойы балқыды. *Рақаттанды, ләззат алды, елітті.* Адамның қорғасындай *б о й ы б а л қ ы р,* Оралып келе қойса сөз иіне (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Құлағыма майдай жағып барады, *Б о й ы м б а л қ ы п*, жаным сая табады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Нұрыңды күн секілді көріп тұрмын, Шыдамай *б о й ы м б а л қ ы п*, еріп тұрмын. Дауысыңды тым болмаса бір шығаршы, Естуге құмар болып өліп тұрмын! (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Бойы батты. *Көрінбеді, көзден таса болды.* Өңін тартқан ішіне, Ызғарлы толқын ойлары. Қарағың келмес түсіне, Толқынға *б а т қ а н б о й л а р ы* (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Бойы бекіді. *Өзіне-өзі келді, қайраттанды, күш алды.* Бақытты, шаттық заманда, Домбырамды қолға алдым. *Б о й ы м б е к і п,* жасарып, Бұрынғыдан оңдалдым (Халық ақындары).

Бойы босады. *Қолы тиді, уақыты болды.* Биттей *б о й ы б о с а с а,* сезер сонда, Жастық жеңіп, көңілді шайқағанда. Асық құмар, ақыл мен бойыңды алып, Жылы жауап есітер не қылсаң да (Абай, Шығ. жин.).

Бойы елжіреді. *Манаурады, шаршады.* Солдаттардың *б о й л а р ы е л ж і р е п*, өздері шаршап, алға басқан аяқтары кейін кеткендей еріншек тартты (Ә.Шәріпов, Партизан.).

Бойы еріді. *Елітті, басы айналды, балқыды.* Сұлу қыздарды көріп, *б о й ы е р і п* тұрған молда кенет есін жиып алды (Б.Майлин, Шығ.). Етің етке тигенде, Демің тиіп сүйгенде, Тән шымырлап, *б о й ы е р і п*, Ішім оттай күйгенде (Абай, Тол. жин.).

Бойы жадырады [жеңілді]. *Көңілі көтерілді. – Б о й ы м* қазір *ж а д ы р а й ы н* деді, құсқым келіп еді, басылыңқырады, – деді Сақып күйеуіне (С.Мұқанов, Таңд.). Нұрғали үстіндегі ауыр жүкті біреу жұлып алып тастағандай, *б о й ы ж е ң і л і п,* көңілі көтеріліп отыр еді (Б.Майлин, Шығ.).

Бойы [бойдың құрысы] жазылды. а) *Құрыс-тырысы тарқады.* Әкел маған тұлпар атты ең мықты, Көрсін дүние жүйріктікті, ерлікті, Кең далада қалсын *б о й ы м ж а з ы л ы п*, Кең даладан үйреніп ем кеңдікті (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). Қиял құс көкке шарқ ұрар, *Ж а з ы л ы п б о й д ы ң қ ұ р ы с ы.* Жауыннан кейін жарқырар, Жуылған көктің шынысы (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). ә) *Дем алды, тыныстады.* Сол жылы жер де *б о й ы ж а з ы л ы п*, берекесі кіріп, иіп қалған сияқты. Шөп ырғын (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.).

Бойына байсалдылық келді. *Өзін-өзі ұстады, сабырлы болды.* Үйленген соң мінезің өзгеріпті, *Б а й с а л д ы л ы қ б о й ы ң а* тез *к е л і п т і.* Бойдақтарға айтасың сен де шалқып, Жалғыздықтан жар сүю – жүз есе артық (М.Әлімбаев).

Бойына бала бітті. *Екіқабат болды, жүкті болды.* Мәлік пен Раушан үйленгелі – үш жыл. Содан бері *б о й ы н а б а л а б і т п е с е,* жас келіншектің ойланғаны жөн (З.Шашкин, Сенім). Осы *б а л а* Ақбаланың *б о й ы н а б і т к е н д е,* ол сорлының қалай қуанғаны есімде, ана құрсағындағы баланың қимылдағанына мәз болып жүрді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). *Б о й ы м а б а л а б і т к е н д е* болып жерік, Алаптан ащы жуа жедім теріп (Қ.Тоғызақов, Сібір Омар).

Бойына бір шала сүйек бітпеді. *Бала көтермеді.* Қайныңмен алты ай отасқанда, *б о й ы м а б і р ш а л а с ұ й е к б і т п е д і* (Ә.Нұрпейісов).

Бойына дарыды. *Сіңді, тарады.* Әкенің ауыр мінезі Саспайтын небір қиыннан. Секілді өткір күн көзі *б о й ы н а д а р ы п* құйылған (С.Мәуленов, Торғай.).

Бойына дарытпады. *а) Жуытпады, жақындатпады.* Шөгел Амандарды салған жерден *б о й ы н а д а р ы т п а й,* сағын сындырғысы келді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). ә) *Мойындамады.* Хазовты жасырып, асырап-сақтап келгенін тергеуші бірнеше нақтылы дәлелдермен төндірсе де, Нұртай *б о й ы н а д а р ы т п а д ы* (С.Омаров, Қайырлы.).

Бойына жұқты. *Денеге сіңді, тарады; пайдаға асты.* – Ұрлық мал ұрының *б о й ы н а* ғана *ж ұ ғ а д ы,* – деді де, тасырлатып шаба жөнелді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Бойына ие болды. *Қатайып алды, бекінді.* Он күн, он бес күн өтті. Омар онан сайын қатайып, *б о й ы н а и е б о л ы п* алды (С.Торайғыров, Таңд. шығ.).

Бойына кір [шаң, қылау] жуытпады [шалғызбады, жұқтырмады]. а) *Қылау жұқтырмады, шаң жуытпады, тап-таза болып*

жүрді. Заман жақсы, заң жақсы. Ата-ана қызының *б о й ы н а ш а ң ж у ы т п а й* мәпелеп өсіреді («Лен. жас»). Бұрын Қарақатынның қандай қаңқуын да құлағына ілмей, қасын кере күлімдеп, *б о й ы н а к і р ш а л ғ ы з б а й* жүретін-ді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). ә) *Еш нәрсеге қатысы жоқ, жазықсыз, кінәсіз болды.* Осы арада да ол ара ағайынның өкпесі мен кінәсына Құдайменде ағасын ұстап беріп, өз *б о й ы н а қ ы л а у ж ұ қ т ы р м а й* бара жатты (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Бойына қайратын [қуатын] жиды. *Қайраттанды, күшін жинады.* Қолына бір кесе су құйып алды, *Б о й ы н а* бар *қ а й р а т ы н ж и ы п* алды (Базар жырау, Шығ.). Іреңің неге сонша мұң атулы? Жігерің неге сонша уатылды? Балауса шыбық едің, емен болдың *Б о й ы ң а ж и ы п* алып *қ у а т ы ң д ы* (М.Мақатаев, Шығ.).

Бойына қонды. а) *Киім денеге шақ келді, дәл келді, жарасты.* Киім адамның *б о й ы н а қ о н ы п* жарасса, жұртты таңдандырып қызықтырса, сонда ғана ол ұнайды (З.Шашкин, Теміртау). Ерімбетовтың әдемі қызғылт күрең галстук салған көкшіл көйлегі, көк костюмы мұның ұқыпты *б о й ы н а* жарастықпен *қ о н ғ а н* (М.Әуезов, Өскен өркен). Айсұлу қалаша киінбеген. Сұлу *б о й ы н а* онша *қ о н а* қоймайтын ұзын жең, өн бойы кең, о да оңтүстік үлгісінде пішілген жібек көйлек киген ед (М.Әуезов, Өскен өркен). ә) *Дарыды.* Мәжит *б о й ы н а қ о н ғ а н* ақындықты «сол Орынбайдың сілемі» дейтін (С. Мұқанов, Есею жыл.).

Бойына сақтады. *Естен шығармады, ұмытпады.* Бұлар қазақтың ескі ырым-жырымын, әдет-ғұрпын оң-терісіне қарамастан, тегіс *б о й ы н а с а қ т а й* жүреді (Е.Ысмайылов, Сын.)

Бойына тартты. *Біреуді өзіне үйір қылды, жақындатты.* Кездестім неге мен саған, *Т а р т т ы ң* сен неге *б о й ы ң а.* Өшпейтін арман сен маған Орнаттың мәңгі ойыма (С.Бегалин, Өлеңд.).

Бойына тарту. *Сіңіру.* Боялған теріні бояуын *б о й ы н а т а р т у* үшін бір-екі сағат өңін келтіріп бүктеп қояды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Бойына теңгерді. *Өзіне тең санады, лайық санады, тең тұтты.* Бір ісімді жөн көрсе, *Б о й ы н а* мені *т е ң г е р с е*, Сегіздің болсын ағасы (Базар жырау, Шығ.).

Бойын аулақ салды [ұстады]. *Бір нәрседен қашқақтады, жоламады.* – Колхоз мектептен *б о й ы н а у л а қ с а л а* ма әлде мектеп колхозға жуысқысы келмей ме? – деді Жақыпбек Күдеріге (М.Иманжанов, Көк белес). Осиповтың ревкомшыларға көзқарасы көріне көзге өзгерді. Халмецкий мен Деевтен *б о й ы н а у л а қ с а л а т ы н б о л д ы* (М.Қаратаев, Далада.). Сот алқасына жергілікті «қосшы» мүшелерінен бір еркек, бір әйел енген. Бұлар да *б о й л а р ы н а у л а қ ұ с т а п* салмақты отыр (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Бойына үйірді. *Өзіне тартты, қызықтырды.* Әлгі қосын алғаш кеп қонған күні, Дулаттың абажадай кең бөлмесі талай жанды *б о й ы н а ү й і р г е н-д і* (Ғ.Сланов, Очерк.).

Бойын балады. *Күй таңдады, бап іздеді.* Кісіде бар болса талап, Отырмас ол *б о й ы н б а л а п*, Жүрер, әр қайдан ізденер, Алар өз сүйгенін қалап (Абай, Тол. жин.). Ықыласыңмен тыңдасаң, Сөзімді бұлдап несіне – *Б о й ы м д ы б а л а п* кернейін (Базар жырау, Шығ.).

Бойын балқытты. *Еркін биледі, рақатқа батырды.* Қыздарды сүйгенде, *Б о й ы м ы з д ы б а л қ ы т т ы.* Арпыл-тарпыл жүргенде, Ойымызды шалқытты (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Бойын балқыту. *Еркін билеу, рақатқа батыру.* Шешен сөздің бұл бөлімі пікірді дәлелдеп, сипаттап, мәністеп болғаннан кейін келеді. Өйткені пікірді баяндап, түсіндіріп, дәлелдеп, сипаттап ақыл жағы қанағаттанғаннан кейін жүрек жағына әсер етіп, *б о й ы н б а л қ ы т у* жеңіл болады (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Бойын бауырады. *Еркін биледі, өзіне тартты, еліктірді.* Машина заулағанда айналып артта жатқан кең даланың қызық қозғалысы, сары дала салмағының алдан соққан екпіні міне осының бәрі жас адамның *б о й ы н б а у р а п,* өзіне тартатын болу керек (К.Смаилов, Мамандық.). Қинады-ау мына Дина қыз, Тездетші, – дейді тойыңды. Өзі де әсем күй нағыз, Барады *б а у р а п б о й ы ң д ы* (Ғ.Қайырбеков, Таулар.).

Бойын бекітті. *Қайраттанды, күш алды.* Ана көзіне іркіліп келген жасын мөлдіретіп тамызбай, *б о й ы н б е к і т е* қояды (С.Бегалин, Ана.). Сол *б о й ы н б е к і т к е н* қалпында Бейсебай сөзіне саспай салмақпен жауап қайырды (С.Бегалин, Төлбасы.).

Бойын бермеді. *Өзін-өзі ұстады, сыр шашпады.* Алшынбайдың Құнанбайды өзі көріп жүрген атқамінер ішінде бөлекше бағалайтын бір себебі: осындай жердегі ерекше ұстамдылығынан, *б о й ы н б е р м е с* тұйықтығынан болатын (М.Әуезов, Таңд.**).**

Бойын билей алмады. *Састы, дегбірсізденді, аласұрды.* Жалмауыз қорқып, зәресі ұшып, буыны қалтырап, *б о й ы н б и л е й а л м а й,* жаны мұрнының ұшына келді (Қаз. ертег.).

Бойын биіктетті. *Асқақтатты, жетілдірді, жаңа сапаға көтерді.* Олардың бәрі қазақ өлеңіне жаттық жасаған жоқ, қайта ажарландырып, *б о й ы н б и і к т е т і п*, жаңа қияларға көтеріп алып кетті (С.Мәуленов, Үркер.).

Бойында жігер қайнады. *Қайраты тасыды, күші көбейді.* Өткірлігін балаймын Нажағайдың жайына. Біздің жастар барлаушы Көк пен жердің қойнына, Қиындықтан қайтпаған *Қ а й н а п ж і г е р б о й ы н д а* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Бойында күш-қаны тасыды. *Күш-қайраты асты, қайраты тасыды.* Күн ұялтып көзіңді, *Т а с ы п б о й д а к ү ш-қ а н ы ң.* Сол айдында өзіңнің Қарлығаш боп ұшқаның (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).

Бойында оты бар. *Жігерлі, жалынды. Б о й ы ң д а о т ы ң б а р* бала көрінесің, айтайын білгің келсе (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

Бойын жиды. а) *Тыңайып, күш алды.* Аттар үстеріндегі мұз сауыттарын тастады, *б о й л а р ы н ж и ы п,* ауыздықтарын күтірлетеді (С.Камалов, Әңгім.). Қансыраған Төлеген Қайратпен *б о й ы н ж и ы п* ап, Қайта есіне енеді (Ақын жырлары). ә) *Өзіне-өзі келді, буынын бекітті.* Абай бір жағынан еріксіз күліп, екіншіден қысылып, *б о й ы н ж и ы п* алайын деп еді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Бірақ *б о й ы м д ы* тез *ж и ы п* ала қойдым да, сыр бермеуге тырыстым (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). Дереу *б о й ы н ж и ы п* ап Қарады кеп әйнектен. Жоқ болыпты құйын нақ, Жаңағы бір бой жеткен (Ғ.Қайырбеков, Таулар.). б) *Теріс жолға түспеді, жамандықтан тартынды.* Жаманшылыққа бір елігіп кеткен соң, *б о й ы н ж и ы п* алып кетерлік қайрат қазақта кем болды (Абай, Тол. жин.).

Бойын күткендік. *Кербездік, сәнденушілік.* Шаштың әр талын суырған сайын көзіне жас келеді. Бұнысы – *б о й ы н к ү т к е н д і к* емес, дүмше молданың сандырағын орындағаны (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Бойын күтті [тарады]. *Үсті-басын түзеді, өз басын күтіп сәнденді.* Елде жүрген Махмут *б о й ы н к ү т і п*, тағы тыныш жата алмайды, елдегі неше түрлі қиянат, жолсыз істермен күреседі (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.). Ей, жігіт, олай болса, *б о й ы ң д ы к ү т*, Қолдасып осы арада менімен біт (Айтыс). Он жыл бұрын дейтұғын ол – бестемін, Күндіз ойнап, алатұғын кеш демін; Енді ғана *б о й ы н т а р а п* қыз болып, Бірінші рет киді, мауыт костюмін (Х.Ерғалиев, Біздің ауыл.).

Бойын тартпады. *Іркілмеді, аянбады.* Орынсызды айтпаған, Түзу жолдан қайтпаған. Жақсылық қылар орында Аянып *б о й ы н т а р т п а ғ а н* (Абай, Тол. жин.).

Бойын түршіктірді. *Шошытты, тітіркендірді.* Суық хабар оның *б о й ы н т ұ р ш і к т і р д і* («Лен. жас»).

Бойын тыйды [тартты]. а) *Өзін-өзі тежеді, сақтанды.* Саудасы ар мен иманы, Қайрат жоқ *б о й ы н т ы й ғ а л ы.* Еңбекпен етті ауыртпай, Құр тілменен жиғалы (Абай, Тол. шығ.). Қайдан шыққан?! Еш жанға сырын айтпас, Өлемін деп қорғанып *б о й ы н т а р т п а с.* Жауға қарап, қол сермесе, Жолдастары ұрынар, оттан қайтпас (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). ә) *Аулақ болды, жақындамады.* Адамшылықтан шығарып, құмарпаздыққа салып жіберетұғын нәрседен *б о й д ы* ерте *т ы й ы п* алуға керек (Абай, Тол. шығ.). Адамды күн көрістің өзі қосып, Жақындату әне түр алдан тосып. Сондықтан әділдікті-жақындықты Кім жатырқап, *б о й т а р т а р,* «жат» деп шошып! (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Бойын сұнды. *Мойындады, дегеніне көнді.* Патшаның қарауында жұрты көп-ті, Баршасы *б о й ы н с ұ н ы п* қызмет етті (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Бойын ұстады. *Нәпсіге ырық бермеді.* Жігіттер, жау алмайды ақылдассаң, Білгішке көп білетін жақындассаң. Қарап жүрген кісіге адам тимес, Сабыр қып, өз *б о й ы ң д ы* мықты *ұ с т а с а ң* (Шал ақын, Өленд.).

Бойын үйретті. *Жақын тартты, үйір қылды.* Жолым болып, ақынмен тағы да екі-үш рет ұшырастым. Көрген сайын бас изесіп қана өте шықпай, ілік тауып сөзге айналдырып, шым-шымдап өзіме *б о й ы н ү й р е т е* бергім келді (Т.Ахтанов, Махаббат.).

Бойы сергіді. а) *Денесі жеңілденді, тынықты.* Солай, қатын, шайды құй, *Б о й ы м с е р г і п* келеді. Ыстық өткен адамға, Шайдың да бар көмегі (Б.Майлин, Шығ.). ә) *Көңілі жадырады, еңсесі көтерілді.* – Қазір *б о й ы м с е р г і п,* мүлдем еңсем көтеріліп қалыпты, – деді Жақсымбет шопан Жарасовтарға (М.Әуезов, Өскен өркен).

Бойы сыналды. *Сыналды, сынға түсті.* Тәңірі қосқан жолдасы Жаман болса жігіттің Жатқа *б о й ы с ы н а л ғ а н* (Базар жырау, Шығ.).

Бойы түршікті. *Жаны шошынды, тітіркенді.* Деді қария күрсініп, Мына хабар ызғарын Сезіп, *б о й ы м т ұ р ш і г і п*, Өз-өзімнен мұздадым (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). «Бұл не пәле?» – деп ойлады *б о й ы т ұ р ш і к к е н* Рабиға («Соц. Қаз.»).

Бойы үйренді. *Көнді, көндікті, дағдыланды.* Оның қараңғылауына да, кірлеуіне де, кейде сағаттап күттіретін кезегіне де *б о й ы м ү й р е н і п* кетіпті (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Бірақ бұл маңға көзім қанып, *б о й ы м ү й р е н е* келе, мен Бетпақдала бойынан бірқатар

ерекшеліктерді аңғардым (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). Жыл өтті, *б о й ы ң й р е н д і*, таныс тапты. Жақсыға жолап, жаманды алыстатты (Қ.Тоғызақов, Сібір Омар).

Бойы шымырлады. *Ерекше сезімге бөленді.* Ең алғаш көз бұлдырап, *б о й ш ы м ы р л а п,* Қозғалып жүрек орнын таба алмады. Талғардың төбесінде тіккен ту бар, Ол дағы бұлаң қағып төмен қалды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Дүниеден бой салды. *Дүние салды, қайтыс болды.* Ең соңғы тынысында көзі мөлтілдеп төсегіне отырады. Күлпәшқа *д ү н и е д е н б о й с а л а р ы н* сезіп қарайды (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай).

Еңсегей бой. *Ұзын бой.* Кісі еді *е ң с е г е й б о й,* ер мүшелі, Адамға қайыр, нәсіп бергіш еді, «Талапкер» танабында аға-інісі, Соларға демалыста келгіш еді (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Жалыны бойға сыймады. *Күші тасыды, қайраты тасыды.* Жазғы гүлдей түрленіп толған түсім, Көзім нұрлы, ақ меруерт – бүтін тісім. Шашым қара сүмбілдей, болып түзу, Сәуле шашып тұрады жастық пішін. *Ж а л ы н ы б о й ғ а с ы й м а й,* сырттан көрініп, Күн сайын тұрады артып қайрат, күшім. Әр үміттің қиялы сәулеленіп, Түн бойы ұйқы бермес, толқып ішім (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Көш бойы. а) *Көш-қон біткенше. К ө ш б о й ы* жұрт қасында, Өзгеменен жұмыс жоқ. Атты теуіп, адамды Тістесе де сөгіс жоқ (Абай, Тол. жин.). ә) *Әлдеқайда, анағұрлым.* Қарағандының «Шахтері» де өткен маусымда жанкүйерлерін онша қуанта алған жоқ. Мүмкіндіктен *к ө ш б о й ы* төмен жатты («Лен. жас»).

Өн [өне] бойы. а) *Бүкіл дене, тұла бой.* Ақбала әдепкіде осы кісінің жүрісінен сескеніп қалды. *Ө н б о й ы н д а* ойдағыдай ғып жасаған бір мүшесі жоқ (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Тұтқындардың *ө н е б о й ы* қан (І.Жансүгіров, Шығ.). Бағанадан аттың қызуымен абайламаған Сәтжан енді байқады, *ө н е б о й ы* салқындап тоңып барады (С.Бегалин, Уақыт.). Тартқанда талай күйді безілдеген, Беріліп тоқсан түрлі сезімге мен, *Ө н б о й ы м* өзеуреген өзен болып, Кезім көп ұзақ таңға көз ілмеген (Т.Айбергенов, Мен саған.). ә) *Бастан-аяқ, тұтас, түгел.* Мыңдаған кернейлі оркестр алаңның бүкіл *ө н б о й ы н* алып жылжып келеді («Лен. жас»). б) *Өмір бойы, ұнемі, өлеөлгенше, мәңгі-бақи.* Лаж білген азамат Тура келсе сыйлап қал, Дүния фәләк айналып *Ө н е б о й ы н а* кез болмас (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Әділ іс – ағын судың арнасындай, Әділ сөз – болат семсер алмасындай. Пайда етпе *ө н е б о й ы* өтірік айтып, Жаласы қалмас бір күн жармасылмай (О.Шораяқов, Шайыр). Әкесіне Әміржан Әсияның аш-жалаңаш, *ө н е б о й ы* бейнетте жүріп, бекер қор болатынын айтты (С.Мұқанов, Аспаз).

Сол бойы. *Сол күйі, сол қалпы.* О, Ақтан жас, Ақтан жас! Сен де жетер ме екенсің? Жетімдіктің белінен Асып өтер ме екенсің?– Жарық сәуле көре алмай, Ел шаңына ере алмай, *С о л б о й ы* кетер ме екенсің? (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Сұңғақ бой. *Ұзын бой, бойшаң.* Жақсылық мен білетін – ашаң кісі, *С ұ ң ғ а қ б о й,* шоқша сақал, жасаң кісі (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Тал бойы. *Бүкіл денесі, тұла бойы.* Тоғыз рет оқ өтті, *Т а л б о й ы м д ы* аралап. Тағы да жау мақтанды, Тартыста мені жаралап (Ж.Саин, Таңд. шығ.). Талай топқа бұл Нүрік баратұғын, Әнім осы той болса салатұғын. Сен сияқты өленге ебі барлар, *Т а л б о й ы м а* таңырқап қалатұғын (Жамбыл, Шығ.). Дүние тыныш еді «құлаққа ұрған», Талықсып *т а л б о й ы н д а* шуақ тұнған. Табиғат сонда саған, Раушанға, Барынша бар жасауын лақтырған (М.Мақатаев, Шығ.).

Тал бойында тарыдай бір міні жоқ. *Мінсіз, дара туған. Т а л б о й ы н д а т а р ы д а й б і р м і н і ң ж о қ,* Тоты құстай бұралып тұрасың ба? Мөртай-ай! (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Жаман жақсы болмайды бекер мақтап, Оңай емес жаманға өнер таппақ. *Т а л б о й ы н д а т а р ы д а й б і р м і н і ң ж о қ,* Қандай адам өсірді сені баптап (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Тамағын бойға тарату. *Тамағын сіңдіру.* Ас жеп, саумал ішіп, *т а м а ғ ы м ы з д ы б о й ғ а т а р а т у ғ а* тыныстап отырмыз (С.Шарипов, Шығ.).

Топырақ бойды басты. *Жоқ қылды, көмді, көзден таса етті.* Мені апарып, жер бол деп, жерге қойды, Жалғызбын, жарығы жоқ көрге қойды. Мен жоқпын, мен деген – бір саңырау көр, Мінеки, су *т о п ы р а қ б а с т ы б о й д ы* (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Тұла бой. *Ән бой, бүкіл дене.* Тосқаным – қабір құшағы, Қашан ол келіп құшады? Ойланып һәм шарланбай, Құтылған жоқ менен ой. Ешбіреуін малданбай, Сенді қатты *т ұ л а б о й* (С.Торайғыров, Алаш ұраны). – Малына ұрсып жүрген қойшының осы бір қарапайым ғана сөзін естігенде жолаушының бүкіл *т ұ л а б о й ы н* ыстық ағын шарпып өткендей күйге түскен (К.Сегізбаев, Беласқан). Болмай тұр дауа етіп қарасам да-ай, Табибтар көңіліме сөз айтады жара салмай. Ауырса *т ұ л а б о й ы м* етім сыздайды, Сыздайды сүйектерім құрысқандай (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Өз атын оның аузынан естігенде, тәтті у қанына

тарағандай *т ұ л а б о й ы* шымырлап қоя берді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Тұла бойы тұңғышы. *Ең алғашқы баласы. Т ұ л а б о й ы т ұ ң ғ ы ш ы* Меруерт «мамалап» мойнына асылғанда, ана жүрегі елжіреп жүре беретін («Қаз. әдеб.»).

Ұлан бой. *Тұла бой, бүкіл дене.* Үрей бұлты көшті сиреп, *Ұ л а н б о й ы н* алды билеп. Ұстазының жарқын жүзі, Жөнелді ойын өрге сүйреп (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.).

Ішкен асы бойына тарады. *Уайым-қайғыдан арылды, тыншыды.* Барады содан бері үш жыл өтіп, Қайғысыз *і ш к е н а с ы м б о й ғ а т а р а п* (Базар жырау, Шығ.).

Ішкен асы бойына тарамады [батпады]. *Қатты алаң болды, көңілі орнықпады.* Би-болыс батып елге қарамады, Беттесіп сөйлесуге жарамады. Самсаған сарбаздарды көргеннен соң. *Б о й ы н а і ш к е н а с ы т а р а м а д ы* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Өткен түні таң алдында ұрланып келген кісі «сақ бол», – деп ескертіп кеткелі Ақбаланың *і ш к е н а с ы б о й ы н а т а р а м а й* жүрген (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Бір адамның ғана көкейіне күдік түсіп, *і ш к е н а с ы б о й ы н а б а т п а й* жүрді (Е.Домбаев, Ғашықтық.).

БОЙ-БАСЫ з а т. с ө й л. *Үсті-басы.* Біз қыздың *б о й - б а с ы н д а ғ ы* жылтырағын ұрлап алып шығып, жер ошаққа тығып қайттық (Б.Майлин, Шығ.).

Бой-басын түзеді. *Өзін-өзі күтті, сәнденді.* Биғанша күн сайын құлпырып ажарланып, *б о й - б а с ы н т ү з е п,* адам болып қунап кетті (Б.Майлин, Шығ.).

БОЙ-БОЙ с ы н. *Қатар-қатар, үзын-ұзын.* Үй айналасы ығы-жығы үйілген құрылыс бұйымдары екен: қаланған тақтай, үйілген құм, цемент, кірпіш, *б о й - б о й* тас қабырға, ылай, су... (Ж.Жұмаханов, Махаббат.).

Бой-бой болды. *Ұзынынан дал-дал болып жыртылды.* Кей тұсы *б о й - б о й б о п* сөгіліп, алдыңғы жақта бірен-саран жүйріктер жеке кезген құйындай оқыс ұмтылып, қылт етіп, сытылып шыға берді (С.Жүнісов, Ақан сері). *Б о й - б о й б о п* бұл біткен Жыртысы жер кепе, Ұқсайды сұр жіппен Сырыған көрпеге (С.Сейітов, Бетпе-бет). *Б о й - б о й б о п* қайтқан етегі Ойыннан басқа ойда жоқ, ол менің бала кезім ғой... (З.Шүкіров, Сағыныш).

Бой-бой терледі. *Әбден тер басты, терге малшынды.* Әлім *б о й - б о й т е р л е г е н*, шамасы, тұруға әрекет жасап әбден қалжыраса керек (Ш.Әбдіраманов, Көрінбес.).

Бой-бойы шықты. *Әбден терледі.* Шәкең келгенде, Сәлиманың *б о й - б о й ы ш ы қ қ а н* екен (Қ.Салғарин, Ақмаржан).

БОЙДА ү с т. *-ған/-ген тұлғалы есімшемен тіркесіп, іс-әрекеттің алғашқы мезетін білдіреді.* Бұл жердің ой-қыры жоқ, теп-тегіс қой. Қар жауған *б о й д а* жел айдап кетеді (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Ол сол оқуды бітірген *б о й д а* ешқайда алаңдамастан, Қазақстан Магниткасына тура келді (Н.Ғабдуллин, Өмір күйі). Өз бойына үлкендеу ап-ауыр қара чемоданды мықшия көтерген *б о й д а,* Аяжан тас жолдың шетіне шығып тұрды (Б.Соқпақбаев, Аяжан).

БОЙДАЙ с ы н. *Бойымен бірдей, бойы тәрізді.* «Тым сезгіш» ақын болсақ енді бүгін, Білмейсің таудан үлкен *б о й д а й* мінің (Айтыс).

БОЙДАҚ[1] с ы н. **1.** *Үйленбеген, салт басты.* Сауытты ерің зерігіп, Сері *б о й д а ғ ы ң* ерігіп; Маңғаз байың балпаңдап, Мақтангөйің талтаңдап, Жас өспірім жар таңдап (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Қасым – жас, *б о й д а қ,* сал жігіт (Б.Майлин, Шығ.). *Б о й д а қ* па өзі? Танакөзден айырмастан жанарын Әлденені сүйкеп жатты сусылдатып қаламын (М.Шаханов, Ғасырлар.). **2.** *Тарттырылған, еркек (қой).* Бәйбіше тапсырған арқан-жіпке қирықтыратын *б о й д а қ т ы* көгендеді (І.Жансүгіров, Әңгім.). Семіз қазақы *б о й д а қ* қойдың құйрығы 12–16 кг жететін (Жаңарған өлке). Қорада бағуға бәрінен бұрын сол жылғы туған төл, одан кейін саулық қойлар, ең ақырында тарттырылған *б о й д а қ* қойлар көшіріледі (М.Ермеков, Қазақст. қой шаруаш.). **3.** *Төлдемеген, қысыр (мал).* Әкем бұл кезде жалғыз үй боп, ауылдың сыртында *б о й д а қ* тана бағады екен (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Күрең айғырлардың үйірі құлын күйінде байланбай, *б о й д а қ т а* болған, ноқта жүген көрмеген шүу асаулар екен (С.Бегалин, Бала Шоқан). *Б о й д а қ* түйелер боздаған ұштанып, өркештері шаншыла өсіп, сұқсұрдай сұлу топ болып, ол бір бетке өреді (С.Бегалин, Таңд. әңгім.).

БОЙДАҚ[2]: **бойдақ бидай**. ж е р г. *Аңызға шыққан бидай, қодыра.* Биыл жаңбыр көп болып, *б о й д а қ б и д а й* жақсы шықты (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БОЙДАҚКЕРШІЛІК з а т. *Бойдақтық, бойдақ кездегі жігітшілік.* Елеке түнімен *б о й д а қ к е р ш і л і к п е н* «сонарға...» Ол сөзімді бөліп жіберді. Не айтып келе жатқанымды түсініп қойып, рақаттанып күлді («Лен. жас»).

БОЙДАҚ-САЯҚ з а т. *Төлсіз қысыр мал, оқшау жүрген мал.* Шегенде мына тағы бар мыңғырған *б о й д а қ - с а я ғ ы.* Мал–құты, малда бағы бар, тіршілік сол деп саяды (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

БОЙДАҚСЫРА= е т. *Үйленгісі келу.* Кенжесі он сегізде еді Турақ, Бәрі де *б о й д а қ-*

с ы р а п жүрді тулап. Табам деп қайдан қатын осыларға, Ойланып жүрді Туж да аунап-қунап (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

БОЙДАҚТА= е т. *Серкені бөліп алып, қойдың алдына салу.* – Кәне, серкені бөліп қойға қосыңдар. Келген бетінде не де болса айдап салып жіберіңдер, – десіп, қойды топтай, серкені алға қарай айдап тықсыра бастады. Сәрсебай ұзын құрықшасын ала серкелерін *б о й д а қ т а п* алға шығарды (С.Бегалин, Төлбасы.).

БОЙДАҚТАЙ с ы н. *Бойдақ сияқты, бойдақ тәрізді. Б о й д а қ т а й* үйтетұғын көгендегі, Тастады туырлықты аша түріп. Сақалдан тоғыз тарам жас бұршақтап, Жөтелді Қасы-әлі күрк-күрк (І.Жансүгіров, Шығ.).

БОЙДАҚТЫҚ з а т. *Салт бастылық, үйленбегендік.* Салт басты *б о й д а қ т ы ғ ы м ы з-ғ а* қарамай, қолға түскен тиын-тебенге қой сатып ап соямыз (С. Мұқанов, Есею жыл.). Тілмаштың *б о й д а қ т ы ғ ы н* есіне алып, қыз ішінен: «Бір жерде сауық-сайранда болды ма екен», – деп ойлады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Осылай өте шығыпты *Б о й д а қ т ы қ* дәурен боз бала. Барлығын айтып тұрыпты, Жаудырап күлген көз ғана (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).

БОЙДАҚТЫЛЫҚ з а т. с ө й л. ***Бойдақтық***. Бозбастық, *б о й д а қ т ы л ы қ құ*ғаннан соң, Исатай тұсаулауға ойлап еді. Алаштан таңдап жүріп қыз айттыр деп, Исекем жігі-жапар боп қоймап еді (Айтыс).

БОЙДАҚШЫЛЫҚ з а т. *Бойдақ болушылық, салт бастылық, үйленбегендік.* Қар жауса қара жерге қақ тұрмайды, Жігітке *б о й д а қ ш ы л ы қ* таптырмайды. Үйіне қызы бар деп кіріп барсаң, Қиқиып жаман кемпір жақтырмайды (Халық әндері).

БОЙЕНТ з а т. э к о н. *Қолайсыз жағдайлардың салдарынан баға оңай көтерілетін рыноктың жай-күйі* (Қаз. тілі термин. Экономика).

БОЙЖЕТКЕН з а т. *Кәмелетке толған, есейген қыз.* Бәйбішелер былқылдап, Ақ пейіл шалдар аңқылдап, Ақ көңілдер жарқылдап; *Б о й ж е т к е н і ң* бұралып, Таналары жалтылдап (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Ол жайында керегі не сөз қылып, Болмақ емес менде онан өзге үміт. Сол *б о й ж е т к е н* махаббатын сыйласа, Ойланбастан үйленер ем көз жұмып (М.Шаханов, Ғасырлар.). Арманыма, Қиялыма сай елім. Қадірлеген мақал – сөздің мәйегін. Тағы, тағы... Үйленуге болады, *Б о й ж е т к е н* боп қайта оралса әйелің! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Көріңді маған алыс боп Қасымда тұрған *б о й ж е т к е н* (Т.Айбергенов, Мен саған.).

БОЙКОТ [ағыл. boycott] з а т. э к о н. *Жеке адаммен, ұйыммен немесе мемлекетпен байланысты үзу түріндегі саяси және экономикалық күрестің әдісі. Б о й к о т* – экономикалық қатынаста және басқадай жарым-жартылай сауданы тоқтату немесе толық шешімдегі экономикалық күрес әдісі (Орыс.-қаз. экон. сөздігі). *Б о й к о т* белгілі бір мемлекеттердің басқа бір мемлекетке немесе мемлекеттерге саяси-экономикалық қысым жасауы (сауда, финанс т.б. салалар бойынша қарым-қатынас жасаудан бас тарту) тұрғыда қалыптасты (ҚҰЭ).

Бойкот жасау. *Қарым-қатынасты үзу.* Меньшевиктер партия орталықтарына *б о й к о т ж а с а у,* партия жұмысын бүлдіру арқылы партия басшылығын өз қолдарына алуды мақсат етіп қойды («Соц. Қаз.»).

БОЙКҮЙЕЗ с ы н. *Мойны жар бермейтін енжар, селқос, еріншек.* Күндіз-түні вагонда қамалып отырған адамға бұл аз уақыт емес. Әрберіден соң кісіні *б о й к ү й е з* етеді, жалықтырады (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). – Бұға берсек, қоршаудан шыға алмай қалатынымыз анық. Жауынгерлерді де *б о й к ү й е з* етіп аламыз, – деді (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Қою түн мынау, қоңырсып жатыр қос басы *Б о й к ү й е з* тау тұр бозбала бұлтпен достасып (М.Мақатаев, Шығ.).

Бойкүйез тартты. *Енжарланды, еріндді, жалқауланды.* Қатардан неге қалдық деп Кеуілі ренжіп кетпесін, Отырған апа, жездеңіз. Кел-кел, келін, керілмей, *Б о й к ү й е з т а р т ы п* ерінбей, Оларға да бір сәлем! (Базар жырау, Шығ.).

БОЙКҮЙЕЗДЕ= е т. с ө й л. *Енжарлану, селқостану, еріну.* От басынан шыға алмай, Қалма заман артында. Көптің ісі дегенде, *Б о й к ү й е з д е п* тартынба (Қ.Қуанышбаев, Өлеңд.).

БОЙКҮЙЕЗДЕН= е т. *Мойны жар бермеу, жалқаулану, енжарлану.* Қызылбикеге хат жазып, қағаз жөнінде «жас жүрегінің» тілегін, «ыстық махаббатын» сездіргені болмаса, ондай нәзік ұят сөздерді бетпе-бет, ауызба-ауыз айтуға, беті шыдамай, *б о й к ү й е з д е н е* беретін (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Б о й к ү й е з д е н і п* ұйқыны Бойыңа үйір дос етпе (Базар жырау, Шығ.). Бүкіл дала бей-жай, есінеп-құсынап *б о й к ү й е з д е н і п* жатқандай (О.Бөкеев, Қайдасың.). Жылы жерде *б о й к ү й е з д е н і п* қалған жәндіктер желге беттемей тайқақтай береді (Т.Ахтанов, Дала сыры).

БОЙКҮЙЕЗДЕУ с ы н. *Енжарлау, жалқаулау.* Асылы өзің жалқау, *б о й к ү й е з д е у-*

с і ң бе деймін, әйтпесе осыны білуге әбден болады (З.Қабдолов, Өмір үшқ.). Құрысқан дене ширап, бой жазылып, Үйықтады, тартты дене *б о й қ ұ й е з д е у* (А.Тоқмағамбетов, Шығ.). Нұрмағамбет сияқты көп елпілдей қоймайтын сал бөкселеу, *б о й қ ұ й е з д е у* адамның қосшысына керек мінездің барлығын Құдай-тағала құматтан аялаған (Б.Аманшин, Көкжар).

БОЙҚҮЙЕЗДІК з а т. **1.** *Бойқүйез болушылық, мойны жар бермеушілік, енжарлық, еріншектік.* Бондалетов Сақараның феодалдық бытыраңқылығында орын тепкен *б о й қ ұ й е з д і к т і*, салғалдықты шенеді (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Дала тіршілігіне хас *б о й қ ұ й е з д і к*, керенаулық, жалқаулық қала тынысында жоқ нәрселер (Р.Нұрғалиев, Талант.). Бойы сергіп бір түрлі *б о й қ ұ й е з д і к* құласын қыран қатты сілкінді Сермеп қалып құлашын (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** п е д. *Айтқан ақыл-кеңеске құлақ аспай, өз бетінше жүріп-тұрудан көрінетін мінездің жағымсыз жағы. Б о й қ ұ й е з д і к* белсенді және енжар болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Педагогика.). Қолайлы психологиялық жағдай орнату – бала *б о й қ ұ й е з д і г і н і ң* өріс алмауының басты шарты (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Б о й қ ұ й е з д і к т е н* арылу үшін адам өз күш-қуатын, ерік-жігерін мақсатты іс-әрекеттерді орындауға арнауы қажет (ҚҰЭ).

БОЙҚАЛАҚАЙ з а т. б о т. *Сабағы тік, сидам түп жағы төрт қырлы көпжылдық шөптесін өсімдік.* Ол төрт қырлы сабақтар – бал құрай, *б о й қ а л а қ а й* тағы басқалар болады (Т. Мұсақұлов, Өсімдік. анатом.).

БОЙЛА= е т. **1.** *Биіктеп өсу, ұзару.* Тал шыбықтай *б о й л а ғ а н,* Тай-құнандай ойнаған, Қалды ол жақта бұрынғы Туып-өскен еліңіз (Базар жырау, Шығ.). Ыстықты елеп, аңызғақ-қа абыржымайтын өсімдік *б о й л а й* түсті (С.Бегалин, Ана.). Күңгірт аспанға *б о й л а п* тұрған қыраулы биік ағаштардың басы қыбыр етпейді (С.Шаймерденов, Мезгіл). Ден сау болса, тұрмыстың Маған салған құрығын *Б о й л а п а л ы п* кетермін! Таудай үйген қайғысын Ойнап алып кетермін! (С.Торайғыров, Алаш ұраны). **2.** *Сұйық заттың бір нәрсенің бойымен жоғары көтерілуі, жайылып таралуы.* Минералды тұздардың ерітінділері тамырдан сабақты *б о й л а п* жапырақтарға көтеріледі (Ботаника). Түтікті *б о й л а п* мөлдір су Босағадан аттады. Шомыл, құйыл, бетің жу, Тұр шумектеп аққалы (М.Әлімбаев, Таңд.). **3.** *Мойын соза қарау.* Бір бала қырдың басында Жайылған қойы қасында Ауылы қырдың астында. Төңірекке *б о й л а п* қарады (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Ортаңғы теректің ең жоғарғы бұтағына міниП отырған барлаушы алдыңғы жағына *б о й л а п* қарап: «Жау танкілері көрінеді», – деп дауыстады (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). Ақбөбек отыр ма деп ақыл ойлап, Қараймын жабығыңнан қаздап *б о й л а п,* Адайдан таңдап сүйген ақ жайнағым, Қанбадым қызығыңа бір жаз ойнап (Б.Адамбаев, Ақбөбек). **4.** *Бір нәрсенің жерге, суға тереңдеп кіруі, батуы.* Тереңге тепсіне *б о й л а м а й т ы н ы н* Амал қайсы бәрін де көру керек, Ұрпағы үшін оған да көну керек, Кеталардың тағдыры қандай қатал, Уылдырық шашқан соң өлу керек! (М.Шаханов, Ғасырлар.). Сегізде бала болып ойнап едім, Тоғызда тайлы суға *б о й л а п* едім, Он бес пен он алтының арасында, Желкемнен аларын да ойлап едім (Шал ақын, Өлеңд.). Айқыш-ұйқыш зарядтар дір еткенде, Тамыр *б о й л а п,* ток ойнап жүректерде, Ақ моншағын аспан да шашып алып, Нұр жамырап жөнелсе түнектерге (М.Мақатаев, Шығ.). **5.** *Бір нәрсенің бойымен жағалай жүру, бойын қуалау.* Киікбай балалары осы арадан төмен бұрылып кетеді де, Найзалар қара жолды *б о й л а п,* ауылымызға тура тартамыз (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Келеді бастық көңілді, Тоғанды *б о й л а п* жағалай. Суғарып тастап егінді, Бір қарт тұр Дихан бабадай (М.Мақатаев, Шығ.). Жетектеп ап бүлдіршіндей сумка асынған баланы, Келеді адам көше *б о й л а п,* су қараңғы жанары (М.Шаханов, Ғасырлар.). **6.** *Жылқы малының тізгін бермей, қатты арындауы.* Құрық салса, бақа айғыр *б о й л а й т ұ ғ ы н,* Қоста жатып Қодекең ойлайтұғын: Кешегіде жолықпай кетіп едім, Әзіл тастап жеңгеңіз ойнайтұғын (Қозы Көрпеш.). Мал бағып шауып ойнаған, Үйреткен асау *б о й л а ғ а н,* Көк жасыл шөбі жайнаған, Сағындым еркін даламды (С.Сейфуллин, Өлеңд.). **7.** а у ы с. *Бір нәрсенің байыбына бару, мәнін тереңірек түсіну, үңіле қарау.* Өз елінің даналары қалдырған асыл сөздерге терең *б о й л а п,* ой елегінен өткізіп отыр (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Мәселенің мәнісіне әлі *б о й л а п* жетпесе де, Естай оны қатты аяп кетті (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Жылдардың жотасынан тайғанап күн, Өмірдің тереңіне *б о й л а м а п п ы н.* Сендер көп едіңдер ғой, кешіріңдер, Бірінді бақытым деп ойламаппын (М.Шаханов, Ғасырлар.). Ойлай, *б о й л а й* өмірді, Біраз жүрген сапарда, Ауырды да, жеңілді Алып бірдей қатарға (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Бәрі де өткен күн деп ойлағанда, Тарихтың теңізіне *б о й л а ғ а н д а,* Келеді көз алдыма солар менің, Бұл күнгі наурызды тойлағанда (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Көкке бойлады. *Биіктеді, аспандады.* Үйлері қабат-қабат тұрған жайнап, Ақ бұлтпен таласқандай *к ө к к е б о й л а п* (Т.Жароков, Шығ. жин.). Арыстандай толғанып, Жалын

көкке бойлайды, Жолбарыстай жонданып, Темір тербеп толғайды (І.Жансүгіров, Шығ.).

БОЙЛАҒЫСЫЗ с ы н. *Бойламайтын, бойдан асатын, терең.* Сонымен біздің құдық ұзындығы он шақты, көлденеңі екі-үш метр, кісі *бойлағысыз* терең (Ә.Қалдыбаев, Шаншар).

БОЙЛАЙ ү с т. ж е р г. *Үнемі, ылғи.* Арзалар туралы сайлаушылардың алдында оқтын-оқтын *бойлай* өсеп беріп тұрулары керек (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БОЙЛАН= е т. *Биіктеу, көтерілу.* Алғыр құстай *бойланып,* Қызыл найза қолға алып, Абжыландай толғанып, Қолтығын шұбар сөгеді (Алпамыс).

БОЙЛАТ= е т. **1.** *Бір нәрсенің бойымен жағалай жүргізу, бойын қуалату.* Осы көшені *бойлата* терек ексек. Одан әрі қарағанмен жалғастырсаң, – деді бақбегі (Ғ.Сланов, Шалқар). **2.** *Тереңдету, батыру.* Аррия ару Транзейге ойлы көзін ойната, Жүзін гүлдей жайната, Күле қарап, тұрды дағы қанжарын, Жүрегіне сұғып алды *бойлата а...* (М.Шаханов, Ғасырлар.). **3.** *Жеткізу, жақындату. Бойлатпас* тереңім-ай! Өнерге керегім-ай! Үйқасқа інжуіңді Қосып мен өремін-ай! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Бойлата ату. ә с к. *Пулеметтерден, жекелеген зеңбіректерден, жаяу әскердің ұрыс мәшинесінен немесе танкілерден қарсыласқа жақын қашықтықтан кенеттен бір бағытта оқ жаудыру.*

БОЙЛАТТЫР= е т. **1.** *Биіктетіп өсірту, ұзартқызу.* Аласа жылжыған күз бұлты Мәлике көзін түпсіз алыс аспанға *бойлатты ырмайды* (Д.Әбілев, Арман.). **2.** *Тереңдете енгіздіру, кіргіздіру.* Елге қайтар уақыт болды, Ертісімді ойлаттырмадың, Днепр маған бақыт болды, Толқыныңа *бойлаттырғаның* (М.Әлімбаев, Жүрек.).

БОЙЛАТТЫРУ *Бойлаттыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тереңге *бойлаттыру.*

БОЙЛАТУ *Бойлат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Суды *бойлату.*

БОЙЛАУ *Бойла етістігінің қимыл атауы; жіті түсіну, жан-жақты меңгеру.* Бұл образды жасауда Шекспирше қарыштау, Шекспирше характердің тұңғиығына *бойлау* бар (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Абай дүниеге әкелген поэтикалық мұраны герменевтикалық талдау оның ішкі әлемінің архитектоникасына терең *бойлауға* мүмкіндік берді, оның ойлау мәдениетінің небір тылсым қабаттарына жол салды («ТУГ»). Мойындаған жөн, Ш.Құрбановтың «төртінші өлшеміне» *бойлау* оңай емес («Қаз. әдеб.»). // *Мазмұн, мағына байлығы.* Аспаптардан төгілген әуеннің әрбір үйірімін әртүрлі жолмен ұғындыра отырып, шығарманың шырқау биігі мен *бойлау* тереңдігін, жетер кеңістігін түсіндіруге ұмтылу қажет (Қ.Боқаев, Өнерлі.).

БОЙЛАУЫҚ с ы н. **1.** *Бойлай өсетін, биік. Бойлауық* өскен құрайлар бозқырау бүркеніп, бүгіле түскен (Ә.Сәрсенбаев, Батырлар.). Түнгі дала. *Бойлауық* өсімдік арасындағы қара жолмен тартып келеміз (Ауыл ажары). Сол жылы шөп биік өскен; шашақты сасыр, түйежапырақ, *бойлауық* шалғын үзеңгіден келеді (Ж.Жұмаханов, Соқпақ.). Бірінің аты – Оймауыт, Нар түйедей *бойлауық,* Арамға жақын неме еді, жаман жұмыс ойлауық (Қамбар батыр). **2.** *Тізгін бермейтін арыншыл, басы асау.* Жүйріктігімен қатар, не деген *бойлауық* қашағандарды құтқармайтын ұшқыр қара көк бие бізге ұстатса, оған мінгесіп алып, жылқыларды шыр айнала бір сыдырып шығар едік (Ә.Көшімов, Қарт аңшы). *Бойлауық* бесті асаудай ойдан-қырға, Орытып ізі – жанын терге бұлар. Қаншама байласа да ақырында жуасып, қолға тұрып мойынсұнар (Ғ.Қараш, Замана). *Бойлауық* жылқы секілді бой бермейді (І.Есенберлин, Шығ. жин.). Шу асауды Күдіріс мініп үйретеді. *Бойлауықты* Күдіріс тоқтады. Зым-зия болып шығып кеткен қысырақты, үркіп кеткен жылқыны, Күдіріс қарап табады (А.Байтұрсынұлы,.. Оқу құралы). // *Ешкімге бас имеген, ешқашан тежеу көрмеген.* Конфискация жүрер алдында Сайқын елінің айрықша *бойлауық* екі шонжарын Угар Жәнібеков тұтқындап, қалаға алып жүрмек болады (Ә.Көшімов, Лашын.). **3.** а у ы с. *Өршіл, әсер-қуаты күшті.* Мұның соңынан Тәттімбеттің сылқылдаған *бойлауық* толғаулары кетті. Шіркін-ай, бұл не деген керемет күйлер (Ә.Көшімов, Лашын.). Халықтың таңғажайып өнерінен нәр алған, сол халықтың мұңлы, шерлі, бірақ болдырмас *бойлауық* ән-күй сарындарына бауыр басқан бала жүрек дүние мінсіз, барлық адамның ішкі сарайы қалтқысыз таза болса екен деп тілейді (Ә.Көшімов, Лашын).

БОЙЛАУЫҚТЫҚ з а т. *Асқақтық, өршілдік.* Ән жақсы-ақ! Құлпырып ойнап, шымшып алады, шымырлатып кетеді. Дәмелендіреді, назданады, жастық қызуының *бойлауықтығын,* серпінін танытады («Қаз. әдеб.»). Ағайындары сөзге тоқтамай жүре бере ме, әсіресе, өркөкірек Қақабай *бойлауықтық* жасай ма деп, ел сөзін сыйлайтын ара ағайындарды әдейі шақырса керек (С.Бектасов, Мәди). Бастапқы кезде сабаққа үйрене алмай *бойлауықтық* көрсеткен Ұлдай енді көріні аяды ма, немесе Құдайберген Сәулені алғаннан кейін көңілі суыды (С.Талжанов, Ұлдай.).

БОЙЛЕР [ағыл. boiler] з а т. т е х. *Бу немесе ыстық суды пайдаланып су жылытатын, жылу алмастыратын аппарат. Б о й л е р* көбіне жылу электр орталықтарында температурасы 150°С-қа жететін ыстық су алуда қолданылады (ҚСЭ).

БОЙЛЫ с ы н. *Бойы бар.* Тақа, сіз әлгі бір аласа *б о й л ы,* қалың қара сақалды семіз кісіні айтасыз ба? – деді ол (С.Бегалин, Шығ. жин.). Арғы жақтан еңкіштеу келген ұзын *б о й л ы* біреу ішке лып беріп кірді де, есікті ішінен іліп ала қойды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Ұзын *б о й л ы,* қыпша бел жас жігіт Құдайберді мен кең жауырын Қамысбай ойға түсе бере, көштің алдын көлденеңдеп, жарысып барады (М.Әуезов, Абай жолы). Олар күліп жаңылдап отырғанда, төрде жатқан ұзын *б о й л ы,* аққұба, қара мұрт орыс оянып, қырынан жатып, Ақбілекке көз салды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Еңсегей бойлы. *Алып денелі, ұзын бойлы. Е ң с е г е й б о й л ы,* иін қара шал қасына таяғанда: – Ассалаумағалейкум! – деп орнынан ұшып түрегелді (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Жомарт сөзін аяқтай бергенде, сырттан кірген *е ң с е г е й б о й л ы* қара сұр жігіттің сәлем берген даусы естілді (С.Бегалин, Шығ. жин.).

Қарға бойлы. *Кішкентай, бойы аласа.* Қаршадай *қ а р ғ а б о й л ы* қара бала, Тұр жалғыз ойлы көзбен қарап алға (Т.Жароков, Шығ.).

Орта бойлы. *Бойы орташа, ұзын да, аласа да емес.* Сымбатты, ашаң жүзді, *о р т а б о й л ы,* Көрген соң сұлу көркін көңілім тойды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Құшағымда *о р т а б о й л ы* толықша келген аққұба қыз. Екеуміз көшпен бірге музыка ырғағымен үнсіз тербеліп жүрміз (Ш.Әлдибекұлы, Келін). Жұмыр бас, дөңгелек бет, *о р т а б о й л ы,* Толық шеке сыпаттар терең ойды. Тік иық, шын бұраң бел, қардай еті, Сұлу сымбат көркіне көңілім тойды (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Ақбаланы бұрында көшеде бір-екі рет көргенмін. Балалар шешен білгіш деп мақтайтын. *О р т а б о й л ы,* маңдайлы, аққұба жігіт еді. Көз қарасы, сөйлесі сабырлы жігітке ұсайды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Сұңғақ бойлы. *Талдырмаш денелі, ұзын бойлы.* Ол барлап тұр Болашаққа жол біліп, Көкірегіне ар-намысшыл толды үміт. Біздің тұңғыш ғарышкерден аумайды, *С ұ ң ғ а қ б о й л ы,* зор тұлғалы сол жігіт (К.Салықов, Жезкиік). Мықты қып құрылған биік алтыбақанда *с ұ ң ғ а қ б о й л ы* екі қыз әлпеншек теуіп тұрып, жаңағы «Топайкөкті» әлі шырқап жатыр (М.Әуезов, Абай жолы).

Сырық бойлы. *Арықша келген, ұзын бойлы.* Он беске енді шыққан *с ы р ы қ б о й л ы,* қапсағай қара бала – Қалман шешесі мен інісінің асыраушысы болды (Ә.Әлішев, Батыр бол.).

БОЙЛЫҚ[1] з а т. **1.** г е о г р. *Жер бетіндегі кез келген нүктенің орнын анықтайтын географиялық координаталардың бірі.* Карта жасауда *б о й л ы қ* пен ендік негізгі тірек (А.Қалығұлов, Жарық.). Джон Дэвис басқарған ағылшын кемесі Пасха аралының төңірегінен аралдар ашқан: 27 градус оңтүстік ендік пен 105 градус солтүстік *б о й л ы қ т а* жатқан оның координаттары кеме журналына жазылады (Шарапат). ...көп томдық «Географияда» жер бетіндегі 8000 пункттің ендігі мен *б о й л ы ғ ы* көрсетіледі (А.Көбесов, Математика.). **2.** м а т. *Кез келген нүктенің деңгейлік беттегі орнын анықтайтын шамалар жүйесіндегі ендікке қарама-қарсысы.* Тағы бір еңбегінде Николь Орем математиканы натурфилософияға қолдану төңірегіндегі схоластикалық ой-пікірлерді жинақтап, дамыта келіп, тік бұрышты координаттардың алғашқы формаларының бірі жазық тік төртбұрыш үшін *б о й л ы қ* және ендік ұғымдарын енгізеді (А.Көбесов, Математика.).

Бойлық жіп. қ о л ө н е р. *Тоқылатын кілемнің немесе басқа бұйымның ұзына бойғы негізгі жіптері.* Баспаған кілемінің *б о й л ы қ* жібі де, тоқылатын жіптері де жіңішкелеу, бояуы асыл, нақыштары сұлу, жұмысы басқаларға қарағанда қиынырақ (С.Шарипов, Шығ. жин.).

БОЙЛЫ-СОЙЛЫ с ы н. ж е р г. *Ұзын бойлы, денесі ірі.* Ізбек ірі, бітімі кесек, *б о й л ы с о й л ы* жігіт секілді еді (З.Қабдолов, Жалын). Әйелі Ханым қол-аяғы балғадай, *б о й л ы с о й л ы,* өнді кісі екен (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.).

БОЙӨРКЕН з а т. б о т. *Өсімдіктің негізгі сабағынан жоғарғы бөлігі.* ≈ *Б о й ө р к е н і* қысқа.

БОЙРА з а т. *Қамыстан тоқылған төсеніш, яки кереге сыртынан ұсталатын зат.* Үй ысымас үшін керегенің сыртынан туырлық орнына ши немесе ши тәріздендіріп қамыстан тоқылған *б о й р а* ұсталады (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Табанға ши төселген, үстемелетіп қамыс *б о й р а* төселген (Ә.Тарази, Құйрықты.). Шұнақ шалдың да шарбағы кең, алма ағашы мол, солардың түбіне, көлеңкесі қоюлау жерге *б о й р а* төселеді (Ә.Тарази, Басынан Қаратау.).

БОЙРА-БОЙРА ү с т. ж е р г. *Ағыл-тегіл. Б о й р а-б о й р а* тер жағасы ашық ақ жібек көйлегінің сыртына шығып кетті (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.).

БОЙРАДАЙ с ы н. *Бойра сияқты, бойра тәрізді.* Жаманның басы *б о й р а д а й* Жерде жатқан төселіп. Азырақ, халқым, тыңдаңыз, Бәһрә мұны қылмаңыз, Бір әңгіме ететік (Үш ғасыр.).

БОЙРАША үс т. *Бойра сияқтанып, бойраға ұқсап.* Кілем, текемет тұтылған жерден жоғары жаққа, сонау шағын шаңыраққа дейін *б о й р а ш а* тоқыған айыл қоға ұсталыпты; кәдімгі киіз үйдің дөдегесіне ұқсап тұр (А.Нұрманов, Құлан.).

БОЙ-СОЙ з а т. ж е р г. *Тұлға, бойы, дене бітімі.* – Осындай әсем тұлғасы бар, бітім, *б о й с о й ы* келісіп тұрған перзентін тәйтік те, олақ етіп өсірген қандай ата-ана болды екен, – деді Дайрабай Шапағатқа (Ғ.Сланов, Домбыра.). Көркемөнердің басқа салаларында да аса қадірлі азаматтар образы өзінің бар *б о й с о й ы м е н* толық көрініп, мәнгі өшпес тұлға дәрежесінде берік бейнеленбек (Х.Сүйіншалиев, Ізденіс.).

БОЙСҰН= е т. **1.** *Мойындау, көну.* Ақырғы рет кеш алдынан күні бойы жылаумен үздігіп әлі біткен Қасым жетімектің барлық сорлылығына *б о й с ұ н ғ а н* пішінмен Исаның үйін жағалап келе жатыр еді (М.Әуезов, Қараш.). Адал да арам өлімге *б о й с ұ н ы п*, енді ғана сезінген қайран дене суыды, мәңгіге суыды да, шын еркіндікке сапар шекті (О.Бөкеев, Қайдасың.). Ашсаң – қалдың бәлеге, Жұмып кір көрге көзіңді. Тағдырыңа *б о й с ұ н ы п*, Салып көр енді төзімді (С.Торайғыров, Алаш ұраны). **2.** *Жуасу, басылу.* Дөнен бестісіне шейін жүген-құрық тимеген асаулар қалбағай не бұғалық тастап, не құрық салғанда шыңғырып барып жағалап... *б о й с ұ н ы п* тұрып қалатын (М.Әуезов, Қараш.). **3.** *Бағыну.* «Әділ хан, бұйрығыңа *б о й с ұ н д ы қ*», – деп, Бұйрықсыз бір адым да аттамаймыз, Кеш, тәңірім, болса сөзім пендешілік, мінекей, айқын зұлым, қайда әділдік? (М.Жұмабаев, Шығ.).

БОЙСҰНДЫР= е т. *Бағындыру, мойындату.* Әбден өлі ет болып қалған ба, әлде іштей *б о й с ұ н д ы р ғ а н* бір күш пе шыдатып жатқызған (Ш.Құмарова, Қос шынар).

БОЙСҰНДЫРУ *Бойсұндыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үнсіз *бойсұндыру.*

БОЙСҰНУ *Бойсұн етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тағдырға *б о й с ұ н у.*

БОЙСЫЗ с ы н. *Қысқа, аласа, ұзын емес.* Кедергілер көлденеңдеп күтпеген, Пәле болды көңіл жықпастық деген. Шығып жатыр, Шығып жатыр құлшынып, *Б о й с ы з*, Ойсыз, Тек ұшуға құштарлар Құштарлықтан тұра ма әлде тіршілік?!! (М.Шаханов, Ғасырлар.).

БОЙТАСА з а т. ә с к. *Жаудың оғынан қорғану үшін жасалған құрылыс түрі.* Аппарель окоптарда, *б о й т а с а л а р д а* және басқа да құрылыстарда танктердің, зеңбіректердің және автокөліктердің кіріп-шығуын ыңғайлы ету үшін кеңінен қолданылады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

БОЙТЕМІР з а т. ж е р г. *Су диірменнің тасы мен астындағы су ұратын дөңгелекті байланыстыратын темір.*

БОЙТҰМАР з а т. э т н. **1.** *Тіл-көзден сақтау үшін мойынға не киімге тағатын ерекше қасиетті саналатын бұйым немесе дұға сөз жазылған үш бұрыштап сыртын матамен қаптап тіккен қағаз.* Бұл жеңешем ырымшыл жоққа құмар, Мойнында үш дуалық, бір *б о й т ұ м а р.* Салпылдақ, сарғыш тартқан көзі сынған («Қаз. әдеб.»). Әкесі өліп, жақын жандары азайған соң, жас келіннің ақылы ауысты, – дескен ауыл адамдары Зейнештің мойнына *б о й т ұ м а р* тағып, тұсына көлөм шәрифті іліп қойысқан (Ә.Көшімов, Лашын.). Не пайдасы тиеді *б о й т ұ м а р д ы ң,* Ажал жетіп, кез келсе жан аларым (Батырлар жыры). Санын шектеуші себептер: электр сымдарында және уланған жем жеп өлгендерінен басқа, қауырсынынан ұлттық әшекейлер мен *б о й т ұ м а р л а р* жасау үшін ұядағы балапандарын алудың да кері әсері үлкен. Сондықтан оны қорғаудың тағы бір жолы – оның қауырсынын пайдалану үшін қолдан өсіру керек (Қаз. қызыл кітабы). **2.** а у ы с. *Ерекше қадір тұтатын қасиетті нәрсе.* Содан бері жүзім шоғырын тістеген ләйлек бейнесі қасиет тұтар *б о й т ұ м а р ғ а* айналған («Қаз. әдеб.»). Күнімен толғатып, Көңілде ой туар. Ойымның қымбаты Мен үшін *б о й т ұ м а р* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Енді бақсам, Камалдың осы өлеңді *б о й т ұ м а р* етіп айтуының ол кездерде аңғарыла қоймаған рәміздік сыры бар сияқты («Парасат»). Байқамай қымбатымды көрдім арзан, Сорым ба салқын тартқан сіздей жардан. Өзіме өрескелім көрініп тұр, Айырылып арнап жазған *б о й т ұ м а р д а н* (Ә.Найманбаев, Шығ.).

БОЙТҰМАРДАЙ с ы н. *Бойтұмар сияқты, бойтұмар тәрізді.* ≈ *Б о й т ұ м а р д а й* көрді.

Байтұмардай сақтады. *Ерекше қадір тұтты, қасиетті санады.* Жамбылдың Ұлы Отан соғысы кезінде жазған «Ленинградтық өрендерім» деген өлеңін майдандағы жауынгерлер *б о й т ұ м а р д а й с а қ т а п,* ауыздан-ауызға жаттады («Қаз. әдеб.»). Әлима *б о й т ұ м а р д а й с а қ т а ғ а н* әтір шишасын сарқып, соңғы тамшыларын әкесінің өлі денесіне тамызып, соңғы көз жасын да төгіп-төгіп жіберіп, өксігін баса алмай, кеудесіне маңдайын тіреп мұсылман рәсіміне жат мінезбен өлікті құшақтап, айырылмай ұзақ жылаған (С.Жүнісов, Ақан сері). Мамыр елден келген хатты *б о й т ұ м а р д а й с а қ т а й д ы* (Ә.Сәр-

сенбаев, Батыр. ізі). Бұдан екі жыл бұрын, марқұм ақын Қапан Сатыбалдин өзі көптен бері *б о й т ұ м а р д а й с а қ т а п* жүрген Баубектің екі-үш хатын берді (Р.Ыдырысов, Отты жыл.).

БОЙҰСЫН з а т. с ө й л. ***Бойсұн***. Ауыздан Алла атыңды тастамаймыз, Алласыз ешбір іске бастамаймыз. «Әділ хан, бұйрығыңа *б о й ұ с ы н д ы қ*» – деп, Бұйрықсыз бір адым да аттамаймыз (М.Жұмабаев, Шығ.).

БОЙҰСЫНУ *Бойұсын етістігінің қимыл атауы*. Әке-шешені құрметтеудің шегі жоқ. Құран Кәрімде: «Сендерге Тәңір тек өзіне ғана *б о й ұ с ы н у д ы* бұйырды, ата-аналарыңа жақсылық жасауды өсиет етті. Олардың біреуі, әйтпесе, екеуі бірдей қартайып (қалжырап) қалса, «Тфу» деуші болмаңдар (жеркенбеңдер), зекіп, ұрыспаңдар. Екеуіне де ізетті болыңдар. Екеуіне де зор мейіріммен, кішіпейілмен бас иіңдер. «Тәңірім, мені кішкентайымнан мәпелеп өсіргендей, Сен оларға рақым ет де («Исірә»).

БОЙШАҢ с ы н. **1.** *Ұзын бойлы, сұңғақ*. Бір топ талдың арасынан жөнсу киінген, қырбық қара мұртты, көркемше, *б о й ш а ң* жігіт шыға келді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Орылмаған алқаптың биіктігі *б о й ш а ң* кісінің белуарынан келеді. Егер болса шабындыққа шалғы салғалы тұрған комбайнның о жақ, бұ жағына шығып, механизаторларға бірдеңелерді түсіндіріп, жүрттан ілгерілеп кетті. Шілденің аптап-аңызағын елейтін түрі жоқ («Егемен Қазақстан»). Үлкен қоңыр столдың жанында тұрған *б о й ш а ң* Жаншаның қасында Халел ұсақ көрінеді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). **2.** *Биіктеу*. Қыр бетте *б о й ш а ң* бидайық, ой бетте жасыл шырмауық, Толқытып тербеп желқайық, Теңізге ұқсар бірауық (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). Тау етегін жоғары тырмыса біткен *б о й ш а ң* жасыл теректер, ақ балтыр шұбар қайыңдар ілгері басқан сайын жиілеп, қоюланып барады (С.Омаров, Өмір асулары). *Б о й ш а ң* терек сары орамал жамылғанда бақтағы, Ойда-жоқта шорт үзілді сағыныштың хаттары (М.Шаханов, Ғасырлар.). **3.** *Ұзындау*. Киінгені – киізкебіс, көркі жіп, *Б о й ш а ң* халат – ала жібек жер сызып (Х.Ерғалиев, Сенің өзенің). Ескі сүрлеудің атқа ғана медеулігі болмаса, *б о й ш а ң* тырмаға септігі жоқ (Қ.Қазиев, Иманжапырақ). **4.** *Сирақтары ұзын*. – Ой сарамас, – деп алдына өңгерген бойында лақтың тырсиып тұрған ішін сипалады. Қазір күз. Өзі *б о й ш а ң*, күпілі лақ (М.Әуезов, Шығ.).

БОЙШАҢДАН= е т. *Бойы ұзару, өсу, биіктеу*. Қадиша соңғы екі жыл ішінде көп өзгерді. Бұқпалап келіп, бірден көтерілген адамша, тіпті *б о й ш а ң д а н ы п* та кетті (А.Тоқмағамбетов, Әке.). Ақсары жүзі күреңіктіп, түтігіп кеткен, аз күннің ішінде жақ сүйектері айқындалып, жүдеп шыққан, бірақ жүрісі ширақ, бұрынғысынан да таранып, *б о й ш а ң д а н а* түскен сияқты (Х.Әдібаев, Таңбалы.).

БОЙШАҢДАУ с ы н. *Бойы ұзынырақ, сұңғақтау, биіктеу, ұзындау*. – Сен *б о й ш а ң д а у с ы ң* және көріктісің, – деп, мұғалім мені біздің кластағы балалардың сол жақ шетіне тұрғызған (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Мығым денелі, кең жауырынды қара жігіт өзінен гөрі аздап *б о й ш а ң д а у*, жіңішке сары жігітке көзінің қиығымен бір қарап қойды (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.). *Б о й ш а ң д а у* бидай өңді, ашаң жүзді, қыр мұрынды келген Наурызбике ана қыз кезінде сұлу болған (Ә.Әлішев, Батыр бол.). Екі жігіт орындарынан тұрды, бірі *б о й ш а ң д а у*, бірі шарғалау (Б.Әбдіразақов, Сандалкөк).

БОЙШАҢДЫҚ з а т. *Бойшаң болушылық, биіктік, сұңғақтық*. – *Б о й ш а ң д ы қ т ы ң* кесірінен төменге көзім түспей, байқамай қалыппын, – деді ол езу тартып (Х.Есенжанов, Тар кезең). Лейтенант *б о й ш а ң д ы ғ ы н* мақтаныш еткен сезіммен, рақаттана күлді (Ә.Сәрсенбаев, Батыр. ізі). Сырттан келген кісінің *б о й ш а ң д ы ғ ы* сонша, үйдің төбесіне тымағы тиер-тимес боп тұр (Ө. Қанахин, Жер бас.).

БОЙШАҢЫРАҚ с ы н. *Бойы биігірек, сұңғақтау*. Адаләттің жасы биыл он тоғызға шығыпты. Сенен гөрі *б о й ш а ң ы р а қ*, қара торының шырайлысы, бота көз, қастарының арасы қосылып тұр (Ж.Тілеков, Жоңғар.). Ол маған *б о й ш а ң ы р а қ*, сымбаттырақ, тіпті айбынды болып көрінді (От ортасы.).

БОЙЫ: **сол бойы [бойымен]**. *Сол қалпымен, сол бетімен, сол күйінде*. О, Ақтан жас, Ақтан жас! Сен де жетер ме екенсің? Жетімдіктің белінен Асып өтер ме екенсің? — Жарық сәуле көре алмай, Ел шаңына ере алмай, *С о л б о й ы* кетер ме екенсің? (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Мардан *с о л б о й ы м е н* жаяулап жылқыға келіп, күндегідей жылқыны күзеткен жоқ (І.Жансүгіров, Шығ. жин.).

Өмір [ғұмыр] бойы. *Бар ғұмырында. Ө м і р б о й ы н д а* Абайдың алғаш рет ұйқысыз түндер өткізіп, қабағы қатып, қажыған жолы осы еді (М.Әуезов, Абай жолы). Кезімде не қайғырып, не күлетін, Болдым-ау *ө м і р б о й ы* өкінетін. Алдың қыс, алдың боран, алдың ажал, Күндеріңде болады, екі жетім? (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). Бала кезде болмайды ақыл — Сол кайғы. Қонбайтынға *ғ ұ м ы р б о й ы* қонбайды. Қайткен дұрыс? Шығып

қалдық сапарға, Орта жолдан оралуға болмайды (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

БОЙЫНДЫҚ с ы н. ж е р г. *Біреудің немесе бір нәрсенің бойына сәйкес келетін.* Бұрыштағы кісі *б о й ы н д ы қ* айна – осындағы мүлік атаулыны екі есе молайтып көрсетеді (Ж.Молдағалиев, Айналайын).

БОЙЫНША ш ы л. *Бір нәрсеге сәйкес, лайық.* Абаймен бірге Қарамолада болған Мүсірәлінің куәлігі *б о й ы н ш а* бұл жолы Абай тізген ереже бабы жүзден аса еді (М.Әуезов, Әр жыл.). Бұл ұйғару *б о й ы н ш а* шабуылды мойнақтың аузында тұрған жүзінші бригада бастамақ (Б.Момышұлы, Ол күндер.). Бәрі бітті. Құлайды арман дауыл жыққан қайыңша, Ел күлмей ме ессіз үрей ықпалына бой ұрса?! Өзін-өзі өлтіруге тиісті еді Транзей Сол кездегі әміршінің қатал заңы *б о й ы н ш а* (М.Шаханов, Ғасырлар.).

БОКАЛ [франц. bocal] з а т. *Шарап құйып ішуге арналған табаны бар шыны ыдыс.* Тозаң басып тұр бүгінде *б о к а л д а р*, Бөтелке жоқ *б о к а л д а р ғ а* қоқаңдар. Әрбір үйдің уақытында шамы өшіп, Уақытында алынады сақалдар (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Бозамық арақты қойды да, *б о к а л д ы* көтеруге сылтаулар тауып, жөремелдете әлденешеуін қотара салды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Бокал көтерді. *Батыс елдерінің мәдениеті бойынша салтанатты жиында, тойларда тілек айтып соңынан шарап немесе аққайнар ішу салтын білдіретін ишарат.* Жаңа жылда еліміздің Еске алып ерлігін, *Б о к а л д а р д ы к ө т е р е й і к*, Келші, сәулем, кел, күнім! (С.Мәуленов, Таңд. өлеңд.). Күйеу жігіт он бес ұлға әке болсын сақалды. Сол ертеңгі ұрпақ үшін *к ө т е р е й і к б о к а л д ы!* (М.Шаханов, Ғасырлар.).

БОКИТ з а т. х и м. *Ванадаттар тобына жататын минерал. Б о к и т* ванадаттар тақта тастардың үгілу қабаттарында кездеседі (ҚҰЭ).

БОККА з а т. г е о л. *Жанартау биіктіктерінің өзге өңірлерінде пайда болып, ауық-ауық жанартау атқылауының болмашы белгілерін байқап отыратын тесік.*

БОКС[1] [ағыл. boxing<box соққы] з а т. с п о р т. *Арнайы қолғап киіп, белгілі ереже бойынша жұдырықтасып сайысатын спорт түрі.* Он жылдың ішінде еліміздің *б о к с ы* керемет қарқынмен өсіп, былғары қолғап шеберлерінің арасынан әлем кубогінің жеңімпазы, әлем чемпионы, олимпиада чемпиондары және Азия ойындарының чемпиондары шықты («Жас Алаш»). *Б о к с т а н* Мәскеу қаласында өтетін әлем кубогы қарсаңында Куба құрамасының боксшылары жолдастық кездесу өткізеді («Жас Алаш»). *Б о к с т і ң* алғашқы түрі ежелгі Грекияда ұйымдастырылып, Олимпиялық ойындар қатарына енген (ҚҰЭ).

Бокс секциясы. *Бокспен айналысуды үйрететін секция.* Бұның физкультураны сүйетін оқушыларға әсер еткені соншалық, олар *б о к с с е к ц и я с ы н* ұйымдастыруды өтіне бастады (Б.Соқпақбаев, Өзім тур.).

Кәсіпқой бокс. *Ресми спорттық ойындардан бөлек бокс түрі.* Бұл кезде ол спорттағы, әсіресе *к ә с і п қ о й б о к с т а ғ ы* ерен жеңіс, ерекше биіктік атаулыға мінез имиджімен, сан түрлі жарнаманы жолын таба пайдаланумен де қол жететінін әбден біліп болған әккі шебер еді (С.Абдрахманов, Елдік сыны).

БОКС[2] [ағыл. box – жәшік, қорап] з а т. м е д. *Жұқпалы ауруларға шалдыққан науқастарды, сондай-ақ ауыр науқастарды оқшаулайтын жеке бөлме.*

БОКСЕР [ағыл. boxer] з а т. с п о р т. ***Боксшы.*** Бұрынғы *б о к с е р д і ң* ұйқы ашар жаттығулары секілді (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Тәжірибелі, айлалы *б о к с е р л е р* күреске жаңа шыққан жасты аренада жалғыз қойып, дәл осылай қажытады (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Өткен жұма күні *б о к с е р л е р д і ң* бәрін Ыстықкөлге дайындыққа жіберген («Жас Алаш»).

БОКСЕРЛІК з а т. с п о р т. *Бокспен шұғылданушылық, боксшы болушылық.* Мен, Жарма, ғалым шыққан, батыр шыққан, *Б о к с е р л і к*, балуандықпен атым шыққан (Айтыс).

БОКСИТ [франц. beauxite] з а т. г е о л. *Алюминий металы алынатын тау кені, руда.* Қазақстанның шоқыларында мыс кендері, алтын, темір рудасы, марганец, *б о к с и т т е р* бар (С.Орынбаева, Геогр. ғажайып.). Аманкелді кенінің аса мол *б о к с и т т е р і н* игеру ісін жеделдету шараларын қолдану керек, соның негізінде Павлодарда ірі алюминий зауытын салуға болады (Қ.Сәтбаев, Қазақст.). Біздің ғалымдарымыз республикамыздағы жаңадан пайда болған өндірістің бұл саласын ойдағыдай дамыту үшін *б о к с и т* өңдеудің тиімді әдістерін табуы керек (Қ.Сәтбаев, Қазақст.).

БОКСИТТІ с ы н. г е о л. *Бокситі бар, боксит араласқан.* Қостанай облысындағы Краснооктябрь *б о к с и т т і* руда басқармасы карьерлерінде сыртқы үймелерді ауыл шаруашылығы қажеттері үшін жиде, жыңғыл, сексеуіл, бүрген, сондай-ақ көпжылдық шөптер-эспарсет, бидайық және т.б. еге отырып рекультивациялау ісі жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді (Т.Қалыбеков, Экология).

БОКСТАС= е т. с п о р т. *Бокспен айналысу, екі боксшының қолдарына бокс қолғабын*

киіп, бокс ережесімен бір-біріне соққы беруі. Қазір осы салмақта күш сынасып жүрген ресейлік боксшы Александр Поветкин жоқ. Ол спорттан қол үзгендіктен, орнына Ислам Тимурзиев *б о к с т а с а д ы* («Егемен Қазақстан»). 91 кг салмақта *б о к с т а с а т ы н* еліміздің биылғы жылғы чемпионы Жеңіс Таумұрынов. Бұл бәсекеде Жеңіске ресейлік боксшы Александр Алексеев пен кубалық Пабло Суарез қарсы тұрды. Бұл екі боксшы да мықты. Ал әлемдік жарыстарға жаңадан қатысып жүрген Жеңіске олармен абыроймен айқасса деп тілейміз («Егемен Қазақстан»).

БОКСТАСУ *Бокстас етістігінің қимыл атауы.* Салған беттен жаттықтырушыдан жолы болған (оның жаңа жаттықтырушысы Анжело Данди әлемнің жеті чемпионын тәрбиелеп шығарған кісі еді) Кассиус Клей аз уақыттың ішінде *б о к с т а с у* техникасын жеріне жеткізе шыңдап үлгереді (С.Абдрахманов, Елдік сыны).

БОКСШЫ з а т. с п о р т. *Бокс спортымен айналысатын адам.* Кезінде шаршы алаңда ешкімге бет қаратпаған даңқты *б о к с ш ы* Мұхаммед Әлидің қызы Ләйләнің да бүгінде тасы өрге домалап тұр («Жас Алаш»). Өзін тәжірибелі *б о к с ш ы* санайтын, қатарынан жеңіліп көрмеген Оспан бүгін қатты жеңіліп қалды (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.).

Кәсіпқой боксшы. *Кәсіпқой бокспен айналысатын спортшы. К ә с і п қ о й б о к с ш ы н ы ң* спорттағы ғұмыры қысқа, сосын онжиырма жыл бойы денсаулығын түзей алмай өмірі өтеді («Жас Алаш»).

БОКСШЫЛДЫҚ з а т. *Бокске әуесқойлық, бокске қызығушылық.* Жасынан өзі ұнатқан *б о к с ш ы л д ы қ* оны спорттың осы түріне еріксіз жетелеп әкелді («Спорт»).

БОҚ з а т. т ұ р п. **1.** *Ас қорытылуынан пайда болатын қарындағы жын, ұлы дәрет, нәжіс.* Адам – бір *б о қ* көтерген боқтың қабы, Боқтан сасық боласың өлсең тағы (Абай, Тол. жин.). Аққан өзен суды, көл суын таза ұстау керек. Суға күл, *б о қ,* өлімтік секілді лас нәрселерді тастамасқа керек (Шәкәрім). **2.** *Қи, тезек, көң.* Көсе түнде өз атының қасқасына күйе мен сиырдың *б о ғ ы н* жағып, байдың атының маңдайына бор жағып, қасқа қылып қояды (Қаз. ертег.). Сан тимеген жамандар, Лақтай басқа секірді. *Б о қ* аударған қоңыздай Не жаманның баласы, Ханнан туған секілді (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Қой бақпаған дала жоқ, *Б о қ* құймаған қала жоқ (І.Жансүгіров, Шығ.). **3.** *Мұрыннан ағатын маңқа.* Мұрнымнан *б о қ* ағып, сасырға мініп шаба бергеннен басқа не білдім онда (Ә.Нұршайықов, Махабб.). **4.** а у ы с. *Арам нәрсе, рухани пайдасыз іс деген мағынада.* Алдап алып артынан ергізеді, Адал деп арам *б о қ т ы* тергізеді. «Бұл қызық, міне пайда, әне айла» – деп, Жаның түгіл арыңды бергізеді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Өзің-ақ ен *б о ғ ы ң а* иелік қыл, Былғама: расул атын бейдиянат. Ауламақ момын көңілін болсаң егер, Айт уағыз, адал малдан қыл салауат (Айтыс). Надандықпен қарнымыз тоқ демелік! Біз білмеген еш ақыл жоқ демелік! «Айланы ақыл, арсыздық әдеп қой» деп, – Арамды адал, асылды *б о қ* демелік! (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Боғы ботқа, сідігі сірке. т ұ р п. *Барып тұрған салақ, лас, кір.* Үйіне барсаң, *б о ғ ы б о т қ а, с і д і г і с і р к е* болады да жатады (Ауызекі).

Боғымен жасты. т ұ р п. *Өзінен жасы әлдеқайда кіші.* Қысқарт, сойталдай боп *б о ғ ы ң м е н ж а с т ы* балалармен бірге оқымақпысың!? – деді Сұлтанбекке (Н.Қазыбеков, Тұсау кесер).

Боғын ақтарды. т ұ р п. *Бар былығын аштыы, әшкереледі.* Маған соқтыға бергеніңді қоймасаң, *б о ғ ы ң д ы а қ т а р а м ы н* (Қаз. түсін. сөздігі).

Боғын боталы түйе қылды. т ұ р п. *Түкке тұрғысыз нәрсесін әлдеқандай етіп бұлдады.* Жәмиладан бір суыртпақ зат сұрап алу оңайға түспес. Ол ылғи *б о ғ ы н б о т а л ы т ү й е қ ы л а д ы* да отырады (Қаз. түсін. сөздігі).

Боғын пышақтады. т ұ р п. *Қатты ызаланды, долданды.* Кешегі істеген тентектігіңді есітіп, ағаң *б о ғ ы н п ы ш а қ т а д ы* (Қазақ тілінің фразеол. сөздігі).

Боғы сүйылды. т ұ р п. *Берекесіздікке салынды, бұзылды деген мағынада.*

Боғы шықты. т ұ р п. *Бүлінді, бұзылды.* Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық – бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар. Өлшеуінен асырса, *б о ғ ы ш ы ғ а д ы* (Абай, Тол. жин.).

Боқ басты. т ұ р п. *Болымсыз, абыройсыз іске ұрынды.* Әйелің – Медетқызы, аты Өрім, Айында бір жумайды беттің кірін. Ер кезек ер жігітке үшке дейін, Бір *б о қ т ы* тағы *б а с* та және сүрін (Абай, Тол. жин.).

Боқ басында. т ұ р п. *Сол бойда, тұрған жерде.* – Әй, Иван Васильевич-ай, кімнің өлгісі келеді дейсің, қатын-балам бар, қарт анам бар. Олар бізді *б о қ б а с ы н д а* атып тастайды, – деді Зайцев (М.Қаратаев, Далада.).

Боқ басында өлді. т ұ р п. *Бекерден-бекер, болымсыз нәрседен мерт болды.* Кемпірдің жалғыз ұлы бар еді, ана жылғы төбелесте *б о қ б а с ы н д а ө л і п* кетті («Ана тілі»).

Боқ жеді. т ұ р п. *Бос сөйледі, мылжыңдап тұрып алды.* Алдарында *б о қ ж е п* жалынып

алды да, беруге келгенде бәрі сырғақ (Ж.Аймауытов, Шық.). Партия болып таласып, Бірінебірін шүйлесе, *Б о қ ж е г е н* аузын жаласып, Ылыққан иттей күйлесе (Шәкәрім, Өлең.д.). Адалдық, тазалықтан құры екенсің, Бағанадан байқатпай тұр екенсің. Сені адам деп несіне айтысайын, *Б о қ ж е й т і н* жол кесердің ұлы екенсің (Ш.Құдайбердиев, Шық.).

Боқ жеме. т ұ р п. *Көп сөйлеме дегенді білдіретін боғауыз сөз.* Ұрыс алды – *б о қ ж е м е* (Мақал-мәтел).

Боққа жарамайды. т ұ р п. *Тұкке тұрғысыз, ештеңеге жарамайды, іске аспайды.* Жұман: Е, жазығым не? Нұрқан: Жазығың сол, *б о қ қ а ж а р а м а й с ы ң?* (М.Әуезов, Шық. жин.).

Боққа тұрмайды. т ұ р п. *Тұк емес, құнсыз, бағасыз.* Өй, мынауың *б о қ қ а т ұ р м а й д ы* (Ауызекі).

Боқтан оңай. т ұ р п. *Тұк те емес, оп-оңай, бұйым емес*. Дегенге әриайдай, әриайдай, Мүйізі ақ серкенің қарағайдай. Мүйізін қарағайдай қағып алсам, Болуы тоқал ешкі *б о қ т а н* да *о ң а й* (Халық әндері).

Боқтан өзге. т ұ р п. *Жоқтан өзге, әр нәрсе.* Әдетің мұны мойныңа алмайтұғын, Жүйрікке *б о қ т а н ө з г е н і* арнайтұғын. Жүйрік боп мынау әйел не өндіреді, Қайраты қадам жерге бармайтұғын (Айтыс).

Боқты сідікпен жуу. т ұ р п. *Лас істің артын тағы да лас әрекетпен жабу.* «*Б о қ т ы с і д і к п е н ж у у г а* болмайды!» дейді («Жас Алаш»).

Болар бала боғынан. т ұ р п. *Адам болар бала жасынан-ақ белгілі. Б о л а р б а л а б о ғ ы н а н* деп, сол күнде-ақ Абылайдан айланы асырып кеткеніңізді қайтып естен шығарарсыз (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

Дүние боқ. т ұ р п. а) *Опасыз, жалған өмір, бескүндік осы дүние деген мағынада*. Жеген малдың иесі, Түлкі қуған тазыдай, Әкеңді жүр тақымдап. «Мен қайтейін, дымым жоқ Алдандырып азғырды Опасыз жалған *д ү н и е б о қ*. Барсаң сәлем айт», – деді (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Үстіп жүріп бір күні Кіжінумен құрғырың Бастан заулар *д ү н и е б о қ* (Базар жырау, Шық.). ә) *Жиған, терген дүние, рухани мәні жоқ материалдық байлық*. Қазақтың дүние қоңыз, *д ү н и е б о қ* деген сөзі оның есіне түсті (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). Алдаған сараң байды *д ү н и е б о қ*, Жинаған алтын-күміс қисабы жоқ. Үйіне қонақ келсе, жолатпайды, Асында – гүшүр, малында зекеті жоқ (МәшһүЖүсіп, Шық.). Жолдас емес адамға *д ү н и е б о қ*. Жұмаққа да жүр қазір дін ие боп. Өлең қалсын ұрпаққа, өнер қалсын, Ата мирас мәңгілік дүние боп (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

Ит боғынан қыл шықпай қалмайды. т ұ р п. *Әр нәрсе тегіне тартады.* Әр нәрсе асылына тартпай қалмас, *қ ы л ш ы қ п а й и т б о ғ ы н а н қ а л м а с* деген (Шешендік сөздер).

Күрекке боқ табылады. т ұ р п. *Екі қолға бір жұмыс болар.* Одан да сөзді қойып колхозға көшеміз. *К ү р е к к е б о қ т а б ы л м а й д ы* деп қорқасың ба? (Т.Ахтанов, Шық.).

Қарын тойса, қарта боқ сасиды. с ө й л. *Қарны тоққа қарта да дәмсіз көрінеді.* – Қой, шикі емес, тек *қ а р ы н т о й с а, қ а р т а б о қ с а с и д ы,* – деп, есік жақта отырған құбаша жігіт қайтарып тастады (С.Қамалов, Әңгім.).

Қолынан боқ келмейді. т ұ р п. *Қолынан ештеңе келмейді, іске ебі жоқ.* Өңкей сасық байларың сен мақтаған, *қ о л д а р ы н а н б о қ к е л м е й* жүр өмірде (Ж.Жабаев, Шық.).

Сау сиырдың боғы емес. т ұ р п. *Оңып тұрған жоқ, бәлесі, сұмдығы бар.* – Бәсе, өзіңді көргеннен-ақ *с а у с и ы р д ы ң б о ғ ы е м е с* шығарсың деп едім-ау, – деді Көктөбет Кутскейден көз айырмай (А.Нұрманов, Құлан.). Бәрі де *с а у с и ы р д ы ң б о ғ ы е м е с,* ...үшеуі де бірдей. Бәрінің де ұрлығы бірдей (Ғ.Мүсірепов, Шық. жин.).

Іші боқ. т ұ р п. *Еш нәрсеге жарамсыз деген мағынада.* Торы жорғаны қанша қастерлегенмен, сырты түк, *і ш і б о қ* бір айуан (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

БОҚАТ з а т. **1.** *Қыздырылған, балқыған темірден бөлінетін қоқыс, шлак және солардың үйіндісі.* **2.** *Астық тазалағанда бөлінетін шар.*

БОҚЖАМА з а т. с ө й л. ***Боғжама.*** Күнікей кіріп *б о қ ж а м а н ы ң* бұрышында қыстырулы тұрған жұпар сабынын алып шығып, иығына дейін түрініп, әуелі тығыршықтай жұмыр білегін көпіртіп жуды (Ж.Аймауытов, Таңд. шық.). Көздің жасын көл қылып, төксін шешең, жар-жар-ау! Жылда-жылда *б о қ ж а м а,* бояушы едім, жар-жар-ау! (Айтыс).

БОҚҚАРЫН с ы н. т ұ р п. э к с п р. *Жуан, мес қарын.* ≈ *Б о қ қ а р ы н* болма. // *Жуан, семіз немесе жалқау жатыпішер адам деген мағынада.* Қорс етті де тіл бітіп, Керемет пе, сиқыр ма?! Деді шошқа: «бос қыртып, *Б о қ қ а р ы н ы м,* құтырма!» (С.Дөнентаев, Таңд. шық.). *Б о қ қ а р н ы м*, малыңды жайла, тамағыңды сайла, шайыңды майла! (Ж.Аймауытов, Шық.).

БОҚМҰРЫН с ы н. т ұ р п. э к с п р. *Есеймеген, ақылы толмаған.* Жорамалы тым ұзын болса керек әлде балық ұстауға ебі жоқ *б о қ м ұ р ы н* бір серігімнің жорамалы толмайақ қойғаны (Ө.Қанахин, Жер бас.). – Ойбай-

ау, мына *б о қ м ұ р ы н* қарадомалағың кім? Зекетің кетейін-ай өзіңнен айнымайды ғой (Б.Тілегенов, Көктем.). Ең ақырғы әлгі менің *б о қ м ұ р ы н* немерем де: «Ақын боламын, Алматыға барып соның оқуын оқимын», – деп, күнде мазамызды алады (М.Иманжанов, Менің махабб.). // *Қолынан тұк келмейтін бала.* Танабай бүкіл өмірін колхоз ісіне арнаған қарт коммунист, әлгі *б о қ м ұ р ы н ғ а* жөндеп жауап беруге аузына сөз түспей қалды (Ш.Айтматов, Қош бол.). // *Жас, тәжірибесіз бала.* Сондағы ағаш атқа мініп шауып жүретін *б о қ м ұ р ы н,* жаңағы осы жерде отырған дудар бас, колхозда зоотехник болып істейді (А.Байтуғанов, Шопан.). – Сізге кім керек? – деді әлгі *б о қ м ұ р ы н.* Сөзі түйеден түскендей (С.Жүнісов, Жапанда.).

БОҚСЫҚ з а т. с ө й л. ***Боқтық.*** Өзім де Жабас күңімін – Сыпырғыш, кетпен – шоты мен, Шығамын қоқсық күлімен Кіремін *б о қ с ы қ* отымен (Ж.Молдағалиев, Жесір тағдыры).

БОҚТА= е т. **1.** ж е р г. *Жерге көң шашу.* Жерді өңдеп, *б о қ т а с а,* егін жақсы шығады (Қаз. тілі диалек. сөздігі). **2.** а у ы с. *Балағаттау, былапыт сөзбен тілдеу.* Атты борбайға бір салып жіберіп, тұс-тұстан әркім-ақ болысты *б о қ т а п,* керіп әкетті (І.Жансүгіров, Шығ.). Айтыңызшы, шын төрелігіңізді айтыңызшы, а-ға-а, артылттым емес пе?! Балтабай *б о қ т а ғ а н* 77 әкеден тура он бір әкені артылттым емес пе, а-ға-а, айтыңызшы, а-ға-а, артылттым ғой иә, қатырдым ғой иә... Рас па, а-ға-а! (О.Бөкеев, Ән салады). Ол оңашада жуан ауылды жетпіс жеті атасынан бері қарай құлдилап *б о қ т а й д ы* (М.Әуезов, Қараш.). Ашу үстінде жынын шақырған бақсыдай қалшылдап, кісінің бетжүзіне қарамай *б о қ т а й* жөнелетін (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). **3.** а у ы с. *Қаралау, жамандау.* Табылар ақтайтын да, *б о қ т а й т ы н* да, Сөз емес арнап жазған дос пен қасқа... Әйелмен пәлен бар деп жанасқанда, «Пәлен» деп ұйқысырап адасқанда, Үйрету балаларға қандай жақсы, Ақылға салып, ойлап, бал ашқанда (А.Байтұрсынов, Шығ.).

БОҚТАМПАЗ с ы н. *Дөрекі, балағат сөзді айтқыш (адам), боқтағыш. Б о қ т а м п а з* Тәуке қолтоқпақтай-ақ кісі, өзі салған пешті ызаланып боқтағанда сөзі қолақпандай (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Ол – *б о қ т а м п а з* кісі, «танауыңды» деген боқтық оның аузынан еш уақытта түспейді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Тәкежан ол екеуіне үлкен кісіше зіл тастап, әуелі боқтап алды. Абайдан бөлек, бір үлкендік белгісі тағы осындайында. Ол аса *б о қ т а м п а з* (М.Әуезов, Абай жолы).

БОҚТАМПАЗДАУ с ы н. *Балағат сөзді көп айтатын, боқтағыштау.* Мәшине қалғанмен, шопырының қалар түрі жоқ. Ол *б о қ т а м п а з д а у,* бейбастақтау біреу екен (С.Мұқанов, Есею жыл.).

БОҚТАН= е т. с ө й л. *Өздігінен балағат сөз айту.* Бекбосын *б о қ т а н ы п* шыға келді (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Атқа мінгенде жын ұстағандай екілене еліріп, *б о қ т а н ы п* шабу әдеті (С.Мұратбеков, Көкорай).

БОҚТАНШАҚ с ө й л. с ы н. *Боқтампаз, балағат сөзді көп айтатын (адам).* Сенен кейін өңкей *б о қ т а н ш а қ,* қиынды-жиынды қалыппыз (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

БОҚТАС з а т. с ө й л. *Боқтық сөз, былапыт, жаман сөз.* Ол есін біле келе ұрыс-төбелес, *б о қ т а с т а н,* бұзықтықтан басқа білетін болмады (Б.Бұлқышев, Адамзатқа хат).

БОҚТАС= е т. с ө й л. *Бір-біріне балағат сөз айтысу, бірін-бірі боқтау, тілдеу.* Қалдыбай мен Зәкіржан жайшылықта, ел көзінен оңашада екеуі әзілдесіп те, *б о қ т а с ы п,* ұрысып та алады (Б.Майлин, Шығ.). Шәріпке Мәжиттің өз басы да өш, былтыр күз екеуі *б о қ т а с ы п* қалған (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). «Батырлар» қарқыны басылған соң, *б о қ т а с а-б о қ т а с а,* арбасына барды (Ж.Аймауытов, Тол. жин.). Үш-төрттен талап еттім асық жинап, Жүгірдім жалаңаяқ жанды қинап, *Б о қ т а с ы п,* көрінгенді боқпен атып, Араға кіре алмадым кісі сыйлап (Шал ақын, Өлеңд.).

БОҚТАСУ с ө й л. *Боқтас етістігінің қимыл атауы.* Күнде карта ойнау, күнде керісу, *б о қ т а с у,* төбелесу, ақырында кешірісу (Т.Мәндібаев, Сыпыртқы.). Ойын-күлкі, сауықпен, *б о қ т а с у м е н,* әзіл-қалжыңмен қаланың сыртындағы қайың тоғайдың іші дүрдүр етеді (І.Жансүгіров, Шығ.). *Б о қ т а с у* жөнінен де аса сауатты еді. Қазақ болған соң оның руы да болатыны да белгілі (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

БОҚТАТ= е т. с ө й л. *Балағат сөз айтқызу.* Адам болды бәрі де, Байға ақысын жегізбей. Бұрынғыдай нұқытып, *Б о қ т а т ы п* «әй, ит» дегізбей (С.Сейфуллин, Шығ. жин.). Қой көрмей өскен көргенсіз, қуалап жүріп оттатар, Той көрмей өскен көргенсіз, табағын тойда *б о қ т а т а р* (Ж.Молдағалиев, Жесір.). «Боқта» деп біреуді *б о қ т а т ы п,*... оны әбден тентектікке үйретіп қойып, осы ма берген тәлімің (Абай, Тол. жин.).

БОҚТАТУ с ө й л. *Боқтат етістігінің қимыл атауы; балағаттату, тілдету.*

БОҚТАУ з а т. *Боғауыз, балағат сөз.* Арт жағымыз айқай-ұйқай *б о қ т а у,* жүгірген

адамның аяғының даусы (Б.Майлин, Шығ.). Арт жақтан әртүрлі *б о қ т а у л а р* естіледі. Әлдекімдер әлдекімдердің жыртық тымағының төбесін боқтайды (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Мылтық, таяқ, шоқпармен Ұрды, кетті, таптады, Айқай, ұйқай, *б о қ т а у м е н* Аспанды шу қаптады (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). ...Қалмақ басқырдың ауылын билеп-төстеп алған қай кірмесі! – деп Айтолқын енді-енді Европада жоқ әйел *б о қ т а у ы н а* баса бергенде, ауылға жақындап қалған Есенейді көріп тоқталып қалды (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан).

Боқтау сөз. *Боқтық сөз, жаман, былапыт, балағат сөз.* Шал бірдеме деп күңгір етті, оны-сын анық ести алмай қалдық. Маған *б о қ т а у с ө з* секілді көрінді (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

БОҚТАУ *Боқта етістігінің қимыл атауы; балағаттау, тіл тигізу.* ≈ *Б о қ т а у ғ а* болмайды. .

БОҚТАШАҚ з а т. қ а р а п. *Ұсақ-түйек, түкке тұрғысыз нәрсе.* Құдай-ай, енді бөтен кісі келіп үйіміздегі *б о қ т а ш а ғ ы м ы з д ы* ақтарам дей ме, не дейді? – деп, кемпір зарлап қоя берді (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). Кеш қайтарудың жолын қумады. Мына жігіт айтқандай, *б о қ т а ш а қ* дүниесін ақтау үшін емес, тағдырының тәуекелге түскен сәттерінде де жаулыққа жаулық жасамады (Т.Тілеуханов, Біздің әке.). Шаппасаң түріп сұм дүниенің іргесін, Ана сүтін сатқаның *б о қ т а ш а қ қ а* (Ғ.Жұмабаев, Жомарт.). // *Жас, қауқары аз, әлсіз, тәжірибесіз.* Сен сөйлейтін бол, Ақнар. Өңкей *б о қ т а ш а қ* би-болыстарды ығыстыра алмайды (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан). Және жалғыз да емес, ер-әйелі, бала-шағасы аралас, *б о қ т а ш а қ* қауым адам боп барған (Қ.Жұмаділов, Тағдыр).

БОҚТЫ с ы н. қ а р а п. т ұ р п. *Лас, жаман, оңбаған деген мағынада айтылатын тұрпайы сөз.* Қолың батып әкеңнің басын жарып отырғаның анау, саған Әбділда *б о қ т ы* сүйеу болар, – деді Бейсембі Төлешке (М.Әуезов, Қараш.).

БОҚТЫҚ з а т. с ө й л. **1.** *Күресінге шығарылып тасталатын қоқыр-соқыр, сыпырынды, қоқсық.* Мені қармен әкеп төккен жері – Омбының *б о қ т ы қ,* қиқым төгетін жері (С.Сейфуллин, Тар жол.). Телғараның даусынан кейін біреу кетпенін, біреу күрегін қолына ала жүгіріп, өз *б о қ т ы қ т а р ы н ы ң* сыртындағы шөп-шаламын қырши бастады (А.Хангелдин, Ғани.). Жерде бұрынғыдай ызғар жоқ; арық малдар тысқа шығып, күн шуақтағы *б о қ т ы қ т ы,* шөпті тіміскілеп жүр (Б.Майлин, Шығ.). Алғашқы көрген әуес қып, Балалар ғана қарайды Қуыршақтың үкісі Басқа іске аспайды. Бір күн ұстап әуес қып, Ертеңіне *б о қ т ы қ қ а* Апарады, тастайды (Дулат Бабатайұлы, Замана.). **2.** ж е р г. *Бастырылған астықты тазалаудан шығатын қалдық, шар, боқат.* Ұшырылып тазарған бидайдың *б о қ т ы ғ ы* – мал үшін құнарлы жемшөптің бірі («Соц. Қаз.»). **3.** *Ұсақ-түйек, болмашы нәрсе.* – Мен ол *б о қ т ы қ т ы ң* бәрін бұлдап отырғам жоқ. Бұйырмаған бұттан кетеді деген, жоғалған пышақтың сабы алтын деп, оны даулағалы отырғам мен жоқ, – деді Серғазы шал (Б.Тілегенов, Көктем.). Мына *б о қ т ы қ т ы ң* өзіме тиістісін бөліп беріңіздер. Енеме ешқандай өкпе-назым жоқ, – деді Жамал (А.Нұрманов, Аққу.). **4.** а у ы с. *Боғауыз, дөрекі, былапыт сөз.* Шашты да, тартты оттықты, Ағытты нелер *б о қ т ы қ т ы*... Асау мен адам бір сәтте Лаулаған жалын боп шықты (М.Мақатаев, Шығ.). Қаншама бермей пайда зарланғаным, Хохолға жер жыртуға жалданғаным. Ағайдан естіп *б о қ т ы қ,* жай төмпеш жеп, Күндіз, түн көрмей дамыл айдалғаным (С.Дөнентаев, Таңд. шығ.). Ол: «Әттең, сорлы баланың өзіммен бірге *б о қ т ы қ* естіп, өзіммен қатар ит-салпақта жүргенін көрмей өлсем екен!» – деген (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Өмірі адам баласынан *б о қ т ы қ* есітіп көрмеген басым, не болғанымды білмеймін (С.Жүнісов, Жапанда.).

Боқтық сөз. *Боғауыз, былапыт сөз.* Бай қамшыны шешелі-балалы екеуіне қоса сермеп, әр қимылын бір *б о қ т ы қ с ө з б е н* ұрандатып, кішкене ауылды басына көтеріп жатты (Н.Оразов, Достар).

БОҚША[1] з а т. к ө н е. *Иленген ешкі терісінен немесе былғарыдан тігілген қалта, сөмке.* Жақып егін туралы мақала басылған газеттерді *б о қ ш а с ы н а* салып, *б о қ ш а н ы* қанжығасына байлады (Б.Майлин, Шығ.). Бір танаудың егін шөбі біткен соң, үйіне барып, шөп жинастырып беріп, Баянға қайта келсе, Баянда *б о қ ш а с ы н* қолтықтаған қазақ балалары да жүр екен (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бүгін жарты ай, білім оты жанғалы, Біздің Айдар біріншіге барғалы, Иығына асып алған *б о қ ш а н ы ң* Ауырлапты алғашқыдан салмағы (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). *Б о қ ш а* асынған бір тымақ, Шоқша сақал, сұр тымақ. Бір құлағын жымырып, Бір тұрып, бір жығылып, Қолын соза беріп ед (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БОҚША[2] ү с т. *Боққа ұқсап, боқ сияқтанып.* Насыбай мұрыныңа жұғар *б о қ ш а,* Ысырап дүнияда берген ақша. Айтысып өзіңменөзің малың Не айтарсың маһшар күнде жаныңа жақса? (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

БОҚШАНТАЙ з а т. с ө й л. ж е р г. ***Оқшантай***. Саржан анандай жерде жатқан кілем *б о қ ш а н т а й ы н а н* қол басындай қайрағын алып, белін шешті (І.Есенберлин, Қаһар). Иығымдағы оқ-дәрі брезент *б о қ ш а н т а й ы м д ы* сәл жөндедім (І.Есенберлин, Алтын құс).

БОҚЫ: **боқысын шығарды.** с ө й л. *Апырып-жапырып істеді, тындырып тастады.* Ақысын берсең, *б о қ ы с ы н ш ы ғ а р а р* (Мақал-мәтел).

БОҚЫРАУ з а т. *Қар жауып суық түсе бастаған кез; күздің амалы. Б о қ ы р а у д ы ң* басында Баянда ұлы жәрмеңке болады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жорға Нұрым беретін қалыңмалынан бір тиын да қалдырмастан құтылып, осы *б о қ ы р а у* артынан Қамардың соқа басына разы болатындығын білдіреді (С.Торайғыров, Шығ.). Сонда 4-ші октябрьде *б о қ ы р а у* жәрмеңкесінде Қостанай шаһарында қазақтарға бас қосуға рұқсат берілмегені туралы сөз қозғалды (М.Дулатов, Шығ.). Тіпті, былтыр *б о қ ы р а у д а*, күзем үстінде, қалаға оқуға кеткенде дәл осы қоныстан, Есембайдан кеткен болатын (М.Әуезов, Абай жолы).

БОҚЫРАУШЫ з а т. ж е р г. *Көпей, кенже туған төл.* Бұл босағада өскен *б о қ ы р а у ш ы* еді, үйден ұзамайтыны сол (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БОЛ= е т. **1.** *Белгілі бір оқиғаның я құбылыстың іске асуы, өтуі. Б о л ғ а н* сұмдықты есіте сала атқа мінді (Ә.Тарази, Асу.). Тойдың *б о л ғ а н ы н а н* боладысы қызық (Мақалмәтел). Орал оязының Шилі, Қарашығанақ болыстарына қараған жерлерінде жаздай жаңбыр *б о л д ы* («Айқап»). **2.** *Нақтылы бір амал-әрекетті аяқтау, бітіру, тындыру.* Қанабек Щербаковтың сөзін қазақшалап *б о л ы с ы м е н,* кемпір Щербаковты жетелей қабырғаға жақындай түсті (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Бітік көз сары арам ниетін *б о л д ы ғ а* айналдырып, өз өтірігіне өзі рақаттанып тұр (Т.Ахтанов, Дала сыры). **3.** *Бірге отыру, қатысып көру.* – Жоқ, енді осында *б о л с а қ* екен! – деп, ұстаның қатыны болмады (С.Сейфуллин, Шығ.). Бүгін күні бойы, түні бойы көз ілместен сенің қасыңда *б о л а м* (М.Дүзенов, Әке.). Мен бұл жерде *б о л ы п* көргенім жоқ. Бірақ Көксеңгір туралы қарттармен көп әңгімелестім (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). **4.** *Мақсатқа жету, жетісу, толысу.* Өзі *б о л ғ а н* жігіттен сұрама, кім деп атаанаң (Дастандар). – *Б о л д ы м,* толдым, енді абырой-атақтың керегі жоқ дейді екенсің ғой, – деді Нүрекең баласына (Ә.Әбішев, Замана.). Ай толғанын білмесе, Жігіт *б о л ғ а н ы н* білмес (Мақал-мәтел). Өзі *б о л ғ а н* қыз төркінін танымас (Мақал-мәтел). **5.** *Есім сөздермен тіркесіп, бір күйден екінші күйге ауысуды, өтуді білдіреді.* Бала *б о л д ы ң,* жас *б о л д ы ң,* Жалғандыққа ермедің; Төре *б о л д ы ң,* бас *б о л д ы ң,* Көкірегіңді кермедің (Абай, Тол. жин.). Әуелі керек нәрсе білім деген, Білімсіз ілтипатқа ілінбеген... Бесінші – заманыңда күл де ойна, Бір күні шал *б о л а р с ы ң* дірілдеген (Халық өлеңд.). Келін *б о л а м* деп, қымсынып жүрген Айбарша жоқ (С.Мұқанов, Шығ.). Тек епті *б о л.* Мен епті едім ғой (Ғ.Мұстафин, Шығанақ). **6.** *Есім сөздермен тіркесіп, бар, бар екен, бар еді дегенді білдіреді.* Ертеде Жақай деген кедей шал *б о л а д ы.* Оның Ердос деген баласы бар екен (М.Етекбаев, Алтын.). Әзімбай дегеннің алты ұлы, бір қызы *б о л а д ы* (Қ.Жұмалиев, Қаз. эпосы.). Ыбырай үйінде толып жатқан шаруасы *б о л а* тұра, батырдың тілегін орындауға тура келеді (М.Жұмағұлов, Қыран.). Бүкіл Қарағандыда екі-үш құдық *б о л а т ы н* (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). **7.** *Есім сөздермен тіркесіп, еді, екен мағынасында қолданылады.* Оқымаймын енді одан, Домбыраны қолға алам. Өлең кірген түсіне Жөргегінде мен *б о л а м* (Жамбыл, Шығ.). Қаланың ылди жақ шеті ұзақ *б о л а т ы н* (М.Әуезов, Шығ. жин.). Сол іздеген, күткен жігіті – Төлеген *б о л а д ы* (Қ.Жұмалиев, Қаз. эпосы). **8.** *Бұйрық райдың үшінші жағындағы және -уға тұлғалы тұйық етістікпен тіркесіп мақұлдау, рұқсат ету, келісуді білдіреді.* Бекарыс дедің бе? Бекарыс, Бекарыс, несі бар, *б о л с ы н* Бекарыс, – деп, тебірене қайталады Тобық (З.Жәкенов, Таң самалы). Үйлеріңе қайта беруге *б о л а д ы* («Қазақст. мұғ.»). *Б о л с ы н, б о л с ы н.* Мен қарсы емеспін, – деді Сағындық, аз-кем ойланып (Б.Майлин, Шығ.). **9.** *Болымсыз тұлғада тұрып, бой бермеу, мойындамау, көнбеу, келіспеуді білдіреді.* Сатан бұған да болмай қаладағы пәтеріне қайтып, орыс жолдастарына қош айтқысы келіп, ойысып *б о л м а д ы* (І.Жансүгіров, Шығ.). Қанша жылап налысаң, Сонда да ерікке қоймайды, Алғысы келсе, дүниенің, Айтқаныңа *б о л м а й д ы* (Абай, Тол. жин.). Андрей бізді Жабай үйінің алдына әкеп түсірді де, үй иелерінің жалбарынғанына *б о л м а й,* үйге кірместен, жүріп кетті (С.Мұқанов, Менің мектеп.). **10.** *Есім сөздермен тіркесіп бір нәрсенің ыңғайында қалуды білдіреді.* Жоқ, мен үнемі уайым-қайғыменен *б о л* демеймін (Абай, Тол. жин.). «Ырыс баққан дау бақпас» деген мақалменен *б о л а м ы н* деп ұры, залым, қуларға жеміт болып жүрген шын момындарды аямасаң, соның тілеуін тілемесең болмайды (Абай, Тол. жин.). **11.** *Жарайды, бітті, жетеді деген ұғымды білдіреді.* Енді Қоқыш Бақтығұлға жауап та айтқызбады. «Сөз бітті, *б о л д ы,* Бақтығұл аттанады», – деп, бір-ақ бай-

лады (М.Әуезов, Қараш.). – *Б о л д ы,* тоқтат, жаңылып қалдың, – деп, жігіттің одан әрі аузын аштырмады көпшілік (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). **12.** *Асықтыру, жылдамдату, тездетуді білдіреді.* – Әй, Шекер, *б о л,* қимылда, басқа құдағиларды да шақыр, – деді Елпан орнынан бір қозғалып қойып (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). – Әй, Күләнда, ағаларыңа сусын әкеліп бер! *Б о л* тез, – деді Әбді (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

Абай болды. *Қырағылық етті, сақтанды.* Өз адамдарын зақымдап алмас үшін жауынгер өте сақ, *а б а й б о л у ы* керек (Өзбек әңгім.). Әйтеуір, *а б а й б о л ы п,* анда-санда айғайлап қойып, өзі де жылқымен бірге ығып келеді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

Абырой болғанда. *Сәтіне қарай, сәті түскенде. А б ы р о й б о л ғ а н д а* кезегі жетпегендіктен, бұл екеуінің де істерін әлі қолға алған жоқ екен (Ж.Саин, Жол үсті.).

Ада болды. *Таусылды, бітті.* Соншама жылдар бойы жинаған-тергеніңнің бір-ақ күнде *а д а б о л ғ а н ы н* білмей де қаласың («Соц. Қаз.»).

Адал болды. *Таза еңбек етті, арамдық істемеді; шын берілді. А д а л б о л,* бай тап, Адам бол, мал тап, Қуансаң, қуан сол кезде (Абай, Тол. жин.).

Адам болды. а) *Ер жетті, есейді.* Керек сенің қонуың Қайткенде де бір атқа. Қандай *а д а м б о л у ы ң* Байланысты мұратқа (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Ержеткенше, *а д а м б о п,* бастыққанша, Ағалардан көрдік біз достық қанша! Қартайды ғой біз үшін талайлары, Жер бетінде жарар деп жастық қалса (Т.Айбергенов, Бір той.). ә) *Жұрт қатарына қосылды, саналы азамат санатына кірді.* Тәрбием бар тәлім берген, Білімім бар оқыған. *А д а м б о л а м,* алға басам, Оқуым бар тоқыған (Қ.Қуанышбаев, Өлеңд.). б) *Ауруынан айығып, оңалды, сауыға бастады.* Ауру ұзақ емделіп, қатаң режим сақтағанда ғана *а д а м б о л м а қ* («Қазақст. мұғ.»).

Ажал болды. *Өлімге ұшыратты, қаза таптырды.* Арқаның ашулы ақпан тәңірісі, Талайға *а ж а л б о л ғ а н* тағы күші. Жатқандай ақша қардың астында ұйықтап, Маңайда білінбейді даң-дыбысы (Ғ.Қайырбеков, Дала.).

Ажалға арашашы болды. *Өлімнен алып қалды, қамқорлық жасады, қауіптен құтқарды.* Федор қарт амалын тауып, қырық жігіттің *а ж а л ы н а а р а ш а ш ы б о л д ы* (Ә.Шәріпов, Партизан.).

Ажуа болды. *Мазаққа, келекеге қалды.* ≈ Жұртқа *а ж у а б о л д ы.*

Аза [азалы] болды. *Қайғырды, қасірет шекті, өлімнің артын күтіп, аза тұтты.* Құлдария белбеу белімде, *А з а л ы б о л д ы м* елімде (Қаз. тіл. фраз. сөздігі). Көтеріп шалажансар патшалықты, *А з а б о п* буржуазия жасын сықты. Құбылып екі жүзбен жұрт алдында, Арам ой жатты тоқып, не сұмдықты (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

Азамат болды. *Ер жетті, есейді, санатқа қосылды. А з а м а т б о п* атқа міндің, Аманатқа келер шамаң. Жүзің гүлдей, көзің күндей, Күшің оттай жалындаған (Ақын жырлары).

Азан-қазан болды. *Улап-шулады.* Үй-ішінің лаңынан запы боп қалған балаларда зәре жоқ, үрейі ұшып, шырқырап жылап, үйдің іші *а з а н - қ а з а н б о л д ы* да кетті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). – Немене, ана жағың *а з а н - қ а з а н б о п* кетті? Тағы ұлық пен болыс әлегі ме? – деп сұрапты Базаралы Дәркембайдан (М.Әуезов, Абай жолы).

Азар болса. *Мықтағанда, көп дегенде. А з а р б о л с а* аштыққа Тағы бір күн шыдармын. Алтын ассын есептен, Содан кейін армансыз Қыл дегенін қылармын (Абай, Тол. жин.). – Әсия *а з а р б о л с а* кедей шығар, қосшы одағының мүшесі шығар, болса кімнің шікіресі әйдә! – деді Шайзада (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны).

Азар да безер болды. *Безек қағып, маңына жуытпады.* Мен *а з а р д а б е з е р б о л ы п* жеңгемізді ерткенім жоқ. Ағамыз да қаржының тапшылығын ойлап, оның барғанына онша ықыласты болған жоқ еді (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал). – Әлгі ақсақал *а з а р д а б е з е р б о л ы п,* ойын қойдырмағаны былай тұрсын, өзінің бастық екендігін жасырды, – деді артист («Қаз. әдеб.»).

Азат болды. а) с а я с и. *Бостандық алды, еркіндікке қолы жетті, бодаудан босады.* Сырдария әскери шебі құрылғаннан кейін, сол маңайдың қазақтары Хиуа хандығының езгісінен *а з а т б о л д ы* (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). ә) *Құтылды, ықпал-әсерінен арылды.* Жазу жаздық, хат таныдық, *б о л д ы қ а з а т* молдадан, Шала оқудан не жарыдық, қалғаннан соң құр надан? (Абай, Тол. жин.).

Аз да болса. *Сәл ғана, азғантай.* Бес күн барыспен үздіксіз арпалысқан Әлиша мен Жақан *а з д а б о л с а* мызғып алуға кетті (М.Тиесов, Әңгім.). Жанымның жаралары жазылғандай, *А з д а б о л с а* айызым тыныс тапты (И.Байзақов, Таңд. шығ.).

Айғақ болды. *Бір нәрсенің дәлелі, белгісі болды; куә болды.* Садақтан сусылдатып оқ жаудырдым. Ажалдың *А й ғ а ғ ы б о п* қандар ақты (И.Байзақов, Таңд. шығ.). Қысыламысың, әлде, Еріксіз *а й ғ а қ б о п* қалған, Аға менен жеңгеңнен? (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Айтқаны болды. *Дегені келді. А й т қ а н ы б о л ы п* жатыр-ау, Ұқсата алсақ біздер тек. Осының бәрін апыр-ау, Ол қалай болжап сезді ерте (Ж.Молдағалиев, Жесір.).

Айтқаны екі болмады. *Айтқаны бұлжымай іске асты.* Тамараның *а й т қ а н ы екі б о л м а й д ы,* ол – ортамыздағы гүл,.. (Ж.Жұмаханов, Жазылм. кітап).

Ақ болып кетті. *Малдан сүт шықпай, суалып кетті.* Жаңбыр аз болса, жердің шөбі қураса, мал *а қ б о л ы п к е т е д і* (Ғ.Мұстафин, Миллионер).

Ақжем болды. *Босқа әуреленді, арам тер болды.* Берекеңді қашырма, Ел тыныш болса жақсы сол. Рас сөзге таласып, *А қ ж е м б о л м а,* жаным, кел (Абай, Тол. жин.). Аялған жоқ малың да, *А қ ж е м б о л ы п* шабылдық (Ж.Жабаев, Шығ. жин.).

Ақ жұлық болды. *Желінді, тозды.* Оның *а қ ж ұ л ы қ б о л ғ а н* көнетоз етігі қолтығында, кішкентай кенеп дорба арқасында (С.Жүнісов, Жапанда.).

Ақиық болды. *Мезі болды, жауыр болды.* Бірақ Сатаев та, Қожаев та жартымды еш нәрсе айта алған жоқ, ұзақ цифр айтылаайтыла *а қ и ы қ б о л ғ а н* факт («Лен. жас»).

Ала болды. *Алауыздық жасады, бірлігі кетті.* Өсек басты болады, Қыздың жасқа толғаны. Жан түршігер жаман іс Ағайын *а л а б о л ғ а н ы* (Халық ақындары). Алтау *а л а б о л с а,* Ауыздағы кетеді; Төртеу түгел болса, Төбедегі келеді (Мақал-мәтел).

Алаң болды. *Ойы сан саққа бөлінді, көңілі бөлінді, алаңдады.* «Менің қуатымның көңілі орнығып, *а л а ң б о л м а й* жүрсін», – деп қояды Қалампыр (С.Бегалин, Ана.). Құмардың көңілі басқа бір нәрсеге *а л а ң б о п* тұр ма, не айтарын ұмытып қалғандай, бір қабағын көтеріп, шыдамсызданып, желкесін қасыды (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Алас болды. *Жоғалды, құрыды.* «Соғыс» деген суық сөз адамның ойынан да, өмірінен де, тілінен де *а л а с б о л с ы н!* (Ә.Нұршайықов, Жомарт.).

Алғаның ас болмағыр. қ а р ғ. *Алғаның өзіңе бұйырмасын деген мағынадағы кейіп ренжігенде айтылатын сөз. А л ғ а н ы ң а с б о л м а ғ ы р,* ит-шошқа деп, Қарғадай қармен бірге қарқылдап тұр (І.Жансүгіров, Шығ.).

Аллаға мақұл болсын. т і л е к. *Орынды, лайық, жөн іс болсын.* Болмайды енді тұрысым, *М а қ ұ л б о л с ы н А л л а ғ а,* Менің бұл қылған жұмысым (Мұңлық-Зарлық).

Аңыз болды. *Ел арасына кеңінен тарады, ауызға ілікті. А ң ы з б о л ғ а н* арман жыр, Құлақ құршы қанған жыр, Дүниені тербетті (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). Таулар аты көп еді, *А ң ы з б о л ғ а н* Арқаға (Ғ.Орманов, Таңд. шығ.).

Арам болды. а) д і н и. *Ислам дінінің канондары бойынша жеуге жарамсыз болды, адал болмады.* «Атты бауызда, бауызда, *а р а м б о л м а с ы н»,* – деп, Көсе айғайлады (Қаз. ертег.). ә) *Текке зая кетті. А р а м б о л ғ а н* жиырма бес, Қызықты күндер қыздырған, Асау толқын бұздырған (Үш ғасыр.).

Арам тер болды. *Босқа әуреленді.* Ал мұнда бір елу сом, мықтағанда жүз сом аласың да және өзің кесіп, өзің дайындап, *а р а м т е р б о л а с ы ң* (Ш.Айтматов, Қош бол.). Жалғыз мен емес. Біздің ертеңіміз тегісінен соны айтты. Ақымыз аз, *а р а м т е р б о л ы п* істемейін, – дегенді бәріміз де айтамыз (І.Жансүгіров, Шығ.).

Арашашы болды. *Төбелесуші жақтардың арасына түсіп, айырып жіберді.* Көшенің көп адамы жиналып, төбелеске тоқтау салды. Жиналған адамдар төбелеске *а р а ш а ш ы б о л ы п,* жанжалдың жайын сұрады (Мың бір түн). Нұртаза мені ұрмақ боп ұмтылғанда, *а р а ш а ш ы б о п* әлдекімдер арамызға түсе кетті (С.Мұқанов, Өмір мект.).

Арқа еті арша, борбай еті борша болды. *Әбден азып-тозды, қатты жүдеді, тұрмыстың ауыр соққысын көрді. А р қ а е т і а р ш а, б о р б а й е т і б о р ш а б о л ы п,* Еттен өтіп, сүйекке жеткен кезде? (Қ.Қуанышбаев, Шаншар.). Қыс тұрсын, күздің қара суығында ықтанатын кедей сорлы, жілік майы үзіліп, *б о р б а й е т і б о р ш а, а р қ а е т і а р ш а б о л ы п,* көктемге әзер ілігетін (М.Ермеков, Қазақст. биязы.)

Арқау болды. *Негіз, желі болды.* Халық мүддесі оның (Абайдың) шығармасына *а р қ а у б о л д ы* (М.Ақынжанов, Абай.). Оқу Әділ мен Сәндібаланы дәнекерше біріктіріп, екеуінің зор махаббатына *а р қ а у б о л ғ а н д а й* еді (Ж.Арыстанов, Жалын.).

Арман болды. *Көкседі, көкейінен кетпеді, аңсады.* – Сені естіген сәттен бастап, елді көру *а р м а н б о л ы п,* көрсем деген бір аңсау көкейімнен кетпеді, – деді Темір Сәулеге (Ә.Әбішев, Пьеса.).

Арманда болды. *Өкініште қалды, өксікпен өтті.* Жылауменен өтіп ек. Тістегеннің аузында, Ұстағанның қолында *А р м а н д а б о л ы п* кетіп ек (Халық ақындары). Бұл арадан кетерсің, Ала алмасаң алысып, *А р м а н д а б о л ы п* кетерсің (Жамбыл, Шығ.).

Арса-арса болды. а) *Ет әбден пісіп, сүйегі сылынып қалды.* Кәрі қойдың басы піскенше, жас қойдың басы *а р с а-а р с а б о л а д ы* (С.Төлешов, Түрлі. бас.). ә) *Аңқиып-саңқиып қалды, быт-шыты шықты.* Есік-терезенің

қиюы кетіп, едені *а р с а-а р с а б о л ғ а н ы м е н,* соны лаждап пайдаланатынбыз («Лен. жас»). Жау шапқанда жанып дүние, *А р с а а р с а б о п* қала қалған. Айналсоқтап туған үйде Кемпір мен шал, бала қалған (F.Орманов, Таңд.). б) *Еті қашты, жүдеді.* Ана шеміршек сүйектері *а р с а-а р с а б о л ғ а н* кеуденді аймалап құшқан қыз да өзін өмір бойына бақытымын деп өтер, – деп, жігіттер Жапарды кекетеді (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт).

Ас болды. а) *Ішкен-жегені бойға жұқты, тамақ болды.* Оның колхоздан алғаны *а с б о л ғ а н* (С.Төлешов, Түрлі. бас.). ә) *Жеуге жарады.* Құмның малға *а с б о л а т ы н* ащылытұщылы оты еркін жетеді (С.Мұқанов, Саяхаттар).

Астан-кестен болды. *Асты-үстіне түсіп, бейберекеттенді.* Штрек жақ гүрсілдеп *а с т а н-к е с т е н б о л ы п* кетті (С.Ерубаев, Менің құрдаст.). Дүние *б о л с ы н* мейлі *а с т а н-к е с т е н,* Шығады айтқан уәде қалай естен? Жолымыз болса деген Карлановка, Жетеміз арғы күні қалмай кештен (І.Есенберлин, Большевик.).

Астар болмайды [бола ала ма?]. *Сыңары емес, тең келмейді.* Өзің қыз танымайтын жігіт екенсің. Алмаң Жанатқа *а с т а р б о л а а л а м а*? (F.Мұстафин, Миллионер).

Асық болды. *Ынтықты, құмартты.* Сүйінсін құлағым. Тарқасын құмарым, Әніңе бір салшы, *А с ы қ б о п* келіп ем (Абай, Тол. жин.). Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге *а с ы қ б о л,* Адам болам десеңіз (Абай, Тол. жин.).

Атарға оғы болмады. *Әбден өштесті, қастасты.* Есенейден қанша безініп, *а т а р ғ а о ғ ы б о л м а й* келе жатса да Мүсірептің өзін мақтағаны қыз көңілін жадыратып жіберді (F.Мүсірепов, Ұлпан).

Атсоқты болды. *Атпен ұзақ жол жүріп қалжырады, шаршады.* Анада малшылар ауылын аралап, *а т с о қ т ы б о п* оралған Фазиз үйге келісімен, қатты тымауратып қалды («Лен. жас»). *А т с о қ т ы б о л ы п* келгендікі ме, тұяқ серіппестен қатып ұйықтаған екенбіз. Сырттан есітілген айқай-шудан шошып ояндым (А.Сейдімбеков, Ақиық).

Аузына қақпақ болды. *Тыйым салды, еркін сөйлетпеді, көңілдегісін айтқызбады.* – Тергесең, Қодар сұмдығын ... көпке жайып әкеткен елді терге. Ел *а у з ы н а қ а қ п а қ б о л ы п* көрші. Бірақ ол қолыңнан келмейді ... – деді (М.Әуезов, Абай жолы).

Ауыр болды. *Қиындық етті, күйзелтті, жанға батты.* Майдандағы жақын жолдасының қиналып барып жан тапсыруын көруден *а у ы р* не *б о л а д ы* дейсің (Ол күндер.)

Ашына болды. а) *Бір-бірімен көңілдес болды, ғашық болды.* Бақалшының ауылға баруында да сыр бар еді: ол Айнакөлде бір келіншекпен *а ш ы н а б о л а т ы н* (З.Шашкин, Ұядан ұш.). Оспан ел ішінен сайлы жігіттерді жинап алды да, Әлібиге шаптырды. Сәлемі қысқа: «Қызың қайдағы біреумен *а ш ы н а б о л ы п т ы* дейді, алтын басымды аяқ асты қып қорлап жүрген көрінеді», – депті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). *Б о л м а с а м а ш ы н а* мен сізге, Түспес ем мұндай бейнетке (Абай, Тол. жин.). ә) *Етене араласты, достасты.* Олар бір-бірімен айнымас *а ш ы н а б о л у ғ а* бел байласып, «Келіп тұрыңызды» қайта-қайта жаудырмалатып, жылы қоштасты (Т.Бердияров, Фарида). Білім қолды жеткізер, Алтын, гауһар тасына. Білімі жоқ жалқаумен Ешкім *б о л м а с а ш ы н а* (Пернедегі терме.). б) *Қызықты, құмартты.* Ертеңге *б о л ы п а ш ы н а* Асығып өтер өмірім (Т.Әлімқұлов, Сапар).

Аян болды. *Белгілі болды, айқындалды.* Бейбітшілік! Аты оның *а я н б о л ғ а н* бар елге. Ақ қанатты сұңқардай, Ұя салған әлемге (Бейбітшілік). Қаланың әр махалласына бір уәзірін өкіл етіп қойыпты. Сөйтіп қалада болып жатқан барлық өмір халифаға *а я н б о л ы п* отыратын (Мың бір түн).

Әбігер болды. *Дүреге түсті, әбігерленді.* Онда барса дәрігер, *Б о л а д ы* деп *ә б і г е р,* Денсаушылық бөлімі, Ескермей жүр алайда (Ш.Смаханұлы, Тотияйын). Ол қандай тон киіп, қалайша тіл қатып келеді? Солар туралы түкпірлеп, ойлаған ойларын айтатын. Сондай әңгімелер тұсында Балағаз бен Абылғазы тыным таппай *ә б і г е р б о п* қалушы еді (М.Әуезов, Абай жолы).

Әдет болды. *Дағдыға айналды, әдеттенді.* Жауынгерді «балам» деп атау ол кісіге *ә д е т б о л ы п* кеткенге ұқсайды (Б.Момышұлы, Москва.). Жолдасымен отқа, суға бірге түсуге еш уақытта іркілген емес. Қорқу-үрку Әзімханның *ә д е т і б о л ғ а н* емес (С.Сейфуллин, Шығ.).

Әз болды. *Көзі көрмей қалды, су қараңғы болды.* – Барлық денем сау, тек көзім *ә з б о п* қалыпты, – деді Балғын (С.Бақбергенов, Дина).

Әзір болды. *Дайын болды, даярланды.* Кіммен болса да ол кетуге *ә з і р б о л а т ы н* (Қ.Жұмалиев, Қаз. эпосы.)

Әкей-үкей болды. с ө й л. *Сыбайлас болды, етене араласты.* Ол Қызылордаға келген бір жылдың ішінде саясат басшыларымен жақын танысып, көбімен *ә к е й-ү к е й б о п* та үлгеріпті (С.Мұқанов, Есею жыл.).

Әлек болды. *Шала бүлінді, сабылды.* Қорлықпен өлді малғұн Азабы жоқ-ты көрмеген.

Тәңір сүйген жандардың Қарсылық қылған дұшпаны *Әлек болды* әр жерде (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Бір заман *әлек болды* барша елім, Қалмады қыдырмаған ешбір жерім (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.).

Әлі де болса. а) *Осы күнге дейін; біразға дейін.* Шабындықтарды техниканың күшімен суландыру жұмысы *әлі де болса* елеулі нәтиже бермей отыр (М.Сабыров, Жасанды шабындық.). Мына кездейсоқ келіншектің ғажап әдемі ұқсастығына *әлі де болса* таң қалып тұр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). ә) *Тағы да, бұдан басқа; мұның үстіне.* Орта мектепті бітіргенге дейін *әлі де болса* төрт, төрт емес-ау, сойылдай бес жыл бар (Б.Соқпақбаев, Менің атым.).

Әңгімелі болды. *Басына іс түсті, қауіп төнді.* – Балам, патшаның өз басы *әңгімелі болып* жатыр деген не? – деді Мөңке (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Әрі-сәрі болды. *Не онда, не мұнда емес, дағдарды.* Ал біз әрі таудың, әрі даланың халқымыз. Біздің өмірімізде әлгі айтқанның екеуі де бар немесе бірде-бірі жоқ, *әрі-сәрі боп* қалғанбыз («Қаз. әдеб.»).

Әуес болды. *Қызықты, ұйір болды.* Ағайын болсаң тату бол, *Әуес болма* аразға. Ғани болсаң мақтанба, Көзіңді сал малы азға. Ризық берер бір құдай, Жарлы болсаң тағы азба (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Әуре болды. *Босқа әбігерленді, машақаттанды.* Ол тыныққан соң, өзі де тауып бармай ма, несіне *әуре болғасың* (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

Әуре болу. *Босқа әбігерлену, әурелену.* Жамағат қала байына сататын жүн жинап *әуре болуда* (Ғ.Сланов, Асау арна).

Әшкере болды. *Әйгілі болды, белгілі болды, әшкереленді.* Айтса дағы айныман, Көлденеңнің сөзіне. *Әшкере болған* ісім бар, Жиылған жұрттың көзіне (М.Өтемісов, Өлең.).

Бақұл бол. э т н. ***Мәңгілікке қош бол***. «Менде жау көп» деген жоқпын ба, солардың біреуі қапылыста жазым қылса, *бақ ыл бол* (С.Мұқанов, Есею жыл.). *Бақ ыл бол,* жарым, Жадымда кетер тынбастан. Қара түнде саған қосқан Алтын арай арманды әнің (М.Әуезов, Таңд. шығ.)

Бас болды. а) *Ақылман, кеңесші болды.* Ағайынның жаманы – Алдыңа түсіп *бас болма с*, Артыңа еріп дос болмас, Ойлағаны қараңғы, Көңілің оған хош болмас (Кердері Әбубәкір, Қазағым). ә) *Жетекші, басшы болды.* Қараман айтты бұл сөзді: «Ноғайлының қайраты, Қырық жігітке *бас болып,* Алшыоразға жолық» – деп, Келмембет ерді бұйырды (Қамбар батыр). Жортуылға *бас болған,* Дұшпандарменен қас болған, Бөрік ал десе, бас алған, Қайратына мас болған, Батыр Жабы сен едің (Базар жырау, Шығ.).

Бас-көз болды. *Көз қырын салды, қамқорлық жасады.* Анасы Жұмабике шопандардың республикалық кеңесіне кетіпті. Шеше орнын қыз басып, бар шаруаға *бас-көз болған* екен («Лен. жас»). *Бас-көз бола* жүретін ауыл арасының біреуі кездесер деп отырған жайы бар адамды қайтесің әурелеп (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

Басы әңкі-тәңкі болды. *Не істерін білмеді, басы қатты.* Көшеге шыққан соң, Сатанның *басы әңкі-тәңкі болды* (І.Жансүгіров, Шығ.). – Өзімнің де *басым әңкі-тәңкі болып* тұр, ағайын, тым қатты айқайламашы, – деді Қожанасыр саспастан (Қаз. ертег.).

Бауы берік болды. *Мызғымайтын, мықты болды.* Күнту да Оразбайдың жаңағы айтқан сөзін қатты қостайды. Құнанбайларды ұра беріп, бұқтыра берсе, [____] бұның болыстығының *бауы берік боп* тұра беретіні айқын (М.Әуезов, Шығ.).

Бауы берік болсын. э т н. т і л е к. *Жаңа туған нәрестенің өмір жасы ұзақ болсын деп туған-туыс, ата-анасына қарата айтылатын құттықтау сөз.* – Кішкенелі болыпсың ғой, *бауы берік болсын* («Лен. жас»). Тойға келгендер, Батасын бергендер: *Бауы берік болсын!* Азекеңе серік болсын... (М.Рашев, Біле қойдым).

Бауырында болды. *Біреудің асырауымен өсті, тәрбиесін алды.* Жапарбектің туған шешесі ерте өліп, үлкен атасы мен әкесінің *бауырында болды* (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

Баянды болсын. т і л е к. *Ұзағынан сүйіндірсін, құтты болсын деген мағынадағы тілек сөз.* Уа, құрметті ұлы съезд, *Баянды болсын* қадамың (Жамбыл, Шығ.).

Бәйек болды. *Жаны қалмай қызмет етті, асты-үстіне түсті. Бәйек боп* қара кемпір күтіп алды. Басына жастық қойып, көрпе салды (Ж.Саин, Таңд. шығ.). Жеңгей Ләззатымды айналып-толғанып, қайда отырғызарын білмей *бәйек болып* жүр (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал).

Бел болды. а) *Сүйеніш болды, тірек болды.* Бұлай ету Сәкенге күш, *Бел болды,* алдына қойған мәселені [_ _ _] шешуге мүмкіндік жасады (М.Қаратаев, Таңд. шығ.).

Бидарқа болды. *Безініп, босқа әуре болды.* Көбісі келмей шеніме, *бидарқа болып* жөнеген (Қыз Жібек).

Болар іс [болары] болды. *Не де болса бітті.* – *Болар іс болған соң,* қайтесің сонша

егіліп! – деді Жібек Күлшеге (М.Иманжанов, Менің махабб.). Бәлкім, сіз ренжитін де шығарсыз. Бірақ *болары болып* қойды, өз қолыңды өзің кесесің бе («Лен. жас»).

Болса болмаса да. *Өзінен-өзі, былай да.* «Қоянды» деген атпен Россияның ең үлкен жәрмеңкесінің бірі ашылған, оған жан-жақтан саудагерлер келетін болған, ат жетер жердегі қазақ ауылдары *болса болмаса да* келеді (С.Мұқанов, Есею жыл.).

Борша болсын. қ а р ғ. *Қатты кейігенде, пышаққа іліншін, сойысқа жығылсын деген мағынада айтылатын сөз.* Түйең арам қатсын! *Борша болсын*! Қара өкпе тисін түйеңе! (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Босағаң берік болсын! э т н. т і л е к. *Үй ішің аман-сау, құрған отбасың мықты болсын деген мағынадағы тілеу сөз.*

Буаз болды. *Бойына төл бітті.* Құдайдың құдіретімен *буаз болып*, қанатты қара бедеу құлын туды (Қозы Көрпеш.).

Буына мас болды. *Басы айналды, рақат сезімге бөленді.* Айбаршаның ақ білегі мойнына оралып, қыз ернінен бал алып, ғашықтық *буына мас болып*, өткен-кеткен дүниенің бәрін ұмытыпты-ау (Т.Ахтанов, Шық. жин.).

Бұйым болмады. а) *Ұзаққа бармады, көпке шыдамады.* Пиманы жай құрым киізбен табандағанмен, ол *бұйым болмайды.* Бірер күнде тесіліп шыға келеді (Б.Соқпақбаев, Балалық.). ә) *Жұмырына жұқ емес, тұкке тұрмайды.* Ойбай-ау, Қарашекпеннің байын өлтірген кісіге Қаратаз *бұйым болып* па (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Жалындым: «Қапқа салып алып қал!» – деп, Тұрғанда жан қысылып, тайып күйім. Ашқанда қара шекпен қаптың аузын, Ішіне *болмай* кетті ағаң *бұйым* (Үш ғасыр.).

Бұлан-талан болды. *Қатты ашуланды.* – Бұл жұмыстарыңа Көлбай күймегенде кім күйеді. Бұған қалай шыдауға болады, – деп Көлдей ақай жоқ, тоқай жоқ, *бұлан-талан болды* (А.Хангелдин).

Бұлқан-талқан болды. *Қатты ашуланды.* Бай ашуланып, *бұлқан-талқан болды* (Қаз. ертег.).

Бүйі тиген секілді [тигендей] болды. *Астан-кестеңі шықты, әлекке түсті.* Айқайшу шықты қоса екінші үйден, *секілді* ол да *болды бүйі тиген* (Д.Еркінбаев, Шық.). Ілезде сол алты ауыл *бүйі тигендей* у-шу *болып*, үрпиісіп апалаң-топалаң болды да қалды (С.Сейфуллин, Шық.).

Бырдай болып жатыр. *Тым көп, құжынап жатыр, қаптап жүр, бықып жатыр.* Ауылдың малдары көп жерлерді алып, *бырдай болып* жайылып *жатыр* екен (С.Сейфуллин, Шық.).

Быт-шыт болды. а) *Сынды, қирады; талқандалды.* Генерал сол елу тоғыздың алғашқы үшеу-төртеуін өзі ұрғандай, мінбені жұдырықпен қойып-қойып қалып еді, фарфор шыныаяқ ұшып түсіп, *быт-шыт болды* (Ж.Тілеков). ә) *Жан-жаққа қашты, тарады.* Сонымен бір нәрседен үркіп, шұрқырап, дүркірей жөнелген. Өзі семіз, өзі тоқ жылқы қайыру бермей *быт-шыт боп* кетіп барып, таң алдында жылқышыларға ырық беріп, басы құралыпты (М.Әуезов, Шық.).

Білеудей болды. *Бадырайып, күптей болып кетті.* Қатты толқып шеке тамыры *білеудей болып* кеткен әлсіз Меңдігерейдің сөзге ұсталығы мен қайсарлығына Жанша қайран қалды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Бірауызды болды. *Алалық шығармады, ынтымағын бұзбады.* Тәртіптілер ғана көпке шыдап, *бірауызды болғандықтан,* жеңімпаз келеді (Ол күндер.).

Бір бас, бір тас болды. *Ауызбірлік сақтады, ұйымдасты.* Жаманатты сыртқа көп таратпас үшін Жетпісбай, Жұматай боп *бір бас, бір тас боп* алу да, іштей осындайдың орайына істеген қарсы қамының бірі еді (М.Әуезов, Шық. жин.).

Бір болғанмен бірегей. *Аз болса да саз; жалғыз да болса көпке бергісіз. Бір болғанмен бірегей*, Мыңға сөзін тыңдатар, Ат арқанын шұбатар, Иығы асқан ер болар (Ғ.Сланов).

Бір-біріне сеп болды. *Біріне-бірі көмектесті, бір-біріне сүйеу болды.* Ағайының көп болса, Бірлігі оның бек болса, Жамандық жер кез келсе, *Бір-біріне сеп болса,* Бүтін тұрған бұзылмай Отыз екі тіспен тең (Ш.Құлекеұлы). Жамандық жер кез келсе, *Бір-біріне сеп болса*, Бүтін тұрған бұзылмай, Отыз екі тіспен тең (Үш ғасыр.).

Бір қолы екеу болып көрінді. *Әбден кедейленіп күйзелді.* Бәйтерекке ат басындай алтын тықтым, мінерге ат таба алмағандарыңда, *бір қолдарың екеу болып көрінгенде* алып, күндеріңді көріңдер (Қаз. ертег.).

Бір қолы он болды. *Бір өзі бірнеше кісінің ісін істеді.* Бұл үйді тіккен бір әйел, көтерген өзі шаңырағын. *Бір қолы он боп* жүрді әйел, әр істің қағып шаңдағын (Ж.Молдағалиев, Таң. шық.).

Бір уыс болды. *Кіп-кішкене шүйкедей ғана болды, бүрісті, кірпідей жиырылды.* Қырғи қуып түсірген торғайдай, *бір уыс* қана доп-домалақ *болып*, тығыла, тықсырыла... мүсәпірсіп жатқандағы формы адамның сай-сүйегі сырқырайтындық көріністе еді (С.Торайғыров, Шық.).

Ғайып болды. *Із-тұзсіз жоқ болды, ұшты-күйлі жоғалды.* Бүгін түсте хабарсыз, *Ғайып*

б о л д ы тарағым. Зыр жүгіріп амалсыз, Бар түкпірді қарадым (О.Әубәкіров, Бытпылдық). Ақбала мен Айғанша есіне қатар түскенде, күн қаққан өңіндегі қуанышты күлкі *ғ а й ы п б о п,* қабағы түсіп түнжырап отырады да, іле-шала қайта ұмытады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Қызды сыртқа алып шық. Мен де дайын тұрамын, дейді де, *ғ а й ы п б о л а д ы* (Қаз. ертег.).

Ғапыл болды. *Өкінді, қапы қалды, опық жеді, арманда қалды. Ғ а п ы л б о п* көп нәрседен бос қаласың, Аңдамай көп сөзімен жүріп кетсең (Абай, тол. жин.). Ей, Алшағыр, Алшағыр, Сөзіме құлақ сал, шағыр, Менің атым Қобыланды, Қара қасқа атың, міне шық, Алды-артыңды қарамай шық; Арманда *ғ а п ы л б о л м а й* шық (Қобыланды батыр). *Ғ а п ы л б о л ы п* дүниеден, Талай жақсы пенде өтер. Жарлы жалғыз демейді, Мыңды айдаған бай да өтер (Шешендік сөздер).

Ғашық болды. *Шын сүйіп, құмартты, ынтықты.* Алланың досы кім десең, Бұрынғы өткен пайғамбар. Олардың жолын құп тұтқан Ғұлама деп айтқандар, *Ғ а ш ы қ б о л ы п* Аллаға, Дүнияны қойғандар (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Бұл Мұрат дейтін байдың Ғазиза атты қызына *ғ а ш ы қ б о л ғ а н.* Қыз да сондай сүйген екен. Бірақ Мұрат бай Сәлімді кедейсініп, қызын бермейді (М.Әуезов, Әр жыл.). Ғашықтық, құмарлық пен – ол екі жол, Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол. Сенен артық жан жоқ деп *ғ а ш ы қ б о л д ы м,* Мен не болсам болайын, сен аман бол (Абай, Тол. жин.).

Ғилман болды. к ө н е. *Жанын құрбан қылды.* Әулиенің дәп өзі болмасам да, Кандидат болып жүруші едім ізгі санға. Ұшпақ, кірмек, хор құшпақ, көусар ішпек, *Ғ и л м а н б о л м а қ* боп жүрем дұрыс жолда (Б.Күлеев, Таңд.).

Дал болды. *Не істерін білмей, дағдарды, састы.* Бір жұмада үйіліп-төгіліп бір-ақ жететін газеттердің қайсысын оқырымызды білмей *д а л б о л а т ы н* шақ жиі ұшырайды («Қаз. әдеб.»). Қамалып, *д а л б о л ы п* не қыларын білмей тұрған жұртқа дұрыс ақыл тауып бере ме деп білімділеріміздің назарын түсіру керек («Айқап»). Басы *д а л б о л ы п*, шаршап-шалдығып, бір қарияға келеді (Ы.Алтынсарин, Шығ.). Мағаш пен Кәкітай есі шыққандай не қыларды білмей, *д а л б о л ы п*, үркіп қалысқан еді (М.Әуезов, Абай жолы).

Даң болды. *Састы, есі шықты.* Ел естірте алмай, есі шығып, *д а ң б о л д ы* (Қаз. ертег.).

Дардай болды. *Ержетті, дырдай азамат болды.* Біз осы колхозды іргесін қалап жатқанда әкеңе маза бермей, еңіреп отыратын жылауық бала едің! Қарай гөр енді, *д а р д а й* жігіт *б о л ы п т ы*! (Н.Ғабдуллин).

Дәмдес [дәмдес-тұздас] болды. э т н. *Бір-бірімен табақтас болып, жақын араласты.* Жауыз екен, неше жыл *д ә м д е с б о л ы п* жүріп, он жылдық еңбегімді жеп кетті (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Ақан серіні көзбен көрген, *д ә м д е с-т ұ з д а с б о л ғ а н* Доскей, Хамит ақсақалдардың естеліктері – ақын мұраларын зерттеуде маңызды материалдар («Қаз. әдеб.»).

Дәнекер болды. *Екі кісінің, нәрсенің арасын байланыстыруға себеп болды.* Ал ерлі-байлы адамның жиреніште тұрмысына *д ә н е к е р б о л ы п* тұрған жіпті үзетін бір нәрсе бар, ол – тамақ (Б.Майлин, Таңд. шығ.). Біздің достығымызға оқуды жақсы меңгеретін алғырлығымыз *д ә н е к е р б о л д ы* (С.Көбеев, Орынд. арман).

Дәрмен болды. *Күш-қуат, тірек болды.* Сәуірдің әрбір күні дертке дәрмен, Құдайым *д ә р м е н б о л* деп етер пәрмен. Бір малы шаруаның екеу болып, қыстаудан ел шығады алуан-алуан. Күлісіп, құшақтасып әзіл етер, әйелдер көш жөнелтіп кейін қалған (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.).

Дәу де болса. *Жаңылмасам, қателеспесем, сірә да.* – Ол кісі *д ә у д е б о л с а,* сонау бір үйеңкінің бұтақтарының арасында отырған болу керек! – деді ол (С.Мұқанов, Менің мект.). Оңаша үй мылтықсыз болмайды ғой. Ол қазір *д ә у д е б о л с а,* қос ауызын бізге оқтап, қыбыр еткен қимылымызды бақылап тұрған болар-ау («Қаз. әдеб.»).

Дәулетке мас болды. *Байлыққа масаттанды, шүкірлікті ұмытты. Д ә у л е т к е м а с б о п* кейбіреу, көтеріліп есірген. Менің артық малым деп, салтанатты сәнім деп, Мақтан қағып ісінген (М.Сұлтанқожаұлы).

Дегені болды. *Тілегені, ойлағаны, көңілдегісі болды.* Ұйықта, сәулем, бөбегім! *Б о л д ы* сенің *д е г е н і ң* (Жамбыл, Шығ.). *Д е г е н і б о л м а й,* өмірдің жақсылығынан үміті үзілген сұлу енді мойынсұнады (Қ.Жұмалиев, Қаз. эпосы.). Тәңірберген өзінің *д е г е н і б о л а р ы н* біліп, жылтыр қара мұртын сипап, насаттанып күлімсірей түсті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Дегені ем болды. *«Тұһ» деген тұкірігі дәрі болды, айтқаны дауа болды; аузынан шыққан сөзі орындалды.* Жалпы қазақ баласын тегіс жисақ, Тезектің мына отырған желі емес пе? Қара қазақ балпылдап кеп сөйлейсің, Тезектің бір *д е г е н і е м е м е с п е*? (С.Аронұлы, Ақиық.).

Дел-сал болды. а) *Денесі ауыр тартты, бойды көтертпеді.* Ішек құрты ауруына

шалдыққан адамдар шаршағыш келеді, денесі *дел-сал болады,* еңбек өнімділігі кемиді (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.). Алғашқыда қыз-қыз қайнап, кейін біртіндеп тоңази бастаған дене бара-бара *дел-сал болып,* әлі кетті де, бұйығу, тыныштық іздеу сияқты бір енжарлық күйге түсті (М.Иманжанов, Адам.). ә) *Не істерін білмей дағдарды, дал болды.* Көп ақылы бірігіп, бәрінің тілеуі бір жерге құйылса да, жасанған жауға қарсы шығатын ешбір күш таба алмай *дел-сал болып* отыр еді (Ә.Әбішев, Армансыз.). Тек осы жол азырақ түсіне алмай дағдарды. Бара түсіп, қайтып кеп, *Дел-сал болды,* сандалды (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

Демі от болды. *Күшті сезім немесе дерттің әсерінен күйіп-жанды, ыстығы бетті шарпыды. Демің* жалын *от болып*, Көзім атқан оқ болып, Бір сілтесем талай бас, Домалады жоқ болып (Б.Күлеев, Таңд.).

Дертті болды. *Шерлі болды.* Жаны ашыр жалғыз-жарым, ағайындар, Олар да құтын құйып пайдаланды, Қайғылы талай қыздар *дертті болып,* Өмірі қысқа болып ұзармады (Қаз. сов. композит.).

Добалдай болды. а) *Ісінді, ісініп-қабынды.* Бозжанов келді. Оның сол қолы *добалдай болып* ісіп кетіпті. – Ей, сенің қолыңа не болған? – дедім. Кеше кешке бұршақтай минаның жаңқасы тиіп, соның кесепаты ғой (Б.Момышұлы, Шығ.). ә) *Үп-үлкен, еңгезердей болды. Дабалдай болып,* неге жылайсың («Ана тілі»).

Душар болды. *Бір нәрсеге кезікті, ұшырады.* Малынан айырылып, аштан өлу қаупіне *душар болған* кедей шаруалар күн көруге қаражат табу үшін орыс қалалары мен селоларына қарай ағылды (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). Дәл осы машиналар сигналдары, шаңдары, қарбалас – әбігерлері орталықты қым-қуат қарбаласқа салып жатқан шақта Айсұлу да үлкен кесірлі әбігер күйіне *душар болды* (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Іші-тысы тең жаман, Қап-қара батпақ лайды. Оған *душар болғандар* Өкінішпен жылайды (М.Сұлтанқожаұлы, Таңд. шығ.).

Дұғада болды. д і н и. *Алладан жәрдем сұрады.* Мұратына жеткір деп, *Дұғада болып* түрсын-ай, Бес уақыт намазда, Көңілін маған бұрсын-ай (Божжігіт).

Дүрдараз болды. *Араздасты, ренжісті.* Кеше қидаласып, біріне-бірі алыстан қамшы сермесіп, *дүрдараз болып* жүрген Торғауыт пен Ноғайбай бірігіп кетіпті (С.Талжанов, Ұлдай.). Бірде тату, бірде араз, *Боп* жүргенде *дүрдараз* (Х.Әбішев, Аспан сыры).

Ділгір болды. *Зәруленді, мұқтаж болды.* Қалған тұнып жер, аспан, *Ділгір болып* бір тілге, Зүлдей сұлу Зәравшан, Сенің күміс күлкің бе? (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

Егер болды. *Айтысып-тартысты, егесті.* Екі ел *егер болса,* Епті жігіт қатын алар (Мақал-мәтел).

Ежіл-ғожыл болмады. *Бір-бірімен шүйіркелеспеді, ауыз жаласып сөйлеспеді, әңгімелері қиыспады.* Шұға жай сөйлескені болмаса, Әбдірахманмен онша *ежіл-ғожыл бола алмады* (Б.Майлин, Шұға.). Жақсылық бұрын Қайырбекті көңілді қарсы алатын. Бұл жолы сәлем беріп, орындық ұсынғанмен, онша *ежіл-ғожыл бола қойған жоқ* (Ғ.Сланов, Әңгім.).

Екі жақ болды. *Қарама-қарсы екі топқа бөлінді.* Сол кезден бастап шақалақтар өзара қырқысып, ақырында 1899 жылы Алакөл үшін *екі жақ болып* төбелескенін өз көзіммен көргенім бар (С.Көбеев, Орынд. арман). Ел *екі жақ болған* соң, кім ант ішіп ақтап, арамдығын жақтап, сүйеймін десе, соған жақ болып сүйеніп, бұрынғыдан ұрлығын әлденеше рет асырады (Абай, Тол. жин.).

Екі жарты бір бүтін болды. а) *Ерлі-зайыпты болды, отбасын құрды. «Екі жарты бір бүтін болайық,* Күшік күйеу боп қолыңа кірейін», – деді Сәмет Күләннің шешесіне (С.Омаров, Қайырлы.). ә) *Бірікті, ұйымдасты, қауымдасты. Екі жарты, бір бүтін болайық.* Кімге сенеміз? Иық сүйесіп күн көрейік деп, Құтжанға құран оқи келгенде, Қодар Жәмпейіске зарын шақты да, қолына ұстап қалды (М.Әуезов, Абай жолы).

Екі көзі атыздай болды. *Көзі шарасынан шықты, қатты қорықты.* Ақбала тастай қараңғы үйге *екі көзі атыздай боп,* үрейі ұша қарап қап еді, әлдекімнің ішке ұрланып кіріп келе жатқанын көріп, шыңғырып жіберді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Ахметтің *екі көзі атыздай болды* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Екі көзі төрт болды. а) *Сарыла күтті, күте-күте зарықты.* Ауылдағылар Ерубайдың қашқан жағына *екі көзі төрт болып* сүзіле де, сарғая да қарайды («Қаз. әдеб.»). Отыны таусылып, түтін түтете алмай отырған үйлер қас қылғандай мына қоңыр жалдан қылт еткен қара көрінбеді-ау деп, *екі көзі төрт болды* (Ә.Кекілбаев, Таңд. шығ.). Машангүлдің Өсерді тоса-тоса *екі көзі төрт болды.* Тіпті болмаған соң о жақ, бұ жаққа сабылып сұрау салды («Лен. жас»). ә) *Көруге асық болды.* Жарайды, жаным Сара, сөйлер сөзің, сүйенген қызыл тілге шын сорлы өзің, қалмақтай қолға түскен ықтиярсыз, *Төрт болар* құлға барсаң *екі көзің* (Айтыс).

Екі қолы жағада болды. *Арпалысып өтті, өмір бойы тіресіп келді.* Керегі жоқ бұл төлеудің, мен тәңірі алдында сұрармын, оған дейін *екі қолым жағаңда болар*! (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

Екі ойлы [оқты] болды. *Бір шешімге келмей дағдарды, әрі-сәрі күйге түсті.* Ержан *екі ойлы болып* біраз тұрып, қыздардан артта қалып кейінірек кірді (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Әбдірахман хат жіберуге *екі оқты болған* соң, мен демеп жібердім (Б.Майлин, Шығ.). «Айтсам ба» деп, Раушан *екі оқты болды* (Б.Майлин, Шығ.).

Екіұдай болды. *Екі ойлы болып, бір шешімге келе алмады.* Ел *екіұдай болғандықтан,* Айдос тұтас сөз айтып, анау екі елге кісі жібереді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Осыдан *екіұдай боп* елеурісті, Үйткені етке тойып, қымыз ішті. Құтырған қораздайын қырқыстырып, Дағдырын қос аусардың сүйтіп шешті (І.Жансүгіров, Шығ.).

Екіұшты болу. *Күмәндану, сенімсіздену.* Құнанбай өз баласы туралы *екіұшты болуын* тез жойып, Байдалы сөзінің салмағына көз салып кетті (М.Әуезов, Абай жолы).

Ел аузына қақпақ болды. *Көптің сөзін, тілін тыймақ болды деген мағынада.* Жұрттың тілін, сөзін тия алмайды. Маған қойғызғанмен *ел аузына қақпақ болса* алмайсың (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Ел болды. а) *Мемлекет болып құралды.* Аталып Қазақстан *ел боп* туып, Үй тігіп, ірге қалап бекілгені (Жамбыл, Шығ.). ә) *Халықтың басы бірікті, қосылды.* Қазаққа күзетші болайын деп, біз де *ел болып,* жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек (Абай, Тол. жин.). Жетім өсіп теңелді, Жетісің жесір кенелді. Шалшық суы көл болды, Құрамалар *ел болды* (Дулат Бабатайұлы, Замана.). б) *Тату-тәтті, ынтымақты өмір сүрді, табысты, достасты.* Ежелгі дұшпан *ел болмас,* Етектен кессе, жең болмас (Мақал-мәтел). Аңдысқан *ел болмас* (Мақал-мәтел). б) *Керегіне жарамады, іске аспады.* – Енді Көксеректі өлтіріп, терісін алу керек; осы кәпір түбінде *ел болмайды,* – дейтін де болып еді (М.Әуезов).

Ем болды. *Ауруына шипалық әсер етті, ауруынан емделді, жазылды.* – Сол үйдегі жеңгей бір тәуіптен дәрі алып қоям деп еді, *ем болар* ма екен, соны ала кел, – деді (С.Бегалин, Мектеп.). Ерте заманнан бері шөлдегенге сусын, ішкенге тамақ, ауырғанға *ем болған* шұбатты қадірлеу керек (Е.Оразақов, Дәрігер.).

Еңбегі еш болды. *Еңбегі босқа кетті, ешбір нәтиже шықпады.* Оның ұзақ жылдар бойына өзінің алақанының аясындай тым құнарсыз жеріне сіңірген *еңбегі еш болды* («Лен. жас»).

Ең болмаса. *Тым құрыса, ең құрығанда.* Бәйгеден *ең болмаса* аты келмей, Тайғандай болып қалды бастан бағы (Ж.Саин, Таңд. шығ.). Сүйген жүрек қайтіп қарап қалады. Шарқ ұрады, талпынады, талады. Емхананы сан шықты шыр айналып, *Ең болмаса* қайда екен, –деп палаты?» (Ә.Ахметов, Өшп. жалын). Талпынған талаппенен мен де – бір ер, Көп жүрдім кездей келді көрмеген жер. *Ең болмаса* халқыма көрсетейін, Сый қылып белгі болар бір нәрсе бар (Абай, Тол. жин.).

Еру болды. *Аялдады, дем алды.* Керуеншілер бір жерге малдарын тынықтырып, тойындырмаққа тоқтап, бес-алты күн *еру болып* жатады (Қаз. ертег.). Көшіп бара жатқан қай ауылдың да болса, бір қонып үдеруге ақысы бар, *еру болып* бүк қонып отырып қалса, оның арты қып-қызыл жанжал (С.Шәріпов, Шығ.).

Есеп болды. *Солай деп ұйғарылды, саналды.* Әр жүздің халқы өз ынтымағымен бір туысқанға *есеп болыпты* (Абай, Тол. жин.).

Етекбасты болды. *Алысқа бармады, күйбең тіршіліктен, үй жұмысынан шықпады.* Мен дертімнен *етекбасты болып* ауылдық жердегі мектептің төңірегінен әрі ұзай алмадым (С.Көбеев, Орынд. арман).

Етектен кесіп жең болмайды. *Әр нәрсе өз орнында деген мағынада.* Ата дұшпан сен едің, Ата жауың мен едім, Ежелгі дұшпан ел болмас, *Етектен кесіп жең болмас* (М.Өтемісұлы, Өлеңд.).

Жазым болды. *Күтпеген жерден қазаға ұшырады, мерт болды.* Құлагер шапсаң бауырың жазылатын, Жер ошақ тұяғыңнан қазылатын, құшақтап қу далада қалдым жылап, *Жазым боп* жау қолынан жалғыз атым (І.Жансүгіров, Құлагер). – Көбікті тірі емес деп естимін. Жаманат бар, *жазым боптым* деп отыр, – деді Алшағыр (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ел тұрды, ертең кемпір үйге кірді, Бала *жазым болғанын* іші білді. Зар ұрды, ойбай салды, не бітірсін, Тұра тұр, өзге жайын сұрама енді (Абай, Тол. жин.). Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын, Қайдан білсін өмірдің көбін-азын. Күз келген соң тамырын үсік шалып, Бетегеге жете алмай *болар жазым* (Абай, Тол. жин.).

Жайылып жастық болды. *Төбесіне көтеріп күтті, алдында құрдай жорғалады.* Өз басым Бекеннің жағымсыздығына шыдай алмадым. Қашанғы оған *жайылып жастық*

б о л а бересің, шыдамның да шегі бар емес пе («Лен. жас»).

Жақсатты болды. *Беделі артты, ел ішінде мақтаулы атқа ие болды*. Ол Абайдың Төкежаннан кіші бола тұра, *ж а қ с а т т ы* жігіт *б о п* бара жатқанын қызғанып жақтырмайды (М.Әуезов, Абай жолы). Шұбар болса, бұл ағайын ішінде Абайдың ақылымен жүретін кісі деп сөйлейді. Бірақ Абайға іштітысты мінезі арқылы бүгін *ж а қ с а т т ы* кісі *б о л ы п* сырласады. Өзге туыстың бәрін жаманатты көрсетіп отырған да өзі (М.Әуезов, Абай жолы). Ондағы ойы, *ж а қ с а т т ы б о л ғ ы с ы* келеді Мадар (С.Шәкібаев, Үлкен Түркістан.).

Жалғыз басы мың болсын! а л ғ ы с. *Көп жасасын; өсіп-өнсін, үрім-бұтағы көбейсін!* Берем деп уағда қылмайды, Сонда да құры қоймайды. *Ж а л ғ ы з б а с ы м ы ң б о л с ы н*, Ата сөзін тыңдайды (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Жалтаңкөз болды. *Жалынышты, төуелді болды, қолына қарады*. Жат елде жадап жүргенше *Ж а л т а ң к ө з б о п*, тірі боп, Кім ермейді соңымнан, Көрнекке шықсам ірі боп (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Сол Жақсылық бұрын нашар, кедей күнінде маңындағы малды, жуан ауылдарға *ж а л т а ң к ө з б о л у ш ы* еді (М.Әуезов).

Жаманатты болды. *Өсекке, абыройсыздыққа қалды*. – Бие сауып ішем деп әрі колхозға, әрі Жантасқа *ж а м а н а т т ы б о л а* алмаймын, дедім (Ж.Мұзаппаров, Қаби қарт.). Гүлмияның өзі де қайтпаймын деп отырған соң, *ж а м а н а т т ы б о л м а й м ы н* дегендей, ықтиярды Гүлмияның өзіне салғандай болып отырды (С.Сейфуллин, Шығ.).

Жар болды. *Таяныш-сүйеніш болды, қолдап-қорғады*. Қашты, – деп, – қорқып қатындай, Келеді шулап табалап. Дағыстанға жетіп ед, *«Ж а р б о л»*, – деп, ата-бабалап (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Шапқан шөптей қырғызған, *Ж а р б о л ы п* Алла Дотанға. Қалмақты жаман қырады, Үш күн, үш түн қуалап (Батырлар жыры).

Жардай болды. *Қатты семірді*. Арыстан, қасқыр, түлкі ұсақ аң, тышқан аулап жеп жүреді. Түйе жердің оты мен суына *Ж а р д а й б о л ы п* семіреді (С.Сейфуллин, Шығ.).

Жаттай болды. *Бөгделеп, бөтенсіді*. Ағайын араз мал үшін, Аңдысып алды абысын, *Ж а т т а й б о л д ы* танысың, Қазақтан мүлде түңіліп (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Жатақ болды. *Отырықшы тұрмысқа көшті*. Екеу болса, біреуі шатақ болды. Законмен жөн сұрамақ атақ болды. Құмды қыстап, тау жайлап, Сыр күзейтін, мал басының бәрі де *ж а т а қ б о л д ы* (М.Сұлтанқожаұлы).

Жау болды. *Өштесті, қастасты*. Таласып босқа, *Ж а у б о л ы п* досқа, Қор болып, құрып барасың (Абай, Тол. жин.).

Жауыр болды. *Мезі қылды, таптаурын етті*. Автор Кәрібай бейнесін жасауда көп ізденіп жатпай, тақтақ жолмен тарта берген секілді, бұл әбден *ж а у ы р б о л ғ а н*, ер қашты образ («Қаз. әдеб.»). Шәйкен іскер цех бастығы, өз жұмысына жан-тәнімен берілген адам деу керек пе... Жоқ, бұл құрғақ мақтау, айтыла-айтыла *Ж а у ы р б о л ғ а н* жалпылама сөздер ғана (М.Сәрсекеев, Жетінші.).

Жеккөрінішті болды. *Сүйкімсіз көрінді, жаманатты болды, көз тұрткіге түсті*. – Жұртпен жағаласып, *ж е к к ө р і н і ш т і б о п* жүргенше жағаласып, қап арқалап жүргенім жақсы емес пе, – деді Жанқабылов (К.Тоқаев, Тасқын).

Жем болды. а) *Біреуге тәуелді болды, жетегінде кетті*. Сен үшін жатсам-тұрсам арманым көп, *Ж е м б о л ы п* кете ме деп жамандарға (Жамбыл, Шығ.). ә) *Біреуге олжа болды*. Қой мен қой араласып, шатасып кеткен. Осындай қарбаласта бармақ басты, көз қысты боп, талай момынның тоқты-торымы сотқар ауылдардың *ж е м і б о п* жүреді (М.Әуезов, Абай жолы). Малдылар малын өңкей малшыларға, бала-шағаға тапсырып, қолдағы Құдай берген азды-көпті дәулеті қызықсыз көрініп, оның ұры-бөріге *ж е м б о л ы п*, қарғжарға ұшырауына шыдайды (Абай, Тол. жин.).

Жер болды. а) *Абыройы түсті, ұятқа қалды, қатты ұялды*. *Ж е р б о л д ы* тасқан көңілім, Қайғыменен өлу жоқ, Енді қызық көру жоқ, Онан да Құдай қор қылмай, Берсе деймін өлімін (Қ.Жапсарбаев, Жайқоңыр). Не дерің бар ма, Тірі шықтым зорға. Ұялғаным-ай, Жұрт алдында *ж е р б о л ғ а н ы м н а н* (Ш.Смаханұлы, Тотияйын). ә) *Қорланды, сағы сынды*. Әншейін біреуді ыза қылмақтың несін дәулет біліп қуанады екен? Жә, болмаса, ана ыза болушы соншалық неге *ж е р б о л ы п* қалады екен? (Абай, Тол. жин.). Елеусіз қалатын нәрсені Мұрат өз сөзімен баттитып Айшаның бетіне басып, үлкен қиянат істеген сияқты. Осыдан кейін жазықсыз *ж е р б о л ғ а н* әйел үшін ренжіп, Жайдары жарқын мінезден өткір, ащы мысқылға ауысты (Т.Ахтанов, Таңд. шығ.). – Қызым, досың аз, дұшпаның көп болса, *ж е р б о л а р с ы ң*. Сен кешегі жиылыстарда Мырқал туралы қатты кеттің, – деді Мирон Павлович (Ә.Әбішев, Замана).

Жер болу. *Тып-типыл болу, жермен жексен болу*. Бұлармен аралас: төбе-төбе, жота-

жота болып жатқан көмір қордалары, *ж е р б о л у ғ а* айналған кресті, айшықты адам молалары, бұзылған ескі үйлердің орындары ерте уақытта бұл жердің бірқатар халыққа мекен болғанын ескертеді (Ғ.Мұстафин, Таңд. шығ.).

Жерге кіргендей болды. *Бетінен оты шығып, қатты ұялды, өзін қоярға жер таппады.* Соның бәрін де біле тұра, *ж е р г е к і р г е н д е й б о л ы п*, бір арамдығы, жамандығы шыққандай, несіне ұялып қорланады екен (Абай, Тол. жин.).

Жерік болды. а) *Екіқабат кезінде әйелдің белгілі бір тағамға зауқы соқты, аңсары ауып жегісі келді.* Жәмиланың *ж е р і к б о л а* бастағаны білініп, үй іші, ауыл-ауданы қуаныш қылып жатты (М.Әуезов, Таңд. шығ.). – Ол жүрген ханның баласы, – деді қойшы аюға, – қатыны аюдың жүрегіне *ж е р і к б о л ы п*, соны іздеп жүр (Қаз. ертег.). ә) *Ынтықты, құмартты.* Ат жалын өзім тартып мінгеннен соң, Сұлу қыз, келіншекке *б о л д ы м ж е р і к* (Балуан Шолақ Баймырзаұлы, Шығ.).

[Жоғының] оралғысы болсын! т і л е к. *Жоғалған зат, мал қайта табылсын деген мағынада айтылады.* Қайғырған қара күннің қараңғысы, Томсарған тоғайдың тораңғысы. Жалғыз-ақ жылқышы құс көңіл айтып, «*Ж о ғ ы ң ы н ы ң б о л с ы н*, – деген, – *о р а л ғ ы с ы*!» (І.Жансүгіров, Шығ.). Бала күнімде ауылда қой жоғалды деп естуші едім. Сіздің ауылдың адамы жоғалыпты, *о р а л ғ ы с ы б о л с ы н* (С.Сұбханбердин, Шындық).

Жоқ болды. *Із-тұзсіз кетті, ғайып болды.* Селт етіп есін жиды қайғылы қыз, *Ж о қ б о л д ы* елестеген алдынан жүз (Ж.Саин, Таңд. шығ.). Сонан шығып біз қайттық Тәжікен сұлтан ордаға, Жүрелік деп Қобдаға. Және қайта келгенде Есқалиым *ж о қ б о л д ы* Хош айтыспай молдаға (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Жол байлау болды. ж е р г. *Кедергі, қырсық, бөгет жасады.* Бұлардың көңіл аудармауы бұл жұмыстың орындалуына *ж о л б а й л а у б о л ы п*, жоспардың орындалуына кесірі тиді (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Жол болсын. а) э т н. *Жөн сұрауды, қайда барасың дегенді білдіретін сөз.* Уа, Зейнеппісің, хош келдің! Я, *ж о л б о л с ы н* (М.Әуезов, Қараш.). ә) э т н. *Жол үстінде кетіп бара жатқан адамға берілетін сәлемдесу түрі.* Жолдастарына тақап келгенде: – Уа, көкжендеттер, *ж о л б о л с ы н*! – деп, шапшаң ғана саңқ етіп қатты айтты. Уа, әлей болсын, Әлей болсын! (М.Әуезов, Қараш.). б) э к с п р. ж а ғ ы м с ы з. *Ұнатпағанда бұл қалай, онысы несі деген мағынада жұмсалатын сөз.* Иә, сол кездегі ақымақтығыма таңданамын. Ашулы толқын арасынан әкемді іздегеніме *ж о л б о л с ы н* (Ә.Сәрсенбаев, Капитан.). Отыз бес жыл Ресей патшасының заң безбенін салмақтаған сұлтанның қара табан тобырдың сөзін сөйлегеніне *ж о л б о л с ы н,* – деді ол (Х.Есенжанов, Тар кезең).

Жолдас болмайды. *Мәңгілік емес, тұрақсыз, опасыз.* Құ өмір *ж о л д а с б о л м а с* әлі ақ өтер. Өз күлкіңе өзің қарық болма бекер! Ұятың мен арыңды малға сатып, Ұятсызда иман жоқ, түпке жетер (Абай, Шығ.).

Жолсоқты болды. *Ұзақ жол жүріп шаршады, қалжырады.* Әукең әңгімешіл кісі еді, ауыл жаңалықтарына шапшаң-ақ қандырып тастады. *Ж о л с о қ т ы б о л ғ а н* қонақтар көп отырмай жата кетті («Лен. жас»). *Ж о л с о қ т ы б о п,* күйі қашып келген қой мен ешкі топырлап, бүрсиіп, бірін-бірі ықтайды (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Октябрь емес, октябрь жемістерін ауылға жеткізгім келеді. Жетпей жатыр, *ж о л с о қ т ы б о л ы п* жатыр (Ғ.Мұстафин).

Жолы болды. а) *Ісі оңға басты, сәті түсті.* – Сәті түскен жұмыс болып, түнде немістермен айқасқа *ж о л ы ң ы з б о л ғ а н* екен, – деді Панфилов Момышұлына (Б.Момышұлы, Жауынгер.). *Ж о л ы б о л а р* жігіттің Оңға барар бар ісі. Түбі жаман дерттің, Ем болмайды дәрісі (Жамбыл, Шығ.). Осы ұзақ сапарымда менің атқосшыдан *ж о л ы м б о л д ы* (С.Көбеев). ә) *Олжалы болды, сапары оң болды.* Айдардың бестен, оннан аттандырған кісінің көбі талай келіп, *ж о л ы б о л м а й*, бос қайтқан (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Тәжидің *ж о л ы б о л д ы.* Шалматай бай «кепілсіз-ақ жиырма қой берейін», – деді (І.Жансүгіров).

Жолына құрбандық болды. *Өмірін құрбан етті, садағасы болды.* Құдай-ау, осы жалғыз баламды алғанша, *ж о л ы н а қ ұ р б а н д ы қ б о л а й ы н*, мені ал, – деп жылапты (Қаз. ертег.).

Жолыңа басы пида болсын. т і л е к. *Жолыңа құрбан болсын.* Қарасам ертелі-кеш көзім талмас, *Ж о л ы ң а п и д а б о л с ы н* бұл ғаріп *б а с*, бағасыз дүниедегі ай нұрындай, Жүзіңді бір көрген жан қайғылы бас (Ақан сері, Шығ.).

Жолың болсын. т і л е к. *Сапар оң болсын деген мағынада жолаушыларға айтылатын сөз.* – *Ж о л д а р ы ң б о л с ы н* қарақтарым, қараша ауыл үшін қам жемеңдер, ең зорлағанда Тақыртума бойынан көшірер, – деді Жақсыбай (А.Лекеров, Түз гүлі).

Жолың болсын, жолдасың Қыдыр [Қызыр] болсын! т і л е к. *Сапарға, соғысқа аттанған кісіге берер бата-тілек.* Күтіп отырған көп ауыл аманға «жол болсын» айтуға күн

шықпай жиналды. – *Жолың болсын, жолдасың қызыр болсын!* – Дұшпаның жерге қарасын... – деп, кемпір-шал, құрбы-құрдас бір ауыздан тілеу тілеп, арбаны қоршап тұр (Ғ.Мұстафин, Таңд. шығ.).

Жұғын [жұқ] болмады. *Тұкке жетпеді, мардымсыз болды.* Пазылбектің үйінде тоғыз адамы бар. Жалақысы отыз сомнан аспайды, рас, әйелі жұмыс істейді. Сонда да оның өзі қоралы жанға *жұғын бола* ма? («Лен. жас»). Бір көлдің суы қарныма *жұқ болмады* (Қаз. ертег.).

Жұмырына қалай жұқ болады. *Тұкке тұрмады, жұғын болмады.* – Екі жәшік, үш жәшік дүние бір ауданның *жұмырына қалай жұқ болады,* – деп, Бөлтеев сипай салды («Лен. жас»).

Жұпты болды. *Үйленді, жұбайлы болды.* Манат қыз, құлағың сал, сөзге мына, Кедейге *жұпты болған* жоқ па сірә? Малы жоқ патша қызын көрген, алған, Тиерсің менен шалға жазса құда (И.Байзақов, Таңд. шығ.).

Жұрдай болды. *Бәрінен айырылды, тыптипыл болды.* – Малды колхоз ек, көліктен де *жұрдай болдық,* – деді Жұматай (М.Әуезов, Таңд. шығ.). – Мен осы деревнянікімін. Үй ішінен *жұрдай болдым,* бәрін немістер қырып кетті, – деді шал (М.Ғабдуллин, Ел намысы.). Әке-шешесінен *жұрдай боп,* панасыз жетім қалуын бейшара іштен біліп туған ба? – деп қайран қалысатын еді (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

Жұт болды. *Қыс қатты болып, мал жұтады, аштан қырылды.* Бір жылы *жұт болып,* бай қоныс аударып, жылқысын жер аударып жаяды (Қаз. ертег.).

Жүгермек болды. *Жастай өлді, қыршынынан қиылды.* Бұл ісін Әзімбайдың Естіп, Қамбар шамданды: *Жүгермек болып* өлген Жан Мұнан құры қалғанды (Қамбар батыр). Уай, уай, менің басым-ай, Келе көр, Жәке, қасыма-ай! Амалым нешік Құдайға, *Жүгермек болған* жасым-ай (Шортанбай, Өленд.).

Жүрегі күпті болды. *Қорықты, жүрегі лоблыды.* Алғаш жер астына түсетінде, *жүрегім күпті болып* жүрді (С.Сейфуллин, Шығ.). «Қашан шақыру келеді» деп, ажал сағатын күткендей, *жүрегі күпті болып,* алақол, арамза билердің әмірін, көрін күтті (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Жүрегіне беріш болды. *Көңіліне дық болып ұялады; ойынан кетпес, жадында қалар кекке айналды.* Көк сиырдың кегі Дайрабайдың *жүрегіне беріш болып* қатқан тәрізді, – деді (Б.Майлин, Шығ.).

Жым болды. *Тына қалды, үні өшті.* Осы кезде қала жақтан арбаның сықыры естілді. Біз *жым бола* қалдық («Лен. жас»). Шабалана жүгірген ала төбет кабинадан түсе берген Тілегенді танып, *жым бола* қалды («Қаз. әдеб.»).

Жынды болды. *Ақылы ауысты, есінен адасты.* Бұлар шулап бір күні келді ордаға, Хан мен уәзір қарайды тамашаға. Бәрі де есі шығып, *жынды болған,* Бос шулап жүр кіші іні, үлкен аға (Абай, Тол. жин.).

Жігері құм болды. *Тауы шағылды, мысы құрыды, сағы сынды.* Тек ел жатқан соң ғана күні бойы *жігері құм болған* Сейітке жаны ашып жүрсе де, титығы құрып, бабын таппаған Айса Оразбай ауылының кәрі күзетшісіне келді (М.Әуезов, Абай жолы). Отсызға қарап қашады Мейірімсіздің малдары Айдап салсаң жасаңға. *Жігерің* қайтады *құм болып,* Өтініш айтсаң нашарға (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Жігіт ағасы болды. *Есейді, кісі боп қалды, орта жасқа келді.* Бақаның сөзін бөліп, *жігіт ағасы болған* бір кісі: – Біздің үйдегі келініңіз екен, мына ноғайға ерегісіп тығып қойып жүрген, – деп, күңк ете түседі (Қаз. ертег.).

Жік-жапар болды. *Асты-үстіне түсті, бәйек болды.* Бүгін кешке де Мардан мен Тағар келіп Омарға: «Осы ойынды енді тоқтат», – деп, *жік-жапар болған* (І.Жансүгіров, Шығ.). Әке-шешесі қарапайым, меймандос адамдар көрінді, *жік-жапар болып* қоярда-қоймай төрге шығарды (З.Шашкин, Доктор.).

Зақым болды. *Бұзылды, бүлінді, нұқсан келді.* Зеңбіректі аршып тазаламаса, қандай *зақым болғанын* айыру қиын (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн).

Запыс [запы] болды. *Ығыр болды, әбден жанына батты, беті қайтты.* Несіпбай *запыс боп,* зар қағып қалған. Аяғын төмен қарай бір басып, екі басып келе жатып, көзімен ылғи көк шөп ішін тінтіп келеді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Талай таяқ жеп, *запыс болып* қалған қара бие аршындай шоқытып, қасқыр текірекпен-ақ жақындап қалған ат пен сойылды көргесін... ұрмай-соқпай-ақ, дір-дір етіп қолға түрды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Алып қара құс содан *запы болып,* қайтқанда осыған жылап қайтады екен (Қаз. ертег.).

Зар болды. *Зәру болды, зарықты.* Бұл күніме бір күні, *болам ын* ғой деймін *зар* (Абай, Тол. жин.). Қодар құран оқи білмейді. Қамқа да оқыған емес. Бірақ екеуі де өзді-өзі ішінен Құтжанға тілеуін, *зар болғанын,* арманға қалдырғанын айтады (М.Әуезов, Абай жолы).

Зәрде болды. *Жүрегі шайылды, зәрезап болды, беті қайтты.* Себебі, Байбол енді жұртқа нанбас, Нанбақ тұрсын, сөзіне құлақ салмас. Алдыңғы партиядан *зәрде болған,* Жұрт әкеп, басшылыққа берсе де алмас (С.Торайғыров, Шығ.).

Зәрезап болды. *Жүрегі шайлықты, үрейі ұшып, зығыры шықты.* Алты атарың құрысын! Ағайын бізден шошиды-ау, *З ә р е з а п б о л ғ а н* ел еді, Бір шошыса жосиды-ау (І.Жансүгіров, Шығ.).

Зият болды. *Парасатты, айрықша ақылды болды.* Оқушым айтушыдан *б о л с ы н з и я т*, Ақыл, ғылым, пиғылдың білсін парқын. Астан жілік тістейсің, тойдан ілік, Шарапатты жақсымен жүрсең жақын (Ақан сері, Шығ.). Ықпалы ілімдінің *з и я т б о л м а қ*, Үлестен кезіндегі ал сыбаға, Қарай соз қадамыңды қатарыңа, Атыңды қалыптан тыс қамшылама! (О.Шораяқов, Шайыр).

И болды. *Момын болды; жүні жығылды; езілді; жуасып басылды.* Бұрынғы Бейсен емес, *и б о л ы п* қалған, кімге топырақ шашсын (Ғ.Мұстафин, Таңд. шығ.).

Ие болды. *Иемденді, қожалық етті.* Жарасбай өз елінің ішінде болыстығына қайта *и е б о л ы п* қалды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Кешегі қара табан бала, Бүгінде *и е б о л д ы* мәшинеге (Қ.Қуанышбаев, Өлеңд.).

Иманы жолдас болсын! д і н и. т і л е к. *Қайтыс болған адамға бұл дүниедегі иманы о дүниеде сауап болсын деген мағынада айтылатын сөз.* Бәрекелді-ай, шешеміз асарын асап, жасарын жасаған адам еді. Өлсе, бәрібір *и м а н ы ж о л д а с б о л с ы н*! (Қаз. ертег.).

Иманы кәміл болды. *Сенді, шын сенді, нанды. И м а н ы ң к ә м і л б о л м а с а*, Келіп қара көзіңмен (Қ.Әбдіқадыров, Өлеңд.).

Иманы қасым болды. *Үрейі ұшты, зәресі құты қалмады, қатты қорықты.* Тілеубай Айнакөлге қайтып келіп, [_ _ _] төбе шашы тік тұратын сұмдық сөз айтатынды шығарды. Шалдардың *и м а н ы қ а с ы м б о л д ы*, жағасын ұстады, жерге түкірді (З.Шашкин, Өмір.).

Иманы таяқтай болды. *Зәресі ұшты, зәресі құты қашты, жаны тұршікті.* Жауыр аттай ығыр болған халық қыр басынан бір қара қылт етсе де, *и м а н ы т а я қ т а й б о л ы п*: «Ойбай, келіп қалды!» – деп, зар қағып қоя береді (Ә.Нұрпейісов, Сең).

Ит болды. с ө й л. а) *Адамшылықтан шықты, абыройды ұмытты.* Жалығуды пәледен, Жұрт ұмытты біржола. Шыныменен тамам ел Кете ме екен *и т б о л а?* (Абай, Тол. жин.). ә) *Қор болды, қорлық көрді.* Жан білмес менің мұндай мән-жайымды, Қалайша *и т б о п* жүрген жағдайымды (Базар жырау, Шығ.). Жеті жыл *и т б о л ғ а н ы м* естен кетпей, Байталды жүргенім сол күнде сабап (Базар жырау, Шығ.).

Ит-құс жолдас болды. *Түзде қаңғырып қалды; елсіз, адамсыз жерде жүрді. И т-қ ұ с б о л ы п ж о л д а с ы м*, Тағдырға шара нешікті (Мұңлық-Зарлық).

Ит пен құсқа жем болды. *Айдалада көмусіз қалды.* Айтып-айтпай, немене, сол секілді асылдар, Кебіні жоқ, көрі жоқ, *И т п е н қ ұ с қ а ж е м болып*, Мұратына жете алмай Арманда болып кетіпті (Қ.Жармағамбетов, Баллада.). Сөйтіп, Жақсылық жақсылығынан өмір сүріп, мұрат-мақсатына жетіпті, Жамандық жамандығынан *и т п е н қ ұ с қ а ж е м б о л ы п* кетіпті (Қаз. ертег.).

Ит түрткі болды. *Қақпай, түрткі көрді; әркімнің мазағына, қорлығына ілікті.* Бұрын ел ішінде кім көрінгенге *и т т ү р т к і б о л ы п* жүрген қор кісілер де астыққа бір шығып кеп ауызға ілікті (Ә.Нұрпейісов, Сең).

Иығы жауыр болды. *Әбден әбігерленді, қажыды.* Ми кепті боқтау-қарғысқа, *ж а у ы р* да *б о л д ы и ы ғ ы м.* Алатын ақым әр қыста, Бұрышы бұзау үйінің (Ж.Молдағалиев, Таңд.).

Иіліп төсек, жайылып жастық болды. *Тік тұрып күтіп алды, асты-үстіне түсті.* Нұрым қолына еркін тиген соң, Қамарды күтпеу қайда? Шыбын жаны соның үстінде шықсын деп, *и і л і п т ө с е к, ж а й ы л ы п ж а с т ы қ б о л ы п*, өліп-өшіп барады (С.Торайғыров, Шығ.).

Кәдік болды. *Екіталай болды, қауіп-қатер төнді.* Бекболатқа *к ә д і к б о л ы п* бара жатса, соғыс салуға бәрі де дайын, киген киімдері қазақша болғанымен, көбісі қызыл әскер жақтан келген большевик – әскерлер (С.Шәріпов, Бекболат.). Өздеріңе *к ә д і к б о л ы п* бара жатса, адамын атпаңдар. Тік басқан малдан түк қалдырмай ала келіңдер, – деді Дүрімбай (С.Шәріпов, Бекболат.).

Кәні болды. *Қарық болды, кенелді.* Ауыл үсті азан-қазан боп, күмбірлеген күлкі, көңілді кеңеске *к ә н і б о л д ы* да қалды (С.Мәуленов, Жұлдыз.).

Кәнігі болды. *Машықтанды, жан-жақты меңгерді, үйреніп алды.* Нағашым мені сол жақ қарымнан қапсыра ұстап қолтықтап алды да, бұрын да бұл мезгілде талай кеп *к ә н і г і б о п* алған адамдай, алшаң басқан адыммен ілгері қарай тартты (С.Мұқанов, Тол. шығ. жин.). *К ә н і г і б о п* қалған қанды қол қасапшы сияқты қолға алған ісін бабына келтіріп, бар кәдесімен асықпай-саспай істегісі келгендей (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Кәріп болды. *Қор болды, халі мүшкіл болды.* Ат күйгелек болса арық болар, Ер күйгелек болса, *к ә р і п б о л а р* (Мақал-мәтел). – Егер бұл кетсе, *к ә р і п б о п* қалады ғой, – деп Сейіт өзін-өзі тоқтататын (Р.Райымқұлов, Болат.).

Кеден кеден болды, кедергі неден болды. *Қиындықтың себебі неде деген мағынада. К е д е н к е д е н б о л д ы, к е д е р г і н е д е н б о л д ы* деп, мына жеті ру Маман салмақты

бізге салып отыр. Араңдағы Құдай деген ағайын ек, қысылып тұрмыз (М.Әуезов, Еңлік-Кебек). *Кеден кеден болды, кедергі неден болды* деп отырмыз, мен саған бұл дауың орайсыз деп отырғаным жоқ. Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой деген, жақпаса, билігіңді өзің айт (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Кез болды. *Тап келді, дұшарласты, кездесті.* Келе жатқан бетімде, Жолдың бір жақ шетінде, Бір топ түйе *кез болды* (Ақын жырлары). Аралау ағайынды бір бұл емес, Әлі де сізбен талай *болармыз кез* (Жамбыл, Шығ.). Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға *болсын кез.* Нұрын, сырын көруге Көкірегінде болсын көз (Абай, Тол. жин.). Құйрығы шаян, беті адам, – Байқамай сенбе құрбыға! Жылмаңы сыртта, іші арам, *Кез болар* қайда сорлыға (Абай, Тол. жин.).

Кем болды. *Таршылық, жоқтық көрді, кедейленді.* Мал мен бастың бірінен *кем болар* деп, Қожам, қай күн Құдаймен тілдестің сен (Айтыс). Кең болсаң, *кем болмайсың* (Мақал-мәтел).

Кең дүние тар болды. *Күллі әлем, жарық дүниеде барар жері қалмады; дүниеден тұңілді.* Құдая, рақым қылмасаң, *Кең дүние* маған *болды тар* (Мұңлық-Зарлық).

Кепіл болды. *Жауапкершілік алды.* – Әке, – деді Нұрмағамбет үйіне бір барғанда, – енді кісі есігіне кіріптар болуды қой. Апам мен екеуіңнің аштан өліп, көштен қалмауыңа Төлебай екеуіміз *кепіл болайық* (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

Кепіл болу. *Куә болу.* Ботақан ошағынан Қазбалаға қымызды мол қылып жеткізіп тұру үшін, бір Абайлар емес, осы артта қалған ауыл-ауданның, кәрі-жастың бәрі *кепіл болуы* шарт (М.Әуезов, Абай жолы).

Кет әрі болмады. *Сыртқа теппеді, қарсылық жасамады.* Тоқан деген жігіттің Зоя деген қызға ғашық болғанын, қыз да басында *кет әрі болмай,* кейін айнып кеткенін баяндады («Лен. жас»).

Көзайым болды. *Сағынған, күткен адамы келіп, шаттыққа бөленді, қуанды. Көзайым болдың* жарым, жас тумалы, Өмірдің бала – гүлі, жаз – думаны. Сыймаймын кең бөлмеге өзіңді ойлап, Ауызға татымай бір астың дәмі (Н.Сүлейменов, Жолда). Балам, дені-қарның сау ма, Айнұр байғұсты әбден сағындырып едің, баласы келіп *көзайым болған* екен ғой, – деді Анаргүл (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр).

Көз болды. *Басы-қасында жүрді, қадағалады, бақылады.* Біздің малға *көз болатын* кісіміз жоқ деген сайын Еңліктің тақаты қалмайды (М.Әуезов, Еңлік-Кебек). Қазақ әлеуметшілігінің өткенін жөндеп түсініп, әзіргі қалпын анық көріп, кемісін болжай білу – көп қазаққа *көз болған,* мәдениет жолына көш басшы болған, «молдаға оқып тәрбие алған, ордаға кіріп жол көрген» оқыған зиялыларымыздың міндеті (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

Көзге күйік болды. *Көзге шыққан сүйелдей болды, жексұрын көрінді. Көзіне күйік болған* күйші кетсе, Осымен қыз арманын тауыса ма? (І.Жансүгіров, Шығ. жин.). Қамар осындай әркімнің *көзіне күйік болған* қалпымен, күннен-күнге құлпырып, он бес жасына жетті (С.Торайғыров, Қамар сұлу). – *Көзге күйік болып,* бос сенделіп жүргеннен қиын болмас, – деді Асан (Т.Ахтанов, Шығ. жин.).

Көзге [шыққан] сүйел болды. *Жеккөрінішті болды, сүйкімсіз көрінді.* Ержан жұмыс істеп жатқан адамдардың қасында *көзге сүйел болып* көп тұра алмады (Т.Ахтанов, Шығ. жин.). Егер, бізде намыс болса, қолдан кеткен туды қалай да қайырып аламыз, не қасиетті еліміздің *көзіне шыққан сүйел болмай*, өзіміз жоғаламыз, – деді Сәденов (Ә.Әбішев, Шығ. жин.).

Көзден таса [ғайып] болды. *Жоқ болды, көрінбей кетті.* Жарқыным, жарықтығым, жан қарағым, Шын ақ сүйек кендірім, кең балағым. *Көзден таса болғанда* қандай болдым, Іште жатып қосылған ақ тамағым (Қозы Көрпеш.). *Көзден таса болса,* көңілден таса болады (Мақал-мәтел). Кең дүниеге тегіс сәлем айтыңдар, – деп партизандар қала берді. Темір мен Вера әп-сәтте *көзден ғайып болды* (Ә.Әбішев, Шығ. жин.).

Көз жасы көл болды. *Қатты күйзеліп жылады, егілді.* Осының бәріне шыдапсың, Ыза боп бейуақытта жылапсың. *Көз жасың көл болып* төгіліп, Қалам деп топырақ астына көміліп (Партия тур. өлеңд.).

Көз-құлақ болды. *Бас-көз болды, қарайласты, назар салды, көңіл бөлді.* Жақын жерге барсам, Ержан да *көз-құлақ болар* (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

Көзі көр болды. *Мүлде көрмейтін болды, әзболды.* Көретін *көзім көр болды*, Бір перзентке асық боп, Аққан жасым тыя алмай, перзенттің дағы өтеді (Алпамыс).

Көзі тұздай болды. *Күте-күте көзі көгерді.* – Біз де келдік, күте-күте *көзіңіз тұздай болған* шығар ә? – деп күлді ол (Ж.Тәшенов, Өтелген.).

Көк сабан болды. *Дән алмады, басына тұқ шықпады.* Осы Бағдад шаһарының патшасы мен менің қол астымдағы елім егін салады, бірақ, егіндері *көк сабан болып* кетеді де, басына дән бітпейді (Қаз. ертег.).

Көксоқта болды. *Қар қатты еріп, қарлы су бола бастады.* Биыл ерте кете бастаған қар Аягөзден Семейге шейін *көксоқта боп*, ақсақ ойылып, жүргіншілерді қатты бейнетке ұшыратты (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Көк тер болды. *Қатты терледі.* Өзі әкелген кәмпитті тістеп, өзі әкелген шайға *көк тер боп* қанып алды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Көк ішек болды. *Ішек-сілесі қатты.* Бергені сол жұртыңның, Бәрекелді десеңші, Мәзбін соған, күлемін, *Болғанымша көк ішек* (І.Жансүгіров, Шығ.).

Көлденеңінен кез болды. *Күтпеген жерден, аяқ астынан тап болды.* Әйтсе де, түсіну ұзаққа бармады, тағы бір оқиға *көлденеңінен кез болып*, оның қайта қабағы жабылды (М.Иманжанов, Алғашқы.).

Көңілі алаң болды. *Ойы бөлінді, алаңдады.* Бастайын бір кеңесті алып қалам, қашаннан *бола* жүрген *көңілі алаң.* Біреуін баян етсем бекер болмас, Іс өткен неше түрлі заманадан (М.Сералин, Топжарған).

Көңілі жай болды. *Ойындағысы орындалды, уайымсыз болды.* Білген адам би тұрса, Дұрыстық тапқан секілді. Пақыр *көңілі жай болып* Тегістік тапқан секілді (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Көңілі қарап болды. *Іш құса болды, қатты қамықты.* Жүгірді Сағит жылап ханға қарап, Іштері қайғыменен алап-жалап. Ханға кеп естігенін мағлұм қылды, Ah айлап, ханның *көңілі болды қарап* (Ғашық-наме).

Көңілі сап болды. *Қуанышы ұзаққа бармады.* Сонда бір *көңілім сап болар*, Жалғыз жатып күңіреніп, Қазаны ойлап талғаудан (Ш.Бөкеев).

Көңілі хош болды. *Шат-шадымен болды, риза болды, көңілі толды.* Елге келген соң, Ақша хан таранып, тыныштанып, *көңілі хош болған* соң, тағында отырып, хан үкім қылды (Ер Тарғын).

Көңілі хош болсын. т і л е к. *Көңілі көтерілсін, қуаныш.* – Егер де дүниеден көше қалса, бұл батырдың *көңілі хош болсын*, – деді Ақжүніс (Ер Тарғын).

Көңілі шер болды. *Уайымға батты, қатты қамықты.* Көген көзді қосақтап қалай қиып бererміз? Көздің жасы моншақтап, *Көңіл шер боп* өлерміз (Жамбыл, Шығ. жин.).

Көп болды. *Артық болды, артық саналды.* О, жасаған, бұл күнімнің де *көп боларын* кім білген! («Соц. Қаз.»).

Көп болса. *Мықтағанда, әрі кеткенде.* Ұры десе, осы елдің өздеріндей қазақтары. *Көп болса*, киімдері, ер-тұрманы ғана жаман, қолдарында сойылдары ғана бар (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Көрген күні қараң болды. *Басына қиындық түсті, қорлық көрді, азап шекті.* Әкем өлгеннен кейін, оның *көрген күні қараң бола* бастады (Қаз. ертег.).

Көрім болды. ж е р г. *Жақсы болды.* Музыкадан мына тұрған духовой оркестріміз бар. Мейрам кездерінде *көрім болды* әйтеуір («Қаз. әдеб.»).

Көрінгенге көзтүрткі болды. *Жаманатты болды, жеккөрінішті болды.* – Ертең мына алған мал таусылған күні жазған кемпір *көрінгенге көз түрткі болады*, – деп ауыр күрсінді (С.Адамбеков, Атылған қыз.).

Көш көлікті болсын. т і л е к. *Көші-қон кезінде көш салтанатты, сәнді болсын деген мағынада айтылатын сөз.* – Уа, байеке, *көш көлікті болсын.* Қай жердегі жайлауыңа көшкелі жатырсың? – деді Жетібай Күреңбайға (С.Омаров, Қайырлы.).

Куә болды. *Бір нәрсені көзімен көрді, айғақ болды.* Ұят дегенді бір атым насыбай құрлы көрмейтін Тұрсынбайды *куә болып* шыға келе ме деп, Ушаков бұл жолы оны қуып тастай алмады (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Ер басы ат басымен қайда қалмас, Ер жігіт ел үшін қайда бармас. Үй қылып, қара үңгірді алты ай жаттым, *Куә бол* кейінгі елге нән қара тас (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Құл болмаса, бұл болсын. с ө й л. э к с п р. *Не болса, ол болсын маған бәрібір деген мағынада.* – *Құл болмаса, бұл болсын,* бір сағат түгіл, бір минут та аялдай алмаймын, – деді ол («Лен. жас»). Бұрынғы бейбіт өмірде ыстық-суықтан сақтайтын сырт қабыршағын соғыс жыртып өтіп, мұның да жүрегіне жетті. Енді ол төңірегінің бәрін *құл болмаса, бұл болсын* деп қарай алмады (Т.Ахтанов, Шығ. жин.).

Құлкі болды. *Мазаққа қалды, келеке болды.* Қапелімде қаларсың *құлкі болып.* Кетсең деймін, жарқыным, көш шетінен (Жамбыл, Шығ.). *Құлкі боп* көргенге, құрбыға кәдірсіз. Ас қылып бергенге, Шыдамас сабырсыз (Абай, Тол. жин.). Ол сөзге тез килікпесе, әкесі тағы да *құлкі болғалы* тұр (Ә.Әбішев, Шығ. жин.). Мақтауға есіріп, Барынша көсіліп, ырғалып қарқ етті. Ірімшік жерге салп етті. Тап етті, шап етті, Ап кетті қу түлкі. Антұрған, сол тұрған Жеріңде *бол құлкі* (Абай, Тол. жин.).

Құнә болды. д і н и. *Дін қағидасына сай келмеді, арам іс болды.* Бұған жан иесін суретке салу *құнә болады* деген діни уағыздар кедергі жасап келген (Қазақст. бейнелеу

өнері). Рабиға жолдас, сөзімді бөлмеңіз, мен мына кісіге айтып отырмын. – Мен тыңдасам *к у н ә б о л а* ма? – деді Рабиға (Б.Майлин, Шық.).

Күн болса. *Ондай мезгіл бола қалса.* Ажал жетіп, көз жұмылар *к у н б о л с а,* Суық көрге сен деп қана енермін (Ж.Саин, Таңд. шық.).

Күн жаумай су болды. *Жайшылықта, қиындық іс туспей-ақ берекесі кетті, өз-өзінен ұнжырғасы түсті.* Неге екені белгісіз, Олжайдың ұнжырғасы бұрынғыдан бетер түсіп кетіпті. Сәуле оның *к у н ж а у м а й с у б о л ы п* тұрған түсін ұнатпаса да, жылы шыраймен қарсы алады (Ә.Әбішев, Шық. жин.).

Күпір болды. д і н и. *Дін жолына қарсы, теріс әрекет жасап, күнәға батты.* Надандарға бой бермей, Шын сөзбенен өлсеңіз. Аят, хадис емес қой, *К у п і р б о л д ы ң* демес қой, Қанша қарсы келсеңіз (Абай, Тол. жин.).

Күрең қабақтау болды. *Ұрысты, ренжісті.* Сонымен іштей *к у р е ң қ а б а қ т а у б о л ы п* жүргенде Жақсылық Аққөзектің өзге елімен бірге Әбіштің қарсысына шығып қалды (М.Әуезов, Таңд. шық.).

Күш болды. *Қиынға түсті.* Үйқы, тамақ, Қалды дым-ақ, Керегі жоқ іс болып. Жай жатпағым, Тыныш таппағым *К у ш б о л ы п* (Абай, Тол. жин.).

Кім де болса. *Қандай адам болмасын, әркім-ақ.* Сән-салтанат жұбатпас жас жүректі, *К і м д е б о л с а* тұрғысын көксемекті, Мезгілі өткен, дәуренді қуалаған. Неғылсын бір қартайған қу сүйекті? (Абай, Тол. жин.). Шал байғұс айғайлады аттан салып, Айырып алған жан жоқ оны барып. *К і м д е б о л с а* бір ерлік қылайын деп, Масғұт ұшты ұрыға оңтайланып (Абай, Тол. жин.).

Кіріптар болды. а) *Тәуелді болды, еркінен айырылды.* Қалмақ ханының қорлығына *к і р і п т а р б о л ғ а н* қаһармандар жау алдына бас имейді (Е.Ысмайылов, Ақындар). Қазақ кедейі, қайсар пысық жігіт Садан революция жылдары мұқтаждықтан байларға *к і р і п т а р б о л ы п* жалшылық етеді (М.Қаратаев, Туған әдеб.). ә) *Мысы құрыды, дағдарды.* – Бақшамызға су құя алмай *к і р і п т а р б о л ы п* тұр едік, – деді бағбан («Қаз. әдеб.»). – Айтып алып *к і р і п т а р б о л ғ а н ш а,* өз аузыңа ие болсаң еді, – деді Мария Бадаубекке (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес).

Кісі болар бала. *Келешегінен үміт күттірер жеткіншек. К і с і б о л а р б а л а н ы ң* Кісіменен ісі бар, Кісі болмас баланың Кісіменен несі бар (Мақал-мәтел).

Кісі болды. э к с п р. *Кісімсініп қалды, маңғазданды.* Байы атқа мініп, *к і с і б о л д ы* (Ж.Аймауытов, Шық.).

Қабыл болды. *Дегеніне жетті, тілегі орындалды.* – Құдай кездестіріп, бітуана болса деп, арман қылушы едім, тілегім *қ а б ы л б о л д ы,* – деді Омар (Б.Майлин, Шық.). Уайым етпе – деді ғашық жарым, Сен үшін *қ а б ы л б о л ы п* қылған зарым. Қосылды Құдай оңдап, қуана бер, Еш кезде дұшпаныңа кетпес арың (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Қабыл болсын. д і н и. т і л е к. *Шалынған құрбандық не берілген садақа немесе т.б. ғибадат Алла тағалаға жетіп, ризалығын алсын деген мағынада айтылатын сөз.* Мал сойғандар бір-біріне *«қ а б ы л б о л с ы н»* айтысады (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Шеттен келген адамдар «құрбандық *қ а б ы л б о л с ы н»* десті (Б.Майлин, Шық.).

Қадамы құтты болды. *Келісі ырыс, береке, қуаныш әкелді.* Мынау балам оқудан қайтқалы сүле науқас боп, арыла алмай қойып еді. Сендер келгелі жақсы сөздеріңмен ем әкелгендей болдыңдар. *К а д а м ы қ ұ т т ы* қонақ *б о л д ы ң д а р,* – деді Ұлжан (М.Әуезов, Абай жолы).

Қаза болды. *Өз өлімінен емес, кездейсоқ келген аурудан, оқыс оқиғадан, апаттан жазым болды, өлді.* Әбдірахман ауырып жатқанда да, кейін ол *қ а з а б о л ғ а н н а н* соң да, Абай осы жараға арнап көп жырлар туғызады (М.Әуезов, Әр жыл.). Алуаның әкесі мал соңында жүріп, өкпесінен суық өтіп қатты ауырды да, *қ а з а б о л д ы* (М.Әуезов, Шық. жин.). Бұл торың жүйрік болса құтыларсың, Немесе қуғыншыңа тұтыларсың, Найзасы жеткен жер де *қ а з а б о л ы п,* Мұны біл, қара жерге жұтыларсың (М.Сералин, Гүлқашима).

Қайран болды. *Қатты таңданды, таңғалды.* Құнанбай салған мешіт бітті. Алшынбай, Құнанбай соны той етпек және аға сұлтан Құнанбай ағайынымен бітісетін боптыы. Ұлықпен Алшынбайлар табыстыратын боптыы! – деді. Абай мына сөзге аса *қ а й р а н б о л д ы* (М.Әуезов, Абай жолы). Үйдің іші әрі *қ а й р а н б о п,* әрі сүйсініп, қарқылдап күле жөнелді (М.Әуезов, Абай жолы).

Қайтыс болды. *Дүние салды, көз жұмды (адамға қатысты).* Индияны бағындырып, патшалығының орталығы етіп Делиді белгілеп алған соң, Бабур өзі төрт жылдан кейін *қ а й т ы с б о л а д ы* (М.Әуезов, Шық.). Сол сөзді бастай бергенде, Ұлжан басын изеп: «тыныш болыңыз, орындаймыз» дегендей белгі еткен. Қадірлі ана осы таңға жетпей *қ а й т ы с б о л д ы* (М.Әуезов, Абай жолы).

Қайырлы болды. *Қайыры, пайдасы, көмегі тиді, мейірлі болды. Қ а й ы р л ы б о л ғ а н* күнінде Тұрымтай атты құс артық. Фор-

мысы келмес күмістен – Сұлулап соққан мыс артық (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Қайырлы болсын. т і л е к. а) *Қуаныш, жақсылық, баянды болсын, ұзағынан сүйіндірсін деген мағынада.* Бұлар бастығы Байсал боп кеп Құнанбаймен ашық, жарқын сөлемдесіп: – қоныс *қ а й ы р л ы б о л с ы н,* мырза! Қайыры ұзақ болсын! Мекенің *қ а й ы р л ы б о л с ы н!* – десіп, жабырлап құттықтап жатыр (М.Әуезов, Абай жолы). Әбіштің үйленуін естіген тұста Павлов қысқа ғана түрде *қ а й ы р л ы б о л с ы н* айтып, Абайдың сөзін бөлмей, тыңдай берді (М.Әуезов, Абай жолы). ә) ж е р г. *Өлімнің арты жақсы болсын.* Шырағым, үйіне кіріп, *қ а й ы р л ы б о л с ы н* айт (Ауызекі).

Қайыры тиді. *Көмегі болды, жәрдемі тиді; жасаған жақсылық өзіне қайтты.* Тамырың қашса, тары ек, Келер жылы тағы ек. Тамырың келер қасыңа, *Қ а й ы р ы т и е р* басыңа (Мақал-мәтел).

Қалай болса солай. *Орынсыз, ретсіз, бейберекет.* Сол іркес-тіркес оқиғаларды бірінебірін *қ а л а й б о л с а с о л а й* матап, жапсыра бергенмен ол көркем шығарма бола ала ма? (Б.Соқпақбаев, Менің атым.).

Қалас болды. *Тамам болды, бітті.* Ала бер байталымды, Сарым, Манас, Байталға мейлің өліс, мейлің талас. Атыңды екеуіңнің біліп алдым, Ар жағы керегі жоқ, *б о л д ы қ а л а с* (Жамбыл, Шығ.).

Қамшы болды. *Себеп болды, тұрткі салды.* Көп себептер *қ а м ш ы б о л ы п,* көп ел соңына түсіп іздеген соң, ол байларды босатып алған (М.Әуезов, Қараш.). Елеусіз мереке қарсаңында ауылға кеткісі келді. Бұған Шынардың келмей қалуы *қ а м ш ы б о л д ы* (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

Қамшы боп тиді. *Жанына қатты батты, ауыр тиді.* Темірғалидың сөзі отырғандарға *қ а м ш ы б о п т и д і* (З.Шашкин, Сенім).

Қандай да болсын. *Кез келген, әрбір. Қ а н д а й д а б о л с ы н* дін мен мешіт, діни ұйымдар еңбекшілерді алдауға, адастыруға тырысады («Халық мұғ.»).

Қанжығалас болды. *Бірге жүріп, үзеңгілес, жорықтас болды.* – Сүйеу қарт, Есболдың көп жыл *қ а н ж ы ғ а л а с б о л ғ а н* қадырман жолдасы, бір жағынан сүйек тістескен құдандалы жекжат (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Қанжығаң құтты болсын. т і л е к. *Жаудан олжалы оралғайсың деген мағынадағы сөз. Қ а н ж ы ғ а ң құ т т ы б о л с ы н* деп, Байдалы батыр дабылды қара қасқа тұлпарға, Арпа-бидай асатты (Батырлар жыры).

Қансоқта болды. *Қызылға (етке) кенелді.* Қыпшақ та түгел жиды болыс, биін. Ескене кетірді деп елдің күйін. Ту бие, ту асауды ұстап сойып, *қ а н с о қ т а б о л д ы* үлкен жиын (И.Байзақов, Таңд. шығ.).

Қан сорпа болды. *Жан тері шығып, қатты қиналды.* Аудандық қаладан шығып, Асқар мен Асан асығып келеді. Аттары *қ а н с о р п а б о п,* танау қаққан күйде ауылға кеп түсті (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Қапа болды. *Уайымдады, қайғырды.* Барынша *қ а п а б о л ғ а н* Ербол қызыл өгіздің тұқым-тұғиянын, жетпіс жеті ата-бабасын санап, боқтап-боқтап діңкесі құрыды да, бір кезде өгізді тастап, тал ішінен бойлап байқап атырапқа қарады (М.Әуезов, Абай жолы). *Қ а п а б о п* қалжырадың, халің кетіп, Көзің ісіп, күрсіндің малың кетіп, Жар болмаса жасаған, қиын болды, Әлемнің езуінен наным кетіп (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Қапа болу. *Ауа қапырықтанды, дем алуға мүмкіндік болмай, тыныс алу қиындады.* Үйдің іші *қ а п а б о л у ы н а н* ба әлде қызына сөйлеуінен бе, басымнан сорғалап тер аяғымнан бір-ақ шықты (С.Мұқанов, Тол. шығ.).

Қапас болды. *Абақты, тұрме болды.* Әлі де өзге күнде алдыма шығары жоқ. Бірақ, күйім жадау болған соң, өз үйім өзіме *қ а п а с б о л д ы* (М.Әуезов, Шығ.).

Қапы болды. *Аңдаусызда, қамсызда қалды.* Бұ-дағы қанжардайын айқаспай ма, Оныңа болмаймын деп шайқаспай ма. *Қ а п ы б о л д ы,* білмеді аямасын, Сезгенде бір кісімен шайқаспай ма? (А.Құнанбаев, Шығ.).

Қара жер болды. а) *Таптады, тыптипыл болды.* Күні өткен бәйтерек, желмен құлар әлсіреп, Іріп-шіріп жатумен, о да *қ а р а ж е р б о л а р* (Ш.Бөкеев). ә) *Қатты цятқа қалды.* – Үйіне әлдекімді неге әкеледі десе, не деймін? Мен *қ а р а ж е р б о л м а й м ы н* ба? – деп еді (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Қара жер төсек болды. *Басына қиыншылық түсті, зәбір-жапа шекті, жаны күйзелді.* Сұрасаң руымды Қаракесек, Досымнан дұшпаным көп қылған өсек. Үстінде құс мамықтың жатушы едім, Бұл күнде қу *қ а р а ж е р б о л д ы т ө с е к* (Қаз. әндері).

Қара қайыс болды. *Тарамыстай тартылды, сіріндей сіресті.* Анадан туып, көзін тырнап ашқаннан бері өмір теперішін көп көрген, әбден *қ а р а қ а й ы с б о л ы п* қатып қалған күсті білектер бірінен-бірі ажырамады (С.Талжанов, Ұлдай.).

Қара қан боп қатты. *Жүрегіне кек боп байланды.* ...Сол «шаңырақ салығы» үшін жалғыз түйелерін шабармандарына алдыртып, жас ботасын боздатқан Жамантай сұлтанға деген

өшпенділік он үш жасар баласының жүрегіне *қара қан боп қатқан* (І.Есенберлин, Шығ.).

Қара қатқақ болды. *Жер әбден құрғап, кеуіп кетпей, тоңазып жатты. Қ а р а қ а т қ а қ б о л ғ а н* бөктерді дүбірлетіп, тасырлата басып, қалың қол Жігітекке қарай тартты (М.Әуезов, Абай жолы).

Қарақұлақ болды. *Есейді, ер жетті.* Ақтықта Қамар туып *қ а р а қ ұ л а қ б о л ғ а н ш а,* қыз ба, ұл ма деп ешкім сұрап көрмеген, қарт Түсіпті қадірлеп жүрт, Түсірмей көңіліне ақау аяп-жұбап (С.Бегалин, Шығ. жин.). Өзі біразға келген екен. *Қ а р а қ ұ л а қ б о л ы п* қалған екен ғой (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Қара тер болды. *Босқа әуреге түсті.* Шарға түсер шағында, *Қ а р а т е р б о п* сабылдың (Жамбыл, Шығ.). Қадірлі басым, Қайратты жасым, Айғаймен кетті, амал жоқ. Болмасқа *б о л ы п қ а р а т е р*, Қорлықпен өткен қу өмір (Абай, Тол. жин.). – Нүке, босқа *қ а р а т е р б о л м а ң ы з,* той күндіз басталып кеткен, сіз кешіктіңіз, – деді ол («Қаз. әдеб.»).

Қарық болды. *Молшылыққа кенелді, мәз болды.* Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер, Өз күлкіңе өзің *қ а р ы қ б о л м а* бекер! Ұятың мен арыңды малға сатып, Ұятсызда иман жоқ, түпке жетер (Абай, Тол. жин.). Не керек, ауыз аққа, тұмсық қызылға тиіп, *қ а р ы қ б о л д ы м* да қалдым (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны). Күні өтіп, еңбек қылар уақытынан айырылып, «жоғары шыққа» *қ а р ы қ б о л ы п,* тамақ, киім, борыш қысқан күні біреудің малын бұлдап қарызға алады (Абай, Тол. жин.).

Қарыс жер мұң болды. *Жақын жер жеткізбес қиынға айналды.* Қартайғандықтан белгісі, балам, *қ а р ы с ж е р м ұ ң б о л ы п*, осы таудың астындағы баламның үйіне жете алмай отырамын («Лен. жас»).

Қас болды. *Дұшпандық етті, жауласты.* Қанішер баймен *қ а с б о л ы п,* Араздық тапты арасы (Ақын жырлары). Берекеге *қ а с б о л с а,* Арақ ішпей мас болса, Ел тыныш болса – азады, Ерігіп өлең жазады (Абай, Тол. жин.).

Қатал болды. *Аяушылық жасамады; қаһары қатты болды.* Жауға *қ а т а л б о л а й ы қ,* Халық қаһарын салайық, Көтермей басын езгілеп, Улы тісін қағайық (Жамбыл, Шығ.).

Қат болды. с ө й л. *Мұқтаж, ділгір, зәру болды.* Сатушы ауданда жатып алды. Дүниенің арзаны сіріңкеге *қ а т б о п* отырмыз (К.Оразалин, Шығ.).

Қауым болды. *Бірікті, бас қосып тірлік етті.* Ар жағында молланың үлкені жатыр, сол кісіні оята қойыңыз, бәріміз *қ а у ы м б о л с а қ* болайық (Қаз. ертег.).

Қашық болды. *Аулақ болды, алыс жүрді.* Бес нәрседен *қ а ш ы қ б о л,* Бес нәрсеге асық бол, Адам болам десеңіз (Абай, Тол. жин.).

Қолбайлау болды. *Бөгет жасады, кедергі келтірді.* Жігіттер жұмысқа кедергі туғызған екі жігітті қыспаққа алды. Астықтың құнын кемітуге *қ о л б а й л а у б о л ғ а н д а р ы н* бетіне басты («Лен. жас»).

Қол болды. *Күш болды.* Бағана, таңертеңнен бері үсті-үстіне келіп жатқан аттылар қазір түс кезінде қалың нөпір, үлкен *қ о л б о л д ы.* Тегіс сойыл, найза, айбалта, шоқпар ұстаған, шабуыл мен соғысқа әзірленген қол (М.Әуезов, Абай жолы).

Қолды болды. *Жоғалды, ұрланды.* – Төрт күннен бері колхоздың қайығы *қ о л д ы б о л ы п* еді, соны оқушыларың ұрлапты, – деді ол (М.Иманжанов, Алғашқы.). – Атпалдай тоғыз жылқы *қ о л д ы б о п* отырғанда, бір күн алатын төртті-бесті түлкіңді артық санадың ба, бұның не? – деді Оспанқұл (М.Әуезов, Шығ. жин.).

Қор болды. а) *Азап шекті, сорлады, қорлық көрді.* – Сол қыз барған жерінде де оңбады, барғаннан науқасқа айналып, ақырында *қ о р б о л ы п* өлді, – деді Күлзипа (Б.Майлин, Шығ.). Жаман тату қазады өзіңе ор, Оған сенсең, бір күні *б о л а р с ы ң қ о р.* Ары бар, ұяты бар үлкенге сен, Өзі зордың болады ығы да зор (Абай, Тол. жин.). Құдай салды жүрекке, Жалғанда бітпес жараны. Көре алмай *қ о р б о п* қалған соң, Кете ме іштен арманы? (Абай, Тол. жин.). Сүйіндік өз елінің күйзелгенін танып тұр. Өзінің де *қ о р б о л ы п*, аяқасты болғанын әбден түсінді (М.Әуезов, Абай жолы). ә) *Бағаланбады, зая кетті. Қ о р б о л д ы* таппай теңін есіл сөзім, Таққандай алтын тоға кер есекке (Базар жырау, Шығ.). *Қ о р б о л ы п* қында жатып қырық жылдай, Біздер бір теміртекпіз тозған жүзі. Шыршықтан шығып жатқан сағасы жоқ, Секілді құр жылтырақ қақтың мұзы (О.Шораяқов, Шайыр). Арғын-найман жиылса, Таңырқаған сөзіме. Қайран сөзім *қ о р б о л д ы,* Тобықтының өзіне (Абай, Тол. жин.). Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ, Есіл өнер *қ о р б о л ы п* кетер түзге (Абай, Тол. жин.). б) *Қызық көрмей, армандa кетті.* Өлең жиған тырбанып, Ән үйренген ырғалып. Сорлы Көкбай қор үйренген ырғалып. Сорлы Көкбай *қ о р б о л д ы-а у,* Осыншадан құр қалып (Абай, Тол. жин.).

Қорған болу. *Пана болу, саясына алу.* – Осы үйдегі үлкен-кіші сенің жайыңа бәрі де қанық. Сені көріп, саған *қ о р ғ а н б о л у ғ а* асығып отыр, – деп Ләйланы айналдыра үйіріп барады (С.Шәріпов, Шығ.).

Жұрттың қоры болды. *Адамның ең сорлысы, жаманы болып саналды.* Өстіп, жер

жүзіндегі *жұрттың қорлығы болып*, бірімізді-біріміз аңдып өтеміз бе?! (Абай, Тол. жин.).

Қош бол. *Қоштасарда, алыс сапарға аттанарда көріскенше сау-саламат бол деген мағынада айтылатын сөз.* Жау тиеді елге дегенде, *Қош бола* тұр анам деп, Қайтқанынша балаң деп, соғысуға барам деп (Ақын жырлары).

Қош болды. *Көңілі толды, риза болды.* Көркіне көңілім *қош болып*, Балқашты айтсам, мақтанам (Халық ақынд.).

Қуат болды. *Күш берді, жігерлендірді.* Сол өңірдің бәріне Төрт түлікті толтырған. Сол *қуат боп* көріге, Көкірегім толқыған (Жамбыл, Шығ.).

Құмар болды. а) жағымды. *Ынтықты, құмартты, құштарланды.* Түз қыранын ұстап баулуға Сәтжан аса *құмар болатын* (С. Бегалин, Шығ. жин.). Сен оған айт: «Жас ақын *болған* соған *құмар*» де. «Сырын айтпай жас жүрек Қайтып қана шыдар» де (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). ә) жағымсыз. *Еті үйреніп кетті, әдетке айналдырды; ессіз әуестенді.* Енді бір бала туғызып, оны да ит қылуға, оған да қорлық көрсетуге мұнша неге *құмар болдың?* (Абай, Тол. жин.). Жалығу бар, шалқу бар, іш пысу бар, Жаңа сүйгіш адамзат көрсеқызар. Ар мен ұят ойланбай, тәнін асырап, Ертеңгі жоқ, бүгінге *болған құмар* (Абай, Тол. жин.).

Құп болсын. *Мақұлдау, келісімді білдіру мәнінде, сөзіңді екі етпеймін деген мағынадағы қолданыс.* – *Құп болсын*, олай болса, апаларым! Дүниенің тартып жүрмін жапаларын. Сағынсам, өз еліме жеткізе ме, Айтсаңыз, мархабатты аталарың (Абай, Тол. жин.).

Құрбан болды. *Біреудің немесе бір нәрсенің жолында өмірін аямады, жанын қиды.* Қан майданда Отаны үшін *құрбан болған* ер азамат, жолдастарын көз алдына келтірді (Ол күндер.).

Құса болды. *Сары уайымға салынды, қатты қайғырды.* Сөйлемеші – несі? Мен оның тілсіз құлы болғаным ба? Мен де осының өзіндей адам емеспін бе деп ішімнен *құса болушы* ем (Б.Момышұлы, Москва.).

Құтты болды. *Із-жолы жақсы болды, жақсы ырым болды.* Тақымы жетімектің *құтты болып*, Құлагер қосқан сайын бәйге алатын (І.Жансүгіров, Құлагер). Аяғым *құтты болғалы* тұр (Ә. Тәжібаев, Гүлден.).

Құтты болсын. тілек. *Жақсы іске айтылатын жақсылық қайырлы болсын деген мағынадағы сөз.* Абылғазы тіпті елден бұрын кеп, Керімбалаға өзі амандасып, «қадамың *құтты болсын!*» деп, көңіл білдірген (М.Әуезов, Абай). Еңбегің *құтты болсын* Құдай үшін, Ешкімнің бұрылмадың шырайы үшін. Дін үшін мал шығарып еңбек қылсаң, Жұмақтың жанын көрер райысын (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Құштар болды. *Құмарланды, ынтықты, қызықты.* Ұлық атаулы өз әлсіздігін біліп, Абайдың ақылына, біліміне амалсыздан *құштар болатын* (М.Әуезов, Әр жыл.). Шоқан сондай қабілетті. Тіпті, суретті де оқуға келуден бұрын жақсы сала бастаған. Сондықтан бұған көп адам *құштар болатын* (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.).

Қызылиек болды. *Тісі түсіп, әбден қартайды.* Қаусаған отыз тісім қайта шықты, *Болғанда қызылиек* әлім кетіп (Жамбыл, Шығ.).

Қызыл кеңірдек болды. *Жанжалдасты, дауласты, керісті.* Талай құлаш-құлаш қаулы қабылданды. Талай жиналыстарда *қызыл кеңірдек болдық*. Бірақ, әлі кемшілік орнынан қозғалған жоқ («Лен. жас»). Енді екі молда бас қосып дұғалық мазмұнына келісе алмай, біраз уақыт *қызыл кеңірдек болды* («Қаз. әдеб.»).

Қызыл май болу. *Зорығу, титықтау.* Өзі болса да «граньнан» шыға қоймас еді ғой: *қызыл май болмау* – қызмет шарты. Кірпішбай оны жақсы біледі (Ә.Тарази, Асу.).

Қызыл танау болды. *Өрекпіп, асығып-аптықты, желікті, дегбірсізденді, әуреленді.* Дүйсен, жасың кіші, менің тұңғыш баламдайсың. Көңіліңе келсе де айтайын, осы сен өнбесті қуып, босқа неге дайымы *қызыл танау боласың* да жүресің, – деді Байтақ қарт («Қаз. әдеб.»).

Қызылшеке болды. *Аянбай жұдырықтасты, әбден төбелесті. Қызылшеке болып* төбелесіп жатқан кісі секілді дүңгірдүңгір етеді. Нұрымның «мол-мол! Неге, неге?» деп жұлмалап тартқан дыбысы естіледі (С.Торайғыров, Шығ.).

Қырғи қабақ болды. *Араздасты, жауласты.* Әшейінде *қырғи қабақ болып*, айтысып-тартысып жүретін қарындастарым да монтия қалыпты («Лен. жас»).

Қырық пышақ болды. *Жанжалдасты, қырқысты, керісті.* Бұрын бұл кішкене өзеннің екі жағын мекен еткен ел өзеннен алынатын екі құлақ суға таласып, *қырық пышақ болып* қырқысып күн көретін («Қаз. әдеб.»). Түскен жан сондай күйге сұм жалғанда, Ескіден енді ойлансақ, тегін жан ба? Қыдыр жан қырық кісімен *қырық пышақ боп*, Ел таппай өте берген неге арманда? (І.Жансүгіров, Шығ.).

Лепесі қабыл болды. *Дегені қабыл, айтқаны ем болды, айтқаны келді.* Нұрым тек ауылға басына шалма ораған біреу келсе: «Қырықтың бірі Қыдыр деп еді, *л е п е с і қ а б ы л б о л м а с* па екен?» деп, жанына мейіз, тағы сондай тәтті нәрселер алып, жүгіріп, үшкіртіп жүруші еді (С.Торайғыров, Шығ.).

Лыпа болмады. *Қамзау, қымтау, жабын болмады.* Көңіл қайратты болғанмен, көне шекпен етке *л ы п а б о л а* ма (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Мазақ болды. *Күлкі болды, келекеге қалды.* Бұдан соң, төре қалып, қазақ болды, Надандар заң білмеген *м а з а қ б о л д ы.* Он беске жасы толса би болам деп, Таласқан штат сайын азап болды (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Қанденге бір ит кездей боп, деді: – әліңді білсеңші. Пілмен ұрысар сыйқың жоқ, *м а з а қ б о л м а й* қой, көнші! (Абай, Тол. жин.).

Майлы қасықтай болды. *Мәймөңкелесті, жалбақтасты.* Әзірге екі арамыз *м а й л ы қ а с ы қ т а й б о л ы п*, бірге оқып келеміз (Ғ.Сланов, Алтай.).

Майып болды. *Бір жері сынды, зақымданды; мертікті.* Талай арба доңғалағы белінен басып өтіп, *м а й ы п б о п,* сабағы сынып жатса да, қашан қыс түсіп, қарлы боран соққанша жансебілдікпен жуық арада өліп болмайтын өсімдік сияқты (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Мал болмайды. *Не істесең де, оңалмайды; лажы жоқ.* Ауру тым асқынып кетсе, тұқай түгіл, бақайшақ та шіріп түседі. Мұндай қой *м а л б о л м а й д ы* (М.Ермеков, Қазақстан. қой. шаруаш.).

Мас болды. а) *Спиртті ішімдіктің әсерінен денесі уланды.* Бір күшті көп тентекті жыға алмай жүр, Іште жалын дерт болып, шыға алмай жүр. Арақ ішкен, *м а с б о л ғ а н* жұрттың бәрі, Не пайда, не залалды біле алмай жүр (Абай, Тол. жин.). ә) *Желік пайда болды, есерленді, есіріктенді, мастанды.* Берекеге қас болса, Желіктірген айтаққа. Арақ ішпей *м а с б о л с а,* Ел тыныш болса – азады, Ерігіп өле жазады (Абай, Тол. жин.). Ойын ойнап, айт пен тойлап, жастыққа *б о л м а м а с,* інім (Ш.Иманбаева, Өленд.). б) *Бойы балқыды, рақаттанды.* Иығы тиісіп, Төмендеп көздері, Үндемей сүйісіп, *М а с б о л ы п* өздері (Абай, Тол. жин.). Мына тұрған замандас, Терең ойлы қалам қас. Бой сипатын қарасаң, Көрген адам *б о л а р м а с* (Айтыс).

Масқара болды. *Қатты ұятқа қалды, әшкере болды.* Егер мұны Майқанова білсе ғой: «Ә, Қадыров. Қаршадайыңнан қызға ғашық болып! Қарай гөр мұны!» – десе, міне нағыз *м а с қ а р а* сонда *б о л а р* еді (Б.Соқпақбаев, Менің атым.).

Масыл болды. *Бейнет, ауыртпалығын біреудің мойнына салды, кісі есебінен күнелтті.* Анасы шығып кетті. Ләззат жалғыз. Ұзақ жыл *м а с ы л б о л ы п,* қапырық бөлмеге жіпсіз байлап, әбден қажытқан сары ауруын ақыры сілкіп тастады (Т.Ахтанов, Шығ. жин.). – Маған *м а с ы л б о л ғ а н м е н,* аққөңіл жақсы адам еді, – деді Қадиша Олжайды нұсқап (Ә.Әбішев, Шығ. жин.).

Мәжбүр болды. *Амалсыз көнді, еріксіз мойынсұнды.* Шаруалар көтерілісінен шошынған патша өкіметі крепостниктік правоны жоюға *м ә ж б ү р б о л д ы* (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.).

Мәз болды. а) *Шаттанды, қуанды, мәресәре болды. М ә з б о л ы п* баласымен ойнағанға, Олардың, түйсінбеппін қылған сыйын. Нұрғалық деген кісі дәулетті адам, Байлардың айла-амалы қандай қиын (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). ә) *Масаттанды, дандайсыды.* Абай енді Семей қаласының құр төрелікке *м ә з б о л ғ а н* ұлықтарынан мүлде басқаша ортаны іздеді (М.Әуезов, Әр жыл.). *М ә з б о л а д ы* болысың, Арқаға ұлық қаққанға (Абай, Тол. жин.).

Мәз болысты. *Қуанысты, риза болды.* Кәрі әже әмсе ұзақ игілік тіледі. Жас інілер сағынғанын көрсетіп, мойнынан құшақтап, бауырына оралып, *м ә з б о л ы с т ы* (М.Әуезов, Абай жолы).

Мағлұм [мәшһүр, мәлім] болды. а) *Танымал болды, әйгіленді.* Үш жүзге *б о л ғ а н м а ғ л ұ м* атым Мұса, Жігіттер шешен болсаң маған ұқса! (Қаз. әндері). Қазаққа *м ә ш һ ү р б о л ғ а н* әділдігі Орта жүз «Абай» қойған атын баптай (Біржан-Сара). ә) *Айқындалды, анықталды.* Біздердің қолымызға зейнетақы қорындағы дербес есепшоттардан алғашқы көшірме қағаз келіп тиген кезде жұмыстағылардың бірде-бірінің ондағы көрсетілген ақпараттардың мазмұнын түсінбейтіні *м ә л і м б о л д ы* («Егемен Қазақстан»).

Мәлім болу. *Танымал болу, әйгілену.* «Шора батыр» дастанының қазақ, ноғай, башқұрт, татарларға кеңінен *м ә л і м б о л у ы м е н* қатар, тілі мен діні бөгделеніп кеткен шуваштар арасында да танымалдығы бұл елдердің ерте кездегі рухани байланысынан хабар береді («Қаз. әдеб.»). Бұл сұраққа Қарабас, Әділбек, Асылбек те күліп жіберді. Тегі, Абайдан басқаларына жөні *м ә л і м б о л у* керек. Сүйіндік Абай сұрағына аз тіксініп, қалта қарап ойланып қап еді (М.Әуезов, Абай жолы).

Мәре-сәре болды. *Қатты қуанды, мәз болды, шаттанды.* Есіркептің қуанғаны сонша, бадырақтау қой көзі жайнап, жас балаша

өз-өзінен *м ә р е-с ә р е б о л д ы* да қалды («Лен. жас»).

Мезі болды. *Ығыр болды, еркашты болды.* Абай Оспанның тентектігінен *м е з і б о л у ш ы* еді (М.Әуезов, Абай жолы). – Асқар, сені Қақаң шақырады, – деді Бүркітбай кіріп, Асқардың өзі де сөзден *м е з і б о п* қашқалы отырғанды (С.Мұқанов, Ботакөз).

Мерт болды. *Жазым болды, қаза тапты.* Ал, тасқа түссек, тіл тартпай *м е р т б о л а м ы з* (Ж.Саин, Жол үсті.). Бұл киттің қарапайым өлгені әлде теңіздің нендей бір басқа алыбымен шайқасып *м е р т б о л ғ а н ы* белгісіз (С.Мұқанов, Естімеген.).

Мерт болу. *Қаза табу, жазым болу.* Қан тұмсық қайтпайтұғын екі қасқыр, Ерлікпен екеуі де елге мәшһүр. Оңыспай ерегісе бергендердің, Бірінің *м е р т б о л у ы* ескі дәстүр (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Мирас болды. *Мұра болып қалды.* Келді осында. Әкенің *м и р а с б о л д ы* таяғы. – Енді менің мекенім Отар деді баяғы (С.Сейітов, Бетпе-бет).

Мойынсерік болды. *Бірігіп, ортақтасып жұмыс істеді.* Елге қыстай: «қосшыға еніңдер, егін – пішен кезінде *м о й ы н с е р і к б о л ы ң д а р*» – деп маза бермесе, енді оны іс жүзінде өзі көрсете бастады (Ғ.Мұстафин, Таңд. шығ.).

Молда болды. *Сауатын ашып, білімді болды.* Маман: Құртармын қызыл бұзау көзіменен, Талайлар *м о л д а б о л ғ а н* төзіммменен (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Мұз болды. *Көңілі суыды, жібіметі.* Өмірді қылдың Құдайым, Қызығы жоқ күйініш. Үмітсіз өмір бітірді, Жүрекке *м ұ з б о п* ерімес (Абай, Тол. жин.).

Мұқтаж болды. *Зәру болды, тапшылық, жоқшылық көрді.* Мінер ат, киер киімнен *М ұ қ т а ж б о л ғ а н* жігіттің Шықпайды ешбір шырайы (Базар Өтемісов).

Мұң болды. *Ділгір болды, зарықты.* Оған қарға адым жер *м ұ ң б о л ы п* келеді. Манас өзеніне бес-ақ лидай жер қалды. Бірақ соған жетудің өзі неғайбыл (Ж.Тілеков, Жоңғар.). Тілеймін жатып тұрып жасағаннан, Тілекке жаман сөзді қоса да қалман. Ауырып осы күнде қуат кетіп, *М ұ ң б о л д ы* аттануға босағамнан (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Мұршасы болмады. *Қолы тимеді, уақыты жетпеді.* Естісем есім қалмайды, Ойлауға *м ұ р ш а м б о л м а й д ы*. Тура зытып жөнелем, Бәрінен осы зор қайғы (Ө.Тұрманжанов, Қарлығаш).

Мұрындық болды. *Тиек болды, себепкер, ұйытқы болды.* Ешкім маған *м ұ р ы н д ы қ б о л а* алмайды, Ал нәрестең жарық күн көре алмайды (М.Шаханов, Ғасырлар.). Құнанбай жорға Жұмабайды Сүйіндік пен Сүгірлерге жіберіп: «Ана Қарауыл, Балпаң, Талшоқы бойынан таңдаған қоныстарын алсын! Және жайлауына көлденең Шалқарды тұтас алсын! Бірақ көпке *м ұ р ы н д ы қ б о л м а й,* тез барып орныксын»! деген (М.Әуезов, Абай жолы).

Мысал болды. *Үлгі болды, ел аузына тарады.* Күлкеевтің құбылғыштығы, күнбағыстың басындай бұралып бір сөзде тұрмайтындығы елге *м ы с а л б о л ғ а н* (Қ. Әбдікадыров, Әңгім.).

Наразы болды. *Өкпеледі, ренжіді, риза болмады.* – Ендеше, жауығып, қарсыласып, кінәлап жүрген Құнанбайдан қай қасиетімен артты? – деп, аса *н а р а з ы б о п* қалды (М.Әуезов, Абай жолы). Соны ұғынумен қатар, жерден басқаны, жемнен басқаны тыңдағысы келмеген Құлыншаққа ішінен *н а р а з ы б о п* аттанды (М.Әуезов, Абай жолы).

Не болады. с ө й л. *Енді одан не шығады, ешбір пайда жоқ деген мағынада.* Қайратым мәлім, Келмейді әлім, Мақсұт алыс, өмір шақ; Өткен соң базар, Қайтқан соң ажар, *Н е б о л а д ы* құр қожақ (Абай, Тол. жин.). Тастамаса мұнысын, *Н е б о л а р ы н* кім білсін?! (Ш.Смаханұлы, Тотияйын). Япырмай, мына байқұсқа не болды, енді мұның өзі *н е б о л а д ы* дегендей бір нәрсе іштен рахым секілді болып келіп өзіңді қысып, қызартып кетеді (Абай, Тол. жин.). Единица кеткенде, *Н е б о л а д ы* өңкей нөл? Берекеңді қашырма, Ел тыныш болса, жақсы сол (Абай, Тол. жин.).

Не [я] болмаса. *Немесе, яки, әйтпесе.* Орынды іске жүріп ой таппаған, *Н е б о л м а с а* жұмыс қып мал бақпаған (Абай, Тол. жин.). Жолға тігіп не жанды, Тәуекелге беку бар. *Н е б о л м а с а* шыбындап, Тағдырыңа көну бар (Ақын жырлары). Біреуге тиіспек, *я б о л м а с а* орынсыздығынан елден кетпек – әр қазақтың ойы осы (Абай, Тол. жин.). Мен жаспын, білесің бе жастықты сен? Не қызықты үміт бар ойға келген. Көріп пе ең, *я б о л м а с а* ұмыттың ба, Іштегі отты достық пен қастық деген (Абай, Тол. жин.).

Не болса сол. *Жоқтан өзге, тұкке тұрғысыз.* Олар аңшыл, *н е б о л с а с о н ы* киіп, не табылса соны ішіп-жеп жүрген бір тұрпайы халық екен (Абай, Тол. жин.).

Не де болса [не болса да]. *Қалай да, қайтсе де; нар тәуекел деген мағынада. Н е д е б о л с а* тәуекел қылды дағы, Қанжармен қақ басынан шауып қалды (Абай, Тол. жин.). Жалғыз-жарым селдірге оқ атпаңдар, *Н е б о л с а д а* көздеңдер тобына айдап (И.Жылқайдаров, Жастар.). Сейітбаттал, Ер Әлімнің соғысындай, *Н е б о л с а д а* болып қалсын жылдам шақыр! (Жамбыл, Шығ.).

Обал болды. *Күнә, жәбір, қиянат болды, қиын болды, сорлады. О б а л б о л а р* деп едік, Өтпейді оған ешбір наз. Ұшайын десе мерген көп, Аңдымайтын адам аз (Ш.Иманбаева, Өлең.).

Ойран болды. *Бүлінді, күйреді. О й р а н б о л ы п* қаласы, Көңілдері жаралы. Жиып алып жолдасын, Батыр елге қайтады (Қамбар батыр).

Ойын болды. *Ермек болды, ермегіне айналды.* Балаларға *о й ы н б о п,* Қор болып сүйтіп қалғаны (Абай, Тол. жин.).

Ойыншық болу. *Мазақ болу, күлкі болу.* Мәлікке сол бір бала-шағаға *о й ы н ш ы қ б о л у* керек пе еді? («Лен. жас»).

Олай болғанда [олай болса]. *Өйткенде, сонда. О л а й б о л ғ а н д а* білмек керек; ұят өзі қандай нәрсе? (Абай, Тол. жин.). *О л а й б о л с а* өктемдеп, Алатауды бөктерлеп, Бұдан да сырғып өтейін (Жамбыл, Шығ.).

Олай-бұлай болып кетсе. *Жазатайым бірдемеге ұшыраса.* – Жаман айтпай жақсы жоқ деген ғой, *о л а й-б ұ л а й б о л ы п к е т с е м,* қазақ әдебиетіне жаныңыз ашитын адамсыз, далаға тастамассыз, – деді Абдолла («Лен. жас»).

Опат болды. *Кездейсоқ, күтпеген оқиғадан дүниеден қайтты, ажал жетті.* Әкесі, шешесі де *о п а т б о л ғ а н,* сол үйден тек осы қыз ед қалған тірі (Т.Жароков, Таңд. шығ.)

Өзімен-өзі болды. *Басқамен ісі жоқ, өз басымен әуреленді.* Реніш пен өкініш бірдей басып, Қанипа *ө з і м е н-ө з і б о л ы п* отыр (К. Оразалин, Ақ жазық). *Ө з і м е н-ө з і б о л ы п,* біріменен-бірі ешбір шаһари жауласпайды (Абай, Тол. жин.).

Өзімнен болды. *Өзім кінәлімін, айып өзімде деген мағынада.* Аршып алып тастауға, Апандағы саз емес. Бәрі *б о л д ы ө з і м н е н*, Тәңірім салған наз емес (Абай, Тол. жин.).

Өлімші болды. *Өлуге айналды, әбден болдырды, өле жаздады.* Колхозшы *ө л і м ш і б о л ғ а н* итін көріп, қора ішіне қарғып түсті. Өліп жатқан қойға сүрініп, әрең ғана құламай қалды («Лен. жас»).

Пайда болды. а) *Жаңадан шықты, бұрын жоқ нәрсе көрінді.* $В_2$ витамині аз болса, адамның ерні жарылып, жара *п а й д а б о л а д ы* (Т.Дарқанбаев, Витаминдер). Әне-міне, жетер-жетпес болып жүргенде біртүрлі мастық *п а й д а б о л а д ы* екен (Абай, Тол. жин.). Білмегеніңді тағы да сондай білсем екен деп, үміттенген құмар, махаббат *п а й д а б о л а д ы* (Абай, Тол. жин.).ә) *Себі тиді, қажетке жарады.* Бұл сөзде ақыл да бар, ғибрат та бар, Өзіңе екіншіде *п а й д а б о л а р* (Абай, Тол. жин.). Сенің де ісіңнен көпке *п а й д а б о л а р л ы қ* бір үміті бар іс болсын (Абай, Тол. жин.).

Пайда болу. *Көрініу, жаңадан шығу.* Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық *п а й д а б о л у* секілді (Абай, Тол. жин.).

Паш болды. *Жария болды, белгілі болды.* Қырық мың кісі Қабылмен Қымыра ішіп мас болды, Шайтанменен дос болды. Нақақ жерде қан төгіп, Залымдығы *п а ш б о л д ы* (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Пұшайман болды. с ө й л. *Қатты өкінді, жасыды.* Оның Ақмешітте танитын адамы жоқ; «Колчак тыңшысы» саналып, абақтыда *п ұ ш а й м а н б о л ы п* жатқан (С.Сейфуллин, Тар жол.). Бақсының зікірі мен сілікпесінен Жәми өліп кете қоймас. Сәметпен тағы да кеңесейік. Не керек, *п ұ ш а й м а н б о л д ы м* (С.Омаров, Хантағы).

Разы [риза, ырза] болды. *Қанағаттанды, көңілі көншіді.* Халықтың пайдасы деп етті жарлық, Білген соң пайдамызды *р а з ы б о л д ы қ.* Көрсетіп түрлі өнер ақ патшамыз, Үйреніп осы күнде пайда алдық (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Әжесі кітап қадірін жақсы айтқанда Абай *р и з а б о л ы п,* жаңағы сөзден соң күн сайын бір тамаша әңгіме айтатын болды (М.Әуезов, Абай жолы). Абайдың бұл мінезіне үйдің іші тегіс күлді. Шай құйып отырған Манастың келіншегі, әсіресе, *ы р з а б о л д ы* білем, қып-қызыл боп, қатты күліп жіберіп, Абайға жалт етіп қарап, тамсанып қойды (М.Әуезов, Абай жолы). Ол өзі Ділдәнің ажарына қатты *ы р з а б о п*, сүйсініп келген. Бірақ Абай айтқызбады. Сөзді басқа жаққа бұрып кетті (М.Әуезов, Абай жолы).

Рәсуа болды. *Ысырап болды, босқа шашылды.* Жерге түсіп сынып, тапталып жатқан бидай бастарының қалғаны бар. Бірақ оны жиып алып болмайды. Әуелі пісіп жетпеген көк бидай. Екінші топыраққа тапталып текке *р ә с у а б о п* қалған (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Бидайымызды таптамайық, бүлдіріп алсақ жаман болады. Босқа *р ә с у а б о л а д ы.* Сен басын сындырып алма, менің ізіммен жүр. Бір бидайды сындырсақ, әжем жібермейді ендігәрі! – деді (М.Әуезов, Абай жолы).

Сабақ болды. *Қорытынды шығарарлық ойға келді, енді ескеретіндей ой салды.* Бұл оқиға Әбдоллаға үлкен *с а б а қ б о л д ы*, түнімен ұйықтамай, ойланып шықты, таң біліне көзі ілінді (С.Шәріпов, Шығ.). Орнымнан алынуым, мен үшін *с а б а қ т а б о л д ы* (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

Садағаң болайын. э т н. *Құрбаның болайын, шыбындай жаным сенің жолыңда болсын*

деген мағынада айтылатын сөз. С а д а ғ а ң б о л а й ы н, көмектесіп жіберші (Ауызекі).

Сақ болды. *Сақтанды, абайлады.* Апар да мыс бақырды алдына сал, Алтын болса, болады бірталай мал. Жалғызым, не қылсаң да *с а қ б о л ы п* жүр, Жәдігөй боп жүрмесін ант ұрған шал (Абай, Тол. жин.). Өз бойыңа *б о л ы п с а қ,* Жан-жағыңа қараңдар! Күн көріп жүрт күліп-ақ, Сенен басқа жараңдар (Абай, Тол. жин.).

Сапарың оң болсын. т і л е к. *Жолың болсын деген мағынада.* – Үмітті ақтайтын түрің бар, батамды берем – *с а п а р ы ң о ң б о л с ы н,* – деді ол (З.Шашкин, Тоқаш Бокин).

Сап болды. *Басылды, жоғалып тынды.* Таң алдында теңіз жақтан салқын самал соғып, сыңсыған маса *с а п б о л д ы* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Әрқайсысы әртүрлі арызбен келсе де, қартаймаған Кәкімадан басқасының бәрі әп-сәтте *с а п б о л д ы* (Ә.Әбішев, Замана.).

Сарытабан болды. *Жұмысқа шынықты, әбден төселді.* Дуал ішінде *с а р ы т а б а н б о л ы п* ысылғандар да, сан рет жараланғандар да бар (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). Ал Маржан болса, Зәуре көрген кемтарлықты көрмеді; бұл күнге дейін *с а р ы т а б а н б о л ы п,* еңбек те еткен жоқ («Қаз. әдеб.»).

Сарытөсек болды. *Ұзақ ауырып жатты. С а р ы т ө с е к б о л ы п,* көптен бері ауырып жатқан Рысқұл бүгін үйде жалғыз өзі қалып, тағы да бір ауыр ойға батты («Қаз. әдеб.»).

Сауап болды. а) д і н и. *Жақсы әрекеті үшін пендесіне Алланың шарапаты тиді.* – Кішкене бөгейікші мына баланы, *с а у а п б о л с ы н, с а у а п б о л с ы н.* Әй, Рәш, тоқташы, қалқам! – деді Каден (М.Әуезов, Таңд. шығ.). ә) с ө й л. ж а ғ ы м с ы з. *Өзіне сол керек, жазаң осы деген мағынада.* Күйеуін тепсе темір үзгендей жігіт, үйге мұқтаж болғандарыңа бірнеше жыл болды. Күйеуіңнің етегін түріп қойып дүре салса, *с а у а п б о л а р* еді, – деді Жарқын Үкілімге (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

Сау бол. э т н. *Қоштасарда айтылатын аман-есен бол деген мағынадағы сөз.* Қайда жүрсеңіз де, *с а у б о л ы ң ы з,* Лауазым жөнінен бұрынғыдан гөрі дәу болыңыз (Ш.Смаханұлы, Тотияйын).

Сәті болды. *Істің орайы келді, сәті түсті.* Жәмиланы әне аламын, міне аламын деп жүргенде *с ә т і б о л м а й-ақ* қойды (Қ.Қуанышбаев, Шығ.).

Себеп болды. *Әсер етті, жәрдемдесті.* Жігіттер, біздің босауымызға өзіміз *с е б е п б о л д ы қ,* өзімізге Алексей *с е б е п б о л д ы* (І. Жансүгіров, Шығ.). Ауылдан келген жас қыздың ақын болуына Нияздың бір ауыз сөзі *с е б е п б о л д ы* (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Сеп болды. *Пайдасы тиді, жәрдемдесті.* Қыз қарады ұрлана, Қара көзі мөлдіреп. Айтпады тек оларға Өмірге *с е п б о л д ы м* деп (С.Мәуленов, Жаз ерке). Не десем саған еп? Ғашығың да қайғы жеп, Өртенген жүрекке Бір көрген *б о л а р с е п* (Абай, Тол. жин.). Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп, Ойлама отсыз, ойсыз, суық жан деп. Жүректегі жалынды көзден жас қып, Ағызғаным *б о л а д ы* ол неге *с е п*? (Абай, Тол. жин.).

Сор болды. *Азаптады, сорлатты.* Абай өлеңінде болыс атаулының елге *с о р б о л а т ы н,* тынымсыз, сойқанды мінездерін әшкерелейді (М.Әуезов, Әр жыл.).

Сөз болды. *Өсекке ілікті, әңгімеге тиек болды, сыналды.* Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма? Біреуге жай, біреуге тез болмай ма? Асау жүрек аяғын шалыс басқан, Жерін тауып артқыға *с ө з б о л м а й* ма (Абай, Тол. жин.). – Тоқта, – деді күзетші шал. – Сендердің мұнда жиналып алып, карта ойнайтындарыңды біреу-міреу көрсе, *с ө з б о л м а й* ма? («Қаз. әдеб.»).

Сөзі ем болды. *Сөзі көкейге қонды, оң әсер етті.* Хан Әділден бері қарай Елге *с ө з і ң е м б о л д ы.* Қартайып басқа қойған соң, Бұл үш жүздің баласы, Ханға келіп жем болды (Ұ.Кәрібаев, Таңд. шығ.).

Таба болды. *Келеке-мазаққа қалды.* Өзгерді сүйген қыз да, амалы не? *Б о л д ы* ғой жігіт басы *т а б а* мүлде. Ақан тез тоқталды да бір бұрышта, хат жазды қызға кінә тағы міне (Қ.Бекхожин, Шығ. жин.).

Таба болу. *Мазаққа қалу.*Кімге қарсы қару көтергенімізді ойламай неліктен досқа күлкі, дұшпанға *т а б а б о л у* жолына түстік. Жоқ, бұл тәубеге кеш келу емес (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Тақта болды. *Дән байлады.* Жақында ғана тегіс бас алған тары *т а қ т а б о л ы п,* масақ-тұмсықтарды дән ала бастаған (Ж.Арыстанов, Таң жұлдызы).

Тамам болды. *Бітті, аяқталды, тұгесілді.* Ерді иман айдаса, Бұзылмас еткен тобасы. Тәуекел етсең бұзылар Мың қайғының қаласы. Жылы сөзбен бітеді Жүз көңілдің жарасы. *Т а м а м б о л д ы* осымен Әрбір сөздің сағасы (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Тамыр болды. э т н. *Арасындағы достық, сыйластық бір-бірінен қалауын алу арқылы бекітілетін қатынаста болды.* Бұл етікті жаңа күйінде Тәжи біреуден *т а м ы р б о л ы п* қалап алып, төрт-бес жыл киіп тоздырған соң, байға жүрерде Сатанға жаматтырып берген (І.Жансүгіров, Шығ.). Сонда Қаршыға айтты: – Шырағым, менің екі жорғаны алғаным рас, мен оны

сізге көрсетуге алғаным жоқ. Төлегеннің жолдастарына *т а м ы р б о л ы п* алдым (Қыз Жібек).

Таң болды. *Қайран қалды, таңырқады, таңданды.* Дастарқанын көргендер Ішіп-жеп, тойып *т а ң б о л ғ а н* (Қамбар батыр). Жүреміз бе үнемі өстіп түсінбей, Сыртын көріп, сырын ұқпай *б о л ы п т а ң* (С.Бегалин, Шығ. жин.).

Тап болды. *Кезікті, душарласты.* Мақмет Кенжетайды өзі іздеп тапқан жоқ, ойламаған жерден өзі *т а п б о л д ы* («Жұлдыз»). Айша өздеріндей құрдастарының арасында көңілді топқа *т а п б о л д ы* («Халық мұғ.»).

Тас-талқан болды. *Бұлқан-талқаны шығып, ашуланды.* Мал фермасына жем-шөптің дер кезінде жетпегенін білсе, сары бастық *т а с т а л қ а н б о л а д ы* («Қаз. әдеб.»).

Тоз-тоз болды. *Быт-шыты шығып, ыдырап кетті.* Суалып қалған қақтарды Айдын шалқар көл етті. *Т о з-т о з б о л ғ а н* ұлттарды Берекелі ел етті (Қ. Аманжолов, Шығ. жин.). Шыңғыс ханның өзі келіпті. *Т о з-т о з б о л ғ а н* қолының рухын көтеріп, етек-жеңін жинап алуға келді дағы («Лен. жас».).

Топырағы торқа болсын. э т н. д і н и. *Қайтыс болған адамға жатқан жері жайлы, жұмсақ болсын деп көңіл айтудың бір түрі.* Қош, Күләшім, бұлбұлым! *Т о р қ а б о л с ы н т о п ы р а ғ ы ң!* Ұмытылмас бұлбұл үн, Ұмытпас сені ұрпағың! (М.Хакімжанова, Жыр асуы).

Тұлға болды. *Қорғаныш, сүйеніш, таяныш болды.* Елден ерек аман қалған Байсал, Сүйіндіктермен тұтас Ырғызбай кімге *т ұ л ғ а б о л а д ы* (М.Әуезов, Абай жолы).

Тұтқа болды. *Тірек, таяныш, қуат болды.* Ол ауыр бір күрсінді де, қатарында келе жатқан баланы оң қолымен құшақтай түсіп «басыма төнген өлімді серпіп тастап, өмірім *т ұ т қ а б о л ғ а н* Сергейім осы» деді (Ә.Әбішев, Шығ. жин.).

Түрткі болды. *Қозғау салды, себеп болды.* Феодалдық системадан капиталистік системаға көшуге орыс өмірінде сақталып келген ескі қалдықтар күшті *т ү р т к і б о л д ы* (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.).

Тым болмағанда [болмаса]. *Ең құрығанда, тіпті болмағанда.* Қызым сендерге барса, күң болады, өзіммен қалса, *т ы м б о л м а ғ а н д а* өз етегімде еркін еркелейді (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Бұлағы қара өлеңнің таусылар ма, Қалмастан *т ы м б о л м а с а* бірер қасық? (Жамбыл, Шығ.). Әбішті алып күл қылдың, Қызыл гүлді жасылдан. *Т ы м б о л м а с а* қызмет қып, өткізбедім қасымнан (Абай, Тол. жин.).

Ұйытқы болды. а) *Бір істі жүзеге асырушы негізгі күш, тірек болды. Б о л а й ы қ* үкіметке кедей *ұ й ы т қ ы,* Секілді темір тіреу көпірдегі (Ақын жырлары). ә) *Басшылық етті, жәрдемдесті.* Жадыраған жазда жазиралы жастар өнерлерін баршаға көрсетіп жатты. Бұған *ұ й ы т қ ы б о л ғ а н* да осы Дина еді («Лен. жас»).

Ұмыт болды. *Естен шықты, ұмытылды. Б о л ғ а н д а* соның бәрі *ұ м ы т,* Жарқырап ойнап жанары (Д.Әбілев, Жүрек.). Көп салқын бірін-бірі ойыла алмас, Кетер жым-жырт, артына із қалдырмас. Ой қозғарлық артқыға түк қалдырмай, *Ұ м ы т б о л а р*, жоғалар, көпке бармас (Абай, Тол. жин.).

Ұят болды. *Ыңғайсыз болды.* Қаршекем маған сеніп келген екен. Көрінбей қалғаным *ұ я т б о л а р* (Қыз Жібек).

Ұятты болды. *Ұятқа қалды*. Осы күнде менің көрген кісілерім ұялмақ түгіл, қызармайды да, «Ол істен мен *ұ я т т ы б о л д ы м* – дедім ғой, – енді нең бар?» – дейді (Абай, Тол. жин.).

Үй болды. *Отбасын құрды, үйленді.* Той дейтін не бар асығып, Той жасар әке-шеше жоқ. *Ү й б о л а* қалса қосылып, Шай ішер кетік кесе жоқ (Ғ.Қайырбеков, Таулар.).

Үйір болды. а) *Бауыр басып, үйреністі, шырғалап шықпай қойды.* Бұрыннан Ләйләға *ү й і р б о л ы п* оқушы кіріскендер дегенінен шықпағанмен, жаңадан оқушы тауып алу қиынға айналды (С.Шарипов, Шығ. жин.). ә) ж а ғ ы м д ы. *Әуестенді, әдеттенді.* Жастайынан жалшылықта жүрсе де, Нұрпейіс өлең-жырға, ән-күйге ерте *ү й і р б о л д ы* (Е.Ысмайылов, Ақындар). Ағашты мыжғылау жұмысына Нұрмағамбет, тіпті, кішкене күнінен *ү й і р б о л а т ы н* (С.Мұқанов, Тол. шығ.). Құлық, сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас, Сұм нәпсің *ү й і р б о л с а* тез тыйылмас. Зиян шекпей қалмайсың ондай істен, мал кетер, мазаң кетер, ар бұйырмас (Абай, Тол. жин.). б) ж а ғ ы м с ы з. *Пайда болды, жабысты.* Бойға *ү й і р б о л ғ а н* дерттен өсе келе арылу қиын соғады (М.Иманжанов, Менің махабб.).

Хан жарлығы екі болмайды. *Бұйрық сөзсіз орындалды. Х а н ж а р л ы ғ ы е к і б о л м а й д ы* (Қаз. ертег.). *Х а н ж а р л ы ғ ы е к і б о л м а й д ы,* – деп алпысқа келген жасы бар, ақ араласқан шашы бар адамдардың барлығын қыра беріпті (С.Қасиманов, Сиқырлы.).

Шат болды. *Көңілі тасыды, қуанды, шаттанды.* Жаңа оқу жылында жаңа үлгімен салынған мектеп үйі есігін ашып, балалар да, мұғалімдер де *ш а т б о л д ы* («Қазақст. мұғ.»). Жүсіптің көңілі *ш а т б о л д ы,* Сұлулық шырай көркіне (Базар жырау, Шығ.).

Шейіт болды. д і н и. *Хақ, адалдық жолында өлді; дін жолында құрбан болды.* Махшарға барғанда Құдай тағала молда болғанды, сопы болғанды, жомарт болғанды, *ш е й і т б о л ғ а н д а р д ы* бір бөлек қояр дейді (Абай, Тол. жин.)

Шер болды. *Қайғы-қасіретке батты, қайғыланды.* Көздің жасы моншақтап, Көңіл *ш е р б о п* өлеміз (Жамбыл, Шығ.).

Шерменде болды. *Қайғы-қасірет басты, қайғыда өтті.* Салтақ тымақтың құлағын қалай түрсе де, сыр ала алмай, *ш е р м е н д е б о л ы п* қалысты (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

Шығын болды. *Зиян шекті, шығынданды.* Би мен болыс қолына *ш ы ғ ы н б о л ы п* кетеді Жазы-қысы тапқаның (Жамбыл, Шығ.).

Ығыр болды. *Мезі қылды, мазасы кетті.* – Мұнша *ы ғ ы р б о л ғ а н д а й* алдаған жеріміз жоқ емес пе еді? – деді ол (Ә.Нұрпейісов, Курляндия). Мен өзім де мына ішекқарын жұмысынан әбден *ы ғ ы р б о л ы п* жүр едім («Қаз. әдеб.»).

Ыза болды. *Ашуланды, күйіп-пісті.* Бағанадан бері кірген-шыққанға есік ашушы сияқты боп тұрғанына Абай *ы з а б о л ы п,* енді Ызғұттыны ығыстырыңқырап үйге кірді (М.Әуезов, Абай жолы). Құнанбай Жидебайдағы істер туралы Жұмабай мен Тәкежан сөздерін түгел тыңдап алды да, Абайларға енді *ы з а б о л д ы* (М.Әуезов, Абай жолы). Әрбір жаман кісінің қылығына күлсең, оған рақаттанып күлме, *ы з а б о л ғ а н ы ң н а н* күл, ызалы күлкі – өзі де қайғы (Абай, Тол. жин.).

Ынтық болды. *Құмарланды, құштарланды.* Білім-ғылымның өзіне ғана құмар, *ы н т ы қ б о л ы п,* бір ғана білмектіктің өзін дәулет біл (Абай, Тол. жин.). Ал атақтыға, жуанға, мықтыға жасалған ас сол өліктің артқы тобын тағы иықтап, мықтай түседі. Сол үшін ас бергендер өз әрекетін жаңағыдай көпке әшкерелеуге *ы н т ы қ б о л а д ы* (М.Әуезов, Абай жолы).

Іңкәр болды. *Ынтықты, құмарланды, құштарланды.* Қолдан келмес қорлыққа Неге *б о л д ы ң* мұнша *і ң к ә р* (Абай, Тол. жин.).

Істес болды. *Бірге жұмыс істеп, сыралғы болды.* Әуелі бұл ісімді ол ісімнен асырайын деп, артық ісмерлер ізденіп жүріп, көріп біраз *і с т е с б о л ы п,* өнер арттырайын деп, түзден өнер іздемейді (Абай, Тол. жин.). Бұл екеуі Омардың көптен бері *і с т е с б о л ы п* келе жатқан адамдары еді (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

Ішкені ас болмады. *Көңілі орнықпады, қатты алаңдады. Б о л м а й д ы і ш к е н* асың *а с,* Қайтіп сүйек жасымас? Мұныменен, Қалқабай, Сордан көзің ашылмас (Жамбыл, Шығ.).

БОЛА ш ы л. *Алдындағы негізгі сөздің барыс септігінде тұруын талап ететін үшін мағынасында қолданылатын шылаулық мәндегі сөз.* – Қарғыбауға берген бір өгіздің құнына *б о л а* осынша қызыл-жосын бүлік шығарып отырған менің балам оңбайды! – деп Көкшағыр турасына көшіп, өз жөнін айқын да бекем білдіріп салды (Д.Әбілев, Арман.). Әнеукүні жаман шүкей асыққа *б о л а* сабап тастағанына енді өзі өкініп, сол кірбіңді жуып-шайғысы келеді (Ш.Мұртаза, Интернат.). Мыңдап қой, жүздеп жылқы айдаған бидің бұланның етіне *б о л а* қуанғаны бір түрлі ерсілеу көрінеді (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

БОЛАЖНА [ор. положенный] з а т. к ө н е. *Болыс, билердің сыбағасына тиетін алымсалық. «Б о л а ж н а* – билердің, болыстардың сыбағасы», – дейтін старшындар (Б.Тұрсынбаев, Ауылда.).

БОЛАЙЫН о д. э к с п р. **1.** ж а ғ ы м д ы. *Риза болу, көңіл күйін білдіретін сөз.* Жалыңа сенің *б о л а й ы н,* Күлтеленген жібектей. Шықшытыңа *б о л а й ы н,* Оралып жатқан түбектей (Ер Тарғын). Пышағыңның күмісіне қарап, өтпесіне *б о л а й ы н* (Мақал-мәтел). **2.** ж а ғ ы м с ы з. *Ренжу, кею сияқты пәс көңілді білдіретін сөз.* Бала берем саған деп, Сан әйелді емдедің, Күйеуіңе *б о л а й ы н,* Сен болсаң менің сенгенім (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Құлағыңа *б о л а й ы н,* Көлге біткен құрақтай, Қабағыңа болайын, Қара албасты қобақты! (Батырлар жыры).

БОЛАР-БОЛМАС с ы н. *Білінер-білінбес, болмашы, епті ген.* Жібек жел кейде жанжақты *б о л а р-б о л м а с* сыбдырлата қозғап, дірілдете сипап өтеді (Р.Райымқұлов, Түйелі.). Сығырайған терезеден *б о л а р-б о л м а с* жарық сыздықтап, әр заттың нобайы көріне бастады (О.Бөкеев, Мұзтау). Берейін деген бендеге, Табиғаттың несі жоқ. *Б о л а р-б о л м а с* нәрсеге, Көзіңді сатып жүретін, Бозбала, сенің есің жоқ (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.). // *Сәл ғана.* Оразбай оған қадала қарап қалғанда, Шұбар *б о л а р-б о л м а с* қана бас иді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Алыстағы құрылыс дыбыстары үйдің ішіне үзіліп зорға жетіп, *б о л а р-б о л м а с* естіліп тұр (С.Ерубаев, Шығ.).

БОЛАРДА-БОЛМАЙ ү с т. *Қоярда-қоймай, зорлағандай.* Апасы Дарынды пішенге *б о л а р д а-б о л м а й* жіберіпті (М.Сүндетов, Балық аула.). Туыстар оны жан-жақтан қаукалап, бір кезде өздерінің қолы жете алмай қалған осы қызметке *б о л а р д а-б о л м а й* жіберген (С.Бақбергенов, Кентау).

БОЛАСЫ з а т. с ө й л. **1.** *Болатын іс, болашақ.* Ол *б о л а с ы н ы* дұрыс болжайтын мерген еді (Ш.Өтепов, Ғани Мұратбаев). **2.** *Болған іс, өткен жағдай.* Ана жақтың жастары асығыс қайтып, болған *б о л а с ы н ы* өз ауылдарына тізгін ұшымен жеткізген (Ж.Ахмади, Шырғалаң).

БОЛАТ[1] [ар.] з а т. **1.** *Белгілі мөлшерлі көміртегі мен темірдің, тағы басқа элементтердің қосындысынан жасалған қатты металл. Б о л а т* – қара металлургия өндірісінің негізгі өнімі және қазіргі мәшине жасау өнеркәсібі мен құрылыста пайдаланылатын негізгі материал (Қаз. тілі. термин. Кен.). *Б о л а т т а н* жасалған кейбір заттардың сырты қатты, іші жұмсақ болуы керек кездері де болады (ҚҰЭ). *Б о л а т т ы* жаппай өндіру әдістерімен қатар оның қымбатқа түсетін әрі өнімділігі төмен, бірақ жоғары сапалы ерекше таза металл алуға мүмкіндік беретін [_ _ _] тәсілдері жетілдіріліп келеді (ҚҰЭ). **2.** а у ы с. *Қайтпас қайсар, табанды, төзімді адам.* Уа, Алатаудай Ақшадан Асып тудың, Бөгенбай, Болмашыдай анадан *Б о л а т* тудың, Бөгембай! Қалақайлап дулатқан, Қалдамандап шулатқан Қалмақты алдың Бөгенбай (Үмбетей жырау // Алдаспан). Шабуыл шапса, шаршамас, Шыны тұлпар мен едім. Қасарысып келгенде, Қап түбіне сыймаған, Таза *б о л а т* мен едім (С.Сейфуллин, Шығ.). **3.** а у ы с. *Болаттан соғылған қылыш, қанжар т.б. деген мағынада.* Сары азамат сардар би Сарысулар ас болды. Әруақты ердің тұқымы Дұшпанымменен дос болды. Балдағы алтын құрыш *б о л а т* Балалар ойнар тас болды (Кердері Әбубәкір, Қазағым). // *Берік, мықты, қатты.* Бұзып-жардық, Кеуделедік, Жандәрмен... Бірақ даңқ бізден алыс қонды әрмен. Бүріп алмақ болдық *б о л а т* шеңгелмен, Ұрып алмақ болдық қалың томдармен! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). // *Болаттан жасалған.* Ай тұтылды ұлысынан, күн тұтылды шығысынан, Емен сапты *б о л а т* найза Сынды дейді ұңғысынан (Абыл ақын // XIX ғ. қаз. поэз.).

Балдағы алтын ақ [ай, құрыш] болат. ф о л ь к. *Сапалы, өткір қылыш. Б а л д а ғ ы а л т ы н а қ б о л а т,* Салайын десем қын да жоқ (Махамбет Өтемісұлы // XIX ғ. қаз. поэз.). Айдаһардың тіліндей, *Б а л д а ғ ы а л т ы н а й б о л а т,* Күні біткен ерлердің Керегеде ілініп, Нешеуінен қалған жоқ (Базар Оңдасұлы // XIX ғ. қаз. поэз.). Беркініп садақ асынбай, Біртіндеп жауды қашырмай, Білтеліге доп салмай, Қорамсаққа қол салмай Қозы жаурын оқ алмай Атқан оғы жоғалмай, *Б а л д а ғ ы а л т ы н қ ұ р ы ш б о л а т* Балдағынан қанға боялмай (Махамбет Өтемісұлы // XIX ғ. қаз. поэз.).

Болат кеспек. т е х. *Ауа қысымымен ерітіп ажырату процесі жүргізілетін, іші коррозияға төзімді заттармен қаптаған, болаттан жасалған цилиндр кеспек.* ≈ *Б о л а т к е с п е к* орнату.

Болат қайтты. б е й н. *Күш-қуаты азайды; қартайды.* Мен дағы көп естідім жастың назын, Қол жетпеске қол созар бар ма лажың. «Боламын деп» жүргенде *б о л а т қ а й т ы п,* Жалын сөніп, жас жүзін басады ажым (Абай, Тол. жин.). Милы адамның белгісі – Сөйлегенде «сен» демес, Сөзі шықпас шашауға. *Б о л а т ы қ а й т а р* жүзінің Балта ұрма қашауға (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Болат қияқ. п о э т. *Берік қанат, қатты қауырсын.* Тұлпар едім мұқалды құрыш тұяқ, Сұңқар едім бір күнде *б о л а т қ и я қ,* Көзге түсер қалауым көрнекті емес, Бермей қалсаң, саған да, маған да ұят (Жанақ Сағындықұлы // XIX ғ. қаз. поэз.).

Болат қолдар. п о э т. *Күш-қуатты жігерлі адамдар деген мағынада.* Гүлстанға айналдырған тақырды, *Б о л а т қ о л д а р,* алғыр милар арқылы. Сүйемін мен, сүйемін мен сендерді, Алар демім қалғанынша ақырғы (Т.Айбергенов, Бір той.).

Болат қорыту өндірісі. к е н. *Шойын қорытпаларын балқыту жолымен болат өндіретін ауыр өнеркәсіптің бір саласы. Б о л а т қ о р ы т у ө н д і р і с і н і ң* Қазақстанда озық технология жетістіктеріне сүйене отырып дамуы 20 ғасырдың 40-жылдарынан басталады (ҚҰЭ). *Б о л а т қ о р ы т у ө н д і р і с і* – қара металлургияның жалпы өндірістік циклінде екінші (домна және прокат өндірісімен қатар) негізгі буын (Қаз. тілі термин. Кен.).

Болат құймасы. к е н. *Болат балқытпасы, еріген болат.* Ұсынылып отырған шахта Павлодар қаласындағы «Вторчермет» ЖАҚ электродтар шығаруда қолдау тапты. Осы Институтта құрамы нашар *б о л а т қ ұ й м а с ы н* пісіруге және металдан жасалған заттарды айнымалы, тұрақты тоқта жартылай автоматты түрде пісіруге арналған маркасы КВС-19 К керамикалық флюстер алынды («Зерде»).

Болат құралымдар. қ ұ р. *Бөлшектері болаттың әртүрлі маркаларынан жасалынған, күш түсетін құрылыстық құралымдар. Б о л а т қ ұ р а л ы м д а р* үйлердің, әсіресе, ғимараттардың қаңқасын, домна пештерін, резервуарлар, гидротехникалық құрылыстар, радио мен теледидар мұнараларын, газгольдерлер т.б. салуда кеңінен қолданылады (ҚҰЭ). *Б о л а т қ ұ р а л ы м д а р* жасау үшін

жоғары сапалы болып (құрамындағы көміртек 0,22%) көбірек қолданылады (ҚҰЭ).

Болат құюшы. *Металлургия саласының маманы, шойын балқытушы.* – Мен Теміртауда шойын, *б о л а т қ ұ ю ш ы л а р д ы* емдеймін. Қазір диссертация жазуға материал жинап жүрмін (З.Шашкин, Доктор.).

Болат найза. *Ұшы болаттан жасалған найза.* Бара алмасаң байланып, Көңілге алған жеріңе, *Б о л а т н а й з а* қарамай (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Қолыңа ал даярлап Ақ сапты *б о л а т н а й з а ң д ы* (Батырлар жыры).

Болат семсер. *Сапалы, өткір семсер.* Перзент болсаң бедері жоқ көк тайғақ, Тұра алмасаң *б о л а т с е м с е р* пішінде, Бөркің ұшсын доптай боп, Басың кетсін сол бөркіңнің ішінде. Әмин! (Бабалар батасы).

Болат темір босанды. п о э т. *Беті қайтты, тауы шағылды.* Қорлықпен өтті ғұмырым, *Б о с а н д ы б о л а т т е м і р і м* (Мұңлық-Зарлық).

Болатты суықпен өңдеу. к е н. *Құрылымында қалдықтық аустенит бар шынықтырылған болатты 0^0 С-тан төмен температураға дейін суыту; болатты термиялық өңдеудің бір түрі. Б о л а т т ы с у ы қ п е н ө ң д е у* шынықтырылған тетіктерді барынша қатайту үшін және өлшемдерін тұрақтандыру үшін көміртек өте көп болаттан дайындалған тетіктерге қолданылады (Қаз. тілі термин. Кен.).

Болатты шынықтыру. т е х. *Болатты белгілі бір температурада және белгілі бір уақыт бойы қыздырғаннан кейін тез суыту (суару). Б о л а т т ы ш ы н ы қ т ы р у д а* суаратын сұйық ретінде суық немесе ыстық су, май, ерітілген тұз немесе балқытылған металл пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Кен.).

Көк болат. с а я т. *Қыран құстың тұмсығы.* Аяғы (бүркіттің) төрт саусақты, саусақтары салалы. Тұяғы ұзын, саны толық, шымыр келеді. Саусақ терісі бедерлі, шегірен былғары іспетті. Артқы саусағын – тегеуріні, ішкісін – жембасары, ортаңғысын – сығымы, шеткісін – шеңгелі дейді. Тегі тегін жаратылыс емес. *К ө к б о л а т ы* (көк тұмсығы) – көңілге кір келтірмес асыл (Ж.Бәлшенов, Туған жер.).

Көздің болатын салды. ж е р г. *Сұқтанды, көзін сатты.* Біреудің бір нәрсесіне қызығып, *к ө з і н і ң б о л а т ы н с а л у ш ы* болма! (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

Қара болат. э к с п р. *Жай, өңделмеген болат.* Қаяусыз *қ а р а б о л а т қ а* Күмістен рең берермін (Қ.Қараев, XIX ғ. қаз. проз.). Қанша айтса, құлағына енер емес, қажымас *қ а р а б о л а т* майталман-ды (Батырлар жыры).

Сом болат. т е х. *Тұтас, құйма болат.* Ұзындығы бір шақырым зәулім үйдің ішіне бір шетінен кірген үлкен *с о м б о л а т* шетінен тақта болып шығады («Зерде»).

Шар болат. *Таза, сапасы жоғары болаттан жасалған қылыш.* Балдағы алтын *ш а р б о л а т.* Шырағымның шыбын жан Жасаған саған аманат (Қобыланды батыр). Асық жар – жалын, біз – болат, жалын шалса *ш а р б о л а т,* Шымырай жетер күйіне, Ер серігім, ырза бол (М.Әуезов, Шығ.).

БОЛАТ[2] з а т. с а я т. *Бүркіт саусағының үстіндегі буын-буын бұдырлар. Б о л а т ы* төрт буынды болу да мақтаулы құсқа тән (Ж.Бабалықов,.. Қырандар). Жалпы *б о л а т т ы ң* саны көп әрі ірі, қожыр-қожыр келгендері жақсылық сынына жатады (Ж.Бабалықов,.. Қырандар).

Болат тұяқ. *Мықты, берік тұяқ (жылқы туралы).* Онсыз да ауыздығымен алысып келе жатқан жануары *б о л а т т ұ я қ т а р ы м е н* жердің тоңазы бастаған тоңын соңындағыларға атқылатып серіппе болаттай ытырана жөнелді (К.Сегізбаев, Беласқан).

БОЛАТ[3] з а т. ж е р г. *Көздің нұры, жанары, қарашығы.* Ақтоты айналасына *б о л а т т ы ң* нұры қайтқан қой көздерін сығырайта барлай қарады (Т.Рыскелдин, Ұлы көш). Көздің *б о л а т ы н а* доктор көзілдірік береді ғой (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БОЛАТКОМ з а т. т а р. *Болыстық атқару комитеті дегеннен қысқарған сөз. Б о л а т к о м* қызметкерлерімен үй салуға дайындық жасап жатқан жерді көруге барды (С.Сейфуллин, Шығ.).

БОЛАТСЫЗ[1] с ы н. *Болат қосылмаған.* ≈ *Б о л а т с ы з* қорытпа.

БОЛАТСЫЗ[2] с ы н. *Көздің нұры тайған, жанарсыз.* Оның әншейінде де кілпиіп тұратын *б о л а т с ы з* бозғылт жанары мүлде сөніп кеткендей ақсұрғылт сызат болып қалды (С.Бегалин, Уақыт.).

БОЛАТТАЙ с ы н. *Болат сияқты, болат тәрізді.* Қалмақтың қайсар қызы қайырылмаған, *Б о л а т т а й* жасу білмей майырылмаған. Жап-жас қыз сұмдығы мол сыр бермейді, Жандай-ақ ойдан аулақ қайғырмаған (М.Жұмабаев, Шығ.). Құйма шойын *б о л а т т а й* Баланың бітім денесі. Кеудесіне қарасаң, Ақылдың толған кемесі (Бақтыбай ақын, Жел қобыз). Сай келген нағыз өмірге, жігері бар күші бар. Өткір алмас *б о л а т т а й*, Ерімес еріп күшінде (Б.Бұлқышев, Адамзат.).

Болаттай берік. *Болат секілді мықты.* Жарболат атына сай *б о л а т т а й б е р і к,* құрыш білек, асқан шебер, талантты, ер жүрек болып өсті (Қаз. ертег.). Қауіпті со бір қарсаң-

да Бір өтер, Мүмкін екі өтер. *Б о л а т т а й б е р і к* болсаң да Үшіншісінде әкетер (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

БОЛАТША үс т. *Болатқа ұқсап, болат сияқтанып.* Қара көз қарап маған көп қадалған, Құпия қайғы өртеніп бойын алған. *Б о л а т ш а* дірілдеген, жалын көрген, Бір күңгірт тартып және оттай жанған (Абай, Тол. жин.). Бұрғыша үңгіп, *б о л а т ш а* балқып, тынбайды, бір шақ, дүниені барлап (М.Әлімбаев, Құрбыма).

БОЛАТШЫ з а т. *Болат қорытушы, болат құюшы, кәсіп иесі.* Әрине, мына болашақ *б о л а т ш ы л а р* Еламан ағаның айтқанын ақылға тұтқысы келеді (Ш.Мұртаза, Интернат.). Оларда малшы өмірі де, *б о л а т ш ы* тірлігі де, егінші еңбегі де қалың болуын тауып жатыр (С.Мәуленов, Үркер.). Кейіннен газет екі *б о л а т ш ы н ы ң*, олар басқарған бригадалардың жарыс нәтижесін үнемі жариялап отырды (Қ.Мыңжанов, Шыңда.).

БОЛАШАҚ з а т. **1.** *Алдағы уақыт, келешек.* Стратегия *б о л а ш а қ қ а* арналған және этноаралық қатынастар саласындағы базарлық және басқарушы бағыттардың жүйеленген қосындысы болып табылады («Егемен Қазақстан»). *Б о л а ш а қ* – бүгінгі шындықтың келешектегі қалпы мен жайын білдіру үшін қолданылатын ұғым (ҚҰЭ). Оған дейін бірталай күндер өтер, Талайдың қыршын жанын алып кетер. *Б о л а ш а қ қ а* сенемін, көріп тұрмын, Демеңдер: «Бұл сандырақ, келмей кетер!» (С.Торайғыров, Алаш ұраны). *// Алдағы уақытта жасалатын, болатын, шығарылатын, келешектегі.* Егер екі жақ келісімге келсе, жаңағы орамалды қабыл алып, *б о л а ш а қ* құдаларына жауап ретінде өздерінің атынан орамал беріп жібереді. Бірден келісімге келе алмаған жағдайда, құдалыққа келу біршеше рет қайталануы мүмкін («Парасат»). Үстіміздегі жылғы 1–2 қарашада өткен «Индустриялық-инновациялық Қазақстан» атты көрмеде «Қазсат» акционерлік қоғамы *б о л а ш а қ* ғарыш аппаратын жұртшылық назарына ұсынады («Егемен Қазақстан»). **2.** *Кейінгі ұрпақ, ел, ұлт мағынасында.* Тәуелсіздік – тәтті ұғым. Кешегі ел бастаған Алаш ағалары Ахмет Байтұрсынов, Тұрар Рысқұлов, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Райымжан Мәрсеков *б о л а ш а қ* үшін жанпида еткен Сәкен, Бейімбет, Ілияс басқа да қазақ зиялыларының ұзақ жылдар аңсаған арманына бүгінгі ұрпақтың қолы жетті («Егемен Қазақстан»).

БОЛБИ= е т. с ө й л. ***Болпи***. Не шешесіне, не Мұсаға тартпаған, аяқ-қолы жуан, жуан бел, *б о л б и ғ а н* сары қыз (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

БОЛ-БОЛ үс т. с ө й л. *Тез-тез, шапшаң.* Қоятын түгі жоқ. – Атқа қонайық, *б о л-б о л.* Таң атып кетер, – деді Жорабай (Т.Иманбеков, Үш ай.).

Бол-болдың астына алды. *Асықтырды, састырды.* Қангелді Бекболаттарға суықтау амандасып, бәйбішесін *б о л-б о л д ы ң а с т ы н а а л ы п* бірдеңені іздетіп жатыр (С.Шарипов, Бекболат). Осы есепті алып баруға Жанай белгіленісімен-ақ Сәтжанды *б о л-б о л д ы ң а с т ы н а а л ы п,* о да асықтырып отыр (С.Бегалин, Шық. жин.).

БОЛ-БОЛДА= е т. с ө й л. *Бол-бол деп асықтыру.* Жапырлай міндік вагонға, Паровоз даусы *«б о л-б о л д а п!»* Қаптаған халық перронда Қала да берді қол бұлғап (Т.Шопашев, Көңіл.).

БОЛ-БОЛДАУ с ө й л. *Бол-болда етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Б о л-б о л д а у м е н* болды (Ауызекі).

БОЛ-БОЛДЫ з а т. ж е р г. *Ерте пісетін қауынның бір түрі.* Қазір *б о л-б о л д ы* пісіп қалыпты (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БОЛБЫР[1] з а т. ө с. <лат. hydrilla> *Сукөрік тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Б о л б ы р м е н* суда тіршілік ететін жәндіктер мен балықтар қоректенеді (ҚСЭ).

БОЛБЫР[2] с ы н. **1.** *Шымыр емес, бос, босаң (дене).* Тимофей Федорович *б о л б ы р,* іркілдек денесіне қарамастан, жеңіл жүзіп, көлдің ортасына дейін барып қайтты (З.Шашкин, Сенім). Ал енді адам баласына қарасақ, хайуан баласынан анағұрлым нашар, *б о л б ы р,* нәзік болып туады («Абай»). **2.** а у ы с. *Сылбыр, ынжық, болжыр (мінез).* Мен сізге сеніп жүруші едім, сөйтсем, қолынан іс келмейтін *б о л б ы р* командирлердің бірі екенсіз ғой (Б.Момышұлы, Москва.). Жүсіп бүгін өзгеріп кеткендей ме қалай, күндегі сүмірейген, *б о л б ы р* Жүсіп емес, ширақ та келісті (З.Шашкин, Доктор.). Өзінің жігіт болып қаршығаға құс ілдіретінін Абайға әрқашан бұлдаушы еді. Оны әлі өзінің шерігіне де татымайтын бос, *б о л б ы р* бала көретін (М.Әуезов, Абай жолы).

БОЛБЫРА= е т. *Босаңсу, босаң тарту.* Суатбайдың бар денесі үгіліп құлайтын ескі дуалдай *б о л б ы р а п* тұр еді (С.Адамбеков, Қожанасыр.). Әрі сусап, әрі күн қақтаған тұла бойы *б о л б ы р а п* орнынан селқос тұрды (Д.Досжанов, Дария).

Илеген терідей болбырады. *Жүнжіп, босап, майысқақтанып кетті.* Мен тұтас бір халық уақтанып, ержүректігі жойылып, *и л е г е н т е р і д е й б о л б ы р а п* кетеді дегенге сенбеймін (І.Есенберлин, Шық.).

БОЛБЫРАЙ= е т. э к с п р. *Болбырау, босаңсу, былжырау.* Басында ақ орамал Бекболат судан шыққан тышқанша *б о л б ы р а й ы п*, сенекпен ептеп аяңдап, алақтап, дәрігердің қасынан өтті (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БОЛБЫРАҚ с ы н. с ө й л. ***Болбыр***. Бопанның шұбарлау *б о л б ы р а қ* беті дуылдап кетті (З.Иманбаев, Дала.). Мұныма қалай қарайсыз дегендей мыртық қара диванға, онда отырған үсіген сәбіз сияқты *б о л б ы р а қ*, добал мұрын, әлгі жирен сарыға қарады (С.Бақбергенов, Адам.). *Б о л б ы р а қ* дене терге шомылып, барабара ауыр тартуда (Ә.Бүркітбаев, Жетімек).

БОЛБЫРАТ= е т. *Босаңсыту, болбырайту.* Суық, таза ауадан ширығып кірген адамды үйдің тынысқа ауыр, ыстық ауасы әп-сәтте *б о л б ы р а т ы п*, езіп жіберді (С.Мұратбеков, Көкорай).

БОЛБЫРЛАУ с ы н. *Босаңдау, сылбырлау.* Қодарқұм жас кезінде төртбақ толық еді, икемсіздеу, жүріс қимылы *б о л б ы р л а у* сияқты еді (Ә.Тарази, Құйрықты.). ...*Б о л б ы р л а у* әлгі шіркіні. Бақпай ма үйін бас болып, Әкесіз қалса бір күні (М.Әлімбаев, Көңіл күйі).

БОЛБЫРЛЫҚ з а т. **1.** *Босаңдық, сылбырлық.* Шырағым, мұндайда *б о л б ы р л ы қ* жар соқтырады емес пе? («Қаз. әдеб.»). *Б о л б ы р л ы қ*, әлжуаздық ер жігітке де, қыздарға да үлкенмін (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.). **2.** *Нәзіктік, бостық.* Үзіп алып қарасаң – гүл жапырақтарындағы қара жиектері, гүлдің *б о л б ы р л ы ғ ы*, өңінің ескілігі бірден көзге түседі (Ә.Әлімжанов, Отырар.).

БОЛГАР з а т. *Балқан түбегін мекендейтін славян тектес халық, ұлт. Б о л г а р л а р* – Болгария Республикасының байырғы халқы (ҚҰЭ). Славян халықтары орыстар, белорустар, украиндықтар, *б о л г а р л а р* православие шіркеуіне қараған (М.Тоқжігітов, Құран тур.).

Болгар таяқшасы. м е д. *Сүт қышқылын түзетін, адам ағзасы үшін пайдалы бактерия түрі.* Орыс ғылымының көрнекті қайраткері И.И.Мечников айранда сүт қышқылын көп түзетін *б о л г а р т а я қ ш а с ы н а* баса көңіл бөлді (Н.Шоқанов, Микроорганизм.). Кәдімгі қатық *б о л г а р т а я қ ш а с ы* бактерияларын қосып та немесе қоспай да жасалады (З.Сейітов, Сүт. өңдеу.).

Болгар тілі. *Оңтүстік славян тілдерінің бірі. Б о л г а р т і л і* кириллица графикасын қолданады (Тіл білімі сөздігі).

БОЛГАРДАЙ с ы н. *Болгар сияқты, болгар тәрізді.* Семин *б о л г а р д а й* қараторы өңді, зор денелі адам («Қаз. әдеб.»).

БОЛГАРША ү с т. **1.** *Болгар сияқтанып, болғарға ұқсап.* Ол *б о л г а р ш а* киініпті (Ауызекі).

БОЛГАРШАЛА= е т. *Болгар тіліне аудару, болгар тілінде сөйлеу.* Попов олардың сөзін дереу *б о л г а р ш а л а п* түсіндіріп жатты («Халық мұғ.»).

БОЛГАРШАЛАУ *Болгаршала етістігінің қимыл атауы.*

БОЛҒАЙ= е т. с ө й л. *Болсын, болса екен.* – Тек көрісуге күн жақын *б о л ғ а й-а қ*, – деп, барын айтты (М.Әуезов, Абай жолы). Тек аспазшы жігітің өз адамың *б о л ғ а й* да (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). – Иlаһи жәй *б о л ғ а й*, – деді Балқия үрейлі көзін Зураның көзінен алмай (Ә.Әбішев, Замана.).

Бауы берік болғай. т і л е к. *Жас баланың өмір жасы ұзақ болсын деген мағынада.* Болыпсың найза ұстайтын немерелі, Көтерер көп салмақтың бір батпанын. *Б о л ғ а й* деп *б а у ы б е р і к* тілектеспін, Ашыла берсін бағы шырақтардың (Ақын жырлары).

БОЛҒАНСУ *Болғансу етістігінің қимыл атауы.* Нәсіптің «қорған» *б о л ғ а н с у ы* – қалың дәулетіне қызыл көрген қара мысықтай қылғыну (Д.Әбілев, Баянауыл.).

БОЛҒАНСЫ= е т. *Бір нәрсеге ұқсағансу, солай көрінуге тырысу.* Орыс империализмінің отаршысы болып алған Бұқараның бұрынғы әмірі көріністе Әнуарға дос *б о л ғ а н с ы п*, іс жүзінде Әнуардың соңынан асыратын ғайбат таратты (М.Шоқай, Таңд. шығ.). Желтоқсан оқиғасымен оқушылар, жалпы жұрт жылына бір рет 16–17 желтоқсан тақалғанда азын-аулақ хабардар *б о л ғ а н с ы п* жатады («Түркістан»). Ақ патшаға олар да қарсы *б о л ғ а н с ы п*, қатар қонып, ту көтермекші (Ғ.Мүсірепов, Шығ. жин.). Мейірімді *б о л ғ а н с ы ғ а н* ханымдарға бұл жақпайтын сөз болар, құқық үшін ханымдар шаруа жүзіндегі ұрлықты ұрлық демейді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БОЛҒАН-ТОЛҒАН с ы н. с ө й л. *Кемеліне келген, мақсатына жеткен, жетілген.* ≈ *Б о л ғ а н-т о л ғ а н* адамдары келді.

БОЛҒАН-ТҰРҒАНЫ з а т. с ө й л. *Бар бітім-болмысы.* Біздің политруктың *б о л ғ а н т ұ р ғ а н ы* осы. Чапаевтың Фурмановындай үнемі күлімсіреп жүреді, салмақты да сабырлы (Т.Бердияров, Солдат.).

БОЛҒАНША ү с т. **1.** *Солай болғаннан гөрі, өйткенше.* Жаман туғаның *б о л ғ а н ш а*, жақсы жолдасың болсын (Мақал-мәтел). Көшпелі елдің қоры *б о л ғ а н ш а*, Егінші елдің зоры бол (Мақал-мәтел). **2.** *Белгілі бір шекке, межеге дейін.* Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зор-

лықпенен яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей *б о л ғ а н ш а* (Абай, Тол. жин.). Бірақ таң атқанмен де, кеш *б о л ғ а н ш а* бұл жерден ешқайда кетпейді (Т.Жанкелдин, Партизан.).

БОЛҒАНЫ: бар болғаны. *Небәрі, баржоғы, болған-біткені.* Бейтамыр су температурасына 10°С-ден төмен болмаса, бөліну арқылы тез көбейтетін Африка өсімдігі. Жарықты ұнатады, *б а р б о л ғ а н ы* түйреуіш басындай ғана тамырсыз, шар тәрізді кішкене өсімдік (Қ.Қайымов, Су асты.). ...Күн системасының барлық планеталарының бүкіл қозғаласын ширек ғасыр бұрын алдын ала болжап айтуға *б а р б о л ғ а н ы* бес жүз сағат қана жеткілікті (О.Жәутіков, Жаратылыстану.).

БОЛҒЫЗ= е т. *Жасату, істету, орындату.* Меніңше, бұл айтылғанды *б о л ғ ы з а р л ы қ т а й* қызметкер – милиция, сот, прокурор қызметкерлері (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны). *Б о л ғ ы з б а й д ы* ешқашан сұрапыл соғыс боранын (К.Әзірбаев, Өленд.).

БОЛҒЫЗУ *Болғыз етістігінің қимыл атауы.* Қажуды *б о л ғ ы з б а у* үшін дұрыс режимнің, гигиеналық ережелердің сақталуы қажет (Семья тәрбиесі). Бірақ комбинат коллективі ұсақ-түйек кемшіліктерді *б о л ғ ы з б а у д ы* көздеп отыр (Б.Қыдырбекұлы, Мазда. шырақ).

БОЛҒЫР: **бар болғыр**. э к с п р. т і л е к. *Біреуге немесе бір нәрсеге риза болғанда айтылатын сөз.* Кездейсоқ осы «Базарға» Осы бір кезде, *б а р б о л ғ ы р,* Редактор келіп қалар ма, Ашқандай алдын тар жолдың (Қ.Көпішев, Кезеңдер). Ол машиналар да іске қосылатын еді, Күйгенбайы *б а р б о л ғ ы р*... совхоз завгарымен дос болды да, түпке сол жетті (Е.Домбаев, Ғашықтық.). Мен амалсыздан сұрадым ғой, *Б а р б о л ғ ы р,* жоқ жерден бір сыздауық пайда болып, деп күлді Айтан (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

Мың болғыр. а л ғ ы с. *Риза болғанда айтылатын сөз.* Еңбектің еш болып қалатын жайларын бастан кешіріп жүрміз. Сол *м ы ң б о л ғ ы р* табиғат биыл да бізді онша еркелете қойған жоқ (Ж.Исмағұлов, Адам.). Иә, заты орыс демесең, Сары апасы бір *м ы ң б о л ғ ы р* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

БОЛҒЫШ с ы н. *Оңай бола салатын.* – Бұрын тума болсаң, көрмей жүрсің бе? Бүгін тума *б о л ғ ы ш* боп қалғанын (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).

Жолы болғыш. *Айтқаны, дегені орындалғыш.* – Қатындардың *ж о л ы б о л ғ ы ш!* – деп күйінді көрші отырған бір еркек (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

БОЛДАҚ з а т. ж е р г. *Шалбардың белбеу өткізетін жері.* Шалбардың *б о л д а ғ ы* бітті ме? (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БОЛДЫР[1]= е т. *Жасату, істету, жүзеге асырту.* Келген хабарларға қарағанда ондай ынта, қалай қылсақ та *б о л д ы р а й ы қ* деген шын көңіл жоқ (С.Сейфуллин, Шығ.). Тіл алмай көшті жақсы қондырарсың, Қонғансын үш күн еру *б о л д ы р а р с ы ң* (Базар жырау, Шығ.). Қайдан білсін... Туыстар қайдан білсін. Оңай емес орнату ойдан мүсін! *Б о л д ы р а м* деп болмасты қиялыммен, Қайдан білсін біткенін қайран күшім (М.Мақатаев, Шығ.).

БОЛДЫР[2]= е т. *Титықтау, әлі құрып шаршау.* Жетем деп күн, түн қатып келе жатқанда Бір жерде кербез кер ат *б о л д ы р а д ы* (Базар жырау, Шығ.). Қасқыр арғы-бергіні кезіп, Арқадан түк таба алмай босқа *б о л д ы р ы п,* сандалақтап барып өзі тоқтады (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Қос жанары тұмандана толғанып, Пәленбай күн жол жүріп, Әбден шаршап *б о л д ы р ы п,* Құлшына, жанып іштен, Жан жүйесін сыздатқан сағынышпен, ...Көзінде тек аналық арман ойнап, Жүзеді екен үмітін алға байлап (М.Шаханов, Ғасырлар.).

БОЛДЫРҒЫШ с ы н. *Тез шаршағыз, төзімді емес.* Бүркіт арық болса, әлсіз, *б о л д ы р ғ ы ш,* суыққа осал болады (С.Қасиманов, Сиқырлы.). Тіпті жасы толысқан жылқыларды бірден ауыр жұмысқа пайдаланса, тауы қайтып, *б о л д ы р ғ ы ш* келеді (Малшыларға кеңес).

БОЛДЫРҒЫШТЫҚ з а т. *Шаршағыштық, осалдық, төзімсіздік.* Досан әр аттың аяңшылдық, төзімділік, *б о л д ы р ғ ы ш т ы қ* тәрізді қасиеттерін түгел біледі (Б.Соқпақбаев, Алыс. ауыл.).

БОЛДЫРТ[1]= е т. *Істету, жүзеге асырту.* Психиатрияда писхотропты препараттарды пайдалану шарасы есі ауысатын ауруларды *б о л д ы р т п а й,* бола қалған күнде оның қайталанбауына себепші болып, психитрияға жаңа бір үлес болып қосылды (С.Субханбердин, Дертке – дауа.).

БОЛДЫРТ[2]= е т. *Шаршату, діңкелету.* Ол: «Көлік бәрімізге де ортақ», – деп, бір жылқыны бір күнде бірінен соң бірін жегіп, титықтатып, *б о л д ы р т ы п* әкеп тастайтын (Н.Ғабдуллин, Өмір күйі). Бір күні желдеп кеткен аттарды қарап, Қартқожа өзі де шаршап, байталын да *б о л д ы р т ы п* келді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БОЛДЫРТ[3]= е т. *Шаршау, діңкелеу, титықтау.* Бозжорға *б о л д ы р т а й ы н* деді. Ақбас бура өкшелей қуып қалар емес (О.Бөкеев, Өз отың.).Әбден *б о л д ы р т қ а н* байғұс түйе бақырып-шақыруға да әлі келмей, бүйдасынан жұлқысаң бір мыңқ етіп сылқ шөге қалады (Ә.Кекілбаев, Шығ.).

БОЛДЫРТУ *Болдырт етістігінің қимыл атауы; істету, жүзеге асырту.* Өткен жылы кездескен кемшіліктер мен ағаттықты биылғы жылы *б о л д ы р т п а у ғ а* күш салды («Халық мұғ.»).

БОЛДЫРУ[1] *Болдыр етістігінің қимыл атауы;* Жастар арасында қылмысты *б о л д ы р м а у* жолындағы күреске комсомол алдына белсенділікті арттыру міндеті қойылған (Семья тәрбиесі). Ата-ана тарапынан болатын қаталдық және талап етушілік – қайсарлықты *б о л д ы р м а у д ы ң* және оны жеңе білудің бірден-бір кепілі (Семья тәрбиесі).

БОЛДЫРУ[2] *Болдыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шаршау, титықтау, діңкелеу.* Жаттығуының тым ұзаққа созылатын түрі бар. Өзі ырс-ырс етіп шаршап *б о л д ы р у ғ а* айналды (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Арттарындағы Хасендерге бұл тіпті қолайлы күртік қармен емес, жылқылар салған тебін жол жүруге жеңіл. Дегенмен екеуінің де аттары *б о л д ы р у ғ а* айналған (І.Есенберлин, Көлеңке.). **2.** п с и х. *Адамның жұмысқа қабілеттілігінің төмендеуін көрсететін психологиялық құбылыс. Б о л д ы р у* адамға жұмыс барысында түсетін салмақ түріне қарай әр қилы болып келеді. Мыс., өтпелі болдыру, тұрақты болдыру, физиологиялық болдыру, ақыл-естік *б о л д ы р у* т.б. кезінде адамның мінез-құлқында, сезімінде, зейінінде, ақыл-зердесіне жағымсыз құбылыстар байқалып, жүйке жүйесінің жұмысы тежеледі (ҚҰЭ).

БОЛЕРО [исп. bolero] з а т. *Испан халық биі. Б о л е р о* гитара, яки ән сүйемелінде орындалады (ҚСЭ).

БОЛЖА= е т. *Алдын ала шамалау, тұспалдау, долбарлау, жорамалдау.* Елін баққан ер болмақ, Жауын *б о л ж а п,* жер шолмақ, Аузын баққан би болмақ, Алыстан шолып, кең толғап (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Бір биікке шыққандайсың *б о л ж а с а м,* Бір ауылға жатқандайсың олжа сап. Әлі талай тау кездесер алдыңнан, Шыңына шық өзіңе-өзіңе жол жасап (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). *Б о л ж а с а* да боларын астық қанша, Әкеледі сүмбіле қастық канша. Нағыз диқан бет алды даурықпайды, Бидай болып мол егін бастық-қанша (К.Салықов, Жезкиік).

Көмекейдегі көмескіні болжады. *Біреудің ойындағысын, айтпағанын шамалады.* Сенің қаншалыққа жұмсағаныңды біз де көрерміз, түбіндек *к ө м е к е й д е г і к ө м е с к і н і б о л ж а й т ы н* табаны бұдырлы би сенсің, біз үлгіні сенен аламыз ғой (М.Әуезов, Шығ.).

БОЛЖАҒЫШ с ы н. *Алдын ала байқағыш, тұспалдағыш, көреген.* Жүкең *б о л ж а ғ ы ш* ұлықтардың сөзіне емес, ісіне қарайды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Қорқыт жүрттан асқан ақылды, алдағыны *б о л ж а ғ ы ш* адам екен (Қаз. ертег.). Алдағыны *б о л ж а ғ ы ш* данышпан сыншының көп сұрауларына жауапты келешек бергені рас (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

БОЛЖАҒЫШТЫҚ з а т. *Көрегендік.* Осы ақ сары, тығыршық денелі земство дәрігерінің қырағылығы мен ойшыл *б о л ж а ғ ы ш т ы ғ ы* Деевке қатты ұнайтын (М.Қаратаев, Далада.). Оны мұндай дәрежеге жеткізген, оның ақылдылығы, *б о л ж а ғ ы ш т ы ғ ы,* заман жайына қырағылығы екен (С.Мұқанов, Ботагөз). Таң қаларлық, тамаша тапқырлық, топшылағыштық, *б о л ж а ғ ы ш т ы қ* бар (М.Қаратаев, Таңд. шығ.).

БОЛЖАЛ з а т. **1.** *Бағыт, меже, бағдар.* Арасын екі ауылдың *б о л ж а л* етіп, Жеріме іздеп жүріп келмеп пе едім. Мен келсем, жігіт түгіл сымбыл да жоқ. Соңынан іздеп жүріп өлмек пе едім? (Айтыс). Ол қыстың, жаздың кейбір сипаттарын *б о л ж а л* етіп, қараңғы түндерде бағытты, уақытты айырады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Ата досқа санама, Алды-артында *б о л ж а л* жоқ, Жаңадан болған селтекті. Шайырлардың сомасы – Хикая, толғау, ертек-ті (О.Шораяқов, Шайыр). **2.** *Жорамал, тұспал, болжам.* Ең аяғында Абай өзі бір тұспал, *б о л ж а л* жасады (М.Әуезов, Абай жолы). Әйел бар қайратын жиып, дүлей боранның арасына сығалап, қай жерде екенін *б о л ж а л* жасады (К.Оразалин, Ақ жазық). Мен жымидым көзбен қарап жасқанған, – Жоқ, ағатай, дұрыс емес *б о л ж а л ы ң,* Олар мүмкін бақытына мас болған Жастар шығар біле алдың ба ол жағын? (М.Шаханов, Ғасырлар.).

БОЛЖАЛ= е т. *Жоспарлану, шамалану, бағдарлану.* Олар... ұзақ күнді суға жүзумен, құмға аунау, серуенмен өткізді. Сондай шақта талай сырлар ақтарылды, талай келешектер *б о л ж а л д ы* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БОЛЖАЛА= е т. с ө й л. ***Болжалда.*** Арба үстіндегі Бүркіт екенін *б о л ж а л а п,* аяғын алға қарай баса түсті (І.Есенберлин, Қатерлі.).

БОЛЖАЛДА= е т. **1.** *Бағдарлау, шамалау.* Бұл енді не болды деп, ой жүгіртіп, *б о л ж а л д а п* қарайды да, ақырында әулиенің моласы деп табады (Ғ.Сланов, Дөң асқан). **2.** *Жорамалдау, тұспалдау.* Бұл да жұрт көзіне түсерлік бір ірі іс істеп, атын шығарғысы келеді. Сонда қанша пайда табам деп *б о л ж а л д а м а й д ы* да (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). Бзежинский «ұлы шахмат тақтасы» болып табылатын жер шарының қай бөлігінде әлеуметтік саясатта тегеурінді тұлға болып табылатын қай іргелі мемлекеттердің үстемдік құраты-

нын алдын-ала *б о л ж а л д а п* та қойды («Егемен Қазақстан»).

БОЛЖАЛДАН= е т. *Шамалану, бағдарлану.* Талай елдің құпия шежірелері көптеп бері ауыз ашпай, жасырып келген не бір қиямет-қайым оқиғалар осы мыңжылдықтың бас шамасында болады деп *б о л ж а л д а н ы п* келген-ді («Егемен Қазақстан»). Егер қазіргі *б о л ж а л д а н ы п* отырған мұндай қорлары толықтай расқа шықса, Қазақстанның алдынан керемет мүмкіндіктер ашылатыны сөзсіз («Егемен Қазақстан»).

БОЛЖАЛДАС= е т. *Тұспалдасу, жорамалдасу.* Жеріңнен *б о л ж а л д а с қ а н* табылмаса, Сыпыра төгіп кетем көздің жасын (Біржан сал, Өленд.).

БОЛЖАЛДАУ *Болжалда етістігінің қимыл атауы; шамалау, тұспалдау.* Менің *б о л ж а л д а у ы м* бойынша, қара балапан асыранды құс емес, түзден биыл ғана торға түсірілген (Ә.Көшімов, Екі бүркіт).

БОЛЖАЛДЫ с ы н. *Белгіленген, межелі.* Тұменбаймен келісті, Келісіп уәде берісті, *Б о л ж а л д ы* жерге жетіпті, Салдыртып сары желісті (Манас). *Б о л ж а л д ы* күн болған соң, дүниеден кім қалған? Батыр өткен шабынған, жүйрік өткен шабынған (Үш ғасыр.). Жібекжан ерте кеткен деп, *Б о л ж а л д ы* жерге жеткен деп, Көк пәуеске күймесін Азаннан тұрып жеккен деп (Қыз Жібек).

БОЛЖАЛДЫҚ: **болжалдық сан есім**. л и н г в. *Белгілі бір заттар мен құбылыстың сан мөлшерін дәл атамай, тұспалдап қана шамамен атайтын сөздер. Б о л ж а л д ы қ с а н е с і м д е р* морфологиялық тәсіл арқылы да, синтаксистік тәсіл арқылы да жасалады (Қазіргі қаз. тілі). *Б о л ж а л д ы қ с а н е с і м д е р д і ң* синтаксистік тәсіл арқылы жасалуына шақты, шамасында, тарта, қаралы, жуық, астам, шамалы сияқты сөздер де қатысады (Қазіргі қаз. тілі).

БОЛЖАЛСЫЗ с ы н. *Болжал жасалынбаған, беймәлім.* Түні бойы танкілер мен жүк тасыған машиналар гүрілдеп, бір белгісіз, *б о л ж а л с ы з* бағытта бет қойып барады (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). Арғымақ жалсыз, ер малсыз. Алланың аманаты – жан, Қай күн алары *б о л ж а л с ы з* (Үш ғасыр.).

БОЛЖАЛУ *Болжал етістігінің қимыл атауы.*

БОЛЖАМ з а т. **1.** *Жорамал, тұспал, болжал.* Қарттар жағы: «Биыл қыс қатты болатын сыңай танытты, өйткені алғашқы қар ұзақ жатып алды» деп *б о л ж а м д а р* айтып қорақопсыны жылдағыдан ерекше ыждағатпен жөндеді (С.Досымов, Жаңғырық). Жоқ болып кетуіне де *б о л ж а м* көп: біреу ар жаққа өтіп кетті дейді, екіншісі Айсарыға барып қосылған шығар дейді (Б.Нұржекеев, Күтумен өтк.). Жел лебі шығысқа ауған тәрізді. Ертең үлдей соғады деген *б о л ж а м* бар (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). **2.** т е р м. <грек. hypothesis> *Мәні толық анықталмаған заттар, құбылыстар мен қатынастар туралы ұсынылатын ғылыми жорамал.* ≈ Ғылыми *б о л ж а м.*

Болжам картасы. г е о л. *Табылып қалуы мүмкін кенді алыптар мен аудандар туралы болжамдарды бейнелейтін карталар. Б о л ж а м к а р т а с ы* аумақтарды қамтуы, арналу тақырыбы, анықтығы, болжамдардың дер мезгілдегі бойынша сараланады (Қаз. тілі термин. Геология).

БОЛЖАМА з а т. с ө й л. ***Болжам.*** Аз сәтте соның бәріне өзгеше *б о л ж а м а* жасап, іштей бағасын да берумен болды («Қаз. әдеб.»). Сирек металдар мен жеңіл металдардың *б о л ж а м а* карталарын жасау ісі таяудағы екі жылдың ішінде аяқталуға тиіс («Соц. Қаз.»).

БОЛЖАМАЛЫ с ы н. с ө й л. ***Болжалды.*** Осы жылдары ол Нұркеге «Саятта мыс кені мол болуға тиісті» деген *б о л ж а м а л ы* пікірін бірнеше рет айтқан-ды (І.Есенберлин, Айқас).

БОЛЖАМДА= е т. *Тұспалдау, болжалдау, түйіндеу.* Қолдан жем жесе, біраз күн өтпей-ақ жаман тоқтылар қойға қосыларын ақсақал іштей *б о л ж а м д а п,* ауыл сыртындағы сүрлемге қол жүгірткені осы болатын («Лен. жас»).

БОЛЖАМДЫ с ы н. *Болжам жасалған, болжамдалған.* Кәсіпорынның жұмысын шұғыл нәтижеге емес, ұзақ мерзімді нәтижеге бейімдеу, ал ол тиісінше *б о л ж а м д ы* зерттеулерге және жаңа тауарлар жасауға көңіл аударуды талап етеді (Б.Жүнісов,.. Нарық. экон. негіз.). *Б о л ж а м д ы* деректер бойынша, тұтас қазақстандық рынокта коммерциялық жолаушылар тасымалы 2005 жылы 2,2 миллион жолаушыдан 2015 жылға дейін 11,7 миллионға өседі («Егемен Қазақстан»).

Болжамды соғыс сипаты. ә с к. *Мемлекет басшылары мен әскери қайраткерлердің соғыс оқиғасының қалай дамитынын болжау әрекеті. Б о л ж а м д ы с о ғ ы с с и п а т ы н* нақты айқындау өте қиын (Қаз. тілі термин. Әскери.).

БОЛЖАМДЫҚ с ы н. *Болжам жасарлық, болжамды. Б о л ж а м д ы қ* жоба бойынша кен қабатының диаметрі төмендеген сайын аздап жіңішкеретін сияқты, – дейді рудниктің бас инженері (С.Хайдаров, Құрыш білек).

БОЛЖАМПАЗ с ы н. *Көреген, болжағыш, жорамалшыл.* Мынау оларға ұқсамайды. «Бұларға сауатты, қулық-сұмдықты аңғаратын, *б о л ж а м п а з* адамдар қайдан пайда болған?» – деп ойлады (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Пайғамбарсып *б о л ж а м п а з* мақтанбаймын, Қатер күтіп ертеңмен сақтанбаймын. Күдік мені кідіртіп көрген емес, Тоқтамаймын деген соң тоқталмаймын (Ә.Тәжібаев, Жартас).

БОЛЖАМПАЗДЫҚ з а т. *Көрегендік, болжағыштық.* Сүңгібай бар істің жайын өзі айтып, өзі тындырып, *б о л ж а м п а з д ы қ* жасай отырып таратты жұртты (А.Хангелдин, Фани.).

БОЛЖАМСЫЗ с ы н. *Болжамы жоқ, бағдарсыз, жорамалсыз, болжалсыз.* Қала жайына бұрын да *б о л ж а м с ы з* келген жоқ шығарсыз, жеңеше (К.Оразалин, Абай.).

БОЛЖАМШЫ з а т. **1.** *Алдын ала болжап білетін адам.* Кейбір сәуегейлердің пікірінше, биыл солтүстікте жаз құрғақ, қуаңшылық болатын көрінеді. Мұны белгілі *б о л ж а м ш ы* Назарбек Қожамсейіт айтып отыр («Жас Алаш»). **2.** ***Болжаушы*** *(күн райын бақылаушы маман). Б о л ж а м ш ы л а р д ы ң* деректеріне сүйенсек, күннің көзі қайтадан суытып, қаңтар айының соңғы күндері қатты суық басталады деп күтілуде («Түркістан»).

БОЛЖАН= е т. *Шамалану, жоспарлану, күтілу.* Гершель екі ғасырдың ішінде *б о л ж а н ғ а н* күндегі дақ туралы мәліметтерді жинаған (Т.Омаров, Күн.).

БОЛЖАНУ *Болжан етістігінің қимыл атауы.* Тынық мұхитты бір сағатта ұшып өтетін самолеттер – 1998, қашықта толық автоматты түрде басқарылатын сауда кемелері – 1992 жылдары пайда болады деп *б о л ж а н у д а* (Естімеген елде көп).

БОЛЖАТ= е т. *Шамалату, тұспалдату.* Өткен күнді *б о л ж а т қ а н* Ғалымдардың санасы (Базар жырау, Шығ.). Бірақ соның бәрінде де келешегі құдды үй сыртында түксиген мына қараңғы түндей тұнжырап, ертеңін *б о л ж а т п а д ы* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Біріне-бірі ұқсас қар жамылған ақ адырлар жер шамасын *б о л ж а т п а д ы,* әйтеуір тұспалдап жылжып келе жатыр (Т.Ахтанов, Боран). Соларға айтқан сөзің балдай татып, Ұшуға екі иықты қомдатқан күн. Біле алмай қонарыңды ұшсаң дағы Шамаңды шамалатып *б о л ж а т қ а н* күн (Т.Жолдыұлы, Армантау).

БОЛЖАУ[1] з а т. **1.** *Болжал, тұспал, жорамал, тұжырым.* Жаңа жыл күні қазақ күн райына алдағы жазды рақатты, рақатсыз болады деп *б о л ж а у* жасайды (М.Жұмабаев, Шығ.). Жолдастар әрбір хабарды неше түрлі саққа жүгіртіп, талқыға салды. Әркім түрліше *б о л ж а у* айтады (С.Сейфуллин, Тар жол.). Көңіл түйткіл, елеусіз әртүрлі *б о л ж а у л а р* жасайды (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). **2.** т е р м. <грек. hypothesis> ***Болжам.*** *Б о л ж а у* – мелиорациялық имарат объектілерінен келіп түскен мәліметтерді зерттей отырып, тұрғызылатын объектілерін салуға қатысты алдын ала белгіленетін шаралар жиынтығы (Қаз. тілі термин. Су.). *Б о л ж а у* – әскери аумақтағы ықтимал, объективті пісіп-жетілген өзгерістерді тану процесі, әскери теория мен практиканың дамуының келешегін анықтау (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Б о л ж а у* – экономиканың ықтимал хал-жағдайы; оның кейбір салдары мен аймақтарының дамуы мен әлеуметтік-демографиялық және ғылыми-техникалық салалардағы перспективалар туралы ғылыми негізделген топшылау (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Болжау салды. *Болжам жасады, бағдарлап көрді, шамалады.* Елік ұйытқуының ұшқыр елесіне *б о л ж а у с а л ы п* үйренбеген бала мерген айналасын мөлшерлей алмай қалды (С.Бегалин, Таңд. әңгім.).

Болжау шегі. э к о н. *Жекеленген кәсіпорынның да, жалпы экономиканың да дамуын болжауға ұмтылатын уақыт аралығы. Б о л ж а у ш е г і* болжам күші межеленген дәлдікпен қолданылатын ақырғы мерзім ретінде де түсіндіріледі (Қаз. тілі термин. Экономика.).

БОЛЖАУ[2] *Болжа етістігінің қимыл атауы; тұспалдау, долбарлау, анықтау.* Көз байланғанша он үйдің алтауы толып қалды. Әзірге Жетісудың алыс руының бәрі аталып жатыр. Енді ымырт жабылар кезде Қазбалаға төгіліп жатқан топтардың киім үлгілерін *б о л ж а у* қиын (М.Әуезов, Абай жолы). Білем, қалқам, ар жағын, Қалды дүние қараң боп. Мұның соңғы зардабын *Б о л ж а у ғ а* да шамам жоқ (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

БОЛЖАУЛЫ с ы н. *Болжалды, жорамалданған, болжам жасалған. Б о л ж а у л ы* мөлшерге жақындап барғанда, алдымыздан қарауытқан ор көрінді (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). Стереометриялық есептер көбіне ойша шығарылып, тек *б о л ж а у л ы* сызықтар ғана сызылып отырады («Халық мұғ.»). *Б о л ж а у л ы* жер, Қарсы алдында сағаттың Жыл тоссам да Жылжымауды жараттым. Қыстың күні. Бәтеңкешең студент, Жүрек ыстық, Бойға аяз тараттым (К.Салықов, Жезкиік).

БОЛЖАУСЫЗ с ы н. *Болжау жасалынбаған, болжамсыз.* Арғымақ жалсыз, Ер малсыз, Алланың не берері *б о л ж а у с ы з,* Жолдастарым, мұңайма?! (М.Өтемісов, Өленд.). *Б о л ж а у с ы з* осы екен ғой өлім деген, Күн бұрын көзге келіп көрінбеген. Артыма сөз қалдырмай ала кеттім, Қаптағы дән сияқты себілмеген (Ә.Найманбаев, Шығ.).

БОЛЖАУСЫЗДЫҚ з а т. *Болжаусыз болушылық, тосындық.* Терроризм өзінің *б о л ж а у с ы з д ы г ы м е н* және тосындығымен нақтылы үрей сезімін ұялатып, жұртшылықтың бәрін дерлік шарасыз да жазмыштық қауіп-қатермен шырмап тастайды (Н.Назарбаев, Сынд. он жыл).

БОЛЖАУШЫ з а т. **1.** *Болжап білуші, бағдарлаушы.* Болған істі *б о л ж а у ш ы,* Поездан түсіп жолаушы (С.Керімбеков, Еңбек ата.). **2.** *Барлаушы, шолғыншы, бақылаушы.* Қанжығада қан бар ма? *Б о л ж а у ш ы* қара, болжай кел, Төңіректі толғай кел! (С.Сейфуллин, Шығ.). **3.** *Күн райын бақылаушы маман.* Ауа райын алдын ала *б о л ж а у ш ы л а р д ы ң* берген дерегінде, мал Қайыпханжол трассасындағы Майтөккенге іліккенде, қар жауатын көрінеді (Саржайлау). Ал ауа райын *б о л ж а у ш ы л а р д ы ң* айтуынша оңтүстікте жаз жаңбырлы болатын сияқты («Жас Алаш»).

БОЛЖАУШЫЛ-ДІНШІЛДЕР з а т. с т и л ь. *Діни білімі саяз адамдар тобы деген мағынада. Б о л ж а у ш ы л-д і н ш і л д е р* – бұл кейіптестердің қиялы күшті, өздері қызу келеді. Сондықтан суретшілерге ұқсайды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БОЛЖАУШЫЛЫҚ з а т. *Болжаушы болушылық, көрегендік, болжампаздық.* Байжанның байқауынша, секретарьдың басы зор ақылдың, қырағы *б о л ж а у ш ы л ы қ т ы ң* ұясы сияқты (С.Мұқанов, Сырдария).

БОЛЖАУЫНША ү с т. *Жорамалынша, байқауынша, шамалауынша.* Мен де солай ма деймін, қайдам *б о л ж а у ы н ш а* тәуір жігіт (Т.Қойшыманов, Қоңырат.).

БОЛЖЫР с ы н. с ө й л. *Болбыр, бос.* – Айттым ғой, мына *б о л ж ы р* бөз ембепті, – деп қозыны енесіне табыстырып, қойдың желінін қолымен бір байқап Нұрман орнынан тұрды (С.Бегалин, Уақыт.). Ана жылдары облыстық жоспар бөлімінде қызмет істеп жүргенімде бір мұздатқыш алмаған өзімнің де ештемеге икемім жоқ, иі қанбаған қайыс тәрізді *б о л ж ы р м ы н*-ау... («Қаз. әдеб.»).

БОЛЖЫРА= е т. *Босау, болбырау, қожырау, әлсіреу.* Ал Кіші жүз жеке отау тігіп, Әбілқайырды өзіне хан сайласа, о да сонау үш жүздің қара шаңырағы – үлкен Орда хандығы *б о л ж ы р а п,* нашарлап кеткенінің нәтижесі (І.Есенберлин, Шығ. жин.). Біршек аз уақытта қаншығының қарасын көрді. Алғашқы шабысымен *б о л ж ы р а п* қалған екен (С.Жүнісов, Ақан сері). Немене *б о л ж ы р а п,* босап барасыңдар. Жардан, аға-іниден, әкеден айырған неміске көз жасы өтпейді (Ғ.Мұстафин, Шығанақ).

БОЛЖЫРЛАУ с ы н. *Босаңдау, болбырлау.* Жоғарылау температура болса, қаймақтан тым ерігіш борбастау, *б о л ж ы р л а у* май алынады (С.Сейітов, Сүт өңдеу.). Жасырмаймын, мен *б о л ж ы р л а у* өскен едім, енемнің көмегі, қамқорлығы арқасында семья шаңырағына ие болып кеттім («Мәдениет және тұрмыс»).

БОЛИВАР [исп. Bolivar] з а т. *100 сентимоға тең Венесуэланың ақша өлшемі. Б о л и в а р д ы ң* алтындық баламы 0,265 275 г таза алтынға тең (ҚСЭ).

БОЛИД [грек. bolis] з а т. а с т р. *Өте жарық әрі көлемді ірі метеор.* Жер бетіне келіп, аспаннан түскен метеорды метеорит дейді, ал тіпті ірілерін *б о л и д* дейді (Х.Әбішұлы, Халық астрон.). *Б о л и д т і ң* ұшуы кезінде зеңбіректің атылуы, қопарылыстың гүрілі не күннің күркіреуі тәрізді дыбыс шығады (ҚҰЭ). Егер массасы грамнан асып, бірнеше килограмға жететін метеор атмосфераға ұшып енетін болса, онда төңірегін жарықтандырып көрсетеді. Мұндай үлкен метеор *б о л и д* деп аталады (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.).

БОЛМАСА ш ы л. *Немесе, әйтпесе, ендеше. Б о л м а с а* мен айтайын, ал сен тыңда ендеше (Ғ.Мүсірепов, Шығ. жин.). Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, *б о л м а с а* жұмасында бір өзіңненөзің есеп ал (Абай, Тол. жин.).

Тым болмаса. *Ең болмаса, ең болмағанда. Т ы м б о л м а с а* Камила байғұс бізді шығарып салуға да келе алмады-ау! (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қисапсыз рақатым, бейнетім кем, дермісің көрген күнің менімен тең?! Үстімнен кемелер мен салдар түгіл, Жел қайық *т ы м б о л м а с а* жүре ме?! (А.Байтұрсынов, Шығ.). Қайтпайсың түн болғанда көктің жүзін, Сорлымын қатты тартқан қайғы сазын. Сендерге дүниеде таса жер жоқ, Мәжнүннің *т ы м б о л м а с а* көрсетші ізін (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

БОЛМАШЫ с ы н. **1.** *Азғантай, шамалы.* Енді біреулер «Онда құнға тұратын мыс кені жоқ, *б о л м а ш ы* іске күш жұмсап әуре болмайық» дейді екен (С.Мұқанов, Есею жыл.). Мұның арты *б о л м а ш ы* сөз болса да, құлақ құнсыз кетіп, екі жағы келісіп, жігіт құда болып кетеді (М.Дулатов, Шығ.). **2.** *Болар-болмас, сәл-*

пәл. Шамның білтесі қып-қызыл шоққа айналып, *б о л м а ш ы* сығырайып тұр (Ә.Нұрпейісов, Курляндия). Қырмызы *б о л м а ш ы* күлімсіреп, оң жағындағы нәрестеге көзінің қиығымен қарап қойды (С.Омаров, Хантағы). Гүлнәштің аққұба өңі қоңыр тартып, қой көзі *б о л м а ш ы* жасаурап тұр (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). **3.** а у ы с. *Жоқтан өзге, ұсақ-түйек.* Босаң адам *б о л м а ш ы ғ а* өкпелейді (Мақал-мәтел). // *Кішкене нәрсе, ұсақ-түйек.* Екінші қартаяды көзден адам, Көз кеткен соң көреді сөзден адам. Негізіне әр нәрсе көз жіберсе, *Б о л м а ш ы д а н* көреді сезген адам (Шал ақын, Өлең д.).Ол қала өміріндегі *б о л м а ш ы ғ а* тамсана, аңыра қарайды (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Ұрыстарының көбі *б о л м а ш ы* нәрседен шығатындықтан, Зейнептің сөзі төбелессіз де жарасып кететін (Б.Майлин, Шығ.).

БОЛМЫС[1] з а т. **1.** *Дене-бітім, тұла бой.* Енді ол Қараштың қаныпезерлігін бүкіл *б о л м ы с ы н а н* танып отыр (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Майданда жеңгіш халқымыз, *Б о л м ы с ы,* болат батырдан, Жалынды сәлем айтамыз, Жазушыдан, ақыннан (Т.Жароков, Таңд. шығ.). Ботасын жоқтаған аруаналардай күңіренген қапалық жайлар домбыра тілінде сайрағанда, бар *б о л м ы с ы ң д ы* билеп, жұлып әкетіп барады (Ғ.Сланов, Домбыра.). **2.** *Табиғаты, жаратылысы.* Өлімді кім ойлапты ол тұсында, Ақын жан көңілді ғой *б о л м ы с ы н д а.* Исекең екеуміз де қол қысыстық, Сол екен тұңғышы да, соңғысы да (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Сыр ашпайды сенің құла түздерің, Сыр ашпайды тау-тастағы іздерің. Сенің бүкіл *б о л м ы с ы ң н ы ң* тағдырын, Домбыраңның пернесінен іздедім (М.Мақатаев, Шығ.). // *Күш-қуат, әл.* Бәрінен де белгісіздік жаман екен. Көз алдыңда көрініп тұрған пәле болса, бар *б о л м ы с ы ң д ы* сарп етіп алысар да едің, жұлысар да едің (Ғ.Сланов, Асау арна).

БОЛМЫС[2] з а т. ф и л о с. *Объективті дүниенің, материяның санадан тыс өмір сүретінін көрсететін философиялық категория; тіршілік, тұрмыс, өмір. Б о л м ы с* – адам өмірінің, оның іс-әрекетінің қажетті жағдайы және қайнар көзі (ҚСЭ). Қазақ халқының оқиғасын реалистік *б о л м ы с т а н,* шындық өмірден алып, ауызша шығарған көркем шығарманың бір саласы – аңыз әңгімелер (М.Ғабдуллин, Қаз. ауыз. әдеб.). Жаңа *б о л м ы с,* жаңа ұғымдарды миға сіңіру – соның бәрінен тізбекті бір бүтін ой шығару (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.). Қарапайым санада *б о л м ы с т ы ң* баламалары ретінде әлем, ғарыш, дүние, табиғат, өмір тәрізді жалпы ұғымдар қолданылады (Мәдени-филос. энцикл. сөздік).

Қоғамдық болмыс. ф и л о с. *Қоғамға тән тұрмыс-тіршілік, өмір, табиғат. Қ о ғ а м д ы қ б о л м ы с* қоғамдық санаға тәуелсіз өмір сүреді: адамдардың қоғамдық санасы *қ о ғ а м д ы қ б о л м ы с т а н* туып, соған байланысты болады да, өзі соны бейнелейді (Марк. филос.).

БОЛМЫС-БІТІМ з а т. *Бар бет-бейнесі, тұрқы.* Біз бұл очеркімізде тек қазақ халық әдебиетінің *б о л м ы с-б і т і м і н* хатқа түсіріп, қолдан келгенше жүйелі де айқын классификациялап, әрбір бөлімнің мазмұнын ашып, бастау-бұлақтарын анықтап және оның қазақ, орыс тілдеріндегі бар үлгілерін көрсетуді мақсат тұтып отырмыз (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.).

БОЛОМЕТР [көне. грек. bolé – сәуле, metron – өлшем] з а т. а с т р. *Түскен жарықтың энергиясын өлшейтін құрал.* Термоэлемент пен *б о л о м е т р* әр түсті сәулелерді бірдей сезеді (Х.Әбішұлы, Халық астроном.).

БОЛПАҢ с ы н. *Бос, болбыр, босаң.* Болдырған ат *б о л п а ң* (Мақал-мәтел).

БОЛПАҢДАУ с ы н. с ө й л. ***Болбырлау***. Жазушылармен мидай араласып бірге жүрсе де, ешқайсының шығармасын оқымайтын *б о л п а ң д а у* бір прозаик сыздана ыңырсып қойды («Қаз. әдеб.»).

БОЛПАШ с ы н. э к с п р. **1.** *Ақсүйек, мырза.* Ол кедейлер былай тұрсын, сылқылдап киінген бай *б о л п а ш т а р ы н* да ілтифатсыз қалдырып, Сұлтанмахмұтпен ғана сөйлесіп отыр (Д.Әбілев, Ақын.). «Егер сен мыңды айдаған *б о л п а ш т а р д ы ң* бірі болсаң», – дейді Қамар Ахметке (Д.Әбілев, Ақын.). **2.** *Дайынға үйренген, еті тірі емес, бос.* Ертеңақ мені бай қыз, мырза қыз, *б о л п а ш* қыз деп табаламай ма? (Шағын пьесалар). Оның үстіне байдың *б о л п а ш* баласы, сері жігіт болып, көк төбел үйіміз бар, қаладағы пе-руайбаймыз деп мақтанады (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.).

БОЛП-БОЛП е л і к. *Болп-болп еткен ебедейсіз қозғалысты бейнелейтін сөз.* Бөрте лақ *б о л п-б о л п* еткізіп, алаңсыз әлі еміп жатты (К.Қазыбаев, Ызғар).

Болп-болп басты. *Асықпай, маңғаздана жүрді.* ...Алдымызда шұбатылып қазақтың көші кетіп бара жатыр. Мен көрмеген арбалары шиқылдап барады, түйелері *б о л п-б о л п б а с а д ы* (М.Жұмабаев, Шығ.).

БОЛПИ= е т. *Дененің семіріп толығуы, болбыраю. Б о л п и ғ а н* семіз денелі Масақбайдың Рахметке орынсыз жалпылдауы Байжанға онша ұнаған жоқ (С.Мұқанов, Сырдария). Асылгүл саған *б о л п и ғ а н,* сиықсыздау әйел боп көрінер (Ә.Нұршайықов, Махаббат.). Жасында *б о л п и ғ а н,* сүйкімді

бір бала болады ғой, тап сол бала осы еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Б о л п и ғ а н* бетті бұжыр әйел бұл жолы мүләйімси қалды (Б.Майлин, Шығ.).

БОЛПЫҚ с ы н. с ө й л. *Бос, болбыр.* Исағұлдың бұла болып, *б о л п ы қ* өскен Сатылғұл есімді ұлы бар екен (Ж.Жұмаханов, Соқпақ.).

БОЛПЫЛДА= е т. с ө й л. *Болп-болп ету, болбырау.* Көз жасы сақалын жуып, *б о л п ы л д а п,* сөзін үзіп-үзіп айтты (Ж.Тілеков, Жоңғар.).

БОЛПЫЛДАҚ с ы н. *Жұмсақ, бос.* Баданадай болып майға піскен *б о л п ы л д а қ* тоқаш жерге бұршақша төгілді (С.Бақбергенов, Қайран шешем).

БОЛПЫЛДАҚТАУ с ы н. *Болпаштау, болпиғандау.* Түнгі сағат екіде түскен пәтеріме келдім. Үй қожасы жас жігіт, *б о л п ы л д а қ т а у* әйелі бар (Б.Майлин, Шығ.).

БОЛПЫЛДАТ= е т. *Болп-болп еткізу.* Қой әрі, аузыңды *б о л п ы л д а т ы п,* алқымыңды күркілдеген кептердей көптіре бермей (С.Мұқанов, Сырдария).

БОЛТ з а т. т е х. *Құрылыс және мәшине бөлшектерін біріктіруге арналған бұрандалы металл бекіткіш.* Кілттері қолда жалтырап, «Ойламай қамын шаштың да». Жатыр жігіт *б о л т* бұрап, Трактордың астында (Т.Айбергенов, Бір той.). *Б о л т т а р д ы ң* да босайтыны, ұшып кететіні де жиі кездесіп жатады (С.Мұқанов, Саяхат.). Слесарьлар жанталаса қимылдап, *б о л т т а р д ы* бұрап жатыр («Лен. жас»).

БОЛУ *Бол етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Мақсатқа жету, іске асыру.* Біз ол кезде оқытушы *б о л у д ы* арман еттік (С.Көбеев, Орынд. арман). **2.** *Қандай да бір күйге ену.* Ол кісінің айтқан ақылы Отанды сүю, қазіргі темаларды көп жазу, жауға мейірімсіз *б о л у* (С.Мұқанов, Өсу жол.). Индиядағы сарайлар не қылса салқын *б о л у,* тіпті қолдан келсе суық *б о л у* мақсатын ойлап салынатын тәрізді (М.Әуезов, Индия очерк.).

БОЛУ-БОЛМАУ = е т. *Болу я болмау.* Нансаңыз, менің бұл өмірде бақытты *б о л у-б о л м а у ы м* жалғыз ғана сізге байланысты (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Аурудың *б о л у-б о л м а у ы* организмнің қорғаныс қасиетіне байланысты («Жетісу»).

БОЛЫҚ[1] з а т. ж е р г. *Төсектің астына салатын төсеніш.* Төсектің астындағы *б о л ы қ т ы* қайтадан қағып сал (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БОЛЫҚ[2] с ы н. ж е р г. *Болып-толған, дәуірлеген.* Заманында дүйім елді аузына қаратқан *б о л ы қ* әкенің қызығын да көріп үлгірмеген (О.Сәрсенбаев, Сағым). Беделді, *б о л ы қ* кісінің аузына жұрт жабыса қадалды (О.Сәрсенбаев, Сағым).

БОЛЫМ: **болымы жоқ**. *Талапсыз, жігерсіз, енжар.* Бақ қонады ұл таңдап, Қонақ қонар үй таңдап. *Б о л ы м ы ж о қ* бозбала, Бейнеттен қашар бұлтаңдап (Үш ғасыр.).

БОЛЫМДЫ с ы н. **1.** *Тындырымды, жарамды, мықты, іскер.* Безеп қапсың қолыңа домбыраңды, Болмағанды *б о л ы м д ы* болдырады (Жамбыл, Шығ.). Өзі де бір *б о л ы м д ы* жігіт еді, азаматтығын істеп-ақ тұр (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр). Бұйырсаң *б о л ы м д ы* ерді бір жұмысқа, Айналса барғандағы іс дұрысқа. Келуші ед бір жұмысты және жайлап, Жақсы атым жайылсын деп төрт бұрышқа (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). **2.** *Кескінді, келбетті, тұлғалы.* Өзі де бойшаң, *б о л ы м д ы,* кескінді адам еді (Ауызекі).

Болымды етістік. л и н г в. *Болған, болатын я болып жатқан ақиқаттағы іс-әрекетті білдіретін етістік.* Болымсыз етістік *б о л ы м д ы е т і с т і к к е* жұрнақ жалғану арқылы да жасалады (Қазіргі қаз. тілі).

Болымды сөйлем. л и н г в. *Объективті болмыстың, ойдың, іс-әрекеттің орындалғанын, орындалатынын хабарлайтын сөйлем. Б о л ы м д ы с ө й л е м* болымсыз сөйлемге қарама-қарсы қойылып қаралады (Ғ.Қалиев, Тіл білімі термин.).

БОЛЫМДЫ-БОЛЫМСЫЗ с ы н. *Болымдысы да, болымсызы да аралас,* Әртүрлі *б о л ы м д ы-б о л ы м с ы з* іспен «быртақол» жазуға машықтанып қалған лауазымды адам сұмдық ұзақ жазды («Лен. жас»).

БОЛЫМСЫЗ с ы н. **1.** *Болар-болмас, азғана, сәл-пәл.* Пәкизаттың жүзінен аңғарылған *б о л ы м с ы з* күлкі ұшқындары қызығушылықтан туып, енді қызғанышқа таман айналды (К.Оразалин, Ақ жазық). Мыналар даурыға сәлем бергенде, үйде отырған екеуінің еріндері *б о л ы м с ы з* ғана жыбыр-жыбыр етісіп, сараң сәлем алысты (М.Әуезов, Абай жолы). Әлден уақыттан кейін есік жақтан тағы да *б о л ы м с ы з* тықыр естілді (М.Иманжанов, Менің махабб.). **2.** *Мардымсыз, өнімсіз; ұсақтүйек.* Менде жоқ қажу деген, ашу деген, Тарығып *б о л ы м с ы з ғ а* жасу деген. Ісіне құртқұмырсқа ілтипатсыз, Ойымда тек сол белден асу деген (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Ақсақ ошақ, пұшық құман сияқты ұмыт қала жаздаған *б о л ы м с ы з* дүниелеріне әйелдер кезек-кезек жүгіріп жүр (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). **3.** а у ы с. *Шалағай, тындырымсыз, икемсіз. Б о л ы м с ы з д а н* үлгі шықпас, Көңілсізден күлкі шықпас (Мақал-мәтел). Баласының *б о л ы м-*

с ы з болып туғанына біздің әкей күйіп кетсе керек (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Әкел бері, маған бер! Былай көтермес болар ма, неткен *б о л ы м с ы з с ы ң* өзің! (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). – О баста бағым кемшін, талабым таппы пішілгені болмаса, *б о л ы м с ы з б ы н* деп ойлаған емен (К.Сегізбаев, Беласқан).

Болымсыз етістік. л и н г в. *Іс-әрекеттің болмағанын я болмайтынын білдіретін етістік*. Қазақ тілінде *б о л ы м с ы з е т і с т і к* екі түрде жасалады: 1) синтетикалық; 2) аналитикалық жолмен (Қазіргі қаз. тілі).

Болымсыз сөйлем. л и н г в. *Объективті болмыстың, ойдың, іс-әрекеттің болмайтынын, орындалмағанын хабарлайтын сөйлем. Б о л ы м с ы з с ө й л е м* болымды сөйлем негізінде жасалады, бірақ оған қарама-қарсы мағынаны білдіреді (Ғ.Қалиев, Тіл білімі термин.).

БОЛЫМСЫЗДЫҚ з а т. **1.** *Болымсыз болушылық, шалағайлық, тындырымсыздық*. Баласының *б о л ы м с ы з д ы ғ ы н а* әкесі күйіп кетсе керек («Жұлдыз»). **2.** л и н г в. *Сөйлемде айтылатын кейбір құбылыстардың арасындағы байланыстың жоқ екендігін көрсететін сөйлем мағынасының элементтері арқылы берілетін грамматикалық категория. Б о л ы м с ы з д ы қ* сөйлемдегі тұжырымдардың біріне немесе сөйлемге толығымен қатысты болады (Тіл білімі сөздігі). *Б о л ы м с ы з д ы қ* қазақ тілінде «жоқ», «емес» сөздері арқылы, *б о л ы м с ы з д ы қ* етістіктері және -ма, -ме қосымшалары арқылы беріледі (Ғ.Қалиев, Тіл білімі термин.).

Болымсыздық есімдігі. л и н г в. *«Еш» сөзімен кейбір есімдіктердің бірігуі арқылы жасалған, болымсыздық мағынаны білдіретін есімдіктер. Б о л ы м с ы з д ы қ е с і м д і г і* сөйлемде болымсыздық мағына білдіретін емес, жоқ деген сөздермен және етістіктің болымсыз түрімен байланысты қолданылады (ешкім айтқан емес; ешкім айтқан жоқ; ешкім айтпады) (Қазіргі қаз. тілі).

БОЛЫМШЫ с ы н. с ө й л. ***Болмашы***. Ағымдағы *б о л ы м ш ы* істер жайлы емес, шаруашылықтағы күрделі процестер жайында әңгіме қозғамақ («Мәдениет және тұрмыс»).

БОЛЫН= е т. с ө й л. *Біту, жасалыну*. Ат жегіліп *б о л ы н ғ а н,* Киім-кешек салынған, Тоқтамайық мін деді (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Сандыбайды азаптаған ыстық шай ақыры ішіліп *б о л ы н д ы,* Әжімгерей екі қолын жайып ас қайырды (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

БОЛЫҢ = е т. к ө н е. ж е р г. *Бұйрық мәніндегі бол етістігінің көне формасы*. Жалт етіп көрінгендей алтын Қыран, Дүние қызыл түлкі асқан қырдан, Жалғанның жылыстаған жылы сондай, Әлеумет аз да болса *б о л ы ң* риза (Абыл ақын // XIX ғ. қаз. поэз.).

БОЛЫП-ТОЛ= е т. *Кемеліне келіп, тасы өрге домалау, гүлдену, дәуірлеу*. Намысшыл, ызақор, ашушаң шал ел ішінде қайдағы бағы өрлеп, *б о л ы п-т о л ы п* тұрған кісілермен ұстасатын (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Біздей төмен етекті әйел емес. Күнінде *б о л ы п-т о л ғ а н*. Күйеуі өлгеннен кейін бір ауылды билеп-төстеп, еркек орнына жүрген әйел (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

БОЛЫС[1] [ор. волость] з а т. т а р. **1.** *Патшалық Ресей қол астындағы Қазақстанның аумақтық әкімшілік бөлігі*. Бас пен аяқ киім үлгілері әр елдің, әр *б о л ы с т ы ң* адамдарын танытады (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Мұжыққа қала салуға Усткамен уезі Воложин *б о л ы с ы,* үшінші старшында 16 мың десятина жер алып, неше ауылды қыстауынан көшіріп, неше үйдің арық, егін жайын алып еді (Ә.Бөкейханов, Шығ.). Тобықтының дуаны да өзгерді: Тобықты бұрын бір ғана старшын еді. Тобықты енді үш *б о л ы с* ел боп бөлінетін көрінеді (М.Әуезов, Абай жолы). **2.** *Бір болыс елдің әкімі, басқарушысы*. Сол күнде Керекуді қылған қоныс, Дәм татқан дәулетінен ноғай, орыс. Байлықпен, оқып білген білімімен, Сайланып он сегізде болды *б о л ы с* (Ә.Найманбаев, Шығ.). Жасты шіріткен шалы тұр, Бір борандық малы тұр. Аузын ашып, әкел деп, *Б о л ы с*, билер тағы тұр (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Өзінің тұстасы Бөжейлермен алысқаны бір сәрі. Енді *б о л ы с* болдым деп Жігітектің жас-желеңімен, бала-шағасымен алысатын болса, ол бойға лайық емес (М.Әуезов, Абай жолы).

БОЛЫС[2]: **болыс үй.** ж е р г. э т н. *Ұзататын қызға арналған кеш*. Ілгері кезде қарындасын я жиенін ұзатқанда, мен қарындасымның *б о л ы с ц й і н* аламын деп жататын (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). *Б о л ы с ц й* жасаушы бір кеш тамаша жасап береді (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БОЛЫС= е т. **1.** *Біреуге қол ұшын беру, жәрдемдесу, көмектесу*. Мен де талай Қиындыққа тоғысқам, Менің де әкем қаза тапқан соғыста, Қолда барды аяп қалар жерім жоқ, Өзіме де бүкіл дүние *б о л ы с қ а н* (К.Салықов, Жезкиік). Сын сағат, қауіп-қатер төнген елге, *Б о л ы с т ы қ,* ескі досым, сен де, мен де. ...Со бір жылдар бізді де ширатыпты-ау Әзіл-қалжың айтуға жеңгелерге... (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** *Біреудің сөзін сөйлеп, қошеметтесу, жақтау, қолдау, қуаттау*. Алдыңа келсе жүгініс, Қарамай қара, ағына, Адалды сатып параға, *Б о л ы с т ы ң* арам жағына (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Оспанның шатақ іздеп

тұрғанын таныған Абай енді оны сүйреген жоқ, бірақ қатты ыза боп, Смағұлға *б о л ы с ы п* кеп: – Шығар шапшаң құлжаны! Көрсет қолыңды! – деп тұрып Оспанның құлағынан алып, аямастан жұлқып бұрай бастады (М.Әуезов, Абай жолы). Сөйтсе де өткен сайлаудағы Байжанның Нұрпейіске *б о л ы с ы п*, өзін құр тастағанын ойлап, Сәрсенбай құдалық себебімен келесі сайлауда би болмаспын ба екен деген ойға кіріп, өзін билікке таластырған достарына ақылдасты (М.Дулатов, Шығ.).

БОЛЫСЕКЕ з а т. э к с п р. *Болысты құрметтеу, ізет білдіру нышанымен айтылатын атауыш.* Жасырсаң да белгілі. Құдай біледі, осы малдың жартысы *б о л ы с е к е ң д і к і* шығар (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

БОЛЫСКЕЙ [ор. польский] с ы н. *Жарқыраған ақ никельді, ақ никель жалатқан; берік, мықты.* Кең дастарқанның шетінде, аласа дөңгелек столдың үстінде *б о л ы с к е й* самауыр быжылдап тұр (М.Қаратаев, Далада.). Шыбықтары жалтыраған *б о л ы с к е й* кереуеттің үстіндегі умаждалып шашылып қалған көрпе-төсектің кілең ала шәйі жібектен тігілген қымбат бұйымдар екенін енді аңғарды (О.Сәрсенбаев, Бақыт құсы). Барымен базар қылып той тойлаған, Уа, пәлі! Айхай, заман; ойхой, заман! Жерошақ... Тай қазанда ет асылып, *Б о л ы с к е й* самауырда шәй қайнаған (М.Мақатаев, Шығ.).

БОЛЫСҚЫШ с ы н. *Жәрдемдескіш, көмектескіш, қол ұшын бергіш.* Ернұр – анасына ең *б о л ы с қ ы ш* бала (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Сізді адайларға *б о л ы с қ ы ш* деседі (Б.Аманшин, Көкжар).

БОЛЫССЫМАҚ з а т. э к с п р. ж а ғ ы м с ы з. *Болыс болғансыған адам.*

БОЛЫСТАС з а т. т а р. *Бір болыс елге қарайтын, жерлес.* Қазалы оязының қазағымын Қарасты Қармақшыға бір *б о л ы с т а с* (Айтыс).

БОЛЫСТАТ= е т. с ө й л. *Бір болыс елді аралау, шарлау, ұзақ қыдыру.* Жартайдың *б о л ы с т а т ы п* көбірек жүргені рас. Оның өз пайдасы, өз мақсаты бар. Күні-түні ат үстінен түспеуі сол (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

БОЛЫСТАТУ *Болыстат етістігінің қимыл атауы.*

БОЛЫСТЫҚ[1] з а т. *Болысушылық, ара түсушілік, жәрдемдесушілік, көмек, жәрдем.*

Болыстық жасады [қылды]. *Жәрдемдесті, көмек жасады.*– Айып етпе, көңіл көтерсін деп өзіңе *б о л ы с т ы қ ж а с а ғ а н ы м* ғой, – деп, езуін жия күлді (С.Шаймерденов, Болашақ.). Кісіге біліміне қарай *б о л ы с т ы қ қ ы л:* татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады (Абай, Тол. жин.).

БОЛЫСТЫҚ[2] з а т. *Болыс болушылық, әкімшілік.* Әке баладан, аға іниден, туған туыс қаннан айырылып, бірі атқа, бірі асқа сатылып сандалады. Өстіп жұрт бүлініп іздегендегісі не? *Б о л ы с т ы қ*, билік, ауылнайлық, елубасылық («Қазақ»). Жалғыз-ақ жаңағы сөзіңіз маған айтылса, мен өзім *б о л ы с т ы қ*, ұлықтықтан бас тартам. Мезіретім емес. Әрі ағалық жолы бар, ебі де бар, ұсынған орныңызға мына Тәкежан лайық (М.Әуезов, Абай жолы). Қойдың да *б о л ы с т ы қ т ы,* міндің жөнге, Тұрдыңыз қамшы-қамқор болып елге. Сайраса бұлбұл келіп ортасына, Қаз үйрек балапаны қонар көлге (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

БОЛЫСТЫҚ[3] с ы н. *Бір болыс көлеміндегі.* Бұзаубақ бір рет кеңес мүшесіне сайланып, *б о л ы с т ы қ* кеңес съезіне де барып келді (Б.Майлин, Шығ.). Сарыбаланы Ақмола қайта шақырып алып, өз еліне *б о л ы с т ы қ* милицияның бастығы етіп жіберді (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

БОЛЫСУ *Болыс етістігінің қимыл атауы; көмектесу, жәрдемдесу.* Нұрәлі үйінің отынсуына *б о л ы с у д ы* мен-дағы өзіме ар санамаймын (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.) Жұрт құған жалғыз қазды екі жылдай, *Б о л ы с у ғ а* қазды ұстап, ханға балдай. Күн-түні кәрі-жаста бір тыным жоқ, Үйде адам, үйірде ат, айғыр қалмай (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

БОЛЫСУШЫ з а т. *Жәрдемдесуші, көмекші.* Ісі теріс адамға тиісті тойтарыс бермей, оған *б о л ы с у ш ы* болғанына жәбірленіп қалды («Халық мұғ.»).

БОЛЫСУШЫЛЫҚ з а т. *Жәрдемдесушілік, көмектесушілік.* Әрбір қауырт жұмысқа *б о л ы с у ш ы л ы қ* керек емес пе («Қазақст. мект.»).

БОЛЫСШЫЛ с ы н. э к с п р. *Болысты жақтағыш; болыс болуды ұнатқыш.* «Жаманның *б о л ы с ш ы л ы н* қарашы!» – деп келеді енді Жұмабек те Мұқажанды табалап, мұқатқандай (Б.Тілегенов, Ақ қайнар).

БОЛЬШЕВИЗМ ор. з а т. с о в. с а я с и. *Ресейдегі пролетариаттың революциялық қозғалысындағы теориясы мен тактикасын белгілейтін лениндік ілім, ленинизм. Б о л ь ш е в и з м* халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ең революцияшыл, дәйекті маркстік бағыт болды («Соц. Қаз.»).

БОЛЬШЕВИК ор. з а т. с о в. т а р. *Большевизм жолын ұстаушы, соны жақтаушы, коммунист.* Демек, *б о л ь ш е в и к т е р д і ң* пайымдаулары нағыз өмірдің өз көрінісінен туындамайды, «таптық сұраныстардан» туындайды (М.Шоқай, Таңд.). Бастағы «бағалының»

базары айнып, Бақсының секілденді құр қобызы. *Б о л ь ш е в и к* бастап алға еңбекшіні, Жаһанға жария болды білім тұзы (О.Шораяқов, Шайыр). Аралап Алматыны аз күн жатып, Тәртіптеп *б о л ь ш е в и к т і ң* жолын айтып, Қаратып патшалардың суреттерін, Ту тігіп орақ-балға жалтылдатып. Басқарып барлық жағын байқап өзі Кетіпті Сарыарқаға шеру тартып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

БОЛЬШЕВИКТЕН= е т. с о в. *Большевиктік жолға түсу, большевизмге берілу.* Советтер мен солдат комитеттерінің ерекше тез *б о л ь ш е в и к т е н г е н* кезеңі басталды («Соц. Қаз.»).

БОЛЬШЕВИКТЕНДІР= е т. с о в. *Большевик ету, большевизм жолына түсіру.* Пролетариат жазушыларының қозғалысын *б о л ь ш е в и к т е н д і р і п,* жазушылар ұйымында жұмыскер жазушыларын ұлғайту керек (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

БОЛЬШЕВИКТЕНДІРУ с о в. *Большевиктендір етістігінің қимыл атауы.* Сөздің қысқасы, ол Қазақстан басшылығын *б о л ь ш е в и к т е н д і р у г е* мықтап бет алған сияқты (С.Мұқанов, Есею жыл.). Ұзақ сонар ресмияттардан кейін партия қатарын *б о л ь ш е в и к т е н д і р у д і* жалғастыра беруге және оны «өзін-өзі сынау» жолымен жүзеге асыруға шақырылды (М.Шоқай, Таңд.).

БОЛЬШЕВИКТЕНУ с о в. *Большевиктен етістігінің қимыл атауы.*

БОЛЬШЕВИКТІК с ы н. с о в. *Большевикке тән, большевикке қатысты.* Конференция батыл және принципті *б о л ь ш е в и к т і к* сын, өзара сын үстінде өтті («Соц. Қаз.»). *Б о л ь ш е в и к т і к* серт айтып, Көп үшін болған құрбансың. Қызыл туды көтеріп, Үлкен майданда талай тұрғансың (Пернедегі терме.).

БОЛЬШЕВИКШЕ үс т. с о в. *Большевик тәрізденіп, большевикке ұқсап.* Үлкен кемшіліктерді батыл әшкерелеп, *б о л ь ш е в и к ш е* қорытынды жасауға тиіспіз (Т.Ахтанов, Дала сыры). – Дұрыс! Сонда ғана біз шын колхоз құра аламыз! Сонда ғана біз *б о л ь ш е в и к ш е* істеген боламыз (Б.Майлин, Шығ.).

БОМАЗИ з а т. *Жұмсақ, тұкті кездеме.* Шамамен жас баланың 10–15 жұқа жаялығы, 10 *б о м а з и* жаялығы болғаны дұрыс (Келіншектер.).

БОМБА [франц. bombe] з а т. ә с к. *Іші оқ-дәрімен толтырылған жарылғыш, тұтанғыш снаряд.* Жарылған *б о м б а л а р д ы ң* сарыны күннің күркірегеніндей гүрілдей естіледі (Б.Момышұлы, Москва.). Ішекті суырғандай зуылдап келіп, жол табанынан елу метрдей жерде *б о м б а* жарылды (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Софья соборына түскен жау *б о м б а с ы* төбесін тесіп, ішін біраз бүлдірген екен (С.Мұқанов, Саяхат.).

Бомба болып жарылды. б е й н. *Ашуын ұстамады, ызасын сыртқа білдірді.* Жаным қалай күймесін, Жөнсіздікке тарынам: Қитығыма тисе кім, *Б о м б а б о л ы п ж а р ы л а м* (Ш.Әлдибекұлы, Тағы бір тың атты).

БОМБАДАЙ с ы н. *Бомба сияқты, бомба тәрізді.* Көктен түскен *б о м б а д а й,* Қыран түсер құйылып. Шойын басты балғадай, Бел соғары түйіліп (Қ.Әбдіқадыров, Таңд. өлең.).

БОМБАЛА= е т. *Бомба тастау арқылы әуе шабуылын жүргізу.* Немістер барлық күшін жинап, тың ата самолетпен бізді бес рет *б о м б а л а д ы* (Б.Момышұлы, Жауынгер.). Жаңағы самолеттер тоғайды тінте *б о м б а л а д ы* (М.Ғабдуллин, Ел намысы.). Әне ол Бүгін тағы *б о м б а л а д ы,* Ана Жердің ақ төсі қолдырады. Отты өртпен сөндіріп кекті халық, Отты өртке еріксіз қондырады (М.Мақатаев, Шығ.).

БОМБАЛАТ= е т. *Бомба тастату.* Тұяғымен танкінің, Күлге айналдыр мылжалап! Жыланға көз аштырмай, Төбесінен *б о м б а л а т!* (Жамбыл, Шығ.).

БОМБАЛАТУ *Бомбалат егістігінің қимыл атауы.* ≈ Ұшақтарға *б о м б а л а т у.*

БОМБАЛАУ *Бомбала етістігінің қимыл атауы.* Олар артиллерия ойнағын тоқтатып, *б о м б а л а у д ы* бастады, оның соңынан танктерін айдап салды (Б.Момышұлы, Москва.). Әуеден *б о м б а л а у* тұңғыш рет 1911–12 жылдары италян-түрік соғысында жүзеге асырылған (Қаз. тілі термин. Әскери.).

БОМБАЛАУШЫ: **бомбалаушы авиация**. ә с к. *Жаудың құрлықтағы я теңіздегі нысандарына бомба және зымыран тастауға арналған ұшақтардан тұратын әуе әскері. Б о м б а л а у ш ы а в и а ц и я* кейде барлау жүргізуге де қабылданады (ҚҰЭ). *Б о м б а л а у ш ы а в и а ц и я* алысқа ұшатын және майдандық (тактикалық) болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Бомбалаушы ұшақ. ә с к. *Бомбалаушы авиацияның бірлігі, әскери ұшақ.*

БОМБАЛАУШЫЛЫҚ з а т. *Бомба тастаушылық.* Бейбіт елді мекендерді *б о м б а л а у ш ы л ы қ* – американ агрессорларына тән ауыр қылмыс («Соц. Қаз.»).

БОМБАЛЫ с ы н. *Бомбамен қаруланған, бомбасы бар.* Жаудырар оқ, *Б о м б а л ы* топ, Найзағай шоқ, Аспанмен де, Теңізбен де, Жермен де (С.Сейфуллин, Өлең.).

БОМБАПАНА з а т. ә с к. *Авиациялық бомбалардың соққы беру, жарықшақты, фугасты іс-әрекеттерінен қорғанатын таса, арнаулы орын.* Олар ұшып келген кездерде әлі бар солдаттар *б о м б а п а н а ғ а* қашып тығылады

(Х.Рахимов, Полк туы). *Б о м б а п а н а* төбесі мен қабырғалары мықты тұрған үйлер мен қоғамдық ғимараттардың астынан жабдықталады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

БОМБАРДА [франц. bombarde] з а т. ә с к. к ө н е. **1.** *XIV–XVII ғасырларда қолданылған тас бытырамен ататын зеңбірек.* **2.** *Бомба лақтыратын қысқа мойынды зеңбірегі бар, қос діңгекті көлік кемесі.*

БОМБАІЗДЕУІШ з а т. ә с к. *Корпустары ферромагнитті материалдан жасалған, снарядтар мен авиациялық бомбаларды іздеуге арналған магнистометрлік аспап. Б о м б а і з д е у і ш т і ң* негізгі элементтеріне үдеу құрылғылары күшейткіш гольвонометр басқару пульті, ток көздері, кабель мен катушка жатады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

БОМБАРДИРОВЩИК ор. з а т. ә с к. ***Бомбалаушы ұшақ.*** Жау *б о м б а р д и р о в щ и к т е р і* қара құрым болып Днепр үстін жиі-жиі торып жүрді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Қайтқан қаздай тізіліп, ауыр қалықтап, аспан биігінде шығысқа қарай түнгі *б о м б а р д и р о в щ и к т е р* кетіп барады (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Жаңа әзірде ғана таза көк аспанның лезде құты қашып, бозарып сала берді де, бір емес, аспанның бірнеше жерімен қымқиғаш ұшып бара жатқан үлкенді-кішілі *б о м б а р д и р о в щ и к т е р* шыға келді (Ә.Тарази, Құйрықты.).

БОМБАША ү с т. *Бомбаға ұқсап, бомба секілденіп.* Мінеки, тағы бір ұран *б о м б а ш а* тыңнан жарылды: Жаңғырды қатты дейді ұран «Жаңарту керек ауылды»! (Партия тур. өлең д.).

БОМБОВОЗ ор. з а т. с ө й л. *Бомба таситын ұшақ.* Ылғи *б о м б о в о з д а р* өлім шашып, біз тұрған алғы шептің астын-үстіне келтірді (Ж.Молдағалиев, Торғай.). *Б о м б о в о з д а р* аспанда, Күркіреп күндей бұрқанды (Т.Жароков, Шығ. жин.).

БОМБЫ з а т. с ө й л. ***Бомба***. Темекісіз күн бар ма, *Б о м б ы д а н б о м б ы* жауғанда (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). Ыңырси ызылдап келе жатқан майда *б о м б ы л а р* (Б.Момышұлы, Офицер.).

БОМБЫЛА= е т. с ө й л. ***Бомбала***. Бүгін ертеңгісін немістердің екі самолеті жүріп келе жатқан поезды *б о м б ы л а д ы* (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). ...Тағы да қаланы Жатыр жау *б о м б ы л а п*. Теңселіп барады... Барады жер құлап?! (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

БОМБЫЛАТ= е т. с ө й л. ***Бомбалат***. Римді *б о м б ы л а т т ы* деп президент пен министрлікке қарсы айыптау актысын тапсырды (К.Маркс, Ф.Энгельс, Шығ.).

БОМБЫЛАУ *Бомбала етістігінің қимыл атауы.* Естіген жоқсың ба? Тағы да соғыс! – Соғыс емес, *б о м б ы л а у*, – деді Жомарт («Қаз. әдеб.»).

БОНА[1] [лат. bonus] з а т. э к о н. *Түрлі елдердің қазынашылығы, муниципалдық органдары, жеке фирмалары шығаратын және олардың иелері сатып алу мен төлем құралдары ретінде пайдаланатын борышқорлық міндеттемелер. Б о н а* термині төлемдік сұраным күшінен айырылған (қолданудан шығып қалған) және коллекция затына айналған қағаз ақшаға да қолданылады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

БОНА[2] з а т. ә с к. *Сұсті қайықтардан, сыңғуір қайықтардан, жүзбелі миналардан, флоттық тұрақ орнын қорғауға арналған қамал бөгеттер.*

БОНД [ағыл. bond – кепілзат, кепілдік] з а т. э к о н. *Тауарлардың кеден бажы әлі төленбеген кездегі жай-күйі.*

БОНИТЕТ [лат. bonitas – сапалық көрсеткіші] з а т. **1.** э к о л. *Табиғи қорларды бағалауға, сондай-ақ жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесін, жерді, топырақты, орманды тиімді пайдаланудың салыстырмалы сипаттамасын бағалауға қолданылатын шартты көрсеткіш. Б о н и т е т* табиғат қорларының нақтылы жеке түрлерін есепке алу тұрғысында анықталады (ҚҰЭ). Орман *б о н и т е т і* – орман шаруашылығының өнім көрсеткіші (ҚҰЭ). **2.** э к о н. *Қарызгердің несиені өтеу мүмкіндіктерін бағалау. Б о н и т е т* – төлем қабілеттілігі (Қаз. тілі термин. Экономика.).

БОНИФИКАЦИЯ [франц. bonification, лат. bonus – жақсы, қайырымды] з а т. э к о н. **1.** *Жоғары сапалы тауардың шартта белгіленген бағасына қосылатын үстеме. Б о н и ф и к а ц и я* сұранымының қалыптасуына және өткізімді ынталандыруға жәрдемдеседі (Қаз. тілі термин. Экономика.). Кері *б о н и ф и к а ц и я* – жеткізілген тауардың сапасы шартта уағдаласылған сападан төмен болса, оның бағасынан шегеру (Қаз. тілі термин. Экономика.). **2.** *Шетке шығарылатын тауар салығын алып тастау. Б о н и ф и к а ц и я* экспорттау жұмысын жандандыру және тауардың әлемдік рынокта бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында қолданылады (ҚҰЭ). **3.** *Мемлекеттің банктен несие алушылардың белгілі бір тобына жеңілдік жасау мақсатына несиені субсидиялауы, яғни несиені төмен пайызбен беру. Б о н и ф и к а ц и я н ы* мемлекет тұрғынүй құрылысын жүргізуге, ауыл шаруашылық өнімдерін экспорттауға,

ауылдық жерлерді электрлендіруге несие бөлу кезінде қолданылады (ҚҰЭ). **4.** *Мемлекеттік займ облигацияларын ұстаушылардан займды конверсиялау. Б о н и ф и к а ц и я* – облигацияны басқа құнды қағазға айырбастау кезінде ақшалай алым алынады (ҚҰЭ).

БОНИСТИКА [франц. bonistique] з а т. э к о н. *Қағаз ақша белгілері мен боналарды тарихи құжаттар ретінде зерделейтін пән. Б о н и с т и к а* нумизматикамен тығыз байланысты (Қаз. тілі термин. Экономика.).

БОНУС [лат. bonus] з а т. э к о н. **1.** *Сатушы мәміле немесе жеке келісім талаптарына сәйкес сатып алушыға беретін қосымша сыйақы. Б о н у с* әдетте, мәміленің (шарттың) жалпы санасының немесе басқа көрсеткіштің пайызы түрінде белгіленеді (Қаз. тілі термин. Экономика.). **2.** *Жер қойнауын пайдалануының тіркелген төлемдері. Б о н у с* жер қойнауын пайдалануға жасалған келісімшартта белгіленген мөлшерде және тәртіппен ақшалай нысанда төленеді (Қаз. тілі термин. Экономика.). **3.** *Жасалған келісімшартқа сәйкес сатушының өзінің тұрақты сатып алушысы келісілген тауар мөлшерін уақытында түгел алған жағдайда оған ұсынатын баға жеңілдігі.*

БОП= е т. с ө й л. *Болып етістігінің ықшамдалған түрі.* Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма? Шымылдық *б о п*, көрсетпес шынның жүзін (Абай, Тол. жин.). Одақтас *б о п* бөліндік, Отау тіктік енші алып, Өз алдына үй болып, Күн шығыстан жай салып (Жамбыл, Шығ.).

БОПА з а т. ж е р г. ***Бопе***. ≈ *Б о п а м* қайда?

БОПАЙ[1] з а т. *Жылқының тезегі.* Жылқының *б о п а й ы н*, құмалағын ұстап көргенде арасына жел жүгірген, кейбір өзінен-өзі сынып түрсе аттың көкке тойынғаны («Жаршы»).

БОПАЙ[2] с ы н. ж е р г. *Бос, болбыр.* Ботай да бір *б о п а й* бала екен (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БОПАЛАҚ с ы н. с ө й л. *Бір нәрсеге икемі жоқ, оралымсыз, икемсіз, орашолақ.* Ашулы атты адам таянғаннан-ақ бақыра бастаған *б о п а л а қ* Ерметай сүт пісіргенге дейін өксігін баса алмады (Ә.Көшімов, Қарт аңшы).

БОПАЛАМДАН= е т. *Араласып кету, қосылып кету.* Шапқыншылықта түріктен Болгарияға, одан түрікке *б о п а л а м д а н ы п* кеткен елдерге төрт жыл ішінде өз жеріне қайтып, сүйген патшасына бағынуға ықтияр қойған («Айқап»).

БОПАЛАМДАНУ с ө й л. *Бопаламдан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Елдердің *б о п а л а м д а н у ы.*

БОПАУ с ы н. *Болбыр, бос, болжыраған.* Кейбіреулер ұшып-қонған дегбірсіз, ашуланшақ, тағы біреулері *б о п а у,* жалқау болады («Халық мұғ.»). Патшада бар арғымақ, Алтын түрман зер мүлік, Май тойында шаба алмас, Майқарын, *б о п а у,* қан жілік (І.Жансүгіров, Шығ.). Ала қап, боз қап, ақ қанар, Кең қарын, *Б о п а у* жолақ бар (Қ.Дәрібаев, Серт).

БОПИКЕ з а т. ж е р г. *Көйлекке тағатын шыны көз, танакөз (түйме).* Шырағым-ау, көйлегіңнің тамағындағы *б о п и к е с і* түсіп қалыпты ғой! (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БОПСА[1] з а т. **1.** *Сес, қоқан-лоқы, байбалам.* Арбакеш бір сәтте осыны пайдаланып, оңай олжаға кенелу үшін өзіне иықтап *б о п с а* көрсеткендерге қоқан-лоқы жасауы да ықтимал (К.Тоқаев, Тасқын). **2.** ж а ғ ы м д ы. *Өзінің артықшылықтарын қарсыласы алдында паш ету арқылы көрінетін психологиялық дайындық.* Сыр мінез төселген ақындар осы *б о п с а н ы ң* неше алуанын қолданады. Біржанның Сараны көрмес бұрын сыртынан ән шырқауы да сол *б о п с а* (М.Әуезов, Әр жыл.). **3.** қ о ғ.-с а я с и. <франц. chantage> *Зорлық жасау мақсатында абыройын төгетін мәліметтер әшкереленіп, жария етіледі деу арқылы қандай да бір әрекетке мәжбүрлеу үдерісі.* Осы өрескел күш көрсетудің қауіпті сипаты барынша айқын. Сол арқылы Пентагон «советтік әскери қатер» деген лақаптармен бүркемелеп, Европадағы агрессиялық жоспарларын да, Вашингтонға саясаты жағымсыз елдерге *б о п с а с ы н* да көрсеткісі келеді («Соц. Қаз.»).

Батыр [ер] болсаң бопсаға шыда! *Ер болсаң, сырттай жасалған сеске шыда, қандай қиындық (бәле-жала) болса да төзіп бақ деген мағынада. «Б а т ы р б о л с а ң б о п с а ғ а ш ы д а»* дегендей... Ерліктің, ептің үлкені боспаға шыдау екеніне көзіміз жетті (М.Әуезов, Шығ.). – *Е р б о л с а ң, б о п с а ғ а ш ы д а,* – деген ғой. Немістің талай қоқан-лоқысын көргенбіз. Көп болса соның бірі шығар (С.Сейітов, Сөз сұра.).

БОПСА[2] з а т. к ө н е. *Әскерді аттанысқа шақыратын керней.*

БОПСА[3]: **бопсасы бос**. *Көңілшек, тез көнгіш, жігерсіз.*

БОПСАЛА= е т. *Қоқан-лоқылап, сес көрсету.* «Ұрыны ұстап тұрған алып кел» деп, *б о п с а л а п* батыраштар шал атанды (І.Жансүгіров, Шығ. жин.). Тінтуден нәтиже шықпады, *б о п с а л а п*, қорқытып сұрап еді, «мектептен шығып, жол-жөнекей кластас жолдасым Генаның үйіне кірдім», – дегеннен басқа тіс жарып ештеңе айтпады (С.Сейдеханов, Түркістан.). Сөйтіп, ондағы аз күнгі мүмкіндікті пайдаланып, «мені тергеу басқармасының қыз-

меткерлері *б о п с а л а д ы*» деп қарсы арыз жазып үлгереді («Егемен Қазақстан»).

БОПСАЛАН= е т. *Қоқан-лоқы көрсету, сескендіру*. Дүние өртеніп бара жатса да парық қылмайтын Қожа тек соңғы жылдарда ғана шілдің қиындай пышырап, *б о п с а л а н а* бастаған («Лен. жас»).

БОПСАЛАНУ *Бопсалан етістігінің қимыл атауы*.

БОПСАЛАУ *Бопсала етістігінің қимыл атауы*. Газет трибунасынан Ысқақов сияқты редакторлардың *б о п с а л а у ы н а* жол берілмейді (С.Төлешов, Түрлі бас.). Құр *б о п с а л а у ғ а* ол көне қоймас (Б.Момышұлы, Москва.). Алақандай бір ауылда отырған бесон үй болса, аңдитыны өсек, бірін-бірі тобықтан қағу, бірін-бірі *б о п с а л а у*, бірін-бірі құрту (А.Нұрманов, Құлан.).

БОПСАЛАУШЫ з а т. з а ң. *Қоқан-лоқы, сес көрсетуші; зорлық көрсете отырып, бөгде біреудің мүлкін иленуші. Б о п с а л а у ш ы* топ ірі мөлшерде мүлкін иеленуді мақсат етіп, жәбірленушінің денсаулығына зиян келтіретіндей ауыр зардап шектірсе және осындай заңға қанша әрекет үшін бұрын бірнеше рет сотталған адам бопсаласа, онда оның мүлкі тәркіленіп, 7 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады (ҚҰЭ).

БОПСАЛАУШЫЛЫҚ з а т. з а ң. *Зорлық көрсету, мүлікті жойып жіберу не бүлдіріп тастау, сондай-ақ жәбірленуші, оның туыстарын масқаралайтын, олардың мүдделеріне нұқсан келтіретін мәліметтерді тарату, жариялау қаупін төндіре отырып, бөгде біреудің мүлкін немесе мүлікті иелену құқын беруін мүліктік сипаттағы басқалай іс-әрекеттер жасауын талап ету. Б о п с а л а у ш ы л ы қ - т ы* топ адам алдын ала келісіп, зорлық-зомбылық көрсету арқылы бірнеше мәрте жасаса, онда кінәлілердің мүлкі тәркіленеді немесе 3 жылдан 5 жылға дейін бас бостандықтарынан айырылады (ҚҰЭ).

БОПСАЛЫҚ з а т. *Күш көрсетушілік, қоқан-лоқылық*. Сыпайылық, қызылкеңірдектік, ділмарлық, *б о п с а л ы қ*, уәдегейлік мінез-құлыққа тірелді («Қаз. әдеб.»).

БОПСАСЫЗ с ы н. *Жігерсіз, көңілшек*. Кісінің шекесінен шықса, оның батыр болғаны, ал табанынан көрінсе, *б о п с а с ы з* қорқақ болғаны, екінің бірі екен (Д.Досжанов, Жібек.).

БОПСАШЫЛ с ы н. *Қоқан-лоқышыл, сес көрсеткіш*. М.Бақтыгереевтің орындауында Уәли өркөкірек, өктем, *б о п с а ш ы л*, ұр да жықтау болып қабылданады («Қаз. әдеб.»).

БОПТЫ м о д. с ө й л. *Жарайды, мақұл, келістік. Б о п т ы*, ертең ерте вокзалда болайын («Жетісу»).

БОПЫЛЫҚ з а т. к ө н е. *Жарлық*. Байжановтар мен оның ауылдастары туралы тексерілу тоқтады. Жазықты Байжанов болған себепті оны іздеу жайында *б о п ы л ы қ* шашылды (А.Жұбанов, Замана.).

Бопылық болды. *Мәлім болды, жарияланды*. Шежіре жаздым алыстан Хат білгендер білсін деп, Білмегендер көрсін деп. Тізіп айтқан кеңесім *Б о п ы л ы қ б о л ы п* жүрсін деп. Азамат басы құралып Мәжіліске кірсін деп (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

БОПЫМ о д. с а я т. *Құсбегінің қыран құсты шақырғанда қолданатын сөзі*. Сәл жүрген соң атының басын бұрып, көлденеңдей тұрды да, жемдорбадан қойдың асық жілігін алды. Оны басына көтере бұлғақтата көрсетіп, құсын шақырды. – А-е-ей, к-ә-әл *б о п ы м*, кәл, кәл! («Қаз. әдеб.»).

БОПЫР з а т. *Шашылып жатқан малдың көң-қоқыры, қоқыр-соқыр*. Үш балапаны үшін жан ұшырған ана халқы босып, қаңырап қалған қыстаулардың *б о п ы р ы н* аңша үңгіп қазып, ішіне балаларын жатқызды да, денесін аузына қақпақ қалқан етті (Ө.Қанахин, Дәмелі). Сол түні Зәли де, Қарашаш та ұйықтаған жоқ. Шашау шыққан малдарды қораға қайта қамап, таң атқанша *б о п ы р д ы* айнала жүрген (А.Мекебаев, Жезтырнақ). Ат қораның іші *б о п ы р* болып кетіпті (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Бопыр қора. ж е р г. *Отын қоятын немесе қыста малды күн шуаққа қоятын төбесі ашық қора*. Олардың көзіне түспей, *б о п ы р қ о р а н ы* тасалап, дүкенге шаптым (Н.Сералиев, Ыстық күлше). Ол кезде шалғайдағы колхозды ауылда бір жақ қабырғасы *б о п ы р қ о р а л а р м е н* жапсарласып жататын бәкене тамдар көп болатын (Саржайлау).

БОПЫРА= е т. ж е р г. ***Қобырау*** *(бейберекет жайылу; шашылу)*. Оның маңдайынан екі бөліп таралған жылтыр шашының желкесіне өре түйілген бұрымы *б о п ы р а п* тарқаған, беті қалсыз сұп-сұр... (Б.Момышұлы, Москва.). Дәл қазір бір өзі Пістедегі «құрсайдың» жолында *б о п ы р а п* жатқан борпылдақ жолды басып келе жатқанындай («Лен. жас»).

БОПЫРАУ *Бопыра етістігінің қимыл атауы*. ≈ Шаңның *б о п ы р а у ы*.

БОР [лат. borax] з а т. **1.** х и м. *Табиғатта қосылыстар құрамында ғана кездесетін химиялық элемент, жұмсақ ақ топырақ. Б о р* және оның қосылыстары диэлектриктер мен шала өткізгіш заттар ретінде және ядролық реакторларда, медициналық препараттар, полимерлер алуға қолданылады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Б о р* цемент, әйнек, резеңке жасау және т.б. салаларында қолданылады

(Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Б о р* жаратылыста оттекті қосылыстар түрінде кездеседі (Химия). **2.** с ө й л. *Үйді ақтау үшін қолданылатын әктас.* Колхоз орталығынан сұрап алған *б о р м е н* Ажар үйінің іші-сыртын майлапты (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). **3.** *Мектептерде т.б. білім беретін орындарда тақтаға жазу үшін қолданылатын жұққыш тас.* Қара тақтаға *б о р м е н* ірі жазылған осы әріптерге ой көзімен қарасаңыз, әрқайсысы ғажап сыр шертеді (С.Омаров, Әңгім.). **4.** а у ы с. *Жасық, осал, бос.* Күн кейпінде тағы сор, Алдым тағы қара нор. Жарқын жүзді жақсы жоқ, Асылымның бәрі *б о р.* Халқым қайтіп күн көрер! (М.Әуезов, Еңлік-Кебек). Аға – *б о р,* іні – тас (Мақалмәтел). Тоқсан, сен тамам жастың зоры екенсің, Сүйегің қартайған соң *б о р* екенсің, Тоқтының баласына әлің келмей, Балаңның баласына қор екенсің (Шал ақын, Өлеңд.).

Бор болды. *Көңілі босады, егілді, жасыды.* Көп тілегін құдай құп көрсін, құлыным! Босап, *б о р б о л а т ы н* дәнеме жоқ (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Ақбала қанша қатайса да, көзіне жас кеп қалды. Онсыз да көңілі босап отырған Рай тіпті *б о р б о п* егіліп кетті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Әншейінде қандай ауыр қаза үстінде де көзіне жас алмай, құп-қу боп танауы қусырыла түсетін кісі осы қазір өзін-өзі тоқтата алмай, жүйке-жүйкесі *б о р б о п* егіліп бара жатты (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Бор жүйесі. г е о л. *Мезозой қабатының ең жоғары жүйесі. Б о р ж ү й е с і* төменгі және жоғары бор бөлімдерінен тұрады (Қаз. тілі термин. Геология).

Бор кезеңі. г е о л. *Мезозой дәуірінің жалпы ұзақтылығы шамамен 79 миллион жылмен өлшенетін ең соңғы (үшінші) кезеңі. Б о р к е з е ң і* бұдан 144–65 млн. жылдар бұрынғы уақыт аралығын қамтыған деп есептелінеді (Қаз. тілі термин. Геология).

Бор қышқылы. *Суық суда жөнді ерімейтін кристалды ақ ұнтақ.* ≈ *Б о р қ ы ш қ ы л ы н* қосу.

Бор сылдыршөбі. ө с. <лат. silene cretacea> *Қалампыр тұқымдас, сылдыршөп туысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.* ≈ *Б о р с ы л д ы р ш ө б і н і ң* жапырағы.

Түрлі түсті бор. *Тақтаға және т.б. қатты заттарға сурет салуға арналған балалар құралы.* ≈ *Т ү р л і т ү с т і б о р м е н* сурет салу.

БОРА[1] [итал. bora, грек. boréas] з а т. *Жер бауырлай соғатын күшті жел. Б о р а* суық әрі тығыз ауаның тау жотасынан аса соғуы (ол жотаның қарсы беткейінде жылы әрі тығыздығы төмен ауа болған жағдайда) кезінде қалыптасады (Қаз. тілі термин. Су.). *Б о р а* аласа тау жоталарының жылы теңізбен шектесетін жерлерінде байқалады (ҚСЭ).

БОРА[2] з а т. ж е р г. *Астық сақтайтын жер, қамба.* Біздің астығымыз *б о р а д а* сақтаулы тұрады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БОРА[1]**=** е т. **1.** *Күшті желдің қарды, құмды, топырақты көтеріп, үйытқыта соғуы.* Аспаннан *б о р а п* қар жауса, Шұбыртар қырдан бөкенін (Базар жырау, Шығ.). Аспаннан *б о р а й* қар жауып, Ерте де болса сол күнде Есенбайға тоқталдық. Түстене қондық үйіне, Сол үйде көріп сөйлестік Жақып деген биіне (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Жапырағын күз тонаған Емендер енді жалаңаш. Жүніндей қаздың *б о р а ғ а н* Қар-жаңбыр жауған аралас (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). **2.** а у ы с. *Оқ, бомба, снаряд, тағы басқалардың жаңбырдай төгілуі, құйылуы.* Оқтардан қорқып *б о р а ғ а н,* Оттардан қорқып орағаң, Өз басын артық санаған, Соғыста жүріп, соғыста Болған жоқ, сенбе, сол адам (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Жансайдың басынан аса *б о р а ғ а н* жау оғы (І.Есенберлин, Қатерлі.). **3.** а у ы с. *Шашылып жату, қобырау.* Рамазанның көзі ақын төңірегінде *б о р а п* жатқан қағаздарға түсті (Х.Әдібаев, Таңбалы.).

БОРА[2]**=** е т. *Бөренелерді ұстастыру арқылы үй тұрғызу.* Балташылар үй *б о р а й д ы,* еден төсеп, арба, шана, жақтау, қақпақ, тіреу сияқты ірі заттарды істейді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БОРА-БОРА: **бора-бора болды.** с ө й л. ***Пора-пора болды.*** Біздің жаққа барып, *б о р а - б о р а б о л ы п* жылап едің (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БОРАҒЫТ= е т. *Үсті-үстіне борату, бұрқырату.* Жұбайға отыз қамшы соқты қатты, Құйрықтан *б о р а ғ ы т ы п* қандар ақты. Соққанда отыз қамшы сорлы Жұбай, Тұра алмай әлгі жерде бұраң қақты (Батырлар жыры).

БОРАҒЫТУ *Борағыт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Желдің *б о р а ғ ы т у ы.*

БОРАЗДА [ор. борозда] з а т. **1.** *Айдалған жердегі соқаның қопарып кеткен терең ізі.* Қап-қара мақпалдай керіліп жатқан *б о р а з д а н ы ң* ішінен өркешті нар түйедей бір нәрсе көрінді (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Жануарым сенделіп барды дағы, Серейіп құлап түсті *б о р а з д а ғ а* (М.Мақатаев, Шығ.). Кедейлер жер мен суға ие болып, Алғашқы *б о р а з д а н ы* тілген жылы. Атаның арманда өткен кегін алып, Жауыздың желкесіне мінген жылы (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Алғашқы бастама, соны жол.* Сөйтіп ғасырлар бойы

жатқан музыканың тың *б о р а з д а л а р ы* аударыла бастады (А.Жұбанов, Құрманғазы).

БОРАЗДАДАЙ с ы н. *Боразда сияқты, боразда тәрізді.* Кішкене ой тоқтатып оқып қараса, тайыз салған *б о р а з д а д а й* қалқып үстірт кетіп барады екен (Т.Ахтанов, Дала сыры).

БОРАЗДАЛА= е т. *Боразда салу, соқалау.* Суарудың ең жақсы әдісі – *б о р а з д а л а п* сіңіре суару (А.Жанғалиев, Бағбан.).

БОРАЗДАЛАН= е т. *Боразда салыну, соқалану.* Енді манағыдай тау бауырындағы көк жазық тұтас жатқан жапырақ теңізге емес, таяна келе *б о р а з д а л а н ы п,* сала-сала, шоқ-шоқ бой көрсетті (Ж.Жұмаханов, Үш бәйтерек).

БОРАЗДАЛАНУ *Бораздалан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жердің *б о р а з д а л а н у ы.*

БОРАЗДАЛАУ *Бораздала етістігінің қимыл атауы.*

БОРАЗОН з а т. к е н. *Қаттылығы табиғи алмастан кем түспейтін, ыстыққа төзімділігі анағұрлым жоғары, синтезделген жасанды алмас. Б о р а з о н* бұрғылау құралдарын жасауда көбінесе табиғи алмастарды алмастырғыш қажақ материал ретінде қолданылады (Қаз. тілі термин. Кен.).

БОРАҚ з а т. **1.** *Борсықтың аталығы.* «*Б о р а қ т ы* ұр тұмсықтан, тез өледі шымшықтан» (Халық мәтелі). **2.** *Борсықтың аталығының терісінен жасалған берік тон.* Бұған қарағанда *б о р а қ т а н* таяқ өтпейтіндей, суық та өтпесе керек («Тіл және аударма»).

БОРАҚТАЙ с ы н. *Борақ сияқты, борақ тәрізді.* Бәрібір бір күні оның қалың, жолақ, *б о р а қ т а й* тоны Келдібайға бұйырды (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

Борақтай тонды. *Терісі қатты, төзімді, берік.* Қазақта «*б о р а қ т а й т о н д ы* екен» деген сөз тіркесі бар («Тіл және аударма»).

БОРАЛА= е т. с ө й л. ***Жұлмалау.*** Сылп етіп сыртқы езулер бір тамсалып, тұмсығын сүртіп қойып етегімен, Сораптап шайды алдына қойып алып, *Б о р а л а п* нанды шайнап кесегімен (Сайра. бұлбұл).

БОРАЛАУ *Борала етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шетінен *б о р а л а у.*

БОРАН з а т. *Қарды, топырақты бұрқыратып, ұйтқып соғатын күшті жел.* Күшейді соққан *б о р а н* барған сайын, сүйтсе де, көшір білді жүру жайын. Бұл қыздар сол бетімен бара тұрсын, Владимир қайткенін баяндайын (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). *Б о р а н м е н* жердің үсті көмілгенде, Мұрның ғана көзіне көрінгенде, Жазғы бұлттың жалтылы жай астында, Үйде отыру болды ма, жаным, менде? (С.Торайғыров, Алаш ұраны.). – Тағы *б о р а н!* Әлі *б о р а н!* Жұтатты-ау! Ақсүйек қып жұтатты-ау ел сорлыны! – деп уайым айтып, ұзын қара сақалын ұстап, ойланып қалды (М.Әуезов, Абай жолы).

Ақ [ақтүтек] боран. *Алай-тұлей түтеген қарлы жел.* Осындай боп айықпас бораннан да бетер қатты қорқып жүрген кезінде *а қ б о р а н н ы ң* ішінен шапқылап кеп екі көк атты көрінді (М.Әуезов, Абай жолы). Боран. Боран. *А қ б о р а н* ой да, қыр да, Толғануға мұрша жоқ, ойлануға. Қыр астында қыстаудың есін алып, Бар қаһарын төгуде қойлы ауылға (М.Мақатаев, Шығ.). Мұз түтетіп, аждаһадай ысқырған *а қ б о р а н* сабалап, аппақ қарды улетіп айналаны заһарлы демімен сарнатады (С.Сейфуллин, Әңгім.). Малшы-қазақтың бар жиған тергенінен айыратын қыстың *а қ т ү т е к б о р а н ы,* шілденің аптап ыстығы, күздің өкпек желі, көктемде қайта түлеген әдебиетінде көркем көрініс тапқан (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Кемпірдің жалғыз баласы қыстығүні *а қ т ү т е к б о р а н д а* ығып кеткен азғана малын іздеп жүріп, үсіп өліпті (Ә.Нұрпейісов, Шығ.). Бірақ жел үдеп, ышқына түскен сайын шаңдатып, тозаңдатып, кәдімгі *а қ т ү т е к* көрі *б о р а н г а* айналды (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).

Ақ шұнақ боран. *Бір мезгіл соғатын шыңылтыр аяздағы қарлы боран.* Жел екпіндеген сайын толқын жотасы тік шаншылып, дәл төбесіне *а қ ш ұ н а қ б о р а н* ойнайды (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Осындай *а қ ш ұ н а қ б о р а н д а* адасқан адамды табамын деп, есі бар кісі іздеп шығар ма? – дейді (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Аққұйрық боран. *Құрғақ аязды күні қарды ирелеңдете, бұраландата соғатын боран.* Қырсыққа қарай, іңірде жапалақтап қар жауып, арты желдетіп, қиыршықтанып, кәдімгі *а қ қ ұ й р ы қ б о р а н г а* айналды да кетті (Т.Әлімқұлов, Кертолғау).

Алай-түлей түтеген боран. *Ұйытқыған немесе боратып соққан қатты жел.* Қыстың сықырлаған аязын, *т ү т е г е н а л а й-т ү л е й б о р а н ы н,* қызыл үскірік суығын бастан кешіріп, жаз да жетіп, жадыраған шуақта, балбыраған жасыл шөпте жан-жануардың бәрі рақат тауып, жаны қандай жайланды (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Алақаншық боран. *Бір бәсеңдеп, бір ұйытқып соққан боран.* Мына аш қасқырдай ұлыған *а л а қ а н ш ы қ б о р а н д а* аяғын баса алмай қалған қаса сұлу қарындасты алдағы бекетке шейін жас балаша алақанына салып

көтеріп апарса деп қиялдады (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

Дауыл боран. *Шаңдатқан, борандатқан, алай-тұлей осқырған жел.* Желдің жыбыр-жыбыр сөйлегенін, *д а у ы л б о р а н н ы ң* адасқан аңдай ұлығанын естігің келсе, сорлы қазақтың қысқы үйіне кір (М.Жұмабаев, Шығ.).

Долы боран. *Екіленіп соғатын боран.* Аздан соң *д о л ы б о р а н* қатайып, ала сапыран басталады. Қойларды суық сорып қожыратып жіберді (Д.Қасенов, Серт).

Жаяу боран. *Жаңа түскен үлпек қарды жер бетінен не қатқан қар үстінен үрген еспе боран.* Алыс жиек қана емес, жақын жерлердің өзінде де ирек-ирек күртіктер үстінде түтіндей, құйындай бұралып шалқи түсіп, *ж а я у б о р а н* – ақ жорға жүре бастады (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Әлі де *ж а я у б о р а н* ақша қарды сыпырып айдап жатыр (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жөпшеңді боран. *Әжептәуір, кәдімгі боран. Ж ө п ш е ң д і б о р а н д а р д а* жасырынбайтын заводтың будақтаған қара қою түтіндері биік көкке бойлаған қара мойындары да көрінбейді (С.Сейфуллин, Әңгім.).

Қара боран. *Түтеген шаңды аспанға көтеретін боран.* Соның салдарынан қап-қара боп, көз жетпес кең өлкеде жел ойнап, шаң көтерілетін, тозаңды *қ а р а б о р а н* соғатын болды (Т.Нұртазин, Ауыл тынысы). – Жерді де жетістірдік қой, – деді Тасмағамбет сергіп, – көкірез жейміз деп жүргенде, Құдайдың қаһарына ұшырады. *Қ а р а б о р а н ы ң* мынау, айдың күннің аманында (Ж.Молдағалиев, Самал). Әлгіде майда шуақ ашық аспан ала құйын желдетіп, құммен қоса тас атып, *қ а р а б о р а н* түре соғып жөнелді (F.Сланов, Шалқар). Біз де санаттан қалмаспыз. Бірақ осы тың игеруіміз не боп барады? Елу алтыншы жылдың мал астығын шашып-төгіп жинап едік, содан бері: «*қ а р а б о р а н* көкті жапты құмдас құйын қуалай» – деп сілтей береміз бе? (Ж.Молдағалиев, Самал).

Құм боран. *Құмды, топырақты суырып, ұйытқи соғатын боран.* Қазір күн санап *қ ұ м б о р а н* құтыра соғатын болды (М.Әуезов, Абай.). Жел үп десе, *қ ұ м б о р а н ғ а* көмілгелі, Қызылорда көшесімен қой айдап келе жатқан қазақтың бет-аузындай ағашы да, әулиесі де, түнікесі де, түйесі де шаңытып, кірпіктері бозарып, еріндері кезеріп, шөлдеп, түтігіп тұр (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.).

Майлы боран. *Қойны-қонышқа кеулеп соғатын қарлы боран.* Үйтқып қойынға кіруге тырысқан *м а й л ы б о р а н н а н* қымтанып, ішік жағасын көтеріп бұйыққанда, дамылсыз шыңғырлаған қоңыраудың дауысы бесіктегі баланы «әлдилеп» ұйықтатқандай, мең-зең қылып маужыратып, жаз кездегі оқудан қысты күні елге қайтатын шақтарымды еске түсіріп, балалық күнімді, серіктерімді һәм елді сағына бастадым (М.Дулатов, Шығ.).

Сұрапыл боран. *Қаруы қатты боран.* Әсер күшті болса, есте ұзақ ұсталады. Мысалы, қатты дауыл, *с ұ р а п ы л б о р а н* сықылды күшті көріністер тез ұмытылмайды (М.Жұмабаев, Шығ.). Қыстың бір *с ұ р а п ы л б о р а н д ы* түнінде көк бесті қолды болады (З.Иманбеков, Нажағай.). Кеше ғана *с ұ р а п ы л б о р а н* болған өңірге ұқсамайды (С.Досанов, Тау жолы).

Сырғыма боран. *Қарды үрлеп жер бауырлай соғатын боран.* Жолды қар басқан. Қазір де *с ы р ғ ы м а б о р а н* соғып тұр (А.Жақсыбаев, Менің дос.).

Тас боран. *Суырып соққан күші қатты боран.* Неше күн *т а с б о р а н д а* белін шешпей, жүреді жігерленіп Баймұғаным, Қозы мен қой өсімін көргің келсе, «Изобильный» совхозына келгін, шалым (Айтыс). Тұрғызып дүлей *т а с б о р а н.* Күтпеген шақта күн түсіп. Жауқазын жара бастаған, Үрды да кетті гүлді үсік (С.Әлімқұлов, Қыран).

Тентек боран. *Бір күшейіп, бір басылып соғатын боран.* Март айы басталмаған жазғытұрым, Алып тұр сұрғылт суық жердің сұрын. Тепсініп *т е н т е к б о р а н* күнде соғып, Ұшырған жер қыртысын бұдан бұрын (Е.Бердин, Қанды асу).

Түтек [түтеген] боран. *Алай-тұлей боран.* Ызғарлы *т ұ т е к б о р а н* соқты қатты, Жүз қадам жер көрінбей ...кеш те батты. Екпіндеп дүлей боран, гулей соғып, Еңіретіп төңіректі ызыңдатты (С.Сейфуллин, Өлең.). *Т ұ т е г е н б о р а н ғ а* іңір қараңғысы қосылып, күндізгі түнектен де бетер қараңғылық басты (Ж.Тілеков, Шалғай шепте). Олар тас лақтырым жердегі қораға сүріне-қабына жетіп, мән-жайды анықтағанша, *т ұ т е г е н б о р а н* ат ізін де жауып үлгерген (М.Сқақбаев, Қырық қыз).

Ұйытқыма [ұйытқыған] боран. *Үйытқи соққан қарлы боран. Ү й ы т қ ы м а б о р а н* қазір құтыра жөнелді (Қ.Құрманғалиева, Атырау.). Таң қараңғысы болар, айнала қара түнек, аспанның түбі тесіліп кеткендей *ц й ы т қ ы ғ а н б о р а н* басылар емес (Т.Ахтанов, Боран).

Үскірік боран. *Құрғақ, суық боран.* Қалың қардан шөптің басы көрінбейді. Қыс күні аяз күшті болып, *ү с к і р і к б о р а н д а р* да аз емес (М.Дулатов, Шығ.).

Ызғырық боран. *Өңменнен өтер ызғарлы боран.* Дұрысында, қазақтың тамағы да, киімі де, үйі де, көлігі де, отарбасы да, телеграфы

да, телефоны да мал емес пе? Малсыз қазақтың күні бар ма? Сол малын аман сақтау үшін қысқы аязда *ызғырық боранда* бейнет шегіп, еңбек сіңіріп, малымен бірге жатып, бірге тұрып, бірге жүріп, бірге ығып, қыс қандай қысылса, жаз сондай жазылатын, жадырайтын шарушыл, еңбекшіл қазақ қыстың өткеніне, жаздың жеткеніне қалайша өзгелерден артық қуанбасын, жаздың басы жаңа күн – Наурызды қалайша мейрам етпесін (М.Дулатов, Шығ.).

БОРАНАЛА= е т. с ө й л. *Тырмалау, тырма жүргізу.* Егін себетін жерді кезінде жыртып, *бораналап* сеуіп үлгіруіміз керек (С.Мұқанов, Тол. шығ.).

БОРАНАЛАУ *Боранала етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жерді *бораналау.*

БОРАНДА= е т. **1.** *Желдің қарды, құмды, топырақты көтеріп, үйткі соғуы. Боранда* жел тұрды, Ескі жыл – қарт ата, Кетуге бел буды (Ж.Саин, Самал). Дала да аппақ, көк те аппақ, Сықырлайды басқан жер. Ысқырады *боранда п,* Қысқы ашуға мінген жел (Ж.Саин, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Толқу, тебірену, буырқану.* Ішкі сарайы алай-түлей *боранда й* жөнелді («Жұлдыз»).

БОРАНДАЙ с ы н. *Боран тәрізді, боран сияқты.* Мәликенің ашуы желдете соққан *боранда й* (Б.Майлин, Шығ.). *Боранда й* бұрқ-сарқ етіп долданғанда, Алты қанат ақ орда үй шайқалды. Әуес көріп жүгірген жас балалар, Беті-қолы домбығып үсік шалды (Абай, Тол. жин.). Айбынбас онан дұшпаны, Бейне албасты нұсқалы, Ел ішінде *боранда й,* Аяздай болып қысқаны (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Қара борандай. *Шаңды аспанға көтеретін борандай.* Қаптаған *қара боранда й,* Өткені ме дүние боқ! Ащылы тоғай ала бас, Ақсара алдым боз ағаш (Батырлар жыры).

БОРАНДАТ= е т. *Үйытқыта соғу.* Өткен жыл елімізде болды қатты, Бірде аяз, бірде үскірік *боранда тты* (Ақын жырлары). Күн жауып, бұлттар шығып, *боранда тты,* Найзағай шартылдайды онан қатты. Артынан қоңыр майда желдер соғып, Көрсетті ғардан шығып шарапатты (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Қара борандатты. *Қатты ашуланып, бұрқан-тарқан болды, ызаланып ызғар шашты.* «Мұқаттым» деп, «Қар жерге отырттым» деп, *қара борандатып* Оразбай, Жиреншелер кеткенде де, өзінің бұл күндегі ісіне, еңбегіне ойы берік, бойы бекем Абай селт етіп шімірікken жоқ (М.Әуезов, Шығ.). Көзің жеткен сұмдығың болса, ашып айт! Әйтпесе, *қара борандатпа*! – деді Мырқал (Ә.Әлішев, Шығ.). Мына үшеуінің еш нәрседен ықпайтын түрі жоғын сезген Әбунүсіп енді *қара борандатып,* ашу шақырады (Д.Әбілов, Ақын.).

Сары борандатты. *Ұзақ боран соқты, көпке шейін борандатты.* Бүгін желді күн. Көп ауылдың аяғымен тақырланған төңірек *сары борандатып* тұр (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

БОРАНДАТУ *Борандат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ертемен *боранда ту ы.*

БОРАНДАУ *Боранда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Күні-түні *боранда у ы.*

БОРАНДЫ с ы н. *Бораны үдей соққан, бораны қатты.* Аңызақ сағым бүркеніп, Сан жылдар салған қиқуды. *Боранды* дүлей шөл дала, Қоршаған қауіп мың түрлі (А.Тоқмағамбетов, Дария.). Қыстың бір *боранды* айында шешесі Жағыпарды қасына ертіп, көрші ауылдардағы туыстарын аралап кетті (С.Жүнісов, Өшп. іздер). Іздейсің өткеннен де, кеткеннен де, Тұрасың кезігіп тар өткелдерге. Қарайсың *боранды* қыс қабағына, Қарайсың жаңбырлы жаз, көктемдерге (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

БОРАНДЫҚ: **бір борандық**. *Бір боранан қалмайтын.* Сары бала оған көңілсіз жауап берді. *Бір борандық* қана баянсыз байлық бағы (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Жасты шіріткен шалы тұр, *Бір борандық* малы тұр. Аузын ашып әкел деп, Болыс-билер тағы тұр (С.Торайғыров, Мағынасыз.). Партия қуған қуларың азып-тозар, Арамдықпен өмірді қанша созар. «Байдың малы болады *бір борандық*», Бәрінен адал еткен еңбек озар (Ш.Құдайбердиев, Шығ.)

БОРАНДЫ-ШАШЫНДЫ с ы н. *Бораны, жауын-шашыны көп. Боранды-шашынды* лайсаң күндерде де тау іші жылы болады (С.Шаймерденов, Мезгіл).

БОРАН-МОРАН з а т. с ө й л. *Боран, жел т.б. табиғат құбылыстары.* Құдайдың күніне сенім бар ма, *боран-моран* соғып кетсе... (М.Мағауин, Ақша қар).

БОРАНСЫЗ с ы н. *Бораны жоқ, боран болмайтын.* Бетпақ даланың *борансыз,* қылшылдаған сары аязсыз қысы да өте жайлы келеді екен (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). Адам, сірә, құс емес, *Борансыз* қыс, қыс емес (Н.Көбенов, Дала самалы). Отамалы көкек айының он бірінде кіріп, он жетісінде шығады. Желсіз, *борансыз* өтпейді (М.Әуезов, Абай жолы).

БОРАНСЫМАҚ с ы н. *Нағыз боран емес, борасындау.* Далада *борансымақ* бірдеңе соғып тұр (Ауызекі).

БОРАНСЫМАҚТАУ с ы н. *Аздап борасындау.* Күн *б о р а н с ы м а қ т а у* еді (З.Иманбаев, Солма. гүл).

БОРАНША үс т. *Боранға ұқсап, боран сияқты.* Көтерілген шаң *б о р а н ш а* бұрқырайды («Соц. Қаз.»). Әлден уақытта жел шығып, судың жүзі *б о р а н ш а* көшіріп, кемені айдап жөнелді (Қаз. ертег.).

БОРАН-ШАШЫН з а т. с ө й л. *Бораны, қары аралас жауын-шашын.* Декабрьде *б о р а н-ш а ш ы н* басталады. Суық жел ұлпа қарды боратып қуа бастайды (Ә.Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.). Мына біреу кішкентайларды *б о р а н-ш а ш ы н* күндері қашан поездан түсіріп алғанша, зәреміз қалмайды («Қаз. әдеб.»). Декабрь айы бұл өлкеге биыл үскірік аязы мен сұрапыл *б о р а н-ш а ш ы н* ала келген (С.Омаров, Қызыл арай).

БОРАН-ШАШЫНСЫЗ с ы н. *Боран-шашыны жоқ.* Қыстың көзі қырау, *б о р а н-ш а ш ы н с ы з* тұрмайтынын да білеміз (Ғ.Орманов, Жүрек.).

БОРАСЫН з а т. *Желдің әсерінен қардың жер бетімен ұшуы, қиыршықтап борайтын сырғыма боран.* Қайтып алып толасын, Бұрқырады *б о р а с ы н,* Қар сырғанап ығысты-ай (І.Жансүгіров, Өленд.). Ызғырық соққан *б о р а с ы н* Көрсетпей күннің толасын, Адалынан айрылып Бір жұтта жиған қорасын (Базар жырау, Шығ.).

Ақ түнек борасын. *Алай-тұлей қар тұтеген сырғыма боран.* Сонан соң Еламан *а қ т ұ н е к б о р а с ы н* қар арасында қыбырқыбыр қозғалған кісілерді есіне алды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Жаяу борасын. *Жаңадан жауған қарды жерге сырғыта соғатын жел.* Ақшоқының құйқалы адырларының қой жататын қойнауларында әзір малды ықтыратын ақ боран бола қойған жоқ. Бірақ «ақ жорға» дейтін *ж а я у б о р а с ы н* жүрмейтін күні жоқ (М.Әуезов, Шығ.). Боран *ж а я у б о р а с ы н,* ақтүтек және т.б. болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Су.). Сыдыртпалап сусыған *ж а я у б о р а с ы н* құ көдеге тиген өрттей қаулап, өршіп кетті (Н.Сералиев, Қаңтар). Жамал шыққан уақытта азырақ *ж а я у б о р а с ы н* бар еді (М.Дулатов, Шығ.).

БОРАСЫНДА= е т. *Желдің қарды сырғыта соғып бораулы.* Қар *б о р а с ы н д а п,* есігі жоқ қора мен тесігі көп үйді шыр айналып түр (А.Тоқмағамбетов, Өленд.).

Жаяу борасындау. *Жаңа жауған қарды жерге сырғыта соғу.* Қыраттау жер *ж а я у б о р а с ы н д а п,* ойпаттау жер әлі үлпілдек қалпында тыныш жатыр (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Кеш батқаннан бері күншығыстан азырақ жел тұрып, қатаңдап, жаңадан жауған күпсек қарды сырғанатып, *ж а я у б о р а с ы н д а п* тұр (М.Әуезов, Қараш.).

БОРАСЫНДАЙ с ы н. *Борасын сияқты, борасын тәрізді.* Домбыра қолға беріп айт деген соң, Өленді *б о р а с ы н д а й* ағызайын (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). Бір үйдің баласындай тату едік, Қыстағы *б о р а с ы н д а й* қату едік (Т.Молдағалиев, Хаттар.). Аспандап ән көшкенде *б о р а с ы н д а й,* Қайықтай қалтылдады қара сырнай (А.Тоқмағамбетов, Көгілдір.).

БОРАСЫНДАТ= е т. *Желдің қарды баяу, сырғыта соғуы.*

Жаяу борасындатты. *Желдің жауған қарды жерге сырғыта соғу, бораулы.* Күні бойы тыныш болған жел Күшікбайдың бауырында ғана ызғырықтап жаңада жауған көбік қарды *ж а я у б о р а с ы н д а т ы п* тұр (М.Әуезов, Қараш.). Кеше ғана жауып өткен ұлпа қар жол жиегін қуалап, *ж а я у б о р а с ы н д а т ы п* жеңіл сусиды (Қ.Әжікеев, Жылан.).

БОРАСЫНДАТУ *Борасындат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Желдің *б о р а с ы н д а т у ы.*

БОРАСЫНДАУ с ы н. *Аздап борасыны бар.* Күн *б о р а с ы н д а у* болса керек (С.Жүнісов, Ақан сері).

БОРАСЫНДЫ с ы н. *Борасыны бар, борасын желі болатын.* Сол жылы қыс *б о р а с ы н д ы* болды («Соц. Қаз.»). *Б о р а с ы н д ы* суық дала қаңырап бос қалды (С.Елубаев, Ойсыл қара). Жайдары жарқын жаздың орнына *б о р а с ы н д ы* қыс келетіні сияқты, кезінде азаматқа ашу мен ыза да лайық (Ж.Жұмаханов, Махаббат.).

БОРАСЫНДЫ-БҰРҚАСЫНДЫ с ы н. *Сырғыма, ұйытқыма бораны жиі, қатты.* Оның үстіне жауын-шашынды, *б о р а с ы н д ы-б ұ р қ а с ы н д ы* күндердің көп кездесетінін ескерсек, біздің жұмысымыздың қандай екенін ұғынуға болады (К.Баялиев, Жер тынысы).

БОРАСЫНСЫЗ с ы н. *Борасыны жоқ, желсіз, тымық. Б о р а с ы н с ы з* жауған жапалақ қар үстімізді бүркеп-ақ салды (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

БОРАТ з а т. г е о л. *Бор қышқылдары тұздарынан тұратын минералдар тобы. Б о р а т т а р* – бор элементінің бірден-бір кені (Қаз. тілі термин. Геология). Қазақстанда *б о р а т т ы ң* ірі кенорны – Атырау облысы, Индер ауданында орналасқан Индер тұзды күмбезі (ҚҰЭ). *Б о р а т* керамика, тоқыма, шыны, эмаль өнеркәсібінде, металл дәнекерлеуде және кір жуатын ұнтақтарын алу үшін пайдаланылады (ҚҰЭ).

БОРАТ= е т. *Ұйытқыту, шаңды, қарды аспанға шығару.* Сыздық кете барды, қасқыр ере жүрді. Артқы аяғымен тырналап қар *б о р а т т ы* (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Ашулансаң төгілер тасып тағы Алтыннан да қымбаттау қасық қаның. Шаң *б о р а т ы п,* Шалшықты шашыратып, Шоферлардың көрсең сен асыққанын! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Майданда шаңды *б о р а т ы п,* Өрттен шыққан үшқындай Оқты шашқын келе ме? (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Қара аспанымнан, кейкейде, қара нөсерлер *б о р а т с а,* Самалдатқаным мен сені, қапырық болып баратса. Кішкентай күнім, кеш мені, барлығы дағы сен үшін, Иілмес емендерге мен, иілсем кейде садақша? (М.Мақатаев, Шығ.).

Қардай боратты. *Үсті-үстіне бұрқыратты, жаудырды.* Көзі көріп, көңілі сенген кісіше алды боқтықты, *Қ а р д а й б о р а т ы п* қамшымен қайыра кеп қойып-қойып жіберді (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Танктер зеңбіректерден оқты *қ а р д а й б о р а т т ы* (С.Сейітов, Сөз сұра.)

Оқ боратты. *Оқ жаудырды.* Жапырлай машинадан түскен жау да бет алған жаққа *о қ б о р а т а* бастады (А.Лекеров, Қырда.). Солдат болып, біздермен қатар жүріп жауға *о қ б о р а т т ы* (Т.Тобағабылов, Жазира). Ол сонан кейін автоматтан *о қ б о р а т т ы* (Қ.Жұмаділов, Қаздар.).

БОРАТУ *Борат етістігінің қимыл атауы.* Жаңбыршы сұрақтарды үсті-үстіне *б о р а т у д а* (Т.Жармағамбетов, Ақ жауын).

Оқ борату. *Үсті-үстіне оқ ату, жаудыру.* Солдат болып, біздермен қатар жүріп жауға *о қ б о р а т у ғ а* бел байлап едің (Т.Тобағабылов, Жазира).

БОРАУ *Бора етістігінің қимыл атауы; жауу.* Ұрыс үдеп барады, оқ қардай *б о р а у д а* (Ол күндер.).

БОРАЦИТ з а т. х и м. *Бораттар тобына жататын минерал. Б о р а ц и т т і ң* түсі сұр, сарғылт немесе көгілдір ақ, шыныдай жылтыр (ҚҰЭ). *Б о р а ц и т* – бор өндірілетін минерал (ҚҰЭ).

БОРБАЙ з а т. *Аяқтың тізеден жоғарғы бөлігі.* Екі иығынан лай су сорғалап, төсіме, арқама құйылып, *б о р б а й ы м* мен сирақтарыма сорғалап, бақайларыма барып іркіліп тұрады (С.Сейфуллин, Әңгім.). Үлкен ту биенің төрт *б о р б а й ы* көтерілген; Бақтығұл биені шапшаңдата сойып, терісін сыпырып тастаған екен (М.Әуезов, Қараш.). Жаман хан *б о р б а й ы н* ұстай-мұстай тұра жөнеліпті (Ж.Аймауытов, Шығ.). *// Жас, жасөспірім.* Ер азамат қыстауды түзеп, кемпір мен шал, *б о р б а й* балалар от басында отыр (М.Дулатұлы, Шығ.).

Арқа еті арша, борбай еті борша болды. *Арып-ашты, азып-тозды. А р қ а е т і ң а р ш а б о п, Б о р б а й е т і ң б о р ш а б о п,* Айтқанын істеп байлардың, Әйтеуір өлмей жүр едік (И.Байзақов, Таңд. шығ.).

Қара борбай. *Жалаңаш-жалпы жүріп, күнге күйген (адам).* Баласы егіншінің *қ а р а б о р б а й,* Егіншіді жеп қойды шөже торғай (Халық әндері). Қайымы келіп тұрғанда, құрығына түспей жүрген қос жауы – Көлен мен *қ а р а б о р б а й* балықшыларды тізесінің астына салып, бір-бір мытып алу еді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). *Қ а р а б о р б а й* егіншіміз кәдімгі. Тік мүйіз де қалжырады, арыды (Д.Әбілов, Таңд. шығ.).

Қу борбай. э к с п р. а) *Сидиған, арық.* Әйтеуір адам керек болған соң, шашы дудардай, *қ у б о р б а й* бір жігітті маған серіктікке министрлікке жіберген екен (Ғ.Сланов, Домбыра.). ә) ж а ғ ы м с ы з. *Оңбаған, құтыңдаған.* – Көмекшің Диястай бір *қ у б о р б а й,* сымпыс шолақ болса, тіпті қиын екен, – дейді Ерекең (Ғ.Сланов, Домбыра.).

Ши борбай. с ы н. а) *Сидиған арық, жіпжіңішке.* Күндіз ауылда *ш и б о р б а й* балашаға мен кемпір-шалдан басқа тігерге тұяқ қалмайды («Лен. жас»). Көрдім мен шеттегі бір баспананы, *Ш и б о р б а й,* қызыл қарын жас баланы (Бейбітшілік). Балаларда береке қалмады, шетінен жүдеу, *ш и б о р б а й,* бопбоз (Ғ.Сланов, Шығ.). ә) *Жас, жетілмеген.* Қоя бер барлық мал-жаныңды билетіп былтыр түскен бір *ш и б о р б а й* қатынға, атамнан туған еркек кіндік құрып қалғандай (З.Ақышев, Жесірлер). – Қалай, ауылыңда ақ сақалды шал отырып, дау-шарды *ш и б о р б а й* бала бітіруі керек пе? (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

БОРБАЙЛА= е т. **1.** *Аттың үстінде отырып екі аяғымен бауырынан үсті-үстіне сабалау.* Ақ тай да қайтадан көндігіп, шаба жөнелді. Оспан тағы да қамшылап *б о р б а й л а п*: – Аруақ! Аруақ, Масақбай! – деп, асаудың албастысы – Масақбай биешіні аруақтай сыйлайтынын көрсетті (М.Әуезов, Абай жолы). Көлен атын *б о р б а й л а п,* ауылға қарай шаба жөнелді, Рай үйінің алды ығы-жығы кісі екен (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Ер Қабанбай ту байлап, Арқартаң атты *б о р б а й л а п,* Ақтамберді айғайлап, Қалмаққа кірді желіге (Дулат Бабатайұлы, Замана.). **2.** *Тыным таппай, жамбасын ұрғылап жүгіру.* Төлдер бір сағаттай дүрліккен кезде біз де арсаңдап, *б о р б а й л а й* жүгіргенбіз (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). Атымыз – шаңғы, қамшымыз – таяқ,

б о р б а й л а п, сырғып ентелей жөнелдік (Б.Момышұлы, Жауынгер.). **3.** *Аяқты әрең көтеру, малтығу.* Сусыма құмды *б о р б а й л а п* көштік (Ә.Кекілбаев, Шығ.). Ойнады дөңде балалар, Күртікке малтып *б о р б а й л а п* (Д.Әбілев, Алтай асу.).

БОРБАЙЛАС= е т. *Аттың үстінде отырып, үсті-үстіне аяқпен сабалау.* Жас бала, кемпір-шалды бордай басып, Аттарын ентелете *б о р б а й л а с ы п* (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

БОРБАЙЛАСУ *Борбайлас етістігінің қимыл атауы.* ≈ Балалардың *б о р б а й л а с у ы.*

БОРБАЙЛАТ= е т. *Атты шапқызу үшін үсті-үстіне қамшылату, аяқпен сабалау.* Орал атын *б о р б а й л а т ы п* бара жатты (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Олармен қош айтысып, қызыл көк атты *б о р б а й л а т ы п* шаба жөнелдім (С.Бақбергенов, Қоянкөз).

БОРБАЙЛАТУ *Борбайлат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Атын *б о р б а й л а т у.*

БОРБАЙЛАУ *Борбайла етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қамшымен *б о р б а й л а у.*

БОРБАЙЛАУ: **ши борбайлау**. *Сидиған, арықтау.* Олардың бәрі *ш и б о р б а й л а у* көрінеді (М.Сүндетов, Ескексіз.).

БОРБАҚ: **борбақ бет**. с ө й л. *Беті бытиған, жалпақ.* Екі көзі аларып, *б о р б а қ б е т і* сазарып, Жатыр сұлап алдында (І.Жансүгіров, Шығ.).

БОРБАҢ с ы н. *Икемсіз, ебедейсіз, қорбаң.* Қылғыған жемі бетегеге түсіп үлгерместен айналасындағы шашылып жатқан еттерге шүңірек көзін қомағайлана қадап, *б о р б а ң* қимылмен тағы да тақала берді (А.Сейдімбеков, Ақиық).

БОРБАҢДА= е т. с ө й л. ***Қорбаңда.*** Жалт бере қашқан ала төбет құйрығы шошаңдап, *б о р б а ң д а п* бетке қарсы ұзай алмады (М.Әуезов, Қараш.).

БОРБАҢДАУ *Борбаңда етістігінің қимыл атауы.*

БОРБАС с ы н. **1.** *Борпылдақ, бос, жұмсақ.* Бұл маңайда *б о р б а с,* ойылма, бос топырақты жерлер көп (М.Әуезов, Өскен өркен). Арба көп жүрген *б о р б а с* жердің жолы диірменнің тартқан ұнындай төгіліп, қос ат ойнақтағанда шаң аспанға шықты (І.Жансүгіров, Шығ.). Көшенің *б о р б а с* сары топырағын машина аспанға көтерді (Ә.Шәріпов, Орманда.). **2.** а у ы с. *Жігерсіз, жасық, болбыр.* Мен сені бесаспап десем, бозкүйік, *б о р б а с* па едің? Көз алдыңдағы жуликті көрмей, ай қарап жүрсің бе? (К.Тоқаев, Тасқын).

БОРБАСТАҚ с ы н. с ө й л. ***Борбас***. Күні бойы жайылған түйелер *б о р б а с т а қ* тақырларға шөгіп, демалды (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). Бекен атын борбайлап жайылманың қабағымен *б о р б а с т а қ қ а* омбылап барып, құсын қолына алды (Ш.Айманов, Қыран.). ...Аязды күннің өзінде кей тұстарда *б о р б а с т а қ* жер ойылып кетіп, миы шығып жататыны болды (М.Әуезов, Шығ.).

БОРБАСТАН= е т. *Босау, жұмсау, үгілу.* Ағашта көп тұрған жемістер төгілгіш келеді, ол сақтау кезінде аса пісіп кетіп, *б о р б а с т а н ы п,* үн тәрізденеді, тез бұзылады (А.Жанғалиев, Бағбан.).

БОРБАСТАНУ *Борбастан етістігінің қимыл атауы; босау, жұмсау.* ≈ Жердің *б о р б а с т а н у ы.*

БОРБИ= е т. *Қорбиып, ебедейсіз көріну.* Тым жақыннан түсірілгендіктен бе, бобрик пальтоның түгі көрініп, денесі *б о р б и ы п,* бет-аузы жалпақ тартқан (К.Тоқаев, Тасқын). Үстіне тон, сыртынан ақ шидем күпі, аяғына етік киген Баубек сол *б о р б и ғ а н* қалпында құрықты екі сілтемейді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). – Сидор Артемьевич күтіп отыр, келіңіздер, – деп қара былғарымен *б о р б и ы п* қапталған есікті шалқайтып ашты (К.Тоқаев, Көмескі із).

БОРБИЮ *Борби етістігінің қимыл атауы.* ≈ Денесінің *б о р б и ю ы.*

БОР-БОР е л і к. *Борылдап шыққан дыбысты бейнелейтін сөз.* Біргебай қойшы жиырма шақты саулықты қосақтап қойып, үлкен қара саптыаяғына *б о р-б о р* сауып жатыр (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қартқожа қоңырсып піскен қою сүтті *б о р-б о р* ұрттап, қарқындады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бауырына отырған сауыншылар уыс толар емшекті күшпен тартып, ақ бұлақты *б о р-б о р* ағызады (С.Жүнісов, Жапанда.).

БОРҒҰЙ з а т. м у з. *Түркі халықтарының үрлемелі көне музыка аспабы. Б о р ғ ы й* туралы дерек Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғатит ат-түрк» кітабында кездеседі (ҚҰЭ).

БОРҒЫЛ с ы н. *Бозғылт түс.* Шондығұл, атынан түспей кердең сөйлеп тұрған жүндеген түйенің терісіндей *б о р ғ ы л* бет көсе адамды атынан жұлып алып, Байдалы бидің алдына әкеліп иығынан басып шөктірді де, шылбырын қолына ұстатты (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан).

БОРДАЙ с ы н. *Бор тәрізді, бор сияқты.* Түрлерін табиғаттың қолмен қояр, Аяусыз асқар тауды *б о р д а й* ояр, Орнатып жер үстіне көркем тұрмыс, Адамдық жәбірлікті тегіс жояр (С.Сейфуллин, Шығ.). Қабырғаға сүйеніп, екі беті *б о р д а й* аппақ болып Аяужан тұр (І.Есенберлин, Шығ. жин.).

Бордай тозды. *Быт-шыт болды, түтетүтесі шығып қажыды, әлсіреді. Б о р д а й т о-*

з ы п кетіп едік, Жем болудан құтылып, Азаптан ауыр сытылып, Қатарға бүгін теңелдік (Халық ақын.).

Бордай тоздырды. *Быт-шыт қылды, құртып жіберді.* Көктемнің алтын күрегі қарды *б о р д а й т о з д ы р ы п*, жер көксоқта болып жатқан, ылайсаң кез еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қарсы тұрған әскерді Қытайдың мелитсе солдаты *б о р д а й т о з д ы р д ы* (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.).

Бордай үгілді [езілді, егілді]. *Көңілі босады, қабырғасы сөгілді, жасыды. Б о р д а й* болып *ү г і л і п*, Қабырғасы сөгіліп, Артынан жылап келген соң, Көтеріп алды алдына, Көзден жасы төгіліп (Қыз Жібек). Хабарсыз кеткен баласының жайы еске түскен шақта Бижамал *б о р д а й е з і л і п*, көз жасын билей алмайды (Ғ.Сланов, Замана.). Кербездерің керіліп, Басуға аяқ ерініп; Шешенің судай төгіліп, Тыңдаушың *б о р д а й е г і л і п*, Өзөзіңнен іскенсің (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Бордай үгілтті. *Күйретті, жасытты.* Тобышық атты бүгілтіп, Құйрық-жалын сүзілтіп, Езді *б о р д а й ү г і л т і п*, Түйғындай ерді ширатып, Тас ошақты қиратып, Нар шөгіп құмның астында (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

БОРДАҚ: **бордаққа байлады**. *Жемге байлады, семіртті.* Қыс бойы *б о р д а қ қ а б а й л а ғ а н*, жаңада сойылған семіз қойдың жас сүбелері де бар екен (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

БОРДАҚ с ы н. ж е р г. *Панасыз, жетім.* Ол баланың әке-шешесі жас кезінде өліп, *б о р д а қ* болып өсулі (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БОРДАҚАЙ з а т. ж а ғ ы м с ы з. *Дәулетіне мастанып, әбден семірген, азған адам мағынасында.* Ол күн бе? Күні еді ғой патша, байдың, Ақсүйек, манап, шонжар *б о р д а қ а й д ы ң* (Қ.Жұмалиев, Қырда.).

БОРДАҚШАЙ з а т. ж е р г. *Талқан салып, қоюлатылған шай.* Қара шайдан *б о р д а қ ш а й* тәуір ғой (Б.Базылхан, Монғол. қаз. тілі).

БОРДАҚЫ с ы н. *Жемге байлап семіртілген (мал).* Ол біреудің базарға сойып сатқалы отырған *б о р д а қ ы* қошқарын алдыртты-мыс (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал). Май жейсің, яғ йейсің... келің-келің! *Б о р д а қ ы* қойдың етінен жасаған манты бар. Кәне, келе қалыңдар!... (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Байшуақ қыстың сарқыт сүрісімен аралас *б о р д а қ ы* малдың жас етіне қанша қызыққанымен ауыз толтыра екі-үш асаған соң, әңгімесін тосып отырған адамды көп күттірмес үшін табаққа сұғынуын тежеп, бойын тіктеді (К.Сегізбаев, Беласқан).

БОРДАҚЫДАЙ с ы н. *Бордақылаған малдай, семіз.* Әй демеген ешкімі, *Б о р д а қ ы д а й* кескіні. Бай баласы бір күні, Осы кепті естіді (Қ.Тәңірбергенов, Тауыс.).

БОРДАҚЫЛА= е т. м а л ш а р. *Малды жемге байлап семірту.* Цыгай қойы *б о р д а қ ы л а ғ а н д а* да тез семіреді (М.Ермеков, Қазақст. қой шаруаш.). Қой семірту керек болғанда, қойды *б о р д а қ ы л а й т ы н* кезде жүгерімен жемдейді (А.Еламанов, Қой шаруаш.). Тазалап қора-жайды, үйді түзеп, Дайындап түрлі тағам, жеміс үзіп. Мал байлап *б о р д а қ ы л а п*, бағлан қозы, Май палау, қырық түрлі алуа-шұжық (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

БОРДАҚЫЛАН= е т. м а л ш а р. *Жемге байлану, семіртілу. Б о р д а қ ы л а н ғ а н* және мемлекетке сатылған жоғары қоңды әрбір ірі қара үшін бақташыға қосымша ақы төленеді (Ә.Шайбеков, Колхозда.).

БОРДАҚЫЛАНУ *Бордақылан етістігінің қимыл атауы.* Бір топ шошқа *б о р д а қ ы л а н у ғ а* қойылды (Қ.Құсайынов, Химия.).

БОРДАҚЫЛАУ м а л ш а р. *Бордақыла етістігінің қимыл атауы.* Олар шошқаны күтуде, *б о р д а қ ы л а у д а* жаңа әдістер қолдана отырып, күрделі табыстарға ие болды (Малшыларға кеңес). Малды *б о р д а қ ы л а у* жұмысында тұқымға жарамсыз, етке тапсыруға арналған еркек малдарды алдымен *б о р д а қ ы л а у* керек (Ш.Қалықов, Қой. ауру.).

БОРДАҚЫЛАУШЫ з а т. м а л ш а р. *Мал бордақылайтын адам.* Ал қалған екеуі кезеңдегі *б о р д а қ ы л а у ш ы* оператор («Қазақст. әйелдері»).

БОРДАҚЫЛЫҚ с ы н. *Бордақыланатын; семіртілетін.* Қозылар кепелік, көктемдік, жайылымдық, *б о р д а қ ы л ы қ*, батыстық деген аттарымен жыл сайын сауда орындарына түсіп отырады (Т.Әпсеметов, Саулықтар.).

БОРДАҚЫША ү с т. *Бордақыға ұқсап; семіртуге қойылған мал сияқты.* Сол қорада сен *б о р д а қ ы ш а* жүріп жатырсың, жүргізіп қойған да мына менмін (Ж.Жұмаханов, Соқпақ.).

БОРДАНА з а т. ж е р г. ***Толқын***. Желді күні теңізде үлкен *б о р д а н а* болады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БОРДЕРО [франц. bordereau] з а т. э к о н. **1.** *Бухгалтерлік құжаттардың көшірмесі. Б о р д е р о* – бухгалтерлік құжаттардың (баланстың, шоттардың, басқа да тізімдіктердің) көшірмесі (Қаз. тілі термин. Экономика.). **2.** *Жіберілетін құжаттардың, сатылған құнды қағаздардың тізімі. Б о р д е р о* – бағалы қағаздардың (акциялардың т.б.) банк, оның кеңесі немесе маклері толтырған тізімдемесі (Қаз. тілі термин. Экономика.).

БОРДО [франц. bordeaux] з а т. т а м а қ. *Қызыл шарап сұрпы. Б о р д о* – Франциялық

Bordeaux қаласының атымен аталатын қызыл шарап сорты (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

БОРДОС: **бордос сұйығы.** х и м. *Өсімдік ауруына қарсы қолданылатын тотияйын мен сөндірілген әк ерітіндісі. Б о р д о с с ұ й ы ғ ы н* дайындау үшін 1 кг тотияйын мен 1,5 кг сөндірілген әк ерітіндісі керек (ҚСЭ).

БОРДЮР [франц. bordure < bord] з а т. к ө л і к. *Жолдың, көшенің екі жақ жиегіне жасалған тас ернеу.* ≈ *Б о р д ю р д е н* аттау.

БОРЖИ= е т. с ө й л. *Борбию, бытгию.* Сасып, борсып жидуге айналған семіз дененің саусақтары да *б о р ж и ы п* ісіп кеткен екен (Бейбітшілік.). Айнадан маған көзінің қабақтары *б о р ж и ғ а н,* бет-аузы мыж-мыж бір шал қарап тұрғандай болады (Б.Момышұлы, Москва.). Өй, Мырзағыңды қой, Гогольдің Собакеевичіндей *б о р ж и ғ а н* неме (Е.Қонарбаев, Түнгі от).

БОРЖИЮ *Боржи етістігінің қимыл атауы.* ≈ Семіріп *б о р ж и ю ы.*

БОРЖОМ [груз.] з а т. *Шипалық қасиеті бар минералды су.* Біздің *б о р ж о м ы м ы з* бен нарзанымыздың даңқы өте күшті. Аптекаларда минералды суларды дәрігердің қағазынсыз-ақ сата береді (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.).

БОРЖЫ= е т. қ а р а п. *Ыстықтан қаталап, қызара бөртіп тершу.* Бұл болса қалпағы астынан маңдайы тершіп, ыстықтап *б о р ж ы п* келеді (Қ.Мұханбетқалиев, Жұлдызды.). Өзі ыстық күнде *б о р ж ы п,* әбден терлепті (Т.Нұрмағамбетов, Қош бол.).

БОРЖЫҚ с ы н. *Боржиып семірген, бытиған. Б о р ж ы қ* неме, малды сен бақпағанда мен бағамын ба, қозыларды айдаспай, өз бетіңмен кетіп көр (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). Ендеше мен Ақтайдың өзіне немесе соның *б о р ж ы қ* ұлына тиемін (Ә.Көшімов, Қысталаң.).

БОРЖЫҚТАУ с ы н. с ө й л. *Бытиғандау.* Беті *б о р ж ы қ т а у.* Біраздан соң көзінің алдын май басып, беті бұдан да жаман *б о р ж ы қ т а у* бет болуы мүмкін (С.Сейфуллин, Шығ.).

БОРИДТЕР з а т. г е о л. *Бордың металдармен қосылыстарының жалпы атауы. Б о р и д т е р д і ң* неғұрлым көбірек қолданылатындары диборидтер, гексаборидты және ыстыққа берік қорытпалардың, жоғары температуралық және оттөзімді материалдардың, болаттан, шойыннан жасалған тетіктердің тозуға төзімді қаптамаларының, қуатты электрондық аспаптар катодтарының, қажақтардың құрамбөліктері ретінде қолданылады (Қаз. тілі термин. Кен.).

БОРКЕМІК[1] з а т. *Мал сүйегінің табиғи қаттылығының жұмсара бастауы.* ≈ *Б о р к е м і к* болу.

БОРКЕМІК[2] с ы н. **1.** *Бос, борпылдақ.* Қаратаудың күнгей беті. Тастары шытынаған *б о р к е м і к* келеді екен (Ж.Аяшев, Алақан). **2.** а у ы с. *Осал, жасық, ез, бос.* Бізге қиындықтан қорқатын *б о р к е м і к* жасықтардың керегі жоқ (Т.Ахтанов, Дала сыры). Иә, мұндайда сабыр сақтаған жақсы. *Б о р к е м і к* боп езіле бергеннен ештеңе шықпайды (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Бой түзеген, *б о р к е м і к.* Күлкігөй, күйшіл, көңілшек! Қарт басқанның белгісі – Жексұрын саған көрінсек. Алармаңның алтау-ақ Алпысқа болдың берімсек (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

БОРКЕМІКТЕН= е т. **1.** *Босаңсу, болбырау.* Әйел *б о р к е м і к т е н і п* босап бара жатқан бойын тежеп, әп-сәтте-ақ өзіне-өзі келіп қалды (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). **2.** а у ы с. *Жасу, езілу.* Анада Нақыш ауылға қамшы үйіріп кеткенде, қыз жаны қатты езіліп, *б о р к е м і к т е н і п* қалған (Т.Есімжанов, Аяулым).

БОРКЕМІКТЕНУ *Боркеміктен етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тастың *б о р к е м і к т е н у і.*

БОРКЕМІКТЕУ с ы н. *Босаңдау, болбырлау.* Ол *б о р к е м і к т е у* сезіммен бауыры сыздап, іштей егіліп, сөгіліп тұр (М.Сатыбалдиев, Жартас.).

БОРКЕМІКТІК з а т. *Осалдық, жасықтық, ездік.* Едіге бұл айбынды жігітті қашанда жаны жасық, қорқақ санайтын. Ешқашан ондай осал мінезін көрмегенімен, *б о р к е м і к т і г і н е* күмәнданбаған (М.Мағауин, Көк мұнар). Сонсоң да жарау төре мына балалық *б о р к е м і к т і г і н* біле тұра, қышыған аузын тәк-тәктеп отыр (А.Сүлейменов, Бесін). Бұның *б о р к е м і к т і г і н е* ыза болған Дәулетияр: тәйт, малғұн, шал бізді аяп келеді дейсің бе? (А.Жұмаділдин, Сең.).

БОРКӨЗ з а т. ө с. <лат. cenolophium koch> *Ценолопиум туысына жататын бұтасын өсімдік.* Түтін астындағы қараған, тобылғы, *б о р к ө з д е р д і ң* бадалы патырлап жанып, аспанға лаулады (І.Жансүгіров, Шығ.).

БОРҚЫЛДА= е т. *Борқ-борқ ету, борпылдау.* Жолдың *б о р қ ы л д а ғ а н* бос топырағы жауынды күндері ми балшыққа айналады («Соц. Қаз.»).

БОРҚЫЛДАҚ с ы н. **1.** *Іркілдек, семіз, бос денелі.* Көпей май басқан *б о р қ ы л д а қ* та емес, сүйектері сорайған қатқыл да емес; жұмыссыздықтан семірмеген де, ауыр жұмыстан езілмеген де (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). **2.** *Борпылдақ, борбас, жұмсақ.* Арт жағы – *б о р қ ы л д а қ* бос топырақ («Балдәурен»).

БОРҚЫЛДАҚТАУ с ы н. *Босаңдау, болпылдақтау, болпаштау.* Үй иесі орта жастағы *б о р қ ы л д а қ т а у* әйел екен («Қаз. әдеб.»).

БОРҚЫЛДАУ *Борқылда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шаңның *б о р қ ы л д а у ы.*

БОРЛА= е т. *Киізге (киіз үйдің жамылғысына) бор жағу, бор жұқтыру.* «Қала борын» қанша қосуды Сандыбай өзі бақылап еді. Әрі *б о р л а ғ а н,* әрі ыстық киіз әйел білектерін сойып түсіре берді (F. Мүсірепов, Оянған өлке).

БОРЛАНҒАН: **борланған су**. г е о л. *Белгілі мөлшерде құрамында бор болатын шипалық табиғи су. Б о р л а н ғ а н с у* құрамындағы бордың мөлшері 10 мг/дм^3-ден артық, шипалық маңызы бар табиғи су. Синонимі: борқышқылды су (Қаз. тілі термин. Геология).

БОРЛАТ з а т. *Қызыл түсті жұқа мата.* Ақ үйдің оң жағында бәтеспен қаптап, манат, *б о р л а т,* қызыл мақпалмен оймыштаған әсем отау тұр (І.Жансүгіров, Шығ.). Құтты болсын отауың, Атын «қызыл» қойыпсың. Дөдегесін дүрдитіп, Оған *б о р л а т* ойыпсың (І.Жансүгіров, Шығ.).

БОРЛАТ^1= е т. *Әк жаққызу, ақтату.* Терезесін орнатып, Төңірегін *б о р л а т ы п,* Есіктерін салады, Кіріп-кіріп алады (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.). Күмбезді ай тұрғызып орнатамын, Айдай қып іші-сыртын *б о р л а т а р м ы н.* Мал аяғы жетпестей, айналаңды Ат шаптырып жерден бір орлатармын (Е.Қанбеков, Тұлпар тұяғы).

БОРЛАТ^2= е т. с ө й л. *Бордақылау.* Пішен шаптырып, қора салып, қыста мал *б о р л а т т ы* (Т.Рыскелдиев, Ұлы көш).

БОРЛАТТАЙ с ы н. *Борлат тәрізді, борлат сияқты.* Дәрігер сәл езу тартқанмен, *б о р л а т т а й* қызарып кетті (F.Орманов, Жүрек).

БОРЛАТУ *Борлат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Киіз *б о р л а т у.*

БОРЛАУ *Борла етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Киізге (киіз үй жамылғысына) бор жағу.* ≈ Киізді *б о р л а у.* **2.** к е н. *Металл негізді қорытпалардан жасалған бұйымдардың беріктігін сақтап арттыру үшін беттерін бормен қаныктыру. Б о р л а у* – болаттан, никель, кобальт және қиын балқитын металдар негізіндегі қорытпалардан жасалған бұйымдардың қаттылығын, жылуға беріктігін, тозуға төзімділігін, коррозияға беріктігін арттыру үшін олардың беттерін бормен (диффузиялық, электролиздік) қаныктыру (Қаз. тілі термин. Кен.).

БОРЛЫ с ы н. *Бор қосылған, бор араласқан. Б о р л ы* тыңайтқыш ретінде байыту фабрикаларының боры бар қалдықтарын да, *б о р л ы* гипс балшықтарды да пайдалануға болады (К. Нұрмағанбетов, Микротыңайт.).

Борлы су. г е о л. *Құрамындағы бордың мөлшері 300–500 г/дм^3-ден астам болатын табиғи су.* Боры үшін *б о р л ы с у д а н* өнеркәсіптік мөлшерде бор алуға (өндіруге) мүмкіндік бар (Қаз. тілі термин. Геология).

БОРМАН з а т. ж е р г. **1.** *Әртүрлі бұйым салатын үлкен ағаш жәшік.* Пыш-пыш етіп, шошқа-шошқа деп шулағанша, тағы да он бесжиырма *б о р м а н* істесеңдерші (Қ.Қуанышбаев, Шаншарлар). **2.** *Қамба, қойма.* Шұнақау, әне бір *б о р м а н* былтырғы бидаймен толып тұр (Қ.Қуанышбаев, Шаншарлар).

БОРМӘШИНЕ [нем. Bohrmaschine] з а т. м е д. *Адамның тісін емдегенде пайдаланатын бұрғылы мәшине.* ≈ *Б о р м ә ш и н е н і* іске қосу.

БОРНИТ [ағыл. bornite] з а т. х и м. *Мыстың шұбар рудасы – сульфидтер тобына жататын минерал. Б о р н и т т і ң* түсі қара, мыстай қызыл, шұбар, металдай жылтыр, қатты (ҚСЭ). *Б о р н и т* Қазақстанның барлық мыс кенорындарында кездеседі (Қаз. тілі термин. Кен.).

БОРП е л і к. *Заттың жерге қатты түспей жұмсақтау түсуі кезіндегі дыбысты білдіретін сөз.*

Борп еттірді. *Солқ еткізді, сылқ еткізді, топ еткізді, лық еткізді.* Содан кейін ғана бетіме қарап: «Әңгіме керек шығар», – деп, тойда қызға орамал тастағандай-ақ, алдыма *б о р п е т т і р і п* тастай салды (F.Қабышев, Мінездеме).

БОРПАҚ с ы н. *Борпылдақ, қопсыған күйде, жұмсақ.* Клетчатка қарындағы азықтық заттардың дұрыс ашуын, олардың іркілдек, *б о р п а қ* болуын қамтамасыз етеді (Н.Рақышев, Күйіс малы).

БОРПАЛАҢДА= е т. с ө й л. *Борпаң-борпаң ету.* Ықаш... қайным! тоқта, – деген дауыс естіді. Кең етек ақ көйлегі желпілдеп, *б о р п а л а ң д а ғ а н* Сәлиманы көрді (М.Сүндетов, Ескексіз.).

БОРПАЛАҢДАУ *Борпаланда етістігінің қимыл атауы.*

БОРПАС с ы н. с ө й л. ***Борбас***. Жаңа ғана зәрені ұшырған найзалы мылтық *б о р п а с* топырақка ұшып түсті (Ж.Тілеков, Жоңғар.). Жоңышқа жапырақтары алты-жеті салалы, *б о р п а с,* үлкендігі орташа сопақ-ұзынша немесе созылған жұмыртқа тәрізді, сұрғылт жасыл реңді, едәуір қалың қатқыл түкті (М.Ерлепесов, Тұқым өсіру.).

БОРПАСТАУ с ы н. с ө й л. *Борбастау, болбырлау.* Ал оның түрінде не бар? Аласалау бойлы, *б о р п а с т а у,* мыртықтау келген бітімі бар (С.Сейфуллин, Шығ.).

БОРПАСТЫҚ з а т. с ө й л. *Борпылдақтық, жұмсақтық.* Гибридтерге өсімдіктің күңгірт жасыл түсі, собықтардың төменнен өсуі, ұзын сабақтылық, собық орауыштарының

б о р п а с т ы ғ ы сияқты белгілерін береді (М.Ерлепесов, Тұқым өсіру.).

БОРП-БОРП е л і к. *Сұйық затты борпылдатып, ішке қарай сора тартып ішу кезінде шығатын дыбысты білдіретін сөз.* Тұрлыбек шешесінің мамасын шеңгелдеп ұстап алып, қомағайлана *б о р п-б о р п* сорады (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Малайлар ішіне таба нан турап, бірбір шара аяқ ыстық сорпаны бастарына көтере *б о р п-б о р п* ұрттап жатты (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Шіркін, Әбудің сарамжал әйелі Сарақүл *б о р п-б о р п* пісіп, көрлен кесемен алдыңа қоятын нарқоспақ інгендердің қоп-қою шұбаты таңдайында бал татып, өңешіңнен жұп-жұмсақ болып жылжып өтіп жатқанын сезіну қандай рақат («Егемен Қазақстан»).

БОРПИ= е т. с ө й л. *Борбию, томпаю.* Қатыны қартаңдау, *б о р п и ғ а н* қара әйел екен (С.Сейфуллин, Шығ.). Сөйтіп, пісірген наны *б о р п и ы п,* ауызға салса, үгітіліп тұрады (Ш.Құмарова, Қос шынар).

БОРПИЮ *Борпи етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ісініп *б о р п и ю.*

БОРПЫ: **борпы аяқ**. с ө й л. *Барбиған, жуан аяқ. Б о р п ы а я қ,* тобан аяқ, Байғананың шірігінің қылығы өлтірді-ау! (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). Үй сыртындағы көгалға салынған кілемнің үстіне Тайбөрінің екі *б о р п ы а я ғ ы* желп етіп отырысты (Ғ.Сланов, Дөң асқан).

БОРПЫЛДА= е т. *Борп-борп ету, босау, жұп-жұмсақ болу.* Сабыржанның аузына да *б о р п ы л д а ғ а н* ыстық бидайдың наны тиді (О.Сәрсенбаев, Даңқ). Жіңішке асфальттың арғы жағы *б о р п ы л д а ғ а н* май топырақ («Лен. жас»). Бұл тағдыр мейірімсіз қалай қатаң, Ол үшін сөнді алтын арайлы таң. Бозамық *б о р п ы л д а ғ а н* борайды шаң, Кең ашып обыр аузын қарайды апан (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

БОРПЫЛДАҚ[1] з а т. т а м а қ. *Үгітілген дән ұнынан жасалатын тағам. Б о р п ы л д а қ* жасау үшін майды молырақ ерітіп ысытады да, ұн салады. Талқанды дайындап қойып, дер кезінде шайға қосып дайындаса, талқан шай немесе *б о р п ы л д а қ* деп аталған (Д.Қатран, Қаз. дәст. ас тағам.).

БОРПЫЛДАҚ[2] с ы н. *Борпылдаған, жұмсақ.* Ұрыс біткеннен кейін сарбаздар қаза болған солдаттарды құмайт жағаның *б о р п ы л д а қ* топырағын опыра құлатып, жардың етегіне көмді (І.Есенберлин, Қаһар). Шолақ сүресінің оң жағы, қазіргіше оңтүстік шығысындағы *б о р п ы л д а қ,* шиі көп жазықта күздің күні бір қалың көкпар болды (С.Бақбергенов, Кентау). *Б о р п ы л д а қ* бос топырақтан қалқайтылған грейдердің жәй аты болмаса, заты жоқ десе де болады («Қаз. әдеб.».).

Борпылдақ ұлпа. а) з о о л. <лат. textus laxus, textus – ұлпа, laxus – борпылдақ> *Жасушалардан және жасушааралық заттан тұратын адам мен жануарлар ағзасы мүшелерінің құрамында кездесетін, ең көп тараған дәнекер ұлпа. Б о р п ы л д а қ ұ л п а* жасушааралық затына коллаген және ретикулин талшықтары беріктік, эластин талшықтары серпімділік қасиеттер береді (Қаз. тілі термин. Биология). Зат алмасу процесін із жүзіне асыратын ұлпа сұйықтығы *б о р п ы л д а қ ұ л п а* арқылы үздіксіз ағып, қозғалыста болады (Қаз. тілі термин. Биология). ә) б о т. *Өсімдік мүшелерін құрайтын алты ұлпаның құрамындағы негізгісі.* Негізгі ұлпа өсімдіктің барлық мүшесінде болады, ал жекелей *б о р п ы л д а қ ұ л п а* деп бөлінбейді (Қаз. тілі термин. Биология). *Б о р п ы л д а қ ұ л п а* деп аталу себебі ұлпаны құрайтын жасушалар тобы бір-бірімен тығыз жанаспай араларында жасушааралық қуыстары болады және жасушаларының ұзындығы мен ені шамалас дөңгелек пішінді (Қаз. тілі термин. Биология).

Көңілі борпылдақ. *Көңілшек, көңілі бос.* Әлгінде Жандостың көзінше ақ батасын бағыштамағаны – *к ө ң і л і б о р п ы л д а қ* жас баланы босатып алам ба дегені (О.Бөкеев, Үркер.).

БОРПЫЛДАҚТАУ с ы н. *Бостау, жұмсақтау.* Біздің столдың үстіне бір жас әйел жақындап келіп рұқсат сұрады. Отырыңыз дедік. Денесі *б о р п ы л д а қ т а у,* сары шашты, ақсары әйел (Ғ.Мүсірепов, Достық.). Қоймалжыңданған лимфаның тығыз бөлігі қандікінен гөрі анағұрлым *б о р п ы л д а қ т а у* келеді (Адам анатом.).

БОРПЫЛДАТ= е т. *Борп-борп еткізу.* Ол жалғыз аяқ жолдың ақ топырағын *б о р п ы л д а т а* адымдап келе жатты («Лен. жас»). Шылымын *б о р п ы л д а т а* бір-екі рет сорды да, терезеден сыртқа лақтырды (С.Шаймерденов, Мезгіл).

БОРПЫЛДАТУ *Борпылдат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шаңды *б о р п ы л д а т у.*

БОРПЫЛДАУ *Борпылда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Топырақтың *б о р п ы л д а у ы.*

БОРС е л і к. *Жалынның су төгілгенде бірден сөнуі кезінде немесе ауаға толы жұқа заттың жарылғанында шығатын қысқа дыбысты бейнелейтін сөз.*

Борс етті. *Су не басқа бір сұйық зат төгілгенде от сөніп, қысқа дыбыс шықты.* Жанып жатқан тезек шоғы майлы көбік тамғанда пыс етіп, *б о р с е т і п* сөне қалды (С.Сейфуллин, Әңгім.).

БОРСАҚ з а т. ө с. <лат. dendrostellera> *Тимелеялар тұқымдасына, дендростеллера*

туысына жататын өсімдік түрі. ≈ Ірі масақты *б о р с а қ.*

БОРСАЛАҢДА= е т. *Борсаң-борсаң етіп жүгіру, борсаңдау.* Әне, қалтиып отырған суыр *б о р с а л а ң д а п* ініне қарай қашып барады (А.Сатаев, Дала.). – *Б о р с а л а ң д а п* жүгіре бергенді ұнатпаймын, – деді ол (Ш.Құмарова, Қос шынар). Ес-түстен айырылған Қаншайымның бар білгені – Өмірбайды қолтығынан қыса, Жамбының үйіне *б о р с а л а ң д а п* жүгіру (Ш.Құмарова, Қос шынар).

БОРСАЛАҢДАУ *Борсаларда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ебедейсіз *б о р с а л а ң д а у.*

БОРСАҢ-БОРСАҢ е л і к. *Семіз адамның (жан-жануардың) жүгіргендегі қайталанба қозғалысын бейнелейтін сөз.* Ой, папа, жетеміз бе бүгін енді? Деп бала әлденеге түңіледі. Еңсерген елулерді егде әке, Борпылдап *б о р с а ң-б о р с а ң* жүгіреді (Ж.Молдағалиев, Жыр.).

Борсаң-борсаң етті. *Ебедейсіз, ырғала, ауыр қозғалды, ырсылдады.* Бұл оны елеместен үйге кіре беріп, қорадан *б о р с а ң-б о р с а ң е т к е н* біреудің шыға қашқанын байқады (Ж.Молдағалиев, Жүрек.).

БОРСАҢДА= е т. *Борсаң-борсаң ету, ырсылдап жүгіру.* Айтқанын істеп, *б о р с а ң д а й* берді (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.). Артыма жалт қарасам семіз, жуан сирақты күрең ат *б о р с а ң д а п* шауып келеді екен (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Жүрсе, *б о р с а ң д а ғ а н* борсық дейді; Тұрса үрлеп қойған торсық дейді (Ш.Смаханұлы, Тотияйын).

БОРСАҢДАТ=е т. *Борсаң-борсаң еткізу.* Колхоз тракторының болат тұяғынан шаң бұрқырап, тас жаншылып даңғыл жолмен *б о р с а ң д а т ы п* айдап жөнелді (С.Камалов, Әңгім.).

БОРСАҢДАТУ *Борсаңдат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Семіз сиырды *б о р с а ң д а т у.*

БОРСАҢДАУ *Борсаңда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Борсықтың *б о р с а ң д а у ы.*

БОРС-БОРС е л і к. *Жұмсақ нәрсе жарылғанда, құлағанда, соқтыққанда қайталанып шыққан дыбысты білдіретін сөз.* Совет жағынан бораған нөсерде де қисап жоқ. Дүние адам танығысыз. Көк ала түтін, тарсыл-гүрсіл, *б о р с-б о р с...* (Ғ.Сланов, Замана.).

Борс-борс етті. а) *Жұмсақ нәрсе жарылып, соқтығып, құлағанда дыбыс шығарды.* ≈ Етіктері суға *б о р с-б о р с е т т і.* ә) *Ырсылдады, ентігіп борсаңдады.* ≈ *Б о р с-б о р с е т і п* жүгірді.

БОРСИ= е т. *Быртию, қампию.* Егіннің кей жерлері әлі көк, сүтке *б о р с и ы п* тойған дәнді бастар сабағына салмағын баса салып, бұқтырып тұр (Геогр. хрест.). Бойында сүт мінезді жағымталдық, Әркімге үйірсінеді өсек аңдып. *Б о р с и ғ а н* портфелінде материал, Бір күні ақтартпақшы бір асар қып (І.Жансүгіров, Шығ.).

БОРСИЮ *Борси етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қампайып *б о р с и ю.*

БОРСУ *Борсы етістігінің қимыл атауы.* ≈ Еттің *б о р с у ы.*

БОРСЫ= е т. **1.** *Көп тұрып қалған азықтүлік т.б. иісі шығуы, бұзылуы.* Баяғыда мына торқаның *б о р с ы ғ а н* сорпасы мен быршыған іркітіне табынған күнде итаршы болуымыз жеткен (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Өткен күнді еске түсіру *б о р с ы п* кеткен қымызды ішу сияқты (І.Жансүгіров, Шығ.). Көп жаққан сылау май қалың қабыршыққа айналып, ол *б о р с и д ы* да жағымсыз иіс шығады (С.Омаров). **2.** *Судан, ылғал заттан желденбегендіктен, жағымсыз иіс шығуы, сасуы.* Сәскеде басталған ақ жауын сілбілеп әлі бүркіп тұр. Ауадан салқын сыздың, *б о р с ы ғ а н* батпақтың исі келеді (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

БОРСЫЗ с ы н. *Борды пайдаланбай.* Тақтаға *б о р с ы з* қалай жазасың («Балдырған»).

БОРСЫҚ з а т. **1.** *Жұмыр денелі, терісі бағалы, майы шипалы жыртқыш аң.* Қосаяқ, суыр менен қарсақ, *б о р с ы қ,* Қоян байғұс бұғады күндіз қорқып. Қасқа күзен, сары тышқан, байбақ үлу Таң атқанда жылайды дауысын қосып... (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Б о р с ы қ* ұрған сайын семіреді (Мақал-мәтел). **2.** з о о л. <лат. meles meles> *Сүтқоректілер тобы сусар тұқымдасына жататын жыртқыш аң.* Жыртқыш сүтқоректілер тұқымдасының бір өкілі *б о р с ы қ* та інде мекендейді (Б.Муханов,.. Қазақст. өсімдік.). Бұл аймақта сүтқоректі жануарлардан үйір-үйірімен жортып жүрген бөкендерді, некен-саяқ қарақұйрықты, *б о р с ы қ т ы,* сасық күзенді, ал қамыс арасынан жабайы қабанды да көресіз («Қазақст. әйелдері»). Қазақстанда *б о р с ы қ т ы ң* 4 түрі, тармағы бар: Ферғана борсығы (M. m. severtzovi); Тянь-Шань борсығы (M. m. tianschanensis); құм бор-сығы (M. m. arenarius); Сібір борсығы (M. m. Sibiricus) (ҚҰЭ). *Б о р с ы қ т ы ң* майы витаминдерге бай, сондықтан халық медицинасында оны буын ауруларын, туберкулез және іріңді жараларды емдеуге қолданды (ҚҰЭ). **3.** а у ы с. ж а ғ ы м с ы з. *Ел үстінен күн көретін арамтамақ адам мағынасында.* Омбыда оқып жүргенімде Сорокин деген кісінің: – Ақсүйектер, төрелер, мырзалар – бұлар арамтамақ, елдің денесіне қадалып, қанын сорған *б о р с ы қ т а р!* – дегені есіме түсті (С.Сейфуллин, Тар жол.). *Б о р с ы қ,* болпақ байларға Талқандатқан, талатқан

(Т.Жароков, Таңд.). Біреу бай, біреу төре, біреу жарлы, Көбі зарлап төгіп жүр жас пен қанды. Атаңды жау шапқанда бірге шауып, *Б о р с ы қ т а р* семіріп жүр, көміп арды (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

БОРСЫҚЖҮН з а т. ө с. <лат.microgynoecium> *Микрогинециум туысына жататын шөптесін өсімдік.* ≈ Тибет *б о р с ы қ ж ү н і.*

БОРСЫҚТАЙ с ы н. **1.** *Борсық тәрізді, борсық сияқты. Б о р с ы қ т а й* тылтиып, Торсықтай тырсиып, Отырған мынау сиқымыз, Тамаққа тойып тыңқиып (А.Тоқмағамбетов, Дария.). Осы күнгі ерлердің Қол-аяғы байлаулы Арбадағы мәстектей Тырнаның басын кемірген. Қорлыққа қазақ үйреніп, Ұра берсең үшбу күн *Б о р с ы қ т а й* болып семірген (Кердері Әбубәкір, Қазағым). **2.** а у ы с. *Біреудің еңбегін қанап семірген, арамтамақ қанаушы адамдай. Б о р с ы қ т а й* қанға семіз мырзалардың Құтырған семіздіктен жынын бассақ (С.Сейфуллин, Шығ.).

Борсықтай сорды. *Еңбегін жеді, ел үстінен күн көрді, байыды.* Болыс мансабына ие болып, енді *б о р с ы қ т а й с о р ғ а н* халықты қақсатқандар да елеусіз қағажу қалмайды (С.Бегалин, Замана.).

БОРСЫҚША ү с т. *Борсыққа ұқсап, борсық тәрізденіп.* Алдына түсіп «ұрылар» Келеді желіп жор-таңдап. Арқасында ділләсі, *Б о р с ы қ ш а* басып бұртаңдап (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.). Оның басына қандай тас тисе де, бір қайтпайды, ұрған сайын *б о р с ы қ ш а* семіреді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Борсықша сорды. *Қанады, еңбегін жеді, ел үстінен күн көрді, байыды.* Европа қорқытып алған жер дүниедегі халықтарды *б о р с ы қ ш а с о р ы п* отыр (С.Сейфуллин, Шығ.).

БОРСЫЛДА= е т. с ө й л. *Борсаңдау, ырсылдау, борс-борс ету.* Топта сиыр пысылдап, Шөп иіскелеп жаландап, Үркіп шіркін *б о р с ы л д а п,* Қайқаңдайды алаңдап (С.Сейфуллин, Шығ.). Самырсын саясында мамықтай бұрқырап жатқан жұмсақ мүк төсек былқылдап, *б о р с ы л д а п* қана Зарқұмардың салмағынан ойылады (С.Бегалин, Жеткіншек).

БОРСЫЛДАҚ с ы н. с ө й л. ***Борпылдақ.*** *Б о р с ы л д а қ* құмның үстін кесіп өтіп, сықылықтап күліп жүгіріп бара жатқан Насиқаны қуып жеттім («Қаз. әдеб.»).

БОРСЫЛДАТ= е т. с ө й л. *Ырсылдату, ентіктіру.* Жауыздықты ауыздықтап, Езіп мықтап, *Б о р с ы л д а т ы п* иткелмеске айдады (С.Сейфуллин, Шығ.).

БОРСЫЛДАТУ с ө й л. *Борсылдат етістігінің қимыл атауы.* Қарсақ, – деді Кемел қадалған көзін алмастан. – Түлкіше бұлаңдауың да, қоқан-лоқының дәрісін *б о р с ы л д а т у ы ң* да жетер енді (Ә.Әбішев, Замана.).

БОРСЫЛДАУ *Борсылда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Былқылдап *б о р с ы л д а у.*

БОРСЫҢҚЫ с ы н. *Борсыған, сасықтау, жағымсыз иісті.* Капитан етегі жинақы орақ мұрнын тағы да тыжырды. – Ау, бұл не, бұл *б о р с ы ң қ ы* иіс? Сасып кеткенсіңдер ғой (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

БОРСЫТ= е т. *Сасытып иісін шығару, сасыту.* Суды үш-төрт күнде бір жаңартып тұрамыз, әйтпесе су сасиды да, егінді *б о р с ы т а д ы* (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

БОРСЫТУ *Борсыт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Суға *б о р с ы т у.*

БОРТ[1] [нем. bord] з а т. *Кеме, қайық, автомәшине, ұшақ бүйірі; шанақ қабырғасы, ернеуі.* Тақтайыңды әкел, машина сынбайды деп, Асқар мәшинесінің *б о р т ы н* ағыта бастады (З.Шашкин, Теміртау). Мен де тұрмын сол кеменің *б о р т ы н д а,* Тыпыршыған, тықыршыған жағада, Репортерлер ерсілі-қарсылы жортуда (Ә.Тәжібаев, Аралдар).

БОРТ[2] [гол. boort] з а т. г е о л. *Алмастың сапасы төмен, қырлауға жарамайтын кристалдары мен агрегаттары. Б о р т* түрпілік материал ретінде пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Геология).

БОРТ[3] е л і к. *Қатты заттың сынғандағы бырт, күрт еткен дыбысын бейнелейтін сөз.* Жапырған жай оғындай ауыр соққы, Қақсатты быт-шыт қылып жаудың жігін. Күзде кеп босағасын *б о р т* сындырып, Шығыстан бұзып кірдік фашист інін (Қ.Әбдікадыров, Өленд.).

БОРТАҢ-БОРТАҢ е л і к. с ө й л. *Семіз адамның (жан-жануардың) жүгіргендегі қозғалысын бейнелейтін сөз.* Шағала қозылар *б о р т а ң-б о р т а ң* жүгіріп, енесінің емшегіне жабысты («Соц. Қаз.»).

БОРТАҢДА= е т. *Бортаң-бортаң ету, борсаңдау.* Екі бала көздері жаудырап, әкесіне қарай *б о р т а ң д а й* жүгіре бастады (Мың бір түн). Қарымбай жан-жағына алақтап қарап алып, ілгері жүріп кетті. Білікөл көшесімен *б о р т а ң д а п* басып келеді (М.Қуанышбаев, Кек қылышы). Жанбосын жұлдыздай ағып зымырағанда, біз *б о р т а ң д а п* ілесе алмай қаламыз (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Қайта тебініп жалт қараған аңшы *б о р т а ң д а й* безіп бара жатқан көкшуланға қапталдай қосылу үшін құйындата жөнелді (Ә.Мейірбеков, Аспантау.).

БОРТАҢДАУ *Бортаңда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ебедейсіз *б о р т а ң д а у.*

БОРТ-БОРТ е л і к. *Қатты зат сынғанда бырт-бырт, сырт-сырт етіп шыққан дыбыс-*

ты білдіретін сөз. Күдіс торы ауыздығы алына салынысымен, көк өлеңді *б о р т-б о р т* үзе бастады (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Сірә, менің даусым жетпеді-ау деймін, атты ешқайда бұрылмастан *б о р т-б о р т* аяңмен кете берді (Ш.Мұртазаев, Интернат.). Маңдайындағы құлқайырлар *б о р т-б о р т* сынып, жапырылып жатыр (Д.Исабеков, Қара шаңырақ).

БОРТИ= е т. *Быртию, ісіну.* – Апай, сіз көп жылап соқтығып қалыпсыз, – деді Қазиза жауын суына *б о р т и г а н* жұмыр қолдарын уқалай отырып (З.Иманбаев, Дала.). *Б о р т и г а н* аппақ саусақтарымен шыны аяқты ерніне сақтықпен апарып, ақырын ұрттады (Д.Исабеков, Мазасыз күн.). Ал ағаш бүршіктері *б о р т и ы п* балбырағанымен әлі жапырақ жарғаны жоқ (С.Ақтаев, Қапшағай.).

БОРТИЮ *Борти етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бүршіктеніп *б о р т и ю.*

БОРТМЕХАНИК [нем. Bord, грек. mechane – құрал, мәшине] з а т. **1.** а в и а ц. *Ұшақтың, тікұшақтың қозғалтқышын, жабдықтарының, құралдарының жұмысына жауапты ұшу экипажының мүшесі.* Досым Алматы аэропортында *б о р т м е х а н и к* боп істейді («Спорт»). **2.** *Кемедегі механизмдерді бақылаушы маман. Б о р т м е х а н и к* кемедегі механизмдердің ақаусыз жұмыс істеуін қадағалайды («Қаз. әдеб.»).

БОРТСЕРІК з а т. а в и а ц. *Ұшақ ішіндегі тәртіпті бақылайтын, ондағы жолаушыларға қызмет көрсететін азаматтық әуе флоты қызметкері.* Алматының біріккен авиаотряды *б о р т с е р і к* мамандығына конкурс бойынша қабылдау өткізеді («Алматы ақшамы»). *Б о р т с е р і к* мамандығына кандидат саяси сауатты, кәсіби қабілеті жоғары, тәрбиелік қасиеті жақсы, реңді түрі және қызмет көрсету саласына икемі болуы қажет («Алматы ақшамы»).

БОРТЫҚ с ы н. с ө й л. *Бортиған, семіз.* Ақ *б о р т ы қ* саусақтар сүт ағынға малынып тұрды да, қайтадан тізелеп кетті (А.Сүлейменов, Бесін).

БОРТЫЛ з а т. *Бір нәрсе шорт сынғанда, үзілгенде естілетін дыбыс, сыртыл.* Енді тек сынған бұталардың *б о р т ы л ы* ғана естіліп тұр («Қаз. әдеб.»).

БОРТЫЛДА= е т. с ө й л. *Борт-борт сыну, бытырлау.* Піскен егін басы *б о р т ы л д а п* үзіле берді (Ауызекі).

БОРТЫЛДАҚ с ы н. с ө й л. *Шорт сынғыш, үзілгіш.* Бір сағаттан соң бұл қоймалжың масса қатайып тез сынғыш, *б о р т ы л д а қ* қалыпқа түседі («Қазақст. мұғ.»).

БОРТЫЛДАТ= е т. *Борт-борт сындырту.* Әшімбек келгенде колхоздың жылқысы шидің қарын *б о р т ы л д а т ы п* теуіп жатыр екен (С.Бегалин, Шығ. жин.). *Б о р т ы л д а т ы п* егін басын үзіп жегендерімен қатар, орта белден отырып, сындырып жұлғандар да бар (М.Әуезов, Абай жолы).

БОРТЫЛДАТУ *Бортылдат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шиді *б о р т ы л д а т у.*

БОРТЫЛДАУ *Бортылда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ағаштың *б о р т ы л д а у ы.*

БОРША[1] з а т. э т н. т а м а қ. **1.** *Тауық-үйрек, қозы-лақ еттеріне күріш, пияз, бұрыш, шикі жұмыртқа, сары май қосып, бүйенге салып суға қайнатып пісіретін тағам. Б о р ш а н ы ң* пісу уақытын құрамындағы етке байланысты 30-90 минөт болады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). **2.** *Ыстықта бұзылып кетпеу үшін сүйектен сылып алып, тұздап кептірген, ұрылып жұқартылған ірі қараның еті.* Боршалау үшін етті жұқа, ұзынша етіп тіліп, тұзды суға малып алып, кептіріп, келіге түйіп ұнтақтайды. Бұл *б о р ш а* деп аталады (Д.Қатран, Қазақ. ас-тағам.).

Арқа еті арша, борбай еті борша болды. *Арып ашып, азып-тозды, жүнжіді. А р қ а е т і а р ш а, б о р б а й е т і б о р ш а б о л с а* да, жаны сірі немедей, өлмей жүре берді (С.Мұқанов, Тол. шығ.). Бұрын *а р қ а е т і ң а р ш а, б о р б а й е т і ң б о р ш а б о л ы п,* қанша еңбек етсең де не тамағың тоймайтын, не иығың жабылмайтын (Ә.Нұршайықов, Жомарт.).

Борша болды [боршасы шықты]. *Арсаарса болды, пәре-пәресі шықты.* Құтқару керек егер тірі болса! Ал егер құрбандардың бірі болса, Бұған да қан майданда өлу керек, Жаулармен арпалыста *б о л ы п б о р ш а* (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Қыздың көз алдында өзге дүниені тасалап ақсия сынған сояу-сояу сүйек пен қып-қызыл қанға боялып, *б о р ш а с ы ш ы қ қ а н* ет тұрып алды (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Жан алқымға тақалып, *б о р ш а с ы ш ы ғ ы п* терлеп, тәуекел деп ырғып кетті (Д.Досжанов, Зауал).

Бір борша ет. э т н. *Бір тамақ пісіруге жарайтын тіліледелген кесек ет мөлшерін білдіретін халықтық өлшем.* Әлиман бізге үш мезгіл түтін түтетіп, дастарқан жаяды, *б і р б о р ш а е т п е н* бәріміздің бүйіріміз шығатын бір қазан дәмді тамақ істейді (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

БОРША[2] з а т. ө с. *Біраталық сораңша. Б о р ш а* Оңтүстік Алтай мен Қалбы таулары-ның самырсын, балқарағай, шыршалы орманды жерлерінде кездеседі («Қазақст. мект.»).

БОРША[3] з а т. ж е р г. ***Бұрге***. Бұл үйде *б о р ш а* бар екен (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БОРША[4] с ы н. *Бор сияқты, борға ұқсап.* Тас қабырға болса, мәңгілік тыныштықтан

ояның, *б о р ш а* үгіліп, мұжылып түсіп жатыр (М.Сәрсекеев, Жетіжылдық.).

БОРША-БОРША с ы н. **1.** *Дал-дал, пәре-пәре, быт-шыт.* Неше күннен бері жаумен арпалысқан жұрттың үстіндегі киімдері *б о р ш а-б о р ш а* болып жыртылған (Ә.Шәріпов, Партизан.). Әміріне ақ патшаның амал қанша! Алпыс үй айдалада жатыр аңша. Дәриға дес тиер күн келер ме екен, Етер ек сан етіңді *б о р ш а-б о р ш а* (Халық ақын.). Ел жайлауда, көк шалғында қымызға қызып гүілдеп, мас болып жатқанда, мен босағада отырып, жарық сары тостағанмен саумал ішіп, дамбалым *б о р ш а-б о р ш а,* шекпенім өрім-өрім болып жалбаңдап, жыламсырап жүргенім (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** *Ағыл-тегіл, моншақ-моншақ (тер).* Мен *б о р ш а-б о р ш а* боп терлеп, қайтадан талықсып кеттім (Д.Исабеков, Мазасыз күн.). Пысынап кетіп, күпәйкемді шешіп, астыма төседім. *Б о р ш а-б о р ш а* тер жуды (А.Нысаналин, Алыста.). Асхана меңгерушісі *б о р ш а-б о р ш а* болып терлеп кетті (Дәрігер мерейі).

Борша-боршасы шықты. *Қара терге түсті.* Сондағы күннің ыстығын-ай, *б о р ш а-б о р ш а м ш ы ғ ы п* әрең ілесіп келе жатырмын (Қ.Әжікеев, Жылан.). Қомағай неме кереленіп, екі-үш тостағанды салып алып еді, біраздан кейін, ақ тер одан да кетіп, бұдан да кетіп, әбден *б о р ш а-б о р ш а с ы ш ы қ т ы* (Ә.Кекілбаев, Дала.).

БОРШАДАЙ с ы н. *Борша (кепкен ет) тәрізді, борша сияқты.* Сенсіз тұрған мына жан, От қақтаған *б о р ш а д а й.* Сен жанымның сусыны, Қалай тұрсың аңсамай (Мың бір түн).

БОРША-КІСЕ з а т. т а м а қ. *Ішекке, бүйенге тығылып, жайылған қамырға оралып пісірілген тағам. Б о р ш а-к і с е н і* тауық, қаз, үйрек, бұзау, лақ, қозы етіне сарымсақ, бұрыш, шикі жұмыртқа, сары май қосып пісіреді (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

БОРШАЛА= е т. **1.** *Тұтас малдың, аңның етін мүшелеп бұзу, жаймалау.* Киіз үйдің ұақ ортасында тері үстінде мүше-мүшесімен теңкиіп жатқан етті екі жағынан жүрелеп отырып, білектерін түрініп ап Смағұл мен Ыдырыс сұғына *б о р ш а л а п* жатыр (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Қос білекті сыбанып жіберіп, теңкиіп жатқан тайдың мол етін *б о р ш а л а п,* жәукемдей бастады (Д.Досжанов, Тұлпар.). *Б о р ш а л а п,* іреп, сойып өз бетіңмен, Тоқпақтап, найза сұғып түйрелерсің. Оған да көнбеген соң, көңілің қайтып, Жуымай маңайына жиренерсің (Ә.Найманбаев, Шығ.). **2.** *Бытшыт қылу, мыж-мыжын шығару, кескілеу.* Елде жүрген милиционерді аңдып, ұстап, қарсылық қылғандарын өлтіріп, өлікті мылжалап, *б о р ш а л а п* кетеді (С.Сейфуллин, Әңгім.). Біреулерін шанышқылап, Қырып шықты *б о р ш а л а п* (Қамбар батыр). Жау минасының жарықшақтары менің қоң етімді *б о р ш а л а п* кетті (Майдан). Жыртқыш құстарды жемді аяқтарындағы өткір тырнақтарымен іліп алып ұядағы балапандарына алып келеді де оны *б о р ш а л а п,* ұсатып береді (Р.Әлімбаев,.. Құстар.). **3.** а у ы с. *Бір істің мән-жайын түгел тәптіштеп талдау.* Сағат бес пен алтының арасы – бөлімше басшылары мен директор, бас агрономдардың телефон арқылы дидарласып, бір жайды *б о р ш а л а п* отырып, талдап шығар шағы («Лен. жас»).

БОРШАЛАН= е т. *Быт-шыты шығу, мыж-мыж болу.* Киімдері жыртылып *б о р ш а л а н а* бастады (С.Сейфуллин, Әңгім.). Шинельмен аралас *б о р ш а л а н ы п* езілген қанқан ет, жыртылған құйқа тері жатыр (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

БОРШАЛАНУ *Боршалан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Киімнің *б о р ш а л а н у ы.*

БОРШАЛАП-БОРШАЛАП үс т. *Тілгілеп-тілгілеп, борша-борша етіп.* Жалғыз ауыз сөз айтқыза алмаған банда жас жігітті *б о р ш а л а п-б о р ш а л а п,* ең соңында басын шапты да жүре берді («Лен. жас»).

БОРШАЛАУ *Боршала етістігінің қимыл атауы; малдың, аңның етін мүшелеп бұзу.* Сойған жылқының терісін төр алдына жайып жіберіп, әкем мен тәтем әкелген еттерін дереу *б о р ш а л а у ғ а* кірісті (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Консерві өндірісінде балықты *б о р ш а л а у д а н* алынатын уылдырықты шыны банкаларға біркелкі тұздалған күйінде салып, тиімді өнімге айналдырып отыр (М.Тайыров, Балқаш.)

БОРШАЛАУШЫ з а т. *Ет шабушы, бөлшектеуші.* Ет *б о р ш а л а у ш ы* болдым. Былайда ол жаман қызмет емес (Ғ.Қабышев, Мінездеме).

БОРШЫ=е т. с ө й л. *Борсу, сасу.* Дорбаға құндақталды өкпе-бауыр, Кетпейтін көбең еттей күнге *б о р ш ы п* (Т.Әлімқұлов, Боз жорға).

БОРШЫН з а т. *Қоғадан тоқылған шәркей.* Сәкіге шығу керек болса, алдымен етігімізді шеше тастап, қоғадан тоқылған *б о р ш ы н ы м ы з д ы* киеміз (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

БОРЩ ор. з а т. т а м а қ. *Дәмдік-татымдықтар мен көкөністер қосылған қызылша мен қырыққабат сорпасы.* Сорпа шынында да ғажап дәмді еді! Картоп, қызылша турап, қаймақ қатып, жас капустадан келістіріп істеген *б о р щ* болса керек (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Ақ

тарелкаға құйылып, қаймақ қатқан *б о р щ* әкелінді (С.Алдабергенов, Әңгім.).

БОРЫҚ[1] з а т. ө с. **1.** с ө й л. ***Борыққамыс***. Қысы-жазы бір жеген шөбін қайта жеп, өзге жердің малының аузы *б о р ы қ* татып кетеді (Ғ.Қайырбеков, Қарқаралы.). **2.** б о т. *Суда өсетін қамыс тәрізді өсімдіктің тамыры мен сабағының арасындағы, шырынды әрі тәтті болып келетін сабағының түп жақ бөлігі.* Аққулар басын суға батырып мойнын созып, түнба, лай су өсімдіктерінің тамыр, сабақ, *б о р ы қ т а р ы н* қорек етеді (Б.Муханов, Қазақст. өсімдік.). Құланнан атты қодықты, Көлден тартты *б о р ы қ т ы,* жетемін деп торықты (Алпамыс).

БОРЫҚ[2] з а т. к ә с. *Ау тартатын ұршық ағаш.* Қыстығүні мұз астына салған ауды *б о р ы қ* арқылы тартып алады. *Б о р ы қ т ы* атпен тартады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). Жеті жасар балаға дейін тыным таппай тұзақ құрып, *б о р ы қ* тартып әлек (С.Жүнісов, Жапанда.).

БОРЫҚ[3] з а т. ж е р г. *Борсыған шалшық су.* Біздің жерде ішуге жарамайтын *б о р ы қ* сулар көп (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БОРЫҚҚАМЫС з а т. ө с. <лат. saccharum> *Сулы жерде өсетін жұмсақ, ақсүйрік тамырлы, астық тұқымдасына жататын көпжылдық қамыс тәрізді өсімдік. Б о р ы қ қ а м ы с т ы ң* он екі түрі белгілі (ҚҰЭ). *Б о р ы қ қ а м ы с* қалемше арқылы көбейеді (ҚҰЭ).

Жабайы борыққамыс. ө с. <лат. saccharum spontaneum> *Қазақстанда таралған астық тұқымдасы, борыққамыс туысына жататын өсімдік. Ж а б а й ы б о р ы қ қ а м ы с* – Сырдарияның тоғайлы алқаптарында, кейде тау етегінде, өзен жиегінде, егін-жайда арық жиектерінде кездеседі (ҚҰЭ). *Ж а б а й ы б о р ы қ қ а м ы с* сабағында 2–4% сахароза болады. *Ж а б а й ы б о р ы қ қ а м ы с т ы* балғын кезінде мал сүйсініп жейді, сүрлемге салуға болады (ҚҰЭ).

Мәдени борыққамыс. ө с. <лат. saccharum officinarum> *Биіктігі алты метрге дейін, сабағының жуандығы бес сантиметрдей болатын, астық тұқымдасына жататын борыққамыс туысының бір түрі. М ә д е н и б о р ы қ қ а м ы с* Оңтүстік шығыс Азиядан тараған (ҚҰЭ). *М ә д е н и б о р ы қ қ а м ы с т ы ң* сабағында 16–18% сахароза болады, жапырағы ұзын, жалпақ сабаққа кезектесіп орналасады. *М ә д е н и б о р ы қ қ а м ы с т ы* қант, спирт т.б. өндіруге, малға жем ретінде пайдаланады (ҚҰЭ).

БОРЫҚТАЙ с ы н. *Борық тәрізді, жұмыр әрі аппақ.* Ащы өзеннің бір мүйісінде ақ *б о р ы қ т а й* ауыр қотан ақтылы қой жатыр (Ж.Аймауытов, Шық. жин.). *Б о р ы қ т а й* жұп-жұмыр білектен көзі жақұт күміс білезік жарқ етті (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). Аппақ *б о р ы қ т а й* болып семірген екен (Б.Майлин, Шық.). Жіберді шақырттыра бір адамды, Барды да ол көлденеңдеп тұра қалды. «Жүр-жүр» деп жеделдете бергеннен соң, *Б о р ы қ т а й* мойнын үзіп, бұрап басын (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Ақ борықтай бала [бөпе]. *Топ-толық, денесі аппақ, томпиған нәресте. Б о р ы қ т а й а қ б а л а с ы н* көтерген күйі кемпір үйге кіріп кетті (Ғ.Сланов, Асау арна). Жібек ана *а қ б о р ы қ т а й б ө п е с і н е* мамасын емізіп еміренед. От жүрекке аямай қысып, айналадта, толғанад (Ж.Аймауытов, Шық. жин.).

Борықтай домаланған. *Томпиған, шығыңқы, дөңгеленген.* Үстінде қорасаннан қалған дағы бар *б о р ы қ т а й д о м а л а н ғ а н* мұрнын көтеріп, жайнамазын жайды (С.Жүнісов, Шық. жин.).

Борықтай жұмсақ. *Былпылдақ, езіліп тұрған, тәтті.* Қырда еркін жүріп, ойына алған малдың аппақ қардай семіз, *б о р ы қ т а й ж ұ м с а қ* етін жеп, сүйегі ағарған арлан зілдей екен (С.Жүнісов, Шық. жин.).

БОРЫҚТЫ с ы н. *Борыққамысы қаулай өскен, борығы бар. Б о р ы қ т ы* бұлақтың басында қырық елік жүреді, соның ішінде қаракер елік бар (Қаз. ертег.).

БОРЫЛДА= е т. *Су төгілгенде шоқтың бор-бор етіп сөнуі.* ≈ Шоққа құйған су *б о р ы л д а д ы.*

БОРЫЛДАТ= е т. *Бор-бор еткізу.* Қыпқызыл болған шабаланы шешем алып кеп төбеме ұстады, пұшық шешей қызған шабаланың үстіне суды *б о р ы л д а т а* құйды (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

БОРЫЛДАТУ *Борылдат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Суды *б о р ы л д а т у.*

БОРЫШ з а т. **1.** *Әдетте ақшалай түрде алынатын қарыз. Б о р ы ш ы н* жасырған төлейді, ауруын жасырған өледі («Жұлдыз»). Сол қулар заруат болып тұрғанда қазақтарға ақша беріп, *б о р ы ш қ а* айына бір теңгеге он тиын һәм көптеп өсім алады («ДУГ»). **2.** *Бересі, мойнына артылған берешегі.* Сәдірбектің *б о р ы ш ы н* балалар орталарынан төлеп жіберді (С. Бегалин, Мектеп.). Үш жыл жатып ол бұзау өгіз болар: «Өгіз бер, не тегін жүр» демей ме олар? Жыл сайын сондай *б о р ы ш* басын байлап, Кедейлер сен секілді қайдан оңар? (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Тапқан малымның бір бөлімімен *б о р ы ш ы м д ы* өтеймін, бір бөлімін өсімге беремін (Ы.Алтынсарин, Таңд. шық.). Тамақ, киім, *б о р ы ш* қысқан күні малын бұлдап қарызға алады (Абай, Тол. жин.). **3.** қ а р ж ы. *Заң жүзінде негізделген белгілі бір мерзімге және белгілі бір*

шартпен қарызға алынған ақшалай сома. Ағымдағы *б о р ы ш* қысқа мерзімді міндеттемелермен беріледі (Қаз. тілі термин. Экономика.). Көпшілік *б о р ы ш ы* – елдің мемлекеттік жиынтық борышы (Қаз. тілі термин. Экономика.). **4.** а у ы с. *Рухани міндет, парыз.* Мынау медресе «Ғалияға» хал-қадарінше жәрдем ету, білмейтіндерге түсіндіріп, медресенің күшеюіне қам қылу сіздерге зор *б о р ы ш* (М.Дулатов, Шығ.). Тараpда Ақбала өзгелерінен оңашалана беріп: – Жұмысыңыз болса, келіп тұрыңыз. Сіздей қарындастарымызға жәрдем беруді *б о р ы ш* көреміз, – деп қолымды майда қысты (Ж.Аймауытов, Шығ.). **5.** а у ы с. э к с п р. ж а ғ ы м с ы з. *Әбден үйреніп алған жағымсыз қылықты орындауға деген ынта, қадет мағынасында.* Бойыңа сіңіп, өрт болған, Қызба бастық жасыңда. Қызылшыл семіз, жас қымыз – Бір үлкен *б о р ы ш* басыңда (Абай, Тол. жин.). **6.** а у ы с. э к с п р. ж а ғ ы м с ы з. *Сатулы деген мағынада.* Жасы кіші үлкеннен ұялмай жүр, Сұрамсақтар нәпсісін тия алмай жүр. Сәлем – *б о р ы ш*, сөз – құлық болғаннан соң, Қандай жан сырттан сөз боп сыналмай жүр? (Абай, Тол. жин.).

Азаматтық борыш. а) қ о ғ.-с а я с и. *Адамның қоғам мүшесі ретіндегі қоғамдық өмірдің әртүрлі маңызды шаралары алдындағы жауапкершілігі, қоғам алдындағы міндеті.* Францияда болған соңғы жалпыхалықтық сайлау барысында 41,5 млн. адам тіркелді. 2004 жылдың 13 маусымында олардың 17,7 млн. ғана сайлау учаскелеріне келіп, өздерінің *а з а м а т т ы қ б о р ы ш ы н* орындаған, ал тіркелген сайлаушылардың 57,2% сайлауға қатыспай қалған (Қаз. әдеб.). ә) *Ер азамат ретіндегі адамдар алдында алған парызы.* Бұзып-жарып қамалын адамдардың, Қол ұшын беріп оған бара алмадым. Келісіп аяғымды басқан жанмен, *Б о р ы ш ы м д ы а з а м а т т ы қ* тамамдадым (М.Мақатаев, Шығ.).

Борыш көрді. *Міндет деп санады.* Сол қыз туралы бір суық сөз естіп, соны сізге айтып кетуді өзіме *б о р ы ш к ө р д і м* (З.Шашкин, Теміртау).

Борышқа батты [борышы басынан асты]. *Қарыздың астында қалды.* Нұржанның *б о р ы ш ы б а с ы н а н а с ы п* жатыр (Б.Майлин, Таңд. шығ.). Бала-шаға ашықты, үй иесі *б о р ы ш қ а б а т т ы* (Ғ.Сланов, Очерк.)

Борышқа берген жоқ. с ө й л. *Қарызының өтеуіне берген жоқ, сондықтан ешкімге тәуелді емес, жауапты емес деген мағынада.* Түннен бері отыз ат-айғырды қан сорпа қылдыңдар, енді беретін атым жоқ. Және Беделбайды мен *б о р ы ш ы м а б е р г е н і м ж о қ* (Шағын пьеса).

Борыш мониторингі. э к о н. *Борыштың құралуы, өзгеруі, оның өтелуін қадағалау, талдау, бақылауға бағытталған қызмет. Б о р ы ш м о н и т о р и н г і* – мемлекеттің өзі уәкілеттік берген органдары арқылы атқаратын борыштың құралуы, өзгеруі және оған қызмет көрсетілуі барысын қадағалау, талдау және бақылау жөніндегі қызметі (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Борышты аудару. э к о н. *Борышқордың өз борышын шарт бойынша басқа адамға аударуы арқылы міндеттемедегі адамдардың ауыстырылу процесі. Б о р ы ш т ы а у д а р у д а* мына шарттар міндетті түрде орындалуға тиіс: несиегердің жазбаша келісімі керек, мәміле тек жай немесе нотариалдық жазбаша нұсқада ғана жасалынады, осы операцияны үш тараптың бухгалтерлік есебінде жүргізу үшін салыстыру актісін жасау қажет (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Борышты өтеу. э к о н. *Қарызгердің алынған қарыз сомасын несиегерлермен жасалынған шарттарда көрсетілген тәртіппен қайтаруы. Б о р ы ш т ы ө т е у* борышты құрайтын басқа да міндеттемелерді белгіленген тәртіппен орындауы (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Борышын өтеді. а) *Қандай да бір қоғамдық істің алдындағы, өтеуге міндетті бекітілген парызын атқарды.* Старостамыз әскерден өз *б о р ы ш ы н ө т е п* келген, жігіт ағасы боп қалған Шыңқай деген кісі еді (Ө.Күмісбаев, Ауылдан.). ә) *Біреудің алдындағы рухани парызын атқарды.* – Туған анам жөнінде артықкем сөзім болса кешіріңдер, мен *б о р ы ш ы м д ы ө т е п* отырмын бүгін, – деп Балатай тұнжырай қалды (С.Талжанов, Ұлдай.).

Біріктірілген борыш. қ а р ж ы. а) *Борышқор мен несиегер арасында заң жүзінде негізделген борыш. Б і р і к т і р і л г е н б о р ы ш* әдетте борышты төлеудің кейбір кепілдіктерін көздейді (Қаз. тілі термин. Экономика.). ә) *Ұзақ мерзімді бағалы қағаздар шығару нәтижесінде пайда болатын борыш. Б і р і к т і р і л г е н б о р ы ш т а н* алынған түсім қысқа мерзімді бағалы қағаздар шығаруды өтеуге жұмсалады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Құдай алдындағы борыш. д і н и. *Алла алдындағы міндет, діни парыз.* «Мына қыз зарлап басымызды ауыртты, осыны азат етсеңіз қайтеді?» дегенде «Ақ қойдың қаны мен ақ батаның заңын бұзбау *Құ д а й а л д ы н д а ғ ы б о р ы ш ы м ы з*», – деп, Тұрысбек қажы сөзді доғарып тастаған (Сара Тастанбекқызы, Тордағы.).

Мемлекеттік ішкі борыш. қ а р ж ы. *Шығарылған, бірақ әлі өтелмеген мемлекеттік қарыздардан алынған ақшалай қаражат со-*

масы. Мемлекеттік ішкі борыш мемлекеттік ішкі несиенің нәтижесі болып табылады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Сыртқы борыш. қ а р ж ы. *Халықаралық мемлекеттік несие алғанда пайда болатын мемлекеттік борыш түрі.* ≈ *Сыртқы борыш* көлемі.

БОРЫШКЕР с ы н. *Біреудің немесе бір нәрсенің алдында қарыздар, парызы бар адам.* Штурм жасауда, зенитка атқылағанда шебер маневрлер істеуде жетістіктерім үшін Степан Демьяновичке ғана *борышкермін* (Т.Бигелдинов, Аспан.). Ақын болсын, артист болсын, драматург болсын еңбек адамының алдында ұлан-асыр *борышкер* («Қаз. әдеб.»). Әбдірахман деп өзін Хасан алдында әлі *борышкер* санайды (О.Сәрсенбаев, Сағым).

БОРЫШКЕРЛІК з а т. *Борышкер болушылық. Өзінің парызын, міндеттерін сезінушілік.* Оның халық алдындағы *борышкерлігі* күшейіп келеді («Қаз. әдеб.»). Мұнда қоғамдық мүдде жатады, коллективке деген *борышкерлік* туады («Қазақст. мект.»).

БОРЫШҚАР с ы н. с ө й л. ***Борышқор***. Бір-екі киік атып алу керек боп тұр. Біреуге *борышқар* едім (М.Жұмағұлов, Қыран.).

БОРЫШ-ҚАРЫЗ з а т. *Қарыз, бересі.* Өңкей қара қасқа кедей. Күн көріп отырған жалғыз шырын алмасақ, түк бөлек-салағы жоқ, *борыш-қарызына* беріп бітірген (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БОРЫШ-ҚАРЫШ з а т. **1.** *Берешек, қарыз, бересінің жинақтық атауы.* Бұ мал қаншаға жетеді, келесі соғым, алым-шығын, киімкешек, *борыш-қарышқа* несі қалады? Ол кетсе, мен шаруаны ұқсата алармын ба? (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** *Биік міндеттер мен рухани парыздар.* Ішінен шыққан баласын құтты жерге абыроймен қондыру ата мен ананың *борыш-қарышының* бастысы емес пе? (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

БОРЫШҚОР с ы н. **1.** *Біреуге қарыздар, берешек.* Жандарал, заседатель бәрі менде, маған қарсы келеді қандай пенде! Малым барда бетіме кім шыдайды, *борышқор* ондай кедей маған тең бе!? (Ш.Құдайбердиев, Шығ. жин.). // *Біреуге қарыз, берешек адам.* Осы мүмкіндікті пайдаланған әкем *борышқорлардың* бересілерін әлденеше еселеген түрде сыпырады-ай кеп! (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Шығымы мол егіннен әкем сол өсімін алайын десе, ауыз жаласып қойғандай *борышқорлардың* бәрі де әкеме: «Жоқ, бергеніңді ғана ал!» – депті (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). **2.** э к о н. *Белгілі бір бекітілмеген заңдар негізінде қимылдарды жасауды немесе одан бастартуды талап етуші несиегердің алдында міндеттеме алған тарап. Борышқор* – міндеттеме алған тарап, одан екінші тарап несиегер белгілі бір іс-қимыл жасауды (мүлікті тапсыруды, жұмыстарды орындауды, ақша төлеуді) немесе белгілі бір іс-қимыл жасаудан қалыс қалуды талап етуге құқылы (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Борышқор мүлкін сырттай басқару. э к о н. *Дәрменсіздігі сот шешімімен қуатталған борышқор кәсіпорынға қолданылатын қайта құру рәсімі. Борышқордың мүлкін сырттай басқару* борышқор-кәсіпорынды басқару міндетін төрелік жолмен басқарушыға табыстау арқылы жүзеге асырылады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

БОРЫШҚОРЛЫҚ з а т. *Бересі болушылық, қарыздарлық.* Аяғыңды аңдып бас, ей, Жақсылық! Өз басыңда жының бар бір бақсылық. *Борышқорлық* адамға қиын нәрсе, Әрқайда өсткізеді мал тапшылық (Абай, Тол. жин.).

БОРЫШСЫЗ с ы н. *Тегін, ақысыз-пұлсыз.* Балам-ау, сен іздесең кез келейін, Сені Құдай берген соң неге өлейін. Сен Бетпақтан шөлдетпей алып өтсең, Қалың малсыз, *борышсыз* қыз берейін (Қозы Көрпеш.). Жүзіктің көзінен өткендей екі аты бар. Бірін ахирет алдында *борышсыз* қылып алып берейін, мініп кетіңіз (І.Жансүгіров, Шығ.).

БОРЫШТАЙ с ы н. *Борыш сияқты, борыш тәрізді.* ≈ Өтеуі көп *борыштай.*

Қаза болған борыштай. *Өтелмеген парыздай, қайтарылмаған қарыздай.* Сол көмескі ойлар... ел аралап жер кезіп жүргенде де *қаза болған борыштай* маза бермейді (Т.Ахтанов, Боран).

БОРЫШТАН= е т. *Бересілі болу, қарыздану.* Шара бар ма кедейге, *Борыштанып* қалғаны. Ауылдан қарап қыз Назым, Құдай мойнын толғады (Қамбар батыр). Сонда Шермек аузы-мұрны қисаймастан: «Өлсең *борыштанбай* өлсеңші, неңді бересің?!» – деді-ау (Б.Майлин, Шығ.). Егер дерт бере қалса Құдай басқа, Молдекеңе емдеуге бір бозқасқа Өңгертпеп пе ем жан үшін *борыштанып,* Жарымай отырғанда үй іші асқа? (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

БОРЫШТАНДЫР= е т. *Қарыздандыру, қарызға батыру.* Мен - шалдырған құрбаның, Қане мені мініп көр! *Борыштандырып* кедейді. Майладың маған мұртыңды (І.Жансүгіров, Шығ.).

БОРЫШТАНДЫРУ *Борыштандыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Біреуді *борыштандыру.*

БОРЫШТАНУ *Борыштан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ел алдында *б о р ы ш т а н у.*

БОРЫШТАР с ы н. *Қарыздар, борышты, берешек.* Туған ел, қарызым көп өтелмеген, Өмірден *б о р ы ш т а р* боп кетем деген (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). Мұнда да Кәкімжанның себі тигенін ол біледі. Оның алдында өзін *б о р ы ш т а р* санайды (С.Сарғасқаев, Тәмпішқара). Саған мәңгі *б о р ы ш т а р м ы н,* Көңіліме қоныстандың. Азаматтық ажарыңа Мақтау айтсам, намыстандың (М.Шаханов, Ғасырлар.).

БОРЫШТАРЛЫҚ з а т. *Борыштар болушылық.* Француз шаруасының қазіргі ұшырап отырған қайыршылығы мен өсе беретін *б о р ы ш т а р л ы ғ ы* осының нақтылы айғағы («Жұлдыз»). Пугачев манифестері мен оның атамандарының үндеулерінде әскери қызметтен, алым-салықтан, *б о р ы ш т а р л ы қ т а н* құтқару сияқты крепостниктікке қарсы мотивтер лебі айқын аңғарылды («Қазақст. мект.»).

БОРЫШТЫ с ы н. **1.** *Ақшалай немесе заттай қарыздар, берешек.* Қойшылар жиналып, осы ойындарды ойнап өз арасында *б о р ы ш т ы* болып, заттарын беріп құр алақан қалады (К.Әзірбаев, Аңыз.). **2.** а у ы с. *Біреудің алдында рухани қарыздар, өзі міндеттеп алған парызы бар.* Мейлі, қасым көп болсын досымнан да, Мейлі, қайғым көп болсын шашымнан да Мейлі, мұңым сөз алсын тосылғанда, *Б о р ы ш т ы м ы н,* есімін маған берген Сенің әкең секілді асыл жанға (М.Шаханов, Ғасырлар.). Олар менің алдымда *Б о р ы ш т ы* емес, ерте өлгені болмаса. Елім маған көрсеткен жоқ жетімдік, Бұл сөзіме ете аламын кепілдік (М.Шаханов, Ғасырлар.). Мен бұл жөнінде Ділдаға мықты *б о р ы ш т ы м ы н* (Б.Майлин, Шығ.). Иә, Сағадат ата-анадан гөрі ағасы алдында *б о р ы ш т ы* (Т.Тобағабылов, Жазира). Біз басқа жануарлардан артықшылығымызды істеп, өзімізді-өзіміз тәрбиелеуге *б о р ы ш т ы м ы з* («Айқап»).

БОРЫШТЫДАЙ с ы н. *Борышты сияқты, борышты тәрізді.* Дәл осы сәтте мен Салтанаттың алдында оның маған, бізге әкелген қуанышы үшін өзімді құтылмас *б о р ы ш т ы д а й* сезіндім (Д.Исабеков, Мазасыз күн.).

БОРЫШТЫҚ с ы н. *Борышты болушылық, міндеттілік.* ≈ *Б о р ы ш т ы қ* өтем.

Борыштық сезім. п с и х. *Жеке тұлғаның қоғам алдындағы немесе басқа қоғам мүшелері алдындағы міндетін түсіну күйі немесе әлеуметтік рөлімен жүктелген парызын мойындау жағдайы.* Еңбекті сүюмен қатар, басқа сапалары да: *б о р ы ш т ы қ с е з і м і,* жалпы көпшілік ісіне адалдығы, ақ ниеттілігі, адамдарды жақсы көруі мен құрметтеуі қалыптасады (Семья тәрбиесі). Қоғам мүшелерінің *б о р ы ш т ы қ с е з і м і* оның семьяға, достарына, жолдастарына деген көзқарасынан туады (Ә.Бәженов, Дүниеге. көз.). Балаларды осындай *б о р ы ш т ы қ* жауапкершілік *с е з і м г е* баулу да мұғалімнің басты міндетінің бірі (К.Жарықбаев, Психология).

БОС[1] з а т. ж е р г. *Жаңбыр суы.* Жылқы *б о с т ы ң* суымен тез жериді (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БОС[2] с ы н. **1.** *Еш нәрсемен толтырылмаған, ештеңе артылмаған; үстінде, ішінде ештеме жоқ.* Он бес нарға шатырдың өзін артты, *Б о с* айдады қасына үш жүз атты. Бес мың ғана жамбылық жалаң шатыр, Бәрінде берген сыйдың алып қайтты. *Б о с* қапшық тік тұрмайды (Мақал-мәтел). *Б о с* табақтар бөлме-бөлмеден сумаң-сумаң шығып, тағы да ас үйге қарай тайпия қалқып келе жатыр. Сол *б о с* табақтардың ең соңғылары Құнанбай бөлмесінен шығып бола берген кезде ас үй жақтан тағы-тағы қайқайма табақ палау қаптады (М.Әуезов, Абай жолы). **2.** *Қаңырағаң, адамдары жоқ.* Отыз жылдан артық *б о с* тұрған нуға келіп ел байыды. Бөкей хан елмен тату тұрды. 1816-ншы жылы Бөкей өлді (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Әкем мен шешемнің отау боп шыққан үйі көбінесе *б о с* тұрады, егер әкем жолаушылап кетсе, ол үйге ешкім қонбайды (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). **3.** *Құралақан, құрқол, ештемесіз.* Саған айтпай сөзімді кімге айтамын, Ұялмай үйге қайтып *б о с* қайтайын. Өлсем де атып берші бір тояйын. Мағшардағы күнәсін мен тартайын! (Қозы Көрпеш.). **4.** *Бекітілмеген, ашық, байлаусыз.* Өзің жатып байыңды, Тұр-тұрлама келіншек, Қаптың аузы *б о с* тұр деп, Құрт ұрлама келіншек (Бет ашар). Қызыл сиырдың бұзауын қасына *б о с* жіберіп, іңір қараңғысында бөктерге бет алдық (Ж.Жұмаханов,Қаракөз.). **5.** *Игерілмеген, пайдаға аспаған.* Ауыл маңындағы жердің көбі *б о с* жатыр (Ауызекі). **6.** *Жұмсақ, борпылдақ.* Бұл қырқаны біздің таңдап алғанымыздың бір сыры: желі аз, қары көпсек *б о с* болады (С.Бегалин, Ана.). Болбыр тұлғалы қойдың терісі жұп-жұмсақ, *б о с,* жүні сирек болады (А.Елеманов, Қой шаруаш.). *Б о с* басылған киізден аяққап, киіз есік, сырмақ жасарда жаңадан қайта басу керек (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **7.** *Мықты емес, осал.* Жігіттер төс айылды *б о с,* артқы айылды аямай тартыңдар (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Шапқанда болмаса, шап айылды қазақ *б о с* ұстайды. Төс айыл үнемі қатты тартылады,

өйткені ол қаусыратын тұста тыныстықорғайтын төс сүйек бар (С.Мұқанов, Қазақ қауымы). Фазиза сұп-сұр болды жаны шошып, Енді бекер тұрмады тағдыр тосып. Ұрғашы деп зәңгі аяп *б о с* байлапты, Қол-аяғын босатты жібін шешіп (Үш ғасыр.). **8.** а у ы с. *Керексіз, мәнсіз, мағынасыз, құр бекер, жай.* Ол ауру күтудің орнына өзін бастықпын деп санаған. *Б о с* әңгімемен көбірек айналысқан (З.Шашкин, Ақбота). – Басқа сұрау жоқ. *Б о с* сөзімізбен генералдың уақытын алмайық, – деді жауынгер Красильников (М. Ғабдуллин, Сұрапыл.). **9.** а у ы с. *Ынжық, болбыр, жасық, нашар. Б о с,* босаң, жасық туған бозбала көп Киіздей шала басып қарпылмаған (Базар жырау, Шығ.). Бақтығұлдың ойына Сәлменнің Қоқай дейтін бойы еңгезердей, бірақ адамның *б о с ы,* қорқақ жылқышысы сап ете түсті (М.Әуезов, Қараш.). Жүнінде шайыры өте көп қой *б о с,* нашар келеді (М.Ермеков, Қазақст. биязы.). Баланы ауруға *б о с,* қорқақ етіп тәрбиелемеу керек («Қазақст. мұғ.»). **10.** а у ы с. *Алдамшы, жалған.* Гүлдерім қайта өнер мерімдеген, Жібегім кетті-ау талай өрілмеген! Өмірдің өрге басқан жолын қумай, Өттім-ау *б о с* үмітке еруменен! (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Басы бос. а) *Міниске алынбаған, мінуге пайдаланылмаған.* Колхозда *б а с ы б о с* ат жоқ. Сиырмен жүрудің қиын екені рас, қиын болса қайтесің? (Б.Майлин, Шығ.). Жолдың кебу уақытында пішенді тасып үлгеру жағын көздеп, бұған *б а с ы б о с* көліктің бәрін пайдалану керек (А.Елеманов, Қой шаруаш.). ә) *Салт [жеке] басты, бойдақ.* Саған лайық қатын бар. Төлеудің үлкен қатынын білесің ғой, дәл соған үйлен, *б а с ы б о с* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Ел ішінде Гүлсімнің *б а с ы б о с* адам екені және оның еркекті қатты сыйлайтыны сөз болып жүрді (Ж.Молдағалиев, Жүрек.). б) *Өз еркі өзінде, ерікті, ешқандай іске жегілмеген.* Учитель бірнеше күннен бері мүлдем *б а с ы б о с,* жұмысы жоқ, сөйлесер жан аз боп, аса зерікті (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Есіңде бар ма жас күнің? Көкірегің толық, *б а с ы ң б о с* (Абай, Тол. жин.).

Бос ат. *Тың ат.* Ақпан деген қарт батыр, Ер басына қос атты Жетелетіп жүргізді, Жауға мінер *б о с а т т ы* (Қашаған // Ақберен).

Бос жад. и н ф. <ағыл. gree space> *Компьютерлік жүйенің осы сәтте бағдарламаға бөліне алатын жады. Б о с ж а д* – жадтың динамикалық аймағының бос бөлігінің мөлшерімен анықталады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Бос жүрді. ж а ғ ы м с ы з. *Қамсыз, қарекетсіз болды, ертеңін ойламады.* Шекеңе селдіретіп айдар тағып «Көкек» деп *б о с ж ү р г е н ш е* секең қағып (Бес ғасыр.). Егінші егін сала алмас, Қос өгізді айдамай; Көңілмен құрғақ *б о с ж ү р с е ң,* Алақандай жер жүзі Аспан болар айнадай (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Бос қалды. а) *Елсізденді, иесізденді.* Бір кезде елдің иін тіресіп отыратын жайлауы қаңырап *б о с қ а л д ы* (Б.Майлин, Шығ.). Революция жылдары ағылшындар қашады да, Қарсақбай, Жезқазған, Байқоңыр зауыттары *б о с қ а л д ы* (С.Мұқанов, Есею жыл.). Келеді сырғанақтап үйге қайтып, *Б о с қ а л ы п* жаңа толы дөңнің басы (Ғ.Қайырбеков, Дала.). ә) *Жүдегендіктен киімнің немесе жүзіксақинаның қолқылдап қалуы.* Ақ білегің азғыңдап, Білезіктерің босапты; Қарағанға байымдап, Саусақта жүзік *б о с қ а п т ы* (І.Жансүгіров, Шығ.). б) *Бір нәрсеге қолы жетпеді, мақрұм, құр қалды.* Міне, бүгін – бостандық! Демеңдер кедей: *«Б о с қ а л д ы қ»* (XX ғ. қаз. ақын.). Баянсыз бақ пен дәулетке Сенем деп, жақын жар-достан, Туысқантуған, жолдастан, Құр алақан *б о с қ а л м а* (Базар жырау, Шығ.). Махаббатсыз – дүние бос, Хайуанға оны қосыңдар. Қызықтан өзге *қ а л с а ң б о с,* Қатының, балаң, досың бар (Абай, Тол. жин.). в) *Пайдалы іс үйренбей, артта қалды.* Ғапіл боп көп нәрседен *б о с қ а л а с ы ң,* Аңдамай көп сөзімен жүріп кетсең (Абай, Тол. жин.). г) *Құр бекер болды, іске аспады.* Аға-жеңге сияқты жеңіл-желпілердің айтқан сөзінің бәрі *б о с қ а л ы п,* Жәмеш Кенжеханның қалыңдығы деп саналып еді (М.Әуезов, Шығ. жин.). Ғылымды халық ноядай қасқарып құр, Әр жұмысты орнымен басқарып жүр. Ғылым, оқу басқадай білмеген соң. Біздің қазақ өнерден *б о с қ а л ы п* жүр (М.Байзақұлы // XIX ғ. қаз. поэз.).

Бос қойды. *Қараусыз, басқарусыз қалдырды.* Ойласып, оларға да қойды әкім, «Әділ боп, жемеңдер, – деп, – жұрттың ақын». Басшы етіп базарнайлар сайлап қойды, *Б о с қ о й м а й* базарларды оған жақын (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Бос модем кабелі. и н ф. <ағыл. null modem cable> *Модемді қолданбастан тізбектік порттар арқылы екі компьютерді жалғастыруға мүмкіндік беретін кабель. Б о с м о д е м к а б е л і* файлдарды шағын компьютерден «лаптап»-қа және керісінше көшірмелеу немесе жөнелту үшін файлдарды жеткізу бағдарламасымен жиі қолданылады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Бос орын пернесі. и н ф. <ағыл. spacebar> *Босаралық пернесі.* Пернетақтаның төменгі

жағындағы ұзынша келген, сөз тіркестерін бөлетін, «*б о с о р ы н*» таңбасының *п е р н е с і* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Бос сөз. *Мәнсіз, орынсыз, пайдасыз әңгіме.* Қартайғанда асырасын десең, о да бір *б о с с ө з,* әуелі өзің қаруың қайтарлық қартаюға жетемісің, жоқ па? Екінші, балаң мейірімді болып, асырарлық болып туа ма, жоқ па? (Абай, Тол. жин.). Алтыныңды мыс етіп, *б о с с ө з д е н* не өнеді «Аздан тұтын асылды» – Данышпандар деп еді (М.Дулатов, Шығ.). Сейсмикалық жағдайды желеу етушілердің айтқандарының бәрі *б о с с ө з,* жеке бастың мүддесін көздеушіліктен басқа түк те емес («Ана тілі»).

Бос уақыт. *Негізгі жұмыстан тыс мезгіл, қолы бос кез.* Жұмыстан *б о с у а қ ы т ы ң,* Билігің енді өзіңде. Жұмсауға байдың әлі жоқ, *Б о с* отырған кезіңде (С.Сейфуллин, Таңд.). Тіршілік қарекетінен босап, өзге бір нәрсемен айналысуға кететін уақыт. Оқушыны *б о с у а қ ы т ы н* дұрыс пайдалануға үйретудің мәні зор (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Б о с у а қ ы т* тынықтыратын әрі дене, ақыл-ой қарым-қуатын жетілдіретін іс-әрекетке жұмсалуы жөн (Қаз. тілі термин. Педагогика.). Бізге қашан *б о с у а қ ы т* ауысады? Бұл жөнінде шыққан жоқ дауыс әлі. Бойжеткендер асыққан Балмұздақты Безіп бара жатыпақ тауысады (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Көңілі бос. *Көңілшек, елжірегіш.* Көзім жасты, *к ө ң і л і м б о с* бола тұра, белді берік байлап солдат болдым (Ж.Жұмаханов, Әлия). *К ө ң і л і б о с* кәрінің, Көкейлерің ұғынар. Көтермей жан жалынын Көзден жасы құйылар (Жамбыл, Шығ.). Тілегені ата-ана осы емес пе? Бұл заманда барша жұрт дос емес пе? Көз үйренген балалар көшкен шақта, Кемпір, шалдың *к ө ң і л і б о с* емес пе? (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Қолы бос. *Жұмысы жоқ, уақыты бар.* Балам, *қ о л ы ң б о с* болса, бір жерге жұмсайын деп едім, барып келемісің? (М.Сүндетов, Балық аула.). Ағылып келіп жатқан аурулар болмағаннан кейін, Дусяның *қ о л ы б о с,* уақыты мол болады (Б.Соқпақбаев, Жекпежек). Бұрын дәл қазіргідей *қ о л ы б о с* кезде қазарма іші араның ұясындай адамға сыймай бірі кіріп, бірі шығып сапырылысып жататын (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Сүйегі бос. *Жасық, болбыр.* Өз қайны Әлібайдың алысырақ, Шамасы сексен шақырым, емес жырақ. Жәмила – қалыңдығы жиырма жаста, *С ү й е г і б о с,* бет-аузы тәуір-сымақ (С.Торайғыров, Таңд. шығ.).

Тәңірім бос қойды. *Алла ризықсыз, несібесіз, сауапсыз немесе жауапсыз қалдырды.* Дұғасы мазлұмалардың қабыл деген, *Б о с қ о й м а с* сіздерді де *Т ә ң і р і м* бірақ (Бабалар сөзі).

БОС[3] с ы н. *Ақысыз, пұлсыз, тегін.* Бөстегім, құтылдың ба Көтібақтан, «Күйшіл» деп бабын білмей кінә таққан, Құл табан, кескіл тұмсық Бөстекбайым, Кісіге *б о с* берермін бір мін таққан (Абай, Тол. жин.). Сүйсе де, сүймесе де ұмтыла бер, Жарамас *б о с* олжаға арланғаның (Айтыс).

БОС[4] ү с т. с ө й л. ***Босқа.*** – Әрі-бері көше алмай *б о с* қамалған, Құлын-тайың шөлдеген кімсің? – депті (Қозы Көрпеш.). – Немене осы ауылға *б о с* салпылдап келе бересің. Одан да құдалыққа кісі жібермейсің бе? – деді (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

Қосақ арасында бос кетті. *Текке сорлады.* Айтпады деме, кейін өкінесің. *Қ о с а қ а р а с ы н д а б о с к е т е с і ң.* Екі оттың арасында босқа күйіп кетесің (С.Омаров, Қайырлы.).

БОСА= е т. **1.** *Бір нәрсенің ішінде ештеңе қалмау, қотарылу, бос қалу.* Ол *б о с а ғ а н* шелегін салдырлата жүгіріп келеді екен (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). Исламқұлов азық-түліктен *б о с а ғ а н* жәшіктің үстінде, қолына котелок алып, капуста сорпа ішіп отыр (Б.Момышұлы, Москва.). **2.** *Бір нәрсенің босап кетуі, қолпылдау, сылқылдау, кеңею.* Кездігімді суырып алып, қауынға сала бергенімде, шіркіннің жетесі *б о с а п* жүр екен! – теміртегі суырылып, қауынның ішіне түсті де кетті (Қаз. ертег.). Оспан төсек алдындағы қобдиын ашып, балға мен шеге алып, үстелдің *б о с а ғ а н* аяғын бекітті (С.Сағымбаев, Кездесу). Ыстықтан бензин бочканың тығыны *б о с а п т ы* (К.Оразалин, Ақ жазық). **3.** *Жұмсару, борпылдау, болбырау. Б о с а ғ а н* топырақ күн бойы жауынның суын бойына сіңірді (Ол күндер.). Витаминді минералды заттар жеткіліксіз болса, буаз саулықтар қатты жүдейді, жүні *б о с а п* сыпырылып түсіп қалады (С.Омаров, Қой. бағу.). Адам қайғы-қасірет шеккенде, қатты күйзелгенде қан жүрісі бұзылып, қансыраған жүрек бұлшық еті *б о с а п,* іри бастайды (М.Исамбаев,.. Мед. анықтама). **4.** *Қаңырап бос тұру, иесіз құр қалу.* Күнде қораның ішінде тұратын пәуеске, үш күрең ат бір де бірі жоқ. Қора іші қоңылтақсып *б о с а п* қалыпты (С.Бегалин, Бала Шоқан). Мектеп іші тез-ақ *б о с а п* қала берді («Қазақст. мұғ.»). **5.** *Жұмыстан немесе бір істен құтылып, қолы тию.* Оның үстіндегі киімінен әскер қатарынан жуырда ғана *б о с а п* келгендігі байқалып тұр (Қ.Исабаев, Жұмбақ үй). Қиындықты қонағымдай тоса алам. Болса деймін ошақ аман, Бас аман. Бала – өлең, Өлең – бала, Осынау Балалардан бір кезім жоқ *б о с а ғ а н*

(Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **6.** а у ы с. *Еркіндік алу, азат болу.* Мен әкеме тілімді алғызам. Тұтқындағы туыстарыңыз *б о с а й д ы* (С.Мұқанов, Таңд.). Игнат та көп ұзамай абақтыдан *б о с а д ы* (Б.Тілегенов, Аққайнар). Баласы *б о с а ғ а н д а р* кәдуілгідей бөлектеніп, іргесін аулаққа салып, жүре сөйлеседі (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). **7.** а у ы с. *Бір нәрсенің құрсауынан, қамауынан сытылып шығу.* Қонақтар үйге кіргенде, құшағынан *б о с а ғ а н* баласына ұрсып жатты. – Үй айналма. Жаман болады (Т.Әлімқұлов, Қараой). **8.** а у ы с. *Көңілі бұзылып елжіреу, егілу.* Қой, жылап *б о с а м а*, осылай болмаса, тартыс бола ма? — деп, жолдастары Әбуді сүйеп, басын көтерді (І.Жансүгіров, Шығ.). Тастамады қолынан, Қан аққан ер маузерін. «*Б о с а м а ң д а р*», – деді де, Қанын сүртті аузының (С.Сейфуллин, Шығ.). Жайшылықта құрыш, берік адам Құдайының алдында мүлде *б о с а ғ а н,* егіле жылап отыр (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

Арқасы [мойны, иығы] босады. *Арқабасы кеңіді, міндеттен құтылды; қолы тиді, бос болды.* Үш күн *а р қ а ң б о с а с а*, Бола қалдың бас асау (Абай, Тол. жин.). Шал мінетін қызыл өгіз *а р қ а с ы б о с а п*, қотандағы көп сиырға қосылды (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Бір күн болса да *м о й н ы м б о с а п*, босаңсып қалған екем, еріне басып келемін (Б.Майлин, Шығ.). Қырдағы ел, ойдағы елмен араласып, Күлімдесіп көрісіп, құшақтасып. Шаруа қуған жастардың *м о й н ы б о с а п,* Сыбырласып, сырласып, мауқын басып (Абай, Тол. жин.). Обырлар бітті, озбырлық та кетті, Нұрсұлтандардың *и ы ғ ы б о с а д ы* (Ол күндер.).

Аузы астан босамады. *Тынымсыз тамақ ішті.* Малқардың *а у з ы а с т а н б о с а м а с а* да, балдызының қалжыңына жауап та қайырып үлгірді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Аузы сөзден босамады. *Тынымсыз көп сөйледі.* Қазір оның *а у з ы с ө з д е н б о с а м а й,* трубкасы сөніп қала берді (Ж.Тілеков, Қайнар).

Буыны босады. а) *Әлі кетті, қалжырады.* Патша жасы жетіп қартайды, *б у ы н ы б о с а п,* бойы шөге бастады (Мың бір түн). Өзім *б у ы н ы м б о с а п* әлсіреп тұрсам, оның үстіне төлкек етеді (М.Гумеров, Үш күн.). Салдырап сал сүзектен тұрғанға ұсап, Бұралып *б у ы н д а р ы* қалған *б о с а п* (Н.Ахметбеков, Аманкелді). ә) *Егілді, елжіреді.* Раушанды көрсе Нұрлан жүрегі соғып, *б у ы н ы б о с а п*, аяғын нық баса алмайды (З.Шашкин, Сенім.). Мұқан оны көріп, *б у ы н ы б о с а п*, тілі байланып, не айтарын білмей босағадан бері келе алмай қатып қалды (С.Шарипов, Шығ. жин.).

Жер аяғы босады. *Қыс өтіп, күн жылынып, жер жібіп, құрғады.* Қар кетіп, *ж е р а я ғ ы б о с а й* қасына әлдекімдерді ерткен ол Орал жағына кетті де, айдан артық уақытта жиырма шақты арық жылқыны ғана айдап қайтты (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

Жібі босады. *Қарқыны кеміді, бәсеңдеді, сылбыр болып кетті.* Бектұрған ауысып кеткен соң, совхоздың құрылыс жұмысының *ж і б і б о с а п* қалды (Р. Әуталипов, Алтын.).

Көңілі [жүйесі] босады. *Көңілі бұзылды, елжіреді. Б о с а й д ы* екен *к ө ң і л і ң,* Туған жерге келгенде; Көрініп тұр жып-жылы, Көп тырнаған шеңгел де (Ә.Тәжібаев, Шығ.). Омар біресе туға қарап, біресе орақ-балғаға қарап *к ө ң і л і б о с а п*, жүйе-жүйесі үгіліп кеткендей болды (Ж.Жұмаханов, Үш бәйтерек). Анатолий Кондратьевич әлгінде ғана *б о с а ғ а н ж ү й е с і н* бекітіп алды (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

Қол босады. *Жұмыстарын бітірді, бос уақыты болды. Қ о л ы м б о с а п* кетсе-ақ, оған қарағым келеді де тұрады (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Іңірде аз уақыт *қ о л ы б о с а п* қалды да, Ержан Раушанды көруге ынтықты (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Мына мешіттің тойы өтіп, іс жеңілдесін. Кішкене *қ о л б о с а с ы н* (М.Әуезов, Абай жолы). Енді екеуің тұрыңдар осы алаңда, Бастарыңды бұлайша қоса алам ба?! Келіп-кетіп жүрерміз тағзым етіп, Жұмыстан қолымыз бір *б о с а ғ а н д а* (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).

Қолы қалт етіп босады. *Жұмыстан сәл үзіліс алды, жұмыс, іс, әрекет арасында дем алды, тынықты.* Жұмыстан *қ о л ы қ а л т е т і п б о с а с а*, құрығы мен қармағын қолтығына қысып өзен жағалап кететін де, әбден көз байланып, қараңғы түскенде тал шыбыққа желбезегінен тізген балықтардың құйрығын жер сыздыра қаратып келе жатар еді («Қаз. әдеб.»).

Сай-сүйегі босады. *Қатты егілді, елжіреді.* Рай Еламанның баласының құрақ көрпе арасында қыбырлаған болымсыз тірлігін көргенде бір түрлі боп *с а й-с ү й е г і б о с а п* кетті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

БОСАҒА[1] з а т. **1.** *Есіктің екі жақтауы.* Киіз есік сарт етіп *б о с а ғ а н ы* соққанда, үйтқыған түтін келіп Жұманның жүзіне соқты (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Есіктен шығар жерде *б о с а ғ а ғ а* сүйеулі тұрған темір мосыны Бөбек қолтығына қыса кетті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Тілеуді тілеу емес тілеп алып, Күлмеске күле салып, күле қалып, Қадірді хан көтермей, қадірлемей, Қамшыдай *б о с а ғ а ғ а* іле салып... (Қабан жырау, Алтын

қазық). **2.** *Табалдырық, есіктің төменгі жағы. Б о с а ғ а ң д ы* алтынмен жапсаң-дағы, Перзент сүймей адамның мейірі қанбас (Шал ақын, Өлеңд.). – О, құрып қал! Аяғым таза, – деп *б о с а ғ а д а* жатқан дымқыл кенепке аяғын сүйкеп, арғы бөлмеге кірді (Ж.Аймауытов, Шығ.). **3.** э т н. *Киіз үйдің қасиетті саналатын, төрге қарама-қарсы, есікке жақын жері.* Киіз үйдің ішін екіге бөлгенде, от жағатын ошақтан жоғары бөлігі – төр, есік жақ бөлігі *б о с а ғ а* аталады (С.Мұқанов, Қазақ қауымы). Жиырма шақты баланың ең кішісі алты жасар мен едім, маған орын *б о с а ғ а д а н* тиді (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Һәм елде боз-балалық қылмақшы болып бір қызы бар үйдің *б о с а ғ а с ы н д а* ұйықтап қалғандықтан, қыздың әкесі таңертең: «Тұр, балам, ұйқың қанған шығар», – деп үйіне жіберуші еді (М.Дулатов, Шығ.). Өңшең жақсы киінген «төрелер» киежара келіп, үйді билеп кеткен соң, Бекболат қымтырылып, әрқайсының бетіне бір қарап, *б о с а ғ а* жақта тұрды да, орындықтың шетіне таман ептеп отыра қалды (Ж.Аймауытов, Шығ.). **4.** а у ы с. *Үй, отбасы, үйелмен.* Күйеуі ішке сақтап бұл жұмысты, Амалсыздан шыдаған сезсе де істі: «*Б о с а ғ а м а* бір келер күнің болса, көрермін!» – деп қайраған күйеу тісті (С.Торайғыров, Таңд. шығ.). Бесікті болсаң жорыдым, Боларсың мүлдем тыныққан. Бір кезде сенің орының, Ол *б о с а ғ а* деп кім ұққан (Т.Айбергенов, Бір той.). **5.** а у ы с. *Тірек, орталық.* Өрнекті қала аймағым, Алтын Мәскеу *б о с а ғ а м*, Мен ұштым көкке сен үшін, Бауырлас туған достарым, Тұрыңыздар қош аман (Ақын жырлары). Екі жиһанның қос *б о с а ғ а с ы* – Орынбор мен Орал; ана кең ойпат – Азияға асатын қысқа жол (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Босаға аттады. э т н. а) *Ең алғаш келін болып түсті, келін болып үйге кірді. А т т а* да оң аяқпен *б о с а ғ а ң д ы*, Тілеп кір «бере гөр» деп өмір балдай (М.Әуезов, Қараш.). Қамқа бәйбіше қайта жасарды, *б о с а ғ а а т т а п* келіп болып түскелі қырық алты жыл өткен екен (А.Байтуғанов, Шопан.). ә) *Біреудің үйіне кірді, үйіне келді, алғаш үйін көрді.* Өзінің де өмір бойы *б о с а ғ а с ы н а н а т т а м а ғ а н* үйдің дастарқанынан дәм татуы, осы Арыстанның арқасы (С.Бегалин, Бала Шоқан). *Б о с а ғ а ң д ы* қайтып *а т т а й м ы н*, Қаһарлансаң қарайып, Сөйлер сөзді таппаймын (Бес ғасыр.).

Босағада жүрді. *Кісі үйіне жалданды, малай болды.* Сен де оқу оқыр едің, Балалармен бірге барып. *Б о с а ғ а с ы н д а* әркімнің *ж ұ р м е с* едің жүдеп-арып (С.Сейфуллин, Шығ.). Әкең де *ж ү р і п* еді *б о с а ғ а м д а,* Дәм-тұзды бөліп еді қос ағаң да (Ә. Ахметов, Өшп. жалын).

Босағаң берік болсын. э т н. т і л е к. *Үйленгендерге, некелі болғандарға қарата айтылатын, жаңа отбасыларының берік болуын білдіретін тілек.* Қазақтың жанашыр жақынына, қимас досына, бауырлас туысына деген ақ ниетін, адал тілегін білдіргенде «*Б о с а ғ а ң б е р і к б о л с ы н*!», «Шаңырағың биік болсын!», «Терезең тепе-тең болсын» дейтіні де сол ата-бабамыздан қалған өнегелі дәстүрдің жалғасы (Ө.Жәнібеков, Жолайрықта).

Босаға сығалады. а) *Есіктен басын ғана шығарып ішке көз тастады, есікті қалқалап қарады. Б о с а ғ а д а н* бас бағып *с ы ғ а л а п* еді – Қожекең қолына бір саятшыға су құйғызып, дәрет алып «істіраҡат» етіп отыр екен (Ж.Аймауытов, Қартқожа). «Әлде болса алды-артын байқайық» – деп, *С ы ғ а л а п б о с а ғ а д а н* тұра қалды (Қозы Көрпеш.). ә) *Әркімнің табалдырығында жүрді.* Ауғанбайдың үйі жоқ болатын, көрінгеннің *б о с а ғ а с ы н с ы ғ а л а п* жүретін (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

Босағасы үңірейді. *Орны ойсырап қалды, жоқ екені білініп тұрды.* О, Құдай-ау, біз не қылдық жасаған! Жалшы кетіп *ү ң і р е й д і б о с а ғ а м* (І.Жансүгіров, Шығ.).

Оң [жақ] босаға. э т н. *Киіз үй кеңістігінің әйел адамға, отанасына арналған бөлігі.* Қантшай, ұсақ-түйек дәм сақталатын кебеже, ыдыс-аяқ қоятын асадал (шкаф), қымыз ашытатын саба, керегеге ілінетін аяққап, теркеш (кесеқап), тағы басқа бұйымтайым да осы *о ң* жақ *б о с а ғ а ғ а* жақын орналастырылатын (Ө.Жәнібеков, Жолайырықта).

Оң босағада отырған қыз. э т н. *Әлі тұрмыс құрмаған, күйеуге шықпаған, ата-анасының үйінде жүрген қыз.* ≈ *О ң* жақ *б о с а ғ а д а о т ы р ғ а н қ ы з д ы* алды.

Сол [жақ] босаға. э т н. *Киіз үй кеңістігінің ер адамдарға, отағасына арналған бөлігі.* Қазан-ошақ, аяқ-табақ сияқты ыдыстар, қымыз ыдыстары оң босағаға, көлік-саймандары *с о л б о с а ғ а ғ а* қойылады (С.Мұқанов, Қазақ қауымы). Қалыптасқан тәртіп бойынша, киіз үйге кіреберістегі *с о л ж а қ б о с а ғ а д а* әдетте ертұрман, құсбегілікке қажет саймандар ілінетін. Одан әрегірек киім ілетін адалбақан, жас жұбайларға арнап шымылдық ұсталған төсекағаш (оны кей жерлерде, қысқаша төсағаш деп те атайды) қойылатын. Төрде жүк-аяқтарға, кебежелерге қойылатын әбдірелердің, қаршындардың (жүккап) үстіне екі-үш қатар етіп көрпе-төсек жиналатын болған (Ө.Жәнібеков, Жолайырықта).

БОСАҒА[2] з а т. а с т р. *Төрт жұлдыздан құралған шоқжұлдыз. Б о с а ғ а н ы ң* төрт жұлдызының күрделі әрі қызғылықты қозғалысын бақылаған қазақ халқы оны... жер тараптарын бақылау үшін қолданған (ҚСЭ). Бұлт ыдырап бара жатты. Жылқының таңғы жусауы жетті, *б о с а ғ а* батты, енді таң атады, – деді Қалабай (Қ.Сәрсекеев, Кілт). *Б о с а ғ а* жұлдызы еңкейіп барып батуға айналды (І.Жансүгіров, Шығ.).

БОСАҒАДАЙ с ы н. *Босаға тәрізді; жеке отаудай; ірі орталықтай.* Жеңілген шөлдің екі шетінде екі балғын *б о с а ғ а д а й* боп Мырзашөл алыптары – екі шаруа отыр (Алғы шепте.).

БОСАҒАЛАН= е т. *Есіктің екі жақтауына ұқсау, босаға тәріздену.* Тап өткел соқпағы шығатын жерде *б о с а ғ а л а н ғ а н* қия тас (С.Бегалин, Уақыт.).

БОСАҒАЛАС с ы н. *Аралас-құралас, көршілес, іргелес.* Қырғыз бен қазақ құдандалы, бек араласып кеткен *б о с а ғ а л а с* қарын бөле, жиен дегендеріңіз жиі ұшырасады («Лен. жас»).

БОСАҒААТТАР з а т. э т н. к ә д е. *Қалыңдығын алуға келген күйеуге жүктелетін кәденің бір түрі.* Күйеу үлкен үйдің босағасына жеткенде, қыздың жеңгелері оны ортаға алып, *б о с а ғ а а т т а р* сұрайды (ҚҰЭ).

БОСАЛАҢ с ы н. с ө й л. *Ширақ емес, бостау.* Ұлы момын, *б о с а л а ң*, қызы зерек, Қыз жататын бөлмесі бізден бөлек. Еркектен әйел бұрын ойланбай ма, Хан қызы маған ғашық болса керек (Ш.Әбенов, Кейпін.). «Қыздың көзі – қызылда» деген, мұндайға *б о с а л а ң* халықпыз ғой (Б.Аманшин, Жар мұңы).

БОСАЛАҢДАУ с ы н. *Бәсеңдеу, жұмсақтау.* «Патша түсті» дегеннен бері бұрынғы қатаң тәртіп әлде қайда жұмсарып, жігіттерді бағып-қағу да *б о с а л а ң д а у* (І.Жансүгіров, Шығ.).

БОСАЛДАҢДАУ с ы н. с ө й л. ***Босаландау***. – Ертеңгі күні құтпан айғырдай, ел шетін торып, азынап шыға келер әлі-ақ! – деп, *б о с а л д а ң д а у* ғана лекіте күлді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

БОСАЛҚЫ: босалқы бөлшек. с ө й л. ***Қосалқы бөлшек.*** Транспорттың қажетті *б о с а л қ ы б ө л ш е к т е р м е н*, жанар-жағармайлармен қамтамасыз болуы, адамдарға барынша жайлы жағдай жасауды ұсақ-түйек деп қарауға болмайды («Соц. Қаз.»). Бірқатар шаруашылықта транспорт жетімсіздігі сезіледі. Техниканы жанар-жағармайлармен, *б о с а л қ ы б ө л ш е к т е р м е н* жабдықта уда іркілістер бар («Соц. Қаз.»). Алдыңғы әйнектер мен авторезина сияқты *б о с а л қ ы б ө л ш е к т е р д і ң* тапшылығы автомобильдердің ұрлануының және бөлшектеліп жіберілуінің негізгі себептерінің бірі болып табылады («Алматы ақшамы»).

Босалқыға жіберу. с а я с и. *Қызметтен босату, тарату.* Соңғы кездері Ресейде әлем жұртшылығын елең еткізген тағы бір елеулі оқиға болып өтті, РФ Президенті Б.Ельцин өз жарлығымен Е.Примаков бастаған өкімет құрамын *б о с а л қ ы ғ а ж і б е р д і* («Түркістан»).

БОСАН[1]**=** е т. **1.** *Бауы, жібі шешіліп, байлаудан шығып кету (мал туралы).* Үш жүз, төрт жүз қойды буынып қалмайтындай, *б о с а н ы п* кетпейтіндей етіп, бір арқанның бойына тізіп шығу – осы күні екінің қолынан келмейтін шығар (С.Балғабаев, Құм.). Арқанның ең соңғы түйінін шешіп жібергенде қосақта тұрған үш жүз, төрт жүз қой бір минутқа жетер-жетпесте *б о с а н ы п* шыға келетін (С.Балғабаев, Құм.). **2.** а у ы с. *Еркіндікке шығарылу, қамаудан құтылып, бостандық алу.* Ардагері әр елдің, Шықты үзіп көгенді. Барлық тұтқын *б о с а н ы п,* Елдеріне жол тартты (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Қашаннан Сібір айдауында жүргендердің бірсыпырасы *б о с а н ы п*, халыққа сөз сөйлеуге аттанды (І.Жансүгіров, Шығ.). **3.** а у ы с. *Арылу, құтылу, көзі ашылу.* Әу демде қайта күн шықты, Түнектен шапшаң *б о с а н д ы қ.* Сандуғаш сайрап, үн шықты, Жоғалды біздің осалдық (К.Салықов, Жезкиік).

БОСАН[2]**=** е т. *Әйелдің бала табуы, тууы.* Байни былтырғыдай емес, түсі өзгеріңкіреп, іші шермиген. Оның ішінің жуандығына қарағанда, бүгін-ертең *б о с а н а т ы н* түрі де бар сияқты еді (С.Сейфуллин, Шығ.). *Б о с а н ы п* аман-есен бір ұл тапты, Жан-жаққа сүйіншіге кісі шапты. Жиылып тойға келген адамдарға Сый қылып ат мінгізіп, шапан жапты (Ә.Найманбаев, Шығ.). Әйел *б о с а н а* қоймаса қарулы әйелдерге немесе қайын інілерінің біріне оның белін тартқызады. Ол үшін бел тартушы адам әйелдің арқа жағынан отырып, сегіз көзбен тізесімен сүйемелдей, белінен қаусыра құшақтап, арам шеміршектен төмен қарай сылай тартып, баланың тууын тездетеді (Х.Арғынбаев, Қаз. семья.).

Жас [жаңа] босанған әйел. *Таяуда ғана балалы болған әйел.* Председатель есепші болып істейтін әйелдің *ж а с б о с а н ғ а н д ы ғ ы н*, соның орнына ғана әзірше кісі керектігін айтты (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). – Сәлем батыр, – деді Бурахан баланың бетіне үңіліп. Сонан кейін анасының *ж а ң а б о с а н ғ а н* әйелдердің бәрінде де бола беретін бақытты жүзіне қарады (Ә.Әбішев, Шығ. жин.). Қонаққа асқан етке мойын аталатын мүшені

салмайды. *Жас босанған әйелге*, «баланың мойны тез бекиді» деп ыстық мойын тістеткен (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

БОСАНДЫР= е т. *Бала табуға жәрдемдесу.* – Қадиша-ау, қайдасың? Сені бүгін қайта *босандырып*, шілдехана күзетеміз! (З.Иманбаев, Кең аймақ). Талай әйелдерді *босандырып*, талай әкелердің қуанышына ортақ болған кезекші дәрігердің бұдан әрі шыдамы таусылды («Лен. жас»).

БОСАНДЫРУ *Босандыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ауруханада *босандыру.*

БОСАНУ[1] *Босан етістігінің қимыл атауы; еркіндікке шығу.* Аңшылар арыстанды ұстап алды, Ағашқа арқанменен байлап таңды. Байлаудан *босануға* әлі келмей, Әупілдеп сонда арыстан ыңыранды (Ө.Тұрманжанов, Қарлығаш).

БОСАНУ[2] *Босан етістігінің қимыл атауы; бала табу.* Естай Ғалияның ай-күніне жетіп, *босануға* таяп отырғанын айтты (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Әйел *босану* айына жақындай келе, емшекті бала емуге алдын ала дайындай беру керек (К.Өтегенова, Аборт. зияны).

БОСАҢ с ы н. **1.** *Осалдау, бостау.* Көнектей қоңыр ителгі де жалт бере жоғары көтерілді, *босаң* есілген жіп тұзақ үзіліп кеткен екен (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). Біреу базарға барған шығар, Қуанғаннан *босаң* байлап, Содан түсіп қалған шығар (С.Қасиманов, Сиқырлы.). **2.** *Борпылдақ, жұмсақ.* Табанына көктемгі *босаң* жер батып, жаңадан ғана тебіндеп келе жатқан көк тікенектей қадалды (М.Байғұтов, Шілде). **3.** а у ы с. *Ширақ емес, болбырлау.* Ол бұрыңғы аңғал, бейқам, *босаң* Ержанның әр қимылын, ойын, әрекетін аңдып, қатал жолға салып отыратын болды (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Жәмила тумысынан *босаң* шіркін; Білмеді ұстап, ұқсатып үйдің мүлкін. Салақтықты сыныққа сылтау қылып, Әжібай сабаушы еді дүркін-дүркін (С.Торайғыров, Таңд. шығ.). Бос, *босаң,* жасық туған бозбала көп, Киіздей шала басып қарпылмаған (Базар жырау, Шығ.). **4.** а у ы с. *Бәсең, нашар, қатал емес.* Заңда қыз алып қашушыларды жазалау жағы тым *босаң* («Лен. жас»). Тәртібі *босаң* оқушы шешесіне: бізге қатаң мұғалім келді, енді тентектік жасамаймын, – деген көрінеді («Халық мұғ.»).

БОСАҢДА= е т. *Босаңдық жасау, осалдық істеу, жұмсару.* Бастығың бұл жерде бір *босаңдапты*, Дегендей семіз қойдың еті тәтті. Айырылдың Қызыл Тудан ұйықтап қалып, Көрші ауыл – қасыңыздағы бізге батты (Айтыс).

БОСАҢДАУ с ы н. **1.** *Осалдау, бостау.* «Тышқан із» тігісінде ине-жібін өзіне қарай тарта басып, іркінді ілмек жасайды да, инені *босаңдау* тартады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Өгіздің белін басқұрмен *босаңдау* шала салады (С.Мұқанов, Бақташы.). **2.** *Бәсеңдеу, әлсіз, солғын.* – Болады, шырағым, – деді Жүніс азырақ *босаңдау* үнмен (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

БОСАҢДЫҚ з а т. *Бостық, әлсіздік.* Басқарма хатшысының *босаңдығын* пайдаланып, бір түнге қолтаңбамен босанып отырған жоқ па? (Б.Майлин, Шығ.). Сенің қазіргі қалпыңнан *босаңдық* көріп отырған сияқтымын (С.Омаров, Хантағы).

Босаңдық жасады. *Осалдық істеді, елжіреді.* Қатерлі жолда сескенусіз келе жатқан Мәулен қоштасар сәтінде *босаңдық* жасады (С.Шаймерденов, Болашақ.).

БОСАҢСУ *Босаңсы етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қарқынын азайту, жайлану, жұмсару.* Кешке қарай Бәкеннің аты *босаңсуға* айналды (С.Мұқанов, Өмір мектебі). **2.** а у ы с. *Еркін әлсірету, болбырлану, ұстамнан шығып кету.* Мұны Мырзаш әлдебір әлсіздік пен *босаңсудың* нышаны деп ұқты (С.Бақбергенов, Алтынемел.). **3.** а у ы с. *Азаю, кему, әлсіреу.* Жер сілкінудің басым көпшілігі жер қыртысы қойнауында пайда болатын ішкі кернеулердің *босаңсуына* байланысты екендігін зерттеулер анықтап отыр (К.Сапарбайұлы, Геология.).

Босаңсу коэффициенті. к е н. *Ұзақ уақыт жүктелісте болған таужыныстың беріктігі және таужыныстың ұзақтық беріктігі оның қысқа уақыт жүктелісте бөлу беріктігінен төмен болатын шама.* Таужыныс беріктігінің жүктеліс уақытының ұзақтығы нәтижесінде төмендеуі *босаңсу коэффициентімен* сипатталады (Қаз. тілі термин. Кен.).

БОСАҢСЫ= е т. **1.** *Болбырау, босаң тарту, жұмсару.* Шоқанның өңі бозарып, бұлшық еттері *босаңсып* кетті (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Аурудың салдарынан тыныс алу тоқталып қалады да, еттері *босаңсиды* (Адам анатом.). Екінші кезекте хромотин жіпшелері жуандайды және қысқарады, шумақ *босаңсиды* (Қ.Нұғматжанов, Гистология). **2.** а у ы с. *Қатуланбай икемге көну, көңілі жібу.* Ерке мінезді, қулық-сұмдықты білмейтіні көрініп-ақ тұр. Қатуланған Қаншайым аздап *босаңси* бастады (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Ашуым шамалы бәсеңдеп, *босаңсып* қалдым (С.Омаров, Күншуақ). Араға Алшынбай кіріскен соң, істің бетін Құсбек жеңілге саймақ боп, *босаңси* бастады (М.Әуезов, Абай жолы). **3.** а у ы с. *Бәсеңсу, нашарлау, жібі*

босау, босбелбеулену. Алғашқы жұманың ішінде бізді қатты ұстамай тәртіптері *б о с а ң с ы п* қалған (І.Жансүгіров, Шығ.). Ана қанша талап қойғанмен, оқта-текте ет жүрегі елжірер. Сондықтан қыз *б о с а ң с ы п* бос белбеу, салақ болып өсер (Сауыншы шамшырақ.). **4.** а у ы с. *Әлсіреу, қажу.* Ат тізгіні қолынан түсіп, қайғы қажытқан бойы *б о с а ң с ы п,* ерге шөгіп қалды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). **5.** а у ы с. *Көңілі босау, сезім-толқынысқа беріліңкіреу.* Еламан жасқа булыққандай боп тамағы бүлкілдеп, *б о с а ң с ы п* бара жатқанын сезді де, өзін-өзі тежеп қалды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Көңілі босаңсыды. *Көңілі босады, елжіреді.* Армияда өткізген үш жылда демалыспен елге барудың сәті түспей, *к ө ң і л і б о с а ң с ы п,* қайтар кезде күн санаумен қажыды (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң). Қабақ жазып жылы ұшырай қараған қайнысын көріп, Перизаттың *к ө ң і л і б о с а ң с ы п,* тіл қатуға да шамасы жетпей, тамағына тас тірелгендей булығып отырып қалды (А.Мекебаев, Періште.).

БОСАҢСЫТ= е т. **1.** *Қобырату, қопсыту.* Қума толқындар өзінің қозғалу бағыттарында тау жыныстарын бірде *б о с а ң с ы т ы п* ұлғайтып, бірде сығымдап кішірейтіп отырады (К.Сапарбайұлы, Геология.). **2.** а у ы с. *Бақылап-қадағалаудан шығарып алу, еркіне жіберіп алу.* Ол тырбана берді, бір сәтке қимылын *б о с а ң с ы т ы п* алса, жығып кетеді (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Аяғын босаңсытты. *Істің соңын нашарлатты, нәтиже шығара алмады.* Мал шаруашылығы азығын дайындауға жарияланған бәйгелер тіпті жақсы, бірақ оның *а я ғ ы н б о с а ң с ы т ы п* жіберу – барып тұрған оңбағандық (С.Ерубаев, Шығ.).

БОСАҢСЫТУ *Босаңсыт етістігінің қимыл атауы; болбыр қылу, боп-бос қылу.* Олардың көмегімен организмге әсер етіп, бұлшық еттерді еріксіз қатайтуға және *б о с а ң с ы т у ғ а* болады («Халық мұғ.»).

БОСАҢШЫЛЫҚ з а т. **1.** *Бостық, жұмсақтық.* ≈ *Б о с а ң ш ы л ы қ* танытты. **2.** а у ы с. *Кеңшілік, тыныштық, мамыражай күй.* Заман тынышталып, тағы да олай-бұлай істерден халық аман, ел тыныш, жер *б о с а ң ш ы л ы қ* болып тұрса, бұл газетте түрлі осы күнгі Ресейде болып жатқан оқиғалардың хабарлары, земство істері һәм земствоның не нәрсе екендігі, Алашорда һәм оның бастанаяқ тарихтары жазылып тұрмақ («ДУГ»).

БОСАҢЫРАҚ с ы н. **1.** *Жұмсағырақ, бостау, солғындау.* Бұзаубақ қауіптеніңкіреп, *б о с а ң ы р а қ* күлді (С.Сейфуллин, Әңгім.). **2.** *Борпылдақтау, жұмсақтау.* Қыбырлап шөп ішінде келе жатсам, Көрінді бір буған жер *б о с а ң ы р а қ* (Қ.Жапсарбаев, Өленд.).

БОСАРАЛЫҚ з а т. **1.** и н ф. *Баспаға немесе компьютердің экранына шығарғанда тұрған орнында кескін шықпайтын, бос орын қалатын таңба.* ≈ *Б о с а р а л ы қ* қою. **2.** п о л и г р. *Мәтіндегі әріп, сөз, жолдар арасындағы бос орын.* ≈ Әріптерді *б о с а р а л ы қ пен* жазу. **3.** л и н г в. *Сөздердің бөлек жазылуын көрсететін графикалық таңба.* Күрделі сан есімдердің бөлек тұлғалануы орныққан қағидаға айналуы тиіс. Олардың *б о с а р а л ы қ п е н* таңбалануының негізгі уәждемесі болуы мүмкін (Қ.Күдеринова, Бірге және бөлек жазылатын сөз.). *Б о с а р а л ы қ п е н* тұлғаланатын құрама сөздер әдебиеттерде әртүрлі терминге ие болып, кейде тіпті сөз тіркесі аясында қаралып келеді (Қ.Күдеринова, Бірге және бөлек жазылатын сөз.). **4.** п е д. *Мұғалімнің (оқытушының) не сыныптың (топтың) сабақ аралығындағы сабақ кестесі бойынша бос қалдырылған уақыты. Б о с а р а л ы қ* мұғалімнің де, оқушының да жұмыс ырғағына кері әсер етеді (Педагогика және психология).

Босаралық пернесі. и н ф. <ағыл. spacebar> *Компьютер пернетақтасындағы сөздер мен сөз тіркестерінің және мәтіндегі тағы да басқа таңбалардың арасын бөлетін ұзынша келген түймешесі.* ≈ *Б о с а р а л ы қ п е р н е с і н* басу.

БОСАРАЛЫҚСЫЗ с ы н. л и н г в. *Бірге, бір сөз түрінде, араларынан орын қалдырмай (сөздердің жазудағы тұлғалануы туралы).* Құрама сөздерді тұрпат межесі тұрғысынан *б о с а р а л ы қ с ы з*, босаралықпен және қосаралықпен қолданылатындар деп үшке бөлеміз (Қ.Күдеринова, Бірге және бөлек жазылатын сөз.).

БОСАС= е т. **1.** *Бір-бірінен босап, айырылысып кетісу.* Достастықтың болмайды бөтендігі, Қосылған *б о с а с п а й д ы* жүрек жігі. Біздің доспыз, асықпыз дегеніміз, Жалғандықтан жасалған көңіл жүгі (Абай, Тол. жин.). **2.** *Босаңсу, бос нәрсеге бой алдырысу.* Колхоз бол деген үгітке *б о с а с п а ң д а р,* ермеңдер (А.Хангелдин, Өткен күн.).

БОСАТ= е т. **1.** *Орын беру, бос қалдыру (кеңістік туралы).* Қонған шығар бұрын да талай қонақ, Бәріне де жетеді, асың мол-ақ. Кейін тағы келетін керуен бар, Жер *б о с а т а м,* бұл үйге кірсін сол-ақ (Ә.Найманбаев, Шығ.). Жігіттің екі бөлмесі бар екен, бір бөлмесін бізге *б о с а т ы п* берді (Б.Майлин, Шығ.). **2.** *Қотару, ішіндегісін түгел тауысу, сарқу.* Кекіре-кекіре сіміріп, «жақсылар» *б о с а т қ а н* қызыл кәрлен кеселерді қаршығадай сыпырып,

аяғын мысықша басып, жылпос жігіт аяқшы болып жүр (Ж.Аймауытов, Шығ.). **3.** *Ажыратту, бөліп алу, аршу.* Ұзақ уақыт қуалай тебілген жүн кірге ұйысып болды-ау деген шақта оны шиден *б о с а т ы п* ап жас әйелдер білектерімен нығырлайды. Бұл нығырлауда ең ынталы киіз иесі болады. Қазақ киіз кімдікі болса, білек сонікі деп соған қатысты айтады (С.Мұқанов, Қазақ қауымы). **4.** *Байлаудан шығару, бау-жібін шешу; еркіне қоя беру.* Атты мінуден *б о с а т қ а н д а* оттамасын десе, тізгінін шоқтығына қаңтарып (байлап) жіберді (С.Мұқанов, Қазақ қауымы). Қолыма мада жолбарыс Ұмтылды соған талпынып. Ұрыстар деп *б о с а т т ы м*, Тұрған соң күшпен жұлқынып (Қарқабат // Бабалар сөзі). **5.** а у ы с. *Еркіндікке шығару, еркіне жіберу.* Жолықтың ару армандар болып алысқа тартқан жолда кең, *Б о с а т ы п* қайта қоя да берген қондырып алып қолға әрең. Орамал сыйлап Оралда қалдың қара бұрымды қыз болып, Сағынып кеткен сонда мен (Т.Айбергенов, Бір той.). Майбасарларды тек көш жөнеліп, ұзап кеткен соң ғана *б о с а т қ а н* (М.Әуезов, Абай жолы).

Буынын босатты. *Елжіретті, елітті, еркін баурап алды. Б о с а т ы п б у ы н ы м д ы* жылы сөзбен, Ертетін болды ізіне бермей ерік (Базар жырау, Шығ.).

Денені босатты. *Тұла бойын жұмсарту, болбырату.* Өте жылы су, әсіресе, күнде жуынғанда қанықты тасытып, *д е н е ң д і б о с а т ы п,* нәзіктендіріп жібереді. Бұл есіңде болсын. Жылы суға я моншаға түскеннен соң денеңді жайымен бірден-бірге салқындат. Суықтан сақтан (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

Тізгінді босатты. *Ерік берді, ырық берді, еркіне жіберді.* Адам көзі шығады, Акиқатқа тас атсаң. Талант тулап жығады, *Т і з г і н і ң д і б о с а т с а ң...* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Өзінен артықшылығын не күштілігін сезген адамын іштей жек көретін әдеті барды. Басынан *т і з г і н і н б о с а т ы п* алмай, қатты ұстағысы келеді (Т.Ахтанов, Шығ.).

БОСАТҚЫЗ= е т. *Еркіндікке жіберту.* Әрібері сөйлесіп, Жалбырды жылқысымен Кәрім екеуін *б о с а т қ ы з ы п* қоя бердік (С.Шарипов, Шығ.).

БОСАТҚЫЗУ *Босатқыз етістігінің қимыл атауы.*

БОСАТҚЫШ: босатқыш түймешік. т е х. *Фотоаппараттың деталі.* Фототиектің ашылып-жабылуы үшін *б о с а т қ ы ш т ү й м е ш і к т і* басу керек. Нәтижесінде фотоға түсірілген нәрсенің (мектептің) фотографиялық кескіні пленкаға түседі («Пионер»).

БОСАТТЫР= е т. *Еркіндікке жіберту, шығарту.* Мен Қаленді *б о с а т т ы р а м ы н* деп айттым ғой. Сол сөзім – сөз (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Майор Николай Соломонович Мартынов аз уақыт түрмеге ілігіп қалғанда, оның куәгерлігін дәлелдеп, еріксіз *б о с а т т ы р ғ а н* (Ғ.Мүсірепов, Достық.). Сол ойменен Крезді *б о с а т т ы р д ы,* Екеуі бір-бірі не кешу қылды, Дос болып, шығыныңды төлеймін деп, Амандасып еліне қайта жүрді (Шәкәрім, Өлең.).

БОСАТТЫРУ *Босаттыр етістігінің қимыл атауы.* Мүмкін, Раушан осында келіп, мені *б о с а т т ы р у* қамында жүрген шығар (А.Сатаев, Аққу.).

БОСАТУ *Босат етістігінің қимыл атауы.* **1.** и н ф. <ағыл. reset> *Қайсыбір жүйені немесе ішкі жүйені қандай да бір алғашқы қалыпқүйге келтіру; жұмыс кезінде кездейсоқ жағдай пайда болған кезде орындалатын компьютердің қалыпты бағдарламалық ортасын қайта жүктеп іске қосу.* Көптеген компьютерлерде *б о с а т у* – «reset» пернесі (батырмасы) бар, оны бағдарлама жұмыс істелмей, кездейсоқ қате болған шақтарда басу керек. Мұнан кейін операциялық жүйе қайта жүктеліп, мәшине тоқ көзінен ағытылып, қайта іске қосылған тәрізді жұмыс атқарылады (Қаз. тілі термин. Информатика.). **2.** а у ы с. *Еркіндікке шығару, азат ету.* Маслованы *б о с а т у ғ а* тура келеді (К.Тоқаев, Тасқын). Осы отрядты бастап Жанкелдин Торғай қаласын жаудан *б о с а т у ғ а* аттанды (А.Нұрқанов, Мызғымас дос.). Би, болыс түскен ақ үйге Тастан жаңбыр жаудырды. Байлап алған жеті ерді *Б о с а т у ғ а* бұғаудан, Жиылған ел қам қылды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

БОСАТУШЫ з а т. *Құтқарушы, азат етуші.* Егер ол осы халден босана қалса, түгелімен қуанады, *б о с а т у ш ы ғ а* алғыс жаудырады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БОСАТЫЛ= е т. **1.** *Орынның, жердің бос қалдырылуы.* Абайдың төменгі жағынан орын *б о с а т ы л ғ а н-д ы.* Қалыңдық осы араға келіп, шапанын басынан алмай, күйеуге азырақ сырт беріңкіреп, қырындау отырды (М.Әуезов, Абай жолы). Жерге жата алмайтын қарияларға төсек *б о с а т ы л ы п* беріледі (Б.Кәмалашұлы, Монғолиядағы қазақтардың салт-дәстүрлері.). **2.** *Еркіне жіберілу, азат етілу.* Жұманның Жолбарысы түнде шынжырдан *б о с а т ы л д ы* (С.Баязитов, Күтп. кездесу).

Босатылған сулар. г е о л. *Литосферадағы таужыныстардың жеке минералдардың құрамында алғашында химиялық және физикалық байланысқан түрде болып, соңынан түрлі термодинамикалық процестердің әсері-*

мен бөлініп шығатын сулар. Б о с а т ы л ғ а н с у л а р ғ а магманың ылғалсыздандырылуы кезінде және басқа да соған ұқсас жағдайларда пайда болған сулар жатады (Қаз. тілі термин. Геология).

БОСАТЫЛУ *Босатыл етістігінің қимыл атауы; азат етілу.* Қалайда отрядқа жетіп бірге Текеге кіруім керек. Текенің *б о с а т ы л у ы* анық (Х.Есенжанов, Тар кезең).

БОСАТЫС= е т. **1.** *Орын берісу.* Аралары-нан орын *б о с а т ы с ы п,* мені шамға жақынырақ жіберді (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). **2.** *Бір қалыптан, нәрседен шығарып алысу.* Әншейінде кешегі жауы түгілі, бүгінгі досына атынан түсіп көп иліге бермейтін Қасқақ батыр да төресінің кішіктікті көбірек тапсырғаны есіне түскендіктен амалсыз атынан түскен соң, басқалары да ұзақ жолдан сіресіп қалған аяқтарын үзеңгіден *б о с а т ы с т ы* (К.Сегізбаев, Беласқан).

Көңіл босатысты. *Шер тарқатысты.* Тіршіліктен жапасы, қапасы барлардың есіне әлденелер түсіп, *к ө ң і л б о с а т ы с ы п* алды (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл).

БОСАТЫСУ *Босатыс етістігінің қимыл атауы; азат етісу.* Польшаның талай үлкен қалаларын *б о с а т ы с у ғ а* қатысқан ер кез келген адам біле бермейтін осындай бір шағын селоны өмірінде ұмытар емес (С.Сейітов, Сөз сұра.).

БОСАУ *Боса етістігінің қимыл атауы; азат болу, байлаулы болмау.* Мүмкін бе екен, шексіз сүйіп өмірді, Сол өмірдің мұндарынан *б о с а у ғ а* (Ә.Тәжібаев, Кеше.).

Көңілі босау. *Көңілі бұзылып елжіреу, егілу.* Сонан соң деме, достарым, *Б о с а у ы* бекер *к ө ң і л д і ң* (Ж.Молдағалиев, Жыр.).

БОСБЕЛБЕУ с ы н. *Ширақ, пысық емес, ештеңеге ебі жоқ, болбыр.* Тықылдап, құр пысықсып сөйлейтін көп, Екпіндеп, үшкір атша қарқындаған. *Б о с б е л б е у,* босаң туған бозбала көп, Киіздей шала басып, қарпымаған (А.Байтұрсынов, Шығ. жин.). – Атының басын алып жүре алмайтын *б о с б е л б е у д і ң* маған керегі жоқ, тоғызы да жетеді, – деді Жалмұқан (Х.Есенжанов, Тар кезең). Бүгін бізге ертеңгі күнімізге деген нық сенім керек. Үрейленуге, «жау шапты» деп *б о с б е л б е у* болуға жол жоқ! (О.Сәрсенбаев, Сағым).

БОСБЕЛБЕУЛЕН= е т. *Босау, болбыр болу.* ≈ Ерте *б о с б е л б е у л е н д і* керек.

БОСБЕЛБЕУЛЕНУ *Босбелбеулен етістігінің қимыл атауы.* Іске қызу кірісті. Ешқандай мәселеде ешкімнің *б о с б е л б е у л е н у і н е* жол бермейтін талапшыл басшы екенін бірден танытты («Егемен Қазақстан»).

БОСБЕЛБЕУЛІК з а т. *Бостық, болбырлық.* Ұяттағы-ау, таусылайын дегенбісіңдер? Іштей әркім өзіне ғана сенеді. Сонсоң қасыңдағының қабағын аулайсың. Содан бері *б о с б е л б е у л і к* шыға ма деп бәйексің (Т.Тілеуханов, Өзгенің.).Саяси бытыраңқылық пен әскери *б о с б е л б е у л і к т і ң,* ақсүйектер арасындағы бақталастылықтың салдарынан Қазақ хандығы сыртқы жаулардың шапқыншылығына жиі ұшырап, бұқара халық көп зардап шекті («Жетісу» энцик.).

БОСКЕТ [франц. bosquet] з а т. *Сәндік үшін қиылған, тұтас не топ болып өсірілетін ағаш-бұталар.* ≈ *Б о с к е т* өсіру.

БОСКЕУДЕ с ы н. *Қолынан ештеңе келмейтін, құр көкірек.* Талапсыз, ойсыз *б о с к е у д е,* Ермегің елден ет жеуде (С.Бегалин, Шығ. жин.). Басылған дүние шуы кетіп алыс, Қалған бір көп тасқыннан жетім ағыс, Ағады *б о с к е у д е д е* жайбарақат, Оның да бар болғаны бір қуаныш (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

БОСҚА ү с т. *Бекерге, текке, құр бекер.* Айдарынан жел ескен, Бір малым деп *б о с қ а* өскен, Пайдасы жоқ бай да бар (Ж.Ешниязұлы). Күй ғой ол қанша тартса қайта тыңдар, Қайта тыңдар күйлерден нәр татыңдар. Жиырма бесін желпінбей айтатындар – Бұл дүниеге *б о с қ а* кеп қайтатындар (Т.Айбергенов, Бір той.). Адамға еңбек еткен жарасады, Жалқаулар бақытынан адасады. Байлардың қойын бақтым амал бар ма, Кім маған *б о с қ а* жатсам қарасады?! (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Уақытын құр *б о с қ а* шығындайтын, Бейтаныс жан өтетін, бұрылмайтын. Бір бозторғай көдеден көтеріліп, Көз алдында апайдың шырылдайтын (М.Мақатаев, Шығ.).

БОСҚЫН з а т. **1.** *Қуғын-сүргіннен, аштықтан үркіп көшкен ел, босқан халық. Б о с қ ы н* қырғыз-қазақтардың жәрдемге қандай мұқтаж екендігі бұрын зиялыларға белгілі (Ә.Бөкейханов, Шығ.). *Б о с қ ы н* қырғыздың көбі қытай жеріне барып, ашаршылыққа шыдамай бала-шағаларын қытай-қалмаққа сатқандығы, бір адамның құны бір пұт бидайға шыққандығы мағлұм болып еді (М.Дулатов, Шығ.). *Б о с қ ы н д а р* ойлап жатыр қоныс қамын, Көз көрді сан қиындық тоғысқанын. Келмеске кешегіні жібергенде Көрмейік ел мен елдің соғысқанын (К.Салықов, Жезкиік). Ақ Жайық пен Бейлікті Мекен қылып алыңыз. Биылша «ауған», «*б о с қ ы н*» деп, Келген жұртқа намыңыз (Шора батыр // Бабалар сөзі). **2.** қ о ғ.-с а я с и. *Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған, басқа елден пана тауып, арнайы мәртебе берілетін адам, халық.* Иран мен Түркия *б о с қ ы н д а р* нөпірінен қорқып, Иракпен арадағы шекарасын қымтап

жатыр («Жас Алаш»). Ауғанстандағы соғыстан бас сауғалаған 900 адам тиісті тәртіппен тіркеліп, ресми түрде *б о с қ ы н* атанған («Егемен Қазақстан»).

БОСҚЫНДА= е т. *Қуғын-сүргіннен, қысымнан, аштықтан үркіп көшу, босу.* Соның салдарынан халық бір жерден екінші жерге көшуге, *б о с қ ы н д а п* кетуге мәжбүр болды (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). Бірақ обадан қашқан ел ол арада іркіле қоймады. *Б о с қ ы н д а п* ары тартады (С.Елубаев, Жарық дүние).

БОСҚЫНДАУ *Босқында етістігінің қимыл атауы.* ≈ Елдің *б о с қ ы н д а у ы.*

БОСҚЫНШЫ з а т. *Босқынға ұшыраушы, қуғын-сүргіннен қашушы.* Бұлар жұмысшылар емес, жан сақтау үшін жан-жақтан жиналған *б о с қ ы н ш ы л а р* (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр). // *Босқындап келген.* Сол кезде әнеугі *б о с қ ы н ш ы* қызды ертіп, Сәуле кіріп келді (Ж.Арыстанов, Жалынды.).

БОСҚЫНШЫЛЫҚ з а т. **1.** қ о ғ.-ә л е у м. *Қалыптасқан саяси-әлеуметтік, экономикалық және табиғи-климаттық ауыр ахуалдарға, апаттарға байланысты адамдардың ата қоныстарынан, тұрғылықты мекендерінен амалсыз босып, ауа көшулері.* Кеңестік кезеңде жаппай ұжымдастыру жылдарында Қазақстанда 1 млн 150 мыңға жуық тұрғын *б о с қ ы н ш ы л ы қ қ а* ұшырады (ҚҰЭ). Қазақ халқының тарихында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», «Сауран айналған» деген *б о с қ ы н ш ы л ы қ т а р* белгілі (ҚҰЭ). **2.** *Дағдарыс, күйзеліс.* Нәсіпті, ырзық біздің бағымыз де, Қарасқан шығар Тәңірі әдейі өзі. Аш-арық *б о с қ ы н ш ы л ы қ* халімізге (Ә.Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). Осы секілді сорақылық түбі – халықты *б о с қ ы н ш ы л ы қ қ а* ұшыратты (Е.Оразақов, Дәрігер.). **3.** *Шашыраңқылық, бытыраңқылық.* Еуроодаққа мүше болудың бір шарты – территорияның тұтас болуы, *б о с қ ы н ш ы л ы қ т ы ң* болмауы екен («Жас Алаш»).

БОСМОЙЫН з а т. к ө н е. *Ағаш сапқа қайыспен байлаған тас шоқпар. Б о с м о й ы н д ы* кейбір жерде «сылқетер» деп те атайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).. Батырлық пен саяхатшылыққа қажетті садақ пен жебе, айбалта мен шоқпар, сойыл мен *б о с м о й ы н...* қазақ халқының тұрмыс-салтына, кәсібіне байланысты туғандығы сөзсіз (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). *Б о с м о й ы н* шоқпарды соғуды, қалқанды пайдалану, қылышты найзамен қағу, найзаға қарсы қылыш шабу әңгімеленді (Қазбек бек). Олжабай атына міне бергенде, Жадамбаның басынан *б о с м о й ы н* шоқпармен беріп кетті. Қалмақ сылқ етіп құлады (Қазбек бек).

БОСПА[1] з а т. ж е р г. *Инемен тіккен кесте, әшекей, өрнек.* Қолым тимейді, *б о с п а* тігіп отырмын (Ауызекі).

БОСПА[2] з а т. *Жұмсап істететін жұмыс.* Ешкімнің орынсыз *б о с п а с ы н а* жүре алмайтын кәмелетке, әрі рухани дәрежеге жеткенмін (Ш.Шалқаров, Серіккөл).

БОСПАЛА= е т. ж е р г. ***Кестелеу***. ≈ *Б о с п а л а ғ а н* орамал.

БОСПАЛАП ү с т. с ө й л. ***Боңсала***. Іштегілер құр *б о с п а л а п* беталды оқ жаудырады (Ғ.Сланов, Замана.).

БОСС [ағыл. boss] з а т. **1.** *Кейбір ағылшын-тілді елдердегі өнеркәсіп, мекеме қожайыны, кәсіп иесі.* **2.** *АҚШ-та Республикалық және Демократиялық партиялардың штаттардағы, қалалардағы аппаратын басқаратын адамның лауазымы.* **3.** с ө й л. *Бастық, дөкей.* ≈ Біздің *б о с с.*

БОССӨЗДІЛІК з а т. *Басы артық, керек емес сөз сөйлеушілік, айтушылық.* Кейде ойың қаншалықты дұрыс болғанымен, оны сөзіңмен дәл жеткізе алмай, *б о с с ө з д і л і к к е* ұрынасың («Мәдениет және тұрмыс»). Абай өлең жазғанда, *б о с с ө з д і л і к к е*, сөзуарлыққа салынбайды («Қаз. әдеб».).

БОСТАҒАЙ с ы н. *Ерсілі-қарсылы бос жүрген.* Билік Баянауыл ревкомының қолына көшкен. Елдің де *б о с т а ғ а й* жүргіншілерден тыйылып, тыншыққан уағы (М.Сәрсекеев, Туған жер.).

БОСТАН[1] з а т. *Бұтақ, берек, үрім.* Теректің *б о с т а н ы.* ≈ Қарағайдың *б о с т а н ы.*

БОСТАН[2] з а т. *Гүл-жазира, бау-бақшалы өлке.* Алдынан ұшырады бау мен *б о с т а н,* арналар арасынан ағып жосқан (Шалғын). Қызара қызша ұялған батып ед күн, *б о с т а н д а* бұл сияқты болды осы түн, Болған соң сahар уақыты сайрап бұлбұл, Салып күй сандуғаштар шығарды үн (Шалғын).

БОСТАН[3] с ы н. *Өз билігі өзінде, ерікті, еркін.* Баяғы батқан бір күн батыстағы, Жарқ етіп біздің жақтан шықты тағы. Масайрап еркін, *б о с т а н* жолға тартты, Езілген еңбекшінің барлық табы (І.Жансүгіров, Шығ.). – Еріктім менің, *б о с т а н ы м.* Тарихи таңның шапағат нұрын жамылып, – Ерлігің сенің – Елдердің басын қосқаның (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Бостан болды. а) *Құтылды, босады.* Өлімнен киік кетті *б о л ы п б о с т а н,* Солардай жәрдем, көмек тиіп достан (Т.Ізтілеуов, Шығ.). ә) *Бостандық алды, босады.* Хакімдер жаңа өспірім жастан болды, Басына ұрылардың *б о с т а н б о л д ы* (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Бостан етілді. *Басына еркіндік алды, еркіндікке жетті, азат болды.* Ауылдың ішінде өз руларынан бөлініп кеткен бөтен рулар да болды, басы *б о с т а н е т і л г е н* құлдардың семьялары да болды (ҚазССР тарихы).

Бостан күн. *Еркіндік, теңдік.* Тағдырдың жазуымен дүйім дүние дидарына тарыдай шашырап кеткен қазақ атты халықтың алдынан азаттықтың ақ таңы атып, бодан күннен *б о с т а н к ү н г е* жеткеніне бір жыл толартолмаста Дүниежүзі қазақтарының құрылтайын шақырып, алқалы кеңес құрғаныңыз күні кеше сияқты еді («Егемен Қазақстан»).

Бостан қылды. *Құтқарды, азат етті.* «Хан бұл қалмақты қырып, қуып бізді бұл жаудан *б о с т а н қ ы л*» деді (Ер Тарғын).

БОСТАН[4] с ы н. *Кең, бос.* Азанда көзімді ашсам, зынданның қақпасы ашық жатыр. Жүгіріп *б о с т а н* аулаға шықтым (О.Сәрсенбаев, Сағым).

БОСТАН-БЕКЕР ү с т. *Бостан-босқа, жайдан-жай.* Күнді өткізбей *б о с т а н-б е к е р,* Еңбек етем жастан бетер, Ағарса да шаштарым (К.Райбаев, Жаңа толғау).

БОСТАН-БОС ү с т. *Жайдан-жай, қарап-тан-қарап, тектен-тек.* Топталып ап қылжақтап, қыздарға тиісіп, *б о с т а н-б о с* көше таптауды машық көрмедім (З.Шашкин, Өмір.). Аузы тыным таппаған, Тоқтатып бай Жақыпты. Өткізбейік дегендей, *Б о с т а н-б о с* құр уақытты (Қ.Мұқашев, Орман). Кездейсоқта машинаның астына түсіп, *б о с т а н-б о с* өліп кеткен жан емеспін мен (М.Иманжанов, Адам тур.).

БОСТАН-БОСҚА ү с т. **1.** *Себепсіз, жөнжосықсыз.* Жұмысым жоқ, ауылында бұйымым жоқ, *Б о с т а н-б о с қ а* баруға ұяламын (Айтыс). **2.** *Бекерден-бекер.* Көп күтерін білсем, бұл арада *б о с т а н-б о с қ а* уақыт өткізіп қайтем (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). **3.** *Жайдан-жай, өз-өзінен.* Не қыл дейді, япырмау, *Б о с т а н-б о с қ а* бүлініп, Басымды әбден қатырдыау (Қ.Аманжолов, Таңд. шығ.).

БОСТАНДЫҚ з а т. **1.** *Еркіндік, өз билігі өзінде болушылық, еріктілік.* Міне, тарихтың қызметі жеке адамның да, халықтың да өз *б о с т а н д ы ғ ы,* игі арманы үшін күресін баяндау керек деп ойлаймын («Қазақстан заман»). Басқа жұрттың балалары *б о с т а н д ы қ т а* ойнап, тынығып жүретін шілденің ыстығында қазақ баласы мең-зең болып оқиды (М.Дулатов, Шығ.). **2.** қ о ғ.-ә л е у м. *Елдің ішкі және сыртқы саясаты саласында әлеуметтік субъектілердің (жеке адамдардың т.б.) өз мақсаты мен халықтың, елдің өз мүдделеріне орай әрекет жасау еркіндігі; құқықтық мүмкіндіктер аясы, тәуелсіздік. Б о с т а н д ы қ,* теңдік, туысқандық болғаны рас болса, біз: қазақ, бурят, енді бұл зорлыққа көнбейміз (Ә.Бөкейханов, Шығ.). *Б о с т а н д ы қ* таңын көргенім – Кемеліме келгенім. Қорқытпайды мені ажал, Арман емес өлгенім, Кейітер істің кемдігі (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Тілегің болды – қуан, күл. *Б о с т а н д ы қ* – ізгі періште Кетпекке ұшып ғарышқа, Ақ қанатын қомдап тұр (М.Жұмабаев, Шығ.). Саяси *б о с т а н д ы қ* ұғымы азаматтардың саяси белсенділігін, саяси өмірде ұдайы қатысып, әлеуметтік мәні зор шешімдер қабылдау ісіне тікелей ықпал етуге қабілеттілігін арттырады (ҚҰЭ).

Әйел бостандығы. қ о ғ.-с а я с и. *Қоғамдағы әйел адамдардың ер адамдармен бірдей, тең дәрежедегі әрекет жасау еріктілігі, құқықтық мүмкіндігі.* Мариям Кеңес өкіметі әйелді еркекпен тең ұстайтын, *ә й е л б о с т а н д ы ғ ы н* жарыққа шығару үшін арнап декрет шығарғанын айтты (Б.Майлин, Шығ.).

Бас бостандығынан айыру. қ о ғ.-с а я с и. *Соттау, жазаға тарту.* Қылмыстық мінезқұлықты криминологиялық болжау жаза шараларын анықтауға, *б а с б о с т а н д ы ғ ы н а н а й ы р у* орындарындағы режімді белгілеуге, шартты соттауды және мерзімінен бұрын шартты түрде босатуды қолдануға әсер етеді (Қаз. тілі термин.).

Бас бостандығынан айырылды. *Сотталды, түрмеге түсті.* Содан соң құзыретті органдармен хабарласып, нәтижесінде қылмыс жасаған бірнеше азаматтардың істері қайта көтеріліп, айыпталушылар қамауға алынып, сот үкімімен зорлық жасаған бірнеше адамның қылмыстары мойындалып *б а с б о с т а н д ы қ т а р ы н а н а й ы р ы л ғ а н ы н,* құқығы аяққа тапталған азаматшаға аз да болса қол ұшын бергенін, бұл салада қызмет атқарып жүрген үкіметтік емес ұйымдарға рақметін айтады («Егемен Қазақстан»). Аталған санаттағы істер бойынша соттарда ішкі істер органдарының 10, атқарушы органдардың 8, мемлекеттік кәсіпорындардың 5, мемлекеттік ұйымдардың 13, кеден органдарының 1 қызметкері, 2 сот және 2 прокуратура қызметкері жөніндегі жемқорлық сипаттағы қылмыстық істер қаралып, олар әртүрлі мерзімдерге *б а с б о с т а н д ы қ т а р ы н а н а й ы р ы л д ы* («Егемен Қазақстан»).

Бас бостандық. *Жеке адамның өз еркі өзінде болушылық.* Кейде ауылға руы басқа қазақ-кірмелер де, *б а с б о с т а н д ы қ* берілген құлдар да кірді («Халық мұғ.»).

Бостандық алды. а) *Еркіндікке ие болды.* Сөйтіп, қыз *б о с т а н д ы қ а л д ы,* арманына жетті. Сүйгенімен кетті (М.Дулатов, Шығ.). ә) *Бой жазды, емін-еркін жүрді.* Әншейінде

қытымыр кемпір-шалдың, ата-ененің қатал бақылауында жас келін мен ұзатылғалы отырған оң жақтағы бойжеткен қыз да осы жайлау үстінде біршама *б о с т а н д ы қ а л а д ы* (Қ.Жұмаділов, Шығ.). ә) *Рұқсат алды.* Бұл жылдардағы корпус балаларының сағынып күтетіні – жексенбі күні. Өйткені қалада үйі бар балалар жексенбіде *б о с т а н д ы қ а л ы п,* үйлеріне барады (С.Бегалин, Бала Шоқан).

Бостандық әперді. *Теңдік әперді.* Сондықтан бүлдірмеңдер басқаларды, Естідім қуанышты бір хабарды. *Б о с т а н д ы қ ә п е р е т і н* бар адамға, Жарқ етіп күн шығуға аз-ақ қалды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Отанына қайта қосып босқанды, Отар елге *ә п е р у ш і* ем *б о с т а н д ы қ.* Ұнатушы ем қиялымда Қамкөңіл Ғашықтарды бір-біріне қосқанды! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Бостандық берді. а) *Теңдік, еркіндік әперді.* Алаш туы астында, Куә болсын арымыз. Көркейтуге Алашты Құрбандық біздің жанымыз! Былай тұрсын малымыз, Алаш деген ел үшін Сарыарқаның жері үшін, *Б о с т а н д ы қ б е р г е н* ер үшін Төгілсін біздің қанымыз! Аялмасын жанымыз! Жасасын Алаш, жасасын! (С.Торайғыров, Алаш ұраны). ә) *Кеңшілік жасады, еркіндік жасады.* Сот маған *б о с т а н д ы қ т ы б е р д і* дағы, «Бар ма еді сүйген кісің?» – деді дағы. Пәленше сүйгенім деп мен сөйледім, Айтысқан уағдамызша басындағы (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Бостандық кілтін ашты. *Еркіндікке, теңдікке жеткізді.* Бұл *б о с т а н д ы қ к і л т і н а ш қ а н* ерлерге сансыз рақмет! (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

Бостандыққа шықты. а) *Емін-еркін бос жүрді*. Жұмыртқасынан дамыған личинка орман зиянкесінің личинкасымен қоректеніп жетіледі де ағашты кеміріп, өзіне жол салып, *б о с т а н д ы қ қ а ш ы ғ а д ы* (Қ.Қайымов, Қызықты зоол.).ә) *Түрмеден шықты, басына азаттық алды.* Махмет *б о с т а н д ы қ қ а ш ы қ қ а н н а н* кейін Сібірдің газ тарту құрылысында еңбек етеді, ақыры шетелге эмиграцияға кетуге мәжбүр болады («Егемен Қазақстан»). Халил сұлтан азаттық бергенімен сұлтан Лашынның кезінде қайта қамауға алынып, сұлтан Мұхаммедтің тұсында аз уақыт *б о с т а н д ы қ қ а ш ы қ қ а н ы м е н,* кейін бәрібір абақтыда қаза табады («Парасат»). Тар қамаудан босанып, *б о с т а н д ы қ қ а ш ы қ қ а н ы н а* қуанды ма, әлде осы бір хош иісті кеш көңілін көтеріп жіберді ме – ол жан-жағына күлімсірей қарап, бірауық кеудесін кере, кешкі ауаны пәрменінше жұта демін алды (І.Есенберлин, Шығ.). *Б о с т а н д ы қ қ а ш ы ғ а т ы н* мерзім жақындаған сайын ол қайсарлана шымырқана түсті («Қаз. әдеб».).

БОСТАНДЫҚШЫЛ с ы н. *Бостандық сүйгіш, еркіндікке құмар.* Пушкиннің наразылығы, *б о с т а н д ы қ ш ы л* ынтасы кейде бәсеңдеп, аяғы барып патшаға тіреледі (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Даусымды *б о с т а н д ы қ ш ы л* қайда барса, Тыңдапты мейірлене барлық ұрпақ (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). // *Еркіндік, бостандық, азаттық үшін күрескен адамдар.* Патша өкіметінің отаршылдық саясатты қатал жүргізуіне қарсы көтерілген елдердің мыңдаған *б о с т а н д ы қ ш ы л д а р ы* Сібірге жер аударылғанды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БОСТАНШЫЛЫҚ з а т. с ө й л. *Бостандық, еркіндік.* Сатанға Тәжидің тағы қылтылдатып отырған міне бір «қой алу» деген сөзі *б о с т а н ш ы л ы ғ ы н* тағы жойып, басын байлайтын сияқтанады (І.Жансүгіров, Шығ.). Патша мен алпауыттың туын жығып, Дүниеге *б о с т а н ш ы л ы қ* ашқан есік (XX ғ. қаз. ақын.). Болған соң білімге бай, баққа саға, Кей-Қабат болды жүз жыл жұртына аға. Орнатып уақытында *б о с т а н ш ы л ы қ,* Кидірді кедейге тон алтын жаға (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

БОСТАУ с ы н. **1.** *Адамы аз, тығыз емес.* Бұл вокзалдың іші де тығызшылық екен, бірақ Қызылжардікінен гөрі *б о с т а у* (С.Мұқанов, Өмір мектебі). **2.** *Босырақ, қатты тартпай.* Беліне *б о с т а у* етіп жалпақ белбеу байлаған (Ә.Көпбаев, Мақтаныш). Жуан өріп, желкесіне *б о с т а у* етіп жия салған қалың шашы Нұриланың мойнын төмен иіп әкетіпті (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). **3.** а у ы с. *Қарулы емес, болбыр.* Ол денелі болғанымен, *б о с т а у* еді (С.Алдабергенов, Асу).

Жібі бостау. *Болбыр, пысық емес.* – Взводтың шынымен жоғалып кеткені ме? Өз бетімен қоршаудан шығуға командирінің қайраты жете ме? Қате істеген жоқпын ба? – деп қиналды Мұрат. Сол жігіттің *ж і б і б о с т а у* көрінуші еді (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

Көңілі бостау. *Көңілшек, жүрегі нәзік, әсершіл.* Шекарадан өте сала кейбір көңілі *б о с т а у* көриялар, оларды көріп жастар жерге аунап, уыс-уыс топырақ алып иіскеп, жаласып жатыр (С.Шарипов, Бекболат).

БОСТЕКЕЙ с ы н. с ө й л. ***Бостекі***. Күнзеш! Нұрлан өзі *б о с т е к е й* бала. Шатасып тұр дағы (Ж.Молдағалиев, Торғай.).

БОСТЕКІ ор. с ы н. с ө й л. *Мәнсіз, маңызсыз, бос.* Ауыз әдебиетінің аса бағалы осы бір асыл жанрында басы артық, *б о с т е к і* сөз атымен болмайды (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

«Мұнікі қай күрсініс» деп, іштей Саяны кінәлайтын, сөйтсе ойы да, ісі де *б о с т е к і* шықты (Д.Досжанов, Зауал).

БОСТОН[1] з а т. *Жүннен тоқылған қымбат мата.* Бүгін ескі әдетінше, өзгеше баптанды: сұрғылт *б о с т о н* бешпет-шалбар, ішінен қисық жаға, ақ жібек көйлек киді (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Қоңыр *б о с т о н* кителінің жоғарғы түймесін ағытты (А.Сүлейменов, Бесін). Көк *б о с т о н н а н* белін қынамалап тіккізген бешпеті бар, етегі кеңдеу (К.Тоқаев, Түнде.).

БОСТОН[2] [ағыл. boston] з а т. м у з. *Жұп болып биленетін баяу вальстің түрі. Б о с т о н* – жай екпінде биленетін би; америка халықтарының би музыкасы (К.Қуатбаев, Қысқ. муз. сөздік).

БОСТЫҚ з а т. **1.** *Бос жер.* Ал эфир атомның аралығында, қаңыраған *б о с т ы қ т ы* да толтырып тұтып тұр (А.Қалығұлов, Жарық.). **2.** *Бос болушылық, ештеме жоқтық.* Қуанбағанда ше, арқадан қамшы, төбеден тамшы кетпек, қарын аштықтан, қалта *б о с т ы қ т а н* құтылмақ (К.Әміров, Өшп. жұлдыз.). **3.** а у ы с. *Босаңдық, осалдық, болбырлық, қайратсыздық.* Ынүнерсіз *б о с т ы ғ ы м ы з* көрінген соң, Қызықбас кім қазақтың баласына? (М.Дулатов, Шығ.). Кім күлмес *б о с т ы ғ ы ң а* сен жаманның, Алдырған айласына бір наданның? Мен саған қол берейін түспесіме, Қайласы саған ғана мол адамның (А.Байтұрсынов, Шығ.). Көңіліне шүбә кіріп, етті қастық, Ақымақтың, әуел баста еткен *б о с т ы қ.* Сасқаннан қара шекпен жылай берді: – Ей, бөрі, етсейіші, – деп, – досқа достық! (О.Шораяқов, Шайыр). **4.** а у ы с. *Жұмысы жоқтық.* «Бұлаудың түбі — жылау» дегендей-ақ, *б о с т ы қ т ы ң* түбі де онша көп жақсылыққа апарып соқтырмайды (Т.Дәуренбеков, Сүмбіле).

Қол бостық. *Жұмысы жоқтық, уақыты көптік.* Ұзақты күнге бірді-екілі адам ғана бас сұғады, бәрінен қиыны *қ о л д ы ң б о с т ы ғ ы* (Т.Ахтанов, Дала сыры). Көңілдің қоштығы – ол оның достығы. Барар елі, *қ о л ы м н ы ң,* Болмады *б о с т ы ғ ы* (Абай, Тол. жин.). Шашты бұлайша сәнді ұстауға дәл махаранидей үнемі *қ о л ы б о с т ы қ* керек (М.Әуезов, Индия очерк.).

БОСТЫР= е т. **1.** *Тыныштық бермеу, тұрткілеу.* Жақсы адам жат кісіні дос қылады, Жаман адам дауыңа дау қостырады. Ат алмайтын адырға адырайып шығып, Бұғып жатқан аң болса, *б о с т ы р а д ы* (Ә.Найманбаев, Шығ.). **2.** *Босытып жіберу, құдалау, шұбырту.* Хандарға қанды құстырып, Жерінен қуды *б о с т ы р ы п* (Қамбар батыр). Жайықтың арғы бетінен бері қызылдар өкшесін жерге тигізбей *б о с т ы р ғ а н* казак-орыстар оны айыруға шамасы келмеді (Х.Есенжанов, Тар кезең). Монғолдар соңдарынан қалмай қуып, қалаларын қиратып, жұртын *б о с т ы р ы п* жіберді (І.Есенберлин, Алмас.).

БОСТЫРУ *Бостыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Елінен *б о с т ы р у.*

БОСУ *Босы етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Еріксіз ауа көшу.* Елдің көбі *б о с у д а* жүр, олар шекараға тырмысты (Ж.Аймауытов, Шығ.). Өткендей іс келешекке бір айна, Өткен күнді бұлжытпастан тұр айна. Атыс-шабыс, талан-тараж, қырылыс, Жылау, сықтау, *б о с у,* жоңқу, шұбау да (Б.Майлин, Шығ.). **2.** *Бос жүру.* Ол жөні келген жерде бұл мағынасыз *б о с у д ы ң* бір шегіне шығуға бел байлап келе жатқан (Х.Есенжанов, Тар кезең).

БОСЫ= е т. *Бір жерден екінші жаққа еріксіз ауа көшу, шұбыру.* Павлодар, Қарқаралы үйезінен қос-қос қазақ Сібір темір жолдарына тас қазуға жалдану үшін елдерінен *б о с ы п* кеткенін көз көрген еді (М.Дулатов, Шығ.). Даланың дал-дұл болып омырауы, Ел *б о с ы п* боз інгендей аңырады. Ақтабан шұбырынды Алқакөлде Шайқалды қазақ ата шаңырағы... (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Аштық жылы Орынбор маңындағы Ноғай Қарғалысына *б о с ы п* барған алыс жекжат, жақын-жұрағатымыз бір ауыл екен (Б.Аманшин, Көкжар). Қоңыз терген, шөп қаузап, *Б о с қ а н* жайы белгілі, Омыраудан жас саулап Еске түсіп шер күні (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

БОСЫН з а т. *Отырған жерінен еріксіз ауа көшушілер.* Салт аттыға он күншілік жол емес пе. Шұбырған *б о с ы н* мынау (Х.Әдібаев, Таңбалы тас).

БОСЫП-ҚАШ= е т. *Аш-жалаңаш, жаяужалпы шұбыру, қашып-пысу, босу.* Анығын білмеймін, – деп мойындады Сәлім. – Бірақ осылардың *б о с ы п-қ а ш ы п* жатқанына қарағанда, жақсылықтары шамалы болар (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).

БОСЫТ= е т. *Босқызу, шұбырту, тентіретy.* Соғыс талай семьяның шырқын бұзып, *б о с ы т т ы* ғой жұртты (К.Тоқаев, Тасқын).

БОСЫТУ *Босыт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Еріксіз *б о с ы т у.*

БОТ [голл. boot] з а т. *Жүк тасуға, балық не аң аулауға арналған моторлы, желкенді не ескекті кеменің жалпы аты. Б о т т ы ң* лоцмандық, құтқару, десанттық т.б. түрлері бар (Қаз. тілі термин. Су.).

Десанттық бот. *Өздігінен жүретін, жағаға жақын жүруге ыңғайлы, болаттан жа-*

салған ашық кеме. Д е с а н т т ы қ б о т жүк таситын кемелерінен жағаға әскер және әскери техника тасуда қолданылады (ҚСЭ).

Құтқару боты. *Ескекпен не мотормен жүретін, суға түскендерге көмек көрсететін, құтқаратын қайық.*

Лоцмандық бот. *Теңіздегі кемелерді қарсы алып, портқа ертіп кіруге арналған моторлы (не желкенді) ашық катер.*

БОТА з а т. **1.***Түйенің бір жасқа толмаған төлі.* Екі аяқтыда бажа тату, Төрт аяқтыда *б о т а* тату (Мақал-мәтел). Түйешіге аман алынған әр *б о т а* үшін оның енесі суалғанға дейін ай сайын жеті сомнан ақша төленеді (А.Шайбеков, Колхозда.). Түйе тууына 1–2 сағат қалғанда аунай бастайды, ерінін шүйіреді, безектеп, бір орында тұрмайды. Бір байқап жүргенім, түйе ұрғашы *б о т а* туарда күнбатысқа, еркек бота туарда күншығысқа қарай бошалайды (А.Ниязов, Түйе – табысты.). *Б о т а н ы ң* өркешіндей тік тұруын қарашы (С.Жүнісов). **2.** а у ы с. *Бала.* – Жұртта отырған енеміз, Иіліп сәлем береміз. Елсізде жүрген шешеміз, Сізге сәлем десеміз. Айдалада анамыз, Біз де сіздің балаңыз. Жапанда жүрген апамыз, Біз де сіздің *б о т а ң ы з.* Алдыңдағы әперші Кеней менен сақамыз (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Айыр бота. *Бура мен інгеннен туылған бота; ботаның тұрі.*

Ақ кемік бота. *Көп жегіліп-мінілген інгенінің шілде-тамыз айында туылған ботасы.*

Арамза бота. *Күткен мерзімінен ерте туылған бота.*

Бота белбеу. *Белбеудің асыл таспен өрнектелген ең сапалы түрі; кемер белбеу, асыл белбеу.* Барған үй иесі: – Ие, шал-еке, *б о т а б е л б е у і ң* құтты болсын, – деді (XV–XVIII ғғ. қаз. поэз.). Күміс бағдарлары ботаның көзіне ұқсас болғандықтан *б о т а б е л б е у* атанған болу керек. Бұның синонимдер – кемер белбеу, деңмент (Ә.Ермеков, Қаз. лекс.).

Бота көз. а) *Шарасы кең, мөлдіреген үлкен, әдемі көз.* Жатты енді Қалбаң етіп жотада өзі, Жаудырайды жалтақтап *б о т а к ө з і.* Көзінде бір жас тұрды төгілуге, Көзіне қорықтым оның көрінуге (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). «Тура *б о т а к ө з* екен!» – деп ұнатып келеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Дәмежан жаудыраған үлкен, әдемі қара көзді әйел еді, ақ-қарасы айқын көзі – түнжырай біткен анық *б о т а к ө з д і ң* өзі (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Сол Бас арықпен келе жатыр едім, алдымнан өзіммен бірге оқып жүрген бір жігіт кездесе қалды. Қасында қара торы, керме қас, *б о т а к ө з і н е н* жалын шашыраған жас келіншек бар (Ә.Жылқышиев, Өмір.). Ол жел өтінде тотыққаны болмаса, кәдімгі бидай өңді аққұба. Үнемі күлімдеп тұратын дөп-дөңгелек *б о т а к ө з* (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз әуен.). ә) *Сұлу, ару, сымбатты қыз. Б о т а к ө з,* сықырлы сөз, Гүлсім ханым, Әр жерде өткізсек те өмір таңын, Кей уақыт көзіңізге көзім түссе, Ойнайды аласұрып неге жаным?! (М.Жұмабаев, Шығ.). Енді бір *б о т а к ө з,* Айнаны көр де, оны көр. Бейне бір моншақ мөп-мөлдір, Барлық ойы, жүрегі Көзінде оның сайрап тұр (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Бота қалжың. *Өзімсінген, жеңіл ойын, қалжың.* Әзілмен *б о т а қ а л ж ы ң* келді ойнап, Сұлудан айырылдық деп сорың қайнап, Бетінен шаттық оты шашылып тұр, Алғандай қыздан хабар гүл-гүл жайнап (Н.Ахметбеков). Жануар, ол еркелігін иесіне де жасайды. Сөйтіп жеңіл ойынға, қалжыңға шақырады. Қазақтың *«б о т а қ а л ж ы ң»* деген сөзі осыдан өрбісе керек... (Д.Қонаев, Өтті дәурен.).

Бота қылды. *Жуасытып, өз иелігінде жұмсап алды.* Мұрныңды тесіп *б о т а қ ы п* алған ғой біржола. Кеше ол сені директорға жамандайды. Бүгін сен оны мақтайсың, түсініксіз дүние (З.Шашкин, Сенім).

Ботаның көзіндей. *Мөп-мөлдір, таза, мөлт-мөлт еткен.* Мойылға қарасаң, *б о т а н ы ң к ө з і н д е й* мөлдіреп, бұтақтың басына сыймай, сыңсып тұрған қарақат (С.Мұқанов).

Ботасын бауырына алған іңгендей. *Жақсы көргеннен бойы еріп, барлық жан-дүниесі балқып еміренген. Б о т а с ы н б а у ы р ы н а а л ғ а н і ң г е н д е й,* ақын да туған жеріне келгенде тұла бойындағы алпыс екі тамыры түгел исініп, шынайы шексіз сезім жыр жолына айналып, саулап қоя беретініне біз сенеміз (Ә.Нұрпейісов, Әбділда. тур. сөз).

Ботасы өлген іңгендей [түйедей]. *Әбден зарланып, қатты қайғыланып. Б о т а с ы ө л г е н і ң г е н д е й* боздайды да жылайды (Ғ.Мұстафин, Шығ.). Айтамын айт дегеннен арма, Жібек, *Б о т а с ы ө л г е н т ү й е д е й* зарла, Жібек (Батырлар жыры). *Б о т а с ы ө л г е н т ү й е д е й,* Енді боздай қалдым мен (Ғашықтық дастандар).

Бота тастады. *Іш түсірді, іш тастады, уақытына жетпей бота өлі туды.* Күзекте отырғанда қара інген шығып кетіп, оны қарай қоятын көлік болмай, жеті шоқпарлар бір жұмадай шөп тасуға салып, *б о т а т а с т а п т ы* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Бота тірсек. *Жүйрік аттың эпитеті; сұлу, сымбатты.* Қазақ ең сұлуын «бота көз», ең жүйрігін *«б о т а т і р с е к»* дейді (Ғ.Мүсірепов, Шұғыла). Шаң болып қалушы

еді шапқан жерің, Шаттанып тұрушы еді қосқан ерің. Атығай-Қарауылға олжа салған, *Б о т а т і р с е к*, қыз сағақ сандал керім (І.Жансүгіров, Құлагер). Шідерлігі жуандау *б о т а т і р с е к*, Бейне жел, тынышты, екпінді мініп жүрсек. Екі көзін төңкеріп қабырғалап, Белбеуде тыныш тұрса, байлап көрсек (Абай, Тол, жин.). *Б о т а т і р с е к*, бұйра жал, Болдырмайтын кеңбісің? Сымбатты сұлу кер марал, Ер мінер ат сенбісің? (Ж.Саин).

Бота тірсек бозбала. *Жас, әлжуаз.* Немесе *б о т а т і р с е к – б о з б а л а* бола бастағаны («Ақ желкен»). Келе сала бірнеше басылымның фирмалық бланкасын көз алдымызға көлбеңдетті «Әй, мына жынды шынымен алып келіпті», – деп, бүгінгі күнгі «Қазақстан теміржолшысы» газетінің бас редакторы, ол кездегі *б о т а т і р с е к б о з б а л а* Т.Батырханов қағаздарға жармасты («Түркістан»). *Б о т а т і р с е к б о з б а л а* іліп түсер қырғи мыннан табылды ғой, тегі дейтіндей (М.Қаратаев, Далада.).

Бота ішік. *Жүнін ішіне қаратып бота терісінен тіккен ішік.*

Бөдене бота. *Әлжуаз туылған бота.*

Еміздік бота. *Еміздік арқылы қолдан сүт беріп өскен бота.*

Еміншек бота. *Желіндемей боталаған інгеннің ботасы.*

Жетім бота. *Енесі жоқ не болғанымен де сүтке жарымаған бота. Ж е т і м б о т а н ы ң* бірнеше түрі бар: өлі жетім, тірі жетім, кенже жетім, арамза жетім, тел жетім (ҚСЭ).

Заржақ бота. *Енесін емсе де, ембесе де боздай беретін бота.*

Кемиек бота. *Астыңғы иегі шығыңқы бота.*

Күн қақты бота. *Көп жегіліп-мінілген інгеннің шілде-тамыз айында туған ботасы.*

Қара кемік бота. *Енесінің уызына жарымаған бота.*

Қатпа бота. *Енесін емін-еркін емсе де, шыр жұқпайтын бота.*

Қоспақ бота. *Інген мен біртуардың бурасынан туған бота.*

Құдыра бота. *Марқа ботаның тайлақтан кіші, өзге ботадан ірісі.*

Құтымсыз бота. *Енесін еміп қойып, тартынып жетекке жүрмейтін бота.*

Қызыл шақа бота. *Шала туылған бота.*

Маймақ бота. *Аяғының білезік буыны ішке не сыртқа қарай айналып тұратын бота.*

Марқа бота. *Түйенің жаппай боталайтын кезеңінен 3–4 ай бұрын туылған бота.*

Нар бота. *Бура мен аруанадан туылса да, нарға тартқан бота.*

Үкілі бота. *«Көз тиеді» деген ұғыммен ноқтасына, төбесіне үкінің қауырсынын тағып сәндеген бота.* Өзінің жалпы түр-сипаты да үлпілдек жүнді болуынан *ү к і л і б о т а* аталатындары да бар (А.Ниязов, Түйе – табысты.).

БОТАБҮРГЕН з а т. б о т. *Бүрген тектес өсімдіктің бір түрі.* Тырнайды аяғыңды *б о т а б ү р г е н,* Жолшыны ерсі көріп жалғыз жүрген. Қарайды таңырқана тасбақа да, Тарбаңдап кең далада өмір сүрген (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.).

БОТАДАЙ с ы н. **1.** *Бота тәрізді, бота сияқты.* Өң жоқ, түс жоқ, әлденеден үріккен *б о т а д а й* елеуреп екі көзі шатынап кеткен жас қызды маңдайынан сипады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Еркінше өскен қайран ел, Дәулетің бейне шалқар көл, Айдының бейне асқар бел, *Б о т а д а й* бейне өскен тел, Айуанмен тең саналдың, Терідей болып тоналдың. Жол таба алмай қамалдың Басшысын атқан бөкендей (Д.Бабатайұлы, Замана.). Қожаның тайы қолда өскендіктен үйірсек, кісіге *б о т а д а й* жуықтағыш (Б.Соқпақбаев, Шығ.). Келіншек тау Май айында көрікті. Бурыл бұлттан Киіп алған бөрікті Енесіне Ентелеген *б о т а д а й* Етегіне Тас төбелер шөгіпті (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). **2.** а у ы с. *Кішкентай ғана.* Бұлт десем жазып жүрген таңертең бой Таңды түрткен *б о т а д а й* тау екен ғой: Айдың сүттей нұрына тойып алып, Ұйықтайтын қозытаңдар бар екен ғой! (Ө.Нұрғалиев, Нөсер.).

Ботадай боздады. *Егіліп жылады, аңырады.* Көзінің жасы төгіліп, Жылап-еңіреп егіліп, Арасында шеңгелдің, *Б о т а д а й б о з д а п* келеді (Алпамыс). Менің әжем Әбдірахман үшін *б о т а д а й б о з д а п* жылап жүрген (Б.Майлин, Шығ.). *Б о т а д а й б о з д а п* жылайды, Масатының анасы, Зарлаған соң зарығып, Торығып көрген баласы (О.Шипин, Екі дастан). Бұның үй-ішімен *б о т а д а й б о з д а п,* бейіт басында да қатты күңіреніп жылағанын көргенде тірі жанның бәрінің сайсүйегі сырқыраған (М.Әуезов, Қараш.).

Ботадай нәзік. *Сүйкімді, өте нәзік. Б о т а д а й н ә з і к,* сүйкімді екені анадайдан-ақ байқалып тұр (F.Мұстафин).

Ботадай тату. *Өте тату.* Ойбай-ау, бұл Нұрша Оралыңыздың жақын ағайыны ғой, екеуі бала кезінде *б о т а д а й т а т у* еді (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БОТАЖАН з а т. э м о ц. *Еркелету, жақсы көру нышанымен айтылатын атауыш.* Желаяқ, айналайын, *б о т а ж а н ы м,* Ежелгі ұстап қалды ата заңын (Е.Ибраһим, Жас ғұмыр).

БОТАЖУСАН з а т. б о т. *Майда, үлпілдек, жұмсақ жусан сияқты өсімдіктің бір түрі.*

БОТАКӨЗ з а т. б о т. <лат. myosotis> *Айлауық тұқымдасына жататын бір, екі*

және көпжылдық шөптесін өсімдіктер; құралай. Б о т а к ө з д е р – хош иісті, әдемі, гүлді әсемдік өсімдіктер (ҚҰЭ). Қазақстан топырағында *б о т а к ө з д і ң* 12 түрі өседі (Х.Тілемісов, Ауыл шар. сөздігі).

БОТАҚАН з а т. э к с п р. **1.** *Ботаны жақсы көру, кішірейту, еркелету нышанымен айтылатын атауыш.* Ақан менен атасы қала келді, Түйеге мініп, ботасын ала келді. Бұрын бота көрмеген балақандар, *Б о т а қ а н д ы* қоршалап ала берді (Б.Аманшин, Ботақан). Мендегі ұлы мүмкіндікті жойдыңыз. *Б о т а қ а н ы н* тартып алған іңгендей Ордаңызға жаутаңдатып қойдыңыз. Көктем өтпей жетіп қапты күзім де, Әттең, мына сұм тағдырдың қорлауы-ай (М.Шаханов, Қасырлар.). *Б о т а қ а н* мойнын иіріп, Бұзау мұрнын шүйіріп, Қошақандар қаржаңдап, Секіред лақ сүрініп (М.Хакімжанова, Жыр асуы). **2.** *Кішкентай баланы еркелету, қылықтарын сүйкімді көру нышанымен айтылатын атауыш.* Әлі аулақта әрнеге ұрыншақ күн, Қарағанын білмеймін сұғын сап кім?! Көзін ашқан жасқанып *б о т а қ а н м ы н,* Тұра алмаған тыраңдап құлыншақпын (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). *Б о т а қ а н ы м,* құлыным, Ки, мінеки, тұлыбың! Қарашығы көзімнің, Пимаңды ки өзіңнің (Қ.Мырзалиев, Алуан.). Ержаным, *б о т а қ а н ы м,* қайда кеттің, қайда екенсің жалғызым (Ө.Әбішев, Пьеса.). *Б о т а қ а н ы м,* бәрінен де мен үшін үлкен қуаныш сенің хатың болды (М.Сүндетов, Құмдағы.).

БОТАҚАНДАЙ с ы н. *Ботақан тәрізді, ботақан сияқты.* Біреуі түйедей болса, екіншісі жаңа аяқтанған *б о т а қ а н д а й;* бұл екеуіне құрбылары «тырна мен торғай» деп ат қойып, айдар тағып та үлгерді (Ө.Қанахин, Дәмелі). Қайда жүрсем далама асығамын тасып қан, *Б о т а қ а н д а й* іңгеннің бауырына асыққан! (Қ.Мырзалиев, Домбыра).

БОТАҚҰЛАҚ з а т. б о т. *Жапырағы ботаның құлағына ұқсайтын өсімдік түрі.*

БОТАЛ з а т. *Жазу үшін қашалған ойықтарға жағылатын ұнтақ (бояу).* Ақ мраморға қашап жазылған, үстінен «алтын *б о т а л м е н*» зерленген жазуды тағы бір шолып өттім де мен жүріп кеттім (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан).

БОТАЛА= е т. *Іңгеннің бота тууы. Б о т а л а д ы* сол жерде Ер Төстіктің түйесі. Әйелінің сөзіне Босады ердің жүйесі, «Келер ме екен, тәңірай! Осы малдың иесі» (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Бота-тайлақ, жас *б о т а л а ғ а н* іңгендерге де азық-жем пішені жетіп жатыр (Ғ.Сланов, Замана.). Шырағым, бұрынғы шалдар қой қоздағанда бізді үйықтатпайтын да, түйе *б о т а л а ғ а н д а* шешеміз үйқы көрмейтін (Дала шұғыласы). Осы жерге қонған күні *б о т а л а ғ а н* боз іңгеннің ботасы әлі енесіне еруге жараған жоқ (С.Бегалин, Таңд. шығ.).

Боталаған нардай. *Емірену, мейірімі түсіп егілу.* Сағынғаннан зарлаймын, Қарағым сені көрген соң, *Б о т а л а ғ а н н а р д а й м ы н* (Мұңлық-Зарлық).

Көзі [жанары, жасы] боталады. *Көзіне жас толды, жанары мөлт-мөлт етті, жылады.* Райхан Нұржанға көз қиығын тастап еді, екі *к ө з і б о т а л а п,* жиі-жиі дем алып отыр екен (З.Шашкин, Өмір.). Тек соның ғана *б о т а л а ғ а н к ө з і н е н* үрей таңбасы өшкен жоқ (Қ.Жұмаділов, Тағдыр). Әйтсе де жыртпалы календарьдың бетіндегі цифрды көріп, *ж а н а р ы б о т а л а й* жөнелді (Д.Досжанов, Келіншектау.). Үндеместен, *к ө з ж а с ы* ағыл-тегіл *б о т а л а ғ а н* күйде бұған бір қарады да қойды (С.Мұратбеков, Дос изде.).

БОТАЛАН= е т. *Боталы болу.* Қарағым, ұлым, қандаймын, Сағынғаннан зарлаймын. Қарағым, сені көрген соң, *Б о т а л а н ғ а н* нардаймын (Батырлар жыры).

БОТАЛАС= е т. ж е р г. *Бірігу, ұйымдасу. Б о т а л а с ы п* колхозға қызмет істеңдер, шырақтарым (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БОТАЛАТ= е т. *Бота туғызу.* Құлындатып биені, *Б о т а л а т ы п* түйені, Мыңғыртқан малды елім бар (Жамбыл, Шығ.).

Көз жасын боталатты. *Егіліп жылады.* Юриктің жазықсыз, нәресте *к ө з і н е н* ыстық *ж а с ы н б о т а л а т ы п* отырған да сол (С.Бегалин, Ана.).

БОТАЛАТУ *Боталат етістігінің қимыл атауы.* Іңгендерді күн жылыған кезде *б о т а л а т у* жағын еске алады (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру). Түйені тезірек өсіру үшін іңгендерді жиі *б о т а л а т у* әдісін қолданған жақсы (Тарту).

БОТАЛАУ *Ботала етістігінің қимыл атауы. Б о т а л а у ы н а* 6–7 ай қалғанда інгенді ауыр жұмыстан босатады (ҚСЭ). Буаз інгендерді *б о т а л а у* уақыты жақындағанда, ауыл маңында жайып, түнде қораға қамап қоятын (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). *Б о т а л а у* кезінде інген мазасызданып, бір жатып, бір тұрады (Малшыларға кеңес).

БОТАЛЫ с ы н. *Ботасы бар.* Қалың мал үшін алты сүтті сиыр, екі жүні жақсы *б о т а л ы* інген алдым (Д.Еркінбеков, Шығ.). *Б о т а л ы* түйелерді күн әбден жылығанша ауыл арасынан ұзатпайтын (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). *Б о т а л ы* түйе – боздауық (Қаз. мақал.). Жүректің шығырауында қоздайтұғын, Шыбыны бар кеудені қозғайтұғын. Қауым айтқан сол әнді естігенде, *Б о т а л ы* інген борықта боздайтұғын (М.Мақатаев, Шығ.).

Жігіттік өтті, көрдің бе, Кәрілікке көндің бе? Кім біледі, сен көпір, *Б о т а л ы* түйе секілді, Қорадан шықпай өлдің бе? (Абай, Тол. жин.).

БОТАМ з а т. *Баланы жақсы көру, еркелету нышанымен айтылатын атауыш.* Қазақ аса бір сүйген баласын «құлыным, қозым, *б о т а м*» дейді (М.Ермеков, Тарту). Бірде ана көкке жайып алақанын: Қазір, *б о т а м*... Мінеки, таң атады... Қазір, *б о т а м,* аққуменен ұшықтаймын... Жазыласың, құлыным... балапаным! (М.Мақатаев, Шығ.). Ашылған көрпемді де қымтады Отан, Дегендей жаурап қалма момын *б о т а м.* Мектепке мен барғанда кітап ұстап, Жетектеп алып барды Қымқап апам (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).

БОТАМОЙЫН з а т. қ о л ө н е р. *Қазақ, қырғыз, қарақалпақ қолөнерінде кездесетін ирек сияқты, латынның S әрпі тәрізді ою. Б о т а м о й ы н* – сақтар заманынан бері келе жатқан өте көне өрнек (Р.Шойбеков, Қаз. зергер. сөздігі).

БОТАНА с ы н. *Тұнық емес, лай.* Таулар басы ап-ала, Қарайғанмен бөктері Өзен суы *б о т а н а,* Таптырмайды өткелі (Ғ.Орманов, Ой қанаты). Наурызда ауыл-ауылдың арасымен алғаш аққан арықтың шөп-шаламы аралас *б о т а н а* суындай боп, ертең адалынан арамы көп ақша да қолға тиеді (Д.Исабаев, Тіршілік). Бұлақ суы бұрқырап, қалың қардың түбінде қара *б о т а н а* боп созыла қарайып жатыр (С.Мұратбеков, Дос ізде.).

БОТАНИК з а т. *Ботаника ғылымының маманы.* Экспедицияның адамы тез жиналып алынды, мұның құрамында кен мастерлері, *б о т а н и к т е р* бар (ҚазССР тарихы). XVI–XVIII ғғ. өсімдіктерді жаңадан жүйелеуші *б о т а н и к т е р д і ң* бірі – шведтің натуралисі К.Линней (ҚСЭ).

БОТАНИКА [грек. botanike < botane] з а т. *Өсімдіктер дүниесін зерттейтін ғылым саласы.* Программа бойынша өсімдік жайындағы ғылымның негіздері – *б о т а н и к а* осы кластарда оқылады (З.Ақышев, Біздің шамш.). *Б о т а н и к а н ы ң* негізгі мақсаты – өсімдіктердің ішкі және сыртқы құрылыс заңдылықтарын, олардың систематикасын, эволюциясын жер шарында таралуын өзара байланысын және өскен ортасымен қарым-қатынасын т.б. зерттеу (ҚҰЭ). *Б о т а н и к а* жеке өсімдіктер мен олардың бірлестігінің өзара және қоршаған ортамен байланысын, жер бетіне таралуын, шығу тегі мен эволюциясын, салалану заңдылығын (жіктелімін) зерттейді (ҚҰЭ).

БОТАНИКАЛЫҚ с ы н. *Ботаникаға тән, ботаникаға қатысты.* Ауылшарушылық дақылдарының өнімін арттыру, олардың сортын жақсарту, ауылшаруашылық зиянкестеріне қарсы күрес мәселелеріне *б о т а н и к а л ы қ* зерттеулердің маңызы аса зор (ҚСЭ).

Ботаникалық бақ. *Ғылыми-зерттеу, мәдени-ағарту, іс-тәжірбиелік, оқыту мақсаттарымен өсімдік өсіріп, оны зерттейтін, ботаникалық білімді насихаттайтын мекеме. Б о т а н и к а л ы қ б а қ т ы ң* негізгі бөлігін шет жерлерден әкеліп отырғызылған өсімдіктер құрайды (ҚҰЭ). *Б о т а н и к а л ы қ б а қ т а* өсімдіктер жиынтығын қалыптастыру кезінде негізінен географиялық және жүйелік принциптер басшылыққа алынады (ҚҰЭ).

Ботаникалық қорық. *Қазақстанда өсетін өсімдіктердің сирек кездесетін және бағалы түрлерін қорғау, байырғы қорын қалпына келтіру және экологиялық деңгейін сақтау үшін ұйымдастырылған шағын аумақ.* Республикамызда жалпы аумағы 217 мың болатын 16 *б о т а н и к а л ы қ қ о р ы қ т а* бар (ҚҰЭ).

БОТАСЫЗ с ы н. *Ботасы жоқ.* Арқалайтын да, асырайтын да нарымыз анау жатқан. Ауыл көшерде бошалап кетіп, *б о т а с ы з* қайтты, суалып қалды (Т.Ахтанов, Дала сыры). Тоты құс едім бақшада, Қарақұсқа жем еттің. Хан қызындай басымды, Бір жаманға тең еттің. *Б о т а с ы з* нардай боздатып, Мінекей, мені еңіреттің (М.Дулатов, Шығ.).

БОТАТАБАН з а т. б о т. *Жапырақ көлемі бота табанына ұқсаған, тым аласа, саздақ, тақырлау, бозаң жерде өсетін түйетабан сияқты өсімдіктің бір түрі.*

БОТА-ТАЙЛАҚ з а т. *Түйенің жас төлдері. Б о т а-т а й л а қ,* жас боталаған інгендерге де азық-жем пішені жетіп жатыр (Ғ.Сланов, Замана.). Ірі түйелер *б о т а-т а й л а ғ ы н* ортаға алып, ашыққан бөрілерді орталарына жібермей бағады (М.Дүзенов, Ақ әже).

БОТАША ү с т. *Ботаға ұқсап, бота сияқтанып.* Күнше күркіреп аспанда кран қозғалғанда, оған жердегі поездар *б о т а ш а* боздап үн қосады (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес).

БОТАШЫМ з а т. э к с п р. *Баланы жақсы көру, еркелету нышанымен айтылатын атауыш.* Қашағанды қуар-ау, Жүйрік мінген *б о т а ш ы м,* Қуандырып тұрар-ау Көкесі мен апасын (Ә.Тәжібаев, Таңд.). Үйден сұрап алғандарын, Қалтасында қалғандарын: *Б о т а ш ы м, б о т а ш ы м,* – деп, Беріп жатыр қолда барын (Б.Аманшин, Ботақан).

БОТА-ІҢГЕН з а т. *Бота мен іңген.* Су кешіп таудан астың да, Қой-қозыңды маңыратып, *Б о т а-і ң г е н д і* аңыратып, Сиырыңды мөңіретіп, Мешеулерді еңіретіп, Талдырмашты талдырып, Ақсақ-тоқсақ қалдырып, Үдере

тартып көшкенсің (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

БОТҚА з а т. **1.** *Әртүрлі жармадан бөктіріп жасалатын қою тағам. Б о т қ а* – өте сіңімді әрі нәрлі ас, сондықтан да оны балалар тағамы және емдәмдік тағам ретінде кеңінен пайдаланады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). Андасанда табақ-табақ май салған құрт, қымыз келгенде ғана сәл уақытқа жұмысты тоқтатып тамақтанып алып, тағы іске кіріседі, түс ауғанда мал сойылып, тайқазанмен толы *б о т қ а* асылып жатыр (А.Байтұрсынұлы,.. Оқу құралы). Бүгінде жұрт жиналып от басына, Наз айтады кешегі доптасына. Етке тоймас құрсақты жұбатады Ортақтасып сәбидің *б о т қ а с ы н а* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Аспазшылар бұрқылдап қайнап жатқан қазанға ожауды көміп жіберіп, солдаттарға *б о т қ а* үлестіріп жатыр (Б.Момышұлы, Москва.). **2.** а у ы с. *Миы шығып жатқан балшық жер.* Әлібек бетіне балшық шашырағанына қарамастан су мен саздың қою *б о т қ а с ы н ы ң* түбінде алтын жатқандай төмен үңілді (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Біздің жақтың жолы әзірше – *б о т қ а,* бірақ жөндейді әлі! (А.Қабышев, Күлеміз бе.). Тырысып түнде қатқан қазиекке Сүңгілер тас төбеңнен сарт береді. Бала – жер *б о т қ а* болған қарды уыстап, Түсінде жаңа еріген қант көреді (Ө.Нұрғалиев, Қайыңды.).

Боғы ботқа, **сідігі сорпа болды**. қ а р а п. *Әбден былықты, ластанды.*

Ботқа бет. *Жалпақ, быттиған, толық бет.* Үш күреңді қоңыраулата жеккен күйменің ішінде кенедей дөңгелеген *б о т қ а б е т,* майжелке біреу келеді (Ә.Әбішев, Найзағай).

Ботқасы шықты. *Быт-шыты шықты, әбден былықты.* Сөйтіп, Ирактың тағдыры ұстараның жүзінде тұр. Ядролық держава АҚШ-пен соғыс бола қалған жағдайда «Мың бір түн елінің» *б о т қ а с ы ш ы ғ а т ы н ы* анық. Апат па? Апат! Қайғы ма? Қайғы! Мыңдаған, бәлкім миллиондаған адам зардап шегіп опат болуы мүмкін («Түркістан»).

БОТҚАДАЙ с ы н. **1.** *Ботқа сияқты, ботқа тәрізді.* ≈ *Б о т қ а д а й* былықты. **2.** а у ы с. *Быттиған, семіз.* ≈ Беті *б о т қ а д а й.*

Ыстық ботқадай жабысты. *Желімдей жабысты.* Торжан *ы с т ы қ б о т қ а д а й ж а б ы с а* берсе, дақ түсірмей кетпейтіні де анық еді (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). Бірақ көкейіне *ы с т ы қ б о т қ а д а й ж а б ы с ы п* жігін ажырата түс, себебін біл дейді (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.).

БОТҚАЛАН= е т. с ө й л. *Аралас-құралас болу.* Құдай бетін ары қылсын [____] ондай жағдайда ұлттық мәселелерді айтып арамтер болмаймыз *Б о т қ а л а н ғ а н* ұлт боламыз, бітті («Жас Алаш»).

БОТТАШЫҚ з а т. <лат. pastinaca sativa> **1.** б о т. *Шатыршағұлділер тұқымдасына жататын, тамыры сәбізге ұқсас, көпжылдық шөптесін өсімдік. Б о т т а ш ы қ т ы ң* тамыры тағам ретінде пайдаланылады және тамырындағы эфир майынан дәрі алынады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Б о т т а ш ы ғ ы* жүректей Балдырғаны соққыдай, Боз сазаны тоқтыдай (М.Мөңкеұлы, Шығ.). *Б о т т а ш ы ғ ы* бұзаудай, Боз сазаны тоқтыдай Балығы тайдай тулаған Бақасы қойдай шулаған (Қазтуған жырау, Өлеңд.). **2.** ж е р г. *Картоп.* Кең алқапты әдіс салат, саумалдық, укроп, қымыздық, шалқан, сәбіз, *б о т т а ш ы қ* сияқты ұсақ өсімдіктерге қолайлы келеді (Г.Каплина, Овощ.).

БОТУЛИЗМ [лат. botuiuus] з а т. м е д. *Бұзылған тағамды ішкеннен адамның улануы, ботулин уынан пайда болатын ауыр дерт.* Адамдар іш сүзек, дизентерия, оба, бруцеллез, *б о т у л и з м,* тағы басқалармен ауырады (Ж.Сұлтанов, Аурулар.). *Б о т у л и з м* адамға тыныс жолдары мен асқорыту органдары және жарақаттанған тері және шырышты қабық арқылы жұғады (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Б о т у л и з м н і ң* қоздырғышы адамның, жануарлардың және балықтардың ішек жолдарында болады (ҚҰЭ).

БОТЫ з а т. *Ұзын қонышты галош.* Біздің қыздың қос бұрымы баяғы, *Б о т ы с ы н а* тура түскен аяғы (Х.Ерғалиев, Біздің ауыл.). Аяғына қарап: «Әй-әй, жұп-жұқа *б о т ы* киген екенсіз ғой», – деп, басын шайқады (Ғ.Сланов, Көкшетау жылы).

БОЦМАН [голл. Bootsman < boot – қайық, man – адам] з а т. ә с к. *Кеменің кіші команда құрамындағы шаруашылық жағын басқаратын адам.* Бұл жай дауыс емес, *б о ц м а н н ы ң* өз ұстазы Качегаровтың даусы еді («Лен. жас»). *Б о ц м а н* жолға шығару қауіп екенін айтқанмен, флотилияның өр кеуде, қатал капитаны «бара бер!» деп ақырды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). *Б о ц м а н* – әскеритеңіз флотындағы кіші командалық құрам командирі (мичман немесе отарилина) (Қаз. тілі термин. Әскери.).

БОФОРТ: бофорт шкаласы. ф и з. *Желдің күшін (жылдамдығын) көзбен анықтауға арналған шартты шкала. Б о ф о р т ш к а л а с ы* теңіз навигациясында жиі қолданылады (ҚСЭ).

БОШАҚ з а т. ж е р г. *Қарбыздың дәні.* Мына қарбыздың *б о ш а ғ ы* өте көп екен (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БОШАҚАЙ з а т. б о т. ж е р г. *Ұзындығы бір жарым, екі метрдей, ой жерге өсетін өсімдік.* Кей кезде *б о ш а қ а й д ы ң* түбіндегі дәнін де жейді (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БОШАЛА= е т. **1.** *Ұрғашы малдың (түйе, сиыр, бие) төлдер алдында шыдамсызданып оңаша жерге, аулаққа ұзап кетуі.* Жыл мүшелі болыпты, Боталар уағы жетіпті, Боз інгені құрысын, *Б о ш а л а п* қашып кетіпті (Қаз. ертег.). Ер Төстігім келгенде, Не болмаса өлгенде, *Б о ш а л а* деп ем қызыл нар, Бір хабары боларда. Ботала деп ем қызыл нар, Бүгін хабар болар ма? (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Кейбір сиырлар *б о ш а л а п* кетіп, далада бұзаулайды (Ә.Әбішев, Мал дәрігер.). **2.** а у ы с. *Шашырау, ыдырау, бытырап бірікпеу.* Әлгінде ғана дыз еткен жеккөрініш сезімі *б о ш а л а п* кетіпті (О.Сәрсенбаев, Сағым).

БОШАЛАҒЫШ с ы н. с ө й л. ***Бошалауық.*** Бошалауық яки *б о ш а л а ғ ы ш* – парсыша шыдамсыздану; ботасын табарда толғаққа шыдай алмай, түйелерден бөлек кетіп оңаша табуды жақсы көру («Хабарлар»).

БОШАЛАҚ с ы н. ж е р г. *Нашар, бос, болбыр (адам).* Оның өзі бір *б о ш а л а қ* жігіт екен (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БОШАЛАҢ с ы н. **1.** *Әлсіз, күш-қуаты аз.* Бүркіт балапаны, әсіресе, қырандары жастау кезінде тым *б о ш а л а ң* келеді (Ғ.Орманов, Жүрек.). **2.** *Бос, болбыр, сылбыр (адам).* Батыры көксер бас аман; Бәйбіше – тантық, бай – сараң; Бозбаласы – *б о ш а л а ң;* Қырсыға туды қыз балаң; Нары – жалқау, кер табан; Құсы – күйшіл, ат – шабан (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Өмірдің ащы-тұщысы әбден пісіріп, сүрлеп тастаған әкемнің әлі уыз езу *б о ш а л а ң* менен әлдеқайда сіңірлі де қажырлы екенін білем (О.Бөкеев, Қайдасың.). «Алтын қолды келін» деп ісмер болса, бос, *б о ш а л а ң* болса, «сиыр құйымшақ», «сүйретпе келін» деген қосымша аттар қойылады (Б.Кәмалашұлы, Монғол. қаз. салт-дәстүр.). Бұрын денесі бар болғанымен, жалтақтау *б о ш а л а ң* жігіт еді (Б.Шаханов, Шығ.).

БОШАЛАҢДАУ с ы н. *Ширақ емес, босаңдау, болбырлау.* Атты адамның қимылы, қозғалысы *б о ш а л а ң д а у* болса, қасқырлар бекінісінен ешқайда қозғалмайды (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.).

БОШАЛАУ *Бошала етістігінің қимыл атауы; аулақ кету, ұзау.* Айталық, туары жақындаған кезде інген, сиыр отықпай, яғни стресс факторларынан алшақ, иен далаға аулақ кетуі – ауызекі тілмен айтқанда «*б о ш а л а у ы*» тек далалық түлікке тән қасиет («Жұлдыз»). *Б о ш а л а у* түйе, сиыр секілді жайылымда болатын малда жиі байқалады (ҚСЭ).

БОШАЛАУЫҚ с ы н. *Ботасын табарда аулаққа қашқыш (түйе). Б о ш а л а у ы қ,* яки бошалағыш – парсыда «боша» – шыдамсыздану деген сөз («Хабарлар»).

БОШЫРАТ= е т. *Бытырату, быж-тыжын шығару.* Мұқажан қайтысымен артында қалған жесірі мен жалғыз ұлы Мырзаш қолдарында қалған азын-аулық малдарын көпке жеткізбей *б о ш ы р а т ы п,* шашып алды (Б.Тілегенов, Аққайнар).

БОЯ= е т. **1.** *Бояу арқылы бір заттың түсін екінші түрге келтіру, бояу жағу.* Қаралығы денесінің қара түн, Мойны жалт-жалт *б о я ғ а н д а й* сары алтын. Екі құлаш жерді алады қаусырып, Керегедей жайғанында қанатын (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Күйдірген кірпіштің бірін қызылға, бірін жасылға, бірін сарыға *б о я п* салдырған екі қатарлы үй тұр (С.Шарипов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Бір нәрсені бұркемелеу, жасыру, көлегейлеу.* Бала айтты: жаңа оқуын қандай ғылым, *Б о я м а й* білдіріңіз ашып сырын. Ол айтты: жүре-жүре түсінерсің, Тетігі тоқсан сөздің жалғыз түйін (О.Шипин, Екі дастан). Расы жоқ сөзінің, Ырысы жоқ өзінің, Өңкей жалған мақтанмен, Шынның бетін *б о я й д ы* (Абай, Тол. жин.). Ақылы кейбіреудің арт жағында, Құбылтқан сыртын *б о я п* сырменен тең. Жігіттер, бұл сөзімнен ғибрат ал, Бұл сөзім – көпке бірдей сынменен тең (Ә.Найманбаев, Шығ.). **3.** а у ы с. *Гүлдендіру, жандандыру, жарқырату.* Жасаңдаршы, Рахатқа тояйын, Өмірімді өңшең жырмен *б о я й ы н.* Бер қолыма, Ғафураны кішкентай – Өзімді-өзім иіскегендей болайын (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Көз бояды. *Шындықты жасырды, алдады.* «Алдамшы екен бүгін сыр, *К ө з б о я п т ы* қылымсып». Осыны ойлап жігіт тұр, Бір суынып, бір ысып (С.Ақтаев, Тұңғыш.). *К ө з д і б о я п,* жасай қояр «бақ» үшін, Ым қағады шіңкілдете дауысын. Қайдан білсін долдардың құлдары Өр кеуделі Джектің зор намысын (М.Рашев, Алғашқы.).

Қанға бояды. а) *Қан қылды.* «А, солай ма?» – деп айтып отыра кетті, Қып-қызыл *қ а н ғ а б о я п* ашақ бетті. Атынан қарғып түсті жүре отырып, Сол жерде Гүлжәмила қор-қор етті (Ә.Найманбаев, Шығ.). ә) *Қанын судай ағызды, қырып-жойды.* Даланы *қ а н ғ а б о я п* көтерілісті басқан патша өкіметі мен оның қолшоқпарлары бай-манаптарға қарсы ақынның өшпенділігі үдей түседі (К.Әзірбаев, Шығ.).

Сыртын бояды. *Жақсы болып көрінуге тырысты.* Атқа мінер ділмары, *С ы р т ы н б о я п* сұмдары, Бәйек болып зыр қаққан (І.Жансүгіров, Шығ.).

БОЯҒЫШ з а т. х и м. **1.** *Тоқыма материалдарды, теріні, елтіріні, қағазды, пластмассаны бояйтын органикалық қосылыстар. Б о я ғ ы ш т а р* химиялық құрылымы бойынша азобояғыштар, нитрозобояғыштар, хинонимиді, индигоидті және т.б. болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *// Бояйтын, бояуға арналған.* Қауырсынның түсі *б о я ғ ы ш* заттың қоюлығына байланысты. Ол ақ, қызыл, қара, сары, сұр, тағы басқаша болуы мүмкін (Құс өсіруші.). Баста қайнап тамырда, Ойнаған зор әлемнің. Әлі жоқ жәйін жазуға, *Б о я ғ ы ш,* сызғыш, қаламның (С.Дөнентаев, Шығ.). **2.** *Көп бояйтын, бояуға әуес адам.* Менің қызым *б о я ғ ы ш* болып кетіпті ғой (Ауызекі).

Бояғыш заттар. *Түрлі материалдарға бекітіліп, оларды белгілі түспен бояйтын, бояғыш қасиеті бар органикалық қосылыстар.* Суда ерімейтін *б о я ғ ы ш з а т т а р ғ а* кубты, күкіртті бояғыштар жатады (ҚСЭ). Біздің елімізде ішінде концерогендік заттары бар азық-түліктерге қандай болса да *б о я ғ ы ш з а т т а р* араластыруға тыйым салынған (Х.Әбисатов, Қарын рагы).

Бояғыш өсімдіктер. б о т. *Әртүрлі мүшелерінің жасуша құрамында түрлі түсті бояғыш заттары бар өсімдіктер. Б о я ғ ы ш ө с і м д і к т е н* жасалған бояулар өте сапалы және қанша жуылса да кетпейді, оңбайды (Қаз. тілі термин. Биология).

Бояғыш таспа. и н ф. *Соқпалы принтерлер үшін қолданылатын таспа.*

БОЯҚ[1] з а т. с ө й л. ***Бояу***. Көк *б о я қ* орман-тоғай үстін жапқан, Қияда қыр арқасы аспан қапқан (Д.Әбілев, Өленд.). Түседі күзде ағаштың жапырағы, Содан соң о да жердің топырағы. Көктемде қайта көктеп жаңағы ағаш, Көк *б о я қ* жапырақпен толқынады (Д.Әбілев, Ой толқын.). Есен-саулықтан кейін *б о я қ т а р ы* мен қыл қаламдарын дайындады да, әзірге ешкімге де ұқсамаған ала-қожалақ портретті орындыққа қойды (Ә.Сәрсенбаев, Батыр. ізі.).

БОЯҚ[2] з а т. *Түрлі түсті кездеме.* Бұл жібердім базардың *б о я ғ ы* менен бөзіне. Салса жылқы тоқтайды Арқаның бөрі көзіне (Қобыланды батыр). Қаршыға бүй деп толғайды: Боз өтпейді *б о я қ т а н,* Жылқы тұрмас саяқтан (Қыз Жібек).

БОЯҚТАЙ с ы н. *Бояқ тәрізді, бояқ сияқты.* Белестер де, ойпаңдар да, далалар да көкпеңбек жасыл *б о я қ т а й* (С.Сейфуллин, Әңгім.). Көз барында таудан асып алғалы, Жолаушылар өктей жортып келеді. *Б о я қ т а й* боп күн де батты, Жолаушылар тауға жетті (Ж.Аймауытов, Шығ.). О да бұған ұмтылды, Бұл да оған ұмтылды, Екеуі киген ақ сауыт *Б о я қ т а й* дыр-дыр жыртылды (Батырлар жыры).

БОЯЛ= е т. *Бояу жағылу, түсін өзгерту, белгілі бір түске ену.* Жас дәрігер қабырғалары кісі бойы түсқа дейін жасыл түспен *б о я л ғ а н* жіңішке ұзын коридорға бастап кіріп, қапталдағы бірінші бөлменің есігін ашты (Т.Әбдіков, Күз.). Ондатрдың терісі кейде сол күйінде, ал кейде басқа қымбат аң терісіне қосып *б о я л ы п* та әртүрлі киімдер – әйелдің тоны, баскиім, жаға жасауға пайдаланылады (Х.Қыдырбаев, Дала көркі). Бір ғажабы: үстіне су тисе – ақ болды, түсі нашар *б о я л ғ а н* матадай оңа кетеді (Қ.Қайымов, Қызықты зоол.). Айналаның бәрі көгілдір түске *б о я л ы п,* аспан мен жер астасып кеткендей көрінеді (Балдәурен). Қанатын керіп ауаға Құстар да жаңа оянған, Эльбрус шыңы бағанаақ, Алғашқы нұрға *б о я л ғ а н* (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Қанға боялды. а) *Қып-қызыл қан болды.* Иығымнан ұшқан басым көкірегімнен домалап, Бара жатты атамекен Ақ Жайықты жағалап, Жүрегімнен аққан *қ а н ғ а б о я л ы п т ы* бар алап (М.Шаханов, Ғасырлар.). Анна Ивановна дереу Жамалдың үстіндегі *қ а н ғ а б о я л ғ а н* жаздық жұқа польтосын шешіп алды (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). ә) *Кескілескен ұрыстан өлім көп болды.* Біз кейін Перелиге қарай шегіндік. Осова жақтағы терең жыралар *қ а н ғ а б о я л д ы* (О.Сәрсенбаев, Сағым).

Нұрға боялды. *Жалтылдаған әдемі түрге енді.* Мінгені неше саңлақ, ылғи жүйрік, *Б о я л ғ а н* жалы *н ұ р ғ а,* қылыш құйрық. Аспанда ұшқан құсты қолмен ұстап, Жүгірген аңға жетіп салар құрық (Ә.Найманбаев, Шығ.). Биікте тұрған таулар да мынау *н ұ р ы н а* таңның *б о я л ғ а н* Сені мен менің ғасырлап күткен сағынышымнан оянған (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Омырауы боялды. *Ағыл-тегіл жылады, егілді.* Сайра да зарла қызыл тіл, Қара көңілім оянсын. Жыласын, көзден жас ақсын, *О м ы р а у ы м б о я л с ы н* (Абай, Тол. жин.).

БОЯЛТ= е т. *Бояу жаққызу, бояту.* ≈ *Әдемі түске боялтты.*

Қанға боялтты. *Қырып-жойды, қан-жоса етті.* Қаһарын шашып ерлерім, *Қ а н ы н а* жауды *б о я л т қ а н.* Жауыздың қазып көрлерін, Жалғаннан көзін жоғалтқан (Жамбыл, Шығ.).

БОЯЛТУ *Боялт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Нұрға *б о я л т у.*

БОЯЛУ *Боял етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бояу жағылу.* Бүршік атып, жапырағын

жайған тал бұталарын көлденеңінен кертіп және ұзынынан тіліп қараса, олардың бөлімдерінің *б о я л у ы н а* қарай су мен ондағы еріген минерал және органикалық заттар ерітінділері сабақтың сүрек бөлімінен көтерілгендігі анық көрінеді (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Жақсы *б о я л у* үшін шынының үстіндегі бояуды әрліберлі шайқап, сосын оны микроскоп арқылы қарайды (Ө.Қарамендин, Бұзау ауруы.). **2.** а у ы с. *Өмірдегі көріністерді сөзбен дәл бояғандай салып суреттеп беру.* Бейімбетте өмірдегі әртүрлі кескіндер сол түсіне дәл *б о я л ы п* отырады (Е.Исмайылов, Шығ.).

БОЯМА с ы н. **1.** *Боялған, бояулы.* Жігіт боп ғаyһар тастай асыл болса, Әлсізге жаны кілең ашыр болса, Әрқашан сондай жігіт тәуір болмас, *Б о я м а* шүберектей жасыл болса (Ақан сері, Шығ.). **2.** а у ы с. *Көз алдағыш, жасанды, жалған.* Мінез жайын айта келіп, өтірік батырсыған *б о я м а* мінезді сынау, адамдықты үгіттеу Абайдың он төртінші қара сөзінде көрінеді (М.Әуезов, Әр жыл.). Белсендісін *б о я м а* Бет пердесін сырытып, Іздесе көп қоя ма? (А.Тоқмағамбетов, Таңд.). *Б о я м а* сөздерім жоқ жарқырауық, Қарғаны сұңқар демен оқа жауып (Ә.Оңалбаев, Таңд.). Жүректің сөзін сөйле, тіл, Жалғаны жоқ, *б о я м а.* Қу көсе қандай өзімшіл, бір сынамай қоя ма? (Абай, Тол. жин.).

БОЯМАЛА= е т. *Өңін өзгерту, жасыру, жұқалап көрсету, шындықты айтпау, көз бояу.* Жазушы өмірді *б о я м а л а п* көрсетті (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Кейбір жас ақындарымыз өмір шындығын әсірелеп, *б о я м а л а п* беруге тырысады (С.Мәуленов, Үркер.). Ал, мен болсам, шала білетінімнің өзін сылдыратып, *б о я м а л а п* жіберем (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

БОЯМАЛАУ *Боямала етістігінің қимыл атауы; шындықты жасыру, жұқалап көрсету.* Өмір құбылыстарының терең тартысын жеткілікті көрсетпей, *б о я м а л а у ғ а* жол беру, адамдарымыздың жасампаздық күшін, образын танытуға жете көңіл бөлмеу факторлары аталған дәуір әдебиетінің елеулі олқылығы болды (С.Қирабаев, Октябрь).

БОЯМАЛЫҚ з а т. *Жасандылық, жалғандық.* Алдыңғы ата, әке буындарының мінезіндегі *б о я м а л ы қ,* жалған татулық, қиянаткерлік атаулыдан сол аталардың нәсілдерін сақтандырмақ болды (М.Әуезов, Әр жыл.).

БОЯМАСЫЗ с ы н. **1.** *Бояу жағылмаған.* Былғары да бояма, қарағым! – дейді қария. – Дүниеде *б о я м а с ы з* нәрсе болмайды (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). **2.** а у ы с. *Таза, адал, шынайы. Б о я м а с ы з,* ақ көңіл, Кірлетпей кетті жүректі (Абай, Шығ. жин.). Сыртқа қасиет бітпейді. *Б о я м а с ы з* ықыласыңа қасиет бітеді (Абай, Шығ. жин.). Кеудемізде сенің ізің, сенің күзің жатады, Балалық шақ – *б о я м а с ы з* ақ көңілдер отаны (М.Шаханов, Қырандар.).

БОЯМАШЫ з а т. *Шындықты бұркемелеуші, бояп көрсетуші.* Шындықты шын бейнелеудің, өміріміздегі азды-көпті кемшіліктерді жоюға жалпы жұртты жұмылдырудың орнына, *б о я м а ш ы л а р* оны майлап-сылап, көзге түсірмеуге тырысты (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

БОЯМАШЫЛЫҚ з а т. *Жасандылық, боямалық.* Ал *б о я м а ш ы л ы қ* дегеніміз не? Шындықты шын бейнелеудің, өміріміздегі азды-көпті кемшіліктерді жоюға жалпы жұртты жұмылдырудың орнына, боямашылар оны майлап-сылап, көзге түсірмеуге тырысады (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

БОЯН[1] з а т. б о т. *Арық жағалауына шығатын, ұзындығы 80–100 см, мал жеуге жарайтын жапырақты өсімдік.*

БОЯН[2] **[Boian]: боян мәдениеті.** т а р. *Б.з.б. 4-мыңжылдықта қазіргі Румыния, Болгария жерінде таралған неолит мәдениеті. Б о я н м ә д е н и е т і* ұзақ өмір сүрген, таралған аймағы, мекені барған сайын ұлғайып, керамикасы, еңбек құралдары өзгеріп отырады (ҚСЭ). *Б о я н м ә д е н и е т і н е* тән керамика қара және сұр түсті келеді, өрнектері көбінесе ақ пастамен толтырылған (ҚСЭ).

БОЯН= е т. **1.** *Адамның бет-аузына косметикалық бояу жағып, әдеміленуі.* Бет-аузын түзеп, *б о я н ы п* болған соң иықтан келетін жалбыраған шашты үш жағынан ұстап алып, тарақпен кері тарай бастады (Ш.Құмарова, Қос шынар). **2.** а у ы с. *Түрлі түске ену.* Бар тіршілік оянып, қараңғылық қашады, Түрлі-түске *б о я н ы п,* гүл де көзін ашады (М.Мұхамеджанов, Шығ.). **3.** *Малыну, терлеу.* Аты терге *б о я н ы п,* «Сүйінші!» – деді келді де (Қамбар батыр). **4.** *Шому, бату.* Әзімхан енді мүлде астарлы сырға *б о я н ы п,* тереңге кетті (Д.Әбілев, Арман.).

БОЯНЫШ з а т. б о т. *Көпжылдық шөптесін өсімдік.* Көзге теріскен шыққанда *б о я н ы ш* емге пайдаланылады (Сөз сандық).

БОЯНУ *Боян етістігінің қимыл атауы; бет-аузына бояу жағу.* Бұрын Хауассиді мен киімімен, *б о я н у ы м е н* көрікті көрінетін шығар дейтін едім, ал бұл жолы ол ойымнан қайттым (І.Есенберлин, Алтын құс). Жасаған *б о я н у м е н* қолдан пішін, Шыбжықай қаладағы әйел құрысын. Отты жүрек, оларда уәде жоқ, Қаншама бояғанмен сыртқы түсін (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

БОЯНЫП-ТАРАН= е т. *Бет-аузына бояу жағып, әдемілену, тарану, сылану.* Баланы Әскердің алдына тастайды да, ұзақ *б о я н ы п-т а р а н ы п* пәтерден шығады (С.Досымов, Жаңғырық).

БОЯҢ з а т. *Боялған бөздің бір түрі.* ≈ *Б о я ң н а н* тігілген.

БОЯРЛАР ор. з а т. т а р. **1.** *Феодал-помещиктер.* **2.** *Феодалдар.* **3.** *XV ғ-дан бастап Орыс мемлекетіндегі «отанға қызмет ететін адамдардың» арасындағы шен.* **4.** *X–XVII ғасырдағы Орыс мемлекетіндегі феодалдық қоғамның жоғары тобы.*

Боярлар думасы. т а р. *Орыс мемлекетіндегі князь жанында (1547 жылдан патша жанында) болған жоғары кеңес (X ғ. соңы XVIII ғ-дың басы).* 17 ғасырдың 2-жартысында *б о я р л а р д у м а с ы н ы ң* маңызы төмендеді. 1711 жылы Сенаттың құрылуына байланысты *б о я р л а р д у м а с ы* жойылды (ҚСЭ).

БОЯТ= е т. **1.** *Бояу жаққызу.* Апырмай, Жақып, мынаны қолдан *б о я т т ы ң* ба, болмаса жаралуы осылай ма? (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Биіктеп белес-белеңдер, Баурайын нұрға *б о я т ы п,* Бозторғай шырқап төбемде Тұр екен мені оятып (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Өлеңді жазбай кеткен көптен бергі Оятып, міне тағы көктем келді. *Б о я т ы п* жеті түске бар әлемді, Тағы бір сүйістіріп көк пен жерді (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). **2.** *Қызыл ала қан қылу.* Өз қанымa өз денемді *б о я т т ы* (Ә.Тәжібаев, Көне қоңырау).

БОЯТУ *Боят етістігінің қимыл атауы;* Өз білгендерінше суреттер салғызып, оны *б о я т у,* түрлі оюлар жасату керек («Халық мұғ.»).

БОЯУ[1] з а т. **1.** *Затты белгілі бір түске келтіру үшін жағылатын, жұқтырылатын химиялық сыр, бояқ.* Кесенің ішін қызыл *б о я у м е н* бояп болып, әйеліне қарады (Б.Майлин, Шығ.). Міне екі қоңыр арғымақ, жасыл *б о я у м е н* жаңада боялған қобди арбаға парлап жегіліпті (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Оның ерітіндісін темірмен тотықтырса, қара түсті *б о я у* алынады (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). *Б о я у л а р д ы ң* құрамында органикалық еріткіштер, толтырғыштар, пластификаторлар, желімдер, тұрақтанғыштар және т.б. болады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). **2.** а у ы с. *Бір нәрсенің өңін айналдырушылық, жасандылық, жалғандық.* Өз рапортында Асылбек болыс та бұларды «елді құртыртушы, қашқын» деген сияқты *б о я у л а р д ы* көбірек жағып көрсеткен (І.Жансүгіров, Шығ.). Достық тілегім, аса әсірелемей сол қалпында жазыңыз, өйткені әр минутын өмірдің ызғырығында өткізген партизан жолы артық *б о я у д ы* сүймейді (А.Лекеров, Қырда.) **3.** а у ы с. *Өзіндік ерекшелік, мәнер.* Ұлттық өз *б о я у ы,* өз ерекшелігі бар идиомаларды аудару анағұрлым қиын болды (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Асқар өз сықақтарында оғаш мінезді, жағымсыз қылықтарды *б о я у ы н* тауып суреттей біледі (Е.Ысмайылов, Сын.). Мұны жақсы ұғынар ақыл-ойы ояулар. Сөйлескенде құрбылар, әр сөзде мың *б о я у* бар (Қ.Мырзалиев, Күміс қоңырау). Болса да оқиғасы күн баяғы, Кетпеген кереметті жыр *б о я у ы* (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Болары болды, бояуы сіңді. *Бітер іс бітті, енді өзгертуге болмайды. Б о л а р ы б о л ғ а н, б о я у ы с і ң г е н,* маған енді үгітіңді айтып, сөзіңді шығын қылма (С.Шарипов, Шығ.). Бәлкім, сіз ренжитін де шығарсыз. Бірақ *б о л а р ы б о л ы п* қойды, *б о я у ы с і ң і п* қойды. Өз қолыңды өзің кесесің бе («Лен. жас»). Енді *б о л а р і с б о л ы п, б о я у ы с і ң і п* қалған екен, қайтып орнына келтірер айла жоқ. Бәріне көнген жөн (А.Байтанаев, Қайнар.).

Бояуы кеппеген. *Жаңа шыққан, басылған.* Баспадан жаңа шығыпты. *Б о я у ы* әлі *к е п п е п т і* (М.Әлімбаев, Таңд. өлең.). Біз таң сәріден сумкаларымызды әлі *б о я у ы к е п п е г е н* газеттерге толтырып аламыз (К.Әміров, Өшп. жұлдыз).

Томар бояу. *Құрай тектес өсімдік түбірінен жасалған бояу.* Әлімбайдың *т о м а р б о я у м е н* боятқан жаңа сеңсең ішігі бар (М.Әуезов, Абай жолы).

БОЯУ[2] *Боя етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бояу жағу.* Мен үйдің қабырғасына картонды жапсыра салып, *б о я у ғ а* кірістім (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). **2.** *Косметикалық заттармен бет-аузын әдемілеу.* Қызыл жалау ауданындағы бастықтардың әйелдері қас, ерін, кірпік *б о я у д ы* үйреніп алған (С.Жүнісов, Жапанда.). **3.** *Тоқыма және синтетикалық материалдарға, тері, былғары, қағаз т.б. материалдарға түрлі түспен өң беретін технологиялық процесс. Б о я у д ы ң* тікелей *б о я у,* кубтық *б о я у,* күкіртті *б о я у,* қышқылды хроммен *б о я у* сияқты негізгі түрлері бар (ҚСЭ). **4.** и н ф. <ағыл. fill> *Компьютерлік графикада – графикалық экранның кейбір аймағында орналасқан пиксельдер түсін өзгерту. Б о я у* графикалық редакторлар немесе қолданбалы программаларда арнайы процедура арқылы орындалады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Бояу жұмыстары. *Үйлер мен конструкцияларға жаңа әр беру жұмыстарының жиынтығы. Б о я у ж ұ м ы с т а р ы н ы ң* көлемі аз болса, ол қолмен орындалады, ал көлемді жұмыстарда бояу тозаңдатқыш қолданылады (ҚСЭ).

БОЯУДАЙ с ы н. *Бояу тәрізді, бояу сияқты.* Жүрегім толқын ұрып, күйіп-жанып, *Б о я у д а й* бетке шығып ыстық қаным (Ж.Молдағалиев, Таңд. шығ.). Қан қызыл қызғалдақтар, *б о я у д а й с ы ң,* Қалғыған ұйқылы-ояудайсың (С.Асанов, Алматым).

Бояудай бұзылды. *Мінезі аяқ астынан өзгерді.* Тек осы *б о я у д а й б ұ з ы л м а й* тұрғанда кетсек екен. Асығыс киіне бастадық (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ).

БОЯУЛА= е т. **1.** *Әрлеу, бояу, жағу.* **2.** *Қосып айтып өзгешелеп жеткізу, көркемдеу.* Ол дүниелерді қайта қарап, әр жеріне опа-далап жағып *б о я у л а п,* көркемдеуге болар еді, бірақ кабинетте емес, окопта туған жазбалар өзіме ыстық көрінеді (Р.Ыдырысов, Отты жыл.).

БОЯУЛАНУ е т. ф и з. *Анизотропты денелердің, кристалдардың жарықта әр бағыттан қарағанда әртүрлі түсте көрінуі.*

БОЯУЛЫ с ы н. **1.** *Бояуы бар, боялған.* Төбеден көзін төңкеріп, Аспан түр алпыс *б о я у л ы* (Т.Айбергенов, Мен саған.). Орындықтың арқалығын неше түрлі *б о я у л ы* қарындашпен шимайлаған (Т.Ахтанов, Боран). Халықтың сол миаткері сегіз жасар сәбидің бес *б о я у л ы* қаламсабын, әшекейлі блокнотын тартып алды (Т.Әлімқұлов, Көкек айы). Көрмеде көгілдір, қоңыр қошқыл, сары жасыл, сұр, ақ, біркелкі *б о я у л ы* және алабажақ жұмыртқалардың түр-түрі қойылған (Қ.Қайымов, Қызықты зоол.). Еркектерге қағазға оралған темекі, балық аулайтын қармақ, әйелдерге шыны моншақ, *б о я у л ы* жұқа мата, балаларға тәтті үлестірді (Т.Әбдіков, Күз.). **2.** а у ы с. *Шынайы емес, жасанды.* Маған керек емес, Мінездері құбылмалы. Маған керек емес, Дүниенің *б о я у л ы* сұлулары (С.Мәуленов, Найзағай.).

Бояулы гамма. ө н е р. *Белгілі бір көркем шығарманы салу кезінде бірнеше бояудың қатар келуін білдіретін бейнелеу және сән өнеріндегі атау.*

Бояулы ойран [ойраншөп]. ө с. <лат. rubia tinctorum> *Ойраншөп тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.* Ализарин бояуын қолданғанға дейін *б о я у л ы о й р а н* жібек материалдарды, кілем тоқитын жіпті бояуға пайдаланылған (ҚСЭ). *Б о я у л ы о й р а н ш ө п т і ң* тамырын өттегі тасты түсіру үшін, денедегі, аяқтағы ісікті қайтару үшін қолданады (К.Шалекенова, Жеміс.).

Бояулы өсімдіктер. б о т. *Тамыры, сабағы, жапырағы, гүлі, тұқымы мен үлпаларында бояуыш заттар түзілетін өсімдіктер. Б о я у л ы ө с і м д і к т е р г е* күнбағыс, қоянсүйек, жүзгін, адыраспан, шырша, емен, қына және т.б. жатады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Б о я у л ы ө с і м д і к т е р д і ң* түрі өте көп. Күнбағыс қабығынан (тек «Гигант» сортынан) мақта бояйтын қоңыр бояу, күнбағыс дәнінің майынан олиф дайындалады (ҚСЭ).

Сан бояулы. *Түрлі түсті, құлпырған.* Тамған қаны, жуған тері бабамның, Аққан жасы, төккен сүті анамның Шөп боп өскен *с а н б о я у л ы* даламда, сүймей оны айтыңдаршы, қалам ба (Ә.Тәжібаев).

БОЯУЛЫҚ с ы н. *Бояу боларлық, боялғыштық.* Су бұрышының *б о я у л ы қ* та қасиеті бар. Зат бояу үшін оның шөбін қара күзге дейін жинауға болады (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). Оның тамырларының құрамында тері илейтін заттар – крахмал, белок, глюкоза, каротин, С витамині және басқа да *б о я у л ы қ* заттар болады (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). Бір тонна болат өндіру үшін 50 тонна су қажет болса, сол мөлшерде *б о я у л ы қ* өнім алу үшін шамамен жоғарыда айтылғаннан 10 есе су керек болады екен («Білім және еңбек»).

БОЯУСЫЗ с ы н. **1.** *Бояу жағылмаған, бояуы жоқ.* Коридордың *б о я у с ы з* тақтай еденін сықырлата басып бесінші бөлмеге кірді (Т.Ахтанов, Дала сыры). Киләп деген құр жібек Киім болмас *б о я у с ы з* (Кердері Әбубәкір, Қазағым). **2.** а у ы с. *Боямасыз, шынайы, таза.* Мұндай шығармалар өзіндік ерекшеліксіз, *б о я у с ы з* шығыс әдебиеті мен ауыз әдебиеті стилінде жазылды (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). Сезімсіз жан жоқ, үгітсіз, Адасып қалма, бұл куә. *Б о я у с ы з* ешбір үгітсіз, Болармын мысал құрбыға (Н.Шәкенов, Айгүл). Халық әуендерін өңдеуге болады, бірақ оны өңдеген күннің өзінде ешқандай жалған қоспасыз, әсіресе қызыл *б о я у с ы з*, сол әуелгі халықтық негізінде өңделуі керек (І.Омаров, Серпін).

БОЯУТОЗАҢДАТҚЫШ з а т. т е х. *Бояу жұмыстарында сыр, бояу сияқты сұйық ерітінділерді тозаңдатқыш аппарат.* Көп еңбекті қажет ететін жұмыста электрлі *б о я у т о з а ң д а т қ ы ш* пайдаланылады (ҚСЭ).

БОЯУХАНА з а т. *Зат бояйтын үй.* Отырған адамдар маталарын алып, *б о я у х а н а ғ а* жіберді (Мың бір түн).

БОЯУҮККІШ з а т. т е х. *Бояғыш заттар, паста, бітеме (шпаклевка) т.б. материалдарды үгетін мәшине. Б о я у ү к к і ш* бояу әзірлейтін орталық цехтарда, құрылыс объектілеріндегі шеберханаларда, сыр-бояу өндіретін заводтарда т.б. пайдаланылады (ҚСЭ).

БОЯУША ү с т. *Бояуға ұқсап, бояу секілді.* Тек осы *б о я у ш а* бұзылмай тұрғанда кетсек екен («Соц. Қаз.»).

БОЯУШӨП з а т. б о т. <лат. asperula> *Қызыл түсті бояу алынатын, ойраншөп тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Б о я у ш ө п т і ң* мал азығындық, әсемдік, илік, бояулы, бал шырынды түрлері бар (Х.Тілемісов,.. Ауыл шаруаш. сөздігі). *Б о я у ш ө п* гүлінің құрамында шарап жасау және темекі өндірісінде қолданылатын жұпар иісті кумарин заты бар (ҚСЭ). Иісті *б о я у ш ө п т і ң* биіктігі 10–16 см. Гүлінің құрамында шарап жасау және темекі өндірісінде қолданылатын хош иісті кумарин заты бар (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

БОЯУШЫ з а т. *Затты түрлі түске бояйтын маман.* Екеуі қызыл тұмсық болып, төбелесіп жатқанда *б о я у ш ы*, отыншы мен саудагер жігіт келді (Мың бір түн). Мұның ішінде: тоқу цехының мастері Петр Калашников пен *б о я у ш ы* мастер Виктор Яблочкин бар (Ғ.Сланов, Асау арна). Аса бір көңілсіз, жүдеу кескінмен *б о я у ш ы л а р* шашылып жатқан бұрышқа қадалған (Т.Ахтанов, Боран).

БОЯУШЫЛЫҚ з а т. *Бояушы болушылық, бояу жұмысымен кәсіптенушілік.* Еңбекпенен көз сүзбей күн көремін, Харакетім – суретші, *б о я у ш ы л ы қ* (Абай, Тол. жин.).

БОЯУШЫТЫРШЫҚ з а т. ө с. <лат. isatis tinctoria L.> *Биіктігі 70–80 см екі жылдық өсімдік* (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

БӨБЕЖАПЫРАҚ з а т. б о т. *Өсімдіктің түбінен өсіп шығатын қосалқы жапырағы.* Көптеген өсімдіктің нағыз жапырағының түбінен өсіп шыққан қосалқы *б ө б е ж а п ы р а қ т а р ы* көбінесе қосарланып орналасады (Т.Мұсақұлов, Өсімдік. анатом.).

БӨБЕЖІК з а т. с ө й л. ***Бөбешік*[1].** *Б ө б е ж і к* – жұтынған кезде ауыздағы тамақ мұрынға кетіп қалмауын тосатын клапан («Ғылым және өнер»).

БӨБЕК[1] з а т. **1.** *Баланың бір жасқа дейінгі кезеңі, емшектегі бала, жас нәресте. Б ө б е к* ширай бастаған сайын шартты рефлекстері өріс алып, талдағыштары тітіркендіргіштерді ажырата алатын халге жетіп, қимыл-қозғалыстары дамиды (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Б ө б е к* шидей қолын шолтаңдатып емшекті қармап, әрі жылап, әрі күліп, өксіп-өксіп емер еді-ау... (М.Жұмабаев, Шығ.). Қарны ашқан *б ө б е к к е* Емшек қандай, Сүт қандай! Періштелер өбектеп, Алақанда тұтқандай (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Үйдің іші ұйқыда Түн ортасы шамасы. Көзін алмай бесіктен *б ө б е к* жатыр албырап (М.Жұмабаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Табиғат туындылары, төл.* Торғайларды теректегі Ертемен жел тербейді. Табиғаттың *б ө б е к т е р і* Бір-біріне еркелейді (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). **3.** а у ы с. *Жаңадан пайда болған құрылым, зат.* Мұз құрсанған, ақ көрпеге оранған, Қиын-қыстау, сары аяздан, боранған, Қорықпастан туған менің – *б ө б е г і м* – Мемлекетім – азаттығым оралған (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Бөбек күн. *Балалық шақ, сәбилік кезең.* Басыңды менің көкірегіме қой да, өзіңнің *б ө б е к к у н і ң д і* қайырымды, қайғысыз болғаныңды, жұрттың бәрінің сені жақсы көргенін есіңе түсіріп жатып, тыныққ (М.Жұмабаев, Шығ.).

Бөбектер үйі. *Үш жасқа дейінгі жетім балаларды тәрбиелейтін мекеме. Б ө б е к т е р ү й і н е* жалғыз басты аналардың балалары да қабылданады (ҚСЭ). Ажардың емделгені шіли өтірік, елдің көзін аулауға Әбілқасымның тапқан айласы, әйелім туды деп *б ө б е к т е р ү й і н е н* бөтен біреудің баласын асырап алған дейді (С.Омаров, Қиыр жол).

Бөбек той. э т н. *Сәби туылғанда жасалатын той, думан; шілдехана.* Біз *б ө б е к т о й ы н* жасадық. Жабағыны союға батпадық. Қой сойдық (Ж.Молдағалиев, Таза бұлақ).

Кішкене бөбек. э т н. *Балалардың қуырмаш ойынында кездесетін саусақ атауы, шынашақ.* Бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, *к і ш к е н е б ө б е к!* Міне бесеу болды (С.Бақбергенов, Мен сізді.).

БӨБЕКЖАЙ з а т. *Екі айдан үш жасқа дейінгі балалар тәрбиеленетін мектепке дейінгі мекеме.* ≈ *Б ө б е к ж а й* ашылды.

БӨБЕКСІЗ с ы н. *Нәрестесіз, сәбисіз.* Есіктер өртеніп жанбасын, Бесіктер *б ө б е к с і з* қалмасын, Көңілдер күйікке толмасын, Көздерден қанды жас тамбасын (Ә.Тәжібаев, Жартас).

БӨБЕКТАЙ з а т. э к с п. *Бөбекке, сәбиге кішірейту, еркелету мағынасында айтылатын атауыш.* Жырларыммен кестелейін орамал, Бүлдіргендей, *б ө б е к т а й ы м,* бетің бал. Балға талай шыбын қонуға ұмтылар, Ұмтылғанды орамалмен қағып қал (М.Жұмабаев, Шығ.).

БӨБЕКТЕ= е т. *Баланы әлпештеу, ұлпілдету, өбектеу.* Бес жасынан атқа мінді, үйренсін, қашанғы *б ө б е к т е й м і з,* алпысты құсырған маған қарай ма? («Лен. жас»).

БӨБЕКТЕЙ с ы н. **1.** *Бөбек сияқты, бөбек тәрізді.* Үйіне келді Ақан жаңа ғана, Жүгірді құшағын кең жазып ана. *Б ө б е к т е й* көріп ана сүйіп жатыр, Сүймесе сорлы көңіл жазыла ма? (Қ.Бекхожин, Үш кезең). Ризамыз біз байғұс азға да тым, *Б ө б е к т е й м і з* конфетке мәз болатын. Жайраңдаймыз жымиып қараса адам, Желеп-жебеп жайғандай жаз қанатын

(Ж.Молдағалиев, Қызыл қайық). Деді де, анасының көкірегінде кішкене *б ө б е к т е й* қалғып кетті (М.Жұмабаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Кішкентай жас, балғын.* Шыбық *б ө б е к т е й* болып көрінсе, бөбек сол өзі қадап жүрген көкөрім шыбықтай болып көрінді (М.Иманжанов, Менің махабб.).

БӨБЕКТЕУ *Бөбекте етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Б ө б е к т е у і н* қоймады.

БӨБЕКХАНА з а т. **1.** *Перзентхана, әйелдер босанатын үй.* Паспорт, неке туралы куәлік, мынау *б ө б е к х а н а н ы ң* менің босанғанымды растайтын анықтамасы («Қаз. әдеб.»). **2.** *Ата-аналары жоқ немесе тастанды бөбектер тәрбиеленетін үй.* ≈ *Б ө б е к х а н а* ашу.

БӨБЕКШЕ ү с т. *Бөбек сияқты, бөбекке ұқсап.* Кеншінің үлдары мен келіндері, Ерніне еркелесіп еріндері, Бүгін бір нәресте ұйқы ләззатында, Қария жас *б ө б е к ш е* керіледі (Д.Әбілев, Алтай.). Келеді еркелегім ел мен жерге, Қуанып құшағында жас *б ө б е к ш е!* (Ғ.Орманов, Көгілдір.). Көл-ана сүтін *б ө б е к ш е* еміп, Заводтар жатыр мыс өзен беріп! (Д.Әбілев, Ой толқын.).

БӨБЕШІК[1] з а т. а н а т. *Адамның жұмсақ таңдайының артқы тұсындағы кішкене тіл.*

БӨБЕШІК[2] з а т. а н а т. *Құлақтың төменгі жағындағы кішкене жұмсақ шеміршек.* Сол жақ құлағының төменгі *б ө б е ш і г і н* сырға жырса керек, қойға салған ендей шұнтиып тұр (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

БӨБЕШІК[3] з а т. б о т. *Жапырақ тақтасының түбінен шығатын жарғақ, қабыршақ, қылтанақ, тікенек немесе майда жапырақ тәрізді жұп өсінді.* Әдетте, *б ө б е ш і к* жапырақ сағақпен тұтасып өседі, кей түрінде ғана сағақпен бірікпей бос жатады (Қаз. тілі термин. Биология).

БӨБЕШІК[4] з а т. ж е р г. *Ошақтың аяқтарындағы қазан ұстап тұру үшін иіліп жасалған темірлер.* Қазаның үлкен ғой, *б ө б е ш і г і* жоғы ештеңе етпейді (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БӨГДЕ с ы н. **1.** *Жат, бөтен, бейтаныс.* Бақтығұл әуелі баспалап қарап, ауылдың сыртын байқады. Бөтен ат, *б ө г д е* кісі жоқ сияқты (М.Әуезов, Қараш.). Олар сырттан *б ө г д е* адамдар кіргенде, сырлы тостағандарын дастарқанға қойып, төмен ығысып, қонақтарға төр жақтан орын берді (А.Лекеров, Түз гүлі). Өзгешелік – табиғат тірегі екен, Өзгешеге ойлы жан күле ме екен? Өнерде де *б ө г д е* жұрт шатастырмас Өз мұрының болсын деп тілек етем» (М.Шаханов, Ғасырлар.). **2.** *Негізгі нәрсеге қатысы жоқ, қосалқы, көлденең.* Егер педагогтің сөзі сүйкімді болса, кластағылардың сабаққа берілуіне мүмкіндік туып, олар *б ө г д е* нәрселерге алаңдамайтын болады (М.Мұқанов, Педагогика. очерк.). Ол кейде қайдағы бір мағынасыз *б ө г д е* әңгімелерді айтып кетеді (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Сөзді пән иесі ғана шығармаса, *б ө г д е* кісілердің шығаруы мүмкін емес, өйткені әр пәнге жетік адамдар білім кеңесінде болмайды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Бөгде сөздер. а) л и н г в. *Сөйлегенде не жазғанда баяндап отырған мәселеге байланысты келтірілген басқа біреудің сөзі, пікірі. Б ө г д е с ө з д і* А.Байтұрсынұлы «Тіл – құралында» келтірінді сөз деп атаған (Ғ.Қалиев, Тіл білімі термин. сөздігі). *Б ө г д е с ө з* – белгілі мақсатқа, жағдайға байланысты автордан (жазушылардан немесе әңгімелеушіден) басқалардың жазбаша немесе ауызша жеткізілген сөзі (Қаз. тілі. Энциклопедия). ә) ә д е б. *Ұлттық әдеби тілдің табиғатына, құрылыс қалпына сәйкес келмейтін, басқа тілден алып қолданылатын сөз.* Әдеби шығармаларда *б ө г д е с ө з д е р д і* талғампаздықпен таңдап қолданудың әртүрлі қыры мен сыры бар (Әдеб. термин. сөздігі).

БӨГДЕЛЕН= е т. *Бөлектену, бөтендену оғаштану, өгейлену.* Ол сценарий желісінен *б ө г д е л е н і п* тұрған жоқ. Қайта режиссерлік шешімдерді толықтырып, молықтырып тұр («Соц. Қаз.»).

БӨГДЕЛЕНУ *Бөгделен етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Б ө г д е л е н у і* байқалмайды.

БӨГДЕЛІК з а т. *Бөтендік, жаттық, өгейлік.* «Бөледе *б ө г д е л і к* жоқ» деген-ау, екеуі бірін-бірі жаңа көрсе де, жампайласып тұрғанын қарашы (С.Бегалин, Бала Шоқан). – Арада өткен бес жыл сені *б ө г д е л і к к е* балаған, – деді күмілжіп (Т.Есімжанов, Дала.).

БӨГЕ= е т. **1.** *Біреуді жолынан қалдыру, тосқауылдап аялдату, кідірту.* Абай оларға қарап езу тартты да, Дәмежанды өз арбасының қасында *б ө г е й* тұрды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Айша апай мені дәм татып кетуге *б ө г е д і* (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Неткен азап қорлық жеңіп арыған Қызыңды енді *б ө г е м е,* әке, жолынан Батаңды бер, Сертін жықпай аттансын Сүйгенінің соңынан (М.Шаханов, Ғасырлар.). **2.** *Қарсыласқан күштің бетін қайтару, ілгері аттатпау, тежеу.* Мұны естіген Әли ер Қанжардың жүзін жалады. *Б ө г е м е к к е* жауларын, Ақыл-айла табады (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Найза мен садақ тартып, қылыш шауып, *Б ө г е д і* қан майданда қалың жауды (Ә.Найманбаев, Шығ.). Біздің әскер шегіну үшін Қоспандар аз ғана топ болып

жауды *б ө г е п* қалыпты (Т.Ахтанов, Боран). **3.** *Ағын суды белгілі бір жерге тоқтату, тосқауылдау.* Суды құм *б ө г е й д і,* Дауды қыз бөгейді (Мақал-мәтел). Орал–Көшім каналын, Мырзашөлдің аралын, Көлге *б ө г е п* алабын, Суға тоған байлаған (Жамбыл, Шығ.). Волховты бітіре сап, жең сыбанып, *Б ө г е д і к* ағынды су Днепрді (Ә.Сәрсенбаев, Өлеңд.). **4.** а у ы с. *Жолын кесу, аяқтан шалу.* Ғасырына қуат қосқан даңқыңды ешкім *б ө г е м е с* Қазақтың сөз өнерінен бой көтерген Эверест (М.Шаханов, Ғасырлар.). Жан емеспін жақсының жолын *б ө г е р,* Жайсаңдардың мені ылғи тобында көр. Алдаспанмен қиып түс, тағдыр – ием, Арамдықпен ұсынсам қолымды егер! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Бөгей ату. ә с к. а) *Бір немесе бірнеше шепте бір уақытта жасалған шабуылдаушы танк пен жаяу әскер, торпедалық қайықтар немесе қарсылас теңіз десантының қозғалыс жолындағы тұтастай от аумағы; артиллериялық атыс түрі. Б ө г е й а т у* жылжымайтын және жылжымалы болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Әскери.). ә) *Қарсыластың әуе жолындағы жылжымайтын от бөгесіні; зениттік артиллерия атысының түрі. Б ө г е й а т у д ы* пулемет және автоматшылар бөлімшелері жүргізеді (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Бөгей ату шебі. ә с к. *Ұңғылы артиллерия мен минаатарлардың бөгей атуы даярланатын және жүргізілетін жергілікті жердегі шартты желі. Б ө г е й а т у ш е б і* қарсыластың шабуылдаушы (қарсы шабуылдаушы) танктері мен жаяу әскерлерінің ілгерлеу жолдарына қойылады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жіпсіз бөгеді. *Амалсыздан тоқтатты.* Әдемі сырлы қыз күлкісі жігітті тағы да *ж і п с і з б ө г е п* қалды (Р.Әутәліпов, Алтын жеміс).

Қол бөгеді. а) *Қол байлады, уақыт алды.* Шешесінің *қ о л ы н б ө г е м е й,* Мүкарама кішкене сәбиді төсекке жатқызып, қолымен қозғап қойып ұйықтатуға кірісті (Х.Есенжанов, Тар кезең). ә) *Кедергі болды.* Кесір болып кедейлік, *Қ о л ы н* бірақ *б ө г е д і.* Қорлық көріп байлардан, Көздің жасын төгеді (О.Шипин, Екі дастан).

БӨГЕЖЕК з а т. в е т. ***Жауырынтақ*** *(қой мен ешкінің төрт аяғынан бірдей алып, ауыртып жүргізбейтін аурудың түрі).* ≈ *Б ө г е ж е к* ауруы.

БӨГЕЖЕКТЕ = е т. с ө й л. ***Бүгежекте***. Ол бұрын көріп-білген кісім емес, бірдеңе істегелі жүр ме деп қорқақтап, *б ө г е ж е к т е п* едім: «Қорықпаңыз, мен де адам баласымын», – деді (Қаз. ертег.). Екі аяғы жыбырлап қолтаулаған жылқыдай *б ө г е ж е к т е г е н* әйелді көрген қарт ана «ой сұмдық-ай, ауылда атты тұсаушы еді, қалада әйелдерді тұсайды екен ғой» – деп күліп жіберді (Б.Қыдырбекұлы, Мысық тұтқыны).

БӨГЕЛ= е т. **1.** *Кідіру, тоқтау.* Еңбектеп екі батыр шықты айналып, *Б ө г е л і п* ақылдасып тұрды ойланып. Күзетші жүрген жақты шолмақ енді, Бекініп тәуекелге бел байланып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Содан кейін жүрісімізден сезік тудырмайық деген оймен аз-кем *б ө г е л д і к* те, шегіне бердік (Қ.Исабаев, Қара бала). Қорықтан шыққалы *б ө г е л м е с т е н* тартқан үш салт атты, аттарын қан сорпа қылған қалпында, кешкі екінді кезінде Құнанбай аулына кеп жетіп еді (М.Әуезов, Абай жолы). Көкжиек ұштасты ма көлге келіп, Кенеттен тына қалды жел *б ө г е л і п.* Шатынап шарт сынды бір ашулы күн, Аспаны аунап жерге дөңгеленіп (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). **2.** *Не айтарын білмей мүдіру, күмілжу, іркілу.* Ояз көптің алдында осы сұрауды тастады. Жұрт *б ө г е л і п* үндемеді (І.Жансүгіров, Шығ.). Бала жігіт сөйлей алмай *б ө г е л і п* қалды (Б.Майлин, Шығ.). Қарт еңкейіңкіреп таяғына сүйеніп тұрған күйінде көзін сүртіп, жасқана қарады. Аузына сөз түспей, әлденеге *б ө г е л і п* тұрыңқырап барып басын изеді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

БӨГЕЛЕК з а т. з о о л. <лат. oestrus> *Жәндіктер класының, қосқанаттылар отрядының бөгелек туысы.* Үйездеу деп жылқының ыстық күндерде шыбын-шіркейден, *б ө г е л е к т е н,* масадан, сонадан қорғалап, екі-үштен, не одан да көптен топтанып бір-бірінің көлеңкесіне бастарын тығып, шұлғып тұруын айтады (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.). Инелік, шегіртке, *б ө г е л е к,* масаның қалың шөптің арасынан ұшып, әуелі қаптап, шарықтап, олайбылай жүйткіп шыр-шыр етіп, қанаттары дырылдап, ызылдағаннан басқа, екі аттың пысқырып, құйрығы суылдап, аяғын тебініп, *б ө г е л е к* шаққанынан басқа, анда-санда шықшық еткен торғайдың дауысынан басқа жаңғырыққан ешбір тықыр не бір үн естілмейді (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Б ө г е л е к* тыпырлатқан жылқыдан өзгенің бәрі көлеңке қуалап, ыстықтан қорғалауда (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Бөгелек қамаған жылқыдай. *Тыныш отыра алмау, мазасыздану.* Өзербай беті жыбырлап, *б ө г е л е к қ а м а ғ а н ж ы л қ ы д а й* жыбыршып тұр (Б.Шалабаев, Өмірде.).

БӨГЕЛЕКТЕ= е т. *Бөгелектен қашу.* Шаруа қоңыр сиырын әйеліне сауғызады да, күні бойы *б ө г е л е к т е п* оттай алмағанын ескерді де, өріске айдады (О.Бөкеев, Қайдасың.). *Б ө г е-*

л е к т е г е н жылқы, шанышқақтаған сиыр шауып келмесін деп, Зейнеп салт ат ерттетіп, бір жігітін күзетке қояды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Жылқылар өзен бойын үйезден бастарын шұлғып, *б ө г е л е к т е п*, кейбірі су кешіп, шыбындап тұр (Ә.Бөриев, Ақ бидай).

БӨГЕЛЕКТЕЙ с ы н. *Бөгелек сияқты, бөгелек тәрізді.* Көбіне-көп оның өлеңжырлары жебір билер мен кеудесін керген байларға *б ө г е л е к т е й* тиді (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

БӨГЕЛЕКТЕУ *Бөгелекте етістігінің қимыл атауы.*

БӨГЕЛЕКШЕ ү с т. *Бөгелекке ұқсап, бөгелек сияқтанып.* «Даңмұрын деген кісі тауыпты» деп, Бір хабар келді ызыңдап *б ө г е л е к ш е*, Өзі айтып, «қыз айтты» деп жұртқа жайып, Жүрмесе бала ойнаған дөңгелекше (Айтыс).

БӨГЕЛЕҢДЕ= е т. *Бөгеліңкіреу, кідіру.* Алысырақ ауылдың сыйлы жігіті келгенде, бұл топ *б ө г е л е ң д е п* қалды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Енді тізені жазбаңдар деп, жұртты желпінтіп, қиқулап қыздырып келіп, тосқауылға *б ө г е л е ң д е п* қалған топқа артына ерген шоғырмен тұтас келіп араласып кетті (М.Әуезов, Қараш.). Кейінгі күндері жаңадан тағайындалған аудан сотының жұмысын қабылдап, *б ө г е л е ң д е п* қалған едім (С.Бегалин, Замана.).

БӨГЕЛЕҢДЕУ *Бөгеленде етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үнсіз *б ө г е л е ң д е у.*

БӨГЕЛМЕЛІ с ы н. м е д. *Тоқтататын, қайтаратын.* Қынаптағы рак – сирек кездесетін қатерлі ісік. Ол негізгі және *б ө г е л м е л і* ісік болып келуі де мүмкін (Ә.Есенқұлов, Әйелдер.).

БӨГЕЛТ= е т. *Кідірту, тоқтату, күттіру.* Ол мені *б ө г е л т п е й* машинаға мінгізіп жіберді (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). Оқытушы студенттерді өз емтиханына *б ө г е л т п е й,* кезекпен кіргізіп тұруды Жомартбекке тапсырған болатын (Ә.Нұршайықов, Тың астығы).

БӨГЕЛТУ *Бөгелт етістігінің қимыл атауы.* Әскери поездарды *б ө г е л т п е у* керек (С.Бегалин, Ана.).

БӨГЕЛУ *Бөгел етістігінің қимыл атауы; кідіру, тоқтау.* Ол шаршап келе ме, байқап келе ме, әйтеуір қарауы да, *б ө г е л у і* де көп (Ғ.Мұстафин, Шығанақ). Енді өрт шығып жатса да, оның *б ө г е л у г е* мұршасы жоқ еді (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). Сағадат қуып жеткен соң амал жоқ *б ө г е л у і н е* тура келді (А.Байтанаев, Қансонар).

БӨГЕЛІҢКІРЕ= е т. **1.** *Сәл-пәл бөгелу, аялдаңқырау, кідіріңкіреу.* Жетегінде жас баласы бар, жүдеу бастау жас әйелді көргенде Бердібек *б ө г е л і ң к і р е п* артына бұрылды (З.Ақышев, Жесірлер). Ол да бір күні кітаптарын жинастырып, сумкасына реттеп салып, үйден *б ө г е л і ң к і р е п* шықты (А.Лекеров, Түз гүлі). Нияз азырақ *б ө г е л і ң к і р е п* келіп, ұсынған етті асады (С.Сейфуллин, Өленд.). **2.** *Мүдіріңкіреу, күмілжіңкіреу, іркіліңкіреу.* Көңілі суый түссе де, қарсы айтар дауы жоқ. Әсер *б ө г е л і ң к і р е п* қалды (К.Оразалин, Ақ жазық). Мен жауапқа *б ө г е л і ң к і р е п* қалған болуым керек, бәрі маған анталай қарасты (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.).

БӨГЕЛІҢКІРЕУ *Бөгеліңкіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ Азғана *б ө г е л і ң к і р е у.*

БӨГЕЛІС з а т. **1.** *Үзіліс, кідіріс, мүдіріс.* Тегі арада бірталай *б ө г е л і с,* айналыс болып қалса керек (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Алтынемел асуы қанша қарлы, қиын болғанымен ерсіліқарсылы ағылған мәшинелерде *б ө г е л і с* жоқ (С.Бақбергенов, Алтынемел). Орманшының қазіргі *б ө г е л і с і н е н* орындалмаған сол парыздың нышаны сезіледі (Р.Әутәліпов, Қыр әңгім.). Соншама ұзақ көрінген азғана *б ө г е л і с т е н* соң, кенет зор дауысты бірнеше зұрна қатарынан ойнады (М.Мағауин, Аласапыран). **2.** *Кедергі, тосқауыл.* Көп *б ө г е л і с,* бұралаңнан кейін биік басындағы жазыққа шыққан машина көсіле кеп жөнелген (Ә.Нұршайықов, Алтын.).

Бөгеліс тапты. *Кедергіге ұшырады, жеңілді.* Енді үлкендер жағы жолаушылардың алдынан шығуға қауырт жөнелгенде, өзара жеңіл-желпі аударыспақ, теңге алу сияқты ойындардан *б ө г е л і с т а у ы п* жүрген олар да көпшіліктің соңынан қозғалды (К.Оразалин, Абай.).

БӨГЕЛІС= е т. *Кідірісу, бірге тоқтау.* Олар аз уақыт үнсіз *б ө г е л і с т і* (Х.Есенжанов, Тар кезең). Ойламаған жерден қарсы шыға келген топтан аздап сескене *б ө г е л і с т е п* қалдық (С.Бегалин, Замана.).

БӨГЕЛІССІЗ с ы н. *Бөгетсіз, тоқтаусыз, кідіріссіз.* Тыстағы сөйлеген сөз киіз үйдің ішіне *б ө г е л і с с і з* жетеді (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Ол газеттің тұтас бір бетін алатын ұзақ очерктердің өзін машинкаға *б ө г е л і с с і з,* ауызша айтып жаздырды (М.Мағауин, Ақша қар). Жұмысқа шығыңдар, – деп, айқай салғанда, қыс демей, жаз демей ешқандай *б ө г е л і с с і з* суырылып шығатын көнбіс Қағазбай ғана (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

БӨГЕЛІСУ *Бөгеліс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үнсіз *б ө г е л і с у.*

БӨГЕМЕ з а т. **1.** ә с к. *Танкіге, жаяу әскерге қарсы қойылатын тасымалды инженерлік бөгеттер.* Танкіге қарсы *б ө г е м е* топырақ

бетіне кемінде екі қатар етіліп, танкті тар жолдардан, елді мекендердегі көшелерден өткізу үшін қойылады (Қаз. тілі термин. Әскери.). Жаяу әскерге қарсы *б ө г е м е* ұзындығы 1,5–2 м үшкір темірлерден айқастырылып, араларына тікенді темір оралып жасалады (Қаз. тілі термин. Әскери.). **2.** а у ы с. *Қиыншылық, кедергі.* Кездескенмен кең жолда *б ө г е м е л е р,* Әділдік – Күн. Шуағын төге бөрер. Мақтанышпен басыңа гүл қояды, Немереңнен өрбіген шөберелер (М.Шаханов, Қасырлар.).

БӨГЕН[1] з а т. в е т. *Жас жылқының жалқұйрығын түсіріп, сымпитып, арықтататын қышыма ауру. Б ө г е н н і ң* тік ішек пен қартаны жайлайтын жұмырқұрт ауруы – оксиуроз екендігі дәлелденген (Жылқы. ауру.). Жылқыда кездесетін қара өкпе, таңдай, мандам, маңқа, *б ө г е н* және басқа аурулар бар (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Біз жылқының доғаласына, таңлағына, құйрығының *б ө г е н і* мен құтұяғына сырттан дәрігер іздейміз (Ж.Орманбаев, Қос басшы).

Бөген болған жылқының құйрығындай. *Сирек, аз.* Өз айналаңдағы екі-үш адамның ғана өлгенін көріп, *б ө г е н б о л ғ а н ж ы л қ ы н ы ң қ ұ й р ы ғ ы н д а й* сымпыстанып, азайып қалғаныңды бір-ақ сезесің (Ә.Нұршайықов, Батыр.).

БӨГЕН[2] з а т. к ә с. *Қайық не шананың табаны мен екі қабырғасын біріктіріп, бекітіп тұратын ағаш.* – Ал, ал, төмен басыңдар, біріге қимылдайық, – деді Одырбай, қолындағы сүймен ұшын *б ө г е н* табаны мен тақтайдың арасын қуалай қадап, – басыңдар төмен (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Шегіршін деген мықты ағаш болады, содан шанаға *б ө г е н* жасайды (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БӨГЕН[3] з а т. қ о л ө н е р. *Бесіктің иілтіп жасалған басы. Б ө г е н* –бесіктің негізгі екі бас жас талдың екі ұшынан бір қарыстай өлшеп алып, орта тұсын өзегіне шейін кертіп, жартылай жонған соң, морға салып қыздырып, қыртысын сыртына қарата иіп, бірнеше күн көлеңкеге кептіреді (Д.Шоқпарұлы, Ата салт.). Қос жорға кейде бесік *б ө г е н д е р і н е* (бесіктің иілген басы) қарама-қарсы бекітілді. Жорғаның жоғарғы, яғни бесік қырына бекітілген қыры қайқы болды (Д.Шоқпарұлы, Ата салт.).

БӨГЕН[4] з а т. с у ш а р. **1.** *Бәсең су алмасу жүретін, көлемі әр қалай өзен арнасын бөгеу арқылы жасалатын су қоймасы. Б ө г е н н і ң* деңгейлік режімі жасанды түрде өзгертілген және гидротехникалық имараттар арқылы үнемі реттеліп отырады (Қаз. тілі термин. Су.). **2.** *Ағындысын халық шаруашылығы мақсаттарында реттеу үшін, әдетте, өзен аңғарында бөгеттер салу жолымен жасалған, көлемі 1,0 млн. текше метрден асатын жасанды суқойма. Б ө г е н* өзен ағындысын уақыттық, ал каналдар жүйесінің көмегімен кеңістікте ұластыруға жағдай жасайды (Қаз. тілі термин. Су.). *Б ө г е н* су ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында салынады, өйткені өзен ағыны жыл мезгілдері ішінде біркелкі болмайды және оның жылдық мөлшері өзгеріп отырады (Қаз. тілі термин. Геология). **3.** *Су қорын жинау үшін өзеннің алдына қойылған кедергі.* Бірақ *б ө г е н д е р д е* олар аса жедел даму сатысына жылдам жетеді (Табиғат сулары.). Себебі, демалуды жергілікті *б ө г е н* жағалауларында ұйымдастырудың орнына, миллиондаған адамдарды Қара теңіз, Қырым жағалауларына миллиондаған ақша жұмсап баруға тура келеді (Табиғат сулары.). Көк-жасыл су өсімдіктерінің жедел даму салдарынан судың көктеуі – бұл, адамдардың табиғи биоценоздардың қалыптасуына килігуі нәтижесінде *б ө г е н д е р* салу, ақаба суларды тастау... заңды құбылыс (Табиғат сулары.).

Бөгенді дайындаудағы шығын. с у ш а р. *Су басудан, жағалаудың жемірілуінен қорғану, объектілердің жаңа орынға шығарылуы, маса безгегіне (малярия) қарсы және жалпы санитариялық шаралар кешені. Б ө г е н д і д а й ы н д а у д а ғ ы ш ы ғ ы н* көлемі салынуға тиісті объектілердің орнымен қозғалуына немесе жаңа жағдайларға қатысты қайта жаңғыртылуына сәйкес болуы тиіс (Қаз. тілі термин. Су.).

Бөгеннің көлемі. с у ш а р. *Су қоймасының тосылған деңгейіндегі белгілі (нақты) су көлемі. Б ө г е н к ө л е м і н і ң* мынадай түрлері бар: су қоймасының табаны мен қалыпты суды тіреу деңгейінің арасындағы су көлемі, пайдалы көлемі мен нәтижесіз су көлемінің деңгейіне дейінгі су көлемі, нәтижесіз су көлемінің деңгейінен су қоймасының табанына дейінгі су көлемі (Қаз. тілі термин. Су.).

Бөгеннің өлі көлемі. с у ш а р. *Өлі көлем белдеуінен төмен орналасқан, тұнба, шөгінділер жиналатын көлем. Б ө г е н н і ң ө л і к ө л е м і* – экологиялық жағынан өте қолайсыз, су шаруашылығына тікелей қатысты термин (Қаз. тілі термин. Су.).

Бөгеннің пайдаланылмайтын көлемі. с у ш а р. *Тайыздану деңгейінен төмен жатуына байланысты ағындыны реттеуге қатыспайтын су көлемі. Б ө г е н н і ң п а й д а л а н ы л м а й т ы н к ө л е м і* оның пайдалану ұзақтығы мен СЭС-тің тегеурін деңгейін анықтау үшін қажет (Қаз. тілі термин. Су.).

Бөгеннің су ысырабы. с у ш а р. *Су шаруашылық есептеулерде ескерілуі тиіс бөгеннің айдынынан булану мен сүзілуге шығындалатын су ысырабы. Б ө г е н н і ң с у ы с ы р а б ы* көп ретте бөген құрылысына байланысты болады (Қаз. тілі термин. Су.).

Бөген параметрлері. с у ш а р. *Бөгеннің негізгі өлшемдерін орнықтыру параметрлері және оны пайдалану режімінің негізгі қағидаларын анықтаушы параметрлер.* Бірінші категориялы *б ө г е н п а р а м е т р л е р і* ретінде су тасуы мен тасқындарды реттеуден басқа – бөгеннің негізгі өлшемдерін анықтаушы мынадай параметрлерді атап көрсетуге болады: а) қалыпты тежеу деңгейі; ә) тайыздану деңгейі; б) пайдалы сыйымдылық; в) пайдаланылмайтын көлем; г) толық сыйымдылық (Қаз. тілі термин. Су.).

Бөген сыйымдылығы. с у ш а р. *Текше метр мен текше километр өлшеміндегі су қойманың көлемі.* Пайдалы *б ө г е н с ы й ы м д ы л ы ғ ы* – қалыпты тежеме көтерілімділік деңгейі мен жобалық деңгей арасындағы аз мөлшері (Қаз. тілі термин. Су.).

БӨГЕНАЙ з а т. *Бір нәрсенің көзге түсер айрықша белгісі, ерекшелігі.* Бір кезде шуда жіппен жөрмеп түптеген, сыртын қызыл сәтенмен көмкерген дәптердің бұдан бөгде *б ө г е н а й ы* да жоқ (З.Жәкенов, Таң самалы). Бірақ көрген жерден бас салмай ордаға барып қайта қайтқанда ұстаймыз десіп, тек *б ө г е н а й ы н* ғана байқап, дайындалып тұрады (Бозінген).

БӨГЕНАЙЛА: бөгенайлап қарады. ж е р г. *Байымдап қарады.* Сен бұл мәселеге *б ө г е н а й л а п қ а р а* (Қаз. тілі диалек. сөздігі).

БӨГЕНДЕ[1]= е т. *Бөген болған жылқының құйрығын бір затқа үйкелеп қасынуы, тынышсызданууы.* ≈ *Б ө г е н д е г е н* жылқы.

БӨГЕНДЕ[2]= е т. *Қайық не шананың табаны мен екі қабырғасын бір-біріне мықтап бекіту, біріктіру.* Қайықтарыңды нашар *б ө г е н д е г е н* екенсіңдер (Ауызекі).

БӨГЕНДЕУ *Бөгенде етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жылқының *б ө г е н д е у і.*

БӨГЕНДІ с ы н. *Бөгенделген, бөгені бар (қайық, шана).* ≈ Мықты *б ө г е н д і* ат.

БӨГЕНДІК с ы н. *Бөген жасауға арналған, бөген болуға жарарлық.* ≈ *Б ө г е н д і к* ағаш.

БӨГЕҢКІРЕ= е т. *Аздап бөгеу, бөгей тұсу, сәл ғана кідірту.* Ол – кей кезде жан-жағына көз салады, Жүрісін *б ө г е ң к і р е п,* аз кідіріп... (Ж.Саин, Таңд. шығ.). Жалпы айтқанда, жазда шөптің бар дәмі басында, күзде түбінде болады. Сондықтан да жазда ілгерілете, күзде еркін жібермей алдын орағыта, *б ө г е ң к і р е й* жайған мақұл (Шопан серігі). Енді міне сол Петр Степанович қалаулы инженердің шахта жобасын *б ө г е ң к і р е п* отырғанын іштей ұнатыңқырамай қалғандай еді (С.Хайдаров, Құрыш білек.).

БӨГЕҢКІРЕУ *Бөгеңкіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ Сәл *б ө г е ң к і р е у.*

БӨГЕС= е т. *Бірге бөгеу, бөгет жасау, тоқтату.* «Жемейді біріккенде бөрі деген», Бас изеп бір-біреуге «е» деселік! Қарқыны қиянаттың қаптамасқа, Шым тасып, шын ниетпен *б ө г е с е л і к!* (Үш ғасыр.). Арнаның суы әл бермес, Жұрт жиналып *б ө г е с п е й! Б ө г е с к е н* соң тұрмайды, Түрленіп шалғын көк өспей! (Айтыс).

БӨГЕСУ *Бөгес етістігінің қимыл атауы.*

БӨГЕСІН[1] з а т. **1.** *Кішігірім бөгет. Б ө г е с і н* – өзен арасындағы немесе аңғарындағы ағысты бөгейтін жасанды имарат (Қаз. тілі термин. Су.). Мәселенің өзегі – селге қарсы берік *б ө г е с і н,* плотина тұрғызу (Ж.Жұмаханов, Адам.). **2.** *Ой-шұқыр, кедір-бұдыр. Б ө г е с і н і* көп қара көлеңке жолмен үнемі еңкеңдеп жүру бізге, әсіресе, бойы ірі Макагонға оңайға соққан жоқ (С.Мұқанов, Есею жыл.). **3.** ә с к. *Танкіге қарсы инженерлік бөгеттер. Б ө г е с і н д е р* 20 см-ден кем емес диаметрлі темір сауытты бөренелер мен төртқырлы бөренелерді бірінің үстіне бірін қабырға түбіне жинап, екі жағынан жерге көмілген тік бағаналармен бекіту арқылы жасалады (Қаз. тілі термин. Әскери.). **4.** а у ы с. *Кедергі, тосқауыл.* Қайнықештің атастырулы екендігі енді Әтікеге соншалық үлкен *б ө г е с і н* сияқтанбады (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.). Дүние жүзі алғашқы рет Азия-Африка жазушыларының ызғарлы үнін естіді. Қорлаушыға – *б ө г е с і н,* қорланғанға қорғаушы барын таныды (Ғ.Мүсірепов, Достық.). Байлық! Байлық! Тіршілік кемесінде Төніп келген апатқа *б ө г е с і н* не?! Қыз Жібек пен Баянның махаббатын, Әлде сатып алам деп сенесің бе? (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Бөгесін болу. *Кедергі келтіру, тосқауыл жасау.* Машина жолы, темір жол, адам жүретін жолдар біріне-бірі *б ө г е с і н б о л м а у ы* қатты ескерілген (Ғ.Мүсірепов, Достық.). Сенің жолыңа оның *б ө г е с і н б о л у ы н ы ң* қисыны жоқ (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

Тас бөгесін. *Мықты, берік тосқауыл, кедергі.* Ауыр су биік *т а с б ө г е с і н н е н* гүрілдеп құлап жатыр (Ғ.Мүсірепов, Өмір.). Оның аты халқына етер ізгі әсердің жолындағы *т а с б ө г е с і н* болады да (Ғ.Мүсірепов, Достық.).

БӨГЕСІНДЕ= е т. с ө й л. *Кедергіге ұшырау, бөгелу; тоқырау.* Бақса, бұл ой сана-

сында көлденең шөккен әнебір белеңнен *бөгесіндеп* тоқырай береді екен-ау («Жұлдыз»).

БӨГЕСІНДЕУ *Бөгесінде етістігінің қимыл атауы.* ≈ Кенеттен *бөгесіндеу.*

БӨГЕТ з а т. **1.** *Жүруге, өтуге тосқауыл болатын кедергі. Бөгеттерден* ат секіртеді, қылышпен шыбық шабады. Шауып бара жатып, ат үстінде әрқилы өнер-қимыл жасайды (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). Анда-санда айналам бір жарқ етіп, дүние бір елес беріп қалады. Талқандалған сым *бөгеттер,* істік арандар, үрпиіскен неміс солдаттары көрініп қалады (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Арғымақ алғашқы *бөгеттен* қарғырда аямпаз ана көзін тас жұмып алып, «Иә, ақ сарбас!» деп қалған-ды (Ә.Сәрсенбаев, Батыр.). **2.** с у ш а р. *Өзен суын бөгеу үшін жасалған гидротехникалық құрылыс; тосқауыл, бөгеу. Бөгет* құм, құм-сазды грунт, тас, тал, шыбық т.б. жергілікті материалдардан жасалады (ҚСЭ). *Бөгет* – су деңгейін көтеру, имарат орнында арын тудыру және бөген құру үшін ағын суды және оның аңғарын бөгейтін су тежеуіш имарат (Қаз. тілі термин. Су.). Құлан өтпес өзенінің алқымына биіктігі 70 метр *бөгет* салып, шабындыққа, жайылымға су жаямыз (С.Омаров, Дала қызы). **3.** с у ш а р. *Бөгеу арқылы тоқтатылған су қоры.* Осы айтылған ірі теңіздер мен көл айдындарынан басқа да республикада көптеген шағын көлдер, үлкенді-кішілі өзендер, су қоймалары, *бөгеттер* мен тоғандар бар (Т.Телеуғалиев, Балық ауру.). Ол 1914 жылы Іле өзеніндегі сазан асырайтын бір *бөгет* бұзылып, содан келді де, сазан тез өсіп, Балқаштың ең көп балығына айналды (Т.Қойшыманов, Қоңырат.). *Бөгеттен* басқа суы мол бұлақтарды да, су құбырын да, өзен суын да пайдалануға болады (С.Тілеубергенов, Мал шаруаш.). **4.** ә с к. *Қарсыласты шығынға ұшырату, қозғалысын тежеп тұру мақсатында оның жүру жолында жасалған жасанды кедергілер. Бөгеттер* жасау атыс жүйесі, ядролық соққылар және авиациялық соққылармен тығыз байланысты (Қаз. тілі термин. Әскери.). **5.** а у ы с. *Кедергі, тосқауыл.* Қозының алған мақсатынан қайтпайтын ер көңіл, опалы ғашық екенін оның алдында тұрған *бөгеттерді* жеңіп өтуінен де байқауға болады (М.Әуезов, Әр жыл.). Тірлікте бір бекеттер бар кілтін таппай алынбас, Ырық бермес *бөгеттер* бар не түрлі, Алматыдан шыққан жолдың барлығы, Отырарға бастап алып бармайтыны секілді (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Бөгет аэростаты. ә с к. *Байлаулы аэростат. Бөгет аэростаты* белгілі ұрыстық тәртіппен қорғайтын объектінің үстіне немесе оған жетер жолдағы биіктікке эшелонданып көтеріледі (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Бөгет болды. *Кедергі келтірді.* Қоятыны оңына да, Солына – Өз туысы, *Бөгет болма* жолына. Жуытпайды жандарына, Жуытса, Қояды екен қортығының соңына! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Жеңеше. Шеріңізді тарқатуға қымсынбай, Әлде мен *бөгет болармын* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Бөгет болу. *Кедергі келтіру, тосқауыл болу.* Жапал бұл екеуінің сағыныса көріскендей сыңайларын танып қалды да, *бөгет болмауға* тырысты (А.Байтанаев, Қайнар.). Әрине, шапқанда киімнің *бөгет болмау* жағы да алдын ала ескертілуі тиіс (Т.Әлішеров, Өнерпаз.).

Бөгет етті [қылды]. *Кедергі жасады, зиянын тигізді.* Ұзамай маған ажал келер әлі-ақ, Қылғамын әлдеқашан сені талақ. Сендерге менің *қылар бөгетім* жоқ, Мені ойлап, өз жарыңнан болма салақ (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ислам ойына *бөгет етпейін* дегендей, Мәлік сол күнгі алған жаңа газеттерді алдына тастады да, кешірім сұрап, шығып кетті (З.Шашкин, Сенім). Барлық жағдайда бізге жердің айналуы *бөгет етпейді,* біз оны сезбейміз де, еске де алмаймыз (К.Әбдіғапаров, Қызық. физ.).

Бөгет жасады [келтірді]. *Кедергі келтірді; кесірі тиді.* Маған бәрібір. Өз қызметіме *бөгет жасамаса,* қайда тартса да мейілдері (С.Мұқанов, Есею жыл.). Ұста мынаны! Жолыңа *бөгет жасаушы* болса, ат та жық. Жауды аясаң жаралы боласың!.. (Б.Майлин, Шығ.). Мұғалімдердің бірқатары мұндай міндеттілік оқушының шын білім дәрежесін айыруға *бөгет келтіреді* деп санаса, екінші біреулері мектепте баға қоюға атымен қарсы (Ә.Кекілбаев, Тырау-тырау.).

Бөгет жасау торабы. ә с к. *Жолдарды, көпірлерді т.б. қирату, миналау, бөгет жасау үшін тағайындалған бөлімше немесе уақытша құрылым. Бөгет жасау торабы* қалқалау әскерінің құрамына кіреді (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Бөгет жолағы. ә с к. *Қарсыласты титықтату, оны шығынға ұшырату, оның жылжуын бәсеңдету мақсатында бөгеттер қойылған жергілікті жердегі жолақ.* Кеңес армиясының Ұлы Отан соғысына дейінгі жарғыларында қорғаныстың алғы шебінің алдында 10–12 км қашықтықта *бөгет жолақтарын* дайындау қарастырылатын (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Бөгетке ұшырады. *Кедергіге жолықты.* Төлеубектің машиналары мұндай *бөгеткe*

ұ ш ы р а п көрген емес еді (К.Оразалин, Ақ жазық). Колхоз орталығынан жылқы алдына жіберілген машина, трактор келіп жеткенше бұлар қатты *б ө г е т к е ұ ш ы р а д ы* (С.Бегалин, Жеткіншек). Бізге әдейі көлденең тартылатын бір *б ө г е т к е,* кедергіге *ұ ш ы р а с а қ,* біздің жанымызда ашу сезімі пайда болады (М.Жұмабаев, Шығ.).

Бөгеттердегі өтпелер. ә с к. *Түрлі ұрыс қимылдары кезінде міндеттерін орындауға өткізу үшін бөгеттерде арнайы бос қалдырылатын жергілікті жер (су кеңістігі) жолағы.* Қарсылас қорғанысының алдыңғы шебінің алдындағы *б ө г е т т е р д е г і ө т п е л е р,* әдетте, шабуылға атыстық дайындық кезінде жару тәсілімен жасалады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Бөгеттерді аршу жасағы. ә с к. *Жергілікті жерлерді миналардан, жарылмаған снарядтардан, авиациялық бомбалардан, фугастардан тазарту үшін құрылатын арнайы әскери құрылым. Б ө г е т т е р д і а р ш у ж а с а ғ ы н ы ң* құрамы өтеуге қажет бөгеулер мен қиратулардың сипаты мен түріне, жергілікті жердің жарылғыш заттармен толу дәрежесіне және басқа жағдайларға байланысты (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Бөгеттерді барлау. ә с к. *Қарсыластың кедергілері туралы мәліметтер жинау мақсатында жүргізілетін инженерлік барлау. Б ө г е т т е р д і б а р л а у* мақсатты, үздіксіз, белсенді, уақытылы, оперативті және жасырын болу керек (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Бөгеттер жиілігі. ә с к. *Жалпы бөгеттер ұзындығының (км бойынша) тасаланатын бағыттағы (алқаптағы, шептегі) майдан шебінің еніне қатысы.* Әдетте *б ө г е т т е р ж и і л і г і* түсінігі мина жарылғыш бөгеттерге ғана қолданылады және танкіге қарсы және жаяу әскерге қарсы миналар үшін жеке-жеке анықталады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Бөгеттер жүйесі. ә с к. *Қарсыласты шығынға ұшырату, алға жылжуын кідірту, маневрін қиындату мақсатында қорғанысты бірыңғай жоспар бойынша құрылатын әртүрлі бөгеттер жиыны. Б ө г е т т е р ж ү й е с і* қамтамасыз ету алқабында, алдыңғы позицияда, алдыңғы шептің алдында және өз қорғанысының тереңдігіне құрылатын бөгеттерді қамтиды (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Бөгет торабы. ә с к. *Қарсылас қозғалысының ықтимал деген жолына жасалатын әртүрлі инженерлік бөгеттердің жиынтығы. Б ө г е т т о р а б ы н а,* әдетте, қиратуға дайындалған көпірлер, жол құрылыстары немесе орман, тау, батпақ арқылы өтетін жол бөліктері мен қиылыстары, миналық-жарылғыш бөгеттер кіреді (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жолына бөгет болды. *Кедергі жасады, кесе-көлденең тұрды.* Ағайын саған разымын, *ж о л ы м а б ө г е т б о л м а ң д а р* (Ж.Саин, Жол үсті.). – Әкесі *ж о л ы н а б ө г е т б о л м а с а,* Халуа жақсы адам болады, – деді ол (Ж.Жұмаханов, Соқпақ.).

БӨГЕТ= е т. *Бөгет жасату, тоқтату.* Поселканың жанындағы Ақсай деп аталатын бір сайды көптің күшімен *б ө г е т і п,* әр үйге бау-бақша, огород еккізеді (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.).

БӨГЕТ-СӨГЕТ з а т. с ө й л. *Кедергі, тосқауыл.* Шалдың өндірген 26 бұйымы да шауып өтті, *б ө г е т-с ө г е т* болған жоқ («Қаз. әдеб.»).

БӨГЕТСІЗ с ы н. **1.** *Бөгеті жоқ, кедергісіз.* Айдаркинді Рақаңның жәрдемшісі *б ө г е т с і з* өзіне киргізді (С.Бегалин, Уақыт.). Тапсырманың *б ө г е т с і з* орындалуын көздеген ол олардың мал айырбастап алуына бір орам кездеме ұсынды (Ә.Әзиев, Жез тау.). Шын айтар кейде күлдірер, *Б ө г е т с і з* оған қар мен сел. Соғыста таймас табаны, Түтеген отқа тура енер (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). Ұзын бойлы әскери адам есік алдындағы күзеттен мені *б ө г е т с і з* алып өтті (Б.Тоғысбаев, Асыл адам). **2.** а у ы с. *Тоқтаусыз, кідіріссіз.* «Өмірдің сан қиын асуларынан *б ө г е т с і з* өткен тәрбиесі мол адам» – деп ойлаған-ды (К.Оразалин, Ақ жазық). Келдің болды: *б ө г е т с і з* жөнеледі, Қатын, бала қалдырып мүлкін, жерін. Жан біткеннің бәріне біреу болсаң, Қайдан ғана келеді шамаң сенің (С.Дөнентаев, Таңд. шығ.). Дәл бір кітаптан оқып отырғандай *б ө г е т с і з,* мінсіз сөйлейді (Ж.Жұмаханов, Әлия). Бұларда бірін-бірі кимелеу деген жоқ. Іркес-тіркес толқын қимылындай немесе *б ө г е т с і з* бұлдыраған сағымдай-ақ еркін сырғиды (Ә.Көшімов, Жас аңшы).

Бөгетсіз бас тоған. с у ш а р. *Инженерлік геологиялық, гидрологиялық және жер бедерлерінің қолайлы жағдайларындағы өзен суының маусым кезіндегі ең төменгі биіктігі магистральді каналдың бас сағасындағы деңгей биіктігінен жоғары болғанда салынатын гидротехникалық имарат. Б ө г е т с і з б а с т о ғ а н ы ң* су қабылдағышы жер жағдайына орай орналасуына байланысты арналық және жағалық болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Су.).

БӨГЕТТЕЙ с ы н. *Бөгет сияқты, бөгет тәрізді.* Осыдан кейін жолы ашылған *б ө г е т т е й* жастардың өнері шалқи тасыды (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Жалбақтап тек бай нөкері, Айтаққа ерген төбеттей. Оразға арс-арс

етеді, Тонауға халық *б ө г е т т е й* (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

БӨГЕТТІ с ы н. *Бөгеті бар, бөгет жасалған.* Бір ғана адам бұл төте жолды *б ө г е т т і* арнаға бұрып жіберді. Ал қалың топ соның соңынан лап қойды (Х.Есенжанов, Тар кезең).

Бөгетті бас тоған. с у ш а р. *Су алу гидротехникалық имараттары немесе су жібергіш инженерлік имараттар. Б ө г е т т і б а с т о ғ а н* көп ретте арынның төменгі (10 м-ге дейін) мәнімен ерекшеленеді (Қаз. тілі термин. Су.).

БӨГЕТТІК с ы н. *Бөгет боларлық, бөгет жасауға қолайлы.* Мынау бір *б ө г е т т і к* жер екен (Ауызекі). *// Кесір, кедергі.* Әміржаннан арасы ашық, оның үйқысына *б ө г е т т і г і* жоқ (А.Байтанаев, Қайнар.). Ол төбенің еш нәрсеге *б ө г е т т і г і жоқ,* тек қана осы аудан орталығымен екі араны бөліп тұруға ғана жаратылған екен дерсіз (А.Байтанаев, Қансонар).

Бөгеттік су электр стансысы. с у ш а р. *Арыны бөгет арқылы пайда болатын, ал машина залы мен СЭС имараты бөгет шегінен тыс орнатылған су электр стансысы. Б ө г е т т і к с у э л е к т р с т а н ц и я с ы* 30–200 м-ге дейінгі су арыны жағдайында орнатылады (Қаз. тілі термин. Су.).

БӨГЕТУ *Бөгет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тез *б ө г е т у.*

БӨГЕТШЕ з а т. **1.** г е о л. *Өзен арнасының маңындағы табиғи биік үйме жол. Б ө г е т ш е,* әдетте, көптеп жүзбе тасынды таситын, аллювиал жазықтармен ағатын үлкен өзендердің аңғарларында түзеледі (Қаз. тілі термин. Су.). **2.** с у ш а р. *Жербөгетке ұқсас, үйінді түріндегі гидротехникалық имарат. Б ө г е т ш е* тұрғызу үшін негізінен жергілікті грунттар пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Су.).

БӨГЕТШІ з а т. **1.** *Бөгет құрылысында жұмыс істейтін адам.* Бастығы Әлімбаев *б ө г е т ш і н і ң,* Құлатты Тұрмағамбет құздың шыңын. Жылқыбақ, Сыздық, Шөжік, Сары бастап, Диханға тауып берді жердің тыңын (О.Шипин, Екі дастан). **2.** *Кедергі келтіруші, тосқауылдаушы.* Албасты түн ажуалап, Неге адамды басынады. Ұзақ жолдың *б ө г е т ш і с і,* Неге иыққа асылады (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын).

БӨГЕУ[1] з а т. **1.** *Бөгет, кедергі, тосқауыл.* Жаңағы әңгімеден кейін таныстығымыз *б ө г е у і н* алған ағын судай жылжып жүре берді (С.Шаймерденов, Мезгіл). Еркін есіктен көрінгенде осы тынып, іркіліп тұрған келемеж күлкі *б ө г е у і* алынып, лақ ете түскен арна суындай, ақтарыла салды (Ф.Дінисламов, Көл жағасы.). Екі ортада жол *б ө г е у* боп қара арна жатыр (Ә.Сараев, Бозқырау). **2.** *Кідіріс, аял, тоқтам.* Рүстем өз қолымен ұшыруға Мылтықты жасап, оққа салды дәрі. Жан далбас, жақ шіркінге *б ө г е у* бар ма, Шырқырап екі қыздың шықты зары (І.Жансүгіров, Шығ.).

Бөгеу берді. *Тоқтатты, кідіртті.* Құдайау, *б ө г е у б е р м е* қызыл тілге, Кез келді алты кісі рулы елге. Қызды көріп, бұлар да қуанады, Бір құдай медет бер деп біздей ерге (Батырлар жыры).

Бөгеу болды [жасады]. *Тосқауыл болды, бөгет жасады, кедергі келтірді.* Ол қоғамдық меншік пен меншіктің арасында біріне бірі *б ө г е у б о л м а й,* сүйеу болатын белгілі бір теңдестік шегі қойылуын талап етеді. (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Арнадым осы әнімді темір жолға, Шақ келмес тау менен тас бұл тұлпарға. Өр, ылди, өзен дария *б ө г е у б о л м а с,* Таймайды болат тұяқ қия жарға (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Тәжірибе істеймін деп комбайнға *б ө г е у ж а с а у ш ы* болма (Т.Нұртазин, Мұрат).

Бөгеу болу. *Тосқауыл болу, кедергі келтіру.* Әрештің жүзіне Нұрым да қадалмады, үлкен адамның босаған көңілін босата түсуді және оған *б ө г е у б о л у д ы* лайық көрмеді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

БӨГЕУ[2] *Бөге етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ағын суды тоқтату.* Ең алдымен өткен жылы колхоз, МТС, совхоз басшылары қар тоқтату, көктем суын *б ө г е у* ісіне жауапсыздықпен қарады (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). Гүлнәрға Сырдарияны *б ө г е у* де өлімді бөгеумен бір сияқтанады (С.Мұқанов, Сырдария). **2.** *Жолынан қалдыру, күттіру, кідірту.* Сонша жанды сабырсыздыққа түсіріп тостырудан, самолетті жүру сағатынан *б ө г е у д е н* ұят не бар (С.Мұқанов, Алып. адым.). **3.** *Тосқауыл қою, кедергі келтіру, тежеу.* Мына жолды *б ө г е у* керек... Табандыға жер жағдайы медет те, көмек те (Б.Момышұлы, Шығ.).

Бөгеу аймағы. ә с к. *Қарсыластың жылжуын тежеп, оны шығынға ұшырату мақсатында әртүрлі инженерлік кедергілер жасалған жергілікті жер ауданы. Б ө г е у а й м а ғ ы н д а* жергілікті жер миналандырылады, жолдар, көпірлер және басқа объектілер қиратылады немесе қиратуға дайындалады, су, сым темір және басқа жарылмайтын бөгеттер орнатылады (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Б ө г е у а й м а ғ ы н д а* жолдарды бұзу, көпірлер мен елді мекендерді қирату, мина қондыру, су бастыру, жаяу әскерлер мен танктерге қарсы кедергі, тосқауылдар құру, орманды жерлерде ағаш құлатып, жолды бөгеу жұмыстары ұйымдастырылады (ҚСЭ).

Бөгеу жасағы. ә с к. *Қарсыластың шабуылына бөгет жасайтын инженерлік әскерлердің бөлімшелерінен (бөлімдерінен) тұратын) құрылым. Б ө г е у ж а с а ғ ы н ы ң* құрылымы орындалатын міндеттерге және ұрыстық жағдайға байланысты әртүрлі құрамда (бөлімше, взвод, рота, батальон немесе арнайы мақсаттағы бригада) болуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Әскери.).

БӨГЕУДЕЙІН с ы н. п о э т. *Бөгеу секілді, бөгеу тәрізді.* Асқары – асырмайтын *б ө г е у д е й і н,* Шалғыны – жан жаралап егеудейін (І.Жансүгіров, Шығ.).

БӨГЕУЛІ с ы н. *Бөгеуі бар, тосқауылды, шектеулі, кедергісі көп.* Бұрын Қазақстанда әдебиет пен поэзия, тіпті жалпы көркемөнер мен мәдениет сыйлы нәрсе емес еді, оның сыйлы еместігі былай тұрсын, бірсыпыра уақыт *б ө г е у л і,* шырмаулы болды (С.Сейфуллин, Шығ.).

БӨГЕУСІЗ с ы н. **1.** *Бөгеуі жоқ, бөгетсіз.* Мұндай жерге суды қалай *б ө г е у с і з* тоқтатпақсыңдар? (Ауызекі). **2.** а у ы с. *Тоқтаусыз, кідіріссіз, іркіліссіз.* Көп жылдар бойы еріксіз іркілген махаббат тасқыны, жаңа ғана жол тапқандай, *б ө г е у с і з* ақтарылды (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Өткір ұсақ тамшылар киімнен *б ө г е у с і з* өте шығады («Соц. Қаз.»). Ол қандай тәртіп бұзушы деген сұрақ аттылы топтың өн бойын қуалай жүгіріп *б ө г е у с і з* жетіп келді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

БӨГЕУШІ з а т. *Бөгейтін, кедергі келтіретін адам.* Тас еріп, дария су боп ағып, Тоқтатса *б ө г е у ш і н і* нөсер қағып, Жасырынған бұл екеуін таба алмастан, Жарығы дүниенің жүрсе лағып (И.Байзақов, Құралай.).

Бөгеуші аэростат. ә с к. *Қарсыластың әуе шабуылынан қорғалатын обьектілер үстіне аэростатпен бөгет жасау әдісі.*

БӨГЕУШІЛІК з а т. *Кідіртушілік, кедергі келтірушілік.* Буалдыр бұлдырлық, ұйқас үшін қиналып қиыстырушылық, тұтығып тіл *б ө г е у ш і л і к* одан аулақ (С.Мәуленов, Үркер.).

БӨГЕУІЛ[1] з а т. **1.** ә с к. *Жаяу әскер мен танкіге қарсы жасалатын кедергі, тосқауыл. Б ө г е у і л д і* әдетте орманды жерлерде ағаштардың бұтақты басын дұшпан жаққа қарата құлатып жасайды (ҚСЭ). **2.** с ө й л. ***Бөгет***. Шойынжолдың үстіне әр жерден тас үйіп, бір шақырымдай жерге шейін *б ө г е у і л* салдық (І.Жансүгіров, Шығ.). Отырықшы халықтар орманды жерлерде *б ө г е у і л д і* ағаштың бұтақтарынан кесіп жасаған (ҚҰЭ).

Бөгеуіл болды. *Кедергі жасады, бөгеді.* Еріне еңбек, іздегенге ақша берді. Бірақ Ертістің ен байлығына озбырлықпен ие бола кеткен Ганшин сияқты компаньондар, Шәкір сияқты саудагерлер, Усейін сияқты алыпсатарлар Ертіс ененің емшегіне ернін созған балаларына *б ө г е у і л б о л ы п*, Мардандардың аузынан асын жырып жейді, жанталасады (І.Жансүгіров, Шығ.). Біз одан комбайншылар жұмысына *б ө г е у і л б о л ы п* жүрген жағдайлар жайлы айтуын сұрадық («Лен. жас»).

Бөгеуіл жасады. *Кедергі келтірді.* Істің тамырын ұқпайды да, мезгілімен қолданатын шараларға *б ө г е у і л ж а с а й д ы* (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

БӨГЕУІЛ[2] з а т. и н ф. <лат. disturbance> *Байланыс, өлшеу, басқару, есептеу техникасы және т.б. жерлерде пайдалы ақпарат тасымалдайтын сигналды бұлдіретін әсер.*

БӨГЕУІЛДЕ= е т. с ө й л. ***Бөге***. Сен малдың алдын *б ө г е у і л д е й* тұр (Ауызекі).

БӨГЕУІЛДЕУ *Бөгеуілде етістігінің қимыл атауы.*

БӨГУ[1] з а т. в е т. *Жіті және созылмалы түрде өтетін сауын сиыр ауруы. Б ө г у м е н* ауырған мал оттамайды, күйісінен жаңылады, кекіреді, кейде іші кебеді (ҚСЭ).

БӨГУ[2] *Бөк етістігінің қимыл атауы; бір нәрсеге кенелу, белшесінен бату.* Төре атаулы төрінде, Тойып майға *б ө г у д е.* Төленгіттер төл терген, Төленгіттер егінде (М.Әлімбаев, Таңд. өлеңд.).

БӨГІРЕ з а т. *Кішкене қол сандық, сандықша. Б ө г і р е* – құрғақ тамақ өнімдерін сақтайтын және таситын ыдыс (Х.Тілемісов,.. Ауыл шаруаш. сөздігі).

БӨГІРЕБАС з а т. с ө й л. ***Бөгіре***. Бөркіңді *б ө г і р е б а с қ а* айналдырып салып ем, үкісі ғана ұйысып қалыпты (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан).

БӨДЕ: бөде үй. э т н. *Отырып қалған қызға жасауымен жабдықталған, арнайы тігілген киіз үй. Б ө д е ү й г е* жар іздеген серілер келіп кетуге рұқсат етіледі (Эксп. матер.).

БӨДЕНЕ з а т. з о о л. <лат. Coturnix coturnix > *Егістікте, қалың шөп арасында кездесетін, кекілік тұқымдас, сұр түсті, кішкене дала құсы. Б ө д е н е н і* кейбір жерде сайрағыш құс ретінде үйде де ұстайды, қораздарын таластырады (ҚСЭ). Алакөл, Зайсан, Марқакөл мекендейтін субүркіті, Наурызым қорығындағы тарғақ, далалық жердегі *б ө д е н е* мен дуадақ, өзенкөлдердегі ақбас үйрек, қалбағай, бүйра бірқазан азайып кетті дейтін дерек бар («Парасат»). Бытырап азып-тозған ел *Б ө д е н е* емей немене? Ортаңа дуан келген соң, Ел қорғар ерлер өлген соң, Тобыңды, елім, шайқады, Тұнығыңды сапырды (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Түлкі сөйтіп кетіпті қасқырды алдап, Көкжал қалды өз қолын өзі жалмап. Тобылғының түбінен жүріп,

Бір *б ө д е н е* ұстапты түлкі қармап (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). // *Кішкентай, ұсақ.* Сарғыш, жұқа қағазға оралған қой еті, майлы қазы-қарта, *б ө д е н е* бауырсақ, пластмас дорбаға салған тұздалған қияр, қант-мәнпәсиге дейін төбе көрсетіп, стол үстінде сән түзеп жатыр (М.Сүндетов, Бесқонақ). Тағы да өлі тыныштық. *Б ө д е н е* сағат даусы: «Ұсталдың, ұсталдың» деп тұрғандай (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

Бөдене бота. *Азғын будандардан туған бота.*

Бөдене бөксе. б е й н. *Әдемі бөксе, сұлу дене бітімі. Б ө д е н е б ө к с е* қыздар хош иісті гүлдерді ұсына бергенде-ақ полицейлер де, түрлі машиналары да көңілден ғайып болды (С.Бердіқұлов, Пердесіз көңіл).

Бөденеге бәрі бір [бөдененің үйі жоқ] қайда барса бытпылдық. *Құр бекерге күн өткізді, ісінде еш береке жоқ; еш жерде мекенжай, тұрақ жоқ, панасыз.* Жиылып қала салып алмадым-ай! Табам деп кең орынды қармадым-ай! *Қ а й д а б а р с а м «б ы т п ы л д ы қ б ө д е н е г е»,* Жаңа өкіндім, амал не аңдадым-ай (С.Торайғыров, Шығ.).

Бөдене қозы. *Кенже туған, дене тұрпаты жетілмеген, жатаған, кішкене қозы.*

Бөдене құйрықтатты. *Бөдененің құйрығындай етіп кесті.* Етжең бет-аузы үйқы қақты боп, арақ өтіп, бекі домбыққан батқасы Ташкеннен шығарда *б ө д е н е қ ұ й р ы қ т а т ы п* күзеп тастаған сақалын иегімен қосып уыстағаннан басқа қайрат қылған жоқ-ты (А.Сүлейменов, Бесін).

БӨДЕНЕДЕЙ с ы н. **1.** *Бөдене сияқты, бөдене тәрізді.* Тоқташы, өзің біздің ауылдың қыздарын шетінен қызықтырған қырғи едің, жаңбыр өткен *б ө д е н е д е й* немене бүрісіп кеткенсің? – деді ол (Ә.Әбішев, Найзағай). Езген кім, езілген кім зерттеліп, Би-болыс *б ө д е н е д е й* бұққан жылы. Көпшілік көзге түртіп бай, манапты. Жегенін желкесінен сыққан жылы (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Мәшиненің үстіндегілер ырғып түсіп, қырғидан қашқан *б ө д е н е д е й,* көрінген бұтаны паналады (Ж.Тәшенов, Қаратас). **2.** а у ы с. *Кішкентай ғана, томпиған.* Дастарқанда банан, лимон, апельсин, бұғып жатқан *б ө д е н е д е й* ғана тауық еті (Ғ.Мүсірепов, Достық.). – Әй, ішінде *б ө д е н е д е й* ғана келіншегі бар екен, құда түсіп алып қал («Лен. жас»).

Бөденедей бұлкілдеді. *Үн-тұнсіз томпаңдап, бұкшең қақты.* Байтал түгіл бас сауға быт-шыт болдық, Тұрымтайдан тығылған шымшық болдық. Жамбыл шалдан айрылып әрқайсымыз *Б ө д е н е д е й б ұ л к і л д е п* жымжырт болдық (К.Әзірбаев, Тойбастар).

Бөденедей жорғалады. *Құрдай жорғалады, жалпақтады.* Кішір, наздан, *ж о р ғ а л а б ө д е н е д е й,* Мен жасық қыз емеспін бөгелердей. Сұмдықты жан танырлық жинап келдім, Тоқтама торыққанша төге бермей (Ж.Еркінбаев, Шаншу).

БӨДЕНЕЛІ с ы н. *Бөденесі бар, бөденесі көп.* ≈ *Б ө д е н е л і* жер.

БӨДЕНЕПАЗ с ы н. *Бөдене төбелестіруге жаны құмар (адам).* Бір шайханаға кілең *б ө д е н е п а з д а р* жиналған. Олар бөденені таластырып, соның қызығына батады (К.Сейдеханов, Түркістан).

БӨДЕНЕСІЗ с ы н. с ө й л. *Бөденесі жоқ, бөденесі болмайтын (жер).* Шалғынды аймақта *б ө д е н е с і з* жер жоқтың қасы (Ауызекі).

БӨДЕНЕШЕ ү с т. *Бөденеге ұқсап, бөдене сияқтанып.* Лездің арасында барлығымыз да *б ө д е н е ш е* жып-жып етіп, егіннің арасына бұға-бұға қалдық (С.Мұратбеков, Жабайы.). Ол сұлу ұясын жасырған *б ө д е н е ш е* жасырды (С.Сейфуллин, Тар жол.).

БӨДЕНЕШӨП з а т. б о т. <лат. veronica> *Далада, жайылымда, шабындықтарда өсетін, аласа ғана, жатаған шөп. Б ө д е н е ш ө п* – сабынкөк тұқымдасына жататын өсімдік туысы (ҚСЭ). Осы эфемер жайылымдарда түлкімасақ, *б ө д е н е ш ө п,* Северцев сарғалдағы, сары апиын т.б. көптеген өсімдіктер өседі (Ә.Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.). Үшінші бір топ өсімдіктерде тек ортаңғы жапырақ қана өсіп шығады да, оның үстіңгі және төменгі жапырақтары болмайды. Бұған *б ө д е н е ш ө п т і,* көдені, селдіректі мысалға келтіруге болады (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Қазақстан жерінде *б ө д е н е ш ө п т і ң* 47 түрі өседі (Х.Тілемісов,.. Ауыл шаруаш. сөздігі).

БӨДЕНЕШІ з а т. *Бөдене ұстаумен, оны күтіп-баптаумен айналысатын адам. Б ө д е н е ш і* қылмысқа тартылса, бәндана үшін тартылады. Соны біле тұра, бөдене төбелестіру әлі жалғасуда («Жас Алаш»).

БӨДЕС с ы н. *Жүндес келген, мініске төзімді, көнбіс (жылқы).* Астындағы *б ө д е с* қоңыр құнанының омырауы, құлағы, көзіне шейін тер басқан (М.Әуезов, Шығ.). Желтең қара мал тырағайлап жайылып жатыр. Оты қанған *б ө д е с* тайлар бірін-бірі қуалап, шапқыласып, секірісіп, тістелесіп жүр (Ж.Аймауытов, Қартқожа). Митыңдаған есектен, Күзелген *б ө д е с* тай артық. Қисусан салған ұлпадан, Бір-ақ уыс жүн артық («Егемен Қазақстан»).

БӨДЕСКЕ з а т. к ә с. *Арбаның білігін бойлата астыңғы жағынан төселетін, ені 4–5 см ұзынша темір.* Арбаның *б ө д е с к е с і н* салды (Ауызекі).

БӨДИ-СӨДИ: бөди-сөди етіп. с ө й л. *Өйтіп-бұйтіп.* Сол клубқа деп өткен айда екі машина шифр, екі машина тақтай әкелінген еді, оны *б ө д и-с ө д и е т і п,* осы үйге жұмсап жібердім (Т.Оңғарбаев).

БӨДІРЕТ [ор. подряд] з а т. к ө н е. *Белгілі бір жұмысты тұгел істеп шығу үшін алынған міндет, борыш. Б ө д і р е т* алып отынға, Қарағай тартып қатынға, Жүрміз, міне, жолдасым (І.Жансүгіров, Шығ.).

БӨДІРЕТШІК з а т. к ө н е. *Белгілі бір жұмысты тұгелдей міндетіне алушы, көтермеші.* Бұл – Федоровтың *б ө д і р е т ш і г і* Курнос Иван (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). – Балық аулаудың мәнісін білесің ғой. Бұл араның теңізіне де міністкерсің. Маған *б ө д і р е т ш і к* бол (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

БӨЖЕЙ с ы н. к ө н е. *Кемеңгер, дана, данышпан, көсем.*

БӨЖЕК: **бөжек қақты.** с ө й л. ***Бұгежек қақты.*** Кендірбай оның алдына түсіп *б ө ж е к қ а қ т ы* (Ауызекі).

БӨЖЕКТЕ= е т. с ө й л. ***Бұгежекте.*** Жабыдан туған жаман ат, Шаба алмайды *б ө ж е к т е п* (М.Өтемісов, Өлеңд.).

БӨЖЕКТЕУ *Бөжекте етістігінің қимыл атауы.* ≈ Атының *б ө ж е к т е у і.*

БӨЖЕҢДЕ= е т. с ө й л. *Бөжектеу, бөжек қағу.* ≈ *Б ө ж е ң д е у м е н* болды.

БӨЖЕҢДЕТ= е т. *Бөжең-бөжең еткізу.* Ырғыздан бір өткенде үш-төрт өттік. Міндік те Тарман атқа *б ө ж е ң д е т т і к* (І.Мәмбетов, Сал сары).

БӨЖЕҢДЕТУ *Бөжеңдет етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Б ө ж е ң д е т у і* жаман.

БӨЖЕҢДЕУ *Бөжеңде етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Б ө ж е ң д е у м е н* болды.

БӨЖІ= е т. с ө й л. ***Бөс***. Жеңгеңді мақтап, кеттім-ау сонша *б ө ж і п* тым, Ит жылы болар тағы бір «соға» кезіктім («Шұғыла»). Жындылықтың жетегіне ілесіп, бірде *б ө ж і п,* бірде шөжіп, бірде есіп, түйтігі жоқ, саңылауы жоқ кейбір жан, өтті-ау шіркін көрінгенмен тістесіп («Шұғыла»).

БӨЖІП-БӨРТ= е т. *Кеуде қағу, мақтану.* Бірақ есепке алып есіркеп, жақсылық істедім деп кеуде қағып, *б ө ж і п-б ө р т к е н* д е емес (О.Бөкеев, Үркер.).

БӨЖІП-БӨРТУ *Бөжіп-бөрт етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Б ө ж і п-б ө р т у і н е* болайын.

БӨЗ з а т. **1.** *Мақтадан тоқылатын жұқа, арзан қолды ақ мата.* «Ата даңқымен қыз өтеді, мата даңқымен *б ө з* өтеді» деп, Байжан өзі тәуір болған соң, қол жетіп тұрған заманда бір бай жерден Жұманға жақсы қыз айттыруға ойы бар еді (М.Дулатов, Шығ.). – Ей, батыр, бұл сен айтар сөзің емес, Уайым қып сескенер кезің емес. Келер істі жалғыз-ақ Алла білер, Ол сенің өлшеп сатар *б ө з і ң* емес (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Арнайы Лепсі жәрмеңкесінен барқыт, шағи, *б ө з*, сәтен сияқты маталар сатып әкеліпті (Ә.Шәріпов, Сахара.). *// Бөзден істелген.* Мінеки, ол чемоданының түбіндегі құмандай құйма қантты теңдей етіп ұсақтады да, *б ө з* дорбаға салып, темір қобдишаны ұстап жылғаға тартты (М.Мақатаев, Шығ.). Иніші жыртылған көйлектер, тері шалбар мен *б ө з* көйлектің қасында ханның киіміндей (Х.Есенжанов, Тар кезең). *Б ө з* көйлегінің екі жауырынының ортасы сұрқайланып көрінеді (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). **2.** э т н. *Қайтыс болған адамға арналып тігілетін киім; кебін.* Тар лақатқа кірерсің *Б ө з д е н* кебін шұлғанып. Дүнияда жүрген достарың Кірмес көрге бір барып (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Саудырсыз сары қамқаны, Садаға кеткір сұрайды Самарқанның *б ө з і н е* Кесілді түйін шешілсе, Кердең мойын кесілсе, Келмей кетпес кезіне. О да – Құдай пендесі, Түспей кетер деймісің, Тәңірінің құрған тезіне (Абай, Тол. жин.). Көзім жұмылған соң осынша байлықтан маған бұйыратыны – сарт тоқыған он метр *б ө з* ғана, сондықтан «малдан айырылады екем» деп уайым етер жайым жоқ (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). *// Жаман, нашар, бос, құнсыз.* «Өй, тәңірі айшыл», кер есек, Қулық-сұмдық не өсек. Болмаған соң бір есеп, Мейлі қамқа, мейлі *б ө з* (Абай, Тол. жин.). Барды сылқым – ақ тамақ, Жүретін ек мақтап-ақ. Өскен сайын өзгерді, Жұрттың бәрін *б ө з* көрді (Жас қанат). Тоғыз би сөз айтпайды, *б ө з* айтады, Дүттайдың тоғыз бисіз өзі айтады (Бес ғасыр.).

Ақселдір бөз. *Ақ түсті жұқа мата.* Ақыреті құрғырдың *а қ с е л д і р б ө з і* табыла бермейді де, азды жеткізем деп қымқыра өлшейді (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан).

Аузынан сөзі, қойнынан бөзі түскен. *Жасық, ұяң, ынжық, боз өкпе. «А у з ы н а н с ө з і, қ о й н ы н а н б ө з і т ү с і п»* дегендей, қарадан-қарап тұрып-ақ қысылып-қипақтап, біліп тұрғандарын жөндеп айтып бере алмай кісінің діңкесін құртады (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Келген басшы алғаш көргеннен-ақ көсіліп сөйлеп, төгіліп тұрмаса, *а у з ы н а н с ө з і, қ о й н ы н а н б ө з і т ү с к е н* біреу екен, басшы боп не оңдырар дейтін пікірден де ауыл адамдары құр алақан емес-ті (Ә.Қалмырзаев, Ар). Момын, *Қ о й н ы н а н б ө з і, а у з ы н а н с ө з і т ү с к е н* божыр болса керек (С.Бердіқұлов, Нар тәуекел).

Бөз орнына сөз берді. *Құр сөзбен шығарып салды. Б ө з о р н ы н а с ө з б е р і п,* Құда,

тамыр, дос кетті. Қол ұстамай, көз көріп, Айтқан арыз боп кетті (Абай, Тол. жин.). Ертеңгіні ойла, халқың үшін қамыға біл, әрқашан елің есіңде жүрсін. *Б ө з о р н ы н а с ө з б е р г е н* бөсербайлардың соңына еріп елірме, есуастанба (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

Сөздің бөзін шығарды. *Дұрыс айта, жеткізе алмады, сөзінен жаңылды, сандырақтады.* Айтқан *с ө з д і ң б ө з і н ш ы ғ а р ы п,* қожыратып жеткізді-ау. Сондықтан да Үміттің іші жылымай-ақ қойды. Көбінесе салдырлап, өзі сөйлеп Айтқали аузын буған өгіздей үнсіз қала берді (Б.Тілегенов, Уақыт).

БӨЗДЕЙ с ы н. *Бөз сияқты, бөз тәрізді.* Үйде сұңқар түлеткен, Қиядан сұңқар тілеткен. Алтайы қызыл түлкі алған. Қиядан барып теке атқан, Паршаны *б ө з д е й* жырттырған, Жібекті жүндей түттірген (Кеңгірбай биді жоқтау). Оңған *б ө з д е й* ажарсызданып барып, ұмыт болған жай ғой (Б.Шаханов, Fашық.). Ажалдан секемдеу жоқ тәйірі, Жыртады тозған *б ө з д е й,* отты айырып. Жау атқан қара бұлттай қорғасындар, Жатады жел қаңсытқан ақтай іріп (Е.Ибраһим, Жас ғұмыр).

Бөздей болды. *Ақшыл тартты, бозарды, өңі қуарды.* Ащы жастан мұнар қаптап көз алды, Көк сағыздай созылады жұлыны. Қызыл өңі *б ө з д е й б о л ы п* бозарды, Келе жатыр ер үстінде ілініп (Т.Иманбеков, Бұлақ). Бір жыл төсек тартып жатқан Еркеболат сүзектен тұрғанда сақарға салған *б ө з д е й б о п* шыға келді (Ә.Қалмырзаев, Ар).

БӨЗДЕН= е т. *Бөз тәрізденіп, өңі қашып бозару.* Кей шақтарда почташы қарт хат әкелгенде, ажары тайып *б ө з д е н і п,* жүзіне уайым сызаты шыға келетінін Нұрила сырттай бағдарлағанымен, сұрауға батылы жетпейтін (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

БӨЗДІ с ы н. *Бөзі бар, бөзі мол.* Сол баяғы *б ө з д і* саудагер үйімізге тағы келді (Ауызекі).

БӨЗЕК: бөзек болды. *Аяқ асты болды, қор болды.*

Бөзек етті. *Қорлады, аяқ асты етті, басынды.* Қамқорлық деген нәрсе күштілердің бір алдамшы тәсілі, мықтының әлсіздігі *б ө з е к е т е т і н* келмеген сөзі ғана, ет бауыры елжіреп тұрса мені қоя бермей ме? (Ж.Сәмитұлы, Шығ.).

БӨЗШЕ ү с т. *Бөз сияқты, бөзге ұқсап.* Оның да орта бойлы сөз байлығы, жалдапты көтерме алып, сатқын *б ө з ш е* (Айтыс).

БӨЙЕК з а т. ж е р г. *Шыны ыдыс. Б ө й е к т і ң* ішіне сары май құй (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БӨЙЕКБАУ з а т. ж е р г. *Жәкірге байланатын кендір жіп. Б ө й е к б а у* үзіліп кетіп, жәкір су түбінде қалды (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БӨЙТЕКІ с ы н. ж е р г. *Дөрекі, сөлекет; ыңғайсыз.* Менің сөзім де *б ө й т е к і* болды ма, неге күлдіңіз? (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БӨЙТІК з а т. ж е р г. *Күзетшілер киетін, теріден тігілген аяқ киім. Б ө й т і г і ң д і* ки де жылқыға бар (Б.Базылхан, Монғол. қаз. тілі).

БӨК= е т. **1.** *Жеген азықтың қарында бөртуі.* Қарынның тым үлкеюі қарынның не ішектің ішіне газ толғанын, не тез *б ө г е т і н* азықты көп жегенін көрсетеді (Ә.Әбішев, Мал санитары.). Қой көк шөпті бірден көп жеп қойса, қарынға барғанда тез *б ө г і п,* газ шығаратын шөптер араласса, мал күпті болып, іші кебеді (Шопан серігі). **2.** *Бойына су тарту, сұйықтыққа, суға қану.* Жер қар суынан кейін *б ө г і п,* бабына кеп жатқан сияқты (С.Мұратбеков, Көкорай). Дала қара күрең; кешелібергі жауыннан *б ө г і п* қалыпты (М.Сүндетов, Ескексіз.). **3.** а у ы с. *Тамақты (жемді) қалыптан тыс артық жеу; шеміршек ату.* Үйдегі қымызға *б ө к к е н* адамдардың жағасы жайлауға кетіп, аузынан сілекейі ақты да қалды (І.Жансүгіров, Шығ.). Ырсылдап демін алды Есмет біраз, Май жұтып, етке *б ө г і п* жатқан сабаз. Болса да жүрегі мұз, пейілі тар, О дағы жан иесі мақтанымпаз (Ж.Саин, Күләнда). Бітпей жатқан шаруа жоқ, Кіші көкті жегіп ал. Жемге *б ө г і п* тұрған ат (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). **4.** а у ы с. *Бір нәрсеге кенелу, белшесінен бату.* Сарқырап Таушелектің тасқын суы Жарқырап тастытасқа соғып жатыр. Миуалы белден шалғын бетегелі, Қияда жайылып мал *б ө г і п* жатыр (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Шілденің ыстығына *б ө г і п* маужыраған ашық күн (С.Шаймерденов, Қарғаш). Ана да көзін жұмып ап дыбыссыз ұйқыға *б ө г і п* жатыр екен (А.Байтанаев, Қайнар.). Ержанды шаңға *б ө к к е н* құрылысшы деп ешкім айта қоймас (Т.Қойшыманов, Қоңырат.). **5.** а у ы с. *Рақаттану, ләззат алу.* Мынау әлдеқайда еңбек буына бөленіп, қосылып салған әндерін, көркем әуені күн шырайын бірден түзеп жібергендей боп, әнші күнді нұрға *б ө к т і* (Б.Майлин, Шығ.).

Қанға бөкті. *Қанға батты, қан болды.* Күні-түні дулығасын тастамаған басынан, Ұйықтап жатыр, жерін қорғап *қ а н ғ а б ө к к е н* жас ұлан (М.Шаханов, Баллада.). Туған жердің көне топырағы *қ а н ғ а б ө к к е н і м е н* халықтың ардагер ұлдары қас жауына берілмей, қасық қандары қалғанша қарсыласты (Д. Досжанов, Құм жұтқан.). Өңі өртгей, *Қ а н ғ а б ө к к е н* Қызыл қарды да көрдім. Жерге жетпей, Арманда өткен Жұлдыздарды да көрдім (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

Майға бөкті. *Семірді, жүнттай болды.* Қаратаз іркіт құйған местей, *майға бөгіп,* лықылдап тұрған денесін шайқап, ырқ-ырқ күлді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Ақбас атан *майға бөктіі* семіріп, Шым қорада тұра алмады ерігіп. Бірін тарпып, бірін тістеп, бір күні Аруанаға ауыз салды желігіп (С.Сейтенов, Бойжеткен.). Біз сияқты жоқ қой сенің жауырың. Былқылдайды *майға бөккен* сауырың. Жүрісіңнен жаңылмайсың, Жорғасың. Жорғасың сен, Жорғасың сен, бауырым! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Малға бөкті. *Дәулеті асты, байыды.* Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ, оларға жөн арамның сөзін ұқпақ, Қос маңғаз, *малға бөккен* кісімсініп, әстеуақ кеселді істен биттей қорықпақ (Абай, Тол. жин.).

Сүтке бөкті. а) *Сүтке тойды, тойынды. Сүтке бөккен* марқа қозылардың өзі бірегей («Лен. жас»). Бал тамған балаусадай мезгіл көктем, Жерде айғыр кісінеп, бұлт көктен, Жер семіріп жаңбырға, жас құлындар Жұмыр жон, жатыр қағып *сүтке бөккен* (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). ә) *Сүттенді.* Бидай жатыр жел шайқап, *Сүтке бөгіп* тырсиып. Аспан мен жер кең байтақ Бір қауызға тұр сыйып (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

БӨКЕ[1] з а т. к ә с. *Қайықтың қабырғасына тігінен салынған жұмыр ағаш. Бөкенің* санына қарай, қайықтың үлкен-кішілігі ажыратылады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БӨКЕ[2] з а т. к ә с. *Бір жерге жал болып жинақталған, тырмаланғаннан кейінгі шөмеленбеген, шабылған шөп.* Жұрт түгел егінге ауысты, шөп қалып қойды, шабылмағаны суық түсе қатып қалды, шабылғанының өзі жиналмай *бөкеде,* шөмеледе жатып шіріп қалды (З.Ақышев, Жесірлер).

БӨКЕБАЙ[1] [ор. пуховой] з а т. **1.** *Түбіттен, жүннен тоқылған жұмсақ мойын орағыш.* Ондайда белбеу, *бөкебай,* тымақ оңай табыла қойған ба? Көріп тұрсақ та көрмейміз (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.). Жағаларын көтеріп, мойындарын *бөкебаймен* орап, тұмақтарын баса киіп алған кісілердің сақал, мұрт, қас, қабағын қырау ұстаған (М.Дулатов, Шығ.). Үскірік қатайып кеткенде тымақтың артқы құлағын баса мойнына түбіт *бөкебай* орайды (Ж.Орманбаев, Қос басшы). **2.** *Түбіттен, жүннен тоқылған үлкен орамал; шәлі.* Машрап келіншек ақ *бөкебайды* көтеріп келді де, Рабиғаның басына бүркеді (Б.Майлин, Шығ.). Қайырма жағалы пүліш пальто киіп, басына түбіт *бөкебай* тартқан Күнзила аудан орталығына келгенсін азық-түлік ләпкесіне кірді (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

Бөкебай орамал. *Жүннен тоқылған орамал.* Ақ *бөкебай орамал,* Басында дүр, жар-жар-ай. Жарыса өскен қатарың Қасында дүр, жар-жар-ай (М.Сералин, Гүлқашима).

Бөкебай ішік. *Жүннен тоқылған ішік.* Қой мен ешкінің терісінен тон, үлкен қойдың терісінен ішік, сеңсең ішік, елтірі ішік, лақ терісі ішік, *бөкебай ішік* тігіледі (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БӨКЕБАЙ[2] з а т. ж е р г. *Желкеннің кішірек түрі.* Кәрім *бөкебайды* көтер. Жел қатты соққанда тек қана *бөкебаймен* жүреміз (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БӨКЕБАЙДАЙ с ы н. *Бөкебай сияқты, бөкебай тәрізді.* Бағанағы көлеңкелі ақша бұлттар таудың өркешіне, шоқтығына *бөкебайдай* оралып, көк ала түске еніпті (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). Сүйемін, кәрияларды пәк тілегін, Тау алдының ашпалы тәтті лебін. Сүйемін, сағынғанда мойынға *бөкебайдай,* Оралатын арудың ақ білегін (С.Әлімқұлов, Қыран). Шалдың мойнына *бөкебайдай* оралған бейқам арудың балғын білегі осы бір жәйтті аңғарғандай еді (Т.Бердияров, Солдат.).

БӨКЕБАЙЛЫ с ы н. *Бөкебайы бар, бөкебай салған.* Қараша үйден қолында құманы бар *бөкебайлы* әйел шығар еді (О.Бөкеев, Қамшыгер). Қара *бөкебайлы* қартаң кемпір тұрып: мына мұздақтың жұртқа қолайсыз болғанын, өзінің екі жерде сүрініп құлап, әзер жеткенін айтты (Т.Нұрмағамбетов, Қош бол.).

БӨКЕБАЙЛЫҚ с ы н. с ө й л. *Бөкебай боларлық.* Мынауың бір *бөкебайлық* жүн екен (Ауызекі).

БӨКЕБАЙСЫЗ с ы н. *Бөкебайы жоқ, бөкебай салмаған.* Көк шытқыл аяз. Әкенің сақал-мұрты қырауыта бастаса да тымағының бауын байлаған жоқ. Мойны *бөкебайсыз* (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

БӨКЕБАЙСЫМАҚ з а т. э к с п р. *Толық мәнінде бөкебай емес, бірақ бөкебай орнына жүретін нәрсе.* ≈ *Бөкебайсымағын* орады.

БӨКЕБАЙШАҢ с ы н. *Бөкебай жамылған (салған), тек бөкебайы ғана бар.* Таңертең *бөкебайшаң* бір әйел үйге асығыс-үсігіс кіріп келді (Ауызекі).

БӨКЕЙ з а т. к ө н е. *Батыр, ержүрек.* Қазір көбіне кісі аттарында кездеседі. Балуанды монғолдар *бөкей* дейді (Сөз сандық).

БӨКЕК: **бөкек қақты**. с ө й л. ***Бүкең қақты.*** Алдында *бөкек қаққан* Сырымбай ұрыларымен келеді (М.Қуанышбаев, Кек қылышы).

БӨКЕКТЕ= е т. с ө й л. ***Бүкеңде.*** Кешегі топ бала асық ойнаған тақтақ жолдан бұры-

лып, *б ө к е к т е г е н* жолаушы ауыл маңында жүрген кісіге тақалды (Ә.Әзиев, Жез тау.).

БӨКЕКТЕТ= е т. с ө й л. ***Бүкеңдет***. Жетегіндегі ақ қасқа сәурікті *б ө к е к т е т і п* кеп, үй маңына жақындата бере: – Айым, уа, Ақсәулеш! – деп айғай салды (О.Тәжиева, Қара қолғап).

БӨКЕКТЕТУ *Бөкектет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ұзақ *б ө к е к т е т у*.

БӨКЕКТЕУ *Бөкекте етістігінің қимыл атауы.* ≈ Аттың *б ө к е к т е у і*.

БӨКЕЛІ с ы н. к ә с. *Бөкесі бар, бөке салынған.* 8–12 *б ө к е л і* қайық қауіпсіз болады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БӨКЕН[1] з а т. з о о л. <лат. antilopinae> *Далалы жерді мекендейтін, қуыс мүйізділер тұқымдасына жататын аша тұяқты жүйрік аң; ақбөкен.* Ол құмдарда соңғы жылдары мүлде мыңғырып өсіп кеткен *б ө к е н* қалың болатын (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Аққу көрдім айдынан сыңары жоқ, *Б ө к е н* көрдім далада тұрағы жоқ. Мен елімнің шықсам-ау дегенінен Жанып тұра берсем-ау шырағы боп (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). Қырында *б ө к е н,* құлан бар, Көлінде балық, бұлан бар, Тоғайдағы елігі Байқасақ қарап көзігі (Қ.Жапсарбаев, Өлеңд.). Аспаннан борап қар жауса, Шұбыртар қырдан *б ө к е н і н* (Базар жырау, Шығ.).

Бөкен аяқ. *Жіңішке, сидам, ұзындау аяқ.* Трибуна алдынан кекіл-жалы тоқпақтай орыс желгіштері де, *б ө к е н а я қ,* қаз мойын ақалтеке жүйріктері де өтіп жатыр («Лен. жас»).

Бөкен бөксе. *Толық, жұмыр бөксе.* Әрілі маңғазсынған *б ө к е н б ө к с е* көршісі – сары тотының өзі бұған сұқтана қарап, ішін шұқылайтын (Е.Әкімқұлов, Шығ.).

Бөкен жақ. *Ат жақты, жағы ұзын.* Елуді еңсеріп тастаған, шомбалдай шойын қара, қабағы түксиген, қасы қалың, *б ө к е н ж а қ,* бөртпе сақалды, бөрі кеуделі, еңгезердей Түрсынның әкесі Балапан ақсақал («Қаз. әдеб.»).

Бөкен желіс. *Екпінді, қатты, сар желіс.* Елден ұзап шығысымен ат көзіне байланған қап алынып тасталынды. Күрең *б ө к е н ж е л і с к е* түсті (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Айдаушы анда-санда бір ысқырып, бишігін үйіріп қойса болғаны қысы-жазы жемде тұратын жануарлар *б ө к е н ж е л і с і н* бәсеңдетіп көрген емес (Ғ.Сланов, Очерк.).

Бөкен желіске басты. *Сар желіске салды.* Күншығыс жақ құлан иектене бастағанда жылқы өрісінен Есеналы шуу дегеннен қасқыр қараны *б ө к е н ж е л і с к е б а с т ы* (Ж.Тілеков, Қайнар). Бір уақытта жалғыз аяқ жолға түсіп алып, *б ө к е н ж е л і с к е б а с т ы* айғырым (Т.Әлішеров, Өнерпаз.).

Бөкен желіске салды. *Сар желді, қатты желді.* Ұрса ма деп қорыққан Бекеғали *б ө к е н ж е л і с к е с а л ы п* шоқыта жөнелді (С.Бақбергенов, Қайран шешем). Әдемі жарау қаракөк биені *б ө к е н ж е л і с к е с а л ы п,* біздің аттарымызды шоқалаң шабысқа түсірген Сейфолла Көкен екеумізді қағыта сөйлеп келеді (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.).

Бөкен қабақ. *Сыртқа қарай шығыңқы, түксиген тік қабақ.* Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ, Қой мойынды, қоян жақ, *б ө к е н қ а б а қ.* Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды, Ой желкелі, үңірейген болса сағақ (Абай, Тол. жин.). Орта бойлы, иықты, *б ө к е н қ а б а қ,* бүркіт көз, қазанат дене боз жігіт телефонмен сөйлесіп тұр (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Бөкен құшақ сан. ж е р г. *Жуан, жұмыр, үлкен сан.* Жалбырағаң жалы бар, *Б ө к е н қ ұ ш а қ с а н ы* бар. Анау жылқы үйірі (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

Бөкен сан. *Бұлшық етті, жұп-жұмыр сан.* Дөнен шыққанда қара көктеніп өзгере бастады. Жұп-жұмыр *б ө к е н с а н д а р ы н д а,* ту сыртында әсем теңбілдері бар (З.Иманбаев, Солма. гүл.). Сом тұяқ, қысқа бақай, жазық бауыр, *Б ө к е н с а н,* бөрі құлақ, құлын сауыр. Қолдау еті бесіктей, қоян жонды, Қайыспас берік мұз бел, арт салдауыр (Батырлар жыры).

Бөкен санды. *Жұп-жұмыр саны бар.* Екі жал тақтайдай тура түскен, Сан еті кесек-кесек білемдескен. Жайтаңдаған жүрісі, *б ө к е н с а н д ы,* Төрт аяқтың жүрісі жерді тескен (И.Байзақов, Таңд. шығ.).

Бөкен тон. *Бөкен терісінен тігілген тон. Б ө к е н т о н ы н* жамылса, Көкірегі қабынса, Теріс қабаққа бағынса, Ажалы жеткен майталман, Көп ұзамай табылса, Бұл – сұр мергеннің реті (Ақтан Керейұлы // Ақберен).

БӨКЕН[2] з а т. ж е р г. *Жылқының құйрығының, жалының арасында инедей қадалып, оны аздыратын жәндік.*

БӨКЕНДЕ= е т. ж е р г. *Тұлеу, жүн тастау.* Семіз мал ерте *б ө к е н д е й д і* (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БӨКЕНДЕЙ ү с т. *Бөкен сияқты, бөкен тәрізді.* Еспембеттей ержүрек Қолмен бірге келеді. Топ «шу» десе, Ақбөрте Артынан шаңды боратып, Алдынан құйын оратып, *Б ө к е н д е й* орғып желеді (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Қашқынбай, Сарыбай, Сәдір, жүйрік Бостан, *Б ө к е н д е й* бауырын төсеп желге тоскан (Базар жырау, Шығ.).

БӨКЕНДІ с ы н. *Бөкені бар, бөкені мол.* Сарыарқа мен Бетпақдала – *б ө к е н д і* жер (Ауызекі).

БӨКЕНЖАРҒАҚ з а т. *Бөкеннің терісінен түгін сыртына қаратып, астар салып тігілетін ерлердің сырт киімі. Б ө к е н ж а р ғ а қ* қыста жылы, жаңбырда су өткізбейтін болғандықтан түздегі малшыға, жолаушыға қолайлы киім деп есептелген (ҚСЭ). *Б ө к е н ж а р ғ а қ* – жұмсақ иленген бөкен терісінен тігілетін астарлы тыс киім (ҚҰЭ).

БӨКЕНШЕ ү с т. *Бөкенге ұқсап, бөкен тәрізденіп.* Толқындай тұлпар бұлқынып, Борандай соғып жұлқынып, Ел қайда деп жөнелді... *Б ө к е н ш е* желіп сілкініп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Денесі қызып, аздап қолтығы терлегесін бір-екі рет қатты пысқырынып алады да, аяқты кере, көсіле тастап саржеліске салғанда *б ө к е н ш е* жортады (С.Бақбергенов, Адам.). Кедергіден өткенде, Жер ортаға жеткенде, Көтермеші көп қолға Ұстатпай шылбыр кеткенде, *Б ө к е н ш е* тастап аяғын Бұршақтап тері төгілген (Базар жырау, Шығ.).

БӨКЕҢ е л і к. *Бұкшең-бұкшең етіп, бөкеңдеген қимылды бейнелейтін сөз.*

БӨКЕҢ: **бөкең қақтырды**. с ө й л. ***Бұкең қақтырды.*** Аттарды *б ө к е ң қ а қ т ы р ы п* жүріп келеміз (Ж.Аяшев, Алақан).

БӨКЕҢДЕ= е т. *Бөкең қағып жүгіру, желу.* Құйрығын жымқырып ап, алдымыздан *б ө к е ң д е п* өте шықты (Т.Иманбеков, Үш ай.). Балапандай жүгіріп ең *б ө к е ң д е п,* Иығыма асылып ең кетер деп (Қ.Бекхожин, Менің замандас.).

БӨКЕС [ор. покос] з а т. *Қол шалғымен шапқандағы, ат тырмамен тырмалағандағы бір қатарға жиналған шөп.* Шалғышылар жүріп кеткен жерде жал-жал боп жаңа *б ө к е с т е р* қалып жатыр (М.Дүзенов, Ақәже). Шабылған шөпті маялауға мұрса бермейді, қыруар пішен *б ө к е с т е* жатып шіритін сыңайы бар (С.Байжанов, Сыр.). Бұл машинамен *б ө к е с т е р д е* жатқан шөпті жинап отырады және олардың сабақтарын сындырып жаныштайды (Ауыл шауаш. машин.).

БӨКЕУІЛ з а т. с ө й л. ***Бақауыл.*** Мысалы: ханның азық дайындайтын озбыр *б ө к е у і л і н* және сондайларды қасқырға теңеп, «қасқыр» дегенді озбырлық, тамақсаулық суреті қылатын болған (С.Сейфуллин, Шығ. жин.). «...Бар екен, жоқ екен... Бөрі *б ө к е у і л* екен. Түл-кі жасауыл екен...» (С.Сейфуллин, Шығ. жин.).

БӨКИ з а т. к ө н е. ***Құбыжық.*** *Б ө к и* келеді, жалмауыз кемпір келеді, пері, жыншайтан, албасты, обыр келеді деген сықылды сөздермен баланы қорқыту қып-қызыл зиян (М.Жұмабаев, Шығ.).

БӨККІШ с ы н. *Жиі бөгіп қалатын, тез тойынғыш.* Кей құлын бар ұйықтампаз, сүтке *б ө к к і ш,* Кей құлын бар бетімен ойнап кеткіш... Кей бие бар кезінде емізбейтін, Қытықшыл, қымсынымпаз, құлын тепкіш (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға).

БӨКПЕ[1] з а т. с ө й л. ***Бөкпен.*** Ақтаған тарының *б ө к п е с і н* үлкен шараға толтырып, бетіне туралмаған қой етін салып, түздық құйып әкелді (Н.Әбуталиев, Сахара.). – Кептірілген кеспе нан қайнаған кезде *б ө к п е г е* айналып кетті («Лен. жас»).

Бөкпе нан. т а м а қ. *Жайылған қамыр арасына ет салып, пешке пісірілген нан.* Қамыр жаймаға малдың, құстың етін орап, пешке пісірген *б ө к п е н а н д ы* «бәліш», ал ескіде «бүйрек», «бүйрекше нан» деп те атаған (Д.Қатран, Қаз. дәст. ас-тағам.).

БӨКПЕ[2] с ы н. ж е р г. **1.** *Борпылдақ, жұпжұмсақ, майда.* Соқа тісін сәл тереңдете *б ө к п е* топырақ қалыңдап, өгіздер мықшиып тұрып қалды (С.Мұратбеков, Көкорай). Топырақтың *б ө к п е* жұмсақтығы керзі етіктің сыртынан білініп келеді (С.Мұратбеков, Көкорай). **2.** а у ы с. *Көпіргіш, көбейгіш.* Бұл қоспаға су қосып араластырады, сонда ол сабынды *б ө к п е* болып шығады (С.Сейкетова, Теріні күту).

БӨКПЕН з а т. **1.** э т н. *Талқанды, қуырылған ұнды сүтке бөктіріп пісірген ас, ұлттық тағам.* Қала халқы жас балаларына *б ө к п е н,* тәтті ғып күріш ботқа пісіріп береді (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Зергүл қазанның қақпағын енді алып, ағаш табаққа *б ө к п е н* құйып тұр екен (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Бауыр ауырғанда нан, күріш, *б ө к п е н,* кисель, сүт, майсыз ақ ірімшік, айран, қатық ішу қажет (Келіншектер.). **2.** а у ы с. *Балшықты дымқыл жер.* Жер қар суына әлі бөгіп жатыр. Ойпаң біткен қара *б ө к п е н* (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

БӨКПЕНДЕЙ с ы н. *Бөкпен сияқты, бөкпен тәрізді.* Сағиттың бетіне астындағы оты сөнбеген қатықсыз қара *б ө к п е н д е й* бармақтай-бармақтай мең-безеулері теуіп, быршып шықты (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай). Қар үш күн, үш түн жауып, жерді әуелі *б ө к п е н д е й* қылып тастады да, артынан аяз ұрып берді (Т.Жармағамбетов, Соңғы хат).

БӨКПЕНДІК с ы н. *Бөкпен жасауға арналған, бөкпен боларлық. Б ө к п е н д і к* талқаны да таусылып қалыпты (Ауызекі).

БӨКСЕ з а т. *Адам мен жан-жануардың белінен төмен жамбасының тұсы.* Жаз мініп, күз жайлаған боз ингенім, Жануар, жауыр қылмай көп жүргенім, Кеудең – ана, *б ө к с е ң* – қыз зайыбым-ай Сен кеткен соң не болады, қайран күнім! (Шал ақын, Өлеңд.). Сенің бейбіт күндеріңді кім шапты? Секеңдеген сері

кездер мұң шақты. Жылы орынды сүйеді екен *б ө к с е л е р,* Жамбас шіркін сүйеді екен жұмсақты! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Солардың дәл астында сылаң қаққан, Сұлулар *б ө к с е л е р і н* бұраңдатқан. Шу етіп мені көріп жетіп келді, Бу атқан денесінен кіл ант атқан (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Бөксе басып отырмады. *Тыным таппады, дамыл көрмеді.* Жұмасұлтан байғұс елпілдеген, тынымсыз еді. Қазір де үйінде *б ө к с е б а с ы п* бір *о т ы р м а д ы* (К.Қазыбаев, Дәуір.).

Бөксесін көтере алмады. *Жүре алмады, шаба алмады, аяғынан тұра алмады.* – Қасқа бас, сараң, оңбайды ол. Таңдап берген атының түрін, *б ө к с е с і н к ө т е р е а л м а й т ы н* мәстек, – дейді аузы жыбырлап (З.Шашкин, Өмір.).

Сал бөксе. *Оңайшылықпен қозғалмайтын, тез қимылдай қоймайтын; сылбыр.* Олардың ойынша бұлардың алдындағылар оқымаған, білмеген, *с а л б ө к с е,* самарқау біреулер болған тәрізді («Қаз. әдеб.»). Сонда ғана торуылдап жатқан *с а л б ө к с е* қасқырлар сүйретіле тұрып, жылысып кете бастады («Қаз. әдеб.»).

БӨКСЕБАСАР: бөксебасар болды. *Көп отырып қалатын болды, жүріп-тұруы қиындады.* Әттең, бізде көлік жоқ. Оның үстіне кемпір де *б ө к с е б а с а р б о л ы п*... Құмаршақ қағып жүрген түріміз мынау енді (З.Шүкіров, Ізгілік.).

БӨКСЕБАСТЫ: бөксебасты қылды. *Ауыртпалық түсірді, тұрмысты қиындатты.* Оқыған азаматтардың ешбір көмегі тиген жоқ. Басшылық етем деп, елді *б ө к с е б а с т ы қ ы л д ы* (М.Әуезов, Қараш.).

БӨКСЕЛЕ= е т. **1.** *Киіп-жару, соқтығу.* Ол өзінше қимылдап, *б ө к с е л е п* барып қалған (С.Шаймерденов, Болашақ.). **2.** *Ығыстыру, ықтыру.* Тантайлаған қырғызды *б ө к с е л е г е н,* Баяғыдай кеулеген заманың жоқ (Жамбыл, Шығ. жин.). **3.** а у ы с. *Басу, жабу.* Тауды тұман *б ө к с е л е п,* Өзен төлі жамырайды. Көз жұмғанда көкше көк, Көсіліп жер тырайды (І.Жансүгіров, Шығ.).

БӨКСЕЛЕН: сал бөкселенді. а) *Орнынан тұра алмады.* Қошқарларының құйрықтарын екі доңғалақты итарбаға артпаса, өздері *с а л б ө к с е л е н і п* көтере алмайды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). ә) *Сылбыр тартты, асықпады.* Бұрын *с а л б ө к с е л е н і п,* шұбатылып өтетін айлар мен жылдар отарбадай заулап өтіп жатыр (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

БӨКСЕЛЕТ= е т. *Ықтырту, ығыстыру.* – Жарайды, Нүреке, – деп Құсман атын құмға *б ө к с е л е т і п* төмендеп барады (Т.Тобағабылов, Тағы. күз).

БӨКСЕЛЕУ *Бөкселе етістігінің қимыл атауы.* ≈ Аяқ асты *б ө к с е л е у.*

БӨКСЕЛІ с ы н. *Бөксесі үлкен, қомақты.* Қонақтарға ұяла қарағаң боп, *б ө к с е л і* жас тоқал сары қымызды сапыра түседі (І.Есенберлин, Қатерлі.). Қабағыңа қарыс сүйем мұз қатып, қырау шалды, арлан *б ө к с е л і* айғыр мініп жүрген шақ алты қырдың арғы жағында қалды ғой (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Қадиша сұңғақтау, ақсары, *б ө к с е л і* келіншек екен (Ж.Молдағалиев, Тыңдағы.).

БӨКСЕР[1] з а т. с ө й л. ***Бөктер***. Құдиярдың құсбегі Жалынған сайын тарылды. *Б ө к с е р д е* жатқан көп Дулат Бүлінді де жарылды (Жамбыл, Шығ.). Бурабай көлі мен Үлкен шабақты көлі арасындағы іркес-тіркес төбелердің *б ө к с е р і н е* жапсыра салған құс ұясы тәрізді, ығы-жығы, қат-қабат үйлер (З.Шашкин, Доктор.).

БӨКСЕР[2] з а т. э т н. ж е р г. *Асар, үме, көмек.* Күні кеше демалыс күні пайдаланылды. Жұрт *б ө к с е р г е* шақырылды (Ж.Молдағалиев, Торғай.). – Ал, інім, қадамың құтты болсын, – деді Әскербек, – *б ө к с е р і м і з* де жаман өтіп жатпағандай (Ж.Молдағалиев, Самал).

БӨКСЕР= е т. **1.** *Айырып тастау, жырту.* Өзі жыртық киімін талай б *ө к с е р е* жыртып еді (Б.Майлин, Шығ.). Жапырақсыз жалаң бұталар қурап қалғанын бізден көргендей гимнастеркамыздың жыртығына жармасады да, дыр еткізіп *б ө к с е р е* береді (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). Бір жері сөгіліңкіреген киімдерім болса, оларды одан әрі *б ө к с е р і п* тастайды (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). **2.** *Жарып жіберу, ақтарып тастау.* Бұзыларда ойламас бет көрем деп, Ант ішуді кім ойлар дерт көрем деп. Қабаған итше өшігіп шыға келер, Мен қапсам, бір жеріңді *б ө к с е р е м* деп (Абай, Тол. жин.). Осал жау деп ойлама шалды. Оның жауыққан адамын *б ө к с е р е р л і к* азуы әлі де бар, ретін тауып ойсырата қауып жүрмесін (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Бұлқынып, тыпырлаймын, Баймырзаны желкеден теппек болам. Аузыма іліккен жерін *б ө к с е р і п,* тістеп те алмақпын (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). **3.** а у ы с. *Бұзып-жару, жапыру, ығыстыру.* Қан майданда екі жақ жағаласқанда саптағы қолдың әскерлік өнері, құралының басымдығы және оған қолбасшының тапқырлық әдісі тең келсе, жау қамалын *б ө к с е р і п* жүре берері хақ (Х.Есенжанов, Тар кезең). Әуелі Ресей капиталын ұшырам да, содан кейін шетелдікін *б ө к с е р е м* дейді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Қажымұрат

қатпар-қатпар боп сығымдалып қалған шөпті жентек-жентегімен қопарып, бір өзі-ақ *б ө к с е р і п* тастапты (Қ.Ысқақов, Тұйық).

БӨКСЕРУ *Бөксер етістігінің қимыл атауы.* ≈ Киімін *б ө к с е р у.*

БӨКСЕРШІ з а т. э т н. ж е р г. *Асарға, үмеге келуші, қатысушы адам.* Бақырауық көк серке сойылып, пісіп үлгергенше *б ө к с е р ш і л е р* екі бөлмелі отауды қалқитып та болып еді (Ж.Молдағалиев, Торғай.).

БӨКСЕРІЛ= е т. **1.** *Жыртылу, айырылып кету.* Үстінде иығы *б ө к с е р і л і п* қалған тері тоны бар (М.Жұмағұлов, Қыран.). Бұтында тізесінен ғана асатын кенеп дамбал мен жағасы етегіне дейін *б ө к с е р і л і п* қалған кенеп көйлек (З.Ақышев, Ақбел.). Борбайы *б ө к с е р і л і п,* жалт-жұлт етіп жүретін таз Жұматай, қазаншы Дүйсенбай сияқтыларда да ақ домнан тылтиған көйлек-дамбал пайда болды (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.). **2.** *Аударылу, қопарылу, жапырылу.* Өзен қабағына тіреле келіп тоқтаған машинадан жолаушылар *б ө к с е р і л е,* қопарыла түсіп, үстерінің шаңтозаңын қақты (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр). Қарсы күштер теңді бұрып. Кенет дұшпан *б ө к с е р і л е* ығысты (Ә.Сәрсенбаев, Баспалдақ.).

БӨКСЕРІЛУ *Бөксеріл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Киімінің *б ө к с е р і л у і.*

БӨКТЕР з а т. *Таудың, қия беттің етектен жоғарылау жері, бөксе тұсы.* Ерге күрең ел қайда Наймандай жайған қанатын? Тарбағатай, Алатау Екі таудың *б ө к т е р і н* Қанатын жайып алатын? (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Қысын, жазын, күзін де, көктемін де, Сірә, дәтің шыдамас жек көруге. Алматыны сыйласаң, көп күніңді, Өткізер ең Алатау *б ө к т е р і н д е* (М.Мақатаев, Шығ.).

Бөктер жол. *Тау етегіндегі, баурайындағы жол.* Аз уақытта өзенді кесіп өтетін *б ө к т е р ж о л ғ а* жетті (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Сарыекең *б ө к т е р ж о л ы м е н* зырлатып, қырманға келді (Б.Соқпақбаев, Аяжан). Үш батыр нысана атым алға жүред *Б ө к т е р ж о л,* бөкен желіс тау сағасы, Жолына азық-түлік, қос мес алды, Аң, киік, құлан, құлжа жейтін асы (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

БӨКТЕР= е т. **1.** *Бір нәрсені ердің арт жағына көлденең қойып, екі қанжығамен байлау.* Қанжығаға көкпарша *б ө к т е р і ң д е р,* Сөйтіп, менің алдыма ап келіңдер! Алып келді. Әйел тым ажарлы екен (М.Шаханов, Қасырлар.). Бәйменнің осы топта баласы бар, Мал-мүлікке ие боп қалды солар. Күң қылып Күлипаны шашын кесіп, *Б ө к т е р і п* ат артына салды олар (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Аюдың қалған терісін сойып, артына *б ө к т е р і п* ала келіпті (С.Бегалин, Уақыт.). **2.** а у ы с. *Ие болу, малдану; олжа ету.* Біреулер малмен бәрін *б ө к т е р і п* жүр, Айтқанды ақыл нұсқа жек көріп жүр. Көтеріп дүниенің көң-қоқырын, Апарып қай шұқырға төккелі жүр (Жамбыл, Шығ.). Жырыңа жұрт қанықты, Қанатындай көп бердің. Көкпар қылып даңқты Қанжығаңа *б ө к т е р д і ң* (Қ.Мырзалиев, Ақ отау).

БӨКТЕРГІ[1] з а т. э о о л. <лат. falco vespertinus> *Тышқан және сол сияқты ұсақ жәндіктерді аулайтын, кішірек ақсары жүнді келетін, сұңқар тектестер отрядының сұңқарлар тұқымдасына жататын жыртқыш құс. Б ө к т е р г і* Қазақстанның орманды дала аймақтарын мекендейді (Қаз. тілі термин. Биология). Андасанда торғай сүзіп, тышқан қарастырған *б ө к т е р г і* болмаса ұшқан құс та көрінбейді (І.Жансүгіров, Шығ.). Құладынды қайырып қуға салсақ, Тышқан алған көруші ек *б ө к т е р г і н і* (Жамбыл, Шығ. жин.). Қалай ғана жағармын бұл қауымға, Бірдемесін бұлдіріп, ұрладым ба? ...Қандай еді серінің салған әні – «*Б ө к т е р г і н і ң* қор болған тырнағында...» (М.Мақатаев, Шығ.).

БӨКТЕРГІ[2] з а т. **1.** *Ердің қанжығалығы, бөктермелік жер.* Осылай тұрамыз ба саудаласып дегендей, Саша алды да, *б ө к т е р г і д е г і* қайыс қоржынға әлгі түйіншекті сала салды (С.Бақбергенов, Қарға там.). **2.** с ө й л. ***Бөктерме.*** Қала шабылғанда кімнің *б ө к т е р г і с і* болып кеткенін кім білсін (Н.Баяндин, Құм асты.).

Бөктергісі тоқ. *Олжалы.* Ат үстінде Сүмбілшаш отыр. Тойға келгендей киініп алыпты. *Б ө к т е р г і с і т о қ,* көңілі көтеріңкі (Б.Дәулетбаев, Сүмбілшаш).

БӨКТЕРГІШЕ ү с т. *Бөктергіге ұқсап, бөктергі тәрізденіп.* Алған тышқанына түйіліп қараған *б ө к т е р г і ш е* өшетіл қағазға оқшия қарады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БӨКТЕРЛЕ= е т. *Таудың етек жағынан қапталдай, қабырғалай жүру.* Есімде Балқар тауларың *Б ө к т е р л е п,* одан көкке өрлеп, Чегемнің миуа бауларын Шілдеде сая көкпеңбек (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Қара тауды *б ө к т е р л е п* қоңыр салқын самал еседі (Ә.Тарази, Асу.). Аспанда ұшып шалқыған, *Б ө к т е р л е п* тауды қалқыған, Мұзды балақ, қанды көз, Аң көрмей қанат қақпаған (Базар жырау, Шығ.). Үш жүз көлік ыңыранып, Маймаңдап басып жөнеді. Таудың қойнын *б ө к т е р л е п,* Жылғамен жылжып келеді. Дәл жеті күн жол жүріп, Ел қарасын көреді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

БӨКТЕРЛЕС= е т. *Бірге бір бөктерде жүру.* Кеше күні бойы *б ө к т е р л е с,* жапсарлас жүріп отырды да, өздеріне керекті мәнжайды білген соң суыт жүріп, асығыс келе жатқан беттері осы (З.Ақышев, Ақбел.).

БӨКТЕРЛЕСУ *Бөктерлес етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ұзақ *б ө к т е р л е с у.*

БӨКТЕРЛЕТ= е т. *Таудың бөктерімен қабырғалай жүргізу.* Сол күні кешке таман, намаздігер шағында, Құлжұмыр ағатайыммен екеуміз жылқыларды боз бұйрат кемерін *б ө к т е р л е т е,* суатқа қарай қаптатып келе жаттық (Ә.Көшімов, Жас аңшы).

БӨКТЕРЛЕТУ *Бөктерлет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Түгел *б ө к т е р л е т у.*

БӨКТЕРЛЕУ *Бөктерле етістігінің қимыл атауы.*

БӨКТЕРЛІ с ы н. с ө й л. ***Бөкселі.*** Жармасқан адамнан сескене қорсылдап, дірілдей бастаған *б ө к т е р л і* қаракөк бейне ордан қарғитындай көкке шапшып орғып-орғып кетті (Х.Есенжанов, Тар кезең).

БӨКТЕРЛІК: бөктерлік ойпаң. г е о л. *Платформа мен қатпарлы облыс арасындағы тектоникалық құрылым; тау алды ойпаңы, шеткі ойпаң. Б ө к т е р л і к о й п а ң ы ң* плотформа жағындағы жыныстары бояу қатпарланып, күмбездер мен белестер құрайды (ҚСЭ).

БӨКТЕРМЕ з а т. *Қанжығаға бөктерілген зат, бөктерінді. Б ө к т е р м е с і* тоқ көрінеді, қаладан базарлы қайтқан болу керек («Жетісу»).

БӨКТЕРМЕЛІ с ы н. *Бөктермесі бар.* ≈ *Б ө к т е р м е л і* жігіт.

БӨКТЕРТ= е т. **1.** *Қанжығасына байлату, олжа еткізу.* Қырын қабақ көршінің енді қоржынын тезірек *б ө к т е р т і п,* іргесін аулақтатқан жөн шығар (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). **2.** *Беру, олжалату.* Түрлері жаман, бір түнде беріштерге *б ө к т е р т і п* жібере ме деп қорқамын (Қ.Кереев, Құндыз.). Жайданжай Нілдіні *б ө к т е р т і п* жіберсе, Боздақ би қарсы да болмас еді (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

БӨКТЕРТУ *Бөктерт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қолда барын *б ө к т е р т у.*

БӨКТЕРУ *Бөктер етістігінің қимыл атауы; ердің орта жағына көлденең қойып байлау.* – Қоржын... Осы қоржын *б ө к т е р у д е н* Құдай құтқармай-ақ қойды, – деді Айтан налып (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

БӨКТЕРУЛІ с ы н. *Қанжығасына байлаулы, бөктерілген.* Қалған етті Нияздың қанжығасында *б ө к т е р у л і* жүрген қапты алып салды да, қайтадан бөктеріп алды (С.Сейфуллин, Шығ. жин.). Үстінде тақтайдан жасалған екі чемодан *б ө к т е р у л і* тұр (Тұлпар).

БӨКТЕРІЛ[1]= е т. *Қанжығаға байлану, асылу.* ...Кім қарсы келе қалса жолдарында, Қарсақтай қанжығаға *б ө к т е р і л г е н* (Н.Ахметбеков, Амангелді). Ондайда алды-артына *б ө к т е р і л г е н* қоржын-қолаңы бар, қашан да түн қатып көп жүретін, мазасыз қонақ келеді көз алдымызға («Лен. жас»). Алшаңдаған Тайбурыл жетеленіп қалыпты, үстіндегі жабуы *б ө к т е р і л і п* қалыпты (Манас).

БӨКТЕРІЛ[2]= е т. с ө й л. *Туырылып түсу, жайылып жату.* Осы кезде сонау көкжиекке дейін кербез көсілген мінсіз бұйрат бадана дәнді бидай масағымен *б ө к т е р і л е* түседі алдыңызға («Лен. жас»). Алтынға малған алып құс қанатындай *б ө к т е р і л і п* жатқан осынау туған өлкеге алғыр күн қадала қарайды (Ұ.Доспанбетов, Сырғалы.).

БӨКТЕРІН= е т. *Кию, қабаттау.* Тағы да ұзаққа келген болу керек, шинелін *б ө к т е р і н і п,* күзгі суыққа лайық жылы киініп алыпты (С.Мұратбеков, Отау үй).

БӨКТЕРІНДІ з а т. *Бөктерме, бөктерілген зат.* Ау, халайық! Үйлеріңнен неге шықпайсыңдар? Маған неге таңырқап қарамайсыңдар? Менің мынау арт жағымдағы қомақты *б ө к т е р і н д і м д і* көрдіңдер ме? Сендер оның ішінде не барын білсеңдер етті (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

БӨКТЕРІНШЕК з а т. **1.** *Қанжығадағы байлаулы, бөктерілген кішкене зат, шағын бөктерме.* Танакөз қанжығасына қаранып, *б ө к т е р і н ш е г і н* түгендей береді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Былғары қоржын *б ө к т е р і н ш е г і* бар, астында сұлу жирен аты, орта бойлы, қара күрең жүзді жігіт сылқым аяңмен соғып келе жатты (Ғ.Сланов, Домбыра.). Әбен қоржын, *б ө к т е р і н ш е к т е р і н* сау атқа салып, шылбырын Нұрилаға ұстатты да, өзі жирен биені жетеледі (Ж.Арыстанов, Сұңқар.). **2.** *Жаяу арқалап жүретін жолқап, түйіншек.* Русановтың арқасында тас салатын *б ө к т е р і н ш е к,* мойнында фотоаппарат және теңізшілердің үлкен дүрбісі (Ә.Әзиев, Жез тау).

Бөктеріншегі тоқ. *Олжалы.* Құмалақтың түсуі көбінше-ақ жамандыққа бастамай, *б ө к т е р і н ш е г і т о қ,* жүрек қуанышты, екі аяғы үзеңгіде, алды ашылып, маңдайы жарқырап тұрады (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

БӨКТЕРІНШЕКТІ с ы н. **1.** *Бөктеріншегі бар.* ≈ *Б ө к т е р і н ш е к т і* бала. **2.** а у ы с. *Бөкселі, дүмді.* ≈ *Б ө к т е р і н ш е к т і* әйел.

БӨКТЕРІНШЕКТІЛЕУ с ы н. *Дүмділеу, бөкселілеу.* Айтолқын бойы шарғылау, *б ө к т е р і н ш е к т і л е у* болған соң, бүгін жаулығын биігірек етіп салыпты (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан).

БӨКТІР= е т. **1.** *Күріш, арпа, бидай, тарыны т.б. ыстық суға, сүтке салып бөртіру.* Сүтке *б ө к т і р г е н* күріштің ботқасына Бақытжан тойып алды (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). *Б ө к т і р і п* пісіру тәсілі балаларға арналған және емдәмдік тағамдар дайындауға қолданылады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). **2.** е г і н ш а р. *Тары, күріш, жүгері т.б. дәнді дақылдарды егер алдында суға салып жібіту, бөрттіру.* Диқаншы жиған-терген бидайын жеті күн бойы судан шығармай *б ө к т і р і п* қояды (Қаз. ертег.). **3.** ж е р г. *Балшық айдау, топырақ жібіту, илеу.* Біз сазды *б ө к т і р і п,* кірпіш жасаймыз (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Қанға бөктірді. *Аямай қырып-жойды, қанға батырды.* Өздеріне құр қол болса да қарсы шауып, таспен атқылаған топты оның қырып-жойып, *қ а н ғ а б ө к т і р і п* салғысы келуші еді (А.Нұрманов, Құлан.). Аққулар – сұлу жырларым, Қалпыңды бұзып сондағы, *б ө к т і р і п қ а н ғ а* бір малғұн. Атпаса мылтық болғаны (Бозінген).

БӨКТІРТ= е т. *Күріш, арпа, бидай т.б. дәнді дақылдарды бұқтырып пісірту.* ≈ Күрішті сүтке *б ө к т і р т т і.*

БӨКТІРТУ *Бөктірт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Суға *б ө к т і р т у.*

БӨКТІРУ *Бөктір етістігінің қимыл атауы; күріш, арпа тары, жүгері т.б. дәнді дақылдарды егер алдында суға салып жібіту, бөрттіру. Б ө к т і р у* тағы бар. Оған жарты күнді бағыштамай болмайды (Т.Тобағабылов, Жазира).

БӨКТІРІЛ= е т. **1.** *Тарының т.б. ыстық суға, сүтке салынып, бөрттірілуі.* Қарғаш аздан соң ыссы суға *б ө к т і р і л і п,* сары майға шыланған бір зерен тарыны атасы мен Таңаттың алдына қойды (Б.Тәжібаев, Қараторғай). **2.** е г і н ш а р. *Тары, күріш, жүгері т.б. дәнді дақылдардың егер алдында суға салынып, жібітілуі, бөрттірілуі.* Ал *б ө к т і р і л г е н* тұқым қашан тамыр талшықтары шығып, жерден нәр алғанша өзін-өзі қоректендіреді (Ы.Жақаев, Менің бақытым). **3.** *Демделу, бұқтырылу.* Тамырғали шай ішіп отыр, кәдімгі *б ө к т і р і л г е н* қою көк шай (Н.Әбуталиев, Құрдастар).

БӨКТІРІЛУ *Бөктіріл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тарының *б ө к т і р і л у і.*

БӨКШЕҢДЕС= е т. с ө й л. ***Бұкшеңдес***. Қораның ортасында, әр жерде бұғып отырған он шақты адам *б ө к ш е ң д е с і п* біріне-бірі жақындап келіп, күбірлесті (А.Жұбанов, Замана.).

БӨКШЕҢДЕСУ *Бөкшеңдес етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үнсіз *б ө к ш е ң д е с у і.*

БӨКІ з а т. ж е р г. *Иленген қалың көннен істелген кебіс тәрізді аяқкиім.* Елең-алаңда әлі қараңғы үйдің ішінен жадағайын, *б ө к і с і н* тауып киіп, Шайзада есікке беттеді («Лен. жас»).

БӨКІС з а т. ж е р г. *Басы былғарымен қапталған киіз етік.* Маңғыстау қазақтары басы былғары, қонышы киіз етікті *б ө к і с* деп атайды (Диал. экс. мат.).

БӨЛ[1]= е т. **1.** *Бір нәрсені екіге я одан да көпке жару, бөлшектеу.* Әскерге құрал-жабдық, ат саймандап, Киім мен азық-түлік, бердік қамды. Тамақ тоқ, киім жылы қолда құрыш, Тастайды екі *б ө л і п* шөккен нарды (Ү.Кәрібаев, Өлеңд.). Аттан түсіп Батыр кеп, Өрмекті *б ө л і п* тұрады. Мойнын қызға бұрмады, Қанша зарлап тұрса да, Ешбір назар қылмады (Қамбар батыр). «Жыланды қырыққа *б ө л с е* де, кесірткелік әлі бар» дегендей, әлі де болса біреуден кем емеспін (С.Шарипов, Шығ.). **2.** *Үлестіру, тарату, бөліп беру.* Мен сендерді жанымменен қарсы алдым, Жапырақтарым бар, – деп, – мен жар салдым. *Б ө л і п* бердім бір-бір тамшы қанымнан. Суалмасын, – деп, – тамыры бақшамның (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Сұрастыра келсем, ауылнай тұқымды *б ө л г е н д е* мұның мойнына екі пұт тары жазып қойыпты (Б.Майлин, Шығ.). Сіздерге берген олжаны, Ынтымақ етіп түгел *б ө л.* Тілеулес болған жеңгелер Тәуекел болды осы жол (Қамбар батыр). Шотыраш Ораз келді де, Шығарды «қосшы» дегенді. Шабындық жерді *б ө л д і* де, Шеңгелдеп алды Шегенді (Ж.Молдағалиев, Жесір.). **3.** *Ажыратту, айыру.* Екеуіңді екі орынға *б ө л і п* еді мұғалім, Мұғалімге жалт-жалт қарап екеуің де жыладың (М.Шаханов, Ғасырлар.). Саулықты қысыр қалдырып, Қошқардың түспей күйегі. Айғырдан *б ө л і п* биені, Бурадан *б ө л і п* түйені, Қайта Арқаға көшкені (Дулат Бабатайұлы, Замана.). **4.** *Жікке бөлу, саралау.* Қалың жұртты мен екіге *б ө л е м і н* Сүйе алатындар деп, Сүйе алмайтындар деп, Сүйе алмайтынына Ұялмайтындар деп (М.Шаханов, Ғасырлар.). Әр сөзі айтқан сайын өте ұнады, Өткенге ел басынан терең таныс, Қазақты бай, кедей деп тапқа *б ө л е р,* Деместен Қызылбөрік, Ботбай, Жаныс (Д.Еркінбеков, Шығ.). Күндер-ай, күндер тізбегі, *Б ө л е м і з* «кеш» деп, «ерте» деп. Алысқа сүйреп біздерді, Келесің алға жетелеп (Ғ.Қайырбеков, Таулар.). **5.** *Топтастыру, топтау.* Мен адамдарымды үшке *б ө л д і м* де, өзім манағы бір сәт денесі бой көрсеткен бағытқа қарай еңбектедім (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). Ботагөз шашын саусағымен үшке *б ө л і п,* жыпылдатып өре бастады (С.Мұқанов, Ботакөз). Ол «Қобыланды батыр» жырын айтушыларды екі топқа *б ө л е д і* (Е.Ысмайылов, Ақындар).

6. а у ы с. *Белгілі бір жұмысқа арнап шығару, соған барады деп белгілеу.* – Соқаға *б ө л г е н* көлік, кісі қайда? Ана күні өздерің бөліп едіңдер ғой (І.Жансүгіров, Шығ.). Есенәлі қойдың арық-семізін байқап, қойшылармен әңгімелесіп, олардың ішінен 4–5 адамды жылқы бағымына *б ө л і п* жүргенде күн батты (Ж.Тілеков, Шалғай шепте). **7.** *Ара жігін ажырату, айқындау, бөлшектеу.* Ұзынша үйдің ортасын кірпішпен *б ө л г е н* екен (Б.Майлин, Шығ.). Екеуінің арасын қолдан еккен балапан сұлу теректер ғана *б ө л е д і* (С.Бегалин, Ана.). Біз көрмеген, біз бармаған мол қала, Бір шығармыз әлі талай жолға да. Бар болғаны жиырма-отыз жыл арамыз, *Б ө л і п* тұрған екеумізді сол ғана! (Қ.Мырзалиев, Бұлбұл.). **8.** *Жеке шығару, ерекшелеу.* Бір үлкен қасқыр екі қойымды *б ө л і п* алып, алдына салып, ызғытып қуып жүр (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Батыр өзімен он алты мергенді *б ө л і п* алып, жол жағасындағы қалтарысқа жайғасты (Қ.Әбдіқадыров, Әңгім.). Гүл біткен ылғи жолыңа, Гүлдерден басқа жоқ әнің. Бір топтан таңдап, *б ө л і п* ап, Бағалап жатса қоғамын, Бұл, достым, бақыт емес пе?! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). 9. х и м. *Жасау, бөліп шығару.* Құмырсқа қышқылын құмырсқаның көптеген түрлері *б ө л е д і* (Ғалам ғажап.). Қандай да болса тірі организм өз төңірегіндегі ортадан бір заттарды алып, екінші бір заттарды *б ө л і п* отырады (З.Ақназаров, Ғылыми атеизм.). Өсімдік фотосинтез процесінде судан CO_2 сіңіреді және балықтардың тыныс алуына қажетті O_2 *б ө л і п* шығарады (Жалпы биология). **9.** а у ы с. *Жақын адамдарды бірінен-бірін алыстату, айыру, арасын суыту.* Екеуін екі жаққа тағдыр *б ө л г е н,* Жандар емес, қатерден әсте именген. Шынмашынға Сапасы кете тұрсын, Мұстапа Балсураға бұрын келген (Абай, Тол. жин.). Өз басын ешкім дейтұғын, Нашарларды бас салып, Қасқырдай талап жейтұғын Зорлықпен алған жары бар, Қызды *б ө л і п* анадан, Ұлды *б ө л і п* бабадан, Талайды өстіп қылған зар (Бақтыбай ақын, Жел қобыз). Ғашықты жардан *б ө л с е* де, Талай жан жолда өлсе де, Жасты, қанды көрсе де, «Обал болды» демейді (С.Сейфуллин, Өленд.).

Бөліп жеді [ішті]. *Барға ортақтасып, тату тұрды, сыйласты.* Алысып жаумен ағай жүр, Өткізіп жүрміз қысты әрең. *Б ө л і п ж е п* барды талай жыл, Көрші боп тұрдық ұстамен (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Сонан бері мендегі күнделікті тапқан бір тілім нанды *б ө л і п ж е п* келеміз ғой (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Қай істен де тартынып, Қалмайды ғой қоштағыш. Баяғы сол жартылық *Б ө л і п і ш к е н* үш таныс! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Сәлем сізге, ұрпақтары Манастың, Бірге туған бауырымдай жарастым. «Төсекте бас, төскейде мал» қосылып, Мөлдір суын *б ө л і п і ш т і к* Таластың (Ш.Смаханұлы, Тотияйын).

Көңіл бөлді. *Назар аударды, зер салды; маңыз берді, ден қойды.* Шығармайын естен мен, Айтқанына *к ө ң і л б ө л.* Аспан сыйған кестеңнен, Оймағындай орын бер! (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Түспеу ләзім қос сезімнің дауына Мен осыған қатты *к ө ң і л б ө л е м і н.* Қаншама иттік етсе де олар жауына Туған жерін сатпасына сенемін (М.Шаханов, Ғасырлар.). Ол үстіне кірген Еламанды көрсе де, *к ө ң і л б ө л м е й,* ысылдап-пысылдап киініп жатты (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

Көңілін бөлді. *Назарын аударды; жұмысына (ісіне) кедергі келтірді.* Қасиетті ертегімен, өлеңмен, Қарашығым, *к ө ң і л і ң д і б ө л е м* мен. Осы бастан жаманға жау, жақсыға Жолдас бол деп тәрбиелеп келем мен (Қ.Мырзалиев, Бұлбұл.). *Б ө л м е к ө ң і л і н,* ойлансын, Қиналсын да дем алсын (Ә.Тәжібаев, Жартас).

Қақ [тең] бөлді. *Дәл ортасынан екіге жарды, теңдей етіп бөлді.* Бір топ бала асық ойнап жүр едік, Мырқал келді де, менің сақамды қылышымен *қ а қ б ө л д і* (Ә.Әбішев, Замана.). Ол тек Ақбаланың қолында қалған жас сәбиге шыдамай, ауға түскен балықты екі үйге *қ а қ б ө л і п,* оларға асымдық балығын апарып беріп жүр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Сондықтан қол қойған үшеуің жауапкершілігін де *т е ң б ө л і п* аларсыңдар деймін (Ә.Тәжібаев, Гүлден.). Не де болса, тәуекел, тең көрейік, Әкел бері қайғыңды, *т е ң б ө л е й і к!* Бірімізге біріміз дем берейік, Бір арбаның астында дөңгелейік (М.Мақатаев, Шығ.).

Қара қылды қырыққа бөлді. *Әділ болды, әділ төрелік етті.* Ақылды *қ а р а қ ы л д ы қ ы р ы қ қ а б ө л м е к,* Әр нәрсеге өзіндей баға бермек. Таразы да, қазы да өз бойында, Наданның сүйенгені көп пен дүрмек (Абай, Тол. жин.).

Қозы бөлді. а) *Еміп қоймас үшін сауын қойлардың қозыларын енелерінен уақытша ажыратты.* Таң жамылып қорадан қой да өріп, Төсегінен тұрғандар *қ о з ы б ө л і п...* (С.Керімбеков, Еңбек – ата.). ә) *Кепе болған қозыларды күзде енелерінен айырып, бөлек қора жасады.* – Мал маманы қайда жүр мұны көрмей, *Қ о з ы н ы* кешіктірген ерте *б ө л м е й* (Е.Қандеков, Өленд.).

Қылдай бөлді. *Тең етіп бөлді.* Мен әкелген кәмпитті ағалары мен апаларына *қ ы л д а й б ө л і п* беріп кетеді («Лен. жас»).

Ойын бөлді. а) *Ойынан адастырды, көңілін басқаға аударды.* Балалар ойыны Нұрила-

ның *о й ы н б ө л і п,* көңілін сергітті ме, әлде азап уын бір-ақ жұта салайын деді ме, әйтеуір хаттың аяқ жағын тез-тез оқып кетті (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). – Қосылғанымызға бір айдан асып кетсе де, әлі тойымыз болған жоқ, – деді Қаражан ананың *о й ы н б ө л і п* (І.Есенберлин, Қатерлі.). Тұрағұлдың тәтті *о й ы н* делбешінің үні *б ө л і п* кетті (С.Бақбергенов, Күй). ә) *Тынышын алды, кедергі келтірді.* Шатқалда, не қойнауда *О й ы ң д ы* кім *б ө л е д і?!* Жүйрік мініп, Жайлауда Жүйткігім бір келеді (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Пышақ үстінен бөлді. *Қолма-қол бөлді, бірден ортаға салды.* Баяғы жеңгеміз, екі баласын ертіп, ол келді. Шешеміз бұрыннан қолымызда қалған болатын. Сонымен бір адамның табысын *п ы ш а қ ү с т і н е н б ө л і п* жеп, ошарылдық та отырдық (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал).

Сөзін [әңгімесін] бөлді. *Біреудің айтып отырғанын аяқтатпай, ортасынан киіп кетті, кедергі келтірді.* Және бір ғажабы – Ахметше оның өмірде *с ө з і н б ө л г е н* емес (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Көшкенде жақсы қатын атқа желер, Жаман қатын байының *с ө з і н б ө л е р.* Жаман қатын белгісін тағы айтайын, Ауыл үйін тіккенде көші келер (Шал ақын, Өлеңд.). Рахмет Шектібайдың *с ө з і н б ө л і п* жіберді (С.Ерубаев, Менің құрдас.). Кейбіреулер қасындағы сөйлескендердің *ә ң г і м е с і н б ө л і п,* өз сөзін мақұлдатқысы келеді (С.Бақбергенов, Күй).

Түн ұйқысын төрт бөлді. *Сан рет ұйқысын бұзды; тыныштық көрмеді.* Ер жетсеңақ болғаны, Сайгүлік сан ерттелер: Әлі талай ел қамы, *Т ү н ұ й қ ы ң д ы т ө р т б ө л е р.* Ұйықта, жаным, ұйықтап ал! (Қ.Мырзалиев, Бұлбұл.). Қаракөз сәулем көз көрген, *Т ү н ұ й қ ы с ы н т ө р т б ө л г е н.* Шақырғанда бармаған, Сұм басым, үйбай, сөзге ерген (Ә.Найманбаев, Шығ.). Сен маңдайға біткен жалғыз ұл, жалқы мұрагер болғандықтан, шешең екеуміз сені ойлап, *т ү н ұ й қ ы м ы з д ы т ө р т б ө л е м і з* («Қаз. әдеб.»).

Уақытын бөлді. *Негізгі жұмысынан бөлек, басқа бір істі істеуге арнайы уақыт қалдырды.* – Мен адаммын ғой, бір минут *у а қ ы т ы ң ы з д ы* неге *б ө л м е й с і з,* – деді Халел директорға (С.Жүнісов, Жапанда.).

Ұйқысын бөлді. *Мазасын алды, оятып жіберді.* Соғыста өлген шейіттің, Қолтықтан жебеп жетімін. Тәтті *ұ й қ ы с ы н б ө л і п* түн, Ойласа кем-кетігін – Соғыста болды сол адам (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Оның әйелі Асылжан жас баласы шырылдап ерінің *ұ й қ ы с ы н б ө л е д і* деп, ауыз үйге жататын-ды (Ж.Тілеков, Жоңғар.). Біз жауынгер екі қыздың *ұ й қ ы с ы н б ө л м е й,* аяғымызды ұшынан басып шығып кеттік (Ж.Жұмаханов, Әлия).

БӨЛ[2]= е т. м а т. *Санды санға теңдей етіп бөлу.* Нүрекең шотқа салып, басқалар қағазға жазып, үш мың жеті жүзді жиырмаға *б ө л д і* (Ә.Әбішев, Замана.). Егер бір мың екі жүзді он екіге *б ө л с е к,* жүзден тиеді («Халық мұғ.»). Он алтыны екіге *б ө л с е,* сегіз болады (Матем. оқулығы).

БӨЛГІЗ= е т. *Бөлдіру, бөлшектеткізу.* Оба басынан жортып түсіп Әбдірахман төмендегі Беланға отрядты үшке *б ө л г і з і п,* шоғырландырмай батысқа қарай жүргізді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Жазекең мына өрістен өзі діттеп келген саулықтарды тағы да *б ө л г і з е* бастады (Н.Айдаров, Жазылбек.).

БӨЛГІЗУ *Бөлгіз етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тең *б ө л г і з у.*

БӨЛГІШ[1] з а т. **1.** м а т. <лат. seperator> *Бөлінгішті бөлетін, бөлуші сан.* Арифметика сабағында бөлінгіш, *б ө л г і ш* сияқты ұғымдарды бірінен-бірін олардың өзіндік белгілеріне қарай ажыратқызса, бала ұғымының қалыптасуы ойдағыдай жүріп отырады (Қ.Жарықбаев, Психология). Бұл жағдайда бөлінгіш қатынастың алдыңғы мүшесі, *б ө л г і ш* қатынастың келесі мүшесі, ал бөлінді қатынас деп аталады (Геометрия). Бөліндінің бүтіні мен бөлшегі *б ө л г і ш к е* дәл бөлінеді («Халық мұғ.»). **2.** и н ф. *Қандай да бір бағдарламалық құрылманың басын немесе соңын белгілейтін символ.* Бізге белгілі сөздердің арасындағы *б ө л г і ш* – бос орын (Қаз. тілі термин. Информатика.). Орыс тілінде және көптеген басқа еуропалық тілдерде шартты түрде сөйлемдердің *б ө л г і ш і н е* нүктені алады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

БӨЛГІШ[2] с ы н. **1.** *Бөлу қызметін атқаратын, бөліп тұратын, бөлетін (зат).* Химиялық лабораторияларда бір-бірінде ерімейтін сұйықтарды бөліп алу үшін *б ө л г і ш* воронканы қолданады (Химия). **2.** *Бір нәрсені бөліп тұратын механизм.* Жағар май насосы двигательде, ал *б ө л г і ш* – кабинаның алдыңғы қабырғасында орнатылатыны мәлім (Тракторист.). Картопты үрлеп желдетіп тұратын ауа *б ө л г і ш і* бар қоймада сақтау керек (Б.Шағыров, Картоп). **3.** *Бір нәрсені бөліп шығаратын.* Топырақта түйнек бактериясынан басқа, ауадан азотты бойына сіңіруші өзге де организмдер болады. Бұларды еркін өмір сүруші азот *б ө л г і ш* бактериялар деп атайды (Д.Мәденов, Өсімдік.).

Бөлгіш қабырға. с у ш а р. *Жекелеген су торабының элементі, бөгет суын басқа има-*

раттан бөліп тұратын және ағынды судың діңгек түбін шаймалауынан сақтайтын қабырға. Б ө л г і ш қ а б ы р ға бір имарат пен екінші имаратты жалғастырушы құрылымдық жартылай тіреуіш қызметін атқарады (Қаз. тілі термин. Су.).

Бөлгіш мәшине. т е х. *Сызықтық және дөңгелек шкалаларды тең бөліктерге бөлетін мәшине.* Өнеркәсіпте негізгі жұмыс элементі кескіш пен бөлгіштен тұратын автоматтандырылған *б ө л г і ш м ә ш и н е* көп тараған (ҚСЭ).

БӨЛГІШТЕ= е т. *Жіктеп бөлу, топтау.* Адам еркіне тұсау, сөзіне бақылау орнатып, адамдарды жастар мен кәрілерге *б ө л г і ш т е п,* кекетіп, іліп-қағып отыратын әдет онда жоқ еді (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.).

БӨЛГІШТЕУ *Бөлгіште етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ойын *б ө л г і ш т е у і.*

БӨЛДЕК[1] з а т. ж е р г. *Кішкене төбешік.* Ана тұрған *б ө л д е к т і* көремісің, бұл соның астында болған оқиға еді (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БӨЛДЕК[2] з а т. к ә с. *Астық себуге арнап бөлген жер.* Шегіртке бұлттай қаптаған, Көрсетпей ешбір елге күн. Орақтай отап таптаған, Шаруаның шағын *б ө л д е г і н* (С.Мәуленов, Рауан). Кейін тұқым себіліп, бас *б ө л д е к т і ң* бойымен ұзартылғанда да, оның жан-жағына жиырма шақты атыз жасалғанда да кішкентай кетпеншотым қолымнан түскен жоқ-ты (С.Әсіпұлы, Аңшы.).

БӨЛДІР= е т. *Бөлгізу, айырту.* Әкемнің мігір таппай жүріп өз қолынан салған бес бөлмелі үйінің екі бөлмесін *б ө л д і р і п* алып, бізбен бір шатырдың астында отыр (Ғ.Сланов, Замана.). – Әй, ол *б ө л д і р е* қоймас. Болыс пен ауылнайда да қызыл өңеш бар. Сөкең майлап жіберсе, үні шықпай қалар (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.).

БӨЛДІРКЕ з а т. к ә с. *Екі-үш кісі отыратын кішкене жеңіл қайық.* Анау *б ө л д і р к е л е р,* төңкерулі жатқан шағын қолтық сырт қарағанда терең жердің белгісіндей қарақошқылданып көгеріп жатқанмен, жағаға жақын болған соң қауіпті еді (М.Әбдіхалықов, Ленин.). Сен – өзекте жүрген *б ө л д і р к е,* Мен – теңіздегі кемемін. Басармын да кетермін, Батарсың да кетерсің (Ақберен).

БӨЛДІРТ= е т. *Бөлгіздіру.* Асыл науқастың сөзін ешкімге *б ө л д і р т п е й* түгел тыңдады (М.Сқақбаев, Қырық қыз).

БӨЛДІРТУ *Бөлдірт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көңілін *б ө л д і р т у.*

БӨЛДІРУ *Бөлдір етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тең *б ө л д і р у.*

БӨЛЕ з а т. *Апалы-сіңлілі адамдардың балалары.* [...] ол екеуміздің шешелеріміз бір шешеден туған, қазақ мұндайды *б ө л е* дейді (Ә.Әбішев, Пьеса.). Екеуміздің шешеміз әпкелі-сіңілі. Демек, біздер *б ө л е м і з* – сен әпке де, мен іні (Ш.Әлдибекұлы, Көгілдір көкжиек). Оспан Қанипаға *б ө л е.* Екеуінің шешелері немерелес адамдардың қызы (С.Омаров, Дала қызы). Қанай аға өз *б ө л е с і н* бұл жолы да тастап кетпек болған еді (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз әуен.).

Бөлелер некесі. к ө н е. т а р. *Рулық қоғамдағы неке.*

Қарын бөле. *Туысқан апалы-сіңлілі адамдардың балалары.* Мүмкін сұраса келе, саған *қ а р ы н б ө л е* шығар (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). Ол бүкіл ауыл тұрғындарының біріне жиен, біріне нағашы, енді біреулеріне *қ а р ы н б ө л е* болып шығады («Лен. жас»).

Туған бөле. *Бірге туған апалы-сіңлілі адамдардың балалары.* Ол – Мұстапаның *т у ғ а н б ө л е с і,* Шымкенттегі педагогика техникумының оқушысы Сұлтанбек Әбеуов екен (С.Мұқанов, Есею жыл.).

БӨЛЕ= е т. **1.** *Жас баланы бесікке жатқызып, орап таңу, құндақтау.* Шешесі Сұраған күнде бесігіне *б ө л е п* ұйықтататын еді (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Қалай ұйықтасын, қол-аяғын тас қылып буып тастапты. Бесікке *б ө л е п* керегі не екен осы?! (А.Сарбөпин, Аспалы бесік). Әлди-әлди, ақ бөпем! Аю атып берейін. Орап жылы мамыққа, Бесігіңе *б ө л е й і н* (Ә.Тәжібаев, Құтқару). **2.** с а я т. *Ителгі, лашын сияқты қыран құстарды суыққа тоңдырмау үшін бір нәрсеге орап, таңып қою.* Таң атқан соң арық торымды тауып алып ерттедім. Екі шыны аяқ шай ішіп, құсымды *б ө л е п* жүргелі жатырмын (Ш.Айманов, Қыран.). Ителгісіне талдан иіп жіберіп, бөлеу ағаш жасады. Дәл жүрерде соған жатқызып, орап *б ө л е д і* де, арқасына іліп алды (С.Бегалин, Уақыт.). **3.** *Қоңыр аңның төлін суыққа тоңдырмау үшін орап, таңып қою.* Келгембай дереу қодықты ішкі шолақ тонына *б ө л е п* жіберіп, шаңғының артқы жағына таңып алып, үйіне тартты (С.Бегалин, Уақыт.). **4.** а у ы с. *Бір нәрсеге кенелту, қарық қылу, көміп тастау.* Ұмытпаспын, қайда жүрсең, бол есен. Кешірім ет, нәзік нұрға *б ө л е с е м.* Маған арнап тіккен болсаң орамал, Хатқа салып жібермедің неге сен? (М.Шаханов, Ғасырлар.). Туған халқының мерейі үшін тұла бойындағы өнер-дарыны мен қайрат-жігерін ірікпей жұмсаған адамды халық ұлым деп, үлкен жүрегінің мейіріне *б ө л е й д і,* азаматым деп аялайды (Ж.Исмағұлов, Адам.).

Жылды қуып, болжап дәйім дағдырын, Қаһармандар қаққан күрес дабылын, Бақыт үшін құрбан болған батырдың, Гүлге *б ө л е п* қояды ылғи қабірін (А.Шамкенов, Жасыл жайлау).

Жырға бөледі. *Ән-жырға қосты, жырлады.* Жанымды *ж ы р ғ а б ө л е п* таң атырған, Әкем едің ақ таңда жаратылған. Төліңнен айналайын жаңа туған, Айналайын еліңнен дара туған (М.Мақатаев, Шығ.). Ал, ақын, ақтара гөр халқыңа сыр, *Б ө л е ж ы р ғ а,* еліңнің даңқын асыр (М.Мақатаев, Шығ.).

Күйге бөледі. *Тебіренті, толқытты.* Мысқыл күлкің салды маған қаншама ой, Шіркін, сендей бес қолбасшым болса ғой, Қалың қолым ұқсап дүлей тасқынға, *Б ө л е п* дарқан *к ү й г е* мені Бүкіл әлем билер еді, Аяғымның астында (М.Шаханов, Ғасырлар.). Ертеңді күткен еріңе ұйқы да керек, Арман қуғыштау ақынның көңілі зерек. Ұйықтатпадың-ау, бұлбұлым, бүгін тағы да, Жараланғыштау жанымды бір *к ү й г е б ө л е п* (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).

Қуанышқа бөледі. *Қуантты, шаттандырды.* Есімді білген күннен өлең айттым, Маңымды *қ у а н ы ш қ а б ө л е п* айттым. Кешкілік кеңсе жақтан әкеме еріп, Бір жұмыс бітіргендей үйге қайттым (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). Ұнатамын сыйлаған, Елегенді, *Қ у а н ы ш қ а* біреуді *б ө л е г е н д і.* Жақсылықтың барлығын Жарты-ақ күнде, Жасап-жасап тастағым келеді енді! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Мұңға бөледі. *Мұңға батырды, қайғыртты.* Айналасын *м ұ ң ғ а б ө л е п,* бір қорқыныш төндіріп, Ұлы Сейхун өзенінен жатыр екен сең жүріп (М.Шаханов, Ғасырлар.). Үндемейсің жалғыз ағаш, Күндемейсің көпті ішіңнен. *М ұ ң ғ а б ө л е п* мені алғаш, Көңіліме шоқ түсірген (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).

Нұрға бөледі. *Нұрландырды, арайландырды.* Дүниені *н ұ р ғ а б ө л е п* бір жасайды талдар иелік. Құламай көрі терек түр Соларға енді сүйеніп (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). *Б ө л е д і ң н ұ р ғ а* жер бетін, Өзгерттің өзен ағысын. Өзгермей тұрған келбетің Өмірдің, елім, бағысың (М.Мақатаев, Шығ.).

Үлде мен бүлдеге бөледі. *Барынша жақсы киіндірді, әлпештеп бақты. Б ө л е г е н м е н ү л д е м е н е н б ү л д е г е,* Бақа бақа болып өсер, Үндеме! Майысқан бір қызғалдақтан жаралсам, Мен ешқашан кактус болып гүлдемен! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Ол Сәулені *ү л д е м е н б ү л д е г е б ө л е п* киіндірді («Лен. жас»). Гауһарды әке-шешесі бетін қақпай, *ү л д е м е н б ү л д е г е б ө л е п* өсірді («Қазақст. әйелдері»).

БӨЛЕГІРЕК с ы н. **1.** *Басқашалау, өзгешелеу.* Бұл Орынбайдың айтуынан *б ө л е г і р е к,* – деді Шыңғыс, жыр жөніндегі өз болжауын түсіндіріп (С.Бегалин, Бала Шоқан). «Айман-Шолпанның» басқа лиро-эпостардан тақырыбы ғана емес, сюжет құрылысы, композициясы да *б ө л е г і р е к* (Қ.Жұмалиев, Қаз. эпосы.). Мәлике апасы *б ө л е г і р е к* бірдеңеге қобалжыған сияқты еді (Р.Тоқтаров, Ертіс.). **2.** *Оңашарақ, алысырақ, қашықтау.* Берен еркектерден *б ө л е г і р е к,* Үлбикемен қатарласа отыр еді (Б.Майлин, Шығ.). Жанбота өзі бірнеше үй тіктіріп, сауын, сойысты дайындатып, ас пісіретін үйлерді *б ө л е г і р е к* жерге тіктіріпті (А.Жұбанов, Замана.). Бозекең аттың басын солардың бәрінен оқшаулау *б ө л е г і р е к* тұрған шошаққа қарай бұрды (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

БӨЛЕЖАН з а т. э к с п р. *Бөлені құрмет тұту, жақын санау нышанымен айтылатын қаратпа атауыш.* Бұлтаратын жай жоқ енді, *б ө л е ж а н,* Күні ертең той жасаймыз бассалып... (Қ.Байсейітов,.. Беу, қыздар.).

БӨЛІП-ЖАР= е т. *Бірнешеге бөлу, бөлшектеу.* Жүргемін жоқ қайғының жүгін артып, Ер сүрінсе еңкеймес, жығылар тік. *Б ө л і п-ж а р ғ а н* қайсыбір қуаныштан, Ойландырған оңаша мұңым артық... (М.Мақатаев, Шығ.).

БӨЛЕ-ЖАРА ү с т. *Ортақтасып, бөлісіп.* Ондай кісілер басына түскен бейнетке басқалардың да ортақтасып, *б ө л е-ж а р а* көтергенін ұнатады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Үш үйдің ортасында қалған малды жазға шейін *б ө л е-ж а р а* ішіп-жеп қыстан шығармыз (С.Шарипов, Шығ.). Әс аға, сыртыңыздан көп естуші ем, Халық жалған айтпас-ау, – деп естуші ем. Бұтып-шатқан ақынның бірі ме деп, Күнәңді *б ө л е-ж а р а* жеп естуші ем (Қаз. әдеб. хрест.).

Бөле-жара қарады. *Алалады, бөлді.* Айта берсем, кезінде бай да, батыр да, ақымақ пен данышпан да, ер мен ез де бірдей жатқан есіл бесік, ешкімді *б ө л е-ж а р а қ а р а м а ғ а н* әділ бесік (С.Бақбергенов, Қарға. там.).

Бөле-жара қарау. *Алалау, бөлу.* Адамды *б ө л е-ж а р а қ а р а у* ниеті – апайға әсте бітпеген қасиет («Лен. жас»).

БӨЛЕ-ЖАРҒЫСЫЗ с ы н. *Бөлуге келмейтін.* Қапизаның өмірі – шынында да колхоз өмірінен *б ө л е-ж а р ғ ы с ы з,* бір тұтас дүние (М.Неталиев, Үлкен жол.).

БӨЛЕ-ЖАРЫЛ= е т. *Бөліну, топтан бөлектену.* – Оқ атым жерге келтірмей, шетке шыққан обозына шабуыл жасаңдар, *б ө л е ж а р ы л ғ а н* адамдарын мазалай беріңдер (Х.Есенжанов, Тар кезең).

БӨЛЕ-ЖАРЫЛУ *Бөле-жарыл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қатысушылардың *б ө л е ж а р ы л у ы.*

БӨЛЕ-ЖАРЫС= е т. *Бөлісу.* Енді бармасыма болмас. Басқаны былай қойғанда, атымды *б ө л е-ж а р ы с қ а н* екі баламды көрейін, – деді Әбіләкім («Қаз. әдеб.»).

БӨЛЕК[1] з а т. с а я т. *Бүркіттің құндағы; бөлеу.* Ол бүркітті *б ө л е г і н е* бөлеп алады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БӨЛЕК[2] з а т. с ө й л. ***Бөлік.*** – Мына *б ө л е г і н* моншашыға беріңдер, мына *б ө л е г і н* моншадан шығарда анау есік алдында отырған контролерге тапсырасыңдар (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Жер шарының сол *б ө л е г і н* ашқан Христофор Колумб та жазбапты (Ж.Тілеков, Қайнар). Жүректің үш *б ө л е г і н* өзінің үлкен ұлына, кіші ұлына, келініне берді де, төртінші *б ө л е г і н* менің алдыма қойды (Қ.Исабаев, Арман.).

Бір бөлегі. *Азғана бөлшегі, бір тобы.* Алшынбай ауылына жіберілген елу қара – осы шоғырдың *б і р б ө л е г і* (М.Әуезов, Шығ. жин.). – Әже, мынау ақшаға өзің көйлек ал, – деп, *б і р б ө л е г і н* әжесіне берді (С.Бегалин, Мектеп.). Аспиранттардың *б і р б ө л е г і* орталық қалаларға жіберілді («Халық мұғ.»).

БӨЛЕК[3] ү с т. **1.** *Өз алдына, жеке; дара.* Біреуіне бұлақ керек, нұр керек. Біреуіне қырат керек, құм керек. Көлге біткен құрай үні бір *б ө л е к,* Шөлге біткен құрай үні бір *б ө л е к* (С.Жиенбаев, Алтын қалам). **2.** *Оқшау, шеткері; оңаша.* Сөздер бар сөз ішінде балқыр жүрек, Сағынам өз елімнен жүрсем *б ө л е к.* Шарлаған жарты әлемді солдатпын ғой. Қадірін сол күндерде білдім ерек (Ж.Молдағалиев, Жүрек.). **3.** *Басқа, бөтен, өзге.* Мұндағы ноғайлы деген сөзді қазақтан *б ө л е к,* басқа ел деп түсіну керек емес (Қ.Жұмалиев, Қаз. эпосы.). Ол үңгірді тастады да, тағы шолды жан-жақты. Таудың тағы аңдары да жоғалыпты зымзия, Бұл өңірде одан *б ө л е к* тірі тұяқ қалмапты (М.Мақатаев, Шығ.). – Алыңыз, жеңіз, – дегеннен *б ө л е к* көп ештеңе айтпайды (З.Асабаев, Ар соты). Ағайыным тауысты Қара аттан *б ө л е к* малымды. «Сыртым бүтін, іш түтін» Білмейді ешкім әлімді (Қамбар батыр). **4.** *Ерекше, айрықша, өзгеше.* Байшаның бұрынғы көріп жүрген жігіттерінің бәрінен Қасым *б ө л е к* еді (М.Әуезов, Қараш.). Ақ отауым тіккен жер майдан болсын, Өткен күнге көңілім қайран болсын, Дүниеге келуге себеп болған Әкемдей *б ө л е к* ата қайдан болсын (Ә.Найманбаев, Шығ.). Бұл жігіт ерен жігіт, *б ө л е к* жігіт, Қызға да, қызыққа да керек жігіт. Ешкім де бақ таппайды, білсін оны Қапыста бұл жігітті, демек, жығып (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). Нұрқат бөрікпен ұрып алатын жерде көрінбейді. Аяқ алысы *б ө л е к* (З.Шашкин, Сенім).

Әр бөлек. *Жеке-жеке, бөлек-бөлек, әр басқа.* Қалалық Совет, қалалық партия комитетінің басшылары *ә р б ө л е к* коллективтен лек-лек адам топтарын жіті, жедел жөнелту соңында (Алғы шепте.). Менің күрішімнің әр гектары *ә р б ө л е к* жиналған (Ы.Жақаев, Менің бақытым).

Бөлек шығарды. э т н. *Еншісін беріп, өз алдына жеке үй етті.* Оған бай қалың беріп, қатын әпереді де, кейін енші беріп *б ө л е к ш ы ғ а р а д ы* (С.Мұқанов, Менің мект.). Әйтеуір ептеп қана еншісін беріп, Сейфулланы *б ө л е к ш ы ғ а р д ы* (С.Талжанов, Сейфулла.).

Бөлек шықты. э т н. *Еншісін алып, өз алдына жеке үй болды.* Үсенғалилар үстеріне баспана көтеріп, *б ө л е к ш ы қ т ы* (Н.Оразов, Достар.).

Бір бөлек [өз алдына бір бөлек]. а) *Жеке, өзінше.* Еркектер *ө з а л д ы н а б і р б ө л е к,* әйелдер *ө з а л д ы н а б і р б ө л е к* ұйымдасып жатыр (С.Шарипов, Шығ.). *Ө з а л д ы н а б і р б ө л е к* Торысы мен қарасы. Аңдай болып көрінген, Бозы менен аласы (Алпамыс). ә) *Ерекше, айрықша, өзгеше.* Айттым сәлем Мақпалға шын зерек деп, Өзгеден, топтан затың *б і р б ө л е к* деп. Көйлекті көк атылас серпе тастап, Алдымнан Мақпал шықса, «Сіз керек», – деп (Ә.Найманбаев, Шығ.). Мен де өзімше жаратылыс сияқтымын *б ө л е к б і р,* Көзім жұлдыз, ал маңдайым тау шыңындай ерек тұр (Т.Айбергенов, Мен саған.). Бек осы күнгі жастардан *б і р б ө л е к* (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Бейнесі оның *б і р б ө л е к,* Көптен сақтап келем мен. Әттең, шіркін, не керек, Бере алмаймын өлеңмен (С.Мәуленов, Таңд. өлең.).

Жөні [бір] бөлек. *Бір басқа, ерекше.* – Ал, бүгінгінің *ж ө н і б ө л е к.* Дайрабай енді күнде той жасаса да еркі бар, – деді Таукен (Ғ.Сланов, Домбыра.). Қайтеміз Әсияға біз өкпелеп? Жанерке махаббат қой *ж ө н і б ө л е к.* Ақанға таянып қыз айтты ойын, Ала жал ақ қайыңды көлеңкелеп (Қ.Бекхожин, Үш кезең). Мұраттың *ж ө н і б і р б ө л е к,* оған Семен Степанович араша түсе алады (Т.Нұртазин, Мұрат).

Орны бөлек. *Ерекше, айрықша, бір басқа.* Ер жігіт шетте жүрген ел сағынар, Туған жер, өскен жер сағынар. Туған жер, өскен халқым *о р н ы ң б ө л е к,* Сыйласар қырғыздан да ел табылар (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Бұлар қаншама жақын көрінсе де, сүйген адамның *о р н ы б ө л е к* болады да тұрады (М.Иман-

жанов, Адам.). Ол рас сүйді Мұрат шын елжіреп, Мүлтіксіз таза жүрек, адал ниет. Достықпен сыйлап Зере бағалады, Махаббат ерікті құс *о р н ы б ө л е к* (З.Қалауова, Таңд. шығ.).

Шығарға [шығарда] жаны бөлек. *Бар ынтасымен берілген; тату-тәтті.* – Сұрамай-ақ біліп жүрмін. Қыздың Есет дегенде *ш ы ғ а р ғ а ж а н ы б ө л е к* (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.). Әдеп екеуінің тек *ш ы ғ а р д а ж а н ы б ө л е к* (М.Гумеров, Хазірет.).

БӨЛЕК-БӨЛЕК с ы н. **1.** *Жеке-жеке, дара-дара.* Әр томарға 4–5 үйден қонып, *б ө л е к-б ө л е к* отыр (Б.Майлин, Шығ.). – Жоқ, әркімге *б ө л е к-б ө л е к* табақ әкеліп береді, – деді (С.Ерубаев, Шығ.). – Төре, біз *б ө л е к-б ө л е к* болып ұрысқан кісіше бытырап бармалық (С.Бегалин, Бала Шоқан). **2.** *Әртүрлі, басқа-басқа.* Жол – табиғат музейі, *б ө л е к-б ө л е к* әр залы (М.Әлімбаев, Жүрек.). Әрбір пәннің программы әр жылға арналып, *б ө л е к-б ө л е к* жасалатын (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұған әдетте, тұтынушылар сұранымының құрылымын құрайтын географиялық, демографиялық, әлеуметтік-психологиялық және басқа да факторларды *б ө л е к-б ө л е к* есепке ала отырып, нарықтың сыйымдылығын анықтау кіреді (Б.Жүнісов,.. Нарық. экон. негіз.).

БӨЛЕК-САЛАҚ с ы н. *Бөлек жүрген, басы артық.* Енді жанталасып, парта астына түскен *б ө л е к-с а л а қ* қағаздарды жинап жүр (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Бәрі де ұқыпты қатталған, *б ө л е к-с а л а ғ ы* жоқ (Ғ.Сланов, Очерк.). Жұмбақ сырын ашатындай *б ө л е к-с а л а қ* қағазы жоқ па екен деп, ол конверт ішіне тағы үңілді («Лен. жас»). // *Уақ-түйек, майда-шүйде зат.* Дәрмен *б ө л е к-с а л а қ-т а р ы н* көк масатыдан тігілген спорттық сумкаға салып, жинала бастады (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). Саттар екі семіз, үйітілген тауықты маған ұстата салып, өзі басқа *б ө л е к-с а л а қ т а р д ы* үйге алып кіріп кетті (А.Лекеров, Қырда.). Басқа *б ө л е к-с а л а қ-т ы ң* бәрі бір-бір сілкініп, ағаш төсектің іргесіне тоғытылғанға ұқсайды (К.Оразалин, Көктем.).

БӨЛЕКСУ *Бөлексі етістігінің қимыл атауы.* ≈ Өзінше *б ө л е к с у і.*

БӨЛЕКСІ= е т. *Бөлектену, бөлекпін деп сезіну.* Мен аулақпын *б ө л е к с і п* бөлденуден, Үйренбеймін «ұлттықты» әлдекімнен. «Қазақпын» деп қаңбақтай көшіп жүрмен, «Мұсылманмын» деп және сәлде кимен (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

БӨЛЕКТЕ= е т. **1.** *Бөлу, айыру, жіктеу.* Даулы сөздің көрдім де елеп көбін, Дұрыс пенен бұрысты *б ө л е к т е д і м.* Қаншалықты күдікпен қарасам да, Көңіліме қонады көбі өкпенің (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Төтенше әскери соттың председателі генерал Емуганов 25 істің ішінен үлкен сары папканы *б ө л е к т е й* берді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Әйел деп *б ө л е к т е й* беретіндері несі екен (Б.Майлин, Шығ.). **2.** а у ы с. *Жатқа санау, алалау, бөтенсіну.* – Өзге түгіл, анаң, менің жолдасым Биби де сені менен *б ө л е к т е п* отырады (Р.Әутәліпов, Алтын.). Бесікте жатқан бөбекке Қарадың сосын асылып. Өзіңді сол сәт *б ө л е к т е п,* Көңілің қалды басылып (Қ.Мырзалиев, Ақ отау). Ал анамыз бізді, сірә, көрген емес *б ө л е к т е п,* Ауыр күндер өтіп жатты, соғып жатты жел өкпек (М.Шаханов, Ғасырлар.). **3.** а у ы с. *Жасыру, бүгіп қалу, айтпау.* – Немене, маған сенбейтін болғансың ба? Сырыңды менен *б ө л е к т е й* бастадың ба? – деді Мюлгаузен даусы бұзылып (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

Бөлектеп жинау [ору]. е г і н ш а р. *Егінді бірнеше күн бұрын орып тастап, содан кейін барып комбайнмен бастыру әдісі.* Алғашқы кезде республикамыздың көптеген колхоздары мен совхоздарының басшылары егінді *б ө л е к т е п ж и н а у д ы ң* бұл прогрестік әдісінің мәніне жете түсінбеді (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). Ол алдыңғы жылы Сібірдің егін орағы кезінде *б ө л е к т е п о р у* әдісімен артықкемсіз мың гектар жердің бидайын орған екен (Б.Тоқтаров, Қыран.).

БӨЛЕКТЕУ *Бөлекте етістігінің қимыл атауы; алалау, бөтенсу.* Жай болды қызық кенеттен Ақылға сол шақ қонбайтын, Жай кезде болса, *б ө л е к т е у...* Әскери кезде болмайтын (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

БӨЛЕКТЕЛ= е т. *Оңашалану, бөліну.* Аздан кейін Хадиша қалың шапанын жамылып, өзгелерден *б ө л е к т е л і п,* сыртқа қарай бет алды (Ж.Жұмаханов, Соқпақ.).

БӨЛЕКТЕЛУ *Бөлектел етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қозылардың *б ө л е к т е н у і.*

БӨЛЕКТЕЛІН= е т. *Басқалардан оқшау ұсталыну, бөлек алыну.* Әрбір *б ө л е к т е л і н г е н* малды журналға тіркейді, онда малдың түрі, жасы, келіп түскен күні және бруцеллезді кім тапқаны көрсетіледі (А.Даиров, Хирург.). Олардың жарамсыздыққа шығарылғандары *б ө л е к т е л і н і п* алынады да, отар 1,5 жастағы ірі тұсақтармен толықтырылады (Береке бастауы).

БӨЛЕКТЕН= е т. **1.** *Ерекшелену, өзгешелену.* Кеш мені, көп қажытсам бейнет беріп, Сабырмен соның бәрін сен өткеріп, Қозғалмас алтын қазық секілденіп, Тұрасың көз

алдымда *б ө л е к т е н і п* (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Шежіреші шеруі кетті ұласып, *Б ө л е к т е н д і* бөліскер бетін ашып. Ру-жыру көбейсе ел шетінде, Ай толқыды қара бұлт бетін басып (К.Салықов, Жезкиік). Көз ойығы, кірпіктер пайда болып, еріндер *б ө л е к т е н е д і* (Қ.Нұғматжанов, Гистология.). **2.** *Бөлек шығу, оқшаулану, шеттеу.* Алғашқы күндері екеуі *б ө л е к т е н і п,* басқаларға қосылмай, шеттеп жүрді (С.Бақбергенов, Қарға там.). Аққулар үй қаздарынан *б ө л е к т е н і п,* көлге ұшуды тағы да әдеттеріне айналдырды (А.Сатаев, Ақын.). Ол күні ұзақ далада ойнайтын ауыл балаларының арасынан *б ө л е к т е н е,* мектеп сыртында жатқан, оқушыларға өртеуге үйілген, тексерілген дәптерлері мен қағаздарының әріптері айқындарын жиып-теріп үйіне тасып жүретін («Егемен Қазақстан»).

БӨЛЕКТЕНУ *Бөлектен етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ерекшелену, оқшаулану.* – Нұрлан ұлттық мақтаныш жайлы жазған екен, соны *б ө л е к т е н у,* патриотизмге сыйыспайды депті (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). – «Мен», «мен» деп, кеуде қаға сөйлеуді, *б ө л е к т е н у д і* қашан доғарасыңдар? (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). **2.** *Бөліну.* Құрмаштың Бекеш, Санаттардан *б ө л е к т е н у і* де осы шақтан басталған еді (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

БӨЛЕКТЕС= е т. *Бөлек етісу, бөліп әкетісу.* ≈ *Б ө л е к т е с е* көшті.

БӨЛЕКТЕСУ *Бөлектес етістігінің қимыл атауы.* Олай болмаса мекеніңді, Бала-шағадан *б ө л е к т е с у* керек. Деп ағайым тымпыңдап жатыр, Жеңгеміз түпкі үйде қыңқылдап жатыр (О.Әубәкіров, Көктайғақ).

БӨЛЕКТЕТ= е т. *Бөлек шығару, алшақтату.* Көрдіңіз бе, рахымсыз ауру коллективтен *б ө л е к т е т т і* (Ж.Ақбердиев, Бас. пәле.). Ол үшін мал танимын дегендер бір жерге жиналып, көз алдынан жас төлді өткізетін болған. Жүні тығыз, мұрны дөңес, сүйегі ірі, құйрығы таңқы, түсіне шымқай қара, не шымқай қызыл, не шымқай ақ қозыны *б ө л е к т е т і п,* болашақ қошқар қоюға пәтуаласады (А.Сейдімбеков, Күңгір. күмбез.).

БӨЛЕКТЕТУ *Бөлектет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көршісін *б ө л е к т е т у.*

БӨЛЕКТЕУ[1] с ы н. **1.** *Бір жерден не біреулерден алшақтау, оңашалау.* Қостардан *б ө л е к т е у* жерде Мырзатай темір соғып жатыр (Б.Майлин, Шығ.). Күнекең «осындай жаманатты жерде қабаттаспай-ақ қояйықшы» деп *б ө л е к т е у* тұрған орындыққа отырды (Т.Нұрмағамбетов, Қош бол.). Нұрғазының жұрттан *б ө л е к т е у* тұруының да себебі бар ғой («Лен. жас»). **2.** *Айрықшалау, басқашалау, ерекшелеу.* Рас, Еламан басқа кісілерден *б ө л е к т е у* көрінген (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). – Бұл кісінің бізге жақындығы туыс-жекжаттан гөрі *б ө л е к т е у* (Т.Ахтанов, Боран). Оның ауыл әйелдеріне ұқсамайтын *б ө л е к т е у* де жағы бар. Ол – жеңгемнің киім киісі (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

БӨЛЕКТЕУ[2] *Бөлекте етістігінің қимыл атауы; айыру, бөлу, жіктеу.* Күні жетсе бастан жақ та айырылады, оны *б ө л е к т е у* оңай ғой, – деп Құныстың ойын әрілетуге жетектей түсті (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Егер бір малдың құтыру күдігі туса, оны кідіртпей *б ө л е к т е у* қажет (Е.Оразақов, Дәрігер.). Танабайды Шорадан тірісінде де, өлгеннен кейін де *б ө л е к т е у г е* болмайтынын түсінер жұрт (Ш.Айтматов, Қош бол.).

БӨЛЕКТЕУШІЛІК з а т. *Жеке бөлікке бөлушілік, бөлек етушілік.* Өлеңді әдебиет газеті мен әдебиет журналына қуу сияқты *б ө л е к т е у ш і л і к* болмағаны абзал (С.Қирабаев, Октябрь.).

БӨЛЕКТІК з а т. *Бөлек болушылық, басқалық, бөтендік, жаттық.* Бұл да ырыстың *б ө л е к т і г і* (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). Нияздың өзіне ең жақын адам болғанын, екеуінің арасында *б ө л е к т і к* жоқ екенін ол енді түсініп, көкірегін қуаныш кернеді (Т.Ахтанов, Боран).

БӨЛЕКШЕ ү с т. *Ерекше, басқаша, айрықша, өзгеше.* Оның тілі өзге жұрттан *б ө л е к ш е* жаралып па? (Абай, Тол. жин.). Жұлдыз боп ұшқан жандардың *Б ө л е к ш е* құяр нұры бар (Т.Айбергенов, Мен саған.). Сенің биік, заңғар тау, қарауылың, Әсем екен *б ө л е к ш е* жаралуың. Күндіз естен кетпейсің, түнде түстен, Жүректе қан денеме таралуын (Ә.Найманбаев, Шығ.).

БӨЛЕКШЕЛЕН= е т. *Ерекшелену, оқшаулану.* Даналық үйі алыстан-ақ өзінің ерекше жаратылысымен *б ө л е к ш е л е н е д і* (Д.Сапаров, Өткен күн.).

БӨЛЕКШЕЛЕУ с ы н. *Басқашалау, өзгешелеу, ерекшелеу.* Дидарласып жүзбе-жүз сөйлесуге не жетсін. Телефон мен қағаздың тілі де, үні де *б ө л е к ш е л е у* («Қаз. әдеб.»).

БӨЛЕКШЕЛІК з а т. *Ерекшелік, айырмашылық.* – Біз осы уақытқа дейін қала тұрмысында даладағыдан гөрі *б ө л е к ш е л і к* бар деп сеніппіз (Қ.Толыбаев, Қайдасың.).

БӨЛЕЛІК з а т. *Бөле болғандық, туыстық.* Бұның киізін бір кезде бір жағын ақысына сындырып, қалғанын қашықтау болса да *б ө л е л і г і н е* сыйғызып Қаратайдан алып еді (А.Жүнісов, Өмір.).

БӨЛЕН= е т. *Малыну, бату.* Қыр жатқан кезде құлағын түріп, елеріп, Аппақ бір нұрға *б ө л е н і п,* Мамырлы таңдай албырап, лаулап нұр жүзің, Биіктен жанып жұлдызың, Алғашқы жауған ақ қардай Орамал тартып басыңа, Келдің сен менің қасыма (М.Шаханов, Ғасырлар.). Қош айтысып өлеңмен, Терезеге төнем де Алатауды көрем мен Басы қарға *б ө л е н г е н.* Бауыры көкке кенелген Алатауды көрем мен (М.Мақатаев, Шығ.).

Алғысқа бөленді. *Алғысқа ие болды.* Қасым ақын жорға мініп жөнелді, Қарындастың *а л ғ ы с ы н а б ө л е н д і.* Иса келді айқайымен оятып, Ұйықтап қалған көңілдерін көп елдің (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).

Құрметке [даңққа] бөленді. *Құрметке, қошеметке ие болды.* Бәрін-бәрін білем, сезем жүрекпен, Ол тарихқа енді талай жыл өткен, Сен *б ө л е н д і ң қ ұ р м е т і н е* халықтың Талант деген Құдай берген құдіретпен (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Ал кәсіпқой бокс әлемінде бұған дейін Василий Жиров қана қолғап түйістіріп, әлем *д а ң қ ы н а б ө л е н г е н і* белгілі («Егемен Қазақстан»).

Тыныштыққа бөленді. *Тыныштады, тыншыды.* Кеш бата ақ орда төңірегі құлаққа ұрған танадай *т ы н ы ш т ы қ қ а б ө л е н е д і* (М.Мағауин, Өмір жыры).

Ықыласқа бөленді. *Ілтипатын иеленді, ілтипатын алды.* Оқырманның *ы қ ы л а с ы н а б ө л е н і п*, қалың жұртшылықтан қолдау тапқан бұл туындыдан кейін ұлтжанды қаламгердің ел рухын көтеріп, ұлт санасын оятуға деген ынта-жігері бұрынғыдан да күшейіп, осы тақырыпты жалғастыра кітап артынан кітап шығарды («Егемен Қазақстан»).

БӨЛЕНДІР= е т. *Ие болғызу.* Алғыр ой, абзал мінез, алмас қайрат, Оны өзгеше беделге *б ө л е н д і р г е н* (Ә.Нілібаев, Болашақ.). Бірінші бөлімде: «Аса қамқор, ерекше мейірімді Алла атымен бастаймын» деп Алланы дәріптесе, екінші бөлімде: « (Әй, Алла!) Саған ғана құлшылық қыламыз, әрі сенен ғана жәрдем тілейміз! Нығметке *б ө л е н д і р г е н д е р і ң н і ң* жолына! Ашуға ұшырағандардың және адасқандардың жолына емес!» – делінген («Егемен Қазақстан»).

БӨЛЕНДІРУ *Бөлендір етістігінің қимыл атауы.* ≈ Алғысқа *б ө л е н д і р у.*

БӨЛЕНТ= е т. *Малынту. Б ө л е н т і п* көк жасылға ағаш егіп, Колхоздың ауылы тұр қала болған (Т.Жароков, Таңд. шығ.).

БӨЛЕНТУ *Бөлент етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ықыласқа *б ө л е н т у.*

БӨЛЕНУ *Бөлен етістігінің қимыл атауы.* Бұзбай бір табиғаттың әлегі де, Екі жас тәтті сырға *б ө л е н у д е.* Бауыры бәйтеректің жылы тартты, Түн ұқсап күннің жарқын әлеміне (Қ.Бекхожин, Үш кезең).

Алғысқа бөлену. *Алғысқа ие болу, алғыс алу.* Дүниеде ел *а л ғ ы с ы н а б ө л е н у д е н* артық сый жоқ (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.).

Әңгіме-думанға бөлену. *Сырласу, сыр шертісу, әңгімелесу.* Бірін-бірі сағынып көрген апалы-сіңлілі би қыздары мәре-сәре болып, *ә ң г і м е - д у м а н ғ а б ө л е н у д е* (С.Бегалин, Шоқан асу.).

БӨЛЕТ= е т. *Нәрестені бесікке салдыру, орату, таңдыру.* Күмістен бесік ойдырды, алтыннан түбек құйдырды, Қара кісті қатты деп бала кіске *б ө л е т т і* (Сайын батыр).

БӨЛЕУ[1] з а т. с а я т. *Қыран құсты құндақтап алып жүретін бөлек ағаш.* Бұдан әрі Дәкең бізге облыстық тарихи өлкетану музейіне қамдаған қыран жабдығын да жайып салды. Олар: томаға (бас киім), тұғыр (бүркіт орындығы), балақбай, білезік, аяқбау, баялай (қолғап), құндақ, жеңсе (жең), балдақ (білекті тіреуіш), саптыаяқ (жем ыдысы), *б ө л е у* (қанжыға бесігі), шырға (тері кеп), сояу (түйе жілігінен жасалған істік) – бұл күнде көбіміз көрмеген дүниелер екен (Ж.Бәлшенов, Білмейді құс қадірін.). Ителгісіне талдан иіп жіберіп, *б ө л е у* ағаш жасады. Дәл жүрерде соған жатқызып, орап бөледі де, арқасына іліп алды (С.Бегалин, Уақыт.). Бүркітші бүркіт алатын аңдардың жатағын, өрісін, ізін білетін байқампаз да болады. Аңға шығарғанда бүркітшінің жанында аяқ бау, балақ бау, тұғыр балдақ, томаға саптыаяқ, биялай, жеңсе бұрау (түлкі бұрайтын айыр бас шыбық), жем қалта, шыжым, пышақ, ине, тарамыс, *б ө л е у* (бүркіт бесігі) сияқты дәнекер жабдықтары болады («Жетісу»). Бүркітті *б ө л е у і н е* бөлеп алды, Аяң-бұяң еткенше түн боп қалды, Ел жатпай бір ауылға қонайын деп, Шыңғыстың бөктерімен қайта салды (Шәкәрім, Өленд.).

БӨЛЕУ[2] *Бөле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Нәрестені бесікке салып, орап таңу, құндақтау.* Әйел біткен қазақтың бесігін тамашалайды. Шүмек, түбек, бала *б ө л е у д і* көріп мәз (М.Гумеров, Хазірет.). **2.** а у ы с. *Малындыру, кенелту, толтыру.* Болашақ қаламызды жасыл ағашқа *б ө л е у* жорығына да барлық жастар қатысты (Т.Қойшыманов, Қоңырат.). Қапаменен қан жылап қалжыраған жүректі маған қайта оятып, қайта шаттыққа *б ө л е у* қаншалық қиын екенін ескердің бе? (Б.Тәжібаев, Қараторғай). Намаз Алланың өзі көркем жаратқан адамдарға күні бұрын ойластырып,

үлкен шеберлікпен жасап отырған қамқорлығы, мейірімділігі. Ол арқылы пенделерін мол сауапқа *б ө л е у д і* және алдын ала дауасын беріп, дерттерден қорғауды қарастырған («Егемен Қазақстан»).

Бесікке бөлеу. э т н. *Емшектегі баланы бесікке жатқызып, орап, құндақтап, шұмек салып, таңып, байлау.* Жә, баланы *б е с і к к е б ө л е у д і* мақұлдадық. Қалай бөлеу туралы да ой жүгірттік. Енді тербетуге келейік (М.Жұмабаев, Шығ.). – Рас-ау, үшеуі де – бір боз өкпе. Емізік әперіп, бұларды *б е с і к к е б ө л е у* ғана қалды, – деп арық, бойшаң қара қыз – Қамар сықылықтай күлді (Т.Қойшыманов, Қоңырат.).

БӨЛЕУЛІ с ы н. *Бөленген, бөленіп қойылған.* Бесіктерінде *б ө л е у л і* жатқан балалар да көздері бақырайып үнсіз жатыр (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Пеш түбінде бесік тұр. Онда *б ө л е у л і* алты айлық нәрестеміз ұйықтап жатыр (А.Сатаев, Ақын.).

БӨЛКЕ [ор. булка] з а т. с ө й л. *Белгілі бір қалыпқа салынып пісірілген нан.* Бір қолында іші картопқа толы сумкасы, бір қолында екі *б ө л к е* нан салған торы бар (Ө.Қанахин, Мұрагер). Бір кезде жарты *б ө л к е* нан, алақандай шошқаның майын әкеп берді (З.Шашкин, Теміртау). Полина Аркадьевна тауық етті шабылып салынған борщ әкелді. *Б ө л к е* нан турады (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

БӨЛІМ з а т. **1.** *Үйдің, пәтердің төрт қабырғадан тұратын, арнайы қызметіне қарай бөлінген жеке бір бөлігі.* Садуақастың ағаш үйінде бес *б ө л м е* бар екен, менің серіктерім оның бәрін аралап көрді (С.Мұқанов, Өмір мектебі). О, Тәңір-ай, осы ма еді, осы ма еді көрмегі, Қайран досы көз алдында үнсіз жатты өлгелі, Тықыршумен ернін тістеп кезе берді ол *б ө л м е н і* (М.Шаханов, Ғасырлар.). Жан жабықса, көңіл хошы келе ме, Шыныменақ қамқор шырақ сене ме... Әжем жатқан *б ө л м е* қайда дегендей, Солай қарай еңбектейді немере (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). Моланың ішінен бір-бірімен байланысып жатқан бірнеше *б ө л м е* кездесті. Солардың арасында дәрет алуға арналып жасалған жеке бөлме бар екен («Парасат»). **2.** *Мекемелердегі (мектеп) арнайы жабдықталған кабинет.* Мұстафа Өзтүрік атындағы орта мектепке осыдан 3-4 жыл бұрын 2 компьютер берілгенімен, біреуін суық қолдылар сол мезетте-ақ қағып кеткен. Рас, демеушілер және бір компьютерді мектепке сыйлаған, алайда екі компьютер жабдықталмаған *б ө л м е д е* қамалып тұр («Егемен Қазақстан»). Өтекең он жылдан аса облыстық мәдениет басқармасын басқарған. Әп дегеннен көп маңызды шаралар қолға алынды, барлық мекемелерден қазақ тілі *б ө л м е л е р і* ашылды, қазақ тіл мен әдебиеті пәнінің сауатты, жоғары білімді мамандары жұмысқа шақырылды («Жас Алаш»). Арнаулы ережеге сәйкес герб облыс әкімінің, облыстық мәслихат хатшысының кабинеттерінде, сондай-ақ облыстық бағыныстағы мекеме, ұйым басшыларының жұмыс *б ө л м е л е р і н д е* [_ _ _] бейнелеуге тиіс («Жетісу»). **3.** қ о ғ.-с а я с. *Үлкен ғимараттың ішіндегі төрт жағы жабылған, дауыс беруге арналған жер.* Ол үшін сайлаушылардың әрқайсысы кезекпен оңаша *б ө л м е г е* кіріп, кандидаттардың аты жазылған қағазды урнаға тастау керек (Қ.Жұмаділов, Тағдыр.).

Ас бөлме. с ө й л. ***Асүй***. Ақырында екеуі *а с б ө л м е с і н е* кетіп қалып, оңаша сөйлесті (А.Байтанаев, Қансонар). Бет жағы шыны таспен қапталған жұқа кірпіш. Пәтер болғанда қандай: еден дегенің қызыл паркет, жалтырап жатыр. Ванна мен *а с б ө л м е н і ң* қабырғасы айна дерсің – ақ кафель (С.Шаймерденов, Өмір нұры). *А с б ө л м е д е* кешкі тамақ әзірлеп жүрген Әлилә да бір кезек қатарға кеп отырып, телевизор жаңалықтарын тыңдап қайтты (Береке бастауы).

Ауыз бөлме. *Үйге кіреберістегі бөлме; ауыз үй. А у ы з б ө л м е д е* тұрған кішкене күрең столдың қасына орнығып отырып алып, Боткин қағаздарын жая бастады (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). *А у ы з б ө л м е г е* кіріп, қос чемоданды босаға жаққа жарыстыра қойдық (Ж.Жұмаханов, Қаракөз.). *А у ы з б ө л м е г е* келсем, үй иесі Қайрат та киініп жатыр екен («Қаз. әдеб.»). *А у ы з б ө л м е н і ң* бір жағы – толған қола мен гипстен жасалған әйелдің үлкенді-кішілі кеудеше мүсіндері (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

Ауызғы бөлме. с ө й л. ***Ауыз бөлме.*** – Ал, Қарменді, су құй, – деді Бименді ет жасалып, *а у ы з ғ ы б ө л м е г е* кірген шақта. – Аяқтарыңды жинаңдар (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). *А у ы з ғ ы б ө л м е д е н* тарамыс қол, кемиек, істік мұрын, кішкене көк көзі шүңірейген арық кемпір көрінді (К.Тоқаев, Тасқын).

Балалар бөлмесі. а) *Пәтерлер мен үйдегі балаларға арналған бөлме.* ≈ *Б а л а л а р б ө л м е с і н і ң* жиһазы. ә) с о в е т. з а ң. *Милиция бөлімшесінің жанындағы балаларға арналған кабинет, бөлме.* Қалалық және аудандық милиция бөлімшесінде *б а л а л а р б ө л м е с і* болады (Семья тәрбиесі).

Бөлме өсімдіктері. б о т. *Тұрғын үйлерде, қоғамдық орындарда әсемдік үшін ыдысқа отырғызып өсірілетін өсімдіктер.* Әсемгүлді

бөлме өсімдіктеріне пеларгония, бегония, примула, традесканция, узамбер шегіргүлі, цикламен, азаляя, амариллис, алоэ, кактус, әсемжапырақты *бөлме өсімдіктеріне* пальма лавр, қасқыржем жатады (Қаз. тілі термин. Биология).

Жатын [жатақ, жатар] бөлме. *Ұйықтайтын бөлме.* Бір жолы ол *жатын бөлмесінен* қара мысық көріп, айқай-шу көтерді («Парасат»). Ал тұрақты мекенжайдың, ондағы оттық, *жатақ*, қонақ *бөлмелерінің* жасауы киіз үйдікіне біршама ұқсас болғанымен, өзіндік ерекшеліктерін сақтап қалған (Ө.Жәнібеков, Жолайырықта). Сосын үйде киетін сірісі жоқ көк жәміш шапатасын аяғының басына іліп, өзінің *жатар бөлмесіне* баратын (Ө.Қанахин, Жер бас.).

Кеңесу бөлмесі. р е с м и. *Мекемелердегі, сот орындарындағы ірі мәселелерді кеңесіп шешуге арнайы ұйымдасып, кеңесу үшін жиналатын бөлме.* Осы сұрақтарды талқылау кезінде алқабилер залдан шығып кетеді. Тараптардың ескертулері бойынша төраға *кеңесу бөлмесінде* сұрақтарды тағы бір пысықтап, қағазға жазып қол қояды («Егемен Қазақстан»). Ал құқықтық нұсқа бойынша алқабилер қылмыстық-процессуалдық заңнамаға сәйкес мәселе барысын *кеңесу бөлмесінде* шешеді («Егемен Қазақстан»).

Киреберіс бөлме. *Үйлер мен пәтерлердегі есіктен кіргеннен кейінгі сырт киім мен аяққиім шешетін бөлме.* Әркімнің иелік жерлерінде орналасқан үйлердің *киреберіс бөлмелерді*ң ішкі жағы нақышты оюлармен өрнектеліпті («Парасат»).

Қабылдау бөлмесі. *Белгілі бір мекеменің келушілерді қабылдайтын бөлмесі.* Бұлар қол алысып, *қабылдау бөлмесінен* сыртқа беттегенде партбюро секретарының есігі қайта ашылды (С.Шаймерденов, Болашақ.). Қанисыз бюро мәжілісі ашылмайды. Келгендер *қабылдау бөлмесінде* күте тұрсын (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Мысалы, осыдан үш-төрт жыл бұрын біздің бір вице-премьер мен министрдің біздегі «КЕГОК» секілді Ресейдің бір ұлттық компаниясының басшысына кездесе алмай, *қабылдау бөлмесінде* отырғанын баспасөзден естідік («Түркістан»). Кеңес бітісімен *қабылдау бөлмесіндегі* кезекшіге мәулет қағазына белгі соқтырып, көрсетілген уақыт ішінде кешкілік келген ізіммен кері қайттым (Д.Қонаев, Өтті дәурен.).

Қонақ бөлме. *Қонаққа арналған, қонақ күтетін, қонақ жататын бөлме.* Екеуі *қонақ бөлмеге* оңаша келіп отырған соң: – Ермекбай іштеме айтты ма? – деді Шөгел (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Еденге тақтай төсеуге мүмкіндік бола бермейтіндіктен, шетін қышпен қаластырып, ортасына кесек сыныктарымен араластыра топырақ төгіп, үстін қалың етіп сылап тастайтын сәкі, сыпа (суфа) жатақ, *қонақ бөлмелерінің* үштен екісіндей бөлігін алып жататын. Сәкінің, сыпаның үстіне қамыс, ши киіз төселіп, көрпешелер салынатын да, ортаға қойылған жозы айналасына жержастықтар тасталатын. Жержастық қонаққа төсек салғанда құсжастықты (көпшікті) биіктету үшін де пайдаланылған (Ө.Жәнібеков, Жолайырықта). Орынсыз қалған соң папам *қонақ бөлмедегі* менің орнына жатуға мәжбүр болды (Е.Оразақов, Дәрігер.).

Мұғалімдер бөлмесі. п е д. *Мектепте мұғалімдерге арналған бөлме.* Сабақ уақыты болса керек, *мұғалімдер бөлмесінде* ешкім жоқ екен («Қазақст. мұғ.»).

Намаз бөлмесі. с ө й л. ***Намазжай.*** Іңірде хазірет *намаз бөлмесінде* оңаша құран аударып отыр еді. Қасқырдан қашып тығылғандай, өң жоқ, түс жоқ Сейітжаппар кіріп келді (Д.Әбілев, Ақын.).

Операция бөлмесі. м е д. *Аурухана, емханалардағы операция жасайтын бөлме.* Құрбан кебісті жастанып жатты, *операция бөлмесіне* дейін аяғына киіп барды, ал мен кебісті сыйламақ түгіл лағынеттедім (Е.Оразақов, Қайта соқ.).

Пионер бөлмесі. с о в е т. *Мектепте пионерлерге арналып, тиісті құралдармен жабдықталған бөлме.* Алтыншы «а» класының оқушылары *пионер бөлмесіне* тегіс жиналды (С.Омаров, Әңгім.). Елка *пионер бөлмесіне* орнатылды (С.Баязитов, Күтп. кездесу).

Төр [төргі] бөлме. *Үйдің төр жағында орналасқан, үлкен, кең, көбінесе қонақ күтетін бөлме.* Жабайды қолма-қол арбадан түсіріп алып, *төр бөлмеге* әкетті (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Жарлыбайдың үйі екі бөлмелі болғанымен ауыз үйін асүйге айналдырып, өздері осы *төр бөлмесіне* жатады екен (Ж.Тілеков, Шалғай шеп.). Бименді үйі лық толы. *Төргі бөлмеде* шалдар, ауызғы үйде кемпірлер (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

Түпкі бөлме. *Үйдің жоғары жағындағы, көп кіре бермейтін қуыстағы бөлмесі.* Кіргенде *түпкі бөлмеге,* Дыбыссыз болып, абайлап. Дір ете қалды ол неге, Бетінде ыстық қаны ойнап (Ғ.Қайырбеков, Таулар.). Әсіресе, *түпкі бөлме* жиһазға толы болса керек. Түтелінген, шіріген заттардың жұқанасы көп шықты (Н.Баяндин, Құм асты.).

Шеткі бөлме. *Есікке жақын орналасқан, кіріп-шығуға ыңғайлы бөлме.* Ал Мұраттың жүзі сынық, көңілсіздеу ол неге? – Мұнда кел, – деп ертіп кірді мені *ш е т к і б ө л м е г е* (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Ішкі бөлме. *Үйдің ауызүйден кейінгі ішкері орналасқан бөлме.* Біз ішкі есікті сындырып, *і ш к і б ө л м е г е* кірдік (Ж.Саин, Жол үсті.). Бейсен *і ш к і б ө л м е г е* өтіп, жеңілтек киініп қайта шығып дастарқанға асыла кеп отырды (О.Сәрсенбаев, Сағым).

БӨЛМЕ-БӨЛМЕ с ы н. *Жеке-жеке бөлмелер, көп бөлме.* Төбесі *б ө л м е-б ө л м е* іші бұрау, Бағана асты-үстінен жоқты тіреу. Салдырған ахиреттік үйін сондай Ылайық ишандарға барып түнеу (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

БӨЛМЕЛЕ= е т. **1.** *Бірнешеге бөлмеге бөлу.* Шым шилер... үлкен үйлердің ішін *б ө л м е л е п* далда жасауға, итарқа құруға өте ыңғайлы (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **2.** *Бөлшектеу.* Жамбыны алды *б ө л м е л е п,* «Батыр қайным өлме», – деп. Бата қылды баршасы «Ісіңді алда жөнде!» – деп (Қамбар батыр).

БӨЛМЕЛЕП үс т. *Бөліп-бөліп.* Сөз сөйлеймін *б ө л м е л е п,* Әр нұсқадан термелеп. Сөйлеген сайын кетеді, Қызыл тілім өрмелеп (Үш ғасыр.).

БӨЛМЕЛЕС с ы н. *Бөлмесі бір, бір бөлмеде жататын (адам). Б ө л м е л е с* жігіттер менің жанымның ауырғанын елеген жоқ, оларға күлкі керек (Н.Сералиев, Махабб.). *Б ө л м е л е с* құрбым Аня менің он жетіге толуымды ауылға барып атауды ұсынды да, бірер күнге бастықтан рұқсат сұрадық (С.Баязитов, Құм қала.). Осы алғашқы курста жүргенде *б ө л м е л е с* жолдастарымен «Алтай» клубына бокс жарысын көруге барғаны есінде (Лен. жас»).

БӨЛМЕЛІ с ы н. *Бөлмесі бар.* Үлкен екі *б ө л м е л і* ағаш үй. Терезесі түстікке, күнге қарапты (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Көп *б ө л м е л і* үлкен үйде әзірге екі-ақ жан (С.Шаймерденов, Болашақ.). Әкесінің төрт *б ө л м е л і* жеке меншік үйі бар (А.Жақсыбаев, Менің дос.).

БӨЛМЕЛІК с ы н. *Бөлмеден тұратын.* Екеуі Дәмелінің жатақханасына жақын жерден кішкентай бір *б ө л м е л і к* үйге орналасты (І.Есенберлин, Айқас). Дәл орта тұсында ғана кең екі *б ө л м е л і к* үстемесі бар (С.Мұқанов, Саяхат.). Маған деген үйді бір үш *б ө л м е л і к* пәтермен біріктіріп, бір полковникке беріпті (Ә.Нұршайықов, Ақиқат.).

БӨЛМЕСЫМАҚ з а т. э к с п р. *Бөлмелік сипаты шамалы, бөлме деп айтуға толық келмейтін.* Үйге кіргенімде жоғарғы *б ө л м е с ы м а қ* жақтан біреудің домбыра шертіп отырғаны естілді («Қаз. әдеб.»). Жақияның келгеніне ол қатты қуанды. Дәстүр бойынша: – Төрлеңдер! – деп өзінің *б ө л м е с ы м а ғ ы н а* нұсқады (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Бір *б ө л м е с ы м а ғ ы* – кітапхана, дәлізі – клуб («Лен. жас»).

БӨЛМЕШЕ[1] з а т. *Кішігірім бөлме.* Жаналы тракторлар қатар-қатар қойылған *б ө л м е ш е л е р д і* жағалап, алпыс екіншіге келді (М.Етекбаев, Жомарт жаз). Кішірек келген екі бөлмеде Айжан тұрады да, екінші жақ жартысында – есігі бөлек, кең бір *б ө л м е ш е д е* совхоздың мал дәрігері – Нұрқат – Нұрланның бөлесі тұрады, ол да жалғыз (З.Шашкин, Сенім).

БӨЛТЕК з а т. к ө н е. *Бір бөлек егіндік жер, азғана жер.* Бақтығұлдың көңілін, күйін жайлап бес-алты *б ө л т е к* егіні де жайқалып, мол боп шықты (М.Әуезов, Қараш.). Бір дорба ақ бидайды ап күлімдепті, Көріп пе ең кубанканы бұрын депті. Көктемде бір *б ө л т е к к е* ек осыны, Достыққа болсын біздің ырым депті (Қ.Жармағамбетов, Баллада.). Арқалық тауының бауыр сыртының шымы тұтас көделі жер болғандықтан, үй басының салған бірлі-жарымды *б ө л т е к* егіні тәуір болып шығып, ұзақ қысқа қорек қылатыны сол болушы еді (М.Әуезов, Қараш.).

БӨЛТЕК-БӨЛТЕК с ы н. *Бөлек-бөлек, топ-топ, шоқ-шоқ.* Орманшы үйінің табалдырығынан басталған жалпақ жол ағаштың бауырымен ирелеңдеп жүріп отырады да, *б ө л т е к-б ө л т е к,* шоқ-шоқ қарағайлардың арасына тарамданып бөлініп, жылғаланып кете барады («Лен. жас»).

БӨЛТЕК-САЛТАҚ с ы н. с ө й л. ***Бөлек-салақ.*** Елеусіз осы алуандас олқылы-толқылы ойда тұрғанда, Шынар базарлыққа алып бара жатқан *б ө л т е к-с а л т а ғ ы н* буып-түйіп болған еді (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БӨЛТЕК-СӨЛТЕК с ы н. с ө й л. ***Бөлек-салақ.*** Жаныма орта бойлы ақ құбаша қыз келіп отырды. Қолында *б ө л т е к-с ө л т е к* түйіншектері бар («Лен. жас»).

БӨЛТИ= е т. ж е р г. ***Бұлти***. – Неғып бөтекелері *б ө л т и і п* шұнаңдай қалды десем – түні бойы ит тойын тойлаған екен ғой (О.Бөкеев, Үркер.).

БӨЛТИЮ *Бөлти етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Б ө л т и ю і* жаман.

БӨЛТІРІК[1] з а т. **1.** *Қасқырдың үлкейіп қарақұлақтанған күшігі.* Қасен күздігүні бір күннің ішінде бір *б ө л т і р і к,* бір үлкен қасқыр алған (М.Әуезов, Қараш.). Жыртқышы да мызғымас маза бермей, Қапы кетсе үйірге қалады ермей. *Б ө л т і р і г і* бөрідей, сойыл тисе, Ауыз салар арманда қарап өлмей (К.Салықов,

Жезкиік). Қастерлесең Дала деген ұлы үйді, Кеткен ұлға қалай ішің жылиды? Бөрінің де *б ө л т і р і г і* бүгінде Батысыңның әуенімен ұлиды! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **2.** а у ы с. *Жауыздықпен ауызданған жас.* Айтқаныдай, Нұрпейіс бастаған 5–6 *б ө л т і р і к* жетіп келді (С.Көбеев, Орынд. арман). Ақбай да азу тісінің жоқтығын өзі ерекше жақсы көріп өсірген кенже *б ө л т і р і г і м е н* бетпе-бет келгенде ғана сезіп еді (С.Бақбергенов, Қайран шешем). Нұрпейістің өкшесін баса атқа мінген *б ө л т і р і к* қой Әжігерей (Б.Майлин, Шығ.).

Бөрінің [қасқырдың, көкжалдың] бөлтірігі. с т и л ь. *Жауыздан туған жауыз, сұм.* – Ә, *б ө р і н і ң б ө л т і р і г і,* – деді Салық мырза өзіне таяу қарсы келген балаға (Ғ.Сланов, Дөң асқан). ...*Б ө р і н і ң б ө л т і р і г і н* бауырына сап, Пердесін бейқамдықтың құныққан жансың (Қ.Бекхожин, Үш кезең). – Ә, жігітің нағыз *қ а с қ ы р д ы ң б ө л т і р і г і* де! – деді Геке Жақияны нұсқап (Б.Аманшин, Жар мұңы). – Уа, *к ө к ж а л д ы ң б ө л т і р і г і.* Теңізге барғың келеді екен ғой, ә? (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

БӨЛТІРІК[2] з а т. б о т. *Далалы, жазық жерлерде өсетін, бойы 15–20 см-дей улы шөп.* Халық түсінігі бойынша, шытыр, *б ө л т і р і к,* қазоты, беде және басқа да осы сияқты шөптерді ашыққан арық мал, әсіресе жауыннан кейін тоя жесе, өліп қалады (Х.Арғынбаев, Мал ауру.). Шытыр мен *б ө л т і р і к т і* көп жегенді көтермейтін мал – қой мен ешкі (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

БӨЛТІРІСКЕ з а т. к ә с. ***Елтірі***. Қоңыр бұйра *б ө л т і р і с к е д е н* мол ғып тігілген тымағын түре киіп, кең маңдайын шалқайта, қарт сәлем артынан жөн сұрады (С.Бегалин, Уақыт.).

БӨЛУ[1] з а т. м а т. <лат. sharing> *Санды санға теңдей етіп бөлудің теориясын үйрететін арифметикалық амал.* Орта ғасырдағы арифметика оқулықтарында мынандай тоғыз амал қолданылады: 1) нумерация; 2) қосу; 3) азайту; 4) екі еселеу; 5) көбейту; 6) екіге бөлу; 7) *б ө л у;* 8) прогрессия; 9) түбір табу (А.Собалақов, Математика.). Екінші класта екінші басқыштың амалдары: көбейту, *б ө л у* үйретіледі («Халық мұғ.»).

Бөлу амалы. м а т. *Көбейту амалына кері амал.* Үнді математиктері қосу, азайту, көбейту, *б ө л у,* дәрежелеу және түбір табу *а м а л д а р ы н* қарастырады (А.Көбесов, Математика.). ≈ *Б ө л у а м а л ы н* үйрету.

БӨЛУ[2] *Бөл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір затты бөлшектеу, екіге я одан көпке жару.* 1980 жылы дүние жүзі бойынша цеолиттің 1500 салада пайдаланылатыны тіркелген. Яғни өндірісте: қағаз дайындау, желім бұйымдарын толтыру, азық-түлік өнімдерін вакуумдік кептіру, ауадан азот пен оттегін *б ө л у,* газды дендете құрғату («Жас Алаш»). Қозғағыштар үшін бетоннан жасалған, бір жерден екінші жерге көшіріп жүруге болатын іргетастарды қолдану, бұрғылау мұнараларының құрылысын оңайлату Жезқазған кендерін бұрғылау жұмыстарын бұлжымайтын категорияларға *б ө л у,* оларды мөлшерлеу ісін дифференциялау, осылар сияқты басқа да толып жатқан жаңа шараларды іске асыру геологиябарлау ісінде жұмыс уақытын барынша толық және жақсы пайдалануға бірден-бір жол ашты (Қ.Сәтпаев, Қазақст.). **2.** *Ажырату, айыру.* Шабысты алмастырып желіспенен, Намысты шыңдай берді жемісті өлең. Алысты жақындатар жыр тасыды Үш жүзге *б ө л у г е* елді беріспеген (К.Салықов, Жезкиік). Дүниенің құпиясын кім білді! Данышпан деп танисың ба дүмбілді?! Не дер едің *Б ө л у* үшін халықтан Қапас-торға қамап қойса бұлбұлды?! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Екі ауылды қойған кім жанастырып, Бұдан асқан бола ма оғаш қылық. Екі ауылдың іргесін *б ө л у* үшін, Жатыр әлі аяусыз талас жүріп (М.Шаханов, Ғасырлар.). Бұл адамдар меншікті қайта *б ө л у г е* ұмтылады. Олар өздерінің байлығын бақылаусыз еселей түскісі келеді («Егемен Қазақстан»).

Бөлу құдығы. с у ш а р. *Жабық суармалау жүйесінің құдығы. Б ө л у қ ұ д ы ғ ы* жерасты су құбырларының жабдықтарымен, құрылғыларымен және аспаптарымен тікелей жалғасқан (Қаз. тілі термин. Су.).

Бөлу мөлшері. ф и з и о л. *Адам мен жануарлар ағзасынан зат алмасудың соңғы өнімдерін, артық су мен тұзды, тағы басқа бөгде заттардың артық мөлшерін бөлетін мөлшері. Б ө л у м ө л ш е р і н е* бүйрек, тер бездері, өкпе, ас қорыту аппаратының бездері жатады (Қаз. тілі термин. Биология).

Бөлу позициясы. ә с к. *Инженерлік тұрғыдан жабдықталған позиция. Б ө л у п о з и ц и я с ы н д а* роталық тірек пункттері жасалуы мүмкін. Олар қорғаныстың батальондық аудандарына біріктіріліп, өзара қатынас жолдарымен, тұтас атыс жүйесі және инженерлік кедергілерімен байланыстырылады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Бөлу факторы. э к о н. *Ұсыным факторы мүмкіндік беретін экономикалық өсуді қамтамасыз ету мақсатымен экономиканың ресурстарды қайта бөлу қабілеті.*

Көңіл бөлу. *Назарын салу, ықыласын аудару.* Қатын-бала асырау амалында, Кеттім ғой соған *көңіл бөлуменен.* Менен сорлы ақын да өтті ме екен, Бір сөзі баспа орнына берілмеген? (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Ықылас бөлу. *Көңіл аудару.* Әрине, шыдар-ақпын өлуге мен, Баспаспын жаман жолға көнуге мен. Ақтармын оқып-жетіп алам атын, Басқаға жоқ *ықылас бөлуге* мен (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

БӨЛУШІ з а т. *Бір нәрсені бөлетін, бөлу қызметін атқаратын адам (нәрсе).* Ол суды *бөлушілер* мен пайдаланушылардың белгіленген жоспарына сәйкес анықталады (Ә.Стамқұлов, Үй іргесі.).

БӨЛШЕК[1] з а т. **1.** *Тұтас нәрсенің жеке бір бөлегі.* Жоқ ұштығы жол шегімнің, Аспан мен Жер – сол серігім. Мен – дүние өлшемімін, Мен – табиғат *бөлшегімін* (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Сол кезде туған қопам – Шұбалаңым, Көрінер көрмесіндей бір Алланың, Көрінер жалпақ жиһан *бөлшегін дей,* Соларды алдыма алып қуанамын (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Белең емес, Өлеңнің, емшегімін. Өтсін дер ем, жас талап, менше күнің. Менің өзім – бәрімін, Барлығымын, Табиғаттың кішкене *бөлшегімін* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **2.** т е х. *Кез келген механизмнің жеке-жеке тетігі, белгілі бір деталі.* Талғат бір кезде қиялы ғана болған самолеттің *бөлшектерін* енді көзімен көріп, ұшу жолдарын үйрене бастады (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.). Маузер атты мылтықты мен бұдан бұрын ұстап та көргем, әр *бөлшегін* ыдыратып ап, қайта жинағанын да көргем (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Машина немесе механизм сияқты кез келген бұйым өзара қосылған жеке-жеке *бөлшек* – детальдардан құралады (Сызу). **3.** т е р м. *Қоршаған ортадағы заттардың негізі болып табылатын ең кішкене (ұсақ) бөлік: атом, молекула, нейтрон, протон т. б.* Бізді қоршап тұрған табиғи заттар ең ұсақ *бөлшектерден* – атомдар мен молекулалардан тұрады (А.Мырзабаев, Хим. қызығы). Бірнеше жылдар бойы жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде барлық элементтердің атомы мейлінше кішкене *бөлшектерден* құралғанын білуге мүмкіндік туды (Б.Айдарханов, Атом қуаты.). Уранның атом ядросы нейтрон *бөлшектеріне* бөлінеді (Ж.Жатқанбаев, Су.).

Бөлшек сауда. э к о н. *Өнімді бөлшектеп сату әдісі; ұсақ сауда. Бөлшек сауда* – ішкі сауданың халыққа тауарлар мен қызмет түрлерін сататын бөлігі (Қаз. тілі термин. Тамақ.). Азық-түлік колхозшыларға мемлекеттік *бөлшек сауда* нарқымен сатылады (А.Шайбеков, Колхозда.). Ірі сауда фирмалары жәрмеңкеден жәрмеңкеге тауар түсірумен қанағаттанбай, қалалар мен ірі елді пункттерде көтерме сауда қоймаларын, *бөлшек сауда* дүкендерін аша бастады (ҚазССР тарихы). *Бөлшек сауда* желісіне әмбебап және арнаулы дүкендер, қоғамдық тамақтану кәсіпорындары, сауда автоматтары және т.б. қамтылады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Бөлшек сауда бағасы. э к о н. *Халыққа сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары арқылы өткізілетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бағасы. Бөлшек сауда бағасы* азаматтардың меншікті пайдалануына түсетін тұтыну заттары мен өндірістік-техникалық мақсатындағы өнімге белгіленеді (Қаз. тілі термин. Биология).

Бөлшектер дифракциясы. ф и з. *Электронның, нейтронның атомның, молекуланың кристалдан, сұйық пен газ молекулаларынан шашырауы. Бөлшектер дифракциясы* – микро-бөлшектердің толқындық табиғатына тән құбылыс (ҚСЭ).

БӨЛШЕК[2] з а т. **1.** м а т. *Өлшем ретінде алынған бүтін санның (бірліктің немесе шаманың) белгілі бір не бірнеше бөлегін көрсететін сан атауы.* Қазіргі сан ұғымы түрлі сандарды – бүтін, *бөлшек,* теріс, иррационал, жорамал сандарды – қамтитын күрделі ұғым (А.Собалақов, Математика.). Егер бөлу нәтижесі бүтін сан болмаса, онда *бөлшек* шығатынын мысырлықтар жақсы білген (О.Жәутіков, Математика.). 1767 жылы оның алгебралық теңдеудің заттық түбірін ажырату және оларды үздіксіз *бөлшектер* жәрдемімен жуықтап табу әдістері баяндалған «Сандық теңдеулерді шешу туралы» мемуары шығады (А.Көбесов, Математика.). Бөліндінің бүтіні мен *бөлшегі* бөлгішке дәл бөлінеді («Халық мұғ.»). Айталық, берілген *бөлшек* рационал санды өрнектейтін болсын (О.Жәутіков, Жоғары матем.). **2.** м а т. *Арифметикада бірліктің (бір бүтіннің) бір не бірнеше тең үлестерінен құралған сан. Бөлшектің* бөліміне бөлу арқылы әрбір бөлшектің толықтауыш көбейткіші табылады (ҚСЭ). *Бөлшек* мәндерден барынша құтылу мақсатында ол $a=10^8$ қосымша көбейткішін енгізеді (А.Көбесов, Математика.).

Алгебралық бөлшек. м а т. *Алымы да, бөлімі де көп мүшелік болып келген бөлшек.* Алымы мен бөлімі көп мүшелік болып келген бөлшек түріндегі алгебралық өрнек – *алгебралық бөлшек* деп аталады (Алгебра).

Бөлшек сан. м а т. *Бірнеше бөлшектен (алымнан және бөлімнен) тұратын сан; бүтін сан.*

Сонымен, барлық оң және теріс бүтін сандардың, оң және теріс *б ө л ш е к с а н д а р ы н ы ң* және де нольдік жиынын рационал сандар жиыны деп атайды (О.Жәутіков, Жоғары матем.). Сан ұғымы ендігі жерде *б ө л ш е к с а н* түрінде дамыды (А.Көбесов, Математика.).

Бұрыс бөлшек. м а т. *Алымы бөліміне тең не одан үлкен бөлшек.*

Дұрыс бөлшек. м а т. *Алымы бөлімінен кіші бөлшек.*

Элементар бөлшек. ф и з. *Бар, белгілі бөлшектердің ішіндегі қарапайымы, кішісі.* Физика ғылымының дамуы өте сезімтал жаңа аспаптардың жасалуы *э л е м е н т а р б ө л ш е к т е р д е н* де ұсақ бөлшектерге бөлінетіндігін көрсетіп отыр («Білім және еңбек»).

БӨЛШЕК-БӨЛШЕК с ы н. *Бөлек-бөлек, жеке-жеке, дара-дара.* О жағың да, бұ жағың да *б ө л ш е к-б ө л ш е к* егін (Б.Тоқтаров, Қыран.). Бұйымын беріп жатыр әркім өлшеп, Үйілген ұлы, кіші *б ө л ш е к-б ө л ш е к.* Анталап бірін-бірі итермелеп, Жапырлап алып жатыр көйлек-көншек (С.Сейфуллин, Шық. жин.). Бір жағы ауыр, қоңыр бел, Өлкесі толған сексеуіл. Бөлек-бөлек құмы бар, *Б ө л ш е к-б ө л ш е к* суы бар, Көшкен елдің іргесі (Қ.Жапсарбаев, Өлеңд.).

БӨЛШЕКТЕ= е т. **1.** *Бөліп-бөліп тастау, бірнешеге бөлу, ажырату.* Халықтың тарихын *б ө л ш е к т е п* қарауға болмайтыны белгілі (І.Омаров, Серпін). Осы жарықшалар тау жыныстарын пішімі мен шамасы түрліше болып келетін және бөлектіктер деп аталатын кесектер мен жақпарларға *б ө л ш е к т е й д і* (К.Сапарбайұлы, Геология.). **2.** *Мүшелеу.* Күрең сәурікті жайратып сойып, етін *б ө л ш е к т е п,* тұздап, терісін күнге жайып қойыпты (Д.Досжанов, Зауал). **3.** *Құрастырылған затты қайтадан бөлек-бөлек етіп ажырату.* Орталарында *б ө л ш е к т е п* тастаған бір винтовка. Михаил Ивановичтың қолында затвор... (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Бейтаныс адам пистолеттің сыртын мұқият сүртті де, оны *б ө л ш е к т е п* бұза бастады (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). **4.** *Сөзді үзіп-үзіп айту.* Ол сөзін *б ө л ш е к т е п* айтты (Ауызекі). **5.** а у ы с. *Жік-жікке бөлу, даралау, бөлектеу.* – Балалардың үйі жоқ! Бұл менің үйім. – Өйтіп *б ө л ш е к т е м е!* (М.Әуезов, Қараш.). Ат төбеліндей азғана қазақты *б ө л ш е к т е п,* тым кедейшіл болма, бауырым (Д.Әбілев, Ақын.).

БӨЛШЕКТЕГІШ с ы н. *Бөлшектеу әрекетін істеуші, бөлшекке бөлуші.* ≈ *Б ө л ш е к т е г і ш* мәшине.

БӨЛШЕКТЕЛ= е т. *Бөлшек-бөлшек етілу.* Әр жолға шашырағаң сөздер қазақтың шалыс ұйқасты, 11 буынды өлеңінің *б ө л ш е к т е л г е н* түрі емей немене (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Ішкі органдарын шығарып алғаннан кейін олар *б ө л ш е к т е л е д і,* содан соң мал дәрігері тексереді (Т.Телеуғалиев, Ет. эксперт.).

БӨЛШЕКТЕЛУ *Бөлшектел етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ядроның *б ө л ш е к т е л у і.*

БӨЛШЕКТЕН= е т. **1.** *Бөліну, ұсақталу, майдалану.* Аяздық үгілу нәтижесінде тіпті ең тығыз және қатты тау жыныстарының өзі де *б ө л ш е к т е н і п,* кесектерге айналады (К.Сапарбайұлы, Геология.).Тамақтың химиялық өзгерістері дегеніміздің мәнісі сол, мұнда күрделі заттар жай заттарға *б ө л ш е к т е н е д і* (Адам анатом.). **2.** *Жікке бөліну.* Суырдайын күн кешіп, әркім ойлап өз басын, Тұлпарларды тұқыртып, тұғырлары озғасын, Бүйрегіндей сиырдың *б ө л ш е к т е н г е н* бұл қазақ, Құмалақтай бытырап, қалай ғана тозбасын (М.Мақатаев, Шық.). Ноғайлы, Алшындар келіп қосылған соң, Ақназар күшейіп, *б ө л ш е к т е н і п* жүрген қазақ атанған руларды біріктіре бастайды (С.Сейфуллин, Шық.). **3.** а у ы с. *Даралану, бөлектену.* Ең артта өзгелерден *б ө л ш е к т е н і п* Құрмаш келе жатыр (Б.Соқпақбаев, Алыс. ауыл.). «Жастардан *б ө л ш е к т е н б е* сен» деп еді, «Сауыққа қалмай бүгін кел» деп еді. Қамилаш күліп тұрып «уақыт жоқ» деп, Өзінше сылтауратты әлденені (Т.Молдағалиев, Қамила).

БӨЛШЕКТЕНУ *Бөлшектен етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бөліну, ыдырау, ұсақталу.* Жеке кристалдардың және кристалл құрамды минералдардың белгілі кристаллографиялық бағыттар бойынша жарылып *б ө л ш е к т е н у* қабілеті жымдастық деп аталады (К.Сапарбайұлы, Геология.). Физикалық үгілу тау жыныстары мен минералдардың механикалық жолмен ірілі-ұсақты әртүрлі бөлшектерге *б ө л ш е к т е н у і м е н* сипатталады (К.Сапарбайұлы, Геология.). **2.** б и о л. <лат. fissio> *Ұрықтанған бір жасушалы ағзаның (зигота) митоз арқылы бөлініп, көп жасушалы ұрыққа (бластула) айналуының эмбриондық кезеңі.* Жұмыртқаның ұрықтану және *б ө л ш е к т е н у* процесі жануарлар мен өсімдіктерде өте ұқсас болады (Жалпы биология). *Б ө л ш е к т е н у* кезінде пайда болған клеткаларды бластомерлер деп атайды. *Б ө л ш е к т е н у д і ң* белгілі бір кезеңіне дейін бластомерлер саны көбейгенмен, зиготаның көлемі өзгермейді (Қаз. тілі термин. Биология). *Б ө л ш е к т е н у* – ұрпақтанған жұмыртқа клеткасының (зиготаның) митоз жолымен үздіксіз

бөлінуі. *Б ө л ш е к т е н у* – организмнің эмбриоталдық (ұрықтық) дамуының ең бастапқы және негізгі сатысы (ҚСЭ). **3.** а у ы с. *Бөлектену, оқшаулану.* Кенесары болса өзінің феодалдық-хандық *б ө л ш е к т е н у і м е н* қазақ елін орыс халқынан ұзақ уақытқа бөлгелі тұр (І.Есенберлин, Қаһар). **4.** а у ы с. *Жікке бөліну, бытырау.* XIII ғасырдың алғашқы жартысы әр алуан этникалық, тілдік, нәсілдік элементтердің барынша *б ө л ш е к т е н у,* қосылу, ажырасу дәуірі болды (ҚазССР тарихы).

БӨЛШЕКТЕНУШІЛІК з а т. *Бөлінушілік, бөлшек-бөлшек болушылық.* Онда өлеңнің іштей жіктелуі, іштей *б ө л ш е к т е н у ш і л і г і* бар («Қазақст. әйелдері»).

БӨЛШЕКТЕТ= е т. *Бөлшек-бөлшек еткізу, бөлдіру.* – Қазір колхоздың өзі біртұтас майданның қоры. Бүтінді *б ө л ш е к т е т п е й д і* майдан. Бүйректен сирақ шығармай жүр! (Ж.Тілеков, Қайнар).

БӨЛШЕКТЕТУ *Бөлшектет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Затты *б ө л ш е к т е т у.*

БӨЛШЕКТЕУ *Бөлшекте етістігінің қимыл атауы.* **1.** т е х. *Затты бөлек-бөлек етіп ажырату.* Қазір мәшине *б ө л ш е к т е у* және құрастыру дәрежесіне жеттім (Қ.Қамбаров, Алтай аясы). **2.** с у ш а р. *Бірнеше арнаға айыру, тарамдау.* Мұнымен қатар тасқынды бірнеше аркалармен ағызып, оның соқпа күшін бөлу, *б ө л ш е к т е у д і ң* басқа да жолдары қолданылды (Ж.Жұмаханов, Адам.). **3.** а у ы с. *Жікке бөлу, бытырату, бөлек-бөлек ету.* Жоқ, бүйтіп біз ел бола алмаймыз. Халқымызды енді *б ө л ш е к т е у г е* бермеуіміз керек (І.Есенберлин, Қатерлі.).

БӨЛШЕКТІ: **бөлшекті сан**. л и н г в. *Өлшем ретінде алынған бүтін шаманың (санның) бір бөлегін көрсететін сан есім. Б ө л ш е к т і с а н д а р* есептік сандармен анықталатын бүтін заттардың бөлшектерін білдіреді. Мысалы, жарым, жарты, ширек, үштен бір, бір жарым т. б. (Қазіргі қаз. тілі).

БӨЛШЕКТІК с ы н. *Бөлшекке тән, бөлшекке қатысты.* Ал сәуленің толқындық теориясы мен *б ө л ш е к т і к* теориясының таласу жылдарында осындай ойыншық тәрізді нәрседен аса ірі ғалымдардың бірі тағы да бір тамаша ғылыми жаңалық ашты десе не дейсіз (А.Қалығұлов, Жарық.).

БӨЛШЕКТІ-СЫЗЫҚТЫҚ: бөлшекті-сызықтық функция. м а т. *Сызықты функциялардың қатынасын көрсететін рационал функцияның дербес және қарапайым түрі.* Комплекс жазықтықта *б ө л ш е к т і-с ы з ы қ т ы қ ф у н к ц и я* орындалған түрлендіру түзулер мен шеңберлерді қайтадан түзулер мен шеңберлерге ауыстырады (ҚСЭ).

БӨЛІК з а т. **1.** *Бірнешеге бөлінген тұтас нәрсенің бір бөлігі.* Өкпенің бес *б ө л і к т е н* (оң жақта үшеу, сол жақта екеу) тұратындығы мәлім (С.Байжанов, Өкпе туберк.). Шеңберді линейкамен бұрыштары 30–60–90 градус үшбұрыш арқылы тең алты *б ө л і к к е* бөлуге болады (Сызу). Бізге жоспар: «Сонша жер ек». Жоспарды ерте Жайлау керек, Әр қос алған Жоспар керек Егістің *ә р б ө л і г і н* (С.Сейфуллин, Шығ. жин.). **2.** *Екі аралықты бөліп тұрған зат, бөлінген жер.* Ортадан бөлулі. *Б ө л і к т е* тамақ беретін тесік бар (Б.Майлин, Шығ.). Ортадағы борозда екіге бөліп жатыр. Көлденең *б ө л і к* әне бір жыра болсын (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес). Олар дайын табиғат қорын пайдаланып, әсіресе тау *б ө л і к т е р і н е,* жыныс ағаш ішіне, үлкен көл, өзен жағаларына бейімделген (Н.Баяндин, Ата мекен). Орынсыз айқай салып желікпеген, Мен сенің сабырыңа сеніп келем. Туған жер, бұл әлемде өзім үшін Артықсың бар табиғи *б ө л і к т е р д е н* (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Аю Қазақстанның шығыс, оңтүстік *б ө л і г і н д е г і* тауларда кездеседі (Х.Қыдырбаев, Дала көркі). **3.** *Арнайы берілген, белгіленген орын; бөлім.* Қандай істердің алқабилердің қатысуымен қаралатыны ҚПК 291-бабының екінші бөлімінде көрсетілген, яғни облыстық және оған теңестірілген соттар қарайтын өлім жазасы қолданылатын баптар қаралатын қылмыстық істер алқабилердің қатысуымен жүргізелетіндігі жөнінде тұтас *б ө л і к* енгізілген («Егемен Қазақстан»).

Аумақтық бөлік. *Территориялық бөлініс.* Аумақтық демократиялану кезеңі деп атаған тұста, *а у м а қ т ы қ б ө л і к т е р г е* бөлінген әкімгершілік жүйенің әр деңгейдегі органдары арасында билік бөлісудің басты мәселеге айналуы тегіннен-тегін емес (Н.Ә.Назарбаев, Ғасырлар тоғ.).

Бір бөлігі. *Бір ғана бөлегі, біразы.* Қарышаның ішкі қысымы басталғанда қанның *б і р б ө л і г і* оң жақтағы жүрекшеге құйылады (А.Даиров, Хирург.). Ал тас-талқаны шыққан Германияда одақтастар сол байлықтың *б і р б ө л і г і н* ғана тауып алғаны белгілі («Лен. жас»).

Құрамдас бөліктер. *Қандай да бір қоспаның немесе қауымдастықтың құрамды бөлігі.* Жоғарыда аталған проблеманы шешу үшін үкімет инфрақұрылымының рұқсат етілмеген енуден жоғары дәрежеде қорғауды, трафиктің барлық түрлерін беруді және телекоммуникациялық қызмет көрсетулерді ауқымды спектрін бөліп беруді қамтамасыз ететін қажетті *қ ұ р а м д а с б ө л і г і* ретінде мемлекет-

тік органдардың бірыңғай мультисервистік көліктік ортасы құрылатын болды («Егемен Қазақстан»).

Құрамды бөлік. *Бір нәрсенің құрамына енетін, соның бөлігі саналатын бөлшегі.* Саяси қызметкерлер әскери кадрлардың *құрамды бір бөлігі* боп табылады (Ө.Қанахин, Өз ақылы.). Іскерлікке тәрбиелеу – ақыл-ой тәрбиесі мен адамгершілік тәрбиесінің *құрамды бөлігі* (Семья тәрбиесі). Әл-Фараби оның теориялық және практикалық баптарын бірбірінен бөліп-жармай бір ғылымының *құрамды бөліктері* ретінде қарайды (А.Көбесов, Математика.).

БӨЛІКТЕГІШ з а т. и н ф. <лат. delimiter> *Мәліметтер дестесінің (немесе маркердің) басын немесе соңын ажыратуға арналған өріс.*

БӨЛІКТІ с ы н. *Бөліктен тұратын.* Шығыс қабырғасын бойлай кесектен қаланған үш *бөлікті* қамба орналасқан, олардың әрқайсысында ірі-ірі хумдар орналастырылған («Парасат»).

БӨЛІКШЕ з а т. *Кішкене ғана бөлік.* Өкпенің оң жағы үш, ал сол жағы екі *бөлікшеден* құралады (А.Даиров, Хирург.).

БӨЛІМ[1] з а т. **1.** *Белгілі бір мекеменің, цйымның, өндіріс орнының құрамына кіретін жекежеке сала.* Округтік денсаулық сақтау *бөлімі* оны Москваға, дәрігерлік институтқа оқуға жіберген (З.Шашкин, Өмір.). Орта бойлы, шүңірек көз, жирен сақал адам қылмыс іздеу *бөлімінің* бастығына келді (К.Тоқаев, Тасқын). «Жас қайратта» саяси, шаруашылық, өнер, білім, тәлім-тәрбие, әдебиет *бөлімдері* бар еді (Ш.Ерманов, Мәңгі жастық). **2.** *Институт факультеттерінің ішіндегі мамандық бойынша бөлінген топ.* 1931–33 жылдары Москвада, қызыл профессорлар институтының әдебиет *бөлімінде* ол екеуміз бір столда қатар отырып оқығамыз (С.Мұқанов, Алып. адым.). Совет өкіметі жылдарында жоғары оқу орындарының журналистика *бөлімдерін* бітірген маман кадрлар өсіп жетілді (С.Мәуленов, Жұлдыз.). Бұл кітап негізінен физика-математика факультеттерінің физика *бөліміне* арналып жазылған-ды (М.Құдайқұлов, Оқу киносы). **3.** ә с к. *Шағын әскери топ, взводтың бір бөлігі.* Ендеше өз *бөлімінен* қалып қойып, орман ішінде адасып жүрген бір солдатты қосып алыңыз (Т.Ахтанов, Дала сыры). Рүстемдердің *бөлімі* Дон бойында немістермен үш күн бойы қатты ұрысты (С.Бегалин, Ана.). Бала Александрды арқалап, өз *бөлімінің* санчастысына қарай тартып келеді (Қ.Әбдіқадыров, Мақташы.). **4.** *Қандай да бір ғылыми еңбектің, оқулықтың, пәннің белгілі бір тараушасы.* Сонымен, физиканың оптика *бөлімінен* өзімізге белгілі заңға келіп тірелдік: сәуленің түсу бұрышы синусы мен сыну бұрышы синусының қатынасы қандай болса, оның бірінші ортадағы жылдамдығы мен екінші ортадағы жылдамдығының қатынасы да сондай болады (О.Жәутіков, Жоғары математика.). **5.** *Әдеби шығарманың, концерттің, театр т.б. өнер салаларының жеке бір бөлігі.* «Ер Төстік» ертегісі төрт *бөлімнен* құралады (М.Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Бүркіт астанаға қайтқанда өзінің осы жаңа дастанының алғашқы *бөлімін* бітіріп ала келді (І.Есенберлин, Қатерлі.). Бұл өлеңнің алғашқы *бөлімі* қала маңындағы халық аузында сақталған (М.Ақынжанов, Қаз. ағартушы.). **6.** *Бөлік, жақ, бет.* Ол құлақтан келетін жүйкелік белгілерді реттейтін және оларды одан әрі қарайғы өңдейтін жоғарғы *бөлімге* – мидың есту қыртысына жеткізетін бірнеше орталықтардың тізбегінен тұрады («Түркістан»). Егер ағзадағы қалыпты клеткалар бөлінерде астыңғы *бөлімге*, тұғырға сүйенетін болса, яғни төсеніш рөлін атқаратын тұғыр клеткалар болуы шарт болса, қатерлі ісік клеткалары ондай тұғырды қажетсінбейді («Түркістан»).

Ақылы бөлім. п е д. *Оқу орындарының жанындағы ақылы түрде білім беретін құрылымдар.* Бүгінгі таңдағы студенттердің 80 пайызынан астамы ақылы бөлімде оқиды екен. *Ақылы бөлімді* білімсіз, бірақ қалталылардың барар жері деп ұқпау керек («Түркістан»).

Бөлім командирі. ә с к. *Бөлімнің (бөлімше) жеке құрамын басқаратын адам. Бөлім* немесе бөлімше *командирі* даярлық дәрежесі аттестаттау нәтижесінде айқындалатын офицерлік, старшина немесе сержанттық құрамнан тағайындалады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Бөлім қызметкері. *Белгілі бір мекеме, цйым құрамына кіретін бөлімде жұмыс істейтін адам.* Ал сол жағымды жаңалықты Бердіқұлов естіп, тиісті *бөлімнің қызметкерлері* хабарсыз қалса, сол күні редакцияның ішінде дүлей дауыл тұрады. Сондықтан газеттің қызметкерлері үнемі сергек, құлақтары түрік жүретін («Түркістан»).

Бөлімнің құрмет кітабы. ә с к. *ҚР Қарулы Күштері ішкі істер қызметі жөніндегі Ережеге сәйкес бөлім дәстүрлерін сақтау, мадақтау және әскери даярлық үздіктерінің озық тәжірибелерін тарату мақсатында жүргізілетін кітап. Бөлімнің құрмет кітабына* әскери қызметтен босатылып, запасқа кететін соңғы жылғы қызметін өтеп жүрген сарбаздар (матростар),

сержанттар (старшиналар), үздік көрсеткіштері бар, тәртібі жоғары, сонымен қатар әскери міндетін атқаруда ерекше көзге түскен әскери оқу орнын бітіретін курсанттар кіргізіледі (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Бөлім штабының бастығы. ә с к. *Бөлім штабын басқаратын адам. Б ө л і м ш т а б ы н ы ң б а с т ы ғ ы* командирдің орынбасары және бөлімдегі барлық жеке құрамның тікелей бастығы болып саналады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жәрдем бөлімі. *Әлеуметтік жәрдем беретін және қамсыздандыру ісін басқаратын мекеме.* Атбасардың *ж ә р д е м б ө л і м і н е н* (собес) жәрдем алып, қаңғырып, тамағын асырап отырғандары да бар (С.Шарипов, Бекболат).

Кадр бөлімі. *Мекеме, цйым т.б. құрамындағы маман мәселесімен айналысатын, реттеп отыратын арнайы құрылым.* Нұрлан таңертең *к а д р б ө л і м і н е* келсе, кешегі ауыздығымен алысып отырған Сан Санычты танымай қалды, бет-аузы мыж-тыж жәмірейген бір шал отыр (Ә.Тарази, Тас жарған).

Күндіз оқытатын бөлім. *Оқу процесіне студенттің жыл бойы қатысуын талап ететін білім беру ісі. К ү н д і з о қ ы т а т ы н б ө л і м н і ң* емдеу, педиатриялық, стоматологиялық және фармацевтік мамандықтарды беретін төрт факультеті бар («Лен. жас»).

Қамсыздандыру бөлімі. *Жеке азаматтарды, кәсіпорындар мен шаруашылықтарды қамсыздандырумен шұғылданатын арнаулы құрылым. Қ а м с ы з д а н д ы р у б ө л і м і н і ң* қызметкерлері мына сияқты зікір салған бақсыдай аузынан жын төккен адамды көргені жоқ еді (Б.Қыдырбекұлі, Ұры).

Оқу [білім] бөлімі. п е д. *Оқу-ағарту ісімен шұғылданатын және оқу орындарының құрамындағы оқу процесін цйымдастыратын бөлімше.* – «Балауса» деп атасаңыздар бек жарасып тұрған жоқ па? – дедік аудандық *о қ у б ө л і м і н і ң* меңгерушісі Олжабай Бейсекинге («Егемен Қазақстан»). Аудан әкімдігі мен аудандық *б і л і м б ө л і м і* жоспарға сәйкес 84 тонна көмірді осы мектепке бөлу керек еді («Егемен Қазақстан»).

Орда бөлім. е с к і к і т. а н а т. *Ми, жұлын.* Нерв системасы екі бөлімнен тұрады: 1) *о р д а б ө л і м* (ми, жұлын) һәм бұтақ бөлім. Нерв системасының бәрінің түбі – бастағы ми (М.Жұмабаев, Шығ.).

Ресми бөлім. *Конференция, жиналыс т.б. шаралардың ресми түрде жүргізілетін алғашқы негізгі бөлігі. Р е с м и б ө л і м н е н* кейін концерт болады екен. Сол кешке баруға құмар болдық («Мәдениет және тұрмыс»).

Шаруашылық бөлімі. *Кәсіпорын, цйым, мекеменің т.б. шаруашылық ісімен шұғылданатын арнаулы саласы.* Олардан жөн сұрасам, көршісі бір полктің кейін қарай шегініп бара жатқан *ш а р у а ш ы л ы қ б ө л і м і* екенін айтты (М.Фабдуллин, Сұрапыл.).

БӨЛІМ[2] з а т. м а т. <лат. partition> *Бірліктің неше тең бөлікке бөліне алатындығын көрсететін бөлшектің бір мүшесі.* Мысырлықтардың бөлшектерді қалай есептегендігін түсіну үшін, бөлшекті алым мен *б ө л і м г е* бөлмей, басқаша таңбалау қажет болды (О.Жәутіков, Математика.). Арифметикадағы сияқты, алгебралық бөлшектің де алымы мен *б ө л і м і* бөлшектің мүшелері деп аталады (Алгебра).

БӨЛІМ-БӨЛІМ с ы н. *Бірнеше бөлім, бөлшек-бөлшек.* Молда емес, қайда қалған сенің көңілің, Қызыл үй орыс салған *б ө л і м - б ө л і м.* Он үйге ондық деген төре қойып, Бес теңге айыбы бар жесең шөбін (Айтыс).

БӨЛІМДІ с ы н. *Бөлімнен тұратын, жекежеке бөліктен құралған.* «Үй менікі демеңіз, үй сыртында кісі бар» деген даналықты мәтел деп қарайды. Неге десеңіз, бұл өзі екі *б ө л і м д і* болса да, мұнда мақалдағыдай қорытынды, түйін айтылып тұрған жоқ (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Мысалы, Ысқақов Ілияс дегеннің 1948 жылы шығарған «Асан қайғы» поэмасы – екі *б ө л і м д і* ұзақ жыр («Қазақст. мект.»).

БӨЛІМСІЗ с ы н. *Бөлімі жоқ; бөлімнің қатысынсыз.*

БӨЛІМШЕ з а т. **1.** *Белгілі бір цйымның, қоғамның, мекеменің бір бөлігі, жеке саласы.* Семейде Сібірдің географиялық қоғамының *б ө л і м ш е с і* ұйымдасты (М.Ақынжанов, Қаз. ағартушы.). Көрмені Совет-Үндістан мәдени байланыстар қоғамының қазақ *б ө л і м ш е с і* ұйымдастырған («Қазақст. мұғ.»). Халықтық банктің *б ө л і м ш е с і* бұл мәселеге жете мән бермей отыр («Егемен Қазақстан»). **2.** ә с к. *Шағын әскери топ, взводтың бір бөлігі.* Тізім тексеріліп болғаннан кейін, тоқталған адамдар роталарға, взводтарға, *б ө л і м ш е л е р г е* бөліне бастады (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Есіл-дерті қайтсе де өз *б ө л і м ш е с і н* тауып алып, өз полкының жауынгерлік туы астында жолдастарымен бірге қан майданда шайқасу (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). Ол взводта *б ө л і м ш е* командирі Ахметов деген еді (М.Фабдуллин, Ел намысы.). **3.** *Елді мекеннің жеке бір бөлімі.* Біз сол түнде Қарасу *б ө л і м ш е с і н е* келдік (С.Бегалин, Уақыт.). Мәшине екінші *б ө л і м ш е н і ң* орталығы – Аралағаштың жанындағы қырманға кеп

тоқтаған еді (Б.Тоқтаров, Қыран.). Бұл араны сегізінші ауыл деп атайтынын, әуелде колхоз, кейін совхоздың *б ө л і м ш е с і* болғандығын айтты (А.Жақсыбаев, Менің дос.).

БӨЛІМШЕАРАЛЫҚ с ы н. *Бөлімшелер арасындағы.* Көктемгі дала жұмыстарын сапалы әрі қысқа мерзімде өткізу үшін совхоз басшылары *б ө л і м ш е а р а л ы қ* жарыс ұйымдастырып отыр («Лен. жас»).

БӨЛІМШЕЛІК с ы н. *Бөлімшеге тән, бөлімшеге қатысты.* Осыдан бір ай бұрын бұл, Михаил Заигралин, шахта іші транспортының *б ө л і м ш е л і к* слесары екеуі таудай боп үйіліп жатқан цинк қораптарының күйіне қарап еді (Тоғызыншы шежіре).

БӨЛІН= е т. **1.** *Бөлшектену, жіктелу.* Түсінбесек түсінбедік соны біз. Бірақ одан *б ө л і н г е н* жоқ жолымыз, Махаббатқа өмір тілеп өзара, Жағамыздан кеткен емес қолымыз (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). – Сен мынаны қарашы, желімдей салған – деп, *б ө л і н і п* түскен өкшесін көрсетті әйел (С.Адамбеков, Қожанасыр.). **2.** *Ажыратылу, айырылу.* Біз үйге кірдік. Кең подвал жаңадан ғана тақтаймен *б ө л і н г е н* екен (С.Мұқанов, Өсу жол.). Келдыш атындағы орталық жасап шығарған мембранды тәсілді қолданғанда судан тұз иондары арнайы сүзгіштер арқылы *б ө л і н і п* алынады да, судың табиғи құрамы өзгеріске ұшырамайды («Егемен Қазақстан»). **3.** *Берілу, арналу, есептелу.* Командировкаға *б ө л і н г е н* көжедей көп ақшаны біз қайда жұмсап қойдық? (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.). «Сол *б ө л і н г е н* олжадан, Өзгелерден көбірек, Сыбағама берсін» дер (Базар жырау, Шығ.). **4.** *Жеке шығу, өз алдына болу.* Үкіметім ұйғарған, Шаруашылық жағдайдан. Жаңа аудан болып *б ө л і н д і,* Атағы зор Қордайдан (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **5.** *Бөлектену, оқшаулану.* Бұл не?! Әлде отардан *б ө л і н і п* қалған қой ма екен? (А.Сарбөпин, Аспалы бесік.). Әсте бір шығармайтын мені есінен, *Б ө л і н і п* келуші еді енесінен. Құйрығын тігіп алып жөнеуші еді, Ақырын шертіп қалсам төбесінен (М.Мақатаев, Шығ.).

Бөлінбеген табыс. э к о н. *Кәсіпорын табысының оның шығысынан асып түсетін таза сомасы.*

Бөлінбейтін қор. э к о н. *Кәсіпорынның негізгі байлығы, материалдық-техникалық негізі.* Колхоздардың *б ө л і н б е й т і н қ о р ы* колхозшылар еңбегіне бөлінбейді. Ол – колхоздың қоғамдық өндірісінің үздіксіз өсуінің материалдық-техникалық негізі (Б.Ордабаев, Коммунизм.). Колхоздың *б ө л і н б е й т і н қ о р ы н ы ң* маңызын атап көрсету керек. Мұның өзі колхоздың негізгі байлығы және колхозшылардың әл-ауқатын жақсартудың қайнар бұлағы (А.Шайбеков, Колхозда.).

Көңілі бөлінді. *Алаң болды, ойы бөлінді.* Өнердің шақырады өрі мені, *К ө ң і л і м* соған күнде *б ө л і н е д і.* Өлеңде кіші болу, жолды беру, Әліммен бірдей болып көрінеді (Т.Молдағалиев, Ескерткіш). Өткен жылдың ішінде Құйрықты жұлдыз көрінген. Мұндай оқиға болғанға *К ө ң і л і м* қатты *б ө л і н г е н* (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Осыған *к ө ң і л і м б ө л і н і п,* Ұмытып кетсем жұртымды Құдайдың, – деді, – ұрғаны (Қамбар батыр).

Қақ бөлінді. а) *Сынды, екіге айырылды.* – Қақсойыл қатты соқсам шыдамас, *қ а қ б ө л і н е р,* көк сойылды алайын – деді Өнербек (З.Шүкіров, Ғажайып.). ә) п о э т. *Қажыды, шаршады, болдырды.* Аңқылдаған не таптым аққөңілден, Несіне ердім сайтанға жат көрінген?! Өмір деген біреу бар билік құрған, Билігінен мен соның *қ а қ б ө л і н г е м* (М.Мақатаев, Шығ.). б) *Ашуланды, ыза болды.* Көп берген түкке тұрмай қалың малы, Ем болмады жалынып айтқан жалы. Тобықты осы сөзге *қ а қ б ө л і н і п,* Болысты Мәмбетейге Қанжығалы (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Ойы бөлінді. *Ойы басқа нәрсеге ауды.* Адхам кіріп келгенде ғана Аманның *о й ы б ө л і н д і* (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Кішкентай тірі жәндік болса да, көңіл сеп, дәтке қуат екені ажалды ұмытып, *о й ы б ө л і н і п* жаутаңдай қарады (Д.Досжанов, Жусан гүл.). Қиял билеп Онегиннің тынышы кетті, Алғанша қыздан жауап етпей тағат. Жолығып өз басына қыздың халі, *Б ө л і н д і о й,* ақылы неше қабат (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Ойы онға бөлінді. *Әр нәрсені бір ойлады, басы қатты.* Оның *о й ы о н ғ а б ө л і н і п,* үркек аттай өзін әр жаққа бір алып қашады (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Ол жан-жағына алақтады, – Бақытжан қайда, Бақытжан? – деді Мәтқабыл. *О й ы о н ғ а б ө л і н г е н* оның даусы дірілдеп шықты (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.).

Ойы онға, санасы санға бөлінді. *Не істерін білмей дел-сал болды, басы қатты.* Дүниенің барлық таршылығын ойлағанда, *о й ы м ы з о н ғ а, с а н а м ы з с а н ғ а б ө л і н е д і* (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

БӨЛІНБЕЛІ: бөлінбелі теңгерім. э к о н. *Заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру (бөлу және бөліп шығару) кезінде жасалатын баланс. Б ө л і н б е л і т е ң г е р і м д і* шешім қабылданған орган бекітеді (Қаз. тілі термин. Экономика.).

БӨЛІНГІШ[1] з а т. м а т. *Бөлгішке бөлінетін сан.* Бүтін санды бөлшекке бөлу үшін олар

б ө л і н г і ш т і бөлгіштің бөліміне көбейтіп, бұдан шыққан санды алымына бөледі (О.Жәутіков, Математика.). Бұл жағдайда *б ө л і н г і ш* (АВ) қатынастың алдыңғы мүшесі, бөлгіш (СД) қатынастың келесі мүшесі, ал бөлінді (1,5) қатынас деп аталады (Геометрия).

БӨЛІНГІШ² с ы н. *Тез, жақсы бөлінетін.* Осы деңгейде жатқан клеткалар да меристемалық қасиетін сақтап *б ө л і н г і ш,* өскіш келеді (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

БӨЛІНГІШТІК з а т. м а т. *Бір санның екінші бір санға бөліну қасиеті.* Құрама сандардың да *б ө л і н г і ш т і к* белгілері бар (ҚСЭ). Бұл шарт қажетті емес, себебі қосындының бөлгіштігінен әрбір қосылғыштың *б ө л і н г і ш т і г і* шықпайды («Қазақст. мект.»).

БӨЛІНДІ з а т. м а т. **1.** *Бөлінгішті бөлгішке бөлгеннен кейін шыққан сан.* Бұл жағдайда бөлінгіш қатынастың алдыңғы мүшесі, бөлгіш қатынастың келесі мүшесі, ал *б ө л і н д і* қатынас деп аталады (Геометрия). Шыққан санды ойлаған сандарыңа бөліңдер де, *б ө л і н д і г е* ойлаған сандарыңды тағы да қосыңдар («Халық мұғ.»). Бірақ бөлу процесінде пайда болатын қалдықтардың бірі бастапқы алынған алыммен дәл келеді де, бір не бірнеше таңбадан кейін *б ө л і н д і л е р* қайталай бастайды (О.Жәутіков, Жоғары математика.). **2.** *Бүтін санның бөлшегін көрсететін сан; бөлшек.* Бір кесіндінің (АВ) екінші кесіндіге (СД) қатынасы әдетте *б ө л і н д і* (бөлшек) түрінде өрнектеледі: АВ/СД (Геометрия).

БӨЛІНЕ-БӨЛІНЕ ү с т. *Бірнеше рет бөлініп.* Бұл клеткалар *б ө л і н е-б ө л і н е* ұрық қалтасының ішін толтырып, көп клеткалы эндоспермге айналады (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

БӨЛІНТ= е т. *Бөлек-бөлек етқізу, бөлшектету.* Қабырғасын сөгілтіп, Қырқада қанын төгілтіп, Қан қақсатып қарғайды Быт-шыт етіп *б ө л і н т і п* (Манас).

БӨЛІНУ *Бөлін етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бөлшектелу.* Жеміс үшеумізге тең *б ө л і н у* үшін күні бұрын тілінетін тұстарын сызып өлшеп қойдық (С.Мұқанов, Алып. адым.). **2.** б и о л. *Бөліп шығару, көбею.* Көп клеткалы организмдердің өсуі мен дамуы – олардың клеткаларының *б ө л і н у і м е н* байланысты (Жалпы биология). Бұған жоғары температура қысым және литосфера қойнауындағы заттың өзара *б ө л і н у і н е* себепші болатын қуатты біржақты қысым тән келеді (К.Сапарбайұлы, Геология.).

Көңіл бөліну. *Назар аударылу.* Қазіргі уақытта қалдықты аз шығаратын және қалдықсыз өндіріс құруға, айналадағы ортаны өнеркәсіптің ластауынан қорғауға, сондай-ақ өндірістің тиімділігін арттыруға беретін басқа да аса маңызды бағыттарға ерекше *к ө ң і л б ө л і н у д е* (Т.Қалыбеков, Экология.).

БӨЛІНУШІЛІК з а т. **1.** *Ыдыраушылық, бөлінгендік.* Адам санасының бір мезгілде бірнеше әрекетті атқара білу мүмкіншілігін зейіннің *б ө л і н у ш і л і г і* дейді (Қ.Жарықбаев, Психология). **2.** *Жікшілдік.* Қоғамда әр азаматтың басты міндеті – қоршаған ортада бірлік пен ынтымақты сақтап, *б ө л і н у ш і л і к к е,* бүлікке, ел тыныштығын бұзатын жәйттерге жол бермеу («Егемен Қазақстан»).

БӨЛІНІЛ= е т. *Ерекшелену, айрықшалану.* Ал мына сағаттарда қожайынына істейді деп бәрін көріп-білетіндей етіліп *б ө л і н і л і п* тұрмайды ғой (Қысқ. саяси экон.).

БӨЛІНІП-БӨЛІНІП ү с т. *Бірнешеге жіктеліп, топ-топ болып.* Тоғайға жете бере жұрт *б ө л і н і п-б ө л і н і п,* жан-жаққа тарасты (Ж.Тәшенов, Жауынгер.). Құйрық тістесіп шұбатылып келе жатқан керуен көші *б ө л і н і п-б ө л і н і п* кішкентай ғана қазан шұңқырға қарай ентелей жөнелді (Н.Баяндин, Құм асты.).

БӨЛІНІС з а т. **1.** *Жік, топ.* Мәжілісте бір мандатты округтар бойынша сайланатын депутаттар арқылы және Сенатта әкімшілік-аумақтық *б ө л і н і с т е р д і ң* мүддесін білдіретін депутаттар арқылы жүзеге асырылады («Егемен Қазақстан»). **2.** б и о л. *Жасушалардың көбею процесі.* Тіпті, клетка *б ө л і н і с і н і ң* әрбір кезеңдеріне кететін уақыттың өзі бірдей болмайды (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

БӨЛІНІС= е т. *Бөлек-бөлек болысу, жіктелісу.* Үйтқыды жер үстінде дауыл борап, Көк жүзін майдан бұлты алды орап. Жағалай жау жазасын беру үшін, Жан-жаққа *б ө л і н і с і п* кеттік тарап (С.Мәуленов, Таңд. өлең.).

Еңбек бөлінісі. с а я с и. э к о н. *Еңбектің қоғам мүшелері арасына жоспарлы түрде бөлінуі.* Елімізде коммунистік құрылыстың кең өріс алу дәуірінде өндіргіш күштердің үздік қарқынмен дамуы түрлі өндіріс салаларының мамандануын, *е ң б е к б ө л і н і с і н* онан әрі тереңдете түседі (Б.Ордабаев, Коммунизм.). *Е ң б е к б ө л і н і с і* стихиялық жолмен дамыған қоғамда қажеттілік кездейсоқтық арқылы ғана қайталап көрінеді (А.Қасымжанов, Диалектика.). Олардың арасында мемлекеттік мүддеге сай маман даярлауда және зерттеу ісінде өзара *е ң б е к б ө л і н і с і* болуы керек-ақ («Егемен Қазақстан»).

БӨЛІНІСУ *Бөлініс етістігінің қимыл атауы.* Осының нәтижесінде қазақ ауылдарында жер үшін талас-тартыс күшейді, меншіктің *б ө л і н і с у і* тереңдей түсті, қауымдық-рулық қатынастар ыдырай бас-

тады, патша үкіметінің әскери басшыларына сүйенген ірі байлардың жерді тартып алуы барған сайын ауқымды бола түсті (Б.Жүнісов, Нарық. экон. негіз.).

БӨЛІП-БӨЛІП ү с т. **1.** *Бірнешеге бөліп, жіктеп.* – Бидің жылқысын адайға *б ө л і п-б ө л і п* бер! – деп бұйырды Исатай (Б.Аманшин, Жар мұңы). Әкесі топ шыбықты *б ө л і п-б ө л і п,* Бір-бірден ұлдарына бөліп беріп. Ал енді сындырыңдар! – деді тағы, Балалар сындырысты қызық көріп (Ө.Тұрманжанов, Қарлығаш). Қазақты *б ө л і п-б ө л і п* қысым етті, Ауылнай, болыс деген есім етті. Елулік, ондықтардың, сайлауымен Кісіні шығар деді түсінікті (Кердері Әбубәкір, Қазағым). **2.** *Бірнеше дүркін, үзіп-үзіп.* Жақып ұзын бойын онша созбай, созалаңдап орнынан тұрды да, *б ө л і п-б ө л і п* екі-ақ ауыз сөз айтты (Ғ.Мұстафин, Миллионер). Ғылыми тұрғыдан алғанда тиісті калорияны адам бірден емес, *б ө л і п-б ө л і п* алуы керек (Б.Оразақов, Дәрігер.).

БӨЛІП-ЖАР= е т. **1.** *Бөлшектеу, бөлек-бөлек ету. Б ө л і п-ж а р а т ы н* көп нәрсе емес қой, түгел-ақ ал (Қ.Кемеңгеров, Алтын.). Әзімхан мырза, Орынборыңа жүріп кететін көрінесің. Жолың болсын! Мен жалғыз ғана тілекпен келдім. *Б ө л і п-ж а р м а й* тұтас бересің... (Д.Әбілев, Арман.). Азғана алманы *б ө л і п-ж а р м а й-а қ* қойсаң қайтеді («Лен. жас»). **2.** *Айыру, ажырату.* Әл Фараби оның теориялық және практикалық баптарын бірбірінен *б ө л і п-ж а р м а й* бір ғылымның құрамды бөліктері ретінде қарайды (А.Көбесов, Математика.). **3.** а у ы с. *Алалау, даралау, ерекшелеу, жікке бөлу.* Бірақ ол ешкімге ерекше ықылас білдірген жоқ. Бірімізден-бірімізді *б ө л і п-ж а р ғ а н* жоқ. Бәрімізбен де жақсы жолдас болды (С.Мұратбеков, Көкорай). Қызметкерлердің сексен процентінің жынысы бір болғасын *б ө л і п-ж а р м а й* мені де солардың қатарына қоса салады (Е.Домбаев, Ол. адам).

БӨЛІП-ЖАРУ *Бөліп-жар етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бөліп қарастыру, бөлшектеу.* Тұрақты сөз тіркестері ауызша айтуда да, жазу тілінде де грамматикалық байланысы жағынан бір бүтін единица ретінде қолданылады да, *б ө л і п-ж а р у ғ а* келмейді (Қазіргі қаз. тілі). **2.** а у ы с. *Алалау, жікке бөлу.* Бірақ халқымның, оның әр тайпасының, әр руының, тіпті, әр адамның тарихына адал екеніме, *б ө л і п-ж а р у* ұғымынан әсте ада екеніме арым куә, тарихи тақырыпқа жазған еңбектерім куә («Жас Алаш»).

БӨЛІП-ЖАРУШЫЛЫҚ з а т. *Алалаушылық, жікке бөлушілік.* Экономикалық күйреуді де, әлеуметтік, этностық *б ө л і п-ж а р у ш ы л ы қ т ы* да, негізінен, коммунистік волюнтаризм бастап, оны посткеңістік кезеңінің әуелгі релятивизмі, кейінгі реформашыл радикализмі жалғастырды («Егемен Қазақстан»).

БӨЛІП-ЖАРЫП ү с т. *Бөліп, бөлшектеп.* Оспан: «*Б ө л і п-ж а р ы п* қайтем, бір айдың ақшасын бір-ақ аламын», – дейтін (С.Жүнісов, Жапанда.). Жаудыр шал жүрсе дағы қанша налып, Тар тұрмыс көрінсе де оған тамұқ, Күміс көл, көркем сурет, әсем байлық, Қайғысын әкеткендей *б ө л і п-ж а р ы п* (Д.Әбілев, Таңд. өлең д.). **2.** а у ы с. *Даралап, ерекшелеп, жекежеке алып.* Біз кейде лирикадағы ойшылдық, сыршылдық сарындарды *б ө л і п-ж а р ы п,* жеке-жеке әкетеміз де, азаматтық пафосқа жанаспайтын сыңаржақ тұжырым жасаймыз («Қаз. әдеб.»). Дәл осындай, о, ғажап, адам дағы, Таусылғанда дүниеден тағам дәмі. Өз перзенті болған соң, бұл табиғат *Б ө л і п-ж а р ы п* қарамас оған дағы (Ғ.Қайырбеков, Қанатты.).

БӨЛІС з а т. **1.** *Бір нәрсені бөлу мәселесі, жіктеліс.* – Жиналыста әнеугүнгі бөлген *б ө л і с т і* қайтадан қарап, байға байша салып, кедейлерді мүлде босатып, орта шамасы барларға шамасынша салдық (С.Шарипов, Шығ.). Сыбаға бұл *б ө л і с т е* маған тиер: «Ән шырқау, жаны иіп халқым сүйер. Егінші, малшы, кенші, өнершілер Азық қып көңіліне оны түйер» (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). **2.** *Бөлінген нәрседен тиетін үлес.* Колхоз өнімді аз алды, еңбеккүнге заттай және ақшадай *б ө л і с* те мардымды болмады (Қ.Қамбаров, Алтай.). Сенің де айтқаныңда жоқ қой кеміс, Қалдырмай мақтап өттің бәрін тегіс. Егер де менде жалқау, жаман болса, Алармысыз, бұл үлестен сіз де *б ө л і с* (Айтыс). Қоғамдық өндіріс жемісінен, яғни ұлттық табыстан қоғам мүшелерінің үлес алуы – *б ө л і с* деп аталады (Б.Ордабаев, Коммунизм.). **3.** э к о н. *Қоғамдық өнімді ұдайы өндірудің өндіріс пен тұтынуды байланыстырып тұратын сатысы. Б ө л і с* сипаты, оның формасы қоғамда үстемдік етуші өндіріс әдісімен белгіленеді (ҚСЭ).

Бөліске түсті. *Ортаға тұсті, бөлінді.* Бір төбеге жиылды, Құм төбедей үйілді *Б ө л і с к е* олжа *т ү с с і н* деп, Хан Абылай бұйырды (Бұқар жарау). Тұтқында келген ұл мен қыз Күң менен құл атанып, *Б ө л і с к е т ү с і п* тарады (Бақтыбай ақын, Жел қобыз).

БӨЛІС= е т. **1.** *Бөліп беру, ортақ ету.* Қазекеңдегі бар байлық – Маңдайға біткен кеңістік, Ойыса-ойыса ортайдық, Оны да жатпен *б ө л і с т і к* (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). **2.** *Өзара келісіп бөліп алу.* – Екі пәуеске мен бір жеңіл арбаны осы үйдің

қасында қалдыр да, өзгесін үлкен отауларға таратып бер. Өздері *б ө л і с і п* алсын (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). – Семіз бе екен? Әй, ол да қанып езер-ау. Кісі құсап айтпай ма, *б ө л і с і п* алатын едік қой (С.Нарымбетов, Тентек). **3.** *Келісіп ара-жігін, шегін ажырату.* Үш жүз түйе, үш жүз ат Тартуларын беріпті. Қорғастан бергі өрісті, Шекара қылып *б ө л і с т і.* Екі халық дос болып, Құшақтасып көрісті (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **4.** *Қайғы, ауыртпалық, қуаныш т.б. бірге көру, ортақтасу.* Қайран әкем... Неге-неге таңдады екен жолды бұл. Неге маған *б ө л і с п е д і* Иығындағы мол жүгін? (М.Шаханов, Гасырлар.). Қақ бөлесің қайғыңды, Келісеміз. Алауын да, уын да тең ішеміз. Кезбе бақыт кездесіп қалса бізге, Тепетең ғып екіге *б ө л і с е м і з!* (М.Мақатаев, Шығ.).

Енші бөлісті. *Тиесілі заттарын бөлді, айырды.* Бірге айтып ел қазақ пен ел қырғызды Қашаннан *б ө л і с п е г е н е н ш і м і з д і.* Қаншама туыспыз деп келсек дағы, Ең алғаш туыстырған сенсің бізді (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Жер бөліс. т а р. *Байлардың меншігіндегі жерді кедейлерге бөліп беру науқаны.* 1927 жылы жаздыгүні Сәкен Сейфуллин Қызылордадан Көкшетау еліне *ж е р б ө л і с* науқанын өткізуге келеді (С.Мұқанов, Өсу жол.). Биыл жаздай әркім алып қашып жүрген бір сөз ақыры тұрақтады: егіндік, шабындық *ж е р б ө л і с і* жайында үкімет қаулысы жарияланды (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). *Ж е р б ө л і с к е* келеді Сәкен Қызылордадан, Жерді бөліп береді «Саумалкөлден», «Тоңбадан» (Ж.Сыздықов, Асу).

Ой [пікір] бөлісті. *Пікірлесті, ойларын айтты.* Министр Ш.Беркімбаева аралас мектептердің жағдайы жайында *о й б ө л і с е* келіп, қалалық жерде қазақ, орыс мектептерінің өз алдына жеке болу қажеттігін тиянақты ойлармен бекемдей түсті («Түркістан»). Біраз адам *п і к і р б ө л і с т і.* Қанекең бәрін ілтипатпен тыңдап, қорытынды жасады (Қаныш аға).

БӨЛІССІЗ с ы н. *Ешкіммен бөліспей-ақ, талассыз.* Қоғамшы қос иесі болсын ауыл. *Б ө л і с с і з* бұған мақұл болса қауым, Міндетін мол жетудің мен алайын, Кедейге осы маңда көлік, сауын! (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Осы күнді сірә ұмыта алман, Жұптасып екі айрылмас сезім, Жүрегім менің от болып жанған, *Б ө л і с с і з* оны билеп ең өзің (Т.Шопашев, Жастық.).

БӨЛІСТІ с ы н. ж е р г. *Тиісті, бөлініп берілген.* Сиырдың, бұзаудың *б ө л і с т і* жайылымдары көрсетіліп, қажетті жемдер берілетін болды (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БӨЛІСТІР= е т. *Бөліп бергізу, бөлгізу, бөліп тараттыру.* Ол жылқыны өз адамдарына *б ө л і с т і р і п* беруге есік жақта отырған біреуді жұмсады (Ж.Тәшенов, Алғашқы.).

БӨЛІСТІРУ *Бөлістір етістігінің қимыл атауы.* Мемлекеттің ерекше маңызды қызметінің бірі – қоғамдық өнімді *б ө л і с т і р у* (Қысқ. саяси экон.).

БӨЛІСТІРІЛ= е т. *Бөлшектелу, бөліну.* Ешқандай қоғам формасы қоғам билігіндегі жұмысшы уақытының белгілі бір жолмен өндіріс салаларына *б ө л і с т і р і л і п* отыруына кедергі жасай алмайды (Қысқ. саяси экон.).

БӨЛІСТІРІЛУ *Бөлістіріл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Меншіктің *б ө л і с т і р і л у і.*

БӨЛІСУ *Бөліс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бөліп беру, ортақ ету.* Біздегі жаңа салық жүйесіне байланысты Құрманғазы кенішіне арналған *б ө л і с у* туралы келісімді дайындау тоқтатылған көрінеді («Жас Алаш»). **2.** *Қайғы, қуанышты, ауыртпалықты т.б. бірге көру, ортақтасу.* Бәріміз еткен еңбектің қуанышын *б ө л і с у* үшін сендерді әдейі шақырдым (С.Бақбергенов, Алтынемел.). Біздің борыш белгілі, тек ағайыншылықпен ғана емес, адамгершілікпен, ар-ожданмен барды бардай, жоқты жоқтай *б ө л і с у* (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

БӨЛІСУШІ з а т. *Бөліскен адам, бөлісті жүргізуші.* Мұхит болса сол байлықты еліне жаюшы, мадақтаушы, өзі айтқандай «қызыл өңешінің арқасында» халқымен сол байлықты *б ө л і с у ш і* болды (А.Жұбанов, Замана.).

БӨЛІСІЛ= е т. *Бөлісіп алыну, өзара келісіп бөлінілу.* Батальонның қорғаныс шебін басқару *б ө л і с і л д і* (Р.Хайруллин, Офицер.).

БӨЛІСІЛУ *Бөлісіл етістігінің қимыл атауы.*

БӨП-БӨЛЕК с ы н. *Әжептәуір бөлек, мүлде бөлек, кәдімгідей-ақ басқа.* Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті, Қабырғалы, жотасы болса күшті. Мойынды еті *б ө п-б ө л е к,* омыраулы, Тояттаған бүркіттей салқы төсті (Абай, Тол. жин.). Жиырма метрдей жерінің суы ақшыл сары, ал оның арғы жағы ұзыннан шұбақ, *б ө п-б ө л е к,* қап-қара болып көсіліп жатыр (С.Хайдаров, Теңіз.).

БӨПЕ з а т. **1.** *Сәбидің емшектегі кезі, нәресте.* Қолдан түскенін сезе қойғандай *б ө п е с і* іңгәлап тағы да мазалай бастады («Лен. жас»). Бұлтсыз аспан ақ *б ө п е* тамағындай, Шымқай егін молшылық алаңындай. Батырлары тайқымас бара көрмей, Тұлпарлары құтаймас дара келмей (К.Салықов, Жезкиік).

2. *Кішкентай, әлі қолы өз аузына жетпеген бала.* Бесіктегі баланы тербетуге кемпірдің, құдағайымыздың өзі келіп шақырып әкетпесе бармаймын. Неге екенін білмеймін, үйде қылқиып отырған екі *б ө п е м д і* қатты аяймын (Ө.Қанахин, Жер бас.).

БӨПЕЖАН з а т. э к с п р. ***Бөпетай.*** Арқалыққа салбыратып, Сылдырмақай тағады *б ө п е ж а н ы.* Саусақайын шолтаңдатып, Қашан ойнап жатады (Ж.Аймауытов, Шық.).

БӨПЕЛЕ= е т. *Кішкентай сәбиді аймалау, жақсы көру.* Ақ сүтін берген ана, адал күшін жұмсаған ата біздің қарамағымызға *б ө п е л е г е н,* мәпелеген ұлдарын солдат етіп беріп отыр (Б.Момышұлы, Шық.).

БӨПЕЛЕТ= е т. *Жиі балалы болу.* Миншаны құтпа оқытып некелетті, Бишанның өмір серік нөкері етті. Тудырып көп ұзатпай ұл менен қыз, Жаратқан қуандырып *б ө п е л е т т і* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

БӨПЕЛІ с ы н. *Бөпесі бар; нәрестелі.* Раушан *б ө п е л і* болса, еркелігін қалдырып, мұрнын тескен тайлақтай томпаңдар еді бәлем, нәрестенің алдында (З.Шашкин, Сенім). Әсіресе, *б ө п е л і* болғаннан кейін мүлдем шығысып кетті (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

БӨПЕМ з а т. э к с п р. *Сәбиді әлдилегенде, жұбатқанда айтылатын қаратпа атауыш.* Әлди-әлди, әлди-ай, Ұйықта, *б ө п е м,* әлди-ай. Анаң отыр тербетіп, Сен өссін деп ержетіп (Қаз. әндері). *Б ө п е м, б ө п е м, б ө п е м*-ау, Қай жерде қалды көкең-ау?! Кей-кейде біздің халық та, Өтірік айтады екен-ау! (М.Мақатаев, Шық.). Әлди, *б ө п е м,* Әлди, *б ө п е м,* Ұйықта, жұм көзің (М.Жұмабаев, Шық.). Ұйықта *б ө п е м,* ақ *б ө п е м,* Жапырағым көгерген. Өсіреййін мәпелеп, Ұйықтатайын өлеңмен (Қ.Шілдебаев, Арманым).

БӨПЕТАЙ з а т. э к с п р. *Бөпесін, кішкентай сәбиді еркелету, жақсы көру нышанымен айтылатын атауыш.* Аймалап *б ө п е т а й ы н* – жан-жүрегін, Шұбыртып айта берді бар тілегін. Серпіні, сергек сезім бойға тарап, Сынықтай сырқыратты сай-сүйегін (С.Омаров, Сәукен). – Аққа аузымыз ілінді. Әлгі *б ө п е т а й ы ң а* сүт ала кет, – деп ақ кемпір Аннамен қатарласа берді (Б.Дәулетбаев, Сүмбілшаш).

БӨПЕШ з а т. э к с п р. *Кішкентай сәбиді еркелету, жақсы көру нышанымен айтылатын қаратпа атауыш.* Жылама, *б ө п е ш,* жылама! Байқасқаның құйрығын Жіпке тағып берейін... Ақша асық жілігін Шүмек қылып берейін (Ө.Тұрманжанов, Таңд. өлең д.). Ай ілінді асқарға, Жұлдыз күлді аспанда. Ұйықтай қойшы, *б ө п е ш і м,* Ұйықтай қойшы, көкешім (Ж.Смақов, Тамшы). Әлди-әлди, *б ө п е ш і м,* Жорықта жүр көкешің. Аман болса көкешің, Ұмытпайды бөпесін (Айманқүл, Ана сыры). Қалтырап, тоңып барамын, Тағы бір күлші, *б ө п е ш і м.* Әжеңнің аппақ таяғын Қолыңа ұстар ма екенсің?! (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).

БӨПІЛДЕТ= е т. с ө й л. *Мәшинені бип-бип дегізу, сигнал беру.* Автобусымды ұзақ *б ө п і л д е т і п,* шұбалып ұшқан көк түтінге сәлем жолдаймын (Н.Сералиев, Қаңтар).

БӨПІЛДЕТУ *Бөпілдет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ұзақ *б ө п і л д е т у.*

БӨРГЕЗ з а т. ө с. ***Бөрікөз.*** Ақшолақты қалың тікенекті *б ө р г е з д і ң* арасынан тапқан (Ә.Әлімжанов, Отырар.). Қоңыр самал соғатын, итмұрын, қарақат, *б ө р г е з д е р д і ң* неше алуан иісі аңқитын (С.Мұратбеков, Жабайы.). Қол-аяғыма *б ө р г е з д і ң* тікендері инеше қадалғандарына қарамастан, «осылар не сөйлеседі екен, осы?» – деп, сөздеріне құлағымды түріп жақындау келгем (С.Мұратбеков, Жабайы.).

БӨРГЕТАС з а т. *Теңіз жағалауларындағы ұлу қабыршақтарынан, кристалдардан пайда болған жыныс.* Қазақстан батысы, Былқылдаған май балық Арал, Каспий жатысы. Қайнап біткен *б ө р г е т а с,* Химияның қатысы (І.Жансүгіров, Шық. жин.).

БӨРДЕК з а т. к ө н е. *Қымыз немесе шарап ашытатын, теріден істелген торсық.* Иленіп ысталған көннен, теріден істелген ыдысты Кавказдың түркі халықтары бүрдік дейді. Осы сөз қазақ тілінде *б ө р д е к* болып қалыптасқан (ҚСЭ).

БӨРЕНЕ з а т. **1.** *Бұтақтары шабылып, қабығы аршылып, ұзындау етіп кесілген жуан ағаш.* Міне, мен өткен жолдың үстінде қарағай үй тұр. Заман салмағы түсе-түсе шөгіп, аласара бастаған ескі үй. Жел мен күн жеген *б ө р е н е л е р і* шіріп, қарайып кеткен (С.Шаймерденов, Қарғаш). Екі адамның құшағы әрең жетерлік нән *б ө р е н е л е р д і* нанша тілген, аумағы батырлардың қалқанындай дөңгелек диск көз ілестірмей ышқына түскен бомбалар жерге жақындағанда үлкен бөренедей көрінеді (Ә.Шәріпов, Партизан.). *Б ө р е н е н і* жарып шыққан сынадай Бабалардан бізге жеткен, Құлақтыны іздеп өткен, Өсиет бар мынадай Көтергенше балаң ойдың желкенін Қинаса да қиқар соқпақ, қиыс жол, Өзін туған қасиетті өлкенің Ауасымен дем алуға тиісті ол» (М.Шаханов, Ғасырлар.). Сен байыңнан сұрашы: қорасында біраз *б ө р е н е* жатқан көрінеді, сатпай ма екен?.. Жұмысшы жалдамақ едім, қызметкер жақсы адам таба алмай жүрмін (М.Жұмабаев, Шық.). **2.** ж е р г. *Мәтке; үйдің төбесін жабу үшін көлденеңінен салынатын мықты бела-*

ғаш; арқалық. Үйдің *б ө р е н е с і* нашар (Қаз. тілі. аймақтық сөздігі).

БӨРЕНЕДЕЙ с ы н. **1.** *Бөрене сияқты, бөрене тәрізді.* Екі адамның құшағы әрең жетерлік нән бөренелерді нанша тілген, аумағы батырлардың қалқанындай дөңгелек диск көз ілестірмей ышқына түскен бомбалар жерге жақындағанда үлкен *б ө р е н е д е й* көрінеді (Ә.Шәріпов, Партизан.). Табандары *б ө р е н е д е й* қалың еменнен жасалған, қос түйе жегілген ауыр шана келіп тоқтағанда Ушаков та орнынан тұрды (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Жуан, дәу.* Тек оның Бибігүл дейтін дудар бас, аяқ-қолы *б ө р е н е д е й,* баттиған майлы бет әйелі болғаны мәлім (Б.Соқпақбаев, Балалық.). *Б ө р е н е д е й* бір сең келіп соғып өтті ақынды, Ақын біраз басы айналып, күшін қайта шақырды (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Кескен бөренедей. *Келсаптай болып, қақайған, состиған.* Ал мұнда, немене, ертеңнен қара кешке дейін не үйге, не түзге пайдаң жоқ, *к е с к е н б ө р е н е д е й* болып қақаясың да жатасың төсекте (Ә.Нұршайықов, Жомарт.).

БӨРЕНЕЛІ с ы н. *Бөренеден жасалған, бөренесі бар.* Ревком «губернатор» көшесінің бұрышындағы *б ө р е н е л і* ағаш үйде (З.Шашкин, Тоқаш Бокин).

БӨРЕНЕСІЗ с ы н. **1.** *Бөренесі жоқ, бөренесі болмаған.* **2.** *Бөрененің қатысынсыз. Б ө р е н е с і з* үй жасаймын деп әуре болмай-ақ қой (Ауызекі).

БӨРЕНЕТАСЫҒЫШ з а т. т е х. *Бөренені қармап әрі берік ұстап тұратын, көлденең траверс пен шынжырдан, бірі айналдырғыш, екіншісі айналғыш қос блоктан (барабан мен жұлдызшадан) және іске қосатын станциядан тұратын, бөрене тасуға арналған механикалық құрал.* Бірнеше бөліктерден тұратын *б ө р е н е т а с ы ғ ы ш т ы ң* жалпы ұзындығы 1000 метрге жетеді. Ол сумен ағызып әкелінген бөренелерді жағаға шығару және ағаш қоймалары мен ағаш тілетін орындарға тасымалдау үшін пайдаланылады (ҚСЭ).

БӨРЛЕ= е т. *Жырымдау, аз-аздан алу.* ≈ Түнімен *б ө р л е д і.*

БӨРЛЕУ *Бөрле етістігінің қимыл атауы.* Бір масақ қалмай қамбаға түссін. Ұрлау, *б ө р л е у* болмасын (С.Бердіқұлов, Егеулі найза).

БӨРЛІ с ы н. к ө н е. *Мөрі, таңбасы бар.* Бұз үстіне от жаққан, Бұзбай бұлан пісірген. Мен иемдің *б ө р л і* ала тасы едім (Алдаспан).

БӨРЛІГУ *Бөрлік етістігінің қимыл атауы.* ≈ Балалардың *б ө р л і г у і.*

БӨРЛІК= е т. *Дүрлігу, дүркіреу, шулау.* Жабыла шапқан қасқырдан шошыған азғана қой *б ө р л і г е* қашып, шашырап құм арасына сіңіп кеткен (Т.Ахтанов, Дала сыры). – Неміс! – деп, шырылдап, *б ө р л і к т і,* балалар. Бұларға тиер деп, Кім ойлай ала алар? (Ж.Молдағалиев, Өлеңд.).

Бөрліккен қойдай. *Дүрліккен, бөліне қашқан.* – Байлаулы күніміз бүгін еді, *б ө р л і к к е н қ о й д а й* бөліне қаштың, Байбақты (Б.Аманшин, Жар мұңы).

БӨРЛІКТІР= е т. *Дүрліктіру, шулату.* Қазір, міне, түн ортасы, сағат үш. Жеті түнде неғып *б ө р л і к т і р і п* жүрсің? (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Көмекейінен күркіл оянып, ен даланы жалғыз өзі *б ө р л і к т і р і п* келеді (С.Елубаев, Ойсыл қара). Түрікпеннің көзге шаныш көкжалдарын Бөрідей *б ө р л і к т і р д і ң* дөңгелентіп (Мұрат Мөңкеұлы, Шайыр). Болмасам да елге мәлім зиялы, Бауырыңмын ешкімге жоқ зияным. Жан емеспін *б ө р л і к т і р е р* жиынды, Жарты адамның орынына сыямын (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

БӨРЛІКТІРУ *Бөрліктір етістігінің қимыл атауы.* ≈ Елді *б ө р л і к т і р у.*

БӨРТ[1]= е т. **1.** *Дәнді дақылдардың суды бойына тартып алып, ісінуі.* Дән суға тиген соң *б ө р т к е н* ғой, қап толмақ түгіл асып кетті (С.Шарипов, Шығ.). Сені көріп ішіме түсті ғой дерт, Сүтке салған меруерт тарыдай *б ө р т.* Көзім көріп қошемет мен айтайын, Талпынған бала құстай сертіңе жет (Айтыс). Малға дәнді жем бергеннен кейін суаруға болмайды. Өйткені суға араласқан дән *б ө р т і п,* малдың ішін кептіріп ауыртады (С.Омаров, Қой бағу). Кебегінен тазарған астықты жаныштап сорпаға немесе суға салып баяу қайнатады да, *б ө р т і п* ісінген соң, бұқтырып қояды (Д.Қатран, Қазақ.ас-тағам.). **2.** *Бұршік ату, көктеу.* Жерге түскен ұрық атаулының бәрі *б ө р т і п,* қылтиып шығып, қаулап өсуге күннің көзін күтіп тұрған тәрізді (М.Қаратаев, Далада.). Дәнді-бұршақты дақылдардың тұқымы өзінің биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес, *б ө р т і п* көктегенде топырақта ылғалдың мол болуын керек етеді (М.Ерлепесов, Тұқым өсіру.). Қара мойылдың бұтағын кесіп аламыз да, оны ішінде суы бар бөтелкеге салып қоямыз. Көп кешікпей-ақ бұтақтағы бүршіктердің үлкейе, *б ө р т е* бастағанын көреміз (Ботаника). **3.** *Томпию, томпақ болу.* Қызара *б ө р т к е н* неше түрлі тәтті бауырсақ, парамыш, самса, кәмпит, мәмпәси, шекілдеуік, пісте, жаңғақ-тар, печениялар тарелкаларда саусылдап, құрметті қонақтарды күтіп тұр еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). **4.** а у ы с. *Тамақты тоя жеп қызару, көңілі қош болу.* Басында жастық болды, астың көрпе, Бай-патша, болдың мырза дегдар

ерге, Етті жеп, қымызды ішіп *б ө р т і п* алып, Әңгіме соқтың қолды серпе-серпе (С.Дөнентаев, Шығ.). Бригадир бүгін де қаннен-қаперсіз өстіп *б ө р т і п* жатқанда колхоз бастығының кер төбелімен біреу тасыраңдата суыт келіп, ат басын осы үйден бір-ақ тартты (М.Қуанышбаев, Жалғыз жиде). Қобызын Асан ақын шертіп алып, Қымызға қазы-қарта *б ө р т і п* алып, Ордаға өрен жүйрік тура тартты Ақжелек, Көкжелекті ертіп алып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Ішкендер мас, жеген тоқ. Разы емес бір жан жоқ. Сый қонақтар – құмырсқа, *Б ө р т і п* отыр тыныстап (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.). **5.** а у ы с. *Маңғаздану, кеудесін көтеру, менменсу.* Ырғақтар! Ырғақтар! Сырғанар, Сырғақтар. Сырғақтар Ырғақтар. Сендерде Бір гәп бар. Ерте біз *Б ө р т е м і з.* Ырғақпен Шертеміз (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Есігінің сыртына «докладсыз кірме» деп жаздырып қояды. Өзіненөзі *б ө р т і п,* кеудесін көтеріп отырады (І.Жансүгіров, Шығ.). Ол былқ етер емес: «дегенім болды, бола да бермек» – деп, мәртебеленгендей *б ө р т і п* отыр (Т.Нұртазин, Адам.). **6.** а у ы *с. Семіру, жұнттай болу, толу.* Сібірдің бармақтай ақ шолақ сұлысына тұмсығы еркін тиген аттары бір жетіде *б ө р т і п* шығыпты (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Қымыз ішсе-ақ елірген, Жігіт аз ба қызба бас; Күнде *б ө р т і п* семірген, Құр әшейін буға мас (Ғ.Орманов, Таңд. шығ.). **7.** а у ы с. *Кенелу.* Туған жер, тауың да ыстық, тасың да ыстық, Туған ел, кәрің де ыстық, жасың да ыстық. Жүрсең де бөтен елде *б ө р т і п* майға, Ел мен жер естен кетпес бұлбұл ұшып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Ала бөртті. *Қаны бетіне теуіп ашуланды, қызарды; алабұртты.* Ол екі-үш күнге дейін өзіне-өзі келе алмай *а л а б ө р т і п* шайқалып-теңселіп, ішінен қайнап, бітеу жара боп, бейберекеттеніп жүрді (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

Қызара бөртті. *Тамаққа тойып, қымыз, ыстық шайға қанып, екі беті албырап, жайдары-жарқын күйге енді, көңілі қош болды.* Ыстық күн. Қымызға қанып, *қ ы з а р а б ө р т к е н* малшылар (Ғ.Мұстафин, Миллионер). Асүй жақтан көлеңдеп *қ ы з а р а б ө р т і п* Хадиша шықты да, маған жақын келді (З.Шашкин, Өмір.). Самаурын түбінде *қ ы з а р а б ө р т і п,* ыстық шайды сораптап отырған Ыраш елеңдей шалына қарады (М.Сүндетов, Ескексіз.). Қасында беті піскен тоқаштай *қ ы з а р а б ө р т і п* тұрған ұлы бар (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

БӨРТ[2]= е т. *Денеге (теріге) ұсақ бөрткен шығу.* Әуелі, баланың денесі *б ө р т е д і,* кейін ұлғайып түйіндене бастайды (М.Исамбаев,.. Мед. анықтама). Төрт күн өткеннен кейін баланың беті-қолы, денесі қызарып *б ө р т е д і* (Келіншектер.). Мұндайда ауру адам қырылдап сөйлеуге мүмкін (мерездің бұл бірінші, екінші дәуірі), мерез ауруының жарасы, *б ө р т к е н* жері ауырмайды, қышымайды, артық жанға да батпайды (М.Дулатов, Шығ.). Жылқының мандам деп аталатын жұқпалы ауруының тұла бойға қаптап, *б ө р т к е н д е г і с і н* «жаңбыр мандам» деп атайды (Ш.Сарыбаев,.. Қаз. тілі. аймақ. лексикасы).

БӨРТЕ с ы н. *Көбінесе жылқы мен ешкіде болатын, боз араласқан көкшіл түс.* Тік мүйізді сұр жағал серкеш екен, Әлгі біреу серкешің *б ө р т е* ме екен? Қаражал серкешің көсем бастар Бар ешкіні соңынан ертеді екен (Бақтыбай ақын, Жел қобыз). Тамсану, таңырқанту, қызықтау жөнінен *б ө р т е* ат пен сүйкімді Бәтестің арасында көп ұқсастық болды (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Төреміз түсі суық, тілден қалды, Шұбатып келген малды санап алды. Үйірін *б ө р т е* айғырдың бөліп алып, Құлынды жиырма екі байлап алды (Батырлар жыры). Бөкен жүнді бөрте ешкім, Төрт айда бол төрт ешкім, Төртеуін де *б ө р т е* бол (М.Жұмабаев, Шығ.). *// Боз араласқан көкшіл түсті жылқы. Б ө р т е н і ң* алдыңғы екі тізесі шоқпақтай болып кеткен екен (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Нұрлан осы зор уіл ішінен *б ө р т е н і ң* пысқырынуы мен Ақзейнептің күрсінісіне ғана көңіл бөліп келеді (Ж.Молдағалиев, Торғай.). *Б ө р т е н і* жеген көкшулан болса керек, – деді жылқышы (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Көк төбет қаңқ ете қалды. Қараса әлгінде артында келе жатқан *б ө р т е* бар пәрменімен бүйірден періпті оны (К.Қазыбаев, Ызғар).

Ақ бөрте. *Ағы басым бөрте түс.* Дағара мүйіз көк серке Қораға қойды жоламай. Момақан шыбыш *а қ б ө р т е* О да жүр сыртта одағай (Қ.Ұябаев, Отты жыл.).

Ешкі жүні бөртеде [бөрте]. ф о л ь к. *Байырғы, көне заманда деген мағынаны білдіретін, ертегінің басталуында қайталанып отыратын сөз.* Тоғызымда – торқа де, сегізімде – серке де, жетімді енді желке де. Ерте, ерте, ертеде, *Е ш к і ж ү н і б ө р т е д е,* Құйрығы оның келте де! (М.Жұмабаев, Шығ.). Ерте, ерте, ерте екен, *Е ш к і ж ү н і б ө р т е* екен, Қырғауылы қызыл екен, Құйрық жүні ұзын екен (Қаз. ертег.).

БӨРТЕЖУСАН з а т. б о т. <лат. Artemisia austriaca> *Сортаңды жерде өсетін кермек*

дәмді, ерекше иісі бар, бозғылт түкті жатаған өсімдік. Мысалы, солтүстік далаларында *б ө р т е ж у с а н* злактармен бірге кездеседі. Оның дәмі кермек және ерекше иісі болғандықтан, мал мұны злактарға қарағанда кем жейді (Б.Муханов,.. Қазақст. өсімдік.). Ыстық қой кіндік қанды төккен далаң! Бүрлесе бұрқыраған *б ө р т е ж у с а н* (І.Қажытай, Тасжарған). *Б ө р т е ж у с а н н ы ң* астық тұқымдас өсімдіктер араласқан пішенін мал жақсы жейді, сүрлемге салуға да болады (ҚСЭ).

БӨРТЕК с ы н. ж е р г. *Ойлы-қырлы, белес-белес.* Жазатыр маңы *б ө р т е к* жер (Қаз. тілі. диал. сөздігі). Аса биік, яки тым аласа емес, шоқат төбелер, *б ө р т е к* жоталар алыстан адырланып мұнартады (О.Бөкеев, Мұзтау).

БӨРТЕК-БӨРТЕК с ы н. ж е р г. *Ойы-қыры көп.* Төржайлауда найзадайын шаншылған құзар, шақпақ тасты жақпарлар жоқ. *Б ө р т е к-б ө р т е к,* құрақты дөңдер ғана (О.Бөкеев, Қамшыгер).

БӨРТЕКІ: бөртекі жылқы. *Тез болдырғыш, қара етті жылқы.*

Бөртекі түйе. *Көп жүруге жарамайтын, тез шаршағыш, болдырғыш түйе.*

БӨРТЕЛЕУ с ы н. *Аздап қана бөрте, бөрте тартқан.* Құйрығы жіңішке, келтелеу, Бөксесі бүкір, *б ө р т е л е у.* Дауысы зор, дабысы өр, Арыстан болуы мүмкін, Сақ болыңдар, жұртым (Ш.Смаханұлы, Ұры тіс).

БӨРТЕҢ с ы н. *Бөрте тартқан.* Аман болсын таудан аққан бұлақтар, Бұйра қозы, *б ө р т е ң* жүнді лақтар. Аман болсын жайлауда еркін жайылған Жалбыр жалды, күпшек санды құр аттар (С.Мәуленов, Қызыл арша).

БӨРТЕШ з а т. с ө й л. с т и л ь. *Бөрте лақ.* Саржағалдың лағы, Салпаңдаған құлағы, Менің титтей *б ө р т е ш і м,* Күдірейтті желкесін (Т.Шопашев, Бәйтерек).

БӨРТЕШІК с ы н. с ө й л. *Аздаған ойлы-қырлы (жер); бөртек.* Қазыхан ерте тұрып далаға шыққанда Үмбет көлінің айналасындағы бұйратша құмдар – *б ө р т е ш і к* төбелерге жаңа көтерілген күн сәулесі шашырап түсе бастады (С.Бегалин, Таңд. әңгім.).

БӨРТКЕН з а т. *Денеге қызарып шыққан тері ауруы; бөртпе.* Көздері жалтылдап, барлық денесіне маржандай қызғылт *б ө р т к е н* шығып кеткен (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Күл болған қойға ең алдымен езуден, құлақ түбінен, көздің айналасынан, қолтықтан сулы ақ *б ө р т к е н д е р* шығады (Х.Арғынбаев, Мал ауру.). Дененің қызуы 39–40 градусқа дейін көтеріледі, төрт күннен соң денеге *б ө р т к е н* пайда болады (З.Сырғабаева, Токсоплазм.).

БӨРТКЕНДЕЙ с ы н. *Бөрткен сияқты, бөрткен тәрізді.* Салым суға кетіп, сыммен қоршалған биік дуалға қарадым. Туған жердің денесіне шыққан *б ө р т к е н д е й* бүкіл қоршау сыздап ауырып тұрғандай көрінеді маған (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

БӨРТКІШ с ы н. *Бөртуге бейім, жақсы бөртетін.* Клетка қабықшаларының суда ерімеуі де, оның ішінде *б ө р т к і ш* келетіндігі де физикалық қасиетіне жатады (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Кристалл түрінде кездесетін белок басқа заттардың кристалдарына қарағанда суда, сілті мен қышқылдар ертіндісінде *б ө р т к і ш* келеді (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

БӨРТӨБЕ з а т. ж е р г. *Бөртпе, ақжем.* Қаршығаға *б ө р т ө б е* беріп, жемсауындағы жемді тазартады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БӨРТПЕ[1] з а т. т а м а қ. *Арпа, бидай, тарыны суға бөктіріп дайындалатын жеңіл тағам.* Нағима түнгі астан аяққа салып алып қойған орта тостаған *б ө р т п е* мен бір аяқ қаракөжені әкеп, ішуге кірісті (Б.Майлин, Шығ.). Арпаны бір түйіп, сыртындағы қауызынан тазартып, аздап *б ө р т п е* етіп бер (С.Бақбергенов, Қарға там.). Баяндама бітіп, үзіліс берілгенде бұрыштағы таныс үйге барып, *б ө р т п е* етіп ашытып қойған бидай көжеден ішіп қайтты (Д.Досжанов, Тұлпар.).

Қарын бөртпе. ***Бұжы.*** Қарынға немесе бүйенге туралған ет, сүт, сарымсақ, тұзымен салып, ыдыстағы суға малып қайнатуды «бұжы», «бұжығы», «бітеу», «*қ а р ы н б ө р т п е*» деп атайды (Д.Қатран, Қазақ. астағам.).

БӨРТПЕ[2] з а т. б о т. *Қиыршық тастар арасында төмен температура мен құрғақшылыққа бейімделген өсімдіктер.*

БӨРТПЕ[3] з а т. с а я т. *Қыран құсқа беру үшін суға салып қан-сөлінен айырған ет; ақ жем. Б ө р т п е,* яки ақжемге қанағаттанған кештің ертеңіне сары құстың бойы жинақы, көңілі сергек болушы еді (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). Ал *б ө р т п е* деп жұқа тураған, көп уақыт таза суға салып бөрттіріп қойған етті айтады. Бұл әсіресе жас қырандарға беріледі («Спорт»).

Сары бөртпе. *Туралған соң 2–3 рет суға жуылған, жартылай сөлінен айырылған ет.*

Сыр бөртпе. *Бөртпе жемнің бір түрі.* Бүркітке берілетін жемдер: қызыл, қан-соқта, тартпа, бөртпе, *с ы р б ө р т п е,* ақжем, жанышпа, тоят, сусоқта, торсақ – деп бөлінеді («Білім және еңбек»).

БӨРТПЕ[4] з а т. м е д. в е т. **1.** *Адамда, малда болатын жұқпалы ауру; індет.* Оба, шешек, чума, *б ө р т п е* және іш сүзек, дифтерия, туберкулез, мерез, безгек сияқты жұқпалы аурулар миллиондаған адамдарға қыр-

ғындай тиді (Ж.Сұлтанов, Аурулар.). *Б ө р т п е* және іш сүзектері сияқты жұқпалы аурулар да айтарлықтай-ақ азайды (М.Қайрақбаев, Ракетан. сақтан.). *Б ө р т п е* ұзақ уақыт бойы малға азықтың тек бір түрін ғана бергеннен болады (С.Омаров, Мал терісі.). **2.** м е д. *Сыртқы ортаның әсерінен, кейде ішкі ағзалардың, жүйке жүйесінің қызметі бұзылуынан, сүзек т.б. сырқаттар әсерінен, сондай-ақ антибиотиктерді тым көп қолданғаннан, ағзаның аллергиялық реакциясынан теріде, шырышты қабатта бөртіп шығып, қышып, ауыртатын тері ауруы. Б ө р т п е* – тері ауруларының бір түрі. *Б ө р т п е* түрлі себептерге байланысты адам терісінің сыртына және ішкі кілегей қабаттарына шығады (ҚСЭ). Аверин майы ақ сынаптың тұнбасынан алынатын май. Қышыма, қотыр, *б ө р т п е н і ң* үстіне жағып, сылайды (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.). Жараға айналған *б ө р т п е л е р* дуылдап қышып, адамның зықын шығарады (О.Бердібаев, Таз – тақиядан.).

Бөртпе сүзек. м е д. <лат. turhus – сүзек, exanthema – бөртпе> *Денеге бөртken болып шығатын жұқпалы ауру, сүзек түрі.* Ауданда тазалық жағдайының жақсаруына байланысты бұрын болып келген іш сүзегі, *б ө р т п е с ү з е к* және басқа да жұқпалы аурулар түгел жойылады (С.Табынбаев, Жемсау.). Микробтардың уыттары *б ө р т п е с ү з е к,* ревматизм, бруцеллёзбен ауырған кезде қан тамыр жиектерін улайды (Б.Омарұлы, Жүрек ауру.). Көбіне *б ө р т п е с ү з е г і* асқынып өкпе қабынуы, жүрек еті және ми ісінуі, тамақ бездерінің шошуы мүмкін. *Б ө р т п е с ү з е к п е н* бір рет ауырған адам қайталап ауырмайды (ҚСЭ).

БӨРТПЕ[5] з а т. ***Бөртпе шәлі.*** Әйелдің басында ақ жібек *б ө р т п е с і* бар, аяғында қонышты етік («Қаз. әдеб.»).

Бөртпе шәлі. *Жібек жіптен тоқылған шашақты орамал.* Басына ақ *б ө р т п е ш ә л і* жамылған қалашалау көйлек киген Бәтес аузы ашылған үлкен әбдіреден әлденені алғалы жатқан Мүсәпірдің қасында тұр (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Күнзила басына ақ жібек *б ө р т п е ш ә л і* жамылыпты (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Шүйіншіне деп пошташыға өзінің ілуде бір салатын *б ө р т п е ш ә л і с і н* ұсынды (Ш.Құмарова, Қос шынар). Ол көйлегінің бір жері сетінеп Әйелдің басында шашақтары үзілген, әр жері сетінеген көнетоз *б ө р т п е ш ә л і* (С.Жүнісов, Өшп. іздер).

БӨРТПЕК з а т. с ө й л. ***Бөртпе***. Көз алдына былбырап піскен жылы-жұмсақ пен әр дәні баданадай-баданадай жүгері *б ө р т п е к* елестеп кетеді (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

БӨРТПЕЛІ[1] с ы н. *Бөрткіш, бөртуге бейім.* Атыңа арпа емес, бидай береді екенсің. Атқа арпа жақсы. Бидай тым тоқ, *б ө р т п е л і* келеді (С.Бақбергенов, Қарға там.).

БӨРТПЕЛІ[2] с ы н. *Басында бөртпе шәлісі бар.* ≈ *Б ө р т п е л і* әйел.

БӨРТТІР= е т. **1.** *Бөктіру.* Жүгері мен арпаның дәнін жармалап, ал сұлыны *б ө р т т і р і п* беру керек (Қазақст. етті молайту.). Кіріккен киіз буланып, *б ө р т т і р г е н* дән сияқты, біраз ісінеді. Солай жабулы бетінде 1–1,5 сағат жатады. Бұл уақытта киізшілер демалып, тамақтанады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Бұл тесік арқылы тұқымның ішіне су кіріп, оны аздан соң *б ө р т т і р е* бастайды (Т.Мұсақұлов, Ботаника). **2.** *Қышыту, қыздырту.* Оның үстіне құжынаған қалың маса бет-қолды дуылдатып *б ө р т т і р і п* жіберді (Ж.Тілеков, Жоңғар.).

БӨРТТІРУ *Бөрттір етістігінің қимыл атауы; бөктіру.* – Әсіресе дәнді дақылдардың қалдығын балық азығына пайдаланғанда, оны міндетті түрде кем дегенде 10 сағат бойы суға *б ө р т т і р у* керек, содан кейін ұнға қосып жібітіп берген жөн (К.Күленов, Қазақст. балық.).

БӨРТТІРІЛ= е т. *Бөктірілу.* Ал семірту маусымының екінші жартысында үйрекке қоспадан басқа, кешкілікте буға *б ө р т т і р і л г е н* дән берген дұрыс (Құс өсіруші.).

БӨРТТІРІЛУ *Бөрттіріл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Дәннің *б ө р т т і р і л у і.*

БӨРТУ *Бөрт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Дәнді дақылдардың суды бойына тартып алып, ісінуі.* Эндоспермде гидрофилді заттар (белок, полисахаридтер т.б.) неғұрлым мол болса, дәннің *б ө р т у і* де соғұрлым қарқынды жүреді (Қаз. тілі термин. Биология). Оның үстіне тұқым су ішінде анағұрлым аз тұрады, мұның өзі тұқымның *б ө р т у і н* кемітеді (Ж.Жиенбаев, Астық дақыл.). Тұқым өну үшін алдымен *б ө р т у і* керек (Т.Мұсақұлов, Ботаника). **2.** *Бөрткен шығу.* Уланудың белгілері бас айналу, жүрек айну, жиі жүрек соғуы, әлсіздік, қара терге түсу, дене *б ө р т у* және көгеру (С.Субханбердин, Өсімдік-дәрі.). Бруцеллез ауруымен ауырған адам терлеп, денесінің *б ө р т у і* мүмкін (Шопан. кітабы).

БӨРТІҢ= е т. **1.** *Ісініп-кебіну, тырсылдау, жарылардай болу.* Өз-өзінен бір бақа, Күшейді де *б ө р т і н д і,* Қарны үлкейді, қампиды; Өгіздей болам, – деп ісінді (Абай, Тол. жин.). Тырқыл қағып, тыпырлап, Күшенді де *б ө р т і н д і.* Іш жарылды сытырлап, Мақтанам деп өзі өлді (Абай, Тол. жин.). **2.** а у ы с. *Ызаға булығу.* Шаштасуға бой ұрып, *б ө р т і н і п* кетіпті

(Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). **3.** а у ы с. *Қызару, күшену.* Басы айналды қарғаның, Сұмның айтқан сөзіне. Қуанғаннан *б ө р т і н і п,* Бір мастық кірді өзіне (Абай, Тол. жин.).

БӨРТІНУ *Бөртін етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Б ө р т і н у і н* қарашы.

БӨРТІҢКІРЕ= е т. **1.** *Аздап бөрту, жаңадан бөрту.* Баланың үсті *б ө р т і ң к і р е п* тұр екен (Ауызекі). **2.** а у ы с. *Ашуы келу, ызалану.* – Орасың, орасың! – деді Жұмекең *б ө р т і ң к і р е й* түсіп. – Ол әлі менің молама шыққан шөпті де шаптырып алады (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

БӨРТІҢКІРЕУ *Бөртіңкіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ Денесінің *б ө р т і ң к і р е у і.*

БӨРТІС= е т. *Тамақты тоя жеп, шемершек ату.* ≈ *Б ө р т і с і п* отыр.

Қызара бөртісті. *Тамаққа тойып, екі беті албырап, көңілдері қош болысты.* Сонадайдан бастырық байлаған шаналы қазақтар өтіп жатыр. Тымақтарының құлағын қайырып, *қ ы з а р а б ө р т і с і п* алған (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

БӨРІ[1] з а т. **1.** *Қасқыр, серекқұлақ.* Түңғиық түнде күзгі айда, Даладан адам қорқатын. Ойқырды кезіп мұндайда, *Б ө р і л е р* ғана жортатын (М.Мақатаев, Шығ.). Көп ұзамайақ көнек бас, құйрығы қол тоқпақтай, қара қылшық дәу *б ө р і* талтақ бұт, алшақ мүйіз ешкіні сүйрелеген күйінде қайқаңға алып шықты (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). Олардың қызметі үшін адам асырайды, бағады, қысты күні аяздан тоңбайтын жылы қора жасайды, ұры, *б ө р і д е н* сақтау үшін бақташы қояды (М.Дулатов, Шығ.). **2.** т а р. *Түркі халықтарының тарихи жадындағы киелі ұғым, қасқырдың жағымды атауы.* Аңыз бойынша, *б ө р і л е р* түркілердің ұрпағын құтқарып қалған (ҚҰЭ). *Б ө р і* құтқарушы тотем ретінде «Оғыз наме» жырында, «Ергенекон» дастанында, татар халқының ақ қасқыр туралы әңгімесінде, қазақ ертегісі «Ақ қасқыр» және т.б. түркі халықтарының аңыз-әңгімелерінде көп кездеседі (ҚҰЭ). **3.** а у ы с. *Қанышпезер, қанішер адам.* Өз баласын өзі өлтірген. Өз бөлтірігін өзі жеген *б ө р і* емес пе! Бұл не деген сұмдық еді! (М.Иманжанов, Адам.). Не тірі емес, өлі емес, Өтті ғой, несін айтамыз... Бүгінгі жортқан *б ө р і* емес, Адам екен, байқаңыз... (М.Мақатаев, Шығ.). Шатырдың жалт-жалт еткен тіреулері, Ішінде күжілдейді кілең *б ө р і.* Айнала анталаған найзалы қол, Қасарған қансыз сұрғылт іреңдері (Н.Ахметбеков, Жасауыл.). **4.** а у ы с. *Тайсалмайтын, мықты, жаужүрек адам.* Әділ, Еділ – қос *б ө р і* Қадіріңді білген кісінің Өзегін өртте өртедің (Базар жырау, Шығ.). Жүз *б ө р і* аз дамылдап алысты да Ат қойды қалың жауға «Абылайлап!» Жүз қыран мың сан қолға араласты, Орғыған асқар таудан судай тасты (М.Жұмабаев, Шығ.). Төменде қаңтарулы кіл күрең ат, Таң асып, ерін алмай тұрған жарап. Мызғиды аяқ үсті өңшең *б ө р і,* Күзеткен хан ұйқысын қадағалап... (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Арлан бөрі. *Бөрінің еркегі, ең үлкені, мықтысы. А р л а н б ө р і н і ң* соқпағына бөлтірік бөрі көптігінен түспейді, бөрілік табиғатынан түседі (М.Әуезов, Әр жыл.). Болғанда жол ағадан, тон жағадан, *А р л а н б ө р і* соғады тау сағадан. Бас қосып бағландармен қалмақ үшін, Ізденіп келіп түрмын Қарқарадан (Жамбыл, Шығ. жин.).

Аш бөрі. а) *Ашыққан, жалақтаған, жорт-қан бөрі.* Тоғай толған жылқымды Жасанған жауға тапсырдым. Қора толған қойымды *А ш б ө р і г е* тапсырдым (М.Әуезов, Таңд. шығ.). ә) *Неден болса да тайынбайтын, ашынған.* Алшағырдай *а ш б ө р і* Хабарын біліп Қобыланның, Ордасын шауып кетіпті. Жанкүйердің барлығын Тізіп айдап еліне, Жебір, жесір етіпті (Қобыланды батыр). Түнек өмір тұманында *А ш б ө р і г е* болдым кез. Ашы таяқ тиді етіме, Парлап жасқа екі көз (С.Машақов, Жылдар).

Бөрі айбат. *Қаһарын тігіп, айбар білдіріп, сұс көрсетушілік.* Қаратаз оны [Кәленді] *б ө р і а й б а т п е н* алғысы кеп, түгін бетіне шаншып түтігіп отыр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Қаратаз Кәленмен жүзбе-жүз кездесуден тайқып, сырттай аңдысып, *б ө р і а й б а т п е н* белін бермей кеткісі келді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Бөрі бүлкек, бөкен жортақ. *Бұлкілдеген тез жүріс, екпіндеген, сар желіс.* Барымташылардың таңғы тыныштықты қалың жылқы тұяғының дүбірімен бүлдіргендері бір осы жолы ғана емес, түн қатып, түс қашып, талай-талай *б ө р і б ү л к е к, б ө к е н ж о р т а қ п е н* әккіленіп алғандықтан, бір-біріне «сен айт, сен бүйт» деспей-ақ, мұндайда әрқайсысы атқарар жұмыстарына қарай ыңғайлана берген (К.Сегізбаев, Беласқан).

Бөрі кеуде. а) *Кеудесі кең, алдыңғы екі аяғы алшақ (ат).* Құлан жал, *б ө р і к е у д е,* қамыс құлақ. Салпы ерін, тарбақ танау, киік сағақ. Бос белбеу, бота тірсек, қол ет бөлек, Сіңірі желбеленген, құлан тұяқ (И.Байзақов, Шығ.). ә) *Иықты, кең жауырынды (адам).* Кешіп өтіп кешегі от жалыннан, Дүниеге ерлігімен танылған, Кең жауырынды, Талғардай тік иықты, *Б ө р і к е у д е,* бүркіт қабақ Бауыржан (С.Мәуленов, Жаңа арна).

Бөрі қабақ. *Тұксиген қалың қабақ.* Ол Тәңірбергенге салбыраған *б ө р і қ а б а қ* астынан салқын ғана көз тастайды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

Бөрі құлақ. *Тікірейген, үшкір құлақ.* Ешкі бас, *б ө р і қ ұ л а қ,* шеңбер қабырға, жүйрік ат сол жүйрік торы мен едім демесе, қарны қампиып, үкі аяқ болып кеткен бір тұғырды кім танымақ (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). Алма мойын ақ сұңқар. *Б ө р і қ ұ л а қ,* серке сан. Құландайын жүйткіген Жоғары көкке өрлейсің («Насихат»).

Бөрі құрсақ. *Бірде аш, бірде тоқ.* Орымбектің табаны тесіліп жаяулап та жүріп, калош, примус, сексеуіл, шелекпен бірге чемоданның үлкендігіндей үйде тұрып, *б ө р і қ ұ р с а қ* болып жүріп істегені, Құдай біледі... (Қ.Қуанышбаев, Шаншарлар).

Бөрі құрсақтанды. *Ашықты, ас орнына жел жұтты, ашқұрсақ болды.* Жорыққа шыққалы *б ө р і қ ұ р с а қ т а н ы п* үніреңдеп жүрген жігіттер тоқтаған бойда тез ас қамына кірісті (Ә.Нұрпейісов).

Бөрі өңгерген лақтай. *Дәрменсіз, шарасыз.* Шыбықтай белі бұралып, Қаһарман жерді басады. *Б ө р і ө ң г е р г е н л а қ т а й* Келмембет қорқып сасады (Батырлар жыры).

Бөрі тиген қойдай. *Шулады, азан-қазан болды. Б ө р і т и г е н қ о й д а й* ғып Тұстұсына қуады. Садағы жеткен жер болса, Тартып кетіп барады (Мұңлық-Зарлық). Бұл Аманқұлдың өрге қарай тырмысқан қалың жылқысы еді, бірақ *б ө р і т и г е н қ о й д а й* үркініп, сонау Жайықтың арғы бетінен бері қызылдар өкшесін жерге тигізбей бытыраған қазақ-орыстар оны айыруға шамасы келмеді (Х.Есенжанов).

Бөрі ішік. *Бөрінің терісінен істелген қалың, мықты, сапалы ішік.* Белін бумай желбегей *Б ө р і* ішігін жамылып, Қабаттап киген камзолды Сыдыра түйме тағынып (Қамбар батыр). *Б ө р і і ш і г і н* сүйретіп, Нәрікбай үйден шығады (Бабалар сөзі).

Көкжал бөрі. а) *Арыстай үлкен қасқыр.* Ол [Сабыр] колхоз малына шапқан үш *к ө к ж а л б ө р і н і* де өзі жайратқан (С.Шаймерденов, Мінез). Азулы *к ө к ж а л б ө р і* шағын ғана тоғай ішін жайлайды (А.Сарбөпин, Ала қарға). ә) *Айбатты, азулы, қайсар адам.* Тілеубай азулы елдің асқар белі, Көрінген көп ішінде *к ө к ж а л б ө р і.* Қасына он шақты ірі жігітті ертіп, Жесірге келді бір күн сөйлескелі (О.Шипин, Екі дастан). Қодар құл сол заманда жанның ері, Тоқсан құлдың ішінде *к ө к ж а л б ө р і.* «Жақсы қоныс, Қарабай мен табайын, Алты құлаш бедеуді әпкел бері!» (Қозы Көрпеш.).

Күшік ит бөрі ала ма жабылса да. б е й н. *Әлі келмейтін, шамасы жетпейтін адамдар бірігіп, қосылып кіріссе де қолдарынан келмейді деген мағынада.* Сынға түсті, айыбы бетіне басылды. *К ұ ш і к и т б ө р і а л а м а ж а б ы л с а д а*? Тәңірі сақтар табандап тап ұрса да, Арсыз адам арсаңдап арсылдайды, Әр жерде-ақ керегеге таңылса да (Абай, Тол. жин.).

БӨРІ[2] з а т. а с т р. <лат. lupus> *Аспанның оңтүстік бөлігіндегі шағын шоқжұлдыз. Б ө р і* жұлдызы оңтүстік ендіктен көктемде көрінеді (ҚСЭ).

БӨРІ[3] з а т. к ө н е. т а р. *Ежелгі түркі қағандарының дербес жасағына берілетін атақ. Б ө р і л е р* – ежелгі түркі билеушілерінің жеке басын қорғауға арналған арнаулы жауынгерлер тобы (ҚҰЭ). Жылнамалардың бірінде *б ө р і* атағын кейде қаған бекітіп отырады-мыс. Бұл – жас ұландардың жауынгерлік айбарын арттыру мақсатымен істелген деген де болжау бар (Отырар энц.). *Б ө р і л е р* жасағы соғыс ісін жетік меңгерген атақты батырлардан іріктеліп өздері де, аттары да темір сауытпен құрсанған (ҚҰЭ).

БӨРІАУЫЗ з а т. к ә с. **1.** *Қысқаш.* **2.** *Ұста дүкенінде темірді қысып тұратын аспап.* ≈ *Б ө р і а у ы з д ы* қолдану.

БӨРІАЯҚ з а т. б о т. <лат. zycopus> *Өсімдік атауы.*

БӨРІБАСАР з а т. **1.** *Қасқыр алатын сырттан ит.* Иә, қыраттың үстінде көлденең тұрған қасқыр емес, ит, онда да анау-мынау жай ит емес, *б ө р і б а с а р* тарғыл төбет еді (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). **2.** а у ы с. *Ожар, даң кеуде, ұрда-жық.* Қожасы шаш ал десе, бас алатын *б ө р і б а с а р д ы ң* нақ өзі (З.Жәкенов, Таң самалы).

БӨРІБҰРШАҚ з а т. б о т. <лат. lupinus> *Кіндік тамырлы, сабағы жұмсақ, саусақ тәрізді салалы жапырақтары бар, бұршақтұқымдас өсімдік.* Түйнек бактериялар бұршақ тұқымдас өсімдіктердің: жоңышқаның, бұршақтың, беденің, *б ө р і б ұ р ш а қ т ы ң* т.б. тамырларында тіршілік етеді (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Саусақ тәрізді күрделі жапырақтары бар бұршақ тұқымдас өсімдік – *б ө р і б ұ р ш а қ т ы ң* ауыл шаруашылығында алатын маңызы зор (Ботаника). Біржылдық *б ө р і б ұ р ш а қ т а р д ы ң* дәні ежелден тамаққа және мал азығы ретінде пайдаланылған (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

БӨРІГУ *Бөрік етістігінің қимыл атауы.*

БӨРІДЕЙ с ы н. *Бөрі тәрізді, бөрі сияқты.* Жалма-жан жәшікті иыққа салып, *қозы* алып қашқан *б ө р і д е й* жөнелген жігіт артельге де,

өзімізге де көптен таныс ұрлықшы жігіт (І.Жансүгіров, Шығ.). Таң шабытың келгенде Аш *б ө р і д е й* кез келсе Кімді аунатып жемейсің! (Базар жырау, Шығ.). Сұлтан мен Бәймен болыстар, Әлиді ұстап бермекке, Қызығын көзбен көрмекке, Аңсыраған *б ө р і д е й,* Жапанды кезіп кел деді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Төске шауып, басқа өрлеген шонжарлары нашарларын алып ұрып, иттей талап, *б ө р і д е й* алқылдап жатқаны (С.Омаров, Қиыр жол).

Аш бөрідей алақтап [жаландап, жортып, жалақтап]. *Аласұрып, қызылкөзденіп. А ш б ө р і д е й а л а қ т а п,* Талайдың кесіп келлесін, Өле-өлгенше қан ішті (Дастандар). Сен мені жеңе алмассың арбасаң да, Төрт бұрышын төңіректің жалмасаң да. *Ж а л а ң д а п а ш б ө р і д е й* келдің қайдан, Жақсылық жалайырдан алмасаң да (Айтыс). – Біз күн демей, түн демей сіздер үшін *а ш б ө р і д е й ж о р т ы п,* жан-тәнімізді аямаймыз (Ж.Тәшенов, Алғашқы.). Екі аяғым салақтап, *А ш б ө р і д е й ж а л а қ т а п,* Қинады жоқтық жанымды (Қамбар батыр).

Аш бөрідей тиді [бас салды, талады]. *Тас-талқан етті, быт-шытын шығарды.* – Әкелші Фират қайда, мінейін, – деп, Сізбенен қызық дәурен сүрейін деп, Тәніме жара салған Қызылбастың, Шетінен *а ш б ө р і д е й т и е й і н* деп (Көрұғлы). Бидің бағып біреуі қас-қабағын, Бұлк етуден бишара жасқанады. Бірде бәрі жабылып біреуіне, Жемтік көрген *б ө р і д е й б а с с а л а д ы* (М.Мақатаев, Шығ.). Ол «мен онда бармаймын, бәрі жабылып *б ө р і д е й т а л а й д ы*» деп тұрып алды (Ж.Жұмаханов, Махаббат.).

Қойға шапқан [тиген] бөрідей [аш бөрідей]. *Екі көзі қанталап, алақтап, жалақтап.* Бопай жоқ жерден *қ о й ғ а ш а п қ а н б ө р і д е й* астан-кестеңін шығарыпты (І.Есенберлин, Қаһар). Барзу жүр *б ө р і д е й* боп *қ о й ғ а т и г е н.* Талайды топырлатып топтап үйген. Көрген соң Барзу түрін Апрасияб, Кемпірдей қашқан қорқып күйбең-күйбең (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Бейбіт халық пен қарулы жау арасын ажыратпай, *қ о й ғ а т и г е н а ш б ө р і д е й* елдің бәрін шетінен қыра берген армияның жыртқыш хайуаннан қандай айырмасы бар (С.Омаров, Дала қызы). Қаптай шапқан дұшпанды Қақ ортадан жарады, *Қ о й ғ а т и г е н б ө р і д е й,* Бөріктіріп барады (Қалнияз Шопықұлы // XIX ғ. қаз. поэз.).

Ұялас [ұялы] бөрідей. *Күш біріктірген, тобын жазбайтын.* Бар ынтымағын Құнанбайға бағындырған жиырма ауыл дәл бір *ұ я л а с б ө р і д е й* еді (М.Әуезов, Шығ. жин.). – Қотан аңдыған *ұ я л ы б ө р і д е й,* тізе қосып қайда бара жатырсыңдар? (І.Есенберлин, Қаһар).

БӨРІДЕЙІН с ы н. ф о л ь к. ***Бөрідей***. Алаштағы жақсыдан Батасын алып, дәм татып, Түлкідейін түн қатып, *Б ө р і д е й і н* жол тартып, Жауырынына мұз қатып, Жалаулы найза қолға алып, Жау тоқтатар күн қайда? (М.Өтемісов, Өленд.). Иек қақты, ұры иттей жылмаң жүзді, Кірген жендет жалаңдап бағып ізді. Қозы арқалап қашқан дәл *б ө р і д е й і н* Иығына жөнелді салып қызды (Т.Әбдірахманов, Көгершін).

БӨРІЖӨКЕ з а т. ө с. ***Қасқыржидек*** *(миуәліктер тұқымдасына жататын ұзындығы бір жарым метрдей бұта). Б ө р і ж ө к е* – өте улы өсімдік (Т.Мұсақұлов, Биол. сөздік).

БӨРІК з а т. э т н. **1.** *Елтіріден, аң терісінен жиек жүргізіп, матамен тысталып тігілген құлақсыз баскиім.* Басына дөңгелек *б ө р і к* киген ақ сақалды, ұзын, ақ мұртты қарт бізге бұрылды (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). Нән *б ө р к і м е н* милығын жаба киген, Бір ғаламат қарт көрдім жабағы үйден. Серіппесін серт ұстап, қазықбаулап, Солқылдаған жас талдан садақ иген (М.Мақатаев, Шығ.). Мінбелерде үгіт айтқан молдалар, Оңашада нәпсі артынан жүрмесін! *Б ө р і к* киіліп, сандықта қап сәлделер, Жасырынып бұзық жерге кірмесін! (М.Жұмабаев, Шығ.). Үстінде еуропашыл ұзын кител, басында ақ *б ө р і к* (М.Шоқай, Таңд.). **2.** а у ы с. *Таудың үстіңгі бөлігі.* Келіншектау Май айында көрікті. Бурыл бұлттан Киіп алған *б ө р і к т і* Енесіне ентелеген ботадай, Етегіне тас төбелер шөгіпті (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Мен гүл терген тау бөктерін сен де кездің талмастан, Қарлы шыңдар қол бұлғайтын бізге *б ө р к і н* алмастан (М.Шаханов, Ғасырлар.). Оянып кетсем келеді екен таң атып, Алатау *б ө р к і н* алтындай, нұрға жалатып, Төменде жатқан еленбей Төбе мен қырға қарайды Саған да тәңірім биіктік берсін дегендей (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Алтайы қызыл бөрік. *Алтай түлкісінің терісінен жасалған бөрік. А л т а й ы қ ы з ы л б ө р к і н* баса киіп Бейсенәлі отыр (С.Бақбергенов, Күй). Қойшы қарт Москваға бара қапты, Аулындай емін-еркін аралапты. *А л т а й ы қ ы з ы л б ө р і к,* атылас шапан, Айтпай-ақ танытыпты сол қазақты (М.Әлімбаев, Таңд. өленд.).

Бас жарылса, бөрік ішінде. *Жария болмады; жабулы қазан жабуымен қалдырылды.* – Жә, өрекпімей-ақ қой. *Б а с ж а р ы л с а, б ө р і к і ш і н д е*; ішегің шықпас. Айтқандарын істеп,

дауласпай, төбелеріңнен тік тұрып күтіңдер, – деді (М.Әуезов, Шығ.).

Бөркі қара қазандай болды. *Мақтанды, есірді.* Мақтағанға *бөркі қара қазандай болып,* әулігетін ұшқалақ адам емес еді Адасбай (Жастар эстрадасы).

Бөркін алды. *Құрмет көрсетті.* Жанынан жүрген адам *бөркін алып,* Бұрылып бас иеді бәрі осында. Борышты бүкіл дүние, барлық халық, Азаткер Совет елі баласына (Ж.Молдағалиев, Өлеңд.). Е, жұртым, бұрын онымен біреу жолықты-ақ, Көрсетіп құрмет, тұратын бастан *бөрікті ап...* (Ж.Нәбиуллин, Таныс әуен.).

Бөркін аспанға [көкке] лақтырды [атты]. *Қатты қуанды, шаттанды.* Оны естісе Сәлім, сөз жоқ, *бөркін аспанға лақтырады* (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Біреу *көкке бөркін лақтырса-ақ* болғаны, оның артынан сарала қаздай ала тақиялар, бүркіттей сеңсең тымақтар, аққудай айыр қалпақтар аспанға ұшады (Ж.Арыстанов, Жалынды.). Құшақтап ерлер бір-бірін, *Бөріктерін көкке атты.* Аяқтап солай қыр жырын, Комбайн тыныс тоқтатты (Ғ.Қайырбеков, Қосбасар).

Бөркін жерге [алып] ұрды. *Бір нәрсеге жеңілденіп, бел шешіп кірісті.* Ал көшейін дастанға, Домбыраны бұрайын, *Бөрікті жерге ұрайын,* Жыр сандығын ашқанда (Ө.Тұрманжанов, Бозша.). – Осыны айтты да, жауға шабатын батырдай буырқана түрегеліп, басындағы *бөркін жерге алып ұрды* (С.Омаров, Қызыл.).

Бөрік киген. *Ер адам, еркек мағынасында.* Мына соғыс басталғалы жылдан асып барады, дейді ол ішінен. *Бөрік кигеннің* бәрі кетіп жатыр, кетіп жатыр (С.Алдабергенов, Асу). «*Бөрік кигеннің* намысы бір» дегенді ұран етіп, ондай әріптестерімізді қызғыштай қорғап, жауырды жаба тоқитынымыз бар-ау («Лен. жас»). Ер атанып, басқа *бөрік кисең* де, Осыншама жасқа келіп, Мойындайтын азаматтық күшіңді, Тым құрыса бір адам таба алмапсың (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Бөрікпен ұрып алатын жер. *Жақын жер, таяу маң.* Сәмет Нұртайлардың бұл өрескел әрекетіне пәлендей мән бере қоймады. Оларды *бөрікпен ұрып алатын жердегі* оңай жауға санайды екен (С.Омаров, Қайырлы.).

Бөрікпен ұрып жықты. *Оп-оңай жеңіске жетті.* 1904 жылғы соғыста *бөрікпен ұрып жығамын* деген патшалық Россияны жапондар шалқасынан түсірді («Лен. жас»).

Бөрікті тастап, бөріден құтылды. *Жан сауғалады, қара басын құтқарды.* Ең болмаса миномет батареясын көмекке қалдырмай, *бөрікті тастап, бөріден құтылып* кеткен екен ғой комбатың, – деді (Ж.Тілеков).

Бұйра бөрік. *Бұйра жүнді теріден жасалған баскиім.* Бір кісі *бұйра бөрік,* күзен ішік, Киінген өз бойына өлшеп-пішіп (Қ.Тоғызақов, Өлеңд.).

Елтірі бөрік. *Елтіріден жасалған бөріктің түрі.* Менің киімдерім: басымда қызыл шұбар сисамен тысталған *елтірі бөрік,* ішімде кенеп көйлек-дамбал (С.Мұқанов, Өмір мектебі). *Елтірі бөркін* баса кигізіп, түйе жүн күпісіне орап, қаусырындырған мезетте Қорыспайдың енді шалқасынан жатқысы келмеді (С.Талжанов, Ұлдай.). Басында – сырты көгілдір шайы, қара көк *елтірі бөрік,* үстінде жағасы көгілдір барқыттан көмкерілген, ақ ботаның түбітінен өрмектеп тоқылған қысқа етекті шапан, шалбары да осындай ақ бота түбітінің өрмегінен (І.Есенберлин, Қаһар).

Жанат бөрік. *Жанат терісінен тігілген баскиім.* Басымда *жанат бөрік,* жекей тері, Қоймаған елде сұлу мен бір сері (Қаз. ақын. шығ.).

Кәмшат бөрік. *Кәмшат терісінен тігілген әйелдердің баскиімі.* Кигені қыздарының асыл мата, Басында *кәмшат бөрік,* мойнында алқа. Таранып бұлбұл құстай ән шырқадым, Көрген соң көп әйелді қозып арқа (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Аз күнде-ақ «қыз» атандым бойым сылап, Оқалы қамзол киіп, белді қынап, Шоқпардай үкі таққан *кәмшат бөрік,* Ақша жүз ажарыма тұрды ұнап (Сара [Тастанбекқызы], Тордағы.). Әрі-беріден соң шатырдан қасында оншақты қыздарымен жарқ етіп Сара қыз шыға келді, басында *кәмшат бөрік,* үстінде оқалы тон, Біржанға біраз қарсы тұрып «Кел, шырағым, амандасайық» деген Біржанның сөзіне ілтипат етпестен сол жақтағы биік орынға барып, шалқия түсіп отыра кетті (М.Дулатов, Шығ.).

Киіз бөрік. *Киізден жасалған баскиімнің түрі.* Бастарына төбесі шошақ не дөңгеленіп келген, тысталған *киіз бөрік,* аяқтарына өкшесіз жұмсақ етік киген (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Қазақы бөрік. *Іші сырылған, сырты қамқа, пүліш тәрізді қымбат маталармен тысталған, құндыз, қама, қалтар, сусар тәрізді бағалы аң терілерінен жасалған, 6–8 сай етіп тігілген бөріктің түрі.* Сол қалың топтың арасынан қысыла, қымтырыла өтіп, киім ілгіш тұрар деген жаққа беттеп едік, *қазақы бөрік* киген бірекеу алдымыздан көлденеңдей берді (С.Шай-

мерденов, Мінез). Ішінде Ермектің жаялықтары, апасына алған базарлық: көйлектік көк қыжым, жеңгесі Фатиматқа салы орамал, әкесіне ондатр түтқан *қазақы бөрік* сатып алған (Ш.Мұртазаев, Қара маржан).

Қалмаржан бөрік. *Қымбат әшекейлі бөрік.* Патшаның бұған алмасын Беліне салып алады *Қалмаржан* қара *бөркін* Шекесіне салады (Батырлар жыры). Тас құдықтың басында, Отыр екен қасында ер Қосай Сегіз жасында, *Қалмаржан бөркі* басында (Батырлар жыры).

Қама бөрік. *Қама терісінен тігілген баскиім.* Ақбөбек желкесіне шашын өріп, Басына киді баса *қама бөрік.* Білген соң тәуекелге бел байлады, Қайратсыз тимейтінін баста ерік (Б. Адамбаев, Ақбөбек). Балықшы халықтың қыз-келіншегінің үкілі тақиясы, *қама бөркі* жалт-жұлт қағып, жәрмеңкені сәнге бөлейтін (Ғ.Сланов, Дөң асқан).

Қамқа бөрік. *Сырты қамқа матамен тысталған бөрік.* Қыз-келіншектердің үстінде шекпен көйлек, мақпал көзекей, *қамқа бөрік.* Көк шалғынға қызыл кілем жайып, ақ самауырды тізіп тастайды (Б.Аманшин, Көкжар). *Қамқа бөрік,* қамзол, бешпет, алтын ілген, Ақ көйлек зер шашақтан киінген қыз (Бес ғасыр.).

Қамшат бөрік. с ө й л. ***Кәмшат бөрік***. Қызығушы ем, жеңеше, бұғағыңа, Тұрушы еді ақ әуе төмен түсіп. Сырғаларың жарасып құлағыңда, *Қамшат бөркің* тұрушы ед төбеңде ұшып (А.Тоқмағамбетов, Өмір.). Білектей арқасында өрген бұрым, Шолпысы сылдыр қағып жүрсе аңырап. *Қамшат бөрік*, ақ тамақ, қара шашты, Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін (Ә.Тәжібаев, Өмір.). Халуаның басында күрең сыртты *қамшат бөркі* бар, жұқа қоңыр барқыт шапан киген (Ж.Жұмаханов, Соқпақ.).

Қаракүл бөрік. *Қаракүл елтіріден тігілген баскиім.* Азаматтың үстінде қымбат пальто, басында *қаракүл бөрік*... (Б.Майлин, Азамат.). Оның үстіне кигені белін бүрген, тізесінен сәл төменірек түскен жаңа киім, басында *қаракүл бөрік,* етігі лакпен боялған, жылтырап тұр (С.Шарипов, Шығ.).

Қарасаң басындағы бөркің түседі. *Тіптік, өте биік.* Төбесіне *қарасаң басындағы бөркің түсер* сыңсыған қалың қарағай, ақ қайың (І.Есенберлин, Қатерлі.). Жоғары *қарағанда басындағы бөркің түсетіндей* биік алыптың үстіне жабысып жүрген монтажниктер алыстан шыбындай ғана қараяды (Алғы шепте.).

Қасқыр бөрік. *Қасқырдың терісінен тігілген баскиім.* Сүс беріп *қасқыр бөрік* хан басына, Аю тон айқарылған арқасында. Арсиып тұлып басы жолбарыстың, Қызыл көз қыран отыр дәл қасында (Қ.Бекхожин, Ардагер.).

Қимаш бөрік. *Төбесі шошақтау келген қазақы бөріктің түрі.* Киімдері де ықшамды. Құндыз жағалы, қысқа лүкпан шапан, бастарында қазақы *қимаш бөрік*, сырттарынан қимылымызға жеңіл болсын деп кереге көз торлы сауыт киген (І.Есенберлин, Алмас.).

Қоқан бөрік. *Бұрынғы Қоқан шаһары тұрғындары киген бөрік.* Шалқұйрық атым астымда, *қоқан бөрік* басымда, шашақты найза қолымда, Сарыарқаның сағымды сары белін қақ жарып, жалғыз өзім жортып келеді екенмін (С.Бақбергенов, Мен сізді.).

Қоқима бөрік. *Төбесі үшкір, үш бұрыштап тігілген бөрік.* Ат үстінде шалқақтап сыңғырлай күлгенде, *қоқима* үшбұрыш *бөріктердің* үкілері желкілдеді (О.Сәрсенбаев, Сағым).

Қоян бөрік. *Қоян терісінен тігілген бөрік.* Басында жұқа ғана, ақ *қоян бөркі* бар (М.Әуезов, Абай жолы).

Құндыз бөрік. *Құндыз терісінен тігілген баскиім.* Басында үкілі *құндыз бөрік,* үстінде қыналған оқалы мол жеңді барқыт шапан мен жарғақ шалбар, аяғында күміс зерлі биік өкше етік (І.Есенберлин, Қаһар). Ол кезде қыз киеді *құндыз бөрік,* Қадаған үкілері берер көрік. Етегін оқалаған бешпент киіп, Әсемдеп шолпы таққан, шашын өріп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Үлкен қыздың басында екі шоқ үкі таққан *құндыз бөрік,* жеңсіз күрең барқыт камзол, қына сары қос етек көйлек (Ғ.Мүсірепов, Боранды түнде).

Құрайыш бөрік. *Жиексіз, төртбұрыштау, тіктеу келген, елтіріден жасалған, көбіне әскери адамдар киетін бас киім.* Бастарына киген *құрайыш бөріктерінің* маңдайына қиғаштап, қызыл шүберек байлағандар, сартылдатып, сары ала қылыш байланып, мылтық асынғандар түр (А.Хангелдин, Қараторғай).

Нар [өркеш] бөрік. *Төбесін нардың өркеші тәрізді етіп шошайта тіккен бөрік.* –Бойы аласа жандар *нар бөріктіде*, қалпақты да жапырмай, көмпитіп киеді, – дедім (Ғ.Сланов, Домбыра.). Басымда қаракүлден *нар өркеш* көк *бөрік.* Қырын жапырмай, төбесін коқырайта кидім (Ғ.Сланов, Домбыра.). Басында *нар өркеш бөркі* бар, бір еңгезердей кісі жаныма келе беріп: – Сәлематсың ба? – деді (Н.Серәлиев, Ыстық күлше).

Ноғай бөрік. *Ноғайша тігілген бөрік.* Өзі жұқа шапан, *ноғай бөрік* киген еді

(М.Әуезов, Абай). Біреуінің сымпиған қара киімі бар, басындағысы *ноғай бөрік*. Орныға алмай, қоқиып, атқа отырысы; екі тізесін қомдап, аяқтарының басын аттың шынтағына тығып, қамшылағанда қолтығы көтеріліп, қолп-қолп етіп желгені «ел қазағы емеспін!» деп анадайдан айғайлап, айтып келеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қобыландыдай батырың, Беліне семсер іледі. *Ноғай бөркін* киеді, Кешегі кеткен Қияттың, Соңынан желіп жөнелді (Қобыланды батыр).

Оқалы бөрік. *Оқамен сәндеген, оқасы бар бөрік*. Қарындасы қасында, *Оқалы бөрік* басында. Көлденеңдеп тұр екен, Қамбардың қасқа қарасы (Қамбар батыр).

Пұшпақ бөрік. *Терінің шет пұшпақтарынан жасалған бөрік*. Басында *пұшпақ бөркі*, аяғында ұзын қоныш, биік өкше орыс етігі... мұрты ұзын (М.Әуезов, Шығ.). Үстімде теке терісінен тігілген шалбарым, елтірі астарлы сұр бешпентім, басымда көнетоз *пұшпақ бөркім* бар (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). Мен Шолақ он сегізде өнер тапқан, Үкілеп ақ боз атқа тұмар таққан. Басымда *пұшпақ бөрік*, шекемде үкі, Үстіме кидім жібек шымқай ақтан (Ақын жырлары).

Сеңсең бөрік. *Сабалақ жүнді елтіріден жасалған бөрік*. Басында *сеңсең бөркі* бар, аяғында бастамалы етік, үстінде шолақ тон (Б.Майлин, Таңд. шығ.). Ыстықта да бастарынан *сеңсең бөріктерін* тастамайтын шалдар да бақшадағы жұмыстарын тастай салып, көшеге шықты (Т.Тобағабылов, Жазира). Біз сыйлаймыз атамыздың салтын да, Біреу ыссы, біреу бейім салқынға. *Сеңсең бөрік*, киіз қалпақ, тақия, Шекпен, тымақ – бәрі де өз қалпында (Ж.Молдағалиев, Шығ.).

Сусар бөрік. *Сусар терісінен жасалған бөрік*. Шалқайып шаңқай түсте *сусар бөрік*, Жалаңаш маңдайында жатыр көрік. Өзімен қырға шыққа қылт етеді, Ақ мылтық арқасына болған серік (Х.Ерғалиев, Құрманғазы). *Сусар бөрік* басында Үстіне киіп құлпыдан. Керейұлы Келмембет Сөйлес қылып кідірді, Ауылдың келіп сыртынан (Қамбар батыр). Бәрін айт та бірін айт, Қабағын *сусар бөрік* басқан Жауырынына күшіген жүнді ақ оқ шанышқан, Қалжауырдай шаншылған (Шалкиіз//Алдаспан).

Суыр бөрік. *Суыр терісінен жасалған бөрік*. *Суыр бөрік*, сұр тонды жалғыз жүргінші үнсіз, жым-жырт тастардың қабат-қабат шыңына кірді (М.Әуезов, Әңгім.).

Тері бөрік. *Теріден тігілген бөрік*. Бірқатар қазақтар шілдеде де тон, тымақ, киіз байпақ, *тері бөрік* киеді. Жаз күні тері киім киген жарамайды (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

Төрткүл бөрік. *Төбесі жайпақ, төрт қиықты бөрік*.

Түлкі бөрік. *Түлкінің терісінен жасалған бөрік*. Қойшы болу қиын-ақ, Әлденеше толғанды. *Түлкі бөркін* киіп ап, Ақ таяғын қолға алды (Ә.Асылбеков, Кең жайлау). – Адам дейсің бе, мал дейсің бе, ағаш, көмір дейсің бе, бір тыныш жоқ, ағылып жатқаны, – деп қойды *түлкі бөрік* киген шоқша сақалды қарт («Қаз. әдеб.»). Ерғали онда ауылнай еді: жеккені пар ат, әдемі ызбырой, кигені орысша қынама киім, тек басында қазақы *түлкі бөрік* қана болушы еді (Б.Майлин, Шығ.).

Тұрме бөрік. *Төбесі жібекпен тысталған, жан-жағы жоғары қарай қайырылып киілетін бөрік*. Басында *тұрме бөрік*, белде кемер, Жарқылдап қарулары оттай жанар. Қыр мұрын, қынама бел әсем жігіт, Көргеннің көзі тойып, мейірі қанар (Н.Ахметбеков, Аманкелді). Ол басына түлкінің пұшпағынан жасап, сыртын көк пүлішпен тыстаған *тұрме бөрік* киіпті (Б.Тұрсынбаев, Ауылдан келген.).

Үкілі бөрік. *Төбесіне үкі тағылған бөрік*. Таза көйлек, кәмзол киіп, көкбараздаған кимешек-шаршы тартқан келіншектер мен *үкілі бөріктері* бар қыздардың ажарында мереке күн белгісі сезіледі (М.Әуезов, Шығ.). Одан гөрі жоғарырақ екі қыз отыр. Бірі бой жетіп қалған. Басында *үкілі бөрік* (Т.Жармағамбетов, Екі жүрек). *Үкілі бөрік* басында, Жарқ ете қалды Айгүл қыз. Шетелдік біреу қасымда, Сұрайды: – Қайдан, қай жұлдыз? (Н.Шакенов, Айгүл).

Шоқпыт бөрік. *Тозығы жеткен, албажұлба, жырым-жырым бөрік*. Атымды қамшылаймын баурын осып, Келем жалғыз, әнімді желге қосып. Қоңыр тон, киіз етік, *шоқпыт бөрік*, Қаламын өз бейнемнен өзім шошып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Әкем кетті аттанып көкшолақпен, *Шоқпыт бөрік*, үстінде жүннен шекпен, Аяғында сырыған киіз етік, Екі жеңі жамаулы шуда жіппен (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Шошақ бөрік. *Төбесі үшкіл етіп тігілген бөріктің түрі*. Жау қолын жапырып, бір қызылдан асып түскенде көрді, Орынбордың бір *шошақ бөріктегі* офицері Исатайды көздеп тұр екен, ол атып үлгергенше, бұл жалма-жан садақпен офицердің өзін сұлатып салды («Парасат»). Көсемнің басына кигені үш шабаталы *шошақ бөрік*. Бұл оның Тиграхауда (шошақ бөрікті) сақтарынан шыққанын көрсетеді (С.Абдрахманов, Елдік сыны).

БӨРІК= е т. с ө й л. ***Бөрлік*** *(дүрлігу, шулау, дүркіреу)*. Шыдамай жүз екпінге, шулай беріп, Қалмақты ә дегенде қара басты, Біраздан есін жиып *б ө р і к к е н* ел, Қару ап, қара құрттай құжынасты (М.Жұмабаев, Шығ.). Төбелес күнде болады деп, ел әбден *б ө р і г і п* бітті (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.). Айғайлама, неменеге айғайлайсың, Ана жең ұшынан жалғасып жүрген қатыныңа айғайла. *Б ө р і г і п* жүргенің талпақ танау мен соның буы ма? (Қ.Қуанышбаев, Шаншарлар). Оның үстіне күні кеше дүрбелеңге ұшырап, *б ө р і г і п* отырған жұрт (С.Бегалин, Шоқан асу.).

Бөріккен қойдай. с ө й л. ***Бөрліккен қойдай***. Жазға бір ай қалғанда, Аласапыран болғанда, Бөліне көшкен еліңді *Б ө р і к к е н қ о й д а й* қылармын (М.Өтемісов, Өлеңд.). *Б ө р і к к е н қ о й д а й* қылады, Қуып жетіп қырады (Батырлар жыры).

БӨРІКБАС з а т. б о т. *Биік болып өсетін өсімдіктердің (ағаш, бұта т. б.) жоғарғы, дөңгеленіп қауқиған жағы*. Ағаштардың жақсы дамып өсуі үшін, олардың *б ө р і к б а с ы н ы ң* негізгі бұтақтарының кемінде үштен бірін кесу қажет (А.Жанғалиев, Бағбан.). Ұшатын жемістер мен тұқымдар *б ө р і к б а с ы н а* жел еркін тиетін биік ағаштарда болады (Жалпы биология). Ағаштың түбі ғана майланады. Бұл кезде ағаштың *б ө р і к б а с ы* мен діңгегіне май тимеуге тиісті (Бақшаны күту).

БӨРІКГҮЛ з а т. ө с. <лат. cynara> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын көкөністік дақыл*. Құмдауыттау белгe көтерілгенімізде сарғалдақ, құртқашаш, ақ гүл, *б ө р і к г ү л* тағы да басқа гүлдер алдымнан шыға келді (Ө.Қанахин, Жер бас.).

БӨРІКӨЗ з а т. б о т. *Таулы аймақта өсетін бұталардың бірі; боркөз*. Шың-құздың басындағы аршаны да тамашаладық. Шоқшоқ мойыл да алдыңнан шығады. *Б ө р і к ө з* дегенің сыймайды (С.Хайдаров, Азамат.). Салса жылқы тоқтайды, Арқанның *б ө р і к ө з і н е,* Құлақ сал, көке сөзіме (Батырлар жыры). Жатыр екен жиналып, Арқада бар *б ө р і к ө з,* Жақсыда ғой тәуір сөз (Батырлар жыры).

БӨРІКСІЗ с ы н. *Бөркі жоқ, бөрік кимеген. Б ө р і к с і з* адамның аты ұзаққа сілтейтін жүйрік екен, біраз жерге барғасын қуып жетіпті (С.Бақбергенов, Кентау).

БӨРІКТАСТАМ: **бөріктастам жер**. э т н. *Өте жақын қашықтықты білдіретін халықтық өлшем*. Жапсарлас Барақбай ауылына *б ө р і к т а с т а м ж е р д е* тиіп тұр (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай).

БӨРІКТАСТАМАҚ з а т. о й ы н. *Жастар дөңгелене отырып ойнайтын ұлттық ойын*. Баяғы атам заманнан ел ішінде сақталған *б ө р і к т а с т а м а қ,* мыршым, бұғыбай ойындары бала кездегі айгөлекке жалғасып, жыл сайын өзгермей салтанат шежіресі болып келе жатқан-ды (С.Сейтхазин, Хадиша).

БӨРІКТЕЙ с ы н. **1.** *Бөрік сияқты үлкен, қомақты*. Шоршыған да, ыршыған, Шегіртке сары, оқ жылан. Бөденелер *б ө р і к т е й* Қаққанынан соғылған (І.Жансүгіров, Поэм.). Томағасы *б ө р і к т е й,* Топшысы жұмыр өріктей. Қайнатып темір соғатын, Алқымы кең көріктей (С.Әлімбетов, Өлеңд.). Мөлдіреп бүлдіргені *б ө р і к т е й* боп, Үлпілдеп сары жоңышқа өріктей боп, Көмкеріп айналасын шалқар көлмен, Керіліп жатыр далам көріктей боп (Пернедегі терме.). **2.** а у ы с. *Кішкентай, шағын*. Төменде көл қалды, Оймақтай жылтырап. Тау қалып барады, *Б ө р і к т е й* бұлдырап (Ә.Ахметов, Өлеңд.). Қазандай көгілдір мәрмәр тастың қашай-қашай *б ө р і к т е й і* ғана қалды (І.Есенберлин, Ғашықтар). **3.** а у ы с. *Қалың, қомпиған (шаш)*. Оспанов орта бойлы, шымыр денелі, жирен шашы *б ө р і к т е й* бұйра, тығыршықтай ақ сары кісі екен (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.). Нұрланның қара шашы *б ө р і к т е й,* өзі зор мұрынды келген (Ж.Жұмаханов, Шұбартау.).

Бөріктей ұшты. *Жалп етті, ұшып түсті*. Асау ата жөнелді. Үш-төрт мөңкігенде үстіндегі бала *б ө р і к т е й ұ ш т ы* (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

БӨРІКТЕН= е т. *Бөрікке ұқсау*. Анау орта кезеңде айрықша кеуде көтеріп тұрған биік шоқының басындағы етек жағы қылталана, төбесі *б ө р і к т е н і п* тоқтаған қарауыл жартас дәрменсіз, бишара шалдың кейпін елестетеді (К.Ахметбеков, Ақдала).

БӨРІКТЕППЕЙ з а т. о й ы н. *Балалардың бөрікті кезектесіп теуіп ойнайтын ойыны*. – Не ойнайсыңдар? – Не болсын. Асық ойнаймыз. Шілік ойнаймыз... Көктемде бірауық *б ө р і к т е п п е й* ойнаймыз (С.Сарғасқаев, Тәмпіш.). Ойынның қызығы – *б ө р і к т е п п е й*. Бұрын тебіліп, жұлқа-жұлқасы шыққан бөрікті, қалпақты, тақияны тебу онша қызық емес («Жалын»).

БӨРІКТІ с ы н. *Басына бөрік киген, бөркі бар*. Бір сәтте біздер, балалар, отты тастай салдық та, қызық көріп, тоқтыны жәукемдеп жатқан *б ө р і к т і* қойшының қасына келдік (Ө.Қанахин. Жер бас.). Мәриям жеңгейдің үйіне ақ киімді, қара киімді, *б ө р і к т і,* қалпақты, фуражкелілердің бірі кіріп, бірі шығып жатқаны (Б.Майлин, Азамат.). – Астапыралла, қайдағыны айтпашы, балам, – деп түлкі *б ө р і к т і* шал үрейленіп жағасын ұстады (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). Шеткерірек

столда отырған сусар *б ө р і к т і* бір мосқал адам сөзге араласты (С.Шаймерденов, Мінез). // *Ер адам, еркек мағынасында.* Жаулықтының бәрі бірдей қатын емес, *Б ө р і к т і н і ң* бәрі бірдей батыр емес (Мақал-мәтел). Пендесі хақ жаратқан емес бірдей, Хан, қара, би, төре мен көрі-жас та, Намысы *б ө р і к т і н і ң* бір деген бар, Білсеңіз, сізге ұят, бұл рас па? (М.Дулатов, Шығ.). Бірақ, бірақ талайлардың бақыты алыс, сорынан, Бұл кез келген *б ө р і к т і н і ң* келе бермес қолынан (М.Шаханов, Ғасырлар.). Қашан көрсең де жаулығы қарқарадай болып, қалың *б ө р і к т і л е р д і ң* ортасынан ойып орын алып, төрде отырады (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

БӨРІКТІК с ы н. *Бөрік боларлық, бөрік тігуге жарарлық.* Бұл сияқты *б ө р і к т і к* терілерді бірөңкей жинаймыз (Ауызекі).

БӨРІКТІР= е т. **1.** *Дүрліктіру, шулату.* Қырды, жойды ер Абас *б ө р і к т і р і п,* Үш қыз да қуанады көріп тұрып (Қозы Көрпеш.). Қаладағы атты полктың бір эскадроны үш қатардан тізіле сап түзеп, кернайлатып, кепшік пен барабанды қатар соққылап, қаланы *б ө р і к т і р і п,* көшеге шықты (Ж.Тілеков, Жоңғар.). Қойға кірді бір бөрі *Б ө р і к т і р е* қырады, Талай қалмақ құлады. Ер қайратын сынады (Ер Тарғын). Онан босағаға жабысып, бүрісіп қана тұрған қатыны мен балаларын *б ө р і к т і р е* сабап, тыныш отырған үйді көзді ашып-жұмғанша у-шу қылды да, жөн-жоспарын айтпай, атына мініп алып тартып кетті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). **2.** *Үркіту, қорқыту.* Ең алдымен қазақ-орыстар бұл шырғаға оңай келіп, баяғыдан ұлықтың атарманы болып қоқақтап қалған әдетпен қазақ елін жауша *б ө р і к т і р і п,* үркіте қимыл қылатын болды (М.Әуезов, Қилы заман). Елден залым би шығып, Мұсылманның баласын, *Б ө р і к т і р д і* жорамен (Мұрат Мөңкеұлы, Шығ.).

Бөрі тигендей [бөрідей] бөріктірді. *Қырып-жойды, быт-шытын шығарды.* Қапы соққан жау, қалың жылқыны *б ө р і т и г е н д е й б ө р і к т і р і п,* қиқулап қуып әкетті (З.Шүкіров, Сарша тамыз). Рүстем нар бурадай күркіреді, Жан-жаққа олар қашып дүркіреді. Қашқанмен, Кәстәһім мен Тус, Кіргін *Б ө р і д е й б ө р і к т і р і п* сілкіледі (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Бөрі тиген немедей бөріктірді. *Дүрліктірді, шулатты. Б ө р і т и г е н н е м е д е й, Б ө р і к т і р і п* барады, Қасқыр тиген немедей, Қармап өтіп барады (Қармыс батыр).

БӨРІКТІРУ *Бөріктір етістігінің қимыл атауы; дүрліктіру, шулату.* Есіңде болсын, ол қатын жиналысты бір *б ө р і к т і р у і* мүмкін (Ж.Молдағалиев, Торғай.).

БӨРІКШЕ[1] з а т. э к с п р. ***Бөрікбас***. Өйткені жақсы өскен, *б ө р і к ш е с і* үлкен бір жөке ағашы бір гектар қарақұмықтың беретін балындай бал беретіндігін ескерген жөн (Ө.Орынбаев, Қазақст. орман.).

БӨРІКШЕ[2] з а т. с а я т. *Қыран құсқа кигізетін бөрікке ұқсас, былғарыдан жасалған томаға.* Томаға – бүркіт, лашын, ителгі басына кигізіп қоятын былғары *б ө р і к ш е* (Ш.Айманов, Қыран.). Бүркітке былғарыдан жасап, басына *б ө р і к ш е* томаға кигізеді (Ш.Айманов, Қыран.).

БӨРІКШЕ[3] ү с т. *Бөрікке ұқсап, бөрік сияқты.* Тіпті, күні бүгінге дейін кей күні түнде далаға шыға қалсам, қараңғыда *б ө р і к ш е* шошайған Ешкіөлмес шоқысы теңселіп тұрғандай көрінеді (С.Мұратбеков, Көкорай). Ала шарпы аз ғана сеңді асау толқындар біріне-бірі *б ө р і к ш е* лақтырып ойнайды (Д.Әбілев, Арман.). Тар шатқалда талай-талай табиғат күші тасаланып тұр, қозғалып кетсе болды, тауды бұзып, тасты жарады, күмбез тастарды *б ө р і к ш е* домалатады (Ж.Жұмаханов, Адам.).

БӨРІКШЕЛЕ= е т. с ө й л. *Бөрік тәрізді етіп орау.* Қонақ әйелдің басында орамал не шәлі жоқ, шашын *б ө р і к ш е л е п* қойыпты (А.Жұбанов, Замана.).

БӨРІКШІ з а т. *Бөрік тігетін адам.* Бұл кісі Метжанның шешесі Бадірижамалдың туған інісі – Шариф Бектантаев деген *б ө р і к ш і* еді (Д.Әбілев, Ақын.). Таздың барар жері – *б ө р і к ш і* (Мақал-мәтел).

БӨРІҚАРАҚАТ з а т. б о т. <лат. berberis> *Биіктігі* 3–4 *метрдей, жемісі майда әрі ащы бұта.* Республика ормандарында жидектерден қара және қызыл қарақат, далалық шие, *б ө р і ҚАРАҚАТ,* шетен, долана, итмұрын, бүлдірген өседі (Ө.Орынбаев, Қазақст. орман.). *Б ө р і ҚАРАҚАТТЫҢ* тамырынан тері, жүн бояйтын сары бояу алынады (Қаз. тілі термин. Биология).

Бөріқарақат тұқымдасы. ө с. <berberidaceae> *Қос жарнақтылар тобына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер, мәңгі жасыл бұталар. Б ө р і ҚАРАҚАТ ТҰҚЫМДАСЫНА* жататын өсімдіктердің құрамында алкалоидтар, әсіресе берберин бар. Олар – дәрілік, әсемдік өсімдіктер (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Б ө р і ҚАРАҚАТ ТҰҚЫМДАСЫНЫҢ* Қазақстанда 3 туысы (бөріқарақат, бұланмүйіз, торсылдақ), 12 түрі бар (ҚҰЭ).

БӨРІ-ҚАРЫ з а т. *Бөрі, ұры сияқты мал жауларының жалпы атауы.* Біреулер: «Қазақтың жұт дейтіні болады, шырағым, *б ө р і-*

қ а р ы с ы және бар. Дерекеңнің де дәулеті шайқалды», — десті (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). *Б ө р і-қ а р ы д а н* мал қорғауға әдейі сайлап алған көнігі үш маң төбет қыбыр еткен сыбдырды сезіп, анда-санда бір дүңк етіп қалады (С.Омаров, Дала қызы). – Жігіттер, түнемелікке абай болыңдар. *Б ө р і-қ а р ы* табан астынан тап беріп жүрмесін, – деп сақтандырды («Соц. Қаз.»).

БӨРІҚҰЛАҚ з а т. қ о л ө н е р. *Қасқырдың құлағына ұқсастырып жасалған өрнек, ою.* Білезікке асыл тастардан алуан түсті көз орнатып, үстіңгі бетіне «ирек», «мүйіз», «құсқанаты», *б ө р і қ ұ л а қ* сияқты күрделі өрнектер жүргізуге болады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Суретші байырғы *б ө р і қ ұ л а қ*, қос тұмар, дайра терме, гүлшақа, қошқармүйіз, түйетабан тәрізді оюларға жаңа элементтер қосып, мол қолдануға тырысыпты («Қаз. әдеб.»). *Б ө р і қ ұ л а қ* – қасқырдың басын, құлағын бейнелейтін өрнек (Р.Шойбеков, Қаз. зергер. сөздігі).

БӨРІЛІ с ы н. *Бөрісі бар, бөрісі мол.* Қайыңды *б ө р і л і* жер (Ауызекі).

Бөрілі байрақ. э т н. т а р. *Ежелгі түркі қағандарының (хандарының) алтын басты қасқыр бейнесіндегі туы.* Қанша айтқанмен Бәкең *Б ө р і л і б а й р а қ* елінің түлегі емес пе, сыртқа сырын алдыра бермейді («Егемен Қазақстан»). Жау тисе жапан далада, Бөрілі найза атамыз, Қарасайлап шабамыз. Қызыл қанға батамыз, *Б ө р і л і б а й р а қ* астында, Ту түсіріп, жау алған, Қазыбек, Қастек атамыз (Сүйінбай ақын, Ақиық).

БӨРІЛІК з а т. **1.** *Бөріге тән қасиет.* Бөрі *б ө р і л і г і н* істемей қойсын ба, Шолпанды желіктіріп жүрген осылар деп шүйліккен қастандыққа барыпты (Ә.Қалмырзаев, Ар). Оған да керек сыбаға, Бөрі азығы жолда ғой, *б ө р і л і к* етпей тұра ма? Оған да керек сыбаға, Оқшауда тұрған бір тайдың таңынан тартпай тына ма? (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Жыртқыштық, айуандық.* Арлан бөрінің соқпағына бөлтірік бөрі көптігінен түспейді, *б ө р і л і к* табиғатынан түседі (М.Әуезов, Әр жыл.). – Бұл белгілі конокрад! Сахараның нағыз жортып жүретін көк бөрісі. Оның *б ө р і л і г і н* мен о бастан білемін (Х.Есенжанов, Тар кезең).

БӨРІОЙНАҚ з а т. *Қасқырлардың ұйлығар кездегі асыр салып ойнауы.*

БӨРІСІЗ с ы н. *Бөрісі жоқ.* Бақтағы ол бір жеміс пісіп тұрған, Болатын қолы жетпей әркім әуес. «Болмайды тау – *б ө р і с і з,* ел – ұрысыз», Сонда да ол талабын жөнге келмес! (Айтыс).

БӨРІТАРАҚ з а т. б о т. <лат. Hibiscus> *Құлқайыр тұқымдасына жататын ағаш, бұта түріндегі көпжылдық және біржылдық шөптесін өсімдік. Б ө р і т а р а қ т ы ң* негізгі түрлері тропикте өседі. Көптеген түрлері әсемдік үшін өсіріледі (Х.Тілемісов,.. Ауыл шаруаш. сөздігі). *Б ө р і т а р а қ т а н* бағалы кендір, арқан есетін, қап тоқитын жіп, су өтпейтін кенеп, ал тұқымынан май алынады (ҚҰЭ).

БӨРІТІС з а т. з о о л. <лат. zycodon striatus> *Усыз сарбас жыландардың бір туысы.*

БӨРІШЕ ү с т. *Бөрі тәрізді, бөріге ұқсап.* Тек әншейін нәпсіқұмар ақымақтар ғой, апарзан өліп-өшетін жаман-жәутіктер ғой... *б ө р і ш е* бас салғанды ғана білетін (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Тыстағылар басып кірмек болып, іштегілер кіргізбей *б ө р і ш е* сілкілесіп жатыр (Ж.Арыстанов, Таң жұлдызы). Абыловтың екі көзі Жаңқожаны жеп қоярдай *б ө р і ш е* тігілді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Бөріше талады. *Жан-жақтан бас салды, жұлма-жұлмасын шығарды.* ≈ Жан-жақтан *б ө р і ш е т а л а д ы.*

Бөріше шулады. *Жан-жақтан, жапатармағай шулады.* –Тоқтасаңдаршы, *б ө р і ш е ш у л а м а й,* түге. Тыңдалық та. Оқы, Махмұт шырақ... Сөзің дәмді екен (Д.Әбілев, Арман.). – Сабыр, сабыр! – деді қарт алақанын жая, қолын көтеріп, – менің бұл сырым сендердің *б ө р і ш е ш у л а ғ а н д а р ы ң а* айтыла қоятын сыр емес (Ә.Әбішев, Замана.).

БӨС= е т. э к с п р. *Асыра сілтеп мақтану, лепіру, көпіру.* – Ал, осыған бар ғой, бала күнімде мен ғана шықтым. Жүрек жұтқан емеспін бе? – деді іркілмей *б ө с і п* Нұрқат суайт (З.Шашкин, Сенім). Көзінше мақтағанға Еділов бір түрлі ыңғайсызданды да: – Әй, Кенбай, қой, болды. Тым *б ө с і п* кеттің, – деді (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Оқушым, мынау неге *б ө с т і* деме, Жыр қалып, әңгімеге көшті деме. Есімі есіл біздің ақындардың, Елі ескермей, сірә да, ескіре ме? Оқушым, неге орынсыз бөсті деме! (М.Мақатаев, Шығ.). Қайғырмаймын соңымнан сөз *б ө с к е н г е,* Білемін бұғатының кездескенде. Әйтеуір, жүздерінде жылылық бар, Қазақтың қайсысымен кездессем де (М.Мақатаев, Шығ.).

БӨСЕРБАЙ з а т. қ а р а п. *Мақтанып, лепіріп өтірік соғатын адам.* Ертеңгіні ойла, халқың үшін қамыға біл, әрқашан елің есіңде жүрсін; бөз орнына сөз берген *б ө с е р б а й л а р д ы ң* соңына еріп елірме, есуастанба (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

БӨСЕРБАЙЛЫҚ з а т. *Өтірік соғушылық, мақтанушылық.* Оны жұрт «Қазақтың Горь-

кийі» деуші еді. Бірақ, ол [Бейімбет] ондай сөздерді жаратпай қалатын. Асыра мақтағанды *б ө с е р б а й л ы қ* немесе тіпті жарамсақтық деп есептейтін («Қаз. әдеб.»).

БӨСПЕ с ы н. *Өтірікті қосып айтатын көпірме, мақтаншақ (кісі).* – Жаңағы Әнуар пашаға оқ өтпейді деп сыбырласқан *б ө с п е* сұмдар қайда кеткен? – деді біреу (Ж.Арыстанов, Жалын.). Шегебай інісін ашық ауыз, *б ө с п е,* көп сөзділігі үшін жек көрсе, баласы Ахметбекті өзіне тартқан айлалы, есепқор, тісқақтылығы үшін ұнатып, мақтан тұтады («Қаз. әдеб.»). Мәселен былай ғой, Рас, дәрігер Құдай ғой. Ал мынадай *б ө с п е г е,* Мықты болсаң шыдай ғой (О.Әубәкіров, Жасыр.).

Бөспе сөз. *Лепірме сөз, көпірме бос сөз; өтірік.*

БӨСПЕЛІК з а т. *Бөспе болушылық, мақтаншақтық, лепірушілік.* Шараң қанша, құмға сіңген жылғадай, Көңбай атың өшкелі тұр, бейбағым. Маңдайыңа сор боп тиді-ау *б ө с п е л і к!* (М.Шаханов, Қасырлар.). Түсірем басшылығын еске бүгін, Мен емес, ел айтады *б ө с п е л і г і н.* Сатқанда колхоздарға тракторды, Жөндеусіз екендігін тексерді кім? (Айтыс). *Б ө с п е л і к* те мінез бітісінің жағымсыз тобына жатады (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

БӨСТЕК[1] з а т. қ о л ө н е р. *Жүнін үстіне қаратып, қой, ешкі т.б. терісінен жасалған жұмсақ төсеніш.* Ең алдымен шана ішіне *б ө с т е к* салып, айналасына киіз тұтты (А.Әуезов, Бала Мұхтар). Нағашы апасы жиенінің үстіне қызыл жібек түбіт көрпе жауып, астына ақ мамық жұмсақ *б ө с т е к* жайып, төрге жатқызды (І.Есенберлин, Қаһар). *Б ө с т е к т і ң* бірнеше түрі болады; барқыт, шұға сияқты матамен көмкеріп, кестелеп, астарлап істейді немесе иленген теріні сол күйінше де төсене береді (ҚСЭ).

БӨСТЕК[2] с ы н. ж е р г. *Жүні көтерілмеген арық, нашар (мал).* Мынауың *б ө с т е к* мал ғой (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БӨСТЕКТЕЙ с ы н. *Бөстек сияқты, бөстек тәрізді.* Кей жерлерден *б ө с т е к т е й* үйысып, бүлдірген сабақтары ұшырасады (Б.Соқпақбаев, Менің атым.).

БӨСТЕКІ с ы н. **1.** *Бетімен бос жүрген. Б ө с т е к і* жүрген малды қораға кіргізді (Ауызекі). **2.** а у ы с. *Мақтаншақ, лепірме.* Шәкен *б ө с т е к і* жігіт емес пе? (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Бөстекі тілек. *Бос сөз* – Бәрекелде, бұл ерекше той болсын! – Тойбасымыз қой бастаған серкедей, Бастады ғой тосынға. – Дұрыс, осы бағытыңнан тосылма! – Құр *б ө с т е к і т і л е к т е р д е н* Қажыды жұрт, расында! (М.Шаханов, Қасырлар.).

БӨСТІРТ= е т. *Өтірік соқтырту, лепірту, мақтандыру.* Қазір де көзінің түбіндегі қожырланып жазыла бастаған жарасын сипап қойып, ара-арасында қарқылдай күліп, әңгімені *б ө с т і р т і п* отыр (Ә.Сараев, Бозқырау).

БӨСТІРТУ *Бөстірт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жөнсіз *б ө с т і р т у.*

БӨСУ *Бөс етістігінің қимыл атауы; мақтану, лепіру, өтірік айту.* – Өзі әлі бота; сонда да шімірікпестен «наршамын» деп *б ө с у і н* қарашы! Тыңдауға тұрарлық басқасын айт, басқасын! – деп Қасымбек өзеленіп қоймапты («Қаз. әдеб.»). Мен тамағымды ұзақ кенеп алып, енді ғана *б ө с у г е* ыңғайланып едім, егеудей түрпіленген шағын алақан көзімді баса қойды (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

БӨСІР з а т. **1.** <лат. enterobius> *Адамның тік ішегінде өсіп-өнетін жұмыр ақ құрт, аскарида. Б ө с і р* адамның, көбінесе балалардың тоқ және аш ішегінде тіршілік етеді (Қаз. тілі термин. Биология). **2.** м е д. в е т. *Жұмыр ақ құрттың қоздыратын ауруы, аскаридоз. Б ө с і р* болған адамның, малдың іші үлкейеді (Ә.Әбішев, Шығ.).

БӨСІРҚҰРТ з а т. з о о л. ***Бөсір***. Киізқұрт – өлі тиюдің құрттан да болатын түрін қазақтар қылқұрт, киізқұрт, *б ө с і р қ ұ р т* деп атайды (Эксп. мат.).

БӨСІРМЕ з а т. *Қойдың құйрығының асты.* Шайланған қойдың *б ө с і р м е с і* базбандау үшін құйрығының ұшынан қырқылмай қалдырылған шоқ жүн «келепанға» жіп жалғап, арқасындағы жүнге тартып байлап қояды (Эксп. мат.).

БӨТЕГЕ з а т. **1.** а н а т. *Құстың жем қорытатын мүшесі.* Ол ителгісін қолына алып атасының үйіне келгенде, құсбегі қарт бүркітінің *б ө т е г е с і н* тазалауға кірісіп жатыр еді (С.Бегалин, Уақыт.). ...Құс екеш құс та *б ө т е г е с і н е* бір күндік асын артық сақтайды. Мен құс құрлы жоқпын ба? (С.Бақбергенов, Қарға там.). Торғай-торғай тоқылдақ, Шөптің басын шоқып-ап. *Б ө т е г е с і* бұлтиып, Шықылықтап отырад (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. э к с п р. *Адамның қарны, асқазаны.* Ыстық қорғасын секілді ме, әйтеуір салмақты бірдеме өңешін тіліп, *б ө т е г е с і н е* барды да от болып жәйіліп жүре берді (С.Шаймерденов, Жыл құсы). Қазірдің өзінде де Қасен бір тостаған арақты *б ө т е г е с і н е* құя сап, өз бетінше сөйлеп отыр (А.Жүнісов, Өмір).

БӨТЕГЕЛІ с ы н. *Төсі шығыңқы, төсті. Б ө т е г е л і* келген қарасұр жігіт губерниялық

партия комитетіне бірінші кіргенде-ақ басы кекіреңдеп, қабақты түйе қарап, кездескен кісінің үрейін ұшырып болды (Б.Майлин, Азамат). Жап-жаңа бір тоймаған қарап өзі, Бұлдырап жоқ болады қара көзі. Серке сан, *б ө т е г е л і*, белі қылдай, Баяғы өзгермеген бұла кезі (Е.Ибраһим, Гәкку).

БӨТЕКЕ з а т. с ө й л. **1.** ***Бөтеге***. Жемге тойған қаздың *б ө т е к е с і н д е й* бұлтиған ішіңді жарып жіберсем, арам жыннан басқа шығары бар ма? (О.Бөкеев, Үркер.). *Б ө т е к е с і* бұлтиып, Қанаттары қылтиып, Бір уыс боп төртеуі, Қалтырайды үрпиіп (С.Жиенбаев, Алтын қалам). *Б ө т е к е* сүтқоректілер қарынының қақпалық (пилорикалық) бөлігіне сәйкес келеді. *Б ө т е к е* қуысында азықты диірменше ұсақтайтын шыны сынықтары, ұсақ тастар, құм болады (Қаз. тілі термин. Биология). **2.** ж е р г. ***Бұйрек***. Ет пісті-ау деген шамада, әрине, ешкім шақырмай-ақ үйге келдім. Текешіктің бір құлағы, бір *б ө т е к е с і,* екі сирағы маған тиді (Ө.Қанахин, Жер бас.). Ауылдағылар мені түске тармаса іздей бастайды. Онда да қонақтан қайтып оралған әжем орамалына орап әдейі маған әкелген *б ө т е к е с і н* бермек болады (Ө.Қанахин, Жер бас.).

Бөтеке май. *Бұйрек май.* Сүт және сүт-ет беретін малда май негізінен дененің ішкі сарайында (шажырқай, *б ө т е к е м а й,* шарбы май), ал етке арналған малдың сыртына және бұлшық еттің арасына бітеді (Қазақст. етті молайту.).

БӨТЕКЕДЕЙ с ы н. ж е р г. *Бөтеке сияқты, бөтеке тәрізді*. Кешке тамақ үстінде Ажарға көзі түсіп кетіп еді, бұрын екі беті *б ө т е к е д е й* боп, томпиып жүретін қызы бүгін тым сұңғақ көрінді (Ә.Кекілбаев, Дала.).

БӨТЕЛЕК з а т. ж е р г. *Бір басын мәткеге, екінші басын керегеге сүйеп, жиі етіп қойылатын жіңішкелеу ағаш*. Ұзыннан мәтке салынып, көлденеңнен *б ө т е л е к т е р* салыныпты (Ж.Молдағалиев, Торғай.).

БӨТЕЛКЕ[1] [поляк. butelka] з а т. **1.** *Сұйық зат құю үшін арнайы жасалған шыны ыдыс; шөлмек, шыны, шиша.* Ыдыс шашылып, стақан, *б ө т е л к е л е р* қирап, арақ төгіліп, үйдің ойран-ботқасы шығып қалды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Дастарқан үстінде өзге тамақтардың арасында *б ө т е л к е с і* орталанған арақ тұр (С.Мұқанов, Есею жыл.). Олар әкелген сәлем-сауқаттарын, *б ө т е л к е г е* құйылған сүттерін, пісіріп әкелген үйрек, тауық еттерін қайта көтеріп, үйді-үйіне тарап жатты (Ж.Жұмаханов, Солдат.). Сөйте тұра, ол ерінің көңілі ашылар ма екен деген үмітпен түрегеліп, шкафтан бір *б ө т е л к е* коньяк әкеліп, жанына хрусталь рюмка қойды (І.Есенберлин, Қатерлі.). **2.** а у ы с. *Арақ, ішімдік. Б ө т е л к е д е н* күбің ғой артық маған, Дәм татуға патша да ар тұтпаған. Бір тостақ іркітіңді жібермесең, Мен мына өмірімнен қорқып барам (М.Мақатаев, Шығ.). *Б ө т е л к е д е н* таңертең бір, түсте бір, кешке бір, күніне үш рет қонжитып алатын болдым (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны). Астындағы тор жорға, *Б ө т е л к е л е р* қоржында, Беті қызыл бұрыштай (І.Жансүгіров, Шығ.).

БӨТЕЛКЕ[2] з а т. к ә с. *Кішкене қайық.* Треске тағар мініміз жоқ. Қайығымыз да, ауымыз да жеткілікті... Қазір бір *б ө т е л к е г е* үш-төрт адамнан келеді (А.Хангелдин, Өткен күн.).

БӨТЕЛКЕЛЕ= е т. *Бөтелкеге құю.* Кейбір тоқтаған жерде біреу-міреулер сол тесіктен ішке үзімдеп нан, *б ө т е л к е л е п* су құйып кетеді (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.).

БӨТЕЛКЕЛЕС с ы н. э к с п р. *Арақты бірге ішетін (адам).* Дәлдудің қалтасына ақша түскен соң, *б ө т е л к е л е с* достарды көбейтті (Т.Қойшыманов, Қоңырат.). Бастарында топан су, ақырзаман, Бас көтере алмады қатын-балам. *Б ө т е л к е л е с* «достардан» басқа жан жоқ Бөсіп кеткен кезімде мақұлдаған (М.Мақатаев, Шығ.).

БӨТЕН[1] с ы н. **1.** *Жат, бөгде, бейтаныс.* Көргенімнің бәрі де *б ө т е н* қазақ, «Біздің керуен қайда?» – деп салдым азап. «Жолдасыңның бәрі де қайтып кетті, Не қыл деп жүр бұл шал?» – деп қылды мазақ (Ә.Найманбаев, Шығ.). Қызметші отырмайды шығып төрге, Жүрмейді ықтиярсыз *б ө т е н* жерге. Қызмет кеткеніңше саған – міндет, Ас беру байға міндет сусын, шөлге (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Ұғамысың, не дедім мен? Ұқпайсың! Өйткені мен жатпын саған, *б ө т е н м і н* (Ә.Тәжібаев, Жартас). **2.** *Бөлек, басқа.* Хикметтің соңғы рет аулына барып келгеннен бері айтатын әңгімесі бұрынғыдан *б ө т е н* (С.Жүнісов, Өшп. іздер). **3.** *Ерекше, өзгеше, айрықша.* Мынау ән, мынау өнер қуып келген жұрт, бұл кешегі өз баласын өзі малға сатқан бейшара қазақ емес, бұлар *б ө т е н* жандар (І.Есенберлин, Қатерлі.). Тоғай іші пейіштің төрі ме екен, Самалы да, соғатын желі *б ө т е н.* Мен де әлі жете алмай келем саған, Өмір бойы шақырды мені мекен (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). // ж е р г. *Өтірік.* Сейсеннің бұл сөзінің *б ө т е н і* жоқ (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

Елден бөтен. *Елден ерекше, ешкімге ұқсамайтын.* Әйтсе де уәдеге берік Жәкең, бұл іске бөлді көңіл *е л д е н б ө т е н* (Н.Мыңжани, Қарлығаш).

Бөтен біреу. *Жат жан, басқа біреу. Б ө т е н біреудің* босағасында шәу болып қалып едім... (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Құрысын, таң атпай жатып *б ө т е н б і р е у м е н* жампаңдаса қалғаным ұят шығар (Ш.Құмарова, Қос шынар). Жаныма *б ө т е н б і р е у* келсе, алая қарап, үркіп, елегізіп қалады (З.Шашкин, Ақбота).

Бөтен көрмеді. *Жат санамады, бөтенсінбеді.* Еспембеттің шешесі, Ер Қосайға немере, Қыйық жоқ қыздар туғанда, Оны *б ө т е н к ө р е* ме? (Дулат Бабатайұлы, Шығ.). Жолдасын жауға бермеген, Көлденең сөзге ермеген, Ешкімді *б ө т е н к ө р м е г е н,* Қосқұлақ еді бабаңыз (Базар жырау, Шығ.).

Бөтен ой. *Басқа ой, жат ой, бөгде ой.* «Қарағым, неге мұнша сарғайып кеттің, сырыңды айт, *б ө т е н о й ы ң* болса менен жасырма, мен сенің біреуге қор-мұқтаж болмағаныңды ойламасам, саған жамандық тілер деймісің? (М.Дулатов, Шығ.). Жүрегімде жоқ алдамшы *б ө т е н о й*, Алдай алсаң – сен-ақ алдап кете ғой. Тағдырды адам мойындаған секілді, Махаббатты мойындайды екен ғой (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).

Бөтен сөз. а) *Басқа сөз.* – Апа-ау, өздерің біліп істей берсеңдерші, – деді де, Кенжебек *б ө т е н с ө з* айтпай шығып кетті (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр). ә) *Айтылған ойға қатысы жоқ, жай, әншейін сөйленген сөз. Б ө т е н с ө з б е н* былғанса сөз арасы, Ол ақынның білімсіз бишарасы (Абай, Тол. жин.). б) *Басы артық сөз.* Балам, *б ө т е н с ө з д і* қой, малыңа қара (Ауызекі).

БӨТЕН[2] с ө й л. ш ы л. *Басқа, өзге.* Ағыбайдың әкесі Олжабай батырға бір боталы түйе, жауға мінер бір ат, балаларына сүт болар жалғыз сиырдан *б ө т е н* мал бітіп көрген емес (І.Есенберлин, Қаһар). Жүз үйден сайлап қойды ауылнайын, Түзеді бір болысқа сегіз биін. Өзгерткен онша *б ө т е н* ғамалы жоқ, Қазақтың берді өзіне ғадет-күйін (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

БӨТЕН[3] [ор. путина] з а т. ж е р г. *Маусым, мерзім.* Мен балық аулауға тек күзгі *б ө т е н д е* ғана шықтым (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БӨТЕНАЛА с ы н. *Бөгде, артық; өзгеше, басқаша.* Бір қалыпты баяу ысқырған өзен сарынынан басқа *б ө т е н а л а* дыбыс жоқтай еді (Қ.Ысқақов Бұқтұрма.).

БӨТЕН-БАСТАҚ с ы н. **1.** *Басқа, өзге, бөгде.* Сақтанып *б ө т е н-б а с т а қ* арам көзден, Уәде, сертін күтті басын байлап. Жарқырап көкті кезіп келер-ау деп, Жыраққа қарап қояр бойлап-бойлап (С.Сейфуллин, Өлеңд.). **2.** *Басы артық, бөтен.* – Мен саған *б ө т е н-б а с т а қ* сөз айттым ба? Қисық қылық көрсеттім бе? (Ө.Қанахин, Жүрек.). Дүниеге сарабдал мына Жаңғал бай ішетін асын шығынсына ма, үйіне қонақ күтетін *б ө т е н-б а с т а қ* адам ұстамайды екен (Н.Оразов, Достар.).

БӨТЕН-БӨГДЕ с ы н. *Жат, басқа біреу. Б ө т е н-б ө г д е* демей, баласының біреумен күресе кеткеніне таңданып кеп тұрған Қошмәмбетті ешкім де елеген жоқ (М.Қуанышбаев, Кек қылышы). Бұрынғы екеуден-екеу, *б ө т е н-б ө г д е* адамсыз күндеріміз жақсы емес пе еді (С.Сматаев, Армысың.). Татарлар *б ө т е н-б ө г д е* кісіні ауласына кіргізбейді, қабаған иттерін босатып қояды (К.Сейдеханов, Түркістан.).

БӨТЕНДЕЙ с ы н. *Басқадай, өзгелей.* Мағаздың *б ө т е н д е й* амалы жоқ екенін түсінсе де сол хаттан кейін ол өзін қоярға жер таппады (Қ.Әміров Рев. ұлан.).

БӨТЕНДЕУ с ы н. *Басқашалау, өзгешелеу.* Қарсы кезіккен жұрттың көрісі мен өзі қатарлысының бірін жыға таныса, енді бірі әшейін жылы ұшырайды, жастары *б ө т е н д е у* (М.Сқақбаев, Қырық қыз). Күні-түні ұстаның дүкенінің оты сөнбейді. Күндегіге қарағанда бүгін елден ерекше *б ө т е н д е у* (С.Шарипов, Бекболат). Басын алып қашып тыпыршиды. Әсия босатар емес. Қытықтаудан *б ө т е н д е у* қылық көріп мен де шиыршық атып тұрмын. Амал жоқ, араласа алмайсың (Т.Иманбеков, Үш ай.).

БӨТЕНДІК з а т. **1.** *Жаттық, бөгделік.* Аналық атпен тұрыңыз, Көңілге қайғы салмаса, Өзі өлгенше бағамыз. Өзі қылса *б ө т е н д і к,* Бір Алланы біз де табамыз (Бақтыбай ақын, Жел қобыз). Мінез көрдім бойыңнан алғаш бөтен, *б ө т е н д і к* пен оғаштық жалғас па екен? (М.Шаханов, Қырандар). Сенің де маған *б ө т е н д і г і ң* жоқ. Өз үйірімде өскен баласың, жаттығың жоқ (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). **2.** *Бейтаныстық, таныс еместік.* Орыс тілінде жазылған ұзақ әңгімені Абайдың ең алғаш рет ұғып, тіл *б ө т е н д і г і н* жеңген кезі осы (М.Әуезов, Абай).

БӨТЕН-ЖАРАН з а т. *Бөтен адам, бөгде біреу.* – Әй, Андабақ, *Б ө т е н-ж а р а н н а н* ешкім сезіп жүрмесін (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай).

БӨТЕН-САЛАҚ с ы н. с ө й л. *Басы артық, бөтен.* Әлдеқашанда уақыт өткен соң ғана өзіне-өзі келген ол жан-жағына көз жіберіп байқаса, *б ө т е н-с а л а қ* еш дыбыс жоқ, тымтырыс екен (С.Ғаббасов, Ана жүрегі).

БӨТЕН-САТАН с ы н. ж е р г. *Басқа, өзге, басы артық.* Амандық-саулық білісіп, келте-келте шаруа жайын сұрағанымыз болмаса, жол бойы мынау жас қауымның арасында келе жатып *б ө т е н-с а т а н* әңгіме қозғаудың жөні келмеді (Ж.Жұмаханов, Үш бәйтерек). // *Жат, бөгде адам.* Төніп келе жатқан қауіп-

қатер жоқ па, жау әскерлерінің шегініп бара жатып шабуылдай кетуі байқалмай ма, келімді-кетімді *б ө т е н-с а т а н д а р* кімдер? (Ж.Жұмаханов, Мен жұмысшы.).

БӨТЕНСУ *Бөтенсі етістігінің қимыл атауы; жат көру, жатырқау.* ≈ Ол *б ө т е н с у д і* білмейтін бала.

БӨТЕНСІ= е т. *Жатсыну, бөтен санау.* «Бізді *б ө т е н с і м е ң і з,* қонаққа келіп тұрыңыз!» – деп, әйелдердің қонаққа шақыратыны да болады (Б.Майлин, Азамат.). Алғаш келгенде Жәнібекті *б ө т е н с і п,* ермей қойған еді (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Кісілік күйзеліспен келеді екен-ау! Енді жылы орнын тағы суытпақ па? Наурыз да Қоңырат секілді күннен-күнге *б ө т е н с і п* барады (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Көп сүйдім, өксимін мен бекер сүйдім, Бағасын кеш түсіндім кетер сыйдың. Көзім кек, сезім от боп жүрген шақ жоқ, Өзім боп кеткендерді *б ө т е н с и м і н* (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).

БӨТЕНСІН= е т. *Бөтен көру, жатсыну. Б ө т е н с і н б е й,* өзімсініп сөйлейтін кісі адамды өзіне еріксіз үйіріп әкетеді (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.). Ал қараторғайлар ұя маңындағы участокқа басқа торғайлардың балапандары келе қалса, оларды *б ө т е н с і н б е й* қоректендіре береді (Р.Әлімбаев,.. Құстар.).

БӨТЕНСІНУ *Бөтенсін етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жерді *б ө т е н с і н у.*

БӨТЕНСІРЕ= е т. *Бөтенсу, жатырқау, жатсыну.* ≈ Ол *б ө т е н с і р е п* жүр.

БӨТЕНСІРЕТ= е т. *Жат санату, бөтен санату.* ≈ Сені кім *б ө т е н с і р е т т і.*

БӨТЕНСІРЕТУ= е т. *Бөтенсірет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Сені ешкім *б ө т е н с і р е т п е й д і.*

БӨТЕНСІРЕУ *Бөтенсіре етістігінің қимыл атауы; жатсыну, бөтенсіну.*

БӨТЕНСІТ= е т. *Жатырқау, жатсыну.* ≈ Біз сені *б ө т е н с і т п е й м і з.*

БӨТЕНСІТУ *Бөтенсіт етістігінің қимыл атауы.* Жаңа келді деп *б ө т е н с і т у г е* болмайды (Ауызекі).

БӨТЕНШЕ үс т. **1.** *Бөтенге ұқсап, жат адамша.* Бізді танымайтын *б ө т е н ш е* жатырқай қарады (Ауызекі). **2.** а у ы с. *Ерекше, айрықша.* Бұл кристалдан екі бөлініп, сынып шыққан екі сәуленің әрқайсысы келесі осындай кристалдан қайтадан жеке-жеке өткенде кәдімгі сәуле тіптен *б ө т е н ш е* қасиет білдіреді екен (А.Қалығұлов, Жарық сәуле). *Б ө т е н ш е* бір топ тұлпар шешетінін көрсетті, мойындатты (С.Бердікұлов, Жұмыр жер.). Омарбек асығыстап кәбинетінен шығып, Мәзімнің ізін ала үйіне келіп, қарындасымен тіпті *б ө т е н ш е* амандасты (Ш.Шалқаров, Серіккөл).

БӨТЕНШІЛІК з а т. *Жаттық, бөгделік.* Әйтеуір, жаманаттылығы жоқ, ақ, таза адам ғой деп отырмын Мұқажанды. Бәрімізге де *б ө т е н ш і л і г і* жоқ (Б.Тілегенов, Аққайнар). Лондоннан шығып, елді аралауға сапар тартып кетуі де мүмкін жолаушының, ол бірімен-бірі ажырасқысы келмей қол ұстасқан үлкенді-кішілі қалалардың, қалалардан *б ө т е н ш і л і г і* жоқ қыстақтардың тұсынан өтеді (С.Бердікұлов, Жұмыр жерде.).

БӨШКЕ [ор. бочка] з а т. **1.** *Сұйық зат құю үшін ағаштан не темірден белдеу салып жасалған үлкен ыдыс.* Мынау ат арба, мынау өгіз арба, мынау су таситын *б ө ш к е* (І.Жансүгіров, Шығ.). *Б ө ш к е,* тауықтың күркесі, баланың бесігі, самауыр, шелек сияқты болмашы бірдемелерді артқан ағаш арба Жарғабақтың астында әлі тұр екен (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). Екі *б ө ш к е* бал, сыра ашытып, той қамына кірісті (Б.Соқпақбаев, Өзім тур.). «Қап, мынаны-ай, *б ө ш-к е* неме... Танауын көтеруін, ә! *Б ө ш к е* құсатып домалатар ма еді өзін» деп ызаланып, кіжінді. Ұлтабардай тырсиған желкесінен барып ала кеткісі кеп бір тұрды (Н.Сералиев, Қаңтар). **2.** а у ы с. *Тамақты көп ішетін, мешкей.* Өзің бір *б ө ш к е* екенсің (Ауызекі).

БӨШКЕ-БӨШКЕ с ы н. *Бірнеше бөшке, бөшкесімен.* Құрлысшылар күні Ертістің ар жағында өтті. Көпшілігі жастар. Күні бұрын жасалған алаңда оркестр ойнады, *б ө ш к е-б ө ш к е* сыра сатылып жатыр (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

БӨШКЕБАЙ з а т. қ а р а п. *Тамақты көп ішетін, бөшкедей адам.* «Е, *б ө ш к е б а й,* қылмыңдайсың ә? Мені әлгінде мәжік көрдің-ау», – деп жымияды Арыс та (Н.Сералиев, Қаңтар).

БӨШКЕДЕЙ с ы н. **1.** *Бөшке сияқты, бөшке тәрізді.* Іші бос *б ө ш к е д е й* ебетейсіз қоңқылдап, бұл да Бертшөкті құшақтап алды (С.Шаймерденов, Жыл құсы). Аяғы *б ө ш к е д е й,* денесі құз, мықты болсаң, кәне, бар, соған ұрын (С.Мұқанов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Домаланған, кеспелтек.* Сары атанның *б ө ш к е д е й* қос бүйірін шыдамсыз төрт аяқ тепкіледі (Ә.Нұршайықов, Алтын.). Қуаныштұ үй иесі табан астында *б ө ш к е д е й* нән қабанды жарып тастады (Т.Бердияров, Солдат.). Сол маңда *б ө ш к е д е й* дөңкиіп қауындар жатады екен (С.Мұқанов, Шығ.).

БӨШКЕЛЕ= е т. *Бөшкесімен, бөшке-бөшке қылып.* Жаңбыр *б ө ш к е л е п* төккендей боп, құйып кеп берді (Ә.Нұршайықов, Алтын.). – Сөзді қой, давай, тартып жібер. Сендей күнінде мына

әкең *б ө ш к е л е п* ішетін, – деп Хайдар тағы бір стақан алғызды (С.Мұратбеков, Көкорай). Таудағы қалың елді сел әкетті, Қазанның оты жанбай суы тасып, Сенсеңіз отын зорға әрең бастым, *б ө ш к е л е п*, керосин мен бензин шашып (Өтірік өлең).

БӨШКЕЛЕУ *Бөшкеле етістігінің қимыл атауы; бөшкеге құю.* ≈ Суды *б ө ш к е л е п* тасып ішеміз (Ауызекі).

БӨШКЕЛІ с ы н. *Бөшкесі бар, бөшке тиеулі.* Суат маңы топыр көрінеді. Мал, адам, *б ө ш к е л і* арбалар иіріліп қалыпты (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Ертістен су алып қайтқан *б ө ш к е л і* арбалар, мойынағашпен шелек көтерген әйелдер қыбырлайды (Д.Әбілев, Арман.).

БРАБАНСОН з а т. м а л ш а р. *Ауыр жүк тартатын жылқы тұқымы.* 1930 жылдары біздің елге *б р а б а н с о н* жылқыларының айғырларын әкелу тоқтатылған болатын (А.Сыздықов, Жылқы өсіру.). Қазақстанда першерон, *б р а б а н с о н*, арден сияқты ауыр жүк тартатын жылқы тұқымдары өсіріледі (Д.Керімбаев, Қазақст. жылқы.). Соңғы кезде республикамызда *б р а б а н с о н*, першерон сияқты ауыр жүк тартатын жылқы тұқымдары өсіріле бастады (М.Ермеков, Тарту).

БРАДИКАРДИЯ [грек. bradýs – баяу, kardia – жүрек] з а т. м е д. *Жүректің баяу соғуы. Б р а д и к а р д и я* кезінде жүрек бір минутта 60 рет және одан да баяу соғады (ҚСЭ).

БРАЙЛЬ: Брайль дисплейі. [ағыл. braille tactile display] и н ф. *Көзі көрмейтін адамдарға арналған түйіршіктер жиынынан тұратын компьютерлік ақпаратты оқу құрылғысы. Б р а й л ь д и с п л е й і н д е г і* түйіршіктердің орналасуы Брайль әліппесінің әріптеріне сәйкес келеді. Түйіршіктер арнайы электрондық схемалардың көмегімен шығарылады және бастырылады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

БРАК [нем. Brack] з а т. *Өндірістегі, шаруашылықтағы бүлінген, сапасыз, жарамсыз, ақаулы өнім.* Шөп араласқан жүн *б р а к* болып есептеледі (М.Ермеков, Қазақст. қой шаруаш.). – Сәл мүлт кетіпсің-ау, жігітім, 2 миллиметрдей артық жонылпсың. Мынауың *б р а к*, – деді ол («Лен. жас»). // *Жарамсыз, көтерем, арық.* Базардан қалған *б р а к* қойларын вексілдеп, тағы айналаға таратып Шалматай байлар Жетісуына қарай жөн тартты (І.Жансүгіров, Шығ.).

Бракқа шығару. м а л ш а р. *Табынның сапасын (өнімін, тұқымдық құндылығын т.б.) жақсарту үшін жыл сайын тұқымға не шаруашылық қажетке жарамсыз малды бөлу.* Мал табынын жетілдіруде, жаңадан тұқым шығаруда малды жыл сайын *б р а к қ а ш ы ғ а р у д ы ң* маңызы зор (ҚСЭ).

Бракқа шығарды. *Сапасыз, жарамсыз деп тапты.* – А, а, танымай тұрсыңдар ма, міне, акт, *б р а к қ а ш ы ғ а р ы п*, босатып жіберді. – Жаманқара актісін ала ұмтылды (С.Адамбеков, Атылған қыз.).

Бракқа шығарылды м а л ш а р. *Тұқымға не шаруашылық қажетке жарамсыз деп танылды.* Ауру, қоздатуға жарамсыз және көрі саулықтар *б р а к қ а ш ы ғ а р ы л а д ы* (М.Төлешев, Қой қоздату). Мұндай фермаларда тұқымға жарамсыз, *б р а к қ а ш ы ғ а р ы л ғ а н* тауықтар мен балапандардың есебімен қосымша өнім ретінде шағын мөлшерде ет өндіріледі, – дейді (Құс өсіруші.).

Бракқа шықты. *Сапасыз, жарамсыз деп табылды.* Тозаңды қарақүйемен зақымданған масақтарының саны 2 проценттен асып кеткен бидай мен арпа егістері де *б р а к қ а ш ы қ т ы* (Ж.Жиенбаев, Астық дақыл.).

БРАКЕРАЖ [нем. Brack] з а т. э к о н. *Сапасын, пайдалануға жарамдылығын, белгіленген стандарт пен келісімге сәйкестігін анықтау мақсатымен ресми мамандардың (брокерлердің) тауарды куәландыруы.* ≈ Тауарға *б р а к е р а ж* жасалды.

БРАКОНЬЕР [франц. braconnier] з а т. ***Қаскер*** *(Тыйым салынған жерлерде заңсыз аңқұс, балық аулаушы, табиғат байлығына зиян келтіруші адам). Б р а к о н ь е р л е р* қарақүйрықты автомашина фарының жарығымен түнде қуып атады (Х.Қыдырбаев, Дала көркі). Бірақ жеке басының пайдасын көздеп, балықты рұқсат етілмеген заңсыз құралдармен аулап құртатын балық ұрылары – *б р а к о н ь е р л е р* де бар (К.Күленов, Қазақст. балық.). Қиқу салып күнде ұшқан, Аспанның көркі едім. *Б р а к о н ь е р* бір дүшпан қанатымды өртеді. Мезгілі жетпей ұяда жұмыртқам қалды жарусыз (Ш.Смаханұлы, Кездік).

БРАКОНЬЕРЛІК з а т. ***Қаскерлік*** *(Заңсыз, рұқсатсыз аң, құс, балық аулаушылық; оларды қырып-жоюшылық).* Бірақ Гурьев, Жамбыл, Алматы облыстарында соңғы жылдары *б р а к о н ь е р л і к т і ң* салдарынан және қопаларды өртегеннен шошқа тұқымының азайып бара жатқаны байқалуда (Х.Қыдырбаев, Дала көркі). Жабайы аң, құс, балықтарды қорғау туралы заңды бұзу *б р а к о н ь е р л і к* деп есептеледі («Қазақст. мект.»). Сонымен бірге ол табиғатқа нұсқан келтіріп, *б р а к о н ь е р л і к к е* салынушылыққа қарсы аянбай күресу керектігін айтқан еді («Мәдениет және түрмыс»).

БРАНДМАУЭР [нем. Brandmauer – Brand – өрт, Mauer – қабырға] з а т. **1.** *Үйдің қабырғасын*

тұтас жауып тұратын жарнамалық қалқан. **2.** и н ф. *Желіге сырттан қосылуына және желіден шығатын немесе желіге келіп түсетін мәліметтердің бақылануына жол бермеуге арналған ақпараттық-бағдарламалық құралдар жинағы. Б р а н д м а у э р л е р* корпоративті желіні Интернеттен немесе басқа корпоративті желіден рұқсатсыз қатынас құрудан қорғайды (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Б р а н д м а у э р л е р* интернет желісінің жылдам дамуына байланысты 1990 жылдан бері кеңінен таныла бастады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

БРАСС [франц. brasse] з а т. с п о р т. *Аяқ пен қол бір мезгілде симметриялы түрде қимылдайтын жүзу әдісі. Б р а с с* әдісімен жүзу аяқ пен қолдың бір уақыттағы істелетін симметриялы қимылдарын керек етеді (Б.Елқондиев, Жүзу.). «Еңбек» ерікті спорт қоғамының түлегі Т.Есенжолова 100 метрлік қашықтыққа *б р а с с* әдісімен жүзуден 1 минут 25 секунд нәтиже көрсетіп, республикамыздың чемпионы деген атаққа ие болды («Лен. жас»). Ол ақтық айқастың алдында *б р а с с* әдісімен 100 метрге жүзуде 1 минут 22,7 секунд көрсетіп, бірінші орын алған еді («Спорт»).

БРАСШЫ з а т. с п о р т. *Брасс шебері.* ≈ Қазақстандық *б р а с ш ы.*

БРАУНИНГ [ағыл. browning] з а т. ә с к. *Қалтаға салып жүретін автоматты тапанша (пистолет).* Сырт жейдесінің ішкі қолтығындағы түймелі қалтасында кішкене *б р а у н и н г* бар (Ж.Тілеков, Жоңғар.). Батырбек наган, *б р а у н и н г,* қол бомбасы сияқты қаруларын әзірлеп, су өтпес сүрікке орап аттың шоқтығына таңды да атпен Жайыққа түсті («Мәдениет және тұрмыс»). Бүркіт орамалды ашып, жылтыраған қап-қара *б р а у н и н г* – тапаншаны көрді (І.Есенберлин, Қатерлі.).

БРАУНИТ з а т. г е о л. *Түсі қара күңгірт, қатты минерал. Б р а у н и т* – ферро-марганец қорытылатын басты марганец рудасы (ҚСЭ).

БРАХИОПОДТАР [грек. brachion – қол, иық, podos – аяқ] з а т. б и о л. *Қармауыштылар типінің теңіз жәндіктер табы; су алаптары түбінде жабысып тіршілік ететін қосжармалы-симметриялы жәндіктер. Б р а х и о п о д т а р д ы ң* қазіргі заманғы 280 түрі, құрып кеткен 10 мыңға жуық түрі бар (Қаз. тілі термин. Геология).

БРАХМА [санскр.] з а т. *Брахманизм мен индуизмнің басты үш Құдайының бірі.* Әдетте *б р а х м а* аққудың үстінде отырған төрт кесінді, төрт қолды ғажайып болып бейнеленеді (ҚСЭ).

БРАХМАН з а т. **1.** ф и л о с. *Барлық заттардың негізі – өзіндік ерекшелігі жоқ, сипатсыз, сапасыз абсолют зат деп білетін үнді философиясындағы ұғым. Б р а х м а н* ұғымының мазмұны кеңейе келе брахманизмнің басты ұғымына айналды (ҚСЭ). **2.** д і н и. *Үнді жұртшылығындағы касталық топ.* Дүние мен адамдарды жаратқан брахма құдайы деп, абыздарды *б р а х м а н д а р* деп атады (З.Ақназаров, Ғылыми атеизм.).

БРАХМАНДАР з а т. *Ведалардың негізгі бөлімдерінің бірі болып табылатын жазбалар. Б р а х м а н д а р д а* әртүрлі дұғалардың, діни ғұрыптардың шығу тарихы мен мәніне талдау жасалып, кейбір сөздер мен сөйлемдердің түпкі мағынасы түсіндіріледі (ҚҰЭ).

БРАХМАНИЗМ з а т. д і н и. ***Брахманшылдық.*** *Б р а х м а н и з м г е* тән сипат – көп құдайға табыну, анимистік және тотемизмдік нанымдар мен ата-бабаға сиыну (ҚСЭ). Артынша Гоа аралын аралап, *б р а х м а н и з м* мен индуизмнің теңдесі жоқ үш тәңірінің бірі Шиваға соғылған алып храмды көрудің сәті түсті (Д.Қонаев, Өтті дәурен.).

БРАХМАНШЫЛДЫҚ з а т. *Брахмандар ұстанатын сенімнің ғылыми атауы. Б р а х м а н ш ы л д ы қ қ а* тән сипат – көп құдайлар мен ата-бабаға сыйыну (ҚҰЭ). *Б р а х м а н ш ы л д ы қ т ы ң* негізінде табиғаттың жаны бар және тірінің бәрі өлгеннен кейін өзгеше бір жан иесі болып қайта тіріледі деген түсінік жатыр (ҚҰЭ).

БРАХМИ: брахми жазуы. л и н г в. *Үндінің солдан оңға қарай жазылатын буындық жазуының ең көне екі түрінің бірі. Б р а х м и ж а з у ы н ы ң* алфавитінде буындық таңба саны – 31, дауысты дыбыстар таңбасы – 4 (ҚСЭ). Үндістан, Цейлон мен Орталық Азияның кейбір аймақтарында кейінгі замандарда жазылған жазулардың баршасы *б р а х м и ж а з у ы н а н* өрбіген (ҚҰЭ).

БРЕЗЕНТ [франц. preceinte] з а т. *Су өткізбейтін, тығыз әрі қалың кенеп.* Сол орманның қалың ортасында үсті *б р е з е н т п е н* жабулы арбалар тұр (Б.Момышұлы, Біздің генерал). Үстін қалың *б р е з е н т п е н* қаптаған виллюс жеңіл мәшинесі орталыққа қарай зымырап келеді (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Суға малшынса *б р е з е н т т і ң* қаңылтырдай салдырлап сіресе қалатын әдеті бар (С.Мұқанов, Саяхат.). // *Брезенттен істелген. Б р е з е н т* шатыр тіккен лагерьге Қаныш толқи-толқи келді (М.Қаратаев, Далада.). Бұрынғыдай үстіме *б р е з е н т* бешбет, шалбар, аяғыма резинке етік, басыма темір бөрік киіп, қолыма шам ұстап шахтаға түстім (Б.Шалабаев, Өмірде.). Басында жіңішке жиек ақ пике панамы, аяғында еркек өкшелеу ақ *б е р е з е н т* башмақ, үстінде ақ кенеп пәлте, бойына киімі құйып қойғандай (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БРЕКЧИЯЛАР [итал. breccia] з а т. г е о л. *Мөлшері 10 мм және одан да ірі үшкір кесектерден және оларды жымдастырушы ұсақ бөлшектерден тұратын таужыныстылар.*

БРЕМСБЕРГ [нем. Bremsberg] з а т. т е х. *Көлбеу (еңкіш) жазықтықта рельсті жолдармен, вагонеткалармен жүк тасу үшін жасалған құрылыс.* Пеш, штрек, лава, *б р е м с б е р г*, кваршлактарға бөлінген қым-қуыт қараңғы жол проходкалар бірде су, бірде батпақ (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). В.Назаренконың бригадасы 31 жұмыс күні ішінде аумағы 7,8 шаршы метрлік *б р е м с б е р г т е* 1507,5 погон метр кен қазды («Лен. жас»).

БРЕШКЕ [ор. бричка] з а т. ж е р г. *Үлкен арба, жүк арбасы.* Сиырымызға бір *б р е ш к е* шөп жинасақ, әбүйір болар еді (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БРИГАДА [франц. brigade] з а т. **1.** *Белгілі бір жұмыс түрін орындаушы адамдар тобы. Б р и г а д а д а* отыз адам бар десек, бұл оның әрбіреуіне 1400 сомнан айналады екен (Ә.Жәмішев, Дала.). Біз осындай еңбегімен даңқ, беделге ие болған *б р и г а д а н ы* көруге, ондағы еңбекқор адамдардың хал-жайымен танысуға асықтық (С.Шаймерденов, Мінез). – Басқа жұмыстың бәрін доғара тұр да, *б р и г а д а н ы* түгел маяға жұмылдыр, – деп бұйырды (Ж.Тілеков, Қайнар). **2.** с ө й л. *Сол топтың орналасқан жері; қос деген мағынада. – Б р и г а д а... б р и г а д а д а н* келеміз, – деді Шора, шегіншектей беріп (Ғ.Орманов, Дикан.). Өзен жағы жақпар тастармен шегенделген дөңестің үстін *б р и г а д а м е н* совхоз орталығын жалғастыратын қара жол кесіп өтеді («Лен. жас»). **3.** ә с к. *Бірнеше батальон не полктен құралған әскери бөлім, құрама.* Бұл ұйғару бойынша шабуылды мойнақтың аузында тұрған жүзінші *б р и г а д а м е н* оның ең алдыңғы 2-батальоны бастамақ (Ол күндер.). Подлесный батареяның атыс ұясына телефон соғып *б р и г а д а д а н* бір маңызды бұйрық алғанын хабарлады (Ә.Нұрпейісов, Курляндия). Бұл шабуылға майдың аяғында В.И. Чапаевтың басқаруымен құрылған Пугачев *б р и г а д а с ы* белсене қатысқан еді (ҚазССР тарихы).

Егіс бригадасы. с о в е т. *Негізінен егін шаруашылығымен айналысатын адамдар тобы.* Бізді бірден *е г і с б р и г а д а с ы н а* жіберді («Лен. жас»).

Комплексті бригада. с о в е т. *Мамандығы әртүрлі, бірақ өндіріс процестері арқылы бір-бірімен байланысты адамдардан құралған кешенді топ.* – Түнде «Жаңалықтағы» № 1 *к о м п л е к с т і б р и г а д а н ы ң* жастарымен жиналыс өткізіп қайттым («Лен. жас»). Оқушылардың *к о м п л е к с т і б р и г а д а л а р ы н* ұйымдастыруда кемшілік те жоқ емес («Халық мұғ.»).

Құрылысшылар бригадасы. *Құрылысшы мамандардан құрылған топ.* Бұлар ауданнан әдейі шақырылған *қ ұ р ы л ы с ш ы л а р б р и г а д а с ы* («Қазақст. мұғ.»).

Өндірістік бригада. с о в е т. *Жазғы демалыс кезінде өндірісте жұмыс істеу үшін мектеп оқушыларынан құралған топ.* Мектепте оқушылардың *ө н д і р і с т і к б р и г а д а с ы* ұйымдасқанына көп уақыт болған (З.Ақышев, Біздің шамш.). Оқушыларды жексенбіліктер, *ө н д і р і с т і к б р и г а д а л а р* арқылы қоғамдық пайдалы еңбекке араластыру жақсы нәтиже беріп келеді («Халық мұғ.»).

Танк бригадасы. ә с к. *Бірнеше танкистен құралған әскери топ.* Осындай бір арпалыс кезінде құрама командирі мен 5-*т а н к б р и г а д а с ы* командованиесінен тапсырма алып, Днепр өткеліне аттандық (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Бұл кескілескен ұрыстың алдыңғы шебінде болып, жау қамалын бұзып өткен гвардиялық төртінші *т а н к б р и г а д а с ы н ы ң* қаһарман жауынгеріне қойылған ескерткіш (С.Мәуленов, Жұлдыз.).

Трактор бригадасы. с о в е т. *Тракторшылардан құралған топ.* 12 адамнан бір *т р а к т о р б р и г а д а с ы н* ұйымдастыруға болады (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.). Ұзын бойлы, қайратты қара шашты, қара торы жігіт – *т р а к т о р б р и г а д а с ы н ы ң* бригадирі (Ә.Нұршайықов, Тың астығы).

БРИГАДАЛЫҚ с ы н. *Бригадаға тән, бригадаға қатысты.* Қант қызылшасында тек *б р и г а д а л ы қ* әдіспен ғана істеу керек екен (Қ.Ұябаев, Қырда.). Гүлхайыр Ғалиева еңбек ететін жеке адамға киім тігетін фабрика 1964 жылдан бастап жұмыстың *б р и г а д а л ы қ* жүйесіне көшкен болатын («Қазақст. әйелдері»). Ал мұнан тыс ұстаздықтың *б р и г а д а л ы қ* үлгісімен қамтылған жас еңбеккерлер қаншама деңіз («Білім және еңбек»).

БРИГАДИР [нем. Briqadier] з а т. с о в е т. *Бригада бастығы, топты ұйымдастырушы, басқарушы.* Жәрдем сұрап шапқылайтын *б р и г а д и р* Қоғамбай менің жақын жездем болатын. (М.Шаханов, Ғасырлар.). Әсіресе колхоз бастығы Садуақас, агроном Нұрила, егін *б р и г а д и р і* Қобай қырманды дайындап, стан басынан кетпейді (С.Бегалин, Таңд. әңгім.). Сағадиев Сапар – ұзын бойлы, қайратты қара шашты жігіт, трактор бригадасының *б р и г а д и р і* (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). Басқармалар, басшылық ете білгін, Еңбек таппай колхозшы қалмасын да. *Б р и г а д и р*, қырағы

қызмет ет, Шашылып бір дән ысырап болмасын да (К.Әзірбаев, Шығ.).

БРИГАДИРЛІК з а т. *Бригадир болушылық, соның міндетін атқарушылық.* Бондаренконы *б р и г а д и р л і к т е н* босатып, жауапты жұмысқа жібермеу – басшылықтан сұралсын (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Бекбосын *б р и г а д и р л і к* қызметке ауысқан (К.Оразалин, Ақ жазық). *Б р и г а д и р л і к к е* де таңдаулы активтер белгіленді (С.Алдабергенов, Әңгім.). Белсенділердің бірі боп, Қарасуға *б р и г а д и р л і к к е* сайланған (О.Бөкеев, Үркер.).

БРИГАНТИНА [итал. briqantino] з а т. *Қос діңгекті, желкенді, тез жүретін жеңіл кеме. «Б р и г а н т и н а».* Ертеде осы аттас қосдіңгекті желкенді кеме болыпты (Ж.Исмағұлов, Адам мерейі).

БРИДЕР-РЕАКТОР з а т. ә с к. *Өндіру кезінде ядролық энергияны сіңіруге қарағанда ядролық отынды көбірек шығаратын реактор.*

БРИДЖИ [ағыл. breeches] з а т. *Тізеден төмен жағы тарлау етіліп, жұқа матадан, балағы балтырдың тұсынан аяқталып тігілген шалбар.* Аяғында етік, үстінде денесімен дене боп жабысып тұрған *б р и д ж и* мен жібек майка, басында иығына дейін күн түсірмейтін қамыс шляпа (З.Ақышев, Достар.).

БРИЗ [франц. brise] з а т. *Теңіздің, үлкен көлдер мен өзендердің жағалауында байқалатын, тәулік ішінде бағытын өзгертіп отыратын жел.* Мұны күдізгі не теңіздік *б р и з* деп атайды (С.Орынбаева, Геогр. ғажайып.). *Б р и з* атмосфераның жалпы ағысы бәсеңдегенде және жылыну күшейгенде туады (ҚСЭ).

БРИКЕТ[1] [франц. briquette] з а т. *Престеліп, кірпіш сияқты қатырылған құрама азық.* Шөп пен пішеннен қоректік *б р и к е т т е р* жасау және шөп ұнын өзірлеу соңғы жылдары көп қолданыла бастады (Ауыл шаруаш. машина.). Карбалид қосылған құрама жем *б р и к е т* күйінде немесе арнаулы қапқа салынып жарма күйінде шығарылады (Қ.Құсайынов, Химия.).

БРИКЕТ[2] з а т. *Төрт бұрыштап текшелеп байланған не қатырылған минерал.*

БРИКЕТТЕ= е т. *Брикет жасау, престеу.* ≈ *Б р и к е т т е п* қойды.

БРИКЕТТЕЛ= е т. *Брикет жасалу, престелу. Б р и к е т т е л г е н* ұн бұзауларға жем орнына беріледі (Т.Сарбасов, Мал. азық.).

БРИКЕТТЕТ= е т. *Бір нәрсені престету, кірпіш сияқты қатыру.* ≈ Мал азықтарын қосып *б р и к е т т е т.*

БРИКЕТТЕТУ *Брикеттет етістігінің қимыл атауы.*

БРИКЕТТЕУ *Брикетте етістігінің қимыл атауы.*

БРИЛЛИАНТ [франц. brilliant] з а т. м и н. *Тегістеліп қырланған, өңделген зергерлік алмас. Б р и л л и а н т,* ақық сутас, алмас – бәрі де минералдар (А.Машанов, Жер асты.). Ең алғашқы *б р и л л и а н т т а р* – табиғи процестер нәтижесінде егеліп жылтырланған кристалдар, алмас кен қайраңдарында кездесті. Алмас кристалдарын өңдеу жұмыстары XIV ғасырда Венецияда басталған (ҚҰЭ). Алмаздың таза, дұрыс түзілген кристалдарын алмаздың өз ұнтағымен үйкеп өңдейді. Мұндай алмазды *б р и л л и а н т* дейді (Б.Бірімжанов, Жалпы химия). // *Өңделген зергерлік алмастан жасалған.* Махмұттың жеңінде *б р и л л и а н т* запонки жалт-жұлт етеді (М.Қаратаев, Далада.). Сондай-ақ, орыс патшасының Айғанымға берген *б р и л л и а н т* көзі бар жүзігі мен бабамызға ақсүйек деген атақ берілгенін куәландыратын диплом да осы сандықта («Қаз. әдеб.»). Бәйгесі *б р и л л и а н т* қасты алтын сақина, тағы бірқатар нәрселер екен дейді (І.Жансүгіров, Шығ.).

БРИЛЛИАНТТАЙ с ы н. **1.** *Бриллиант тәрізді, бриллиант сияқты.* Таң белгісінен сұры қашып өлеусірей бастаған жұлдыздар көк торғын шатырға шашылған *б р и л л и а н т т а й* алыста жылтылдайды (С.Бегалин, Уақыт.). Жәйшағыр қане жүр деп елең етед, Торғайкөк шұлғып тастап, сып-сып етед. Киінген асыл киім жас Құралай, Қадағаң *б р и л л и а н т т а й* жалт-жұлт етед (И.Байзақов, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Асыл, қымбат, таңдаулы.* Ғасырлар бойы халық жадында сақталған *б р и л л и а н т т а й* сөз орамдарын меңгеру – әрбір қазақ жазушысының қасиетті міндетті (Р.Бердібаев, Гүлстан.).

БРИОЛОГИЯ [грек. bryon – мүк, logos – ілім] з а т. б и о л. *Ботаника ғылымының мүкті зерттейтін саласы.*

БРИФИНГ [ағыл. briefing] з а т. *Белгілі бір мәселеге байланысты үкіметтің, ресми ведомстволық және т.с.с. тұғыры айтылатын немесе халықаралық келіссөздер мен екі жақтың көзқарастары туралы ақпарат берілетін қысқаша пресс-конференция.* Ж.Сұлтанмұратов өкімет басшысының Мәскеуге сапарына байланысты *б р и ф и н г* өткізіп, оның қорытындылары туралы журналистерге әңгімелеп берді («Егемен Қазақстан»). *Б р и ф и н г т е* атап көрсетілгендей, ол ескертпелердің шетелдік жұмыс күштерін квоталау, мемлекеттік қызметкерлердің ереуілге шығуы туралы айтылатын 6 және 8-баптарға қатысты болуы мүмкін («Егемен Қазақстан»).

БРИЧКА ор. з а т. *Адам тасуға арналған төрт дөңгелекті жеңіл арба.* Елудей *б р и ч к а,* арба жүртта қалған, Он шақтысы ішіне азық салған. Тартып алып жылатқан талай жанды,

Ел қолына олжасы қайтты зордан (Е.Бердин, Қанды асу). Пар аттан жеккен екі *б р и ч к а* ақ сауыттар артып, май заводына барады (Ғ.Мұстафин, Миллионер). Колхоздың кілтшісі, пар өгізге жеккен *б р и ч к а ғ а* қажетті астықты тиеді де пішеншілерге жөнелтті (С.Мұқанов, Шығ. жин.). Пар өгіз жеккен үлкен *б р и ч к а м е н* үш рет су әкелді (Ж.Молдағалиев, Торғай.).

БРОЙЛЕР [ағыл. broiler] з а т. *Еті үшін өсірілетін тауық балапаны. Б р о й л е р* етінің дәмі мен сапасы, шипалық қасиеті жағынан ересек құстан әлдеқайда артық (ҚСЭ). Алдымыздағы жақын жылдарда өндірілетін барлық құс етінің көпшілігі балапан етінің үлесіне тиеді, бұл үшін арнайы *б р о й л е р* өсіріледі (Қазақст. етті молайту.). Бұл нәтижелер балапанды етке арнап өсірудің өте-мөте тиімді екені, *б р о й л е р д і* клеткада бағып өсіруге болатынын көрсетеді (Құс өсіруші.).

БРОКЕР [ағыл. broker] з а т. э к о н. *Қор және тауар биржаларында, валюта рыноктарында валюта, құнды қағаздар т.б. құндылықтарды сатушылар мен алушылар арасында мәміле жасасу кезінде арада жүретін ресми делдал (жеке адам немесе фирма). Б р о к е р г е* әрбір келісім жасауға арнаулы өкілеттік беріледі және ол сол өкілеттік шегінде ғана әрекет етуге міндетті (Орыс.-қаз. экон. сөздігі.). Тауарларды, бағалы қағаздарды сатумен *б р о к е р л е р* мен маклерлер (дилерлер) айналысады (Б.Жүнісов,.. Нарық. экон. негіз.).

БРОКЕРАЖ [ағыл. brokeraqe] з а т. э к о н. *Биржада акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды олардың иесінің немесе болашақ иесінің тапсыруы бойынша сатып алу немесе сату.*

БРОКЕРИДЖ з а т. э к о н. *Брокер алатын сыйақы. Б р о к е р и д ж* келісімнің құнынан пайыз (мысалы, бағалы қағаздарды сату кезінде) немесе жүк партиясы үшін төленетін белгілі бір сом түрінде белгіленуі мүмкін (Орыс.-қаз. экон. сөздігі).

БРОКЕРЛІК с ы н. э к о н. *Брокерге тән, соған қатысты.* ≈ *Б р о к е р л і к п е н* айналысу.

Брокерлік комиссия. э к о н. *Клиенттердің тапсыруы бойынша базарлардың бірінде сауда-саттық жасағаны үшін олардан брокерлігі және цыныс-кеңестері үшін алатын ақы.* ≈ *Б р о к е р л і к к о м и с с и я* жинау.

Брокерлік қауымдастық. э к о н. *Клиенттердің тапсырмаларын бірлесіп орындау үшін биржаға мүше брокерлердің ресми түрде тіркелген бірлестігі.*

Брокерлік несие. э к о н. *Брокерлердің түрлі мақсаттар үшін банктерден не басқа брокерлерден қарызға алатын ақшалай сомасы.*

Брокерлік операциялар. э к о н. *Бағалы қағаздарды немесе тауарларды сатып алу-сату жөніндегі делдалдық операциялар. Б р о к е р л і к о п е р а ц и я л а р* негізінен брокерлік кеңселер, фирмалар не олардың филиалдары арқылы жасалады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Брокерлік орын. э к о н. *Белгілі бір биржаға мүшелікке өтуге және сол биржада саудагерлік операцияларға қатысуға берілген құқық. Б р о к е р л і к о р ы н н ы ң* бағасы тұрақты емес. Мысалы, АҚШ-та ол 200–350 доллар аралығында тербеліп отырады (ҚҰЭ). *Б р о к е р л і к о р ы н* мүшелері биржада дербес мәмілелер жасауға [_ _ _] міндеттелінеді (ҚҰЭ).

Брокерлік өкілдіктер. э к о н. *Биржалық операциялар үшін коммерциялық банкілер жанынан ашылатын делдалдық өкілдіктер. Б р о к е р л і к ө к і л д і к т е р* бағалы қағаздардың, вексельдердің, облигациялар мен акциялардың бастапқы бағасын белгілеп, оларды орналастыру үшін алармандар іздестіру ісінде кәсіпорындарға, ұйымдарға және жекеленген адамдарға көмек *көрсетеді* (Орыс.-қаз. экон. сөздігі).

Брокерлік фирма. *Сауда, биржа операцияларын жүргізу кезінде делдалдық қызметтерді бірлесіп көрсету үшін құрылған бірнеше брокерлердің ресми бірлестігі – биржаның немесе банктің брокерлік өкілдігі, брокерлік қауымдастық.* Бутик – *б р о к е р л і к ф и р м а н ы ң* биржақты маманданған кішігірім шағын клиенттер шеңберіне шектелген қызмет көрсетуі (Орыс-қаз. экон. сөздігі).

БРОМ [грек. bromos] з а т. **1.** х и м. *Галогендер тобына жататын химиялық элемент; қызыл күрең түсті, өткір иісті сұйықтық.* Натрий фторда от алады, хлорда жанады, *б р о м м е н* қыздырғанда ғана қосылады, ал йодпен қалыпты жағдайда әрекеттеспейді (Қ.Нұрымбетов, Метал. хим.). Химиялық қасиеті жағынан *б р о м* бір валентті актив металлоид, активтік орны хлор мен йодтың арасында (Б.Бірімжанов, Жалпы химия). *Б р о м* өзен суында өте аз болады (Ж.Жатқанбаев, Су.). **2.** м е д. *Ауырған адамды тыныштандыратын, ауруды басатын дәрі ретінде қолданылатын бромды қоспа.* Ауруға валериан, *б р о м*, йод дәрілері мен витаминді тағамдар беріліп, таза ауада көбірек болуына қамқорлық жасаған дұрыс (М.Исамбаев,.. Мед. анықтама). *Б р о м* гипертонияның I әсіресе II кезеңінде нервісі бұзылып, ұйқысы нашарлап жүрген адамдарға жақсы емдік нәтиже береді (Р.Сәтбаева,.. Гипертония.).

Бром суы. х и м. *Бромның судағы ерітіндісі.* Оқушы фенол ертіндісіне *б р о м с у ы н* құяды, сонда ақ түсті тұнба – үш бром фенол түзіледі (К.Шабдаров, Химия.). Осы колбаға 3 тамшы концентрленген H82 4O және 0,3 миллиграмм

жаңадан ғана дайындалған *б р о м с у ы н* құяды (М.Қарсыбеков, Микроэлемент.).

БРОМБЕНЗОЛ з а т. х и м. *Түссіз ауыр сұйық зат; бром мен бензолдың қоспасы.* Реакциядан кейін колбада ауыр сұйық зат – *б р о м б е н з о л* қалады (Орган. химия). *Б р о м б е н з о л* – түссіз сұйықтық, қайнау температурасы 156,02 градус, молекулалық салмағы 57,0 (Б.Бірімжанов,.. Хим. термин.).

БРОМДА= е т. *Бір нәрсеге бром қосу, бром араластыру.*

БРОМДАН= е т. *Бромға айналу, бромды қоспа түзу.* ≈ *Б р о м д а н ы п* кетті.

Бромданған су. х и м. *Химиялық құрамындағы бромның мөлшері 25 мг/дм³-ден артық, шипалық қасиеті бар табиғи су. Б р о м д а н ғ а н с у л а р д ы ң* құрамында броммен қатар басқа да микроэлементтер (йод, органикалық заттар және т.б.) кездеседі (Қаз. тілі. термин. Геология). Батыс Қазақстанның мұнайлы-газды аудандарында жерасты суларындағы бромның мөлшері 800–880 мг/дм³-ге дейін жетеді. Емдеу, демалу орындарында *б р о м д а н ғ а н с у л а р* көбінесе жүйке жүйесімен байланысты ауруларды емдеуге пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Геология).

БРОМДАНУ х и м. *Бромдан етістігінің қимыл атауы.* Бір оқушы *б р о м д а н у* реакциясына ұқсас нитрлеу керек деп дұрыс жауап беріп, тақтаға реакция теңдеуін жазады (К.Шабдаров, Химия.).

БРОМДАУ х и м. *Бромда етістігінің қимыл атауы.* – Фенолды *б р о м д а у,* фенолды күйдіргіш натриймен нейтралдау реакцияларын жасаңдар, – деді оқытушы балаларға (К.Шабдаров, Химия.).

БРОМДЫ с ы н. х и м. *Бром қосылған, құрамында бромы бар.* Жүректің соғуы жиілегенде 0,1 г хинин мен 0,25 г бір *б р о м д ы* камфораның қосындысынан жасалған таблеткадан күніне екі рет бір таблеткадан 7–10 күндей ішіледі (Б.Омарұлы, Жүрек. ауру.).

Бромды калий. х и м. *Бром мен калийдың қосылысы.* Медицинада бромды натрий, *б р о м д ы к а л и й* жүйке жүйесінің жұмысы бұзылғанда тыныштандырғыш дәрі ретінде беріледі (ҚСЭ).

Бромды натрий. х и м. *Бром мен натрийдың қосылысы.* Бехтерев микстурасының құрамында адонис, *б р о м д ы н а т р и й*, кодеин бар (С.Сұбханбердин, Дәрі–дауа.).

Бромды сутек. х и м. *Бром мен сутектің қосылысы; түссіз газ. Б р о м д ы с у т е к* лабораторияда үш бромды, фосфордың гидролизі арқылы алынады (Б.Бірімжанов, Жалпы химия).

Бромды сутек қышқылы. х и м. *Бромды сутектің судағы ерітіндісі.* Оның [бромды сутектің] судағы ертіндісін *б р о м д ы с у т е к қ ы ш қ ы л ы* деп атайды (ҚСЭ).

БРОМИД з а т. х и м. *Бромның басқа элементтермен химиялық қосылысы, яки бромды сутек қышқылының тұзы.* Бромды сутек қышқылының тұздарын *б р о м и д т е р* деп атайды (ҚСЭ).

БРОМУРАЛ з а т. м е д. *Жүйке қозуын басып, ұйықтататын, дәмі ащы, ақ ұнтақ дәрі. Б р о м у р а л д ы* ұйқы бұзылғанда жатардан 30 минөт бұрын бір таблеткасын жылы, тәтті шаймен ішкен дұрыс (М.Исамбаев,.. Мед. анықтама). *Б р о м у р а л* – бромның және валериан қышқылының жасанды мочевинасы (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.).

БРОН з а т. **1.** *Танктерді, бронепоездарды, автомәшинелерді оқ өтпес үшін қаптайтын құрыш болат.* Бұрын бізден болат қорытуды талап етсе, енді *б р о н* қорытуды міндеттеп отырғандары естеріңізде болсын (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр). Жау Беляевтің экипажын зеңбіректерден ата бастады. Бірақ олардың снарядтары танктың қалың *б р о н ы н* тесіп өте алмады (Ә.Меңдібаев, От кешу). **2.** *Оқ өтпеу үшін қапталған құрыш болатты әскери техника.* Атқышым екеуміз кабина ішінде бүрісіп, *б р о н* тасасында отырмыз (Т.Бигельдинов, Аспан.).

БРОНДА= е т. *Бронмен қаптау, оқ өтпестей ету.* Танктердің бәрі *б р о н д а п* жасалған (Ауызекі).

БРОНДАЛ= е т. ә с к. *Бір нәрсенің оқ өтпестей етіп қапталуы.* Ұшқыш жеңіл іске қосылатын катапульталық креслоның үстінде отырады. Командирдің кабинасы дәнекерленген титандық *б р о н д а л ғ а н* пластиналармен қоршалған («Зерде»). *Б р о н д а л ғ а н* мәшинеге орнатылған автоматты атқыш қару. Мотоатқыштар құрылыстарында сынақтан өткізіп жатыр («Егемен Қазақстан»). Бортты қ құрылымдық қаруды таңдау 30 мм-лік автоматтық зеңбірекке түскен. Кейіннен, *б р о н д а л ғ а н* нысандарды жою үшін «Хэлфайр» ТҚ, БЗ (танкілерге қарсы басқармалы зымырандар) оның қару жасағының негізін қалады («Зерде»).

БРОНДАЛУ *Брондал етістігінің қимыл атауы.* ≈ Мәшинені *б р о н д а л у ы.*

БРОНДАУ *Бронда етістігінің қимыл атауы; бронмен қаптау.* Аппараттың жоғарғы өміршеңдігі кабинаны *б р о н д а у,* бір-біріне тәуелсіз екі гидравликалық жүйені, жанармай бактарын тиімді жобалау, өмірлік маңызды агрегаттарды қорғау арқылы жүзеге асып отыр («Зерде»).

БРОНДЫ с ы н. ә с к. *Бронмен қапталған, брондалған.* Қазақстан халқының, Айтайын мен қарқынын, *Б р о н д ы* танкі жасауға, Беріп жатыр бар пұлын (К.Әзірбаев, Шығ.).

Бронды транспортер ә с к. *Мотоатқыштар бөлімшелерін тасымалдауға, ұрыс кезінде оларды атыс қару-жарағымен демеуге арналған, дөңгелекті не шынжыр табанды, оқ өтпейтін, әскери жүрдек мәшине. Б р о н д ы т р а н с п о р т е р д і ң* алғашқы түрі 1918 ж. Англияға шығарылған (ҚҰЭ). Қазіргі заманғы Қазақстан Қарулы күштеріндегі *б р о н д ы т р а н с п о р т е р л е р г е* штаттық қару-жарақтар, күшейткіш қондырғы, трансмиссия, әскери десанттық және басқару бөлімшелері орналастырылған (ҚҰЭ).

БРОНЕБОЙЩИК з а т. ә с к. *Брон тескіш қарулармен оқ ататын адам, атқыш.* Батальонның үлесіне екі ғана дзот қалған еді, оны *б р о н е б о й щ и к т е р* талқандап берді (М.Ғабдуллин, Ел намысы). Жан-жағыма қарасам, жақын жерде *б р о н е б о й щ и к* Ғ. Шәріпов жатыр екен («Қаз. әдеб.»).

БРОНЕВИК з а т. ә с к. *Бронмен қапталып, соғыс құралдарымен жабдықталған, барлауға, күзетке, байланысқа арналған автомобиль. Б р о н е в и к т е* Юрий менің артымда отырады («Лен. жас»). Сотқа тұрған жұмысшыларды қарулы қызыл гвардия мен *б р о н е в и к т е р* күзетті («Соц. Қаз.»).

БРОНЕКАТЕР з а т. ә с к. *Соғыс әрекеттеріне арналып, бронмен қапталған әскери катер.* Екінші Қиыршығыс майданы газетінің тілшісі *б р о н е к а т е р д е* келе жатып: «Бірінші Қиыр-шығыс майданында жүрген болсам, Тынық мұхит флотының да кереметін көрген болар едім-ау», – деп арман етті («Лен. жас»).

БРОНЕМӘШИНЕ з а т. ә с к. *Доңғалағы шынжыр табанды болып келетін, брондалған, қару-жарақ тасуға, барлауға, патруль жасауға арналған әскери мәшине.* Кеше жақсы ерлік істедіңдер. Немістің екі *б р о н е м ә ш и н е с і н,* отыз шақты солдатын қырдыңдар, – деді Фролов (М.Ғабдуллин, Ел намысы). Үй сыртында *б р о н е м ә ш и н е* тұр күндіз-түні екі солдат күзетеді («Қаз. әдеб.»).

БРОНЕНОСЕЦ ор. з а т. ә с к. с о в е т. *Қару-жарақ таситын құрышпен қапталған, артиллериясы бар үлкен соғыс кемесі.* Су бетінде крейсер, Су астынан сүңгуір, *б р о н е н о с е ц т е р* бұрқанып, Тура келсе тура атып (А.Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.).

БРОНЕПОЙЫЗ ор. з а т. ә с к. *Әскери қару-жарақ таситын бронды пойыз.* Фашистер *б р о н е п о е з д а ғ ы л а р д ы* жерден жеңе алмай қойған соң, самолеттерін жіберіп бақты (Т.Жанкелдин, Партизан.). Қаланың оңтүстік-батыс жағынан темір жол станциясының шығыс жағында жаудың *б р о н е п о й ы з ы* тұрған көрінеді (Р.Умиталев, Ерлер есімі.).

БРОНЕПОЙЫЗШЫ з а т. ә с к. *Бронепоезда жұмыс істеуші.* Келесі күні *б р о н е п о й ы з ш ы л а р ғ а* жолықтым. Қызық осында екен (Ә.Бектемісов, Жау.).

БРОНЕТАНК з а т. ә с к. *Бронмен қапталған танк.* Бұл келген немістің танкпен, *б р о н е т а н к п е н,* миномет пен қаруланған дивизиясы еді (З.Ақышев, Жесірлер). *Б р о н е т а н к* әскерлері соғыс қимылының барлық түрлерінде қолданылады (Қ.Аманжолов, Қасиетті.).

БРОНЕТРАНСПОРТЕР з а т. ә с к. ***Бронды транспортер*** *(жаяу әскер мен оқ-дәрі тасуға арналған, бронды автокөлік).* Азғана тыныштықтан кейін алаңда *б р о н е т р а н с п о р т е р л е р* көрінді («Соц. Қаз.»). Танкілер мен *б р о н е т р а н с п о р т е р л е р д е г і* зеңбіректер мен пулеметтердің стволдары жоғары қаратып көтеріліп қойылған («Лен. жас»). *Б р о н е т р а н с п о р т е р д ы* барлау жүрізуге, байланыс жасауға т.б. арнаулы тапсырмаларды орындауға қолданады (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Б р о н е т р а н с п о р т е р* құрылысы жағынан дөңгелекті, жартылай шынжыр табанды және шынжыр табанды болады, оған автомобильдердің шассиі, танк пен ауыр машинаның агрегаттары пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

БРОНТОТЕРИЙ [лат. bronte – күн күркіреу, thèrion – аң] з а т. з о о л. *Тақ тұяқтылар отрядына жататын, бұдан шамамен 30–60 млн. жылдар бұрын тіршілік еткен сүтқоректілер тұқымдасының бірі. Б р о н т о т е р и й д і ң* алғашқы түрлері тоғайларда, кейінірек батпақты жерлерде мекендеп, су жағасына жақын өскен жұмсақ шөптермен қоректенген (ҚҰЭ). *Б р о н т о т е р и й* қалдықтары, негізінен, солтүстік Америка мен Азияда, аздап Еуропада кездеседі. Қазақстанда олардың сүйектері Торғай қолаты мен Зайсан ойпатында табылған (ҚҰЭ).

БРОНХ [грек. bronchos] з а т. а н а т. *Жоғары сатыдағы омыртқалы жануарлар мен адамдарда кеңірдектің өкпеге түйіскен жеріндегі екіге бөлініп тарамдалған, өкпеге ауа өткізетін тыныс жолы, трахея.* Ол жұмыр құрттар малдың *б р о н х т а р ы* мен кеңірдегінде мекендейді (Ө.Қарамендин, Бұзау. ауруы). Өкпе құртының личинкалары шөппен не сумен бірге малдың аузына түсіп, ішек-қарын арқылы өкпеге барады, *б р о н х* жолдарына жетіп, 1–1,5 айда жетіледі (Шопан серігі). Өкпенің *б р о н х т а р ы н* қақырықтан тазартып тұру үшін таза

ауамен дем алудың маңызы өте зор (М.Көшербаев, Туберкулез).

Бронх демікпесі. м е д. *Адамды мезгілмезгіл булықтырып, тынысын тарылтатын аллергиялық ауру. Б р о н х д е м і к п е с і* – ұзаққа созылатын ауру, ол кейде ондаған жылдарға созылады (ҚСЭ).

БРОНХИОЛ з а т. а н а т. *Бронхтың ең жіңішке тармақшалары.* Кеңірдек өкпеге түйіскен жерден екіге бөлініп, өкпенің сол және оң жағына толып жатқан бронхтар тарайды. Осы ең жіңішке тарамдарды – *б р о н х и о л* деп атайды (М.Исамбаев,.. Мед. анықтама). ...Микробтар өкпеге бірден топырлап ене алмайды, өйткені әрбір *б р о н х и о л д ы ң* диаметрі 0,5 милиметрден аспайды (Малды туберк.сақта).

БРОНХИТ з а т. м е д. *Қолқаның қабынуы салдарынан болатын ауру. Б р о н х и т* – бронхылардың кілегей қабығының талаурап, ауруға ұшырауы (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). Ревматизмнің қайталауына көбінесе баспа, тұмау, *б р о н х и т* тағы басқа сондай суықтан болатын аурулар себеп болады («Лен. жас»). *Б р о н х и т п е н* ауырған адамның қақырығында пневмококк, стрептококк т.б. микроорганизмдер болады (ҚҰЭ). *Б р о н х и т*, негізінен, тұмау, көкжөтел, қызылша т.б. аурулардың салдарынан пайда болады (ҚҰЭ).

Жедел бронхит. м е д. *Қолқаға салқын тиюдің кесірінен болатын, әуелі құрғақ, кейін қақырық араласқан жөтел түрінде көрінетін бронхит түрі. Ж е д е л б р о н х и т п е н* ауырғанда науқас тоңады, жиі есінейді, басы ауырады, даусы қарлығып, кеңірдегі жыбырлап, әуелі құрғақ, кейін қақырық араласқан жөтел жиі пайда болады. Дене температурасы көбіне қалыпты жағдайда сақталады (ҚҰЭ). *Ж е д е л б р о н х и т*, негізінен, 1–3 аптада толықтай жазылып кетеді. Жас балалар мен қарияларда бронхиттің жедел түрі өте ауыр өтеді, тез ем қолданбаса, созылмалы түрге айналады (ҚҰЭ).

Созылмалы бронхит. м е д. *Ұзақ уақыт шаң-тозаң, улы газ жұтқаннан, темекі тартқаннан, созылмалы өкпе ауруларының әсерінен өкпеде көп уақыт қан ұйып қалуының салдарынан болатын бронхит түрі.* Пастилмен тек тыныс демікпесі мен *с о з ы л м а л ы б р о н х и т* ауруын емдейді (С.Сұбханбердин, Дәрі–дауа.).

БРОНХОАДЕНИТ [грек. bronchos – тамақ, adèn – без] з а т. м е д. *Кеңірдек пен бронхтарға жанаса жатқан лимфа түйіндерінің қабынып ісуі.* Өкпенің қабынуы, көкжөтел, қызылша, сүзек аурулары салдарынан да адам *б р о н х о а д е н и т к е* ұшырайды (ҚСЭ).

БРОНХОГРАФИЯ [грек. bronchos – тамақ, graphó – жазамын] з а т. м е д. *Бронхтар мен трахеяларды рентгенге түсіру әдісі.* Өкпе ауруларының диагнозын анықтайтын әдістерінің ішінде ең маңызды орын алатыны *б р о н х о г р а ф и я* болады (А.Тұрғанбаев, Рентгенология.).

БРОНХОПНЕВМОНИЯ з а т. м е д. в е т. *Бронх пен өкпе талшықтарының кішігірім бөлігінің қабынып ауруы.* Өкпенің қабынуы көбінесе бронхылардың қабынуына байланысты, сондықтан оны *б р о н х о п н е в м о н и я* дейді (Ә.Әбішев, Мал санитары.). Өкпе тканьдары мен бронхтың қабынуында *(б р о н х о п н е в м о н и я)* өкпе тұтас емес, тек оның бір кішігірім бөлшегі мен бронхы тармақшалары зақымданады (М.Исамбаев,.. Мед. анықтама). Күзде өкпеқұрт салдарынан жасқа толмаған бұзаулардың өкпесі қабынып *(б р о н х о п н е в м о н и я),* олар өлім-жітімге ұшырайды (Ө.Қарамендин, Бұзау. ауруы).

БРОНХЭКТАЗ [грек. bronchos – тамақ, ektasis – кеңею] з а т. м е д. ***Бронхоэктазия.*** Бұл аурудың (бронх демікпесі) зардабынан адам *б р о н х о э к т а з* және жүрек ауруларына шалдығуы мүмкін (ҚСЭ). Бұл ауруларды ісікалды немесе ракалды аурулар деп атайды. *Б р о н х о э к т а з* – сондай аурулардың бірі («Соц. Қаз.»).

БРОНХОЭКТАЗИЯ з а т. м е д. *Ұзақ уақыт қабынудың салдарынан бронх пен бронх тармақшаларының шамадан тыс кеңейіп, өз қалпына келе алмайтындай жағдайға ұшырауынан болатын ауру.* Бұл барып өкпе көбікшелерінің жарылып, тыныстандыру қызметінен айрылу процесіне, содан кейін *б р о н х о э к т а з и я н ы ң* пайда болуына ұшырайды (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). Ісікалды немесе ракалды ауруларына өкпедегі кеңірдек бұтақтарының ұзақ уақыт қабынуының нәтижесінде болатын *б р о н х о э к т а з и я,* эфмизема т. б. аурулар жатады («Соц. Қаз.»).

БРОНХЫ з а т. с ө й л. ***Бронх***. Кеңірдектің өкпеге барып тараған бұтақтарын *б р о н х ы* дейді (Ә.Әбішев, Мал санитары.). Тыныс алу органдарына көмекей, кеңірдек, *б р о н х ы л а р* және өкпе жатады (Адам анатом.). Демікпе дегеніміз – өкпе тканінің ұсақ *б р о н х ы л а р ы н ы ң* зақымдануы (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

БРОНЬ з а т. **1.** *Белгілі бір мақсатпен сақталынатын арнаулы орын. Б р о н ь м е н* сақтап отырған орынды сіздерге беруге директор рұқсат етпейді (С.Бегалин, Уақыт.). Шахтерлерді армияға алмайды, *б р о н ь* берді. Алса қуана-қуана кетер едім (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Әскер қатарына шақырылғандардың ішінде *б р о н ь м е н* жүрген Биман да барды (Б.Тәжібаев, Қараторғай). **2.** *Белгілі бір адамды (нәрсені) бір жерге (мекемеге) тіркеп не бекітіп*

қою құқығы, құжат. Облыстың басқа адамдары поезға күндіз мініп кеткен екен. Обком қойған *б р о н ь м е н* бұлар да билет алды (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

БРОУЗЕР [ағыл. browser] з а т. и н ф. **1.** *Гипермәтіндік байланысу мүмкіндігі бар файлдармен жұмыс істеуге арналған бағдарлама. Б р о у з е р* әрқімнің таңдауы бойынша кәдімгі мәтіннің, статикалық бейненің немесе графиктердің экранда бейнеленуін және олармен байланысқан басқа файлдарды іздестіруді қамтамасыз етеді (Қаз. тілі термин. Информатика.). **2.** *Желіде жұмыс істеуге арналған қосымша бағдарламалық жасақтама. Б р о у з е р* Microsoft Internet Explorer Word Wide Web беттерін қарап шығуға мүмкіндік береді (Қаз. тілі термин. Информатика.). **3.** *Web беттерін қарап шығуға арналған құрал. Б р о у з е р* гиперсілтеме көмегімен бір бетті қарап шыққаннан кейін келесі бетке өтуге мүмкіндік жасайды (Қаз. тілі термин. Информатика.).

БРОУНДЫҚ: **броундық қозғалыс.** х и м. *Сұйықтың я газ молекулаларының тәртіпсіз, үздіксіз қозғалысы.* Осыдан кейін проекциялық аппарат арқылы *б р о у н д ы қ қ о з ғ а л ы с т ы ң* моделі көрсетілді («Қазақст. мект.»). *Б р о у н д ы қ қ о з ғ а л ы с т ы ң* қарқындылығы уақытқа тәуелді емес. Бірақ ортаның температурасы жоғарылаған сайын және ортаның тұтқырлығы мен бөлшектердің мөлшері кеміген сайын *б р о у н д ы қ қ о з ғ а л ы с т ы ң* қарқындылығы артады (ҚҰЭ).

БРОШАНТИТ з а т. х и м. *Сульфаттар тобының минералы. Б р о ш а н т и т* моноклиндік сингонияда кристалданады (ҚҰЭ).

БРОШЮРА [франц. brochure] з а т. **1.** *Қабы жұқа, бет саны онша көп емес (әдетте 48 бетке дейін) кітапша.* Одан-бұдан іздестіріп, пәніме қатысы бар біраз кітап, *б р о ш ю р а л а р* тауып алдым (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). **2.** *Жеке кітапша болып шығарылатын қоғамдық-саяси, ғылыми-көпшілік немесе әдістемелік сипаттағы шағын туынды, басылым.* «Медициналық *б р о ш ю р а* керегін маған неге айтпайды? Мен іздестіріп тауып бере алмаймын ба екен?» – деп ойлады [Қоңыр] (Д.Әбілев, Арман.). Олар үшін арнаулы лекциялар керек, *б р о ш ю р а л а р* керек... («Лен. жас»).

БРОШЮРАЛА= е т. *Қандай да бір басылымның шығарылған беттерін бет санына сәйкес тігу.* Кітапты *б р о ш ю р а л а п* түптейтін ағынды линия тұңғыш рет СССР-де (1949) жасалды (ҚСЭ).

БРОШЮРАЛАУ з а т. п о л и г р. *Полиграфиялық өндірісте шыққан парақтарды кітапшаға айналдыратын процесс. Б р о ш ю р а л а у* операциясы қолмен де, машинамен де істеледі (ҚСЭ).

БРУДЕР [ағыл. brood] з а т. қ ұ с ш а р. *Инкубатордан шыққан ақ үрпек балапан тұратын қораға жылу таратқыш қондырғы. Б р у д е р д і ң* құрастырмалы, тұрақты және батареялы түрі бар (ҚСЭ). Балапандарды *б р у д е р л е р* мен клеткаларда өсіретін балапан күтушілердің жұмысы (Құс өсіруші.).

БРУДЕРСІЗ с ы н. қ ұ с ш а р. *Брудердің қатысынсыз, брудер қолданбай.* Қораның қандай түрі болмасын оны *б р у д е р с і з* жоғары температураға жеткізу мүмкін емес (ҚСЭ).

БРУС з а т. қ ұ р. **1.** *Құрылысқа пайдалану үшін, ені мен қалыңдығы 10 см-дей төрт қырлы етіп тілінген ағаш материал.* Жұмысқа керекті *б р у с,* рейка, тақтай, фанер сияқты материал алдын ала дайындалады (Е.Райымжанов, Бастауыш клас.). Сондықтан ағаш немесе темір оттықтың үстінен төрт қырлы айналып тұратын *б р у с* қағылады (Құс өсіруші.). **2.** *Үстінен жүріп өту үшін қойылған, астында тірегі бар қырлы бөрене.* Өңір жасағыш құралдың тегістегіш *б р у с* және бүйірінде қалқан қанаты бар (М.Ерлепесов, Суармалы егін.).

БРУСИТ з а т. г е о л. *Гидроксидтер тобына жататын минерал. Б р у с и т т і ң химиялық формуласы – M_g (OH)*. **2.** *Б р у с и т* – магний алынатын шикізат (Қаз. тілі термин. Геология).

БРУСТВЕР [нем. Brustwehr] з а т. ә с к. *Қорғаныс үшін қазылған ордың кенересіне үйілген топырақ.* Жау *б р у с т в е р д і,* әрине, өзен жақтан үйген ғой (Ж.Тәшенов, Алғашқы.). Әне, сөзге сарań, тұнжыр Василий Комков мина дүмпуінен бұзылған *б р у с т в е р д і* жөндеп жатыр (Ж.Тәшенов, Жауынгер.).

БРУСЬЯ з а т. с п о р т. *Мықты, берік қадаларға екі сырық (сырғауыл) параллель бекітілген гимнастика жабдығы.* Гимнастиканың ең ауыр түрі – *б р у с ь я д а* ойнау көрермендердің ерекше назарын аударды («Лен. жас»).

БРУТ з а т. к ө н е. *Қалмақтар, қытайлар қолданған қырғыз халқының ертедегі бір атауы.* Менің ойым: осы «білеуіт», *«б р у т»* бір сөзден шыққан деймін, о да қырғыздың нәсілі болмағы таң емес (Абай, Тол. жин.). Сол қырғызды қытайлар *б р у т* деп атайды, өз тауарихларында оның себебін, неліктен қытайлар *б р у т* дегенін еш білдім дегенді көрмедім (Абай, Тол. жин.).

БРУТТО [итал. brutto] з а т. **1.** *Заттың (жүктің, тауардың) сыртқы қабымен немесе қорабымен қоса есептегендегі барлық салмағы.* **2.** с у ш а р. *Су көзінен алынған судың толық көлемі, жолда жоғалған суларды қоса есептегендегі су көлемі.*

Брутто мөлшерлеме. э к о н. *Сақтандыру бойынша төлемдердің тарифтік мөлшерлемесі. Б р у т т о м ө л ш е р л е м е* нетто мөлшерлеменің және сақтандыру операцияларын жүргізуге жұмсалған шығындарды өтеуге арналған үстеменің сомасы ретінде есептеледі (Қаз. тілі термин. Экономика.).

БРУЦЕЛЛ [ағыл. brucella] з а т. в е т. *Бруцеллёз ауруының микробтары.* Бруцеллёздің *б р у ц е л л* дейтін түрліше микробтары бар (Е.Оразақов, Дәрігер.). Бұл микробтардың барлығы соңынан *б р у ц е л л* деп аталды (Н.Әжіғалиев, Мал. ауру.). *Б р у ц е л д і* 1886 ж. ағылшын дәрігері Брюс Мальта аралында бруцеллезден өлген солдаттың көк бауырынан тапқан (ҚСЭ).

БРУЦЕЛЛЁЗ [итал. brucellosis] з а т. м е д. в е т. *Малда, адамда болатын буын, сүйек, жүйке жүйелері зақымдалатын созылмалы, жұқпалы ауру, сарып. Б р у ц е л л ё з* өте қауіпті жұқпалы аурулардың қатарына жатады (А.Даиров, Хирург.). *Б р у ц е л л ё з* – жер шарына жайылған жұқпалы ауру (Е.Оразақов, Дәрігерлік.). *Б р у ц е л л е з б е н* көптеген жабайы және үй жануарлары, әсіресе қой, ешкі, шошқа, сиыр ауырады (ҚСЭ).

БРУЦЕЛЛЁЗДІ с ы н. *Бруцеллёз ауруы бар, бруцеллёз ауруы тараған. Б р у ц е л л ё з д і* жерде халық арасында тазалық сақтау жөніндегі көпшілік ағарту жұмыстары өзінің тиісті орнын алуға тиіс (А.Даиров, Хирург.).

БРУЦЕЛЛИЗАТ з а т. в е т. *Бруцеллёзге қарсы қолданылатын дәрі.* Қой мен ешкінің терісіне *б р у ц е л л и з а т* деген препарат егіп, туберкулездегі сияқты реакциясын қарайды (Ә.Әбішев,.. Мал санитары.). Қойдың терісіне *б р у ц е л л и з а т* не бруцеллез-гидролизат деген дәріні егеді, керекті жағдайда малдың қаны лабораторияға жіберіледі (Ш.Қалықов, Қой. ауру.).

БРЫНЗА [румын. brinza] з а т. т а м а қ. *Қой мен ешкі сүтін ұйыту, ақ ірімшікке айналдыру арқылы оны тұздап, қатырып жасалған тағам.* Қойдың сүті қазақтың сүйікті тағамының бірі. Одан сапалы *б р ы н з а* да жасалады (Ә.Есенжолов, Қаз. қойы). *Б р ы н з а* қой, ешкінің сүтінен жасалады. Оны жасау үшін сүтті арнаулы ферменттер немесе мәйекпен ақірімшікке айналдырады (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.). *Б р ы н з а* – қой сүтінен істелген ірімшік (Р.Әбуғалиев, Қой өсіруші.).

БУ з а т. **1.** *Судың жылып, қайнауынан пайда болатын тұман тәрізденген газ.* Кірлеп келген кісіге Монша қандай, *б у* қандай! Шұрылдаған ішіне Шәрбат-шарап құйғандай! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Шәйнек *б у ы* аспанға көтеріліп, сақырлап қайнап жатқан еді (М.Иманжанов, Таныс қыз). **2.** *Суық ауа мен жылы ауаның алмасуынан, ылғалдың жылып булануынан ауада пайда болған тұман тәрізді зат.* Оның себебі, қыстықүні іштен шығу бойына, *б у* тазарып тамшыға айнала бастағандықтан, жаз ат терлесе де *б у* көзге түспейді, қыстықүні жортып, терлеп келе жатқан аттың *б у ы* аспанға будақтап шығып отырады (А.Байтұрсынұлы, Т.Шонанұлы, Оқу құралы). **3.** *Қысымның әсерінен болған леп, ауа, иіс.* Су аяғы төмен жақ, Тұяқ кеспес ну екен. Шөпті қалың өсірген, Тамылжыған қалың шық Қара жердің *б у ы* екен (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Қонағасы сойылды. Сабада қымыз күрпілдеп, Піскенде *б у ы* бұрқылдап, Шараға қымыз құйылды (К.Әзірбаев, Шығ.). **4.** т е р м. *Заттың газдық фазасы өзінің сұйық фазасымен тепе-теңдікте болатын газ тәрізді күйі. Б у* мен газ ұғымы, көп жағдайда, бір-бірінен шартты түрде ғана ажыратылады (ҚҰЭ). **5.** а у ы с. *Бір нәрсенің желігі, әсері; қуаты, күші.* Қайтемін айта беріп «пәлен, түген...» Жастықтың *б у ы м е н е н* әлі ентігем! О, жастық шақ, жазылған жүрегіме менің жыр-сәлемімді ал, өтінем! (Қ.Мүсірепов, Раушан). Қош айтып өрлей желдім Қалқұтыны, *Б у ы м е н* әріптестің жан құтырды, Май айда мауыжыратып жұпар гүлі, Бұлбұлдар сайраушы еді тап сол күні (К.Әзірбаев, Шығ.).

Бу алды. а) *Буланды, бу болып кетті.* Мен көрдім көктің ғажап жасалғанын, Жер ұйықтап, көкшіл шықпен *б у а л ғ а н ы н.* Менің не мұнша қапа қысылғаным, Үміт пе, өкініш пе ойлағаным (Абай, Тол. жин.). ә) *Сестенді, есірді, қоқиланды.* Бүгін соның неден *б у а л ы п* жүргенін біліп кеп отырмын (М.Әуезов, Абай жолы).

Бу атты. *Бұрқыратып бу шығарды.* Үйінің іші, әйтеуір, жылы, есік ашылса-ақ бұрқыратып *б у а т а д ы* (Ғ.Сланов, Очерк.). Танауынан *б у а т ы п,* Тұяғымен қар күрер. Атшыға жайын сынатып, Шұлғиды қос қаракер (Д. Әбілев, Алтай.).

Бу болып ұшты. *Жоқ болды, із-тозы білінбеді.* Өтті ме тым қадірлі, ардақты кез, *Б у б о л ы п ұ ш т ы* ма екен салмақ, мінез?! Күніне сан айтылған «сүйдім» деуден, Тым болмаса бір ауыз қалмапты сөз! (Ө. Нұрғалиев, Ақ нөсер).

Буға семірді [ісінді, шалқақтады]. *Бір нәрсенің деміне масаттанды; бос нәрсеге желікті, есірді.* Қан жеген қара төбеттей, Мас болған *б у ғ а с е м і р і п.* Бастаушы бастық сол еді, Өзгесі кейін шегініп (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.). Сылқылдаған бос белбеу, арамтамақ мырзалар *б у ы н а с е м і р г е н* бұқадай күнде кешке ойын, күлкі, сауық, қызойнақ, ән салу, өлең

айтумен уақыт өткізеді (С.Сейфуллин, Тар жол.). – Сен байдың *б у ы н а і с і н г е н д е*, мен қызыл әскердің *б у ы н а* неге *і с і н б е й м і н*. Итаршыланбай шай құй! Асығыспын, – деді де комиссарға бұрылды (Ғ.Мұстафин). Әзірше жо-жо...жоқ, хош болыңыз. Ой сорлы жетім, ненің *б у ы н а ш а л қ а қ т а п* жүрсің (И.Матақов).

Бу камерасы. т е х. *Бу сақталатын орын. Б у к а м е р а с ы н ы ң* ішіне сегіз шелек су сыяды (Т.Телеуғалиев, Мал. қора.).

Бу күші [қуаты]. ф и з. *Будың өндіріске, шаруашылыққа пайдалылық қасиеті, бу қысымының мөлшері.* Электр қуаты *б у к ү ш і н е н* арзан, оның артықшылығы – оны ұсақтап бөлуге болады (Ә.Кәкімжанов, Коммунизм.). Электр қуатын жасағанша, *б у қ у а т ы н* пайдаланамыз (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

Бу қылды. *Сүйеніш етті, медеу тұтты; күпілдеп мақтанды. Б у қ ы л ы п* шекті малын не қыласың, Мінгізген ашамайға ұлың бар ма (Айман-Шолпан).

Бу мәшинесі. *Будың қысым күшін пайдалану арқылы жұмыс істейтін жылу қозғалтқышы.* Алғашқы *б у м ә ш и н е с і н і ң* жетіле келіп, паровозды игеру үшін әуелі бумен айдағаны мәлім (Қ.Ұябаев, Қырда.).

Бу түріндегі су. г е о л. *Тау жыныстарының құрғақ немесе сумен толық қанықпаған қуыстары мен жарықшақтарындағы ауада болатын бу күйіндегі су. Б у т ү р і н д е г і с у* биік тау жыныстарында болады (Ауызекі).

Бу электр стансысы. *Бу күші арқылы жұмыс істейтін электр стансысы,* киім тігу фабрикасы, мәдениет үйі, мектебі бар (Алғы шепте.). Көмір, темір, мұнай өндіру көбейтіледі, көптеген су және *б у э л е к т р с т а н с ы л а р ы* салынады («Халық мұғ.»).

Буы басылды. *Желігі тарқады.* Кешегі жеңісінің *б у ы б а с ы л ғ а н д а й* болды (Ауызекі).

Буына жығылды. *Біреудің әсеріне түсті, мансап, байлығына қызықты.* – Міне, мұның *б у ы н а ж ы ғ ы л ы п* Шабданбек қарындасын беріп отыр!– деді Ысқақ күліп (С.Сейфуллин, Шығ. жин.). – Е, маған көңіл көтерерлік ермек болса болғаны, мал-мүліктің *б у ы н а ж ы ғ ы л а р* жан мен емес (Ә.Көшімов, Екі бүркіт).

Буына мас [болды]. *Бір нәрсенің желігіне, әсеріне, қуатына елтіді.* Өзіміздің түсінікті тілмен айтсам – массың. Араққа емес, сұлу қыздың *б у ы н а м а с с ы ң* (М.Иманжанов, Көк белес). Ғашықтық *б у ы н а м а с б о л ы п*, өткен-кеткен дүниенің бәрін ұмытыпты-ау (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Буына пісті. *Бір нәрсенің әсерінен масаттанды, лепірді, мастанды.* Балаларын шұбырта бәйбіше кірді. Бес ұлдың *б у ы н а п і с к е н* адуын орақ ауыз әйел шалына соқтыға кірді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Сен малыңның *б у ы н а п і с с е ң*, мен басымның *б у ы н а п і с е м.* Біліп қой осыны, Жарқынбай! (Д.Әбілев, Ақын.).

Буы удай тарады. *Масаттандырды, бәрін желіктірді.* Қысқасын айтқанда, Уақбайдың үйіне әлдекалай кірген алтынның *б у ы у д а й т а р а п*, алты қырдың астында жатқан сидаң аяқтыларға ұйқы берер емес (А.Машанов).

Бұқа – буға, азбан – дуға. *Өз шамасын білмегенді әжуа қылу мағынасындағы дырду, даурықпа, бос желік дегенді білдіретін сөзқолданыс.* Деген сөз: *«Б ұ қ а – б у ғ а, а з б а н – д у ғ а»*, Хан қарық боп түсіп жүр айғай-шуға, Етімді шал сипаған құрт жесін деп, Жартастан қыз құлапты терең суға (Абай, Тол. жин.)

Бұқа буға [азбан дуға] семірер. *Босқа тыраштану, дырду, думан, даурықпаға бос масаттану.* Күреңбай әбден тойды-ау қайғы уына, *С е м і р е р* деген бар ғой *б ұ қ а б у ғ а.* Болған соң жазу осы амал бар ма, Ақыры кетпек болды-ау тәнім суға (Е.Қандеков, Өлеңд.).

Қанық бу. х и м. *Сумен жылжымалы тепе-теңдікке келген бу.* Сұйықтықпен тепе-теңдікке келген буды *қ а н ы қ б у* деп атайды (Б.Бірімжанов, Жалпы химия).

Сары алтынның буындай. п о э т. *Келісті, әсем, сұлу деген мағынада.* Жиырмада *с а р ы а л т ы н н ы ң б у ы н д а й с ы ң*, Тасыған Үш Тентектің суындайсың. Бар болса сүйегіңде, өрге жүзіп, Сақпанның тасындай боп зырылдайсың (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Сүйекке бу енді. *Балқыды, елжіреді.* Егерде қолың тисе білегіне, Лүпілдеп қан соғады жүрегіңе. Бетіңді таяп барсаң тамағына, Шымырлап *б у е н е д і с ү й е г і ң е* (Абай, Шығ. жин.).

БУ= е т. **1.** *Бір нәрсені қатты қысып байлау.* Басшысыз солдат қашты, бұлар қуып, Қырып жүр жердің жүзін қанмен жуып, Өлгені өліп, қалғаны қашып кетті, Қолға тірі түскенін қойды *б у ы п* (Шәкәрім, Өлеңд.). Қасекең қап ішіне кірді «шүу» деп, Қалай да ойламады «түлкі қу» деп. Қабына қасқыр әбден жайласқан соң, Адамға етті ишарат: «аузын *б у*» деп (О.Шораяқов, Шайыр). **2.** *Малдың аяғын айқастырып, қатты қысып байлау.* Төсекте жатып керіліп, Түзге отырса ерініп, Аяғын *б у ғ а н* қойға ұқсап, Мойнын ұсынып беріліп, Қол созбайды азатқа (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Биені жығып, төрт аяғын *б у д ы* да, қыл бұрау салып, тақымын бұрады (Қаз. ертег.). **3.** а у ы с. *Қысу, маза бермеу, тыныштық таптырмау.* Көкірегін шер *б у ы п*, Омырауын сел жуып,

Келеді ол қаңбақтай, Шырқ үйірген жел қуып (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Сырбайға ол әлденені айтайын деп еді, жөтел *б у ы п* шамасын келтірмеді (С.Мұқанов, Шығ. жин.). **4.** а у ы с. *Қаптап, қаумалап тыныштық бермеу.* Маса *б у ы п,* тыныштық бермегені (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Сона *б у ғ а н* аттар шыршық атып, бір орында тұра алмай шыр айналады («Қаз. әдеб.»).

Алдын [алды-артын] буды. *Жолын кесті, бұлтартқызбады, жүргізбеді, тосқауыл болды.* – Мұнша қалай аздың сен осы? Большевиктен саумысың? – деді Әзімхан. Сұлтанмахмұттың *а л д ы н б у ы п,* қыр көрсетіп отыр (Д.Әбілев, Арман.). Қызыл тілін безеген, Найзасын тасқа егеген *А л д ы-а р т ы н д ы б у а м ы н,* Сені асырмай кезеңнен! (Жамбыл, Таңд. шығ.).

Аузын буған өгіздей [өгіз сияқты, танадай]. *Үндемей, сөйлемей, мыңқиып отыру, дыбыс шығармау деген мағынада.* Ол *а у з ы н б у ғ а н ө г і з д е й* тырп етпей, үйден шықпай жатып алды (С.Көбеев, Орынд. арман). Тіпті Сәрсенбекті де үннен қалдырды. Енді қарашы, тап бір *а у з ы н б у ғ а н ө г і з с и я қ т ы* (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.). – Сөзді қалай бастасам екен. Дуракпын ғой өзім, нағыз дуракпын. *А у з ы н б у ғ а н т а н а д а й* осылай үндеместен кете барам ба. Вот, дурак, – деп тістенеді Санат (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

Аузын буды. *Үнін шығартпады, сөйлетпеді.* – Немене, сөйлесең сенің *а у з ы ң д ы* біреу *б у ы п* қойды ма, әлде, тіліңе күйдіргі шығып отыр ма?–деп түйілді Әйтекеге Бәдіғұл (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.).

Ашу буды. *Ашу кернеді, ызаланды.* Шекем солқ-солқ соғады, *А ш у б у ғ а н* денем қалтырайды (Н.Серәлиев, Ыстық күлше). Әжем кенет ашу буып күйгелек, *А ш у б у ы п* аңтаң болып қалды да: – Жүр бері, – деп құлағымнан сүйрелеп, Ертіп барды нағашымның алдына (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Белін [мықтап, бекем] буды. *Берік шешімге келді, «тәуекел» деп, іске кірісті.* Қызыл нар Төстік барда буаз екен, Айлас боп әйелімен туады екен. Ер Төстік жер астына кеткен жылы, Серттесіп *б е л і н м ы қ т а п б у а д ы* екен. (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Жанар бір іске *б е л і н б у ы п,* іштей бекіп алған сияқты, есікті ақырын қағып, ешкім үндемесе де кіріп барды (Т.Ахтанов, Дала сыры). Табиғат өзгеше боп туған едім, *Б е л і м д і* жастан *б е к е м б у ғ а н* едім. Халықтың қорлық көрген туын ұстап, Әділдік жолын ізден қуған едім (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Тәуекел деп тасқа түс, *Б е к е м б у ы п б е л і ң д і.* Жүрсең жолың болады, Істесең ісің оңады, Жолдасың – алғыс сенімді (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Буа сөйледі. *Біреуді тайсалта, бетін қайтара, қыса айтты; өз шеңіне жуықтатпай сөйледі.* Ізден барған Садуақас барған жерден мені түссіз, *б у а с ө й л е д і* (С.Торайғыров, Шығ.).

Жыны буған бақсыдай. *Аласұрып, құтырып.* Жаңағы ашумен құтырып алған Оразбай қазір анық *ж ы н ы б у ғ а н б а қ с ы д а й,* өзінің үлкен үйінің сыртында екі езуінен көбік шашып, бұрқырап бір топ адамға жер қазғызып жатыр еді (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Жын буғандай. *Жын ұрғандай, аласапыранданып.* Демігіп зеңбіректер ажал құсып, Танкілер жөңкіліп жүр жерде босып. Желігіп *ж ы н б у ғ а н д а й* жатыр соғыс, Әдемі азаттықты отпен осып (Қ.Сатыбалдин, Әлия).

Жыны буды. *Құтырынды.* Арынның да *ж ы н ы н ы ң б у ы п* тұрған кезі, шатақты ізден жүріп табады (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

Кіндік буған жер. *Кіндік кескен, туып-өскен жер.* – Аман бол, атамекен – туған жерім, Кір жуып *к і н д і г і м д і б у ғ а н ж е р і м.* Жүгіріп жалаңаяқ жарға ойнақтап, Құрбымен қозы-лақты қуған жерім (Б.Адамбаев, Ақбөбек). О, Зайсан, алтын бесік туған жерім, Іңгәлеп, *к і н д і г і м д і б у ғ а н ж е р і м.* Жүгіріп жалаң аяқ жаздыкүні, Қиқу сап, қан көбелек қуған жерім (Е.Әукебаев, Таң шапағы).

Сезім буды. *Сезім кернеді, сезім биледі.* Оның көкірегін белгісіз тәтті *с е з і м б у д ы* да көзін жұмды (А.Нұрланов, Аққу.).

Ұйқы буды. *Көзіне ұйқы тығылды, қалғып-мұлгіді.* Қымыздан балқып, әрі *ұ й қ ы б у ы п* манаураған Елеусіз Нұршаның бір сөзін ұғып, бір сөзін ұқпай отыр (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Көзін бір ашып, бір жұмып, *ұ й қ ы б у ы п* отырған екінші жолаушы селк ете қалды (С.Жүнісов, Жапанда.).

Шабыт буды. *Шабыт кернеді, бір іске зауқы соқты.* Өзін-өзі құламай тік ұстады, *Ш а б ы т б у ы п,* арқасы құрыстады. Рояльдің ернеуін тіспен тістеп, Денесімен сезді бар дыбыстарды (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

Ыза буды. *Ызасы келді, ызаланды, долданды.* Анасынан қолпаштау таппай, тауы шағылған қиқар Жантас енді міне *ы з а б у ы п,* жарыла жаздап тұр (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). Ерні кеуіп түтігіпті, Түсі суық жыландай. *Ы з а б у ы п* қалшылдады ол, Бір орында тұра алмай (С.Машақов, Жылдар).

БУАЗ с ы н. **1.** *Құрсағында төлі бар, туатын мал, хайуан.* Сол бетінде *б у а з* малдың бұйығы-мимырт жүрісімен баяу жылжып отырып, дарияның мұзы бұзылмай

тұрғанда, Емілдің бергі бетіне өтіп алады (Қ.Жұмаділов, Тағдыр.). Көшен ақын бөтен ауыл, жат босағаға аттанып бара жатқан қалыңдық пен артында жылап қалған ата-анасына термелеп басу айтады, сол арада Балпан ауылының адамдары ақын жігіттің қанжығасына екі өркеші баладай *б у а з* ақ іңгенді бұйдасынан байлайды (Ә.Кекілбаев, Дала.). Қолымда болғаннан соң дутың, қағаз, Алғашында аңырып жүрдім біраз. Сапырылған дүрмекке ере алмадым, Астымда жалғыз бие, ол да *б у а з* (Ә.Найманбаев, Шығ.). **2.** қ а р а п. *Екіқабат, аяғы ауыр әйел мағынасында.* «Кісіге кісі бағы тең бола ма, Дүнияда бір кінәсіз жан бола ма? Баласын *б у а з* қатын таппай кетсе, Тіріліп өлген патша хан бола ма? (Ә.Найманбаев, Шығ.). Шаршау жоқ, арықтау жоқ, талабы жоқ, Адам оны жұмсайды көп жұмысқа. Тоғыз қатын жиылып бір толғатқан, Бірін-бірі *б у а з* ғып, жуандатқан (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Тәтті-қара, Исабектері балтасымен келіп, маңдайшамызды шауып кетер, *б у а з* қатынымызға іш тастатар (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). **3.** а у ы с. *Екі бүйірі шыққан, қампиған.* Бастық *б у а з* папкіні көтере беріп, тегінен, қырынан стол бетіне тастап-тастап жіберіп, қойғылап-қойғылап алды да, қолтығына қысты, жоқ, әспеттеп стол шетіне қойды («Қаз. әдеб.»). Бір мезгілде *б у а з* портфелін көтеріп, өкіл Қамысбаев киіп-жарып көптің ортасына келді (І.Жансүгіров, Шығ.).

Буаз ара. ж е р г. *Екі адамдық ара, ағаш кесетін құрал. Б у а з а р а* – араның бір түрі. Буаз қабырғаға балта мен үстіріктің сан түрі, *б у а з а р а*, қол ара, тағысын тағы саймандар ілініпті (Қ.Ысқақов, Бұқтұрма.). *Б у а з а р а м е н* дөкей ағашты аралаймыз (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

Буаз биенің қарнындай. *Қампиған, салбыраған; үлкен. Б у а з б и е н і ң қ а р н ы н д а й* ауыр бұлттар төбеңе төне жүзіп өтіп жатыр (Ғ.Ахмедов, Жорық.). Ақыл қарында тұратындай-ақ, қарны *б у а з б и е н і ң қ а р н ы н д а й* салбырап жатса, би болады-мыс! (М.Жұмабаев, Шығ.).

Буаз болды. а) *Өсімдік тозаңданып дән шығара бастады, бас алды, бұршік атты.* Сәмбі талдың шыбығы сыздап бүршікке *б у а з б о л ғ а н* кезде, жесір келіншектің жүрегі ел көшкендей жалғызсырайтынын олар білер деймісің (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Иманжапырақтың тамырлары адырайып-адырайып сөлге *б у а з б о л ғ а н* кез екен («Қаз. әдеб.»). Сабағы жуандап, жапырағы жалпайғаны – *б у а з б о л ғ а н ы* (Ы.Жақаев, Менің бақытым). ә) *Бойына төл бітті.* Құдайдың құдіретімен *б у а з б о л ы п*, қанатты қара бедеу құлын туды (Қозы Көрпеш.). б) қ а р а п. *Екіқабат болды.* Сөйтіп, Бозмұнай балаға зар болып жылап жүргенде, қатыны *б у а з б о л ы п*, бір ұл табады (С.Сейфуллин, Шығ. жин.).

Буаз мал ауруы. в е т. *Іш тастау, малдың ісінуі, уақытсыз толғату, жатыр жарығы, жатырдың бұрылуы не түйілуі.*

Көже буаз қылды. *Болымсыз нәрсеге қанағаттандырды, сәл нәрсеге риза етті.* Халықты *к ө ж е б у а з қ ы л ы п* алдастыру хазіретке ұнар ма екен? («Айқап»).

Қысыр сөзге буаз болды. *Құрғақ сөзге мәз болды, бос сөзге алданды.* «Қой, *қ ы с ы р с ө з г е б у а з б о л м а й*, жұмысымызға тарайық. Ақысына аз алайық, көп алайық, еңбектен тиімдісі жоқ екен!» – деп жан-жаққа тарай бастады (С.Мұқанов, Есею жыл.).

БУАЗДЫҚ з а т. **1.** *Буаз болушылық.* Биелердің *б у а з д ы қ* мерзімі орта есеппен он бір ай (А.Сыздықов, Жылқы өсіру.). Пілдің *б у а з д ы ғ ы* екі жылға созылады («Зерде»). **2.** з о о л. *Ұрғашы жануарлардың аналық жасушасынан ұрық дамып жетілгенге дейінгі физиологиялық күйі. Б у а з д ы қ т ы ң* алғашқы кезеңінде жануарлар жақсы қоректеніп, семіре бастайды (ҚҰЭ). Сапалы ірі азық саулықтардың *б у а з д ы ғ ы н ы ң* екінші кезеңіне және қой қоздату науқаны кезіне қалдырылуы қажеттігін ескеруге тиіспіз (Шопан сырласы). Буаз қойлардың іші өсіп, *б у а з д ы ғ ы* айқындала бастағаннан-ақ, мүмкіншілігінше күтімге алынып отырылады (Шопан серігі).

БУАЗДЫЛЫҚ з а т. с ө й л. ***Буаздық***. Ал саулықтар онда алғашқы *б у а з д ы л ы қ* шағында болады (М.Әмірғалин, Биязы жүн.). Саулықтың *б у а з д ы л ы ғ ы н ы ң* екінші кезеңінде оны жақсылап азықтандыру қажет (Шопан серігі).

БУАЗУ *Буазы етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көденің *б у а з у ы.*

БУАЗЫ= е т. к ә с. *Пісіп жетілу, бас алу, дән шығара бастау.* Талға шығатын шие, қарақат, итмұрын, қасқыржемі сияқты жемістер *б у а з и* бастаған (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Қар суымен ерте себілген бидайдың шығымы ересен көрінеді. Қазірдің өзінде тізеден асып, *б у а з ы п* тұр (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). *Б у а з ы п* тұрған боз көде, Бұйығы белес, жон жонас, Жұмысы болмай өзгеде, Жымиып жатыр жым-жылас (Қ.Шаңғытбаев, Аққу.). Бүршіктегі *б у а з ы п* тұр бәйтерек (бұлт елгезек), Бұтақ біткен қаукелек («Жас Алаш»).

БУАҚҰРТ з а т. в е т. *Малда болатын ауру.* ≈ *Б у а қ ұ р т* ауруының емі.

БУАЛДЫР[1] з а т. *Сағым тәрізді алысты көрсетпейтін табиғаттың күңгірт күйі; мұнар.*

Көктем көгеріші әлі жетіле құлпырмағанмен, алыс атыраптан мұнарыта көк *б у а л д ы р ғ а* бөленген өзек, өлкелер жасыл өрмек желісіндей жолақтанады (С.Бегалин, Уақыт.). Кешке қарай *б у а л д ы р* қоюлана түсіп, аспан боз айран болып кетті (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Күмбірлеген қоңыр үйдің ішінде мелшиіп-мелшиіп тізілісе қалған көп дудар бөріктер де, қақ ортада шоқиған тұтқын күйші де бір қара мұнар *б у а л д ы р ғ а* айналды (Ә.Кекілбаев, Дала.).

БУАЛДЫР[2] с ы н. **1.** *Бұлдыр, күңгірт, бұлыңғыр.* Ауа райы – шаңытқан үскірік, *б у а л д ы р* аспанда сұрлана төнген қалың бұлттан аздап қар ұшқындайды (С.Мұқанов, Есею жыл.). Сәл секпіл басқан жұқалтаң өңі таңғы *б у а л д ы р* жарықта тарғылданып, көгерең тартып, тыныс алған сайын, өне бойы ауырсынып, діріл қағатын тәрізді (С.Мұратбеков, Отау.). Алдағы күннің не қуаныш әкелері мәлім емес. *Б у а л д ы р,* тұман, күңгірт... (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). **2.** *Анық емес, көмескі.* Оның көзі – сүйгенім бір сен деп тұрған тәрізді, талмау, *б у а л д ы р* көрінді. Ақбілек: «Мен де сенің жолыңа құрбан» дегендей салалы оқ кірпігін салмақпен қағып, майы жылтыраған қара көзін бір төңкерді (Ж.Аймауытов, Шығ.). **3.** а у ы с. *Мең-зең, бейжай.* Неше күннен бері өң мен түстің арасындай бір *б у а л д ы р* халде мәңгіріп жүрген Естай бейіт басында есін жиып алды (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

Буалдыр тартты. *Күңгірттенді, көмескіленді.* Күн еңкейіп, орман баурайы *б у а л д ы р т а р т қ а н* сайын, талған көзін қолымен көлеңкелеп, Нағима ана тесіле қарайды (Ғ.Мүсірепов, Өмір.). – Ал сен ше?– деді, ананы... – Танимын... – дедім жай ғана... Бұлдырап көзім барады *Б у а л д ы р т а р т ы п* айнала (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

БУАЛДЫРЛАН= е т. *Бұлдырау, күңгірт тарту, көмескілену.* Терісінде көгілдір-боз дақ пайда болып, әсіресе бауыр жағы мен жоны күштірек *б у а л д ы р л а н а д ы,* сондай-ақ жүзбеқанаттары денесіне жабысып, тілкемденеді (Қ.Қайымов, Су асты.). Жан-жақ *б у а л д ы р л а н ы п,* бықсып, тұншығып жатқан құмдар, құм сасыған тыншу жел адамның кірмеген жерін қоймай келеді (М.Жұмабаев, Шығ.). Тәлімнің көз алды *б у а л д ы р л а н ы п,* бірер минут ішінде үйдегі адамдарды бұлдыр көретін күйге түскендей болды (Б.Майлин, Шығ. жин.). Төңірегінің бәрі бұлдырап, *б у а л д ы р л а н ы п* кеткен (Ә.Кекілбаев, Дала.).

БУАЛДЫРЛАНДЫР= е т. *Көмескілендіру, күңгірттендіру.* Тал-талдың арасымен тымық түнді *б у а л д ы р л а н д ы р ы п,* көтеріліп жатқан ашқылтым түтін келеді мұрынға («Жұлдыз»). Көк бурыл қабағы, селдір мұрты, ұзынша сақалы бет-аузын *б у а л д ы р л а н д ы р ы п* жіберген («Лен. жас»).

БУАЛДЫРЛАНДЫРУ *Буалдырландыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жан-жақты *б у а л д ы р л а н д ы р у.*

БУАЛДЫРЛАНУ *Буалдырлан етістігінің қимыл атауы. Дұрыс көрмеу, көздің қарашығына ақ түсе бастау.* Рас, бет ұшы бұрынғыдан да өңі нарттанып, жасқа буланған қарашықтарында сәл *б у а л д ы р л а н у* бар тәрізді (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Себебі – салқын әсерінен көздің қасаң қабықшасының *б у а л д ы р л а н у ы,* кейде бактериялардың зақымдануы да мүмкін (Қ.Қайымов, Су асты.). Адам көзінің көмескі тартуы сол қарашықтың бетіндегі қабыршық-хрусталиктің тозып, *б у а л д ы р л а н у ы н а* байланысты (М.Сүндетов, Құмда.).

БУАЛДЫРЛАУ с ы н. *Бұлыңғырлау, күңгірттеу.* Тып-тыныш, қалғып тұрған *б у а л д ы р л а у* күн түскен үйінен ат шалдырып шыққанша бұрқан-тарқан болып жүре беріпті (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Ақ түн нейлон көйлек сыртынан *б у а л д ы р л а у* боп көрінген арудың ақ денесі іспеттенеді (Ә. Нұршайықов, Батыр.).

БУАЛДЫРЛЫ с ы н. *Буалдыр басқан, күңгірт.* Оның кейде жарқ етіп, кейде сөне қалған әлсіз шамы *б у а л д ы р л ы* түн қойнында жылтырап қана көрінеді (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.). *Б у а л д ы р л ы* шөккен бу көл бетіне, Үйытатын сықырлы келбетіне... Балаң ойды баурап ап, кең беткейде, Жасыл егін толқитын тербетіле (З.Ыбраев, Замана.).

БУАЛДЫРЛЫҚ з а т. *Көмескілік, бұлдырлық, күңгірттік.* Жапондықтарға логикадан гөрі екіұштылық, *б у а л д ы р л ы қ* көбірек ұнайды («Лен. жас»).

БУАЛДЫРЫҚ з а т. с ө й л. ***Бұғалық.*** Бұл жолы ол мойныма ұйқының арқанын лақтырып, бұлқынта *б у а л д ы р ы қ* салған еді (Ә.Нұршайықов, Ақиқат.). Ағабуын алда жүрген қарттарды, қақты шетке, қадіріне жетпеді. Таза архибын астан-кестең ақтарды, қыл мойнынан *б у а л д ы р ы қ* кетпеді (Ғ.Саржанов, Шұғыла).

БУАТ с ы н. ж е р г. ***Буда.*** Сосын бізге, басы бармақтай, сабағы таяқтай құмның жуасы кезікті. Екеуміз екі *б у а т* жуа қазып алдық (Ө.Қанахин, Жер бас.).

БУБЕН о р. з а т. м у з. *Кіші барабанға ұқсас музыкалық аспап. Б у б е н* – кіші барабанға ұқсас, төңірегіне сылдырмақ орналастырылған, ұрып ойнайтын аспап (Қ.Қуатбаев, Қысқ. муз. сөздік). Дайра – *б у б е н* аспабына

ұқсас, түркі мен грузин халықтарының ұрып, қағып ойнайтын аспабы (Қ.Қуатбаев, Қысқ. муз. сөздік).

БУ-ГАЗ: бу-газ турбиналы қондырғы т е х. *Бу және газ турбиналарының жұмыс циклдері біріктірілген энергетикалық қондырғы. Бу-газ турбиналы қондырғының* бірнеше сұлбасы бар, олардың ішінде біріктірілген қондырғылар көп қолданылады (ҚҰЭ).

БУГЕНЕРАТОР з а т. **1.** ф и з. *Ядролық реакторлардан бөлінетін жылу тасығыштардың (су, су буы, газ, сұйық металл т.б.) көмегімен суды жылыту арқылы атмосфера қысымынан жоғары қысымдағы бу алуға арналған құрылғы. Бугенераторы* су-сулы энергетикалық реакторлары бар АЭС-терде пайдаланылады (ҚҰЭ.). Қарапайым *бугенератор* құбырлар орналасқан түйық ыдыстан тұрады (ҚСЭ). **2.** *Буқазан.* Бу-күш қондырғысы – буқазан (*бугенератор*) мен буқозғалтқыштан тұратын энергетикалық қондырғы (ҚҰЭ).

БУГИСА з а т. *Индонезияның Сулавеси, Риау, Калимантан аралдарында тұратын халық. Бугисалардың* ертеректе буги, бугинез деп те атаған (ҚҰЭ). *Бугисалар* ерте кезден-ақ сауда-саттықпен айналысқан көнігі теңізшілер болды (ҚҰЭ).

БУҒАН-ТҮЙГЕН с ы н. *Буып-түйілген.* Қып-қызыл ала боп, киініп жүргенге, базарлықты үйіп әкеле жатыр екен десем, бекетшінің шанасындағы *буған-түйгенінің* бірі ме едің? (К.Оразалин, Көктем.).

БУҒЫЗ= е т. *Затты, дүние-мүлікті орап, белінен, ортасынан байлатқызу, тұю.* Үй ішін жеңілту, теңдер *бұғызу*, жатақшының жазғы күнін бейқам ету... бұл ауылды не қылса да, бесалты күн бөгемекке керек (М.Әуезов, Абай).

Белді [бекем] буғызды. а) *Белді жинақы етіп қысып байлатты, таңғызды.* Сол өңірдің бозбаласын жиғызып, құман беріп, бәріне дәрет алғызып, сыбандырып, *белді бекем бұғызып*, жүгіндіріп, алқа-қотан отыртты (Ж.Аймауытов, Шығ.). ә) *Тәуекелге барғызды.* Шынықтырып шындыққа, Құрышпен *белін бұғыздың.* Барса жауға қайтпайтын, Батыр етіп туғыздың (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.).

БУҒЫЗУ *Буғыз етістігінің қимыл атауы; байлату.* ≈ Кітаптарды *бұғызу.*

БУҒЫШ з а т. *Бір нәрсені буатын жіп (қайыс).* Енді осы қайыс және өрім бұйымдарының бірқатарын атап-атап өтейік. Олар: албау, айыл, белдік, *бұғыш,* қарғы т.б. (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БУДА з а т. *Жиналған, шоғырланған бір топ зат; бума.* Үй ішінде көз тоқтатар текшелеген кітаптар мен іргеге жағалай жинастырған газет, журналдар *будасы* да молды (Х.Есенжанов, Тар кезең). «Тай» деген сөздің жылқы баласы деген мағынасынан өзгеше бума, байлам, *буда,* тең деген мағынасы бары белгілі (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Гүл *будасындай* қызыл шұбар тартқан көп әшекейдің ішінде жуан ағаштың қураған түбірі сияқты кеспелтек келген қасқа маңдай ақсақал (Ж.Арыстанов, Жалынды.).

Бір буда. а) *Бір тең болып, буылған. Бір буда* төсек-орнымызды астымызға басып, құрманың арасынан үйшіктегі қозыдай көзімізді жылтылдатып үйме-жүйме отырмыз (Ж.Аймауытов, Шығ.). ә) *Бір бума.* Үй ішіндегілер түгел ұйықтады-ау дегенде Гүлжан өзінің кішкентай қара чемоданын ашып, ішінен *бір буда* қағазды алды да, терезе алдындағы жазу столына келіп отырды (М. Дүйсенов, Гүлжан.). Ауданнан келген кісі машинаға басылған *бір буда* қағазды будыратып оқи бастады (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Әзірге, қарақұрым қандаланың қан ойнағына шылқып жатқан *бір буда* қағаздан үзінділер жариялап, ақкөзденіп жүргенде білімдар қауымның назарына әбден іліккені де рас (А.Сүлейменов, Бесін). б) *Бір шоқ (гүл).* Бәтеш келін жайнаған жаңа отауға ән мен жырдан мөлдір маржан тағынып, *бір буда* гүл көтере келіп кірген еді (Р.Сармұрзин, Мейірім).

БУДА-БУДА с ы н. **1.** *Көп, толған. Буда-буда* қалың конспектінің қанша бірін сап алтындай сақтадық. Бұдан да *буда-буда* мүлік шықты (Х.Ерғалиев, Шындық.). Енді біреулер колхозда істеген еңбегіне қап-қап астық, *буда-буда* көк ала ақша алып жатады (С.Бақбергенов, Біздің колхоз). **2.** ***Бума-бума.*** Ол *буда-буда* қағаздарын сандыққа қайта ұрып, онысын аяғымен тепкілеп тағы да темір кереуеттің астына жытырды (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). **3.** *Топ-топ, мол.* Алқымға *буда-буда сымен* келіп тірелген көп қарғыс, біріне-бірі жол бермей, шығар ауызда кептеліп қалғандай (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

БУДАЙ с ы н. *Бу сияқты, бу тәрізді.* Тегештей танауынан атқан *будай,* Бұрқылдап қара түтін шықты қаулап (Т.Жароков, Таңд. шығ.). Қара тасты қақ жарып атқан *будай* Қалжанның көкірегін қарс айырып үһілеген дыбыс шықты (Қ.Тайшықов, Окт. үшқыны). Соңында шудаланған қою шаң *будай* шалқып барып, жол езуінде елбеңдеген бұйырғын мен жусанға, көде мен көбекке сіңіп, жапырақтар

сарғайып, өсімдік атаулы күзгі ызғырық желге елбеңдей бас ұрып, тәубеге келген сопыдай күбірлейді (Қ.Жұмаділов, Қаздар.).

БУДАҚ с ы н. *Шоғыр, топталған.* Көз ұшында көк жиегін қаптаған сағым, әлдеқайда бұлт боп ұшқан *б у д а қ* шаң, анда-санда бір кездесетін құдық (М.Қаратаев, Далада.). *Б у д а қ* түтін көкке өрлеп, Жалын шашты лапылдап. Тырна тұрба қолын сермеп, Тартты кейін жұтып ап (Б.Майлин, Шығ. жин.).

Будақ қақты. *Будақтады, будақ-будақ етті.* Орманда, көлде құстар сайрап жатқан, Заводтан түтін шықты *б у д а қ қ а қ қ а н,* Еңбек етер адамзат бәрі оянды, Қан сорғыш байдан басқа ұйқы баққан (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Жүк тасыған машиналар зулады, Танауынан *б у д а қ қ а ғ ы п* булары, Шоферларда секілді бір ат сайыс, Жабулайды қатпасын деп сулары (А.Хангелдин, Қыз жүрегі).

Бір будақ. *Бір шоғыр, бір шумақ түтін, газ, шаң, бұлт т.б.* Бәшейдің ұзын қара шитісі күрс етіп, қос ішіне *б і р б у д а қ* көк түтін таратты (М.Әуезов, Абай).

БУДАҚ-БУДАҚ с ы н. **1.** *Шумақ-шумақ, лек-лек. Б у д а қ-б у д а қ* бұлттарға оранайын, Тасқыныңмен бір түнеп оралайын. Тұңғиықтан суырылып шыға алмасам, Толқыныммен тұншығып жоғалайын... (С.Жиенбаев, Алтын қалам). **2.** *Будақтаған, будақ қаққан. Б у д а қ-б у д а қ* бу шықты, Бу ішінен ту шықты. Шуылдады шиқылдап, Лап қойысты мысыққа (М.Жұмабаев, Шығ.). Аз болса, бір қазаққа жүз қалмақ кеп, Ат қойып қиқу салып, амаласты. Тер саулап тебінгіден, қылыштан қан, Шаң, түтін *б у д а қ-б у д а қ* аспанға асты (М.Жұмабаев, Шығ.). Қарабай бұл мінезді сән көреді. Шырыштан төмен жылжып келе жатса, Алдынан *б у д а қ-б у д а қ* шаң келеді (Қозы Көрпеш.). **3.** с ө й л. *Бора-бора. Б у д а қ-б у д а қ* ақша үйде отырған Асқардың қойны-қонышына тығылып жатыр (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Томпақ өзі киген кең шалбардың ішінен *б у д а қ-б у д а қ* ақша шығарып, камзолының ішкі қалтасына тыққыштай бастады (Ө.Қанахин, Дәмелі). Таң ата Ордаға жау келді аңқып, Қамап тез казарманы алды тартып. Банк пен телеграф үйін шауып, Ақшаны *б у д а қ-б у д а қ* қалды қамтып (Т.Жароков, Құмда).

БУДАҚТА= е т. **1.** *Будақ-будақ ету, түтінің, от жалынының қоюланып, үзілмей шығуы.* Маң төбеттері үріп, мұржаларынан түтіндері *б у д а қ т а п,* қарауытып, мол дүниедей боп тұрған бай ауыл (М.Әуезов, Абай жолы). Домбыраның қос ішегіндей керілген темір жолдың ортасымен кішкентай қара бала жүгіріп келеді. Аяғы жалаңаяқ, табаны қара май. Оның ар жағынан түтіні *б у д а қ т а ғ а н* пойыз көрінеді («Түркістан»). Естілді жерді жарған қалың сары, Жаңғыртып тау менен тас, жердің бәрін. Жасыл ту сағымдалып жерді бояп, Шаңырқап *б у д а қ т а ғ а н* шықты жалын (Ә.Найманбаев, Шығ.). **2.** *Арындау, екпіндеу, құйылу, тоқтамау.* Сахараның сайран салып желіндей, Жанартаудың жалын атып лебіндей. Ұшса жырым жазғытұры *б у д а қ т а п,* Туған жердің алып жатқан деміндей (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

БУДАҚТАЛ= е т. *Бу күйіндегі ауаның екпінмен үздіксіз сыртқа шығарылуы.* Ыбырайымның мылтығынан гүрс ете түскен дауыс естілгенде, «жолбарыстың» арт жағынан жалын аралас қарақошқыл түтін *б у д а қ т а л а* бұрқ ете қалды (С.Мұқанов, Аспаз). Тұман жаңа жанған оттың түтініндей *б у д а қ т а л ы п* келеді (Қ.Әбдіқадыров, Мақташы.).

БУДАҚТАЛУ *Будақтал етістігінің қимыл атауы.* ≈ Түтіннің *б у д а қ т а л у ы.*

БУДАҚТАС= е т. *Шоғыр-шоғыр болысу, топталысу.* Көл ортасында қара киіздей боп жайғасқан қараша қаздар ескі зеңбірек түтініндей *б у д а қ т а с ы п* көтеріле бастады (Ж.Молдағалиев, Тыңдағылар).

БУДАҚТАТ= е т. *Түтін не шаңды т.б. будақ-будақ еткізу.* Темекісін *б у д а қ т а т ы п,* өзінің ширек ғасырдан бергі мекен-жайына айналған шағын бөлмені көк ала түтінмен ыстап, қайта-қайта қырау тұтып, мазасын ала беретін терезеден үлкен әлемге көз сала қарап отырған Аспан шал, бүгін, шынында да өзөзінен алағызып, әлденеге көңілі көбеңсіп отыр еді (О.Бөкеев, Біздің жақта.). Айнала күңіреніп снарядтар мен бомбалар жерді қопара көтеріп, отты қара жалынын құйындай аспанға үйіре *б у д а қ т а т а д ы* (Б.Момышұлы, Москва.). Ол қою қара топырақты *б у д а қ т а т а* аспанға көтеріп, ойылып, опырылып жатқан деревняның қаусаған жұқанасы үстімен шоқалақтап келеді (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.).

БУДАҚТАТУ *Будақтат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Буды *б у д а қ т а т у.*

БУДАҚТАУ *Будақта етістігінің қимыл атауы.* ≈ Түтіннің *б у д а қ т а у ы.*

БУДАЛА= е т. **1.** *Бөлек-бөлек етіп буу.* Қотан ағаш шарбақтан немесе *б у д а л а ғ а н* қамыстан жасалып, сырты пішеннің, сабанның қалдықтарымен жабылған не балшықпен сыланған дөңгелек ашық қора (А.Елеманов, Қой шаруаш.). **2.** *Буда-буда ету.* Пәштуан жеңгейдің іші ішіне жабысқан қара сөмкесіне біртіндеп санамай *б у д а л а п* санап салып берді (О.Әубәкіров, Сиқыр). **3.** а у ы с. *Шумақ ету, қиюластыру. Б у д а л а п* зорлықпен ұйқастырып, өз айтарын өзі ұқпаған ақын-

дардың жыры мен сырынан кейде адам мезі де болады ғой (С.Бегалин, Шоқан асу.).

БУДАЛАН= е т. *Бір нәрсенің топ-топ, будабуда болуы.* Бәйбіше сандық ашып, *б у д а л а н ғ а н* қағаз ақшаны былғары сумкаға салып жатыр (Б.Майлин, Шығ.). Алдымызда *б у д а л а н ғ а н* қағаз жатыр. Мұның ішінде не жоқ дейсіз, бәрі бар (А.Тоқмағамбетов, Фельетон.).

БУДАЛАНУ *Будалан етістігінің қимыл атауы.*

БУДАЛАУ *Будала етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ақшаны *б у д а л а у.*

БУДАМ с ы н. с ө й л. ***Будa***. Бір *б у д а м* жіп, бір *б у д а м* ішек (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БУДАН з а т. **1.** *Әртүрлі тұқымды бірінебірін телуден шыққан жаңа тұқым.* Алысқа шапсам арыман, Тұлпардан туған мен *б у д а н* (Базар жырау, Шығ.). Ана *б у д а н д а р д ы* осы отарға қосып, жаңа қойдың қошқарына күйектендіртті (С.Бегалин, Уақыт.). Бұл жерде бір ескере кететін жайт – *б у д а н д а р д ы ң* Сыр бойын жерсінуі қиын (Ж.Нұсқабаев, Құмда өс.). **2.** б и о л. <лат. hibrida> *Генотипінде айырмашылығы бар екі ағзаны будандастырудан (шағылыстырудан) алынған жаңа ағза. Б у д а н* ғылымда латынша F әрпімен белгіленеді. F=AxB. Мұнда А – аталығы, В – аналығы, х – будандастыру (ҚҰЭ).

Будан сөздер. л и н г в. *Әртүрлі тіл элементтерінен жасалған сөздер.* Автодүкенші сөзі – гректің *авто*, арабтың *дүкен*, қазақтың – *ші* жұрнағынан жасалған *б у д а н с ө з* (Ғ.Қалиев, Тіл білімі термин. түсінд. сөздігі).

Будан таужыныс. г е о л. *Магманың басқа таужыныстарын ассимиляциялауынан пайда болған ауытқыма құрамды таужыныс.* ≈ *Б у д а н т а у ж ы н ы с т ы ң* пайда болуы.

БУДАНДА= е т. **1.** м а л ш а р. *Әртүрлі мал тұқымын бір-бірімен будандастыру арқылы жаңа тұқым шығару.* Арқар мен меринос Екеуінен *б у д а н д а п,* Ерекше қой шығарған, Атағы елді шарлаған (О.Шипин, Өмір өрнегі). **2.** е г і н ш а р. *Әртүрлі сұрыпты өсімдіктерді қолдан тозаңдандыру, ұластыру арқылы жаңа сорт немесе жаңа тұр шығару.* Бір-бірінен алшақ жатқан екі түрлі гүлді *б у д а н д а п,* жаңа түр туғызу оған оңайға түскен жоқ («Лен. жас»).

БУДАНДАС[1] з а т. с ө й л. ***Будан.*** Сиырдың тоқсан тұқым тұлғалысы, *Б у д а н д а с*, ойдағысы, қырдағысы, Әукелі алшақ мүйіз, бүйен емшек, Өлшеусіз сүт пен майдың жылға ағысы (Қ.Тастайбеков, Өленд.).

БУДАНДАС[2]**=** е т. **1.** *Теліну, қосылу, бірігу.* Мутациялық, өзгерісі бар жеке тектер, ондай өзгерісі жоқ немесе басқа өзгерісі бар тектермен *б у д а н д а с а д ы* (Жалпы биология). **2.** *Араласқұралас болу, қыз берісіп, қыз алысу.* Сүргіннен кешеулегендері жаулаған елдермен араласып, Орал тауындағы көне рулардай *б у д а н д а с қ а н* болу керек (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БУДАНДАСТЫР= е т. м а л ш а р. *Екі түрлі ұрықты не тұқымды өзара біріктіріп, ортақ тұр тудыру, жаңа тұр алу.* Қазақ ешкілерін асыл тұқымды ангор ешкімен *б у д а н д а с т ы р м а қ* едік (С. Бегалин, Төлбасы.). Алтайда 1929 жылдан бастап якті Сібірдің симментал сиырымен *б у д а н д а с т ы р ы п,* онан яктің қаны аралас гибриді алынды (Ә.Есенжолов, Қазақст. қойы). **2.** е г і н ш а р. *Екі түрлі өсімдіктен ортақ жаңа тұр алу.* Оқушылар мұнда мичуриндік генетиканы оқиды, күрделі тәжірибелер жасайды, өсімдіктерді біріне-бірін егеді – *б у д а н д а с т ы р а д ы* (З.Ақышев, Біздің шамш.).

БУДАНДАСТЫРУ б и о л. *Будандастыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Әртүрлі жануар т.б. тұқымдарын бір-біріне қосып жаңа тұқым шығару.* Жартай балықтың Амазонка, Тапахос өзендерінде және Ориноко өзенінің салаларында таралған екі түрі *б у д а н д а с т ы р у* нәтижесінде алынған (Қ.Қайымов, Су асты.). **2.** *Түрлі сұрыпты өсімдіктерді қолдан тозаңдандыру арқылы жаңа тұр алу.* Өсімдіктердің әр түрлі сорттарын қолдан осылай тозаңдандыру – *б у д а н д а с т ы р у* деп аталады (Ботаника).

Қан шатыстыру арқылы будандастыру. м а л ш а р. *Малдың ұнамды тұқымында кездесетін кейбір кемшіліктерді (мүсінінде болатын ақаулық, өнімнің аздығы т.б.) жойып, мал тұқымын жетілдіру үшін қолданылатын әдіс.* Кавказ қойының жүнінен алынатын өнімді арттыру үшін оны Грозный қойымен будандастырады. Бұл *қ а н ш а т ы с т ы р у а р қ ы л ы б у д а н д а с т ы р у ғ а* жатады (ҚҰЭ).

Қарапайым будандастыру. м а л ш а р. *Екі түрді бір-бірімен шағылыстыру.* Жылқы мен есекті будандастыру арқылы қашыр алу, бір өркешті түйемен қос өркешті түйені будандастыру арқылы нар алу *қ а р а п а й ы м б у д а н д а с т ы р у ғ а* жатады (ҚҰЭ).

Өндіре будандастыру. м а л ш а р. *Екі немесе одан да көп тұқымның қатысуымен жақсартушы тұқымның жақсы қасиеттерін бойына сіңірген, ал кейде ерекше қасиеттерге ие болған жаңа мал тұқымын шығару. Ө н д і р е б у д а н д а с т ы р у* көбіне ет үшін өсірілетін сиыр мен шошқа шаруашылығында қолданылады, осы әдіспен бұрынғыдан гөрі ірі әрі салмақты будандар алынады (ҚҰЭ).

Сатылы будандастыру. м а л ш а р. *Селекциялық процестерде бірнеше ата тектік формалардың қасиеттері мен белгілерін біртіндеп буданды ұрпаққа жинақтау*. Саратов-29, Саратов-210 т.б. көптеген жұмсақ бидай сорттары мен Безостая №1 күздік бидайы күрделі *с а т ы л ы б у д а н д а с т ы р у* жолымен алынған (ҚҰЭ).

Сіңіре будандастыру. м а л ш а р. *Тұқымы нашар, өнімі аз мал тұқымдарын жақсарту үшін тұқымы жақсы аталық малмен (айғыр, бұра, бұқа, қошқар т.б.) шағылыстыру*. Жергілікті жағдайға бейімделгіштігі, дене бітімі және өнімділігі белгіленген талапты қанағаттандырғанша, *с і ң і р е б у д а н д а с т ы р у* жолымен алынған будандар жақсартушы жолымен алынған тұқымның аталық малымен бірнеше рет қайта будандастырылады (ҚҰЭ).

БУДАНДАСТЫРЫЛ= е т. б и о л. *Әртүрлі тұқымдардың бір-бірімен ұрықтандырылуы, тұқым жаңартылуы*. Биязы жүнді басқа тұқымды қойлардың жүнін жақсарта түсу үшін грозный қойымен *б у д а н д а с т ы р ы л а д ы* (А.Елеманов, Қой шаруаш.). Қазақстанда алманың 40-тан астам сорттары *б у д а н д а с т ы р ы л ғ а н*, оның 20-сын (Салтанат, Іле, Алатау шапағы, Алматы т.б.) қазақстандық селекционерлер өсіріп шығарған (ҚҰЭ).

БУДАНДАСТЫРЫЛУ б и о л. *Будандастырыл етістігінің қимыл атауы*. Буранармая шағылысынан қоспақ (ұрғашы), ал бура кердерімая *б у д а н д а с т ы р ы л у ы н а н* күрдекмая (ұрғашы), күрдекнар (еркек) шығады (А.Ниязов, Түйе.).

БУДАНДАСУ *Будандас етістігінің қимыл атауы*. Үлек пен нармаяның *б у д а н д а с у ы н а н* кердері түйе туады. Оның сүті, еті, жүні де нормадан аздау болады. Кердері түйенің сүті сүйық болады (А.Ниязов, Түйе.). Собық талшықтарына екінші бір сорт өсімдігінің тозаңы түскенде, яғни *б у д а н д а с у* нәтижесінде гибрид тұқым пайда болады (М.Ерлепесов,.. Тұқым өсіру.). Әдетте түр ішінде ғана *б у д а н д а с у* болады. Кейде бір туысқа жататын өсімдіктердің әр түрлерінен, тіпті әр туысқа жататын түрлерден де гибридтер алуға болады екен (Жалпы биология).

БУДАНДАУ[1] с ы н. *Негізіне аздап басқа тұқым араласқан; тұқымы таза емес*. Ат – арғымақ та, қарабайыр да емес, *б у д а н д а у*, денесі шағын ғана... (С.Мұқанов, Шығ. жин.).

БУДАНДАУ[2] *Буданда етістігінің қимыл атауы*. Бұл түрге *б у д а н д а у* жолымен қол жетіп отыр (Ауызекі).

БУДАНДЫ с ы н. *Будандастыру жолымен алынған (сұрып, тұқым)*. Қазақстанның жүгері егетін колхоздарының бәріне осындай *б у д а н д ы* сортты тұқым жіберіліп жатыр (С.Бақбергенов, Алтынемел.).

БУДАНДЫҚ с ы н. *Буданға тән, буданға қатысты*. Егер бірінші ұрпақтың будандары өзара қайытылса, олардан кішкене, денесі нәзік, тіршілік қабілеті төмен будандар туады. Қаюдың *б у д а н д ы қ* қасиеттері жойылып кетеді (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру). Егер гомозиготалы түрлер будандастырылса бірінші *б у д а н д ы қ* ұрпақтың бәрінің тұқымы сары, тегіс болатындығын тәжірибе көрсетіп отыр (Жалпы биология).

БУДАСЫН з а т. ж е р г. ***Буғыш***. *Бір нәрсені буатын жіп не қайыс*. Буданың қайыс *б у д а с ы н ы* шешіліп кетіпті (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БУДДА з а т. т а р. д і н и. *Б.з.д. 6 ғасырда солтүстік Үндістанда пайда болып, дүние жүзіне кең тараған ежелгі діннің бірі*. Қазіргі діндер – яхуди, *б у д д а*, христиан, ислам діндері ертедегі діни көзқарастар негізінде таптық қоғам тұсында ғана қалыптасты (З.Ақназаров, Ғылыми атеизм).

Будда діні. ***Будда***. Дүниедегі ең көп тараған дін – *б у д д а д і н і*. Ол біздің жыл санауымыздан бұрынғы VI ғасырда Үндістанда шыққан (М.Тоқжігітов, Құран тур.). *Б у д д а д і н і* кезінде Оңтүстік Үндістан жеріндегі Шри Ланкадан бастап солтүстікте Сібірге, батыста Еділ өзені бойына дейін тараған (ҚҰЭ). Әр халықтың тарихи даму ерекшеліктеріне байланысты, дінге сену әр халықта әр кезде пайда болды. Мысалы, *б у д д а д і н і* осыдан 2600 жыл бұрын, христиан діні – 2000 жылдай бұрын, ал ислам діні – 1700 жыл бұрын ғана пайда болған (М.Құдайқұлов, Ғылым және дін.).

БУДДИЗМ з а т. д і н и. *Будда дінінің көзқарасын білдіретін ағым. Б у д д и з м* дінін жасаушы – Шақия Муни (М.Әуезов, Абай жолы). *Б у д д и з м н і ң* түрлі ағымдарының жолын ұстаушылар негізінен Индияда, Бирмада, Тайландта, Цейлон аралында, Монғолияда, Жапонияда, Қытайда бар (Саяси сөздік). *Б у д д и з м* құл иеленуші Үнді елінің экономикасы мен саудасы едәуір дамыған кезде, әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастың ұлғаюына бөгет болған брахман діні мен касталық жүйеге наразылық ретінде туды (ҚСЭ).

БУДДИСТ з а т. д і н и. *Будда дінін мойындаушы, жақтаушы адам*. 1956 жылы *б у д д и с т е р* осы оқиғаның 2500 жылдығын салтанатты жағдайда атап өтті («Парасат»).

БУДДИСТІК с ы н. *Буддизмге тән, буддизмге қатысты*. Осы қолжазбада аңыз-

ертегілер, діни жолды ұстанушылар өмірі, бірбірінен көшірілген дастандар мен әрқилы оқиғалар кездесіп жатады. Солардың бәрі *б у д д и с т і к* діндарлардың өмірлерінен алынуы да ықтимал («Парасат»). Өткен ғасырдың 20 жылдарының басында Монғолияда 750 *б у д д и с т і к* ғибадатхана («сүм») болған («Парасат»).

БУДЕННОВКА ор. з а т. с о в. *Пионерлердің азамат соғысы кезіндегі қызыл әскер солдатының баскиімі тәрізді матадан тігілген шлемі.* Қызыл жұлдызды *б у д е н н о в к а* шлемін киген пионерлер қонақтарға ал қызыл қалампыр тапсырды («Соц. Қаз.»). Ер балалар мен қыздар қызыл *б у д е н н о в к а* киген («Қазақст. мұғ.»).

БУДИЛЬНИК ор. з а т. *Белгіленген уақытта қоңырау соғатын сағат.* Тек үстел үстіндегі *б у д и л ь н и к т і ң* бірқалыпты «тықтығы» ғана естіледі (С.Еркебаев, Алғашқы.). *Б у д и л ь н и к к е* тағы да бір қарады, Уақыт түнгі үштен асып барады. Жапты дағы кітап бетін алдағы, Телефонның тегершігін бұрады (Ә.Ахметов, Өшп. жалын). *Б у д и л ь н и к* шырылдап қоя берді («Лен. жас»).

БУДИНА з а т. г е о л. *Будинаж нәтижесінде пайда болған таужыныс кесектері.*

БУДИНАЖ з а т. г е о л. <фран. boudin.> *Желі, дайка, кіші интрузия және басқа тау жыныстарының созылым бағытында жақпар немесе линза сияқты болып бөлшектенуі.*

БУДИРМЕН з а т. *Бу күшімен жүретін диірмен.* Байлардың тәуір үйлерін керекті мекемелерге алдық. Банктер, машина, *б у д и і р м е н д е р* алдымен алынған (С.Сейфуллин, Тар жол.).

БУДКА ор. з а т. *Күзетші немесе қарауыл үшін арнайы салынған кішкене бас қалқа.* Сәми ептеп жылжып, үлкен екі қабат тас үйдің күзетші отыратын *б у д к а с ы н а* жақындады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Көпір аузындағы *б у д к а* алдында әскери киінген күзетші тастан құйған тұлғадай тым-тырыс тұр (Ж.Жұмаханов, Қаракөз.). Қарсы алдындағы үй магазин болу керек, жанында мыжырайған қарауыл *б у д к а с ы* бар (К.Тоқаев, Тасқын).

БУДУХТАР з а т. *Әзербайжан республикасының шығыс бөлігіндегі Конахкенд және Хачмас аудандарын мекендейтін аз санды этникалық топ. Б у д у х т а р* еуропа нәсілінің кавказ тобына жатады (ҚҰЭ). Қазіргі кезде *б у д у х т а р* түгелдей әзербайжан тілінде сөйлеп, өздерін сол халықтың өкіліне жатқызып жүр (ҚҰЭ).

БУДЫР= е т. **1.** *Бір нәрсені топтап жіппен т.б. қатты қысып байлату. Б у д ы р ғ а н* қоғаменен он шақты сал, Ағызып өтіп жатыр әрбір тұста (И.Байзақов, Құралай.). **2.** *Ішіне зат салынған қап, қалта, қоржын т.б. заттардың аузын жауып байлату, түйіндеу.* Солардың бәрін топырақпен толтырып, ауыздарын *б у д ы р а д ы* да, бөгеттің су соғар жақ түбіне қалаттырады (С.Әсіпов, Ауыл.). **3.** *Оратып, буып-түйгізу.* Бадана көзді киреуке, Шарайнасы бес қабат, Тоғыз қабат көк сауыт, Саған арнап соқтырып, *Б у д ы р ы п* кеттім кілемге, Оны үстіне кигейсің (Қыз Жібек).

Белін бекем будырды. *Тәуекел еткізді, берік шешімге келтірді.* Ақыры, жау әскерлері Москва түбіне тақаған кезде оны [Медетбекті] көптен қобалжытқан ой үстемдік алып, *б е л і н б е к е м б у д ы р д ы* (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал).

Тәуекелге бел будырды. *Тәуекел еткізді.* Қазір орнынан тұрмаса бұл сәттің қайта айналып келмесін де біледі; сол *т ә у е к е л г е б е л б у д ы р ғ а н д а й* болды... (М.Сүндетов, Ескексіз.).

БУДЫРА= е т. **1.** *Қобырау, шашылу. Б у д ы р а ғ а н* қалың қағазды үлкен кітап бір сағаттың ішінде тілім-тілім, жапырақжапырақ болып қолды-қолға шашылып кетті (М.Әуезов, Қилы заман). Әуелде күйлі болғанмен, жол жүріп азып, қаны қашқан өгіз артық құнды болмады. Аса арзан да емес, *б у д ы р а ғ а н* бір қойын ақша болды (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** *Дудырау.* Кебіннен шыққан, ырсиған, үңірейген, жидіген, *б у д ы р а ғ а н* қу басқа қарап Әбежан әнтек ойлап тұрып қалды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Шаштары *б у д ы р а п*, сақалдары дудырап, теңселе басқан масаңдар поезға қолдарын бұлғайды (Д.Әбілов, Арман.).

БУДЫРАТ= е т. *Будырату, қобырату.* Сәлім шашын *б у д ы р а т а* сілкіп тастап... көңілді пішінмен істерін істейді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Құлақшынын қисайта киіп, самайынан бір уыс шашын *б у д ы р а т ы п* қойғалы қашан (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

БУДЫРАТУ *Будырат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шашын *б у д ы р а т у.*

БУДЫРАУ *Будыра етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қағаздың *б у д ы р а у ы.*

БУДЫРУ *Будыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қаптың аузын *б у д ы р у.*

БУЕР [голл. boeier] з а т. *Мұз үстінде сырғанау үшін корпусының астына үш коньки орнатылған желкенді қайық. Б у е р* ертеде қыс кезінде аң, балық аулайтын кәсіпшілерде пайда болған (ҚСЭ).

Буер спорты. *Қыста мұз үстінде өткізілетін спорттың бір түрі. Б у е р с п о р т ы н ы ң* жарысын өткізу ауа райы жағдайына байланысты. Бұл үшін

судың мұзы берік қатып, қалыңдығы кем дегенде 15 см болуы қажет (ҚСЭ).

БУЗИНА з а т. б о т. ***Аюбадам.*** *Б у з и н а* – еліміздің оңтүстік-батыс, оңтүстік аудандарында, Кавказ бен Қырымда өсетін хош иісті, ақ гүлді, ірі бұта (С.Сұбханбердин, Дәрі–дауа.).

БУЙВОЛ з а т. з о о л. *Жүп тұяқты, қуыс мүйізді, дала өгізінің бір түрі. Б у й в о л д а р* Оңтүстік Азия мен Африканың тау және жазық дала ормандарында кездеседі (ҚҰЭ). Сондай-ақ ешкінің, қойдың, түйенің, биенің, *б у й в о л д ы ң* және басқа да малдардың сүтін де тамаққа пайдаланады (Н.Әжіғалиев, Мал. ауру.). Аусылмен көбінесе ірі қара мал, шошқа, қой, ешкі, *б у й в о л*, бұғы, марал және түйе ауырады (Ә.Әбішев, Мал санитары.). Үй айналасында жақпар тастардан қора соғылған. Онан беріректе оқшаулау – *б у й в о л д а р ғ а* арналған албар («Лен. жас»).

БУК о р. з а т. б о т. ***Шамшат*** *(жылтыр сұр қабықты қатты ірі ағаш).* Ал бұнда кептірілгеніне небәрі 1–2 жыл болған *б у к* ағаштары пайдаланылып жүр («Лен. жас»). Жеуге болатын сарғылт түсті жемісі бар *б у к* тұқымдас ағаш (С.Мәуленов, Үркер.).

БУК-ВЭЛЬЮ з а т. э к о н. *Корпорацияның бухгалтерлік есебіне сәйкес құндық бағасы.* Ол активтерден барлық үлестерді алып тастау жолымен есептеседі, қалған актив *б у к-в э л ь ю* болып табылады (Орыс.-қаз. эконом. сөздік).

БУКЕТ [франц. bouguet] з а т. ***Гүлшоқ.*** Жерді безеп жоңышқалар, Ақбас, жалбыз, ошаған. Әлде бізді қарсы ала ма, Гүлден *б у к е т* жасаған (С.Машақов, Жылдар.). Ол [Жамал] құр қол келгенше деп, неше түрлі әдемі гүлдерден құралған үлкен бір десте гүл *б у к е т* ала келген еді (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.). Балалар-ау, өскен шалқып жайқала, Гүлдеріңнен *б у к е т* алсам бола ма? Алмаларың атаулы-ақ қой нарттайын, Аттарыңды аялап көп жаттайын (М.Әбдірахманов, Өлеңд.).

БУКИНГ-НОТ з а т. т е р м. *Желілік қатынаста теңіз жүк тасымалына жасалатын шарттың бір түрі.* Әрлі-берлі қатынау шарттары негіз етіп алынатын кеме жалдау шартынан *б у к и н г-н о т т ы ң* айырмашылығы – оның негізіне линиялық коносамент шарттары алынған, *б у к и н г-н о т т а* әрбір нақты тасымал, теңіз тасымалының шарты сияқты, сонымен қатталады (Орыс-қаз. эконом. сөздік).

БУКИНИСТ [франц. bouguin – көне кітаптар] з а т. *Ұсталған ескі сирек кездесетін кітаптар сататын дүкен.* Тоуар *б у к и н и с т е р д е н* қап-қабымен сатып алынды. Әдемі мұқабалы кез келген шығарма іске жаратылды («Қазақст. мұғ.»).

БУКЛЕТ [ағыл. booklet] з а т. и н ф. *Параллель беттестіру арқылы бірнеше бетке қатталған, бір параққа басылған құжат.*

БУКСИР [голл. boegseren] з а т. *Өзі жүре алмайтын нәрселерді (кеме, мәшине, паром т.б.) тіркеп сүйрететін техника.* Түтінін будақтатып *б у к с и р* «Находка» айқайлап өтті (Ш.Мұртазаев, Интернат.). Ол қазір «Солтүстік Пальмира» атты шағындау *б у к с и р д і ң* шкипері («Қаз. әдеб.»).

Буксирге алынды. *Трактор не мәшинені артына тіркеп сүйрелді.* Бірнеше минуттан кейін Николай мінген машина *б у к с и р г е а л ы н ы п* оп-оңай-ақ саздан шығарылды (Дала қыран.).

БУКСИРЛЕ= е т. *Буксирге алу.* Жүрмей тұрғанын трактормен *б у к с и р л е у* керек (Ауызекі).

БУКСИРЛЕУ *Буксирле етістігінің қимыл атауы.* Ол үшін кемені *б у к с и р л е у* керек (ҚСЭ).

Буксирлеу кемесі. *Өзі жүрмейтін кемелерді, сал мен басқа да жүзбе құрылыстарды тіркеп сүйреуге арналған кеме. Б у к с и р л е у к е м е с і* кемелерді тіркеп сүйреу, кемелердің портқа келіп тоқтауына көмектесу, кемелерді итеріп жүргізу және апатқа ұшыраған кемелерге жәрдемдесу қызметін атқарады (ҚСЭ).

БУ-КҮШ: бу-күш қондырғысы. т е х. *Бұқазан (бугенераторы) мен буқозғалтқышынан тұратын энергетикалық қондырғы. Б у-к ү ш қ о н д ы р ғ ы с ы* кейбір қуаты аз шағын электр стансаларында, кішігірім кәсіпорындарда, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында, шымтезек өндірісінде, жылыту желілерінде қолданылады (ҚСЭ).

БУҚАЗАН з а т. т е х. *Отынды (табиғи газ, мазут, көмір т.б.) жағу кезінде бөлінетін жылу арқылы атмосфералық қысымнан жоғары қысымды бу алу үшін қолданылатын жылу алмастырғыш құрылғы.* Барлық *б у қ а з а н д а р ы н д а* жұмыстық дене ретінде негізінен су қолданылады (ҚҰЭ). *Б у қ а з а н* әуелде мыстан жасалса, кейінірек шойыннан жасалды. Бір ғана *б у қ а з а н* 70 мың сомға түседі екен (Б.Әбдіразақов, Серпіліс).

БУҚҰБЫР з а т. т е х. *Өндірілген буды пайдалану орындарына жеткізетін құбыр. Б у қ ұ б ы р* құбырлардан, жалғастыру элементтерінен, бу жүрісін реттейтін тетіктерден тұрады (Қаз. тілі термин. Су.). Құбыр тізбегіне *б у қ ұ б ы р д ы ң* жылудан ұлғаюын және оларға түсетін жоғары кернеуді реттейтін компенсаторлар орнатылады (ҚСЭ).

БУҚОЗҒАЛТҚЫШ з а т. т е х. *Бугенераторлардағы будың қозғалысын қамтамасыз ететін құрылғы.*

БУҚЫЗДЫРҒЫ з а т. т е х. *Буды қанығу температурасынан жоғарырақ қыздыру үшін пайдаланылатын жылу алмастырғыш аппарат.* Әдетте қазан қондырғылары *б у қ ы з д ы р ғ ы м е н* жабдықталады (Қаз. тілі термин. Су.). *Б у қ ы з д ы р ғ ы* коллекторларға жалғанған қатар-қатар параллель түтіктерден тұрады (ҚСЭ).

БУЛА= е т. **1.** *Бір нәрсені буға ұстау.* Кешкі тамақ – жармадан *б у л а п* пісірілген пудинг немесе суға пісірілген вермишель және ірімшік (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). Сабанды, қатты пішенді малға *б у л а п,* жұмсартып беру керек (Ш.Қалықов, Қой. ауру.). Мұндай жағдайда ішінде бадам гүлдері бар дорбаны ыстық суға малшылап, денені *б у л а й д ы* (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). **2.** *Жалату, жағу.* Күмісті *б у л а ғ а н д а й* сары алтынмен, Күлді күн әшекейлер нұрға батып (Қ.Жұмалиев, Қыр. күрес). **3.** а у ы с. *Балқыту, елжірету, маужырату.* Көптен таныстай осы бір ыстық леп *б у л а п* өзіне тартады (К.Тоқаев, Тасқын). Жасарып жайнап тұрмын ширап-құнап, Жанымды қуаныштың лебі *б у л а п.* Құшақтап мауқымды бір басайыншы, Жүрегім шыдамай тұр оттай тулап (Қ.Айнабекұлы, Өлеңд.).

Көздің жасын [көзін, жасымен] булады. *Жылады, көз жасын ағызды.* Жақтаушы табылмаған соң *к ө з д і ң ж а с ы н б у л а м а д ы м* (Т.Аңдабаев, Спорт). Аспанда сеңдер жүреді, Аспан да *к ө з і н б у л а й д ы.* Терезең сенің күледі, Терезең сенің жылайды (Ә.Абайділданов, Алыс.). Ажымды бетін жартастың *б у л а д ы* бұлт *ж а с ы м е н* (С.Бегалин, Таңд. шығ.).

БУЛАҒЫШ з а т. т е х. *Белгілі бір нәрсені булау үшін арнайы жасалған аппарат.* Сабанды арнаулы азық *б у л а ғ ы ш т а р м е н* де, ол жоқ болса қолдан жасалған жәшік астауға салып булауға болады (Қ.Құсайынов, Сабан.). Бұл үшін сыйымдылығы 0,5 текше метр ЗКП-10 маркалы екі қазанды азық *б у л а ғ ы ш* пайдаланылады (Құс өсіруші.).

БУЛАН= е т. **1.** *Будың тұман, газ тәрізді күйге айналуы.* Жауын-шашын аз болатындығына қарамай су нашар *б у л а н а д ы,* сондықтан батпақтар пайда болады (Жалпы биология). **2.** *Ылғалдану, сулану, терлеу.* Маңдайы тершіп, көзілдірігі *б у л а н ы п,* бет алды бұлдырай береді (М.Хасенов, Алғашқы ән). Еліңіз, ата, жиналды, Ерлеріңіз қиналды. Аттар мұнша *б у л а н д ы,* Ауыл қорқып шулады, Құлын-тайлар тулады, Үніңізге иланды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

БУЛАНҒЫШ с ы н. *Булануға бейім, жақсы буланатын.* Қарағай тез *б у л а н ғ ы ш* ерекше зат шығарады, олар ауаға таралып, зиянды бактерияларды әлсіретіп қырып жібереді (Б.Муханов,.. Қазақст. өсімдік.). Эфир майының кәдімгі өсімдік майынан айырмасы – өте тез *б у л а н ғ ы ш,* спирттің және сірке қышқылының ішінде тез ерігіш, хош иісті келеді (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

БУЛАНҒЫШТЫҚ з а т. **1.** *Буланғыш болушылық, булану қасиетінің молдығы, булануға икемділік.* **2.** ф и з. *Жердің бетінен және су айдынынан белгілі бір ауа райы жағдайында судың барынша булану мөлшерін сипаттайтын шартты өлшем. Б у л а н ғ ы ш т ы қ* миллиметрмен өлшенеді (ҚҰЭ.). *Б у л а н ғ ы ш т ы қ* өлшемі және оның жанама сипаттамалары жер бетіндегі ылғалдылық мөлшерін анықтайтын көрсеткіштердің бәріне кіреді (ҚҰЭ).

БУЛАНДЫР= е т. **1.** *Буға айналдыру.* Тыныстың саңылаулары арқылы жапырақ дем алады, суды *б у л а н д ы р а д ы* және ауаға оттегін бөліп шығарады (А.Ажкеев, Қант қызылша.). Осы спирт сығындысын колбадан табақшаға ауыстырып, қыздырылған суы бар плиткаға қойып *б у л а н д ы р а д ы* (М.Қарсыбеков, Микроэлемент.). **2.** *Ылғалдандыру, дымқылдау.* Ыстық су жүннің талшықтарын *б у л а н д ы р ы п* жібітеді де, оның өзара кірігіп, тез киізденуіне жағдай жасайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Буландыра салқындату. г е о л. *Жерасты кен қазбалары жағдайында конденсация жылуын қабылдаған суды салқындату.*

БУЛАНДЫРҒЫШ з а т. **1.** *Сұйықты буландыратын, булануға әсер ететін нәрсе.* **2.** *Сұйықты буландыру үшін арнайы жасалған аппарат; булағыш. Б у л а н д ы р ғ ы ш –* ылғалдың буланун өлшейтін прибор (ҚСЭ).

БУЛАНДЫРУ *Буландыр етістігінің қимыл атауы; буға айналдыру.* Үйде өсірілетін өсімдіктер топырақтағы суды *б у л а н д ы р у* арқылы ауаның ылғалдығын әрдайым арттырып отырады (С.Тұрдиев, Үй өсімдік.). Дүние жүзілік мұхиттардан 519 мың куб. км су *б у л а н д ы р у ғ а* жұмсалады (Жалпы биология). Мысалы, өсімдіктер өте қызып кеткенде жапырақ саңлауларынан суды *б у л а н д ы р у* арқылы температураны төмендетеді (Жалпы биология).

БУЛАНЖЕРИТ з а т. х и м. *Күрделі сульфидтерге жататын минерал, фалькманит, ненерит. Б у л а н ж е р и т* француз тау инженері Буланженің құрметіне аталған (ҚҰЭ). *Б у л а н ж е р и т т і ң* құрамына қоспа түрінде мыс, темір, цинк енеді (ҚҰЭ).

БУЛАНУ *Булан етістігінің қимыл атауы; Буға айналу.* Азоттың *б у л а н у* температурасы оттегімен салыстырғанда төменірек,

сондықтан сұйық ауаны буландырсақ алдымен тек азот қана буланып ұшады (Н.Нұрахметов, Дарқан хим.). Су өсімдікке топырақтан минералды тұздардың ерітінділерін сорған кезде, органикалық заттар түзгенде, *б у л а н у* кезінде қажет (Ботаника). Сұйықтан ұшып шыққан молекулалардың жиыны осы сұйықтың буы деп аталады, ал заттың сұйық күйден газ тәрізді күйге айналу процесінің өзі *б у л а н у* деп аталады (Физика курсы). Шай табаққа құйылған су одан көбірек сақталады, бірақ ол да ерте ме, кеш пе бәрібір ұшып кетеді. Бұл құбылыс *б у л а н у* деп аталады (Х.Әбдіғапаров, Қызықты физ.).

БУЛАТ= е т. **1.** *Буға ұстату.* **2.** *Жалату, малдыру.* Айбалтасын алтынмен *б у л а т қ а н*, Алафасын арттырып, Арпалап атты қунатқан (Алдаспан).

БУЛАУ *Була етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Буға ұстау.* Сабан *б у л а у* Қазақстанның көптеген шаруашылықтарында қолданылады (Қ.Құсайынов, Сабан.). **2.** *Жалату, жағу.* Ірі азықтарды алдын ала әзірлеудің толып жатқан тәсілдері бар: оларды *б у л а у,* өздігінен қыздыру, аммиак суымен өңдеу т.б. (Мал бордақылау.).

БУЛАУШЫ з а т. *Булау ісімен шұғылданушы, балқытушы, булау әрекетін жасаушы.*

БУЛАУЫШ з а т. с ө й л. ***Булағыш.*** Азыққа толтырылған кеспектің қақпағы жақсылап жабылады да, сосын азық *б у л а у ы ш т а н* немесе басқа бір орыннан 0,2–0,5 *кг/см*^{3} қысымда бу жіберіледі (Мал азығын. өңдеу.).

БУЛЫ с ы н. *Буы бар, буы көп.* Саша қоржыннан түйіншекті алып ашты. *Б у л ы* тапқа пісірген жас тауықтың тұтас еті екен (С.Бақбергенов, Қарға там.). Кенеттен күн нашарлап тұманданды, *Б у л ы* бұлт көк төсінде қоюланды (А.Тоқмағанбетов, Таңд. шығ.). Әрбір жеті сайын жаттығудан соң *б у л ы* моншаға түсіп отыруы керек («Спорт»).

БУЛЫҒА-ТҮЙІЛЕ ү с т. *Булығып, будақталып. Б у л ы ғ а-т ү й і л е* түтін атқан трубалар (Қ.Мұқамеджанов, Өзіме де.).

БУЛЫҒУ *Булық етістігінің қимыл атауы.* **1.** м е д. *Тыныс жолдарының ауруы салдарынан тынысы тарылу, тұншығу.* Науқас С. 34 жаста, ол *б у л ы ғ у* ұстамасынан 28 жасынан бері азап шегіп келеді (Б.Айтқожина, Бронх демікпе.). **2.** а у ы с. *Ашу-ыза буу, қатты ашулану.* «Мейлі, сондай бір қыз табылар», – дейді селсоқ. Алайда бұл *б у л ы ғ у* ұзаққа бармады (М.Хасенов, Алғашқы ән). *Б у л ы ғ у д а* бұрқанып, Афганистан, Индия. Күнді бүркеп, бұлт жауып, Салып жатыр түн ұя (С.Мәуленов, Магниттау.). **3.** *Қыстығу, күлкі қысу.* Есіктің сыртында тұрып жеңгелері *б у л ы ғ ы п,* ауыздарын алақандарымен басып күлді (Ш.Мұртазаев, 41-ші жыл.).

БУЛЫҒЫҢҚЫРА= е т. *Сәл-пәл булығу, булыға түсу* – Олай болса, сізбен директордың алдында сөйлесейік, – деді ол, үні *б у л ы ғ ы ң қ ы р а п* шығып (М.Иманжанов, Менің махабб.).

БУЛЫҒЫҢҚЫРАУ *Булығыңқыра етістігінің қимыл атауы.* ≈ Аздап *б у л ы ғ ы ң қ ы р а у.*

БУЛЫҒЫП-ҚЫСТЫҚ= е т. *Ызаға булығу; демала алмай қиналу.* Бүгін өзгеше, ұзақ уақыт өксіп жылап шер ішіне шемен болып қатқандай *б у л ы ғ ы п -қ ы с т ы ғ ы п* тұрды да бірақ атылды (Ж.Мырзақанұлы, Таңқурай).

БУЛЫҚ[1] з а т. **1.** *Самаурынның, шәугімнің, шәйнектің бу шығатын тесігі.* Шай әзірлеген әйелінің дастарқанын жайысқан болды, самаурынның *б у л ы ғ ы н* ашып қойды, шыныаяқтарды поднос үстіне жая бастады (Х.Есенжанов, Тар кезең). Айдар бұрқ-бұрқ етіп тасыған ақ самаурынның *б у л ы ғ ы н* ашты (С.Алдабергенов, Әңгім.). **2.** *Ауа тазарып тұруы үшін үй, қора төбесінен әдейі қалдырылған ашық жер, саңылау, бу шығарғыш.* Жабық қорада малдың қиы кезінде тазартылып отырылмаса, сондай-ақ, *б у л ы қ т а р* нашар болса, малдың қиынан, демінен шығатын әртүрлі газдар ауадағыдан анағұрлым көп болады да, ауа бұзылады (С.Омаров, Қой. бағу.).

БУЛЫҚ[2] з а т. ж е р г. **1.** *Көрпенің жиегі.* Көрпеге *б у л ы қ* салу ғана қалды (Ауызекі). **2.** *Көйлек етегіне, шалбар балағын қайырарда салынатын жиек.* Бұ күнде көйлекке *б у л ы қ* салмай қайыра саламыз (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БУЛЫҚ= е т. **1.** *Ұйықтап жатқан адамның жайсыз жағдайдан тынысы тарылуы, тұншығуы.* – Тұр, Әлібек, таң саз беріп келеді. *Б у л ы ғ ы п* жатырсың ғой өзің. Тұр, балыққа барамыз, – деді Әділбек ағасын жұлқылай оятып (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Қатты *б у л ы ғ ы п* оянып кеттім. Жан терім шығып езіліп қалыппын (Н.Серәлиев, Ақ қайың). Еңсесі салыңқы үйде шаршап ұйықтағаннан ба, *б у л ы ғ ы п,* денесі дел-сал болып шығып еді (А.Нұрманов, Аққу.). **2.** *Бір нәрсенің (жөтелдің, күлкінің т.б.) әсерінен қыстығу, сөйлей алмай қалу.* Әуелі тық-тық жөтеліп, аздан соң жөтелі жиілеп, *б у л ы ғ ы п* қалды (Д.Әбілев, Арман). Ол дүкен бұрышын айнала беріп, *б у л ы ғ а* жөтелді (Қ.Жармағанбетов, Әнші.). Күлкі қысып, *б у л ы ғ ы п* тұрған Раушан әрі шыдай алмады білем, сылқылдай күліп жіберді (З.Шашкин, Сенім). **3.** а у ы с. *Ашу-ыза буып, жарыла жаздау; қатты ашулану.* Ашу қысып *б у л ы қ-*

қ а н н а н Әзбергенді боқтап жіберіп, қынынан сапыдай ұзын пышағын суырып алған (М.Әуезов, Қараш.). Жетесіз туған, ант ұрып кеткір, зәнталақ! – *Б у л ы ғ ы п* түрды, баланың көзі қанталап. Қоқилана келіп, басына қамшы үйірді, Ақсақалдар да, көксақалдар да анталап (М.Мақатаев, Шығ.). Оның тым құрыса тілдеп сөккісі кеп еді. Аузына сөз түспей, қып-қызыл боп *б у л ы ғ ы п,* ызалы жас көзіне кеп қалды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **4.** *Маса, қара шыбын, бүгелек сияқтылар тыныштығын кетіріп, байыз таптырмау.* Торы ат бүгелектен *б у л ы ғ ы п,* жанына барған сыпайы киімді Құрымбайға басын үйкеп еді, Қайролда безілдеп қоя берді (Б.Майлин, Шығ.). **5.** *Бір нәрсенің сыртқа шыға алмай тұнып қалуы; бөгу.* Қазанаспадан шыққан қою бу бөлме ішінде *б у л ы ғ ы п,* тұнып тұр (С.Жүнісов, Жапанда.). Есігі шалқасынан ашық жатса да, іштегі түтін *б у л ы ғ ы п,* сыртқа тарап кете алмаған (Ғ.Сланов, Асау арна). Егер ертерек ашып тастасаң, жүзім түбірлерінің үсіп кетуі әбден ықтимал, ал тіпті кеш ашсаң, топырақ астында *б у л ы ғ ы п* жатып, бүршіктері шіріп кетеді (Ғ.Сланов, Жүзім.). **6.** а у ы с. *Жарық дүниеге, кеңістікке шыға алмау, қапаста болу, еркіндік ала алмау. Б у л ы ғ ы п* ішімде Қайнайды күшкегім. Өңім де, түсім де – «Не істедің?! Не істедің?!» Военком есігін Аттадым мен бүгін... (С.Жиенбаев, Алтын қалам). *Б у л ы қ қ а н,* тұншыққан ел, міне, кеңге шықты – қапастан жарық дүниеге шықты (Х.Есенжанов, Тар кезең). Сан замана көп кеудеде *б у л ы ғ ы п* келген намыс нажағайы күркірей шатырлап, керемет бір қызыл жалын бұрқ етті (Д.Әбілев, Арман.).

Ашуға [ашудан] булықты. *Қатты ашуланды, ызаланды.* Қасымда да ешкім жоқ. Жалғызбын. Өз *а ш у ы м а* өзім *б у л ы ғ ы п,* құсаланып отырмын (Б.Момышұлы). – Ысқақ айтқандай, өзің барынша қорқақ екенсің ғой, – деді Күлсия *а ш у ғ а б у л ы ғ ы п* (С.Баязитов, Күтп. кездесу). *А ш у д а н б у л ы қ қ а н* Сұлтанның аузына сөз түспей, алқымына тығылған ыза әбден буындырып, тынысын да тарылтып жіберді (К.Оразалин, Ақ жазық).

Жасқа [көз жасына] булықты. *Көзіне жас толып, сыртқа білдіріп, дауыстап жылай алмады. – Ж а с қ а б у л ы ғ ы п* ар жағын айта алмаған Мырзағазы дірілдеген қолдарымен бетін әрең сипады да, өксіп кетті (С.Мұқанов, Есею жыл.). Алақаныма салып аялағаннан басқа...– деп Әлиза *ж а с қ а б у л ы ғ ы п* тоқтап қалды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Жамал *к ө з ж а с ы н а б у л ы ғ ы п,* көлігінің соңынан ерді (Б.Майлин, Шығ.). Үй іші тым-тырыс. Ғани ернін тістеді, Күлбаршын *к ө з ж а с ы н а б у л ы қ т ы* (Ж.Арыстанов, Таң жұлдызы).

Ызаға [ызадан] булықты. *Ызадан жарылып кете жаздады, ашу кернеді. Ы з а ғ а б у л ы қ қ а н* Шолпан көшенің арғы бетіне келіп тоқтаған троллейбусқа қарай жүгіре жөнелді (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). Баршын жұбатқан болып иығына қолын салғанда, *ы з а ғ а б у л ы қ қ а н* келіншек жер тепкілеп, қарғанып қоя берді (Ә.Сараев, Тоскауыл). Шат жүріп-ақ, қас қақ-қанша боламын мен шерменде, Жетім емес кей ананың жетімдігін көргенде, Көз алдымда жас дөңгелеп *б у л ы ғ а м* да *ы з а д а н,* Маған тіпті сөз келмейтін ұяттардан қызарам (Т.Айбергенов, Мен саған.).

БУЛЫҚПА с ы н. *Булыққан.* Көп ұзамай *б у л ы қ п а* дыбыс естілді (Ауызекі).

БУЛЫҚТЫ с ы н. *Булыққан, булықпа.* – Кет ары! Аймаш бүйтіп ауыртып ойнамайтын, – деген *б у л ы қ т ы* сөзден кейін шорт үзілді (О.Бөкеев, Үркер.).

БУЛЫҚТЫР= е т. **1.** *Тынысын тарылту, тұншықтыру.* Ертеде адамдар аң мен құсты таспен ұрып, сойылмен соғып, інге паналағандарын сумен тұншықтырып, түтінмен *б у л ы қ т ы р ы п* аулаған болса, бертін келе үйретілетін иттерді қосты, атпен қуды, құс салды (Ж.Бабалықұлы, Қырандар). Өкініш аралас ыза Нұрланды *б у л ы қ т ы р ы п,* денесін қалш-қалш еткізді (З.Шашкин, Сенім). Қошқыл қою түтін әлі де *б у л ы қ т ы р ы п* тұр (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **2.** *Маса, шыбын, бүгелек сияқтылардың мазаны алуы, байыз таптырмауы.* Алтынсарыны да, оның астына мінген биесін де, алдағы жылқыларын да қалың сары маса *б у л ы қ т ы р ы п,* тиышын кетірді (С.Мұқанов, Аспаз). **3.** а у ы с. *Ашуына тию, ызасын келтіру.* Көптеп бері *б у л ы қ т ы р ғ а н* көп сөздерді көмейіне сақтап келген Мадихан біраз жайдың бетін ашып салды (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.).

БУЛЫҚТЫРУ *Булықтыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ашуға *б у л ы қ т ы р у.*

БУЛЬБА о р. з а т. б о т. *Түйнектері дәмді, ерте пісетін картоп сорты. Б у л ь б а н ы* Бүкілодақтық астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты шығарған (Б.Шағыров, Картоп).

БУЛЬВАР [франц. boulevard] з а т. *Көше бойларына, өзен, теңіз жағаларына арнайы жасалған кең және ұзын аллея.* Біз өзіміз кеше болған *б у л ь в а р д ы ң* ішіндегі егіз қайыңның түбіндегі орындыққа келіп отырдық (И.Жақанов, Қайта орал.). Тойға қалай келгенімізді, кімдерді көргенімізді айтып 10–15 минут дем алуға Шевченко *б у л ь в а р ы н а* шықтық

(Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Қалалар мен поселкелердің көшелеріне, *б у л ь в а р л а р ы н а* әдемі ағаштар мен бұталар отырғызылады (Б.Муханов,.. Қазақст. өсімдік.).

БУЛЬДОГ [ағыл. bulldog] з а т. з о о л. *Кеудесі кең, аяғы жуан, ерекше тұқымды доғал тұмсық ит.* Ол [аламан] өте қатты тістейді, жауына бір қадалса, кейде *б у л ь д о г* сияқты көпке дейін тісін жазбайды (Ә.Бірмағамбетов,.. Қазақст. геогр.).

БУЛЬДОЗЕР [ағыл. bulldozer] з а т. т е х. *Жер қыртысын тегістейтін қалың пышақты, ысырғыш қалқан орнатқан мәшине.* Бұған мысал ретінде Қазақ ССР Ғылым академиясының Тау-кені істері институтының қызметкерлері *б у л ь д о з е р м е н* аршу жұмыстарын атқару кезінде шаң шықпас үшін көбік түзгіш заттарды пайдаланатын шаң басқыш гидроқондырғы жасап шығарады (Т.Қалыбеков, Экология.). Сонымен қатар топырақ алынатын жердің үстіндегі қыртысы *б у л ь д о з е р м е н* қырып тасталады (М.Сабыров, Бөгет салу.). Алдымен село төңірегіндегі шилеуіттер мен төбешіктер *б у л ь д о з е р м е н* қопарылып, жаңа көшенің жобасы жасалынды («Лен. жас»).

БУЛЬДОЗЕРШІ з а т. *Бульдозер мәшинесін айдайтын адам; маман.* Біршама уақыттан кейін *б у л ь д о з е р ш і* жанып жатқан маяны тақырға сырып тастады (Ғ.Ақмамбетов,.. Дүниеге көзқ.). Оның қолы алтын адам, бірнеше мамандықты қатар меңгерген: ол – экскаваторшы, краншы, *б у л ь д о з е р ш і*, бұрғылау станогінің де шебері («Лен. жас»).

БУМ [ағыл. boom] з а т. э к о н. *Өндірістің дамуы барысында өнім өндірудің, бағаның және басқа да бірқатар экономикалық көрсеткіштердің шапшаң өсуі. Б у м* – тауар бағасының және бағалы қағаздар курсының артуына тән болатын өнеркәсіп пен сауданың қысқа мерзімді өсуі (К.Оразалин,.. Орыс-қаз. эконом. сөздік).

БУМА з а т. *Буылған зат, нәрсе.* Жігіт *б у м а л а р д ы,* чемодандарды киргізіп, вагонның ең үстіңгі сөресіне орналастыра бастады (Ж.Жұмаханов, Жазылм. кітап). Төлеу бір-екі теңді үйге киргізіп қойды. Бұл *б у м а л а р* да өңсіз нәрселер емес (С.Бегалин, Уақыт.). – Мына тыңқиған *б у м а* ма? Шешіңіз! (С.Төлешев, Түрлі. бас.).

Бір бума. *Бір топ етіп буылған зат.* Бірақ бос қайтпапты. *Б і р б у м а* одеял көтеріп келіпті (А.Лекеров, Қырдағы ән). Қашқан жаудың осы маңнан табылған көп қоймаларының бірінен Сережа бір жолы әртүрлі бояу, *б і р б у м а* кенеп құшақтап әкеліп еді (Ғ.Мүсірепов, Шығ.жин.).

БУМА-БУМА с ы н. *Топ-топ етіп буылған.* Самұрат бойына ашу дарытпай, сақылдап күлген бойы самолеттің үстінде тұрып, ұзын қараға *б у м а-б у м а* хаттар мен газет-журналдарды жаудыра бастады (Т.Ахтанов, Махаббат.). Сөйтті де ол *б у м а-б у м а* қағаздар мен ұсақ жәшіктерге көзін бір жүгіртіп, божысын қақты (К.Оразалин, Көктем.). Шағын пәтердегі бар қымбат асыл мүлік те Алматыдан, Москвадан, Ленинградтан заказбен алдырған *б у м а-б у м а* кітаптар (О.Сәрсенбаев, Сағым).

БУМАЖНЕК [ор. бумажник] з а т. с ө й л. ***Әмиян*** *(ақша, тиын т.б. уақ зат салуға арналған қалта).* Құсайын түймесін ағытып, төс қалтасынан *б у м а ж н е г і н* алып батырға ұсынды (І.Жансүгіров, Шығ. жин.). Ол шкафтың тартпасын ашып, кішкентай *б у м а ж н е г і н і ң* ішін ақтара бастады (І.Есенберлин, Қатерлі.).

БУМАЗИ ор. з а т. *Бір жағы тұкті, екінші жағы тегіс келген қалың әрі жұмсақ мата; помази.* Іргеге тақай керуеттер қойып, олардың үстіне қарапайым *б у м а з и* жапқыштар жабылып, ақпен тысталған құс жастықтар қойылыпты (М.Қаратаев, Далада.). Мол тігілген гүлді *б у м а з и* халатының мыжылған етегін жалаңаш тізесіне қымтай тартты (К.Тоқаев, Тасқын).

БУМАЛА= е т. *Бума-бума етіп топтау, топ-топ етіп буу.* Әзірленген шидің қабығын аршып, көлеңкеге *б у м а л а п* кептіреді де оны өрнектеп орауға кіріседі (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БУМАЛАУ *Бумала етістігінің қимыл атауы.* ≈ Кітаптарды *б у м а л а у.*

БУМАЛЫ с ы н. *Буылған, буып қойған.* Терісін ақ бөкеннің бөстек қылған, Ақ киіз оюлатып сырмақ салған, Арқаларын *б у м а л ы* жүкке сүйеп, Отырды екі мейман соған барып (И.Байзақов, Өлеңд.). Аласа үйдің төрт бұрышы көз тартатын үй мүлкі мен *б у м а л ы* жүктер (Ж.Біләлұлы, Арман).

БУМЕРАНГ [ағыл. boomerang] з а т. *Ерте кезде үндістер қолданған қарапайым соғыс және аңшылық құралы. Б у м е р а н г* имек пластина түрінде, астыңғы беті тегіс, үстіңгі беті дөңес болып келеді (ҚСЭ). *Б у м е р а н г* – лақтырып ататын ағаш күрзінің бір түрі (ҚСЭ).

БУНА= е т. **1.** *Қатты буылған, байланған жерді қысу, қиып кету.* ...Арқан әбден *б у н а п* аяғы ісіп кетіпті. Шалбар да пәре-пәре (Н.Баяндин, Құм асты.). Оның үшін, кіндікті іштен 2–3 см етіп суыртпақ жіппен *б у н а п* байлайды (С.Омаров, Қой бағу.). Ол сақиналар біріне-бірі жалғаса шынжыр боп өріліп, өн

бойымды *б у н а п,* қысып, қылғындырып бара жатқандай көрінді (Ә.Нұршайықов, Алтын.). **2.** *Таяқты, тағы басқа нәрсені сақина тәрізді етіп керту, кесу.* Тобылғы таяғын бірнеше жерден *б у н а п,* әрлеп қойыпты (Ауызекі). **3.** с ө й л. ***Бу*[2].** Мен білсем, осы көрінің жыны *б у н а п* келеді (М.Әуезов, Абай жолы). Жеті жылдай қайғы *б у н а п* қысқанда, Күле қарап ажалға ырық бермеді. Отырды олар электрлі столға, Дір етпеді біткенінше демдері (А.Шамкенов, Сағат). **4.** а у ы с. *Мазалау, қинау.* Бұл қазір әр күннің сұрауларына айналып, *б у н а п* жүрген ойлары (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Артта, алыста қалған кемпір-шал мен ауру ағасының жәйі қанша *б у н а п* келсе де, Отан қорғау сияқты ұлы іске аттанады (Ол күндер.).

БУНАҚ[1] з а т. **1.** *Бір нәрсенің буын-буын болып оймышталып кесілген, кертілген жері.* Қолындағы таяғының *б у н а қ т а р ы* апайқын көрініп тұр («Лен. жас»). **2.** *Бір нәрсенің сақина тәрізді боп шорлана біткен жері.* Әлжан келе сиырдың желінін, төрт емшегін айналдырды. Одан құйрығын өлшеді. Мүйізіндегі *б у н а қ т а р ы н* санады (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Таспа құрттардың денесі бірнеше *б у н а қ т а н* құралып, ұзындығы метрден аса болады (Шопан серігі). Аяқсыз жүруге байланысты эволюция процесінде, өздерінің кесіртке тәріздес тегімен салыстырғанда, жыландардың омыртқалары, қабырғалары мен мускулатура *б у н а қ т а р ы* бірнеше есе көбейген (Жалпы биология). **3.** қ о л ө н е р. *Бунақталған ұзынша желі тәріздес ою түрі.* Ол ақ пен қарадан, қызыл мен жасылдан, көк пен сарыдан бунақталып келетін ұзынша желі, соған қарай «қызылқұрт», «алақұрт», «*б у н а қ*», «буынөрнек» деп те аталады (Х.Шобай, Қаз. ұранқай. қолөнері).

БУНАҚ[2] з а т. **1.** ә д е б. *Өлең тармақтарының (жолының) ырғақтың құрылысы жағынан тұтасып тұрған жекеленген бір бөлшегін құрайтын буындар тобы, өлең сөз ағымының бірлігі.* Бір тармақтың басында үш буынды *б у н а қ* келсе, басқа тармақтарда да солай келу тиіс (А.Байтұрсынов, Шығ.). *Б у н а қ* дегеніміз – өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.). Үш буынды, қос буынды *б у н а қ т а р д ы ң* ауыс-түйіс келуі арқасында жасалған ырғақ тілді тұтқырландырмайды (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). **2.** м у з. *Күйдің ырғақты құрылымдық бөлігі.* Өзбек биін, сан *б у н а қ* қазақ күйін, Көріп, тыңдап жер-әлем мойын бұрды (Р.Нұрпейісов, Жайтолқын).

БУНАҚ-БУНАҚ с ы н. **1.** *Бірнеше бунақ.* Сиыр *б у н а қ-б у н а қ* ай мүйізін шайқап, арбаның арысын сатыр-күтір сүзіп қояды (Р.Әутәліпов, Қыр әңгім.). Бактериялардың көбі шар, таяқша тәрізді, кейбіреулері *б у н а қ-б у н а қ* болады (Н.Шоқанов,.. Сапалы сүрлем.). Марал шілік арасынан атып шықты да, ордаңдай жортып ашыққа шығып тоқтады. *Б у н а қ-б у н а қ* сарғыш мүйізі күнге шағылысып, алтын қанжардай жарқырайды екен (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). **2.** ә д е б. *Сөз ағымының ырғақтық топтары.* Сондықтан сөз табиғи негізінде қамыс сияқты *б у н а қ-б у н а қ* буыны бар нәрсе болып шығады және де сөздің буындары бір қалыпқа құйып шығарған кірпіш сияқты бірдей деп білуіміз керек (А.Байтұрсынов, Шығ.).

БУНАҚДЕНЕ з а т. с ө й л. *Бунақденелі жәндік.* Бүрікпе 1м қашықтықтағы *б у н а қ-д е н е н і* дәл көздеп, сумен атып түсіреді (Қ.Қайымов, Су асты.).

БУНАҚДЕНЕЛІ с ы н. з о о л. *Дене-тұрқы бірнеше бунақтан тұратын.* Беймұрат – Курск маңындағы далада және Оңтүстік Орал жартастарында өте көп кездесетін *б у н а қ д е н е л і* жәндік (Қ.Қайымов, Су асты.). Барлық *б у н а қ д е н е л і* жануарлар – құмырсқа шыбын, ара, сона – сол құрттардан өзгеріп тараған (А.Машанов, Жер асты.). Ұшып жүрген немесе қимылдаған *б у н а қ д е н е л і* жәндікті байқаса болды дереу оңтайлы жер іздестіріп, тұмсығын судан шығарады да қозғалған нәрсеге қарай су бүркіп, атқылайды (Қ.Қайымов, Су асты.).

БУНАҚДЕНЕЛІЛЕР з а т. з о о л. *Денесі бас, көкірек, құрсақ бөліктерінен тұратын, буынаяқтылар типіне жататын жәндіктер.* Негізгі қорегі – тірі *б у н а қ д е н е л і л е р,* дегенмен құрғақ жем беруге болады (Қ.Қайымов, Су асты.). Олар су үстінен ұшқан *б у н а қ д е н е л і л е р г е* су бүркіп, атқылап аулайды (Қ.Қайымов, Су асты.). *Б у н а қ д е н е л і л е р* қосмекенділер және көптеген басқа ағзалар сулы, жер беті – ауалы және топырақ ортасында тіршілік етеді (Биология).

БУНАҚСЫЗ с ы н. *Бунағы жоқ, біркелкі.* Қылдың жұмыр, қырлы және *б у н а қ с ы з,* біркелкі болуы шарт (К.Дүйсенов, Жылқы тұқымы.).

БУНАҚТА= е т. **1.** *Бір нәрсені сақина тәрізді етіп бунау.* Қолымда бір қамшым бар *б у н а қ т а ғ а н,* Бәйгіден екі ат келед ойнақтаған. Жүрмісің есен-аман, беу қарағым, Көзіңнен айналайын жайнақтаған (Қаз. әндері). Саз құмыралар мен тастан, ағаштан, сүйектен жасалған мүліктерді ернеулеп, қырлап, *б у н а қ т а п,* қаз мойындап әдемілеу қажет болды («Қаз. әдеб.»). **2.** *Жинақтау, буу, байлау.* Саялау үшін салқындап Қызғалдақ жұлып қырмызы, Бұталардан *б у н а қ т а п,* Гүлден күрке тұрғызды (Ө.Тұрманжанов, Сұңқар). **3.** а у ы с.

Жік-жікке, буын-буынға бөліп, топтау. Адамның құлқын, санасын тарам-тарам қылсақ, тізбектеп *б у н а қ т а с а қ,* соның ең алдыңғы бунағында саясат болады да, ең артқы жағында ән, күй, көркем әдебиет болады (С.Сейфуллин, Шығ. жин.).

БУНАҚТАЛ= е т. **1.** *Бір нәрсенің сақина тәрізді болып буналуы, шорлануы.* Оның [қыр шаянының] ұзынша келген құрсағының артқы ұшы *б у н а қ т а л ы п* бітеді, онда улы безі болады (Б.Муханов,.. Қазақст. өсімдік.). Құрсағының өн бойы *б у н а қ т а л ы п* келген, артқы ұзыншақ құйрығында улы безді, өткір тырнағы бар қыр шаяны да қауіпті (Ә.Әзиев, Жез тау.). **2.** *Буын-буын болып оймышталу, кертілу, бөлiну.* Ол қамшының қайыспен *б у н а қ т а л ғ а н* тобылғы сабынан сүйіктісінің алақан табын іздейтіндей («Қаз. әдеб.»). Бас-аяғы түгел жиналған сарбаздар арасында қолбасы дізесін бүге беріп, сары жезбен *б у н а қ т а л ғ а н* тоғыз өрмелі қамшысын ортаға тастады (Қ.Ахметбеков, Сый орамал). **3.** *Топталып, тұтасып қалу.* Ал түлік бапсыз болса, құстың бой жүні жымдаспай қобырап, қауырсындары *б у н а қ т а л ы п* дұрыс жетілмейді (Саятшылық).

БУНАҚТАЛУ *Бунақтал етістігінің қимыл атауы; бунаққа бөлiну.* Осы ұзынды-қысқалы тармақтардың *б у н а қ т а л у ы* да әрқалай, белгілі өрнек қалпын қатаң сақтау кездеспейді («Қаз. әдеб».).

БУНАҚТАН= е т. *Топталу; бунақталу; шорлану.* Ол қойдың құйрығына май бітпеген, жүні қысқа, қылшығы *б у н а қ т а н ы п* тұрады; өте осал, ұстаған жерден оп-оңай үзіліп түседі (Тарту).

БУНАҚТАНУ *Бунақтан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қауырсынының *б у н а қ т а н у ы.*

БУНАҚТАТ= е т. *Бунақ-бунақ ету, бунақтарға бөлу.* Сатан қойға бата қылып, қайта далаға шықты. – А-а-айт, а-ай-й! – деп созып, *б у н а қ т а т ы п* қайырып, шоқы тасқа мініп отырды (І.Жансүгіров, Шығ. жин.).

БУНАҚТАТУ *Бунақтат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тізбектеп *б у н а қ т а т у.*

БУНАҚТАУ *Бунақта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жинақтау буу, байлау.* Ол енді тастың екінші жерінен тары *б у н а қ т а у ғ а* кіріскен-ді (Ғ.Сланов, Асау арна). **2.** *Бір нәрсені сақина тәрізді етіп бунау.* Халық творчествосының, тәжірибелерінің ішінде металдарды талшықтап, бұрау, өру, тоқу, түйіндеу, өріп шашақтау, *б у н а қ т а у,* үзбелестіру сияқты әдіс түрлері өте көп (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). «Зергерлік» сөзі өңді металдарды бұрау, өру, тоқу, түйіндеу, өріп шашақтау, *б у н а қ т а у,* кесек күмісті қақтау, еріту, қалыпқа соғу, сымға тарту сияқты зергерліктің қалай жасалғандығына және оны соғатын құрал-саймандарына байланысты қолданылады (Х.Шобай, Қаз. ұранқай. қолөнері).

БУНАҚТЫ с ы н. *Бунағы бар, бунақталған.* Бұршақ қабының ішінде орналасқан жеке тұқымдарының екі арасы кесе көлденеңінен бөлініп жатады, мұндай жемісті *б у н а қ т ы* бұршаққап деп атайды (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Үй ортасында табанына күйген кірпіш төсеген үш *б у н а қ т ы* тұрбасы бар темір пеш тұр (М.Жұмағұлов, Қыран.).

БУНАҚТЫҚ з а т. ә д е б. *Бунаққа бөлiнушілік; ырғақтық.* Бұрынғы әдебиетте көтерілмеген тақырып, айтылмаған идея, түр байлығы, ырғақтық, ұйқастық, *б у н а қ т ы қ,* сонылықтар – бұл дәуірде көптеп көрінді (Р.Бердібаев, Гүлстан.).

БУНАЛ= е т. **1.** *Байлану, буылу. Б у н а л ы п* қыл бұғауға білектері, Жарылып өлді кейін жүректері... (Н.Ахметбеков, Жасауыл.). Театр алдында үш-төрт жігіт тұр. Үстерінде тірсегінен *б у н а л ы п,* балағы шабуланған тар шалбар, қысқа куртка («Лен. жас»). **2.** *Қысылу, тарылу, бітелу.* Көпшілік жағдайда осы жүйке жүйесі арқылы қан айналымы жүйесін де тез тоздырады, жүрек тамыры *б у н а л а д ы,* ол жиі *б у н а л а* берсе, тамыр ерте бұдырланады (Б.Омарұлы, Жүрек. ауру.).

БУНАЛУ *Бунал етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Байлану, буылу.* ...Әңгіме Шыңғыстың білубілмеуінде емес, менің марқамның сирағы *б у н а л у ы н д а* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **2.** *Тарылу, бітелу, қысылу.* Себебі темеки уы дереу жүрек тамырының *б у н а л у ы н а* жүйке жүйесі арқылы әсер етеді (Б.Омарұлы, Жүрек. ауру.).

БУНАТ= е т. *Байлату, буғызу; керту.* – Қайдан білесің, қозышыны біреу әдейі жұмсап, марқаның аяғын өзіне *б у н а т п а ғ а н ы н?* – деген дау айтты Шыңғыс (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БУНАТУ *Бунат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қайыспен *б у н а т у.*

БУНАУ *Буна етістігінің қимыл атауы; кесу, керту.* Сағалықтан ойып-ойып керте күзеу *б у н а у* делінеді. Осылайша күзелгенде, құйрықтың үш жағындағы қыл сәукеленің шоғындай қомақтылау болады («Қазақст. мект.»).

БУНДЕСВЕР [нем. Bundeswehr] з а т. ә с к. *Германияның қарулы күштері. Б у н д е с в е р* құрлықтағы әскерлерден, әскери-әуе және әскери-теңіз флотынан құралады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

БУНДЕСТАГ [нем. Bundestag] з а т. с а я с и. *Бұрынғы Батыс Германия парламентіндегі басты палатаның бірі.* Аденауэр кезінде

белгіленген және бұдан соң Эрхард кабинеті одан әрі жасап берген төтенше заңдар дейтіннің сериясы батыс германиялық *б у н д е с т а г т ы ң* қарауына қойылып отыр («Соц. Қаз.»). *Б у н д е с т а г т ы ң* қарауына мұнымен бірге «почта арқылы жіберілетін хаттар мен телефон арқылы сөйлесілетін әңгімелердің құпияларына шек қою» туралы заң жобасы да енгізілген («Соц. Қаз.»).

БУНКЕР[1] [ағыл. bunker] з а т. *Сусымалы ұсақ заттарды (астық, көмір, руда, мақта т.б.) жинау үшін, оларды өздігінен түсіру үшін арнайы жасалған қорап, шанақ.* Оралбеков дереу комбайнды тоқтата қойып, *б у н к е р д е г і* астықты мәшинеңің кузовына суылдатып құя салды (Р.Тоқтаров, Қыран.). Шахтадан вагонеткамен келген руда *б у н к е р г е* құйылады да, онан әрі қарай лентамен барып ұсақтайтын, майдалайтын машиналарға түседі (А.Машанов, Жер асты.). *Б у н к е р д е г і* мақтасын қырманға төгіп, жүйекке машинасын қайта сала берген қыз [Айша] құлағына сырт жағынан бір кісінің даусы естілді («Лен. жас»).

БУНКЕР[2] з а т. ә с к. *Қорғану және т.б. мақсаттар үшін жер астынан арнайы жасалған қуыс орын.* – Сен білесің бе, Вася, – деді маған Анатолий, – менің Днепрдегі *б у н к е р і м* әлі сол баяғы күйі бүп-бүтін тұр (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Мәжит барлау жөніндегі тапсырманы орындап жүріп, немістер тығылып отырған бір *б у н к е р д і ң* үстінен шығады. Сөйтіп 63 жауды штабқа айдап әкеледі («Қазақст. мұғ.»). Америка Құрама Штаттары мен Солтүстік альянс халықаралық терроршы Усама бен Ладеннің Желалабадтың оңтүстігіндегі алып *б у н к е р д е* жасырынып отырғанына толықтай дерлік сенімді еді («Егемен Қазақстан»).

БУНТ [нем. Bund] з а т. **1.** с а я с и. *Стихиялы түрде кенеттен болған шағын наразы топтың көтерілісі.* Жымпиты жігіттерімен сөйлесіп, әңгімелесіп тыңдап отырсаң, едәуір қызық қылып «алашорданың» үкіметіне солдаттардың қарсы *б у н т* шығарғанын сөйлейді (С.Сейфуллин, Шығ.). – Айтеке баласы Оральскідегі казақтар *б у н т ы н д а* ұстатпай кеткен дейді. Әлде сен солмысың?! (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). **2.** а у ы с. э к с п р. *Айқай-шу, төбелес.* Мен өз басым, қараңыз, Содан көрдім соққыны: *Б у н т* жасайды баламыз, Мультфильмі жоқ күні (Қ.Мырзалиев, Ақ отау).

БУНТАРЬ о р. з а т. *Әр нәрсеге (билеуші тапқа, қалыптасқан жүйеге т. б.) наразы болушы, қарсы тұрушы бүлікшіл адам.* – Жә, жетті! Осы күнге дейін бір *б у н т а р ь г а* шамаларың келмеген... Ну-ка, келтіріңдер Батақовты, көрейік, – деді губернатор (Б.Тәжібаев, Қараторғай). **2.** а у ы с. ж а ғ ы м д ы. *Қалыптасқан тәртіпті сынмен қабылдайтын, өзіндік ерекшелігін жасырмайтын адам мағынасында.* Аймалар құшып ел-ана, Мұсасын, *«б у н т а р ь* баласын». Құшағын ашып жерана, Гүлімен жазар жарасын! (Ж.Молдағалиев, Жыр.).

БУНТАРЬЛЫҚ з а т. *Бунтарь адамға тән іс-әрекет, мінез, қасиет.* Бұлай жібере берсе әскер қатары тегісінен *б у н т а р ь л ы қ қ а* айналады. Сондықтан айыптыларды тез әскер сотына соттатуға тәртіп беруіңізді сұраймын (Х.Есенжанов, Тар кезең).

БУНТШЫ з а т. *Бунт жасаушы, бунтқа қатысушы.* Жағынан шапалақтап *б у н т ш ы* Ульбаны, Алқымнан сығып, сүйреп тандырды естен... (Д.Әбілев, Өлеңд.).

БУНЧУК [түрік. bundzuk] з а т. *Түркі халықтарының сылдырмақты, қоңыраулы аспабы.* ≈ *Б у н ч у к* ойнауы.

БУӨЛШЕГІШ з а т. т е х. *Будың қысым күшін өлшейтін аспап, құрал.* ≈ *Б у ө л ш е г і ш* құрылғы.

БУРА[1] з а т. *Айыр түйенің келеге түсетін еркегі; аталық түйе.* Көрінер інген сұлу *б у р а с ы м е н*, Көрінер *б у р а* сұлу шудасымен. Жүректі елде жігіт толып жатыр, Сен жігіт, шыныңды айтшы, ұрғашы ма ең? (Айтыс). *Б у р а л а р* көбік шашып, тісін қайрап, Боталар боз інгеннің күйін сайрап, Жарысып жабағы, тай, айғыр азынап, Алысып асыр салды салып ойнақ (Н.Ахметбеков, Амангелді). Асыл бір аяғымен *б у р а н ы ң* желкесінен басып тұрып жазағашқа байланған айылқұрдың бірін шешіп алдыңғы екі аяғын мықтап тіздеп тастады (С.Балғабаев, Шөл.). Қалмақ түйесі тұқымының *б у р а л а р ы н* қазақ түйесі тұқымын асылдандыра беру үшін пайдалануға болады (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру).

Адам [кісі] алатын бура. *Кісіге шабатын, кісіні шайнап тастайтын күйлі бура.* Қаусар – *а д а м а л а т ы н б у р а н ы ң* аузына кигізілетін темір құрсау («Хабаршы»). Ертеректе Қаратау бойындағы Кең қорық деген жерде Беркінбай есімді байдың *к і с і а л а т ы н* ашулы ақ бас *б у р а с ы* бопты («Қазақстан заман»).

Ақ бас бура. п о э т. *Бас түгі, жүні ақшыл бура. А қ б а с б у р а* шөгер де, өлер де! Тек сендерге өмір берсін (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). *А қ б а с б у р а,* көк шатыр, Аспан тіреп, бір өзі. Көкті құшып, көз тартқан, Кербез Көкше күмбезі (Ж.Сыздықов, Белестер).

Ақ бура толқын. п о э т. *Көбік шашқан өркеш-өркеш толқын. Ақ бура толқын* арсылдап, Айнала соққан кемерін. Қара қайық қан сасып, Сүңгіткен суға өз елін (І.Жансүгіров, Шығ. жин.).

Алпыс күн атан болғанша, бір күн бура бол. б е й н. *Көптің бірі болғанша, ерекше, ерен қылықпен көзге түс, топты жарып шық деген мағынада. Алпыс күн атан болғанша, Бура боп бір күн* зіркілде. Көзіңді жұм да жауға шап, Ажалды өлер, іркілме (Қабан жырау, Алтын қазық).

Атан қаппас бура. *Келедегі ірі, күшті, таңдаулы аталық түйе мағынасында.* Атадан туған көп ұлдың, абанасы ең жалғыз бір өзің. *Атан қаппас бура* едің, Әр ісіңе тура едің («Айқап»).

Бура сан [санды]. а) *Ірі, саны бураның санындай.* Денесі тең сандалдың терегіндей, Кең біткен иығының екі арасы. Шалқақ төс, *бура сандың,* бұлшық етті, Бар еді батырлықтың әр саласы (Ә.Найманбаев, Шығ.). Сүттіген, сені де көріп келеміз; *бура сан,* қара шағыр өлі жүні түспеген жабағыға ұқсас екен (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Сауыры кең, *бура сандың,* бота тірсекті күрең төбелдің үстіндегі ол маған торғайдай болып көрінді (Майдан). ә) *Ірі, денелі, аяқ-қолы балғадай.* – Айда, үйге жүр. Байғұттының мәстек қыздары емес, Жаңажолдың *бура сан* қыздары бар (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

Бура сойып бақыртты. *Үлкен жиынға ас берді, ұлан асыр той жасады деген мағынада.* Дүниеге бала келген соң, Айғыр сойып ақыртты, *Бура сойып бақыртты.* Қол астын қоймай шақыртты (Батырлар жыры).

Бурадан бөлді түйені. *Малды күйттетпей, берекесін алды деген мағынада.* Саулықты қысыр қалдырып, Қошқардың түспей күйегі. Айғырдан бөліп биені, *Бурадан бөліп түйені,* Қайта Арқаға көшкені (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Бура шөкті. *Күйті келген бура інгенге немесе аруанаға өз бетінше шағылысты.* Ер Төстігім кеткенде, Ішіме бала біткенде, Серттескенмін қызыл нар, Саған *бура шөккенде.* Сенің бұйдаң үзілді, Менің белім шешілді, Төстігім келген бола ма? (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Қайырлы бура. *Келе ішіндегі құтты, тұқымы ірі аталық түйе.* Келелі түйем ішінде *Қайырлы бураға* ұсаған... Алалы жылқы ішінде Көзге түсер тұлпардай (Ақсауыт).

Қарт бура. *Кәрі аталық түйе. Қарт бура* қарсы шабынса, Қас батыр қару тағынса, Әкпіш те тұлпар иілсе, Қыран көктен түйілсе, Аналаған аштардай Ажал да жетер аңдап та (Дулат Бабатайұлы, Замана сазы).

Қызыл нар бура. *Жүні қып-қызыл бура.* Кеменің ең төменгі қабатында артылған астық, тиелген жүк. Екі теңбіл көк ақалтеке, екі *қызыл нар бура* да келе жатыр (Ғ.Мүсірепов, Қазақ батыры.).

БУРА[2] [ар. burak] з а т. х и м. *Құрамында 11 пайыз боры бар, ақ кристалды тұз; бор қышқылды натрий.* Бейнені айқындауды тездету үшін, сода мен поташ, *бура,* күйдіргіш калий мен күйдіргіш натрий қолданылады (Б.Тілекметов, Фотосурет.). Бұлар болмаған күнде сода (көмір қышқылды натрий), *бура* (бор қышқылды натрий) және фурациллин ертінділерімен де шаюға болады (М.Исамбаев,.. Мед. анықтама). Ақтөбе комбинаты жылына мыңдаған тонна *бура,* бор қышқылы және магний тыңайтқыштарын өндіреді («Халық мұғ.»).

БУРА[3] з а т. к ә с. *Қамыстан, ірі құрайдан істелген су бөгейтін зат; буылған қамыс, құрай, шөп-шалам.* Бір аяғым шлюздің үстінде, су жарып кеткен жерге *бура* тастап тұр едім, төмен ұшып кетіппін (З.Шүкіров, Ізгілік.). Өзімді суға ала түскен *бура* қаңбақтай ұшырып апарып, қабырғаға жаныштаған сәт есімнен айырылып қалыппын (З.Шүкіров, Ізгілік.).

БУРА[4] з а т. *Үш картадан бөлісіп ойнайтын карта ойыны.* ...Сосын Ерғали төбесіне барып, он тиыннан салып *бура* ойнады («Қаз. әдеб.»). – *Бура* ойнайық. Алты картаң әбден жалықтырды («Жұлдыз»).

БУРАДАЙ с ы н. *Бура тәрізді, бура сияқты.* Қалмақтың дәуі Ер Жолай. Бұл Жолайдың дәулігі Жан келмейді туралай. Айбатына қарасаң Кісі алатын *бурадай* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Қара дене қатыңқы, *Бурадай* бейне жараған. Жанырлық пышақ жақұрты, Түрі иттей қабаған (С.Мұқанов, Замандас.).

Ақпандағы [қаңтардағы] бурадай. п о э т. *Келеге түсетін, әбден күйіне келіп, жараған бура сияқты.* Перісі әбден түсіп беріктеніп, Өзіне аруақ қонып желіктеніп, Жазылып жауырыны, қолы ұзарып, Қан төгіп қалай қырса еріктеніп. *Бурадай ақпандағы* тісін қайрап, Ағарып омырауы көбіктеніп (Ә.Найманбаев, Шығ.). Қылған соң қаһарланып қатты қысым, *Бурадай қаңтардағы* қайрап тісін (Рүстем.). *Қаңтардағы бурадай* Екеуінің еттерін жеуге дайын турамай, Қалш-қалш етіп біреу тұр (І.Жансүгіров).

Бурадай бұрқылдады [зіркілдеді]. *Бұрқан-тарқан болып қатты ашуланды, қаһарланды.* – Бұл жеке шаруаға тізе көрсеткендік! Мен бұған көнбеймін, мен ізденем! – деп, Мұқыш *бу-*

р а д а й б ұ р қ ы л д а д ы (Б.Майлин, Шығ.). Көпекбай ашуланғанда, құтырған *б у р а д а й з і р к і л д е п,* керемет қайраттанып кетеді (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

Кісі алатын бурадай. *Құтырынған, қаһарлы, көзі ештеме көрмей кеткен деген мағынада.* – Танымай тұрсың ба?– деді Қаршыға *к і с і а л а т ы н б у р а д а й* төніп (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Оның соңында *к і с і а л а т ы н б у р а д а й* бұрқылдап Түйебай келеді (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). Артынан қуып келе жатқан Қазы досының қабағына қарағанда, *к і с і а л а т ы н б у р а д а й* болыпты (Қаз. ертег.).

Көздері құтырған бурадай. *Қып-қызыл, шарасынан шыққан, ештемені көрмей кеткен (көз) деген мағынада.* Алақандай шағыр *к ө з д е р і қ ұ т ы р ғ а н б у р а д а й* шарасынан шығып, шатынап барады (С.Мұқанов).

Қарт бурадай шабынды [алысты]. *Аласұрды, бұрсанды, құтырынды. Қ а р т б у р а д а й ш а б ы н ы п,* Аузынан жынын көпірді. Жендеттердің жанына Батыра, қатты зекіді (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.). Райымбек қол жиып, жауға аттаныпты. Бұл Жетісудың кең шалқарының *б у р а д а й ш а б ы н ы п,* буырқанып жатқан шағы екен (С.Ақтаев, Қапшағай.). Қарсы найза салысты, *Қ а р т б у р а д а й а л ы с т ы* (Батырлар жыры).

Нар бурадай шабынды. *Қатты айбат көрсетті; ашумен шиыршық атты.* Бетті оттай қабынып, Омырауын көтеріп, *Н а р б у р а д а й ш а б ы н ы п* (Қамбар батыр).

Нар бураның санындай. ф о л ь к. *Үлкен, етті.* Төсінде бар қос анар, *Н а р б у р а н ы ң с а н ы н д а й* (Батырлар жыры).

БУРАДАЙЫН ү с т. ф о л ь к. ***Бурадай.*** Ақырап Алатауды у-шу қылып, Бұрқырап *б у р а д а й ы н* құсады Іле. Тау бұзып, тасты сүзіп, жарды жарып, Бұлқынып бұйра құмды құшады Іле (І.Жансүгіров, Шығ.)

БУРАК [ар. **براق**] з а т. д і н и. *Діни аңыздардағы Мұхаммед пайғамбар мінген қанатты тұлпар. Б у р а к* ақ түсті, ұзын құлақты аяғында қанаты бар, түгі жылтыраған жануар түрінде суреттеледі (ҚҰЭ). *Б у р а к* кірпік қаққанша Мұхаммедті Меккеден Иерусалимдегі әл-Масжид әл-Аксаға жеткізіп, содан соң аспанға (әл-Исра уә-л Мираджаға) алып кетеді. *Б у р а к қ а* салт мініп, көкке ұшып бара жатқан пайғамбар – орта ғасырлардан бүгінгі күнге дейінгі кітаби кескіндемелерде ең көп тараған сюжет (ҚҰЭ).

БУРА-ҚОТАН з а т. э т н. о й ы н. *Жастар дөңгелене, алқа-қотан отырып, бір адам бура, екіншісі іңген болып ойнайтын қазақтың ұлттық ойыны.* ... Келіңдер *б у р а-қ о т а н* ойнайық (Қ.Кемеңгеров, Алтын.). – Кәне, шеттен бастап, *б у р а-қ о т а н* тәртібімен отырғыза бастаймын, – деп «уәзір» мен «сарбаздар» іске кірісті (С. Мұқанов, Есею жыл.). Біреудің үйіне барып *б у р а-қ о т а н* ойнап, оның артынан жау шапты деп, ауданға, облысқа арыз айдаймыз (А.Нұрманов, Құлан.).

БУРАЛЫҚ с ы н. *Бура болармық.* Олардың ішінен *б у р а л ы қ* түйелерді іріктеп алады («Лен. жас»). Ал біртуар мен қоспақ нардың *б у р а л ы қ қ а* қалдырған еркегін нар бура, таза аруана мен үлектен туғанын үлек деп атайды (ҚСЭ). *// Бура болушылық. Б у р а л ы қ қ а* жарамсыз еркек құнаншаларды маса-сона шықпай тұрғанда пішіп жіберу керек (Малшыларға кеңес). *// Орынсыз күпілдеушілік.* Тәңірге жазып мінбей-түспей, арып, шөмеңдеп дуаналықпен бір күн болған *б у р а л ы қ* неге жарайды? (Абай, Тол. жин.).

БУРАША[1] з а т. *Жас бура. Б у р а ш а л а р* әдетте 11, 17 айда жетіледі. Топтық орындарда Қаймал інгендерді бөлек бағу қажет. Өйтпегенде *б у р а ш а л а р* ұрықтанған іңгендерді бұзып тастайды («Ғылым және өнер»).

БУРАША[2] ү с т. *Бураға ұқсап, бура секілденіп.* Көз сорасы мұз болып, беттің түгі қырау боп, түлкі тымақты баса киген Жақып кең далада, ақбас *б у р а ш а* бір күркілдеді (Ғ.Мұстафин, Миллионер). Тәшібай екі жақтың балуандарына жараған *б у р а ш а* қарап қойып: – Ал, енді бастаңдар!– деді (С.Сейфуллин, Шығ.). Екі-үш жігіт әрең арашалады, ызақор қатын *б у р а ш а* шабынады (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

Ақпандағы [алабас] бураша. *Жынын төгіп, қатты шабынған бура тәрізді.* Ұзын бойлы, аршын төсті ақсұр жігіт шекпенінің бір жеңін беліне қыстырып, жерден шөп жұлып алып, алақанын үйкеп жіберді де, *а қ п а н д а ғ ы б у р а ш а* шабынып шыға келді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұл күнде ондағы ызбарын төгіп отыратын Мәжекең де, бет-аузын *а қ п а н д а ғ ы а л а б а с б у р а ш а* сорағытып, ақ сабауға қош айтысып, қызырайып, төсегінде жатыр (Ж.Аймауытов, Қартқожа).

Қарт бураша. *Кәнігі, көпті көрген, әбден төселген, жараулы.* Ол кейде *қ а р т б у р а ш а* басушы еді, Күрілдеп долы қаһар шашушы еді (С.Сейфуллин).

БУРГОМИСТР [нем. Bürgermeister] з а т. *Кейбір Еуропа елдеріндегі қалалық басқарманың бастығы.* Майор орнынан тұрып: – Сізді *б у р г о м и с т р* етіп тағайындау жөнінде менің бұйрығым болады, – деді (Ә.Шәріпов, Партизан.). – Ия, сіздің жұмысыңыз көп, уақытыңыз жоқ екенін қарапайым біз де байқап жүрміз, –

деп Чура *б у р г о м и с т р д і ң* сөзін өтірік қостай түсті (Т.Жанкелдин, Партизан.).

БУРДА [ар. بردة] з а т. д і н и. *Жүннен немесе матадан жасалған жамылғы. Б у р д а н ы* күндіз киім ретінде денеге орап, түнде жамылғы ретінде пайдаланады. Аңыз бойынша оны Мұхаммет пайғамбар да пайдаланған (Ислам энц.). Бір рет түсінде Мұхамед өзінің атақты *б у р д а с ы н* мұның үстіне жабады да, бұл ауруынан жазылып кетеді (ҚҰЭ).

БУРЖУА [франц. bourgeois] з а т. т а р. *Буржуазия табының өкілі, көне капиталист.* ≈ *Б у р ж у а л а р д ы ң* байлығы.

БУРЖУАЗИЯ [франц. bourgeoisie] з а т. с а я с и. *Елдегі капиталдың едәуір бөлігін иемденген капиталистік қоғамдағы әлеуметтік топ. Б у р ж у а з и я н ы ң* табыс көзін өндіріс пен саудадағы және қаржы-несие салаларындағы кәсіпкерлік қызметі құрайды (ҚҰЭ). *Б у р ж у а з и я* феодалдық қоғамының қойнауында пайда болып, дами бастады (ҚСЭ).

БУРЖУАЗИЯЛЫҚ с ы н. *Буржуазияға тән, буржуазияға қатысты.* Герцен мен Белинский *б у р ж у а з и я л ы қ* қоғамды қатты сынады (М.Ақынжанов, Қаз. ағартушы.).

Буржуазиялық революция. т а р. ***Буржуазиялық төңкеріс.*** *Б у р ж у а з и я л ы қ р е в о л ю ц и я л а р д а* буржуазия бостандық, теңдік және туысқандық ұрандарын көтерді (ҚСЭ). *Б у р ж у а з и я л ы қ р е в о л ю ц и я н ы ң* алдында жалғыз-ақ міндет болды, ол міндет – бұрынғы қоғамның барлық тұсауларын құрту, алып тастау, қирату (ҚСЭ).

Буржуазиялық төңкеріс. *Капиталдың едәуір бөлігін иемденген әлеуметтік топтың мүддесін қорғайтын өкімет билігін орнатуды көздейтін әлеуметтік төңкеріс.* ≈ *Б у р ж у а з и я л ы қ т ө ң к е р і с* жасау.

БУРЖУАЗИЯШЫЛ с ы н. т а р. *Буржуазияны жақтаушы.* ≈ *Б у р ж у а з и я ш ы л* болу.

БУРЖУАЗИЯШЫЛДЫҚ с ы н. *Буржуазияшыл болушылық, буржуазияшыл адамға тән (қасиет).*

БУРЖУЙ ор. з а т. с ө й л. ***Буржуа.*** – Мына *б у р ж у й л а р д ы* бір жайлы етіп, елдің қолына теңдік әперейікші, сонан кейін үй шаруасын қолға алармыз, – деді ол (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). – Білмесең айтайын... *Б у р ж у й л а р д ы* талқандайтын, кедейлерге хұррият әперетін қызылдар (С. Омаров, Дала қызы).

БУРИМЕ [франц. bouts rimes] з а т. ә д е б. *Француз поэзиясында XVII ғасырдан бастап орын алған алдын ала дайындалған үйқасқа өлең шығару түрі; осындай өлеңдерді шығарып ойнайтын әдеби ойын. Б у р и м е* алдын ала дайындалған үйқастарды пайдаланып өлең шығаруды машық етуден туған (Әдеб. термин. сөздігі).

БУРКА з а т. *Кавказ халықтарының қой немесе ешкі жүнінен жасалған жеңіл, желбегей сырт киімі.* Салт мінгенде киетін *б у р к а* түкті, тігісті, ұзын, екі иығы шығыңқы келеді (ҚСЭ).

БУРКАЛЫ с ы н. *Буркасы бар, бурка киген.* Жайып тұр жүп-жұмсақ ол алақанын, Шөлдесең – сусыны әзір әр апаңның. *Б у р к а л ы* қарт Кавказ да тағзым етті, Орал деп аманесен, балапаным (А.Сұлтанов, Уақыт.).

БУРЛАК ор. з а т. к ө н е. *Бұрынғы кезде Ресейде жүк таситын кемені өзен ағысына қарсы не су тартылған жағалау бойымен, кеуделеріне арқан салып, топ болып сүйрейтін жұмысшы.* Ана жылы Еділ бойын кезгенде, Достоевскийдің бір мақсаты *б у р л а к т а р д ы ң* өмірін көру болған (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Көзін тіксе – көлемі Кең болғанмен, бұ жақ тар; Көретіні – кемені Сүйрелеген *б у р л а к т а р* (С.Сейітов, Жаңғырық). *Б у р л а к т а р* қауымы XVI ғ. аяғы мен XVII ғ. басында пайда болды да, су транспорты техникасының жетілмеген кезінде өріс алды (ҚСЭ).

БУРНОНИТ з а т. х и м. *Күрделі сульфидтерге жататын минерал. Б у р н о н и т т і ң* түсі сұр, қара, жылтыр, қатты. *Б у р н о н и т т е н* қорғасын мен мыс алынады (ҚСЭ).

БУРСИТ [лат. bursitis.] з а т. м е д. *Буын қалталарының қабынуы. Б у р с и т* шынтақ, иық, тізе, сирақ, аяқ ұшы буын қалталарында жиі кездеседі оның жедел және созылмалы түрлері болады (ҚҰЭ).

БУРТ з а т. *Картопты, тамыр-жемістілерді бір жерге үйіп, үстін бастырып тастау әдісі.* Қант қызылшасы *б у р т т а* жатыр (Қаз. түсін. сөздігі).

БУРХАН моң. з а т. д і н и. ***Бұрхан***. Моңғол тілінде «*б у р х а н* бағы – будда жасаған» дегенді білдіреді (Б.Базылхан, Монғол-қаз. тілі).

БУРЫЛ с ы н. **1.** *Ақ пен көк, аздап қара араласқан.* Байтастың мінгені Құнанбайдың Қаражал *б у р ы л* аты (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ауылды бір айналып, Ешбір жаққа бұрылмай, Жықпай мені келді алып, Астымдағы *б у р ы л* тай (Қ.Ыдырысов, Аршында.). Келіншектау Май айында көрікті. *Б у р ы л* бұлттан киіп алған бөрікті, Енесіне ентелеген ботадай, Етегіне тас төбелер шөгіпті (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). // *Бурыл түсті жылқы.* – Қара жорға *б у р ы л д ы* шаңына да ілестірмейді, – деді Кәрім маған (С.Мұқанов, Саяхат.). Осы кезде мен Шалықбек үйінің сыртында үлкен мамаағашта байлаулы, түннен суып тұрған боз *б у р ы л ы м а* қарай жүгірдім

(Ұ.Доспанбетов, Кәрі қобыз.). Аздан соң сайын *б у р ы л* барды шауып, Иесін талып жатқан алды тауып. Қамаған қалың қолға ұстатпастан, Моншақтап үсті-басын тері жауып (Ә.Найманбаев, Шығ.). **2.** *Ақ кіре бастаған, ағара бастаған (шаш, сақалға қатысты).* Көзі ежірейіп, ұйысқан жабағы секілденген күректей *б у р ы л* сақалы дамылсыз желкілдеп, дәрменсіз жанға айбын көрсетіп отыр (С.Омаров, Дала қызы). Ұзын *б у р ы л* мұрты құлағына жететін, көзілдірікті шалға бас изеп амандасты да, орын сұрады (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). Бұлардың бәрі оқылған болса да, ақ араласқан *б у р ы л* шашын сипап қойып, оларға тағы қызыға көз тастап отыр («Қазақст. мұғ.»).

Ақ бурыл. *Ағы басым бурыл.* Талайдан тартып алған еңіретіп, Парақор, пәлекұмар аты мәлім. Отыз бен жиырманың арасы жоқ, *А қ б у р ы л* сақал, шаштың қарасы жоқ (Д.Еркінбеков, Шығ.). Бір қалпы қашан көрсең осы ағайды, Кісіден кабинеті босамайды. Көресің кіріп барсаң алдында оның, *А қ б у р ы л* қырау шалған не самайды (З.Шүкіров, Арал толқын.).

Бурыл тартты. *Шашына, сақалына ақ кіре бастады.* Шәкен *б у р ы л т а р т қ а н* тығыз қаба сақалын тұжыра қырқып, дәл иектің үстіне ғана қалдырыпты (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Самай шашы *б у р ы л т а р т қ а н,* толық денелі, ұзын бойлы кісі қарсы алдында отырған Әмірге қадалыңқырады (С.Сарғасқаев, Сынған тіс).

Бурыл [тартқан] шақ [кез]. *Еде тартқан кез, қартайған уақыт. Б у р ы л ш а қ т ы ң* жоқ па қызық күндері, Мейлі басса басымызды күміс қар, Бәйтеректің солса мейлі гүлдері, – Боранда да ақша басын тік ұстар (Қ.Бекхожин, Қайран жас.). *Б у р ы л т а р т қ а н к е з і ң д е,* Кезіктің бір бөпеге; Күй болса да сөзімде, Қуанышқа жете ме (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

Бурыл шалды. *Шашына, самайына ақ кірді.* Төбесінде ту желкілдеп әр үйдің, Жүздерінде күлкі ойнайды сәбидің. Партизанның *б у р ы л ш а л ғ а н* шашынан, Октябрьдің өткелдерін танимын (С.Мәуленов, Таңд. өлеңд.). «Ажарына әжім түсіп, *Б у р ы л ш а л ғ а н* самай шашын», – Деп алайда суытқан жоқ, Саған деген махаббатын (Ә.Сәрсенбаев, Өлеңд.).

Көк бурыл. *Көгі басым бурыл.* Қырма мұртына да, шашына да *к ө к б у р ы л* орнай бастаған және кірпідей қайратты (Ж.Жұмаханов, Жазылм. кітап). Кезінде келбетсіз болмаған ақ сұр шал. *К ө к б у р ы л* қабағы, селдір мұрты, ұзынша сақалы бет алдын буалдырландырып жіберген («Лен. жас»).

Қара бурыл. *Қарасы басым бурыл.* Екі байдың бірі – үлкен *қ а р а б у р ы л* сақалды, ала көз, жалпақ бет қара кісі екен (С.Сейфуллин, Тар жол.). Біреуін бойлап осы Жетісудың, Бір байдан Жетісуда аты шулы, Алынған көнпескеде жатыр жылқы, Қамшаттың құндызындай *қ а р а б у р ы л* (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға).

БУРЫЛДАН= е т. **1.** *Шашқа, сақалға ақ түсу.* Бірмағанның сақалы *б у р ы л д а н ы п,* бетіне әжім кіріп, едәуір қартаң тартып қалыпты (С.Шарипов, Шығ.). **2.** *Бурыл тарту.* Қайсар дауылпаз көбіктен *б у р ы л д а н ғ а н* теңіздің үстінде қажымай қанат қағады (І.Жансүгіров, Шығ.). **3.** *Егіннің ақшыл тартып, пісуге таянуы.* Егін жалпағынан *б у р ы л д а н ы п* пісіп қалды (С.Бегалин, Таңд. әңгім.).

БУРЫЛДАНУ *Бурылдан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Сақалдың *б у р ы л д а н у.*

БУРЫЛДАУ с ы н. *Сәл ғана бурыл, аздап бурыл араласқан.* Оның *б у р ы л д а у* үлкен басы басқалардан бұрын көзге түседі (Ауызекі).

БУРЯТ з а т. *Бурятияның тұрғылықты халқы, осы ұлттың өкілдері.* Жаңағы айтып отырған саяхатшыңыздың естігені де, адасып барып, іргесін паналаған *б у р я т т ы ң* да көргені рас (Н.Баяндин, Құм асты.). Сондағы сылтауы – «*б у р я т* ғалымы Доржи Банзаровтан алдым» деген хаты (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). *Б у р я т т а р д ы ң* басым бөлігі будда дінінің ламашылдық наным-сенімдерін, батыс өңірді мекендейтіндері христиан дінінің православие ғұрпын ұстанады (ҚҰЭ).

БУРЯТША ү с т. **1.** *Бурят тілінде.* Қоңыр, қараша үйлер олардан алшақ тігілген. Олар, әрине, *б у р я т ш а* айтқанда – қыштымдар, қазақша айтқанда – қарашылар (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **2.** *Буряттар сияқты.* ≈ *Б у р я т ш а* киінген.

БУСА= е т. **1.** *Дененің жіпсуі, дененің терлеуі.* Ойың көкпен ойылған, Қом жасап түйең тойынған, Жылқыңның шабы *б у с а ғ а н,* Ыңыранып қой жусаған, Шөбіңді сенің татқан мал, Құламасы сусаған, Масаты кілем жайғандай, Қоныстың шұрай жері едің! (Дулат Бабатайұлы, Замана.). **2.** *Жердің қары кетіп, жылынуы, ылғалдың көтерілуі.* Күй толқып, ән толқып, Жер мен көк маужырап тыңдайды. Мал жусап, жер *б у с а п* «Сарыарқа», «Саржайлау» бір сәтте тынбайды (Н.Әбуталиев, Сахара). Киік оты, бала жусан Ата мекен жұпарындай. Жатыр *б у с а п,* дала жусап, Бір тарылмай, құты арылмай (Ж.Молдағалиев, Кісен ашқан).

БУСАЛҚЫНДАТҚЫШ з а т. т е х. *Қызған бу температурасын реттейтін жылу алмастырғыш қондырғы. Б у с а л қ ы н д а т қ ы ш т ы* қазан барабанының су жиналатын бөлігіне тікелей орналастыру арқылы тұрақты темпертура-

ны қамтамасыз етуге болады (ҚСЭ). *Б у с а л қ ы н д а т қ ы ш т а н* қызған будың белгілі мөлшерін ғана өткізіп, су деңгейін бірқалыпты ұстауға болады (ҚСЭ).

БУСАН= е т. **1.** *Аздап жіпсу, жеңіл ғана терлеу.* Шөгел отырар-отырмастан тымағын шешіп, *б у с а н ғ а н* тақыр басын орамалымен сүртті де, топысын киді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Біраз қозғалмай тұрған соң-ақ *б у с а н ғ а н* дене мұздай түсті (Т.Жанкелдин, Партизан.). Бірақ денесі жіпсіп *б у с а н ғ а н*, табаны қызып желіккен жүйріктер шабысын бірте-бірте үдете түсті (С.Бақбергенов, Қайран шешем). **2.** *Күн жылыну, жердің қары кетіп, тоңы ери бастау.* Қар кеткеннен кейінгі *б у с а н ғ а н* қара жер жібек желек жамылған сұлу келіншекше жасарған (С.Сейфуллин, Әңгім.). Қыс бойы қар жамылып тоңазып жатқан қоңыр далаға өң кірген. Жер беті *б у с а н ы п*, буалдырланады (С.Алдабергенов, Өмір.). Жол да тып-тыныш, күн көзіне *б у с а н ы п*, қалың шықтан бу көтеріліп жатыр (Қ.Ысқақов, Бұқтұрма.).

Тоқымдығы бусанбады. *Жаны қиналмады, қиындық көрмеді.* Келісімді тәтті ой, әр шеберлік, Қуантпас ойын қозғап пәлен дерлік, өз кеудесін өзі аңдып, бой салдырмай, *Т о қ ы м д ы ғ ы б у с а н б а с* неткен ерлік (Абай, Тол. жин.).

БУСАНДЫР= е т. **1.** *Жібіту, жіпсіту.* Биікке көтерілген күн жер ананы *б у с а н д ы р а* бастады (С.Шаймерденов, Мезгіл). Күні ұзаққа баурап алған бейнет суымайды, бойын *б у с а н д ы р а* түсіп, тағы да ілгері сүйреп тұрғандай (А.Байтанаев, Қайнар.). **2.** *Терін шығару, терлету.* Қаталаған жылқыны суарып, желе жортып *б у с а н д ы р у* керек («Жаршы»).

БУСАНДЫРУ *Бусандыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жылқыны *б у с а н д ы р у.*

БУСАНТ= е т. *Буын шығарту.* Ақырын сөйлеп, сөзді ірке, Самаурынын *б у с а н т ы п*, Шай жасады Қызбике, Шынашағын шошайтып (Т.Жароков, Қырда.).

Бойды [тұла бойын] бусантты. а) *Терлету, жібіту, жіпсіту.* Ыстық тұла бойын *б у с а н т ы п* жіберді (Ә.Әлімжанов, Отырар.). ә) б е й н. *Еріксіз билеп алып, елжіретті.* Жадыратып бірде жайлантып, Тербетіп көкей жусатып. Жүректі шымшып үн шалқып, Балқытып *б о й д ы б у с а н т ы п* (С.Бегалин, Таңд. өлең.).

БУСАНТУ *Бусант етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бойын *б у с а н т у.*

БУСАНУ *Бусан етістігінің қимыл атауы; терлеу.* [Бура жарағанда] Самарқау қалпынан шамдануы жиіленеді; *б у с а н у ы* күшейеді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

БУСАНЫҢҚЫРА е т. *Аздап бусану, сәл ғана бусану.* Көршісі Егемқұл жылқыдан оралған болу керек, *б у с а н ы ң қ ы р а п* тұрған атының ер-тоқымын алып, отқа қойды («Лен. жас»).

БУСАҢҚЫРА= е т. *Аздап бусану, сәл-пәл жібіңкіреу.* Сәл-пәл *б у с а ң қ ы р а ғ а н* қара топырақ, беті кеберсіп, асты ширатылып жатыр (Ш. Мұртазаев, Табыл. теңіз).

БУССОЛЬ [франц. boussole] з а т. т е х. *Магнитті меридиан мен қандай да бір затқа бағытталу аралығындағы көлденең бұрышты өлшеуге арналған геодезиялық аспап. Б у с с о л ь д ы ң* негізгі бөлімдері: айналмалы магнит меңзері, бұрыштық бөлшектер мен сақиналар, диоптрлар немесе затқа бағыттауға арналған оптикалық труба (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Б у с с о л ь* топогеодезиялық жұмыстарын жүргізуде, планшетті бағдарлауда, магнит стрелкасының еңкеюін анықтауда т.б. қолданылады (ҚСЭ).

БУСТРОФЕДОН [грек. bus – өгіз, strepho – қайта айналдырамын] з а т. л и н г в. *Бірінші жолы солдан оңға, екінші жолы оңнан солға қарай жазылатын жазу үлгісі.* Ежелгі жазулардың біразы *б у с т р о ф е д о н* үлгісінде жазылған (Ғ.Қалиев, Тіл білімі термин. сөздігі).

БУТАДИЕН з а т. х и м. *Өзіне тән иісі бар түссіз газ; қанбаған көмірсутек.* 1970 жылы барлық өндірілген *б у т а д и е н н і ң* 85–86%-ті бутан, бутилендерді дегидрогендеу әдісі арқылы алынған (ҚСЭ).

БУТАН [грек. butyron] з а т. х и м. *Газ тәрізді қанық көмірсутек. Б у т а н* химия өндірісінде және газ күйіндегі отын ретінде пайдаланылады (ҚСЭ). *Б у т а н д ы* өндірісте табиғи газдан немесе мұнаймен серіктес газдардан алады (ҚҰЭ).

БУТАРА [лат. butarium] з а т. г е о л. *Кен массасын тазартып, жуып-шаюға арналған аспап. Б у т а р а* – балшықты кен массасын байыту алдында оның ішіндегі ұнтақты кенжыныс минералдарынан, балшықты заттан жуып-шаюға қолданылатын аспап (Қаз. тілі. термин. Геол.).

БУТАФОР з а т. ө н е р. *Бутафориялық бұйымдар даярлаушы адам, маман.* Бутафориялық бұйымдарды даярлайтын искусство қызметкерін *б у т а ф о р* деп атайды (ҚСЭ).

БУТАФОРИЯ [итал. buttafuori] з а т. ө н е р. *Театр спектакліне қажетті жасау-жиһаздарының орнына пайдаланатын арнайы жасалған жасанды бұйымдар. Б у т а ф о р и я* – театрға, киноға қажетті жасау-жиһаздардың орнына пайдаланатын арнайы жасалған жасанды бұйым (ҚСЭ).

БУТАФОРИЯЛЫҚ с ы н. *Бутафорияға тән, бутафорияға қатысты.* Мұндай *б у т а ф о р и я л ы қ* бұйымдардың сыртқы түрі көз тартарлықтай әдемі, өзі арзан, берік болуы қажет (ҚСЭ).

БУТЕРБРОД [нем. Butterbrot] з а т. *Үстінде май я сүтсірне, я шұжығы бар бір тілім нан.* Жалғыз терезенің төменгі жартысына қара мата ұстап жауып, үш литрлік ыдыспен су, төрт-бес тілім *б у т е р б р о д* әкеліп қойды (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). Алдында бір-екі ұрттап қана қойған кофе мен бір тістелген *б у т е р б р о д* («Лен. жас»).

БУТИК [франц. boutique] з а т. *Қымбат, сәнді тауарлар сататын кішкентай дүкен.* ≈ *Б у т и к т е н* киіну.

БУТИЛ: **бутил спирті.** х и м. *Өткір иісті, түссіз сұйық (C_9H_4OH).* Өндірісте аса маңызды ацетон, *б у т и л с п и р т і* сияқты заттар да микробтар көмектеспейінше алынбайды (Т.Таубаев, Жасыл әлем.).

БУТИЛЕН з а т. х и м. *Газ түріндегі қанбаған көмірсутек; бутен* C_4H_8**.** Азат Сартаева еңбегінің тағы бір құндылығы – газ тектес этилен, пропилен, *б у т и л е н* сияқты заттарды өндірісте пайдаланып синтетикалық талшықтар, пластмассалық бұйымдар жасауға болатыны да қарастырылады («Лен. жас»). Өнеркәсіпте *б у т и л е н д і* бутандардан каталитикалық дегидрогендеу арқылы алады (ҚСЭ).

БУТИРОМЕТР [грек. butyron – май, metron – өлшем] з а т. *Сүттің майлылығын анықтау үшін арнайы жасалған аспап.* Бұл – *б у т и р о м е т р* деген аспап (Ауызекі).

БУТЛЕГЕР [ағыл. bootlegger] з а т. *Тыйым салынған, шек қойылған тауар сатушысы; ішімдік жасаумен жасырын айналысатын адам.* ≈ *Б у т л е г е р д і ң* азаюы.

БУТУРБИНА з а т. т е х. *Бумен жұмыс істейтін жылу қозғалтқышы.* Піспекті машинелерден *б у т у р б и н а с ы н ы ң* айырмашылығы ондағы энергияның түрлену процесінің үздіксіз жүретіндігінде (ҚСЭ). Егер Күн сәулесінен жиналған жылылықпен суды қайнатса, пайда болған будың күшін кішігірім *б у т у р б и н а л а р ы н* және қозғалтқыштарды жүргізуге пайдалануға... (Т.Омаров, Күн. құб.).

БУТЦЫ [ағыл. boots] з а т. с п о р т. *Футбол ойнағанда киетін, табаны бұдырлы аяқкиім.* Біз алдымен кетімен ойнайық дедік те, кейіннен футбол дәстүрін бұзбайық деп *б у т ц ы* кидік («Спорт»).

БУТЫЛКА ор. з а т. ***Бөтелке***. *Б у т ы л к а* шалдың басынан асып барып, арбаға тиіп күлталқаны шықты (Б.Майлин, Шығ.). Бұрыла бергенде қолынан желім құйған *б у т ы л к а с ы* жерге түсіп кетті (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

БУУ *Бу етістігінің қимыл атауы; байлау.* Әкем мінген қара атты Мінуге келдім, шешеке! *Б у у ғ а* келдім беліме, Ақ алмас семсер болатты (Батырлар жыры). Ал шөпті шөмелеге салып *б у у,* мәшинәге тиеу жұмыстарын бір-ақ адам атқарады («Лен. жас»).

БУУЛЫ с ы н. *Буылып, түйіліп, байланған.* Сүйіндіктің аппақ үлкен үйі жылы екен, іші толған жүк, *б у у л ы* тең менен сандықтар (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Әке-шешесінің келуіне қарсы *б у у л ы* жатқан тең-тең жүктерді шешіп, төр алдына асыл төсеніштер жайды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Бай үйі жайғасып бола алмай жатыр. *Б у у л ы* теңдер... Сандықтар мен кебежелер (З.Шүкіров, Ізгілік.).

Буулы сөз. *Айтылмаған, іштегі сөз.* Буынсыз тілің, *б у у л ы с ө з і ң* Әсерлі адам ұғлына. Кісінің сөзін ұққыш-ақ, өзің, Қисығын түзеп тұғырға (Абай, Тол. жин.).

БУУШЫ с ы н. *Бір нәрсені буатын, буу әрекетін істейтін (адам).* Ертайдан шөп *б у у ш ы* Темеш Масақбаев та қалысар емес («Лен. жас»).

БУФЕР[1] [ағыл. buffer] з а т. т е х. *Екі заттың бір-бірімен соқтыққан кезіндегі күшті кеміту, солғындату, бәсеңдету үшін (теміржол вагондарында, автомобильдердегі) арнайы жасалған қондырғы.* – Қызықты қараңызшы, – деді вокзал дежурныйы Еркен мен Зияға Саматты иегімен нұсқап, – өзгені қойып, бұл жігіт тіпті *б у ф е р г е* отырып кетпекші болған (Ф.Дінисламов, Көл жағасы.). Вагон төбесінде де, *б у ф е р л е р д е* де қарғадай қонақтаған адам (Ж.Арыстанов, Таң жұлдызы).

БУФЕР[2] з а т. и н ф. *Мәліметтерді уақытша сақтауға арналған компьютер жедел жадының бір бөлігі. Б у ф е р* пернетақтада символдарды жылдам теру кезінде символдардың дұрыс реттілігін қамтамасыз етеді (ҚҰЭ).

БУФЕРЛЕУ [ағыл. bufferinq] е т. и н ф. **1.** *Негізгі жад пен сыртқы құрылғы арасында ақпарат алмасу процесі кезінде мәліметтерді уақытша сақтау үшін негізгі жадтың (буферлердің) арнайы аймағын пайдалану.* **2.** *Операцияларды бағдарламалау.* **3.** *Кіріс немесе шығыс мәліметтерін бір блок көлеміне дейін жинақтауға арналған компьютер немесе құрылғының жад аймағын ұйымдастыру.*

Буферлеу әдісі. [ағыл. bufferinq method]. и н ф. *Енгізу-шығару буферлерін пайдалануға негізделген сыртқы құрылғы мен бағдарламаның жұмыстық аймағы арасында мәліметтер жеткізу тәсілі. Б у ф е р л е у ә д і с і* – базистік әдістер және кезекпен қатынас құру әдістері болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Информатика.).

БУФЕРЛІК с ы н. *Буферге тән, буферге қатысты.*

Буферлік ерітінділер. х и м. *Сутек иондарының концентрациясын белгілі бір дәрежеде ұстайтын ерітінділер. Б у ф е р л і к е р і т і н д і л е р* аналитикалық химияда биохимия және физиологиялық зерттеулерде кеңінен қолданылады (ҚҰЭ).

Буферлік жад. [ағыл. buffer, annex memory] и н ф. *Ақпарат алмасу кезінде мәліметтерді буферлеуге пайдаланатын жад немесе жад бөлігі; ақпаратты уақытша сақтауға арналған орын.* ≈ Компьютердің *б у ф е р л і к ж а д ы н д а* сақталған.

Буферлік қор. қ а р ж ы. *Кәсіпорын қалыпты жұмыс істеу үшін қажетті, айналым капиталына жататын босалқы қор. Б у ф е р л і к қ о р* қысқа мерзімді берешек пен босалқы қордың көзі болып табылатын капиталдардан қаржыландырылады (ҚҰЭ.).

Буферлік регистр. [ағыл. buffer registen] и н ф. а) *Мәліметтерді уақытша сақтауға пайдаланылатын регистр. Б у ф е р л і к р е г и с т р д і* пайдалану арқылы жұмыс істеу жылдамдығын арттыруға болады. ә) *Жедел жад пен сыртқы құрылғы арасында мәліметтер алмасуды жүзеге асыратын регистр. Б у ф е р л і к р е г и с т р д і* пайдалану керек (Ауызекі).

Буферлік файл. [ағыл. spool file]. и н ф. *Көпмақсатты операциялық жүйелерде қорытынды шығарылатын мәселелердің мәліметтерін уақытша сақтауға арналған файл.* ≈ *Б у ф е р л і к ф а й л д ы* қарау.

БУФЕТ [франц. buffet] з а т. **1.** *Жеңіл-желпі тамақ я сусын сататын орын, дәмхана.* – Мәриям бір жерге кетіпті, қазір келеді; оған шейін *б у ф е т к е* барып отыра тұрайық, – деп Дәметкенді тағы қолтықтады (Б.Майлин, Шық.). Чемоданымды зат сақтайтын камераға апарып қойдым да, өзім *б у ф е т к е* барып бір стақан ыстық кофе ішіп, үйқымды ашып, қайтадан тысқа шықтым (З.Шашкин, Доктор.). Осыдан кейін бұлар ресторан, шайхана, *б у ф е т т е р д е* талай таңдарды атқызды (Ө.Қанахин, Мұрагер). **2.** *Ыдыс-аяқ, түрлі тағам, ішімдік сақталатын бөлмедегі шкаф.* Сол жақ босағадағы *б у ф е т т і ң* ішінен сәнді ыдыстар жылтырайды (С.Мұқанов, Шық. жин.). Сақыш *б у ф е т т і ң* ішінен қағазбен тығындалған бір бөтелкені үстел үстіне қойды (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Көпшіліктің көзі түсе берген зат – ыдыс-аяқ қоятын *б у ф е т* пен шифоньер болды («Лен. жас»).

БУФЕТТІК с ы н. *Буфетке арналған.* Жолдас үшін үй жақын, ара жақын, Жан-қалтаңда *б у ф е т т і к* қаражатың. Қандай жақсы кездескен орта жолда, Бірімізге біріміз бара жатып! (Қ.Мырзалиев, Домбыра).

БУФЕТШІ з а т. *Буфет сатушысы. Б у ф е т ш і* әйел бір нәрселерін есептеп жатыр (С.Ерубаев, Менің құрдас.). Төржан *б у ф е т ш і,* кассирша қыздардың Жаннаға теріс қарауларының да себебін байыптайтын (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). – Балық алмағанға сыра жоқ, – дейді *б у ф е т ш і* (С.Адамбеков, Қожанасыр.).

БУФЕТШІЛІК з а т. *Буфетші болушылық.* Оның *б у ф е т ш і л і к* қызметі көпке созылмады («Лен. жас»).

БУФФОНАДА [итал. buffonata] з а т. ә д е б. *Кездейсоқ, ойламаған жерден болған күлкілі жағдай негізделген комедиялық пьеса. Б у ф ф о н а д а н ы* комедияның жеңіл, үстірт түрі, өткінші, жай бір ғана күліп қоярлықтай таяз түрі деуге болады (Әдеб. термин. сөздігі).

БУХГАЛТЕР [нем. Buchhalter, buch – кітап, halten – ұстау] з а т. *Кәсіпорында және шаруашылықта есеп-қисап жұмыстарын жүргізуші қызметкер; бухгалтерия ісінің маманы; есепші.* Дос-жолдастар жол бойы Кездескенде бас салар. Шартқа отыру, Қол қою, *Б у х г а л т е р л е р,* Кассалар (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Мектепбайдың бұл сөзінен мен бөлімше *б у х г а л т е р і н і ң* қаламға оңтайлы жігіт екенін аңғардым (С.Омаров, Дала қызы). Колхоздың *б у х г а л т е р і* Болотенко жолдастың айтуынша, тек клуб пен мектеп үйін салуға колхоз 4 800 000 сом қаражат жұмсаған (Көктем лебі).

Бас бухгалтер. *Бухгалтериядағы қызметі жағынан үлкен, негізгі маман.* Делоларға үңіліп *б а с б у х г а л т е р* және толып жатқан бухгалтерлер отырады (С.Алдабергенов, Әңгім.).

БУХГАЛТЕРИЯ з а т. **1.** *Есеп-қисап жүргізудің (есептеу, есепке алу) теориясы мен практикасы.* ≈ *Б у х г а л т е р и я* курсы. **2.** *Белгілі бір мекеменің, ұйымның, шаруашылықтың есеп-қисап жүргізетін бөлімі.* – Қазір Жерсу Комиссариатына баратын тығыз жұмыс болып қалды. *Б у х г а л т е р и я д а н* Сәменді шақырыңыз (С.Бегалин, Уақыт.). *Б у х г а л т е р и я* бөлмесінде тірескен столдар, әр столда жайылып делолар жатады (С.Алдабергенов, Әңгім.). *Б у х г а л т е р и я н ы* бас бухгалтер, ал штаттық кестеде мұндай лауазым қаралмаса, аға бухгалтер басқарады (ҚҰЭ).

БУХГАЛТЕРЛІК с ы н. **1.** *Бухгалтерияға тән; бухгалтерге қатысты.* ≈ *Б у х г а л т е р л і к* іс. **2.** *Бухгалтер маманын даярлайтын.* Сатылған бұл кезде үйде жоқ, Алматыға үш айлық *б у х г а л т е р л і к* курсқа оқуға кеткен (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

Бухгалтерлік баланс. қ а р ж ы. *Шаруашылық жүргізуші заңды тұлғаның белгілі бір*

күнгі, көбінесе күнтізбелік кезеңнің (айдың, тоқсанның, жылдың) басындағы не аяғындағы қаржы шаруашылық жай-күйін ақшалай түрінде жинақтап сипаттайтын бухгалтерлік есеп құжаты. Бухгалтерлік баланстың кіріспелік, мерзімдік (ағымдағы), жылдық, жиынтық т.б. түрлері болады (ҚҰЭ).

Бухгалтерлік есеп. қ а р ж ы. *Кәсіпорынның қаржы және шаруашылық қызметінің нәтижелерін есепке алу жүйесі.* Олар *бухгалтерлік есепті* өздері жүргізеді немесе бухгалтер жалдайды, немесе бухгалтерлік фирмамен шартқа отырады. *Бухгалтерлік есептің* функциясы да өзгереді (Орыс-қаз. экон. сөздігі). Социалистік экономикада есептің негізгі түрлері – статистикалық және *бухгалтерлік есеп* (Қысқ. саяси экон.). Ведомостар *бухгалтерлік есеп* үшін және жұмысшыларға жалақы есептеу үшін құжат болып табылады (Қазақст. етті молайту.).

Бухгалтерлік есеп жүргізу. қ а р ж ы. *Заңды тұлғалардың қорлары мен қор көздерін және қаржы айналысын, шаруашылық операцияларының мазмұнын нақты құжаттар негізінде үздіксіз және өзара байланысын сақтай отырып, арнайы өлшеу бірлігімен тіркеп отыру. Бухгалтерлік есеп жүргізу* құжаттау мен түгелдеу, есепшоттар мен екіжақты жазу, бағалау және өзіндік құн шығару, баланс пен қорытынды есеп әдістеріне негізделген (ҚҰЭ).

БУХТА [нем. Bucht] з а т. ***Қойнау*** *(кеме тоқтауға жарайтын кішкене шығанақ).* Уақытының көбін Джо *бухтаның* басында, балықшылардың олжасынан қалған тастандыны жинау үстінде өткізеді («Қаз. әдеб.»).

БУЧИЛЬДІ: бучильді қондырғы. ә с к. *Суда және арнайы су ерітінділерінде қайнату жолымен теріні қорғау құралдарын, брезенттерді, қағаз, мақта, киім-кешектерді залалсыздандыруға және газсыздандыруға арналған қондырғы.*

БУША ү с т. *Буға ұқсап, су сияқтанып.* Енді қолымды іліктірдім бе дегенде дереу ғайып боп, *буша* жоғалып кетеді («Қаз. әдеб.»).

БУШЛАТ з а т. *Матростарға арнап шығадан тігілген жылы күрте.* Сары тұмсығын сүрік *бушлатына* тығып бір жамбастап төрде жатыр. Басында көпшік (Е.Домбаев, Ол. адам). Елжас *бушлатын* шешіп, жағасынан ұстап сілкіді де, қабырғадағы басы майысқан шегеге ілді (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң).

БУШМЕН з а т. *Оңтүстік және Шығыс Африканың ең ежелгі жергілікті халқы.* Бір кезде *бушмендер* бүкіл Оңтүстік Африканы түгел жайлайтын (ҚСЭ).

БУЫЗ з а т. ж е р г. ***Кебек***. Ұнды *буызынан* тазаладың ба? (Ауызекі).

БУЫЛ= е т. **1.** *Төрт бұрышты заттың төрт жағынан орай тартылып, айқастырылып байлануы.* Кулевакин *буылған* қағазды газетке орап, шығып жүре берді (С.Ерубаев, Менің құрдас.). **2.** *Ұзын заттың орта тұсынан орай тартып байлануы.* Қора ішінде тең-тең болып *буылған* жүктер мен екі-үш чемоданды әп-сәтте машинаға тиеді (К.Тоқаев, Тасқын). *Буылған* шырпылар мен қамыстарға адамның көзі түнады (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). **3.** а у ы с. *Бір нәрсенің кедергіге ұшырап, қысылып бөгелуі, тоқтап қалуы.* Су басынан *буылдағы* (Мақал-мәтел).

Ауызы буылды. *Үндемеді, дымы шықпады, сөйлей алмады.* Соның жерін жерлеген соң, тілін білмесең меңіреу адам сықылды *ауызың буылып,* мелшиесің де тұрасың (З.Жәкенов, Таң самалы).

Буылып өсті. п с и х. *Адам денесінің, әсіресе жасөспірім бой-тұрпатының кешеуілдеп барып, бірден өсіп кетуі.* Сондай балалардың кейбірі ересек бола биіктеп те кетеді. Қазақ ондай балаларды *буылып өсті* дейді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Демі буылды. *Тыныштықты, дем ала алмады.* Бала кезінде Шыңғыстың бойы шарға болушы еді. Ашуына тығылып, Көз-жасы, *демі буылып.* Қалтыраған даусымен Деді сұлу: «Жаппар хақ» (Б.Майлин, Шығ.).

БУЫЛДЫҚ з а т. б о т. *Сулы жерде өсетін, ұзын сабақты, гүлді, тамыр-жемісті өсімдік.* Мен ауылдың бір топ балаларына қосылып, күнде дала кезіп кетемін. Сай-салаларды тінтіп, жуа тереміз, *буылдық* қазып аламыз (С.Омаров, Дала қызы). Сай қуалап, шотпен қазып ап, Қоламтаға *буылдық* та пісірдік (Қ.Жармағамбетов, Сырлы тал). Бақша деп қауын, қарбыз, *буылдық,* сәбіз, қияр, пияз, көпөсте, памидор, қабақ, күнге бағар сияқты жемістер егетін жерді айтады (Ж.Аймауытов, Баушы мен бала).

БУЫЛДЫР с ы н. с ө й л. ***Буалдыр***. Күн көзі *буылдыр* аспанның шыңырауына қарай өршелене биіктеп бара жатыр (З.Иманбаев, Дала.). Бір күні түс қайта-ақ күн *буылдыр* тұманға айналды, кешіне тұман күшейді (С.Шарипов, Шығ.). Енді *буылдыр* күз таяныш келеді («Қаз. әдеб.»). Алатаудың дәл төбесінде тұрмыз. Төңіректеміз көк *буылдыр*, теңіз тәрізді (Б.Кенжебаев, Асау жүрек).

БУЫЛДЫРЫҚ з а т. б о т. с ө й л. ***Буылдық.*** Баршагүл олардың [қаз бен үйректің] ішіне таужуа мен *буылдырық* толтырып, шар дәрілеп, пісіріп берген (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Дала саз, дала дауыл, дала қатқақ, Балалар борбайларын отқа қақтап, Көміп жеп қоламтаға *буылдырық,* Қутыңдап қояды жазды мақтап (Д.Әбілев, Алтай.). Жұмсақ

қана болып піскен еттің ішіне тау жуасы мен саз *б у ы л д ы р ы ғ ы н* турап бұқтырған тұздығы да өте татымды болды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БУЫЛТЫҚ з а т. *Бір нәрсенің бойындағы шорланған, жуанданған жері.* Малдың ашыққан уақытында жүні жіңішкеріп, тойынғанда қайта жуандайтындығынан жүнде *б у ы л т ы қ* пайда болады, оны «аштық буылтығы» дейді (С.Омаров, Мал терісі.). Дәнекер тінінің жасушаларындағы ядро созылып ұзарады да, ортасынан *б у ы л т ы қ* пайда болады (Жалпы биология). Егер бұршақтың немесе басқа бұршақ тұқымдас өсімдіктердің тамырларын қарасақ, оларда өскен *б у ы л т ы қ т а р д ы* – түйнекшелерді – оңай табуға болады (Ботаника).

Буылтық құрттар. <лат. annelida> б и о л. *Денесі сақина тәрізді буылтықтанып біткен ұзын құрт, омыртқасыз жануарлардың ішіндегі үлкен бір типі. Б у ы л т ы қ құ р т т а р* Қазақстанның барлық аудандарында кездеседі (ҚСЭ). *Б у ы л т ы қ құ р т т а р* белдеусіздер және белдеулілер болып екі түрге бөлінеді (ҚҰЭ.).

БУЫЛТЫҚ-БУЫЛТЫҚ с ы н. *Бір жері жуан, бір жері жіңішке; бунақталған.* Таласқыш, қанықпезер, өздері кіп-кішкентай қара құмырсқа *б у ы л т ы қ-б у ы л т ы қ* семіз (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке). – Қап, – деді, – таңертең теріп қайтқан бір қап жапа тезекті төгуді ұмытып кетіпті, анадай жерде *б у ы л т ы қ-б у ы л т ы қ* боп тұр (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

БУЫЛТЫҚСЫЗ с ы н. *Буылтығы жоқ, біркелкі.* Екеуінде де иіруші шебердің созу, оны мұрындыққа іліп, иіріліп келе жатқан жіпті *б у ы л т ы қ с ы з* біркелкі етіп сыптығырлай отыруын, саусақтарының шебер, ширақ қимылдауын керек етеді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БУЫЛТЫҚТА= е т. *Буылтық-буылтық ету, бунақтау.* Майлап болған соң екеуі мылтықтарын Отардың жаман шапанына орап, жіппен мықтап *б у ы л т ы қ т а п* байлады (С.Сейфуллин, Шығ. жин.).

БУЫЛТЫҚТАЛ= е т. *Бір нәрсенің шорланып, буылтық-буылтық етілуі.* Бұршақ тұқымдас өсімдіктер өсе бастағанда бактериялар олардың тамыр ұлпаларына еніп, сонда көбейеді де, *б у ы л т ы қ т а л ғ а н* түйнектер түзеді (Н.Шоқанов, Микроорганизм.).

БУЫЛТЫҚТАЛУ *Буылтықтал етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тамырының *б у ы л т ы қ т а л у ы.*

БУЫЛТЫҚТАН= е т. *Бір нәрсенің бөлектеніп, томпайып шорлануы.* Соны айтады да, қара кебежеден *б у ы л т ы қ т а н ғ а н* бүйенді суырып алып, қара аяққа май салады (Б.Майлин, Азамат.). Шұлық венаның *б у ы л т ы қ т а н ы п* түйілген жерлерін басып, орнына келтіріп, оны асқынудан сақтайды (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.). Өмір бойғы еңбектен *б у ы л т ы қ т а н ы п* кеткен саусақтарының бірінде жалпақ күміс сақинасы жарқырайды (Ғ.Мүсірепов, Қазақ солдаты).

БУЫЛТЫҚТЫ с ы н. *Буылтығы бар.* Олар *б у ы л т ы қ т ы* тамырларға таңғала қарасты («Қазақст. пионері»).

БУЫЛУ *Буыл етістігінің қимыл атауы; жиналып, байлану.* Осыншалықты мол қамыс бұған дейін *б у ы л у* дегенді білмеген («Лен. жас»).

БУЫЛЫП-ТҮЙІЛ= е т. *Жинастырылып-байлану, түйіншектелу.* Онда сол қысқы киім, тай мата, тағы басқа да осы үйдің іліп аларлық дүние-мүлкі *б у ы л ы п-т ү й і л г е н* күйінде сақталатын болса керек (Ө.Қанахин, Жер бас.). Мұнда [мемлекеттік дыбыс жазу үйі] дыбыс өндіріліп, көбейтіліп, *б у ы л ы п-т ү й і л і п* қалалар мен селоларға жіберіледі («Лен. жас»).

БУЫЛЫП-ТҮЙІЛУ *Буылып-түйіл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Киімдердің *б у ы л ы п-т ү й і л у і.*

БУЫН[1] з а т. **1.** <лат. articulatio> а н а т. *Адам я жан-жануарлар сүйектерінің бір-бірімен өзара қозғалмалы түрде жалғасқан (байланысқан) аралығы.* Тірі ағзаларда *б у ы н* 3 түрлі рөл атқарады; дене қалпының сақталуына жәрдемдеседі; дене бөліктерінің өзара орын ауыстыруына қатысады; дененің кеңістіктегі орын алмастыру (локомоция) мүшесі болып табылады (ҚҰЭ). Кәрілік қартайғанда көзден келер, Белгісі алжығанның сөзден келер, Сыртылдап *б у ы н д а р ы ң* ебі кетіп, Белгісі аяқ жақта тезден келер (Шал ақын, Өленд.). **2.** б о т. *Өсімдік сабақтарының жапырақ немесе бүршік орналасқан, буылтықтанған жері.* Сабақтың жапырақ немесе бүршік орналасқан жері – *б у ы н* (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Бүршіктің орналасқан жерін сабақтың *б у ы н ы,* ал екі *б у ы н н ы ң* арасын сабақтың буын аралығы деп атайды (С.Тұрдиев,.. Үй өсімдік.). Бидайдың сабағы тік, іші қуыс болады. Сабақта тығыз буылтықтар көрініп тұрады: Бұлар – сабақтың *б у ы н д а р ы* (Ботаника). **3.** а у ы с. *Тұтас бір нәрсенің жеке саласы, бөлімі, тармағы.* Мақтаны мәшинемен жинау мақта шаруашылығын комплексті механикаландырудың аса маңызды *б у ы н ы* болып саналады (М.Ерлепесов, Суармалы егін.). Бұл үшін, әрине, халық шаруашылығының барлық *б у ы н д а р ы н д а* да үлкен ұйымдастырушылық жұмыс керек («Соц. Қаз.»). **4.** а у ы с. *Жас жағынан шамалас, замандас,*

әріптес адамдар тобы. – Бұл сияқты әрі қиын, әрі қадірлі және өте жауапты міндетті партия, Сәке, сіздерге – әдебиеттің алдыңғы *б у ы н ы н а* артқан болатын (Ж.Саин, Жол үсті.). Біздің бұл айтып отырғанымыз жалғыз Серкеге ғана тән қасиеттер емес, алғашқы қазақ актерлерінің бойында бар, көптеген соңғы *б у ы н д а р г а* да ортақ өнер, халық өнері (Қ.Қуандықов, Серке Қожамқұлов). **5.** а у ы с. *Үрім-бұтақ, ұрпақ.* Үмітпенен сені тосып, Топтал жасап тоқсан жылды. Үш *б у ы н н ы ң* басын қосып, Қуанды атаң көңілі тынды (С.Бегалин, Таңд. шығ.). Іштен өсіп адамдық, Сырттан түлеп жамандық, Тазарып әбден кеткенше: Талай шаштар ағарар, Талай тәнді жер алар, Талай *б у ы н* қуарар, Талай өмір суалар (С.Торайғыров, Алаш ұраны). **6.** а у ы с. к о н т е к с т. *Күш-қуат.* Енді мұндай аман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас *б у ы н* керек екен (Абай, Тол. жин.).

Аға буын. п о э т. *Көпті көрген, тәжірибесі мол алдыңғы ұрпақ.* Білмегендеріңді, шеше алмағандарыңды көпті көрген *а ғ а б у ы н н а н* сұрауға, олардан үйренуге ұялмаңдар (Т.Жанкелдин, Партизан.). *А ғ а б у ы н* өкілдері де, әдебиетке соғыстан кейін келген орта буын ақындар да өлең-дастандарын осы планда жазып жүр («Қаз. әдеб.»).

Буынды құртты. *Әлсіретті, жүйкелетті, діңкелетті.* Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпейді, бойды шымырлатып, *б у ы н д ы қ ұ р т ы п,* я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады (Абай, Тол. жин.). *Б у ы н д ы қ ұ р т ы п,* әлді алды; Кәрілік те жетті сықырлап. Тітіркентті рухты, Ажал тісі шықырлап (І.Жансүгіров, Шығ. жин.).

Буын сыздады. *Аяқ-қолы қақсады.* Құрыстап денең дел-сал боп, *Б у ы н ы ң с ы з д а п* сырқырар. Құлазып көңіл енжар боп, Бұзылар ойдың шырқы бар (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

Буын шығуы. м е д. *Буын сүйектерінің өз орнынан қозғалып жылысуы.* Ол жамбас, ұршық буынының толық өсіп-жетілмеуіне байланысты және *б у ы н ш ы ғ у ы н ы ң* өте жиі кездесетін түрі оқыс жағдайда жарақаттанудан болады (ҚҰЭ). *Б у ы н ш ы ғ у ы н д а* оны қоршаған сіңірлер, қалталар, сүйектің түйіскен жеріндегі тері зақымданып, тіпті сүйегінің сынуы да мүмкін (ҚҰЭ).

Буыны бекіді. а) *Ер жетті, есейді, жетілді. Б у ы н ы б е к і п,* бортаңдап аяқ басқалы ол қоза арасында көзін ашқан (Қ.Әбдікадыров, Мақташы.). Ол кезде *б у ы н ы м* да *б е к і п* жетпеген жас өспірім едім (Тарту). ә) *Ысылды, шыңдалды.* Я, одан бері дивизия біраз шығынға ұшырап, сан жағынан кемігенімен, *б у ы н ы б е к і п,* нығайып қалған сияқты (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Осындай қарапайым, бірақ құрметті еңбекте адамдар ержетіп *б у ы н д а р ы б е к і д і,* аса бағалы тәжірибелерді там-тұмдап жинап, осы кейінгі жас ұрпаққа тартынбай үйретіп келді (М.Әмірғалин, Биязы жүн.).

Буыны бекіп, бұғанасы қатпаған. а) *Ержетпеген, есеймеген. Б у ы н ы б е к і п, б ұ ғ а н а с ы қ а т п а ғ а н д ы ғ ы н,* жастық, қызық дәуренінен айрылғанын, малға сатылып, еріксіз күйеуге кетіп бара жатқанын білдіреді (М.Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). *Б у ы н ы б е к і п, б ұ ғ а н а с ы қ а т п а ғ а н* балаларды қара топыраққа, жұмысқа салуға батылдары қалай барады екен?! (М.Хасенов, Алғашқы ән). ә) *Тәжірибесіз, жас, кемеліне келмеген.* Біреу кеп: «Сағатова сияқты *б у ы н ы б е к і п, б ұ ғ а н а с ы қ а т п а ғ а н* жас инженерлерді қолына қаршыға қып ұстап, заводтың әлекшәлегін шығарып жатыр», – депті (З.Шашкин, Теміртау).

Буыны бос. *Әлсіз, қуатсыз.* Сүйегім жасық, *б у ы н б о с,* Біраз ғана айлам бар. Айлам құрсын білмеймін, Болыстықтың жолы бар (Абай, Тол. жин.).

Буыны босады. а) *Денеден күш кетті, қартайды, қажыды.* [Сүлейменнің] басы шайқалып отыр. Көзі бұлдырап, *б у ы н ы б о с а п* кеткен (С.Ерубаев, Шығ.). ә) *Қалжырады, әлсіреді.* Өзім *б у ы н ы м б о с а п* әлсіреп тұрсам, оның үстіне төлкек етеді (М.Гумеров, Үш күн.). Үстелге отыруға барғанда, Раушанның тұла бойы қалтырап, *б у ы н ы б о с а п,* көзі бұлдырап кеткен секілді болды (Б.Майлин, Шығ.). б) *Тұла бойын қорқыныш кернеді, үрейі ұшты, қалтырады. Б у ы н ы б о с а п,* тілі байланып, не айтарын білмей, босағадан бері қарай келе алмай, қатып тұра қалды (С.Шарипов, Шығ.). Жүрегім дір-дір етіп, *б у ы н ы м б о с а п,* денемді үрей биледі (З.Шашкин, Теміртау). в) *Көңілі жібіді, елжіреді. Б у ы н ы б о с а п* дірілдеп, Сүйді жұрт бірін-бірі кеп. Сәбиін күнге көтеріп, Аналар тұрды күлімдеп (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

Буыны босамастай. *Қалжырамастай, әлсіреместей, қартаяр шақ жетпестей.* Жастықта бұл қызықтан соң және бір қызық тауып алатын кісімсіп, жастығы тозбастай, *б у ы н ы б о с а м а с т а й* көріп жүріп, бірер қызықты қуғанда-ақ мойны қатып, буының құрып... қалады екен (Абай, Тол. жин.).

Буыны кілтілдеді. *Аяқтарының буыны бастырмай, орнынан шығып кеткендей ауырды.* Сарсық түскен ғой деймін, *б у ы н д а р ы м* да *к і л т і л д е п* жүргізбей қалды (С.Мұқанов, Өмір мектебі).

Буыны қатты. а) *Пісіп жетілді, қатайды (өсімдік жайында).* Көптеген шаруашылықтарда қозы енесінен 4–4,5 айлығында, яғни шөптің *б у ы н ы қ а т ы п,* қуара бастаған, әрі жайылымның оты қашып, таптала бастаған кездерде бөлінеді (Ә.Есенжолов, Қаз. қойы). Егер қамыстың *б у ы н ы қ а т п а й* тұрып, жаздың басында, жапырағы жасыл және жұмсақ кезінде шабатын болса, одан пішен дайындауға болады (Б.Мұханов,.. Қазақст. өсімдік.); ә) *Өсті, үлкейді (малға қатысты).* Ересек, *б у ы н ы қ а т ы ң қ ы р а п* кеткен малды піштіргенде қан көбірек ағады, жарақатының жазылуы ұзаққа созылады (С.Омаров, Қой. бағу.). б) *Ересек болды, сақайды.* Адам болдың ержетіп, *б у ы н қ а т ы п,* Атқа мініп құйғытып, құйындатып. Өте шықты бір жазым құсқа толы, Көңілімнің айдынын дуылдатып (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Ілияс онда *б у ы н ы қ а т ы п* кеткен кісідей емес, ынтасын сала оқиды (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

Буыны құрыды. *Әлсіреді, қалжырады, шаршады.* Дел-сал боп бойым балқып, *б у ы н қ ұ р ы п,* Өзімді тоқтатуға келмей күшім. Толқыған жүрек сызы сыртқа шығып, Қызарып, бір ағарып менің түсім (Ә.Найманбаев, Шығ.). Босағаға жете бере *б у ы н ы қ ұ р ы п* отыра кетті (Т.Ахтанов, Боран). Бұдан әрі не болғанын, қалай келе жатқанын сезінер емес. *Б у ы н ы қ ұ р ы п,* әлі біткен сияқты (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр).

Буынын алды. *Бойын билеп алды, еріксіз босатып, елжіретті.* Өшкенім жанып, өлгенім тірілді, сарғайтқан сағыныш өн бойыма тарап, *б у ы н ы м д ы а л д ы,* мас етті (М.Иманжанов, Адам.). Еріні қалың да емес, жұқа да емес, Тістері тізіп қойған ақ мәрмәрдей. Бозбала сырттан көріп масаттанып, *Б у ы н ы н а л ы п* кеткен (И.Байзақов, Таңд. шығ.).

Буынын босатты. *Еріксіз елжіретті, елітті. Б о с а т ы п б у ы н ы м д ы* жылы сөзбен, Ертетін болды ізіне бермей ерік (Базар жырау, Шығ.).

Буынына түсті. а) *Ән бойына тарады, балқытты, елжіретті.* Хош иіс, салқын ауа денеңді балқытып, *б у ы н ы ң а* дейін *т ү с і п*... өзіңді бір кіршіксіз гүлдей таза етіп жіберді (С.Ерубаев, Менің құрдас.). ә) *Әлсіретті, соңғы күш-қуатын алды.* Ауаға суық болып тарап, шым-шымдап ішке кіреді. Қойлардың *б у ы н ы н а т ү с і п* бүрсеңдетіп, бойындағы соңғы жылуын сорады (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Буынын баса алмады. а) *Аяғын баса алмады, жүре алмады.* Мұрат Назгүлді көре сала атынан қарғып түсіп еді, *б у ы н ы н б а с а а л м а й* тұрып қалды (Ә.Әбішев, Терең тамыр). ә) *Еркеліктен дұрыстап жүре алмады, былқсылық етті.* Ай мен күндей екі әйелдің ортасында *б у ы н ы н б а с а а л м а й* былқылдап келе жатқан жігітті көріп, патшаның іші күйеді («Қаз. ертег.»).

Буынын бекітті. *Өз-өзіне келді, есін жиды.* Ал, өзің ең алдымен *б у ы н ы ң д ы б е к і т* (С.Шаймерденов, Болашақ.). Уа, *б у ы н ы ң д ы б е к і т,* тез байла! Әйтпесе екеуміз де құримыз! – деді Бақтыбай (З.Иманбаев, Солма. гүл). Балам, қорықпа, *б у ы н ы ң д ы б е к і т,* ізін бақылап қалайық (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

Буыны сыздады. *Аяқ-қолы қақсады, сырқырады.* Құрыстап денең дел-сал боп, *Б у ы н ы ң с ы з д а п* сырқырар. Құлазып көңіл енжар боп, Бұзылар ойдың шырқы бар (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

Буыны түсті. *Былқ-сылқ етті, кербезденді, сәнденді.* Сонда сұлу қыз Құртқа *б у ы н ы т ү с і п* былқылдап, Алтын қалпақ дулыға, Шекесінде жарқылдап, Көтеріп басын сөйледі (Қобыланды батыр).

Жас буын. п о э т. *Кейінгі ұрпақ, жастар.* – «Міне, көрдің бе, біздің *ж а с б у ы н д а р ы м ы з д ы ң* жөндеген паровозын» деп мақтанатын болайық! – деді депоның аға мастері (Ғ.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Осынау эстафетадай, Жеткізер біздің *ж а с б у ы н.* Болашақ күнге, өте бай Отанның игі дәстүрін (М.Әлімбаев, Биікке.).

Орта буын. п о э т. *Аға буын мен жас буынның аралығындағы ұрпақ.* Бірақ біздің қазіргі жастарымыз, айта берді, *о р т а б у ы н* ағаларымыздың өзі совет мектебінен тәлім-тәрбие алды емес пе?! («Қаз. әдеб.».). Сыншылардың *о р т а б у ы н ы* да ағаларынан «үлгі» алып, үндемеуге бет қойған сияқты («Лен. жас»).

Сырт буын. *Сырттап қалған, жат, бөтен.* Енді мұндай жорыққа шығудан қалған біреңсаран *с ы р т б у ы н* ақ бас қарттарды орталарына алып, әлі оттасып жүр (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Көп жылдай бірімізден біріміз адасып көз жазып та қалдық, сөйтіп *с ы р т б у ы н* болып кеттік қой (С.Талжанов, Ұлдай.).

БУЫН[2] з а т. **1.** л и н г в. *Дыбысталған сөзде біртұтас айтылым кешені ретінде жеке дауысты не болмаса дауысты мен дауыссыз дыбыстардың тіркесімен құралатын сөз ағымының дыбыстан үлкен фонетика-фонологиялық бірлігі. Б у ы н* болу үшін оның құрамында дауысты дыбыс болуға тиіс және оның саны біреуден артық болмауға тиіс (Қаз. грамм.). Осы кезде оқушыны тек дыбыстарды ажыратуға ғана үйретіп қоймай, оларды *б у ы н м е н* оқып жаттықтыруға ерекше мән беріледі (М.Мұқанов, Пед.очерк.). Байырғы қазақ сөздерінің *б у ы н* бір ғана дауыссыздан бас-

талады, буын соңында үнді мен қатаң дауыссыз қатар тұра алады (ҚСЭ). **2.** ә д е б. *Өлең жолдарындағы дауысты мен дауыссыздың немесе бір дауыстының қарқынмен, кілт үзіліп айтылған тізбегі.* Оның өлеңдерінің *б у ы н ы* кейде артық кетіп, кейде кем қалып отырады (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). Қазақ поэзиясында өлең ырғағының тірегі – *б у ы н*, яғни ырғақ *б у ы н* санымен өлшенеді (З.Ахметов, Өлең сөз). *Б у ы н* силлабикадан басқа жүйедегі өлең құрылысында да ескеріледі (З.Ахметов, Өлең сөз.).

Ашық буын. л и н г в. *Бір дауысты фонеманың өзінен болған немесе дауыссыздан басталып, дауыстыға келіп біткен буын.* Сөйтіп, дауысты дыбыстың жалғыз өзі тұрып-ақ *а ш ы қ б у ы н* бола алады; қатарынан келген екі дыбыстың алдыңғысы дауыссыз, соңғысы дауысты болып та *а ш ы қ б у ы н* бола алады (Қазіргі қаз. тілі).

Буын жігі. л и н г в. *Сөз ағымындағы буындардың арасы, тоғысы. Б у ы н ж і г і* дауыстылардың қабатында тұрған дауыссыздардың қай жағына қарап кететініне байланысты.

Буын тіл. л и н г в. *Ең кіші дыбыстық бірлігі буынға негізделген тіл.* Қытай және Оңтүстік-шығыс Азия елдерінің көпшілігі *б у ы н т і л д е р г е* жатады (Ғ.Қалиев, Тіл білімі термин. сөздігі).

Буын үндестігі. л и н г в. *Сөз ағымындағы буындардың бірдей әуезбен айтылатын үйлесімі, үндесім заңы.* Лингвистикалық әдебиетте дауыстыларға байланысты үндесуді (сингармонизмді) *б у ы н ү н д е с т і г і* деп те атайды (Қазіргі қаз. тілі).

Бітеу буын. л и н г в. *Ортасы дауысты, екі жағы дауыссыз болып келген буын.* Мысалы: мал, төс, құс, қыс, тіс, қант сықылды сөздер *б і т е у б у ы н* болады. Өйткені бұл буындардың басқы дыбысы да, соңғы дыбысы да – дауыссыз (Қазіргі қаз. тілі). *Б і т е у б у ы н н ы ң* бір ерекшелігі екі дауыссыз дыбыс қатар тура беруі мүмкін (ҚҰЭ).

Жуан буын. л и н г в. *Жуан үндесім әуезімен айтылатын буын.* Октябрь революциясынан бұрынғы лексикамызда бір сөз көлемінде *ж у а н б у ы н н ы ң* жіңішке буынмен қатар тұруы кемде-кем болатын (Қазіргі қаз. тілі). Үндестік заңның әсерімен буын құрамындағы дауысты мен дауыссыз дыбыстар біркелкі *ж у а н б у ы н* (ша-ма, жұл-дыз), не жіңішке буын (кө-мір, күн-шік), еріндік (жұ-зым, бү-күр) не езулік (қы-зық, жә-бір) болып айтылады (ҚҰЭ).

Жіңішке буын. л и н г в. *Жіңішке үндесім әуезімен айтылатын буын.* Буын құрамындағы дауыстының сапасына қарай жуан буын (бала), *ж і ң і ш к е б у ы н* (мезгіл) болып бөлінеді (Қазіргі қаз. тілі).

Тұйық буын. л и н г в. *Дауыстыдан басталып, дауыссызға аяқталатын буын.* Мысалы: ат, ән, ор, үн, ай деген сөздер де, ант, өрт, ұлт деген сөздер де – *т ұ й ы қ б у ы н д а р.* Бұл буындардың алғашқы дыбысы дауысты, одан соңғы бір не екі дыбысы дауыссыз болып тұр (Қазіргі қаз. тілі).

БУЫН= е т. **1.** *Жіппен, белбеумен не басқа нәрсемен киімнің сыртынан, белінен байлау, тағыну.* Беліме жіп *б у ы н д ы м* белбеусізден, Жігіттер, қатын алма көргенсізден, Қатынды алар болсаң көргенсізден, Ғазиз басың қор болар тергеусізден (Шал ақын, Өлең.). Осы белбеуді ол қысқы киімін шешкенде де тастамай, қамзолының сыртынан *б у ы н ы п* жүреді (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Боранбай белін қайыс белбеумен *б у ы н ы п,* жеңдерін түрініп алыпты (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.). **2.** *Жіп, арқанмен алқымды (тамақты) қатты қысу, қылғыну.* – Құлындар *б у ы н ы п* қалмасын. Күзет қойыңдар, – деді Шәкен мырза (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). – Әкем-ай, мына Аянның мінезі неткен қиын еді... Әлгінде *б у ы н ы п* өліп қала жаздады ғой (С.Мұратбеков, Көкорай). – Қайда қаңғып жүрсің, жүгермек?! Арқандаулы бұзау *б у ы н ы п* өле жаздапты ғой (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке). **3.** а у ы с. *Қатты ашуланғандықтан, долданғандықтан, ызаланғандықтан тұншығып сөйлей алмай (даусы шықпай) қалу.* Бұзаубақ ызаланып, долданып *б у ы н ы п* сөйлей алмады (С.Сейфуллин, Әңгім.). Даусы құрғыры әлі де шықпай, ән қайырмасын көтерер жерде бақсыдай *б у ы н ы п,* қып-қызыл боп кетеді (М. Дүйсенов, Гүлжан.). – Тоқтат, қаңғырған нәлет, бүлдірдің деген соң бүлдірдің! – деп *б у ы н д ы* да қалды (А.Тоқмағамбетов, Әке.).

Белін [бекем] буынды. *Бел байлады, тәуекел етті.* Алысқа тартып жатты жол, Қарады ана суынып. Бір отар қойды бақты ол, Жігітше *б е л і н б у ы н ы п* (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). Ер қолынан іс келмес, Сұңқардайын түйілмей, *Б у ы н ы п б е л і н* түйінбей, Зердесі жігер қайнамай (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Ел ішінде жүруші ек, Ағайынмен селбесіп. Елдің алдын кескестеп, Отыз ұл бірдей тел өсіп, Ажыратты елімнен, Үрім, Қырым жерімнен. Осылайша Ақырғай, Көшті тартып барады. Көшті жолға салады. *Б е л д і б е к е м б у ы н ы п,* Қыран құстай қарады. Зарлаған даусы ызамен, Тауды-тасты жарады (К.Әзірбаев, Шығ.). «Жоқ, оған көмектесуім керек» дегенге Жарқын да *б е л і н б е к е м б у ы н ы п,* тәуекелге басты

(М.Иманжанов, Менің махабб.). Ел егінге шабуылға шығуға *б е л і н б е к е м б у ы н ы п* алған (С.Мәуленов, Жер нәрі).

БУЫНАРАЛЫҚ з а т. б о т. *Сабақтағы екі буынның арасы.* Бүршіктің орналасқан жерін сабақтың буыны, ал екі буынның арасын сабақтың *б у ы н а р а л ы ғ ы* деп атайды (С.Турдиев, Үй өсімдік.).

БУЫНАЯҚТЫЛАР з а т. з о о л. <лат. arthroрoda> *Жоғары сатыдағы омыртқасыз жәндіктердің ең көп тараған тобы.* Қазір бүкіл жер шарында жәндіктердің 1,5 миллионға жуық түрлері болса, соның 1 миллионы *б у ы н а я қ т ы л а р* типіне жатады (Е.Қашағанов, Қой. құрты). *Б у ы н а я қ т ы л а р д ы ң* ішінде кенірдектілер ерте замандағы буылтық құрттардан шыққан (Х.Қашағанов, Қой. құрты). Шыбын-шіркейлер мен құрт-құмырсқа сияқты жәндіктер *б у ы н а я қ т ы л а р ғ а* жатады (Т.Тілеуғалиев, Мал қора.). *Б у ы н а я қ т ы л а р д ы ң* өздігінен көре алатын фасетті көздері және тек жарықты сезе алатын көзшелері болады (ҚҰЭ).

БУЫН-БУЫН с ы н. *Буылтық-буылтық.* Бамбуктың бітісі қамыс тәрізді, *б у ы н-б у ы н,* өзі тастай қатты (М.Әуезов, Индия очерк.). Сол медузаның қасында соған ұқсастау, бірақ *б у ы н-б у ы н,* ұзыншақ бір жәндік жүр (А.Машанов, Жер асты.). // *Үсті-үстіне, арты-артынан.* Басыңа бақыт қонды *б у ы н-б у ы н,* Жақсыға тәңірім шашар нұрдың суын. Ішінде Бес Шектінің батыр жаралған Дүшпанға жайған адам тілдің уын. Қалдырып ол Жарасты лауазымен Түсіріп он сегізде алдың құнын (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Буын-буынды қуалады. *Бүкіл денеге тарады.* Қолдан ашытқан сыра ә дегенше *б у ы н-б у ы н д ы қ у а л а п,* өне бойды алып барады (С.Жүнісов, Жапанда.).

Буын-буыны дірілдеді [қалтырады]. *Өне бойы, бүкіл денесі дірілдеді, қатты қорықты.* – Ақсақал-ау, айтсаңшы, не боп қалды? – Тұрардың жүрегі зу етіп, *б у ы н б у ы н ы д і р і л д е п* кетті (С.Алдабергенов, Қанат.). Сол жерде оның жүрегі кенет мұздап, *б у ы н-б у ы н ы қ а л т ы р а п* кетті (Ф.Дінисламов, Көл жағасы.).

БУЫН-БУЫНДЫ с ы н. *Буылтық-буылтық, бунақталған.* Жеміс қабығының сырты жылтыр, жартылай жылтыр, *б у ы н-б у ы н д ы* болып келеді (А.Алманиязов, Қазақст. қауын.).

БУЫНДА[1]= е т. б о т. *Буын салу, буын пайда болу.* Қырым ошағаны *б у ы н д а п,* гүлдеп келе жатқан кезеңінде пішенге орылады (Шопан серігі).

БУЫНДА[2]= е т. л и н г в. *Буын-буынға бөлу, ежіктеу.* Дыбыстан жинап сөз құрап, Ол сөзімді *б у ы н д а п. Б у ы н д а п* едім болсайшы, Жалғаудан жалғау туындап (І.Жансүгіров, Шығ. жин.).

БУЫНДАЛ= е т. *Бунақталу.* Тобылғы сап, алтын сақинамен *б у ы н д а л ғ а н,* сегіз өрім қамшы (З.Шашкин, Тоқаш Бокин).

БУЫНДАЛУ *Буындал етістігінің қимыл атауы.* ≈ Сөздің *б у ы н д а л у ы.*

БУЫНДАН= е т. *Буын-буынға бөліну.* Сөйтті де, ойындағысын жеткізуге асығып, сыбырлай жөнелді. *Б у ы н д а н ы п* шыққан сөздер Айса үшін кәдімгідей көрінеді (Т.Тобағабылов, Жазира).

БУЫНДАС[1] с ы н. **1.** ә д е б. *Буын саны ұқсас.* Төрт жолды өлеңнің бірінші жолы шолақ басталып, соңғы үш жолы түгел *б у ы н д а с* келетін бір түрі ертерек туса керек (Ғ.Мүсірепов). **2.** а у ы с. *Құралпылас, замандас, қатарлас.* Ал, Қорамжан *б у ы н д а с* адамдардың білім бұлағы кітаптан емес, кең дүниенің, өмірдің өзінен (Ж.Жұмаханов, Солдат.).

БУЫНДАС[2]= е т. **1.** *Жалғасу, қиюласу, түйісу.* Әрбір клетканың бір ұшы, кейде екі ұшы бірдей жауырын сүйегінің тоқпан жілікке *б у ы н д а с қ а н* жеріндегі беті сияқты ойпаттанып бітеді (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Сүйектердің өне бойын, яғни өздерінің бір-бірімен *б у ы н д а с ы п* қосылатын жерлерінен басқа жерлерінің бәрін жұқа қабық – сүйек қабығы қаптап жатады (Адам анатом.). **2.** а у ы с. *Ынғайласу, үйлесу.* Қызылдың қиюлары қиюласып, Бірімен біреуі тұр *б у ы н д а с ы п.* Диқаншы қыз қолына күрек алды, Алтын дәнді аспаннан суылдатып (Халық ақындары).

БУЫНДАСУ *Буындас етістігінің қимыл атауы.* ≈ Сүйектердің *б у ы н д а с у ы.*

БУЫНДАУ *Буында етістігінің қимыл атауы.* ≈ Сөзді *б у ы н д а у.*

БУЫНДЫ[1] з а т. *Буылған зат, бума.* Іште қырық-елудей кітап, ішегі жоқ бір домбыра, екі дойбы тақтайы, үш-төрт газет *б у ы н д ы с ы* жатты (Ғ.Сланов, Очерк.). Көңіліне көбірек алып, архив *б у ы н д ы л а р ы н* ақтарғандағы баса қарастырғаны осы еді (С.Бегалин, Шоқан асу.). Қабырғада сүйеулі ала таяқтардың арасында сарғыш *б у ы н д ы,* бойшаң Бұхар асалары да көрінді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

БУЫНДЫ[2] с ы н. **1.** *Буыны бар, бунақталған.* Ағыбайдың ең сүйікті қаруы – тоғыз *б у ы н д ы,* жез сақиналы жуан қайың найза (І.Есенберлин, Қаһар). **2.** *Тармақты.* Азаматтың бұлдыраған көзі 18 *б у ы н д ы* шарттың әр әрпін бір шолып өтті (Б.Майлин, Азамат.).

БУЫНДЫ[3] с ы н. **1.** ә д е б. *Буыннан тұратын.* Жамбылдың өлең-жыр үлгілері – жеті

б у ы н д ы жыр мен он бір *б у ы н д ы* қара өлең өлшеулері (Е.Ысмайылов, Ақындар). Поэманың басталған жерінде екі жолдық, егіз үйқасты, сегіз *б у ы н д ы* өлеңдер бар (М.Қаратаев, Туған әдеб.). **2.** л и н г в. *Бір немесе бірнеше буыннан құрылған.* Тіліміздегі сөздер бір *б у ы н д ы* не көп *б у ы н д ы* болып келеді (ҚҰЭ).

Алты буынды өлең. ә д е б. *Әр тармағы үш буынды екі бунақтан құралатын (3 буын-3 буын) өлең өлшемі. А л т ы б у ы н д ы ө л е ң* Абайдан бастап қазақ поэиясында өлең-жырларда (қысқа нақыл, мақал-мәтелдерде де ғана емес) кеңінен қолданылып келеді (Әдебиеттану термин.).

Аралас буынды. а) ә д е б. *Әртүрлі ырғақты болып келген.* «Ерікті ырғақты» деген-нен гөрі біз *«а р а л а с б у ы н д ы»* немесе «аралас ырғақты» мақал-мәтелдер деген жөн бе дейміз (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.). ә) л и н г в. *Сөз құрамында жуан және жіңішке буындар аралас келген.* Егер тілімізде *а р а л а с* (жуан, жіңішке) *б у ы н д ы* сөздер кездесетін болса, онда олар кірме сөз болғаны (ҚҰЭ). Бұдан жеке сөздің (сөзформаның) *а р а л а с б у ы н д ы* (жуан-жіңішке және керісінше) болуына төзбейтін біздің тіліміз әртүрлі түбірлерді (буындарды) қатар айта алатынын (бірай, бірорын, біруры, бірылақ), жеке сөз тіркестерінің (бунақтың) арасында ұқсастықпен қатар өзіндік ерекшеліктер де болатынын аңғарсақ керек-ті (Қаз. грамм.).

Жеті-сегіз [сегіз] буынды өлең. ә д е б. *Жеті буынды тармағы екі бунақтан (4 буын-3 буын), сегіз буынды тармағы үш бунақтан (3 буын-2 буын-3 буын) тұратын қазақ поэзиясында ерте кезден қолданылып келе жатқан өлең өлшемі. Ж е т і-с е г і з б у ы н д ы* өлеңнің қазақ поэзиясында Абайдан бастап лирикалық өлеңдерде (тек қысқа нақыл сөз, мақалдарға ғана емес) орныққан ырғақтық өрнегі бар (Әдебиеттану термин.). Бірақ бұл түр – *с е г і з б у ы н д ы* өлеңнің көп жайылған түрі, жыр өлеңдерінде келетін *с е г і з б у ы н д а р* (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.).

Он бір буынды өлең. ә д е б. *Үш бунақтан құралатын, екі бунақ 3 буын, 4 буын немесе 4 буын, 3 буын болып еркін ауыса беретін, ал соңғы үшінші бунақ үнемі 4 буынды болып келетін, қазақ поэзиясында бұрыннан жиі қолданып келе жатқан өлең өлшемі. О н б і р б у ы н д ы ө л е ң н і ң* тағы бір өлшемдік үлгісі бар, оның өзгешелігі – алғашқы екі бунақтың екеуі де 4 буынды болып та, соңғы бунақ үш буынды болып келеді (Әдебиеттану термин.).

БУЫНДЫР= е т. **1.** *Жіппен, белбеумен қысып байлау.* Қақаған аязда баласының белін мықтап *б у ы н д ы р ы п,* жолға шығарды (Б.Майлин, Шығ.). **2.** *Тамақтан алып қысу, тыныс алдырмау, қылғындыру.* – Жағамнан алып *б у ы н д ы р ы п* жатқанда, жаның ашығаны сол ма? Мені тірідей көмген жерің осы болды! – деп салды (Д.Әбілев, Арман.). Сонан әрі қарсыласуға, ес жинауға шамасын келтірмей, күндесін дәл алқымынан қыл шылбырмен *б у ы н д ы р ы п* сығып алды да, иыққа салып сүйрей жөнелді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **3.** а у ы с. *Бір нәрсені (ойды, сезімді т.б.) тежеу, тоқтату, шығармау.* Қыл тұзақпен *б у ы н д ы р ы п* зорға ұстап отырған жат ел, жат жерде қауіп пен қатердің қайдан келедісі бар ма! (Ә.Кекілбаев, Дала.). Күдік, мені оңашада кемірме. Кірлетпедім ақ көңілді көмірге. Өз қолыммен *б у ы н д ы р ы п* өлтірдім, Залым ойды келмей жатып өмірге (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **4.** а у ы с. *Булықтыру, қысу.* Болатов өзін-өзі *б у ы н д ы р ғ а н* күлкісін басу үшін: – Барлық қаруды дереу бірінші взводтың командиріне табыс ет, – деді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

БУЫНДЫРУ *Буындыр етістігінің қимыл атауы; қылғындыру, қатты қысу.* Бұлардың бұралқы итке деген ыза бойларын кернеді, олар бұл сұмырайды улы жылан секілді *б у ы н д ы р у ғ а* әзір еді. Бірақ шарасыздан бойсұнып, көнуге тура келді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

БУЫНДЫ-ТҮЙІНДІ з а т. с ө й л. *Буылып, түйілген зат, дүние.* Тығындыны ашып, барлық *б у ы н д ы-т ү й і н д і н і* қаттауға кіріскен кезде хабар айтылған тиісті заң орнынан уәкілдер келіп, есеп жүргізіп, заттарды өз түрімен сұрыптап, заңды тәртіпке келтіріп акті жазылды (С.Бегалин, Замана белес.).

БУЫНЖАЗУ з а т. л и н г в. *Бір әріп, не таңба бір буынды таңбалайтын жазу түрі.* Жазу жүйесіндегі таңбалардың не бүтіндей хабарды, не жеке сөзді, не буынды, не дыбысты белгіленуіне қарай, жазу мынандай түрлерге бөлініп қарастырылады: 1) пиктографиялық жазу, 2) идеографиялық жазу, 3) *б у ы н ж а з у,* 4) әріптік немесе дыбыстық жазу (К.Аханов, Тіл білімі.). *Б у ы н ж а з у* сөз құрамындағы әрбір буын графикалық таңбалармен берілетін жазудың бір түрі. Бұған жапон, үнді жазулары жатады (Қ.Аханов, Тіл білімі.).

БУЫНҚАП з а т. а н а т. *Жіліншіктердің бір-бірімен жалғасатын жеріндегі жылтыр ақ шеміршек.* Сүйек жік арқылы өзара қозғалмайтын болып немесе шеміршек не *б у ы н қ а п* арқылы қозғалмалы болып жалғасады (Құс өсіру.).

БУЫНҚҰРТ з а т. **1.** м е д. *Буынды зақымдайтын құрт ауруы.* Ол көптен бері *б у ы н қ ұ р т п е н* ауырушы еді, жақында ауруханаға

жатты (Ауызекі). **2.** а у ы с. *Білдірмей жүріп, іштей жейтін жегі.* – Сол құртады ғой жігітті, әйел заты *б у ы н қ ұ р т* емес пе, – деп Дәукең бір ырғалып, жұртқа көз тастап, қайтадан сөз арнасына түсті (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Буынқұрт түсіру. *Уайым-қайғы, қасірет, зар әкелу.* Ықыластың өзін айдап кетпей өзегіне *б у ы н қ ұ р т т у с і р у і н д е* алыстан меңзеген сұмдық жатқандай (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл).

БУЫНӨРНЕК з а т. қ о л ө н е р. *Бунақталған ұзынша желі тәріздес оюдың бір түрі.* Ол ақ пен қарадан, қызыл мен жасылдан, көк пен сарыдан бунақталып келетін ұзынша желі, соған қарай «қызылқұрт», «алақұрт», «бунақ» «*б у ы н ө р н е к*» деп те аталады. (Х.Шобай, Қаз. ұранқай. қолөнері).

БУЫНСЫЗ с ы н. **1.** *Буыны жоқ.* Естеместің салалы ұзын саусағы *б у ы н с ы з* болып кеткендей, жібектей майысып, жыпылдап барады (Т.Ахтанов, Боран). **2.** *Жансыз, өлі.* Жылы қанға бұланған мұздай денені ұстаған күйі көтере түсті де, жансыз, *б у ы н с ы з* өлі екенін көріп, есіктен шыға жөнелді (Х.Есенжанов, Көп жыл.). **3.** *Майысқан, бұралған. Б у ы н с ы з* бұратылған биші Шара, Қазақта би болып па, ол тың бір сала. Сан сында сүрінбеген даңғыл дарын, Алдына жан салмаған жалғыз қара (Т.Әбдірахманова, Көгершін).

Буынсыз жер. *Орынсыз, жөнсіз тұс. Б у ы н с ы з ж е р д е* қинадың-ау (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Балам, сен осы мені *б у ы н с ы з ж е р г е* жұмсап жүрген жоқсың ба? (С.Шаймерденов, Қарғаш). – Поповтың отрядымен бірге барасыз. *Б у ы н с ы з ж е р д е* басыңызды қатерге байламауыңызды өтінемін (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

Буынсыз жерге пышақ ұрды [салды]. *Жөні келмес жерде бір нәрсені қолқалап сұрап әуреледі, қинады; орынсыз талап, жөнсіз тілек қойды. Б у ы н с ы з ж е р г е п ы ш а қ ұ р м а* (Мақал-мәтел). – Апыр-ай, Қажеке-ай, *б у ы н с ы з ж е р г е п ы ш а қ ұ р д ы ң ы з-ау,* аулаққа таман барайық, бері таман жүріңізші, – деді ол (Ә.Әбішев, Найзағай). *Б у ы н с ы з ж е р г е п ы ш а қ с а л ғ а н* соң қайтейін (М. Әуезов, Таңд. шығ.). – Жездетай, *б у ы н с ы з ж е р г е п ы ш а қ с а л м а* (З.Шашкин, Тоқаш Бокин).

Буынсыз тіл. *Шешен сөз, шебер тіл.* Сүлеймен, Зұлхарнайын патша қайда, Болыпты тәні шіріп, сүйегі күл. Қаһарман Рүстем-Дастан қыран да өткен, Айырылар бір күн жақтан *б у ы н с ы з т і л* (Ә.Найманбаев, Шығ.). Қызыл *т і л і м б у ы н с ы з*, Сөзімде жаз бар шыбынсыз. Тыңдаушымды ұғымсыз қылып тәңірім берген-ді (Абай, Тол. жин.). *Т і л б у ы н с ы з*, бой-таза гүл, Ақылы артық, ары зор. Ол перизат, ойла, өзің біл. Не болады, болса көр? (Абай, Тол. жин.). *Б у ы н с ы з т і л і ң.* Буулы сөзің, әсерлі адам ұғына. Кісінің сөзін ұққымақ өзің Қисығын түзеп тұғырға (Абай, Тол. жин.).

БУЫН-ТҮЙІН з а т. с ө й л. *Буыншақтүйіншек.* Жамбыл станциясынан толық жігіт пен әйелі де түсті. Өздерінің жүктері, *б у ы н т ү й і н і* көп-ақ екен (Ә.Тарази, Құйрықты.). Төменнен Темір бастаған Құралай, Гайни, Василийлер келеді. *Б у ы н-т ү й і н д е р і м е н* шаршап, алқынып келеді (Ә.Тәжібаев, Жартас).

БУЫНТЫҚ з а т. с ө й л. ***Буылтық***. Қарасам сасырдың сабағының әр жері білеу-білеу *б у ы н т ы қ* екен (Т.Сұлтанбеков, Лұхман Хакім).

БУЫНТЫҚТАЛ= е т. с ө й л. ***Буылтықтал.*** Мұндай аурулардан өлген қойлардың ішінен, ұзын-ұзын жіңішке яки *б у ы н т ы қ т а л ғ а н ақ* құрттар шығады (Х.Арғынбаев, Мал ауру.). Сабағы жасыл түсті, *б у ы н т ы қ т а л ы п* өседі (Б.Шағыров, Картоп).

БУЫНТЫҚТАЛУ *Буынтықтал етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шырмауықтың *б у ы н т ы қ т а л у ы.*

БУЫНУ *Буын етістігінің қимыл атауы; байлану.* Ескі кенеп патронтаж да бір-екі жерінен қиылып *б у ы н у ғ а* келмей қалыпты (С.Бегалин, Уақыт.). Енді оған самолет белбеуін *б у ы н у* оп-оңай іс боп көрінді (Ә.Нұршайықов, Батыр.).

БУЫНШАҚ з а т. *Буылған кішкене нәрсе, кішкене бума, түйіншек.* Арқасында таңып алған *б у ы н ш а ғ ы* бар, мойнында дорба, қолында таяқ (F.Мұстафин, Қарағанды). Көкем апамның *б у ы н ш а қ т а р ы н* ақтарып, жабағы жүн тауып алды (М.Тиесов, Төлбасы). Жалшының қолында енді қымыз жоқ, екі *б у ы н ш а ғ ы* бар (F.Мұстафин, Дауыл.).

БУЫНШАҚ-ТҮЙІНШЕК з а т. *Буылған, түйілген бірнеше зат.* Шана үстінде *б у ы н ш а қ т ү й і н ш е к* бірдемелер көрінді (Д.Әбілев, Арман.). *Б у ы н ш а қ-т ү й і н ш е к т е р і н* көтеріп, олар автобустың артқы есігінен қарбаласып міне бастады (Б.Соқпақбаев, Аяжан). Есік ашылды. *Б у ы н ш а қ-т ү й і н ш е г і н* босағаға қоя салып, біреу тура төрге қарай тартты (Б.Қыдырбекұлы, Шайтан).

БУЫНШАҚТЫ с ы н. *Буыншағы бар, буыншақ көтерген.* Есіктің алдына *б у ы н ш а қ т ы* бір адам келіп тұр (Қаз. түсін. сөздігі).

БУЫНЫП-ТҮЙІН= е т. *Жиналып-терілу, жолға қамдану, әзірлену, даярлану.* Қарасай лезде *б у ы н ы п-т ү й і н д і* де, есікті еппен ашып, тысқа шықты (С.Жүнісов, Жапанда.). –

Ертең ерте Шыңғысқа көшеміз. Ауылдарыңа соны айта барыңдар; *б у ы н ы п-т ұ й і н е* беріңдер! – деді (М.Әуезов, Шығ.жин.). Біз жылдам *б у ы н ы п-т ұ й і н і п* даяр болдық (С.Сейфуллин, Тар жол.). Бастығымыздан басқасының бәрі әзірлігін істеп, *б у ы н ы п-т ұ й і н і п,* қамданып отыр (С.Төлешев, Түрлі. бас.).

БУЫНЫП-ТҮЙІНУ *Буынып-түйін етістігінің қимыл атауы. Б у ы н ы п-т ұ й і н у г е* әлі ерте (Ауызекі).

БУЫП-ТҮЙ= е т. **1.** *Бір нәрселерді жинастыру, орап-байлау.* Жамал мен Серік тез киінді де, үйдің ішін *б у ы п-т ұ й е* бастады (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Жамила да көші-қонның қамына кіріссін, керексіз нәрселерді тастап, керекті нәрселерді *б у ы п-т ұ й і ң д е р* (Ш.Құмаруұлы, Ер Жәнібек). Бір күні аңнан қайтса, атасының аға малайы қара Жақып Бәтиманың ең қымбатты бұйымдарын *б у ы п-т ұ й і п,* арбаға салып қойыпты (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Бөлмеге келіп, *б у ы п-т ұ й і п* жатқан нәрселерімді қайта қолға ала берге-німде Түрсын келді (Б.Аманшин, Жар мұңы). **2.** а у ы с. *Сөзін жинақтау, салмақтау.* Бұхардай *б у ы п-т ұ й і п* айта алар ма, Бір сөзін бүкіл ру тайпаларға, Тоқтаған қашқан керей, босқан арғын, Жүре алмай Қыпшақ жүгін тартқан арба (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

БУЫП-ТҮЮ *Буып-түй етістігінің қимыл атауы; жинастыру, түйіп, байлау.* Ақырында, толық өзіндік құнға өткізу жөніндегі шығындар да, қойма шаруашылығына, өнімдерді *б у ы п-т ұ ю г е,* тасымалдауға кететін шығындар да қосылады (Қысқ. саяси экон.). Ұзақ тұрып барды да, өздерінің төсек орындарын бүктеп, *б у ы п-т ұ ю г е* кірісті («Қаз. әдеб.»).

БУЫРҚАН= е т. **1.** *Өзен, көл, теңіз, мұхит толқындарының жағаға ұрып, көбік шашып тасуы.* Асау Терек долданып, *б у ы р қ а н ы п,* Тауды бұзып жол салған, тасты жарып, Арыстанның жалындай бұйра толқын, Айдаһардай бүктеліп жүз толғанып (Абай, Тол. жин.). Сонау Тянь-Шань тауларының мәңгі мұздарынан басталатын Нарын мен Қарадария тас қиядан гүрілдеп құлап, «тауды тіліп, тасты бұзып», тар шатқалдармен *б у ы р қ а н а* ағып, Ұлы Сырдария арнасына тоғысады (Ә.Нұршайықов,.. Менің Қазақст.). Көктемде су тасыған кезде *б у ы р қ а н ы п,* жылдам ағатын Ертіс жаз және қыс көп тайыздап қалады (Ә.Бірмағамбетов,.. Қазақст. геогр.). **2.** *Желдің, дауылдың өршелене, ұйытқи соғуы.* – Дүние әлем-тапырақ. Аспан күркіреп, шарт-шұрт сынған найзағай. *Б у ы р қ а н а* соққан дауыл, шелектеп құйған нөсер (Т.Бердияров, Солдат.). Қызыл жыңғыл бойында күздігүні туыппын. *Б у ы р қ а н а* тұрыпты, қара жаңбыр құйып күн (С.Мәуленов, Таңд. өлең.). Сол-ақ екен теңіз тулап, Таудай-таудай қара толқын Теңізді салды талқанға Долы дауыл *б у ы р қ а н ы п* (Ж.Аймауытов, Шығ.). **3.** а у ы с. *Бураның келеге түскен кезіндегі аузынан көбігін шашып құтырынуы.* Өз бетімен *б у ы р қ а н ы п,* әлденеге шала бүлініп тұрған бураның көзі бұларды шалып қалатынын олар білмеді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). **4.** а у ы с. ф о л ь к. *Қаһарына міну, қатулану, ашулану.* Шошынып тізгін жимады, *Б у ы р қ а н д ы,* бұрсанды, Мұздай темір құрсанды. Жау жағадан алған соң, Беренге батыр сыймады (Ер Тарғын). Қатуланып қаттанып, *Б у ы р қ а н ы п,* бұрсанып, Мұздай темір құрсанып, Қабағынан қар жауып, Кірпігінен мұз тоңып... Батыр кейіп келеді (Қобыланды батыр). *Б у ы р қ а н ы п,* бұрсанып, Мұздай темір құрсанып, Ашу қысты денені (Алпамыс).

Бурадай буырқанды. *Қаһарланды, бұрсанды.* Қабасақал сары қаңтардағы *б у р а д а й б у ы р қ а н ы п,* қылышын қынабынан суырып алды (С.Омаров, Әңгім.). Жылады жыршыменен көктің асты, Бұлт бусап, буырлы бас төкті жасты, Кемпір, шал кемсең қағып, кәрі Каспий, *Б у р а д а й б у ы р қ а н ы п* көбік шашты (Б.Адамбеков, Ақбөбек).

БУЫРҚАНДЫР= е т. *Тасыту, астан-кестен еткізу.* Жүрегін елжіретіп, қақ өзегін жарып шыққан шабыт күйі бар сезімін, жан дүниесін *б у ы р қ а н д ы р ы п,* қатты тебірендірген (З.Жәкенов, Таң самалы).

БУЫРҚАНДЫРУ *Буырқандыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жан дүниесін *б у ы р қ а н д ы р у.*

БУЫРҚАНТ= е т. *Тасыту, бұрсандыру.* Қан майданда құрсантып, *Б у ы р қ а н т ы п,* бұрсантып, Құрышпен белін буғызды (Ү. Кәрібаев, Өлең.). Жұртшылықты жұмылтып, *Б у ы р қ а н т а* бұлқынып, – Колхоз өсіп барады (А.Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.).

БУЫРҚАНТУ *Буырқант етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бұлқынта *б у ы р қ а н т у.*

БУЫРҚАНУ *Буырқан етістігінің қимыл атауы; тасу, қаһарына міну, қатулану.* Бұл не, ащы өмірдің долы, *б у ы р қ а н у ы* ма? Әлде сарқылған соңғы өксік пе? («Лен. жас»).

БУЫРҚАНЫС з а т. *Іштей ширығушылық, зығыры қайнап қаһарланушылық.* Оның есесіне барлық *б у ы р қ а н ы с ы,* ызасы ішінде арпалысып, көбік шашқан ой толғауын тереңнен қозғайтын сияқты («Лен. жас»). Қою қастар шапыраш көздердің үстінде найзадай

шаншылғанда, бағы батырлардың *б у ы р қ а н ы с ы н* еске түсіреді (О.Сәрсенбаев, Сағым).

БУЫРҚАСЫН з а т. с ө й л. ***Бұрқасын***. Ақын жаны әсте тыныштықты сүймейді. *Б у ы р қ а с ы н* керек, өмірмен қоян-қолтық, араластыратын жол – сапар керек («Қаз. әдеб.»).

БУЫРСАН= е т. с ө й л. ***Бұрсан***. Мұз қатардағы көлдің суы тәрізді күндіз-түні буы бұрқырап, арық *б у ы р с а н ы п* жатады (З.Шашкин, Теміртау).

БУЫРСАНУ *Буырсан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көбік ата *б у ы р с а н у ы.*

БУЫРШЫН з а т. *Аруана мен үлектен туылған, әлі келеге түспеген 4 жасар жас үлек, іңген бұзар.* Ей, ей, ей ... Жаным-ау, мына жынды *б у ы р ш ы н* шайнай ма ботамды (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес). Желіге қатар-қатар мал байланды, *Б у ы р ш ы н,* боталы інген, нар байланды. Семіз ат, тайлы бие ноқталанып, Желіні толтыруға ыңғайланды (Н.Ахметбеков, Жасауыл.). Мені де халқым біледі, Сөйлеп жүрмін бұрыннан, *Б у ы р ш ы н* қуған бурадай, Қарайсың неге қырыңнан? (Айтыс). *Б у ы р ш ы н* ұшқыр, жүрдек келеді, қара тұқайы өткір, мұзға таймайды (ҚСЭ).

БУЫРШЫНДАЙ ү с т. *Буыршын сияқты, буыршын тәрізді.* Енді, міне, өңшең өріске шыққан б *у ы р ш ы н д а й* маң-маң басып, бұған қарсы қаптап келеді (Ә.Кекілбаев, Дала.). *Б у ы р ш ы н д а й* тақымдап; Шаншысады машық қып, Ақ найзасы сытырлап (Батырлар жыры).

БУЫРШЫНША ү с т. *Буыршынға ұқсап, буыршын сияқты.* Кім көнбесе Мұқанның қорлығына, *Б у ы р ш ы н ш а* тіз деді, дүре салды (Қ.Жұмалиев, Қырда.).

БУЫС= е т. **1.** *Байласу, бірге байлау.* Балуандар жалаңаш денелеріне шекпен киісіп, бір жақ иықтарын жалаңаштап, белдерін *б у ы с ы п* дайындалып жатыр (С.Сейфуллин, Шығ.). **2.** *Байлауға көмектесу, жинасу, түйісу.* Жаңыл асын ішіп, мыналарды *б у ы с т ы* да, бағана бір әзірде кетіп еді («Лен. жас»).

Белдерін бекем буысты. *Тәуекел етісті.* Әл келсе аямасқа бірін-бірі, *Б е л д е р і н* мықтай *б е к е м б у ы с т ы* енді (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

БУЫСТЫР= е т. *Жинастыру, буып-түйісу.* Жүктеріңді *б у ы с т ы р ы п* қой (Ауызекі).

БУЫСТЫРУ *Буыстыр етістігінің қимыл атауы.* Жүктерді *б у ы с т ы р у ғ а* біраз уақыт кетті (Ауызекі).

БУЫСУ *Буыс етістігінің қимыл атауы; жинасу, байласу, түйісу.* ≈ *Б у ы с у ғ а* келу.

БУ-ЭЛЕКТР: **бу-электр стансысы.** *Энергияны будың күші арқылы өндіретін электр стансысы.* Орталық, *б у-э л е к т р с т а н с ы с ы* отын ретінде мазут орнына Бұхара газын пайдалана бастады («Лен. жас»).

БҰ е с і м. с ө й л. ***Бұл.*** Шақырғанға *б ұ* барды (А.Байтұрсынұлы, Шығ.жин.). О да найза салады, *Б ұ* да найза салады, Екеуінің найзасы, Қармақ болып қалады (Батырлар жыры). Сіздің командирлік еркіңіз, сіздің шешіміңіз сәтті орындалыпты. – *Б ұ* да жақсы (Б.Момышұлы, Москва.).

Бұ дүние. с ө й л. д і н и. *Осы дүние, жарық дүние, тіршілік, өмір.* Сұлудың көңілінде көп ұйықтадым, Көп айттым махаббаттың сүйікті әнін. Өтемін мен де өтемін *б ұ д ү н и е д е н,* Кетемін қалай соның қиып бәрін (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). Нұржан өлеңдерінің көпшілігі ислам дінінің мән-жайы, парызы, шариғаты, о дүние мен *б ұ д ү н и е* жөнінде діндар адамдардың мінез-құлығы жайында болып келеді (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.).

О жақ, бұ жақ. с ө й л. *Жан-жақ; айнала, төңірек.* Бәйбіше амандасып келіп, еркектермен бірге аттың *о ж а қ, б ұ ж а ғ ы н а* шығып, ол да арқарды тамаша етті (М.Әуезов, Қараш.). Қара дәу ұйықтап жатыр екен, жүгіріп үстіне шықты. Оянбады. *О ж а қ, б ұ ж а ғ ы н а* қарады (Батырлар жыры). Аумағы да молайып, қойнауды жүлгелеп, *о ж а қ, б ұ ж а қ қ а* созылып кетіпті (Ғ.Сланов, Домбыра.).

Бұ күнде. с ө й л. *Осы кезде, қазіргі заманда. Б ұ к ү н д е* ишан менен молдадай-ақ Ұрылар киіп кетті хаққа ғасы. Қоймады, онан алып қатын киді, Құрыды сонымен кеміп бәсі (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

О қып, бұ қып. с ө й л. *Өйтіп-бұйтып, амалдап.* Қойшы амалдап, *о қ ы п, б ұ қ ы п* ұстанікінен аман-есен өз жатағыма жеттім (С.Сейфуллин, Әңгім.).

БҰҒА з а т. ж е р г. *Дуалдың үстінен салынатын қамыс жиек.*

БҰҒАЗ [ар. بغاز] з а т. г е о г р. **1.** *Құрлықты, екі құрлықты, арал мен құрлықты, екі аралды бөліп, екі су алабын немесе олардың бөліктерін жалғастыратын дүниежүзілік мұхиттың енсіздеу бөлігі.* Жер шарында белгілі 4 мұхиттан басқа үлкенді-кішілі 49 теңіз, 18 түбек, 8 *б ұ ғ а з* бар (Ш.Қожахметов, Ғалам.). Каспий осындай зор аумақты алып жатқан кең көлеміне байланысты теңіз деп аталғанмен, шынында көл. Өйткені ол ешқандай *б ұ ғ а з* арқылы мұхитпен байланыспайды (Ә.Бірмағамбетов,.. Қазақст. геогр.). Дүние жүзіндегі ең тар бұғаз – Босфор. *Б ұ ғ а з д ы ң* ұзындығы 30 км, көлденеңі 750–3700 метр (Ғалам ғажап.). **2.** *Арал мен құрлықтың немесе құрлық пен құрлықтың екі арасын бөліп тұратын жіңішке су.* Сахалинді Азия

материгінен Татар *б ұ ғ а з ы* бөліп түр (Н.Баяндин, Саяхат.). Жіңішке тар *б ұ ғ а з* арқылы көл шығыс және батыс Балқаш болып екіге бөлінеді (К.Күленов, Қазақст. балық.).

БҰҒАЗДЫ с ы н. *Бұғазы бар, бұғаз арқылы жалғасқан (теңіз, көл).*

БҰҒАҚ з а т. *Адамның иек астындағы салпыңқы тұсы, алқым еті.* Хор сипатты қарындас, Оттай сұлу ыстық жас. Құшақта да қойныңды аш, *Б ұ ғ а қ т а н* бір сүйейін! Мен – көбелек, сен бір шам, Өзі келген мен құрбан, Шамға одан не зиян, Сүйейін де күйейін! (М.Жұмабаев, Шығ.). Ақбаланың қазір, бала көтерген соң беті толығып, *б ұ ғ а ғ ы* білініп, бар мүшесі бір түрлі балғын тартқан (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Ақ бұғақ. п о э т. *Сұлу қыздың иегінің асты деген мағынада.* Ақша бет төмпесіндеу, алқызыл түс, Меруерт көз шағылған тізулі тіс. *А қ б ұ ғ а ғ ы* аққудың жемсауындай, Жаратқан жаратылыс тамаша іс (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Бұғағынан үзілді. *Барынша өсіп жетілді, толысты, үлгіреді (қызға қатысты).* Биыл ел қорғауға кіре ұзатылайын деп *б ұ ғ а ғ ы н а н ү з і л і п* тұрған Тәңірбергеннің сұлу балдызы бар еді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Сағағынан үзілген, піскен алма сияқты. Жігіт болсам, осы елдің *б ұ ғ а ғ ы н а н ү з і л е й і н* деп тұрған қыздарын өзім таңдар едім (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Бұғақ ауруы. м е д. <лат. struma> *Қалқанша (тамақ) бездері қызметінің бұзылуынан болатын ауру, жемсау ауруы.* Йодтың жетіспеуінен немесе аздығынан қалқанша бездің қызметі бұзылып, *б ұ ғ а қ а у р у ы н а* әкеп соқтырады (З.Сейітов, Сүт өндеу.). Йодтың кемдігі тамақ бездері қызметін нашарлатып, *б ұ ғ а қ а у р у ы н* туғызады (Т.Дарқанбаев, Витамин.). *Б ұ ғ а қ а у р у ы н ы ң* бұл түрі жас талғамайды, негізінен 30–50 жас аралығында жиі кездеседі, көбінесе әйелдер ауырады (ҚҰЭ).

БҰҒАҚТА= е т. **1.** *Бұғағынан алу, алқымына жармасу. Б ұ ғ а қ т а п,* жаның шығарып барады (Ауызекі тіл). **2.** а у ы с. *Судың сайжыраны, жылға-жылғаны кемерлеп ағуы.* Сулар жатыр сай, жыраны *б ұ ғ а қ т а п,* Боз төбелер бұрқыратып бу атпақ... Көктем кепті, көктем кепті қараңдар, Көк аспанда ақша бұлттар шуақтап (С.Асанов, Алматым.).

БҰҒАҚТАН= е т. *Бұғақ пайда болу.* – Айтпақшы, сенің көңілің болса ол қызды нетуіңе болады, – деді ол *б ұ ғ а қ т а н ы п* қалған мұқыл иегімен поездың алдыңғы жағын нұсқап (Ә.Нұршайықов, Махабб.).

БҰҒАҚТАУ: **бұқа бұғақтау.** *Бұғағы салбыраңқы.* ... Бұзау көздеу, *б ұ қ а б ұ ғ а қ т а у,* өнімсіз де болымсыздау... Талант-талабы таяздау, талап етуі шексіздеу... Солар жайында жазайын деп жүргенім бар (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

БҰҒАҚТЫ с ы н. *Бұғағы бар; алқым еті түсіңкі.* Байғұлдың баласы Ысқақ дейтін – жымың көз, *б ұ ғ а қ т ы* сары жігіт (Б.Майлин, Шығ.). Ашық жағалы, баран түсті көйлек толық денелі, *б ұ ғ а қ т ы,* мойны тоқ, етжең әйелге болмаса, қағылез әйелдің ұсқынын алып кететіні қандай (М.Иманжанов, Көк белес).

БҰҒАЛТЕРЛІК з а т. с ө й л. ***Бухгалтерлік***. Бақтыгүл, сендер білесіңдер ме мені? Мен заманында *б ұ ғ а л т е р л і к* оқуды тауысқанмын (Ә.Қалдыбаев, Шаншар.).

БҰҒАЛЫҚ з а т. **1.** *Жылқы мен түйенің асауын ұстауға арналып, ұш жағын ілмектеп, тұзақтап байлаған мықты қыл арқан.* Құтылмас *б ұ ғ а л ы қ т а н* жылқы малы, Шу асау қыл арқанда қылқынады. Босанбақ боп шалмашы тақымынан, Торға түскен торғайдай бұлқынады (М.Мақатаев, Шығ.). Ол асауды *б ұ ғ а л ы қ п е н* ұстағанда, қозыдай домалатады (С.Бегалин, Бала Шоқан). Екі жағынан екі әлеуетті жігіт жақындап келіп, Ақбайпақтың екі құлағына жабысты. Тұқыртып төмен басып, *б ұ ғ а л ы қ т ы ң* ілмегін азырақ босатып, тыныс алдырды (С.Талжанов, Ұлдай.). **2.** а у ы с. *Тосқауыл, құш, кедергі, қысым, тегеурін. Б ұ ғ а л ы қ қ а* жуасып жатқан Сырдария жоқ, ол әлі баяғыдай асау (С.Мұқанов, Сырдария). Әжемнің Қамбарға да тастар *б ұ ғ а л ы ғ ы* жоқ емес сияқты (К.Оразалин, Ақ жазық). Жаяу жуық арада *б ұ ғ а л ы қ қ а* көне қоймас (З.Ақышев, Қызыл жалау).

Бұғалық ала [алып] қашқан асаудай. *Бағынбай, көнбей, қарсылық білдіру.* Артына кете берді қарамастан, *А с а у д а й б ұ ғ а л ы ғ ы н а л а қ а ш қ а н.* Кейіді кию келіп кей-қауысқа, – қалай, – деп – мынау ісің қара басқан? (Т.Ізтілеуов, Шығ.). *Б ұ ғ а л ы қ а л ы п қ а ш қ а н а с а у д а й* туласа да, ақ жаулыққа еріксіз көндірген ата-ана ғұрпымен тағдырға өзі мойынсұнса да, қайын сіңілісін қимайтын (А.Лекеров, Шығ.).

Бұғалығын бұзды. *Қысым-қиянаттан құтылды, еркіндікке шықты.* Қасқайып шықты ауылы бар қазақтың, *Б ұ ғ а л ы ғ ы н б ұ з ы п* тастап қанды азаптың, Әңгіге берілді де азаттық, Мәңгіге басында ойнап ғажап күн (Ғ.Қайырбеков, Шығ.).

Бұғалық салды. а) *Тізгіндеді, қысым жасады.* – Сыйлағанды білмедің, Сөнген отты үрледің, Өзің басып көрікті, Боздаққа *с а л ы п б ұ ғ а л ы қ,* Месқарын неге желіктің!? – Деп Әлімжан ақырып, Болыс, биге төніпті (К.Әзірбаев, Шығ.). ә) *Өз еркіне бағындырды.* Заман қанша *с а л ғ а н ы м е н б ұ ғ а л ы қ,* Біздің мар-

ғау, соры қалың елден де, Батыр перзент туылды-ау деп жыладық. (М.Шаханов, Ғасырлар.). б) *Тұзақ салды, қыспақта ұстады.* Көне бермес бұ халық, Көзің бір күн жоғалар. Маған *с а л ғ а н б ұ ғ а л ы қ,* Өз мойныңа оралар (С.Мәуленов, Бала.). в) *Тоқтатты.* Ауа райы адамның дегеніне көніп, жүгенделуге тиіс. Боранға *б ұ ғ а л ы қ с а л ы н ы п,* бұлтты сілкіп жаңбырды қолдан жаудыру да біздің міндетіміз болып отыр (С.Мәуленов). г) *Қол артты; күш көрсетті, қысымға алды.* Билікті қолыма алған күннен бастап менің Махаббатыма ие болғысы кеп *б ұ ғ а л ы қ с а л д ы,* мен көнбедім, қасақана елемедім, одан бетер қытығыма тиіп, былай қадамымды аңдып, қымс етсе, жалпы жиналысқа сап талқылап алатын болады (З.Шашкин).

Бұғалық тастады. *Асауға, қашағанға бұғалық салды, бұғалық лақтырды.* Олар құлынын шыңғыртып бие байлайды, *б ұ ғ а л ы қ т а с т а п* қашаған ұстайды (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

Бұғалық тастатты. *Асауға, қашағанға бұғалық салдырды.* Ол кезекпен әркайсысына қашаған құдырып, *б ұ ғ а л ы қ т а с т а т ы п* үйретті (Ж.Орманбаев, Қос басшы).

Бұғалық түсті. *Біреудің еркіне бағынды, тізгінделді, тежеуге түсті.* Ойымызға келгенді істеп, лақ-қозымен бірге жайылып, лағып өткізетін бұған дейінгі өмірімізге *б ұ ғ а л ы қ т ұ с т і* (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Мұндай үкімді басына *б ұ ғ а л ы қ т ұ с к е н* екеуі ғана емес, делеңдеп тұрған мына даңғой көпшілік те күтпеген сияқты («Лен. жас»).

БҰҒАЛЫҚСЫЗ с ы н. *Бұғалығы жоқ; бұғалық салынбаған.* Жібере салғансыңдар талғамай-ақ, Онсыз да *б ұ ғ а л ы қ с ы з* шалғай алып, Барған да шалқасынан бір-ақ түскен, Білмеймін, отырсыздар қайда қарап! (Ғ.Қайырбеков, Дала.). Мүддеғасы бәрінің, Жиылып келіп қой қырмақ. Төскейден бедеу тоқтаттым, *Б ұ ғ а л ы қ с ы з* «құр-құрлап» (Айтыс).

БҰҒАЛЫҚТА= е т. **1.** *Асауға бұғалық салу, бұғалық тастау.* Есеңгіреп қарап тұрмын. Біреулер көк дөненді *б ұ ғ а л ы қ т а м а қ* болып аңдып тұр (З.Иманбаев, Солма. гүл). Ол талай түсінде де асауды *б ұ ғ а л ы қ т а п* ұстап, бас үйретіп жүрді (Қ.Иманғалиев, Шопан.). Тарту ғып шу асауын *б ұ ғ а л ы қ т а п,* Туған ел боздақтарын шығарып сап, Сәкенге аманат қып жатыр бәрі, Өртенген қара ормандай құлазып қап (С.Сейтхазин, Біздің Сәкен). **2.** а у ы с. *Ұстау, байлау, тұтқындау (адамға қатысты).* Песірлер жазып жатыр протоколды, Айыпкер деп көп жұртқа атақ берді. Бөкеннің жеті ерін қойдай тізіп, Тал түсте *б ұ ғ а л ы қ т а п* көгендеді (К.Әзірбаев, Шығ.). **3.** а у ы с. *Тежеу, бағындыру.* Ангара секілді адуын өзендерді *б ұ ғ а л ы қ т а п,* адам еркіне көндірген кім? (К.Смаилов, Мамандық.). Жұмысқа от пен судың күшін жегіп, Елімде өнер өсті білім кеңіп. Тағысын табиғаттың *б ұ ғ а л ы қ т а п,* Көндірді батырларым күшпен жеңіп (Қ.Айнабекұлы, Өлең.).

БҰҒАЛЫҚТАЙ с ы н. *Бұғалық сияқты, бұғалық тәрізді.* Мойнына *б ұ ғ а л ы қ т а й* ілінген кесепат істің әлегінен ағайымның ұнжырғасы күрт түсіп кетті (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

БҰҒАЛЫҚТАЛ= е т. **1.** *Мойнына бұғалық салыну, тізгінделу.* Даланыңептеп айдау көрген, суық сорған көнікті, желең, асау тұлпары *б ұ ғ а л ы қ т а л ы п,* тізгінделіп ұсталды («Қаз. әдеб.»). Хан тағы қызын ұзатты, *Б ұ ғ а л ы қ т а л д ы* бір асау (А.Тоқмағанбетов, Шағалалы шалқар). **2.** а у ы с. *Бағындырылу.* Бір кезде бұлттар да *б ұ ғ а л ы қ т а л а д ы.* Адам қаласа ғана жауып, қаламаса жайымен жүретін болады (Ш.Мұртазаев, Табыл. теңіз).

БҰҒАЛЫҚТАТ= е т. *Бұғалық салдырту, бұғалық тастату.* Оспан жас биеші Масақбайға жабысып жүріп, бүгін таңертең, биенің бас сауымының тұсында *б ұ ғ а л ы қ т а т ы п,* шыңғыртып ұстап алған (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

БҰҒАЛЫҚТАТУ *Бұғалықтат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Асауды *б ұ ғ а л ы қ т а т у.*

БҰҒАЛЫҚТАУ *Бұғалықта етістігінің қимыл атауы; тарту, тежеу, жібермеу.* Сен үшін Амударияны да *б ұ ғ а л ы қ т а у ғ а* жуық қап, Келешек күннен тартып та жүрмін суыртпақ. Оу, маңғаз өлкем, таңдайың қатқан аптапта, Қарлығаш құсап Жайықтан жетем су ұрттап (М.Сатыбалдиев, Шула. толқын).

БҰҒАЛЫҚТАУШЫ с ы н. *Тежейтін, тоқтатуыл болатын.* Бұл Кавказ өңіріндегі тау өзендерін *б ұ ғ а л ы қ т а у ш ы* су электр стансыларының тұңғышы болмақ («Лен. жас»).

БҰҒАЛЫҚТЫ с ы н. *Мойнында бұғалығы бар, бұғалық салынған.*

БҰҒАЛЫҚ-ШЫРҒАЛЫҚ з а т. *Қыры мен сыры.* Бұ күні мұсылманша оқудың *б ұ ғ а л ы қ ш ы р ғ а л ы ғ ы* көп («Айқап»).

БҰҒАНА з а т. а н а т. <лат. clavicula> *Жауырын мен төс сүйекті байланыстырып тұратын иіліңкі сүйек; иық белдеуін құратын сүйектің бірі.* Мәншүк омырауын ашып жіберіп қараса, оң *б ұ ғ а н а* мен топшысының аралығынан тиген (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Екінші кабинеттің жанында тістеніп отырған манағы *б ұ ғ а н а с ы* сынған қарт шыдамай «доктор» деп айғай салды (С.Адамбеков, Көсе.). Қол-аяқтардың сынуымен қатар, *б ұ ғ а н а л а р д ы ң* сынуы да жиі кездеседі (А.Апсаттаров, Дәрігер.).

Бұғанасы бекіді [буыны қатып, бұғанасы бекіді]. *Өзіне өзі келді, есейіп ержетті.* Араларында өмір табалдырығын аттап та үлгермеген, *б ұ ғ а н а с ы б е к і м е г е н* жасөспірімдер де баршылық («Лен. жас»). Оның *б у ы н ы* осында *қ а т ы п, б ұ ғ а н а с ы* осында *б е к і д і* (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

Бұғанасы қатпаған. *Ержетпеген жас, жасөспірім. Б ұ ғ а н а с ы қ а т п а ғ а н* жас бала арам өледі ғой (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Әкесі *б ұ ғ а н а с ы қ а т п а ғ а н* бұған бала көтермес жүкті артқысы келеді деп ойлады ол (Т.Жармағамбетов, Екі жүрек).

Бұғанасы қатты [буыны бекіп, бұғанасы қатты]. *Үлкейді, физиологиялық жағынан жетілді.* Инаш та өсті, бойы бекіп, *б ұ ғ а н а с ы қ а т т ы* (Қ.Ұябаев, Қырда.). Баланың *б ұ ғ а н а с ы қ а т ы п,* толықсып өсіп келеді екен (О.Сәрсенбаев, Даңқ). – Қарағым-ау, сен әлі кішкентай емессің бе? *Б у ы н ы ң б е к і п, б ұ ғ а н а ң қ а т с ы н* да! (Қ.Әміров, Жастық.).

БҰҒАНАЛЫ с ы н. *Мықты, қайратты, күшті.* Ендеше, батыр емес *б ұ ғ а н а л ы*, Иттер ғана бұл шақта бұға алады (Х.Ерғалиев, Күй.).

БҰҒАТ[1] з а т. *Гимарат қабырғасының төбе жағымен түйіскен кенері. Үй қабырғаларының жоғарғы жақ ернеуі.* Қарапайым тұрғын үйлерде *б ұ ғ а т* деп итарқа сырғауылдардың қабырға жағындағы ұшы шығып тұрған белдеуді айтады (ҚҰЭ). Моржадан шыққан түтіндері будақтап, біресе аспанға қарай тік көтерілсе, біресе қайта шалқып үй-үйдің *б ұ ғ а т ы н а* тығылады (Ш.Ахметов, Айдарлы.).

БҰҒАТ[2]**: бұғат жасау.** и н ф. <ағыл. disable> *Қандай бір құрылғыны жұмыстан ажырату.*

БҰҒАТ-БҰҒАТ з а т. *Бірнеше бұғат; бұғаттарының бәрі.* Мұнда адам бұрынғыдай көп кіре бермегендіктен бе, тамның төрт қабырғасы мен *б ұ ғ а т-б ұ ғ а т ы н а* өрмекшілер бейберекет ұя сала бастапты (Д.Исабеков, Мазасыз күн.).

БҰҒАТТАЛУ = е т. и н ф. <ағыл. blocking> *Жанама бағдарламалауда – командалардың бір тізбегін әрі қарай орындауға оның тосқауылын алу үшін екінші тізбек қажетті командаларды бермейінше тыйым салу.*

Бұғатталған құжат. и н ф. <ағыл. locked document> *Өзгертуге болмайтын мәтіндік процессорда пайдаланылатын файл.*

Бұғатталған процесс. и н ф. <ағыл. blocked process> *Тиісті штаттамасы бар, бірақ қажетті ресурстың жоқтығынан әрі қарай орындалмайтын процесс.*

БҰҒАУ з а т. **1.** *Қылмысты адамның екі білезігіне, аяғына кигізілетін, арасы шынжырмен қосылған металл шеңбер.* ...Аяғына кісен, қолына *б ұ ғ а у* салыңдар. Көрсін азапты, тартсын сазайын (С.Омаров, Дала қызы). Қайратты жігіт қанша күшіне мінгенмен қолды *б ұ ғ а у,* аяқты кісен тырп еткізбейді (А.Жұбанов, Замана.). **2.** а у ы с. *Қапас, қамау, қоршау.* Сонымен хан, мысық, кетті қаңғып қан құсып, Қуанышта қалың жұрт. Деп: «*Б ұ ғ а у д а н* босандық!» (М.Жұмабаев, Шығ.). Қиындықта шын жүректен төгілер, Шіркін, достық осындайда көрінер. Батыр жүдеп отырса да *б ұ ғ а у д а,* Адал ниет көңілге де семірер (С.Сейтхазин, Біздің Сәкен). Осы дүние кісісінен өзге нәсілді бір жан ба? Әжесі айтатын ертегілер мен хиссалар мекенінен туған *б ұ ғ а у д а ғ ы* батыр ма (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **3.** а у ы с. *Тосқауыл.* Байланған өзендер босанып *б ұ ғ а у д а н*, Аппақ қар балаша жүгіріп барады (Ә.Тәжібаев, Жартас). **4.** а у ы с. *Еріксіздік, құқықсыздық, тәуелділік, құлдық.* Мәскеу *б ұ ғ а у ы н а н* құтылу үшін күресіп келдік (М.Шоқай, Таңд.). Кішкентай Лизаның есінде ең бірінші үлкен уақиға – әкесінің *б ұ ғ а у ы н* тастап келген күні (Ғ.Мұстафин, Оянған өлке). Жер шарының төрінде Құл құтылды *б ұ ғ а у д а н.* Тұңғыш рет өмірде, Ел құтылды жылаудан (Қ.Аманжолов, Таңд. шығ.).

Аяғына бұғау салу. *Тоқтату, тежеу.* Ақтоқтыдан аузы күйген Қорамса, баласын бірдемеге соғылар ма екен деп, іштей күйзеліп, *а я ғ ы н а б ұ ғ а у с а л у д ы* ойлады (С.Жүнісов, Ақан сері).

Бұғау жіп. *Байлауға арналған жіп.* Қапа болған аңшылар «өлген» пілдің үстінде отырысады да, ондағы *б ұ ғ а у ж і п т е р і н* алып, асыранды пілдерін жетектеп лагерьге қайтуға бет алды (Қ.Қайымов, Қызықты зоол.).

Бұғау салды. *Еркіне көндірді, бағындырды.* Бір кезде асау өзен күш шақырған, Долдана көбік шашып жарды ұрған. Тентек су, бар тағдырың әмірімде, Мен едім *б ұ ғ а у с а л ы п,* қамал құрған (Н.Шакенов, Шаттық).

Бұғауын үзді. *Құрсаудан құтылды, еркіндікке шықты.* Қыс бойы мұз құрсауында қалған қыр өзені *б ұ ғ а у ы н ү з і п,* бар даусымен атой сала көк желкенді мұхит төсіне ұмтылған секілді (Т.Шаханов, Жоғалған.).

БҰҒАУДАЙ с ы н. *Бұғау сияқты, бұғау тәрізді.* Анасының күміс білезігі оның қос қолына бірдей түскен темір *б ұ ғ а у д а й* болып елестеп кетіп еді (Р.Тоқтаров, Тұлпар.).

БҰҒАУ-ҚҰРЫҚ з а т. *Бұғау да, құрық та.* Патшасы жұртымызды аңдай беріп, Тастады басымызға *б ұ ғ а у-қ ұ р ы қ*. Барғанша соғысына осы қырда, Жасаймыз жауымызға шырмау-бүлік (Қ.Бекхожин, Мамырстан).

БҰҒАУЛА= е т. **1.** *Бұғау салу, кісендеу, тұтқындау.* Сейфолланың Сәкенін қол-аяғын *б ұ ғ а у л а п* ит жеккенге айдапты (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Байлап қойып *б ұ ғ а у л а п,* Сілкіледі сұрауға ап. Қысым берді, қинады, «Қызымет ет, бізде бол»!» (Ө.Тұрманжанов, Сұңқар). **2.** а у ы с. *Тоқтату, тежеу.* Амал не, өзіміздің өзіміз *б ұ ғ а у л а п* отырған елміз (Ғ.Мұстафин, Оянған өлке). **3.** а у ы с. *Бағындыру, еркіне көндіру.* «Күш атасын танымас», Алыпты ел *б ұ ғ а у л а п.* Көніпті асау бағынбас, Кете алмапты су аунап (Ғ.Қайырбеков, Құрдас). Сонымен, – деді сөз соңында, Ғылымнан ешбір күш аспайды. Қатерлі жай оғын да, Адамдар *б ұ ғ а у л а п* тастайды (Ә.Нілібаев, Болашақ.). Гете туған, Гейне туған сол жерде, Кім ақынды ұстады екен *б ұ ғ а у л а п?!* (С.Мәуленов, Шалқар).

БҰҒАУЛАН= е т. **1.** *Байлану, бұғау салыну.* Бухиред бірақ қырға шыға алмады, Жұтты ол жұпар емес, мұң-арманды. Зарықты тас түрмеде таңды күтіп, Қолдары гүл теретін *б ұ ғ а у л а н д ы* (І.Мәмбетов, Өлеңд.). Күйші аяғы кісендеулі, Күйші қолы *б ұ ғ а у л а н ғ а н.* Дала таңы кешеулеулі, Дала көзі бұлауланған. (Ж.Молдағалиев, Кісен ашқан). **2.** а у ы с. *Тежелу, тоқтауылға ұшырау.* Тағы да *б ұ ғ а у л а н д ы* Арктика, Жер еді тірлік сезіп, жан баспаған (А.Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.).

БҰҒАУЛАНУ *Бұғаулан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ақынның *б ұ ғ а у л а н у ы.*

БҰҒАУЛАТ= е т. *Бұғау салдыру, кісендету.* Бармаймын матасаң да, байласаң да, Кәрі итті алтын жарып майласаң да. Өлемін осы арада оны көрмей, Көнбеймін *б ұ ғ а у л а т ы п* айдасаң да (С.Торайғыров, Мағынасыз.). Күйшіні *б ұ ғ а у л а т ы п* қара саннан, Бір кезде аспаны да аласарған, Үркітке, Сахалинге жақсы күнде жасарып, домбыра да қала салған (Х.Ерғалиев, Күй дастан).

БҰҒАУЛАТУ *Бұғаулат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ұзақ *б ұ ғ а у л а т у.*

БҰҒАУЛАУ *Бұғаула етістігінің қимыл атауы.* Бұзықты *б ұ ғ а у л а у д ы ң* ең жақсы қайласы қазақтың өз қолында ғой. Әттең, тек басымыз бірікпейді (Б.Аманшин, Көкжар).

БҰҒАУЛЫ с ы н. **1.** *Бұғау салынған, бұғауланған.* Жалғыз тұтам жарық сәуле бұйырмаған, қолым *б ұ ғ а у л ы,* аяғым түсаулы мен бір отырған ғарып (Б.Аманшин, Жар мұңы). Аяқ-қолдар *б ұ ғ а у л ы,* Кісендері сықырлап. Иықтары салбырап, Бітті-ау бәрі қалжырап. («Қаз. әдеб.»). **2.** а у ы с. *Тәуелді, бағынышты, еріксіз.* Сол мақсат өлшем болып алда, Арнайсың еңбегіңді бар адамға. Күн нұры түссе дейсің көпке бірдей, Арылып *б ұ ғ а у л ы* өмір, жаладан да (Достық жыры).

БҰҒАУСЫЗ с ы н. **1.** *Қолында бұғауы жоқ, бұғауланбаған.* ≈ *Б ұ ғ а у с ы з* қою. **2.** а у ы с. *Тәуелсіз, еркін.* Жас тоты ерке қызы – сұлулары, *Б ұ ғ а у с ы з* бостандықта жүр ғой бәрі, Ынтығып тұлпарына бір міне алмай, Жоқ тағы зарлап жатқан тұтқындары (Ә.Тәжібаев, Жастық.).

БҰҒРА з а т. к ө н е. т а р. *Орта Азияда, Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда және Шығыс Түркістанда билік құрған, яғма тайпасынан тараған Қарахан әулеті билеушілерінің жалпы лауазымы.* Яғма Шігіл тайпаларының ұрпағы екен. Аңыз бойынша, оны түйе майымен тамақтандырыпты. Олар түйені қасиетті жануар деп біліп, осы тайпадан шыққан билеушілер өз атына *б ұ ғ р а* лауазымын қосып айтатын болған (ҚҮЭ).

БҰҒУ *Бұқ етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Мойнын ішіне тығып, сәл еңкею, бойын жасыру.* Иығын бүлкілдетіп сәл төмен *б ұ ғ у ы н а* қарағанда, әлгі сөзіне өзі де күліп келеді (Х.Ерғалиев, Шындық.). Еңкею, *б ұ ғ у,* бауырлау, Сусыған аста тайғақ тас. Құласаң болар ауырлау, Кім болсаң да байқап бас! (Ғ.Қайырбеков, Таулар.). **2.** а у ы с. *Тығылу, қорғану.* Кейбіреуге таяғың Тиіп те кетті сартылдап. Пысықтың бәрі *б ұ ғ ы п* жүр, Беттесе алмай шаңқылдап (Абай, Тол. жин.). Албан-Бұғының Николай патшаға қарсы қол көтеріп босқан елі Шалкөде тауының ішінде жабайы аң – киік сықылды күндерін *б ұ ғ у м е н* өткізді (С.Шарипов, Бекболат.). **3.** а у ы с. *Көзге түспеу, көрінбеу, үндемей қалу.* «Мұндайда бұққан озады». Әй, Қабылбек, айтпайтыны жоқ. Әділбек бәрібір *б ұ ғ у д ы* үйрене алмай-ақ өтетін шығар (З. Шүкіров, Қиын түйін).

БҰҒЫ з а т. з о о л. <лат. cervidae> *Таулы, орманды жерді мекендейтін ашатұяқты, бұтақтанған үлкен мүйізді ірі жануар.* Ол тұстарда арқар, *б ұ ғ ы,* киік, бөкен сияқты момын аңдар табын-табынымен өреді («Қаз. әдеб.»). Ол *б ұ ғ ы н ы ң* мүйізі тармақ-тармақ, жалпақ болады (М.Дулатов, Шығ.). Былтырғы жайлауда алыстан *б ұ ғ ы н ы ң* өкіргені, сілеусіннің арс етіп қалғаны құлаққа келіп жататын (Ғ.Сланов, Шалқар). Жайлаған адырында ақбөкендер, Тауешкі, *б ұ ғ ы,* марал, арқар, елік. Кей кезде алабына кең жайылып, Кей кезде бадамына кетеді еніп (Ақын жырлары).

Бұғы белбеу. *Бұғы терісінен істелген, қалың, мықты, жалпақ белбеу.* Ол кең балақ шалбар киіпті де, беліне қынды пышақты, күміс қадақты *б ұ ғ ы б е л б е у* буыныпты (Ж.Тілеков, Жоңғар.). Саршатамызда да тастамайтын желең шапаншасы да, соның ішінен буынып жүретін *б ұ ғ ы б е л б е у і* де жоқ (Ж.Тілеков, Қайнар).

Бұғы қынасы. б о т. ***Бұғымық.*** Кейде құрғақ қарағайлы ормандарда, ауа райы құрғақ күндерде, аяқ астында сытырлап жататын, сүрлау, тіпті ақшыл келген бұталар топырақты мүлде жауып кетеді. Бұл – *б ұ ғ ы қ ы н а с ы* (Ботаника).

Бұғы мойын. *Жуан, күжірейген мойын.* Әлі де суала қоймаған кенже ешкілердің *б ұ ғ ы м о й ы н* семіз лақтары тізесін бүгіп жіберіп енелерін еміп жатыр (С.Бегалин, Таңд. әңгім.). *Б ұ ғ ы м о й ы н* көксерек [қасқыр] қанша айлалы, әлді, қиқар болғанымен көктемді көре алмады (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). Сұлтанмахмұт «Майданның» ең қанішер басшысы Әбунүсіп болысты *б ұ ғ ы м о й ы н,* бура сан қисапсыз сүзеген қара бұқаға ұқсатты (Д.Әбілев, Ақын.).

Бұғы тірсек. *Жіңішке, ұзын тірсек.* Жылқының айрықша ерекшеліктері бар – құлан жалды, *б ұ ғ ы т і р с е к,* жұмыр тұяқ, аяқтары сом келеді («Лен. жас»).

Солтүстік бұғысы. з о о л. *Қысы ызғарлы әрі ұзақ солтүстік тундраны мекендейтін бұғы. С о л т ү с т і к б ұ ғ ы с ы н ы ң* еркегінде де, ұрғашысында да мүйіз болады. Бұғылардың басқа түрлерінің еркегінде ғана мүйіз болады (Зоология). Тундраның тұрғын халықтары үшін, қолға үйретілген *с о л т ү с т і к б ұ ғ ы с ы н ы ң* маңызы зор (Зоология).

Тоғай бұғысы. <лат. cervus elaphus bactrianus> *Сүтқоректілердің ашатұяқтылар отрядына жататын аң, өзен жағалауларындағы қалың тоғайларда мекендейтін, Қызыл кітапқа жазылған бұғының бір түрі. Т о ғ а й б ұ ғ ы с ы* Қазақстанда XX ғасырдың 50-жылдары жойылған (Қазақстан Қызыл кітабы). *Т о ғ а й б ұ ғ ы с ы* 1981 жылы Іле өзенінің бойына жерсіндірілген. Қазақстанда жалпы саны 200 бас; санының кемуінің негізгі себептері – өзен жайылымдарын шаруашылық мақсатта дұрыс пайдаланбау және қасақылық (Қазақстан Қызыл кітабы).

БҰҒЫБАЙ з а т. к ө н е. о й ы н. *Жастардың қашып-қуып ойнайтын ойыны.* Баяғы атам заманнан ел ішінде сақталған бөріктастамақ, мыршым, *б ұ ғ ы б а й* ойындары бала кездегі айгөлекке жалғасып, жыл сайын өзгермей салтанат шежіресі болып келе жатқан-ды (С.Сейтхазин, Хадиша).

БҰҒЫДАЙ с ы н. **1.** *Бұғы сияқты, бұғы тәрізді.* Үлкен, күжірейген, семіз. Сыңар мүйіз *б ұ ғ ы д а й,* сынық қанат сұңқардай мен де мұнда не жетісіп жүрмін (К.Сейдеханов, Түркістан.). Бұлдырайды алыстан, Бұғып қашқан *б ұ ғ ы д а й,* Жеткізбейді Шиелі (А.Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл). **2.** а у ы с. *Ірі, алпамсадай.* Осы кезде қайдан шығып, қайдан келгені белгісіз, жаңағы қыздың қасында отырған *б ұ ғ ы д а й* жігіт сап ете қалды (А.Шамкенов, Толқын.).

БҰҒЫЗ[1] з а т. к ә с. *Диірменнің үстіңгі тасындағы бидай түсіп тұратын кең тесік.* Бозторғай *б ұ ғ ы з ы* толған диірменнің тасындай бір орында баяу айналады (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

БҰҒЫЗ[2] з а т. ж е р г. *Күректің, кетпеннің сабы кіріп тұратын ұңғысы.*

БҰҒЫЛ= е т. *Көрінбей тығылу, жасырыну.* Ол ылдидан көтерілген машинаны кеш байқап, не істерін білмей бұта түбіне *б ұ ғ ы л а* қалды (К.Тоқаев, Түнде.).

БҰҒЫМАЛА з а т. в е т. *Жылқы төлінде болатын ауру.* Көк тайдың алқымына шығу шығып, басқұрт па, маңқа ма, маңдам ба, *б ұ ғ ы м а л а* ма? Әлде кім біледі, содан бері шыр жұқпай иненіктей қатып ол кетті (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БҰҒЫ-МАРАЛ з а т. *Бұғы мен маралдың жиынтық атауы.* Сөйтсе, *б ұ ғ ы-м а р а л д а р* күзге қарай шағылысу кезінде осы өсімдіктің тамырын іздеп жүріп тауып жейді екен (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.).

БҰҒЫМЫҚ з а т. б о т. *Тундрада, торф өсетін батпақты жерлерде кездесетін сұр түсті өте майда бұта.* Солтүстік бұғыларының негізгі азығы – *б ұ ғ ы м ы қ* («Лен. жас»).

БҰҒЫН= е т. **1.** *Бүгу, бүктетілу, бүгілу, тығылу, бой тасалау.* Түлкі ме, қарсақ па – *б ұ ғ ы н а* түсіп, жалтақ-жалтақ бел асып барады (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Жемтік жаңа тойған хайуан ұзамайды, *б ұ ғ ы н ы п* жатып тарпа бас салары анық (Д.Досжанов, Тұлпар.). Үйдегілерге көрінгім келмей *б ұ ғ ы н а* түстім (Ә.Қалдыбаев, Су тасушы.). **2.** а у ы с. *Жасырыну, білдірмеу, көрінбеу.* Бораныңмен алысып, Тұманыңа *б ұ ғ ы н д ы м.* Сен де өмірге танысып, Дедің бәрін ұғындым (Ғ.Орманов, Таңд. шығ.). Бетін бояп, *б ұ ғ ы н ы п* жүрген залымның тасадан атқан оғы асыл азаматымыздың өмірін қиып кетті (Н.Ғабдуллин, Сарғ. жапырақ).

БҰҒЫНАЙ з а т. о й ы н. *Көпшілік болып ойналатын,ептілік, елгезектік, жылдамдық сыналатын ұлттық ойын түрі.* Ойын жүргізуші жастарды айнала отырғызып, «бірінші *б ұ ғ ы н а й*», «екінші *б ұ ғ ы н а й*», «үшінші *б ұ ғ ы н а й*» деп ең соңғы адамға дейін санап шығады да, « пәленше *б ұ ғ ы н а й*» деп дауыстайды. Аты аталған *б ұ ғ ы н а й* орнынан атып тұрып, келесі біреуін шақыруы керек (ҚҰЭ).

БҰҒЫНБАҚ з а т. о й ы н. с ө й л. ***Жасырынбақ.*** «Ой, ән тыңдай берген қызық емес, онан да *б ұ ғ ы н б а қ* ойнайық та» – деп күбірлесетін екеуі өзара (С.Мұратбеков,

Көкорай). Ол тілі жаңа ғана бал-бұл шыға бастаған немерелерімен *б ұ ғ ы н б а қ* ойнайтын (Д.Жанботаев, Шыңда.). – Мен осы бір *б ұ ғ ы н б а қ* ойыннан шаршадым, – деп қалды Гүлсара, шөпке жәйімен отыра беріп (Ә.Әлімжанов, Отырар.).

БҰҒЫНУ *Бұғын етістігінің қимыл атауы; жасырыну, тығылу.* Сұлтанмахмұт енді тайсалуды өлім деп біледі. Кінәлі жандай *б ұ ғ ы н у д ы ң* енді не жөні бар, аяспасқа бекінді (Д.Әбілев, Арман.). «Біздің тентек ұл *б ұ ғ ы н у г а* құмар-ақ», – деді жайраңдай күліп (Ә.Көпбаев, Мақтаныш).

БҰҒЫНШАҚТА= е т. **1.** *Әлсін-әлі бұғыну, бұғыңқырау.* Жер шолып, ел торыған ұры төріздімін. Биік дөңнің үстінен *б ұ ғ ы н ш а қ т а п* қараймын (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). **2.** *Жасырыну, тығылыңқырау.* Оның нанды үйде отырып жемей, далаға тұра жүгіруінен сезіктенген шешесі артынан кейде қуа шығып, үйдің артында *б ұ ғ ы н ш а қ т а п* тұрған мені көріп қояды (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). **3.** а у ы с. *Қысылу, қымсыну; көзін тайдыру.* Таяуда шығарамыз дегенді естігенде Балжан біртүрлі қысылып, *б ұ ғ ы н ш а қ т а п,* жасығандай сыңайда өзгеріп сала берді («Жұлдыз»).

БҰҒЫНШАҚТАУ *Бұғыншақта етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тығылып *б ұ ғ ы н ш а қ т а у.*

БҰҒЫНЫС= е т. *Тығылысу, жасырыныса қалу.* Ат тізесінен келетін бітік жусан қара жерге бүк түсіп, *б ұ ғ ы н ы с а* қалған (Д.Досжанов, Жібек.).

БҰҒЫНЫСУ *Бұғыныс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Балалардың *б ұ ғ ы н ы с у ы.*

БҰҒЫҢҚЫ с ы н. **1.** *Именіңкі.* Маған именбей қарайтын Саржанымның басы салбырап кетті. Кінәлі адамдай *б ұ ғ ы ң қ ы* жүретін болды (Н.Серәлиев, Ыстық күлше). **2.** *Ашық емес, жасырын.* Той салтанаты осындай қоңыр күйде, *б ұ ғ ы ң қ ы* қалыпта болғанмен, келушілер ермексіз қалған жоқ (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). **3.** а у ы с. *Елеусіз, көмескі.* Махамбеттің шарасы таусылып, құты қашқан осы *б ұ ғ ы ң қ ы* күндердің өзінде, оған кеңес қосқан кезі сирек (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл.). Көзге көрінбейтін *б ұ ғ ы ң қ ы* қыстақ осы (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БҰҒЫҢҚЫРА= е т. **1.** *Аздап бұғу, жасырыныңқырау.* Дорбаны төсеп, тамақты үстіне қойды. Кесіртке бөтелкелердің күнге шағылысып жалтырағанынан жасқанып *б ұ ғ ы ң қ ы р а й* түсті (С.Мәуленов, Таңд.). Алдында отырғандардың артына таман *б ұ ғ ы ң қ ы р а г а н д а й,* ұлықтың көзі түспесін дегендей, бәсеңдей кішірейіп кетіпті (М.Әуезов, Қилы заман). **2.** а у ы с. *Көрінгісі келмеу, тыныштық тілеу.* Команда бойынша екі мылтықты бірдей шаңқ еткізіп атып қалды. Үрпиісіп *б ұ ғ ы ң қ ы р а п* отырған ауыл селк етіп, елең ете қалды (С.Сейфуллин, Шығ.).

БҰҒЫҢҚЫРАУ *Бұғыңқыра етістігінің қимыл атауы.* ≈ Төмен *б ұ ғ ы ң қ ы р а у.*

БҰҒЫРЛАУЛЫ с ы н. *Бұраулы, ораулы.* Дивизияның штабы, асханасы Еркалов деген бір көпестің қызыл кірпіштен қалап, қақпасына сом темірмен *б ұ ғ ы р л а у л ы* шынжыр орнатқан сауда-саттық үйлеріне орналасқан (Ж.Жұмаханов, Москва.).

БҰҒЫС= е т. **1.** *Жасырынысу, тығылысу.* Біз бір шоқ тікенекті бетке алып *б ұ ғ ы с т ы қ* (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Осы арада жау да оқ боратып жіберген еді. Жауынгерлер Айқызды ортаға ала окопқа *б ұ ғ ы с т ы* (Қ.Исабаев, Айқыз). Аңдушылар Тойғанбектің кейін қайтқанын көріп, екі-екіден таса-тасаға *б ұ ғ ы с т ы* (Ш.Байбатшаев, Бел-белес.). **2.** а у ы с. *Үндемеу, тасада қалысу, көзге түспеу.* Көрсеткіші төмен шопандар болса, жұртқа естіртіп айтуға көңілге қонымды уәждері болмай, *б ұ ғ ы с ы п* қалды (Т.Айнабеков, Алғы шепте.).

БҰҒЫРДАҚ з а т. с ө й л. ж е р г. ***Кеңірдек.*** Маған атылған ала барыстың *б ұ ғ ы р д а г ы н а н* мен де ала түстім (Қаз. тілі. диал. сөздік).

БҰҒЫСУ *Бұғыс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үнсіз *б ұ ғ ы с у.*

БҰҒЫХАНА з а т. *Бұғы бағатын бақташылар тұратын күрке, баспана.* Бағана күндіз *б ұ ғ ы х а н а д а н* макарон көже ішкенбіз (О.Бөкеев, Қайдасың.).

БҰҒЫШ з а т. с ө й л. *Бір нәрсені буатын жіп, буғыш (қайыс).* ≈ *Б ұ ғ ы ш п е н* байлау.

БҰҒЫШАҚ з а т. м у з. *Үрлеп ойнайтын саз аспабы. Б ұ ғ ы ш а қ* маралдың немесе бұғының мүйізінің ішін үңгіп, үрлейтін жағындағы ұшына дыбыс шығаратын тілше салынып жасалады (ҚҰЭ). *Б ұ ғ ы ш а қ т ы* бұрын да, қазіргі кезде де жайылымда жүрген маралдар мен бұғыларды бір жерге жинау үшін, көбінесе аңшылар мен бұғы, марал өсірушілер жиі пайдаланады (ҚҰЭ). Халқымыздың ежелгі дұдыға, жетіген, үілдек, сазсырнай, сазген, дабыл, кепшік, асатаяқ, *б ұ ғ ы ш а қ* секілді өзге де көпкөп музыкалық аспаптарының қатарға қайта қосылуы әуен-саздарды жеткізудің мүмкіндігін бұрынғысынан әлдеқайда арттыра түсті («Лен. жас»). Қазақтың көне музыкалық аспаптары: сазсырнай, үскірік, керней, *б ұ ғ ы ш а қ* т.б. туралы әңгіме шертті («Қаз. әдеб.»).

БҰҒЫШЫ з а т. *Бұғы бағатын бақташы.* Жан-жағынан қаптады адам қамалап, Тар бөлмеге кірді бұғы паналап. Ұстап алып көзін байлап *б ұ ғ ы ш ы,* Жас мүйізін кесіп жатыр аралап (С.Мәуленов, Найзағай.).

БҰҒЫШАРУАШЫЛЫҚ з а т. а у ы л ш а р. *Бұғы өсірумен айналысатын шаруашылықтың бір саласы.* Бұғы (марал, теңбіл бұғы) мүйізінен дәрі жасалады. Сондай-ақ, еті, терісі пайдаланылады. *Б ұ ғ ы ш а р у а ш ы л ы ғ ы* Солтүстік *б ұ ғ ы ш а р у а ш ы л ы ғ ы* (солтүстік бұғыларды өсіреді) және панталық *б ұ ғ ы ш а р у а ш ы л ы ғ ы* (теңбіл бұғылар, марал, изюбрь өсіріледі) болып бөлінеді (ҚҰЭ).

БҰДЫР[1] з а т. **1.** *Төбешікті, шоқатты жер.* Автомобиль жолдың *б ұ д ы р ы н а* кезігіп секіріп түскенде ғана басын көтерді (Ө.Қанахин, Ауыр күн.). Даланың беті быжынаған *б ұ д ы р* (Д.Досжанов, Жібек.). Селодан шыға бере жол *б ұ д ы р ы* кездесіп, мәшине бір ырғып түскенде Мұрат шалқалап барып оңғарылды (Қ.Қамбаров, Алтай.). **2.** *Жазық, тегіс жердегі шығыңқы жер, ой-қыр.* Жер бетіндегі *б ұ д ы р л а р* алдын ала соқамен айдалады (А.Жанғалиев, Бағбан.). Айнала көз тоқтатар *б ұ д ы р ы* жоқ, сары көделі жазық еді (Қ.Исабаев, Арман.). Көз тоқтатарлық бірде-бір қарауытқан *б ұ д ы р* жоқ (М.Әуезов, Таңд. шығ.). **3.** *Бұта, тас, төбе т.б. осы сияқты көз сүрінер, көңіл тоқтатар зат; тұлдыр.* Белбеуді байлап кетіп, бір шетінен ұстап түсерлік бұта, *б ұ д ы р* жоқ, тұлдыр тақыр (М.Иманжанов, Алғашқы.). От жағайын десе маңайда *б ұ д ы р* бұта жоқ. Ымырт үйіріле ат үстіне қонып төңіректі шолумен жүр (Т.Ахтанов, Боран.). Айнала алты көш жер көз сүрінер *б ұ д ы р* жоқ, шетсіз-шексіз кең алып («Қаз. әдеб.»). **4.** с ө й л. ***Бедер.*** Сол көп іздің ішінде табанының *б ұ д ы р ы* кетпеген жаңа калошты біреу қайықтың дәл түбіне дейін келіпті (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

БҰДЫР[2] с ы н. *Тегіс емес, бұжыр.* Кей жерлердің қара топырағы, домалақ *б ұ д ы р* тастары көрініп қалады (М.Әуезов, Өскен өркен). Оң қолына *б ұ д ы р* қабырғалы дөңгелек гранатты қыса ұстап, «уралай» айқай салып, жау шебіне жүгіріп бара жатқанын бір-ақ сезді (І.Есенберлин, Қатерлі.). Тікенегі сырт жағына қайырылған, жоғары жағы түкті, төменгі жағы *б ұ д ы р* (С.Әбдірайымов, Шөл жайылым.).

БҰДЫРАЙ= е т. *Бұдыр болу, бұртию.* Денелері жұп-жұмыр, қара күрең бұлшық еттері *б ұ д ы р а й ғ а н,* жаңағы біркелкі балалар бұдан бақыттырақ тәрізденді (М.Иманжанов, Адам).

БҰДЫРАТ= е т. *Бұдыр-бұдыр қылдыру, томпайту.* Құм өзектеріне шығатын бүрген, теріскен бұталары жаңа түскен ұлпа қарды *б ұ д ы р а т а* шоқ-шоқ болып желбіреп, ақ желек жамылғандай үлбірейді (С.Бегалин, Жеткіншек).

БҰДЫРАЮ *Бұдырай етістігінің қимыл атауы.* ≈ Төбесінің *б ұ д ы р а ю ы.*

БҰДЫР-БҰДЫР с ы н. *Тегіс емес, кедір-бұдыр.* Баратын жеріміз осынау төбесі қылтиып, үйме-жүйме көрінген *б ұ д ы р-б ұ д ы р* бөлек таулар (Х.Әбішев, Аспан сыры). Үйіндінің үстіне шыққан кісінің көзіне ортасы жайпақ, айналасы *б ұ д ы р-б ұ д ы р* қыш қорған қоршаған тап-түйнақтай ақ қала бірден түседі (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). Ол қауымның күнбатыс бетіндегі әлдеқашан сыры оңып тек *б ұ д ы р-б ұ д ы р* бедері қалған дәу қара құлпытасты иегімен нұсқады (Ә.Кекілбаев, Дала.).

БҰДЫРҚАЙ с ы н. *Кедір-бұдыры көп, бұдырлау, бұдыр-бұдыр.* Көсіліп жатқан бұйра *б ұ д ы р қ а й* елсіз жолдың екі жағы басқан сайын құлазып, ойға әлденені салғандай (І.Жансүгіров, Шығ.).

БҰДЫРЛА= е т. с ө й л. ***Бедерлеу***. Олардың беттерін сызулап, оюлап, *б ұ д ы р л а п,* жылтырлап, сәндеп пайдалану қажет болды («Қаз. әдеб.»).

БҰДЫРЛАН= е т. **1.** *Томпаю, біліну, кедір-бұдырлану.* Желін туберкулезінің кәдімгі желінсаудан айырмашылығы сол – желіннің туберкулез зақымдаған бөлігі және сөл безі де үлкейіп *б ұ д ы р л а н а д ы* (А.Жұмашев, Мал туберк.). *Б ұ д ы р л а н ғ а н,* жарықшалары көп теріні жұмсарту үшін жылытылған өсімдік майынан істелген кішкене ванна жақсы әсер етеді (О.Сейтекова, Тері. күту.). **2.** *Бұдыр-бұдыр болу.* Кестенің жіптерін сол заттарды бастыра тігеді. Соның нәтижесінде матаның бетіндегі өрнектер *б ұ д ы р л а н ы п,* бедерленеді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БҰДЫРЛАНУ *Бұдырлан етістігінің қимыл атауы; тегіс болмай, томпаю.* Қызыл тамырдың *б ұ д ы р л а н у ы н а* нерв жүйесі қызметінің бірқалыпты болмауы да өте зор әсер етеді (Б.Омарұлы, Жүрек. ауру.).

БҰДЫРЛАУ[1] с ы н. *Аздаған бұдыры бар.* Қою қоректе олардың [бактериялардың] шоғырлары адам типінікінен *б ұ д ы р л а у* және ұсақтау болады, бөлек-бөлек орналасады (Малды туберк. сақта.).

БҰДЫРЛАУ[2] *Бұдырла етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бетіне *б ұ д ы р л а у.*

БҰДЫРЛЫ с ы н. **1.** *Жоталы, төмпешікті, тегіс емес.* Ол бір сай-саласы мол, көбіне қой жайылатын, жықпыл жотасы көп, *б ұ д ы р л ы* жер еді (Т.Жармағамбетов, Екі жүрек). **2.** *Бұдыры бар, бұдыры көп.* Қант қызылшасының тұқымы *б ұ д ы р л ы* болғандықтан, ылғалды тез тартқыш келеді (М.Ерлепесов, Тұқым өсіру.). Құрттардың сыртқы қабығы түрпідей *б ұ д ы р л ы,* тиген жерін тітіркендіреді (С.Омаров, Қой. бағу.). Екінші топқа Батыс Азиялық қиярлар,

яғни жатын сырты тегіс немесе майда *б ұ д ы р л ы* қиярлар жатады (Д.Әбілев, Помидор.).

Бұдырлы сөз. *Ашық айтылмаған, астары бар сөз.* Аббас жортақы, бұлтақы көп *б ұ д ы р л ы* сөздерге әлі күнге қыры жоқ адам (Д.Әбілев, Ақын.).

БҰДЫРМАҚ[1] с ы н. *Бұдыр-бұдыр; тегіс емес.* Күн таудан найза бойы көтерілгенде, Ақбілек алқынып бір кезеңге шығып еді, *б ұ д ы р м а қ* дала екен. Ауылына келгендей қуанып кетті (Ж.Аймауытов, Шығ.) Мәселен, жылы нәрсе, тегіс нәрсе, жұмсақ нәрсе адамға жағымды, сүйкімді болар да, суық нәрсе, *б ұ д ы р м а қ* нәрсе, қатты нәрсе адамға жағымсыз, сүйкімсіз болар (А.Байтұрсынов, Шығ.). Арын шайқалақтап жүріп, қабырғасы *б ұ д ы р м а қ* сұр үйдің қасына келгенде тоқтады (Р.Тоқтаров, Ертіс.). *// Жер бетіндегі кедір-бұдыр, онша үлкен емес ой-шұңқыр.* Әлден уақытта шана бір *б ұ д ы р м а қ т а р д а н* біраз ыршып келіп тоқтады (С.Сейфуллин, Тар жол.).

БҰДЫРМАҚ[2] з а т. *Терінің сыртындағы томпайған жер, түйін.* Түйенің ұртында қалың *б ұ д ы р м а қ т а р* бар, осы бұдырмақтардың арқасында оған қандай қатты өсімдіктер де хауіпті емес (Ә.Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.). Артерия тамырының бетіне жабысқан *б ұ д ы р м а қ т а р* үлкейе келіп, артерияны бітеп тастайды (А.Даиров, Хирург.). Тері үстінде *б ұ д ы р м а қ* пайда болып, кейіннен ол түйнеме жараға айналады (Т.Тілеуғалиев, Балық ауру.).

Бұдырмақ қайың. *Қабығында бұжыры бар қайыңның түрі.* Әсіресе, *б ұ д ы р м а қ қ а й ы ң* суарғанда өте тез өсетін ағаш тұқымы (М.Ерлепесов, Суармалы егін.).

БҰДЫРМАҚТАЛ= е т. *Бұжырлану, кедір-бұдырлану.* Содан көрінген бұлшық еттері биік шыңның бойында *б ұ д ы р м а қ т а л ғ а н* тастарға ұқсайды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БҰДЫРМАҚТАЛУ *Бұдырмақтал етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жөнсіз *б ұ д ы р м а қ т а л у ы.*

БҰДЫРМАҚТАН= е т. *Бұжырлану, кедір-бұдырлану.* Кейбір өсімдік клеткаларының қабықшасы ішкі жағынан бұдырмақтанып кетеді, клетканың мұндай *б ұ д ы р м а қ т а н ғ а н* жерін цистолит дейді (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Олардың алдында *б ұ д ы р м а қ т а н ғ а н* каналдан шығарылған тау-тау құм топырақ екен (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

БҰДЫРМАҚТАНДЫР= е т. *Бір нәрсені тегіс емес күйге айналдыру, бұдырлау.* Атеросклероз артерияның ішкі бетін *б ұ д ы р м а қ т а н д ы р ы п,* қандағы кейбір заттардың тамыр қабырғасына шөгіп қалуына мүмкіндік туғызады (А.Даиров, Хирург.).

БҰДЫРМАҚТАУ с ы н. *Бұжырлау, бұдырлау.* – Сонымен қандай екен Айдың беті? Борпылдаған күлгін топырақ па? – Жоқ! Сәл *б ұ д ы р м а қ т а у* келген қатты дене сияқты, шаңның ізі көрінбейді («Қаз. әдеб.»).

БҰДЫРМАҚТЫ с ы н. *Бұдырмағы бар, бұдырлы.* Сол сияқты тұқым бетінің тегістік белгісі де *б ұ д ы р м а қ т ы* белгіден басым болатындығы анықталды (Жалпы биология).

БҰДЫРМАҚТЫЛАУ с ы н. с ө й л. *Аздап бұдырлау.* Олардың [сүйектердің] бір-біріне жанасып тұратын жеріндегі беттері *б ұ д ы р м а қ т ы л а у* келеді де, сай-сай болып тұрады (Адам анатом.).

БҰДЫРМИЯ з а т. б о т. <лат. clycyrrhiza aspera> *Бұршақ тұқымдасы мия туысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.* Сабағы сирек бұтақталған, сыртын қалың безді тікен жауып жатады, осыған байланысты *б ұ д ы р м и я* деп аталады (ҚҰЭ). *Б ұ д ы р м и я* медицинада тамақ, тері илеу өнеркәсіптерінде пайдаланылады (ҚҰЭ). *Б ұ д ы р м и я н ы* бұрын қадірлі қонақ келгенде, ұзақ жолға шыққанда, жауға аттанғанда пісіретін болған (ҚҰЭ).

БҰДЫРСЫЗ с ы н. **1.** *Бұдыры жоқ, тегтегіс.* Шал біресе аспанға, біресе өңі қашып, сұпсұр боп жатқан *б ұ д ы р с ы з* далаға қарап келеді (А.Нұрманов, Құлан.). Осы *б ұ д ы р с ы з* жазықтың батысы көсілгеннен көсіліп барып Сарыарқа қыраттарымен шектеседі (Қ.Исабаев, Арман.). Шарайнадай жап-жалтыр, керіліп жатқан кеңістік, *б ұ д ы р с ы з* ғажап ақ айдын (Ә.Сәрсенбаев, Капитан.). **2.** а у ы с. *Берекесіз, сұйық.* Жүріс-тұрысы осындай *б ұ д ы р с ы з* болғанымен, ағаны сыйлауды біледі. Оның айтқанын екі етіп көрген емес (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

БҰДЫРСЫЗДЫҚ з а т. *Тегістік, жазықтық, бұдыры жоқтық.* Мен Ертіс маңындағы даланың *б ұ д ы р с ы з д ы ғ ы н а* таңданған едім (Қ.Исабаев, Арман.).

БҰЖ: **бұж қара.** *Үлкен, дәу қара.* Жазық дала төсінде ұзыннан ұзақ, созылып жатқан *б ұ ж қ а р а* биік жотаны тұрғын ел «Қаражал» атайды (З.Шүкіров, Ізгілік.). *// Ірі денелі, қара адам.* – Ақыры кетті, иттің баласы! – деді ентіккен *б ұ ж қ а р а,* маңдайының терін сүртіп (Б.Аманшин, Жар мұңы).

БҰЖБАН[1] с ы н. сөйл. ***Божбан.*** Бір жерде қына жапқан қоңыр *б ұ ж б а н* тас жатыр (М.Қаратаев, Далада.).

БҰЖБАН[2] з а т. с ө й л. ***Бұжы.*** Қыстығүні тамақтың асылы – *б ұ ж б а н,* Семіз етті

бүйенге салып, *б ұ ж б а н* жасайды (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БҰЖ-БҰЖ с ы н. с ө й л. ***Бұжыр-бұжыр.*** Машина бір тоңқып түскенде Мұрат Жүкеңнің күдірейген *б ұ ж-б ұ ж* желкесіне тұмсығын соғып ала жаздады (Қ.Қамбаров, Алтай.). Үңгірде түн жамылып қалған Оспан, Сезбеді не болғанын сырттағы аспан. Көрді тек қалта шаммен айналасын, Көк өңез, кірлі бедер *б ұ ж-б ұ ж* тастан (А.Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл). Көрінді өз тауымдай маған Жизақ, Бітімі *б ұ ж-б ұ ж* бұдыр тым қызық-ақ. Тас қақпа тар аңғарда Темір баққан, Елестер көз алдыма жылдар ұзақ (Ғ.Орманов, Таңд. өлеңд.).

БҰЖЫ з а т. ж е р г. *Бүйеннің ішіне жаңа сойылған қойдың, ешкінің етін, іш май тығып істеген үлкен шұжық. Б ұ ж ы* – өте дәмді тағам. Бұл жаңа сойған малдың етіне, іш майына, бауырына ұн қосып жасалады (Қаз. ұлт. тағамдары). Шұжыққа тоймасаң, *б ұ ж ы ғ а* тояр-сың. *Б ұ ж ы* майлы екен, жеңеше! (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БҰЖЫҒЫН з а т. ж е р г. *Төмпешік жерге шығатын шөп.* Бұзауың құт болса, *б ұ ж ы ғ ы н* сал (ҚТДС).

БҰЖЫР с ы н. **1.** *Тегіс емес, кедір-бұдыр, айқыш-ұйқыш.* Үй шикі *б ұ ж ы р* қыштан салған; үй емес, іншік деуге болады (С.Сейфуллин, Тар жол.). Амал не, ол қиялын қанша шарықтатса да, кесек-кесегімен үйіліп жатқан сол қорымның *б ұ ж ы р* тастарын ойға домалатудан басқа жол таба алған жоқ (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). **2.** *Бұдыр-бұдыр, қотырланған.* Екеуі Қарлығашты орталарына алып, иілген жуан бір *б ұ ж ы р* қайыңның ығына тығылды (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Екіншісі – беті *б ұ ж ы р,* қара торы жас жігіт (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Оның қорасан талаған *б ұ ж ы р* беті сазарып тұр (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). *// Шешек ауруынан қалған адам бетіндегі дақ, таңба.* Басқа жұрттан қазақта бетін қорасан жеп қойған *б ұ ж ы р л а р д ы ң* көптігі, ол *б ұ ж ы р л а р д ы ң* көбі соқыр, тыртық болып қалған (М.Дулатов. Шығ.). *// Бұжыр бет адам.* – Күзенбай дейтін мынау отырған *б ұ ж ы р,* мені айдаған осы, – деді Дайрабай (Б.Майлин, Шығ.).

Бұжыр бет. *Беті тегіс емес, дақ, таңбасы көп (адам). Б ұ ж ы р б е т,* ешкі сақалды Шалабай деген шал Әділбектің сөзін ұнатпай, үй иесіне ала көзімен бір қарады (І.Есенберлин, Қатерлі.). – Қалай жаттың? – деді орта бойлы, *б ұ ж ы р б е т* бала тістерін ақситып, күліп (С.Баязитов, Күтп. кездесу).

Қара бұжыр [бұжыр қара]. *Беті тегіс емес, шешек дағы бар, өңкиген, түсі қара (кісі).* Ол еңгезердей, кейіпсіз *қ а р а б ұ ж ы р* кісі (С.Омаров, Дала қызы). Төрде мес қарын доп-домалақ *қ а р а б ұ ж ы р* біреу отыр (С.Көбеев, Орынд. арман). *Б ұ ж ы р қ а р а,* күжірейген жуан мойын Қоқыш қыңыр сөзді қостай берді (М.Әуезов, Қараш.) Мөңкенің сары уайымын ұнатпай, соның шүңірек көз, *б ұ ж ы р қ а р а* беті суық тартып бара жатты (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

БҰЖЫРА[1] з а т. к ә с. *Үш жағында бұрандасы бар етікші құралы. Б ұ ж ы р а м е н* етікшілер етіктегі қалыпты суырады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БҰЖЫРА[2] з а т. с ө й л. *Аттың тізгінін көтеріп байлайтын доғадағы шығыршық.* Доға *б ұ ж ы р а с ы з* болмайды. *Б ұ ж ы р а* өте қолайлы (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БҰЖЫР-БҰЖЫР с ы н. **1.** *Бұдырайған, шығыңқы.* Оның терістігінде Жаулыбай шоқысы, түстігінде *б ұ ж ы р-б ұ ж ы р* төмпешіктер көрінеді (С.Талжанов, Ұлдай.). **2.** *Тегіс емес, кедір-бұдыр.* Ол жерден бөрененің *б ұ ж ы р-б ұ ж ы р* сыртқы қабығы көрінеді (С.Бақбергенов, Қарға там.). **3.** *Шешек дағы бар, бұжыры көп (бет).* Беті *б ұ ж ы р-б ұ ж ы р,* көздері сықсиған (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.) *Б ұ ж ы р-б ұ ж ы р* жалпақ бетіне мұрнының орналасуы да қызық («Лен. жас»).

БҰЖЫРДӘН з а т. б о т. <лат. taphrospermum> *Орманжапырақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.* Алтай *б ұ ж ы р д ә н і* және жалпаққүлтелі *б ұ ж ы р д ә н* деген 2 түрі Зайсан ойпатында, Алтай, Жоңғар, Іле Алатауларында кездеседі (ҚҰЭ).

БҰЖЫРЛА= е т. *Бұжыр күйге келтіру, бүлдіру, әркелкі ету.* Мынаның бәрін *б ұ ж ы р л а п* тастапсыз, сондықтан қайта істеуге тура келеді («Лен. жас»).

БҰЖЫРЛАН= е т. с ө й л. ***Бұдырлану.*** *Б ұ ж ы р л а н ғ а н* мұздың бетіне ыстық қанның қызыл тамшыларын шұбартып, арғы бетке өтіп кеткен (З.Иманбаев, Солма. гүл). Металл қайнап бабына Келген кезде таспайды. Көкшіл тартып тағы да, *Б ұ ж ы р л а н а* бастайды (Т.Жароков, Қырда.).

БҰЖЫРЛАУ[1] с ы н. *Аздап бұжыры бар.* Ресторанда тамақтанып отыр ем, аласалау бойлы, *б ұ ж ы р л а у* бетті татар қасыма келе қалды (С.Мұқанов, Есею жыл.). Бейімбет – орта бойлы, бүкіштеу, бадырақ көзді, таңқы танау, шот маңдай, қалың ерінді, *б ұ ж ы р л а у* кісі («Лен. жас»).

БҰЖЫРЛАУ[2] *Бұжырла етістігінің қимыл атауы.* Әр түсті асыл тасты көздер кейде

қырланған үшкір, бедерлі, томпақ, кейде бірнеше түсті ұсақ жұлдызша тастарды құрастырып, *б ұ ж ы р л а у* әдісімен орнатылады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БҰЖЫРЛЫ с ы н. *Бұжыры бар, тегіс емес, кедір-бұдырлы.* Аяқ киімі шалдікіне ұқсамайды, *б ұ ж ы р л ы,* қалың табан бәтіңке, өкшесі жалпақтау (К.Тоқаев, Түнде.).

БҰЖЫРЛЫҚ з а т. *Бұжыр нәрсеге тән қасиет, бұжыр болушылық.* Ол – лента беті *б ұ ж ы р л ы ғ ы н ы ң* коэффициенті (Л.Тәжібаев, Жайылым.).

БҰЖЫРМАҚ с ы н. *Бұжыр-бұжыр, кедір-бұдыр.* Кен шығатын жерге барсаң, өн бойында жарқырағы көп, кейбір *б ұ ж ы р м а қ* кесек тастарды көресің (С.Мұқанов, Өсу жол.). Өзі қызыл *б ұ ж ы р м а қ,* Наград дерсің ойылған. Төсінде емес, сыртында, Жауырынға қойылған (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

БҰЖЫРМАҚТА= е т. *Бұжырлау, бұжырмақ ету.* Бұл керегені бізге *б ұ ж ы р м а қ т а* деген жоқ па еді? (Қаз. фраз. сөздігі).

БҰЖЫРМАҚТАЛ= е т. *Бұжырлану, бұдырлану.* Бұл таудың Бүйрек деп аталатын себебі: айналасы жазық, ортасында сиырдың бүйрегіндей, *б ұ ж ы р м а қ т а л а* биіктеп көтерілген таудың оңтүстік-батысы Қара Ертіспен ұштасады (Б.Тұрсынбаев, Ауылда.).

БҰЖЫРМАҚТАН= е т. *Кедір-бұдырлану, бұжырлану.* Бүкіл тау атаулының күнгей жағы ұстаның көрігінен күйіп шыққан қоқыстар сияқты *б ұ ж ы р м а қ т а н ы п* жататын (С.Мұқанов, Алып. адым.).

БҰЖЫРМАҚТАУ *Бұжырмақта етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Керегені б ұ ж ы р м а қ т а у.*

БҰЗ з а т. с ө й л. ж е р г. ***Мұз.*** *Б ұ з* үстіне от жаққан, Бұзбай бұлан пісірген. Мен иемнің бөрлі ала тасы едім (Шалкиіз ақын [Тіленшіұлы] // Алдаспан).

БҰЗ= е т. **1.** *Қырату, сындыру, талқандау.* Маған түс кезінде сиырларды айдап жіберерсің деп еді, мен малдың су ішетін кезі болған соң шығарып едім, су ішкені ішіп, ішпегені ішпей келіп, маған болмай, қақпағын *б ұ з ы п,* жабағылардың шөбіне кіріп кетті (С.Көбеев, Қалың мал). Жүлделер көп еді ғой біз алатын, Қару ек қорғандарды *б ұ з а* алатын, Топ жарып, той бастайтын жігіт қайда, Қыз қайда оны көрсе қызаратын (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). **2.** *Бір нәрсенің тұтастығын, бүтіндігін құрту; тесіп өту.* Тас дулыға, тас сауыт киінгенім. Денемді қысып жатыр бүгін менің. Оқ пен қылыш *б ұ з б а с т а й* киінсем де, Қайран атым, иең жоқ жалғыз сенің (Абай, Тол. жин.). Ат қолтығынан келетін қалың қасат қарды *б ұ з а* шауып, ұзақ сабыла қашып, әбден діңкесі құрыған салғарын мама биелер ілгері басуға құлқы болмай, аяқтарын жалқаулана, еріне аттайды (Ж.Тұрлыбаев, Тамыз таңы). **3.** *Бүлдіру, істен шығару.* Ахметтің мандолинін *б ұ з ы п* қой да, көпшілік алдында өзін масқара ет (С.Баязитов, Күтп. кездесу). Кеше физикадан сабақ беретін Қисыбай ағай барып [моторды] біраз жағып көріп еді, ақырында *б ұ з ы п* тынды (Д.Досжанов, Тұлпар.). **4.** *Бір нәрсені бөлшектеу.* Бейтаныс адам пистолеттің сыртын мұқият сүртіп, оны бөлшектеп *б ұ з а* бастады (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). **5.** *Малдың етін мүше-мүшеге бөлу, жіліктеу, боршалау.* Етке жұмсалатын жылқыны неге семіртпеске, қазыланып, жалданған кезде неге соймасқа, мүшелеп *б ұ з б а с қ а* (Ж.Орманбаев, Қос басшы). Бақтығұл тезірек ақтармалап, арқардың ішек-қарнын алып тастап, етін *б ұ з б а с т а н,* белінен бір опырып терісіне орап, жирен атқа зорға дегенде көтеріп артты (М.Әуезов, Қараш.). **6.** *Біркелкі күйді (жағдайды) дағдылы, үйреншікті қалпынан өзгерту.* Тау бөктеріндегі қасқыр құйрық қарағайлар мен бұйра басты теректер түні бойы тік тұрып ұйықтаған қалпын *б ұ з б а с т а н* марғаусып маужырайды (С.Сейітов, Сөз сұра.). Бұл жерді меңіреу тыныштық басқан және бұл жерден мәңгі мұз басталады. Тек таутеке ғана жаз айларында осында тынығуға келеді, сондай-ақ кейде сары тұмсық шәуқара дауысы тыныштықты *б ұ з а д ы* (Алматы қорығы). Әр тұстан түннің тыныштығын *б ұ з ғ а н* абырдабыр дауыс естілді (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр). **7.** *Дұрыс қалыпты, үйлесімді ырғақты, жарасымды келістілікті құрту, өзгерту.* Бұл әнді үйренгенің үйренерсің, Дегенде, әттең Әсет күңіренерсің, Бұл әнді бірің *б ұ з ы п,* бірің түзеп, Бұқадай мұрнын тескен сүйрелерсің (Ә.Найманбаев, Шығ.). **8.** а у ы с. *Біреуді азғыру, айныту.* – Мен осы елге келіп жүргенде Әсия бір ауыз сөз айтқан емес, – дейді Аманбай. – Сен өзің *б ұ з ғ а н* жоқпысың? (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). – Құдайға кінәлі болсам да айтайын, оны *б ұ з ғ а н* – осы өз ауылыңыздың адамдары (М.Дүзенов, Ақәже). Ақ бата қызыл қанды судай ұрттап, Қызығып құда түсіп бердің малға. Айнытып онан *б ұ з ы п* алып кеттің, Берем деп өз теңіне – сүйген жарға (Айтыс). **9.** а у ы с. *Адамды жақсы қасиеттерден айыру, аздыру, жаман жолға түсіру.* – Бәрінен ақшалы болу қиын, ақша бұзбасты *б ұ з а д ы,* ағын суды теріс ағызады, ақыл мен бақты бұйдалап жетелейді (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). – Әке-шеше тәрбиесінен кенде болып, тентек болып кеткен баланы сіз одан әрі *б ұ-*

з ы п жібердіңіз (Ж.Жұмаханов, Жазылм. кітап). Кісіге білімге қарай болыстық қыл: татымсызға қылған болыстың өзі адамды *б ұ з а д ы* (Абай, Тол. жин.). «Бүгін Әулие Валентин күні ғой», – деп әңгімесін айта бастады. Мен сөзін бөліп: «Көзіңіз қарауытып, сізге не болды? Валентин күні – Еуропадан келген, біздің ұғымымызға жат. Ол – балаларды *б ұ з а т ы н* күн. Неге сіз Қозы Көрпеш, Төлеген күндерін дәріптемейсіз?» деп ренжи жөнелдім. Сасып қалды («Егемен Қазақстан»).

Ант бұзды. *Серттен тайды, уәделе тұрмады.* – Жоқ, жоқ, туысқан Омар! – деді Әмзе жалынғандай дауыспен, – мен елдің бетін не деп көремін, арым таза емес, *а н т б ұ з д ы м* (Ж.Жұмаханов, Үш бәйтерек). Бұл жолы олардың *а н т ы н б ұ з б а й т ы н ы н а* біз кепілміз, Неплюев (І.Есенберлин, Көшпенділер). Қарабай *а н т ы н б ұ з ы п*, «қызымды жетім ұлға бермеймін» деп Өлеңтінің аяғын өрлей көшеді (М.Әуезов, Әр жыл.).

Аузын бұзды. а) *Аузынан бір қойып, қан жалатты.* Ол ит олай ойласа, *а у з ы н б ұ з а й ы н* (Қ.Кемеңгеров, Алтын.). ә) *Талқандап аштыі, шешті.* Тергеуші болып істеген алты жылдың ішінде инкассатор қапшығының *а у з ы н б ұ з ы п*, ақша ұрлапты дегенді тұңғыш рет естуім (Қоғамдық тәртіп.).

Әңгіменің шырқын бұзды. *Әңгімесін бөліп кетті, кедергі келтірді.* Ондай әңгіме айтып отырғанда біреу көлденең бірдеме айтып, *ә ң г і м е н і ң ш ы р қ ы н б ұ з с а*, әбден ренжіп қалатын (М.Әуезов, Шығ.).

Бата [ақ бата] бұзды. а) *Дұға оқып, уәделескен серттен тайды, бата-тілекті аяққа басты. Б а т а б ұ з ғ а н*, қарғыс алған оңбайды дейді. Қайдан білейін... (Ж.Аймауытов, Шығ.). Біріншіден, екі оттың ортасында жүріп көсеуден оңбай таяқ жейтінін білсе, екіншіден, *б а т а б ұ з ы п*, ешқашан барқадар таппайтынын түйсігіне мықтап түйді («Айғақ»). Ел *б а т а с ы н б ұ з ғ а н* ит, Ақылсыз, құдай ұрған ит. Азғын тартып сүйылып, Қасиеті жойылып, Онан соңғы хан мен бек, Аталыдан азғын тек, Суалып қалды қараңға (Дулат Бабатайұлы, Замана.). ә) ж а ғ ы м с ы з. *Ақ некенің шартын орындамады, аяққа басты.* – Ей, әке сымақ, енді не дейсің? *Б ұ з а м ы с ы ң б а т а н ы*, бір бүтінді екі бөлемісің, жоқ па? (Ә.Тәжібаев, Жартас). б) *Атастырылып қойған адамымен некелесуден бас тартты, келісілген некеге қарсы шықты.* Көндірем деп еппенен Аға, жеңге арбапты... *А қ б а т а н ы б ұ з д ы ң* деп, Ата-анасы қарғапты. Қара ормандай қайраттым Қайыспапты қарғысқа... Арбауға құлақ салмапты. «Мен енді азат адам», – деп, –Сүйгеніме барам», – деп, Тас түлектей талпынып, Өзіне теңді таңдапты (М.Жұмабаев, Шығ.).

Бата бұзылды. *Ақ некенің шарты орындалмады.* Кейін, атастырған күйеуі өліп, қыз шалға қарайтын болған соң, *б а т а б ұ з ы л м а с ы н* деп, Сабатардың тілегіне емексінген Қалдыбай: «Қызым теңіне бармай, кемдікке кететін болды», – депті (М.Әуезов, Шығ.).

Берген перде бұзады. э т н. *Алыс-беріс, ауыс-түйіс жүрген жерде бөгет, кедергі болмайды. «Б е р г е н п е р д е б ұ з а р»*, «Алаған қолым береген» деген осындай сөздері есепсіз толып жатыр (Абай, Тол. жин.). Сұраншақтық қазақтың өзіне мін емес көрінеді. «Жыламаған балаға емшек бермейді», «Бермейтін сараң болмайды, сұрауы жетпейді», *«Б е р г е н п е р д е б ұ з а д ы»* – міне сұрау қолдаған даналығы. Тегінде, бұл сұрамшақтыққа адамды тұрмыс үйретеді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Бұзбай пісірді. *Аңның етін мүшелемей тұтастай пісірді.* Шайған жалғыз малтаның, Сатқанда суы ат болмай, *б ұ з б а й* құлан *п і с і р м е й* (Махамбет). Мұз үстінде от жаққан, *Б ұ з б а й* бұлан *п і с і р г е н* (Сүгір Мырзалыұлы // XIX ғ. қаз. поэз.).

Бұзып өту телімі. ә с к. *Құрама бөлімнің шабуыл шебінің бір бөлігі.* 1944–45 ж.ж. Ұлы Отан соғысы тәжірибесі бойынша *б ұ з ы п ө т у т е л і м і н і ң* майдан бойынша ені 20–30 км болып, [___] корпус пен дивизия үшін көп жағдайда шабуыл шебінің енімен тең келді (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Дәстүр бұзды. *Қоғамда қалыптасқан қандай да бір бірлесіп өмір сүру тәртібінен, ахлақ ережелерінен ауытқыды.* Құдайдың мейірімшапағатына үміт еткеннен кейін өз бәйіттерін Әдиб Ахмед *д ә с т ұ р д і б ұ з б а й*, Мұхаммед пайғамбарға арнап, ол туралы айтарын «ақылой мен ар-ожданның сарасымен» ұғып алуға шақырады (Қаз. дала. ойшыл.). Ал жігіттің әкесі айтты: – Қу балам, Ит боп шықтың жақсы атаққа тумаған. Дәтің барып қалай *д ә с т ұ р б ұ з б а қ с ы ң*, Жұрттан қайда қашпақсың сен шулаған? (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Дін бұзды. *Сенімінен бас тартты, Құдайға құлшылық етудің қалыптасқан тәртібінен ауытқыды, дінін ұстанбады.* «Көрсет, – деп, – мұғжызаңды онда маған, Болмаса бағынбаймын сеніп саған. Көрместен кереметіңді *д і н і м б ұ з с а м*, бетіме күлкі болып күйе жағам (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Ел ұйытқысын бұзды. *Ел ішіне іріткі салды, тұтастығы мен ауызбіршілігіне зиянын тигізді, тыныштығын алды. Е л ұ й ы т қ ы с ы н б ұ з ы п*, ұлыққа шапқаны үшін не жаза істесе де рауа десті (М.Әуезов, Шығ.).

Ереже [тәртіп, қаулы] бұзды. р е с м и. *Қандай да бір қоғамдық қатынас немесе әрекет үшін ресми түрде бекітілген реттіліктен, нұсқаулардан ауытқыды, оларды орындамады*. Сондықтан мемлекетіміздің даму сатысында, оның барлық саяси-құқықтық институттары және ең алдымен, Конституцияның тұрақтылығы қамтамасыз етілуі тиіс. Соған сәйкес Конституцияның сот билігіне қатысты негізгі *е р е ж е л е р і н б ұ з б а й* сақтау лөзім («Егемен Қазақстан»). Мұқан ағай *т ә р т і п б ұ з ғ а н ы м ы з д а* бір аяғымызды көтеріп, бір қолымызға кірпіш ұстатып, бұрышқа тұрғызып қояды (С.Мұратбеков, Жабайы.). Прокурорлар 2004 жыл мен 2005 жылдың бірінші жарты жылдығында бюджетке 3 миллиард теңгеге жуық соманың салығын төлемеу фактілері бойынша өндірісті тоқтату жөніндегі қаржы полициясы органдарының заңсыз *қ а у л ы л а р ы н б ұ з д ы* («Егемен Қазақстан»).

Жан тыныштығын бұзу. *Көңілін күпті қылу, күмәндандыру, мазалау*. Бұл жалғанда адам баласының *ж а н т ы н ы ш т ы ғ ы н б ұ з у ғ а* бостан-бос сезіктенуден, өзгенің бәрін өзіңе жау көруден қауіпті күш жоқ (І.Есенберлин, Алмас.).

Жер бұзды. с ө й л. *Жер жыртты, жерді қопарып, топырағын аударыстырды*. Жатқаннан үйде жалғыз еңбек қызық, Айдасам трактормен *ж е р д і б ұ з ы п*. Сауықта ойын-күлкі көп ішінде Қол жайып тұрған жаман, көзді сүзіп (Айтыс).

Заңдылықты бұзды. *Жүйелі түрде көрініп, қайталанып отыратын қалыптасқан тәртіптен, бір нәрсе не құбылыстың қалыпты жайынан ауытқыды, оған қайшы келді*. Монғолдармен аралас-құралас отыратын қазақтар кейде табиғи *з а ң д ы л ы қ т ы б ұ з ы п*, «біз ұлыс күнін көпірден бұрын қарсы аламыз» деп олардың «шағанының» (цагаан – ақ, сар – ай, цагаан сар – ақ ай, жыл басы) алдына бір апта бұрын салып та жіберетін («Түркістан»).

Көңіл бұзды. а) *Көңіл-күйіне әсер етті, тебірентті*. Домбыра, шіркін, домбыра, Қаққан сайын қызасың. Сәрсен халін жырласаң, *К ө ң і л і м д і б ұ з а с ың* (С.Сейфуллин, Шығ. жин.). ә) *Уайым жеді, қамын ойлап қайғырды*. Қара қойдың ішегін ызып, Перне таққан қазағым. Көрші үшін *к ө ң і л б ұ з ы п*, Шерге батқан қазағым (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). б) *Мұңайтты, жабырқатты*. Қамарбек... келмей жатып әйелінің *к ө ң і л і н б ұ з б а й ы н* дегендей, ештеңе білмеген, сезбегенсіп, жайбарақат отырып шай ішті (С.Бақбергенов, Кентау).

Көңілін бұздырды. *Алаң етті, алаңдатты, бөтен ой салды. К ө ң і л д е р і н б ұ з д ы р д ы,* Құстай көкке ұшырды, Ата-анадан бездірді, Ақылынан тандырды. Көзін төмен сүздірді, Жүрекке от жандырды. Елден күдер үздірді. Ғашық отын сездірді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Қазақ жолын бұзды. *Қазақ халқының тұрмысында қалыптасқан ата дәстүрден ауытқыды*. Барғанға: «Ризамын», – деп құлдық етті, Самсы: «Мен көне алмаймын бұған», – депті, – Нағашым *қ а з а қ ж о л ы н* қайта *б ұ з д ы,* Бұл елде тұрмаймын, – деп қашып кетті (Шәкәрім, Шығ.).

Қазыны бұзбай салды. *Қазыны тұтастай, бүтіндей, бөлшектемей пісірді*. Күн көргіштігі де тәуір көрінеді, берген қонақасысы байдан ілгері, *қ а з ы н ы б ұ з б а й с а л ы п т ы* (С.Көбеев, Қалың мал).

Қаймағын бұзбай сақтады. *Сол күйі қалдырды, ешбір өзгертпей, тиіспей сол күйі сақтады*. Онысы, өзінің жеке қалпын, бағынбастық қалпын, «тағы-сынды мырза қалпын» *қ а й м а ғ ы н б ұ з б а й с а қ т а й м ы н* деген мақсат еді (М.Әуезов, Шығ.). Мұнда фольклор іргесін *қ а й м а ғ ы н б ұ з б а й с а қ т а п* отырып, қайта жырлауды мақсат етпейді (М.Әуезов, Шығ.).

Қаймағын бұзды. *Бүлік салды, тыныштығын алды, ауызбірлігіне зиян келтірді*. Әзәзіл, азғын ібіліс *Б ұ з б а қ ш ы* елдің *қ а й м а ғ ы н*. Баққаны – бүлік, қыңыр іс, Аясын қай жер, қай малын (Ж.Молдағалиев, Жесір.). *Б ұ з ғ а н д а й* біреу *қ а й м а ғ ы н,* Жүзінде кірбің ойнауын. Көргенде шыққан Қытайдан, Өсек пе бұл деп ойладым (Қ.Ұябаев, Өтеді жыл.).

Қамал бұзар. *Күшті, қарулы*. Жазсын дей ме ақын бізге жыр арнап, Ақ қайыңдар тұр ақ бикештей сылаңдап. Қарағайлар *қ а м а л б ұ з а р* ерлер ме. Қарғымпаз кіл тұлпар мінген тұмарлап (Д.Әбілев, Миллиард.).

Қамал бұзды. а) *Жауға ойран салды, талқанын шығарды. Қ а м а л б ұ з ы п,* қан жастап жүрген кездерімде, елең еткен пенде емес ем, неге екенін білмеймін, тап осы күні көрінгеннен секем алам да тұрам (Б.Майлин, Азамат.). Манас батыр: Мен Манас ер болғалы, Манас атқа қонғалы, Қосан сөзін бұзбадым. Талай *б ұ з д ы м қ а м а л д ы,* Бар десеңіз барамыз, Қой десеңіз қоямыз, Қосай аға, қормалым (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). ә) *Бұзып-жарып сөйледі, жігерленді*. Көреді бірін-бірі есен кісі, Сөйлейді *қ а м а л б ұ з ы п* шешен кісі. Әр кезде алтын басың жерде қалмас, Біреуді өзің сыйлап десең кісі (Айтыс). Қаһарлы сөз *қ а м а л б ұ з ы п,* қас дұшпанның қабырғасын сөкті (С.Мәуленов, Жұлдыз.).

Қанын бұзды. *Ашуын келтірді, ашуландырды, ызаландырды.* – Сәлім, сен қойсаңшы. Ол үлкен... Несіне *қ а н ы н б ұ з а с ы ң!* – дегенде екі жақ та кішкене толастай бастады (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Қызық қой адамның өмірі, Өткен күн аққан су тәрізді, Қанша рет өзгертіп өңімді, Қанша рет *б ұ з д ы* екен *қ а н ы м д ы* (Ә.Тәжібаев, Кеше.).

Қар бұзар. п о э т. *Тұяғы берік мініс ат.* Жанға серік жануар, Шұбар аты *қ а р б ұ з а р* (І.Жансүгіров, Поэм.).

Қызметін бұзды. к і т. *Қандай да бір нәрсенің, желінің немесе жүйенің жұмыс істеу тәртібіне, жұмысына ақау келтірді.* Егер мида функционалдық өзгерістер пайда болса, ол іштегі бездердің *қ ы з м е т і н б ұ з ы п*, жүрекке әсерін тигізеді (А.Даиров, Хирург.).

Мерзімін бұзды. к і т. *Белгіленген уақыттан кешікті.* Ақшаны есепшотқа басқан соң, келісім-шартта қаралған үйдің салыну *м е р з і м і н б ұ з ы п* немесе үлеске қатысушылардың қаражаттарын басқа мақсатқа пайдаланып, тіпті үй салынып болған жағдайдың өзінде пәтерді дұрыс бермей, азаматтардың құқығын аяққа таптайтындар да кездеседі («Егемен Қазақстан»).

Мұрнын бұзды. *Ұрды, сазайын тарттырды.* – Мәкеш, екеумізді біреу шағыстырған ғой, соны айтшы *м ұ р н ы н б ұ з а й ы н* (Қ.Қуанышбаев, Шонжарлар). Бақталасынан өш алуды Қажым ойлаған да жоқ. Тіпті Асылқанның *м ұ р н ы н б ұ з б а қ* болған Асқарды өзі басып тастады (Қ.Жұмаділов, Қаздар.).

Ойын бұзды. *Ойын бөлді, ой желісін үзіп кетті.* – Хан ием, қандай шешім айтасыз? – деді құшбегі Мәделіханның тәтті *о й ы н б ұ з ғ ы с ы* келмегендей жәдігөйлене күлімсірей сөйлеп (І.Есенберлин, Қаһар). Өмірден көп ала ма, аз ала ма, Қырандай қанаттарын жаза ала ма? Он бесте, оныншыда ол оқып жүр Ойшыл ол, *о й ы н б ұ з б а,* мазалама (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).

Орда бұзар [бұзған]. *Қайратты, қаукарлы, жігерлі; өткір.* Ол – *о р д а б ұ з а р* отыздағы өткір жігіт («Жұлдыз»). Отызда *о р д а б ұ з ғ а н* дүлділ едім, Әлінің некен мекен бұлбұлы едім. Күнінде үш тоғызды алсам дағы, Тоймаған еш нәрсеге қызғын едім (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Семья шырқын бұзды. *Отбасының берекесін кетірді, іріткі салды, ынтымақты бұзды.* Ол сүттей ұйып, біріне-бірі дегенде шығар жаны жоқ болып отырған *с е м ь я ш ы р қ ы н б ұ з д ы* («Қаз. әдеб.»). Адамды білу қиын-ау, әйтпесе, өңге-өңге, дәл Күлекең маскүнемдікке салынып, *с е м ь я н ы ң ш ы р қ ы н б ұ з а д ы* деу кімнің ойына келген (С.Сарғасқаев, Сұлутөр.).

Септі бұзу. э т н. *Марқұмның буылыптүйілген киім-кешектері мен жеке заттарының байланған бауын жылы толғанда немесе асын бергенде құрметті, сыйлы, үзеңгі жолдас адамының кесу рәсімі.* Жаңағы қараны жыққан Байсал, *с е п т і б ұ з ғ а н* Сүйіндік, енді мынау тұл атты бауыздаған Байдалы – үшеуі де кейін «жол» алады. Бұлар – осы қауымның әрі үлкені, әрі Бөжейдің үзеңгі жолдасы (М.Әуезов, Абай жолы).

Серт бұзды. *Берген сөзін орындамады, уәдеден тайды, айныды.* Сен аттың жөнсіз оқ, Тәңірі қазы, Тас таразы, Тентекті сұрамас деп қалма, *С е р т б ұ з ғ а н н ы ң,* біл, орны – шоқ (Абай, Тол. жин.). Сол сөзің мойнымда таққан тұмар, Кірсіз сөз кірген ішке қалай шығар!? Менде жоқ айнымалы ала мінез, Өмірлік бір күн үшін *с е р т т і б ұ з а р* (Ө.Тұрманжанов, Таңд. өлеңд.). Берген *с е р т і н б ұ з ғ а н* Әбусейіттің өз обалы өзіне (І.Есенберлин, Алмас.).

Сөзін [әңгімесін] бұзды. а) *Сөзін (әңгімесін) бөліп кетті, кедергі жасады.* Сәрсенбайдың *с ө з і н* ешкім *б ұ з ғ а н* жоқ (С.Бегалин, Төлбасы.). Осы *ә ң г і м е н і* жерлесіміз Еркеш Тауешкин *б ұ з ы п* жіберді (С.Мәуленов, Жер нәрі). Жастардың *ә ң г і м е с і н б ұ з б а й ы н* дегендей қастарына келген жоқ (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.). Есен *с ө з і н б ұ з б а й,* ойын бытыратпай тез жеткізуге тырысса, асыға сөйлегенде тұтығып та қалады екен (С.Талжанов, Ұлдай.). ә) *Уәдеде тұрмады, келісімді орындамады.* Діндік не деп сұрасаң, Байлаған *с ө з і н б ұ з б а ғ а н.* Параны көрсе қызбаған, Әділ бір сөздің шындығы (Ы.Шөреков, Исатай). Жеме-жемге келгенде *с ө з і н б ұ з ы п,* Әжібай кете берер, тайқып шыға (С.Торайғыров, Таңд. шығ.).

Сырды бұзды. *Құпиясын жариялады, сырын ашты.* Сенімі жоқ серменде *с ы р д ы б ұ з д ы,* Анық таза көрмейміз досымызды. Қылт етпеге көңілдің кешеуі жоқ, Жүрегінде жатады өкпе сызы (Абай, Тол. жин.).

Тәртіп бұзды. р е с м и. *Қалыптасқан, дағдылы ережені сақтамады, тәртіпсіз қылық жасады, заңға қайшы келді.* Амнистия актісі аса ауыр қылмыс жасаған адамдарға, кісі өлтіргендер мен жазаны өтеу кезеңінде *т ә р т і п б ұ з ғ а н* адамдарға қолданылмайды (ҚҮЭ). Ал кейбір жағдайда меланхолик бала *т ә р т і п б ұ з с а,* оны жұрт алдында қызартып, ұялту дұрыс емес (Қ.Жарықбаев, Психология).

Топты бұзды. а) *Топтасып тұрған әскерді қақ жарды, кимелеп араларына кірді.* Қияттан шыққан бес батыр: Қарақозы, Аққозы – Қатардан асқан қос батыр, Қаражан ұлы Қосдәулет –

Топты бұзған бұл батыр (Қобыланды батыр). ә) *Ерекше ерлігімен, батырлығымен көзге түсті.* Топтан озар тұлпарға, Тосқауыл болмас тоқтығы. *Топты бұзған* батырға, Тосқанның болмас көптігі (Қ.Әбдікадыров, Таңд. өлең.).

Тұмсығын бұзды. а) *Аузы-мұрнын қан қылды, қол жұмсады, соққыға жықты.* Мен бұзық болып ешкімнің *тұмсығын бұзған* жоқпын (Ә.Әбішев, Замана.). – Қайта мұның *тұмсығын бұзбай* аман қалдырды деңіз (З.Ақышев, Ақбел.). ә) *Ұрыста жеңді, жауды талқандады.* Сол қаланың есігін, Ашам деп жау аттады. Фашистің *бұзып тұмсығын,* Қатты жап болат қақпаны! (Т.Жароков, Шығ. жин.).

Түменді бұзды. б е й н. *Бір тұмен әскердің қатарын қақ жарып, талқандап өтті.* Шобан айтады: Жиынның ішінде Түрлі-түрлі бай да бар, *Түменді бұзған* ер де бар. Суын түсті жүйрік бар Суырылып шабар батыр бар (Шалкиіз ақын [Тіленшіұлы] // Алдаспан).

Түсін [өңін] бұзды. а) *Ашуланды, сұрланды.* – Туу, ақсақал-ай, сіз де жоқтан өзгеге нанады екенсіз-ау, – деп, ол қабағын шытып, *түсін бұзып,* Марценконы иландыра сөйледі (Ә.Нұршайықов, Жомарт.). Бірақ Ақметше *түсін де бұзбады,* үнін де жұмсартпады (Х.Есенжанов, Көп жыл.). ә) *Бет-әлпетін өзгертті, құбылтты. Түсін бұзып,* майда тілмен бастады, «Мәмет – менің жан досым», – деп жастағы. Өткен жолын өріп айтып өліктің, Болашаққа бауратып та тастады (Қ.Жармағамбетов, Соңғы түн). Басында жаназаның қызғыш көрдім, Сырты қой, іші қасқыр бұзғыш көрдім; Жұрт көзінше сүзіліп, *түсін бұзып* «Тәспих» деп, көз жарымас тізгіш көрдім (Қ.Жармағамбетов, Соңғы түн). б) *Реңсізденді, сәні кетті.* Жол жиегіне тақау тұстардағы шөптерді шаң басып, *түсін бұзып* тұр. Бұл маңайлар жолдың түсіндей күлгінденіп, сұрғылт тартқан (Б.Тілегенов, Көктем.). Қап-қара, қасіретті іші мұздай, Түрмеден ана шықты *түсін бұзбай.* Офицер есік ашты, ең ақырғы Тұтқынға оның қолын ұсынғызбай (Х.Ерғалиев, Құрманғазы). Бәрі де бек, уәзірдің «не, – деп, – оның»? Ұнатпай *өңін бұзып,* ұстап қолын, «Адасқан асылында екенсіз» – деп, Көрсетіп жүретұғын жатыр жолын (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Тілін [сөзін] бұзды. *Сөйлеу мәнерін немесе дұрыс дыбысталуды өзгертіп тілдесті. Сөзін* сақауша *бұзып* айтқанға кемпір күлді (Т.Әлімқұлов, Шежірелі.). Кейбір адамдардың баланың өз тілінше сөйлеп, балаға тез ұқтырам деп, яки баланы еркелетіп әдейі *тілдерін бұзып,* балаша шолжыңдап сақау болып сөйлейтіндері бар. Бұл – зор қате. Бұлай сөйлеу баланы түземейді, бұзады (М.Жұмабаев, Шығ.).

Уәдесін [уағдасын] бұзды. *Берген сертінен тайды, уәдесін орындамады. Бұзбай-ақ* келемін, Мызғымас сол *уәдем.* Ішірткі өлеңім Сақтайды пәледен (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Әкемнің жан дегенде жалғызы едім, Көрмеген тәрбиеден көңілім қалып. «Жолыңа жаным құрбан болсын» деген, *Бұзбадым уағдамды* қайта танып (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Ұйқысын бұзды. *Тынышын алды, мазасын кетірді, ұйықтатпады, көз ілдірмеді.* Егер дәрінің сергіткіш қасиеті *ұйқысыны бұзса,* онда ұйықтататын дәрілер қосылып беріледі (С.Субханбердин, Дәрі – дауа.). Баланы дер кезінде ұйықтатып, *Ұйқысын бұзбаса,* мезгілімен тамақтандырса, денсаулығы жақсы болады («Қазақст. әйелдері»). Ұйқы адамға күш жинап, қуат береді. Адамға пайдалы ұйқы – түссіз қатты ұйқы. Түнде ұзақ отырып істеген ми жұмысы адамның *ұйқысын бұзады,* адамды ұмытшақ қылады (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

Ұя бұзбас. б е й н. *Тірі жанға қиянаты жоқ, жуас.* Қой баласы – қоңырым, *Ұя бұзбас* момыным. Шопан ата түлігі, Қошақаным, қайдасың? Пұшайт, пұшайт! (Пернедегі терме.).

Ұя бұзды [бұзылды, бұзар]. а) *Отбасының шырқын бұзды, ынтымағын кетірді.* – Енді міне *ұя бұзып,* шідер үзіп, ортамызға от тастап отырғаны (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Бірақ Дарья Дмитриевнаның үйі бөтен адамның қолына ауысқан жоқ, өз тұқымынан кетпеді, *ұя бұзылмады* (М.Әуезов, Шығ.). ә) *Бір нәрсенің ордасын, негізін жойды.* Бәріміз бірігіп фашизмдей аждаһаның жағын айырып, *ұясын бұзып,* ұлы жеңіске жеттік (Ғ.Сланов, Замана.). б) *Берекені алды, ынтымақты кетірді.* Алыс, жақын қазақтың бәрі қаңғып, Аямай бірін-бірі жүр ғой аңдып. Мал мен бақтың кеселін *ұя бұзар,* Паруәрдигәр жаратқан несін жан ғып (Абай, Тол. жин.).

Шайтан бұзды. *Жаман іске арандап қалды, шайтанның арбауына түсті.* Қайтейін мінезіңді *шайтан бұзған,* Кісі едің *шайтан бұзған,* Құдай ұрған. Бұл келдемді кеудемнен кессең дағы, Бір отырған орнымнан өлсем тұрман (Қозы Көрпеш.).

Шеп бұзды. *Жаудың бекінісін талқандап, жарып өтті.* Ер жігіт шауып *шеп бұзбас,* Айқайлап ұран шаппаса, Аламан ашуып артынан. Шешендер сөйлер топ жарып, Сары бір қолдың самсысын (Ақтай Керейұлы // Ақберен). Біз немістің қоршау *шебін бұзып,* екі үлкен қалада жаудың ірі құрамасын қоршауда қалдырдық (М.Ғабдуллин, Ел намысы.). Осылай темір тордай болып қатып қалған қалың қол Шыңғысхан тірі кезінде *шебін*

б ұ з б а й шабуыл жасап, бүкіл әлемнің тең жартысын жаулап алған (І.Есенберлин, Жанталас). Командир 8-ші гвардиялық дивизияға осы арадан жау *ш е б і н б ұ з ы п* өтіп, қалың жаудың ортасына үңгілеп кіріп ілгері баруға бұйрық берді (Ә.Нұршайықов, Ақиқат.).

Шырқын бұзды. *Берекесін алды, сәнін кетірді.* Өзге жұртты сыйлап, отырыстың *ш ы р қ ы н б ұ з б а й ы н* деді ме, әлде шырт-шатақ бола қалса, осының бәрі өзінің зағиптығынан ғой деген ащы шындық. Абай мәжілістің *ш ы р қ ы н б ұ з а* келген қонақты жақтырған жоқ (М.Әуезов, Абай жолы). Біздің қоғамның *ш ы р қ ы н б ұ з а т ы н* әрбір жат көрініс менің де жүрегімді айнытады, сезімімді жеркентеді (І.Есенберлин, Алтын құс). Жаманға айтпа сырыңды, Жаман *б ұ з а р ш ы р қ ы ң д ы* (Мақал-мәтел). ә) *Ренжітті, ашуландырды, көңіліне тиді.* Бірақ Ұзақтай туысқаны, Жәмеңкедей ел қариясы, жалпақ Албанның қамын жеген болып, бұл ойлаған ниетті өрісіне жібермей *ш ы р қ ы н б ұ з ы п* тұр (М.Әуезов, Шығ.). Бүйтіп Абай қонағының *ш ы р қ ы н б ұ з ы п* жатқандарын Майбасар мен Айғыз Абайдың өзіне сездірген жоқ-ты (М.Әуезов, Шығ.).

Ұйқының шырқын бұзды. *Оятып жіберді, ұйықтатпады, мазалады.* Екеуінің сұлу, айбат сыңқылы, *Б ұ з д ы ш ы р қ ы н* түнгі тәтті *ұ й қ ы н ы ң...* (А.Тоқмағамбетов, Агроном.).

Шырыш бұзды. с ө й л. ***Шырқын бұзды.*** Сол заманда-ақ надандар *ш ы р ы ш б ұ з ғ а н,* Жалғанның дәмін бұзып, қауіп қылғызған. Ақыл мен мал екеуін асырай алмай, Арашашы іздепті, қатын, қыздан (Абай, Тол. жин.).

Ынтаны бұзды. *Адалдықтан тайды, арам пиғылға барды.* Алланың, пайғамбардың жолындамыз, *Ы н т а м ы з д ы б ұ з б а с т ы қ* иманымыз. Пайда, мақтан, әуесқой – шайтан ісі, Кәні біздің нәпсіні тыйғанымыз (Абай, Тол. жин.).

Ішін бұзды. *Асқазанына жағымсыз тиіп, ішін өткізді.* Өте тұзды немесе органикалық заттар шіріп араласып жатқан, иісі сасық сулар малдың *і ш і н б ұ з а д ы* (С.Омаров, Қой. бағу). Ал сиыр сүтін бергенде өте сақтық керек, өйткені ашыған немесе салқын сүт қозының *і ш і н б ұ з а д ы* (М.Төлешев, Қой. қоздату.).

БҰЗА-ЖАР= е т. *Киіп-жару, баса-көктеу, кимелеу.* Иіскесе қызғалдақты *б ұ з а-ж а р м а й,* Жүзінен жоғалады ыза қалмай. Өзінше қашқын емес, жылы, күңгірт, Ұядан енді шырқап ұзағандай (Х.Ерғалиев, Құрманғазы). Қайта тұрып ызаланып, Ілінсең деп бір қолыма. Орман ішін *б ұ з а-ж а р ы п,* Түстік оның қыр соңына (С.Мәуленов, Тартыс.). Қазір айбынды гвардеецтер әділет әлемінің құдіретті қолымен қара жүрекке бойлата түйреген зауал найзасындай жау бекінісін *б ұ з а-ж а р ы п,* ілгерілеумен барады (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.).

БҰЗА-ЖАРУ *Бұза-жар етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Б ұ з а-ж а р у ғ а* жол бермеді.

БҰЗАҚАР с ы н. с ө й л. ***Бұзақы.*** Груденко бай, оның мастерлері, Төкіш, Демеу сияқты подрядчиктердің барлығы да Дарқанды «бұзық, *б ұ з а қ а р»* деп атандырып, аңдып артына түседі (І.Жансүгіров, Шығ.). – Е, *б ұ з а қ а р,* келдің бе? – деп кекеп күлді болыс (І.Жансүгіров, Шығ.).

БҰЗАҚЫ с ы н. *Бұзық, сотқар, тентек.* Өзі барып тұрған *б ұ з а қ ы* екен (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). *Б ұ з а қ ы,* сотқарлығының үстіне, жаман оқитындығын дәлелдеп мектептен шығармақшы (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Екі арыстан жабылса дәуді өлтірер, Ажал жетсе аурусыз сауды өлтірер, Қаныпезер *б ұ з а қ ы* жігіт болса, тыныш жатқан еліне дау келтірер (Шал ақын [Құлекеұлы], Өленд.). // *Бұзық адам, сотқар кісі.* Жатақханаға жақындағанда үш-төрт *б ұ з а қ ы* жабылып, бар киімін сыпырып әкетіпті (М.Мағауин, Ақша қар). Біләлді болыстықтан түсірді. Енді екі *б ұ з а қ ы н ы* бір-біріне айдап салып, тиыш жатсам деген есебі бар (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Еркектер ше? Жоқ, Тәңірім сақтасын, Телпектердей кері бұрмай ат басын, Ер жігітке тән мінезбен баяғы, *Б ұ з а қ ы н ы* өз орнына қояды (М.Шаханов, Ғасырлар.).

БҰЗАҚЫ-БҰЛІК з а т. *Басбұзарлық, тентектік, ханкестік.* Отқа жаққанның қолы күйеді, Тентегі үшін, келісі қарыздар болмаса *б ұ з а қ ы-б ұ л і к* қалай тыйылмақ (М.Әуезов, Абай жолы).

БҰЗАҚЫЛАУ с ы н. *Бұзықтау, тентектеу, сотқарлау. Б ұ з а қ ы л а у* балаларды жөнге келтіріп, тәртіпке көндірді (Ауызекі).

БҰЗАҚЫЛЫҚ з а т. **1.** *Бұзақы болушылық, бұзықтық, сотқарлық.* Түспесін олар түгіл ешбір ұлық, Десе де ол қылып жүр *б ұ з а қ ы л ы қ,* Менің сөзім Аспанның сөзі емес пе? Осы екен, ойлап тұрсам, құдайшылық (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Жылтыр – аты шулы алаяқ. Оның қылмаған *б ұ з а қ ы л ы ғ ы* жоқ (Ж.Аймауытов, Шығ.). Мамыр сұлудың ағасы Көкенай деген бай *б ұ з а қ ы л ы қ п е н* аты шыққан, қаныпезер қарақшы адам екен (Ә.Нұршайықов, Жер туралы.). **2.** з а ң. <ағыл. hooliganism> *Қылмыстық құқықта қоғамдық тәртіпті өрескел бұзатын және қоғамға астамшылық танытатын қасақана іс-әрекет жасаушылық. Б ұ з а қ ы л ы қ т ы ң* түрлеріне және қауіптілік деңгейіне қарай қылмыстық заң баптары бойынша жаза белгіленеді (М.Ізімұлы, Заңи терм. сөздігі). *Б ұ з а қ ы л ы ғ ы* үшін азаматтар 14

жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке тартылады (ҚҰЭ).

Бұзақылыққа құрық берді. *Сотқарлыққа, басбұзарлыққа, бейбастықкқа жол берді, бұзықтыққа қолдау көрсетті.* – Өзің елдің телітентегін жөнге салып отырған адамсың, өзің бастап *б ұ з а қ ы л ы қ қ а қ ұ р ы қ б е р г е н і ң* қалай? – деді (Ә.Хасенов, Жат.).

Ұсақ бұзақылық. з а н. <ағыл. small hooliganism> *Қылмыстық жаза қолданылатын бұзақылыққа жетекабыл әкімшілік құқық бұзушылық.* Қоғамдық орындарда боқтап-балағаттау, азаматтардың ар-намысы, шамына тиіп, ұрыну, қоғамдық тәртіпті және азаматтардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай іс-әрекеттер, егер олар өздерінің сипаты жөнінен қылмыстық жауапкершілікке тартуды талап етпесе, *ц с а қ б ұ з а қ ы л ы қ* ретінде қарастырылады (М.Ізімұлы, Заңи терм. сөздігі). Заң *ц с а қ б ұ з а қ ы л ы қ* үшін әкімшілік ықпал ету шараларын қолданудың айрықша тәртібін белгілейді (М.Ізімұлы, Заңи терм. сөздігі).

БҰЗАУ з а т. *Сиыр, марал т.б. мүйізді малдың алты айға толмаған жас төлі.* Адамға аса қымбат балалық шақ, Ойға кіріп-шықпайтын сор менен бақ, Қозы қуып, *б ұ з а у ғ а* құрық салып, Торғай көздеп, шиді иіп, жасайтын жақ (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Байлаудан босанған *б ұ з а у л а р* енесінің жұмсақ желінін тұмсығымен нұқып-нұқып, ернімен емшекті қысып алып, жалма-жан солпылдатып еміп жатыр (М.Жұмабаев, Шығ.). Әйел байлаулы *б ұ з а у л а р д ы* босатып, бас жібін түрді, көгендегі қойларды ағытты (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Әңгіме бұзау емізер. *Құр, бос сөз зиян келтірер.* Ойбай-ау! «*Әңгіме бұзау емізер*, бұзау таяқ жегізер» деп, әңгімемен отырғанда, шалым келіп, шаңымызды қағып жүрер-ау! (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бегдербек кенет қабағын сәл түкситті де, сөзінің бетін бірден бұрып әкетті. – Ия, *әңгіме бұзау емізер*... дегендей енді бітім-келісімге кіріскен жөн болар (І.Есенберлин, Шығ.).

Барақ бұзау. м а л ш а р. *Жүні сабалақ болып келетін бұзау.* Сабалақ (үйпа) жүнді келген бұзауды *б а р а қ б ұ з а у* дейді (Ш.Жанәбілев, Қаз. мал. атау.).

Бұзау баз [база]. а у ы л ш а р. *Сиыр өсіруші үлкен шаруашылықтағы бұзауға арналған құрылыс.* Бұлар *б ұ з а у б а з ғ а* кіргенде, көңіл күйі өзгеше толқыды (Х.Ерғалиев, Шындық шырқа.).

Бұзау жалағандай. *Жып-жылтыр, тегіс. Б ұ з а у ж а л а ғ а н д а й* жылмита тараған қоңыр шашы қақ маңдайынан екі айырылып өрілген екен; күржіктеу жауырынына құлап түсіпті (М.Сүндетов, Ескексіз.).

Бұзау көздеу. *Өлімсіреген, мөлиген, жанарсыз көз.* Солардың бәрінің фамилиясы Сілекеев екен... *б ұ з а у к ө з д е у,* бұқа бұғақтау, өнімсіз де болымсыздау... Солар жайында жазайын деп жүргенім бар (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

Бұзау қайтарды. с ө й л. *Жайылымдағы бұзауларды айдап әкелді.* Бие сауғызам, су әкелем, *б ұ з а у қ а й т а р ы п*, бала уатам, арасында шай қойып, стол жасап жіберем (А.Жақсыбаев, Бозарал).

Бұзау қора. *Түнге қарай бұзауларды бөлектеп қамап ұстайтын қора.* Оның ар жағында *б ұ з а у қ о р а н ы* есігінен сығалап көрдім (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Иісі аңқыған *б ұ з а у қ о р а,* моп-момақан торпақтар, жаңа сауылған сүттің жылымшы иісі есімнен кетпейді (Б.Тоғысбаев, Ақиық). *Б ұ з а у қ о р а н ы ң* биіктігі орта есеппен 2,5 м, терезесі еденнен 1,2 м биіктікте болады, едені тақтайдан салынады (ҚСЭ). *Б ұ з а у қ о р а д а* көң тазартатын транспортер (ені 30, тереңдігі 20 см) әр 25 бұзауға бір есік не қақпа болады (ҚСЭ).

Бұзау қорадай. *Көң сасыған, ауасы тар.* Іші тар, *б ұ з а у қ о р а д а й* бықсып, дем алуға болмай барады (І.Жансүгіров, Шығ.).

Бұзау салмағындай. *Жеңіл, салмағы ауыр емес. Б ұ з а у с а л м а ғ ы н д а й-ақ* вагонетканы неге көтермейді (Ө. Қанахин, Шығ.).

Бұзау тастады. *Сиыр малы іш тастады.* ≈ *Б ұ з а у т а с т а ғ а н* сиыр.

Бұзау тұмсық [мұрын]. *Мұрны жалпақтау келген, таңқы танау (адам).* Әнуар ұзын бойлы, ат жақты, *б ұ з а у т ұ м с ы қ* сұрша жігіт (А.Байтанаев, Асан). Дембелше, төртпақ қара, *б ұ з а у м ұ р ы н,* Сыпылдақ тілге шешен, ойы жылым. Алаштың азаматы деп сөйлейді, Қамқорсып жақтағандай елдің мұңын (Н.Ахметбеков, Амангелді).

Бұзауы өлген сиырдай. *Жоқтан үмітеніп, бір жаққа (нәрсеге) аландап, әрі-сәрі күй кешкен.* Ұлық кетсе, қазаққа Қорқау қасқыр құлықты *Б ұ з а у ы ө л г е н с и ы р д а й* Сауыны иіп Дулат жүр Місе қылып тұлыпты (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Қаттылық қылып бермесең, *Б ұ з а у ы ө л г е н с и ы р д а й* Құр тұлыпқа мөңіреп Босқа шөлдеп қалғаным (Бес ғасыр.).

Жетім бұзау. *Енесіз қалған бұзау. Ж е т і м б ұ з а у ғ а* көбірек күтім керек (Ауызекі).

Қылау бұзау. *Тілінің үсті әр жерінен қызара бөртіп, іші өтіп, жүдей бастаған бұзау.*

Марқа бұзау. *Қыс айларында туған бұзау. М а р қ а б ұ з а у л а р* тайыншадан (танадан)

кіші болады, сәуір айынан бастап туған бұзаудан үлкен келеді (Қаз. мал атау).

Мәйекті бұзау. *Туылған кезінен бастап енесінің сүтіне әбден қанып, тоя емген бұзау. Мәйекті бұзау* секілді қадалдым кеп, Желініне ғылымның дәріптелген (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

Тоқал бұзау. *Екі-үш айдың ішінде мүйізі шықпаған бұзау.*

Шақа бұзау. *Енесінен жүні жетілмей өте тықыр боп, яғни шала туылған бұзау.*

БҰЗАУБАЛЫҚ з а т. з о о л. с ө й л. ***Бұзаубас балық.*** *Бұзаубалықтың* денесі қабыршақсыз келеді, тістері уақ болады. Көбінесе солтүстік теңіздердің жағалауында кездеседі (Т.Мұсақұлов, Биолог. терм. сөздігі).

БҰЗАУБАС[1] з а т. з о о л. <лат. gryllotalpidae> *Үлкендігі 5–6 см-дей, басы жалпақ (үлкен), алдыңғы аяқтарымен жер қазатын, түсі сары, қоңыр, тікқанаттылар отрядына жататын зиянды жәндік.* Қауын-қарбыз піскен кезде *бұзаубас* ішіне кіріп, оны тесіп зиянға ұшыратады (А.Алманиязов, Қазақст. қауын.). Ылғалдың салдарынан көптеген қияр жемістерін ылғалды жерде *бұзаубастар,* кейбір шыртылдақ қоңыздар зақымдап, олардың толық дамуына мүмкіндік бермейді (Д.Әбілев, Помидор.). *Бұзаубас* өсімдіктің топырақ астындағы бөлігімен, ұсақ насекомдармен және жауын құрттарымен қоректенеді (ҚСЭ).

БҰЗАУБАС[2] з а т. ө с. <лат. halimocnemis villosa> *Құмды жерде өсетін, алабота тұқымдасына жататын биіктігі 3–25 см-дей, малға жұғымды шөп.* Аяқ астында шөптің мың түрі жаншылып қап жатыр: – Қоянсүйек, дүзген, бізбелдік, *бұзаубас*, тазқара, қоңырбас, тарақбоз, келіншекбоз, ежелгі ебелек пен раң, адыраспан бар (Ч.Шойбеков, Бейбіт күндер). Әбілхан жұмыс бабын әңгімелей келіп: қоянсүйек, жүзген, бізбелдік, *бұзаубас,* адыраспан, тазқара деген шөптер малға жұғымды деді («Қаз. әдеб.»). *Бұзаубас* жапырағының астыңғы беті бұдыр, сағаққа бекінген жағы жалпақ, ақшыл түсті болады (ҚСЭ).

БҰЗАУБАС[3]с ы н. *Басы добалдай, жалпақ.* Атын ойнақтатқан қалпында *бұзаубас* шоқпарыменен қақ төбесінен періп өткен («Қаз. әдеб.»). Асқардың құлақ түріп, аңдып келе жатқаны осы еді, *бұзаубас* дырау қамшыны сауырлата көміп-көміп жіберді (Б.Соқпақбаев, Қайдасың.).

Бұзаубас балық. з о о л. <лат. cobiidae> *Теңіздерде, ащы суларда тіршілік ететін, дене тұрқы 50 см-ден аспайтын, басы жалпақ, алабұға тәрізділер отрядына жататын балық.* Арал теңізінің суы тұщырақ, соған байланысты онда майшабақ, *бұзаубас балық* тәрізді теңізге тән түрлер жоқ (Б.Муханов,.. Қазақст. өсімдік.) *Бұзаубас балықтың* құрсақ қанаттары бірігіп жабысқаққа айналған, кейбіреулерінің жота және құйрық қанаттарының түбінде қара дақтары болады, бүйірі қысыңқы, торсылдағы болмайды (ҚСЭ). *Бұзаубас балықтар,* негізінен, омыртқасыздармен қоректенеді, ішінде жыртқыштары да, планктонмен қоректенетіндері де бар (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Бұзаубас етік. *Жалпақ, моқал басты, қонышты аяқкиім.* Аяғында жіппен, көк қайыспен шандып алған *бұзаубас етік,* үстінде қазақы күпі, басында құлағы салбыраған қара құлақшын (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Жас жігіттің үстінде қырық жамаулы ләңке шапан, тері шалбар, *бұзаубас етік,* көнетоз қоңыр бешпент (С.Талжанов, Ұлдай.).

БҰЗАУДАЙ с ы н. *Бұзау сияқты, бұзау тәрізді.* Үйқылы-ояу жігіт аяқтанбаған *бұзаудай* басы қалтаңдап, түрі өрт сөндіргендей әлем-жәлем (Ә.Сараев, Бозқырау). Жаманға жол білмейтін жол көрсетіп, Арбаға *бұзаудай* қып байлап жүрмін (Балуан Шолақ, Шығ.). Одан сәл алысырақ жерде, ошақтай боп шығып тұрған сүйір тастың үстінде тұмсығы қанжардай, ақбауыр сұрғылт түсті, үлкендігі *бұзаудай,* тек қана балықпен күн көретін бірқазан отыр (І.Есенберлин, Шығ.). Ботташығы *бұзаудай,* Боз сазаны тоқтыдай (Қазтуған жырау // Алдаспан).

Бұзаудай бақты. *Көзден таса қылмай, үнемі бақылауда ұстады.* Өз қолыңнан түк келмейтіндей, *бұзаудай бағады* (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

БҰЗАУҚАН з а т. э к с п р. *Жаңа туылған жас бұзауды жақсы көру, еркелету мәніндегі сөзқолданыс.* Үй арасын көң еткен, Балаларды тоң еткен, *Бұзаукананның* атасы Бұқа бассын үйіңді (С.Сейфуллин, Шығ.). Мамық жүнді жас лақан, Үйықтап қырда ботақан, Алтын жалды құлыншақ, Жұмып көзін *бұзаукан,* Сида сирақ қошақан, Төлдің бәрі ұйықтады, Үйықта сен де балақан! (Жамбыл, Тол. жин.).

БҰЗАУҚАНША үс т. *Бұзауқанға ұқсап, бұзауқан сияқты.* Ер адам бұл сөзді сүтке тойған *бұзаукаңша* емес, әукесін қасыған асыл тұқымды аталықша еміреніп жатып айтты (Ә.Бажайұлы, Шығ.).

БҰЗАУЛА= е т. *Сиыр, марал, бұлан сияқты жануарлардың төлдеуі.* «Шұқыр-бұлақ» колхозындағы екпіндінің бірі. Жақында бір

б ұ з а у л а й т ы н сиыр алыпты (М.Әуезов, Шығ.). Сиырларының қорада қалғанына шүкіршілік: көп ұзамай *б ұ з а у л а й т ы н* түрі бар, желіні жер сызып тұр (Ш.Айтматов, Ерте.). Тана желіндегенді білмейді, *б ұ з а у л а ғ а н д ы* біледі (Мақал-мәтел). *Б ұ з а у л а ғ а н н а н* кейін сиырға таза жылы су, жақсы пішен беріледі (ҚСЭ). «Күн қысқа шығар», – дегенде: «болса болар, таңертең қашқан марал кешке *б ұ з а у л а у ш ы* еді», – деп тағы да үдеп кетеді (М.Әуезов, Шығ.).

БҰЗАУЛАТ= е т. *Сиырды төлдету, бұзауын туғызып алу.* Оны да біздің ферма *б ұ з а у л а т а д ы.* Сонда арғы жылы бұзаулы сиырымыз неше есе өседі?! (С.Бегалин, Уақыт.). Қашаннан Көпей жеңгей бұзау баққан, Шығынсыз аналарын *б ұ з а у л а т қ а н,* Орашы Дүйсекеңдей қариям бар, Тұрғызды ауру малды өле жатқан (Айтыс). – Қалай, ақсақал, халық игілігі үшін сиырларыңызды *б ұ з а у л а т ы п* жатырсыз ба? – дейді (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

БҰЗАУЛАТУ *Бұзаулат етістігінің қимыл атауы.* Сиырдың сүтін пайдалану, жас кезінде күшін пайдалану, оны *б ұ з а у л а т у,* өсіру бұнда да өзге елдегідей (М.Әуезов, Шығ.). Сондықтан бұларға қайталап соқпай, сиырды бір жылда екі рет *б ұ з а у л а т у* жағын сұрастырдым (Х.Ерғалиев, Шындық.) «Алғабас» совхозындағы сиырларды бір маусымда *б ұ з а у л а т у* әдісі де первомайлықтардың көкейіне қонымды болған жаңалық еді (А.Байболатов, Жарыс.).

БҰЗАУЛАУ *Бұзаула етістігінің қимыл атауы. Б ұ з а у л а у ы н а* 40–60 күн қалғанда сиырды суалту керек (ҚСЭ). Сиырдың *б ұ з а у л а у ы* ұзаққа созылса не бұзауы теріс келсе жәрдемге мал дәрігері шақырылады (ҚСЭ).

БҰЗАУЛЫ с ы н. *Бұзауы бар.* ≈ *Б ұ з а у л ы* сиыр.

Бұзаулы сиыр. *Төлдеген, бұзауы бар сиыр.* Үшінші күні әкем үйдегі *б ұ з а у л ы с и ы р д ы ң* бірін құрдасына айдап апарып берді (Ә.Нұршайықов, Жер туралы). Үш *б ұ з а у л ы с и ы р,* кер құнажын, екі тайыншадан басқа, шауқар мен көк байталдан басқа мал бар ма? (Ж.Аймауытов, Шығ.). – Мұстапа көзір Құдая шүкір, балаларының аузы аққа тиді, аяқ артқышың бар, аман болса үш ұрғашы торпағым, үш *б ұ з а у л ы с и ы р* ғой (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). *Б ұ з а у л ы с и ы р л а р* көшенің машина жүріп жатқан бөлігінде теріс қарап, өзі тар жолдың жартысын жауып, қаннен-қаперсіз бананның қабығын жеп күйсеп тұра береді (Ә.Шәріпов, Қапаста.).

Телі бұзаулы сиыр. *Өз төліне екінші бір бұзауды қоса емізетін сиыр.*

БҰЗАУЛЫҚ з а т. ж е р г. *Бір кісілік шағын, жеңіл шана.* Мына *б ұ з а у л ы қ т а р ғ а* қыстығүні мықты аттарды жегіп алып зымыратамыз (Диал. сөздік).

БҰЗАУӨРМЕ з а т. с ө й л. ***Бұзаутіс.*** Қолындағы *б ұ з а у ө р м е с і м е н* қойып қалып, басын жара ма деп Жөкеннің есі шықты («Лен. жас»). Бірақ, оның *б ұ з а у ө р м е* қамшысы талайлардың жотасын осып-осып кеткен көрінеді («Жетісу»).

БҰЗАУӨРІМ з а т. с ө й л. *Таспасы қалыңдау, өрімі ірілеу өру түрі.* Көргенде *б ұ з а у ө р і м* қамшы басын, Қалайша пәк жүректі жан шыдасын. Киікке пана болған бәйтерек те, Білдірмей сығып алды тамшы жасын (Р.Ниязбеков, Келер күн.).

БҰЗАУСЫЗ ү с т. *Бұзауы жоқ; бұзау салынбай.* Біздің сиыр *б ұ з а у с ы з* сауылады (Ауызекі).

БҰЗАУТАЗ з а т. в е т. <лат. trichophytia> *Барлық малда кездесетін жұқпалы тері ауруы. Б ұ з а у т а з* сау малға ауру малдан және құрал-сайман, жабдық арқылы да жұғады, әсіресе мал тар, дымқыл қорада тұрса, ауру асқына түседі (ҚСЭ). Мысалы, бруцеллез, туберкулез, қотыр, *б ұ з а у т а з,* ішқұрт, қанқұрт аурулары мұқият емделеді (Ә.Әбішев, Мал дәрігер.). *Б ұ з а у т а з* – өте жұқпалы ауру. Онымен барлық үй жануарлары, әсіресе, бұзау, жылқы, ит ауырады («Қазақст. ауыл шаруаш.»).

БҰЗАУ-ТАЙЫНША з а т. *Сиыр төлдері, бұзаулар мен тайыншалардың жиынтық атауы.* Өкпе құрт, әсіресе, бір жасқа дейінгі *б ұ з а у - т а й ы н ш а л а р* үшін, сонсоң тайынша-қашарлар үшін қауіпті ауру (Ө.Қарамендин, Бұзау. ауруы). Проф. Юсковец 600 бас еркек малды, 250 бас *б ұ з а у - т а й ы н ш а н ы* зерттеп, олардың тек екеуіне ғана клиникалық әдіспен диагноз қойды (Малды туберк. сақта.). Кешке есік алдындағы түтінге осы үйдің төрт-бес ірі қарасы, *б ұ з а у т а й ы н ш а л а р ы* келіп жатқанда, нағашым желкесін қасып қойып, көздері күлімдеп сыртынан қарап тұрады (А.Жақсыбаев, Бозарал).

БҰЗАУ-ТОРПАҚ з а т. *Сиырдың бір жасқа толмаған төлдері.* Үйде кенеу болар тамақ жоқ, арықтан өлген *б ұ з а у - т о р п а қ т ы ң* су татыған жасығы жүректі кесіп, төмен тартады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ол суыққа төзімсіз *б ұ з а у - т о р п а қ т ы* арқасын аязға сорғызбай жылы жерге бөлек бағады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Аулы әбігер, *б ұ з а у - т о р п а қ,* қойқозы үйді ықтап, үйге кіріп шыққанда жол бермейді (Б.Майлин, Шығ.).

БҰЗАУТІС[1] з а т. э т н. *Ірі қылып өрген қамшы. Бұзаутіспен* кетіп ем тарсылдатып, Үлкен аға ойынымды көтерер деп (Батырлар жыры). – Ойбай, Төке-ау, мына *бұзаутісіңмен* тартып жіберсең, қатынның не жаны қалады! (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Дүйсекеңнің аты шұрқырап ілгері баспай қойды, ол жеті өрімді *бұзаутіспен* торыны бауырлап ұра бастады (Е.Домбаев, Ол осындай.).

Бұзаутіс қамшы. э т н. *Жалпақ таспадан 8, 12, 16 өрім етіп өрілген қамшы; қару.* Сегіз өрме *бұзаутіс қамшысы* бар, Сақауыңды кетеді бартылдатып (Батырлар жыры). – Сәмен, қол батыр болмай, жүрек батыр болмас, – деп, оның қолындағы жіңішке қамшыны алды да, өзінің сегіз өрме, *бұзаутіс,* дырау *қамшысын* ұстатты Есентай (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Науан қарсы шапты. Бұның қолындағы қаруы *бұзаутіс қамшы.* Осындай төбелеске лайықтап өзгеше қорғасын құйып өргізген (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

БҰЗАУТІС[2] з а т. к ө н е. қ о л ө н е р. *Инемен әсемдеп тігу әдісі немесе екі жапсарды қосатын тігіс. Бұзаутіс* әдісімен көбінесе қалың киіз, жабағы сияқты заттарды шеттестіріп тігеді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Қазақтың қол инемен тігу ісінде ертеден келе жатқан көркемдеп тігудің түрлері де бар. Олар: «қабырға», «таңдай», «шалып тігу», *«бұзаутіс»,* «тұмарша» тігістері (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Аман қазір Сыздық өріп отырған *бұзаутіс* өрімге қызықты (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Бұзаутіс қалып. қ о л ө н е р. *Жүзі араның тістері сияқты балта нұсқасы бар зергерлік қалып.* ≈ *Бұзаутіс қалыпқа* салды.

БҰЗАУТІС[3] с ы н. *Ірі, салалы.* Атқұлақ – тармақ тамырлы көпжылдық өсімдік. Сабағы сояудай ұзын, жапырақ шеттері *бұзаутіс,* салалы келеді (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.).

БҰЗАУХАНА з а т. *Бұзау қамалатын қора.* Қораның іші лас, сасық. *Бұзаухананың* қабырғасы мүжіліп құлауға жақын (С.Сарғасқаев, Сұлутөр.). Бір күні Бекзаттар лай айдап, *бұзаухананы* кеңіту үшін кірпіш құя бастағанда, кейбіреулерінің дәті шыдамады-ау деймін, ең алдымен ұрлығын ұстаған әйел кірді («Жұлдыз»).

БҰЗАУША ү с т. *Бұзау тәрізді, бұзауға ұқсап.* Қолынан жем жеген *бұзауша* Телібайдың соңынан күні бойы салпақтаймын. Он алтыншы жылы Лұқпан болысты ауылынан алдына салып *бұзауша* айдап алып кеткен (Х.Есенжанов, Тар кезең.) Міне, қазір қасында *бұзауша* еріп келе жатқан Айжанға жүрек сырын білдіре алмайды (З.Шашкин, Сенім).

Бұзауша мөңіреді. *Қыспақ көріп, қиналды; жазаланды; қысым жасалды.* Әй, тезірек қимылдаңдар, әйтпесе, *бұзауша мөңірерсіңдер*! – деді тырбық мұрт банды (С.Сейфуллин, Шығ.).

БҰЗАУШЫ з а т. *Бұзау бағушы.* Бұл аттың тағылуы – сауыншы, *бұзаушы,* қарауылы бар отызға жуық қыз-келіншектер бір жерге тоқайласуына байланысты туса керек (М.Сқақбаев, Қырық.). *Бұзаушы* келіншектің өндіріс басындағы бөлмесі кішілеу болса да, тап-түйнақтай екен (Ғ.Сланов, Очерк.). *Бұзаушыға* оларды азықтандырып, бағып-күту, сиырлардың өнімділігі мен бұзаулардың қосқан салмағын бақылау, қораны тазалау міндеті жүктеледі (С.Тілеубергенов, Мал шаруаш.).

БҰЗАУШЫҚ[1] з а т. к ө н е. *Сақарға май қосып қайнатып жасаған қара сабынның кішірек бөлшегі.* – Міне, бір *бұзаушығым* бар. Аман-есен қайтса, Шалғымбайдың кірін жуып берейін деп сақтаған едім (І.Жансүгіров, Шығ.). Қатындар сабын иленсе, *бұзаушыққа* алып үйді-үйіне тарайтын ойлары бар (Б.Майлин, Шығ.). Бет-аузын қара *бұзаушықпен* жуындырып, төрдің алдына төрт қабат көрпе салып Сапақты Құдайберген өзі әкеліп отырғызды (С.Талжанов, Ұлдай.).

БҰЗАУШЫҚ[2] з а т. с ө й л. ***Бұзауқан***. Көз нұрындай *бұзаушығым,* Қаза тапты адамнан. Көңілімдегі барлық шыным, Адам тастан жаралған (Ж.Сыздықов, Асулар). Жүр, *бұзаушық,* Бір жүрейік, Жасыл шөптен Гүл терейік (Ә.Тәжібаев, Жастық.).

Бұзаушық бас. *Домалақ, жұмыр кішкентай бас. Домалақ, жұмыр.* Қалау мырзаның көңілін сезгендей. Құлақ жоқ, мұрын жоқ, домаланған *бұзаушық басын* бауырына алып, үнсіз кірді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Можанның қайын енесі пақыр да ұлды көп тапқан кісі еді, үйіне қашан барсаң да жан-жағынан *бұзаушық бас* қара бала толып жүретін (Ә.Кекілбаев, Дала.).

БҰЗАУШЫҚТАЙ с ы н. *Бұзаушық сияқты, бұзаушық тәрізді, кіп-кішкентай.* Түйенің шудасынан жуандығы тебен көзінен өтетіндей етіп иіріп, оны *бұзаушықтай* етіп орап алады (Ғ.Мұстафин, Қыр жігіт.). Сол күні бір түрлі ауырыңқырап отырды да, шынашағында қалған *бұзаушықтай* шүйкесін де тауыспай шапанын бүктеп басына сап жата кетті (Қ.Салғарин, Сол бір күн.). – Әлгінде ғана ақылғойсіп әжемнен басқаны әзірейіл санап отыр едің, сыйлағаның сол ма, ол кісіден бұрын батаны өзің бердің, – деп домаланған семіз денесіндегі тұтам мойынға біткен *бұзаушықтай* басын қылт еткізіп, бір қырындап отырды (Н.Қазыбеков, Шалғайда.).

БҰЗАУШЫЛЫҚ з а т. с ө й л. *Бұзаушы болушылық, бұзау бағушылық. Б ұ з а у ш ы л ы қ* жұмыста жүргеніме он жылдан асты («Қаз. әдеб.»).

БҰЗБАША з а т. т ү й е ш а р. *Келеге салуға жарап қалған жас іңген.* Ақ түсті *б ұ з б а ш а н ы* айрықша қадірлегендіктен, кейде бүлдіршін деп те атайды (Төрт түлік.). *Б ұ з б а ш а* көзін сүзбесе, буыршын бұйдасын үзбейді (Мақалмәтел).

БҰЗБАСТАЙ ү с т. *Қиратпастай, талқандамастай, өтпестей.* Тас дулыға, тас сауыт киінгенім, Денемді қысып жатыр бүгін менің. Оқ пен қылыш *б ұ з б а с т а й* киінсем де, Қайран атым, иең жоқ жалғыз сенің (Абай, Тол. жин.).

БҰЗҒЫЗ= е т. *Біреуге бір нәрсені қиратқызу.* Сондықтан да мұнараны ол «Алланың айтуы бойынша» *б ұ з ғ ы з а д ы* (М.Тоқжігітов, Құран тур.).

Антын бұзғызды. *Айнытты, серттен тайдырды.* Бір сәт он ұлын бір жылқышы құрлы көрмеген тәкаппар келінін *а н т ы н б ұ з ғ ы з ы п,* еріксіз атастырып өшін де алмақшы болды (І.Есенберлин Алмас.).

БҰЗҒЫЗУ *Бұзғыз етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тұмсығын *б ұ з ғ ы з у.*

БҰЗҒЫН с ы н. *Бұзық, нашар, теріс (қылық).* Бұл мәдениет адамдарды тіршілік пен еңбектің қандай түріне болса да, әсемдік енгізуге, әсемдікке ақау түсіретін, азғын, *б ұ з ғ ы н* көріністердің қандайына болса да қарсы тұру дағдысына тәрбиелейді («Мәдениет және тұрмыс»).

БҰЗҒЫНША з а т. б о т. <лат. galla> *Өсімдік бойындағы паразит ағзалардың тіршілігіне байланысты оның мүшелеріне бұжырланып шығатын өскіндер. Б ұ з ғ ы н ш а н ы* вирустар, бактериялар, саңырауқұлақтар тудырады.

Бұзғынша кене. з о о л. <лат. galla acari> *Өсімдік жапырақтарымен, қабығымен қоректенетін өрмекші тектестер тобы, кенелер отрядының бір тұқымдасы бұзғынша паразитін таратушы кішкене зиянкес жәндік. Б ұ з ғ ы н ш а к е н е* Алматының жемісті аймағында неғұрлым көбірек зиян келтіреді (Ж.Лұқпанов, Химия.). Негізгі тұқымдастары: өрмекші кенелер, су, иксодалық аргазид, саркоптид, демодицид, *б ұ з ғ ы н ш а к е н е л е р,* гамазид және т.б. (Қаз. тілі термин. Биология).

Бұзғынша нематодасы. з о о л. <лат. galla, грек. nematos> *Дене түрқы жіп немесе ұршық тәрізді, кейбір түрлері өсімдік, жануарлар мен адам паразиті болып келетін төменгі сатыдағы құрттар тобы. Б ұ з ғ ы н ш а н е м а т о д а с ы* көкөністі, бұршақ тұқымдас өсімдіктерді, жеміс-жидек, техникалық дақылдарды қатты зақымдайды (Ауыл шаруаш. сөздігі).

БҰЗҒЫНШЫ[1] з а т. б о т. <грек. kommidion> *Қабығы зақымданған кезде кейбір ағаштардан бөлінетін желім тәрізді сұйық зат, шайыр.* Латекстің қайсыбірі – эмульсия және суспензия сияқтанған ерітінді күйінде болады, мысалы: белоктар, майлар, шайырлар, *б ұ з ғ ы н ш ы л а р* (камедь), балауыз, каучук, гуттаперча (Т.Мұсақұлов, Өсімдік. анатом.).

БҰЗҒЫНШЫ[2] з а т. ж е р г. *Қиратушы, бүлдіруші, іріткі салушы.* Ол – ел бүлдірген *б ұ з ғ ы н ш ы* (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БҰЗҒЫШ с ы н. **1.** *Бір нәрсені бұзатын (зат), қиратқыш.* Төскейлер нұрға тоғылып, Тамырға тарап қан ыстық. Тоғанды *б ұ з ғ ы ш* томырық Жөнелді сыммен жарысып (Ғ.Орманов, Ой қанаты). Оран *б ұ з ғ ы ш* материалдарды, сымды, капсюльдерді Вернер ай бойы тасыды (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). **2.** а у ы с. *Пейілі жаман, қараниет, бәлеқор (адам).* Ер деп елді *б ұ з ғ ы ш т ы,* Сұқсыр деп сұмырай қызғышты, Кезкұйрықты лашын деп, Кенеусізді асым деп, Жабыны шабан тұлпар деп, Құтқармайтын құмай деп, Төбетке қарғы таққандай (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Елдің көбі тыңдамай, Айтқан тура сөзіңді. Өңкей залым: «Сен *б ұ з ғ ы ш!*» – дейтін-ақ шығар өзіңді (С.Сейфуллин, Шығ.).

Ант бұзғыш. *Сөзінде тұрмайтын, уәдеден тайғыш, антын аттап кеткіш.* Сарыңдық жолына түскен Қарабай да, мінез өзімшілдігіне түскен Қодар да – рақымсыз, қаражүрек, *а н т б ұ з ғ ы ш* (М.Әуезов, Әр жыл.). *А н т б ұ з ғ ы ш,* достық сатқыш адамдар бар (М.Әуезов, Абай жолы).

Бұзғыш айғыр. *Айғырдан шыққан биеге еріксіз шауып, құлынын тастататын зиянкес айғыр. Б ұ з ғ ы ш а й ғ ы р* екі құлағын жымырып, басын жерге салып, биені сауырлап қуып жүріп, құлынын ағызып жібереді (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.). *А й ғ ы р* атауларының өзін бірнеше жікке бөлуге болады: айғыр, жасамалы, желқуық, сәурік, құр, *б ұ з ғ ы ш,* шақар, сынар ен, шартық, азбан (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау.).

Дін бұзғыш. *Дінді бетке ұстап пайда тапқыш, діңсіз.* Сыр елінде ертеде Құрбан деген молда болады. Ол дүмшелікпен *д і н б ұ з ғ ы ш,* тек дүниеқорлыққа салынып пара алатын («Қаз. әдеб.»).

Ел бұзғыш. *Елді бүлдіретін, ағайын арасына іріткі салғыш.* Екіжүзді *е л б ұ з ғ ы ш,* Еппен қанша күн көрер. Өсек сөзге үрпиіп, Кейбір мисыз шын көрер (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.).

Озон бұзғыш заттар. х и м. *Зарарсыздандыратын, қышқылдандыратын қасиеті бар оттектің түрленген түрін өзгертетін заттар.* ОБЗ-дың *о з о н б ұ з ғ ы ш з а т т а р* заңсыз айналымның алдын алу және қолға алынған күш-жігердің табыстылығына көз жеткізу үшін тропосферада оның жиналуының тұрақты мониторингін жүргізу («Егемен Қазақстан»).

БҰЗДАЙ с ы н. с ө й л. ж е р г. ***Мұздай***. Кілең *б ұ з д а й* кілшейтіп Көбелер киген өкінбес. Жұпарын қардай боратып, Арулар құшқан өкінбес (Доспамбет жырау // Алдаспан).

БҰЗДЫҒАН з а т. *Басы алты не сегіз қырлы (әр қырының арасы тілімделіп ойылады) болып келетін, темірден жасалатын шоқпардың жеңіл түрі. Б ұ з д ы ғ а н* Орта Азияда әскербасылық белгісі ретінде жоғарғы әскери дәрежеге ие болғандарға ту, байрақтармен бірге берілген (ҚҰЭ). Дәреже белгісі болғандықтан *б ұ з д ы ғ а н д а р* алтындалып, асыл тастармен әшекейленіп, саптары металмен қапталып, сәнді етіп жасалынған (ҚҰЭ). Бес қарудың бірі ретінде шоқпардың ертеде бесмойын, сақетер, *б ұ з д ы ғ а н,* күрзі, батық басы деген түрлері болған (Сөз сандық).

БҰЗДЫР= е т. **1.** *Бүтін нәрсенің шетінен алдыру, тұтастығынан айырғызу.* Бірнеше қарын сары майдың ішінен тұзы дәл, дәмі жақсы қарынды әдейі арнап *б ұ з д ы р д ы* (М.Әуезов, Таңд. шығ.). **2.** *Етті мүшелету.* Малдың етін *б ұ з д ы р д ы* (Ауызекі). **3.** *Қираттыру, талқандату.* Өңкей батыр жиылып, Абылай салды жарлықты. Қалдан ханды қашырып, Шеп салған жерін *б ұ з д ы р ы п,* Ұрысты қатты қыздырып, Қасым ханның шешесін Хан Абылай алған-ды (Бұқар жырау). **4.** *Бір нәрсені бөлшектету.* Анау бір жылдары темір жол құрылысына кірпіш керек деп *б ұ з д ы р ғ а н* Дарханның өзі еді... (О.Бөкеев, Өз отың.). **5.** а у ы с. *Өзге адамның ойын, көңілін қасақана, әдейі өзгертуге күш салу, теріс әсер ету.* Дұғалап қойған бұл бүйрек Қыздарды мас қып қыздырды. Көңілдерін *б ұ з д ы р д ы,* Құстай көкке ұшырды, Ата-анадан бездірді, Ақылынан тандырды. Көзін төмен сүздірді, Жүрекке от жандырды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Таласты көрсең – басып айт, Кемдігін көрсең – қосып айт. Кекеп, мұқап қыздырма, Берекесін *б ұ з д ы р м а* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Ісін бұздырды. қ ұ қ ы қ. *Сот үкімі орынсыз деп табылды, теріске шығарылды, қылмыстық іс тоқтатылды, жабылды.* – Ат арқасына мінгені осы емес пе. *І с і ң д і* облыстан *б ұ з д ы р ы п,* абақтыңнан шығарып алды (М.Дүзенов, Ақәже).

БҰЗДЫРТ= е т. *Өзгерттіру.* Ол айлалап жүріп, бұл жоспарды ақыры *б ұ з д ы р т т ы* («Лен. жас»).

БҰЗДЫРТУ *Бұздырт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Істі *б ұ з д ы р т у ғ а* күш салды.

БҰЗДЫРУ *Бұздыр етістігінің қимыл атауы; өзгерту.* Белгіленген ережелерді мен бұза алмаймын, ешкім де бұза алмайды. Оны *б ұ з д ы р у* үшін көп дәлел, көп уақыт керек (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Крайком коммунист делегаттардан съездің Тоғжанов туралы алған қаулысын *б ұ з д ы р у д ы* талап етеді (С.Мұқанов, Есею жыл.).

БҰЗУ *Бұз етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қирату, шағу, бұлдіру; құлату.* Қара желдің бар қамы – Жел диірменін жүргізу. Дарияның арманы – Өз арнасын бір *б ұ з у* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Маған дәл қазір бөшке түгіл таудың тасын да *б ұ з у* бұйым емес сияқты (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). **2.** *Бір нәрсені бөлшектеу, бөлек-бөлек етіп тарату.* Экология саласының мамандары 20 жыл жұмыс істеген атом электр станциясын 100 жылға дейін қоршап, сақтап отыру керектігін айтады. АЭС қалдықтарын жою, бөлшектеп, *б ұ з у* мүмкін емес («Түркістан»). **3.** а у ы с. *Берекесін алу, ауызбіршілігінен, тұтастығынан айыру.* Конституция демократиялық институттарды асыра пайдалануға жол бермейтінін ескертеді, сөйтіп конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге, республиканың тұтастығын *б ұ з у ғ а,* мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық алауыздықты қоздыруға тыйым салады («Егемен Қазақстан»). **4.** а у ы с. *Қандай да бір тәртіпті, қалыптасқан заңды орындамау, одан ауытқу.* Соның нәтижесінде түрлі дәрежедегі әкімдерге, өзге де мемлекеттік органдардың басшыларына сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы заңнаманы және Ар-намыс кодексін *б ұ з у ғ а* жол бергендері үшін тәртіптік жауаптылыққа тарту, тіпті атқарып отырған лауазымынан босату жөнінде 58 ұсыныс енгізілген («Егемен Қазақстан»).

Ақ қойдың қаны мен ақ батаның заңын бұзу. э т н. *Құдаласқан адамдардың (ақ) батасын қыздың яки ұлдың орындамауы...* «Мына қыз зарлап басымызды ауыртты, осыны азат етсеңіз қайтеді?» дегенде, «*А қ қ о й д ы ң қ а н ы м е н а қ б а т а н ы ң з а ң ы н б ұ з б а у* Құдай алдындағы борышымыз», – деп Тұрысбек қажы сөзді доғарып тастаған (Сара [Тастанбеккызы], Тордағы.).

Ант бұзу. *Серттен таю, айну.* Ақты төгу, *а н т б ұ з у* – қазақ ұғымында үлкен кесапаттық (М.Әуезов, Әр жыл.).

Сәнін бұзу. *Келістілікті бұлдіру.* Дала *с ә н і н б ұ з у ғ а* келген қырсыққаралардың жатысын қара. Сайра, бұлардың баратын жеріне

қосақталып кетем демесең, тоқтат гармоныңды (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай).

Шырқын бұзу. *Берекесін алу, ауызбіршілігінен айыру, дағдылы қалпын бұлдіру.* Алпауыт пен әкімгерлікке ұрынтып, экономикалық реформаның, алауыздық пен әпербақандыққа ұрынтып, әлеуметтік ынтымақтың *ш ы р қ ы н б ұ з у д а* («Егемен Қазақстан»).

БҰЗУСЫЗ с ы н. *Бұзылмаған, мүшеленбеген, бөлшектенбеген, бүтін күйіндегі.* Кеш батқанша биені шала-шарпы сойып болып, қол мен санды *б ұ з у с ы з* күйінде қора тастың ішіндегі үңгірге орап апарып тығып қойды (М.Әуезов, Қараш.). – Біздің қорада былтыр күз сойылған он жылқының еті *б ұ з у с ы з* тұр (Ж.Молдағалиев, Таза бұлақ).

БҰЗУШЫ з а т. *Бір нәрсені қиратып сындыратын, бұлдіретін адам.* Тұрған бойда жүгіре басып, шана *б ұ з у ш ы л а р д ы ң* жанына бардым (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Өзім – Тәңірі, табынамын өзіме, Сөзім – Құран, бағынамын сөзіме! *Б ұ з у ш ы* да, түзеуші де өзіммін, Енді, ескілік, келдің өлер кезіңе! (М.Жұмабаев, Шығ.).

Тәртіп бұзушы. р е с м и. *Қандай да бір қоғамдық ортада қалыптасқан әдеп, жүріс-тұрыс ережелерін орындамайтын, оларды сақтамайтын адам.* Үн шығармай тұрмын. Өйткені *т ә р т і п б ұ з у ш ы л а р* – менің солдаттарым (А.Хангелдин, Өткен күн.).

БҰЗУШЫЛЫҚ з а т. *Бұзғандық, бұзу әрекетін істеушілік (бұлдірушілік).* Ол заманда мұндай жиынға қойшы баланың барып өлең айтуының өзі қалыптасқан тәртіпті *б ұ з у ш ы л ы қ* болатын-ды (К.Әзірбаев, Шығ.). Дегенмен, қоғамдық қатынастарды реттеуді мүмкіндігінше заңға жүктеу, атқарушы және өзге де органдар тарапынан заңға тәуелді азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын *б ұ з у ш ы л ы қ қ а* жол бермейді. Бұл өмір заңымен дәлелденген («Егемен Қазақстан»). *Б ұ з у ш ы л ы қ қ а* Жезқазғандағы қазіргі комбинатқа (Қарсақбай комбинаты) мысы көп руда жеткізіп тұру, жеткізгенде мыс кенін ысырап қылушылыққа, *б ұ з у ш ы л ы қ қ а* жол бермеу (Қ.Сәтбаев, Қазақст.).

БҰЗЫҚ[1] з а т. в е т. *Мал ауруы.* ≈ *Б ұ з ы қ п е н* ауырды. ≈ *Б ұ з ы ғ ы* сыртқа тепті.

БҰЗЫҚ[2] с ы н. **1.** *Міні бар, бүлінген, ақаулы.* Жалы тұтас, сауыры сандал болса, Омырауы ескен жел аңғал болса, Ешбір *б ұ з ы қ* жері жоқ тұлғасында, Сұлу қыздың шашындай жалдар болса (Мұсабек Байзақұлы, Шығ.). Қорғамбектің мылтығы атылмайды, құлағы *б ұ з ы қ* дегенді Қалампыр ылғи есітетін (Б.Майлин, Шығ.). Мәселен, жазуға алғаш үйренген кезде баланың сиясы сүйық, қағазы нашар, қаламұшы *б ұ з ы қ* болса, жазу дағдысының тезірек қалыптасуына бөгет жасайды (Қ.Жарықбаев, Психология). **2.** а у ы с. *Бұзақы, сотқар, сотанақ (адам).* – Дарқан *б ұ з ы қ*, оған ермеңдер. Оның сөзіне ергендерің жұмыстан шығып қаласыңдар (І.Жансүгіров, Шығ. жин.). Қатпаған буын, қатаймаған сүйек *б ұ з ы қ* балалар иген балғын сәмбі шыбықтай майысады (Ш.Мұртазаев, Қызыл жебе). Бұл да сол *б ұ з ы қ* Батақовтың мына біздің атымызды қосып, халыққа жариялап шығарған әні (Б.Тәжібаев, Қараторғай). **3.** а у ы с. *Арам, қараниет, азғындаған.* Бұлары білімсіздік, бәлки *б ұ з ы қ* фиғыл, әл-инсап ғәддуләма жәһилға хисап (Абай, Тол. жин.). // ж а ғ ы мс ы з. *Азған, ахлақ жолынан тайған адам.* – Тарт! Мына *б ұ з ы қ т ы* маған көрсетпе! – деп Марданды теуіп қалды (І.Жансүгіров, Шығ.). Сауда қып жүрген қала тұрғыны орыс, ноғай адамдарынан басқаның көбі жаңағы қойлы қоқсық «жүнді бай» сияқты қалашылар. Олардың бәрі де: «қалада *б ұ з ы қ* көп болады, ақша-пұлыңды көз ілестірмей қағып алады, алдап әкетеді, ұрлап қояды, қала оңшең құдың, жепкетердің жері» – дегендей үркек ұғыммен жүретін әр-алуан «Біткен бай», «Біскенбайлар» (М.Әуезов, Абай жолы). Бұл Қоянкөз ауылының ата-бабасынан қалған, осындай құл-құтанмен шатасып, сүйек сындырған *б ұ з ы қ т а р ғ а* істейтін ежелгі жазасы еді (І.Жансүгіров, Шығ.). Көңіліне әкенің кіргізіп мұң, Кейбір жастар соңында жүр қызықтың. Мүмкін сенің өлуің, Майданда емес – пышағынан безбүйрек бір *б ұ з ы қ т ы ң!* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Шірік шірітеді, *б ұ з ы қ* бұлдіреді (Мақалмәтел). // ж а ғ ы м д ы. *Ерке, тентек бала деген мағынада.* Атасының *б ұ з ы ғ ы*, Апасының қызығы, Айналайын-ай, балапанымай (Ән шырқайық).

Бұзық көңіл [ой]. *Қараниет, азғындық; теріс, жаман пиғыл.* Қой айтты: Шөпке тойып күні бойы, Қозғалмай жаттым ұйықтап түні бойы. Біледі аймағымның бәрі, тақсыр Жоқтығын *б ұ з ы қ к ө ң і л*, арам ойым (А.Байтұрсынов, Шығ.). Олардың бұл *б ұ з ы қ о й ы* Данконың жүрегінде қасірет туғызған соң, оның жүрегі, тіпті, лаулап жанды (М.Жұмабаев, Шығ.). Ол құдай әйелдердің кеудесіне алдын ала нұр құймас па, егер нұр құю қолдан келмеген күнде, олардың *б ұ з ы қ о й л а р ы н* пайғамбарларға алдын ала айтып қоймас па? (М.Тоқжігітов, Құран тур.).

Бұзық рабай. *Немқұрайлы, немкетті сыңай, «бірі өліп, бірі қалсын» деген пиғыл.* Қара

көзі отсыз, суық еді, не нәрсеге болсын немкетті, *б ұ з ы қ р а б а й м е н* қарайтын (О.Бөкеев, Үркер.).

Қаны бұзық. *Қарақиетті, ұнемі жамандық ойлайтын, арам (адам).* ...Ол *қ а н ы б ұ з ы қ* ұры-қары, Қапысын тауып сені алар (Абай, Тол. жин.). Отарбай үйіне жаңағы бар *қ а н ы б ұ з ы қ* сойқандар жиылып, Сармолланы сыртынан құртып-жойып жатыр дейді (М.Әуезов, Шығ.). Әкесі Ұлы жүздің Аққойлы деген атасынан еді, соғысқұмар, *қ а н ы б ұ з ы қ* боп өсті (Ж.Тілеков, Хинган асу.).

Құлқы бұзық. *Ойы, тәртібі ахлақ нормасына қайшы, сотанақ.* Қорықпас па баратқан соң құрып жылқы? Ұры жоқ ұрлайтұғын *б ұ з ы қ құ л қ ы.* Көрінбес ол маңайда өлімтік те, Қасқыр мен қажап жатқан мәлін, түлкі (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Пейілі [ниеті] бұзық. *Пиғылы жаман, арам ниетті, мысық тілеу (кісі).* Түзелер еді бұл заман, *П е й і л і б ұ з ы қ* пендені, Кетсе астынан жер тартып (Б.Өтемісов). Жергілікті қазақ жастарының ашу-ызасын туғызған ең басты қырсыздық не еді? Бұл әлгі кейін қитұрқы, *н и е т і б ұ з ы қ* кейбіреулердің шығарып жүргеніндей, ешқандай да ұлтаралық қақтығыс деген нәрсемен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, тіпті бөлек оқиға болатын-ды («Егемен Қазақстан»). Кездесіп *п е й і л і б ұ з ы қ-қ а,* Сезіп қалып күйеуің, Шалдырып жүрме дертке (Базар жырау, Шығ.).

БҰЗЫҚ-ТҮЗІК с ы н. *Оң немесе теріс, бұзық я түзу, екеуінің біреуі.* Мұның *б ұ з ы қ-т ұ з і қ* екендігін білу өте қиын (Қаз. түсін. сөздігі).

БҰЗЫҚ-ТҮЗІКТІК з а т. *Бұзық я түзік, жарамды немесе жарамсыз болушылық.* Практикалық сабақтың алдында химия кабинетіндегі бүкіл жабдықтың, газ желісінің *б ұ з ы қ-т ұ з і қ т і г і,* вентиляцияның жұмысы тексеріледі («Қазақст. мектебі»).

БҰЗЫҚТЫҚ з а т. **1.** *Бұзық болушылық, бұзақылық, тентектік, сотқарлық, басбұзарлық.* Егер ел осы күндерге шейін *б ұ з ы қ т ы қ,* бүліншіліктен тыйылмаса, абақтыдағы кісілері түгелімен ұлы жазаға тартылсын (М.Әуезов, Қилы заман). **2.** *Бейәдеп қылық көрсетушілік, бейахлақтық, азғандық, азғындық. Б ұ з ы қ т ы қ* бай-жарлыға бірдей нәрсе, Пиғылды түзетпейді дәулет пен бақ (А.Байтұрсынов, Шығ.). Ордасында хан қалды, Ханмен біраз жан қалды: Ақсүйектер, төрелер, Қалың елді құл қылып, *Б ұ з ы қ т ы ғ ы н* пұл қылып, Жатып ішер немелер (М.Жұмабаев, Шығ.). Жақсыға ықласымен қызмет етпес, Көңілі *б ұ з ы қ т ы қ т а* болып һәман. Қызметің ондайға еткен зайғы болар, Мысалы көп, неге десең, бізге қалған (С.Көбеев, Шығ.). Тақсыр, ол менің сорыма қарай, сіздің мейіріміңізге де, назарыңызға да алуға тұрмайды. Ол өзінің жас дәуірін *б ұ з ы қ т ы қ п е н,* сарпалдаңмен өткізіп жүр (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БҰЗЫҚШӨП з а т. с ө й л. ж е р г. ***Арамшөп.*** Қыстауыш – егіннің арасына шығатын *б ұ з ы қ ш ө п* (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БҰЗЫҚШЫЛЫҚ з а т. с ө й л. *Бұлікшілік, теріс жол.* Менің де ойлағаным қызықшылық, Салмағың арамызға *б ұ з ы қ ш ы л ы қ.* Сұрасаң мына малдың бәрін берем, Келісіп қалып едім, ойнап-күліп (Айтыс). Осы қазақ халқының осындай *б ұ з ы қ ш ы л ы қ қ а* тартып, жылдан-жылға төмендеп бара жатқанын көрген соң, менің ойыма келеді: халықтың болыстыққа сайлаймын деген кісісі пәлен қадәрлі орысша образование алған кісі болсын (Абай, Тол. жин.).

БҰЗЫЛ= е т. **1.** *Бұлінү, шіру, құртылу.* Ғалымдар «әйелдің денесі бұл жерге біздің дәуірімізге дейінгі I ғасырда жерленген» деп табады. Әйелдің денесінің *б ұ з ы л м а ғ а н* себебі: жерленер алдында мұқият мумияланыпты. Жай адамды кім мумиялаушы еді, демек, әйел – не патшаның әйелі, не қызы. Әйтеуір, аса қадірлі адам («Жас Алаш»). Күнге ұрынса жас малдың еті *б ұ з ы л ы п* кетеді, әуелі соны жейік (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Шынында жақсы тұздалған ет те, балық та *б ұ з ы л м а й,* көпке шыдайды (Т.Таубаев, Жасыл әлем.). **2.** *Қалыпты күйінен ауытқу, өзгеру.* Қымызды шынысы ұшқан шелекке қотарып алғанның өзінде, дәмі *б ұ з ы л ы п,* айнып кетеді («Қаз. әдеб.»). *Б ұ з ы л ы п* судың түсі лайланып, Балық кеп: «Не айтасың?» – дейді қартқа (А.Байтұрсынов, Шығ.). «Балалы болсам, әдемі өмірім *б ұ з ы л а д ы*-ау», – деп ойлайтын еді Шолпан (М.Жұмабаев, Шығ.). **3.** а у ы с. *Айтқанынан, ойынан, дітінен айну.* Біреу байдың малына қызығады, «Құда боп қызымды ал» деп қыздырады, Ақырында бұл адам кедей болса, «Қызымды бермеймін» деп *б ұ з ы л а д ы* (М.Дулатов, Шығ.). **4.** а у ы с. *Дертке шалдығу, науқастану.* Кісі еді назаркерде Кенесары, Көзінің сол уақытта өтті зәрі. Қадалып бүйрегінен шаншу болып, *Б ұ з ы л ы п* сала берді санда әрі (Жүнісбек қожа Шайхисламұлы, Қисса Наурызбай төре). Саңлау мүшелерінің бірі *б ұ з ы л ғ а н* адам қозғалысын билей алмайды, сырттан берілген жерге дұрыс серпіле алмайды (Ж.Аймауытов, Шығ.). **5.** а у ы с. *Нұқсан келу, күйреу.* Кедей болған соң неше түрлі жұмыс қылса да *б ұ з ы л ғ а н* шаруасын еш түзей алмайды, пақыр, мүскін болып қалт-

қалт етіп жүреді («ДУГ»). Инфляция кезінде өндіріс қарқыны төмендейді, экономикалық өсудің пропорциясы *б ұ з ы л а д ы*, ақша-несие, қаржы және валюта механизмі бүлінеді, елде әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық күшейеді (Б.Жүнісов,.. Нарық. экон. негіз.). Организмнің улануы әсерінен ауру қозылардың қанының сарсуындағы қышқылдық-сілтілік теңдік *б ұ з ы л ы п*, қышқылдылық артады (Ө.Қарамендин, Қой. неметод.).

Арасы бұзылды. *Қарым-қатынасы нашарлады, тілтабыстығына нұқсан келді.* Бұл сияқты қаталдықтан ата-ана мен баланың *а р а с ы б ұ з ы л м а й д ы*, керісінше бір-біріне сенімшілдік, жақындық туғызады (Семья тәрбиесі).

Ауа [күн] [райы] бұзылды. *Ауа райы өзгеріп, күн бұлттанды, жел тұрды, жауын-шашын болды. А у а р а й ы* күрт *б ұ з ы л ы п*, аспанды сірескен қара бұлт басып кетті (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). *А у а р а й ы б ұ з ы л с а*, жолдың да, даланың да сиқы кетеді (Р.Әутәліпов, Алтын.). Оның үстіне *к ү н р а й ы* мүлде *б ұ з ы л ы п* барады (Қ.Исабаев, Жұмбақ үй). Қарға көкте айналып биік, ұзақ ұшса, *к ү н б ұ з ы л а д ы* (Ш.Айманов, Қыран.).

Жүріс-тұрысы бұзылды. *Дағдылы қозғалысынан айырылды, қимылдары бағдарсыз қалды.* Қырыққұлақпен уланған жылқының *ж ү р і с - т ұ р ы с ы б ұ з ы л ы п*, үріккіш келеді, басын тік ұстап, екі құлағын қайшылап, мазасызданады (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

Зат алмасу бұзылды. б и о л. *Ағзадағы химиялық процестер қалыпты күйінен ауытқыды, өзгеріске ұшырады.* Ал енді осы мәселені қарапайым мысалмен түсіндіру арқылы денсаулыққа байланыстыратын болсақ, адам таңғы намаздың уақытында түрмай төсекте ұзақ жата беретін болса, ағзадағы мүшелердің қызмет істеуі бірте-бірте баяулаған үстіне баяулай береді, қан, сөл айналулары саябырлайды, жасушалардағы *з а т а л м а с у б ұ з ы л а д ы*, адам әлсізденгендей күй кешеді, қан жеткілікті болмағандықтан бас ауыра бастайды («Егемен Қазақстан»).

Көңілі бұзылды. *Көзіне жас алды, қамықты, елжіреп, босады.* Екі інісін еске алса, Есбол қарияның *к ө ң і л і б ұ з ы л ы п* қоя беретін-ді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Сықырлатып төсекті, Сергек үйқыға үзілді. Желі тұрып өсектің, Жарқын *к ө ң і л б ұ з ы л д ы* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Күндіз күлкі, түнде ұйқы бұзылды. *Мазасы кетті, тыныштықтан айырылды.* Өзімдікі дей алмай өз малыңды, *К ү н д і з к ү л к і ң б ұ з ы л д ы, т ү н д е ұ й қ ы ң.* Көрсеқызар келеді байлауы жоқ, Бір күн тыртың етеді, бір күн бұртың (Абай, Тол. жин.).

Қаймағы бұзылмады. а) *Тұтасып тұрды, сейілмеді, ыдырамады.* Ұстаздық өмір жолын қазақ сахарасында қараңғылықтың *қ а й м а ғ ы б ұ з ы л м а ғ а н* қара түнек дәуірде бастаған С.Көбеев халықты бақытқа жеткізудің бірден-бір түзу жолы оқыту, білім-өнер үйрету, сана-сезімін ояту деп ұқты («Қазақст. мұғ.»). ә) *Шашау шықпады, шашылмады, болып-толып жүрді.* Құлбай байдың тайлағы, Ат шаптырым аймағы. Өзіне Тәңірі берген соң, *Б ұ з ы л м а й* тұр *қ а й м а ғ ы* (XX ғ. қаз. ақын.). Оқиға дәулеті шайқалып, *қ а й м а ғ ы б ұ з ы л ы п* көрмеген Ақтай секілді жуантаяқ арамза қансорғыштарға ой салады («Қаз. әдеб.»). б) *Бүлінбеді, тиіспеді, ешкім тимеді.* Ойбай-ау! Менің күйеуім ше? Ол енді менің маңыма жолар ма? Орыстан қалған салдаманды ол неғылсын? Тым болмаса *б ұ з ы л м а ғ а н қ а й м а ғ ы м*, соған да бүйірмады-ау! (Ж.Аймауытов, Шығ.). в) *Ынтымағы жарасты, ауызбірлігі берік болды. Қ а й м а ғ ы б ұ з ы л м а ғ а н* қалың елді, Азғырмақ берекесін алып енді (Ғ.Қайырбеков, Дала.). Мұның үстіне *қ а й м а ғ ы б ұ з ы л м а ғ а н*, сүттей ұйып отырған бір үйдің әрі басшысы, әрі иесі екен (С.Бақбергенов, Кентау).

Қаны бұзылды. а) *Қан құрамы өзгеріп, ауруға шалдықты.* Өзі сол жараның салдарынан бір аяғынан ажырады. Далада ұзақ жатып қалып, *қ а н ы б ұ з ы л ғ а н* екен (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.). ә) *Қаны қарайды, кектенді, ызаланды.* Талғардан өткен күннен бастап, Бақтығұл *қ а н ы б ұ з ы л ғ а н д а й* болып қатты өзгеріп кетті (М.Әуезов, Қараш.).

Қызметі бұзылды. *Атқаратын жұмысы, орындауға тиіс міндеті жүзеге аспады, жұмыс істеу тәртібіне нұқсан келді.* Әсіресе ішек-қарын *қ ы з м е т і б ұ з ы л ғ а н д а*, ауыз-көмей қуыстары ісінгенде және күйіктерге қарсы өте пайдалы (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

Құқық [заңнама талаптары, құқы] бұзылды. р е с м и. *Қоғам мүшелері арасындағы қатынасты реттейтін, мемлекет тарапынан қорғалатын ахлақ нормаларынан ауытқу болды, оған қарсы әрекет жасалды. Қ ұ қ ы қ т а р ы б ұ з ы л ғ а н* жағдайда, әр адамның сот қорғауына жүгіне білуді сезінгені және маңыздысы – аса мәртебелі сот қорғауының пәрмеңділігіне сенім артуы болды («Егемен Қазақстан»). Есеп комитеті Ауылшаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетіндегі тоғыз бюджеттік бағдарламаның атқарылуын бақылау барысында республикалық бюджет қаржысының жұмсалуы мәселелерін реттейтін

бюджеттік және өзге де *заңнамалар талаптарының бұзылғанын* анықтады («Егемен Қазақстан»). Азаматтық құқық олардың тең құқылығын, меншіктеріне қол сұғылмауын, жеке ісіне кімнің болса да өктемдікпен араласуына жол берілмеуін, азаматтық құқыларының кедергісіз жүзеге асырылуын, *бұзылған құқуларының* қалпына келтірілуін, оларды соттың қорғауы қажеттігін тануға негізделеді (ҚҰЭ).

Мұз бұзылды. *Су бетіне қатқан тоң еріп, жарылды, сең жүрді.* Түйеге сымбыл тартқан теңдей болсын, Суға аққан *мұз бұзылып* сеңдей болсын. Атын тап, мәнісін айтқан қазақ, Екі беті жаралы, мендей болсын (Батырлар жыры).

Мүсіні бұзылды. *Дене бітімі, сырт пішінінің келістілігіне нұқсан келді.* Ұлпан толықпадым деп назаланғандай болса да, денесінің *мүсіні бұзылмағанына* да қатты қуанды (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан).

Несеп бұзылды. м е д. в е т. *Адамның, малдың ағзасында болған жағымсыз өзгерістердің, аурудың әсерінен, зат алмасудың қалыпты күйінен ауытқуы салдарынан несеп құрамының нашарлап, өзгеруі.* Малдың ыстығы күшейгенде, сондай-ақ мал қатты шошынғанда, қатты шөліркеп «қаны кепкенде» және т.б. себептерден *несеп бұзылады:* өңі өзгереді, сарғаяды, қызарады, қоюланады, сұйылады, азаяды, жиілейді, исі өзгереді (Ж.Бабалықұлы, Мал ауру.).

Ойы [көңілі] бұзылды. *Көңілі ауды, есі кетті, мазасынан айырылды.* Дегендей атым маған, *бұзылды ойым,* Жүрегім өрекпіді, мұздап бойым. Жетектеп және қиял жүр-жүрледі, Болсын деп қан базарда үлкен ойын (Нұрхан Ахметбеков). Шарайнасын қолға алып, Сұңқардай көзі сүзіліп. Жыламай *көңілі бұзылып*, Айнаға көзін тұр салып (Батырлар жыры).

Пейілі бұзылды. *Ниеті қарайды, ықыласы өзгерді, ойы жамандыққа ауысты.* Заман болса мынау: қысқа күнде қырық құбылған. Заманға қарап қазір адамның да *пейілі бұзылып* барады (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Құдайым-ай, неден жаңылдың? *Пейілі* неден *бұзылды* бұ жазғанның? Заманақыр жақын шығар, сірә? (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

Реңі бұзылды. а) *Өңі қашты, жүзі тайды.* ≈ *Реңі бұзылып* кетті. ә) *Ауызбіршілігі мен ынтымағы, тұтастығы мен діліне нұқсан келді.* Қазақ халқы *реңі бұзылмаған* жаста күшті халық ретінде маған аса жақсы әсер етті («Қаз. әдеб.»).

Сауырсы бұзылмады. *Сауырсы мықты, берік болды.* Емен шайнап, тал қайзар Құлан, бұлан баласы. Екі енені тел емген *Бұзылмайды* жас тұлпардың *сауырсы* (Шалкиіз ақын [Тіленшіұлы] // Алдаспан).

Сабындай [сабынша] бұзылды. *Аяқ астынан өзгерді, айнып қалды.* Екі үйдің іші бұларды бірін – күйеу, бірін – қалыңдыққа сайып, оқу бітірісімен қосылдыға санап жүргенде, соңғы курста Галя *сабындай бұзылып ты* (Б.Аманшин, Жар мұңы). Ғайнолла кешеден бері *сабынша бұзылды* (С.Омаров, Қайырлы жаз). Жас жігіттің тасы өрге домалап, түтіні түзу ұшып-ақ тұр еді, ойда жоқта дүние *сабынша бұзылып,* бастағы бақыт құсы пыр етіп ұша жөнелді (Қ.Жұмаділов, Қаздар.).

Түсі [өңі] бұзылды. а) *Қорыққаннан зәресі ұшты, қатты үрейленгеннен бет-әлпеті өзгеріп кетті.* Әскер жігіт те жоғары қарады да, *түсі бұзылып,* сәл кейін шегінді (І.Есенберлин, Қатерлі.). Бәрінің де *түстері бұзылып*, жүректері үркінгендей (Д.Әбілев, Арман.). ә) *Қатты ұялғаннан немесе шамданғаннан бет реңі өзгеріп кетті.* Мұнан артық болар ма бақ Мінін айтса, *бұзылмас* кімнің *түсі.* Ойлағанға ап-анық тұр мұнысы Сасқанынан сандырақ шал аптады (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). б) *Ашуланды, сұрланды.* Намыстан өліп кетердей міне, үзіліп, Өкпесі кеуіп, қуарып, *өңі бұзылып.* Малдасын құрып жұдырығымен жер тіреп, Бейкүнә, момын бәйбішені отыр қыжырып (М.Мақатаев, Шығ.). – Мені жау тауып алардай болса, онда қолға түсе қоймаспын, – деді Аркаша, *өңі бұзылып* (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

Тілі бұзылды. *Тілдің табиғи қалпына, нормасына нұқсан келді.* Жазу мәселесін шешкенде, алдымен «тілдің заңы бұзылса, жалпақ жұрттың *тілі бұзылып* кетеді, жоғалып кетеді...» деген соқыр нанымнан (фанатизм) құтылу керек (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Ұйқы бұзылды. а) *Тынышы кетіп, мазасызданды, ұйқысы қашты.* Мән бермеймін десең де, Мұң торлайды жүзіңді. Ұйытқып соққан өсектен, *Ұйқының* тағы *бұзылды* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). *Бұзылды* әбден *ұйқым* да, Төсегіме жата алмай, Жүрем ауыл сыртында, Көруге елді бата алмай (С.Жиенбаев, Алтын қалам). ә) м е д. *Жүйке жүйесінің қозғыштығынан, адам ағзасының әлсіреуінен және т.б. себептерден мазасы кетті, ұйқысынан айырылды.* Халық медицинасында өсімдік қайнатындысының түнбасын қақырық түсіруге, тыныс жолының созылмалы ауруын емдеуге, бастың сақинасына қарсы, *ұйқы бұ-*

з ы л ы п, нерв жүйесі әлсіреген кезде қолданған (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

Фигурасы бұзылды. с ө й л. ***Мүсіні бұзылды***. Ал ақшаны қайдан тапсаң оннан тап, ол жағын өзің білесің... Үшіншіден, кіріңді жуып, отыңды жақпаймын, *ф и г у р а м б ұ з ы л а д ы* («Мәдениет және тұрмыс»).

Шабысы бұзылды. *Жүйріктігінен айырылды*. Құлагер, жерді жарған дыбысың-ай, Өлгенше *б ұ з ы л м а ғ а н ш а б ы с ы ң-ай*. Өлімің адамзатпен бірдей болып, Кетті ғой қалың елге дабысың-ай (Ақан сері, Шығ.).

Іріген сүттей бұзылды. *Тез өзгерді, айнады*. Ол басында көңілді жүрді де, артынан *і р і г е н с ү т т е й б ұ з ы л а* бастады (А.Әлсеров, Алыста.).

БҰЗЫЛҒАН с ы н. *Жаман жолға түскен, азған (адам)*. Шернияз, оқудан садаға кет! Оңбаған, *б ұ з ы л ғ а н* ит! Әкең сенің арам ед, Ел бұзғыш бір лағынет! (Ж.Аймауытов, Шығ.). Дау-жанжал арасынан арылмайды, Берекесіз *б ұ з ы л ғ а н* жүрттай болып (М.Дулатұлы, Шығ.).

БҰЗЫЛҒЫШ с ы н. *Тез өзгергіш, бұзылуға бейім*. Шешесі: «Күз күні *б ұ з ы л ғ ы ш*. Қазір жайма шуақ болып тұрса, сәлден соң түнеріп шыға келеді», – деген еді (Д.Досжанов, Тұлпар.). Тромбоцит қан тамырының сыртына шықпайды және де тез *б ұ з ы л ғ ы ш* келеді (А.Даиров, Хирург.). Әсіресе сыртқы қабаттағы электрондар қабығы атом ядросымен тым әлсіз байланыста болады да, оның структурасы сонша лықты *б ұ з ы л ғ ы ш* келеді («Қазақст. мект.»).

БҰЗЫЛМАЛЫ с ы н. *Бұзыла беретін*. Қитыңдаған жол жорғасы әрі жайсыз, әрі *б ұ з ы л м а л ы* болды. Ал шапса, көрінген тайдан қалып қояды (С.Бегалин, Шоқан асу.).

БҰЗЫЛУ[1] з а т. **1.** ф и з. <лат. destructio> *Сыртқы немесе ішкі кернеу әсерінен болатын кинематикалық процесс. Б ұ з ы л у* – бұйымдарды бөлшектеп бөліп тастайтын процесс (Қаз. тілі термин. Кен.). Әртүрлі физикалық және химиялық әсерден болатын ыдырау, *б ұ з ы л у* (Қаз. тілі термин. Биология). **2.** г е о г р. <лат. corrosio> *Сыртқы физикалық факторлар әсерінен тау жыныстарының мүжіліп, бұлінуі. Б ұ з ы л у* – ауа мен судың әсер етуінен тау жыныстарының бұзылуы (Қ.Құрманов, Физ. геогр.).

БҰЗЫЛУ[2] *Бұзыл етістігінің қимыл атауы*. **1.** *Қирау, талқандалу*. Соғыс – миллиондаған адамдардың қаза табуы, көрікті қалалардың *б ұ з ы л у ы* деген сөз (С.Мұқанов, Өсу жол.). Қалалар мен ірі елді мекендердің төңірегіндегі құстар ұясының *б ұ з ы л у ы*, олардың жұмыртқаларын алып мақсатсыз сындыру тура адамдарға байланысты жәйт (Р.Әлімбаев,.. Құстар.). **2.** *Белгілі бір ұстанымдардың, қалыпты тәртіптің орындалмауы*. Бұл амалдар қолданылғанда жоғарыда аталған арифметикалық заңдардың, әрине, *б ұ з ы л м а у ы* шарт (О.Жәутіков, Жоғары математика.). **3.** *Жаман жолға түсу*. Әуелде біздің қазақ қорқып еді, Баланың ықтимал деп *б ұ з ы л у ы н*. Шоқынып солдат болып кетеді деп, Қайтерсің білмеген соң іс мазмұнын (М.Дулатов, Шығ.). Адамзаттың *б ұ з ы л у ы н а* жол бермейді. Махаббат жоқ жерде болашақ та жоқ, адам онда идеалсыз аңға айналады (І.Есенберлин, Алтын құс). **4.** к і т. *Процестің, дене қызметінің және тағы сол сияқтылардың дұрыс, қалыпты, нормалы күйден ауытқуы, нашарлауы*. ≈ Зат алмасудың *б ұ з ы л у ы*.

Заң [құқық] бұзылу. р е с м и. *Мемлекет тарапынан қорғалатын ахлақ нормалары мен нұсқаулардың орындалмауы, олардан ауытқуы*. Мұндай жағдайда әңгіме Конституцияда берілген құқықтарды айқын пайдалану жайында болуға тиіс. Сондай-ақ *з а ң д а р д ы ң б ұ з ы л м а у ы*, нақтылы сақталуы жайында болуға тиіс, – деген сөзі бұл ойымызды қуаттай түспек («Егемен Қазақстан»). Сөйтіп, С.Жүсіповаңың агенттікке жазған өтінішінен кейін Алматы қаласындағы тәртіптік кеңес тексеру жүргізді. Нәтижесінде кәсіпкер *қ ұ қ ы ғ ы н ы ң б ұ з ы л у* фактісі расталды («Егемен Қазақстан»).

Салт-сана бұзылу. *Қоғам тіршілігінде бұрыннан қалыптасқан салт-дәстүрдің өзгеруі*. Бұл өлеңдерде *с а л т-с а н а н ы ң б ұ з ы л у ы* жырланады (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.).

БҰЗЫЛЫҢҚЫ с ы н. *Аздап бұзылған, тұрақты емес, өзгеріңкі*. Күн райы бүгін *б ұ з ы л ы ң қ ы*, күз болғанын білдіргісі келгендей желдетіп, қабақ түйіп тұр (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). Қар жауа қоймағанмен күз аспаны бұлыңғыр, күн райы *б ұ з ы л ы ң қ ы*, тым жүдеу (З.Жәкенов, Таң самалы).

БҰЗЫЛЫҢҚЫРА= е т. *Аздап өзгеру, сәл бұзылу*. Қиыспас досының бұл ісіне Бекеңнің жүзі де *б ұ з ы л ы ң қ ы р а п* барып әрең тоқтады (Ғ.Мүсірепов, Белдерде). Айналайын-ай, ... сені аузынан тастамай жылап кетті-ау! – деп шалдың көңілі *б ұ з ы л ы ң қ ы р а п*, теріс айналды (О.Сәрсенбаев, Бақыт.). *Б ұ з ы л ы ң қ ы р а п* тұрған өңін бірден байқаған (З.Шүкіров, Жас жесір).

БҰЗЫЛЫҢҚЫРАУ *Бұзылыңқыра етістігінің қимыл атауы*. ≈ Көңілінің *б ұ з ы л ы ң қ ы р а у ы*.

БҰЗЫЛЫП-ЖАРЫЛ= е т. *Орнына келместей болып бұліну.* Мұнда *б ұ з ы л ы п ж а р ы л ы п* жатқан ештеңе жоқ, Жаңбырша уайым шегіп күйінбесін, Мәуенің ар-ұяты таза (З.Шүкіров, Ізгілік.).

БҰЗЫЛЫП-ЖАРЫЛУ *Бұзылып-жарыл етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Кенеттен бұзылып-жарылуы.*

БҰЗЫЛЫС з а т. *Бұзылғандық, бүлінгендік, өзгеріс.* Ол мына *б ұ з ы л ы с т ы* пайдаланып, кемінде он адам қашқан шығар деп ойлап еді (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). Гормоналдық ара қатынастардың осы *б ұ з ы л ы с т а р ы н* өзгертуге бола ма? (Гормондар.). Сонан соң *б ұ з ы л ы с* кезінде сіз қағазда жазылған бойынша тура вагондікке тартасыз (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.).

Бұзылыстар белдемі. г е о л. *Тектоникалық жарылымы көп аймақ. Б ұ з ы л ы с т а р б е л д е м і* жер қыртысының әртүрлі тектоникалық жарылымдар көптеп шоғырланған, көбінесе ұзынынан-ұзақ созыла сағаланатын аймақтары (Қаз. тілі термин. Геология).

БҰЗЫМПАЗДЫҚ з а т. г е о г р. *Табиғат құбылыстарының әсерінен теңіз суының тасуы және қайтуы кезінде болатын процесс; абразия.* Теңіздің геологиялық әрекеті *б ұ з ы м п а з д ы қ* және жасампаздық деп аталатын бір-біріне қарама-қарсы екі бағытта өтіп жатады. Бірінші бағыттағы процестер абразия, ал екінші бағыттағылары тұнба түзілу терминдеріне біріктіріледі (К.Сапарбайұлы, Геология.). Теңіздің *б ұ з ы м п а з д ы қ* әрекеті, яғни абразия желден пайда болатын толқындардың, теңіздің тасуы мен қайтуы кезіндегі толқындардың, теңіз ағыстарының әрекетінен құралады (К.Сапарбайұлы, Геология.).

БҰЗЫҢҚЫРА= е т. *Бұза тұсу, бүлдіріңкіреу; өзгертіңкіреу.* Қазақ тілін *б ұ з ы ң қ ы р а п* сөйлейді (С.Сейфуллин, Әңгім.). Сөз сөйле, тіл біткенді *б ұ з ы ң қ ы р а п,* Боза-ботқа докладты мыжыңқырап. О күніңді жоям деп бақыра түс, Күшеніп, «жасасынға» қызыңқырап (І.Жансүгіров, Шығ.).

БҰЗЫП-ЖАР= е т. **1.** *Бұзу, талқандау, қирату.* Қазанның Сырлы қаласын *Б ұ з ы п ж а р ы п* Қоблекең, Он екі күн дегенде Жалғыз жанды құтқармай Айдап шықты далаға (Қобыланды батыр). Жойқын сел олардың тұрғызған бөгетін *б ұ з ы п-ж а р ы п,* енді өздеріне беттеді (Ә.Кекілбаев, Дала.). Сол кезде ұрандаған айғай салып, Қуырған жау апшысын қаһарланып. Жарқылдап қолда қылыш атой беріп, Қамалға кірген талай *б ұ з ы п-ж а р ы п* (О.Малқаров, Менің ізім). **2.** *Жарып өту, қақ бөлу, кимелеу.* Жүрсем де қайратыңа сырттан қанып, Көзіммен көргенім жоқ әлі анық. Әуелі мен өтейін ар жағына, Өтерсің мықты болсаң *б ұ з ы п-ж а р ы п* (А.Байтұрсынов, Шығ.). Осы сәтте өзгелерді *б ұ з ы п-ж а р а* қасыма Қаматай келіп еді, мен оны құшақтай кеттім (Ж.Жұмаханов, Үш бәйтерек). Төлеген атын тебініп, кимелеген елді *б ұ з ы п-ж а р ы п* Тілеміске жақын барды (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). **3.** а у ы с. *Бірден көзге түсті, айқындалды.* Қыз күнінде бар өнерлері, келін боп түскен соң құмығып қалатын өнерлері осындайда *б ұ з ы п-ж а р ы п* шыға келеді (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан).

БҰЗЫП-ЖАРУ *Бұзып-жар етістігінің қимыл атауы.* Кедергіні *б ұ з ы п-ж а р у м е н* келеді (Ауызекі).

БҰЗЫС= е т. *Бірге бұзу, мүшелеу, бөлісу.* ≈ Ет *б ұ з ы с т ы.*

Өң бұзысты. *Ренжісісті, келіспей қалысты.* Арзымайтын нәрсеге *ө ң б ұ з ы с ы п,* телефон тұтқасының түбінде селкілдеп, қалшылдап тұрғанымыз («Лен. жас»).

БҰЗЫСУ *Бұзыс етістігінің қимыл атауы; етті жайғасу, мүшелеп бөлісу.* Биенің ішін жарған соң да, Қатша мол етті мүшелеп *б ұ з ы с у ғ а* қатты көмек етті (М.Әуезов, Қараш.).

БҰЙҒЫН с ы н. с ө й л. ж е р г. ***Бұйығы.*** Бір тоқырап, бір лүпілдеп жай таппаған *б ұ й ғ ы н* жүректі бір кез оқыстан киліккен әзірейіл-әлемет жұлқып өткендей болды (Х.Есенжанов, Тар кезең). Жетесіз ұсақ кеңестің Жетегінен аулақпын. Болымсыз *б ұ й ғ ы н* емеспін, Түйғынымын тау жақтың (К.Салықов, Жезкиік).

БҰЙДА з а т. *Түйе не өгіздің мұрындығына тағылатын ұзындығы 2–3 қылаштай бас жіп; бау.* Күнделікті шаруада пайдаланылатын *б ұ й д а* қой жүнінен, кейде қыл аралас есіледі (ҚСЭ). Қыз жасауын артқан көш түйесінде т.б. салтанатқа арналған *б ұ й д а л а р* шашақты, әшекейлі, түрлі-түсті келеді (ҚСЭ). Сары мая үлектен Мұрындығы сары жез, *Б ұ й д а с ы н* ескен жібектен (Қыз Жібек).

Басын бұйдаға [жүгенге, ноқтаға] сұқты. *Өз ықтиярынсыз, біреудің айтқанымен жүрді, еркін біреуге билетті.* Айлықты да, Байлықты да жоқтама! *Б а с ы ң с ұ қ п а б ұ й д а, ж ү г е н, н о қ т а ғ а*! Мықты болсаң – алаңдама! Ауытқыма! Мықты болсаң – аялдама, Тоқтама! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Бұйда берді. *Еркін, ықтиярын біреуге беріп, не де болса көнді; бір істің жайынан хабар ретінде ым беріп, сездірді.* Бөжей өз ішінен: «Шариғат та жөнге, шынға қарайтын шығар, ақай жоқ, ноқай жоқ, көрінгенге *б ұ й д а б е р м е с»* деп ойлады (М.Әуезов, Абай жолы).

Бұйда жіп. *Түйенің, өгіздің мұрындығынан өткізіп, жетектеуге арналған бау (жіп).* Сыртынан әлде уық бауы, әлде түйенің *б ұ й д а ж і б і* сияқты, қой жүні мен жылқының қылын араластырып ескен ала жіппен шандып байлап тастапты (З.Ақышев, Ақбел.). Ұйқысы құрсын: ұйықтар бір түбі, Тайлақтың еркін боз *б ұ й д а ж і б і.* Басталды жедел хикая сапар, Қиял мен соның жазылмас жұбы (Х.Ерғалиев, Құтты қоныс).

Бұйда сіңір. а н а т. *Буын аралығында сүйек пен сүйекті жалғап тұрған сіңірлер.* ≈ *Б ұ й д а с і ң і р* қызметі.

Бұйда сіңірі үзілді. *Буын аралығын жалғап тұрған сіңір зақымдалды.* Мертігу кезінде малдың *б ұ й д а с і ң і р і ү з і л е д і* де буын аралығы кеңіп, сүйектер шегініп кетеді (Ж.Бабалықұлы, Мал ауру.).

Бұйда тартты. а) *Мұрындығына бұйда жіп өткізілген малды (қосақтап) байлау.* Қатарлап *б ұ й д а т а р т қ а н* қос нардың қыр арқасына бәдеуи салтымен беті ашық балахана жасаған (Д.Досжанов, Тұлпар.). *ә) Сапарға шықты, жол тартты.* – Қашан жүруге бұйырасыз? – Ертең, таң бозынан *б ұ й д а т а р т ы ң д а р* (Д.Досжанов, Құм жұтқан.).

Жез бұйда. *Жіңішке жез орап немесе бір тінін жезге малған не оның буына ұстаған, түйенің жетек бұйда деп аталатын бас жібі.* Зер – алтыннан жасалған қалауыш әшекейлер. Бұл жерде мұрынға тағатын *ж е з б ұ й д а.* Ерте кезде түсінің ерекшелігі бар құлын мен қозыны жақсы көрген баласына арнап құлын болса мойнына тұмар, қозы болса мұрнына зер тағатын (Ш.Уәлиханов, Шығ.).

Жел бұйда. *Түйенің мұрындығына тағылған жіңішке жіп.* Шұбаған ұзын көштің алдында ырғақ мойын ақбас атанды үп-ұзын *ж е л б ұ й д а с ы н а н* соза жетелеп, сеңсең бөрікті көш басшысы да кетіп бара жатқандай (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Мешіт пен имам сенің жетектеп жүретін *ж е л б ұ й д а с ы* бар сары атаның емес (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Жібек бұйда. э т н. *Қыз жасауында немесе тағы басқа салтанатты жүк артылатын түйенің мұрындығына тағылатын жібектен жасалған сәнді бау.* Бозінгенді алдырып Қалы кілем жаптырды *Ж і б е к б ұ й д а* тақтырды, Шытырма қазық қақтырды (Қаз. ертег.).

Ит бұйда етті. ж е р г. *Ұрысты, сөкті, ұялтты.* Өзі жөн білмейтін неме екен, *и т б ұ й д а е т т і м* (Қаз. тіл. аймақ. сөздігі).

Құнажын көзін сүзбесе, бұқа бұйдасын үзбейді. *Әйел өзі ыңғай бермесе, ер адам әйелге бекерден бекер тиіспейді, орынсыз өздігінен ұрынбайды деген мағынада.*

Бұйдасын мойнына іліп қоя берді [салып жіберді]. *Бетінен қақпады, еркіне жіберді.* – Өзіңе де обал жоқ, осы қыздың *б ұ й д а с ы н м о й н ы н а і л і п қ о я б е р г е н,* – деп табалағандай болды (Ө.Қанахин, Жас дәурен). – Ойбай-ау, қызға қырық үйден тыйым болар еді. Сендер беттен қақпай, *б ұ й д а с ы н м о й н ы н а с а л ы п ж і б е р д і ң д е р* (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

БҰЙДАГЕР з а т. **1.** ***Бұйдакеш.*** ≈ *Б ұ й д а г е р* жасы. **2.** а у ы с. *Жетекші, дем беруші, көшбасшы, ұйытқы, ұйымдастырушы.* Бұл тоқтаусыз үрей мен қайтпас қажыр талабының *б ұ й д а г е р і* болса керек (Х.Есенжанов, Тар кезең). Көтерілістің *б ұ й д а г е р і* «ердің ері» Исатай егестің ең шешуші кезеңінде аңысын аңдап, қорғалақтай соғады («Қаз. әдеб.»).

БҰЙДАЙБАС з а т. б о т. *Мал азығына жарамсыз, арамшөп түрі.* Биыл жұт болады деп, күн бұрын есепшілер де айтқан. Шөптің шығысы жаман, серейген-серейген еркек шөп, *б ұ й д а й б а с,* көде, боз қаптап кетті (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БҰЙДАКЕНДІР з а т. б о т. <лат. abutilon> *Құлқайыр тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік немесе көпжылдық бұта. Б ұ й д а к е н д і р д і ң* жапырағы, гүлдері ірі болады, күлтесі – сары түсті, жемісі – 10–30 ұялы қауашақ. *Б ұ й д а к е н д і р д і ң* сабағынан қап тоқитын жіп, ал тұқымынан техникалық бағалы май алынады (ҚҰЭ). *Б ұ й д а к е н д і р д і ң* талшығы жіп, мата т.б. басқа заттар жасауға қолданылады (Қаз. тілі термин. Биология).

БҰЙДАКЕШ з а т. **1.** *Бұйдалы түйені алып жүруші (адам).* ≈ *Б ұ й д а к е ш к е* жетектету. **2.** а у ы с. *Жетекші, жолбасшы.* Жан болса, өзін – «*б ұ й д а к е ш*» дейді, «Жигулиін» Ақтайлақ дейді, сол Ақтайлағына ауланың әйелдерін түгел салып алып, Көделі қайдасың деп тартып кетті (Ә.Тарази, Шығ.).

БҰЙДАЛА= е т. **1.** *Бұйда тағу, малды мұрындығынан жіп өткізіп байлау.* Қазыққа *б ұ й д а л а п* байлап, шөгеріп қойған бір үлкен, биік қара атан жатыр (М.Әуезов, Таңд. шығ.). – Түздің аңы түйе емес қой, *б ұ й д а л а п* алып ертіп отыратын. Қисыны болмаған шығар (С.Бегалин, Бала Шоқан). – Оны *б ұ й д а л а п* қайтеді, қазір тайлақ тұрсын, түйені де ешкім мінбейді («Қаз. әдеб.»). **2.** а у ы с. *Өз ырқына көндіру, билеп алу; еркінен айыру.* Ақша балта бұзбасты бұзады, ағын суды теріс ағызады, ақыл мен бақты *б ұ й д а л а п* жетелейді (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Асау көңіл *б ұ й д а л а ғ а н* ой шылбырын қашты алып, Қоштасудың қиындығын жаңа сезе бастадық

(М.Шаханов, Ғасырлар.). **3.** а у ы с. *Техниканың тілін білу, қыр-сырын меңгеру.* Осы аз уақыттың ішінде техниканың тетігін меңгеріп, жетегіне көндіріп, *б ұ й д а л а п* алыпты (С.Мәуленов, Жер нәрі).

Бұйдаланған тайлақтай. *Біреудің айтқанына бас шұлғып, көніп, еріп жүре беретін, тіл алғыш, мойынсұнғыш.* Ол көнсе, ол бастаса бұл елде ешкім шылбырынан кетпейді. *Б ұ й д а л а ғ а н т а й л а қ т а й* ереді (Д.Әбілев, Ақын.). Жәнібек қасына барып, арқасынан қағып, қолынан жетелеп еді, Ержан *б ұ й д а л а ғ а н т а й л а қ т а й* ырқына көніп жүріп кетті (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Шіркін, өзіміз-ай, штабын талқандап, офицерін *б ұ й д а л а ғ а н т а й л а қ т а й* жетеледік те жөнелдік, бәріміз де ерміз-ау, ә? (Д.Әбілев, Шығ.).

БҰЙДАЛАН= е т. **1.** *Мұрындығына жіп тағылу, байлану.* Сылқым сыр қара сөзге сыймағандай, Шіркін жыр дарын өзге сыйлағандай, Денеңді шымырлатып шертемін наз, Боздаған бейне аруана *б ұ й д а л а н б а й* (Т.Әлімқұлов, Боз жорға). Бұйра-бұйра бір жағында жоталар, Қаршығалар ұя басқан жарында. *Б ұ й д а л а н ғ а н* бейне бозша боталар, Керуен боп тартқан Үлкен Нарынға (Ғ.Жұмабаев, Жомарт.). **2.** а у ы с. *Еркінен айырылу, еріксіз шырмалып, біреудің уысына түсу, жетегінде кету.* Көпке топырақ шашу қиын, тізгіннен *б ұ й д а л а н ы п,* шоғырдың ішіне кірді («Мәдениет және тұрмыс»).

БҰЙДАЛАНУ *Бұйдалан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ботаның *б ұ й д а л а н у ы.*

БҰЙДАЛАС= е т. *Біреуге малды байлауға (бұйдалауға) көмектесу.* Қарап отырма үйде, бар! Сыртқа шығып бұзауларды *б ұ й д а л а с* («Жетісу»). Жалғыз түйем бар еді, бұйдалайын деп бұйдалай алмадым. Мен бұйдалай алмай жатқанда, сен *б ұ й д а л а с п а қ ш ы* емес пе едің (С.Қасиманов, Өс-өс.).

БҰЙДАЛАСУ *Бұйдалас етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бірге *б ұ й д а л а с у.*

БҰЙДАЛАТ= е т. *Түйе, өгіздің мұрындығына жетек жіпті таққызу, байлату.* ≈ Түйені *б ұ й д а л а т т ы.*

БҰЙДАЛАТУ *Бұйдалат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тез *б ұ й д а л а т у.*

БҰЙДАЛАУ *Бұйдала етістігінің қимыл атауы. Бұйда тағу.* Түйелерді *б ұ й д а л а у д а н* оңай нәрсе жоқ («Лен. жас»).

Сөз бұйдалау. *Көп сөйлеу, созуарлану, бір нәрсені қайталау.* Ол мына отырған көпке де аян. Ендеше, сағызша шайнап, *с ө з б ұ й д а л а у д ы ң* керегі не? (М.Сәрсекеев, Туған жер.).

БҰЙДАЛЫ с ы н. **1.** *Бұйда тағылған, бұйдасы бар.* Үстеріне алтын артып, асыл тиеген күміс ноқталы, жібек *б ұ й д а л ы* түйелер де іркес-тіркес боп тұрып қалды (Ә.Нұршайықов, Батыр.). **2.** а у ы с. *Бас еркіндігі жоқ, көнбіс, шарасыз (адам).* Болғысы жоқ ешкімнің *б ұ й д а л ы* адам, Бастықтар бар сол үшін құдалаған. Біреулер бар қаладан бейіш ізделп, Қашып келген ауылдан – «Қу даладан» (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Бұйдалы тайлақтай [тайлақ секілді]. *Біреудің айтқанына көніп, еретін, тіл алғыш, мойынсұнғыш.* Жап-жас және ақылды деп санайтын қызы *б ұ й д а л ы т а й л а қ т а й* елпілдеп, Сақаға неге ере қалды? (С.Мұқанов, Шығ.). Туған ел, туған жерімнің, *Б ұ й д а л ы т а й л а қ с е к і л д і,* Дәм мен тұзы тартады. Батаңды бер, жан ата, Шөберең сырын сарқады (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

БҰЙДАПЫШАҚ з а т. *Жүзі жалпақтау, жетелі ұзын пышақ; қару.* Үлкен *б ұ й д а п ы ш а ғ ы н* жалақтатып, жанына келіп, сақалынан ұстай берген Қараүлектің қолын қағып жіберді (І.Есенберлин, Қahар). Ғалияның қолында *б ұ й д а п ы ш а қ.* Ғалияны көрдім де жайдым құшақ. Отыр ма екен Ғалия, жатыр ма екен, Айдын көлде таранған аққу құсап? (Балуан шолақ). *Б ұ й д а п ы ш а қ қ а* көннен, қайыстан немесе былғарыдан қын тігіп, сабының мойнағына жезден, мыстан, күмістен әшекей жүргізеді (ҚҰЭ).

БҰЙДАЛЫҚ с ы н. *Бұйда боларлық, бұйда жіп етуге жарарлық.* Үйінде *б ұ й д а л ы қ* т а жіп жоқ екен (Ауызекі).

БҰЙДАСЫЗ с ы н. **1.** *Бұйдасы жоқ, бұйда тағылмаған.* **2.** а у ы с. *Салт басты, бойдақ, өз еркі өзінде. – Б ұ й д а с ы з* бұқа, өзің байқамасаң, оның қай бір оңған ойы бар? (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

БҰЙҚЫТ ү с т. ж е р г. **1.** *Кенеттен, тұтқиылдан, күтпеген жерден.* Вася есігіне *б ұ й қ ы т* тап-тап бергенмен, жігіттер оны еркіне жібермей, сүйрелеп бараққа қарай алып кетті (Ә.Сараев, Бозқырау). **2.** *Тыныш, бейқам жатқан, бейбіт.* Жасанып келген үш мың жау Орнатты қайым заманды Қалың қылыш, жалаң ат, *Б ұ й қ ы т* елді бүлдірді. Қақ айырып қазанын Балтамен ұрып сындырды, Әлпештеген аруын ат соңына міндірді (Қалнияз // Ақберен). Арғы атаң – хан Нұралы, әкең – Есім, Кетірдің *б ұ й қ ы т* елдің берекесін (Абыл Тілеуұлы // XIX ғ. қаз. поэз.).

Бұйқыт соғу. ж е р г. *Кенеттен, тұтқиылдан тиісу, күтпеген жерден соққы беру.* Генерал Разулов құрама командирлерін түгел шақырып ап, жауға сыр сездірмей, *б ұ й қ ы т с о ғ у,* есін тандыра, жапыра соғу керек екенін аса қатты ескертті (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн).

Бұйқыт соқты [тиді]. ж е р г. *Кенеттен, тұтқиылдан тиісті, күтпеген жерден соққы берді.* Бұрын біздің жақ шағын бір ауданнан шағын әскер күшін топтап ап, *б ұ й қ ы т с о ғ а т ы н* (Ә.Нұршайықов, Шығ.). Мотобригада штабынан былай шыға берген екен, бір топ совет барлаушылары бұларға *б ұ й қ ы т т и і н т і* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

БҰЙРА[1] з а т. ж е р г. *Тау адыры.* Өлкенің жалпақ, Тұйық атты жерлерінің *б ұ й р а л а р ы* мен қыстауларынан ала бұта, сарымсақ, суыртқы, көк тезек сияқтыларды жинауға кіріскен («Жаңа өмір»).

БҰЙРА[2] с ы н. **1.** *Тік емес, шратылған, бұралған (шаш, елтірі жүні).* Бетінен алма қан тамған, Тілінен тәтті бал тамған, *Б ұ й р а* толқын шашы бар, Күлкісі меруерт шашылған (М.Жұмабаев, Шығ.). Неге күлгеніне түсінбеген Әмір дударланған *б ұ й р а* шашын саусағымен тарап, күнәлі адамдай қипақтай қарайды (З.Шашкин, Доктор.). Ойланып тұрсың, толғанып, Толқу бар *б ұ й р а* шашыңда. Барады тұлған зорланып, Ғасырды аттап, ғасырға (К.Салықов, Жезкиік). // *Бұйраланған қалпы.* Тамараның *б ұ й р а с ы* тарқай бастаған қою шашынан су сорғалап тұр (С.Жүнісов, Жапанда.). Онда соңғы жылдары елтірінің сапасы тіпті төмендеп, әрі ұсақтанып, әрі *б ұ й р а с ы* нашарлап кеткені жайында көп айтылған («Соц. Қаз.»). **2.** а у ы с. *Бірыңғай әдемі көрініс, толқынды.* Күн сүйген асқар таулары, Етегі *б ұ й р а* қарағай. Сыбдырлап аққан өзендер, Жиегі шалғын көкорай (Ә.Сәрсенбаев, Ақша бұлт). Тыңдайды түннің жым-жырт бір сәтінде, *Б ұ й р а* орман, көкшіл өзен, қанды майдан (А.Лекеров, Достар).

Ақ бұйра. *Ақ түсті бұйра (шаш, жүн).* Бет әлпеті жылтыр, ерекше күтім байқалады. *А қ б ұ й р а* шашы желп-желп етеді (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Кең бөлмеде жападан-жалғыз түрған *а қ б ұ й р а* қозы кіп-кішкене айыр тұяғымен еденді дүбірлетіп ойнақ салып жүр (Н.Ғабдуллин, Өмір.).

Бұйра бұлт. п о э т. *Шұбаланған, шұбаланған, әдемі көрініс беретін бұлт.* Бұл Ширазым – сол Шираз, тамашасы мол Шираз. Баулары бар *б ұ й р а б ұ л т.* Бұл бір бауда тізілген, Адам үзбей үзілген Қандай-қандай жеміс жоқ (М.Жұмабаев, Шығ.). Жымиды ақын, дидарына қосып әсем өңділік. *Б ұ й р а б ұ л т т а р* әлдеқайда бара жатты жөңкіліп (М.Шаханов, Ғасырлар.). Басында *б ұ й р а б ұ л т* бұлқынғандай, Қайың мен қарап тұрды қарағайлы. Қордай менен Қорғастың екі арасы, Көрінді тілдей болып салалары (К.Әзірбаев, Шығ.).

Бұйра бірқазан. з о о л. <лат. pelecanus crispus> *Желкесінде ұзын, иректелген бұйра қауырсыны бар құс; бірқазанның бір түрі. Б ұ й р а б і р қ а з а н н ы ң* дене тұрқы 1,8 метрдей, салмағы 9–12 кг болады, қоразы мен мекиендерінің түсі бірдей (ҚСЭ). Бұлардан басқа бұл дала көлдерінде келімсек, кезеген құстар: *б ұ й р а б і р қ а з а н,* айдарлы сұңғуір үйрек, аққұтан, жалбағайлар болады (Р.Әлімбаев,.. Құстар.). Жайық пен Іле өзендерінің аңғарларын, Алакөл, Зайсан, Марқакөл мекендейтін субүркіті, Наурызым қорығындағы тарғақ, далалық жердегі бөдене мен дуадақ, өзенкөлдердегі ақбас үйрек, қалбағай, *б ұ й р а б і р қ а з а н* азайып кетті дейтін дерек бар («Парасат»). Республикамыздың Қызыл кітабына тіркелген 30-дан астам құс түрі бар. Олар *б ұ й р а* және қызғылт *б і р қ а з а н д а р,* кәдімгі қоқиқаз, жорға дуадақ, шитұмсық, қызыл жемсаулы қаз, ақ тырна, қара дегелек, тарғақ, ақ бас үйрек т.б. («Қазақст. әйелдері»).

Бұйра дыбыс. *Қою дыбыс.* Қалақ домбыраның ішкі кеңістігі сфералық емес, кубтік тұрғыда *д ы б ы с ы* қою *б ұ й р а* болып келеді (Т.Әсемқұлов, Домбыра).

Бұйра жал [жалды]. *Белес-белес, жалжал, әдемі.* Содан бері қарт Байқал, Қабақ ашпай көп жатқан. Көк ала толқын *б ұ й р а ж а л,* Жартасқа күй тыңдатқан (С.Мәуленов, Таңд. өлеңд.). Көкшені күндіз-түні мұнар басқан, қап-қара бұлттармен құшақтасқан. Алдында *б ұ й р а ж а л д ы* бөлек тау тұр, Көкшеге қосылмаққа қойнын ашқан (М.Жұмабаев, Шығ.). Түн жарымы ауғанша шырқалған ән, тартылған күй сазы Аралдың *б ұ й р а ж а л д ы* асау толқынындай Құланды түбегін тербеп тұрды (С.Әлжіков, Дала.).

Бұйра қисықиық. ө с. *Шөптесін өсімдік атауы.* Жапырақ теңге, *б ұ й р а қ и с ы қ ы қ,* Балдырған уқорғасын, атқұлақты Елік жүр сонысында соны қиып. Жүлкеуір, бәрпі, шырыш, шыжыр, Сауыны биеемшектің кеп түр иіп (І.Жансүгіров, Шығ.).

Бұйра құм. *Толқынды, сусымалы шағыл құм.* Енді аңдасақ астыңғы жағымсыз *б ұ й р а қ ұ м,* анық Орта Азия эпостарында, қиссаларында көп айтылатын «шөп биядан» болмаса, нағыз аты мәлім – Кербаланың шөлінің өзі екен (М.Әуезов, Шығ.). Екі жағы көк жиекке дейін кернеп кеткен қиыр-шиыр *б ұ й р а қ ұ м* (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Қары көпсіп жататын *б ұ й р а қ ұ м д а* мал өте күйлі болды (С.Бегалин, Төлбасы.). Торғай бойы, Тосын жері, *Б ұ й р а қ ұ м н ы ң* бөктері. Жаз самалы жан тербетті, Қандай әсем көктемі (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

Бұйра [көк бұйра] насыбай. *Өте сапалы, ширатылған насыбай.* Бетіндегі қара қалдай етіп алақанына *б ұ й р а н а с ы б а й д а н* бір шымшып алып, үстіңгі ерніне, танауына тықты да Халелмен тілге келді (С.Жүнісов, Жапанда.). Бармағына толтыра салған *к ө к б ұ й р а н а с ы б а й д ы* екі танауымен кезек иіскеп, құшырлана тартып қояды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

Бұйра [ақ бұйра, қара бұйра] толқын. п о э т. *Көбік шашқан, жал-жал толқын.* Асау Терек долданып, буырқанып, Тауды бұзып, жол салған, тасты жарып; Арыстанның жалындай *б ұ й р а т о л қ ы н* Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып (Абай, Тол. жин.). Биік шыңның бауырында *б ұ й р а т о л қ ы н* бал бұлақ. Бүгін мені қарсы алғандай, Ағып жатыр сылдырап (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). *А қ б ұ й р а т о л қ ы н* аптыққан екпінмен ұрылып, артқы жағын бұрса да, көк ат өрге қарай жантая, толқынға қарсы малтыды (С.Бегалин, Уақыт.). *К а р а б ұ й р а т о л қ ы н* туып жер теңіз, Осылайша шалқып бүгін өлкеміз. Көкжиектен жатыр шеті ұштасып, Момақансып кешегі асау еркеміз (А.Хангелдин, Қыз жүрегі).

Бұйра шай. *Түйіршіктелмеген, жапырақ шайдан демделген ыстық шай.* Ол *б ұ й р а ш а й ғ а* секер тастап, күміс қасықпен араластырып отырды да, жастардың жауабын тыңдайтындығын білдірді (І.Жансүгіров, Шығ.).

Бұйра шаш [бас, шашты]. *Шашы тік емес, бұйраланған, толқындана өскен адам. Б ұ й р а ш а ш* орнынан тұрды да, шолақ мұрнын маңғаздана пұштырайтып, бастығының орнына барып отырды (Ә.Нұршайықов, Махабб.). Зал іші тымтырыс бола қалды, үстіне қара фрак киген *б ұ й р а ш а ш т ы* жігіт пультке жақындады (Б.Тәжібаев, Сахна.). Қайтып оралсам, біздің үйде жалмаңдап сағыз шайнап бір *б ұ й р а б а с* бала отыр (Ү.Уайдин, Ендігісін.).

Бұршақ [моншақ] бұйра. *Қаракөл елтірісі бұйрасының бір түрі.*

Көк бұйра. а) *Көк түсті бұйра. – К ө к б ұ й р а н ы ң* оңдысы, – деді Сәруар (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). *К ө к б ұ й р а,* қара бұйра бөріктерім, Мауығып еркек көрмей өліп пе едің? Ер жігіт, еркек жігіт боп қалармын, Кісінің бет әлпетін кемітпегін (Айтыс). Бүркіттінің ағашсыз, жалаңаш беткей баурының өзінде де *к ө к б ұ й р а* тарлауы мен тізе қағар көдесі үйысып жатар еді (А.Сейдімбеков, Ақиық). ә) *Көбік шашқан, асау толқынды, көкпеңбек.* Аюлы шатқалында *к ө к б ұ й р а* өзен қысы-жазы көбік шашып жатады (М.Тиесов, Әңгім.).

Қара бұйра. а) *Қара түсті бұйра.* Алдыңғы кабинадан ақ жібек костюм киген, *қ а р а б ұ й р а* шашы құндыздай жылтылдаған жас жігіт шыға келді (Ж.Жұмаханов, Солдат.). *К а р а б ұ й р а* қаракөлдің қаншалықты бағалы екенін әркім де айтпай сезінетіндей (С.Мәуленов, Жұлдыз.). ә) *Бұдырланған, бірөңкей, қап-қара. Қ а р а б ұ й р а* топырақ бағлан қозының сеңсеңіндей (Ш.Мұртазаев, Табыл. теңіз). Таң мұнарымен будақтап көтерілген *қ а р а б ұ й р а* түтіннен дөңкиген сансыз сұрғылт үйлер көрінеді (Майдан).

Қызыл бұйра нар. т ү й е ш а р. *Жүні қызғылт түсті, иректелген мықты нар түрі.* Қаңтарып ылғи жарау атты парлап, *Н а р л а р д ы қ ы з ы л б ұ й р а* шапқатарлап. Қақтырып қайың қазық, желі тартып, Тулатып асау, тағы құлын байлап (Нұрхан Ахметбеков).

Тел бұйра. *Екі енені қатар емген, еркін, бұла өскен жылқы малы.* Жүргенде құтырғандай алаңдады, Ертте п *е л б ұ й р а н ы* даярлайды. Уәдем саған мінбек емес еді, Деді де тел бұйраны жолға салды (Е.Қанбеков, Тұлпар тұяғы).

БҰЙРА-БҰЙРА с ы н. *Көп, қалың, бұйраланған.* Иір-иір Алатау, *Б ұ й р а-б ұ й р а* жал ма екен? Қарасам көзім талады-ау, Қияңда асқар Алатау (М.Жұмабаев, Шығ.). Егінді орып келе жатқанда суды кешіп, *б ұ й р а-б ұ й р а* толқын сызған кемеден аумайды (З.Шашкин, Өмір.). Сол баяғы аңыз болған асуда, *Б ұ й р а-б ұ й р а* көк бұлтының қасында. Бір келіншек жас қозыны көтеріп, Тұрды күліп Келіншектау басында (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

БҰЙРАГҰЛ з а т. б о т. *Ұшы гүлмен аяқталатын, негізгі гүлсағақтың түбінен шығатын жанама гүлсағақтардың бірінен соң бірі дамып, гүлдері тек бір бағытқа қарай иіліп өсетін гүлшоғыр. Б ұ й р а г ү л* шоғырлары картоп, балшытыр, ботакөз, майтамыр өсімдіктерінде кездеседі (Қаз. тілі термин. Биология). Бұдан соңғы гүлдер де осы рет бойынша бүйірлеп өсіп, гүлдей береді. Монхазийдің ирек гүл және *б ұ й р а г ү л* деген екі түрі кездеседі (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

БҰЙРАЖАПЫРАҚ з а т. ө с. <лат. marrubium> *Еріндігүлділер тұқымдасына жататын, балшырынды дәрілік өсімдік. Б ұ й р а ж а п ы р а қ т ы ң* тастақты жерлерде, жол бойларында өсетін кәдімгі *б ұ й р а ж а п ы р а қ* және ала түсті *б ұ й р а ж а п ы р а қ* деген түрлері болады (ҚҰЭ). *Б ұ й р а ж а п ы р а қ* маусым-тамыз айларында гүлдеп, қыркүйекте жеміс салады, жемісі – үш қырлы, қарақоңыр түсті жаңғақша (ҚҰЭ).

БҰЙРАЗЫҒЫР з а т. б о т. <лат. linum humile> *Биіктігі 30–50 см-дей бұйра жапырақты зығыр тұқымдасына жататын, бір-*

жылдық өсімдік түрі. Б ұ й р а з ы ғ ы р әдетте екі кейде бірнеше сабақ шығарып, түптеніп өседі, қою жапырақты (ҚСЭ). *Б ұ й р а з ы ғ ы р* маусымшілде айларында гүлдейді, қауашағы бірнешеу, дәнінің ұзындығы 5–7 мм болады (ҚҰЭ).

БҰЙРАКӨБЕЛЕК з а т. з о о л. <лат. orgyidae> *Көбелектер отрядына жататын ауылшаруашылығының зиянкесі.* Дүние жүзінде кең таралған, Қазақстанның барлық облыстарында кездесетін *б ұ й р а к ө б е л е к т е р,* әсіресе, талдар мен жеміс-жидек ағаштарын зақымдайды (ҚҰЭ). *Б ұ й р а к ө б е л е к т е р* маусым, шілде айларында ұшып шығып, ағаш діңдеріне, жапырақтарына жаппай жұмыртқа сала бастайды (ҚҰЭ).

БҰЙРАҚҰЛҚАЙЫР з а т. б о т. <лат. malvacede crispa> *Әсемдік үшін, дәрі-дәрмек, мал азығы және тағам ретінде өсірілетін өсімдік. Б ұ й р а қ ұ л қ а й ы р д а н* салат әзірлейді (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). *Б ұ й р а қ ұ л қ а й ы р* көптеген елдерде әсемдік, дәрідәрмектік, мал азықтық және тағамдық өсімдік ретінде ертеден белгілі (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

БҰЙРАҚЫЛША з а т. б о т. <лат. ephedraceae> *Негізінен далалы, құмды, тастақты өңірлерде өсетін өсімдік. Б ұ й р а қ ы л ш а,* әсіресе, Семей, Ақтөбе, Қызылорда обыстарында көп кездеседі (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). *Б ұ й р а қ ы л ш а* – биіктігі 20–30 сантиметрдей, тамыры жер бауырлап өсетін көпжылдық бұта (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

БҰЙРАЛА= е т. **1.** *Бұйра жасау, бұйра ету; бұйралық күйге келтіру.* Қою ұзын қоңыр шашын [Лосовская] әрқашан *б ұ й р а л а п,* желке жағына түйіп жүретін (М.Әуезов, Қараш.). Сіңлім, жап-жақсы үйреніп қалыпсыңау өзің, – деді Анар, – дегенмен, әлі де *б ұ й р а л а й* түсіруді жете меңгере алмай жатқаның көрініп тұр («Лен. жас»). Комиссионка магазинінің алдында шикіл сары, шашын келте қырқып *б ұ й р а л а ғ а н* бір тапал әйел тап болды (К.Тоқаев, Тасқын). **2.** а у ы с. *Әдемі түрге түсіру (келтіру); сәл ғана толқын туғызу.* Қазір сол өртеңге қаулап шыққан, әзір көдеге айналмаған, жатаған алқара көк бұртік бетегелер жер бетін *б ұ й р а л а п* тұр (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Болар-болмас маңдайдан соққан самал суды сескендіріп *б ұ й р а л а п* қояды, кейде тіміскілеп жүріп, бала толқындарды оятады (Б.Шалабаев, Өмірде.).

БҰЙРАЛАН= е т. **1.** *Бұйра күйге түсірілу, бұйра-бұйра болу.* Ұзын қара шашы тымақты сыпырып алғанда, салақтықтан шыққан жарастықпен маңдайына *б ұ й р а л а н ы п* түсіп тұр (М.Әуезов, Қараш.) Шашын тараған сайын өңі кіріп, *б ұ й р а л а н а* түседі (З.Шашкин, Өмір.). **2.** а у ы с. *Толқындану, иректелу.* Айбынды *б ұ й р а л а н ғ а н* ағысым жоқ (А.Байтұрсынов, Шығ.). Кейбірі кереге көгінен, кейбірі ортадағы ашамай кермеден ұстап көтерген торлы күрке жеп-жеңіл; Жерсоғар сағанақ қар көміп ұйыса *б ұ й р а л а н ғ а н* қалың қауды іле сызып келеді («Жұлдыз»).

БҰЙРАЛАНУ *Бұйралан етістігінің қимыл атауы; толқындану, иректелу.* Сондай-ақ, меринос қойының жеміндегі мыстың аздығы жүннің *б ұ й р а л а н у ы н* жойып жіберуі де мүмкін (М.Қарсыбеков, Микроэлемент.). Шабдалдың негізгі ауруы – ақұнтақ және жапырақтың *б ұ й р а л а н у ы* (А.Жанғалиев, Бағбан.).

БҰЙРАЛАТ= е т. *Шашты жасанды түрде иректету, толқындандыру.* Ол шашын кестіріп, *б ұ й р а л а т ы п* алыпты (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Көз алмай күртік жапқан бұйра бастан, Алғашта күлсем де түк сыйламастан. Кейіннен еліктеу ме, сәндену ме, Өзім де шашты өсіріп, *б ұ й р а л а т қ а м* (Ә.Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). Келінінің қысқа, *б ұ й р а л а т қ а н* қара шашы қобырап, дөңгелек кішкентай, ойнақы бет-әлпетіне әп-әдемі көрік беріп тұр (С.Мұратбеков, Дос іздеп.).

БҰЙРАЛАТУ *Бұйралат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шашын *б ұ й р а л а т у.*

БҰЙРАЛАУ[1] с ы н. *Аздап ширатылған, сәл ғана бұйра.* Бекей *б ұ й р а л а у,* ұзын, сары сақалы бар, қызыл жүзді, көк көзді, кесек мұрынды, сұлу адам екен (М.Әуезов, Абай). Шашы тығыз, *б ұ й р а л а у* келгендіктен, көбіне жалаңбас жүруші еді (Ж.Жұмаханов, Қараөкөз.). Он жылдан астам көрмеген мұғалімнің ажарына қарасам дауылды жылдардың өткен лебі кескініне іздерін түсіріп, *б ұ й р а л а у* қалың сарғылт шашы сиреп қапты (С.Мұқанов, Алып. адым.).

БҰЙРАЛАУ[2] *Бұйрала етістігінің қимыл атауы.* Шаш *б ұ й р а л а у* оның қолынан келер деймісің? (Б.Майлин, Шығ.).

БҰЙРАЛЫ с ы н. *Бұйрасы мол, толқынды.* Саулықтардан жоғары сапалы, әсем *б ұ й р а л ы* елтірілер алу үшін, оларды шөбі шүйгін жайылымдарға жайып, қыс кезінде қора-қопсылармен қамтамасыз еткен дұрыс (Шопан серігі). Қара Ертістің өкіріп, Толқыны ұрса жағаны. Ойнақ салып көпіріп, Көк *б ұ й р а л ы* жағалы (Қ.Мұқышев, Поэм.). Жолға жақын жер жайқалып, піскен егін дән найқалып. *Б ұ й р а л ы* алтын толқынданып, Көз тартады алтынданып (Т.Жароков, Шығ.).

БҰЙРАЛЫҚ з а т. *Оралғыштық, ширатылғыштық қасиет; бұйра болушылық.* Жүн-

нің *б ұ й р а л ы ғ ы* – оның практикалық маңызы зор, ең басты физикалық қасиетінің бірі (Қой өсіруші.). Биязы жүннің ерекше көзге түсетін қасиеті – *б ұ й р а л ы ғ ы* мен беріктігі (А.Еламанов, Қой шаруаш.). Грозный қойының жүні өте биязы, ал *б ұ й р а л ы ғ ы*, жылтырлығы, жібек тәрізділігі, беріктігі айқын көзге түседі (А.Еламанов, Қой шаруаш.).

БҰЙРАСОРАҢ з а т. б о т. <лат. hjlogeton glomeratus> *Сабағы көкшіл сұр, түбінен тармақталып өсетін, биіктігі 30–40 см, алабұталар тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік. Б ұ й р а с о р а ң* Қазақстанның ұсақ тасты, далалық жерлерінде өседі (ҚСЭ). *Б ұ й р а с о р а ң н ы ң* жапырағы жалпақ, қылтықты, жемісі дөңгелек немесе сопақша болып келеді (ҚСЭ).

БҰЙРАТ з а т. **1.** *Төбелері дөңгеленіп келген, созылып жатқан қырқа, адыр.* Қанатын алғаш қомдаған, Барады *б ұ й р а т* белеңге. Көрінбей енді сол дала, Түспейді бұлар төменге (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Ол *б ұ й р а т т а р ғ а* кірмей, етек ұшындағы кең, ашық даламен жүре берді (С.Сейфуллин, Әңгім.). **2.** г е о г р. *Төбесі жұмырланып келіп, беткейі аз тілімденген, созылған аласа жота, қырат түріндегі жер бедерінің бір формасы. Б ұ й р а т* көбінесе бұрынғы таулы аймақтың қатты бұзылуынан кейін қалған жұрнағы, оның беткейлері аз тілімделген, төбесі жұмырланып келеді (ҚСЭ). *Б ұ й р а т* – онша биік емес, созылып жатқан жота немесе қырат (Қ.Құрманов, Физ. геогр.).

Бұйрат құм. *Қырқа-қырқа, төбе-төбе, өркеш-өркеш құм.* Жер салқынмен көшпесе, бүгінгі көштегі қозы-лақ жете алмайтын керБаланың шөліндей бір *б ұ й р а т қ ұ м* еді (І.Жансүгіров, Шығ.). Мәшине бұл кезде алдында мана бұлдырап көрінген *б ұ й р а т қ ұ м ғ а* таянып қап еді (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Жүргізбейді қинап тым, Кейде белес *б ұ й р а т қ ұ м*. Отырамыз демалып, Шаңын сүртіп сирақтың (М.Құрманалин, Шалқар.).

Майшағырлы бұйрат. *Қалың майшағыр өскен бұйрат.* Ақша боз мұнда болмас Арқадағы Қаз мамыр қара ой бойы майқаралы Айдарқұм, қоңыр *б ұ й р а т м а й ш а ғ ы р л ы* Бұлдыр шың бұйырғынды сай-салалы (Н.Ахметбеков).

БҰЙРАТ-БҰЙРАТ с ы н. *Бұйраты көп, бұйраттанған.* Бірақ Қызылқұмның шағылды жал-жал жоталары мен *б ұ й р а т-б ұ й р а т* құмды төбелеріне бір де тамшы тамбағандай, бозаң тартып тобарсып жатыр (С.Әлжіков, Дала.). – Қорған маңында *б ұ й р а т-б ұ й р а т* белдер дүниенің төрт бұрышына қарай керіле көсіліп жатыр (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке) Бұл уақытта күн еңкейіп *б ұ й р а т-б ұ й р а т*, көк-жасыл шоқылардың төбесінен ары асып бара жатқан Сиқымды биік мұнарадағы күзетші манадан бері көріп тұр (Д.Қасенов, Серт).

БҰЙРАТАЛ з а т. ө с. с ө й л. *Көбінесе өзен бойларында өсетін, жапырақтары уақ тал түрі.* Өзеннің тар қабағына ұйыса біткен *б ұ й р а т а л д ы ң* тасасында Ақжол қадалып қарады да тұрды (Н.Ғабдуллин, Өмір.). Еділдің бойы *б ұ й р а т а л,* Бөленген нұрға белесі. Чувашта шаттық толқын бар, Жүзеді жойқын кемесі (Ж.Сыздықов, Асулар).

БҰЙРАТОРҒАЙ з а т. з о о л. *Сайрауық құстың бір түрі.* Көк шымшық, сары шымшық, пайыз торғай, бозторғай, *б ұ й р а т о р ғ а й* (Ж.Байжанова, Қызым, саған.).

БҰЙРАТОТЫ з а т. з о о л. <лат. melopsittacus undulatus> *Тоты тұқымдасына жататын, қауырсыны түрлі-түсті тропиктік орман құсының бір түрі. Б ұ й р а т о т ы* – қауырсыны ашық-жасыл, көгілдір немесе сары түсті болатын әдемі құс (Ж.Байжанова, Қызым, саған.).

БҰЙРАТТАН= е т. *Ойлы-қырлы, бұталы жықпылға айналу, бұйрат болу.* – Осы маңайдың, – дейді олар, – тауы, орманы жоқ, ұшы-қиыры жоқ, жап-жалпақ даласы көлге таяна *б ұ й р а т т а н а* бастайды да, аңғарға жақындай қырқаланып кетеді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Кірген жері айқасқа Аманкелді батырдың, Бетегелі боз қасқа *б ұ й р а т т а н ы п* жатыр құм (С.Мәуленов, Жолдас.). Осы қорған тау қаланы жақын жерден ғана қоршап қоймайды, оңтүстік жағы *б ұ й р а т т а н ы п* созылып, 50–60 шақырым жерге жетеді (С.Мұқанов, Ботагөз).

БҰЙРАТТАНУ *Бұйраттан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Құмның *б ұ й р а т т а н у ы.*

БҰЙРАТТАУ с ы н. *Аздап бұйратты, сәл ғана бұйратты.* Жолы нашар далада тоңқылдаған арбамен күн ұзақ жүріп шаршаңқыраған кешірек шақта, *б ұ й р а т т а у* жазық даланың әлдеқайдағы тасасынан аспанға шаншыла шыққан көк түтін көрінді (С.Мұқанов, Есею жыл.).

БҰЙРАТТЫ с ы н. *Бұйраты бар, бұйрат жерлері мол.* Биік жартасты, адыр, *б ұ й р а т т ы* тау бөктерін айнала жіңішке, тар жолмен екі салт атты келе жатыр (І.Есенберлин, Қатерлі.). Ұзын құйрық, ойпаң еңісіне шоқ-шоқ қараған, басы мен беткейіне түп-түп сирек тобылғы өскен *б ұ й р а т т ы* шағылға жеткен соң жүрісін кілт өзгертті (М.Мағауин, Ақша қар). Бұл таулы қырат, адырлы, *б ұ й р а т т ы* жазық даланың шығыс жағы Тарбағатай, Сәуірге де-

йін көсіліп, Алтайға тіреледі (Ә.Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.).

БҰЙРАТША з а т. *Кішкене бұйрат.* Қазыхан ерте тұрып далаға шыққанда Үмбет көлінің айналасындағы *б ұ й р а т ш а* құмдар – бөртешік төбелерге жаңа көтерілген күн сәулесі шашырап түсе бастады (С.Бегалин, Таңд. әңгім.). Жазықбайды алдына салып қару-жарақты топ қоңыр *б ұ й р а т ш а ғ а* асқанда ауыл адамдары үн шығара, шошына арттарынан шұбырды (С.Бегалин, Замана.).

БҰЙРАТЫЛ= е т. с ө й л. ***Бұратыл.*** Қайнаған қызудан шыққан көк түтіндер булыға *б ұ й р а т ы л ы п,* әуеге жайылып барады (Ғ.Сланов, Замана.).

БҰЙРЫҚ[1] з а т. р е с м и. ә с к. **1.** *Мемлекеттік, мемлекеттік емес әкімшілік, басқару шені жоғары әскери орындар тарапынан берілетін ресми әмір, басқару актісі.* – Жоқ, жолдас комбат, өзіңізден *б ұ й р ы қ* болмай, мына төбені қолдан шығармаймыз, – деді ол күліп (Б.Момышұлы, Москва.). Жауды тас жолдың бойынан қуып тастау керек! – деген *б ұ й р ы қ* барлық рота, батальон, полктерге берілді (С.Бақбергенов, Қарға там.). Бастық казак-орыс анадай жерде көйлегінің жағасын ағытып, ақырын *б ұ й р ы қ* бергелі дайындалып тұр (М.Жұмабаев, Шығ.). – «Егін салыңдар, школ ашыңдар, ұлықтарыңды сайлап, *б ұ й р ы қ т а р ы н* орнына келтіріңдер», – деп насихат айтты (М.Дулатов, Шығ.). **2.** *Әкімшілік, басқару орындарының жарлық немесе әмірі жазылған ресми қағаз, құжат түрі.* Галя қолына ұстап тұрған *б ұ й р ы қ т ы ң* көшірмесіне қарайды (Жастар эстрадасы). Руссияның закондары өз тілінде, Көрдің бе білмегенге зор қиынын? Әлбетте, һәм русша шығарады һәммә кітап, рисала, газеттерін. Һәр түрлі халыққа деген *б ұ й р ы қ т а р ы н,* Жазбайды біздің тілде бір де бірін (М.Дулатов, Шығ.). *Б ұ й р ы қ т ы ң* осы пункті күні бүгінге дейін іске аспай келеді (Ж.Шәкәрімов, Әміре). **3.** *Біреудің әмірі, өкімі.* Мұғалімнің мұңы, Боранбайдың ылаңы. Сүзек кернеді. Есеп бермеді. Ақсақалдың *б ұ й р ы ғ ы.* Ұрылардың қимылы. Бақсының емі, Молданың жемі, Аштардың жайы, Мұқтаж шәкірт. Парақорлар, Бұған не ылаж? Талан-тараж, талан-тараж... (Ж.Аймауытов, Шығ.). Сергейдің *б ұ й р ы ғ ы м е н* жарыса, есік те сарт ашылып, ішке Серікқали кіріп келген еді (Қ.Исабаев, Соңғы.). – Уа, имансыз кеткір Тырқай, бұл не қылғаның! Артымда қалған ақшамның қыруарын қалтаңа бастың, ішігімді үстіңе киіп, бір қойымды қораңа тықтың, тәубеңе кел, *б ұ й р ы ғ ы м д ы* екі етпей орында! (Е.Айтмағамбетов, Құлақ.). «Алып кел, айдап кел!» деген *б ұ й р ы қ* болса, ол Қарабас, Қамысбай сияқты атшабарлар түрінде келеді. «Айтып, білдіріп кел!» десе, жорға Жұмабай пішіндес болады (М.Әуезов, Шығ.). **4.** д і н и. *Алла тағаланың нәсіп еткені, Құдайдың салғаны; жазмыш.* Барша ғайып жарандар, Мәдеткер болып бола ма! Үйде-түзде болса да, *Б ұ й р ы қ т а н* адам қала ма? (Қыз Жібек). Ауыздан Алла атыңды тастамаймыз, Алласыз ешбір іске бастамаймыз. «Әділ хан, *б ұ й р ы ғ ы ң а* бойұсұндық», – деп, Бұйрықсыз бір адым да аттамаймыз (М.Жұмабаев, Шығ.). Құдай қосты көріге, *Б ұ й р ы қ* емес, мінәсіп. Мен бір тұрған тұрымтай, Жастай қалған адасып (Едіге).

Ақ бұйрық. д і н и. *Алла тағала, Хақтағаланың ұйғаруы, нәсіп еткені, басқа бергені.* Той – адамның қазынасы, Жұптанып неке қиылған. *А қ б ұ й р ы ғ ы* деген бар, Құлақ қойсаңдар келіске. Адамата жұптанып, Хауананы алғанда, Исрaһил, Макайл Некесін қиған екі періште (Қашаған ақын [Күржімжанұлы] // Ақберен).

Алланың [Алла тағаланың, Құданың, Құдайдың] бұйрығы. д і н и. *Алла тағаланың басқа салғаны, нәсіп еткені, тағдыр бұйрығы, жазмыштың қалауы, Құдайдың ұйғаруы деген мағынада.* Қалыпты бұрынғыдан бізге санат, Сөзімді тентек болсам жұртқа сынат. *А л л а н ы ң* ақ *б ұ й р ы ғ ы* маған жетті (Қозы Көрпеш.). Сіздің мұныңыз *А л л а т а ғ а л а н ы ң б ұ й р ы ғ ы н а* көнбеген секілді болады (М.Дулатов, Шығ.). Келін *Құ д а б ұ й р ы ғ ы,* шариғат пиғылы. Жақынды жат көрмеңіз, бұрынғы, соңғының жолы (І.Жансүгіров, Шығ.). *Құ д а н ы ң б ұ й р ы ғ ы н а н* ғапыл қалып, Сәжде қылып, ішінде заһар жедім (Бабалар сөзі). Құлагер, топтан озған жүйрігім-ай, Жарасар келте жібек құрығың-ай. Түбіне Ерейменнің айдап келіп, *Құ д а й д ы ң* қарай қойшы *б ұ й р ы ғ ы н*-ай (Ақан сері, Шығ.).

Бұйрығынан бас бұрды. *Әмірін орындаудан бас тартты, құзырына бағынбады.* – Ей, тақсыр, болды, – деді, – нендей жұмыс? Састыра бермей бізді, сөйле дұрыс. Бір жан жоқ *б ұ й р ы ғ ы ң н а н б а с б ұ р а т ы н,* Божырап, болды ғой деп мұның бұрыс! (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Бұйрық алды. *Нұсқау, жарлық алды.* Шабармандар жөнелді *б ұ й р ы қ а л ы п,* Ат дүбірі барады құлақ жарып. Шоқпары, қылыштары санын ұрып, Бұрқырап жолдың шаңы тұр айналып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Парасатты әкімдерден *б ұ й р ы қ а л д ы ң,* Ұрыдан пайда етем деп сыйлық алдың. Әуелі білгендерден ақыл алмай Таласып не етейін деп билік алдың? (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Бұйрық берді [қылды]. *Әмір етті, жарлық қылды, бұйырды.* Қайырбаев ойланып алды да, взвод командирлеріне *б ұ й р ы қ б е р д і*

(Ә.Нұршайықов, Махмет Қайырбаев). Бүгін тұңғыш тапқандаймын арманымның қорегін, Бүгін тұңғыш суарамын мақсатымның терегін. Сондықтан да ханның тәжін киіп тұрып, ең соңғы, Ең негізгі *б ұ й р ы ғ ы м д ы б е р е м і н!* (М.Шаханов, Ғасырлар.). Жасанған жасақ тегіс мінген жүйрік, Рүстем «жылдам жүр» деп *қ ы л д ы б ұ й р ы қ.* Саркөлдің осы күнгі мойныменен Сансыз қол салып кетті бұлаң құйрық (І.Жансүгіров, Шығ.).

Бұйрық болып қалды. *Артындағы ұрпағына өсиет болып сақталды.* Жақсыны көре алмайды надан адам, Ресім болып қалған бұрын заманадан. Әр Мұсаға бір перғауын дегендейін, *Қ а л ы п* тұр *б ұ й р ы қ б о л ы п* ғұламадан (Ақмолла).

Бұйрық болса. *Бұйырса, сәті түссе.* Қасың жай, ойлап тұрсам, кірпігің ақ, Арапта сіз секілді адам да жоқ. Жақындап *б ұ й р ы қ б о л с а* қалармын деп, Қыламын көрмесем де көңілге тоқ (Айтыс).

Бұйрық дәмін татқызды. *Алла нәсіп еткен жар болудың жолына түсірді.* Сексен күндей той қылып, Сексен күндей ойын қылып, Үш сексен күн дегенде Жігіт қызды жатқызып, *Б ұ й р ы қ д ә м і н т а т қ ы з ы п,* Алтын, күміс артқызып, Ұзатушы еді атамыз (Қамбар батыр).

Бұйрық етті. *Жарлық берді, әмір етті.* – Әлгі егіншілер қайда, шақыр, – деп Бейсенге Шыңғыс *б ұ й р ы қ е т т і* (С.Бегалин, Бала Шоқан). *Б ұ й р ы қ е т т і м* түгел қырып тастауға. Отырарда еркек кіндік қалмайды! (М.Шаханов, Ғасырлар.). Жүгіртті «тауып кел» – деп, *е т т і б ұ й р ы қ,* Бұл істің мәніжайын сұрамаққа (Базар жырау, Шығ.).

Бұйрық жетті. д і н и. *Ажал қатері төнді, дүниеден озар сәт келді.* Өлгенде имансыз құл жолда қалған, Мен – ғазраил пенденің жанын алған, Шүкір қыл иман айтып, Шортанбайым, Құдайдан *ж е т т і б ұ й р ы қ,* келдім саған (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Бұйрық рай. л и н г в. <лат. imperativus> *Әрекетті орындауға шақыруды, тыңдаушыны қимыл-әрекетке итермелеуді білдіретін етістік формасы.* Етістіктің мұндай бастапқы түрінің істеуші біреуге қаратылып айтылуы – бұйрық я сұрау, өтініш түрінде болады. Сондықтан етістіктердің белгілі жаққа арналуы – *б ұ й р ы қ р а й* деп аталады (Қазіргі қаз. тілі). *Б ұ й р ы қ р а й д ы ң* II жағындағы негізгі және туынды түбір етістіктер етістіктің негізі болады (Қаз. тілі).

Бұйрық салды. *Әмір етті, бұйырды.* Егерде бермесе бұ атты, Бос екен жомарт де [ген] ауазы. Осылайша дана уәзіріне Хатымға барарға *б ұ й р ы қ с а л д ы* (Бабалар сөзі // Хикаялық дастандар).

Бұйрық хабар. *Орындау керек деген белгі, орындалуға тиіс әрекет туралы ақпарат.* Орталық жүйке жүйесі ол хабарды алысымен шеттегі ағзаларға «сақтан!» деген *б ұ й р ы қ х а б а р* таратады («Егемен Қазақстан»).

Жүректің бұйрығы. *Көңіл қалауы, еркі.* Оқуға бармасын деген ойым жоқ, *ж ү р е г і м н і ң б ұ й р ы ғ ы* еді (С.Адамбеков, Көсе.). Егін бітік – жыламай, ексең күліп! Жолың төте – адаспай, жетсең біліп! Жүргізем мен жүректің *б ұ й р ы ғ ы м е н,* Сенбілік үстіне жексенбілік (Х.Ерғалиев, Күй.).

Құдайдан [Алладан] бұйрық болды. д і н и. *Алла тағаланың әмірі жетті, Алланың қалауымен орындалды. Қ ұ д а й д а н б ұ й р ы қ б о л ы п,* демеу болса, Астына табанымның бір салалық (Қозы Көрпеш.).

Шариғаттың бұйрығы. д і н и. *Шариғаттың жолы, тура жол.* – Мен *ш а р и ғ а т т ы ң б ұ й р ы ғ ы н а н* тыс іс істемеймін ғой, қатын (Б.Майлин, Шығ.). *Ш а р и ғ а т т ы ң б ұ й р ы ғ ы н* істейтін жан жоқ (Б.Майлин, Шығ.).

БҰЙРЫҚ[2] з а т. к ө н е. *Көне түркі қағанаттары мен тайпалық одақтарындағы лауазым.* Жазба деректерде ертеде ханның жекелеген әскери топтарының басшыларын, кейде құпия тапсырмаларды орындайтын ханның өкілдері мен сарай маңындағы ханзадалар *б ұ й р ы қ* деп аталған («Түркістан» энцикл.). XII–XIII ғасырларда Найман мемлекетінде *б ұ й р ы қ* қызметінің елеулі өзгерістерге ұшырағаны белгілі (ҚСЭ).

БҰЙРЫҚ-ЖАРЛЫҚ з а т. *Басқару органдарының атқару процесіндегі әр алуан бұйрық пен жарлық, нұсқау.* Қазақ тілі мемлекет тілі болды, енді заң-закун, *б ұ й р ы қ-ж а р л ы қ т ы ң,* кеңсе істерінің бәрін қазақшаға айналдырамыз деп талпынғанымызға талай жыл, қазақ тілін жүргізу үшін орталықта дербес комиссия да құрылды (М.Дулатов, Шығ.). Бұл күнге шейін мектеп өмірден жырақ болып келді: Неше алуан *б ұ й р ы қ-ж а р л ы қ т а р* мектепке ерік бермей, өзге мақсаттың бәрін көзден тасалап, алды-артын қоршап алды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Оперативтік тапсырма әрдайым бастықтың *б ұ й р ы қ-ж а р л ы ғ ы м е н* орындала бермейді. Әрбір қызметкер өзі тапқырлық көрсетуі керек (К.Тоқаев, Түнде.).

БҰЙРЫҚСЫЗ с ы н. **1.** *Әмірсіз, жарлықсыз.* Алдымен уәде берерсіңдер: менен *б ұ й р ы қ с ы з* іс қылмайсыздар (С.Шарипов, Бекболат). Соғыста бір күн, бір сағат, *Б ұ й р ы қ с ы з* жүрер қай солдат. *Б ұ й р ы қ с ы з* үйден шықпайды,

Б ұ й р ы қ с ы з шұлғау сықпайды (Қ.Аманжолов, Тол. жин.). Итіңіз ақылды. Адамнан ұзамайды, алға көп түспейді. Қашқан аңға *б ұ й р ы қ с ы з* жүгірмейді (С.Бақбергенов, Қарға там.). **2.** д і н и. *Жазмышсыз, Алланың әмірінсіз.* Адамға *б ұ й р ы қ с ы з* жетпес ажал, Қандай қиын тар жерде жүрсе де өлмес (Қисса дастан.). Отырмын абақтының бөлмесінде, *Б ұ й р ы қ с ы з* көз жетеді өлмесіне (А.Байтұрсынұлы, Шығ.). Алла тағала маған сенің қабіріңді көрсеткенше, мені алғаны жақсы болатын еді, бірақ *б ұ й р ы қ с ы з* жан шықпайды екен (М.Дулатов, Шығ.).

БҰЙРЫҚСЫЗДЫҚ з а т. **1.** *Бұйрықтың жоқтығы, жарлықтың болмағандығы, әмірсіздік.* **2.** д і н и. *Бұйырмағандық, маңдайға жазылмағандық.*

БҰЙРЫҚТАЙ с ы н. с ө й л. *Бұйрық сияқты, бұйрық тәрізді.* Сүйре! – тәрізді қысқа-қысқа сөздер жігерлі *б ұ й р ы қ т а й* жаңғырып естіліп, беттете толтырылған зембіл қораптар сыртқа ағыла бастады (С.Баязитов, Айдарлы.).

БҰЙРЫҚТЫ с ы н. **1.** *Әмірлі, қатты бұйыра айтылған.* – Жоқ, аттанасың! – деді Коваленко *б ұ й р ы қ т ы,* сызды дауыспен (С.Мұқанов, Есею жыл.). Сашаға *б ұ й р ы қ т ы* нұсқау бергендей саусағын сілкіп тұрып, тұжыра сөйледі (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). **2.** д і н и. *Алла тағаланың, Құдайдың бұйрығы бойынша болған; несібесіне жазған, бұйырған.* Уақыты біткен жан *б ұ й р ы қ т ы* күні өліп жүр. Жігіттігі өлгеннің, Оты жанбай сөніп тұр (Үш ғасыр.). Кез қылды жапан дүзде мені саған, Түскен жоқ жасым жетіп, көзге таған. Кез келген *б ұ й р ы қ т ы* аңды жібермейді, Мылтығым алты қарыс көрсет маған (Қозы Көрпеш.). Бір көлдің, келін, аққуы ең, Қайырлы болсын бұл қонған, *б ұ й р ы қ т ы* қоныс, көліңіз (Базар жырау, Шығ.).

Ақ бұйрықты өлім. д і н и. *Уақытымен келген қаза, ақ өлім.* Кеселді, жалқау, қылжақбас, Әзір тамақ, әзір ас, Сыртың – пысық, ішің – нас, Артын ойлап ұялмас, – болып жүріп, тірімін деме, онан да Алла жіберген *а қ б ұ й р ы қ т ы ө л і м н і ң* өзі артық (Абай, Тол. жин.).

Бұйрықты сөйлем. л и н г в. *Белгілі бір іс жайында бұйыра немесе өтіне айтылған сөйлем. Б ұ й р ы қ т ы с ө й л е м* көбінесе ауызекі тілге тән. Бұйрық мағынасы әртүрлі реңкте білдіріледі: егер бұйыру қатал талап мағынасында жұмсалса, дауыс көтеріңкі айтылады, ал өтініш, тілек мағынасында айтылса, бәсең айтылады (А.Қалиев, Тіл білімі термин. сөздігі). *Б ұ й р ы қ т ы с ө й л е м* көбінесе бастауышсыз айтылады да, оның орнына бұйрықтың кімге, неге арналғанын білдіретін қаратпа сөз қолданылады (Қазіргі қаз. тілі).

БҰЙРЫҚШЫ з а т. *Әмір етуші, бұйрық беруші.* Өзеннің өрледі олар аңғарынан, бүрсеңдеп *б ұ й р ы қ ш ы н ы ң* ызғарынан (Н.Мыңжани, Шығ.).

БҰЙРЫҚШЫЛ с ы н. *Бұйрық етуге әуес, әмір бергіш.* Осы бір *б ұ й р ы қ ш ы л* үйден шыға, Түкірік жағып көзге, «жасын сыға». Дағдылы тентектікке басып өткен, Алдында тұрған қызды жыға-мыға (Ғ.Игенсартов, Тың дала). Ауданнан келгіштей беретін *б ұ й р ы қ ш ы л,* нұсқағыш уәкілдердің біразына оң қабақ көрсетпей, ара-тұра керісіп қалатын (О.Сәрсенбаев, Бақыт.). Сонда ол – корпустың генералы Гасфорт, штаб генералы Федерикс, сібірлік казак-орыстардың *б ұ й р ы қ ш ы л* (наказной) атаманы Кринский полектор (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БҰЙРЫҚШЫЛДЫҚ з а т. *Бұйрық беруге, әмір етуге әуестік.* Бюрократтық, *б ұ й р ы қ ш ы л д ы қ* дерт меңдей, Кеткен қайда кеуделілер тектелмей, Жағдай айтсаң жақ кірісін ашпайды, Кей тәкаппар аузына тай кеткендей (Б.Құржықаев, Шығ.).

БҰЙЫ= е т. *Елту, балқу, сезімге берілу, ұю.* Кереге бойлы кер жылан, Күйіме *б ұ й ы п* келгейсің, Босаға бойы боз жылан, Үйіме ұйып келгейсің (Қ.Шаңғытбаев, Аққу.). Әлгінде ғана қорқыныштан жынданып кете жаздаған Жаманбай да үрейі басылып, *б ұ й ы п* отыр (О.Бодықов, Қанжар.). Тәліптің таңғажайып ісін көріп, Патша да, басқасы да кетті *б ұ й ы п.* Падиша кереметке қайран қалып, Ақыры қызын берді неке қиып (Үш ғасыр.).

БҰЙЫҒУ *Бұйық етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қойнына тығылу, маужырау.* Аймалауға, құшақтауға, Карт әкемнің *б ұ й ы г у г а* тонына! (А.Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.). **2.** *Күн көзінің ашылмауы.* Жайдары кездер тым сирек. Күн көзінде де *б ұ й ы г у* бар. Бой жылытар қызу жоқ (Ә.Сәрсенбаев, Капитан.). **3.** *Тымырау, тұйықтану.* Мен де үнсізбін, *Б ұ й ы г у* ма, Шақырмай ма жақсы жол? Келші, сәулем, иығыма, Күліп тұрып, артшы қол (Т.Молдағалиев, Қош, көктем).

БҰЙЫҒЫ[1] з а т. б о т. *Құмды жерде өсетін өсімдік. Б ұ й ы г ы н ы* Қызылорда, Қостанай, Ақтөбе облыстарының кейбір жерлерінде бұйырған дейді (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БҰЙЫҒЫ[2] с ы н. **1.** *Тұйық, сөзге сараң, ұяң (адам).* Өмірде аттан басқа қызығы да, қуанышы да жоқтай көрінетін *б ұ й ы г ы* шалдың осы бір дыбыссыз жай күлкісі есімде қалды (С.Бақбергенов, Мен сізді.). Баяғы *б ұ й ы г ы* Сережа қазір соқтандай жігіт, әйгілі бір заводта цех бастығы, инженер (Б.Соқпақбаев, Жекпежек). Үлгішілердің мінезі салмақты, именшек,

б ұ й ы ғ ы келеді. Олар өзі үшін істегенді сүйеді, жариялауды жаратпайды, құпияны, оңашаны ұнатады (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Енжар, марғау.* Қонақтар әзірше көп шешіле қоймай, сұраққа ғана жауап беріп, *б ұ й ы ғ ы* отыр (Қ.Жұмаділов, Тағдыр). Ала қыстайғы *б ұ й ы ғ ы,* тыныш өмірден іштері пысып, жалыққандай болған ауыл адамдары енді біртүрлі шамадан тыс көңілденіп қалды (С.Мұратбеков, Көкорай). – Жер жұтсын Далабайыңды! Тыныш жатқан *б ұ й ы ғ ы* жұртты қоздырған сол! (Д.Досжанов, Зауал). **3.** а у ы с. *Тып-тыныш жатқан, меңіреу.* Сәлден кейін құйын өтіп, ауыл үсті өзінің үйреншікті *б ұ й ы ғ ы* тыныштығын қайта тапты (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Бұрыннан да *б ұ й ы ғ ы* даланы қанды жорықтар есеңгіретіп тастады (З.Қабдолов, Сыр.). **4.** а у ы с. *Бірқалыпты, өзгеріссіз.* Екі ортада қорым мен ауылды жарып түскен, ажырығы киіздей аңғаршаның табанында қысы-жазы *б ұ й ы ғ ы* бұлкілінен жаңылмайтын, момын тепкілі табақтай бұлақ бар – кішкене ауылдың мал-жанының таусылмас ырзығы іспетті (А.Сүлейменов, Бесін).

Бұйығы-мимырт жүріс. *Баяу жүріс, аяң.* Сол бетінде буаз малдың *б ұ й ы ғ ы-м и м ы р т ж ү р і с і м е н* баяу жылжып отырып, дарияның мұзы бұзылмай тұрғанда, Емілдің бергі бетіне өтіп алады (Қ.Жұмаділов, Тағдыр).

Бұйығы мінез. а) *Көп сөйлемейтін, тұйық, өте салмақты мінез.* Баяғы студент күнгі білімге құмарлығым, күш-жігерім қайта оралды. Елдегі *б ұ й ы ғ ы м і н е з* қалды (З.Шашкин, Доктор.). ә) *Мінезі тұйық, көп сөйлемейтін, өте салмақты адам.* Бұрын-соңды мұндай жиындардың алдына көп шықпаған *б ұ й ы ғ ы м і н е з,* қанша шығайын десе де, қалыпты арнаға қайта айналып соға беретін сияқты («Лен. жас»).

Бұйығы мінезді. *Мінезі тұйық, көп сөйлемейтін, өте салмақты.* Смағұл аз сөйлейтін, *б ұ й ы ғ ы м і н е з д і* адам еді (С.Мұқанов, Есею жыл.). Шырынкүл *б ұ й ы ғ ы м і н е з д і,* тұйық қыз емес (Сауыншы шамшырақ.).

Бұйығы тартты. *Бұйығыланды, тұйықталды.* Соны табумен бірге өзінің ішінде қыстығып, *б ұ й ы ғ ы т а р т ы п,* бой тежеп жүрген ақындықтың да ентелей тулап қанат қаққанын көрді (М.Әуезов, Абай жолы).

БҰЙЫҒЫЛАН= е т. *Бұйығы тарту, тұйық болу, аз сөйлеу.* Кейінгі кезде тіпті *б ұ й ы ғ ы л а н ы п,* ешкімге мардымды тіл қатпай томсарумен жүрген (З.Жәкенов, Таң самалы). Бастықтың көмекшісі ақ құба, талдырмаш жігіт те Ермекті қуанып қарсы ала қоймады. Тіпті бұрынғысынан да бетер *б ұ й ы ғ ы л а н ы п,* өзгере қалғанға ұқсай ма, қалай? (А.Шамкенов, Толқын.).

БҰЙЫҒЫЛАНУ *Бұйығылан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Мүлде *б ұ й ы ғ ы л а н у.*

БҰЙЫҒЫЛАУ с ы н. *Тұйықтау, сөзге сараңдау.* Балташ көп сөйлемейді. Ақбаладан гөрі қоңырлау, *б ұ й ы ғ ы л а у,* білімі де Ақбаладан төменірек пе деп ойладым (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ол – әдетте аз сөйлеп, көп тыңдайтын *б ұ й ы ғ ы л а у,* ұялшақ жігіт (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Қоңыр кескінді, кішірек денелі, сүйкімді жүзді Хабиба одан гөрі *б ұ й ы ғ ы л а у* екен (С.Мұқанов, Саяхаттар).

БҰЙЫҒЫЛЫҚ з а т. *Бұйығы болушылық, тұйықтық, сөзге сараңдық, ұяңдық.* Бұрынғы *б ұ й ы ғ ы л ы ғ ы* аз болғандай, енді мүлде түнеріп, ешкіммен сөйлесуді қойды (Т.Сағымбаев, Кездесу). Екеуі де балалық, *б ұ й ы ғ ы л ы қ* шақтан өткен (М.Әуезов, Қараш.). Жауыншашында *б ұ й ы ғ ы л ы қ қ а* үйренген Эмма өз үйінде отырып та Рекстің мүшкіл халін ойлайтын болды (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл).

БҰЙЫҒЫҢҚЫ с ы н. **1.** *Бұйығылау, ұяңдау, тұйықтау, сөзге сараңдау.* Қазақтың мен көріп жүрген *б ұ й ы ғ ы ң қ ы* қыздарынан мен мұндайды кездестірмеп едім (А.Жұбанов, Замана.). Алақандарына түкірісіп, желпіне сөйлеп қыза-қыза арындаған дикан қауымы сәлден соң манағы *б ұ й ы ғ ы ң қ ы* мінезді мүлде ұмытты (С.Сматаев, Ақ желкен). **2.** а у ы с. *Енжарлау, меңіреулеу, марғаулау.* Сол *б ұ й ы ғ ы ң қ ы* күйім есіктен ене берген едім, әкем басын көтеріп алды да, орнынан көтерілді (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

Бұйығыңқы тартты. *Тұйықтау, енжарлау күйге түсті.* Бірде жасына жетпей *б ұ й ы ғ ы ң қ ы т а р т қ а н,* қос жанарын терең ой басқан, қабағы салыңқы байғұс ана кейпін көз алдына келтірді (Ә.Қалмырзаев, Ар).

БҰЙЫҒЫҢҚЫРА= е т. *Аздап бұйығу, бұйыға түсу.* – Қарағым, мен тоңуға айналдым, сен қалайсың? – Бір түрлі *б ұ й ы ғ ы ң қ ы р а п* отырмын (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). Әбдіғапар тоңайын деген тәрізді, орнынан көтеріліп, *б ұ й ы ғ ы ң қ ы р а п* әзер тұрды (С.Хайдаров, Теңіз.).

БҰЙЫҒЫҢҚЫРАУ *Бұйығыңқыра етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қыздың *б ұ й ы ғ ы ң қ ы р а у ы.*

БҰЙЫҒЫС= е т. *Бірнеше адамның тоңып, бір-біріне тығылыса, жақындаса түсуі.* Бұлт бүркеген кілегей, *Б ұ й ы ғ ы с а* жауыннан, Бешпеттерін желбегей, Бастарына жамылған (Ғ.Орманов, Таңд. өлеңд.).

БҰЙЫҒЫСУ *Бұйығыс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үнсіз *б ұ й ы ғ ы с у ы.*

БҰЙЫҚ[1] з а т. к ө н е. *Қонышы қысқа тігіліп, етік сыртынан жылылық үшін киетін киіз байпақ; ұйық. Б ұ й ы қ т ы* көбінесе жылқышылар аязда түнгі күзетке пайдаланады (ҚСЭ). *Б ұ й ы қ т ы* Қазақстанның солтүстік аудандарында «ұйық» деп те атайды (ҚСЭ).

БҰЙЫҚ[2] с ы н. с ө й л. ***Бұйығы.*** Қайтейін сені, бауырым, Тым тұйық, *б ұ й ы қ* баласың, Әкеңменен қол соғып, Алады-ау сатып сасық бай (М.Жұмабаев, Шығ.). Сөз сарыны суық, тұйық. Тәкаппар тым тас қара. Ашылмаған әлі *б ұ й ы қ,* Арыстан тым жас бала (Ө.Тұрманжанов, Таңд. өлең.). Тұйықтан деген сөз бар *б ұ й ы қ* туар, *Б ұ й ы қ т а н* деген сөз бар қиық туар. Шешесі қыдырымпаз боп қылмаңдаса, Баласы бір мәймөңке бұзық туар (Айтыс).

БҰЙЫҚ[3] **=** е т. **1.** *Тоқу, бүрісе тұсу, бірінебірі тығылу.* Ай қараңғы. Бұлт. Желтең қолды күпінің ішіне алып, *б ұ й ы ғ ы п*, күзетшілер тәтті ұйықтайтын жақсы түн (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ұйытқып қойынға кіруге тырысқан майлы боранна қымтанып, ішік жағасын көтеріп *б ұ й ы қ қ а н д а,* дамылсыз шыңғырлаған қоңыраудың дауысы бесіктегі баланы «әлдилеп» ұйықтатқандай, мең-зең қылып маужыратып, жаз кездегі оқудан қысты күні елге қайтатын шақтарымды еске түсіріп, балалық күнімді, серіктерімді һәм елді сағына бастадым (М.Дулатов, Шығ.). *Б ұ й ы қ қ а н д а* мал да дүрліге сілкініп, бой жазып, қылтиған сұламық жүрнақты қажалауға кірісті (Х.Әдібаев, Таңбалы.). **2.** а у ы с. *Тым-тырыс, өзімен-өзі жату, құпиясын ашпау.* Ғасырлар бойы *б ұ й ы ғ ы п,* құпия сырын қымтап, ішіне тартып жатқан жалпақ өлке алтын, күміс болып жарқырайды (С.Мәуленов, Жұлдыз.). Бір кезде сонау түкпірде *б ұ й ы ғ ы п* жатқан провинциялық қала кескілескен саяси күрестің орталығына айналады (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.). Талай жыл *б ұ й ы қ қ а н* тымтырыс кең жапанның көрпесін қайырып, ұйқысынан оятып келе жатқан жалғыз өзім секілдендім (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). **3.** а у ы с. *Үн-түнсіз іштей тыну, тымырау, тұйықтану.* Қоспан бір нәрсеге реніште болса, бұ да *б ұ й ы ғ ы п,* үн-түнсіз жүреді (Т.Ахтанов, Боран). *Б ұ й ы ғ ы п,* іштей тынып жүрген бе, бойында мүлде жоқ қырынан ашылған (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Тәтті өмірден тәттілікті таңдаған, От едің ғой, желмен жерде ойнаған. Ерке едің ғой, бүгін неге *б ұ й ы қ т ы ң,* Ерке жанға ерке бақыт арнаған! (Ә.Шалабаева, Тау бұлағы).

Бұйыққан бүршік. б о т. *Сабақ тіндерінің ішкі бөліміне көміліп қалып, бірнеше жыл бойы өспеген бүршік. Б ұ й ы қ қ а н б ү р ш і к* бірнеше жылдар бойы өспей, сонымен қатар, өсу қасиетін де жоғалтпай өздеріне қолайлы кезең туғанда ғана өсуге, өркендеуге бейімді болып, сабақ тіндерінің ішкі бөліміне көміліп қалған бүршіктер (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Бұлардан басқа сабақта көп жылдар бойы өспейтін, *б ұ й ы қ қ а н б ү р ш і к т е р* деп аталатын бүршіктер де болады (С.Турдиев,.. Үй өсімдік.).

БҰЙЫҚТА= е т. с ө й л. ***Бұйық***[3]**.** Кебенектің ішінде *б ұ й ы қ т а п п ы н,* Күнге сүйтіп бұйығып ұйықтаппын. Адастың деп, Қарабай, сөге көрме, Әлде болса ауылға жуықтаппын (С.Сейфуллин, Шығ. жин.).

БҰЙЫҚТАУ[1] с ы н. с ө й л. ***Бұйығылау***. Ләйлә Ғабдолланың жақын жерде болмағанына біраз күн *б ұ й ы қ т а у* жүрді де, әріберіден соң көңілін тоқтатты (С.Шарипов, Шығ.). ... Солардың бірі шайқала-теңселе өте берді де, *б ұ й ы қ т а у* отырған Шолпанның жанына келді (А.Хангелдин, Қараторғай).

БҰЙЫҚТАУ[2] *Бұйықта етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үнсіз *б ұ й ы қ т а у ы.*

БҰЙЫҚТЫР= е т. **1.** *Тоңдыру, тоңазыту, денені тітіркендіру.* Күздің бүгінгі түнінде адам жанын күйзелтіп, бойын *б ұ й ы қ т ы р ы п,* еңсе басқандай бір мазасыздық бар еді (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн.). Ертеңгі салқынның *б ұ й ы қ т ы р ғ а н* ызғары ешкімді де шешіндірмепті – бәрі де киімшең отыр (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). **2.** *Маужырату, бойды ұйыту, денені босаңсыту.* Бесігімде ән еді-ау *б ұ й ы қ т ы р ғ а н,* Қазақ жері ән мен күй ұйып тұрған (Ш.Мұхамеджанов, Күн.). Тың далада болат тұлпар ойнақтап. Қара жердің торқалайды қыртысын. Дүркірейді көктің жүзін бұлт қаптап, Ашып қысқы *б ұ й ы қ т ы р ғ а н* ұйқысын (А.Тоқмағамбетов, Өмір.).

БҰЙЫҚТЫРУ *Бұйықтыр етістігінің қимыл атауы.* Пысықсынған кей «шыншылға» Жөн бе жырды *б ұ й ы қ т ы р у?* Қажет дер ем: шын сыншыға – Өлеңнен де биік тұру! (Т.Жароков, Шығ. жин.).

БҰЙЫМ з а т. **1.** *Мүлік, жиһаз, дүние, зат.* Бар екен Дайыр деген бір асқан бай, Малы көп, түрлі *б ұ й ы м* бәрі де сай (А.Байтұрсынов, Шығ.). Ұялғаннан тастаған бір мыс тиын, Аш кедейге ол дағы қымбат *б ұ й ы м.* Кір дорбаға онысын салып алып, Жағалайды әркімді жыртық киім (Абай, Тол. жин.). Сондықтан еркек атаулы ат ұстап, найза баптап, мылтық оқтап, айбалта, сапы сияқты қаруларын сығайлап, дайындап жатқанда, әйелдер үй ішінің жүгін жеңілдеп, бөлек-салақты азайтып, өте керек болатын аспаптарын ғана бір-екі тең қылып буып, өзге *б ұ й ы м* атаулысын қайда тастарын, кімге беріп тапсырып кетерін білмесе де енді керексіз талақ болған дүниедей көре

бастады (М.Әуезов, Қилы заман). **2.** *Жұмыс, іс, шаруа.* Дәл бір тазы көрген текедей оған одырайып, осқырына қарады: – *Б ұ й ы м ы ң д ы* айт! ... Іркілме! (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Қыз өсірген үй қонақтың *б ұ й ы м ы н* сұрамайақ білетін (Ә.Кекілбаев, Дала.). Баян бейбақ бәлеге енді қалды, Бір түскен жеңешеме *б ұ й ы м ы м* деп, Оянып бозторғайын сұрай барды (Қозы Көрпеш.). **3.** э к о н. <лат. product> *Саны бір-бірлеп немесе даналап есептелетін (кейде салмақ өлшемімен есептеледі) өнеркәсіп өнімінің бірлігі.* Жеміс, көкөніс, малдың ұшасы сияқты өнеркәсіптік емес өнімдер, сондай-ақ шикізат, химиялық өнімдер сияқты өнеркәсіптік өнімдер *б ұ й ы м ғ а* жатпайды (Қаз. тілі термин. Экономика.). Үстіміздегі жылғы қаңтардан кейін іле-шала күшіне енген ҚР Үкіметінің «Кондитерлік *б ұ й ы м д а р д ы ң* кейбір түрлерін әкелуге уақытша қорғау шараларын анықтау мен енгізудің басталуы туралы» № 1448 қаулысы біраздан бері шетелден тәтті тасып, сауда жасап жүрген делдалдарды әбігерге салып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы бұл қаулыны сансаққа жүгіртіп жатқанын жазған едік («Егемен Қазақстан»).

Бұйым ба? с ө й л. *Сөз емес, тұкке тұрмайды.* Бір болыс елді партияға жеңіп, бүктеп алған Әбішке шүйкедей жақсылық *б ұ й ы м б а?* (М.Әуезов, Қараш.). Сондықтан шабыт келсе, өлең жазу ақынға *б ұ й ы м б а?* (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Қашсаң қуып жетемін, Бізге жабы *б ұ й ы м б а-а й!* Селтеңдеген ақынды Көрмеуші едім шыбындай (Жамбыл, Тол. жин.).

Бұйым болып па! с ө й л. *Сөз болып па, тұк емес; жеңіл, оңай.* Сендей дәуге сол бақай да *б ұ й ы м б о п п а?* – деп Түнқатар бөшпайын үрлеп отырған құрдасына күле қарады (М.Хасенов, Тұлпар.). – Білмеймін қандай болмақ сыйың маған? Қопарып «қара алтынды» жүрсем күнде, *Б о л ы п п а* ақша деген *б ұ й ы м* маған? (Ж.Молдағалиев, Таңд. өлең.). Үш күн деген Жәрдемге *б ұ й ы м б о п п а?* Аң қызығы – хан қызығы деген ғой (Ә.Тәжібаев, Жартас).

Бұйымға аспады. *Іске аспады, қажетке жарамады.* Егер де бармай қайтып кетсеңіз, Қырым халқынан – Ақша ханның қол астынан – бір Тарғын деген батыр келіп, бір омыртқасы сынған соң, қайтып *б ұ й ы м ғ а а с п а й,* қарға-құзғынға жем болып, Бұлғыр таудың бұлағында өліп қалды, – дер (Ер Тарғын).

Бұйым демеді. *Жұқ көрмеді, елемеді, мұсе тұтпады.* Қолпылдаған күрткі, етік, Әкесінің киіміндей. Бірақ, бала бұлт-бұлт етіп, Келеді оны *б ұ й ы м д е м е й* (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). ... Қырық шапан, қырық көйлек, Мұны *б ұ й ы м д е м е й д і* (К.Әзірбаев, Шығ.).

Бұйым емес. *Сөз емес, тұкке тұрмайды; оп-оңай.* Маған дәл қазір бөшке түгіл таудың тасын да бұзу *б ұ й ы м е м е с* сияқты (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Білемін өлім *е м е с* саған *б ұ й ы м,* жаныңды аямайсың жалғыз тиын. Бейнетке шыдай алмай өлді десе, Болмай ма бәрінен де осы қиын (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Бұйым жоқ, алым [әлім] жоқ. *Еш бұйымы жоқ, өзінен өзі.* Жиын-тойда жұрт атқа шапса, *а л ы м ж о қ, б ұ й ы м ж о қ* жарысқандардың қыр соңында... (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). Бір жетімдерге ара түсті. Оның ақыры *б ұ й ы м ж о қ, ә л і м ж о қ* колхоздың ішкі ісіне араласып кетті (З.Шүкіров, Ізгілік.).

Бұйым [құрлы] көрмеді [көрген жоқ]. *Мұсе тұтпады, көзге ілмеді, ескермеді, жұқ көрмеді.* Жиренше оны да *б ұ й ы м к ө р г е н* жоқ (М.Әуезов, Абай). Семіз сары ат жеңіл шананы *б ұ й ы м қ ұ р л ы к ө р м е д і* (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). Үпілмәлік ішсең де, Үмбетәлі, мен жеңемін сөзіңді *б ұ й ы м к ө р м е й* (Жамбыл).

Бұйым құрлы көрінбеді. *Тұкке тұрғысыз болды, тұк болмады, қиындық келтірмеді.* Су әкелу, от жағу, таңертең ерте тұрып, малқора тазалау – мен үшін *б ұ й ы м қ ұ р л ы к ө р і н б е й т і н* (Ә.Нұршайықов, Алтын.).

Бұйым салмады. ж е р г. *Шыбын құрлы көрмеді.* Белдесе кетсе, сен құсаған жігіттерге әлде де *б ұ й ы м с а л м а й д ы* (Диал. сөзд.).

Бұйымның технологиялық өзіндік құны. қ а р ж ы. *Сатып алынатын бөлшектерді есептемегенде, бұйымды дайындаудың технологиялық процестерін жүзеге асыруға жұмсалатын шығындардың сомасы.* ≈ *Б ұ й ы м н ы ң т е х н о л о г и я л ы қ ө з і н д і к қ ұ н ы н* есептеу.

Бұйымын сұрады. *Тілектерін айтты, қалауын білдірді.* Менің рақымшылығым түсіп, сендердің биліктеріңді өздеріңе бердім. Енді менен *б ұ й ы м д а р ы ң д ы с ұ р а ң д а р* (Қаз. ертег.).

Зергерлік бұйымдар. қ о л ө н е р. *Алтын, күміс, мыс т.б. асыл металдан жасалған әшекейлік заттар.* Мысалы, шекарадан әрлі-берлі өтетін жүргіншілер көбіне өзімен бірге валюта, фотоаппарат, бейнекамера, портативті компьютер, ұялы телефон, *з е р г е р л і к б ұ й ы м д а р,* бейне-кассеталар, дәрі-дәрмек, жолда керек тамақ түрлерін алып өтеді («Егемен Қазақстан»). *З е р г е р л і к б ұ й ы м д а р д ы* әкелу мәселесінде әр адам басына шаққанда жеңілдікпен, кедендік төлемдерді төлемей

алты түрлі бұйымнан аспайтын мөлшерде импорттауға болады («Егемен Қазақстан»).

Өлі бұйым. *Ұсталмаған, қажетке жаратылмаған зат.* Бәрі қымбат дүниелік. Жинала берген, ұсталмай жата берген *өлі бұйымның* көптігінен жүрегің айнырдай екен (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан).

Сауда бұйымдары. *Көтерме бағамен алынып, сатуға арналған заттар.* Семейде Қытаймен *сауда бұйымдарын* байқап өткізетін, орысша «таможня», қазақша – «кеден» аталатын орын бар (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БҰЙЫМ-БОҚША: бұйым-боқша қылды. *Қажетіне жаратты.* Жаудан алған олжасын *бұйым-боқша қылсын* ол (Батырлар жыры).

БҰЙЫМДАЙ с ы н. **1.** *Кәдеге жарайтын дүниедей, бұйым секілді.* Сол үшін – асыл *бұйымдай,* Жырыңның бәрін сақтадық. Ұлыңа жазған жырыңды, Үй ішімізбен жаттадық (С.Жиенбаев, Алтын қалам). **2.** *Бұйым күйінде, заттай.* Колхозшылардың заттай, *бұйымдай* төленетін еңбек табыстарының да осындай бөлімдері төленеді (Семья тәрбиесі).

БҰЙЫМДЫ с ы н. *Бұйымға толы, жиһазды.* Үйдің іші *бұйымды* болмаса да жинақты, тап-таза (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

БҰЙЫМДЫҚ с ы н. *Бұйым боларлық.* Әр қилы түсіне және шымырлығына бола сүрек ядросын өте құнды құрылыстық және *бұйымдық* материал ретінде пайдаланады (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

БҰЙЫМТАЙ з а т. **1.** *Біреудің сұрамақшы нәрсесі, қалаған заты; қалауы, қолқасы.* – Басқа *бұйымтайларың* болмаса, сөз осымен бітсін, – деп Игілік есікке қарап, шалқая берді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). – Қуыс үйден құр шықпа деген, шырағым, сонша жерден әдейі іздеп келген екенсің *бұйымтайың* айт, – деді (Ғ.Орманов, Жүрек). Қонақтар ертеңіне сиыр түс кезінде аттанғанда Ошыржап батырдан *бұйымтай* сұраған (К.Сегізбаев, Беласқан). **2.** *Тапсырыс, міндеттеме.* М.Ахметова күйтабақтар шығару, «Казреставрация» тресінен арнайы *бұйымтайлар* бойынша өнерпаздарға домбыра жасату, еңбегіне лайықты атақ беру мәселелері таяу арада қолға алынып, шешімін табатынын айтып өтті («Қаз. әдеб.»).

Бұйымтаймен келді *Шаруамен арнайы келді. Арнайы барған іс, жұмыс, шаруа.* Қолда күш аз болғаннан кейін, әртүрлі іске жастарды қамтып тұру әдеті де болатын. Қазір де ол гимназияға осы *бұйымтаймен* келген екен (Қ.Исабаев, Соңғы.). Семен тамыр біздің елге бір үлкен *бұйымтаймен* арнайы келіпті (С.Омаров, Қызыл арай).

БҰЙЫМТАЙЛА= е т. *Бұйымтай сұрау, қалау.* Жазда көше алмай Қосмолада қалған қос қараша үйден *бұйымтайлап,* айырбастап пішен алып қоректенетін (Ғ.Сланов, Дөң асқан).

БҰЙЫМТАЙЛАУ *Бұйымтайла етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ағасынан *бұйымтайлау.*

БҰЙЫМТАЙСЫЗ с ы н. *Бұйымтайы жоқ, шаруасыз, еш жұмысы жоқ.* Үлкендердің үстіне *бұйымтайсыз* кіріп келгендіктен, енді амалсыздан бірдеңе істеуім керек болды (Б.Соқпақбаев, Менің атым.).

БҰЙЫМША үс т. *Бұйым сияқты, бұйымға ұқсатып.* ≈ Жаңа *бұйымша* қабылдады.

БҰЙЫМШАЛА= е т. с ө й л. ***Бұйымшыла.*** Біреуден мәшине сұрап, екінші біреуге тас теріс деп жалынып, басқа адамнан белағаш *бұйымшалап,* төртінші жаннан цемент тілеп, тентірегені келді көз алдына (М.Әбдіхалықов, Алыста.).

БҰЙЫМШАЛАУ *Бұйымшала етістігінің қимыл атауы.* ≈ Туысының *бұйымшалауы.*

БҰЙЫМШЫЛА= е т. *Бұйымтай сұрау, қалау.* Ақбоз арғымақты Байсал осы бәсекенің хабарын естісімен сонау Хорезмдегі бір тамырына барып, *бұйымшылап* алып қайтыпты (Ә.Кекілбаев, Дала.).

БҰЙЫМШЫЛАУ *Бұйымшыла етістігінің қимыл атауы.* – Сәке, *бұйымшылауың ыз* дұрыс. Бірақ сізден бұрын да талай адам қолқа салып еді, баламыз әзірге қолымызда бола тұрсын деп, ешқайсысына анық-қанық жауап бермеп едім (Ә.Кекілбаев, Дала.).

БҰЙЫНТАҚ з а т. *Қажетті ұсақ-түйек, майда-шүйде зат.* Жаңғабыл Арқа жайлап биыл тағы, Боп қалды, базар тосып *бұйынтағы.* Мал сатып, көш соңынан тартты бұлар, Біткен соң керек-жарақ бұйымтайы (Н.Ахметбеков, Шығ.).

Бұйынтақ сөз. *Ұсақ-түйек сөз.* Сіз – қазақтың қазақ заманында дүниеге келіп қалған гуһарсыз. Сіздің құлашыңыз ұзын, қиялыңыз терең, арманыңыз алыстағы өткен өмірде. Жаңа заманның *бұйынтақ* сөзі, жыбырлақ мінезі сізді жарытпайды, тосаңсытады, күні өткен жат адам қылады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БҰЙЫР= е т. **1.** *Бұйрық беру, әмір ету, жарлық қылу.* Айла, күшке таянба, Болар-ау деп сол себеп, Өлшеуі оның заманда *Бұйырады* ол не деп (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Артынан Арыстанның Жолбарыстар, Патшасы *бұйырған* соң не тұрыс бар? Аюлар, Қасқырлар да айтып шықты, Басында жақсы-жаман не қылмыс бар (А.Байтұрсынұлы, Шығ.). 0 сағат 43 минут. Қол қою рәсімі

аяқталды. Г.К.Жуков неміс делегациясын залдан шығаруды *б ұ й ы р д ы*. Олар айдауылмен әкетілді («Егемен Қазақстан»). **2.** д і н и. *Нәсіп болу, ырзық ету; пайдасын, қызығын көру*. Лай суға қуанған шортандардай, *б ұ й ы р ғ а н ы н* құлқынға салып жатыр (Ж.Аймауытов, Шығ.). Рақыштың жарамдылығының арқасында байларға, еті тірілерге ергіштеп, жалпақ жұрттан *б ұ й ы р ғ а н* несібесін теріп жеп жүрген жоқ па (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Сондықтан мекемеміз өзіне *б ұ й ы р ғ а н д ы* амалдап пайдаланып, күнкөріс қамына жаратып әлек. Соның бірі – осыдан 13 жыл бұрын сатып алынған Алматы облысының Каменка селосындағы бұрынғы «Арман» демалыс орны болатын («Егемен Қазақстан»). Жүйткидіау, жүйткігенде түрі қандай! Айбыны екі көзге құйылардай. Жеңістің қанды олжасы енді бір сәт, Не бұған, не дұшпанға *б ұ й ы р а р д а й* (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Айыпқа [ғайыпқа] бұйырма. *Айыптама, кінә қойма, ренжіме, сөге көрме деген мағынадағы сөзқолданыс*. Онан соң Нұрғали мырза Құлжанов шығып, ақсақалдардан, қажылардан ғафу өтінді: «Алдыңызға келіп өлең айтатын келіндеріңізді *а й ы п қ а б ұ й ы р м а с с ы з д а р*, игі жұмыс үшін істелген кеш қой», – деп және де Сара қыз бен Біржан салдың жөнін айтты (М.Дулатов, Шығ.). Сеніменен ойнасам, Айналар ісім қиынға. *А й ы п қ а* мені *б ұ й ы р м а*, Айтамын, Назым, зарымды (Қамбар батыр). Бұл үшін мені *а й ы п қ а б ұ й ы р м а*, – деді. – Ел үшін, сол елдің болашағын жан-жақты қозғап бір сыр-сұхбат берсем деп едім. Сәті түсер емес («Егемен Қазақстан»). Жол ұзақ. Үйқы ашар болсын деп ойнап ем, *г а й ы п қ а б ұ й ы р м а ң ы з*, Жұмеке! – деді (М.Әуезов, Абай жолы).

Ату [өлім] жазасына бұйырды. *Өлтіруге үкім шығарды*. Ақыры август айының 22-күні екеумізді де *а т у ж а з а с ы н а б ұ й ы р д ы* (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Франция ның XVI-шы Людовик деген патшасын халық тағынан түсіріп, *ө л і м ж а з а с ы н а б ұ й ы р ы п*, басын алды (С.Сейфуллин, Шығ. жин.). Фашистер Қызыл Армияның командирлері мен еврейлерге өлердей өш, білсе табанда *а т у ж а з а с ы н а б ұ й ы р а д ы* (К.Тоқаев, Көмескі із).

Бұйырған нәсіпті көрді. *Маңдайына жазғанын көрді, таланына табылғанды жеді*. Жапанды жалғыз жай қылып, *Б ұ й ы р ғ а н к ө р д і м н ә с і п т і* (Мұңлық-Зарлық).

Дәм бұйырды. а) *Дәм тартты, нәсіп етті. Б ұ й ы р ғ а н д ә м* осы шығар деп, қуырдақтан ауыз тиді де, жалшылардың айбатын елемеген, байқамаған қалып танытты (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Алыс жолдан келе жатыр екенсің, қарағым. Үйге кіріп, *б ұ й ы р ғ а н д ә м н е н* ауыз тиіп кет, – деді жаңағы кісі тағы да. – Тым болмаса, айран ішсең де... (К.Ахметбеков, Жеңіс.). ә) *Реті келді, жолы түсті*. – Бір кезде әжептеуір қызмет атқарған Қоспан едің. *Д ә м б ұ й ы р ы п* келіп қалған екенсің (Т.Ахтанов, Боран). Шашубай менің атым, елім қырда, Сол қырдан *д ә м б ұ й ы р ы п* келдім мұнда. Көрі әруақтың орнында бір шырақшы, Қалың ел амандығын Жетісуда (Шашубай ақын, Өлеңд.).

Құданың [Алланың] бұйырғаны. д і н и. *Құдайдың жазғаны, нәсіп еткені. Қ ұ д а н ы ң б ұ й ы р ғ а н ы н* махкам тұтсаң, Пайғамбар шапағатынан құр қалмайсың (Бабалар сөзі).

Топырақ [топырағына] бұйырды. *Жерленді, белгілі бір жерде дүниеден қайтты*. Жаңа ашылған жауқазын, Қапыда етті жау жазым. Көктемей жатып қиылды, Жат жерден *т о п ы р а қ б ұ й ы р д ы* (М.Әлімбаев). Сүйегім Аққұмның *т о п ы р а ғ ы н а б ұ й ы р с а* деп, қарс ұрған қайран арман?! Ары қарай зындан түбінен шыққандай күңгірлеп тақпақтап кеттің (М.Қабанбаев, Жиһанкез).

Туған жер топырағы бұйырмады. *Жат жерде өлді, топырақ сала алмады*. Үйіріп өтті күндер құйындаған, Баяндау бәрін жырмен қиын маған. Бүкпейін мәймөңкелеп, кейбіріңе *Т у ғ а н ж е р т о п ы р а ғ ы б ұ й ы р м а ғ а н* (М.Әлімбаев, Жүрек.). Өзің білесің, әкем Қибат тоқсан жасында қайтты. *Е л і н е н т о п ы р а қ б ұ й ы р м а й*, Елібай ішіне қойдық (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

БҰЙЫРҒАН з а т. б о т. *Далалы, қырқалы жерде өсетін, тарам-тарам болып шығатын өсімдік*.

БҰЙЫРҒЫЛЫ з а т. ө с. с ө й л. ***Бұйырғынды.*** Ақша боз мұнда болмас Арқадағы Қаз мамыр Қара ой бойы майқаралы Айдарқұм, қоңыр бұйрат майшағырлы Бұлдыр шың *б ұ й ы р ғ ы л ы* сай-салалы (Н.Ахметбеков, Шығ.).

БҰЙЫРҒЫН з а т. б о т. <лат. anabasis> **1.** *Құмды жерлерде, тақыр шөлдерде өсетін жапырақсыз, басы бүршікті шөп не аласа бұта. Б ұ й ы р ғ ы н* – құрғақшылыққа, сортаң топыраққа төзімді өсімдік, тұздылығы 45 % топырақта да өсе береді (ҚҰЭ). Сарыарқаның белінде, Ырғыздың құба дөңінде, Жусанның түбін кемірген, *Б ұ й ы р ғ ы н* жеп семірген, «Жүйрікпін» деп елірген, Құлағын тігіп елірген, «Жан жетпес» деп келірген, «Кер құлан» деген аң болар (Базар жырау, Шығ.). Шыңның үсті керім от екен. Несін айтасың бой алып өскен сары балақ *б ұ й ы р ғ ы н* кілкілк етеді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). **2.** *Жусанның тырбиған ащы тұқымы*. Жара ішінде сақар яғни сілтілі шөп пен *б ұ й ы р ғ ы н-*

н ы ң үгіндісін сепкен кезде ісігі ойылып түсіп қалатын көрінеді (С.Мұқанов, Таңд.).

БҰЙЫРҒЫНДЫ с ы н. *Бұйырғын көп өскен, бұйырғыны мол (жер).* Бөкен бел, *б ұ й ы р ғ ы н д ы* құба жондар, қыздың үкісіндей үлпек селеуін сағым сүйген сары беткей, доғал дөң – бәрі-бәрі андағайлап көзге ұрады (Ө.Қанахин, Жер бас.). Малшы ауылдар қырға жазады қанатын. Қыр дегеніміз – жусанды, *б ұ й ы р ғ ы н д ы* боз дала («Қаз. әдеб.»). Ер Қарабаудың қопалы көлдерінің нарқамыс өскен, қапырық қатқылымен жортып шығып, *б ұ й ы р ғ ы н д ы* тегістікке түсті («Қаз. әдеб.»).

БҰЙЫРМАН з а т. қ а р ж ы. *Белгілі бір нәрсенің қажеттілігі айтылып, жазба түрде берілетін талап қағазы.* Көптеген өндіріс бірлестіктері мен кәсіпорындар әлеуметтік және экономикалық даму жоспарын түзген кезде өздерінің ақиқат мүмкіндіктерін төмендетіп, ал материалдық және финанстық ресурстарға *б ұ й ы р м а н* (заявка) жасаған кезде мөлшерден молырақ қамтып қалғысы келеді («Білім және еңбек»).

БҰЙЫРМАСЫН м о д. *Біреуді сендіру, иландыру үшін ант-су ішу, қарғану.* – Ондай күнге жететін дәурен болса, осы басты сенен аямай-ақ қойдым. Қолыңды қақсам *б ұ й ы р м а с ы н* (М.Дүзенов, Ақәже).

Көрсем [естісем] бұйырмасын. *Олда-білда көргенім, білгенім жоқ деген ант-су ішу мағынасында.* Горчков мысқылдай күліп: Кенесары маған бірнеше мәртебе хат жазды. Бұндай есалаңды, *к ө р с е м б ұ й ы р м а с ы н* (І.Есенберлин, Шығ.). Тап бүгінге дейін бір жапырақ қағаз *к ө р с е м б ұ й ы р м а с ы н* (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Қамқа дала жаққа құлағын әрі тосып, бері тосып, басын шайқады: – Түк *е с т і с е м б ұ й ы р м а с ы н* (Ж.Жұмаханов, Үш бәйтерек).

Түсінсем бұйырмасын. *Түк түсінгенім жоқ деген мағынада.* Гүлшат бұған не айтарын білмей сасып қалды. Мен ештеңе *т ү с і н с е м б ұ й ы р м а с ы н,* апа, – деді дөбдірлеп (Б.Тілегенов, Көктем.). Туылып ек айлар сап арамызға, Айлар салып, әріге барамыз ба?! *Б ұ й ы р м а с ы н т ү с і н с е м,* осы біздер, Шыныменен біреуге ағамыз ба?! (М.Мақатаев, Шығ.).

БҰЙЫРМЫС[1] з а т. к ө н е. *Бұйырғаны, болған іс. Б ұ й ы р м ы с* солай шығар, содан бері Толқынай кетпей осы үйде тұрып қалды (Ә.Жылқышиев, Айтолқын).

БҰЙЫРМЫС[2] с ы н. к ө н е. *Тән, лайық.* Кісі қиялы жетпейтін көл-дариядай байлық пен бақыт, hұр қызы, ғашық жар тек осы түрік патшалығының топырағына *б ұ й ы р м ы с* деп ойлаушы еді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

БҰЙЫРСА м о д. *Реті келсе, дәм тартса, жолы түссе. Б ұ й ы р с а,* тағы бір арманыма жеткелі тұрмын (М.Әуезов, Қараш.). Жан ана, жабырқама, есен-аман, Жортып жүр, жон-жонаста ерке балаң. Солдаттық сұр шинельді кеш берді, *Б ұ й ы р с а* винтовканы ертең алам (Қ.Дәрібаев, Серт). *Б ұ й ы р с а,* ертең керсен құйрық екі бағлан мен бозқасқа тұсақты маңыратып қораға байлап қояды (С.Омаров, Жүйрік көңіл).

Алла [Құдай] бұйырса. д і н и. *Сәті түссе, орайы келсе; Тәңір жазса. – А л л а б ұ й ы р с а,* Құдай тағала сабағатын салар, – деп құжыранда қалдым (З.Иманбаев, Нажағай.). Ендеше, *Қ ұ д а й б ұ й ы р с а,* осы бір бесті-алтылы күн ішінде қамданыңдар да, сапар шегіңдер (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Көз барда, мына Күргейтастан өтіп, Сызықтың бойына жақындап алайын. Сонан соң, *Қ ұ д а й б ұ й ы р с а,* бүгін сәрсенбінің сәтіне, қараңғы түсе арғы бетке өте шығармын (Қ.Жұмаділов, Қаздар.).

БҰЙЫРСЫН м о д. т і л е к. *Біреуге жақсылық тілеу мағынасында қолданылатын сөз.* Ағайын, айналайын құрметіңнен, Жерің жоқ ақ көңліме кір келтірген. *Б ұ й ы р с ы н* сендерге де осындай той, Әрқашан орын алып күн бетінен (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Лә иллаһа илла алла – иманыңыз, Иманыңнан *б ұ й ы р с ы н* жиғаныңыз. Алғаныңнан ұл перзент туа қалса, Қиямет, машхарға дейін барғаныңыз (Шал ақын [Құлекеұлы], Өлеңд.). Мен сізден жәрдем сұрап тұрғаным жоқ, *Б ұ й ы р с ы н* өздеріңе көмегіңіз. Кентауға күйеу ме едің ұялатын, Қайсы еді бармай жүрген себебіңіз (Айтыс).

БҰЙЫРТ= е т. *Қолын жеткізу, игілігіне жарату, нәсіп ету.* – Шырағым, мыңды айдаған әкең Дарабайдың бір сабақ жібін өзіне *б ұ й ы р т п а й* қойған мен емес, мықты болсаң көктегімен сөйлес (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Ақанның атағын ойласаңдар, оу, бүкіл қарауыл, күні кеше еліңнен бір сұлуды *б ұ й ы р т п а й,* бәрің де серіні осырған сиырдай қылғандарыңды ұмыттыңдар ма? – деді (С.Жүнісов, Ақан сері). Екінші жолы ет комбинатына орналастым. Онда да сол баяғы білім-сілімді көлденең тартып, көк езуленіп, таза орын *б ұ й ы р т п а д ы* (Ғ.Қабышев, Мінездеме).

Құдай бұйыртпасын. қ а р ғ ы с. *Жақсылық көрмесін, Тәңір жарылқамасын деген мағынада.*

БҰЙЫРТСА м о д. *Дәм жазса, сәті түссе; бұйырса. Б ұ й ы р т с а,* биыл еңбек жанады деп, өзі де, өзгелер де дәмегөйлі болып жүр (С.Байжанов, Жастық.). Дала госпиталындамын. *Б ұ й ы р т с а,* көп ұзамай соғысқа

қайта кіремін (С.Бердіқұлов, Егеулі найза). *Б ұ й ы р т с а,* үшеуіміз серіктес боламыз, Омаш (Д.Исабеков, Тіршілік).

Құдай бұйыртса. д і н и. *Сәтін салса, Алла ретін келтірсе. Қ ұ д а й б ұ й ы р т с а,* келесі жылы бірігіп егін егеміз (І.Есенберлин, Қатерлі.). Жиналған жұрт қаумалап ортаға алып, құдықтың тез біткенін, *Қ ұ д а й б ұ й ы р т с а,* екі-үш жылға шейін суы сыр бере қоймайтынын айтып, мақтасып жатыр (Д.Исабеков, Тіршілік).

БҰЙЫРТУ *Бұйырт етістігінің қимыл атауы; нәсіп ету.* Туған жердің топырағын *б ұ й ы р т у д а н* артық не ғанибет бар (М.Қаназов, Арна).

БҰЙЫРТУШЫ з а т. *Тапсырыс беруші.* Ер *б ұ й ы р т у ш ы н ы ң* талабына орай, шебердің ой-өрісіне байланысты әшекейленеді. Күміс ердің үлгісі де, түрі де көп (Н.Нұрғалиұлы, Ата салт.).

БҰЙЫРУ *Бұйыр етістігінің қимыл атауы; бұйрық беру, әмір ету.* Ақ, қарасын көп тергемей-ақ, қылмыстыларды ату жазасына *б ұ й ы р у* – ең оңай әдіс (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Тәрбиешілердің бұйырғаны, тыйғаны қысқа, дәл, анық, аз сөзбен айтылуы керек. Кейде мұғалім *б ұ й ы р у д ы ң,* тыюдың себебін түсіндіруі де мүмкін (Ж.Аймауытов, Шығ.). Өзара сыйласуды білмей, жалаң *б ұ й ы р у* – бұл жолдастық қарым-қатынас емес, дөрекілік (Б.Момышұлы, Біздің генерал).

БҰЙЫРУШЫ з а т. *Бұйрық беруші, басқарушы кісі.* Одан барлығы үлкен казармада, сапта, үйреншік алаңдарында, жорықта, күзетте де оның үстінен қараушылар да, оған *б ұ й ы р у ш ы л а р* да көп (Б.Момышұлы, Москва.). *Б ұ й ы р у ш ы* – мен де, орындаушы – өз әкемнің құрдасы. Тамаша болар еді-ау (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Бізде жердің беткі қабатын аударып, сыдыра жырту керек деп *б ұ й ы р у ш ы л а р* көп (Х.Рахимов, Қарлығаш).

БҰЙЫРЫЛ= е т. *Бір шара қолдануға ұйғарылу, нұсқау берілу, бұйрық шығарылу.* Жауынан қолға түскен бір тұтқынды Өлтіруге бір патша қылған жарлық Өлімге *б ұ й ы р ы л ғ а н н ы ң* қандай күні? Мейірім, ынсап тезіне салшы мұны (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айырылды. «Әне келеді, міне келеді» деп өлім жазасына *б ұ й ы р ы л ғ а н* үкімнің орнына келуін күткен тұтқындай болып тұрды (М.Дулатов, Шығ.). Әкесі, бауырлары «Итжеккенге» айдалуға *б ұ й ы р ы л ғ а н ы н* естіген Нарғыз, олармен бірге кетуге де бекінген еді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БҰЙЫРЫЛУ *Бұйырыл етістігінің қимыл атауы; бұйрық берілу, шығарылу.* Кім де кім оған қамқорлық жасаймын десе, табан аузында өлім жазасына *б ұ й ы р ы л у д а* (Р.Тоқтаров, Терістік.).

БҰЙЫРЫҢЫЗ е т. э т н. *Қымыз құйып таратушының үлкен адамға қымыз ішуді бастап беріңіз деген мағынада айтылатын әдеп сөзі.* Қымызды сапыра отырып төрдегі ақсақалдан бастап таратып болған соң аяқшы жігіт ақсақалдан *«Б ұ й ы р ы ң ы з»* деп ықылас сұрайды (Н.Нұрғалиұлы, Ата салт.). «Қымыз құйғанда төрде отырған екі қарттың кішісі үлкеніне шара қымызын ұсынып *«б ұ й ы р ы ң ы з»* дегенде, үлкені «рақмет» дейді. Сонан соң қымыз ішіле бастайды (Б.Базылхан, Монғол. қаз. тілі).

БҰЙЫРЫС= е т. *Әмір берісу, жарлық етісу.* Петр патшаның бұл ісі дұрыс емес, нахақ біреудің жерін награтқа беріпті деп, жерді иесіне қайтаруға *б ұ й ы р ы с т ы* (Ы.Алтынсарин, Қазақ хрестоматиясы).

БҰЙЫТ= е т. *Бұйықтыру, мәжбүрлеу.* Келді рет Байдуковқа, құрды орнын, *Б ұ й ы т қ а н* самолеттің жатса үңгірі (А.Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.).

БҰЙЫТАҚТА= е т. ж е р г. ***Бұйық.*** Біздің балалар *б ұ й ы т а қ т а п* қатты ұйықтап қалыпты (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БҰЙЫТАҚТАУ *Бұйытақта етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үнсіз *б ұ й ы т а қ т а у.*

БҰЙЫТУ *Бұйыт етістігінің қимыл атауы.* Шешен сөзде айтушының мақсаты баяндап, сипаттап түсіндірумен қоймай, пікіріне нандыру, сендіру, ұйыту, *б ұ й ы т у,* иман келтіру болады (А.Байтұрсынов, Шығ.).

БҰҚ= е т. **1.** *Еңкейе қалу, жалт беру, басын баса қою.* Арбада *б ұ қ қ а н* мені шашымнан сүйреп алған адамның кескініне қарасам, Сасық! (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Соққыны бойға жуытпай, тез *б ұ ғ ы п,* жалт еттім де, желке тұстарынан шықтым (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Тас бұл жолы зу етіп, балапанның төбесін жалап кетті. Ол көзін жыпылық еткізіп, *б ұ ғ а* қалды (Б.Соқпақбаев, Жекпежек). **2.** *Жасырыну, бой тасалау, көзге түспеу, бас көтермеу.* Мен *б ұ қ т ы м* – жаттым, Сен *б ұ қ т ы ң* – жаттың, Кім істемек қызмет?! (А.Байтұрсынов, Шығ.). Атымды тебініп жіберіп, өзім жалына *б ұ қ т ы м* да сойылшы сілтеп үлгергенше қолтығының астына барып та қалдым (Х.Есенжанов, Тар кезең). **3.** *Ығу, тасалану.* Ышқына соққан желден ыға *б ұ қ қ а н* бұтақтары да шілікше майысады (Ә.Шәріпов, Партизан.). **4.** *Қорқу, шегіншектеу, имену.* Өңі жылтыр болмаса, Опайкеден мықты ма? Етігіңнен иеніп, Жауың, қорқып *б ұ қ т ы* ма? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ақиқатты тура айтып, Жасқанып, жасып *б ұ қ п а д ы ң.* Аз

қолменен көп қайрат Көрсеттің өрлік, сырттаным! (М.Дулатов, Шығ.). Болысы Ырғайтының Бәймен деген, Ұлық көрсе өлердей мәймеңдеген. Көрген соң елдің бетін, ер құдіретін, Қояндай жатты *б ұ ғ ы п* шықпай үйден (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Күншілдің көп айтқанмен күні шықпас, Тұранның тіріде жау туын жықпас. Жұмысы жамандардың – жасырыну, жақсылар жанған шамдай жаннан *б ұ қ п а с* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). **5.** а у ы с. *Әйгілену, білінбеу, жасырын жату.* Сонан кейін кеудесінде *б ұ ғ ы п* жатқан уайым, шері қайта қозғалып, келіншек үйқысы шайдай ашылады (З.Шүкіров, Ізгілік.). Тарих іздеп таппағанды тапқанмын, Адамзаттың бар арманын атқардым. Бұл дүниенің *б ұ ғ ы п* жатқан байлығын, Өз үйімнің жиһазындай ақтардым (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

Бұға берсең, сұға береді. *Айтқанға көне берсең, үндемесең, басқа шығып алады, басынады.* — Мінезде де, жұмыста да тайталас керек. *Б ұ ғ а б е р с е ң, с ұ ғ а б е р е д і,*— деді Жанабіл (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Сөйтсе де, мен өзімді сонша басындырмауым керек: *б ұ ғ а б е р с е ң, с ұ ғ а б е р е д і* бұл қазақ (І.Жансүгіров, Шығ.).

БҰҚА[1] з а т. **1.** *Сиыр малының піштірілмеген еркегі; тұқымдық аталығы.* Мақтаншақтың *б ұ қ а д а н* артық жері – *Б ұ қ а* қойса, қоймайды біздің сері. Жуан мойын, алакөз, мүйізі алай, Менен артық кім бар деп жүргендері (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Кілең балықтай жас құнажынның ішінде кекірелеп жүрген *б ұ қ а* ыңыршағы шыққан көрі қақпасты қайтсін, бірекі иіскеп, танауын шүйірді (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Жамыраған қой, азынаған сиыр, өкірген *б ұ қ а,* айғайлаған бала, ауқаулаған қатындардың даусы қосылып, көлдің басы ыңжың (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Бас көтерер азаматтары.* Әр елдің *б ұ қ а л а р ы,* өгіздері, Қызыл көз, сабақұрсақ – семіздері, Жерлерден жарты ай жүріп келгендер бар, Келіпті пәленше де дегізгелі (І.Жансүгіров, Шығ.).

Бесті бұқа. *Аталығы әбден жетілген, бес жасқа келген бұқа.*

Бұқа – буға, азбан – дуға. *Құр кеуде, босқа тыраштану. Деген сөз:* «*Б ұ қ а – б у ғ а, а з б а н – д у ғ а*», Хан қарық боп түсіп жүр айғайшуға Самсы да асық болып Айсұлуға, Бата алмай жүреді екен сөз айтуға (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Сүйтсе де жағаласып бір қалмайды, Дегендей «*б ұ қ а – б у ғ а, а з б а н – д у ғ а*» (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Күймедегі Баянды көргені жоқ, «*Б ұ қ а – б у ғ а*» деген сөз содан қалды (Батырлар жыры).

Бұқа бұғақтау. *Бұғағы бұқаның әукесі тәрізді қатпарланып, салбырап тұрған (адам).* ...Бұзау көздеу, *б ұ қ а б ұ ғ а қ т а у,* өнімсіз де болымсыздау... Солар жайында жазайын деп жүргенім бар (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

Бұқаға қосты. *Күйіті келген сиырға бұқа жіберді, шағылыстырды.* Оның үстіне қысыр сиыр қаны толысқан соң күйлейді, оны *б ұ қ а ғ а қ о с п а с а,* жөндеп семірмейді, қасындағы малдың мазасын кетіреді (Ш.Бөрібаев, Сиыр малы.).

Бұқа қосу м а л ш а р. *Шағылыстыру.* Заводтық тұқымның жақсы жетілген *б ұ қ а с ы н* 16–18 айлығында-ақ шағылысқа *қ о с у ғ а* болады (Малшы. кеңес.).

Бұқа дауысты. *Даусы күжілдеген, күрілдеген.* – Ей, ей, қақтықпа, қақтықпасайшы! Жынды немесің өзің! – деді *б ұ қ а д а у ы с т ы* біреу (С.Сейфуллин, Әңгім.).

Бұқа көз. *Төңкеріле қарайтын ала көз.* Қайырбек мұртын тазының құйрығындай шығыршықтаған, қыр мұрынды, *б ұ қ а к ө з,* шүйдесі тоқпақтай балуан денелі жігіт (Ж.Аймауытов, Шығ.). Айтқандай-ақ *б ұ қ а к ө з* Абақтың өзі келді. Екі езу екі иығында, мәз (Ә.Тарази, Асу.).

Бұқа қарасқа алды. *Көзін алартып, сүзе қарады; жақтырмады.* Есіктен чемоданымен және біреуі кірді. Үйқысы бұзылған екеуі мұны *б ұ қ а қ а р а с қ а а л ы п* отырысты (І.Жансүгіров, Шығ.).

Бұқа мойын. *Бұқаның мойнындай күжірейген, жуан мойын.* Гүржиген *б ұ қ а м о й ы н,* оған тұшталаңдай ерген тапал қазақ ортаға шығып ойындарына қажет саймандарын құра бастады (А.Сатаев, Дала.). Әр жерде төртбестен оңаша сөйлесіп отырған ылғи кебеже қарын, *б ұ қ а м о й ы н,* шұбар төстерді көргеннен-ақ Мүсәпірдің жүрегі мұздап сала жөнелді (Ә.Әлімов). «Шығар кісіңді, шығар!» – деп, қыпшақтар жағы діңкілдеп тұрғанда бура сан, *б ұ қ а м о й ы н*, түкті қараға тең түсерлік балуан таппай, арғындар жағы шынымен-ақ жасып қалды (О.Бодықов, Ақ құс).

Бұқа мінез. *Дүлей, ұр да жық мінез. Б ұ қ а м і н е з* әлгі пәлекеттің сыры белгілі: жолындағыны жалмайды, қаусатады (Д.Досжанов, Жібек.).

Бұқаның әукесіндей. *Үлкен, салбыраңқы бұғақ.* Жалғыз-ақ қолағаш мұрнының ұшы со қалпы *б ұ қ а н ы ң ә у к е с і н д е й* қыж-қыж (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). Дурновтың беті қып-қызыл, мұрны қоңқақ, Бұғағы *б ұ қ а н ы ң ә у к е с і н д е й* салбырайды, қарны бұлтиып кетіпті (Ә.Шәріпов, Партизан.).

Бұқа тамақ [сағақ]. *Алқымы салбыраған, бұғағы салыңқы.* Екіншісі – *б ұ қ а т а м а қ,* салпы ауыз, тапал да кебеже қарын (Ж.Тілеков, Жоңғар.).

Кенже тайынша бұқа. *Піштірілмеген еркек бұзаудың бір жасқа жетпегені.*

Көзінің бұқасын шығарды. *Ала көзбен қарады, көзін алартты.*— Ата, ассалаумағалйкум, – дедім. Маған жалт қарады да, *к ө з і н і ң б ұ қ а с ы н ш ы ғ а р ы п:* – Сәлемің сартқа, мұндар! – деді (Х.Есенжанов, Тар кезең).

Құжбан бұқа. *Сиырға шағылысар сәтте тағатсызданбайтын, аталығы жағынан әбден жетілген, жеті жасар үлкен бұқа.* Кәрі, *қ ұ ж б а н* қоңыр *б ұ қ а* қызыл қашардың соңында. Өзі де оттамайды, оны да оттатпайды (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Құнажын көзін сүзбесе, бұқа бұйдасын [жібін] үзбейді. *Әйел өзі ыңғай танытпаса, ер адам әйелге бекер тиіспейді, өздігінен ұрынбайды деген мағынада.*

Құнан бұқа. *Екі жасқа толып, үш жасқа аяқ басқан бұқа.* Сонда Қарашаш қалың малға отыз *қ ұ н а н б ұ қ а* сұрапты (М.Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Түйелерге қарай бет алған бір *қ ұ н а н б ұ қ а н ы* қара бура әуелі омырауымен соғып, сонан соң шайнап тастағанын Қарымсақ көрді (Ә.Көшімов, Жас аңшы).

Сүзеген бұқа. *Мүйіздей беретін, сүзгіш бұқа.* Сен тимесең мен тимеймін бадырақ көз, абзалы, жайыңа жүргенің мақұл екен, – деген екен бір қазақ *с ү з е г е н б ұ қ а с ы н* жондап-жондап алып (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Сүзеген бұқаның көзіндей [көзі тәрізді]. *Аларып, төңкеріліп тұратын, жағымсыз қарасты көз.* – Ә, мен жумасам ше? – Түндегі ішкен арақтың зардабы әлі басылмаған жігіттің екі көзі *с ү з е г е н б ұ қ а н ы ң к ө з і н д е й* қып-қызыл еді (М.Дүзенов, Әке.). Әбітайдың әйелінің көзі *с ү з е г е н б ұ қ а н ы ң к ө з і т ә р і з д і* (Б.Майлин, Шығ.).

БҰҚА[2] з а т. к ә с. *Буылған қамыстан жасалған бөгет, су жолына қойылған тосқауыл.* Өстенді *б ұ қ а м е н* тоқтатып, колхозға су жібердік (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БҰҚА[3] з а т. к ө н е. *Ежелгі түркі тайпалары мен ұлыстарындағы лауазым түрі. Б ұ қ а* сөзі көне ғұндар арқылы мажар (венгр) тілінде де сақталған. Көшпенділер ұғымында *б ұ қ а* алып күштің иесі, төл ағасы («Түркістан» энцикл.). Осыған сабақтас, 12–13 ғасырларда Найман мемлекетінің билеушілері өз лауазымдарын *б ұ қ а ғ а* байланысты атауды дәстүрге айналдырған. Мыс., Наймандардың сол кездегі билеушісі Инаныш Білге Бұқа хан аталса, оның екі ұлы Таян мен Бүйрық хандар Тай Бұқа, Бай Бұқа деп аталған (ҚҰЭ).

БҰҚАБАС з а т. з о о л. ж е р г. *Таулы жерлердегі өзен бойларында жүретін қарақоңыр түсті торғай.*

БҰҚАДАЙ с ы н. **1.** *Бұқа сияқты, бұқа тәрізді.* Пұшпақ бөркін бір жақ шекесіне өзінің мінезі тәрізді, қыңырайта киген, таңқы мұрын бұйра сақал Жарқымбай бай жерошақ күлін шашқалы келе жатқан бұзық *б ұ қ а д а й* күдірейе ырғалып кіріп келді (Д.Әбілев, Ақын.). Палуандар шыға қалыссын, Балтырда бекем алыссын; Ұстаған жерін үзіссін, Көк *б ұ қ а д а й* сүзіссін (Манас). **2.** *Ірі, үлкен, жалпақ.* Жоны бір жалпақ жотадай, Мойны бір жалпақ *б ұ қ а д а й,* Балуаннан нөкер барлатып. Күреске салар ма екенбіз?! (Ақтамберді жырау [Сарыұлы]). Бірақ бұдан әрі қуанышқа шыдай алмайтынын сезіп, аяқ жағында үн-түнсіз тізерлеп отырған Қараүлектің *б ұ қ а д а й* жуан мойнынан құшақтап өзіне тартты (І.Есенберлин, Қаһар).

Жылан тиген бұқадай. *Есі шығып, меңірейген.* Мырза састы, сүрінді, Мұқан түсі құбылды. *Ж ы л а н т и г е н б ұ қ а д а й,* Түсінбей түкке тек тұрды (І.Жансүгіров, Шығ.).

Сүзеген [сотқар] бұқадай қарады [қадалды]. *Көзімен сүзе қарады, жақтырмады.* Шынболат төмен еңкейген күйі *с ү з е г е н б ұ қ а д а й* Жаңбыршыға *қ а д а л д ы* (Т.Жармағамбетов, Ақ жауын). *С о т қ а р б ұ қ а д а й* көзінің астымен сүзе *қ а р а п,* гүрілдеп пәрмен еткен Архиптің алдына түсіп, елпеңдей берді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Сүзетін бұқадай. *Басын төмен тұқыртып, мойнын күжірейтіп, көзін алартып, қатты ашулану.* Ол *с ү з е т і н б ұ қ а д а й* мойнын ішіне алып, жұдырығын түйе өзіне қарсы жүрген сақадай нық жігіттің түрінен қорқып кетті (Х.Есенжанов, Тар кезең). Дос Мөңкеге тура қарамаса да, *с ү з е т і н б ұ қ а д а й* басын бауырына алып, бетпе-бет кеп түйіліп тұр (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

БҰҚАКӨЗДЕН= е т. *Көзін сүзе, аларта қарау.* Ырыспен – семіз, *б ұ қ а к ө з д е н г е н* сары жігіт (Б.Майлин, Шығ.). Хатшы орнында дудар шашты, сүзеген *б ұ қ а к ө з д е н г е н* біреу отыр (Б.Майлин, Шығ.). Оқшау тұрған екі жігітке келіп тұмсық тіреген соң, еңгезердей *б ұ қ а к ө з д е н г е н* талтақтай, бұжыр бет берік қараны нұсқады (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

БҰҚАКӨЗДЕНУ *Бұқакөзден етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бастықтың *б ұ қ а к ө з д е н у і.*

БҰҚАҚ з а т. м е д. *Тамақ ісетін ауру түрі.* Біз мында көшіп келгенімізге көп қуандық. Өйткені Қоқанда *б ұ қ а қ* болып, тамағымыз ісіп кетпесін деп қорқып жүруші едік («ТУГ»). *Б ұ қ а қ* ауруы адамда жаз басында болады.

Онымен ауырған адамның тамағы сыртынан өседі («Түркістан»).

БҰҚАЛАҚ з а т. ж е р г. *Піштірілген еркек тайынша.*

БҰҚАЛЫҚ з а т. *Бұқаға тән әрекет, мінез.* Әкпардың әміркен бұқасы мына біздің Бақтияр секілді бір дәу неме екен. Әйтеуір, бір заманда *б ұ қ а л ы қ* парызын өтеу үшін, көңілсіздеу болса да кеудесін көтерді (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

Бұқалық құрды [қылды, етті]. қ а р а п. *Бұқаға тән қылық жасады, әрекет істеді.* Піштіруді бір жастан әрі жібермеу себебі – олар [еркек бұзаулар] тайынша күнінен-ақ *б ұ қ а л ы қ құ р ы п,* көк жонданып, жуыр маңда оңалмайды (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).Өгіздер, тайыншалар қырқысып, қызыл құнажынға кім көрінгені *б ұ қ а л ы қ қ ы п* жатқанда, ауылдың ана шетінен күжілдеп, бүйірлері сартылдап, тұяқтары сыртылдап, ұмтылып көк бұқа бара жатыр (Ж.Аймауытов, Шығ.). – Жапалақ, шырағым, жасырмай айтшы, мен жаңа *б ұ қ а л ы қ е т кі с і* келген өгізді көрдім-ау, сен соны байқадың ба? (Ә.Әбішев, Найзағай).

БҰҚАР з а т. *Жылқы терісінен өңделген былғары.* Марғұлан шапанының үстінен *б ұ қ а р д ы ң* құр белбеуін буынған (С.Шарипов, Бекболат).

Бұқардың гауһар тасындай. п о э т. *Бұқар жерінде өңделген асыл тас түріне теңеу.* Кебісінің өкшесі *Б ұ қ а р д ы ң г а у һ а р т а с ы н д а й* (Батырлар жыры).

Бұқар кілем. с ө й л. *Бұқарда тоқылған кілем.* Сұлтан тәжім етіп амандасты да, өзінің жасыл туының астында тұрған, үстіне жібек түкті сөнді *б ұ қ а р к і л е м і* жабылған төрдегі үлкен сандыққа барып отырды (І.Есенберлин, Қаһар).

Бұқар қалпақ. с ө й л. *Бұқарда тігілген, сол жер адамдары шығарған қалпақ.* Басында алтын зермен оқалаған *б ұ қ а р қ а л п а қ,* үстіне мақпал шапанды бос жамылған, ішкі бешпетінің омырауында медалы жарқ-жұрқ етеді (Б.Аманшин, Жар мұңы).

Бұқар қойы. с ө й л. *Бұқардан таралған қой түрі.* Аса құнды тұқымның бірі – қаракөл қойы. Оны ертеде *б ұ қ а р қ о й ы* деп те атайтын, өйткені алғашқы өсіп-өнген жері – Өзбекстан («Қазақст. ауыл шаруаш.»).

Бұқар мақамы. *Бұқар халқына тән мақам; әуен.* Жылысу арты Кішкене Молданың зор, сұңғақ үнмен, *б ұ қ а р м а қ а м ы м е н* бастап кеткен құранына сайды (М.Әуезов, Абай жолы).

БҰҚАРА [ар. **فقراء**] з а т. <лат. massa> **1.** *Халықтың басым көпшілігі, қауым, жұртшылық.* Әрине, сарындамашылық өршіл болу керек деген дұрыс пікір, бірақ өршіл болу үшін жалпы көптің, *б ұ қ а р а н ы ң* тұрмысы өрге жүзу керек (Ж.Аймауытов, Шығ.). Елді бағындырған Әбілхайыр хан мен елдің бір бөлек бас адамдары болды. Көп *б ұ қ а р а* бөтенге бағынғанға наразы болды (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын Елбасы *б ұ қ а р а ғ а* ұсынып, оны халық 1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылдады («Егемен Қазақстан»). **2.** *Халықтың бір тобы, бөлігі.* – Шаруа *б ұ қ а р а н ы ң,* жалшылардың тұрмысын жатырқап, жатсынбай, мектептен шығысымен-ақ жұрт қатарлы азамат болуы керек (М.Дулатов, Шығ.). Біз үшеуіміз Бородуллиннің өзіне сездірмей оны қызыл әскерлер *б ұ қ а р а с ы н а н* оқшаулауға кірістік (Қ.Әміров, Революция). Қазіргі мектеп жалшылар мектебі, кедей *б ұ қ а р а н ы ң* мектебі, сондықтан қазіргі мектептің үйрететін тәрбиесі де малшылардың, бұқараның салтынша болу керек (М.Дулатов, Шығ.). Бұл көтерілістің қорғаушы күші жерінен айырылып, жәбір шеккен шаруалар *б ұ қ а р а с ы* еді (А.Нұрқанов, Мызғымас дос.). 1917 жылғы қос революцияны да, оған жалғасқан азамат соғысын да, ауыл шаруашылығын ұжымдастыруды да, көшпелілерді зорлап отырықшыландыруды да және солар тудырған ашаршылық пен босқындықты да, тез қарқынмен жүзеге асырылған (ең алдымен шаруалар *б ұ қ а р а с ы* есебінен) елді индустрияландыруды да, бүкіл елмен бірге қанқұйлы фашизмге қарсы күресті де бастан өткізді («Егемен Қазақстан»). // *Қарапайым, жай (адам).* Қоженнен шықты бір балуан, *б ұ қ а р а* емес, тым сардал. Қол қусырып алдына қызмет қылар мың адам (Жеті қаған дастаны). **3.** *Ұлт.* Сөйтіп, біріншіден, Конституция бойынша қабылданған қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесі іс жүзінде орындалмай, күн тәртібінен автоматты түрде шығып қалуына мәжбүрлейді, екіншіден, әдейі жасалған сыртқы күштердің қысымы мен құқайының қақпайынан ұлттық рухани иммунитеті әлжуаз қазақ *б ұ қ а р а с ы* еріксіз өзгенің ықпалына түсіп, бірте-бірте тілдік сұранысы жоғалады («Түркістан»). **4.** *Бағыныштылық деген мағынада. Б ұ қ а р а* мен билік, ауқаттылар мен жоқ-жітіктер арасындағы атшаптырым алшақтық, экономикалық енжарлық және саяси самарқаулық, сыбайлас жемқорлық, олигархиялық байлыққұмарлық пен биліккұмарлық та содан (монополизмнен) өрбитіні сөзсіз («Егемен Қазақстан»). Ел қадірін білмейсің Хан едім деп қастанып, *Б ұ қ а р а ң а* қас қылдың (Бес ғасыр.).

Бұқара қозғалысы. *Халық көтерілісі. Бұқара қозғалысы,* әуелі танып келіп, Құнанбайдың өзіне қол салды (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

Бұқара ұраны. *Халық тілегі.* Бақыт деген батырдың пырағында, Бақыт деген *бұқара ұранында.* Бақыт деген өзіңнің босағаңда, Бақыт деген туған жер құрағында (Қ.Мырзалиев, Домбыра).

Бұқара халық. *Қарапайым халық, қалың көпшілік.* Патша жарлығы *бұқара халыққа* төтеден келген ауыр нәубет боп түр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Осыншама бүлінген мақсаты болыс, би, елу басы, старшын болмақ, дүшпанынан кек алмақ, намысқа тырыспақ, момын *бұқара халыққа* алым-шығынды аударып тастап бай болмақ (Ә.Бөкейханов, Шығ.). Ол қисын бойынша *бұқара халық* мемлекет тарапынан патерналистік (әкелік) қамқорлыққа үйреніп алған болатын («Түркістан»). Бірақ ол кезде бұл жер *бұқара халықтың* еншісінде емес еді (Қ.Сиранов, Кино тур.).

Еңбекші бұқара. т а р. *Қара халық, еңбекші қауым.* Біздің елімізде *еңбекші бұқара* өнердің жалаң қызықтырушылары ғана емес, өздері де сол үлкен рухани құбылысты өркендетуші күшке айналды (І.Омаров, Серпін). Ахмет газет, журнал беттеріндегі *еңбекші бұқаранының* үстем тап өкілдеріне қарсы күреске шақырған, жаңаша өмір құруға уағыздаған материалдарды оқыды (Ж.Рсалдин, Ахмет Жұбанов).

Жалпы бұқара. *Халық, көпшілік.* Мектептен оқып шыққандар шетінен тоғышар, *жалпы бұқара* түрмысынан хабарсыз, іске олақ, шаруаға зейінсіз келетін (М.Дулатов, Шығ.).

Қалың бұқара. *Көпшілік, халық.* Учредительное собрание сайлауына кіріскенде Ақмола қазақтарының *қалың бұқарасы* біздің жақта болатын еді (С.Сейфуллин, Тар жол.). Еңбекші халық тудырған ауыз әдебиеті *қалың бұқараның* қоғамдық-таптық көзқарасын, сана-сезімін білдіріп отырады (М.Габдуллин, Қаз. ауыз әдеб.).

Қара бұқара. *Қалың көпшілік, еңбекші қауым, қарапайым халық.* Қоныстың тарылуы, жердің азаюы, елдің түрлі тапшылыққа қалуы, үкіметтің зорлық-зомбылығы *қара бұқараны* көрген күніне наразы қылып, түрлі қимыл туғызады. Адастыратын соқпақтарға түспей, көздеген нысанаға жеткізетін дұрыс жолмен жүре алса ғана осындай қимыл жемісті бола алады (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Ал, жастар! Жігерленбей, сілкінбей *қара бұқаралармыздың* есі кірмей, ақыл да, білім де күштіде, жуанда деп бағына берсек іс бітіре алмаймыз (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Ұлтшыл бұқара. *Ұлтжанды азаматтар, халық өкілі.* Орыстардың бізге деген дүшпандығы нәтижесінде 1916 жылы халқымыздың басына түскен шексіз ауыртпалық пен жәбіржапаны *ұлтшыл бұқараның* мойнына жүктеп қоюға әрекет жасап отыр (М.Шоқай).

Халық бұқарасы. *Қарапайым халық, қалың көпшілік, ел.* Жоспар *халық бұқарасының* барлық күш-жігері мен творчестволық қабілеті жұмылдырылуын талап етеді (Қысқ. саяси экон.). Ал патша үкіметі таптық мүддесі, көздеген мақсаты бір *халық бұқарасын* өзара араздастыруға, қырқыстыруға тырысып бақты (А.Нұрқанов, Мызғымас дос.). Сондықтан да *халық бұқарасының* басым көпшілігі елімізде сол идеяларды жүзеге асыру үшін, туған еліміз бен өлкеміздің экономикалық күш-қуатын нығайту, мәдениетін дамытып, халықтың әл-ауқатын арттыру жолында жасампаздық еңбек етті («Егемен Қазақстан»).

БҰҚАРАЛЫҚ с ы н. *Бұқараға тән, бұқараға қатысты.* Бұл – халықтың өз қолымен жазылған, нағыз *бұқаралық,* халықтық Конституция (Ж.Исмағұлов, Адам.). Олардың бәрі де ешкімді артық-кем дәрежеге қоймайтын, таптық та, дәулеттік те айырманы білмейтін нағыз *бұқаралық* салтанат бар (Ғ.Аманғалиев, Жаңа жора.). Әлеуметті, *бұқаралықты* тәрбиелеу ретінде әдебиет зор құралдың бірі (С.Сейфуллин, Шығ.).

Бұқаралық ақпарат құралдары. *Газет-журнал, радио мен теледидар сияқты ақпарат тарату құралдарының жалпы атауы, баспасөз.* Нақ оның күш-жігерімен Қазақстанда демократияның берік негізі қаланды, оны *бұқаралық ақпарат құралдары* да, бизнес аксүйектері де, тіпті мемлекеттік қызметшілер де қалауынша пайдаланып келеді («Егемен Қазақстан»). Тұрғын үйді бөлу туралы шешім облыстар әкімдерінің басшылығымен құрылған, құрамына *бұқаралық ақпарат құралдары* мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері енген комиссияның шешімі негізінде қабылданады («Егемен Қазақстан»).

Бұқаралық қозғалыс. *Халық көтерілісі, ел наразылығы.* Соңғы бес жылдың ішінде жиһангерлік соғысқа, империалистік агрессияға қарсы, дүние халықтарының *бұқаралық қозғалыстарына* дем беретін көп еңбектер жазылды (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

Бұқаралық мәдениет. *Жалпыхалықтық мәдениет.* Адамдар қоғамдағы қарапайым тобыр мүшесіне, *бұқаралық мәдениет* өкіліне айналмайды, олар бұл тіршілікте өзіндік

лайықты өмір жолы бар, еркін азаматтар қауымдастығына айналады («Түркістан»).

Бұқаралық сана. *Қоғамдық сана.* Бүгінгі таңда «кедей» елдердегі халықтың *б ұ қ а р а л ы қ с а н а с ы* қазіргі дүниені шыңдалмаған деуден гөрі әділетсіз деуге бейім екенін елемеуге болмайды (Н.Назарбаев, Сынд. он. жыл). *Б ұ қ а р а л ы қ с а н а* – қоғамда кең тараған идеяларды, көзқарастарды, ұғымдарды, әлеуметтік сезімдерді қамтиды (ҚҰЭ).

Бұқаралық саяси жұмыс. *Көпшілік арасына жүргізілетін саяси үгіт.* Кейбір клуб советтері жұмыс істемейді, көркемөнерпаздар үйірмелері ұйымдаспайды, *б ұ қ а р а л ы қ-с а я с и ж ұ м ы с т а р* аз болады (М.Ықсанов, Шығ.).

Бұқаралық сипат. *Жалпыхалықтық көпшілікке тән үрдіс.* Бұл жұмысқа Қазақстанның барлық азаматтары, көрнекті тұлғалар, қоғамдық пікірдің көшбасшылары, ел дегдарларының өкілдері тартылуға тиіс деп білетін, мұның өзі оған барынша ашық әрі *б ұ қ а р а л ы қ с и п а т* берер еді («Егемен Қазақстан»).

Бұқаралық түйсік. *Халықтың наным-түсінігі, халық арасында қалыптасқан сана.* Әділетсіздікке қатысты мұндай *б ұ қ а р а л ы қ т ү й с і к т і ң* сыр-себебі ғасырлар аясында қалыптасқанын және оған Африка, Азия, Латын Америкасы сияқты елдердегі отаршылдық кезеңдер туралы тарихи естеліктер негіз болғанын мойындаған жөн (Н.Назарбаев, Сынд. он жыл).

Бұқаралық үгіт. *Халық арасында жүргізілетін саяси сипаттағы үгіт-насихат жұмыстары. Б ұ қ а р а л ы қ ү г і т* жұмысы еңбекші шаруаларды ойландырған экономикалық және саяси зәру мәселелерге байланыссыз жүргізілді (Қазақ ССР тарихы).

Бұқаралық шара. *Жалпыхалықтық қоғамдық жұмыстар.* Жеткіншектің семья арасындағы тәрбиесі, үйдегі режимі, мектепте, айналада жүріс-тұрысы, кластан, мектептен тыс жүргізілетін *б ұ қ а р а л ы қ ш а р а л а р ғ а* қатысуы, талғам татымдылығы – осының бәрі де қоғамдық ұйымдардың бала тәрбиесіне байланысты жүйелі жүргізілетін жұмыстарының белді салалары («Қазақст. мект.»).

БҰҚАРА-СҰҚАРА з а т. э к с п р. с ө й л. *Кедей-кепшік, момын шаруа, қарапайым халық тобы.* Әзімбай айтқанда: Абай қырдағы толып жатқан егінші, пішенші, еменжарқын ғана тірлігі бар жатақ-сатақ деген, *б ұ қ а р а с ұ қ а р а* дегенді қостағыш боп алыпты (М.Әуезов, Шығ.).

БҰҚАРАШЫЛ с ы н. т а р. *Бұқараның мұңын мұңдап, жоғын жоқтаушы, қара халықтың қамын ойлайтын, халықшыл (адам).* Жолдастар, шын *б ұ қ а р а ш ы л д а р!* Байлардың өтірік арызға сүйенген шабуылынан мені құтқарыңдар (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). Төңкерісшіл, *б ұ қ а р а ш ы л* ақын, әдебиетші болудан әркімнің-ақ дәмесі бар. Әркім-ақ келсе-келмесе де бірдеме жазып, тырбанып жүр (Ж.Аймауытов, Шығ.). Енді бір алуан жырлар 1916 жылғы көтерілісті өмірдің даму заңдылығына сәйкес баяндайды. Сондықтан бұл жырларды *б ұ қ а р а ш ы л* бағытта дамыған әдебиет деп бағалауымыз керек («Қаз. әдеб.».). Абайдан ауысқан реализм, *б ұ қ а р а ш ы л* тенденция Тұрмағамбеттің көп жылдарға дейінгі таусылмас рухани азығы болды («Қаз. әдеб.»).

БҰҚАРАШЫЛДЫҚ з а т. *Бұқарашыл болушылық, бұқараның жоғын жоқтаушылық, қара халықты жақтаушылық. «Б ұ қ а р а ш ы л д ы қ»* жағын айтасыз ба дедім. Ондағы айтпағым: кәрі-жасы аралас, байкедей демей, бәрі де қол көтерді демек ем, – деді (Х.Есенжанов, Шығ.). Бұл заңды ұйым аталмағанмен, іс жүзінде көзге көрінген бағыт ысмағұлшылдықтың әдебиеттегі ұраны – *б ұ қ а р а ш ы л д ы қ* (С.Мұқанов, Өсу жол.). – Сөйтіп: «қазақта әдебиеттің екі-ақ бағыты бар. Біреуі *б ұ қ а р а ш ы л д ы қ,* біреуі – кедейшілдік», – деген тым оңай олжаға ие болған екенсіз, азамат Қошке! (С.Мұқанов, Өсу жол.). *// Халықтық, халыққа тән.* Сабыр көтерілістің *б ұ қ а р а ш ы л д ы қ* сипатын көрсетуде де, тұтас халық тұлғасын жасауға да көп көңіл бөлген (С.Шарипов, Бекболат).

БҰҚАСЫМАҚ з а т. э к с п р. *Бұқаның әрекетін істеуші, соған ұқсаушы.* Ондай *б ұ қ а с ы м а қ т а р* торпақ соңына түсіп, гүжілдегенге мәз болар еді (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

БҰҚАТАНА з а т. з о о л. *Қаршыға құстың бір түрі.* Қаршыға ақтұнжыр, қаратұнжыр, ақшыл, сұрғылт, қызылқайың, шәулі, *б ұ қ а т а н а* деген текке бөлінеді (Ш.Айманов,.. Қыран.).

БҰҚАТАРТЫС з а т. о й ы н. *Жиында, той-томалақта екі кісі жонына арқан салып тартысып, күш сынасатын ұлттық ойын.* Майлыбай той-жиында оны *б ұ қ а т а р т ы с қ а* түсіріп, бәйгесін де талай алған («Жалын»). Бір-екі божбандай әйел *б ұ қ а т а р т ы с қ а* түсіп жатты («Лен. жас»).

БҰҚАША[1] з а т. *Екі жасар тана бұқа, жас бұқа.* Ірі қараның екі жастан жоғары, піштірілмей, тұқымдыққа қалдырылғандарын *б ұ қ а ш а,* тайынша бұқа, ал есейгенін – бұқа дейді (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

БҰҚАША[2] ү с т. *Бұқаға ұқсап, бұқа сияқты.* Самогоншы кержақтардың мұрны тәрізді қожыр-қожалақ, балшық танауын оқтын-

оқтын кәрі *б ұ қ а ш а* шиырып-шиырып қояды (С.Байзақов, Адам және көлеңке). Жарқынбай әлі ашулы. Күш көрсетіп, мойнын қасқырша күжірейтіп, күл шашқан сүзеген қара *б ұ қ а ш а* гүж-гүж етеді (Д.Әбілев, Ақын.). – Мә, сағаң, мә сағаң! – деп *б ұ қ а ш а* тірескен екеу төмпештесіп жатыр (Ж.Арыстанов, Таңд.).

Бұқаша көз алартты. *Қатты ашуланып, көзін төңкере қарады.* Соның бірі есуас зеңгі Жүсіп, *Б ұ қ а ш а* басқаларға *к ө з а л а р т т ы* (Қ.Аманжолов, Шығ.). – Жәкең дұрыс айтады. Әй, ноғай, Жәкеңді тыңда, сен ноғай! – деп, Әбсаттарға *к ө з і н* сүзеген *б ұ қ а ш а а л а р т а* қарады (Б.Аманшин, Көкжар).

Бұқаша қарады. *Жаратпай, жақтырмай, көз аларта қарады.* Жұмарақымның мұнысына Ыбырайым жаман көзімен *б ұ қ а ш а* бір *қ а р а п* алды (І.Жансүгіров, Шығ.). Шамданғаны бет әлпетінен-ақ білініп тұр, томсырайып *б ұ қ а ш а* сүзе *қ а р а д ы* (З.Шашкин, Тоқаш Бокин).

Сүзеген бұқаша. *Мойнын күжірейтіп, көзін алартқан, ашулы күйде.* Онан кейін әлгі талайды көрген қу мүйіз *с ұ з е г е н б ұ қ а ш а* айналасындағыларды бір жайпап тастап, өз жөнімен кете барған (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Ол *с ұ з е г е н б ұ қ а ш а* көзі аларып, тура әйеліне қарсы жүреді (Б.Тілегенов, Көктем.).

БҰҚАШАДАЙ ү с т. *Бұқашаға ұқсап, бұқаша сияқты.* Сойған түлкі секілді, Сатышым жүр ырсиған. Тұрабымның түрпаты – *Б ұ қ а ш а д а й* тырсиған (Жамбыл, Шығ. жин.).

БҰҚАШЫ з а т. *Бұқа бағатын кісі, бақташы.* Ізбасқан дейтін *б ұ қ а ш ы* қартпен жол-жөнекей кездесудің өзі бір бөлек қызық болды (Х.Ерғалиев, Шындық.). Иванның соқашысы едім, Мәселейдің *б ұ қ а ш ы с ы* едім (І.Жансүгіров, Шығ. жин.).

БҰҚАШЫҚ з а т. э к с п р. *Жас бұқа, бұқаша.* Тәжірибенің соңында бірінші топтағы әрбір *б ұ қ а ш ы қ* тәулігіне 747 грамнан салмақ қосты, мұның өзі екінші топтағы *б ұ қ а ш ы қ т а р д ы ң* тәуліктік орташа салмағынан едәуір жоғары болды (Қ.Құсайынов, Сабан.). Өңшең сәурік, текешік, *б ұ қ а ш ы қ т а р.* Бір-бірін сүзіп, шаншып жараласқан. Жақсыны өзі болған көре алмаған. Өр қойып жан-жағынан қамаласқан (М.Көпеев [Мәшһүр-Жүсіп], Тірлікте.).

БҰҚБАС з а т. з о о л. *Таулы жерлердегі өзен бойларында жүретін қара қоңыр түсті торғай.* Албандар атын атап түстейтұғын, Мінеки Алатауға біткен торғай: қара, боз, суық, *б ұ қ б а с,* сипті, шымшық, Шапшақай, майлық, маубасбұқа, шөже (І.Жансүгіров, Шығ.).

БҰҚИ= е т. ж е р г. *Еңкею, бүкшию, бүкірею.* Ол кірерге тесік таппады, Ернін жымыра тістеп алып, *б ұ қ и ы п* төмен қараумен болды (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Дариға төмен *б ұ қ и д ы,* барлығынан аласа көрінуге тырысқаны. Беті қызарған жоқ, алайда іштей өртенгені анық (Т.Тілеуханов, Шарапат.).

БҰҚИТ= е т. ж е р г. *Еңкейту, басты төмен салдыру.* Теңіз туың, Дауыл шуың. Белді буып, Қос тізені! Көтер басты *б ұ қ и т п а й* (С.Сейфуллин, Шығ. жин.). Адымда алға! Көтер басты *б ұ қ и т п а й* (С.Сейфуллин, Шығ. жин.).

БҰҚИТУ *Бұқит етістігінің қимыл атауы.* ≈ Басын *б ұ қ и т у.*

БҰҚҚЫСЫЗ с ы н. *Бұқпаса да болатын; кісі бойлайтын, биік, аласа емес.* Ішіне кірсе шыққысыз, Төбесі биік *б ұ қ қ ы с ы з,* Колхоз қора салыпты (Ақын жырлары).

БҰҚҚЫШ с ы н. *Бұға беретін, бұғып қалатын.* Бірақ ондай жыныс арасын мекен еткен, өзі бұлтарғыш, *б ұ қ қ ы ш* ақ жеке қыран құс тұрсын жер бетін тіміскілей жабылған тазыларға да алдыра қоймайды ғой (Ә.Көшімов, Жас аңшы).

БҰҚПА[1] з а т. *Көзге түспейтін, қалтарысты жер, жасырынуға ыңғайлы орын, таса, пана.* Таң сыз беріп, жарық бола бастағанда Тұсырман бір *б ұ қ п а ғ а* жасағын иіреді (Ғ.Сланов, Домбыра.). Бұрқасында *б ұ қ п а* іздеп, Күрекең жалғыз қалды. Арбасы аударылып қалған қоқыршының күйіне түсті (Ғ.Қабышев, Мінездеме). *Б ұ қ п а д а* қайрап қанжарын, Кезенер бір кез Мердияр. Аманкелді тарланын Ажалға қайтіп ел қияр? (Қ.Бекхожин, Дала комисс.). // *Жасырын, құпия; ішке бүккен.* – Білем, *б ұ қ п а* ақылға бәрің мығымсың (Ғ.Мұстафин, Миллионер). Үлкейген соң әкесінің фашистермен шайқасқан жерлерін аралап көріп, әке ерлігі туралы кітап жазбақ. Бұл – іштегі *б ұ қ п а* арман (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке).

Бұқпа есеп. *Ұсақ, арам есеп.* Күнке әрқашан *б ұ қ п а е с е п к е* бейім тұратын (М.Әуезов, Абай жолы).

Бұқпа сауда. *Тауарды салық төлемей, заңсыз жолмен ұрлап өткізу; контрабанда.* ≈ *Б ұ қ п а с а у д а с ы* әшкереленді.

БҰҚПА[2] з а т. ж е р г. *Сыраны ашытатын ашытқы.* Мұнда *б ұ қ п а* сатыла ма? (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БҰҚПАҚТА= е т. с ө й л. ***Бұқпала.*** Бірлік ынтымағын бұзбай, аса бір ұйымшылдықпен кезектесіп шегініп келе жатқан жаяу әскерлердің алды *б ұ қ п а қ т а п* жүгіріп өтті (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). Бұйратов үн-түнсіз, тықырсыз, ернін жымыра тістеп, Жанарға жақындаған сайын *б ұ қ п а қ т а п,* бойын жасырып, көздеген жеріне жетті (З.Қабдолов, Жалын). Тұт-

қындар жүр *б ұ қ п а қ т а п,* іздеп таса... (Қ.Жұмаділов, Қырда.).

БҰҚПАҚТАУ *Бұқпақта етістігінің қимыл атауы.* Тым-тырыс, айналада бір дыбыс жоқ, Келеді *б ұ қ п а қ т а у м е н* тасаланып. Соғыстан қан төгілген жараланбай, Бір өзі аман қайтты жалғыз қалып (Үш ғасыр.). – Әк, былай, әк! Ақшаптың *б ұ қ п а қ т а у ы н!* Ой, алаөкпе келгір! (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

БҰҚПАЛА= е т. **1.** *Бойын жасыру, тығылу, тасалану.* Таңқыбайдың *б ұ қ п а л а ғ а н* жері уездік тергеушінің үлкен кеңесінің алды – биіктігі кісі бойы қол ұсыным, ақ сырлы, қалың қапсырмалы есіктің тасасы еді (Х.Есенжанов, Көп жыл.). *Б ұ қ п а л а й* жүгіріп сеңнен сеңге секіреміз. Кейде мұздың жаңадан қатқан жұқалтым кемері омырылып кетеді де, қолтықтан ғана ілініп қаласың (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Қадиша соңғы екі жыл ішінде көп өзгерді. *Б ұ қ п а л а п* келіп, бірден көтерілген адамша, тіпті бойшаңданып та кетті (А.Тоқмағамбетов, Әке.). **2.** *Паналау, бас сауғалау.* Қыстың күні жаман-жәутік, арық-тұрағымызбен әрбір сайға *б ұ қ п а л а п,* паналап тіршілік етеміз (М.Әуезов, Абай жолы). **3.** *Имену, ойын ірку, қорқу, тартыншақтау.* Бірақ ол жылдағыша мысық табандап *б ұ қ п а л а м а й,* морт мінез адамның ашуындай күрт келді (Ә.Сараев, Тосқауыл).

БҰҚПАЛАҚТА= е т. *Әр жерге бір бұғыну, жиі-жиі бұқпалау, жасырыну, бой тасалау.* Молдағазы орнынан ұшып тұрды да, мылтығын кезеніп: – Неғып тұрсың, *б ұ қ п а л а қ т а м а й* бері шық, – деді оған («Лен. жас»).

БҰҚПАЛАҚТАУ *Бұқпалақта етістігінің қимыл атауы.* Тілерсектен саз кеше, жау жатағына қарап аяңдап келеміз. Әуелгі сәтте еркіндеу жүрген едік. Аздан кейін *б ұ қ п а л а қ т а у ғ а* мәжбүр болдық (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.).

БҰҚПАЛАН= е т. *Бұғып, тасалану; жасырыну, еңкею.* Көше түрғанда түн ішінде бақшамен жүрген бейсауат сонда кім болмақ? Не қып *б ұ қ п а л а н ы п* жүр? (С.Сарғасқаев, Сынған тіс). Ол терек паналап *б ұ қ п а л а н ғ а н* сайын қалқиған құлағы бұтаққа шаншылған жарғақтай денесінен бөлектене берді (С.Адамбеков, Қожанасыр.). Тігілген қос отаудай «Қостөбе» тұр, Алдында Хантәңірдің *б ұ қ п а л а н ы п* (М.Мақатаев, Дариға жүрек).

БҰҚПАЛАНУ *Бұқпалан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Сайға *б ұ қ п а л а н у.*

БҰҚПАЛАТ= е т. **1.** *Еңкейту, тасалату, бұкшиту.* Ол бәрімізді соңынан тізбектеп ертіп, жер бауырлата *б ұ қ п а л а т ы п,* баудағы бұлбұлға сығалап қана қарауға рұқсат ететін (Ж.Аяшев, Алақан). Сөйтеді де: «Еңкейіп кіріңіз, есігі нашар», – деп *б ұ қ п а л а т а* бастайды (А.Тоқмағамбетов, Шөңгек). **2.** а у ы с. *Бастырмалату; еңсесін көтертпеу.* Басылып үнсіз қалды Әсиямыз, Мұндайда бәріміз де ашынамыз. Жан-жақтан *б ұ қ п а л а т с а* бүлік сөздер, Білсек те ақиқатты басыламыз (Қ.Бекхожин, Үш кезең).

БҰҚПАЛАТУ *Бұқпалат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үнсіз *б ұ қ п а л а т у.*

БҰҚПАЛАУ[1] с ы н. *Бәсең, ақырын; сенімсіздеу, шарасыз.* Ондай жас адамдардың өзін қайдан аламыз? – деген *б ұ қ п а л а у,* кекесінді даусы шықты (С.Бақбергенов, Кентау).

БҰҚПАЛАУ[2] *Бұқпала етістігінің қимыл атауы; тығылу, тасалану, жасырыну.* Жұлдыз «зау» да, Жылмыңдау да, Ай, тайтұяқ күмісім. *Б ұ қ п а л а у д а,* Төбет «уау» да, Жақтырмайды үрісін (І.Жансүгіров, Шығ. жин.).

БҰҚПАНДА= е т. с ө й л. ***Бұқпала***. Сағын батырдың иттен қорқып бара жатқанын қарашы! Әне, *б ұ қ п а н д а п* барады (М.Сүндетов, Балық аула.). Ақыры, Дүмбай сай ішімен *б ұ қ п а н д а п* қойшының үйінің маңына барып, реті келсе қызбен жолығуға тоқтады (Ә.Сараев, Бозқырау).

БҰҚПАНДАУ *Бұқпанда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ағаш арасына *б ұ қ п а н д а у.*

БҰҚПАНТАЙ с ы н. **1.** *Бас сауғалаған, жасырынған.* Тек анадай-анадайдан көрінетін қара жалдардың теріс бауыр қыртыс-қыртыстарында қалған *б ұ қ п а н т а й* ұры-қарылар болмаса, бұл төңірек әбден арылған кез (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). **2.** а у ы с. *Именшек, қорыншақ, жалтақ.* «Мына Құдайдан безген, тағы не бүлдіріп жүр», – деп діншіл шалдар мен пәшпірті біткен *б ұ қ п а н т а й* молдалар сырттан күңкілдеседі (С.Омаров, Дала қызы). Күйеу жас болса да, молдаторғай секілді *б ұ қ п а н т а й* өмірге үйренген байғұс екен (Д.Досжанов, Зауал). // *Жалтақтық, қорқақтық, бұғып қалушылық.* Өз басы *б ұ қ п а н т а й д ы* білмейтін ол: «Әлде, бұл ғайбат сөз шығар»... – деді (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). Хабаршыға өзіңді ата! Бірге өлуді армандаған соң ендігі *б ұ қ п а н т а й ғ а* орын жоқ (К.Оразалин, Көктем.). **3.** а у ы с. *Жымысқы, бүкпе, арам, бықсық.* Кейде қартаң, сырдаң, дүниеқор болыс-билер, малқорда, быксыма, жаман ойшыл, *б ұ қ п а н т а й* адамдар кезігеді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Көрнеу дұшпаннан сақтануға болады. Іш құрттай тауысатын – бітеу жара *б ұ қ п а н т а й* ғой... (С.Талжанов, Ұлдай.).

БҰҚПАНТАЙЛА= е т. **1.** *Жасырыну, бұғу, тасалану.* Жақсы үмітке жарқыратып маңдайын, Жүрсе де адам қандай жарқын тілекте. Бірақ қайғы *б ұ қ п а н т а й л а п* әрдайым Жол

табады жүрекке (М.Шаханов, Ғасырлар.). Бимағамбет екі граната алды да зып етіп, ағаш арасымен *б ұ қ п а н т а й л а п* алға ұмтылды (М.Сатыбалдиев, Жартас.). Қалың шилі, бұталы келетін бұл тебіндік бір жағы ықтасын да, бір жағы *б ұ қ п а н т а й л а п* келетін бөріге де жатып атар жер (Ж.Мусин, Таң нұры). Молда торғай тәрізді жусаннан әзер босап *б ұ қ п а н т а й л а п* отырған мыртық Махмуд қозғалақтады (Д.Досжанов, Жібек.). **2.** а у ы с. *Жалтақтау, жасқану, имену, тайсақтау.* Өмір талқысынан жасырынып, *б ұ қ п а н т а й л а п* жүрген адамда ешқандай құн болмақ емес (М.Дүйсенов, Гүлжан.). *Б ұ қ п а н т а й л а м а й* айта бер, Есет! Шіркін, алтайы қызыл түлкідей бала емес пе?.. Қазір көрдің бе ол періштені? – деп өзінің оны Кенжебекке нұсқағандағы түпкі мақсатын жасыра түсті (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.).

БҰҚПАНТАЙЛАУ *Бұқпантайла етістігінің қимыл атауы, жасырыну, тасалану.* ≈ Тасасында *б ұ қ п а н т а й л а у.*

БҰҚПАНТАЙЛЫҚ з а т. *Бұққыштық, именшектік, жасқаншақтық.* Өмірден көп аласың, Қай бәйгіден қаласың. *Б ұ қ п а н т а й л ы қ* жетті ғой, Жалын боп қашан жанасың?! (Қ.Жармағамбетов, Сырлы тал).

БҰҚПАНТАЙСЫЗ с ы н. *Бұкпесіз, ашық, еш нәрсені жасырмай, тура.* Мен сізбен және мұғалімдермен турашыл, *б ұ қ п а н т а й с ы з,* мәймөңкесіз қатынаста болдым («Қаз. әдеб.»). Ағынан жарылған шын жолдастық, *б ұ қ п а н т а й с ы з* әңгіме ешқандай жаза қолданбағанмен, бүкіл өмір бойы естен шықпайтыны сөзсіз («Лен. жас»). Әміршінің *б ұ қ п а н т а й с ы з* әңгімелесетін адамы – қазына бастығы мен осы күтуші кемпір-ді (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.).

БҰҚПАТОРҒАЙ з а т. с ө й л. ***Молдаторғай.*** – Е, *б ұ қ п а т о р ғ а й* сияқтанып, әншейін бұға берсем құтылады екем деп, сол аурудан текке қорқып жата беріппін (М.Әуезов, Абай жолы).

БҰҚПАТОРҒАЙЛЫҚ з а т. *Жалтақтық, тайсақтаушылық, өзіне-өзі сенбеушілік.* Қала барып, қағаз шұқып, алды-артын таныдым дегелі бері осынау *б ұ қ п а т о р ғ а й л ы қ қ а* қоңсы қонып апты (А.Сүлейменов, Бесін).

БҰҚПАШТА= е т. с ө й л. ***Бұқпантайла.*** Екеуі тас-тастың арасымен *б ұ қ п а ш т а п* жүріп, Қарадәу ордасының ту сыртына жетіп тоқтады (Тұлпар).

БҰҚТЫР[1]= е т. **1.** *Еңкейту; бой тасалату, жасырынуға себеп болу.* Танк тіпті таянып қалды. Оның пулеметтерінен бүріккен оқтары, Мәншүкті тастың ығына еріксіз *б ұ қ т ы р д ы* (С.Мұқанов, Аспаз). – Ана тұрған құлжаны көрдіңдер ме? Сезіп қалса маңайлатпайды, – деп екі жолдасын *б ұ қ т ы р а* қойды (С.Бегалин, Уақыт.). Үстіміздің зуылдап өтіп жатқан оқтар мен зыңылдаған мина жаңқалары екеумізді де окоп түбіне *б ұ қ т ы р д ы* (Б.Момышұлы, Шығ.). **2.** а у ы с. *Қорқыту, именті ру, жалтақтату, ықтыру.* Қуантып келді құлдарды, Әуелі үрке қаратып. *Б ұ қ т ы р ы п* келді сұмдарды Тұмсығын тағы қанатып (Ж.Молдағалиев, Жесір.). Бірақ қазір Базаралының сөзі бадырайып кеп басқа соққандай Оразбай мен бұның өзін тапқандықтан, Күнту жауап айтуға тура келді, ол да Оразбайдың жаңағы айтқан сөзін қатты қостайды. Құнанбайларды ұра беріп, *б ұ қ т ы р а* берсе, әсіресе, жеңе берсе, бұның болыстығының бауы берік боп тұра беретіні айқын (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Түбінде өмір ұқпасты ұқтырады, Ықтырады. Ақыры *б ұ қ т ы р а д ы.* Өткен-кеткен кездерді есіме алып, Төбе шашым өзімнің тік тұрады (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Ай, тағдыр-ай! *Б ұ қ т ы р ы п,* жалтақтатып қойған заман-ай! (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Шамды бұқтырды. *Шамның білтесін бастырды, жарығын азайтты, сығырайтып қойды.* Келсе, *ш а м д ы б ұ қ т ы р ы п,* Айтолқын төсегінің үстінде тұрып отырады (Б.Майлин, Шығ.). Жетілік май *ш а м н ы ң* білтесін көтермей, *б ұ қ т ы р ы п* қойды (М.Сүндетов, Ескексіз.). Ондайда Николай Иванович қасына келіп, дем алу қажет екенін ескертіп *ш а м д ы б ұ қ т ы р ы п* кетеді (Ж.Молдағалиев, Таза бұлақ).

БҰҚТЫР[2]= е т. **1.** *Шайды, тамақты бетін жауып, жай отқа қою.* Қазды осылай екі сағаттай *б ұ қ т ы р а д ы.* Әлсін-әлі бетін ашып, өзінен аққан тұздығымен үстін құймалап, аударып отыру керек («Мәдениет және тұрмыс»). Кебегінен тазарған астықты жаныштап сорпаға немесе суға салып баяу қайнатады да, бөртіп ісінген соң, *б ұ қ т ы р ы п* қояды (Д.Қатран, Қазақ. ас-тағам.). Раушанның шайды тәуір көретінін білетін ол Гүләйша үйреткендей, *б ұ қ т ы р ы п* шығарып, сүтті қаймақтап қатып, кесенің түбінен ғана құйып беріп отырды (Ш.Құмарова, Қос шынар).**2.** *Тағамға әртүрлі тұздық салып, дәмін кіргізу үшін жауып қою; сіңіру.* Қаншайым кешкі тамақты бағана пісірсе де, Тұрсынғалидың келуін күтіп, *б ұ қ т ы р ы п* қойған (Ф.Оңғарсынова, Биіктік). Тұздыққа ол таулық жерде ғана өсетін тау жуаны, құмда өсетін көсікті араластыра турап, ыстық сорпаға *б ұ қ т ы р ы п* қойып жасаған екен (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Ендеше ашқарынға ел қонсын деп алдына тартқан жүрек, бауыр араластырып, лимон

сөліне *б ұ қ т ы р ы п* пісірген ащы қуырдаққа шүйлікті. «Баяғы бабалар асы қайдан жүр» деп ойлаған іштей («Егемен Қазақстан»).

БҰҚТЫРМА[1] з а т. *Жасырын тосқауыл.* Сонда қырғыз қуады, *Б ұ қ т ы р м а* қойып тығады. Алдынан аңдып түсіріп, Сегізін ұстап алады (Айтыс).

БҰҚТЫРМА[2] з а т. ж е р г. *Самаурынның оттығындағы шоқты өшіру үшін жабатын арнайы қақпақ.* Самаурынымыздың *б ұ қ т ы р м а с ы н* да тазалап жу (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БҰҚТЫРМА[3] з а т. т а м а қ. *Бұқтырылып пісірілген тағам.* Негізінен ішіне татымдық заттар салынған, ұзақ сақталатын ет *б ұ қ т ы р м а л а р ы* (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

БҰҚТЫРУ *Бұқтыр етістігінің қимыл атауы; қорқыту, имену.* Бақыт деген – қиын кезде тік тұру, Жалт бұрылған қайырымсызды *б ұ қ т ы р у* (Ө.Күмісбаев, Ақбота.). Адамдарға, олардың шынайы қасиеттеріне деген сенбеушілік, өзін осыған *б ұ қ т ы р у* оның бойына уытын жайған («Қаз. әдеб.»).

БҰҚТЫРЫЛ[1]**=** е т. **1.** *Жарықтың, оттың басылуы, бәсеңдетілуі.* Керосин шамдардың бәрі *б ұ қ т ы р ы л ы п,* қызғылт оттарының қылтиған сүйрік ұштары ғана жылтырайды (С.Мұқанов, Өмір мектебі). **2.** *Самаурын оттығындағы шоқтың өшірілуі.* Кешкі тамақ піскелі екі сағаттан артық уақыт өтті. Самауыр *б ұ қ т ы р ы л ғ а н* қалпында суып қалғалы қашан (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.).

БҰҚТЫРЫЛ[2]**=** е т. *Түрлі тұздықтар салып, дәмін кіргізу үшін жауып қою, сіңіру.* Сол себептен құсты пісірілген немесе *б ұ қ т ы р ы л ғ а н* қызылшамен азықтандыруға болмайды (Құс өсіруші.). Астына отты аямай өртеген дәу-дәу тай қазандардың қақпағы ашылғанда қапысыз *б ұ қ т ы р ы л ғ а н* күріш палаудың иісі кешкі аспанның астын жайлап, аңқып қоя берді (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.).

БҰҚТЫРЫЛУ *Бұқтырыл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Күріштің *б ұ қ т ы р ы л у ы.*

БҰҚШАҢДА= е т. с ө й л. ***Бұкшеңде.*** Дүмбай үй жаққа қарай *б ұ қ ш а ң д а п* бара жатқанда шелек сылдыры естілгенін, қараса сол қыз екенін, не істеудің амалын білмей жайлап ысқырғанын... үзіп-үзіп азар айтып бітірді (Ә.Сараев, Бозқырау).

БҰҚШАҢДАУ *Бұқшаңда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қораға қарай *б ұ қ ш а ң д а у.*

БҰҚШИ= е т. с ө й л. ***Бұкши.*** Он бірдегі үлкені терезе алдындағы жазу столына асылып, теріс қарап *б ұ қ ш и ы п* қалған (Н.Сералиев, Намыс). Сержан басы салбырап, *б ұ қ ш и ы п* қалды. Стол басындағылар оқиғаның төркінін айтпай-ақ түсінді (Т.Дәуренбеков, Бір түйме.). Шанаш сары маңдайын отқа төсеп жығылған екен, бетін келіншегіне беріп *б ұ қ ш и ы п* апты (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

БҰҚШИЮ *Бұқши етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үнсіз *б ұ қ ш и ю ы.*

БҰҚЫЛ с ы н. ж е р г. *Сырын айтпайтын, сырға берік (адам).* Менің секретарым – *б ұ қ ы л* адам (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БҰҚЫРА з а т. ж е р г. ***Ашытқы.*** Пиваны *б ұ қ ы р а м е н* ашытады (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БҰҚЫРЛА[1]**=** е т. к ө н е. *Зиянды заттардан арылту, зарарсыздандыру; аластау. Б ұ қ ы р л а п* алу дәрігерсіз қазақтың қолынан келмейді («Қазақ»).

БҰҚЫРЛА[2]**=** е т. ж е р г. *Игеру, меңгеру; артқа тастау.* Шал, шамасы, бір ғасырдай, Тоқсанды анық *б ұ қ ы р л а ғ а н.* Кәрі қайың тұлғасындай, Жұқарса да тұқырмаған (Ж.Молдағалиев, Шығ. жин.).

БҰҚЫРЛАТ= е т. *Зарарсыздандыру; залалды нәрселерді қолдан жойдыру.* Жұқпалы аурулы кісі жатқан үйді тазалатып, *б ұ қ ы р л а т ы п* алу керек («Қазақ»).

БҰЛ[1] е с і м. *Біреуді не бір нәрсені нұсқап, сілтеп көрсететін сілтеу есімдігі; осы, мына.* Елде көп *б ұ л* бидайдай адам, – деді, – Тәкаппар, оны халық жаман, – деді, – Қалпы емес тәкаппарлық данышпанның Тұтынба *б ұ л* мінезді, балам, – деді (А.Байтұрсынов, Шығ.). Үлкендер ұмтылмайды ұғайын деп, Мен дағы *б ұ л* қылықтан шығайын деп (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Қызықты кезі жастықтың, Жиырма бес, отыз арасы. *Б ұ л* дәуірде жар құшпай, Сағым қуған, сарпалдаң, Бір әуре байғұстай (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ақылсыз жігіт екен тартаңдаған, *Б ұ л* заманның болысы күй таңдаған (Бес ғасыр.).

Бұл арада. *Осы жерде, мұнда, осында. Б ұ л а р а д а* оның сыншысы – орыс, қазақ тілдерін жақсы білетін Әбіш (М.Әуезов, Абай). Асқан жүйрік емессің, *Б ұ л а р а д а* біз көрген. Менменсіген сендейді, Біз де ақынбыз дүз көрген (Ж.Жабаев, Шығ. жин.). Әй, жігіттер, жігіттер, *Б ұ л а р а д а* тұрмалы, Атың басын бұрмалы, Қармыс көкем келер деп, Жауда жесір тұрғанды (Қалнияз // Ақберен).

Бұл бұл ма? *Бұдан бетер, бұдан басқа, бұл аздай. – Б ұ л б ұ л м а,* бұның кейбір ауылдарды ұлтанымен ағызып әкететін де мінезі бар (С.Мұқанов, Менің мект.). *Б ұ л б ұ л м а?* Әбекеңнің бір басындағы өнері өзіне жетіп жатыр («Мәдениет және тұрмыс»). *Б ұ л б ұ л м а*! Жылына бір бүтін оннан сегіз миллион тоннадай әк арттырамыз. Павлодар қаласына жылу,

жарық беріп тұрған жылу электрстансасының қызметі аспан мен жердей! («Егемен Қазақстан»).

Бұл дүние. *Осы өмір, тіршілік, жалған.* Біреуді жақсы демесең, Біреуді жаман демесең, *Бұл дүниеден* өткен соң, Шын дүниеге жеткен соң, Көтеріп көрге салған соң, Көр қараңғы болған соң, Кімнің жақсы, жаманын Бір жаратқан хақ білер (Шал ақын [Құлекеұлы], Өленд.). Ойласаң *бұл дүниеде* не қызық бар, Қасынан қалқа жанның аттанғандай! Аулыңа өлеңдетіп сен қайтасың, Бәйгіден атың келіп мақтанғандай (І.Жансүгіров, Шығ. жин.). *Бұл дүние* әркімдерден өтеді ақыр, Ғашық боп Сегізді ойлап Мақпал жатыр (Базар жырау, Шығ.). – *Бұл дүниеде* не жетім? – Кім қажетсіз болса, сол жетім. Хакімі адал болмаса, Бұқара байтақ ел жетім (Қашаған ақын // Ақберен).

Бұл дүниелік адам болмау. *Өлу, о дүниеге аттану.* Осыны істегенде, шапшаң, тез барыңыз, егер жауапқа келемін деп бір минут кешіксеңіз, сіз *бұл дүниелік адам* болмайсыз (Қаз. ертег.).

Бұл екі ортада. *Бұл аралықта, дәл осы арада, осы мезетте. Бұл екі ортада* ханның әйелі бұған ғашық болады (Қаз. ертег.).

Бұл жалғанда. *Осы өмірде, бұл дүниеде, бұл өткінші дүниеде.* Мүмкін, шырағым... *Бұл жалғанда* арамдық жаққан адамды көргенім жоқ (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). Ойлы адамға қызық жоқ *бұл жалғанда,* Көбінің сырты бүтін, іші түтін (Абай, Тол. жин.). *Бұл жалғанда* әлін білмейтін әлектер Аспансыз да жеткілікті, ендеше аш отырып ас таңдайтын кергіме мінез, басқаның талайына біткен қаспағына көз аларта қарайтын нәумездік – Сыбай атты жылқышы үшін мүлдем жат ғадеттер еді («Қаз. әдеб.»). Көрмедім *бұл жалғанда* сендей тантық, Соларға тең бола ма сендей шартық? (Қозы Көрпеш.).

Бұл жолы. *Осы ретте, қазіргі кезекте. Бұл жолы* басқа дәл ұрмай, тұмсықтан соғып қайырдым (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Бала тағы күлді де, *бұл жолы* күлкісін тез жиып, томсырая қалды (С.Жүнісов, Өшпейтін із.). Әншейінде жөнін айтпайтын Әділ *бұл жолы* айыбын амалсыз мойындады («Балдырған»). Бас бапкер *бұл жолы* біріншісіне сенім артыпты. Енді Серікке Мәскеу додасында бас бапкердің сенімін ақтау керек («Егемен Қазақстан»).

Бұл заманда. *Осы өмірде, қазіргі кезде.* Оқыған жасқа білімнің есігі кең ашылды ғой *бұл заманда* (М.Иманжанов, Алғашқы.). *Бұл заманда* бір білік – Көрмегенге нанбаған. Екі достың арасын Айырады оңбаған (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Бұл кезде [шақта, мезетте]. *Осы мезгілде, қазіргі кезде. Бұл кезде* Ақсақ Темірдің екінші ұлы Мұхамедтен туған Мираншах мырзаның баласы Әбусейіт қуғында жүрген (І.Есенберлин, Алмас.). Бәсекеменен *бұл кезде* Мал жиған пасық байлар көп Пейілі төмен жалшыдан (Базар жырау, Шығ.). *Бұл шақта* сенің панаң да, сенерің де, құтқарушың да – тек сол қоңырау үні (Б.Соқпақбаев, Өзім тур.). Қара жоқ, мыңдаған ат қалды артта, Өзге аттар әлдекайда *бұл мезетте;* Құланың басын қоя бермек еді, Кезікті бір тосқауыл осы өзекте (І.Жансүгіров, Шығ. жин.).

Бұл күйімізде. *Қазіргі ахуалымызда, бүгінгі жағдайымызда.* Егер земство ашылып, қазақ өз ісін өзі билеп жүргізе алса, біз *бұл күйімізде* қалмаймыз (М.Дулатов, Шығ.).

Бұл күн. *Осы уақыт, қазір, бүгін.* Ашаң, салқын жүзді Қаражан, *бұл күнде* кексе тартқан (М.Әуезов, Абай жолы). *Бұл күнде* ұйқы – тамақ, қайғы – жолдас, Мұндай өмір ешкімге қызық болмас. Мен үмітсіз һәм менен жұрт та үмітсіз, Сөйлеспейді, дегендей «мынау оңбас» (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Аңдысқан бір-бірімен араздасып, *Бұл күнде* абайласаң заман түрін (Базар жырау, Шығ.). Сарайшыға айтады: – Ей, сарайбан, Бір сарайды босатып берші маған. Алатын жұрт қатарлы ақыңды ал, Мейман болып *бұл күні* келдік саған (Бабалар сөзі).

Бұл қалпында. *Осы күйінде, бұл жағдайда, мына ахуалында. Бұл қалпында* ауру адамды алыстағы аудан орталығына жеткізу тіптен қиын («Лен. жас»).

Бұл құрлы. *Осыншалықты, соншама.* Талапсыз, бақсыз мен сорлы, Еріксіз аттап ұяттан. Қорлыққа көндім *бұл құрлы,* Байқалар халым бұл хаттан (Абай, Тол. жин.).

Бұл ретте [орайда]. *Осымен байланысты, осы бойынша. Бұл ретте* экономикалық қызмет түрлерін өндірістік қызметшілер үшін кәсіптік қатер сыныптарына жатқызуды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді, ал әкімшілік-басқару және қосалқы қызметшілер үшін сақтандыру тарифтері экономикалық қызметтің барлық түрлері үшін бірыңғай («Егемен Қазақстан»). *Бұл орайда* балабақшадан басталатын тәрбие жұмысы мектеп пен мектептен кейінгі оқу орындарында бірін-бірі толықтырып отыратын ұлттық педагогикаға негізделуі керек («Егемен Қазақстан»). Бас директор *бұл орайда*

мынадай мәліметті жария етті. Екі күн ішінде 10 мың текше метр қышқылды газ және 13 мың текше метр шикі газды жағуға тура келген («Егемен Қазақстан»).

Бұл өмір. *Тіршілік, бұл дүние, жалған.* Ойлап тұрсаң, *б ұ л ө м і р* Ой жетпейтін тым қызық, Әкетеді сені бір Асауына мінгізіп (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). Әр күн сайын құлшынып, Әр күн сайын түле бір. Мәңгі күрес – тіршілік, Мәңгі майдан – *б ұ л ө м і р* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Бұл тұрғыда. *Осы жағынан, осы қырынан. Б ұ л т ұ р ғ ы д а,* Алатаудың баурайы мен асау Терістің жағасын жайлаған жуалылық «Жагордың» шаруашылығы қазақтарға нағыз үлгі болса керек («Егемен Қазақстан»).

Бұл тұста. *Осы кезде, уақытта, сол сәтте.* Байлар *б ұ л т ұ с т а* сөзге араласқан жоқ (М.Әуезов, Абай жолы). Содан қалған курста Ақша да, ет те там-тұмдап, Хатың да сиреп *б ұ л т ұ с т а,* Дүкеннен азық сатып ап (Ғ.Қайырбеков, Таулар.).

Не ол емес, не бұл емес. *Әрі-сәрі, онда да жоқ, мұнда да жоқ.* Білгенге жол бос, Болсайшы қол бос. Талаптың дәмін татуға. Білмеген соқыр, Қайғысыз отыр Тамағы тойса жатуға. *Н е о л е м е с, н е б ұ л е м е с*, Менің де күнім – күн емес (Абай, Тол. жин.).

БҰЛ[2] [ир. بۇل] з а т. ж е р г. *Кездеме, мата.* Бай ауылдарға о да осылай көп арбамен *б ұ л* әкеліп сатып кететін (Ғ.Мүсірепов, Шығ. жин.). Жақсыдан алған ақылың Сатып алған базардан Қызыл алтын *б ұ л м е н* тең (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). Жаңа *б ұ л м е н* жамырап саудагерлер, Диқаншылар жер жыртып, егін егер. Шаруаның біреуі екеу болып, Жаңа төлмен көбейіп дәулет өнер (Абай, Тол. жин.).

БҰЛ[3] з а т. с ө й л. **1.** ***Пұл.*** Тамағы тоқ, *б ұ л ы* көп Семіз байлар оңбайтын. Киімі жоқ, түгі жоқ Кедейді ылғи қорлайтын (А.Шамкенов, Сағат). Тәтті менен дәмдіні Қолында *б ұ л ы* бар жейді (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). Базарда «Теңге» болсаң *б ұ л* боларсың, Қолыңа құрық алсаң құл боларсың. Батырдың айтқан сөзі рас болса, Қолыма су құятын күң боларсың (Айман-Шолпан). **2.** *Баға, құн.* Көтере берме *б ұ л ы ң д ы,* Көпірте берме ұртыңды, Күндердің күні болғанда, Өзіңнен мықты жолықса, Ту сыртыңнан жармай алар өтіңді (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). Асылдай ақ күмістен айырулы-ай, Қасиетті бір мінезің абиұлы-ай. Ақ бетің ақ жауқазын айға меңзес, Бұқардың *б ұ л ы* қымбат ақ ұнындай (Н.Шыршығұлұлы // Ақберен).

Күл болмаса, бұл болсын! *Не болса, ол болсын, бәрібір.* Бұрынғы бейбіт өмірде ыстық-суықтан сақтайтын сырт қыбыршағын соғыс жыртып өтіп, мұның да жүрегіне жетті. Енді ол төңірегінің бәрін *к ү л б о л м а с а, б ұ л б о л с ы н* деп қарай алмады (Т.Ахтанов). – Менің міндетім осымен біткен шығар. Енді Ердәлінің малы *б ұ л б о л м а с а, к ү л б о л с ы н.* Мен бара алмаймын, – деді Сәлмен бойын аулаққа салып (Б.Тілегенов, Аққайнар).

БҰЛА[1] з а т. *Көзден аққан жас, сора.* Құлап жатыр Тасболат, Тіл қатпайды қансырап. Құлагер басын иіскелеп, Көзінен ағад *б ұ л а с ы* (Қ.Әбдіқадыров, Таңд. өлеңд.).

БҰЛА[2] с ы н. **1.** *Еркін, ерке, қағусыз өскен, еш бейнет көрмеген (адам, мал).* Егіндікөл, көзіме ерте шалындың, Менің ерке, *б ұ л а* жігіт шағымның. Біразы өтті құшағында бұлықсып, Ұшқынындай алаулаған жалынның (С.Сейітов, Жаңғырық). Әйтсе де тынбай оған ұмтыламыз, Көңілдің шырайланып шырқы нағыз. Бұл өмір ме баурап ап қылығымен, Күлкісі ынтық еткен бір *б ұ л а* қыз! (А.Нысаналин, Көктем.). Қырық бес шықтық кезеңге, Маң-маң басып *б ұ л а* аттай. Елу қондық ауыл үй, Тізгіндеп ұстап құлақтай (Дулат Бабатайұлы, Замана.). **2.** а у ы с. *Қобыраған, тарағанға көнбейтін.* Тербетіп баяу әнмен бұл ағашты, Үрледі қобыраған *б ұ л а* шашты. Ойнаған қайнысы боп жеңгесімен, Әжемнің ақ шәлісін жұла қашты (Р.Ниязбеков, Келер күн).

Бұла күш. *Тың қуат, ширақ күш, мол қайрат.* Жаңбырдан кейін көсегесі көгерген жерді бір *б ұ л а к ү ш* көтеріп тұрғандай (М.Сатыбалдиев, Жартас.). Асыр салып ақ бұлақ, Сыртқа тепкен *б ұ л а к ү ш.* Қырда ойнайды шапқылап, Бала болып қуанып (С.Мәуленов, Шалқар). Тұрса дағы тым алыс, Көрінді ай жұбаныш. Әлсіреген балаға Пайда болды *б ұ л а к ү ш* (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Болашақ бүкіл өміріне азық болатын білім алып немесе белгілі бір кәсіпке маманданар шағында бойындағы *б ұ л а к ү ш т і* теріс қылықтарға жұмсап, қор етіп жатса, бұған сол бозбала мен бойжеткеннің өзін кінәлап қоя салудан я жазалаудан не ұтамыз? («Егемен Қазақстан»).

Бұла қып [етіп] өсірді. *Беттен қақпай, еркін, ерке өсірді.* Сейфолланы ол *б ұ л а қ ы п ө с і р д і* де, 18 жасында үйлендіріп енші берді (С.Мұқанов, Есею жыл.). Біз мұндайда итті қасқырдан тайсалмайтын батыл, *б ұ л а е т і п ө с і р у* тәсілін іздейміз (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

Бұла [болып] өсті. *Еш бейнет көрмей, еркін өсті.* Аталы аруақты туысынан, Шығармай Ертіс бойын уысынан. *Б ұ л а ө с к е н* жастайынан Қауан төре, Сөзі ірі, жүрісі паң, күлкісі паң (М.Әлімбаев, Өшпес от). Мирас өмір бойы қиындық көрмей, *б ұ л а б о п ө с к е н* жігіт екен,

күрт сынып, жүнжіп, күйрек болып кетті (Ә.Тарази, Үлкен ауыл).

Бұла сезім. *Еркін, ерке сезім.* Сол бір *б ұ л а с е з і м г е* Бибінің сөзі қамшы болып, жан дүниесін онан арман алай-түлей етті (Қ.Жұмаділов, Тағдыр).

БҰЛА= е т. **1.** *Көзінен жас ағу, жылап-сықтау.* Көз жасын көл қылып *б ұ л а ғ а н д а,* Зар жылап бір Алладан сұрағанда. Күзетші, жаушы кемпір келді-дағы, Зейнепке құлақ салып тұра қалды (Бабалар сөзі). Сәменнің жас *б ұ л а ғ а н* көзі түк көрмейді (А.Нұрманов, Аққу.). **2.** к ө н е. *Ақ көбігін ағызу, қатты терлету.* Мінгені ер Айдостың *б ұ л а ғ а н ы,* Атып салса жаулардың сұрағаны. Айдосекең қиқулап жауға тисе, Жесір менен жебірдің жылағаны (Айдос батыр // Батырлар жыры). Ақ алмасы жарқылдап, Талай жауды турады, Тарлан атты *б ұ л а д ы* (Ер Тарғын). Тоғайда қыздар шауып, қырдан құлап, Жарысып келе жатыр атты *б ұ л а п.* Белгілі жатар жері аңшылардың, Кәдімгі Қараторғай, Балқаш, Бұлақ (Батырлар жыры). Талай қалмақ құлады, Ер қайратын сынады, Тарлан атты *б ұ л а д ы* (Ер Тарғын). **3.** а у ы с. *Аямай төгу, көл-көсір ету.* Мекеде уақып үй салып, Пәтер қып жаққан шырақты Бір Құдайдың жолына Малды аямай *б ұ л а п т ы* (Абай, Тол. жин.). **4.** а у ы с. *Жанын аямау, құрбан ету.* Жол болмасқа немене, Тарығып шын жыласа. Мал бітпеске немене, Жігіт жанды *б ұ л а с а!* (Алдаспан).

Көздің жасын [көл қылып] бұлады. *Көз жасын ағызды, қатты жылады.* Екі ғашық жылады, *К ө з д і ң ж а с ы н б ұ л а д ы.* Жолдас болсаң сондай бол, Тілегін қабыл қылады. Желмаясы боталап, Адал жары ұл туып, Көңілдері тынады!.. (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Келеді мұңлы дауыс құлағыма, Япырмай, бір сорлы әйел жылады ма? Сағынып әлде қымбат бір адамын *К ө л қ ы л ы п к ө з д і ң ж а с ы н б ұ л а д ы* ма? (С.Сейфуллин, Өлеңд.). *К ө з ж а с ы н к ө л қ ы л ы п б ұ л а ғ а н д а,* Зар жылап бір Алладан сұрағанда. Күзетші, жаушы кемпір келді дағы, Зейнепке құлақ салып тұра қалды (Бабалар сөзі).

Көзін бұлады. *Жылап-сықтады, егілді.* Қалың топ қараша үйде жайланып ап, *К ө з д е р і н* отырған жоқ жайға *б ұ л а п.* Аршылып көңіл кірі көз жасымен, Оралды бұрқыраған бойға қуат (Қ.Жұмағалиев, Перзент.). Тайшық хан енді жылады, Қайғымен *к ө з і н б ұ л а д ы.* Жүз мың әскер келсін деп, Жан-жаққа мойнын бұрады (Алпамыс).

Көзден жасы бұлады. *Көзінен жас ақты, егіліп жылады.* Сөйледі ол зар еңіреп жылап тұрып, Егіліп *к ө з д е н ж а с ы н б ұ л а п* тұрып: – Анашым, жан сырымды айтайын мен, Тыңдашы, ойға салып, құлақ түріп (Ә.Ніліба-ев, Болашақ.). Шалқасынан құлады, *К ө з д е н ж а с ы н б ұ л а д ы.* – Тағы маған көрсет, – деп, Жатып Серік жылады (Е.Елубаев, Көкпар).

БҰЛА-БОЛПАШ с ы н. *Ерке, шолжаң.* Ақылбай барлық Ырғызбай ішіндегі *б ұ л а - б о л п а ш* жастың бірі болатын. Өзі Абайға ағайын ішіндегі ең тоңторыс, алыс есепті (М.Әуезов, Шығ.).

БҰЛАҒАЙ з а т. к ө н е. *Алай-түлей, бұлан-талан, астан-кестен, айқай-шу.* Көкті лезде қола құйын торлады, Кетті бұрқап бұйра бұлттың орманы. Бұлан-талан бір *б ұ л а ғ а й* басталды, Ақырғандай мың арыстан тордағы (Қ.Шаңғытбаев, Аққу.). Алағай *да б ұ л а ғ а й,* Ақ боранда, суықта Атқа қонса бұл ағай, Арымайды жуықта (Қ.Мырзалиев, Күміс.). Мал біткенді жұт жұтып, Несібеміз төгілді. *Б ұ л а ғ а й* заман тап болып, Қайғырып халық егілді (С.Жанғабылов, Тоқсан.).

Бұлағай салды. *Атойлады, айқай-шуға басты, аттандады. Б ұ л а ғ а й с а л ы п,* жау шауып, «Бұлай» деп атын қойған жер, Мұны да Қобылан қойған жер (Қобыланды батыр). *С а л д ы* жауға *б ұ л а ғ а й.* Қасым менен Қарабай Тұлпарларын мінеді, Бес қаруын іледі (Көрұғлы). Көлтоғай адыра қалғыр көрген жерім, *Б ұ л а ғ а й* ойран-әлек *с а л ғ а н* жерім. Көк найза, қара санай атылса да, Қайтармай қайтқаным жоқ аттың терін (Шәңгерей Бөкеев).

БҰЛАЙ[1] ү с т. ***Былай*** *(осылай, дәл осындай).* Жұрт жыласты, жиылды, Бектер *б ұ л а й* күйінді: Алда дүние-ай! Күн қараң! Біз қалдық-ау сорменен! Барса, келмес жолменен Кетті-ау сұңқар Жүсіп хан! (М.Жұмабаев, Шығ.). Неге *б ұ л а й* айтты деп, Сынамаймыз негізін (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ьәм істі деп білеміз Құдай қылған, Жап-жақсы адамдарды *б ұ л а й* қылған (М.Дулатұлы, Шығ.). Жерімізде тұрып жатқан алуан түрлі ұлт өкілдерінің қазақ халқына деген ризашылығы соңғы жылдары жиі айтылуда. *Б ұ л а й* болуының себебі, біріншіден, экономикамыздың қарыштай дамып, жағдайдың жақсаруына байланысты, екіншіден, олардың біразы тарихи отанында өзін Қазақстандағыдай еркін сезіне алмай, өгей баланың күнін кешеді («Егемен Қазақстан»).

Бұлай болғанда. с ө й л. *Бұйткенде, осылай істегенде. Б ұ л а й б о л ғ а н д а* малды кім бағады, дүшпанды кім тоқтатады, киімді кім тоқиды, астықты кім егеді (Абай, Тол. жин.).

Бірде [біресе] олай, бірде [біресе] бұлай. *Әрқилы, әртүрлі.* Сұрапыл шайқас екі ұдай – Кеткен жоқ бір еңсеріп, *Б і р е с е о л а й, б і р б ұ-*

л а й, Таразы тұрды теңселіп (Ж.Молдағалиев, Жыр.). Қатерлі қауіп төнген күндер де өтті, Итжығыс *б і р д е о л а й, б і р д е б ұ л а й,* Сынасқан жаумен әбден сыралғымыз, Айтысып, шабысып та екі жылдай (Қ.Айнабекұлы, Өлең.).

БҰЛАЙ[2] ү с т. с ө й л. ***Былай (2),*** *екінші жаққа, мына жаққа.* – Жерімнен көшіп *б ұ л а й* шықсын, малын түгел қайтарып берейін. Билік болған екен, пәлен екен деп тұрмаймын (С.Шарипов, Бекболат).

Бұдан бұлай. с ө й л. ***Бұдан былай***. – Олай деме, сен кеңестің шын ұлысың. Әрине, қатең бар. *Б ұ д а н б ұ л а й* сақ бол (Б.Майлин, Шығ.). Дейді достар: – Ал енді болсаң жігіт сен егер, *Б ұ д а н б ұ л а й* уәдеңді Бермеймін деп уәде бер! (Қ.Мырзалиев, Алуан.).

Бұлай қарай. с ө й л. ***Былай қарай***. – Торғауыттарға ескертіңдер, *б ұ л а й қ а р а й* аяқтарын аттап баспайтын болсын (Н.Баяндин, Құм асты.).

Бұлай қоя тұр. с ө й л. *Айтпағанда, есептемегенде, қоспағанда***.** Ағылшындардың жасырған пайдасын *б ұ л а й қ о я т ұ р ы п,* Иран үкіметінің сыбағасына тиген бір жылдық пайда 22 мың сом болды (С.Шарипов, Бекболат).

Біреуі олай, біреуі бұлай қарады. с ө й л. *Ешкім тыңдамады, елең қылмады.* Көп топта сөз танырлық кісі де аз-ақ. Ондай жерде сөз айтып болма мазақ. *Б і р е у і о л а й, б і р е у і б ұ л а й қ а р а п,* Түгел сөзді тыңдауға жоқ қой қазақ (Абай, Тол. жин.).

Мұнан бұлай. с ө й л. *Ендігәрі, алдағы уақытта, екінші қайтып. М ұ н а н б ұ л а й* сенімен ойнамаймын Шешеңді тастаймысың шыныңменен (Қозы Көрпеш.).

Олайым да бұлайым. ф о л ь к. *Барым, сүйенерім, тірегім, қолдаушым*. Қамағанын көрген соң, Жалғыздығын білген соң Сонда Тарғын сөйлейді: *О л а й ы м д а б ұ л а й ы м* Көтере көр, Жаббар Құдайым. Алты мыңдай ауыр қол, Өзіңнен медет болмаса, Бұған не амал қылайын (Батырлар жыры).

БҰЛАЙША ү с т. *Дәл осылай, осылайша. Б ұ л а й ш а* патшаның айтқан сөзі, Шақырып Кешубайды қылған назы. Орнына Кешубайдың аға сұлтан Сайланып төре болған Арғынғазы (Ә.Найманбаев, Шығ.). *Б ұ л а й ш а* хан көңіліне қиял кіріп: – Етейін, – деді, шапқат енді бұған. – Кешікпей жиһанкезді табыңдар, – деп, Жіберді жендеттерін ошал заман (Т.Ізтілеуов, Назым). Расында, осыған дейін халықтық істің жақсылығына бірге сүйініп, жамандығына бірге күйініп, ағалы-інідей жарасып жүрген адам *б ұ л а й ш а* аяқ астынан бұзылып, шабына от түскендей неге тулайды? Неге тепсінеді, неге зілденеді? Ойымды әдейі неге бұрмалайды («Түркістан»). Екінші және тапсырдым, Шарафатты өткен бабама, – *Б ұ л а й ш а* деп ұлына Батасын берді Базарбай (Батырлар жыры).

БҰЛАЙЫНША ү с т. с ө й л. ***Бұлайша.*** «Алтыннан соққан кісесі, Әжептәуір мүшесі». *Б ұ л а й ы н ш а* толған Ер Тарғын, Енді атынан түседі (Ер Тарғын). Сол кезде: «Суды ірік!» деп періштеге, Бұйырды қадір мәулен *б ұ л а й ы н ш а:* «Месіне Нілдің суын сыйғыз, – деді, – Тәліптің талап қылған райынша!» (О.Шораяқов, Шығ.). Шақырып ақырында алды інісін: – Ауатын болды бастан, – деді, – ырысым. Придон *б ұ л а й ы н ш а* жазыпты хат, Айтты деп ісіңнің ел нәдұрысын (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

БҰЛАҚ[1] з а т. **1.** *Басы қайнардан басталып, сай-жыралармен ағатын кішігірім су.* Мамырбай ақсақал *б ұ л а қ т а н* өтіп, қораның ығындағы тармақ діңгекке таман келе жатыр (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жеміне ең қалаулы сұлы алыңдар! *Б ұ л а қ т ы ң* суымен һәм суарыңдар! Князьға атын алып тосты басқа ат, Өтеді мұнан кейін неше жылдар (А.Байтұрсынов, Шығ.). Осындай ортып-жортып екі ай жүрді, Қаншама қалың тоғай шатқа кірді, Жол тауып бұлтармастан бәрінен де, Басына бір *б ұ л а қ т ы ң* келіп тұрды (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). 1965 жылдың жазында осы мектептің оқушылары «Ойсаз» деген жерден жер астынан шығып жатқан бірнеше минералды ыстық *б ұ л а қ т а р д ы* ашты (С.Жортанов, Өлкетану.). **2.** г е о г р. *Жерасты суларының жер бетіне (кейде су астына) өздігінен шоғырлана шығатын жері.* Суы тұщы, әсіресе мол өнімді *б ұ л а қ* елді мекендерді ауыз сумен, шаруа қожалықтарын қажетті сумен қамтамасыз етуде, жер суаруға кеңінен пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). Бұлақтар әртүрлі белгілері бойынша тұма, қайнар, термалды бұлақ, жалғасты *б ұ л а қ* және т.б. делініп бірнеше топқа бөлінеді (Қаз. тілі термин. Геология). Мұндай *б ұ л а қ т а р* республиканың шығыс және оңтүстік өңірлеріндегі таулы аймақтарда кең таралған (Қаз. тілі термин. Су.). **3.** а у ы с. *Бір нәрсенің түп бастауы, қайнар көзі, негізі.* Қарағанды өндірісіндегі астыртын сауданың *б ұ л а ғ ы* – осы Жүсіп еді (Б.Майлин, Шығ.). Мұнайдың сарқылмас *б ұ л а ғ ы н а* қолдары тиген соң, өзгенің бәрін ұмытқан (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Қазақ әлі сүйенген құлағына, Надандықтың қалмаған ылаңы ма? Кім жетісер, кітаптан көзін алмай, Толық қанбай білімнің *б ұ л а ғ ы н а?!* (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Себебі, уақыт бір жерде тоқтап тұрып қалмайтыны сияқты, білім *б ұ л а ғ ы* да дәйім өзіне құштар кеуделердің аңсаған биіктеріне арна сызып, арындап алға жылжи беретіні өмірдің

заңдылығы болса керек («Егемен Қазақстан»). **4.** а у ы с. *Жомарт, береген, қолы ашық адам.* Қыртысым сүймегенге шөл арықпын, Өзім деген кісіге тас *б ұ л а қ п ы н* (Қозы Көрпеш.).

Айна бұлақ. п о э т. *Айнадай жалтыраған мөлдір бұлақ.* Жасыл шөп Самарқанның жібегіндей, Жиекке жауып салған кілеміндей. Сылдырап ағып жатыр *а й н а б ұ л а қ,* Асығыс соққан сұлу жүрегіндей (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын). Жолында Орал-Тайпақ *а й н а б ұ л а қ,* Көсіліп ағып терең сайға құлап. Көк тастың шығып жатыр арасынан, Көп тұрдым көз ала алмай тамашалап (Ж.Молдағалиев, Таңд. өлең д.).

Ақ бұлақ. а) п о э т. *Суы таза, мөлдір, ағынды бұлақ.* Құс сайрап көк аспанның қиырынан, Тұрғанда тау үстіне құйылып ән. Қылыштай дірілдейді күн көзіне, *А қ б ұ л а қ* шыңның түскен иығынан (Ғ.Қайырбеков, Қосбасар). Жыл сайын егіз туып-өскен төлің, Байлыққа бөлей тұрсын туған елің. Құйрығың диірмендей дөңгеленіп, *А қ б ұ л а қ,* арналы өзен, саба желін (Ақын жырлары). ә) б е й н е. *Ақ шаш мағынасында.* Баяғы Бибіш жоқ. Иығы түсіп, бойы аласарып, қара шашын жіңішке *а қ б ұ л а қ т а р* кезіп кетіпті (Ө.Күмісбаев, Жапырақ.).

Аққан бұлақ. п о э т. *Ағып жатқан мөлдір бұлақ.* Көшсе де мың шақырым жері жайлы *А қ қ а н б ұ л а қ,* шалғыны көк орайлы (М.Дулатұлы, Шығ.). *А қ қ а н б ұ л а қ* сай-салаң, Шытырман тоғай айналаң, Жоның жайлау кең алаң, Атам қонған кең далам! (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Тайлақтың енді аман бол, қалған елі, Арқаның сен де аман бол, қоңыр желі. Ыстыққа күн жүрмейтін салқын соғып, *А қ қ а н б ұ л а қ,* дүм ағаш көлеңкелі (Қозы Көрпеш.). Мәуелеп өскен қарағаш, қара көк қарағай, сылдырап *а қ қ а н б ұ л а қ* рақат самал лебін желпіп көкіректі ашып жібереді (Т.Ахтанов, Боран).

Бал бұлақ. п о э т. *Суы балдай, мөлдір бұлақ.* Биік шыңның бауырында Бүйра толқын *б а л б ұ л а қ.* Бүгін мені қарсы алғандай Ағып жатыр сылдырап (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Клуб жаққа келе жатып қызықтадық бақ ішін, Бау арасын жарып өткен *б а л б ұ л а қ т ы ң* ағысын (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Бұлақ басы. *Бұлақтың басталған жері, қайнар көзі. Б а с ы н а* бір *б ұ л а қ т ы ң* келіп түсті, Құланды пісіріп жеп, судан ішті. Рахышты жіберді де, ұйықтап қалды, Қысқан соң маужыратып ұйқы күшті (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Айналадан тырқылдақ, шымшықтар жарыса салған әні естіледі. Қайта қоймаған *б ұ л а қ б а с ы н а н* балшықты – тақуа құсты жиі кездестіруге болады (Алматы қорығы).

Бұлақ бөденешөбі. б о т. <лат. veronica> *Сабынкөк тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер туысы. Б ұ л а қ б ө д е н е ш ө б і* ылғалды шалғында, жағалауларда өседі (Батыс Қазақстан облысы//энциклопедия).

Бұлақ көзі. а) *Ең алғашқы нұсқа, бастапқы үлгі, түп негіздер, түп бастау.* Осы «ақтаңдақтың» орнын толтыру үшін біз мүмкіндігінше қазақ халық әдебиеті мазмұнын баяндай отырып, жіліктеп-жіктеп, сондай-ақ үлгілері мен *б ұ л а қ к ө з д е р і н* көрсете отырып, барынша сығымдалған түрде оның ықшам очеркін жазып шығуды мақсат тұтып отырмыз (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). ә) б е й н. *Дарын, қабілет, мүмкіндік.* Іншалла, шын дарынның *б ұ л а қ к ө з і н* ашқандай болыпты. Аз уақыттың көлемінде облыстың сан салалы, бас қатырар, қабырға қайыстырар қиын шаруасын дөңгелентіп әкетті («Егемен Қазақстан»).

Бұлақ өтімі. с у ш а р. *Белгілі уақыт ішінде жерден шығып жатқан су көлемі* (Қаз. тілі термин. Су.).

Бұлақ суы. *Басы бастаулардан басталып, баяу ағатын кішігірім су; жер астынан, қойнауынан шығатын су. Б ұ л а қ с у ы н ы ң* емдік қасиеттері болады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Бұлақты шегендеу. с у ш а р. *Суының тазалығын сақтау мақсатында бұлақтың төңірегін таспен, ағашпен және т.б. материалмен қоршау, бекіту* (Қаз. тілі термин. Геология).

Бұлақ шығымы. с у ш а р. *Белгілі бір уақыт аралығында (секунд, тәулік) бұлақ, бастау беретін су мөлшері* (Қаз. тілі термин. Су.).

Көз жасы бұлақ болды. *Мұң-зарға батып, ағыл-тегіл жылады.* Мұны естіп әр жердегі биік таулар *К ө з ж а с ы б ұ л а қ б о л ы п,* тақып сулар, Түтінін шығаруға шарасы жоқ, Ішінде зілзаланың оты қаулар (С.Торайғыров, Шығ.).

Күміс бұлақ. п о э т. *Мөлдір, таза, ағынды бұлақ.* Төгілсе *К ү м і с б ұ л а қ* тау құзынан, Жыр толқыр қойшысының ауызынан (Қ.Бекхожин, Ардагер.).

Қайнар бұлақ. а) *Жерден, тастың түбінен шымырлап шығатын су; бастау, қайнар.* – Дәл қасымызда үш *қ а й н а р б ұ л а қ* бар, соларды пайдаланайық (Ә.Тәжібаев, Гүлден.). Ішкеннің мейірі қанатын, Ішпеген аңсап баратын, Кәделі *қ а й н а р б ұ л а қ т а* Тартылмайтын көз болар! (Базар жырау, Шығ.). ә) *Сарқылмас байлық, таусылмас қор; нәр алар жер, көз.* Шолохов стилін қоректендірген негізгі *қ а й н а р б ұ л а қ т а р д ы ң* бірі – халық поэзиясы (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Бақыттың *қ а й н а р б ұ л а ғ ы,* Өмірдің өшпес шырағы, Бейбітшілік, бейбітшілік! – Әділетті әр адамның ұраны (Жыл он екі ай). Қазақ халқының

этникалық іргетасы, түп-тамыры саналатын тайпалардың ең көнесі әрі байырғысы – үйсін мен қаңлы тайпаларына қатысты аса мол тарихи мағлұматтардың бар екенін жақсы білсек те, оларды ұлттық тарихымыздың *қ а й н а р б ұ л а ғ ы*, тереңде жатқан тамыры ретінде тануға белгілі себептермен бара алмағанымыз рас («Парасат»).

Саумал бұлақ. *Таза, мөлдір, суы шипалы бұлақ.* Самал келіп желпиді. *С а у м а л б ұ л а қ* мөңкиді. Саясында қайыңның, Сәулетай қыз елтиді... (М.Мақатаев, Шығ.). *С а у м а л б ұ л а қ* – балдай дәрім, Салқын самал – баурайларың. Саялаған, беу, туған жер, Сағындырған Саржайлауым (М.Мақатаев, Шығ.).

Сүт бұлағы ақтарылды. б е й н. *Көп сүт сауды, мол өнім алды.* Жайлауға шығысымен сиырлар тойынды. Сол сол-ақ екен, *С ү т б ұ л а ғ ы а қ т а р ы л ы п,* арналы өзен болып құйыла бастағандай сезілді (Сауыншы шамшырақ.).

Тас бұлақ. *Суы тастай суық, мөлдір бұлақ.* Таудан аққан *т а с б ұ л а қ*, Тасыса құяр теңізге. Қанша малы көп болса, Бай қуанар егізге (С.Сейфуллин, Шығ.). Жалықпай жартас қазып, кен шығарып, Талықпай *т а с б ұ л а қ т ы ң* көзін ашқан Таудағы *т а с б ұ л а қ т ы ң* мөлдіріндей, Даланың қызыл-жасыл өндіріндей (М.Әлімбаев, Лирика).

БҰЛАҚ[2] з а т. м е д. **1.** *Құлақтың қабынуынан болатын созылмалы іріңді ауру; құлақ қабынуы.* Мысалы, невралгия, *б ұ л а қ*, гайморит және фронтит (маңдай ауруы), сондай-ақ перподонитті (тіс түбінің сыртқы қабатының қабынуы) сәулемен емдеу қажет (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.). *Б ұ л а қ* болсаң (құлағыңнан ірің ақса) тезден доқтырға көрін. Құлақтан аққан іріңді пайдалы не зарарсыз деп ойлама. *Б ұ л а қ* өте зиянды (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). **2.** *Қабынып ауырған құлақтың ішінен ағатын ірің.* Құлағынан ірің, *б ұ л а қ* аға қалса, оны дереу дәрігерге көрсеткен жөн (М.Исамбаев,.. Мед. анықтама). Стрептококк микробтары тамақты, жұтқыншақты, шіріген тістерді, *б ұ л а қ* аққан құлақтарды төңіректейді (М.Қайрақбаев,.. Ескерм. ауру.).

БҰЛАҚ[3]: бұлақ ат. ж е р г. *Тапал, құйрық жалды, жауырыны жалпақ ат. Б ұ л а қ а т* жүріскер болады (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БҰЛАҚСЫЗ с ы н. *Бұлақ болмайтын, бұлағы жоқ.* Сулы жер құрақсыз болмас, Таулы жер *б ұ л а қ с ы з* болмас (Мақал-мәтел).

БҰЛАҚСЫМАҚ з а т. э к с п р. *Нағыз бұлақ емес, сәл-пәл ғана суы шығып жататын жер.* Деді өзен: – Түрің мынау, *б ұ л а қ с ы м а қ*... Сонда да үн қатпайды бұлақ шыдап. Күлді үнсіз, дауласпай да, қарсы келмей, Тек суын алып қашты тамшы бермей (З.Шүкіров, Арал.). Ондайлар тап-таза, мөп-мөлдір болғанымен, болар-болмас жылап аққан шала-жансар *б ұ л а қ с ы м а қ қ а* ұқсайды (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

БҰЛАҚТАЙ с ы н. **1.** *Бұлақ сияқты, бұлақ тәрізді.* Талпынған жаңа нәресте, Ақ қанатты періште, Былдырлаған *б ұ л а қ т а й* Көрінген жанды күлдірген, Жаңа піскен бүлдірген (М.Жұмабаев, Шығ.). Тастан аққан *б ұ л а қ т а й*, шекеден қаны жылысты. Неше бастар жарылып, Неше қолдар сынысты (Бабалар сөзі). Екі көзіңе болайын, Қарақтап жаққан шырақтай! Омырауыңа болайын, Еділден шыққан *б ұ л а қ т а й* (Ер Тарғын). Он бестегі жасым-ай, Жарға ойнаған лақтай. Жиырмадағы жасым-ай, Көлге біткен құрақтай. Отыздағы жасым-ай, Таудан аққан *б ұ л а қ т а й* (Шал ақын [Құлекеұлы], Өленд.). **2.** а у ы с. *Мол, көп.* Төрт баламен қалған Дәметкеннің бар күн көрері – сүті *б ұ л а қ т а й* іңгені (І.Есенберлин, Қаһар). Соңғы кезде Судыр Ахметтің иті қырын жүгіріп жүр: сауып отырған *б ұ л а қ т а й* қараша іңген жаман шөп жеп арам өлді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Жүнің де жібек құлпырған, Сауғанда сүтің *б ұ л а қ т а й.* Торсықта шұбат құйдырған, Таңдайды тұрсын құрғатпай (О.Малқаров, Мен ат үсті.). *Б ұ л а қ т а й* ағыл-тегіл сүтіміз бар, Қажырлы еңбек ері құтымыз бар (Айтыс).

Бұлақтай ағызды. п о э т. *Суырып салма ақын ақпа-төкпе жырын айтты.* Құттықтап бүгін думан мерекеңді, *Б ұ л а қ т а й а ғ ы з а й ы н* сөзді теріп (Айтыс).

Бұлақтай ақты [иіді]. *Сауын малының сүті өте мол болды.* Басы аман, күйі семіз малын баққан, *Б ұ л а қ т а й* сиырлардың сүті *а қ қ а н* (Айтыс). Қалың ағаштың теріскей жақ іргесіне желілеп байлаған жиырмадан астам мама бие кешке дейін *б ұ л а қ т а й и е д і* (З.Ақышев, Ақбел.).

Бұлақтай саулады. *Көзінен жасы тоқтамай сорғалады, үздіксіз жылады; қатты қайғырды.* Оның үстіне көзінен *б ұ л а қ т а й с а у л а ғ а н* жастары Шоқанның аймалаған бетіне нөсердей төгіліп, қысыңқы демін тарылтып барады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Таудан аққан бұлақтай. а) *Сарқырағаң, күркіреген.* Кілем жайып, көкке ұшып, Арман қылар кезі емес. *Т а у д а н а қ қ а н б ұ л а қ т а й,* Сарқырайды бір сарын (А.Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл). ә) *Қарқынды, қайратты.* Отыз деген жасым-ай, *Т а у д а н а қ қ а н б ұ л а қ т а й.* Қырық деген жасым-ай, Қырымға

да көз салған, Байлаулы тұрған құр аттай (Үш ғасыр.).

БҰЛАҚТАЙЫН с ы н. ф о л ь к. **1.** ***Бұлақтай***. Үйықтасын деп бөбегін, Домбыраның қос ішегін Жамбыл бабаң қағады, Қаққан сайын өлеңі *Б ұ л а қ т а й ы н* ағады (Жамбыл, Таңд. жин.). Қайнаған *б ұ л а қ т а й ы н* дариям бар, Құмыңды Сыр бойына теңедің бе? Күн ыстық, көлеңкесіз, көктемі аз, Сыйы жоқ Кербаланың шөл жерінде (Айтыс). **2.** а у ы с. *Мол, көп.* Өзі бір тау – ет пен май, *Б ұ л а қ т а й ы н* сар қымыз (І.Жансүгіров, Шығ.). *Б ұ л а қ т а й ы н* алып мұнай, Алтын қазып, қашап көмір, Үшты құстай көкке самғай, Елменен шат жасап өмір (Т.Жароков, Шығ. жин.).

Бұлақтайын құйылды. п о э т. *Жағымды әсерге бөледі. Қ ұ й ы л а д ы* құлаққа *Б ұ л а қ т а й ы н* қырдағы ән (Т.Жароков, Шығ.).

БҰЛАҚТАН= е т. *Ағын суға айналу, бұлақ болып ағу.* Жаздың лебі қарды ақтарып, Тауларынан айналаның. Ылай сулар *б ұ л а қ т а н ы п,* Сел астында қалды шабын (І.Жансүгіров, Шығ. жин.). *Б ұ л а қ т а н ы п* төгілді қан, Найзадайын шыңдарыңнан. Бүгілмеді бірақ сенің, Жат алдында сынып белің (Ә.Сәрсенбаев, Өлеңд.). Жетісу да ұлы өңір *б ұ л а қ т а н ғ а н,* Қалың жауға қасқайып ұлы аттанған. Алмас жүрек ағалар болмаса егер, Болмас еді-ау нұрлы өмір шуақтанған («Қаз. әдеб.»).

БҰЛАҚТАНУ *Бұлақтан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Өңірдің *б ұ л а қ т а н у ы.*

БҰЛАҚТЫ с ы н. *Бұлағы, қайнар-бастауы бар, бұлағы көп (жер).* Қопа – кең шалғынды, жылып аққан мол сулы, мөлдір *б ұ л а қ т ы* және тауға қараған төрінің көбі тал, терек, жасыл, әсем жас тоғай (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Бұрын шыққан жолдастары мөлшерлі жеріне жетіп, *б ұ л а қ т ы* көк майсаға көк ала шатырларын тікті (Мың бір түн). *Б ұ л а қ т ы* жер – тұрақты жер (Мақал-мәтел).

БҰЛАҚША[1] з а т. э к с п р. *Суы аз, кішкентай бұлақ.* Әне бір *б ұ л а қ ш а н ы* айтасың ба? ...Тәйірі оны қойшы, суы бір қора қойға жетпейді («Лен. жас»).

БҰЛАҚША[2] ү с т. **1.** *Бұлаққа ұқсап, бұлақ сияқты.* Кішкене күйеудің тілі одан әрі ағытыла түсті. Оның сөзі бейне бір көзі ашылған *б ұ л а қ ш а* сорғалады (Х.Есенжанов, Көп жыл.). – Солай ма? Арық екен сіңірі қатқан! – Семіз емес, сүті бар *б ұ л а қ ш а* аққан! – Сиырың сенің сүтті көп бере ме? Қол талып саусақ бітпес бір күнде де! (Т.Жабаев, Із). **2.** *Зыр қағып, тез арада.* Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы, Теңіздің түбіндей-ақ қарап бақшы. Сол жүректен жылылық, достықпенен *Б ұ л а қ ш а* ағып ғаламға тарамақшы (Абай, Тол. жин.).

БҰЛАҚШЫ з а т. з о о л. <лат. tringa stagnatilis> *Балықшылар отрядының тауқұдірет тұқымдасына жататын су құсы. Б ұ л а қ ш ы н ы ң* қанатының ұзындығы 120–150 мм, тұмсығының ұзындығы 37–43 мм, салмағы 60–90 г-дай болады (ҚҰЭ). *Б ұ л а қ ш ы* – жыл құсы, наурыз айының аяғында ұшып келіп, өзендер мен көлдердің батпақты жағасындағы құрғақ төбешіктерге ұя жасап, оған 3–4 жұмыртқа салады (ҚҰЭ).

БҰЛАЛА= е т. с ө й л. *Еркін, ерке өсіру, бұла етіп бағып-қағу.* Қызыл ат, сүйген достым, егісте оздың, Айна көз, сұлу үнді, құралайым. Оралып қаз мойныңды, құшып сенің, Айналып, сылап-сипап *б ұ л а л а й ы н* (С.Сейфуллин, Шығ.).

БҰЛАЛАЙ: бұлалай салды. *Ойран салды, шапты.*

БҰЛАЛАУ *Бұлала етістігінің қимыл атауы.* ≈ Еркелетіп *б ұ л а л а у.*

БҰЛАЛЫҚ з а т. *Бұла болушылық, еркіндік, ерке өскендік.* Бұрынғыдай бұйығы емес, ашық-жарқын. Жүріс-тұрысында бір еркіндік, *б ұ л а л ы қ* бар (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.). Жалғыз ұлды *б ұ л а л ы қ т а н* сақта, Жас қызды құдалықтан сақта (Қ.Ілиясов, Қайран жастық). Дәмежанның тал бойында тазалықтан басқа, *б ұ л а л ы қ т а н* басқа еш қылау жоқ еді (С.Елубаев, Жарық дүние).

Бұлалық шақ. *Ерке, еркін шақ.* Дөнен болды, қалды артта *б ұ л а л ы қ ш а қ,* Қарт міне дөненіне бұғалық сап, Баласынан хабар жоқ, қарт тұр енді, Бәсірені майданға шығарып сап (М.Мақатаев, Шығ.).

БҰЛАМА з а т. к ө н е. *Сұйық тағам, былamық.* Бұқарда бар *б ұ л а м а,* Тәшкенде бар сұлама. Ел жаманы шыға ма, Шығадан жақсы туа ма (Шал ақын [Құлекеұлы], Өлеңд.).

БҰЛАН[1] з а т. **1.** *Салалы, үлкен мүйізді, аса тұяқты, бұғы тектес ірі аң.* Құзды мекен еткенмен, Өткелектен өткенмен, Қарауыл салып үргенмен, Сақтанса да мергеннен, Ажалды оқтан құтылмас Сақтағанмен *б ұ л а н* да (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Солқылдатып белдерін, Толқындатып көлдерін, Ұшқын бүркіп кетіп пе? Бұла қырдың *б ұ л а н ы,* Қазағымның құланы – Жылқы үркіп кетіп пе? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Әйтеуір бір тауды айтқан сөзі екені «Бұланайдан үлкен тау болмас, *б ұ л а н н а н* үлкен аң болмас» деген мақалынан мағлұм (Абай, Тол. жин.). Қара *б ұ л а н* терісін Етік қылар күн қайда, Күдеріден бау тағып, кіреуке киер күн қайда (Доспамбет жырау // Алдаспан). **2.** з о о л. <лат. alces alces> *Жұптұяқтылар отряды бұғы тұқымдасына жататын ең ірі аң. Б ұ л а н*

Солтүстік Американың, Еуразияның орманды белдемінде кеңінен таралған (ҚҰЭ). *Бұлан-ның* дене тұрқы 3 метрге, шоқтығының биіктігі 2–3 метрге, салмағы 570–630 кг-ға дейін жетеді (ҚҰЭ).

Бұлан көз. *Көзі бұланның көзіндей өткір, қырағы, көреген.* Күн сәске түс, қандай *бұлан көз* болсаң да алыстағыны көре алмайсың, күн сәулесіне көз отың шағылады (Ғ.Сланов, Дөң асқан).

Бұлан мойын. *Бұланның мойнындай жуан.* Тәует бас, қамыс құлақ, қуарған жақ, Құлан жал, *бұлан мойын,* қой жұтқыншақ. Қоян жон, жазық жая, жауырынды Құс топшы, қос шынтағы қалқыңқырақ (І.Жансүгіров, Шығ.).

БҰЛАН[2] с ы н. *Еш қиындық көрмей, бұла боп еркін өскен; ерке.* Жеріне біздің жақтың лайық ері, Ер палуан, аңшы, мерген, әнші, сері. Жасынан жүйрік мініп өскен *бұлан,* Жау жүрек ер көңілді жігіттері (С.Сейфуллин, Өлең д.). Арманы шексіз еді *бұлан* ердің, Қыл көпір аз болмады сынағы елдің. Жүргенде ұмыта алмай Ақтоқтысын, Өлімі өрттей тиді Құлагердің (К.Салықов, Жезкиік).

Бұлан боп өсті. с ө й л. *Еркелеп өсті, бұла боп өсті.* Өмір бойы қиындық көрмей *бұлан боп өскен* жігіт күйрек екен (Ә.Тарази, Үлкен ауыл).

Бұлан кердей бұлықсыған. *Еркін, тәуелсіз өскен, уайым-қайғысыз жүрген. Бұлан кердей бұлықсыған* ел едік. Бірақ боран бүрістірді де кетті (Қаз. тіл. тұр. теңеу. сөздігі).

Бұлан күш. с ө й л. ***Бұла күш.*** Мені таудан қаңбақтай домалатып, бөлмеге әкеп қуып тыққан алапат, *бұлан күш* те осы сезім екен (Н.Сералиев, Ақ қайың). Менің тұла бойымның *бұлан күші* сенікі. Қияға ұшқан ойымның қыран құсы сенікі (С.Жиенбаев, Таңд.).

Ерке бұлан. *Ерке, бұла, шолжың.* Дұрысы – күміс келген күндіз бенен Түнерген қара бұлттай қара түнді. Алайда, *ерке бұлан* Ноян – ұлан Ашулы ағасына қарап күлді (М.Жұмабаев, Шығ.). Сәкен былайғы жұртқа – ел ағасы, ер азамат болып көрінгенмен, өз анасы үшін әлі де сүйкімді жас ұлан, *ерке бұлан* (Ә.Көшімов, Лашын.). Шалқыманың *ерке бұлан* шолжыңдығы жоқ, соған қарай ынжық, ұялшақ та емес (А.Хангелдин, Өткен күн.).

БҰЛАН= е т. **1.** *Малыну, шылану, малшыну.* Арғымақ жабы көрінер, Аса шауып *бұланса.* Айдын көл батпақ атанар, Айдыны құрып суалса (Ғ.Сланов, Домбыра.). – Бір кезде біздің Жыланды Бір ру – Құлдың жері еді. Қан менен терге *бұланды,* Жүзді ұрлап, бірді жебеді (Ж.Молдағалиев, Шығ. жин.). **2.** *Сылану, сылқымдану, кербездену.* Он төртте еді, төрт жылдай заман өтті, Бай баласы *бұланып,* өсіп жетті. Үйінен жасқа толып келген қыздар, Тұрмыс басты, күн сайын өңі кетті (С.Торайғыров, Шығ.).

БҰЛАНДАЙ с ы н. *Бұлан сияқты, бұлан тәрізді.* Ескек желдей ағындап, Қой, қозысы құландай, Ешкісі бөрте *бұландай,* Колхозда өскен түлігім (Жамбыл, Шығ. жин.). Осы ауру болғалы Қысы-жазы отырдым Ақсап қалған құландай, Жаралы болған *бұландай* (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Құйқылжыды құландай, Пәрменімен Қаракер. Желдегі жүйрік *бұландай,* Сауырынан ақты тер (Ж.Сыздықов, Қос қыран).

БҰЛАНДАЙЫН с ы н. ф о л ь к. ***Бұландай.*** Тобықты естіп пе едің Құнанбайым, Ол болған заманында *бұландайын.* Меккеден сауап үшін бір үй салды, Қадиша, асылың бар ма осылардайын (Айтыс).

БҰЛАНМҮЙІЗ з а т. б о т. <лат. Bongardia> *Бөріқарат тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік. Бұланмүйіздің* Қазақстанда Қызылқұмның, Түркістанның, Қаратаудың сазды қырқаларында, сортаң жерлерде, жол, арық бойлары мен тау бөктерлеріндегі егістік жерлерде сары бұланмүйіз деген түрі өседі (ҚҰЭ). *Бұланмүйіздің* биіктігі 30–50 см, тамыр түйіндері бұдыр (жуандығы 3,5 см), ұзын жапырақтары (8–15 см) тамыр түбінен басталып, жерге жайылып өседі (ҚҰЭ).

БҰЛАН-ТАЛАҒАЙ с ы н. ж е р г. ***Бұлан-талан.*** Оның бұл ісіне мен *бұлан-талағай* болып ашуландым (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БҰЛАН-ТАЛАН ү с т. **1.** *Абыр-сабыр, астан-кестен, ұйқы-тұйқы, аласапыран.* Аз үйлі жатақ *бұлан-талан* бір жағына қарай сырылып кеткелі жатыр (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Қыздың көңілін жадырату үшін жымиғаны болмаса, Серіктің де іші *бұлан-талан* (М.Гумеров, Сүйе ме?). Осынау қан майданда *бұлан-талан,* Түсіпті жау қолына бір жас ұлан. Жақсылық жәрдемшісі қарлығаштай, Жауына – у, жолдасына – су тасыған (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.). **2.** *Ашуланған, ызалы.* Сол оймен ішкі дүниесі боранға толып, ол залдан *бұлан-талан* шығып кетті (Ж.Жұмаханов, Махабб.). Келсе, қалыңдық *бұлан-талан.* Қырамын да жоямын... деп жатыр екен (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Астан-кестен, *бұлан-талан,* Айтатыны: «Сотқа барам». Ақырындап жақын барып, Жалыныштты, дедім: «Балам» (Б.Майлин, Шығ.).

Бұлан-талан болды. а) *Астан-кестені шықты, тас-талқан болды.* Бектас іші *бұлан-талан боп* өртеніп бара жатқандай (А.Байтанаев, Қайнар.). Алыстан, Жайылмадан әрі,

Шабақты өзенінің төменгі сағасынан қою шаң көрдім. Көңілім де *б ұ л а н-т а л а н б о п,* шаңдатып сала берді (С.Бақбергенов, Қарға там.). Бексұлтанның көңілі *б ұ л а н-т а л а н б о л ы п* кетті (Ж.Жұмаханов, Солдат.). ә) *Ашуланды, тулады, ызаланды.* Асқа да тұрмай *б ұ л а н-т а л а н б о п* жатыр едім... (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ләззәт сәтсіз мезгілде келіп қалғанына өкінді. Сонда да *б ұ л а н-т а л а н б о п* жүрген Айғаншаның қасына кеп сәлем берді (Т.Ахтанов, Дала сыры).

БҰЛАНША ү с т. *Бұланға ұқсап, бұлан сияқты.* Құлындары құланша ойнап, Бұзаулары *б ұ л а н ш а* ойнақ Салған дала, жайнаған гүл (А.Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.).

БҰЛАҢ[1] з а т. **1.** *Түлкі құйрығының ұшы.* Алқынып келіп жеткен ит аузын сала бергенде, түлкі құйрығының *б ұ л а ң ы* иттің бетін басқа жаққа жіберіп, өзі бұлтарып, басқа жаққа зытады (Ш.Айманов, Қыран.). **2.** *Ұзындау, шұбалаңқы нәрсенің арлы-берлі теңселуі, тербелуі; бұлғақ қағуы.* Ат құйрығының *б ұ л а ң ы* оның жүрісіне байланысты болады (Қаз. тілі. сөздігі). **3.** а у ы с. *Бұлкіл жүріс, жортақ.* Біз бір қалыпты *б ұ л а ң м е н* жүріп отырдық (Б.Майлин, Шығ.). Оның бар есі-дерті – осылайша *б ұ л а ң м е н* отырып таң ата ел шетіне ілігу («Соц. Қаз.»). **4.** а у ы с. *Құлық, айла.* Табақтас Ықшылбай мен Жапар қалды. Орнына Жарқымбай боп жаңаланды. Түлкідей Ықшекеңнің *б ұ л а ң ы* бар, Жақындап қолтығына кіріп алды (І.Жансүгіров, Шығ. жин.).

Бұлаң берді. а) *Жалт етті, қарап етті.* Ақшыл сәуле кейде *б ұ л а ң б е р і п,* жол көбелегін шалып қалады (Алғы шепте.). ә) *Елестеді, елес берді.* Өлер алдындағы қанды айқас көз алдынан *б ұ л а ң б е р д і* (М.Иманжанов, Адам.). б) *Алдады, құлыққа басты.* Оразбай да, Абыралы да құйрықты сыртқа салып, *б ұ л а ң б е р д і* (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Бұлаң қылды. *Алдады, алдаусыратты.* Кездескем жоқ өмірмен сын алдында, Бәлкім, аздап өзімшіл шығармын да, Бірақ кейде құр кеуде секілдімін, Заман, мені, асылы, *б ұ л а ң қ ы л м а* (Ф.Оңғарсынова, Мазасыз.).

Бұлаңға салды. *Алдады, құлыққа басты, алдаусыратты.* Әлде түлкісі құрғыр кәдімгі *б ұ л а ң ы н а с а л ы п* желешоқырақтап, есек дәмелендіріп алысырақ ертіп кетті ме, кім білсін, оның ертеңіне де келмеді (Б.Қыдырбекұлы, Ешкім.).

БҰЛАҢ[2] з а т. **1.** *Бұрылыс, бұлтарыс, қалтарыс.* Тау іші суық. *Б ұ л а ң ы* көп. Сондықтан болар басқа келген ой да қым-қиғаш, берекесіз, әр тұстан бір жылт етіп жанып-сөніп жатқандай (Ә.Тарази, Құйрықты.). **2.** а у ы с. *Қиыншылық, ауыртпалық.* Оң бұрасаң домбыра, Жырын айтар соңғыға: «Бұлдыр-бұлдыр заманның, *Б ұ л а ң ы н а н* өткемін» (Ж.Сыздықов, Асулар). *// Қалтарысы көп, ауыр, қиын (заман).* Іргеңді қымтап, сайма-сай жүрмесең, мына *б ұ л а ң* заман артыңды ашып кетеді, кемпірім (О.Сәрсенбаев, Сағым). Сонда-дағы қайтпастан, Тарихтың *б ұ л а ң* жолымен. Халық тізгін тартпастан, Алған бағын қолымен (Т.Жароков, Шығ.).

БҰЛАҢ[3] с ы н. с ө й л. ***Бұлан*[2].** Әйтеуір осы ел аузына іліккен жаужүрек әкенің арқасында Байтабын да *б ұ л а ң* өсті (І.Есенберлин, Қаһар). Күлімбала шал-кемпірдің ортасында *б ұ л а ң* өскен жалғыз қыз (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). «Күнәлі», «қанды мойын» – деген лақап, Дедектеп қыз құрманы келді таңдап. Жігіттің бұл да *б ұ л а ң* бір бағланы, Көрінді жауқазындай еті де аппақ (І.Жансүгіров, Шығ. жин.).

Бұлаң тұрмыс. *Жақсы, жайлы тұрмыс.* Олардың кім екенін біле алмадым, бірақ әйтеуір киім киістері өзгелерден ілгері, *б ұ л а ң т ұ р м ы с т а ғ ы* бапты адамдар сияқты (Т.Ахтанов, Үндістан.).

Ерке бұлаң. с ө й л. ***Ерке бұлан.*** Секірген тау шыңынан *е р к е б ұ л а ң,* Сылқылдап бұрақ қағып тасты тербеп. Күркіреп жатқан тасып долы өзендер, Лақтырып ақ көбігін, төсін кереді (М.Хакімжанова, Жыр асуы).

БҰЛАҢ[4] е л і к. *Кенеттен жалт етіп, бұлаңдаған қимылды бейнелейтін сөз.*

Бұлаң еткізді. *Жалт еткізді, қарап еткізді.* Әй, еншілес, Исақайды шақыршы! – деді де, нәуетек қабағын бір шытынып, түңғиық көзін бір төңкеріп, бәтес көйлектің етегін *б ұ л а ң е т к і з і п* қайта кірді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Бұлаң етті. а) *Жалт берді, қарап етті, көзге түсті.* Ақ жаулық, қылаң ұрған, қылаң Шекер, Етегі аяқ басса *б ұ л а ң е т е р.* Мықынын қысып қалсаң: – Өй, қағынды! Қойшы! – деп еркеленер, бұрап етер (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жамалжан, талап таудай болса-дағы, Тон келте, сүйгеніңнің қолы қысқа. Төскейден қызыл түлкі *б ұ л а ң е т с е,* Төбеден қыран бүркіт ұмтылмас па? (М.Дулатов, Шығ.). Бір сәтті емес сайдан қашқан түлкінің құйрығындай *б ұ л а ң е т е* түсіп, ғайып болды (Ш.Мұртазаев, Қара маржан). Қаранғаған балапан қарағайлар, бұталар *б ұ л а ң е т і п,* жолын тосқан жау солдатындай елес береді (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). ә) *Елес берді, елестеді.* Құлағына дейін қызарып кетті де, сүйген сұлуы көз алдынан бір *б ұ л а ң е т т і* (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.).

Бұлаң қақты. а) *Құйрығын бұлғаңдатты, иреленді.* Көз жетер жерге дейін қылтанақ бұта жоқ, алыста *б ұ л а ң қ а ғ ы п* түлкі жүр

(С.Мұратбеков, Дос іздеп.). Сонымен азулы жаудың ізін кестік. «Сиыр салған» құмының желке тұсын ала, жаңа жүріп өткен іздің аңдысын аңдап келе жатыр ек, топ шағылдың ішінен бір арлан анадайдан *б ұ л а ң қ а ғ ы п* кете берді (Б.Тәжібаев, Қараторғай). ә) *Бұлғақтады, желбіреді.* Алдыңғы оқушының қолындағы қызыл шашақты жалау толқи желбіреп, етегі *б ұ л а ң қ а ғ ы п* келеді (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Өткен түндегі қатты жауыннан кейін айнала-төңірек құлпырып кеткен. Қызғалдақтар *б ұ л а ң қ а ғ а д ы* («Қаз. әдеб.»). б) *Мың бұралды, майысты, сыландады.* Ажар-көрік, шолпы тағым мінсіз еді, Көрген жан құмарланған тілсіз еді. Ерке өсіп сахарада *б ұ л а ң қ а қ қ а н,* Ішінде гүл бақшаның хор қызы еді (Б.Майлин, Шығ.). Кертөбелі біраздан соң *б ұ л а ң қ а қ қ а н* жүріспен көз ұшынан ғайып болды («Қаз. әдеб.»). Қыдырып еркектері үйден үйге, Келгендей түстеніспен жақсы күйге. Керіліп кербез қатын *б ұ л а ң қ а ғ ы п,* Сыйлайды барын беріп күтіп үйде (Б.Майлин, Шығ.). в) *Ойнақшыды, тулады.* Келеді дәл үстінен төмен ағып, Желігін басады аттар *б ұ л а ң қ а ғ ы п,* Ілияс, Жексенаймен тап бермекке, Жолға жақын орманнан тұрды бағып (Н.Баймұратов, Қанды жорық). Батқанда қырдың күні тұмандатқан, Қатқанда Сырдың суы *б ұ л а ң қ а қ қ а н.* Күл көрпе, қорда төсек, қолға байлап, Үкілеп қара таспен тұмарлатқан (І.Жансүгіров, Шығ.).

БҰЛАҢ-БҰЛАҢ с ы н. *Қалтарысы көп, бұрылысы көп.* Ауылдың төмен жағы *б ұ л а ң-б ұ л а ң* қырат («Қаз. әдеб.»). *// Әрлі-берлі, ерсілі-қарсылы.* Бағадаев қолындағы жалаушаны балалардың төбесіне көтеріп, *б ұ л а ң-б ұ л а ң* желпіді («Соц. Қаз.»).

Бұлаң-бұлаң етті. *Көлбеңдеді, тербелді.* Дәмелі аспан түстес көгілдір көйлекке малына киінген. Қос бұрым жерге тиер-тимес болып *б ұ л а ң-б ұ л а ң е т е д і* (І. Есенберлин, Айқас).

БҰЛАҢДА= е т. **1.** *Ит, тұлкі т.б. аң құйрығының әрлі-берлі қозғалуы, ирелеңдеуі, бұлғақтауы.* Тазыға қарағанда түлкі құйрығы *б ұ л а ң д а п,* артына жалтақ-жалтақ қараумен ап-анық көрініп барады (С.Бақбергенов, Қарға там.). Көңілденіп, *б ұ л а ң д а п* өзіне жағына қараған ала мойнақ итке қарап Мүсірәлі: – Кет! ... Анау итті шығарып жібер ші! – деді (С.Сейфуллин, Әңгім.). Көптен келмеген Ермекті сағынып қалған Аққасқа аяғына оралып, *б ұ л а ң д а п* еркелейді (С.Бегалин, Таңд. әңгім.). Кетті-ау бәрі мұны алдап, Қарайды ол таң болып. Шықты иті *б ұ л а ң д а п,* Аузы-басы қан болып (С.Мәуленов, Құлыншақ). **2.** *Тербелу, теңселу, ырғалу.* Иығын кекжең еткізіп жүріп кетті. Шелегі оң қолының қарында *б ұ л а ң д а п* барады (М.Сүндетов, Ескексіз.). Доңғалақтары *б ұ л а ң д а п,* Шиқылдақ майсыз арбадай, Жүрмейақ қойды бір оңдап, Тартыншақ жапа-тармағай (Ж.Молдағалиев, Шығ.). Ол – сымбатты денелі, қазақ қыздарындай тірсегіне түсе *б ұ л а ң д а ғ а н* қос бұрымды, оқтаудай түзу, бір асқан көркем жан (І.Есенберлин, Қатерлі.). **3.** *Майысу, сылаң қағу, мың бұралу.* Атыңды шешең сүйіп қойған Еркін, Той болса түзетесің кәмшат бөркің. *Б ұ л а ң д а п* жұмақтың хор қызындай, Бітпеген еш пендеге сенің көркің (Айтыс). Былғары етік кидім деп *Б ұ л а ң д а м а,* келіншек. Көн етігің көрпілдеп, Ел қыдырма, келіншек (Бозінген). *Б ұ л а ң д а п* сылқ-сылқ күліп оған Үлбе, Былайша тіл қатады Риддерге... (Ғ.Орманов, Сәт сапары). *Б ұ л а ң д а ғ а н* Құртқаның, Сөзге сынық қылдың деп, Егер шықса алдынан, Басын кесіп алмаққа (Батырлар жыры). Тайбурыл атты жетектеп, Қобыландыдай бөрінің *Б ұ л а ң д а ғ а н* қыз Құртқа Алдынан кетіп барады (Қобыланды батыр) *// э к с п р. Жағыну, жағымпаздану; жылмаң қағу.* – Онда мұныңыз данышпандық екен, – деді Қарсақ иесіне еркелеген итше *б ұ л а ң д а п,* – сол бақытты күнді қарсы алу үшін не істеуді бұйырар екенсіз? (Ә.Әбішев, Замана.). **4.** *Желбіреу, желмен қозғалу.* Тағы да *б ұ л а ң д а ғ а н* қызыл ту көтерген, омырауына қызыл бантик байлаған екі жарым мыңдай темір жол жұмысшылары бастаған парад «Интернационал» өлеңін жырлап келіп, пароход жұмысшыларына қосылды (І.Жансүгіров, Шығ.). Қызыл қол қырға қаптады. Қызыл тулар қыр астында *б ұ л а ң д а д ы.* Дала қып-қызыл нұрға толды (І.Жансүгіров, Жолдастар). Бүгін Нұрила ақ жібек көйлек киіпті. Тау жақтан ескен желмен етегі майыса *б ұ л а ң д а й д ы* (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). **5.** *Бұраландап тез ағу (өзен, бұлақ жайында).* Әсем-ақ қой Алматының *Б ұ л а ң д а ғ а н* тау өзені, Жасыл дүние жаннатының Бал бұлағы, бау өзегі (Ж.Молдағалиев, Шығ.). Күркірей ағып күлдіреп, Күміс қары шешіліп, Тастар ағып домалап, Жырасын сайдың қуалап, *Б ұ л а ң д а п* ағып жол алып, Теңізге тартты есіліп (Қ.Жапсарбаев, Өлеңд.). Ерке өзен, елі сүйген, батыр өзен, *Б ұ л а ң д а п* ағып елге жатыр төмен. Ешбір жау ернеуінен аттай алмас, Тұңғиық сыры күшті жатыр терең (Қ.Тастайбеков, Өлеңд.). **6.** *Мұнарту, бұлдырау, көлбеңдеу.* – Қарашы, әке, аға, – деп, – тамашаны, Жөнелді асығып бала жаны. Көз алдынан *б ұ л а ң д а п* өте шыққан, Секілденіп досымның бала шағы (Ғ.Қайырбеков, Құрдас). Ана жайлы ойланам, қыран жайлы, Қиял шіркін орнында тұра

алмайды, Өмір жайлы ойланам, өзім жайлы, Кейде шаттық, кейде бір мұнар қайғы, Алма кезек алдымда *б ұ л а ң д а й д ы* (М.Мақатаев, Шығ.). Көз алдынан *б ұ л а ң д а ғ а н* қызғылт сәуле кетпей қойды (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Алыстан *б ұ л а ң д а п* құба төбел, қынай бел сұлу ажар танытатын бұйрат-бұйрат қалың қырқа құмның ішкі сырын білген жанға шынар биіктен қоныс тепкен құстың ұясындай бір түрлі жылы, ыстық көрінеді («Қаз. әдеб.»). Заман ғой сыры қилы, күні аумалы, Татулық сағым кейде *б ұ л а ң д а д ы* (Қ.Бекхожин, Әппақ-наме). **7.** *Елестеу, елес беру.* Қырмызы кілемдей шалқыған көкорай шалғын көз алдыңнан *б ұ л а ң д а п* өтеді (Ә.Шәріпов, Қапаста.). **8.** п о э т. *Ауыздықпен алысу, аласұру, тыпырлау, жер тарпу (мініс ат жайында).* Енді артына қараса, Тағы бір ат көрінді, *Б ұ л а ң д а ғ а н* шабысы. Оны байқап қараса, Мақтымнан түскен Тарлан ат (Қамбар батыр). Қарамандай құрдасы Кетіп қалды деген соң, *Б ұ л а ң д а ғ а н* бурылға Тағы да басты қамшыны-ай (Батырлар жыры). Байлаулы малдай шешілді, Төрт аяғын көсілді. Кешегі кеткен қосынға, *Б ұ л а ң д а ғ а н* бурылмен, Артық туған Қобыланды, Аңқытып жетті бесінде (Батырлар жыры). **9.** *Еркелеу, бұраңдау, шолжыңдау.* Бұлан да бұлан, бұлан сан, Бұланның санын оқ тесер, *Б ұ л а ң д а п* жүрген жігіттің Жомарт қолын жоқ кесер (Ақтамберді жырау [Сарыұлы]). **10.** а у ы с. *Алдау, құлыққа басу, құтыңдау.* Кімде-кім қорыққанын алдаумен, түлкіше қылып айла *б ұ л а ң д а ғ а н.* Халықты жексұрын қып болыснайлар, Үйезге жағымсынып бипаңдаған (М.Көпеев [Мәшһүр-Жүсіп], Хал-ахуал.). Тезектің сырттан келген жауға қарсы тұрар не күш, не батырлығы жоқ, түлкіше *б ұ л а ң д а п,* айламен күнелтуге түскенін осылай ашып алады (М.Әуезов, Әр жыл.). Ақбөбек сәйкілікпен бұраңдадың, Бұл дәурен өтер десем тіл алмадың. Түлкідей қырдан қашқан қызыл алтай, *Б ұ л а ң д а п* қыр көрсетіп құр алдадың (Б.Адамбаев, Ақбөбек). Шағырмақ, талай жерді бүлдіргенің, Досты жылатып, дұшпанды күлдіргенің. Түлкідей шыңнан қашқан *б ұ л а ң д а у ш ы* ең, Төскейде ақиыққа ілдіргенің (Ақан сері, Шығ.).

Бұраңдап өсті. *Еркелеп еркін өсті, еш нәрседен таршылық көрмеді.* Сол төрт ұлдың ортасында *б ұ л а ң д а п ө с к е н* Шұға дейтін қызы болды (Б.Майлин, Шығ.). Кеше ғана *б ұ л а ң д а п ө с і п* келе жатқан Дәмежан соңғы кезде тез есейіп сала бергендей болды (Ә.Қалмырзаев, Ар).

БҰЛАҢДАТ= е т. **1.** *Ірелеңдету, бұлғақтату, әрлі-берлі қозғау.* Өзен мұзында оншақты шана ерсілі-қарсылы жорғаларын бездіріп жүр. Қамшыны *б ұ л а ң д а т ы п,* қарды бұрқыратып қосылып кеп кеттік (І.Жансүгіров, Шығ.). **2.** *Тербелту, теңселту, ырғалту.* Сонда сен, көрі Шыңғыстай! «Батырау, ел қарасы көріне ме? Ел қайта қонып қалған ба?» – дегендей бағанағыдан гөрі жылы жүзбен жымыңдап сағымданып, жайдары желің жаңа шыққан жасыл көдені *б ұ л а ң д а т ы п,* қайың мен теректің жапырағын сылдыратып жайқалтып, төскейдегі елге атой бергенде: «Мұнда-мұнда! Бергел-бергел!» – деп шақырғандай болдың-ау (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **3.** *Майыстыру, сылаңдату, сылаң қақтыру.* Қызды ауылды көргенде *Б ұ л а ң д а т қ а н* жиырма бес, Төскейден қашқан түлкідей сылаңдатқан жиырма бес (Бұқар жырау [Қалқаманұлы], Тілек). **4.** а у ы с. *Алдату, бөстіру, құтыңдату.* Руын мақтай-мақтай шығандатты, Бәлсінтті, бұлғақтатты, *б ұ л а ң д а т т ы.* Сабазың саябырсып қалды бір кез, Бөсудің жөнін таппай мұнан қатты (С.Сейітов, Жаңғырық).

Құйрығын бұлаңдатты. а) *Еркеледі, арсаландады.* Төбет еркелеп, *қ ұ й р ы ғ ы н б ұ л а ң д а т а* бастады (А.Сатаев, Ақын.). Кінәсін жуып-шайғандай болған ала қаншық *қ ұ й р ы ғ ы н* жәркелештене *б ұ л а ң д а т ы п* қойды да тау жаққа қарап үрді (К.Сегізбаев, Ашыл. сыр). *Б ұ л а ң д а т ы п қ ұ й р ы ғ ы н,* балаларға бой ұрып, Сіміріп бар сыйлығын, семірді ол тойынып (С.Мәуленов, Құлыншақ). ә) *Құлыққа басты, алдады, алдап-арбады.* Үнем болмас құйрықты бұлаңдатқан, Сауырсына шапақтап, сүйіп жатқан. Екі көңіл арасы – жылшылық жер, Оны қайтіп қосады ол ант атқан (Абай, Тол. жин.). Бұлақ біткен қашты алдан, *Б ұ л а ң д а т ы п қ ұ й р ы ғ ы н* (Т.Айбергенов, Мен саған.). Осылай азғын Лотов лаңдатып, Жау болды тон жамылған сыраңдатып: «Білдірмей өнерімді асырдым»– деп Түлкідей жүр *қ ұ й р ы ғ ы н б ұ л а ң д а т ы п* (А.Нұртазин, Орман.). – Жазылған алдыңдар ма бұйрығымды, Ордаға тарттыңдар ма сыйлығымды? Айтыңдар, ал шыныңды антыңменен, Түлкідей *б ұ л ғ а ң д а т п а й қ ұ й р ы ғ ы ң д ы* (Н.Ахметбеков, Жасауыл.).

БҰЛАҢДАТУ *Бұлаңдат етістігінің қимыл атауы; алдату, бөстіру, құтыңдату.* – Айналайын, өйтіп *б ұ л а ң д а т у ы ң д ы* қой (Ауызекі).

БҰЛАҢДАУ *Бұлаңда етістігінің қимыл атауы; алдау, құлыққа басу, құтыңдау.* – Қарсақ, – деді Кемел қадалған көзін алмастан, – түлкіше *б ұ л а ң д а у ы ң* да, қоқан-лоққың да жетер енді (Ә.Әбішев, Замана.).

БҰЛАҢҚҰЙРЫҚ с ы н. **1.** *Аңшыны алдап, бұркітті жер қаптырып кететін айлакер.* Өмір деген *б ұ л а ң қ ұ й р ы қ* түлкі сияқты деуші еді менің кейбір жолдастарым... (А.Байтанаев, Қайнар.). Әккі болған кәрі аңшы Аңға шығып бір күні. Ұстап алды алдамшы, *Б ұ л а ң қ ұ й р ы қ* түлкіні (С.Мәуленов, Құлыншақ). **2.** *Бірқалыпты ырғақты, бұлаңдаған (жылқы малының жүрісі туралы).* Мұсабайдың аулынан шығып, қара жолмен, ылғи *б ұ л а ң қ ұ й р ы қ* жүріспен жүріп отырып, кешке ең шеткі поселкеге келдік (С.Сейфуллин, Тар жол.). Аттар семіз, күйлі. Тегіс тағаланған, жүріске қажитын емес. Бір қалыпты *б ұ л а ң қ ұ й р ы қ п е н* жіті жортып келеді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Көкен дойыр қамшыны оң қолына қымқыра ұстады да, *б ұ л а ң қ ұ й р ы қ* бұлкекпен ел шетіне кіре берді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). *Б ұ л а ң қ ұ й р ы қ* желіспен Қос күрең ат желеді. Қос күреңнің желісі Көңілге жел береді (Б.Майлин, Шығ.). **3.** а у ы с. *Қу, айлакер, алдамшы (адам). Б ұ л а ң қ ұ й р ы қ* адамнан аулақ жүр («Қаз. әдеб.»).

Бұлаңқұйрыққа [түлкі қулыққа] салды. а) *Ылдым-жылдым жүрді, жортып отырды. – Б ұ л а ң қ ұ й р ы қ қ а с а л ы п* кетсеңіздер, көз байлана жетіп қаларсыздар (Ә.Әбішев, Найзағай). Сәске түске дейін суыт жүріп келіп, содан кейін *б ұ л а ң қ ұ й р ы қ қ а с а л д ы* (Ж.Тілеков, Жоңғар.). Гүлнаш Көккасқамен желге қарсы *б ұ л а ң қ ұ й р ы қ қ а с а л ы п* барады («Соц. Қаз.».). ә) а у ы с. *Сөзбұйдаға салды, айлаға көшті, қулыққа басты.* – Және осы уақытқа дейін *б ұ л а ң қ ұ й р ы қ қ а с а л ы п,* бізге қосылмай алдап жүрген билердің бәріне де хат жазыңдар (І.Есенберлин, Қаһар). ...Басқарма председателі: «Бүгін-ертең ауысқалы отырған шағымда елдің ақсақал-қарасақалын ренжітіп қайтемін» – деп, *б ұ л а ң қ ұ й р ы қ қ а с а л а* берді (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). *Б ұ л а ң қ ұ й р ы қ қ а с а л ы н б а,* сенің де сырыңды білеміз, тайып тұр! – деп мінбеден қуып түсірді («Қаз. әдеб.»). Парторг Қалбақайдың *б ұ л а ң қ ұ й р ы қ қ а с а л ы п* тұрғанын сезе қалды да: – Сіз бұлтақтатпай-ақ қойыңыз, – деді (Е.Қонарбаев, Түнгі от). Енді ол *б ұ л а ң қ ұ й р ы қ* түлкі қулыққа *с а л ы п* патша солдаттарымен жата-жастана ұрысып, қазақтың ереуілге қосылмай жатқан басқа руларын өзіне тартуға кірісті (І.Есенберлин, Қаһар).

БҰЛАҢҚҰЙРЫҚТАТ= е т. *Жорту, ылдым-жылдым жүріске салу.* Сарыбала жауап қайырмастан жүріп кетті. «Жарықтан» шыға сала *б ұ л а ң қ ұ й р ы қ т а т ы п* барады (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Сонау белеске шықсақ, ар жағында ел қалай көрінбес екен. Жүріңкірелік, – деп *б ұ л а ң қ ұ й р ы қ т а т ы п* жүріп барады (С.Шарипов, Бекболат).

БҰЛАҢЫТ= е т. к ө н е. *Көмескілену, мұнарту, буалдыр тарту.* Сонау ту-ту алыстан сағым көтерген ала теңбіл таулар *б ұ л а ң ы т т ы* (Ә.Кекілбайұлы, Шығ.). Келте көктемнің зеңгір аспаны енді шіліңгір жаздың аптабына ауысардай *б ұ л а ң ы т а,* мұнар ұйып қалыпты (К.Ахметбеков, Алқакөл). Аман ағаш үйдің шағын аласа терезесінен сыртқа қарап еді, *б ұ л а ң ы т ы п* еш нәрсе көрінбеді (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

БҰЛАҢЫТУ *Бұлаңыт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Алыстан *б ұ л а ң ы т у.*

БҰЛА-ТОЛА ү с т. ж е р г. ***Біржола.*** *Б ұ л а т о л а* көрісе келейін деген ғой (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БҰЛАУ[1] з а т. **1.** *Күннің, ыстық құмның т.б. қызуы, ыстығы.* Күндізгі қызыл күннің шыжыттқан *б ұ л а у ы н а н* жер жүзінің жаңа ғана мөлдіреп салқын тері шыққан тәрізді (С.Сейфуллин, Әңгім.). – Бекер болған екен. «Қырдағы егіннен қырмандағы дән артық» дегендей, қыздырынып, көсіліп жататын Қызылқұмның *б ұ л а у ы* жақсы еді бұдан да («Лен. жас»). **2.** *Ауырған жерді ыстық бумен булайтын халық емі.* Адамға шаншу қадалып қалса, дымқыл жылылықтың, әртүрлі *б ұ л а у д ы ң* пайдасы өте зор (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.). Ежелден қазақ *б ұ л а у м е н* суық тиген адамды емдеген (ҚҰЭ).

Борсыма бұлау. к ө н е. ***Қапталғы.*** *Б о р с ы м а б ұ л а у д ы* жасау үшін шілде айында қайыңның жас жапырағын жинап алып, қапқа тығыздап салып, үстіне қайнаған су құйып, он күндей ыстық күн астына тастаған (ҚҰЭ). *Б о р с ы м а б ұ л а у* тәсілімен сарыбуын, ақтаңдақ, әйел жыныс мүшелерінің ауруларын емдеген (ҚҰЭ).

Бу бұлау. к ө н е. ***Батпалғы.*** *Б у б ұ л а у* жасау үшін үш-бес тасты отқа қыздырып, темір кіршіге салып, үстіне су шашып, соның буына науқас адамның ауырған жерін ұстаған (ҚҰЭ).

Бұлау болды. *Әбден терледі, шып-шып тер шықты.* Манағы тер тер ме, қара шал енді *б ұ л а у б о п* қалды (А.Сүлейменов, Бесін). Сондағы Құлмамбеттің сөзі мынау: Арам тер талай ақын *б о л д ы б ұ л а у.* Жамбылға сонда тұрып былай деді, Басқасы болмаған соң аяқ ылау (Айтыс).

Бұлауға түскендей. *Әбден терлеген, қара тер болған.* Батырбек ұйықтап кетті, оянса моншақтап терлеп, *б ұ л а у ғ а т у с к е н д е й* балбырап жатыр екен (А.Жақсыбаев, Егес).

Бұлау тер. *Бұлаулағанда шығатын ащы тер.* Қара таудай буралар, Қара бұйра шудалар, Бура жерге шөгеді: *Б ұ л а у т е р і н* төгеді (Ә.Табылдиев, Атымтай).

Құм бұлау. к ө н е. *Шапталғы, ыстық балшыққа, құмға оранып жату немесе қыздырылған*

балшықты жалаңаш денеге жағып, күн сәулесіне қыздырынып терлеу. Құм бұлау кезінде қыздырылған құмға немесе тұзға үйде арнайы орында оранып жатып, терлеу арқылы денедегі суықты шығарады (ҚҰЭ). Ыссылы-суықтан шығар бәрі де. Жазда *құм бұлау* алсаңыз немесе тұзға түссеңіз кетер (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). Кешеден бері белінен *құм бұлау* кеткен жоқ (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Шырағым, белден шойырылып қап ем, *құм бұлауға* түсіп, сел-сел боп терлеп, әжептәуір бері қарадым (А.Тоқмағамбетов).

Құрғақ бұлау. к ө н е. ***Қақталғы***. *Құрғақ бұлау* жасау үшін бес түлік мал сүйектерінің қоспасынан бес қап сүйек дайындап, оны адам отыра алатындай шұңқырға салып өртеген (ҚҰЭ). *Құрғақ бұлау* тәсілімен сал және полиартрит (қорбуын) ауруларын емдеген (ҚҰЭ).

Су бұлау. к ө н е. ***Сақталғы***. *Су бұлау* жасау үшін суық суға екі уыс тұз салып, қайнатып, су температурасы 40°С-тай болғанда науқас адамды шомылдырады (ҚҰЭ).

Тас бұлау. *Тасты қыздырып жасаған бұлау*. Табанынан да, тақылжырынан да *тас бұлау* қойғызса да, ауырғалы бір терлей алмай-ақ қойды (Д.Әбілев, Баянауыл.).

Түйіндеп бұлау. к ө н е. ***Нақталғы.*** *Арнайы темір ыдысқа жыланның басын қайнатып, сол буға науқас адамның басын орамалмен жауып, ауырған жерін булайтын әдіс. Түйіндеп бұлауды* құлақ, тіс ауырғанда, адамның жағы сырқырағанда қолданған (ҚҰЭ).

Шым бұлау. к ә с. к ө н е. *Малдың екі бүйіріне шым қыздырып басып бусандыру тәсілі* (А.Боштаев, Название и лечение домашних животных у киргиз).

БҰЛАУ[1] *Бұла етістігінің қимыл атауы; көз жасын көл қылу, жылап-сықтау.* Шапай жылауда еді. Көз жасын көл қылып, *бұлауда* еді. Қайтсін, шерлі ғой, Тұрмысы бұғауда еді (Б.Майлин, Шығ.). Еңбекшіл тап бүгін еңіреп жылауда, Ерін жоқтап, қайғы-күйін жырлауда. Қатын-бала, көрі-жасы күңіреніп, Омырауын ыстық жаспен *бұлауда* (С.Сейфуллин, Шығ. жин.).

БҰЛАУ[2] с ы н.*Қиын, азап*. Ол жылау күндерді, *Бұлау* күндерді көп көрген (О.Сәрсенбаев, Бақыт.).

БҰЛАУ[3] з а т. *Көзіне жас толушылық, қыстығып, жылай алмаушылық. «Бұлаудың түбі* – жылау» дегендей-ақ, бостықтың түбі де онша көп жақсылыққа апарып соқтырмайды (Т.Дәуренбеков, Сүмбіле).

БҰЛАУДАЙ с ы н. *Бұлау сияқты, бұлау тәрізді*. Айжанның қызу денесі Шоқанның тұла бойын *бұлаудай* бусандырып барады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). *Бұлаудай* терлеудің бас себебі – тері безі әрекетінің бұзылуы, бұлшық еттердің құрысуы, тағы сондайлар (С.Омаров, Мал. гигиенасы).

Беті [бет-аузы] бұлаудай. *Көп жылағандықтан беті ісіп кеткен*. Қалайша түзде жүргенін оның, Боранда дүлей мынандай. Тұрғандай айтып жүрісі оның, Көзде жас, *беті бұлаудай* (Ш.Мұхамеджанов, Ана.). Зәнида әлсіз ғана: – Әлгі сұмырайлар, – ернінің ұшымен сұрады. Өзінде түр қалмапты. Шаш қаңбақтай, *бет бұлаудай* (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). Тұрсында да үн жоқ, *Бет-аузы бұлаудай* (Ж.Жұмаханов, Үш бәйтерек).

Көзі [екі көзі] бұлаудай. *Жылай-жылай екі көзі күп болып ісіп кеткен*. Бирма қалаларындағы соп-сопақ пагодаларға әлде қалай кіре қалсаңыз, Будда мүсіндерінің алдында *көздері бұлаудай* болып, еңіреп отырған адамдарды көресіз (Қ.Сатыбалдин, Қаратөрғай). Жүзі шүберектей күп-қу. *Көзі бұлаудай*, жас шықпай ықылық ата береді (М.Сүндетов, Ескексіз.).Көз жасын төккен, көп жылаған. Түні бойы ұйықтай алған жоқпын, зәрем зәр түбінде. Қатынымның *екі көзі бұлаудай* (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Әрі-беріден соң көзімді ашсам, шешемнің *екі көзі бұлаудай*, молда дем салып отыр (Қаз. ертег.).

БҰЛАУЛА[1]= е т. *Бұлау жасау; бұлаумен емдеу*. – Былтыр Бәзелей ағай моншасына түсіріп, ай бойы *бұлаулады*. Өзіміз де бұлау жасадық. Әйтеуір айықпай-ақ келеді (Қ.Исабаев, Айқыз). Оны ушықтырмай, тез қайтару үшін түйені *бұлаулайтын*, яғни усойқының немесе итсигектің түбірін көбірек етіп, бір жерге өртейтін де, ыстық күлдің тұсына түйенің ұмасы келетіндей етіп шөгеріп, үстін туырлықпен жабулап, түйені терлететін (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

БҰЛАУЛА[2]= е т. *Көзі жасқа толу, көп жылау*. Екі көзіңді *бұлаулап* неғып отырсың, тұр орныңнан, – деді әкесі («Қаз. әдеб.»).

БҰЛАУЛАН= е т. *Көп жылағандықтан, көз алдының ісініп кетуі*. Ызалы жастан *бұлаулаған* а *н* екі көзі Қоңырқұлжа көйлегінің етегіне қадалған (І.Есенберлин, Қаһар).

БҰЛАУЛАНУ *Бұлаулан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көзінің *бұлаулануы*.

БҰЛАУЛАУ *Бұлаула етістігінің қимыл атауы*. Байдәулет інісінің көз жасын мұншама *бұлаулауынан* өзін қатты сағынып қалған екен деп ойлап арқасынан қаға берген еді (Қ.Исабаев, Өткелде).

БҰЛБҰЛ [ир. بلبل] з а т. **1.** *Орман-тоғайда болатын торғай тұқымдас, қоңыр-қызғылт түсті, даусы әдемі, кішкене әнші құс; сандуғаш.*

Бұлбұл гүлсің, *Б ұ л б ұ л* үнсіз – жай бір құс. Айсыз, күнсіз, «гүлсіз», үнсіз – өмір бос! Бота көзді, Жібек сөзді ғарышқа Кетті ұшып. Зарды құшып алыста (М.Жұмабаев, Шығ.). Май айының маужыраған мәуесінде, Сандуғаш, *б ұ л б ұ л* сайрап ән береді. Әртүрлі әнші құстар тамашалап, Құттықтап май мейрамға сәнденеді (К.Әзірбаев, Таң. шығ.). Ширазым – сол Шираз, Гүл, *б ұ л б ұ л ғ а* мол Шираз, Гүлі қызыл лағылдай, Гүлге қонған *б ұ л б ұ л ы*, *Б ұ л б ұ л ы н ы ң* бал үні Жазғы сұлу сағымдай (М.Жұмабаев, Шығ.). Біздің бір баһшат мысал бақшамыз бар, Ішінде *б ұ л б ұ л* құстар сайрап тұрар (Бабалар сөзі). **2.** з о о л. <лат. Luscinia> *Торғай тәрізділер отрядының сайрауықтар тұқымдасына жататын әнші құс*. Ал, енді мынау орманды дала белдеуінен *б ұ л б ұ л*, қара шымшық, маубас жапалақ, үкі, кептер, құр көптеп ұшырасып отырады («Лен. жас»). Қазақстанда екі түрі – кәдімгі немесе шығыс *б ұ л б ұ л ы* және оңтүстік не зор тұмсықты *б ұ л б ұ л* кездеседі (ҚҰЭ). **3.** а у ы с. *Дауысы әдемі, сазды, әнші*. Қазақ халқының *б ұ л б ұ л ы* Күләш Байсейітоваға небары 24 жасында «Совет Одағының халық артисі» деген аса жоғары құрметті атақ берді (Ж.Рсалдин, Ахмет Жұбанов). Үйқымды ашып, тыңдай қалсам, Сайрап тұрған бір бұлбұл. Өзіміздің гүл бағында Өскен *б ұ л б ұ л* – Бибігүл! (А.Тоқмағамбетов, Өмір.). Бұл қалада сонау бір жыл Роза атты көп еді қыз. Роза – *б ұ л б ұ л*, Роза – бір гүл, Деп келетін өлеңіміз (С.Мәуленов, Таңд. өлең.). **4.** а у ы с. *Ақын, жыршы, өлеңші; тілге шешен, сөзге жүйрік адам*. Шебер сөз шешен айтса сылдырлайды, Сәулесі көкейді алып бұлдырлайды. Ежелден ел *б ұ л б ұ л ы* ақын шіркін Ән салад, әңгіме айтад, жыр жырлайды (І.Жансүгіров, Шығ.). Бақшасында халықтың, *Б ұ л б ұ л* боп тілің сайрасын (М.Дулатұлы, Шығ.). Мен ақының болайын, Даңқыңды жырға қосайын, *Б ұ л б ұ л ы ң* болып сайраған (Ж.Жабаев, Шығ.).

Бұлбұл көмей. *Әсем дауысты (әнші)*. Халық тарихы бай. Ел ішінде талай бармағынан бал тамған күйші, *б ұ л б ұ л к ө м е й* әнші болған («Қаз. әдеб.»). Танимын Күләш дауысын, бұл кім демей, сезімім шыдар қайтіп бүлкілдемей. Ән болып, арман болып жүзіп өткен – Өмірден жалын жүрек, *Б ұ л б ұ л к ө м е й* («Қаз. әдеб.»). Жиналды бәрі әншінің, Тойларында малшының, Не *б ұ л б ұ л к ө м е й* шырқады, Әніне салып Шәмшінің (А.Қалманбетов, Көктем гүлі).

Бұлбұл қағып жүргізді. *Кісінің көңілін шат қылып, мерейін тасытып шаттандырды, риза етті*. Аяңы тымақты алшы кигізгендей, Кісіні *б ұ л б ұ л қ а ғ ы п ж ү р г і з г е н д е й*, Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс, Ыза қылды қолыма бір тигізбей (Абай, Тол. жин.).

Бұлбұл үнді. *Бұлбұлдың үніндей әдемі, әсем, сазды*. *Б ұ л б ұ л ү н д і* сұлу көкегі, момын торғайы – осының бәрі Гүлжанды тәжім етіп қарсы алып, «қош келіпсіз!» деп тұрғандай (Х.Мұстафин, Қыр жігіті). Өскен гүл тұра ма екен шешек атпай, Қоймақшы, сандуғашты кім сайратпай. Гүл жүзді, *б ұ л б ұ л ү н д і*, сырлы сөзді – Жас ақын қояр ма жыр сорғалатпай (Қ.Аманжолов, Шығ.).

Көзден бұлбұл ұшты. *Бір көруге зар болды, аңсады, құмартты*. Сағымнан шәйі жамылған, Қырмызы тоты құстар-ай. Аулақтап жастық бағымнан, *к ө з і м н е н б ұ л б ұ л ұ ш қ а н ы-а й!* (М.Мақатаев, Шығ.). Бірнеше қап ұн. Бұның бәрі қазіргі кезде жұрт *к ө з і н е н б ұ л-б ұ л ұ ш қ а н*, қаны жерге тамбас дүниелер (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

Құмыр бұлбұл. з о о л. *Дене-тұрқы бармақтай ғана құйқылжыта сайрайтын әнші құс*. Жәннат қой біздің Семейдің жеміс бақшалары! Кәусар ғой оның арық сулары! Қандай сандуғаштар, қандай ғана *қ ұ м ы р б ұ л б ұ л д а р* (М.Әуезов, Абай жолы). Сайраған *қ ұ м ы р б ұ л б ұ л* үні шықты, Кемпір қара сәлісін бүркеп шықты. Гүл мен ағаш майысып қарағанда, Еліріп тік қарайды Кавказ мықты (Үш ғасыр). Жаралып күн қызулы құштарлықтан, Домбыра жан-жүректі құшқандықтан, Құлпырып мың бояумен құйқылжыған Күй сазын *қ ұ м ы р б ұ л б ұ л* құстар да ұққан (М.Әлімбаев, Жүрек лүпілі). Табиғат қалады-ау бір жырғап таңда Жаяды жапырағын гүл бақтарда Кең дүние жаны балқып қалғандай бір, Тәтті әнін *қ ұ м ы р б ұ л б ұ л* тыңдатқанда (З.Шүкіров, Сағыныш.)

БҰЛБҰЛДАЙ с ы н. *Бұлбұл сияқты, бұлбұл тәрізді*. Жоқ әлде ақынбысың өрге тартқан, Өлеңін өзен судай сарқыратқан. Жоқ әлде әншімісің кең далада, *б ұ л б ұ л д а й* тыңдаушысын таңырқатқан (Ә.Тәжібаев, Өлең.). Гауһардай көзі, *Б ұ л б ұ л д а й* сөзі, Жаннан асқан бір пері Жүзі бар айдай, Мінезі майдай, өзгеден артық сол жері (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Әр баптан шешен болсаң сөйленерсің, *б ұ л б ұ л д а й* бақшадағы бейне сайрап. Күніңде қызғылықты қимылдап қал! Тіл мен жақ, байланарсың бір күн әлі-ақ (М.Дулатов, Шығ.).

Бұлбұлдай сайрады. а) *Өте әдемі, сазды дауыспен ән салды*. Әншілер ән салды. Әрқайсысының даусы әртүрлі: бірінің даусы жуан, трубадан айғайлаған сияқты күжілдейді; екіншісінікі – жіңішке, үзілдіріп шырқап, *б ұ л б ұ л д а й с а й р а й д ы* (З.Шашкин, Өмір.). ә) *Шешен сөйледі*. Мен – ақын, шешен, тілмар

бабаларымның *б ұ л б ұ л д а й с а й р а ғ а н* тілі едім (М.Дулатов, Шығ.). Бүгінгі бас бәйге біздің тілімізде *б ұ л б ұ л д а й с а й р а ғ а н* осынау кішкентай қызға берілуі тиіс! (Ә.Нұршайықов, Ақиқат.). б) э к с п р. *Сапылдады, сарнады, таңдайы таңдайына тимеді.* Басынан кешкен оқиғаларды *б ұ л б ұ л д а й с а й р а п* Зылиқа айтып отыр (Б.Майлин, Шығ.). Қонақтың қандай оймен отырғанын ойына да алмай Ләйла *б ұ л б ұ л д а й с а й р а п* отыр (С.Шарипов, Шығ.).

Бұлбұлдай тәтті үн. *Құлаққа аса жағымды лебіз. Б ұ л б ұ л д а й т ә т т і ү н і м е н,* Балдан тәтті тілімен (С.Мұқанов, Шығ.).

Құмыр бұлбұлдай сайрады. *Құмыр бұлбұл сияқты, әдемі, әсем ән салды.* Осылардың қасында талайдан түйіліп қалған әнімен, үш күн, үш түн бойы Әйгерім әндетті. Қапастан құтылған *құмыр бұлбұлдай сайрайды* (М.Әуезов, Шығ.).

БҰЛБҰЛДАЙЫН с ы н. ф о л ь к. ***Бұлбұлдай.*** Және бір Тілеуқабыл Үсембайым, Сөйлейді шаршы топта *б ұ л б ұ л д а й ы н.* Алма тартқан кісіге ат береді, А, Жамбыл, білуші ме ең мұның жайын (Жамбыл, Таңд. шығ.).

Бұлбұлдайын сайрады. ф о л ь к. *Бұлбұлдай сайрады.* Саттығұл ақын мен едім, Бақыттың шығып шыңына. Жаз бағында жайнаған. Жас алпысқа келгенде *Б ұ л б ұ л д а й ы н с а й р а ғ а н* (Пернедегі терме.).

БҰЛБҰЛСТАН з а т. п о э т. *Бұлбұлдар мекені, бақшасы.* Көкшетау ормандары – Жүрегі *б ұ л б ұ л с т а н.* Маңғыстау армандары Көзімнен бір-бір үшқан (Т.Айбергенов, Өлеңд. жин.).

БҰЛБҰЛСЫЗ с ы н. *Бұлбұлы жоқ, бұлбұл болмаған.* Бағым *б ұ л б ұ л с ы з* еді. Енді менің бағымда сайрайтын болды... (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

БҰЛБҰЛША ү с т. *Бұлбұлға ұқсап, бұлбұл сияқты.* Әнін *б ұ л б ұ л ш а* төгілтіп Бибігүл сахнадағы елді өзіне баурап алды («Лен. жас»).

Бұлбұлша сайрады. а) *Мың құбылтып ән салды, шырқатты.* Әсем ән зал ішінде ойнақ салды. *Б ұ л б ұ л ш а с а й р а д ы,* сыңқылдап, қызша күлді (С.Бақбергенов, Алтынемел.). – Әр азаматтың үйінде [әніңмен] *б ұ л б ұ л ш а с а й р а п* түрсаң, шіркін, ол ұлы мәртебе ғой, – дедім мен (М.Иманжанов, Адам.). ә) э к с п р. ж а ғ ы м с ы з. *Аузы аузына жұқпады; қақсады, сарнады.* Екі жолы да, ол алтын жақтаулы көзілдірігін түзеп киіп, майда тілімен *б ұ л б ұ л ш а с а й р а д ы* (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Ол бізден өш алмай тынбайтынын айтып *б ұ л б ұ л ш а с а й р а д ы* (Р.Райымқұлов, Болат.).

БҰЛҒА[1]= е т. **1.** *Қолмен бір нәрсені сермеп, сілтеп қимыл жасау, ары-бері қозғау.* Баянның басын бірі кесіп алып, *Б ұ л ғ а д ы* найзағайлап оңды-солды. Қуанып қос қонтайшы – Ұса, Серең, Алғысқа көмді елірген қалың қолды (М.Жұмабаев, Шығ.). Өлең айтқанда өз денесінде дамыл жоқ, ол қолына алған домбыраға да дамыл бермей, беттақтайын тарсыл-тұрсыл шерте, ойнақ-шытып тербете, аспанға сермеп *б ұ л ғ а й,* төбесінен айналдыра, белдемесіне басып теріс жағынан тарта, шымшытырық түрде ойнайды екен (С.Мұқанов, Есею жыл.). **2.** *Жаулық, орамал, мата сияқты заттарды ұстап қолын жоғары көтеріп, ары-бері қозғап, алыстағы адамды шақыруды немесе оған белгі беруді білдіретін қимыл-ишарат.* Аралдың ортасында бір төбе бар екен, әлгі әйел соған шығып алып, жаулығын *б ұ л ғ а п,* бәрімізді шақыруы бар емес пе! (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). **3.** *Бұлаңдату, ирелеңдету, бұлғаңдату.* Ашу үстінде теуіп жібергендей анадай жерге ұшып барып төрт тағандай түсіп, иесіне құйрығын *б ұ л ғ а п* қайта келетін жасық мысық құсап қибыжықтап, көзі кілегейлегене қалды (С.Жүнісов, Ақан сері). Самолет шұғыл төмендеп кеп, қос қанатын оңды-солды *б ұ л ғ а п* жіберді (Т.Ахтанов, Дала сыры). Мендегі көрік бөтен, желік бөтен, Ит құйрығын *б ұ л ғ а с а,* еріп кетем. Кім білсін, анам мені көтергенде, Есектің миына әлде жерік пе екен? (М.Мақатаев, Шығ.). Қасқырдың арланындай екі төбет Ғалибке құйрық *б ұ л ғ а п,* басқа секіріп, еркелеп жатыр (Ж.Тілеков, Жоңғар.).

Қол бұлғады. а) *Қолын бұлғақтатып, сау бол деп қоштасқанды білдіретін қимыл ишарат.* Тамбурда тұрған мамамыз бізге *қ о л ы н б ұ л ғ а п* алыстап барады (С.Шаймерденов, Мінез). Тіпті қалаға қатынайтын автобустың есігінен *қ о л б ұ л ғ а п* бара жатқан кластасы осылай болудың қисындылығын дәлелдегісі келгендей... (Ж.Дәуренбеков, Шұғыла.). Күз айы. Күн бұлыңғыр, Жел жоқ қою бұлтты қуалаған. Бір түрлі әсер береді бұ да маған. Зайсанның күре жолы үстінде, Көзінде жас. *Қ о л б ұ л ғ а п* тұр әлі анам (Т.Қызықбаев, Алтай.). ә) *«Бері кел» деп белгі беретін, шақыратын қимыл ишарат.* Қаны қашып бетінің Реңі құмдай құрады. «Тоқтай тұр!» – деп, ер жігіт, Өтіп кеткен Қамбарға Шақырып *қ о л ы н б ұ л ғ а д ы* (Қамбар батыр). Сол арада көзі ілініп кетті ме, қалай, жүз бір жасқа келіп дүние салған Хадиша апасы, басында ақ қарқара, кимешегінің етегі шұбатылып, анадай жерге таяп келіп, бұны өзіне *қ о л б ұ л ғ а п* шақырсын (Ә.Тарази, Шығ.). Шаттансын жүрек нұр алып, Әкем боп *қ о л д ы б ұ л ғ а* сен. Інім боп жетсең құба-құп, Ағам боп келсең бұл да әсем (Т.Айбергенов, Мен саған.). б) п о э т.

Алыстан елес берді, мен мұндалады. Алыс кетті әніки, Махаббаттың иесі. Алыста *қ о л б ұ л ғ а й д ы*, Махаббат бал дүниесі (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын). Бара жатыр көкжиекке күн батып, *Қ о л ы н б ұ л ғ а п* жөнелгендей бір бақыт. Бір топ тырна ұшып өтті үстімнен, Әсем әнін бар алқапқа тыңдатып (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). Үйлендім. Балалықтан із қалмады. Жаңа өмір *қ о л б ұ л ғ а д ы* бізге алдағы (Т.Айбергенов, Мен саған.). Алдында тұрған шақта асу-белең, Қандай жақсы мақсатты қосу деген. Көрші әне, айрылғандай сырласынан, Бір мұңлы күй төгілтіп тұлғасынан, Төсінде шөл даланың жалғыз ағаш, Тұрады *қ о л ы н б ұ л ғ а п* қыр басынан (М.Шаханов, Ғасырлар.).

БҰЛҒА[2]= е т. *Қаймақ, құрт сияқты қоймалжың заттарды араластыру, шайқау.* Майлық, сулығы бірдей Айжан білек сыбана кірісіп, қаймақ *б ұ л ғ а д ы*, ірімшік, құрт қайнатты, оны базарға апарып сатып тиыннан пұл құрады, балалар мектепке барды (М.Сүндетов, Бесқонақ). Үлкен астауда кілегейленіп қатып қалған қаймақтай қорғасынды *б ұ л ғ а п* араластырып жүрген, өздері де қорғасындай шымыр денелі жандарды көргенде қимылына қызыға қарап ұзақ уақыт тұрғаныңды аңғармай қалғандайсың (С.Мәуленов, Жер нәрі). «Сіріңке ала кел деп сол тапсырған шығар» – деп ойлады да, қазандағы құртын алаңсыз сапырып, *б ұ л ғ а п* жатты (Д.Әбілев, Ақын.). Үмітжанның қаймаққа *б ұ л ғ а п* берген талқаны, аналық жылы мейірімі бойыма жылу құйғандай болды (О.Бөкеев, Үркер.).

БҰЛҒА[3]= е т. с ө й л. ***Былға.*** Өлтіріп Ибраһимді жығып салды, Қанжарын қанға *б ұ л ғ а п* жұлып алды. Жазықсыз бір қалжыңға кісі өлтіріп, Адам сүймес бір іс қып кете барды (Үш ғасыр.). Маған бермеген наныңды сиырдың жапасымен *б ұ л ғ а й ы н* деп әдейі барып бір жапаны әкеліп, қазанға тастай бердім (С.Бегалин, Сәтжан). Бұл кезде жолбарыс терісіндей тарғылданып көрінер пұшпақ ішіктің жеңінен де аққан қан ат бүйірін *б ұ л ғ а ғ а н* еді (К.Сегізбаев, Беласқан).

БҰЛҒАҒЫШ с ы н. *Бұлғаумен айналысатын, араластырушы (адам).* Жаңа қонған жапалақтай жарға ұшып, Жасыратын «жоқпен» жауып «барды» шын. Бармысың сен, сараң шеше Құдайдай, Май *б ұ л ғ а ғ ы ш* момын әже, бармысың (Ж.Нәжімеденов, Ұлым.).

БҰЛҒАҒЫШТА= е т. *Қолын немесе қолындағы затпен қайта-қайта бұлғау, қоштасу қимыл ишаратын жасау. Бірнеше рет бұлғау.* Ол да фуражкасын басынан жұлып алып, самолетке қарай *б ұ л ғ а ғ ы ш т а п* тұр (Ө.Қанахин, Ауыр күн.).

БҰЛҒАҒЫШТАУ *Бұлғағышта етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қайта-қайта *б ұ л ғ а ғ ы ш т а у.*

БҰЛҒАЙ з а т. ф о л ь к. *Халық ауыз әдебиетінде өлең ұйқасы үшін қолданылатын бастама жол. Б ұ л ғ а й* да, *б ұ л ғ а й, б ұ л ғ а й* ма, Бұлғайдың түбі тынғай ма? (Ақсауыт).

БҰЛҒАҚ[1] з а т. **1.** *Бұлғаң-бұлғаң етушілік, теңселушілік; бұлғаң.* Ақ жүзді қатын алсаң бойы сұңғақ, Қасыңа шақырғанда келсе зырлап. Дауысы «әу» дегенде әрең шығып, Кеудесі еңкейгенде етсе *б ұ л ғ а қ* (Ақан сері, Шығ.).**2.** а у ы с. *Сенделіп бос жүрушілік, найқалушылық.* Еркін *б ұ л ғ а қ*, сауық-сайранды [Құнанбайға] сездірмеу керек (М.Әуезов, Абай). Осы сәтте батылдығым тіл қатты: «Қою керек *б ұ л ғ а қ т ы*, Адымыңды тұсаулайды жасықтық» (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Бұлғақ бас. *Еш нәрсені ойламай, сыртын түзеп, сенделіп, бос жүретін адам.* Өзің де сырт түзеген болсаң бітеу, Жүре бер көңілің сүйген *б ұ л ғ а қ б а с қ а* (С.Дөнентаев, Шығ.).

Бұлғақ қақты. *Бұлғаң-бұлғаң етті, теңселді, шайқалды, тербелді.* Екі самайынан суырылған шаш та суық қадалған көз жанарын жасырып, салқын желмен *б ұ л ғ а қ қ а ғ а д ы* (К.Тоқаев, Тасқын). Ол «болдым-ақ» дей берер, *Б ұ л ғ а қ қ а ғ ы п* басқанға. Елең қағып елбірер, Елертіп көзді аспанға (Абай, Тол. жин.).

Бұлғақ қақтырды. *Теңселтті, шайқалтты, бұлғаң-бұлғаң еткізді.* «Арудың төбетайындай *б ұ л ғ а қ қ а қ т ы р ы п*, үкілі тілекті саба артып, қой өңгеріп, тай жетектеп әр ру, әр ел өз салтанаты бойынша сай-саладан тойға құйылып келе бастады (Б.Құсбегин, Зұқа батыр).

Желкенқанат бұлғақ. з о о л. *Тұщы суда өсетін балық. Ж е л к е н қ а н а т б ұ л ғ а қ* Юкатан түбегіндегі суқоймаларда кең таралған (Қ.Қайымов, Су асты.). *Ж е л к е н қ а н а т б ұ л ғ а қ* Еуропаға ең алғаш 1913 жылы әкелінген (Қ. Қайымов, Су асты.).

БҰЛҒАҚ[2] з а т. к ө н е. *Дүрбелең, алапсапыран, бүлік.* Аласапыран, *б ұ л ғ а қ* жылдары да өтті (Қ.Жұмаділов, Шығ.). Бұлардың ішінде кеше ғана ел ішіндегі *б ұ л ғ а қ т ы* қоздырған, әрқайсысы-ақ бүкіл қазаққа, тым құрыса, өз ұлына қан болғысы келген қырыс төрелер де бар еді (М.Мағауин, Аласапыран). Азуы алты қарыс қатал хандардың тұсындағы талай *б ұ л ғ а қ т ы ң* қорбасы Абалақ... Жақындықтан да бой тартар деп түйген (М.Мағауин, Аласапыран).

БҰЛҒАҚ[3] з а т. о й ы н. *Асық ойынының бір түрі.* Асық ойынының бір түрі «Ханның» «Орда» және «*Б ұ л ғ а қ*» аталатын кең тараған екі түрі бар (М.Мағауин, Аласапыран).

Б ұ л ғ а қ ойыны шын бұлғаққа ұқсас. Әуелі қатарынан бес кеней ұтып, бек болған бірі оңтайлы асықпен ханды атып алады (М.Мағауин, Аласапыран).

БҰЛҒАҚТА= е т. **1.** *Ары-бері тербелу, теңселу, найқалу; бұлғаң-бұлғаң ету.* Қараңдар! Шара бар ма мына сорға? Аяғын ат келеді басып зорға. Қысымды Есек көрген бұ да көріп, Болдырып, *б ұ л ғ а қ т а й д ы* оңды-солға (А.Байтұрсынов, Шығ.). Берекелі болса ел, Жағасы жайлау ол бір көл. Жапырағы жайқалып, *Б ұ л ғ а қ т а й д ы* соқса жел (Абай, Шығ.). Мойның қалды *б ұ л ғ а қ т а п*, Екі езуің ыржақтап. Еріншек нардай ер шөкті, Елбеңдетіп көтердің, Ебелектей езіңді (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Басында – *б ұ л ғ а қ т а ғ а н* үкі, қолында – домбыра, аузында – ән... Жігіттердің бәрі балуан, бәрі әнші (М.Жұмабаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Мас болу, масаю, теңселу, тәлтіректеу.* Ауыздарынан арақ исі аңқып тұр. *Б ұ л ғ а қ т а ғ а н* бір-екеуін Төлеген кабинеттен шығарып жіберді (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Құртып ақыр бар жиғанын тентек ұл, – Кей базарда сатылды шапаны мен бөркі оның. Сараң әке жас төгіп, Құдайды да жүр боқтап, Ал баласы тойлардан қайтып келед *б ұ л ғ а қ т а п* (Шығыс жұлдыздары). **3.** а у ы с. *Бос жүру, сенделу.* Орынды іске жүріп ой таппаған, Не болмаса жұмыс қып мал бақпаған, Қасиетті болмайды ондай жігіт, Әншейін құр бекерге *б ұ л ғ а қ т а ғ а н* (Абай, Тол. жин.). Атаңа дәулет бітсе *б ұ л ғ а қ т а д ы ң*, Қисапсыз сөздер сөйлеп ыржақтадың. Мәз болып мырза деген қошеметке, Буынып мықыныңнан ырғақтадың (М.Дулатов, Шығ.). **4.** а у ы с. *Солқылдақтық істеу, толқу; көңгісі келмеу, әрі-сәрі болу.* Рас, Ақбала қыз күнінде басқа бір жігітпен көңілдес боп, балықшыға барғысы келмей көп *б ұ л ғ а қ т а п* еді... (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Әуелде: «Екі қатынның үстіне өлсем бармаймын!» – деп, мен де *б ұ л ғ а қ т а ғ а н м ы н.* Бара-бара бәрі ұмыт болды (Ө.Қанахин, Жас дәурен). *Б ұ л ғ а қ т а м а*, шырағым. Ақ кірпікке тиесің! Қарай гөр мынаны?.. (Д.Әбілев, Арман.). Болмағанның белгісі: *Б ұ л ғ а қ т а п* едің асаудай, Бойыңа жанды теңгермей (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). **5.** а у ы с. *Ешкім бетінен қақпау, бұла өсу, ерке болу, болып-толу; бұлғаңдау.* Домбыра қолыма ұстап, бастым перне, «Нұр жауар, – деген сөз бар, – талапты ерге» Жасымнан бай баласы *б ұ л ғ а қ т а ғ а н*, Жаман қыз олай-бұлай маған тең бе (М.Дулатов, Шығ.). Көлінен кеткен құс болдым – *Б ұ л ғ а қ т а п* жүрген заманым, Қандай да жерге тұс болдым (С.Сейфуллин, Шығ. жин.). Бай қызы *б ұ л ғ а қ т а ғ а н* ерке-шолжың Күнге лайық кескін мен сыртқы формың. «Бақ та қатын» деген бар «сор да қатын», Тосып жүрген сені де бар бір сорлың (С.Торайғыров, Шығ.). *Б ұ л ғ а қ т а п* асау кердей жүргенменен, Алдында құрулы тұр бір қайың тез. Қызыл гүл иранбағы көшер бір күн, Жаманнан, шамаң келсе, бір күнде без! (Ә.Найманбаев, Шығ.).

БҰЛҒАҚТАҒЫШ с ы н. *Қозғалғыш, айналғыш.* Жеңіл ұршық *б ұ л ғ а қ т а ғ ы ш* келеді. Сол үшін ауыр ағаш тошыны жарамды болған (Г.Райымханова, Ата кәсіп).

БҰЛҒАҚТАҢҚЫРА= е т. *Аздап теңселу, сәл ғана бұлғақтау.* – Отағасы, редактор емеспін, – дедім. Оным бастырылып естілмеді ме, бас бухгалтер *б ұ л ғ а қ т а ң қ ы р а п* шығып кетті (С.Бердіқұлов, Егеулі найза).

БҰЛҒАҚТАТ= е т. **1.** *Ирелеңдету, әрлі-берлі сермеу.* Ішіне сақтап қулығын, Ептеп барып барлайды, *Б ұ л ғ а қ т а т ы п* құйрығын, Қарғаның көзін алдайды (Абай, Тол. жин.). Әр жерде көтерме үшін тұрғандар қамшыларын *б ұ л ғ а қ т а т ы п*, бақырып-шақырып көш жерге қуып тастайды (Ә.Кекілбаев, Дала.). Сәл жүрген соң атының басын бұрып, көлденеңдей тұрды да, жемдорбадан қойдың асық жілігін алды. Оны басына көтере *б ұ л ғ а қ т а т а* көрсетіп, құсын шақырды. – А-е-ей, к-ә-ә-әл бопым, кәл, кәл! (Т.Жексенбай, Саятта). Қыздар кәмшат бөріктерінің үкісін үйіріле *б ұ л ғ а қ т а т ы п*, тайпалған жорғамен шықты (С.Бегалин, Замана.). **2.** *Теңселту, масайту.* Киіз үйлер шылымын будақтатып, Ақша бұлтқа жатады құндақтатып. Жігіт-желең қойнауды шуға бөлер Қымыздың қызуымен *б ұ л ғ а қ т а т ы п* (С.Сейтхазин, Тереңде.). **3.** а у ы с. *Бетінен қақпау, қарсы келмеу, еркелету.* Руын мақтай-мақтай шығандатты, Бәлсінтті, *б ұ л ғ а қ т а т т ы*, бұландатты. Сабазың саябырсып қалды бір кез, Бөсудің жөнін таппай мұнан қатты (С.Сейітов, Жаңғырық).

БҰЛҒАҚТАТУ *Бұлғақтат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Құйрығын *б ұ л ғ а қ т а т у ы.*

БҰЛҒАҚТАУ *Бұлғақта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бос жүру, сенделу.* Көзің жетсе уәдені орындайтын уақыт та жетті. Бүгіннен қалсаң менен күдеріңді үз! Енді *б ұ л ғ а қ т а у ғ а* болмайды (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Солқылдақтық істеу, көңгісі келмеу.* Төлеген көп *б ұ л ғ а қ т а у ғ а* болмайтынын сезді. «Менде ықтияр бар ма, көндім» дегендей рай білдірді (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

БҰЛҒАҚТЫҚ з а т. *Бұлғаң-бұлғаң етушілік, бұлғақтаушылық; солқылдақтық.* Мұнда жазушының мол мүмкіншілігі де, романның жүйесін құрудағы олқылығы да, жаңа үйрет-

кен асау тайдай бас *б ұ л ғ а қ т ы ғ ы* да бірге жүретін (І.Омаров, Шабыт.).

БҰЛҒАЛА= е т. с ө й л. *Қайта-қайта, бірнеше рет бұлғау.* Патша әскері қылыштарын *б ұ л ғ а л а п* бері шапты. Исатай тобы қарсы барып айқаса кетті. Сарт-сұрт ұрыс. Шықыршықыр темір дыбысы. Айқасқан қылыш-найза. Құлаған адам, жығылған аттар, ала топалаң ақ шаңдақ (Б.Аманшин, Жар мұңы). Танаш бар дауыспен айқайлап, қолындағы қамшысын *б ұ л ғ а л а д ы* (С.Алдабергенов, Өмір.).

Қол бұлғалады. с ө й л. ***Қол бұлғады.*** Бауырмал өзі, мейірімді өзі бір ғана, «Жол болсын!» айтып, *қ о л ы ң д ы* соған *б ұ л ғ а л а!* О, тағдыр, менің тілегім сенен, бауырымның – Бұлақтай пәк көңілін былғама! (Қ.Мүсірепов, Раушан). Аяғы құмға сіңіп ақпай қалды, Басқанды шақырса да *қ о л б ұ л ғ а л а п.* Сарқан кеп Алыбайдан қосып жатыр, Ақсуға қайырылып кеп қайта жанап (Пернедегі терме.). Ажылдап-гүжілдеп өтіп жатқан ауыр машиналардың айдаладағы геодезистер қосымен де, жолдың жиегінде *қ о л ы н б ұ л ғ а л а п* тұрған темекіші жігітпен де ісі болған жоқ (Ә.Кекілбаев, Дала.).

БҰЛҒАЛАҚ: бұлғалақты салды. *Қолындағысын қайта-қайта бұлғады, алыстағыға белгі берді.* Сол бетімен барып-барып, шопан ата неғып тұр екен деп артына бұрылса, ол сәлдесін шешіп ап, *б ұ л ғ а л а қ т ы с а л ы п* жатыр екен (Ә.Кекілбаев, Дала.).

Бұлғалаққа салды. с ө й л. *Бұлтаққа салды; шындықты айтудан жалтарды.* Өзінің ойын Каменев төзгісіз *б ұ л ғ а л а қ қ а с а л ы п,* шытырманға түсіріп, мыңдаған бұралаңдармен білдірді («Соц. Қаз.»).

БҰЛҒАЛАҚСЫЗ с ы н. с ө й л. ***Бұлталақсыз.*** Есболғанның алда Жапал образын өз сыр-сипатымен ешбір *б ұ л ғ а л а қ с ы з* алып кететіндігіне сеніміміз мол («Лен. жас»).

БҰЛҒАЛАҚТА= е т. **1.** *Әрлі-берлі тербелу, теңселу, шайқалу.* Болғанда кешке таман апақ-сапақ, Алдымнан шықты сәулем – аппақ шапақ. Кигені қара кәмшат оқалаған, Басында бір шоқ үкі *б ұ л ғ а л а қ т а п* (Біржан сал, Өлеңд.). Петрушкин де *б ұ л ғ а л а қ т а п,* мас болған кейіп білдірді, басы салбырап кеткен (К.Тоқаев, Түнде.). **2.** *Тепе-теңдікті жоғалту, тұзу жүрістен жаңылу.* Екінші машина *б ұ л ғ а л а қ т а п,* бекініс түбіндегі су толтырылған орға құлады («Қаз. әдеб.»). Самолет *б ұ л ғ а л а қ т а п* кеткен. Ұшқыштар түзетуге күш салып, жан-дәрмен болуда (Ә.Әлімжанов, Отырар.). **3.** *Бір затты белгілі бір нәрсемен қозғау, араластыру, сапырылыстыру.* Алды да ол дәрісін мысқа салды, Былқылдаған бұрқылдап мыс шайқалды. Бір нәрсемен азырақ *б ұ л ғ а л а қ т а п,* Алтын ғып суынған соң қолына алды (Абай, Тол. жин.). **4.** а у ы с. *Еркін жүру, ерке өсу; бұлаңдау.* Солайша *б ұ л ғ а л а қ т а п* жүрген Шоқан енді аулына келеді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Қолын бұлғалақтады. *Қолын бірнеше қайтара бұлғады.* Қай жігіт екені анық есінде жоқ, әйтеуір, осы ауылдың бір жігіті жер түбінен дүсірлетіп шауып келеді, алыстан *қ о л ы н б ұ л ғ а л а қ т а п,* бірдеңе деп айқайлайды (Ә.Кекілбаев, Дала.).

БҰЛҒАЛАҚТАТ= е т. *Бір затты әрлі-берлі қозғалту, теңселту, тербелту, бұлғақтату.* Ақырында Сұлтан екі сабақ өткенде амалсыздан сумкасын *б ұ л ғ а л а қ т а т ы п* мектепке баруға мәжбүр болды (Қ.Әжікеев, Саят). Қара шөмішін *б ұ л ғ а л а қ т а т ы п* сорпасын сапырып тұр (О.Тәжиева, Қара қолғап). Ит құйрығын *б ұ л ғ а л а қ т а т ы п* жаяудың артынан ерді (К.Қазыбаев, Ызғар).

БҰЛҒАЛАҚТАТУ *Бұлғалақтат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қолын *б ұ л ғ а л а қ т а т у.*

БҰЛҒАЛАҚТАУ *Бұлғалақта етістігінің қимыл атауы; еркін жүру, бұлаңдау, еркелеу.* Бермесе, дайын астың дәмін татпау, Үйде де, мектепте де тәртіп сақтау... Асылып әке, шеше мойынына, Кешегі қайда қайран *б ұ л ғ а л а қ т а у?!* (Қ.Тоғызақов, Сібір Омар).

БҰЛҒАЛАН= е т. *Тербетілу, желбіреу.* Ұқалап көзін тағы қарап еді, Боз жорға көз алдында оттай жанды. Үстінде Сұлушаштың ақ үкісі Теңселіп самал желге *б ұ л ғ а л а н д ы* (С.Мұқанов, Поэм.). Дауысы шап ете қап естіледі. Жігіттің қыз аузынан сақина алған. Сүйгізген қыз көнбеген адамсып, Үкісі желкілдейді *б ұ л ғ а л а н ғ а н* (С.Мұқанов, Шығ.).

БҰЛҒАЛАНУ *Бұлғалан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Желге *б ұ л ғ а л а н у.*

БҰЛҒАЛАҢДА= е т. **1.** *Шайқалу, тербелу, теңселу, бұлғақтау.* Сонау ұшар басы бір сәт дірілдей *б ұ л ғ а л а ң д а п* кетіп еді (Б.Соқпақбаев, Алыс. ауыл.). Қыраннан құтылмасын кешке біліп, «Түседі-ау, – деген шақта, – енді іліп». Құйрығы *б ұ л ғ а л а ң д а п* қайқаң қаға, Сып беріп ініне ол кетті кіріп (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). **2.** *Ирелеңдеу.* Өзеннің *б ұ л ғ а л а ң д а п* құрақтары, Салқын саз мекен еткен тұрақтары. Алыстан аңсап келіп құйылады, Арнаға таудың мөлдір бұлақтары (К.Райбаев, Жаңа толғау). **3.** *Ағаранду, көрінү, байқалу.* Әр үйдің төбесінде кергіштеп тізген қасқыр, түлкі, қарсақ, қоян терілері *б ұ л ғ а л а ң д а й д ы* (Р.Мүсірепов, Шығ.). **4.** *Қисаланду, әрең жүру, тәлтіректеу, қылжаңдау.* Біз *б ұ л ғ а л а ң д а п* Айдарбектің үйіне жеткенше, түн ортасы әлдеқашан ауып кетіп еді (Ғ.Мүсірепов, Белдерде).

БҰЛҒАЛАҢДАТ= е т. *Ирелеңдету, бұлғақтату.* Құйрығын *б ұ л ғ а л а ң д а т ы п* қасына

келген Сақұлағына да сенімі күшті (Ш.Ахметов, Айдарлы.). Қалипа қолындағы қара портфелін ерсілі-қарсылы *б ұ л ғ а л а ң д а т ы п:* – Мына пәленді ала кет, Әсіғат. Ішіндегі нәрселеріңнің діні аман. Көргеннен басқа қиянатымыз болған жоқ, – деді (С.Омаров, Дала).

БҰЛҒАЛАҢДАУ *Бұлғаланда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Құрақтың *б ұ л ғ а л а ң д а у ы.*

БҰЛҒАМА з а т. ж е р г. *Майсыз, дәмтатусыз тамақ.*

БҰЛҒАМАҚ з а т. ж е р г. *Талқанға сүт не қаймақ қосып жейтін тамақ.*

БҰЛҒАН= е т. к ө н е. ***Былған*** *(қанға, терге, көз жасына т.б. сұйық затқа малыну, малшыну, шылану).* Қош-сау бол, ұзын аққан Тобыл өзенім. Ішінде тоғайыңның шығар жаным. Топыраққа аунап *б ұ л ғ а н ғ а н* қызыл қанға, Жуылар ақ суына ғазиз тәнім (Дастандар). Екі көзі Марғаудың Қанды жасқа *б ұ л ғ а н ы п,* Келе жатыр ит қалмақ, Жәмила мен Қасымға (Көрұғлы). Телміріп қиқу келгенде, Шұбар туды шұлғанып, Қара терге *б ұ л ғ а н ы п,* Ақ сүңгіні қолға алып, Мінер ме еді Заңғарды (Ер Тарғын).

БҰЛҒАНУ *Бұлған етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қара терге *б ұ л ғ а н у.*

БҰЛҒАҢ з а т. *Бұлғаңдап, теңселе, шайқала басқан жүрісті бейнелейтін сөз.* Үрғашының жақсысы Әбжыландай есіліп, Боз жорғадай *б ұ л ғ а ң ы,* Қырға шықсам көрер ем, Пана тұтар жылғаны (Алдаспан). Мұны ит құйрығының *б ұ л ғ а ң ы м е н* ғана теңестіруге болады («Лен. жас».).

Бойы бұлғаң. *Былқ-сылқ еткен кербез, керім (адам). Б о й ы б ұ л ғ а ң,* Сөзі жылмаң, Кімді көрсем, мен сонан. Бетті бастым, Қатты састым, Тұра қаштым жалма-жан (Абай, Тол. жин.). Әр ауылдың өз басшысы, төбе биі, өжет жігіттері, сылқым салдары, *б о й ы б ұ л ғ а ң* мырзалары бар (С.Омаров, Дала қызы). Ақылы аз Жаңылдың да оңып тұрған, Мінезі құстай ұшып-қонып тұрған. Сүйегі тым бос емес, іске тәуір, Барықсыз, дарақылау, *б о й ы б ұ л ғ а ң* (С.Торайғыров, Таңд. шығ.).

Бұлғаң еткізді. *Қолын бұлғап жіберіп, хабар берді.* Екінді мен ақшамның арасы еді. «Келмеді ғой» деп бәріміз де көңілсіз тартып отырғанымызда биіктің басында қарауылда қарап отырған кісіміз қолын *б ұ л ғ а ң е т к і з і п* хабар қылды (М.Әуезов, Шығ.).

Бұлғаң етті. а) *Ағарақ етті, бұлғап жіберді.* Еңбектеуге қауіпті болғаннан соң, Сырғанадық жамбаспен жатып қырдан. Ұмтылып қолды созсақ ұстар едік, Аттардың құйрығынан *е т к е н б ұ л ғ а ң* (Д.Еркінбеков, Шығ.). ә) *Жалт етті, көзге түсті.* Түлкі үміттің құйрығы бір-ақ *б ұ л ғ а ң е т і п,* бұл жолы шын алдап кеткендей, қыз мұңайып қалды (З.Шүкіров, Жас жесір). Жақсы үміт алдады ма *б ұ л ғ а ң е т і п,* Шат тұрмыс құрғанда бұлар өстіп, Қос ұлымен Ұлпа байғұс қалды жесір, Дандуны қапылыста суға кетіп (Е.Бердин, Қанды асу).

Бұлғаң қақты. *Бұлғақтады, ары-бері теңселді, тербелді, шайқалды.* Толқындар жел қаққан жапырақтай жыбырласа бастады, сарқыраған ағын сарыны күшейіп, пароход *б ұ л ғ а ң қ а қ т ы* (Ә.Сараев, Бозқырау).

БҰЛҒАҢ-БҰЛҒАҢ е л і к. *Қайта-қайта бұлғаңдап, теңселген, шайқала басқан жүрісті бейнелейтін сөз.*

Бұлғаң-бұлғаң еткізді. *Қайта-қайта ирелеңдетті, бірнеше рет бұлғады.* Ит болып ойнап отырған артист құйрығын ұстап қасындағы әйелге *б ұ л ғ а ң-б ұ л ғ а ң е т к і з і п* еді, әйел күліп жіберді (К.Байсейітов, Құштар.).

Бұлғаң-бұлғаң етті. *Қайта-қайта бұлғаңдады, теңселді.* Бастарындағы сеңсең бөріктер көтертпей келе жатқандай *б ұ л ғ а ң-б ұ л ғ а ң е т е д і* (Ә.Кекілбаев, Дала.).

Бұлғаң-бұлғаң қақты. *Қайта-қайта бұлғақтады, әрлі-берлі теңселді, тербелді.* Төбеттің мойнын бұрғызбастан қапсыра тістеп, жұлқып-жұлқып жібергенде, үлкен төбеттің арт жағы *б ұ л ғ а ң-б ұ л ғ а ң қ а ғ ы п* барып, Көксеректің жанына дүрс етіп сұлап түсті (М.Әуезов, Көксерек).

БҰЛҒАҢДА= е т. **1.** *Құйрығын бұлғаңдатып иесіне еркелеу (итке қатысты).* Екеуі де иесінің алдында *б ұ л ғ а ң д а п,* жағынған аңшының итіндей қалбалақтап шыркөбелек айнала қалды (С.Сейфуллин, Әңгім.). **2.** *Теңселу, тербелу, шайқалу.* Мәшинеңің әйнек тазартқышы тынымсыз *б ұ л ғ а ң д а п* маңдай терезеге түскен қарды жентектеп екі шетке ысыра береді (Т.Ахтанов, Дала сыры). Бөксесі *б ұ л ғ а ң д а п* «Волгамыз» Бажылдап батты кеп батпаққа. Бұлқынды, жоқ шеттен қолқабыс, Трактор келгенше жатпақ па? (Ж.Молдағалиев, Өлеңд.). Қанапия кестелі жайнамаздың үстінде үкісі *б ұ л ғ а ң д а п* қол жайып отырғанда Сазамбай кіреді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Мен қауғаны қолыма алған кезде жел күшейіп кеткендей-ақ шелек *б ұ л ғ а ң д а п,* су қайта-қайта төгіліп шашырайды (Н.Сералиев, Қаңтар). **3.** а у ы с. *Теңселіп бос жүру, сенделу. – Б ұ л ғ а ң д а п* бос жүріп пе ең... Назыкешті Тілеуке алғалы жатыр ғой!.. (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). **4.** а у ы с. *Былқ-сылқ етіп кербездену, сылаң қағу.* Сауыншылар, бастығы Зейнеп, аяқты кербез басып, *б ұ л ғ а ң д а п* жүр (Б.Майлин, Шығ.). Екі жеңге қасында, Қыз *б ұ л ғ а ң д а п* жөнелді. Тас құдықта отырған Ер Қосайға келеді (Батырлар жыры).

Күнікейдің құрбы-құрдастары атлас, торғын, жібек, бәтес, мақпал, барқыт киіп, күлтелі қос етектері күлкілдеп, он кез бәтесті аяғымен теуіп, *б ұ л ғ а ң д а п*, сәнденіп жүргенін көргенде Шекердің іші қазандай қайнады (Ж.Аймауытов, Шығ.). **5.** а у ы с. *Бұлаңдап, еркелеп өсу (адам жайында).* Уа, дариға, елдегі, *Б ұ л ғ а ң д а п* өскен күндерім, Өшіңді алып мендегі, Өтеріңді білмедім (Б.Майлин, Шығ.). – Құшағыңа қыс тағы билей бер. Өзі озат қыз, өзі басы бос, *б ұ л ғ а ң д а ғ а н* бұла қыз, – деді (Ш.Құмарова, Қос шынар). Мырзалы алты ұлдың ортасында *б ұ л ғ а ң д а п* өскен жалғыз қызы Айтжанды да еркімен жіберген (З.Ақышев, Жаяу Мұса). **6.** а у ы с. *Еркінсу, жайбарақаттану.* Тісін шұқып болған капитан қабағын түйіп хорунжийға қарап еді, оның ызғарлы жүзін көріп, *б ұ л ғ а ң д а й* бастаған хорунжий жалмажан мұртын сипады, жинақталыңқырап отыруға тырысты (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

БҰЛҒАҢДАС= е т. *Мас адамдардың бірге қисаланған, тәлтіреңдеп жүруі.* Мас болған екі-үш жігіт үйге қайтып, Көшеде *б ұ л ғ а ң д а с ы п* гармонь тартып. Келеді бір-біріне сүйеніскіп, Даурығып, анда-санда өлең айтып (Т.Жароков, Шығ. жин.).

БҰЛҒАҢДАСУ *Бұлаңдас етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Б ұ л ғ а ң д а с у ы н* қарашы.

БҰЛҒАҢДАТ= е т. *Әрлі-берлі сермеу, қозғалту, бұлғау, ирелендету.* Ол таяна бергенде ат үсіндегі иесін танып, құйрығын *б ұ л ғ а ң д а т ы п*, еркелеп, бір ол жағына, бір бұл жағына шықты (А.Лекеров, Түз гүлі). Ол да сәндене киініп, ақ сабауды *б ұ л ғ а ң д а т ы п*, қара жорға атты теңселтіп жүр (С.Сейфуллин, Шығ.). Бірақ жұрттың елең қылмай бұл сынын, Піл ән салды *б ұ л ғ а ң д а т ы п* тұмсығын. Тумады-ау деп ой сергітер байтақ ән, Қалың қауым қалғып кетті қайтадан (М.Шаханов, Ғасырлар.).

БҰЛҒАҢДАТУ *Бұлаңдат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Құйрығын *б ұ л ғ а ң д а т у.*

БҰЛҒАҢДАУ *Бұлаңда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қыздың *б ұ л ғ а ң д а у ы.*

БҰЛҒАҢДЫҚ з а т. **1.** *Бұлаң қаққандық, еркелік, еркінсушілік.* Ол *б ұ л ғ а ң д ы ғ ы н* әлі қоймай жүр ме? (Ауызекі). **2.** а у ы с. *Әрі-сәрілік, солқылдақтық, толқу.* Өйткені біздің идея жағынан *б ұ л ғ а ң д ы қ т ы* көтермейтін берік принципті әдісіміз стильдік, әдістік ағымдарға шек қойылмаған еркіндік береді (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

БҰЛҒАП-БҰЛҒАП ү с т. *Бірнеше рет әрлі-берлі айналдырып, толғап.* Дәуіт қанжығасынан бұғалық қыл арқанды шешіп алып, *б ұ л ғ а п-б ұ л ғ а п* лақтырып қалып еді, Үбінің кеуде тұсынан дәл түсті (Б.Аманшин, Жар мұңы). Сақпанды *б ұ л ғ а п-б ұ л ғ а п* тартып қалып едім, оқ бірғауым жерге зымырады (Н.Сералиев, Намыс). Көкжалды құйрығынан ұстап алып, *б ұ л ғ а п-б ұ л ғ а п* лақтырып кеп жіберіпті (Қаз. ертег.).

БҰЛҒАР[1] з а т. *Еділ мен Камадағы ерте кездегі Бұлғария мемлекетінің халқы, тайпа. Б ұ л ғ а р* тайпалары бұрын Хун одағына кірген, славян, финнугор жұрттарымен қарым-қатынаста болған (ҚСЭ). Тәмәлап Мерген сөзін айтып бітті Алтын шаш дәрияға ағып кетті. Мұхиттың жағасында *б ұ л ғ а р* шаһар, Шашы ағып сол шаһарға келіп жетті (Құламерген). Үшеуі құнтиысып жетті еліне, Өзінің *Б ұ л ғ а р* деген елдеріне. Қырғанын Құламерген бастанаяқ, Сөз сөйлеп, баян қылды ерлеріне (Батырлар жыры). *// Бұлғар елінде жасалған, бұлғар елінен шыққан. Б ұ л ғ а р* айна, жан сәулем, *б ұ л ғ а р* айна, Арманнан құралмайды тапқан пайда. Білек бірге болғанда, бармақ басқа, Айқасып құлын-тайдай жүрмек қайда? (Айтыс).

БҰЛҒАР[2] з а т. к ө н е. *15-ғасырда Қазанның ақша шығаратын сарайында соғылған тиын-ақша. Б ұ л ғ а р л а р* – 1962 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған күміс ақшалар (ҚҰЭ). *Б ұ л ғ а р д ы ң* салмағы 0,62–0,77 г аралығында болады (ҚҰЭ).

БҰЛҒАРЫ[1] з а т. с ө й л. ***Былғары.*** Сары *б ұ л ғ а р ы м е н* жапқан пәуескенің үсті-басы сары ала жез, күнге шағылысып жалт-жұлт етеді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Гүлжан оның сүйгені, Көздері күліп биледі. Қозыбақ шырқап ән салып, *Б ұ л ғ а р ы н ы* түйреді (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Ердің үлкенді-кішілі қалбыры күмістелмейді. Оны зер жіп, көк сауыр, басқа түстің бұлғарысымен шетін, ортасын, оюлап тарамыспен қайып тігеді (Х.Шобай, Қаз. ұранқай. қолөнері).

БҰЛҒАРЫ[2] з а т. с ө й л. ***Бұлғар***[1]**.** Қанға тойсаң саған серт! *Б ұ л ғ а р ы* садақ, Бұқар жай, Тарта алмасам маған серт! (Қобыланды батыр).

БҰЛҒАС= е т. *Қолмен бір нәрсені сермеу, сілтеу, әрлі-берлі қозғау.* Жұмыскер тап, Бүгін жалау *б ұ л ғ а с а д.* Өзі соққан Көк алмасты қынға асад (С.Сейфуллин, Шығ. жин.).

Қол бұлғасты. *Қоштасқан адамдардың бір-біріне сау бол айтысқанын білдіретін қимыл ишарат.* Ақырында бұл сұраққа жігіт қойды нүктені, Жұма күні Үркер жұлдыз туған шақта күт деді. Сонымен екеуі де атар таңды қиялдай, Бір-біріне *қ о л б ұ л ғ а с ы п* бара жатты қия алмай (М.Шаханов, Ғасырлар.). Кетті айналып шындыққа таныс аңыз. Күлік мініп, Күндермен жарысамыз. Әйнегінен поездың *қ о л б ұ л ғ а с ы п,* Самолеттің ішінде табысамыз (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

БҰЛҒАСУ *Бұлғас етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үнсіз қол *б ұ л ғ а с у.*

БҰЛҒАУ[1] *Бұлға етістігінің қимыл атауы. Әрлі-берлі қозғау, сермеу.* – Көпірдің қызға көктен қанат *б ұ л ғ а у ы н* – Қара қатын отырған қалпы екі қолын жайып жіберіп, екі жағына кезек толқып: – Ұнатпаған едім, – деді (Т.Ахтанов, Дала сыры). «Бері айда!» деген айқай да, бөрік *б ұ л ғ а у* да алыс емес екен, – деді Ілияс (Қ.Шөкенов, Гудок).

БҰЛҒАУ[2] *Бұлға (2) етістігінің қимыл атауы. Араластыру, шайқау.* Келесі бір май алу тәсілі – шараға құйылған қанжылым сүтті аттау деп аталатын арнайы аспаппен *б ұ л ғ а у* арқылы алу (Д.Қатран, Қазақ. ас-тағам.).

Сабын бұлғау. *Сақар қайнатып, қара сабын жасау.* Сүйектің майын арзан бағаға беретін Малтабар Варвараға *с а б ы н б ұ л ғ а у д ы ң* қазақы әдісін үйретті (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БҰЛҒАУШЫ з а т. *Бір нәрсені араластырып бұлғайтын адам.* – Алғашқы сәтте ғана солай көрінеді, – деп бетон *б ұ л ғ а у ш ы* қыз Люда басу айтып, көңілді орнықтырды (С.Тәжіғұлов,.. Асау Ертіс.). – Директор жолдас, жаңа сіз мені цемент *б ұ л ғ а у ш ы л а р* бригадасына жібердіңіз. Әдеп сақтап үндемедім, – деді (Ө.Қанахин, Дәмелі).

БҰЛҒАУЫШ з а т. **1.** к ө н е. э т н. *Қуырылып жатқан дақылды (арпа, бидай, тары т.б.) араластырып тұру үшін таяқшаның басына шүберек не киіз орап жасалған құрал.* Ұзын таяқтың басына киіз орап буып, *б ұ л ғ а у ы ш* жасап алады да, күйіп кетпес үшін қазандағы бөккен тарыны сонымен дамылсыз бұлғап отырады (Ө.Қанахин, Жер бас.). Қара қазанда шарт-шұрт домалап, тары қуырылуда. Қолындағы *б ұ л ғ а у ы ш ы* да қазан түбін айнала үйіріп, тыным табар емес (А.Байтанаев, Асан). **2.** т е х н. *Автомат мәшинелердің сұйық, қою, сусымалы өнімдерді араластыруға арналған тетігі.* Сүтті ұйытуды ванналар мен қазанда жүргізеді. Сыр жасайтын заводтарда *б ұ л ғ а у ы ш ы* бар екі қабырғалы ванналар қолданылады (З.Сейітов, Сүт. өңдеу.).

БҰЛҒАУЫШТАЙ с ы н. *Бұлғауыш тәрізді, бұлғауыш сияқты.* Мынау орамалды *б ұ л ғ а у ы ш т а й* қып қылқитпай, шашағын сыртына салып, тамақтың астынан ғана түйіп байласа қайтеді? (Ш.Құмарова, Қос шынар).

БҰЛҒАШЫ з а т. к ө н е. *Орта ғасырлардағы түркі тектес тайпа. Б ұ л ғ а ш ы* Шыңғысхан монғолдарының әскеріне тартылып, олардың батысқа жасаған жорығына қатысқан (ҚСЭ). Қазір *б ұ л ғ а ш ы* ұрпақтары қырғыздар ішінде кездеседі (ҚҰЭ).

БҰЛҒЫН з а т. **1.** з о о л. <лат. Martes zibellina> *Қылқан жапырақты ормандарды мекендейтін, сусар тұқымдасына жататын, дене тұрқы 40–55 см-дей, терісі аса бағалы, қоңырқүрең түсті жыртқыш аң. Б ұ л ғ ы н,* жанат, сусар мен құндыз, тиін, Алтай түлкі, қасқыр мен асыл киім. Қазақстан жерінде барлық аңдар, Сән-салтанат қымбатты үйге бұйым (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Кәдімгі қарсақ, сусар, *б ұ л ғ ы н,* жанат, Сол таудың іздейді аңшы ту сыртынан. Таутеке, арқар, құлжа, қарақұйрық, Көруге болад бәрін жайылымнан (І.Жансүгіров, Шығ. жин.). Аңнан жолбарыс, аю, сілеусін, қабан, борсық, қасқыр, барыс, түлкі, қарсақ, *б ұ л ғ ы н,* сусар, күзен, ақ тышқан, қоян бар (Ш.Айманов,.. Қыран.). **2.** *Сол аңның жүні жылтылдаған, қалың әрі жұмсақ, қоңырқай түсті әдемі терісі.* Есенгелді мен Саржан қазақ елінің дәстүрі бойынша, Ташкент құшбегіне тоғыз қара жорға, тоғыз боз жорға, әр ер басына байланған тоғыз қара құндыз, тоғыз қоңыр *б ұ л ғ ы н* әкелген (І.Есенберлин, Қаһар). Аң терісінің төресі *б ұ л ғ ы н* екен ғой баяғыдан. Оның жүні тып-тығыз және жібектей жұмсақ болады (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.). Маржанкүл аяғына қызыл қонышты, сүйір тұмсықты етігін, үстіне қоңыр *б ұ л ғ ы н* жағалы пальтосын киді... (Н.Ғабдуллин, Сарғ. жапырақ).

Алтай бұлғыны. з о о л. *Алтайда мекендейтін бұлғын түрі.* Республикамызда өте сирек кездесетін *А л т а й б ұ л ғ ы н ы,* құндыз, сусар, құну, сілеусін, қара күзен, сары күзен сияқты аңдар да көп («Лен. жас»).

Бұлғын ішік. *Бұлғын терісінен тігілген қымбат ішік.* Үстіне жібекпен тысталған *б ұ л ғ ы н і ш і к* жамылған-ды (М.Әуезов, Абай жолы). Үстінде көк мауытымен тысталған *б ұ л ғ ы н і ш і к,* басында құндыз бөрік (Б.Аманшин, Жар мұңы).

БҰЛҒЫНДАЙ с ы н. *Бұлғын тәрізді, бұлғын сияқты.* Арғымақ сұлу сымбатты, Бағасы оның қымбат-ты, Жүні жылтыр құлындай, Құбылса да *б ұ л ғ ы н д а й,* Сергелдең жорық болғанда, Шабысы оның тайша жоқ (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Ақ көрпесі *б ұ л ғ ы н д а й,* Арғымағы дүлдүлдей, Боз торғайы бұлбұлдай, Шамасы келсе әр адам, Таласқа барып тұрғандай (Манас). Дегендей бір: жұмыспенен қылғынба, Құшағыңда – бұлқынсын қыз *б ұ л ғ ы н д а й.* Жеткен талай сері түннің түбіне, Жұлдыздар тұр баянсыздау қылмыңдап (Қ.Мырзалиев, Ақ отау).

БҰЛҒЫНДАЙЫН с ы н. ф о л ь к. ***Бұлғындай***. Жайнай берді ол нұр-сәулесі құлпырып, Қаптады қол жан-жағынан ұмтылып.

Қаймықпады қанша қабат төнсе де, Шықты алдырмай *б ұ л ғ ы н д а й ы н* бұлқынып (Ж.Өмірбеков, Батыр.). Еламан байқап қалып бұл ыңғайын, Құлпырды қыз алдында *б ұ л ғ ы н д а й ы н,* Келетін болып алды есік қақпай, Жайғасқан көптен бергі тұрғындайын (Ж.Өмірбеков, Батыр.).

БҰЛҒЫНДЫ с ы н. *Бұлғыны бар, бұлғыны көп.* Көк теңізді, Дағыстанның Жерін көрдім *б ұ л ғ ы н д ы.* Толқынынан туғызған зор Сулеймандай бұлбұлды (Т.Жароков, Шығ. жин.).

БҰЛҒЫНСЫЗ с ы н. *Бұлғыны жоқ, бұлғыны болмайтын.* Сібір орманы *б ұ л ғ ы н с ы з* болмайды (Ауызекі).

БҰЛҒЫР с ы н. к ө н е. ***Бұлыңғыр***. Өтті күндер өрт құйынды, Өтті нөсер ақ жауыны. *Б ұ л ғ ы р* түнек қара түнді, Әкетті айдап кек дауылы (С.Мәуленов, Таңд. өлең.).

Бұлғыр тау. *Алыстан бұлдырап көрінген, тізбектеліп ұзына бойы жалғасып жатқан зеңгір тау.* Сағат бұлдырап *б ұ л ғ ы р т а у д а й* көрінген «Сандықтаудың» құбыла бетінен шұғыла шашқан көл үстіне баса қарап, әңгімесін доғарды (Ғ.Сланов, Жанартау). Көбінше «*б ұ л ғ ы р-б ұ л ғ ы р, б ұ л ғ ы р т а у*», «асқар-асқар» тауларды жалпылап әсірелеп айтқан бұлдыр бейнеден ары бармайтын (М.Әуезов, Әр жыл.). Ол уақытта бұл Ханзада ханның елі *Б ұ л ғ ы р т а у* дейтін таудың ішін жайлайтұғын еді (Ер Тарғын).

БҰЛДА= е т. **1.** *Ақшаға, пұлға сату, тегін емес, ақыға беру.* Кейде тегін береді, кейде *б ұ л д а п,* Мінезі жел қайықтай тұр бұлтылдап. Бұ күнде жүз түрленіп, мың құбылып, Көзіңді қызықтырар тым жылпылдап (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Біреулер ауыз сырнайды Сызғырта ойнап мақтайды, бәрі де саттық, *б ұ л д а й д ы...* Ал саған, саған ас қайғы! (Ә.Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). **2.** *Құнын көтеру, бағасын асыру.* – Мағжанның өлеңдерін аса құндап, *б ұ л д а п* жарыққа шығаратын мағжаншылар да бар; іске алғысыз қылып, өртеп жіберу керек дейтіндер де бар (Ж.Аймауытов, Шығ.). «Шелек, шелек» деп ішкен асымды кере ғып болып едің, сенен қорыққаннан темекі алатын ақшама шелек алдым, – деп, Бірмағанбет Айшаның қолына шелекті *б ұ л д а п* ұстатқан (Б.Майлин, Шығ.). **3.** а у ы с. *Міндетсіну, әлдеқандай болу, бәлсіну.* Біреу ер атанамын, біреу қажеке, молдеке, білгіш, қу, сұм атанамын деп, сол харекетте жүр. Әрқайсысы қазаққа *б ұ л д а м а қ* та болып, басына «осыны бірсыпыра елеу азық болар» деген талаппен қылып жүр (Абай, Тол. жин.). Мен бір кеңес айтайын, Алыптарым тыңдасын. Бақыр көңілім жай болмас Ақсақалдық қылмасам. Тілегім қабыл бола ма Әділетпен тұрмасам. Қариялығым қайда бар Қазыналық іс құрмасам. Халқым мені сүйе ме, Білгенімді *б ұ л д а с а м.* Жүз кісілік әлім бар, Әлі де болса шындасам (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Өрімталдай өмірлерің үшін берген пима мен сағатты *б ұ л д а с а ң д а р,* мә, өздерің алыңдар (О.Бөкеев, Біздің жақта.). Іс істе татулықпен басын қосып, Пайда жоқ құр шулаған ерегісте. Шамаңнан кемсе жерге бой көрсетпе, *Б ұ л д а н б а* өз қолыңнан келер іске (М.Дулатов, Шығ.). **4.** а у ы с. *Балау, теңеу.* Жырымды менің тыңдаған Сөз ұғатын соңғы адам Тыңдаудан әсте тынбаған. Гауһардай дүрге *б ұ л д а ғ а н.* Сарқырап аққан жылғадан Жыр арнасы суатпын (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Бұлдап satты. *Бір нәрсені (атын, атағын, қызмет жағдайын т.б.) міндет қылып, лауазымын пайдаланып, өз ойын іске асырды.* Аттарын ешкім бірақ атаған жоқ, Тұлғасын көрмесең тек осы өлеңнен! *С а т п а й д ы* атын бізде ешкім *б ұ л д а п.* Сақтайды өренге оны ісі бірақ (Ғ.Орманов, Көгілдір.). Пайда тауып жүрген жандар жағынан, Бір сен үшін түскендей боп тағынан. Лебізінің өзін *б ұ л д а п с а т а д ы,* Сондай кезде балалықты сағынам! (Қ.Мырзалиев, Бұлбұл.).

Сақалын бұлдады. *Қарттығын, жасы ұлкендігін, сақалының ағын көлденең тартты. Б ұ л д а й с ы ң* жөнсіз жерге *с а қ а л ы ң д ы,* Сөйтіп-ақ жүре бермей жайларыңа (С.Торайғыров, Шығ.).

Сөз бұлдады. *Сөзін міндетсіді, сөйлегенін міндет қылды.* Мақтап өлең айтпаған нәрсе алуға Ғажайып хикмәттің кілтін ашқан. Бұлардан басқа ақын көп *с ө з б ұ л д а ғ а н,* бергенді мақтап, сараңды жамандаған (М.Дулатов, Шығ.). Мата бір топ Жамбылға, Мал таусылып жатқан жоқ. Думан қылды аулында, *С ө з і н б ұ л д а п* сатқан жоқ (Бөлтірік Атыханұлы).

БҰЛДАЙ с ы н. *Бұл сияқты, бұл тәрізді.* Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе, Бір сөзімен тұрса екен, жанса, күйсе. Қырмызы, қызыл жібек бозбалалар, Оңғақ *б ұ л д а й* былғайды, бір дым тисе (Абай, Тол. жин.).

БҰЛДАН= е т. *Әлдеқандай болу, бәлсіну, міндетсіну.* Ұнерін халыққа сатып *б ұ л д а н б а с а,* Білгенсіп аз нәрсені сұмданбаса. Халыққа хақ көңілден айт насихат, Не хайлә қала берсін тыңдалмаса (М.Дулатов, Шығ.). Оның *б ұ л д а н а* түскісі кеп, әдейі істеп тұрған назы тәрізді (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн.). Көресіні көресің пасықтан да! Не түседі жігітті жасытқанда! Қол көтерсең, *б ұ л д а н ы п* тоқтамайды – Кіріптарсың таксиге асыққанда! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Айтсайшы, *б ұ л д а н б а й.*

Кім екен, не дейді? Қарап отырғанша әңгіме болсын, – деп қылқылдап өліп барады Ақтайым (Б.Аманшин, Жар мұңы).

БҰЛДАНДЫР= е т. *Бәлсіну, міндетсіндіру.* – Сөзді қойыңдар, Мұқтар! Қанікей! Түсінемін. Шіреп алғың кеп, *б ұ л д а н д ы р ы п* отырсың ғой (Д.Әбілев, Арман.). Ешкімді мақтандырмай, *б ұ л д а н д ы р м а й,* Күреске көңілдерін бұрған ұдай (Ғ.Орманов, Көгілдір.).

БҰЛДАНДЫРУ *Бұлдандыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көршісін *б ұ л д а н д ы р у.*

БҰЛДАНУ *Бұлдан етістігінің қимыл атауы.* Қиын ғой, қыз жүрегі жұмбағы көп, Түсінер түйілгенін *б ұ л д а н у* деп. Түйінін шешемін деп сондай қыздың, Бір кезде өзіміз де зыр қағып ек (Қ.Бекхожин, Үш кезең). Ол жаратылысынан *б ұ л д а н у д ы,* менмендікті, көкірек керуді білмейтін, барынша кішіпейіл жан еді («Қаз. әдеб.»). Бағы жанбай қояр болса шебердің, Бишараны бағалар кім, жебер кім? *Б ұ л д а н у ғ а,* тұлдануға бола ма, Жолы жиі болмайды деп неге ердің! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

БҰЛДАНШАҚ с ы н. ж а ғ ы м с ы з. *Бәлсінгенді, бұлданғанды ұнататын, бұлданғыш.* Аса *б ұ л д а н ш а қ* болмаса да, өзіне тән өрлігін жасыра білетін адамдар сияқты, бұл да өз ортасының қолпаштауына кет әрі емес-ті («Мәдениет және тұрмыс»).

БҰЛДАНЫҢҚЫРА= е т. *Міндетсініңкіреу, бағасын көтере тұсу, бәлсініңкіреу.* Молла біздің үйге *б ұ л д а н ы ң қ ы р а п* барып келді (С.Жүнісов, Өшп. із.).

БҰЛДАНЫҢҚЫРАУ *Бұлданыңқыра етістігінің қимыл атауы.* ≈ Біраз *б ұ л д а н ы ң қ ы р а у.*

БҰЛДАҢҚЫРА= е т. *Міндетсініңкіреу, бәлсініңкіреу, әлдеқандай болу.* Тезис жаз дүмбілездеу сырлаңқырап, Кітап жаз одан-бұдан ұрлаңқырап. Сирақтай шала үйтілген өлең жазып, Оныңды өңештей бер, *б ұ л д а ң қ ы р а п* (І.Жансүгіров, Шығ. жин.). Осыны білетін өзі де көңілі құлағандарға бағасын *б ұ л д а ң қ ы р а п* барып, сөз салды (Б.Әбдіразақов, Сандалкөк).

БҰЛДАҢҚЫРАУ *Бұлдаңқыра етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бағасын *б ұ л д а ң қ ы р а у.*

БҰЛДАУ *Бұлда етістігінің қимыл атауы; міндетсіну, бәлсіну.* Балет өнеріне қанық жолдастар жәрдемін «сараңның сандығында» ұстап, білгенін *б ұ л д а у м е н* болады да, жәрдемін жасырып қалады (І.Омаров, Серпін). Тұрады ия, *б ұ л д а у ғ а,* Көрікті қиял, күдердей. Көрсе екен соны құлдар да, Арман ғып, жыр ғып жүрердей (Ж.Молдағалиев, Жесір.). Оятушы ең еркелетіп, сен оятпай тұрмаушы ең, Кіші болып туғанымды жалғыз саған *б ұ л д а у ш ы* ем (Т.Молдағалиев, Қош, көктем).

БҰЛДИ з а т. к ө н е. *Сай, жыра; құлдиылды.* Ақ бөкендей сыдырып, Ор қояндай зырғыды, Әрі-бері қызған соң, Білмеді өрылдиды. Тастап талай белесті, Өтті неше *б ұ л д и д ы* (Батырлар жыры).

БҰЛДЫ с ы н. **1.** *Дүние-малы бар, ақшалы, ауқатты.* – Е, ол *б ұ л д ы* адам ғой, қайдан болса да тауып алады, одан да мына қолы қысқа біздерге бер, – деді Белғожа («Жетісу»). **2.** а у ы с. *Бағалы, құнды, қымбат; арзан емес.* Бөліп үйір жылқысын, Жібек жал тұлпар *б ұ л д ы с ы н,* Қыздың сұлу құндысын, Жігіттің балуан ірісін (Жамбыл, Шығ. жин.). Тыңдаңыз мен айтайын табысымды, Темекең сынаса да шабысымды. Болғанда жерім құнды, малым *б ұ л д ы,* Адал дос түсінеді айтқан сынды (Айтыс). Суреттер және көрдім жүзі жарқын, Ойладым: «Оңдырған-ау баққан халқын». Соншама құны толық *б ұ л д ы* түйме Артында қалдырмас па жақсы даңқын? (С.Торайғыров, Алаш ұраны). **3.** *Табысты, ақша көп түсетін, ақшалы.* Сүт заводы шаруаның *б ұ л д ы с ы.* Қысы-жазы басын жоймас құндысы, Талай завод әлі дағы орнамақ, Бұл сүт завод ауылдағы жыл құсы (С.Мұқанов, Шығ.). **4.** а у ы с. *Беделді, қадірлі, қасиетті.* Сүйген адамыңа болса да арзан берілмеу керек, діңкесін құртып барып қосылу керек. Сонда ғана *б ұ л д ы* боласың (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Сонан шығып мен келдім Бейсенбай атты құрбыға, Құрбы ішінде *б ұ л д ы ғ а.* Таныс болып жақсыға Қызмет еткен ерлерге Тисе керек бір дұға (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

БҰЛДЫҒЫНША ү с т. ж е р г. *Мейлінше, барынша.* Басқаша айтқанда, тірі зат өлі затқа қарсы зат емес, қайта ол жоғарғы дәрежеде кемелдікке жеткен заттың негізгі қасиеттерін *б ұ л д ы ғ ы н ш а* күшейткен зат деп айтуға болады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БҰЛДЫҚ з а т. *Пұлға тұрарлық, қымбат зат.* Мен айтсам, Қарагөздің жүртқа білінген наразы көңілін айтам... Мен Қарагөздің басын былғап, *б ұ л д ы қ* сатып алмаймын (М.Әуезов, Қараш.).

БҰЛДЫЛЫҚ з а т. *Пұлды болушылық, дүниесі барлық, қаржысы молдық; ауқаттылық.*

БҰЛДЫР с ы н. **1.** *Сағым тәрізді бұлыңғыр, буалдыр.* Әлденеге елегізіп, Құтпан қыңсылайды. Төңірек *б ұ л д ы р* (Т.Ахтанов, Дала сыры). Ай астында ақшыл дала қызусыз, жарықсыз бір *б ұ л д ы р* сәуле береді (М.Әуезов,

Абай жолы). **2.** а у ы с. *Көмескі, дүдәмал, анық-айқын емес.* «Амандасу» дейтін әнсымағын ауылдағы біреулердің айтып жүргенін бала кезімде естіген сияқтанам, бірақ бәрі *б ұ л д ы р*, зейін қоймаппын (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.). Бұрын тәрбие мақсұты *б ұ л д ы р* болушы еді, енді тәрбиеге ашық мақсұт қойылды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Содан соң қаңғыр-күңгір, салдыр-гүлдір, Асылған артым – тұман, алдым – *б ұ л д ы р*, Қақпасын басқа дүние ашсам керек, Бір уыс тіршіліктен қалған тұлдыр (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). *// Еш нәрсе, ештеме, дәнеме; тұлдыр.* Алда көз тоқтатар *б ұ л д ы р* жоқ. Жұмыртқадай аппақ (З.Иманбаев, Солм. гүл). Сағым көмкерген жазық далада ошаң еткен жан иесі көрінбейді. Жерден көтерілген *б ұ л д ы р* жоқ (Н.Оразов, Достар.). *// Жорамал, күдік.* Көпке мәлім даулы, күдікті жерлердің бәрін де «әрі итеріп, бері жығып» дегендей *б ұ л д ы р ғ а* соға береді (М.Әуезов, Шығ.).

Бұлдыр болды. *Сенімсіз болды, күдіктенді, сезіктенді.* Не қылсаң қыл, адамға махаббат деп, Мейлің сөк, мейлің үйрет, айла ізденбей. Ол сүюің шын болсын, жалған емес, *Б ұ л д ы р б о л м а* өзіңе-өзің сенбей (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Бұлдыр дүние. *Бұлыңғыр, түсініксіз, құпиясы көп дүние.* Шырағым, күдіктенуің орынды, Қорысбай, Сапақ заманы көз жеткісіз *б ұ л д ы р д ү н и е* ғой, – деп бастады Мұхаммедия (С.Талжанов, Ұлдай.).

Бұлдыр елес. *Анық емес, көмескі, түсініксіз сипат, күй.* Ойлап қараса, өткен күннің бәрі әшейін көрген түс сияқты *б ұ л д ы р е л е с* (М.Гумеров, Хазірет.). Міне, енді соның бәрі көрген түстей боп, *б ұ л д ы р е л е с к е* айналды (С.Алдабергенов, Қанат.).

Бұлдыр күй. *Түсініксіз жағдай, беймәлім, тылсым күй.* Онда біз ертегіден де азғын қиялға кетерміз де, *б ұ л д ы р к ү й г е* жетерміз. Сәуегейлікке ауысып кетерміз, – деп ол екі жолдасымен қоса күлді де, алға қарай бұрылды (М.Әуезов, Шығ. жин.).

Бұлдыр қақты. а) *Жүйткіді, заулады, зымырады.* Кейде жорға, кейде жел, *Б ұ л д ы р қ а ғ ы п* асар бел. Кейде арындап, кейде шат, Адымын алыс құлаштап (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Мен сонда төңірекке қарап алып, Кетейін дүрілдетіп әнге салып. Орғытып таудан бұғы, ойда киік, Он саусақ перне басып *б ұ л д ы р қ а ғ ы п* (Б.Қандеков, Өлеңд.). Таулардан түлкі қашса *б ұ л д ы р қ а ғ ы п*, Соңынан қуса тазы сылдыр қағып. Кейінгі дабылшының айғайымен Шайқақтап қыран ұшса бұлтты жарып (С.Мұқанов, Өсу жол.). ә) *Мұнарланды, алыстан көрінді.* Алыста сағымға оранып *б ұ л д ы р қ а қ қ а н* Жаманаула, Жақсыаула таулары тұр (Қаныш аға, Естеліктер). б) *Шындықты жасырды, көмескі етті.* Өткен өмір белгісі – осы сыбдыр, Көңілді күнде сындыр әлде тындыр. Ақыл анық байқаған қылығыңды, Қу шыққансып *қ а ғ а с ы ң* босқа *б ұ л д ы р* (Абай, Тол. жин.).

Бұлдыр ой. *Күдік, сенімсіздік.* Міне, осы минутте естілген майдақоңыр дыбыс әлдилеп демей түседі, ұзын-сонар *б ұ л д ы р о й л а р д ы* ыдыратып жібереді (С.Талжанов, Ұлдай.).

Бұлдыр ойнады. п о э т. *Бұлдырлады, бұлдыр тартты.* Сарыарқам, менің Сарыарқам! Сағымы *б ұ л д ы р о й н а ғ а н*, Жапанда жүйрік сар желі Сау желгенде, сарнағам (Ә.Тәжібаев, Поэм.).

Бұлдыр сағым. *Сағым сияқты көмескі, бұлыңғыр, бұлдыраған күй.* – Сізден ешбір қайран болмаса, біздің көздеген мақсатымыз қанша қуғанмен қолға түспейтін *б ұ л д ы р с а ғ ы м* секілді болады (С.Омаров, Өмір.). Құтыла алмай қойдым *б ұ л д ы р с а ғ ы м н а н*, Құстар ұшты құлазыған бағымнан. Кімің барсың, жарылайын ағымнан?! (М.Мақатаев, Шығ.). Ұшады көз ұшында *б ұ л д ы р с а ғ ы м*, Саған да мойын бұрар бұл бір шағым. Шылбырын шал қасқаның еппен шешкен, Сүйріктей естен кетпес ақ саусағың (Н.Ахметбеков).

Бұлдыр тартқызды. *Көмескілендірді, күңгірттендірді, бұлыңғырлатты.* Есік көзіндегі масаға салынған түтін үй ішін *б ұ л д ы р т а р т қ ы з ы п*, босағадағы стол үстіне қойған ондық шамның жарығын да көмескілеп тұр (Н.Серәлиев, Қаңтар).

Бұлдыр тартты. а) *Бұлыңғырланды, буалдыр күйге түсті.* Қара күрең ніл салғандай, Жасыл бақтың жапырағы. *Б ұ л д ы р т а р т ы п*, бусанғандай, Алатаудың жатыр қары (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). Сол алқаптың ойпаттау ортасында алыстан *б ұ л д ы р т а р т ы п* ауыл үйлерінің қарасы көрінді (Е.Тұрысов, Келіншектау). ә) *Көмескіленді, ұмытыла бастады.* Саттар Ерубаев көшесінің тұрғындарының қабырғасын қайыстырып кеткен Ыбықан қазасы да бірте-бірте *б ұ л д ы р т а р т а* бастады (Д.Досжанов, Тұлпар.).

Бұлдыр тұмандық. *Түсініксіздік, шалағайлық.* Поэзияда орынсыз дөрекілік, бисаясаттылдық, *б ұ л д ы р т ұ м а н д ы қ*, ермекшілдік пен еріккендік, еңбексіздік секілділер болмасқа керек («Қаз. әдеб.»).

Бұлдыр үміт. *Бұлыңғыр, айқын емес үміт, сенімсіздік.* Асқан *б ұ л д ы р ү м і т п е н*, Бітті халім, іздеп келем, Еркіндіктің нұрлы жолын

(Ж.Сыздықов, Асулар.). Бригадирдің мына асығыс жүрісінен әлдеқандай жақсылық хабар күтті. Осы тұста бір *б ұ л д ы р ұ м і т* те қылт етті (Т.Иманбеков, Дала көктемі).

Көңілі бұлдыр. *Жабырқаулы, көңілсіз.* Бұл кім еді апырм-ау, кім еді бұл, Көзі жарық әйнектей, *к ө ң і л і б ұ л д ы р.* Жақсы ойымды лезде жабырқатты-ау, Өткінші бұлт секілді күдік құрғыр (Ә.Тәжібаев, Кешеден.).

БҰЛДЫРА= е т. **1.** *Алыстан буалдырланып мұнарту, сағымдану.* Сағымдай боп қарасы *Б ұ л д ы р а п* кетіп барады. Қоңыраулы найзасы, Сылдырап кетіп барады. Көктем жаңбыр жауғандай Тұнжырап кетіп барады (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Дүрмекпен келе жатқаны болмаса, Күнікейдің қиялы сағымдай *б ұ л д ы р а п,* сол сағымның ішінен біресе екі тірсегі ботанікіндей майысқан, басы бір бөлек, кеудесі бір бөлек кейқуат Тұяқ елестеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жиырма сегіз жасар жиһанкез қолбасшының өткір көзі алысқа қадалып, сонадайдан *б ұ л д ы р а п* сағым ойнап жатқан Яксарты бойын шалды (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). Көкшетау, көкшіл сағым *б ұ л д ы р а ғ а н,* Кім берер сендегі өткен күнді маған, Сен менің жастық шағым секілдісің, Ақбоз ат, жүген, ерсіз құлдилаған (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). **2.** *Қарауыту, күңгірт тарту, көмескілену; жөнді көрінбеу.* Есік пен төрдей жердегі қарайған *б ұ л д ы р а п,* жөнді көрінбейді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Үй іші қара күңгірт тартып *б ұ л д ы р а й* бастады (Б.Майлин, Шығ.). Суы лай болса балықтар *б ұ л д ы р а п* нашар көрінеді (Т.Мұсақұлов, Аквариум.). Апашық айнала су түбіндегі нәрседей алашабырланып, бұрынғысынан да *б ұ л д ы р а й* түсті (Ә.Кекілбайұлы, Шығ.). **3.** а у ы с. *Зымырау, заулау, зыту.* Зырқырап барып қайтады, Алады тағы тынысын. Төрт аяғы көрінбей, *Б ұ л д ы р а п* желер ерінбей (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Жас гүлге орап даланы, Жырменен көңіл ауладық... *Б ұ л д ы р а п* кетіп барады Бір жылды бір жыл аударып (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Қарашаттағы құйын соққандай астан-кестен күндер заматта көз алдынан шапқан аттай *б ұ л д ы р а п* өтті (Ж.Аймауытов, Шығ.). Шабдар ат құйынша *б ұ л д ы р а п* келе жатты. Айша атының басын ірікпей жіберді (С.Сейфуллин, Шығ.).

Көзінің алды бұлдырады. *Көзі қарауытты, тұманданды; көрмей қалды.* Әп-әдемі маралдай Әсері жоқ гөзәлдің. Бәрін анық көре алмай, *Б ұ л д ы р а й д ы к ө з а л д ы ң* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Дәл сол кезде *к ө з а л д ы м б ұ л д ы р а п* қоя берді (Б.Тәжібаев, Қараторғай). Басы айналғандай боп, *к ө з а л д ы б ұ л д ы р а п* мұнартып бара жатқандай болды (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.).

Көз ұшында бұлдырады. *Алыстан сағымданып, көмескіленіп көрінді, мұнартты.* ...Жетер емес. Ақ кептер *к ө з ұ ш ы н д а б ұ л д ы р а й д ы* (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.). Жастық қалды *к ө з ұ ш ы н д а б ұ л д ы р а п.* Жетті елуім... Жеңіл емес бұл бірақ. Қыр басынан құлап кеткен күбідей Қалған күндер барады енді құлдырап!.. (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Күшпен тартқан сұр жебедей *к ө з ұ ш ы н д а б ұ л д ы р а ғ а н* сағымды түйреп түсердей ағып барады (С.Сматаев, Армысың, ана). Сұлу қыздай кербез құрақ сылдырлап, *К ө з ұ ш ы н д а* сағым жүріп *б ұ л д ы р а п.* Торғай шырлап, бұлбұл жырлап сайрайды (Бес ғасыр.).

Көзі [екі көзі] бұлдырады. *Көзі қарауытып, көрмей қалды.* Бұлақтай таудан аққан шуылдасып, Келеді Күншығысқа ол жуықтай. Ой басып қорқынышты есі кетіп, *Б ұ л д ы р а п е к і к ө з і* түсті кетіп (М.Дулатов, Шығ.). Үкіден таң атса да айырылмайды, Деп ойлап: «Жарықта да жөн сілтегіш». Күн шықты, жарық болды дүние жүзі, Үкінің *б ұ л д ы р а й д ы* көрмей *к ө з і* (А.Байтұрсынов, Шығ.). Ол қашып келген жағына ұзақ қараумен болды. *Е к і к ө з і б ұ л д ы р а п* еш нәрсе көрер емес (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). «Ол жылы Бақтыбай да, Жақсыбай да өліп, былтыр Марияның шешесі және өліп, Әділдің ұрын бара алмай жүргені сол болатын», – деп кәрі Шыңғыстау үнсіз сөзін аяқтады да, Әділ мен Марияның қосылғанына бойы балқып, қолтық шабы сияқты көгал өзектерін дымқыл шық басып, тершіп, *к ө з і б ұ л д ы р а п,* мұнар тартқандай болды (Ш.Құдайбериев, Шығ.).

Сағым болып бұлдырады. *Алыстан мұнартты, көз жетпес жерден елес берді. Б ұ л д ы р а й с ы ң* алыстан *с а ғ ы м б о л ы п,* Жүрек шіркін жанады жалын болып, Сен шығасың күлімдеп күнім болып, Сен атасың дірілдеп таңым болып (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

БҰЛДЫРАҚ[1]: **бұлдыраққа басты**. *Асыр салды, ойнақшыды.* Сәби бір кезде енесін айналсоқтай шауып, ойнақтаған жас құлындай *б ұ л д ы р а қ қ а б а с т ы* («Қазақст. пионері»).

БҰЛДЫРАҚ[2] с ы н. *Көмескі, айқын емес, бұлыңғыр.* Құр құрақ емес бұл бірақ, Елес те емес *б ұ л д ы р а қ* (Ж.Молдағалиев, Қыран дала).

БҰЛДЫРАҢДА= е т. *Бұлдырақ қағу, құлдыраңдау.* Іргебайды біз тұра кеп қуамыз. Аяғы аяғына жұғыспай, *б ұ л д ы р а ң д а п* жүгіргенде, тері шалбар мықынына түсіп кетеді (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

БҰЛДЫРАҢДАУ *Бұлдыраңда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тынымсыз *б ұ л д ы р а ң д а у.*

БҰЛДЫРАҢҚЫ с ы н. *Көмескі, анық емес, бұлдырлау.*

Бұлдыраңқы тартты. *Анық емес, көмескі тартты, түсініксіз болды.* Санияның сөзі *б ұ л д ы р а ң қ ы т а р т қ а н д а й* (Т.Нұртазин, Ауыл.).

БҰЛДЫРАҢҚЫРА= е т. *Көмескілену, қарауытыңқырау.* Мен біресе сарғайған көкжиекке, күн шапағы шашыраған сұлу аспан реңіне қызығып қараймын, біресе алыстан *б ұ л д ы р а ң қ ы р а п,* қарауытып көрінген шоқ-шоқ ағаштарға көз тігемін (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Көзі бар болғыр қаршығаның көзіндей еді, енді соңғы кезде сәл-сәл *б ұ л д ы р а ң қ ы р а п* жүр (Ш.Мұртазаев, Интернат.).

БҰЛДЫРАҢҚЫРАУ *Бұлдыраңқыра етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көзінің *б ұ л д ы р а ң қ ы р а у ы.*

БҰЛДЫРАП-ҚҰЛДЫРА е т. *Самғау, зулау, алыстау.* Жалт қарастық. Ұшуы бөдене, бұлдырық іспетті, бір топ құс *б ұ л д ы р а п-қ ұ л д ы р а п* барады (Ә.Көшімов, Екі бүркіт).

БҰЛДЫРАТ= е т. **1.** *Бұлыңғырлату, көмескілендіру, мұнарлату.* Қалың бозды, кермиық сары жазыққа жайыла қонып отырған елдердің кейбір ауылдарын сағым көтеріліп, бейне толқын үстінде жүздіріп жүргендей *б ұ л д ы р а т а д ы* (С.Бегалин, Бала Шоқан). Өзі жалғыз терезе күн сәулесін сыздықтатып, *б ұ л д ы р а т ы п* әрең өткізеді (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). **2.** а у ы с. *Түсініксіз ету, шатастыру.* Қандай шежіреші қазақ болмасын жеті атасына дейін жақсы біледі де, одан арғысын *б ұ л д ы р а т ы п* жібереді (С.Мұқанов, Халық мұрасы). Қазақ баласы *б ұ л д ы р а т ы п,* түссіз қылып сөйлейді: ақтан тигізіп, тап басар сөйлейтін адам кем болады: көбінесе құба жондатып, тайғалақтатып, бетін қарпып, жалпы сарынға салып отырғаны (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.). Қасен сары батинканың жайын есіне алды. Ол аржағында бұның Қасымқанға әперген костюмдік бір отрезінің орайы болатын, «*б ұ л д ы р а т қ а н ғ а* неге көнейін» деп ішінен өзінің алыс-беріс есебін ойлап алып (М.Әуезов, Таңд. шығ.). **3.** а у ы с. *Қиналу, көзі қарауыту.* Өкпесі ауыра ма, бүйірі шаныша ма, сегізкөзі сырқырай ма, әйтеуір *б ұ л д ы р а т ы п* барады (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Көзін бұлдыратты. а) *Көзін нашарлатты, көрсетпеді. К ө з і н б ұ л д ы р а т ы п,* басын көңіртіп отырған осы насыбайы түскірдің уыты болмаса неғылсын (О.Сәрсенбаев, Бақыт.). Қара бұқараның *к ө з і н б ұ л д ы р а т ы п,* жүрегін улап, болашағын жұтатын аждаһа боп шыққан (Д.Әбілов, Арман.). ә) *Бойын биледі.* Кіршіксіз махаббат сезімі ойды бүркеп, *к ө з і н б ұ л д ы р а т ы п,* жан жүйесін билеп әкеткенмен, қалтқысыз да адал баланың көңіліне кір келтірмеді (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

БҰЛДЫРАТА-СЫЛДЫРАТУ = е т. с ө й л. *Қозғай беру, қазбалау.* Саған *б ұ л д ы р а-т а с ы л д ы р а т а* беретін ештеңе де жоқ. Бірақ білген жайым тағы бар (С.Бақбергенов, Мен сізді.).

БҰЛДЫРАТУ *Бұлдырат етістігінің қимыл атауы; шатастыру, түсініксіз ету.* Қаталдық та – достықтың бір нышаны, Сыннан үркіп кім аспанға ұшады. *Б ұ л д ы р а т у,* бұра тарту жоқ емес, Болсын дейміз сынның жылы құшағы (Қ.Жармағамбетов, Соңғы күн).

БҰЛДЫРАУ *Бұлдыра етістігінің қимыл атауы; қарауыту, көмескілену.* ...Бас айналғанда жүрек соғады, жүрегі айнып, құсады, тіпті талып та қалады; құлақ шыңылдап, нашар естуі және көзі *б ұ л д ы р а у ы* мүмкін (М.Исамбаев,.. Мед. анықтама).

БҰЛДЫР-БЕЛЕҢ ү с т. *Беймәлім, түсініксіз.* Алысқа көзді тігіп, қадалып бір, Шалдың сен замандарды *б ұ л д ы р-б е л е ң* (Қ.Бекхожин, Жаңа қытай.).

БҰЛДЫР-БҰЛАҢ с ы н. *Анық емес, шалашарпы, болар-болмас, еміс-еміс.* Соғыс кезінде Қазақстанда болғаны *б ұ л д ы р-б ұ л а ң* есінде қалған Лида сол жерлерді қайта аралап көргісі де келген (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

БҰЛДЫР-БҰЛДЫР с ы н. **1.** *Айқын емес, көмескі, бұлыңғыр, буалдыр. Б ұ л д ы р-б ұ л д ы р* қыраттар, былдыр-былдыр бұлақтар. Аяқтарды аймалап Судырайды құрақтар («Балдырған»). *Б ұ л д ы р-б ұ л д ы р* бұла шыңдар, Биік шыңдар, зор шыңдар! Көнбіс боп та тұрсыңдар, кейіске де молсыңдар (І.Мәмбетов, Тарланбоз). Қиялды кездіреді *б ұ л д ы р-б ұ л д ы р,* Ұйқыдан жаратқан жан бәрі оянып (Х.Өтеғалиева, Ана жыры). **2.** а у ы с. *Қынқыстау, қилы-қилы.* – Е – е... *б ұ л д ы р-б ұ л д ы р* күн өткен. Бұрынғыда кім өткен? – деп, тағы да әңгіме тілегенін білдіруші еді (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Бұлдыр-бұлдыр етті. *Көмескіленіп, қараңқұраң көрінді.* ...Дәл иегімнің астында ешбір алаңсыз жайылып жатқан бір топ киікті кенет қашырып алдым. Жер басқанның желаяқтары *б ұ л д ы р-б ұ л д ы р е т т і* де, лезде көзден ғайып болды (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.).

БҰЛДЫР-БУАЛДЫР с ы н. *Анық-айқын емес, түсініксіз.* Ойы *б ұ л д ы р-б у а л д ы р,* тілі тіпті орашолақ мақалалар көптеу екен (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

БҰЛДЫР-БҰРАЛАҢ с ы н. *Түсініксіз, көмескі, айқын емес.* Адам жолы осылай кедір-бұдыр, *б ұ л д ы р-б ұ р а л а ң* (Т.Тобағабылов, Тағы. күз).

БҰЛДЫРЛА= е т. **1.** *Мұнарту, сағымдану, буалдырлану.* Алдында *б ұ л д ы р л а п,* елестеп жүгіргендей болып, елбеңдеген бір нәрсе жолын бастап келе жатқандай (М.Әуезов, Қараш.). Үш жыл бойына созылған есалаң тілек. Әлдеқайда алыста *б ұ л д ы р л а п* келе жатқан көрілік (М.Жұмабаев, Шығ.). Күмістен таққан шолпың сылдырлаған, Пайыдан камзол, шапан судырлаған. Сипатың жүрісіңе, киіміңе, Көз талып қарай-қарай *б ұ л д ы р л а г а н* (С.Дөнентаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Екпіні үдеу, зулау, зымырау.* Зырла, экспресс, үш, зырла! Жұлдыздай-ақ құлдыра! Құйындай құтыр, *б ұ л д ы р л а!* Аямай жүгір бәрің де! (С.Сейфуллин, Шығ.). **3.** а у ы с. *Шабыттану, арқасы қозу.* Саңлағын Жетісудың көргеннен соң, Сағыңды өлең жақтан сындырмайын. Сайратқан Орта жүздің бұлбұлымын, Табаным қызған сайын *б ұ л д ы р л а й м ы н* (Біржан сал, Шығ.).

Екі көзі бұлдырлады. *Көзі қарауытты, анық көре алмады.* Темір масақ жабырлап түр сылдырлап, *Е к і к ө з і* бақсының тым *б ұ л д ы р л а п*. Ындын қойып тыңдасаң сарнағанын, Сақтанбасаң алғандай ақылды ұрлап (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Көз ұшында бұлдырлады. *Алыстан көрінді, мұнартты.* Жүгіріп келе жатса ел көрінді, Тау мен тас, дария-шалқар көл көрінді. *Б ұ л д ы р л а п к ө з ұ ш ы н д а* бір ауыл түр, Қаптаған қара құрттай мал көрінді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

БҰЛДЫРЛАН= е т. **1.** *Қараю, қараңғылану.* Не деді Оспан ағайым? Достарыма қараймын... Күңгірт тартып барады *Б ұ л д ы р л а н ы п* маңайым (Қ.Ыдырысов, Аршында.). Біз шептен шыққанымызда, түн тастай қараңғы еді, қалаға кіре берген кезімізде ай шығып, жан-жағымыз *б ұ л д ы р л а н а* селеуленіп көріне бастады (І.Есенберлин, Алтын құс). **2.** а у ы с. *Күңгірттену, көмескілену.* Қараған сайын жүректе бір нәрсе топтанып, белгісіз бір қорқыныш *б ұ л д ы р л а н ы п,* ішті жалап бара жатқан сияқты болды (Б.Майлин, Шығ.). Оның көз алдында мына ажарлы кісінің жарқын жүзі кенет *б ұ л д ы р л а н ы п* кетті (І.Есенберлин, Көлеңке.).

БҰЛДЫРЛАНУ *Бұлдырлан етістігінің қимыл атауы.* Ақ түскенінде мөлдір қабықтың *б ұ л д ы р л а н у ы* көздің көруін мықтап нашарлатады (Адам анатом.).

БҰЛДЫРЛАТ= е т. *Күңгірт ету, көмескілендіру.* Өмірді бірыңғай қара бояумен бояп, күңгірт көлеңкесін ғана көз алдына *б ұ л д ы р л а т ы п* елестетіп, артқа қарай сүйрейтін шығармалардан халқымыздың рухани қазынасы байи қояр ма екен? (С.Мәуленов, Үркер.). Ыза мен ақыл, үміт пен қауіп бірін-бірі жеңе алмай, тапқан ойын *б ұ л д ы р л а т а* берді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

БҰЛДЫРЛАТУ *Бұлдырлат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көз алдында *б ұ л д ы р л а т у.*

БҰЛДЫРЛАУ[1] с ы н. *Анық-айқын емес, көмескі, түсініксіз.* Жылылық пен салқыннан жаратылған, Ойласам, оның түбі жердің буы-ау. Көз адасты, ой тапты, көрдіңіз бе? Ақылмен сыналмаған іс *б ұ л д ы р л а у* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Алашұбар қағаздың карта екенін Құлан білетін. Сондай-ақ оның не қажетке жарайтынын *б ұ л д ы р л а у* болса да ұғып қалған (А.Нұрманов, Құлан.). Одан кейінгі оқиғалар Алтынкүл есінде *б ұ л д ы р л а у* бір елес есебінде ғана сәуле береді (А.Нұрманов, Құлан.). Көмескі тым *б ұ л д ы р л а у* сұрақ берген, Күні ертең үйінде оны бір-ақ көрген (З.Шүкіров, Арал.). // *Шала-шарпы, жартылай, еміс-еміс.* Арада ескі қыстау барын, қыстауларды аралап өтетін ойлы-қырлы жолы барын еміс-еміс, *б ұ л д ы р л а у* білем (Ө.Тұрманжанов, Адам адамға.). Іренжулі, қатулы кейіп өзі асырап өсірген жиен баласының кіріп келе жатқанын *б ұ л д ы р л а у* сезінген қалпында ой тұмшалаған шытынықты қабақ, қысыңқы көзбен ұшырады (Ж.Ахмади, Жүрек қартайса.).

БҰЛДЫРЛАУ[2] *Бұлдырла етістігінің қимыл атауы.* ≈ Алыстан *б ұ л д ы р л а у.*

БҰЛДЫРЛЫҚ з а т. *Көмескілік, түсініксіздік, анық еместік.* Ән сөзінде *б ұ л д ы р л ы қ,* күңгірттік, көмескілік атымен болмауы шарт екені бесенеден белгілі («Қаз. әдеб.».). Болсын жырың мағыналы, қысқа да, *Б ұ л д ы р л ы қ т ы* бу сөздермен тыстама (Т.Есімжанов, Ой өрнек.). Повесть құрылымындағы шашыраңқылық ой жүйесіздігіне, тақырып *б ұ л д ы р л ы ғ ы н а* әкеп соқтырған («Қаз. әдеб.»).

БҰЛДЫРМАҚ з а т. *Алыстан бұлдырап көрінген зат.*

БҰЛДЫРМАҚТАУ с ы н. *Оншалық тегіс емес, кедір-бұдырлау.* Таза шыны сауыттың ішіне *б ұ л д ы р м а қ т а у* қара қағаз төсейді де, ішіне үсті-басы ұнға боялған шыбындар жібереді (Ж.Сұлтанов, Шыбын-шіркей).

БҰЛДЫРСЫЗ с ы н. **1.** *Теп-тегіс, көз сүрінер түйір жоқ.* Жібектей қап-қара таралған шашың бар, *Б ұ л д ы р с ы з* тап-таза жаралған басың бар. Қардай аппақ әжімсіз маңдайың

кең, Қынаптан суырған қанжардай қасың бар (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Күн көзі жөнсіз, *б ұ л д ы р с ы з* қаңыраған құмдаланы бұрынғыдай күйдіре алмаса да жайма-шуақ сәулесімен жылытып, дүниені өзінің мейірбанды кең құшағына қайта алды (І.Есенберлин, Айқас). Биік үйілген топырақтың үстіне салынған екен, тақтайдай *б ұ л д ы р с ы з* тегіс далада арсаарса болып көзге ағаш шалынады (М.Қаназов, Сонар). **2.** а у ы с. *Түсінікті, айқын, ашық.* Әзімханда бұлтсыз, *б ұ л д ы р с ы з* сөз болмайды. Қорқыта сөйлеп, қолтығына бүктеуді армандау қашанғы әдеті (Д.Әбілов, Арман.). Сергей Петрович кең тұрып, көбіксіз, *б ұ л д ы р с ы з* жұмыс тілімен жағдайды дәл ескертті де, сағатына тағы бір қарап, орнына отырды (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

БҰЛДЫР-САЛДЫР с ы н. **1.** *Түсініксіз, беймәлім.* Бірақ қанша көз сата тесілгенімен, ештеңе көріп те отырған жоқ, әйтеуір бұлыңбұлың бірдеңелер, *б ұ л д ы р-с а л д ы р* дүниелер (О.Бөкеев, Қайдасың.). Осылайша *б ұ л д ы р-с а л д ы р* ауыр да қымбат минуттарды кешіп отырғанында сиыр сауып болып, Анна кірді үйге (О.Бөкеев, Ән салады.). **2.** *Асығыс-үсігіс, тез.* Жөнелді жүзікті алып Александр, Бақшаға жетіп барды *б ұ л д ы р-с а л д ы р.* Қуысқа салып, қайта бергенінде, Бір малай көріп қалды, құрып қалғыр (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

БҰЛДЫР-СЫЛДЫРСЫЗ с ы н. *Бұлдыр-сылдыры жоқ, шынайы, ешбір қоспасыз.* Өмірдің өзінен туған *б ұ л д ы р-с ы л д ы р с ы з* реалистік жырлардың аса құдіретті әсерін түгел пайдаланбау – қылмыс болар еді (Ә.Тәжібаев, Өмір.).

БҰЛДЫРТ= е т. с ө й л. ***Бұлдырат***. Көзді тұмандатып *б ұ л д ы р т п а,* досым! Біз сенің төлкегің емес! Маша, қой бөтелкені столға! – деді Геннадий стол үстін жинай бастап (З.Шашкин, Теміртау).

БҰЛДЫРЫҚ з а т. <лат. pterocletes> **1.** *Шөлді жерді мекендейтін, сұр түсті, кішкентай дала құсы. Б ұ л д ы р ы қ* деген құстың аяғы тышқандардың аяғы сияқты (С.Қасиманов, Шығ.). Жаным құмар жабдықтан тек әкемнің бытыра мылтығы. Сол мылтықпен тарғақ, *б ұ л д ы р ы қ* атам (Ш.Айманов, Қыран.). Ат-жөніңді айтшы енді, Аршындап жүрген алыпсың. Бұл өлкеден көрмеген, Бұл ауылдың үстінен, *Б ұ л д ы р ы қ* ұшпас көлденең. Бұл жаққа келдің қай елден? Батыста ма ауылың? Шығыста ма ауылың? Оң жақта ма ауылың? Сол жақта ма ауылың? Келген бетің қай жерден? (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Шұрылдап ұшатын қарабауыр *б ұ л д ы р ы қ* та келді (М.Әуезов, Шығ.). **2.** з о о л. *Кептер тәрізділер отрядының тұқымдасы.* Солтүстік-шығыс Африкада *б ұ л д ы р ы қ т ы ң* төрт түрі бар. Құрдың бірнеше түрі, қарабауыр, шақшақайлар кездеседі, бірақ мұның бірі де құмның нағыз төлтума құсы емес. Төлтума деп бозторғайды айтса болады («Жас Алаш»). Тау қазы, *б ұ л д ы р ы қ,* бөдене, тарғақ, қызғыш, тау құдірет, жылқышы, балықшы, вальдшнет, тағы толып жатқан құс (Ш.Айманов, Қыран.). Аңшылық кәсіпшілігіне жарамды құстар – қаз, үйрек, құр, *б ұ л д ы р ы қ,* шіл, қарабауыр, қырғауыл мекендейді (М.Ахметов, Егін қорға.). Ерте кезде бірнеше құсбегілері бірігіп саятшылыққа шыққан кезде, олардың қолға үйретілген әртүрлі қыран құстарынан далада кездескен қоян, қырғауыл, шіл, кекілік, *б ұ л д ы р ы қ* тағы сол сияқты құстардың бірде-біреуі құтыла алмаған (Р.Әлімбаев,.. Құстар.).

Ақбауыр бұлдырық. з о о л. *Салмағы 250 г-дай, қанаты ұзын, топтанып тіршілік ететін, бұлдырық тәрізділер отрядына жататын құс. А қ б а у ы р б ұ л д ы р ы қ* жерді шұңқырлап ұя жасап, оған 3, кейде 2–4 жұмыртқа салады (ҚСЭ). *А қ б а у ы р б ұ л д ы р ы қ* Солтүстік Африка, Алдыңғы және Орта Азия шөлдерін мекендейді. Қазақстанда Арал теңізінен Бетпақдала шөліне дейін таралған (Қаз. қызыл кітабы). *А қ б а у ы р б ұ л д ы р ы қ т ы ң* соңғы жылдары таралу аймағы тарылып, саны едәуір кеміді: 60-жылдары ондаған, тіпті жүздеген мың құстардың жиынтығы байқалса, ал қазір бірнеше жүздеген құстар тобы өте сирек кездеседі (Қаз. қызыл кітабы).

Қарабауыр бұлдырық. з о о л. *Аяқтары қысқа, денесі тығыз, кептер шамалас, бұлдырықтар тобына жататын құс. Қ а р а б а у ы р д ы ң* сүйіп қоныстанатын жері – сазды шөлдер (Ш.Әлиев, Сирек хайуан). Аңшылық кәсіпшілігіне жарамды құстар – қаз, үйрек, құр, бұлдырық, шіл, *қ а р а б а у ы р,* қырғауыл мекендейді (М.Ахметов, Егін. қорға.). Қорықта шөл және альпі шалғынды өсімдіктері, құрғақ дала мен шыршалы орман, сексеуіл тоғайлары мен жеміс ағаштары кездеседі; мұнда Тянь-Шань аюы мен ешкіемер, кесіртке, сілеусін, қарақұйрық, тоқылдақ пен шөл құсы *қ а р а б а у ы р б ұ л д ы р ы қ* кездеседі (Алматы қорығы).

Қылқұйрық бұлдырық. з о о л. *Құйрығы жіңішке, бұлдырық тәрізділер отрядына жататын құстың түрі. Қ ы л қ ұ й р ы қ б ұ л д ы р ы қ* Еділден Монғолияға дейінгі шөл және шөлейт аймақтарда мекендейді. Қазақстанда шөлдің барлық түрлерінде кездеседі (Қаз. қызыл кітабы). *Қ ы л қ ұ й р ы қ б ұ л д ы р ы қ*

топырағы қатты шөлдерді ұнатып, құмды жерлерде сирек ұялайды. Суатқа үлкен топ құрап, жиі-жиі ұшып келетіндіктен және есепсіз аулауға, атуға байланысты саны кемуде (Қаз. қызыл кітабы).

БҰЛДЫРЫҚОТЫ з а т. б о т. <лат. lepidium> *Құм аралас шөлейт жерлерде өсетін, бұлдырық жайылатын тықыр шөп.* Бұлардың арасында анда-санда бір жерде қияқтар, злактар және жарқын түсті гүлдері бар шөптер: сары скерда, *б ұ л д ы р ы қ о т ы,* мұз сарғалдақ өседі (Б.Муханов,.. Қазақст. өсімдік.).

БҰЛДЫРЫҚТАЙ с ы н. **1.** *Бұлдырық сияқты, бұлдырық тәрізді.* Сезесін жүрек қылын бұрағанын, Естисің әлдекімнің жылағанын. Шырылдап бозторғайдай көтеріліп, Сорғалап *б ұ л д ы р ы қ т а й* құлағанын (Қ.Тоғұзақов, Сібір Омар). **2.** а у ы с. *Кіпкішкентай, тым шағын.* Ердің атағы туырлықтай, өзі *б ұ л д ы р ы қ т а й* (Мақал-мәтел). Үлкен әжеміз келе жатыр екен. Өзі *б ұ л д ы р ы қ т а й* ғана жан еді (Ж.Молдағалиев, Тыңдағы.). **3.** а у ы с. *Өте тез, жылдам.* Жіңішке бойың нәзік қылдырықтай, Сүйтсе де сөзің ұшқыр *б ұ л д ы р ы қ т а й.* Қу, бала-ау, бала демей, не деуші едім, Көзіме көрінесің жұдырықтай (Айтыс). Күміс қанат қыран қонысымен найзаларын түбінен кезей ұстаған спортшыдай қоңыз мәшине *б ұ л д ы р ы қ т а й* безіп береді (С.Бердіқұлов, Пердесіз.).

БҰЛДЫРЫҚША ү с т. *Бұлдырыққа ұқсап, бұлдырық сияқты.* Сөйтіп құбылып, көк теңізінде қалқып ұшып келе жатқан *б ұ л д ы р ы қ ш а* зымырады (С.Сейфуллин, Шығ.).

БҰЛЖЫ= е т. *Өзгеру, айну.* А, Қарсеке, сіз бе едіңіз, кешіріңіз, міне, бұйрығыңыз *б ұ л ж ы ғ а н* жоқ (Ә.Әбішев, Шығ.).

БҰЛЖЫМА= е т. **1.** *Бір қалыптан аумау, қозғалмау.* Ернарым?.. Көзі неге бұлдырайды. Масқара!.. Жасын төгіп бұл жылайды. Қалайша қайран шеше бұған төзіп, Баяғы бір орнынан *б ұ л ж ы м а й д ы* (Х.Ерғалиев, Құрманғазы). Байланыс жасап жан-жаққа, Бұйрық беріп *б ұ л ж ы м а й,* Отыр қайсар капитан (А.Лекеров, Өмір оты.). **2.** *Ұстанған бағыттан таймау, айнымау, өзгермеу.* Өңкей алдау, жалғанды дінім дейді, Тексерсең, ойың түгіл жаның сасар. Әлемдегі діндердің түп мақсұты Үш нәрседен *б ұ л ж ы м а й* құшақтасар (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Бұлжымай орындалды. *Дәл ойдағыдай, сол күйінде орындалды.* Ай, бұл адамның кейде ойлаған ойының *б ұ л ж ы м а й о р ы н д а л а т ы н* да кезі бар (Х.Есенжанов, Тар кезең). Егер Садық майданнан тірі қайтқанда бұл тілегінің *б ұ л ж ы м а й о р ы н д а л ғ а н ы н* өзі де көрер еді (І.Есенберлин, Алтын құс).

БҰЛЖЫМАС с ы н. *Бұлжымайтын, өзгермейтін, мызғымас.* Әкем айтқан әр сөз – біз үшін *б ұ л ж ы м а с* заң (Саржайлау). Армияда командир бұйрығы – *б ұ л ж ы м а с* заң (Ә.Нәбиев, Ауыр апта.). Санақта бар, санатта жоқ ел, ұрпағының ұрпағына кетер айнымас та *б ұ л ж ы м а с,* бақыт жолына бастар жалғыз жалау – осы (І.Омаров, Серпін).

БҰЛЖЫМАСТАЙ с ы н. *Өзгермейтіндей, тұрақты, айнымастай.* Белең ап болған шақта осынау өрт, Үдеген шақта қызда ғашықтық дерт, Мазасын ала берген сүйгеніне, Жұпар қыз *б ұ л ж ы м а с т а й* қойды бір серт (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға).

БҰЛЖЫМАСТЫҚ с ы н. *Өзгермейтін, айнымайтын.* Тіреген шақта ойын соған Жапар, Шешімге *б ұ л ж ы м а с т ы қ* келді қатал: «Құл болып үйде өлгенше, түзде ұлы Болайын, шама келсе, жау тоқтатар!» (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға).

БҰЛЖЫМАУ *Бұлжыма етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ойынан *б ұ л ж ы м а у.*

БҰЛЖЫТПАЙ ү с т. *Дәл сол күйінде, дәлме-дәл, айнытпай.* Көрген нәрседен көңілде өзгеше артық бір әсер қалып, аудармай, *б ұ л ж ы т п а й* тілмен суреттеп беру соңғы өлеңшілерде күшті емес (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ел ішінде не болып тұрғанда жұрттың бәрі көреді, бірақ сол көргенін екінші бірі келістіріп, тұрмыс сәулесін *б ұ л ж ы т п а й* қағаз бетіне түсіре алмайды (М.Дулатов, Шығ.). Көңіліңе түсірдім бе шын келбетін, Мұндайды келістірмек тіпті шетін. Оқыса бір художник бұл сөзімді, *Б ұ л ж ы т п а й* салар еді-ау дәл суретін (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ғылымның қуатын дәйектегенде шетелдік оқымыстылардың ағылшын тіліндегі сөздерін қазақ тілінде жаңғыртып, «Мен жалпылама сөйлеп отырғам жоқ. Тікелей аударып отырмын. Өркениетті елдерде ғалым сөзін *б ұ л ж ы т п а й* орындайды («Егемен Қазақстан»).

БҰЛЖЫТПАСТАН ү с т. *Өз қалпынан айнытпай, ешбір өзгертпестен, сол күйінде.* Ақындар ғалымдар сияқты болған уақиғаны яки нәрсені болған күйінде, тұрған қалпында *б ұ л ж ы т п а с т а н* айтып, дұрыс мағлұмат беріп, қақиқаттауға тырыспайды (А.Байтұрсынов, Шығ.). Атасының айтқанын *б ұ л ж ы т п а с т а н* орындап шықты (С.Бегалин Төлбасы.). Ұл екен атын қойды Жәдігер деп, Мәпеледі мейірге ана бөлеп. Жұбайдың айтқан сөзін *б ұ л ж ы т п а с т а н* Күн көрді маған олар иық сүйеп (Батырлар жыры).

БҰЛЖЫТПАУ *Бұлжытпа етістігінің қимыл атауы.* ≈ Айтқанынан *б ұ л ж ы т п а у.*

БҰЛЖЫТЫЛ= е т. *Өзгертілу, бұзылу.* Әйел-ананы сыйлау жас жігіттер үшін *б ұ л ж ы т ы л м а й т ы н* заң болуға тиіс (Ә.Бәженов, Дүниеге көз.).

БҰЛҚ е л і к. *Жұмсақ дененің кенеттен болған соққыдан құлап түскен қимылын білдіретін сөз.* ≈ *Б ұ л қ* ете қалды.

Бұлқ етті. *Кенет сылқ етіп, құлап түсті.* Қынапқа салса, жылп еткен, суырып алса, қылп еткен, Нарды шапса, *б ұ л қ е т к е н*, Итті шапса, ыңқ еткен (Бес ғасыр.).

БҰЛҚАН с ы н. *Жайсыз, тынышсыз.* Алыс космостан тып-тыныш көрінген аралдардың көбі-ақ бұлт астында *б ұ л қ а н!* (Х.Ерғалиев, Шындық.).

Бұлқан болды. *Ашуланды, ренжіді.* Барысында көп істің *б ұ л қ а н б о л с а* жар ізгі, Жасырамыз, соғыстың Құпиясы тәрізді! (Қ.Мырзалиев, Бұлбұл.).

БҰЛҚАЙЫР з а т. б и о л. *Сабағы жапырақтап шығатын дәрілік өсімдік.* Ісік шыққан балаға *б ұ л қ а й ы р* тарт! (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БҰЛҚАН-ТАЛҚАН ү с т. **1.** *Астан-кестен, быт-шыты шыққан, тас-талқан болған.* 1918 жылдың март-апрель айы. Өскемен қаласы *б ұ л қ а н-т а л қ а н* (Ш.Өтенов, Өшп. жалын). **2.** *Ашулы, ызалы.* Еркін дүние есігін теуіп ашып кірген ақын еркін басып төрге ұмтылады, кербез әйел сияқты паң дүние оның бұл қылығына *б ұ л қ а н-т а л қ а н* (Е.Ысмайылов, Сын.). **3.** *Бей-жай, аласұрған.* Досым, мені сол сәтте таста жалғыз, Жүрегіңе ренжіп, жасама мұз. Ойым опат сондай бір бейуақытта *Б ұ л қ а н-т а л қ а н* көңілде басталар күз (М.Мақатаев, Шық.).

Бұлқан-талқан ашуланды. *Қатты ашуланды, кейіді.* Күздің сүп-суық жаңбырлы түндерінде қалың көрпенің астында қойындасып жатқан егіз қыз күбір-күбір ұзақ сырласатын; Гүлия жанары жасқа толып үнсіз егілетін; ал Дүрия Қамбардың керіліп жатып алғанына шыдай алмай, *б ұ л қ а н-т а л қ а н а ш у л а н а т ы н* (О.Бөкеев, Өз отың.). Мынаның жарыместеніп, түк білмей қалуын қарашы, – деп төре *б ұ л қ а н-т а л қ а н а ш у л а н а* жөнелді (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Бұлқан-талқан болды. а) *Қатты ашуланды, шарт-шұрт болды.* Бай ашуланып *б ұ л қ а н-т а л қ а н б о л д ы* (Қаз. ертег.). Қазақта «ортан жіліктің майын жесе, бала ата-анасына мейірімсіз болады» дейтін сөз барын білетін қайнысы мұны көргенде *б ұ л қ а н-т а л қ а н б о л д ы* (Қ.Салғарин, Қасапшылық). Мен кейде кісілердің сырт қамқорлығын да қабылдағым келмей ауырсынатын, жоқ нәрседен *б ұ л қ а н т а л қ а н б о п* шала бүлінетін бір мінезге ұшырадым (Ө.Қанахин, Жер бас.). ә) *Астан-кестені шықты, быт-шыт болды, сапырылысты.* Түске жетпей-ақ қала іші *б ұ л қ а н-т а л қ а н б о л д ы* (З.Шашкин, Тоқаш Бокин).

Бұлқан-талқан етті. *Астан-кестен етті, тас-талқанын шығарды.* Көкірегін *б ұ л қ а н т а л қ а н е т к е н* ашуын баса алмай, ол тағы да ерсілі-қарсылы жүре бастады (І.Есенберлин, Қатерлі.).

БҰЛҚУ *Бұлқы етістігінің қимыл атауы.*

БҰЛҚЫ= е т. **1.** *Кенет жұлқып қозғау.* Мұны естіп Қоблан, Бурыл атқа «шу!» – деді, Бүктеле беріп жазылып, Бурылы *б ұ л қ ы п* гуледі (Батырлар жыры). Өлгенін барған адам келді айтып, келмейтін болыпты деп мұнда қайтып. Қоштасып тәжін алып жерге ұрып, Наһандай суды *б ұ л қ ы п* кеткен лайтып (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). // п о э т. *Бұлқыну, толқу.* Шідері мұздың алынып, Өзендер *б ұ л қ ы п* шулады. Толқындар жазды сағынып, Жартасты сүйіп, шулады (С.Сейтенов, Бойжеткен.). **2.** а у ы с. *Тулау, аласұру.* Ау қапқан асау сүгендей *Б ұ л қ и д ы* асау жүректер (Т.Айбергенов, Мен саған.).

БҰЛҚЫЛДА= е т. *Кернеу, тасу, ытырылу.* Таң қалғаны сонша, *б ұ л қ ы л д а п* тұрған ашуының қайда кеткенін өзі де білмей қалды (С.Жұбатыров, Жасыл сағым).

БҰЛҚЫН з а т. *Қайық бөлігі; қайықтың жүрісін бағдарлайтын құрал, тетік.*

БҰЛҚЫН= е т. **1.** *Жұлқыну, аласұрып босануға тырысу, ұмтылу, шыға алмай жанталасу.* Шыдай алмай: «Ойбай, өлдім!» – деп *б ұ л қ ы н ы п,* басын көтеріп алса, баяғы шал кеседегі суды мұның басына құйып та болған жоқ екен (Ш.Құдайбердиев, Шық.). Оған соқтықты, бұған соқтықты, *б ұ л қ ы н д ы*, жұлқынды, көпірді, лепірді – ақырында біздің сөзіміз теріс емес екендігін көзімен көріп, қолымен ұстағандай болды (А.Байтұрсынов, Шық.). Аты басымен жер соғып, *б ұ л қ ы н ы п*, қорқырап жатыр, тұра сап, қайта шауып кеткісі келгендей, төрт аяғын ерең-серең сермеп-сермеп қояды (Ж.Аймауытов, Шық.). «Қимылда» дегеннен соң, беріп кезек, *Б ұ л қ ы н д ы* Поладонд та бойды тежеп. Қаржалып қалды ол да қозғалта алмай, Алқынып от-жалын боп күйіп өзек (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). **2.** а у ы с. *Көнбеу, тулау, қарсылау.* – Әй, Қамар, *б ұ л қ ы н с а ң* да түстің торға, Абайлап қарасаңшы оң мен солға. Бекерге тәтті аузыңның дәмі

кетер, Тілімді ал, осы күннен әуре болма (С.Торайғыров, Шығ.). Жау басынар халықты, Басқарушы оңбаса. Малша айдап адамды, Орынсыз күштеп зорласа. Ауға түскен балықтай, Шыға алмассың *б ұ л қ ы н ы п* Әділетшің болмаса (Сүйінбай ақын [Аронұлы], Ақиық). Мұса Жәлелге орнатылған үлкен ескерткіш қол-аяғы матаулы, бірақ бұғаудағы жолбарыстай *б ұ л қ ы н ғ а н*, өмірге жаны құштар өжет жан Мұса Жәлелдің тірі өзі сияқты (С.Мәуленов, Шыңда.). **3.** а у ы с. *Ашу-ыза кернеу.* Ертеңгі күнін ойлаған жұрттың көңілі ойпылтойпыл, кеуделерінде *б ұ л қ ы н ғ а н* ыза мен кек (Ә.Шәріпов, Қапаста.).

Асаудай [асаудайын] бұлқынды. *Ырыққа көнбеді, қатты тулады.* Шіркін-ай, көтерілмей көңіл деген, Заттарға бұрын әсте бөлінбеген, *А с а у д а й б ұ л қ ы н ы п* кеп жөнеледі, Жігіттің тепкісінен жеңілмеген (К.Райбаев, Жаңа толғау). Қарғалы да сәске мезетінде ақжал *а с а у д а й б ұ л қ ы н ы п*, толқын күйлерін тереңнен тербеп жатыр (Ғ.Сланов, Очерк.). Бұдан бір ғасыр бұрын мойнына түскен бұғалықты жатырқап, *а с а у д а й ы н б ұ л қ ы н а т ы н* тарпаң халық, бүгінде жер-суынан, мал-дәулетінен бірте-бірте ажырап, қойдан жуас қоңыр болған (Ғ.Сланов, Дөң асқан).

БҰЛҚЫНҒЫШ с ы н. *Ырыққа көнбейтін, аласұрғыш.* Татар мен қазақтың қыздары, Әнжырмен ал қарсы, кел, мені, Лебіңе шөлдедім, Жүрегім дүрсілдеп *б ұ л қ ы н ғ ы ш* (Т.Исмаилов, Есіл).

БҰЛҚЫНДЫР= е т. **1.** *Бұлқынту, қозғау салу, тулату, жұлқындыру.* Верныйдан жандаралдар бүйрық қылды, Құйрығы бүйрығының тіпті зілді. «Отыз бір, он тоғызды алад» деген Суық хабар халықты *б ұ л қ ы н д ы р д ы* (Жамбыл, Шығ.). Тағы бір дүр еткізіп, сілкіндіріп, Тағы бір буырқантып, *б ұ л қ ы н д ы р ы п*, Алар ма ек былқ-былқ еткен босмойынды Басына бағындырып, тұрқын бұрып (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Тимеген өмірі бір жүген, құрық, Асауды ұстап алдық *б ұ л қ ы н д ы р ы п* (Д.Әбілов, Уақыт.). Көңілі ғаламат қимылға айналып, өзегі өртеніп, кеудесіндегі қыжылдаған ыза-кекті *б ұ л қ ы н д ы р ы п* сыртқа шығарады (Ш.Сариев, Арайлы.). **2.** а у ы с. *Көңілді толқыту, тебіренту.* Тұла бойым елжіреп, Көзімнен ыстық жас тамды. Қуана көңілім елбіреп, *Б ұ л қ ы н д ы р д ы* жас жанды (Ө.Тұрманжанов, Өлеңд.).

БҰЛҚЫНДЫРУ *Бұлқындыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Асауды *б ұ л қ ы н д ы р у.*

БҰЛҚЫНТ= е т. **1.** *Тулату, аласұрту, бұлқынуға мәжбүр ету.* Кез болсаң қайғы я зарға, Құрсатып тілді ұмытып. Алып шықпа базарға Асаудайын *б ұ л қ ы н т ы п* (Абай, Тол. жин.). Бұлақтарды арнасында *б ұ л қ ы н т ы п*, Құрақтарды жар басында сілкіптіп. Қара жаңбыр құйып өткен кезде бір, Көктер басын шыға келер қылтитып (С.Тұрғынбеков, Қобыз). *Б ұ л қ ы н т ы п* титтей жүректі, Жүгіріп шықтым далаға. Төбеме от күн тұр тиіп, Өртеніп мен де барамын (С.Асанов, Күндер.). Бұл жолы ол мойныма үйқының арқанын лақтырып, *б ұ л қ ы н т а* буалдырық салған еді (Ә.Нұршайықов, Ақиқат.). **2.** а у ы с. *Шабыттандыру, жігерлендіру.* Бозторғайын шырлатып, Бұлбұлдарын сайратып, Бозбаласын ойнатып, Қыз, келінін жайнатып, Қырымның қызыл қымызын Сабасынан жұтқызып, Қазықарта жегізіп, Қыздырып елді *б ұ л қ ы н т ы п* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

БҰЛҚЫНТУ *Бұлқынт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Торда *б ұ л қ ы н т у.*

БҰЛҚЫНУ *Бұлқын етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жұлқыну, тулау.* Денесін жалын шалған жыланның бірер рет-ақ *б ұ л қ ы н у ғ а* шамасы келеді екен (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Қарсыласу, ерікке көнбеу.* Бас тағы суретіңді көрсет маған, Әдейі жұмысым сол келген саған. Жеңгенмін адалдықпен жан біткенді, Келмейді *б ұ л қ ы н у ғ а* енді шаманың (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Бас асаулық былай қалды. *Б ұ л қ ы н у ғ а* дәрмен жоқ. Жардың басына иіріп, тоғытатын қойдай, соятын малдай жұрт жиналды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БҰЛҚЫНШАҚ з а т. э т н. *Сойған жылқының сан терісін шашасына дейін бітеу іреп алып жасалған ыдыс. Б ұ л қ ы н ш а қ т ы* жасау үшін жылқы сойғанда артқы санының терісін шашасына дейін мес қылып бітеу сойып алады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Б ұ л қ ы ш а қ т ы* Таулы Алтай өлкесіндегі Қосағаш қазақтары әлі де пайдаланады (ҚҰЭ).

БҰЛҚЫНЫП-ЖҰЛҚЫН= е т. *Аласұру, тулау.* Жиектегі сазға шанышқан қармақсабын суырып алды да, шыжымдап тартып, *б ұ л қ ы н ы п-ж ұ л қ ы н ы п*, суды шолпылдатқан үлкен шортанды жиекке сүйреп шығарды (С.Әсіпұлы, Аңшы баланың әңгімелері).

БҰЛҚЫНЫС з а т. *Кенеттен болатын шұғыл әрекет, құлшыныс, дүмпу, серпіліс.* Басқа ананың жарық дүниеге перзент сыйлардағы толғатуы сияқты көкірегінде толысқан өнердің *б ұ л қ ы н ы с ы* екен ғой (А.Сейдімбеков, Серпер). Дөңбекшиді дөң үстінде тастар дәу. Шұбар шыққан қажет еді жас парлау. Осыншалық олпы-солпы дүниеден, Мүмкін емес бір *б ұ л қ ы н ы с* басталмау (С.Тұрғынбеков, Қобыз). Байқалды қанда

б ұ л қ ы н ы с. Оянып, ойнап аққандай. Тағы бір жұмбақ тылсым күш Сағынып мені тапқандай (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

БҰЛҚЫС= е т. *Бірден жұлқи қозғалысу, бұлқынып қозғалу, тартып қалысу.* Алыстық, Аяқтан шалыстық. Күрестік, Мықыннан тірестік. *Б ұ л қ ы с т ы қ,* Аянбай жұлқыстық (Қ.Мырзалиев, Күміс.). Гүлді бақ орнағандай қу өңірге, Жаңғырды, қызды жаға ду-дүбірге. *Б ұ л қ ы с ы п* ақ сазандай жұмыр белдер, Тастайды шоқтай ыстық сыр көңілге (Қ.Бекхожин, Шардара). Қош келді, қыздар келді, Қодар келді *Б ұ л қ ы с ы п* бақа айғырмен желемін енді (Батырлар жыры).

Балықтайын бұлқысты ф о л ь к. *Ырши қозғалды, бар күшімен жұлқынды.* Айдahардай ысқырып, *Б а л ы қ т а й ы н б ұ л қ ы с т ы.* Жас баланың басына Қиын-қыстау іс түсті (Батырлар жыры).

БҰЛҚЫСУ *Бұлқыс етістігінің қимыл атауы; жұлқи қозғалысу.* ≈ Балықтай *б ұ л қ ы с у.*

БҰЛҚЫТ е т. *Бойын кернету, алай-дүлей еткізу.* Осы сәтте Әбунасырды еркінен тыс бір сезім ішін *б ұ л қ ы т ы п* кеп, көк шатырға қарай жалт қаратты (Д. Досжанов, Тұлпар.).

БҰЛНА= е т. к ө н е. *Тұтқынға алу.*

БҰЛТ[1] з а т. **1.** *Аспанда қалқыған тұман тәрізді қою су буы.* Арыстанмын, айбатыма кім шыдар? Жолбарыспын маған қарсы кім тұрар? Көкте – *б ұ л т,* жерде – желмін гулеген, Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар? (М.Жұмабаев, Шығ.). Ерлігің бар жауға сай, Басынан *б ұ л т* аспайтын Абылайдың тауындай (Базар жырау, Шығ.). Есік – төрім! Есіткенім: Бір сұрапыл өткен деп, Бесік көлің – несіптерің, *Б ұ л т* боп ұшып кеткен деп (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** т е р м. *Атмосферада қалқыған қоюланған су буының және өте ұсақ мұз кристалының жиынтық жүйесі. Б ұ л т т а р д ы* құрайтын су түйіршіктерінің және мұз кристалдарының көлемі ұлғайып, олар бұлттардан бөлініп, атмосфералық жауын-шашын түрінде жер бетіне түседі (ҚҰЭ). *Б ұ л т т а ғ ы* суық судың құрамы тым аз, бұлт ауасының 1 м^3-не шаққанда 1 *г*-ның бірнеше жүздік бөлігінен бірнеше *г*-ға дейін ғана жетеді (ҚҰЭ). **3.** а у ы с. *Сезімде болатын қайғы, көңіл кірбіңі деген мағынада.* Келді биыл елуге елім менің, Ауыр *б ұ л т ы м* арылды, жеңілдедім (М.Мақатаев, Шығ.). Қалады екен өткен күннің *б ұ л т ы* ойда, Сапар шегіп жатқанымен жұрт айға. Ахмет те, Міржақып та, Мағжан да, Шәкәрім де шапан киді бұл тойда (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). Қар жаумай қара жерге ыққан қазақ, Айтайын тағы әңгіме ұқсаң, қазақ. *Б ұ л т ы* нажағайдың келді айналып, Қамданып бұрынғыдан, мықтан, қазақ (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Ақ бұлт. с ө й л. *Ақша бұлт.* Мидай жазық, кең дала, жел жоқ. Аспанда ақ сабынның көбігіндей, ақ мақтадай *а қ б ұ л т т а р* (Ж.Аймауытов, Шығ.). *А қ б ұ л т т ы* шайнап, көк құшты, Айғайға басты ол енді, Көңілден ұшқан көп құсты, Көтеріп ала жөнелді (С.Жиенбаев, Таңд. шығ.).

Ақша бұлт. *Ашық күндері аспанда болатын будақ-будақ ақ бұлт. А қ ш а б ұ л т т а р* жүзсе көкте сенделіп, Бұрымыңды сипап өтсе жел келіп, Қара жолға қарап ұзақ тұрдың ба, Тәтті үміттің құшағында тербеліп (М.Шаханов, Ғасырлар.). Ал, біреуді Тау санаймын, түрған қарап төбемнен, *А қ ш а б ұ л т* пен ақ аспанның мейріміне бөленген (М.Шаханов, Ғасырлар.). Уай, арман, сен *а қ ш а б ұ л т* жүзген көкте, Тоймадым қарай-қарай ерте-кеште. Жалғанда сенен сұлу бар ма десем, Бар адам дауыстайды «жоқ» деп әсте (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес).

Ала бұлт. *Айнымалы, арты нөсерге әкелетін бұлт.* Қара тасты қыратың Қалың ну боп өсер ме?! *А л а б ұ л т т ы ң* мұраты – Айналу бір нөсерге (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Сәуірдің *а л а б ұ л т ы* көк аспанның мұхитында будағымен жүзіп бара жатқан ақ матадай елестейді (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Жел жоқ, аспан *а л а б ұ л т,* төбеден ауып бара жатқан ай бұлт тасасын қорғалап, ұзақ уақыт көрінбей қойды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Басын бұлт алды. *Қиын-қыстау жағдайға душар болды, басқа іс түсті.* Жаман дос – көлеңке; *б а с ы ң д ы б ұ л т а л с а* іздеп таба алмайсың (Абай, Тол.жин.).

Басына бұлт үйілді. *Қиындыққа тап келді, басына іс түсті. Б а с ы ң а б ұ л т ү й і л і п,* қыл көпірдің үстінде тұрғаныңда жақынym деп қолымды созсам, тәкаппар қыз бойыңа теңгермейсің (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

Бұлт ала, жер шола. *Біркелкі емес, алақұла, жақсы-жаманы аралас.* Ішкен мас, жеген тоқ. Уайым айтар біреу жоқ. Тым болмаса болмады, *Б ұ л т а л а, ж е р ш о л а* (Абай, Шығ. жин.). *«Б ұ л т а л а, ж е р ш о л а»* дегендей сол бір қысаң шақта, Тобыл мен Обағанды бойлай жаңбыр өтіп, тақыр жердің көктей бастаған хабары секілді (С.Мұқанов, Жер нәрі).

Бұлт қапқан. *Аспанмен таласқан, зәулім, биік.* Болат ірге қалаймыз, Жаңа түрмыс үйіне, *Б ұ л т қ а п қ а н* үй саламыз, Іске тастай түйіне (С.Сейфуллин, Шығ.).

Бұлт ойнады. *Екіталай, қауіпті күн туды.* Капиталдың үстіне *б ұ л т о й н а д ы;* Зәрелерін коммунизм ұшырып (Ж.Саин, Таңд. шығ.).

Бұлттан шыққан күндей. *Жарқ еткен, жайраңдаған, көз қарықтыратын жарық.* Сап-салмақты Дәметкен де *бұлттан шыққан күндей* шырайы жанып, ашылып, езуін жимай, күлуге айналды (Б.Майлин, Шығ.). Шаһардың сұлтанына барды ертең, Шамасы *шыққан күндей бұлттан* жарып. Жайжағдай бөтен түрлі жалтармай-ақ: «Тек, маған қызыңды бер», – деді барып (О.Шораяқов, Шығ.).

Бұлт торлады [үйірілді]. *Қауіп-қатер төнді.* Жүз батпан қайғы мен көңілдің қара *бұлты торлап* келіп, басыма төнгендей болды (М.Сәрсекеев, Жетіжылдық.). Ана жолы қыз үшін төбелес салып, бір балықшы қаза тапқаннан бері бұлардың аулына *бұлт үйірілді* (Ә.Нұршайықов).

Бұлт шайнап, мұз бүркіт. б е й н. *Қатты қаһарланды, ашуға мінді.* Болады бабам Кіршаш жеңген жұртты, Уақытында *мұзды бүріккен, шайнап бұлтты.* Нариман туған атам, өздеріңдей Бояған жау қанымен сақал, мұртты (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Жүрген соң *бұлтты шайнап, бүркіп мұзды*, «Өлмес, – деп, – өлтірмесе Барзу бізді, Бірігіп, бұлар менен тартып алып Кетер, – деп, – қайткенменен осы қызды (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Бұлтын жиды. б е й н. *Аспан бұлттанып, түнеріп, күн жауар кез келді деген мағынада.* Атылып мұнарадан қыз құлаған, (Қадалып түйіккен шал – құзғын оған.) Жұтқанда жас аруды көрі теңіз, Кеудеге *бұлтын жиып* күз жылаған (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

Кезбе бұлт. *Желдің айдауымен көшіп жүретін бұлт.* Тауларым сол баяғы тауымдай ма? Үй іргесі шалғыннан үрке қашқан, Киіктің лақтары табылмай ма? *Кезбе бұлттар* жиылып ақ аспанда, Кеңесіп баяғыдай дамылдай ма? Ауа алмай ауылымнан ауырлай ма? (М.Мақатаев, Шығ.).

Қазбауыр бұлт. *Ондаған шақырым биіктікте ұсақ, мұз түйірінен пайда болатын бұлт.* Жаңбырлы күнді монша қып, Жуынам *бұлтқа қазбауыр* (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Қара бұлт. *Күн райы бұзылар алдындағы түйдек-түйдек қою бұлт.* Қаптап жүр күннің бетін *қара бұлт*, Сонда да тағдырымнан қылам үміт (Базар жырау, Шығ.). Сәуірдің *қара бұлты* Жауарында ойнаған. Күннің түссе шұғыласы, Қара жер балқып қайнаған (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Мұз жастанып, бұлт емген. б е й н. *Аспанмен тілдескен деген мағынада. Мұз жастанып, бұлт емген,* Тосып желге құшағын. Ақ орамал бүркенген, Тыңдайды таулар құс әнін (Т.Молдағалиев, Құралай).

Сұр бұлт. *Аспанды жаппай торлап, 4–5 шақырымдай биіктікте болатын тұнжыр бұлт. Сұр бұлт* түсі суық қаптайды аспан, Күз болса дымқыл тұман жерді басқан (Абай, Шығ. жин.). Жаңа ғана қуаныш кернеп жайраңдаған Алманың көңілі *сұр бұлт* көшкендей сапырылып кетті (Ғ.Мұстафин, Миллионер).

Тас жастанып, бұлт жамылды. *Небір қиындықтан өтті. Тас жастанып, бұлт жамылып,* Дарияларды кешерсіңдер. Дүние кезіп сырлар ұғып, Жігіт болып өсерсіңдер (Қ.Аманжолов, Шығ.).

Шарбы бұлт. *Жер бетінен екі-үш шақырымдай биіктікте болатын жұқалаң селдір бұлт.* Жайдары күнді ұзатқан *шарбы бұлттардың* бетіне әлденендей қызғылт нұр пайда болды (Ол күндер.). Айдарынан қыраттың Жанға жайлы шілде желі ескенде, Ақ *шарбы бұлт* керуенін кері бұрып көшкенде, Изен иісі мұрын жарып, Құм жуасы бұрымданып (М.Шаханов, Ғасырлар.).

БҰЛТ[2] з а т. ж е р г. *Діңгек, тіреу, бағана, шығырдың қадасы.* Бұрынғыдай үрліктің асына *бұлт* салмаймыз (Қаз. тілі. жерг. сөздігі).

БҰЛТ[3] е л і к. *Бұлтың еткен тез қимылды бейнелейтін сөз.*

Бұлт берді [етті]. а) *Бұлтың етіп бір көрінді.* Бұғанасы *бұлт беріп*, Атылғанда ақ иық, Күшігендер сырт беріп, Тоңқаңдайды далиып (М.Мақатаев, Шығ.). Сасқан үйрек *бұлт беріп* бір шоқ талға барып жоқ болды (С.Бегалин, Төлбасы.). ә) *Жалт берді.* Ошақбай енді қарсыластың найзасын *бұлт етіп* дарытпай, алдаусырата алмасын сезді, анау да әдіс ап қалды (Д.Досжанов, Жібек.). б) *Тайып кетті.* Бір рет қайығы *бұлт ете* қалып еді, қорқып кетіп, білегін Азаматтың білегіне өткізіп алды (Б.Майлин, Азамат.). в) *Айныды, теріс айналды.* Дос алады: «бермесең, *бұлт берем*» деп, «Жауыңа қосылуға сырт берем» деп. «Бұзылған соң мен оңай табылмаспын, Не қылып оңайлықпен ырық берем» деп (Абай, Тол. жин.). Елірдік, ерегістік, елді жардық, Байлаусыз пайдасы жоқ іс шығардық. Бүгін дос, таң атса қас бола қалып, *Бұлт еттік,* мен болдым деп ат алармық (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

БҰЛТАҚ з а т. **1.** *Қиыр-шиыры, иіні мол бұрма, бұрылыс.* Адам *бұлтағы* жоқ жолды «ақ жол» демей ме, қазақ? (А.Тоқмағамбетов, Әке.). Қазіргі сұлу тұлға, көркем үрпақ, Кезіңе сүйсінелік ерке *бұлтақ*. Ал бізге ерік бермей өмір дауыл, Өтті ғой басымыздан ерте бұрқап (Ғ.Қайырбеков, Қанатты.). Жүрген сайын шатқал арасына сүңгіген *бұлтақ* жол кейде оң

қапталдан, кейде сол қапталдан көрініп, кейде тап бір аспанға апаратын жолдай машинаның жан даусын шығарып, биік қырға шаншылып тік өрлейді (Т.Әбдіков, Күз.). **2.** а у ы с. *Екісөзділік, уәдемырзалық.* Менімен немере туыс, құрдас, адалдың адалы, *б ұ л т а ғ ы* жоқ, бір сөзді Мейрам бар (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). **3.** а у ы с. *Жеңілтек қылық, іс.* «Өлең шығаруға залал етеді, Тәкежанға жіберіңіз» дегені қай *б ұ л т а ғ ы* соның (М.Әуезов, Абай жолы). Өз заңымен, өз дәстүрімен келе жатқан жаңа байлық ол *б ұ л т а қ қ а* жіберген жоқ (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

Бұлтаққа салды. *Күлыққа басты, бұлтарды.* Мен шынымды айтайын, – деді Босаңбай тағы бір *б ұ л т а қ қ а с а л ғ ы с ы* кеп (Б.Қыдырбекұлы, Ешкім.). Замандастарымыздың творчествосына келгенде, сын өз пікірлері туралы *б ұ л т а қ қ а с а л а д ы* (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

БҰЛТАҚ-БҰЛТАҚ е л і к. *Бұлтаңдаған, бұлтыңдаған бірнеше рет қайталанған тез қимылды бейнелейтін сөз.*

Бұлтақ-бұлтақ етті. *Бұлтаң-бұлтаң етті, бұлтыңдады.* Әлгі қатыннан көз жазбай келе жатқан, бөксесі біресе олай, біресе бұлай *б ұ л т а қ-б ұ л т а қ* етеді (К.Қазыбаев, Ызғар).

БҰЛТАҚ-СҰЛТАҚ з а т. с ө й л. *Қулық-сұмдық, жалтаң-салтаң* Құдайберген табиғат ортасының перзенті *б ұ л т а қ-с ұ л т а қ т ы* білмеуші еді (Ж.Жұмаханов, Махаббат.). Ел қазағы мейлінше қу болады; олардың *б ұ л т а қ-с ұ л т а ғ ы,* қақпаны көп, ол жуандар кісіні бір көргенде сынайды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БҰЛТАҚСЫЗ с ы н. *Бұлтағы жоқ, бұлтарыссыз. Б ұ л т а қ с ы з* тура жолмен, бір сыдырғы, сынаптай жылжып отырса да, алыс сапар жүйрік машина бедеріне таңба түсірмей қоймапты (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).

БҰЛТАҚТА е т. **1.** *Тіке тартпай, көп бұлтарыспен жүру, ирелеңдеу.* Жолшыбай біресе оңға, біресе солға, біресе ана бүйірге, біресе мына бүйірге дегендей, *б ұ л т а қ т а й* жүрген біз, қазіргі асфальт жолмен жарты-ақ күн жүретін Тюмень мен Қорғанның арасында төрт-бес қондық (С.Мұқанов, Есею жыл.). Талдыбұлақ *б ұ л т а қ т а п,* күркіреп ағады, күрсініп ағады. (О.Бөкеев, Қайдасың.). Сіз білесіз бе, машина жолына түсудің керегі жоқ. Өйткені олар *б ұ л т а қ т а й* отырып көш жерді айналады... (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). Қызылтасқа тартты. Ізіне көп түстім. *Б ұ л т а қ т а п* із тастады да отырды. Жолай қуып кеттім (С.Бақбергенов, Мен сізді.). **2.** а у ы с. *Солқылдақтық жасап, екіұшты сөйлеу, екіжақты әрекет ету.* Тым жұмсақ, бала мінезді, ойламай істемейді, соның салдары бұл... *Б ұ л т а қ т а п* келіп еді, енді біржолата үйір тапқаны (Б. Майлин, Азамат.). Жөндеп бірі тіл қатпай, Бәрі қырын қарайды. Әрнені айтып *б ұ л т а қ т а й,* Айыптыға санайды (А.Шамкенов, Жайлау.). **3.** а у ы с. *Жалтарып кету.* Жалпақ бет қара жігіт таяна бергенде, анау *б ұ л т а қ т а п* бұрыла қашты (С.Сейфуллин, Әңгім.). Түлкідей *б ұ л т а қ т а п* бір жотадан бір жотаға жортып, әлі құйрығын ұстатар емес (Б.Момышұлы, Жауынгер.). Үйіріне таяна бергенде, қалың топқа бұрыла, жалтара *б ұ л т а қ т а й* қашты (С.Бегалин, Шоқан асу.). **4.** а у ы с. *Солқылдақтық істеу, әлсіздік таныту.* Саусақтары суыққа тоңғандай жуыспады. Перне үстінде бас білмеген тайдай *б ұ л т а қ т а д ы* (Н.Серәлиев, Ыстық күлше).

БҰЛТАҚТАС е т. *Ары-бері ойқастау, теңселісу, бұлт берісу.* Әдеттен тыс ұзынтұра көлеңкелер пайда болып, олай бір, бұлай бір шығып *б ұ л т а қ т а с ы п* жүр (С.Елубаев, Ойсыл қара).

БҰЛТАҚТАСУ *Бұлтақтас етістігінің қимыл атауы; теңселу.* ≈ Алай-бұлай *б ұ л т а қ т а с у.*

БҰЛТАҚТАТ = е т. *Астарлату, екіұшты сөйлету.* – Осы сен неменені *б ұ л т а қ т а т ы п* отырсың. *Б ұ л т а қ т а т п а й* жөніңе көшші, тегі, – деді ол (С.Адамбеков, Қожанасыр.). Мақаланы қалай өзгертіп жазса да, ақыры Дәрмен атына, туған қайнағасы есіміне бір соқпай кете алмады. Бұл жағдай Жәкеңді тазыдан қашқан түлкідей *б ұ л т а қ т а т т ы* (З.Шүкіров, Жас жесір).

БҰЛТАҚТАТУ *Бұлтақтат етістігінің қимыл атауы; солқылдақтық таныту.* ≈ Арыбері *б ұ л т а қ т а т у.*

БҰЛТАҚТАУ *Бұлтақта етістігінің қимыл атауы; солқылдақтық жасап, екіұшты сөйлеу.* Тым жұмсақ, бала мінезді, ойламай істейді, соның салдары бұл... *б ұ л т а қ т а у м е н* келіп еді, енді біржолата үйір тапқаны (Б.Майлин, Азамат.).

БҰЛТАЛАҚ з а т. **1.** *Бұрылысы, бұлтарысы көп ирелең жол.* Жеңіс, адамзат қадірін білмеген соң, алыстап кеткен көдімгі өмір де, қазіргіміз асуы, *б ұ л т а л а ғ ы* мол соған апаратын бейнет жолы боп көрінетін (Ө.Қанахин, Жер бас.). Сонау ежелгі дүниеден басталған *б ұ л т а л а ғ ы* мен бұралаңы көп соқпақ жолымыз соқыр кісідей адастырмай кеп, біздің халқымызды да бүкіл адамзатпен бірге ілгері бастырып отырды (І.Омаров, Шабыт.). **2.** а у ы с. *Былқ-сылқ еткен солқылдақтық, табансыздық.* Ол жігіттің *б ұ л т а л а ғ ы* көп (Ауызекі).

Бұлталаққа салды. *Сылтауратып, жалтарыс іздеді.* Осыны болыс приставке айтып келді. Пристав амалға кірісіп, *б ұ л т а л а қ қ а с а л д ы* (І.Жансүгіров, Шығ.).

БҰЛТАЛАҚСЫЗ с ы н. *Бұралаң, бұлтарысы жоқ.* – Солай, – деді ол, –өз жолыңды өзің таңдап алған екенсің. Оның тек *б ұ л т а л а қ с ы з* түзу, адалдықтың жолы болсын (Т.Бигелдинов, Аспан.).

БҰЛТАЛАҚТА= е т. **1.** *Әрлі-берлі қисалақтап, бұлғалақтау.* Екі танк өртенді де, екеуі арлы-берлі *б ұ л т а л а қ т а п* жүріп кейін қайтты (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Стансы мен қаланың арасы қайбір алыс, *б ұ л т а л а қ т а п* отырып, келіп қалдық (Ғ.Қайырбеков, Ақ желкен). **3.** а у ы с. *Бұлтаққа салу, тайқақтау.* Жақып, сен балалықтан сау емессің. *Б ұ л т а л а қ т а ғ а н ы ң д ы* сезіп жүрмін (Б.Майлин, Шығ.). Бекеттің тура түспей, *б ұ л т а л а қ т а п* отырған әңгімесін қалт еткізбей ұғынып, тіке іске көшті (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

БҰЛТАЛАҚТАТ= е т. **1.** *Ары-бері қисалаңдату, орнықсыз болу, бұлғалақтату.* Дәмештің биік тақа туфлиі тобығын *б ұ л т а л а қ т а т ы п* жүргізбеді (З.Шашкин, Теміртау). **2.** *Басын алып қашу.* Нұрқат қыз қолын денесіне қапсыра қысып, босатпай ернімен ернін іздеді. Айжан басын *б ұ л т а л а қ т а т ы п*, басын шалқайта берді (З.Шашкин, Сенім). Ұлы Қытай қорғанындай ғаламат құрылысты салдыртуға мәжбүр еткен көшпелілерге қалай құрметпен қарамасын? Қалай *б ұ л т а л а қ т а т қ а н д а* да бір кездегі елдің шебі сол маңай екенін танытып тұр ғой ол қорған... Ешкім де елінің ортасынан қорған салмайтыны анық емес пе? («Астана ақшамы»). **3.** *Астарлату, екіұшты сөйлету, солқылдақтық жасау.* Немене, сені өлтіретін қасқыр дейсің бе олар. Одан да *б ұ л т а л а қ т а т п а й* дұрысын айт (С.Жүнісов, Жапанда.).

БҰЛТАЛАҚТАУ *Бұлталақта етістігінің қимыл атауы; табансыздық көрсету, тайқақтау.* ≈ Ары-бері *б ұ л т а л а қ т а у ы.*

БҰЛТАЛАҚШЫ з а т. *Табансыздық көрсетуші, тайқақтаушы.* «Оңшыл-солшыл» *б ұ л т а л а қ ш ы л а р*, ұлы орысшылдар мен ұлтшылдар қанша іштерінен тынып, қыңсылағанмен, біздің қарқынды дамуымызды бүркей де алмайды, жасыра да алмайды (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

БҰЛТАЛАҢ з а т. **1.** *Табансыздық.* Жер нұрлансын жүкті бір келіншектей, Қып-қызыл дәл өлкені бассын өрттей. Жүрсін ақын сол жердің қожасындай, Бұралқының *б ұ л т а л а ң* кебін шертпей (Ә.Тәжібаев, Кешеден.). **2.** *Екіұштылық, өтірік.* Бұл кісінің әңгімесінің *б ұ л т а л а ң ы* көп, көбіне қыз-келіншектер жайлы сөйлеп қояды (О.Әубәкіров, Сиқыр). **3.** *Қылтың-сылтың.* Енді жігітшіліктің аумалы-төкпелі *б ұ л т а л а ң ы*, сенімі мен қорқынышы қоса қабаттап көңілін жайлай бастады (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

БҰЛТАЛАҢДА= е т. *Бұлтаң-бұлтаң ету, әрлі-берлі қозғалақтап, бұлғалақтау.* «Газик» ойпаңдау жерде булыға түрілдеп, құйрығы *б ұ л т а л а ң д а п*, шегіншектеп барып қайта ұмтылып, орғып әрең шығады (Т.Ахтанов, Дала сыры). Шана сай ішіне дәсте-дәсте боп үйірілген тоң қарға батып-шығып, екі қанатына кезек аунап, толқын ұрған қайықтай *б ұ л т а л а ң д а п* келеді (Ә.Сараев, Бозқырау).

БҰЛТАЛАҢДАТ= е т. *Бұлтың-бұлтың еткізу.* Официант әйел жымия күліп, бөксесін *б ұ л т а л а ң д а т ы п* бара жатқанда Черноносов иегін бір көтеріп қалды (К.Тоқаев, Түнде.).

БҰЛТАЛАҢДАТУ *Бұлталаңдат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Құйрығын *б ұ л т а л а ң д а т у.*

БҰЛТАЛАҢДАУ *Бұлтаңдат етістігінің қимыл атауы; бұлтаң-бұлтаң ету.*

БҰЛТАҢ з а т. **1.** *Екі жаққа кезек ауып отыратын жүріс, бұлтақ.* Осылай өтіп келед қандай заман Ысылған Ышекең де заманадан. Аударыс болса дағы сыпсың-сүргін, *Б ұ л т а ң м е н* келе жатыр есен-аман (І. Жансүгіров, Шығ.). Мәшинеңің жүрісі *б ұ л т а ң*, доңғалақтары ауытқып кемерге соғады да, қайта жолға түседі (К.Тоқаев, Түнде.). Міне, бөбек жайраң қағып келеді, Бірде ақырын, бірде *б ұ л т а ң* желеді. Қызыл гүлге қыз беліндей бұралған, Жетіп барып, төне қалып көреді (Т.Әбдірахманова, Көгершін.). **2.** а у ы с. *Айлалы, амалды құлық әрекет.* Қоспағанда ұлтанды, Екі сом бересіз, Білмеймін *б ұ л т а ң д ы* (О.Әубәкіров, Жасыр.). Ғалымның қанша айтқанмен қасиеті, Патшаға айтқызбады бөтен *б ұ л т а ң.* Мейірбан перзентімнің мейірі үшін, Келтіргіл қап ғауһар, болса імкән (Үш ғасыр.). Елікпеймін ешкімнің *б ұ л т а ң ы н а,* Жауап берем ертең де ұрпағыма (Ә.Тәжібаев, Жартас).

Бұлтаңы жоқ. *Құлық-сұмдығы жоқ, таза.* Ақын мен *б ұ л т а ң ы ж о қ* бұл басымның, Заманның жаңа туған құрдасымын. Өстім мен еркін өмір өрені боп, Болмақшы менде қандай сыр жасырын? (Қ.Бекхожин, Үш кезең). Мін де шап, мынау біздің тұлпарымыз, Ашықпыз, достарға *ж о қ б ұ л т а ң ы м ы з.* Бабамыз ат үстінде ер жетіпті, Айырылмас ат жалынан ұрпағымыз (Т.Молдағалиев, Жүрек.). Құлахметтің мына сөзі жүз тілхатыңнан артық мен үшін. Бұл көңілінде *б ұ л т а ң ы ж о қ*, сәби бала (А.Байтанаев, Асан).

БҰЛТАҢ-БҰЛТАҢ е л і к. *Бұлғаңдаған, бірнеше рет қайталанған тез қимылды бейнелейтін сөз.*

Бұлтаң-бұлтаң етті. *Қайта-қайта бұлтаңдады.* Жігіттерде үн жоқ. Түні бойы едәуір қалыңдап қалған көбік қарды етіктерімен сызып, *б ұ л т а ң-б ұ л т а ң е т і п* жүріп келеді (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан).

БҰЛТАҢДА= е т. **1.** *Бұлтың қағу, томпаңдау.* Талдырмаш жас партизан *б ұ л т а ң д а й* жүгіріп барады (Ө.Қанахин, Ауыр күн.). Ауыл арасында тайға мініп, *б ұ л т а ң д а п* шауып жүрген балалар (А.Лекеров, Түз гүлі). Бағанадан бері жас дөнен жолдың екі езуіне алма-кезек *б ұ л т а ң д а п,* титықтатқан (С.Жүнісов, Жапанда.). **2.** а у ы с. *Солқылдақтық істеу, тайсақтау, жалтару.* Кірме Әубәкір қанша *б ұ л т а ң д а ғ а н ы м е н* рулы елдің тізесі шыдатпайды да, 1919 жылы қызын Қабиденге береді (С.Мұқанов, Өсу жол.).

БҰЛТАҢДАТ= е т. *Бұлтың-бұлтың еткізу.* Жәкен ұртын *б ұ л т а ң д а т ы п,* қиярды кеміріп отыр (З. Иманбаев, Нажағай.).

БҰЛТАҢДАТУ *Бұлтаңдат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Аузын *б ұ л т а ң д а т у.*

БҰЛТАҢДАУ *Бұлтаңда етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Б ұ л т а ң д а у д ы ң* сәті түспеді.

БҰЛТАҚСЫЗ ү с т. *Тайсалмай, қаймықпай, тайынбай.* – Ертең ертемен не бүгін кешкі салқынмен атқа қонсам деймін, – деді Әлімбек те сұрауға қарай *б ұ л т а қ с ы з* жауап беріп (А.Байтанаев, Қайнар.). Сол мектептердің ішкі өміріне *б ұ л т а қ с ы з* ақиқат көзімен үңіліп қарайықшы, қанеки (О.Сәрсенбаев, Сағым).

БҰЛТАР= е т. **1.** *Ұстатпай жалт етіп, шұғыл бұрылу, қашқақтау.* – Қашсам да қалай *б ұ л т а р ы п,* Қойдың-ау, Сәке, құтқармай!.. (С.Мұқанов, Замандас.). Бұлқынса да *б ұ л т а р ы п,* Жібермеген шөл, тас, құм. Бұрғы үңгіген бұрқанып, Жеті қабат жер астын (С.Мәуленов, Таңд.). Қашаған ұстауда атағы шыққан Жүкен мен теңбіл айғыр күрең байталды *б ұ л т а р ғ а н ы м е н,* бойын жаздырған жоқ (С.Бегалин, Шоқан асу.). **2.** *Қашу, құтылу.* Еш нәрсе қанша айтқанмен ете алмайсың, *б ұ л т а р ы п* мен түрғанда кете алмайсың (Айтыс). **3.** а у ы с. *Бара жатқан бағытынан айну, адастыру.* Исатай *б ұ л т а р ы п* теңізге қарай шегінді (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Аш қасқырдай *б ұ л т а р ы п,* Ор қояндай жол торып, Қырық күн бұрын кеткен әскердің Соңынан қуып жетеді (Мұрат [Мөңкеұлы], Шығ.). Зейнеп! Зейнеп бір олай, бір бұлай жүріп, *б ұ л т а р а* береді (М.Дулатов, Шығ.). Жер қалар, біз жиылып қала салсақ, Қайдағы оңды жерді таңдап алсақ, «Ауыл болсаң – қоғам бол» деген сөзбен, *Б ұ л т а р м а й* ертеңді-кеш жүріп барсақ (М.Жұмабаев, Шығ.). **4.** а у ы с. *Сөзде тұрмай жалтару, тайқып кету.* Өткен кеш бұлар оңашалап сөйлесіп, бұл сапардан қалай да *б ұ л т а р ы п* қалу әдісін тапқан болатын (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Сонымен екі жағының да жалған сөзге *б ұ л т а р а р* мүмкіншілігі қалмайды (С.Мұқанов, Есею жыл.).

Бұлтара тартты. *Басқа бағытқа бұрылды, ирелең қақты.* «Ару десе, ару емес пе, біздің Ертіс, – деді ішінен ол – *б ұ л т а р а т а р т ы п,* бұрала ағысын қарасаңшы» (Ә.Нұршайықов, Жомарт.).

БҰЛТАРМА з а т. **1.** *Бұраланды қалтарыс, бұлтарыс.* Абақтының *б ұ л т а р м а с ы* көп дәлізінен өтіп, аулаға шықты (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). **2.** а у ы с. *Қулық, сұмдық, айлакерлік.* Бұның *б ұ л т а р м а с ы* көп жылмаң төс жауынгерлері тістене соғысқан «темір қаршығалардың» оңтайына ілікпей, қырық құбылып, ақыры бастарын шауып әкетіп жүр (Ә.Кекілбаев, Дала.). **3.** а у ы с. *Екісөзділік.* Қазақ берген сертін екі етпейтін, *б ұ л т а р м а с ы* жоқ халық (М. Дүзенов, Ант).

БҰЛТАРМАЛА= е т. *Бұрмалы, бұлтарысты жермен жүру.* Машина жазықпен құйындай зырлайды, көп ұзамай тау қуысын бұрғыша үңгіп барып *б ұ л т а р м а л а й* кірелеңдеп, орғи өңкіп, өрлей ұйтқиды (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.).

БҰЛТАРТ= е т. **1.** *Жалтарту, айныту.* Қылмыс жасағанына көзіңіз жетсе, *б ұ л т а р т п а й т ы н* дәлеліңіз болса, қазір барып тінту жүргізіңіз (К.Тоқаев, Түнде.). **2.** *Көңіл аудару, назар аудару.* Бірақ хат таныған қуанышы оның бүкіл ақыл-ойын билеп алды да, бұлардың әңгімесіне қарай *б ұ л т а р т п а д ы* (Ж.Тәшенов, Алғашқы.).

Бұлтартпау шаралары. з а ң. *Қылмыстық істі жүргізу барысында айыпталушыға қолданылатын мәжбүрлеу шарасы. Б ұ л т а р т п а у ш а р а л а р ы* – тергеу орындарының, прокурордың не соттың айыпкер ретінде жауапқа тартылушыларды мұнан әрі қылмыс жасауға жібермеу, қылмысты толығынан жедел ашу мақсатында қолданатын шаралары (ҚСЭ).

БҰЛТАРТҚЫЗ= е т. *Жалтартқызу, айныттыру.* Ол – сүйек-буын туберкулезінің республикадағы жұлдызы. Оның қорытындысы Оразалиевті *б ұ л т а р т қ ы з б а й д ы,* жауырынынан салады, шалқасынан түсіреді (Е.Оразақов, Дәрігер.). Бірақ өткеннің тәжірибесі *б ұ л т а р т қ ы з б а с т а й* қылып дәлелдеп отырғандай, кез-келген тарихи әрекет қандай болмасын елден ерек халыққа, елден ерек қаһарманға, елден ерек дін мен идеологиялық ілімге біржақты иек артқан жағдайда, адамзаттық да, өркениеттің де көсегесі көгермеген, қайта көктей сола жаздаған (Ә.Кекілбаев, Үш белес).

БҰЛТАРТҚЫЗУ *Бұлтартқыз етістігінің қимыл атауы; бұлтаруға мүмкіндік беру.* ≈ *Б ұ л т а р т қ ы з у ғ а* болмайды.

БҰЛТАРТУ *Бұлтарт етістігінің қимыл атауы; айныту, жалтарту.* ≈ Айтқанынан *б ұ л т а р т у.*

БҰЛТАРУ *Бұлтар етістігінің қимыл атауы; жауаптан қашу, жалтару.* Ар-намысым үшін. Дон Диаго, сұрағымнан *б ұ л т а р у ғ а* тырыспаңыз – Маған жауап беріңіз... (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Б ұ л т а р у* – жат біткенге мұра қылық, Бітсін сөз, берілмесін бұған ырық (Қ.Бекхожин, Үш кезең). Келіншек *б ұ л т а р у ғ а* сөз таппай жерге қарады (Е.Оразақов, Қайта соқ.).

БҰЛТАРЫС[1] з а т. **1.** *Тұзу, тіке емес, бұрылыс, ирелең, бұрма, қалтарыс.* Үй-үйдің арасындағы *б ұ л т а р ы с ы* көп тар жолмен бірталай уақыт қиқы-шойқы жүріп, іштегі бірнеше қақпа мен есіктен өткеннен кейін, бастаушымыз бізді тәртібі тәуір ұсталып тұрған қорасымаққа кіргізді (С.Мұқанов, Алып. адым.). Көп бөгеліс, *б ұ л т а р ы с,* бұралаңнан кейін биік басындағы жазыққа шыққан машина көсіле кеп жөнелген (Ә.Нұршайықов, Алтын.). **2.** а у ы с. *Қиыншылық, кедергі.* Егер де өмірдің күтпеген *б ұ л т а р ы с т а р ы н а* кездесіп, күтпеген қиындыққа ұшырамаса мүмкін біздің Дәурен де әлемге аты шыққан оқымыстының бірі болар ма еді, қайтер еді (І.Есенберлин, Айқас). **3.** а у ы с. *Айла-шарғылы бүкпе, жалтарыс.* Жоғары білімі бар, әдебиет мұғалімі, жас жағынан да қарайласпыз, *Б ұ л т а р ы с,* айла жасамай тура сұрақ қояйын (Ж.Жұмаханов, Үш бәйтерек). Мына *б ұ л т а р ы с т ы* ойлап тауып отырған бит ішіне қан құйған Дәмет кемпірдің сұрқия бұлтағы барын тексеріп, жауаптарын қағазға түсірді (С.Бегалин, Замана.). Менде *б ұ л т а р ы с* жоқ (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БҰЛТАРЫС-ҚАЛТАРЫС з а т. *Әр алуан бұлтармалы бұрылыстар.* Жолымыздың *б ұ л т а р ы с-қ а л т а р ы с ы* жоқ болғанмен, бұралаңы көп (С.Шаймерденов, Мезгіл). **2.** *Бүкпе, айла-шарғылар мен жалтарыстар.* Бар *б ұ л т а р ы с-қ а л т а р ы с ы н* ақтарып, олардың өмірін, балалардың тағдырын ойлау, шешу, міне, осының бәрі енді прокурордың араласуынсыз шешілмейтін іс (Б.Қыдырбекұлы, Мазда.).

БҰЛТАРЫССЫЗ с ы н. **1.** *Бұлтарысы жоқ, тура.* Ол кезде мынау далалы ел аралықтарында баратын жеріңе *б ұ л т а р ы с с ы з* тартатын даңғыл жол жоқ (Б.Тоқтаров, Тауда.). **2.** а у ы с. *Бүкпесіз, ашық, дәл.* Аздан соң жылауын да қойып, болған уақиғаны *б ұ л т а р ы с с ы з* баяндап шықты (М.Иманжанов, Алғашқы.). Мәуленнің *б ұ л т а р ы с с ы з* тік жауабын Инеш көңіліне алып қалды (С.Шаймерденов, Болашақ.). **3.** а у ы с. *Еш күмәнсіз, нақты.* Күмәнсіз, күдіксіз айқындалып, *б ұ л т а р ы с с ы з* мойнына қойылған аса ауыр қылмысы үшін Бойков С.П. өлім жазасына үкім етілді (С.Омаров, Дала қызы).

БҰЛТАРЫСТЫ с ы н. *Бұлтарысы бар, бүкпелі, жасырын.* ≈ *Б ұ л т а р ы с т ы* жер.

БҰЛТ-БҰЛТ е л і к. *Бұлтаңдаған, бірнеше рет қайталанған тез қимылды бейнелейтін сөз.*

Бұлт-бұлт етті. *Бұлтыңдап тез қимылдады.* Қолпаңдаған күрткі, етік, Әкесінің киіміндей. Бірақ бала *б ұ л т-б ұ л т е т і п,* Келеді оны бұйым демей (Ж. Молдағалиев, Поэм.). Дарын *б ұ л т-б ұ л т е т і п,* денесіне жұдырық дарытпады (М.Сүндетов, Балық аула.).

Бұлт-бұлт ойнады. *Қолдың, дененің сомдалған бұлшық еттері әдемі қозғалақ қағып, ойнақшыды.* Нарттай жанып беттері, Құрыштай бұлшық еттері, *Б ұ л т-б ұ л т о й н а п* бұлқынған, Таптағандай тағыны (Т.Жароков, Шығ.). Белінен жоғары жалаңаш, бұлшық еттер бірге күлгендей, сом денеде *б ұ л т-б ұ л т о й н а й д ы* (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.).

БҰЛТИ= е т. **1.** *Томпайып тұру, торсию.* Екі ұртына екі жұмыртқа тығып алғандай ұрттары да *б ұ л т и я* қалыпты (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Беті қып-қызыл, мұрны қоңқақ, бұғағы бұқаның әукесіндей салбырайды, қарны *б ұ л т и ы п* кетіпті (Ә.Шәріпов, Партизан.). **2.** а у ы с. *Томпиып, сүйкімді болып көрінү.* Үйге келсем ермегім – Арыстаным. Ол дені сау, *б ұ л т и ғ а н* семіз, сұлу бала боп өсіп келеді (С.Мұқанов, Есею жыл.). Бұдан екі жыл бұрын ғана талдырмаш бойлы жас жігіт қазір сүтті саулықтың қозысындай *б ұ л т и ы п,* жұпжұмыр, топ-томпақ бет, кіндігінің түбі көтеріліп семіре қалыпты (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

Аузы бұлтиды. *Ренжіп, өкпелеп қалғанын білдіріп, аузын томпайтты.* Үлбикенің *а у з ы б ұ л т и д ы.* Қабағы қыртыстанып, көз жанарында әлдекімдерге деген ашу белгісі көрінді (Б.Майлин, Шығ.).

БҰЛТИТ= е т. **1.** *Ұртын толтыру. Б ұ л т и т ы п* ұртын сары қыз, Кетемін дейді кетпейді. Мұнартып алыс қарлы құз, Батуға күн де беттеді (Ж.Молдағалиев, Таңд.). Ағасының тізесіне сүйеніп, бауырсаққа ұртын *б ұ л т и т ы п* малжаңдап, көзін ашып-жұмып, Медеужан да қалысатын емес (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** *Томпайтып шығару, бажыраю.* Буындырмай өзіңді, *Б ұ л т и т п а й*-ақ көзіңді, Ойланып айтсаң болмай ма Керекті ғана сөзіңді? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

БҰЛТИТУ *Бұлтит етістігінің қимыл атауы; томпайту, ұртын толтыру.* ≈ Аузын *б ұ л т и т у.*

БҰЛТИЫС= е т. *Томпайысу, торсиып тұрысу.* Делбеде Күнзила, Ара-тұра артына қарап қояды. Тонға оранған екі жас ештемені білер емес, бөкселері *б ұ л т и ы с ы п* шығып жатыр (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

БҰЛТИЫСУ *Бұлтиыс етістігінің қимыл атауы; ренжісу, араз болу.* ≈ Өзара *б ұ л т и ы с у.*

БҰЛТИЮ *Бұлти етістігінің қимыл атауы; томпайту, ұртын толтыру.* ≈ Аузы *б ұ л т и ю.*

БҰЛТҚУ *Бұлтқы етістігінің қимыл атауы; бұлтаңдау, тез қимылдау.* ≈ Ары-бері *б ұ л т қ у.*

БҰЛТҚЫ= е т. *Ұстатпай, тайқып шығып кету, тез қимылдау.* Шапшып екі қапталға *б ұ л т қ ы п,* қарсыласының тісін тәніне жуытпай, қашан өз оңтайы келгенше қорғана ұрыс салу Тарзанның көп қолданар тәсілі еді (С.Елубаев, Ойсылқара).

БҰЛТ-СҰЛТ е л і к. с ө й л. *Бірқалыпты емес, тепе-теңдік сақтамай жүрген жүрісті немесе сондай қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Бұлт-сұлт етті. *Қиқаңдады, жеңілтектік көрсетті.* Қарындас, олай-бұлай *б ұ л т-с ұ л т е т і п* жүрсеңіз, өз обалыңыз өзіңізге! (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

БҰЛТСЫЗ с ы н. *Бұлты жоқ, ашық. Б ұ л т-с ы з* биік көк аспаннан күлімдей қараған күн Сәулештің тереңнен қопарыла көрінген ішкі қуанышын жарқыратып түр (Ғ.Мүсірепов, Белдерде). Кеш... *Б ұ л т с ы з* аспанда қалқыған толық айдың жарығы күндізгідей (С.Мұқанов, Алып. адым.). Шағырмақ *б ұ л т с ы з* ашық күндер көп (М.Әуезов, Абай жолы). Өзі шөп салған қайықтың ішіне шалқасынан жатып, *б ұ л т с ы з* ашық аспанға көз салды (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

БҰЛТТАЙ с ы н. *Бұлт сияқты, бұлт тәрізді.* Күн жиегі көріне, жерді жапқан шықтың бозамық буы ыдыраған *б ұ л т т а й* жанжаққа сөгіліп тарай бастады (С.Мұқанов, Есею жыл.). – Бірер ай сөйлеспей де жүрдік, қазір тағы неліктен екенін кім білсін, Ақбеттің басындағы *б ұ л т т а й* құбылып, түнеріп жүр, – деп Мәлік күлді (З.Шашкин, Сенім). Дем алысы үскірік аяз бен қар, Кәрі құдаң – қыс келіп әлек салды... *Б ұ л т т а й* қасы жауып екі көзін, Басын сіліксе, қар жауып, мазаңды алды (Абай, Тол. жин.).

Бұлттай қаптады. *Өте көп болып самсады.* Шоқтығы Қаратаудың, Мыңжылқының, Басына шықшы, Арқа, жомарт Сырдың. Арасын тұтас алып, *б ұ л т т а й қ а п т а п,* Жатады төрт түлік мал қарақұрым (Т.Әлімқұлов, Сапар).

Жауар [жауатын] бұлттай. *Тұнжырап тұнерген, көңілсіз.* Алғаш *ж а у а р б ұ л т т а й* боп осынша қалың торланған Афанасий Кондратьевичтің көңілсіздігі біртіндеп ыдырады (С.Мұқанов, Сырдария). Шәріптің *ж а у а т ы н* долы *б ұ л т т а й* түйген қас-қабағы сол кезде Әміреш пен Жароллаға да әсер еткендей болды (С.Сейфуллин, Шығ.).

Қара бұлттай қайғы. *Өте үлкен, ауыр қайғы. Қ а р а б ұ л т т а й қ а й ғ ы* ішінде, Түкпірінде қу зынданның. Білдім, білдім түсіп жерге Сағатының жоғалғанын (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын).

Қара бұлттай қаптады. *Қарақұрым болды, сансыз көп келді.* Қарсы жақ *қ а р а б ұ л т т а й қ а п т а п* келеді (Ауызекі).

БҰЛТТАН= е т. **1.** *Аспанды бұлт басу.* Көп тілесе – алар, күн *б ұ л т т а н с а* – жауар (Мақал-мәтел). Өлді атақ-даңқ, өлді қала шұрайлы, Ұрпақтардан әлі көмек сұрайды. Содан бері *б ұ л т т а н а д ы* Қазығұрт, Содан бері ауық-ауық жылайды! (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Таңертеңнен *б ұ л т т а н ы п* тұрған күн бір ашылмады (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн). **2.** а у ы с. *Көңілсіздік басу, үнжырғасы түсу.* Серіктерім жолығып азырақ ашылған көңілім қайтадан *б ұ л т т а н а* қалды (І.Есенберлин, Алтын құс).

БҰЛТТАНУ е т. *Бұлттан етістігінің қимыл атауы; бұлт пайда болу.* ≈ Аспанның *б ұ л т т а н у ы.*

БҰЛТТАУ с ы н. *Аспан шамалы ғана бұлтты.* Күн *б ұ л т т а у* болып, теңіз езуінен ақ көбігі шығып, ауыр толқиды, жағаға қарай үстіүстіге лықытса, жағадағы жұрт та қабақтарын шытып, қимылсыз қалады (Ә.Нұршайықов, Батыр.).

БҰЛТТЫ с ы н. **1.** *Бұлт торлаған, бұлты бар, бұлты көп.* Үй сыртындағы қырға қарай бет қойып келе жатып, күз айының ызғыған қара суық желіне, *б ұ л т т ы* аспанына қарады (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Аспан қалың *б ұ л т т ы* (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). **2.** а у ы с. *Қайғылы, тұнерген, көңілсіз.* Қанды *б ұ л т т ы* түндерде, Ел бақытын байлаған Жәңгір атты жалмауыз (Т.Жароков, Шығ. жин.). Қарасы бар, ағы бар, Бұлттар көп қой өмірде. Жетерлік қой ашылмас, Ылғи *б ұ л т т ы* көңіл де (Т.Әбдірахманова, Көгершін.).

БҰЛТТЫЛЫҚ з а т. *Аспанның бұлтты болуы.* Атмосфераның бірнеше қабатында өлшенетін ауаның температурасы мен ылғалдылығы, *б ұ л т т ы л ы қ,* жауын-шашын, жел, боран, нөсер, тұман, т.б. метеорологиялық элементтердің жиынтығымен сипатталады (ҚСЭ).

БҰЛТША ү с т. *Бұлтқа ұқсап, бұлт сияқты.* Будай күшті болсаң да, *б ұ л т ш а* көкте толсаң да, Бар тіршілік тараған, не күшті жер анадан? (Ә.Табылдиев, Аялы алақан). Бұрқана

келген жаңбырдың, Бұлтын сөгіп жібердік. Қабағын күтпей өр күннің Жұмысқа *б ұ л т ш а* түнердік (С.Мәуленов, Магниттау.).

Қаптаған қара бұлтша түнерді. *Тас түйін болып, үндемей ашуланды. Қ а п т а ғ а н қ а р а б ұ л т ш а т ү н е р і п* әкем отыр (Т.Бигелдинов, Аспан.).

БҰЛТЫҚ с ы н. *Томпиып ісінген.* Ал ашуланған, қатуланған кездерінде аларған *б ұ л т ы қ* көздері арлан қасқырды еске түсіреді (Ө.Көшімов, Екі бүркіт). Мұның сырттай жасаған әсерінің салдарынан өсімдіктің жапырағы мен сабағы бүріседі, *б ұ л т ы қ* буындар пайда болады (Гербицид.).

БҰЛТЫҚ-БҰЛТЫҚ с ы н. *Тегіс емес, буын-буын.* Сексеуілдің діңі қисық-қисық және *б ұ л т ы қ-б ұ л т ы қ,* бұтақтары тақыр болады, жапырақтары болмайды (Ә.Бірмағанбетов, Қазақст. геогр.).

БҰЛТЫҚСЫЗ с ы н. *Түзу, тегіс, бұлтығы жоқ.* Шамның моржасы (түрбасы, мойны) *б ұ л т ы қ с ы з* шелек қалыпты болсын (М.Дулатов, Шығ.).

БҰЛТЫҚТА= е т. с ө й л. ***Бұлтылдау***. Арттағы Дәулетхан ат желгенде *б ұ л т ы қ т а п* түсіп қала жаздады да, амалсыздан Кавказдың жекетінен ұстай алды (Ж.Жұмаханов, Мен жұмысшы.).

БҰЛТЫҚТАУ[1] с ы н. *Біраз ісіңкіреген, томпиған.* Қалың қабағының астындағы *б ұ л т ы қ т а у* ойлы көздері күлгенде сықсиып жұмылыңқырап тұрады (А.Жұмаділдин, Сең.).

БҰЛТЫҚТАУ[2] *Бұлтықта етістігінің қимыл атауы;* ≈ Ат үстінде *б ұ л т ы қ т а у.*

БҰЛТЫЛ з а т. *Бұлт-бұлт еткен ойнақы жүріс.* Тақымда аттың *б ұ л т ы л ы,* Тартады тағы сол бетпен. Жер жұтқан дерсің жылқыны, Таппайсың ізін жер-көктен (Ә.Байділданов, Алыс.).

Бұлтыл қақты. *Бұлшық ет ойнақшыды, бұлт-бұлт етті, бұлтылдап әдемі қозғалды.* Жүрт бір-бірін кимелей, ортаға шыққан палуандарға, олардың *б ұ л т ы л қ а қ қ а н* бұлшық еттеріне қызыға қарасты (Ә.Кекілбаев, Дала.).

БҰЛТЫЛДА= е т. **1.** *Бұлшық еттің бұлт-бұлт етуі.* Бұлшық еттер денеде, *Б ұ л т ы л д а п* күшпен ойнаған. Сіңір дене құрыштай, Жұмыспен қызып қайнаған (С.Сейфуллин, Шығ.). **2.** *Екі ұртты біресе томпайып, біресе ішке қайтуы.* Ол жағы *б ұ л т ы л д а п,* түннен қалған суық етті жайғап отыр (Д.Досжанов, Зауал). Бұқа мойынның қабағы тыржиды. *Б ұ л т ы л д а ғ а н* ұрты кенет семе бастаған секілденеді (Б.Майлин, Шығ.). **3.** а у ы с. *Бұлтыңдау, ойнақтау, ойнақшу.* Ат, айғырлар, биелер, Бүйірі шығып ыңқылдап, Суда тұрып шыбындап, Құйрығымен шылпылдап, Арасында құлын-тай, Айнала шауып *б ұ л т ы л д а п* (Абай, Тол. жин.). Сүркөжегім, алдымда *б ұ л т ы л д а й* бұғып сен тұрған соң құдимасқа бола ма?.. (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай). **4.** *Бұлт-бұлт етіп тұра алмау, ойнақшу, қозғалақтау.* Табанын жерге тигізбей басынан асыра көтеріп алған күйі, су бетінде *б ұ л т ы л д а п,* толқып тұрған қайықтың басына апарды (Ә.Нұрпейісов, Ымырт). Қиылып біткен екі қас, Көз алдында *б ұ л т ы л д а*! (Айтыс). **5.** *Біресе анда, біресе мұнда алмасу.* Әкеміздің шаруасы тайға артқан қоржындай *б ұ л т ы л д а п* кедей мен орташаға кезек ауысудан көз ашқан емес (Ғ.Мүсірепов, Белдерде). **6.** а у ы с. ж а ғ ы м с ы з. *Қылмыңдау, жылпылдау.* Жағасың күлкімен жүріп, Шығасың ішіне кіріп, Аласың аузынан жырып, *Б ұ л т ы л д а,* жылпылда, әйда! (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

БҰЛТЫЛДАҚ[1] с ы н. *Бір қалыпта тұрмайтын, ойнақшып тұрған.* Серке сан, белі делдек, шоқтық биік, *Б ұ л т ы л д а қ* бұлшық етті – бейне биік. Сіңірлі, толарсақты, болат тұяқ, Құлаштай қаз мойынды қояды иіп (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Жоғарғы ауыл ешкісі – Қуыс құлақ, *б ұ л т ы л д а қ,* Қуыс құлақ *б ұ л т ы л д а қ,* Бұлтарады бұлтылдап (С.Қасиманов, Өс-өс.).

БҰЛТЫЛДАҚ[2] з а т. *Түйенің төрт аяғының жер басатын, жұмсақ қара құқайлы табаны.* Мұны түйенің майтабаны деп те атайды. Майтабан әдете серіппе сияқты бұлт-бұлт етіп, бассаң – сығылып, жіберіп қалсаң – қалпына келіп тұрады. *Б ұ л т ы л д а қ* атануы да осыдан болу керек. Ал Өзбекстан қазақтары түйенің *б ұ л т ы л д а ғ ы н* іркілдек дейді (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

БҰЛТЫЛДАҚТЫҚ з а т. *Бұлтылдақ болушылық, жалтарып кететін өзгергіштік, тұрақсыздық.* Көзіне түсіре киген қара кепканың күнқағары астында жылтыраған кішілеу көк көзінің қиығында түлкінің құйрығындай бұлаң бергелі тұрған бір *б ұ л т ы л д а қ т ы қ* байқалады (З.Қабдолов, Алғы шепте).

БҰЛТЫЛДАТ= е т. *Бұлт-бұлт еткізу, ойнақшыту.* Қаз-қатар тұра қап бұлшық еттерін *б ұ л т ы л д а т ы п* мәшинеге бірі бидай артып, элеваторға жіберіп, қайсыбірі аулақтау жерде бидай ұшырып, тазалап жатыр (З.Шашкин, Сенім). Жалтарғанды жаздырмай, Қыран шалған қояндай, *Б ұ л т ы л д а т қ а н* жиырма бес (Қаз. ақын. шығ.).

БҰЛТЫЛДАТУ *Бұлтылдат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бұлшық еттерін *б ұ л т ы л д а т у.*

БҰЛТЫЛДАУ *Бұлтылда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Екі ұртының *б ұ л т ы л д а у ы.*

БҰЛТЫҢ з а т. **1.** *Екі жаққа кезек-кезек ауып отыратын жүріс.* ≈ *Б ұ л т ы ң* басты. **2.** а у ы с. ж а ғ ы м с ы з. *Жалтарыс, екіжақтылық.* – Агроном агротехникаға жауап береді. Ермек үшін жүргенім жоқ. Көп *б ұ л т ы ң д ы* қойып, уақытты өткізбей, іске кіріскен жөн (С.Алдабергенов, Алға).

Бұлтың етті. а) ***Бұлт етті.*** Лайсаң суда жондары қарауытып қол саласындай тізбектелген сазандар жүйткіп, ағылып келе жатады да, аяқастынан үріккен даланың жабайы ешкісіндей *б ұ л т ы ң е т і п* кері дүркірейді (Т.Құрманғалиев, Теңіз.). ә) *Аяқ астынан ренжіді, бұрқ етті.* Батырбек. Жоқ-жоқ. Былай шыға бізге *б ұ л т ы ң е т е* қалатының болатын. Білем ғой мен сені (С.Шаймер-денов, Қарғаш).

Бұлтың қақты. а) *Бұлт-бұлт етіп ойнақшыды.* Шоқытып жөнелгім келсе, қос тақымымды қысып-қысып жіберсем болды, қасқа тайым *б ұ л т ы ң қ а ғ ы п* ала жөнеледі (Ө.Қанахин, Жер бас.). ә) *Бебеу қақты, ойнақыланды.* Кейде *б ұ л т ы ң қ а қ т ы* күй, Ойнақтаған құлындай Құйрық атып құлдырап (І.Жансүгіров, Шығ.).

БҰЛТЫҢ-БҰЛТЫҢ е л і к. **1.** *Ауызға тамақ салып алып жегендегі ұртты томпаңдауын бейнелейтін сөз.* Ауыздары қарама-қарсы екі пеш бар екен, бір топ бала соған картоп көміп жеп, ауыздарын *б ұ л т ы ң-б ұ л т ы ң* еткізді (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). **2.** *Бұлшық еттің бұлтылдап ойнақшуын бейнелейтін сөз.* Қолын ары-бері сілкілеп қайыңның безіндей беріш бұлшық еттерін *б ұ л т ы ң-б ұ л т ы ң* ойнатқан (О.Бөкеев, Қамшыгер).

БҰЛТЫҢДА= е т. **1.** *Бұлт-бұлт ету, бұлтылдау, ойнақшу.* Мынау бала *б ұ л т ы ң д а п,* Шыға берме тоқымнан. Қатын сөзін бір тыңдап, Таптым ақыр жақыннан (Ғ.Қайырбеков, Таулар.). Зиядаш *б ұ л т ы ң д а п* ойнап жүр (Ш.Құмарова, Қос шынар). Гүлсары ұстатпай *б ұ л т ы ң д а п* кете берді (Ш.Айтматов, Қош бол.). **2.** а у ы с. *Реніште қабақ білдіру, бұртыңдау.* Өнбес іске өкпе қып, Келмей қойма *б ұ л т ы ң д а п!* Қолданып кетпе қулықты Құзғындықпен қутыңдап! (І.Жансүгіров, Шығ.). *Б ұ л т ы ң д а м а* дегеніне қарап, дәу де болсаң торай тақылеттес бір хайуансың-ау деп отыр (А.Сүлейменов, Бесін).

БҰЛТЫҢДАТ= е т. *Бұлт-бұлт еткізу, ойнақыландыру.* Тайларын табан балықша *б ұ л т ы ң д а т ы п,* айнала шапқан балалар (Ғ.Мұстафин, Миллионер). Мен шалқамнан жатқан күйі өзбек қыздарының биін билеген болып, білектерімді *б ұ л т ы ң д а т ы п,* мойнымды қылқыңдатамын (Ә.Нұршайықов, Алтын.). Көгершін кеудесін желге төсеп, аяғын басқан сайын мықынын *б ұ л т ы ң д а т ы п,* сықылықтап күліп өткенде Федоров өзін ұстай алмай қалатын (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

БҰЛТЫҢДАТУ *Бұлтыңдат етістігінің қимыл атауы.* – *Бөксесін б ұ л т ы ң д а т у ы н,* – деді теріс қарай беріп, – жұрт бірдемесін бұлтыңдатпаса жүре алмайды ғой (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

БҰЛТЫҢДАУ *Бұлтыңда етістігінің қимыл атауы; ойнақшу, бұлтылдау, тез қимылдау.* ≈ Аузы *б ұ л т ы ң д а у.*

БҰЛҮЙРЕК з а т. *Кәдімгі жабайы үйректің бір түрі.* Бұл *б ұ л ұ й р е к, б ұ л ұ й р е к Б ұ л ұ й р е к т е й* болыңыз Судан-суға шүйгумен Көлден-көлге қоныңыз (Бұқар жырау).

БҰЛШЫҚ: бұлшық ет. а н а т. <лат. musculus> *Ағза жасушаларының қозғалу қабілетін басқаратын жиырылғыш ет тарамдары.* Балуан Шолақтың жалаңаш денесінің *б ұ л ш ы қ е т т е р і* түйін-түйін боп бүлкілдеп, желді күні толқындаған теңіздің беті сияқтанып кетті (С.Мұқанов, Шығ.). Қозғалған сайын *б ұ л ш ы қ е т т е р і* ойнақшып, шашы желкілдеп тұр (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Жіліншік сырқырап, аяқтың *б ұ л ш ы қ е т т е р і* үзіліп ауырады; қос табан, өкше тегісімен күлдіреп кеткен (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Егер азық-түлік қасымызда болса, операцияға алаңсыз шығамыз. Қарынға барған тамақ *б ұ л ш ы қ е т т е н* шығады (Қ.Исабаев, Өрде).

Бұлшық ет жүйесі. *Адамда, барлық омыртқалы жануарларда және омыртқасыздарда денені қозғалысқа келтіретіндер жүйесі. Б ұ л ш ы қ е т ж ү й е с і н е* арқа, кеуде, іш, мойын, бас, қол, иық, білек, аяқ бұлшық еттері кіреді (ҚҰЭ).

БҰЛШЫҚ[2] з а т. с ө й л. ***Бұлшық ет.*** Көзі соларға түскен Мұқағали өз-өзіне тоғайып қалды. *Б ұ л ш ы қ* үзіп жұмыс істегеннің дәмін алғаш алғандай болып отыр (А.Сүлейменов, Бесін). Арқада өскен арда ең, Атағың шулы дардай ең. *Б ұ л ш ы ғ ы н* кессе, былқ етпес, Бекпатша қызыл нардай ең (Аманкелді).

БҰЛШЫҚТЫ с ы н. *Бұлшық еті жетілген, бұлтиып білеуленген, бунақ-бунақ.* – Фамилияң кім? – деп сұрады Ехлас оның *б ұ л ш ы қ т ы* қары мен құйған қорғасындай тып-тығыз, әрі жауырынды, әрі төстек келген денесіне риза болған пішінмен жіті көз тастап (Х.Есенжанов, Тар кезең). Аруағына қанша сиынғанмен, талдырмаш жігіт өзімен шамалас, *б ұ л ш ы қ т ы,* шымыр денелі қызды деңгелек айналдырып, қақпақылдап әкете алмады (М.Мағауин, Бір ата.). Бүркіт санын негізгі сынның арқауы етеді. Санның қылқалтаң, *б ұ л ш ы қ т ы* жуан болып келгенін «шоқпар сан» деп, сүйегі

ұзындау болғанымен, бұлшық еті жуан келсе, «серке сан» деп атайды (Ж.Бабалықов,.. Қырандар).

БҰЛЫҚ[1] з а т. *Ердің былғары көпшігі.* Қара өгізге жүк артты, қара ала сиырға *б ұ л ы қ* салды (З.Ыбыраев, Өскемен.). Сонда Махамбет астындағы *б ұ л ы қ* көпшікті жарып жіберіп, ішіндегі мамықты жақындап қалған құғыншылардың көзіне шашып жіберіп, құтылып кетеді (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.).

БҰЛЫҚ[2] з а т. **1.** *Жиек, тұтік, шырға. Б ұ л ы қ* көрпенің жиегінде болады (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі). Бұл күнде көйлекке б ұ л ы қ салмай қайыра саламыз. **2.** *Шетін айналдыра қызыл, қара матамен көмкерген екі қабат төсек киіздің көмкермесінің арасына салған сызық мата.* Төсек кигізді *б ұ л ы қ* сап істепті (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі). **3.** *Шалбардың сыртқы тігіс бойына ұзыннан салынатын жапсырма; лампас.* ≈ *Б ұ л ы қ* тігілген шалбар.

БҰЛЫҚ[3] з а т. с ө й л. ***Соқа.*** Дұрыс, *б ұ л ы қ* айдап жүргенде төрт күнде сегіз атты зорықтырып өлтірдім (Ж.Сәмитұлы). Тас қараңғы түн. *Б ұ л ы қ қ а* байлаулы жатқан екі өгіздің быртбырт күйсеуі мен пышылдаған мұрнының үнінен басқа ешнәрсе сезілмейді (Қ. Қозыбаев, Таңд. шығ.).

Бұлық айдау. *Жер жырту, соқа айдау.* Колхозшылар *б ұ л ы қ а й д а у ғ а* шықты (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БҰЛЫҚ[4] з а т. *Желкеннің арқанын өткізетін бір-біріне беттестірілген кішкене тақтай. Б ұ л ы қ* арқанды өткізетін дөңгелектің сыртында тұрады (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БҰЛЫҚ[5] з а т. ж е р г. ***Бөлме.*** Мынау тамның бір *б ұ л ы ғ ы* (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі). Сырт көрінісінде қыстақтың өзге үйлерінен ешқандай айырмасы жоқ, бұл там қоржын тәрізді үш *б ұ л ы қ* жай (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).

БҰЛЫҚСУ *Бұлықсы етістігінің қимыл атауы.* ≈ Судың *б ұ л ы қ с у ы.*

БҰЛЫҚСЫ= е т. **1.** *Ытқып, ақтарыла ағу.* Отарбек көзіне бұлақ біткенді қосарына ала *б ұ л ы қ с и* жосыған сол өзен шеңбері шыпылдаған теңіз бен көлдерге құйып жатқан секілді елестеді (Ғ.Орманов, Жүрек). Сағадан шыға *б ұ л ы қ с ы п*, Бұрала беттеп Балқашқа. Бауырын төсеп құмға ыстық, Бекіген сырын айтпасқа (Ғ.Орманов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Масайрату, марқаю, толу, еркелеу.* Әркім-ақ *б ұ л ы қ с ы ғ а н* бейбіт күннің аяқталғанын, балалық-жастық базарының осымен тоқтамайтынын ойлап тұрғандай (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). Буыршын мұзға тайған күн, Бура атанға шөккен күн *Б ұ л ы қ с ы п* жүрген мырзадан Бұрынғы дәулет тайған күн (М.Өтемісұлы, Өленд.). **3.** а у ы с. *Толықсу, толқу, теңселу, майысу.* Жүрсе, тұрса, *б ұ л ы қ с ы п*, [_ _ _] Өнер қылар, ат мінер, Жығыла жаздап толықсып (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **4.** а у ы с. ж а ғ ы м с ы з. *Менменсу, такаппарсу.* Кісімсіп белгілі білгіш, Біреуге сондай-ақ күлгіш. *Б ұ л ы қ с ы п*, бұлданып босқа, Өзімшіл, оңбаған шерміш (Абай, Тол. жин.).

БҰЛЫҚСЫТ= е т. *Аласұрту, екпіндету.* Жылқыға отардағы кегім кетті, Мініп алып, бір жүйрікпен зар еңірепті. Кідірмей қайта айналып Әж төреге, Көкжалды *б ұ л ы қ с ы т ы п* алып жетті (Батырлар жыры).

БҰЛЫҚСЫТУ *Бұлықсыт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көңілді *б ұ л ы қ с ы т у.*

БҰЛЫҚТЫР е т. *Буырқандыру, толықсыту, толқыту.* Бұлаңдаған өзеніне Жабайдың *б ұ л ы қ т ы р ғ а н* сағынышпен қараймын. Келмегелі сенің жасыл жағыңа, Зырлады ғой талай жыл мен талай күн (Е.Ибраһим, Оқжетпес).

БҰЛЫМ-БҰЛЫМ с ы н. *Бұрылысты, қалтарысты. Б ұ л ы м-б ұ л ы м* терең сайлар табанында мөлдіреп бір бұлақ су ағып жатады (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). *Б ұ л ы м-б ұ л ы м* жерлермен, Данко оларды бастапты. Азапты адам көрмеген Артқа ысырып тастапты (С.Қалиев, Қасиетті.). *Б ұ л ы м-б ұ л ы м*, жықпыл-жықпыл тау-тастар арасынан ағып келе жатқан арна суы жалт-жұлт етеді, жүрген жолымыз оңды-солды бұрылып, ирелеңдей түседі (Ә.Омаров, Асыл арман).

БҰЛЫН з а т. к ө н е. ***Тұтқын.***

БҰЛЫҢ[1] с ы н. *Ирелең, бұрылысы көп.* Колхоздың желке тұсы болғанмен, барар жолы *б ұ л ы ң*, жырақ (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). // *Бұлтарыс, бұрылыс.* Қореке, көрем десеңіз әлі де жетпіс-сексен *б ұ л ы ң* қалды, онда жеті мыңдай қаз-үйрек, тауық бар (Б.Қыдырбекұлы, Шайтан.).

Бұлың берді. *Бұлдырап елестеді.* Ай сәулесі астында ақ желеңдей күлді бадамдап айқындамай *б ұ л ы ң б е р д і* (М.Әуезов, Абай жолы).

Бұлың бел. *Бір-біріне жалғас, белең-белең, қалтарысты жота. Б ұ л ы ң б е л д е р* бұл күнде, Етек-жеңін кең жазған, Үнін қосқан өмірге, Нұрын алып кең жаздан (Халық ақындары). Белгі қадап *б ұ л ы ң б е л г е*, Кейде салып істік бұғы. Түсе қалып кейде жерге, Уыстайды ыстық құмды (Қ.Бекхожин, Достық.). Әй, ұл, сөзді ұқсаңшы, көк *б ұ л ы ң б е л г е* шықсаңшы, Көк аламенен желсеңші (Манас).

БҰЛЫҢ[2] з а т. *Садақ оғының бір түрі.* ≈ *Б ұ л ы ң ы н* алады.

БҰЛЫҢ-БҰЛЫҢ[1] с ы н. *Қуыс-қуыс, бөлек-бөлек, қалтарысы көп.* Іші неше түрлі *б ұ л ы ң-б ұ л ы ң* диірмен. Күндіз-түні тоқтаусыз жүріп тұрады (І.Жансүгіров, Шығ.). *Б ұ л ы ң-б ұ л ы ң* көк үйлер, бұлдыраған заңғар тау (Ж.Сыздықов, Өлеңд.). Өзі кішкентай ақша жалмауыз тоймайтын, толмайтын тоқсан бөлек *б ұ л ы ң-б ұ л ы ң* қалталарға сүңгіп таптырмай кетті (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

БҰЛЫҢ-БҰЛЫҢ[2] с ы н. *Бұлдыр, анық емес, айқын емес.* Биыл қар кете, таудан келген тасқынның бастан кешкен әбігер күндері көз алдынан осылай *б ұ л ы ң-б ұ л ы ң* өте шыққан Мұхит жар басындағы тоғайға келіп жетті (Ғ.Сланов, Шалқар). Мақтар сәті ме бұл. Сол іспетті бұлаңытқан *б ұ л ы ң-б ұ л ы ң* бұла дүние (О.Бөкеев, Қаламгер). Төтеден келген құбылыстың түпкі бір сыры тұманды, Ардақтың көперіне кірмеген *б ұ л ы ң-б ұ л ы ң* кері баққан дүниелер (О.Бөкеев, Үркер.).

БҰЛЫҢҒЫР с ы н. **1.** *Ашық емес, буалдыр, тұманды, сағымдалған.* Екі-үш күннен бері бұл өңірде күн *б ұ л ы ң г ы р* болатын (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Күн *б ұ л ы ң г ы р-д ы.* Біз қалаға жетпей-ақ, ұсақ жаңбыр жауды (З.Шашкин, Теміртау). **2.** а у ы с. *Бұлдыр-белеңді, көмескі, күңгірт.* Жағалауда бір лашық, Жар басында бір шығыр, Жылды қуып жыл асып, Көшті күндер *б ұ л ы ң г ы р* (С.Мәуленов, Таңд. өлеңд.). Деев сонау *б ұ л ы ң г ы р* жастық шақта болып қиялдаған арманы – үлкен Жезқазғанды енді өз көзімен көргелі отыр (М.Қаратаев, Далада.). Бұл бір бөлек сыр, көңіл қазынасы; тәтті қиялдай алыстан, биіктен мұнартқан біралуан *б ұ л ы ң г ы р* қыз құпиясы болатын (З.Қабдолов, Жалын). Қыпшақтар болмысын зерттемей тұрып, қазақтың шыққан тегін, оның арғы *б ұ л ы ң г ы р* тарихын түсіндіру мүмкін емес еді (Тоғызыншы шежіре).

Бұлыңғыр тартты. *Көмескіленді, күңгірттенді.* Есенжол ойы *б ұ л ы ң г ы р т а р т ы п*, табалдырықтың жақтауына еңкейе сүйеніп, үн-түнсіз ұзақ тұрды (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

Бұлыңғыр тауқұдірет. з о о л. <лат. tringa ochropus> *Тат рең тәрізділер отрядының тауқұдірет тұқымдасына жататын құс. Б ұ л ы ң г ы р т а у қ ұ д і р е т* – жыл құсы, наурыз айынан бастап, ұялайтын аудандарға ұшып келеді (ҚҰЭ). *Б ұ л ы ң г ы р т а у қ ұ д і р е т* орманды, өзектерді, батпақты, сазды жерлерді мекендейді (ҚҰЭ).

БҰЛЫҢҒЫР-БҰЛДЫР с ы н. *Көмескі, бұлдыр.* Білте шамның көмескі қара көлеңкеленген бөшкенің алдында оның денесі *б ұ л ы ң г ы р-б ұ л д ы р* көрінеді (Х.Рахимов, Полк туы).

БҰЛЫҢҒЫРЛАН= е т. **1.** *Аспанды бұлт торлап не тұманның түсуінен күннің дұрыс көрінбей, күн көзінің буалдырланып, жарықтың күңгірттенуі. Б ұ л ы ң г ы р л а н ы п* кеткенмен, күн ұясына енді ғана қонған болу керек (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Қыстың жылусыз қысқа күні *б ұ л ы ң г ы р л а н ы п*, көкжиекке төніп барып қалған (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Іңірде жұқа түскен шықтың қалыңдауы ма, әлде тұман түскен бе, дала бозамықтана *б ұ л ы ң г ы р л а н ы п* тұр екен (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). **2.** *Бұлдырлау, анық көрінбеу.* Жас түнған жанары *б ұ л ы ң г ы р л а н с а* да жігіт көзінен бөгде, адам ойдың жоқтығын анық көрген (Қ.Сегізбаев, Біз қалада.). Шофер кабинаның ішін түтіндетіп жіберген, қалың түтін арасында *б ұ л ы ң г ы р л а н ы п* көрінген оның ұйысқақ дымқыл майда шаштары да бықси жанып түтіндетіп келе жатқандай (Ғ.Қайырбеков, Қарқаралы.).

Санасы бұлыңғырланды. *Ақылынан адасты, есінен танды, жаңылды.* Құлшығаш қылғытады, көз жұмып сіміреді, ақырында месті сарқып *с а н а с ы б ұ л ы ң г ы р л а н а* бастады (Д.Досжанов, Зауал).

БҰЛЫҢҒЫРЛАНУ *Бұлыңғырлан етістігінің қимыл атауы; күңгіртену, буалдырлату.* ≈ Күннің *б ұ л ы ң г ы р л а н у ы.*

БҰЛЫҢҒЫРЛАТ= е т. *Бұлдырлату.* Ағадай алыстаған сайын, көзінен жас моншақтап, жанарын *б ұ л ы ң г ы р л а т ы п*, жарық дүние жарыла бергенсін бе, әйтеуір, қыз өзін жапанда жалғыз қалғандай сезінеді (Ж.Тәшенов, Алғашқы.).

БҰЛЫҢҒЫРЛАТУ *Бұлыңғырлат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Айналаны *б ұ л ы ң г ы р л а т у.*

БҰЛЫҢҒЫРЛАУ с ы н. *Буалдырлау, күңгірттеу.* Аспан *б ұ л ы ң г ы р л а у* болғанмен, жел жоқ, күн жылы еді (Б.Соқпақбаев, Өзім тур.). Қала үсті *б ұ л ы ң г ы р л а у* әппақ түске енген (К.Тоқаев, Тасқын). Сол күні Исахмет ашыла сөйледі, дала *б ұ л ы ң г ы р л а у*, қоңыр салқын еді (М.Сүндетов, Ескексіз.). Бүгін де күн *б ұ л ы ң г ы р л а у* (З.Шүкіров, Сарша тамыз).

БҰЛЫҢҒЫРЛЫҚ з а т. *Бұлыңғыр тартқандық, күңгірттік.* Естібай күздің *б ұ л ы ң г ы р л ы г ы н а* да, өздеріне де риза емес (Ө.Қанахин, Ауыр күн.). Күннің *б ұ л ы ң г ы р л ы г ы н а* да қарайтын емес, «той болады» деп еліге келген жұрт кеу-кеулеп барады (Ғ.Сланов, Замана.).

БҰЛЫҢҒЫРТ с ы н. *Көмескі, буалдыр.* Бұл дүниемен шаруасы болмай *б ұ л ы ң г ы р т* ойға батады (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

БҰЛЫҢҒЫРТ= е т. *Күңірттену, көмескілену.* ≈ Дала *б ұ л ы ң ғ ы р т т ы.*

БҰЛЫҢҒЫРТУ *Бұлыңғырт етістігінің қимыл атауы; бұлдырлану, көмескілену.* ≈ Айналаның *б ұ л ы ң ғ ы р т у ы.*

БҰЛЫҢДА= е т. *Бұлың-бұлың ету.* Бекетке де сол күнгі таң өзгеше *б ұ л ы ң д а п* атты (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Қала шетіне шықсаң-ақ көзің түк көрмейді, төңірегің қиыршық қармен шаңғытып, құр *б ұ л ы ң д а й* береді (З.Қабдолов, Жалын). *Б ұ л ы ң д а й д ы* еркелеп ол ойнайды, Құбылуын, құлпыруын қоймайды... (С.Сейітов, Жаңғырық).

БҰЛЫҢДАЙ с ы н. *Бұлың сияқты, бұлың тәрізді.* Сырым саған түзу-ді Садаққа салған *б ұ л ы ң д а й* Жұмыскерің мен едім, Сатып алған құлыңдай (Жиембет жырау // [Бортағашұлы] Алдаспан).

БҰЛЫҢДАУ *Бұлыңда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Төңіректің *б ұ л ы ң д а у ы.*

БҰЛЫҢДЫ с ы н. *Бұлыңы мол, бұлыңы көп.* Естіп соны Мәжігің, Желе-жортып жөнелді. Көк *б ұ л ы ң д ы* тоғайдан Алтынайдың қолына Таяқ әкеп береді (Манас).

БҰЛЫҢЫТ= е т. *Күңірттену, бұлыңғырлану, буалдырлану.* Дала үсті қырмызыдай өртене бастаған кезде құмды бұйрат кезікті де, көп ұзамай алыптай аяғын алшақ салып, қолымен зеңгір аспанды көтерген биік мұнара *б ұ л ы ң ы т т ы* (Ә.Сараев, Бозқырау). Ізге түсіп келе жаттық. Айнала *б ұ л ы ң ы т ы п*, бір кезде қар қиыршықтады. Қар ізді жасырды (Н.Сералиев, Қанат).

БҰНДА ү с т. с ө й л. ***Мұнда.*** *Бұнда* келе, [шешімді] әрі әкең, әрі бәйбішесі бірдей қожаңдай «отырса басқа, тұрса аяққа» дегендей, таяқ астында ұстады (С.Мұқанов, Мөлдір.). Мұраттың өлеңмен мақтаған кісінің бірі – Сырым батырдың немересі Қазиұлы Омар. *Б ұ н д а* да Омардың өзінің аталарының елге кеткен жұмысын мақтайды (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.).

БҰНДАЙ с ы н. **1.** ***Мұндай*** *(жоғарыда, бағана айтқандай, осындай).* Әрине, *б ұ н д а й* жұмыс оңайға түспейді, әсіресе мен секілді өмірді тек сәулелі жағынан көретін адамға қиын соғады (І.Есенберлин, Ғашықтар). Бұрын *б ұ н д а й* жауды кезіктірмегендіктен де киіктер бой салып қашпады (С.Елубаев, Ойсыл қара). *Б ұ н д а й* адам өз ажалынан өлген емес; оны не біреу өлтіреді де, не өзін-өзі өлтіреді; қайсысы болса да, Нарғызды да алдынан күткен ажал сондай (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **2.** э к с п р. *Осыншалықты, мұншама, соншалық.* Шоқан оның қандай адам екенін Амурскийдің аузынан естігенде буряттан да *б ұ н д а й* ойшыл, оқымысты шығуына таңданған боп, беретін бағасына тереңдей түскісі келді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Терезелері қақпадай! *Б ұ н д а й* да үлкен шыны болады екен-ау (Ғ.Мұстафин, Дауылдан кейін.). Қарағым-ай, *б ұ н д а й* қатыгез боларсың ба! Жібісеңші, аясаңшы сорлыны (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

БҰНДАЙДА ү с т. с ө й л. ***Мұндайда.*** *Б ұ н д а й д а* бетке сермеген, шошайған қолдың өзі де кісінің пысына жақсы болмайды (М.Әуезов, Абай жолы). Еламан *б ұ н д а й д а* өз бөлмесіне кетіп қалады; жұмыс кезінде де оның көзіне түспеуге тырысты (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). *Б ұ н д а й д а* ұшқындап шыққан шашау сөзден өрт шығып кетуге болады (М.Әуезов, Абай жолы). *Б ұ н д а й д а* дастарқан иесіне қиын. Еркебұлан жиналғандардың бәріне ортақ әңгіме қозғамақ болып көріп еді, онысынан түк шықпады (Ә.Тарази, Құйрықты.).

БҰНДАЙЛЫҚ с ы н. с ө й л. **1.** ***Мұндайлық.*** *Б ұ н д а й л ы қ* мол жиында басты қатыратын айқай-шу бүгін тыйылған (К.Оразалин, Көктем.). **2.** э к с п р. *Осыншалықты, мұншалықты, сондайлық.* Шалғайдағы совхоздан *б ұ н д а й л ы қ* өнерпаздарға ұшырасамын деп Нұсқабаев ойламаған (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). Көптен бері Абай *б ұ н д а й л ы қ*: намыс пен ыза, алдану мен қиянат, қимастық пен арлану, ұялып арланудың неше қырлы қысымын көргендей (М.Әуезов, Абай-2).

БҰНША ү с т. с ө й л. ***Мұнша.*** ... Далаға шыға келгенде: – Өй, сабазым, неге *б ұ н ш а* сабылдың! – деді Әдхам (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Үлде мен бүлдеге, алтын мен асыл тастарға бөленгенімен, сансыз сұлу қыздарға күттіргенімен *б ұ н ш а* көркем «жұмаққа» кірген Итархан императорға көңілін аудармайды (С.Мұқанов, Алып адым.).

БҰНШАЛЫҚ с ы н. с ө й л. ***Мұншалық.*** Етегін бұнан кең қылса да, тіпті тізесінен сәл төмен түсірсе де, қыз денесіне *б ұ н ш а л ы қ* үйлеспейтіндей көреді (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн).

БҰНШАМА ү с т. с ө й л. *Мұншама, осыншама, соншама.* Құдығын жөндеп қазбайтын қазақтың *б ұ н ш а м а* жерді талқандауы таңдандырды білем (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

БҰНЫСЫЗ е с. с ө й л. ***Мұнсыз.*** Халық суық хабарды *б ұ н ы с ы з* да естіген екен. Бұл келсе, алаң іші ығы-жығы жұртқа толған. Кемпір-шал, қатын-қалаш, бала-шаға – бәрі де жетіпті. Сойыл ұстауға жарайтын еркек кіндік түгел аттарына мінген; қолдарына көптен бері сандық түбінде жатқан қылыштары, екі жүзді айбалталары (І.Есенберлин, Жанталас). Берке хан өзінен әскерінің жайын жасырған, *б ұ н ы с ы з* біреуді жоғарылытып,

біреуді төмендеткен әскер басшылары болса, ондайларды бір күн қоймай, орындарынан алып тастап отырған (І.Есенберлин, Алтын орда).

БҰНІКІ е с. с ө й л. *Мұнікі, осынікі.* ≈ *Б ұ н і к і* масқара!

БҰП-БҰЙРА с ы н. **1.** *Әжептәуір бұйра, өте бұйра.* ... Тұраш *б ұ п-б ұ й р а* шашы ұйысып, аузын томпайтып, отты қара көздерін мөлдірете қарап тұрған-ды... (М.Иманжанов, Таныс қыз). Кенже туған *б ұ п-б ұ й р а* қара қошақан енесінің ар жағына бір шығып, бер жағына бір шығып емеді (Б.Соқпақбаев, Аяжан). Ол үлпілдей қалған *б ұ п-б ұ й р а* шашын аппақ алақанымен бір аялап қойды (Ф.Дінисламов, Ұшқын). **2.** *Ұйысқан, қалың.* Тауға өрлей-өрлей, орман шеті кей жерлерде *б ұ п-б ұ й р а* шілік пен аршаға ұласып жатыр (Ғ.Орманов, Жүрек). Бұйрат-бұйраттың етегі ғана емес, басына дейін қара күрең елтірі жапқандай, *б ұ п-б ұ й р а* бетеге (З.Ақышев, Ақбел.). Базар қалтасынан ұзындығы бір қарыс қара шақшасын суырып алды да, *б ұ п-б ұ й р а* күрең насыбайды екі танауына кезек-кезек тартты (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

БҰР= е т. **1.** *Алған бағытты, беталысты басқа жаққа өзгерту.* Петр Чернов бірдеме айтайын деп басын маған қарай *б ұ р а* бергенде, бүйірден келіп соққан оқ оң жақ қолын жұлып әкетті (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Құбаша жігіт те көк биені *б ұ р а* ұмтылып, ақ сұр аттың соңынан ытқи жөнелді (С.Сейфуллин, Әңгім.). Кейінде қалды тігілген шатыр, Теңіздей дала алдында жатыр. «С–80-ін» *б ұ р д ы* да жолдан, Тербеніп қырға қарады Батыр (М.Әлімбаев, Таңд. өленд.). **2.** *Істің, сөздің барысын, бір нәрсенің ыңғайын ауыстыру.* Зейнеп аңғарып, ашуланып қала ма деп, өз бетіндегі көңілді ажарды шапшаң *б ұ р а* қойды (М.Әуезов, Абай жолы). Қайыр сөзді әрі қарай тереңдеткісі келмеді де, әңгіме желісін *б ұ р ы п* жіберді (З.Шашкин, Теміртау). **3.** *Дұрыс түсіндірмей теріске айналдыру.* Қазірде ол: – Талғат-ау, махаббат, сүйіспеншілік деп ойымды *б ұ р ы п* барасың деді (К.Тоқаев, Тасқын). Олар тек соғыстың қара жұмысына ғана барады. Оны *б ұ р ы п* айту, басқаша түсіндіру қылмыс болады. (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.). **4.** а у ы с. *Іші елжіреп, жақын тарту.* Туғанына *б ұ р ғ а н ы,* Биді Құдай ұрғаны (Мақал-мәтел). **5.** а у ы с. *Өз жағына шығару.* Оразбай ол төрені өз жағына мүлде ұйытып, *б ұ р ы п* алмаққа тырысады (М.Әуезов, Таңд. шығ.). **6.** а у ы с. *Икемдеу, бейімдеу.* Біреуін жаманшылыққа мейілдендіріп, өзі құдайлық құдіретімен біреуін жақсылыққа *б ұ р ы п,* біреуін жаманшылыққа *б ұ р ы п* жіберіп тұрады екен (Абай, Тол. жин.).

Атының басын бұрды. *Бағытын, беталысын өзгертті, ешкімнің жетегіне ермеді.* Бойын жаманшылықтан тез жиып ағым көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптің *а т ы н ы ң б а с ы н б ұ р ы п* алуға жараған... – ерлік, батырлық осы (Абай, Тол. жин.).

Бас бұрды. *Бас тартты.* «Ала бер» деп, «келе көр» деп Бір күн *б а с ы н б ұ р д ы* ма? Кетті қаптап, Алды сап-сап Кетті мақтап, тұрды ма? (Абай, Тол. жин.).

Бет бұрды. а) *Беталысын өзгертті, ойын өзгертті.* Әуелі жұрттың *б е т і н б ұ р у* қиын болып еді. Енді қауым болып үлкен іске ниет қылып отыр... (Т.Ахтанов, Дала сыры). ә) *Ден қойды, көңіл бөлді.* Жинақ шыққаннан кейін мен жазушылыққа *б е т б ұ р д ы м* (С.Көбеев, Орынд. арман). б) *Басын ала қашты.* Ол сол жақ жамбасына аунап түсті, осы қимылымен ертеңгі сынау мен сауалдан да *б е т і н б ұ р ы п* қашқақтап кетті (А.Сүлейменов, Бесін). б) *Теріс қарады, менсінбеді.* Сен *б е т і ң д і* әрі *б ұ р с аң,* Шықты көзім, болды көр. Жанды аларсың разы болсаң, Біздің орын – қара жер (Абай, Тол. жин.).

Жүрегі бұрды. *Іш тартты, жақын тартты.* Осы хабарды естісе, бойы сергіп, *ж ү р е г і б ұ р а р,* бұрынғы қалпына келіп, аңсайтын болар, үйге қайтуға, қауышуға асығар деп үміт арта хаттар жазды (А.Байтанаев, Қансонар).

Бұра басса. *Ауа басса, сәл қателессе.* Қызылжардың көшелері маған *б ұ р а б а с с а* адасып кететіндей көрінгенмен, бірер күнде мен бар көшесін аралап, көзімді қандырып алдым (С.Мұқанов, Өмір мектебі).

Бұра басуға уақыты болмады. *Қолы тимеді, мұршасы келмеді. Б ұ р а б а с у ғ а у а қ ы т ы м б о л м а с а,* қай жерде жүріп ашамын есігін (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

Бұра сөйледі. *Бұрмалады, күлкіге айналдырды. Б ұ р а с ө й л е г е н* күлуге жақсы, бұра қашқан түлкі қууға жақсы (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

Бұра тартты. *Сыңар езулікке салынды, бұрмалады.* Бірер мәселе туралы *б ұ р а т а р т с а,* Сағындық өз пікірін өткізгенше өзеуреленіп болушы еді (Б.Майлин, Шығ.).

Бүйрегі бұрды. *Іш тартып, жақын тұтты.* – Бұл араға сен неге кірістің? *Б ұ й р е г і ң* кімге *б ұ р а* қалды екен? – деп Назар қызға күдіктене қарады (Т.Ахтанов, Дала сыры). Әділдік жолы не? Бұл жол оған көмескі. Әйтеуір әке досына *б ұ й р е г і б ұ р а д ы* (А.Сарбөпин, Аспалы бесік).

Мойын бұрды. *Бір нәрсеге қарады, солай бұрылды.* Ақырған соң байғұстар әрі тұрды, Қалтасына қол салып, *М о й ы н б ұ р д ы.* «Бәрін бірдей таласпай бөліп ал» – деп, Бір теңге-

лік күмісті лақтырды (Абай, Тол. жин.). Ақылды жан табылмас маған сырлас, Көріне тентек көп надан *м о й ы н б ұ р м а с*. Әділетсіз, ақылсыз, арсыздарды көре тұра көңілде тыныштық тұрмас (Абай, Тол. жин.). Ашық есіктен сол жаққа *м о й ы н б ұ р ғ а н* Кузьменко: – Онда отырған кім? – деді (К.Тоқаев, Тасқын).

Мойын бұрмады. *Көңіл бөлмеді, елемеді, ескермеді*. «Атамның мирасы» деп жүргенім жоқ, *М о й н ы м д ы* рас көптен *б ұ р ғ а н ы м*. Кәрі-жас үй мен түзге толған тегіс, Өзің де, көріпсің ғой құрмағанын (Айтыс).

Мойын бұрмау. *Елемеу, көңіл бөлмеу*.Асырап алған әйелдің мінезі жақсы, соны ана тұтып, өз анасына *м о й ы н б ұ р м а у ы* ғажап емес (Т.Нұртазин, Ауыл.).

БҰРА= е т. **1.** *Дөңгелете, айналдырып майыстыру*. ≈ *Б ұ р а п* жіберді.

Аузын бұрап сөйледі. *Өтірік айтты*. Сөзіңе күлгенді ұна, Күлмесе жалынып сұра, *С ө й л е с е ң а у з ы ң д ы б ұ р а*, Жедің боқ, әбден соқ, әйда! (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Бұрап соқты. *Алып ұрды*. Қасқырың болса – қайтейін, менің қара ала төбетім бір-ақ *б ұ р а п с о ғ а д ы* дейтін (М.Әуезов, Қараш.).

Домбыраның құлағын бұрады. *Домбыраның құлақ-күйін келтірді*. Нияз мылтықты пештің артына тығып қойды да, *д о м б ы р а с ы н* алып, *қ ұ л а ғ ы н б ұ р а п,* шерте бастады (С.Сейфуллин, Шығ.). Бұрын бұл үйге талай келген үгітші қыз босағадағы штепсельді *б ұ р а п,* электр шамын жақты (С.Мұқанов, Саяхат.).

Құлағын бұрады. *Ұмытпасын дегендей қайта-қайта еске салды*. – Дүниеге қашан ие боласың? Біздей кәрі әке-шешеңе қашан көмегің тиеді? – деп Жұмағұл мен Қадишаның *қ ұ л а қ т а р ы н б ұ р а п* қояды (М.Әуезов, Қараш.). Тілек тілеп ел шулап, Ақсақалдар жылады. Болыс, би бөлек үгіттеп, Ел *қ ұ л а ғ ы н б ұ р а д ы* (Қаз. әдеб. хрестом.).

Мойнын бұрады. *Үзіп, жұлып алды*. Қаршыға қанатымен қазып қалды, Су төгілді, іше алмай, іші жанды. Сол жерде Сайрам ерді ашу кернеп *М о й ы н ы н* қаршығаның *б ұ р а п а л д ы* (Е.Бердин, Екі ойшыл).

Іші бұрап ауырды. *Түйнеп ауырды*. Ауырудың бұл түрінде *і ш* шаншып *б ұ р а п а у ы р а д ы,* ішке ас тоқтамайды (З.Сырғабаева, Токсоплазм.). Ішек ауруының бұл түрімен ауырғандардың *і ш і* қатты *б ұ р а п а у ы р а д ы* (Н.Әжіғалиев, Мал. ауру.).

БҰРАҚТА= е т. ж е р г. *Титықтап, іліпсалыну*. Қызылжарға қарай жүретін қысқы жолмен шұбалып, *б ұ р а қ т а п* келеміз (С.Сейфуллин, Тар жол.). Сексенде буындарың діріл қағып, Болдырған арық аттай *б ұ р а қ т а й с ы ң* (С.Мұқанов, Шығ.).

БҰРАҚТАТ= е т. *Бір нәрсе туралы тура айтпай, тұспалдау айналдырып естірту*. Енді не істеу керек? Жөні жоқ нәрсені алыстан созып, *б ұ р а қ т а т ы п* келтірем деп әуреленбеу керек (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БҰРАҚТАТУ *Бұрақтат етістігінің қимыл атауы*. ≈ Мән-жайды *б ұ р а қ т а т у*.

БҰРАҚТАУ *Бұрақта етістігінің қимыл атауы*. ≈ Аттың *б ұ р а қ т а у ы*.

БҰРАЛ = е т. **1.** *Айнала қозғалу, тартылу*. Сондықтан ана жүрегі жел үрлесе де ызыңдап тұратын қатты *б ұ р а л ғ а н* домбыра ішегіндей әрбір нәзік үнге қосыла кететін (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.) **2.** *Иір-иір болып шұбатылу, созылу*. Иректеліп салынған қара жол неше *б ұ р а л ы п* отырып, ақырында сол молаға соқты (Б.Майлин, Шығ.). Сайда *б ұ р а л ы п* шығып жатқан бағланның түтіні көрінді (М.Әуезов, Қараш.). *Б ұ р а л ы п* жатқан бұлаққа бұрылып кеп қойып кеттік (Ғ.Қабышев, Мінездеме). **3.** *Толықсып, толқып, майысу*. Шытырма көйлек етінде, Нұр сәулесі бетінде. *Б ұ р а л ы п* кетіп барады Перінің қызы секілді (Қыз Жібек). Алдыңғы қатардағы ақ отаудан *б ұ р а л ы п* келіншек шықты. Басында шетін кестелеген шашақты көгілдір жаулық (Б.Майлин, Шығ.). *Б ұ р а л ы п* тұрып, Буыны құрып, Қисайта тартып мұрынын (Абай, Тол. жин.). **4.** *Бүйірі бүйіріне жабысып, аш өзегіне тұсу*. Ауылға жақындағанымызда ескі сабалақ жүні үстінен түспеген *б ұ р а л ғ а н* арық иттер ерініп үріп қарсы алды (Б.Майлин, Шығ.). Екеуі әбден сүмірейіп, көк иық болды. Екеуі де аштықтан әбден *б ұ р а л д ы* (С.Сейфуллин, Тар жол.). Тау ішінің аш қасқырындай *б ұ р а л ы п,* Сарымсақтының қарағайында бір күн, бір түн бекініп жатты (М.Әуезов, Қараш.).

Иніліктей бұралған. *Сидиған арық, бүйірі бүйіріне жабысқан*. – Сендер бастап жүрген адамсыңдар, – деп Мінайдар мен Қойшығараны *и н е л і к т е й б ұ р а л ғ а н* біреу тергеуге алды (Б.Майлин, Шығ.).

Мың бұралды. а) *Ирелеңдеп сан бұрылыс салды*. Ат шаптырса жетпейтін орамды алып жатқан Кегеннің кең жазығы. *М ы ң б ұ р а л ы п,* жыланша ирелеңдеп ағып жатқан өзен (С.Шаймерденов, Мінез). Тау басына бусанып, Бозғыл тұман оралып; Сарқырап ағып шу салып, Өзені *м ы ң б ұ р а л ы п* (Т.Жароков, Таңд. шығ.). Айдаһар *м ы ң б ұ р а л ы п,* Ауыздан жалын от шашты (Е.Ысмайылов, Ақындар). ә) *Ұзақ сыланып-сипанды, сөнденді*. Принцесса жаланаш-танып айнаға қарады, назданып түсін құбылтып *м ы ң б ұ р а л д ы* (С.Ерубаев, Шығ.).

б) *Құйқылжып, толқып, шарықтады.* Осы бір кішкене ғана құмыр құстың бал татыған көмейінен *мың бұралып* шыққан әуезі қыз бойын да шымырлатып кетіп бара жатты (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Аспанда қараторғайлар самғап шырылдайды. Көш жолынан қашып ұшқан болу керек, қаулап кетті. Көш үстіндегі аспанды *мың бұралған* үнмен кернеді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Сейілхан «Айттым сәлем Қаламқасты» *мың бұралта*, толқындандырып аяқтағанда барып, тыңдаушы қауым ду ете қалысты. (Ә.Әлішев, Батыр.).

Тал шыбықтай бұралды п о э т. *Нәзік, сұлу мағынасында.* Өз бойына шақ етіліп тігілген кіршіксіз ақ халатының алдыңғы екі қалтасына қолын салып, *тал шыбықтай бұралады* (Ә.Нұршайықов, Жомарт.). Маңдайшаға қол артып, жасөспірім бір қыз тұр. *Тал шыбықтай бұралады.* Аппақ уыз бетінде, қара мөлдір көзінде қайғы мен шаттық бірдей бар (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). *Бұралған тал шыбықтай* сұлу еді, Он бестен он алтыға жеткен жасы. (Қаз. ақын. шығ.).

БҰРАЛА= е т. **1.** *Қайта-қайта орағыштап жұмарлау.* Ой болдыра шаршағанда тұралап, Маңдайшасын саусағымен *бұралап* (Д.Әбілев, Өлеңд.). Бейсен бұйра шашын *бұралап* тартқылап отыр (О.Сәрсенбаев, Сағым). **2.** *Умаждап, үсті-үстіне тықпалау.* – Сол сен айтып отырған «кім көрінгенің» биыл да аз емес деп, қазыны аузына *бұралай* тығып отырған Нури киліге кетті (М.Иманжанов, Көк белес). Сары майға піскен жылы құймақты аузына *бұралай* тығып Бодаш отыр (М.Дүйсенов, Ант). Кепкісін бешпетінің қалтасына *бұралап* тыға салды да бешпетін жағасынан ұстап сүйреткен күйі төсегіне беттеді (С.Еркебаев, Жол.).

БҰРАЛАҚТА= е т. **1.** *Олай-бұлай теңселіп, қисалақтау.* Аңыз жерді аударып, көк соқа бауырдай кесіп барады. Көп ұзамай-ақ көк сиыр *бұралақтап* соқаны жүргізбеді (І.Жансүгіров, Шығ.). **2.** *Үсті-үстіне тықпалау.* Трактористе қарасам, нанды аузына *бұралақтап* тығып, тіпті ешнәрсе болмағандай жайбарақат отыр екен (Т.Иманбаев, Үш ай.).

БҰРАЛАҚТАУ *Бұралақта етістігінің қимыл атауы; тықпалау.* ≈ Нанды *бұралақтау.*

БҰРАЛАҢ с ы н. **1.** *Бұлтарысы мен ирелеңі мол, қисық-қисық.* Жолаушы өткелге ағаш таситын даңғыл жол мен орман қойнауына сіңетін *бұралаң* тар соқпақтың айрығында машинадан жеңіл қарғып түсті (Р.Әбутәліпов, Қыр әңгім.). *Бұралаң* соқпақпен бір адам ілбіп келеді. Серғазының өмірі сияқты Жанаманың да *бұралаңы*, бұрылысы көп, кей жерде арындап қатты сарқыраса, кей тұста баяу ғана ағып, кең иірімге айналады (Б.Тілегенов, Көктем.). Манағы азан айтқан шырақшы көрінбеді, күмбездің төмен түсіретін *бұралаң* басқышымен тізесі дірілдеп жете алмай келе жатқан болар (Д.Досжанов, Жібек.). **2.** а у ы с. *Қиыншылығы көп, шырғалаңы мол.* Қаскөйліктің *бұралаң* шатқалдарын сенсіз ашуға дәрменім жетпеді, Ғани (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Өмірдің қатал заңының *бұралаңынан* шыға алмай, басы шырғалаңға түскен кейіпкерлер тағдырына шын қиналасың («Қаз. әдеб.»).

БҰРАЛАҢДА= е т. **1.** *Ирелеңдеп шұбалу.* ≈ *Бұралаңдаған* жол. **2.** *Шайқақ-шайқақ ету, шайқақтай қисалаңдау.* Қоспанның қалжырап, күші кете бастады. Кейде үлкен күректі топыраққа көміп алып көтергенде *бұралаңдап* кетеді (Т.Ахтанов, Дала сыры). **3.** а у ы с. *Тұралау, кедергіге тап болу, тосырқау.* Келе ескі қазақ арба сияқты шиқылдап, *бұралаңдап* жүре алмай қалған шаруаны қолға алып, бірер жылда тырашпеңкедей жүргізіп дызылдатты да қойды (З.Шашкин, Сенім). **4.** а у ы с. *Екі ойлы болып, тайсақтап, толқу.* Үйде жүрген уақытта Кенжехан келіп кеткен сайын *бұралаңдап,* айыңқырап қалып жүрсе де, Кенжехан ауылына барып орныққан соң, Қадиша танымастай болып өзгеріп кетті (М.Әуезов, Қараш.). Шахтаға бүгін ғана түсіп тұрған әйелдер әуелі жапыржұпыр қимылдап, лезде *бұралаңдай* бастамаса, Бекең осыдан басқа сөз айтпайтын да еді (Ғ.Мүсірепов, Белдерде).

БҰРАЛАҢДАТ= е т. **1.** *Шайқақтату, қисалаңдату, ырғалту, теңселту.* Би ырғағына қарай кейде шалқайып, кейде еңкейіп, кейде оңды-солды *бұралаңдатқанда* толықша денесі қармақтай иіледі (С.Мұқанов, Алып. адым.). **2.** *Ирелеңдету, бұралаң-бұралаң еткізу.* Алдынан ала төбет еркелеп шықты. Құйрығын *бұралаңдатып* біраз ілесті де иесі назар аудармаған соң қалып қойды (Т.Иманбеков, Тұт ағашы.).

Тілін бұралаңдатты. *Түсініксіз етіп сөйледі, шұлдірледі.* Осы шаһардың қай мешітіне барсаң да *тілін бұралаңдатқан* шала молдалар (К.Оразалин, Абай.).

БҰРАЛАҢДАТУ *Бұралаңдат етістігінің қимыл атауы; теңселу, қисалаңдау.* ≈ Ары-бері *бұралаңдату.*

БҰРАЛАҢДАУ *Бұралаңда етістігінің қимыл атауы; қисалаңдау, ырғалу, теңселу.* ≈ Денесінің *бұралаңдауы.*

БҰРАЛАУ *Бұрала етістігінің қимыл атауы; қинау, өзгерту.* Қалада тік жүріп өскен бала ғой. *Бұралауға* артық көне бермейді. Ыңғайына

жіберіп, тартып, саумалап, Жаңа ғана мұсылман ғып келеміз (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БҰРАЛҚЫ с ы н. **1.** *Қаңғыған, иесіз қалған (ит). Б ұ р а л қ ы* ит тімсініп жүріп, көп ұяластың ортасына түсіп қалғанда таланарын біліп, құйрығын қысып алғанмен, тісі барын да көрсетеді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). «*Б ұ р а л қ ы* ит үргенімен жағады» деп, өмір бойы итшілеп, жағымпазданумен күн кешеді (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). **2.** *Аш-арық (мал).* Ауыл малы *б ұ р а л қ ы*, Ақылы жоқ жаманға (А.Байтұрсынов, Шығ.). // *Сырттан келген бұратана адам, кірме.* Саудагер қашты бұл елден, Несиесін жия алмай; *Б ұ р а л қ ы л а р* сандалды Жуандарға сыя алмай (Абай, Тол. жин.). Бұл бұрын орыстың поптарының христиан дінін үйретететін бастауыш мектебінде оқуын бітіре алмаған. Өзінің өмірінің ішінде екі рет дінін айырбастап, иә орыс, иә қазақ бола алмай жүретін *б ұ р а л қ ы* еді (М.Дулатов, Шығ.).

Бұралқы иттей [күшіктей] сенделді [қаңғырды]. *Бүйірі-бүйіріне жабысып, аштан қалып қаңғырды.* Анау екі жас бала *б ұ р а л қ ы и т т е й с е н д е л і п*, кірлеп, биттеп-құрттап, жүдеу басқа айналып бара жатқанын көргенде Ақбілекті тіпті керексіді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Көшкен орыстың жұртында *б ұ р а л қ ы к ү ш і к т е й қ а ң ғ ы р ы п* Ақбілек жалғыз қалса да, жалғыздығына өкінген жоқ (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Бұралқы сөз. *Орынсыз айтылған қыңыр сөз, қылжақ.* Жанталасқан жастар жосыны тыным тауып, ешкім сені қарып та кетпейді, *б ұ р а л қ ы,* бейпіл *с ө з д е р* де естімейсің (Ғ.Мүсірепов, Белдерде.). Байжан дөңгелек шаруалы, *б ұ р а л қ ы с ө з* ере жүретін адам болса да, бай ағайындарының үйіне еркін кіретін еді (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). «*Б ұ р а л қ ы с ө з* күлуге жақсы» дегендей сырттан тыңдағанға да көңілді-ақ (Б.Қыдырбекұлы, Мазда.).

БҰРАЛҚЫЛАН= е т. **1.** *Ел кезіп, қаңғыбастықка салыну.* Жік-жапар боп, жалынып шақырғанда келмей, сүтке тиген күшіктей боп, *б ұ р а л қ ы л а н ы п* жетіп бару өлім емес пе?! (М.Иманжанов, Көк белес). **2.** а у ы с. *Жарамсақтану, жағыну.* – Бүлінгенді жөндейтін де, арттағыны алға бастыратын да сен емессің. *Б ұ р а л қ ы л а н б а й* жөнел, – деп Сәуле сөзбен ұрып, көзбен атты (Ә.Әбішев, Жас түлек.).

БҰРАЛҚЫЛАНУ *Бұралқылан етістігінің қимыл атауы; ел кезу, қаңғыру.* ≈ Итше *б ұ р а л қ ы л а н у.*

БҰРАЛТ= е т. **1.** *Бір жағына қисайту.* Жігіт жалаң бас. *Б ұ р а л т а* қайырған қою қоңыр шаштың екінші ұшы сол жақтағы самайын баса күдірейіп түр (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.). **2.** *Толықсытып майыстыру, тербелту.* Көп сұлу қыздарды әкеліп жанынан, алдынан *б ұ р а л т ы п,* оралтып қызықтырады (М.Әуезов, Индия очерк.). Би билеттім *б ұ р а л т ы п*, Ақ балтырлы қайыңға (Қ.Аманжолов, Өленд.). **3.** *Құйқылжыта шарықтату.* Майда қоңыр оның әні биіктетіп көтеруге де, *б ұ р а л т ы п* ырғақтауға да, құбылтып нақыштатуға да еркін жетеді (С.Мұқанов, Өмір мектебі).

БҰРАЛТУ *Бұралт етістігінің қимыл атауы; толықсыту, майыстыру.* ≈ Белін *б ұ р а л т у.*

БҰРАЛУ *Бұрал етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ашығу, аш өзегіне түсу.* Енді жол қиындап, күзгі түн суығы, аштықпен *б ұ р а л у* – бәрі жиналып келіп, өзге Қозыбақтың жылқысына болса да тиісуге жетектеді (М.Әуезов, Қараш.). **2.** *Ішектің айналуынан туйнеп ауыру.* Ішектің ішінде газ, тығыздалып кептелген азық, тас бар-жоғын, ішектің *б ұ р а л у ы* сияқты кеселдің жайын анықтайды (Ә.Әбішев, Мал санитары.). Ал түйнек дегеніміз – ішектің *б ұ р а л у ы н а н* болатын ауру (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

БҰРАМА[1] с ы н. з е р г. **1.** *Бұралып, есіліп істелген, ширатылған.* Ішігінің сәнін *б ұ р а м а* күміс түймеге орнатылған маржандар ерекше ажарлап тұр (М.Әуезов, Абай жолы). **2.** *Күмісті, алтынды жіптерден өріп істелген.* Халық зергерлері көбінесе түйреуіш, мық, ілгек, сағат бау, үзбе, түйме, түйменің сабағы, *б ұ р а м а* деңбет (деңмет), кемер белдік, кісе сияқты адамның өз бойын әсемдейтін заттарды жасады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Бұрама білезік. *Күмістен ширатып, есіп істелген білезік. Б ұ р а м а б і л е з і к т і ң* екі басына әр алуан бедері бар бунақтар... тас көздер орнатып әшекейлейді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Мойнында жыланша оралып жатқан шұбар ала інжу, маржан – қымбатты алқа. Білегінде қос-қостан *б ұ р а м а* алтын *б і л е з і к* (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

Бұрама жолды түсіргіш. к е н. *Диірменнің қабылдау шетмойнына орнатылған түсіргіш түрі. Б ұ р а м а ж о л д ы т ұ с і р г і ш* сұрыптағыштан кенмен бірге шыққан құмды диірменге кенмен бірге түсіру үшін пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Кен.).

Бұрама жүзік [дүзік]. *Күмістен ширатып, есіп істеген жүзік.* Жылама, балам, жылама, Бешпет бір кидің қынама. Ардақты туған бала едің, Алтынды *д ү з і к б ұ р а м а.*

БҰРАМА[2] з а т. з о о л. < лат. cossidae> *Ағаш жегі тұқымдасына жататын ірі (75–104 мм) түн көбелегі.* Көбінесе жапырақты ағаштарды, әсіресе жеміс ағаштарын, жүзімдікті

зақымдайды (ҚСЭ). *Б ұ р а м а н ы ң* дүниежүзінде 800-дей түрі белгілі (ҚҰЭ).

БҰРАМА[3] з а т. т е х. *Әртүрлі бөлшектерді бір-біріне бекіту үшін қолданылатын тетік.* ≈ *Б ұ р а м а* құрал.

БҰРАМАЛЫ с ы н. *Бұралып бекітілетін.* Түкіргіштің *б ұ р а м а л ы* қақпағы тығыз жабылып тұрады, сонда ғана киім лас болмайды (Е.Оразақов, Туберкулез.). Лабораторияда қолданылатын шөлмек ыдыстар, реактивтер мен ертінділер сақтау үшін *б ұ р а м а л ы* тығынды... банкілер (Агрохим. крипто.).

Бұрамалы түсіргіш. к е н. *Үйме және даналық жұқтерді ауырлық күшінің әсерімен түсіруге арналған көмік құрылғысы. Б ұ р а м а л ы т ү с і р г і ш* науаша түрінде жасалады (Қаз. тілі термин. Кен.).

БҰРАМАЛЫҚ[1] с ы н. *Бұрамаға қатысты, бұрамаға тән.* ≈ *Б ұ р а м а л ы қ* қондырғы.

БҰРАМАЛЫҚ[2]**: бұрамалық конвейер.** к е н. *Үйме жүкті әдетте горизонталь жазықтықта және 20әС еңістікте үздіксіз тасымалдауға арналған конвейер. Б ұ р а м а л ы қ к о н в е й е р д і ң* айналу жиілігі минутына 6–300 айналым (Қаз. тілі термин. Кен.). *Б ұ р а м а л ы қ к о н в е й е р* шаңдатқыш, улы және ыстық материалдарды тасымалдауды, өнеркәсіптің химия және басқа да салаларында пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Кен.).

БҰРАН[1] з а т. т е х. *Винттің бұрамалы кесінді сызығы.* Фланецке *б ұ р а н* салып, үңіле қалған токарьдың қасында құныға қарап қазақ бала жігіті түр (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

БҰРАН[2] з а т. *Қайықта екі басын иіп, жанына үзыннан салған тақтай.* Қайықтың *б ұ р а н ы, б ұ р а н* тақтай. *Б ұ р а н* қайықтың табанына жақын салынады. *Б ұ р а н* жасайтын тақтайды бір ай бұрын суға салып қояды (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БҰРАНДА з а т. т е х. *Ортасындағы ойық бетінде спиральды сызығы бар бірнеше қырлы жалпақ темір кесінді.* ... Үш-төрт пішен машинасы тұр. Сол жерде ірілі-ұсақты *б ұ р а н д а л а р* шашылып қалыпты (С.Адамбеков, Қожанасыр.). Кереге ағаштарын *б ұ р а н д а м е н* де бекітеді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БҰРАНДАЖАПЫРАҚ з а т. б о т. <лат. vallisneria> *Сүкөрік тұқымдасына жататын, суда өсетін көпжылдық өсімдік. Б ұ р а н д а ж а п ы р а қ* – су құстары мен балықтардың негізгі қорегі (Ботаника). *Б ұ р а н д а ж а п ы р а қ т ы ң* жатаған тамырсабағы қысқа, дегелек жапырақтары таспа тәрізді, бүтін жиекті, жоғары шеті ара тісті келеді (ҚҰЭ).

БҰРАНДАКЕСКІШ з а т. к е н. *Бұрандамаға, бұрамаға, бұрамасұқпағы және т.б. тектерге бұранда салу үшін қолданылатын кескіш аспап. Б ұ р а н д а к е с к і ш* бұранда кесу әдісіне қарай бұрленген және оймаланған болып бөлінеді (Қаз. тілі. термин. Кен.).

БҰРАНДАЛА= е т. *Бұрандамен бекіту.* Ол ағашты *б ұ р а н д а л а м а,* шабақ сыя ма? (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

БҰРАНДАЛАУ *Бұрандала етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тез *б ұ р а н д а л а у.*

БҰРАНДАЛЫ с ы н. *Бұрандасы бар.* ... Енді бір сопақша сауыт шықты. Төбесінде күмістеген *б ұ р а н д а л ы* қақпағы бар (М.Әуезов, Индия очерк.). Кружканың астыңғы жағында резеңке трубкасы бар, онда *б ұ р а н д а л ы* ашып-жапқыш болады (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.).

Бұрандалы сорғы. с у. *Сұйықтықты ілгерілей жылжитын бұрандалар ішіндегі өзекшемен айдайтын сорғы. Б ұ р а н д а л ы с о р ғ ы л а р* сұйықтықты араластырмай, біркелкі өтіммен, шусыз айдайды (Қаз. тілі термин. Су.). *Б ұ р а н д а л ы с о р ғ ы н ы ң* көлбеу және тік білікті, бір, екі және үш бұрандалы түрлері бар (Қаз. тілі. термин. Су.).

БҰРАНТАБАН: **бұрантабан етік.** *Табаны бүдір-бүдір болып келетін етік.* Екі мұғалім бір жақ, өштеліп бір жақ болып, қазақты мәдениетке жеткізудің төте жолын таба алмай жатқанда, үстінде қой жүні тақталы шекпені, аяғында солдаттың *б ұ р а н т а б а н е т і г і,* басында сүтке түскен тышқанның тымағы бар қоңқақ мұрын қошқыл жігіт ит қуып келгендей жалтақтады (Ж.Аймауытов, Қартқожа).

БҰРАНШЫ з а т. к ә с. *Бұранды айналдырып, қозғаушы. Б ұ р а н ш ы л а р ғ а* жеткенде Щербаков талтия тұрып шылымын тартты (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

БҰРАҢ[1] с ы н. **1.** *Бұрылыс-бұлтарысы, бұлтағы көп, ирелеңді.* Стокгольм көшелері тар болудың үстіне қисық та *б ұ р а ң* (М.Әуезов, Индия очерк.). Әнеки, әр тараптан ән келеді, Алыстан ноқат дерсің сан денені. Бұлықсып жалғыз аяқ *б ұ р а ң* жолда, Келіндер судан қайтқан сәнденеді (Х.Ерғалиев, Құрманғазы). Көкірегім толы күй менің, Сен жоқта шерткім келмейді. Іздесе жігіт сүйгенін Жолды да *б ұ р а ң* демейді (М.Әлімбаев, Менің Қазақст.). **2.** а у ы с. *Қиын-қыстаулы.* ГАИ-ды басқарып Гаитанин атанған адам жасы елуге жетпей-ақ пенсионер болса, ол жүріп кеткен *б ұ р а ң* жолдар да көз алдыңа келуі мүмкін (Ғ.Мүсірепов, Белдерде). Иванов бір ноқатқа көзін тігіп, Соғыстың *б ұ р а ң* жолын шықты сүзіп (Қ.Жұмалиев, Қырда.).

Бұраң бел. *Бой-тұрқы жарасқан сұйкімді қыз.* Боз үйге ай сәулесі нұрын төгед, Шапи қыз сәлем айтып келсін деп ед. Шомылған

айдын көлде аққудай боп, *Б ұ р а ң б е л* сылаң етіп шыға келед (Қаз. әндері). Жан жарынан арылып, Жамылды қара басына. Бота көзді *б ұ р а ң б е л*, Жіберші жақын қасыңа! (М.Дулатов, Шығ.). Сол айтқан қызығына бармас едім, Көзімді *б ұ р а ң б е л г е* салмас едім. Соның бәрі қырдағы қара көздің, Жаудырап бір қарасына алмас едім (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БҰРАҢ[2] е л і к. *Ирелең еткен, бұралаңдаған қимылды бейнелейтін сөз.*

Бұраң басты. *Аяғы бұралып, сызылып, сәнмен жүрді.* Иісті май, жағындың гүл, сабындандың, Түзеліп бейне хордай қабылдандың. Сызылып *б ұ р а ң б а с ы п,* асыл киіп, Алыстан жұрт көзіне сағымдандың (С.Дөнентаев, Шығ.). *Б ұ р а ң б а с ы п,* сәнмен жүріп, Шай ұсынса әкесіне, Сүйінішпен әрлендіріп Сенің қолың әкелтті де... (Ж.Өмірбеков, Мың терезе).

Бұраң етті. *Қиралаң етті, бұралаңдады.* Аққасқа Қасен даусын ести сала, ойға қарай жұлқи бұрап қалғанда көкшолақтың белі *б ұ р а ң е т і п* барып, дүрс етіп құлап түсті (М.Әуезов, Қараш.). Барановтың күмпиіп тұрып ышқынған ашуы бұралқы иттің құйрығындай *б ұ р а ң е т і п* құлай кетті (Ә.Әбішев, Замана.).

Бұраң қақты. а) *Ирелеңдеп бұралаңдады.* Өзектегі қалтырап жаурап тұрған жас тоғайға келіп, жерге шейін басын игізіп, тәжім еткізіп, арасынан суылдап *б ұ р а ң қ а ғ ы п,* ойнап өтеді (М.Әуезов, Қараш.). Өзі алдыңғы бөлмеге шығып кетіп, бір *б ұ р а ң қ а қ қ а н* ақ қаншық қасқырды алып келді (Қаз. ертег.). ә) *Әрлі-берлі қозғалып қираланддады.* Жұбайға отыз қамшы соқты қатты, Құйрықтан борағытып қандар ақты Соққанда отыз қамшы сорлы Жұбай, Тұралмай әлгі жерде *б ұ р а ң қ а қ т ы* (Батырлар жыры).

БҰРАҢБАС з а т. з о о л. ***Бұраубас.*** Көртышқан (крот) мен *б ұ р а ң б а с* тек Шығыс Қазақстан, Семей облыстарында, алып Соқыртышқан Қазақстанның батыс жағында кездеседі («Соц. Қаз.»).

БҰРАҢ-БҰРАҢ е л і к. *Қисық-шалыс немесе мың бұралған жүрісті бейнелейтін сөз.* Қабдол молдалар алдында алтайы қызыл түлкідей жылт-жылт етіп, *б ұ р а ң-б ұ р а ң б а с а д ы* (С.Адамбеков, Көсе.). Тазының кеудесі қасқырдың астында, бөксесі *б ұ р а ң-б ұ р а ң е т е д і.* Өзі жағаласқан жауынан біржола жеңіліп, тырапай асуға айналған (Ә.Көшімов, Екі бүркіт).

БҰРАҢҒАР [монғ.]. з а т. ә с к. *Оң қол, оң қанат. Б ұ р а ң ғ а р* термині әскердің және тайпалық одақтар мен қалыптасқан халықтардың оң қанатын белгілеу үшін қолданылған (ҚСЭ).

БҰРАҢДА= е т. **1.** *Әрлі-берлі теңселу, бұраң-бұраң ету, бұралаңдау.* Көкке тіреу болғандай көкшіл терек, *Б ұ р а ң д а п* бұтақтары күнге еркелеп (Д.Әбілев, Таңд. өлеңд.). Ақ дидарың көргенде тұра алмаймын, Сенсіз жерде салтанат құра алмаймын. Сен есіме түскенде, беу, қарағым, Кемесіндей дарияның *б ұ р а ң д а й м ы н* (Қаз. әндері). **2.** *Көп бұрылыс жасап, ирелеңдеу.* Құс ішінде ұнайды қыран маған. Күрт құлаймын құласам, *б ұ р а ң д а м а н* (Ж. Молдағалиев, Шығ.). Дүние бір қисық жол *б ұ р а ң д а ғ а н,* Бақ тайса ерге дәулет құралмаған. Әр іске асық болма сөз қуарлық, Өмірің алдап кетер тұмандынған (Айтыс). Сылдырлап, суы *б ұ р а ң д а п* ағып жатқан арықтан жеңіл басып, аттап түсіп артына қарады (С.Сейфуллин, Шығ.). Есіл өзені де алыстан ағараңдап толқи *б ұ р а ң д а й д ы* (І.Есенберлин, Көлеңке.). Беті байтақ жазық, артын, екі бүйірін қоршаған қызыл шақа, қара қотыр биіктердің етегінде *б ұ р а ң д а ғ а н* бұлақтар, өзенсымақтар жатыр (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). **3.** *Сәнмен майысып, толықсып қозғалу.* Қыз Назым шықты *б ұ р а ң д а п* Он сегіз толған жасына (Қамбар батыр). Әлгідей болмайды, жорғалаған желдің ішінен жібектей судырлап, талдай *б ұ р а ң д а ғ а н,* жүзіне кәдімгі айдың нұрындағы нұр төгілген бір әйел шыға келеді (М.Жұмабаев, Шығ.). Сұлу жүр сылаңдаған. Күлімдеп қылаңдаған, Еріліп бір басуға, Жас талдай *б ұ р а ң д а ғ а н* (М.Дулатов, Шығ.). **4.** а у ы с. *Шыдамай, әлсіздік білдіру.* Үзеңгіге аяқты тіреп, арқанды шірене тартқанда, қара кер жорға әлсіреп, артқы бөксесі *б ұ р а ң д а п* сала берді (Б.Майлин, Шығ.). Қазір жұмыстың ауыры да, асығысы да осы. Әлсіздер *б ұ р а ң д а п,* сабырсыздар шатынай бастаған (Ғ.Мұстафин, Миллионер). **5.** а у ы с. *Ойын ашық айтпай, тұлкі бұланға салып, бұлтақтау.* Бағынып барлығы да қойды мойын, *Б ұ р а ң д а п,* білдірмеді бөтен ойын. Көрсетіп кеңшілікті Кей-Қысырау, Отырды оларға енді ашып қойнын (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

БҰРАҢДАС= е т. *Бірге теңселісу.* ≈ Олар ары-бері *б ұ р а ң д а с т ы.*

БҰРАҢДАТ= е т. **1.** *Бұраң-бұраң еткізу.* Қабағын қайта-қайта керіп, аузын *б ұ р а ң д а т ы п* көрді (Ә.Әбішев, Жас түлек.). Ағылшынның қиын әрпін әдемі айтам деп таңдайына тигізіп *б ұ р а ң д а т а* берген соң тілі де ауырған болар, біраз уақыт үндемей қалды (Т.Ахтанов, Үндістан.). **2.** *Сәнмен майысып, толықсып қозғалу.* Беліңді *б ұ р а ң д а т ы п* алып барсам, Атам, анам, халқым да айтар алғыс (Айтыс). Жеңеше, несіне асығасың, ерте ғой, Ақбілек еңсесін *б ұ р а ң д а т т ы* (М.Жұмабаев, Шығ.).

БҰРАҢДАТУ *Бұраңдат етістігінің қимыл атауы; сәнмен майысып, толықсып қозғалу.* ≈ Денесін *б ұ р а ң д а т у.*

БҰРАҢДАУ *Бұраңда етістігінің қимыл атауы; майысу, назаңу.* ≈ Сұлудың *б ұ р а ң д а у ы.*

БҰРАҢ-СҰРАҢ з а т. *Бұрылыс, қалтарыс.* Ал, сендер ше, сендер *б ұ р а ң-с ұ р а ң ы* жоқ, оқтай түзу тарта бергенсіңдер. Енді қашсаңдар, атпен кеткенді мүлде жою керек (Ж.Жұмаханов, Соқпақ.).

БҰРАҢСЫЗ с ы н. *Тіп-тік түзу, бұрылысы жоқ, бұлтақсыз. Б ұ р а ң с ы з* тіктеп біткен тартқан сымдай, Болған жоқ атақты ағаш бұрын мұндай. Көктен сусын, жеріңнен қорек алған, Жасаған бұтақтары желге сынбай (Д.Еркінбеков, Шығ.).

БҰРАҢ-ШИМАЙ з а т. *Бұрылыс, бұлтақ.* Кейде тура ағып, кейде иіріліп, *б ұ р а ң-ш и м а й* жасайды (М.Әуезов, Қараш.).

БҰРАП-БҰРАП ү с т. **1.** *Қайта-қайта бұрағыштап.* Ол баранканы *б ұ р а п-б ұ р а п* жіберіп, педальді басып қалды (Ғ.Сланов, Замана.). **2.** *Бұлықтырып, бұралап.* Қанипа жүн түте бастағалы қашан. Жүнді ылғи түтеді, түтеді де, *б ұ р а п-б ұ р а п* дорбасына қайта тығады (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

БҰРА-САЯҚ с ы н. к ө н е. *Байланыс-қатысы жоқ, оқшау, бөлек.* Сөйледім мен әкеме бастан-аяқ, Бір бөтен сөз қоспадым *б ұ р а-с а я қ.* Айтуыңда бір мінің ұнамады, «Қандай заман туғызар!» –деді аяп (Батырлар жыры).

БҰРАР-ТҰРАР з а т. с ө й л. *Арқа сүйер ағайын-туыс, жамағат.* Басқа жанасар *б а р а р-т ұ р а р ы* жоқ Зағипа қария мен Совет осы Мұқтардың үйінен бөлінбеді (Ш.Шалқаров, Серіккөл).

БҰРАС= е т. *Бұрауға көмектесу, қосыла бұрау.* Дауыстар шығып тым ащы, Қайқайта қайырып сілікті. Бірін-бірі *б ұ р а с т ы*, Ишаратып қойып жілікті (Алпамыс батыр).

БҰРАСУ *Бұрас етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жұмыла *б ұ р а с у ы.*

БҰРАТ= е т. *Айналдыра қозғалту, тартқызу.* Жалындана мен желпініп, Жерге бұрғы *б ұ р а т а м* (Т.Жароков, Таңд.). Мен енді жігіттің тақымына қыл бұрау салғызып *б ұ р а т ы п* (І.Есенберлин, Жанталас).

БҰРАТАЛА ү с т. с ө й л. ***Біржола***. «Неге қоштасып жатырмыз. *Б ұ р а т а л а* ма?». Күлсін кетіп бара жатқан жігіттің күбірлей сөйлегенін естіп қалды («Лен. жас»).

БҰРАТАНА с ы н. *Шет аймақта мешеу қалған, бодан, бағынышты, кіріптар. Б ұ р а т а н а* ұсақ ұлт, Атасы төмен кедей жұрт. Еңбегінен айрылды (И.Байзақов, Құралай.). // *Бұратана, бодан ел.* Меңеш: *Б ұ р а т а н а* кетсең де бақырмайын, Артыңнан келе ғой деп шақырмаймын (Айтыс). Айтпады деме, ат-шапан айып тартып. Талай *б ұ р а т а н а д а н* сый көріп жүріп, бір *б ұ р а т а н а ғ а* сый жасамап ем (А.Сүлейменов, Бесін). Біздің бұл пікірімізге өзге *б ұ р а т а н а л а р* да – бурят, якут қосылады (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

Бұратана халық [жұрт]. *Бағынышты жұрт, бодан ел. Б ұ р а т а н а х а л ы қ т а р ғ а* оның да жаны ашып, еті ауырып отырады әрқашан (С.Жүнісов, Ақан сері). *Б ұ р а т а н а* жұрттардың правосын теңгеру (М.Дулатов, Шығ.).

БҰРАТУ *Бұрат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бұранданы *б ұ р а т у.*

БҰРАТЫЛ= е т. с ө й л. ***Бұрал***. Онан көшер жеріңді мен айтайын, *б ұ р а т ы л ғ а н* қыздардың беліне көш! (Айтыс). Буынсыз *б ұ р а т ы л ғ а н* биші Шара Қазақта би болып па, ол тың бір сала Сан сында сүрінбеген даңғыл дарын, Алдына жан салмаған жалғыз қара (Т.Әбдірахманова, Көгершін.). Сарықамыс қаласына темір жол тартып бара жатқан аш, жалаңаш қазақ, өзбек жігіттері әлсіреп, ақ қар үстіне *б ұ р а т ы л ы п* құлап жатады (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Даланың *б ұ р а т ы л ы п* гүлдері мың, Қарашы, мың құлпырып түрленуін! Бір күйі тұнжыраған жігіт бірақ, Қызықтап қарамайды бірде-бірін (З.Шүкіров, Арал.).

БҰРАУ[1] з а т. *Арқан-жіпті, желбауды тартып тұратын кішкене жұмыр ағаш.* – Мынау, мынау, мынауым, Сексеуілден *б ұ р а у ы м.* Алысқанда шақ келмес, Алыбың мен дырауың (І.Жансүгіров, Поэм.). – Әй, мұндар, бүгін осы арада түнейміз, қос тігіңдер, – деп көшті аралап кеп, шөктірген түйелердің бас-басына жеке келіп, әрқайсысының *б ұ р а у ы н* байқап көрді (С.Жүнісов, Ақан сері). *Б ұ р а у* – айналдыру, есу, бекіту, мықтау; желбауды, түйенің тарту арқанын бұрап қоятын екі қарыстай қатты ағаш; түлкіні бұрап, іннен шығарып алатын аспап (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Тақымына *б ұ р а у* сап, Шыңғыртыңдар бурылды! Шыдай алмас ширығар Ашу ғана шығарар (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Бұрау басын сындырмады. *Бос жүрді, қол ұшын қимылдатпады. – Б ұ р а у б а с ы н с ы н д ы р м а й,* үйінде жатқан ғана қателеспеуі мүмкін, ал мен болсам осы колхоз үшін бірдемелерді тындырып жүргенге ұқсаймын, қателесуім ықтимал (С.Шаймерденов, Мезгіл). – Ал ол мал шаруашылығына байланысты колхоздарда *б ұ р а у б а с ы н с ы н д ы р а* ма, жолдастар-ау? Сындырмайды, – деді Әбілқасымов (Ә.Нұршайықов, Тың астығы).

Бұрау салды. *Дененің бір жерін қатты буып қысты.* Егер қан ағуы тоқталмай, қысу ұзаққа созылғандай болса, онда *б ұ р а у с а л у ғ а* тура келеді (Е.Оразақов, Дәрігер.). Аққан қанды тоқтатудағы ыңғайлы, сенімді тәсілдердің бірі – жараны таңып байлау және қан аққан мүшеге *б ұ р а у с а л у* (А.Рақышев, Бұл тур. біл.).

Бұрауы қашты. *Бабы келмеді, күйі кетті.* ≈ Істің *б ұ р а у ы қ а ш т ы.*

Тақымға бұрау салды. *Арқанмен қатты буып қинады.* Халқын сатып жауына болысар адам Жомарт па екен, *т а қ ы м ы н а б ұ р а у с а л ы п,* дүреге жықса да су жолын көрсетпепті (Т.Ахтанов, Дала сыры).

БҰРАУ[2] *Бұра етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Дөңгелете айналдыру.* Халық творчествосының мол әдіс, тәжірибелерінің ішінде металдарды талшықтап *б ұ р а у,* өру, тоқу, түйіндеу, өріп шашақтау, бунақтау, кесек металдарды үзбелестіру сияқты әдістер бар (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **2.** *Құлақ күйін келтіру.* Күйге келер домбыра *б ұ р а у м е н е н,* Сөз кестесі түзелер құрауменен (Пернедегі терме.).

БҰРАУБАС з а т. з о о л. <лат. myospalax myospalax> *Аламандар тұқымдасына жататын жүні өте тығыз, денесінің ұзындығы 26 см келетін, жердің астында тіршілік ететін кеміргіш. Б ұ р а у б а с т ы* (цокор) кейде аңшылар сармомын тышқан деп те атайды (Х.Қыдырбаев, Дала көркі). *Б ұ р а у б а с* өсімдіктердің тамыры мен түйнегін және көк шөптерді жейді (Қаз. тілі термин. Биология). *Б ұ р а у б а с* шабындықта, егіс даласында, орман арасындағы ашықта, таулардың баурайларында, бау-бақшада мекендейді (Қаз. тілі термин. Биология).

БҰРАУДАЙ с ы н. *Бұрау сияқты, бұрау тәрізді.* Оқтаудай жуан темірлерді білегіне *б ұ р а у д а й* орайды, бақыр ақшаларды қамырдай илейді (С.Мұқанов, Шығ.). Неше күннен бермен күйек бабына түсіп, қабысып қалған екі бүйірі *б ұ р а у д а й* болып баяу ғана салықтайды (О.Бөкеев, Қайдасың.).

БҰРАУЛА= е т. *Бұрау салып қысу.* Жылан шаққан жерді дереу тіс батқан жерден жоғарырақ *б ұ р а у л а п,* уды қан арқылы бойға таратпау керек (Е.Оразақов, Дәрігер.). Өйткені Сұлтанмахмұт сөздері тасты *б ұ р а у л а п,* тауды үңгіп, тесіп бара жатқан болат бұрғы тәрізді еді (Д.Әбілев, Арман).

БҰРАУЛАТ= е т. *Бұрау салғызу.* ≈ Аяғын *б ұ р а у л а т.*

БҰРАУЛАТУ *Бұраулат етістігінің қимыл атауы; бұрау салып қысқызу.*

БҰРАУЛАУ *Бұраула етістігінің қимыл атауы; бұрау салу.* ≈ Аяқты *б ұ р а у л а у.*

БҰРАУЛЫ с ы н. *Бұралып тұрған.* Шамы жанбай шабыттың алыс қонса жыр алауы, Домбыраңның құлағы болғаны жөн *б ұ р а у л ы* (Ж.Нәжімеденов, Ұлым.). Көршілес ауылда *б ұ р а у л ы* дайын тұрған үйдің бөренелерін тасып әкеліп, дүкен салу керек еді (И.Салахов, Көкшетау.).

БҰРАУЛЫҚ с ы н. *Бұрау боларлықтай.* Бурабай бойындағы Меңіреу аталатын қалың орманнан бір *б ұ р а у л ы қ,* не бір сырғауылдық ағаш кестірмейді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БҰРАУШЫ з а т. *Тетікті бұрап айналдырушы.* Көмірді таза, әрі ысырапсыз ала білу керек, – деді Сергей Петрович шылымын тартып, *б ұ р а у ш ы л а р д ы ң* қимылына қадала қарап тұрды (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

БҰРАУЫШ з а т. т е х. *Бұрандалы детальдарды бұрауға арналған электрлік немесе пневматикалық қол аспап.* ≈ *Б ұ р а у ы ш т ы* дайындау.

БҰРҒЫ з а т. **1.** к ә с. *Ағашты, темірді ұңғып тесетін құрал.* Біреусінде тізіліп ағаш шеберінің ісмерлік саймандары жатыр: ара, балта, сүргі, шапқы, тескіш, тістеуіш, *б ұ р ғ ы* – тіпті көп (Б.Соқпақбаев, Аяжан). Сабақ басталысымен әр оқушыға ара, сүргі, ағаш балға, *б ұ р ғ ы,* түрпі және темір сызғыш, т.б. саймандарды бір-бірден үлестіріп берді («Халық мұғ.»). Темір тесетін *б ұ р ғ ы* электр қуатымен айналады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). **2.** т е х. *Тау жыныстарын опырып, үгіп бұзатын мәшине аспабы.* Бұл жер – әлгі «Шұбартасты» деген, бұрын Нияз зерттеп, *б ұ р ғ ы* салып, алтын тапқан жер (С.Сейфуллин, Шығ.). Гиганттарда станоктар секунд сайын сартылдады, Шахталарда шахтерлердің *б ұ р ғ ы л а р ы* жарқылдады (Қ.Аманжолов, Шығ.). Бірі іздеп жер қоймасын, жерге *б ұ р ғ ы* салып жүр (Ө.Тұрманжанов, Таңд. өленд.).

Бұрғы белдіктері. к е н. *Жерасты, жерүсті және геологиялық барлау жұмыстарында ұңғымаларды бұрғылауға арналған жабдықтар кешені. Б ұ р ғ ы б е л д і к т е р і* айналып бұрғылау, шарқашаулы бұрғылау, сықпалы-айналып бұрғылау, арқанды-соққылы бұрғылау және т.б. *б ұ р ғ ы б е л д і к т е р і* болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Кен.).

Бұрғы бытырасы. к е н. *Бұрғылау барысында берік тау жыныстарды бұзуға қолданылатын, құйма болаттан не шойыннан жасалған шар, текеше, цилиндр тәрізді ұсақ бытыралар. Б ұ р ғ ы б ы т ы р а с ы н ы ң* диаметрі 1,5–5,5 мм.

Бұрғы көбелек. з о о л. *Көбелектер отрядының бұрғылар тұқымдасының бір түрі. Б ұ р ғ ы к ө б е л е к т і ң* артқы қанаттары алдыңғысынан қысқа (Қаз. тілі термин. Биология). *Б ұ р ғ ы к ө б е л е к т і ң* жұлдызқұрттары ағаштарды қатты зақымдайды (Қаз. тілі термин. Биология).

БҰРҒЫБАС з а т. к е н. *Ұңғыма бұрғылау кезінде тау жыныстарын кесіп опырып, үгіп, күйрете бұзатын негізгі аспап.* Бұрғылау тәсіліне, ұңғыма кенжарының қазылу түріне, тау жыныстарының дақтылығына қарай *б ұ р ғ ы б а с* бірнеше түрге бөленеді (ҚҮЭ). *Б ұ р ғ ы б а с т ы ң* диаметрі 75, 90, 110, 130, 150 мм, ұзындығы 500 мм, қалыңдығы 7–12 мм (ҚҮЭ).

БҰРҒЫДАЙ с ы н. *Бұрғы сияқты, бұрғы тәрізді.* Білім бір өткір *б ұ р ғ ы д а й*, Тереңнен тескен тыңдарды (Х.Өтегалиева, Әже әлдиі).

БҰРҒЫЗ= е т. **1.** *Бұрдыру, беталысын, бағытын өзгерту.* Қайғыны қақ маңдайдан салды бұзып, Бұл үйді де қияға бас *б ұ р ғ ы з ы п* (Ө.Күмісбаев, Ақ шолпан).

Бас бұрғызбады. *Бұлжытпады.* Бұнысы *б а с б ұ р ғ ы з б а с* әмір екенін таныған Дәріш сөз қайырып жатуға шамасы келмеді (А.Байтанаев, Қайнар.).

Бас бұрғызды. *Бас тарттырды.* Жә, өзіміздің бойымыздағы сегіз, зәрра аттас сипатымызды ол Алла тағаланың сегіз ұлық сипатынан *б а с б ұ р ғ ы з ы п*, өзге жолға салмақ бірлән біздің атамыз мүслим бола ала ма? (Абай, Тол. жин.).

Мойын бұрғызбады. *Мұрша бермеді, шамасын келтірмеді.* Жұмыстың әбігері саған белгілі. Еш нәрсеге *м о й н ы н б ұ р ғ ы з б а й д ы* (Ш.Құмарова, Қос шынар). Төбеттің *м о й н ы н б ұ р ғ ы з б а й* қапсыра тістеп, жұлқып-жұлқып жібергенде, үлкен төбеттің арт жағы бұлғаң-бұлғаң қағып барып, Көксеректің жанына дүрс етіп сұлап түсті (М.Әуезов, Көксерек). Жеңіпті Досекеңді түн ызғары, Илікпей тоңған дене тұрғызбады. Жастанып ыңыршағын жатқан екен, Сіресіп енді *м о й ы н б ұ р ғ ы з б а д ы* (Қ.Тоғұзақов, Өленд.).

БҰРҒЫЗУ *Бұрғыз етістігінің қимыл атауы; бұруға мәжбүр ету.* ≈ Басын *б ұ р ғ ы з у.*

БҰРҒЫЛА= е т. **1.** *Бұрғымен тесіп өңдеу.* Біз қайтып оралғанша балташылар бар тақтайларды *б ұ р ғ ы л а п* дайындап қойыпты («Лен. жас»). **2.** т е х. *Жер қыртысы мен тау жыныстарын ойып оқпан жасау.* Сол арада бірнеше күн жатып, әр жерді *б ұ р ғ ы л а п*, ақырында Нияз бір *б ұ р ғ ы л а ғ а н* жерден түсі дәме қылдыратын бір тастардың сынықтарын тауып, орамалына орап, шатырына алып келді (С.Сейфуллин, Шығ.). «Каспийге ау салсаң балық аларсың, маңайын *б ұ р ғ ы л а с а ң* мұнай табарсың» деген мақал орынды айтылған (Ә.Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.). Ол маған қараған жоқ. Көзі бір нүктеге қадалған. Сол араны *б ұ р ғ ы л а п* тесіп бара жатқандай (С.Сарғасқаев, Тәмпіш қара).

БҰРҒЫЛАН= е т. *Бұрғымен тесілу.* Жеті қабат жердің асты, *Б ұ р ғ ы л а н ы п* бар пласты, Қарағанды шахтасында (Т.Жароков, Шығ.). Өндіріс басқармасының алдында Мұнайлының тұңғыш қазылған скважинасы, оның *б ұ р ғ ы л а н ғ а н ы н а* елу жыл болған (З.Қабдолов, Жалын). Жарушылар скважинаны оқтайды. Участок түгел *б ұ р ғ ы л а н ы п* біткенде, дәрілерге от беріледі (Тоғызыншы шежіре).

БҰРҒЫЛАНУ *Бұрғылан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жердің *б ұ р ғ ы л а н у ы.*

БҰРҒЫЛАУ т е х. *Бұрғыла етістігінің қимыл атауы; таужыныстарды жарылғыш заттармен оқтап жару үшін көлденең қимасы дөңгелек болып келетін қуыс жасау.* Осындай жаңа әдістердің бірі берешегі төмендеп кеткен ұңғыларға есептелген аралықта жасанды тосқауыл қойып, сол арадан ұңғыны бүйірлей тесіп өтіп, мұнай қабаттарына бағытталған жанама ұңғыларды *б ұ р ғ ы л а у* жүйесі («Егемен Қазақстан»). Енді менде құр кенді ғана *б ұ р ғ ы л а у* емес, бөтен де арман туды (І.Есенберлин, Алтын құс). *Б ұ р ғ ы л а у* жұмысы тау-кен өнеркәсібіндегі ең бір күрделі шаруа («Білім және еңбек»). Орнықсыз жыныстарды *б ұ р ғ ы л а у* кезінде ұңғыма қабырғасын опырылудан сақтау үшін әртүрлі әдістер (арнаулы ерітінді, жылдап қатаятын қоспа, цемент) қолданылады (ҚҰЭ).

Бұрғылау балғасы. *т е х. Тау жыныстарын, бетон, кірпіш қаламасы сияқты табиғи және жасанды материалдарда ұңғымалар бұрғылауға арналған айналма және ұрма-соқ әрекетті мәшине. Б ұ р ғ ы л а у б а л ғ а с ы н д а* діріл өшіргіш тұтқалар және тұншықтырғыштар пайдаланылады (ҚҰЭ).

Бұрғылау жабдығы. г е о л. *Бұрғылау ұңғымасын жасауға керек жабдықтар жиынтығы.* ≈ *Б ұ р ғ ы л а у ж а б д ы қ т а р ы н* әкелу.

Бұрғылау қондырғысы. т е х. *Бұрғылау мәшинесінен, өзі итергіштен, реттеуші аспап пен арбадан тұратын кешенді қондырғы.* Шахта оқпандарын бұрғылауға арналған құрал-жабдықтар жиынтығы. Мұхиттар мен теңіздердегі болып тұратын танкер аппараттары, *б ұ р ғ ы л а у қ о н д ы р ғ ы л а р ы н ы ң* істен шығуынан төгілетін жанармайлар мұхиттағы тіршілік үшін өте зиян (Табиғат сулары.). *Б ұ р ғ ы л а у қ о н д ы р ғ ы с ы* бұрғылау тәсіліне қарай айналмалы бұрғылау қондырғысы көп. Тараған түрі және соққылы бұрғылау қондырғысы болып екіге бөлінеді (ҚҰЭ).

Бұрғылау құбырлары. т е х. *Ұңғымалар бұрғылау процесінде қолданылатын арнаулы құбырлар.*

Бұрғылау құдығы. с у ш а р. *Бұрғылап қазылатын, тереңдігі енінің өлшемінен бірнеше рет артық болатын құбырлы құдық. Б ұ р ғ ы л а у қ ұ д ы ғ ы н ы ң суы* жер суландыруға, мал суаруға және т.б. пайдаланылады (Каз. тілі термин. Су.).

Бұрғылау мәшинелері. к е н. *Таужыныстарда ұңғымалар мен шпурлар бұрғылайтын мәшинелер.*

Бұрғылау мұнарасы. т е х. *Бұрғылау аспаптарын, забой қозғалтқыштары мен құбырларды көтеріп және түсіріп тұру үшін ұңғыма үстіне орнатылатын құрылыстық мұнара.*

Бұрғылау ұңғымасы. с у. *Бұрғылау құрал-жабдықтары бар арнайы салынатын имарат*

немесе жер қыртысын құрайтын таужыныстарда бұрғылау қашауларымен қазылған, ұзындығының диаметріне қатынасы көп мөлшермен сипатталатын цилиндр пішінді тау қазындысы. Б ұ р ғ ы л а у ц ұ ң ғ ы м а н ы ң және т.б. қосалқы түрлері болады (Қаз. тілі термин. Су.). *Б ұ р ғ ы л а у ц ұ ң ғ ы м а н ы ң* диаметрі 25 *мм*-ден 5 *м*-ге, тереңдігі 9,6–15 *км*-ге дейін болады (Қаз. тілі термин. Су.).

БҰРҒЫЛАУ-ҚОПАРУ: бұрғылау-қопару әдісі. к е н. *Бұрғылау және қопару жұмыстарының әдісі.* Ал ашық кен жұмыстары практикасында тау-кен жыныстарын қазып алуға әзірлеу кезінде олардың қопарылып, ұсақталуын қамтамасыз ететін *б ұ р ғ ы л а у-қ о п а р у ә д і с і* мейлінше кең қолданылады (Т.Қалыбеков, Экология.).

БҰРҒЫЛАУШЫ з а т. т е х. *Кен қопарушы маман.* Қазір Сапаралының да Гриша сияқты үш мамандығы бар: бетоншы, *б ұ р ғ ы л а у ш ы,* электросварщик (Адам және химия). Онша терең емес, ұзындығы отыз метр траншеяда егістік жердің құнарлылығын арттыратын тыңайтқыштың беті аршылды. *Б ұ р ғ ы л а у ш ы л а р,* жарушылар оны қопарып, қопсытты («Лен. жас»).

БҰРҒЫЛЫ с ы н. *Бұрғысы бар.* Айырма – төрт қатар он екі *б ұ р ғ ы л ы,* Бір кезде жобалап осындай бұрғыны (Ә.Райымбеков, Құрыш білек).

БҰРҒЫЛЫҚ с ы н. *Бұрғыға қатысты, бұрғыға тән.* ≈ *Б ұ р ғ ы л ы қ* құрал.

Бұрғылық қазбалар. к е н. *Бұрғылау жабдықтарын орналастыруға және олармен жұмыс істейтін адамдарға арналған қазба. Б ұ р ғ ы л ы қ қ а з б а л а р д ы ң* көлденең қимасының ауданы қолданылатын бұрғылау жабдықтарының сырт көлеміне байланысты болады (Қаз. тілі термин. Кен.). *Б ұ р ғ ы л ы қ қ а з б а л а р д а н* тазартып қазып алуға қажетті ұңғымалар мен шпурларды бұрғылайды (Қаз. тілі термин. Кен.).

Бұрғылық қарнақ. к е н. *Ұңғыма ұңғу бетіне қысылған ауа мен су беру үшін және соғып-бұрып бұрғылау барысында бұрғы ұшына коршень соққысы мен бұрау күшін беріп тұратын іші қуыс болат қарнақ* (Қаз. тілі термин. Кен.).

Бұрғылық қашау. к е н. *Айналып тұратын бұрғы ұстынының ұшына орналасқан, негізгі ұңғылау процесін атқаратын құрал. Б ұ р ғ ы л ы қ қ а ш а у* құрылымы таужыныстардың метологиялық құрамына, механикалық және қажағыштық (жемірлік) қасиетіне сәйкес жасалады (Қаз. тілі термин. Кен.).

БҰРҒЫТӘЖ з а т. к е н. *Соғылып бұрылу әдісімен бұрғылау барысында ұңғыма түбінің бетіне тікелей әсер ететін және оны қопарып бұзатын бұрғының негізгі алмалы-салмалы бөлігі. Б ұ р ғ ы т ә ж* негізінен диаметрі 36–60 мм ұңғымаларды бұрғылау үшін қолданылады (Қаз. тілі термин. Кен.). *Б ұ р ғ ы т ә ж д е р* кескіш бітімді, айқыш бітімді және сатылық бітімді болып жасалады (Қаз. тілі термин. Кен.).

БҰРҒЫШ з а т. *Бұрушы.* Көктемде қар ерігенде не жаңбырдан су қоймаларында артық су жиналғанда оны ағызып жіберу үшін түрлі су *б ұ р ғ ы ш т а р* жасайды (К.Күленов, Қазақст.балық.).

БҰРҒЫШЫ з а т. *Бұрғылаушы маман.* Токарев машина есігінен басын шығарып, төбеде тұрған досына қарады. Осы кезде *б ұ р ғ ы ш ы* дауыстады (Қ.Қамбаров, Алтай.). *Б ұ р ғ ы ш ы* машиниске көмекші болып кіріскен Есей қызу қимылдап, айтқан жұмыстарын қапы жібермей істеп жатты (С.Бегалин, Жеткіншек). Әрине, күрделі жобаны іске асыруда «Өзенмұнайгаз» *б ұ р ғ ы ш ы л а р д ы ң* жоғарғы деңгейдегі шеберлігінің, қызмет көрсету буындарының мүлтіксіз жұмыс атқаруларының зор маңызы болғаны даусыз («Егемен Қазақстан»). Сол кезде *б ұ р ғ ы ш ы л а р* уақытша баспана еткен қалқима лашықтарда әлі күнге дейін адамдар тұрады (З.Қабдолов, Жалын).

БҰРҒЫШЫЛЫҚ з а т. *Бұрғышы болушылық, бұрғышы кәсібімен айналысушылық.* Ол институтқа түскен жоқ. Бірақ *б ұ р ғ ы ш ы л ы қ* өнерін Құдайдай меңгеріп алды (І.Есенберлин, Алтын құс).

БҰРДЫҚ= е т. с ө й л. ***Бұрлық***. Жылқы ауруы, семіз тойып тұрған атты мініп, кенеттен қинау немесе жаратуы мен бабы дұрыс келмеген атты бәйгеге қосу, саятқа салудан *б ұ р д ы ғ а д ы* (Б.Қинаятұлы).

БҰРДЫҒУ *Бұрдық етістігінің қимыл атауы.* «Бұрлығу», «*б ұ р д ы ғ у*», «топқазы» және «қарта түйілу» аталатын бір-біріне ұқсас аурулар біртекті сырқаттың түрлерін немесе бір аурудың ауыр-жеңілдігіне қарай түрлі сатысын білдіреді (Б.Қинаятұлы).

БҰРДЫР= е т. *Еріксіз бұруға мәжбүр ету, бұрғызу.* Бірақ ойға салып қарағанда, мұнда да оның ойын *б ұ р д ы р м а й т ы н* сенімді дәлел бар болатын (Ә.Нұршайықов, Жомарт.). Кенет астындағы аты елең етіп, ала жөнелді. Басын *б ұ р д ы р а р* емес (Р.Райымқұлов, Жасыл белес).

БҰРДЫРУ *Бұрдыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Атының басын *б ұ р д ы р у.*

Мойын бұрдыру. с ө й л. ***Мойын бұрғызу.*** Доп ойынының қызығы *м о й ы н б ұ р д ы р у-ғ а* да мұрша бермейтіндей (Ә.Бүркітбаев, Мұғалім).

БҰРҚ е л і к. *Ауыр заттың кенеттен, оқыс құлаған дыбысын бейнелейтін сөз.*

Бұрқ етті. а) *Кенет бір будақ шаң, түтін көтерілді.* Атылған мылтық түтініндей болған бір шуда, айқын көк түтін шоқ қарағайдың үстінен *б ұ р қ е т і п* көрініп те қап еді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Дүние, пәни шындығы бұл да мәңгі, Көз жасымен ұзату қимағанды. Жүз жыл бұрын бір топырақ *б ұ р қ е т е* қап, Жүз жылдан соң жеріне ол оралды! Біз де соған шүкір қып, көне, жұртым, Оралды деп ойлайық Би-ағаңды! (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Анық хабарды сол әкелер, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін сол жасар деп тұрғанда көз ұшынан шаң *б ұ р қ е т т і* (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Сол екен, тағы бір Снаряд кеп түсті. *Б ұ р қ е т і п* жалыны, Окобым көкке ұшты (С.Жиенбаев, Алтын қалам). ә) *Қан, тер бірден шықты.* Нұрқат бір тостаған айранды қағып салды да, екіншісін сұрап ішіп, қалтасынан орамалын алып, *б ұ р қ е т к е н* маңдай терін сүртіп, содан соң тіл қатты (З.Шашкин, Сенім). *Б ұ р қ е т к е н* қан Айғыз бетін тілімдеп аға бастады (Аялы жандар). Қатарға қайтып қосылмас Тиген жері *б ұ р қ е т к е н* (Базар жырау, Шығ.). б) *Гүрс етіп құлап түсті.* Ескі дүшпаны жырынды бандымен шаппа-шап алыса түсті. Бірақ бір айналуға келместен-ақ жау бұраң етіп, Бекболдың астына барып *б ұ р қ е т е* түсті (М.Әуезов, Таңд. шығ.). г) *Кенеттен оқыс ашуланды.* Ыңылдап өлең айтып Құрымбай келді. Ыңылдағанда айтқаны: «Бай менен молданы қойдай қу қамшымен», – деген өлең. Әбітайдың әйелі *б ұ р қ е т е* түсті (Б.Майлин, Шығ.). Берен үйден шыққанда қара келіншек жарылып кететіндей боп *б ұ р қ е т т і* (Б.Майлин, Шығ.). д) *Күтпеген тосын әңгіме, хабар, сөз гу ете қалды, тарады.* Екі жеті өткеннен кейін казак уряднигі Сизухин келді деген хабар *б ұ р қ е т е* қалды (М.Қаратаев, Далада.). е) *Аяқ асты, күтпеген жерден пайда болды, басталды.* Бірақ, ұзақ баурай алмай нұр көкті, Үш күннен соң соғыс өрті *б ұ р қ е т т і.* Әкең сонда еңсесін тік көтеріп, Бойында кек қайнап тасқынды (М.Шаханов, Ғасырлар.). и) *Көк бірден шықты, жер бірден көгерді.* Май орталанса, егін көгі *б ұ р қ е т е й і н* деп тұр (Ж.Молдағалиев, Жүрек.).

Бұрқ еткізді. а) *Бір қайнатып алды.* – Сонан кейін туралған ет пен салманы тұздықтың үстіне салып, бір *б ұ р қ е т к і з і п* қайнатып алады – дейді (Келіншектер.). ә) *Кенет, күтпеген жерден, ойда жоқта.* Мұныңыз қалай, Әбсат жолдас? Министрлікпен байланысыңыз жоқ. Көрші газет *б ұ р қ е т к і з і п* беріп жіберсе, қайтесіз (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал). б) *Бірден жазып тастайды (көркем туынды туралы).* Газетші деген мұндайда ақ мылтық, факты мен керекті цифрларды алады да, очеркті әп-сәтте *б ұ р қ е т к і з е д і* (М.Иманжанов, Менің махабб.).

БҰРҚА= е т. **1.** *Қар не топырақ-тозаңды жел үйіріп үйтқу, түтеу, борау.* Көз ұшындағы көлденең жатқан қырқадан, Көрінген кенет бәйгенің шаңы *б ұ р қ а ғ а н.* Ыюда-қыю ұрандап тұрған рулы ел, Жамырай тілеп, жақындай түсіп бір табан (М.Мақатаев, Шығ.). Үдей түсті дем сайын *б ұ р қ а п* боран, Жел арсылдап боранға қосты ұран (Қ.Жұмалиев, Қырда.). Аңызақ жел үйіріп Жатса-дағы шаң *б ұ р қ а п,* Қадап жалын кірпігін, Түрса да күн шаңырқап (С.Мәуленов, Магниттау.). Ескі қораның есігінен де, төбесіндегі тесігінен де қар *б ұ р қ а п,* ызғар соқты (М.Рашев, Біле қойдым). **2.** а у ы с. *Өршелену, ширығу.* Адуын асау *б ұ р қ а д ы,* Қапталдай шауып қырқаны. Атымен ақтың күшігі – Бірдеме дейді (М.Мақатаев, Шығ.). Қалайша *б ұ р қ а п* ақпай басылам жай, Басқа нұр көргенім жоқ асылы ондай (Т.Айбергенов, Мен саған.). **3.** а у ы с. *Қайнау, өршу, толқу.* Іште *б ұ р қ а п* жатқан құбылысын жасырды (Ә.Сәрсенбаев, Шығ.). Арманбек сабақты қалай болса солай салдыр-салақ оқып жүрді. Бойындағы *б ұ р қ а ғ а н* күш өз жолын таппай, кедір-бұдыр қисық жаққа жұмсасып келген еді (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

БҰРҚАҚ з а т. **1.** *Қарды жай үйтқытып, үйіріп соғатын бұрқасыннан бәсең жел.* Кейде аяз, кейде *б ұ р қ а қ,* кейде қырбақ, Кейде еркек, кейде күрпік, кейде сырғақ. Жер тартып, аспанды аршып, алтын күрек, Сапырар сұрапылды кейде бір уақ (І.Жансүгіров, Шығ.). Атабаба көрмеген Қорлықты кештік кіл қорқақ. Үрейден үрей өрлеген Күн – ылайсаң, түн – *б ұ р қ а қ* (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). **2.** а у ы с. *Азап, қиындық.* Шыдатпай шөл *б ұ р қ а ғ ы,* Аңсап келіп алыстан, Қобыландының тұлпары Су ішті ме Арыстан? (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

БҰРҚАҚТА= е т. **1.** *Жел үйтқытып, дүркін-дүркін қар борау.* Көксайдың күнгейіне шығатын тауға өрлете жайып келе жатыр едім, алдында азырақ жел білініп, *б ұ р қ а қ т а п* тұрған болатын (Ә.Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.). Қалбақтап қалақ бұлқынса, *б ұ р қ а қ т а й д ы* бораны. Тас сырылдап айналып, Бірінбірі жонады (І.Жансүгіров, Шығ.). **2.** а у ы с. *Қинау, азаптау, ауырлыққа душар ету.* Әзірше көтеріп ал, сыр білдірме, сұм тағдыр борандатсын, *б ұ р қ а қ т а с ы н* (С.Бегалин, Таңд. өлеңд.).

БҰРҚАҚТАТУ *Бұрқақтат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қайта-қайта *б ұ р қ а қ т а у ы.*

БҰРҚАҚТАТ= е т. *Қарды үйтқыту, бораты.* Соқтырып ай астынан алтын күрек, Қақтырып *б ұ р қ а қ т а т ы п,* қағылдатып,

Жүйткітіп, сонарлатып, саяттатып, Қырандай қыр жонында шаңқылдатып... (Әсет, Шығ.).

БҰРҚАҚТАУ с ы н. *Бұрқақты, бұрқағы басымдау.* Қыстың *б ұ р қ а қ т а у* күйінде, кешке салым Қалима үйден далаға әлсін-әлсін шығып кіріп жүрді (Б.Тәжібаев, Қараторғай).

БҰРҚАЛ= е т. *Бұрқ-бұрқ ету, бұрқырау. Б ұ р қ а л ы п* толқынымен долы Карпат, Қойнына қазынасын сақтағандай (Украина жырлары).

БҰРҚАЛУ *Бұрқал етістігінің қимыл атауы.* ≈ Судың *б ұ р қ а л у ы.*

БҰРҚАН= е т. **1.** *Аласұрып өршелену, буырқану.* Сыңғырлап үні, Күмбірлеп күйі *б ұ р қ а н б а й,* Дүние тынды... Тілі кесілген мылқаудай. Айлы кештерден сорғалап сазды күн тамбай, Құлазып қалды қу тірлік өлі вулкандай (М.Мақатаев, Шығ.). Көлдер бар небір *б ұ р қ а н ғ а н,* теңіз боп тулап жатады. Теңіз бар небір тұлданған, көлдерден төмен атағы (Т.Айбергенов, Құмда.). Түнеріп келіп, Түріліп кетті-ау дым тамбай, Сіркіреп жаңбыр, Күркіреп аспан *б ұ р қ а н б а й*! Қауызын ашып, Қалды да қойды егін, бақ, Кеберсіп қалды, Кеберсіп қалды қу таңдай (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Қатты ашуланып, көріне міну, долдану.* Менің де бір шуағым бар жинаған, Бұлтты күндей *б ұ р қ а н а м ы н,* қиналам. Өзімді емес, өзгелерді жылытайын, Жарық дүние, жақсылығыңды қи маған (М.Мақатаев, Шығ.). Шыныменен *б ұ р қ а н с аң* Атасы басқа дұшпаннан Босанар еді жағамыз (Базар жырау, Шығ.). Жанымда менің жасырын жатқан вулкан бар, Жалынын атпай, Жасырын ғана *б ұ р қ а н ғ а н.* Жайғасып алып, Сахара, дала, мұхиттар, Сапырыла алмай, Сұрапыл жанар түр таулар (М.Мақатаев, Шығ.).

БҰРҚАНДАН= е т. *Буырқану, аласұру. Б ұ р қ а н д а н с аң* мұз жаудыр, Мұздай темір құрсандыр. Кел, кел, бұлт, кел, бұлт! Екі енеге тел бұлт! (С.Сейфуллин, Шығ.).

БҰРҚАНДАНУ *Бұрқандан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бұлттың *б ұ р қ а н д а у ы.*

БҰРҚАН-САРҚАН с ы н. *Астан-кестен, бұлқан-талқан.* Көзіме елестейді мұзды жарып, Көктемде *б ұ р қ а н-с а р қ а н* тулайтының (Қ.Бекхожин, Әппақ-намә). Айтқан сөзге құрысып, Ашуы қысып құрысып, Сөйлеп кетті Шашыкей, *б ұ р қ а н-с а р қ а н* долданып (Манас).

БҰРҚАНТ = е т. *Бұрқату, бұрқырату.* Назекет «Жастық маршын» таудан құлаған тасқындай *б ұ р қ а н т а* бастап, бір кезде баяулатып қайырып келіп тоқтады (А.Лекеров, Түз гүлі).

БҰРҚАНТУ *Бұрқант етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тез *б ұ р қ а н т у.*

БҰРҚАН-ТАЛҚАН үс т. с ө й л. ***Бұлқан-талқан.*** *Б ұ р қ а н-т а л қ а н* көңіл борасыны сонда басылып, езілген еңсесі бір көтеріліп қалады (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

Бұрқан-талқан болды. а) *Тас-талқан болып ашуланды.* Бірақ кейде арыңның Атына тез қонасың. Бір сөзіне жарыңның *Б ұ р қ а н-т а л қ а н б о л а с ы ң* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). ә) *Астан-кестен болды.* Осы бір *б ұ р қ а н-т а л қ а н б о л ы п* келген күйікке шыдай алмаған Сейтен «тоқтат!» деп қолын көтерді, қыз әні пышақ кескендей үзілді (І.Есенберлин, Шығ.).

БҰРҚАН-ТАРҚАН үс т. с ө й л. ***Бұлқан-талқан.*** Жайшылықта оп-оңай өткел беретін шағын, момақан өзен *б ұ р қ а н-т а р қ а н* (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Дауылдата қуып жеткен өкпек жел бір шақ боранын *б ұ р қ а н-т а р қ а н* көтерді де жіберді (С.Мұқанов, Алып. адым.). Қыз шешесі *б ұ р қ а н-т а р қ а н,* ойы бардай жұлыспақ, Бас аманда есік жаққа жетіп алдым жылыстап (М.Шаханов, Ғасырлар.). Мен сенемін күні ертең Ақыл-ойын пір тұтар деп ұлы өлкем Мына дәурен *б ұ р қ а н-т а р қ а н* Ертең қайта өзгерер. Ақындарын сұлтандардан Артық сыйлар кез келер (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Бұрқан-тарқан болды. а) *Астан-кестені шығып бүлінді.* Көк құзардың тас-талқаны шығып, өзен-дариялар *б ұ р қ а н-т а р қ а н б о л а д ы* (Ж.Саин, Жол үсті.). ә) *Тас-талқан боп қатты ашуланды.* Қабағынан қар жауып отырмасына, теріс айналып *б ұ р қ а н-т а р қ а н б о п* жүрмесіне кім кепіл? (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Тығырыққа тірелген Ахмедияр іштей қаншама *б ұ р қ а н-т а л қ а н б о п* бұлқынса да, туған анасының бетіне ашық түрде қарсы келе алмады (Ө.Қанахин, Жүрек.). Кейкі *б ұ р қ а н-т а р қ а н б о л ы п,* шанадағы пішенді лақтырып, хатты соның астынан іздеп жатыр (М.Қаратаев, Далада.).

БҰРҚАНУ *Бұрқан етістігінің қимыл атауы.* Ақтарға қарсы тұрып қауым күштер, Далада *б ұ р қ а н у д а* дауылды істер (Ә.Дүйсенов, Қайырлы таң). Бұл күнге шейін білмеппін *б ұ р қ а н у* шегі жоқтығын, қайғырып яки күлмектің, шыңы емес екен шоқтығым (Х.Ерғалиев, Күй.).

БҰРҚАНЫС з а т. *Тебіреніс, толқу.* Ұзақ әңгімеде Жигаров Сұлтанмахмұт өмірінің ойқырына, талпыныс-тартыстарына, ұмтылыс, *б ұ р қ а н ы с т а р ы н а,* шаршаушалдығуларына ой көзін терең жүгіртіп отырған-ды (Д.Әбілов, Арман.). Жұмекен де осы қасиеттерді түгел бере білген, бірақ ақынның мінезінде *б ұ р қ а н ы с* та бар (Ф.Оразаев, Басты.).

БҰРҚАҢ с ы н. *Түйдектелген, қалың.* Аспанда ауыл-ауыл *б ұ р қ а ң* бұлттар Аусар

жел айдауымен жыртылады (Т.Есімжанов, Асу.). // *Буырқанған, тебіренген.* Өрт кешкендей тынысым тарыла ма, Әлде дауыл тілеген теңіз сынды бір *б ұ р қ а н ы с* сәттерді сағына ма... (Ф.Оңғарсынова, Асау.).

БҰРҚАС с ы н. *Қою, түйдек, түйдек болып өте шығатын (тұман).* Көк мөлдір, көкіс тартқан, Тулай тұман, Буылдыр, бұп-*б ұ р қ а с* былжыраған (А.Тоқмағамбетов, Дастан.).

БҰРҚАСЫН з а т. **1.** *Қарды ұйтқыта, сырғыта соғатын борасын.* Күн батып барады... Күндізгі қырдың *б ұ р қ а с ы н ы* басылып, жел тынды (С.Мұқанов, Шығ.). Ақпан еді бүріккен үскірігін, Шырылдатып *б ұ р қ а с ы н* ысқырығын. Ес білгелі ең алғаш жылағаным, Кешіргейсің, есіме түсті бүгін (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Дүрбелең, аласапыран.* Ел іші қызыл *б ұ р қ а с ы н*, Қапырық ыстық-өрт тымық. Шаңдатқан ой мен қырқасын тас түяқ тағы төрт түлік (Ж.Молдағалиев, Жесір.). Бас имей *б ұ р қ а с ы н ғ а* Өтті де жылдар ағып. Туған жер қырқасында Қап қойды бұл балалық (М.Шаханов, Ғасырлар.). **3.** а у ы с. *Ашу, айбат, қаһар.* Әкпар үнінде кенет бір *б ұ р қ а с ы н* пайда болды (І.Есенберлин, Қатерлі.).

БҰРҚАСЫНДА= е т. *Қар аралас жел соғып ұйтқу.* Күн де *б ұ р қ а с ы н д а й* бастады.

БҰРҚАСЫНДАЙ с ы н. *Бұрқасын сияқты, бұрқасын тәрізді.* Кейде оның ыза мен кегін, алай-түлей *б ұ р қ а с ы н д а й* ашуын қозғады (Ж.Арыстанов, Жалынды.). Еріксіз елеңдеткен бір тосындай, Қарасаң қас қағысы *б ұ р қ а с ы н д а й* (Т.Әбдрахманова, Кілт). Ашудың арты – ашық өткіншідей, Түнеріп жаумай тынбас *б ұ р қ а с ы н д а й*. Аса артық ақымаққа ашу бітер, Арнаның бұрып Аққан ормасындай (О.Шораяқов, Шығ.).

БҰРҚАСЫНДАН= е т. *Қар аралас желдің ұйытқуы.* Қасқырлар боратқан сұр қар бетіне түрпідей соғылады. Айналасы *б ұ р қ а с ы н д а н ы п*, көзі бітеліп, тұншығуға айналғандай (Б.Шалабаев, Өмірде).

БҰРҚАСЫНДАТ= е т. *Қарлы боранды ұйтқыту.* ...Үшінші таң солтүстік – батыстан *б ұ р қ а с ы н д а т ы п* атқан-ды (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

БҰРҚАСЫНДАТУ *Бұрқасындат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қайта-қайта *б ұ р қ а с ы н д а т у ы.*

БҰРҚАСЫНДАУ *Бұрқасында етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Б ұ р қ а с ы н д а у ы* басылмады.

БҰРҚАСЫНДЫ с ы н. *Қарлы боран аралас, бұрқасыны бар.* Арқадан соққан осы жел ұнамайды. Мен білсем, бұл *б ұ р қ а с ы н д ы* боранға айналғалы тұр (Ж.Арыстанов, Жер ұйығы.).

БҰРҚАСЫНША ү с т. *Бұрқасынға ұқсап, бұрқасын тәрізденіп.* Соған барып оқуға, Сиқырын ойға тоқуға, Күні тұман, түні ашық *Б ұ р қ а с ы н ш а* тез барып (Манас).

БҰРҚАТ= е т. **1.** *Бұрқырату, борату.* Жаулар қарусыз ана, дәрменсіз балаларға енді тіпті жақыннан шүйлігіп келіп, пулеметтен оқты *б ұ р қ а т а* жаудырды (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). **2.** а у ы с. *Өршіту, өршелену.* Сен ән салдың шарықтатып шырқатып, Көңіліңнің ақ дауылын *б ұ р қ а т ы п*, Сен ән салдың арындатып, зарлатып Көздің жасын парлатып, Айналайын, нар тұлға, Теңіз болсаң тартылма (М.Шаханов, Ғасырлар.). Қысылып, ұяң кейпіңмен маған тіл қатып, Кетесің менің кеудемде дауыл *б ұ р қ а т ы п* (Ж.Қалиев, Армысың.).

БҰРҚАТУ *Бұрқат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Дауылды *б ұ р қ а т у.*

БҰРҚАУ с ы н. *Өршіген, өршеленген, толқыған.* Дауылдай *б ұ р қ а у* жандары, Өзінің жастық заңдары! (Д.Әбілев, Таңд. өлең.).

БҰРҚАУЛЫ с ы н. *Ащы, ашулы, қатты.* Жәмидің ызалы даусы әлем-әлем болғалы алғашқы атылған зеңбірек дауысы тәрізді, *б ұ р қ а у л ы* шықты (Д.Әбілов, Арман.).

БҰРҚ-БҰРҚ е л і к. **1.** *Топырақ, қар сияқты майда заттардың ауадағы қозғалысын, бұрқылдауын бейнелейтін сөз.* Ашыққан жылқы кетпендей тұяғымен қалың қарды *б ұ р қ-б ұ р қ* лақтырады (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). **2.** *Түтіннің будақ-будақ, бөлініп-бөлініп шығуын бейнелейтін сөз.* Ал жібердім, қарды бердім, қимылда, Түтін *б ұ р қ-б ұ р қ*, соқа жылт-жылт шыңылда. Біріккен күш, бірлескен іс ұласып, Төгілген нұр жайнатты ой-қырын да (Қ.Әбдікадыров, Таңд. өлең.). Әр жерде шоқ-шоқ біткен селдір ағаштар болмаса, көпсік қалың қар басып, аппақ боп созылған жазық жер бетінен дәрі түтіні *б ұ р қ-б ұ р қ* ұшты (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн).

Бұрқ-бұрқ етті. а) *Топырақ-тозаң бұрқылдап көтерілді.* Оның үстіне екі пар қисық-қыңыр көшелерінің *б ұ р қ-б ұ р қ е т к е н* майда топырағынан аяқ алып жүрудің өзі күшке түседі («Лен. жас»). ә) *Сақырлап қатты қайнады.* Қайнауы жеткен ашу – қызуы жеткен құрттай. Бір жер емес, қазан беті әр тұстан *б ұ р қ-б ұ р қ е т е д і* (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Бұрқ-бұрқ қайнады. *Ду етіп көтерілді.* Неше заманнан бергі халықтың айтуға аузы бармай жүрген сөздері енді *б ұ р қ-б ұ р қ қ а й н а п* шыққан (С.Сейфуллин, Тар жол.).

БҰРҚ-САРҚ е л і к. **1.** *Бұрқылдап қатты шыққан дыбысты бейнелейтін сөз.* **2.** а у ы с. *Ашушаң, тез ашуланғыш (адам).* Кейбіреулер сияқты сығалап кіріп, абайлап та шықпайды, мінезі де *б ұ р қ-с а р қ* («Қаз. әдеб.»).

Бұрқ-сарқ етті. а) *Долданып, бұрқанды. Бұрқ-сарқ етіп* жатқан долы өзеннің гүрілінен басқа дыбыс естілмейді (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). Уақыт деген кері ақпайтын бұл өзі *Бұрқ-сарқ етіп* таудан құйған тас бұлақ (Т.Айбергенов, Мен саған.). ә) *Бұлқан-талқан болып ашуланды.* ... Маған десең өртеніп кет, – деп, Әбдібек ызалы ашуға булығып, *бұрқ-сарқ етті* де қара сумкасын асынған бойы шығып кетті (А.Байтанаев, Асан). – Отырамысың омалып, жүр тез машинаға! – деп, есінен айрылғандай *бұрқ-сарқ етіп,* Ызбаркүл бұйыра сөйледі (Б.Қыдырбекұлы, Ешкім.).

Бұрқ-сарқ қайнады. а) *Бұрқылдап қатты қайнады.* Есік ашылып, *бұрқ-сарқ қайнаған* самауырды көтеріп Бәйтемір кіреді («Лен. жас»). ә) а у ы с. *Қызу қимыл үстінде болды.* Байтақ республикамыздың түкпір-түкпірінде *бұрқ-сарқ қайнап* жатқан осынау өмірді көріп, ойға қаласың («Қаз. әдеб.»).

БҰРҚЫ з а т. к ө н е. *Ел ақтаған дуана.* Шаншылды от басына асатаяқ, Үкі таққан әлемдеп бастан-аяқ. Ала сеңсең бөркі бар, тысы ақ киіз, Есіркейді ел *бұрқыны* көрген аяп (Т.Жолдыұлы).

БҰРҚЫЛ з а т. **1.** *Сұйық заттың қатты қайнағандағы қалпы.* Попов бірден құрыштың *бұрқылын* байқайды. Жек көрмейді мұны ешкім, Қиындық бұдан тайқайды (Т.Жароков, Шығ.). **2.** *Әр жерден бір бұрқ етіп көрініп қалатын тұтін, шаң будағы.* Есенжол, Жүсіп, Жиенбай – жүйріктері заманның; Отарбадай әр жерден Көрінетін бірақ *бұрқыл!* (Үш ғасыр.).

Бұрқыл қақты. *Бұрқылдады, сауылдады.* Оңтүстік жазығында *бұрқыл қағып,* Далаңы екі жарып жатыр ағып (О.Малқаров, Өленд.).

БҰРҚЫЛДА= е т. **1.** *Қалың шаң-тозаңның көтерілуі.* Жиегінде жалғыз түп, Жайқалмайды жапырақ. Күндіз-түні шаңғытып, *Бұрқылдайды* топырақ (Ш.Смаханұлы, Тотияйын). Күн көтеріле бергенде оның гүлдерінен тозаң *бұрқылдап* ауаға көтеріле бастайды (Т.Таубаев, Жасыл әлем.). **2.** *Сақырлап қатты қайнау.* Аман ба, Алтай аға, Әйніл жеңге, Жазылды сүйінші бер қайның, жеңге! *Бұрқылдап* ақ самауыр, әзілдескен Сағындым күрең, қызыл шайды, жеңге (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Бірақ айнала табиғат ауа райына қарап өзгеріп отырады, мысалы, аспан ашық, тымық күнде Марқакөл суының түсі көкпеңбек тотияйын тәрізді, ал аспанда бұлт ойнап, желдетсе, судың түсі бейне бір *бұрқылдап* қайнап жатқан қорғасынға ұқсайды (Н.Баяндин, Атамекен). Шалғыны Бекбау шыңдап қайрап жатыр, Қарт ақын көпшілікке сайрап жатыр. *Бұрқылдап* қос самауыр, қазан қайнап, Кәмила мен Оңдасын жайғап жатыр (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **3.** *Сауылдап ағу, сүмектеу.* Аузы көпіріп, көзі жұмылып, маңдайынан ыстық қаны *бұрқылдап* ағып жатқан Ұлтарақ тап сол сағатта көз алдында тұрғандай болды (Б.Майлин, Шығ.). Екі шеке дырылдап, Денеден тер *бұрқылдап,* Жанған оттай қызынып, Жатып алды ыңқылдап (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Жаңғалақтың отырған томаршасының дәл түбінде бырқылдаған ылай су *бұрқылдап* жатқан жер еді (С.Бегалин, Сәтжан). **4.** *Түтіннің будақ-будақ боп көтерілуі.* Көк бетегелі белестер, әр тұста вышкалар, *бұрқылдаған* түтін, бірен-саран адам көрінеді (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Қыз күліп аттанғанда жарқылдаса, Жалтырап қара етігім жылтылдаса, Қойдырып қос жастықты шалқаласам, Ауыздан иір түтін *бұрқылдаса* (І.Жансүгіров, Шығ.). **5.** *Шымырлап, бырқ-бырқ қайнағандай болу.* Жыл құсымен қиқулап, Бұлағымен *бұрқылдап,* Көктем сұлу келеді, Балбыратып денені, Бойды билеп, сықырлап (С.Мәуленов, Торғай.). Бабамның жер болмаған намысындай – *бұрқылдап* атылмаған жанар таулар (Т.Рақымжанов, Күн тамшысы). **6.** а у ы с. *Ышқынып, алай-тұлей болу.* Көкте қалқып шағала, Сұңқылдайды, шулайды. Өзен ұрып жағаға *Бұрқылдайды,* тулайды (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). *Бұрқылдаған* боран бәсеңдеді... Бұлт тарады... Ел әлдеқашан жатып қалған (І.Жансүгіров, Әңгім.). Жаңа дүниенің жалыны әлемнің әр жерінен-ақ тереңнен көз тапқан қайнар бұлақтай *бұрқылдап* атыла бастады (С.Мәуленов, Жер нәрі). **7.** а у ы с. *Іштегі реніштi, ашу-ызаны сыртқа барынша шығаруға қаймыға, имене сөйлеу. Долданып қатты кею, ашулану.* Біреуі жылап барса үйге таман, Атаанасы *бұрқылдар* онан жаман, татулығы құрысын ойыны мен Дәл соларға ұқсайды мына заман (Абай, Тол. жин.). Өзің барсаң болды! Моланды күзетіп, қаршадай қызбен мен отырайын. Сөйтіп жүргенде бізді біреу өлтіріп кетсін, – деп Қалампыр әрі-бері *бұрқылдайды* (Б.Майлин, Шығ.). Би-болыстар бел алып, Ел апшысын қуырды. Азу тісі ақсиып, *Бұрқылдап* жыны шұбырды. Таппадың деп Әлиді, Қолқасын елдің суырды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Бурадай бұрқылдады. *Ыза кернеп, долданды.* Оның соңында кісі алатын *бурадай бұрқылдап* Түйебай келеді (Ә.Әбішев, Терең тамыр.).

БҰРҚЫЛДАҚ с ы н. **1.** *Бырқ-бырқ еткен, қалың шаң-топырақты.* Уақыт жоқ мықты, осал деп таңдауыма. Тұншығып әлім бітті, есім шықты, *Бұрқылдақ* жердің кез боп шыңдауына (С.Дөнентаев, Шығ.). **2.** *Бос, борпылдақ.* Қызылорда жерінің боз топырағы

б ұ р қ ы л д а қ келеді екен (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Сабақта ине, дайындал, Қарағым, қабың толады. *Б ұ р қ ы л д а қ* ұн борасын, Бетауызға қонады (І.Жансүгіров, Шығ.).

БҰРҚЫЛДАС= е т. *Бырқ-бырқ етісу*. Салақ қатындар Айшаны жаратпағанда, Айшаға мін таққысы келгенде: – Көріне бірге алып кетсе көрерміз, әйтпесе кімнен қалмаған дүние, – деп *б ұ р қ ы л д а с а д ы* (Б. Майлин, Шығ.).

БҰРҚЫЛДАСУ *Бырқылдас етістігінің қимыл атауы.* ≈ Өзара *б ұ р қ ы л д а с у м е н* болды.

БҰРҚЫЛДАТ= е т. **1.** *Түтінді, бырқ-бырқ еткізіп шығару*. Екі ұртын томпита-томпита сорған Қаратайдың Қасені көк түтінді танауынан жарыстыра *б ұ р қ ы л д а т ы п* жіберіп, артынан ауыр бір күрсініп қалды (А.Жүнісов, Өмір ізі). Түтінін *б ұ р қ ы л д а т ы п* қорқорын тартқан, Сүйеніп орындыққа қолын артқан. Маржандай жылтыраған чишмә алдында Иранды көрмеймісің қалғып жатқан (М.Дулатов, Шығ.). Сұлтан *б ұ р қ ы л д а т ы п* қаздың жүнін жұла бастады, мен шөпшек теріп, от жақтым (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). **2.** а у ы с. *Өкірту, бар күшін салып бырқырату*. Аяғын суға жуды шалпылдатып, Көпіртіп жұпар сабын *б ұ р қ ы л д а т ы п*. Меруерттей отыз тісін ысып-шайып, Бойыңды ұстасаң да шымырлатып (Ә.Найманбаев, Шығ.).

БҰРҚЫЛДАТУ *Бырқылдат етістігінің қимыл атауы*.

БҰРҚЫЛДАУ *Бырқылда етістігінің қимыл атауы*. Шағала қанат шатырлап дүние даусымнан, Сен жайлы мәңгі *б ұ р қ ы л д а у ы м н а н* таусылман (Т.Айбергенов, Құм. мұнара.).

БҰРҚЫМ з а т. ***Бырхан.*** Елін «*б ұ р қ ы м б а қ ш ы*» болса да шауып қайтамыз, – дейді. Жөнеді қалмақ, жөнеді, Шәгбір ұрып келеді (Қыз Жібек).

БҰРҚЫН з а т. ***Бырхан***. «Баласының хабарын айтпай кетсем, *б ұ р қ ы н* алдында мойнымa қарыз болар», – дейді өзіне-өзі (Қ.Жұмаділов, Тағдыр).

БҰРҚЫРА= е т. **1.** *Шаң-топырақ, тозаң бырқылдап көтерілу*. Шабармандар жөнелді бұйрық алып, Ат дүбірі барады құлақ жарып. Шоқпары, қылыштары санын ұрып, *Б ұ р қ ы р а п* жолдың шаңы тұр айналып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Арлы-берлі жүгіріп, Көкшіл оттар жылтырап... Аяқ асты... бүлініп, Кетті дала *б ұ р қ ы р а п* (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Төрт жақтан жердің шаңын тарпығанда Тығылып көзім кетті ойылуға. *Б ұ р қ ы р а п* төңірегім шаң боп кетті, Қалтырап екі көзім қан боп кетті (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** *Қалың бу, қою түтін көтерілу*. Ыстық сумен пісіріп тастаған жас киізден бу *б ұ р қ ы р а п* шығып жатыр (Б.Майлин, Шығ.). Жапырақты жел тербеп, Қайтадан ұшты шық қалмай, *Б ұ р қ ы р а п* буы жер терлеп, Моншаға түсіп шыққандай (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Медеудің мынау үкілі басы *б ұ р қ ы р а п*, Сапарын тартты сабылып саз алыстарға (Т.Айбергенов, Мен саған.). **3.** *Күшті жел тұрып, әлем-тапырық болу*. Төбеміздең толқын түтеп, Бұрқырайды ала боран (Ә.Сәрсенбаев, Өленд.). *Б ұ р қ ы р а ғ а н* боран да, Бұрқ-сарқ етіп басылды. Сонда күшті адамға, Бар табиғат бас ұрды (С.Мәуленов, Жолдас). *Б ұ р қ ы р а ғ а н* дауылда, Сабап құйған жауында, Ләм деп бір сөз шығармай, Жас келін жүрер сауында (М.Жұмабаев, Шығ.). **4.** *Арнасына сыймай, көбік ату, тасу*. Естіртіп қазір тұр маған *Б ұ р қ ы р а п* жатқан ағысың Жаңғыртып жатқан тау ішін Мұзбалақ шопан дауысын (Т.Айбергенов, Мен саған.). Ақбұлақ – бұлқына ағып, *б ұ р қ ы р а й* құйылған өр Алтайдың асау өзенінің бірі (С.Бегалин, Таңд. әңгім.). Тулайды бұлақ *б ұ р қ ы р а п* ағып, Жолында жатқан тастарды қағып, Шапалақ жеген баладай ыршып, Көрінген жарға көбігін жағып (А.Тоқмағамбетов, Өмір.). **5.** *Иіс жайылып, ұлғая түсу, қатты шығу*. Түспе-түс қандай ұқсас қаның маған, Исіңнен айналайын *б ұ р қ ы р а ғ а н* Баяғы беріп кеткен қайран бабам! (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Майданның осы тынысы, Осындай шұғыл бұл ара. Түрімнен оқтың иісі *Б ұ р қ ы р а п* тұрған шығар, ә? (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Жақсы да жаман өтті ғой, Қайтпайсың неге сен бірақ? Ізіңді көміп кетті ғой, Алма ағаш гүлі *б ұ р қ ы р а п* (М.Әлімбаев, Лирика). **6.** а у ы с. *Сорғалап, саулап кету*. Көзінен жас *б ұ р қ ы р а п*, ішін баса ұзақ күлген Атаман әлден уақытта басын көтерді де қос адамдарын түгел бір шолып, күрсінді (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Нұрым судың басында. Басын орамалмен таңған. Қан *б ұ р қ ы р а п* шығып тұр (Б.Майлин, Шығ.). Ащы тері *б ұ р қ ы р а п*, Сегіз көзі сырқырап, Қозғалтпайды білегі (Қ.Мырзалиев, Алуан.). **7.** *Қалай болса солай шашылу, дудырау*. Кетемін, кетемін, ойбай? Боса да өледі екемін!.. деп Биқасап жалаң бас, шашы *б ұ р қ ы р а п* тысқа шыға жүгірді (Б.Майлин, Азамат.). Кемпірдің ақ кірген тұлымы бұрқырап, бетін жабады (С.Адамбеков, Қожанасыр.). Ортада ұзын стол. Стол үстінде *б ұ р қ ы р а ғ а н* газет, кітаптар. Жағалай отырып кітапқа үңілген жұрт (Б.Майлин, Шығ.). **8.** а у ы с. *Бастырмалатып сөйлей беру*. Балалар осыны айтып шырқырайды, Батырдың сай-сүйегі сырқырайды. Бұл елден ондай адам тумап па деп, Аузынан қаһар оты *б ұ р қ ы р а й д ы* (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). Бар, жөнел, айтарым сол деп түнжырап, Кейін тез телефонын

кетті бұрап. «Қайда, – деп, – қырағылық сөгіп жатыр, Аузынан әлдекімге сөз *б ұ р қ ы р а п* (Қ.Бекхожин, Үш кезең). *Б ұ р қ ы р а п* отыр әкесі: «Күл болмаса, бүл болсын!» Мен не деймін, қалқам-ау, Жол босын деймін, жол босын (М.Жұмабаев, Шығ.). **9.** а у ы с. *Үстіүстіне үдеу, төпеп жауып кету. Б ұ р қ ы р а п* сол бір сағыныш жүр-ау деп ағын қанында, Аға деп бір хат салмадың, осы да сағынғаның ба! (Т.Айбергенов, Мен саған.). Ажары тәуір қатын-қыз Зорлауы мен таланда. Талай милар *б ұ р қ ы р а р* Саз балшықтай табанда. Адам күші жетер ме Мұнан да әрі жаманға?! (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Шыбын, шіркей, маса-түтінше *б ұ р қ ы р а п*, Жүсіптің төбесінде ызыңдап ән салумен келеді (Б.Майлин, Шығ.).

БҰРҚЫРАТ= е т. *Бырқ-бырқ еткізу, буырқанту*. Мұнаралар, сыңсыған Мұнаралар, *Б ұ р қ ы р а т ы п* тереңнен бұлақ алар, Болдың менің ойласам Маңқыстауды Көз алдымда тізіліп тұра қалар (Т.Айбергенов, Мен саған.). Сусыны жоқ жолаушыдай кезерген, Сусының бір қанбай қойды ежелден. Ол – жүректің шөлдегені, сезем мен; Төрт аяғын тағалатып буырылдың, *Б ұ р қ ы р а т ы п* кең өлкемді кезер ме ем? (М.Мақатаев, Шығ.). *Б ұ р қ ы р а т қ а н* екпінді дауыл еді, Сабап құйған жиіркеніш жауын еді. Қорқып-сасып жан-жануар есі шығып, Бәрі-ақ іздеп баспана тауып еді (М.Жұмабаев, Шығ.).

Бұрқыратып жазды. *Өндіртіп жазып тастады*. Күндіз-түні қаламын берік ұстап, мақала-өлеңдерді *б ұ р қ ы р а т ы п ж а з ы п* жатқан жауынгер үлкен ақын маған жауап бере қояр деп ойланған да жоқпын (С.Мәуленов, Жер нәрі). Көп уақыт өткен жоқ. Абай өлеңді *б ұ р қ ы р а т ы п ж а з ы п* тастайды қолмақол (М.Әуезов, Бала Мұхтар). Қызметтен келген бойда көбінесе кітап оқуға отырады немесе *б ұ р қ ы р а т ы п* қағаз *ж а з а д ы* (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.).

Бұрқыратып жұмсады. *Аямай оңды-солды шашып-төкті*. Сол жолы келгенінде әлгі досы қалтасын қалыңдап келген екен, ой, *б ұ р қ ы р а т ы п ж ұ м с а д ы*-ау кеп («Қаз. әдеб.»).

БҰРҚЫРАТУ *Бырқырат етістігінің қимыл атауы*. Осындай айлы жарық түндерде бірімізді-біріміз қуып, көшенің борпылдақ шаңын *б ұ р қ ы р а т у* да қызықты ойындардың бірі болатын (М.Иманжанов, Жастық). Қайраты қатарынан асқанменен, Ерлерге оңай емес тау құлату. Жақсыға жарасарлық жұмыс емес, Бурадай шашып көбік *б ұ р қ ы р а т у* (Айтыс).

БҰРҚЫРАУ *Бырқыра етістігінің қимыл атауы*. **1.** *Арнасына сыймау, тасу*. Жатпа, бұлақ, алға асық, қопарып бақ, қозғап бақ. Бұлақ болып алғасын, *б ұ р қ ы р а у* да сөз боп па (Ж.Нәжімеденов, Қызғалдақ.). **2.** а у ы с. *Шабыттану, ширығу*. Менің шын *б ұ р қ ы р а у ы м* осы жерде болды, – дейді Әміржан (Б.Майлин, Шығ.).

БҰРЛЫҒУ[1] *Бырлық етістігінің қимыл атауы. Шаршау, болдыру*. ≈ Аттың *б ұ р л ы г у ы*.

БҰРЛЫҒУ[2] з а т. в е т. *Топқазы, қарта түйілу сияқты жылқы түлігінде болатын ауру. «Б ұ р л ы г у»*, «бұрдығу, «топқазы» және «қарта түйілу» аталатын бір-біріне ұқсас аурулар біртекті сырқаттың түрлерін немесе бір аурудың ауыр-жеңілдігіне қарай түрлі сатысын білдіреді (Б.Қинаятұлы).

БҰРЛЫҚ= е т. **1.** *Шаршап титықтау, болдыру, беті қайту*. Өзімен-өзі алысып, күн иыққа көтерілгенде-ақ *б ұ р л ы г ы п* қалған (Қ.Ысқақов, Қара орман). Мүлкаман, қылдың ұрлықты, Қарның ашып *б ұ р л ы қ т ы*, Шаруа малын түнде ұрлап, Мойныңа салдың құрықты (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** *Малдың «топқазы», «қарта түйілу» сияқты ауырып, болдыруы*. Күндіз өзі жүріп, арып, жүдеп келген, талып келген қой жемге аузы ілінбей, енді ілгері жүруге ашыққан, *б ұ р л ы қ қ а н* күйінде жарай алмайды (М.Әуезов, Өскен өркен). **3.** *Даусы қатты шықпай қарлығу*. Ұстата ма шын ұры, соқыр түгіл, айыққа. Қалды ағамыз *б ұ р л ы г ы п*, әлдекімді айыптап (Ж.Нәжімеденов, Мен туған.).

БҰРЛЫҚТЫР= е т. *Шаршатып, титықтату*. Шаршап, шалдыққан, оның үстіне екіүш қатқан құрттан басқа нәр татпаған аш өзек *б ұ р л ы қ т ы р ы п* әл-қуатты алып қойған (Қ.Сегізбаев, Ашыл. сыр). Замана алуан-алуан құлық қылды, Бәрі де күшті жанның ұрлық қылды. Әркім жүрген жолынан адасты да, Қаңғырып өзін-өзі *б ұ р л ы қ т ы р д ы* (Майлықожа, Нақыл).

БҰРЛЫҚТЫРУ *Бырлықтыр етістігінің қимыл атауы*. Мінген атын *б ұ р л ы қ т ы р у* кімнің қолынан келмейді дейміз, абзалы жылқыны қинамаған ғой (С.Баязитов, Күтп. кездесу).

БҰРМА[1] з а т. *Сал-серілер киетін әшекейлі киім*. Бұл өңірде қонатын ешкім жоқ еді ғой деп, Дәуқараны ертіп, салдық *б ұ р м а м д ы* киіп, қырғи қара атқа мініп, оларды көшіргелі келдім (К.Әзірбаев, Аңыз.).

БҰРМА[2] з а т. **1.** *Бырылысты, қалтарыс жер*. Борасынды тас қараңғы түнде жолдың төтесін іздеп жүріп, *б ұ р м а ғ а* түсіп кетіппіз (С.Мұқанов, Менің мект.). Одан өтіп, шоқылардың сыртындағы... өзеннің бір *б ұ р м а с ы н д а* отырған ауылды көрді (С.Сейфуллин, Әңгім.). *Б ұ р м а д а н* зырлатып, ойбайлатып өрт

сөндіретін қызыл машина шыға келді (Е.Домбаев, Ғашықтық.). **2.** а у ы с. *Көңіл бұкпесі, сөздің астары.* Матренаның осы тұрған қалпы, мұның ойында қалтарыс, *б ұ р м а* бар деп кім айта алады? (З.Шашкин, Доктор.). Не демейді құрдасына құрдасы! Жаман кейде кейбір сөздің *б ұ р м а с ы*. ...Бір орманның кетуіне өртеніп, Жетіп жатыр сіреңкенің бір басы! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **3.** а у ы с. *Өмірде кездесетін тосқауыл, кедергі.* Тартыстардың *б ұ р м а с ы* мен соқпағы жеткілікті (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

Бұрма мағына. *Ауыспалы мағына.* Сондықтан сөздің тура мағынасы да, *б ұ р м а м а ғ ы н а с ы* да санның аз-көбіне қарамастан, сөздікте бір ұяда беріледі (Қазіргі қаз. тілі).

БҰРМАЛА= е т. *Басқа бағытқа бұрып, теріс түсінік беру, өңін теріс айналдыру.* «Колхоздың құрылыс заңын *б ұ р м а л а ғ а н*, Асырып қулық ісін жүрген әмән» – Осы екен бар болғаны – таққан кінә, Жатпаған дәлел ізден бұл жаладан (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Ұлы ақынның өлеңіне өз жанынан сөз қосып, өрескел *б ұ р м а л а п*, түпнұсқаға түсінбей аударғандар да бар (С.Мәуленов, Үркер.). Шілікті шындығын *б ұ р м а л а й* айту Мәшһүрден басқа Айдаболдың түсіне кірмейді (Д.Әбілов, Арман.).

БҰРМАЛАҒЫШ с ы н. *Істі бұзып, теріс түсіндіруге бейім.* ≈ *Б ұ р м а л а ғ ы ш* адам.

БҰРМАЛАН= е т. *Бұзып айтылу, қате түсінік берілу.* Қызға ықылас көбірек *б ұ р м а л а н с а*, Ұл түсетін жасында мұңға қанша. Бүгін олар асығар қолда барын Бір-біріне құрметпен сыйлағанша (К.Салықов, Жезкиік). Міне қырсық кімде тұр? *Б ұ р м а л а н ғ а н* тілде тұр. Сондықтан тілді, бауырым, Білу керек, ойбай, білу керек (С.Кенжахметов, Қуырдақ). Сөз қанша мәнді, мағыналы болғанмен, *б ұ р м а л а н ы п*, теріс жазылғансын, оның мағынасы, мәні жоғалады (С.Бақбергенов, Мен сізді.).

БҰРМАЛАНУ *Бұрмалан етістігінің қимыл атауы.* Бірақ айтылып жатқан әңгіме төркіні мұнда емес, басқада, нақтылай келгенде ән өлеңінің, яғни ән сөздерінің *б ұ р м а л а н у ы н д а* («Қаз. әдеб.»).

БҰРМАЛАУ *Бұрмала етістігінің қимыл атауы; басқа бағытқа бұрып, теріс түсінік беру.* Бұл жер тарихына қиянат екені – қиянат. Болған нәрсені *б ұ р м а л а у ғ а* ешкімнің хакісі жоқ (А.Мархабаев, Ғарышта.). – Бас кетсін деген тілегің бе? Заңды қолма-қол *б ұ р м а л а у д ы ң* арты неге соғарын білесің бе? (А.Байтанаев, Жаңбыр.).

БҰРМАЛАУШЫ з а т. *Істің жайын теріс көрсетуші.* Осы айтылғандарды *б ұ р м а л а у ш ы* біреу табыла қалса, аяусыз жазасын алатынын күні бұрын білгені жақсы («Лен. жас»). Тимирязев дарвинизмді, оны *б ұ р м а л а у ш ы л а р д а н* және беделін түсіруге тырысушылардан қатты қорғады (Жалпы биология).

БҰРМАЛАУШЫЛЫҚ з а т. *Істің жайын әдейі бұзып, теріс көрсетушілік, өңін айналдырушылық.* Актерлер тілінде автор тексін *б ұ р м а л а у ш ы л ы қ*, жанама сөздер қосу көп («Қаз. әдеб.»). Әйтпесе, *б ұ р м а л а у ш ы л ы қ қ а*, біржақтылыққа түсу қиын емес (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Көрінеу *б ұ р м а л а у ш ы л ы қ т а р ғ а* жол беріледі («Егемен Қазақстан»).

БҰРМАЛЫ с ы н. *Бұрылыс-қалтарысы көп.* Ін түлкі кеңіткен суырдікі екен, терең *б ұ р м а л ы* боп шықты (Ә.Көшімов, Екі бүркіт).

БҰРМАСЫЗ с ы н. **1.** *Бұрмасы жоқ, бұрылыс-қалтарысы жоқ.* **2.** а у ы с. *Қоспасыз, жалтарыссыз; анық, тура.*

БҰРМАШ з а т. с ө й л. ***Бұрма.*** Сөзімнің құлақ салшы *б ұ р м а ш ы н а*, Сөйлестім оязнайдың тілмашына (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

БҰРМАША з а т. *Айналдырып, бұрып тұратын тиек.* Әдеттегі ырғағынан айырылып, толқи үйірілген ұршық лықси көтеріліп, *б ұ р м а ш а с ы н д а ғ ы* жібі шығып кетті («Мәдениет және тұрмыс»).

БҰРМАШТА= е т. **1.** *Бұру, бұрмалау.* **2.** *Әртүрлі амал жасап, қиындықтан шығу.* Жолжолын тауып *б ұ р м а ш т а п*, Биіктен аңса құлаштап, Демін алып кідірмей, Көзі ілініп мүдірмей, Қаншама күндер түн қатты (Пернедегі терме.). **3.** а у ы с. *Көңіл бұрмалау.* Өз баласына *б ұ р м а ш т а й* берді (Ауызекі).

БҰРМАШТАУ *Бұрмашта етістігінің қимыл атауы.*

БҰРНАҒЫ үс т. *Бұрынғы, алдыңғы, арғы. Б ұ р н а ғ ы* күні сол шіркін маған келіп: «Сен биыл он десте егін саласың», – дейді (Б.Майлин, Шығ.). *Б ұ р н а ғ ы* күні иықтағы жарамның аузы ашылды да, командир бекініс жұмысына шығуға рұқсат бермей қойды (С.Мұқанов, Алып. адым.).

Бұрнағы жыл. *Өткен жыл, арғы жыл.* Сонда ғана былтырғы, *б ұ р н а ғ ы ж ы л д а р д а й* қан жаламай, алдағы наурыздарды да шын мейрам, шын шаттықпен өткізесің (М.Дулатов, Шығ.).

БҰРСАН= е т. **1.** *Айбаттанып қаһарлану.* Шошынып тізгін жимады, Буырқанды, *б ұ р с а н д ы*, Мұздай темір құрсанды, Жау жағадан алған соң, Беренге батыр сыймады (Батырлар жыры). Осы сөздерді айтқанда *б ұ р с а н ғ а н* батырдың отты көздері ұшқындап, намыс буған кеудесінде жүрегі аттай тулады (Ж.Мусин, Таң нұры). **2.** *Терлеп-тепшу, бастырылу.*

Содан шошып оянса, *б ұ р с а н ы п*, булығып жатыр екен. Түсін өзінше болжап жориды (Ғ.Сланов, Жанартау).

БҰРСАНДЫР= е т. *Айбаттандыру, қаһарландыру.* ≈ *Б ұ р с а н д ы р ы п* жіберіпті.

БҰРСАНДЫРУ *Бұрсандыр етістігінің қимыл атауы.*

БҰРСАНТ= е т. *Айбаттандыру, қаһарландыру.* Қан майданда құрсантып, Буырқантып, *б ұ р с а н т ы п*, Құрышпен белін буғызды (Ү.Кәрібаев, Өлеңд.).

БҰРСАНТУ *Бұрсант етістігінің қимыл атауы.*

БҰРТАЙ= е т. *Дүрдию, кісімсу, қожаңдау.* Жау қожаңдап *б ұ р т а й ы п*, Дос құбылып, әуре етер. Кімі тентек, кімде айып, Тексере алмай өмір өтер (Абай, Тол. жин.).

БҰРТАҚ з а т. ***Бұртаң*** *(өкпелеген я ренжіген кейіп, қылық, мінез).*

БҰРТАҚТА= е т. *Бұртың-бұртың мінез көрсету.* Бұлардың кейбірінің мінездері, Еш нәрсе көрмегенсіп *б ұ р т а қ т а ғ а н.* Кейбірі жайдары, ашық боламын деп, Орынсыз адамдармен жыртақтаған (Абай, Тол. жин.).

БҰРТАҚТАУ *Бұртақта етістігінің қимыл атауы.*

БҰРТАЛАҢДА= е т. *Бұралаңдау, ирелеңдеу. Б ұ р т а л а ң д а п*, жолдан шығып үлгере алмай, кесіртке де дөңгелекпен езіліп қала берді (З.Шашкин, Сенім).

БҰРТАЛАҢДАУ *Бұрталаңда етістігінің қимыл атауы.*

БҰРТАҢ е л і к. **1.** *Өкпелеген я ренжіген кейіп, қылық, мінезді бейнелейтін сөз.* – Тағы не қыл дейді, жаратқан? – Әйелдің емешесі құрымаса да, қалжыңды жарататыны анық, дауысында жарасымды *б ұ р т а ң* бар (Т.Тілеуханов, Өмір.). // а у ы с. *Бүліншілік, қырғын.* Ол бір естен кетпейтін сұмдық *б ұ р т а ң ы н ы ң* орны бұрқыраған түтін (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). // а у ы с. *Түнерген.* Белестер жатыр безеріп, Өзендер кепкен кезеріп. Бұлт та *б ұ р т а ң* төбеңде, Тұрғандай оған кезеніп (А.Хангелдин, Өткен күн.).

БҰРТАҢ-БҰРТАҢ е л і к. *Бұртаңдаған, тұштаңдаған мінез, қылықты бейнелейтін сөз. Б ұ р т а ң-б ұ р т а ң*, Жыртаң-жыртаң. Ой, сезім жоқ көк есек. Бұқа мойын, Тұтам бойын Көрмеген мен – көбелек (М.Жұмабаев, Шығ.). Бүгінгі елтең-селтең, қалтаң-құлтаң, Шойқы етік, шолақ шашпау, қиқаң-сиқаң, Жария жалаң балтыр, жалаңаш төс, Мінезсіз, бейпіл ауыз, *б ұ р т а ң-б ұ р т а ң* (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Бұртаң-бұртаң етті. *Тұштаңдаған, шошаңдаған мінез, қылық көрсетті, бұртаңдады.* Әсіресе Әлмен *б ұ р т а ң-б ұ р т а ң е т і п* Болатқа жолар емес (Ә.Қалдыбаев, Ш.Ұрпейісов, Қан мен тер).

БҰРТАҢДАС= е т. *Бір-бірімен ренжісу.* ≈ Өзара *б ұ р т а ң д а с т ы.*

БҰРТАҢДАСУ *Бұртаңдас етістігінің қимыл атауы.*

БҰРТАҢДАУ *Бұртаңда етістігінің қимыл атауы.* Сондықтан кемпірдің *б ұ р т а ң д а у ы н ы ң*, реті келсе тағы тумасына ысыра салғысы келіп жүргенін бүкіл ауыл біледі (Т.Жармағанбетов, Сентябрь.). Бауыржан менен сескенді де, *б ұ р т а ң д а у ы н* қоя қойып, жуынуға кірісті (Ә.Қалдыбаев, Су тасушы.).

БҰРТАШ з а т. в е т. *Малдағы (түйе) зәр шығара алмайтын ауру.* Түйе «*б ұ р т а ш т а н*» зәр шығара алмай ары-бері аунай береді. Оны емдеу үшін айырдың артқы өркешінен 12 смдей бір қарыс жуандықтағы мыс біз шаншиды. Егер әсер етсе, түйе зәр сындырады (Қ.Беделхан, Халықтық.). *Б ұ р т а ш* болған түйені емдемесе, еш уақытта боталамайды (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

БҰРТИ= е т. **1.** *Томпиып ісініп шығу.* Жәукенің бізі тағы саусағына қадалды. Қара қошқыл қан *б ұ р т и ы п* шыға келді (Б.Майлин, Шығ.). Бесігіне сүйеніп, Тұруға да ұмтылды. Жерге құлап жығылып Ерні талай *б ұ р т и д ы* (О.Шипин, Өмір өрнегі). Ернің – бұлақ көкпеңбек, дірілдей ме, немене: Келмей кеттің көптен деп, *б ұ р т и я д ы* төбелер (Ж.Нәжімеденов, Ұлым.). **2.** а у ы с. *Өкпе-реніш білдіріп, тымырайып, үндемей қою.* Біз күле-күле жәрмеңкеге кеттік. Бояубай бізге *б ұ р т и ы п* өкпелеп үйіне кетті (І.Жансүгіров, Шығ.). Еңсесін әлі жия алмай, Сарыуыз сәби *б ұ р т и д ы.* – Айта ғой, саған кім тиді? (М.Мақатаев, Шығ.).

Аузы [ерні] бұртиды. *Реніш білдіріп, өкпеледі. А у з ы б ұ р т и ы п* өкпелеп тұрған Саша әкесіне еркелеп, жаңа көршісіне ызаланып, ызғар шашып отырған Рая үйге кіргенде елең қылған жоқ (С.Адамбеков, Қожанасыр.).Шыпшырақ өзі ұршықтай, Кетіпті *е р н і б ұ р т и ы п.* Қырғидан қашқан шымшықтай. Үрейі қашқан үрпиіп (М.Мақатаев, Шығ.).

БҰРТИТ= е т. *Реніш білдіріп ауыздарын томпиту.* Әйелдер жағы бұрынғыдан бетер безініп, ауыздарын *б ұ р т и т т ы* (Б.Майлин, Шығ.). Мең-зең боп отырған Ғани: «Мұны білгенде» – деп аузын *б ұ р т и т а* бір реніштердің ұшығын шығарды да, аржағын ашық айтпай теріс айналды (М.Иманжанов, Көк белес). Ерназар олардың бұған назар аудармай, өздерімен өздері болып кеткеніне қынжылған кейіпте екі ұртын тәтті тығып алғандай *б ұ р т и т а* қойған (Б.Тәжібаев, Қараторғай).

БҰРТИТУ *Бұртит етістігінің қимыл атауы.* ≈ Аузын *б ұ р т и т у.*

БҰРТИЫҢҚЫРА= е т. *Өкпелегенсіп, ренжіңкіреген сыңай білдіру.* Шешем шақырғанда *б ұ р т и ы ң қ ы р а п* жақындаймын. Ол мені алдына отырғызады (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Іздегені табыла қоймаған соң, *б ұ р т и ы ң қ ы р а п* үстелдің астына, буфет жаққа жалтақтап қарай берді (Б.Тілегенов, Көктем.).

БҰРТИЫҢҚЫРАУ *Бұртиыңқыра етістігінің қимыл атауы; өкпелегенсу, ренжіңкіреу.*

БҰРТИЫС= е т. *Өзара өкпелесіп, ренжісіп жүру.* Бірін-бірі көріскенде басында жымың етісіп, артынан *б ұ р т и ы с ы п* суық қарасады (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Екеуі өкпелеген баладай біраз уақыт *б ұ р т и ы с ы п* тұрды да, әлден соң бірінің бетіне бірі қарап күліп жіберді (Қ.Исабаев, Соңғы ерлік). Балада кек болған ба, аз уақыт *б ұ р т и ы с ы п* жүрдік те табысып кеттік (С.Досжанов, Қыран.).

БҰРТИЫСУ *Бұртиыс етістігінің қимыл атауы.*

БҰРТИЮ *Бұрти етістігінің қимыл атауы.* Өз өкіметіңе, өз ұйымыңа *б ұ р т и ю* деген мінез қайдан шыққан? (С.Хайдаров, Азамат.).

БҰРТЫҚ с ы н. *Бұртиған, томпиған. Б ұ р т ы қ* аузың бүлкілдеп, Құлағыңды бүгіп ап, Жаңғағыңды біртіндеп, Тауыстың ғой бүгінақ (А.Табылдиев, Сөз бөбектікі).

БҰРТЫН үс т. с ө й л. *Бұрын деген мағынада.* Сары жоннан үріккен елдің тапты жұртын, Жау шапқан ондағы мұнан *б ұ р т ы н* (А.Бабиұлы).

БҰРТЫҢ е л і к. *Өкпелеген, кейіген мінезді бейнелейтін сөз.*

Бұртың етті. *Өкпелеген, кейіген мінез көрсетті.* – Е, неге берем? Құлжаң керек емес, бермеймін, – деп Марат *б ұ р т ы ң е т і п*, жауапты шарт қайырды (Ә.Қалдыбаев, Көк дөңгелек). Ағайын жоқ нәрседен *е т е р б ұ р т ы ң*, Оның да алған жоқ па құдай құлқын? Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ, Сапырылды байлығың, баққан жылқың (Абай, Тол. жин.).

БҰРТЫҢ-БҰРТЫҢ е л і к. *Қайта-қайта ренжіген мінезді бейнелейтін сөз.* ≈ *Б ұ р т ы ң-б ұ р т ы ң* етті.

БҰРТЫҢДА= е т. *Өкпелеп, бұртың-бұртың ету.* Әйел болғанмен Мәриям сияқты ма, бір шикі өкпе; байын қызғану да жоқ, *б ұ р т ы ң д а п* ашулану да жоқ (Б.Майлин, Азамат.). Мен өзім суыққа мыңқ етпеймін, – деп балалар *б ұ р т ы ң д а п* қалды (Т.Ахтанов, Дала сыры). Салиқа *б ұ р т ы ң д а п* сөйлеп жатыр (А.Жағанова, Еркежан).

БҰРТЫҢДАС= е т. *Өзара ренжісіп, өкпелесу.*

БҰРТЫҢДАСУ *Бұртыңдас етістігінің қимыл атауы.*

БҰРТЫҢДАТ= е т. *Ренжіген, кейіген мінез көрсету.* ≈ Аузын *б ұ р т ы ң д а т у.*

БҰРТЫҢДАТУ *Бұртыңдат етістігінің қимыл атауы; ұртын толтырып, ренжіген түр білдіру.* Аузын *б ұ р т ы ң д а т у м е н* болды (Ауызекі).

БҰРТЫҢДАУ *Бұртыңда етістігінің қимыл атауы; ренжіп, бұртың-бұртың ету.*

БҰРУ[1] с ы н. с ө й л. *Бұрыс, түзу емес, айналма.* Білгенімді мен айтсам, Сөзімнің болмас *б ұ р у ы*. Қайын атам аты Базарбай, Жағалбайлы руы (Қыз Жібек). Бақыт та түн қараңғысында осы көшемен жүріп өтуіне тура келсе, *б ұ р у* да болса, басқа бір ораммен талай айналып өтті (Ө.Қанахин, Жер бас.).

БҰРУ[2] *Бұр етістігінің қимыл атауы; бетті екінші бір бағытқа қарай өзгерту.* Беу, қаракөз! Жасқанбашы, Жарқ етіп, Бермен қарай нұр жүзіңді *б ұ р у ғ а*. Тула жүрек Жас кезімдей тулаған, Өтер-кетер дүние-дүрмек, шулы ағын (К.Салықов, Жезкиік).

БҰРУЛАУ с ы н. ж е р г. *Келе жатқан беттен едәуір бұрыстау, шеттеу.* Сүйеу қарттың ауылы олардың жолынан *б ұ р у л а у* отырғандықтан, Еламанның бар кісімен шұбатылып жүрмей, баласына бір өзі барып қайтарын да шамалап, айлалы жігіт ол жүретін жерге тұзақ құра бастады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Өзге көп *б ұ р у л а у* барып келе аттарынан түсті де Исатайдың қасында Махамбет, Қабыланбай, Қожахмет, Жүніс, Жақия және бес-алты жігіт қалды (Б.Аманшин, Жар мұңы). – Біздің отар тек үлкен жолдан *б ұ р у л а у* екенін білесің бе, Мәуленжан? (Ғ.Сланов, Замана.).

БҰРХАН з а т. д і н и. м о н ғ о л. *Монғол, қалмақ буддашыларының табынатын тәңірі, будданың қоладан жасалған мүсіні; идолы.* Шонай Зайсан кейде аң аулап, кейде *б ұ р х а н ы н а* (құдайына) құлшылық ету үшін күресіне (қыстақ), енді бірде бүкіл Жоңғар қоңтайшысы Сыбан-Раптанның бас ордасы мәслихат құру үшін шақырылып кеткен кездерде, Қанымжан сыбызғы сазын тыңдау сылтауымен тұтқынды өз отауына алғызатын (Ж.Тұрлыбаев, Тамыз таңы).

БҰРШАҚ[1] з а т. *Кішкене-кішкене домалақ мұз күйінде түсетін атмосфералық жауын-шашын.* Арты – *б ұ р ш а қ*, алды – шаң, жел құтырды, Шілік жерге бас ұрды, емес тұрды. Басы көкке, сирағы жерге енсе де, Ақырып долданғанда алып ұрды (Абай, Тол. жин.). Бастаңғыға өңкей бала жиылып, Құрбы қызға наз айтамыз қиылып. Бірде тауда ақ *б ұ р ш а қ т ы ң* астында Тұрам үнсіз қора қойды иіріп (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). Бір күні *б ұ р ш а қ* жауып, жел соғады, Бәйтерек басын иіп, жер соғады. Анамыз, атамызбен келеді деп

Шаңқылдап балапандар қуанады (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Сөйткенше болмады, сатырлап жауа бастады. Жай жаңбыр емес, баданадай-баданадай *б ұ р ш а қ* (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

Бұршақ соқты [ұрды]. а) *Бұршақтың астында қалды.* Айрылып жан-жағында панасынан, Қорқады өтсе-дағы құйын жүріп. Ұрынып жазда ыстыққа, қыс суыққа, Біресе *б ұ р ш а қ с о ғ ы п,* болды құрып! (А.Байтұрсынов, Шығ.). Жазығы жоқ жас балғын, Жау жауызы жолықты, Жазды күні жас шалғын, Жазда *б ұ р ш а қ с о ғ ы п т ы* (І.Жансүгіров, Поэм.). ә) *Бұршақ жауып, егінжайға зиян келтірді.* ≈ Егісті *б ұ р ш а қ ұ р д ы.*

БҰРШАҚ[2] з а т. ө с. <лат. pisum> *Сопақша келген, ұрығы қабық ішінде орналасқан дақылды өсімдік және осы өсімдіктің дәні. Б ұ р ш а қ,* соя, лобия, жоңышқа жемістері жатады (Т.Таубаев, Жасыл әлем.). Ал жем өте нәрлі және сіңімді. Оған жүгері, сұлы, арпа, тары, африка тарысы, дәнді *б ұ р ш а қ* жатады (Малшыларға кеңес).

БҰРШАҚҚОҢЫЗ з а т. з о о л. <лат. bruchus pisorum> *Қаттықанаттылар отрядының дәнек қоңыздары тұқымдасына жататын жәндік. Б ұ р ш а қ қ о ң ы з* қамбадағы және өнімді жинаған кезде егістікте шашылып қалған бұршақ дәндерінің ішінде қыстайды (ҚҰЭ).

Бұршақ тұқымдасы. б о т. <лат. fadaceae lequminosae> *Қосжарнақтылар тұқымдасына жататын ағаш, бұта, лиана, шала бұта, көпжылдық және біржылдық шөптесін өсімдіктер. Б ұ р ш а қ т ұ қ ы м д а с ы н ы ң* түйінді тамырында ауадан азот жинайтын бактериялар орналасады (ҚҰЭ).

Бұршақ бітесі. з о о л. <лат. acyrthosiphon pisum> *Теңқанаттылар отрядының бітелер тұқымдасына жататын жәндік. Б ұ р ш а қ б і т е с і* күзде бұршақ тұқымдас өсімдіктерге жұмыртқа салады (ҚҰЭ).

БҰРШАҚ[3] з а т. **1.** *Көгеннің қозы-лақ байлайтын түйнекті жібі.* Құрттаған қой далаға кетер, екі *б ұ р ш а қ* бір сабауды ала кетер (Мақал-мәтел). **2.** *Тізбектеліп түйілген түймек.* Шаш жайған осы топтың арасында, Беріктің көз түседі анасына. Сүйеніп таяғына *б ұ р ш а қ* салған, «Күйдің, – деп, – байдың, балам, жаласына!» (Д.Еркінбеков, Шығ.). Бұрама білезіктің екі басына әр алуан бедері бар бунақтар, *б ұ р ш а қ т а р,* жиектер келтіріп, кейде олардың үстіне тас көздер орнатып әшекейлейді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Мойынға бұршақ салды. *Әулие-әнбиеге сиынып, тілеу тіледі.* Ұрқия жатса да, тұрса да, құдайдан бала сұрайды, бақсы-балгерге қаратқан, қажы-молдаға үшкірткен, әулие тасқа әлем байлап түнеген, құдайы садақаны да талай берген, *м о й н ы н а б ұ р ш а қ с а л ы п* тілеген. Сонда да әлі бала жоқ (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Б ұ р ш а ғ ы н с а л ы п м о й н ы н а* Жас сорғалап қойнына Атқа қамшы басады (Базар жырау, Шығ.). Айтұяқ мал шалады, Қолын қанға малады. Еңірей жылап екеуі *М о й н ы н а б ұ р ш а қ с а л а д ы.* Ақ ордасын жықты да Атанға артып алады. «Отырарда отыз бап, Түркістанда түмен бап, Самарқанда сансыз бап», Бет алып көшіп барады (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

БҰРШАҚ-БҰРШАҚ с ы н. *Домалақ-домалақ, ірі-ірі.* Қысылғаннан Сақыптың маңдайынан тер *б ұ р ш а қ-б ұ р ш а қ* ағады (Б.Майлин, Шығ.). Маяға жұмылғандардың маңдайынан шыққан *б ұ р ш а қ-б ұ р ш а қ* тер сынаптай сорғалап, көк шөпке тырс-тырс тамшылады (Ж.Тілеков, Қайнар). Шайқым әдет-құлқын айтып тынсақ, Жас ағар дос көзінен *б ұ р ш а қ-б ұ р ш а қ* (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

БҰРШАҚҚАП з а т. б о т. *Бұршақ тұқымдас өсімдіктердің жемісінің сыртқы бөлігі. Б ұ р ш а қ қ а п т ы ң* ішінде қаз-қатар тізілген тұқымдары (дәні) бар (ҚСЭ).

БҰРШАҚҚЫН з а т. б о т. <лат. siligua> *Екі жеміс жапырақшадан пайда болатын қос ұялы құрғақ жеміс. Б ұ р ш а қ қ ы н* – бір гүлдің құрамында болатын екі жеміс жапырағынан пайда болған қос ұялы құрғақ жемістің бірі (Т.Мұсақұлов, Ботаника). *Б ұ р ш а қ қ ы н ы* ұзынша, тұқымдары бір қатар орналасады (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). *Б ұ р ш а қ қ ы н д а р д ы ң* бунақты, қанатшалы, жалпақ, қақырайтын және қақырамайтын түрлері бар (Қаз. тілі термин. Биология).

БҰРШАҚҚЫНША з а т. б о т. <лат. silicula> *Тек шаршығұлділер тұқымдасында ғана болатын көп және бір тұқымды құрғақ жеміс. Б ұ р ш а қ қ ы н ш а н ы ң* пішіндері: қанатшалы, шар тәрізді, өскіншелі, сопақша, жалпақ, алмұрт тәрізді және т.б. (Қаз. тілі термин. Биология). Егер де осы тәрізді жемістің ұзындығы көлденеңіне қарағанда 3–4 еседен кем болса, оны *б ұ р ш а қ қ ы н ш а* деп атайды (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

БҰРШАҚТА[1]**=** е т. **1.** *Бұршақ жауып кету.* Тербеді жер бесігін, Күн дауылдап *б ұ р ш а қ т а п.* Бірақ оның есімін, Қалды атадан ұл сақтап (С.Мәуленов, Бала жолбарыс). Боранда, дауыл соққан борандарда, Қарлы мұз *б ұ р ш а қ т а ғ а н* жауындарда Секілді алғыр қыран алға ұмтылып, Жалғыз жау жібермейміз ұлы Отанға! (А.Тоқмағамбетов, Өленд.).

2. а у ы с. *Көз жасының, тердің моншақтап, саулап ағуы.* Кедергіден өткенде, Жер ортаға жеткенде, Көтермеші көп қолға Ұстатпай шылбыр кеткенде, Бөкенше тастап аяғын *Б ұ р ш а қ т а п* тері төгілген (Базар жырау, Шығ.). Күн төбеден ауғанда, Тұлпардың тұла бойынан *Б ұ р ш а қ т а п* тері жауғанда, «Аққұс» ат сонда оянды (Базар жырау, Шығ.). Алға кетіп барамыз, Болашақты құшақтап. Жыламайды баламыз, Көзден жасы *б ұ р ш а қ т а п* (Қ.Аманжолов, Шығ.). **3.** а у ы с. *Жиі-жиі төгіп, боратып жаудыру. Б ұ р ш а қ т а п* бомбы жауған самолеттен, Бұрқырап оқ бораған пулеметтен. Жер шары доп боп ұша жаздағандай, Түскенде снаряд кеп зеңбіректен (Қ.Аманжолов, Шығ.).

Көзден жасы бұршақтады. *Егіліп жылады, көзден жасы парлады.* Сол ағайды құшақтап, *К ө з д е н ж а с ы м б ұ р ш а қ т а п*, Егілдім де төгілдім, Тыя алмадым өзімді, Жия алмадым көзімді, Қуанғаннан бөгілдім (І.Жансүгіров, Шығ.). Мойнынан, шырағым, – деп құшақтайды, *К ө з і н і ң* ағып *ж а с ы б ұ р ш а қ т а й д ы.* – Шырағым, мастықпенен қылыппын, – деп, Әуелгі сөзден танып және алдайды (Абай, Тол. жин.).

БҰРШАҚТА[2]= е т. *Көгенге бұршақ жасау.*

БҰРШАҚТАЙ с ы н. **1.** *Бұршақ сияқты.* Атыңның басы шапшақтай, Садағың оғы *б ұ р ш а қ т а й*, Диуана саған жол болсын?! (Алпамыс). Сол-ақ екен, анасының көзінен *б ұ р ш а қ т а й* жас жерге тамып-тамып кетті (Ғ.Сланов, Шалқар). **2.** *Бұршақ жауғандай.* Көлқамыста кездестік отрядпен, *Б ұ р ш а қ т а й* оқ жауғызды зеңбіректен. Дүрбіменен шолады жердің бетін, Күштері де кем емес құдіреттен (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

БҰРШАҚТАЙЫН с ы н. ***Бұршақтай.*** Отырмын басымда – бұлт, астымда – тас, Айланды ұршықтайын бір ғазиз бас. Қайғылы қара көзден шығырауға, Мөлт етіп *б ұ р ш а қ т а й ы н* төгілді жас (М.Мақатаев, Шығ.).

БҰРШАҚТАН= е т. *Көз жасының моншақталып төгілуі.* Көзінен ып-ыстық жас *б ұ р ш а қ т а н ы п*, Анам менің шын күлді, шын қуанды, Бүгін жеңісін құшаққа алды (Т.Бердияров, Мен өмір.).

БҰРШАҚТАНУ *Бұршақтан етістігінің қимыл атауы.*

БҰРШАҚТАС= е т. *Көз жастарын төгісу.* Екеуміз Тәтіменен құшақтастық, Жас ағып көзден мөлдір *б ұ р ш а қ т а с т ы* (Батырлар жыры).

БҰРШАҚТАСУ *Бұршақтас етістігінің қимыл атауы.*

БҰРШАҚТАТ= е т. **1.** *Көз жасын моншақтату.* Алып құс келе жатып алыс шеттен, Алты айлық жерден ауқат іздеп кеткен. Әлгі жел – қанатының серпіні екен, Көзінен *б ұ р ш а қ т а т ы п* моншақ төккен (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** *Оқ жаудыру.* Оның оқты *б ұ р ш а қ т а т ы п* отырған пулеметі бір сәтте сылқ етіп екі бөлінді (С.Бегалин, Ана.). Крейгель енді, мұны оп-оңай жасқап алған бетте, үсті-үстіне *б ұ р ш а қ т а т ы п* кетті (А.Сүлейменов, Бесін).

БҰРШАҚТАТУ *Бұршақтат етістігінің қимыл атауы; көз жасын моншақтату; оқ жаудыру.*

БҰРШАҚТАУ[1] *Бұршақта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бұршақ жауу.* **2.** *Көз жасының, тердің моншақтап ағуы.*

БҰРШАҚТАУ[2] *Бұршақта етістігінің қимыл атауы; көгенге бұршақ жасау.* Қазақ халқының арасында арқан жіптерді байлаудың «тұзақтап байлау», «бие байлау», «ноқта байлау», «*б ұ р ш а қ т а у*», «түю», «бастырық», «бүлдірге» деген сияқты түрлері бар (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

БҰРШАҚТЫ[1] с ы н. *Бұршақ аралас (жауын-шашын).* Бір қора қойды Асыда, *Б ұ р ш а қ т ы* күнде жаңбырда. Қарамай сегіз жасыңа, Ұзақ күн бақтың сен қырда (Т.Молдағалиев, Алатау.). Көңілінде өткен өмірінің сұмдығы мен сымбаты қатар алмасып, *б ұ р ш а қ т ы* қара дауыл шақырып түр (Р.Тоқтаров, Тұлпар.).

БҰРШАҚТЫ[2] с ы н. *Бұршақ тұқымдас.* Біраз жетілдірілген бұл мәшине дәнді дақылдардың да, *б ұ р ш а қ т ы* дақылдардың да тұқымын себе алады (Дәнді дақыл.).

БҰРШАҚША үс т. *Бұршаққа ұқсап.* Сол жігіттің көбі өнерлі әскердің от құсқан зеңбірегі мен *б ұ р ш а қ ш а* бораған мылтық оғының астында қалып қаза тапты-ау (Х.Есенжанов, Тар кезең). Баданадай болып майға піскен болпылдақ тоқаш жерге *б ұ р ш а қ ш а* төгілді (С.Бақбергенов, Қайран шешем). Күміс тамшылар *б ұ р ш а қ ш а* мың бытырап, шашырап күн көзіне мың жақұт төгілгендей (С.Елубаев, Жарық дүние).

БҰРЫЛ= е т. **1.** *Алған бағытының өзгертілуі. Б ұ р ы л ы п* ат байлайтын асыл Мақпал, Көзіме көрінбей тұр, қайда кеткен? (Базар жырау, Шығ.). Уақытын құр босқа шығындайтын, Бейтаныс жан өтетін, *б ұ р ы л м а й т ы н.* Бір бозторғай көдеден көтеріліп, Көз алдында апайдың шырылдайтын (М.Мақатаев, Шығ.). – Бозжанов шынында әділ де, қатты да оқытушы ғой, – деді ол Майқанға *б ұ р ы л ы п* (С.Шаймерденов, Болашақ.). **2.** *Келе жатқан бағыттан кері қарай қайту.* Ләйла қайтадан барып сырымды шертейін деп *б ұ р ы л д ы* да, әлгі үйге қайтадан келді (С.Шарипов, Шығ.).

Әбдіжанның құлап кеткенін көре салып Николай қайта *б ұ р ы л ы п,* жан дәрменімен келе жолдасының басын сүйеп, орнынан тұрғызды (С.Бегалин, Жеткіншек). **3.** *Әуелгі беттен өзге бағытқа ауысу, қайрылу.* Дала жатыр. Сағымы ширатыла, Бара жатыр қырына, бұйратына. Екі жетім бұлақтың басындағы Әулиенің *б ұ р ы л д ы* зиратына (М.Мақатаев, Шығ.). Ол Жаннаға енді ғана *б ұ р ы л д ы,* жаңағы бір сұраудың жауабын енді ғана тапқан секілді (Ә.Жүнісов, Ақан сері). Күдігі Жайтуда болғанмен, оны қалай әшкерелеудің амалын таба алмай, Жүнісбекпен ақылдасқалы *б ұ р ы л ғ а н ы* екен (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.). Бөбек артына *б ұ р ы л ы п* қарамаса да күйеуінің ізін бағып, қалмай келе жатқанын сезді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). **4.** а у ы с. *Қайта оралу, айналу, кері қайту (уақыт, өмір т.б.).* Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған, Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті, Қайта айналмас, *б ұ р ы л м а с,* бұлдыр заман (Абай, Тол. жин.). **5.** а у ы с. *Бұрынғы қалпына келу.* Мен *б ұ р ы л ы п* түзеле алман, Қайтсін дедің сорлыңды. Атам, анам қара жер, Сен аша бер қойныңды (Абай, Тол. жин.). **6.** а у ы с. *Беті қайту, қаймығу.* Жайнаған туың жығылмай, Жасқанып, жаудан *б ұ р ы л м а й,* Жау біткенге жалынбай, Жақсы өліпсің, япырмай! (Абай, Тол. жин.). **7.** а у ы с. *Біреудің сөзін сөйлеп, жақтау, беті ауу.* Арамызда тексеретін әділ ұлың жоқ, кім көп берсе, соған *б ұ р ы л а д ы,* – деді Ахмет (С.Шарипов, Шығ.). Бет алыпсың, халайық, *б ұ р ы л м а с қ а,* Қалауыңды қақым жоқ ұғынбасқа. Бір шартым бар «батырға» қоятұғын, Жамыраспа, беталды шуылдаспа (М.Мақатаев, Шығ.).

Жалт бұрылды. а) *Кенеттен оқыс қарады.* О, шіркін! Қайран күндер. Сайран күндер! Қанатын бақыт құсы жайған күндер. *Ж а л т б ұ р ы л ы п,* оқыс бір қарағанда, Жүзіңнен жүрексініп тайған кімдер (М.Мақатаев, Шығ.). *Ж а л т б ұ р ы л с а м* бетіме де қарама, Асықпа, дос, мені асықпай бағала (Т.Айбергенов, Мен саған.). ә) *Бағытын күрт өзгертті. Ж а л т б ұ р ы л ы п* құйындай, Көбік шашып арындап. Атылды ақ тиіндей Астындағы арғымақ (С.Мәу-ленов, Бала жолбарыс). Солтүстікке шыға сап шапшып, ұрып, Әне тартты батысқа *ж а л т б ұ р ы л ы п,* «Қара Торғай», «Сары Торғай», «Қарын салды» «Жалдамаға» қосылды «Тасты» бұзып (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). б) *Сөзде тұрмады, уәдеден тайды.*

БҰРЫЛАР-БҰРЫЛМАС үс т. *Көзді ашып-жұмғанша, бірден.* Қолы пистолетке тисе болғаны, *б ұ р ы л а р-б ұ р ы л м а с т а* атады (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.).

БҰРЫЛМА з а т. *Айналмалы бұрылыс, бұлтарыс.* Бірақ таулы жер, біресе төмен, біресе жоғары, жан-жаққа *б ұ р ы л м а с ы* көп (С.Шарипов, Шығ.). Оған дейін жолаушы *б ұ р ы л м а* жолмен Қарашоқының арғы басына жетіп қалған (Ә.Әлішев, Ат тұяғы.). Дүшпан ба, дос па – сол жерін айыра алмай, автоматын кезеп траншеяның *б ұ р ы л м а с ы н д а* келе жатқандарды кім болса да қарсы алуға дайын тұр (Ж.Тәшенов, Алғашқы.).

БҰРЫЛМАЛЫ с ы н. *Бұрылысы көп, айналмалы.* Сөзімнің сиқыры жоқ құбылмалы, Жанымның ирегі жоқ *б ұ р ы л м а л ы* (Ә.Тәжібаев, Кеше.).

БҰРЫЛТ= е т. *Бұрылуға мүмкіндік жасау.* Деген ақыл түсіп кенет, Басқа ойға бір *б ұ р ы л т п а й.* Жігер оты кетті кернеп, Бала бойын жұдырықтай (Т.Жароков, Шығ.). «Мұнысы несі?!» – деп ойлады, ғашықтық жырларынан да хабары бар Жайнақ, – әлде бұның да басқаға *б ұ р ы л т п а й т ы н* ғашығы бар ма екен? (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). *Б ұ р ы л т п а й* оңға, солға да Үйіріп жолды оқ демі. От болып қонды орманға Соғыстың күрең көктемі (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

БҰРЫЛТТЫР= е т. *Бұрылуға мәжбүр ету, мүмкіндік жасау.* Кенет дауыл сап етті, Қайтадан мініп қалпына. Бұлтты айдап әкетті *Б ұ р ы л т т ы р м а й* артына (М.Мақатаев, Шығ.).

БҰРЫЛТТЫРУ *Бұрылттыр етістігінің қимыл атауы.*

БҰРЫЛТУ *Бұрылт етістігінің қимыл атауы.*

БҰРЫЛУ *Бұрыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Өзге бағытқа ауысу, қайырылу.* Жұмысқа барарымда, қайтарымда, Сыртымнан, досым менің, байқадың ба? Қыл көпірдің үстінен ілбіп келем, Мұршам жоқ *б ұ р ы л у ғ а,* шайқалуға (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Қарау, назар аудару.* Қызық та көп, қызыл-жасыл гүлдер де көп бақшада, Қызыққам жоқ, әзір оған *б ұ р ы л у ғ а* жоқ шама (М.Шаханов, Ғасырлар.).

БҰРЫЛШАҚТА= е т. *Бұрылғыштау, қарағыштау.* Біз оған көңіл аударmaған боламыз. Бірақ қарамау қайда. Көзі құрғыр еріксіз *б ұ р ы л ш а қ т а п,* түсіп кете береді (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

БҰРЫЛЫМ з а т. *Бұрылатын жер, айналма тұс.* 1951 жылдан бастап Төбексік, Таспесе аймақтарында жер *б ұ р ы л ы м ы н* барлау, бұрғылау, 1952–1954 жылдары комплексті аэрогеологиялық картаға түсіру жұмыстары жүргізілді (Е.Жамалбеков, Түле.).

БҰРЫЛЫҢҚЫРА= е т. **1.** *Қырын беріп, айналыңқырау, бұрыла түсу.* «Айтар сөзін, қояр талабын неге ашып айтпайды?» деп ойлаған Инеш *б ұ р ы л ы ң қ ы р а п* кетті (С.Шаймерденов, Болашақ.). Көршісінің тасасына қа-

рай сәл жылжып, бір жағына *б ұ р ы л ы ң қ ы р а п* отырды (Н.Габдуллин, Сар. жапырақ). Бір кезде күлкі басылды. Оқытушы оң жағына *б ұ р ы л ы ң қ ы р а п*, қалтасынан орамалын алып, көзін сүртті (Ә.Нұршайықов, Махаббат.). **2.** *Алған бағыттан сәл шалғайлау кету.* Сол тамға кез болған соң азырақ бетіміздің *б ұ р ы л ы ң қ ы р а п* кеткенін біліп, енді өзіміздің ауылдардың тұсынан тура шығып жүруге жоғары өрлеп жүрдік (С.Сейфуллин, Шығ.).

БҰРЫЛЫҢҚЫРАУ *Бұрылыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

БҰРЫЛЫС з а т. **1.** *Жолдың бір бүйірге қарай айналған тұсы, бұрылмасы, бұлтарысы.* Осы жерде кездестім Кісі алатын бураға Бура қуды, мен қаштым, *Б ұ р ы л ы с* сай-жыраға (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Енді бір *б ұ р ы л ы с т а* Инеш машина айнасына қарап еді, қала мүлде көрінбей кеткен (С.Шаймерденов, Болашақ.). Сонымен небір ғажайып *б ұ р ы л ы с*, бұралаңдау ағыстармен алыса отырып, бірден Ыстықкөлге келіп түседі (Ш.Айтматов, Қош бол.). **2.** а у ы с. *Бір істің даму барысындағы түбегейлі өзгеріс, бетбұрыс.* Қазір ойласам, өз өмірімде екі үлкен бет *б ұ р ы л ы с* бар екен (С.Шаймерденов, Сыбызғы.). Осал деп ойлама бірақ *Б ұ р ы л ы с т а* жол бергенді. Танытып тұр ол сонда Тәрбие-тәлім көргенді (К.Салықов, Жезкиік). Зиякүл бұл тұста да күтпеген бір *б ұ р ы л ы с* жасады (Тоғызыншы шежіре).

БҰРЫЛЫС-БҰЛТАҢСЫЗ с ы н. *Бұрылыссыз, қалтарыссыз, түзу.* Бұл жол Азат үшін *б ұ р ы л ы с-б ұ л т а ң с ы з* сайрап жатқан даңғыл бола қойған жоқ («Лен. жас.»).

БҰРЫЛЫСТА= е т. *Бұрылыс жасау.* ≈ *Б ұ р ы л ы с т а п* жүрдік.

БҰРЫЛЫССЫЗ с ы н. *Бұрылысы жоқ.* ≈ *Б ұ р ы л ы с с ы з* жер.

БҰРЫЛЫСТАУ[1] с ы н. *Тура емес, сәл бұрылыңқы.* Міне, қараңғы түсе жолдан *б ұ р ы л ы с т а у* бір тоғайдың ішіне алып кетті (К.Қазыбаев, Дәуір аты).

БҰРЫЛЫСТАУ[2] *Бұрылыста етістігінің қимыл атауы.*

БҰРЫЛЫСТЫ с ы н. *Бұрылысы көп.* ≈ *Б ұ р ы л ы с т ы* жер.

БҰРЫМ з а т. *Өрілген ұзын шаш.* Білектей арқасында өрген *б ұ р ы м*, Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын. Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты, Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін? (Абай, Тол. жин.). Жазы жібек, ал күзі алтындана, Жатыр ма әлі жазира салқын дала? Қос *б ұ р ы м* қолаң шашы білектей боп, Айна жеңгей баяғы қалпында ма?.. (М.Мақатаев, Шығ.). Оты кеткенде, қабағың қатып құрысып, *Б ұ р ы м ы ң а* ақ кіріп, көрілік келіп жеткенде (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БҰРЫМ-БҰРЫМ с ы н. с ө й л. *Бұрылыс-қалтарыс.* Әрбір ойы мен шұқыры, арығы мен төбесі, ағашы мен дуалы өмір жолының *б ұ р ы м-б ұ р ы м д а р ы н* есіме салады (К.Баялиев, Дегелек.).

БҰРЫМБАЛЫҚ з а т. з о о л. *Африка және Азияның тұщы суларында мекендейтін балық.* Мектептегі тірі табиғат мүйісінде аквариумнан мөңке, алтын балықтың көптеген түрлері, сары аққайран, бетшабақ, шұбар бәсір, қызылқанат, шырма, *б ұ р ы м б а л ы қ* және гамбузияларды жиі көруге болады. Біздің елде *б ұ р ы м-б а л ы қ т а р* Қиыр Шығыстағы суларды мекендейді (Қ.Қайымов, Су.).

БҰРЫМДА= е т. *Шашты бір не екі сала етіп өру.* Жүдеу де болса көрікті, Арғымақ әйел бұл бөлек. *Б ұ р ы м д а п* шашын өріпті, Көйлегін белден бүрмелеп (Ж.Молдағалиев, Жесір.). Қос *б ұ р ы м д а п* өрген шашының ұшындағы шолпының сылдыры қандай бозбаланың болса да жүрегін қытықтағандай (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.). Мұратқа таңсық көрінгені екі кемпірдің шашын *б ұ р ы м д а п* өріп, сыртын қара сәтенмен қаптап қойған еді (З.Шүкіров, Сарша тамыз).

БҰРЫМДАЙ с ы н. **1.** *Бұрым сияқты.* Еңбегінен өнілген, Қос *б ұ р ы м д а й* өрілген. Көрсе көзің сүрінген (Жамбыл, Шығ.). Жаңбырлы май, қайдасың, жаңбырлы май, Шөліркеген алқаптың тағдырындай. Оңтүстіктің бұлттары, ойна көкте! Жас шіліктер күтеді тал *б ұ р ы м д а й* (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). **2.** а у ы с. *Үлкен, бүйраланған.* Толқиды Аққөл аршын төсті сұлудай, Тоқпақ жалды толқындары *б ұ р ы м д а й*. Түбі қайыр, жағалауы жалпақ құм, Маған Аққөл көрінеді Қырымдай (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

БҰРЫМДАУ *Бұрымда етістігінің қимыл атауы.*

БҰРЫМДЫ с ы н. **1.** *Өрілген шашы, бұрымы бар.* Қысқа қос *б ұ р ы м д ы*, талдырмаш, қызыл ала гүлді көйлектісі Жәзира (М.Сүндетов, Балық аула.). Орамал сыйлап Оралда қалдың қара *б ұ р ы м д ы* қыз болып, Сағынып кеткем сонда мен (Т.Айбергенов, Мен саған.). **2.** а у ы с. *Қалың өскен.* Астанаға алғаш келген жылдары сонау бір қарағай *б ұ р ы м д ы* қырлы шыңдар бөктеріне көтеріліп, әр тұсқа көз тіккенім бар (Ә.Сәрсенбаев, Батыр ізі).

БҰРЫМТАЛ с ы н. *Сәл бұрыстау, шеткерірек.* Ақмоладан Ташкент барып құлайтын қара жолдың үстінде отырған Сарыарқаның *б ұ р ы м т а л* жатқан шалғай ауылы – біздің ауыл болатын (Дала қырандары).

БҰРЫН үс т. **1.** *Ілгергі уақытта, бұрынғы кезде, ертеректе.* Ата-ана менен жеңгеге, Туған ел, төркін, өңгеңе, Қыз күніңдегі еркелік, Болмасын енді *б ұ р ы н ғ ы* (Базар жырау, Шығ.). Ең болмаса, ескерер Айы менен жылында. Аталық кеңес уағзаны Сөйлеген нешеу *б ұ р ы н д а* (О.Шораяқов, Шығ.). **2.** *Алдын ала, мөлшерлі уақыттан ерте.* «Москва–Волга» міндім кеме Енді тумай, өнер қумай, *Б ұ р ы н* тудым мен неге, Балалар! (Сонда). **3.** *Ең әуелі, алдымен.* Белгілі саған менің маубастығым, Сабырсыз аузы күйген албастымын. Кесемді алдыменен үрлеп алам, Ыссы шайды аузыма алмас *б ұ р ы н* (М.Мақатаев, Шығ.). Бір жерге барсаң бас қосып, Өзгеден *б ұ р ы н* ордаңдап, Ол үйдің шықпа төріне (Базар жырау, Шығ.). Бұрын сағын, сағынышың болса егер, Кім қуанса, қайғысын да сол шегер, Мұхит кешпек болсам да мен, *б ұ р ы н* кеш, Кеш қалған соң, кешкенің де білінбес (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Ажалынан үш күн бұрын өлді. *Мезгілсіз, ерте, қапыда өліп кетті.*

Бұрын, бұрын, бұрында. ф о л ь к. *Тым ерте кезде. Б ұ р ы н, б ұ р ы н, б ұ р ы н д а* Қаңбақшал деген шал болыпты (Қаз. ертег.).

Иткөйлекті бұрын тоздырған. *Жасы аздап үлкен деген мағынада.* Бұдан ақыл сұрап, күн көріп жүргендер шамалы болса да, *и т к ө й л е к т і* бәріңнен *б ұ р ы н т о з д ы р ғ а н м ы н* деп, өзінше өктем соғар мінезі қалып көрген емес (А.Байтанаев).

Күні бұрын. *Алдын ала, бұрынырақ.* Келіскен Ақбөпемен *к ү н і б ұ р ы н*, Естіді ел шетіне келісімен, Келеді деп Ақбөпенің күйеуі ұрын (И.Байзақов). *К ү н б ұ р ы н* еңсесі түсіп неғып кетті (М.Әуезов, Шығ.). Қарасақ қалың адам тұр кезекте Таласып итермелеп бірін-бірі. *К ү н б ұ р ы н* құмырсқадай тұрған халық, Маңдайдан қатты аязда ағып тері (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

БҰРЫНҒЫ с ы н. **1.** *Баяғыдағы, ілгеріде болған; ертедегі, ескі, көне. Б ұ р ы н ғ ы* ескі биді тұрсам барлап, Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап. Ақындары ақылсыз, надан келіп, Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап (Абай, Тол. жин.). Осы кезде баяусып *Б ұ р ы н ғ ы* дәуір болмай жүр, Базарыңның өзінен (Базар жырау, Шығ.). *Б ұ р ы н ғ ы д а н* төрт мақал Төртеуі де серт мақал: «Көз қараудан тоймайды», «От жанудан тоймайды», «Естуге құлақ тоймайды», «Ағудан бұлақ тоймайды» (К.Әзір-баев, Таңд. шығ.). **2.** *Бастапқы, әуелгі. Б ұ р ы н ғ ы* қайран көріктен Бойында қазір қалғаны – Басына киген бөрік пен Белінде тұрған қанжары (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Бүгін білсем жайыңды, *Б ұ р ы н ғ ы д а н* бөлексің. Сен де мендей, Қайыңды, Ұялы бір терексің (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Өзіне өз ғадетін мүбах етіп, Қазағым *б ұ р ы н ғ ы д а* сондай болған (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Бұрынғы бұрынғы ма. *Ол ол ма, одан бетер.* Сөздің аяғында ол облыстағы бір үлкен адамның атын атап, сол «кісіден сізге сәлем» деп қойып еді, *б ұ р ы н ғ ы б ұ р ы н ғ ы м а,* Аңдамасов табанын қойып, аяғының үшымен жүре бастады (Б.Қыдырбекұлы, Ешкім.).

Бұрынғыдан [бұрынғысынан] бетер. *Әуелгіден де әрі, одан әрмен.* Иін тіресіп тұрған ел... *б ұ р ы н ғ ы с ы н а н б е т е р* қатулана түсті (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). Әкесінің тулап алысқа бара алмайтынын айқын аңғарып, іштей мырс-мырс күліп Сапар оңайлықпен берілмеді. Ол міз бақпай *б ұ р ы н ғ ы с ы н а н б е т е р* бедірейді (М.Иманжанов, Алғашқы.).

БҰРЫНҒЫДАЙ с ы н. **1.** *Ертерек кездегідей, баяғыдай.* Жасыл шөп, бәйшешек жоқ *б ұ р ы н ғ ы д а й*, Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай. Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп, Жапырағынан айрылған ағаш, құрай (Абай, Тол. жин.). Бұл жерге құдай айдап келдімдағы, Болмайды *б ұ р ы н ғ ы д а й* елдің сәні. Көнбей сөнемін деп шалқаңдама, Болғанда сіз – Қарба, біз бір – хажы (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Мен жүрдім бірнеше күн есім ауып, Болмады *б ұ р ы н ғ ы д а й* ойын-сауық. Жарылып жүрек қабы қалыпты деп, Бірталай олжа тапты молда, тәуіп. (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** *Сол ілгеріде-гідей, әуелдегідей. Б ұ р ы н ғ ы д а й* жайлы емес шабысы да, Бұрынғыдай майда емес дауысы да, Сөздері де тосындау... түйдек-түйдек, Тиді ме екен бірдеңе намысына... (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Елу де бір жас екен есептеулі, Есептеп елдің жөнін білсек дейді, Кешегі жиырма бес жас қайтып келіп, Көңілім *б ұ р ы н ғ ы д а й* жүрсек дейді (Шал ақын. Өлең.д.). *Б ұ р ы н ғ ы д а й* емес тек бүгінгі ұран: «Өз суыңды өзің іш құдығыңнан»(Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

БҰРЫНҒЫ-КЕЙІНГІ с ы н. *Өткен-кеткен, бұрынғы-соңғы.* Әрбір аудандық газет өз жерінің *б ұ р ы н ғ ы-к е й і н г і* атақты өнер адамдары туралы естеліктер бере білсе, құбақұп болар еді («Қаз. әдеб.»).

БҰРЫН-СОҢ үс т. *Ешқашан, ешуақытта.* Қайтайын деп Ойылға Тәжікеннен шығып жөнелдім. Көрмеген соң *б ұ р ы н-с о ң* Білмеймін жөнін көп елдің. Ғұзірлі өзім болған соң Бажақ алып қасыма, Сарт-сауанға теңелдім (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Самырат жігіт екен құдай берген, Басына саясатты дәулет келген. *Б ұ р ы н-с о ң* араласып жүрмесем де, Есіттім жәйін, нұрын әкімдерден (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Баспаға А. Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының Ғалымдар
кеңесі ұсынған

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ СӨЗДІГІ

III том

Редакторлар
Ғ. МОЛДАМҰРАТОВ,
Ш. ӘЛДИБЕКҰЛЫ

Суретші
Е. ҚОЖАБАЕВ

Техникалық редакторы
О. ӘНЕСОВ

Беттеген
Ж. ХАЛЫҚҰЛЫ
Ә. ХАМЗАҰЛЫ

Компьютерде терген
С. ҚАСЫМБАЕВА

Теруге 30.09.2011 берілді. Басуға 04.10.2011 қол қойылды. Пішімі 70x100 $^{1}/_{16}$. Офсеттік қағаз. Қаріп түрі «Arys». Офсеттік басылыс. Есептік баспа табағы 62,5. Шартты баспа табағы 60,45. Баспа табағы 46,5. Таралымы 10 000 дана. Тапсырыс № 1438.

Тапсырыс дайын файлдан басылды.

ISBN 978-601-7293-14-7

9 786017 293147

ДӘУІР

ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

ЕСКЕРТПЕ ҮШІН